

**"Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 1 сәуірдегі № 123 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 4 сәуірде № 27396 болып тіркелді.

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 15), 16) және 17) тармақшамен толықтырылсын:

15) осы бұйрыққа 638-713 қосымшаларға сәйкес ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұн бойынша негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары бекітілсін;

16) осы бұйрыққа 714 қосымшаға сәйкес жаңартылған мазмұн бойынша негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары;

17) осы бұйрыққа 715-730 қосымшаларға сәйкес ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұн бойынша бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары бекітілсін;

осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91 және 92 қосымшаларға сәйкес 638, 639, 640, 641, 642, 643, 644, 645, 646, 647, 648, 649, 650, 651, 652, 653, 654, 655, 656, 657, 658, 659, 660, 661, 662, 663, 664, 665, 666, 667, 668, 669, 670, 671, 672, 673, 674, 675, 676, 677, 678, 679, 680, 681, 682, 683, 684, 685, 686, 687, 688, 689, 690, 691, 692, 693, 694, 695, 696, 697, 698, 699, 700, 701, 702, 703, 704, 705, 706, 707, 708, 709, 710, 711, 712, 713, 714, 715, 716, 717, 718, 719, 720, 721, 722, 723, 724, 725, 726, 727, 728, 729, 730 қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметті Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі*

*А. Аймагамбетов*

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 123 бұйрығына  
1-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым Министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына  
638-қосымша

**Есту қабілеті зақымдалған (естімейтін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6-сыныптары үшін "Жаратылыстану" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Есту қабілеті зақымдалған (естімейтін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6-сыныптары үшін "Жаратылыстану" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты - есту қабілеті зақымдалған (естімейтін) білім алушылардың . Бағдарлама мақсаты – білім алушылардың ғылыми-жаратылыстанушылық білімдерін, ұғымдарын, табиғат пен қоғамның өзара байланысы мен заңдылықтары туралы біртұтас түсініктерін қалыптастыру, күнделікті өмірде кездесетін табиғи болмыстар мен процестерді болжау, сипаттау және түсіндіру үшін алған білімдерін қолдана білу біліктілігін дамыту.

### 3. Бағдарлама міндеттері:

1) әлемнің заманауи ғылыми-жаратылыстанушылық көрінісі мен жаратылыстану ғылымында қолданылатын әдістер жөнінде, және де ғылым, техника және технологиялардың дамуына ықпал ететін жаратылыстанудың ең маңызды идеялары мен жетістіктері жөнінде білімдер негізін қалыптастыру;

2) қоршаған әлемдегі болмыстарды түсіндіру үшін, бұқаралық ақпарат құралдарынан, интернет желісінен, ғылыми және ғылыми әдебиеттерден алынатын ғылыми-жаратылыстанушылық және өмірлік мағызы бар ақпараттарды қабылдау үшін, алған білімдерін қолдана білуін қалыптастыру;

3) қарапайым зерттеулер жүргізу, құбылыстарды талдау, ғылыми-жаратылыстанушылық ақпаратты қабылдау және түсіндіру барысында зияткерлік, шығармашылық және сыни ойлау қабілетін дамыту;

4) күнделікті өмірде тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, заманауи технологияларды сауатты пайдалану, денсаулық пен қоршаған ортаны қорғау үшін ғылыми-жаратылыстанушылық білімдерді пайдалану біліктерін дамыту.

### 4. Түзету-дамытушылық міндеттер:

1) сөйлеу мәдениетін дамыту, білімді функционалды қолдану, қарым-қатынастың әртүрлі тәсілдері, мәселелерді шешу және шешім қабылдау;

2) естімейтін білім алушыларды арнайы оқытуды сапалы дараландыру мүмкіндіктерін кеңейту;

3) жеке қасиеттерін дамыту (өз бетінше жұмыс істеуге және топта жұмыс істеуге қажетті жауапкершілік, табандылық, бастамашылдық, шыдамдылық және төзімділік).

## 2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. Естімейтін білім алушыларды оқыту процесінде бірқатар ерекшеліктерді ескеру қажет:

1) әр оқушының естіп қабылдау деңгейінің әртүрлілігін;

2) ең қарапайым ойлау операцияларының басымдылығын;

3) механикалық жадының басымдылығын;

4) сөздік қорының шектеулілігін, айтылым бұзылыстарының кемшілігі, белсенді сөздік қорынан енжар сөздік қорының басымдылығын.

6. Естімейтін білім алушыларды жаратылыстануды оқытудың негізгі қағидалары: қол жетімділік, жеке тұлғалық, көрнекілік және коммуникативтілік.

7. Оқытудың қол жетімділігі-бұл материалдың қол жетімділігі және оны білім алушылардың түсінуі, оңтайлы жеткізумен ғылыми тұжырымдамаларды ұсыну, мәтіндерді қажетті иллюстрациялар мен дидактикалық материалдармен қамтамасыз ету

8. Жеке тұлғалық-бұл естімейтін оқушының оқу процесін дараландыру, тұлғаның үйлесімді қалыптасуы мен жан-жақты дамуы, шығармашылық қабілеттерін толық ашу

және жаратылыстану сабақтарында жеке тұлғаның әлеуметтік маңызды қасиеттерін тәрбиелеу, эмоционалды-еріктік саланы, психикалық процестерді түзету.

9. Көрнекілік оқушылардың танымдық тәжірибесін байыту, абстрактілі ұғымдарды меңгеру үшін қажет нақты өмірде затты немесе құбылысты сезімдік қабылдау негізінде білім, білік және дағдыларды қалыптастыру қажеттілігінен көрінеді: заттар, іс-әрекеттерді көрсету.

10. Жаратылыстануды оқытудағы коммуникативті қағида қарым-қатынас құралы ретінде тілді меңгеруден тұрады және білім алушыларды әртүрлі тілдік жағдайда еркін жүруге үйретуге арналған.

11. Осы қағидаттарды іске асыру үшін:

1) қоршаған әлеммен танысу арқылы естімейтін білім алушылардың ауызша, диалогтық және жазбаша сөйлеуін дамыту;

2) сабақтарда барлық психикалық процестердің дамуына ықпал ететін әдістер мен тәсілдерді қолдану;

3) материалды оқу кезінде үздіксіз қайталау дидактикалық қағидасын сақтану;

4) жаңа материал мен терминологияны түсіндіруде көмекші құрал ретінде дактильді және ымдау тілі қолданылады.

12. Бағдарламаны іске асыру процесінде арнайы жабдықтар мен оқытудың қосалқы құралдары, ақпараттық – коммуникативтік технологиялар пайдаланылады:

1) интерактивті және проекциялық жабдықтар (проектор, интерактивті тақта);

2) оқытудың арнайы техникалық және компенсаторлық құралдары (алдыңғы оқу қызметін қамтамасыз етуге арналған стационарлық дыбыс күшейткіш жабдық, айтылу экраны, жеке есту аппараттары, мультимедиялық компьютерлік сыныбы);

3) интернет желісінің ақпараттық-білім беру ресурстарына шексіз қол жеткізу.

### **3-тарау. "Жаратылыстану" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

13. "Жаратылыстану" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;

2) 6-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

14. Оқу пәнінің мазмұны 7 бөлімді қамтиды:

1) "Ғылым әлемі" бөлімі;

2) "Ғалам. Жер. Адам" бөлімі;

3) "Заттар және материалдар" бөлімі;

4) "Тірі және өлі табиғаттағы үдерістер" бөлімі;

5) "Энергия және қозғалыс" бөлімі;

6) "Экология және тұрақты даму" бөлімі;

7) "Әлемді өзгертетін жаңалықтар" бөлімі.

15. "Ғылым әлемі" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) ғылымның рөлі;



- 2) зерттеу сұрағы;
- 3) зерттеуді жоспарлау;
- 4) деректерді жинау және жазу;
- 5) деректерді талдау;
- 6) қорытынды және талқылау.

16. "Ғалам. Жер. Адам" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) макро- және микроәлем;
- 2) жер туралы жалпы мағлұматтар;
- 3) жер қабықтары және олардың құрамдас бөліктері;
- 4) жердегі тіршілік;
- 5) жер бетін бейнелеу тәсілдері;
- 6) материктер мен мұхиттар;
- 7) халық географиясы.

17. "Заттар және материалдар" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) заттардың құрылысы мен қасиеттері;
- 2) заттардың жіктелуі;
- 3) заттардың пайда болуы және заттарды алу.

18. "Тірі және өлі табиғаттағы үдерістер" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) өлі табиғаттағы үдерістер;
- 2) тірі табиғаттағы үдерістер.

19. "Энергия және қозғалыс" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) энергия түрлері мен көздері;
- 2) қозғалыс.

20. "Экология және тұрақты даму" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) экожүйелер;
- 2) тірі ағзалардың саналуандылығы;
- 3) табиғатты қорғау.

21. "Әлемді өзгертетін жаңалықтар" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) әлемді өзгерткен жаңалықтар;
- 2) болашақ жаңалықтары.

22. 5-сыныпқа арналған "Жаратылыстану" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) "Ғылым әлемі" бөлімі: ғылымның адам өміріндегі рөлі; зерттеу мәселесін тұжырымдай білу және жоспар құру; зерттеу жүргізуге арналған жабдық; зерттеу кезінде ақпаратты талдау; зерттеу қорытындысын рәсімдеу;

2) "Ғалам. Жер. Адам" бөлімі: микро-және макроәлем; Жер ғаламшарының пайда болуы және оның құрылымы; Жер ғаламшарындағы өмірдің пайда болуы; түсірілім және жергілікті жердің жоспары; түсірілім түрлері және оларды жасай білу; жергілікті

жердің жоспарын оқып, оны суреттей білу; Азимут және оны жоспар бойынша табу; картаның пайда болу тарихы; алғашқы географиялық зерттеулер; Жердегі нәсіл; ұлтаралық топтардың айырмашылығы және олардың ортақтығы;

3) "Заттар және материалдар" бөлімі: денелер мен заттар; заттардың жай-күйі мен қасиеттері; табиғат құбылыстары мен олардың ерекшеліктері; таза заттар мен қоспалар және оларды өндіру және бөлу білігі; ерітінділер;

4) "Тірі және өлі табиғаттағы үдерістер" бөлімі: табиғаттағы заттардың айналымы, ауа-райы, газ түзілуі; тірі және өлі табиғаттың себептері мен салдары; тірі организмдердің қасиеттері; микроскоппен жұмыс істеу ережесі, уақытша препараттарды дайындау; фотосинтез және оның қасиеттері;

5) "Энергия және қозғалыс" бөлімі: энергия түрлері; термометр көмегімен температураны өлшеу; жылу оқшаулау; энергияның өзара әрекеттесуі; жансыз және тірі табиғаттың қозғалысы: қозғалыс себептері;

6) "Экология және тұрақты даму" бөлімі: экожүйені анықтау; экожүйенің түрлері және оның жұмыс істеу факторлары; тірі организмдердің алуан түрлілігі; табиғатты қорғау; өңірдің экологиялық мәселелері; Қазақстанның Қызыл кітабы;

7) "Әлемді өзгертетін жаңалықтар" бөлімі: ғылыми жаңалықтардың алуан түрлілігі.

23. 6-сыныпқа арналған "Жаратылыстану" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) "Ғылым әлемі" бөлімі: Жаратылыстану ғылымдарының өзара байланысын; жаратылыстану ғылымдарын зерттеу объектілері; зерттеудегі тәуелді және тәуелсіз айнаымалылар; зерттеу ережелері; зерттеу жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасы; зерттеу жүргізу кезіндегі өлшем бірліктері; зерттеу қорытындыларын ресімдеу тәсілдері;

2) "Ғалам. Жер. Адам" бөлімі: микро-және макроәлемнің айырмашылықтары мен объектілері және оларды ажырата білу; Жердің қасиеттері мен ондағы болып жатқан құбылыстар мен процестер; жердің сфералары мен қабықтары; жердің пайда болу гипотезалары; карта және оның түрлері; шартты белгілер бойынша карталарды оқу; оны есептеудің масштабы мен тәсілдері; географиялық координаттар; параллель және меридиан; градусық тор; уақыт туралы түсінік; белдеу уақытының ерекшеліктері; материктер мен мұхиттар; материктер мен мұхиттардың физикалық-географиялық жағдайы; халықты зерттейтін ғылым;

3) "Заттар мен материалдар" бөлімі: атомдар мен молекулалар; қарапайым және күрделі заттар; атом құрылысы; заттардың қайнау температурасы мен балқу температурасының қасиеттері; органикалық және бейорганикалық заттар және олардың ерекшеліктері; орта және оның түрлері (қышқыл, сілтілі, бейтарап) және әмбебап индикатордың көмегімен ортаны анықтай білу; бейтараптандыру процесі; табиғи және жасанды материалдар, олардың артықшылықтары мен кемшіліктері; тұрмыстық химия

өнімдері және оларды тұрмыста пайдалану; тұрмыстық химияны пайдалану ережелері; пайдалы қазбалар және олардың; пайдалы қазбаларды өндіру және олардың қоршаған ортаға әсері;

4) "Тірі және өлі табиғаттағы үдерістер" бөлімі: өлі табиғат процестерін модельдеу; табиғаттағы заттардың химиялық түрленуі; жасуша құрылысы; организмдердің қоректенуі және қоректік заттардың тасымалдануын модельдеу; организмдердің бөліну өнімдері;

5) "Энергия және қозғалыс" бөлімі: энергия көздері; энергия алу тәсілдері; қатты денелердің, сұйықтықтар мен газдардың қысымы; адам қаңқасының құрылысы; бұлшық еттердің құрылысы;

6) "Экология және тұрақты даму" бөлімі: экожүйе компоненттерінің өзара байланысы; экожүйенің өзгеру себептері; энергияның ауысуы; жергілікті экожүйедегі тірі организмдердің алуан түрлілігі; өз өңірінің экожүйесінің проблемалары және проблемаларды шешу жолдары;

7) "Әлемді өзгертетін жаңалықтар" бөлімі: жаңалықтардың мәні: қазақстандық ғалымдардың жаңалықтары; зерттеу бағыттары.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

24. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім мен бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді.

25. Әр сыныпқа бөлімдер бойынша күтілетін нәтижелер:

1) "Ғылым әлемі" бөлімі:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5-сынып	6-сынып
1.1 Ғылымның рөлі	5.1.1.1 ғылымның қызметтерін адам іс-әрекетінің түрі ретінде анықтау	6.1.1.1 жаратылыстану ғылымдарының зерттеу нысандарын атау
1.2 Зерттеу сұрағы	5.1.2.1 зерттеу сұрағы мен болжамды тұжырымдау;	6.1.2.1 тәуелді, тәуелсіз және бақыланатын айнымалыларды анықтау;
1.3 Зерттеуді жоспарлау	5.1.3.1 зерттеу жоспарын құрастыру; 5.1.3.2 зерттеу жүргізу кезіндегі техника қауіпсіздігі ережелерін тұжырымдау;	6.1.3.1 жоспар бойынша зерттеу жұмысын жүргізу; 6.1.3.2 қауіпсіз жұмыс жүргізудің жағдайларын анықтау
1.4 Деректерді жинау және жазу	5.1.4.1 нысандар параметрлерін өлшем бірліктермен анықтау; 5.1.4.2 бақылаулар мен өлшеу деректерін тіркеу	6.1.4.1 Халықаралық бірліктер жүйесінің өлшем бірліктерін пайдалану
1.5 Деректерді талдау	5.1.5.1 қайталанған өлшеулер кезіндегі арифметикалық орташа	

	шаманы есептеу және тенденцияларын анықтау	6.1.5.1 алынған деректерді графикалық түрде көрсету
1.6. Қорытынды және талқылау	5.1.6.1 зерттеу сұрағы бойынша қорытынды тұжырымдау	6.1.6.1 алынған қорытындыларды түрлі формада көрсету;

## 2) "Ғалам. Жер. Адам" бөлімі:

### 2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5-сынып	6-сынып
2.1 Макро және микроөлем	5.2.1.1 макро- және микроөлем нысандарын ажырата білу және мысалдар келтіру	6.2.1.1 макро- және микроөлем нысандарының параметрлерін атау
2.2 Жер туралы жалпы мағлұматтар	5.2.2.1 Жер ғаламшарының пайда болуын түсіндіру; 5.2.2.2 Жердің құрылысы мен құрамын атау	6.2.2.1 Жер бетіндегі бақыланатын үдерістер мен құбылыстарды түсіндіру; 6.2.2.2 Жердің қасиеттерін түсіндіру
2.3 Жер қабықтары және олардың құрамдас бөліктері	5.2.3.1 Жер қабықта-ры және олардың құрамдас бөліктерін сипаттау	6.2.3.1 Жердің сыртқы қабықтарының өзара байланысын түсіндіру
2.4 Жердегі тіршілік	5.2.4.1 Жерде тіршіліктің пайда болуын сипаттау; 5.2.4.2 тіршілік ету үшін қажетті жағдайларын анықтау	6.2.4.1 Жердегі тіршіліктің пайда болуы туралы ғылыми болжамдарды салыстыру; 6.2.4.2 адамның Жердегі тіршілік етуінің қазіргі жағдайларын бағалау
2.5 Жер бетін бейнелеу тәсілдері	5.2.5.1 "план" және "шартты белгілер" ұғымдарын түсіндіру; 5.2.5.2 шартты белгілерді қолданып, жергілікті жердің планын оқу; 5.2.5.3 бір тәсіл бойынша жергілікті жердің түсірілімін жасау; 5.2.5.4 рәсімдеу талаптарына сай жергілікті жердің қарапайым жоспарларын сызу	6.2.5.1 географиялық карталар мен шартты белгілерді жіктеу; 6.2.5.2 шартты белгілерді пайдаланып, географиялық карталарды оқу; 6.2.5.3 масштабты пайдаланып, арақашықтықты есептеу; 6.2.5.4 географиялық координаттарды анықтау; 6.2.5.5 сағаттық белдеулер картасын пайдаланып, уақытты анықтау
2.6 Материктер мен мұхиттар	5.2.6.1 материктер мен дүние бөліктерін игеру және зерттеу тарихын сипаттау; 5.2.6.2 мұхиттарды зерттеу тарихын сипаттау	6.2.6.1 жоспар бойынша материктер мен олардың физикалық-географиялық аймақтарының табиғат ерекшеліктерін анықтау; 6.2.6.2 жоспар бойынша мұхиттар табиғатының ерекшеліктерін анықтау
2.7 Халық географиясы	5.2.7.1 дүниежүзі халқының нәсілдік құрамын және негізгі	6.2.7.1 халықтың қоныстану заңдылықтарын анықтау; 6.2.7.2 халық тығыздығының көрсеткіштеріне баға беру;

	<p>нәсілдер мен нәсіларалық топтардың таралу аймақтарын анықтау;</p> <p>5.2.7.2 нәсілдік белгілердің қалыптасу факторларын анықтау;</p> <p>5.2.7.3 нәсілдер теңдігін дәлелдеу</p>	<p>6.2.7.3 дүниежүзіндегі халық тығыздығының жоғары және төмен аймақтарын анықтап, себептерін түсіндіру</p>
--	---	---

### 3) "Заттар және материалдар" бөлімі:

#### 3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5-сынып	6-сынып
3.1 Заттардың құрылысы мен қасиеттері	<p>5.3.1.1 бөлшектердің сұйық және газтекес заттарда таралуын түсіндіру;</p> <p>5.3.1.2 заттардың қатты, сұйық және газ күйіндегі құрылымын бөлшектер теориясына сәйкес түсіндіру;</p> <p>5.3.1.3 заттардың қасиеттерін: тығыздығын, аққыштығын, жылу және электр-өткізгіштігін, созылмалығын, иілімділігін сипаттау;</p> <p>5.3.1.4 физикалық және химиялық құбылыстарды ажырату</p>	<p>6.3.1.1 атомдар мен молекулаларды, жай және күрделі заттарды ажырату;</p> <p>6.3.1.2 атомның негізгі бөлшектерін және олардың орналасуын сипаттау;</p> <p>6.3.1.3 заттардың қасиеттерін (балқу және қайнау температураларын) сипаттау</p>
3.2 Заттардың жіктелуі	<p>5.3.2.1 қоспалардан таза заттарды ажырату;</p> <p>5.3.2.2 қоспалардың түрлерін сипаттау және бөлу әдістерін ұсыну;</p> <p>5.3.2.3 құрамы белгілі ерітінді дайындау;</p> <p>5.3.2.4 еріген заттың массалық үлесін анықтау;</p> <p>5.3.2.5 заттарды ерігіштігі бойынша, металдар және бейметалдарға жіктеу</p>	<p>6.3.2.1 заттарды органикалық және бейорганикалық заттарға жіктеу;</p> <p>6.3.2.2 тірі және өлі табиғаттағы қышқылдық, сілтілік және бейтарап орталарды ажырату және әмбебап индикатор көмегімен органы анықтау;</p> <p>6.3.2.3 бейтараптану үдерісін түсіндіру</p>
3.3 Заттардың түзілуі және алынуы	<p>5.3.3.1 табиғатта түзілген және жасанды жолмен алынған заттарға мысалдар келтіру;</p> <p>5.3.3.2 зертханалық жағдайда заттарды бөліп ала алу</p>	<p>6.3.3.1 табиғи және жасанды материалдардың артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау;</p> <p>6.3.3.2 тұрмыстық химия өнімдерін қолдану саласын және оларды қауіпсіз қолдану ережелерін түсіндіру;</p> <p>6.3.3.3 Қазақстандағы пайдалы қазбалардың кен орындарын және қолдану салаларын анықтау;</p> <p>6.3.3.4 Қазақстандағы пайдалы қазбаларды өндеудің ірі орталықтарын атау және көрсету;</p>

6.3.3.5 пайдалы қазбалардың өндірілуі мен өңделінуінің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру

#### 4) "Тірі және өлі табиғаттағы үдерістер" бөлімі:

##### 4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5-сынып	6-сынып
4.1 Өлі табиғаттағы үдерістер	5.4.1.1 өлі табиғатта болатын үдерістерді атау (табиғатта заттардың айналымы, тау түзілу, үгілу, климаттық үдерістер); 5.4.1.2 өлі табиғаттағы болып жатқан үдерістердің себеп-салдарын түсіндіру	6.4.1.1 өлі табиғаттағы болып жатқан үдерістерді модельдеу (тау түзілу, үгілу, заттардың табиғаттағы айналымы); 6.4.1.2 табиғаттағы заттардың химиялық айналымын түсіндіру
4.2 Тірі табиғаттағы үдерістер	5.4.2.1 тірі ағзалардың ортақ қасиеттерін сипаттау; 5.4.2.2 тірі ағзалардың құрылымдық деңгейлерін сипаттау; 5.4.2.3 микроскоппен жұмыс істеу ережелерін қолдану; 5.4.2.4 уақытша микропрепарат дайындау; 5.4.2.5 фотосинтез үдерісін түсіндіру; 5.4.2.6 өсімдіктерде пигменттердің болуын зерттеу; 5.4.2.7 фотосинтездің жүруі үшін қажетті жағдайларды зерттеу	6.4.2.1 жасуша компоненттерін анықтау; 6.4.2.2 тірі ағзаларға тән үдерістерді түсіндіру; 6.4.2.3 ағзалардың қоректену типтерін ажырату 6.4.2.4 толыққанды тамақтану рационын құру; 6.4.2.5 азық-түлік өнімдердегі органикалық заттардың болуын тестілеу; 6.4.2.6 ағзалардағы қоректік заттардың тасымалдануын зерттеу; 6.4.2.7 тыныс алғанда және тыныс шығарғандағы ауа құрамындағы айырмашылықты зерттеу; 6.4.2.8 ағзадағы бөлініп шығатын өнімдерді атау; 6.4.2.9 тірі ағзалардағы тітіркендіргіштерге жауап беру реакциясын зерттеу

#### 5) "Энергия және қозғалыс" бөлімі:

##### 5-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5-сынып	6-сынып
5.1 Энергия түрлері мен көздері	5.5.1.1 энергия түрлерін ажырату; 5.5.1.2 температура мен жылу энергиясын ажырату; 5.5.1.3 термометрді пайдалана отырып температураны өлшеу; 5.5.1.4 ғимараттарда жылу оқшаулағышта-рын пайдаланудың практикалық әдістерін түсіндіру;	6.5.1.1 энергия көздерін атау; 6.5.1.2 энергияны шығарумен және оның жұтылуымен байланысты үдерістерді атау және мысалдар келтіру; 6.5.1.3 электр энергиясының бірлігін атау;

	5.5.1.5 жылулық ұлғаюды сипаттау; 5.5.1.6 энергияның өзара айналымына мысалдар келтіру	6.5.1.4 электр энергиясының құнын есептеу; 6.5.1.5 энергияны алудың балама көздерін ұсынау
5.2 Қозғалыс	5.5.2.1 тірі және өлі табиғатта қозғалыстың маңыздылығына мысалдар келтіру және түсіндіру; 5.5.2.2 әртүрлі жануарлардың қаңқа түрлерінің ерекшелік-терін зерттеу; 5.5.2.3 денелер қозғалысының себебін анықтау	6.5.2.1 қозғалыстың салыстырмалылығына мысалдар келтіру және түсіндіру; 6.5.2.2 қатты денелер, сұйықтар мен газдардың қысымдарын айыра білу; 6.5.2.3 адам қаңқасының құрылысын сипаттау; 6.5.2.4 бұлшық еттің құрылысын сипаттау; 6.5.2.5 тірі ағзалар үшін қысымның мәніне мысалдар келтіру; 6.5.2.6 атмосфералық қысымды өлшеу және оның мәнін түсіндіру

6) "Экология және тұрақты даму" бөлімі:  
6-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5-сынып	6-сынып
6.1. Экожүйелер	5.6.1.1 экожүйенің құрамдас бөліктерін анықтау; 5.6.1.2 экожүйе түрлерін жіктеу; 5.6.1.3 экожүйеге экологиялық факторлардың ықпал етуін түсіндіру; 5.6.1.4 табиғи және жасанды экожүйелерді салыстыру	6.6.1.1 экожүйе құрамдас бөліктерінің өзара байланысын графикалық түрде көрсету және түсіндіру; 6.6.1.2 экожүйелердің ауысу себептерін түсіндіру; 6.6.1.3 экологиялық пирамидада энергия мен заттардың ауысуын түсіндіру
6.2 Тірі ағзалардың сан алуандығы	5.6.2.1 ағзаларды тірі табиғат дүниесіне жіктеу; 5.6.2.2 біржасушалы және көпжасушалы ағзаларды сипаттау	6.6.2.1 өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін анықтау үшін ағзалардың өзіндік ерекшеліктерін қолдану; 6.6.2.2 жергілікті экожүйелердегі тірі ағзалардың алуан түрлілігін зерттеу
6.3 Табиғатты қорғау	5.6.3.1 ҚР экологиялық мәселелерін атау; 5.6.3.2 өз аймағының экологиялық мәселелерін зерттеу; 5.6.3.3 Қазақстан Республикасы Қызыл кітабының маңызды-лығын анықтау	6.6.3.1 өз аймағындағы кейбір экологиялық мәселелердің себептерін талдау; 6.6.3.2 экологиялық мәселелерді шешу жолдарын ұсыну

7) "Әлемді өзгертетін жаңалықтар" бөлімі:  
7-кесте

	Оқыту мақсаттары	

Бөлімшелер	5 -сынып	6-сынып
7.1 Әлемді өзгертетін жаңалықтар	5.7.1.1 әлемді өзгерткен ғылыми жаңалықтарға мысалдар келтіру	6.7.1.1 әлемді өзгерткен жаңалықтардың маңызын талқылау 6.7.1.2 қазақстандық ғалымдардың жаратылыстану ғылымдарын дамытуға қосқан үлесін талқылау
7.2 Болашақ жаңалықтары	5.7. 2.1. болашақ ғылыми зерттеулер үшін идеялар ұсыну	6.7. 2.1. ғылыми зерттеулер бағыттарының болашақтағы дамуына болжам жасау

26. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6-сыныптарына арналған "Жаратылыстану" оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының Ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

27. Бөлімдер және ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Негізгі орта білім беру  
деңгейінің  
5-6-сыныптарына арналған  
"Жаратылыстану" оқу  
пәнінен жаңартылған  
мазмұндағы үлгілік оқу  
бағдарламасына қосымша

**Есту қабілеті зақымдалған (естімейтін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін "Жаратылыстану" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

1) 5-сынып:

1-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Бағдарламаның бөлімшелері	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
5.1 Ғылым әлемі	Ғылымның рөлі	5.1.1.1 ғылымның қызметтерін адам іс-әрекетінің түрі ретінде анықтау
	Зерттеу сұрағы	5.1.2.1 мұғалімнің көмегімен зерттеу сұрағы мен болжамды тұжырымдау
	Зерттеуді жоспарлау	5.1.3.1 мұғалімнің көмегімен зерттеу жоспарын құрастыру; 5.1.3.2 мұғалімнің көмегімен зерттеу жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелерін тұжырымдау
	Деректерді жинау және жазу	5.1.4.1 нысандар параметрлерін өлшем бірліктермен анықтау;



		5.1.4.2 өз бетінше және мұғалімнің көмегімен бақылаулар мен өлшеу деректерін тіркеу
	Деректерді талдау	5.1.5.1 қайталанған өлшеулер кезіндегі арифметикалық орташа шаманы есептейді және тенденцияларын анықтау
	Қорытынды және талқылау	5.1.6.1 зерттеу сұрағы бойынша қорытынды тұжырымдау; 5.1.6.2 есту қабілетін стационарлық және дыбыс күшейткіш аппаратураның көмегімен оқу іс-әрекетіне қатысты көрнекі сөйлеу материалын қабылдау
5.2 Адам. Жер. Ғалам	Макро- және микроәлем	5.2.1.1 өзбетінше және мұғалімнің көмегімен макро- және микроәлем нысандарын ажырата білу және мысалдар келтіру
	Жер туралы жалпы мағлұматтар	5.2.2.1 - Жер ғаламшарының пайда болуын түсіндіру 5.2.2.2 - Жердің құрылысы мен құрамын атау 5.2.2.3 тақырып бойынша қарапайым, нақтылаушы сұрақтар қою; 5.2.2.3 оқылған материал негізінде сөздік қорын байыту
	Жер қабықтары және олардың құрамдас бөліктері	5.2.3.1 Жер қабықтарын және олардың құрамдас бөліктерін сипаттау; 5.2.3.2 стационарлық және дыбыс күшейткіш аппаратураның көмегімен оқу қызметіне қатысты есту-көру сөйлеу материалын қабылдау
	Жердегі тіршілік	5.2.4.1 Жерде тіршіліктің пайда болуын сипаттау; 5.2.4.2 мұғалімнің көмегімен тіршілік етуге қажетті жағдайларды анықтау; 5.2.4.3 стационарлық және дыбыс күшейткіш аппаратураның көмегімен оқу қызметіне қатысты есту-көру сөйлеу материалын қабылдау

	Жер бетін бейнелеу тәсілдері	5.2.5.3 мұғалімнің көмегімен бір тәсіл бойынша жергілікті жердің түсірілімін жасау (көз мөлшермен түсіру, полярлық түсіру, бағдарлық түсіру); 5.2.5.4 мұғалімнің көмегімен тіркеу талаптарына сай жергілікті жердің қарапайым пландарын сызу
	Материктер мен мұхиттар	5.2.6.1 материктер мен дүние бөліктерін игеру және зерттеу тарихын сипаттау; 5.2.6.2 мұхиттарды зерттеу тарихын сипаттау; 5.2.6.3 есту қабілетін стационарлық және дыбыс күшейткіш аппаратураның көмегімен оқу іс-әрекетіне қатысты көрнекі сөйлеу материалын қабылдау
	Халық географиясы	5.2.7.1 мұғалімнің көмегімен дүниежүзі халқының нәсілдік құрамын, негізгі нәсілдер мен нәсіларалық топтардың таралу аймақтарын анықтау; 5.2.7.2 нәсілдік белгілердің қалыптасу факторларын түсіндіру; 5.2.7.3 нәсілдер теңдігін дәлелдеу 5.2.7.4 оқылған материал негізінде сөздік қорын байыту
2-тоқсан		
5.3 Заттар және материалдар	Заттардың құрылысы мен қасиеттері	5.3.1.1 мұғалімнің көмегімен бөлшектердің сұйық және газтекес заттарда таралуын түсіндіру; 5.3.1.2 заттардың қатты, сұйық және газ күйіндегі құрылымын бөлшектер теориясына сәйкес түсіндіру; 5.3.1.3 мұғалімнің көмегімен заттардың қасиеттерін: тығыздығын, ақшықтығын, жылу және электрөткізгіштігін, созылғыштығын, иілімділігін сипаттау; 5.3.1.4 физикалық және химиялық құбылыстарды ажырату 5.3.1.5 оқылған материал негізінде сөздік қорын байыту
		5.3.2.1 қоспалар мен таза заттарды ажырату;

	Заттардың жіктелуі	<p>5.3.2.2 мұғалімнің көмегімен қоспалардың түрлерін сипаттайды және бөлу әдістерін ұсыну;</p> <p>5.3.2.3 құрамы белгілі ерігіндіні дайындау;</p> <p>5.3.2.4 заттарды ерігіштігі, металдар және бейметалдар бойынша жіктеу;</p> <p>5.3.2.5 оқылған материал негізінде сөздік қорын байыту</p>
	Заттардың түзілуі және алынуы	<p>5.3.3.1 кейбір табиғатта түзілген және жасанды жолмен алынған заттарға мысалдар келтіру;</p> <p>5.3.3.2 есту қабілетін стационарлық және дыбыс күшейткіш аппаратураның көмегімен оқу іс-әрекетіне қатысты көрнекі сөйлеу материалын қабылдау</p>
3-тоқсан		
5.4 Тірі және өлі табиғаттағы үдерістер	Өлі табиғаттағы үдерістер	<p>5.4.1.1 өлі табиғатта болатын үдерістерді атау (табиғатта заттардың айналымы, тау түзілу, үгілу, климаттық үдерістер);</p> <p>5.4.1.2 есту қабілетін стационарлық және дыбыс күшейткіш аппаратураның көмегімен оқу іс-әрекетіне қатысты көрнекі сөздік материалын қабылдау</p>
	Тірі табиғаттағы үдерістер	<p>5.4.2.1 тірі ағзалардың ортақ қасиеттерін сипаттау;</p> <p>5.4.2.2 өзбетінше және мұғалімнің көмегімен микроскоппен жұмыс істеу ережелерін қолдану;</p> <p>5.4.2.3 мұғалімнің көмегімен уақытша микропрепарат дайындау</p> <p>5.4.2.4 фотосинтез үдерісін түсіндіру;</p> <p>5.4.2.5 өсімдіктерде пигменттердің болуын зерттеу;</p> <p>5.4.2.6 есту қабілетін стационарлық және дыбыс күшейткіш аппаратураның көмегімен оқу іс-әрекетіне қатысты көрнекі сөздік материалын қабылдау</p>
		<p>5.5.1.1 мұғалімнің көмегімен энергия түрлерін ажырату;</p> <p>5.5.1.2 мұғалімнің көмегімен температура мен жылу энергиясын ажырату;</p>

5.5 Энергия және қозғалыс	Энергия түрлері мен көздері	<p>5.5.1.3 мұғалімнің көмегімен термометрді пайдалана отырып температураны өлшеу;</p> <p>5.5.1.4 ғимараттарда жылу оқшаулағыштарын пайдаланудың практикалық әдістерін түсіндіру;</p> <p>5.5.1.5 есту қабілетін стационарлық және дыбыс күшейткіш аппаратураның көмегімен оқу іс-әрекетіне қатысты көрнекі сөздік материалын қабылдау</p>
	Қозғалыс	<p>5.5.2.1 - тірі және өлі табиғатта қозғалыстың маңыздылығына мысалдар келтіреді және түсіндіру ;</p> <p>5.5.2.2 әртүрлі жануарлардың қаңқа түрлерінің ерекшеліктерін зерттеу;</p> <p>5.5.2.3 денелер қозғалысының себебін анықтау;</p> <p>5.5.2.4 есту қабілетін стационарлық және дыбыс күшейткіш аппаратураның көмегімен оқу іс-әрекетіне қатысты көрнекі сөздік материалын қабылдау</p>
4-тоқсан		
5.6 Экология және тұрақты даму	Экожүйелер	<p>5.6.1.1 экожүйенің құрамдас бөліктерін анықтау;</p> <p>5.6.1.2 экожүйе түрлерін жіктеу;</p> <p>5.6.1.3 экологиялық факторлардың экожүйе қызметіне ықпал етуін түсіндіру;</p> <p>5.6.1.4 табиғи және жасанды экожүйелерді салыстыру</p> <p>5.6.1.5 оқылған материал негізінде сөздік қорын байыту</p>
	Тірі ағзалардың сан алуандығы	<p>5.6.2.1 мұғалімнің көмегімен ағзаларды тірі табиғат дүниелеріне жіктеу;</p> <p>5.6.2.2 біржасушалы және көпжасушалы ағзаларды сипаттау;</p> <p>5.6.2.3 оқылған материал негізінде сөздік қорын байыту</p>
	Табиғатты қорғау	<p>5.6.3.1 Қазақстан Республикасының экологиялық мәселелерін атау;</p> <p>5.6.3.2 мұғалімнің көмегімен өз аймағының экологиялық мәселелерін зерттеу;</p>

		5.6.3.3 Қазақстан Республикасының Қызыл кітабының маңыздылығын анықтау
5.7 Әлемді өзгертетін жаңалықтар	Әлемді өзгертетін жаңалықтар	5.7.1.1 әлемді өзгерткен ғылыми жаңалықтарға мысалдар келтіру; 5.7.1.2 есту қабілетін стационарлық және дыбыс күшейткіш аппаратураның көмегімен оқу іс-әрекетіне қатысты көрнекі сөздік материалын қабылдау
	Болашақтың ашылуы	5.7.2.1 ғылымдағы болашақ зерттеулерге идеялар ұсыну;

## 1) 6-сынып

### 2-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Бағдарламаның бөлімшелері	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
6.1 Ғылым әлемі	Ғылымның рөлі	6.1.1.1 жаратылыстану ғылымдарының зерттеу нысандарын тізіп атау
	Зерттеу сұрағы	6.1.2.1 мұғалімнің көмегімен тәуелді, тәуелсіз және бақыланатын айнымалыларды анықтау; 6.1.2.2 есту қабілетін стационарлық және дыбыс күшейткіш аппаратураның көмегімен оқу іс-әрекетіне қатысты көрнекі сөздік материалын қабылдау
	Зерттеуді жоспарлау	6.1.3.1 жоспар бойынша зерттеу жұмысын жүргізу; 6.1.3.2 қауіпсіз жұмыс жүргізудің жағдайларын анықтау; 6.1.3.3 оқылған материал негізінде сөздік қорын байыту
	Деректерді жинау және жазу	6.1.4.1 Халықаралық бірліктер жүйесінің өлшем бірліктерін пайдалану; 6.1.4.2 оқылған материал негізінде сөздік қорын байыту
	Деректерді талдау	6.1.5.1 алынған деректерді графикалық түрде көрсету; 6.1.5.2 оқылған материал негізінде сөздік қорын байыту
		6.1.6.1 алынған қортындыларды түрлі формада көрсету;

	Қорытынды және талқылау	6.1.6.2 есту қабілетін стационарлық және дыбыс күшейткіш аппаратураның көмегімен оқу іс-әрекетіне қатысты көрнекі сөздік материалын қабылдау
6.2 Ғалам. Жер. Адам	Макро- және микроәлем	6.2.1.1 макро- және микроәлем нысандарының параметрлерін өзбетінше атау
	Жер туралы жалпы мағлұматтар	6.2.2.1 Жердің қасиеттерін түсіндіру; 6.2.2.2 оқылған материал негізінде сөздік қорын байыту
	Жер өрістері және олардың құрамдас бөліктері	6.2.3.1 Жер қабықтарының өзара байланыс тәсілдерін түсіндіру; 6.2.3.2 есту қабілетін стационарлық және дыбыс күшейткіш аппаратураның көмегімен оқу іс-әрекетіне қатысты көрнекі сөздік материалын қабылдау
	Жердегі тіршілік	6.2.4.1 Жердегі тіршіліктің пайда болуы туралы ғылыми болжамдарды салыстыру; 6.2.4.2 есту қабілетін стационарлық және дыбыс күшейткіш аппаратураның көмегімен оқу іс-әрекетіне қатысты көрнекі сөздік материалын қабылдау
	Жер бетін бейнелеу тәсілдері	6.2.5.1 географиялық карталар мен шартты белгілерді өзбетінше жіктеу; 6.2.5.2 шартты белгілерді пайдаланып, географиялық карталарды оқу; 6.2.5.3 мұғалімнің көмегімен масштабты пайдаланып, арақашықтықты есептеу; 6.2.5.4 мұғалімнің көмегімен географиялық координаттарды анықтау; 6.2.5.5 сағаттық белдеулер картасын пайдаланып, уақытты анықтау; 6.2.5.6 оқылған материал негізінде сөздік қорын байыту
	Материктер мен мұхиттар	6.2.6.1 жоспар бойынша материктер мен олардың физикалық-географиялық аймақтарының табиғат ерекшеліктерін анықтау;

		6.2.6.2 өзбетінше және мұғалімнің көмегімен жоспар бойынша мұхиттар табиғатының ерекшеліктерін анықтау
	Халық географиясы	6.2.7.1 халықтың қоныстану заңдылықтарын анықтау; 6.2.7.2 халық тығыздығының көрсеткіштеріне баға беру; 6.2.7.3 есту қабілетін стационарлық және дыбыс күшейткіш аппаратураның көмегімен оқу іс-әрекетіне қатысты көрнекі сөздік материалын қабылдау
2-тоқсан		
6.3 Заттар және материалдар	Заттардың құрылысы мен қасиеттері	6.3.1.1 атом мен молекулаларды, қарапайым және күрделі заттарды айыра білу; 6.3.1.2 заттың қасиеттерін сипаттау: балқу және қайнау температурасы; 6.3.1.3 оқылған материал негізінде сөздік қорын байыту
	Заттардың жіктелуі	6.3.2.1 заттарды органикалық және бейорганикалық заттар күйінде жіктеу; 6.3.2.2 тірі және өлі табиғатта қышқыл, сілтілі және бейтарап органы айыра біледі және әмбебап индикатор көмегімен органы анықтау; 6.3.2.3 мұғалімнің көмегімен бейтараптандыру үдерісін түсіндіру; 6.3.2.4 есту қабілетін стационарлық және дыбыс күшейткіш аппаратураның көмегімен оқу іс-әрекетіне қатысты көрнекі сөздік материалын қабылдау
	Заттардың пайда болуы мен оларға қол жеткізу	6.3.3.1 өзбетінше және мұғалімнің көмегімен жасанды және табиғи материалдардың артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау; 6.3.3.2 тұрмыстық химия өнімдерін қолдану саласын және оларды қауіпсіз қолдану ережелерін түсіндіру; 6.3.3.3 өзбетінше және мұғалімнің көмегімен Қазақстандағы пайдалы

		<p>қазбалардың орындарын және қолдану салаларын анықтау;</p> <p>6.3.3.4 пайдалы қазбалардың өндірілуі мен өңделінуінің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру;</p> <p>6.3.3.5 оқылған материал негізінде сөздік қорын байыту</p>
3-тоқсан		
6.4 Тірі және өлі табиғаттағы үдерістер	Өлі табиғаттағы үдерістер	<p>6.4.1.1 мұғалімнің көмегімен өлі табиғаттағы болып жатқан үдерістерді модельдеу (таудың жасалу, мүжілу үдерістері, табиғатта заттардың айналымы);</p> <p>6.4.1.2 табиғаттағы заттардың химиялық айналымы туралы түсінігінің болуы;</p> <p>6.4.1.3 есту қабілетін стационарлық және дыбыс күшейткіш аппаратураның көмегімен оқу іс-әрекетіне қатысты көрнекі сөздік материалын қабылдау</p>
	Тірі табиғаттағы үдерістер	<p>6.4.2.1 жасуша компоненттерін анықтау</p> <p>6.4.2.2 мұғалімнің көмегімен тірі ағзаларға тән үдерістерді түсіндіру;</p> <p>6.4.2.3 ағзалардың қоректену типтерін ажырату;</p> <p>6.4.2.4 мұғалімнің көмегімен толыққанды тамақтану рационын құру;</p> <p>6.4.2.5 ағзалардағы қоректік заттардың тасымалдануын модельдеу;</p> <p>6.4.2.6 ағзадан бөлініп шығатын өнімдерді атау;</p> <p>6.4.2.7 тыныс алғанда және тыныс шығарғандағы ауа құрамындағы айырмашылықты зерттеу;</p> <p>6.4.2.8 тірі ағзалардың тітіркендіргіштерге жауап беру реакциясын зерттеу;</p> <p>6.4.2.9 есту қабілетін стационарлық және дыбыс күшейткіш аппаратураның көмегімен оқу іс-әрекетіне қатысты көрнекі сөздік материалын қабылдау</p>
		6.5.1.1 мұғалімнің көмегімен энергия көздерін атау;



6.5 Энергия және қозғалыс	Энергия түрлері мен көздері	<p>6.5.1.2 энергияны шығарумен және оның жұтылуымен байланысты үдерістері туралы түсініктерінің болуы;</p> <p>6.5.1.3 электр энергиясының бірлігін атау;</p> <p>6.5.1.4 электр энергиясының құнын есептеу;</p> <p>6.5.1.5 оқылған материал негізінде сөздік қорын байыту</p>
	Қозғалыс	<p>6.5.2.1 мұғалімнің көмегімен қозғалыстың салыстырмалылығына мысалдар келтіру және түсіндіру;</p> <p>6.5.2.2 мұғалімнің көмегімен қатты денелер, сұйықтар мен газдардың қысымдарын айыра білу;</p> <p>6.5.2.3 адам қаңқасының құрылысын сипаттау;</p> <p>6.5.2.4 бұлшық еттің құрылысын сипаттау;</p> <p>6.5.2.5 тірі ағзалар үшін қысымның мәніне мысалдар келтіру;</p> <p>6.5.2.6 мұғалімнің көмегімен тиісті құралдарды қолдана отырып , атмосфералық қысымды өлшеу</p> <p>6.5.2.7 есту қабілетін стационарлық және дыбыс күшейткіш аппаратураның көмегімен оқу іс-әрекетіне қатысты көрнекі сөздік материалын қабылдау</p>
4-тоқсан		
6.6 Экология және тұрақты даму	Экожүйелер	<p>6.6.1.1 мұғалімнің көмегімен экожүйе құрамдас бөліктерінің өзара байланысын график түрінде көрсету және түсіндіру;</p> <p>6.6.1.2 экожүйе ауысымдарының себептерін түсіндіру;</p> <p>6.6.1.3 оқылған материал негізінде сөздік қорын байыту</p>
	Тірі ағзалардың сан алуандығы	<p>6.6.2.1 өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін анықтау үшін ағзалардың өзіндік ерекшеліктерін қолдану;</p> <p>6.6.2.2 жергілікті экожүйелердегі тірі ағзалардың алуан түрлілігін зерттеу;</p> <p>6.6.2.3 оқылған материал негізінде сөздік қорын байыту</p>

	Табиғатты қорғау	6.6.3.1 өзінің аймағындағы кейбір экологиялық мәселелердің себептерін талдау; 6.6.3.2 есту қабілетін стационарлық және дыбыс күшейткіш аппаратураның көмегімен оқу іс-әрекетіне қатысты көрнекі сөздік материалын қабылдау
6.7 Әлемді өзгертетін жаңалықтар	Әлемді өзгертетін жаңалықтар	6.7.1.1 мұғалімнің көмегімен әлемді өзгерткен жаңалықтардың маңызын талқылау; 6.7.1.2 қазақстандық ғалымдардың жаратылыстану ғылымдарын дамытуға қосқан үлесін талқылау
	Болашақ жаңалықтары	6.7.2.1 ғылыми зерттеулердің бағыттарының болашақтағы дамуына болжам жасау;

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 123 бұйрығына  
2-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына  
639-қосымша

## **Негізгі орта білім беру деңгейінің есту қабілеті зақымдалған (естімейтін) 7-10 сыныптарына арналған "География" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Негізгі орта білім беру деңгейінің есту қабілеті зақымдалған (естімейтін) 7-10 сыныптарына арналған "География" пәнінен жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасы (төменде – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5 баптың 6) тармағына сәйкес құрастырылған.

2. Бағдарлама мақсаты – әлемнің географиялық бейнесін, географиялық ойлауды, өмірлік жағдайлар тәжірибесінде география тілі мен әдістерін білу мен қоладануды қамтитын, географиялық мәдениетті қалыптастыру және дамыту.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) табиғи және антропогендік нысандарды, құбылыстар мен процестерді қамтитын әлемнің географиялық бейнесін ашу, қоршаған әлемнің аумақтық ерікшеліктері, олардың объективтік сипаты және адам өміріндегі маңыздылығы туралы түсініктерді қалыптастыру;

2) табиғат пен қоғамның өзара байланысына және осы байланыстың кеңістіктік ерекшеліктеріне білім алушылардың ғылыми көзқарасын дамыту;

3) табиғатты қорғау мен оны тиімді пайдаланудың, қоғамдық өндірістің әлеуметтік-экономикалық және жаратылыстану-ғылыми негіздерін ашу;

4) оқушылардың географиялық зерттеу дағдылары мен әдістерін меңгеруіне ықпал ету;

5) география ғылымының терминдері мен түсініктерін меңгеруге жағдай жасау;

6) кеңістіктік ойлау және картографиялық дағдыларын қалыптастыру;

7) күнделікті өмірде, практикада географиялық білімдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.

4. Түзету-дамытушылық міндеттер:

1) сөйлеу тілі мәдениетін, білімді функционалды қолдануды және түрлі коммуникация тәсілдерін дамыту;

2) естімейтін білім алушылардың арнайы білім беруін сапалы дараландыру мүмкіндіктерін кеңейту;

3) тұлғалық қабілеттерін дамыту (топта және жеке жұмыс жасауда қажетті жауапкершілік, табандылық, шыдамдылық және төзімділік)

4) ойлау процестерін, назарын, есте сақтау қабілетін дамыту.

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері**

5. 7 – 10 сыныптарда "География" курсы оқу барысында, естімейтін оқушылар географиялық нысандар және құбылыстар туралы кеңейтілген білім алады, картамен географиялық жұмыс жасау тәсілдерін практикада қолдануға үйренеді, табиғат және қоғам арасындағы байланысты анықтай алады.

6. Естімейтін оқушыларға білім беруде бірқатар ерекшеліктерді ескеру керек:

1) әр оқушының естіп қабылдау деңгейінің әртүрлілігін;

2) ең қарапайым ойлау операцияларының басымдылығын;

3) механикалық жадының басымдылығын;

4) сөздік қорының шектеулілігін, айтылым бұзылыстарын, белсенді сөздік қорынан енjar сөздік қорының басымдылығын.

7. Естімейтін оқушыларды географияны оқытудың негізгі қағидалары: қол жетімділік, жеке тұлғалық тәсіл, көрнекілік және коммуникативтілік.

8. Оқытудың қол жетімділігі - материалдың қол жетімділігі және оны білім алушылардың түсінуі, ғылыми тұжырымдамаларды оңтайлы жеткізе ұсыну, мәтіндерді қажетті иллюстрациялар мен дидактикалық материалдармен қамтамасыз ету.

9. Жеке тұлғалық тәсіл – білім алушылар тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен жан-жақты дамуы, шығармашылық қабілеттерін толық ашу және биология сабақтарында жеке тұлғаның әлеуметтік маңызды қасиеттерін тәрбиелеу, эмоционалды-еріктік саласын, психикалық процестерін түзеу.

10. Көрнекілік қағидасы - оқушылардың танымдық тәжірибесін байыту, абстрактылық ұғымдарды меңгерту үшін нақты өмірдегі затты немесе құбылысты сезіну арқылы қабылдау негізінде білім, білік және дағдыларын қалыптастыру қажеттілігінен көрініс алады.

11. Пәнді оқытудағы коммуникативтік тәсіл - қарым-қатынас құралы ретінде тілді меңгеруден тұрады және білім алушыларды әртүрлі тілдік жағдайда еркін бағдарлауға үйретеді.

12. Осы қағидаларды жүзеге асыру үшін қажет:

1) қоршаған әлеммен таныстыру арқылы естімейтін білім алушылардың ауызша, жазбаша, диалогтік сөйлеу дағдыларын дамыту;

2) сабақ барысында барлық психикалық процестерді дамыуға ықпал ететін әдіс-тәсілдерді қолдану;

3) дидактикалық қағидаларды ұстану: материалды қайталау, материалдың рұқсат етілген көлемі;

4) жаңа материалды және терминологияны түсіндіру барысында қосымша құрал ретінде дактильді және ымдау тілі қолданылады.

13. Бағдарламаны жүзеге асыру процесінде арнайы құрал-жабдықтар және оқытудың көмекші құралдары, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар пайдаланылады:

1) интерактивтік және проекциялық жабдықтар (проектор, интерактивті тақта);

2) оқытудың арнайы техникалық және компенсаторлық құралдары (фронталды оқыту іс-әрекетін қамтамасыз етуге арналған стационарлық дыбыс күшейткіш құралдар, сөйлеу экраны, жеке есту аппараттары, мультимедиялық компьютерлік сынып);

3) Ғаламтор желісіндегі ақпараттық-білім беру ресурстарына шектеусіз қолжетімділік.

### **3-тарау. "География" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

14. "География" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 7-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылына 68 сағатты;

2) 8-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылына 68 сағатты;

3) 9-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылына 68 сағатты;

4) 10-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылына 68 сағатты құрайды;

15. Оқу пәнінің мазмұны 6 бөлімді қамтиды:

1) "Географиялық зерттеу әдістері" бөлімі;

2) "Картография және географиялық дерекқор" бөлімі;

3) "Физикалық география" бөлімі;

4) "Әлеуметтік география" бөлімі;

5) "Экономикалық география" бөлімі;

6) "Елтану және саяси география негіздері".

16. "Географиялық зерттеу әдістері" келесі бөлімшені қамтиды:

1) зерттеу және зерттеушілер.

17. "Картография және географиялық дерекқор" келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) географиялық карталар;

2) географиялық дерекқор.

18. "Физикалық география" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) литосфера;

2) атмосфера;

3) гидросфера;

4) биосфера;

5) табиғи-аумақтық кешендер.

19. "Әлеуметтік география" бөлімі келесі бөлімшені қамтиды:

1) тұрғындар географиясы.

20. "Экономикалық география" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) табиғи ресурстар;

2) әлеуметтік-экономикалық ресурстар;

3) дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы;

4) дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістері мен көрсеткіштері.

21. "Елтану және саяси география негіздері" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) дүниежүзі елдері.

22. 7-сыныпқа арналған "География" пәнінің базалық білім мазмұны:

1) "Географиялық зерттеу әдістері" бөлімі: зерттеу және зерттеушілер. Географияны зерттеу нысандары. География ғылымының дамуы. Географиялық дерек көздері. Географиялық тәжірибелер. Далалық зерттеу әдістері. Географияда графикалық әдістердің қолданылуы;

2) "Картография және географиялық дерекқор" бөлімі: географиялық карталар. Географиялық картосхемаларды қолдану. Географиялық номенклатура. Географиялық дерекқор. Географиялық деректерді ұйымдастыру;

3) "Физикалық география": литосфера. Литосфераның құрылысы мен заттық құрамы. Жердің тектоникалық құрылысы. Литосфераның тектоникалық қозғалыстары. Литосфералық катаклизмдер. Атмосфера. Атмосфера және оның құрамдас бөліктері. Ауа райы және метеорологиялық элементтер. Атмосфералық қолайсыз құбылыстар. Гидросфера. Гидросфера және оның құрамдас бөліктері. Су ресурстарының маңыздылығы. Дүниежүзілік мұхиттың географиялық жағдайы. Дүниежүзілік мұхит суларының қасиеттері. Мұхит суларының қозғалыстары. Мұхиттармен байланысты апаттар. Дүниежүзілік мұхиттың проблемалары. Биосфера. Биосфера және оның құрамдас бөліктері. Топырақ, оның құрамы мен құрылымы. Қазақстанның топырақ түрлері. Топырақтың экологиялық проблемалары. Табиғи-аумақтық кешендер. Табиғи-аумақтық кешендердің қалыптасуы. Табиғи-аумақтық кешендердің түрлері;

4) "Әлеуметтік география" бөлімі: халық географиясы. Дүниежүзі халқының тілдік әулеттері мен топтары. Дүниежүзі халқының діни құрамы. Дүниежүзінің тарихи-мәдени аймақтары. Ұлтаралық және дінаралық келісім;

5) "Экономикалық география" бөлімі: табиғи ресурстар. Табиғи ресурстардың жіктелуі. Табиғи ресурстарды игерумен байланысты мәселелер. Әлеуметтік-экономикалық ресурстар. Көлік инфрақұрылымы. Әлеуметтік инфрақұрылым. Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы. Дүниежүзілік шаруашылықтың салалары: ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп;

6) "Елтану және саяси география негіздері" бөлім: дүниежүзі елдері. Дүниежүзі елдерінің географиялық жағдайы. Дүниежүзі елдерінің географиялық және экономикалық-географиялық жағдайы.

23. 8-сыныпқа арналған "География" пәнінің базалық білім мазмұны:

1) "Географиялық зерттеу әдістері" бөлімі: зерттеу және зерттеушілер. География ғылымының салалары. Географиялық зерттеу әдістерінің түрлері. Географиялық деректерді өңдеу және талдау, географиялық модельдер. Зерттеу нәтижелерінің ұсыну формалары;

2) "Картография және географиялық дерекқор" бөлімі: географиялық карталар. Тақырыптық карталар және оларды қосымша сипаттау элементтері. Тақырыптық карталарды оқу. Тақырыптық географиялық номенклатура. Географиялық дерекқор. Географиялық дерекқорын құрастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі;

3) "Физикалық география" бөлімі: литосфера. Жер бедерінің қалыптасу және таралу заңдылықтары. Жер бедерінің жіктелуі Материктер мен мұхиттардың ірі орографиялық объектілері. Тау жыныстары мен минералдардың жіктелуі Пайдалы қазбалардың Тау жыныстары мен минералдардың қалыптасу заңдылықтарына байланысты таралуы. Тау жыныстары мен минералдардың қасиеттері. Тау жыныстарының жасын анықтау. Геологиялық жыл санау мен геохронологиялық кесте. Жер бедерінің адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсері. Атмосфера. Климат қалыптастырушы факторлар. Атмосфераның ғаламдық циркуляциясы. Климаттық белдеулер. Материктердің климаттық ерекшеліктері. Климаттың адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсері. Адам әрекетінің атмосфераға тигізетін кері әсері. Гидросфера. Құрлық суларының түрлері мен қалыптасуы. Құрлық суларының шаруашылық маңызы. Өзен аңғарының құрылысы. Өзендердің гидрологиялық режимі. Көлдер мен мұздықтар. Құрлық суларының экологиялық проблемалары. Су апаттары. Биосфера. Табиғат зоналары мен биіктік белдеулер. Материктердің табиғи зоналары. Мұхиттардың тіршілік дүниесі. Өсімдік әлемі мен жануарлар дүниесін қорғау. Табиғи-аумақтық кешендер. Географиялық қабықтың құрамы мен құрылысы. Географиялық қабықтың заңдылықтары;

4) "Әлеуметтік география" бөлімі: халық географиясы. Халық санағы. Ұдайы өсудің түрлері. Демографиялық көрсеткіштер мен демографиялық жағдай. Демографиялық проблемалар. Демографиялық саясат;

5) "Экономикалық география" бөлімі: табиғи ресурстар. Табиғи ресурстарды экономикалық және экологиялық тұрғыдан бағалау. Дүниежүзі аймақтарының табиғи-ресурстық әлеуеті. Табиғи ресурстарды өңдеу технологиясы, орталықтары және дайын өнім түрлері. Әлеуметтік-экономикалық ресурстар. Экономикалық инфрақұрылымның элементтері мен функциялары. Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы. Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық құрамы: өндіруші, өңдеуші және қызмет салалары. Ауылшаруашылық, өнеркәсіп және қызмет салаларын ұйымдастыру түрлері. Ауылшаруашылық, өнеркәсіп және қызмет салаларын орналастыру факторлары. Дүниежүзілік шаруашылық салаларын сипаттау;

6) "Елтану және саяси география негіздері" бөлім: дүние жүзі елдері. Дүниежүзінің саяси картасы. Елдердің саяси типологиясы. Саяси картадағы сандық және сапалық өзгерістер. Дүние жүзі елдерінің саяси-географиялық жағдайы. Саяси интеграция. Қазақстанның саяси-интеграциялық үдерістердегі мүдделері, бағыттары және бастамалары.

24. 9-сыныпқа арналған "География" пәнінің базалық білім мазмұны:

1) "Географиялық зерттеу әдістер" бөлімі: зерттеу және зерттеушілер. Қазақстандық географтардың зерттеулері. География ғылымы зерттеулерінің қазіргі заманғы өзекті проблемалары;

2) "Картография және географиялық дерекқор" бөлімі: Географиялық карталар. Географиялық нысандарды, үдерістер мен құбылыстарды картадан көрсету тәсілдері. Географиялық номенклатура нысандарын көрсету тәсілдері. Жерді қашықтықтан зерделеу әдістері. Геоақпараттық жүйе технологияларын қолдану аясы;

3) "Физикалық география" бөлімі: литосфера. Қазақстан аумағының геологиялық тарихы және тектоникалық құрылымы. Қазақстанның басты орографиялық нысандары. Қазақ оронимдері Қазақстанда минералды ресурстардың таралу заңдылықтары. Атмосфера. Қазақстанның климатын түзуші факторлар. Қазақстанның климаттық жағдайы. Қазақстанның климаттық ресурстары. Гидросфера. Қазақстанның ішкі суларының түрлері. Қазақ гидронимдері. Биосфера. Қазақстанның табиғат зоналары мен биіктік белдеулері. Табиғи-аумақтық кешендер. Қазақстанның ірі физикалық-географиялық аудандары. Қазақтың табиғи хоронимдері;

4) "Әлеуметтік география" бөлімі: халық географиясы. Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамы. Дүниежүзі халқының көші-қоны. Қазақстандағы халықтың көші-қоны. Көші-қон саясаты. Еңбек ресурстарының сандық және сапалық құрамы. Қазақстанның демографиялық жағдайы мен демографиялық саясаты. Елді мекендердің жіктелуі. Елді мекендердің функционалды зоналары;

5) "Экономикалық география" бөлім: табиғи ресурстар. Қазақстанның табиғи-ресурстық әлеуеті. Қазақстанда жекелеген ресурс түрлерін өңдеу технологиялары, орталықтары және дайын өнім түрлері. Табиғатты пайдалану үлгілері мен түрлері. Тұрақты даму. Қазақстанда табиғатты пайдаланумен байланысты проблемалар. Әлеуметтік-экономикалық ресурстар. Ғылыми-техникалық революция үдерісі, бағыттары. Адам әлеуеті даму индексінің көрсеткіштері Қазақстанда адамдық капиталды дамыту;

6) "Елтану және саяси география негіздері" бөлімі: дүниежүзі елдері. Елдердің экономикалық даму деңгейі бойынша топтастырылуы. Халықаралық ұйымдардың деңгейлері мен мақсаттары.

25. 10-сыныпқа арналған "География" пәнінің базалық білім мазмұны:

Қазақстан географиясы.

1) "Географиялық зерттеу әдістері": географиялық нысандар мен құбылыстарды номинациялау ерекшеліктері. Қазақтың халықтық географиялық терминдері. Зерттеу нәтижелерін ұсынудың академиялық формалары.

2) "Физикалық география": литосфера. Минералды ресурстарды өндіру және өңдеу орталықтары. Қазақстанның минералды ресурстарына баға беру. Минералды ресурстарды игерумен байланысты мәселелер. Атмосфера. Қазақстанда қолайсыз және қауіпті атмосфералық құбылыстар. Қазақ халқының атмосфералық және климаттық құбылыстарды номинациялау ерекшеліктері. Гидросфера. Қазақстанның су ресурстарына экономикалық баға беру. Су ресурстарының экологиялық мәселелері. Қазақстанның ішкі суларының геосаяси мәселелері. Биосфера. Табиғи хоронимдердің (ерекше қорғауға алынған аумақтар) мағынасы. Ноосфераның қалыптасуы. Қазақстанның ноосфераның дамуына қосқан үлесі. Табиғи-аумақтық кешендер. Қазақстанның ірі физикалық-географиялық аудандары. Қазақтың табиғи хоронимдері (физикалық-географиялық аудандардың атауы). Табиғат кешендеріне әсер ететін антропогендік факторлар. Антропогендік ландшафтарды жақсарту жолдары;

3) "Әлеуметтік география" бөлімі: халық географиясы. Қазақстандағы ойконимдер. Қазақстандағы елді мекендердің проблемалары. Урбандалу үдерісі. Қазақстандағы урбандалу үдерісіне баға беру;

4) "Экономикалық география" бөлімі: Қазақстанның индустриялы-инновациялық даму бағыттары. Қазақстанның инновациялық инфрақұрылымы. Қазақстан аймақтары инфрақұрылымының даму деңгейі. Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы. Қазақстан шаруашылығының салалары. Қазақстанның экономикалық аудандарының шаруашылық салалары мен мамандануы. Дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістері мен көрсеткіштері. Дүниежүзілік шаруашылықтың субъектілері. Халықаралық географиялық еңбек бөлінісі. Халықаралық экономикалық қатынас түрлері. Дүниежүзілік шаруашылықтың даму көрсеткіштері. Дүниежүзілік шаруашылықтың даму модельдері мен аумақтық құрылымы. Дүниежүзілік



шаруашылықтың даму үрдістері. Қазақстанның дүниежүзілік шаруашылықта алатын орны. Қазақстанның халықаралық экономикалық интеграциядағы мүдделері мен мақсаттары, орны;

5) "Елтану және саяси география негіздері" бөлімі: Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық, саяси-географиялық жағдайы. Қазақстандағы саяси-әкімшілік хоронимдер. Қазақстан Республикасы туралы кешенді географиялық ақпаратты ұсыну формалары.

### 3-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

26. Бағдарламада, оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім мен бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.2.1.2 "7" – сынып, "2.1" бөлім, бөлімше, "4" – оқыту мақсатының реттік саны.

27. Бөлімдер бойынша әр сыныпқа күтілетін нәтижелер:

1) "Географиялық зерттеу әдістері":

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
	<p>7.1.1.1 географияның зерттеу нысандарын анықтайды;</p> <p>7.1.1.2 саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымының дамуына қосқан үлесін сипаттап, баға береді;</p> <p>7.1.1.3 географиялық дерек көздермен жұмыс істейді: карта, сурет, мәтін, фотосуреттер, графикалық материалдар;</p> <p>7.1.1.4 географиялық нысандардың қасиеттерін тәжірибелік жолмен анықтайды;</p> <p>7.1.1.5 географиялық далалық зерттеу</p>	<p>8.1.1.1 география ғылымының салаларға бөлінуін графикалық түрде көрсетіп түсіндіреді;</p> <p>8.1.1.2 география ғылымы салаларын-дағы маңызды зерттеулерді анықтайды;</p> <p>8.1.1.3 далалық, картографиялық, теориялық географиялық зерттеу әдістерінің мәнін түсіндіріп, қолданады;</p>	<p>9.1.1.1 география ғылымының дамуына үлес қосқан</p>	<p>10.1.1.1 географиялық құбылыстар мен нысандардың номинациясын анықтауды;</p> <p>10.1.1.2 қазақ халқының ұлттық</p>

1.1 Зерттеулер және зерттеушілер	әдістерін қолданады, көрсеткіштерді тіркейді, жинақтай-ды, өңдейді, талдайды; 7.1.1.6 географиялық нысандардың, құбылыстардың және үдерістердің ерекшеліктерін графикалық түрде көрсете алады: сызба, диаграмма, профиль, кесте 7.1.1.7 географиялық нысандар, құбылыстар және үрдістердің қасиеттерін графикалық түрде: сызба, диаграмма, профиль, график түрінде көрсету; 7.1.1.8 оқылған материал негізінде сөздік қорды байытады	8.1.1.4 сандық және сапалық деректер географиялық деректерді өңдеп, талдайды; 8.1.1.5 географиялық нысандардың, құбылыстардың және үдерістердің модельдерін түрлі материалдардан немесе түрлі техникаларда жасау арқылы ерекшеліктері мен қасиеттерін түсіндіреді; 8.1.1.6 зерттеу нәтижелерін түрлі формада ұсынады	қазақстан-дықтардың зерттеулері туралы баяндайды; 9.1.1.2 география ғылымының қазіргі заманғы өзекті зерттеу проблемаларын анықтайды	географиялық терминдерінің мағынасын түсіндіреді; 10.1.1.3 зерттеу нәтижелерін түрлі академиялық формада ұсынады
----------------------------------	---	--	---	---

## 2) "Картография және географиялық дерекқор" бөлімі:

### 2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
2.1 Географиялық карталар	7.2.1.1 тақырып бойынша картосхемалар жасай алады; 7.2.1.2 - географиялық номенклатура нысандарын картадан көрсетеді	8.2.1.1 тақырыптық карталарды сипаттайтын қосымша элемент-терді құрастырады: профиль, диаграмма график, кесте; 8.2.1.2 географиялық шартты белгілер мен карталарды сипаттайтын қосымша элементтерді қолданумен тақырыптық карталарды оқиды;	9.2.1.1 маңызды географиялық нысандарды, үдерістер мен құбылыстарды карталардан көрсету барысында сипаттайды; 9.2.1.2 географиялық номенклатура	

		8.2.1.3 географиялық номенклатура нысандарын кескін картадан көрсетеді	нысандарын картадан көрсетеді	
2.2 Географиялық дерекқорлар	7.2.2.1 географиялық нысандарды топтастырып кесте түрінде көрсетеді 7.2.2.2 оқыған материал негізінде сөздік қорын байыту	8.2.2.1 ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданып отырып, географиялық дерек қорын құрастырады	9.2.2.1 жерді қашықтықтан зерделеудің әдістерін сипаттау негізінде, маңыздылығы мен ерекшеліктерін түсіндіреді; 9.2.2.2 аруашылық пен ғылым салаларында геоақпараттық технологияларын қолданудың маңыздылығын сипаттайды	

### 3) "Физикалық география" бөлімі:

#### 3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
	7.3.1.1 литосфераның құрылысы мен заттық құрамын анықтайды; 7.3.1.2 жердің тектоникалық құрылымы мен литосфералық плиталардың	8.3.1.1 жер бедерінің қалыптасу және таралу заңдылықтарын зерттейді; 8.3.1.2 жер бедері түрлерін жіктейді; 8.3.1.3 жер бедері түрлерін жоспар бойынша сипаттайды; 8.3.1.4 материктер мен мұхиттарда орналасқан ұқсас орографиялық бірліктерді салыстырады; 8.3.1.5 тау жыныстары мен минералдарды түрлі белгілері бойынша жіктейді; 8.3.1.6 тау жыныстары мен минералдардың қалыптасу заңдылықтарына	9.3.1.1 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде Қазақстанның жер бедерінің геологиялық тарихын және текто-никалық	10.3.1.1 Қазақстанның минералды ресурстарын өндіру және өңдеудің б а с т ы

<p>3.1 Литосфера</p>	<p>орналасуын картадан көрсетеді және сипаттайды; 7.3.1.3 жер қыртысының тектоникалық қозғалыстарын талдайды: дрейф, коллизия, субдукция, спрединг; 7.3.1.4 литосфералық катаклизмдердің себептері мен салдарын түсіндіреді; 7.3.1.5 жергілікті компонент негізінде литосфералық катаклизмі кезіндегі тәртіп ережелерін түсіндіреді</p>	<p>байланысты пайдалы қазбалардың таралуына талдау жасайды; 8.3.1.7 тау жыныстары мен минералдардың қасиеттерін анықтайды; 8.3.1.8 тау жыныстарының жасын анықтау әдістерін түсіндіреді; 8.3.1.9 геологиялық жылсанау мен геохронологиялық кестені талдап, жер қыртысының және тіршіліктің дамуындағы ірі кезеңдері мен геологиялық оқиғаларды ажырата алады; 8.3.1.10 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде жер бедерінің адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсеріне баға береді</p>	<p>құрылымын анықтайды; 9.3.1.2 басты орографиялық нысандарды сипаттайды; 9.3.1.3 қазақ оронимдерін жіктеп, мағынасын түсіндіреді; 9.3.1.4 Қазақстанның минералды ресурстарының таралу заңдылық-тарын анықтайды</p>	<p>орталықтарын картадан көрсетіп, сипаттайды; 10.3.1.2 Қазақстанның минералды ресурстарына баға береді; 10.3.1.3 минералды ресурстарды игерумен байланысты проблемаларды топтастырып, шешу жолдарын ұсынады</p>
	<p>7.3.2.1 атмосфераның құрамын сипаттайды; 7.3.2.2 атмосфераның құрылысы мен қабаттарының ерекшеліктерін графикалық түрде бейнелеп, түсіндіреді; 7.3.2.3 "ауа райы" ұғымын түсіндіреді 7.3.2.4 жеке метеорологиялық элементтер негізінде оларды</p>	<p>8.3.2.1 климат қалыптастырушы факторларды талдайды;</p>		

<p>3.2 Атмосфера</p>	<p>зерттеу маңыздылығын түсіндіреді: температура, қысым, жел, бұлт, жауын-шашын, ылғал; 7.3.2.5 метеорологиялық құралдарды пайдалана отырып жеке метеорологиялық элементтерді өлшейді және тіркейді: температура, қысым, жел, бұлт, жауын-шашын, ылғалдылық; 7.3.2.6 жергілікті жер мүмкіндігі бойынша температура, қысым, жел, бұлттылық, жауын-шашын, ылғалдылық метеорологиялық элементтерінің көрсеткіштері бойынша синоптикалық графикалық материалдарды жасайды 7.3.2.7 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде қолайсыз атмосфералық құбылыстарды талдай отырып, сақтану шараларын ұсынады</p>	<p>8.3.2.2 талдау негізінде атмосфераның ғаламдық циркуляциясын түсіндіреді; 8.3.2.3 климаттық белдеулерді талдайды; 8.3.2.4 әр материкте орналасқан ұқсас климаттық белдеулерді салыстырады; 8.3.2.5 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде климаттың адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсеріне баға береді; 8.3.2.6 адамзат әрекетінің атмосфера мен климатқа тигізетін кері әсерін топтастырып, шешу жолдарын ұсынады</p>	<p>9.3.2.1 Қазақстан климатын қалыптастырушы факторларды талдайды; 9.3.2.2 Қазақстанның климаттық жағдайын талдайды; 9.3.2.3 Қазақстанның климаттық ресурстарын бағалайды</p>	<p>10.3.2.1 Қазақстанда атмосфералық қолайсыз және қауіпті құбылыстардың қалыптасуын, таралу аумақтарын картада көрсетіп, сақтану шараларын ұсынады; 10.3.2.2 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде қазақ халқының атмосфералық және климаттық құбылыстарды номинациялау ерекшеліктерін анықтайды</p>
	<p>7.3.3.1 гидросфера және оның құрамдас бөліктерін сипаттайды; 7.3.3.2 су ресурстарының маңыздылығын түсіндіреді;</p>	<p>8.3.3.1 құрлық суларының қалыптасу жолдарын анықтайды; 8.3.3.2 құрлық суларының негізгі түрлерінің</p>		

3.3 Гидросфера	<p>7.3.3.3 дүниежүзілік мұхиттың құрамын, географиялық жағдайын сипаттайды;</p> <p>7.3.3.4 мұхит және оның құрамдас бөліктерін жоспар бойынша сипаттайды;</p> <p>7.3.3.5 мұхит суының қасиеттері-не әсер ететін факторларды анықтайды;</p> <p>7.3.3.6 мұхит суының қозғалыстарын жіктеп, түсіндіреді;</p> <p>7.3.3.7 мұхиттар және теңіздермен байланысты апаттарды топтастырып, сақтану шараларын ұсынады;</p> <p>7.3.3.8 Дүниежүзілік мұхит мәселелерін топтастырып, шешу жолдарын ұсынады</p> <p>7.3.3.9 оқыған материалдарының негізінде сөздік қорын байыту</p>	<p>шаруа-шылық маңызын түсіндіреді;</p> <p>8.3.3.3 өзен аңғарының құрылысын түсіндіреді;</p> <p>8.3.3.4 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде өзендердің гидрологиялық режимін түсіндіреді ;</p> <p>8.3.3.5 көлдер мен мұздықтарды жоспар бойынша сипаттайды;</p> <p>8.3.3.6 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде құрлық суларының экологиялық проблемаларын жіктеп, шешу жолдарын ұсынады;</p> <p>8.3.3.7 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде су апаттарының алдын алу шараларын ұсынады</p>	<p>9.3.3.1 Қазақстанның ішкі суларын топтастырады, көрсеткіштерін талдайды және сипаттайды:өзендер мен көлдер, мұздықтар мен мәңгі тоң, жерасты сулары</p> <p>9.3.3.2 қазақ гидронимдері және топтастыру негізінде олардың мағынасын түсіндіреді</p>	<p>10.3.3.1 Қазақстанның су ресурстарына экономикалық баға береді</p> <p>10.3.3.2 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде су ресурстарының экологиялық проблемаларын талдап, шешу жолдарын ұсынады;</p> <p>10.3.3.3 Қазақстандағы су ресурстарының геосаяси проблемаларын жіктеп шешу жолдарын ұсынады: трансшекаралық өзендер, Каспий теңізінің мәртебесі</p>
3.4 Биосфера	<p>7.3.4.1 биосфераның құрамын, құрылымын, шекаралары мен қасиеттерін анықтайды;</p> <p>7.3.4.2 топырақ құрамын, түрлерін анықтап, құрылымын граф-икалық түрде көрсетеді;</p> <p>7.3.4.3 Қазақстанда топырақ түрлерінің таралуын анықтайды;</p> <p>7.3.4.4 жергілікті компонентті</p>	<p>8.3.4.1 табиғат зоналары мен биіктік белдеулері-нің қалыптасуын түсіндіреді;</p> <p>8.3.4.2 жоспар бойынша табиғат зоналарын сипаттайды;</p> <p>8.3.4.3 әр материкте орналасқан ұқсас табиғат зоналар мен биіктік белдеулерді салыстырады</p> <p>8.3.4.4 мұхиттағы тіршілік дүниесінің</p>	<p>9.3.4.1 Қазақстанның табиғат зоналары мен биіктік белдеулеріне салыстырмалы талдау жасайды;</p> <p>9.3.4.2 қорықтар, қорықшалар, ұлттық саябақтар ерекше қорғалатын</p>	<p>10.3.4 тақырыпқа қатысты қазақтың табиғи хоронимдерін жіктеп, мағынасын түсіндіреді;</p> <p>10.3.4.2 ноосфераның қалыптасу шарттарын зерттейді;</p>

	қосымша қамту негізінде топырақ ресурстарына баға береді; 7.3.4.5 топырақтардың экологиялық мәселелерін топтастырып, шешу жолдарын ұсынады	таралуын анықтайды; 8.3.4.5 өсімдік әлемі мен жануарлар дүние-сін қорғау қажетілігін дәлелдейді және қорғау жолдарын ұсынады	аумақтарының құрылу мақсатын түсіндіреді; 9.3.4.3 Қазақстанның табиғи мұрасына баға береді	10.3.4.3 Қазақстанның ноосфера дамуына қосқан өзіндік үлесін бағалайды
3.5 Табиғи- аумақтық кешендер	7.3.5.1 географиялық қабық, материктер мен мұхиттар, зоналар және белдеулер, ландшафт табиғи-аумақтық кешендерінің қалыптасуын түсіндіреді; 7.3.5.2 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде түрлі деңгейдегі табиғи кешендерді жоспар бойынша сипаттайды	8.3.5.1 географиялық қабықтың құрамы мен құрылысын графикалық түрде көрсетіп, түсіндіреді; 8.3.5.2 географиялық қабық заңдылықтарының маңыздылығын түсіндіреді	9.3.5.1 Қазақстанның ірі табиғи кешендерін жоспар бойынша сипаттайды; 9.3.5.2 қазақтың табиғи хоронимдерін жіктеп, мағынасын түсіндіреді	10.3.5.1 жергілікті компонент негізінде антропогендік факторлардың табиғат кешендеріне әсерін зерттейді; 10.3.5.2 антропогендік ландшафттарды жақсарту жолдарын ұсынады: рекультивация, мелиорация, ландшафттық дизайн

#### 4) "Әлеуметтік география" бөлімі:

##### 4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаты			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
	7.4.1.1 дүниежүзі халықтарының этнолингвистикалық жіктелінуін түсіндіреді; 7.4.1.2 дүние жүзі халқының діни құрамы мен діндердің таралу аймақтарын анықтайды;	8.4.1.1 халық санын анықтау әдістерін түсіндіреді; 8.4.1.2 дүниежүзі елдерін халықтың ұдайы өсу түрі бойынша жіктейді; 8.4.1.3 елдердің демографиялық жағдайын талдап, басты демографиялық көрсеткіштерін есептейді: халық саны, туу және өлім коэффициенттері, табиғи және механикалық өсім,	9.4.1.1 Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамын анықтайды; 9.4.1.2 дүниежүзі халқы миграцияларының басты бағыттарын, себеп-салдарын түсіндіреді; 9.4.1.3 Қазақстандағы көші-қон үдерістерді талдап, басты бағыттарын анықтайды; 9.4.1.4 көші-қон саясатының өзіндік үлгісін ұсынады;	10.4.1.1 Қазақстандағы ойконимдерді жіктеп, мағынасын түсіндіреді; 10.4.1.2 Қазақстанның елді мекендері

4.1 Халық географиясы	7.4.1.3 халықтың этникалық және діни құрамына байланысты дүниежүзінің тарихи-мәдени/ өркениеттік аймақтарының алыптасуын түсіндіреді; 7.4.1.4 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде ұлтаралық және дінаралық келісімнің қажетті-лігін дәлелдейді және қалыптастыру жолдарын ұсынады	жалпы өсім, жас-жыныстық көрсеткіштер, ұлттық және діни құрам; 8.4.1.4 елдердің демографиялық көрсеткіштерін графикалық түрде ұсынып, түсіндіреді; ; 8.4.1.5 дүниежүзі елдерін демографиялық проблемалары бойынша жіктейді; 8.4.1.6 " демогра-фиялық саясат" ұғымын түсіндіре отырып дүниежүзінің жекелеген елдеріне қатысты демографиялық саясаттың өзіндік моделін ұсынады	9.4.1.5 қазақстандық көрсеткіштерді басқа елдердің көрсеткіштерімен салыстыру негізінде еңбек ресурстарының сандық, сапалық құрамына баға береді; 9.4.1.6 Қазақстанның демографиялық жағдайын талдап, демографиялық саясаттың өзіндік моделін ұсынады; 9.4.1.7 Қазақстандағы елді мекендерді жіктейді; 9.4.1.8 елді мекендердің түрлері мен функционалды зоналарын сипаттайды	проблемаларын жіктеп, шешу жолдарын ұсынады; 10.4.1.3 урбандалу үдерісінің себеп-салдарын түсіндіру арқылы байланысты проблемалардың шешу жолдарын ұсынады; 10.4.1.4 Қазақстандағы урбандалу үдерісіне баға береді
-----------------------	---	--	--	--

### 5) "Экономикалық география":

5 кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
5.1 Табиғи ресурстар	7.5.1.1 табиғи ресурстарды жіктейді; 7.5.1.2 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде табиғи ресурстардың таралу заңдылық-тарын талдайды 7.5.1.3 табиғи ресурстардың шоғырлануын картада көрсетеді; 7.5.1.4 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде табиғи ресурстарды игерумен байланысты	8.5.1.1 табиғи ресурстарды экономикалық және экологиялық тұрғыдан бағалайды; ; 8.5.1.2 дүниежүзінің жекелеген аймақтарының табиғи ресурстық әлеуетін бағалайды; 8.5.1.3 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде жекелеген табиғи ресурстарды өңдеу технологиясын сипаттай отырып, орталықтары мен	9.5.1.1 Қазақстанның табиғи-ресурстық әлеуетін бағалайды; 9.5.1.2 Қазақстанда жекелеген табиғи ресурстарды өңдеу технологиясын сипаттап, орталықтары мен дайын өнім түрлерін атайды; 9.5.1.3 табиғатты пайдалану үлгілері мен түрлерін топтастырады	10.5.1.1 тұрақты дамудың белгілері мен бағыттарын сипаттайды; 10.5.1.2 Қазақстанда табиғатты пайдалану мәселелерін анықтап, шешу жолдарын ұсынады; 10.5.1.3 жергілікті компонент негізінде табиғатты пайдалануға



	проблемаларды талдап, шешу жолдарын ұсынад.	дайын өнім түрлерін атайды		байланысты зерттеу жүргізеді
5.2 Әлеуметтік-экономикалық ресурстар	7.5.2.1 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде көлік инфрақұрылым элементтерін сипаттап, маңыздылығына баға береді; 7.5.2.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде әлеуметтік инфрақұрылымының элементтерін сипаттап, маңыздылығына баға береді	8.5.2.1 Қазақстандық құрылымдарды қосымша қамту арқылы инфрақұрылымның экономикалық элементтерінің маңыздылығын бағалайды және соның негізінде оларды сипаттайды	9.5.2.1 ғылыми-техникалық үрдісін және бағытын талдайды; 9.5.2.2 Қазақстандық құрылымдарды қосымша қамту арқылы амазат капиталының даму көрсеткіштерін анықтайды және сол арқылы мемлекеттерді салыстырады	10.5.2.1 Қазақстанның индустриалдық-инновациялық бағыттарын анықтау негізінде болжам жасайды; 10.5.2.2 Қазақстанның индустриалдық-инновациялық бағыттарын талдау негізінде, оны дамыту жолдарын құрастырады; 10.5.2.3 Қазақстан аймақтарын индустриалдық-инновациялық бағыттарын талдау негізінде, осыған байланысты мәселелерді шешеу жолдарын ұсынады
5.3 Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы	7.5.3.1 ауыл шаруашылық, өнеркәсіп шаруашылық салаларын жіктеу арқылы маңыздылығын түсіндіреді	8.5.3.1 өндіруші және өңдеуші, қызмет саласы шаруашылық түрлерін жіктейді; 8.5.3.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде ауыл шаруашылық және өнеркәсіп өндірісін, қызмет саласын ұйымдастыру түрлерін сипаттайды; 8.5.3.3 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде ауыл шаруашылық және өнеркәсіп өндірісін, қызмет саласын	9.5.3.1 Қазақстан шаруашылығы салаларын жоспар бойынша сипаттайды; 9.5.3.2 Қазақстанның экономикалық аудандарының шаруашылық салаларын анықтап, мамандануын түсіндіреді	10.5.3.1 Қазақстан шаруашылығы салаларын жоспар бойынша сипаттайды; 10.5.3.2 Қазақстанның экономикалық аудандарының шаруашылық салаларын анықтап,

		орналастыру факторларын талдайды; 8.5.3.4 дүниежүзі шаруашылығы салаларын жоспар бойынша сипаттайды		мамандануын түсіндіреді
5.4 Дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістері мен көрсеткіштері			9.5.4.1 дүниежүзілік шаруашылықтың субъектілерін сипаттайды; 9.5.4.2 халықаралық географиялық еңбек бөлінісінің мәнін анықтайды; 9.5.4.3 халықаралық экономикалық қатынас түрлерін жіктеп, сипаттайды; 9.5.4.4 дүниежүзілік шаруашылықтың даму көрсеткіш-терін сипаттайды: жалпы ішкі өнім, жалпы ұлттық өнім оның ішінде жан басына шаққанда; 9.5.4.5 дүниежүзілік шаруашылықтың модельдері мен аумақтық құрылымын талдайды; 9.5.4.6 дүниежүзілік шаруашылықтың даму тенденцияларын талдайды; 9.5.4.7 Қазақстанның дүниежүзілік шаруашылықтағы орнын анықтайды; 9.5.4.8 Қазақстан-ның халықаралық экономикалық интеграциядағы	10.5.4.1 дүниежүзілік шаруашылықтың субъектілерін сипаттайды; 10.5.4.2 халықаралық географиялық еңбек бөлінісінің мәнін анықтайды; 10.5.4.3 халықаралық экономикалық қатынас түрлерін жіктеп, сипаттайды; 10.5.4.4 дүниежүзілік шаруашылықтың даму көрсеткіш-терін сипаттайды: жалпы ішкі өнім, жалпы ұлттық өнім оның ішінде жан басына шаққанда; 10.5.4.5 дүниежүзілік шаруашылықтың модельдері мен аумақтық құрылымын талдайды; 10.5.4.6 дүниежүзілік шаруашылықтың даму тенденцияларын талдайды; 10.5.4.7 Қазақстанның дүниежүзілік шаруашылықтағы орнын анықтайды; 10.5.4.8 Қазақстанның

			мүдделері мен мақсаттарын, орнын анықтайды	халықаралық экономикалық интеграциядағы мүдделері мен мақсаттарын, орнын анықтайды
--	--	--	--	--

б) "Елтану және саяси география негіздері" бөлімі:

6-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
6.1 Дүние жүзі елдері	<p>7.6.1.1 Қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдерді географиялық орнына байланысты топтастырады;</p> <p>7.6.1.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің географиялық орнын жоспар бойынша сипаттайды;</p> <p>7.6.1.3 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдерді экономикалық-географиялық орнына байланысты топтастырады;</p> <p>7.6.1.4 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің экономикалық-географиялық жағдайын жоспар бойынша сипаттайды;</p> <p>7.6.1.5 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің экономикалық-географиялық жағдайына баға береді;</p> <p>7.6.1.6 қазақстандық компонентті</p>	<p>8.6.1.1 саяси картаның басты нысандарын сипаттайды;</p> <p>8.6.1.2 елдерді басқару формасы және мемлекеттік құрылымы бойынша топтастырады;</p> <p>8.6.1.3 саяси картаның сандық және сапалық өзгерістерін талдайды;</p> <p>8.6.1.4 елдердің саяси-географиялық жағдайына баға береді;</p> <p>8.6.1.5 саяси интеграцияның қажеттілігі мен мақсаттарын түсіндіреді;</p> <p>8.6.1.6 Қазақстанның саяси интеграциядағы мүдделері мен мақсаттарын талдайды</p>	<p>9.6.1.1 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдерді экономикалық даму деңгейі бойынша топтастырады;</p> <p>9.6.1.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде халықаралық ұйымдарды деңгейі және мақсаты бойынша топтастырады</p>	<p>10.6.1.1 Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық, саяси-географиялық жағдайына кешенді баға береді</p> <p>10.6.1.2 Қазақстан Республикасының саяси- әкімшілік топтастыру хороним негізінде мағынасын түсіндіру;</p> <p>10.6.1.3 Қазақстан Республикасы туралы елтану</p>

қосымша қамту негізінде елдердің экономикалық-географиялық жағдайын жақсарту жөнінде ұсыныс жасайды		ақпаратын дайындайды
---	--	----------------------

28. Осы оқу бағдарламасы есту қабілеті зақымдалған (естімейтін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптары үшін "География" оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының Ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда әрбір бөлімде жүзеге асырылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

29. Бөлімдер және тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Негізгі орта білім беру  
деңгейінің  
7 – 10 - сыныптарына арналған  
"География" оқу пәнінен  
жаңартылған мазмұндағы  
Үлгілік оқу бағдарламасына  
қосымша

**Негізгі орта білім беру деңгейінің есту қабілеті зақымдалған (естімейтін) 7-10 сыныптарына арналған "География" пәнінен жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша Ұзақ мерзімді жоспар**

1) 7- сынып  
1-кесте

Бөлімше	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1-бөлім . Географияны зерттеу әдістері		
1.1 Зерттеу және зерттеушілер	Географиялық зерттеу нысандары	7.1.1.1 географияның зерттеу нысандарын анықтайды
	География ғылымының дамуы	7.1.1.2 саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымының дамуына қосқан үлесін сипаттап, баға береді
	Географиялық дерек көздері	7.1.1.3 географиялық дереккөздермен жұмыс істейді: карта, сурет, мәтін, фотосуреттер, графикалық материалдар; 7.1.1.4 стационарлы және дыбыс күшейткіш аппараттар көмегімен оқу іс-әрекетіне жататын сөйлеу тілі материалын естіп-көруі арқылы қабылдайды

	Географиялық тәжірибелер.	7.1.1.5 географиялық нысандардың қасиеттерін тәжірибелік жолмен анықтайды
	Далалық зерттеулер әдістері	7.1.1.6 географиялық далалық зерттеу әдістерін қолданады, көрсеткіштерді тіркейді, жинақтайды, өңдейді, талдайды
	Географияда графикалық әдістердің қолданылуы	7.1.1.7 географиялық нысандардың, құбылыстардың және үдерістердің ерекшеліктерін графикалық түрде көрсете алады: диаграмма, профиль, график. 7.1.1.8 оқылған материалдар негізінде сөздік қорын байытады
2-бөлім. Картография және географиялық деректер		
2.1 Географиялық карталар	Географиялық картосхемаларды қолдану	7.2.1.1 тақырып бойынша картосхемаларды жасай алады
	Географиялық номенклатура	7.2.1.2 географиялық номенклатура нысандарын картадан көрсетеді
2.2 Географиялық деректер	Географиялық деректерді ұйымдастыру	7.2.2.1 географиялық нысандарды топтастырып кесте түрінде көрсетеді
		7.2.2.2 оқылған материалдар негізінде сөздік қорын байытады
3-бөлім. Физикалық география		
3.1 Литосфера	Литосфераның құрылысы мен заттық құрамы	7.3.1.1 литосфераның құрылысы мен заттық құрамын анықтайды
	Жердің тектоникалық құрылысы	7.3.1.2 мұғалімнің көмегімен жердің тектоникалық құрылымы сипаттайды
	Литосфераның тектоникалық қозғалыстары	7.3.1.3 жер қыртысының тектоникалық қозғалыстарын талдайды: дрейф, коллизия, субдукция, спрединг
	Литосфералық катаклизмдер	7.3.1.4 литосфералық катаклизмдердің себеп-салдарын, таралуын түсіндіреді; 7.3.1.5 оқылған материалдар негізінде сөздік қорын байытады
2-тоқсан		
3-бөлім. Физикалық география		
	Атмосфера және оның құрамдас бөліктері	7.3.2.1 атмосфераның құрамын сипаттайды;
		7.3.2.2 атмосфераның құрылысы мен қабаттарының ерекшеліктерін графикалық түрде бейнелеп, түсіндіреді

3.2 Атмосфера	Ауа райы және метеорологиялық элементтер	7.3.2.3 "ауа райы" ұғымын түсіндіреді; 7.3.2.4 жеке метрологиялық элементтер негізінде оларды зерттеу маңызыдылығын түсіндіреді: температура,қысым, жел, бұлт, жауын-шашын, ылғал; 7.3.2.5 метрологиялық құралдарды пайдалана отырып жеке меторологиялық элементтерді өлшейді және тіркейді: температура, қысым, жел, бұлт, жауын-шашын, ылғал
	Қолайсыз атмосфералық құбылыстар	7.3.2.6 өзінің елді мекеніндегі аудандық компоненттердің қолайсыз атмосфералық құбылыстарын талдайды; 7.3.2.7 оқылған материалдар негізінде сөздік қорын байытады
3.3 Гидросфера	Гидросфера және оның негізгі бөліктері	7.3.3.1 гидросфераны және оның негізгі бөліктерін сипаттайды
	Су ресурстарының маңыздылығы	7.3.3.2 су ресурстарының маңыздылығын түсіндіреді
	Дүниежүзілік мұхиттың географиялық жағдайы	7.3.3.3 Дүниежүзілік мұхиттың құрамын, географиялық жағдайын сипаттайды; 7.3.3.4 мұхит және оның құрамдас бөліктерін жоспар бойынша сипаттайды
	Дүниежүзілік мұхит суларының қасиеттері	7.3.3.5 мұғалім көмегімен мұхит суының қасиеттеріне әсер ететін факторларды анықтайды
	Мұхит суларының қозғалыстары	7.3.3.6 мұхит суының қозғалыстарын жіктеп, түсіндіреді
	Мұхиттармен байланысты апаттар	7.3.3.7 мұхиттар мен теңіздермен байланысты апаттарды топтастырады
	Дүниежүзілік мұхиттың проблемалары	7.3.3.8 Дүниежүзілік мұхит мәселелерін анықтайды; 7.3.3.9 оқылған материалдар негізінде сөздік қорын байытады
3-тоқсан		
3.4 Биосфера	Биосфера және оның құрамдас бөліктері	7.3.4.1 биосфераның құрамын, құрылымын, шекаралары мен қасиеттерін анықтайды
	Топырақ және оның құрамы мен құрылымы	7.3.4.2 топырақ типін және құрылымын анықтайды
		7.3.4.3 Қазақстанда топырақ түрлерінің таралуын анықтайды;

	Қазақстанның топырақ түрлері	7.3.4.4 өз жергілікті мекенінің топырақ құрылымын анықтайды; 7.3.4.5 оқылған материалдар негізінде сөздік қойрын байытады
	Топырақтың экологиялық проблемалары	7.3.4.5 топырақтардың экологиялық проблемаларын жіктеп, шешу жолдарын ұсынады
3.5 Табиғи-аумақтық кешендер	Табиғи-аумақтық кешендердің қалыптасуы	7.3.5.1 географиялық қабық, мұхиттар және материктер, зоналар және белдеулер, ландшафтар табиғи-аумақтық кешендерінің қалыптасуын түсіндіреді
	Табиғи-аумақтық кешендердің түрлері	7.3.5.2 өз жергілікті аймақтарындағы табиғи-аумақтық кешендерді анықтайды;
4-бөлім. Әлеуметтік география		
4.1 Тұрғындар географиясы	Дүниежүзі халқының тілдік әулеттері мен топтары	7.4.1.1 дүниежүзі халықтарының этнолингвистикалық жіктелінуін түсіндіреді
	Дүниежүзі халқының діни құрамы	7.4.1.2 дүние жүзі халқының діни құрамы мен діндердің таралу аймақтарын анықтайды
	Дүниежүзінің тарихи-мәдени аймақтары	7.4.1.3 халықтың этникалық және діни құрамына байланысты дүниежүзінің тарихи-мәдени/ өркениеттік аймақтарының қалыптасуын түсіндіреді
	Ұлтаралық және дінаралық келісім	7.4.1.4 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде ұлтаралық және дінаралық келісімнің қажеттілігін дәлелдейді
5. Экономикалық география		
5.1 Табиғи ресурстар	Табиғи ресурстардың жіктелуі.	7.5.1.1 табиғи ресурстарды жіктейді; 7.5.1.2 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде табиғи ресурстардың таралу заңдылықтарын талдайды; 7.5.1.3 табиғи ресурстардың шоғырлануын картада көрсетеді
	Табиғи ресурстарды игерумен байланысты мәселелер	7.5.1.4 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде табиғи ресурстарды игерумен байланысты мәселелерді талдап, шешу жолдарын ұсынады
4-тоқсан		
5. Экономикалық география		
		7.5.2.1 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде көлік

5.2 Өлеуметтік-экономикалық ресурстар	Көлік инфрақұрылымы	инфрақұрылымының элементтерін сипаттап, маңыздылығына баға береді
	Өлеуметтік инфрақұрылым	7.5.2.2 қазақстандық компонентті қосымша қамта отырып өлеуметтік инфрақұрылым элементтерің маңыздылығын сипаттау негізінде бағалайды
5.3 Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы	Дүниежүзілік шаруашылықтың салалары: ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп	7.5.3.1 ауыл шаруашылық, өнеркәсіп шаруашылық салаларын жіктеу арқылы маңыздылығын түсіндіреді
6. Елтану және саяси география негіздері		
6.1 Дүние жүзі елдері	Дүниежүзі елдерінің географиялық жағдайы	7.6.1.1 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдерді географиялық орнына байланысты топтастырады; 7.6.1.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің географиялық орнын жоспар бойынша сипаттайды
	Елдердің экономикалық географиялық жағдайы	7.6.1.3 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдерді экономикалық-географиялық орнына байланысты топтастырады ; 7.6.1.4 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің экономикалық-географиялық жағдайын жоспар бойынша сипаттайды; 7.6.1.5 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің экономикалық-географиялық жағдайына баға береді; 7.6.1.6 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің географиялық, экономикалық-географиялық жағдайын жақсарту жөнінде ұсыныс жасайды
1. Географиялық зерттеу әдістері	1.1 Зерттеу және зерттеушілер	7.1.1.3 географиялық дереккөздермен жұмыс істейді: карта, сурет, мәтін, фотосуреттер, графикалық материалдар; 7.1.1.6 географиялық нысандардың, құбылыстардың және үдерістердің ерекшеліктерін графикалық түрде көрсете алады: кесте, сызба, диаграмма, профиль, график



2.Картография және география-лықдереккор	2.1 Географиялық карталар	7.2.1.1 тақырып бойынша картосхемаларды жасай алады; 7.2.1.2 географиялық номенклатура нысандарын картадан көрсетеді
	2.2 Географиялық дереккор	7.2.2.1 географиялық нысандарды топтастырып кесте түрінде көрсетеді

## 2) 8 сынып

### 2-кесте

Бөлімше	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1-бөлім. Географиялық зерттеу әдістері		
1.1 Зерттеу және зерттеушілер	География ғылымының салалары	8.1.1.1 география ғылымының салаларға бөлінуін графикалық түрде көрсетіп түсіндіреді; 8.1.1.2 география ғылымы салаларындағы маңызды зерттеулерді анықтайды
	Географиялық зерттеу әдістерінің түрлері	8.1.1.3 далалық, картографиялық, теориялық географиялық зерттеу әдістерінің мәнін түсіндіріп, қолданады
	Географиялық деректерді өңдеу және талдау	8.1.1.4 сандық және сапалық географиялық деректерді өңдеп, талдайды
	Географиялық модельдер	8.1.1.5 географиялық нысандардың, құбылыстардың және үдерістердің модельдерін түрлі материалдардан немесе түрлі техникаларда жасау арқылы ерекшеліктері мен қасиеттерін түсіндіреді
	Зерттеу нәтижелерінің ұсыну формалары	8.1.1.6 зерттеу нәтижелерін түрлі формада ұсынады
2 -бөлім. Картография және географиялық дереккор		
2.1 Географиялық карталар	Тақырыптық карталар және оларды қосымша сипаттайтын элементтер	8.2.1.1 тақырыптық карталарды сипаттайтын қосымша элементтерді құрастырады: профиль, диаграмма, кесте
	Тақырыптық карталарды оқу	8.2.1.2 географиялық шартты белгілер мен карталарды сипаттайтын қосымша элементтерді қолдана отырып, тақырыптық карталарды оқиды
	Тақырыптық географиялық номенклатура	8.2.1.3 географиялық номенклатура нысандарын кескін картадан көрсетеді

2.2 Географиялық дерекқор	Географиялық дерекқор құрастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі	8.2.2.1 ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдана отырып, географиялық дерекқорын құрастырады
3-бөлім. Физикалық география		
3.1 Литосфера	Жер бедерінің қалыптасу және таралу заңдылықтары	8.3.1.1 жер бедерінің қалыптасу және таралу заңдылықтарын зерттейді
	Жер бедерінің жіктелуі	8.3.1.2 жер бедері түрлерін жіктейді; 8.3.1.3 жер бедері түрлерін жоспар бойынша сипаттайды
	Материктер мен мұхиттардың ірі орографиялық объектілері	8.3.1.4 материктер мен мұхиттарда орналасқан ұқсас орографиялық бірліктерді салыстырады
	Тау жыныстары мен минералдардың жіктелуі	8.3.1.5 тау жыныстары мен минералдарды түрлі белгілері бойынша жіктейді
	Тау жыныстары мен минералдардың қалыптасу заңдылықтарына байланысты пайдалы қазбалардың таралуы	8.3.1.6 тау жыныстары мен минералдардың қалыптасу заңдылықтарына байланысты пайдалы қазбалардың таралуына талдау жасайды
	Тау жыныстары мен минералдардың қасиеттері	8.3.1.7 тау жыныстары мен минералдардың қасиеттерін анықтайды
	Тау жыныстарының жасын анықтау	8.3.1.8 тау жыныстарының жасын анықтау әдістерін түсіндіреді
	Геологиялық жыл санау мен геохронологиялық кесте	8.3.1.9 геологиялық жыл санау мен геохронологиялық кестені талдап, жер қыртысының және тіршіліктің дамуындағы ірі кезеңдері мен геологиялық оқиғаларды ажырата алады
	Жер бедерінің адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсері	8.3.1.10 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде жер бедерінің адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсеріне баға береді
2-тоқсан		
3-бөлім. Физикалық география		
	Климат түзуші факторлар	8.3.2.1 климат түзуші факторларды талдайды
	Атмосфераның ғаламдық циркуляциясы	8.3.2.2 талдау негізінде атмосфераның ғаламдық циркуляциясын түсіндіреді
	Климаттық белдеулер	8.3.2.3 климаттық белдеулерді талдайды

3.2 Атмосфера	Материктердің климаттық ерекшеліктері	8.3.2.4 түрлі материктерде орналасқан ұқсас климаттық блдеулерді салыстырады
	Климаттың адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсері.	8.3.2.5 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде климаттың адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсеріне баға береді
	Адамзат әрекетінің атмосфераға тигізетін кері әсері	8.3.2.6 адамзат әрекетінің атмосфера мен климатқа тигізетін кері әсерін топтастырып, шешу жолдарын ұсынады
3.3 Гидросфера	Құрлық суларының түрлері мен қалыптасуы	8.3.3.1 құрлық суларының қалыптасу жолдарын анықтайды;
	Құрлық суларының шаруашылық маңыздылығы	8.3.3.2 құрлық суларының негізгі түрлерінің шаруашылық маңызын түсіндіреді
	Өзен аңғарының құрылысы	8.3.3.3 өзен аңғарының құрылысын түсіндіреді ;
	Өзендердің гидрологиялық режимі	8.3.3.4 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде өзендердің гидрологиялық режимін түсіндіреді
	Көлдер мен мұздықтар	8.3.3.5 көлдер мен мұздықтарды жоспар бойынша сипаттайды
	Құрлық суларының экологиялық проблемалары	8.3.3.6 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде құрлық суларының экологиялық проблемаларын жіктеп, шешу жолдарын ұсынады
	Су апаттары	8.3.3.7 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде су апаттарының алдын алу шараларын ұсынады
3-тоқсан		
3-бөлім. Физикалық география		
3.4 Биосфера	Табиғат зоналары мен биіктік белдеулер. Материктердің табиғи зоналары	8.3.4.1 табиғат зоналары мен биіктік белдеулерінің қалыптасуын түсіндіреді; 8.3.4.2 табиғат зоналарын жоспар бойынша сипаттайды
		8.3.4.3 әр материкте орналасқан ұқсас табиғат зоналар мен биіктік белдеулерді салыстырады
	Мұхиттарда тіршілік дүниесі	8.3.4.4 мұхиттағы тіршілік дүниесінің таралуын анықтайды
		8.3.4.5 өсімдік әлемі мен жануарлар дүниесін қорғау

	Өсімдік әлемі мен жануарлар дүниесін қорғау	қажеттілігін дәлелдейді және қорғау жолдарын ұсынады
3.5 Табиғи-аумақтық кешендер	Географиялық қабықтың құрамы мен құрылысы.	8.3.5.1 географиялық қабықтың құрамы мен құрылысын графикалық түрде көрсетіп, түсіндіреді
	Географиялық қабықтың заңдылықтары	8.3.5.2 географиялық қабық заңдылықтарының маңыздылығын түсіндіреді
4-бөлім. Әлеуметтік география		
4.1 Тұрғындар географиясы	Халық санағы	8.4.1.1 халық санының анықтау әдістерін түсіндіреді
	Халықтың көбейю типтері	8.4.1.2 дүниежүзі елдерін халықтың ұдайы өсу түрі бойынша жіктейді
	Демографиялық көрсеткіштер мен демографиялық жағдай	8.4.1.3 елдердің демографиялық жағдайын талдап, демографиялық көрсеткіштерін есептейді: халық саны, туу және өлім коэффициенттері, табиғи және механикалық өсім, жалпы өсім, жас-жыныстық көрсеткіштер, ұлттық және діни құрам; 8.4.1.4 елдердің демографиялық көрсеткіштерін графикалық түрде ұсынып, түсіндіреді
	Демографиялық мәселелер	8.4.1.5 дүниежүзі елдерін демографиялық проблемалары бойынша жіктейді
	Демографиялық саясат	8.4.1.6 "демографиялық саясат" ұғымын түсіндіре отырып жекелеген дүниежүзі елдеріне қатысты демографиялық саясаттың өзіндік моделін ұсынады
5-Бөлім. Экономикалық география		
5.1 Табиғи ресурстар	Табиғи ресурстарды экономикалық және экологиялық тұрғыдан бағалау	8.5.1.1 табиғи ресурстарды экономикалық және экологиялық тұрғыдан бағалайды
	Дүниежүзі аймақтарының табиғи-ресурстық потенциалы	8.5.1.2 жекелеген дүниежүзі аймақтарының табиғи-ресурстық әлеуетін бағалайды
	Табиғи ресурстарды өңдеу технологиясы, орталықтары және дайын өнім түрлері	8.5.1.3 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде жекелеген табиғи ресурстарды өңдеу технологиясын сипаттай отырып, орталықтары мен дайын өнім түрлерін атайды
		8.5.2.1 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде

5.2 Өлеуметтік-экономикалық ресурстар	Экономикалық инфрақұрылымның элементтері мен функциялары	экономикалық инфрақұрылымның элементтерін сипаттап, маңыздылығына баға береді
4-тоқсан		
6-бөлім. Елтану және саяси география негіздері		
5.3 Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы	Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық құрамы: өндіруші және өңдеуші және қызмет салалары	8.5.3.1 өндіруші және өңдеуші, қызмет саласы шаруашылық түрлерін жіктейді
	Ауылшаруашылық, өнеркәсіп және қызмет салаларын ұйымдастыру формалары	8.5.3.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде ауылшаруашылық және өнеркәсіп өндірісін, қызмет саласын ұйымдастыру түрлерін сипаттайды
	Ауылшаруашылық, өнеркәсіп және қызмет салаларын орналастыру факторлары	8.5.3.3 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде ауыл шаруашылық және өнеркәсіп өндірісін, қызмет саласын орналастыру факторларын талдайды
	Дүниежүзілік шаруашылық салаларын сипаттау	8.5.3.4 дүниежүзі шаруашылығы салаларын жоспар бойынша сипаттайды
6.1 Дүние жүзі елдері	Дүниежүзінің саяси картасы	8.6.1.1 саяси картаның басты нысандарын сипаттайды
	Елдердің саяси типологиясы	8.6.1.2 елдерді басқару формасы және мемлекеттік құрылымы бойынша топтастырады
	Саяси картадағы сандық және сапалық өзгерістер	8.6.1.3 саяси картаның сандық және сапалық өзгерістерін талдайды
	Елдердің саяси-географиялық жағдайы	8.6.1.4 елдердің саяси-географиялық жағдайына баға береді
	Саяси интеграция.	8.6.1.5 саяси интеграцияның қажеттілігі мен мақсаттарын түсіндіреді
	Қазақстанның саяси-интеграциялық үдерістердегі мүдделері, бағыттары және бастамалары	8.6.1.6 Қазақстанның саяси интеграциядағы мүдделері мен мақсаттарын талдайды

### 3) 9 сынып

#### 3-кесте

Бөлімшелер	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1-бөлім. Географиялық зерттеу әдістері		

1.1 Зерттеу және зерттеушілер	Қазақстандық географтардың зерттеулері	9.1.1.1 география ғылымының дамуына үлес қосқан қазақстандықтардың зерттеулері туралы баяндайды
	География ғылымының заманауи өзекті зерттеу проблемалары	9.1.1.2 география ғылымының қазіргі заманғы өзекті проблемаларын анықтайды
2-бөлім. Картография және географиялық дерекқор		
2.1 Географиялық карталар	Географиялық нысандарды, үдерістер мен құбылыстарды картадан көрсету тәсілдері	9.2.1.1 маңызды географиялық нысандарды, үдерістер мен құбылыстарды карталардан көрсету барысында сипаттайды
	Географиялық номенклатура нысандарын көрсету тәсілдері	9.2.1.2 географиялық номенклатура нысандарын картадан көрсетеді
2.2 Географиялық дерекқор	Жерді қашықтықтан зерделеу әдістері	9.2.2.1 Жерді қашықтықтан зерделеудің әдістерін сипаттау негізінде, маңыздылығы мен ерекшеліктерін түсіндіреді
	Геоақпараттық жүйелер технологияларын қолдану аясы	9.2.2.2 шаруашылық пен ғылым салаларында геоақпарат технологияларын қолдану маңыздылығын сипаттайды
3-бөлім 3.Физикалық география		
3.1 Литосфера	Қазақстан аумағының геологиялық тарихы және тектоникалық құрылымы	9.3.1.1 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде Қазақстанның жер бедерінің геологиялық тарихын және тектоникалық құрылымын анықтайды
	Қазақстанның басты орографиялық нысандары	9.3.1.2 басты орографиялық нысандарды сипаттайды
	Қазақ оронимдері	9.3.1.3 қазақ оронимдерін жіктеп, мағынасын түсіндіреді және транслитерациясын үш тілде ұсынады
	Қазақстанда минералды ресурстардың таралу заңдылықтары	9.3.1.4 Қазақстанда минералды ресурстардың таралу заңдылықтары
2-тоқсан		
3-бөлім. Физикалық география		
3.2 Атмосфера	Қазақстанның климатын түзуші факторлар	9.3.2.1 Қазақстан климатын түзуші факторларды талдайды
	Қазақстанның климаттық жағдайы	9.3.2.2 Қазақстанның климаттық жағдайын талдайды
	Қазақстанның климаттық ресурстары	9.3.2.3 Қазақстанның климаттық ресурстарын бағалайды
		9.3.3.1 Қазақстанның ішкі суларын топтастырады, көрсеткіштерін

3.3 Гидросфера	Қазақстанның ішкі суларының түрлері	талдайды және сипаттайды: өзендер мен көлдер, мұздықтар мен мәңгі тоң, жерасты сулары
	Қазақ гидронимдері	9.3.3.2 қазақ гидронимдерін жіктеп, мағынасын түсіндіреді және транслитерациясын үш тілде ұсынады
3.4 Биосфера	Қазақстанның табиғат зоналары мен биіктік белдеулері	9.3.4.1 Қазақстанның табиғат зоналары мен биіктік белдеулеріне салыстырмалы талдау жасайды
	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың түрлері	9.3.4.2 қорықтар, қорықшалар, ұлттық саябақтар ерекше қорғалатын аумақтарының құрылу мақсатын түсіндіреді
	Қазақстанның табиғи мұрасы	9.3.4.3 Қазақстанның табиғи мұрасына баға береді
3.5 Табиғи-аумақтық кешендер	Қазақстанның ірі физикалық-географиялық аудандары	9.3.5.1 Қазақстанның ірі табиғи кешендерін жоспар бойынша сипаттайды
	Қазақтың табиғи хоронимдері ( физикалық-географиялық аудандардың атауы)	9.3.5.2 қазақтың табиғи хоронимдерін жіктеп, мағынасын түсіндіріп, транслитерациясын үш тілде ұсынады
3-тоқсан		
4-бөлім .Әлеуметтік география		
4.1 Тұрғындар географиясы	Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамы.	9.4.1.1 Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамын анықтайды
	Дүниежүзі халқының көші-қоны	9.4.1.2 дүниежүзі халқы көші-қонының басты бағыттарын, себеп-салдарын түсіндіреді
	Қазақстандағы халықтың миграциясы.	9.4.1.3 Қазақстандағы көші-қон үдерістерін талдау негізіндебасты бағыттарын анықтайды
	Көші-қон саясат	9.4.1.4 көші-қон саясатының өзіндік үлгісін ұсынады;
	Еңбек ресурстарының сандық және сапалық құрамы	9.4.1.5 қазақстандық көрсеткіштерді басқа елдердің көрсеткіштерімен салыстыру негізінде еңбек ресурстарының сандық, сапалық құрамына баға береді
	Қазақстанның демографиялық жағдайы мен демографиялық саясаты	9.4.1.6 Қазақстанның демографиялық жағдайын талдап, демографиялық саясаттың өзіндік моделін ұсынады
	Елді мекендердің жіктелуі	9.4.1.7 Қазақстандағы елді мекендерді жіктейді

	Елді мекендердің функционалды зоналары	9.4.1.8 елді мекендердің түрлері мен функционалды зоналарын сипаттайды
5-бөлім. Экономикалық география		
5.1 Табиғи ресурстар	Қазақстанның табиғи-ресурстық потенциалы	9.5.1.1 Қазақстанның табиғи-ресурстық әлеуетін бағалайды;
	Қазақстанда жекелеген ресурс түрлерін өңдеу технологиялары, орталықтары мен дайын өнім түрлері	9.5.1.2 Қазақстанда жекелеген табиғи ресурстарды өңдеу технологиясын сипаттап, орталықтары мен дайын өнім түрлерін атайды;
	Табиғатты пайдалану үлгілері мен түрлері	9.5.1.3 Табиғатты пайдалану үлгілері мен түрлерін топтастырады;
4-тоқсан		
5-бөлім. Экономикалық география		
5.2 Әлеуметтік-экономикалық ресурстар	Ғылыми-техникалық революция үдерісі, бағыттары	9.5.2.1 ғылыми-техникалық революция үдерісін, даму бағыттарын талдайды
	Адам әлеуеті даму индексінің көрсеткіштері	9.5.2.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде адам әлеуетінің даму индексі көрсеткіштерін анықтап, елдерді салыстырады
	Қазақстанда адамдық капиталды дамыту	9.5.2.3 Қазақстанда адам капиталының сапасын арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлейді
6-бөлім. Елтану және саяси география негіздері		
6.1 Дүние жүзі елдері	Елдердің экономикалық даму деңгейі бойынша топтастырылуы	9.6.1.1 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдерді экономикалық даму деңгейі бойынша топтастырады
	Халықаралық ұйымдардың деңгейлері мен мақсаттары	9.6.1.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде халықаралық ұйымдарды деңгейі және мақсаты бойынша топтастырады
4) 10-сынып 4-кесте		
Бөлімшелер	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаты
1-тоқсан		
1-бөлім. Географиялық зерттеу әдістері		
	Географиялық нысандар мен құбылыстарды номинациялау ерекшеліктері	10.1.1.1 география ғылымының қазіргі заманғы өзекті проблемаларын анықтайды



1.1 Зерттеу және зерттеушілер	Қазақтың халықтық географиялық терминдері	10.1.1.2 қазақ халқының халықтық географиялық терминдерінің мағынасын түсіндіреді
	Зерттеу нәтижелерін ұсынудың академиялық формалары	10.1.1.3 зерттеу нәтижелерін түрлі академиялық формада ұсынады
3-бөлім. Физикалық география		
3.1 Литосфера	Минералды ресурстарды өндіру және өңдеу орталықтары	10.3.1.1 Қазақстанның минералды ресурстарын өндіру және өңдеудің басты орталықтарын картадан көрсетіп, сипаттайды
	Қазақстанның минералды ресурстарына баға беру	10.3.1.2 Қазақстанның минералды ресурстарына баға береді
	Минералды ресурстарды игерумен байланысты проблемалар	10.3.1.3 минералды ресурстарды игерумен байланысты проблемаларды топтастырып, шешу жолдарын ұсынады
2-тоқсан		
3-бөлім. Физикалық география		
3.2 Атмосфера	Қазақстанда қолайсыз және қауіпті атмосфералық құбылыстар	10.3.2.1 Қазақстанда атмосфералық қолайсыз және қауіпті құбылыстардың қалыптасуын, таралу аумақтарын картада көрсетіп, сақтану шараларын ұсынады
	Қазақ халқының атмосфералық және климаттық құбылыстарды номинациялау ерекшеліктері	10.3.2.2 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде қазақ халқының атмосфералық және климаттық құбылыстарды номинациялау ерекшеліктерін анықтайды
3.3 Гидросфера	Қазақстанның су ресурстарына экономикалық баға беру	10.3.3.1 Қазақстанның су ресурстарына экономикалық баға береді
	Су ресурстарының экологиялық проблемалары	10.3.3.2 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде су ресурстарының экологиялық проблемаларын талдап, шешу жолдарын ұсынады
	Қазақстанның ішкі суларының геосаяси мәселелері	10.3.3.3 Қазақстандағы су ресурстарының геосаяси проблемаларын жіктеп шешу жолдарын ұсынады: трансшекаралық өзендер, Каспий теңізінің мәртебесі
3.4 Биосфера	Табиғи хоронимдердің (ерекше қорғауға алынған аумақтар) мағынасы	10.3.4.1 тақырыпқа қатысты қазақтың табиғи хоронимдерін жіктеп, мағынасын түсіндіреді және транслитерациясын үш тілде ұсынады

	Ноосфераның қалыптасуы	10.3.4.2 ноосфераның қалыптасу шарттарын зерттейді
	Қазақстанның ноосфераның дамуына қосқан үлесі.	10.3.4.3 Қазақстанның ноосфера дамуына қосқан өзіндік үлесін бағалайды
3.5 Табиғи-аумақтық кешендер	Табиғат кешендеріне әсер ететін антропогендік факторлар	10.3.5.1 жергілікті компонент негізінде антропогендік факторлардың табиғат кешендеріне әсерін зерттейді
	Антропогендік ландшафттарды жақсарту жолдары	10.3.5.2 антропогендік ландшафттарды жақсарту жолдарын ұсынады: рекультивация, мелиорация ландшафттық дизайн
3-тоқсан		
4-бөлім .Әлеуметтік география		
4.1 Тұрғындар географиясы	Қазақстандағы ойконимдер	10.4.1.1 Қазақстандағы ойконимдерді жіктеп, мағынасын түсіндіреді және транскрипциясын үш тілде ұсынады
	Қазақстанда елді мекендердің мәселелер	10.4.1.2 Қазақстанның елді мекендерінің проблемаларын жіктеп, шешу жолдарын ұсынады
	Урбандалу үдерісі	10.4.1.3 урбандалу үдерісінің себеп-салдарын түсіндіру арқылы байланысты проблемалардың шешу жолдарын ұсынады
	Қазақстанда урбандалу үдерісіне баға беру	10.4.1.4 Қазақстандағы урбандалу үдерісіне баға береді
5-бөлім .Экономикалық география		
5.1 Табиғи ресурстар	Тұрақты даму	10.5.1.1 тұрақты дамудың белгілері мен бағыттарын сипаттайды
	Қазақстанда табиғатты пайдаланумен байланысты проблемалар	10.5.1.2 Қазақстанда табиғатты пайдалану проблемаларын анықтап, шешу жолдарын ұсынады
		10.5.1.3 жергілікті компонент негізінде табиғатты пайдалануға байланысты зерттеу жүргізеді
4-тоқсан		
5-бөлім. Экономикалық география		
	Қазақстанның индустриялы-инновациялық даму бағыттары	10.5.2.1 Қазақстанның индустриялық-инновациялық даму бағыттарын анықтап, болжам жасайды
		10.5.2.2 Қазақстанның инновациялық инфрақұрылымының жағдайын

5.2 Өлеуметтік-экономикалық ресурстар	Қазақстанның инновациялық инфрақұрылымы	талдап, дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлейді
	Қазақстан аймақтары инфрақұрылымының даму деңгейі	10.5.2.3 Қазақстан аймақтарының инфрақұрылымын талдап, проблемаларды шешу жолдарын ұсынады
5.3 Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы	Қазақстан шаруашылығының салалары	10.5.3.1 Қазақстан шаруашылығы салаларын жоспар бойынша сипаттайды
	Қазақстанның экономикалық аудандарының шаруашылық салалары мен мамандануы	10.5.3.2 Қазақстанның экономикалық аудандарының шаруашылық салаларын анықтап, мамандануын түсіндіреді
5.4 Дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістері мен көрсеткіштері	Дүниежүзілік шаруашылықтың субъектілері	10.5.4.1 дүниежүзілік шаруашылықтың субъектілерін сипаттайды
	Халықаралық географиялық еңбек бөлінісі	10.5.4.2 халықаралық географиялық еңбек бөлінісінің мәнін анықтайды
	Халықаралық экономикалық қатынастар түрлері	10.5.4.3 халықаралық экономикалық қатынас түрлерін жіктеп, сипаттайды
	Дүниежүзілік шаруашылықтың даму модельдері мен аумақтық құрылымы	10.5.4.4 дүниежүзілік шаруашылықтың даму көрсеткіштерін сипаттайды: жалпы ішкі өнім, жалпы ұлттық өні оның ішінде жан басына шаққанда
	Дүниежүзілік шаруашылықтың даму модельдері мен аумақтық құрылымы	10.5.4.5 дүниежүзілік шаруашылықтың модельдері мен аумақтық құрылымын талдайды
	Дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістері	10.5.4.6 дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістерін талдайды
	Қазақстанның дүниежүзілік шаруашылықта алатын орны	10.5.4.7 Қазақстанның дүниежүзілік шаруашылықтағы орнын анықтайды
	Қазақстанның халықаралық экономикалық интеграциядағы мүдделері мен мақсаттары, орны	10.5.4.8 Қазақстанның халықаралық экономикалық интеграциядағы мүдделері мен мақсаттарын, орнын анықтайды
6-бөлім .Елтану және саяси география негіздері		
6.1 Дүние жүзі елдері	Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық, саяси-географиялық жағдайы	10.6.1.1 Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық, саяси-географиялық жағдайына кешенді баға береді
		10.6.1.2 Қазақстандағы саяси-әкімшілік хоронимдерді жіктеп, мағынасын түсіндіреді

Қазақстандағы саяси-әкімшілік хоронимдер	және транслитерациясын үш тілде ұсынады;
Қазақстан Республикасы туралы кешенді географиялық ақпаратты ұсыну формалары	10.6.1.3 Қазақстан Республикасы туралы кешенді географиялық ақпаратты түрлі мақсатты аудиториялар үшін дайындайды

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 123 бұйрығына  
3-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына  
640-қосымша

## **Есту қабілеті зақымдалған (естімейтін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Биология" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Есту қабілеті зақымдалған (естімейтін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Биология" пәнінен жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты – білім алушылардың органикалық дүниенің көптүрлілігі, оның заңдылықтары мен үдерістері туралы биологиялық білім негіздерін, адам оның ажырамас бөлігі ретіндегі саналы түсінігін қалыптастыру.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) жер бетіндегі барлық тірі ағзалардың құндылығын түсіну үшін өмірдің құрылымды-функционалды және генетикалық негіздері туралы, тірі табиғат ағзаларының көбеюі мен дамуы, экожүйелер, биоалуантүрлілік, эволюция туралы білім жүйесін қалыптастыру;

2) биология бойынша терминологиялық сөздікті кеңейту;

3) экологиялық этика нормалары мен ережелерін, табиғатқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру;

4) генетикалық сауаттылықты қалыптастыру - салауатты өмір салты негіздерін, адамның психикалық, денелік және рухани денсаулығын сақтау.

4. Түзету – дамытушылық міндеттер:

1) есту арқылы қабылдауын қалыптастыру;

2) естімейтін білім алушылардың практикалық іс-әрекетте биологиялық білімдерін қолдануға қабілетті тұлғасын дамыту;

3) сөйлеу мәдениетін, қарым-қатынастың әртүрлі тәсілдерін, білімді функционалды қолдануды, проблемаларды шешуді және шешім қабылдауды дамыту;

4) естімейтін білім алушылардың арнайы білім беруін сапалы дараландыру мүмкіндіктерін кеңейту.

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері**

5. Естімейтін білім алушыларды оқыту процесінде бірқатар ерекшеліктерді ескеру қажет:

- 1) білім алушының есту қабілетінің болмауы немесе нашар естуі;
- 2) неғұрлым қарапайым ойлау операцияларының басымдылығы (талдау және синтез);
- 3) ойлау қисындылығы мен тиянақтылығы деңгейінің төмендеуі;
- 4) абстрактылы-талдамалы ойлау формаларына көшудің қиындықтары;
- 5) механикалық жадының абстрактылы-талдамалы жадынан, жанама жадынан тікелей есте сақтауының басым болуы; қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жады көлемінің төмендеуі, еріксіз есте сақтау қабілетінің айтарлықтай төмендеуі;
- 6) сөйлеу тілінің дамуында - сөздік қорының, әсіресе белсенді қорының шектеулігі, сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын игерудің баяулауы, айтылымның бұзылуы, жазбаша сөйлеу тілін меңгерудегі қиындықтар.

6. Естімейтін білім алушыларды оқытудың негізгі қағидалары: қол жетімділік, тұлғалы- бағдарлық тәсіл, көрнекілік және коммуникативтілік.

7. Оқытудың қол жетімділігі - материалдың қол жетімділігі және оны білім алушылардың түсінуі, ғылыми тұжырымдамаларды оңтайлы жеткізе ұсыну, мәтіндерді қажетті иллюстрациялар мен дидактикалық материалдармен қамтамасыз ету.

8. Тұлғалы-бағдарлық тәсіл – білім алушылар тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен жан-жақты дамуы, шығармашылық қабілеттерін толық ашу және биология сабақтарында жеке тұлғаның әлеуметтік маңызды қасиеттерін тәрбиелеу, эмоционалды-еріктік саласын, психикалық процестерін түзеу.

9. Көрнекілік қағидасы - оқушылардың танымдық тәжірибесін байыту, абстрактылық ұғымдарды меңгерту үшін нақты өмірдегі затты немесе құбылысты сезіну арқылы қабылдау негізінде білім, білік және дағдыларын қалыптастыру қажеттілігінен көрініс алады.

10. "Биология" пәнін оқытудағы коммуникативтік тәсіл - қарым-қатынас құралы ретінде тілді меңгеруден тұрады және білім алушыларды әртүрлі тілдік жағдайда еркін бағдарлауға үйретеді.

11. Осы қағидаларды жүзеге асыру үшін қажет:

- 1) танымдық іс-әрекетпен тығыз байланыста қоршаған әлем туралы білімді кеңейту негізінде естімейтін білім алушылардың ауызша, жазбаша, диалогтік сөйлеу дағдыларын дамыту;

2) биологияны оқыту процесінде логикалық ойлауды дамытуға, сөйлеу ортасын құруға, өзіндік жұмысты ұйымдастыруға ықпал ететін жаңа формаларды, әдістерді, құралдарды қолдану;

3) ымдау және дактильді сөйлеу тілі естімейтін білім алушыларға таныс емес жаңа терминологияны түсіндіру жағдайларында көмекші құрал ретінде қолданылады;

4) естімейтін білім алушыларға биологияны оқыту процесінде дидактикалық ережелерді сақтау қажет: оқытылатын материалдың аз мөлшері, қайталануы, бақылау және жаңа тақырыпқа біртіндеп енгізу, өткен материалды өзектілендіру;

5) биологияның басқа пәндермен пәнаралық байланысы, оның ішінде инвариативті және түзету компоненттері, білім беру технологиялары ортасында негізгі білім мен дағдыларды қамтамасыз етеді.

12. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі - АКТ) пайдалану:

1) ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолданудағы құзыреттілік базалық АКТ-дағдылары негізінде құрылады және жұмыс, бос уақыт және коммуникация үшін технологияларды дұрыс және шығармашылық тұрғыда қолдануды қамтиды;

2) мультимедиялық ресурстары мен бұқаралық ақпарат құралдарының АКТ-рын, интерактивті тақталар мен компьютерлерді қолдану биология бойынша оқу процесін жаңғыртуға және жандандыруға ықпал етеді, есту қабілетін оңтайлы түзетуге қол жеткізуде компенсаторлық механизмдерді белсендетеді;

3) ақпаратты іздеу, өңдеу және алмасу үшін Интернет-ресурстарды пайдалану қажет ;

4) АКТ-ны қолдану арқылы білім алушы өз қызметін дербес ұйымдастыра алады.

13. Бағдарламаны жүзеге асыру үшін сыныптар келесідей жабдықтармен жабдықталады:

1) фронталды оқу қызметіне арналған стационарлық дыбыс күшейткіш жабдық;

2) мультимедиялық компьютерлік сынып;

3) жеке есту аппараттары, сөйлеу экраны.

14. Кітап қорының сақталуын қамтамасыз ететін оқу залдарымен және кітап қоймаларымен жабдықталған жұмыс аймақтары, медиатекасы бар ақпараттық-кітапханалық қоры.

### **3-тарау. "Биология" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

15. "Биология" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 7-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;

2) 8-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;

3) 9-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты

4) 10-сыныпта - аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

16. Оқу пәнінің мазмұны 4 бөлімді қамтиды:

- 1) "Тірі ағзалардың көп түрлілігі, құрылымы мен қызметтері" бөлімі;
- 2) "Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық даму" бөлімі;
- 3) "Ағзалар және қоршаған орта" бөлімі;
- 4) "Қолданбалы кіріктірілген ғылымдар" бөлімі;

17. "Тірі ағзалардың көптүрлілігі, құрылымы мен қызметтері" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) тірі ағзалардың көптүрлілігі;
- 2) қоректену;
- 3) заттардың тасымалдануы;
- 4) тыныс алу;
- 5) бөліп шығару;
- 6) қозғалыс;
- 7) үйлесім және реттелу.

18. "Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік. Эволюциялық даму" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) көбею;
- 2) жасушалық айналым;
- 3) өсу және даму;
- 4) тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары;
- 5) эволюциялық даму мен селекция негіздері.

19. "Ағза және қоршаған орта" бөлімі келесідей бөлімшелерден тұрады:

- 1) Биосфера, экожүйе, популяция;
- 2) Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері.

20. "Қолданбалы кіріктірілген ғылымдар" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) молекулярлық биология және биохимия;
- 2) жасушалық биология;
- 3) микробиология және биотехнология;
- 4) биофизика.

21. 7-сыныпқа арналған "Биология" пәнінің базалық білім мазмұны:

1) "Биологияға кіріспе" бөлімшесі: биология пәні. Биологияның мақсаттары мен міндеттері Тірі организмдердің жалпы белгілері; Тірі организмдердің табиғаттағы және адам өміріндегі рөлі;

2) "Экожүйе" бөлімшесі: тірі әлемнің тіршілік ету ортасы. Қоршаған ортаның факторлары. Өлі табиғат факторлары. Биотикалық факторлар. Азық-түлік тізбегі және азық-түлік желілері. Экожүйе. Тірі және өлі табиғаттың өзара байланысы. Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері;

3) "Тірі ағзаларды топтастыру" бөлімшесі: Өсімдіктерді топтастыру. Жануарларды топтастыру;

4) "Жасуша биологиясы. Су және органикалық заттар" бөлімшесі: Үлкейту құралдары. Олармен жұмыс істеу ережелері. "Пияз қабығының микропрепаратын дайындау" зертханалық жұмысы Өсімдік жасушасының құрылысы. Жануарлар жасушасының құрылымы. Жасушаның тіршілік әрекеті. Су – тірі ағзаның тіршілік ету негізі. Тірі ағзаның тіршілік әрекеті үшін микро және макро бөлшектердің рөлі. Азық-түлік өнімдеріндегі органикалық құрамы Өсімдік өміріндегі тыңайтқыштардың рөлі;

5) "Заттардың тасымалдануы" бөлімшесі: Тірі ағзалардағы қоректік заттарды тасымалдауы Сабақтың ішкі құрылымы Жануарлардың тасымалдау жүйесі;

6) "Тірі ағзалардың қоректенуі" бөлімшесі: Жапырақтың сыртқы және ішкі құрылымы. Фотосинтез, күн сәулесі мен хлорофиллдің осы процестегі рөлі. Өсімдіктердің минералды қоректену өзегі ретінде тамырдың сыртқы және ішкі құрылымы;

7) "Тыныс алу" бөлімшесі: Өсімдіктердің тыныс алуы. Оттегіні сіңіру, көмір қышқыл газ және су бөлу. Тірі ағзалардың тыныс алу түрлері. Омыртқасыз жануарлардың тыныс алуы. Омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүшелері . Тірі ағзалардың тыныс алу органдарының олардың тіршілік әрекеті процесіндегі рөлі;

8) "Бөліп шығару" бөлімшесі: Өсімдіктердің бөліну мүшелері. Омыртқасыз жануарлардың бөліп шығару мүшелері. Омыртқалы жануарлардың бөліп шығару мүшелері. Тірі организмдердің тіршілік әрекеті процесінде олардың бөліп шығару мүшелерінің рөлі;

9) "Қозғалыс" бөлімшесі: Тірі ағза қозғалысының рөлі. Өсімдіктердің қозғалу тәсілдері Омыртқалы жануардың қозғалу мүшелері. Омыртқасыз жануардың қозғалу мүшелері;

10) "Үйлесім және реттелу" бөлімшесі: Омыртқасыз жануарлардың жүйке жүйесінің жалпы құрылуы. Омыртқалы жануарлардың жүйке жүйесінің жалпы құрылысы. Бүкіл ағзаны реттеудегі жүйке жүйесінің рөлі;

11) "Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары" бөлімшесі: Ағзаның тұқым қуалайтын және тұқым қуаламайтын белгілері. Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің негізгі ұғымдары;

12) "Көбейю" бөлімшесі: Тірі ағза үшін көбейю үрдісінің рөлі. Көбейюдің негізгі әдістері. Жасушалардың тіршілік етуі. Жасушаның өсуі мен бөлінуі. Жасушаның бөліну процесінде хромосомалардың рөлі;

13) "Өсу және даму" бөлімшесі: Тірі ағзаның өсуі мен даму үрдісі. Өсімдіктердің жеке даму кезеңдері. Жануарлардың жеке даму кезеңдері;

14) "Микробиология және биотехнология" бөлімшелер: Бактериялардың құрылуы мен тіршілік әрекеті үрдісі мен құрылуы. Вирустың құрылуы мен тіршілік әрекеті үрдісі мен құрылуы.

22. 8-сыныпқа арналған "Биология" пәнінің базалық білім мазмұны:



1) "Экожүйелер". Ортаның экологиялық факторлары: абиотикалық (температура, жарық, рН, ылғалдылық) биотикалық (микроағзалар, жануарлар, өсімдіктер). Зертханалық жұмыс: "Жергілікті жердің экожүйелерін зерттеу (мектеп ауласы мысалында)". Қоректік тізбектер және қоректік торлар. Модельдеу "Қоректік тізбек пен торды құру". Экологиялық сукцессиялар: Бірінші және екінші реттік сукцессиялар. Экожүйелердің алмасуы. Адам экожүйенің бір бөлігі. Антропогендік фактор. Адам әрекеттерінің экожүйеге жағымсыз әсері. Қазақстанда ерекше қорғалатын аймақтар. Жергілікті жердің ерекше қорғалатын аймақтары. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы. Жергілікті өңірдің ҚР Қызыл кітабына енгізілген жануарлары мен өсімдіктері;

2) "Тірі ағзаларды топтастыру". Тірі ағзалардың бес патшалығына жалпы сипаттама : прокариоттар, протисталар, саңырауқұлақтар, өсімдіктер, жануарлар. Өсімдіктер мен жануарлардың негізгі жүйелік топтары: Патшалықтар. Типтер. Бөлімдер. Кластар. Өсімдіктер мен жануарларды топтастырудың маңызы. Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың сыртқы құрылысындағы ерекшеліктер. Дихотомиялық әдіс. Дихотомиялық кілттерді қолдану;

3) "Жасушалық биология". Жасуша, ұлпа, мүше, мүшелер жүйесі түсініктері. Өсімдіктер және жануарлар жасушаларын салыстыру. Жарық микроскобынан көрінетін жасуша құрылымдары: пластидтер, вакуоль, ядро, цитоплазма, жасушалық мембрана, жасушалық қабырға;

4) "Су және органикалық заттар". Судың қасиеттері: беттік керілу, судың қозғалысы, еріткіштігі, қайнау және балқу температурасы, жылу сыйымдылығы. Судың биологиялық маңызы және оның еріткіш ретіндегі, температураны сақтау мен реттеудегі рөлі. Зертханалық жұмыс "Судың тірі ағзалар үшін маңызы мен қасиеттерін зерттеу". Микро- (мырыш, темір, селен, фтор) және макроэлементтердің (магний, кальций, калий, фосфор) тірі ағзалардың тіршілік әрекеті үшін маңызы. Азық-түліктердегі органикалық заттар: нәруыздар, майлар, көмірсулар. Зертханалық жұмыс: "Азық-түліктерде көмірсулар, нәруыздар және майлардың бар болуын зерттеу". Өсімдіктерде макроэлементтердің тапшылығы (азот, калий, фосфор,). Тыңайтқыштар: органикалық және минералдық (азотты, калийлі және фосфорлы);

5) "Заттардың тасымалдануы". Заттар тасымалдануының тірі ағзалардың тіршілік әрекеті үшін маңызы. Заттардың тасымалдануына қатысатын тірі ағзалардың мүшелері мен мүшелер жүйесі. Сабақ және тамыр. Сабақтың ішкі құрылысы: қабық, камбий, сүрек, өзек. Тамыр аймақтары: бөліну, өсу, сору және өткізу аймақтары. Тамырдың ішкі құрылысы: флоэма, ксилема, камбий. Зертханалық жұмыс: "Сабақтың ішкі құрылысын зерттеу". Зертханалық жұмыс: "Тамыр аймақтарын зерттеу". Ксилема, флоэма және олардың құрылымдық элементтері. Жануарлардағы қанайналым мүшелері : буылтық құрттар, ұлулар, буынаяқтылар және омыртқалылар;

6) "Тірі ағзалардың қоректенуі". Жапырақтың құрылысы мен қызметі. Жапырақтың ішкі құрылысы. Лептесік. Жапырақ фотосинтездеуші негізгі арнайы мүше. Судың

булануы мен газдардың алмасуы. Фотосинтезге қажетті жағдайлар. Зертханалық жұмыс: "Фотосинтез үдерісіне қажетті жағдайларды зерттеу";

7) "Тыныс алу". Өсімдіктер мен жануарлар үшін тыныс алудың маңызы. Тынысалу - энергия көзі. Тыныс алу типтері: анаэробты және аэробты. Анаэробты және аэробты тыныс алуды салыстыру: оттегінің қатысында/қатысынсыз, статикалық/динамикалық жұмыс, жылықанды/суыққанды жануарлар. Өсімдіктердің тыныс алуы. Тұқымның немесе өскіндердің тыныс алуы мысалында. Зертханалық жұмыс: "Өсімдіктердің тыныс алуын зерттеу". Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүшелері (бунақденелілердің демтүтіктері, балықтарының желбезектері, құстардың және сүтқоректілердің өкпесі). Модельдеу: "Омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың тыныс алу жүйесі мүшелерін салыстыру". Тыныс алу мүшелері. Адамның тыныс алу жолдарының құрылысы мен газ алмасу мүшелері. Тыныс алу мүшелерінің аурулары. Тыныс алу мүшелерінің ауруларының себептері мен алдын алу жолдары (өкпе обыры, астма, бронхит, туберкулез, тұмау);

8) "Бөліп шығару". Бөліп шығарудың тірі ағзалар үшін маңызы. Жануарлардағы бөліп шығару өнімдері. Зат алмасудың соңғы өнімдері. Өсімдіктердегі бөліп шығару өнімдері: тыныс алу мен фотосинтездің бастапқы және соңғы өнімдері. Зертханалық жұмыс: "Өсімдіктердің тыныс алу ерекшеліктерін өскіндер мысалында зерттеу". Жануарлардың бөліп шығару жүйелері. Жануарлардың бөліп шығару жүйелерінің құрылысын салыстыру;

9) "Қозғалыс". Өсімдіктердің қозғалысы. Қозғалыстың өсімдіктер тіршілігіндегі маңызы. Өсімдіктердің қозғалу тәсілдері (тропизмдер, таксистер, өсу қозғалыстары). Өсімдіктердің өсуі мен дамуына жарықтың әсері. Жарықтың түсу деңгейіне қарай өсімдіктердің бейімделуі. Фотопериодизм күннің жарық түсу ұзақтығына ағзалардың бейімделуі. Жануарлардың қозғалыс мүшелері. Тірі ағзалардағы қозғалыстың рөлі. Жануарлардың қозғалу тәсілдеріне мысалдар. Жануарлардың мекен ортасы мен қозғалыс тәсілдері арасындағы байланыстарды анықтау;

10) "Үйлесім және реттелу". Жүйке жүйесінің типтерін салыстыру: диффузиялы, сатылы, түйнекті, түтіктерізді. Жүйке жүйесінің құрам бөліктері. Жүйке жүйесінің қызметі. Нейронның құрылысы: денесі, дендриттер, аксон. Нейронның қызметтері. Жүйке жүйесінің орталық және шеткі бөлімдері. Жұлын. Ми. Ми бөлімдерінің құрылысы мен қызметтері: сопақша ми, артқы (ми көпірі, мишық), орталық және аралық ми. Үлкен ми сыңарлары. Рефлекстік доға: рецептор, сезгіш, аралық, қозғалыс нейрондары, жұмыс мүшесі. Зертханалық жұмыс: "Тізе рефлексі". Мінез-құлықтың рефлекторлық табиғаты: шартсыз және шартты рефлексдер. Шартты рефлексдердің сөнуі. Ішкі мүшелер жұмысының жүйкелік реттелуі. Адам ағзасы үшін ұйқының маңызы. Биологиялық ритмдер. Ұйқының кезеңдері: баяу және жылдам ұйқы.

Жұмысқа қабілеттілік. Күн тәртібі. Оқу еңбегі мен дене еңбегінің гигиенасы. Күйзеліс. Күйзеліс жағдайларымен күрес және олардың алдын алу әдістері. Жүйке жүйесінің қызметіне алкаголь, темекі, және наркотикалық заттардың әсері;

11) "Тұқымқуалау мен өзгергіштік". Адамда белгілердің тұқым қуалауында гендер мен дезоксирибонуклеин қышқылы (ДНК) рөлі. Жүре пайда болған және тұқым қуалайтын белгілер. Хромосоманың құрылымы. Генетикалық материалды сақтаушы және тасымалдаушы дезоксирибонуклеин қышқылы (ДНК) жайлы түсінік. Модельдеу "Адам ағзасындағы тұқым қуалайтын және тұқым қуаламайтын белгілерді зерттеу". Өртүрлі ағза түрлерінің хромосомалар саны. Соматикалық және жыныс жасушалар. Гаплоидты және диплоидты хромосомалар жиыны;

12) "Көбею". Өсімдіктердің жынысты және жыныссыз көбеюі. Өсімдіктердің жынысты және жыныссыз көбеюінің биологиялық маңызы. Өсімдіктердің өсімді жолмен көбеюі, оның түрлері және табиғаттағы биологиялық маңызы. Өсімдік өсіруде өсімді жолмен көбею тәсілдерін қолдану. Қалемшелеу, сұлатпа өркен, телу (қалемшелермен, көзшелермен), көбею ұлпаларымен. Зертханалық жұмыс: "Өсімдіктердегі вегетативті көбею тәсілдері". Гүл құрылысы. Тозандану түрлері. Гүлдеу және тозандану. Тозандану түрлері (өздігінен, айқас, жасанды). Өсімдіктердегі ұрықтану туралы түсінік және зиготаның түзілуі. Қосарлы ұрықтану. Қосарлы ұрықтанудың биологиялық маңызы;

13) "Өсу және даму". Ағзалардың жеке дамуы түсінігі. Өсімдіктер мен жануарлардағы онтогенез кезеңдері. Бөліну, өсу, көбею, қартаю. Өсімдіктердің өсуі. Сабақтың ұзарып және жуандап өсуі. Камбийдің рөлі. Жылдық сақиналар. Зертханалық жұмыс: "Жылдық сақинаны санау". Жануарлардағы тура және түрленіп даму онтогенез типтері. Бунақденелілердің шала және толық түрленіп дамуына мысалдар. Модельдеу "Жануарлардағы онтогенез типтерін салыстыру";

14) "Микробиология және биотехнология". Бактериялардың формаларының өртүрлілігі. Бактериялардың таралуы. Зертханалық жұмыс: "Пішен таяқшасының сыртқы пішінін қарастыру". Бұршақ тұқымдастардың тамырындағы түйнек бактериялары. Бактерияларды пайдалану. Табиғаттағы және адам өміріндегі бактериялардың маңызы. Зертханалық жұмыс: "Өндірісте йогурт және ірімшік жасауды зерттеу". Патогендермен күрес тәсілдері. Бактериялардың антибиотиктерге тұрақтылығы. Зертханалық жұмыс: "Антибиотиктер, антисептиктер және залалсыздандыру өнімдерін қолдануды зерттеу". Вирустар. Жасушасыз құрылым иелері вирустардың құрылыс ерекшеліктері.

23. 9-сыныпқа арналған "Биология" пәнінің базалық білім мазмұны:

1) "Жасушалық биология". Жасуша – тірі ағзалардың құрылымдық негізгі өлшем бірлігі. Прокариот және эукариот жасушалардың құрылысы: ядроның болуы және орналасуы, жасуша қабырғасы, жасуша мембранасы, пластидтер, митохондрия, рибосомалар, Гольджи аппараты, вакуоль. Өсімдік ұлпаларының өртүрлілігі: түзуші,

жабын, негізгі, өткізгіш, механикалық, бөліп шығарушы ұлпа. Жануар ұлпаларының әртүрлілігі: эпителий, дәнекер, бұлшық ет, жүйке. Зертханалық жұмыс: "Өсімдіктер ұлпаларын жіктеу". Зертханалық жұмыс: "Жануарлар ұлпаларын жіктеу";

2) "Молекулярлық биология". Жасушаның құрамындағы органикалық заттар. Мономерлер мен полимерлер арасындағы айырмашылық. Көмірсулар – энергия көзі. Глюкоза, сахароза, гликоген, крахмал, жасунық пен хитиннің маңызы және қызметтері. Липидтердің қасиеттері мен қызметі. Липидтердің әртүрлілігі: майлар, фосфолипидтер, балауыз. Нәруыздар, қасиеттері мен қызметтері;

3) "Тірі ағзалардың көптүрлілігі". Зертханалық жұмыс: "Өсімдіктер бөлімдеріндегі ерекшелік белгілерді анықтау. Балдырлар, мұктәрізділер, қырықжапырақтәрізділер, ашық тұқымдылар және жабық тұқымдылар. Саңырауқұлақтар патшалығы. Зең саңырауқұлағы: мукор, пеницилл. Біржасушалы саңырауқұлақтар – ашытқы. Көпжасушалы саңырауқұлақтар. Қалпақшалы саңырауқұлақтар. Жеуге жарамды және улы саңырауқұлақтар. Зертханалық жұмыс: "Дара жарнақты және қосжарнақтылар өсімдіктер кластарының белгілерін зерттеу". Буынаяқтылар типі. Хордалылар типі. Сыртқы белгілеріне қарай салыстырмалы сипаттама. Көрсетілім "Хордалы жануарлар мен буынаяқтылардың ерекшелік белгілерін анықтау";

4) "Қоректену". Жауын құртының, сиырдың және адамның ас қорыту жүйесінің құрылысы. Модельдеу "Адамның, сиырдың және жауынқұртының" асқорыту жүйесінің құрылысын салыстыру. Тістің құрылысы мен қызметі, сүт тістердің тұрақты тістерге ауысуы. Тіс гигиенасы. Адамның ас қорыту жолдарының құрылысы. Ас қорыту бездері. Ас қорыту мүшелерінің қызметі. Тамақтану гигиенасы. Асқорыту мүшелерінің жұқпалы аурулары және олардың алдын алу. Тағамнан уланудың алдын алу. Алғашқы жәрдем шаралары. Ішек құрт ауруларының алдын алу. Дәрумендер және олардың маңызы. Суда еритін және майда еритін дәрумендер. Дәрумендердің тәуліктік мөлшері. Авитаминоз, гиповитаминоз және гипервитаминоз. А авитаминоздағы ақшам соқыр, В1 авитаминоздағы бери-бери ауруы, С авитаминоздағы қыркұлақ, Д авитаминоздағы мешел аурулары. Зертханалық жұмыс: "Тағамдық заттар құрамынан С дәруменді анықтау";

5) "Заттардың тасымалдануы". Ағзаның ішкі ортасы және оның маңызы. Лимфа. Лимфа айналымы мен оның маңызы. Гомеостаз. Ағзаның ішкі ортасы: қан, лимфа, ұлпа сұйықтығы. Қанның құрамы мен қызметі. Қан түйіршіктері: эритроциттер, лейкоциттер, тромбоциттер. Плазма. Қанның қызметі: транспорттық, гомеостаздық, қорғаныштық. "Әртүрлі ағзалардың қан жасушаларын зерттеу" зертханалық жұмысы Қан жасушаларын формасына, мөлшеріне, санына және ядросының болуына қарай салыстыру. Иммунитет. Гуморальдық және жасушалық иммунитет. Лейкоциттердің түрлі типтері және олардың қызметтері. Т- және В- лимфоциттердің әрекет етуі. Жұқпалы аурулар және олардың алдын алу: амебалық қантышқақ, фитофтороз, оба, күл, лейшмания, герпес (ұшық). Иммунитет. Иммунитеттің түрлері: туа пайда болған

және жүре пайда болған иммунитет. Екпенің (вакцин) түрлері және оның жасанды иммунитетті қалыптастырудағы маңызы. Жұқпалы аурулардың алдын алу. Қан топтары. Қан құю. Резус-фактор. Агглютинация. Резус-конфликт. Буылтық құрттардың (жауын құрт), ұлулардың, буынаяқтылардың және омыртқалылардың жүрегі және қан тамырларының құрылысы мен қызметі. Қан тамырлар жүйесінің түрлері. Ашық және тұйық қанайналым жүйелері. Үлкен және кіші қанайналым шеңберлері. Адамның қанайналым жүйесі. Зертханалық жұмыс: "Дене жаттығуларының жүрек жұмысына әсерін зерттеу". Жүрек - қантамырлар жүйесі аурулары (гипертония, инфаркт, тахикардия, ишемиялық ауру, атеросклероз, инсульт). Аурудың себептері: тұқым қуалайтын ауруларға бейімділік, салауатты өмір салтын дұрыс ұстанбау;

6) "Тыныс алу". Альвеола мен қан арасындағы газ алмасу. Өкпедегі қанның оттекке қанығуы. Ұлпа мен қан арасындағы газ алмасу. Қанның көмірқышқыл газына қанығуы, жасушаның оттекке қанығуы. Тыныс алу және тыныс шығару механизмі. Кеуде қуысының құрылысы. Тыныс алуға және тыныс шығаруға қатысатын бұлшықеттер. Тыныс алу және тыныс шығарудағы көкеттің маңызы. Ауа жүретін жолдардағы қысымның өзгеруі. Тыныс алудың минуттық көлемі. Әртүрлі жастағы, физикалық дамыған, ер және әйел адамдардың өкпесінің тіршілік сыйымдылығы. Тыныс алу қозғалыстарының жиілігі. Шылым шегудің өкпенің тіршілік сыйымдылығына әсері. Зертханалық жұмыс: "Өкпенің тіршілік сыйымдылығын зерттеу";

7) "Бөліп шығару". Зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы (бүйрек, несеппағар, қуық, несеп жолы) мен қызметі. Бөліп шығару және сүзу мүшелері. Бүйректің құрылысы (қыртысты және милы қабат, нефрон, пирамида, астауша, бүйрек өзекшелері). Терінің маңызы, құрылысы мен қызметі. Тер бөлінудің реттелуі. Тері ауруларының пайда болу себептері мен салдары (қышыма, теміреткі, безеу бөртпелері). Белгілері мен алдын алу шаралары;

8) "Қозғалыс". Адам қаңқасының құрылысы. Тірек – қимыл жүйесінің маңызы мен қызметі. Сүйектің макро - және микроскопиялық құрылысы. Сүйектің химиялық құрамы. Зертханалық жұмыс: "Сүйектің макро және микроскопиялық құрылысы". Көрсетілім "Сүйектің химиялық құрамы". Сүйектің байланыс түрлері: қозғалмайтын, жартылай қозғалмалы, қозғалмалы. Буынның құрылысы және қызметтері. Сүйек буындарының атқаратын қызметіне сәйкес бейімделуі. Бұлшықет ұлпаларының құрылысы мен қызметі (бірыңғай салалы, көлденең жолақты қаңқа, көлденең жолақты жүрек). Зертханалық жұмыс: "Бұлшық ет ұлпаларының құрылысын зерттеу" Адам денесінің бұлшық еттерін жіктеу. Гиподинамия. Сымбаттың бұзылуы және жалпақтабандылықтың пайда болу себептері. Сымбаттың бұзылуы мен жалпақтабандылықтың алдын алу шаралары;

9) "Биофизика". Тік жүруге байланысты адам қозғалуының биомеханикалық ерекшеліктері. Тік жүруге байланысты адамның қаңқа құрылысының ерекшеліктері.

Тік жүруге байланысты бұлшық еттің маңызы. Тік жүру кезіндегі дененің ауырлық орталығы. Адам денесіндегі иіндер;

10) "Үйлесім және реттелу". Көру мүшелерінің құрылысы. Көрудің маңызы. Көру қызметінің бұзылуы. Көру гигиенасы. Зертханалық жұмыс: "Көру жітілігі мен көру аймағының шегін зерттеу". Есту мүшесінің құрылысы. Естудің маңызы. Естудің бұзылу себептері. Есту мүшесінің гигиенасы. Зертханалық жұмыс "Дыбысты қабылдау ерекшеліктерін зерттеу" (құлақтың есту қабілетін анықтау). Таяқшаның, құтышаның және түкті жасушалардың құрылымы мен қызметі. Зертханалық жұмыс: "Соқыр дақты анықтау, түстердің аралсуына тәжірибе, дыбыстың ауа және сүйек арқылы өтуі". "Гормондар", "Гуморальдық реттелу" ұғымдары. Эндокринді, экзокринді және аралас бездердің орналасуы және қызметі. Бездерден бөлінетін гормондар. Эндокринді бездер қызметінің бұзылуынан туындаған аурулар (гипо- және гиперфункция). Адам денесінде орналасқан тері рецепторлары (терморекцепторлар, механорецепторлар, ноцицепторлар) Зертханалық жұмыс: "Тері сезімталдығын зерттеу". Жылықанды жануарлардың тұрақты температураны сақтауындағы терінің рөлі. Температураға сезімталдық. Терморекцепторлардың температураның өзгеруіне бейімделуі;

11) "Көбею". Митоз. Мейоз. Митоз бен мейоздың биологиялық маңызы. Жануарлардың көбею формалары. Жыныссыз көбею типтері. Жынысты көбею. Мүктер мен қырықжапырақтардың тіршілік циклі. Гаметофит. Спорофит. Ашық тұқымды және жабық тұқымды өсімдіктердің тіршілік циклі;

12) "Өсу және даму". Эмбрионалдық даму кезеңдері: бластула, гастрюла, нейрула. Ұлпалар мен мүшелердің дифференциялануы. Органогенез;

13) "Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары". Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің эволюциядағы маңызы. Өзгергіштік пен қоршаған орта жағдайларына бейімделгіштік арасындағы өзара байланыс. Қолдан сұрыптау және оның селекция үшін маңызы. Қолдан сұрыптау түрлері. Мәдени өсімдіктер мен үй жануарларының шығу орталықтары. Қазақстан аумағында кездесетін егістік дақылдар мен үй жануарларының қолтұқымдары. Маңызды белгілер;

14) "Биосфера, экожүйе, популяция". Экожүйелердің компоненттері. Су және құрлық экожүйелері. Модельдеу "Су және құрлық экожүйелерін салыстыру". Популяцияның құрылымының негізгі сипаттамалары және ерекшеліктері. Ағзалардың тіршілікке қабілеттілігінің әртүрлі тәсілдері. (Тіршілікті сақтаудың К және Г стратегиялары). "Жыртқыш-жемтік" қарым-қатынас түрі. Популяция санының өзгеруі. Тірі ағзалардың өзара қарым-қатынас түрлері. Ағзалардың тікелей және жанама қарым-қатынас түрлері. Қоршаған орта жағдайларының өзгерістеріне ағзалардың бейімделуі;

15) "Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері". Адамның табиғаттағы рөлі. Табиғатты тиімді пайдалану. Табиғатты қорғау. Биологиялық алуан түрлілікті сақтау.

Дүниежүзілік Тұқым қоры. Қазақстан Республикасының экологиялық проблемалары. Себептері мен салдарлары. Оларды шешу жолдары.

24. 10-сыныпқа арналған "Биология" пәнінің базалық білім мазмұны:

1) "Жасушалық биология". Жасушаның негізгі компоненттерінің қызметтері. Жасуша құрылымдары: плазмалық мембрана, цитоплазма, ядро, эндоплазмалық тор, жасуша орталығы, рибосомалар, Гольджи аппараты мен лизосомалар, митохондрия, пластидтер, қозғалыс органоидтары, жасушаның қосындылары. Құрылыстары және атқаратын қызметтері. Жасушалардың сызықтық ұлғаюын есептеу. Ұлғаю, актуальды өлшемі және суреттің нақты өлшемі. Өлшем бірліктерін СИ жүйесіне аудару (сантиметр-миллиметр-микромметр-наномметр). Модельдеу "Микрофотографияларды пайдаланып жасушаның сызықтық ұлғаюын есептеу";

2) "Тірі ағзалардың көп түрлілігі. Биосфера және экожүйе". Әртүрлі түрлерді сипаттауда бинарлық номенклатураны қолдану. Зертханалық жұмыс: "Анықтағыш көмегімен өсімдіктер мен жануарлар түрлерін (жергілікті жердің) анықтау". Популяцияның өсуінің экспоненциалды және сигмоидты қисығы. Экожүйедегі энергия тасымаланың тиімділігі. Энергия ағыны және қоректік тізбектер. Экологиялық пирамида түрлері. Табиғаттағы көміртегі пен азот айналымы. Биосферадағы биохимиялық үрдістер. Топырақ пен шөгінді жыныстар түзудегі тірі ағзалардың рөлі;

3) "Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері". Пайдалы қазбаларды өндірудің қоршаған орта мен адам денсаулығына әсері. Пестицидтердің қоршаған орта мен адам денсаулығына әсері. Жылыжай эффектісі (булану) және озон қабатының жұқаруы. Дүниежүзілік мұхит деңгейінің, су мен атмосфера температурасының көтерілуінің тірі ағзаларға әсері;

4) "Қоректену". Ыдырау үдерісі. Асқорыту ферменттерінің әсері. Асқорытудағы ферменттердің маңызы. Сіңіру және бөліп шығару. Ферменттердің әсер ету механизмі. Ферменттің белсенді орталығы. Зертханалық жұмыс: "Ферменттердің белсенділігіне әртүрлі жағдайлардың (температура, рН) әсерін зерттеу". Өттің әсерінен майлардың эмульгациясы. Зертханалық жұмыс "Өттің әсерінен майлардың эмульгациялануын зерттеу";

5) "Заттар тасымалы". Активті және пассивті тасымалдардың ұқсастығы мен айырмашылығы. Жасуша мембранасы арқылы тасымалдану. Белсенді тасымалдану кезіндегі энергияның жұмсалыуы. Сыртқы және ішкі факторлардың транспирацияға әсері. Зертханалық жұмыс: "Транспирация үдерісі кезіндегі сыртқы факторларды (температура, ылғалдылық пен су буының қысымы, ауа қозғалысын) зерттеу. Зертханалық жұмыс: "Ішкі факторларды: Буландыратын беттің ауданы және бұл беттік ауданның өсімдік көлеміне қатынасының (сірқабық (кутикула) мен лептесіктер) транспирация үдерісіне әсері". Сыртқы факторлардың флоэмада зат тасымалына әсері: температура, ылғалдылық, жарық;

6) "Тыныс алу". Анаэробты және аэробты тыныс алу. Анаэробты және аэробты тыныс алу үдерістерін химиялық реакция теңдеулерін қолданып қарастыру. Анаэробты және аэробты тыныс арудың тиімділіктері. Аэробты, анаэробты тыныс алу үдерістерімен байланысты бұлшық еттердің қажуы. Аэробты және анаэробты тыныс алуға физикалық жүктемелердің әсері;

7) "Бөліп шығару". Нефронның құрылысы және қызметі. Ультрафилтрация. Абсорбция және таңдамалы реабсорбция. Несептің құрамы. Филтрация мен кері филтрацияның себептері. Бүйрек жұмысына әсер ететін факторлар: тамақтану рационы, дене температурасының күрт түсуі, дәрілік препараттар, созылмалы және инфекциялық аурулар (кариес, іріңді ангина. Зәр шығару жүйесінің гигиенасы. Бүйрек және зәр шығару жүйесінің аурулары: пиелонефрит, цистит, бүйрекке тастың жиналуы. Себептері және алдын алу шаралары. Құрлықта, шөлде, тұщы және тұзды суларда тіршілік ететін тірі ағзалардың зат алмасуының соңғы өнімдері. Құрамында азоты бар органикалық заттардың ыдырау өнімдері: аммиак, несепнәр, несеп қышқылы;

8) "Үйлесім және реттелу". Нейрондардың түрлері мен қызметтері. Жүйке ұлпасының қызметі (глиальды жасушалар). Аксондардың миеленді және миеленсіз қабықтары. Синапстар және медиаторлар. Модельдеу "Жүйке ұлпаларын зерттеу". Миеленді, миеленсіз аксондарда жүйке импульстарының туындауы және өткізілуі. Өткізу жылдамдығы. Мембраналық потенциал, тыныштық потенциалы және әрекет потенциалы. Модельдеу "Жүйке импульстарының туындауы мен таралу жылдамдығын зерттеу". Тірі ағзалардағы электрлік үдерістер. Электрорецепторлар және электрлі мүшелер. Тыныс алу мен тыныс шығарудың реттелуі мысалында нейрогуморальдық реттелу механизмі. Жүйкелік және гуморальдық реттелуді салыстыру. Ағзаның күйзеліске бейімделуі. Нейрокомпьютерлік интерфейс. Компьютер мен ми арасындағы ақпарат алмасу жүйесі. Гомеостазды тұрақты ұстаудың механизмдері. Өсімдіктердің өсуі мен дамуын реттеуші. Зертханалық жұмыс: "Ауксиннің өсімдіктерге әсерін зерттеу";

9) "Қозғалыс". Бұлшық еттің жұмысы. Көрсетілім "Негізгі бұлшық еттердің жұмысын өзіндік бақылау, иық белдеуінің қол қозғалысындағы рөлі. Бұлшық ет қозғалысын реттеу". Зертханалық жұмыс: "Статикалық және динамикалық жұмыс кезіндегі бұлшық еттің қажуын зерттеу";

10) "Молекулярлық биология". Дезоксирибонуклеин қышқылы (ДНК) молекулярлық құрылысының принциптері: нуклеотидтердің комплементарлығы. Модельдеу "Дезоксирибонуклеин қышқылы (ДНК) молекуласын құру";

11) "Жасушалық цикл". Интерфаза. Интерфаза кезеңдері: G1, S және G2. Митоз. Митоз фазалары. Зертханалық жұмыс: "Пияз тамыр ұшындағы жасушалардан митозды зерттеу". Митоз. Митоз фазалары. Мейоз бен митозды салыстыру. Модельдеу "Митоз кезеңдерін зерттеу";



12) "Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары". Г. Мендель анықтаған белгілердің тұқым қуалаушылық заңдылықтары. Тұқым қуалаушылықты зерттеудің гибридологиялық әдісі. Тұқым қуалаушылықтың генетикалық заңдылықтарының цитологиялық негіздері. Гамета тазалығы заңы және оның цитологиялық негіздемесі. Моногибридті және дигибридті будандастыру. Басымдылық заңы. Ажырау заңы. Басымдылық заңы. Ажырау заңы. Аллельді гендердің әрекеттесуі: толық және толымсыз. Доминанттылық белгілердің пайда болуы. Талдаушы шағылыстыру ұғымы мен оның практикалық маңызы. Жыныс генетикасы. Жынысты анықтаудың генетикалық механизмі. Жыныспен тіркесіп тұқымқуалау. Гемофилия және дальтонизм. Адам қан топтарының тұқымқуалау заңдылықтары. Резус-фактор. Адам генетикасы. Адамның тұқымқуалау белгілерін зерттеу әдістері. Адамның генетикалық ауруларының алдын алу. Адамның генеалогиялық шежіре ағашын құру. Модельдеу "Адамның генеалогиялық шежіре ағашын құру". Өнімділікті арттыратын заманауи ауыл шаруашылық технологиялары. Өнімділігі жоғары ауылшаруашылықты жүргізудің жаңа баламалы жолдары;

13) "Микробиология және биотехнология". Биотехнологиялық үдерістің жалпы сызбасы және биотехнологияда алынатын өнімдері (медицинада, өнеркәсіпте және ауыл шаруашылығында). Инсулин өндірісі;

14) "Көбею". Адамның жыныс жүйесінің құрылымы мен қызметі. Зертханалық жұмыс "Аталық және аналық гаметалардың құрылысын зерттеу". Екінші реттік жыныстық белгілер. Ұлдар мен қыздардың жыныстық жетілуі. Биологиялық және әлеуметтік жетілу. Менструалдық цикл. Менструалдық циклдағы эстроген мен прогестерон гормондарының маңызы. Контрацепция түрлері, олардың қолданылуы мен маңызы. Жыныстық жолмен берілетін аурулар: Жүре пайда болған иммундық дефицитінің синдромы (ЖИТС), сифилис, гонорея, гепатит В,С. Алдын алу шаралары;

15) "Өсу және даму". Құрсақта даму. Ұрықтық дамудың алғашқы кезеңдері. Ұрықтың қалыптасуы мен дамуы. Шылым шегу, есірткі мен ішімдіктің адам ұрығының дамуына тигізетін әсері;

16) "Эволюциялық даму". Эволюциялық ұғымдардың қалыптасуы және дамуы. Ч.Дарвиннің эволюциялық ілімінің негізгі қағидалары. Эволюцияның қазіргі заман теориясының пайда болуы. Эволюцияның қозғаушы күштері. Табиғи сұрыпталу нәтижесіндегі бейімделушілік. Эволюциялық үдерістегі өзгергіштіктің (мутациялық, комбинативтік) рөлі. Табиғи сұрыпталу, оның түрлері (қозғаушы және тұрақтандырушы). Тіршілік үшін күрес (түрішілік, тұраралық). Модельдеу "Бейімделгіштікті табиғи сұрыпталу нәтижесі ретінде зерттеу (көбелек)". "Түр" ұғымының анықтамасы. Түрдің құрылымы. Түр критерийлері. "Түр түзілу" ұғымы. Түр түзілудің тәсілдері мен механизмдері. Жердегі тіршіліктің пайда болу кезеңдері.

#### **4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі**

25. Бағдарламада, оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім мен бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.2.1.2 "7" – сынып, "2.1" бөлім, бөлімше, "4" – оқыту мақсатының реттік саны.

26. Бөлімдер бойынша әр сынып бойынша күтілетін нәтижелер:

1) "Тірі ағзалардың көптүрлілігі, құрылымы мен қызметтері" бөлімі:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
1.1 Биологияға кіріспе	7.1.1.1 биология пәнінің мақсатын және міндетін білу; 7.1.1.2 тірі организмнің белгілерін атау; 7.1.1.3 табиғаттағы және адам өміріндегі организмдердің рөлін сипаттау			
1.2 Тірі ағзалардың көптүрлілігі	7.1.2.1 тірі ағзаларды жүйелеу принципін және оның негізгі категорияларын білу	8.1.2.1 жүйелеудің маңызын түсіндіру; 8.1.2.2 жүйеленуде тірі ағзалардың орнын анықтау; 8.1.2.3 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың құрылысының айырмашылық белгілерін сипаттау; 8.1.2.4 жекелеген ағзаларға қарапайым дихотомиялық кілттерді қолдану	9.1.2.1. балдырлар мұктәрізділер, қырықжапырақ тәріздестер, ашықтұ-қымдылар ж ә н е жабықтұқымдылар мысалында өсімдік-тердің ерекшеліктерін сипаттау; 9.1.2.2 саңырауқұ-лактардың ерекшелік белгілерін сипаттау; 9.1.2.3 даражарнақты және қосжарнақты өсімдіктер кластарын негізгі белгілеріне қарай ажырату, 9.1.2.4 буынаяқтылар мен хордалы жануарлар кластарын ерекше белгілері бойынша тану	10.1.2.1 әртүрлі түрлерді сипаттауда б и н а р л ы номенклатураны қолдану; 10.1.2.2 өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін ерекшелік белгілері бойынша танып білу ( анықтағыш бойынша)
			9.1.3.1 омыртқасыз-дар,	

<p>1.3 Қоректену</p>	<p>7.1.3.1 жапырақтың сыртқы және ішкі құрылымын білу; 7.1.3.2 фотосинтез процесін өсімдіктерді коектенудің негізгі әдісі ретінде түсіндіру; 7.1.3.3 өсімдіктердің минералды қоректену өзегі ретінде тамырдың құрылымы мен қызметін білу</p>	<p>8.1.3.1 жапырақтың ішкі құрылысын сипаттау және құрылысы мен оның қызметі арасындағы өзара байланысты сипаттау; 8.1.3.2 фотосинтез үдерісі үшін қажетті жағдайларды зерттеу</p>	<p>күйіс қайыратын жануарлар мен адамның ас қорыту жүйесінің құрылысын салыстыру; 9.1.3.2 әртүрлі типті тістердің құрылысы мен қызметтері арасындағы байланысын және тісті күту ережелерін сипаттау; 9.1.3.3 адамның ас қорыту жүйесінің құрылысы мен қызметтері арасындағы өзара байланысты түсіндіру; 9.1.3.4 ас қорыту жолы ауруларының себептерін және астан улану белгілерін анықтау; 9.1.3.5 адам ағза-сындағы дәрумендердің маңыздылығын сипаттау; 9.1.3.6 құрамында дәрумендердің маңызды мөлшері бар азық-түліктер тізімін жасау; 9.1.2.9 азық-түлік құрамындағы С дәруменін анықтау</p>	<p>10.1.3.1 адамның ас қорыту жолдарындағы үдерістерді сипаттау; 10.1.3.2 ас қорыту үдерісіндегі органикалық заттар мен сәйкес ферменттердің арасындағы байланысты орнату; 10.1.3.3 ферменттердің белсенділігіне әсер ететін әр түрлі жағдайларды (температура, рН) зерттеу; 10.1.3.4 өттің әсерінен майлардың эмульгациялануы үдерісін зерттеу</p>
			<p>9.1.4.1 қан құрамы мен қызметін сипаттау; 9.1.3.2 дайын микропрепараттар арқылы әртүрлі ағзалардың қан жасушаларының құрылыс ерекшеліктерін зерттеу; 9.1.4.3 лейкоциттердің түрлі типтерінің</p>	

<p>1.4 Заттардың тасымалдануы</p>	<p>7.1.4.1 тірі ағзалардағы коректік заттардың тасымалдануын түсіндіру; 7.1.4.2 заттарды тасымалдауға қатысатын мүшесі ретінде өсімдіктер сабағының құрылымын білу; 7.1.4.3 жануарлардың тасымалдау жүйелерін зерттеу</p>	<p>8.1.4.1 тірі ағзалардағы коректік заттардың тасымалының маңызын түсіндіру; 8.1.4.2 өсімдіктерде заттардың тасымалына қатысатын мүшелерді танып білу; 8.1.4.3 сабақ пен тамырдың ішкі құрылысын зерттеу; 8.1.4.4 сабақ және тамырдың құрылысы мен қызметтерінің өзара байланысын сипаттау; 8.1.4.5 ксилема мен флоэма элементтерінің құрылысын салыстыру; 8.1.4.6 жануарларда заттар тасымалына қатысатын мүшелерді танып білу</p>	<p>қызметтерін сипаттау; 9.1.4.4 гуморальдық және жасушалық иммунитетті салыстыру; 9.1.4.5 лимфа жүйелерін және қан, ұлпалық сұйықтық пен лимфа арасындағы өзара байланысты сипаттау; 9.1.4.6 аурулардың алдын алуындағы вакцинацияның ролін бағалау; 9.1.4.9 агглютинация және резус-конфликт механизмдерін түсіндіру; 9.1.4.9 жануарлардың жүрегінің құрылысы мен қантамыр жүйелерінің маңызын сипаттау; 9.1.4.10 қантамыр қабырғасының құрылысы мен олардың қызметі арасындағы байланысты орнату; 9.1.4.10 жануарлардың қантамырлар жүйесінің түрлерін сипаттау; 9.1.4.11 дене жаттығуларының жүрек жұмысына әсерін зерттеу; 9.1.4.12 қантамыр жүйесі мүшелерінің ауруларының себептері мен ауру белгілерін сипаттау</p>	<p>10.1.4.1 активті және пассивті тасымалдарды салыстыру; 10.1.4.2 өсімдіктердегі транспирация үдерісінің мәнін түсіндіру; 10.1.4.3 транспирация үрдісіне әсер ететін ішкі және сыртқы факторларды зерттеу; 10.1.4.4 сыртқы факторларға байланысты флоэмада заттардың тасымалдануын зерттеу</p>
		<p>8.1.5.1 тірі ағзалар үшін тыныс алудың маңызын сипаттау;</p>		

1.5 Тыныс алу	<p>7.1.5.1 өсімдіктердің тыныс алу мүшелерін білу;</p> <p>7.1.5.2 тірі ағзалардың тыныс алу түрлерін анықтау;</p> <p>7.1.5.3 омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың тыныс алуының құрылуын білу;</p> <p>7.1.5.4 адамның тыныс алу мүшелерін білу;</p> <p>7.1.5.5 тірі ағзалардың тыныс алу органдарының олардың тіршілік әрекеті процесіндегі рөлін түсіндіру</p>	<p>8.1.5.2 анаэробты және аэробты тыныс алу типтерін ажырату;</p> <p>8.1.5.3 өсімдіктердің тыныс алу үдерісін зерттеу;</p> <p>8.1.5.4 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүшелерінің құрылуын салыстыру;</p> <p>8.1.5.5 адамның тыныс алу мүшелері құрылысының ерекшеліктерін танып білу;</p> <p>8.1.5.6 тыныс алу мүшелерінің ауыруларының себептері мен олардың алдын алу жолдарын түсіндіру</p>	<p>9.1.5.1 өкпе мен ұлпадағы газ алмасу механизмдерін сипаттау;</p> <p>9.1.5.2 тыныс алу және тыныс шығару механизмін түсіндіру;</p> <p>9.1.5.3 өкпенің тіршілік сыйымдылығын анықтау және қалыпты жағдайдағы және дененің физикалық жүктемесі кезіндегі тыныс алудың минуттық көлемін анықтау</p>	<p>10.1.5.1 тыныс алу реакциясының химиялық теңдеуін пайдалана отырып, анаэробты және аэробты тыныс алуды салыстыру;</p> <p>10.1.5.2 бұлшықет қажуы және аэробты, анаэробты тыныс алу үдерістері арасындағы байланысты қарастыру</p>
1.6 Бөліп шығару	<p>7.1.6.1 өсімдіктердің бөліну мүшелерін білу;</p> <p>7.1.6.2 омыртқасыздар мен омыртқалылардың бөліп шығару мүшелерін білу;</p> <p>7.1.6.3 тірі организмдердің тіршілік әрекеті процесінде олардың бөліп шығару мүшелерінің рөлін түсіндіру</p>	<p>8.1.6.1 ағзалар тіршілігіндегі бөлінудің мәнін түсіндіру;</p> <p>8.1.6.2 өсімдіктердегі бөлінудің ерекшеліктерін зерттеу;</p> <p>8.1.6.3 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың бөліп шығару жүйелерінің құрылысын салыстыру</p>	<p>9.1.6.1 адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы мен қызметтерін сипаттау;</p> <p>9.1.6.2 бүйректің құрылымдық бөліктерін танып білу;</p> <p>9.1.6.3 терінің құрылысы мен оның бөліп шығарудағы маңызын сипаттау;</p> <p>9.1.6.4 тері ауруларын және оның алдын алу шараларын түсіндіру</p>	<p>10.1.6.1 нефронның құрылысы мен қызметін сипаттау;</p> <p>10.1.6.2 фильтрация және несептің түзілуі үдерістерін сипаттау;</p> <p>10.1.6.3 бүйректің жұмысына әсер ететін факторларды сипаттау;</p> <p>10.1.6.4 зәр шығару жүйесі, бүйрек ауруларының алдын алу шараларын түсіндіру;</p> <p>10.1.6.5 әртүрлі ағзалардың мекен ету ортасы мен зат алмасуларының соңғы өнімдері арасындағы байланысты орнату</p>
			<p>9.1.7.1 тірек-қимыл жүйесінің қызметтерін сипаттау;</p>	

1.7 Қозғалыс	<p>7.1.7.1 тірі ағза қозғалысының рөлін түсіндіру;</p> <p>7.1.7.2 өсімдіктердің қозғалу тәсілдерін зерттеу;</p> <p>7.1.7.3 Омыртқалы және омыртқасыз жануардың қозғалу мүшелерін білу</p>	<p>8.1.7.1 өсімдіктердің қозғалу себептерін түсіндіріп, қозғалыстың маңызын сипаттау (тропизмдер, таксистер);</p> <p>8.1.7.2 жарықтың өсімдіктердің өсуі мен дамуына әсерін түсіндіру;</p> <p>8.1.7.3 өсімдіктердегі фотопериодизм ролін сипаттау;</p> <p>8.1.7.4 омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың қозғалыс мүшелерін салыстыру</p>	<p>9.1.7.2 сүйектің химиялық құрамын, макро және микроскопиялық құрылысын зерттеу;</p> <p>9.1.7.3 сүйектердің байланыс түрлерін салыстыру;</p> <p>9.1.7.4 буынның әр түрлі типтерінің құрылысы мен олардың қызметтері арасындағы байланысты орнату;</p> <p>9.1.7.5 бұлшық ет ұлпасының қызметтері түрлері мен олардың қызметтерін сипаттау;</p> <p>9.1.7.6 адам бұлшық еттерінің құрылысы мен бұлшықет топтарын оқып тану ;</p> <p>9.1.7.7 гиподинамия салдарын атау;</p> <p>9.1.7.9 сымбаттың бұзылуы және жалпақ жалпақтабандылықтың пайда болу себептерін анықтау</p>	<p>10.1.7.1 кол бұлшық еттерінің максимальды жұмыс күшін және күшке төзімділігін зерттеу;</p> <p>10.1.7.2 бұлшық еттің жиырылу жиілігіне бұлшықет жұмысының тәуелділігін зерттеу</p>
Заттар тасымалы	<p>температура, ылғалдылық пен су буының қысымы, ауа қозғалысын) зерттеу. Зертханалық жұмыс "Ішкі факторларды: Буландыратын беттің ауданы және бұл беттік ауданның өсімдік көлеміне қатынасының (кутикула мен лептесіктер) транспирация үдерісіне әсері"</p> <p>Сыртқы факторлардың флоэмада зат тасымалына әсері: температура, ылғалдылық, жарық</p>	<p>10.1.3.2 өсімдіктердегі транспирация үдерісінің мәнін түсіндіру;</p> <p>10.1.3.3 ішкі және сыртқы факторлардың транспирацияға әсерін зерттеу</p> <p>10.1.3.4 сыртқы факторлардың флоэма арқылы заттардың тасымалдануына әсерін зерттеу</p>
2-тоқсан		
Тыныс алу	<p>Анаэробты және аэробты тыныс алу. Анаэробты және аэробты тыныс салу үдерістерін химиялық реакция теңдеулерін қолданып қарастыру. Анаэробты және аэробты тыныс алудың тиімділіктері</p> <p>Аэробты, анаэробты тынысалу үдерістерімен байланысты бұлшық еттердің қажуы. Аэробты және анаэробты тынысалуға физикалық жүктемелердің әсері</p>	<p>10.1.4.1 тыныс алу реакциясының химиялық теңдеуін пайдалана отырып, анаэробты және аэробты тыныс алуды салыстыру</p> <p>10.1.4.2 бұлшықет қажуы және аэробты, анаэробты тыныс алу үдерістері арасындағы байланысты қарастыру</p>
Бөліп шығару	<p>Нефронның құрылысы және қызметі. Ультрафилтрация. Абсорбция және таңдамалы реабсорбция. Несептің құрамы. Филтрация мен кері филтрацияның себептері</p> <p>Бүйрек жұмысына әсер ететін факторлар: тамақтану рационы, дене температурасының күрт түсуі, дәрілік препараттар, созылмалы және инфекциялық аурулар (кариес, ірінді ангина т.б.)</p> <p>Зәр шығару жүйесінің гигиенасы. Бүйрек және зәр шығару жүйесінің аурулары: пиелонефрит, цистит, бүйрекке тастың жиналуы. Себептері және алдын алу шаралары</p> <p>Құрлықта, шөлде, тұщы және тұзды суларда тіршілік ететін тірі ағзалардың зат алмасуының соңғы өнімдері. Құрамында азоты бар органикалық заттардың ыдырау өнімдері: аммиак, несепнәр, несеп қышқылы</p>	<p>10.1.5.1 нефронның құрылысы мен қызметін сипаттау;</p> <p>10.1.5.2 филтрация және несептің түзілу үрдістерін сипаттау</p> <p>10.1.5.3 бүйректің жұмысына әсер ететін факторларды сипаттау</p> <p>10.1.5.4 бүйрек және зәр шығару жүйесі ауруларының алдын алу жолдарын түсіндіру</p> <p>10.1.5.5 әртүрлі ағзалардың мекен ету ортасы мен зат алмасудың соңғы өнімдері арасындағы байланысты орнату</p>

Үйлесім және реттелу	Нейрондардың түрлері мен қызметтері. Жүйке ұлпасының қызметі (глиальды жасушалар). Аксондардың миеленді және миеленсіз қабықтары. Синапстар және медиаторлар. Модельдеу "Жүйке ұлпаларын зерттеу"	10.1.7.1 жүйке жасушасының құрылысы мен қызметі арасындағы өзара байланысты орнату; 10.1.7.2 жүйке ұлпалары мен оның құрылымдық бөліктерінің қызметтерін талдау
	Миеленді, миеленсіз аксондарда жүйке импульстарының туындауы және өткізілуі. Өткізу жылдамдығы. Мембраналық потенциал, тыныштық потенциалы және әрекет потенциалы. Модельдеу "Жүйке импульстарының туындауы мен таралу жылдамдығын зерттеу"	10.1.7.3 жүйке импульсінің туындауы мен өтуін сипаттау
	Тірі ағзалардағы электрлік үдерістер. Электрорецепторлар және электрлі мүшелер	10.4.4.1 тірі ағзалардағы электрлік үдерістерді зерттеу
	Тынысалу мен тыныс шығарудың реттелуі мысалында нейрогуморальдық реттелу механизмі. Жүйкелік және гуморальдық реттелуді салыстыру. Ағзаның күйзеліске бейімделуі	10.1.7.4 нейрогуморалды реттелудің механизмін түсіндіру
	Нейрокомпьютерлік интерфейс. Компьютер мен ми арасындағы ақпарат алмасу жүйесі	10.4.4.2 "компьютер-ми" интерфейс технологиясының ерекшеліктерін оқып білу
	Гомеостазды тұрақты ұстаудың механизмдері	10.1.7.5 ағзаның ішкі ортасының тұрақтылығын ұстаудағы гомеостазды сақтаудың механизмін түсіндіру
	Өсімдіктердің өсуі мен дамуын реттеуші. Зертханалық жұмыс "Ауксиннің өсімдіктерге әсерін зерттеу"	10.1.7.6 өсімдіктердің өсуі мен дамуына әсер ететін заттардың әрекетін талдау
Қозғалыс	Бұлшық еттің жұмысы. Көрсетілім "Негізгі бұлшық еттердің жұмысын өзіндік бақылау, иық белдеуінің қол қозғалысындағы рөлі. Бұлшықет қозғалысын реттеу" Зертханалық жұмыс "Статикалық және динамикалық жұмыс кезіндегі бұлшық еттің қажуын зерттеу"	10.1.6.1 қол бұлшық еттерінің максималды жұмыс күшін және күшке төзімділігін зерттеу; 10.1.6.2 бұлшық еттің жиырылу жиілігіне бұлшықет жұмысының тәуелділігін зерттеу
3-тоқсан		
	Дезоксирибонуклеин қышқылының молекулалық құрылысының принциптері:	10.4.1.2 дезоксирибонуклеин қышқылының молекуласының қос



Молекулярлық биология	нуклеотидтердің комплементарлығы. Модельдеу "Дезоксирибонуклеин қышқылы" молекуласын құру"	шиыршықты құрылымын сипаттау ; 10.4.1.3 дезоксирибонуклеин қышқылының құрылымдық қағидалары негізінде үлгілеу
Жасушалық цикл	Интерфаза. Интерфаза кезеңдері: G1, S және G2	10.2.2.1 жасуша айналымының интерфаза кезіндегі жүретін үдерістерді түсіндіру
	Митоз. Митоз фазалары. Зертханалық жұмыс "Пияз тамыр ұшындағы жасушалардан митозды зерттеу"	10.2.2.2 митоздың кезеңдерін сипаттау
	Мейоз. Мейоз фазалары. Мейоз бен митозды салыстыру. Модельдеу "Мейоза кезеңдерін зерттеу"	10.2.2.3 мейоз кезеңдерін сипаттау ; 10.2.2.4 митоз және мейоз үдерістерін салыстыру
Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары	Мендель ашқан белгілердің тұқымқуалау заңдылықтары. Тұқымқуалаушылықты зерттеудің гибридологиялық әдісі	10.2.4.1 генетиканың дамуы мен қалыптасуындағы Г.Мендель зерттеулерінің рөлін бағалау
	Тұқымқуалаушылық заңдылықтарының цитологиялық негіздері. Гаметалар тазалығы және оның цитологиялық негіздемесі. Моногибридті және дигибридті будандастыру. Басымдылық заңы. Ажырау заңы	10.2.4.2 моногибридті будандастырудың цитологиялық негіздерін дәлелдеу және есептер шығару; 10.2.4.3 дигибридті будандастырудың цитологиялық негіздерін дәлелдеу және есептер шығару
	Аллельді гендердің әрекеттесуі: толық және толымсыз. Доминанттылық белгілердің пайда болуы. Талдаушы шағылыстыру ұғымы мен оның практикалық маңызы	10.2.4.4 толық және толымсыз доминанттылықты салыстыру; 10.2.4.5 талдаушы будандастырудың маңыздылығын бағалау
	Жыныс генетикасы. Жынысты анықтаудың генетикалық механизмі. Жыныспен тіркесіп тұқымқуалау. Гемофилия және дальтонизм	10.2.4.6 жынысты анықтау теориясын сипаттау; 10.2.4.7 жынысты анықтау кезінде хромосомалардың рөлін түсіндіретін сызба жасау
	Адам қан топтарының тұқымқуалау заңдылықтары. Резус-фактор	10.2.4.8 адамның қан тобының тұқымқуалауын және қан топтарын анықтау механизмін түсіндіру
	Адам генетикасы. Адамның тұқым-қуалау белгілерін зерттеу әдістері. Адамның генетикалық ауруларының алдын алу. Модельдеу "Адамның генеалогиялық шежіре ағашын құру"	10.2.4.10 адам генетикасын зерттеудің негізгі әдістерін сипаттау; 10.2.4.10 шежіре сызбасын құру

	Өнімділікті арттыратын заманауи ауыл шаруашылық технологиялары. Өнімділігі жоғары ауыл шаруашылықты жүргізудің жаңа баламалы жолдары	10.2.4.12 мәдени өсімдіктердің өнімділігін арттыру үшін заманауи ауылшаруашылық технологияларды қолданылуын зерттеу
Микробиология және биотехнология	Биотехнологиялық үдерістің жалпы сызбасы және биотехнологияда алынатын өнімдері (медицинада, өнеркәсіпте және ауылшаруашылықта). Инсулин өндірісі	10.4.3.1 инсулин өндіру мысалында биотехнологиялық үдерістің жалпы сызбасын сипаттау; 10.4.3.2 приводит примеры инсулин өндіру мысалында биотехнологиялық үдерістің жалпы сызбасын сипаттау
4-тоқсан		
Көбею	Адамның жыныс жүйесінің құрылымы мен қызметі	10.2.1.1 адамның жыныс жүйесінің құрылысын сипаттау
	Зертханалық жұмыс "Аталық және аналық гаметалардың құрылысын зерттеу"	10.2.1.2 аталық және аналық жыныс жасушаларының құрылысын зерттеу
	Екінші реттік жыныстық белгілер. Ұлдар мен қыздардың жыныстық жетілуі. Биологиялық және әлеуметтік жетілу	10.2.1.3 жыныстық жетілу кезеңіндегі екінші реттік жыныстық белгілердің дамуын сипаттау
	Менструалдық цикл мен экстроген және прогестеронның маңызын сипаттау	10.2.1.4 менструалдық цикл мен экстроген және прогестеронның маңызын сипаттау
	Контрацепция түрлері және олардың қолданылуы мен маңызы	10.2.1.5 контрацепцияның маңызы мен түрлерін түсіндіру
	Жыныстық жолмен берілетін аурулар: жүре пайда болған иммундық дефицитінің синдромы (ЖИТС), сифилис, гонорея, гепатит В,С. Алдын алу шаралары	10.2.1.6 жыныстық жолмен таралатын аурулардың салдары мен алдын алу шараларын түсіндіру
Өсу және даму	Құрсақта даму. Ұрықтық дамудың алғашқы кезеңдері. Ұрықтың қалыптасуы мен дамуы	10.2.3.1 ұрықтың дамуындағы плацентаның маңызын түсіндіру; 10.2.3.2 эмбрион мен ұрықтың дамуын салыстыру
	Шылым шегу, есірткі мен ішімдіктің адам ұрығының дамуына тигізетін әсері	10.2.3.3 адам ұрығының дамуына шылым шегу, алкоголь мен басқа есірткілер әсерінің салдарын түсіндіру
	Жердегі тіршіліктің пайда болуы кезеңдері	10.2.5.7 Жердегі тіршіліктің дамуының негізгі кезеңдерін оқып білу
	Эволюциялық ұғымдардың қалыптасуы және дамуы. Ч.Дарвиннің эволюциялық	10.2.5.1 К.Линней мен Ж.Б. Ламарк еңбектерінің негізгі қағидаларын оқып зерттеу;

Эволюциялық даму	ілімінің негізгі қағидалары. Эволюцияның қазіргі заман теориясының пайда болуы	10.2.5.2 Эволюция ілімінің қалыптасуындағы. Ч.Дарвин еңбектерінің ролін түсіндіру
	Эволюцияның қозғаушы күштері. Табиғи сұрыпталу нәтижесіндегі бейімделушілік. Эволюциялық үдерістегі өзгергіштіктің ( мутация-лық, комбинтивтік) рөлі. Табиғи сұрыпталу, оның түрлері ( қозғаушы және тұрақтандырушы). Тіршілік үшін күрес (түршілік, тұраралық). Модельдеу " Бейімдел-гіштікті табиғи сұрыпталу нәтижесі ретінде зерттеу (көбелек)"	10.2.5.3 эволюцияның қозғаушы күштерін сипаттау; 10.2.5.4 ағзалардың бейімделудегі табиғи сұрыпталудың ролін сипаттау
	"Түр" ұғымының анықтамасы. Түрдің құрылымы. Түр критерийлері. "Түр түзілу" ұғымы. Түр түзілудің тәсілдері мен механизмдері	10.2.5.5 түрдің құрылымы мен критерийлерін сипаттау; 10.2.5.6 түр түзілу үдерісін түсіндіру

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 123 бұйрығына  
4-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына  
641-қосымша

**Есту қабілеті зақымдалған (естімейтіндер) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Физика" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Негізгі орта білім беру деңгейінің есту қабілеті зақымдалған (естімейтін) 7-10 сыныптарына арналған "Физика" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (төменде – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5 баптың 6) тармағына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты – есту қабілеті зақымдалған оқушыларды физикалық білімдердің негізін меңгеруін, тиімді әлеуметтенуге бағытталған сөздік коммуникациясын, әлемге қарасты эмоционалдық-танымдық көзқарасын, мәдени-білімдік танымын кеңейту.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) білім алушылардың әлемнің қазіргі заманғы физикалық бейнесінің негізінде жатқан іргелі физикалық заңдар мен қағидаттар, табиғатты ғылыми танудың әдістері туралы білімдерін меңгеру;

2) сапалық және есептеу тапсырмаларын құрастыру және шешу біліктерін қалыптастыру;

3) тәжірибелік есептерді шығару барысында физикалық формулаларды таңдау, алынған нәтижелерді бағалау және оның дұрыстығын дәлелдеу біліктерін қалыптастыру;

4) оқушыларда физикалық тәжірибелер мен зерттеулерді жүзеге асыру дағдыларын қалыптастыру;

5) физиканы оқыту барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгерту.

4. Түзету-дамытушылық міндеттер:

1) коммуникативтік дағдыларын дамыту: ақпаратты нақты және сауатты жеткізу, мақалалар мен электронды құралдарды қоса отырып, түрлі дерек көздердің ақпараттарын пайдалану, ауызша сөйлеуге байланысты вариативті синтаксистік құрлымдарды меңгеру;

2) жеке және топтық жұмысқа қатысты тұлғалық жеке қабілеттерін дамыту;

3) оқу және зерттеу әрекетіне жауапкершілік тәрбиелеу;

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері**

5. Естімейтін оқушыларды оқыту барысында олардың психофизикалық, естіп сөйлеу, танымдық ерекшеліктеріне және жеке білім беру қажеттіліктерін ескеру қажет: тұжырымдамалық ойлау жеткілікті түрде дамымаған, мәтін есептерді талдау қиынға соғады, қате есептеу, кейбір түсініктерді қате түсіну және басқа да ойлау, сөйлеу тілі ерекшеліктері.

6. Естімейтін оқушыларды оқытудағы негізгі қағидалары:

1) оқытудағы қолжетімділік – оқушыларға ғылыми әдістерге жақын оқыту әдістерін пайдалануда материалдың қолжетімділігі және түсінікті болуы: бақылау, лабораториялық зерттеу, мәселелік жағдаяттарды туғызу, мәтіндерді қажетті иллюстративті және дидактикалық материалдармен қамту;

2) жекелік тәсіл – есту қабілеті зақымдалған оқушының білім алу үрдісін жекелендіру, тұлғаны жан-жақты дамыту және үйлесімділікті қалыптастыру, физика сабақтарында тұлғаның әлеуметтік маңызды қасиеттерін тәрбиелеу, шығармашылық қабілеттерін толықтай ашу және эмоционалды-ерік сферасын, психикалық үрдістерін түзету болып табылады;

3) көрнекілік қағидасы – оқушылардың абстрактылы түсініктерін қалыптастыруға, танымдық тәжірибені байытуға қажетті: суреттер, сызбалар, белгілер арқылы заттар мен іс-әрекеттерді демонстрациялау, шынай өмірдегі заттар немесе құбылыстарды

сезімталдықпен қабылдау негізінде білім, біліктілік, дағдыларды қалыптастыру қажеттілігімен сипатталады;

4) "Физика" пәнін оқыту барысында коммуникативті тәсіл – қарым-қатынас құралы ретінде сөйлеу тілін меңгеру және оқушыларды түрлі тілдік жағдайларда бағдарлауға үйретуге бағытталған.

7. Оқу процесіне түрлі әдістерді, тәсілдерді және формаларды енгізу физика пәні бойынша дайындық деңгейін көтеруге, логикалық ойлауын және белсенді сөйлеу тілін дамытуға, өз бетінше жұмыс жасауды ұйымдастырудағы біліктіліктері мен дағдыларының дамуына ықпал етеді. Қамтамасыз ету маңызды:

1) оқытудың түзетушілік бағыты: (естіп қабылдауын дамыту, жеке жағдаяттарда ым-ишара тілін пайдалану, сөздікпен жұмыс);

2) арнайы әдістемелік тәсілдерді таңдау;

3) сөйлеу тілін физикалық терминдермен байыту;

4) дыбыс күшейткіш аппараттары мен арнайы ақпараттық қолдау бағдарламаларын пайдалану .

8. Сабақ жоспарын құрастыру барысында қалыптастырылатын түсінік немесе біліктіліктің сипатын ескеру , оқушылардың әр кезеңдегі нақты білім деңгейін ескеру және бағдарламаны меңгеруін қадағалауды болжау қажет.

9. Әр сабақтың міндетті элементтері - тақырыпты атау, мақсат қою, сабақ жоспарын жазу және атау, негізгі түсініктерді ажырату және оларды меңгеру әдістері, іс-әрекет түрлерін атау және материалды меңгеруін тексеру тәсілдері, сөздікпен жұмыс.

10. Физика сабағы әрдайым алдыңғы тақырып бойынша білімдерін өзектендіруден басталады: оқушылар өтілген тақырып бойынша түсініктерді, ережелерді, тұжырымдамаларды естеріне түсіреді немесе тапсырмалар мен жаттығуларды орындайды. Жаңа тақырыппен таныстыруды терминдерді енгізуден бастаған жөн. Сабақ сонында оқылған материалды бекітуге мүмкіндік беретін сұрақтар, тәжірибелік немесе теориялық сұрақтар ұсынылады.

11. Білім беруді ұйымдастыру барысында жұмысты шағын топтарда, жұппен жүргізу тәжірибесін енгізу, конференциялар, практикумдар өткізу қажет.

12. "Физика" пәні бойынша оқыту бағдарламасын жүзеге асыру үшін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, арнайы құрал-жабдықтар және білім берудің қосалқы құралдыры қолданылады:

1) интерактивтік және проекциялық құралдар (проектор, интерактивті тақта);

2) білім берудің арнайы техникалық және компенсаторлық құралдары (фронталды оқыту іс-әрекетін қамтамасыз етуге арналған стационарлы дыбыс күшейткіш құралдар, ауызша сөйлеу экраны, жеке есту аппараттары, мультимедиялық компьютерлік сыныптар);

3) Интернет желісіндегі ақпараттық-білім беру ресурсына шектеусіз қолжетімділік.

13. Физика сабақтарында есту-сөйлеу тілін оңалтуды сапалы қамтамасыз ету үшін стационарлы және дыбыс күшейткіш аппараттар көмегімен білім алушылардың естіп-көріп қабылдауы арқылы сөйлеу тілін дамыту бойынша жұмыстар жүргізіледі; ауызша сөйлеу дағдылары жетілдіріледі.

14. Физикаға практикалық оқыту әдістерімен қатар тұжырымдамаларды, формулалар мен түсініктерді ашатын, арнайы терминалогияны қолдана отырып құбылыстарды анықтайтын, теориялық-тәжірибелік әдістер де қолданылады.

15. Оқулықтар, кестелер, анықтамалық материалдар, сонымен қатар естімейтін оқушылардың қосымша дерек көздерін пайдалануы, өз жазбаларын рәсімдеуі (конспектілерді) жұмыс уақыттың басым бөлігін алады.

16. Ымдау және дактильдік сөйлеу тілі сабақ барысында немесе сабақтан тыс уақытта естімейтін оқушыларға қандайда бір түсініктерді ұғындыру қиынға түскен уақытта қосалқы көмекші құрал ретінде пайдаланылады.

17. Естімейтін оқушыларды физикаға оқыту барысында арнайы дидактикалық ережелерді ұстану қажет: материалды дұрыс мөлшерлеу, материалдың қайталануын қамтамасыз ету, жаң-жақты бақылау, жаңа тақырыпқа біртіндеп кіру, білімді меңгерудің индуктивті жолдары мен дидуктивті жолдарының үйлесуі.

### **3-тарау. "Физика" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

18. "Физика" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 7 сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылына 68 сағатты;
- 2) 8 сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылына 68 сағатты;
- 3) 9 сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылына 68 сағатты;
- 4) 10 сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылына 68 сағатты құрайды;

19. Оқу пәнінің мазмұны 8 бөлімді қамтиды:

- 1) "Физикалық шамалар мен өлшемдер" бөлімі;
- 2) "Механика" бөлімі;
- 3) "Жылу физикасы" бөлімі;
- 4) "Электр және магнетизмы" бөлімі;
- 5) "Геометриялық оптика" бөлімі;
- 6) "Кванттық физика элементтері" бөлімі;
- 7) "Астрономия негіздері" бөлімі;
- 8) "Әлемнің қазіргі физикалық бейнесі" бөлімі.

20. "Физикалық шамалар мен өлшемдер" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) физика – табиғат туралы ғылым;
- 2) физикалық шамалар;
- 3) физикалық өлшемдер.

21. "Механика" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) кинематика негіздері;

- 2) динамика негіздері;
- 3) сақталу заңдары;
- 4) статика;
- 5) тербелістер мен толқындар.

22. "Жылу физикасы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) молекулярлық-кинетикалық теория негіздері;
- 2) термодинамика негіздері.

23. "Электр және магнетизмы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) электростатика негіздері;
- 2) электр тогы;
- 3) магнит өрісі;
- 4) электромагниттік тербелістер мен толқындар.

24. "Геометриялық оптика" бөлімі "Геометриялық оптика заңдары" бөлімшесін қамтиды.

25. "Кванттық физика элементтері" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) атом мен атом ядросының құрылысы;
- 2) радиоактивтілік;
- 3) элементар бөлшектер.

26. "Астрономия негіздері" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) жер және Ғарыш;
- 2) астрофизика элементтері.

27. "Әлемнің қазіргі физикалық бейнесі" "Физиканың дүниетанымдық мәні" бөлімшесін қамтиды.

28. 7-сыныпқа арналған "Физика" пәнінің базалық білім мазмұны:

1) "Физика – табиғат туралы ғылым". Физика – табиғат туралы ғылым, табиғатты зерттеудің ғылыми әдістері;

2) "Физикалық шамалар мен өлшемдер". Халықаралық бірліктер жүйесі; скаляр және векторлық физикалық шамалар; өлшемдер мен есептеулердің дәлдігі; үлкен және кіші сандарды ықшамдап жазу;

№ 1 зертханалық жұмыс: кішкентай денелердің өлшемін анықтау;

№ 2 зертханалық жұмыс: физикалық шамаларды өлшеу;

тәжірибелік жұмыс: сапалық және сандық есептер шығару; аспап шкаласындағы бөліктің құнын анықтау;

3) "Механикалық қозғалыс". Механикалық қозғалыс және оның сипаттамалары; санақ жүйесі; қозғалыстың салыстырмалылығы; түзусызықты бірқалыпты және бірқалыпсыз қозғалыстар; жылдамдық және орташа жылдамдықты есептеу; әртүрлі механикалық қозғалыстардың графиктері;

тәжірибелік жұмыс: сапалық және сандық есептер шығару; координатаның уақытқа тәуелділік графигін зерттеу;

4) "Тығыздық". Масса және денелердің массасын өлшеу; дұрыс және дұрыс емес пішінді денелердің көлемін өлшеу; заттың тығыздығы және тығыздықтың өлшем бірлігі; тығыздықты есептеу;

№ 3 зертханалық жұмыс: сұйықтар мен қатты денелердің тығыздығын анықтау; тәжірибелік жұмыс: сапалық және сандық есептер шығару; электрондық және иіндік таразыларды қолданып, әр түрлі денелердің массасын анықтау;

5) "Денелердің өзара әрекеттесуі". Инерция құбылысы; күш; тартылыс құбылысы және ауырлық күші; салмақ; деформация; серпімділік күші, Гук заңы; үйкеліс күші; үйкеліс әрекетін техникада ескеру; бір түзу бойымен денеге әсер еткен күштерді қосу; № 4 зертханалық жұмыс: серпімді деформацияларды зерделеу № 5 зертханалық жұмыс: сырғанау үйкеліс күшін зерттеу; тәжірибелік жұмыс: сапалық және сандық есептер шығару; динамометр көмегімен өлшеу; ауырлық күшін зерттеу; түрлі денелердің созылуын зерттеу;

6) "Қатты денелер, сұйықтар және газдардағы қысым". Газдардың, сұйықтардың және қатты денелердің молекулярлық құрылымы; қатты денелердегі қысым; сұйықтар мен газдардағы қысым, Паскаль заңы; қатынас ыдыстар; гидравликалық машиналар; атмосфералық қысым, атмосфералық қысымды өлшеу; манометрлер, сорғылар; кері итеруші күш; № 6 зертханалық жұмыс: Архимед заңын зерделеу; № 7 зертханалық жұмыс: дененің сұйықта жүзу шарттарын анықтау; тәжірибелік жұмыс: сапалық және сандық есептер шығару; кез-келген пішінді қатынас ыдыстардағы бірдей және әртүрлі сұйықтардың беттерінің орналасуын зерттеу; атмосфералық қысымның бар екендігін зерттеу; "Жұмыс және қуат". Механикалық жұмыс; қуат. тәжірибелік жұмыс: сапалық және сандық есептер шығару; жұмыстың мәнін график бойынша анықтау; ауырлық күші мен үйкеліс күшінің жұмысын салыстыру; транспорт түрлерінің қуатын бағалау;

7) "Энергия". Кинетикалық энергия; потенциалдық энергия; энергияның сақталуы және басқа түрге айналуы; тәжірибелік жұмыс: сапалық және сандық есептер шығару; үстел теннисіне арналған шариктің тебілу биіктігін анықтау;

8) "Жай механизмдер". Жай механизмдер; дененің массалық центрі; иіндіктің тепе-теңдік шарты; пайдалы әрекет коэффициенті; № 8 зертханалық жұмыс: Жазық фигураның массалар центрін анықтау; № 9 зертханалық жұмыс: иіндіктің тепе-теңдік шарттарын анықтау; № 10 зертханалық жұмыс: көлбеу жазықтықтың пайдалы әрекет коэффициентін анықтау; тәжірибелік жұмыс: сапалық және сандық есептер шығару; түсірілген күштің айналу осіне дейінгі қашықтыққа тәуелділігін зерттеу;

9) "Жер және Ғарыш". Аспан денелері туралы ғылым; Күн жүйесі; Күнтізбе негіздері (тәулік, ай, жыл);

10) 7- сыныптың "Физика" курсы қайталау.

29. 8-сыныпқа арналған "Физика" пәнінің базалық білім мазмұны:

1) 7- сыныптың "Физика" курсы қайталау;



2) "Жылулық құбылыстар". Жылулық қозғалыс, броундық қозғалыс, диффузия; температура, оны өлшеу тәсілдері, температураның шкалалары; ішкі энергия, ішкі энергияны өзгерту тәсілдері; жылуөткізгіштік, конвекция, сәуле шығару; табиғаттағы және техникадағы жылу берілу; жылу құбылыстарының тірі ағзалардың өмірлеріндегі ролі; жылу мөлшері, заттың меншікті жылу сыйымдылығы; отынның энергиясы; отынның меншікті жану жылуы; жылу үдерістеріндегі энергияның сақталу және басқа түрге айналу заңы; №1 зертханалық жұмыс: әртүрлі температурадағы суларды араластырғандағы жылу мөлшерлерін салыстыру; тәжірибелік жұмыс: денені қыздыру үшін қажетті немесе оны суытқанда бөлінетін жылу мөлшерін есептеу; заттың меншікті жылу сыйымдылығын анықтау; заттың агрегаттық күйлері өзгерген кездегі жылу мөлшерін есептеу; жылу мөлшерінің дене массасына тәуелділігін зерттеу; жылу мөлшерінің қыздыру температурасына тәуелділігін зерттеу; әртүрлі отынның жану тиімділігін бағалау;

3) "Заттың агрегаттық күйлері". Қатты денелердің балқуы және қатаюы, балқу температурасы, меншікті балқу жылуы; булану және конденсация; қаныққан және қанықпаған булар; қайнау, меншікті булану жылуы; қайнау температурасының атмосфералық қысымға байланыстылығын анықтау; №2 зертханалық жұмыс: мұздың меншікті балқу жылуын анықтау; тәжірибелік жұмыс: сапалық және сандық есептер шығару; заттың фазалық ауысу графигін зерттеу; мұздың балқу температурасын зерттеу; булану жылдамдығының әртүрлі факторларға тәуелділігін зерттеу;

4) "Термодинамика негіздері". Термодинамиканың бірінші заңы, газдың және будың жұмысы; жылу үдерістерінің қайтымсыздығы, термодинамиканың екінші заңы; жылу қозғалтқыштары; жылу қозғалтқыштарының пайдалы әрекет коэффициенті; Жылу машиналарын пайдаланудағы экологиялық мәселелер;

тәжірибелік жұмыс: сапалық және сандық есептер шығару; ішкі энергияның механикалық энергияға айналуын зерттеу; жылулық тепе-теңдік орныққандағы энергияның сақталу заңын зерттеу;

5) "Электростатика негіздері". Денелердің электрленуі, электр заряды; өткізгіштер мен диэлектриктер; электр зарядының сақталу заңы; қозғалмайтын зарядтардың өзара әрекеттесуі; Кулон заңы, элементар электр заряды; электр өрісі, электр өрісінің кернеулігі; электр өрісінің потенциалы және потенциалдар айырымы, конденсатор; тәжірибелік жұмыс: сапалық және сандық есептер шығару; бір-бірінен қандай-да бір арақашықтықта орналасқан және жіңішке жіпке ілінген екі бірдей ауа шарының әрекеттесуін зерттеу; электроскопты жасау;

6) "Тұрақты электр тогы". Электр тогы, электр тогы көздері; электр тізбегі және оның құрамды бөліктері, ток күші, кернеу; тізбек бөлігі үшін Ом заңы; өткізгіштің электр кедергісі; өткізгіштің меншікті кедергісі, реостат; өткізгіштерді тізбектей және параллель қосу; электр тогының жұмысы мен қуаты; электр тогының жылулық әсері, Джоуль-Ленц заңы; металдардағы электр кедергісінің температураға тәуелділігі; асқын

өткізгіштік; электрқызырғыш құралдар, қыздыру шамдары, қысқа тұйықталу, балқымалы сақтандырғыштар; электр тогының химиялық әсері (Фарадейдің заңы); №3 зертханалық жұмыс: электр тізбегін құрастыру және оның әртүрлі бөліктеріндегі ток күшін өлшеу; №4 зертханалық жұмыс: тізбек бөлігі үшін ток күшінің кернеуге тәуелділігін зерттеу; №5 зертханалық жұмыс: өткізгіштерді тізбектей қосуды зерделеу; №6 зертханалық жұмыс: өткізгіштерді параллель қосуды зерделеу; №7 зертханалық жұмыс: электр тогының жұмысы мен қуатын анықтау; Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; тізбектегі ток күшін өлшеу; тізбек бөліндегі кернеуді өлшеу; өткізгіш кедергісінің материал тегіне тәуелділігі; қыздыру шамының қуаты мен жұмысын өлшеу; тізбектей қосылған шамдардың ток қуатын зерттеу; параллель қосылған шамдардың ток қуатын зерттеу;

7) "Электромагниттік құбылыстар". Тұрақты магниттер, магнит өрісі; тогы бар түзу өткізгіштің магнит өрісі; тогы бар шарғының магнит өрісі; электромагниттер және оларды қолдану; магнит өрісінің тогы бар өткізгішке әрекеті, электроқозғалтқыш; электр өлшеуіш құралдар; электромагниттік индукция, генераторлар; №8 зертханалық жұмыс: тұрақты магниттің қасиеттерін оқып-үйрену және магнит өрісінің бейнесін алу; №9 зертханалық жұмыс: электромагнитті құрастыру және оның әсерін сынау; тәжірибелік жұмыс: сапалық және сандық есептер шығару; су компасын (құбылнамасын) жасау; магнит өрісінің түрлі материалдар арқылы өтуін зерттеу; түрлі тиындардың магниттік қасиеттерін зерттеу; үйкеліс арқылы магниттеу; магниттің қасиетіне температураның әсері;

8) 8 сыныптың "Физика" курсы қайталау.

30. 9-сыныпқа арналған "Физика" пәнінің базалық білім мазмұны:

1) 8 сыныптың "Физика" курсы қайталау;

2) "Жарық құбылыстары". Жарықтың түзу сызықты таралу заңы; жарықтың шағылуы, шағылу заңдары, жазық айналар; сфералық айналар, сфералық айна көмегімен кескін алу; жарықтың сынуы, жарықтың сыну заңы, толық ішкі шағылу; линзалар, линзаның оптикалық күші, жұқа линзаның формуласы; линзаның көмегімен кескін алу; көз - оптикалық жүйе, көздің көру кемшіліктері және оларды түзету әдістері; оптикалық аспаптар; №10 зертханалық жұмыс: шынының сыну көрсеткішін анықтау;

№11 зертханалық жұмыс: жұқа линзаның фокустық қашықтығын анықтау; практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; қарапайым перископты жасау; калейдоскопты жасау; жазық айнадағы кескінді зерттеу; ойыс айнаға түскен және шағылған стандартты сәулелердің жүрісі; жинағыш және шашыратқыш линзадағы негізгі сәулелердің жүрісі; көз бен фотоаппараттың оптикалық жүйелерін салыстыру;

3) "Кинематика негіздері". Механикалық қозғалыс; векторлар және оларға амалдар қолдану, вектордың координаталар осьтеріне түсірілген проекциялары; түзусызықты теңайнымалы қозғалыс, үдеу; түзусызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі жылдамдық және орын ауыстыру; дененің еркін түсуі, еркін түсу үдеуі; қисықсызықты

қозғалыс; материялық нүктенің шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалысы; сызықтық және бұрыштық жылдамдықтар; центрге тартқыш үдеу; №1 зертханалық жұмыс: теңүдемелі қозғалыс кезіндегі дененің үдеуін анықтау; №2 зертханалық жұмыс: горизонталь лақтырылған дененің қозғалысын зерделеу. Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; қозғалыстың салыстырмалылығы; денелердің қозғалысын сипаттау тәсілдері ;

4) "Динамика негіздері". Ньютонның бірінші заңы, инерциялық санақ жүйелері; механикадағы күштер; Ньютонның екінші заңы, масса; Ньютонның үшінші заңы; Бүкіләлемдік тартылыс заңы; дененің салмағы, салмақсыздық; денелердің ауырлық күшінің әрекетінен қозғалуы; Жердің жасанды серіктерінің қозғалысы;

тәжірибелік жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару, күшті өлшеудің практикалық тәсілдері, жердің ауырлық өрісіндегі дене қозғалысының параметрлерін есептеу, дененің еркін түсу үдеуін өлшеу;

5) "Сақталу заңдары". Дене импульсі және күш импульсі; импульстің сақталу заңы; реактивті қозғалыс; механикалық жұмыс және энергия; энергияның сақталу және айналу заңы;

тәжірибелік жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; дененің кинетикалық энергиясының өзгеруіне қатысты күштің жұмысын салыстыру; денелердің соқтығысуы кезіндегі импульстің сақталу заңын зерттеу;

6) "Тербелістер мен толқындар". Тербелмелі қозғалыс; тербелістер кезіндегі энергияның түрленуі; тербелмелі қозғалыстың теңдеуі; математикалық және серіппелі маятниктердің тербелістері; еркін және еріксіз тербелістер, резонанс; еркін электромагниттік тербелістер; толқындық қозғалыс; дыбыс, дыбыстың сипаттамалары, акустикалық резонанс, жаңғырық; электромагниттік толқындар; электромагниттік толқындар шкаласы; лабораторная работа №3 зертханалық жұмыс: математикалық маятниктің көмегімен еркін түсу үдеуін анықтау; №4 зертханалық жұмыс: сапалық және сандық есептер шығару; әр түрлі маятниктер тербелісінің периодын есептеу; еркін және еріксіз тербелістерді зерттеу; толқындардың сипаттамасын зерттеу; ұялы телефонның жұмыс істеу принципі; аналогті сигналдың берілуі; Морзе әліппесі;

7) 9 сыныптың "Физика" курсы қайталау.

31. 10-сыныпқа арналған "Физика" пәнінің базалық білім мазмұны:

1) 9 сыныптың "Физика" курсы қайталау

2) "Астрономия негіздері". Жұлдызды аспан; аспан сферасы, аспан координаталарының жүйесі; әртүрлі географиялық ендіктегі аспан шырақтарының көрінерлік қозғалысы, жергілікті, белдеулік және бүкіләлемдік уақыт; Күн жүйесіндегі ғаламшарлардың қозғалыс заңдары; Күн жүйесі денесіне дейінгі ара қашықтықты параллакс әдісімен анықтау;

3) "Атом құрылысы, атомдық құбылыстар". Жылулық сәуле шығару; жарық кванттары туралы Планк гипотезасы; фотоэффект құбылысы; рентген сәулелері;

радиоактивтілік; радиоактивті сәулеленудің табиғаты; Резерфорд тәжірибесі, атомның құрамы.

4) "Атом ядросы". Ядролық өзара әрекеттесу, ядролық күштер; массалар ақауы, атом ядросының байланыс энергиясы; ядролық реакциялар, радиоактивті ыдырау заңы; ауыр ядролардың бөлінуі, тізбекті ядролық реакция; ядролық реактор; термоядролық реакциялар; радиоизотоптар, радиациядан қорғану; элементар бөлшектер;

5) "Әлемнің қазіргі физикалық бейнесі". Физика және астрономияның дүниетанымдық маңызы; экологиялық мәдениет;

б) зертханалық тәжірибе;

7) 7-10 сыныптың "Физика" курсының қайталауы.

#### 4-тарау. Оқыту мақсатының жүйесі

32. Бағдарламадағы білім беру мақсаттары кодтардан тұрады. Бағдарламадағы бірінші сан сыныпты білдіреді, екінші және үшінші сандар – бөлім және бөлімше, төртінші сан берілген бөлімшедегі реттік санды көрсетеді.. Мысалы, 7.2.1.4 кодында "7" – сынып, "2.1" – бөлім және бөлімше, "4" – білім беру мақсатының нөмірі.

33. Бөлімдер бойынша әр сынып бойынша күтілетін нәтижелер:

1) "Физикалық шамалар мен өлшемдер" бөлімі:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
1.1 Физика – табиғат туралы ғылым	7.1.1.1 физикалық құбылыстарға мысалдар келтіру; 7.1.1. табиғатты зерттеудің ғылыми әдістерін білу			
1.2 Физикалық шамалар	7.1.2.1 Физикалық шамалар және олардың өлшем бірліктерін Халықаралық бірліктер жүйесінде білу; 7.1.2.2 скаляр және векторлық физикалық шамаларды ажырату және мысалдар келтіру; 7.1.2.3 үлкен және кіші сандарды жазған кезде еселік және үлестік қосымшаларды білу			

	және қолдану, санды стандартты түрде жазу			
1.3 Физикалық өлшемдер	7.1.3.1 дененің ұзындығын, көлемін, температурасын және уақытты өлшеу, өлшеу нәтижелерін аспаптардың қателіктерін есепке ала отырып жазу; 7.1.3.2 кішкентай денелердің өлшемін қатарлау әдісі арқылы анықтау; 7.1.3.3 физика кабинетінде техникалық қауіпсіздікті сақтау	8.1.3.1 эксперимент-тен деректерін жинақтау, талдау және өлшеу және қателіктерін ескеріп жазу; 8.1.3.2 определять факторы, влияющие на проведение эксперимента; 8.1.3.3 физика кабинетінде техникалық қауіпсіздікті сақтау	9.1.3.1 алған нәтижені түсіндіру және қорытынды жасау 9.1.3.2 анализировать факторы, влияющие на результат эксперимента, 9.1.3.3 физика кабинетінде техникалық қауіпсіздікті сақтау	10.1.3.1 алған нәтижені түсіндіру және қорытынды жасау 10.1.3.2 анализировать факторы, влияющие на результат эксперимента, 10.1.3.3 физика кабинетінде техникалық қауіпсіздікті сақтау

## 2) "Механика" бөлімі:

### 2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
			9.2.1.1 материялық нүкте, санақ жүйесі, механикалық қозғалыстың салыстырмалылығы ұғымдарының мағынасын түсіндіру, жылдамдықтарды қосу және орын ауыстыру теоремаларын қолдану; 9.2.1.2 векторларды қосу, азайту, векторды скалярға көбейту; 9.2.1.3 вектордың координаталар остеріне проекцияларын анықтау, векторларды құраушыларға жіктеу; 9.2.1.4 уақытқа тәуелділік графиктерінен орын	
	7.2.1.1 келесі терминдердің			

2.1 Кинематика негіздері

физикалық мағынасын түсіндіру - материялық нүкте, санақ жүйесі, қозғалыстың салыстырмалылығы, траектория, жол, орын ауыстыру;

7.2.1.2 механикалық қозғалыстың салыстырмалылығына мысалдар келтіру;

7.2.1.3 тұзу сызықты бірқалыпты қозғалысты және бірқалыпсыз қозғалысты ажырата білу;

7.2.1.4 қозғалыстағы дененің жылдамдығы мен орташа жылдамдығын есептеу;

7.2.1.5  $s$  -тің  $t$ -ға тәуелділік графигін тұрғызу да координата осьтерінде және кестелерде өлшем бірліктерін дұрыс белгілеу;

7.2.1.6 дененің орын ауыстыруының уақытқа тәуелділік графигінен келесі жағдайларды анықтау: дененің тыныштық күйін, тұрақты жылдамдықпен қозғалысын;

7.2.1.7 бірқалыпты қозғалған дененің орын ауыстыруының уақытқа тәуелділік графигінен жылдамдығын анықтау

ауыстыру, жылдамдық, үдеуді анықтау;

9.2.1.5 тұзу сызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі жылдамдық және үдеу формулаларын есептер шығаруда қолдану;

9.2.1.6 тұзу сызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі координата мен орын ауыстыру теңдеулерін есептер шығаруда қолдану;

9.2.1.7 тең үдемелі қозғалыс кезіндегі дененің үдеуін эксперименттік жолмен анықтау;

9.2.1.8 тең үдемелі қозғалыс кезіндегі орын ауыстырудың және жылдамдықтың уақытқа тәуелділік графигтерін тұрғызу және оларды түсіндіру;

9.2.1.9 еркін түсуді сипаттау үшін теңайнымалы қозғалыстың кинематикалық теңдеулерін қолдану;

9.2.1.10 теңайнымалы және бірқалыпты қозғалыстың кинематикалық теңдеулерін қолданып, горизонталь лақтырылған дененің қозғалысын сипаттау;

9.2.1.11 горизонталь лақтырылған дененің қозғалыс

			<p>жылдамдығын анықтау;</p> <p>9.2.1.12 горизонталь лақтырылған дененің қозғалыс траекториясын сызу ;</p> <p>9.2.1.13 дененің шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалысын сызықтық және бұрыштық шамаларды пайдалана сипаттау;</p> <p>9.2.1.14 сызықтық және бұрыштық жылдамдықты байланыстыратын өрнекті есептер шығаруда қолдану;</p> <p>9.2.1.15 центрге тартқыш үдеу формуласын есептер шығаруда қолдану</p>	
	<p>7.2.2.1 инерция құбылысын түсіндіру және мысалдар келтіру;</p> <p>7.2.2.2 күнделікті өмірден күштердің әрекет етуіне мысалдар келтіру;</p> <p>7.2.2.3 пластикалық және серпімді деформацияларды ажырату, мысалдар келтіру;</p> <p>7.2.2.4 серпімділік күшінің серіппенің ұзаруына тәуелділік графигінен қатаңдық коэффициентін анықтау;</p> <p>7.2.2.5 Гук заңының формуласы бойынша серпімділік күшін есептеу;</p> <p>7.2.2.6 тыныштық, домалау және</p>		<p>9.2.2.1 инерция, инерттілік және инерциялық санақ жүйесі ұғымдарының мағынасын түсіндіру;</p> <p>9.2.2.2 Ньютонның бірінші заңын тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану;</p> <p>9.2.2.3 ауырлық күші табиғатын, ауырлық күшінің, серпімділік күшінің,</p>	

<p>2.2 Динамика негіздері</p>	<p>сырғанау үйкелістерін сипаттау;  7.2.2.7 үйкеліс күшінің пайдасы мен зиянына мысалдар келтіру;  7.2.2.8 күштерді берілген масштабта графикалық түрде көрсету;  7.2.2.9 денеге бір түзудің бойымен әрекет ететін күштердің тең әрекетті күшінің модулі мен бағытын анықтау;  7.2.2.10 масса, салмақ және ауырлық күші ұғымдарын ажырату;  7.2.2.11 электронды, серіппелі, иінді таразылардың көмегімен дененің массасын өлшеу;  7.2.2.12 әртүрлі пішіндегі қатты дененің немесе сұйықтың көлемін өлшеу үшін өлшеуіш цилиндрді( мензурка) қолдану;  7.2.2.13 тығыздықтың физикалық мағынасын түсіндіру;  7.2.2.14 сұйықтар мен қатты денелердің тығыздығын тәжірибе арқылы анықтау;  7.2.2.15 тығыздықтың формуласын есептер шығаруда қолдану</p>		<p>үйкеліс күшінің табиғатын түсіндіру;  ;  9.2.2.4 Ньютонның екінші заңын тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану;  9.2.2.5 Ньютонның үшінші заңын тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану;  9.2.2.6 бүкіләлемдік тартылыс заңын тұжырымдау және оны есептер шығаруда қолдану;  9.2.2.7 ғарыш аппараттардың орбиталарын салыстыру;  9.2.2.8 тартылыс өрісіндегі дененің қозғалысын сипаттайтын шамаларды анықтау;  ;  9.2.2.9 бірінші ғарыштық жылдамдықтың формуласын есептер шығаруда қолдану;  9.2.2.10 үдеумен қозғалған дененің салмағын анықтау;  9.2.2.11 салмақсыз-дық күйді түсіндіру</p>	
	<p>7.2.3.1 механикалық жұмыс деген</p>			



<p>2.3 Сақталу заңдары</p>	<p>физикалық ұғымның мағынасын түсіндіру;  7.2.3.2 различать два вида механической энергии  7.2.3.3 кинетикалық энергия формуласын есептер шығаруда қолдану;  7.2.3.4 жоғары көтерілген дене үшін потенциалдық энергиясының және серпімді дененің формуласын қолдану;  7.2.3.5 энергияның түрленуіне мысалдар келтіру;  7.2.3.6 механикалық энергияның сақталу заңын есептер шығаруда қолдану;  7.2.3.7 қуат ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру;  7.2.3.8 механикалық жұмыс пен қуаттың формулаларын есептер шығаруда қолдану</p>		<p>9.2.3.1 дене импульсі мен күш импульсін ажырату;  9.2.3.2 импульстің сақталу заңын тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану;  9.2.3.3 табиғаттағы және техникадағы реактивті қозғалысқа мысалдар келтіру;  9.2.3.4 Байқоңыр ғарыш айлағының аймақтық және халықаралық маңыздылығына баға беру;  9.2.3.5 механикалық жұмысты аналитикалық және графиктік тәсілмен анықтау;  9.2.3.6 жұмыс пен энергияның байланысын түсіндіру;  9.2.3.7 энергияның сақталу заңын тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану</p>	<p>10.2.3.1 тербеліс үрдісіндегі энергияны сақтау заңдылықтарын тұжырымдау және оны есеп шығару кезінде пайдалана алу</p>
	<p>7.2.4.1 "Механиканың алтын ережесін" тұжырымдау және қарапайым механизмдердің қолданылуына мысалдар келтіру;  7.2.4.2 күш моменті ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру;  7.2.4.3 жазық фигураның массалық центрін</p>			

<p>2.4 Статика</p>	<p>тәжірибеде анықтау ;  7.2.4.4 тепе-теңдікте тұрған денелер үшін күш моменттер ережесін тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану;  7.2.4.5 тәжірибеде иіндіктің тепе-теңдік шарттарын анықтау  7.2.4.6 көлбеу жазықтықтың пайдалы әсер коэффициентін тәжірибеде анықтау</p>			
				<p>10.2.5.1 еркін және еріксіз тербелістерге мысалдар келтіру;  10.2.5.2 тәжірибелік түрде амплитуда, период, жиілікті анықтау;  10.2.5.3 формулаларды қолданып, период, жиілік, циклдік жиілікті анықтау;  10.2.5.4 тербелмелі процесте энергияның сақталу заңын сипаттау;  10.2.5.5 гармоника-лық тербелістердің графиктері бойынша координатаның, жылдамдықтың және үдеудің теңдеулерін жаза білу;  10.2.5.6 әртүрлі тербелмелі жүйедегі тербелістің пайда болу себептерін түсіндіру;  10.2.5.7 маятниктер тербелісі периодының</p>

2.5 Тербелістер мен толқындар

әртүрлі параметрлерге тәуелділігін зерттеу;  
10.2.5.8 математика-лық маятник периодының формуласынан еркін түсу үдеуін анықтау;  
10.2.5.9 период квадратының маятник ұзындығына тәуелділік графигін тұрғызу және талдау;  
10.2.5.10 еріксіз тербеліс амплитудасының мәжбүрлеуші күштің жиілігіне тәуелділігін график бойынша сипаттау;  
10.2.5.11 резонанс құбылысын сипаттау;  
10.2.5.12 толқын жылдамдығы, жиілігі және толқын ұзындығы формулаларын есеп шығаруда қолдану;  
10.2.5.13 көлденең және бойлық толқындарды салыстыру;  
10.2.5.14 үстіңгі толқындардың таралу жылдамдығын эксперимент түрінде анықтау;  
10.2.5.15 дыбыстың пайда болу және таралу шарттарын атау;  
10.2.5.16 дыбыс сипаттамаларын дыбыс толқындарының жиілігі және амплитудасымен сәйкестендіру;

				<p>10.2.5.17 резонанстың пайда болу шарттарын атау және оның қолданылуына мысалдар келтіру;</p> <p>10.2.5.18 жаңғырық-тың пайда болу табиғатын және оны қолдану әдістерін сипаттау;</p> <p>10.2.5.19 табиғатта және техникада ультрадыбыс пен инфрадыбысты қолдануға мысалдар келтіру</p>
--	--	--	--	---

### 3) "Жылу физикасы" бөлімі:

#### 3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
	<p>7.3.1.1 заттардың молекулярлық құрылысы негізінде, газдардың сұйықтар мен қатты денелердің құрылымын сипаттау;</p> <p>7.3.1.2 қысымның физикалық мағынасын түсіндіру және өзгерту әдістерін сипаттау;</p> <p>7.3.1.3 есептер шығаруда қатты дененің қысымының формуласын қолдану;</p> <p>7.3.1.4 газ қысымын молекулярлық құрылым негізінде түсіндіру;</p> <p>7.3.1.5 сұйықтықтағы гидростатикалық қысымның формуласын шығару және оны</p>	<p>8.3.1.1 молекулярлық-кинетикалық теорияның негізгі қағидаларын дәлелдейтін мысалдар келтіру</p>		

<p>3 . 1 Молекулярлық-кинетикалық теория негіздері</p>	<p>есептер шығаруда қолдану; 7.3.1.6 қатынас ыдыстардың қолданылуына мысалдар келтіру; 7.3.1.7 гидравликалық машиналардың жұмыс істеу принципін сипаттау ; 7.3.1.8 гидравликалық машиналарды қолдану кезіндегі күштен ұтысты есептеу; 7.3.1.9 атмосфералық қысымның табиғатын түсіндіру және оны өлшеудің әдістерін түсіндіру; 7.3.1.10 манометр мен сорғылардың жұмыс істеу принципін сипаттау ; 7.3.1.11 кері итеруші күшті анықтау және оның сұйыққа батырылған дененің көлеміне тәуелділігін зерттеу; 7.3.1.12 сұйықтар мен газдардағы кері итеруші күштің табиғатын түсіндіру ; 7.3.1.13 есептер шығару кезінде Архимед заңын қолдану; 7.3.1.14 дененің сұйықта жүзу шарттарын зерттеу</p>	<p>және тәжірибені сипаттау; 8.3.1.2 температураның мәндерін әр түрлі шкала (Цельсий, Кельвин) бойынша өрнектеу ; 8.3.1.3 температураны өлшеуді жылулық ұлғаю негізінде сипаттау; 8.3.1.4 молекула-кинетикалық теория негізінде қатты күйден сұйыққа және кері айналуы сипаттау; 8.3.1.5 молекула-кинетикалық теория негізінде заттың сұйық күйден газ күйіне және кері айналуын сипаттау;</p>		
		<p>8.3.2.1 дененің ішкі энергиясын өзгерту тәсілдерін сипаттау;</p>		

8.3.2.2 жылу берілудің түрлерін салыстыру;

8.3.2.3 техникада және тұрмыста жылу берілу түрлерінің қолданылуына мысалдар келтіру;

8.3.2.4 әртүрлі температураға тірі ағзалардың бейімделуі, мысалдар келтіру;

8.3.2.5 жылу алмасу процесі кезінде алған немесе берген жылу мөлшерін анықтау;

8.3.2.6 заттың меншікті жылу сыйымдылығының мағынасын түсіндіру;

8.3.2.7 отынның жануы кезінде бөлінген кезде жылу мөлшерін анықтау формуласын пайдалану;

8.3.2.8 жылу құбылыстарындағы энергияның сақталу және айналу заңын зерттеу;

8.3.2.9 есеп шығару кезінде жылулық тепе-теңдік теңдеуін есептер шығаруда қолдану;

8.3.2.10 балқу, кристалдану кезіндегі жұтылатын/ бөлінетін жылу мөлшерінің формуласын есептер шығаруда;

8.3.2.11 заттың балқу және қатаю процесі кезіндегі температураның

3.2 Термодинамика  
негіздері

уақытқа тәуелділік  
графигін талдау;

8.3.2.12

эксперимент  
көмегімен мұздың  
меншікті балку  
жылуын анықтау;

8.3.2.13 булану

ж ә н е

конденсациялану  
кезіндегі

температураның  
уақытқа тәуелділік  
графигін талдау;

8.3.2.14 су буының  
мысалында қанығу  
күйін сипаттау;

8.3.2.15 меншікті  
булану жылуын  
анықтау;

8.3.2.16 қайнау  
температурасының  
сыртқы қысымға  
тәуелділігін

түсіндіру;

8.3.2.17

термодинамиканың  
бірінші заңының  
мағынасын  
түсіндіру;

8.3.2.18

термодинамиканың  
екінші заңының  
мағынасын  
түсіндіру;

8.3.2.19 жылу  
қозғалтқышының  
пайдалы әсер  
коэффициентін  
анықтау;

8.3.2.20 іштен жану  
қозғалтқышының,  
бу турбинасының  
жұмыс істеу  
принципін сипаттау  
;

8.3.2.21 жылу  
қозғалтқыштарын  
жетілдіру жолдарын  
ұсыну;

8.3.2.22 жылу  
қозғалтқыштарында

	ғы энергияның түрленуін сипаттау; 8.3.2.23 жылу машиналарының қоршаған ортаның экологиясына әсерін бағалау	
--	---	--

#### 4) "Электр және магнетизм" бөлімі:

##### 4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
4.1 Электростатика негіздері		8.4.1.1 электр зарядын сипаттау; 8.4.1.2 үйкеліс арқылы денені электрлендіру және индукция құбылысын түсіндіру; 8.4.1.3 электрленудің оң және теріс әсерлеріне мысалдар келтіру; 8.4.1.4 электр зарядының сақталу заңын түсіндіру; 8.4.1.5 Кулон заңын есептер шығаруда қолдану; 8.4.1.6 электр өрісі және оның күштік сипаттамасы ұғымдарының физикалық мағынасын түсіндіру; 8.4.1.7 біртекті электростатикалық өрістегі зарядқа әсер етуші күшті есептеу; 8.4.1.8 электр өрісін күш сызықтар арқылы графиктік кескіндеу; 8.4.1.9 потенциалдың физикалық мағынасын түсіндіру;		



	8.4.1.10 конденсатор-лардың құрылысын және қолданылуын сипаттау		
	8.4.2.1 электр тогының пайда болып және қолдану жағдайын түсіндіру 8.4.2.2 электр схемасын графикалық бейнелеуде электр тізбегі элементтерінің шартты белгілерін қолдану; 8.4.2.3 кернеудің физикалық мағынасын, оның өлшем бірлігін түсіндіру; 8.4.2.4 электр тізбегіндегі ток күші мен кернеуді өлшеу; 8.4.2.5 тұрақты температурада металл өткізгіштің вольт-амперлік сипаттамасын графикалық түрде бейнелеу және түсіндіру; 8.4.2.6 тізбек бөлігі үшін Ом заңын есептер шығаруда қолдану; 8.4.2.7 кедергінің физикалық мағынасын, оның өлшем бірлігін түсіну; 8.4.2.8 есеп шығарғанда өткізгіштің меншікті кедергісін формуласын қолдану; 8.4.2.9 өткізгіштерді тізбектей жалғаудың заңдылықтарын		10.3.1.2 физика кабинетінде техникалық

<p>4.2 Электр тогы</p>	<p>7.3.1.2 физика кабинетінде техникалық қауіпсіздікті білу және сақтау</p>	<p>эксперимент арқылы анықтау;        8.4.2.10 өткізгіштерді параллель жалғаудың заңдылықтарын эксперимент арқылы анықтау;        8.4.2.11 өткізгіштерді тізбектей және параллель жалғауда тізбек бөлігі үшін Ом заңын қолданып, электр тізбектеріне есептеу;        8.4.2.12 өткізгіштерді тізбектей және параллель жалғауда тізбек бөлігі үшін Ом заңын қолданып, электр тізбектеріне есептеулер жүргізу;        8.4.2.13 Джоуль-Ленц заңын есептер шығару үшін қолдану;        8.4.2.14 эксперимент көмегімен электр тогының жұмысы мен қуатын анықтау;        8.4.2.15 кВтсағ өлшем бірлігін қолданып, электр энергиясының құнын практикалық есептеулермен алу        8.4.2.16 металл өткізгіштердегі электр тогын және оның кедергісінің температураға тәуелділігін сипаттау;        8.4.2.17 қысқа тұйықталудың пайда болу себептерін және</p>	<p>9.3.1.2 физика кабинетіндегі техникалық қауіпсіздікті білу және сақтау</p>	<p>қауіпсіздікті білу және сақтау</p>
------------------------	---	--	---	---------------------------------------

		алдын алу амалдарын түсіндіру; 8.4.2.18 сұйықтардағы электр тогын сипаттау		
4.3 Магнит өрісі	7.4.3.1 физика кабинетінде техникалық қауіпсіздікті білу және сақтау	8.4.3.1 магниттердің негізгі қасиеттеріне сипаттау және магнит өрісін күш сызықтары арқылы графикалық бейнелеу; 8.4.3.2 магнит өрісінің қасиеттерін түсіндіру; 8.4.3.3 тогы бар түзу өткізгіштің және соленоидтің айналасында магнит өрісі сызықтарының бағытын анықтау; 8.4.3.4 жолақ магнит пен соленоидтың магнит өрістерін салыстыру; 8.4.3.5 магнит өрісінің тогы бар өткізгішке әсерін сипаттау; 8.4.3.6 электр қозғалтқыштың және электр өлшеуіш құралдардың жұмыс істеуін түсіндіру; 8.4.3.7 электромагниттік индукция құбылысын сипаттау; 8.4.3.8 Қазақстанда және дүние жүзінде электр энергиясын өндірудің мысалдарын келтіру	9.4.3.1 физика кабинетінде техникалық қауіпсіздікті білу және сақтау	10.4.3.1 физика кабинетінде техникалық қауіпсіздікті білу және сақтау
				10.4.4.1 тербелмелі контурдағы еркін электромагниттік тербелістерді сапалы сипаттау;

<p>4 . 4 Электромагниттік тербелістер мен толқындар</p>			<p>10.4.4.2 механикалық толқындар мен электромагниттік толқындардың ұқсастығы мен айырмашылығын салыстыру; 10.4.4.3 электромагниттік толқындар шкаласын сипаттау және әртүрлі диапазондағы толқындардың қолданылуына мысалдар келтіру; 10.5.4.4 шыны призма арқылы өткен жарықтың дисперсиясына сапалы сипаттау</p>
---	--	--	---

5) "Геометриялық оптика" бөлімі:

5-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
			<p>9.5.1.1 Күннің және Айдың тұтылуын графикалық бейнелеу; 9.5.1.2 эксперимент арқылы түсу және шағылу бұрыштарының тәуелділігін анықтау; 9.5.1.3 айналық және шашыранды шағылудың мысалдарын келтіру және түсіндіру; 9.5.1.4 жазық айнада дененің кескінін алу және оны сипаттау; 9.5.1.5 дененің кескінін алу үшін сфералық айнада сәуленің жолын салу және алынған кескінді сипаттау;</p>	

5.1 Геометриялық  
оптика заңдары

9.5.1.6 жазық параллель пластинада сәуленің жолын салу;  
9.5.1.7 жарықтың сыну заңын пайдаланып есептер шығару;  
9.5.1.8 тәжірибеге сүйене отырып толық ішкі шағылу құбылысын түсіндіру;  
9.5.1.9 экспериментте шынының сыну көрсеткішін анықтау;  
9.5.1.10 сыну көрсеткішінің анықталған мәнін кестелік мәндермен салыстыру және эксперимент нәтижесін бағалау;  
9.5.1.11 жұқа линза формуласын есептер шығарғанда қолдану;  
9.5.1.12 линзаның сызықтық ұлғаю формуласын сандық және графиктік есептер шығарғанда қолдану;  
9.5.1.13 жұқа линзада сәуленің жолын салу және кескінге сипаттау;  
9.5.1.14 жұқа линзаның фокустық қашықтығын және оптикалық күшін анықтау;  
9.5.1.15 көздің алыстан көргіштігі мен жақыннан көргіштігін түзетуді сипаттау;  
9.5.1.16 қарапайым оптикалық

күралдарды (перископ) құрастыру

б) "Кванттық физика элементтері" бөлімі:  
кесте 6

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
6.1 Атом мен атом ядросының құрылысы				10.6.1.1 сәулелік энергияның температураға тәуелділігін сипаттау; 10.6.1.2 Планк формуласын есептер шығаруда қолдану; 10.6.1.3 фотоэффект құбылысын сипаттау және фотоэффект құбылысын пайдаланылуына мысалдар келтіру; 10.6.1.4 фотоэффект үшін Эйнштейн формуласын есептер шығаруда қолдану; 10.6.1.5 рентген сәулесін электромагниттік сәулелердің басқа түрлерімен салыстыру; 10.6.1.6 рентген сәулесін қолдануға мысалдар келтіру; 10.6.1.7 альфа бөлшегінің шашырауы бойынша Резерфорд тәжірибесін сипаттау; 10.6.1.8 ядролық күштердің қасиеттерін сипаттау 10.6.1.9 атом ядросының масса ақауын анықтау; 10.6.1.10 атом ядросының

			байланыс энергиясы формуласын есептер шығаруда қолдану; 10.6.1.11 ядролық реакцияның теңдеуін шешуде зарядтық және массалық сандардың сақталу заңын қолдану
6.2 Радиоактивтілік			10.6.2.1 а, б және g - сәулеленудің табиғаты мен қасиеттерін түсіндіру; 10.6.2.2 радиоактивті ыдыраудың ықтималдық сипатын түсіндіру; 10.6.2.3 радиоактивті ыдырау заңын есептер шығаруда қолдану; 10.6.2.4 тізбекті ядролық реакциялардың өту шарттарын сипаттау; 10.6.2.5 ядролық реактордың жұмыс істеу принципін сипаттау; 10.6.2.6 ядролық реактордың жұмыс істеу принципін сипаттау; 10.6.2.7 радиоактивті изотоптарды қолданудың мысалдарын келтіру; 10.6.2.8 радиациядан қорғану әдістерін сипаттау;
6.3 Элементар бөлшектер			10.6.3.1 элементар бөлшектерді жіктеу

7) "Астрономия негіздері" бөлімі:

7-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
7.1 Жер және Ғарыш	<p>7.7.1.1 геоцентрлік және гелиоцентрлік жүйелерді салыстыру;</p> <p>7.7.1.2 Күн жүйесінің нысандарын жүйелеу;</p> <p>7.7.1.3 жыл мезгілдерінің ендіктерге байланысты ауысуын және күн мен түннің ұзақтығын түсіндіру</p>			
7.2 Астрофизика элементтері			<p>9.2.1.1 абсолюттік және көрінерлік жұлдыздық шамаларды ажырату;</p> <p>9.7.2.2 жұлдыздыр-дың жарқырауына әсер ететін факторларды атау;</p> <p>9.7.2.3 аспан сферасының негізгі элементтерін атау;</p> <p>9.7.2.4 жұлдызды аспанның жылжымалы картасынан жұлдыздардың а с п а н координатасын анықтау;</p> <p>9.7.2.5 әртүрлі ендіктегі жұлдыздардың шарықтау айырмашылығын түсіндіру;</p> <p>9.7.2.6 жергілікті, белдеулік және бүкіләлемдік у а қ ы т т ы сәйкестендіру;</p> <p>9.7.2.7 Кеплер заңдарының</p>	



			негізінде аспан денелерінің қозғалысын түсіндіру; 9.7.2.8 Күн жүйесіндегі денелердің ара қашықтығы мен өлшемдерін анықтау үшін параллакс әдісін қолдануды түсіндіру	
--	--	--	--	--

8) "Астрономия негіздері" бөлімі:

8-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
8.1 Физиканың дүниетанымдық мәні				10.8.1.1 адамның дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына физика және астрономияның дамуының әсерін түсіндіру; 10.8.1.2 жаңа технологиялардың қоршаған ортаға әсерінің артықшылығы мен қауіптілігін бағалау

34. Бағдарлама есту қабілеті зақымдалған (естімейтіндер) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Физика" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады.

35. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Негізгі орта білім беру  
деңгейінің  
7 – 10 - сыныптарына арналған  
"Физика" оқу пәнінен  
жаңартылған мазмұндағы  
Үлгілік оқу бағдарламасына  
қосымша

**Негізгі орта білім беру деңгейінің есту қабілеті зақымдалған (естімейтін) 7-10 сыныптарына арналған "Физика" пәнінен жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

1) 7-сынып :

1-кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
7.1 Физика – табиғат туралы ғылым	Физика – табиғат туралы ғылым	7.1.1.1 физикалық құбылыстарға мысалдар келтіру
	Табиғатты зерттеудің ғылыми әдістері	7.1.1.2 табиғатты зерттеудің ғылыми әдістерін айту
7.1 Физикалық шамалар мен өлшемдер	Халықаралық бірліктер жүйесі	7.1.2.1 физикалық шамалар жүйесіндегі өлшем бірліктерімен сәйкестендіру
	Скаляр және векторлық физикалық шамалар	7.1.2.2 скаляр және векторлық физикалық шамалар ажырату және мысалдар келтіру
	Өлшемдер мен есептеулердің дәлдігі. Үлкен және кіші сандарды ықшамдап жазу . №1 зертханалық жұмыс. " Кішкентай денелердің өлшемін анықтау" №2-зертханалық жұмыс. " Физикалық шамаларды өлшеу"	7.1.2.3 үлкен және кіші сандарды жазған кезде еселік және үлестік қосымшаларды білу және қолдану санды стандартты түрде жазу; 7.1.3.1 дененің ұзындығын, көлемін, температурасын және уақытты өлшеу, өлшеу нәтижелерін аспаптардың қателіктерін есепке ала отырып жазу; 7.1.3.2 кішкентай денелердің өлшемін қатарлау әдісі арқылы анықтау; 7.1.3.3 физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін сақтау
7.1 Механикалық қозғалыс	Механикалық қозғалыс және оның сипаттамасы Санақ жүйесі	7.2.1.1 келесі терминдердің физикалық мағынасын түсіндіру - материялық нүкте, санақ жүйесі, қозғалыстың салыстырма-лылығы, траектория, жол, орын ауыстыру
	Қозғалыстың салыстырмалылығы	7.2.1.2 механикалық қозғалыстың салыстырмалылығына мысалдар келтіру
	Түзу сызықты бірқалыпты және бірқалыпсыз	7.2.1.3 түзу сызықты бірқалыпты қозғалыс пен бірқалыпсыз қозғалысты ажырата білу
	Жылдамдық және орташа жылдамдықты есептеу	7.2.1.4 қозғалыстағы дененің жылдам-дығы мен орташа жылдамдығын есептеу
		7.2.1.5 s-тің t-ға тәуелділік графигін тұрғызуда координаталар осьтерінде және кестелерде өлшем бірліктерін дұрыс белгілеу;

	Өртүрлі механикалық қозғалыстардың графиктері	7.2.1.6 дененің орын ауыстыруының уақытқа тәуелділік графигінен келесі жағдайларды анықтау: (1) дененің тыныштық күйін, (2) тұрақты жылдамдықпен қозғалысын; 7.2.1.7 бірқалыпты қозғалған дененің орын ауыстыруының уақытқа тәуелділік графигінен жылдамдығын анықтау
2-тоқсан		
7.2 Тығыздық	Масса және денелердің массасын өлшеу	7.2.2.11 электронды, серіппелі, иінді таразылардың көмегімен дененің массасын өлшеу
	Дұрыс және дұрыс емес пішінді денелердің көлемін өлшеу	7.2.2.12 әртүрлі пішіндегі қатты дененің немесе сұйықтың көлемін өлшеу үшін өлшеуіш цилиндрді ( мензурка) қолдану
	Заттың тығыздығы және тығыздықтың өлшем бірлігі. №3 зертханалық жұмыс. " Сұйықтар мен қатты денелердің тығыздығын анықтау"	7.2.2.13 тығыздықтың физикалық мағынасын түсіндіру; 7.2.2.14 сұйықтар мен қатты денелердің тығыздығын тәжірибе арқылы анықтау; 7.1.3.3 физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін сақтау
	Тығыздықты есептеу	7.2.2.15 тығыздықтың формуласын есептер шығаруда қолдану
7.2 Денелердің өзара әрекеттесуі	Инерция құбылысы	7.2.2.1 инерция құбылысын түсіндіру және мысалдар келтіру
	Күш	7.2.2.2 күнделікті өмірден күштердің әрекет етуіне мысалдар келтіру
	Тартылыс құбылысы және ауырлық күші. Салмақ	7.2.2.10 масса, салмақ және ауырлық күші ұғымдарын ажырату
	№4 зертханалық жұмыс. " Серпімді деформацияларды зерделеу"	7.2.2.4 серпімділік күшінің серіппенің ұзаруына тәуелділік графигінен қатаңдық коэффициентін анықтау; 7.1.3.3 физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін сақтау
	Деформация	7.2.2.3 пластикалық және серпімді деформацияларды ажырату, мысалдар келтіру
	Серпімділік күші, Гук заңы	7.2.2.5 Гук заңының формуласы бойынша серпімділік күшін есептеу
	Үйкеліс күші.	

	<p>Үйкеліс әрекетін техникада ескеру №5 зертханалық жұмыс. "Сырғанау үйкеліс күшін зерттеу"</p>	<p>7.2.2.6 тыныштық, домалау және сырғанау үйкелістерін сипаттау; 7.2.2.7 үйкеліс күшінің пайдасы мен зиянына мысалдар келтіру</p>	
	<p>Бір түзу бойымен денеге әрекет еткен күштерді қосу</p>	<p>7.2.2.8 күштерді берілген масштабта графикалық түрде көрсету; 7.2.2.9 денеге әсер ететін және бір түзудің бойымен бағытталған күштердің тең әрекетті күшінің модулі мен бағытын анықтау</p>	
3-тоқсан			
7.3 Қысым	<p>Газдардың сұйықтар және қатты денелердің молекулярлық құрылымы</p>	<p>7.3.1.1 заттардың молекулярлық құрылысы негізінде, газдардың сұйықтар мен қатты денелердің құрылымын сипаттау</p>	
	<p>Қатты денелердегі қысым</p>	<p>7.3.1.2 қысымның физикалық мағынасын түсіндіру және өзгерту әдістерін сипаттау; 7.3.1.3 есептер шығаруда қатты дененің қысымының формуласын қолдану</p>	
	<p>Қатынас ыдыстар</p>	<p>7.3.1.4 газ қысымын молекулярлық құрылым негізінде түсіндіру; 7.3.1.5 - сұйықтардағы гидростатикалық қысымның формуласын шығару және оны есептер шығаруда қолдану</p>	
	<p>Қатынас ыдыстар</p>	<p>7.3.1.6 қатынас ыдыстарды қолдануға мысалдар келтіру</p>	
	<p>Гидравликалық машиналар</p>	<p>7.3.1.7 гидравликалық машиналардың жұмыс істеу принципін сипаттау; 7.3.1.8 гидравликалық машиналарды қолдану кезіндегі күштен ұтысты есептеу</p>	
	<p>Атмосфералық қысым. Атмосфералық қысымды өлшеу</p>	<p>7.3.1.9 атмосфералық қысымның табиғатын түсіндіру және оны өлшеудің әдістерін ұсыну</p>	
	<p>Манометрлер. Сорғылар</p>	<p>7.3.1.10 манометр мен сорғылардың жұмыс істеу принципін сипаттау</p>	
	<p>№ 6 зертханалық жұмыс. "Архимед заңын зерделеу"</p>	<p>7.3.1.11 кері итеруші күшті анықтау және оның сұйыққа батырылған дененің көлеміне тәуелділігін зерттеу, физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау</p>	

	Кері итеруші күш	7.3.1.12 сұйықтар мен газдардағы кері итеруші күштің табиғатын түсіндіру; 7.3.1.13 есептер шығаруда Архимед заңын қолдану
	№ 7 зертханалық жұмыс. "Дененің сұйықта жүзу шарттарын анықтау"	7.3.1.14 дененің сұйықта жүзу шарттарын зерттеу 7.1.3.3 физика кабинетінде техникалық қауіпсіздікті сақтау;
7.3 Жұмыс және қуат	Механикалық жұмыс Қуат	7.2.3.1 механикалық жұмыс ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру; 7.2.3.7 - қуат ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру; 7.2.3.8 - механикалық жұмыс пен қуаттың формулаларын есептер шығаруда қолдану
4-тоқсан		
7.4 Энергия	Кинетикалық энергия. Потенциалдық энергия	7.2.3.2 механикалық энергияның екі түрін ажырату; 7.2.3.3 кинетикалық энергия формуласын есептер шығаруда қолдану; 7.2.3.4 жоғары көтерілген дене үшін потенциалдық энергияның және серпімді дененің формуласын қолдану
	Энергияның сақталуы және айналуы	7.2.3.5 энергияның түрленуіне мысалдар келтіру; 7.2.3.6 механикалық энергияның сақталу заңын есептер шығаруда қолдану
7.4 Күш моменті	Жай механизмдер	7.2.4.1 "Механиканың алтын ережесін" тұжырымдау және қарапайым механизмдердің қолданылуына мысалдар келтіру; 7.2.4.2 күш моменті ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру
	Дененің массалық центрі №8 зертханалық жұмыс. "Жазық фигураның массалар центрін анықтау"	7.2.4.3 жазық фигураның массалық центрін тәжірибеде анықтау
	№9 зертханалық жұмыс. "Иіндіктің тепе-теңдік шарттарын анықтау"	7.2.4.5 тәжірибеде иіндіктің тепе-теңдік шарттарын анықтау; 7.1.3.3 физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін сақтау
	Иіндіктің тепе-теңдік шарты	7.2.4.4 тепе-теңдікте тұрған денелер үшін күш моменттер ережесін тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану

	Пайдалы әрекет коэффициенті. №10 зертханалық жұмыс. "Көлбеу жазықтықтың пайдалы әрекет коэффициентін анықтау"	7.2.4.6 көлбеу жазықтықтың пайдалы әрекет коэффициентін тәжірибеде анықтау; 7.1.3.3 физика кабинетінде қауіпсіздік ережелеін сақтау
7.4 Жер және Ғарыш	Аспан денелері туралы ғылым	7.7.1.1 геоцентрлік және гелиоцентрлік жүйелерді салыстыру;
	Күн жүйесі	7.7.1.2 Күн жүйесінің нысандарын жүйелеу
	Күнгізбе негіздері (тәулік, ай, жыл )	7.7.1.3 - жыл мезгілдерінің ендіктерге байланысты ауысуы және күн мен түннің ұзақтығын түсіндіру
7- сыныптың "Физика" курсы қайталау		

## 2) 8-сынып :

### 2-кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
7 сынып физика курсы қайталау		
8.1 Жылулық құбылыстар	Жылулық қозғалыс, броундық қозғалыс, диффузия	8.3.1.1 молекула-кинетикалық теорияның негізгі қағидаларын дәлелдейтін мысалдар келтіру және тәжірибені сипаттау
	Температура, оны өлшеу тәсілдері , температураның шкалалары	8.3.1.3 Температураны өлшеуді жылулық ұлғаю негізінде сипаттау; 8.3.1.2 температураны әр түрлі шкала (Цельсий, Кельвин) бойынша өрнектеу;
	Ішкі энергия, ішкі энергияны өзгерту тәсілдері	8.3.2.1 дененің ішкі энергиясын өзгерту тәсілдерін сипаттау
	Жылуөткізгіштік, конвекция, сәуле шығару	8.3.2.2 жылу берілудің түрлерін салыстыру
	Табиғаттағы және техникадағы жылу берілу	8.3.2.3 техникада және тұрмыста жылу беру түрлерінің қолданылуына мысалдар келтіру
	Жылу құбылыстарының тірі ағзалардың өмірлеріндегі ролі	8.3.2.4 әр түрлі температураларда тірі ағзалардың бейімделуіне мысалдар келтіру
	Жылу мөлшері. Заттың меншікті жылу сыйымдылығы	8.3.2.5 жылу алмасу процесі кезінде алған немесе берген жылу мөлшерін анықтау;; 8.3.2.6 заттың меншікті жылу сыйымдылығының мағынасын түсіндіру
	Отынның энергиясы.	

	Отынның меншікті жану жылуы	8.3.2.7 отынның жануы кезінде бөлінген жылу мөлшерін есептеп анықтау
	№ 1 зертханалық жұмыс. "Температуралары әр түрлі суды араластырғандағы жылу мөлшерлерін салыстыру"	8.3.2.8 жылу құбылыстарындағы энергияның сақталу және айналу заңын зерттеу; 8.1.3.2 тәжірибені жүргізуге әсер ететін факторларды анықтау; 8.1.3.3 физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін сақтау
	Жылу үдерістеріндегі энергияның сақталу және айналу заңы	8.3.2.9 жылулық тепе-теңдік теңдеуін есептер шығаруда қолдану
2-токсан		
8.1 Заттың агрегаттық күйлері	Қатты денелердің балқуы және қатаюы, балқу температурасы, меншікті балқу жылуы	8.3.1.4 молекула-кинетикалық теория негізінде қатты күйден сұйыққа және кері айналууды сипаттау; 8.3.2.10 балқу/кристалдану кезіндегі жұтылатын/бөлінетін жылу мөлшерінің формуласын есептер шығаруға қолдану; 8.3.2.11 заттың балқу және қатаю үдерісі кезіндегі температураның уақытқа тәуелділік графигін талдау
	№ 2 зертханалық жұмыс. "Мұздың меншікті балқу жылуын анықтау"	8.3.2.12 эксперимент көмегімен мұздың меншікті балқу жылуын анықтау; 8.1.3.3 физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін сақтау
	Булану және конденсация. Қаныққан және қанықпаған булар	8.3.1.5 молекула-кинетикалық теория негізінде заттың сұйық күйден газ күйіне және кері айналуын сипаттау; 8.3.2.13 заттың булану және конденсация үдерісі кезіндегі температураның уақытқа тәуелділік графигін талдау; 8.3.2.14 су буының мысалы негізінде қанығу күйін сипаттау
	Кипение, удельная теплота парообразования. Зависимость температуры кипения от внешнего давления	8.3.2.15 определять количество теплоты при парообразовании; 8.3.2.16 объяснять зависимость температуры кипения от внешнего давления
	Термодинамиканың бірінші заңы, газдың және будың жұмысы	8.3.2.17 термодинамиканың бірінші заңының мағынасын түсіндіру

8.2 Термодинамика негіздері	Жылу үдерістерінің қайтымсыздығы, термодинамиканың екінші заңы	8.3.2.18 термодинамиканың екінші заңының мағынасын түсіндіру
	Жылу қозғалтқыштары	8.3.2.22 жылу қозғалтқыштарындағы энергияның түрленуін сипаттау; 8.3.2.20 іштен жану қозғалтқышының, бу турбинасының жұмыс істеу принципін сипаттау
	Жылу қозғалтқыштарының пайдалы әрекет коэффициенті	8.3.2.19 жылу қозғалтқышының пайдалы әрекет коэффициентін анықтау; 8.3.2.21 жылу қозғалтқыштарын жетілдіру жолдарын ұсыну
	Жылу машиналарын пайдаланудағы экологиялық мәселелер	8.3.2.23 жылу машиналарының қоршаған ортаның экологиясына әсерін бағалау
8.2 Электростатика негіздері	Денелердің электрленуі, электр заряды, өткізгіштер мен диэлектриктер	8.4.1.1 электр зарядын сипаттау; 8.4.1.2 үйкеліс арқылы денені электрлену және индукция құбылысын түсіндіру; 8.4.1.3 электрленудің оң және теріс әсеріне мысалдар келтіру
	Электр зарядының сақталу заңы, қозғалмайтын зарядтардың өзара әрекеттесуі, Кулон заңы, элементар электр заряды электрический заряд	8.4.1.4 электр зарядының сақталу заңын түсіндіру; 8.4.1.5 Кулон заңын есептер шығаруда қолдану
	Электр өрісі, электр өрісінің кернеулігі	8.4.1.6 электр өрісі және оның күштік сипаттамасы ұғымдарының физикалық мағынасын түсіндіру; 8.4.1.7 біртекті электростатикалық өрістегі зарядқа әсер етуші күшті есептеу; 8.4.1.8 электр өрісін күш сызықтар арқылы кескіндеу
	Электр өрісінің потенциалы және потенциалдар айырымы, конденсатор	8.4.1.9 потенциалдар айырымының және потенциалдың физикалық мағынасын түсіндіру; 8.4.1.10 конденсаторлардың құрылысын және қолданылуын сипаттау
3-тоқсан		
	Электр тогы, электр тогы көздері	8.4.2.1 электр тогы ұғымын және электр тогының пайда болу шарттарын түсіндіру
		8.4.2.2 электр схемасын графикалық бейнелеуде электр



### 8.3 Тұрақты электр тогы

Электр тізбегі және оның құрамды бөліктері, ток күші, кернеу	тізбегі элементтерінің шартты белгілерін қолдану; 8.4.2.3 кернеудің физикалық мағына-сын, оның өлшем бірлігін түсіндіру
№ 3 зертханалық жұмыс. "Электр тізбегін құрастыру және оның әртүрлі бөліктеріндегі ток күшін өлшеу"	8.4.2.4 электр тізбегіндегі ток күші мен кернеуді анықтау; 8.1.3.3 физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін сақтау
№ 4 зертханалық жұмыс. "Тізбек бөлігі үшін ток күшінің кернеуге тәуелділігін зерттеу"	8.4.2.5 тұрақты температурада металл өткізгіштің вольт-амперлік сипаттамасын графикалық түрде бейнелеу және түсіндіру; 8.1.3.1 эксперименттен деректерін жинақ-тау, талдау және өлшеу және қателіктерін ескеріп жазу; 8.1.3.3 физика кабинетінде техникалық қауіпсіздікті сақтау
Тізбек бөлігі үшін Ом заңы	8.4.2.6 тізбек бөлігі үшін Ом заңын есептер шығаруда қолдану
Өткізгіштің электр кедергісі, өткізгіштің меншікті кедергісі, реостат	8.4.2.7 кедергінің физикалық мағынасын, оның өлшем бірлігін түсіндіру; 8.4.2.8 есеп шығарғанда өткізгіштің меншікті кедергісін формуласын қолдану
№ 5 зертханалық жұмыс. "Өткізгіштерді тізбектей қосуды зерделеу"	8.4.2.9 өткізгіштерді тізбектей жалғаудың заңдылықтарын эксперимент арқылы алу; 8.1.3.3 физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін сақтау
№ 6 зертханалық жұмыс. "Өткізгіштерді параллель қосуды зерделеу"	8.4.2.10 өткізгіштерді параллель жалғаудың заңдылықтарын эксперимент арқылы анықтау; 8.1.3.3 физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін сақтау
Өткізгіштерді тізбектей және параллель қосу	8.4.2.11 өткізгіштерді тізбектей және параллель жалғауда тізбек бөлігі үшін Ом заңын қолданып, электр тізбектеріне есептеулер жүргізу
Электр тогының жұмысы мен қуаты	8.4.2.12 жұмыс және қуат формулаларын есептер шығаруда қолдану
Электр тогының жылулық әсері, Джоуль-Ленц заңы	8.4.2.13 Джоуль-Ленц заңын есептер шығару үшін қолдану;
	8.4.2.14 эксперимент көмегімен электр тогының жұмысы мен қуатын анықтау;

	№ 7 зертханалық жұмыс. "Электр тогының жұмысы мен қуатын анықтау"	8.4.2.15 кВт сағ өлшем бірлігін қолданып, электр энергиясының құнын практика жүзінде анықтау; 8.1.3.3 физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін сақтау
4-тоқсан		
8.4 Тұрақты электр тогы	Металдардағы электр кедергісінің температураға тәуелділігі, асқын өткізгіштік	8.4.2.16 металл өткізгіштердегі электр тогын және оның кедергісінің температураға тәуелділігін сипаттау
	Электрқыздырғыш құралдар, қыздыру шамдары, қысқа тұйықталу, балқымалы сақтандырғыштар	8.4.2.17 қысқа тұйықталудың пайда болу себептерін және алдын алу амалдарын түсіндіру
	Электр тогының химиялық әсері (Фарадейдің заңы)	8.4.2.18 сұйықтардағы электр тогын сипаттау
8.4 Электромагниттік құбылыстар	Тұрақты магниттер, магнит өрісі. № 8 зертханалық жұмыс. "Тұрақты магниттің қасиеттерін оқып-үйрену және магнит өрісінің бейнесін алу"	8.4.3.1 магниттердің негізгі қасиеттеріне сипаттама беру және магнит өрісін күш сызықтары арқылы бейнелеу; 8.1.3.3 физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін сақтау
	Магнит өрісінің тогы бар өткізгішке әрекеті, электрокозғалтқыш, электр өлшеуіш құралдар	8.4.3.5 магнит өрісінің тогы бар өткізгішке әсерін сипаттау; 8.4.3.6 электрокозғалтқыштың және электр өлшеуіш құралдардың жұмыс істеу принципін түсіндіру
	№ 9 зертханалық жұмыс. "Электрмагнитті құрастыру және оның әсерін сынау"	8.4.3.4 жолақ магнит пен соленоидтың магнит өрістерін салыстыру; 8.1.3.3 физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін сақтау
	Магнит өрісінің тогы бар өткізгішке әрекеті, электрокозғалтқыш, электр өлшеуіш құралдар	8.4.3.5 магнит өрісінің тогы бар өткізгішке әсерін сипаттау; 8.4.3.6 электрокозғалтқыштың және электр өлшеуіш құралдардың жұмыс істеу принципін түсіндіру
	Электромагниттік индукция, генераторлар	8.4.3.7 электромагниттік индукция құбылысын түсіндіру; 8.4.3.8 Қазақстанда және дүние жүзінде электр энергиясын өндірудің мысалдарын келтіру
8-сыныптың физика курсы қайталау		

### 3) 9-сынып:

#### 3-кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
8-сыныптың физика курсы қайталау		

9.1 Жарық құбылыстары

Жарықтың түзу сызықты таралу заңы	9.5.1.1 Күннің және Айдың тұтылуын графикалық бейнелеу
Жарықтың шағылуы, шағылу заңдары, жазық айналар	9.5.1.2 эксперимент арқылы түсу және шағылу бұрыштарының тәуелділігін анықтау; 9.5.1.3 айналық және шашыранды шағылудың мысалдарын келтіру және түсіндіру; 9.5.1.4 жазық айнада дененің кескінін салу
Сфералық айналар, сфералық айна көмегімен кескін алу	9.5.1.5 дененің кескінін алу үшін сфералық айнада сәуленің жолын салу
Жарықтың сынуы, жарықтың сыну заңы, толық ішкі шағылу	9.5.1.6 жазық параллель пластинада сәуленің жолын салу; 9.5.1.7 жарықтың сыну заңын пайдаланып есептер шығару; 9.5.1.8 тәжірибеге сүйене отырып толық ішкі шағылу құбылысын түсіндіру
№ 10 зертханалық жұмыс. "Шынының сыну көрсеткішін анықтау"	9.5.1.9 экспериментте шынының сыну көрсеткішін анықтау; 9.5.1.10 сыну көрсеткішінің анықталған мәнін кестелік мәндермен салыстыру және эксперимент нәтижесін бағалау 9.1.3.3 физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін сақтау
Линзалар, линзаның оптикалық күші, жұқа линзаның формуласы. Линзаның көмегімен кескін алу	9.5.1.11 жұқа линза формуласын есептер шығару үшін қолдану; 9.5.1.12 линзаның сызықтық ұлғаю формуласын сандық және графикалық есептер шығару үшін қолдану; 9.5.1.13 жұқа линзада сәуленің жолын салу және кескінге сипаттама беру
№ 11 зертханалық жұмыс. "Жұқа линзаның фокустық қашықтығын және оптикалық күшін анықтау"	9.5.1.14 жұқа линзаның фокустық қашықтығын және оптикалық күшін анықтау; 9.1.3.3 физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін сақтау
Көз - оптикалық жүйе, көздің көру кемшіліктері және оларды түзету әдістері	9.5.1.15 көздің алыстан көргіштігі мен жақыннан көргіштігін түзетуді сипаттау
Оптикалық аспаптар	9.5.1.16 қарапайым оптикалық құралдарды (перископ, Обскура камерасы) құрастыру

2-тоқсан

9.2 Кинематика негіздері

Механикалық қозғалыс	9.2.1.1 Материялық нүкте, санақ жүйесі, механикалық қозғалыстың салыстырмалылығы ұғымдарының мағынасын түсіндіру, жылдамдықтарды қосу және орын ауыстыру теоремаларын қолдану
Векторлар және оларға амалдар қолдану. Вектордың координаталар осьтеріндегі проекциялары	9.2.1.2 векторларды қосу, азайту, векторды скалярға көбейту; 9.2.1.3 вектордың координаталар осіне проекциясын анықтау, векторды құраушыларға жіктеу
Түзусызықты теңайнымалы қозғалыс, үдеу	9.2.1.4 уақыттан тәуелділік графиктерінен орын ауыстыруды, жылдамдықты, үдеуді анықтау;
Түзусызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі жылдамдық және орын ауыстыру	9.2.1.5 түзу сызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі жылдамдық және үдеу формулаларын есептер шығаруда қолдану; 9.2.1.6 түзу сызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі координата мен орын ауыстыру теңдеулерін есептер шығаруда қолдану
№ 1 зертханалық жұмыс. "Теңүдемелі қозғалыс кезіндегі дененің үдеуін анықтау"	9.2.1.7 теңүдемелі қозғалыс кезіндегі дененің үдеуін эксперименттік жолмен анықтау; 9.1.3.1 алынған нәтижелерді түсіндіріп, қорытынды шығару; 9.1.3.2 эксперименттің нәтижесіне әсер ететін факторларды талдау және экспери-ментті жүргізуді жақсарту жолдарын ұсыну; 9.2.1.8 теңүдемелі қозғалыс кезіндегі орын ауыстырудың және жылдамдықтың уақытқа тәуелділік графиктерін тұрғызу және оларды түсіндіру 9.1.3.3 физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін сақтау
Дененің еркін түсуі, еркін түсу үдеуі	9.2.1.9 еркін түсуді сипаттау үшін теңайнымалы қозғалыстың кинематикалық теңдеулерін қолдану
	9.2.1.10 -теңайнымалы және бірқалыпты қозғалыстың кинематикалық теңдеулерін қолдана отырып, горизонталь лақтырылған дененің қозғалысын сипаттау;

	№ 2 зертханалық жұмыс. " Горизонталь лақтырылған дененің қозғалысын зерделеу"	9.2.1.11 горизонталь лақтырылған дененің қозғалыс жылдамдығын анықтау ; 9.2.1.12 горизонталь лақтырылған дененің қозғалыс траекториясын сызу 9.1.3.3 физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін сақтау
	Қисықсызықты қозғалыс; материялық нүктенің шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалысы Сызықтық және бұрыштық жылдамдықтар	9.2.1.13 дененің шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалысын сызықтық және бұрыштық шамалар арқылы сипаттау; 9.2.1.14- сызықтық және бұрыштық жылдамдықты байланыстыратын өрнекті есептер шығаруда қолдану
	Центрге тартқыш үдеу	9.2.1.15 центрге тартқыш үдеу формуласын есептер шығаруда қолдану
3-тоқсан		
9.3 Астрономия негіздері	Жұлдызды аспан	9.7.2.1 абсолюттік және көрінерлік жұлдыздық шамаларды ажырату; 9.7.2.2 жұлдыздырдың жарқырауына әсер ететін факторларды атау
	Аспан сферасы, аспан координаталарының жүйесі	9.7.2.3 аспан сферасының негізгі элементтерін атау; 9.7.2.4 жұлдызды аспанның жылжымалы картасынан жұлдыздардың аспан координатасын анықтау
	Әртүрлі географиялық ендіктегі аспан шырақтарының көрінерлік қозғалысы, жергілікті, белдеулік және бүкіләлемдік уақыт	9.7.2.5 әртүрлі ендіктегі жұлдыздардың шарықтау айырмашылығын түсіндіру; 9.7.2.6 жергілікті, белдеулік және бүкіләлемдік уақытты сәйкестендіру
	Күн жүйесіндегі ғаламшарлардың қозғалыс заңдары	9.7.2.7 Кеплер заңдарының негізінде аспан денелерінің қозғалысын түсіндіру
	Күн жүйесі денесіне дейінгі ара қашықтықты параллакс әдісімен анықтау	9.7.2.8 Күн жүйесіндегі денелердің ара қашықтығын немесе өлшемдерін анықтау үшін параллакс әдісін қолдануды түсіндіру
	Ньютонның бірінші заңы, инерциялық санақ жүйелері	9.2.2.1 инерция, инерттілік және инерциялық санақ жүйесі ұғымдарының мағынасын түсіндіру;

9.3 Динамика негіздері		9.2.2.2 Ньютонның бірінші заңын тұжырымдау және оны есептер шығаруда қолдану
	Механикадағы күштер	9.2.2.3 ауырлық күші, серпімділік күші, және үйкеліс күші табиғатын түсіндіру
	Ньютонның екінші заңы, масса	9.2.2.2 Ньютонның екінші заңын тұжырымдау және оны есептер шығаруда қолдану
	Ньютонның үшінші заңы	9.2.2.5 -Ньютонның үшінші заңын тұжырымдау және оны есептер шығаруда қолдану
	Бүкіләлемдік тартылыс заңы	9.2.2.6 Бүкіләлемдік тартылыс заңын тұжырымдау және оны есептер шығаруда қолдану
	Дененің салмағы, салмақсыздық	9.2.2.10 үдеумен қозғалған дененің салмағын анықтау; 9.2.2.11 салмақсыздық күйді түсіндіру
	Денелердің ауырлық күшінің әрекетінен қозғалуы. Жердің жасанды серіктерінің қозғалысы	9.2.2.9 бірінші ғарыштық жылдамдықтың формуласын есептер шығаруда қолдану; 9.2.2.7 ғарыш аппараттардың орбиталарын салыстыру; 9.2.2.8 тартылыс өрісіндегі дененің қозғалысын сипаттайтын шамаларды анықтау
4-тоқсан		
9.4 Сақталу заңдары	Дене импульсі және күш импульсі	9.2.3.1 дене импульсі мен күш импульсін ажырату
	Импульстің сақталу заңы. Реактивті қозғалыс	9.2.3.2 импульстің сақталу заңын тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану; 9.2.3.3 табиғаттағы және техникадағы реактивті қозғалысқа мысалдар келтіру; 9.2.3.4 Байқоңыр ғарыш айлағының аймақтық және халықаралық маңыздылығына баға беру
	Механикалық жұмыс және энергия	9.2.3.5 механикалық жұмысты аналитикалық және графиттік тәсілдермен анықтау; 9.2.3.6 - жұмыс пен энергияның байланысын түсіндіру
	Энергияның сақталу және айналу заңы	9.2.3.7 энергияның сақталу заңын тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану
9-сыныптың физика курсы қайталау		

4) 10-сынып:

4-кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
9-сыныптың физика курсы қайталау		
	Колебательное движение	10.2.5.1 еркін және еріксіз тербелістерге мысалдар келтіру; 10.2.5.2 эксперименттік әдіспен амплитуда, период, жиілікті анықтау; 10.2.5.3 формулаларды қолданып, период, жиілік, циклдік жиілікті анықтау
	Тербелістер кезіндегі энергияның түрленуі. Тербелмелі қозғалыстың теңдеуі	10.2.5.4 тербелмелі процесте энергияның сақталу заңын сипаттау; 10.2.5.5 гармониялық тербелістердің графиктері бойынша координатаның, жылдамдықтың және үдеудің теңдеулерін жаза білу 10.2.3.1 тербелістер кезіндегі энергияны сақтау заңын тұжырымдау және оны есеп шығарғанда қолдану
	Математикалық және серіппелі маятниктердің тербелістері	10.2.5.6 әртүрлі тербелмелі жүйедегі тербелістің пайда болу себептерін түсіндіру; 10.2.5.7 маятниктер тербелісі периодының әртүрлі параметрлерге тәуелділігін зерттеу
	№ 3 зертханалық жұмыс. "Математикалық маятниктің көмегімен еркін түсу үдеуін анықтау"	10.2.5.8 математикалық маятник периодының формуласынан еркін түсу үдеуін анықтау; 10.2.5.9 период квадратының маятник ұзындығына тәуелділік графигін тұрғызу және талдау; 10.1.3.1 алған нәтижені түсіндіру және қорытынды жасау 10.1.3.2 тәжірибе нәтижесіне әсер ететін факторларды сараптау 10.1.3.3 физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін сақтау
	Еркін және еріксіз тербелістер, резонанс	10.2.5.10 еріксіз тербеліс амплитудасының мәжбүрлеуші күштің жиілігіне тәуелділігін график бойынша сипаттау;

10.1 Тербелістер мен толқындар		10.2.5.11 резонанс құбылысын сипаттау
	Еркін электромагниттік тербелістер	10.4.4.1 тербелмелі контурдағы еркін электромагниттік тербелістерді сипаттау
	Толқындық қозғалыс	10.2.5.12 толқын жылдамдығы, жиілігі және толқын ұзындығы формулаларын есеп шығаруда қолдану; 10.2.5.13 көлденең және бойлық толқындарды салыстыру
	№4 зертханалық жұмыс. "Беттік толқындардың таралу жылдамдығын анықтау"	10.2.5.14 су бетіндегі толқындардың таралу жылдамдығын эксперимент түрінде анықтау 10.1.3..3 физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін сақтау
	Дыбыс, дыбыстың сипаттамалары, акустикалық резонанс, жаңғырық	10.2.5.15 дыбыстың пайда болу және таралу шарттарын атау; 10.2.5.16 дыбыс сипаттамаларын дыбыс толқындарының жиілігі және амплитудасымен сәйкестендіру; 10.2.5.17 резонанстың пайда болу шарттарын атау және оның қолданылуына мысалдар келтіру; 10.2.5.18 жаңғырықтың пайда болу табиғатын және оны қолдану әдістерін сипаттау; 10.2.5.19 табиғатта және техникада ультрадыбыс пен инфрадыбысты қолдануға мысалдар келтіру
	Электромагниттік толқындар Электромагниттік толқындар шкаласы	10.4.4.2 механикалық толқындар мен электромагниттік толқындардың ұқсастығы мен айырмашылығын салыстыру; 10.4.4.3 электромагниттік толқындар шкаласын сипаттау және әртүрлі диапазондағы толқындардың қолданылуына мысалдар келтіру; 10.4.4.4 шыны призма арқылы өткен жарықтың дисперсиясына сапалы сипаттама беру
2-тоқсан		
	Жылулық сәуле шығару	10.6.1.1 жылулық сәуле шығару энергиясының температураға тәуелділігін сипаттау
	Жарық кванттары туралы Планк гипотезасы	10.6.1.2 Планк формуласын есептер шығаруда қолдану



10.2 Атом құрылысы. Атомдық құбылыстар	Фотоэффект құбылысы	10.6.1.3 фотоэффект құбылысын сипаттау және фотоэффект құбылысының техникада пайдаланылуына мысалдар келтіру; 10.6.1.4 фотоэффект үшін Эйнштейн формуласын есептер шығаруда қолдану;
	Рентген сәулелері	10.6.1.5 рентген сәулесін электромагниттік сәулелердің басқа түрлерімен салыстыру; 10.6.1.6 - рентген сәулесін қолдануға мысалдар келтіру
	Радиоактивтілік. Радиоактивті сәулеленудің табиғаты	10.6.2.1 а, b және g - сәулеленудің табиғаты мен қасиеттерін түсіндіру
	Резерфорд тәжірибесі, атомның құрамы	10.6.1.7 а-бөлшегінің шашырауы бойынша Резерфорд тәжірибесін сипаттау
3-тоқсан		
10.3 Атом ядросы	Ядролық өзара әрекеттесу, ядролық күштер. Массалар ақауы, атом ядросының байланыс энергиясы	10.6.1.8 ядролық күштердің қасиеттерін сипаттау; 10.6.1.9 атом ядросының масса ақауын анықтау; 10.6.1.10 атом ядросының байланыс энергиясы формуласын есептер шығаруда қолдану
	Ядролық реакциялар. Радиоактивті ыдырау заңы	10.6.1.11 ядролық реакцияның теңдеуін шешуде зарядтық және массалық сандардың сақталу заңын қолдану; 10.6.2.2 радиоактивті ыдыраудың ықтималдық сипатын түсіндіру; 10.6.2.3 радиоактивті ыдырау заңын есеп шығаруда қолдану
	Ауыр ядролардың бөлінуі, тізбекті ядролық реакция. Ядролық реакторлар	10.6.2.4 тізбекті ядролық реакциялардың өту шарттарын сипаттау; 10.6.2.5 ядролық реактордың жұмыс істеу принципін сипаттау
	Термоядролық реакциялар. Радиоизотоптар, радиациядан қорғану	10.6.2.6 ядролық ыдырау мен ядролық синтезді салыстыру; 10.6.2.7 радиоактивті изотоптарды қолданудың мысалдарын келтіру; 10.6.2.8 радиациядан қорғану әдістерін сипаттау
	Элементар бөлшектер	10.6.3.1 элементарды бөлшектерді жіктеу
		10.8.1.1 адамның дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына

10.3 Әлемнің қазіргі физикалық бейнесі	Физика және астрономияның дүниетанымдық маңызы	физика және астрономияның дамуының ықпалын түсіндіру
	Экологиялық мәдениет	10.8.1.2 жаңа технологиялардың қоршаған ортаға ықпалының артықшылығы мен қауіптілігін бағалау
4-тоқсан		
Физпрактикум		
7-9 сыныптар аралығында физика курсы қайталау		

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 123 бұйрығына  
5-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 642-қосымша

## **Есту қабілеті зақымдалған (естімейтіндер) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Химия" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Есту қабілеті зақымдалған (естімейтіндер) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10-сыныптары үшін "Химия" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (әрі қарай – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты – заттардың қасиеттері, оның құрамы мен құрылымының байланысын түсіндіретін заттар мен олардың өзгеруі, заңдар мен теориялары туралы оқушыларда жүйелі білім қалыптастыру.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) маңызды фактілерді, түсініктерді, химиялық заңдар мен теорияларды, естімейтін білім алушыларға қол жетімді дүниетанымдық сипаттамаларды жалпылау бойынша білім қалыптастыру;

2) күнделікті өмірде химиялық құбылыстарды бақылау және түсіндіру қабілеттерін дамыту;

3) қарапайым химиялық тәжірибелерді орындау кезінде және күнделікті өмірде қолданылатын заттармен қауіпсіз жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;

4) күнделікті өмірде және жұмыс барысында естімейтін білім алушыларды тұлғалық дамыту, оларды интеллектуалды және адамгершілік тұрғыдан жетілдіру, гуманистік қатынастар мен үйлесімді экологиялық мінез-құлықты қалыптастыру;

5) химияның гуманистік бағытын, оның адамзат алдында тұрған негізгі экономикалық және экологиялық мәселелерді шешуде рөлінің өсуін және оның әлемнің ғылымына қосқан үлесін ашу;

б) тұрмыстық жағдайда алынған заттар мен материалдарды, ауыл шаруашылығында және өндірісте қауіпсіз пайдалану, күнделікті өмірде практикалық мәселелерді шешу, адамның денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянды құбылыстардың алдын алу үшін алынған білімдер мен дағдыларды қолдану.

4. Түзете – дамыту міндеттері:

1) білімді функционалды қолдану, қарым-қатынастың әр түрлі әдістері, мәселелерді шешу және шешім қабылдау, сөйлеу мәдениетін дамыту;

2) жеке қасиеттерін дамыту (өз бетінше және топта жұмыс істеуге қажет жауапкершілік, табандылық, бастамашылдық, шыдамдылық пен төзімділік);

3) дыбысты дұрыс айту және сөйлеу дағдыларын жетілдіру.

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері**

5. Естімейтін білім алушылар ғылым негіздерін меңгеруде ерекше қиындықтарға тап болады. Аталған санаттағы оқушыларға білім беруде оқу материалын ерекше елестетуімен ерекшеленетін формасын ұсыну қажет.

6. Естімейтін оқушыларға химияны оқыту жалпы және арнайы білім беру ұстанымына негізделген:

1) оқу іс-әрекетіндегі дағдыларды қалыптастыру, өзін-өзі бақылау қажеттілігі және оны жүзеге асыра білу;

2) оқу іс-әрекетін даралау, мұғалімнің білім, білік деңгейін үнемі ескеруі, әрқайсысының ойлауы мен сөйлеуін дамыту;

3) проблемалық оқыту элементтерін қолдану;

4) көрнектіліктің жеткілікті деңгейін қамтамасыз ету, атап айтқанда ақпараттық технологияларды тарту арқылы;

5) оқу материалының коммуникативтілігін қамтамасыз ету, оқушылардың белсенді сөйлеуін дамыту.

7. Естімейтін оқушыларды оқытуда білім алушылардың психофизиологиялық, есту-сөйлеу және танымдық қабілеттерінің ерекшеліктерін ескеру қажет. Бұл оқытудың түзету бағыты, естімейтін оқушылармен арнайы қатынас құралы мен сурдоаударманы қолдану, арнайы әдістемелік тәсілдерді таңдауды туындатады.

8. Практикалық дағдылар мен біліктіліктерге: есептеу, өлшеу, бейнелеу; интеллектуалдыға - салыстыру, абстракциялау, жалпылау қабілетін жатқызуға болады.

9. Сабәққа дайындалу және оқу материалын беру кезінде қалыптасатын ұғымның немесе шеберліктің сипатын ескеру қажет, оқушылардың әр кезеңде алған білімдерінің нақты деңгейін ескеру, бағдарламаның игерілуін бақылау қажет.

10. Білім алушыларды оқытуда әр сабақтың міндетті элементтері тақырыптың атауы, мақсат қою, хабарлама және сабақ жоспарын жазу, негізгі түсініктер мен оларды зерттеу әдістерін көрсете отырып, оқушылардың іс-әрекет түрлері мен материалдың игерілуін тексеру жолдары көрсетілген.

11. Естімейтіндердің сөйлеу тілін дамыту және байыту бойынша жұмыс сабақтың қажетті компоненті болып табылады.

12. Теориялық материалды меңгеру өткен тақырып бойынша білімдерін өзектеуден басталады. Оқушылар 5-10 минутта өткен тақырыптар бойынша негізгі анықтамалар, түсініктерді естеріне түсіреді. Содан кейін жедел сауалнама жүргізіледі (формасы басқаша болуы мүмкін). Ұзақ мерзімді есте сақтау қабілеті нашар дамыған естімейтін білім алушылар үшін бұл кезең қажет. Жаңа тақырыппен танысу терминдерді енгізуден басталуы керек. Термин тақтаға жазылып, дактильмен көрсетіледі, содан кейін мұғалім оның мағынасын түсіндіреді және оқушылармен бірге (және мүмкіндігінше сурдоаудармашының қатысуымен) осы терминнің мағынасына сәйкес келетін ым-ишараны таңдайды немесе ойлап табады. Әрі қарай мұғалім тақырыптың негізгі мазмұнын компьютерлік презентация арқылы ұсынады.

13. Компьютерді пайдалану материалдың қысқаша мазмұнын диаграммалар, графиктер, суреттермен және жақсы қабылдау үшін әр түрлі арнайы эффектілермен ұсынуға мүмкіндік береді. Мұндай қайталау біртекті мәтінді қабылдаудан гөрі бейнелі қабылдауы әлдеқайда тиімді болатын естімейтін білім алушылар үшін білім беру процесінің маңызды элементі болып табылады. Сабақ соңында білім алушыларға бекітуге арналған сұрақтар мен жаттығулар ұсынылады.

14. Естімейтін білім алушылардың көпшілігі танымдық іс-әрекеттің негізін құрайтын жалпы логикалық әдістер мен әрекеттерді меңгере бермейді, сондықтан білім алушылар оқу материалын игеру процесінде ойлаудың арнайы әдістеріне сирек жүгінеді, ереже бойынша олар оның кейбір көлемін тиісті түсінбей есте сақтайды.

15. Жалпы зияткерлік дағдыларды қалыптастыру қызметі (талдау, салыстыру, түсініктерге анықтама беру, материалды жүйелеу, дәлелдеу және т.б.) келесі компоненттерді қамтиды: ойлай әрекеті тәсілдерінің мәнін ашу, әр нақты жағдайда тәсілдің мағынасын нақтылау, оны практикалық қолдану. Сабақ барысында тапсырмалар алуда (маңызды және елеусіз белгілерді атау және мұғалімнің сабақта айтатын мазмұны туралы түсінікке анықтама беру; материалды жүйелеу; сабақ барысында немесе соңында жіктеу кестесін құрастыру және т.б.), студенттер интеллектуалды қызметке белсенді қатысады. Бұл тұрақты функционалды жағдайды сақтап білімді нақты меңгеруге мүмкіндік береді.

16. Жалпы зияткерлік дағдыларды қалыптастыру бойынша жұмыстың ерекшелігі - ол арнайы уақыт бөлуді қажет етпейді, бірақ бағдарлама сұрақтарын қарастырумен

үйлеседі. Әр дамыту жаттығуы сабаққа негізделіп енгізіледі. Логикалық ойлау бір жастағы оқушылардың әр тобында әр түрлі қалыптасатындығын ескере отырып, естімейтін оқушылардың логикалық ойлауын жүйелі, дәйекті түрде дамыту қажет.

17. Естімейтін оқушылардың оқу іс-әрекетін дараландыру олардың танымдық әрекетінде, психофизикалық (оның ішінде есту қабілеті), эмоционалды-ерік және интеллектуалды күштерді жұмылдыру қабілетінде көрінетін жеке ерекшеліктерін ескеру негізінде жүзеге асырылады; дидактикалық және ұйымдастырушылық құралдарды қолдану. Түрлі дидактикалық және ұйымдастыру құралдарын қолдану тұрғысынан бұл білім беру мен дағдылардың қалыптасуының әр кезеңінде соңғы нәтижеге бақылау жасауда (өзін-өзі бақылауда) оқу мақсаттары мен нақты міндеттер мен іс-әрекет әдістерін дұрыс үйлестіруде көрінеді.

18. Естімейтін оқушылардың оқу әрекетін жекелендіру сабақта ұжымдық, топтық және жұптық жұмыстармен үйлеседі.

19. Ақпараттық технологиялар мұғалімнің құралдарының көлемін кеңейтеді, дамытушылық және түзету мәселелерін шешуге қажетті, бірақ дәстүрлі түрде қолданылатын құралдарды қолдану арқылы жасалмайтын оқыту жағдайларын жасауға көмектеседі.

20. Химия сабақтарында материалды оқып үйрену кезінде, жаңа қарапайым дағдылар мен біліктілікке машықтануда, материалды игеру сапасын диагностикалау үшін, өздігінен оқу, өзін-өзі жетілдіру кезінде әртүрлі бағдарламалық жасақтаманы қолдануға болады.

21. Интерактивті сабақтар - бұл нашар еститін оқушыларға сабақ беруде қолданылатын ұйымдастырушылық формалардың бірі. Мұндай сабақтарға дайындық оқу материалының мазмұнын сезімдік қабылдаудың әртүрлілігі мен түсіну, есте сақтау және қолдану қабілеттері арасындағы табиғи байланысты көрсететін ойлаудың абстрактылығын айқындылықпен ұштастыру принципіне негізделген. Графиканы қолдану бұл міндетті жеңілдетеді.

22. Компьютерлік оқыту құралдары мүмкіндік береді:

а) зерттелген объектіні көзге елестету;

б) ойлаудың белгілі бір түрін дамыту (мысалы, көрнекі-бейнелі, теориялық);

в) кері байланысты орнату, қателіктерді диагностикалау (экранда тиісті ескертулерді ұсынуды) оқу әрекеті мен бағалау нәтижелері бойынша бақылауды жүзеге асыру;

г) оқу әрекеті мәдениетін, ақпараттық мәдениетін қалыптастыру.

23. Көрнекілік пен проблемалық сұрақтарды тұжырымдаудың үйлесуі естімейтін оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың, логикалық ойлауды дамытудың тиімді әдісі.

### **3-тарау. "Химия" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

24. "Химия" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 7-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;
- 2) 8-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 3) 9-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 4) 10-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

25. Оқу пәнінің мазмұны бес бөлімді қамтиды:

- 1) Заттардың бөлшектері;
- 2) Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары;
- 3) Химиядағы энергетика;
- 4) Химия және қоршаған орта;
- 5) Химия және өмір.

26. "Заттардың бөлшектері" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) атомдар, иондар және молекулар;
- 2) атомның құрамы мен құрылысы;
- 3) атомда электрондардың қозғалысы мен таралуы. Атомдардан иондардың құрылуы;
- 4) химиялық байланыстардың түрлері.

27. "Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) периодтық заң мен химиялық элементтердің периодтық жүйесі;
- 2) химиялық реакциялардың жіктелуі;
- 3) зат массасының сақталу заңы;
- 4) металдардың электрохимиялық кернеу қатары.

28. "Химиядағы энергетика" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар;
- 2) химиялық реакциялардың жылдамдығы;
- 3) химиялық тепе-теңдік;
- 4) қышқылдар мен негіздер теориясы.

29. "Химия және қоршаған орта" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) заттардың жіктелуі;
- 2) Жер химиясы;
- 3) көміртек және оның қосылыстары химиясы.

30. "Химия және өмір" бөлімі бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды: 1) биохимия.

31. 7-сыныпқа арналған "Химия" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) "Химия пәні". Таза заттар және қоспалар. Химия – заттар туралы жаратылыстану ғылымдарының бір саласы, химияның дамуы мен маңызы; химия кабинетіндегі және зертханасындағы қауіпсіздік техникасының ережелері; таза заттар және олардың физикалық қасиеттері, біртекті және әртекті қоспалар, заттарды тазарту және бөлу тәсілдері; жәй және күрделі заттар; элемент және химиялық қосылыстар. № 1

практикалық жұмыс "Техника қауіпсіздігі ережелері және зертханалық құрал-жабдықтармен танысу". № 1 зертханалық тәжірибе "Заттарды және олардың қосылыстарын салыстыру". №2 зертханалық тәжірибе "Ластанған ас тұзын тазарту";

2) "Заттар күйінің өзгеруі". Физикалық және химиялық құбылыстар; химиялық реакция; заттың агрегаттық күйлері; қатты, сұйық, бөлшектердің кинетикалық теориясына сәйкес газтәріздес заттардың құрылымы; заттардың салқындау, қыздыру және булану үдерістері. № 3 зертханалық тәжірибе "Химиялық реакциялардың белгілерін зерттеу". № 4 зертханалық тәжірибе "Аспирин немесе салолдың салқындау үдерісін зерттеу". № 5 зертханалық тәжірибе "Судың қайнау үдерісін зерттеу". №1 бақылау жұмысы;

3) "Атомдар. Молекулалар. Заттар". Атомдар мен молекулалар; атомдар мен молекулалардың айырмашылығы; химиялық элементтер; химиялық элементтердің символдары; элементтерді металдар мен бейметалдарға жіктеу; жай және күрделі заттар; атомның құрамы мен құрылысы; ядро, протон, нейтрон, электрон; изотоптар; элементті аталуы және фундаменталды бөлшектерінің саны бойынша сипаттау;

4) "Ауа. Жану реакциясы". Ауа және оның құрамы; атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың маңызы; жану үдерісі; заттың жану шарттары; тез тұтанатын, жанатын және жанбайтын заттар; отын, оттегі, тұтану көзі; тұтану температурасы; металдар мен бейметалдардың жануы; жану реакциясының өнімдері. № 6 зертханалық тәжірибе "Балауыз шамның жануы". № 2 практикалық жұмыс/Көрсетілім "Күкірттің, фосфордың, темірдің ауада және оттегінде жануын салыстыру". № 2 бақылау жұмысы;

5) "Химиялық реакциялар". Табиғи қышқылдар мен сілтілер; "қышқылдық" және "сабынды" қасиеттері; индикаторлар, әмбебап индикатор, рН шкала метилоранж, лакмус, фенолфталеин; индикаторлардың түрлі орталардағы түстерінің өзгеруі; қышқылдар мен сілтілер; антацидті заттар; бейтараптану реакциясы; сұйылтылған қышқылдар; қышқылдардың қолданылу аймақтары; қышқылдармен жұмыс жүргізу ережелері; сұйылтылған қышқылдардың түрлі металдармен әрекеттесуі; сутекке сапалық реакция; карбонаттар; сұйылтылған қышқылдардың карбонаттармен әрекеттесуі; көмірқышқыл газына сапалық реакция. № 7 зертханалық тәжірибе "Ерітінділердің қышқылдық, негіздік ортасын анықтау". № 8 зертханалық тәжірибе "Хлорсутек қышқылының бейтараптану реакциясы". № 9 зертханалық тәжірибе "Мырыштың сұйылтылған тұз қышқылымен реакциясы". № 10 зертханалық жұмыс "Сутекке сапалық реакция". № 3 практикалық жұмыс "Сұйылтылған қышқылдар мен карбонаттардың әрекеттесуі. Көмірқышқыл газына сапалық реакция";

6) "Химиялық элементтердің периодтық кестесі". Химиялық элементтердің периодтық кестелерін құру тарихы; И. Дүберейнер, Дж. Ньюлендс, Д.И. Менделеевтің элементтерді жіктеуі; периодтық заң; периодтық кестенің құрылымы; периодтық кестенің құрылу принципі; атом нөмірі; ядро заряды; атомдағы элементтер бөлшектер;

7) "Салыстырмалы атомдық масса және қарапайым формулалар". Изотоптар қоспасы, табиғи изотоптар; салыстырмалы атомдық масса; салыстырмалы молекулалық /формулалық масса; химиялық формула; химиялық элементтердің валенттілігі, бинарлы қосылыстардың формулаларын құрастыру; қосылыстардағы атомдардың қатынастары. Есептеуге берілген есептер: салыстырмалы молекулалық массаны есептеу. № 3 бақылау жұмысы;

8) "Адам ағзасындағы химиялық элементтер". Қоректік заттар; адам ағзасындағы химиялық элементтер (O, C, H, N, Ca, P, K); химиялық элементтердің тірі және өлі табиғаттағы таралуы; адам ағзасындағы микро-, макроэлементтердің биологиялық рөлі; тыныс алу үдерісі, тамақтану теңгерімі. № 4 практикалық жұмыс "Тағам құрамындағы қоректік заттарды анықтау". № 11 зертханалық тәжірибе "Тыныс алу үдерісін зерттеу".

32. 8-сыныпқа арналған "Химия" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) "Геологиялық химиялық қосылыстар". Пайдалы геологиялық химиялық қосылыстар, табиғи ресурстар; кен орны; кен; кеннің құрамы; минералдар; табиғи ресурстарды өндіру; металдарды алу; Қазақстанның пайдалы қазбалары; минералдарды өндірудің экологиялық аспектілері. № 4 бақылау жұмысы;

2) "Атомдардағы электрондардың қозғалысы". Атомдардағы электрондардың орналасуы; энергетикалық деңгейлер; s және p орбитальдарының пішіндері; электрондық конфигурация; электронды-графикалық формула; ион; иондардың түзілуі; "нольдік қосынды" әдісімен қосылыстардың формулаларын құрастыру. №1 зертханалық тәжірибе "Атомдардың модельдерін жасау";

3) "Заттардың формулалары және химиялық реакция теңдеулері". Химиялық формула; химиялық реакция теңдеулері; заттардың массасының сақталу заңы; химиялық реакциялардың типтері: бірігу, ажырау, алмастыру, алмасу; табиғаттағы, химиялық реакциялар тірі организмдер мен адам тіршілігіндегі химиялық реакциялар. № 1 көрсетілім "Заттардың массасының сақталу заңын дәлелдейтін тәжірибе". № 2 зертханалық тәжірибе "Әрекеттесуші заттардың массасының қатынасы". Есептеуге берілген есептер: химиялық формула бойынша химиялық бірігудегі элементтің массалық үлесін есептеу; элементтердің массалық үлестері бойынша заттың қарапайым формуласын анықтау;

4) "Металдардың химиялық белсенділігі". Металдардың тотығуы; металдардың жемірілуі; металдардың сумен әрекеттесуі; металдардың қышқыл ерітінділерімен, металдардың тұз ерітінділерімен әрекеттесуі; металдардың белсенділік қатары; металдардың белсенділігін салыстыру. № 2 көрсетілім "Белсенді металдардың сумен әрекеттесуі". № 3 зертханалық тәжірибе "Металдардың қышқылдар ерітіндісімен әрекеттесуі". № 3 көрсетілім "Тұз ерітінділерінен металдарды ығыстыру". № 1 практикалық жұмыс "Металдардың белсенділігін салыстыру". № 1 бақылау жұмысы;

5) "Заттың мөлшері". Заттың мөлшері; моль; Авогадро саны; заттың молярлық массасы. Есептеуге берілген есептер: жәй және күрделі заттардың салыстырмалы



молярлық массасын есептеу; химиялық формула бойынша заттың молярлық массасын, массасын және заттың мөлшерін есептеу; заттың белгілі мөлшеріндегі атомдардың (молекулалардың) сандарын есептеу;

6) "Стехиометриялық есептеулер". Химиялық реакциялардың теңдеулері бойынша есептер шығару; молярлық көлем; газдардың салыстырмалы тығыздығы; көлемдік қатынастар заңы; қалыпты және стандартты жағдайлар. Есептеуге берілген есептер: химиялық формула бойынша заттың молярлық массасын, массасын және заттың мөлшерін есептеу; заттың берілген массасы немесе заттың мөлшері бойынша атомдар мен молекулалардың сандарын есептеу; химиялық реакциялардың теңдеулері бойынша реакция өнімінің массасын, көлемін (газдың) және зат мөлшерін есептеу; қалыпты жағдайлардағы газдың көлемін, газдардың салыстырмалы тығыздығын есептеу; оттегі және ауа бойынша газдардың салыстырмалы тығыздықтарын есептеу; заттың мөлшері, молярлық масса, газдың молярлық көлемі, Авогадро заңы ұғымдарын пайдаланып формулалар бойынша есептеулер жасау; химиялық реакциялар кезіндегі газдардың көлемдік қатынастары түсініктерін қолданып есептеулер жасау;

7) "Химиялық реакциялардағы энергиямен танысу". Отынның жануы және энергияның бөлінуі; көміртекті отынның жануы кезінде көмірқышқыл газы, иіс газы немесе көміртек түзілуі мүмкіндігі; жылыжайлық эффектісінің себептері және шешу жолдары; экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар; әртүрлі отындардың потенциалы; қоршаған ортаға әсері; кинетикалық бөлшектер теориясы тұрғысынан энергия өзгерісі; реакцияның жылу эффектісі; термохимиялық теңдеулер. № 4 зертханалық тәжірибе "Энергияның өзгеруімен жүретін химиялық реакциялар". Есептеуге берілген есептер: реакциялардың термохимиялық теңдеулері бойынша реакцияның жылу эффектісін есептеу;

8) "Сутек. Оттек және озон". Сутек – химиялық элемент және жәй зат, сутектің изотоптары (протий, дейтерий және тритий); сутектің қасиеттері, қолданылуы және алынуы; оттек – химиялық элемент және жәй зат, оттектің қасиеттері, қолданылуы және алынуы; сутектің және оттектің бинарлы қосылыстары; табиғатта таралуы; оттектің аллотропиялық түрөзгерісі, озон; сутек пен оттекті алу; Жер бетіндегі озон қабатының маңызы. № 4 көрсетілім "Сутек пероксидінің ажырауы". № 2 практикалық жұмыс "Сутекті алу және оның қасиеттерін зерттеу". № 3 практикалық жұмыс "Сутектің пероксидінен оттекті алу және оның қасиеттерін зерттеу". Есептеуге берілген есептер: реакцияға қатысатын немесе реакция нәтижесінде түзілген өнімнің белгілі массасы, заттың мөлшері немесе көлемі бойынша заттың массасын, заттың мөлшерін, (газдың) көлемін есептеу. № 2 бақылау жұмысы;

9) "Химиялық элементтердің периодтық жүйесі". Химиялық элементтердің периодтық жүйесінің құрылымы, периодтың, топтың, атом нөмірінің физикалық мәні; химиялық элементтердің атомдарының кейбір қасиеттері мен сипаттамаларының периодты түрде өзгеруі; периодтық жүйедегі орыны бойынша элементтің сипатталуы;

химиялық элементтердің табиғи тектестері; сілтілік металдардың, галогендердің, инертті газдардың тектестері; металдар мен бейметалдар; периодтық кестеде орналасуына байланысты химиялық элементтің қасиеттері;

10) "Химиялық байланыс түрлері". Химиялық элементтердің электртерістілігі, атомдар арасындағы химиялық байланыстар табиғатының бірлігі, ковалентті полярлық және полярлық емес байланыс, иондық байланыс, заттың аморфты және кристалдық күйлері, кристалл торларының типтері, заттардың қасиеттерінің оның құрылысына тәуелділігі;

11) "Ерітінділер және ерігіштік". Заттардың суда еруі, заттардың судағы ерігіштігі бойынша жіктелуі; ерітінділер; еріген заттың массалық үлесі, молярлық концентрация, қатты заттардың, сұйықтардың және газдардың суда ерігіштігі, кристаллогидраттар; ерітінділердің табиғаттағы және күнделікті өмірдегі рөлі; заттарды ерігіштігіне температураның әсері. № 5 зертханалық тәжірибе "Заттардың ерігіштігін зерттеу". № 4 практикалық жұмыс "Қатты заттардың ерігіштігіне температураның әсері". № 5 практикалық жұмыс "Берілген пайыздық және молярлық концентрациялы ерітінділерді дайындау". Есептеуге берілген есептер: заттардың судағы ерігіштігін есептеу; тығыздығы мен көлемі бойынша ерітіндінің массасын анықтау, еріген заттың және еріткіштің массасын, еріген заттың массалық үлесін есептеу; ерітіндідегі заттың молярлық концентрациясын есептеу. № 3 бақылау жұмысы.

12) "Көміртек және оның қосылыстары". Көміртектің жалпы сипаттамасы; табиғатта көміртек және оның қосылыстарының таралуы; көміртектің аллотропиялық түр өзгерістері; көміртектің аллотропиялық түр өзгерістерінің қолдану аймағы; көміртектің қасиеттері; көміртектің оксидтері және олардың қасиеттері; тірі ағзаларға иіс газының физиологиялық әсері; көміртектің табиғаттағы айналымы. №6 практикалық жұмыс "Көміртектің физикалық және химиялық қасиеттері". №7 практикалық жұмыс "Көмірқышқыл газын алу және оның қасиеттері зерттеу". Есептеуге берілген есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша реакцияға қатысушы немесе реакция нәтижесінде түзілген бір заттың белгілі массасы, мөлшері немесе көлемі бойынша табиғатта жүретін процестер мен химиялық реакция нәтижесінде түзілген өнімнің немесе реагенттің массасын, заттың мөлшерін, көлемін есептеу; ерітіндінің белгілі массасы және еріген заттың массалық үлесі бойынша реакция өнімінің массасын, көлемін және заттың мөлшерін есептеу.

33. 9-сыныпқа арналған "Химия" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) "Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары". Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланыс; қышқылдар: құрамы, номенклатурасы, жіктелуі, қасиеттері, алынуы және қолданылуы; негіздер: құрамы, номенклатурасы, жіктелуі, қасиеттері, алынуы және қолданылуы; тұздар: құрамы, номенклатурасы, жіктелуі, қасиеттері, алынуы және қолданылуы; бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланыс. №

6 зертханалық тәжірибе "Оксидтердің химиялық қасиеттерін зерттеу". № 7 зертханалық тәжірибе "Қышқылдардың химиялық қасиеттерін зерттеу". № 8 зертханалық тәжірибе "Негіздердің химиялық қасиеттерін зерттеу". № 9 зертханалық тәжірибе "Тұздардың қасиеттері және алынуы". Есептеуге берілген есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша реакцияға қатысушы немесе реакция нәтижесінде түзілген бір заттың белгілі массасы, мөлшері немесе көлемі бойынша табиғатта жүретін процестер мен химиялық реакция нәтижесінде түзілген өнімнің немесе реагенттің массасын, заттың мөлшерін, көлемін есептеу; ерітіндінің белгілі массасы және еріген заттың массалық үлесі бойынша реакция өнімінің массасын, көлемін және заттың мөлшерін есептеу;

2) "Су". Судың құрамы, қасиеттері және қолданылуы, табиғаттағы су, су – табиғи әмбебап еріткіш, сулы ерітінділер және жүзгіндер, судың бірегей қасиеттері және оның өмір үшін маңызы; судың табиғаттағы айналымы; судың ластану себептері; судың кермектігі және оны жою тәсілдері; судың және сулы ерітінділердің табиғаттағы, өндірістің түрлі салаларындағы және ауыл шаруашылығындағы маңызы; суды тазарту әдістері; ауыз суын тазарту, Қазақстан Республикасындағы ауыз су мәселесі, су бассейнін ластанудан қорғау, Қазақстандағы су ресурстарының экологиялық мәселелері; сусыз мыс (II) сульфатының көмегімен суды анықтау әдісі. № 10 зертханалық тәжірибе "Судың кермектігін анықтау". Есептеуге берілген есептер: еріген заттың массалық үлесін, еріткіштің, еріген заттың массасын есептеу. № 4 бақылау жұмысы;

3) "Электролиттік диссоциация". Электролиттер және бейэлектролиттер, С.Аррениустың электролиттік диссоциациялану теориясының негізгі қағидалары, электролиттік диссоциациялану механизмі; ерітінділердің немесе заттың балқымаларының электр өткізгіштігінің химиялық байланыс түріне тәуелділігі; күшті және әлсіз электролиттер, диссоциациялану дәрежесі, қышқыл, сілті және тұздардың судағы ерітінділерінде электролиттік диссоциациялануы, көпнегізді қышқылдардың, қышқылдық және негіздік тұздардың диссоциациялануы, ион алмасу реакциялары және олардың жүру жағдайлары; электролиттік диссоциациялану теориясы тұрғысынан қышқыл, негіз және тұз ерітінділерінің химиялық қасиеттері; тұздар гидролизі. № 1 көрсетілім "Иондық және ковалентті полярлық байланысы бар заттардың электролиттік диссоциациясы". № 1 зертханалық тәжірибе "Қышқыл, сілті ерітінділерінің рН -ын анықтау". № 1 практикалық жұмыс "Ион алмасу реакциялары". № 2 зертханалық тәжірибе "Тұздар гидролизі". Есептеуге берілген есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша заттың мөлшерін, массасын, реакция өнімінің көлемін есептеу; диссоциациялану дәрежесін есептеу;

4) "Бейорганикалық заттарға сапалық талдау". Катиондарға сапалық реакциялар; жалын түсінің боялуы бойынша  $Li^+$ ,  $Na^+$ ,  $K^+$ ,  $Ca^{2+}$ ,  $Sr^{2+}$ ,  $Ba^{2+}$ ,  $Cu^{2+}$  металл катиондарын анықтау; аниондардың сапалық реакциялары; бейорганикалық қосылыстардың құрамын сапалық талдау. № 3 зертханалық тәжірибе жалын түсінің боялуы бойынша " $Li^+$ ,  $Na^+$ ,  $K^+$ ,  $Ca^{2+}$ ,  $Sr^{2+}$ ,  $Ba^{2+}$ ,  $Cu^{2+}$  катиондарын анықтау". № 4

зертханалық тәжірибе " $\text{Fe}^{2+}$ ,  $\text{Fe}^{3+}$ ,  $\text{Cu}^{2+}$  катиондарына сапалық реакциялар". № 5 зертханалық тәжірибе "Сулы ерітіндідегі  $\text{Cl}^-$ ,  $\text{Br}^-$ ,  $\text{I}^-$ ,  $\text{PO}_4^{3-}$ ,  $\text{SO}_4^{2-}$ ,  $\text{CO}_3^{2-}$ ,  $\text{NO}_3^-$ ,  $\text{SiO}_3^{2-}$  аниондарын анықтау". № 2 практикалық жұмыс "Бейорганикалық қосылыстарды сапалық талдау". Есептеуге берілген есептер: егер әрекеттесуші заттардың біреуі артық мөлшерде берілсе химиялық теңдеулер бойынша есептеу;

5) "Химиялық реакциялардың жылдамдығы". Химиялық реакциялардың жылдамдығы; химиялық реакциялардың жылдамдығына әсер ететін факторлар; бөлшектердің кинетикалық тұрғысынан реакция жылдамдығы; катализаторлар; ингибиторлар; катализаторлар мен ингибиторлардың реакция жылдамдығына әсері. № 2 көрсетілім "Түрлі химиялық реакциялардың жылдамдығы". № 6 зертханалық тәжірибе "Концентрацияның температурасы мен бөлшектер көлемінің реакция жылдамдығына әсері". № 3 практикалық жұмыс "Реакция жылдамдығына катализатордың әсері";

6) "Қайтымды реакциялар". Химиялық тепе-теңдік; тепе-теңдік динамикалық үдеріс ретінде; химиялық тепе-теңдіктің ығысуы; Ле-Шателье-Браун принципі; химиялық тепе-теңдік күйіне және химиялық реакция жылдамдығына жағдайлардың өзгерісінің әсері; бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан химиялық тепе-теңдік. № 3 көрсетілім "Қайтымды химиялық реакциялар". № 7 зертханалық тәжірибе "Химиялық тепе-теңдіктің ығысуы;

7) "Тотығу-тотықсыздану реакциялары". Химиялық элементтердің тотығу дәрежелері, қосылыстардың формулалары бойынша химиялық элементтердің тотығу дәрежелерін анықтау, тотықтырғыш және тотықсыздандырғыш туралы түсінік, тотығу-тотықсыздану реакциялары; электрондық баланс әдісі;

8) "Металдар мен қорытпалар". Металдардың жалпы сипаттамасы; металдық байланыс пен металдық кристалдық тор; темір мен мыстың физикалық және химиялық қасиеттері; металдардың тек тотықсыздандырғыш қасиеттерін көрсетуі; темір қорытпалары және олардың қолданылуы; металлургия туралы түсінік, шойын мен болат өндірісі; Қазақстанда металлургияның дамуы, металдар мен олардың қорытпаларын алу, Қазақстандағы металдар және оның қосылыстарының маңызды кен орындары; металдарды өндіру үдерістері, қоршаған ортаға әсері; металдарды алу. № 4 көрсетілім "Металдардың кристалдық торы модельдері". № 5 көрсетілім "Металдар және қорытпалар". Есептеуге берілген есептер: егер құрамында қоспаның белгілі бір массалық үлесі бар басқа заттың массасы белгілі болған жағдайда реакция теңдеуі бойынша заттың массасын есептеу; өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен саластырғандағы заттың шығымы массасын есептеу.

34. 10-сыныпқа арналған "Химия" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) 1 (I), 2 (II) және 3 (III) топтар элементтері және олардың қосылыстары. 1 (I)-топ элементтері және олардың қосылыстары; атомдары құрылысы негізінде сілтілік металдардың жалпы қасиеттері; сілтілік металдардың оксидтері мен гидроксидтерінің

негіздік қасиеттері және олардың қолданылуы; 2 (II)-топ элементтері және олардың қосылыстары; 1 (I)-ші және 2 (II)-топ металдарының жалпы қасиеттері; кальций оксиді мен гидроксидінің негіздік қасиеттері және олардың қолданылуы; 3 (III)-топ элементтері; алюминий және оның қосылыстары; алюминийдің қосылыстары мен қорытпаларының қолдану аймағы; алюминий, оның оксиді мен гидроксидінің екідайлы қасиеттері. № 6 көрсетілім "Натрийдің, кальцийдің сумен әрекеттесуі". № 8 зертханалық тәжірибе "Кальцийдің сумен және қышқыл ерітіндісімен әрекеттесуі". № 7 көрсетілім "Алюминий мен оның қорытпалары". № 9 зертханалық тәжірибе "Алюминийдің қышқыл және сілті ерітінділерімен әрекеттесуі". № 4 практикалық жұмыс "Металдар" тақырыбына эксперименттік есептер шығару. Есептеуге берілген есептер: егер құрамында қоспаның белгілі массалық үлесі бар басқа заттың массасы белгілі болғанда, заттың (реагенттің немесе өнімнің) массасын реакция теңдеуі бойынша есептеу; өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен саластырғандағы заттың шығымы массасын есептеу; өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен саластырғандағы заттың шығымы массасын есептеу. № 2 бақылау жұмысы;

2) 7 (VII), 6 (VI), 5 (V), 4 (IV) - топтарының элементтері және олардың қосылыстары . (VII) топ элементтері, галогендер; байланыс түрі және кристалдық тор типі; топтағы галогендер қасиеттерінің өзгеру заңдылықтары; хлор; хлордың химиялық қасиеттері: металдармен, сутекпен және галогенидтермен әрекеттесуі; хлорсутек қышқылының құрамы қасиеттері мен қолданылуы; 6 (VI)-топ элементтері, күкірт, күкірттің аллотропиялық түр өзгерістерінің физикалық қасиеттері, күкірттің негізгі қосылыстары және олардың физикалық және химиялық қасиеттері; қышқылдық жаңбырдың пайда болу себебі мен экологияға тигізетін әсері; күкірт қышқылы, күкірт қышқылы және оның тұздарының жалпы және ерекше қасиеттері, қасиеттері мен қолданылуы; 5 (V)-топ элементтері: азот, азоттың қасиеттері және табиғаттағы азот айналымы; аммиак, аммиактың қасиеттері, алынуы мен қолданылуы; аммиак өндірісі; (Габер синтезі): азот қышқылы; азот қышқылының қасиеттері; азот қышқылы мен нитраттардың өзіне тән қасиеттері; фосфор және оның қосылыстары; фосфорды аллотропиялық түрлендіру; фосфор қосылыстарының Қазақстандағы кен орындары; фосфор және оның қосылыстарының жалпы химиялық қасиеттері; минералды тыңайтқыштар, олардың Қазақстанда өндірілуі және оларды тиімді қолдану; азот және фосфор тыңайтқыштарының қоршаған ортаға әсері; 14 (IV) - топ элементтері; кремний және оның қосылыстары; кремнийдің қолданылу аймағы және оның жартылай өткізгіш ретінде маңызы; сұйық кристалдар, кремний, оның диоксиді мен карбидіндегі химиялық байланыс түрін және кристалдық тор типі; кремний мен оның қосылыстарының химиялық қасиеттері; Қазақстандағы силикат өнеркәсібі; № 8 көрсетілім "Күкірттің аллотропиялық түр өзгерістері". № 5 практикалық жұмыс "Сұйылтылған күкірт қышқылы ерітіндісі және оның тұздарының химиялық қасиеттерін

зерттеу". № 10 зертханалық тәжірибе "Азот молекуласының моделін дайындау". № 11 зертханалық тәжірибе "Аммиак молекуласының моделін дайындау". № 6 практикалық жұмыс "Аммиактың алынуы және оның қасиеттерін зерттеу". № 12 зертханалық тәжірибе "Азот қышқылының басқа қышқылдармен ортақ қасиеттері". № 9 көрсетілім "Минералды тыңайтқыштар". № 10 көрсетілім "Алмаз, кремний, кремний диоксиді мен кремний карбидінің кристалдық торларының модельдері". Есептеуге берілген есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша есептеу, бірі зат бастапқы заттардан артық берілген есептер; егер реакция өнімінің практикалық шығымының массалық үлесі белгілі болса, химиялық реакция теңдеуі бойынша заттың (реагенттің немесе өнімнің) массасын есептеу; құрамындағы қоспаның массалық үлесі бар басқа заттың массасы бойынша реакция өнімінің массасын есептеу;

3) "Адам ағзасындағы химиялық элементтер". Адам ағзасының химиялық құрамы; макроэлементтер және микроэлементтер, олардың маңызы; адам ағзасының құрамына кіретін элементтер және олардың маңызы: (O, C, H, N, Ca, P, K, S, Cl, Mg, Fe); Қазақстан тұрғындарының теңгерімді тамақтану рационы; ағзадағы кейбір элементтерді анықтау; ауыр металдармен қоршаған ортаның ластануы көздері, ауыр металдардың ағзаларға әсері. № 13 зертханалық тәжірибе "Сүйек құрамындағы кальцийді анықтау". № 14 зертханалық тәжірибе "Тамақ өнімдерінің құрамындағы көміртекті анықтау". № 3 бақылау жұмысы.

4) "Органикалық химияға кіріспе". Органикалық химия – көміртек қосылыстарының химиясы, А.М. Бутлеровтың органикалық қосылыстардың құрылыс теориясының негізгі қағидалары; органикалық заттардың ерекшеліктері; органикалық қосылыстардың жіктелуі; функционалдық топ түсінігі; органикалық қосылыстардың гомологтық қатарлары; органикалық қосылыстардың гомологтық қатарлары; органикалық қосылыстардың номенклатурасы; органикалық қосылыстардың изомериясы; № 11 көрсетілім "Метан, этан, этен, этин, этанол, этаналь, этан қышқылы, глюкоза, аминокетан қышқылы модельдері". № 12 көрсетілім "Алкандардың алғашқы бес өкілдерінің және сызықты құрылымды спирттердің модельдері". № 13 көрсетілім "Пентан изомерлерінің модельдері". Есептеуге берілген есептер: элементтердің массалық үлесі және салыстырмалы тығыздығы бойынша газтәрізді заттардың молекулалық формулаларын табу.

5) "Көмірсутектер. Отын". Көмірсутектердің жіктелуі, номенклатурасы және изомериясы, қаныққан көмірсутектер, алкан, метан, қанықпаған көмірсутектер, алкендер, этилен, алкиндер, ацетилен; арендер, бензол; көмірсутектер арасындағы генетикалық байланыс, көмірсутектердің табиғи көздері, көмірсутекті отындар; табиғи газдың, мұнайдың, көмірдің Қазақстандағы кен орындары, оларды өндіру және өңдеу; көмірсутектерді өндіру, өңдеу және қолданудағы экологиялық мәселелер, көмірсутектерді экономиканың түрлі салаларында және тұрмыста пайдалану; альтернативті отын түрлері; мұнай, мұнай фракциялары және шикі мұнай өнімдерінің

қолдану аймағы. № 14 көрсетілім "Этиленнің жануы, бром суы мен калий перманганаты ерітінділерін түссіздендіруі". № 15 көрсетілім "Отын түрлері". № 16 көрсетілім "Мұнай және мұнай өнімдері". Есептеуге берілген есептер: реакция өнімінің массасы немесе көлемі және белгілі заттың салыстырмалы тығыздығы бойынша органикалық заттың формуласын анықтау;

б) "Оттекті және азотты органикалық қосылыстар". Оттекті органикалық қосылыстардың жіктелуі және номенклатурасы, метанол, этанол, спирттердің улылығы және этил спиртінің адам организміне зиянды әсері, оттекті органикалық қосылыстардың өкілдері; этандиол, пропантриол, этан қышқылы, глюкоза, сахароза, крахмал, целлюлозаның қолданылуы; карбон қышқылдары, күрделі эфирлер мен майлар, сабын, синтетикалық жуғыш заттар, синтетикалық жуғыш заттардың қоршаған ортаға әсері; көмірсулар, нәруыздар, аминқышқылдары; биологиялық маңызды органикалық қосылыстар, Қазақстанның тамақ өнеркәсібі. № 15 зертханалық тәжірибе "Сірке қышқылының қасиеттерін зерттеу". № 16 зертханалық тәжірибе "Нәруыздардың денатурациясы". Есептеуге берілген есептер: егер құрамында қоспаның массалық үлесі бар басқа заттың массасы белгілі болған жағдайда, реакция теңдеуі бойынша органикалық заттың (реагенттің немесе өнімнің) массасын есептеу; өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен саластырғандағы заттың шығымы массасын есептеу; метан, бутан, этанолдың жану реакция теңдеуі бойынша оттектің, ауаның көлемдерін есептеу. № 4 бақылау жұмысы.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

35. Бағдарламада, оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 9.2.1.2. кодында "9" - сынып, "2.1" - бөлімше, "2" - оқыту мақсатының реттік саны.

36. Күтілетін нәтижелер бойынша оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) "Тірі организмдердің көп түрлілігі, құрылымы мен қызметтері" бөлімі:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып
	7.1.1.1 "Химия" ғылымының негізін оқытатынын білу; 7.1.1.2 химиялық зертханада және кабинетінде жұмыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелерін білу және түсіну;			

<p>1.1 Атомдар, иондар және молекулалар</p>	<p>7.1.1.3 физикалық және химиялық құбылыстарды ажырата алу; 7.1.1.4 заттардың әртүрлі агрегаттық күйлерін білу және бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан қатты, сұйық, газ тәріздес заттардың құрылымын түсіндіре алу; 7.1.1.5 салқындау үдерісін зерделеу, салқындау қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясына сай, өз бақылауларын түсіндіру; 7.1.1.6 судың қайнау үдерісін зерделеу, қыздыру қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясын пайдалана отырып, өз бақылауларын түсіндіру</p>	<p>8.1.1.1 зат мөлшерінің өлшем бірлігі ретінде – мольді және Авогадро санын білу; 8.1.1.2 формула бойынша заттың массасын, зат мөлшерін, құрылымдық бөлшектер санын есептей алу</p>		
	<p>7.1.2.1 атомдар мен молекулалардың айырмашылығын білу; 7.1.2.2 әрбір элементтің химиялық таңбамен белгіленетіндігін және белгілі атом түрі екенін білу; 7.1.2.3 элементтерді металдар мен бейметалдарға жіктей алу; 7.1.2.4 заттарды құрамына қарай жай</p>			



1.2 Атом құрамы мен құрылысы

және күрделіге жіктеу;  
7.1.2.5 протон, электрон, нейтронды және олардың атомдағы орналасу тәртібін, массасын зарядын білу;  
7.1.2.6 алғашқы 20 элементтің атом құрылысы ( $p^+$ ,  $n^0$ ,  $e^-$ ) мен атом ядросының құрамын білу;  
7.1.2.7 "изотоп" түсінігін білу;  
7.1.2.8 Жердегі элементтердің басым бөлігі планеталардың қалыптасу кезінде пайда болған изотоптар қоспасы түрінде кездесетіндігін түсіну;  
7.1.2.9 табиғи изотоптары бар химиялық элементтердің атомдық массалары бөлшек сан болатындығын түсіну;  
7.1.2.10 салыстырмалы атомдық массаның анықтамасын білу;  
7.1.2.11 элементтердің атауларын, валенттілікті және олардың қосылыстардағы атомдық қатынастарын қолдана отырып, бинарлы химиялық қосылыстардың формулаларын дұрыс құра білу;  
7.1.2.12 химиялық қосылыстың

	формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық/ формулалық массасын есептеу			
<p>1.3 Атомда электрондардың қозғалысы мен таралуы. Атомдардан иондардың құрылуы</p>		<p>8.1.3.1 атомда электрондар ядродан арақашықтығы артқан сайын біртіндеп энергетикалық деңгейлер бойынша таралатынын түсіну ;</p> <p>8.1.3.2 әрбір электрон қабатында электрон саны нақты максимал мәннен аспайтынын түсіну;</p> <p>8.1.3.3 s және p орбиталдарының пішінін атау;</p> <p>8.1.3.4 алғашқы 20 химиялық элементтің электрондық конфигурациясын ж ә н е электронды-графикалық формулаларын жазу;</p> <p>8.1.3.5 атомдар электрондарды қабылдай немесе жоғалта алатынын және осының нәтижесінде иондар түзілетінін түсіну;</p> <p>8.1.3.6 "нольдік қосынды" әдісімен қосылыстардың формуласын құрастыру</p>		
		<p>8.1.4.1 электртерістілік</p>	<p>9.1.4.1 металдық байланыс пен металдық кристалдық тор жайындағы білімдерін қолданып</p>	

1.4 Химиялық байланыстардың түрлері		ұғымына сүйеніп ковалентті байланыстың түзілуін түсіндіру; 8.1.4.2 иондық байланыстың түзілуін сипаттау және иондық қосылыстардың қасиеттерін болжау; 8.1.4.3 заттар қасиеттерінің кристалдық тор типтеріне тәуелділігін түсіндіру	металдардың қасиетін түсіндіре алу; 9.1.4.2 металдарға тән физикалық және химиялық қасиеттерді сипаттау және металл атомдарының тек тотықсыздандырғыш қасиет көрсететінін түсіндіру; 9.1.4.3 құйма ұғымын анықтау және оның артықшылықтарын түсіндіру; 9.1.4.4 шойын мен болаттың құрамы мен қасиеттерін салыстыру	10.1.4.1 галоген молекулала-рының электрондық формула-ларын құрастыру және кристалдық тор түрлері мен байланыс типтерін анықтау; 10.1.4.1 кремний, оның диоксиді мен карбидіндегі химиялық байланыс түрін және кристалдық тор типін сипаттау
-------------------------------------	--	--	--	--

## 2) "Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары" бөлімі:

### 2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып
				10.2.1.1 сілтілік металдардың жалпы қасиеттерін олардың атомдарының құрылымы негізінде түсіндіру; 10.2.1.2 сілтілік металдардың оксидтері мен гидроксидтерінің негізгі қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құру; 10.2.1.3 1 (I) және 2 (II) топтағы металдардың жалпы қасиеттерін салыстыру және реакция теңдеулерін құру; 10.2.1.4 кальций оксидтері мен гидроксидтерінің

8.2.1.1 топ, период, атом нөмірінің физикалық мәнін түсіндіру;  
8.2.1.2 бір топтағы элементтердің сыртқы электрондық деңгейінде электрондар

негізгі қасиеттерін түсіндіру, қолданылуын сипаттау;  
10.2.1.5 алюминийдің қасиеттерін түсіндіру атомның құрылымы негізінде алюминий мен оның қорытпаларын қолдану салаларын атаңыз;  
10.2.1.6 алюминийдің, оның оксидінің және гидроксидінің амфотериялық қасиеттерін зерттеу;  
10.2.1.7 қарапайым және күрделі заттармен 1 (I), 2 (II), 13 (III) топтағы металдардың өзара әрекеттесуі бойынша эксперименттерді жоспарлау және жүргізу;  
10.2.1.8 топтағы галогендер қасиеттерінің өзгеру тенденциясын болжау;  
10.2.1.9 хлордың химиялық қасиеттерін сипаттау: металдармен, сутегімен және галогендермен өзара әрекеттесуі;  
10.2.1.10 хлорсутек қышқылы ерітіндісінің химиялық қасиеттерін зерттеу және қолдану саласын білу;  
10.2.1.11 16 (VI) - топ элементтерінің жалпы сипаттамасын сипаттау;

<p>2.1 Периодтық заң мен химиялық элементтердің периодтық жүйесі</p>	<p>7.2.1.1 И.Дүберейнер, Дж.Ньюлендс, Д.И.Менделеевтің еңбектерінің мысалында элементтердің жіктелуін салыстыру; 7.2.1.3 периодтық кестенің кестенің құрылымын сипаттау: топтар және периодтар</p>	<p>санының бірдей болатындығын түсіну; 8.2.1.3 топтар мен периодтарда элементтер қасиеттерінің өзгеру заңдылығын түсіндіру; 8.2.1.4 периодтық жүйедегі орны бойынша элементті сипаттау; 8.2.1.5 химиялық қасиеттері ұқсас элемент-тердің бір т о п қ а жататындығын дәлелдеу; 8.2.1.6 химиялық элементтердің табиғи ұяластарын атау және сілтілік металдар, галогендер, инертті элементтердің ұяластарына мысалдар келтіру; 8.2.1.7 химиялық элементтің периодтық кестеде орналасуына сай қасиеттерін болжау</p>	<p>10.2.1.12 күкірттің аллотропты түрленуінің физикалық қасиеттерін салыстыру және күкірттің химиялық қасиеттерін көрсететін реакция теңдеулерін құру; 10.2.1.13 (IV) және (VI) күкірт оксидтерінің физикалық және химиялық қасиеттерін салыстыру және күкірт диоксидінің физиологиялық әсерін түсіндіру; 10.2.1.14 күкірт қышқылы мен оның тұздары ерітіндісінің физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу; 10.2.1.15 табиғаттағы азот айналымы мен азоттың қасиеттерін түсіндіру; 10.2.1.16 аммиактың алынуын, қасиеттерін және қолданылуын түсіндіру; 10.2.1.17 аммоний тұзы ерітіндісінің сілті ерітіндісімен өзара әрекеттесуі арқылы аммиакты ала білу және газ тәрізді аммиак пен оның ерітіндісінің қасиеттерін зерттеу; 10.2.1.18 азоттан азот қышқылын алу реакцияларының теңдеулерін құрастыру; 10.2.1.19 басқа қышқылдармен</p>
--	--	--	---

ортақ азот қышқылының қасиеттерін зерттеу;  
 10.2.1.20 сұйылтылған және концентрацияланған азот қышқылының металдармен өзара әрекеттесу ерекшелігін сипаттап, реакция теңдеулерін құра білу;  
 10.2.1.21 нитраттардың термиялық ыдырауының ерекшеліктерін түсіндіру, теңдеулер құру;  
 10.2.1.22 фосфордың аллотропты модификацияларын салыстыру;  
 10.2.1.23 фосфор мен оның қосылыстарының Жалпы химиялық қасиеттерін түсіндіру;  
 10.2.1.24 кремнийдің қолданылу аясын және оның жартылай өткізгіш ретіндегі маңызын түсіндіру;  
 10.2.1.25 кремний мен оның қосылыстарының негізгі химиялық қасиеттерін сипаттау, реакция теңдеулерін құру

9.2.2.1 реакция теңдеулерін молекулалық және иондық түрде құру;  
 9.2.2.2 бейтараптану және ион алмасу

<p>2.2 Химиялық реакциялардың жіктелуі</p>	<p>7.2.2.1 сұйылтылған қышқылдардың қолдану аяларын және олармен жұмыс жасау ережелерін атау; 7.2.2.2 сұйылтылған қышқылдардың әртүрлі металдармен реакцияларын зерттеу және сутек газының сапалық реакциясын жүзеге асыру; 7.2.2.3 кейбір карбонаттардың сұйылтылған қышқылдармен реакцияларын зерттеу және көмірқышқыл газының сапалық реакциясын жүзеге асыру</p>	<p>8.2.2.1 бастапқы және түзілген заттардың саны мен құрамы бойынша химиялық реакцияларды жіктеу; 8.2.2.2 табиғаттағы және тірі ағзалар мен адам тіршілігіндегі химиялық реакцияларды сипаттау</p>	<p>реакциялары-ның жүру себептерін түсіндіру; 9.2.2.3 тотығу дәрежесі ұғымының мәнін түсіндіру және оны заттың формуласы бойынша анықтау; 9.2.2.4 тотығу және тотықсыздану үдерістері бір-бірімен байланысты екенін және бір мезгілде жүретіндігін түсіну; 9.2.2.5 тотығу-тотықсыздану реакцияларын тотығу дәрежесі өзгере жүретін реакциялар ретінде түсіну; 9.2.2.6 тотығу процесін электронды беру, ал тотықсыздану – электронды қосып алу деп түсіну; 9.2.2.7 электрондық баланс әдісімен тотығу-тотықсыздану реакцияларының коэффициенттерін қою</p>	
		<p>8.2.3.1 заттар құрамындағы элементтердің массалық үлесін табу, элементтердің массалық үлесі бойынша заттардың формуласын шығару; 8.2.3.2 әрекеттесетін заттар қатынасын эксперименттік жолмен анықтау; 8.2.3.3 реакцияға қатысатын және түзілетін заттардың формуласын жаза отырып, химиялық</p>		

<p>2.3 Зат массасының сақталу заңы</p>		<p>реакциялар теңдеулерін құру;        8.2.3.4 заттар массасының сақталу заңын атау;        8.2.3.5 химиялық реакция теңдеулері бойынша зат массасын, зат мөлшерін есептеу;        8.2.3.6 Авогадро заңын айту және қалыпты және стандартты жағдайлардағы газдар көлемін есептеуде молярлық көлемді қолдану;        8.2.3.7 газдардың салыстырмалы тығыздығын және заттың молярлық массасын салыстырмалы тығыздық бойынша есептеу;        8.2.3.8 газдардың қатысуымен жүретін реакциялар бойынша есептер шығаруда газдардың көлемдік қатынас заңын қолдану</p>	<p>9.2.3.1 зат массасының сақталу заңына сәйкес реакция теңдеулерін құру;        9.2.3.2 заттар құрамындағы элементтердің массалық үлесін табу, элементтердің массалық үлесі бойынша заттардың формуласын шығару;</p>	<p>10.2.3.1 реакция өнімінің шығуын теориялық мүмкінмен салыстыру;        10.2.3.2 элементтердің салыстырмалы тығыздығы мен массалық үлестері бойынша газ тәрізді заттың молекулалық формуласын анықтау</p>
<p>2.4 Металдардың электро-химиялық кернеу катары</p>		<p>8.2.4.1 кейбір металдар басқаларға қарағанда тотығуға тезірек ұшырайтындығын білу;        8.2.4.2 белсенді металдардың салқын сумен, ыстық су немесе бумен әрекеттесуін сипаттау;        8.2.4.3 металдар коррозиясын туындатуға әсер ететін жағдайларды зерттеу;        8.2.4.4 қышқыл ерітінділерімен</p>		



	<p>әртүрлі металдардың реакцияларын зерттеу;</p> <p>8.2.4.5 металдардың қышқылдармен әрекеттесуінің реакция теңдеулерін құрастыру;</p> <p>8.2.4.6 металдардың тұз ерітінділерімен әрекеттесуінің жоспарын жасау және жүргізу</p>	
--	--	--

### 3) "Химиядағы энергетика" бөлімі:

#### 3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып
3.1 Экзотер-миялық және эндотермиялық реакциялар	<p>7.3.1.1 ауа құрамын айту;</p> <p>7.3.1.2 заттардың жану кезінде ауаның құрамына кіретін оттектің жұмсалатындығын білу;</p> <p>7.3.1.3 атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың маңызын түсіну;</p> <p>7.3.1.4 затты жағуға қажетті жағдайларды және жану реакциясының өнімдерін айту;</p> <p>7.3.1.5 тез тұтанатын, жанғыш және жанбайтын заттарға мысалдар келтіру;</p> <p>7.3.1.6 заттардың таза оттекте ауаға қарағанда жақсырақ жанатындығын түсіну;</p> <p>7.3.1.7 металдар мен бейметалдардың</p>	<p>8.3.1.1 заттың жану реакциясының өнімі көбінесе оксидтер екенін және құрамында көміртегі бар отын оттекте жанғанда, көмірқышқыл газы, иіс газы немесе көміртек түзілетінін түсіну;</p> <p>8.3.1.2 парниктік эффектінің себептерін түсіндіру және шешу жолдарын ұсыну;</p> <p>8.3.1.3 экзотермиялық реакциялар жылу бөле жүретінін, ал эндотермиялық реакциялар жылу сіңіре жүретінін білу;</p> <p>8.3.1.4 әртүрлі жанғыш заттардың қоршаған ортаға әсерін түсіну;</p> <p>8.3.1.5 энергия өзгерісін бөлшектердің кинетикалық</p>		

	жануы кезінде оксидтер түзілетіндігін білу	теориясы тұрғысынан түсіндіру		
3.2 Химиялық реакциялардың жылдамдығы			<p>9.3.2.1 реакция жылдамдығы ұғымын түсіндіру;</p> <p>9.3.2.2 реакция жылдамдығына әсер ететін факторларды анықтау және оны бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру;</p> <p>9.3.2.3 катализатордың реагенттен айырмашылығын және олардың реакция жылдамдығына әсерін түсіндіру;</p> <p>9.3.2.4 реакция жылдамдығына ингибитордың әсерін түсіндіру</p>	
3.3 Химиялық тепе-теңдік			<p>9.3.3.1 тепе-теңдікті динамикалық үдеріс ретінде сипаттау;</p> <p>9.3.3.2 Ле-Шателье-Браун принципі бойынша химиялық тепе-теңдіктің ығысуын болжау;</p> <p>9.3.3.3 химиялық тепе-теңдік күйіне және химиялық реакция жылдамдығына жағдайлар өзгерісінің әсерін түсіну және ажырату;</p> <p>9.3.3.4 химиялық тепе-теңдікті бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру</p>	10.3.3.1 аммиак өндірісінің үдерісін сипаттау;

3.4 Қышқылдар мен негіздер теориясы	<p>7.3.4.1 кейбір табиғи қышқылдар мен сілтілердің "қышқылдық" және "сабындылық" қасиеттер белгілері болуы мүмкін екендігін білу;</p> <p>7.3.4.2 химиялық индикаторлар метилоранж, лакмус, фенолфталеинді және олардың әртүрлі ортада түстерінің өзгеруін атау;</p> <p>7.3.4.3 рН шкаланың негізінде әмбебап индикаторды қолданып, сілтілер мен қышқылдарды анықтау;</p> <p>7.3.4.4 "антацидтік заттарды" қолдану мысалында қышқылдардың бейтараптануын түсіну</p>	<p>8.3.4.1 заттарды олардың судағы ерігіштігі бойынша жіктеу;</p> <p>8.3.4.2 заттар ерітінділерінің табиғаттағы және күнделікті өмірдегі маңызын түсіндіру;</p> <p>8.3.4.3 заттың ерігіштігіне температура әсерін түсіндіру;</p> <p>8.3.4.4 буландыру техникасын қолдана отырып, заттың 100 г судағы ерігіштігін есептеу, алынған нәтижелерді анықтамалық мәндермен салыстыру;</p> <p>8.3.4.5 еріген заттың массалық үлесі мен ерітіндінің белгілі массасы бойынша еріген заттың массасын есептеу;</p> <p>8.3.4.6 ерітіндідегі заттың молярлық концентрациясын есептеу</p>	<p>9.3.4.1 оксидтердің жіктелуін және қасиеттерін атау, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру;</p> <p>9.3.4.2 қышқылдардың жіктелуін, қасиеттерін атау, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру;</p> <p>9.3.4.3 негіздердің жіктелуі мен қасиеттерін атау, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру;</p> <p>9.3.4.4 тұздарды алудың әртүрлі әдістерін білу, сәйкес реакция теңдеулерін құрастыру;</p> <p>9.3.4.5 тұздардың қасиеттерін, жіктелуін білу және түсіну, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру;</p> <p>9.3.4.6 бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланысты зерттеу</p>	
-------------------------------------	--	--	--	--

#### 4) "Химия және қоршаған орта" бөлімі:

##### 4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып

4.1 Заттардың жіктелуі

7.4.1.1 элементті (жай зат) бірдей атомдардың жиынтығы ретінде түсіну;

7.4.1.2 таза заттар атомдардың немесе молекулалардың бір түрінен түзілетінін білу;

7.4.1.3 элемент (жай зат) қоспа және қосылыс түсініктерін ажырата алу;

7.4.1.4 қосылыстардың және элементтердің физикалық қасиеттері туралы алған білімдерін қоспа құрамын дағы таныс емес заттарды ажыратуға колдана алу;

7.4.1.5 қоспалардың түрлерін және оларды бөлу әдістерін атау;

7.4.1.6 қоспаны бөлуге негізделген

9.4.1.1 электролиттер мен бейэлектролиттердің анықтамасын айту және мысалдар келтіру;

9.4.1.2 заттардың ерітінділері немесе балқымаларының электрөткізгіштігі химиялық байланыс түріне тәуелді екендігін түсіндіру;

9.4.1.3 иондық және коваленттік полюсті байланысы бар заттардың электролиттік диссоциациялану механизмін түсіндіру;

9.4.1.4 электролиттік диссоциация теориясының негізгі қағидаларын білу;

9.4.1.5 ерітінділердің қышқылдылығы мен сілтілігін ажырату;

9.4.1.6 қышқыл, негіз, орта және қышқылдық тұздардың электролиттік диссоциациялану теңдеулерін құрастыру;

9.4.1.7 күшті және әлсіз электролиттерге мысал келтіру және оларды ажырату, диссоциациялану дәрежесін анықтай білу;

9.4.1.8  $\text{Li}^+$ ,  $\text{Na}^+$ ,  $\text{K}^+$ ,  $\text{Ca}^{2+}$ ,  $\text{Sr}^{2+}$ ,  $\text{Ba}^{2+}$ ,  $\text{Cu}^{2+}$  металл катиондарын анықтау үшін жалын түсінің боялу реакциясын

	тәжірибені жоспарлау		жүргізу және сипаттау; 9.4.1.9 Fe <sup>2+</sup> , Fe <sup>3+</sup> , Cu <sup>2+</sup> катиондарына сапалық реакция жүргізу; 9.4.1.10 хлорид-, бромид-, йодид-, сульфат, карбонат-, фосфат-, нитрат-, силикат- иондарына сапалық реакцияларды тәжірибе жүзінде жүргізу және ион алмасу реакцияларын бақылап, нәтижесін сипаттау; 9.4.1.11 белгісіз заттардағы катион мен аниондарды анықтау тәжірибесінің жоспарын құру және оны практикада жүзеге асыру	
4.2 Жер химиясы	7.4.2.1 жер қыртысында көптеген пайдалы химиялық қосылыстар барын түсіну; 7.4.2.2 кейбір минералдар мен пайдалы табиғи қосылыстардың кендерге жататынын түсіну; 7.4.2.3 металды алу үшін кенді өңдеу үдерісін сипаттау; 7.4.2.4 Қазақстан қандай минералды және табиғи ресурстармен бай екендігін және олардың кен орындарын атау;	8.4.2.1 сутекті алу және оның қасиеттері мен қолдануын зерттеу; 8.4.2.2 ауа құрамындағы және жер қыртысындағы оттектің пайыздық мөлшерін атау; 8.4.2.3 оттекті алу және оның қасиеттері мен қолданылуын зерттеу; 8.4.2.4 оттектің аллотропиялық түр өзгерістерінің құрамы мен қасиеттерін салыстыру;	9.4.2.1 судың табиғатта кең таралғандығын, бірегей қасиеттерін және оның өмір үшін маңызын түсіндіру; 9.4.2.2 табиғаттағы су айналымын түсіндіру; 9.4.2.3 судың ластану қауіптілігін және салдарын анықтау, суды тазарту әдістерін түсіндіру; 9.4.2.4 судың "кермектігін" анықтау және оны жою тәсілдерін түсіндіру; 9.4.2.5 суды сусыз мыс (II) сульфатын қолданып анықтау тәсілін айту;	10.4.2.1 қышқылдық жаңбырлардың пайда болу себебі мен экологияға тигізетін әсерін түсіндіру; 10.4.2.2 фосфор қосылыстарының Қазақстандағы кен орындарын атау; 10.4.2.3 минералды тыңайтқыштардың жіктелуін және олардың құрамына кіретін коректік элементтерді атау; 10.4.2.4 азот және фосфор тыңайтқыштарының

	7.4.2.5 табиғи ресурстарды өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру	8.4.2.5 Жер бетіндегі озон қабатының маңызын түсіндіру	9.4.2.6 табиғаттағы және тірі ағзалар қызметі мен адамның тіршілігіндегі жүретін химиялық реакцияларды сипаттау	қоршаған ортаға әсерін түсіндіру;
				<p>10.4.3.1 органикалық қосылыстардың көптүрлілігінің себептерін түсіндіру ;</p> <p>10.4.3.2 көмірсутектердің және олардың туындылары: спирттер, альдегидтер, карбон қышқылдары, аминқышқылдарының жіктелуін білу;</p> <p>10.4.3.3 функционалдық топ түсінігін берілген класс қосылысының химиялық қасиеттерін анықтайтын топ ретінде түсіндіру;</p> <p>10.4.3.4 гомолог ұғымын және гомологтық айырмашылықты білу;</p> <p>10.4.3.5 органикалық қосылыстардың негізгі кластары: алкандар, алкендер, алкиндер, арендер, спирттер, альдегидтер карбон қышқылдары, аминқышқылдары үшін IUPAC номенклатурасын қолдану;</p> <p>10.4.3.6 көмірсутектердің құрылымдық изомерлерінің формулаларын</p>

8.4.3.1 көміртек  
неліктен көптеген  
қосылыстарында  
төрт байланыс  
түзетінін түсіндіру;  
8.4.3.2 табиғатта  
көміртек және оның  
қосылыс-тарының  
таралуын сипаттау;  
8.4.3.3 көміртектің  
аллотропиялық түр  
өзгерістерінің  
құрылысын және  
қасиеттерін  
салыстыру;

құрастыра алу және  
изомерия  
құбылысын білу;  
10.4.3.7  
алкандардың  
химиялық  
қасиеттерін  
сипаттау және оны  
реакция  
теңдеулерімен  
дәлелдеу;  
10.4.3.8  
еріткіштерді алу  
үшін алкандарды  
хлорлаудың маңызы  
мен бұл  
еріткіштердің  
қауіптілік дәрежесін  
түсіндіру;  
10.4.3.9  
қанықпағандық  
ұғымын сипаттау;  
10.4.3.10 этен  
мысалында  
алкендердің  
химиялық  
қасиеттерін (жану,  
гидрлеу, гидратация  
, галогендеу,  
сапалық реакциялар  
) оқып үйрену,  
химиялық реакция  
теңдеулерімен  
дәлелдеу;  
10.4.3.11  
полиэтилен  
мысалында  
полимерлену  
реакциясының  
механизмі мен  
полимерлердің  
құрылымының  
ерекшеліктерін  
түсіндіру;  
10.4.3.12 пластиктің  
ыдырау мерзімінің  
ұзақтық мәселесін  
түсіну және оқып  
білу, қоршаған  
ортада пластик  
материалдардың  
көбеюінің зардабын  
білу;

4.3 Көміртек және оның қосылыстары

8.4.3.4 көміртектің физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу;

8.4.3.5 көміртек жанған кезде көміртек диоксиді мен көміртек монооксидінің түзілу жағдайларын сипаттау және тірі ағзаға иіс газының физиологиялық әсерін түсіндіру;

8.4.3.6 көмірқышқыл газын алу, оны анықтау және қасиеттерін зерттеу

8.4.3.7 көмірқышқыл газын алу, оның бар екенін дәлелдеу, қасиеттерін дәлелдеу;

8.4.3.8 табиғаттағы көмірсутегі айналымын түсіндіру

10.4.3.13 этин мысалында алкиндердің химиялық қасиеттерін (жану, гидрлеу, гидратация, галогендеу, сапалық реакциялар) оқып үйрену, химиялық реакция теңдеулерімен дәлелдеу;

10.4.3.14 бензолдың алынуы, қасиеттері және қолданылуын сипаттау;

10.4.3.15 құрамында көміртек бар қосылыстардың отын ретінде пайдалану мүмкін екендігін білу және альтернативті отын түрлерін зерттеу, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін атау;

10.4.3.16 Қазақстандағы көмірдің, мұнайдың, табиғи газдың кен орындарын атау және оларды өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру;

10.4.3.17 мұнай фракцияларын және шикі мұнайды айдау өнімдерінің қолдану аймақтарын атау;

10.4.3.18 оттекті органикалық заттардың жіктелуін білу;

10.4.3.19 спирттердің жіктелуін метанол мен этанолдың, қолданылуын, этанолдың алынуын білу және



қасиеттерін түсіндіру;  
10.4.3.20 метанол мен этанолдың адам ағзасына физиологиялық әсерін түсіндіру;  
10.4.3.21 этиленгликоль мен глицериннің физикалық қасиеттері мен қолданылуын білу;  
10.4.3.22 карбон қышқылдарының құрамын білу және сірке қышқылының химиялық қасиеттері мен қолданылуын сипаттау;  
10.4.3.23 күрделі эфирлер мен майлардың ерекшеліктері мен майлардың қызметін түсіндіру;  
10.4.3.24 сабынның алынуы мен оның қолданылуын білу;  
10.4.3.25 синтетикалық жуғыш заттардың қоршаған ортаға әсерін түсіндіру;  
10.4.3.26 көмірсулардың жіктелуін, биологиялық маңызы мен қызметін түсіндіру;  
10.4.3.27 нәруыздағы а-аминқышқылдар арасында пептидтік байланыстың түзілуін түсіндіру;  
10.4.3.28 нәруыз денатурациясының реакциясын зерттеу;  
10.4.3.29 нәруыздың биологиялық

5) "Химия және өмір" бөлімі:

5-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып
5.1 Биохимия	<p>7.5.1.1 тағам өнімдерін химиялық заттардың жиынтығы деп түсіну;</p> <p>7.5.1.2 тағамдық өнімдердің бір қатарын: қант, крахмал, (көмірсулар), нәруыз, майларды анықтау;</p> <p>7.5.1.3 адам ағзасына кіретін элементтерді (O, C, H, N, Ca, P, K) атау;</p> <p>7.5.1.4 тыныс алу үдерісін түсіндіру</p>			<p>10.5.1.1 кейбір қоректік заттарды білу және анықтай алу: көмірсулар (крахмал), ақуыздар, майлар;</p> <p>10.5.1.2 адам ағзасының құрамына кіретін элементтердің (O, C, H, N, Ca, P, K) оның денсаулығы үшін маңызын түсіндіру</p> <p>10.5.1.3 адам ағзасындағы кальций және темірдің ролін түсіндіру;</p> <p>10.5.1.4 тамақ өнімдерінің құрамында көміртекті анықтау</p> <p>10.5.1.5 ауыр металдармен ластану көздері атау және оның ағзаға әсерін түсіндіру</p>

37. Бағдарлама есту қабілеті зақымдалған (естімейтіндер) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Химия" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

38. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Есту қабілеті зақымдалған  
(естімейтіндер) білім  
алушыларға арналған негізгі  
орта білім беру деңгейінің 7-10  
сыныптары үшін "Химия"

**Есту қабілеті зақымдалған (естімейтіндер) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Химия" пәнінен жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша Ұзақ мерзімді жоспар**

1) 7-сынып:

1-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1 – тоқсан		
7.1 Химия пәніне кіріспе. Таза заттар және қоспалар	Химия пәні. №1 практикалық жұмыс "Қауіпсіздік техникасының ережелерімен және зертханалық құрал-жабдықтармен танысу"	7.1.1.1 химия ғылымының негізін оқытатынын білу; 7.1.1.2 химиялық лабораторияда және кабинетте жұмыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасы ережелерін орындау
	Элемент, қоспа және қосылыс. №1 зертханалық тәжірибе "Заттар қоспалары мен олардың қосылыстарын салыстыру"	7.4.1.1 элементті (жай зат) бірдей атомдардың жиынтығы ретінде түсіну; 7.4.1.2 таза заттар атомдардың немесе молекулалардың бір түрінен түзілетінін білу; 7.4.1.3 элемент(жай зат), қоспа және қосылыс түсініктерін ажырата алу; 7.4.1.4 қосылыстардың және элементтердің физикалық қасиеттері туралы алған білімдерін қоспа құрамындағы таныс емес заттарды ажыратуға қолдана алу
	Қоспаларды бөлу әдістері. №2 зертханалық тәжірибе "Ластанған ас тұзын тазарту"	7.4.1.5 қоспалардың түрлерін және оларды бөлу әдістерін атау; 7.4.1.6 қоспаны бөлуге негізделген тәжірибені жоспарлау және өткізу
	Физикалық және химиялық құбылыстар. №3 зертханалық тәжірибе "Химиялық реакциялардың белгілері"	7.1.1.3 физикалық және химиялық құбылыстарды ажырату
	Заттардың агрегаттық күйлері	7.1.1.4 заттардың әртүрлі агрегаттық күйлерін айту және бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан қатты, сұйық, газ тәріздес заттардың құрылымын түсіндіру

7.1 Заттардың агрегаттық күйінің өзгеруі	Салқындау үдерісі № 4 зертханалық тәжірибе "Салқындау үдерісін зерттеу"	7.1.1.5 - салқындау үдерісін зерделеу, салқындау қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясына сай, өз бақылауларын түсіндіру
	Қыздыру үдерісі №5 зертханалық тәжірибе "Судың қайнау үдерісін зерттеу"	7.1.1.6 - судың қайнау үдерісін зерделеу, қыздыру қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясын пайдалана отырып, өз бақылауларын түсіндіру
2 тоқсан		
7.2 Атомдар Молекулалар Заттар	Атомдар мен молекулалар	7.1.2.1 - атомдар мен молекулалардың айырмашылығын айту
	Химиялық элементтер. Жай және күрделі заттар	7.1.2.2 - әрбір элементтің химиялық таңбамен белгіленетіндігін және белгілі атом түрі екенін білу; 7.1.2.3 элементтерді металдар мен бейметалдарға жіктеу; 7.1.2.4 заттарды құрамына қарай жай және күрделіге жіктеу
	Атомның құрамы мен құрылысы. Изотоптар	7.1.2.5 протон, электрон, нейтронды және олардың атомдағы орналасу тәртібін, массасын зарядын айту; 7.1.2.6 алғашқы 20 элементтің атом құрылысы (p+, n0, e-) мен атом ядросының құрамын білу; 7.1.2.7 изотоп түсінігін айту
7.2 Ауа. Жану реакциясы	Ауа. Ауаның құрамы №6 зертханалық тәжірибе "Балауыз шамның жануы"	7.3.1.1 ауа құрамын айту; 7.3.1.2 заттардың жану кезінде ауаның құрамына кіретін оттектің жұмсалатындығын білу; 7.3.1.3 атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың маңызын түсіну
	Жану үдерісі № 2 практикалық жұмыс/көрсетілім "Күкірттің, фосфордың, темірдің ауада және оттекте жануын салыстыру"	7.3.1.4 затты жағуға қажетті жағдайларды және жану реакциясының өнімдерін атау; 7.3.1.5 тез тұтанатын, жанғыш және жанбайтын заттарға мысалдар келтіру; 7.3.1.6 заттардың таза оттекте жақсырақ жанатындығын түсіну; 7.3.1.7 металдар мен бейметалдардың жануы кезінде оксидтер түзілетіндігін білу
3 тоқсан		

<p>7.3 Химиялық реакциялар</p>	<p>Табиғи қышқылдар мен негіздер. Индикаторлар. №7 зертханалық тәжірибе "Ерітінділердің қышқылдық, сілтілік ортасын анықтау". №8 зертханалық тәжірибе "Хлорсутек қышқылының бейтараптану реакциясы"</p>	<p>7.3.4.1 "қышқылдық" және "сабындылық" қасиеттер кейбір табиғи қышқылдар мен сілтілердің белгілері болуы мүмкін екендігін білу; 7.3.4.2 химиялық индикаторлар метилоранж, лакмус, фенолфталеинді және олардың әртүрлі ортадағы түстерінің өзгеруін айту; 7.3.4.3 рН шкаласы негізінде әмбебап индикаторды қолданып, сілтілер мен қышқылдарды анықтау; 7.3.4.4 "антацидтік заттарды" қолдану мысалында қышқылдардың бейтараптануын түсіну</p>
	<p>Сұйылтылған қыш-қылдардың металдар-мен әрекеттесуі. №9 зертханалық тәжірибе "Мырыш-тың сұйылтылған тұз қышқылымен әрекеттесуі". №10 зертханалық тәжірибе "Сутекке сапалық реакция"</p>	<p>7.2.2.1 - сұйылтылған қышқылдардың қолдану аяларын және олармен жұмыс жасау ережелерін атау; 7.2.2.2 - сұйылтылған қышқылдардың әртүрлі металдармен реакцияларын зерттеу және сутек газының сапалық реакциясын жүзеге асыру</p>
	<p>Сұйылтылған қыш-қылдардың карбонат-тармен әрекеттесуі. № 3 практикалық жұмыс "Сұйылтылған қышқылдар мен карбонаттардың әрекеттесуі. Көмірқышқыл газына сапалық реакция"</p>	<p>7.2.2.3 - кейбір карбонаттардың сұйылтылған қышқылдармен реакцияларын зерттеу және көмірқышқыл газының сапалық реакциясын жүзеге асыру</p>
<p>7.3 Химиялық элементтердің периодтық кестесі</p>	<p>Химиялық элементтердің периодтық кестелерін құру тарихы</p>	<p>7.2.1.1 - И. ДҰберейнер, Дж. Ньюлендс, Д.И. Менделеевтің еңбектерінің мысалында элементтердің жіктелуін салыстыру</p>
	<p>Периодтық кестенің құрылымы</p>	<p>7.2.1.2 - периодтық кестенің құрылымын сипаттау: топтар мен периодтар</p>
	<p>Салыстырмалы атомдық масса</p>	<p>7.1.2.8 - Жердегі элементтердің басым бөлігі планеталардың қалыптасу кезінде пайда болған изотоптар қоспасы түрінде кездесетіндігін түсіну; 7.1.2.9 - табиғи изотоптары бар химиялық элементтердің атомдық массалары бөлшек сан болатындығын түсіну;</p>

7.7 Салыс-тырмалы атомдық масса және қарапайым формула		7.1.2.10 - салыстырмалы атомдық массаның анықтамасын атау
	Валенттілік. Химиялық формулалар. Қосылыстардың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық массасын есептеу	7.1.2.11 - элементтердің атауларын, валенттілікті және олардың қосылыстардағы атомдық қатынастарын қолдана отырып, биэлементті химиялық қосылыстардың формулаларын құру; 7.1.2.12 - химиялық қосылыстың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық/формулалық массасын есептеу
4 тоқсан		
7.4 Адам ағзасындағы химиялық элементтер	Тағам құрамындағы қоректік заттар. № 4 практикалық жұмыс "Тағам құрамындағы қоректік заттарды анықтау"	7.5.1.1 -тағам өнімдерін химиялық заттардың жиынтығы деп түсіну; 7.5.1.2 -тағамдық өнімдердің бір қатарын: қант, крахмал, (көмірсулар), нәруыз, майларды анықтау
	Адам ағзасындағы химиялық элементтер. Тыныс алу үдерісі. № 11 зертханалық тәжірибе "Тыныс алу үдерісін зерттеу"	7.5.1.3 -адам ағзасына кіретін элементтерді (O, C, H, N, Ca, P, K) атау; 7.5.1.4 -тыныс алу үдерісін түсіндіру
7.4 Геологиялық химиялық қосылыстар	Пайдалы геологиялық химиялық қосылыстар. Кен құрамы	7.4.2.1 - Жер қыртысында көптеген пайдалы химиялық қосылыстар барын түсіну; 7.4.2.2 - кейбір минералдар мен пайдалы табиғи қосылыстардың кендерге жататынын білу; 7.4.2.3 - металды алу үшін кенді өңдеу үдерісін сипаттау
	Қазақстанның пайдалы қазбалары Минералдарды өндірудің экологиялық аспектілері	7.4.2.4 - Қазақстан қандай минералды және табиғи ресурстармен бай екендігін және олардың кен орындарын атау; 7.4.2.5 - табиғи ресурстарды өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру

## 2) 8 сынып:

### 2 кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1 тоқсан		
	Атомда электрондардың таралуы	8.1.3.1 - атомда электрондар ядродан арақашықтығы артқан сайын біртіндеп энергетикалық деңгейлер бойынша таралатынын түсіну

8.1 Атомдағы электрондардың қозғалысы	Энергетикалық деңгейлер. № 1 зертханалық тәжірибе "Атомдар модельдерін жасау"	8.1.3.2 - әрбір электрон қабатында электрон саны нақты максимал мәннен аспайтынын түсіну; 8.1.3.3 - s және p орбиталдарының пішінін атау; 8.1.3.4 - алғашқы 20 химиялық элементтің электрондық конфигурациясын және электронды-графикалық формуларын жазу
	Иондардың түзілуі	8.1.3.5 - атомдар электрондарды қабылдай немесе жоғалта алатынын және осының нәтижесінде иондар түзілетінін түсіну
	Қосылыстар формуласын құрастыру	8.1.3.6 - "нольдік қосынды" әдісімен қосылыстардың формуласын құрастыру
8.1 Заттардың формулалары және химиялық реакция теңдеулері	Химиялық формулалар бойынша есептеулер	8.2.3.1 - заттар құрамындағы элементтердің массалық үлесін табу, элементтердің массалық үлесі бойынша заттардың формуласын шығару
	Химиялық реакция теңдеулерін құру. Зат массасының сақталу заңы. № 1 көрсетілім "Зат массасының сақталу заңын дәлелдейтін тәжірибе". № 2 зертханалық тәжірибе "Әрекеттесуші заттардың қатынасы"	8.2.3.2 - әрекеттесетін заттар қатынасын эксперименттік жолмен анықтау; 8.2.3.3 - реакцияға қатысатын және түзілетін заттардың формуласын жаза отырып, химиялық реакциялар теңдеулерін құру; 8.2.3.4 - заттар массасының сақталу заңын атау
	Химиялық реакция типтері	8.2.2.1 - бастапқы және түзілген заттардың саны мен құрамы бойынша химиялық реакцияларды жіктеу
	Табиғаттағы және тірі ағзалар мен адам тіршілігіндегі химиялық реакциялар	8.2.2.2 - табиғаттағы және тірі ағзалар мен адам тіршілігіндегі химиялық реакцияларды сипаттау;
	Металдардың оттегімен және сумен әрекеттесуі. № 2 көрсетілім "Белсенді металдардың салқын және ыстық сумен әрекеттесуі"	8.2.4.1 - кейбір металдар басқаларға қарағанда тотығуға тезірек ұшырайтындығын білу; 8.2.4.2 - белсенді металдардың салқын сумен, ыстық су немесе бумен әрекеттесуін сипаттау; 8.2.4.3 - металдар коррозиясын туындатуға әсер ететін жағдайларды зерттеу

<p>8.1 Металдар белсенділігін салыстыру</p>	<p>Металдардың қышқыл ерітінділерімен әрекеттесуі. № 3 зертханалық тәжірибе "Металдардың қышқылдар ерітінділерімен әрекеттесуі"</p>	<p>8.2.4.4 -қышқыл ерітінділерімен әртүрлі металдардың реакцияларын зерттеу; 8.2.4.5 -металдардың қышқылдармен әрекеттесуінің реакция теңдеулерін құрастыру</p>
	<p>Металдардың тұз ерітінді-лерімен реакциялары. № 3 көрсетілім "Тұз ерітінділерінен металдарды ығыстыру"</p>	<p>8.2.4.6 - металдардың тұз ерітінділерімен әрекеттесуінің жоспарын жасау және жүргізу</p>
	<p>Металдардың белсенділік қатары. № 1 практикалық жұмыс "Металдардың белсенділігін салыстыру"</p>	<p>8.2.4.7 - эксперимент нәтижесі бойынша металдардың белсенділік қатарын құру және оны анықтама мәліметтерімен сәйкестендіру; 8.2.4.8 - металдардың белсенділік қатарын қолданып металдардың таныс емес орынбасу реакцияларының жүру мүмкіндігін болжау</p>
<p>2 тоқсан</p>		
<p>8.2 Зат мөлшері</p>	<p>Зат мөлшері. Моль. Авогадро саны. Заттардың молярлық массасы</p>	<p>8.1.1.1 - зат мөлшерінің өлшем бірлігі ретінде – мольді білу және Авогадро санын білу; 8.1.1.2 - қосылыстың молярлық массасын есептеу</p>
	<p>Масса, молярлық масса және зат мөлшері арасындағы байланыс</p>	<p>8.1.1.3 -масса, зат мөлшері және құрылымдық бөлшектер санын есептеу</p>
<p>8.2 Стехиометриялық есептеулер</p>	<p>Химиялық реакция теңдеулері бойынша есептер шығару</p>	<p>8.2.3.5 - химиялық реакция теңдеулері бойынша заттың массасын, зат мөлшерін есептеу</p>
	<p>Авогадро заңы.Молярлық көлем</p>	<p>8.2.3.6 - Авогадро заңын айту және қалыпты және стандартты жағдайлардағы газдар көлемін есептеуде молярлық көлемді қолдану</p>
	<p>Газдардың салыстырмалы тығыздығы. Көлемдік қатынас заңы</p>	<p>8.2.3.7 - газдардың салыстырмалы тығыздығын және заттың молярлық массасын салыстырмалы тығыздық бойынша есептеу; 8.2.3.8 - газдардың қатысуымен жүретін реакциялар бойынша есептер шығаруда газдардың көлемдік қатынас заңын қолдану</p>
		<p>8.3.1.1 - заттың жану реакциясының өнімі көбінесе оксид екенін және құрамында көміртегі бар отын оттекте</p>



8.2 Химиялық реакциядағы энергиямен танысу	Отынның жануы және энергияның бөлінуі	жанғанда, көмірқышқыл газы, иіс газы немесе көміртек түзілетінін түсіну; 8.3.1.2 - парниктік эффекттің себептерін түсіндіру және шешу жолдарын ұсыну
	Экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар. № 4 зертханалық тәжірибе "Энергияның өзгеруімен жүретін химиялық реакциялар"	8.3.1.3 - экзотермиялық реакциялар жылу бөле жүретінін, ал эндотермиялық реакциялар жылу сіңіре жүретінін білу; 8.3.1.4 - әртүрлі жанғыш заттардың қоршаған ортаға әсер ету салдарын түсіну
	Термохимиялық реакциялар	8.3.1.5 - энергия өзгерісін бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру
8.2 Сутек. Оттек және озон	Сутек, алынуы, қасиеттері және қолданылуы. № 2 практикалық жұмыс "Сутекті алу және оның қасиеттерін тану"	8.4.2.1 - сутекті алу және оның қасиеттері мен қолданылуын зерттеу
	Оттек, алынуы, қасиеттері, қолданылуы. № 4 көрсетілім "Сутек пероксидінің ыдырауы". № 3 практикалық жұмыс "Оттекті алу және оның қасиеттерін тану"	8.4.2.2 - ауа құрамындағы және жер қырты-сындағы оттектің пайыздық мөлшерін айту; 8.4.2.3 - оттекті алу және оның қасиеттері мен қолданылуын зерттеу
	Оттек және озон	8.4.2.4 - оттектің аллотропиялық түр өзгеріс-терінің құрамы мен қасиеттерін салыстыру; 8.4.2.5 - Жер бетіндегі озон қабатының маңызын түсіндіру
3 тоқсан		
8.3 Химиялық элементтер-дің периодтық жүйесі	Химиялық элементтердің периодтық жүйесінің құрылымы	8.2.1.1 - топ, период, атом нөмірінің физикалық мәнін түсіндіру
	Химиялық элемент атомдарының қасиеттері мен кейбір сипаттамаларының периодты түрде өзгеруі	8.2.1.2 - бір топтағы элементтердің сыртқы электрондық деңгейінде электрондар санының бірдей болатындығын түсіну; 8.2.1.3 - топтар мен периодтарда элементтер қасиеттерінің заңдылықпен өзгеретінін түсіндіру
	Периодтық жүйедегі орны бойынша элементтің сипаттамасы	8.2.1.4 - периодтық жүйедегі орны бойынша химиялық элементті сипаттау
	Химиялық элементтердің табиғи ұяластары және олардың қасиеттері	8.2.1.5 - химиялық қасиеттері ұқсас элемент-тердің бір топқа жататындығын дәлелдеу; 8.2.1.6 - химиялық элементтердің табиғи ұяластарын айту және сілтілік металдар, галогендер,

		инертті элементтердің ұяластарына мысалдар келтіру
	Металдар және бейметалдар	9.2.1.7 - химиялық элементтің периодтық кестеде орналасуына сай қасиеттерін болжау
8.3 Химиялық байланыс түрлері	Электртерістілік. Ковалентті байланыс	8.1.4.1 - электртерістілік ұғымы негізінде атомдар арасындағы ковалентті байланыстың түзілуін түсіндіру
	Иондық байланыс	8.1.4.2 - иондық байланыстың түзілу механизмін сипаттау және иондық қосылыстардың қасиеттерін болжау
	Кристалдық тор түрлері, байланыс типтері және заттардың қасиеттері арасындағы өзара байланыс	8.1.4.3 - заттар қасиеттерінің кристалдық тор типтеріне тәуелділігін түсіндіру
8.3 Ерітінділер және ерігіштік	Заттардың суда еруі. № 5 зертханалық тәжірибе "Заттардың ерігіштігін зерттеу"	8.3.4.1 - заттарды судағы ерігіштігі бойынша жіктеу; 8.3.4.2 - ерітінділердің табиғаттағы және күнделікті өмірдегі маңызын түсіндіру
	Заттардың ерігіштігі. № 4 практикалық жұмыс "Қатты заттардың ерігіштігіне температураның әсері"	8.3.4.3 - заттың ерігіштігіне температураның әсерін түсіндіру; 8.3.4.4 - буландыру техникасын қолдана отырып, заттың 100 г судағы ерігіштігін есептеу, алынған нәтижелерді анықтамалық мәндермен салыстыру
	Еріген заттың массалық үлесі	8.3.4.5 - еріген заттың массалық үлесі мен ерітіндінің белгілі массасы бойынша еріген заттың массасын есептеу
	Ерітіндідегі заттардың молярлық концентрациясы. № 5 практикалық жұмыс "Пайыздық және молярлық концентрациялары берілген ерітінділерді дайындау"	8.3.4.6 - ерітіндідегі заттың молярлық концентрациясын есептеу
4 тоқсан		
	Оксидтер. № 6 зертханалық тәжірибе "Оксидтердің қасиеттерін зерттеу"	9.3.4.1 - оксидтердің жіктелуін және қасиеттерін білу, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру
	Қышқылдар. № 7 зертханалық тәжірибе "Қышқылдардың қасиеттерін зерттеу"	9.3.4.2 - қышқылдардың жіктелуін, қасиеттерін білу және түсіну, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру

8.4 Бейорганикалық қосылыстар-дың негізгі кластары. Генетикалық байланыс	Негіздер. № 8 зертханалық тәжірибе "Негіздердің қасиеттерін зерттеу"	9.3.4.3 - негіздердің жіктелуі мен қасиеттерін білу және түсіну, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру
	Тұздар. № 9 зертханалық тәжірибе "Тұздардың қасиеттері және алынуы"	9.3.4.4 - тұздарды алудың әртүрлі әдістерін білу, сәйкес реакция теңдеулерін құрастыру 9.3.4.5 - тұздардың қасиеттерін, жіктелуін білу және түсіну, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру
	Бейорганикалық қосылыстар арасындағы генетикалық байланыс	9.3.4.6-бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланысты зерттеу
8.4 Көміртек және оның қосылыстары	Көміртектің жалпы сипаттамасы	8.4.3.1 - көміртек неліктен көптеген қосылыс-тарында төрт байланыс түзетінін түсіндіру; 8.4.3.2 - табиғатта көміртек және оның қосылыстарының таралуын сипаттау
	Көміртектің аллотропиялық түр өзгерістері	8.4.3.3 - көміртектің аллотропиялық түр өзгерістерінің құрылысын және қасиеттерін салыстыру; 8.4.3.4 - көміртектің аллотропиялық түр өзгерістерінің қолданылу аймағын зерттеу
	Көміртектің қасиеттері. № 6 практикалық жұмыс "Көміртектің физикалық және химиялық қасиеттері". Көміртектің оксидтері. № 7 практикалық жұмыс "Көмірқышқыл газын алу және оның қасиеттерін зерттеу"	8.4.3.5 -көміртектің физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу; 8.4.3.6 - көміртек жанған кезде көміртек диоксиді мен көміртек монооксидінің түзілу жағдайларын сипаттау және тірі ағзаларға иіс газының физиологиялық әсерін түсіндіру; 8.4.3.7 - көмірқышқыл газын ала алу, оны анықтау және қасиеттерін зерттеу; 8.4.3.8 - көміртектің табиғаттағы айналымын құру және түсіндіру

3) 9 сынып:

3 кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1 тоқсан		

9.1 Бейоргани-калық қосылыстар-дың негізгі кластары. Генетикалық байланыс	Оксидтер. № 6 зертханалық тәжірибе "Оксидтердің қасиеттерін зерттеу"	9.3.4.1 - оксидтердің жіктелуін және қасиеттерін білу, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру
	Қышқылдар. № 7 зертханалық тәжірибе "Қышқылдардың қасиеттерін зерттеу"	9.3.4.2 - қышқылдардың жіктелуін, қасиеттерін білу және түсіну, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру
	Негіздер. № 8 зертханалық тәжірибе "Негіздердің қасиеттерін зерттеу"	9.3.4.3 - негіздердің жіктелуі мен қасиеттерін білу және түсіну, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру
	Тұздар. № 9 зертханалық тәжірибе "Тұздардың қасиеттері және алынуы"	9.3.4.4 - тұздарды алудың әртүрлі әдістерін білу, сәйкес реакция теңдеулерін құрастыру 9.3.4.5 - тұздардың қасиеттерін, жіктелуін білу және түсіну, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру
	Бейорганикалық қосылыстар арасындағы генетикалық байланыс	9.3.4.6-бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланысты зерттеу
9.2 Су	Табиғаттағы су	9.4.2.1 - судың табиғатта кең таралғандығын, бірегей қасиеттерін және оның өмір үшін маңызын түсіндіру; 9.4.2.2 - судың табиғаттағы айналымын түсіндіру
	Судың ластану себептері. Судың кермектігі. № 10 зертханалық тәжірибе "Судың кермектігін анықтау"	9.4.2.3 - судың ластануының қауіптілігі мен себебін анықтау, суды тазарту әдістерін түсіндіру; 9.4.2.4 - судың "кермектігін" анықтау және оны жою тәсілдерін түсіндіру; 9.4.2.5 - суды сусыз мыс (II) сульфатын қолданып анықтау тәсілін білу
2 тоқсан		
	Электролиттер мен бейэлектролиттер. № 1 көрсетілім "Иондық және ковалентті полюсті байланысы бар	9.4.1.1 - электролиттер мен бейэлектролиттердің анықтамасын білу және мысалдар келтіру; 9.4.1.2 - заттардың ерітінділері немесе балқымаларының

9.3 Электролит-тік диссоциация	заттардың электролиттік диссоциациясы"	электрөткізгіштігі химиялық байланыс түріне тәуелді екендігін түсіндіру
	Электролиттік диссоциациялану теориясы	9.4.1.3 - электролиттік диссоциация теориясының негізгі қағидаларын білу; 9.4.1.4 - иондық және коваленттік полюсті байланысы бар заттардың электролиттік диссоциациялану механизмін түсіндіру
	Қышқыл, негіз, тұздардың электролиттік диссоциациясы. № 1 зертханалық тәжірибе "Қышқыл, сілті ерітінділерінің рН-ын анықтау"	9.4.1.5 - ерітіндінің қышқылдығы мен сілтілігін ажырату; 9.4.1.6 - қышқыл, сілті, орта және қышқылдық тұздардың электролиттік диссоциациялану теңдеулерін құрастыру
	Диссоциациялану дәрежесі. Күшті және әлсіз электролиттер	9.4.1.7 - күшті және әлсіз электролиттерге мысал келтіру және оларды ажырату, диссоциациялану дәрежесін анықтай білу
	№ 1 практикалық жұмыс "Ион алмасу реакциялары"	9.2.2.1 - алмасу реакция теңдеулерін молекулалық және иондық түрде құрастыру; 9.2.2.2 - ион алмасу реакцияларының жүру себептерін түсіндіру
	Электролиттік диссоциациялану теориясы тұрғысынан қышқыл, негіз, тұздардың химиялық қасиеттері	9.3.4.1 - қышқылдар, еритін және ерімейтін негіздер, орта тұздардың химиялық қасиеттерін көрсететін реакция теңдеулерін молекулалық және иондық түрде құрастыру; 9.3.4.2 - қышқылдар және негіздер, орта тұздардың химиялық қасиеттерін тәжірибе жүзінде зерттеу және қорытынды жасау
	Тұздар гидролизі. № 2 зертханалық тәжірибе "Тұздар гидролизі"	9.3.4.3 - орта тұз ерітіндісінің ортасын тәжірибе жүзінде анықтау; 9.3.4.4 - орта тұз гидролизінің теңдеуін молекулалық және иондық түрде құрастыру; 9.3.4.5 - орта тұз ерітіндісінің реакция ортасын болжау
	Катиондарға сапалық реакциялар. № 3 зертханалық тәжірибе "Li <sup>+</sup> , Na <sup>+</sup> , K <sup>+</sup> , Ca <sup>2+</sup> , Sr <sup>2+</sup> , Ba <sup>2+</sup> , Cu <sup>2+</sup> катиондарын жалын түсінің боялуы бойынша анықтау".	9.4.1.8 - Li <sup>+</sup> , Na <sup>+</sup> , K <sup>+</sup> , Ca <sup>2+</sup> , Sr <sup>2+</sup> , Ba <sup>2+</sup> , Cu <sup>2+</sup> металл катиондарын анықтау үшін жалын түсінің боялу реакциясын жүргізу және сипаттау;

9.4 Бейорганика-лық қосылыстар-дың сапалық талдауы	№ 4 зертханалық тәжірибе "Fe <sup>2+</sup> , Fe <sup>3+</sup> , Cu <sup>2+</sup> катиондарына сапалық реакциялар"	9.4.1.9 - Fe <sup>2+</sup> , Fe <sup>3+</sup> , Cu <sup>2+</sup> катиондарын анықтау үшін сапалық реакция жүргізу
	Аниондардың сапалық реакциялары. № 5 зертханалық тәжірибе "Сулы ерітіндідегі Cl <sup>-</sup> , Br <sup>-</sup> , I <sup>-</sup> , PO <sub>4</sub> <sup>3-</sup> , SO <sub>4</sub> <sup>2-</sup> , CO <sub>3</sub> <sup>2-</sup> , NO <sub>3</sub> <sup>-</sup> , SiO <sub>3</sub> <sup>2-</sup> аниондарын анықтау"	9.4.1.10 - хлорид-, бромид-, йодид-, сульфат, карбонат-, фосфат-, нитрат-, силикат- иондарына сапалық реакцияларды тәжірибе жүзінде жүргізу және ион алмасу реакцияларын бақылап нәтижесін сипаттау
	№ 2 практикалық жұмыс "Бейорганикалық қосылыстар құрамының сапалық талдауы"	9.4.1.11 - белгісіз заттардағы катион және аниондарды анықтау тәжірибесінің жоспарын құру және оны практикада жүзеге асыру
	Есептер шығару "Әрекеттесуші заттардың біреуі артық мөлшерде берілген реакция теңдеулері бойынша есептеулер"	9.2.3.1 - әрекеттесуші заттардың біреуі артық берілген реакция теңдеулері бойынша есептеулер жүргізу
3 тоқсан		
9.5 Химиялық реакция жылдамдығы	Химиялық реакциялар-дың жылдамдығы. Химиялық реакциялар жылдамдығына әсер ететін факторлар. № 2 көрсетілім "Өртүрлі реакциялар жылдамдығы". № 6 зертханалық тәжірибе "Реакция жылдамдығына температура, концентрация мен бөлшектер өлшемінің әсері"	9.3.2.1 - реакция жылдамдығы ұғымын түсіндіру; 9.3.2.2 - реакция жылдамдығына әсер ететін факторларды анықтау және оны бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру
	Катализаторлар. Ингибиторлар. № 3 практикалық жұмыс "Реакция жылдамдығына катализатордың әсері"	9.3.2.3 - катализатордың реагенттен айырмашылығын және реакция жылдамдығына әсерін түсіндіру; 9.3.2.4 - реакция жылдамдығына ингибитордың әсерін түсіндіру
9.6 Қайтымды реакциялар	Қайтымды және қайтымсыз химиялық реакциялар. Химиялық тепе-теңдік № 3 көрсетілім "Қайтымды химиялық реакциялар". № 7 зертханалық тәжірибе "Химиялық тепе-теңдіктің ығысуы"	9.3.3.1 - қайтымды және қайтымсыз реакцияларды біл; 9.3.3.2 - тепе-теңдікті динамикалық үдеріс ретінде сипаттау және Ле-Шателье-Браун принципі бойынша химиялық тепе-теңдіктің ығысуын болжау; 9.3.3.3 - химиялық тепе-теңдік күйіне және химиялық реакция жылдамдығына жағдайлар өзгерісінің әсерін түсіну және ажырату;

		9.3.3.4 - химиялық тепе-теңдікті бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру
9.7 Тотығу-тотықсыздану реакциялары	Тотығу дәрежесі. Тотығу және тотықсыздану	9.2.2.3 - тотығу дәрежесін табудың ережесін білу және қолдану; 9.2.2.4 - тотығу және тотықсыздану үдерістері бір-бірімен байланысты екенін және бір мезгілде жүретіндігін түсіну
	Тотығу-тотықсыздану реакциялары	9.2.2.5 - тотығу-тотықсыздану реакцияларын тотығу дәрежесі өзгере жүретін реакциялар ретінде түсіну; 9.2.2.6 - тотығу процесін электронды беру, ал тотықсыздану-электронды қосып алу деп түсіну
	Электрондық баланс әдісі	9.2.2.7 - электрондық баланс әдісімен тотығу-тотықсыздану реакцияларының коэффициенттерін қою
4 тоқсан		
9.8 Металдар мен құймалар	Металдардың жалпы сипаттамасы. № 4 көрсетілім "Металдардың кристалдық тор модельдері"	9.1.4.1 - металдық байланыс пен металдық кристалдық тор жайындағы білімдерін қолданып металдардың қасиетін түсіндіре алу; 9.1.4.2 - металдарға тән физикалық және химиялық қасиеттерді сипаттау және металл атомдарының тек тотықсыздандырғыш қасиет көрсететінін түсіндіру
	Металдар құймалары. № 5 көрсетілім "Металдар және құймалар"	9.1.4.3 - құйма ұғымын және оның артықшылықтарын білу; 9.1.4.4 - шойын мен болаттың құрамы мен қасиеттерін салыстыру; 9.4.2.5 - Қазақстандағы металдардың кен орындарын атау және оларды өндіру үдерістерін, қоршаған ортаға әсерін түсіндіру
	Металдарды алу	9.4.2.6 - кеннен металды алу үдерісін сипаттау
	Есептер шығару "Реакция теңдеуі бойынша қоспаның белгілі бір массалық үлесін құрайтын, басқа заттың массасы белгілі жағдайда зат массасын есептеу"	9.2.3.2 - қоспаның белгілі бір массалық үлесін құрайтын, басқа заттың массасы белгілі жағдайда реакция теңдеуі бойынша зат массасын есептеу

4) 10 сынып:

4 кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1 тоқсан		
<p>10.1 1 (I), 2 (II) және 3 (III) топ элементтері және олардың қосылыстары</p>	<p>1 (I)-топ элементтері және олардың қосылыстары. № 6 көрсетілім "Натрийдің сумен әрекеттесуі"</p>	<p>10.2.1.1 - атом құрылысы негізінде сілтілік металдардың жалпы қасиеттерін түсіндіру; 10.2.1.2 - сілтілік металдардың оксидтері мен гидроксидтерінің негіздік қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру</p>
	<p>2 (II)-топ металдары және олардың қосылыс-тары. № 8 зертханалық тәжірибе "Кальцийдің сумен және қышқыл ерітіндісімен әрекеттесуі"</p>	<p>10.2.1.3 - 1 (I)- ші және 2 (II) топ металдарының жалпы қасиеттерін салыстыру және реакция теңдеулерін құрастыру; 10.2.1.4 - кальций оксиді мен гидроксидінің негіздік қасиеттерін түсіндіру және қолданылуын сипаттау</p>
	<p>3 (III)-топ металдары. Алюминий және оның қосылыстары. № 7 көрсетілім "Алюминий мен оның құймалары". № 9 зертханалық тәжірибе "Алюминийдің қышқыл және сілті ерітінділерімен әрекеттесуі"</p>	<p>10.2.1.5 - атом құрылысы негізінде алюминийдің қасиеттерін түсіндіру, оның маңызды қосылыстары мен құймаларының қолдану аймағын атау; 10.2.1.6 - алюминий, оның оксиді мен гидроксидінің екідайлы қасиеттерін зерттеу</p>
	<p>№ 4 практикалық жұмыс "Металдар" тақырыбына эксперименттік есептер шығару</p>	<p>10.2.1.7 - 1 (I), 2 (II), 3 (III) –топ металдарының жай және күрделі заттармен әрекеттесуіне байланысты тәжірибені жоспарлау және жүргізу</p>
	<p>Галогендер</p>	<p>10.1.4.1 - галоген молекулаларының электрондық формулаларын құрастыру және кристалдық тор түрі мен байланыс типін анықтау; 10.2.1.8 - топта галогендер қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын болжау</p>
	<p>Хлор</p>	<p>10.2.1.9 - хлордың химиялық қасиеттерін сипаттау: металдармен, сутекпен және галогенидтермен әрекеттесуі</p>
	<p>Хлорсутек қышқылы. № 10 зертханалық тәжірибе "Хлорсутек ерітіндісінің химиялық қасиеттерін зерттеу"</p>	<p>10.2.1.10 - хлорсутек қышқылы ерітіндісінің химиялық қасиеттерін зерттеу және қолдану аясын білу</p>
		<p>10.2.1.11 - 6 (VI)-топ элементтерінің жалпы қасиетін сипаттау;</p>



10.2 7 (VII), 6 (VI), 5 (VI), 4 (IV) - топ элементтері және олардың қосылыстары	6 (VI)-топ элементтері. Күкірт. № 7 көрсетілім "Күкірттің аллотропиялық түр өзгерістері"	10.2.1.12 - күкірттің аллотропиялық түр өзгеріс-терінің физикалық қасиеттерін салыстыру және күкірттің химиялық қасиеттерін көрсететін реакция теңдеулерін құрастыру
	Күкірттің қосылыстары	10.2.1.13 - күкірттің (IV) және (VI) оксидтерінің физикалық және химиялық қасиеттерін салыстыру және күкірт диоксидінің физиологиялық әсерін түсіндіру; 10.4.2.1 - қышқылдық жаңбырдың пайда болу себебі мен экологияға тигізетін әсерін түсіндіру;
	Күкірт қышқылы және оның тұздары. № 5 практикалық жұмыс "Сұйылтылған күкірт қышқылы ерітіндісі және оның тұздарының химиялық қасиеттерін зерттеу"	10.2.1.14 - күкірт қышқылы ерітіндісі мен оның тұздарының физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу
	Есеп шығару. Теориялық мүмкіндікпен салыстырғандағы реакция өнімі шығымының массалық/ көлемдік үлестеріне есептеулер"	10.2.3.1 - теориялық мүмкіндікпен салыстырғандағы реакция өнімінің шығымын есептеу
2 тоқсан		
	Азот. № 11 зертханалық тәжірибе "Азот молекуласының моделі"	10.2.1.15 - азоттың қасиеттерін және табиғаттағы азот айналымын түсіндіру
	Аммиак. № 12 зертхана-лық тәжірибе "Аммиак молекуласының моделі"	10.1.4.3 - аммиактың молекулалық, электрондық және құрылымдық формуласын түсіндіру
	Аммиактың қасиеттері, алынуы мен қолданылуы. № 6 практикалық жұмыс "Аммиактың алынуы және оның қасиеттерін зерттеу". Аммиак өндірісі	10.2.1.16 - аммиактың алу қасиеттерін мен қолданылуын түсіндіру; 10.2.1.17 - аммиактың аммоний тұзы ерітіндісі мен сілті ерітіндісін әрекеттестіру жолымен алуы білу және газ тәрізді аммиак пен оның ерітіндісінің қасиеттерін зерттеу; 10.3.3.1 - аммиак өндірісінің үдерісін сипаттау
	Азот қышқылы. № 13 зертханалық тәжірибе "Азот қышқылының басқа қышқылдармен ортақ қасиеттері"	10.1.4.4 - азот қышқылының молекулалық формулаларын білу және атомдар арасындағы химиялық байланыстардың түзілуін түсіндіру; 10.2.1.18 - азоттан азот қышқылын алу реакция теңдеуін құрастыру;

		10.2.1.19 - азот қышқылының басқа қышқылдар-мен жалпы ортақ қасиеттерін зерттеу
	Азот қышқылы мен нитраттардың өзіне тән қасиеттері	10.2.1.20 - сұйылтылған және концентрлі азот қышқылының металмен әрекеттесуінің ерекшелігін сипаттау және реакция теңдеулерін құрастыру; 10.2.1.21 - нитраттың термиялық айрылуының ерекшелігін түсіндіру, реакция теңдеулерін құрастыру
	Фосфор және оның қосылыстары	10.2.1.22 - фосфордың аллотропиялық түр өзгерістерін салыстыру; 10.4.2.2 - фосфор қосылыстарының Қазақстандағы кен орындарын атау; 10.2.1.23 - фосфор және оның қосылыстарының жалпы химиялық қасиеттерін түсіндіру
	Минералды тыңайтқыштар. № 8 көрсетілім "Минералды тыңайтқыштар"	10.4.2.3 - минералды тыңайтқыштардың жікте-луін және олардың құрамына кіретін қоректік элементтерді атау 10.4.2.4 - азот және фосфор тыңайтқыштарының қоршаған ортаға әсерін түсіндіру
	Кремний және оның қосылыстары № 9 көрсетілім "Алмаз, кремний, кремний диоксиді мен кремний карбидінің кристалдық торының модельдері"	10.2.1.24 - кремнийдің қолданылу аймағын және оның жартылай өткізгіш ретінде қолданылуын түсіндіру; 10.1.4.2 кремний, оның диоксиді мен карбидін-дегі химиялық байланыс түрін және кристалдық тор түрін сипаттау; 10.2.1.25 - кремний мен оның қосылыстарының негізгі химиялық қасиеттерін сипаттау және реакция теңдеулерін құрастыру
	Адам ағзасының химиялық құрамы. Макроэлементтер, микроэлементтер және олардың маңызы	10.5.1.1 - адам ағзасының құрамына кіретін элементтерді атау және олардың маңызын түсіндіру (O, C, H, N, Ca, P, K, S, Cl, Mg, Fe); 10.5.1.2 - Қазақстанның тұрғындарының типтік тамақтану рационын зерттеу және теңгерімді тамақтану рационын құрастыру
10.3	Ағзадағы кейбір элементтерді анықтау.	

Адам ағзасындағы химиялық элементтер	№ 14 зертханалық тәжірибе "Сүйек құрамындағы кальцийді анықтау". № 15 зертханалық тәжірибе "Тамақ өнімдерінің құрамындағы көміртекті анықтау"	10.5.1.3 - адам ағзасындағы кальций мен темірдің ролін түсіндіру; 10.5.1.4 - тамақ өнімдерінің құрамындағы көміртекті анықтау
	Ауыр металдармен қоршаған ортаның ластануы	10.5.1.5 - қоршаған ортаның ауыр металдармен ластану көздерін атау және олардың ағзаларға әсерін түсіндіру
3 тоқсан		
10.4 Органикалық химияға кіріспе	Органикалық заттардың ерекшеліктері	10.4.3.1 - органикалық қосылыстардың көптүрлілігінің себебін түсіндіру
	Органикалық қосылыстардың жіктелуі. № 10 көрсетілім "Метан, этан, этен, этин, этанол, этаналь, этан қышқылы, глюкоза, аминотан қышқылы модельдері"	10.4.3.2 - көмірсутектердің және олардың туындылары: спирттер, альдегидтер, карбон қышқылдары, көмірсулар, аминқышқылдарының жіктелуін білу; 10.4.3.3 - функционалдық топ түсінігін, берілген класс қосылысының химиялық қасиеттерін анықтайтын топ ретінде түсіндіру
	Органикалық қосылыстардың гомологтық қатарлары. № 11 көрсетілім Алкандардың алғашқы бес өкілінің және сызықты құрылымды спирттердің модельдері"	10.4.3.4 - гомолог ұғымын және гомологтық айырмашылықты білу
	Органикалық қосылыстардың номенклатурасы	10.4.3.5 - органикалық қосылыстардың негізгі кластары: алкандар, алкендер, алкиндер, арендер, спирттер, альдегидтер, карбон қышқылдары, аминқышқылдары үшін IUPAC номенклатурасын қолдану
	Органикалық қосылыстардың изомериясы. № 12 көрсетілім "Пентан изомерлерінің модельдері"	10.4.3.6 - изомерия құбылысын білу және көмірсутектер құрылымдық изомерлерінің формулаларын құрастыру
	Есеп шығару "Элементтердің массалық үлестері мен салыстырмалы тығыздық бойынша газтекес заттардың молекулалық формуласын табу"	10.2.3.2 - газтекес заттардың молекулалық формуласын салыстырмалы тығыздық пен элементтердің массалық үлестері арқылы анықтау
	Алкандар	10.4.3.7 - алкандардың химиялық қасиеттерін сипаттау және оны реакция теңдеулерімен дәлелдеу; 10.4.3.8 - еріткіштерді алу үшін алкандарды хлорлаудың маңызы

		мен бұл еріткіштердің қауіптілік дәрежесін түсіндіру
10.5 Көмірсутек-тер. Отын	Алкендер. № 13 көрсетілім "Этиленнің жануы, бром суы мен калий перманганаты ерітінділерін түссіздендіруі"	10.4.3.9 - қанықпағандық ұғымын сипаттау; 10.4.3.10 - этен мысалында алкендердің химия-лық қасиеттерін (жану, гидрлеу, гидратация, галогендеу, сапалық реакциялар) оқып үйрену, химиялық реакция теңдеулерімен дәлелдеу; 10.4.3.11 - полиэтилен мысалында полимерлену реакциясының механизмі мен полимерлердің құрылымының ерекшеліктерін түсіндіру; 10.4.3.12 - пластиктің ыдырау мерзімінің ұзақтық мәселесін түсіну және оқып білу, қоршаған ортада пластик материалдардың көбеюінің зардабын білу
	Алкиндер	10.4.3.13 - этин мысалында алкиндердің химия-лық қасиеттерін (жану, гидрлеу, гидратация, галогендеу, сапалық реакциялар) оқып үйрену, химиялық реакция теңдеулерімен дәлелдеу
	Ароматты көмірсутектер. Бензол	10.4.3.14 - бензолдың алынуы, қасиеттері және қолданылуын сипаттау
	Көмірсутекті отындар. № 14 көрсетілім "Отын түрлері"	10.4.3.15 - құрамында көміртек бар қосылыстардың отын ретінде пайдалану мүмкін екендігін білу және альтернативті отын түрлерін зерттеу, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін атау; 10.4.3.16 - Қазақстандағы көмірдің, мұнайдың, табиғи газдың кен орындарын атау және оларды өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру
	Мұнай. № 15 көрсетілім "Мұнай және мұнай өнімдері"	10.4.3.17 - мұнай фракцияларын және шикі мұнайды айдау өнімдерінің қолдану аймақтарын атау
4 тоқсан		
		10.4.3.18 - оттекті органикалық заттардың жіктелуін білу; 10.4.3.19 - спирттердің жіктелуін, метанол мен этанолдың

10.6 Оттекті және азотты органикалық қосылыстар	Оттекті органикалық заттар. Спирттер	қолданылуын, этанолдың алынуын білу және қасиеттерін түсіндіру; 10.4.3.20 - метанол мен этанолдың адам ағзасына физиологиялық әсерін түсіндіру; 10.4.3.21 - этиленгликоль мен глицериннің физикалық қасиеттері мен қолданылуын білу
	Карбон қышқылдары. № 16 зертханалық тәжірибе "Сірке қышқылының қасиеттерін зерттеу"	10.4.3.22 - карбон қышқылдарының құрамын білу және сірке қышқылының химиялық қасиеттері мен қолданылуын сипаттау
	Күрделі эфирлер мен майлар	10.4.3.23 - күрделі эфирлер мен майлардың ерекшеліктері мен майлардың қызметін түсіндіру
	Сабын мен синтетикалық жуғыш заттар	10.4.3.24 - сабынның алынуы мен оның қолданылуын білу; 10.4.3.25 - синтетикалық жуғыш заттардың қоршаған ортаға әсерін түсіндіру
	Көмірсулар	10.4.3.26 - көмірсулардың жіктелуін, биологиялық маңызы мен қызметін түсіндіру
	Амин қышқылдары. Нәруыздар. № 17 зертханалық тәжірибе "Нәруыздардың денатурациясы"	10.4.3.27 - нәруыздағы а-аминқышқылдар арасында пептидтік байланыстың түзілуін түсіндіру; 10.4.3.28 - нәруыз денатурациясының реакциясын зерттеу; 10.4.3.29 - нәруыздың биологиялық маңызы мен қызметін түсіндіру

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 123 бұйрығына  
6-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 643-қосымша

**Есту қабілеті зақымдалған негізгі орта білім беру деңгейінің (естімейтін) 5-9-сынып оқушыларына арналған "Қазақстан тарихы" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Есту қабілеті зақымдалған негізгі орта білім беру деңгейінің (естімейтін) 5-9-сынып оқушыларына арналған "Қазақстан тарихы" пәнінен жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасы бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты – естімейтін білім алушылардың бойына тарихи сана, қазақстандық патриотизм, өз елінің тарихы мен мәдениетіне құрмет, өз ата-бабаларының жетістіктеріне деген мақтаныш сезімін қалыптастыру, ұлттық және жалпы адами құндылықтарды дарыту, зерттеушілік, ойлау, коммуникативтік дағдыларды дамыту.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) Қазақстан аумағындағы ежелгі заманнан бастап бүгінгі күнге дейінгі қоғамның әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық дамуының негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері туралы білім жүйесін қалыптастыру;

2) Қазақстанның тарихи дамуы барысында қалыптасқан ұлттық құндылықтар жүйесі туралы білім беру;

3) Қазақстанның тарихи дамуының негізгі оқиғалары, құбылыстары мен процестердің мәні туралы түсінік қалыптастыру;

4) заманауи саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерде бағдарлану үшін тарихи білімдерін қолдану;

5) тарихи оқиғаларды меңгеру арқылы танымдық қызығушылығын арттыру.

4. Түзету-дамытушылық міндеттер:

1) коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық жеткізу, командада жұмыс істеу, жарияланым мен электронды құралдарды қосқанда, түрлі деректерден алынған ақпараттарды қолдану.

2) оқу материалын меңгерту кезінде ойлау, есте сақтау, зейін үдерістерін дамыту;

3) естімейтін білім алушылардың арнайы білім беруін сапалы дараландыру мүмкіндіктерін кеңейту.

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері**

5. Естімейтін балаларды оқыту кезінде психикалық және дене, есту және сөйлеу, танымдық ерекшеліктерін ескеру керек.

6. Естімейтін оқушыларға тарихты оқытудың негізгі қағидалары:

1) Тұлғалы- бағдарлық тәсіл – тарих сабақтарында білім алушылар тұлғасының үйлесімді қалыптастыру және жан-жақты дамыту, шығармашылық қабілеттерін толық ашу және жеке тұлғаның әлеуметтік маңызды қасиеттерін тәрбиелеу, эмоционалды-еріктік саласын, психикалық процестерін түзеу;

2) Көрнекілік қағидасы - оқушылардың танымдық тәжірибесін байыту, абстрактылық ұғымдарды меңгерту үшін нақты өмірдегі затты немесе құбылысты

сезіну арқылы қабылдау негізінде білім, білік және дағдыларын қалыптастыру қажеттілігінен көрініс алады;

3) "Қазақстан тарихы" пәнін оқытудағы коммуникативтік тәсіл - қарым-қатынас құралы ретінде тілді меңгеруден тұрады және білім алушыларды әртүрлі тілдік жағдайда еркін бағдарлауға үйретеді.

7. Осы қағидаларды жүзеге асыру үшін қажет:

1) тарихи білімін кеңейту негізінде естімейтін оқушылардың ауызша сөйлеу тілі мен байланыстыра сөйлеу тілін дамыту;

2) тарих пәнін оқыту кезінде есту арқылы қабылдауын, ойлау үдерістерін, зейінін дамытуға бағытталған әдістер мен тәсілдерді қолдану;

3) оқу материалын түсіндіру және жаңа терминологияны меңгеру кезінде қосымша құрал болып ымдау және дактильді сөйлеу тілі табылады.

8. Қазақстан тарихы сабағында ақпараттық-коммуникативтік технологияларды (АКТ) қолдану:

1) ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолданудағы құзыреттік базалық АКТ-дағдылары негізінде құрылады және жұмыс, бос уақыт және коммуникация үшін технологияларды дұрыс және шығармашылық тұрғыда қолдануды қамтиды;

2) мультимедиялық ресурстары мен бұқаралық ақпарат құралдарының АКТ-рын, интерактивті тақталар мен компьютерлерді қолдану биология бойынша оқу процесін жаңғыртуға және жандандыруға ықпал етеді, есту қабілетін оңтайлы түзетуге қол жеткізуде компенсаторлық механизмдерді белсендетеді;

3) ақпаратты іздеу, өңдеу және алмасу үшін Интернет-ресурстарын пайдалану қажет.

9. Бағдарламаны жүзеге асыру үшін сыныптар келесідей құралдармен жабдықталады:

1) фронталды оқу іс-әрекетін қамтамасыздандыру үшін стационарлы дыбыс күшейткіш құрылғылармен (әр сыныпқа), сөйлеу экранымен;

2) жеке есту аппараттарымен;

3) барлық білім алушылар үшін оқу жылына арналған бағдарламаға сәйкес оқу құралдарымен.

### **3-тарау. "Қазақстан тарихы" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

10. "Қазақстан тарихы" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;

2) 6-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;

3) 7-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;

4) 8-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;

5) 9-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;

6) 10-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды

11. Оқу пәнінің мазмұны 4 бөлімді қамтиды:

- 1) "Әлеуметтік қатынастардың дамуы";
- 2) "Мәдениеттің дамуы";
- 3) "Мемлекеттің дамуы";
- 4) "Қазақстанның экономикалық дамуы";

12. "Әлеуметтік қатынастардың дамуы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) этникалық қатынастар;
- 2) әлеуметтік қатынастар.

13. "Мәдениеттің дамуы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) дүниетаным және дін;
- 2) өнер және әдебиет;
- 3) білім және ғылым.

14. "Мемлекеттің дамуы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) мемлекеттің ішкі саясаты;
- 2) мемлекеттің сыртқы саясаты.

15. "Қазақстанның экономикалық дамуы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) шаруашылық;
- 2) өндірістік қатынастар және сауда.

16. "Қазақстан тарихы" пәні бойынша тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру және оқу мақсаттарын тиімді жүзеге асыру келесідей тарихи концептілерге (түсініктерге) негізделеді:

- 1) өзгеріс пен сабақтастық;
- 2) себеп пен салдар;
- 3) дәлел;
- 4) ұқсастық пен айырмашылық;
- 5) маңыздылық.

17. 5-сыныпқа арналған "Қазақстан тарихы" пәнінің базалық білім мазмұны:

● 1) Қазақстандағы ежелгі адамдардың өмірі. Тас дәуіріндегі Қазақстан: Қазақстанда алғашқы адамның пайда болуы, әлеуметтік ұйымдасудың алғашқы формалары. Ежелгі адамдардың кәсібі (аң аулау мен терімшілік). Қазақстан аумағындағы тас дәуірінің тұрақтары. Егіншілік пен мал шаруашылығының қалыптасуы. Ботай мәдениеті. Қола дәуіріндегі Қазақстан: Қазақстан аумағындағы мыс пен қалайы металдарының кен орындары. Андрон мәдениеті. Қола дәуірі кезіндегі шаруашылық пен қоғамдық құрылыс. Беғазы-Дәндібай мәдениеті. Ә.Марғұлан және басқа да Қазақстанның ежелгі дәуірін зерттеушілері;

2) ежелгі көшпелілердің өмірі. Темір дәуірінің ерекшеліктері. Қазақстанның ежелгі металлургиясы. Көшпелі мал шаруашылығының қалыптасуы. Алғашқы көшпелілердің



өмір сүруді қамтамасыз ету жүйесі. Көшпелілердің жылжымалы баспанасы. Алғашқы көшпелілердің дүниетанымы.

3) сақтар. Қазақстан аумағындағы сақ тайпалары. Сақтар тарихы жайлы деректер. Сақтардың саяси тарихы. Қоғамдық құрылысы. Шаруашылығы мен тұрмысы. Материалдық және рухани мәдениеті. "Аңдық стиль". Есік олжасы – "Алтын адам". Шілікті алқабының патша қорғандары. Берел қорымы. Бесшатыр қорғандары. Тасмола мәдениеті.

18. 6-сыныпқа арналған "Қазақстан тарихы" пәнінің базалық білім мазмұны келесі тараулардан тұрады:

1) үйсіндер мен қаңлылар. Үйсіндер. Үйсіндер туралы жазба деректер. Қоныстануы, шаруашылығы мен тұрмысы. Үйсіндердің қоғамдық құрылысы. Қаңлылар. Қаңлылар тарихына қатысты қытай және парсы деректері. Қаңлылардың қоныстануы, шаруашылығы мен тұрмысы. Қаңлылардың қоғамдық құрылысы. Үйсіндердің, қаңлылардың археологиялық ескерткіштері.

2) ғұндар (хунну). Қытай деректеріндегі ғұндардың ерте тарихы. Мөде шаньюй-ғұн мемлекетінің негізін салушы. Ғұндардың саяси тарихы мен мемлекеттік құрылысы. Халықтардың ұлы қоныс аударуы (ғұндардың Батысқа жылжуы). Аттила және оның жорықтары. Ғұндардың шаруашылығы мен қоғамдық құрылысы. Ғұндар дәуіріндегі мәдениеттің дамуы.

3) сарматтар. Сарматтардың ежелгі замандағы саяси оқиғаларға қатысуы. Сарматтардың қоныстануы, шаруашылығы мен тұрмысы. Сарматтардың қоғамдық құрылысы. Сарматтардың археологиялық ескерткіштері. Мәдениеті.

4) ежелгі Қазақстан тарихына шолу. Қазақстан аумағындағы ежелгі адамдардың антропологиялық бет-әлпеті. Ежелгі Қазақстан тарихының негізгі оқиғалары, құбылыстары мен үдерістері. Ежелгі Қазақстанның мәдени мұрасы.

19. 7-сыныпқа арналған "Қазақстан тарихы" пәнінің базалық білім мазмұны:

1) VI - IX ғасырдағы Қазақстан. Ортағасырлық Қазақстан тарихының кезеңделуі. Ұлы Түрік қағанатының құрылуы. Қазақстан аумағындағы ерте ортағасырлық мемлекеттер: Батыс Түрік қағанаты, Түргеш қағанаты, Қарлұқ қағанаты, Оғыз мемлекеті, Қимақ қағанаты. Атлах шайқасының тарихи маңызы. Түркі мемлекеттерінің қоғамдық-саяси құрылысы. Түркілердің әскери өнері. Шаруашылығы. Сауда және қала мәдениетінің дамуы;

2) X ғасыр- XIII ғасырдың басындағы Қазақстан. Қарахан мемлекеті. Қазақстан аумағына исламның тарала басталуы. Найман, керейіт, жалайырлар. Қыпшақ хандығы. "Дешті Қыпшақ" түсінігі. Шаруашылығы: көшпелі, отырықшы. Сауда. Қала мәдениеті. Ұлы Жібек жолының тарихи маңызы. Түркі мәдениетінің әлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесі. Түркі әлемінің көрнекті ойшылдары.

3) XIII - XV ғасырлардың бірінші жартысындағы Қазақстан. Шыңғыс ханның жаулаушылық соғыстары. Отырар қорғанысы. Моңғол империясының құрылуы. Алтын

Орда. Ақ Орда. Моғолстан мемлекеті. Әмір Темір жорықтары. Ноғай Ордасы. Әбілқайыр хандығы. XIII - XV ғасырлардың бірінші жартысындағы мемлекеттердің қоғамдық-саяси құрылысы. Ортағасырлық саяхатшылар Қазақстан туралы. Шаруашылық. Сауданың дамуы. Мәдениет.

4) Қазақ халқының қалыптасуы. Қазақстан – Ұлы Дала мұрагері: тарихи және этникалық сабақтастық. "Қазақ" этнонимі. Қазақ халқының біртұтас халық болып қалыптасу үдерісінің аяқталуы;

5) біртұтас қазақ мемлекетінің құрылуы. Қазақ ұлттық мемлекетінің құрылу алғышарттары. Қазақ хандығының құрылуы (аумағы, халықтың этникалық құрамы). Мемлекеттің негізін салушылар – Жәнібек пен Керей. М.Х. Дулатидің "Тарихи Рашиди" еңбегі – Қазақ хандығының алғашқы тарихы жөніндегі құнды дерек. Қазақ хандығы қалыптасуының алғашқы жылдарындағы ішкі және сыртқы саясаты. Біртұтас қазақ мемлекеті қалыптасуының тарихи маңызы;

6) Қазақ хандығының XVI - XVII ғасырлардағы дамуы. Қасым хан билігі тұсындағы Қазақ хандығының нығаюы. Хақназар хан билігі тұсындағы Қазақ хандығының одан әрі нығаюы және саяси өркендеуі. Тәуекел ханның ішкі және сыртқы саясаты. Есім ханның ішкі және сыртқы саясаты. Жәңгір хан. Орбұлақ шайқасы. Тауке ханның билігі. "Жеті жарғы". Қазақтың ұлы билері. Қазақ хандығының мемлекеттік-әкімшілік құрылымы. Қазақ қоғамының әлеуметтік стратификациясы;

7) XVI - XVII ғасырлардағы экономика мен мәдениет. Қазақ халқының мәдениеті: материалдық, рухани мәдениет. Әдебиет пен өнер: ақын-жыраулар, халық әншілері мен композиторлардың шығармашылығы, музыкалық өнер. Қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы: мал шаруашылығы, егіншілік.

20. 8-сыныпқа арналған "Қазақстан тарихы" пәнінің базалық білім мазмұны:

1) XVIII ғасырдың басындағы Қазақстан: сыртқы және ішкі саяси жағдай. Жоңғар мемлекеті. Қазақ-жоңғар соғыстары. "Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама" заманы. Қарақұм мен Ордабасыдағы құрылтайлар – қазақ жасағының құрылуы. Аңырақай шайқасы. Отан қорғаушы батырлар. XVIII ғасырдың 30-40 жылдарындағы қазақ-жоңғар соғыстары;

2) XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ хандығы. XVIII ғасырдың басына дейінгі қазақ-орыс қатынастары. XVIII ғасырдың басындағы Ресей империясы назарындағы Қазақстан (саяси және экономикалық мақсаттар, әскери-барлау экспедициялары, алғашқы әскери бекіністердің салынуы). Кіші жүз ханы Әбілқайырдың Ресей бодандығын қабылдауы: себептері мен мақсаттары. XVIII ғасырдың 30-50-жылдарындағы Қазақстандағы Ресей империясының саясаты. XVIII ғасырдың 40-жылдарындағы Қазақстандағы ішкі саяси жағдайдың асқынуы. Абылай хан тұсындағы Қазақ хандығы: ішкі және сыртқы саясаты;

3) XVIII ғасырдағы Қазақстан мәдениеті. XVIII ғасыр ақын-жырауларының шығармашылығы. XVIII ғасыр тарихы бойынша қазақ деректері. Қазақтардың қолданбалы өнері;

4) отарлау және ұлт-азаттық күрес. Ресей империясының отаршылдық саясаты: мақсаттары мен әдістері. Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс (себептері, қозғалыстың қозғаушы күші, кезеңдері мен барысы, нәтижелері). 1822-1824 жылдардағы патша реформалары (Кіші және Орта жүздегі хандық биліктің жойылуы). 1836-1838 жылдардағы Бөкей ордасындағы қазақтардың көтерілісі (себептері, негізгі кезеңдері мен шайқастары). XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстары (Жоламан Тіленшіұлы, Саржан Қасымов бастаған көтеріліс). Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс (себептері, мақсаттары мен қозғаушы күштері, негізгі кезеңдері). Кенесары Қасымұлы: тұлға және саясаткер. Жанхожа Нұрмұхамедұлы және Есет Көтібарұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс (себептері, көтеріліс барысы). Ресей империясының Қазақстанның оңтүстік аймақтарын қосып алуы. XVIII ғасырдың соңы – XIX ғасырдағы Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихи маңызы;

5) Қазақстан Ресей империясының құрамында. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы патшалық реформалар. 1867-1868 жылдардағы реформалар. Қазақстандағы патшалық Ресейдің аграрлық және қоныстандыру саясаты. 1860-1870 жылдардағы ұлт-азаттық күрес (себептері мен көтеріліс барысы). XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы. Капиталистік қатынастардың ене бастауы. XIX ғасырдың 80-90 - жылдарындағы әкімшілік-аумақтық реформалар: мазмұны мен салдарлары. Сауда қатынастарының дамуы. Жетісу аумағына ұйғырлар мен дүнгендердің қоныс аударуы. Дәстүрлі қазақ қоғамының трансформациясы. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қоғамдық-саяси ойлардың дамуы;

6) XIX ғасыр - XX ғасырдың басындағы Қазақстанның мәдениеті. XIX ғасырдағы Қазақстандағы ағарту ісі мен ғылымның дамуы. Бөкей ордасының ханы Жәңгірдің ағартушылық қызметі. Қазақстанның ғылыми зерттелуі (П. Семенов-Тянь-Шанский, Г.Н.Потанин, В.В. Радлов, М. Шорманов, М. Бабаджанов, А.Диваев). Зайырлы және діни білім беру мекемелері. Жадиттік және білім берудегі жаңашылдық. Шоқан Уәлиханов – ұлы қазақ ғалымы. Ыбырай Алтынсарин – ағартушы, жаңашыл-педагог, қоғам қайраткері. Абай Құнанбайұлы – ұлы ойшыл, қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы. Қазақ музыкалық мәдениетінің дамуы (Құрманғазы Сағырбайұлы, Тәттімбет Қазанғапұлы, Дәулеткерей Шығайұлы). Әйгілі суретшілер шығармашылығындағы ұлттық контекст. Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпеев және Халидтің тарихи еңбектері.

21. 9-сыныпқа арналған "Қазақстан тарихы" пәнінің базалық білім мазмұны:

1) XX ғасырдың басындағы Қазақстан. XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси үдерістер. XX ғасырдың басындағы Қазақстанның экономикалық дамуы. Столыпиннің аграрлық реформасы және шаруалардың Қазақстанға жаппай қоныс аударуы. XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы өнеркәсіптің дамуы. Сауданың дамуы. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс. Қазақ ұлттық зиялылар қауымы және оның XX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси үдерістерге әсері. Ұлттық баспаның дамуы ("Қазақ" газеті, "Айқап" журналы). 1917 жылғы революциялар. "Алаш" партиясының құрылуы. "Алаш-Орда" үкіметі. Қазақ халқының саяси көшбасшылары (Ә. Бөкейхан, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Б.Қаратаев, М.Тынышпаев, М.Шоқаев). XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының ғылыми еңбектері;

2) Қазақстанда кеңестік биліктің орнығуы. Қазақстандағы Кеңес үкіметінің орнығуы. "Үш Жүз" қазақ социалистік партиясы. Азамат соғысы жылдарындағы (1918-1920 жылдар) Қазақстандағы соғыс қимылдары. Кеңес билігі органдарының "Алаш-Орда" үкіметі, Қоқан автономиясымен қарым-қатынасы. "Әскери коммунизм саясаты". 1921 жылғы жұт және аштық. Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының құрылуы. Қазақ АКСР-ы аумағының қалыптасуы. Қазақ жерлерінің біртұтастығын қалпына келтірудегі қазақ зиялыларының рөлі. Қазақстандағы Жаңа экономикалық саясат (1921-1925 жылдар). XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясаты. Кеңес үкіметінің діни саясаты;

3) Қазақстан тоталитарлық жүйенің нығаюы кезеңінде. Қазақстандағы социалистік индустрияландыру (мәні мен ерекшеліктері). "Кіші Қазан" (мазмұны және жүзеге асырылуы). Бай шаруашылықтарының тәркіленуі. Ауыл шаруашылығындағы күштеп ұжымдастыру саясаты. Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру саясатының экономикалық салдарлары. 1931-1933 жылдардағы аштық - XX ғасырдағы қазақстандық қасірет. Қазақстандағы ұжымдастырудың демографиялық салдарлары. Ұжымдастыруды жүзеге асырудың әдістеріне қатысты ұлттық зиялылардың ("Бесеудің хаты") қоғамдық-саяси көзқарасы мен қатынасы. 1920-1930 жылдардағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси үдерістер. Сталиндік репрессиялар. Қазақстан аумағындағы кеңестік "еңбек түзеу" концентрациялық лагерлері (Степлаг, Карлаг, АЛЖИР және тағы басқалар);

4) Кеңестік Қазақстанның мәдениеті: білім мен ғылым. Халыққа білім беру (жалпыға бірдей міндетті сауат ашу, орта білім, қазақ жазуының араб тілінен латын тіліне көшуі, орыс графикасына негізделген жаңа әліпбиге көшу). А.Байтұрсынов – "ұлт ұстазы". Жоғары оқу орындарының ашылуы. КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы. Қ.Сәтбаевтың Қазақстан ғылымын дамытудағы рөлі. Қазақстандық ғалымдар мен олардың ғылыми жетістіктері. Әдебиеттің дамуы (Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Б.Майлин, І.Жансүгіров, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин шығармашылығы). Театр, кино, бейнелеу өнері және оның қайраткерлері. Мәдениет саласындағы кеңестік идеология. Социалистік шынайлық;

5) Қазақстан Ұлы Отан соғысы соғыс жылдарында. Ұлы Отан соғысының басталуы. Қазақстандағы мобилизация және қазақстандық әскери бөлімдердің құрылуы. Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлігі мен тағдыры. Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы шайқастарына қатысуы. Қазақстандықтар – Кеңес Одағының батырлары. Б.Момышұлы – аңызға айналған тұлға. Қазақстан – майдан арсеналы. КСРО халықтарының Қазақстанға депортациялануы. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы мәдениет. Ғылымның дамуы. Әдебиет жетістіктері (М.Әуезов, Ж.Жабаев, Д.Снегин, И. Шухов және тағы басқалар). Өнердің дамуы (театр, кино).

22. 10-сыныпқа арналған "Қазақстан тарихы" пәнінің базалық білім мазмұны:

1) Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946-1953 жылдар). Соғыстан кейінгі жылдардағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер. Пайдалы қазбаларды өңдеу және өнеркәсіптің дамуы. Ауыл шаруашылығының дамуы. Қазақстанның әскери-өнеркәсіптік кешенінің қалыптасуы (Қазақстандағы ядролық полигон). Соғыстан кейінгі жылдардағы қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктері. "Бекмаханов ісі";

2) Қазақстан "Жылымық" кезеңінде (1954-1964 жылдар). Қазақстанда "Хрущевтік кезеңдегі" өнеркәсіптің дамуы. Тың және тыңайған жерлерді игеру (тың игерудің экономикалық, экологиялық және демографиялық салдарлары). Қазақстандағы әскери-өнеркәсіптік кешен ("Байқоңыр" ғарыш айлағы). "Жылымық кезеңі". 1954-1965 жылдардағы республикадағы қоғамдық-саяси өмір;

3) Қазақстан "Тоқырау" кезеңінде (1965-1985 жылдар). 1965-1985-жылдардағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы. Экономиканың шикізаттық бағыты. Урбанизация. 1970-1980 жылдардағы ауыл шаруашылығындағы дағдарыс. 1965-1985 жылдардағы қоғамдық-саяси өмір. 1979 жылғы Целиноградтағы оқиғалар. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы басшыларының қызметі (Ж.Шаяхметов, Д.Қонаев, Ж.Тәшенов).

4) Кеңестік Қазақстанның мәдениеті (1946-1985-жылдар.). Білім беру саласындағы мемлекеттік саясат. Жалпыға бірдей міндетті орта білім. Қазақ тілінің жағдайы. Ғылымның дамуы. Әдебиеттің дамуы (Ә.Нұрпейісов, Б.Момышұлы, І.Есенберлин, О.Сүлейменов, М.Шаханов). Өнер (театр, кино);

5) Қазақстан Қайта құру кезеңінде (1986-1991 - жылдар). "Қайта құру" жылдарындағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер: мақсаттары, проблемалары мен қарама-қайшылықтары. Қазақстандағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғалары (себептері, барысы мен салдарлары). 1986 жылғы желтоқсан оқиғаларының қатысушыларына қатысты жазалау шаралары. "Қазақ КСР-ның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация" (1990 жылғы қазан). Кеңестік саяси жүйенің дағдарысы (1991 жылғы "Тамыз бүлігі"). КСРО-ның ыдырауы. Қазақстандағы қоғамдық-саяси қозғалыстар. Семей ядролық полигонының жабылуы. "Қазақ КСР-ның тілдер туралы Заңының" қабылдануы;

6) Қазақстан мемлекеттілігінің қайта жаңғыруы (1991 - 1997 жылдар). "Мемлекеттік тәуелсіздік туралы" Конституциялық заңының қабылдануының тарихи маңызы. Н.Ә.Назарбаев – Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті. Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси институттарының қалыптасуы. Нарықтық экономикаға көшудегі қиыншылықтар. Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа кірігуі. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы әлеуметтік-демографиялық үдерістер. 1995 жылғы Конституцияның қабылдануы;

7) Қазақстан Республикасының өрлеуі (1997 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін). Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді басым мақсаттары мен стратегиялары. "Қазақстан – 2030" стратегиясының қабылдануы. Қазақстан Республикасының халықаралық сахнадағы беделінің өсуі. Қазақстанның аймақтық және халықаралық ұйымдармен қарым-қатынасы. Қазақстанның ЕҚЫҰ және ИЫҰ-на төрағалық етуі. Әлемдік экономикалық байланыстар жүйесіндегі Қазақстан. Мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік жағдайы. Астана – Қазақстан Республикасының жаңа астанасы. "Қазақстан-2050" стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. "5 институтционалды реформаларды жүзеге асырудағы 100 нақты қадам" ұлттық жоспары – қазіргі заманның сын-тегеуріндеріне жауап. Ұлт көшбасшысы – Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіз мемлекетті құрудағы және дамытудағы рөлі;

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері**

5. "Құқық негіздері" пәнін оқыту процесінде білім алушылар талдау, жинақтау, жіктеу, салыстыру, себеп-салдарлық байланыстар мен заңдылықтарды орнатуды, құқық саласындағы білімді игеруді үйренеді.

6. "Құқық негіздері" пәнінің түзету бағыты ауызекі және байланыстырып сөйлеу, есту қабылдауын дамыту, ойлау қабілеттерін дамыту бойынша жұмыс жалғасады; дұрыс айту дағдылары жетіледі.

7. Пәнге оқыту тұлғаға бағытталған, іс-әрекеттік, сараланған, қарым-қатынас және ақпараттық коммуникациялық технологиялар тәсілдері негізінде жүзеге асырылады.

8. Тұлғаға бағытталған тәсіл естімейтін білім алушылардың дамуы мен өзін-өзі дамытуға, зейін, ойлау, есте сақтау бойынша белсенді жұмыспен өтелетін, жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен қабілеттерін ескере отырып, тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

9. Сараланған тәсіл білім алушылардың беретін материалды қабылдау, ақпаратты өңдеу, ақыл-ой, белсенділік, сөйлеу тілі, есте сақтау және ойлау ерекшеліктерін ескере отырып, екі топқа бөлуге мүмкіндік береді:

1) білім алушылар материалды өздігінен игереді, үйренгендерін тәжірибеге ауыстыра алады;

2) білім алушылар материалды толық қабылдай алмайды, мұғалімнің көмегін, жеке ықпал етуді қажет етеді.

10. Қарым-қатынас тәсілі "Құқық негіздері" пәнін оқыту білім алушыларды қарым-қатынас құралы ретінде тілді меңгеруге және әртүрлі тілдік жағдайларда еркін бағдарлауға үйретеді.

11. "Құқық негіздерін" оқытудағы әлеуметтік-бейімдеуге бағдар "әлеуметтік шығындарды" азайтуды қамтамасыз етеді, естімейтін білім алушылардың өміріне дайын болуға және әлеуметтік құзыреттіліктің әр түрлі құрылымдарын қалыптастыруға бағытталған.

12. "Құқық негіздері" бағдарламасына практикалық жаттығулар өткізу, бейнероликтер көрсету, тиісті органдарға экскурсиялар ұйымдастыру енгізілген, бұл пәнге деген қызығушылықты мақсатты түрде дамытуға, сонымен қатар есте сақтауды, ойлау мен сөйлеуді тиімді түрде түзетуге мүмкіндік береді.

13. Оқытудың тиімді шарттары:

1) естімейтін білім алушылардың ауызша, жазбаша және диалогтық сөйлеу тілін дамыту;

2) естімейтін білім алушылардың құзыреттілігі мен психикалық мүмкіндіктерін дамытуға ықпал ететін әдістер мен тәсілдерді қолдану;

3) оқытудың барлық дидактикалық қағидасын сақтау өте маңызды: қол жетімділік, циклдік, деректілік, өткен материалдың өзектілігі;

4) жаңа терминологияны үйрену кезінде көмекші құрал - саусақпен және ыммен сөйлеу болып табылады.

14. Бағдарламаны іске асыру процесінде мектепті ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен жабдықтауды көздейтін арнайы жабдықтар мен оқу құралдары қолданылады:

1) интерактивті және проекциялық жабдық (проектор, интерактивті тақта);

2) арнайы техникалық және компенсаторлық оқу құралдары (фронтальды білім беру қызметін қамтамасыз ететін стационарлық дыбыс күшейтетін жабдық, айтылым экраны, жеке есту аппараттары, мультимедиялық компьютерлік сынып);

3) Интернет жүйесінің ақпараттық және білім беру ресурстарына шектеусіз қол жетімділік.

### **3-тарау. "Құқық негіздері" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

15. "Құқық негіздері" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 9-сынып – аптасына 1 сағатты, оқу жылында – 34 сағатты;

2) 10-сынып – аптасына 1 сағатты, оқу жылында – 34 сағатты құрайды.

16. Бағдарлама 7 бөлімді қамтиды:

1) "Құқық және мемлекет" бөлімі;

2) "Конституциялық құқық" бөлімі;

3) "Азаматтық құқық" бөлімі;

4) "Еңбек құқығы" бөлімі;

5) "Отбасы құқығы" бөлімі;

6) "Әкімшілік құқық" бөлімі;

7) "Қылмыстық құқық" бөлімі.

17. "Құқық және мемлекет" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) құқық түсінігі;

2) құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам.

18. "Конституциялық құқық" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары;

2) мемлекеттік органдардың конституциялық жүйесі.

19. "Азаматтық құқық" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) азаматтық құқық түсінігі;

2) меншік құқығы;

3) азаматтық құқықтағы міндеттеме мен жауапкершілік;

4) тұтынушылар құқығын қорғау.

20. "Еңбек құқығы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) еңбек құқығы түсінігі;

2) еңбек жағдайлары;

3) еңбекті қорғау;

4) еңбек шарты.

21. "Отбасы құқығы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) отбасы құқығының түсінігі;

2) некені қию және тоқтату жолдары;

3) отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері;

4) отбасының қоғамдағы маңыздылығы.

22. "Әкімшілік құқық" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) әкімшілік құқық түсінігі;

2) әкімшілік құқық бұзушылық;

3) әкімшілік жауапкершілік;

4) әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу.

23. "Қылмыстық құқық" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) қылмыстық құқық түсінігі;

2) қылмыстық құқық бұзушылық түсінігі;

3) қылмыстық жауапкершілік түсінігі;

4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар;

5) жазалау және гуманизм мәселесі.

24. 9-сыныпқа арналған "Құқық негіздері" пәнінің базалық мазмұны:

1) "Құқық және мемлекет" бөлімі: құқық түсінігі. Құқық түсінігі және оның белгілері. Құқықтың басқа әлеуметтік нормалардан айырмашылығы: мораль, діни нормалар, дәстүрлер, корпоротивтік нормалар.

2) "Конституциялық құқық" бөлімі: мемлекеттік биліктің конституциялық жүйесі. Мемлекеттік биліктің жоғарғы органдары қызметінің негізгі бағыттары. Мемлекеттік биліктің өкілетті органдары.

3) "Азаматтық құқық" бөлімі: азаматтық құқық түсінігі. Тараптардың теңдігіне негізделген меншік қатынастары. Жеке мүліктік емес қатынастар: өмір, денсаулық, ар-намыс, қадір-қасиет

4) "Еңбек құқығы" бөлімі: еңбек құқығы түсінігі. Еңбек бостандығының конституциялық кепілдіктері.

5) "Отбасы құқығы" бөлімі: неке және отбасы құқығы туралы түсінік. Отбасы мен неке (ерлі-зайыптылық) туралы түсінік. Некені қию және тоқтату жолдары. Некеге тұрудың (ерлі-зайыптылық) шарттары мен кедергілері. Некені тоқтату мен бұзу.

6) "Әкімшілік құқық" бөлімі: әкімшілік құқық түсінігі. Басқарушылық құқық. Әкімшілік құқық бұзушылық.

7) "Қылмыстық құқық" бөлімі: қылмыстық құқық түсінігі. Қылмыстық мінез-құлық және оның жазасы.

25. 10-сыныпқа арналған "Құқық негіздері" пәнінің базалық мазмұны:

1) "Құқық және мемлекет" бөлімі: меншік құқығы. Қазақстан Республикасындағы меншік түрлері. Меншік құқығын алу мен тоқтатудың негізгі жолдары. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам. Құқықтық мемлекеттің түсінігі мен белгілері. Құқықтық мемлекеттің қызметіндегі азаматтық қоғам институттарының маңызы мен рөлі.

2) "Конституциялық құқық" бөлімі: адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары. Конституциялық жүйенің негіздері. Конституциялық құқық, адамның және азаматтың бостандықтары мен міндеттері.

3) "Азаматтық құқық" бөлімі: азаматтық құқықтағы міндеттеме мен жауапкершілік. Міндеттемені орындамағаны үшін мүліктік жауапкершілік. Міндеттемені қамтамасыз ету әдістері.

4) "Еңбек құқығы" бөлімі: еңбек жағдайлары. Жұмыс беруші мен қызметкердің құқықтары мен міндеттері. Еңбекті қорғау. Еңбек дауларын шешу жолдары. Кәметке толмағандардың еңбегін құқықтық реттеу. Еңбек шарты. Еңбек шартының мазмұны.

5) "Отбасы құқығы" бөлімі: отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері. Отбасының қоғамдағы маңызы. Отбасылық қатынастарды мемлекеттік қолдау және қорғау. Бала құқығы.

6) "Әкімшілік құқық" бөлімі: әкімшілік жауапкершілік. Әкімшілік құқық бұзушылықтың түрлері мен белгілері. Әкімшілік жазалардың түрлері және оларды қолдану тәртібі. Әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу.

7) "Қылмыстық құқық" бөлімі: қылмыстық жауапкершілік. Заңсыз әрекеттер үшін қылмыстық жауапкершілік және олар үшін жаза түрлері. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың субъектілері. Қылмыс туралы түсінік. Қылмыстардың белгілері мен түрлері. Қылмыстың объекті, субъекті, объективтік және субъективтік жағы.

8) "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы" бөлімі: жалпы ереже. Мүгедектерді әлеуметтік қорғау Мүгедектердің құқықтары мен әлеуметтік қорғалуы. Мүгедектердің еңбек қатынастары саласындағы құқықтары.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

26. Бағдарламада, оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 9.2.1.4. кодында "9" - сынып, "2.1" - бөлім мен бөлімше, "4" - оқыту мақсатының реттік саны.

27. Бөлімдер бойынша әр сыныпқа күтілетін нәтижелер:

1) "Құқық және мемлекет" бөлімі:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	9-сынып	10-сынып

1.1 Құқық түсінігі	9.1.1.1 әлеуметтік нормалар жүйесінде құқықтың ұғымы мен рөлін түсіндіру 9.2.1.2 Қазақстан Республикасы Конституциясы негізінде адамның және азаматтың конституциялық құқығын, еркіндік және міндеттерін анықтау	10.1.1.1 құқықтық нормаларды ажырата білу және құқықтың негізгі функцияларын атай білу
1.2 Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам	9.1.2.1 құқықтық мемлекеттің ерекшелігі мен маңызын анықтау	10.1.2.1 азаматтық қоғам институттарының ролі мен маңызын анықтай білу

## 2) "Конституциялық құқық" бөлімі:

### 2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	9-сынып	10-сынып
2.1 Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары	9.2.1.1 конституциялық құрылыс негіздерін түсіндіру	10.2.1.1 Қазақстан Республикасы Конституциясының негізінде адамның және азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттерін анықтау;
2.2 Мемлекеттік органдардың конституциялық жүйесі	9.2.2.1 Конституция негізінде мемлекеттік органдардың қызметтерін анықтау және салыстыру	10.2.2.1 сайлаудың мемлекеттік органдарды құрудағы маңызы мен рөлін анықтай білу

## 3) "Азаматтық құқық" бөлімі:

### 3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	9-сынып	10-сынып
3.1 Азаматтық құқық түсінігі	9.3.1.1 азаматтық құқық ұғымы мен қағидаларын түсіндіру	10.3.1.1 азаматтардың азаматтық құқықтарын анықтау және мәтіннен таба білу; 10.3.1.2 баланың мемлекеттік көмекке құқығын түсіндіре білу
3.2 Меншік құқығы	9.3.2.1 меншік түрлерін анықтау; 9.3.2.2 меншік құқығына ие болудың және тоқтатылудың жолдарын, құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы анықтау	10.3.2.1 меншік түрлерін атау; 10.3.2.2 мысал келтіре отырып, меншік құқығын алу және тоқтату жолдарын өз бетінше түсіндіре білу; 10.3.2.3 баланың меншік құқығын анықтай білу
3.3 Азаматтық құқықтағы міндеттеме мен жауапкершілік	9.3.3.1 азаматтық құқықтағы міндеттеме мен жауапкершілік түсінігін анықтау	10.3.3.1 азаматтық құқықтағы міндеттемелерді талдау және жауапкершілікті анықтау
3.4 Тұтынушылар құқығын қорғау	9.3.4.1 тұтынушылар құқығын қорғау анықтамасын түсіндіру	10.3.4.1 тұтынушылардың құқықтарын қорғау жолдарын анықтау; 10.3.4.2 балаларға арналып белгіленген мемлекеттік

минималды әлеуметтік стандарттарды атау

#### 4) "Еңбек құқығы" бөлімі:

##### 4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	9-сынып	10-сынып
4.1 Еңбек құқығы түсінігі	9.4.1.1 еңбек құқығы туралы жалпы түсініктің болуы	10. 4.1.1 еңбек құқықтарын анықтау және олардың мағынасын түсіндіру
4.2 Еңбек жағдайлары	9.4.2.1 еңбек жағдайлары туралы жалпы түсініктің болуы 9.4.2.2 құқықтық жағдайларды сараптай отырып, жұмыс беруші мен жұмыскердің құқықтары мен міндеттерін атау	10.4.2.1 Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сүйене отырып, еңбек жағдайларын анықтау; 10.4.2.2 жұмыс беруші мен қызметкердің құқықтары мен міндеттерін түсіндіру; 10.4.2.3 мүгедек баланы жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік кепілдіктер туралы жалпы түсініктің болуы
4.3 Еңбекті қорғау	9.4.3.1 еңбекті қорғау туралы жалпы түсініктің болуы	10.4.3.1 кәмелетке толмағандардың еңбегіне қатысты құқықтық нормаларды атау; 10.4.3.2 нормативтік құқықтық актілерге сүйене отырып, еңбек дауларын шешу жолдарын ұсыну
4.4 Еңбек шарты	9.4.4.1 еңбек шарты туралы жалпы түсініктің болуы	10.4.4.1 құқықтық жағдайларға байланысты еңбек шартының мазмұнын түсіндіру

#### 5) "Отбасы құқығы" бөлімі:

##### 5-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	9-сынып	10-сынып
5.1 Неке және отбасы құқығы түсінігі	9.5.1.1 "неке" және "отбасы" ұғымдары туралы жалпы түсініктің болуы	10.5.1.1 баланың өмір сүруге және отбасында тәрбиеленуге құқығын түсіндіру
5.2 Некені қию және тоқтату жолдары	9.5.2.1 неке қию және бұзу шарттарын атау	10.5.2.1 отбасындағы баланың құқықтары туралы жалпы түсініктің болуы
5.3. Отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері	9.5.3.1 отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін атау	10.5.3.1 отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін атау; 10.5.3.2 құқықтық актілерге сілтеме жасай отырып, балалардың қоғамдағы және отбасындағы құқықтарын атау
5.4 Отбасының қоғамдағы маңыздылығы	9.5.4.1 отбасының қоғамдағы рөлі туралы жалпы түсініктің болуы	10.5.4.1 отбасының қоғамдағы маңыздылығын бағалай білу

#### 6) "Әкімшілік құқық" бөлімі:



## 6-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	9-сынып	10-сынып
6.1 Әкімшілік құқық түсінігі	9.6.1.1 әкімшілік құқық ұғымын түсіндіру	10.6.1.1 әкімшілік құқықты білу және мысал келтіріп айту
6.2 Әкімшілік жауапкершілік	9.6.2.1 әкімшілік құқық бұзушылықтың түрлері мен белгілерін атау	10.6.2.1 құқықтық жағдайларды түсіндіре отырып, әкімшілік жауапкершіліктің түрлері мен оларды қолдану тәртібін түсіндіру
6.3 Әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу	9.6.3.1 әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу ұғымға анықтама бере білу	10.6.3.1 әкімшілік-құқықтық нормалардың мағынасын түсіндіру

### 7) "Қылмыстық құқық" бөлімі:

## 7-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	9-сынып	10-сынып
7.1 Қылмыстық құқық түсінігі	9.7.1.1 қылмыстық құқық ұғымын түсіндіре білу	10.7.1.1 қылмыстық құқық ұғымына анықтама беру
7.2 Қылмыс ұғымы	9.7.2.1 қылмыстың белгілері мен түрлерін ажырату	10.7.2.1 мысал арқылы қылмыстың белгілері мен түрлерін анықтау
7.3 Қылмыстық жауапкершілік	9.7.3.1 қылмыстық жауапкершілік ұғымына анықтама бере білу	10.7.3.1 құқықтық жағдайларды түсіндіре отырып, қылмыстық жауапкершілік пен жаза түрлерін анықтау; 10.7.3.2 сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық актілерді анықтау
7.4 Жазалау және гуманизм мәселесі	9.7.4.1 жаза түсінігін анықтау	10.7.4.1 қылмыстық заңдардағы гуманизм принципін түсіндіру

### 8) ""Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы" бөлімі:

## 8-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	9-сынып	10-сынып
8.1 Мүгедектік құқығы. Жалпы ережелер	9.8.1.1 Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын атау	10.8.1.1 Қазақстан Республикасындағы мүгедектердің құқықтарының мағынасын түсіндіру
8.2 Мүгедектерді әлеуметтік қорғау	9.8.2.1 мүгедектерді әлеуметтік қорғау қажеттілігін түсіндіру	10.8.2.1 Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатының

		маңыздылығын түсіндіру
8.3 Мүгедектердің құқықтары мен әлеуметтік қорғалуы	9.8.3.1 мүгедектердің құқықтарын және мүгедектерді әлеуметтік қорғаудың қажеттілігін атау	10.8.3.1 мүгедектердің құқықтарын атау, үкіметтің мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы құзыретін түсіндіру
8.4 Мүгедектердің еңбек қатынастары саласындағы құқықтары	9.8.4.1 мүгедектердің еңбек қатынастары саласындағы құқықтарын атау	10.8.4.1.1 мүгедектердің еңбек қатынастары саласындағы құқықтарын түсіндіру; 10.8.4.1.2 жұмыс берушінің мүгедектерді әлеуметтік қорғаудағы міндеттерін түсіндіру

28. Бағдарлама есту қабілеті зақымдалған (естімейтіндер) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 9-10 сыныптары үшін "Құқық негіздері" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

29. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Негізгі орта білім беру  
деңгейінің  
9-10 сыныптары үшін "Құқық  
негіздері" пәнінен жаңартылған  
мазмұндағы Үлгілік оқу  
бағдарламасына  
қосымша

**Есту қабілеті зақымдалған (естімейтіндер) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 9-10 сыныптары үшін "Құқық негіздері" пәнінен жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша Ұзақ мерзімді жоспар**

1) 9 сынып

1-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		

9.1 Құқық түсінігі	Заң дегеніміз не және ол қоғамдық қатынастарға қалай әсер етеді? Қоғам өміріндегі құқықтың рөлі қандай?	9.1.1.1 әлеуметтік нормалар жүйесінде құқықтың ұғымы мен рөлін түсіндіру; 9.1.2.1 зайырлы мемлекет ерекшелігі мен маңыздылығын анықтай білу
9.1 Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары	Қазақстан Республикасының адамы мен азаматының құқықтары мен міндеттері қандай? Қазақстан Республикасының азаматы кім бола алады?	9.2.1.2 Қазақстан Республикасы Конституциясының негізінде адамның және азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттерін анықтау
	Неліктен Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет деп жариялайды? Құқықтық мемлекеттің маңызды принципін атаңыз?	9.2.1.1 конституциялық құрылыс негіздерін түсіндіру
9.1 Азаматтық құқық түсінігі	Азаматтық құқық қоғамдық қатынастарды қалай реттейді?	9.3.1.1 азаматтық құқық ұғымы мен қағидаларын түсіндіру 9.3.3.1 азаматтық құқықта міндеттеме және жауапкершілік түсініктерін анықтау
9.8 Мүгедектердің құқығы. Жалпы ережелер.	Мүгедектердің қандай құқықтарын білесіз?	9.8.1.1 Қазақстан Республикасында мүгедектер құқықтарын атау
9.8 Мүгедектердің құқықтары мен әлеуметтік қорғалуы.	Мүгедектерді мемлекеттік әлеуметтік қорғау не үшін қажет?	9.8.2.1 мүгедектерді әлеуметтік қорғау қажеттілігін түсіндіре білу; 9.8.3.1 мүгедектердің құқықтарын және мүгедектерді әлеуметтік қорғаудың қажеттілігін атау
2-тоқсан		
9.2 Мемлекеттік органдардың конституциялық құрылымы	Мемлекеттік органдардың қызметі қандай? Мемлекеттік органдарды ата. Сайлаудың мемлекеттік органдарды құрудағы рөлі мен маңызы қандай?	9.2.2.1 Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі ережелерін басшылыққа ала отырып, мемлекеттік органдардың функцияларын анықтау және салыстыру
	Сайлаудың мемлекеттік органдарды құрудағы рөлі мен маңызы қандай? Үкіметтік сайлау не үшін қажет?	9.2.2.2 сайлаудың мемлекеттік органдарды құрудағы маңызы мен рөлін анықтау
3-тоқсан		
9.3 Азаматтық құқық	Азаматтық құқықтар қай жерде кездеседі?	9.3.1.1 азаматтық құқық ұғымы мен қағидаларын түсіндіру
9.3 Меншік құқығы	Қалай меншік иесі болуға болады? Жеке меншіктің пайда болуына не себеп болады?	9.3.2.1 меншік түрлерін атау; 9.3.2.2 меншік құқығына ие болудың және тоқтатылудың жолдарын, құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы атау

		9.3.4.1 тұтынушылар құқығы анықтамасын түсіндіру
9.4 Еңбек құқығы түсінігі	Қазақстан Республикасы Конституциясының 24-бабы нені жариялайды? Еңбек бостандығы құқығы нені білдіреді?	9.4.1.1 еңбек құқығы туралы жалпы түсініктің болуы 9.4.3.1 еңбекті қорғау туралы жалпы түсініктердің болуы
9.4 Еңбек жағдайлары	Еңбек жағдайларын заңнамамен қалай реттейді? Қызметкер қандай құқықтарға ие?	9.4.2.1 Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сүйене отырып, еңбек жағдайларын анықтау; 9.4.2.2 құқықтық жағдайларды талдау арқылы жұмыс беруші мен қызметкердің құқықтары мен міндеттерін атау 9.4.4.1 еңбек шарты туралы жалпы түсініктердің болуы;
9.8 Мүгедектердің еңбек қатынастары саласындағы құқықтары.	Мүгедектердің еңбек қатынастары саласындағы құқықтарын ата	9.8.4.1 мүгедектердің еңбек қатынастарындағы құқықтарын атау
9.5 Неке және отбасы құқығы түсінігі	Отбасы заңмен қалай қорғалады? Ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттері қандай?	9.5.1.1 "неке" және "отбасы" ұғымдарын түсіндіру 9.5.3.1 отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін атау; 9.5.4.1 қоғамдағы отбасы ролі туралы жалпы түсінік болуы
9.5 Некені қию және тоқтату жолдары	Некеге тұру шарттары қандай??	9.5.2.1 некені қию және тоқтатылу шарттарын атау
	4-тоқсан	
9.6 Әкімшілік құқық түсінігі	Әкімшілік құқық қандай қоғамдық қатынастарды реттейді? Әкімшілік жауапкершіліктің ерекшеліктері қандай?	9.6.1.1 әкімшілік құқық ұғымын түсіндіру 9.6.2.1 әкімшілік құқық бұзушылық түрлері мен белгілерін атау; 9.6.3.1 әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу түсінігін анықтай білу
9.7 Қылмыстық құқық түсінігі	Қылмыстық құқықтың басқа құқық салаларынан айырмашылығы неде? Қылмыстық құқықтың құрылымдық бөліктері қандай?	9.7.1.1 қылмыстық құқық ұғымын түсіндіре білу 9.7.3.1 қылмыстық жауапкершілік түсінігін анықтай білу;
9.7 Қылмыс ұғымы	Қандай әрекет қылмыс болып саналады? Қылмыстық құқық бұзушылықтың қандай түрлері бар?	9.7.2.1 қылмыстың белгілері мен түрлерін ажырата білуге үйрету 9.7.4.1 жаза түсінігін анықтау
2) 10- сынып 2-кесте		
Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары

1- тоқсан		
10.1 Құқық және мемлекет	Әлеуметтік нормалардың түрлері қандай? Құқықтың қандай функциялары негізгі болып табылады?	10.1.1.1 құқықтық нормаларды ажырату және құқықтың негізгі функцияларын атау
10.1 Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам	Құқықтық мемлекет принциптері нені анықтайды? Азаматтық қоғам құрылымындағы негізгі топтарды көрсетіңіз?	10.2.1.1 Қазақстан Республикасын Конституциясы негізінде адам және азаматтың конституциялық құқытарын анықтай білу; 10.1.2.1 азаматтық қоғам институттарының ролі мен маңызын анықтау
10.2 Мемлекеттік органдардың конституциялық жүйесі	Президенттің өкілеттіктері қандай ? ҚР Парламентінің жұмысының қажеттілігін дәлелдеңіз?	10.2.2.1 сайлаудың мемлекеттік органдарды құрудағы маңызы мен ролін анықтау
	Сайлау жүйесі неліктен құрылды?	10.2.2.1 сайлаудың мемлекеттік органдарды құрудағы маңызы мен ролін анықтау
2-тоқсан		
10.3 Азаматтық құқық түсінігі	Азаматтық құқықтың субъектілері қандай? Азаматтық құқық қандай қатынастарды реттейді? Неліктен балалар мемлекеттік көмекке құқылы?	10.3.1.1 азаматтардың азаматтық құқықтарын анықтау және мәтіннен табу; 10.3.1.2 баланың мемлекеттік көмекке құқығын түсіндіру
10.8 Мүгедектердің құқығы. Жалпы ережелер	Мүгедектерді әлеуметтік қорғау деп нені атайды?	10.8.1.1 Қазақстан Республикасындағы мүгедектердің құқықтарының мағынасын білу және түсіндіру
10.8 Мүгедектерді әлеуметтік қорғау	Мүгедектерді әлеуметтік қорғау принциптері қандай?	10.8.2.1 Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатының маңыздылығын түсіндіру
10.8 Мүгедектердің құқықтары мен әлеуметтік қорғалуы	Мемлекеттік органдардың мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы құзыретінің негізгі бағыттары қандай?	10.8.3.1 мүгедектердің құқықтарын білу және атау, үкіметтің мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы құзыретін түсіндіру
10.3 Меншік құқығы	Меншіктің қандай түрлері бар? Баланың меншік құқығы қандай?	10.3.2.1 меншік түрлерін атау; 10.3.2.2 мысал келтіре отырып, меншік құқығын алу және тоқтату жолдарын өз бетінше түсіндіру; 10.3.2.3 баланың меншік құқығын атау
10.3. Азаматтық құқықтағы міндеттеме мен жауапкершілік	Міндеттемелерді орындаудың қандай тәсілдерін білдіңіз?	10.3.3.1 азаматтық құқықтағы міндеттемелерді талдауға және жауапкершілікті анықтау

10.3 Тұтынушылар құқығын қорғау	Неліктен тұтынушының құқығын қорғау керек?	10.3.4.1 тұтынушылардың құқықтарын қорғау жолдарын анықтау; 10.3.4.2 балаларға арналып белгіленген мемлекеттік минималды әлеуметтік стандарттарды атау
3-тоқсан		
10.4 Еңбек құқығы түсінігі	Еңбек заңнамасы мен еңбек құқық бұзушылықтарының арасындағы айырмашылықтар қандай?	10.4.1.1 еңбек құқықтарын анықтау және олардың мағынасын түсіндіру
10.4 Еңбек жағдайлары	Еңбек жағдайлары неге тікелей әсер етеді?	10.4.2.1 Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сүйене отырып, еңбек жағдайларын анықтау; 10.4.2.2 жұмыс беруші мен қызметкердің құқықтары мен міндеттерін түсіндіру
10.4 Тұтынушылар құқығын қорғау	Біз тұтынушы ретінде өз құқығымызды білеміз бе?	10.4.2.3 мүгедек баланы жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік кепілдіктер туралы жалпы түсініктің болуы; 10.3.4.1 тұтынушылардың құқықтарын қорғау жолдарын ұсыну
10.4 Еңбекті қорғау	Кәмелетке толмағандардың еңбегі заңнамамен қалай қорғалады?	10.4.3.1 кәмелетке толмағандардың еңбегіне қатысты құқықтық нормаларды анықтау; 10.4.3.2 нормативтік құқықтық актілерге сүйене отырып, еңбек дауларын шешу жолдарын ұсыну
10.4 Еңбек шарты	Еңбек шарты бойынша қандай құқықтар мен міндеттер туындайды?	10.4.4.1 құқықтық жағдайларға байланысты еңбек шартының мазмұнын аша білу
10.8 Мүгедектердің еңбек қатынастары саласындағы құқықтары.	Мүгедектерді кәсіптік оналту туралы не білесіз?	10.8.4.1.1 мүгедектердің еңбек қатынастары саласындағы құқықтарын түсіндіру; 10.8.4.1.2 жұмыс берушінің мүгедектерді әлеуметтік қорғаудағы міндеттерін түсіндіру
10.5 Отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері	Отбасы мүшелерінің құқықтық жағдайы қандай? Баланың құқықтары қалай қорғалады?	10.5.1.1 баланың отбасында тұрып, тәрбиеленуін түсіндіру; 10.5.3.1 отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін атау; 10.5.3.2 құқықтық актілерге сілтеме жасай отырып, балалардың қоғамдағы және отбасындағы құқықтарын анықтау
		10.5.2.1 отбасындағы бала құқығы туралы жалпы түсінік болуы

10.5 Отбасының қоғамдағы маңыздылығы	Отбасының әлеуметтік рөлі қандай?	10.5.4.1 отбасының қоғамдағы маңыздылығын бағалай білу
	4-тоқсан	
10.6 Әкімшілік құқық	Неліктен әкімшілік құқықтың нормалары жасалады?	10.6.1.1 әкімшілік құқықты мысал келтіріп айту; 10.6.2.1 құқықтық жағдайларды түсіндіре отырып, әкімшілік жауапкершіліктің түрлері мен оларды қолдану тәртібін түсіндіру
10.6 Әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу	Әкімшілік-құқықтық нормалардың қажеттілігі неде?	10.6.3.1 әкімшілік-құқықтық нормалардың мағынасын түсіндіру
10.7 Қылмыстық құқық	Қылмыстық құқық неліктен бар?	10.7.1.1 қылмыстық құқық ұғымына анықтама беру; 10.7.2.1 мысал ретінде қылмыс белгілері мен түрлерін анықтау
10.7. Қылмыстық жауапкершілік	Қылмыстық жауапкершіліктің мәні неде? Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың субъектісі кім?	10.7.3.1 құқықтық жағдайларды түсіндіре отырып, қылмыстық жауапкершілік пен жаза түрлерін анықтау; 10.7.3.2 сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық актілерді анықтау
10.7 Жазалау және гуманизм мәселесі	Гуманизм принципі қылмыстық құқықта қажет пе?	10.7.4.1 қылмыстық заңдағы гуманизм принципін бағалау

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 123 бұйрығына  
9-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына  
646-қосымша

**Есту қабілеті зақымдалған (естімейтіндер) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін "Көркем еңбек" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Есту қабілеті зақымдалған (естімейтіндер) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін "Көркем еңбек" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты – есту қабілеті зақымдалған білім алушылар арасында өнер және еңбек технологиялары туралы білімді қалыптастыру, өнер саласындағы практикалық дағдыларды дамыту.

### 3. Бағдарлама міндеттері:

- 1) қоршаған әлемдегі дизайн мен технологияны, өнерді саналы қабылдауды қалыптастыру, білімін дамыту;
- 2) Қазақстан мен әлем халықтарының көркем және мәдени мұраларын зерттеу;
- 3) шығармашылық идеяларды дизайн мен өнердің айшықты құралдары арқылы жеткізу, технологиялық дағдыларын дамыту;
- 4) зерттеу барысында нысандарды көркем түрлендіру, талдау, құру, білім алушылардың шығармашылық және сыни ойлауын дамыту;
- 5) білім беру әрекетінің барлық түрлерінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану тәжірибесін игеру (зерттеу, идеяларды шығармашылықпен жүзеге асыру, жұмыстарды ұсыну);
- 6) әртүрлі ресурстар мен ақпарат көздерін зерттеу және пайдалану, олардың жұмыс нәтижелері үшін маңыздылығын түсіну;
- 7) эстетикалық, еңбек, экономикалық, экологиялық, патриоттық тәрбие және адамгершілік-рухани құндылықтарды қалыптастыру;
- 8) уақытты, материалдың қасиеттерін және басқа факторларды анықтай және ескере отырып, өз әрекетін өз бетінше жоспарлау қабілетін дамыту;
- 9) білім беру мақсаттарына жету үшін бірлескен іс-шараларды ұйымдастыруда тәжірибе жинау (жеке, жұптық және топтық жұмыс).

### 4. Түзету – дамытушылық міндеттер:

- 1) білімді функционалды қолдану, қарым-қатынастың әр түрлі әдістері, мәселелерді шешу және шешім қабылдау, сөйлеу дағдыларын жетілдіру және дұрыс дыбыс айту, сөйлеу мәдениетін дамыту;
- 2) естімейтін білім алушылардың арнайы оқытуын сапалы дараландыру мүмкіндіктерін кеңейту;
- 3) жеке қасиеттерін дамыту (жауапкершілік, табандылық, бастамашылдық, шыдамдылық, ұқыптылық).

## 2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері

5. "Көркем еңбек" пәнін 5-6 сыныптарда оқу кезінде естімейтін білім алушылар материалдар және нысандарды көркемдік өңдеу дағдыларын, үй шаруасын жүргізу дағдылары, техника және технологияларды қолдануды үйренеді.

6. Бағдарламада теориялық және практикалық тапсырмалар мен жаттығулар ескерілген (шығармашылық жобаларды орындау, бұйым дайындамасы).

7. Жалпы орта білім беру жүйесіндегі "Көркем еңбек" пәнінің ерекшелігі - өнердің әр түрін оқып үйрену, өнер арқылы идеяларды білдіру, әмбебап (күнделікті) және арнайы (пәндік) білімдер мен дағдыларды игеру.

8. Естімейтін білім алушыларды оқыту процесінде бірқатар ерекшеліктерді ескеру қажет:



1) әр білім алушының естіп қабылдауы әртүрлі: қалдық естіп қабылдау немесе жоқ болуы;

2) ең қарапайым ойлау операцияларының басымдылығы;

3) механикалық есте сақтаудың басымдылығы;

4) дыбыс айтудың бұзылысы, белсенді сөздік қорына қарағанды енжар сөзік қордың басымдылығы, сөздік қордың таяздығы.

9. Бағдарлама бойынша естімейтін білім алушыларды оқытудың негізгі принциптері : қол жетімділік, тұлғаға бағытталған, көрнекілік және қарым-қатынас.

10. Оқытудағы қол жетімділік материалдың қол жетімділігі мен білім алушылардың түсінуінен, дайын өнімді шығаруда практикалық әрекеттерді орындай білуінен тұрады.

11. Тұлғаға бағытталған тәсіл - естімейтін білім алушылардың оқу үдерісін дараландыру, тұлғаны үйлесімді қалыптастыру мен жан-жақты дамыту, шығармашылық қабілеттерін толық ашу және жеке тұлғаның әлеуметтік маңызды қасиеттерін тәрбиелеу, эмоционалды-ерік сферасын, психикалық процестерді дамытудан тұрады.

12. Бағдарламаны жүзеге асыруда қарым-қатынас тәсілі - сөйлеу тілін қарым-қатынас құралы ретінде игеру және білім алушылардың әртүрлі тілдік жағдаяттарда еркін бағдарлауы, арнайы терминологияны білуге және қолдануға үйретуге арналған.

13. Осы қағидаларды жүзеге асыру үшін қажет:

1) барлық сөйлеу тілінің дағдыларын дамыту;

2) естімейтін білім алушылардың барлық психикалық процестерінің дамуына ықпал ететін әдістер мен тәсілдерді қолдану;

3) дактильді және ымдау сөйлеу тілі жаңа материалды түсіндіруде көмекші құрал ретінде қолданылады;

4) вариативті және инвариантты компоненттермен пәнаралық байланысты қамтамасыз ету.

14. Оқу бағдарламасын іске асыру барысында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, арнайы жабдықтар мен оқу-әдістемелік құралдар қолданылады:

1) интерактивті және проекциялық жабдықтар (проектор, интерактивті тақта);

2) арнайы техникалық және компенсаторлық оқу құралдары (фронтальды оқу іс-әрекетіне арналған дыбысты күшейтетін стационарлық құрал, айтылым экраны, жеке есту құралдары, мультимедиялық компьютерлік сынып);

3) интернет желісіне ақпараттық және білім беру ресурстарына шектеусіз қол жетімділік;

4) интерактивті шығармашылық шеберханалары.

### **3-тарау. "Көркем еңбек" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

15. "Көркем еңбек" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында – 68 сағатты;

2) 6-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында – 68 сағатты;

16. Бағдарламаның мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

1) "Көрнекі өнер" бөлімі;

2) "Сәндік-қолданбалы өнер" бөлімі;

3) "Дизайн және технология" бөлімі;

4) "Үй мәдениеті" бөлімі;

5) "Тамақтану мәдениеті" бөлімі.

18. "Көрнекі өнер" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) классикалық және заманауи өнер;

2) қазақстандық суретшілердің шығармашылығы;

3) бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары;

4) сандық өнер (фотосуреттер, анимация, медиа құралдары);

5) бейнелеу (көрнекі) өнерінің айрықша құралдары;

7) көркем материалдармен және техникалармен тәжірибе жүргізу.

17. "Сәндік-қолданбалы өнер" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) Қазақстандық және басқа да халықтардың сәндік-қолданбалы өнерінің негізгі түрлері мен ерекшеліктері;

2) сәндік-қолданбалы өнер материалдары, құралдары және технологиялары;

3) ұлттық ою-өрнек;

4) интерьерді сәндік безендіру.

18. "Дизайн және технология" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

(ұлдар):

1) негізгі құрылымдық, табиғи, жасанды және дәстүрлі емес материалдар;

2) материалдарды өңдеуге арналған құралдар мен жабдықтар;

3) материалдарды әр түрлі тәсілдермен өңдеу;

4) әр түрлі материалдардан жасалған бұйымдардың дизайны;

5) ұлттық тұрмыстық бұйымдарды жасау технологиясы;

6) әлемдік және қазақ сәулет өнері ескерткіштері;

7) пішіндеу;

8) интерьер дизайны;

9) робототехника, көлік құралдарын модельдеу.

19. "Дизайн және технология" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды

(қыздар):

1) негізгі тоқыма, табиғи, жасанды және дәстүрлі емес материалдар;

2) тоқыма материалдарын өңдеуге арналған құралдар мен жабдықтар;

3) тоқыма материалдарын әртүрлі тәсілдермен өңдеу;

4) тоқыма материалдарынан жасалған бұйымдардың дизайны;

5) сән индустриясы, стилі мен имиджі, ұлттық киім элементтерін жасау технологиясы.

20. "Үй мәдениеті" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды (ұлдар):

- 1) үй экологиясы;
- 2) өсімдік шаруашылығы, сәндік гүл шаруашылығы, ландшафтық дизайн негіздері;
- 3) электр энергиясының көздері, электр аспаптары мен тұрмыстық техниканы пайдалану және жөндеу туралы жалпы ақпарат;
- 4) жөндеу-тұрмыстық жұмыстар, интерьерді ұйымдастыру және орналастыру.

21. "Үй мәдениеті" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды (қыздар):

- 1) жеке гигиена, үй экологиясы;
- 2) өсімдік шаруашылығы, сәндік гүл шаруашылығы, ландшафтық дизайн негіздері;
- 3) киімді күту және сақтау.

22. "Тамақтану мәдениеті" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) дұрыс тамақтану негіздері;
- 2) үстел басында өзін-өзі ұстау ережелері, дастархан жайу;
- 3) тамақ дайындау технологиясы;
- 4) әлемдік тағамдар.

23. 5-сыныпқа арналған "Көркем еңбек" оқу пәнінің базалық мазмұны (ұлдар):

1) "Көрнекі өнер" бөлімі: Бейнелеу өнеріндегі мәнерлілік құралдары. Классикалық өнердің жауһарлары. Қазақстандық суретшілердің шығармашылығы. Бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары. Натюрморт өнері. Сәндік ұлттық натюрморт. Пейзаж. Табиғатпен үйлесімділік. Әуе перспективасы. Өндірістік пейзаж. Қаланың әсем көрінісі. Сызықтық перспектива. Пластикалық формалар өнері. Мүсін. Шығармашылық жұмыс жасау. Көрмені ұйымдастыру.

2) "Сәндік-қолданбалы өнер" бөлімі: Сәндік-қолданбалы өнер, негізгі пішіндер мен ерекшеліктер. Қазақстанның қолданбалы өнері. Сәндік-қолданбалы өнерге арналған материалдармен және құралдармен танысу. Әр түрлі материалдардан жасалған сәндік бұйым. Әр түрлі материалдардан сәндік бұйымдар жасау. Тоқыма өнері. Тоқу түрлері. Көркем тоқуға арналған материалдармен және құралдармен танысу. Бұйым тоқу. Көрмені ұйымдастыру.

3) "Дизайн және технология" бөлімі: құрылымдық материалдар. Материалдардың түрлері мен қасиеттерін зерттеу. Құрылымдық материалдарды өңдеуге арналған қол құралдары мен қондырғылар. Көркем кесу. Идеяларды дамыту. Көркем кесуге арналған материалдарды таңдау және дайындау. Сыртқы және ішкі контур бойымен қисық сызықты бұйымдарды көркемдік кесу. Сымнан бұйымдарды модельдеу. Эскиздерді әзірлеу (тізбектер, жануарлардың фигуралары). Материалды дайындау. Бұйым жасау (тізбектер, басқатырғыштар, жануарлардың мүсіншелері). Әр түрлі материалдарды қолдана отырып музыкалық (ұрмалы-шу) аспаптардың дизайны. Музыкалық (ұрмалы шу) аспап жасау. Жұмыс презентациясы.

4) "Тамақтану мәдениеті" бөлімі: дұрыс тамақтану негіздері. Мәзірді құрастыру.

5) "Үй мәдениеті" бөлімі: электр энергиясының көздері туралы жалпы ақпарат. Электротехникалық арматура. Электр энергиясының әртүрлі көздерімен (аккумулятор, гальваникалық элементтер) тәжірибелер. Тұрмыстық жөндеу жұмыстары. Өсімдік шаруашылығының негізгі бағыттары. Өсімдік шаруашылығындағы көктемгі жұмыс.

24. 6-сыныпқа арналған "Көркем еңбек" оқу пәнінің базалық мазмұны ( ұлдар):

1) "Көрнекі өнер" бөлімі: Портреттік жанр. Портрет түрлері. Қазақстан суретшілерінің шығармашылығындағы портрет. Сызықтық портрет. Графика. Орындау техникасы. Портрет жасаудың дәстүрлі емес әдістері (сымнан портрет). Портреттегі түс . Портретті орындау техникасы. Сурет өнері. Фотокамерамен эксперимент. Анимация. Қозғалмалы элементтер (пластикалық анимация, көлеңке театры, саусақ қуыршақтары, қамыс). Сценарийді әзірлеу. Кейіпкерлер мен декорацияларды жасау. Көркем идеяларды жүзеге асыру. Дыбыстандыру. Жұмыс презентациясы.

2) "Сәндік-қолданбалы өнер" бөлімі: Қазақ халқының зергерлік бұйымдарымен танысу. Зергерлік бұйымдардың эскизін әзірлеу. Зергерлік бұйымдарды жасауға арналған материалдар мен құралдарды таңдау. Бұйым жасау. Бұйымды безендіру. Табиғи материалдардың түрлері мен сипаттамалары. Табиғи материалдардан жасалған бұйымдардың эскизін әзірлеу. Бұйым жасау. Бұйымды безендіру. Көрмені ұйымдастыру.

3) "Дизайн және технология" бөлімі: Қол электр аспаптары мен жабдықтары. Практикалық жұмыстар. Құрама бөлшектерден роботтарды әзірлеу. Роботтардың пайда болу тарихы және түрлері (өзіндік зерттеу). Роботты құру үшін эскиз жасау. Роботты жасау үшін материалдарды дайындау. Роботты құру. Роботтың жылжымалы бөліктерін құру бойынша эксперимент жасау. РКөлік құралдарының түрлері туралы жалпы мәліметтер (өз бетінше зерттеу). Көлік құралының моделін әзірлеу. Эскиз. Материалдарды таңдау. Көлік құралының моделін жасау. Модельдің жекелеген бөліктерін жасау. Модельді құрастыру және өңдеу. Жұмыс презентациясы.

4) "Тамақтану мәдениеті" бөлімі: қазақ, әртүрлі халықтар мәдениетінде және қоғамдық тамақтану орындарында үстел үстінде өзін-өзі ұстау ережелері.

5) "Үй мәдениеті" бөлімі: Электр жүйелерінің шартты белгілерімен танысу. Электр тізбектері. Батареямен жұмыс жасайтын шамдар жасау. Қолмен жұмыс жасайтын электр құралдарын қолданатын тұрмыстық жөндеу жұмыстары. Сәндік-гүл мәдениеті. Гүл өсірудегі көктемгі жұмыстар.

25. 5-сыныпқа арналған "Көркем еңбек" оқу пәнінің базалық мазмұны (қыздар):

1) "Көрнекі өнер" бөлімі. Бейнелеу өнеріндегі мәнерлілік құралдары. Классикалық өнердің жауһарлары. Қазақстандық суретшілердің шығармашылығы. Бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары. Натюрморт өнері. Сәндік ұлттық натюрморт. Пейзаж.

Табиғатпен үйлесімділік. Әуе перспективасы. Өндірістік пейзаж. Қаланың әсем көрінісі. Сызықтық перспектива. Пластикалық формалар өнері. Мүсін. Шығармашылық жұмыс жасау. Көрмені ұйымдастыру.

2) "Сәндік-қолданбалы өнер" бөлімі. Ою-өрнектің түрлері. Қазақтың ұлттық ою-өрнектері (түрлері, стилизациясы және мотивтері). Көркем кесте. Кесте түрлері. Материалдармен және құралдармен танысу. Эскизді әзірлеу. Көркем кестемен бұйымды безендіру. Тоқыма өнері. Тоқудың түрлері. Материалдармен және құралдармен танысу. Бұйым тоқу. Көрмені ұйымдастыру.

3) "Дизайн және технология" бөлімі. Тоқыма материалдарының жіктелуі және сипаттамалары. Материалдардың түрлері мен қасиеттерін зерттеу. Тоқыма материалдарын өңдеуге арналған жабдықтар, құралдар мен құрылғылар. Тігін бұйымдарының классификациясы. Идеядан өнімге дейін (тігін бұйымы). Дизайн, киімді пішіндеу (қағаз, мата). Костюм жасау (мини-манекен немесе қуыршақ үшін). Тоқыма мозайка техникасын қолдана отырып тігін бұйымдарының дизайны (пэчворк, квиллинг, құрақ). Идеяларды дамыту. Эскиз. Материалды таңдау және дайындау. Жұмыс реттілігі. Бұйым жасау. Бұйымды безендіру.

4) "Тамақтану мәдениеті" бөлімі. Дұрыс тамақтану негіздері. Мәзірді құрастыру. Ас үй жабдықтары. Ас әзірлеуге арналған ыдыс, құралдар мен керек-жарақтар. Ас әзірлеу құралдары мен құрылғыларының мүмкіндіктерін зерттеу. Бутербродтар мен сусындар жасау технологиясы. Көкөністер мен жемістерден салаттар дайындау технологиясы.

5) "Үй мәдениеті" бөлімі. Жеке гигиена, жеке күтім. Өсімдік шаруашылығының негізгі бағыттары. Өсімдік шаруашылығындағы көктемгі жұмыс.

26. 6-сыныпқа арналған "Көркем еңбек" оқу пәнінің базалық мазмұны (қыздар).

1) "Көрнекі өнер" бөлімі. Портреттік жанр. Портрет түрлері. Қазақстан суретшілерінің шығармашылығындағы портрет. Сызықтық портрет. Графика. Орындау техникасы. Портрет жасаудың дәстүрлі емес әдістері (сымнан портрет). Портреттегі түс. Портретті орындау техникасы. Сурет өнері. Фотокамерамен эксперимент. Анимация. Қозғалмалы элементтер (пластикалық анимация, көлеңке театры, саусақ қуыршақтары, қамыс). Сценарийді әзірлеу. Кейіпкерлер мен декорацияларды жасау. Көркем идеяларды жүзеге асыру. Дыбыстау. Жұмыс презентациясы.

2) "Сәндік-қолданбалы өнер" бөлімі. Тоқыма өнері. Ілмекпен тоқу. Тоқу техникасы мен тәсілдері. Өнімнің эскизін әзірлеу. Материалдар мен құралдарды таңдау. Ілмекпен әр түрлі бұйымдарды тоқу (майлық, қол сөмкесі, ұялы телефонның қабы). Тоқу. Тоқыма біздері, олардың түрлері. Тоқу техникасы мен тәсілдері. Өнімнің эскизін әзірлеу. Тоқыма біздерімен әр түрлі бұйымдарды тоқу (бөкебай, орамал, ұялы телефонның қабы). Жұмыс презентациясы. Көрмені ұйымдастыру.

3) "Дизайн және технология" бөлімі. Тоқыма материалдарынан бұйым жасау (авторлық қуыршақ, дамытушы ойыншық). Идеяларды дамыту. Эскиз. Әр түрлі тоқыма материалдарының текстуралары мен түстерін зерттеу. Материалдарды, құралдар мен

жабдықтарды таңдау және дайындау. Бұйым жасау. Бөлшектерді пішу. Жеке бөлшектерді өңдеу. Бөлшектерді құрастыру және бұйымды әрлеу. Үй тоқыма бұйымдарының дизайны (алжапқыш, ас үй ыдыстары). Идеяларды дамыту. Эскиз. Материалды таңдау және дайындау. Жұмыс реттілігі. Бұйымды жасау. Бөлшектерді қиып алу. Жеке бөлшектерді өңдеу. Бөлшектерді құрастыру және бұйымды әрлеу. Бұйымды безендіру. Жұмыс презентациясы.

4) "Тамақтану мәдениеті" бөлімі. қазақ, әртүрлі халықтар мәдениетінде және қоғамдық тамақтану орындарында үстел үстінде өзін-өзі ұстау ережелері. Жартылай фабрикаттардан тамақ дайындау технологиясы. Жылдам пісіру технологиясы. Десерттерді дайындау технологиясы.

5) "Үй мәдениеті" бөлімі. Гигиеналық ережелер. Үй-жайларды дымқыл және химиялық тазалау. Киім мен аяқ киімді күту, сақтау. Сәндік гүл мәдениеті. Гүл өсірудегі көктемгі жұмыстар.

27. "Көркем еңбек" оқу бағдарламасының 5-6 сыныптардағы мазмұны одан әрі әлеуметтену үшін қажетті шығармашылық іс-әрекет процесінде базалық білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған оқыту мақсаттары жүйесінің үш бөліміне бағынады.

28. "Шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) қоршаған әлем туралы білім мен түсінік;
- 2) тарихты, мәдениетті және дәстүрлерді білу және түсіну;
- 3) ақпарат көздерімен жұмыс;
- 4) шығармашылық процесті жоспарлау;
- 5) дизайнды өңдеу тапсырмаларымен жұмыс жасау;
- 6) материалдар, олардың қасиеттері және жұмыс техникасы.

29. "Шығармашылық жұмыстарды жасау және дайындау" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) шығармашылық идеялардың көркем көрінісі;
- 2) құралдар мен жабдықтар;
- 3) құру технологиялары;
- 4) тамақтану мәдениеті;
- 5) үй мәдениеті;
- 6) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау ережелерін сақтау.

30. "Шығармашылық жұмыстарды таныстыру, талдау және бағалау" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) шығармашылық жұмыстардың презентациясы;
- 2) идеяларды талдау және бағалау;
- 3) әдістер мен тәсілдерді талдау және бағалау;
- 4) жұмысты бейімдеу және жетілдіру.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

31. Бағдарламада, оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 6.2.1.4. кодында "6" - сынып, "2.1" - бөлімше, "4" - оқыту мақсатының реттік саны.

32. Бөлімдер бойынша әр сыныпқа күтілетін нәтижелер:

1) "Шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту" бөлімі:

1- кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5-сынып	6-сынып
1.1 Қоршаған әлем туралы білім мен түсінік	5.1.1.1 ұлдар/қыздар қоршаған әлемнің ассоциативті мағыналары мен көрнекі сипаттамаларын зерттеу	6.1.1.1 ұлдар/қыздар қоршаған әлемдегі объектілердің визуалды сипаттамалары туралы білімдері мен түсініктерін көрсету
1.2 Тарихты, мәдениетті және дәстүрлерді білу және түсіну	5.1.2.1 ұлдар/қыздар қазақтың ұлттық және әлемдік мәдениеттің көркемдік, қолөнер туындылары мен дизайнының ерекшеліктерін зерттеу және анықтау	6.1.2.1 ұлдар/қыздар қазақтың ұлттық және әлемдік мәдениетінің көркемдік, қолөнер және дизайн жұмыстарының ерекшеліктері туралы білімдері мен түсініктерін көрсету
1.3 Зерттеу көздері	5.1.3.1 ұлдар/қыздар шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту үшін ақпарат көздерімен жұмыс	6.1.3.1 ұлдар/қыздар мұғалімнің көмегімен зерттеу идеяларын дамыту үшін ақпарат көздерін өз бетінше таңдау және пайдалану
1.4 Шығармашылық процесті жоспарлау	5.1.4.1 ұлдар/қыздар шығармашылық жұмысты орындау кезеңдерін анықтайтын жоспар құру	6.1.4.1 ұлдар/қыздар әрекеттердің кезектілігін анықтау және жоспарлау; 6.1.4.2 ұлдар/қыздар жоба әрекеті үшін материалдық шығындарды анықтау
1.5 Дизайнды өңдеу тапсырмаларымен жұмыс жасау (эскиз)	5.1.5.1 ұлдар/қыздар композицияның негізгі заңдылықтарын сақтай отырып, қарапайым объектілердің дизайнын дамыту бойынша тапсырмаларды орындау	6.1.5.1 ұлдар/қыздар композицияның негізгі заңдылықтарын сақтай отырып, түрлі объектілердің дизайнын дамыту бойынша тапсырмаларды орындау
	5.1.5.2 ұлдар/қыздар	6.1.5.2 ұлдар/қыздар

	шығармашылық идеяларды жүзеге асыру үшін нобайлар мен эскиздер жасау	шығармашылық идеяларды жүзеге асыру үшін эскиздер жасау
1.6 Материалдар, олардың қасиеттері және жұмыс техникасы	<p>5.1.6.1 ұлдар ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтай отырып, материалдардың жалпы қасиеттері мен құрылымын білу;</p> <p>5.1.6.2 ұлдар/қыздар қасиеттері мен мақсаттарын анықтай отырып, заманауи және дәстүрлі емес материалдарды тану ;</p> <p>5.1.6.3 қыздар тоқыма материалдары мен бұйымдарының жіктелуін білу және сипаттау;</p> <p>5.1.6.4 ұлдар/қыздар көркем материалдарды, таңдалған құралдардың қасиетін ескеріп, техникаларды қолдану және эксперимент жасау</p>	<p>6.1.6.1 ұлдар материалдардың физикалық, механикалық және технологиялық қасиеттерін және олардың қолдану аясын анықтау және сипаттау;</p> <p>6.1.6.2 ұлдар/қыздар заманауи және дәстүрлі емес материалдарды тану және оларды қолдану тиімділігін анықтау;</p> <p>6.1.6.3 қыздар тоқыма материалдары мен бұйымдарының қасиеттері мен құрылымын білу және анықтау;</p> <p>6.1.6.4 ұлдар/қыздар материалдардың қасиеттері мен практикалық жұмыс дағдыларын білетіндігін көрсете отырып, эксперимент жасау және техниканы, көркем материалдарды қолдану</p>

## 2) "Шығармашылық жұмыстарды жасау және дайындау" бөлімі:

### 2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5-сынып	6-сынып
2.1 Шығармашылық идеялардың көркем көрінісі	<p>5.2.1.1 ұлдар/қыздар идеялар мен сезімдерді жеткізу үшін қоршаған әлемнің көрнекі элементтерін және айқын өнер құралдарын қолдану</p>	<p>6.2.1.1 ұлдар/қыздар қоршаған әлемнің көрнекі элементтерін және айқын өнер құралдарын анықтап, таңдап, қолдана отырып, өз идеялары мен сезімдеріні жеткізу</p>
2.2 Құралдар мен жабдықтар	<p>5.2.2.1 ұлдар табиғи және жасанды, құрылымдық материалдарды өңдеуге арналған қол құралдары мен жабдықтарын анықтау, сипаттау және пайдалану;</p> <p>5.2.2.2 ұлдар ағаш өңдеу/слесарлық жұмыс үстелінің құрылғысын және қызметін түсіндіру;</p>	<p>6.2.2.1 ұлдар қозғалыстың берілу механизмдерін және қолмен жұмыс жасайтын электр құралдарының құрылғысын сипаттау және анықтау, оларды құрылымдық, табиғи және жасанды материалдарды өңдеуге қолдану;</p> <p>6.2.2.1 қыздар</p>



	<p>5.2.2.1 қыздар тігін машинасының құрылғысын, жіптерді бұрау тәсілдерін, тігістерді білу және сипаттау;</p> <p>5.2.2.2 қыздар киімді дымқыл-жылумен өңдеуге арналған жабдықты білу, сипаттау және қолдану</p>	<p>тігін машиналарын білу және реттеу;</p> <p>6.2.2.2 қыздар киімдерді дымқыл-жылумен өңдеу режимдерін білу, сипаттау және оларды практикада қолдану</p>
<p>2.3 Құру технологиялары</p>	<p>5.2.3.1 ұлдар таңбалау мен өлшеулер негізінде бұйымды жасауға арналған материалдарды қол құралдарымен өңдеу;</p> <p>5.2.3.2 ұлдар түрлі материалдардан қарапайым бұйым жасау;</p> <p>5.2.3.1 қыздар тігістерді қолдана отырып, тоқыма материалдарын қол құралдарымен және тігін машинасында кесу және өңдеу;</p> <p>5.2.3.2 қыздар әртүрлі (тоқыма, табиғи және жасанды) материалдардан қарапайым бұйымдар жасау;</p> <p>5.2.3.3 ұлдар/қыздар шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау процесінде қазақтың ұлттық мәдениетінің элементтерін қолдану</p>	<p>6.2.3.1 ұлдар таңбалау мен өлшеулер негізінде бұйымды жасауға арналған материалдарды электрлік қол құралдарымен өңдеу;</p> <p>6.2.3.2 ұлдар ажыратылатын және бір бөлшекті қосылыстарды пайдаланып бірнеше бөлшектерден бұйымдар жасау;</p> <p>6.2.3.1 қыздар тоқыма материалдарын қол құралдарымен және тігін машинасында тігін және жиек тігістерін қолдана отырып, пішу және өңдеу жасау;</p> <p>6.2.3.2 қыздар әртүрлі (тоқыма, табиғи және жасанды) материалдар мен конструкцияларды қолдана отырып, жеке бұйым жасау;</p> <p>6.2.3.3 ұлдар/қыздар шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау процесінде қазақтың ұлттық мәдениетінің элементтерін қолдану</p>
<p>2.4 Тамақтану мәдениеті</p>	<p>5.2.4.1 ұлдар/ қыздар дұрыс және теңдестірілген тамақтану ережелерін білу және сипаттау;</p> <p>5.2.4.2 ұлдар/ қыздар - дұрыс және теңдестірілген тамақтану мәзірін құру;</p> <p>5.2.4.3 қыздар тамақ дайындауға арналған құралдардың, жабдықтардың және</p>	<p>6.2.4.1 ұлдар/ қыздар қазақ, әртүрлі халықтар мәдениетінде және қоғамдық тамақтану орындарында үстел үстінде өзін-өзі ұстау ережелерін сипаттау және салыстыру;</p> <p>6.2.4.2 ұлдар/ қыздар түрлі іс-шараларға дастарханды жаю және безендіру дағдылары мен білімін көрсету;</p> <p>6.2.4.3 қыздар</p>

	<p>құрылғылардың мүмкіндіктерін тексеру және анықтау;</p> <p>5.2.4.4 қыздар</p> <p>салқын тағамдар мен сусындар дайындау технологиясын білу және қолдану</p>	<p>тағамдар мен десерттерді жедел дайындау технологиясын білу және қолдану;</p> <p>6.2.4.4 қыздар</p> <p>әр түрлі тағамдарды дайындауға арналған азық-түліктер мен керек-жарақтарды анықтау және таңдау</p>
2.5 Жер бетін бейнелеу тәсілдері	5.2.5.1 "жоспар" және "шартты белгілер" ұғымдарын түсіндіру; 5.2.5.2 кәдімгі белгілерді қолдана отырып, аудан жоспарларын оқу; 5.2.5.3 жер бедеріне қарапайым түсірістерді бір әдіспен жүргізу; 5.2.5.4 жоспар құру ережелеріне сәйкес ауданның қарапайым жоспарларын құру	6.2.5.1 географиялық карталар мен шартты белгілерді жіктеуді; 6.2.5.2 әдеттегі белгілерді қолданып географиялық карталарды оқу; 6.2.5.3 масштабты пайдаланып қашықтықты есептеу; 6.2.5.4 географиялық координаттарды анықтау; 6.2.5.5 уақыт белдеулерінің картасын пайдаланып уақытты анықтау
2.6 Материктер мен мұхиттар	5.2.6.1 Жердің материктері мен мұхиттарын атау; 5.2.6.2 картада Жердің материктері мен мұхиттарын көрсету; 5.2.6.3 құрлықтар мен әлем бөліктерінің дамуы мен зерттелуі туралы әңгімелеу; 5.2.6.4 мұхитты игеру тарихын сипаттайды	6.2.6.1 жоспар бойынша материктер мен олардың физикалық-географиялық аймақтарының табиғатының ерекшеліктерін анықтау; 6.2.6.2 жоспар бойынша мұхиттар табиғатының ерекшеліктерін анықтау
	5.2.7.1 әлем халқының нәсілдік құрамын және негізгі нәсілдер мен нәсілдерлік топтардың таралу аймақтарын анықтау;	6.2.7.1 халықтың таралу заңдылықтарын анықтау; 6.2.7.2 халық тығыздығының көрсеткіштерін бағалау;

2.6 Халық географиясы.	5.2.7.2 әлемнің түрлі халықтарының нәсілдік айырмашылықтарын атау; 5.2.7.3 нәсілдік теңдікті түсіну	6.2.7.3 халықтың тығыздығы жоғары және төмен аймақтарды анықтау және себептерін түсіндіру
------------------------	--	---

### 3) "Заттар және материалдар" бөлімі:

#### 3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5-сынып	6-сынып
3.1 Заттардың құрылысы мен қасиеттері	5.3.1.1 бөлшектердің сұйық және газ тектес заттарда таралуын түсіндіру; 5.3.1.2 заттардың қатты, сұйық және газ күйіндегі құрылымын бөлшектер теориясына сәйкес түсіндіру; 5.3.1.3 заттардың қасиеттерін: тығыздығын, аққыштығын, жылу және электрөткізгіштігін, созылмалығын, иілімділігін сипаттау; 5.3.1.4 физикалық және химиялық құбылыстарды ажырата білу	6.3.1.1 атомдар мен молекулаларды, жай және күрделі заттарды ажырату; 6.3.1.2 атомның негізгі бөлшектерін және олардың орналасуын сипаттау; 6.3.1.3 заттардың қасиеттерін (балқу және қайнау температураларын) сипаттау
3.2 Заттардың жіктелуі	5.3.2.1 табиғатта кездесетін заттардың түрлерін атау; 5.3.2.2 таза заттар мен қоспаларды ажырата білу; 5.3.2.3 қоспалардың түрлерін сипаттау және бөлу жолдарын ұсыну; 5.3.2.4 заттарды ерігіштігі бойынша, металдар және бейметалдарға жіктеу	6.3.2.1 заттарды органикалық және бейорганикалық заттарға жіктеу; 6.3.2.2 тірі және өлі табиғаттағы қышқылдық, сілтілік және бейтарап орталарды ажырату; 6.3.2.3 бейтараптану үдерісін түсіндіру
3.3 Заттардың пайда болуы және заттарды алу	5.3.3.1 табиғаттағы белгілі бір заттардың және жасанды жолмен алынған заттардың пайда болуына мысалдар келтіру; 5.3.3.2 зертханалық жағдайда заттарды бөліп алуды түсіндіру	6.3.3.1 табиғи және жасанды материалдардың артықшылықтары мен кемшіліктерін салыстыру; 6.3.3.2 тұрмыстық химия өнімдерін қолдану аймақтарын атау және оларды қауіпсіз пайдалану ережелерін білу; 6.3.3.3 Қазақстандағы пайдалы қазбалардың ірі кен орындарын және оларды қолдану салаларын атау; 6.3.3.4 картадан Қазақстанда пайдалы қазбаларды өндіру мен өндеудің көлемді орындарын көрсету; 6.3.3.5 пайдалы қазбалардың өндірілуі мен өңделінуінің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру

#### 4) "Тірі және өлі табиғаттағы үдерістер" бөлімі:

##### 4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5-сынып	6-сынып
4.1 Өлі табиғаттағы үдерістер	<p>5.4.1.1 тірі және өлі табиғаттың айырмашылықтарын айту;</p> <p>5.4.1.2 өлі табиғатта болатын үдерістерді түсіну (табиғатта заттардың айналымы, тау түзілу, үгілу, климаттық үдерістер);</p> <p>5.4.1.3 өлі табиғаттағы болып жатқан үдерістердің себеп-салдарын атау</p>	<p>6.4.1.1 өлі табиғаттағы болып жатқан үдерістерді атау (тау түзілу, үгілу, заттардың табиғаттағы айналымы);</p> <p>6.4.1.2 табиғаттағы заттардың химиялық айналымын түсіну</p>
4.2 Тірі табиғаттағы үдерістер	<p>5.4.2.1 тірі ағзалардың қасиеттерін сипаттау;</p> <p>5.4.2.2 тірі ағзалардың ұйымдасу деңгейлерін түсіну;</p> <p>5.4.2.3 микроскоптың құрылымын сипаттау;</p> <p>5.4.2.4 микроскоппен жұмыс істеу ережелерін қолдану;</p> <p>5.4.2.5 фотосинтез процесін түсіндіру;</p> <p>5.4.2.6 өсімдіктерде әртүрлі пигменттердің болуын зерттеу;</p> <p>5.4.2.7 фотосинтездің пайда болуының қажетті жағдайларын атау</p>	<p>6.4.2.1 жасушаның негізгі компоненттерін атау;</p> <p>6.4.2.2 тірі ағзаларға тән процестерді атау;</p> <p>6.4.2.3 ағзалардың қоректену түрлерін ажырату;</p> <p>6.4.2.4 дұрыс тамақтанудың рационын құрастыру;</p> <p>6.4.2.5 тірі ағзалардағы қоректік заттардың тасымалдануын модельдеу;</p> <p>6.4.2.6 тыныс алғанда және тыныс шығарғандағы ауа құрамындағы айырмашылықты түсіну;</p> <p>6.4.2.7 ағзалардан бөлінетін өнімдерді атау;</p> <p>6.4.2.8 тірі ағзалардағы тітіркендіргіштерге жауап беру реакциясын түсіндіру</p>

#### 5) "Энергия және қозғалыс" бөлімі:

##### 5-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5-сынып	6-сынып
5.1 Энергия түрлері мен көздері	<p>5.5.1.1 энергияның негізгі түрлерін атау;</p> <p>5.5.1.2 энергияның баламалы түрлерін атау;</p> <p>5.5.1.3 температура мен жылу энергиясын ажырату;</p> <p>5.5.1.4 температураны термометрмен өлшеу;</p> <p>5.5.1.5 ғимараттардағы жылу окшаулаудың практикалық әдістерін қолдануды түсіндіру;</p> <p>5.5.1.6 жылулық ұлғаюды сипаттау;</p>	<p>6.5.1.1 энергия көздерін анықтау;</p> <p>6.5.1.2 энергияның бөлінуімен және жұтылуымен өтетін үдерістерге мысалдар келтіру;</p> <p>6.5.1.3 электр энергиясының бірлігін атау;</p> <p>6.5.1.4 электр энергиясының құнын есептеу;</p>

	5.5.1.7 энергияның өзара айналымына мысалдар келтіру	6.5.1.5 баламалы энергия көздерін атау
5.2 Қозғалыс	5.5.2.1 тірі және өлі табиғаттағы қозғалыстың маңыздылығын түсіндіру және мысалдар келтіру; 5.5.2.2 әртүрлі жануарлардың қаңқа түрлерінің ерекшеліктерін түсіндіру; 5.5.2.3 денелердің қозғалу себептерін атау	6.5.2.1 қозғалыстың салыстырмалылығын түсіндіру және мысалдар келтіру; 6.5.2.2 қатты, сұйық және газдардың қысымын ажырату; 6.5.2.3 адам қаңқасының құрылымын сипаттау; 6.5.2.4 бұлшық еттердің құрылымын түсіну; 6.5.2.5 тірі ағзалар үшін қысымның мәніне мысалдар келтіру; 6.5.2.6 арнайы аспаптардың көмегімен атмосфералық және артериялық қысымды өлшеу және қорытынды жасау

## 6) "Экология және тұрақты даму" бөлімі:

### 6-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5-сынып	6-сынып
6.1. Экожүйелер	5.6.1.1 экожүйенің құрамдас бөліктерін атау; 5.6.1.2 экожүйе түрлерін атау; 5.6.1.3 экожүйеге экологиялық факторлардың ықпалын түсіну; 5.6.1.4 табиғи және жасанды экожүйелерді ажырату	6.6.1.1 экожүйе құрамдас бөліктерінің өзара байланысын түсіну; 6.6.1.2 экожүйелердің ауысу себептерін түсіндіру; 6.6.1.3 экологиялық пирамидада энергия мен заттардың ауысуын анықтау
6.2 Тірі ағзалардың саналуандылығы	5.6.2.1 ағзаларды тірі табиғат дүниесіне жіктеу; 5.6.2.2 біржасушалы және көпжасушалы ағзаларды салыстыру	6.6.2.1 өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін анықтау үшін ағзалардың өзіндік ерекшеліктерін анықтау; 6.6.2.2 жергілікті экожүйелердегі тірі ағзалардың алуан түрлілігін білу
6.3 Табиғатты қорғау	5.6.3.1 Қазақстан Республикасының басты экологиялық мәселелерін атау; 5.6.3.2 өз аймағының экологиялық мәселелерін атау; 5.6.3.3 Қазақстан Республикасы Қызыл кітабының маңыздылығын түсіну	6.6.3.1 өз аймағындағы кейбір экологиялық мәселелердің себептерін талқылау; 6.6.3.2 экологиялық мәселелерді шешу жолдарын ұсыну

## 7) "Әлемді өзгертетін ашылулар" бөлімі:

### 7-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5-сынып	6-сынып

7.1 Әлемді өзгерткен жаңалықтар	5.7.1.1 әлемді өзгерткен ғылыми жаңалықтарға мысалдар келтіру	6.7.1.1 әлемді өзгерткен жаңалықтардың маңызын түсіндіру; 6.7.1.2 қазақстандық ғалымдардың жаратылыстану ғылымдарын дамытуда қосқан үлестерін білу
7.2 Болашақ жаңалықтары	5.7.1.2 әлемді өзгерткен ғылыми жаңалықтарды сипаттау; 5.7.1.3 болашақ ғылыми зерттеулер үшін идеялар ұсыну	6.7.1.3 әлемді өзгерткен нанотехнологиялар туралы білу; 6.7.1.4 ғылыми зерттеулер бағыттарының болашақтағы дамуына болжам жасау

28. Бағдарлама есту қабілеті зақымдалған (нашар еститін, кейін естімей қалған) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6-сыныптары үшін "Жаратылыстану" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

29. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Негізгі орта білім беру  
деңгейінің 5-6 сыныптары үшін  
"Жаратылыстану" пәнінен  
жаңартылған мазмұндағы  
үлгілік оқу бағдарламасына  
қосымша

**Есту қабілеті зақымдалған (нашар еститін, кейін естімей қалған) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6-сыныптары үшін "Жаратылыстану" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

1) 5 сынып:  
кесте 1

Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1 тоқсан		
1.Ғылым әлемі	Ғылымның рөлі	5.1.1.1 ғылымның адам іс әрекетінің түрі ретінде қызметтерін анықтау
	Зерттеу сұрағы	5.1.2.1 зерттеу сұрағы мен болжамды тұжырымдау
	Зерттеуді жоспарлау	5.1.3.1 зерттеу жоспарын құрастыру; 5.1.3.2 қолжетімді зерттеу әдістерін түсіндіру; 5.1.3.3 зерттеу жүргізу кезіндегі техника қауіпсіздігі ережелерін ұстану

	Деректерді жинау және жазу	5.1.4.1 - нысандар параметрлерін өлшем бірліктермен анықтау; 5.1.4.2 - зерттеу үшін қолданылатын аспаптар, құрылғыларды атау
	Деректерді талдау	5.1.5.1 өлшемдердің түрлерін атау және олардың мағынасын түсіндіру
	Қорытынды және талқылау	5.1.6.1 зерттеу мәселесі бойынша тұжырым жасау
2. Адам. Жер. Ғалам	Макро- және микроәлем	5.2.1.1 макро және микроәлем объектілерін ажырату және мысалдар келтіру
	Жер туралы жалпы мағлұматтар	5.2.2.1 Жер планетасының пайда болуын түсіндіру; 5.2.2.2 Жердің құрылымы мен құрамын сипаттау
	Жер қабықтары және олардың құрамдас бөліктері	5.2.3.1 Жер шарларын және олардың компоненттерін сипаттау
	Жердегі тіршілік	5.2.4.1 Жердегі тіршіліктің пайда болуын түсіндіру; 5.2.4.2 тіршілік ету шарттарын анықтау
	Жер бетін бейнелеу тәсілдері	5.2.5.1 "жоспар" және "шартты белгілер" ұғымдарын түсіндіру; 5.2.5.2 кәдімгі белгілерді қолдана отырып, аудан жоспарларын оқу; 5.2.5.3 жер бедеріне қарапайым түсірістерді бір әдіспен жүргізу; 5.2.5.4 жоспар құру ережелеріне сәйкес ауданның қарапайым жоспарларын құру
	Материктер мен мұхиттар	5.2.6.1 Жердің материктері мен мұхиттарын атау; 5.2.6.2 картада Жердің материктері мен мұхиттарын көрсету; 5.2.6.3 құрлықтар мен әлем бөліктерінің дамуы мен зерттелуі туралы әңгімелеу; 5.2.6.4 мұхитты игеру тарихын сипаттау
	Халық географиясы	5.2.7.1 әлем халқының нәсілдік құрамын және негізгі нәсілдер мен нәсіларалық топтардың таралу аймақтарын анықтау; 5.2.7.2 әлемнің түрлі халықтарының нәсілдік айырмашылықтарын атау; 5.2.7.3 нәсілдік теңдікті түсіну

3. Заттар және материалдар	Заттардың құрылысы мен қасиеттері	<p>5.3.1.1 бөлшектердің сұйық және газтекес заттарда таралуын түсіндіру;</p> <p>5.3.1.2 заттардың қатты, сұйық және газ күйіндегі құрылымын бөлшектер теориясына сәйкес түсіндіру;</p> <p>5.3.1.3 заттардың қасиеттерін: тығыздығын, аққыштығын, жылу және электрөткізгіштігін, созылмалығын, иілімділігін сипаттау;</p> <p>5.3.1.4 физикалық және химиялық құбылыстарды ажырату</p>
	Заттардың жіктелуі	<p>5.3.2.1 табиғатта кездесетін заттардың түрлерін атау;</p> <p>5.3.2.2 таза заттар мен қоспаларды ажырату;</p> <p>5.3.2.3 қоспалардың түрлерін сипаттау және бөлу жолдарын ұсыну;</p> <p>5.3.2.4 заттарды ерігіштігі бойынша, металдар және бейметалдарға жіктеу</p>
	Заттардың пайда болуы және заттарды алу	<p>5.3.3.1 табиғаттағы белгілі бір заттардың және жасанды жолмен алынған заттардың пайда болуына мысалдар келтіру;</p> <p>5.3.3.2 зертханалық жағдайда заттарды бөліп алуды түсіндіру</p>

4. Тірі және өлі табиғаттағы үдерістер	Өлі табиғаттағы үдерістер	<p>5.4.1.1 тірі және өлі табиғаттың айырмашылықтарын айту;</p> <p>5.4.1.2 өлі табиғатта болатын үдерістерді сипаттау (табиғатта заттардың айналымы, тау түзілу, үгілу, климаттық үдерістер);</p> <p>5.4.1.3 өлі табиғаттағы болып жатқан үдерістердің себеп-салдарын түсіндіру</p>
	Тірі табиғаттағы үдерістер	<p>5.4.2.1 тірі ағзалардың қасиеттерін сипаттау;</p> <p>5.4.2.2 тірі ағзалардың ұйымдасу деңгейлерін түсіну;</p> <p>5.4.2.3 микроскоптың құрылымын сипаттау;</p> <p>5.4.2.4 микроскоппен жұмыс істеу ережелерін қолдану;</p> <p>5.4.2.5 фотосинтез процесін сипаттау;</p>



		<p>5.4.2.6 өсімдіктерде әртүрлі пигменттердің болуын зерттеу;</p> <p>5.4.2.7 фотосинтездің пайда болуының қажетті жағдайларын сипаттау</p>
5. Энергия және қозғалыс	Энергия түрлері мен көздері	<p>5.5.1.1 энергияның негізгі түрлерін атау;</p> <p>5.5.1.2 энергияның баламалы түрлерін атау;</p> <p>5.5.1.3 температура мен жылу энергиясын ажырату;</p> <p>5.5.1.4 температураны термометрмен өлшеу;</p> <p>5.5.1.5 ғимараттардағы жылу оқшаулаудың практикалық әдістерін қолдануды түсіндіру;</p> <p>5.5.1.6 жылулық ұлғаюды түсіндіру;</p> <p>5.5.1.7 энергияның өзара айналымына мысалдар келтіру</p>
	Қозғалыс	<p>5.5.2.1 тірі және өлі табиғаттағы қозғалыстың маңыздылығын түсіндіру және мысалдар келтіру;</p> <p>5.5.2.2 әртүрлі жануарлардың қаңқа түрлерінің ерекшеліктерін сипаттау;</p> <p>5.5.2.3 денелердің қозғалу себептерін атау</p>
4 тоқсан		
6. Экология және тұрақты даму	Экожүйелер	<p>5.6.1.1 экожүйенің құрамдас бөліктерін атау;</p> <p>5.6.1.2 экожүйе түрлерін атау;</p> <p>5.6.1.3 экожүйеге экологиялық факторлардың ықпалын түсіндіру;</p> <p>5.6.1.4 табиғи және жасанды экожүйелерді айырмашылығын атау</p>
	Тірі ағзалардың сан алуандығы	<p>5.6.2.1 ағзаларды тірі табиғат дүниесіне жіктеу;</p> <p>5.6.2.2 біржасушалы және көпжасушалы ағзаларды атау</p>
	Табиғатты қорғау	<p>5.6.3.1 Қазақстан Республикасының басты экологиялық мәселелерін атау;</p> <p>5.6.3.2 өз аймағының экологиялық мәселелерін атау;</p> <p>5.6.3.3 Қазақстан Республикасы Қызыл кітабының маңыздылығын түсіндіру</p>
	Әлемді өзгертетін жаңалықтар	5.7.1.1 әлемді өзгерткен ғылыми жаңалықтарға мысалдар келтіру

7. Әлемді өзгертетін жаңалықтар	Болашақ жаңылықтары	5.7.1.2 әлемді өзгерткен ғылыми жаңалықтарды сипаттау; 5.7.1.3 болашақ ғылыми зерттеулер үшін идеялар ұсыну
---------------------------------	---------------------	--

2) 6 сынып:  
кесте 2

Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1. Ғылым әлемі	Ғылымның рөлі	6.1.1.1 жаратылыстану ғылымдарының зерттеу нысандарын атау
	Зерттеу сұрағы	6.1.2.1 тәуелді, тәуелсіз және бақыланатын айнымалыларды анықтау
	Зерттеуді жоспарлау	6.1.3.1 жоспар бойынша қарапайым зерттеу жұмысын жүргізу; 6.1.3.2 қауіпсіз жұмыс жүргізудің шарттарын анықтау
	Деректерді жинау және жазу	6.1.4.1 Халықаралық бірліктер жүйесінің өлшем бірліктерін пайдалану
	Деректерді талдау	6.1.5.1 алынған деректерді графикалық түрде көрсету
	Қорытынды және талқылау	6.1.6.1 тұжырымдарды әр түрлі формада ұсыну
	2. Адам. Жер. Ғалам	Макро- және микроәлем
Жер туралы жалпы мағлұматтар		6.2.2.1 Жерде байқалатын процестер мен құбылыстарды түсіндіру; 6.2.2.2 Жердің қасиеттерін сипаттау
Жер қабықтары және олардың құрамдас бөліктері		6.2.3.1 Жердің сыртқы қабықшаларының өзара әрекеттесуін анықтаңыз
Жердегі тіршілік		6.2.4.1 Жердегі тіршіліктің пайда болу гипотезаларын салыстыру; 6.2.4.2 адамның Жердегі қазіргі тіршілік ету жағдайларын бағалау
Жер бетін бейнелеу тәсілдері		6.2.5.1 географиялық карталар мен шартты белгілерді жіктеуді; 6.2.5.2 әдеттегі белгілерді қолданып географиялық карталарды оқу; 6.2.5.3 масштабты пайдаланып қашықтықты есептеу; 6.2.5.4 географиялық координаттарды анықтау;

		6.2.5.5 уақыт белдеулерінің картасын пайдаланып уақытты анықтау
	Материктер мен мұхиттар	6.2.6.1 жоспар бойынша материктер мен олардың физикалық-географиялық аймақтарының табиғатының ерекшеліктерін түсіну; 6.2.6.2 жоспар бойынша мұхиттар табиғатының ерекшеліктерін анықтау
	Халық географиясы	6.2.7.1 халықтың таралу заңдылықтарын анықтау; 6.2.7.2 халық тығыздығының көрсеткіштерін бағалау; 6.2.7.3 халықтың тығыздығы жоғары және төмен аймақтарды анықтау және себептерін түсіндіру
2 тоқсан		
3. Заттар және материалдар	Заттардың құрылысы мен қасиеттері	6.3.1.1 атомдар мен молекулаларды, жай және күрделі заттарды ажырату; 6.3.1.2 атомның негізгі бөлшектерін және олардың орналасуын сипаттау; 6.3.1.3 заттардың қасиеттерін (балқу және қайнау температураларын) сипаттау
	Заттардың жіктелуі	6.3.2.1 заттарды органикалық және бейорганикалық заттарға жіктеу; 6.3.2.2 тірі және өлі табиғаттағы қышқылдық, сілтілік және бейтарап орталарды ажырату; 6.3.2.3 бейтараптану үдерісін түсіндіру
	Заттардың пайда болуы және заттарды алу	6.3.3.1 табиғи және жасанды материалдардың артықшылықтары мен кемшіліктерін түсіндіру; 6.3.3.2 тұрмыстық химия өнімдерін қолдану аймақтарын атау және оларды қауіпсіз пайдалану ережелерін атау; 6.3.3.3 Қазақстандағы пайдалы қазбалардың ірі кен орындарын және оларды қолдану салаларын атау; 6.3.3.4 картадан Қазақстанда пайдалы қазбаларды өндіру мен өңдеудің көлемді орындарын көрсету;

		6.3.3.5 пайдалы қазбалардың өндірілуі мен өңделінуінің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру
3 тоқсан		
4. Тірі және өлі табиғаттағы үдерістер	Өлі табиғаттағы үдерістер	6.4.1.1 өлі табиғаттағы болып жатқан үдерістерді сипаттау (тау түзілу, үгілу, заттардың табиғаттағы айналымы); 6.4.1.2 табиғаттағы заттардың химиялық айналымын сипаттау
	Тірі табиғаттағы үдерістер	6.4.2.1 жасушаның негізгі компоненттерін атау; 6.4.2.2 тірі ағзаларға тән процестерді сипаттау; 6.4.2.3 ағзалардың қоректену түрлерін ажырату; 6.4.2.4 дұрыс тамақтанудың рационалын құрастыру; 6.4.2.5 тірі ағзалардағы қоректік заттардың тасымалдануын модельдеу; 6.4.2.6 тыныс алғанда және тыныс шығарғандағы ауа құрамындағы айырмашылықты атау; 6.4.2.7 ағзалардан бөлінетін өнімдерді атау; 6.4.2.8 тірі ағзалардағы тітіркендіргіштерге жауап беру реакциясын сипаттау
5. Энергия және қозғалыс	Энергия түрлері мен көздері	6.5.1.1 энергия көздерін атау; 6.5.1.2 энергияның бөлінуімен және жұтылуымен өтетін үдерістерге мысалдар келтіру; 6.5.1.3 электр энергиясының бірлігін атау; 6.5.1.4 электр энергиясының құнын есептеу; 6.5.1.5 баламалы энергия көздерін атау
	Қозғалыс	6.5.2.1 қозғалыстың салыстырмалылығын түсіндіру және мысалдар келтіру; 6.5.2.2 қатты, сұйық және газдардың қысымын ажырату; 6.5.2.3 адам қаңқасының құрылымын сипаттау; 6.5.2.4 бұлшық еттердің құрылымын сипаттау; 6.5.2.5 тірі ағзалар үшін қысымның мәніне мысалдар келтіру;

		6.5.2.6 арнайы аспаптардың көмегімен атмосфералық және артериялық қысымды өлшеу және қорытынды жасау
4 тоқсан		
6. Экология және тұрақты даму	Экожүйелер	6.6.1.1 экожүйе құрамдас бөліктерінің өзара байланысын түсіндіру; 6.6.1.2 экожүйелердің ауысу себептерін атау; 6.6.1.3 экологиялық пирамидада энергия мен заттардың ауысуын сипаттау
	Тірі ағзалардың сан алуандығы	6.6.2.1 өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін анықтау үшін ағзалардың өзіндік ерекшеліктерін атау; 6.6.2.2 жергілікті экожүйелердегі тірі ағзалардың алуан түрін атау
	Табиғатты қорғау	6.6.3.1 өз аймағындағы кейбір экологиялық мәселелердің себептерін атау; 6.6.3.2 экологиялық мәселелерді шешу жолдарын ұсыну
7. Әлемді өзгертетін жаңалықтар	Әлемді өзгертетін жаңалықтар	6.7.1.1 әлемді өзгерткен жаңалықтардың маңызын түсіндіру; 6.7.1.2 қазақстандық ғалымдардың жаратылыстану ғылымдарын дамытуда қосқан үлестерін түсіндіру
	Болашақ жаңылықтары	6.7.1.3 әлемді өзгерткен нанотехнологиялар туралы түсінік болу; 6.7.1.4 ғылыми зерттеулер бағыттарының болашақтағы дамуына болжам жасау

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 123 бұйрығына  
12-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым Министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына  
649-қосымша

**Есту қабілеті зақымдалған (нашар еститін, естімейтін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "География" пәнінен жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасы**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Есту қабілеті зақымдалған (нашар еститін, естімейтін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "География" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты – Жер табиғаты туралы білім, оның алуан түрінің себептері, оның тұрғындары мен шаруашылығы, Қазақстан табиғатының әртүрлілігі мен тұтастығы туралы білімді меңгерту.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) дүниежүзінің ғылыми бейнесінің компоненті ретінде географиялық білім жүйесін қалыптастыру;

2) табиғи және антропогендік нысандарды, құбылыстар мен процестерді қамтитын дүниежүзінің географиялық бейнесін ашу, қоршаған дүниежүзінің аумақтық айырмашылықтары, олардың объективті сипаты мен адам өмірі үшін маңызы туралы түсінік қалыптастыру;

3) оқушылардың бойында табиғат пен қоғам арасындағы өзара байланыстарға, осы байланыстардың кеңістіктік ерекшеліктеріне ғылыми көзқарастарды қалыптастыру;

4) қоғамдық өндірістің, табиғатты қорғау мен табиғатты тиімді пайдаланудың ғылыми-жаратылыстанушылық, әлеуметтік-экономикалық негіздерін ашу;

5) география пәнін оқуға деген қызығушылығын дамыту және қалыптастыру;

6) географиялық ғылымның ұғымдары мен терминдерін игеруге ықпал ету;

7) кеңістіктік ойлау мен картографиялық дағдыларды қалыптастыру;

8) географиялық білімді тәжірибеде, күнделікті өмірде қолдану дағдыларын дамыту

4. Түзету – дамытушылық міндеттер:

1) нашар еститін білім алушылардың сөйлеу тілі тәжірибесіне жаңа географиялық терминдер мен ұғымдарды енгізу арқылы белсенді және белсенді емес географиялық сөздік қорын кеңейту;

2) сөйлеу тілін есту арқылы қабылдау қабілетін қалыптастыру және нашар еститіндердің ауызша сөйлеу тілін қайталап айту қабілетін дамыту;

3) ауызша сөйлеу тілінің ырғақты-интонациялық құрылымын қабылдау мен қайталап айту және дыбыс айтуды түзету жұмысында есту қабілетін пайдалануға үйрету;

4) географиядан оқыған мәтінді түсіну және мазмұндап беру біліктілігін қалыптастыру.

## 2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері

5. Бағдарлама нашар еститін және кейіннен естімей қалған білім алушылардың танымдық уәдемесі мен оқу қабілеттерін дамыту арқылы ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып жеке тұлғасын қалыптастырады.

6. "География" пәніне оқыту түзету-дамыту бағыттылығы, кешенді, коммуникативтік, тұлғалы-бағыттық және іс-әрекеттік қағидалар негізінде жүзеге асырылады.

7. География пәнін оқытудың түзете-дамыту бағыты оқу іс-әрекетінің арнайы әдістері мен тәсілдерінде көрініс алады:

- 1) экраннан тыс жерде жұмыс істеу;
- 2) оқулық мәтіндеріндегі сөйлемдер құрылымын жеңілдету;
- 3) ақпаратты қысқарту арқылы оқып жатқан материал көлемін азайту;
- 4) атлас картасы мен мәтін параграфы негізінде көмекші сызбаларды құрастыру;
- 5) көрнекі құралдарды қолдану: кестелер, сызбалар, карталар.

8. Кешенді тәсіл - бір-бірін толықтыратын, байытатын және тұтастай сапалы қызметін қамтамасыз ететін, құрама бөліктердің (құбылыстардың немесе процестің) жиынтығын білдіреді.

9. Коммуникативтік тәсіл – сөйлеу тілінің айтылу жағын түзету мен қалыптастырудың арнайы жұмысынан тұрады; сөйлеу тілін коммуникативтік жағдайлардың барлық спектрінде қолдану білігін меңгеру(сұрақ қою, өз ойын жеткізу, ойын талқылау), топтық әңгіме жүргізу мазмұнын толықтыру және нақтылау мақсатына дауыс мәнерін, екіпінін және қарапайым ым-ишараны қолдану.

10. Тұлғалы-бағыттық тәсіл - оқу процесін даралау, білім алушының жеке басын үйлесімді қалыптастыру және жан - жақты дамыту, шығармашылық қабілеттерін толық ашу және сабақта жеке тұлғаның әлеуметтік маңызды қасиеттерін тәрбиелеумен сипатталады.

11. Сабақтағы іс-әрекет тәсіл - практикалық білік пен дағдыларды дамытуда және түзетуде жүзеге асырылады, мұнда ақпараттық, іздеу, зерттеу, талдау мен жинақтау, болжау оқытудың ең тиімді әдістері болып табылады, бұлар игерілген материалды бірнеше рет бекітуден және оны автоматтандырылған дағдылар деңгейіне дейін игеруден тұрады.

12. Есту қабілеті зақымдалған білім алушылар географиялық материалды оқу кезінде қосымша арнайы көмекті қажет етеді:

- 1) қоршаған орта туралы ойларын, іс-әрекетті, терминалогиялық аппараты саралау, ретке келтіру, түсінуде;
- 2) өз мүмкіндіктері мен шектеулерін түсінуде, қарым-қатынасқа түсу қабілетінде және туындайтын қиындықтарды шешуде;
- 3) тәжірибелік жұмыстарды орындау үшін уақытты ұзарту.

13. Есту қабілеті зақымдалған білім алушыларға қолданатын жетекші әдістер: бақылау, практикалық іс-әрекетін сөзбен жетектеу, олардың негізінде нысандарға

немесе табиғат құбылыстарға сипаттама беру, білім алушылардың мұғалімнің басшылығымен табиғаттағы тәжірибелік еңбегі және табиғатты қорғау қызметі.

14. Оқу барысында біріктіру әдісінің орны зор, өйткені ол әртүрлі құбылыстарды жергілікті оқшаулап қараудан өзара байланыстырылған кешенді зерделеуге көшуде мүмкіндік береді, жеке тұлғаның эмоционалдық дамуына және шығармашылық ойлауын қалыптастыруға ықпал ететін ғылыми білімді, әдебиетті, музыканы, сурет өнерін тарту арқылы әлемді барлық қырынан көрсетуге жол береді.

15. Бағдарлама "Географияның" "Математика", "Физика", "Химия" және "Биология" пәндерімен пәнаралық байланысын ескереді.

16. Білім беру, дамыту және түзету міндеттерін табысты орындау үшін география мұғалімінің кабинетінде болуы қажет:

- 1) оқулықтар жиынтығы;
- 2) географиялық карталар жиынтығы;
- 3) географиялық атаулар мен терминдер сөздігі (тақырыптар бойынша);
- 4) фотоальбомдар;
- 5) нашар еститін оқушыларға арналған дидактикалық материалдар (көп деңгейлі тапсырмалар, тесттер, жұмыс дәптерлері);
- 6) үстел үстінде ойнайтын географиялық ойындар;
- 7) көрнекі құралдар: суреттер, муляждар, модельдер;
- 8) коллекциялар (пайдалы қазбалар, гербарийлер);
- 9) түрлі құрылғылар;
- 10) оқытудың техникалық құралдары.

### **3-тарау. "География" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

16. "География" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 7-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында – 68 сағатты;
- 2) 8-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында – 68 сағатты;
- 3) 9-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында – 68 сағатты;
- 4) 10-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында – 68 сағатты құрайды.

17. Оқу пәнінің мазмұны 6 бөлімді қамтиды:

- 1) "Географиялық зерттеу әдістері";
- 2) "Картография және географиялық дерекқор";
- 3) "Физикалық география";
- 4) "Әлеуметтік география";
- 5) "Экономикалық география";
- 6) "Елтану және саяси география негіздері".

18. "Географиялық зерттеу әдістері" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) зерттеу және зерттеушілер.



19. "Картография және географиялық дерекқор" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) географиялық карталар;
- 2) географиялық деректер базасы.

20. "Физикалық география" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) Литосфера;
- 2) Атмосфера;
- 3) Гидросфера;
- 4) Биосфера;
- 5) Табиғи-аумақтық кешендер.

21. "Әлеуметтік география" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) Халықтар географиясы.

22. "Экономикалық география" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) табиғи ресурстар;
- 2) әлеуметтік-экономикалық ресурстар;
- 3) дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы;
- 4) дүниежүзілік шаруашылықтың даму процестері мен көрсеткіштері

23. "Елтану және саяси география негіздері" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) дүниежүзі елдері.

24. 7-сыныпқа арналған "География" пәнінің базалық мазмұны:

1) географиялық зерттеу әдістері: Зерттеу және зерттеушілер. Географияны зерттеу негіздері. Географиялық ашылулар тарихы. География ғылымының дамуы. Географиялық деректер көздері. Географиялық тәжірибелер. Далалық зерттеу әдістері;

2) картография және географиялық дерекқор: Географиялық карталар. Алғашқы пайда болған карталар тарихы. Картография анықтамасы. Географиялық карталардың түрлері. Географиялық номенклатура. Географиялық дерекқор. Географиялық деректерді ұйымдастыру. Карталардың мәні

3) физикалық география: Литосфера. Литосфераның құрылысы мен заттық құрамы. Жердің тектоникалық құрылысы. Литосфераның тектоникалық қозғалыстары. Литосфералық апаттар. Атмосфера. Атмосфера құрылысы мен заттық құрамы. Ауа райы және метеорологиялық элементтер. Атмосфералық қолайсыз құбылыстар. Гидросфера. Гидросфера және оның құрамдас бөліктері. Су ресурстарының маңыздылығы. Дүниежүзілік мұхиттың географиялық жағдайы. Дүниежүзілік мұхит суларының қасиеттері. Мұхит суларының қозғалыстары. Мұхиттармен байланысты апаттар. Дүниежүзілік мұхиттың мәселелері. Биосфера. Биосфера және оның құрамдас бөліктері. Топырақ, оның құрамы мен құрылымы. Қазақстанның топырақ түрлері. Топырақтың экологиялық мәселелері. Табиғи-аумақтық кешендер. Табиғи-аумақтық кешендердің қалыптасуы. Табиғи-аумақтық кешендердің түрлері;

4) әлеуметтік география: Халық географиясы. Демография. Дүниежүзі халқының тілдік әулеттері мен топтары. Дүниежүзі халқының діни құрамы. Дүниежүзінің тарихи-мәдени аймақтары.

5) экономикалық география: Экономикалық географияны зерттеудің пәні. Табиғи ресурстар. Табиғи ресурстардың жіктелуі. Табиғи ресурстарды игерумен байланысты мәселелер. Әлеуметтік-экономикалық ресурстар. Көлік инфрақұрылымы. Әлеуметтік инфрақұрылым. Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы. Дүниежүзілік шаруашылықтың салалары: ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп.

6) елтану және саяси география негіздері: дүниежүзі елдері. Дүниежүзі елдерінің саяси картасы. Дүниежүзі елдерінің географиялық жағдайы. Дүниежүзі елдерінің географиялық және экономикалық-географиялық жағдайы.

25. 8-сыныпқа арналған "География" пәнінің базалық мазмұны:

1) географиялық зерттеу әдістері: Зерттеу және зерттеушілер. География ғылымының салалары. Географиялық зерттеу әдістерінің түрлері. Географиялық деректерді өңдеу және талдау. Географиялық модельдер. Зерттеу нәтижелерінің ұсыну формалары.

2) картография және географиялық деректер базасы: Географиялық карталар. Тақырыптық карталар және оларды қосымша сипаттау элементтері. Тақырыптық карталарды оқу. Тақырыптық географиялық номенклатура. Географиялық деректер базасы. Географиялық дерекқорын құрастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі.

3) физикалық география: Литосфера. Жер бедерінің қалыптасу және таралу заңдылықтары. Жер бедерінің жіктелуі. Материктер мен мұхиттардың ірі орографиялық объектілері. Тау жыныстары мен минералдардың жіктелуі. Пайдалы қазбалардың Тау жыныстары мен минералдардың қалыптасу заңдылықтарына байланысты таралуы. Тау жыныстары мен минералдардың қасиеттері. Тау жыныстарының жасын анықтау. Геологиялық жыл санау мен геохронологиялық кесте. Жер бедерінің адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсері. Атмосфера. Климат қалыптастырушы факторлар. Атмосфераның ғаламдық циркуляциясы. Климаттық белдеулер. Материктердің климаттық ерекшеліктері. Климаттың адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсері. Адам әрекетінің атмосфераға тигізетін кері әсері. Гидросфера. Құрлық суларының түрлері мен қалыптасуы. Құрлық суларының шаруашылық маңызы. Өзен аңғарының құрылысы. Өзендердің гидрологиялық режимі. Көлдер мен мұздықтар. Құрлық суларының экологиялық мәселелері. Су апаттары. Биосфера. Табиғат зоналары мен биіктік белдеулер. Материктердің табиғи зоналары. Мұхиттардың тіршілік дүниесі. Өсімдік дүниежүзі мен жануарлар дүниесін қорғау. Табиғи-аумақтық кешендер. Географиялық қабықтың құрамы мен құрылысы. Географиялық қабықтың заңдылықтары.

4) әлеуметтік география: Халық географиясы. Халық санағы. Ұдайы өсудің түрлері. Демографиялық көрсеткіштер мен демографиялық жағдай. Демографиялық мәселелер. Демографиялық саясат.

5) экономикалық география: Табиғи ресурстар. Табиғи ресурстарды экономикалық және экологиялық тұрғыдан бағалау. Дүниежүзі аймақтарының табиғи-ресурстық әлеуеті. Табиғи ресурстарды өңдеу технологиясы, орталықтары және дайын өнім түрлері. Әлеуметтік-экономикалық ресурстар. Экономикалық инфрақұрылымның элементтері мен функциялары. Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы. Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық құрамы: өндіруші, өңдеуші және қызмет салалары. Ауылшаруашылық, өнеркәсіп және қызмет салаларын ұйымдастыру түрлері. Ауылшаруашылық, өнеркәсіп және қызмет салаларын орналастыру факторлары. Дүниежүзілік шаруашылық салаларын сипаттау.

6) елтану және саяси география негіздері: Дүние жүзі елдері. Дүниежүзінің саяси картасы. Елдердің саяси типологиясы. Саяси картадағы сандық және сапалық өзгерістер. Дүние жүзі елдерінің саяси-географиялық жағдайы. Саяси интеграция. Қазақстанның саяси-интеграциялық үдерістердегі мүдделері, бағыттары және бастамалары.

26. 9-сыныпқа арналған "География" пәнінің базалық мазмұны:

Қазақстан Географиясы

1) географиялық зерттеу әдістері: зерттеулер және зерттеушілер. Қазақстандағы географияның даму тарихы. Ежелгі гректердің, римдіктердің еңбектеріндегі Қазақстан туралы географиялық мәліметтер және орта ғасырлардағы Қазақстан туралы зерттеу. Қазақ географтарының зерттеулері. Географиялық объектілер мен құбылыстар номинациясының ерекшеліктері. Қазақтың халықтық географиялық терминдері;

2) Картография және географиялық дерекқор: Географиялық карталар. Географиялық нысандарды, үдерістер мен құбылыстарды картадан көрсету тәсілдері. Географиялық номенклатура нысандарын көрсету тәсілдері. Географиялық дерекқор. Жерді қашықтықтан зерделеу әдістері. Геоақпараттық жүйе технологияларын қолдану аясы.

3) Физикалық география: Литосфера. Қазақстан аумағының геологиялық тарихы және тектоникалық құрылымы. Қазақстан рельефінің негізгі ерекшеліктері. Қазақстанның басты орографиялық нысандары. Қазақ оронимдері. Қазақстанда минералды ресурстардың таралу заңдылықтары. Минералды ресурстарды өндіру және өңдеу орталықтары. Қазақстанның минералды ресурстарына баға беру. Минералды ресурстарды игерумен байланысты мәселелер. Атмосфера. Қазақстанның климатын түзуші факторлар. Қазақстанның климаттық жағдайы. Қазақстанның климаттық ресурстары. Қазақстанда қолайсыз және қауіпті атмосфералық құбылыстар. Қазақ халқының атмосфералық және климаттық құбылыстарды номинациялау ерекшеліктері. Гидросфера. Қазақстанның ішкі суларының түрлері. Қазақ гидронимдері.

Қазақстанның су ресурстарына экономикалық баға беру. Су ресурстарының экологиялық мәселелері. Қазақстанның ішкі суларының геосаяси мәселелері. Биосфера. Қазақстанның табиғат зоналары мен биіктік белдеулері. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың түрлері. Қазақстанның табиғи мұрасы. Табиғи хоронимдердің (ерекше қорғауға алынған аумақтар) мағынасы. Ноосфераның қалыптасуы. Қазақстанның ноосфераның дамуына қосқан үлесі. Табиғи-аумақтық кешендер. Қазақстанның ірі физикалық-географиялық аудандары. Қазақтың табиғи хоронимдері (физикалық-географиялық аудандардың атауы). Табиғат кешендеріне әсер ететін антропогендік факторлар.

4) Әлеуметтік география: Халық географиясы. Қазақстан халқының саны. Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамы. Дүниежүзі халқының көші-қоны. Қазақстандағы халықтың көші-қоны. Жұмыс күшінің сандық және сапалық құрамы. Қазақстандағы демографиялық жағдай және демографиялық саясат. Елді мекендердің жіктелуі. Қазақстандағы ойконимдер. Қазақстандағы елді мекендердің мәселелері. Урбанизация процесі. Қазақстандағы урбанизация процесін бағалау;

5) Экономикалық география: Табиғи ресурстар. Қазақстанның табиғи-ресурстық әлеуеті. Қазақстанда жекелеген ресурс түрлерін өңдеу технологиялары, орталықтары және дайын өнім түрлері. Табиғатты пайдалану үлгілері мен түрлері. Тұрақты даму. Қазақстанда табиғатты пайдаланумен байланысты мәселелер. Әлеуметтік-экономикалық ресурстар. Ғылыми-техникалық революцияның процесі мен бағыттары. Қазақстандағы адами капиталды дамыту. Қазақстандағы индустриалды-инновациялық даму бағыттары. Қазақстанның инновациялық инфрақұрылымы. Қазақстан аймақтарындағы инфрақұрылымның даму деңгейі. Қазақстан экономикасының салалары. Қазақстанның экономикалық аудандарының экономика салалары және мамандануы. Дүниежүзілік экономиканың даму тенденциялары мен көрсеткіштері. Дүниежүзілік экономиканың субъектілері. Халықаралық географиялық еңбек бөлінісі. Қазақстанның дүниежүзілік экономикадағы орны. Халықаралық экономикалық интеграциядағы Қазақстанның мүдделері, мақсаттары және орны;

6) Елтану және саяси география негіздері: дүниежүзі елдері. Дүниежүзінің саяси картасында Қазақстанның қалыптасу тарихы. Халықаралық ұйымдардың деңгейлері мен мақсаттары. Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық және саяси-географиялық жағдайы. Қазақстандағы саяси және әкімшілік хоронимдер. Қазақстан Республикасы туралы күрделі географиялық ақпаратты ұсыну нысандары.

27. 10-сыныпқа арналған "География" пәнінің базалық мазмұны:

1) географиялық зерттеу әдістері: Зерттеулер және зерттеушілер. Географиялық зерттеу нысандары. Географияда графикалық әдістерді қолдану. География ғылымындағы қазіргі заманғы өзекті мәселелер;

2) картография және географиялық дереккор: географиялық карталар. Жоспар мен географиялық картаның айырмашылығы. Мазмұны мен масштабы бойынша карталарды жіктеу. Карта масштабы (сызықтық, сандық). Географиялық картаның шартты белгілері. Географиялық схемалық карталарды қолдану;

3) физикалық география: Литосфера. Жердің геологиялық тарихы. Литосфера және оның даму заңдылықтары. Жер бедері және оның даму заңдылықтары. Литосфералық тақталардың заманауи ілімі. Атмосфера. Жердегі тіршілік үшін атмосфераның маңызы. Атмосфераның құрылымы мен құрамы, оның қасиеттері. Атмосфералық айналым. Ауа райы, климат және олардың жіктелуі. Гидросфера. Гидросфера, оны құрайтын бөліктер. Дүниежүзілік су айналымы. Дүниежүзілік мұхит және оның бөліктері (теңіздер, шығанақтар, бұғаздар). Мұхит адамның қызметінде. Мұхиттың ластану мәселелері. Биосфера. Биосфера туралы түсінік, оның құрамы, құрылымы. Жердегі тірі организмдердің алуан түрлілігі, олардың таралуы. Организмдердің Жер қабығына әсері. Ноосфера туралы түсінік. Географиялық қабық, табиғи кешендер мен компоненттер. Географиялық белдеулер мен табиғи аймақтар. Табиғатты қорғау туралы заңдар мен халықаралық шарттар;

4) әлеуметтік география: Дүниежүзі халқының саны мен көбеюі. Халықтың жас және жыныстық құрылымы, еңбек ресурстары. Халықтың тығыздығы, халықтың орналасу ерекшеліктері және көші-қон. Дүниежүзідегі халықтың және діндердің нәсілдік, тілдік, этникалық құрамы. Елді мекен түрлері және урбанизация. Халықтың көбею түрлері: демографиялық дағдарыс, халықтың жарылуы. Этносаралық және конфессияаралық келісім;

5) экономикалық география: Табиғи ресурстар. Табиғат пен қоғамның өзара байланысы, табиғи ресурстардың жіктелуі. Дүниежүзінің табиғи ресурстары, отын-энергетикалық, кенді және бейметалл. Дүниежүзідегі табиғи ресурстардың басқа түрлері. Ақпараттық ресурстар. Дүниежүзілік экономика салаларының орналасу факторлары, кибернетика ғылымы. Дүниежүзілік экономиканың қалыптасуы, негізгі даму кезеңдері. Шаруашылықты ұйымдастыру түрлері, аумақтық айырмашылықтар және дүниежүзілік шаруашылықтың негізгі орталықтары. Халықаралық экономикалық қатынастардың түрлері. Дүниежүзі елдерінің экономикалық көрсеткіштері. Дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық құрылымы;

6) саяси география негіздерімен аймақтану: тарихи-географиялық аймақтар және дүниежүзінің саяси картасы. Экономикалық даму деңгейі бойынша дүниежүзі елдерін топтастыру (экономикалық дамыған елдер, дамушы елдер, экономикасы өтпелі елдер). Дүние жүзі елдерінің, тәуелсіз мемлекеттер мен тәуелді территориялардың мемлекеттік және әкімшілік-аумақтық құрылымының нысандары. Қазіргі дүниежүзі елдерінің типологиясының әртүрлілігі. Дүниежүзілік өркениеттер, геосаясат, геосаяси жағдайы, саяси география туралы түсініктер.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

28. Бағдарламада, оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.2.1.4. кодында "7" - сынып, "2.1" - бөлімше, "4" - оқыту мақсатының реттік саны.

29. Оқыту мақсаттарының жүйесі бойынша күтілетін нәтижелер:

1) "Географиялық зерттеу әдістері" бөлімі:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
1.1 Зерттеулер мен зерттеушілер	<p>7.1.1.1 география терминінің анықтамасы және география пәнінің негіздері;</p> <p>7.1.1.2 географиялық ашылулардың тарихын атау;</p> <p>7.1.1.3 саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымының дамуына қосқан үлесін атау;</p> <p>7.1.1.4 географиялық ақпарат көздерімен: карталармен, сызбалармен, мәтіндермен, фотосуреттермен, графикалық материалдармен жұмыс істей білу;</p> <p>7.1.1.5 географиялық нысандардың қасиеттерін анықтау;</p> <p>7.1.1.6 далалық географиялық зерттеу әдістерін қолдану;</p> <p>7.1.1.7 географиялық объектілердің, құбылыстар мен</p>	<p>8.1.1.1 география ғылымы қандай салаларға бөліндігін түсіндіру;</p> <p>8.1.1.2 география ғылымы саласындағы маңызды зерттеулерді атау;</p> <p>8.1.1.3 географиялық зерттеулердің далалық, картографиялық және теориялық әдістерінің мәнін және оларды қолдануды түсіну;</p> <p>8.1.1.4 сандық және сапалық географиялық деректерді ажырату;</p> <p>8.1.1.5 географиялық нысандардың, құбылыстар мен процестердің модельдерін құру және олардың ерекшеліктері мен қасиеттерін түсіндіру;</p> <p>8.1.1.6</p>	<p>9.1.1.1 Қазақстандағы географияның даму тарихын білу;</p> <p>9.1.1.2 Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстандағы географиялық мәліметтерді білу;</p> <p>9.1.1.3 географиялық ғылымның дамуына үлес қосқан қазақстандықтардың зерттеулері туралы түсініктің болу;</p> <p>9.1.1.4 география ғылымын зерттеудің заманауи өзекті мәселелерін анықтай алу;</p> <p>9.1.1.5 географиялық нысандар мен құбылыстардың ерекшеліктерін түсіну;</p> <p>9.1.1.6 қазақ халқының халықтық</p>	<p>10.1.1.1 Географияны зерттеу нысандарын атай алу;</p> <p>10.1.1.2 географиялық нысандардың, құбылыстар мен процестердің қасиеттерін қазіргі графикалық түрде көрсету: сызба, диаграмма, профиль, кесте</p> <p>10.1.1.3 география ғылымын зерттеудің заманауи</p>

	процестердің қасиеттерін графикалық түрде көрсете алу: сызба, диаграмма, профиль, кесте	зерттеу нәтижелерін әртүрлі формада ұсыну	географиялық терминдерінің мағынасын білу	өзекті мәселелерін түсіндіру
--	---	---	---	------------------------------

## 2) "Картография және географиялық дерекқор" бөлімі:

### 2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
2.1 Географиялық карталар	7.2.1.1 алғашқы карталардың шығу тарихын айту; 7.2.1.2 тақырып бойынша картосхемаларды орындау; 7.2.1.3 катра түрлерін ажырату; 7.3.1.4 картада географиялық номенклатура нысандарын көрсете алу	8.2.1.1 тақырыптық картаның мазмұнын айту; 8.2.1.2 шартты белгілерді қолдану негізінде тақырыптық карталарды оқу; 8.2.1.3 контурлық картада географиялық номенклатура нысандарын атау	9.2.1.1 картадан маңызды географиялық нысандарды, процестер мен құбылыстарды түсіну; 9.2.1.2 картада географиялық номенклатура нысандарын көрсету	10.2.1.1 жоспар мен географиялық карта арасындағы айырмашылықты білу; 10.2.1.2 карталарды құрастыруда масштабты қолдану; 10.2.1.3 карта түрлерін құрастырудағы шартты белгілердің айырмашылығын айту
2.2 Географиялық деректер базасы	7.2.2.1 кестелерде географиялық нысандарды көрсету және топтастыру	8.2.2.1 ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, географиялық деректер базасын құру	9.2.2.1 Жерді қашықтықтан зондтау әдістерін, олардың маңызы мен ерекшеліктерін түсіндіру; 9.2.2.2 экономика және ғылым салаларында геоақпараттық технологияларды қолданудың маңыздылығын білу	10.2.2.1 географиялық карталар схемасымен жұмыс жасау

## 3) "Физикалық география" бөлімі:

### 2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
		8.3.1.1 рельеф пішіндерін анықтау; 8.3.1.2 рельефтің пішінін анықтай білу; 8.3.1.3		

3.1 Литосфера	<p>7.3.1.1 литосфераның құрылымы мен материалдық құрамын атау;</p> <p>7.3.1.2 картада жердің тектоникалық құрылымын және литосфералық плиталардың орналасуын көрсету ;</p> <p>7.3.1.3 терминдердің мағынасын түсіну: дрейф, коллизия, субдукция, спрединг;</p> <p>7.3.1.4 литосфералық апаттардың себептері мен салдарын, таралуын атау;</p> <p>7.3.1.5 литосферадағы литосфералық апатта өзін өзі ұстау ережелерін атау</p>	<p>жоспар бойынша бедер пішіндерін жасау;</p> <p>8.3.1.4 әр түрлі материктер мен мұхиттарда орналасқан ұқсас орографиялық бірліктерді салыстыру;</p> <p>8.3.1.5 жыныстарының минералдардан ажырата тау;</p> <p>8.3.1.6 тау жыныстары мен минералдардың қалыптасу заңдылықтарына байланысты пайдалы қазбалардың таралуын талдау;</p> <p>8.3.1.7 тау жыныстары мен минералдардың қасиеттерін анықтау ;</p> <p>8.3.1.8 тау жыныстарының жасын анықтау әдістерін білу;</p> <p>8.3.1.9 жер қыртысының қалыптасуы мен тіршіліктің дамуындағы геологиялық хронологияның ж ә н е геохронологиялық кестенің маңыздылығын түсіну;</p> <p>8.3.1.10 рельефтің адамзаттың өмірі мен шаруашылық қызметіне әсерін бағалай алу</p>	<p>9.3.1.1 Қазақстанның геологиялық тарихы мен тектоникалық құрылымын білу;</p> <p>9.3.1.2 Қазақстандағы рельефтің негізгі түрлерін атау;</p> <p>9.3.1.3 негізгі орографиялық белгілерді атау және олардың мағынасын түсіндіру;</p> <p>9.3.1.4 қазақ оронимдерінің топтастырылуын түсіну және олардың мағынасын түсіндіру;</p> <p>9.3.1.5 Қазақстанның минералды ресурстарының т а р а л у заңдылықтарын білу;</p> <p>9.3.1.6 картада Қазақстанның минералды ресурстарын өндіру мен өндеудің негізгі орталықтарын көрсету;</p> <p>9.3.1.7 Қазақстанның пайдалы қазбаларын баға беру;</p> <p>9.3.1.8 минералдық ресурстарды игеруге байланысты мәселелерді түсіну және оларды шешу жолдарын ұсыну</p>	<p>10.3.1.1 жердің геологиялық тарихын түсіндіру;</p> <p>10.3.1.2 литосфераның дамуы туралы түсінігі болуы;</p> <p>10.3.1.3 картада жер бедерінің негізгі пішіндерін көрсету;</p> <p>10.3.1.4 литосфераны зерттеудегі жаңа әдістерді атау</p>
	7.3.2.1			



<p>3.2 Атмосфера</p>	<p>атмосфераның құрамын білу; 7.3.2.2 атмосфера қабаттарының құрылымы мен ерекшеліктерін атау ; 7.3.2.3 ауа-райы " түсінігін түсіну"; 7.3.2.4 ж е к е метеорологиялық элементтердің сипаттамаларын атау оларды зерттеудің маңыздылығын түсіну: температура, қысым, жел, бұлттылық, жауын-шашын, ылғалдылық; 7.3.2.5 метеорологтың көмегімен өлшеу жекелеген метеологиялық элементтерді өлшеу : температура, қысым, жел, бұлттылық, жауын-шашын, ылғалдылық; 7.3.2.6 жекелеген метеорологиялық элементтер: температура, қысым, жел, бұлттылық, жауын-шашын, ылғалдылық көрсеткіштерінің негізінде күрделі емес графикалық синоптикалық материалдар жасай алу; 7.3.2.7 қолайсыз атмосфералық құбылыстарды білу және қорғаныс жолдарын білу</p>	<p>8.3.2.1 знать определение термина "климат"; 8.3.2.2 климат түзуші факторларды анықтау; 8.3.2.3 атмосфераның Ғаламдық айналымын білу; 8.3.2.4 картада Климаттық белдеулерді көрсете білу; 8.3.2.5 әр түрлі континенттерде орналасқан ұқсас Климаттық белдеулерді салыстыра алу; 8.3.2.6 климаттың адамзаттың өмірі мен экономикалық қызметіне әсерін түсіну; 8.3.2.7 адам қызметінің атмосфера мен климатқа теріс әсерін білу және мысалдар келтіре алу</p>	<p>9.3.2.1 Қазақстан климатының ерекшеліктерін сипаттау; 9.3.2.2 Қазақстанның климат түзуші факторларын атау; 9.3.2.3 Қазақстанның климаттық жағдайын білу; 9.3.2.4 Қазақстанның климаттық ресурстарын білу; 9.3.2.5 қолайсыз және қауіпті атмосфералық құбылыстардың қалыптасуы мен таралу аумағын картада көрсете білу ; 9.3.2.6 Қазақстанның атмосфералық және климаттық құбылыстарының ерекшеліктерін білу</p>	<p>10.3.2.1 атмосфераның Жердегі өмір үшін маңыздылығын түсіндіру; 10.3.2.2 атмосфераның құрылымы мен құрамын атау; 10.3.2.3 атмосфералық айналымның заңдылықтарын айту; 10.3.2.4 ауа-райы мен климаттық құбылыстарды түсіндіре алу</p>
----------------------	--	---	--	---

3.3 Гидросфера	<p>7.3.3.1 гидросфераның құрамдас бөліктерін атау;</p> <p>7.3.3.2 су ресурстарының маңыздылығын түсіндіру;</p> <p>7.3.3.3 кейбір дүниежүзілік мұхиттың құрамы мен географиялық атауын білу;</p> <p>7.3.3.4 мұхиттар мен олардың құрамдас бөліктерін білу;</p> <p>7.3.3.5 мұхит суының қасиеттеріне әсер ететін факторларды анықтау;</p> <p>7.3.3.6 мұхит суларының қозғалысын түсіндіру;</p> <p>7.3.3.7 мұхит және теңіз суларымен байланысты қауіптерді түсіну;</p> <p>7.3.3.8 мұхиттардың мәселелерін білу және оларды шешу жолдарын ұсына білу</p>	<p>8.3.3.1 құрлық суларының қалыптасуын түсіну ;</p> <p>8.3.3.2 құрлық суларының негізгі түрлерінің экономикалық маңыздылығын түсіну;</p> <p>8.3.3.3 өзен аңғарының құрылысын білу;</p> <p>8.3.3.4 өзендердің гидрологиялық режимін түсіндіру;</p> <p>8.3.3.5 "көлдер" және "мұздықтар" ұғымдарының анықтамасын білу;</p> <p>8.3.3.6 құрлық суларының экологиялық мәселелерін шешу жолдарын ұсыну;</p> <p>8.3.3.7 судағы табиғи апаттарды атау</p>	<p>9.3.3.1 "өзен", "көл", "мұздықтар", "мәңгі тоң", "жер асты сулары" ұғымдарының мағынасын түсіндіру;</p> <p>9.3.3.2 Қазақстанның ішкі суларының атауларын анықтау: өзендер, көлдер мен мұздықтар;</p> <p>9.3.3.3 Қазақстанның су ресурстарына экономикалық баға беру;</p> <p>9.3.3.4 Қазақстандағы су ресурстарының экологиялық мәселелерін айту;</p> <p>9.3.3.5 Қазақстанның су ресурстарының мәселелері және шешу жолдарын ұсыну және атау</p>	<p>10.3.3.1 гидросфераның құрылымы мен құрамын түсіндіре алу;</p> <p>10.3.3.2 дүниежүзілік су айналымы туралы айту;</p> <p>10.3.3.3 мұхиттардың бөліктерін атау, картада көрсете білу (теңіздер, шығанақтар, бұғаздар);</p> <p>10.3.3.4 адамның мұхитпен байланысын түсіндіру;</p> <p>10.3.3.5 теңіздер мен мұхиттардың суларын қорғау туралы мысалдар келтіре алу</p>
3.4 Биосфера	<p>7.3.4.1 биосфераның құрамын, құрылымын, шекаралары мен қасиеттерін атау;</p> <p>7.3.4.2 топырақтың түрлері мен құрамын айту;</p> <p>7.3.4.3 картада Қазақстанда топырақ түрлерінің таралуын көрсету;</p>	<p>8.3.4.1 "табиғи аймақтар" мен "биіктік белдеулерінің" мағынасын түсіну";</p> <p>8.3.4.2 картадан табиғи аймақтарды табу;</p> <p>8.3.4.3 әртүрлі континенттерде</p>	<p>9.3.4.1 Қазақстанның табиғи аймақтары мен биіктік белдеулерін атау;</p> <p>9.3.4.2 ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың маңыздылығын түсіну: қорықтар, қорықтар, ұлттық парктер;</p> <p>9.3.4.3 Қазақстанның табиғи мұрасын білу;</p>	<p>10.3.4.1 биосфера ұғымын, оның құрылымы мен құрамын түсіндіру;</p> <p>10.3.4.2 биосферадағы организмдердің өзара байланысын түсіндіру;</p>

3) микропрепараттар жиынтықтары: ботаника бойынша, анатомия бойынша, зоология бойынша, жалпы биология бойынша;

4) көлемді модельдер: қырыққабаттың, алма ағашының, бұршақтың, картоптың гүлі; бауыр, көз, ми, бүйрек, жүрек, құлақ, адамның бас сүйегі;

5) зертханалық, практикалық жұмыстар мен демонстрацияларға арналған химиялық ыдыс жиынтығы; зертханалық, практикалық жұмыстар мен демонстрацияларға арналған химиялық реактивтер жиынтығы; зертханалық штативтер, жарық микроскопы, қол лупасы;

6) муляждар: жапырақтың құрылысы; тамырдың құрылысы; саңырауқұлақтардың жемістер мен көкөністердің муляждары; балықтың, құстың, бауырымен жорғалаушының, сүтқоректілердің қаңқалары.

20. Баспа құралдары:

1) биолог-ғалымдар – портреттер;

2) өсімдіктер биологиясы бойынша кестелер мен транспаранттар – 7-10 сыныптар;

3) жалпы биология бойынша кестелер мен транспаранттар – 10 сынып;

4) жануарлар биологиясы бойынша кестелер мен транспаранттар – 7-10 сыныптар;

5) адам биологиясы бойынша кестелер мен транспаранттар – 7-10 сыныптар;

6) биология бойынша макеттер мен барельеф кестелері – 7-10 сынып;

7) сыныптар бойынша биологиялық терминдер жиынтығы (сөздік жұмыс)

7-10 сыныптар;

8) 7-10 сынып тақырыптары бойынша "Өсімдіктер морфологиясы", "Өсімдіктер систематикасы" DVD дискілері;

21. Органикалық әлемнің эволюциясы, экологиясы, систематикасы бойынша стендтер.

### 3-тарау. "Биология" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

22. "Биология" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 7-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 2) 8-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 3) 9-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 4) 10-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

23. Бағдарлама мазмұны 4 бөлімді қамтиды:

- 1) "Тірі ағзалардың көптүрлілігі, құрылымы мен қызметтері" бөлімі;
- 2) "Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық даму" бөлімі;
- 3) "Ағза мен қоршаған орта" бөлімі;
- 4) "Қолданбалы кіріктірілген ғылымдар" бөлімі.

24. "Тірі ағзалардың көптүрлілігі, құрылымы мен қызметтері" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) тірі ағзалардың көптүрлілігі;
- 2) қоректену;
- 3) заттардың тасымалдануы;
- 4) тыныс алу;
- 5) бөліп шығару;
- 6) қозғалыс;
- 7) үйлесім және реттелу.

25. "Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік. Эволюциялық даму" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) көбею;
- 2) жасушалық айналым;
- 3) өсу және даму;
- 4) тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары;
- 5) эволюциялық даму мен селекция негіздері.

26. "Ағза мен қоршаған орта" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) биосфера, экожүйе, популяция;
- 2) адам қызметінің қоршаған ортаға әсері.

27. "Қолданбалы кіріктірілген ғылымдар" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) молекулалық биология мен биохимия;
- 2) жасушалық биология;
- 3) микробиология және биотехнология;
- 4) биофизика.

28. 7-сыныпқа арналған "Биология" пәнінің базалық мазмұны:

1) "Биосфера және экожүйелер". Ортаның экологиялық факторлары: абиотикалық (температура, жарық, рН, ылғалдылық), биотикалық (микроағзалар, жануарлар,

өсімдіктер). Зертханалық жұмыс: "Жергілікті жердің экожүйелерін зерттеу (мектеп ауласы мысалында)". Қоректік тізбектер және қоректік торлар. Модельдеу "Қоректік тізбек пен торды құру". Экологиялық сукцессиялар: бірінші және екінші реттік сукцессиялар. Экожүйелердің алмасуы;

2) "Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері". Адам экожүйенің бір бөлігі. Антропогендік фактор. Адам әрекеттерінің экожүйеге жағымсыз әсері. Қазақстанда ерекше қорғалатын аймақтар. Жергілікті жердің ерекше қорғалатын аймақтары. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы. Жергілікті өңірдің ҚР Қызыл кітабына енгізілген жануарлары мен өсімдіктері;

3) "Тірі ағзаларды жүйелеу". Тірі ағзалардың бес патшалығына жалпы сипаттама: прокариоттар, протисталар, саңырауқұлақтар, өсімдіктер, жануарлар. Өсімдіктер мен жануарлардың негізгі жүйелік топтары: Патшалықтар. Типтер. Бөлімдер. Кластар. Өсімдіктер мен жануарларды жүйелеудің маңызы. Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың сыртқы құрылысындағы ерекшеліктер. Дихотомиялық әдіс. Дихотомиялық кілттерді қолдану;

4) "Жасушалық биология". Жасуша, ұлпа, мүше, мүшелер жүйесі түсініктері. Өсімдіктер және жануарлар жасушаларын салыстыру. Жарық микроскобынан көрінетін жасуша құрылымдары: пластидтер, вакуоль, ядро, цитоплазма, жасушалық мембрана, жасушалық қабырға;

5) "Су және органикалық заттар". Судың қасиеттері: беттік керілу, судың қозғалысы, еріткіштігі, қайнау және балқу температурасы, жылу сыйымдылығы. Судың биологиялық маңызы және оның еріткіш ретіндегі, температураны сақтау мен реттеудегі рөлі. Зертханалық жұмыс "Судың тірі ағзалар үшін маңызы мен қасиеттерін зерттеу". Микро- (мырыш, темір, селен, фтор) және макроэлементтердің (магний, кальций, калий, фосфор) тірі ағзалардың тіршілік әрекеті үшін маңызы. Азық-түліктердегі органикалық заттар: нәруыздар, майлар, көмірсулар. Зертханалық жұмыс: "Азық-түліктерде көмірсулар, нәруыздар және майлардың бар болуын зерттеу". Өсімдіктерде макроэлементтердің тапшылығы (азот, калий, фосфор). Тыңайтқыштар: органикалық және минералдық (азотты, калийлі және фосфорлы).

6) "Тірі ағзалардың қоректенуі". Жапырақтың құрылысы мен қызметі. Жапырақтың ішкі құрылысы. Лептесік. Жапырақ фотосинтездеуші негізгі арнайы мүше. Судың булануы мен газдардың алмасуы. Фотосинтезге қажетті жағдайлар. Зертханалық жұмыс: "Фотосинтез процесіне қажетті жағдайларды зерттеу".

7) "Заттардың тасымалдануы". Заттар тасымалдануының тірі ағзалардың тіршілік әрекеті үшін маңызы. Заттардың тасымалдануына қатысатын тірі ағзалардың мүшелері мен мүшелер жүйесі. Сабақ және тамыр. Сабақтың ішкі құрылысы: қабық, камбий, сүрек, өзек. Тамыр аймақтары: бөліну, өсу, сору және өткізу аймақтары. Тамырдың ішкі құрылысы: флоэма, ксилема, камбий. Зертханалық жұмыс: "Сабақтың ішкі құрылысын зерттеу". Зертханалық жұмыс: "Тамыр аймақтарын зерттеу". Ксилема,

флоэма және олардың құрылымдық элементтері. Жануарлардағы қанайналым мүшелері : буылтық құрттар, ұлулар, буынаяқтылар және омыртқалылар;

8) "Тыныс алу". Өсімдіктер мен жануарлар үшін тыныс алудың маңызы. Тынысалу - энергия көзі. Тыныс алу типтері: анаэробты және аэробты. Анаэробты және аэробты тыныс алуды салыстыру: оттегінің қатысында/қатысынсыз, статикалық/динамикалық жұмыс, жылықанды/суыққанды жануарлар. Өсімдіктердің тыныс алуы. Тұқымның немесе өскіндердің тыныс алуы мысалында. Зертханалық жұмыс: "Өсімдіктердің тыныс алуын зерттеу". Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүшелері (бунақденелілердің демтүтіктері, балықтарының желбезектері, құстардың және сүтқоректілердің өкпесі). Модельдеу: "Омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың тыныс алу жүйесі мүшелерін салыстыру". Тыныс алу мүшелері. Адамның тыныс алу жолдарының құрылысы мен газ алмасу мүшелері. Тыныс алу мүшелерінің аурулары. Тыныс алу мүшелерінің ауруларының себептері мен алдын алу жолдары: өкпе обыры, астма, бронхит, туберкулез, тұмау;

9) "Бөліп шығару". Бөліп шығарудың тірі ағзалар үшін маңызы. Жануарлардағы бөліп шығару өнімдері. Зат алмасудың соңғы өнімдері. Өсімдіктердегі бөліп шығару өнімдері: тыныс алу мен фотосинтездің бастапқы және соңғы өнімдері. Зертханалық жұмыс: "Өсімдіктердің тыныс алу ерекшеліктерін өскіндер мысалында зерттеу". Жануарлардың бөліп шығару жүйелері. Жануарлардың бөліп шығару жүйелерінің құрылысын салыстыру;

10) "Қозғалыс". Өсімдіктердің қозғалысы. Қозғалыстың өсімдіктер тіршілігіндегі маңызы. Өсімдіктердің қозғалу тәсілдері (тропизмдер, таксистер, өсу қозғалыстары). Өсімдіктердің өсуі мен дамуына жарықтың әсері. Жарықтың түсу деңгейіне қарай өсімдіктердің бейімделуі. Фотопериодизм күннің жарық түсу ұзақтығына ағзалардың бейімделуі. Жануарлардың қозғалыс мүшелері. Тірі ағзалардағы қозғалыстың рөлі. Жануарлардың қозғалу тәсілдеріне мысалдар. Жануарлардың мекен ортасы мен қозғалыс тәсілдері арасындағы байланыстарды анықтау;

11) "Үйлесім және реттелу". Жүйке жүйесінің типтерін салыстыру: диффузиялы, сатылы, түйнекті, түтіктерізді. Жүйке жүйесінің құрам бөліктері. Жүйке жүйесінің қызметі. Нейронның құрылысы: денесі, дендриттер, аксон. Нейронның қызметтері. Жүйке жүйесінің орталық және шеткі бөлімдері. Жұлын. Ми. Ми бөлімдерінің құрылысы мен қызметтері: сопақша ми, артқы (ми көпірі, мишық), орталық және аралық ми. Үлкен ми сыңарлары. Рефлекстік доға: рецептор, сезгіш, аралық, қозғалыс нейрондары, жұмыс мүшесі. Зертханалық жұмыс: "Тізе рефлексі". Мінез-құлықтың рефлекторлық табиғаты: шартсыз және шартты рефлексдер. Шартты рефлексдердің сөнуі. Ішкі мүшелер жұмысының жүйкелік реттелуі. Адам ағзасы үшін ұйқының маңызы. Биологиялық ритмдер. Ұйқының кезеңдері: баяу және жылдам ұйқы.

Жұмысқа қабілеттілік. Күн тәртібі. Оқу еңбегі мен дене еңбегінің гигиенасы. Күйзеліс. Күйзеліс жағдайларымен күрес және олардың алдын алу әдістері. Жүйке жүйесінің қызметіне алкоголь, темекі, және наркотикалық заттардың әсері.

29. 8-сыныпқа арналған "Биология" пәнінің базалық мазмұны:

1) "Тұқымқуалау мен өзгергіштік". Адамда белгілердің тұқым қуалауындағы гендердің рөлі. Жүре пайда болған және тұқым қуалайтын белгілер. Хромосоманың құрылымы. Генетикалық материалды сақтаушы және тасымалдаушы дезоксирибонуклеин қышқылы (ДНК) жайлы түсінік. Модельдеу "Адам ағзасындағы тұқым қуалайтын және тұқым қуаламайтын белгілерді зерттеу". Әртүрлі ағза түрлерінің хромосомалар саны. Соматикалық және жыныс жасушалар. Гаплоидты және диплоидты хромосомалар жиыны;

2) "Көбею". Өсімдіктердің жынысты және жыныссыз көбеюі. Өсімдіктердің жынысты және жыныссыз көбеюінің биологиялық маңызы. Өсімдіктердің өсімді жолмен көбеюі, оның түрлері және табиғаттағы биологиялық маңызы. Өсімдік өсіруде өсімді жолмен көбею тәсілдерін қолдану. Қалемшелеу, сұлатпа өркен, телу (қалемшелермен, көзшелермен), көбею ұлпаларымен. Зертханалық жұмыс: "Өсімдіктердегі вегетативті көбею тәсілдері". Гүл құрылысы. Тозаңдану түрлері. Гүлдеу және тозаңдану. Тозаңдану түрлері (өздігінен, айқас, жасанды). Өсімдіктердегі ұрықтану туралы түсінік және зиготаның түзілуі. Қосарлы ұрықтану. Қосарлы ұрықтанудың биологиялық маңызы;

3) "Өсу және даму". Ағзалардың жеке дамуы түсінігі. Өсімдіктер мен жануарлардағы онтогенез кезеңдері. Бөліну, өсу, көбею, қартаю. Өсімдіктердің өсуі. Сабақтың ұзарып және жуандап өсуі. Камбийдің рөлі. Жылдық сақиналар. Зертханалық жұмыс: "Жылдық сақинаны санау". Жануарлардағы тура және түрленіп даму онтогенез типтері. Бунақденелілердің шала және толық түрленіп дамуына мысалдар. Жануарлардағы онтогенез типтерін салыстыру;

4) "Микробиология және биотехнология". Бактериялардың формаларының әртүрлілігі. Бактериялардың таралуы. Зертханалық жұмыс: "Пішен таяқшасының сыртқы пішінін қарастыру". Бұршақ тұқымдастардың тамырындағы түйнек бактериялары. Бактерияларды пайдалану. Табиғаттағы және адам өміріндегі бактериялардың маңызы. Зертханалық жұмыс: "Өндірісте йогурт және ірімшік жасауды зерттеу". Патогендермен күрес тәсілдері. Бактериялардың антибиотиктерге тұрақтылығы. Зертханалық жұмыс: "Антибиотиктер, антисептиктер және залалсыздандыру өнімдерін қолдануды зерттеу". Вирустар. Жасушасыз құрылым иелері вирустардың құрылыс ерекшеліктері;

5) "Жасушалық биология". Жасуша – тірі ағзалардың құрылымдық негізгі өлшем бірлігі. Прокариот және эукариот жасушалардың құрылысы: ядроның болуы және орналасуы, жасуша қабырғасы, жасуша мембранасы, пластидтер, митохондрия, рибосомалар, Гольджи аппараты, вакуоль. Өсімдік ұлпаларының әртүрлілігі: түзуші,



жабын, негізгі, өткізгіш, механикалық, бөліп шығарушы ұлпа. Жануар ұлпаларының әртүрлілігі: эпителий, дәнекер, бұлшық ет, жүйке. Зертханалық жұмыс: "Өсімдіктер ұлпаларын жіктеу". Зертханалық жұмыс: "Жануарлар ұлпаларын жіктеу";

6) "Молекулалық биология". Жасушаның құрамындағы органикалық заттар. Мономерлер мен полимерлер арасындағы айырмашылық. Көмірсулар – энергия көзі. Глюкоза, сахароза, гликоген, крахмал, жасунық пен хитиннің маңызы және қызметтері. Липидтердің қасиеттері мен қызметі. Липидтердің әртүрлілігі: майлар, фосфолипидтер, балауыз. Нәруыздар, қасиеттері мен қызметтері;

7) "Тірі ағзалардың көп түрлілігі". Зертханалық жұмыс: "Өсімдіктер бөлімдеріндегі ерекшелік белгілерді анықтау. Балдырлар, мұктәрізділер, қырықжапырақтәрізділер, ашық тұқымдылар және жабық тұқымдылар. Саңырауқұлақтар патшалығы. Зең саңырауқұлағы: мукор, пеницилл. Біржасушалы саңырауқұлақтар – ашытқы. Көпжасушалы саңырауқұлақтар. Қалпақшалы саңырауқұлақтар. Жеуге жарамды және улы саңырауқұлақтар. Зертханалық жұмыс: "Дара жарнақты және қосжарнақтылар өсімдіктер кластарының белгілерін зерттеу". Буынаяқтылар типі. Хордалылар типі. Сыртқы белгілеріне қарай салыстырмалы сипаттама. Демонстрация "Хордалы жануарлар мен буынаяқтылардың ерекшелік белгілерін анықтау";

8) "Қоректену". Жауын құртының, сиырдың және адамның ас қорыту жүйесінің құрылысы. Модельдеу "Адамның, сиырдың және жауынқұртының" асқорыту жүйесінің құрылысын салыстыру. Тістің құрылысы мен қызметі, сүт тістердің тұрақты тістерге ауысуы. Тіс гигиенасы. Адамның ас қорыту жолдарының құрылысы. Ас қорыту бездері. Ас қорыту мүшелерінің қызметі. Тамақтану гигиенасы. Асқорыту мүшелерінің жұқпалы аурулары және олардың алдын алу. Тағамнан уланудың алдын алу. Алғашқы жәрдем шаралары. Ішек құрт ауруларының алдын алу. Дәрумендер және олардың маңызы. Суда еритін және майда еритін дәрумендер. Дәрумендердің тәуліктік мөлшері. Авитаминоз, гиповитаминоз және гипервитаминоз. А авитаминоздағы ақшам соқыр, В1 авитаминоздағы бери-бери ауруы, С авитаминоздағы қыркұлақ, Д авитаминоздағы мешел аурулары. Зертханалық жұмыс: "Тағамдық заттар құрамынан С дәруменді анықтау";

9) "Заттардың тасымалдануы". Ағзаның ішкі ортасы және оның маңызы. Лимфа. Лимфа айналымы мен оның маңызы. Гомеостаз. Ағзаның ішкі ортасы: қан, лимфа, ұлпа сұйықтығы. Қанның құрамы мен қызметі. Қан түйіршіктері: эритроциттер, лейкоциттер, тромбоциттер. Плазма. Қанның қызметі: транспорттық, гомеостаздық, қорғаныштық;

10) "Әртүрлі ағзалардың қан жасушаларын зерттеу" зертханалық жұмысы Қан жасушаларын формасына, мөлшеріне, санына және ядросының болуына қарай салыстыру. Иммунитет. Гуморальдық және жасушалық иммунитет. Лейкоциттердің түрлі типтері және олардың қызметтері. Т – және В- лимфоциттердің әрекет етуі. Жұқпалы аурулар және олардың алдын алу: амебалық қантышқақ, фитофтороз, оба, күл, лейшмания, герпес (ұшық). Иммунитет. Иммунитеттің түрлері: туа пайда болған

және жүре пайда болған иммунитет. Екпенің (вакцин) түрлері және оның жасанды иммунитетті қалыптастырудағы маңызы. Жұқпалы аурулардың алдын алу. Қан топтары. Қан құю. Резус-фактор. Агглютинация. Резус-конфликт. Буылтық құрттардың (жауын құрт), ұлулардың, буынаяқтылардың және омыртқалылардың жүрегі және қан тамырларының құрылысы мен қызметі. Қан тамырлар жүйесінің түрлері. Ашық және тұйық қанайналым жүйелері. Үлкен және кіші қанайналым шеңберлері. Адамның қанайналым жүйесі. Зертханалық жұмыс: "Дене жаттығуларының жүрек жұмысына әсерін зерттеу". Жүрек - қантамырлар жүйесі аурулары (гипертония, инфаркт, тахикардия, ишемиялық ауру, атеросклероз, инсульт). Аурудың себептері: тұқым қуалайтын ауруларға бейімділік, салауатты өмір салтын дұрыс ұстанбау.

30. 9-сыныпқа арналған "Биология" пәнінің базалық мазмұны:

1) "Тыныс алу". Альвеола мен қан арасындағы газ алмасу. Өкпедегі қанның оттекке қанығуы. Ұлпа мен қан арасындағы газ алмасу. Қанның көмірқышқыл газына қанығуы, жасушаның оттекке қанығуы. Тыныс алу және тыныс шығару механизмі. Кеуде қуысының құрылысы. Тыныс алуға және тыныс шығаруға қатысатын бұлшықеттер. Тыныс алу және тыныс шығарудағы көкеттің маңызы. Ауа жүретін жолдардағы қысымның өзгеруі. Тыныс алудың минуттық көлемі. Әртүрлі жастағы, физикалық дамыған, ер және әйел адамдардың өкпесінің тіршілік сыйымдылығы. Тыныс алу қозғалыстарының жиілігі. Шылым шегудің өкпенің тіршілік сыйымдылығына әсері. Зертханалық жұмыс: "Өкпенің тіршілік сыйымдылығын зерттеу";

2) "Бөліп шығару". Зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы (бүйрек, несеппағар, қуық, несеп жолы) мен қызметі. Бөліп шығару және сүзу мүшелері. Бүйректің құрылысы (қыртысты және милы қабат, нефрон, пирамида, астауша, бүйрек өзекшелері). Терінің маңызы, құрылысы мен қызметі. Тер бөлінудің реттелуі. Тері ауруларының пайда болу себептері мен салдары (қышыма, теміреткі, безеу бөртпелері). Белгілері мен алдын алу шаралары;

3) "Қозғалыс". Адам қаңқасының құрылысы. Тірек-қимыл жүйесінің маңызы мен қызметі. Сүйектің макро- және микроскопиялық құрылысы. Сүйектің химиялық құрамы. Зертханалық жұмыс: "Сүйектің макро және микроскопиялық құрылысы". Демонстрация "Сүйектің химиялық құрамы". Сүйектің байланыс түрлері: қозғалмайтын, жартылай қозғалмалы, қозғалмалы. Буынның құрылысы және қызметтері. Сүйек буындарының атқаратын қызметіне сәйкес бейімделуі. Бұлшықет ұлпаларының құрылысы мен қызметі (бірыңғай салалы, көлденең жолақты қаңқа, көлденең жолақты жүрек). Зертханалық жұмыс: "Бұлшық ет ұлпаларының құрылысын зерттеу" Адам денесінің бұлшық еттерін жіктеу. Гиподинамия. Сымбаттың бұзылуы және жалпақтабандылықтың пайда болу себептері. Сымбаттың бұзылуы мен жалпақтабандылықтың алдын алу шаралары;

4) "Биофизика". Тік жүруге байланысты адам қозғалуының биомеханикалық ерекшеліктері. Тік жүруге байланысты адамның қаңқа құрылысының ерекшеліктері.

Тік жүруге байланысты бұлшық еттің маңызы. Тік жүру кезіндегі дененің ауырлық орталығы. Адам денесіндегі иіндер;

5) "Үйлесім және реттелу". Көру мүшелерінің құрылысы. Көрудің маңызы. Көру қызметінің бұзылуы. Көру гигиенасы. Зертханалық жұмыс: "Көру жітілігі мен көру аймағының шегін зерттеу". Есту мүшесінің құрылысы. Естудің маңызы. Естудің бұзылу себептері. Есту мүшесінің гигиенасы. Зертханалық жұмыс "Дыбысты қабылдау ерекшеліктерін зерттеу" (құлақтың есту қабілетін анықтау). Таяқшаның, құтышаның және түкті жасушалардың құрылымы мен қызметі. Зертханалық жұмыс: "Соқыр дақты анықтау, түстердің аралсуына тәжірибе, дыбыстың ауа және сүйек арқылы өтуі". "Гормондар", "Гуморальдық реттелу" ұғымдары. Эндокринді, экзокринді және аралас бездердің орналасуы және қызметі. Бездерден бөлінетін гормондар. Эндокринді бездер қызметінің бұзылуынан туындаған аурулар (гипо- және гиперфункция). Адам денесінде орналасқан тері рецепторлары (терморекцепторлар, механорецепторлар, ноцицепторлар) Зертханалық жұмыс: "Тері сезімталдығын зерттеу". Жылықанды жануарлардың тұрақты температураны сақтауындағы терінің рөлі. Температураға сезімталдық. Терморекцепторлардың температураның өзгеруіне бейімделуі;

6) "Көбею". Митоз. Мейоз. Митоз бен мейоздың биологиялық маңызы. Жануарлардың көбею формалары. Жыныссыз көбею типтері. Жынысты көбею. Мүктер мен қырықжапырақтардың тіршілік циклі. Гаметофит. Спорофит. Ашық тұқымды және жабық тұқымды өсімдіктердің тіршілік циклі;

7) "Өсу және даму". Эмбрионалдық даму кезеңдері: бластула, гастрюла, нейрула. Ұлпалар мен мүшелердің дифференциялануы. Органогенез;

8) "Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары". Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің эволюциядағы маңызы. Өзгергіштік пен қоршаған орта жағдайларына бейімделгіштік арасындағы өзара байланыс. Қолдан сұрыптау және оның селекция үшін маңызы. Қолдан сұрыптау түрлері. Мәдени өсімдіктер мен үй жануарларының шығу орталықтары. Қазақстан аумағында кездесетін егістік дақылдар мен үй жануарларының қолтұқымдары. Маңызды белгілер;

9) "Биосфера, экожүйе, популяция". Экожүйелердің компоненттері. Су және құрлық экожүйелері. Модельдеу "Су және құрлық экожүйелерін салыстыру". Популяцияның құрылымының негізгі сипаттамалары және ерекшеліктері. Ағзалардың тіршілікке қабілеттілігінің әртүрлі тәсілдері. (Тіршілікті сақтаудың К және г стратегиялары). "Жыртқыш-жемтік" қарым-қатынас түрі. Популяция санының өзгеруі. Тірі ағзалардың өзара қарым-қатынас түрлері. Ағзалардың тікелей және жанама қарым-қатынас түрлері. Қоршаған орта жағдайларының өзгерістеріне ағзалардың бейімделуі;

10) "Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері". Адамның табиғаттағы рөлі. Табиғатты тиімді пайдалану. Табиғатты қорғау. Биологиялық алуан түрлілікті сақтау. Дүниежүзілік Тұқым қоры. Қазақстан Республикасының экологиялық проблемалары. Себептері мен салдарлары. Оларды шешу жолдары;

11) "Жасушалық биология". Жасушаның негізгі компоненттерінің қызметтері. Жасуша құрылымдары: плазмалық мембрана, цитоплазма, ядро, эндоплазмалық тор, жасуша орталығы, рибосомалар, Гольджи аппараты мен лизосомалар, митохондрия, пластидтер, қозғалыс органоидтары, жасушаның қосындылары. Құрылыстары және атқаратын қызметтері. Жасушалардың сызықтық ұлғаюын есептеу. Ұлғаю, актуальды өлшемі және суреттің нақты өлшемі. Өлшем бірліктерін СИ жүйесіне аудару (сантиметр-миллиметр-микромметр-наномметр). Модельдеу "Микрофотографияларды пайдаланып жасушаның сызықтық ұлғаюын есептеу";

12) "Тірі ағзалардың көп түрлілігі. Биосфера және экожүйе". Өртүрлі түрлерді сипаттауда бинарлық номенклатураны қолдану. Зертханалық жұмыс: "Анықтағыш көмегімен өсімдіктер мен жануарлар түрлерін (жергілікті жердің) анықтау". Популяцияның өсуінің экспоненциалды және сигмоидты қисығы. Экожүйедегі энергия тасымаланың тиімділігі. Энергия ағыны және қоректік тізбектер. Экологиялық пирамида түрлері. Табиғаттағы көміртек пен азот айналымы. Биосферадағы биохимиялық үрдістер. Топырақ пен шөгінді жыныстар түзудегі тірі ағзалардың рөлі.

31. 10-сыныпқа арналған "Биология" пәнінің базалық мазмұны:

1) "Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері". Пайдалы қазбаларды өндірудің қоршаған орта мен адам денсаулығына әсері. Пестицидтердің қоршаған орта мен адам денсаулығына әсері. Жылыжай эффектісі (булану) және озон қабатының жұқаруы. Дүниежүзілік мұхит деңгейінің, су мен атмосфера температурасының көтерілуінің тірі ағзаларға әсері;

2) "Қоректену". Ыдырау процесі. Асқорыту ферменттерінің әсері. Асқорытудағы ферменттердің маңызы. Сіңіру және бөліп шығару. Ферменттердің әсер ету механизмі. Ферменттің белсенді орталығы. Зертханалық жұмыс: "Ферменттердің белсенділігіне әртүрлі жағдайлардың (температура, рН) әсерін зерттеу". Өттің әсерінен майлардың эмульгациясы. Зертханалық жұмыс "Өттің әсерінен майлардың эмульгациялануын зерттеу";

3) "Заттар тасымалы". Активті және пассивті тасымалдардың ұқсастығы мен айырмашылығы. Жасуша мембранасы арқылы тасымалдану. Белсенді тасымалдану кезіндегі энергияның жұмсалуы. Сыртқы және ішкі факторлардың транспирацияға әсері. Зертханалық жұмыс: "Транспирация процесі кезіндегі сыртқы факторларды (температура, ылғалдылық пен су буының қысымы, ауа қозғалысын) зерттеу. Зертханалық жұмыс: "Ішкі факторларды: Буландыратын беттің ауданы және бұл беттік ауданның өсімдік көлеміне қатынасының (сірқабық (кутикула) мен лептесіктер) транспирация процесіне әсері". Сыртқы факторлардың флоэмада зат тасымалына әсері: температура, ылғалдылық, жарық;

4) "Тыныс алу". Анаэробты және аэробты тыныс алу. Анаэробты және аэробты тыныс салу процестерін химиялық реакция теңдеулерін қолданып қарастыру. Анаэробты және аэробты тыныс алудың тиімділіктері. Аэробты, анаэробты тынысалу

процестерімен байланысты бұлшық еттердің қажуы. Аэробты және анаэробты тынысалуға физикалық жүктемелердің әсері;

5) "Бөліп шығару". Нефронның құрылысы және қызметі. Ультрафилтрация. Абсорбция және таңдамалы реабсорбция. Несептің құрамы. Филтрация мен кері филтрацияның себептері. Бүйрек жұмысына әсер ететін факторлар: тамақтану рационы, дене температурасының күрт түсуі, дәрілік препараттар, созылмалы және инфекциялық аурулар (кариес, іріңді ангина. Зәр шығару жүйесінің гигиенасы. Бүйрек және зәр шығару жүйесінің аурулары: пиелонефрит, цистит, бүйрекке тастың жиналуы. Себептері және алдын алу шаралары. Құрлықта, шөлде, тұщы және тұзды суларда тіршілік ететін тірі ағзалардың зат алмасуының соңғы өнімдері. Құрамында азоты бар органикалық заттардың ыдырау өнімдері: аммиак, несепнәр, несеп қышқылы;

6) "Үйлесім және реттелу". Нейрондардың түрлері мен қызметтері. Жүйке ұлпасының қызметі (глиальды жасушалар). Аксондардың миеленді және миеленсіз қабықтары. Синапстар және медиаторлар. Модельдеу "Жүйке ұлпаларын зерттеу". Миеленді, миеленсіз аксондарда жүйке импульстарының туындауы және өткізілуі. Өткізу жылдамдығы. Мембраналық потенциал, тыныштық потенциалы және әрекет потенциалы. Модельдеу "Жүйке импульстарының туындауы мен таралу жылдамдығын зерттеу". Тірі ағзалардағы электрлік процестер. Электрорецепторлар және электрлі мүшелер. Тыныс алу мен тыныс шығарудың реттелуі мысалында нейрогуморальдық реттелу механизмі. Жүйкелік және гуморальдық реттелуді салыстыру. Ағзаның күйзеліске бейімделуі. Нейрокомпьютерлік интерфейс. Компьютер мен ми арасындағы ақпарат алмасу жүйесі. Гомеостазды тұрақты ұстаудың механизмдері. Өсімдіктердің өсуі мен дамуын реттеуші. Зертханалық жұмыс: "Ауксиннің өсімдіктерге әсерін зерттеу";

7) "Қозғалыс". Бұлшық еттің жұмысы. Демонстрация "Негізгі бұлшық еттердің жұмысын өзіндік бақылау, иық белдеуінің қол қозғалысындағы рөлі. Бұлшық ет қозғалысын реттеу". Зертханалық жұмыс: "Статикалық және динамикалық жұмыс кезіндегі бұлшық еттің қажуын зерттеу";

8) "Молекулалық биология және биохимия". Дезоксирибонуклеин қышқылы (ДНК) молекулалық құрылысының принциптері: нуклеотидтердің комплементарлығы. Модельдеу "Дезоксирибонуклеин қышқы (ДНК) молекуласын құру";

9) "Жасушалық цикл". Интерфаза. Интерфаза кезеңдері: G<sub>1</sub>, S және G<sub>2</sub>. Митоз. Митоз фазалары. Зертханалық жұмыс: "Пияз тамыр ұшындағы жасушалардан митозды зерттеу". Митоз. Митоз фазалары. Мейоз бен митозды салыстыру. Модельдеу "Митоз кезеңдерін зерттеу";

10) "Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары". Г. Мендель анықтаған белгілердің тұқым қуалаушылық заңдылықтары. Тұқым қуалаушылықты зерттеудің гибридологиялық әдісі. Тұқым қуалаушылықтың генетикалық заңдылықтарының цитологиялық негіздері. Гамета тазалығы заңы және оның цитологиялық негіздемесі.

Моногибридті және дигибридті будандастыру. Басымдылық заңы. Ажырау заңы. Басымдылық заңы. Ажырау заңы. Аллельді гендердің әрекеттесуі: толық және толымсыз. Доминанттылық белгілердің пайда болуы. Талдаушы шағылыстыру ұғымы мен оның практикалық маңызы. Жыныс генетикасы. Жынысты анықтаудың генетикалық механизмі. Жыныспен тіркесіп тұқымқуалау. Гемофилия және дальтонизм. Адам қан топтарының тұқымқуалау заңдылықтары. Резус-фактор. Адам генетикасы. Адамның тұқымқуалау белгілерін зерттеу әдістері. Адамның генетикалық ауруларының алдын алу. Адамның генеалогиялық шежіре ағашын құру. Модельдеу "Адамның генеалогиялық шежіре ағашын құру". Өнімділікті арттыратын заманауи ауыл шаруашылық технологиялары. Өнімділігі жоғары ауылшаруашылықты жүргізудің жаңа баламалы жолдары;

11) "Микробиология және биотехнология". Биотехнологиялық процестің жалпы сызбасы және биотехнологияда алынатын өнімдері (медицинада, өнеркәсіпте және ауыл шаруашылығында). Инсулин өндірісі;

12) "Көбею". Адамның жыныс жүйесінің құрылымы мен қызметі. Зертханалық жұмыс "Аталық және аналық гаметалардың құрылысын зерттеу". Екінші реттік жыныстық белгілер. Ұлдар мен қыздардың жыныстық жетілуі. Биологиялық және әлеуметтік жетілу. Менструалдық цикл. Менструалдық циклдағы эстроген мен прогестерон гормондарының маңызы. Контрацепция түрлері, олардың қолданылуы мен маңызы. Жыныстық жолмен берілетін аурулар: Жүре пайда болған иммундық дефицитінің синдромы (ЖИТС), сифилис, гонорея, гепатит В,С. Алдын алу шаралары;

13) "Өсу және даму". Құрсақта даму. Ұрықтық дамудың алғашқы кезеңдері. Ұрықтың қалыптасуы мен дамуы. Шылым шегу, есірткі мен ішімдіктің адам ұрығының дамуына тигізетін әсері;

14) "Эволюциялық даму". Эволюциялық ұғымдардың қалыптасуы және дамуы. Ч.Дарвиннің эволюциялық ілімінің негізгі қағидалары. Эволюцияның қазіргі заман теориясының пайда болуы. Эволюцияның қозғаушы күштері. Табиғи сұрыпталу нәтижесіндегі бейімделушілік. Эволюциялық процестегі өзгергіштіктің (мутациялық, комбинативтік) рөлі. Табиғи сұрыпталу, оның түрлері (қозғаушы және тұрақтандырушы). Тіршілік үшін күрес (түрішілік, тұраралық). Модельдеу "Бейімделгіштікті табиғи сұрыпталу нәтижесі ретінде зерттеу (көбелек)". "Түр" ұғымының анықтамасы. Түрдің құрылымы. Түр критерийлері. "Түр түзілу" ұғымы. Түр түзілудің тәсілдері мен механизмдері;

15) Жердегі тіршіліктің пайда болуы кезеңдері.

#### **4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі**

32. Бағдарламада, оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлімше ретін, төртінші сан оқыту

мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 6.2.1.4. кодында "6" - сынып, "2.1" - бөлімше, "4" - оқыту мақсатының реттік саны.

33. Оқыту мақсаттарының жүйесі бойынша күтілетін нәтижелер:

1) "Тірі ағзалардың көп түрлілігі, құрылымы мен қызметтері" бөлімі:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
1.1 Тірі ағзалардың көптүрлілігі	7.1.1.1 жүйелеудің маңызын түсіндіру; 7.1.1.2 жүйеленуде тірі ағзалардың орнын анықтау; 7.1.1.3 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың құрылысының айырмашылық белгілерін сипаттау; 7.1.1.4 жекелеген ағзаларға карапайым дихотомиялық кілттерді қолдану	8.1.1.1 балдырлар, мүктәрізділер, қырықжапырақ тәріздестер, ашықтұқымдылар ж ә н е жабықтұқымдылар мысалында өсімдіктердің ерекшеліктерін сипаттау; 8.1.1.2 саңырауқұ-лактардың ерекшелік белгілерін сипаттау 8.1.1.3 даражарнақты және қосжарнақты өсімдіктер кластарын негізгі белгілеріне қарай ажырату; 8.1.1.4 буынаяқтылар мен хордалы жануарлар кластарын ерекше белгілері бойынша тану	9.1.1.1 әртүрлі түрлерді сипаттауда бинарлы номенклатураны қолдану; 9.1.1.2 өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін ерекшелік белгілері бойынша танып білу (анықтағыш бойынша)	10.1.2.1 адамның ас қорыту жолдарындағы процестерді сипаттау;
		8.1.2.1 омыртқасыздар, күйіс қайыратын жануарлар мен адамның ас қорыту жүйесінің құрылысын салыстыру; 8.1.2.2 әртүрлі типті тістердің құрылысы мен қызметтері арасындағы байланысын және		

<p>1.2 Қоректену</p>	<p>7.1.2.1 жапырақтың ішкі құрылысын сипаттау және құрылысы мен оның қызметі арасындағы өзара байланысты түсіндіру; 7.1.2.2 фотосинтез процесі үшін қажетті жағдайларды зерттеу</p>	<p>тісті күту ережелерін сипаттау ; 8.1.2.3 адамның ас қорыту жүйесінің құрылысы мен қызметтері арасындағы өзара байланысты түсіндіру; 8.1.2.4 ас қорыту жолы ауруларының себептерін және астан улану белгілерін анықтау; 8.1.2.5 адам ағзасындағы дәрумендер-дің маңыздылығын сипаттау; 8.1.2.6 құрамында дәрумендердің маңызды мөлшері бар азық-түліктер тізімін жасау; 8.1.2.7 азық- түлік құрамындағы С дәруменін анықтау</p>	<p>9.1.2.1 адамның асқорыту жолдарындағы процестерді сипаттау; 9.1.2.2 ас қорыту процесіндегі органикалық заттар мен сәйкес ферменттердің арасындағы байланысты орнату</p>	<p>10.1.2.2 ас қорыту процесіндегі органикалық заттар мен сәйкес ферменттердің арасындағы байланысты орнату; 10.1.2.3 ферменттер әрекеттері механизмын сипаттау 10.1.2.4 ферменттер белсенділігіне ( температура, рН) түрлі жағдайлардың әсерін зерттеу 10.1.2.5 запыран әсерінен майлардың еру процессін зерттеу</p>
	<p>7.1.3.1 тірі ағзалардағы қоректік заттардың тасымалының маңызын түсіндіру;</p>	<p>8.1.3.1 қан құрамы мен қызметін сипаттау; 8.1.3.2 дайын микропрепараттар арқылы әртүрлі ағзалардың қан жасушаларының құрылыс ерекшеліктерін зерттеу, 8.1.3.3 лейкоциттердің түрлі типтерінің қызметтерін сипаттау; 8.1.3.4 гуморальдық және жасушалық иммунитетті салыстыру; 8.1.3.5</p>		



<p>1.3 Заттардың тасымалдануы</p>	<p>7.1.3.2 өсімдіктерде заттардың тасымалына қатысатын мүшелерді танып білу; 7.1.3.3 сабақ пен тамырдың ішкі құрылысын зерттеу; 7.1.3.4 сабақ және тамырдың құрылысы мен қызметтерінің өзара байланысын сипаттау; 7.1.3.5 ксилема мен флоэма элементтерінің құрылысын салыстыру; 7.1.3.6 жануарларда заттар тасымалына қатысатын мүшелерді танып білу</p>	<p>лимфа жүйелерін және қан, ұлпалық сұйықтық пен лимфа арасындағы өзара байланысты сипаттау; 8.1.3.6 аурулардың алдын алуындағы вакцинацияның ролін бағалау; 8.1.3.7 агглютинация және резус-конфликт механизмдерін түсіндіру; 8.1.3.8 жануарлардың жүрегінің құрылысы мен қантамыр жүйелерінің маңызын сипаттау; 8.1.3.9 қантамыр қабырғасының құрылысы мен олардың қызметі арасындағы байланысты орнату; 8.1.3.10 ануарлардың қантамырлар жүйесінің түрлерін сипаттау; 8.1.3.11 д е н е жаттығуларының жүрек жұмысына әсерін зерттеу; 8.1.3.12 қантамыр жүйесі мүшелерінің ауруларының себептері мен ауру белгілерін сипаттау</p>	<p>9.1.3.1 активті және пассивті тасымалдарды салыстыру; 9.1.3.2 сыртқы факторлардың флоэма арқылы заттардың тасымалдануына әсерін зерттеу</p>	<p>10.1.3.1 өсімдіктердегі транспирация процесінің мәнін түсіндіру; 10.1.3.2 ішкі және сыртқы факторлардың транспирацияға әсерін зерттеу</p>
	<p>7.1.4.1 тірі ағзалар үшін тыныс алудың маңызын сипаттау; 7.1.4.2 анаэробты және аэробты тыныс алу типтерін ажырату;</p>	<p>8.1.4.1 өкпе мен ұлпадағы газ алмасу</p>		<p>9.1.4.1</p>

1.4 Тыныс алу	<p>7.1.4.3 өсімдіктердің тыныс алу процесін зерттеу;</p> <p>7.1.4.4 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүшелерін салыстыру;</p> <p>7.1.4.5 адамның тыныс алу мүшелері құрылысының ерекшеліктерін танып білу;</p> <p>7.1.4.6 тыныс алу мүшелерінің ауыруларының себептері мен олардың алдын алу жолдарын түсіндіру</p>	<p>механизмдерін сипаттау;</p> <p>8.1.4.2 тыныс алу және тыныс шығару механизмін түсіндіру;</p> <p>8.1.4.3 өкпенің тіршілік сыйымдылығын анықтау және қалыпты жағдайдағы және дененің физикалық жүктемесі кезіндегі тыныс алудың минуттық көлемін анықтау</p>	<p>9.1.4.1 аэробты тыныс алу мен анаэробты тыныс алу арасындағы айырмашылықты түсіну;</p> <p>9.1.4.2 глюкозаның ыдырау түрі мен жасушада алынатын энергия мөлшері арасындағы байланысты анықтау</p>	<p>тыныс алу реакциясының химиялық теңдеуін пайдалана отырып, анаэробты және аэробты тыныс алуды салыстыру, 9.1.4.2 бұлшықет қажуы және аэробты, анаэробты тыныс алу процестері арасындағы байланысты қарастыру</p>
1.5 Бөліп шығару	<p>7.1.5.1 ағзалардың тіршілік әрекетіндегі бөліп шығарудың маңызын сипаттау;</p> <p>7.1.5.2 өсімдіктердегі бөліп шығару ерекшеліктерін зерттеу;</p> <p>7.1.5.3 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың бөліп шығару жүйелерінің құрылысын салыстыру</p>	<p>8.1.5.1 адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы мен қызметтерін сипаттау;</p> <p>8.1.5.2 бүйректің құрылымдық бөліктерін танып білу;</p> <p>8.1.5.3 терінің құрылысы мен оның бөліп шығарудағы маңызын сипаттау;</p> <p>8.1.5.4 тері ауруларын және оның алдын алу шараларын түсіндіру</p>	<p>9.1.5.1 нефронның құрылысы мен қызметін сипаттау;</p> <p>9.1.5.2 фильтрация және несептің түзілуі процестерін сипаттау;</p> <p>9.1.5.3 үйректің жұмысына әсер ететін факторларды сипаттау</p> <p>9.1.5.4 зәр шығару жүйесі, бүйрек ауруларының алдын алу шараларын түсіндіру</p>	<p>10.1.5.1 әртүрлі ағзалардың мекен ету ортасы мен зат алмасуларының соңғы өнімдері арасындағы байланысты орнату</p>
	<p>7.1.6.1 өсімдіктердің</p>		<p>9.1.6.1 тірек-қимыл жүйесінің қызметтерін сипаттау;</p> <p>9.1.6.2 сүйектің химиялық құрамын, макро және микроскопиялық құрылысын зерттеу;</p>	

1.6 Қозғалыс	<p>қозғалу себептерін түсіндіріп, қозғалыстың маңызын сипаттау (тропизмдер, таксистер);</p> <p>7.1.6.2 жарықтың өсімдіктердің өсуі мен дамуына әсерін түсіндіру;</p> <p>7.1.6.3 өсімдіктердегі фотопериодизм ролін сипаттау;</p> <p>7.1.6.4 омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың қозғалыс мүшелерін салыстыру</p>	<p>8.1.6.1 адам қаңқасының құрылысын білу;</p> <p>8.1.6.2 сүйектердің құрылысы мен химиялық құрамын білу;</p> <p>8.1.6.3 буындардың құрылысы мен қызметін білу;</p> <p>8.1.6.4 сымбаттың бұзылуының себепін түсіну</p>	<p>9.1.6.3 сүйектердің байланыс түрлерін салыстыру;</p> <p>9.1.6.4 буынның әр түрлі типтерінің құрылысы мен олардың қызметтері арасындағы байланысты орнату;</p> <p>9.1.6.5 бұлшық ет ұлпасының қызметтері түрлері мен олардың қызметтерін сипаттау;</p> <p>9.1.6.6 адам бұлшық еттерінің құрылысы мен бұлшықет топтарын оқып тану ;</p> <p>9.1.6.7 гиподинамия салдарын атау;</p> <p>9.1.6.8 сымбаттың бұзылуы және жалпақ жалпақтабандылықтың пайда болу себептерін анықтау</p>	<p>10.1.6.1 қол бұлшық еттерінің максимальды жұмыс күшін және күшке төзімділігін зерттеу;</p> <p>10.1.6.2 бұлшық еттің жиырылу жиілігіне бұлшықет жұмысының тәуелділігін зерттеу</p>
	<p>7.1.7.1 жануарлардың жүйке жүйесінің типтерін салыстыру ;</p> <p>7.1.7.2 жүйке жүйесінің қызметі мен құрылымдық компоненттерін атау;</p> <p>7.1.7.3 жүйке жасушасының құрылымдық бөліктерін анықтау</p> <p>7.1.7.4 орталық жүйке жүйесі бөлімдерінің құрылысы мен қызметін салыстыру ;</p> <p>7.1.7.5 рефлекстік доғаны зерттеу;</p>	<p>8.1.7.1 көру мүшелерінің құрылысын білу;</p> <p>8.1.7.2 көру гигиенасының маңыздылығын түсіну;</p> <p>8.1.7.3</p>	<p>9.1.7.1 көруді қабылдау ерекшеліктерін зерттеу және көру гигиенасы ережелерін сипаттау ;</p> <p>9.1.7.2 дыбысты қабылдау ерекшеліктерін зерттеу және есту мүшелерінің гигиенасы ережелерін сипаттау ;</p> <p>9.1.7.3 көру және есту рецепторларының</p>	<p>10.1.7.1 жүйке жасушасының құрылысы мен қызметі арасында байланыс орнату;</p> <p>10.1.7.2 жүйке ұлпалары мен оның құрылымдық бөліктерінің қызметтерін талдау;</p> <p>10.1.7.3 жүйке импульстарының</p>

1.7 Үйлесім және реттелу	7.1.7.6 мінез-құлықтың рефлекторлық табиғатын түсіндіру; ; 7.1.7.7 вегетативті жүйке жүйесінің қызметін сипаттау; 7.1.7.8 ағзаның тіршілік әрекетін қалпына келтіру және тынығуы үшін ұйқының маңызын түсіндіру; 7.1.7.9 жақсы психикалық денсаулықты сақтаудың принциптерін сипаттау; 7.1.7.10 жүйке жүйесінің қызметіне алкоголь, шылым және есірткілік заттардың әсерін түсіндіру	есту органының құрылысын білу; 8.1.7.4 есту гигиенасының маңыздылығын түсіну; 8.1.7.5 эндокриндік бездердің қызметін, олармен байланысты ауруларды білу	құрылымы мен қызметін сәйкестендіру; 9.1.7.4 эндокикринді, экзокринді және аралас бездердің орналасқан жерлерін анықтау; 9.1.7.5 бездердің негізгі қызметтерін түсіндіру; 9.1.7.6 эндокриндік бездер қызметінің бұзылуынан туындаған ауруларды атау; 9.1.7.7 терінің сезімталдығын зерттеу; 9.1.7.8 жылықанды жануарлардың дене температураны сақтаудағы терінің ролін сипаттау	туындауы мен өтуін сипаттау; 10.1.7.4 нейро-гуморальді реттелу механизмін түсіндіру; 10.1.7.5 ағзаның ішкі ортасының тұрақтылығын ұстаудағы гомеостазды сақтаудың механизмін түсіндіру; 10.1.7.6 өсімдіктердің өсуі мен дамуына әсер ететін заттардың әрекетін талдау
--------------------------	---	---	--	--

2) "Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық даму" бөлімі:

2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
2.1 Көбею	7.2.1.1 өсімдіктер мен жануарлардың көбею тәсілдерін білу	8.2.1.1 өсімдіктердің жыныссыз және жынысты көбеюін сипаттау; 8.2.1.2 өсімдіктердің өсімді көбею тәсілдерін салыстыру; 8.2.1.3 аяқас тозаңдану мен өздігінен тозаңданудың салыстырмалы артықшылықтарын сипаттау; 8.2.1.4	9.2.1.1 жануарлардың көбею тәсілдерін салыстыру; 9.2.1.2 мүктер мен қырықжапырақтардың мысалында жынысты және жыныссыз ұрпақтарының ерекшеліктерін түсіндіру; 9.2.1.3 ашық тұқымды және жабық тұқымды	10.2.1.1 адамның жыныс жүйесінің құрылысын сипаттау; 10.2.1.2 аталық және аналық жыныс жасушаларының құрылыс ерекшеліктерін зерттеу; 10.2.1.3 жыныстық жетілу кезеңіндегі екінші реттік жыныстық белгілердің дамуын сипаттау; 10.2.1.4 менструалдық цикл мен эстроген және прогестеронның маңызын сипаттау;

		гүл өсімдіктерінің қосарлы ұрықтануының мағынасын сипаттау	өсімдіктердің тіршілік циклінің ерекшеліктерін түсіндіру	10.2.1.5 контрацепция-ның маңызы мен түрлерін түсіндіру; 10.2.1.6 жыныстық жолмен таралатын аурулардың салдары мен алдын алу шараларын түсіндіру
2.2 Жасушалық айналым	7.2.2.1 әртүрлі ағзалар түрлеріндегі хромосомалардың санын салыстыру; 7.2.2.2 сомалық және жыныс жасушаларындағы хромосомалар сандарын атау	8.2.2.1 тірі ағзалардың өсуі мен дамуы үшін митоз бен мейоздың маңызын түсіндіру	9.2.2.1 әртүрлі ағзалар түрлеріндегі хромосомалардың санын салыстыру; 9.2.2.2 сомалық және жыныс жасушаларындағы хромосомалар сандарын ажырату; 9.2.2.3 хромосома және хроматин ұғымдарының айырмашылығын білу	10.2.2.1 жасушалық айналымның интерфаза кезеңіндегі жүретін процестерді түсіндіру; 10.2.2.2 митоздың кезеңдерін сипаттау; 10.2.2.3 мейоз кезеңдерін сипаттау; 10.2.2.4 митоз бен мейоз процесін салыстыру
2.3 Өсу және даму	7.2.3.1 ағзадардың өсу мен даму процестерін сипаттау; 7.2.3.2 өсімдіктердің ұзарып және жуандап өсу процесін зерттеу; 7.2.3.3 өсімдіктер мен жануарлардың онтогенез кезеңдерін ажырату	8.2.3.1 ағзадардың өсу мен даму процестерін салыстыру; 8.2.3.2 жәндіктердің өсу және даму процестерін зерттеу; 8.2.3.3 өсімдіктер мен жануарлардың онтогенез кезеңдерін зерделеу; 8.2.3.4 жануарлардың онтогенезіндегі тура және түрленіп даму типтерін салыстыру	9.2.3.1 эмбрионалдық даму кезеңдерін сипаттау; 9.2.3.2 әр түрлі ұрық жапырақшаларынан қалыптасқан мүшелер мен ұлпалар дифференциасын сипаттау	10.2.3.1 ұрықтың дамуындағы плацентаның маңызын түсіндіру; 10.2.3.2 ұрық пен эмбрионның дамуын салыстыру; 10.2.3.3 адам ұрығының дамуына шылым шегу, алкоголь мен басқа есірткілер әсерінің салдарын түсіндіру
				10.2.4.1 генетиканың дамуымен қалыптасуындағы Мендель зерттеулерінің рөлін бағалау; 10.2.4.2 моногибридті будандастырудың

<p>2.4 Тұқым қуалаушы-лық пен өзгергіштік заңдылық-тары</p>	<p>7.2.4.1 тұқымқуалаушылық , өзгергіштік, ДНК ұғымдарын білу; 7.2.4.2 ДНК маңызы мен қызметін түсіну; 7.2.4.3 ген, хромосома түсініктерін білу; 7.2.4.4 тұқым қуалайтын және тұқым қуаламайтын белгілерді, мутациялар мен модификацияларды білу 7.2.4.5 соматикалық және жыныс жасушаларындағы хромосомалар жиынтығының айырмашылығын түсіну</p>	<p>8.2.4.1 адам ағзасындағы тұқым қуалайтын және тұқым қуаламайтын белгілерді зерттеу; 8.2.4.2 үздік және үздіксіз өзгергіштікке мысал келтіру; 8.2.4.3 белгілерді анықтаудағы гендердің рөлін түсіндіру; 8.2.4.4 хромосомадағы генетикалық акпарат ДНК-ның маңызын түсіндіру</p>	<p>9.2.4.1 тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің эволюциядағы рөлін дәйектеу; 9.2.4.2 ағзалар селекциясы үшін қолдан сұрыптаудың маңызын сипаттау; 9.2.4.3 мәдени өсімдіктер мен үй жануарларының шығу тегінің орталықтарын оқып білу; 9.2.4.4 маңызды мәдени өсімдіктер іріктемелері мен үй жануарлары қолтұқымын сипаттау</p>	<p>цитологиялық негіздерін тұжырымдау және моногибридті будандастыруға есептер шығару; 10.2.4.3 дигибридті будандастырудың цитологиялық негіздерін негіздерін дәлелдеу және есептер шығару; 10.2.4.4 толық және толымсыз доминатты-лықты салыстыру; 10.2.4.5 талдаушы шағылыстырудың маңыздылығын бағалау; 10.2.4.6 жынысты анықтау теориясын сипаттау; 10.2.4.7 жынысты анықтау кезінде хромосомалардың рөлін түсіндіретін сызба жасау; 10.2.4.8 адамның қан тобының тұқымқуала-уын және қан топтарын анықтау механизмін түсіндіру; 10.2.4.9 адам генетикасын зерттеудің негізгі әдістерін сипаттау; 10.2.4.10 шежіре сызбасын құру; 10.2.4.11 мәдени өсімдіктердің өнімділігін арттыру үшін заманауи ауылшаруашылық технологиялардың қолданылуын зерттеу</p> <p>9.2.5.1 К.Линней мен Ж.Б.Ламарк</p>
---	---	---	--	---

2.5 Эволюциялық даму мен селекция негіздері	7.2.5.1 жыныссыз және жыныстық көбеюдің биологиялық маңызын білу; 7.2.5.2 белгілерді анықтаудағы гендердің рөлін білу	8.2.5.1 түр ұғымын білу; 8.2.5.2 табиғи сұрыптауды, жасанды сұрыптауды түсіну; 8.2.5.3 Ч.Дарвиннің саяхаты туралы білу	9.2.5.1. түрлердің пайда болу жағдайларын түсіну; 9.2.5.2 эволюция ұғымын, эволюцияның қозғаушы күштерін білу; 9.2.5.3 табиғи сұрыптау мен жасанды сұрыптауды ажырату және мысалдар келтіру	еңбектері-нің негізгі қағидаларын оқып зерттеу; 9.2.5.2 эволюциялық ілімнің қалыптасуындағы Ч.Дарвин еңбектері-нің рөлін түсіндіру; 9.2.5.3 эволюцияның қозғаушы күштерін сипаттау; 9.2.5.4 ағзалардың бейімделушілігіндегі табиғи сұрыпталудың рөлін сипаттау; 9.2.5.5 түрдің құрылымы мен критерийлерін сипаттау; 9.2.5.6 түр түзілу процесін түсіндіру; 9.2.5.7 Жердегі тіршіліктің дамуының негізгі кезеңдерін оқып білу
---	--	--	---	--

### 3) "Ағзалар мен қоршаған орта" бөлімі:

#### 3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
3.1 Биосфера, экожүйе, популяция	7.3.1.1 жергілікті жер экожүйесі қоршаған орта факторларының тірі ағзаларының тіршілік әрекеті мен таралуына әсерін зерттеу; 7.3.1.2 табиғи қоректік тізбектерді салыстыру; 7.3.1.3 қоректік тізбекті және қоректік торларды құру;	8.3.1.1 экожүйелердің жалпы құрылымының сызбасын жасау; 8.3.1.2 су және құрлық экожүйелерін салыстыру; 8.3.1.3 популяцияның негізгі қасиеттерін	9.3.1.1 ағзалардың түрлі тірі қалу тәсілдерін зерттеу; 9.3.1.2 жыртқыш-құрбан қарым-қатынасы мысалында популяция санының өзгеру себептерін орнату; 9.3.1.3 тірі ағзалардың өзара қарым-қатынас түрлерін сипаттау; 9.3.1.4 тірі ағзалардың қоршаған ортаның	10.3.1.1 популяция өсімінің экспоненциалдық және сигмоидтік үлгілерінің қисық сызықтарының графиктерін талдау; 10.3.1.2 энергия ағымының тиімділігін есептеу; 10.3.1.3 энергия, биомасса және сандар пирамидаларын салыстыру; 10.3.1.4

	7.3.1.4 экологиялық сукцессия процесін сипаттау	және құрылымдық ерекшеліктерін сипаттау	өзгермелі жағдай-ларына бейімделу механизмдерін түсіндіру	азот пен көміртек айналымының табиғаттағы сызбасын құру
3.2 Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері	7.3.2.1 адам мен экожүйе арасындағы қарым-қатынастарды сипаттау; 7.3.2.2 экожүйеге жағымсыз әсер ететін адам тіршілігінің шаруашылық салаларынан мысалдар келтіру; 7.3.2.3 Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың өсімдіктері мен жануарларын сипаттау; 7.3.2.4 Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жергілікті өңірдің жануарлары мен өсімдіктеріне мысал келтіру	8.3.2.1 адамның табиғаттағы рөлін түсіну; 8.3.2.2 Қазақстанның экологиялық мәселелерін білу мен түсіну және оларды шешу жолдарын ұсыну	9.3.2.1 биологиялық әртүрлілікті сақтаудың және қолдауды қажеттіктің себептерін негіздеу; 9.3.2.2 Дүниежүзілік Тұқым қорының маңызын бағалау; 9.3.2.3 Қазақстан аумағындағы экологиялық проблемалардың туындау себептері мен оларды шешу жолдарын түсіндіру	10.3.2.1 пайдалы қазбалар өндірудің және қайта өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру; 10.3.2.2 пестицидтерді пайдаланудың, қоршаған ортаға мен адам денсаулығы әсерін түсіндіру; 10.3.2.3 жылыжай эффектісінің тірі ағзаларға әсерін түсіндіру; 10.3.2.4 озон қабатының бұзылуының себептері мен салдарын түсіндіру

#### 4) "Қолданбалы кіріктірілген ғылымдар" бөлімі:

#### 4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
4.1 Молекулалық биология мен биохимия	7.4.1.1 судың қасиеті мен тірі ағзалар тіршілігі үшін маңызын сипаттау; 7.4.1.2 тірі ағзалар тіршілік әрекеті үшін микро-және макроэлементтердің рөлін сипаттау; 7.4.1.3 азық-түліктер құрамындағы	8.4.1.1 биологиялық мысалдарды пайдаланып полимерлер мен мономерлер арасындағы айырмашылықты сипаттау; 8.4.1.2 көмірсулар мен липидтердің биологиялық қызметтерін сипаттау; 8.4.1.3 нәруыздардың қасиеттері мен	9.4.1.1 биологиялық мысалдарды пайдаланып полимерлер мен мономерлер арасындағы айырмашылықты сипаттау; 9.4.1.2 көмірсулар мен липидтердің биологиялық қызметтерін сипаттау; 9.4.1.3 нәруыздардың қасиеттері мен биологиялық	10.4.1.1 ферменттің әрекет ету механизмін сипаттау; 10.4.1.2 дезоксирибонуклеин қышқылы молекуласының қос шийршықты құрылымын сипаттау; 10.4.1.3 дезоксирибонуклеин қышқылының молекуласын



	нәруыз, май, көмірсулардың бар болуын дәлелдеу; 7.4.1.4 минералды тыңайтқыштардағы азот, калий және фосфордың өсімдіктер үшін маңызын зерделеу	биологиялық қызметтерін сипаттау; 8.4.1.4 азық-түліктер құрамындағы нәруыз, май, көмірсулардың бар болуын дәлелдеу;	қызметтерін сипаттау; 9.4.1.4 өсімдіктерге арналған минералды тыңайтқыштардағы азоттың, калийдің және фосфордың маңызын дәлелдеу	құрылымдық қағидалары негізінде үлгілеу; 10.4.1.4 нәруыз молекуласын үлгілеу
4.2 Жасушалық биология	7.4.2.1 жасуша, ұлпа, мүше, мүшелер жүйесі құрылысын білу; 7.4.2.2 жануарлар және өсімдіктер жасушаларын ажырату	8.4.2.1 өсімдік және жануар ұлпаларын жіктеу; 8.4.2.2 прокариот және эукариот жасушаларының құрылысын салыстыру	9.4.2.1 жасуша органоидтарының қызметін түсіндіру; 9.4.2.2 жасушаның сызықтық ұлғаюын есептеу	10.4.2.1 өсімдік және жануар жасушаларының негізгі бөліктерінің құрылысы мен қызметін түсіндіру; 10.4.2.2 микрофотографияны қолданып жасушаның сызықтық ұлғаюын есептеу
4.3 Микробиология және биотехнология	7.4.3.1 бактериялар формаларының әртүрлілігін сипаттау; 7.4.3.2 ірімшік және йогурт өндірісін зерттеу; 7.4.3.3 антибиотиктер, антисептиктер мен залалсыздандыру өнімдерінің қолданылуын сипаттау; 7.4.3.4 вирустардың тіршіліктің жасушасыз формасы екендігін түсіндіру	8.4.3.1 қарапайымдылар, бактериялар, саңырауқұлақтар, вирустармен туындайтын аурулардың ерекшеліктері мен алдын алу шараларын сипаттау	9.4.3.1 қойларды клондау әдісін зерделеу; 9.4.3.2 дәрі-дәрмектер мен басқа да өнімдерді алу үшін биотехнологияның маңызын түсіну	10.4.3.1 инсулин өндіру мысалында биотехнологиялық процестің жалпы сызбасын сипаттау; 10.4.3.2 биотехнологияда өндірілетін өнімдерге мысал келтіру
4.4 Биофизика	7.4.4.1 буынаяқтылардың, құрттардың, моллюскалардың қозғалысын зерделеу	8.4.4.1 тік жүруге байланысты адам қозғалуының биомеханикалық ерекшеліктерін зерттеу	9.4.4.1 негізгі бұлшық еттердің, қол қимылдарының жұмысын зерттеу; 9.4.4.2 статикалық және динамикалық жұмыс кезіндегі бұлшық еттердің шаршау процесін сипаттау	10.4.4.1 тірі ағзалардағы электрлі процестерді түсіндіру; 10.4.4.2 "компьютер-ми" интерфейс технологиясының ерекшеліктерін түсіндіру

34. Бағдарлама есту қабілеті зақымдалған (нашар еститін, кейін естімей қалған) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Биология" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

35. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Есту қабілеті зақымдалған  
(нашар еститін, кейін естімей  
қалған) білім алушыларға  
арналған негізгі орта білім беру  
деңгейінің 7-10 сыныптары  
үшін "Биология" пәнінен  
жаңартылған мазмұндағы  
Үлгілік оқу бағдарламасына  
қосымша

**Есту қабілеті зақымдалған (нашар еститін, кейін естімей қалған) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Биология" пәнінен жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

1) 7-сынып:

1-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
	<ul style="list-style-type: none"> <li>● Механикалық жұмыс және энергия</li> </ul>	9.2.3.5 механикалық жұмысты аналитикалық және графикалық тәсілдермен анықтау; 9.2.3.6 жұмыс пен энергияның байланысын түсіндіру
	<ul style="list-style-type: none"> <li>● Энергияның сақталу және айналу заңы</li> </ul>	9.2.3.7 энергияның сақталу заңын тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану
Тербелістер және толқындар	Тербелмелі қозғалыс	9.2.5.1 еркін және еріксіз тербелістерге мысалдар келтіру; 9.2.5.2 эксперименттік әдіспен амплитуда, период, жиілікті анықтау;
	<ul style="list-style-type: none"> <li>● Тербелістер кезіндегі энергияның түрленуі.</li> <li>● Тербелмелі қозғалыстың теңдеуі</li> </ul>	9.2.5.3 тербелмелі процесте энергияның сақталуын көрсету;
	<ul style="list-style-type: none"> <li>● Математикалық және серіппелі маятниктердің тербелістері</li> </ul>	9.2.5.4 әртүрлі тербелмелі жүйедегі тербелістің пайда болу себептерін түсіндіру;
	Еркін және еріксіз тербелістер, резонанс	9.2.5.5 резонанс құбылысын сипаттау
	<ul style="list-style-type: none"> <li>● Толқындық қозғалыс</li> </ul>	9.2.5.6 толқын жылдамдығы, жиілігі және толқын ұзындығы формулаларын есеп шығаруда қолдану; 9.2.5.7 көлденең және бойлық толқындарды салыстыру
	Дыбыс, дыбыстың сипаттамалары, акустикалық резонанс, жаңғырық	9.2.5.8 дыбыстың пайда болу және таралу шарттарын атау; 9.2.5.9 табиғатта және техникада ультрадыбыс пен инфрадыбысты қолдануға мысалдар келтіру
4-тоқсан		
	Жарық кванттары туралы Планк гипотезасы	9.6.1.1 Планк формуласын есептер шығаруда қолдану
		9.6.1.2 фотоэффект құбылысын сипаттау және фотоэффект



Атом құрылысы. Атомдық құбылыстар	Фотоэффект құбылысы	құбылысының техникада пайдаланылуына мысалдар келтіру; 9.6.1.3 фотоэффект үшін Эйнштейн формуласын есептер шығаруда қолдану;
	Радиоактивтілік. Радиоактивті сәулеленудің табиғаты	9.6.2.1 а, b және g - сәулеленудің табиғаты мен қасиеттерін түсіндіру
Атом ядросы	Ядролық өзара әрекеттесу, ядролық күштер. Массалар ақауы, атом ядросының байланыс энергиясы	9.6.1.4 ядролық күштердің қасиеттерін сипаттау; 9.6.1.5 атом ядросының байланыс энергиясы формуласын есептер шығаруда қолдану
	Ядролық реакциялар. Радиоактивті ыдырау заңы	9.6.2.2 радиоактивті ыдыраудың ықтималдық сипатын түсіндіру; 9.6.2.3 радиоактивті ыдырау заңын есеп шығаруда қолдану
	Ауыр ядролардың бөлінуі, тізбекті ядролық реакция. Ядролық реакторлар	9.6.2.4 тізбекті ядролық реакциялардың өту шарттарын сипаттау; 9.6.2.5 ядролық реактордың жұмыс істеу принципін сипаттау
	Элементар бөлшектер	9. 6.3.1 элементар бөлшектерді жіктеу
Әлемнің қазіргі физикалық бейнесі	Физика және астрономияның дүниетанымдық маңызы	9.8.1.1 адамның дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына физика және астрономияның дамуының ықпалын түсіндіру;

#### 4) 10-сынып:

#### 4-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің/ тақырыптық мазмұны	Оқыту мақсаттары
1 – тоқсан		
Механика	Ньютон механика заңдары және оны қолдану шектері. Нүкте мен дененің қозғалысы. Нүктенің кеңістіктегі орны. Кіріс диагностикалық тест сынағы	10.1.1.1 классикалық механиканың қолданылу шегін білу;
	Векторлық шамалар. Вектордың осьтеріне түсірілген проекциялары	10.1.2.1 денелер мен қозғалыстардың негізгі модельдерін көрсете білу; 10.1.2.2 физикалық өлшеулерді білу
	Түзусызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі жылдамдық. Түзу сызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі теңдеулер	10.1.1.2 маңызды кинематикалық сипаттамалар - орын ауыстыру, жылдамдық, үдеуді білу

Динамика негіздері	Инерциялық санақ жүйесі. Ньютонның бірінші заңы. Күш. Ньютонның екінші заңы. Масса және күш бірліктері	10.2.2.2 Ньютонның бірінші, екінші, үшінші механика заңын тұжырымдау;
2 – тоқсан		
Динамика негіздері	Үйкеліс күші	10.2.2.1 күштер мен күштерді қосуды білу;
	Күш жұмысы. Қуат. Энергия. Кинетикалық энергия және оның айналуы	10.2.2.5 тепе-теңдік шарттарын білу. Күш моменті.
	Ауырлық күш жұмысы. Серпімділік күш жұмысы Потенциалдық энергия	10.2.2.6 гравитациялық өрісте дененің қозғалысын білу;
	Денелердің ауырлық күшінің әрекетінен қозғалуы Жердің жасанды серіктерінің қозғалысы БЖБ 3	10.2.2.4 қатты дене мен материялық нүкте тепе-теңдігін білу
3 – тоқсан		
Сақталу заңдары	Механикалық энергияның сақталу заңдары	10.2.3.1 энергияның сақталу заңын есептер шығаруда қолдану
	Тақырып бойынша есептер шығару: "Сақталу заңдары"	10.2.4.1 табиғаттағы және техникадағы реактивті қозғалысқа мысалдар келтіру; 10.2.4.2 Байқоңыр ғарыш айлағының аймақтық және халықаралық маңыздылығына баға беру;
Молекулалық физика МКТ-ғы идеал газ. Газдардың МКТ негізгі теңдеуі	МКТ-ғы идеал газ. Газдардың МКТ негізгі теңдеуі	10.3.1.1 молекула-кинетикалық теория негізінде заттың сұйық күйден газ күйіне және кері айналуын сипаттау;
	Температура. Аралық диагностикалық тест	10.3.1.2 температураның мәндерін әр түрлі шкала (Цельсий, Кельвин) бойынша өрнектеу; 10.3.1.3 қайнау температурасының сыртқы қысымға тәуелділігін түсіндіру;
	Идеал газ күйінің теңдеуі	10.3.1.4 молекулалы-кинетикалық теорияның негізгі қағидаларын дәлелдейтін мысалдар келтіру және тәжірибені сипаттау
	Тақырып бойынша сынақ: "МКТ негізгі теңдеу". Газдардағы изопроцестер.	10.3.1.5 молекула-кинетикалық теория негізінде заттың сұйық күйден газ күйіне және кері айналуын сипаттау
4 – тоқсан		

Термодинамика	Кристалл және аморф денелер.	10.3.2.1 балқу және кристалдану кезіндегі температураның уақытқа тәуелділік графигін талдау;
	Термодинамика іргелі физикалық теория ретінде. Дененің ішкі энергиясы	10.3.2.2 термодинамиканың бірінші заңының мағынасын түсіндіру;
	Термодинамикалық жұмыс. Жұмыс және ішкі энергиясының формуласын есептер шығаруда қолдану	10.3.2.3 дененің ішкі энергиясын өзгерту тәсілдерін сипаттау; 10.3.2.6 термодинамиканың екінші заңының мағынасын түсіндіру;
	Жылу мөлшері. Тақырып бойынша есептер шығару: "Жылу мөлшері".	10.3.2.4 су буының мысалы негізінде қанығу күйін сипаттау; 10.3.2.5 меншікті булану жылуын анықтау
Электродинамика негіздері	Электр заряды және элементар бөлшектер. Электр зарядының сақталу заңы	10.4.1.1 электр зарядын сипаттау;
	Кулон заңы. Тақырып бойынша есептер шығару: "Кулон заңы" Электростатикалық өрістегі өткізгіштер мен диэлектриктер. Электростатикалық өрістегі зарядталған дененің потенциалдық энергиясы. Потенциал электр қозғаушы күші ЭҚК. Толық тізбек үшін Ом заңы. Тұрақты электр тогының жұмысы мен қуаты Потенциал. Электростатикалық өріс кернеулігі мен кернеудің байланысы. Тақырып бойынша есептер шығару: "Тұрақты электр тогы заңы", бақылау жұмысына дайындық	10.4.2.1 электр тогы, тізбек бөлігі үшін Ом заңын түсіндіру, электр тізбегіндегі ток күші мен кернеуді анықтау; 10.4.2.2 тізбек бөлігі үшін Ом заңын есептер шығаруда қолдану; 10.4.2.3 кедергінің физикалық мағынасын, оның өлшем бірлігін түсіндіру; 10.4.2.4 есеп шығаруғанда өткізгіштің меншікті кедергісін формуласын қолдану; 10.4.2.5 электр тогының жұмысы мен қуаты формулаларын есептер шығаруда қолдану; 10.4.2.6 Джоуль-Ленц заңын есептер шығару үшін қолдану; 10.4.2.7 эксперимент көмегімен электр тогының жұмысы мен қуатын анықтау 10.4.2.8 сұйықтардағы электр тогын сипаттау
	Вакуумдегі электр тогы. Сұйықтардағы электр тогы. Электролиз заңы. Электролиздің қолданылуы №5 БЖБ "Әртүрлі ортадағы электр тогы" бөлімі бойынша жиынтық бағалау	10.4.3.1 тогы бар түзу өткізгіштің және соленоидтің айналасында магнит өрісі сызықтарының бағытын анықтау; 10.4.3.2 жолақ магнит пен соленоидтың магнит өрістерін салыстыру; 10.4.3.3 электро магниттік индукция құбылысын түсіндіру
	Қайталау	

2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 123 бұйрығына  
15-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына  
652-қосымша

•

**Есту қабілеті зақымдалған (нашар еститін, кейін естімей қалған) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Химия" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Химия" пәнінен есту қабілеті зақымдалған (нашар еститін, кейін естімей қалған) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты – білім алушылардың дүниетанымын дамыту, әлемнің біртұтас ғылыми бейнесін қалыптастыру, танымдық қабілеттерін: есте сақтауын, зейінін, қиялын, зердесін дамыту.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) заттар мен олардың айналымы, заттар қасиеттерінің, олардың құрамы мен құрылысына тәуелділігін түсіндіретін заңдар мен теориялар туралы білім жүйесін қалыптастыру;

2) заттар және химиялық реакциялар туралы білімін өмірде пайдалану біліктерін дамыту;

3) логикалық ойлау негіздерін, химиялық терминдерді қолдана отырып диалог жүргізуді және өз ойын жеткізе білуді меңгеру;

4) алынған ақпаратты талдауға, синтездеуге, бағалауға, түсіндіруге бағытталған ойлау дағдыларын дамыту;

5) іздене, таныса, зерттей отырып оқу, алынған ақпаратты өңдеу дағдыларын дамыту;

6) заттардың құрамы, атомдар мен молекулалар құрылымы, химиялық реакция барысында заттардың қасиеттерінің өзгеруі туралы білім алушылардың түсінігін қалыптастыру;

7) химиялық реакциялар кезіндегі зат массасы мен энергия сақталу заңдарын қолдана алу;

8) химиялық реакцияларды жүргізу ережелерімен, өмір мен қоршаған орта қауіпсіздігі үшін техника қауіпсіздігі ережелерін сақтаумен таныстыру;

9) эксперименттерді жоспарлаудың ғылыми әдістерін пайдалану;

10) химиялық процестерді түсіндіру, ұғыну және болжау үшін химияның басты заңдылықтарын бағалау және қолдану үшін олармен таныстыру;

11) практикалық міндеттерді шешудің сәйкес әдістерін таңдау, алынған нәтижелерді бағалау және олардың сенімділігін нақтылау үшін нашар етитін білім алушылардың логикалық және сыни тұрғыдан ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

12) химияны оқыту үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану дағдыларын дамыту.

4. Түзете-дамыту міндеттері:

1) нашар еститіндердің сөйлеу тәжірибесін ұйымдастыру және олардың белсенді сөздік қорына жаңа химиялық ұғымдар мен терминдерді енгізу арқылы белсенді және енжар сөздігін кеңейту;

2) сөйлеу тілін өздігінен бақылау, сөйлеу тілінің белсенділігін дамыту, сөйлеу тілінің грамматикалық және фонетикалық құрылымын түзету, сабақта оқушылардың тілдік қарым-қатынасы үшін жағдай жасау, олардың сөйлеу тәжірибесін кеңейту;

3) қалдықтық есту қабілетін дамыту, оны ауызша және жазбаша байланыстырып сөйлеуін дамыту үшін пайдалана алу;

4) күнделікті өмірде сөйлеу тілін қолдану қажеттілігін қалыптастыру.

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

5. Химияны зерттей отырып, білім алушылар талдау, синтездеу, жіктеу, салыстыру, себеп-салдарлық байланыстар мен заңдылықтарды анықтауды үйренеді, қоршаған әлемдегі заттар мен құбылыстарды сипаттау үшін химиялық терминдерді игереді, эксперименттер жүргізеді, іс-әрекеттің жоспары мен тәсілдерін құрастырады.

6. Оқыту жеке тұлғаға бағытталған, сараланған, коммуникативтік, түзету-дамытушылық, әлеуметтік-бейімдеуші және ақпараттық технологиялар негізінде жүзеге асырылады.

7. Тұлғаға бағытталған тәсілге оқушының жеке басын үйлесімді қалыптастыру және жан-жақты дамыту, химия сабақтарында оның жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, шығармашылық қабілеттерін толық ашу, пәнге деген қызығушылығын дамыту, оның белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру жатады.

8. Іс-әрекеттік тәсілге білім алушылардың білімді дайын түрде алмай, өздігінен табуы жатады, химия сабақтарында ол практикалық дағдыларды игеру мен дамыту барысында жүзеге асырылады, мұнда оқытудың ең тиімді әдістері іздеу, зерттеу, болжау, талдау және жинақтау әдісі болып табылады, игерілетін материалды бірнеше рет бекітуден тұрады.

9. Коммуникативтік тәсіл білім алушылар мен педагог арасындағы вербальды және бейвербальды өзара әрекеттесу үдерісінде, сабақта жұптық және топтық жұмыс істеу кезінде білім, білік және дағдылармен алмасуды білдіреді.

10. Дифференцияланған тәсіл оқыту үдерісінде күрделілік деңгейі, танымдық қызығушылықтары, мұғалімнің көмегінің сипаты бойынша ерекшеленетін арнайы таңдалған және құрастырылған сараланған тапсырмаларды қолдануға негізделген, ол шағын топтық оқытуды қамтиды, сонда үш түрлі топша ажыратылады:

1) оқушылардың бірінші топшасы оқу материалын өз бетінше игере алады;

2) оқушылардың екінші топшасы материалды игере алады, бірақ мұғалімнің кішкене көмегімен, оны орындау кезінде аздаған дәлсіздіктер болуы мүмкін;

3) үшінші топшаның оқушылары материалды ішінара игереді, оны өз бетінше орындай алмайды және олар үшін түзету тапсырмалары мен көмекші кеңестер жазылған карточкалар жасалады.

11. Мультимедиялық ресурстар мен бұқаралық ақпарат құралдарын, интерактивті тақталар мен компьютерлерді пайдалану оқу процесін жаңғыртуға және жандандыруға, сондай-ақ білім алушы мен мұғалім арасындағы ынтымақтастық пен қарым-қатынасқа ықпал етеді.

12. Түзету-дамыту жұмысы шығармашылық әлеуеттің, танымдық мотивтердің өсуін, танымдық іс-әрекеттегі құрдастарымен және ересектермен өзара әрекеттесу формаларын байытуды қамтамасыз ететін білім беру үдерісінің мазмұны, ұйымдастырылуы, әр түрлі ұйымдастырушылық формаларында және нашар еститін, кейін естімей қалған әрбір білім алушының жеке дамуында көрініс табады.

13. Есту қабілетін түзету үшін дыбысталатын әлемді қабылдау мүмкіндіктерін қалыптастыру мен дамыту бойынша жүргізілетін жұмыстың арнайы әдістері қолданылады – тілдік емес дыбыстар мен сөйлеу тілінің дыбыстарын есту арқылы қабылдау, ауызша сөйлеу тілін, оның айтылу тарапын есту мен көру арқылы қабылдау, өзінің есту қабілетін күнделікті өмірде пайдалану білігін қалыптастыру, дыбыс күшейткіш аппаратураны дұрыс пайдалану, оның жай-күйін бақылап тұру, ыңғайсыздық туындаған жағдайда жедел түрде көмек сұрау.

14. Нашар еститіндердің материалды жақсы игеруі үшін оқулық мәтіндерінің құрылымын жеңілдетуге, зерттелетін материалдың көлемін азайтуға, көрнекі құралдарды, кестелерді, схемаларды, бейнематериалдарды арнайы іріктеуге, тест тапсырмаларына арналған сұрақтарды, тірек жазбаларды, сөздер жазылған тақтайшаларды жасауға болады.

15. Химияны оқытудың міндетті нәтижелерін жоспарлау мәліметтерді талдау сияқты ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын дамыту, ақпараттың шынайылығына дәлел келтіре білу, сөз, графика, таңбалар түріндегі визуальды ақпаратты ұсынуды қамтиды.

16. Сабақтарды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде теориялық материал модельдеу үдерісіндегі түсіну мен игеруді, практикалық мәселелерді шешуді қамтитынын, олар химияны оқытудың мақсаты да, құралы да екендігін есте ұстау қажет.

17. Химия пәнін оқыту биология, физика, жаратылыстану, география, математика, экология сияқты ғылымдармен пәнаралық байланыстарды кеңінен қолдануды қамтиды.

18. Химия бойынша көрнекі құралдарға қойылатын талаптар:

1) демонстрациялық модельдер: химиялық байланыстардың құрылу модельдері; молекулалардың шар-білікті модельдерін модельдеуге арналған жиынтық; электрондық бұлттар мен химиялық байланыстардың модельдері; оқушылар мен мұғалімдер үшін органикалық және бейорганикалық молекулалардың модельдері; p және d бұлттары мен химиялық байланыстардың модельдері; кристалдық торлардың модельдері: алмаз, графит, темір, су, мыс, магний, көмірқышқыл газы, натрий хлориді.

2) коллекциялар: алюминий, тас көмір және оны қайта өңдеу өнімдері, металдар, минералдар мен тау жыныстары, мұнай және оны қайта өңдеу өнімдері, шыны және шыныдан жасалған бұйымдар, шойын және болат, отын;

3) ұсынылатын жабдық: химия бойынша эксперименттерге арналған цифрлық интерактивті зертхана, зертханалық, практикалық жұмыстар мен демонстрацияларға арналған химиялық ыдыс жиынтығы, зертханалық, практикалық жұмыстар мен демонстрацияларға арналған химиялық реактивтер жиынтығы, зертханалық штативтер;

4) баспа құралдары: ғалым химиктер – портреттер, бейорганикалық химия бойынша кестелер мен транспаранттар – 7 – 9 сыныптар (және оларға қосымша үлестірме материал), органикалық химия бойынша кестелер мен транспаранттар – 10 сынып (және оларға қосымша үлестірме материал), "Қышқылдардың, негіздердің және тұздардың суда ерігіштігі" және "Д.И.Менделеевтің химиялық элементтер периодтық жүйесі", "Анықтамалық материалдар 1-4 бөлім" (үлестірме материал) кестелері, нұсқалар бойынша өзіндік және бақылау жұмыстарын жүргізуге арналған материалдар – 7-10 сыныптар;

5) сыныптар бойынша химиялық терминдер жиынтығы (сөздік жұмыс) 7-10 сыныптар;

6) 7-10 сынып тақырыптары бойынша "Демонстрациялық тәжірибелер" DVD дискілері;

7) "Қышқылдардың, негіздердің және тұздардың суда ерігіштігінің кестесі" және "Д.И.Менделеевтің химиялық элементтер периодтық жүйесі" стендтері.

### **3-тарау. "Химия" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

19. "Химия" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 7-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;

2) 8-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;

3) 9-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;

4) 10-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

20. Оқу пәнінің мазмұны бес бөлімді қамтиды:

1) Заттардың бөлшектері;

- 2) Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары;
- 3) Химиядағы энергетика;
- 4) Химия және қоршаған орта;
- 5) Химия және өмір.

21. "Заттардың бөлшектері" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) атомдар, иондар және молекулар;
- 2) атомның құрамы мен құрылысы;
  - 3) атомда электрондардың қозғалысы мен таралуы. Атомдардан иондардың құрылуы;
  - 4) химиялық байланыстардың түрлері.

22. "Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) периодтық заң мен химиялық элементтердің периодтық жүйесі;
- 2) химиялық реакциялардың жіктелуі;
- 3) зат массасының сақталу заңы;
- 4) металдардың электрохимиялық кернеу қатары.

23. "Химиядағы энергетика" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар;
- 2) химиялық реакциялардың жылдамдығы;
- 3) химиялық тепе-теңдік;
- 4) қышқылдар мен негіздер теориясы.

24. "Химия және қоршаған орта" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) заттардың жіктелуі;
- 2) Жер химиясы;
- 3) көміртек және оның қосылыстары химиясы.

25. "Химия және өмір" бөлімі бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды: 1) биохимия.

26. 7-сыныпқа арналған "Химия" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) "Химия пәні". Таза заттар және қоспалар. Химия – заттар туралы жаратылыстану ғылымдарының бір саласы, химияның дамуы мен маңызы; химия кабинетіндегі және зертханасындағы қауіпсіздік техникасының ережелері; таза заттар және олардың физикалық қасиеттері, біртекті және әртекті қоспалар, заттарды тазарту және бөлу тәсілдері; жәй және күрделі заттар; элемент және химиялық қосылыстар. № 1 практикалық жұмыс "Техника қауіпсіздігі ережелері және зертханалық құрал-жабдықтармен танысу". № 1 зертханалық тәжірибе "Заттарды және олардың қосылыстарын салыстыру". №2 зертханалық тәжірибе "Ластанған ас тұзын тазарту";

2) "Заттар күйінің өзгеруі". Физикалық және химиялық құбылыстар; химиялық реакция; заттың агрегаттық күйлері; қатты, сұйық, бөлшектердің кинетикалық теориясына сәйкес газтәріздес заттардың құрылымы; заттардың салқындау, қыздыру және булану үдерістері. № 3 зертханалық тәжірибе "Химиялық реакциялардың



белгілерін зерттеу". № 4 зертханалық тәжірибе "Аспирин немесе салолдың салқындау үдерісін зерттеу". № 5 зертханалық тәжірибе "Судың қайнау үдерісін зерттеу". №1 бақылау жұмысы;

3) "Атомдар. Молекулалар. Заттар". Атомдар мен молекулалар; атомдар мен молекулалардың айырмашылығы; химиялық элементтер; химиялық элементтердің символдары; элементтерді металдар мен бейметалдарға жіктеу; жай және күрделі заттар; атомның құрамы мен құрылысы; ядро, протон, нейтрон, электрон; изотоптар; элементті аталуы және фундаменталды бөлшектерінің саны бойынша сипаттау;

4) "Ауа. Жану реакциясы". Ауа және оның құрамы; атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың маңызы; жану үдерісі; заттың жану шарттары; тез тұтанатын, жанатын және жанбайтын заттар; отын, оттек, тұтану көзі; тұтану температурасы; металдар мен бейметалдардың жануы; жану реакциясының өнімдері. № 6 зертханалық тәжірибе "Балауыз шамның жануы". № 2 практикалық жұмыс/Көрсетілім "Күкірттің, фосфордың, темірдің ауада және оттегінде жануын салыстыру". № 2 бақылау жұмысы;

5) "Химиялық реакциялар". Табиғи қышқылдар мен сілтілер; "қышқылдық" және "сабынды" қасиеттері; индикаторлар, әмбебап индикатор, рН шкала метилоранж, лакмус, фенолфталеин; индикаторлардың түрлі орталардағы түстерінің өзгеруі; қышқылдар мен сілтілер; антацидті заттар; бейтараптану реакциясы; сұйылтылған қышқылдар; қышқылдардың қолданылу аймақтары; қышқылдармен жұмыс жүргізу ережелері; сұйылтылған қышқылдардың түрлі металдармен әрекеттесуі; сутекке сапалық реакция; карбонаттар; сұйылтылған қышқылдардың карбонаттармен әрекеттесуі; көмірқышқыл газына сапалық реакция. № 7 зертханалық тәжірибе "Ерітінділердің қышқылдық, негіздік ортасын анықтау". № 8 зертханалық тәжірибе "Хлорсутек қышқылының бейтараптану реакциясы". № 9 зертханалық тәжірибе "Мырыштың сұйылтылған тұз қышқылымен реакциясы". № 10 зертханалық жұмыс "Сутекке сапалық реакция". № 3 практикалық жұмыс "Сұйылтылған қышқылдар мен карбонаттардың әрекеттесуі. Көмірқышқыл газына сапалық реакция";

6) "Химиялық элементтердің периодтық кестесі". Химиялық элементтердің периодтық кестелерін құру тарихы; И. Дүберейнер, Дж. Ньюлендс, Д.И. Менделеевтің элементтерді жіктеуі; периодтық заң; периодтық кестенің құрылымы; периодтық кестенің құрылу принципі; атом нөмірі; ядро заряды; атомдағы элементтер бөлшектер;

7) "Салыстырмалы атомдық масса және қарапайым формулалар". Изотоптар қоспасы, табиғи изотоптар; салыстырмалы атомдық масса; салыстырмалы молекулалық /формулалық масса; химиялық формула; химиялық элементтердің валенттілігі, бинарлы қосылыстардың формулаларын құрастыру; қосылыстардағы атомдардың қатынастары. Есептеуге берілген есептер: салыстырмалы молекулалық массаны есептеу. № 3 бақылау жұмысы;

8) "Адам ағзасындағы химиялық элементтер". Қоректік заттар; адам ағзасындағы химиялық элементтер (O, C, H, N, Ca, P, K); химиялық элементтердің тірі және өлі

табиғаттағы таралуы; адам ағзасындағы микро-, макроэлементтердің биологиялық рөлі; тыныс алу үдерісі, тамақтану теңгерімі. № 4 практикалық жұмыс "Тағам құрамындағы қоректік заттарды анықтау". № 11 зертханалық тәжірибе "Тыныс алу үдерісін зерттеу".

27. 8-сыныпқа арналған "Химия" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) "Геологиялық химиялық қосылыстар". Пайдалы геологиялық химиялық қосылыстар, табиғи ресурстар; кен орны; кен; кеннің құрамы; минералдар; табиғи ресурстарды өндіру; металдарды алу; Қазақстанның пайдалы қазбалары; минералдарды өндірудің экологиялық аспектілері. № 4 бақылау жұмысы;

2) "Атомдардағы электрондардың қозғалысы". Атомдардағы электрондардың орналасуы; энергетикалық деңгейлер; s және p орбитальдарының пішіндері; электрондық конфигурация; электронды-графикалық формула; ион; иондардың түзілуі; "нольдiк қосынды" әдісімен қосылыстардың формулаларын құрастыру. №1 зертханалық тәжірибе "Атомдардың модельдерін жасау";

3) "Заттардың формулалары және химиялық реакция теңдеулері". Химиялық формула; химиялық реакция теңдеулері; заттардың массасының сақталу заңы; химиялық реакциялардың типтері: бірігу, ажырау, алмастыру, алмасу; табиғаттағы, химиялық реакциялар тірі организмдер мен адам тіршілігіндегі химиялық реакциялар. № 1 көрсетілім "Заттардың массасының сақталу заңын дәлелдейтін тәжірибе". № 2 зертханалық тәжірибе "Әрекеттесуші заттардың массасының қатынасы". Есептеуге берілген есептер: химиялық формула бойынша химиялық бірігудегі элементтің массалық үлесін есептеу; элементтердің массалық үлестері бойынша заттың қарапайым формуласын анықтау;

4) "Металдардың химиялық белсенділігі". Металдардың тотығуы; металдардың жемірілуі; металдардың сумен әрекеттесуі; металдардың қышқыл ерітінділерімен, металдардың тұз ерітінділерімен әрекеттесуі; металдардың белсенділік қатары; металдардың белсенділігін салыстыру. № 2 көрсетілім "Белсенді металдардың сумен әрекеттесуі". № 3 зертханалық тәжірибе "Металдардың қышқылдар ерітіндісімен әрекеттесуі". № 3 көрсетілім "Тұз ерітінділерінен металдарды ығыстыру". № 1 практикалық жұмыс "Металдардың белсенділігін салыстыру". № 1 бақылау жұмысы;

5) "Заттың мөлшері". Заттың мөлшері; моль; Авогадро саны; заттың молярлық массасы. Есептеуге берілген есептер: жәй және күрделі заттардың салыстырмалы молярлық массасын есептеу; химиялық формула бойынша заттың молярлық массасын, массасын және заттың мөлшерін есептеу; заттың белгілі мөлшеріндегі атомдардың (молекулалардың) сандарын есептеу;

6) "Стехиометриялық есептеулер". Химиялық реакциялардың теңдеулері бойынша есептер шығару; молярлық көлем; газдардың салыстырмалы тығыздығы; көлемдік қатынастар заңы; қалыпты және стандартты жағдайлар. Есептеуге берілген есептер: химиялық формула бойынша заттың молярлық массасын, массасын және заттың мөлшерін есептеу; заттың берілген массасы немесе заттың мөлшері бойынша атомдар

мен молекулалардың сандарын есептеу; химиялық реакциялардың теңдеулері бойынша реакция өнімінің массасын, көлемін (газдың) және зат мөлшерін есептеу; қалыпты жағдайлардағы газдың көлемін, газдардың салыстырмалы тығыздығын есептеу; оттек және ауа бойынша газдардың салыстырмалы тығыздықтарын есептеу; заттың мөлшері, молярлық масса, газдың молярлық көлемі, Авогадро заңы ұғымдарын пайдаланып формулалар бойынша есептеулер жасау; химиялық реакциялар кезіндегі газдардың көлемдік қатынастары түсініктерін қолданып есептеулер жасау;

7) "Химиялық реакциялардағы энергиямен танысу". Отынның жануы және энергияның бөлінуі; көміртекті отынның жануы кезінде көмірқышқыл газы, иіс газы немесе көміртек түзілуі мүмкіндігі; жылыжайлық эффектісінің себептері және шешу жолдары; экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар; әртүрлі отындардың потенциалы; қоршаған ортаға әсері; кинетикалық бөлшектер теориясы тұрғысынан энергия өзгерісі; реакцияның жылу эффектісі; термохимиялық теңдеулер. № 4 зертханалық тәжірибе "Энергияның өзгеруімен жүретін химиялық реакциялар". Есептеуге берілген есептер: реакциялардың термохимиялық теңдеулері бойынша реакцияның жылу эффектісін есептеу;

8) "Сутек. Оттек және озон". Сутек – химиялық элемент және жәй зат, сутектің изотоптары (протий, дейтерий және тритий); сутектің қасиеттері, қолданылуы және алынуы; оттек – химиялық элемент және жәй зат, оттектің қасиеттері, қолданылуы және алынуы; сутектің және оттектің бинарлы қосылыстары; табиғатта таралуы; оттектің аллотропиялық түрөзгерісі, озон; сутек пен оттекті алу; Жер бетіндегі озон қабатының маңызы. № 4 көрсетілім "Сутек пероксидінің ажырауы". № 2 практикалық жұмыс "Сутекті алу және оның қасиеттерін зерттеу". № 3 практикалық жұмыс "Сутектің перексидінен оттекті алу және оның қасиеттерін зерттеу". Есептеуге берілген есептер: реакцияға қатысатын немесе реакция нәтижесінде түзілген өнімнің белгілі массасы, заттың мөлшері немесе көлемі бойынша заттың массасын, заттың мөлшерін, (газдың) көлемін есептеу. № 2 бақылау жұмысы;

9) "Химиялық элементтердің периодтық жүйесі". Химиялық элементтердің периодтық жүйесінің құрылымы, периодтың, топтың, атом нөмірінің физикалық мәні; химиялық элементтердің атомдарының кейбір қасиеттері мен сипаттамаларының периодты түрде өзгеруі; периодтық жүйедегі орыны бойынша элементтің сипатталуы; химиялық элементтердің табиғи тектестері; сілтілік металдардың, галогендердің, инертті газдардың тектестері; металдар мен бейметалдар; периодтық кестеде орналасуына байланысты химиялық элементтің қасиеттері;

10) "Химиялық байланыс түрлері". Химиялық элементтердің электртерістілігі, атомдар арасындағы химиялық байланыстар табиғатының бірлігі, ковалентті полярлық және полярлық емес байланыс, иондық байланыс, заттың аморфты және кристалдық күйлері, кристалл торларының типтері, заттардың қасиеттерінің оның құрылысына тәуелділігі;

11) "Ерітінділер және ерігіштік". Заттардың суда еруі, заттардың судағы ерігіштігі бойынша жіктелуі; ерітінділер; еріген заттың массалық үлесі, молярлық концентрация, қатты заттардың, сұйықтардың және газдардың суда ерігіштігі, кристаллогидраттар; ерітінділердің табиғаттағы және күнделікті өмірдегі рөлі; заттарды ерігіштігіне температураның әсері. № 5 зертханалық тәжірибе "Заттардың ерігіштігін зерттеу". № 4 практикалық жұмыс "Қатты заттардың ерігіштігіне температураның әсері". № 5 практикалық жұмыс "Берілген пайыздық және молярлық концентрациялы ерітінділерді дайындау". Есептеуге берілген есептер: заттардың судағы ерігіштігін есептеу; тығыздығы мен көлемі бойынша ерітіндінің массасын анықтау, еріген заттың және еріткіштің массасын, еріген заттың массалық үлесін есептеу; ерітіндідегі заттың молярлық концентрациясын есептеу. № 3 бақылау жұмысы.

12) "Көміртек және оның қосылыстары". Көміртектің жалпы сипаттамасы; табиғатта көміртек және оның қосылыстарының таралуы; көміртектің аллотропиялық түр өзгерістері; көміртектің аллотропиялық түр өзгерістерінің қолдану аймағы; көміртектің қасиеттері; көміртектің оксидтері және олардың қасиеттері; тірі ағзаларға иіс газының физиологиялық әсері; көміртектің табиғаттағы айналымы. №6 практикалық жұмыс "Көміртектің физикалық және химиялық қасиеттері". №7 практикалық жұмыс "Көмірқышқыл газын алу және оның қасиеттері зерттеу". Есептеуге берілген есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша реакцияға қатысушы немесе реакция нәтижесінде түзілген бір заттың белгілі массасы, мөлшері немесе көлемі бойынша табиғатта жүретін процестер мен химиялық реакция нәтижесінде түзілген өнімнің немесе реагенттің массасын, заттың мөлшерін, көлемін есептеу; ерітіндінің белгілі массасы және еріген заттың массалық үлесі бойынша реакция өнімінің массасын, көлемін және заттың мөлшерін есептеу.

28. 9-сыныпқа арналған "Химия" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) "Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары". Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланыс; қышқылдар: құрамы, номенклатурасы, жіктелуі, қасиеттері, алынуы және қолданылуы; негіздер: құрамы, номенклатурасы, жіктелуі, қасиеттері, алынуы және қолданылуы; тұздар: құрамы, номенклатурасы, жіктелуі, қасиеттері, алынуы және қолданылуы; бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланыс. № 6 зертханалық тәжірибе "Оксидтердің химиялық қасиеттерін зерттеу". № 7 зертханалық тәжірибе "Қышқылдардың химиялық қасиеттерін зерттеу". № 8 зертханалық тәжірибе "Негіздердің химиялық қасиеттерін зерттеу". № 9 зертханалық тәжірибе "Тұздардың қасиеттері және алынуы". Есептеуге берілген есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша реакцияға қатысушы немесе реакция нәтижесінде түзілген бір заттың белгілі массасы, мөлшері немесе көлемі бойынша табиғатта жүретін процестер мен химиялық

реакция нәтижесінде түзілген өнімнің немесе реагенттің массасын, заттың мөлшерін, көлемін есептеу; ерітіндінің белгілі массасы және еріген заттың массалық үлесі бойынша реакция өнімінің массасын, көлемін және заттың мөлшерін есептеу;

2) "Су". Судың құрамы, қасиеттері және қолданылуы, табиғаттағы су, су – табиғи әмбебап еріткіш, сулы ерітінділер және жүзгіндер, судың бірегей қасиеттері және оның өмір үшін маңызы; судың табиғаттағы айналымы; судың ластану себептері; судың кермектігі және оны жою тәсілдері; судың және сулы ерітінділердің табиғаттағы, өндірістің түрлі салаларындағы және ауыл шаруашылығындағы маңызы; суды тазарту әдістері; ауыз суын тазарту, Қазақстан Республикасындағы ауыз су мәселесі, су бассейнін ластанудан қорғау, Қазақстандағы су ресурстарының экологиялық мәселелері; сусыз мыс (II) сульфатының көмегімен суды анықтау әдісі. № 10 зертханалық тәжірибе "Судың кермектігін анықтау". Есептеуге берілген есептер: еріген заттың массалық үлесін, еріткіштің, еріген заттың массасын есептеу. № 4 бақылау жұмысы;

3) "Электролиттік диссоциация". Электролиттер және бейэлектролиттер, С.Аррениустың электролиттік диссоциациялану теориясының негізгі қағидалары, электролиттік диссоциациялану механизмі; ерітінділердің немесе заттың балқымаларының электр өткізгіштігінің химиялық байланыс түріне тәуелділігі; күшті және әлсіз электролиттер, диссоциациялану дәрежесі, қышқыл, сілті және тұздардың судағы ерітінділерінде электролиттік диссоциациялануы, көпнегізді қышқылдардың, қышқылдық және негіздік тұздардың диссоциациялануы, ион алмасу реакциялары және олардың жүру жағдайлары; электролиттік диссоциациялану теориясы тұрғысынан қышқыл, негіз және тұз ерітінділерінің химиялық қасиеттері; тұздар гидролизі. № 1 көрсетілім "Иондық және ковалентті полярлық байланысы бар заттардың электролиттік диссоциациясы". № 1 зертханалық тәжірибе "Қышқыл, сілті ерітінділерінің рН -ын анықтау". № 1 практикалық жұмыс "Ион алмасу реакциялары". № 2 зертханалық тәжірибе "Тұздар гидролизі". Есептеуге берілген есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша заттың мөлшерін, массасын, реакция өнімінің көлемін есептеу; диссоциациялану дәрежесін есептеу;

4) "Бейорганикалық заттарға сапалық талдау". Катиондарға сапалық реакциялар; жалын түсінің боялуы бойынша  $\text{Li}^+$ ,  $\text{Na}^+$ ,  $\text{K}^+$ ,  $\text{Ca}^{2+}$ ,  $\text{Sr}^{2+}$ ,  $\text{Ba}^{2+}$ ,  $\text{Cu}^{2+}$  металл катиондарын анықтау; аниондардың сапалық реакциялары; бейорганикалық қосылыстардың құрамын сапалық талдау. № 3 зертханалық тәжірибе жалын түсінің боялуы бойынша " $\text{Li}^+$ ,  $\text{Na}^+$ ,  $\text{K}^+$ ,  $\text{Ca}^{2+}$ ,  $\text{Sr}^{2+}$ ,  $\text{Ba}^{2+}$ ,  $\text{Cu}^{2+}$  катиондарын анықтау". № 4 зертханалық тәжірибе " $\text{Fe}^{2+}$ ,  $\text{Fe}^{3+}$ ,  $\text{Cu}^{2+}$  катиондарына сапалық реакциялар". № 5 зертханалық тәжірибе "Сулы ерітіндідегі  $\text{Cl}^-$ ,  $\text{Br}^-$ ,  $\text{I}^-$ ,  $\text{PO}_4^{3-}$ ,  $\text{SO}_4^{2-}$ ,  $\text{CO}_3^{2-}$ ,  $\text{NO}_3^-$ ,  $\text{SiO}_3^{2-}$  аниондарын анықтау". № 2 практикалық жұмыс "Бейорганикалық қосылыстарды сапалық талдау". Есептеуге берілген есептер: егер әрекеттесуші заттардың біреуі артық мөлшерде берілсе химиялық теңдеулер бойынша есептеу;

5) "Химиялық реакциялардың жылдамдығы". Химиялық реакциялардың жылдамдығы; химиялық реакциялардың жылдамдығына әсер ететін факторлар; бөлшектердің кинетикалық тұрғысынан реакция жылдамдығы; катализаторлар; ингибиторлар; катализаторлар мен ингибиторлардың реакция жылдамдығына әсері. № 2 көрсетілім "Түрлі химиялық реакциялардың жылдамдығы". № 6 зертханалық тәжірибе "Концентрацияның температурасы мен бөлшектер көлемінің реакция жылдамдығына әсері". № 3 практикалық жұмыс "Реакция жылдамдығына катализатордың әсері";

6) "Қайтымды реакциялар". Химиялық тепе-теңдік; тепе-теңдік динамикалық үдеріс ретінде; химиялық тепе-теңдіктің ығысуы; Ле-Шателье-Браун принципі; химиялық тепе-теңдік күйіне және химиялық реакция жылдамдығына жағдайлардың өзгерісінің әсері; бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан химиялық тепе-теңдік. № 3 көрсетілім "Қайтымды химиялық реакциялар". № 7 зертханалық тәжірибе "Химиялық тепе-теңдіктің ығысуы;

7) "Тотығу-тотықсыздану реакциялары". Химиялық элементтердің тотығу дәрежелері, қосылыстардың формулалары бойынша химиялық элементтердің тотығу дәрежелерін анықтау, тотықтырғыш және тотықсыздандырғыш туралы түсінік, тотығу-тотықсыздану реакциялары; электрондық баланс әдісі;

8) "Металдар мен қорытпалар". Металдардың жалпы сипаттамасы; металдық байланыс пен металдық кристалдық тор; темір мен мыстың физикалық және химиялық қасиеттері; металдардың тек тотықсыздандырғыш қасиеттерін көрсетуі; темір қорытпалары және олардың қолданылуы; металлургия туралы түсінік, шойын мен болат өндірісі; Қазақстанда металлургияның дамуы, металдар мен олардың қорытпаларын алу, Қазақстандағы металдар және оның қосылыстарының маңызды кен орындары; металдарды өндіру үдерістері, қоршаған ортаға әсері; металдарды алу. № 4 көрсетілім "Металдардың кристалдық торы модельдері". № 5 көрсетілім "Металдар және қорытпалар". Есептеуге берілген есептер: егер құрамында қоспаның белгілі бір массалық үлесі бар басқа заттың массасы белгілі болған жағдайда реакция теңдеуі бойынша заттың массасын есептеу; өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен саластырғандағы заттың шығымы массасын есептеу.

29. 10-сыныпқа арналған "Химия" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) 1 (I), 2 (II) және 3 (III) топтар элементтері және олардың қосылыстары. 1 (I)-топ элементтері және олардың қосылыстары; атомдары құрылысы негізінде сілтілік металдардың жалпы қасиеттері; сілтілік металдардың оксидтері мен гидроксидтерінің негіздік қасиеттері және олардың қолданылуы; 2 (II)-топ элементтері және олардың қосылыстары; 1 (I)-ші және 2 (II)-топ металдарының жалпы қасиеттері; кальций оксиді мен гидроксидінің негіздік қасиеттері және олардың қолданылуы; 3 (III)-топ элементтері; алюминий және оның қосылыстары; алюминийдің қосылыстары мен қорытпаларының қолдану аймағы; алюминий, оның оксиді мен гидроксидінің

екідайлы қасиеттері. № 6 көрсетілім "Натрийдің, кальцидің сумен әрекеттесуі". № 8 зертханалық тәжірибе "Кальцийдің сумен және қышқыл ерітіндісімен әрекеттесуі". № 7 көрсетілім "Алюминий мен оның қорытпалары". № 9 зертханалық тәжірибе "Алюминийдің қышқыл және сілті ерітінділерімен әрекеттесуі". № 4 практикалық жұмыс "Металдар" тақырыбына эксперименттік есептер шығару. Есептеуге берілген есептер: егер құрамында қоспаның белгілі массалық үлесі бар басқа заттың массасы белгілі болғанда, заттың (реагенттің немесе өнімнің) массасын реакция теңдеуі бойынша есептеу; өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен саластырғандағы заттың шығымы массасын есептеу; өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен саластырғандағы заттың шығымы массасын есептеу. № 2 бақылау жұмысы;

2) 7 (VII), 6 (VI), 5 (V), 4 (IV) - топтарының элементтері және олардың қосылыстары . (VII) топ элементтері, галогендер; байланыс түрі және кристалдық тор типі; топтағы галогендер қасиеттерінің өзгеру заңдылықтары; хлор; хлордың химиялық қасиеттері: металдармен, сутекпен және галогенидтермен әрекеттесуі; хлорсутек қышқылының құрамы қасиеттері мен қолданылуы; 6 (VI)-топ элементтері, күкірт, күкірттің аллотропиялық түр өзгерістерінің физикалық қасиеттері, күкірттің негізгі қосылыстары және олардың физикалық және химиялық қасиеттері; қышқылдық жаңбырдың пайда болу себебі мен экологияға тигізетін әсері; күкірт қышқылы, күкірт қышқылы және оның тұздарының жалпы және ерекше қасиеттері, қасиеттері мен қолданылуы; 5 (V)-топ элементтері: азот, азоттың қасиеттері және табиғаттағы азот айналымы; аммиак, аммиактың қасиеттері, алынуы мен қолданылуы; аммиак өндірісі; (Габер синтезі): азот қышқылы; азот қышқылының қасиеттері; азот қышқылы мен нитраттардың өзіне тән қасиеттері; фосфор және оның қосылыстары; фосфорды аллотропиялық түрлендіру; фосфор қосылыстарының Қазақстандағы кен орындары; фосфор және оның қосылыстарының жалпы химиялық қасиеттері; минералды тыңайтқыштар, олардың Қазақстанда өндірілуі және оларды тиімді қолдану; азот және фосфор тыңайтқыштарының қоршаған ортаға әсері; 14 (IV) - топ элементтері; кремний және оның қосылыстары; кремнийдің қолданылу аймағы және оның жартылай өткізгіш ретінде маңызы; сұйық кристалдар, кремний, оның диоксиді мен карбидіндегі химиялық байланыс түрін және кристалдық тор типі; кремний мен оның қосылыстарының химиялық қасиеттері; Қазақстандағы силикат өнеркәсібі; № 8 көрсетілім "Күкірттің аллотропиялық түр өзгерістері". № 5 практикалық жұмыс "Сұйылтылған күкірт қышқылы ерітіндісі және оның тұздарының химиялық қасиеттерін зерттеу". № 10 зертханалық тәжірибе "Азот молекуласының моделін дайындау". № 11 зертханалық тәжірибе "Аммиак молекуласының моделін дайындау". № 6 практикалық жұмыс "Аммиактың алынуы және оның қасиеттерін зерттеу". № 12 зертханалық тәжірибе "Азот қышқылының басқа қышқылдармен ортақ қасиеттері". № 9 көрсетілім "Минералды тыңайтқыштар". № 10 көрсетілім "Алмаз, кремний, кремний диоксиді мен

кремний карбидінің кристалдық торларының модельдері". Есептеуге берілген есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша есептеу, бірі зат бастапқы заттардан артық берілген есептер; егер реакция өнімінің практикалық шығымының массалық үлесі белгілі болса, химиялық реакция теңдеуі бойынша заттың (реагенттің немесе өнімнің) массасын есептеу; құрамындағы қоспаның массалық үлесі бар басқа заттың массасы бойынша реакция өнімінің массасын есептеу;

3) "Адам ағзасындағы химиялық элементтер". Адам ағзасының химиялық құрамы; макроэлементтер және микроэлементтер, олардың маңызы; адам ағзасының құрамына кіретін элементтер және олардың маңызы: (O, C, H, N, Ca, P, K, S, Cl, Mg, Fe); Қазақстан тұрғындарының теңгерімді тамақтану рационы; ағзадағы кейбір элементтерді анықтау; ауыр металдармен қоршаған ортаның ластануы көздері, ауыр металдардың ағзаларға әсері. № 13 зертханалық тәжірибе "Сүйек құрамындағы кальцийді анықтау". № 14 зертханалық тәжірибе "Тамақ өнімдерінің құрамындағы көміртекті анықтау". № 3 бақылау жұмысы.

4) "Органикалық химияға кіріспе". Органикалық химия – көміртек қосылыстарының химиясы, А.М. Бутлеровтың органикалық қосылыстардың құрылыс теориясының негізгі қағидалары; органикалық заттардың ерекшеліктері; органикалық қосылыстардың жіктелуі; функционалдық топ түсінігі; органикалық қосылыстардың гомологтық қатарлары; органикалық қосылыстардың гомологтық қатарлары; органикалық қосылыстардың номенклатурасы; органикалық қосылыстардың изомериясы; № 11 көрсетілім "Метан, этан, этен, этин, этанол, этаналь, этан қышқылы, глюкоза, аминокетан қышқылы модельдері". № 12 көрсетілім "Алкандардың алғашқы бес өкілдерінің және сызықты құрылымды спирттердің модельдері". № 13 көрсетілім "Пентан изомерлерінің модельдері". Есептеуге берілген есептер: элементтердің массалық үлесі және салыстырмалы тығыздығы бойынша газтәрізді заттардың молекулалық формулаларын табу.

5) "Көмірсутектер. Отын". Көмірсутектердің жіктелуі, номенклатурасы және изомериясы, қаныққан көмірсутектер, алкан, метан, қанықпаған көмірсутектер, алкендер, этилен, алкиндер, ацетилен; арендер, бензол; көмірсутектер арасындағы генетикалық байланыс, көмірсутектердің табиғи көздері, көмірсутекті отындар; табиғи газдың, мұнайдың, көмірдің Қазақстандағы кен орындары, оларды өндіру және өңдеу; көмірсутектерді өндіру, өңдеу және қолданудағы экологиялық мәселелер, көмірсутектерді экономиканың түрлі салаларында және тұрмыста пайдалану; альтернативті отын түрлері; мұнай, мұнай фракциялары және шикі мұнай өнімдерінің қолдану аймағы. № 14 көрсетілім "Этиленнің жануы, бром суы мен калий перманганаты ерітінділерін түссіздендіруі". № 15 көрсетілім "Отын түрлері". № 16 көрсетілім "Мұнай және мұнай өнімдері". Есептеуге берілген есептер: реакция өнімінің массасы немесе көлемі және белгілі заттың салыстырмалы тығыздығы бойынша органикалық заттың формуласын анықтау;



6) "Оттекті және азотты органикалық қосылыстар". Оттекті органикалық қосылыстардың жіктелуі және номенклатурасы, метанол, этанол, спирттердің улылығы және этил спиртінің адам организміне зиянды әсері, оттекті органикалық қосылыстардың өкілдері; этандиол, пропантриол, этан қышқылы, глюкоза, сахароза, крахмал, целлюлозаның қолданылуы; карбон қышқылдары, күрделі эфирлер мен майлар, сабын, синтетикалық жуғыш заттар, синтетикалық жуғыш заттардың қоршаған ортаға әсері; көмірсулар, нәруыздар, аминқышқылдары; биологиялық маңызды органикалық қосылыстар, Қазақстанның тамақ өнеркәсібі. № 15 зертханалық тәжірибе "Сірке қышқылының қасиеттерін зерттеу". № 16 зертханалық тәжірибе "Нәруыздардың денатурациясы". Есептеуге берілген есептер: егер құрамында қоспаның массалық үлесі бар басқа заттың массасы белгілі болған жағдайда, реакция теңдеуі бойынша органикалық заттың (реагенттің немесе өнімнің) массасын есептеу; өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен саластырғандағы заттың шығымы массасын есептеу; метан, бутан, этанолдың жану реакция теңдеуі бойынша оттектің, ауаның көлемдерін есептеу. № 4 бақылау жұмысы.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

30. Бағдарламада, оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 9.2.1.2. кодында "9" - сынып, "2.1" - бөлімше, "2" - оқыту мақсатының реттік саны.

31. Күтілетін нәтижелер бойынша оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) "Тірі организмдердің көп түрлілігі, құрылымы мен қызметтері" бөлімі:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып
	7.1.1.1 "Химия" ғылымының негізін оқытатынын білу; 7.1.1.2 химиялық зертханада және кабинетінде жұмыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелерін білу және түсіну; 7.1.1.3 физикалық және химиялық құбылыстарды ажырата алу; 7.1.1.4 заттардың әртүрлі агрегаттық			

<p>1.1 Атомдар, иондар және молекулалар</p>	<p>күйлерін білу және бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан қатты, сұйық, газ тәріздес заттардың құрылымын түсіндіре алу;  7.1.1.5 салқындау үдерісін зерделеу, салқындау қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясына сай, өз бақылауларын түсіндіру;  7.1.1.6 судың қайнау үдерісін зерделеу, қыздыру қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясын пайдалана отырып, өз бақылауларын түсіндіру</p>	<p>8.1.1.1 зат мөлшерінің өлшем бірлігі ретінде – мольді және Авогадро санын білу;  8.1.1.2 формула бойынша заттың массасын, зат мөлшерін, құрылымдық бөлшектер санын есептей алу</p>		
	<p>7.1.2.1 атомдар мен молекулалардың айырмашылығын білу;  7.1.2.2 әрбір элементтің химиялық таңбамен белгіленетіндігін және белгілі атом түрі екенін білу;  7.1.2.3 элементтерді металдар мен бейметалдарға жіктей алу;  7.1.2.4 заттарды құрамына қарай жай және күрделіге жіктеу;  7.1.2.5 протон, электрон, нейтронды және олардың атомдағы орналасу тәртібін,</p>			

1.2 Атом құрамы мен құрылысы

массасын зарядын білу;  
7.1.2.6 алғашқы 20 элементтің атом құрылысы ( $p^+$ ,  $n^0$ ,  $e^-$ ) мен атом ядросының құрамын білу;  
7.1.2.7 "изотоп" түсінігін білу;  
7.1.2.8 Жердегі элементтердің басым бөлігі планеталардың қалыптасу кезінде пайда болған изотоптар қоспасы түрінде кездесетіндігін түсіну;  
7.1.2.9 табиғи изотоптары бар химиялық элементтердің атомдық массалары бөлшек сан болатындығын түсіну;  
7.1.2.10 салыстырмалы атомдық массаның анықтамасын білу;  
7.1.2.11 элементтердің атауларын, валенттілікті және олардың қосылыстардағы атомдық қатынастарын қолдана отырып, бинарлы химиялық қосылыстардың формулаларын дұрыс құра білу;  
7.1.2.12 химиялық қосылыстың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық/ формулалық массасын есептеу

<p>1.3 Атомда электрондардың қозғалысы мен таралуы. Атомдардан иондардың құрылуы</p>		<p>8.1.3.1 атомда электрондар ядродан арақашықтығы артқан сайын біртіндеп энергетикалық деңгейлер бойынша таралатынын түсіну ;</p> <p>8.1.3.2 әрбір электрон қабатында электрон саны нақты максимал мәннен аспайтынын түсіну;</p> <p>8.1.3.3 s және p орбиталдарының пішінін атау;</p> <p>8.1.3.4 алғашқы 20 химиялық элементтің электрондық конфигурациясын ж ә н е электронды-графикалық формулаларын жазу;</p> <p>8.1.3.5 атомдар электрондарды қабылдай немесе жоғалта алатынын және осының нәтижесінде иондар түзілетінін түсіну;</p> <p>8.1.3.6 "нольдік қосынды" әдісімен қосылыстардың формуласын құрастыру</p>		
		<p>8.1.4.1 электртерістілік ұғымына сүйеніп ковалентті байланыстың түзілуін түсіндіру;</p> <p>8.1.4.2 иондық байланыстың</p>	<p>9.1.4.1 металдық байланыс пен металдық кристалдық тор жайындағы білімдерін қолданып металдардың қасиетін түсіндіре алу;</p> <p>9.1.4.2 металдарға тән физикалық және химиялық</p>	<p>10.1.4.1 галоген молекулаларының электрондық формулаларын құрастыру және кристалдық тор</p>

1.4 Химиялық байланыстардың түрлері		түзілуін сипаттау және иондық қосылыстардың қасиеттерін болжау; 8.1.4.3 заттар қасиеттерінің кристалдық тор типтеріне тәуелділігін түсіндіру	қасиеттерді сипаттау және металл атомдарының тек тотықсыздандырғыш қасиет көрсететінін түсіндіру; 9.1.4.3 құйма ұғымын анықтау және оның артықшылықтарын түсіндіру; 9.1.4.4 шойын мен болаттың құрамы мен қасиеттерін салыстыру	түрлері мен байланыс типтерін анықтау; 10.1.4.1 кремний, оның диоксиді мен карбидіндегі химиялық байланыс түрін және кристалдық тор типін сипаттау
-------------------------------------	--	--	---	--

## 2) "Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары" бөлімі:

### 2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып
				10.2.1.1 сілтілік металдардың жалпы қасиеттерін олардың атомдарының құрылымы негізінде түсіндіру; 10.2.1.2 сілтілік металдардың оксидтері мен гидроксидтерінің негізгі қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құру; 10.2.1.3 1 (I) және 2 (II) топтағы металдардың жалпы қасиеттерін салыстыру және реакция теңдеулерін құру; 10.2.1.4 кальций оксидтері мен гидроксидтерінің негізгі қасиеттерін түсіндіру, қолданылуын сипаттау; 10.2.1.5 алюминийдің

7.2.1.1  
И.ДҰберейнер,  
Дж.Ньюлендс,

8.2.1.1 топ, период,  
атом нөмірінің  
физикалық мәнін  
түсіндіру;  
8.2.1.2 бір топтағы  
элементтердің  
сыртқы  
электрондық  
деңгейінде  
электрондар  
санының бірдей  
болатындығын  
түсіну;  
8.2.1.3 топтар мен  
периодтарда  
элементтер

қасиеттерін  
түсіндіру атомның  
құрылымы негізінде  
алюминий мен  
оның қорытпаларын  
қолдану салаларын  
атаңыз;  
10.2.1.6  
алюминийдің, оның  
оксидінің және  
гидроксидінің  
амфотериялық  
қасиеттерін зерттеу;  
10.2.1.7 қарапайым  
және күрделі  
заттармен 1 (I), 2 (II  
) , 13 (III) топтағы  
металдардың өзара  
әрекеттесуі  
бойынша  
эксперименттерді  
жоспарлау және  
жүргізу;  
10.2.1.8 топтағы  
галогендер  
қасиеттерінің өзгеру  
тенденциясын  
болжау;  
10.2.1.9 хлордың  
химиялық  
қасиеттерін  
сипаттау:  
металдармен,  
сутегімен және  
галогендермен  
өзара әрекеттесуі;  
10.2.1.10 хлорсутек  
қышқылы  
ерітіндісінің  
химиялық  
қасиеттерін зерттеу  
және қолдану  
саласын білу;  
10.2.1.11 16 (VI) -  
топ элементтерінің  
жалпы  
сипаттамасын  
сипаттау;  
10.2.1.12 күкірттің  
аллотропты  
түрленуінің  
физикалық  
қасиеттерін  
салыстыру және

	<p>Органикалық қосылыстардың жіктелуі. № 10 көрсетілім "Метан, этан, этен, этин, этанол, этаналь, этан қышқылы, глюкоза, аминокетан қышқылы модельдері"</p>	<p>10.4.3.2 - көмірсутектердің және олардың туындылары: спирттер, альдегидтер, карбон қышқылдары, көмірсулар, аминқышқылдарының жіктелуін білу; 10.4.3.3 - функционалдық топ түсінігін, берілген класс қосылысының химиялық қасиеттерін анықтайтын топ ретінде түсіндіру</p>
	<p>Органикалық қосылыстардың гомологтық қатарлары. № 11 көрсетілім Алкандардың алғашқы бес өкілінің және сызықты құрылымды спирттердің модельдері"</p>	<p>10.4.3.4 - гомолог ұғымын және гомологтық айырмашылықты білу</p>

	<p>Органикалық қосылыстардың номенклатурасы</p>	<p>10.4.3.5 - органикалық қосылыстардың негізгі кластары: алкандар, алкендер, алкиндер, арендер, спирттер, альдегидтер, карбон қышқылдары, аминқышқылдары үшін IUPAC номенклатурасын қолдану</p>
	<p>Органикалық қосылыстардың изомериясы. № 12 көрсетілім "Пентан изомерлерінің модельдері"</p>	<p>10.4.3.6 - изомерия құбылысын білу және көмірсутектер құрылымдық изомерлерінің формулаларын құрастыру</p>
	<p>Есеп шығару "Элементтердің массалық үлестері мен салыстырмалы тығыздық бойынша газтекес заттардың молекулалық формуласын табу"</p>	<p>10.2.3.2 - газтекес заттардың молекулалық формуласын салыстырмалы тығыздық пен элементтердің массалық үлестері арқылы анықтау</p>
<p>10.5 Көмірсутек-гер. Отын</p>	<p>Алкандар</p>	<p>10.4.3.7 - алкандардың химиялық қасиеттерін сипаттау және оны реакция теңдеулерімен дәлелдеу; 10.4.3.8 - еріткіштерді алу үшін алкандарды хлорлаудың маңызы мен бұл еріткіштердің қауіптілік дәрежесін түсіндіру</p>
	<p>Алкендер. № 13 көрсетілім "Этиленнің жануы, бром суы мен калий перманганаты ерітінділерін түссіздендіруі"</p>	<p>10.4.3.9 - қанықпағандық ұғымын сипаттау; 10.4.3.10 - этен мысалында алкендердің химиялық қасиеттерін (жану, гидрлеу, гидратация, галогендеу, сапалық реакциялар) оқып үйрену, химиялық реакция теңдеулерімен дәлелдеу; 10.4.3.11 - полиэтилен мысалында полимерлену реакциясының механизмі мен полимерлердің құрылымының ерекшеліктерін түсіндіру; 10.4.3.12 - пластиктің ыдырау мерзімінің ұзақтық мәселесін түсіну және оқып білу, қоршаған ортада пластик материалдардың көбеюінің зардабын білу</p>
	<p>Алкиндер</p>	<p>10.4.3.13 - этин мысалында алкиндердің химиялық қасиеттерін (жану, гидрлеу, гидратация, галогендеу, сапалық реакциялар) оқып үйрену, химиялық реакция теңдеулерімен дәлелдеу</p>
	<p>Ароматты көмірсутектер. Бензол</p>	<p>10.4.3.14 - бензолдың алынуы, қасиеттері және қолданылуын сипаттау</p>

	<p>Көмірсутекті отындар. № 14 көрсетілім "Отын түрлері"</p>	<p>10.4.3.15 - құрамында көміртек бар қосылыстар-дың отын ретінде пайдалану мүмкін екендігін білу және альтернативті отын түрлерін зерттеу, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін атау; 10.4.3.16 - Қазақстандағы көмірдің, мұнайдың, табиғи газдың кен орындарын атау және оларды өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру</p>
	<p>Мұнай. № 15 көрсетілім "Мұнай және мұнай өнімдері"</p>	<p>10.4.3.17 - мұнай фракцияларын және шикі мұнайды айдау өнімдерінің қолдану аймақтарын атау</p>
4 тоқсан		
<p>10.6 Оттекті және азотты органикалық қосылыстар</p>	<p>Оттекті органикалық заттар. Спирттер</p>	<p>10.4.3.18 - оттекті органикалық заттардың жіктелуін білу; 10.4.3.19 - спирттердің жіктелуін, метанол мен этанолдың қолданылуын, этанолдың алынуын білу және қасиеттерін түсіндіру; 10.4.3.20 - метанол мен этанолдың адам ағзасына физиологиялық әсерін түсіндіру; 10.4.3.21 - этиленгликоль мен глицериннің физикалық қасиеттері мен қолданылуын білу</p>
	<p>Карбон қышқылдары. № 16 зертханалық тәжірибе "Сірке қышқылының қасиеттерін зерттеу"</p>	<p>10.4.3.22 - карбон қышқылдарының құрамын білу және сірке қышқылының химиялық қасиеттері мен қолданылуын сипаттау</p>
	<p>Күрделі эфирлер мен майлар</p>	<p>10.4.3.23 - күрделі эфирлер мен майлардың ерекшеліктері мен майлардың қызметін түсіндіру</p>
	<p>Сабын мен синтетикалық жуғыш заттар</p>	<p>10.4.3.24 - сабынның алынуы мен оның қолданылуын білу; 10.4.3.25 - синтетикалық жуғыш заттардың қоршаған ортаға әсерін түсіндіру</p>
	<p>Көмірсулар</p>	<p>10.4.3.26 - көмірсулардың жіктелуін, биологиялық маңызы мен қызметін түсіндіру</p>
	<p>Амин қышқылдары.</p>	<p>10.4.3.27 - нәруыздағы а-аминқышқылдар арасында пептидтік байланыстың түзілуін түсіндіру;</p>

	<p>Нәруыздар. № 17 зертханалық тәжірибе "Нәруыздардың денатурациясы"</p>	<p>10.4.3.28 - нәруыз денатурациясының реакциясын зерттеу; 10.4.3.29 - нәруыздың биологиялық маңызы мен қызметін түсіндіру</p>
--	--	--

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 123 бұйрығына  
16-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына  
653-қосымша

**Есту қабілеті зақымдалған (нашар еститін, кейіннен естімей қалған) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптар үшін "Қазақстан тарихы" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Есту қабілеті зақымдалған (нашар еститін, кейіннен естімей қалған) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптар үшін "Қазақстан тарихы" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5 – бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарламаның мақсаты ежелгі дәуірден бастап қазіргі заманға дейінгі Қазақстандағы тарихи оқиғалар туралы, ата-бабалар жинақтаған әлеуметтік, рухани, адамгершілік тәжірибе туралы білімдерді қалыптастыру болып табылады.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) Қазақстан аумағындағы ежелгі заманнан бастап бүгінгі күнге дейінгі қоғамның әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық дамуының негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері туралы білімін қалыптастыру;

2) Мәңгілік Ел" жалпыұлттық біріктіруші идеясын жүзеге асыруы қазіргі қоғамның демократикалық құндылықтары рухында, адамдар мен халықтар арасындағы толеранттылық және бейбітшіліктік, өзара түсіністік идеяларына сәйкес өз еліне құрмет жасау, тұлғаларды патриотизм рухында тәрбиелеуде көрінеді.

3) білім алушыларда Қазақстан аумағындағы әртүрлі тарихи дәуірлердегі адамдардың өмірі, тұрмысы және іс-әрекеттері туралы түсініктерді қалыптастыру;

4) білім алушыларда тарихи оқиғалар мен құбылыстар арасындағы себеп-салдарлық байланыс түсінігін қалыптастыру;



5) оқулық мәтінімен, тарихи құжаттармен, карталармен және иллюстрациялармен өз бетінше жұмыс істеу біліктілігін қалыптастыру;

6) сабақтарда және қарапайым өмірде қоғам дамуының негізгі тарихи ұғымдарын, терминдері мен заңдылықтарын пайдалану біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыру;

7) дербестік, жауапкершіліктік, бастамашылдық, табандылық, шыдамдылық және төзімділік сияқты тұлғалық қасиеттерді дамыту.

4. Түзете-дамыту міндеттері:

1) сөйлеу тәжірибесін ұйымдастыру және жаңа тарихи ұғымдар мен терминдерді олардың белсенді сөйлеу қорына енгізу арқылы есту қабілеті нашар балалардың белсенді және енжар тарихи сөздігін кеңейту;

2) оқушылардың есту қабілетін дамыту; сабақта оқушылардың сөйлеу қарым-қатынасы үшін жағдай жасау, олардың сөйлеу тәжірибесін кеңейту;

3) оқушылардың тарих бойынша оқылатын мәтіндерді түсіну және қайталау дағдыларын қалыптастыру.

## **2-тарау. Оқу үдерісін ұйымдастырудың педагогикалық тұғырлары**

5. Есту қабілеті зақымдалған білім алушылардың тарихи оқу материалдарды меңгерудегі қиындықтары олардың сөйлеу тілінің ерекшеліктеріне, зиятының ірекеттері (саралау, біріктіру, салыстыру, жалпылау, себеп салдар байланысы) есте сақтау және еске түсіру қиындығымен байланысты. Оқушыларға тарихи фактілерді механикалық есте сақтау тән.

6. "Қазақстан тарихы" пәнін оқыту ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, дифференциалды, тұлғаға-бағытталған, іс-әрекеттік, құндылықты-бағдарлау тұғырлар және әлеуметтік-бейімдеу мен түзету-дамытушылық қағидаларының негізінде жезеге асырылады.

7. Нашар еститін және кейін естімей қалған оқушыларға Қазақстан тарихын оқытудың түзете-дамытушылық бағыты оқу іс-әрекетінің арнайы әдістері мен тәсілдерімен қамтамасыз етіледі:

1) оқулық мәтіндеріндегі сөйлем құрылымын жеңілдету;

2) оқитын материалдың көлемін қысқарту;

3) көрнекі құралдарды, кестелерді, схемаларды арнайы іріктеу;

4) тақырыптар бойынша бейімделген бейне материалдарды пайдалану;

5) тест тапсырмалары үшін бейімделген сұрақтар қолдану, БЖБ, ТЖБ;

6) тақырыптар бойынша тірек конспектілер құрастыру;

7) Тарихи күндермен, уақыт сызығымен, карталармен жұмыс істеуге үйрету;

8) сабақтарда сөздері мен экраны бар тақтайшаларды қолдану;

9) тарих сабақтарында денсаулық сақтау технологияларын қолдану.

8. Оқытудың әлеуметтік-бейімдеуші бағыт білім алушылардың мінез-құлық нормалары мен қағидаларын, өмірлік дағдыларын, қажетті тарихи білімдері мен

іскерліктерін игеру бойынша жұмысты көздейді, оларды кейіннен практикалық іс-әрекетте және күнделікті өмірде пайдаланатын болады.

9. Дифференциалды тұғыр оқыту үдерісінде күрделілік деңгейі, танымдық қызығушылықтары, тапсырмалар саны, мұғалімнің көмегінің сипаты бойынша ерекшеленетін арнайы таңдалған және сараланған тапсырмаларды қолдануға негізделген;

10. Тұлғаға бағытталған тұғыр оқушының тұлғасын үйлесімді және жан-жақты дамуына, оның жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, шығармашылық күштері мен қабілеттерін толық ашуға; оның белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыруға бағытталған.

11. Іс-әрекеттік тұғыр бағытында білім алушы білімді дайын түрде алмайды, оның танымдық қызығушылығын белсендіру, алған білімі мен дағдыларын қалыптастырып оны іс жүзінде қолдануы арқылы білімді өзі ізденіп алуына түйінделеді.

12. Құндылыққа бағдарланған тұғыр "Мәңгілік ел" ұлттық идеясына және негізгі жалпыадамзаттық құндылықтарды: патриотизмді, азаматтық жауапкершілікті, құрмет пен мейірімділікті, төзімділік пен толеранттылықты, белсенді өмірлік ұстанымды дарытуға негізделген.

13. Тарих сабақтарында білім алушылардың ақпараттық-коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсатында ақпарат беру және алу, білім алмасу үшін: өз ойларын ауызша және жазбаша түрде анық жеткізе білу, командада жұмыс істеу, әртүрлі дереккөздерден (кітаптар, интернет, онлайн сабақтар, смартфондар, электрондық оқулықтар) алынған ақпаратпен жұмыс істеу.

14. Тарих сабақтарын ұйымдастыру және өткізу кезінде педагог оқытудың жалпы және арнайы тәсілдері мен әдістерін қолданады:

1) экран және терминдері бар табличкалар көмегімен есту зейінін және қабылдауды үнемі түзету мен дамыту;

2) оқытудың сөздік, ойын, көрнекілік, ішінара-іздеу практикалық әдістері арқылы танымдық белсенділік пен танымдық қызығушылықтарды дамыту, кеңістіктік пен уақытша түсініктерді дамыту, көрнекі-бейнелі ойлауды және есте сақтауды дамыту;

3) өзіндік жұмыс, жұпта, топта жұмыс істеу кезінде әлеуметтік құзіреттіліктерді белсендіру, эмоционалды-ерік аймақтарын және жағымды тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру.

15. Тарих бойынша білімді, іскерлікті және дағдыны бақылау әдістері: бөлімнің соңындағы тест тапсырмалары, тоқсанның аяғында практикалық жұмыстарды орындау, тарихи және контурлық карталармен жұмыс, мәтіндік материалмен жұмыс, интернетте ақпаратты өз бетінше табу, оны ұғыну және түсіну хронологиялық диктанттар, үй тапсырмасын орындау болып табылады.

16. Бағалау кезінде мыналар ескеріледі: материалдың күрделілігі, білімді қолданудың өзіндік және шығармашылық тәсілі, мемлекеттік және мектеп оқу

бағдарламаларында талап етілетін құзыреттерге қатысты алған білімдерінің, іскерліктері мен дағдыларының деңгейі, жауаптың дұрыстығы мен толықтығы, Тарихи терминдерді, фактілерді, құбылыстарды түсіну дәрежесі, жауапты дұрыс құру, практикалық жұмыстарды орындау барысындағы ұқыптылық, жауаптарда жіберілген қателердің болуы мен сипаты, есту және сөйлеу қабілетінің даму ерекшеліктері мен бұзылу дәрежесі.

17. Тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ "Қазақстан тарихы" пәні бойынша оқытудың мақсаттары мен міндеттерін тиімді іске асуы тарихи тұжырымдамалар (ұғымдар) негізінде жүзеге асырылады:

- 1) өзгеріс және сабақтастық;
- 2) себеп пен салдар;
- 3) дәлел;
- 4) ұқсастық және айырмашылық;
- 5) маңыздылығы;
- 6) өңдеу

18. Оқу үдерісін ұйымдастыру тиімділігінің шарты оқу жабдықтарын, көрнекі құралдарды және ОТҚ барынша пайдалану болып табылады:

- 1) тақырыптар бойынша анықтамалары мен терминдері бар табличкалар жиынтығы;
- 2) Қазақстан тарихы бойынша карталар, атластар жиынтығы;
- 3) Қазақстан тарихы кезеңдері мен плакаттар жинағы;
- 4) тақырыптар бойынша үлестірме материалдар;
- 5) суреттелген тарихи энциклопедиялар, басқа анықтамалық әдебиеттер;

6) Көрнекі құралдар: макеттер, муляждар, заттардың көшірмелері, бюсттер, тарихи қайраткерлердің портреттері, фотоальбомдар, оқу тарихи суреттері, Тарих бойынша оқу альбомдары;

7) нашар еститін оқушылар үшін әзірленген әдістемелік материалдар жиынтығы (БЖБ және ТЖБ бойынша тестілік, әртүрлі деңгейлік тапсырмалар, жұмыс дәптерлері, тарихи тақырып бойынша дидактикалық үстел ойындары);

8) жинақтаудағы интерактивті және проекциялық жабдық: проектор, интерактивті тақта немесе экран, жинақтаудағы компьютер: жүйелік блок, монитор, Web-камера, МФУ, электрондық оқулықтар

### **3-тарау. "Қазақстан Тарихы" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

19. "Қазақстан тарихы" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;
- 2) 6-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;
- 3) 7-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;
- 4) 8-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;
- 5) 9-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;

б) 10-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды

20. Бағдарлама 4 бөлімді қамтиды:

1) "Әлеуметтік қатынастардың дамуы" бөлімі;

2) "Мәдениеттің дамуы" бөлімі;

3) "Мемлекеттің дамуы" бөлімі;

4) "Қазақстанның экономикалық дамуы" бөлімі.

21. Әлеуметтік қатынастардың дамуы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) этникалық қатынастар;

2) әлеуметтік қатынастар;

22. "Мәдениеттің дамуы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) дүниетаным мен дін;

2) өнер мен әдебиет;

3) білім және ғылым..

23. "Мемлекеттің дамуы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) мемлекеттің ішкі саясаты;

2) мемлекеттің сыртқы саясаты

24. "Қазақстанның экономикалық дамуы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) шаруашылық;

2) өндірістік қатынастар және сауда.

25. 5-сыныпқа арналған "Қазақстан тарихы" пәнінің базалық мазмұны:

1) ежелгі Қазақстан тарихы нені оқытады. Тарих туралы түсінік, тарихты зерделеу не үшін қажет. Тарихи ғылымдар (археология, этнография, антропология, нумизматика, геральдика). Тарихид дереккөздер. Тарихи дереккөздердің түрлері (ауызшаа, жазбаша және археологиялық). Тарихи уақыт туралы түсінік: ғасыр (жүзжылдық), мыңжылдық, тарихи дәуір, біздің дәуірімізге дейін, біздің дәуір, "уақыт сызығы". Тарихи жыл санау. Өткен, қазіргі және болашақ туралы ұғымдар. Тарихи карталар және глобус. Мемлекеттердің шекаралары туралы түсінік. Қазақстан тарихы – дүние жүзі тарихының құрамдас бөлігі, Қазақстан тарихының кезеңдері (ежелгі, орта ғасырлардағы, жаңа және қазіргі заманғы тарих);

2) Қазақстанның ежелгі тұрғындарының өмірі: тас дәуіріндегі Қазақстан: ежелгі адамның пайда болуы. Адамның пайда болуы туралы теориялар, Қазақстан аумағындағы ежелгі адамдар. Ежелгі Қазақстанның кезеңделуі. Палеолит - ежелгі тас дәуірі. Әлеуметтік ұйымның бастапқы нысандары. Ежелгі адамдар тұрмысы (аң аулау және терімшілік). Қазақстан аумағындағы тас дәуірінің тұрақтары. Көне еңбек құралдар . Адамдар тобыры, табиғат, ауа-райы, мұз басу. Мезолит - орта тас дәуірі, жылыну, мұздықтардың шегінуі, ұсақ тез жүгіретін аңдарды аулау үшін садақ пен жебенің және бумерангтың ойлап табылуы, жеке аңшылық, жаңа еңбек құраладырының пайда болуы. Неолит - жаңа тас дәуірі, микролиттік мәдениет, мал шаруашылығы мен егіншіліктің қалыптасуы. Энеолит - мыс тас дәуірі. Қола дәуірі: Қазақстан аумағындағы мыс және

қалайы кен орындары. Қола дәуіріндегі андронов мәдениеті, шаруашылығы және қоғамдық құрылысы;

3) ежелгі көшпенділердің өмірі. Темір дәуірінің ерекшеліктері. Қазақстанның ежелгі металлургиясы. Көшпелі мал шаруашылығының пайда болуы. Көшпелілердің жылжымалы тұрғын үйі. Ерте көшпенділердің дүниетанымы;

4) сақтар. Қазақстан аумағындағы сақ тайпалары. Сақтар тарихы туралы деректер. Сақтардың саяси тарихы. Қоғамдық құрылысы. Шаруашылығы және тұрмысы. Материалдық және рухани мәдениет. "Аңдық стиль". Есік олжасы - "Алтын адам". Шілікті алқабының патша қорғандары. Берел қорымы. Бесшатыр обалары. Тасмола мәдениеті;

5) үйсіндер мен қаңлылар. Үйсіндер. Үйсіндер туралы жазбаша деректер. Үйсіндердің қоныстанған жерлері, шаруашылығы мен тұрмысы. Үйсіндердің қоғамдық құрылысы. Қаңлылар. Қаңлылар тарихы туралы қытай және иран жазбалары. Қаңлылардың қоныстанған жерлері, шаруашылығы мен тұрмысы. Қаңлылардың қоғамдық құрылысы. Үйсіндер мен қаңлылардың археологиялық ескерткіштері;

6) сарматтар. Сарматтардың ежелгі саяси оқиғаларға қатысуы. Сарматтардың қоныстануы, шаруашылығы мен тұрмысы. Сарматтардың қоғамдық жүйесі. Сарматтардың археологиялық ескерткіштері. Мәдениеті;

7) ғұндар (хунны). Ежелгі ғұндар тарихы қытай деректерінде. Мөде шаньюй - Ғұн мемлекетінің негізін салушы. Ғұндардың саяси тарихы мен мемлекеттік құрылысы. Халықтардың ұлы қоныс аударуы (ғұндардың батысқа қоныс аударуы). Аттила және оның жорықтары. Ғұндардың шаруашылығы мен қоғамдық құрылысы. Ғұндар дәуіріндегі мәдениеттің дамуы;

8) ) Ежелгі Қазақстан тарихына шолу. Қазақстан аумағындағы ежелгі адамдардың антропологиялық бет-әлпеті. Ежелгі Қазақстан тарихының негізгі оқиғалары, құбылыстары мен үдерістері. Ежелгі Қазақстанның мәдени мұрасы;

26. 6-сыныпқа арналған "Қазақстан тарихы" пәнінің базалық мазмұны:

1) VI - IX ғасырдағы Қазақстан. Ортағасырлық Қазақстан тарихының кезеңделуі. Ұлы Түрік қағанатының құрылуы. Қазақстан аумағындағы ерте ортағасырлық мемлекеттер: Батыс Түрік қағанаты, Түргеш қағанаты, Қарлұқ қағанаты, Оғыз мемлекеті, Қимақ қағанаты. Атлах шайқасының тарихи маңызы. Түркі мемлекеттерінің қоғамдық-саяси құрылысы. Түркілердің әскери өнері. Шаруашылығы. Сауда және қала мәдениетінің дамуы;

2) X ғасыр- XIII ғасырдың басындағы Қазақстан. Қарахан мемлекеті. Қазақстан аумағына исламның тарала басталуы. Найман, керейіт, жалайырлар. Қыпшақ хандығы. "Дешті Қыпшақ" түсінігі. Шаруашылығы: көшпелі, отырықшы. Сауда. Қала мәдениеті. Ұлы Жібек жолының тарихи маңызы. Түркі мәдениетінің әлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесі. Түркі әлемінің көрнекті ойшылдары;

3) XIII - XV ғасырлардың бірінші жартысындағы Қазақстан. Шыңғыс ханның жаулаушылық соғыстары. Отырар қорғанысы. Моңғол империясының құрылуы. Алтын Орда. Ақ Орда. Моғолстан мемлекеті. Әмір Темір жорықтары. Ноғай Ордасы. Әбілқайыр хандығы. XIII - XV ғасырлардың бірінші жартысындағы мемлекеттердің қоғамдық-саяси құрылысы. Ортағасырлық саяхатшылар Қазақстан туралы. Шаруашылық. Сауданың дамуы. Мәдениет;

4) Қазақ халқының қалыптасуы. Қазақстан – Ұлы Дала мұрагері: тарихи және этникалық сабақтастық. "Қазақ" этнонимі. Қазақ халқының біртұтас халық болып қалыптасу үдерісінің аяқталуы;

5) біртұтас қазақ мемлекетінің құрылуы. Қазақ ұлттық мемлекетінің құрылу алғышарттары. Қазақ хандығының құрылуы (аумағы, халықтың этникалық құрамы). Мемлекеттің негізін салушылар – Жәнібек пен Керей. Қазақ хандығы қалыптасуының алғашқы жылдарындағы ішкі және сыртқы саясаты. Біртұтас қазақ мемлекеті қалыптасуының тарихи маңызы;

6) Қазақ хандығының XVI - XVII ғасырлардағы дамуы. Қасым хан билігі тұсындағы Қазақ хандығының нығаюы. Хақназар хан билігі тұсындағы Қазақ хандығының одан әрі нығаюы және саяси өркендеуі. Тәуекел ханның ішкі және сыртқы саясаты. Есім ханның ішкі және сыртқы саясаты. Жәңгір хан. Орбұлақ шайқасы. Тауке ханның билігі. "Жеті жарғы". Қазақтың ұлы билері. Қазақ хандығының мемлекеттік-әкімшілік құрылымы. Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы;

27. 7-сыныпқа арналған "Қазақстан тарихы" пәнінің базалық мазмұны:

1) XVI - XVII ғасырлардағы экономика мен мәдениет. Қазақ халқының мәдениеті: материалдық, рухани мәдениет. Әдебиет пен өнер: ақын-жыраулар, халық әншілері мен композиторлардың шығармашылығы, музыкалық өнер. Қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы: мал шаруашылығы, егіншілік;

2) XVIII ғасырдың басындағы Қазақстан: сыртқы және ішкі саяси жағдай. Жоңғар мемлекеті. Қазақ-жоңғар соғыстары. "Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама" заманы. Қаракұм мен Ордабасыдағы құрылтайлар – қазақ жасағының құрылуы. Аңырақай шайқасы. Отан қорғаушы батырлар. XVIII ғасырдың 30-40 жылдарындағы қазақ-жоңғар соғыстары;

3) XVIII ғасырдағы Қазақстан мәдениеті. XVIII ғасыр ақын-жырауларының шығармашылығы. XVIII ғасыр тарихы бойынша қазақ деректері. Қазақтардың қолданбалы өнері;

4) XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ хандығы. XVIII ғасырдың басына дейінгі қазақ-орыс қатынастары. XVIII ғасырдың басындағы Ресей империясы назарындағы Қазақстан (саяси және экономикалық мақсаттар, әскери-барлау экспедициялары, алғашқы әскери бекіністердің салынуы). Кіші жүз ханы Әбілқайырдың Ресей бодандығын қабылдауы: себептері мен мақсаттары. Абылай хан тұсындағы Қазақ хандығы: ішкі және сыртқы саясаты;

5) XVIII ғасырдағы Қазақстан мәдениеті. XVIII ғасыр ақын-жырауларының шығармашылығы. XVIII ғасыр тарихы бойынша қазақ деректері. Қазақтардың қолданбалы өнері;

6) Отарлау және ұлт-азаттық күрес. Ресей империясының отаршылдық саясаты: мақсаттары мен әдістері. Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс (себептері, қозғалыстың қозғаушы күші, кезеңдері мен барысы, нәтижелері). 1822-1824 жылдардағы патша реформалары (Кіші және Орта жүздегі хандық биліктің жойылуы). 1836-1838 жылдардағы Бөкей ордасындағы қазақтардың көтерілісі (себептері, негізгі кезеңдері мен шайқастары). XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстары (Жоламан Тіленшіұлы, Саржан Қасымов бастаған көтеріліс). Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс (себептері, мақсаттары мен қозғаушы күштері, негізгі кезеңдері). Кенесары Қасымұлы: тұлға және саясаткер. Жанхожа Нұрмұхамедұлы және Есет Көтібарұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс (себептері, көтеріліс барысы). Ресей империясының Қазақстанның оңтүстік аймақтарын қосып алуы. XVIII ғасырдың соңы – XIX ғасырдағы Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихи маңызы;

7) XIX ғасырдағы Қазақстанның мәдениеті. XIX ғасырдағы Қазақстандағы ағарту ісі мен ғылымның дамуы. Бөкей ордасының ханы Жәңгірдің ағартушылық қызметі. Қазақстанның ғылыми зерттелуі (П. Семенов-Тянь-Шанский, Г.Н.Потанин, В.В. Радлов, М. Шорманов, М. Бабаджанов, А.Диваев). Зайырлы және діни білім беру мекемелері. Жадиттік және білім берудегі жаңашылдық. Шоқан Уәлиханов – ұлы қазақ ғалымы. Ыбырай Алтынсарин – ағартушы, жаңашыл-педагог, қоғам қайраткері. Абай Құнанбайұлы – ұлы ойшыл, қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы. Қазақ музыкалық мәдениетінің дамуы (Құрманғазы Сағырбайұлы, Тәттімбет Қазанғапұлы, Дәулеткерей Шығайұлы). Әйгілі суретшілер шығармашылығындағы ұлттық контекст;

8) Қазақстан Ресей империясының құрамында. Капиталистік қатынастардың ене бастауы. Сауда қатынастарының дамуы. XIX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында орын алған өзгерістер;

28. 8-сыныпқа арналған "Қазақстан тарихы" пәнінің базалық мазмұны:

1) Қазақстан Ресей империясының құрамында. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы патшалық реформалар. 1867-1868 жылдардағы реформалар. Қазақстандағы патшалық Ресейдің аграрлық және қоныстандыру саясаты. 1860-1870 жылдардағы ұлт-азаттық күрес (себептері мен көтеріліс барысы). XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы. XIX ғасырдың 80-90 - жылдарындағы әкімшілік-аумақтық реформалар: мазмұны мен салдарлары. Столыпиннің аграрлық реформасы және шаруалардың Қазақстанға жаппай қоныс аударуы. Жетісу аумағына ұйғырлар мен дүнгендердің қоныс аударуы. Дәстүрлі қазақ қоғамының трансформациясы. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қоғамдық-саяси ойлардың дамуы;

2) XX ғасырдың басындағы Қазақстан. XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси үдерістер. XX ғасырдың басындағы Қазақстанның экономикалық дамуы. XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы өнеркәсіптің дамуы. Сауданың дамуы. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс. Қазақ ұлттық зиялылар қауымы және оның XX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси үдерістерге әсері. Ұлттық баспаның дамуы ("Қазақ" газеті, "Айқап" журналы). 1917 жылғы революциялар. "Алаш" партиясының құрылуы. "Алаш - Орда" үкіметі. Қазақ халқының саяси көшбасшылары (Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Б. Қаратаев, М. Тынышпаев, М. Шоқаев). XX ғасырдың басындағы мәдениеттің дамуы. Әдебиет пен музыка өнерінің дамуы;

3) Қазақстанда кеңестік биліктің орнығуы. "Үш Жүз" қазақ социалистік партиясы. Азамат соғысы жылдарындағы (1918-1920 жылдар) Қазақстандағы соғыс қимылдары. Кеңес билігі органдарының "Алаш-Орда" үкіметі, Қоқан автономиясымен қарым-қатынасы. "Әскери коммунизм саясаты". 1921 жылғы жұт және аштық. Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының құрылуы. Қазақ АКСР-ы аумағының қалыптасуы. Қазақ жерлерінің біртұтастығын қалпына келтірудегі қазақ зиялыларының рөлі. Қазақстандағы Жаңа экономикалық саясат (1921-1925 жылдар). XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясаты. Кеңес үкіметінің діни саясаты;

4) Қазақстан тоталитарлық жүйенің нығаюы кезеңінде. Қазақстандағы социалистік индустрияландыру (мәні мен ерекшеліктері). "Кіші Қазан" (мазмұны және жүзеге асырылуы). Бай шаруашылықтарының тәркіленуі. Ауыл шаруашылығындағы күштеп ұжымдастыру саясаты. Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру саясатының экономикалық салдарлары. 1931-1933 жылдардағы аштық - XX ғасырдағы қазақстандық қасірет. Қазақстандағы ұжымдастырудың демографиялық салдарлары. Ұжымдастыруды жүзеге асырудың әдістеріне қатысты ұлттық зиялылардың ("Бесеудің хаты") қоғамдық-саяси көзқарасы мен қатынасы. 1920-1930 жылдардағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси үдерістер. Сталиндік репрессиялар. Қазақстан аумағындағы кеңестік "еңбек түзеу" концентрациялық лагерлері (Степлаг, Карлаг, Алжир және тағы басқалар);

5) Кеңестік Қазақстанның мәдениеті: білім мен ғылым . Халыққа білім беру ( ересектер арасындағы сауатсыздықты жою, орта білім, қазақ жазуының араб тілінен латын тіліне көшуі, орыс графикасына негізделген жаңа әліпбиге көшу). А.Байтұрсынов – "ұлт ұстазы". Жоғары оқу орындарының ашылуы. КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы. Қ.Сәтбаевтың Қазақстан ғылымын дамытудағы рөлі. Қазақстандық ғалымдар мен олардың ғылыми жетістіктері. Әдебиеттің дамуы ( Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Б.Майлин, І. Жансүгіров, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин шығармашылығы). Театр, кино, бейнелеу өнері және оның қайраткерлері.

29. 9-сыныпқа арналған "Қазақстан тарихы" пәнінің базалық мазмұны:



1) Қазақстан Ұлы Отан соғысы соғыс жылдарында. Ұлы Отан соғысының басталуы. Ұлы Отан соғысының негізгі кезеңдері. Қазақстандағы мобилизация және қазақстандық әскери бөлімдердің құрылуы. Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлігі мен тағдыры. Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы шайқастарына қатысуы. Қазақстандықтар – Кеңес Одағының батырлары. Б.Момышұлы – аңызға айналған тұлға. Қазақстан – майдан арсеналы. КСРО халықтарының Қазақстанға депортациялануы. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы мәдениет. Ғылымның дамуы. Әдебиеттегі жетістіктер (М.Әуезов, Ж.Жабаев, Д.Снегин, И. Шухов және тағы басқалар). Өнердің дамуы (театр, кино);

2) Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946-1953 жылдар). Соғыстан кейінгі жылдардағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер. Пайдалы қазбаларды өңдеу және өнеркәсіптің дамуы. Ауыл шаруашылығының дамуы. Қазақстанның әскери-өнеркәсіптік кешенінің қалыптасуы (Қазақстандағы ядролық полигон). Соғыстан кейінгі жылдардағы қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктері. "Бекмаханов ісі";

3) Кеңестік Қазақстанның мәдениеті (1946-1985-жылдар.). Білім беру саласындағы мемлекеттік саясат. Жалпыға бірдей міндетті орта білім. Қазақ тілінің жағдайы. Ғылымның дамуы. Әдебиеттің дамуы (Ә.Нұрпейісов, Б.Момышұлы, І.Есенберлин, О.Сүлейменов, М.Шаханов). Өнер (театр, кино);

4) Қазақстан "Жылымық" кезеңінде (1954-1964 жылдар). Қазақстанда "Хрущевтік кезеңдегі" өнеркәсіптің дамуы. Тың және тыңайған жерлерді игеру (тың игерудің экономикалық, экологиялық және демографиялық салдарлары). Қазақстандағы әскери-өнеркәсіптік кешен ("Байқоңыр" ғарыш айлағы). "Жылымық кезеңі". 1954-1965 жылдардағы республикадағы қоғамдық-саяси өмір;

5) Қазақстан "Тоқырау" кезеңінде (1965-1985 жылдар). 1965-1985- жылдардағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы. Экономиканың шикізаттық бағыты. Урбанизация. 1970-1980 жылдардағы ауыл шаруашылығындағы дағдарыс. 1965-1985 жылдардағы қоғамдық-саяси өмір. 1979 жылғы Целиноградтағы оқиғалар. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы басшыларының қызметі (Ж.Шаяхметов, Д.Қонаев, Ж.Тәшенов);

30. 10-сыныпқа арналған "Қазақстан тарихы" пәнінің базалық мазмұны:

1) Қазақстан Қайта құру кезеңінде (1986-1991 - жылдар). "Қайта құру" жылдарындағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер: мақсаттары, проблемалары мен қарама-қайшылықтары. Қазақстандағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғалары (себептері, барысы мен салдарлары). 1986 жылғы желтоқсан оқиғаларының қатысушыларына қатысты жазалау шаралары. "Қазақ КСР-ның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация" (1990 жылғы қазан). Кеңестік саяси жүйенің дағдарысы (1991 жылғы "Тамыз бүлігі"). КСРО-ның ыдырауы. Қазақстандағы қоғамдық-саяси қозғалыстар. Семей ядролық полигонының жабылуы. "Қазақ КСР-ның тілдер туралы Заңының" қабылдануы;

2) Қазақстан мемлекеттілігінің қайта жаңғыруы (1991 - 1997 жылдар). "Мемлекеттік тәуелсіздік туралы" Конституциялық заңының қабылдануының тарихи маңызы. Н.Ә.Назарбаев – Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті. Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси институттарының қалыптасуы. Нарықтық экономикаға көшудегі қиыншылықтар. Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа кірігуі. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы әлеуметтік-демографиялық үдерістер. 1995 жылғы Конституцияның қабылдануы;

3) Қазақстан Республикасының өрлеуі (1997 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін). Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді басым мақсаттары мен стратегиялары. "Қазақстан – 2030" стратегиясының қабылдануы. Қазақстан Республикасының халықаралық сахнадағы беделінің өсуі. Қазақстанның аймақтық және халықаралық ұйымдармен қарым-қатынасы. Қазақстанның ЕҚЫҰ және ИЫҰ-на төрағалық етуі. Әлемдік экономикалық байланыстар жүйесіндегі Қазақстан. Мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік жағдайы. Астана – Қазақстан Республикасының жаңа астанасы. "Қазақстан-2050" стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты . "5 институтционалды реформаларды жүзеге асырудағы 100 нақты қадам" ұлттық жоспары – қазіргі заманның сын-тегеуріндеріне жауап. Ұлт көшбасшысы – Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіз мемлекетті құрудағы және дамытудағы рөлі;

4) Қазіргі заманғы Қазақстан мәдениеті (1991 жылдан бүгінгі күнге дейін). Білім және ғылым саласындағы мемлекеттік саясат. "Болашақ" мемлекеттік бағдарламасы. Инновациялық ғылыми-білім беру мекемелерінің құрылуы. Этносаралық және дінаралық келісімнің қазақстандық моделі. Қазақстан халқы Ассамблеясы. Жаһандану дәуіріндегі ұлттық мәдениетті жаңғырту және сақтап қалу мәселелері. Қазіргі кездегі өнер мен әдебиеттің даму тенденциялары. "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы. " Мәңгілік Ел" жалпыұлттық біріктіруші идеясы.

### 3-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

31. Оқыту мақсаттарының жүйесі кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім мен бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.2.1.2 кодында: "7" – сынып, " 2.1." – бөлім мен бөлімше, "2" – оқыту мақсатының реттік саны.

32. Күтілетін нәтижелер бойынша оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) "Әлеуметтік қатынастардың дамуы" бөлімі:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары					
	5 сынып	6 сынып	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып
		6.1.1.1 түркі тілдес тайпаларды атап, олардың				

<p>1.1 Этникалық қатынастар</p>	<p>5.1.1.1 тарих негізін зерттейтін білу, Тарихи дереккөздердің негізгі түрлерін ажырату; 5.1.1.2 тарихи ғылымдар туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру; 5.1.1.3 Тарихи уақыт туралы түсінік: ғасыр (жүзжылдық), мыңжылдық, тарихи дәуір, біздің дәуірімізге дейін, біздің дәуір, "уақыт сызығы" 5.1.1.4 картамен жұмыс істеуге баулу, кеңістіктерді ажырата білу, құрлықтарды көрсете білу; 5.1.1.5 дүниежүзі тарихы мен ежелгі Қазақстан тарихының қандай кезеңдерге бөлінетіндігін және олардың хронологиялық шеңберін ажырата білу;</p>	<p>аумақтық орналасуын картада көрсету 6.1.1.2 Қазақстан аумағындағы орта ғасырлар тарихының негізгі кезеңдері мен хронологиялық шеңберін білу; 6.1.1.3 "түркі" этнонимінің пайда болу тарихы мен уақыты туралы білу; 6.1.1.4 түркі кезеңіндегі мемлекеттердің этникалық құрылымын білу, түркі мемлекеттерінің аумағын көрсете білу; 6.1.1.5. моңғол кезеңіндегі мемлекеттердің этно-әлеуметтік құрылымын анықтау; 6.1.1.6 ежелгі және ортағасырлар тарихының оқиғалары арасында байланыс орнату арқылы қазақ халқының қалыптасуындағы негізгі кезеңдерді анықтау 6.1.1.7 "қазақ"</p>	<p>7.1.1.1 Қазақ хандығының этноәлеуметтік құрылымын білу; 7.1.1.2 жоңғар шапқыншылығы кезеңіндегі демографиялық өзгерістер мен көші-қон үдерістерін білу</p>	<p>8.1.1.1 Ресей империясының қоныс аудару саясатының себептері мен салдарын білу және түсіну; 8.1.1.2 Қазақстанда Кеңес өкіметін орнатудың реттілігі мен ерекшеліктерін білу; 8.1.1.3 Ресей империясының Мемлекеттік Думасындағы қазақ зиялылары өкілдерінің қызметін бағалау; 8.1.1.4 Ресей империясының қоныс аудару саясатының себептері мен салдарын білу; 8.1.1.5 қазақ зиялыларын қалыптастырудың маңыздылығын түсіндіру</p>	<p>9.1.1.1 Ұлы Отан соғысы кезіндегі демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын анықтау; 9.1.1.2 ХХ ғасырдың екінші жартысындағы демографиялық және этникалық өзгерістер туралы дәлелді қорытынды жасай білу; 9.1.1.3 соғыстан кейінгі жылдардағы этноәлеуметтік өзгерістерді талдау; 9.1.1.4 ХХ ғасырдың 60-жылдарындағы Қазақ КСР-інің дамуындағы ұлттық саясат себептері мен салдарын білу және анықтау</p>	<p>10.1.1.1 Қазақстанның Даму стратегиясына сәйкес демографиялық саясатты талдау; 10.1.1.2 алдыңғы тарихи кезеңдермен сабақтастықты орната отырып, қазіргі демографиялық үдерістерге баға беру; 10.1.1.3 қазақ диаспорасының тарихи Отанымен байланыс орнатуының маңыздылығын анықтау; 10.1.1.4 Қазақстанның даму стратегиясына сәйкес демографиялық саясаттың бағыттарын түсіну; 10.1.1.5 қазіргі замандағы тәуелсіз Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдері</p>
-------------------------------------	--	---	---	---	--	--

	5.1.1.6 Ежелгі Қазақстан адамдарының антропологиялық тұрпатын анықтау	этнонимінің мағынасын түсіндіру 6.1.1.8 XIII-XV ғасырлардағы Қазақстан аумағында құрылған мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау				туралы білу, қорытынды жасау;
1.2 Әлеуметтік қатынастар	5.1.2.1 ежелгі адамдардың алғашқы бірлестіктерін білу (табын, Ру, рулық қауым, тайпа); 5.1.2.2 ежелгі тайпаларда мүліктік теңсіздіктің пайда болу себептерін түсіну; 5.1.2.3 әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру; 5.1.2.4 ежелгі Қазақстандағы тайпалардың қоғамдық құрылымын сипаттай білу 5.1.2.3	6.1.2.1 орта ғасырларда қоғам қандай әлеуметтік топтарға бөлінгенін білу; 6.1.2.2 түркі мемлекеттерінің қоғамдық-саяси құрылымын анықтау; 6.1.2.3 моңғол кезеңіндегі әлеуметтік топтардың рөлі мен орнын анықтау; 6.1.2.4 "Жеті жарғының" пайда болу себептерін және оның негізгі ережелерін білу; 6.1.2.5 Қазақ хандығындағы әлеуметтік топтардың рөлін анықтау	7.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді алдыңғы кезеңдермен салыстыру негізінде анықтау; 7.1.2.2 қазақ зиялыларын қалыптастырудың маңыздылығын түсіндіру; 7.1.2.3 қазақ қоғамы қандай әлеуметтік топтарға бөлінгенін білу және олардың қоғамдағы рөлін анықтау; 7.1.2.4 XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақ хандығындағы әртүрлі әлеуметтік топтардың өмірі мен тұрмысының ерекшеліктерін сипаттау	8.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамы мен әкімшілік басқарудағы өзгерістерді анықтау; 8.1.2.2 қазақ зиялыларының рөлі мен қызметін талдау; 8.1.2.3 революциялық өзгерістер жылдарындағы әртүрлі әлеуметтік топтардың рөлін білу; 8.1.2.4 Қазақстан аумағындағы көтерілістердің қозғаушы күштерін білу	9.1.2.1 Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан халқының өміріндегі қиындықтарды сипаттау; 9.1.2.2 соғыс жылдарындағы халықтың әлеуметтік жағдайын анықтау; 9.1.2.3 "Отандық, Кеңес Армиясы, оккупация, блокада, майдан арсеналы" ұғымдарының анықтамаларын білу; 9.1.2.4 XX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның әлеуметтік құрылымында қандай өзгерістер болғанын білу	10.1.2.1 статистикалық деректер негізінде Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайын талдау; 10.1.2.2 мәтінге, интернет ресурстарына сүйене отырып, тарихи кейіпкерлерді сипаттай білу; 10.1.2.3 статистикалық деректер негізінде қазіргі Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайын талдау

## 2) "Мәдениеттің дамуы" бөлімі:

2-кесте:

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары					
	5 сынып	6 сынып	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып
2.1 Дүниетаным мен дін	5.2.1.1 Адамның пайда болуының негізгі теорияларын (құдайлық, эволюциялық) білу; 5.2.1.2 алғашқы адамдардың наным-сенімдерін сипаттау; 5.2.1.3 - ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау;	6.2.1.1 түркілердің дүниетаным-ды қ ерекшеліктері н түсіндіру; 6.2.1.2 түркі мемлекеттері аумағындағы діндердің әртүрлі болуының себептерін білу; 6.2.1.3 ислам дінінің түркілердің қоғамдық өміріне ықпалын анықтау; 6.2.1.4 тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттауда " Ұлы Дала Елі " ұғымын колдану	7.2.1.1 салт - дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын анықтау; 7.2.1.2 отаршылдық саясаттың ұлттық құндылықтарға кері әсерін талдау;	8.2.1.1 мемлекеттің діни саясатының мақсаты мен салдарын анықтау; 8.2.1.2 отаршылдық саясаттың ұлттық құндылықтарға кері әсерін талдау; 8.2.1.3 Ш. Құдайбердиев пен Ж. Көпеевтің қазақ әдебиетінің дамуына қосқан үлесіне баға беру	9.2.1.1 ХХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамының қоғамдық өміріне діннің әсері туралы түсінігін қалыптастыру; 9.2.1.2 Қазақстан халықтарының негізгі мерекелерін білу	10.2.1.1 дәстүрлі және деструктивті діни ағымдар мен ұйымдардың іс-әрекетін білу талдау; 10.2.1.2 Қазақстан халқы Ассамблеясының дінаралық, этносаралық келісім мен ішкі тұрақтылықты нығайтудағы ықпалын бағалау; 10.2.1.3 " Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының маңыздылығын баға беру;
	5.2.2.1 Ежелгі Қазақстанның археологиялық ескерткіштері н, жартастағы суреттерін сипаттау; 5.2.2.2 археологиялық дереккөздерге сүйене отырып, андронов және бегазы-дәндібай мәдениеттері	6.2.2.1 көшпенділердің әскери өнердегі жетістіктерін білу; 6.2.2.2 ерте ортағасырлық сәулет ескерткіштерінің	7.2.2.1 Тарихи деректер ретінде күйлер, аңыздар, шежірелер мен эпостардың маңыздылығын анықтау; 7.2.2.2 музыканттардың, ақындардың, күйшілердің шығармашылығы туралы білу және ұлттық музыкалық	8.2.2.1 қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау, оның қоғамдық санаға әсерін бағалау; 8.2.2.2 А. Байтұрсыновтың Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы және қоғам	9.2.2.1 соғыс кезінде халықтың рухын көтеруде өнер мен әдебиеттің маңыздылығын бағалау; 9.2.2.2 кеңес әдебиетінде	10.2.2.1 қазіргі заманғы өнер мен әдебиеттің даму тенденцияларын анықтау; 10.2.2.2 ұлттық құндылықтар

<p>2.2 Өнер мен әдебиет</p>	<p>нің белгілерін анықтау; 5.2.2.3 Есік қорғанынан табылған "Алтын адам" археологиялық олжасының ерекшеліктерін білу; 5.2.2.4 Ә. Марғұланнның Қазақстан археологиясының дамуына қосқан үлесін анықтау; 5.2.2.5 Көшпенділердің әлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесі туралы білу; 5.2.2.6 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнерінің ерекшеліктерін сипаттау</p>	<p>ерекшеліктерін түсіндіру; 6.2.2.3 көшпенділердің әскери өнердегі жетістіктерін сипаттау; 6.2.2.4 көшпенділердің қолданбалы өнерінің жетістіктерін сипаттау; 6.2.2.5 тарихи деректер ретінде күйлер, аңыз, шежіре және эпостың маңыздылығын түсіну</p>	<p>аспаптарды сипаттай білу; 7.2.2.3 Тарихи деректер ретінде халық фольклоры мен музыкалық шығармалардың маңыздылығын бағалау; 7.2.2.4 қазақтардың ауызша халық шығармашылығының ерекшеліктерін білу; 7.2.2.5 қолданбалы өнердің жетістіктерін білу; 7.2.2.6 А. Құнанбаевтың ақын, ойшыл, қоғам қайраткері ретіндегі іс-әрекетін бағалау</p>	<p>қайраткері ретіндегі іс-әрекетін білу; 8.2.2.3 ХХ ғасырдың бірінші ширегіндегі өнер мен әдебиеттегі өзгерістерді сипаттау; 8.2.2.4 ХХ ғасырдың басында қолданбалы өнер мен сәулет өнерінің даму ерекшеліктерін білу; 8.2.2.5 Кеңестік Қазақстанның театр өнері қалай дамығанын білу</p>	<p>және өнер туындыларын да әлеуметтік өмірдің қалай көрінетінін талдау; 9.2.2.3 қазақ жазушылары мен ақындарының әлем әдебиетіндегі шығармаларының маңыздылығын бағалау; 9.2.2.4 кеңес заманында музыка, театр, кино өнерінің даму ерекшеліктерін білу</p>	<p>ды жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың қажеттілігін негіздеу ("Мәдени мұра" бағдарламасы"); 10.2.2.3 БАҚ пен қоғамдық бірлестіктердің мемлекеттің қоғамдық және саяси өміріне рөлі мен әсерін білу және түсіну</p>
<p>5.2.3.1 қазақстандық</p>	<p>6.2.3.1 көне түркі жазуының тарихи маңызын түсіндіру; 6.2.3.2 ортағасырлық ғылымның дамуына Әл-Фарабидің және басқа да ғалымдардың қосқан үлесін анықтау; 6.2.3.3 "Кодекс куманикус" сөздігінің халықаралық қатынастарда</p>	<p>6.2.3.1 көне түркі жазуының тарихи маңызын түсіндіру; 6.2.3.2 ортағасырлық ғылымның дамуына Әл-Фарабидің және басқа да ғалымдардың қосқан үлесін анықтау; 6.2.3.3 "Кодекс куманикус" сөздігінің халықаралық қатынастарда</p>	<p>7.2.3.1 Ш. Уәлиханов ғылыми мұрасының тарихи маңызын анықтау; 7.2.3.2 ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы білім берудің даму ерекшеліктерін түсіндіру; 7.2.3.3 Ы.Алтынсариннің ағартушылық</p>	<p>8.2.3.1 қоғамдық-саяси сананы оятудағы ұлттық баспасөздің рөліне баға беру; 8.2.3.2 кеңестік кезеңдегі қазақ тілінің жағдайын анықтау;</p>	<p>9.2.3.1 эвакуацияланған ғылыми және жоғары оқу орындарының Қазақстандағы білім беруді дамытуға әсері туралы білу; 9.2.3.2 мемлекеттің білім және ғылым</p>	<p>10.2.3.1 тәуелсіздік жылдарындағы білім беру саласындағы мемлекеттің саясатын бағалау; 10.2.3.2 тәуелсіздік және жетістік жылдарындағы</p>

2.3 Білім және ғылым	ғалымдардың археологиялық жаңалықтары мен білу	ғы рөлін анықтау; 6.2.3.4 түркі кезеңінің қоғамын сипаттау үшін М. Қашқари, Ю . Баласағұни және А. Яссауи еңбектерінің тарихи маңыздылығы мен түсіндіру; 6.2.3.5 М. Х. Дулатидің "Тарихи Рашиди" еңбегінің маңызын түсіндіру	ты дамытуға қосқан үлесін баға беру; 7.2.3.4 қазақ халқы мен Қазақстан аумағын зерттеу бойынша ғылыми зерттеулер туралы білу; 7.2.3.5 Тарихи деректер ретінде Ш . Құдайбердіұлы, М. Көпеев және К. Халидтің еңбектерінің мәнін анықтау	8.2.3.3 ХХ ғасырдың 1 жартысындағы ғылымдар мен білім беру саласындағы өзгерістерді талдау; 8.2.3.4 қазақстандық өнеркәсіп пен ғылымды дамытудағы Қ . Сәтбаевтың рөлін бағалау	саласындағы саясатын бағалау; 9.2.3.3 Е. Бекмахановтың Қазақстанның тарихи ғылымының дамуына қосқан үлесін анықтау; 9.2.3.4 кеңестік кезеңдегі қазақ тілінің дамуындағы мемлекет саясатының кемшіліктерін білу	ы ғылым саласындағы мемлекеттің саясатын білу ; 10.2.3.3 тәуелсіздік жылдарындағы спорттың дамуы мен спорттық жетістіктер туралы білу
----------------------	--	--	--	---	--	--

### 3) "Мемлекеттің дамуы" бөлімі:

#### 3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары					
	5 сынып	6 сынып	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып
		6.3.1.1 Түркі қағанатының қалыптасуының тарихи маңызын түсіну; 6.3.1.2 VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 6.3.1.3 Хғ. – XIII ғ. басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп,	7.3.1.1 XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайы қандай болғанын білу ;	8.3.1.1 Ресей империясының отаршылдық саясатының себептері мен салдарын білу ; 8.3.1.2 - Патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық		10.3.1.1 ХХ ғасырдың аяғындағы қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру; 10.3.1.2 әміршіл-әкімшіл саясатқа қарсы халықтық наразылықтың көріністерін салыстыру және талдау; 10.3.1.3 1986 жылғы желтоқсан оқиғаларының

3 . 1  
Мемлекеттің  
ішкі саясаты

<p>5.3.1.1 картадан тайпалық одақтардың орналасуын көрсету; 5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің қалыптасуын түсіндіру; 5.3.1.3. темір дәуіріндегі алғашқы тайпалық бірлестіктердің қоғамдық құрылысы туралы білу;</p>	<p>олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 6.3.1.4 тарихи ұғымдарды қолданып, Қарахан мемлекетіндегі жер иелену ерекшеліктерін түсіндіру; 6.3.1.5 Отырарды қорғаудағы қала халқының ерлігін сипаттау; 6.3.1.6 картаны қолданып XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси үдерістерді түсіндіру; 6.3.1.7 ортағасырлық мемлекеттердің ыдырауының негізгі және жанама себептерін анықтау; 6.3.1.8 Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің басқару жүйесінің ерекшеліктерін анықтау; 6.3.1.9 Қазақ хандығы құрылуының тарихи маңызын анықтау;</p>	<p>7.3.1.2 Қарақұм және Ордабасы құрылтайларының халықты жоңғар басқыншылығына қарсы жұмылдырудағы рөліне баға беру; 7.3.1.3 халықтың қайғы-қасіреті және "Ұлы апат" жылдарының салдары туралы білу; 7.3.1.4 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау; 7.3.1.5 Патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық өзгерістерді түсіндіру; 7.3.1.6 халықтың отаршылдық саясатына қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау; 7.3.1.7 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру; 7.3.1.8. XIX ғасырдағы Қазақстанның</p>	<p>өзгерістерді түсіндіру; 8.3.1.3 XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси үдерістерге баға беру; 8.3.1.4 қазақ халқының отаршылдық саясатқа қарсы ұлт-азаттық күресінің себептері мен салдарын білу; 8.3.1.5 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің тарихи маңызын анықтау және тұлғалардың рөліне баға беру; 8.3.1.6 "Алаш" партиясының ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту саясатын талдау 8.3.1.7 Қазақстанда құрылған ұлттық автономиялардың маңыздылығына баға беру; 8.3.1.8 XX ғасырдың 20-30 жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе</p>	<p>9.3.1.1 қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысындағы жеңіске қосқан үлесін бағалау; 9.3.1.2 Б. Момышұлының батырлық тұлғалық қасиетін айқындау; 9.3.1.3 28 панфиловшылардың ерлігі туралы айту; 9.3.1.4 XX ғасырдың екінші жартысындағы қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру; 9.3.1.5 әміршіл-әкімшілік саясатқа қарсы халықтық наразылық көріністерін салыстыра білу; 9.3.1.6 ұлттық мүдделерді қорғаудағы қоғамдық-саяси қайраткерлердің рөлін бағалау;</p>	<p>ң тарихи маңыздылығын бағалау; 10.3.1.4 Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы қадамдарын анықтау және жалпылау жасау; 10.3.1.5 өткен оқиғалармен сабақтастықты орната отырып, Қазақстан тәуелсіздігін жариялаудың тарихи маңыздылығын түсіндіру; 10.3.1.6 Ұлт Көшбасшысы Н. Назарбаевтың тәуелсіз мемлекетті қалыптастырудағы рөлін бағалау; 10.3.1.7 Қазақстан Республикасының Конституциясын мемлекеттің тұрақты дамуының кепілі ретінде бағалау; 10.3.1.8 Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуына талдау жасау; 10.3.1.9 ұзақ мерзімді</p>
--	--	--	--	--	---



		6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау ; 6.3.1.11 қоғамдық-саяси өмірдегі сұлтан, би, батыр, жыраулардың қызметтерін сипаттау;	і ш к і жағдайын білу;	саясатының зардаптарын талдау		мемлекеттік стратегияларды талдау; 10.3.1.10 Астананы жаңа Қазақстанның өркендеуінің символы ретінде анықтау
3.2 Мемлекеттің сыртқы саясаты	5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау; 5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау 5.3.2.3. темір дәуіріндегі тайпалар жүргізген соғыстардың себептері мен	6.3.2.1 тарихи оқиғалардың өзара байланысын табу арқылы түркі тілдес тайпалардың миграциялық үдерісін түсіндіру; 6.3.2.2 ерте түрік қағанаттарының сыртқы саясатының негізгі бағыттарын анықтау; 6.3.2.3 Атлах шайқасының тарихи маңызын талдау; 6.3.2.4 қыпшақтардың Еуразия тарихындағы орнын анықтау; 6.3.2.5 тарихи оқиғалардың өзара байланысын анықтап, Қазақстан аумағында XIII - XV ғасырларда	7.3.2.1 XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін білу; 7.3.2.2 Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте танылған хандар мен батырлардың рөлін түсіндіру; 7.3.2.3 жоңғар шапқыншылығы жылдарындағы шайқастардың тарихи маңызы туралы білу; 7.3.2.4 Кіші және Орта жүз қазақтарының Ресей бодандығын қабылдауының мақсатын, барысын және себептерін білу;	8.3.2.1 Қазақстанның азамат соғысы және шетелдік әскери интервенция жылдарына қатысуын бағалау; 8.3.2.2 Б. Момышұлының жеке тұлғалық және батырлық қасиеттерін анықтау	9.3.2.1 Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында әлемнің дамыған елдері арасындағы қайшылықтардың өршу себептерін білу; 9.3.2.2 Екінші дүниежүзілік соғыстың себептерін, сипаты мен салдарын білу ; 9.3.2.3 Екінші дүниежүзілік соғыстың нәтижелерін және олардың соғыстан кейінгі әлемнің құрылымына	10.3.2.1 Қазақстан Республикасының халықаралық сахнадағы танылуына баға беру арене; 10.3.2.2 Қазақстанның аймақтық және халықаралық ұйымдарымен байланыстарын талдау; 10.3.2.3 қазақ диаспораларының тарихи Отанымен

салдарын білу ; 5.3.2.4 Тарихи картада ғұндардың қоныс аудару бағыттарын көрсете білу;	құрылған мемлекеттердің сыртқы саясатын түсіндіру; 6.3.2.6 Қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау; 6.3.2.7 Орбұлақ шайқасындағы қазақ жасағының әскери өнердегі шеберлігі мен ерлігін бағалау	7.3.2.5 Абылай ханның ішкі және сыртқы саясатын бағалау; 7.3.2.6 Абылай ханның Қазақ хандығын нығайтудағы рөлін бағалау; 7.3.2.7 Қазақстанның оңтүстік өңірлеріне қатысты Ресей мен Англияның мақсаттарын білу	қалай әсер еткенін білу; 9.3.2.4 қазақ диаспорасының тарихи Отанымен байланысының маңыздылығын анықтау	байланысының маңыздылығын айқындау
---	--	--	---	------------------------------------

4) "Қазақстанның экономикалық дамуы" бөлімі:  
4-кесте

Бөлімшелер	Оқу мақсаттары					
	5 сынып	6 сынып	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып
Жұмыс көрмесі	5.3.1.1 дайын жұмысты жалпы сыныпқа таныстыру
3-тоқсан	
Құрылымдық материалдар. Материалдардың түрлері мен қасиеттерін зерттеу	5.1.6.1 құрылымдық, табиғи және жасанды материалдардың жалпы қасиеттері мен құрылымын, олардың ұқсастықтығы мен айырмашылығын айту
	5.2.2.1 құрылымдық, табиғи және жасанды материалдарды өңдеуге

1.3  
Дизайн және технология

<p>Құрылымдық материалдарды өңдеуге арналған жабдықтар, қол құралдары мен құрылғылар</p>	<p>арналған қол құралдары мен жабдықтарды пайдалану; 5.2.2.2 ағаш ұстасы/слесарлық верстактың қолдануы мен құрылымын білу және түсіндіру; 5.2.3.2 түрлі материалдардан қарапайым бұйымдарды жасау</p>
<p>Көркем кесу. Идеяларды дамыту. Материалды таңдау және дайындау</p>	<p>5.1.5.1 композицияның негізгі заңдылықтарын сақтай отырып, қарапайым объектілердің дизайнын дамыту бойынша тапсырмаларды орындау және басқалардың тәжірибесіне сүйене отырып (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер); 5.1.5.2 шығармашылық идеяларды жүзеге асыру үшін нобайлар мен эскиздер жасау; 5.1.4.1 шығармашылық жұмысты орындау кезеңдерін анықтайтын жоспар құру</p>
<p>Сыртқы және ішкі контур бойымен қисық сызықты бұйымдарды көркемдік кесу</p>	<p>5.2.3.1 таңбалау мен өлшеулер негізінде бұйымды жасауға арналған материалдарды қол құралдарымен өңдеу; 5.2.3.2 әртүрлі конструкциялық, табиғи және жасанды материалдардан қарапайым бұйымдар жасау; 5.2.6.1 қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану</p>
<p>Сымнан бұйымдарды модельдеу. Эскиздерді әзірлеу (тізбектер, жануарлардың фигуралары). Материалды дайындау. Бұйым жасау (тізбектер, басқатырғыштар, жануарлардың мүсіншелері). Материалды таңдау. Құралдар мен қондырғылар</p>	<p>5.1.5.2 шығармашылық идеяларды жүзеге асыру үшін нобайлар мен эскиздер жасай білу</p>
<p>Бұйым жасау (тізбектер, басқатырғыштар, жануарлардың мүсіншелері)</p>	<p>5.2.3.1 таңбалау мен өлшеулер негізінде бұйымды жасауға арналған материалдарды қол құралдарымен өңдеу; 5.2.3.2 әртүрлі конструкциялық, табиғи және жасанды материалдардан қарапайым бұйымдар жасау; 5.2.6.1 қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, материалдар мен</p>

		құралдарды қолдану, оның маңыздылығын түсіну және көрсету
	Әр түрлі материалдарды қолдана отырып музыкалық (ұрмалы-шу) аспаптарды жобалау	5.1.5.1 композицияның негізгі заңдылықтарын сақтай отырып, қарапайым объектілердің дизайнын дамыту бойынша тапсырмаларды орындау; 5.1.5.2 шығармашылық идеяларды жүзеге асыру үшін нобайлар мен эскиздер жасау
	Музыкалық аспап жасау	5.2.3.1 таңбалау мен өлшеулер негізінде бұйымды жасауға арналған материалдарды қол құралдарымен өңдеу; 5.2.3.2 әртүрлі құрылымды, табиғи және жасанды материалдардан қарапайым бұйымдар жасау; 5.2.6.1 қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану; 5.3.4.1 өзінің және басқаның жұмысын жетілдіру үшін бейімдеу бойынша ұсыныс жасау және сынды қабылдай білу
	Жұмыс көрмесі	5.3.1.1 дайын жұмысты жалпы сыныпқа таныстыру
4-тоқсан		
3.4 Тамақтану мәдениеті	Дұрыс тамақтану негіздері. Мәзірді құрастыру	5.2.4.1 дұрыс және теңдестірілген тамақтану ережелерін сипаттау; 5.2.4.2 дұрыс және теңдестірілген тамақтану мәзірін құру; 5.1.3.1 шығармашылық идеяларды дамыту және зерттеу үшін ақпарат көздерімен жұмыс жасау; 5.2.5.4 қарапайым электротехникалық арматура және электромонтажды құралдардың атау және қолдануын түсіндіру;
	Электр энергиясының көздері туралы жалпы ақпарат. Электротехникалық арматура. Электр энергиясының әртүрлі көздерімен тәжірибелер	5.2.5.3 электр энергиясының шығу көздері туралы түсінік болуы; 5.1.3.1 шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту үшін ақпарат көздерімен жұмыс жасау; 5.2.5.4 электр монтаж құралдары мен электротехникалық арматуралардың қарапайым қызметін тізіп айту, түсіндіру; 5.2.5.5 тұрақты ток көздерін қолдана отырып қарапайым бұйымдарды жинау және атау

3.5 Үй мәдениеті	Тұрмыстық жөндеу жұмыстары	5.2.5.6 интерьерді ұйымдастыру бойынша практикалық жұмыстар және қол құралдарын пайдаланып, ақауларды жоюға арналған қарапайым жөндеу операцияларын орындау, құрастыру
	Өсімдік шаруашылығының негізгі бағыттары. Өсімдік шаруашылығындағы көктемгі жұмыс	5.2.5.1 өсімдік шаруашылығы мен жеміс-көкөніс мәдениетінің негізгі бағыттарын білу және сипаттау; 5.2.5.2 өсімдік шаруашылығындағы көктемгі жұмыстарды жасау; 5.2.6.1 қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану

## 2) 6 -сынып (ұлдар)

### 2-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
	Портреттік жанр. Портрет түрлері. Қазақстан суретшілерінің шығармашылығындағы портрет	6.1.3.1 шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту үшін ақпарат көздерін өз бетінше таңдау және пайдалану; 6.1.2.1 қазақтың ұлттық және әлемдік мәдениетінің көркемдік, қолөнер және дизайн жұмыстарының ерекшеліктері туралы білімдері мен түсініктерін көрсету
	Сызықтық портрет. Графика. Орындау техникасы. Портрет жасаудың дәстүрлі емес әдістері (сымнан портрет)	6.2.1.1 қоршаған әлемнің көрнекі элементтерін және өз ойлары мен сезімдерін жеткізу үшін айқын өнер құралдарын анықтау, таңдау және қолдану; 6.1.6.4 материалдардың қасиеттері мен практикалық жұмыс дағдыларын білетіндігін көрсете отырып, техникаларды, көркем материалдарды қолдану; 6.1.6.2 бірқатар заманауи және дәстүрлі емес материалдарды тану және оларды қалай тиімді өңдеуге және пайдалануға болатындығын анықтау
		6.1.1.1 қоршаған әлем объектілерінің көрнекі сипаттамаларын білуі мен түсінуін көрсету;



1.1 Көрнекі өнер	Портреттегі түс. Орындау техникасы	6.2.1.1 қоршаған әлемнің көрнекі элементтерін және өз ойлары мен сезімдерін жеткізу үшін айқын өнер құралдарын таңдау және қолдану
	Заманауи портрет. Сурет өнері. Фотокамерамен эксперимент	6.3.2.1 пәндік терминологияны қолдана отырып, өз жұмыстарында және басқалардың жұмыстарында көрсетілген идеялар мен тақырыптарды салыстыру (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер); 6.2.1.1 қоршаған әлемнің көрнекі элементтерін және өз ойлары мен сезімдерін жеткізу үшін айқын өнер құралдарын таңдау және қолдану
	Анимация. Қозғалмалы элементтер (пластикалық анимация, көлеңке театры, саусақ қуыршақтары, камыс).	6.1.2.1 қазақтың ұлттық және әлемдік мәдениетінің көркемдік, қолөнер және дизайн жұмыстарының ерекшеліктері туралы білімдері мен түсініктерін көрсету
	Сценарийді әзірлеу. Кейіпкерлер мен декорацияларды жасау. Көркем идеяларды жүзеге асыру. Дыбыстау	6.1.4.1 уақытты және басқа факторларды ескере отырып, әрекеттердің кезектілігін анықтау және жоспарлау; 6.2.1.1 қоршаған әлемнің көрнекі элементтерін және өз ойлары мен сезімдерін жеткізу үшін айқын өнер құралдарын атау, таңдау және анықтау; 6.3.4.1 өзінің және басқаның жұмысын жетілдіру үшін бейімдеу бойынша негізделген ұсыныс айту және сынды қабылдау
	Жұмыс көрсетілімі	6.3.1.1 дайын жұмыстарды мектеп аудиториясына ұсыну және көрсету
2-тоқсан		
	Қазақ халқының зергерлік бұйымдарымен танысу	6.1.2.1 қазақтың ұлттық және әлемдік мәдениетінің көркемдік, қолөнер және дизайн жұмыстарының ерекшеліктері туралы білімдері мен түсініктерін көрсету
	Зергерлік бұйымдардың эскизін әзірлеу. Материалдар мен құралдарды таңдау	6.1.5.2 шығармашылық идеяларды жүзеге асыру үшін эскиздер, техникалық суреттер мен сызбалар жасау; 6.1.6.4 материалдардың қасиеттері мен практикалық жұмыс

1.2 Сәндік-қолданбалы өнер		дағдыларын білетіндігін көрсете отырып, техникаларды, көркем материалдарды қолдану
	Бұйым жасау. Бұйымды безендіру	6.2.3.2 ажыратылатын және бір бөлшекті қосылыстарды пайдаланып бірнеше бөлшектерден бұйымдар жасау; 6.2.3.8 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау процесінде қазақтың ұлттық мәдениетінің элементтерін атау; 6.2.6.1 қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану, оның маңыздылығын түсіну және көрсету
	Табиғи материалдардың түрлері мен сипаттамалары	6.1.1.1 қоршаған әлем объектілерінің көрнекі сипаттамаларын (құрамы, түсі, пішіні, құрылымы, пропорциясы) білуі мен түсінуін өзінің және басқалардың тәжірибесі негізінде көрсету; 6.1.6.1 құрылымдық, табиғи және жасанды материалдардың физикалық, механикалық және технологиялық қасиеттерін және олардың қолдану аясын анықтау және сипаттау
	Табиғи материалдардан жасалған бұйымдардың эскизін әзірлеу	6.1.5.2 шығармашылық идеяларды жүзеге асыру үшін эскиздер, техникалық суреттер мен сызбалар жасау
	Бұйым жасау. Бұйымды безендіру	6.1.6.4 материалдардың қасиеттері мен практикалық жұмыс дағдыларын білетіндігін көрсете отырып, эксперимент жасау және техниканы, көркем материалдарды қолдану; 6.2.1.1 қоршаған әлемнің көрнекі элементтерін және өз ойлары мен сезімдерін жеткізу үшін айқын өнер құралдарын анықтау, таңдау және қолдану
	Жұмыс көрсетілімі. Көрмені ұйымдастыру	6.3.1.1 дайын жұмыстарды мектеп аудиториясына ұсыну
3-тоқсан		
		6.2.2.1 қозғалыс беру механизмдерін және қолмен жұмыс жасайтын электр құралдары құрылғысын сипаттауу , оларды құрылымдық, табиғи

1.3 Дизайн және технология

<p>Қол электр аспаптары мен жабдықтары. Практикалық жұмыстар</p>	<p>және жасанды материалдарды өңдеуге қолдану; 6.2.6.2 қолмен жұмыс жасайтын электр құралдарымен, жабдықтармен қауіпсіз жұмыс істеуді және еңбек гигиенасы ережелерін білу және түсіндіру (жұмыс орны мен құралдарды ұйымдастыру және тазарту, арнайы киімде жұмыс)</p>
<p>Құрама бөлшектерден роботтарды әзірлеу. Роботтардың шығу тарихы және түрлері</p>	<p>6.1.3.1 шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту үшін ақпарат көздерін өз бетінше таңдау және пайдалану; 6.3.3.1 өзінің және басқалардың (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмыстарын жасау үшін қолданылатын әдістер мен тәсілдерді (техникаларды) пәндік терминологияны қолдана отырып салыстыру</p>
<p>Роботты құру. Эскиз. Материалдарды таңдау</p>	<p>6.1.5.1 композицияның негізгі заңдылықтарын сақтай отырып, түрлі объектілердің дизайнын дамыту бойынша тапсырмаларды орындау; 6.1.6.1 құрылымдық, табиғи және жасанды материалдардың физикалық, механикалық және технологиялық қасиеттерін және олардың қолдану аясын атау, анықтау және сипаттау 6.1.4.1 уақытты және басқа факторларды ескере отырып, әрекеттердің кезектілігін анықтау және жоспарлау</p>
<p>Роботты құру. Роботтың жылжымалы бөліктерін құру бойынша эксперимент жасау</p>	<p>6.2.3.1 таңбалау мен өлшеулер негізінде бұйымды жасауға арналған материалдарды электрлік қол құралдарымен өңдеу; 6.2.3.2 ажыратылатын және бір бөлшекті қосылыстарды пайдаланып бірнеше бөлшектерден бұйымдар жасау және білу 6.2.3.1 қауіпсіздік шараларын сақтап, оның маңыздылығын түсіне отырып, материалдар мен құралдарды атау; 6.2.3.2 ағаштың қалыңдығын өлшегішпен, дөңгелек арамен жұмыс істей білу</p>

	Көлік түрлері туралы жалпы мәліметтер	6.1.3.1 шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту үшін ақпарат көздерін өз бетінше таңдау және пайдалану
	Көлік құралының моделін әзірлеу. Эскиз. Материалдарды таңдау	6.1.5.1 композицияның негізгі заңдылықтарын сақтай отырып, түрлі объектілердің дизайнын дамыту бойынша тапсырмаларды орындау; 6.1.4.2 материалдық шығындарды анықтау (сандық көрсеткіштер)
	Көлік құралдарын жасау. Модельдің жекелеген бөліктерін жасау. Модельді құрастыру және өңдеу	6.2.3.1 таңбалау мен өлшеулер негізінде бұйымды жасауға арналған материалдарды электрлік қол құралдарымен өңдеу; 6.2.3.2 ажыратылатын және бір бөлшекті қосылыстарды пайдаланып бірнеше бөлшектерден бұйымдар жасай білу
	Жұмыс көрсетілімі. Көрмені ұйымдастыру	6.3.1.1 дайын жұмыстарды мектеп аудиториясына ұсыну
4-тоқсан		
3.4 Тамақтану мәдениеті	Қазақ, әртүрлі халықтар мәдениетінде және қоғамдық тамақтану орындарында үстел үстінде өзін-өзі ұстау ережелері	6.2.4.1 қазақ, әртүрлі халықтар мәдениетінде және қоғамдық тамақтану орындарында үстел үстінде өзін-өзі ұстау ережелерін сипаттау және салыстыру; 6.2.4.2 түрлі іс-шараларға арналған үстелді безендіру және дастархан жаю бойынша білімі мен практикалық дағдыларын көрсету
3.5 Үй мәдениеті	Электр жүйелерінің шартты белгілерімен танысу. Электр тізбектері	6.2.5.3 электр тізбегі элементтерінің әдеттегі графикалық белгілеулерін анықтау және жүргізу; 6.2.5.4 қарапайым электр тізбектерін есептей білу және ажырату
	Батареямен жұмыс жасайтын шамдар жасау	6.2.5.5 электр тізбектерін қарапайым схема бойынша жинау және жасау
	Қолмен жұмыс жасайтын электр құралдарын қолданатын тұрмыстық жөндеу жұмыстары	6.2.5.6 интерьерді ұйымдастыру бойынша практикалық жұмыстар және қолмен жұмыс жасайтын электр құралдары мен құралдарды пайдаланып, ақауларды жою бойынша операциялар орындау; 6.2.6.1 қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, материалдар мен

		құралдарды білу және қолдану, оның маңыздылығын түсіну және көрсету
	Сәндік гүл мәдениеттері. Гүл өсірудегі көктемгі жұмыстар	6.2.5.1 декоративті және гүлді дақылдарды өсіру технологиясын білу және сипаттау; 6.2.5.2 сәндік көгалдандыру және гүл өсіру бойынша көктемгі жұмыстарды орындау; 6.2.6.1 қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану, оның маңыздылығын түсіну және көрсету

### 3) 5-сынып (қыздар)

#### 3-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
	Бейнелеу өнеріндегі мәнерлік құралдары. Классикалық өнердің жауһарлары. Қазақстандық суретшілердің шығармашылығы. Бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары	5.1.2.1 қазақтың ұлттық және әлемдік мәдениеттің көркемдік, қолөнер туындылары мен дизайнының ерекшеліктерін атау және анықтау; 5.1.3.1 шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту үшін ақпарат көздерімен жұмыс жасай білу (соның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану); 5.3.2.1 пәндік терминологияны қолдана отырып, өз жұмыстарында және басқалардың (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмыстарында көрінетін идеялар мен тақырыптарды сипаттауды қалыптастыру; 5.3.3.1 пәндік терминологияны қолдана отырып, өзінің және басқалардың (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмыстарын жасау үшін қолданылатын әдістер мен тәсілдерді (техникалар) сипаттауды құрастыру
		5.1.5.2 шығармашылық идеяларды жүзеге асыру үшін нобайлар мен эскиздер жасап көрсету; 5.1.6.4 көркем материалдарды, таңдалған құралдардың қасиетін

1.1 Көрнекі өнер

<p>Натюрморт өнері. Сәндік ұлттық натюрморт</p>	<p>ескеріп, техникаларды қолдану және эксперимент жасауды құрастыру; 5.2.1.1 идеялар мен сезімдерді жеткізу үшін қоршаған әлемнің көрнекі элементтерін және айқын өнер құралдарын қолдана білу; 5.2.3.4 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау процесінде қазақтың ұлттық мәдениетінің элементтерін қолдану</p>
<p>Пейзаж. Табиғатпен үйлесімділік. Әуе перспективасы</p>	<p>5.1.1.1 қоршаған әлемнің ассоциативті мағыналары мен көрнекі сипаттамаларын атау; 5.2.1.1 идеялар мен сезімдерді жеткізу үшін қоршаған әлемнің көрнекі элементтерін және айқын өнер құралдарын қолдануды түсіндіру</p>
<p>Өндірістік пейзаж. Қаланың әсем көрінісі. Сызықтық перспектива</p>	<p>5.1.1.1 қоршаған әлемнің ассоциативті мағыналары мен көрнекі сипаттамаларын атау; 5.2.1.1 идеялар мен сезімдерді жеткізу үшін қоршаған әлемнің көрнекі элементтерін және айқын өнер құралдарын қолдана білу</p>
<p>Пластикалық формалар өнері. Мүсін</p>	<p>5.1.1.1 қоршаған әлемнің ассоциативті мағыналары мен көрнекі сипаттамаларын атау; 5.2.1.1 идеялар мен сезімдерді жеткізу үшін қоршаған әлемнің көрнекі элементтерін және айқын өнер құралдарын қолдану, түсіндіру; 5.3.3.1 пәндік терминологияны қолдана отырып, өзінің және басқалардың (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмыстарын жасау үшін қолданылатын әдістер мен тәсілдерді (техникалар) сипаттап көрсету</p>
<p>Шығармашылық жұмыс. Көрмені ұйымдастыру</p>	<p>5.1.5.2 шығармашылық идеяларды жүзеге асыру үшін нобайлар мен эскиздер жасап құрастыру; 5.1.6.4 көркем материалдарды, таңдалған құралдардың қасиетін ескеріп, техникаларды қолдану және эксперимент жасау, ашып көрсету; 5.2.1.1 идеялар мен сезімдерді жеткізу үшін қоршаған әлемнің</p>

		көрнекі элементтерін және айқын өнер құралдарын қолдана білу; 5.3.1.1 дайын жұмысты жалпы сыныпқа таныстыру
2-тоқсан		
1.2 Сәндік-қолданбалы өнер	Ою-өрнектің түрлері. Қазақтың ұлттық ою-өрнектері (түрлері, стилизациясы және мотивтері)	5.1.2.1 қазақтың ұлттық және әлемдік мәдениеттің көркемдік, қолөнер туындылары мен дизайнының ерекшеліктерін анықтау
	Көркем кесте. Кесте түрлері. Материалдармен және құралдармен танысу. Эскизді әзірлеу.	5.1.2.1 қазақтың ұлттық және әлемдік мәдениеттің көркемдік, қолөнер туындылары мен дизайнының ерекшеліктерін анықтау; 5.1.5.2 шығармашылық идеяларды жүзеге асыру үшін нобайлар мен эскиздер жасау
	Көркем кестемен бұйымды безендіру	5.2.1.1 идеялар мен сезімдерді жеткізу үшін қоршаған әлемнің көрнекі элементтерін және айқын өнер құралдарын қолдануды қалыптастыру; 5.2.3.3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау процесінде қазақтың ұлттық мәдениетінің элементтерін қолдана білу; 5.2.6.1 қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, материалдар мен құралдарды қолдана білу, оның маңыздылығын түсіну және көрсету
	Тоқыма өнері. Тоқудың түрлері. Материалдармен және құралдармен танысу	5.1.6.2 бірқатар заманауи және дәстүрлі емес материалдарды, олардың қасиеттері мен маңызын анықтай отырып тану; 5.1.5.2 шығармашылық идеяларды жүзеге асыру үшін нобайлар мен эскиздер жасауды ашу; 5.1.4.1 шығармашылық жұмысты орындау кезеңдерін анықтайтын жоспар құрастыра білу
	Бұйым тоқу	5.2.3.2 әртүрлі (конструкциялық, табиғи және жасанды) материалдардан қарапайым бұйымдар жасау; 5.2.3.4 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау процесінде қазақтың ұлттық мәдениетінің элементтерін қолдануды білу; 5.2.6.1 қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, материалдар мен

		құралдарды қолдану, оның маңыздылығын түсіну және көрсету
	Жұмыс көрмесі	5.3.1.1 дайын жұмысты жалпы сыныпқа таныстыру (көрме)
3-тоқсан		
1.3 Дизайн және технология	Тоқыма материалдарының жіктелуі және сипаттамалары. Материалдардың түрлері мен қасиеттерін зерттеу	5.1.6.3 тоқыма материалдары мен бұйымдарының жіктелуін сипаттау
	Тоқыма материалдарын өндеуге арналған жабдықтар, құралдар мен құрылғылар	5.2.2.1 тігін машинасының құрылғысын, жіптерді бұрау тәсілдерін, тігістерді білу және сипаттау; 5.2.2.2 тігін бұйымдарын дымқыл-жылумен өндеуге арналған жабдықты пайдалану;
	Тігін бұйымдарының классификациясы. Идеядан өнімге дейін (тігін бұйымы)	5.1.6.3. тоқыма материалдары мен бұйымдарының жіктелуін сипаттау 5.2.3.2 киімнің бел және кеуде жақтарын біріктіріп машинамен тігу, қалтаны (жапсырма) өңдей білу
	Дизайн, киімді пішіндеу (қағаз, мата). Костюм жасау (мини-манекен немесе қуыршақ үшін)	5.1.5.1 композицияның негізгі заңдылықтарын сақтай отырып, қарапайым объектілердің дизайнын дамыту бойынша тапсырмаларды орындау және басқалардың тәжірибесіне сүйене отырып (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер); 5.2.3.1 тігістерді қолдана отырып, тоқыма материалдарын қол құралдарымен және тігін машинасында кесу және өңдеу; 5.2.3.2 әртүрлі (конструкциялық, табиғи және жасанды) материалдардан қарапайым бұйымдар жасау; 5.2.6.1 қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, материалдар мен құралдарды қолдана білу, оның маңыздылығын түсіну және көрсету
	Тоқыма мозайка техникасын қолдана отырып тігін бұйымдарының дизайны (пэчворк, квиллинг, құрақ). Идеяларды	5.1.5.1 композицияның негізгі заңдылықтарын сақтай отырып, қарапайым объектілердің дизайнын дамыту бойынша тапсырмаларды орындау және



	<p>дамыту. Эскиз. Материалды таңдау және дайындау. Жұмыс реттілігі.</p>	<p>басқалардың тәжірибесіне сүйене отырып (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер); 5.1.4.1 шығармашылық жұмысты орындау кезеңдерін анықтайтын жоспар құрастыра білу</p>
	<p>Бұйым жасау. Бұйымды безендіру</p>	<p>5.2.3.1 тігістерді қолдана отырып, тоқыма материалдарын қол құралдарымен және тігін машинасында кесу және өңдеу; 5.2.3.2 әртүрлі (конструкциялық, табиғи және жасанды) материалдардан қарапайым бұйымдар жасау; 5.2.3.3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау процесінде қазақтың ұлттық мәдениетінің элементтерін қолдану; 5.2.6.1 қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, материалдар мен құралдарды қолдана білу, оның маңыздылығын түсіну және көрсету</p>
	<p>Жұмыс көрсетілімі</p>	<p>5.3.1.1 дайын жұмысты жалпы сыныпқа таныстыра білу; 5.3.4.1 өзінің және басқаның жұмысын жетілдіру үшін бейімдеу бойынша ұсыныс жасау және сынды қабылдай білу</p>
4-тоқсан		
<p>3.4 Тамақтану мәдениеті</p>	<p>Дұрыс тамақтану негіздері. Мәзірді құрастыру</p>	<p>5.2.4.1 дұрыс және теңдестірілген тамақтану ережелеріне сипаттама құрастыру; 5.2.4.2 дұрыс және теңдестірілген тамақтану мәзірін құру; 5.1.3.1 шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту үшін ақпарат көздерімен жұмыс жасай білу</p>
	<p>Ас үй жабдықтары. Ас әзірлеуге арналған ыдыс, құралдар мен керек-жарақтар. Ас әзірлеу құралдары мен құрылғыларының мүмкіндіктерін зерттеу</p>	<p>5.2.4.3 тамақ дайындауға арналған құралдардың, жабдықтардың және құрылғылардың мүмкіндіктерін анықтау; 5.2.6.1 қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану, оның маңыздылығын түсіну және көрсету; 5.2.6.2 қол құралдарымен қауіпсіз жұмыс жасауды және жұмыс гигиенасын білу(жұмыс орны мен</p>

		құралдарды ұйымдастыру және тазарту, арнайы киімде жұмыс істеу)
	Бутербродтар мен сусындар жасау технологиясы	5.1.3.1 шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту үшін ақпарат көздерімен жұмыс жасай білу; 5.2.4.4 салқын тағамдар мен сусындар дайындау технологиясын білу және қолдану; 5.3.1.1 дайын жұмысты жалпы сыныпқа таныстыра білу
	Көкөністер мен жемістерден салаттар дайындау технологиясы.	5.2.4.4 салқын тағамдар мен сусындар дайындау технологиясын білу және қолдану; 5.3.4.1 өзінің және басқаның жұмысын жетілдіру үшін бейімдеу бойынша ұсыныс жасау және сынды қабылдай білу; 5.3.1.1 дайын жұмысты жалпы сыныпқа таныстыра білу
3.5 Үй мәдениеті	Жеке гигиена, жеке күтім	5.2.5.3 жеке гигиена ережелерін білу және сипаттау, тері мен шаштың әртүрлі түрлерін анықтау ; 5.2.5.4 шектеулі қолдаумен өзін-өзі күтуге арналған іс-әрекеттер мен өнімдерді таңдау және пайдалану
	Өсімдік шаруашылығының негізгі бағыттары. Өсімдік шаруашылығындағы көктемгі жұмыс.	5.2.5.1 өсімдік шаруашылығы мен жеміс-көкөніс мәдениетінің негізгі бағыттарын атау; 5.2.5.2 өсімдік шаруашылығындағы көктемгі жұмыстарды жасау; 5.2.6.1 қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану, оның маңыздылығын түсіну және көрсету

#### 4) 6 -сынып (қыздар)

#### 4 -кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
	Портреттік жанр. Портрет түрлері. Қазақстан суретшілерінің шығармашылығындағы портрет	6.1.3.1 шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту үшін ақпарат көздерін өз бетінше таңдау және пайдалану; 6.1.2.1 қазақтың ұлттық және әлемдік мәдениетінің көркемдік, колөнер және дизайн

1.1.Көрнекі өнер

	жұмыстарының ерекшеліктері туралы білімдері мен түсініктерін көрсету
Сызықтық портрет. Графика. Орындау техникасы. Портрет жасаудың дәстүрлі емес әдістері (сымнан портрет)	6.2.1.1 қоршаған әлемнің көрнекі элементтерін және өз ойлары мен сезімдерін жеткізу үшін айқын өнер құралдарын анықтау, таңдау және ашып көрсету; 6.1.6.4 материалдардың қасиеттері мен практикалық жұмыс дағдыларын білетіндігін көрсете отырып, эксперимент жасау және техниканы, көркем материалдарды қолдану; 6.1.6.2 бірқатар заманауи және дәстүрлі емес материалдарды тану және оларды қалай тиімді өңдеуге және пайдалануға болатындығын анықтау
Портреттегі түс. Орындау техникасы	6.1.1.1 қоршаған әлем объектілерінің көрнекі сипаттамаларын түсінуін өзінің және басқалардың тәжірибесі негізінде көрсету; 6.2.1.1 қоршаған әлемнің көрнекі элементтерін және өз ойлары мен сезімдерін жеткізу үшін айқын өнер құралдарын анықтау, таңдау және қолдану
Заманауи портрет. Сурет өнері. Фотокамерамен эксперимент	6.3.2.1 пәндік терминологияны қолдана отырып, өз жұмыстарында және басқалардың жұмыстарында көрсетілген идеялар мен тақырыптарды салыстыру, талқылау (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер); 6.2.1.1 қоршаған әлемнің көрнекі элементтерін және өз ойлары мен сезімдерін жеткізу үшін айқын өнер құралдарын анықтау, таңдау және қолдану
Анимация. Қозғалмалы элементтер (пластикалық анимация, көлеңке театры, саусақ қуыршақтары, қамыс).	6.1.2.1 қазақтың ұлттық және әлемдік мәдениетінің көркемдік, қолөнер және дизайн жұмыстарының ерекшеліктері туралы білімдері мен түсініктерін көрсету
	6.1.4.1 уақытты және басқа факторларды ескере отырып, әрекеттердің кезектілігін анықтау және жоспарлау;

	<p>Сценарийді әзірлеу. Кейіпкерлер мен декорацияларды жасау. Көркем идеяларды жүзеге асыру. Дыбыстау</p>	<p>6.2.1.1 қоршаған әлемнің көрнекі элементтерін және өз ойлары мен сезімдерін жеткізу үшін айқын өнер құралдарын анықтау, таңдау және қолдану; 6.3.4.1 өзінің және басқаның жұмысын жетілдіру үшін бейімдеу бойынша негізделген ұсыныс жасау және сынды қабылдау</p>
	Жұмыс көрсетілімі	6.3.1.1 дайын жұмыстарды мектеп аудиториясына ұсыну (көрме)
2-тоқсан		
1.2 Сәндік-қолданбалы өнер	<p>Тоқыма өнері. Ілмекпен тоқу. Тоқу техникасы мен тәсілдері. Өнімнің эскизін әзірлеу. Материалдар мен құралдарды таңдау</p>	<p>6.1.2.1 қазақтың ұлттық және әлемдік мәдениетінің көркемдік, қолөнер және дизайн жұмыстарының ерекшеліктері туралы білімдері мен түсініктерін көрсету; 6.1.5.2 шығармашылық идеяларды жүзеге асыру үшін эскиздер, техникалық суреттер мен сызбалар жасау; 6.1.4.2 материалдық шығындарды анықтау (сандық көрсеткіштер)</p>
	<p>Ілмекпен әр түрлі бұйымдарды тоқу (майлық, қол сөмкесі, ұялы телефонның қабы)</p>	<p>6.1.6.4 материалдардың қасиеттері мен практикалық жұмыс дағдыларын білетіндігін көрсете отырып, эксперимент жасау және техниканы, көркем материалдарды қолдану; 6.2.3.3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау процесінде қазақтың ұлттық мәдениетінің элементтерін қолдану; 6.2.6.1 қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану, оның маңыздылығын түсіну және көрсету</p>
	<p>Бізбен тоқу. Тоқыма біздің түрлері . Тоқу техникасы мен тәсілдері. Өнімнің эскизін әзірлеу</p>	<p>6.1.5.2 шығармашылық идеяларды жүзеге асыру үшін эскиздер, техникалық суреттер мен сызбалар жасау; 6.1.4.2 материалдық шығындарды анықтау (сандық көрсеткіштер)</p>
		<p>6.1.6.4 материалдардың қасиеттері мен практикалық жұмыс дағдыларын білетіндігін көрсете отырып, техникаларды, көркем материалдарды қолдану; 6.2.3.8 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау процесінде</p>

	Бізбен тоқу (бөкебай, орамал, ұялы телефонның қабы)	қазақтың ұлттық мәдениетінің элементтерін қолдану; 6.2.6.1 қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану, оның маңыздылығын түсіну және көрсету
	Жұмыс көрсетілімі. Көрмені ұйымдастыру	6.3.1.1 дайын жұмыстарды мектеп аудиториясына ұсыну (көрме); 6.3.4.1 өзінің және басқаның жұмысын жетілдіру үшін бейімдеу бойынша негізделген ұсыныс жасау және сынды қабылдау

3-тоқсан

	Тоқыма материалдарынан бұйым жасау (авторлық қуыршақ, дамытушы ойыншық). Идеяларды дамыту.Эскиз	6.1.5.1 композицияның негізгі заңдылықтарын сақтай отырып, түрлі объектілердің дизайнын дамыту бойынша өз тәжірибесі мен біліміне негізделе тапсырмаларды орындау; 6.1.5.2 шығармашылық идеяларды жүзеге асыру үшін эскиздер, техникалық суреттер мен сызбалар жасау
	Әр түрлі тоқыма материалдарының текстуралары мен түстерін зерттеу. Материалдарды, құралдар мен жабдықтарды таңдау және дайындау	6.1.6.2 тоқыма материалдары мен бұйымдарының қасиеттері мен құрылымын зерттеу және анықтау ; 6.1.6.3 тоқыма материалдары мен бұйымдардың дың қасиеттерін тану және оларды қалай тиімді өңдеуге және пайдалануға болатындығын анықтау; 6.2.2.1 тігін машиналарын реттеуді орындау
	Өнімді құру. Бөлшектерді пішу. Жеке бөлшектерді өңдеу. Бөлшектерді құрастыру және бұйымды әрлеу.	6.2.2.2 киімдерді дымқыл-жылумен өңдеу режимдерін сипаттау және оларды практикада қолдану; 6.2.3.1 тоқыма материалдарын қол құралдарымен және тігін машинасында тігін және жиек тігістерін қолдана отырып, пішу және өңдеу; 6.2.3.2 әртүрлі (тоқыма, табиғи және жасанды) материалдар мен конструкцияларды қолдана отырып, жеке бұйым жасау; 6.2.6.2 қолмен жұмыс жасайтын электр құралдарымен,

1.3 Дизайн және технология

	<p>жабдықтармен қауіпсіз жұмыс істеу және еңбек гигиенасы ережелері тәсілдерін ұстану білу;          6.2.3.3 машинаны, қолмен, үтіктеу жұмыстарын орындау кезінде қауіпсіз жұмыс ережелерін сақтау;          6.2.3.4 қиындыларды өңдей білу;          6.2.3.5 киімнің бел және кеуде жақтарын біріктіріп машинамен тігу;          6.2.3.6 нұсқаулық - технологиялық картаны қолдану</p>
<p>Үй тоқыма бұйымдарының дизайны (алжапқыш, ас үй ыдыстары). Идеяларды дамыту. Эскиз. Материалды таңдау және дайындау. Жұмыс реттілігі.</p>	<p>6.1.5.1 композицияның негізгі заңдылықтарын сақтай отырып, түрлі объектілердің дизайнын дамыту бойынша өз тәжірибесі мен біліміне негізделе тапсырмаларды орындау;          6.1.5.2 шығармашылық идеяларды жүзеге асыру үшін эскиздер, техникалық суреттер мен сызбалар жасау;          6.1.4.1 уақытты және басқа факторларды ескере отырып, әрекеттердің кезектілігін анықтау және жоспарлау;          6.1.4.2 материалдық шығындарды анықтау (сандық көрсеткіштер)</p>
<p>Бұйымды жасау. Бөлшектерді қиып алу. Жеке бөлшектерді өңдеу. Бөлшектерді құрастыру және бұйымды әрлеу. Бұйымды безендіру</p>	<p>6.2.2.2 киімдерді дымқыл-жылумен өңдеу режимдерін сипаттау және оларды практикада қолдану;          6.2.3.1 тоқыма материалдарын қол құралдарымен және тігін машинасында тігін және жиек тігістерін қолдана отырып, пішу және өңдеу;          6.2.3.2 әртүрлі (тоқыма, табиғи және жасанды) материалдар мен конструкцияларды қолдана отырып, жеке бұйым жасау;          6.2.6.2 қолмен жұмыс жасайтын электр құралдарымен, жабдықтармен қауіпсіз жұмыс істеуді және еңбек гигиенасы ережелер тәсілдерін ұстану</p>
<p>Жұмыс көрсетілімі. Көрмені ұйымдастыру</p>	<p>6.3.1.1 дайын жұмыстарды мектеп аудиториясына ұсыну (көрме);          6.3.3.1 өзінің және басқалардың (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмыстарын жасау үшін қолданылатын әдістер мен</p>

		тәсілдерді (техникаларды) пәндік терминологияны қолдана отырып салыстыру
4-тоқсан		
3.4 Тамақтану мәдениеті	Қазақ, әртүрлі халықтар мәдениетінде және қоғамдық тамақтану орындарында үстел үстінде өзін-өзі ұстау ережелері	6.2.4.1 қазақ, әртүрлі халықтар мәдениетінде және қоғамдық тамақтану орындарында үстел үстінде өзін-өзі ұстау ережелерін сипаттау және салыстыру; 6.2.4.2 түрлі іс-шараларға арналған үстелді безендіру және дастархан жаю бойынша білімі мен практикалық дағдыларын көрсету
	Жартылай фабрикаттардан тамақ дайындау технологиясы	6.2.4.3 тағамдар мен десерттерді жедел дайындау технологиясын білу және қолдану; 6.2.4.4 әр түрлі тағамдарды дайындауға арналған өнімдерді, құралдарды және керек-жарақтарды анықтау және таңдау
	Тағамды жылдам пісіру технологиясы	6.2.4.3 тағамдар мен десерттерді жедел дайындау технологиясын білу және қолдану; 6.2.4.4 әр түрлі тағамдарды дайындауға арналған өнімдерді, құралдарды және керек-жарақтарды анықтау және таңдау;
	Десерттерді дайындау технологиясы	6.2.4.3 тағамдар мен десерттерді жедел дайындау технологиясын білу және қолдану; 6.2.4.4 әр түрлі тағамдарды дайындауға арналған өнімдерді, құралдарды және керек-жарақтарды анықтау және таңдау; 6.3.1.1 дайын жұмыстарды мектеп аудиториясына ұсыну (көрме)
3.5 Үй мәдениеті	Гигиеналық ережелер. Үй-жайларды дымқыл және құрғақ тазалау.	6.2.5.3 үйге, құралдарға және тазалау құралдарына қойылатын гигиеналық талаптарды сипаттау; 6.2.5.4 тазалау құралдары мен құрал-саймандарды таңдау және пайдалану
	Киім мен аяқ киімді күту, сақтау	6.2.5.5 шектеулі қолдау кезінде маусымдық киім мен аяқ киімді күту және сақтау ережелерін ұстану

	Сәндік-гүл мәдениеті. Гүл өсірудегі көктемгі жұмыстар	6.2.5.1 декоративті және гүлді дақылдарды өсіру технологиясын сипаттау; 6.2.5.2 сәндік көгалдандыру және гүл өсіру бойынша көктемгі жұмыстарды орындау; 6.2.6.1 қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану, оның маңыздылығын түсіну және көрсету
--	--	---

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 123 бұйрығына  
20-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына  
657-қосымша

**Есту қабілеті бұзылған (нашар еститін, кейіннен естімей қалған) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Технология" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Есту қабілеті бұзылған (нашар еститін, кейіннен естімей қалған) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Технология" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты – техника мен технология саласында оқушылардың заманауи өндірісінде алған білімі жүйесінің нәтижелілігіне бағытталған функционалдық сауаттылығын қамсыздандыру, сонымен қатар, технологиялық ойлау қабілетін, болмысқа деген шығармашылық көзқарасын дамыту.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) әр түрлі материалдар туралы білімнің қол жетімді әдістерін оқытуда және өңдеу тәсілдерін таңдау біліктілігі еңбектегі дербестікті дамытудағы еңбекке деген қызығушылықты ояту үшін еңбек дағдыларын қалыптастыру;

2) материалдарды пайдалану бойынша еңбек және технологиялық білімдер мен дағдыларды игерту;

3) мамандықтар әлемінде бағдарлау дағдыларын дамыту;

4) өз денсаулығын сақтау мен салауатты өмір салтын ұстанудағы жауапкершіліктің негізі болып табылатын дұрыс тамақтануды қалыптастыру;



5) құралдарды пайдалану және қауіпсіздік техника ережелерін меңгеру бойынша өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын игерту;

6) уақытты, материалдардың қасиеттерін және басқа факторларды анықтай және ескере отырып, өз жұмысын жоспарлау қабілетін дамыту;

7) білім беру мақсаттарына жету үшін бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру тәжірибесін жинақтау (жеке, жұптық және топтық жұмыс).

4. Түзете-дамыту міндеттері:

1) декоративті-қолданбалы шығармашылық бойынша сабақтарда жұмыс істеу дағдылары мен іскерліктерін меңгерту;

2) арнайы құралдарды дұрыс қолдануға, дұрыс және қауіпсіз тәсілмен жұмыс істеуге үйрету;

3) салыстыру және талдау дағдыларын қалыптастыру;

4) байланыстырып ауызша сөйлеуді түзету және дамыту.

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

5. "Технология" пәнін оқыту көрнекілік, қол жетімділік және оқытудың орындылығы қағидалары негізінде жүзеге асырылады.

6. Оқытудың қол жетімділігі мен орындылығы қағидасын іске асыруда оқыту үдерісінде белгілі бір талаптарды сақтау болып табылады:

1) оқытылатын материал мазмұны мен көлемі бойынша, ал практикалық тапсырмалар орындау әдістері бойынша білім алушылардың дайындық деңгейіне, олардың мүмкіндіктеріне және дене дамуына сәйкес келуі тиіс;

2) білім алушылардың жеке танымдық мүмкіндіктерін есепке алу, практикалық тапсырмаларды таңдауда саралау және қарапайымнан күрделіге, белгіліден белгісізге сияқты ережелерді сақтау керектігі.

7. Көрнекілік қағидасы білім алушылардың зерттелетін нысандары мен еңбек үрдістерін тікелей қабылдауы негізінде оқу материалын хабарлауды көздейді, ал көрнекілік ұғымы тек визуалды ғана емес, сонымен қатар есту және сенсорлық қабылдауды да білдіреді.

8. Бағдарлама көрнекі құралдардың әртүрлі түрлерін кеңінен қолдануды көздейді: бұйымдарды технологиялық өңдеу кезектілігі бейнеленген үлестірмелі материал, киімді модельдеу мен құрастыру негізінсіз оқылуы мүмкін емес табиғи нысандар мен техникалық сызбаларды имитациялау, білім алушыларға электротехникалық бұйымдарын дайындау технологиясын түсіндіру, әр түрлі технологиялық үрдістердің кезеңдерін көрсету.

9. "Технология" пәнін оқу шеңберінде нашар еститін және кейіннен естімей қалған білім алушылар мамандықтар әлемімен танысады және білім алушылардың жалпы кәсіптік білім мен еңбек қызметіне ауысуының сабақтастығын қамтамасыз ете отырып, қоғамдық өндірістің әртүрлі салаларындағы жұмысқа бағдарланады.

10. Осы бағдарлама мазмұнының негізгі бөлігін материалдық, ақпараттық және әлеуметтік объектілерді зерделеуге, құруға және қайта құруға бағытталған білім алушылардың қызметі құрайды.

11. Сабақ уақытында білім алушылардың қызметі жеке және топтық нысанда ұйымдастырылады.

12. Мұғалімнің педагогикалық қолдауы тікелей басшылық, кеңес беру түрінде болады немесе кейіннен талдауды (рефлексияны) ұйымдастыра отырып, іс-әрекетті педагогикалық бақылауға түседі және оқытудың негізгі формасы студенттердің танымдық-шығармашылық қызметі болып табылады.

13. Бағдарламадағы Оқу материалы студенттердің тәуелсіздігін біртіндеп арттыруды көздейтін белгілі бір жүйеде орналасқан және сабақтың міндеттеріне байланысты мұғалім жаңа танымдық ақпаратты хабарлауға немесе оларды қайталауға, жаттығуларға, өзіндік практикалық жұмысқа әр түрлі уақыт бөледі.

14. "Технология" пәнін оқыту пәнаралық байланыстарды кеңінен қолдануды көздейді: алгебрамен, геометриямен, химиямен, биологиямен, физикамен, тарихпен.

15. Технология бойынша көрнекі құралдарға қойылатын талаптар:

1) матаны өңдеуге арналған құралдар, материалдармен жұмыс істеуге арналған жиынтық, материалдарды техникалық модельдеуге және өңдеуге арналған құралдар, 100 сантиметр металл сызғыш, еденде үтіктеу тақтасы, тігін машинасы, 6-шы классты сызу құралдарының жиынтығы, қолмен тігу жұмыстарына арналған құралдар, кесте тігуге арналған құралдар мен құрылғылар;

2) білім алушының әмбебап жұмыс үстелі, әртүрлі ағаш өңдеуге арналған машина, тіреуіші бар электр кескіш, сымсыз бұрғылау машинасы, ағаш бұрғылау жиынтығы, металл бұрғылау жиынтығы, сырмақ, өлшегіші лентасы, материалдарды қисық сызықты аралауға арналған құрал, 30 сантиметрлік металл сызғышы, тойтармалы құрал ;

3) қабырғаға ілінетін плакаттар, "Қазақ ұлттық ою-өрнек" плакаттары, " технологияны оқытудағы қауіпсіздік техникасы" жазылған плакаттар";

4) шығармашылық жұмыстарға арналған стенд;

5) үлестірме материалы;

6) көрнекі материалы.

### **3-тарау. "Технология" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

16. "Технология" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 7-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты;

2) 8-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты;

3) 9-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты;

4) 10-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағатты құрайды.

17. Бағдарламаның мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

- 1) "Материалтану. Құрал-саймандар мен жабдықтар" бөлімі;
- 2) "Еңбек бұйымын дайындау технологиясы" бөлімі;
- 3) "Еңбек заттарын талдау және бағалау презентациясы" бөлімі.

18. "Материалтану. Құрал-саймандар мен жабдықтар" бөлімі бөлімшелерді/қыздарды қамтиды;

- 1) материалтану (тоқыма жіптері, маталар және олардың қасиеттері)
- 2) машинатану;
- 3) тігін өндірісі;
- 4) тігін шеберханасында және тігін өндірісінде қауіпсіз жұмыс істеу ережесі.

19. "Материалтану. Құрал-саймандар мен жабдықтар" бөлімі бөлімшелерді (ер балаларға арналған) қамтиды:

- 1) Еңбек пәні туралы жалпы мәліметтер;
- 2) материалдарды, құралдар мен жабдықтарды талдау.

20. "Еңбек бұйымын дайындау технологиясы" бөлімі бөлімшелерді (қыз балаларға арналған) қамтиды:

- 1) құрастыру;
- 2) тігін бұйымдарының бөлшектері мен тораптарын өңдеу;
- 3) практикалық жұмыстар;
- 4) ұлттық қолөнер;
- 5) жөндеу жұмыстарының түрлері.

21. "Еңбек бұйымын дайындау технологиясы" бөлімі бөлімшелерді (ер балаларға арналған) қамтиды:

- 1) ағаш ұстасы технологиясы;
- 2) ағашты көркемдеп өңдеу;
- 3) ағаш жиһаз бұйымдары, жиһаз өндірісі;
- 4) ағашты өңдеу өндірісінің жалпы технологиясы;
- 5) құрылыс өндірісі, ағаштың ұста жұмыстары;
- 6) еңбекті қорғау.

22. "Еңбек заттарын талдау және бағалау презентациясы" бөлімі бөлімшелерді (қыздарға/ер балаларға арналған) қамтиды:

- 1) еңбек нысандарын талдау және бағалау.

23. 7 сыныпқа арналған "Технология" оқу пәнінің негізгі мазмұны (қыз балаларға арналған):

1) "Материалтану. Құрал-саймандар мен жабдықтар". Мақта және зығыр маталарының қасиеттері, мақта және зығыр маталарын анықтау, маталардың мақсаты. Жіптер туралы ақпарат, жіптерден маталар алу. Матаның үлестік, көлденең, алдыңғы, дұрыс емес, жиектерін анықтау. Тігін машинасының құрылғысы, жетек құрылғысы, машина инесі, орауыш. Жіптерді шпулькаға орау, жоғарғы және төменгі жіптерді, тігісті реттеуішті толтыру. Қол еңбегінің қарапайым құралдары, құрылғылар, станоктар

және басқалар. Құрал-саймандар мен жабдықтарды орнату, баптау, жұмысқа дайындау, Құрал-саймандарды жөндеу, сақтау. Құрал мен жабдықтың қасиеттері-еңбек сапасы мен өнімділігі. Құралдар мен материалдарды пайдалану ережелері, тыйымдар мен шектеулер. Қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықтар (шеберханада өзін-өзі ұстау ережелері);

2) "Еңбек бұйымын дайындау технологиясы". Бұйымды дайындау үшін технологиялық операцияларды орындау кезектілігі; киімді жөндеу, жәй және көркемдеп тігу. Зығыр және тұрмыстық тігін бұйымдарында тік, қиғаш және дөңгеленген кесінділерді өңдеу, өлшеулерді алу, сызбаны құру. Майлықтар, жастықтар, сөмке. Жекелеген бөлшектер мен тораптарды өңдеу;

3) "Еңбек заттарын талдау және бағалау". Сыныпқа дайын жұмыстың презентациялау (көрме). Жұмыстарды жасау үшін қолданылатын әдістер мен тәсілдер. Пән терминологиясы. Бейімдеу, жұмыстарды жетілдіру бойынша сын пікірлер мен ұсыныстар.

24. 8 сыныпқа арналған "Технология" оқу пәнінің негізгі мазмұны (қыз балаларға арналған):

1) "Материалтану. Құрал-саймандар мен жабдықтар". Жүн және жібек маталардың (табиғи және жасанды талшықтардан жасалған) құрылымы мен негізгі қасиеттері және оларды қолдану. Жіптерді толтыру, зигзаг тігісінің ені мен биіктігін реттеу. Тігін шеберханасында жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерін білу және орындау. Тігін машинасының ақауларын жою себептері мен қағидалары. Жұмыс орнын жабдықтауға қойылатын талаптар;

2) "Еңбек бұйымын дайындау технологиясы". Әйелдер киіміндегі әрлеу түрлері. Қиық бөлшектерінің атауы. Еңбек заттарын дайындау үшін технологиялық карталарды әзірлеу. Технологиялық карталар. Технологиялық карталарға қарап заттарды дайындау. Нұсқаулықтар. Оларды орындау шарттарын ескере отырып, әрекеттерді түзету. Үлгілер . Бұйымдарды пішу. Кесу, қос қиғаш кесу. Тігін бұйымдарын өңдеу түрлері (қатпарлар, жиектер). Бұйымдардан өлшеу алу. Өрнектер. Бұйымдардың сызбасы. Белден бастап алжапқышты тігу (белдікте төменгі кесілген дөңгелек алжапқышты жасаудың технологиялық реттілігі). Сызбаның құрылысы, дөңгелек кесіктері бар киім бұйымының үлгісін жасау және пішу (адам фигурасын өлшеу ережелері мен реттілігі, құруға арналған өлшемдер, бұйым бөлшектерінің атауы және контурлық кесіктер). Тігін бұйымдарындағы қалталарды өңдеу (қалталардың түрлері мен мақсаты, орындалу реті);

3) "Еңбек заттарын талдау және бағалау". Мұғалімнің сұрақтары бойынша немесе өз бетінше жасалған жұмыс туралы ауызша есеп беру. Жұмыста барысындағы ой-пікірлер мен тақырыптар. Жұмыстарды жасау үшін қолданылатын әдістер мен тәсілдер. Пән терминологиясы. Әрі қарай жұмысты жетілдіру, жұмысқа бейімдеу бойынша негізделген ұсыныстар мен сындарлы пікірлер.

25. 9 сыныпқа арналған "Технология" оқу пәнінің негізгі мазмұны (қыз балаларға арналған):

1) "Материалтану. Құрал-саймандар мен жабдықтар". Синтетикалық талшықтардың қасиеттері. Синтетикалық аралас талшықтардан жасалған маталардың қасиеттері. Матаның негізі. Матаның алдыңғы және артқы жағы. Маховик дөңгелекшесі. Жіп орайтын шпулька. Жоғарғы және төменгі жіптерді толтыру, тігін машинасын іске қосу, жылдамдықты реттеу. Машина тігістері (басу табанын белгілі бір бұрыштарында көтеріп бұру арқылы түзу, қисық тігу) тігістің ұзындығы. Тігін шеберханасында жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы.

2) "Еңбек бұйымын дайындау технологиясы". Ұйықтауға арналған көйлек, белдемше, балалар пижамасының сызбасы. Бұйымдарды өлшеу. Ұйықтауға арналған көйлектің жағасын модельдеу. Машина тігістері: киім-кешек тігу, бұзу, жабық кесілген, ашық кесілген қиықты біріктіріп тігу, ашық және жабық кесілген жерін бүктеп тігу. Жиырылып тігілген жерлерін, қатпарларды, ілгектерді өңдеу. Матаны борлау және пішу, пішудің контурлық және бақылау сызықтарын матаға ауыстыру, пішу бөлшектерін өңдеу, қиықтарды жапсыру, жабық кесіндімен, жиектемемен немесе жиектемемен жікпен өңдеу, ылғалды-жылу арқылы өңдеуді орындау және дайын бұйымның сапасын анықтау; киімді қиықтармен, жамаулармен жөндеу;

3) "Еңбек заттарын талдау және бағалау". Жұмыста көрсетілген идеялар мен тақырыптар. Техникалық терминология. Бейімдеу, жұмыстарды жетілдіру бойынша сындарлы пікірлер мен негізделген ұсыныстар. Дайын жұмысты бүкіл сыныпқа таныстыру.

26. 10 сыныпқа арналған "Технология" оқу пәнінің негізгі мазмұны (қыз балаларға арналған):

1) "Материалтану. Құрал-саймандар мен жабдықтар". Тоқыма емес материалдарды алу және олардың мақсаты. Тігін өнеркәсібінде тоқыма емес материалдарды қолдану. Түрлі құрылғылары бар машинада жұмыс істеу; жұмыс кезінде пайда болған ақауларды анықтау және жою; тігін машиналарын тазалау және майлау; Жұмыс орнын ұтымды ұйымдастыру. Матаны сыртқы түріне қарай анықтау, тігу және ылғалды-жылу арқылы өңдеу кезінде маталардың қасиеттерін ескеріңіз. Еңбек қауіпсіздігі, ішкі тәртіп, электр және өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау;

2) "Еңбек бұйымын дайындау технологиясы". Тұтас кесілген көйлек немесе жейде, белдемше үлгісінің негізінде кесілген көйлектің үлгісін жасау. Киім модельдерінің журналдарынан дайын үлгілерді қолдана отырып, әйелдерге арналған өнімдерінің үлгілерін жасау. Тігістерге рұқсат беруді ескере отырып, матаға үлгіні салу, бұйымның бөлшектерін кесу, бұйымдарды өлшеу, тігу реттілігін анықтау. Толық өлшемді сызбаларды салу;

3) "Еңбек заттарын талдау және бағалау". Берілген жоспар бойынша жасалған жұмыс туралы ауызша есеп. Жұмыстарды талдау және бағалау (артықшылықтары мен кемшіліктері). Сөйлеуде техникалық терминологияны қолдану.

27. 7 сыныпқа арналған "Технология" оқу пәнінің негізгі мазмұны (ер балаларға арналған):

1) "Материалтану. Құрал-саймандар мен жабдықтар". Бақылау-өлшеу құралдары, шаблондар, құрылғылар және оларды қолдану және пайдалану ережелері: орындалатын жұмыстардың дәлдігін бақылау тәсілдері, ақаулықтардың алдын алу және оларды түзету, қол ағаш аспаптарын орнату және олармен жұмыс істеу ережелері, токарлық және бұрғылау станоктарында жұмыс істеу ережелері мен құрылғылары, қол электр құралдарының құрылысы мен пайдалану ережелері, материалдар мен электр энергиясын үнемді жұмсау тәсілдері, бұйымды көркемдеп әрлеуге арналған құралдар;

2) "Еңбек бұйымын дайындау технологиясы". Ағаш өндірісінде қолданылатын материалдар: ағаштың негізгі түрлері, қасиеттері мен ақаулары, негізгі ағаш операцияларының мәні мен мақсаты, белгілеуді, арамен кесуді, сүргілеуді, қашауды және кесуді, бұрғылауды орындау тәсілдері мен тәсілдері; қысқыштарды біріктіру мақсаты мен қолданылуы, оларды орындау тәсілдері мен жолдары, ұзындығы бойынша ағаш бөлшектері қосылыстарының түрлері (тоғысу), жиектер (топтастыру); бұрыштық (шеткі, ортаңғы), жәшікті қосылыстар мен оларды қолдану; алмалы-салмалы және ажыратылмайтын ағаш жалғамаларын орындаудың тәсілдері мен тәсілдері; желімдердің түрлері, желім ерітінділерін дайындау және оларды қолдану. Ағаштың негізгі түрлерін (түсі, құрылымы, ылғалдылығы, беріктігі) зерттеу, ағаш ұсталарын жасау үшін ағаш тандау, ағаш ұсталарын сәндік әрлеудің кейбір әдістерімен танысу, ағашты сақтау және кептіру әдістерін зерттеу, бөлшектерді жартылай тесілген (БҚ 4), жалған жалпақ шыбықпен бұрыштық қосылыс (БҚ 2), бұрыштық қорап қосылысы (БҚ 1, БҚ 2), ағаш ұстасын мөлдір емес әрлеу тәсілдерімен танысу. Конустық, цилиндрлік және беті фасондық бөлшектердің сызбаларын оқу және орындау;

3) "Еңбек заттарын талдау және бағалау". Дайын жұмысты сыныпқа көрсету (көрме). Жұмыстарды жасау үшін қолданылатын әдістер мен тәсілдер. Пән терминологиясы. Бейімдеу, жұмыстарды жетілдіру бойынша сындарлы пікірлер мен негізделген ұсыныстар.

28. 8 сыныпқа арналған "Технология" оқу пәнінің негізгі мазмұны (ер балаларға арналған):

1) "Материалтану. Құрал-саймандар мен жабдықтар". Еңбек және өндірістік пән. Құралдарды және жұмысқа бейімдеуді дайындау. Бақылау-өлшеу құралдары, шаблондар, құрылғылар және оларды қолдану мен пайдалану ережелері: орындалатын жұмыстардың дәлдігі мен сапасын бақылау тәсілдері, ақаулықтардың алдын алу және оларды түзету, қол ұсталық құрал-саймандарды орнату және олармен жұмыс істеу қағидалары, токарлық және бұрғылау станогының құрылысы және жұмыс істеу

қағидалары, материалдар мен электр энергиясын үнемді жұмсау, құрал-саймандарды, жабдықтар мен құрылғыларды ұқыпты пайдалану тәсілдері, жұмыс орнының ішкі еңбек қауіпсіздігі, өндірістік тазалық, электр және өрт қауіпсіздігі;

2) "Еңбек бұйымын дайындау технологиясы". Ағаш өндірісінде қолданылатын материалдар; ағаштың негізгі түрлері, қасиеттері мен кездесетін ақаулары; ағашпен жасалатын жұмыстың мәні мен мақсаты; белгілеуді, аралауды, сүргілеуді, қашауды және кескішпен кесуді, бұрғылауды орындау тәсілдері мен жолдары; қысқыштарды біріктіру мақсаты мен қолданылуы, оларды орындау тәсілдері мен жолдары; ағаш бөлшектердің ұзындығы бойынша біріктіру (тұтасу), жиектеу (топтастыру), бұрышы бойынша (шеткі, ортаңғы), оларды қолдану; алмалы-салмалы және ажыратылмайтын ағаш жалғамаларын орындау тәсілдері мен жолдары; желімдердің түрлері, желім ерітінділерін дайындау тәсілдері және қолдану; бақылау-өлшеу құралдары, шаблондар, құрылғылар және оларды қолдану және пайдалану ережелері;

3) "Еңбек заттарын талдау және бағалау". Жұмыста көрсетілген идеялар мен тақырыптар. Жұмыстарды жасау үшін қолданылатын әдістер мен тәсілдер. Пән терминологиясы. Бейімдеу, жұмыстарды жетілдіру бойынша сындарлы пікірлер мен негізделген ұсыныстар.

29. 9 сыныпқа арналған "Технология" оқу пәнінің негізгі мазмұны (ер балаларға арналған):

1) "Материалтану. Құрал-саймандар мен жабдықтар". Ағаш ұсталық жұмыстарды қол құралдарымен орындау; алмалы-салмалы және ажырамайтын қосылыстарды, қысқыштарды, бұрыштық, шеткі, ортаңғы және жәшікті байламдарды белгілеу және жинау, ұзындығы бойынша, жиегі бойынша жалғаулар, бөлшектерді біріктіру және желімдеу, ағаш бұйымдарын жинап құрастыру (желімдер мен арнайы құрылғылардың көмегімен), бақылау-өлшеу құралдары мен құрылғыларды пайдалану; дайындаманы ұтымды пішу, материалдар мен электр энергиясын үнемді жұмсау, жабдықты, құралдар мен құрылғыларды ұқыпты пайдалану; жұмыс орнын дайындау және ұтымды ұйымдастыру, еңбек қауіпсіздігі, өндірістік тазалықты, электр және өрт қауіпсіздігі мен табиғатты қорғау талаптарын сақтау;

6.1 Экожүйе	<p>5.6.1.1 экожүйенің компоненттерін анықтау және ажырату;</p> <p>5.6.1.2 экожүйелердің түрлерін жіктеу;</p> <p>5.6.1.3 экожүйелердің жұмысына экологиялық факторлардың әсерін түсіндіру;</p>	<p>6.6.1.1 Брайль жүйесіндегі экожүйелердің байланысын түсіндіру және графикалық түрде көрсету;</p> <p>6.6.1.2 Экожүйелердің өзгеру себептерін түсіндіру;</p>

	5.6.1.4 табиғи және жасанды экожүйелерді салыстыру	6.6.1.3 экологиялық пирамидадағы энергия мен заттардың ауысуын түсіндіру
6.2 Тірі организмдердің алуан түрлілігі	5.6.2.1 организмдерді жабайы табиғат патшалығы бойынша жіктеу; 5.6.2.2 біржасушалы және көпжасушалы организмдерге сипаттама беру	6.6.2.1 өсімдіктер мен жануарлар түрлерін анықтау үшін организмдерге тән белгілерді қолдану; 6.6.2.2 жергілікті экожүйелердегі тірі организмдердің алуан түрлілігін зерттеу
6.3 Табиғатты қорғау	5.6.3.1 Қазақстан Республикасының экологиялық проблемаларын атау; 5.6.3.2 өз аймағыңыздағы экологиялық проблемалардың себептерін білу және түсіндіру; 5.6.3.3 Қазақстан Республикасының Қызыл кітабының маңызын анықтау	6.6.3.1 өз аймағыңыздағы кейбір экологиялық проблемалардың себептерін талдау; 6.6.3.2 экологиялық проблемалардың шешімдерін ұсыну

### 7) "Әлемді өзгертетін жаңалықтар" бөлімі:

#### 7-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5 сынып	6 сынып
7.1 Әлемді өзгертетін жаңалықтар	5.7.1.1 әлемді өзгерткен ғылыми жаңалықтарға мысалдар келтіру	6.7.1.1 әлемді өзгерткен жаңалықтардың мағынасын талқылау; 6.7.1.2 жаратылыстану ғылымдарының дамуына қазақстандық ғалымдардың қосқан үлесін талқылау
7.2 Болашақты ашу	5.7.1.2 болашақтағы ғылыми зерттеулерге идеялар ұсыну	6.7.1.3 болашақта ғылыми зерттеулердің даму бағыттарын болжау

30. Бағдарлама көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін "Жаратылыстану" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

31. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Негізгі орта білім беру  
деңгейінің 5-6 сыныптары үшін  
"Жаратылыстану"  
оқу пәнінен жаңартылған  
мазмұндағы үлгілік оқу  
бағдарламасына қосымша

**Көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін "Жаратылыстану" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

1) 5 сынып:

1-кесте

Ұзақмерзімді жоспар бөлімдері	Ұзақмерзімді жоспар бөлімдерінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1. Ғылым әлемі	1.1 Ғылымның рөлі	5.1.1.1 ғылымның функцияларын адам әрекетінің түрі ретінде анықтау
	1.2 Зерттеу мәселесі	5.1.2.1 зерттеу мәселесі мен болжамдарды тұжырымдау
	1.3 Зерттеуді жоспарлау	5.1.3.1 зерттеу жоспарын құру, берілген зерттеу маршрутын ұсыну; 5.1.3.2 қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, тұрғылықты жердің координаттарын анықтау
	1.4 Мәліметтерді жинау және тіркеу	5.1.4.1 і объектілердің параметрлерін өлшем бірліктерінде анықтау; 5.1.4.2 бақылау және өлшеу деректерін Брайль шрифтімен жазу
	1.5 Мәліметтерді талдау	5.1.5.1 қайталанған өлшеулердің арифметикалық ортасын есептеп, Брайль жүйесінде көрсету
	1.6 Қорытынды және талқылау	5.1.6.1 зерттеу сұрағы бойынша тұжырым жасау
	2.1 Макро- және микроәлем	5.2.1.1 макро және микролем нысандарын макеттері бойынша ажырату және мысалдар келтіру
	2.2 Жер туралы жалпы мәліметтер	5.2.2.1 жер планетасының пайда болуын түсіндіру, бедер глобус бойынша пішінін анықтау; 5.2.2.2 жердің құрылымы мен құрамын атау
	2.3 Жер шарлары және оларды құрайтындар	5.2.3.1 жер шарлары және оларды құрайтындарды сақталған анализаторларға сүйеніп сипаттау
	2.4 Жердегі өмір	5.2.4.1 жердегі тіршіліктің пайда болуын сипаттау; 5.2.4.2 өмір сүру жағдайларын анықтау
		5.2.5.1 "жоспар" және "шартты белгілер" ұғымдарын түсіндіру;

<p>2. Адам. Жер. Әлем</p>	<p>2.5 Жер бетін бейнелеу тәсілдері</p>	<p>5.2.5.2 Брайль жүйесі бойынша шартты таңбаларын пайдаланып тұрғылықты жердің жоспарларын оқу; 5.2.5.3 географиялық координаттар бойынша тұрғылықты жерде бағдарлай білу ; 5.2.5.4 зерттелетін аймақтағы объектілердің орналасуын сипаттай білу</p>
	<p>2.6 Материктер мен мұхиттар</p>	<p>5.2.6.1 материктер мен дүние бөліктерінің дамуы мен зерттелу тарихын сипаттау; 5.2.6.2 мұхиттарды зерттеу тарихын сипаттау</p>
	<p>2.7 Халықтың географиясы</p>	<p>5.2.7.1 негізгі нәсілдер мен нәсіл аралық топтардың орналасуы мен таралу аймақтары бойынша әлем халқының нәсілдік құрамын анықтау; 5.2.7.2 нәсілдік сипаттамалардың қалыптасу факторларын анықтау; 5.2.7.3 нәсілдік теңдіктің мағынасын түсіндіру</p>
<p>2-тоқсан</p>		
<p>3. Заттар мен материалдар</p>	<p>3.1 Заттардың құрылымы мен қасиеттері</p>	<p>5.3.1.1 бөлшектердің сұйықтар мен газдарда таралуын сақталған анализаторлар негізінде түсіндіру; 5.3.1.2 қатты, сұйық және газ тәрізді заттардың құрылымын түсіну және түсіндіре білу; 5.3.1.3 заттың қасиеттерін сипаттай және ажырата білу: сұйықтық, тығыздық, жылу өткізгіштік, иілгіштік, икемділік; 5.3.1.4 табиғаттағы физикалық және химиялық құбылыстарды ажырату және анықтау</p>
	<p>3.2 Заттардың жіктелуі</p>	<p>5.3.2.1 иістер мен дәм сезу рецепторлары бойынша таза заттар мен қоспаларды ажырату; 5.3.2.2 қоспалардың түрлерін сипаттау; оларды бөлудің жолдарын ұсыну; 5.3.2.3 белгілі бір құрамы бар сұйықтықтарды дайындау; 5.3.2.4 еріген заттың массалық үлесін есептеу; 5.3.2.5 заттарды ерігіштігі бойынша жіктеу, металдар мен бейметалдарды ажырату</p>

	3.3 Заттардың түзілуі және өндірісі	5.3.3.1 табиғатта жасанды жолмен алынған белгілі бір заттардың түзілуіне мысалдар келтіру; 5.3.3.2 зертханалық жағдайда заттардың бөлінуін қауіпсіздің шарасын сақтау арқылы түсіндіру
3-тоқсан		
4. Тірі және жансыз табиғаттағы процестер	4.1 Жансыз табиғаттағы процестер	5.4.1.1 жансыз табиғатта болатын процестерді атау (табиғаттағы заттар айналымы, ауа райының бұзылуы, тау құрылысы, климаттық процестер); 5.4.1.2 жансыз табиғатта болатын процестердің себептері мен салдарын түсіндіру
	4.2 Тірі табиғаттағы процестер	5.4.2.1 тірі организмдердің қасиеттерін сипаттау; 5.4.2.2 тірі организмдердің ұйымдасу деңгейлерін сипаттау; 5.4.2.3 сақталған анализаторларға негізделген микроскоппен жұмыс істеу ережелерін қолдану; 5.4.2.4 қауіпсіздік техникасын сақтай отырып уақытша микропрепараттар дайындау; 5.4.2.5 фотосинтез процесін түсіндіру; 5.4.2.6 өсімдіктерде әртүрлі пигменттердің болуын зерттеу; 5.4.2.7 фотосинтез жүруі үшін қажетті жағдайлар жасау
5. Энергия және қозғалыс	5.1 Энергия түрлері мен көздері	5.5.1.1 энергия түрлерін ажырата білу; 5.5.1.2 температура мен жылу энергиясын ажырата білу; 5.5.1.3 температураны электронды термометрмен өлшеу; 5.5.1.4 ғимараттарда жылу окшаулау техникасын түсіндіру және қолдану; 5.5.1.5 жылудың таралуын сипаттау; 5.5.1.6 энергияның өзара айналымына мысал келтіру
	5.2 Қозғалыс	5.5.2.1 тірі және жансыз табиғаттағы қозғалыстың мәнін түсіндіру және мысалдар келтіру; 5.5.2.2 жануарлардың қаңқаларын модельдер арқылы әртүрлі ерекшеліктерін зерттеу;

		5.5.2.3 денелердің қозғалу себептерін анықтау
4-тоқсан		
6. Экология және тұрақты даму	6.1 Экожүйелер	5.6.1.1 экожүйенің компоненттерін анықтау және ажырату; 5.6.1.2 экожүйелердің түрлерін жіктеу; 5.6.1.3 экожүйелердің жұмысына экологиялық факторлардың әсерін түсіндіру; 5.6.1.4 табиғи және жасанды экожүйелерді салыстыру
	6.2 Тірі организмдердің алуан түрлілігі	5.6.2.1 организмдерді жабайы табиғат патшалығы бойынша жіктеу; 5.6.2.2 біржасушалы және көпжасушалы организмдерге сипаттама беру
	6.3 Табиғатты қорғау	5.6.3.1 Қазақстан Республикасының экологиялық проблемаларын атау; 5.6.3.2 өз аймағыңыздағы экологиялық проблемалардың себептерін түсіндіру; 5.6.3.3 Қазақстан Республикасының Қызыл кітабының маңызын анықтау
7. Әлемді өзгертетін жаңалықтар	7.1 Әлемді өзгертетін жаңалықтар	5.7.1.1 әлемді өзгерткен ғылыми жаңалықтарға мысалдар келтіру
	7.2 Болашақты ашу	5.7.1.2 болашақтағы ғылыми зерттеулерге идеялар ұсыну

## 2) 6-сынып:

### 2-кесте

Ұзақмерзімді жоспар бөлімдері	Ұзақмерзімді жоспар бөлімдерінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
	1.1 Ғылымның рөлі	6.1.1.1 жаратылыстану ғылымдарының зерттеу нысандарын тізімдеу
	1.2 Зерттеу мәселесі	6.1.2.1 тәуелсіз, тәуелді және басқарылатын айнымалыларды анықтау
	1.3 Зерттеуді жоспарлау	6.1.3.1 жоспарға сәйкес зерттеулер жүргізу, берілген маршрут бойынша еркін бағдарлану; 6.1.3.2 қауіпсіз зерттеу жағдайында рельефтік картадан

1. Ғылым әлемі		координаттар бойынша физикалық-географиялық объектілерді табу
	1.4 Мәліметтерді жинау және тіркеу	6.1.4.1 Брайль бойынша халықаралық бірліктер жүйесінде өлшем бірліктерін қолдану; 6.1.4.2 алынған мәліметтерді талдау және болжау
	1.5 Мәліметтерді талдау	6.1.5.1 зерттеу деректерінБрайль жүйесі бойынша графикалық кестеге енгізу; 6.1.5.2 табиғи кешендердің пайда болу реттілігін жүйелеу
	1.6 Қорытынды және талқылау	6.1.6.1 алынған мәліметтерді Брайль жүйесінде әр түрлі формада ұсыну
2. Адам, Жер, Әлем	2.1 Макро- және микроәлем	6.2.1.1 макро және микролем объектілерінің параметрлерін ажырату және атау
	2.2 Жер туралы жалпы мәліметтер	6.2.2.1 жерде байқалатын процестер мен құбылыстарды түсіндіру; 6.2.2.2 жердің қасиеттерін түсіндіру
	2.3 Жер шарлары және оларды құрайтындар	6.2.3.1 жердің сыртқы қабықтарының өзара әрекеттесу жолдарын түсіндіру
	2.4 Жердегі өмір	6.2.4.1 жердегі тіршіліктің пайда болу гипотезаларын салыстыру; 6.2.4.2 адамның жердегі тіршілік етуінің қазіргі жағдайларын бағалау
	2.5 Жер бетін бейнелеу тәсілдері	6.2.5.1 географиялық карталар мен шартты белгілерді жіктей білу; 6.2.5.2 шартты белгілерді пайдаланып, географиялық рельефтік карталарды оқу; 6.2.5.3 жер бедерінің физикалық объектілері арасындағы қашықтықты кадамдармен есептеу ; 6.2.5.4 зерттеу аймағының географиялық координаттарын анықтау; 6.2.5.5 рельефті глобустағы уақыт белдеулері бойынша уақытты анықтау
		6.2.6.1 материктер мен олардың физикалық-географиялық



	2.6 Материктер мен мұхиттар	аймақтарының табиғатының ерекшеліктерін модельдер арқылы анықтау және сипаттау; 6.2.6.2 төменгі рельефтік модель арқылы мұхиттар табиғатының ерекшеліктерін анықтау және сипаттау
	2.7 Халықтың географиясы	6.2.7.1 тұрғындардың орналасу заңдылықтарын анықтау; 6.2.7.2 халық тығыздығының көрсеткіштерін бағалау; 6.2.7.3 халықтың тығыздығы жоғары және төмен аймақтарды рельефтік картадан көрсету және себептерін түсіндіру
2-тоқсан		
3. Заттар мен материалдар	3.1 Заттардың құрылымы мен қасиеттері	6.3.1.1 макеттер арқылы атомдар мен молекулаларды ажырату; заттардың құрылымын ажырата білу; 6.3.1.2 атомның іргелі бөлшектерін және олардың атомдағы орналасуын сипаттау; 6.3.1.3 заттардың қасиеттерін сипаттау: балқу және қайнау температуралары; 6.3.1.4 табиғаттағы құбылыстардың пайда болу себебін түсіндіру
	3.2 Заттардың жіктелуі	6.3.1.1 макеттер арқылы атомдар мен молекулаларды ажырату; заттардың құрылымын ажырата білу; 6.3.1.2 атомның іргелі бөлшектерін және олардың атомдағы орналасуын сипаттау; 6.3.1.3 заттардың қасиеттерін сипаттау: балқу және қайнау температуралары; 6.3.1.4 табиғаттағы құбылыстардың пайда болу себебін түсіндіру
		6.3.3.1 табиғи және жасанды материалдардың артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау; 6.3.3.2 тұрмыстық химия құралдарын қолдану аймақтарын және оларды қауіпсіз пайдалану ережелерін түсіндіру; 6.3.3.3 рельефтік карта бойынша Қазақстандағы пайдалы қазбалар

	3.3 Заттардың түзілуі және өндірісі	кен орындары мен олардың қолдану аймақтарын анықтау; 6.3.3.4 Қазақстандағы үлкен пайдалы қазбаларды өндіру және қайта өңдеу ошақтарын рельефті картада атау және көрсету; 6.3.3.5 пайдалы қазбаларды өндіру мен өңдеудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру
3-тоқсан		
4. Тірі және жансыз табиғаттағы процестер	4.1 Жансыз табиғаттағы процестер	6.4.1.1 модельдерді қолдана отырып, жансыз табиғатта болып жатқан процестерді модельдеу (тау құрылысы, ауа райының өзгеруі, табиғаттағы заттардың айналымы); 6.4.1.2 табиғаттағы заттардың химиялық өзгеруін түсіндіру
	4.2 Тірі табиғаттағы процестер	6.4.2.1 жасушаның негізгі компоненттерін анықтау; 6.4.2.2 тірі организмдерге тән процестерді түсіндіру; 6.4.2.3 организмдердің қоректену түрлерін ажырата білу; 6.4.2.4 тамақтанудың теңгерімді рационын құрастыру; 6.4.2.5 тамақ өнімдерін сынау, органикалық заттардың болуын анықтау; 6.4.2.6 тірі организмдердегі қоректік заттардың тасымалдану ретін модельдеу және түсіндіру; 6.4.2.7 дем алатын және дем шығаратын ауаның құрамындағы айырмашылықты түсіну; 6.4.2.8 организмдерден бөлінетін өнімдерді атау; 6.4.2.9 тірі организмдердің тітіркендіргіштерге реакциясын зерттеу
	5.1 Энергия түрлері мен көздері	6.5.1.1 энергия көздерін атау; 6.5.1.2 энергияның бөлінуімен және жұтылуымен жүретін процестерді атау және мысалдар келтіру; 6.5.1.3 электр энергиясының бірлігін атау; 6.5.1.4 электр энергиясының құнын есептеу; 6.5.1.5 баламалы энергия көздерін ұсыну

5. Энергия және қозғалыс	5.2 Қозғалыс	<p>6.5.2.1 қозғалыстың салыстырмалылығын түсіндіру және мысалдар келтіру;</p> <p>6.5.2.2 қатты, сұйық және газдардың қысымын ажырату; күнделікті өмірде қысым айырмашылығын қолдану;</p> <p>6.5.2.3 макет бойынша адам қаңқасының құрылымын білу және сипаттау;</p> <p>6.5.2.4 бұлшықеттердің құрылымын сипаттау; тері-бұлшықетсезімталдықтың маңыздылығы туралы білу ;</p> <p>6.5.2.5 тірі организмдер үшін қысым мәндеріне мысалдар келтіру;</p> <p>6.5.2.6 тиісті құрылғылардың көмегімен атмосфералық және артериялық қысымды өлшеу және қорытынды жасау</p>
4-тоқсан		
6. Экология және тұрақты даму	6.1 Экожүйелер	<p>6.6.1.1 Брайль жүйесіндеі экожүйелердің байланысын түсіндіру және графикалық түрде көрсету;</p> <p>6.6.1.2 Экожүйелердің өзгеру себептерін түсіндіру;</p> <p>6.6.1.3 экологиялық пирамидадағы энергия мен заттардың ауысуын түсіндіру</p>
	6.2 Тірі организмдердің алуан түрлілігі	<p>6.6.2.1 өсімдіктер мен жануарлар түрлерін анықтау үшін организмдерге тән белгілерді білу және қолдану;</p> <p>6.6.2.2 жергілікті экожүйелердегі тірі организмдердің алуан түрлілігін зерттеу</p>
	6.3 Табиғатты қорғау	<p>6.6.3.1 өз аймағыңыздағы кейбір экологиялық проблемалардың себептерін талдау;</p> <p>6.6.3.2 экологиялық проблемалардың шешімдерін ұсыну</p>
7. Әлемді өзгертетін жаңалықтар	7.1 Әлемді өзгерткен жаңалықтар	<p>6.7.1.1 әлемді өзгерткен жаңалықтардың мағынасын талқылау;</p> <p>6.7.1.2 жаратылыстану ғылымдарының дамуына қазақстандық ғалымдардың қосқан үлесін талқылау</p>

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 123 бұйрығына  
22-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына  
659-қосымша

## **Көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10-сыныптары үшін "География" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10-сыныптары үшін "География" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген

2. Бағдарламаның мақсаты – дүниенің географиялық бейнесін тұтас қабылдайтын, географиялық ойлау қабілеті дамыған, географияның әдістері мен тілін білетін және қолданатын, географиялық мәдениеті бар тұлға тәрбиелеу.

3. Бағдарламаның міндеттері:

1) танымдық қызығушылығы мен қоршаған ортаны бақылау кезіндегі шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамыту, географиялық мәселелерді шешу, өз бетінше жаңа географиялық білім алу;

2) географиялық біліміңаймақтың физикалық және әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін түсіндіре білу үшін қолдану, әлеуметтік желілер мен ғылыми –көпшілік әдебиеттерден алынған ақпараттарды пайдаланудағысын меңгеру;

3) географиялық деректерді талдап және болжау үшін сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту;

4) географиялық білімді күнделікті өмірде, өз іс-тәжірибесінде пайдалану қабілетін қалыптастыру;

5) білім алушылардың бойында табиғат пен қоғам арасындағы байланыстарға, осы байланыстардың кеңістіктік ерекшеліктеріне ғылыми көзқарастарын дамыту.

4. Түзету-дамыту міндеттері:

1) карта, глобус, физико-географиялық нысандардың бедерлі бейнелерін сипап сезу арқылы тексере білу;

2) бедерлі нысандармен жұмыс істеу кезіндесенсорлық функцияларын (түсті ажырату, көзбен мөлшерлеу) және ұсақ моторикасын дамыту;

3) педагогтың түсініктемесі арқылы затты сипап сезу кезінде естіп қабылдауын дамыту;

4) заттардың пішіні, көлемі және кеңістікте орналасуын салыстыру, заттардыңүлгілерімен, макеттермен, бедерлі бейнелерімен салыстыра білу қабілетін дамыту;

5) сезу, есту, иіс сезу, қалдық көру дағдылары арқылыжанды және жансыз табиғи нысандар пен заттардың белгілерінбөліп көрсету қабілетін дамыту;

6) сауатты, байланыстырып сөйлей алу, материалды дәлелдерімен дәйекті түрде баяндай білу дағдысын дамыту.

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

5. Көрмейтін және көру қабілеті бұзылғанбалаларды оқыту құндылыққа бағытталған, жеке тұлғаға бағытталған, әрекеттік, саралап оқыту тәсіліжәне коммуникативті тәсілдер мен ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде жүзеге асырылады.

6. Құндылыққа бағытталған тәсіл әртүрлі табиғи жүйлер, әлеуметтік, ұлттық және ғаламдық мәселелер арасындағы қатынастардың үйлесімділігін түсінуге бағытталған.

7. Тұлғаға бағытталған тәсіл географиялық деректерді талдауға және өзін-өзі тануға қолайлы орта болып табылатын рефлексивті –бағалау әрекеті арқылыбілім алушылардың әлеуетті мүмкіндіктерін ашуға ықпал етеді.

8. Әрекеттік тәсіл көру қабілеті бұзылған білім алушыларға теориялық білімдерін іс жүзінде қолдануға және оларға қажетті географиялық дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік беретін тапсырмалар жүйесі арқылы географиялық білімнің жоғары деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

9. Саралап оқыту тәсілі танымдық қызығушылығымен күрделілігі бойыншасараланған тапсырмалар беру шартын іске асыра отырып, білім алушылардың жастарын, психологиялық және офтольмологиялық ерекшеліктерін ескеріп әртүрлі топтарда білім алуынабағытталған.

10. Коммуникативті тәсілдеоқу үрдісі кезінде ситуациялық жағдайлар, ақпараттану, жұптық жұмыстар, рөлдік ойындар мен бірлескен топтық жобалардасөйлеу тілін қолдану көзделген.

11. Ақпараттық-коммуникативтік технологиясын пайдаланубілім беру мазмұнының өзгеруіне ықпал етеді,оқытудың тиімділігі артады,көру қабілеті бұзылған білім алушылардың АКТ пайдалану дағдысы дамиды, оқу үрдісіне қатысушылардыңауқымды жабдықтар мен технологияларды қолдана отырыпөзара пікір алмасуларына ықпал етеді.

12. Оқыту процесінде география пәні аталған жалпы білім беретін және түзету пәндерімен байланысты оқытылады: "Жаратылыстану", "Физика", "Биология", "Химия", "Қалдық көру қабілетін сақтау және дамыту", "Кеңістікті бағдарлау", "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау".

13. География сабағында дидактикалық көрнекіліктерге көбірек мән беріледі (карталар, үлгілер, макеттер, сызбалар), бұл заттардың белгілерімен тек қана тері мен қозғалысарқылы емес, есту анализаторы арқылы да танысуына ықпал етеді. Әртүрлі нысандардың кішірейтілген үлгілерінің көмегімен білім алушылардың тікелей көріп қабылдай алмайтын табиғаттағы құбылыстар мен әрекеттерді көрсетуге болады (таулардың ұшар бастары, өткелдер, өзендердің аңғарлары, сарқырамалар, белсенді және сөніп қалған жанартаулар, қатпарлы және бос таулар т.б.).

14. Көрмейтін білім алушыларға визуалды түрде тұтас, сонымен бірге ірі географиялық нысандарды қабылдау қиынға соғады; теңіз, орман, таулар т.б. Мұндай жағдайларда көрнекі құрал ретінде әртүрлі үлгілер қолданылады, бұл оқушыларға кеңістік қатынастарды, қоршаған құбылыстардың өзара тәуелділігі мен динамикасын көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді.

15. Көрмейтін және нашар көретін оқушыларға сыныптарда келесі тифлотехникалық құралдар қарастырылған:

1) көрмейтін және нашар көретін білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын, бедерлі немесе бедерлі, түсті иллюстрациялық – графикалық материалдары бар нүктелі-бедерлі шрифтта жазылған арнайы оқулықтар;

2) "дыбысты" оқулықтар, фонетикалық материалдар, DAISY (Дэйзи) аудио форматында сандық медиада жазылған аудио оқулықтар;

3) тақырыптық бедерлі-графикалық нұсқаулықтар;

4) бедерлі координаталық жазықтықтар, бедерлі географиялық және тарихи карталар;

5) бедерлі сурет салу құралдары: "Школьник", "Н.А. Семевского" құралдары;

6) арнайы оқу құралдары: брайль құралы, қалыпты жазуға арналған құралдар, грифель, қалың (брайль) қағаздан жасалған дәптерлер.

### **3-тарау. "География" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

16. "География" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 7-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;

2) 8-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;

3) 9-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;

4) 10-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

17. Бағдарлама мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

1) "Географиялық зерттеу әдістері" бөлімі;

2) "Картография және географиялық деректер базасы" бөлімі;

- 3) "Физикалық география" бөлімі;
- 4) "Әлеуметтік география" бөлімі;
- 5) "Экономикалық география" бөлімі;
- 6) "Елтану және саяси география негіздері" бөлімі.

18. "Географиялық зерттеу әдістері" бөлімі:

- 1) зерттеу және зерттеушілер бөлімшесінен тұрады.

19. "Картография және географиялық деректер базасы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) географиялық карталар;
- 2) географиялық деректер базасы.

20. "Физикалық география" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) литосфера;
- 2) атмосфера;
- 3) гидросфера;
- 4) биосфера;
- 5) табиғи-аумақтық кешендер.

21. "Әлеуметтік география" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) халықтар географиясы.

22. "Экономикалық география" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) табиғи ресурстар;
- 2) әлеуметтік-экономикалық ресурстар;
- 3) дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы;
- 4) дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістері мен көрсеткіштері;

23. "Елтану және саяси география негіздері" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) дүниежүзі елдері бөлімшесін қамтиды.

24. 7-сыныпқа арналған "География" пәннің базалық мазмұны:

1) "Географиялық зерттеу әдістері" бөлімі: зерттеу және зерттеушілер. Географияны зерттеу нысандары. География ғылымының дамуы. Географиялық дерек көздері. Географиялық тәжірибелер. Далалық зерттеу әдістері. Географияда графикалық әдістердің қолданылуы;

2) "Картография және географиялық деректер базасы" бөлімі: географиялық карталар. Географиялық картосхемаларды қолдану. Географиялық номенклатура. Географиялық деректер базасы. Географиялық деректерді ұйымдастыру;

3) "Физикалық география" бөлімі: литосфера. Литосфераның құрылысы мен заттық құрамы. Жердің тектоникалық құрылысы. Литосфераның тектоникалық қозғалыстары. Литосфералық катаклизмдер. Атмосфера. Атмосфера және оның құрамдас бөліктері. Ауа райы және метеорологиялық элементтер. Атмосфералық қолайсыз құбылыстар. Гидросфера. Гидросфера және оның құрамдас бөліктері. Су ресурстарының

маңыздылығы. Дүниежүзілік мұхиттың географиялық жағдайы. Дүниежүзілік мұхит суларының қасиеттері. Мұхит суларының қозғалыстары. Мұхиттармен байланысты апаттар. Дүниежүзілік мұхиттың проблемалары. Биосфера. Биосфера және оның құрамдас бөліктері. Топырақ, оның құрамы мен құрылымы. Қазақстанның топырақ түрлері. Топырақтың экологиялық проблемалары. Табиғи-аумақтық кешендер. Табиғи-аумақтық кешендердің қалыптасуы. Табиғи-аумақтық кешендердің түрлері;

4) "Әлеуметтік география" бөлімі: халық географиясы. Дүниежүзі халқының тілдік әулеттері мен топтары. Дүниежүзі халқының діни құрамы. Дүниежүзінің тарихи-мәдени аймақтары. Ұлтаралық және дінаралық келісім;

5) "Экономикалық география" бөлімі: табиғи ресурстар. Табиғи ресурстардың жіктелуі. Табиғи ресурстарды игерумен байланысты проблемалар. Әлеуметтік-экономикалық ресурстар. Көлік инфрақұрылымы. Әлеуметтік инфрақұрылым. Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы. Дүниежүзілік шаруашылықтың салалары: ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп;

6) "Елтану және саяси география негіздері" бөлімі: дүниежүзі елдері. Дүниежүзі елдерінің географиялық жағдайы. Дүниежүзі елдерінің географиялық және экономикалық-географиялық жағдайы.

25. 8-сыныпқа арналған "География" пәнінің базалық мазмұны:

2) "Географиялық зерттеу әдістері": зерттеу және зерттеушілер. География ғылымының салалары. Географиялық зерттеу әдістерінің түрлері. Географиялық деректерді өңдеу және талдау. Географиялық модельдер. Зерттеу нәтижелерінің ұсыну формалары;

3) "Картография және географиялық деректер базасы": географиялық карталар. Тақырыптық карталар және оларды қосымша сипаттау элементтері. Тақырыптық карталарды оқу. Тақырыптық географиялық номенклатура. Географиялық деректер базасы. Географиялық деректер базасын құрастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі;

4) "Физикалық география": литосфера. Жер бедерінің қалыптасу және таралу заңдылықтары. Жер бедерінің жіктелуі. Материктер мен мұхиттардың ірі орографиялық объектілері. Тау жыныстары мен минералдардың жіктелуі. Пайдалы қазбалардың Тау жыныстары мен минералдардың қалыптасу заңдылықтарына байланысты таралуы. Тау жыныстары мен минералдардың қасиеттері. Тау жыныстарының жасын анықтау. Геологиялық жыл санау мен геохронологиялық кесте. Жер бедерінің адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсері. Атмосфера. Климат қалыптастырушы факторлар. Атмосфераның ғаламдық циркуляциясы. Климаттық белдеулер. Материктердің климаттық ерекшеліктері. Климаттың адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсері. Адам әрекетінің атмосфераға тигізетін кері әсері. Гидросфера. Құрлық суларының түрлері мен қалыптасуы. Құрлық суларының шаруашылық маңызы. Өзен аңғарының құрылысы. Өзендердің



гидрологиялық режимі. Көлдер мен мұздықтар. Құрлық суларының экологиялық проблемалары. Су апаттары. Биосфера. Табиғат зоналары мен биіктік белдеулер. Материктердің табиғи зоналары. Мұхиттардың тіршілік дүниесі. Өсімдік әлемі мен жануарлар дүниесін қорғау. Табиғи-аумақтық кешендер. Географиялық қабықтың құрамы мен құрылысы. Географиялық қабықтың заңдылықтары;

5) "Әлеуметтік география": халық географиясы. Халық санағы. Ұдайы өсудің түрлері. Демографиялық көрсеткіштер мен демографиялық жағдай. Демографиялық проблемалар. Демографиялық саясат;

6) "Экономикалық география": табиғи ресурстар. Табиғи ресурстарды экономикалық және экологиялық тұрғыдан бағалау. Дүниежүзі аймақтарының табиғи-ресурстық әлеуеті. Табиғи ресурстарды өңдеу технологиясы, орталықтары және дайын өнім түрлері. Әлеуметтік-экономикалық ресурстар. Экономикалық инфрақұрылымның элементтері мен функциялары. Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы. Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық құрамы: өндіруші, өңдеуші және қызмет салалары. Ауылшаруашылық, өнеркәсіп және қызмет салаларын ұйымдастыру түрлері. Ауылшаруашылық, өнеркәсіп және қызмет салаларын орналастыру факторлары. Дүниежүзілік шаруашылық салаларын сипаттау;

7) "Елтану және саяси география негіздері": дүние жүзі елдері. Дүниежүзінің саяси картасы. Елдердің саяси типологиясы. Саяси картадағы сандық және сапалық өзгерістер. Дүние жүзі елдерінің саяси-географиялық жағдайы. Саяси интеграция. Қазақстанның саяси-интеграциялық үдерістердегі мүдделері, бағыттары және бастамалары.

26. 9-сыныпқа арналған "География" пәнінің базалық мазмұны:

1) "Географиялық зерттеу әдістері" бөлімі: зерттеу және зерттеушілер. Қазақстандық географтардың зерттеулері. География ғылымы зерттеулерінің қазіргі заманғы өзекті проблемалары. Географиялық нысандар мен құбылыстарды номинациялау ерекшеліктері. Қазақтың халықтық географиялық терминдері. Зерттеу нәтижелерін ұсынудың академиялық формалары;

2) "Картография және географиялық деректер базасы" бөлімі: географиялық карталар. Географиялық нысандарды, үдерістер мен құбылыстарды картадан көрсету тәсілдері. Географиялық номенклатура нысандарын көрсету тәсілдері. Географиялық деректер базасы. Жерді қашықтықтан зерделеу әдістері. Геоақпараттық жүйе технологияларын қолдану аясы;

3) "Физикалық география" бөлімі: литосфера. Қазақстан аумағының геологиялық тарихы және тектоникалық құрылымы. Қазақстанның басты орографиялық нысандары. Қазақ оронимдері. Қазақстанда минералды ресурстардың таралу заңдылықтары. Минералды ресурстарды өндіру және өңдеу орталықтары. Қазақстанның минералды ресурстарына баға беру. Минералды ресурстарды игерумен байланысты проблемалар. Атмосфера. Қазақстанның климатын түзуші факторлар. Қазақстанның климаттық

жағдайы. Қазақстанның климаттық ресурстары. Қазақстанда қолайсыз және қауіпті атмосфералық құбылыстар. Қазақ халқының атмосфералық және климаттық құбылыстарды номинациялау ерекшеліктері. Гидросфера. Қазақстанның ішкі суларының түрлері. Қазақ гидронимдері. Қазақстанның су ресурстарына экономикалық баға беру. Су ресурстарының экологиялық проблемалары. Қазақстанның ішкі суларының геосаяси проблемалары. Биосфера. Қазақстанның табиғат зоналары мен биіктік белдеулері. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың түрлері. Қазақстанның табиғи мұрасы. Табиғи хоронимдердің (ерекше қорғауға алынған аумақтар) мағынасы. Ноосфераның қалыптасуы. Қазақстанның ноосфераның дамуына қосқан үлесі. Табиғи-аумақтық кешендер. Қазақстанның ірі физикалық-географиялық аудандары. Қазақтың табиғи хоронимдері (физикалық-географиялық аудандардың атауы). Табиғат кешендеріне әсер ететін антропогендік факторлар. Антропогендік ландшафтарды жақсарту жолдары;

4) "Әлеуметтік география" бөлімі: халық географиясы. Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамы. Дүниежүзі халқының көші-қоны. Қазақстандағы халықтың көші-қоны. Көші-қон саясаты. Еңбек ресурстарының сандық және сапалық құрамы. Қазақстанның демографиялық жағдайы мен демографиялық саясаты. Елді мекендердің жіктелуі. Елді мекендердің функционалды зоналары. Қазақстандағы ойконимдер. Қазақстандағы елді мекендердің проблемалары. Урбандалу үдерісі. Қазақстандағы урбандалу үдерісіне баға беру;

5) "Экономикалық география" бөлімі: табиғи ресурстар. Қазақстанның табиғи-ресурстық әлеуеті. Қазақстанда жекелеген ресурс түрлерін өңдеу технологиялары, орталықтары және дайын өнім түрлері. Табиғатты пайдалану үлгілері мен түрлері. Тұрақты даму. Қазақстанда табиғатты пайдаланумен байланысты проблемалар. Әлеуметтік-экономикалық ресурстар. Ғылыми-техникалық революция үдерісі, бағыттары. Адам әлеуеті даму индексінің көрсеткіштері. Қазақстанда адамдық капиталды дамыту. Қазақстанның индустриялы-инновациялық даму бағыттары. Қазақстанның инновациялық инфрақұрылымы. Қазақстан аймақтары инфрақұрылымының даму деңгейі. Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы. Қазақстан шаруашылығының салалары. Қазақстанның экономикалық аудандарының шаруашылық салалары мен мамандануы. Дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістері мен көрсеткіштері. Дүниежүзілік шаруашылықтың субъектілері. Халықаралық географиялық еңбек бөлінісі. Халықаралық экономикалық қатынас түрлері. Дүниежүзілік шаруашылықтың даму көрсеткіштері. Дүниежүзілік шаруашылықтың даму модельдері мен аумақтық құрылымы. Дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістері. Қазақстанның дүниежүзілік шаруашылықта алатын орны. Қазақстанның халықаралық экономикалық интеграциядағы мүдделері мен мақсаттары, орны;

6) "Елтану және саяси география негіздері" бөлімі: дүниежүзі елдері. Елдердің экономикалық даму деңгейі бойынша топтастырылуы. Халықаралық ұйымдардың деңгейлері мен мақсаттары. Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық, саяси-географиялық жағдайы. Қазақстандағы саяси-әкімшілік хоронимдер. Қазақстан Республикасы туралы кешенді географиялық ақпаратты ұсыну формалары.

27. "География" пәнінің 10-сыныпқа арналған базалық білімінің мазмұны:

1) "Географиялық зерттеу әдістері" бөлімі: зерттеу және зерттеушілер. Қазақстандық географтардың зерттеулері. География ғылымы зерттеулерінің қазіргі заманғы өзекті проблемалары. Географиялық нысандар мен құбылыстарды номинациялау ерекшеліктері. Қазақтың халықтық географиялық терминдері. Зерттеу нәтижелерін ұсынудың академиялық формалары;

2) "Картография және географиялық деректер базасы" бөлімі: географиялық карталар. Географиялық нысандарды, үдерістер мен құбылыстарды картадан көрсету тәсілдері. Географиялық номенклатура нысандарын көрсету тәсілдері. Географиялық деректер базасы. Жерді қашықтықтан зерделеу әдістері. Геоақпараттық жүйе технологияларын қолдану аясы;

3) "Физикалық география" бөлімі: литосфера. Қазақстан аумағының геологиялық тарихы және тектоникалық құрылымы. Қазақстанның басты орографиялық нысандары. Қазақ оронимдері. Қазақстанда минералды ресурстардың таралу заңдылықтары. Минералды ресурстарды өндіру және өңдеу орталықтары. Қазақстанның минералды ресурстарына баға беру. Минералды ресурстарды игерумен байланысты проблемалар. Атмосфера. Қазақстанның климатын түзуші факторлар. Қазақстанның климаттық жағдайы. Қазақстанның климаттық ресурстары. Қазақстанда қолайсыз және қауіпті атмосфералық құбылыстар. Қазақ халқының атмосфералық және климаттық құбылыстарды номинациялау ерекшеліктері. Гидросфера. Қазақстанның ішкі суларының түрлері. Қазақ гидронимдері. Қазақстанның су ресурстарына экономикалық баға беру. Су ресурстарының экологиялық проблемалары. Қазақстанның ішкі суларының геосаяси проблемалары. Биосфера. Қазақстанның табиғат зоналары мен биіктік белдеулері. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың түрлері. Қазақстанның табиғи мұрасы. Табиғи хоронимдердің (ерекше қорғауға алынған аумақтар) мағынасы. Ноосфераның қалыптасуы. Қазақстанның ноосфераның дамуына қосқан үлесі. Табиғи-аумақтық кешендер. Қазақстанның ірі физикалық-географиялық аудандары. Қазақтың табиғи хоронимдері (физикалық-географиялық аудандардың атауы). Табиғат кешендеріне әсер ететін антропогендік факторлар. Антропогендік ландшафтарды жақсарту жолдары;

4) "Әлеуметтік география" бөлімі: халық географиясы. Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамы. Дүниежүзі халқының көші-қоны. Қазақстандағы халықтың көші-қоны. Көші-қон саясаты. Еңбек ресурстарының сандық және сапалық құрамы. Қазақстанның демографиялық жағдайы мен демографиялық саясаты. Елді мекендердің

жіктелуі. Елді мекендердің функционалды зоналары. Қазақстандағы ойконимдер. Қазақстандағы елді мекендердің проблемалары. Урбандалу үдерісі. Қазақстандағы урбандалу үдерісіне баға беру;

5) "Экономикалық география" бөлімі: табиғи ресурстар. Қазақстанның табиғи-ресурстық әлеуеті. Қазақстанда жекелеген ресурс түрлерін өңдеу технологиялары ,орталықтары және дайын өнім түрлері. Табиғатты пайдалану үлгілері мен түрлері. Тұрақты даму. Қазақстанда табиғатты пайдаланумен байланысты проблемалар. Әлеуметтік-экономикалық ресурстар. Ғылыми-техникалық революция үдерісі, бағыттары. Адам әлеуеті даму индексінің көрсеткіштері. Қазақстанда адамдық капиталды дамыту. Қазақстанның индустриялы-инновациялық даму бағыттары. Қазақстанның инновациялық инфрақұрылымы. Қазақстан аймақтары инфрақұрылымының даму деңгейі. Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы. Қазақстан шаруашылығының салалары. Қазақстанның экономикалық аудандарының шаруашылық салалары мен мамандануы. Дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістері мен көрсеткіштері. Дүниежүзілік шаруашылықтың субъектілері. Халықаралық географиялық еңбек бөлінісі. Халықаралық экономикалық қатынас түрлері. Дүниежүзілік шаруашылықтың даму көрсеткіштері. Дүниежүзілік шаруашылықтың даму модельдері мен аумақтық құрылымы. Дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістері. Қазақстанның дүниежүзілік шаруашылықта алатын орны. Қазақстанның халықаралық экономикалық интеграциядағы мүдделері мен мақсаттары, орны;

6) "Елтану және саяси география негіздері" бөлімі: дүниежүзі елдері. Елдердің экономикалық даму деңгейі бойынша топтастырылуы. Халықаралық ұйымдардың деңгейлері мен мақсаттары. Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық, саяси-географиялық жағдайы. Қазақстандағы саяси-әкімшілік хоронимдер. Қазақстан Республикасы туралы кешенді географиялық ақпаратты ұсыну формалары.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

28. Бағдарламада оқыту мақсаттарын пайдалану ыңғайлылығы үшін кодтау енгізілді . Кодта бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар – бөлім мен бөлімшенің, төртінші сан – оқыту мақсатының реттік санын білдіреді. Мысалы, 7.1.2.4. кодында "7" - сынып, "1.2" - екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, "4" - оқыту мақсатының реттік саны

29. Бөлімдер бойынша әр сыныпқа күтілетін нәтижелер:

1) "Географиялық зерттеу әдістері" бөлімі:

1- кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып

1.1 Зерттеулер және зерттеушілер	<p>7.1.1.1 географияның зерттеу нысандарын анықтау;</p> <p>7.1.1.2 саяхатшылар мен зерттеуші-лердің география ғылымының дамуына қосқан үлесін сипаттау, баға беру;</p> <p>7.1.1.3 географиялық дерек көздермен жұмыс істеу: карта, сурет, мәтін, фотосуреттер, графикалық материалдар;</p> <p>7.1.1.4 сақталған анализаторлар негізінде географиялық нысандардың қасиеттерін анықтау;</p> <p>7.1.1.5 географиялық далалық зерттеу әдістерін қолдану, көрсеткіштерді тіркеу, жинақтау, өңдеу, талдау;</p> <p>7.1.1.6 географиялық нысандардың, құбылыстардың және үдерістердің ерекшеліктерін графикалық түрде көрсете алу: Брайль жүйесі бойынша сызба, диаграмма, профиль, графиктер</p>	<p>8.1.1.1 география ғылымының салаларға бөлінуін Брайль жүйесі бойынша графикалық түрде көрсету, түсіндіру;</p> <p>8.1.1.2 география ғылымы салаларындағы маңызды зерттеулерді анықтау және түсіндіру;</p> <p>8.1.1.3 көрмейтін және нашар көретін оқушыларға географиялық зерттеулердің далалық, картографиялық, теориялық әдістерінің мәнін түсіндіру;</p> <p>8.1.1.4 сандық және сапалық географиялық деректерді өңдеу, талдау;</p> <p>8.1.1.5 географиялық нысандардың, құбылыстардың және үдерістердің модельдерін түрлі материалдардан жасау, олардың ерекшеліктері мен қасиеттерін түсіндіру;</p> <p>8.1.1.6 зерттеу нәтижелерін түрлі формада ұсына білу</p>	<p>9.1.1.1 география ғылымының дамуына үлес қосқан қазақстандықтардың зерттеулерінің маңыздылығын түсіну;</p> <p>9.1.1.2 география ғылымының қазіргі заманғы өзекті зерттеу проблемаларын анықтау;</p> <p>9.1.1.3 географиялық нысандар мен құбылыстарды номинациялау ерекшеліктерін анықтау;</p> <p>9.1.1.4 қазақ халқының халықтық географиялық терминдерінің мағынасын түсіндіру</p>	<p>10.1.1.1 бедерлі карта бойынша қазақстандық саяхатшылардың жүру кестесын (маршрут) жасау;</p> <p>10.1.1.2 Қазақстандағы география ғылымының дауын болжау;</p> <p>10.1.1.3 картадан географиялық нысандар мен құбылыстардың номинацияларын көрсету</p>
----------------------------------	---	---	---	--

2) "Картография және географиялық деректер базасы" бөлімі:  
2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
		8.2.1.1 тақырыптық карталарды сипаттайтын қосымша	9.2.1.1 маңызды географиялық нысандарды, үдерістер мен	10.2.1.1 географиялық нысандардың

2.1 Географиялық карталар	7. 2.1.1 схемалық карталарға түсініктеме беру; 7. 2.1.2 бедерлі картадан географиялық номенклатуралық нысандарды көрсету	элементтерді құру: Брайль жүйесі бойынша профиль, диаграмма, кестелер ; 8. 2. 1. 2 географиялық шартты белгілер мен карталарды сипаттайтын қосымша элементтерді қолдануға негізделген тақырыптық бедерлі карталарды оқу; 8.2.1.3 географиялық номенклатура нысандарын кескін картаға сала білу	құбылыстарды бедерлі карталардан түсіндіре отырып көрсету ; 9.2.1.2 бедерлі картадан географиялық номенклатуралық нысандарды көрсету 9.2.1.3 бедерлі картадан физико-географиялық нысандарды анықтау; 9.2.1.4 географиялық номенклатуралық нысандардың ендігі мен бойлығын анықтау	орналасу аймақтарын анықтау; 10. 2.1.2 бедерлі картадан географиялық номенклатуралық нысандарды көрсету; 10. 2.1. 3 кескін картаға физико-географиялық нысандарды салу; 10. 2.1.4 физико-географиялық нысандарды берілген координаталар бойынша анықтау
2.2. Географиялық деректер базасы	7. 2. 2. 1 географиялық нысандарды топтастыру және Брайль жүйесі бойынша кесте түрінде көрсету	8. 2. 2. 1 ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдана отырып, географиялық деректер базасын құрастру	9.2.2.1 жерді қашықтықтан зерделеудің әдістерін сипаттау, маңыздылығы мен ерекшеліктерін түсіндіру; 9. 2. 2. 2 шаруашылықпен ғылым салаларында геоақпараттық технологияларды қолданудың маңыздылығын сипаттау	10. 2. 2. 1 қашықтықтан зерделеу негізінде алынған ақпараттарды сараптау; 10. 2. 2. ғылымдағы геоақпараттық технологияның дамуын болжау

### 3) "Физикалық география" бөлімі:

#### 3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
		8.3.1.1 жер бедерінің қалыптасу және таралу заңдылықтарын зерттеу; 8.3.1.2 жер бедерінің түрлерін жіктеу; 8.3.1.3 жер бедері түрлерін жоспар бойынша сипаттау;	9.3.1.1 жергілікті компонентті	

<p>3.1 Литосфера</p>	<p>7.3.1.1 литосферның құрылысы мен заттық құрамын анықтау; 7.3.1.2 жердің тектоникалық құрылымы мен литосфералық плиталардың орналасуын бедерлі картадан көрсету; 7.3.1.3 жер қыртысының тектоникалық қозғалу процесін талдап түсіндіру: дрейф, коллизия, субдукция, спрединг; 7.3.1.4 сақталған анализаторлардың негізінде литосфералық катаклизмдердің себеп-салдары мен таралуын түсіндіру; 7.3.1.5 жергілікті компонент негізінде литосферадағы литосфералық катаклизмның қозғалысын пайдалану және түсіндіру</p>	<p>8.3.1.4 материктер мен мұхиттарда орналасқан ұқсас орографиялық бірліктерді салыстыру; 8.3.1.5 тау жыныстары мен минералдарды түрлі белгілері бойынша жіктеу; 8.3.1.6 тау жыныстары мен минералдардың қалыптасу заңдылықтарына байланысты пайдалы қазбалардың таралуына талдау жасау; 8.3.1.7 сипап сезу арқылы тау жыныстары мен минералдардың қасиеттерін анықтау; 8.3.1.8 тау жыныстарының жасын анықтау әдістерін түсіндіру; 8.3.1.9 геологиялық жыл санау мен геохронологиялық кестені талдау негізінде, жер қыртысының және тіршіліктің дамуындағы ірі кезеңдер мен геологиялық оқиғаларды атап көрсету; 8.3.1.10 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде жер бедерінің адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсерін анықтау және баға беру</p>	<p>қосымша қамту негізінде Қазақстанның жер бедерінің геологиялық тарихын және тектоникалық құрылымын анықтау; 9.3.1.2 басты орографиялық нысандарды бедерлі картадан анықтау және сипаттау; 9.3.1.3 қазақ оронимдерін жіктеп, мағынасын түсіндіруі және транслитерациясын үш тілде ұсыну; 9.3.1.4 Қазақстанның минералды ресурстарының таралу заңдылық-тарын анықтау; 9.3.1.5 Қазақстанның минералды ресурстарын өндіру және өңдеудің басты орталықтарын бедерлі картадан көрсету; 9.3.1.6 Қазақстанның минералды ресурстарына баға беру; 9.3.1.7 минералды ресурстарды игеруге байланысты мәселелерді топтастыру</p>	<p>10.3.1.1 тау жыныстарының жасын анықтау және талдау; 10.3.1.1. орографиялық нысандардың координаталарын анықтау; 10.3.1.1. 3 Қазақстанның минералды ресурстарын жіктеу; 10.3.1.1. 4 Қазақстанның ресурстық қол жетімділігін анықтау; 10.3.1.5 минералды ресурстарды өндіруге байланысты экологиялық мәселелерді шешу жолдарын ұсыну</p>
----------------------	--	---	--	--

<p>3.2 Атмос-фера</p>	<p>7.3.2.1 атмосфераның құрамын сипаттау; 7.3.2.2 атмосфералық қабаттың құрылымы мен таралу заңдылықтарын түсіндіру; 7.3.2.3 "ауа райы" ұғымын түсіндіру; 7.3.2.4 жеке метеорологиялық элементтерді: қысым, жел, бұлт, жауын-шашын, ылғалдылықты олардың сипаттамаларына сүйене отырып зерттеудің маңыздылығын түсіндіру; 7.3.2.5 жеке метеорологиялық элементтерді: температура, қысым, бұлт, жауын – шашын, ылғалдылықты метеорологиялық құралдардың көмегімен өлшеп, тіркеу; 7.3.2.6 Брайль жүйесі бойынша жеке метеорологиялық элементтерді: температура, қысым, жел, бұлт, жауын – шашын, ылғалдылықтың жергілікті компоненттер негізінде графикалық синоптикалық материалдарын құрастыру; 7.3.2.7 жергілікті компонентті қосымша қамту</p>	<p>8.3.2.1 климат қалыптастырушы факторларды талдау; 8.3.2.2 талдау негізінде атмосфераның ғаламдық айналымын түсіндіру; 8.3.2.3 климаттық белдеулерді талдау; 8.3.2.4 әр материкте орналасқан ұқсас климаттық белдеулерді салыстыру; 8.3.2.5 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде климаттың адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсеріне баға беру; 8.3.2.6 адамзат әрекетінің атмосфера мен климатқа тигізетін кері әсерін топтастыра білу және оны шешу жолдарын ұсыну</p>	<p>9.3.2.1 Қазақстан климатын қалыптастырушы факторларды анықтау; 9.3.2.2 Қазақстанның климаттық жағдайын талдау; 9.3.2.3 Қазақстанның климаттық ресурстарын бағалау; 9.3.2.4 бедерлі картадан атмосфералық қолайсыз және қауіпті құбылыстардың қалыптасуымен таралу аумақтарын көрсету; 9.3.2.5 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде қазақ халқының атмосфералық және климаттық құбылыстарды номинациялау ерекшеліктерін анықтау</p>	<p>10 . 3.2.1 Қазақстанның климат қалыптастырушы факторларын талдау; 10.3.2.2 орташа климаттық көрсеткіштерді есептеу; 10.3.2.3 қолайсыз және қауіпті атмосфералық жағдайлардан</p>
-----------------------	--	--	---	---



	негізінде қолайсыз атмосфералық құбылыстарды талдай отырып, сақтану шараларын ұсыну			қорғану шараларын ұсыну
3.3 Гидросфера	<p>7.3.3.1 гидросфера және оның құрамдас бөліктерін сипаттау;</p> <p>7.3.3.2 су ресурстарының маңыздылығын түсіндіру;</p> <p>7.3.3.3 дүниежүзілік мұхиттың құрамы мен географиялық жағдайын сипаттау;</p> <p>7.3.3.4 мұхит және оның құрамдас бөліктерін жоспар бойынша сипаттау;</p> <p>7.3.3.5 мұхит суының қасиеттеріне әсер ететін факторларды анықтау;</p> <p>7.3.3.6 мұхит суының қозғалыстарын жіктеу және түсіндіру;</p> <p>7.3.3.7 мұхиттар мен теңіз суларына байланысты ақпаттарды топтастыру және сақтану шараларын ұсыну;</p> <p>7.3.3.8 дүниежүзілік мұхиттардың мәселелерін топтастыру, оны шешу жолдарын ұсыну</p>	<p>8.3.3.1 құрлық суларының қалыптасу жолдарын анықтау;</p> <p>8.3.3.2 құрлық суларының негізгі түрлерінің шаруашылық маңызын түсіндіруі;</p> <p>8.3.3.3 өзен аңғарының құрылысын түсіндіру;</p> <p>8.3.3.4 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде өзендердің гидрологиялық режимін түсіндіру;</p> <p>8.3.3.5 көлдер мен мұздықтарды жоспар бойынша сипаттау;</p> <p>8.3.3.6 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде құрлық суларының экологиялық мәселелерін жіктеу, шешу жолдарын ұсыну;</p> <p>8.3.3.7 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде су апаттарының алдын алу шараларын ұсыну</p>	<p>9.3.3.1 Қазақстанның ішкі сулары: өзендер мен көлдер, мұздықтар мен мәңгі тоң және жерасты суларының көрсеткішін жіктеу және сипаттау;</p> <p>9.3.3.2 қазақ гидронимдерін жіктеу, мағынасын түсіндіру және транслитерациясын үш тілде ұсынуы;</p> <p>9.3.3.3 Қазақстанның су ресурстарына экономикалық баға беру;</p> <p>9.3.3.4 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде су ресурстарының экологиялық мәселелерін талдау және шешу жолдарын ұсыну;</p> <p>9.3.3.5 Қазақстандағы су ресурстарының геосаяси проблемаларын жіктеу</p>	<p>10.3.3.1 Қазақстанның ішкі сулары: өзендер мен көлдер, мұздықтар мен мәңгі тоң, жерасты суларының көрсеткішін талдау;</p> <p>10.3.3.2 рельефті картадан гидросфераның негізгі нысандарын анықтау;</p> <p>10.3.3.3 Қазақстандағы су ресурстарының жағдайын болжау;</p> <p>10.3.3.4 Қазақстандағы су ресурстарының геосаяси мәселелерін шешу жолдарын ұсыну: трансшекаралық өзендер, Каспий теңізінің мәртебесі</p>
	7.3.4.1 биосфераның құрамын, құрылымын, шекаралары мен қасиеттерін анықтау ;	8.3.4.1 табиғат зоналары мен биіктік белдеулерінің қалыптасуын түсіндіру;	9.3.4.1 Қазақстанның табиғи зоналары мен биіктік белдеулеріне салыстырмалы талдау жасау;	10.3.4.1 Қазақстанның биіктік

3.4 Биосфера	7.3.4.2топырақтың ұрамы ментүрлерін анықтау,Брайль жүйесі бойынша графикалық түрде көрсету; 7.3.4.3 бедерлі картадан Қазақстандағы топырақ түрлерінің таралуын анықтау; 7.3.4.4жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде топырақ ресурстарына баға беру; 7.3.4.5топырақтың экологиялық проблемаларын жіктеу, оны шешу жолдарын ұсыну	8.3.4.2 жоспар бойынша табиғат зоналарын сипаттау ; 8.3.4.3 әр материкте орналасқан ұқсас табиғат зоналары мен биіктік белдеулерін салыстыру; 8.3.4.4 мұхиттағы тіршілік дүниесінің таралуын анықтау; 8.3.4.5 өсімдік әлемі мен жануарлар дүниесін қорғау қажеттілігін дәлелдеу, оны қорғау жолдарын ұсыну	9.3.4.2 қорықтар, қорықшалар, ұлттық саябақтар мен ерекше қорғалатын аумақтардың құрылу мақсатын түсіндіру; 9.3.4.3 Қазақстанның табиғи мұрасына баға беру; 9.3.4.4қазақтың табиғи хоронимдерін жіктеу,оның мағынасын түсіндіру және транслитерациясын үш тілде ұсыну; 9.3.4.5ноосфераның қалыптасу шарттарын зерттеу.	белдеулеріне салыстырмалыталдау жасау; 10.3.4.2жоспар бойынша ерекше қорғалатын аумақтарға сипаттама беру; 10.3.4.3Қазақстанның табиғи мұраларының сақтаудың жолдарын ұсыну; 10.3.4.4Қазақстанның ноосфераның дамуына қосқан үлесін бағалау
3.5 Табиғи-аумақтық кешендер	7.3.5.1 географиялық қабық, материктер мен мұхиттар, зоналар және белдеулер, ландшафт табиғи-аумақтық кешендерінің қалыптасуын түсіндіру; 7.3.5.2жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде түрлі деңгейдегі табиғи кешендерді жоспар бойынша сипаттау	8.3.5.1 географиялық қабықтың құрамы мен құрылысын Брайль жүйесі бойынша графикалық түрде көрсету және түсіндіру; 8.3.5.2географиялық қабықтың заңдылығының маңыздылығын түсіндіру	9.3.5.1 Қазақстанның ірі табиғи кешендерін жоспар бойынша сипаттау; 9.3.5.2 қазақтың табиғи хоронимдерін жіктеу,оның мағынасын түсіндіру және транслитерациясын үш тілде ұсыну; 9.3.5.3жергілікті компонент негізіндеантропогендік факторлардың табиғат кешендеріне әсерін зерттеу	10.3.5.1 Қазақстанның табиғи- аумақтық кешендеріне салыстырмалы сипаттама беру; 10.3.5.2 антропогендік ландшафтарды жақсарту жолдарын ұсыну : рекультивация, жерді қалпына келтіру (мелиорация), ландшафтық дизайн

#### 4) "Әлеуметтік география" бөлімі:

4- кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
			9.4.1.1 Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамын анықтау;	

4.1  
Халықтық  
география

7.4.1.1 дүниежүзі халықтарының этнолингвистикалық жіктелуін түсіндіру;  
7.4.1.2 дүниежүзі халқының діни құрамы мен діндердің таралу аймақтарын анықтау;  
7.4.1.3 халықтың этникалық және діни құрамына байланысты дүние-жүзінің тарихи-мәдени/ өркениеттік аймақтарының қалыптасуын түсіндіру;  
7.4.1.4 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде ұлтаралық және дінаралық келісімнің қажеттілігін дәлелдеу және қалыптастыру жолдарын ұсыну

8.4.1.1 халық санын анықтау әдістерін түсіндіру;  
8.4.1.2 дүниежүзі елдерін халықтың ұдайы өсу түрі бойынша жіктеу;  
8.4.1.3 елдердің демографиялық жағдайын талдау негізінде басты демографиялық көрсеткіштерін есептеу: халық саны, туу және өлім коэффициенттері, табиғи және механикалық өсім, жалпы өсім, жас-жыныстық көрсеткіштер, ұлттық және діни құрам;  
8.4.1.4 елдердің демографиялық көрсеткіштерін Брайль жүйесі бойынша графикалық түрде ұсыну және түсіндіру;  
8.4.1.5 дүниежүзі елдерін демографиялық проблемалары бойынша жіктеу;  
8.4.1.6 "демографиялық саясат" ұғымын түсіндіре отырып дүниежүзінің жекелеген елдеріне қатысты демографиялық саясаттың өзіндік моделін ұсыну

9.4.1.2 дүниежүзі халқы миграцияларының басты бағыттарын, себеп-салдарын түсіндіру;  
9.4.1.3 Қазақстандағы көші-қон үдерістерінің процестерін талдау негізінде басты бағыттарын анықтау;  
9.4.1.4 көші-қон саясатының өзіндік үлгісін ұсыну;  
9.4.1.5 Қазақстанның демографиялық ахуалын талдау негізінде демографиялық саясаттың өзіндік моделін ұсыну;  
9.4.1.6 Қазақстандағы елді мекендерді жіктеу;  
9.4.1.7 елді мекендердің түрлері мен функционалды аймақтарын сипаттау;  
9.4.1.8 Қазақстандағы ойконимдерді жіктеу, мағынасын түсіндіру және транслитерациясын үш тілде ұсыну;  
9.4.1.9 Қазақстандағы елді мекендердің мәселелерін анықтау;  
9.4.1.10 Қазақстандағы урбандалу үрдісінің себеп-салдарын анықтау;  
9.4.1.11 Қазақстандағы

10.4.1.1 Қазақстан халқының қоныс аудару себептерін түсіндіру;  
10.4.1.2 әлем тұрғындарының көші – қонысына талдау жасау;  
10.4.1.3 Қазақстандағы көші – қон үрдісінің себепін анықтау;  
10.4.1.4 қазақстандық көрсеткіштерді басқа елдердің көрсеткіштерімен салыстыру негізінде еңбек ресурстарының сандық, сапалық құрамына баға беру;  
10.4.1.5 Қазақстандағы елді мекендердің координаталарын анықтау;  
10.4.1.6 Қазақстандағы елді мекендердің мәселелерін шешу жолдарын ұсыну;  
10.4.17 Қазақстандағы урбандалу үдерісіне байланысты мәселелердің шешу жолдарын ұсыну

5) "Экономикалық география" бөлімі:

5-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-ынып	10-сынып
5.1 Табиғи ресурстар	<p>7.5.1.1 табиғи ресурстарды жіктеу;</p> <p>7.5.1.2 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде табиғи ресурстардың таралу заңдылықтарын талдау;</p> <p>7.5.1.3 табиғи ресурстардың шоғырлануын картада көрсету;</p> <p>7.5.1.4 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде табиғи ресурстарды игерумен байланысты проблемаларды талдау және шешу жолдарын ұсыну</p>	<p>8.5.1.1 табиғи ресурстарды экономикалық және экологиялық тұрғыдан бағалау;</p> <p>8.5.1.2 дүниежүзінің жекелеген аймақтарының табиғи ресурстық әлеуетін бағалау;</p> <p>8.5.1.3 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде жекелеген табиғи ресурстарды өңдеу технологиясын сипаттай отырып, орталықтары мен дайын өнім түрлерін бедерлі картадан атау және көрсету</p>	<p>9.5.1.1 Қазақстанның табиғи-ресурстық әлеуетін бағалау;</p> <p>9.5.1.2 әрүрлі табиғи өнім түрлерін өңдеу технологиясы мен сипаттамаларынегізінде Қазақстандағы дайын өнім түрлері мен орталықтарын бедерлі картадан атау;</p> <p>9.5.1.3 табиғатты пайдалану үлгілері мен түрлерін топтастыру;</p> <p>9.5.1.4 тұрақты дамудың белгілері мен бағыттарын сипаттау;</p> <p>9.5.1.5 Қазақстанда табиғатты пайдалану мәселелерін анықтау;</p> <p>9.5.1.6 жергілікті компонент негізінде табиғатты пайдалануға байланысты зерттеу жүргізу</p>	<p>10.5.1.1 Қазақстанның табиғи байлықтарының әлеуетін болжау;</p> <p>10.5.1.2 әрүрлі табиғи өнім түрлерін өңдеу технологиясы мен сипаттамаларынегізінде Қазақстандағы дайын өнім түрлері мен орталықтарын бедерлі картадан көрсету;</p> <p>10.5.1.3 Қазақстандағы табиғатты пайдалануды шешу жолдарын ұсыну</p>
5.2 Әлеуметтік-экономикалық ресурстар	<p>7.5.2.1 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде көлік инфрақұрылым элементтерін сипаттау, маңыздылығына баға беруі;</p> <p>7.5.2.2 қазақстандық компонентті</p>	<p>8.5.2.1 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде экономикалық инфрақұрылымның</p>	<p>9.5.2.1 ғылыми-техникалық революция үдерісін, даму бағыттарын талдау;</p> <p>9.5.2.2 адами капиталды дамыту индексінің көрсеткіштерін анықтау;</p> <p>9.5.2.3 Қазақстанда адами капиталдың</p>	<p>10.5.2.1 география ғылымының дамуын болжау;</p> <p>10.5.2.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде адами капиталдың даму индексі көрсеткіштерін салыстыру;</p>

	қосымша қамту негізінде әлеуметтік инфрақұрылымының элементтерін сипаттау, маңыздылығына баға беру	элементтерінің маңыздылығына баға бере білу	сапасын арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу; 9.5.2.4 Қазақстанның индустриялық-инновациялық даму бағыттарына болжам жасау	10.5.2.3 Қазақстандағы адам капиталдың сапасын әлем елдерімен салыстыру; 10.5.2.4 Қазақстанның инновациялық инфрақұрылымын дамыту жолдарын болжау
5.3 Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы	7.5.3.1 ауыл шаруашылық, өнеркәсіп шаруашылық салаларын жіктеу және маңыздылығын түсіндіру	8.5.3.1 шаруашылық түрлерін жіктеу: өндіруші және өңдеуші, қызмет көрсету саласы; 8.5.3.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде ауыл шаруашылық және өнеркәсіп өндірісін, қызмет саласын ұйымдастыру түрлерін сипаттау; 8.5.3.3 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде ауыл шаруашылық және өнеркәсіп өндірісін, қызмет саласын орналастыру факторларын талдау; 8.5.3.4 дүниежүзілік шаруашылық салаларын жоспар бойынша сипаттау	9.5.3.1 Қазақстанның шаруашылық салаларын жоспар бойынша сипаттау; 9.5.3.2 Қазақстан аймақтарының мамандандырылуын білу.	10.5.3.1 Қазақстан шаруашылығының салаларын жоспар бойынша салыстыру; 10.5.3.2 Қазақстан аймақтарының мамандандырылуын түсіндіру.
			9.5.4.1 дүниежүзілік шаруашылық субъектілерін сипаттау; 9.5.4.2 халықаралық географиялық еңбек бөлінісінің мәнін анықтау; 9.5.4.3 халықаралық экономикалық қатынас түрлерін сипаттау; 9.5.4.4 дүниежүзілік шаруашылықтың даму	10.5.4.1 дүниежүзілік шаруашылық субъектілерінің таралу себептерін түсіндіру; 10.5.4.2 халықаралық экономикалық

5.4 Дүниежүзілік шаруашылық-тың даму үрдістері мен көрсеткіштері		<p>көрсеткіштерін сипаттау: жалпы ішкі өнім, жалпы ұлттық өнім, оның ішінде жан басына шаққанда;</p> <p>9.5.4.5 дүниежүзілік шаруашылық моделдері мен аумақтық құрылымын талдау;</p> <p>9.5.4.6 дүниежүзілік шаруашылықтың дамуының негізгі үрдістерін анықтау;</p> <p>9.5.4.7 Қазақстанның дүниежүзілік шаруашылықтағы орнын анықтау;</p> <p>9.5.4.8 Қазақстанның халықаралық экономикалық интеграциядағы мүдделері мен мақсаттарын, орнын анықтау</p>	<p>катынастарды талдау;</p> <p>10.5.4.3 дүниежүзілік шаруашылықтың даму көрсеткіштерін салыстыру: жалпы ішкі өнім, жалпы ұлттық өнім, оның ішінде жан басына шаққанда;</p> <p>10.5.4.4 дүниежүзілік шаруашылықтың даму тенденциясын талдау;</p> <p>10.5.4.5 Қазақстанның дүниежүзілік шаруашылықтағы орнын болжау</p>
--	--	---	---

6) "Елтану және саяси география негіздері" бөлімі:

6-кесте

Бөлімше	Оқытудың мақсаты			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
	<p>7.6.1.1 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдерді географиялық орнына байланысты топтастыру;</p> <p>7.6.1.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің географиялық орнын жоспар бойынша сипаттау;</p> <p>7.6.1.3 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдерді экономикалық-геог</p>	<p>8.6.1.1 саяси картаның басты нысандарын сипаттау;</p> <p>8.6.1.2 дүниежүзі елдерін басқару нысаны мен</p>	<p>9.6.1.1 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдерді экономикалық даму деңгейі бойынша топтастыру;</p> <p>9.6.1.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде халықаралық ұйымдарды деңгейі</p>	

6.1 Дүниежүзі елдері	рафиялық орнына байланысты топтастыру; 7.6.1.4 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің экономикалық-географиялық жағдайын жоспар бойынша сипаттау; 7.6.1.5 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің географиялық, экономикалық-географиялық жағдайына баға беру; 7.6.1.6 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің географиялық, экономикалық-географиялық жағдайын бағалау және экономикалық-географиялық жағдайын жақсарту жолдарын ұсыну	мемлекеттік құрылымы бойынша жіктеу; 8.6.1.3 саяси картадағы сандық және сапалық өзгерістерді талдау; 8.6.1.4 елдердің саяси-географиялық жағдайына баға беру; 8.6.1.5 саяси интеграцияның қажеттілігі мен мақсаттарын түсіндіру; 8.6.1.6 Қазақстанның саяси интеграциядағы мүдделері мен мақсаттарын талдау	менмақсаты бойынша топтастыру; 9.6.1.3 Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық, саяси-географиялық жағдайына кешенді баға беру; 9.6.1.4 Қазақстандағы саяси-әкімшілік хоронимдерді түсіндіру және транслитерациясын үш тілде ұсыну; 9.6.1.5 түрлі мақсатты аудиториялар үшін Қазақстан Республикасы туралы кешенді географиялық ақпараттардайындау	10.6.1.1 мемлекеттерді экономикалық даму деңгейі бойынша сипаттау; 10.6.1.2 халықаралық ұйымдарға сипаттама беру; 10.6.1.3 Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық және саяси-географиялық жағдайына талдау жасау
----------------------	---	--	--	--

30. Бағдарлама көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "География" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

31. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10-сыныптарына арналған "География" оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу Бағдарламасына қосымша

**Көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10-сыныптары үшін "География" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

1) 7-сынып:

1-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1. Географиялық зерттеу әдістері	1.1 Зерттеу және зерттеушілер	<p>7.1.1.1 географияның зерттеу нысандарын анықтау;</p> <p>7.1.1.2 саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымының дамуына қосқан үлесін сипаттау, баға беру;</p> <p>7.1.1.3 географиялық дерек көздермен жұмыс істеуі: карта, сурет, мәтін, фотосуреттер, графикалық материалдар;</p> <p>7.1.1.4 сақталған анализаторлар негізінде географиялық нысандардың қасиеттерін анықтау ;</p> <p>7.1.1.5 географиялық далалық зерттеу әдістерін қолдану, көрсеткіштерді тіркеу, жинақтау, өңдеу, талдау;</p> <p>7.1.1.6 географиялық нысандардың , құбылыстардың және үдерістердің ерекшеліктерін графикалық түрде көрсете алу: Брайль жүйесі бойынша сызба, диаграмма, профиль, графиктер</p>
2. Картография және географиялық деректер базасы	2.1 Географиялық карталар	<p>7. 2.1.1 схемалық карталарға түсініктеме беру;</p> <p>7. 2.1.2 географиялық номенклатуралық нысандарды бедерлі картадан көрсету</p>
	2.2. Географиялық деректер базасы	7.2.2.1 географиялық нысандарды топтастырып Брайль жүйесі бойынша кесте түрінде көрсету
		<p>7.3.1.1 литосферның құрылысы мен заттық құрамын анықтау;</p> <p>7.3.1.2 жердің тектоникалық құрылымы мен литосфералық плиталардың орналасуын бедерлі картадан көрсетеу;</p>



3. Физикалық география	3.1 Литосфера	<p>7.3.1.3 жер қыртысының тектоникалық қозғалу процесін талдап түсіндіру: дрейф, коллизия, субдукция, спрединг;</p> <p>7.3.1.4 сақталған анализаторлардың негізінде литосфералық катаклизмдердің себеп-салдары мен таралуын түсіндіру;</p> <p>7.3.1.5 жергілікті компонент негізінде литосферадағы литосфералық катаклизмның қозғалысын пайдалану және түсіндіру</p>
2-тоқсан		
3. Физикалық география	3.2 Атмосфера	<p>7.3.2.1 атмосфераның құрамын сипаттау;</p> <p>7.3.2.2 атмосфералық қабаттың құрылымы мен таралу заңдылықтарын түсіндіру;</p> <p>7.3.2.3 "ауа райы" ұғымын түсіндіру;</p> <p>7.3.2.4 жеке метеорологиялық элементтерді : қысым, жел, бұлт, жауын-шашын, ылғалдылықты олардың сипаттамаларына сүйене отырып зерттеудің маңыздылығын түсіндіру;</p> <p>7.3.2.5 жеке метеорологиялық элементтерді: температура, қысым, бұлт, жауын –шашын, ылғалдылықты метеорологиялық құралдардың көмегімен өлшеп, тіркеу;</p> <p>7.3.2.6 Брайль жүйесі бойынша жеке метеорологиялық элементтерді: температура, қысым, жел, бұлт, жауын –шашын, ылғалдылықтың жергілікті компоненттер негізінде графикалық синоптикалық материалдарын құрастыру;</p> <p>7.3.2.7 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде қолайсыз атмосфералық құбылыстарды талдай отырып, сақтану шараларын ұсыну</p>
		<p>7.3.3.1 гидросфера және оның құрамдас бөліктерін сипаттау;</p> <p>7.3.3.2 су ресурстарының маңыздылығын түсіндіру;</p>

	3.3 Гидросфера	<p>7.3.3.3 дүниежүзілік мұхиттың құрамы мен географиялық жағдайын сипаттау;</p> <p>7.3.3.4 мұхит және оның құрамдас бөліктерін жоспар бойынша сипаттау;</p> <p>7.3.3.5 мұхит суының қасиеттеріне әсер ететін факторларды анықтау;</p> <p>7.3.3.6 мұхит суының қозғалыстарын жіктеу және түсіндіру;</p> <p>7.3.3.7 мұхиттар мен теңіз суларына байланысты апаттарды топтастырып, сақтану шараларын ұсыну;</p> <p>7.3.3.8 дүниежүзілік мұхиттардың мәселелерін топтастыру, оны шешу жолдарын ұсыну</p>
3-тоқсан		
3. Физикалық география	3.4 Биосфера	<p>7.3.4.1 биосфераның құрамын, құрылымын, шекаралары мен қасиеттерін анықтау;</p> <p>7.3.4.2 топырақтың құрамы мен түрлерін анықтау, Брайль жүйесі бойынша графикалық түрде көрсету;</p> <p>7.3.4.3 бедерлі картадан Қазақстандағы топырақ түрлерінің таралуын анықтау;</p> <p>7.3.4.4 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде топырақ ресурстарына баға беру;</p> <p>7.3.4.5 топырақтың экологиялық проблемаларын жіктеу, оны шешу жолдарын ұсыну</p>
	3.5 Табиғи-аумақтық кешендер	<p>7.3.5.1 географиялық қабық, материктер мен мұхиттар, зоналар және белдеулер, ландшафт табиғи-аумақтық кешендерінің қалыптасуын түсіндіру;</p> <p>7.3.5.2 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде түрлі деңгейдегі табиғи кешендерді жоспар бойынша сипаттау</p>
		<p>7.4.1.1 дүниежүзі халықтарының этнолингвистикалық жіктелуін түсіндіру;</p> <p>7.4.1.2 дүниежүзі халқының діни құрамы мен діндердің таралу аймақтарын анықтау;</p> <p>7.4.1.3 халықтың этникалық және діни құрамына байланысты</p>

4. Әлеуметтік география	4.1 Халық географиясы	дүние-жүзінің тарихи-мәдени/ өркениеттік аймақтарының қалыптасуын түсіндіре білу; 7.4.1.4 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде ұлтаралық және дінаралық келісімнің қажеттілігін дәлелдеу және қалыптастыру жолдарын ұсыну
4-тоқсан		
5. Экономикалық география	5.1 Табиғи ресурстар	7.5.1.1 табиғи ресурстарды жіктеу; 7.5.1.2 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде табиғи ресурстардың таралу заңдылықтарын талдау; 7.5.1.3 табиғи ресурстардың шоғырлануын картада көрсету; 7.5.1.4 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде табиғи ресурстарды игерумен байланысты проблемаларды талдау, шешу жолдарын ұсыну
	5.2 Әлеуметтік-экономикалық ресурстар	7.5.2.1 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде көлік инфрақұрылым элементтерін сипаттау, маңыздылығына баға беру; 7.5.2.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде әлеуметтік инфрақұрылымының элементтерін сипаттау, маңыздылығына баға беру
	5.3 Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы	7.5.3.1 ауыл шаруашылық, өнеркәсіп шаруашылық салаларын жіктеу және маңыздылығын түсіндіру
		7.6.1.1 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдерді географиялық орнына байланысты топтастыру; 7.6.1.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің географиялық орнын жоспар бойынша сипаттау; 7.6.1.3 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдерді экономикалық-географиялық орнына байланысты топтастыру; 7.6.1.4 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің

6. Елтану және саяси география негіздері	6.1 Дүниежүзі елдері	<p>экономикалық-географиялық жағдайын жоспар бойынша сипаттау;</p> <p>7.6.1.5 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің географиялық, экономикалық-географиялық жағдайына баға беру;</p> <p>7.6.1.6 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің географиялық, экономикалық-географиялық жағдайын бағалау және экономикалық-географиялық жағдайын жақсарту жолдарын ұсыну</p>
--	----------------------	--

## 2) 8-сынып

### 2-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1. Географиялық зерттеу әдістері	1.1 Зерттеу және зерттеушілер	<p>8.1.1.1 география ғылымының салаларға бөлінуін Брайль жүйесі бойынша графикалық түрде көрсетіп түсіндіру;</p> <p>8.1.1.2 география ғылымы салаларындағы маңызды зерттеулерді анықтау және түсіндіру;</p> <p>8.1.1.3 көрмейтін және нашар көретін оқушыларға географиялық зерттеулердің далалық, картографиялық, теориялық әдістерінің мәнін түсіндіру</p> <p>8.1.1.4 сандық және сапалық географиялық деректерді өңдеу, талдау;</p> <p>8.1.1.5 географиялық нысандардың, құбылыстардың және үдерістердің модельдерін түрлі материалдардан жасау, олардың ерекшеліктері мен қасиеттерін түсіндіру;</p> <p>8.1.1.6 зерттеу нәтижелерін түрлі формада ұсына білу</p>
		8.2.1.1 тақырыптық карталарды сипаттайтын қосымша элементтерді құру: Брайль жүйесі бойынша профиль, диаграмма, кестелер;

<p>2. Картография және географиялық деректер базасы</p>	<p>2.1 Географиялық карталар</p>	<p>8.2.1.2 географиялық шартты белгілер мен карталарды сипаттайтын қосымша элементтерді қолдануға негізделген тақырыптық бедерлі карталарды оқу; 8.2.1.3 географиялық номенклатура нысандарын кескін картаға сала білу</p>
	<p>2.2 Географиялық деректер базасы</p>	<p>8.2.2.1 ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдана отырып, географиялық деректер базасын құрастру</p>
<p>3. Физикалық география</p>	<p>3.1 Литосфера</p>	<p>8.3.1.1 жер бедерінің қалыптасу және таралу заңдылықтарын зерттеу; 8.3.1.2 жер бедерінің түрлерін жіктеу; 8.3.1.3 жер бедері түрлерін жоспар бойынша сипаттау; 8.3.1.4 материктер мен мұхиттарда орналасқан ұқсас орографиялық бірліктерді салыстыру; 8.3.1.5 тау жыныстары мен минералдарды түрлі белгілері бойынша жіктеу; 8.3.1.6 тау жыныстары мен минералдардың қалыптасу заңдылықтарына байланысты пай-далы қазбалардың таралуына талдау жасау; 8.3.1.7 сипап сезу арқылы тау жыныстары мен минералдардың қасиеттерін анықтау; 8.3.1.8 тау жыныстарының жасын анықтау әдістерін түсіндіру; 8.3.1.9 геологиялық жыл санау мен геохронологиялық кестені талдау негізінде, жер қыртысының және тіршіліктің дамуындағы ірі кезеңдер мен геологиялық оқиғаларды атап көрсету; 8.3.1.10 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде жер бедерінің адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсерін анықтау және баға беру</p>
<p>2-тоқсан</p>		
		<p>8.3.2.1 климат қалыптастырушы факторларды талдау;</p>

3. Физикалық география	3.2 Атмосфера	<p>8.3.2.2 талдау негізінде атмосфераның ғаламдықайналымын түсіндіру;</p> <p>8.3.2.3 климаттық белдеулерді талдау;</p> <p>8.3.2.4әр материкте орналасқан ұқсас климаттық белдеулерді салыстыру;</p> <p>8.3.2.5жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде климаттың адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсеріне баға беру;</p> <p>8.3.2.бадамзат әрекетінің атмосфера мен климатқа тигізетін кері әсерін топтастыра білу және оны шешу жолдарын ұсыну</p>
	3.3 Гидросфера	<p>8.3.3.1құрлық суларының қалыптасу жолдарын анықтау;</p> <p>8.3.3.2 құрлық суларыныңнегізгі түрлерінің шаруашылық маңызын түсіндіруі;</p> <p>8.3.3.3өзен аңғарының құрылысын түсіндіру;</p> <p>8.3.3.4қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде өзендердің гидрологиялық режимін түсіндіру;</p> <p>8.3.3.5көлдер мен мұздықтарды жоспар бойынша сипаттау;</p> <p>8.3.3.6 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде құрлық суларының экологиялық мәселелерін жіктеу, шешу жолдарын ұсыну;</p> <p>8.3.3.7жергілікті компонентті қосымша қамту негізіндесу апаттарының алдын алу шараларын ұсыну</p>
3-тоқсан		
3. Физикалық география	3.4Биосфера	<p>8.3.4.1табиғат зоналары мен биіктік белдеулерінің қалыптасуын түсіндіру;</p> <p>8.3.4.2жоспар бойынша табиғат зоналарын сипаттау;</p> <p>8.3.4.3әр материкте орналасқан ұқсас табиғат зоналары мен биіктік белдеулерін салыстыру;</p> <p>8.3.4.4мұхиттағы тіршілік дүниесінің таралуын анықтау;</p> <p>8.3.4.5өсімдік әлемі мен жануарлар дүниесін қорғау</p>

		қажеттілігін дәлелдеу, оны қорғау жолдарын ұсыну
	3.5 Табиғи-аумақтық кешендер	8.3.5.1 географиялық қабықтың құрамы мен құрылысын Брайль жүйесі бойынша графикалық түрде көрсету және түсіндіру; 8.3.5.2 географиялық қабықтың заңдылығының маңыздылығын түсіндіру
4. Әлеуметтік география	4.1 Халық географиясы	8.4.1.1 халық санын анықтау әдістерін түсіндіру; 8.4.1.2 дүниежүзі елдерін халықтың ұдайы өсу түрі бойынша жіктеу; 8.4.1.3 елдердің демографиялық жағдайын талдау негізінде басты демографиялық көрсеткіштерін есептеу: халық саны, туу және өлім коэффициенттері, табиғи және механикалық өсім, жалпы өсім, жас-жыныстық көрсеткіштер, ұлттық және діни құрам; 8.4.1.4 елдердің демографиялық көрсеткіштерін Брайль жүйесі бойынша графикалық түрде ұсыну және түсіндіру; 8.4.1.5 дүниежүзі елдерін демографиялық проблемалары бойынша жіктеу; 8.4.1.6 "демографиялық саясат" ұғымын түсіндіре отырып дүниежүзінің жекелеген елдеріне қатысты демографиялық саясаттың өзіндік моделін ұсыну
4-тоқсан		
	5.1 Табиғи ресурстар	8.5.1.1 табиғи ресурстарды экономикалық және экологиялық тұрғыдан бағалау; 8.5.1.2 дүниежүзінің жекелеген аймақтарының табиғи ресурстық әлеуетін бағалау; 8.5.1.3 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде жекелеген табиғи ресурстарды өңдеу технологиясын сипаттай отырып, орталықтары мен дайын өнім түрлерін бедерлі картадан атау және көрсету
		8.5.2.1 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде

5. Экономикалық география	5.2 Өлеуметтік-экономикалық ресурстар	экономикалық инфрақұрылымның элементтерін сипаттау, маңыздылығына баға беру
	5.3 Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы	8.5.3.1 шаруашылық түрлерін жіктеу: өндіруші және өңдеуші, қызмет көрсету саласы; 8.5.3.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде ауылшаруашылық және өнеркәсіп өндірісін, қызмет саласын ұйымдастыру түрлерін сипаттау; 8.5.3.3 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде ауыл шаруашылық және өнеркәсіп өндірісін, қызмет саласын орналастыру факторларын талдау; 8.5.3.4 дүниежүзілік шаруашылық салаларын жоспар бойынша сипаттау
6. Елтану және саяси география негіздері	6.1 Дүниежүзі елдері	8.6.1.1 саяси картаның басты нысандарын сипаттау; 8.6.1.2 дүниежүзі елдерін басқару нысаны мен мемлекеттік құрылымы бойынша жіктеу; 8.6.1.3 саяси картадағы сандық және сапалық өзгерістерді талдау; 8.6.1.4 елдердің саяси-географиялық жағдайына баға беру; 8.6.1.5 саяси интеграцияның қажеттілігі мен мақсаттарын түсіндіру; 8.6.1.6 Қазақстанның саяси интеграциядағы мүдделері мен мақсаттарын талдау

3) 9-сынып:

3-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1. Географиялық зерттеу әдістері	1.1 Зерттеу және зерттеушілер	9.1.1.1 география ғылымының дамуына үлес қосқан қазақстан-дықтардың зерттеулерінің маңыздылығын түсіну; 9.1.1.2 география ғылымының қазіргі заманғы өзекті зерттеу проблемаларын анықтау; 9.1.1.3 географиялық нысандар мен құбылыстарды номинациялау ерекшеліктерін анықтау;



		9.1.1.4қазақ халқының халықтық географиялық терминдерінің мағынасын түсіндіру
2.Картография және географиялық деректер базасы	2.1Географиялық карталар	9.2.1.1маңызды географиялық нысандарды, үдерістер мен құбылыстарды бедерлі карталардан түсіндіріп көрсету ; 9.2.1.2бедерлі картадан географиялық номенклатуралық нысандардыкөрсету; 9.2.1.3 бедерлі картадан физико-географиялық нысандарды анықтау; 9.2.1.4 географиялық номенклатуралық нысандардың ендігі мен бойлығын анықтау
	2.2Географиялық деректер базасы	9.2.2.1жерді қашықтықтан зерделеудің әдістерін сипаттау, маңыздылығы мен ерекшеліктерін түсіндіру; 9.2.2.2шаруашылық пен ғылым салаларында геоақпараттық технологиялардықолданудың маңыздылығын сипаттау
3. Физикалық география	3.1Литосфера	9.3.1.1жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде Қазақстанның жер бедерінің геологиялық тарихын және тектоникалық құрылымын анықтау; 9.3.1.2басты орографиялық нысандарды бедерлі картадан анықтау және сипаттау; 9.3.1.3қазақ оронимдерін жіктеп, мағынасын түсіндіруі және транслитерациясын үш тілде ұсыну; 9.3.1.4 Қазақстанның минералды ресурстарының таралу заңдылық-тарын анықтау; 9.3.1.5Қазақстанның минералды ресурстарын өндіру және өндеудің басты орталықтарынбедерлі картадан көрсету; 9.3.1.6Қазақстанның минералды ресурстарына баға беру; 9.3.1.7минералды ресурстарды игеруге байланысты проблемаларды топтастыру
2-тоқсан		

3. Физикалық география	3.2 Атмосфера	<p>9.3.2.1 Қазақстан климатын қалыптастырушы факторларды анықтау;</p> <p>9.3.2.2 Қазақстанның климаттық жағдайын талдау;</p> <p>9.3.2.3 Қазақстанның климаттық ресурстарын бағалау;</p> <p>9.3.2.4 бедерлі картадан атмосфералық қолайсыз және қауіпті құбылыстардың қалыптасуымен таралу аумақтарын көрсету;</p> <p>9.3.2.5 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде қазақ халқының атмосфералық және климаттық құбылыстарды номинациялау ерекшеліктерін анықтау</p>
	3.3 Гидросфера	<p>9.3.3.1 Қазақстанның ішкі сулары: өзендер мен көлдер, мұздықтар мен мәңгі тоң, жерасты суларының көрсеткішін жіктеу және сипаттау;</p> <p>9.3.3.2 қазақ гидронимдерін жіктеу, мағынасын түсіндіру және транслитерациясын үш тілде ұсынуы;</p> <p>9.3.3.3 Қазақстанның су ресурстарына экономикалық баға беру;</p> <p>9.3.3.4 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде су ресурстарының экологиялық мәселелерін талдау және шешу жолдарын ұсыну;</p> <p>9.3.3.5 Қазақстандағы су ресурстарының геосаяси проблемаларын жіктеу</p>
3-тоқсан		
	3.4 Биосфера	<p>9.3.4.1 Қазақстанның табиғи зоналары мен биіктік белдеулеріне салыстырмалы талдау жасау;</p> <p>9.3.4.2 қорықтар, қорықшалар, ұлттық саябақтар мен ерекше қорғалатын аумақтардың құрылу мақсатын түсіндіру;</p> <p>9.3.4.3 Қазақстанның табиғи мұрасына баға беру;</p> <p>9.3.4.4 қазақтың табиғи хоронимдерін жіктеу, оның мағынасын түсіндіру және</p>

<p>3. Физикалық география</p>		<p>транслитерациясын үш тілде ұсыну; 9.3.4.5 ноосфераның қалыптасу шарттарын зерттеу</p>
<p>4. Әлеуметтік география</p>	<p>3.5 Табиғи-аумақтық кешендер</p> <p>4.1 Халық географиясы</p>	<p>9.3.5.1 Қазақстанның ірі табиғи кешендерін жоспар бойынша сипаттау; 9.3.5.2 қазақтың табиғи хоронимдерін жіктеу, оның мағынасын түсіндіру және транслитерациясын үш тілде ұсыну; 9.3.5.3 Жергілікті компонент негізінде антропогендік факторлардың табиғат кешендеріне әсерін зерттеу</p> <p>9.4.1.1 Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамын анықтау; 9.4.1.2 дүниежүзі халқы миграцияларының басты бағыттарын, себеп-салдарын түсіндіру; 9.4.1.3 Қазақстандағы көші-қон үдерістерінің процестерін талдау негізінде басты бағыттарын анықтау; 9.4.1.4 көші-қон саясатының өзіндік үлгісін ұсыну; 9.4.1.5 Қазақстанның демографиялық ахуалын талдау негізінде демографиялық саясаттың өзіндік моделін ұсыну; 9.4.1.6 Қазақстандағы елді мекендерді жіктеу; 9.4.1.7 елді мекендердің түрлері мен функционалды аймақтарын сипаттау; 9.4.1.8 Қазақстандағы ойконимдерді жіктеу, мағынасын түсіндіру және транслитерациясын үш тілде ұсыну; 9.4.1.9 Қазақстандағы елді мекендердің проблемаларын анықтау; 9.4.1.10 Қазақстандағы урбандалу үрдісінің себеп-салдарын анықтау; 9.4.1.11 Қазақстандағы урбандалу үдерісіне баға беру</p>

5. Экономикалық география	5.1 Табиғи ресурстар	<p>9.5.1.1 Қазақстанның табиғи-ресурстық әлеуетін бағалау;</p> <p>9.5.1.2 Әрүрлі табиғи өнім түрлерін өңдеу технологиясы мен сипаттамалары негізінде Қазақстандағы дайын өнім түрлері мен орталықтарын бедерлі картадан атау;</p> <p>9.5.1.3 Табиғатты пайдалану үлгілері мен түрлерін топтастыру;</p> <p>9.5.1.4 Тұрақты дамудың белгілері мен бағыттарын сипаттау;</p> <p>9.5.1.5 Қазақстанда табиғатты пайдалану мәселелерін анықтау;</p> <p>9.5.1.6 Жергілікті компонент негізінде табиғатты пайдалануға байланысты зерттеу жүргізу</p>
	5.2 Әлеуметтік-экономикалық ресурстар	<p>9.5.2.1 Ғылыми-техникалық революция үдерісін, даму бағыттарын талдау;</p> <p>9.5.2.2 Адам капиталды дамыту индексінің көрсеткіштерін анықтау;</p> <p>9.5.2.3 Қазақстанда адам капиталын арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;</p> <p>9.5.2.4 Қазақстанның индустриялық-инновациялық даму бағыттарына болжам жасау</p>
	5.3 Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы	<p>9.5.3.1 Қазақстанның шаруашылық салаларын жоспар бойынша сипаттау;</p> <p>9.5.3.2 Қазақстан аймақтарының мамандандырылуын білу</p>
	5.4 Дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістері мен көрсеткіштері	<p>9.5.4.1 Дүниежүзілік шаруашылық субъектілерін сипаттау;</p> <p>9.5.4.2 Халықаралық географиялық еңбек бөлінісінің мәнін анықтау;</p> <p>9.5.4.3 Халықаралық экономикалық қатынас түрлерін сипаттау;</p> <p>9.5.4.4 Дүниежүзілік шаруашылықтың даму көрсеткіштерін сипаттау: жалпы ішкі өнім, жалпы ұлттық өнім, оның ішінде жан басына шаққанда;</p> <p>9.5.4.5 Дүниежүзілік шаруашылық модельдері мен аумақтық құрылымын талдау;</p>

		<p>9.5.4.6 дүниежүзілік шаруашылықтың дамуының негізгі үрдістерін анықтау;</p> <p>9.5.4.7Қазақстанның дүниежүзілік шаруашылықтағы орнын анықтау;</p> <p>9.5.4.8Қазақстанның халықаралық экономикалық интеграциядағы мүдделері мен мақсаттарын, орнын анықтау</p>
6. Елтану және саяси география негіздері	6.1 Дүниежүзі елдері	<p>9.6.1.1қазақстандық компонентті қосымша қамту негізіндеелдерді экономикалық даму деңгейі бойынша топтастыру;</p> <p>9.6.1.2қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде халықаралық ұйымдарды деңгейі менмақсаты бойынша топтастыру;</p> <p>9.6.1.3 Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық, саяси-географиялық жағдайына кешенді баға беру;</p> <p>9.6.1.4 Қазақстандағы саяси-әкімшілік хоронимдерді жіктеу, мағынасын түсіндіру және транслитерациясын үш тілде ұсыну;</p> <p>9.6.1.5түрлі мақсатты аудиториялар үшін Қазақстан Республикасы туралы кешенді географиялық ақпараттардайындау</p>

#### 4) 10-сынып

#### 4-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардыңбөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1. Географиялық зерттеу әдістері	1.1Зерттеу және зерттеушілер	<p>10.1.1.1 бедерлі карта бойынша қазақстандық саяхатшылардың жүру кестесын (маршрут) жасау;</p> <p>10.1.1.2 Қазақстандағы география ғылымының дамуын болжау;</p> <p>10.1.1.3картадан географиялық нысандар мен құбылыстардың номинацияларын көрсету</p>
		<p>102.1.1географиялық нысандардың орналасу аймақтарын анықтау;</p> <p>10. 2.1.2географиялық номенклатуралық нысандарды бедерлі картадан көрсету;</p>

2.Картография және географиялық деректер базасы	2.1Географиялық карталар	10. 2.1.3ескін картаға физико-географиялық нысандарды салу; 10. 2.1.4 физико-географиялықнысандарды берілген координаталар бойынша анықтау
	2.2Географиялық деректер базасы	10. 2. 2.1 қашықтықтан зерделеу негізінде алынған ақпараттарды сарапта ; 10. 2. 2.2 ғылымдағы геоақпараттық технологияның дамуын болжау
3. Физикалық география	3.1Литосфера	10.3.1.1 тау жыныстарының жасын анықтау және талдау; 10.3.1.2 орографиялық нысандардың координаталарын анықтау; 10.3.1.3 Қазақстанның минералды ресурстарын жіктеу; 10.3.1.4 Қазақстанның ресурстық қол жетімділігін анықтау; 10.3.1.5 минералды ресурстарды өндіруге байланысты экологиялық мәселелерді шешу жолдарын ұсыну
2-тоқсан		
3. Физикалық география	3.2Атмосфера	10. 3.2.1 Қазақстанның климат қалыптастырушы факторларын талдау; 10.3.2.2 орташа климаттық көрсеткіштерді есептеу; 10.3.2.3 қолайсыз және қауіпті атмосфералық жағдайлардан қорғану шараларын ұсыну.
	3.3Гидросфера	10.3.3.1Қазақстанның ішкі сулары: өзендер мен көлдер, мұздықтар мен мәңгі тоң, жерасты суларының көрсеткішін талдау; 10.3.3.2 рельефті картадан гидросфераның негізгі нысандарын анықтау; 10.3.3.3Қазақстандағы су ресурстарының жағдайын болжау; 10.3.3.4Қазақстандағысу ресурстарының геосаяси мәселелерін шешу жолдарын ұсыну:трансшекаралық өзендер, Каспий теңізінің мәртебесі
3-тоқсан		

3. Физикалық география	3.4Биосфера	<p>10.3.4.1 Қазақстанның биіктік белдеулеріне салыстырмалы талдау жасау;</p> <p>10.3.4.2 жоспар бойынша ерекше қорғалатын аумақтарға сипаттама беру;</p> <p>10.3.4.3 Қазақстанның табиғи мұраларын сақтаудың жолдарын ұсыну;</p> <p>10.3.4.4Қазақстанның ноосфераның дамуына қосқан үлесін бағалау;</p>
4. Әлеуметтік география	4.1Халық географиясы	<p>10.4.1.1 Қазақстан халқының қоныс аудару себептерін түсіндіру ;</p> <p>10.4.1.2 әлем тұрғындарының көші – қонуына талдау жасау;</p> <p>10.4.1.3 Қазақстандағыкөші – қон үрдісінің себебін анықтау;</p> <p>10.4.1.4қазақстандық көрсеткіштерді басқа елдердің көрсеткіштерімен салыстыру негізінде еңбек ресурстарының сандық, сапалық құрамына баға беру;</p> <p>10.4.1.5Қазақстандағы елді мекендердің координаталарын анықтау;</p> <p>10.4.1.6Қазақстандағы елді мекендердің мәселелерін шешу жолдарын ұсыну;</p> <p>10.4.17Қазақстандағы урбандалу үдерісіне байланысты мәселелердің шешу жолдарын ұсыну</p>
4-тоқсан		
	5.1Табиғи ресурстар	<p>10.5.1.1 Қазақстанның табиғи байлықтарының әлеуетін болжау;</p> <p>10.5.1.2 әрүрлі табиғи өнім түрлерін өңдеу технологиясы мен сипаттамаларынегізінде Қазақстандағы дайын өнім түрлері мен орталықтарын бедерлі картадан көрсету;</p> <p>10.5.1.3 Қазақстандағы табиғатты пайдалануды шешу жолдарын ұсыну</p>
		<p>10.5.2.1география ғылымыныңдамуын болжау;</p> <p>10.5.2.2қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде адам</p>

5. Экономикалық география	5.2 Әлеуметтік-экономикалық ресурстар	әлеуетінің даму индексі көрсеткіштерін салыстыру; 10.5.2.3 Қазақстандағы адами капиталдың сапасын әлем елдерімен салыстыру; 10.5.2.4 Қазақстанның инновациялық инфрақұрылымын дамыту жолдарын болжау.
	5.3 Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы	10.5.3.1 Қазақстан шаруашылығының салаларын жоспар бойынша салыстыру; 10.5.3.2 Қазақстан аймақтарының мамандандырылуын түсіндіру
	5.4 Дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістері мен көрсеткіштері	10.5.4.1 дүниежүзілік шаруашылық субъектілерінің таралу себептерін түсіндіру; 10.5.4.2 халықаралық экономикалық қатынастарды талдау; 10.5.4.3 дүниежүзілік шаруашылықтың даму көрсеткіштерін салыстыру: жалпы ішкі өнім, жалпы ұлттық өнім, оның ішінде жан басына шаққанда; 10.5.4.4 дүниежүзілік шаруашылықтың даму тенденциясын талдау; 10.5.4.5 Қазақстанның дүниежүзілік шаруашылықтағы орнын болжау
6. Елтану және саяси география негіздері	6.1 Дүниежүзі елдері	10.6.1.1 мемлекеттерді экономикалық даму деңгейі бойынша сипаттау; 10.6.1.2 халықаралық ұйымдарға сипаттама беру; 10.6.1.3 Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық және саяси-географиялық жағдайына талдау жасау

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 123 бұйрығына  
23-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына  
660-қосымша



# **Көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Биология" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Биология" пәнінен жаңартылған мазмұндағы типтік оқу бағдарламасы (бұдан әрі-Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабының 6) тармағына сәйкес әзірленді.

2. Бағдарламаның мақсаты оқушыларға органикалық дүниенің көптүрлілігі, ондағы болып жатқан құбылыстар мен үдерістердің заңдылықтары, сонымен қатар адам оның ажырамас бөлігі екендігі туралы білім мен түсінік жүйелерін қалыптастыру.

3. Бағдарламаның міндеттері:

1) жер бетіндегі барлық тірі ағзалардың құндылығын түсіну үшін өмірдің құрылымды-функционалды және генетикалық негіздері туралы, тірі табиғаттың негізгі патшалықтары ағзаларының көбеюі мен дамуы, экожүйе, биоалуантүрлілік, эволюция туралы білім жүйесін асыру;

2) экологиялық этиканың нормалары мен ережелері және тірі табиғатқа жауапкершілікпен қарау туралы білімді қалыптастыру;

3) білім алушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру; биологиялық білімдерін тәжірибеде қолдана білу, медицина, ауыл шаруашылығы, биотехнология, табиғатты тиімді пайдалану және қоршаған ортаны қорғау салаларындағы тәжірибелерге атсалысу.

4) коммуникативтік дағдыларын дамыту; өзара бақылауды жүзеге асыру және серіктестікте қажет көмек көрсете білу;

5) биологияны оқу барысында ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану дағдыларын дамыту;

4. Түзету-дамыту міндеттері:

1) күнделікті өмірде (социумдағы) биологиялық біліктіліктерін пайдалану дағдыларын қалыптастыру және дамыту;

2) "Биология" пәнін оқу барысында түсініктерді нақтылау және түзету;

3) заттардың, үлгілердің, контурлық бейнелер мен кестелердің бедерлі бейнелерін тексеру және қабылдаудың сипап-сезу дағдысын дамыту арқылы биологияны зерделеу процесінде танымдық қызметті жандандыру және түзету;

4) Брайль аспаптарымен жұмыс істеу кезінде сенсорлық функцияларды (түсті ажырату, көзбен мөлшерлеу) және ұсақ моториканы дамыту;

5) қалдық көру қабілетін қорғау және дамыту, офтальмологиялық-гигиеналық нормаларды қамтамасыз ету;

б) байланыстырып сөйлеуді дамыту, материалды ғылыми тілде жеткізе білу.

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері**

5. Көру қабілеті бұзылған білім алушылардың білім алуын ұйымдастыру көру функцияларының бұзылуынан туындаған қалдық көру қабілетін қорғауға және дамуындағы кемшіліктерді түзетуге бағытталған.

6. Көру қабілеті бұзылған балаларды оқыту білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың ерекшеліктерін ескеретін педагогикалық тәсілдер негізінде жүзеге асырылады.

7. Іс-әрекеттік тәсіл жеке тұлғаның дамуына және оның белгілі бір биологиялық материалды зерттеу кезінде әртүрлі іс-әрекеттерді қолдана отырып (зерттеу, жобалау, ойын, мәселелік-іздеу), сыни ойлау қабілетіне ықпал етеді.

8. Биология сабақтарында жеке тұлғаға бағытталған тәсілді жүзеге асыру білім алушыларда алған біліктері мен дағдыларының негізінде білім жүйесін қалыптастырады және технологияларды қолдану арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді: жобалық, модульдік оқыту және зертханалық жұмыстарды орындау кезінде проблемалық жағдайлар жасау.

9. Саралап оқыту тәсілі көру қабілеті бұзылған білім алушылардың зерттеу жұмыстарында өсімдіктер мен жануарлар түрлерін жіктеуі, модельдер жасау және эксперимент қою жұмыстарымен айналысу барысында оқу материалын игерудің көлемі мен күрделілігін таңдауға мүмкіндіктері болатындай жеке қабілеттері, қызығушылықтары мен қажеттіліктері және көру өткірлігін ескере отырып топтарға бөлуді білдіреді.

10. Коммуникативтік тәсіл интерактивті оқыту арқылы білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді, бұл барлық білім алушыларды таным процесіне тартуға ықпал етеді және пікірталаста өз көзқарасын дұрыс және дәлелді қорғауға, дәстүрлі емес сабақ түрлерін өткізу кезінде қарсы дәлелдерді ұсына білуге мүмкіндік береді.

11. Биология сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану мұғалім мен оқушының қызметін қарқындатуға; пәнді оқыту сапасын арттыруға; көрнекілік қағидатын іске асыра отырып, биологиялық объектілердің маңызды жақтарын көрсетуге; зерттелетін нысандар мен табиғат құбылыстарының неғұрлым маңызды сипаттамаларын (оқу мақсаттары мен міндеттері тұрғысынан) алдыңғы қатарға шығаруға мүмкіндік береді.

12. "Биология" пәнін оқыту кезінде келесі оқу және түзету пәндерімен байланыс жүзеге асырылады: "Химия", "Физика", "Алгебра", "География", "Қалдық көру қабілетін қорғау және дамыту", "Кеңістіктік бағдарлау", "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау".

13. Пәндік көріністерді кеңейтуде көрнекі құралдарға, дидактикалық материалдарға және оқушылардың нысандарды зерттеу, жалпылау, логикалық қорытынды жасау

қабілетіне байланысты сараланған түрде қолданылатын арнайы техникалық құралдарға маңызды рөл беріледі:

1) бедерлі-нүктелі шрифтпен орындалған мәтіндік дидактикалық құралдар; жазықтықта бедерлеп орындалған, бірақ түстік безендірілуі бар, сипап-сезуге және көзбен қабылдауға есептелген иллюстрациялық-графикалық құралдар (жарық сезетін көзі көрмейтін және қалдық көру қабілеті сақталған балалар үшін); көзі көрмейтін балалардың жеке білім беру қажеттіліктеріне жауап беретін жеке дидактикалық материалдар мен көрнекі құралдар;

2) табиғи объектілер, үлгілер, макеттер, муляждар, бедерлі сюжеттік суреттер, суреттер, кестелер, сызбалар;

3) нашар көретіндерге арналған стационарлық және портативті ұлғайтқыш құрылғылар;

4) компьютерлік тифлокешен: брайль дисплейі, брайль принтері, интерактивті тақта ;

5) Брайль бойынша механикалық баспа машиналары;

6) аудио құралдар, бейне құралдар.

### **3-тарау. "Биология" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

14. "Биология" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 7 сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылына 68 сағатты;

2) 8 сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылына 68 сағатты;

3) 9 сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылына 68 сағатты;

4) 10 сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылына 68 сағатты құрайды.

15. Бағдарламаның мазмұны 4 бөлімді қамтиды:

1) "Тірі ағзалардың алуан түрлілігі, құрылымы және функциялары" бөлімі;

2) "Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық даму" бөлімі;

3) "Тірі ағзалар және қоршаған орта" бөлімі;

4) "Қолданбалы интеграцияланған ғылымдар" бөлімі.

16. "Тірі ағзалардың көптүрлілігі, құрылымы мен қызметтері" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) тірі ағзалардың көптүрлілігі;

2) қоректену;

3) заттардың тасымалдануы;

4) тыныс алу;

5) бөліп шығару;

6) қозғалыс;

7) координация және реттелу.

17. "Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық даму" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) көбею;
- 2) жасушалық айналым;
- 3) өсу және даму;
- 4) тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары;
- 5) эволюциялық даму мен селекция негіздері.

18. "Ағза мен қоршаған орта" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) биосфера, экожүйе, популяция;
- 2) адам қызметінің қоршаған ортаға әсері.

19. "Қолданбалы кіріктірілген ғылымдар" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) молекулалық биология мен биохимия;
- 2) жасушалық биология;
- 3) микробиология және биотехнология;
- 4) биофизика.

20. 7-сыныпқа арналған "Биология" пәнінің базалық мазмұны:

1) "Экожүйелер". Ортаның экологиялық факторлары: абиотикалық (температура, жарық, рН, ылғалдылық) биотикалық (микроағзалар, жануарлар, өсімдіктер). Зертханалық жұмыс: "Жергілікті жердің экожүйелерін зерттеу (мектеп ауласы мысалында)". Қоректік тізбектер және қоректік торлар. Модельдеу "Қоректік тізбек пен торды құру". Экологиялық сукцессиялар: бірінші және екінші реттік сукцессиялар. Экожүйелердің алмасуы. Адам экожүйенің бір бөлігі ретінде. Антропогендік фактор. Адам әрекеттерінің экожүйеге жағымсыз әсері. Қазақстанда ерекше қорғалатын аймақтар. Жергілікті жердің ерекше қорғалатын аймақтары. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы. Жергілікті өңірдің ҚР Қызыл кітабына енгізілген жануарлары мен өсімдіктері;

2) "Тірі ағзаларды жүйелеу". Тірі ағзалардың бес патшалығына жалпы сипаттама: прокариоттар, протисталар, саңырауқұлақтар, өсімдіктер, жануарлар. Өсімдіктер мен жануарлардың негізгі жүйелік топтары: Патшалықтар. Типтер. Бөлімдер. Кластар. Өсімдіктер мен жануарларды жүйелеудің маңызы. Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың сыртқы құрылысындағы ерекшеліктер. Дихотомиялық әдіс. Дихотомиялық кілттерді қолдану;

3) "Жасушалық биология". Жасуша, ұлпа, мүше, мүшелер жүйесі түсініктері. Өсімдіктер және жануарлар жасушаларын салыстыру. Жарық микроскобынан көрінетін жасуша құрылымдары: пластидтер, вакуоль, ядро, цитоплазма, жасушалық мембрана, жасушалық қабырға;

4) "Су және органикалық заттар". Судың қасиеттері: беттік керілу, судың қозғалысы, еріткіштігі, қайнау және балқу температурасы, жылу сыйымдылығы. Судың биологиялық маңызы және оның еріткіш ретіндегі, температураны сақтау мен реттеудегі рөлі. Зертханалық жұмыс "Судың тірі ағзалар үшін маңызы мен қасиеттерін зерттеу". Микро- (мырыш, темір, селен, фтор) және макроэлементтердің (магний,

кальций, калий, фосфор) тірі ағзалардың тіршілік әрекеті үшін маңызы. Азық-түліктердегі органикалық заттар: нәруыздар, майлар, көмірсулар. Зертханалық жұмыс: "Азық-түліктерде көмірсулар, нәруыздар және майлардың бар болуын зерттеу". Өсімдіктерде макроэлементтердің тапшылығы (азот, калий, фосфор,). Тыңайтқыштар: органикалық және минералдық (азотты, калийлі және фосфорлы);

5) "Заттардың тасымалдануы". Заттар тасымалдануының тірі ағзалардың тіршілік әрекеті үшін маңызы. Заттардың тасымалдануына қатысатын тірі ағзалардың мүшелері мен мүшелер жүйесі. Сабақ және тамыр. Сабақтың ішкі құрылысы: қабық, камбий, сүрек, өзек. Тамыр аймақтары: бөліну, өсу, сору және өткізу аймақтары. Тамырдың ішкі құрылысы: флоэма, ксилема, камбий. Зертханалық жұмыс: "Сабақтың ішкі құрылысын зерттеу". Зертханалық жұмыс: "Тамыр аймақтарын зерттеу". Ксилема, флоэма және олардың құрылымдық элементтері. Жануарлардағы қанайналым мүшелері : буылтық құрттар, ұлулар, буынаяқтылар және омыртқалылар;

6) "Тірі ағзалардың қоректенуі". Жапырақтың құрылысы мен қызметі. Жапырақтың ішкі құрылысы. Лептесік. Жапырақ фотосинтездеуші арнайы мүше ретінде. Судың булануы мен газдардың алмасуы. Фотосинтезге қажетті жағдайлар. Зертханалық жұмыс: "Фотосинтез үдерісіне қажетті жағдайларды зерттеу";

7) "Тыныс алу". Өсімдіктер мен жануарлар үшін тыныс алудың маңызы. Тыныс алу энергия көзі ретінде. Тыныс алу типтері: анаэробты және аэробты. Анаэробты және аэробты тыныс алуды салыстыру: оттегінің қатысуымен/қатысынсыз, статикалық/динамикалық жұмыс, жылықанды/суыққанды жануарлар. Өсімдіктердің тыныс алуы. Тұқымның немесе өскіндердің тыныс алуы. Зертханалық жұмыс: "Өсімдіктердің тыныс алуын зерттеу". Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүшелері (бунақденелілердің демтүтіктері, балықтарының желбезектері, құстардың және сүтқоректілердің өкпесі). Модельдеу: "Омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың тыныс алу жүйесі мүшелерін салыстыру". Тыныс алу мүшелері. Адамның тыныс алу жолдарының құрылысы мен газ алмасу мүшелері. Тыныс алу мүшелерінің аурулары. Тыныс алу мүшелерінің ауруларының себептері мен алдын алу жолдары (өкпе обыры, астма, бронхит, туберкулез, тұмау);

8) "Бөліп шығару". Бөліп шығарудың тірі ағзалар үшін маңызы. Жануарлардағы бөліп шығару өнімдері. Зат алмасудың соңғы өнімдері. Өсімдіктердегі бөліп шығару өнімдері: тыныс алу мен фотосинтездің бастапқы және соңғы өнімдері. Зертханалық жұмыс: "Өсімдіктердің тыныс алу ерекшеліктерін өскіндер мысалында зерттеу". Жануарлардың бөліп шығару жүйелері. Жануарлардың бөліп шығару жүйелерінің құрылысын салыстыру;

9) "Қозғалыс". Өсімдіктердің қозғалысы. Қозғалыстың өсімдіктер тіршілігіндегі маңызы. Өсімдіктердің қозғалу тәсілдері (тропизмдер, таксистер, өсу қозғалыстары). Өсімдіктердің өсуі мен дамуына жарықтың әсері. Жарықтың түсу деңгейіне қарай өсімдіктердің бейімделуі. Фотопериодизм күннің жарық түсу ұзақтығына ағзалардың

бейімделуі. Жануарлардың қозғалыс мүшелері. Тірі ағзалардағы қозғалыстың рөлі. Жануарлардың қозғалу тәсілдеріне мысалдар. Жануарлардың мекен ортасы мен қозғалыс тәсілдері арасындағы байланыс;

10) "Координация және реттелу". Жүйке жүйесінің типтерін салыстыру: диффузиялы, сатылы, түйнекті, түтіктәрізді. Жүйке жүйесінің құрам бөліктері. Жүйке жүйесінің қызметі. Нейронның құрылысы: денесі, дендриттер, аксон. Нейронның қызметтері. Жүйке жүйесінің орталық және шеткі бөлімдері. Жұлын. Ми. Ми бөлімдерінің құрылысы мен қызметтері: сопақша ми, артқы (ми көпірі, мишық), орталық және аралық ми. Үлкен ми сыңарлары. Рефлекстік доға: рецептор, сезгіш, аралық, қозғалыс нейрондары, жұмыс мүшесі. Зертханалық жұмыс: "Тізе рефлексі". Мінез-құлықтың рефлекторлық табиғаты: шартсыз және шартты рефлекстер. Шартты рефлекстердің сөнуі. Ішкі мүшелер жұмысының жүйкелік реттелуі. Адам ағзасы үшін ұйқының маңызы. Биологиялық ритмдер. Ұйқының кезеңдері: баяу және жылдам ұйқы. Жұмысқа қабілеттілік. Күн тәртібі. Оқу еңбегі мен дене еңбегінің гигиенасы. Күйзеліс. Күйзеліс жағдайларымен күрес және олардың алдын алу әдістері. Жүйке жүйесінің қызметіне алкаголь, темекі, және наркотикалық заттардың әсері.

11) "Тұқым қуалаушылық және өзгергіштік". Адамда белгілердің тұқым қуалауында гендердің рөлі. Алынған және тұқым қуалайтын белгілер. Хромосомаларды ұйымдастыру. Генетикалық материалды сақтаушы және тасымалдаушы ретінде ДНҚ туралы түсінік. Модельдеу "Адам ағзасының тұқым қуалайтын және тұқым қуаламайтын белгілерін зерттеу". Организмдердің әртүрлі түрлеріндегі хромосомалардың саны. Соматикалық және жыныстық жасушалар. Гаплоидті, диплоидті хромосомалардың жинағы.

21. 8-сыныпқа арналған "Биология" пәнінің базалық мазмұны:

1) "Тұқым қуалаушылық және өзгергіштік". Адамда белгілердің тұқым қуалауында гендердің рөлі. Алынған және тұқым қуалайтын белгілер. Хромосомаларды ұйымдастыру. Генетикалық материалды сақтаушы және тасымалдаушы ретінде ДНҚ туралы түсінік. Модельдеу "Адам ағзасының тұқым қуалайтын және тұқым қуаламайтын белгілерін зерттеу". Организмдердің әртүрлі түрлеріндегі хромосомалардың саны. Соматикалық және жыныстық жасушалар. Гаплоидті, диплоидті хромосомалардың жинағы;

2) "Көбею". Өсімдіктердің жынысты және жыныссыз көбеюі. Өсімдіктердің жынысты және жыныссыз көбеюінің биологиялық маңызы. Өсімдіктердің вегетативті жолмен көбеюі, оның түрлері және табиғаттағы биологиялық маңызы. Өсімдік өсіруде вегетативті жолмен көбею тәсілдерін қолдану. Қалемшелеу, сұлатпа өркен, телу (қалемшелермен, көзшелермен), ұлпаларымен көбею. Зертханалық жұмыс: "Өсімдіктердегі вегетативті көбею тәсілдері". Гүл құрылысы. Тозаңдану түрлері. Гүлдеу

және тозаңдану. Тоzaңдану түрлері (өздігінен, айқас, жасанды). Өсімдіктердегі ұрықтану туралы түсінік және зиготаның түзілуі. Қосарлы ұрықтану. Қосарлы ұрықтанудың биологиялық маңызы;

3) "Өсу және даму". Ағзалардың жеке дамуы түсінігі. Өсімдіктер мен жануарлардағы онтогенез кезеңдері. Бөліну, өсу, көбею, қартаю. Өсімдіктердің өсуі. Сабактың ұзарып және жуандап өсуі. Камбийдің рөлі. Жылдық сақиналар. Зертханалық жұмыс: "Жылдық сақинаны санау". Жануарлардағы тура және түрленіп даму онтогенез типтері. Бунақденелілердің шала және толық түрленіп дамуына мысалдар. Жануарлардағы онтогенез типтерін салыстыру;

4) "Микробиология және биотехнология". Бактериялардың формаларының әртүрлілігі. Бактериялардың таралуы. Зертханалық жұмыс: "Пішен таяқшасының сыртқы пішінін қарастыру". Бұршақ тұқымдастардың тамырындағы түйнек бактериялары. Бактерияларды пайдалану. Табиғаттағы және адам өміріндегі бактериялардың маңызы. Зертханалық жұмыс: "Өндірісте йогурт және ірімшік жасауды зерттеу". Патогендермен күрес тәсілдері. Бактериялардың антибиотиктерге тұрақтылығы. Зертханалық жұмыс: "Антибиотиктер, антисептиктер және залалсыздандыру өнімдерін қолдануды зерттеу". Вирустар. Жасушасыз құрылым иелері вирустардың құрылыс ерекшеліктері;

5) "Жасушалық биология". Жасуша – тірі ағзалардың құрылымдық негізгі өлшем бірлігі. Прокариот және эукариот жасушалардың құрылысы: ядроның болуы және орналасуы, жасуша қабырғасы, жасуша мембранасы, пластидтер, митохондрия, рибосомалар, Гольджи аппараты, вакуоль. Өсімдік ұлпаларының әртүрлілігі: түзуші, жабын, негізгі, өткізгіш, механикалық, бөліп шығарушы ұлпа. Жануар ұлпаларының әртүрлілігі: эпителий, дәнекер, бұлшық ет, жүйке. Зертханалық жұмыс: "Өсімдіктер ұлпаларын жіктеу". Зертханалық жұмыс: "Жануарлар ұлпаларын жіктеу";

6) "Молекулярлық биология". Жасушаның құрамындағы органикалық заттар. Мономерлер мен полимерлер арасындағы айырмашылық. Көмірсулар – энергия көзі. Глюкоза, сахароза, гликоген, крахмал, жасунық пен хитиннің маңызы және қызметтері. Липидтердің қасиеттері мен қызметі. Липидтердің әртүрлілігі: майлар, фосфолипидтер, балауыз. Нәруыздар, қасиеттері мен қызметтері;

7) "Тірі ағзалардың көп түрлілігі". Зертханалық жұмыс: "Өсімдіктер бөлімдеріндегі ерекшелік белгілерді анықтау: балдырлар, мүктәрізділер, қырықжапырақтәрізділер, ашық тұқымдылар және жабық тұқымдылар". Саңырауқұлақтар патшалығы. Зең саңырауқұлағы: мукор, пеницилл. Біржасушалы саңырауқұлақтар – ашытқы. Көпжасушалы саңырауқұлақтар. Қалпақшалы саңырауқұлақтар. Жеуге жарамды және улы саңырауқұлақтар. Зертханалық жұмыс: "Дара жарнақты және қосжарнақтылар өсімдіктер кластарының белгілерін зерттеу". Буынаяқтылар типі. Хордалылар типі. Сыртқы белгілеріне қарай салыстырмалы сипаттама. Демонстрация "Хордалы жануарлар мен буынаяқтылардың ерекшелік белгілерін анықтау";

8) "Қоректену". Жауын құртының, сиырдың және адамның ас қорыту жүйесінің құрылысы. Модельдеу "Адамның, сиырдың және жауынқұртының" асқорыту жүйесінің құрылысын салыстыру. Тістің құрылысы мен қызметі, сүт тістердің тұрақты тістерге ауысуы. Тіс гигиенасы. Адамның ас қорыту жолдарының құрылысы. Ас қорыту бездері. Ас қорыту мүшелерінің қызметі. Тамақтану гигиенасы. Асқорыту мүшелерінің жұқпалы аурулары және олардың алдын алу. Тағамнан уланудың алдын алу. Алғашқы жәрдем шаралары. Ішек құрт ауруларының алдын алу. Дәрумендер және олардың маңызы. Суда еритін және майда еритін дәрумендер. Дәрумендердің тәуліктік мөлшері. Авитаминоз, гиповитаминоз және гипервитаминоз. Ақшам соқыр (А авитаминозда), бери-бери ауруы (В1 авитаминозда), қыркұлақ (С авитаминозда), мешел аурулары (Д авитаминозда). Зертханалық жұмыс: "Тағамдық заттар құрамынан С дәруменді анықтау";

9) "Заттардың тасымалдануы". Ағзаның ішкі ортасы және оның маңызы. Лимфа. Лимфа айналымы мен оның маңызы. Гомеостаз. Ағзаның ішкі ортасы: қан, лимфа, ұлпа сұйықтығы. Қанның құрамы мен қызметі. Қан түйіршіктері: эритроциттер, лейкоциттер, тромбоциттер. Плазма. Қанның қызметі: транспорттық, гомеостаздық, қорғаныштық;

10) "Әртүрлі ағзалардың қан жасушаларын зерттеу" зертханалық жұмысы. Қан жасушаларын формасына, мөлшеріне, санына және ядросының болуына қарай салыстыру. Имунитет. Гуморальдық және жасушалық имунитет. Лейкоциттердің түрлі типтері және олардың қызметтері. Т – және В- лимфоциттердің әрекет етуі. Жұқпалы аурулар және олардың алдын алу: амебалық қантышқақ, фитофтороз, оба, күл, лейшмания, герпес (ұшық). Имунитет. Имунитеттің түрлері: туа пайда болған және жүре пайда болған имунитет. Екпенің (вакцин) түрлері және оның жасанды имунитетті қалыптастырудағы маңызы. Жұқпалы аурулардың алдын алу. Қан топтары. Қан құю. Резус-фактор. Агглютинация. Резус-конфликт. Буылтық құрттардың (жауын құрт), ұлулардың, буынаяқтылардың және омыртқалылардың жүрегі және қан тамырларының құрылысы мен қызметі. Қан тамырлар жүйесінің түрлері. Ашық және тұйық қанайналым жүйелері. Үлкен және кіші қанайналым шеңберлері. Адамның қанайналым жүйесі. Зертханалық жұмыс: "Дене жаттығуларының жүрек жұмысына әсерін зерттеу". Жүрек - қантамырлар жүйесі аурулары (гипертония, инфаркт, тахикардия, ишемиялық ауру, атеросклероз, инсульт). Аурудың себептері: тұқым қуалайтын ауруларға бейімділік, салауатты өмір салтын дұрыс ұстанбау;

11) "Тыныс алу". Альвеола мен қан арасындағы газ алмасу. Өкпедегі қанның оттекке қанығуы. Ұлпа мен қан арасындағы газ алмасу. Қанның көмірқышқыл газына қанығуы, жасушаның оттекке қанығуы. Тыныс алу және тыныс шығару механизмі. Кеуде қуысының құрылысы. Тыныс алуға және тыныс шығаруға қатысатын бұлшықеттер. Тыныс алу және тыныс шығарудағы көкеттің маңызы. Ауа жүретін жолдардағы қысымның өзгеруі. Тыныс алудың минуттық көлемі. Әртүрлі жастағы, физикалық дамыған, ер және әйел адамдардың өкпесінің тіршілік сыйымдылығы.



Тыныс алу қозғалыстарының жиілігі. Шылым шегудің өкпенің тіршілік сыйымдылығына әсері. Зертханалық жұмыс: "Өкпенің тіршілік сыйымдылығын зерттеу";

12) "Бөліп шығару". Зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы (бүйрек, несеппағар, қуық, несеп жолы) мен қызметі. Бөліп шығару және сүзу мүшелері. Бүйректің құрылысы (қыртысты және милы қабат, нефрон, пирамида, астауша, бүйрек өзекшелері). Терінің маңызы, құрылысы мен қызметі. Тер бөлінудің реттелуі. Тері ауруларының пайда болу себептері мен салдары (қышыма, теміреткі, безеу бөртпелері). Белгілері мен алдын алу шаралары.

13) "Қозғалыс". Адам қаңқасының құрылысы. Тірек – қимыл жүйесінің маңызы мен қызметі. Сүйектің макро - және микроскопиялық құрылысы. Сүйектің химиялық құрамы. Зертханалық жұмыс: "Сүйектің макро және микроскопиялық құрылысы". Демонстрация "Сүйектің химиялық құрамы". Сүйектің байланыс түрлері: қозғалмайтын, жартылай қозғалмалы, қозғалмалы. Буынның құрылысы және қызметтері. Сүйек буындарының атқаратын қызметіне сәйкес бейімделуі. Бұлшықет ұлпаларының құрылысы мен қызметі (бірыңғай салалы, көлденең жолақты қаңқа, көлденең жолақты жүрек). Зертханалық жұмыс: "Бұлшық ет ұлпаларының құрылысын зерттеу" Адам денесінің бұлшық еттерін жіктеу. Гиподинамия. Сымбаттың бұзылуы және жалпақтабандылықтың пайда болу себептері. Сымбаттың бұзылуы мен жалпақтабандылықтың алдын алу шаралары.

14) "Биофизика". Тік жүруге байланысты адам қозғалуының биомеханикалық ерекшеліктері. Тік жүруге байланысты адамның қаңқа құрылысының ерекшеліктері. Тік жүруге байланысты бұлшық еттің маңызы. Тік жүру кезіндегі дененің ауырлық орталығы. Адам денесіндегі иіндер.

15) "Координация және реттелу". Көру мүшелерінің құрылысы. Көрудің маңызы. Көру қызметінің бұзылуы. Көру гигиенасы. Зертханалық жұмыс: "Көру жітілігі мен көру аймағының шегін зерттеу". Есту мүшесінің құрылысы. Естудің маңызы. Естудің бұзылу себептері. Есту мүшесінің гигиенасы. Зертханалық жұмыс "Дыбысты қабылдау ерекшеліктерін зерттеу" (құлақтың есту қабілетін анықтау). Таяқшаның, құтышаның және түкті жасушалардың құрылымы мен қызметі. Зертханалық жұмыс: "Соқыр дақты анықтау, түстердің араласуына тәжірибе, дыбыстың ауа және сүйек арқылы өтуі". "Гормондар", "Гуморальдық реттелу" ұғымдары. Эндокринді, экзокринді және аралас бездердің орналасуы және қызметі. Бездерден бөлінетін гормондар. Эндокринді бездер қызметінің бұзылуынан туындаған аурулар (гипо- және гиперфункция). Адам денесінде орналасқан тері рецепторлары (терморекцепторлар, механорецепторлар, ноцицепторлар) Зертханалық жұмыс: "Тері сезімталдығын зерттеу". Жылықанды жануарлардың тұрақты температураны сақтауындағы терінің рөлі. Температураға сезімталдық. Терморекцепторлардың температураның өзгеруіне бейімделуі.

22. 9-сыныпқа арналған "Биология" пәнінің базалық мазмұны:

1) "Көбею". Митоз. Мейоз. Митоз бен мейоздың биологиялық маңызы. Жануарлардың көбею формалары. Жыныссыз көбею типтері. Жынысты көбею. Мүктер мен қырықжапырақтардың тіршілік циклі. Гаметофит. Спорофит. Ашық тұқымды және жабық тұқымды өсімдіктердің тіршілік циклі. "Өсу және даму". Эмбрионалдық даму кезендері: бластула, гастрюла, нейрула. Ұлпалар мен мүшелердің дифференциялануы. Органогенез;

2) "Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары". Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің эволюциядағы маңызы. Өзгергіштік пен қоршаған орта жағдайларына бейімделгіштік арасындағы өзара байланыс. Қолдан сұрыптау және оның селекция үшін маңызы. Қолдан сұрыптау түрлері. Мәдени өсімдіктер мен үй жануарларының шығу орталықтары. Қазақстан аумағында кездесетін егістік дақылдар мен үй жануарларының қолтұқымдары. Маңызды белгілер;

3) "Биосфера, экожүйе, популяция". Экожүйелердің компоненттері. Су және құрлық экожүйелері. Модельдеу "Су және құрлық экожүйелерін салыстыру". Популяцияның құрылымының негізгі сипаттамалары және ерекшеліктері. Ағзалардың тіршілікке қабілеттілігінің әртүрлі тәсілдері. (Тіршілікті сақтаудың К және г стратегиялары). "Жыртқыш-жемтік" қарым-қатынас түрі. Популяция санының өзгеруі. Тірі ағзалардың өзара қарым-қатынас түрлері. Ағзалардың тікелей және жанама қарым-қатынас түрлері. Қоршаған орта жағдайларының өзгерістеріне ағзалардың бейімделуі;

4) "Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері". Адамның табиғаттағы рөлі. Табиғатты тиімді пайдалану. Табиғатты қорғау. Биологиялық алуан түрлілікті сақтау. Дүниежүзілік Тұқым қоры. Қазақстан Республикасының экологиялық проблемалары. Себептері мен салдарлары. Оларды шешу жолдары;

5) "Жасушалық биология". Жасушаның негізгі компоненттерінің қызметтері. Жасуша құрылымдары: плазмалық мембрана, цитоплазма, ядро, эндоплазмалық тор, жасуша орталығы, рибосомалар, Гольджи аппараты мен лизосомалар, митохондрия, пластидтер, қозғалыс органоидтары, жасушаның қосындылары. Құрылыстары және атқаратын қызметтері. Жасушалардың сызықтық ұлғаюын есептеу. Ұлғаю, актуальды өлшемі және суреттің нақты өлшемі. Өлшем бірліктерін СИ жүйесіне аудару (сантиметр-миллиметр-микромметр-наномметр). Модельдеу "Микросуреттерді пайдаланып жасушаның сызықтық ұлғаюын есептеу";

6) "Тірі ағзалардың көп түрлілігі. Биосфера және экожүйе". Әртүрлі түрлерді сипаттауда бинарлық номенклатураны қолдану. Зертханалық жұмыс: "Анықтағыш көмегімен өсімдіктер мен жануарлар түрлерін (жергілікті жердің) анықтау". Популяцияның өсуінің экспоненциалды және сигмоидты қисығы. Экожүйедегі энергия тасымаланың тиімділігі. Энергия ағыны және қоректік тізбектер. Экологиялық пирамида түрлері. Табиғаттағы көміртек пен азот айналымы. Биосферадағы биохимиялық үрдістер. Топырақ пен шөгінді жыныстар түзудегі тірі ағзалардың рөлі;

7) "Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері". Пайдалы қазбаларды өндірудің қоршаған орта мен адам денсаулығына әсері. Пестицидтердің қоршаған орта мен адам денсаулығына әсері. Жылыжай эффекті (булану) және озон қабатының жұқаруы. Дүниежүзілік мұхит деңгейінің, су мен атмосфера температурасының көтерілуінің тірі ағзаларға әсері;

8) "Қоректену". Ыдырау үдерісі. Асқорыту ферменттерінің әсері. Асқорытудағы ферменттердің маңызы. Сіңіру және бөліп шығару. Ферменттердің әсер ету механизмі. Ферменттің белсенді орталығы. Зертханалық жұмыс: "Ферменттердің белсенділігіне әртүрлі жағдайлардың (температура, рН) әсерін зерттеу". Өттің әсерінен майлардың эмульгациясы. Зертханалық жұмыс "Өттің әсерінен майлардың эмульгациялануын зерттеу":

9) "Заттар тасымалы". Активті және пассивті тасымалдардың ұқсастығы мен айырмашылығы. Жасуша мембранасы арқылы тасымалдану. Белсенді тасымалдану кезіндегі энергияның жұмсалуы. Сыртқы және ішкі факторлардың транспирацияға әсері. Зертханалық жұмыс: "Транспирация үдерісі кезіндегі сыртқы факторларды (температура, ылғалдылық пен су буының қысымы, ауа қозғалысын) зерттеу. Зертханалық жұмыс: "Ішкі факторларды: Буландыратын беттің ауданы және бұл беттік ауданның өсімдік көлеміне қатынасының (сірқабық (кутикула) мен лептесіктер) транспирация үдерісіне әсері". Сыртқы факторлардың флоэмада зат тасымалына әсері: температура, ылғалдылық, жарық;

10) "Тыныс алу". Анаэробты және аэробты тыныс алу. Анаэробты және аэробты тыныс алу үдерістерін химиялық реакция теңдеулерін қолданып қарастыру. Анаэробты және аэробты тыныс арудың тиімділіктері. Аэробты, анаэробты тыныс алу үдерістерімен байланысты бұлшық еттердің қажуы. Аэробты және анаэробты тыныс алуға физикалық жүктемелердің әсері;

11) "Бөліп шығару". Нефронның құрылысы және қызметі. Ультрафилтрация. Абсорбция және таңдамалы реабсорбция. Несептің құрамы. Филтрация мен кері филтрацияның себептері. Бүйрек жұмысына әсер ететін факторлар: тамақтану рационы, дене температурасының күрт түсуі, дәрілік препараттар, созылмалы және инфекциялық аурулар (кариес, іріңді ангина. Зәр шығару жүйесінің гигиенасы. Бүйрек және зәр шығару жүйесінің аурулары: пиелонефрит, цистит, бүйрекке тастың жиналуы. Себептері және алдын алу шаралары. Құрлықта, шөлде, тұщы және тұзды суларда тіршілік ететін тірі ағзалардың зат алмасуының соңғы өнімдері. Құрамында азоты бар органикалық заттардың ыдырау өнімдері: аммиак, несепнәр, несеп қышқылы.

23. 10-сыныпқа арналған "Биология" пәнінің базалық мазмұны:

1) "Координация және реттелу". Нейрондардың түрлері мен қызметтері. Жүйке ұлпасының қызметі (глиальды жасушалар). Аксондардың миеленді және миеленсіз қабықтары. Синапстар және медиаторлар. Модельдеу "Жүйке ұлпаларын зерттеу". Миеленді, миеленсіз аксондарда жүйке импульстарының туындауы және өткізілуі.

Өткізу жылдамдығы. Мембраналық потенциал, тыныштық потенциалы және әрекет потенциалы. Модельдеу "Жүйке импульстарының туындауы мен таралу жылдамдығын зерттеу". Тірі ағзалардағы электрлік үдерістер. Электрорецепторлар және электрлі мүшелер. Тыныс алу мен тыныс шығарудың реттелуі мысалында нейрогуморальдық реттелу механизмі. Жүйкелік және гуморальдық реттелуді салыстыру. Ағзаның күйзеліске бейімделуі. Нейрокомпьютерлік интерфейс. Компьютер мен ми арасындағы ақпарат алмасу жүйесі. Гомеостазды тұрақты ұстаудың механизмдері. Өсімдіктердің өсуі мен дамуын реттеуші. Зертханалық жұмыс: "Ауксиннің өсімдіктерге әсерін зерттеу";

2) "Қозғалыс". Бұлшық еттің жұмысы. Демонстрация "Негізгі бұлшық еттердің жұмысын өзіндік бақылау, иық белдеуінің қол қозғалысындағы рөлі. Бұлшық ет қозғалысын реттеу". Зертханалық жұмыс: "Статикалық және динамикалық жұмыс кезіндегі бұлшық еттің қажуын зерттеу". "Молекулалық биология". Дезоксирибонуклеин қышқылы (ДНҚ) молекулалық құрылысының принциптері: нуклеотидтердің комплементарлығы. Модельдеу "ДНҚ молекуласын құру";

3) "Жасушалық цикл". Интерфаза. Интерфаза кезеңдері: G1, S және G2. Митоз. Митоз фазалары. Зертханалық жұмыс: "Пияз тамыр ұшындағы жасушалардан митозды зерттеу". Митоз. Митоз фазалары;

4) "Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары". Г. Мендель анықтаған белгілердің тұқым қуалаушылық заңдылықтары. Тұқым қуалаушылықты зерттеудің гибридологиялық әдісі. Тұқым қуалаушылықтың генетикалық заңдылықтарының цитологиялық негіздері. Гамета тазалығы заңы және оның цитологиялық негіздемесі. Моногибридті және дигибридті будандастыру. Басымдылық заңы. Ажырау заңы. Басымдылық заңы. Ажырау заңы. Аллельді гендердің әрекеттесуі: толық және толымсыз. Доминанттылық белгілердің пайда болуы. Талдаушы шағылыстыру ұғымы мен оның практикалық маңызы. Жыныс генетикасы. Жынысты анықтаудың генетикалық механизмі. Жыныспен тіркесіп тұқымқуалау. Гемофилия және дальтонизм. Адам қан топтарының тұқымқуалау заңдылықтары. Резус-фактор. Адам генетикасы. Адамның тұқымқуалау белгілерін зерттеу әдістері. Адамның генетикалық ауруларының алдын алу. Адамның генеалогиялық шежіре ағашын құру. Модельдеу "Адамның генеалогиялық шежіре ағашын құру". Өнімділікті арттыратын заманауи ауыл шаруашылық технологиялары. Өнімділігі жоғары ауылшаруашылықты жүргізудің жаңа баламалы жолдары;

5) "Микробиология және биотехнология". Биотехнологиялық үдерістің жалпы сызбасы және биотехнологияда алынатын өнімдері (медицинада, өнеркәсіпте және ауыл шаруашылығында). Инсулин өндірісі;

6) "Көбею". Адамның жыныс жүйесінің құрылымы мен қызметі. Зертханалық жұмыс "Аталық және аналық гаметалардың құрылысын зерттеу". Екінші реттік жыныстық белгілер. Ұлдар мен қыздардың жыныстық жетілуі. Биологиялық және

элеуметтік жетілу. Менструалдық цикл. Менструалдық циклдағы эстроген мен прогестерон гормондарының маңызы. Контрацепция түрлері, олардың қолданылуы мен маңызы. Жыныстық жолмен берілетін аурулар: Жүре пайда болған иммундық дефицитінің синдромы (ЖИТС), сифилис, гонорея, гепатит В,С. Алдын алу шаралары;

7) "Өсу және даму". Құрсақта даму. Ұрықтық дамудың алғашқы кезеңдері. Ұрықтың қалыптасуы мен дамуы. Шылым шегу, есірткі мен ішімдіктің адам ұрығының дамуына тигізетін әсері;

8) "Эволюциялық даму". Эволюциялық ұғымдардың қалыптасуы және дамуы. Ч.Дарвиннің эволюциялық ілімінің негізгі қағидалары. Эволюцияның қазіргі заман теориясының пайда болуы. Эволюцияның қозғаушы күштері. Табиғи сұрыпталу нәтижесіндегі бейімделушілік. Эволюциялық үдерістегі өзгергіштіктің (мутациялық, комбинативтік) рөлі. Табиғи сұрыпталу, оның түрлері (қозғаушы және тұрақтандырушы). Тіршілік үшін күрес (түршілік, тұраралық). Модельдеу "Бейімделгіштікті табиғи сұрыпталу нәтижесі ретінде зерттеу (көбелек)". "Түр" ұғымының анықтамасы. Түрдің құрылымы. Түр критерийлері. "Түр түзілу" ұғымы. Түр түзілудің тәсілдері мен механизмдері;

9) Жердегі тіршіліктің пайда болуы кезеңдері.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі.

24. Бағдарламада оқыту мақсаттарын пайдалану ыңғайлылығы үшін кодтау енгізілді. Кодта бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар – бөлім мен бөлімшенің, төртінші сан – оқыту мақсатының реттік санын білдіреді. Мысалы, 7.2.1.4. кодында "7" - сынып, "2.1" - екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, "4" - оқыту мақсатының реттік саны

26. Бөлімдер бойынша әр сыныпқа оқытудан күтілетін нәтижелер:

1) 1-бөлім "Тірі ағзалардың алуан түрлілігі, құрылымы және функциялары":

1-кесте

Бөлімшелер	Оқу мақсаттары			
	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып
	7.1.1.1 жүйелеудің маңызын түсіндіру; 7.1.1.2 жүйеленуде тірі ағзалардың орнын анықтау; 7.1.1.3 омыртқасыз және омыртқалы	8.1.1.1 балдырлар мүктәрізділер, қырықжапырақ тәріздестер, ашықтұқымдылар ж ә н е жабықтұқымдылар мысалында өсімдіктердің ерекшеліктерін сипаттау; 8.1.1.2 - саңырауқұлақтарды	9.1.1.1 әртүрлі түрлерді сипаттауда би арлы номенклатураны қолдану;	

<p>1.1Тірі ағзалардың көптүрлілігі</p>	<p>жануарлардың құрылысының айырмашылық белгілерін сипаттау; 7.1.1.4 жекелеген ағзаларға қарапайым дихотомиялық кілттерді қолдану</p>	<p>ң ерекшелік белгілерін сипаттау; 8.1.1.3 даражарнақты және қосжарнақты өсімдіктер кластарын негізгі белгілеріне қарай ажырату; 8.1.1.4 буынаяқтылар мен хордалы жануарлар кластарын ерекше белгілері бойынша тану</p>	<p>9.1.1.2 өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін ерекшелік белгілері бойынша танып білу (анықтағыш бойынша)</p>
	<p>7.1.2.1 жапырақтың ішкі құрылысын сипаттау және</p>	<p>8.1.2.1 омыртқасыздар, күйіс қайыратын жануарлар мен адамның ас қорыту жүйесінің құрылысын салыстыру; 8.1.2.2 әр түрлі тістердің құрылымының олардың функцияларымен байланысын, стоматологиялық күтім ережелерін сипаттау; 8.1.2.3 адамның ас қорыту жүйесінің құрылысы мен қызметтері арасындағы өзара байланысты түсіндіру; 8.1.2.4 ас қорыту жолы ауруларының себептерін және астан улану белгілерін анықтау; 8.1.2.5 адам ағзасындағы дәрумендердің маңыздылығын сипаттау; 8.1.2.6 құрамында дәрумендердің маңызды мөлшері</p>	<p>9.1.2.1 адамның ас қорыту жолдарындағы үдерістерді толық сипаттау; 9.1.2.2 ас қорыту үдерісіндегі органикалық заттар мен сәйкес</p>

<p>1.2 Қоректену</p>	<p>құрылысы мен оның қызметі арасындағы өзара байланысты түсіндіру; 7.1.2.2 фотосинтез үдерісі үшін қажетті жағдайларды зерттеу</p>	<p>бар азық-түліктер тізімін жасау; 8.1.2.7 азық- түлік құрамындағы С дәруменін анықтау; 8.1.2.2 әртүрлі типті тістердің құрылысы мен қызметтері арасындағы байланысын және тісті күту ережелерін сипаттау ; 8.1.2.3 адамның ас қорыту жүйесінің құрылысы мен қызметтері арасындағы өзара байланысты түсіндіру; 8.1.2.4 ас қорыту жолы ауруларының себептерін және астан улану белгілерін анықтау; 8.1.2.5 адам ағзасындағы дәрумендердің маңыздылығын сипаттау; 8.1.2.6 құрамында дәрумендердің маңызды мөлшері бар азық-түліктер тізімін жасау; 8.1.2.7 азық- түлік құрамындағы С дәруменін анықтау</p>	<p>ферменттердің арасындағы байланысты орнату; 9.1.2.3 ферменттердің белсенділігіне әсер ететін әр түрлі жағдайларды ( температура, рН) зерттеу; 9.1.2.4 өттің әсерінен майлардың эмульгациялануы үдерісін зерттеу</p>
		<p>8.1.3.1 қан құрамы мен қызметін сипаттау; 8.1.3.2 дайын микропрепараттар арқылы әртүрлі ағзалардың қан жасушаларының құрылыс ерекшеліктерін зерттеу; 8.1.3.3 лейкоциттердің</p>	

1.3 Заттар тасымалы	<p>7.1.3.1 тірі ағзалардағы қоректік заттардың тасымалының маңызын түсіндіру;</p> <p>7.1.3.2 өсімдіктерде қоректік заттардың тасымалына қатысатын мүшелерді танып білу;</p> <p>7.1.3.3 сабақ пен тамырдың ішкі құрылысын зерттеу;</p> <p>7.1.3.4 сабақ және тамырдың құрылысы мен қызметтерінің өзара байланысын сипаттау;</p> <p>7.1.3.5 ксилема мен флоэма элементтерінің құрылысын салыстыру;</p> <p>7.1.3.6 жануарлар мен өсімдіктерде заттар тасымалына қатысатын мүшелерді танып білу</p>	<p>түрлі типтерінің қызметтерін сипаттау;</p> <p>8.1.3.4 гуморальдық және жасушалық иммунитетті салыстыру;</p> <p>8.1.3.5 лимфа жүйелерін және қан, ұлпалық сұйықтық пен лимфа арасындағы өзара байланысты сипаттау;</p> <p>8.1.3.6 аурулардың алдын алуындағы вакцинацияның ролін бағалау;</p> <p>8.1.3.7 агглютинация және резус-конфликт механизмдерін түсіндіру;</p> <p>8.1.3.8 жануарлардың жүрегінің құрылысы мен қантамыр жүйелерінің маңызын сипаттау;</p> <p>8.1.3.9 қантамыр қабырғасының құрылысы мен олардың қызметі арасындағы байланысты орнату;</p> <p>8.1.3.10 жануарлардың қантамырлар жүйесінің түрлерін сипаттау;</p> <p>8.1.3.11 дене жаттығуларының жүрек жұмысына әсерін зерттеу;</p> <p>8.1.3.12 қантамыр жүйесі мүшелерінің ауруларының себептері мен ауру белгілерін сипаттау</p>	<p>9.1.3.1 активті және пассивті тасымалдарды салыстыру;</p> <p>9.1.3.2 өсімдіктердегі транспирация үдерісінің мәнін түсіндіру;</p> <p>9.1.3.3 ішкі және сыртқы факторлардың транспирацияға әсерін зерттеу;</p> <p>9.1.3.4 флоэма арқылы заттардың тасымалдануына сыртқы факторлардың әсерін зерттеу</p>	
	7.1.4.1 тірі ағзалар үшін тыныс алудың маңызын сипаттау;			



1.4 Тыныс алу	<p>7.1.4.2 анаэробты және аэробты тыныс алу типтерін ажырату;</p> <p>7.1.4.3 өсімдіктердің тыныс алу үдерісін сипаттау;</p> <p>7.1.4.4 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүшелерінің құрылымы;</p> <p>7.1.4.5 адамның тыныс алу мүшелері құрылысының ерекшеліктерін танып білу (адам тыныс алу мүшелерінің макетін пайдалану);</p> <p>7.1.4.6 тыныс алу мүшелері ауыруларының себептері мен олардың алдын алу жолдарын түсіндіру</p>	<p>8.1.4.1 өкпе мен ұлпадағы газ алмасу механизмдерін сипаттау;</p> <p>8.1.4.2 тыныс алу және тыныс шығару механизмін түсіндіру;</p> <p>8.1.4.3 өкпенің тіршілік сыйымдылығын анықтау және қалыпты жағдайдағы және дененің физикалық жүктемесі кезіндегі тыныс алудың минуттық көлемін анықтау</p>	<p>9.1.4.1 тыныс алу реакциясының химиялық теңдеуін пайдалана отырып, анаэробты және аэробты тыныс алуды салыстыру,</p> <p>9.1.4.2 бұлшықет қажуы және аэробты, анаэробты тыныс алу үдерістері арасындағы байланысты қарастыру</p>	
5. Бөліп шығару	<p>7.1.5.1 ағзалардың тіршілік әрекетіндегі бөліп шығарудың маңызын сипаттау;</p> <p>7.1.5.2 өсімдіктердегі бөліп шығару ерекшеліктерін зерттеу;</p> <p>7.1.5.3 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың бөліп шығару жүйелерінің құрылысын салыстыру</p>	<p>8.1.5.1 адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы мен қызметтерін сипаттау;</p> <p>8.1.5.2 бүйректің құрылымдық бөліктерін танып білу;</p> <p>8.1.5.3 терінің құрылысы мен оның бөліп шығарудағы маңызын сипаттау;</p> <p>8.1.5.4 тері ауруларын және оның алдын алу шараларын түсіндіру</p>	<p>9.1.5.1 нефронның құрылысы мен қызметін сипаттау;</p> <p>9.1.5.2 фильтрация және несептің түзілуі үдерістерін сипаттау;</p> <p>9.1.5.3 бүйректің жұмысына әсер ететін факторларды сипаттау;</p> <p>9.1.5.4 зәр шығару жүйесі, бүйрек ауруларының алдын алу шараларын түсіндіру;</p> <p>9.1.5.5 әртүрлі ағзалардың мекен ету ортасы мен зат алмасуларының соңғы өнімдері арасындағы байланысты орнату</p>	
		8.1.6.1 тірек-қимыл жүйесінің		

6. Қозғалыс	<p>7.1.6.1 тірі ағзалардың қозғалу себептерін түсіндіріп, қозғалыстың маңызын сипаттау (тропизмдер, таксистер);</p> <p>7.1.6.2 жарықтың өсімдіктердің өсуі мен дамуына әсерін түсіндіру;</p> <p>7.1.6.3 өсімдіктердегі фотопериодизм ролін сипаттау;</p> <p>7.1.6.4 омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың қозғалыс мүшелерін салыстыру</p>	<p>қызметтерін сипаттау;</p> <p>8.1.6.2 сүйектің химиялық құрамын, макро және микроскопиялық құрылысын зерттеу;</p> <p>8.1.6.3 сүйектердің байланыс түрлерін салыстыру;</p> <p>8.1.6.4 буынның әр түрлі типтерінің құрылысы мен олардың қызметтері арасындағы байланысты орнату;</p> <p>8.1.6.5 бұлшық ет ұлпасының қызметтері түрлері мен олардың қызметтерін сипаттау;</p> <p>8.1.6.6 адам бұлшық еттерінің құрылысы мен бұлшықет топтарын оқып тану ;</p> <p>8.1.6.7 гиподинамия салдарын атау;</p> <p>8.1.6.8 сымбаттың бұзылуы және жалпақ жалпақтабандылықтың пайда болу себептерін анықтау</p>		<p>10.1.6.1 қол бұлшықетінің күштің төзімділігін және максималды бұлшықет күшін зерттеу;</p> <p>10.1.6.2 бұлшықет жұмысының жиілігіне байланысын зерттеу ;</p>
	<p>7.1.7.1 жануарлардың жүйке жүйесінің типтерін салыстыру ;</p> <p>7.1.7.2 жүйке жүйесінің қызметі мен құрылымдық компонентерін атау;</p> <p>7.1.7.3 жүйке жасушасының құрылымдық бөліктерін анықтау</p> <p>7.1.7.4 орталық жүйке жүйесі бөлімдерінің</p>	<p>8.1.7.1 көруді қабылдау ерекшеліктерін зерттеу және көру гигиенасы ережелерін сипаттау ;</p> <p>8.1.7.2 дыбысты қабылдау ерекшеліктерін зерттеу және есту мүшелерінің гигиенасы ережелерін сипаттау ;</p>		<p>10.1.7.1 жүйке жүйесінің құрылымы мен қызметі арасындағы байланысты орнату;</p> <p>10.1.7.2 жүйке ұлпалары қызметі мен оның</p>

7. Координация және реттелу	<p>құрылысы мен қызметін салыстыру;          ;          7.1.7.5 рефлекстік доғаны зерттеу;          7.1.7.6 мінез-құлықтың рефлекторлық табиғатын түсіндіру;          ;          7.1.7.7 вегетативті жүйке жүйесінің қызметін сипаттау;          7.1.7.8 ағзаның тіршілік әрекетін қалпына келтіру және тынығуы үшін ұйқының маңызын түсіндіру;          7.1.7.9 жақсы психикалық денсаулықты сақтаудың принциптерін сипаттау;          7.1.7.10 жүйке жүйесінің қызметіне алкоголь, шылым және есірткілік заттардың әсерін түсіндіру</p>	<p>8.1.7.3 көру және есту рецепторларының құрылымы мен қызметін сәйкестендіру;          8.1.7.4 эндокикринді, экзокринді және аралас бездердің орналасқан жерлерін анықтау;          8.1.7.5 бездердің негізгі қызметтерін түсіндіру;          8.1.7.6 эндокриндік бездер қызметінің бұзылуынан туындаған ауруларды атау;          8.1.7.7 терінің сезімталдығын зерттеу;          8.1.7.8 жылықанды жануарлардың дене температураны сақтаудағы терінің ролін сипаттау</p>	<p>құрылымдық бөлшектерін талдау;          10.1.7.3 жүйке импульстерінің пайда болу және өтуін сипаттау;          10.1.7.4 нейрогуморальдық реттелу механизмін түсіндіру;          10.1.7.5 ағзаның ішкі орта тұрақтылығын сақтау механизмін түсіндіру;          10.1.7.6 өсу заттарының өсімдіктер тіршілігіне әсерін талдау</p>
-----------------------------	---	--	---

2) 2-бөлім "Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық даму":  
 2-кесте

Бөлімшелер	Оқу мақсаттары			
	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып
2.1 Көбею		<p>8.2.1.1 өсімдіктердің жынысты жіне жыныссыз көбею тәсілдерін сипаттау;          8.2.1.2 өсімдіктердің вегетативті көбею тәсілдерін салыстыру;          8.2.1.3 айқас тозандану мен</p>	<p>9.2.1.1 жануарлардың көбею тәсілдерін салыстыру;          9.2.1.2 мүктер мен қырықжапырақтардың мысалында жынысты және жыныссыз ұрпақтарының</p>	<p>10.2.1.1 адамның жыныс жүйесінің құрылысын сипаттау;          10.2.1.2 аталық және аналық жыныс жасушаларының құрылыс ерекшеліктерін зерттеу;          10.2.1.3 жыныстық жетілу кезеңіндегі екінші реттік жыныстық белгілердің дамуын сипаттау;</p>

		өздігінен тозандандудың салыстырмалы артықшылықтарын сипаттау 8.2.1.4 гүлді өсімдіктердегі айқас тозандану маңызын түсіндіру	ерекшеліктерін түсіндіру; 9.2.1.3 ашық тұқымды және жабық тұқымды өсімдіктердің тіршілік циклінің ерекшеліктерін түсіндіру	10.2.1.4 менструалдық цикл мен экстроген және прогестеронның маңызын сипаттау; 10.2.1.5 контрацепцияның маңызы мен түрлерін түсіндіру; 10.2.1.6 жыныстық жолмен таралатын аурулардың салдары мен алдын алу шараларын түсіндіру
2.2 Жасушалық айналым		8.2.2.1 әртүрлі ағзалар түрлеріндегі хромосомалардың санын салыстыру; 8.2.2.2 соматикалық және жыныс жасушаларындағы хромосомалар сандарын атау	9.2.2.1 тірі ағзалардың өсуі мен дамуы үшін митоз бен мейоздың маңызын түсіндіру	10.2.2.1 жасушалық айналымның интерфаза кезеңіндегі жүретін үдерістерді түсіндіру; 10.2.2.2 митоздың кезеңдерін сипаттау ; 10.2.2.3 мейоз кезеңдерін сипаттау ; 10.2.2.4 митоз бен мейоз үдерісін салыстыру
2.3 Өсу және даму		8.2.3.1 ағзалардың өсу мен даму үдерістерін сипаттау; 8.2.3.2 өсімдіктердің ұзарып және жуандап өсу үдерісін зерттеу; 8.2.3.3 өсімдіктер мен жануарлардың онтогенез кезеңдерін ажырату; 8.2.3.4 жануарлардың онтогенезіндегі тура және түрленіп даму типтерін салыстыру	9.2.3.1 эмбрионалдық даму кезеңдерін сипаттау; 9.2.3.2 әр түрлі ұрық жапырақшаларынан қалыптасқан мүшелер мен ұлпалар дифференциасын сипаттау	10.2.3.1 ұрықтың дамуындағы плацентаның маңызын түсіндіру; 10.2.3.2 ұрық пен эмбрионның дамуын салыстыру; 10.2.3.3 адам ұрығының дамуына шылым шегу, алкоголь мен басқа есірткілер әсерінің салдарын түсіндіру
				10.2.4.1 генетиканың дамуымен қалыптасуындағы Мендель

<p>2.4 Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары</p>		<p>8.2.4.1 адам ағзасындағы тұқым қуалайтын және тұқым қуаламайтын белгілерді зерттеу; 8.2.4.2 үздік және үздіксіз өзгергіштікке мысал келтіру; 8.2.4.3 белгілерді анықтаудағы гендердің рөлін түсіндіру; 8.2.4.4 хромосомадағы генетикалық ақпарат ДНК-ның маңызын түсіндіру</p>	<p>9.2.4.1 эволюциядағы тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің рөлін дәлелдеу; 9.2.4.2 организмдердің селекциясы үшін жасанды іріктеудің мәнін сипаттау; 9.2.4.3 мәдени өсімдіктер мен үй жануарларының шығу орталықтарын білу; 9.2.4.4 маңызды мәдени өсімдіктердің сорттарын және үй жануарларының тұқымдарын сипаттау</p>	<p>зерттеулерінің рөлін бағалау; 10.2.4.2 моногибридті будандастырудың цитологиялық негіздерін тұжырымдау және моногибридті будандастыруға есептер шығару; 10.2.4.3 дигибридті будандастырудың цитологиялық негіздерін негіздерін дәлелдеу және есептер шығару; 10.2.4.4 толық және толымсыз доминаттылықты салыстыру 10.2.4.5 талданатын будандастырудың мәнін бағалау 10.2.4.6 жынысты анықтау теориясын сипаттау; 10.2.4.7 жынысты анықтаудағы хромосомалардың рөлін түсіндіретін сызба құру 10.2.4.8 адамның қан тобын анықтау және мұрагерлік механизмін түсіндіру 10.2.4.9 адам генетикасын зерттеудің негізгі әдістерін сипаттау; 10.2.4.10 генеалогиялық ағашты құрастыру</p>
				<p>10.2.5.1КЛинней мен Ж.Б. Ламарк еңбектерінің негізгі қағидаларын оқып зерттеу; 10.2.5.2 эволюциялық</p>

2.5 Эволюция-лық даму мен селекция негіздері			ілімнің қалыптасуындағы Ч. Дарвин еңбектерінің рөлін түсіндіру; 10.2.5.3 эволюцияның қозғаушы күштерін сипаттау; 10.2.5.4 ағзалардың бейімделушілігіндегі табиғи сұрыпталудың рөлін сипаттау; 10.2.5.5 түрдің құрылымы мен критерийлерін сипаттау; 10.2.5.6 түр түзілу үдерісін түсіндіру; 10.2.5.7 Жердегі тіршіліктің дамуының негізгі кезеңдерін атау
--	--	--	---

### 3) 3-бөлім "Тірі ағзалар және қоршаған орта":

#### 3-кесте

Бөлімшелер	Оқу мақсаттары			
	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып
	7.3.1.1 жергілікті жер экожүйесі қоршаған орта		9.3.1.1 экожүйелердің жалпы құрылымының сызбасын жасау; 9.3.1.2 су және құрлық экожүйелерін салыстыру; 9.3.1.3 популяцияның негізгі қасиеттерін және құрылымдық ерекшеліктерін сипаттау; 9.3.1.4 ағзалардың түрлі тірі қалу тәсілдерін зерттеу; 9.3.1.5 жыртқыш-құрбан қарым-қатынасы мысалында	

<p>3.1 Биосфера, экожүйе, популяция</p>	<p>факторларының тірі ағзаларының тіршілік әрекеті мен таралуына әсерін зерттеу;  7.3.1.2 табиғи қоректік тізбектерді салыстыру;  7.3.1.3 қоректік тізбекті және қоректік торларды құру;  7.3.1.4 экологиялық сукцессия үдерісін сипаттау</p>		<p>популяция санының өзгеру себептерін орнату;  9.3.1.6 тірі ағзалардың өзара қарым-қатынас түрлерін сипаттау;  9.3.1.7 тірі ағзалардың қоршаған ортаның өзгермелі жағдайларына бейімделу механизмдерін түсіндіру;  9.3.1.8 популяция өсімінің экспоненциалдық және сигмоидтік үлгілерінің қисық сызықтарының графиктерін талдау;  9.3.1.9 энергия ағымының тиімділігін есептеу;  9.3.1.10 энергия, биомасса және с а н д а р пирамидаларын салыстыру;  9.3.1.11 азот пен көміртегі айналымының табиғаттағы сызбасын құру</p>	
	<p>7.3.2.1 адам мен экожүйе арасындағы қарым-қатынастарды сипаттау;  7.3.2.2 экожүйеге жағымсыз әсер ететін адам тіршілігінің шаруашылық салаларынан мысалдар келтіру;</p>		<p>9.3.2.1 биологиялық әртүрлілікті сақтаудың және қолдауды қажеттіктің себептерін негіздеу;  9.3.2.2 Дүниежүзілік Тұқым қорының маңызын бағалау;  9.3.2.3 Қазақстан аумағындағы экологиялық проблемалардың туындау себептері мен оларды шешу жолдарын түсіндір;</p>	

3.2 Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері	7.3.2.3 Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың өсімдіктері мен жануарларын сипаттау; 7.3.2.4 Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жергілікті өңірдің жануарлары мен өсімдіктеріне мысал келтіру		9.3.2.4 пайдалы қазбалар өндірудің және қайта өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру; 9.3.2.5 пестицидтерді пайдаланудың, қоршаған ортаға мен адам денсаулығы әсерін түсіндіру; 9.3.2.6 жылыжай эффектісінің тірі ағзаларға әсерін түсіндіру; 9.3.2.7 озон қабатының бұзылуының себептері мен салдарын түсіндіру	
---	---	--	---	--

#### 4) 4-бөлім"Қолданбалы интеграцияланған ғылымдар":

##### 4-кесте

Бөлімшелер	Оқу мақсаттары			
	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып
4.1 Молекулалық биология мен биохимия	7.4.1.1 судың қасиеті мен тірі ағзалар тіршілігі үшін маңызын сипаттау; 7.4.1.2 тірі ағзалар тіршілік әрекеті үшін микро- және макроэлементтердің ролін сипаттау; 7.4.1.3 азық-түліктер құрамындағы нәруыз, май, көмірсулардың бар болуын дәлелдеу; 7.4.1.4 минералды тыңайтқыштардағы азот, калий және фосфордың өсімдіктер үшін маңызын білу	8.4.1.1 биологиялық мысалдарды пайдаланып полимерлер мен мономерлер арасындағы айырмашылықты сипаттау; 8.4.1.2 көмірсулар мен липидтердің биологиялық қызметтерін сипаттау; 8.4.1.3 нәруыздардың қасиеттері мен биологиялық қызметтерін сипаттау	9.4.1.1 ферменттердің әсер ету механизмін түсіндіру;	10.4.1.1 ферменттің әрекет ету механизмін оқып тану; 10.4.1.2 дезоксирибонуклеин қышқылымолекуласының қосшыыршықты құрылымын сипаттау; 10.4.1.3 дезоксирибонуклеин қышқылының құрылымдық қағидалары негізінде үлгілеу
	7.4.2.1 жасуша, ұлпа, мүше, мүшелер	8.4.2.1 өсімдік және жануар ұлпаларын жіктеу;	9.4.2.1 өсімдік және жануар жасушаларының негізгі бөліктерінің	



4.2 Жасушалық биология	жүйесі ұғымдарын түсіндіру; 7.4.2.2 жануарлар және өсімдіктер жасушаларын ажырату	8.4.2.2 прокариот және эукариот жасушаларының құрылысын салыстыру	құрылысы мен қызметін түсіндіру; 9.4.2.2 микросуретті қолданып жасушаның сызықтық ұлғаюын есептеу	
4.3 Микробиология және биотехнология		8.4.3.1 протозоа, саңырауқұлақтар, бактериялар, вирустар тудыратын аурулардың ерекшеліктері және олардың алдын-алу шаралары 8.4.3.2 ірімшік және йогурт өндірісін зерттеу; 8.4.3.3 антибиотиктер, антисептиктер мен залалсыздандыру өнімдерінің қолданылуын сипаттау; 8.4.3.4 вирустардың тіршіліктің жасушасыз формасы екендігін түсіндіру	9.4.3.1 қарапайымдылар, бактериялар, саңырауқұлақтар, вирустармен туындайтын аурулардың ерекшеліктері мен алдын алу шараларын сипаттау	10.4.3.1 инсулин өндіру мысалында биотехнологиялық үдерістің жалпы сызбасын сипаттау; 10.4.3.2 биотехнологияда өндірілетін өнімдерге мысал келтіру
4.4 Биофизика		8.4.4.1 тік жүруге байланысты адам қозғалуының биомеханикалық ерекшеліктерін білу		10.4.4.1 тірі ағзалардағы электрлі үдерістерді зерттеу; 10.4.4.2 "компьютер-ми-интерфейс" технологиясының ерекшеліктерін зерттеу

26. Бағдарлама көрмейтін және нашар көретін бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10-сыныптары үшін "Биология" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда әр бөлімде жүзеге асатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

27. Бөлім мен тақырыптарды зерттеуге сағаттарды бөлу мұғалімнің қалауы бойынша беріледі.

Негізгі орта білім беру  
деңгейінің 7-10-сыныптарына  
арналған "Биология" оқу

**Көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің  
7-10 сыныптары үшін "Биология" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу  
бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

1) 7-сынып:

1-кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Тақырыптар / Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны /	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
Экожүйелер	Ортаның экологиялық факторлары : абиотикалық (температура, жарық, рН, ылғалдылық) биотикалық (микроағзалар, жануарлар, өсімдіктер). Зертханалық жұмыс: "Жергілікті жердің экожүйелерін зерттеу ( мектеп ауласы мысалында)"	7.3.1.1 жергілікті жер экожүйесі қоршаған орта факторларының тірі ағзаларының тіршілік әрекеті мен таралуына әсерін зерттеу;
	Қоректік тізбектер және қоректік торлар. Модельдеу "Қоректік тізбек пен торды құру"	7.3.1.2 табиғи қоректік тізбектерді салыстыру; 7.3.1.3 қоректік тізбекті және қоректік торларды құру;
	Экологиялық сукцессиялар: бірінші және екінші реттік сукцессиялар. Экожүйелердің алмасуы.	7.3.1.4 Экологиялық сукцессия үдерісін сипаттау
	Адам экожүйенің бір бөлігі ретінде. Антропогендік фактор	7.3.2.1 адам мен экожүйе арасындағы қарым-қатынастарды сипаттау
	Адам әрекеттерінің экожүйеге жағымсыз әсері	7.3.2.2 экожүйеге жағымсыз әсер ететін адам тіршілігінің шаруашылық салаларынан мысалдар келтіру
	Қазақстанда ерекше қорғалатын аймақтар. Жергілікті жердің ерекше қорғалатын аймақтары	7.3.2.3 Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың өсімдіктері мен жануарларын сипаттау
	Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы. Жергілікті өңірдің ҚР Қызыл кітабына енгізілген жануарлары мен өсімдіктері	7.3.2.4 Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жергілікті өңірдің жануарлары мен өсімдіктеріне мысал келтіру
	Тірі ағзалардың бес патшалығына жалпы сипаттама: прокариоттар, протисталар, саңырауқұлақтар, өсімдіктер, жануарлар. Өсімдіктер	

Тірі ағзаларды жүйелеу	мен жануарлардың негізгі жүйелік топтары: Патшалықтар. Типтер. Бөлімдер. Кластар. Өсімдіктер мен жануарларды жүйелеудің маңызы	7.1.1.1 жүйелеудің маңызын түсіндіру 7.1.1.2 жүйеленуде тірі ағзалардың орнын анықтау
	Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың сыртқы құрылысындағы ерекшеліктер	7.1.1.3 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың құрылысының айырмашылық белгілерін сипаттау
	Дихотомиялық әдіс. Дихотомиялық кілттерді қолдану	7.1.1.4 жекелеген ағзаларға қарапайым дихотомиялық кілттерді қолдану
2-тоқсан		
Жасушалық биология Су және органикалық заттар	Жасуша, ұлпа, мүше, мүшелер жүйесі түсініктері. Өсімдіктер және жануарлар жасушаларын салыстыру. Жарық микроскобынан көрінетін жасуша құрылымдары: пластидтер, вакуоль, ядро, цитоплазма, жасушалық мембрана, жасушалық қабырға	7.4.2.1 жасуша, ұлпа, мүше, мүшелер жүйесі ұғымдарын түсіндіру; 7.4.2.2 жануарлар және өсімдіктер жасушаларын ажырату
	Судың қасиеттері: беттік керілу, судың қозғалысы, еріткіштігі, қайнау және балқу температурасы, жылусыйымдылығы. Судың биологиялық маңызы және оның еріткіш ретіндегі, температураны сақтау мен реттеудегі ролі. Зертханалық жұмыс "Судың тірі ағзалар үшін маңызы мен қасиеттерін зерттеу". Микро- (мырыш, темір, селен, фтор) және макроэлементтердің (магний, кальций, калий, фосфор) тірі ағзалардың тіршілік әрекеті үшін маңызы	7.4.1.1 судың қасиеті мен тірі ағзалар тіршілігі үшін маңызын сипаттау; 7.4.1.2 тірі ағзалар тіршілік әрекеті үшін микро- және макроэлементтердің ролін сипаттау
	Азық-түліктердегі органикалық заттар: нәруыздар, майлар, көмірсулар. Зертханалық жұмыс "Азық-түліктерде көмірсулар, нәруыздар және майлардың бар болуын зерттеу"	7.4.1.3 азық-түліктер құрамындағы нәруыз, май, көмірсулардың бар болуын дәлелдеу
	Өсімдіктерде макроэлементтердің тапшылығы (азот, калий, фосфор.) . Тыңайтқыштар: органикалық және минералдық (азотты, калийлі және фосфорлы)	7.4.1.4 минералды тыңайтқыштардағы азот, калий және фосфордың өсімдіктер үшін маңызын білу
	Заттар тасымалдануының тірі ағзалардың тіршілік әрекеті үшін маңызы. Заттардың	7.1.3.1 тірі ағзалардағы қоректік заттардың тасымалының маңызын түсіндіру

Заттардың тасымалдануы	тасымалдануына қатысатын тірі ағзалардың мүшелері мен мүшелер жүйесі	7.1.3.2 өсімдіктерде қоректік заттардың тасымалына қатысатын мүшелерді танып білу
	Сабақ және тамыр. Сабақтың ішкі құрылысы: қабық, камбий, сүрек, өзек. Тамыр аймақтары: бөліну, өсу, сору және өткізу аймақтары. Тамырдың ішкі құрылысы: флоэма, ксилема, камбий. Зертханалық жұмыс "Сабақтың ішкі құрылысын зерттеу". Зертханалық жұмыс "Тамыр аймақтарын зерттеу"	7.1.3.3 сабақ пен тамырдың ішкі құрылысын зерттеу 7.1.3.4 сабақ және тамырдың құрылысы мен қызметтерінің өзара байланысын сипаттау
	Жануарлардағы қанайналым мүшелері: буылтық құрттар, ұлулар, буынаяқтылар және омыртқалылар.	7.1.3.5 ксилема мен флоэма элементтерінің құрылысын салыстыру
	Жануарлардың қайналым мүшелері: сақиналы құрттар, моллюскалар, буынаяқтылар мен омыртқалылардың	7.1.3.6 жануарлар мен өсімдіктерде заттар тасымалына қатысатын мүшелерді танып білу
Тірі ағзалардың қоректенуі	Жапырақтың құрылысы мен қызметі. Жапырақтың ішкі құрылысы. Лептесік. Жапырақ фотосинтездеуші негізгі арнайы мүше. Судың булануы мен газдардың алмасуы	7.1.2.1 жапырақтың ішкі құрылысын сипаттау және құрылысы мен оның қызметі арасындағы өзара байланысты түсіндіру
	Фотосинтезге қажетті жағдайлар. Зертханалық жұмыс "Фотосинтез үдерісіне қажетті жағдайларды зерттеу"	7.1.2.2 фотосинтез үдерісі үшін қажетті жағдайларды зерттеу
3-тоқсан		
Тыныс алу	Өсімдіктер мен жануарлар үшін тыныс алудың маңызы. Тыныс алу - энергия көзі. Тыныс алу типтері: анаэробты және аэробты. Анаэробты және аэробты тыныс алуды салыстыру: оттегінің қатысуымен/қатысынсыз, статикалық/динамикалық жұмыс, жылықанды/суыққанды жануарлар	7.1.4.1 тірі ағзалар үшін тыныс алудың маңызын сипаттау 7.1.4.2 анаэробты және аэробты тыныс алу типтерін ажырату
	Өсімдіктердің тыныс алуы. Тұқымның немесе өскіндердің тыныс алуы мысалында Зертханалық жұмыс "Өсімдіктердің тыныс алуын зерттеу"	7.1.4.3 өсімдіктердің тыныс алу үдерісін сипаттау
	Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүшелері (бунақденелілердің	

	демтүтік-тері, балықтарының желбезектері, құстардың және сүтқоректілердің өкпесі). Модельдеу "Омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың тынысалу жүйесі мүшелерін салыстыру"	7.1.4.4 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүшелерінің құрылымы
	Тынысалу мүшелері. Адамның тынысалу жолдарының құрылысы мен газалмасу мүшелері	7.1.4.5 адамның тыныс алу мүшелері құрылысының ерекшеліктерін танып білу (адам тыныс алу мүшелерінің макетін пайдалану)
	Тыныс алу мүшелерінің аурулары. Тыныс алу мүшелерінің ауруларының себептері мен алдын алу жолдары (өкпе обыры, астма, бронхит, туберкулез, тұмау)	7.1.4.6 тыныс алу мүшелері ауруларының себептері мен олардың алдын алу жолдарын түсіндіру
Бөліп шығару	Бөліп шығарудың тірі ағзалар үшін маңызы. Жануарлардағы бөліп шығару өнімдері. Зат алмасудың соңғы өнімдері	7.1.5.1 ағзалардың тіршілік әрекетіндегі бөліп шығарудың маңызын сипаттау
	Өсімдіктердегі бөліп шығару өнімдері: тыныс алу мен фотосинтездің бастапқы және соңғы өнімдері. Зертханалық жұмыс "Өсімдіктердің тынысалу ерекшеліктерін өскіндер мысалында зерттеу"	7.1.5.2 өсімдіктердегі бөліп шығару ерекшеліктерін зерттеу
	Жануарлардың бөліп шығару жүйелері. Жануарлардың бөліп шығару жүйелерінің құрылысын салыстыру	7.1.5.3 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың бөліп шығару жүйелерінің құрылысын салыстыру
4-тоқсан		
Қозғалыс	Өсімдіктердің қозғалысы. Қозғалыстың өсімдіктер тіршілігіндегі маңызы. Өсімдіктердің қозғалу тәсілдері (тропизмдер, таксистер, өсу қозғалыстары). Өсімдіктердің өсуі мен дамуына жарықтың әсері. Жарықтың түсу деңгейіне қарай өсімдіктердің бейімделуі. Фотопериодизм күннің жарық түсу ұзақтығына ағзалардың бейімделуі	7.1.6.1 тірі ағзалардың қозғалу себептерін түсіндіріп, қозғалыстың маңызын сипаттау (тропизмдер, таксистер) 7.1.6.2 жарықтың өсімдіктердің өсуі мен дамуына әсерін түсіндіру 7.1.6.3 өсімдіктердегі фотопериодизм ролін сипаттау
	Жануарлардың қозғалыс мүшелері . Тірі ағзалардағы қозғалыстың рөлі. Жануарлардың қозғалу тәсілдеріне мысалдар. Жануарлардың мекен ортасы мен қозғалыстәсілдері арасындағы байланыстарды анықтау	7.1.6.4 омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың қозғалыс мүшелерін салыстыру

Координация және реттелу	Жүйке жүйесінің типтерін салыстыру: диффузиялы, сатылы, түйнекті, түтіктәрізді.	7.1.7.1 жануарлардың жүйке жүйесінің типтерін салыстыру
	Жүйке жүйесінің құрам бөліктері. Жүйке жүйесінің қызметі. Нейронның құрылысы: денесі, дендриттер, аксон. Нейронның қызметтері	7.1.7.2 жүйке жүйесінің қызметі мен құрылымдық компонентерін атау; 7.1.7.3 жүйке жасушасының құрылымдық бөліктерін анықтау
	Жүйке жүйесінің орталық және шеткі бөлімдері. Жұлын. Ми. Ми бөлімдерінің құрылысы мен қызметтері: сопақша ми, артқы (ми көпірі, мишық), орталық және аралық ми. Үлкен ми сыңарлары	7.1.7.4 орталық жүйке жүйесі бөлімдерінің құрылысы мен қызметін салыстыру
	Рефлекстік доға: рецептор, сезгіш, аралық, қозғалыс нейрондары, жұмыс мүшесі. Зертханалық жұмыс "Тізе рефлексі"	7.1.7.5 рефлекстік доғаны зерттеу
	Мінез-құлықтың рефлекторлық табиғаты: шартсыз және шартты рефлексдер. Шартты рефлексдердің сөнуі	7.1.7.6 мінез-құлықтың рефлекторлық табиғатын түсіндіру
	Ішкі мүшелер жұмысының жүйкелік реттелуі	7.1.7.7 вегетативті жүйке жүйесінің қызметін сипаттау
	Адам ағзасы үшін ұйқының маңызы. Биологиялық ритмдер. Ұйқының кезеңдері: баяу және жылдам ұйқы. Жұмысқа қабілеттілік Күн тәртібі. Оқу еңбегі мен дене еңбегінің гигиенасы. Күйзеліс. Күйзеліс жағдайларымен күрес және олардың алдын алу әдістері	7.1.7.8 ағзаның тіршілік әрекетін қалпына келтіру және тынығуы үшін ұйқының маңызын түсіндіру 7.1.7.9 жақсы психикалық денсаулықты сақтаудың принциптерін сипаттау
	Жүйке жүйесінің қызметіне алкоголь, темекі, және наркотикалық заттардың әсері	7.1.7.10 жүйке жүйесінің қызметіне алкоголь, шылым және есірткілік заттардың әсерін түсіндіру

## 2) 8-сынып

### 2-кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімдері	Тақырыптары/ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
	Адамда белгілердің тұқым қуалауында гендердің рөлі. Алынған және тұқым қуалайтын белгілер. Хромосомаларды ұйымдастыру. Генетикалық материалды сақтаушы және тасымалдаушы ретінде ДНҚ	8.2.4.1 адам ағзасындағы тұқым қуалайтын және тұқым қуаламайтын белгілерді зерттеу; 8.2.4.2 үздік және үздіксіз өзгергіштікке мысал келтіру; 8.2.4.3 белгілерді анықтаудағы гендердің рөлін түсіндіру;

<p>Тұқым қуалаушылық және өзгергіштік</p>	<p>туралы түсінік. Модельдеу "Адам ағзасының тұқым қуалайтын және тұқым қуаламайтын белгілерін зерттеу"</p> <p>Организмдердің әртүрлі түрлеріндегі хромосомалардың саны. Соматикалық және жыныстық жасушалар. Гаплоидті, диплоидті хромосомалардың жинағы</p>	<p>8.2.4.4 хромосомадағы генетикалық ақпарат ДНК-ның маңызын түсіндіру</p> <p>8.2.2.1 әртүрлі ағзалар түрлеріндегі хромосомалардың санын салыстыру;</p> <p>8.2.2.2 сомалық және жыныс жасушаларындағы хромосомалар сандарын атау</p>
<p>Көбею. Өсу және даму</p>	<p>Өсімдіктердің жынысты және жыныссыз көбеюі. Өсімдіктердің жынысты және жыныссыз көбеюінің биологиялық маңызы</p> <p>Өсімдіктердің вегетативті жолмен көбеюі, оның түрлері және табиғаттағы биологиялық маңызы. Өсімдік өсіруде вегетативті жолмен көбею тәсілдерін қолдану. Қалемшелеу, сұлатпа өркен, телу (қалемшелермен, көзшелермен), ұлпаларымен көбею. Зертханалық жұмыс: "Өсімдіктердегі вегетативті көбею тәсілдері"</p> <p>Гүл құрылысы. Тозаңдану түрлері. Гүлдеу және тозаңдану. Тозаңдану түрлері (өздігінен, айқас, жасанды). Өсімдіктердегі ұрықтану туралы түсінік және зиготаның түзілуі. Қосарлы ұрықтану. Қосарлы ұрықтанудың биологиялық маңызы</p> <p>Ағзалардың жеке дамуы түсінігі. Өсімдіктер мен жануарлардағы онтогенез кезеңдері. Бөліну, өсу, көбею, қартаю. Өсімдіктердің өсуі. Сабақтың ұзарып және жуандап өсуі. Камбийдің рөлі. Жылдық сақиналар. Зертханалық жұмыс: "Жылдық сақинаны санау".</p> <p>Жануарлардағы тура және түрленіп даму онтогенез типтері. Бунақденелілердің шала және толық түрленіп дамуына мысалдар. Жануарлардағы онтогенез типтерін салыстыру</p>	<p>8.2.1.1 өсімдіктердің жынысты және жыныссыз көбею тәсілдерін сипаттау</p> <p>8.2.1.2 өсімдіктердің вегетативті көбею тәсілдерін салыстыру</p> <p>8.2.1.3 айқас тозаңдану мен өздігінен тозаңданудың салыстырмалы артықшылықтарын сипаттау;</p> <p>8.2.1.4 гүлді өсімдіктердегі айқас тозаңдану маңызын түсіндіру</p> <p>8.2.3.1 ағзалардың өсу мен даму үдерістерін сипаттау;</p> <p>8.2.3.2 өсімдіктердің ұзарып және жуандап өсу үдерісін зерттеу</p> <p>8.2.3.3 өсімдіктер мен жануарлардың онтогенез кезеңдерін ажырату;</p> <p>8.2.3.4 жануарлардың онтогенезіндегі тура және түрленіп даму типтерін салыстыру</p>
	<p>Бактериялардың формаларының әртүрлілігі. Бактериялардың таралуы. Зертханалық жұмыс: "Пішен таяқшасының сыртқы</p>	

Микробиология және биотехнология	пішінін қарастыру". Бұршақ тұқымдастардың тамырындағы түйнек бактериялары	8.4.3.1 бактериялар формаларының әртүрлілігін сипаттау
	Бактерияларды пайдалану. Табиғаттағы және адам өміріндегі бактериялардың маңызы. Зертханалық жұмыс: "Өндірісте йогурт және ірімшік жасауды зерттеу"	8.4.3.2 ірімшік және йогурт өндірісін зерттеу
	Патогендермен күрес тәсілдері. Бактериялардың антибиотиктерге тұрақтылығы. Зертханалық жұмыс : "Антибиотиктер, антисептиктер және залалсыздандыру өнімдерін қолдануды зерттеу"	8.4.3.3 антибиотиктер, антисептиктер мен залалсыздандыру өнімдерінің қолданылуын сипаттау
	Вирустар. Жасушасыз құрылым иелері вирустардың құрылыс ерекшеліктері	8.4.3.4 вирустардың тіршіліктің жасушасыз формасы екендігін түсіндіру
2-тоқсан		
Жасушалық биология	Жасуша – тірі ағзалардың құрылымдық негізгі өлшем бірлігі . Прокариот және эукариот жасушалардың құрылысы: ядроның болуы және орналасуы, жасуша қабырғасы, жасуша мембранасы, пластидтер, митохондрия, рибосомалар, Гольджи аппараты, вакуоль	8.4.2.2 прокариот және эукариот жасушаларының құрылысын салыстыру
	Өсімдік ұлпаларының әртүрлілігі: түзуші, жабын, негізгі, өткізгіш, механикалық, бөліп шығарушы ұлпа. Жануар ұлпаларының әртүрлілігі: эпителий, дәнекер, бұлшық ет, жүйке. Зертханалық жұмыс: "Өсімдіктер ұлпаларын жіктеу". Зертханалық жұмыс: "Жануарлар ұлпаларын жіктеу"	8.4.2.1 өсімдік және жануар ұлпаларын жіктеу
Молекулалық биология	Жасушаның құрамындағы органикалық заттар. Мономерлер мен полимерлер арасындағы айырмашылық	8.4.1.1 биологиялық мысалдарды пайдаланып полимерлер мен мономерлер арасындағы айырмашылықты сипаттау
	Көмірсулар – энергия көзі. Глюкоза, сахароза, гликоген, крахмал, жасунық пен хитиннің маңызы және қызметтері.. Липидтердің қасиеттері мен қызметі. Липидтердің әртүрлілігі: майлар, фосфолипидтер, балауыз	8.4.1.2 көмірсулар мен липидтердің биологиялық қызметтерін сипаттау
	Нәруыздар, қасиеттері мен қызметтері	8.4.1.3 нәруыздардың қасиеттері мен биологиялық қызметтерін сипаттау



Тірі ағзалардың көп түрлілігі	Зертханалық жұмыс: "Өсімдіктер бөлімдеріндегі ерекшелік белгілерді анықтау: балдырлар, мүктәрізділер, қырықжапырақтәрізділер, ашық тұқымдылар және жабық тұқымдылар"	8.1.1.1 балдырлар мүктәрізділер, қырықжапырақ тәріздестер, ашықтұқымдылар және жабықтұқымдылар мысалында өсімдіктердің ерекшеліктерін сипаттау
	Саңырауқұлақтар патшалығы. Зең саңырауқұлағы: мукор, пеницилл. Біржасушалы саңырауқұлақтар – ашытқы. Көпжасушалы саңырауқұлақтар. Қалпақшалы саңырауқұлақтар. Жеуге жарамды және улы саңырауқұлақтар	8.1.1.2 саңырауқұлақтардың ерекшелік белгілерін сипаттау
	Зертханалық жұмыс: "Дара жарнақты және қосжарнақтылар өсімдіктер кластарының белгілерін зерттеу". Буынаяқтылар типі. Хордалылар типі. Сыртқы белгілеріне қарай салыстырмалы сипаттама. Демонстрация "Хордалы жануарлар мен буынаяқтылардың ерекшелік белгілерін анықтау"	8.1.1.3 даражарнақты және қосжарнақты өсімдіктер кластарын негізгі белгілеріне қарай ажырату
	Буынаяқтылар типі. Хордат типі. Сыртқы белгілері бойынша салыстырмалы сипаттамалар. "Буынаяқтылар мен хордалылар кластарының айрықша белгілерін анықтау" демонстрациясы	8.1.1.4 буынаяқтылар мен хордалы жануарлар кластарын ерекше белгілері бойынша тану
Қоректену	Жауын құртының, сиырдың және адамның ас қорыту жүйесінің құрылысы. Модельдеу "Адамның, сиырдың және жауынқұртының" асқорыту жүйесінің құрылысын салыстыру	8.1.2.1 омыртқасыздар, күйіс қайыратын жануарлар мен адамның ас қорыту жүйесінің құрылысын салыстыру
	Тістің құрылысы мен қызметі, сүт тістердің тұрақты тістерге ауысуы. Тіс гигиенасы. Адамның ас қорыту жолдарының құрылысы. Ас қорыту бездері. Ас қорыту мүшелерінің қызметі	8.1.2.2 әр түрлі тістердің құрылымының олардың функцияларымен байланысын, стоматологиялық күтім ережелерін сипаттау; 8.1.2.3 адамның ас қорыту жүйесінің құрылысы мен қызметтері арасындағы өзара байланысты түсіндіру
	Тамақтану гигиенасы. Асқорыту мүшелерінің жұқпалы аурулары және олардың алдын алу. Тағамнан уланудың алдын алу. Алғашқы жәрдем шаралары. Ішек құрт ауруларының алдын алу	8.1.2.4 ас қорыту жолы ауруларының себептерін және астан улану белгілерін анықтау

	<p>Дәрумендер және олардың маңызы. Суда еритін және майда еритін дәрумендер. Дәрумендердің тәуліктік мөлшері. Авитаминоз, гиповитаминоз және гипервитаминоз. Ақшам соқыр (А авитаминозда), бери-бери ауруы (В1 авитаминозда), қырқұлак (С авитаминозда), мешел аурулары (Д авитаминозда). Зертханалық жұмыс: "Тағамдық заттар құрамынан С дәруменді анықтау"</p>	<p>8.1.2.5 адам ағзасындағы дәрумендердің маңыздылығын сипаттау; 8.1.2.6 құрамында дәрумендердің маңызды мөлшері бар азық-түліктер тізімін жасау; 8.1.2.7 азық-түлік құрамындағы С дәруменін анықтау</p>
3-тоқсан		
Заттардың тасымалдануы	<p>Ағзаның ішкі ортасы және оның маңызы. Лимфа. Лимфа айналымы мен оның маңызы. Гомеостаз. Ағзаның ішкі ортасы: қан, лимфа, ұлпа сұйықтығы</p>	8.1.3.5 лимфа жүйелерін және қан, ұлпалық сұйықтық пен лимфа арасындағы өзара байланысты сипаттау
	<p>Қанның құрамы мен қызметі. Қан түйіршіктері: эритроциттер, лейкоциттер, тромбоциттер. Плазма. Қанның қызметі: транспорттық, гомеостаздық, қорғаныштық</p>	8.1.3.1 қан құрамы мен қызметін сипаттау
	<p>"Әртүрлі ағзалардың қан жасушаларын зерттеу" зертханалық жұмысы. Қан жасушаларын формасына, мөлшеріне, санына және ядросының болуына қарай салыстыру</p>	8.1.3.2 дайын микропрепараттар арқылы әртүрлі ағзалардың қан жасушаларының құрылыс ерекшеліктерін зерттеу
	<p>Иммунитет. Гуморальдық және жасушалық иммунитет. Лейкоциттердің түрлі типтері және олардың қызметтері. Т – және В- лимфоциттердің әрекет етуі.</p>	8.1.3.3 лейкоциттердің түрлі типтерінің қызметтерін сипаттау; 8.1.3.4 гуморальдық және жасушалық иммунитетті салыстыру
	<p>Иммунитет. Иммунитеттің түрлері : туа пайда болған және жүре пайда болған иммунитет. Екпенің (вакцин) түрлері және оның жасанды иммунитетті қалыптастырудағы маңызы. Жұқпалы аурулардың алдын алу</p>	8.1.3.6 аурулардың алдын алуындағы вакцинацияның ролін бағалау
	<p>Қан топтары. Қан құю. Резус-фактор. Агглютинация. Резус-конфликт</p>	8.1.3.7 агглютинация және резус-конфликт механизмдерін түсіндіру
	<p>Буылтық құрттардың (жауын құрт), ұлулардың, буынаяқтылардың және омыртқалылардың жүрегі</p>	8.1.3.8 жануарлардың жүрегінің құрылысы мен қантамыр жүйелерінің маңызын сипаттау;

	және қан тамырларының құрылысы мен қызметі	8.1.3.9 қантамыр қабырғасының құрылысы мен олардың қызметі арасындағы байланысты орнату
	Қан тамырлар жүйесінің түрлері. Ашық және тұйық қанайналым жүйелері. Үлкен және кіші қанайналым шеңберлері. Адамның қанайналым жүйесі	8.1.3.10 жануарлардың қантамырлар жүйесінің түрлерін сипаттау
	Зертханалық жұмыс: "Дене жаттығуларының жүрек жұмысына әсерін зерттеу"	8.1.3.11 дене жаттығуларының жүрек жұмысына әсерін зерттеу
	Жүрек - қантамырлар жүйесі аурулары (гипертония, инфаркт, тахикардия, ишемиялық ауру, атеросклероз, инсульт). Аурудың себептері: тұқым қуалайтын ауруларға бейімділік, салауатты өмір салтын дұрыс ұстанбау	8.1.3.12 қантамыр жүйесі мүшелерінің ауруларының себептері мен ауру белгілерін сипаттау
Бөліп шығару	Альвеола мен қан арасындағы газ алмасу. Өкпедегі қанның оттекке қанығуы. Ұлпа мен қан арасындағы газ алмасу. Қанның көмірқышқыл газына қанығуы, жасушаның оттекке қанығуы	8.1.4.1 өкпе мен ұлпадағы газ алмасу механизмдерін сипаттау
	Тыныс алу және тыныс шығару механизмі. Кеуде қуысының құрылысы. Тыныс алуға және тыныс шығаруға қатысатын бұлшықеттер. Тыныс алу және тыныс шығарудағы көкеттің маңызы. Ауа жүретін жолдардағы қысымның өзгеруі	8.1.4.2 тыныс алу және тыныс шығару механизмін түсіндіру
	Тыныс алудың минуттық көлемі. Өртүрлі жастағы, физикалық дамыған, ер және әйел адамдардың өкпесінің тіршілік сыйымдылығы. Тыныс алу қозғалыстарының жиілігі. Шылым шегудің өкпенің тіршілік сыйымдылығына әсері. Зертханалық жұмыс: "Өкпенің тіршілік сыйымдылығын зерттеу"	8.1.4.3 өкпенің тіршілік сыйымдылығын анықтау және қалыпты жағдайдағы және дененің физикалық жүктемесі кезіндегі тыныс алудың минуттық көлемін анықтау
Бөліп шығару	Зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы (бүйрек, несеппағар, қуық, несеп жолы) мен қызметі. Бөліп шығару және сүзу мүшелері. Бүйректің құрылысы (қыртысты және мила қабат, нефрон, пирамида, астауша, бүйрек өзекшелері)	8.1.5.1 адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы мен қызметтерін сипаттау; 8.1.5.2 бүйректің құрылымдық бөліктерін танып білу

	Терінің маңызы, құрылысы мен қызметі. Тер бөлінудің реттелуі	8.1.5.3 терінің құрылысы мен оның бөліп шығарудағы маңызын сипаттау
	Тері ауруларының пайда болу себептері мен салдары (қышыма, теміреткі, безеу бөртпелері). Белгілері мен алдын алу шаралары	8.1.5.4 тері ауруларын және оның алдын алу шараларын түсіндіру
4-тоқсан		
Қозғалыс. Биофизика	Адам қаңқасының құрылысы. Тірек – қимыл жүйесінің маңызы мен қызметі	8.1.6.1 тірек-қимыл жүйесінің қызметтерін сипаттау
	Сүйектің макро - және микроскопиялық құрылысы. Сүйектің химиялық құрамы. Зертханалық жұмыс: "Сүйектің макро және микроскопиялық құрылысы". Демонстрация "Сүйектің химиялық құрамы"	8.1.6.2 сүйектің химиялық құрамын, макро және микроскопиялық құрылысын зерттеу
	Сүйектің байланыс түрлері: қозғалмайтын, жартылай қозғалмалы, қозғалмалы	8.1.6.3 сүйектердің байланыс түрлерін салыстыру
	Буынның құрылысы және қызметтері. Сүйек буындарының атқаратын қызметіне сәйкес бейімделуі	8.1.6.4 буынның әр түрлі типтерінің құрылысы мен олардың қызметтері арасындағы байланысты орнату
	Бұлшықет ұлпаларының құрылысы мен қызметі (бірыңғай салалы, көлденең жолақты қаңқа, көлденең жолақты жүрек). Зертханалық жұмыс: "Бұлшық ет ұлпаларының құрылысын зерттеу" Адам денесінің бұлшық еттерін жіктеу	8.1.6.5 бұлшық ет ұлпасының қызметтері түрлері мен олардың қызметтерін сипаттау 8.1.6.6 адам бұлшық еттерінің құрылысы мен бұлшықет топтарын оқып тану
	Гиподинамия. Сымбаттың бұзылуы және жалпақтабандылықтың пайда болу себептері. Сымбаттың бұзылуы мен жалпақтабандылықтың алдын алу шаралары	8.1.6.7 гиподинамия салдарын атау; 8.1.6.8 сымбаттың бұзылуы және жалпақ жалпақтабандылықтың пайда болу себептерін анықтау
	Тік жүруге байланысты адам қозғалуының биомеханикалық ерекшеліктері. Тік жүруге байланысты адамның қаңқа құрылысының ерекшеліктері. Тік жүруге байланысты бұлшық еттің маңызы. Тік жүру кезіндегі дененің ауырлық орталығы. Адам денесіндегі иіндер	8.4.4.1 тік жүруге байланысты адам қозғалуының биомеханикалық ерекшеліктерін білу
	Көру мүшелерінің құрылысы. Көрудің маңызы. Көру қызметінің	

Координация және реттелу	бұзылуы. Көру гигиенасы. Зертханалық жұмыс: "Көру жітілігі мен көру аймағының шегін зерттеу"	8.1.7.1 көруді қабылдау ерекшеліктерін зерттеу және көру гигиенасы ережелерін сипаттау
	Есту мүшесінің құрылысы. Естудің маңызы. Естудің бұзылу себептері. Есту мүшесінің гигиенасы. Зертханалық жұмыс "Дыбысты қабылдау ерекшеліктерін зерттеу" (құлақтың есту қабілетін анықтау)	8.1.7.2 дыбысты қабылдау ерекшеліктерін зертеу және есту мүшелерінің гигиенасы ережелерін сипаттау
	Таяқшаның, құтышаның және түкті жасушалардың құрылымы мен қызметі. Зертханалық жұмыс: "Соқыр дақты анықтау, түстердің аралсуына тәжірибе, дыбыстың ауа және сүйек арқылы өтуі"	8.1.7.3 көру және есту рецепторларының құрылымы мен қызметін сәйкестендіру
	"Гормондар", "Гуморальдық реттелу" ұғымдары. Эндокринді, экзокринді және аралас бездердің орналасуы және қызметі. Бездерден бөлінетін гормондар	8.1.7.4 эндокикринді, экзокринді және аралас бездердің орналасқан жерлерін анықтау; 8.1.7.5 бездердің негізгі қызметтерін түсіндіру
	Эндокринді бездер қызметінің бұзылуынан туындаған аурулар (гипо- және гиперфункция)	8.1.7.6 эндокриндік бездер қызметінің бұзылуынан туындаған ауруларды атау
	Адам денесінде орналасқан тері рецепторлары (терморцепторлар, механорецепторлар, ноцицепторлар) Зертханалық жұмыс: "Тері сезімталдығын зерттеу"	8.1.7.7 терінің сезімталдығын зерттеу
	Жылықанды жануарлардың тұрақты температураны сақтауындағы терінің рөлі. Температураға сезімталдық. Терморцепторлардың температураның өзгеруіне бейімделуі	8.1.7.8 жылықанды жануарлардың дене температураны сақтаудағы терінің ролін сипаттау

### 3) 9-сынып:

#### 3-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Тақырып/Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны/	Оқыту мақсаттары.
1-тоқсан		
Көбею	Митоз. Мейоз. Митоз бен мейоздың биологиялық маңызы	9.2.2.1 тірі ағзалардың өсуі мен дамуы үшін митоз бен мейоздың маңызын түсіндіру
	Жануарлардың көбею формалары. Жыныссыз көбею типтері. Жынысты көбею	9.2.1.1 жануарлардың көбею тәсілдерін салыстыру

	Мүктер мен қырықжапырақтардың тіршілік циклі. Гаметофит. Спорофит	9.2.1.3 ашық тұқымды және жабық тұқымды өсімдіктердің тіршілік циклінің ерекшеліктерін түсіндіру
	Ашық тұқымды және жабық тұқымды өсімдіктердің тіршілік циклі	9.2.1.3 ашық тұқымды және жабық тұқымды өсімдіктердің тіршілік циклінің ерекшеліктерін түсіндіру
Өсу және даму	Эмбрионалдық даму кезеңдері: бластула, гастрюла, нейрула. Ұлпалар мен мүшелердің дифференциялануы. Органогенез	9.2.3.1 эмбрионалдық даму кезеңдерін сипаттау; 9.2.3.2 әр түрлі ұрық жапырақшаларынан қалыптасқан мүшелер мен ұлпалар дифференциасын сипаттау
Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары	Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің эволюциядағы маңызы. Өзгергіштік пен қоршаған орта жағдайларына бейімделгіштік арасындағы өзара байланыс	9.2.4.1 эволюциядағы тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің рөлін дәлелдеу
	Қолдан сұрыптау және оның селекция үшін маңызы. Қолдан сұрыптау түрлері	9.2.4.2 организмдердің селекциясы үшін жасанды іріктеудің мәнін сипаттау
	Мәдени өсімдіктер мен үй жануарларының шығу орталықтары	9.2.4.4 маңызды мәдени өсімдіктердің сорттарын және үй жануарларының тұқымдарын сипаттау
	Қазақстан аумағында кездесетін егістік дақылдар мен үй жануарларының қолтұқымдары. Маңызды белгілер	9.2.4.4 маңызды мәдени өсімдіктердің сорттарын және үй жануарларының тұқымдарын сипаттау
2-тоқсан		
Биосфера, экжүйе, популяция	Экожүйелердің компоненттері. Су және құрлық экожүйелері. Модельдеу "Су және құрлық экожүйелерін салыстыру"	9.3.1.1 экожүйелердің жалпы құрылымының сызбасын жасау; 9.3.1.2 су және құрлық экожүйелерін салыстыру
	Популяцияның құрылымының негізгі сипаттамалары және ерекшеліктері. Ағзалардың тіршілікке қабілеттілігінің әртүрлі тәсілдері. (Тіршілікті сақтаудың К және Г стратегиялары). "Жыртқыш-жемтік" қарым-қатынас түрі. Популяция санының өзгеруі	9.3.1.3 популяцияның негізгі қасиеттерін және құрылымдық ерекшеліктерін сипаттау; 9.3.1.4 ағзалардың түрлі тірі қалу тәсілдерін зерттеу; 9.3.1.5 жыртқыш-құрбан қарым-қатынасы мысалында популяция санының өзгеру себептерін орнату
	Тірі ағзалардың өзара қарым-қатынас түрлері. Ағзалардың тікелей және жанама қарым-қатынас түрлері. Қоршаған орта жағдайларының өзгерістеріне ағзалардың бейімделуі	9.3.1.6 тірі ағзалардың өзара қарым-қатынас түрлерін сипаттау; 9.3.1.7 тірі ағзалардың қоршаған ортаның өзгермелі жағдайларына бейімделу механизмдерін түсіндіру

Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері	Адамның табиғаттағы рөлі. Табиғатты тиімді пайдалану. Табиғатты қорғау. Биологиялық алуан түрлілікті сақтау. Дүниежүзілік Тұқым қоры	9.3.2.1 биологиялық әртүрлілікті сақтаудың және қолдауды қажеттіктің себептерін негіздеу; 9.3.2.2 Дүниежүзілік Тұқым қорының маңызын бағалау
Жасушалық биология	Жасушаның негізгі компоненттерінің қызметтері. Жасуша құрылымдары: плазмалық мембрана, цитоплазма, ядро, эндоплазмалық тор, жасуша орталығы, рибосомалар, Гольджи аппараты мен лизосомалар, митохондрия, пластидтер, қозғалыс органоидтары, жасушаның қосындылары. Құрылыстары және атқаратын қызметтері	9.4.2.1 өсімдік және жануар жасушаларының негізгі бөліктерінің құрылысы мен қызметін түсіндір
	Жасушалардың сызықтық ұлғаюын есептеу. Ұлғаю, актуальды өлшемі және суреттің нақты өлшемі. Өлшем бірліктерін СИ жүйесіне аудару (сантиметр-миллиметр-микромметр-наномметр). Модельдеу "Микросуреттерді пайдаланып жасушаның сызықтық ұлғаюын есептеу"	9.4.2.2 микросуретті қолданып жасушаның сызықтық ұлғаюын есептеу
3-тоқсан		
Тірі ағзалардың көп түрлілігі. Биосфера және экожүйе	Әртүрлі түрлерді сипаттауда бинарлық номенклатураны қолдану. Зертханалық жұмыс: "Анықтағыш көмегімен өсімдіктер мен жануарлар түрлерін (жергілікті жердің) анықтау"	9.1.1.1 әртүрлі түрлерді сипаттауда бинарлық номенклатураны қолдану; 9.1.1.2 өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін ерекшелік белгілері бойынша танып білу (анықтағыш бойынша)
	Популяцияның өсуінің экспоненциалды және сигмоидты қисығы	9.3.1.1 экожүйелердің жалпы құрылымының сызбасын жасау
	Экожүйедегі энергия тасымаланың тиімділігі. Энергия ағыны және қоректік тізбектер. Экологиялық пирамида түрлері	9.3.1.2 су және құрлық экожүйелерін салыстыру; 9.3.1.3 популяцияның негізгі қасиеттерін және құрылымдық ерекшеліктерін сипаттау
	Табиғаттағы көміртегі пен азот айналымы. Биосферадағы	

	биохимиялық үрдістер. Топырақ пен шөгінді жыныстар түзудегі тірі ағзалардың рөлі	9.3.1.11 азот пен көміртек айналымының табиғаттағы сызбасын құру
Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері	Пайдалы қазбаларды өндірудің қоршаған орта мен адам денсаулығына әсері	9.3.2.4 пайдалы қазбалар өндірудің және қайта өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру
	Пестицидтердің қоршаған орта мен адам денсаулығына әсері.	9.3.2.5 9.3.2.5 пестицидтерді пайдаланудың, қоршаған ортаға мен адам денсаулығы әсерін түсіндіру
	Жылыжай эффекті (булану) және озон қабатының жұқаруы. Дүниежүзілік мұхит деңгейінің, су мен атмосфера температурасының көтерілуінің тірі ағзаларға әсері	9.3.2.6 жылыжай эффектісінің тірі ағзаларға әсерін түсіндіру; 9.3.2.7 озон қабатының бұзылуының себептері мен салдарын түсіндіру
Қоректену	Ыдырау үдерісі. Асқорыту ферменттерінің әсері. Асқорытудағы ферменттердің маңызы. Сіңіру және бөліп шығару	9.1.2.1 адамның асқорыту жолдарындағы үдерістерді толық сипаттау; 9.1.2.2 ас қорыту үдерісіндегі органикалық заттар мен сәйкес ферменттердің арасындағы байланысты орнату
	Ферменттердің әсер ету механизмі . Ферменттің белсенді орталығы. Зертханалық жұмыс: " Ферменттердің белсенділігіне әр түрлі жағдайлардың (температура, рН) әсерін зерттеу"	9.4.1.1 ферменттердің әсер ету механизмін түсіндіру; 9.1.2.3 ферменттердің белсенділігіне әсер ететін әр түрлі жағдайларды (температура, рН) зерттеу;
	Өттің әсерінен майлардың эмульгациясы. Зертханалық жұмыс "Өттің әсерінен майлардың эмульгациялануын зерттеу"	9.1.2.4 өттің әсерінен майлардың эмульгациялануы үдерісін зерттеу
4-тоқсан		
	Активті және пассивті тасымалдардың ұқсастығы мен айырмашылығы. Жасуша мембранасы арқылы тасымалдану. Белсенді тасымалдану кезіндегі энергияның жұмсалыуы	9.1.3.1 активті және пассивті тасымалдарды салыстыру
		9.1.3.2 өсімдіктердегі транспирация үдерісінің мәнін түсіндіру;



Заттар тасымалы

Сыртқы және ішкі факторлардың транспирацияға әсері.  
Зертханалық жұмыс: " Транспирация үдерісі кезіндегі сыртқы факторларды ( температура, ылғалдылық пен су буының қысымы, ауа қозғалысын) зерттеу. Зертханалық жұмыс: " Ішкі факторларды: Буландыратын беттің ауданы және бұл беттік ауданның өсімдік көлеміне қатынасының (сірқабық (кутикула ) мен лептесіктер) транспирация үдерісіне әсері"

		факторлардың транспирацияға әсерін зерттеу
	Сыртқы факторлардың флоэмада зат тасымалына әсері: температура, ылғалдылық, жарық	9.1.3.4 флоэма арқылы заттардың тасымалдануына сыртқы факторлардың әсерін зерттеу
Тыныс алу	Анаэробты және аэробты тыныс алу. Анаэробты және аэробты тыныс салу үдерістерін химиялық реакция теңдеулерін қолданып қарастыру. Анаэробты және аэробты тыныс алудың тиімділіктері	9.1.4.1 тыныс алу реакциясының химиялық теңдеуін пайдалана отырып, анаэробты және аэробты тыныс алуды салыстыру
	Аэробты, анаэробты тынысалу үдерістерімен байланысты бұлшық еттердің қажуы. Аэробты және анаэробты тынысалуға физикалық жүктемелердің әсері	9.1.4.2 бұлшықет қажуы және аэробты, анаэробты тыныс алу үдерістері арасындағы байланысты қарастыру
Бөліп шығару	Нефронның құрылысы және қызметі. Ультрафилтрация. Абсорбция және таңдамалы реабсорбция. Несептің құрамы. Филтрация мен кері филтрацияның себептері	9.1.5.1 нефронның құрылысы мен қызметін сипаттау; 9.1.5.2 филтрация және несептің түзілуі үдерістерін сипаттау
	Бүйрек жұмысына әсер ететін факторлар: тамақтану рационы, дене температурасының күрт түсуі, дәрілік препараттар, созылмалы және инфекциялық аурулар (кариес, іріңді ангина)	9.1.5.3 бүйректің жұмысына әсер ететін факторларды сипаттау
	Зәр шығару жүйесінің гигиенасы. Бүйрек және зәр шығару жүйесінің аурулары: пиелонефрит, цистит, бүйрекке тастың жиналуы. Себептері және алдын алу шаралары	9.1.5.4 зәр шығару жүйесі, бүйрек ауруларының алдын алу шараларын түсіндіру
	Құрлықта, шөлде, тұщы және тұзды суларда тіршілік ететін тірі ағзалардың зат алмасуының соңғы өнімдері. Құрамында азоты бар органикалық заттардың ыдырау өнімдері: аммиак, несепнәр, несепқышқылы	9.1.5.5 әртүрлі ағзалардың мекен ету ортасы мен зат алмасуларының соңғы өнімдері арасындағы байланысты орнату

#### 4) 10-сынып:

#### 4-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Тақырып/Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
	Нейрондардың түрлері мен қызметтері. Жүйкеұлпасының қызметі (	

Координация және реттелу	глиальдыжасушалар). Аксондардыңмиеленді және миеленсіз қабықтары.Синапстар жән емедиаторлар. Модельдеу "Жүйкеұлпаларынзерттеу"	10.1.7.1 жүйке жүйесінің құрылымы мен қызметі арасындағы байланысты орнату; 10.1.7.2 жүйке ұлпалары қызметі мен оның құрылымдық бөлшектерін талдау
	Миеленді, миеленсіз аксондарда жүйке импульстарының туындауы және өткізілуі. Өткізу жылдамдығы. Мембраналық потенциал, тыныштық потенциалы және әрекет потенциалы. Модельдеу "Жүйке импульстарының туындауы мен таралу жылдамдығын зерттеу"	10.1.7.3 жүйке импульстерінің пайда болу және өтуін сипаттау
	Тірі ағзалардағы электрлік үдерістер. Электрорецепторлар және электрлі мүшелер	10.4.4.1 тірі ағзалардағы электрлі үдерістерді зерттеу
	Тыныс алу мен тыныс шығарудың реттелуі мысалында нейрогуморальдық реттелу механизмі. Жүйкелік және гуморальдық реттелуді салыстыру . Ағзаның күйзеліске бейімделуі	10.1.7.4 нейрогуморальдық реттелу механизмін түсіндіру
	Нейрокомпьютерлік интерфейс. Компьютер мен ми арасындағы ақпарат алмасу жүйесі	10.4.4.2 "компьютер-ми-интерфейс" технологиясының ерекшеліктерін зерттеу
	Гомеостазды тұрақты ұстаудың механизмдері	10.1.7.5 ағзаның ішкі орта тұрақтылығын сақтау механизмін түсіндіру
	Өсімдіктердің өсуі мен дамуын реттеуші. Зертханалық жұмыс: "Ауксиннің өсімдіктерге әсерін зерттеу"	10.1.7.6 өсу заттарының өсімдіктер тіршілігіне әсерін талдау
2-тоқсан		
Қозғалыс	Бұлшық еттің жұмысы. Демонстрация "Негізгі бұлшықеттердің жұмысын өзіндік бақылау, иық белдеуінің қол қозғалысындағы рөлі. Бұлшық ет қозғалысын реттеу". Зертханалық жұмыс: "Статикалық және динамикалық жұмыс кезіндегі бұлшық еттің қажуын зерттеу"	10.1.6.1 қол бұлшықетінің күштің төзімділігін және максималды бұлшықет күшін зерттеу; 10.1.6.2 бұлшықет жұмысының жиылу жиілігіне байланысын зерттеу
Молекулалық биология	Дезоксирибонуклеинқышқылы ( ДНҚ) молекулалық құрылысының принциптері: нуклеотидтердің комплементарлығы. Модельдеу "ДНҚ молекуласын құру"	10.4.1.1 ферменттің әрекет ету механизмін оқып тану; 10.4.1.3 дезоксирибонуклеин қышқылының құрылымдық қағидалары негізінде үлгілеу

Жасушалық цикл	Интерфаза. Интерфазакезеңдері: G1, S және G2.	10.2.2.1 жасушалық айналымның интерфаза кезеңіндегі жүретін үдерістерді түсіндіру
	Митоз. Митоз фазасы. Зертханалық жұмыс: "Пияз омыртқасының жасушаларында митозды зерттеу"	10.2.2.2 митоздың кезеңдерін сипаттау
	Мейоз. Мейоз фазасы. Митоз мен мейозды салыстыру. Модельдеу "Мейоз фазаларын зерттеу"	10.2.2.3 мейоз кезеңдерін сипаттау; 10.2.2.4 митоз бен мейоз үдерісін салыстыру
3-тоқсан		
Тұқымқуалаушылықпен өзгергіштік заңдылықтары	Г.Мендель анықтаған белгілердің тұқымқуалаушылық заңдылықтары. Тұқымқуалаушылықты зерттеудің гибридологиялық әдісі.	10.2.4.1 генетиканың дамуымен қалыптасуындағы Мендель зерттеулерінің рөлін бағалау
	Тұқым қуалаушылықтың генетикалық заңдылықтарының цитологиялық негіздері. Гамета тазалығы заңы және оның цитологиялық негіздемесі. Моногибридті және дигибридті будандастыру. Басымдылық заңы. Ажырау заңы. Басымдылық заңы. Ажырау заңы	10.2.4.2 моногибридті будандастырудың цитологиялық негіздерін тұжырымдау және моногибридті будандастыруға есептер шығару; 10.2.4.3 дигибридті будандастырудың цитологиялық негіздерін негіздерін дәлелдеу және есептер шығару
	Аллельді гендердің әрекеттесуі: толық және толымсыз. Доминанттылық белгілердің пайда болуы. Талдаушы шағылыстыру ұғымы мен оның практикалық маңызы	10.2.4.4 толық және толымсыз доминанттылықты салыстыру 10.2.4.5 талданатын будандастырудың мәнін бағалау
	Жыныс генетикасы. Жынысты анықтаудың генетикалық механизмі. Жыныспен тіркесіп тұқымқуалау. Гемофилия және дальтонизм	10.2.4.6 жынысты анықтау теориясын сипаттау; 10.2.4.7 жынысты анықтаудағы хромосомалардың рөлін түсіндіретін сызба құру
	Адам қан топтарының тұқымқуалау заңдылықтары. Резус-фактор	10.2.4.8 адамның тұқымқуалауын және қан топтарын анықтау механизмін түсіндіру
	Адам генетикасы. Адамның тұқымқуалау белгілерін зерттеу әдістері. Адамның генетикалық ауруларының алдын алу. Адамның генеалогиялық шежіре ағашын құру. Модельдеу "Адамның генеалогиялық шежіре ағашын құру"	10.2.4.9 адам генетикасын зерттеудің негізгі әдістерін сипаттау; 10.2.4.10 шежіре сызбасын құрастыру
	Өнімділікті арттыратын заманауи ауылшаруашылық технологиялары. Өнімділігі	10.2.4.11 жергілікті аймақ негізінде мәдени өсімдіктердің шығымдылығын арттыру үшін

	жоғары ауыл шаруашылықты жүргізудің жаңа баламалы жолдары;	қазіргі заманғы ауыл шаруашылығы технологияларын пайдалануды зерделеу
Микробиологияжәнебиотехнология	Биотехнологиялық үдерістің жалпы сызбасы және биотехнологияда алынатын өнімдері (медицинада, өнеркәсіпте және ауыл шаруашылығында). Инсулин өндірісі	10.4.3.1 инсулин өндіру мысалында биотехнологиялық үдерістің жалпы сызбасын сипаттау; 10.4.3.2 биотехнологияда өндірілетін өнімдерге мысал келтіру
Көбею	Адамның жыныс жүйесінің құрылымы мен қызметі.	10.2.1.1 адамның жыныс жүйесінің құрылысын сипаттау
	Зертханалық жұмыс "Аталық және аналық гаметалардың құрылысын зерттеу"	10.2.1.2 аталық және аналық жыныс жасушаларының құрылыс ерекшеліктерін зерттеу
	Екінші реттік жыныстық белгілер. Ұлдар мен қыздардың жыныстық жетілуі. Биологиялық және әлеуметтік жетілу	10.2.1.3 жыныстық жетілу кезеңіндегі екінші реттік жыныстық белгілердің дамуын сипаттау
	Менструалдық цикл. Менструалдық циклдағы эстроген мен прогестерон гормондарының маңызы	10.2.1.4 менструалдық цикл мен эстроген және прогестеронның маңызын сипаттау
	Контрацепция түрлері, олардың қолданылуы мен маңызы	10.2.1.5 контрацепцияның маңызы мен түрлерін түсіндіру
	Жыныстық жолмен берілетін аурулар: Жүре пайда болған иммундық дефицитінің синдромы (ЖИТС), сифилис, гонорея, гепатит В,С. Алдын алу шаралары	10.2.1.6 жыныстық жолмен таралатын аурулардың салдары мен алдын алу шараларын түсіндіру
4-тоқсан		
Өсу және даму	Құрсақта даму. Ұрықтық дамудың алғашқы кезеңдері. Ұрықтың қалыптасуы мен дамуы.	10.2.3.1 ұрықтың дамуындағы плацентаның маңызын түсіндіру; 10.2.3.2 ұрық пен эмбрионның дамуын салыстыру
	Шылым шегу, есірткі мен ішімдіктің адам ұрығының дамуына тигізетін әсері;	10.2.3.3 адам ұрығының дамуына шылым шегу, алкоголь мен басқа есірткілер әсерінің салдарын түсіндіру
	Жердегі тіршіліктің пайда болуы кезеңдері.	10.2.5.7 Жердегі тіршіліктің дамуының негізгі кезеңдерін оқып білу
	Эволюциялық ұғымдардың қалыптасуы және дамуы. Ч.Дарвиннің эволюциялық ілімінің негізгі қағидалары. Эволюцияның қазіргі заман теориясының пайда болуы	10.2.5.1 К. Линней мен Ж.Б. Ламарк еңбектерінің негізгі қағидаларын оқып зерттеу; 10.2.5.2 эволюциялық ілімнің қалыптасуындағы Ч. Дарвин еңбектерінің рөлін түсіндіру
	Эволюцияның қозғаушы күштері. Табиғи сұрыпталу нәтижесіндегі	

Эволюциялық даму	бейімделушілік. Эволюциялық үдерістегі өзгергіштіктің (мутациялық, комбинативтік) рөлі. Табиғи сұрыпталу, оның түрлері (қозғаушы және тұрақтандырушы). Тіршілік үшін күрес (түрішілік, тұраралық). Модельдеу "Бейімделгіштікті табиғи сұрыпталу нәтижесі ретінде зерттеу (көбелек)"	10.2.5.3 эволюцияның қозғаушы күштерін сипаттау; 10.2.5.4 ағзалардың бейімделушілігіндегі табиғи сұрыпталудың рөлін сипаттау
	"Түр" ұғымының анықтамасы. Түрдің құрылымы. Түр критерийлері. "Түр түзілу" ұғымы. Түр түзілудің тәсілдері мен механизмдері	10.2.5.5 түрдің құрылымы мен критерийлерін сипаттау; 10.2.5.6 түр түзілу үдерісін түсіндіру 10.2.5.7 Жер әлемде өмір сүрудің негізгі даму кезеңдерін атау

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 123 бұйрығына  
24-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына  
661-қосымша

## **Көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Физика" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

### **1 тарау. Жалпы ережелер**

1. Көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Физика" пәнінен жаңартылған мазмұндағы типтік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарламаның мақсаты -оқушылардың ғылыми көзқарасының негізін, бақылау қабілеттерін қалыптастыру, табиғат құбылыстарын талдау және таңдау арқылы өмірге қажетті практикалық есептердің шешімдерін таба білуге дағдыландыру.

3. Бағдарламаның міндеттері:

1) оқушылардың әлемнің қазіргі физикалық бейнесінің негізінде жатқан іргелі заңдылықтар мен принциптер туралы білімді, табиғатты танудың ғылыми әдістері туралы білімін қалыптастыру;

2) оқушылардың оқушылардың зияткерлік, ақпараттық, коммуникативтік және рефлексивтік мәдениетін дамытуға, физикалық экспериментті орындау және зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын дамыту;

3) оқу және зерттеу қызметіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;

4) физикалық құбылыстардың биологиялық, химиялық және өзге де құбылыстармен өзара байланысын ашу;

5) табиғат ресурстарын пайдалануда және қоршаған ортаны қорғауда, адамды және қоғамды қауіпсіз өмір сүрумен қамтамасыз етуде меңгерген дағдыларды қолдану болып табылады.

4. Түзете-дамыту міндеттері:

1) физика сабағында теориялық ойлау элементтерін қалыптастыру: түсініктер, пайымдар, ой қорытындысы, себеп-салдарлық байланыстырды орнату;

2) көріп қабылдауы мен қоршаған заттар мен құбылыстарды тануын, есте зейіні мен есте сақтауын дамыту;

3) әлемді тануда көру қалдығын пайдалану;

4) білім алушылардың іс-әрекеттің түрлі түрлерінде, тапсырмаларды орындауда, көру мүмкіндігінің шектеулілігін есепке ала отырып, лабораториялық және практикалық жұмыстарды орындауда өз мүмкіндіктерін адекватты бағалау мүмкіндіктері;

5) қабылдау мен зерттеудің тактильді- сипап сезу тәсілдерін меңгеруі: заттардың рельефті бейнелерін, физикалық құрылғылардың, физикалық денелердің моделдерінің физикалық бейнелерін;

6) тәжірибелерді жүргізу барысында ұсақ қол моторикасын дамыту, аз кеңістікте бейімделуін жүзеге асыру;

7) әлемнің жалпы бейнесін меңгеруде фактілер мен құбылыстардың үйлесімділігін меңгеру үшін кеңістіктік-образдық түсініктерін, ойлауы мен қабылдауын, танымдық іс-әрекетін түзету;

8) өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын дамыту;

9) сөйлеу тілінің компенсаторлық функциясы негізінде тұлғалық қасиеттерін дамыту.

## **Тарау 2. Оқу үрдісін ұйымдастыруда педагогикалық тәсілдері**

5. Көру қабілеті зақымдалған білім алушылар үшін "Физика" пәні бойынша оқу пәнін ұйымдастыруда келесі педагогикалық ықпал ету жолдары қолданылады: дифференциальды ықпал ету, әрекеттік ықпал ету, тұлғалық-бейімдеушілік ықпал ету, коммуникативті ықпал ету мен ақпараттық-коммуникативті технологияларды пайдалану.

6. Физика сабағында дифференциальды ықпал ету жолын пайдалану білім алушылардың жаңа материалды қабылдау темпін, психофизикалық дамуы мен офтальмологиялық аспектісін есепке ала отырып, жеке мүмкіндіктерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді:

1) көрмейтіндер- көру өткірлігі 0 ден 0,04 қоса алғанда;

2) нашар көретіндер – көру өткірлігі 0,05 ден 0,2.

7. Сабақта әрекеттік ықпал ету жолын пайдалану оқыту нәтижелерінің диапазонын кеңейтуге мүмкіндік береді:

1) өз күштеріне деген білім алушылардың сенімділігін көтеру;

2) практикалық әрекетте интеллектісі мен шығармашылық қабілеттерін, білімдерді сапалы меңгеруін дамыту: физикалық моделдерді даярлау, тәжірибелер жүргізу, пайымдау мен ой қорытындысын жасау негізіндегі өзіндік шығармашылық жұмыста пайдалануы.

8. Тұлғалық бағытталған тәсілі жаңа білімдерді меңгеру барысында өзін өзі дамытуға, өзін айқындауға мүмкіндік беріп, "қолға қол", "үлгі бойынша жаса" тәрізді негізгі тәсілдер мен түрлі деңгейдегі тапсырмаларды қолдана отырып, практикалық әрекетте мұғалімнің дозаланға көмегі негізінде пәнге деген білім алушылардың қызығушылықтарын дамытуға бағытталған.

9. Коммуникативті тәсіл білім алушылардың сөйлеу тілін дамытуға, қалауы мен олардың шығармашылық ізденіс қабілетін дамытуға ықпал ететін жұптық және топтық жұмыста қарым-қатынасқа түсе алу қабілетін қалыптастыруға бағытталған.

10. Сабақта ақпараттық–коммуникативті технологияларды қолдану мультимедиялық файлдар, видеофрагменттер, видео дәрістерді пайдалану негізінде жүзеге асырылып, мұғалімге көрнекілік және жұмысты орындаудың жылдамдығы негізінде материалды үйретуге уақытты қысқаруға мүмкіндік беріп, танымдық, моральды-адамгершілік, шығармашылық, коммуникативті, эстетикалық сияқты барлық тұлғалық мүмкіндіктерді жүзеге асыруға, білім алушылардың интеллектісін, ақпараттық мәдениетін дамытуға ықпал етеді.

11. Физиканы оқыту үрдісі келесі оқу пәндерімен байланысты жүзеге асырылады: математика, орыс тілі, география, химия, биология, тарих, еңбек, бейімделген дене шынықтыру, көріп қабылдау мен көру қалдығын дамыту, кеңістікте бағдарлау, әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау, сөйлеу тілін түзету.

12. Бағдарлама айтарлықтай бұзылыстарды түзету мен компенсациялау құралдарын және оптикалық құрылғылар мен тифло құрылғыларды, рельефті –графикалық құралдарды (көрмейтіндер үшін), тегіс баспаларды (нашар көретіндер үшін) қолдануды қарастырады.

13. Көрмейтін білім алушыларға физиканы оқытқанда кеңінен сызбалар қолданады. Жоғары сыныптарда, көптеген нақты-бейнелі түсініктері бола тұра, түрлі көлік механизмдерін және физикалық құбылыстарды бейнелейтін сызба немесе сурет, шартты рельефті белгілермен толыққанды қолдана алады.

14. Контурлық рельефті сызбалар білім алушыларға станоктардың ішкі механизмдерінің күрделі құрылымдарын меңгеруге және кинематикалық түйіндердің өзара іс-әрекеттеріне ықпалдасуына көмектеседі; оқушыларға кеңістік ойлауды дамытуға и механизмдер әрекетінің физикалық-техникалық ұстанымдарының бірнеше түсініктерін қалыптастыруға ықпал ететін бірнеше есеп беруге болады.



15. Көрмейтін және нашар көретін білім алушылар үшін мектептегі физика кабинетінде келесі тифлотехникалық құралдар қарастырылады:

1) рельефті-нүктелік шрифтпен орындалған физика пәні бойынша мәтіндік дидактикалық құралдар;

2) көріп қабылдауға негізделген (көру қалдығы мен түс сезімталғыы бар көрмейтін білім алушылар үшін), түстік безендендірілуі бар және сипап сезу арқылы қабылдауға негізделген рельефті жазықтықта орындалған иллюстративті-графикалық құралда; көрметін білім алушылардың жеке ерекше білім қажеттіліктеріне жауап беретін дидактикалық материалдар мен көрнекі құралдар;

3) рельефті сызуға арналған құралдар мен құрылғылар ("Школьник" құралы, сызғыш, циркуль, тактильді индикациясы бар транспортир);

4) тактильді индикациясы бар өлшегіш физикалық құралдар;

5) оқытудың техникалық құралдары: компьютерлік тифло кешен, интернетке қолжетімді интербелсенді тақта, сканерлеу мен оқуға арналған "Книголюб" кешені, электронды ұлғайтқыш құралы бар "Книга", тифлоплеер мен диктофоны бар нашар көретін білім алушыларға арналған стационарлы және портативті ұлғайтқыш құралдар.

### **Тарау 3. "Физика" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

16. "Физика" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 7 сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 2) 8 сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 3) 9 сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 4) 10 сыныпта– аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

17. Бағдарлама мазмұны 8 бөлімді қамтиды:

- 1) "Физикалық шамалар мен өлшеулер" бөлімі;
- 2) "Механика" бөлімі;
- 3) "Жылу физикасы" бөлімі;
- 4) "Электр және магнетизм" бөлімі;
- 5) "Геометриялық оптика" бөлімі;
- 6) "Кванттық физика элементтері" бөлімі;
- 7) "Астрономия негіздері" бөлімі;
- 8) "Әлемнің қазіргі физикалық бейнесі" бөлімі.

18. "Физикалық шамалар мен өлшеулер" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) физика – табиғат туралы ғылым;
- 2) физикалық шамалар;
- 3) физикалық өлшеулер.

19. "Механика" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) кинематика негіздері;
- 2) динамика негіздері;

- 3) сақталу заңдары;
- 4) статика;
- 5) тербелістер мен толқындар.

20. "Жылу физикасы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) молекулалы-кинетикалық теория негіздері;
- 2) термодинамика негіздері.

21. "Электр және магнетизм" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) электростатика негіздері;
- 2) электр тогы;
- 3) магнит өрісі;
- 4) электромагниттік толқындар және тербеліс.

22. "Геометриялық оптика" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) геометриялық оптика заңдары.

23. "Кванттық физика элементтері" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) атом мен атом ядросының құрылысы;
- 2) радиоактивтілік;
- 3) элементар бөлшектер.

24. "Астрономия негіздері" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) Жер және Ғарыш;
- 2) астрофизика элементтері.

25. "Әлемнің қазіргі физикалық бейнесі" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) физиканың дүниетанымдық мәні.

26. 7-сыныпқа арналған "Физика" пәнінің базалық мазмұны:

1) "Физика – табиғат туралы ғылым". Физика – табиғат туралы ғылым, табиғатты зерттеудің ғылыми әдістері;

2) "Физикалық шамалар мен өлшеулер". Халықаралық бірліктер жүйесі; скаляр және векторлық физикалық шамалар, өлшеулер мен есептеулердің дәлдігі, үлкен және кіші сандарды ықшамдап жазу. Зерханалық жұмыс № 1: кішкентай денелердің өлшемін анықтау. Зерханалық жұмыс № 2: физикалық шамаларды өлшеу. Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; аспап шкаласындағы бөліктің құнын анықтау;

3) "Механикалық қозғалыс". Механикалық қозғалыс және оның сипаттамалары, санақ жүйесі, қозғалыстың салыстырмалылығы, түзусызықты бірқалыпты және бірқалыпсыз қозғалыстар, жылдамдық және орташа жылдамдықты есептеу, әртүрлі механикалық қозғалыстардың графиктері. Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару, координатаның уақытқа тәуелділік графигін зерттеу;

4) "Тығыздық". Масса және денелердің массасын өлшеу, дұрыс және дұрыс емес пішінді денелердің көлемін өлшеу, заттың тығыздығы және тығыздықтың өлшем бірлігі, тығыздықты есептеу. Зертханалық жұмыс № 3: сұйықтар мен қатты денелердің

тығыздығын анықтау. Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару, электрондық және иіндік таразыларды қолданып, әр түрлі денелердің массасын анықтау;

5) "Денелердің өзара әрекеттесуі". Инерция құбылысы, күш, тартылыс құбылысы және ауырлық күші, салмақ, деформация, серпімділік күші, Гук заңы, үйкеліс күші, үйкеліс әрекетін техникада ескеру, бір түзу бойымен денеге әсер еткен күштерді қосу. Зертханалық жұмыс № 4: серпімді деформацияларды зерделеу. Зертханалық жұмыс №5 : сырғанау үйкеліс күшін зерттеу. Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару, динамометр көмегімен өлшеу, ауырлық күшін зерттеу, түрлі денелердің созылуын зерттеу;

6) "Қатты денелер, сұйықтар және газдардағы қысым". Газдардың, сұйықтардың және қатты денелердің молекулалық құрылымы, қатты денелердегі қысым, сұйықтар мен газдардағы қысым, Паскаль заңы, қатынас ыдыстар, гидравликалық машиналар, атмосфералық қысым, атмосфералық қысымды өлшеу, манометрлер, сорғылар, кері итеруші күш. Зертханалық жұмыс № 6: Архимед заңын зерделеу. Зертханалық жұмыс № 7: дененің сұйықта жүзу шарттарын анықтау. Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару, кез-келген пішінді қатынас ыдыстардағы бірдей және әртүрлі сұйықтардың беттерінің орналасуын зерттеу, атмосфералық қысымның бар екендігін зерттеу.

7) "Жұмыс және қуат". Механикалық жұмыс, қуат. Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару, жұмыстың мәнін график бойынша анықтау, ауырлық күші мен үйкеліс күшінің жұмысын салыстыру, транспорт түрлерінің қуатын бағалау;

8) "Энергия". Кинетикалық энергия, потенциалдық энергия, энергияның сақталуы және басқа түрге айналуы. Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару, үстел теннисіне арналған шариктің тебілу биіктігін анықтау.

9) "Жай механизмдер". Жай механизмдер, дененің массалық центрі, иіндіктің тепе-теңдік шарты, пайдалы әрекет коэффициенті. Зертханалық жұмыс № 8: жазық фигураның массалар центрін анықтау. Зертханалық жұмыс № 9: иіндіктің тепе-теңдік шарттарын анықтау. Зертханалық жұмыс №10: көлбеу жазықтықтың пайдалы әрекет коэффициентін анықтау. Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару, түсірілген күштің айналу осіне дейінгі қашықтыққа тәуелділігін зерттеу.

27. 8-сыныпқа арналған "Физика" пәнінің базалық мазмұны:

1) "Жер және Ғарыш". Аспан денелері туралы ғылым, күн жүйесі, күнтізбе негіздері (тәулік, ай, жыл);

2) "Жылулық құбылыстар". Жылулық қозғалыс, броундық қозғалыс, диффузия, температура, оны өлшеу тәсілдері, температураның шкалалары, ішкі энергия, ішкі энергияны өзгерту тәсілдері, жылуөткізгіштік, конвекция, сәуле шығару, табиғаттағы және техникадағы жылу берілу, жылу құбылыстарының тірі ағзалардың өмірлеріндегі

ролі, жылу мөлшері, заттың меншікті жылу сыйымдылығы, отынның энергиясы, отынның меншікті жану жылуы, жылу үдерістеріндегі энергияның сақталу және басқа түрге айналу заңы. Зертханалық жұмыс №1: әртүрлі температурадағы суларды араластырғандағы жылу мөлшерлерін салыстыру. Практикалық жұмыстар: денені қыздыру үшін қажетті немесе оны суытқанда бөлінетін жылу мөлшерін есептеу, заттың меншікті жылу сыйымдылығын анықтау, заттың агрегаттық күйлері өзгерген кездегі жылу мөлшерін есептеу, жылу мөлшерінің дене массасына тәуелділігін зерттеу, жылу мөлшерінің қыздыру температурасына тәуелділігін зерттеу, әртүрлі отынның жану тиімділігін бағалау;

3) "Заттың агрегаттық күйлері". Қатты денелердің балқуы және қатаюы, балқу температурасы, меншікті балқу жылуы, булану және конденсация, қаныққан және қанықпаған булар, қайнау, меншікті булану жылуы, қайнау температурасының атмосфералық қысымға байланыстылығын анықтау. Зертханалық жұмыс № 2: мұздың меншікті балқу жылуын анықтау. Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару, заттың фазалық ауысу графигін зерттеу, мұздың балқу температурасын зерттеу, булану жылдамдығының әртүрлі факторларға тәуелділігін зерттеу;

4) "Термодинамика негіздері". Термодинамиканың бірінші заңы, газдың және будың жұмысы, жылу үдерістерінің қайтымсыздығы, термодинамиканың екінші заңы, жылу қозғалтқыштары, жылу қозғалтқыштарының пайдалы әрекет коэффициенті, Жылу машиналарын пайдаланудағы экологиялық мәселелер. Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару, ішкі энергияның механикалық энергияға айналуын зерттеу, жылулық тепе-теңдік орныққандағы энергияның сақталу заңын зерттеу;

5) "Электростатика негіздері". Денелердің электрленуі, электр заряды, өткізгіштер мен диэлектриктер, электр зарядының сақталу заңы, қозғалмайтын зарядтардың өзара әрекеттесуі, Кулон заңы, элементар электр заряды, электр өрісі, электр өрісінің кернеулігі, электр өрісінің потенциалы және потенциалдар айырымы, конденсатор. Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару, бір-бірінен қандай-да бір арақашықтықта орналасқан және жіңішке жіпке ілінген екі бірдей ауа шарының әрекеттесуін зерттеу, электроскопты жасау;

6) "Тұрақты электр тогы. Электр тогы, электр тогы көздері, электр тізбегі және оның құрамды бөліктері, ток күші, кернеу, тізбек бөлігі үшін Ом заңы, өткізгіштің электр кедергісі, өткізгіштің меншікті кедергісі, реостат, өткізгіштерді тізбектей және параллель қосу, электр тогының жұмысы мен қуаты, электр тогының жылулық әсері, Джоуль-Ленц заңы, металдардағы электр кедергісінің температураға тәуелділігі, асқын өткізгіштік, электрқыздырғыш құралдар, қыздыру шамдары, қысқа тұйықталу, балқымалы сақтандырғыштар, электр тогының химиялық әсері (Фарадейдің заңы). Зертханалық жұмыс № 3: "Электр тізбегін құрастыру және оның әртүрлі бөліктеріндегі

ток күшін өлшеу". Зертханалық жұмыс №4: "Тізбек бөлігі үшін ток күшінің кернеуге тәуелділігін зерттеу". Зертханалық жұмыс №5: "Өткізгіштерді тізбектей қосуды зерделеу". Зертханалық жұмыс №6: "Өткізгіштерді параллелді қосуды зерделеу". Зертханалық жұмыс №7: "Электр тогының жұмысы мен қуатын анықтау". Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару, тізбектегі ток күшін өлшеу, тізбек бөліндегі кернеуді өлшеу, өткізгіш кедергісінің материал тегіне тәуелділігі, қыздыру шамының қуаты мен жұмысын өлшеу, тізбектей қосылған шамдардың ток қуатын зерттеу, параллель қосылған шамдардың ток қуатын зерттеу;

7) "Электромагниттік құбылыстар". Тұрақты магниттер, магнит өрісі, тогы бар түзу өткізгіштің магнит өрісі, тогы бар шарғының магнит өрісі, электромагниттер және оларды қолдану; магнит өрісінің тогы бар өткізгішке әрекеті, электроқозғалтқыш; электр өлшеуіш құралдар, электромагниттік индукция, генераторлар. Зертханалық жұмыс № 8: "Тұрақты магниттің қасиеттерін оқып-үйрену және магнит өрісінің бейнесін алу". Зертханалық жұмыс №9: "Электромагнитті құрастыру және оның әсерін сынау". Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару, су компасын (құбылнамасын) жасау, магнит өрісінің түрлі материалдар арқылы өтуін зерттеу, түрлі тиындардың магниттік қасиеттерін зерттеу, үйкеліс арқылы магниттеу, магниттің қасиетіне температураның әсері.

28. 9-сыныпқа арналған "Физика" пәнінің базалық мазмұны:

1) "Жарық құбылыстары". Жарықтың түзу сызықты таралу заңы, жарықтың шағылуы, шағылу заңдары, жазық айналар, сфералық айналар, сфералық айна көмегімен кескін алу, жарықтың сынуы, жарықтың сыну заңы, толық ішкі шағылу, линзалар, линзаның оптикалық күші, жұқа линзаның формуласы, линзаның көмегімен кескін алу, көз - оптикалық жүйе, көздің көру кемшіліктері және оларды түзету әдістері, оптикалық аспаптар. Зертханалық жұмыс № 1: "Шынының сыну көрсеткішін анықтау". Зертханалық жұмыс №2: "Жұқа линзаның фокустық қашықтығын анықтау". Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару, қарапайым перископты жасау, калейдоскопты жасау, жазық айнадағы кескінді зерттеу, ойыс айнаға түскен және шағылған стандартты сәулелердің жүрісі, жинағыш және шашыратқыш линзадағы негізгі сәулелердің жүрісі, көз бен фотоаппараттың оптикалық жүйелерін салыстыру;

2) "Кинематика негіздері". Механикалық қозғалыс, векторлар және оларға амалдар қолдану, вектордың координаталар осьтеріне түсірілген проекциялары, түзусызықты теңайнымалы қозғалыс, үдеу, түзусызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі жылдамдық және орын ауыстыру, дененің еркін түсуі, еркін түсу үдеуі, қисықсызықты қозғалыс, материялық нүктенің шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалысы, сызықтық және бұрыштық жылдамдықтар, центрге тартқыш үдеу. Зертханалық жұмыс №3: "Теңүдемелі қозғалыс кезіндегі дененің үдеуін анықтау". Зертханалық жұмыс №4:

горизонталь лақтырылған дененің қозғалысын зерделеу. Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару, қозғалыстың салыстырмалылығы, денелердің қозғалысын сипаттау тәсілдері;

3) "Астрономия негіздері". Жұлдызды аспан, аспан сферасы, аспан координаталарының жүйесі, әртүрлі географиялық ендіктегі аспан шырақтарының көрінерлік қозғалысы, жергілікті, белдеулік және бүкіләлемдік уақыт, Күн жүйесіндегі ғаламшарлардың қозғалыс заңдары, Күн жүйесі денесіне дейінгі ара қашықтықты параллакс әдісімен анықтау;

4) "Динамика негіздері". Ньютонның бірінші заңы, инерциялық санақ жүйелері, механикадағы күштер, Ньютонның екінші заңы, масса, Ньютонның үшінші заңы, Бүкіләлемдік тартылыс заңы, дененің салмағы, салмақсыздық, денелердің ауырлық күшінің әрекетінен қозғалуы, Жердің жасанды серіктерінің қозғалысы. Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару, күшті өлшеудің практикалық тәсілдері, жердің ауырлық өрісіндегі дене қозғалысының параметрлерін есептеу, дененің еркін түсу үдеуін өлшеу;

5) "Сақталу заңдары". Дене импульсі және күш импульсі, импульстің сақталу заңы, реактивті қозғалыс, механикалық жұмыс және энергия, энергияның сақталу және айналу заңы. Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару, дененің кинетикалық энергиясының өзгеруіне қатысты күштің жұмысын салыстыру, денелердің соқтығысуы кезіндегі импульстің сақталу заңын зерттеу.

29. 10-сыныпқа арналған "Физика" пәнінің базалық мазмұны:

1) "Тербелістер және толқындар". Тербелмелі қозғалыс, тербелістер кезіндегі энергияның түрленуі, тербелмелі қозғалыстың теңдеуі, математикалық және серіппелі маятниктердің тербелістері, еркін және еріксіз тербелістер, резонанс, еркін электромагниттік тербелістер, толқындық қозғалыс, дыбыс, дыбыстың сипаттамалары, акустикалық резонанс, жаңғырық, электромагниттік толқындар, электромагниттік толқындар шкаласы. Зертханалық жұмыс № 1: "Математикалық маятниктің көмегімен еркін түсу үдеуін анықтау". Зертханалық жұмыс №2: "Беттік толқындардың таралу жылдамдығын анықтау". Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару, әр түрлі маятниктер тербелісінің периодын есептеу, еркін және еріксіз тербелістерді зерттеу, толқындардың сипаттамасын зерттеу, ұялы телефонның жұмыс істеу принципі, аналогті сигналдың берілуі, Морзе әліппесі;

2) "Атом құрылысы. Атомдық құбылыстар". Жылулық сәуле шығару; жарық кванттары туралы Планк гипотезасы, фотоэффект құбылысы, рентген сәулелері, радиоактивтілік, радиоактивті сәулеленудің табиғаты, Резерфорд тәжірибесі, атомның құрамы. Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару;

3) "Атом ядросы. Ядролық өзара әрекеттесу, ядролық күштер, массалар ақауы, атом ядросының байланыс энергиясы, ядролық реакциялар, радиоактивті ыдырау заңы, ауыр ядролардың бөлінуі, тізбекті ядролық реакция, ядролық реактор, термоядролық

реакциялар, радиоизотоптар, радиациядан қорғану, элементар бөлшектер. Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару, радиоактивті элементтердің жартылай ыдырау периодын есептеу;

4) "Әлемнің қазіргі физикалық бейнесі". Физика және астрономияның дүниетанымдық маңызы, экологиялық мәдениет.

#### Тарау 4. Оқыту мақсаттарының жүйесі

30. Бағдарламада "оқыту мақсаттары" төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім және бөлімше ретін, төртінші сан бөлімшедегі оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.1.2.4 кодында "7" – сынып, "1.2" – бөлімшесі, "4" – оқыту мақсатының реттік саны.

31. Бөлімдер бойынша әр сыныпқа оқудың күтілетін нәтижелері:

1) "Физикалық шамалар" бөлімі:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқытудың мақсаттары			
	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып
1.1 Физика – табиғат туралы ғылым	7.1.1.1 физикалық құбылыстарға мысалдар келтіру; 7.1.1.2 мұғалімнің көмегімен физикалық құбылыстарға бақылау жүргізу; тактильді индикациясы бар өлшегіш құралдардың бағытын атау; 7.1.1.3 табиғатты зерттеудің ғылыми әдістерін ажырату			
	Күн жүйесіндегі ғаламшарлардың қозғалыс заңдары	9.7.2.7 Кеплер заңдарының негізінде аспан денелерінің қозғалысын түсіндіру
	Күн жүйесі денесіне дейінгі ара қашықтықты параллакс әдісімен анықтау	9.7.2.8 Күн жүйесіндегі денелердің ара қашықтығы мен өлшемдерін анықтау үшін параллакс әдісін қолдануды түсіндіру
	Динамика негіздері	Ньютонның бірінші заңы, инерциялық санақ жүйелері
Механикадағы күштер		9.2.2.3 көріп –сипап сезу дағдыларын қолдана отырып, ауырлық күші, серпімділік күші, және үйкеліс күші табиғатын түсіндіру
Ньютонның екінші заңы		9.2.2.4 Брайль жүйесі бойынша Ньютонның екінші заңын тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану
Ньютонның үшінші заңы		9.2.2.5 Брайль жүйесі бойынша Ньютонның үшінші заңын тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану
		9.2.2.6 бүкіләлемдік тартылыс заңын тұжырымдау және

	Бүкіләлемдік тартылыс заңы	оныБрайль жүйесі бойынша есептер шығаруда қолдану
	Дененің салмағы, салмақсыздық	9.2.2.10 үдеумен қозғалған дененің салмағын анықтау 9.2.2.11 салмақсыздық күйді түсіндіру
	Денелердің ауырлық күшінің әрекетінен қозғалуы.	9.2.2.9 бірінші ғарыштық жылдамдықтың формуласы есептер
	Жердің жасанды серіктерінің қозғалысы	9.2.2.7 ғарыш аппараттардың орбиталарын салыстыру; 9.2.2.8 тартылыс өрісіндегі дененің қозғалысын сипаттайтын шамаларды анықтау
4-тоқсан		
Сақталу заңдары	Дене импульсі және күш импульсі	9.2.3.1 "дене импульсі" және "күш импульсін" түсініктерін ажырату
	Импульстің сақталу заңы.	9.2.3.2 импульстің сақталу заңын тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану
	Реактивті қозғалыс	9.2.3.3 кеңістіктік -образдық ойлауды қолдана отырып, табиғаттағы және техникадағы реактивті қозғалысқа мысалдар келтіру
	Ғарыштық ракеталар	9.2.3.4 Байқоңыр ғарыш айлағының аймақтық және халықаралық маңыздылығына баға беру
	Механикалық жұмыс	9.2.3.5 механикалық жұмысты аналитикалық және графикалық тәсілмен анықтау 9.2.3.6 жұмыс пен энергияның өзара байланысын түсіндіру
	Жұмыс күші	9.2.3.8 сезімдік қабылдау негізінде көтеру мен түсіру кезіндегі күштің жағымды және жағымсыз жұмысын түсіндіру
	Ауырлық күшінің жұмысы	9.2.3.9 кеңістіктік -образдық ойлау дағдысын қолдана отырып, энергия мен ауырлық күші жұмысының өзара байланысын түсіндіру
	Серпімділік күштің жұмысы	9.2.3.10 сезімдік қабылдау негізінде жұмыс пен серпімділіктің байланысын түсіндіру
	Энергияның сақталу және айналу заңы	9.2.3.7 энергияның сақталу заңын есептер шығаруда қолдану



4) 10 сынып:

кесте 4

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-ячетверть		
Тербелістер және толқындар	Тербелмелі қозғалыс	10.2.5.1 еркін және еріксіз тербелістерге мысалдар келтіру
	Гармоникалық толқындар	10.2.5.2 экспериментально находить амплитуду, период, частоту; 10.2.5.3 рассчитывать период, циклическую частоту, фазу по формуле
	Тербелістер кезіндегі энергияның түрленуі	10.2.5.4 тербелмелі процесте энергияның сақталу заңын сипаттау
	Тербелмелі қозғалыстың теңдеуі	10.2.5.5 Брайль жүйесі бойынша гармоникалық тербелістердің графиктері бойынша координатаның, жылдамдықтың және үдеудің теңдеулерін жаза білу
	Тербелістер кезеңі	10.2.5.6 әртүрлі тербелмелі жүйедегі тербелістің пайда болу себептерін түсіндіру
	Математикалық маятниктердің тербелістері	10.2.5.7 маятниктер тербелісі периодының әртүрлі параметрлерге тәуелділігін зерттеу
	Зертханалық жұмыс № 3 "Математикалық маятниктің көмегімен еркін түсу үдеуін анықтау"	10.2.5.8 математикалық маятник периодының формуласынан еркін түсу үдеуін анықтау; 10.2.5.9 период квадратының маятник ұзындығына тәуелділік графигін тұрғызу және талдау; 10.1.3.1 алынған теоретикалық және экспериментальды нәтижелерді түсіндіру мен қорытынды жасау
	Еркін және еріксіз тербелістер, резонанс	10.2.5.10 еріксіз тербеліс амплитудасының мәжбүрлеуші күштің жиілігіне тәуелділігін график бойынша сипаттау; 10.2.5.11 резонанс құбылысын сипаттау
	Еркін электромагниттік тербелістер	10.4.4.1 тербелмелі контурдағы еркін электромагниттік тербелістерді сапалы сипаттау

	Еріксіз электромагниттік тербелістер	10.4.4.2 түсініктер негізінде айнымалы тоқтың пайда болуын түсіндіру
2-тоқсан		
Тербелістер және толқындар	Толқындық қозғалыс	10.2.5.12 толқын жылдамдығы, жиілігі және толқын ұзындығы формулаларын есеп шығарудақолдану
	Поперечные и продольные волны	10.2.5.13 көлденең және бойлық толқындарды салыстыру
	Зертханалық жұмыс № 4 "Беттік толқындардың таралу жылдамдығын анықтау"	10.2.5.14 су бетіндегі толқындардың таралу жылдамдығын эксперимент түрінде анықтау
	Дыбыс	10.2.5.15 естіп қабылдау негізінде дыбыстың пайда болу және таралу шарттарын атау
	Характеристики звука	10.2.5.16 дыбыс сипаттамаларын дыбыс толқындарының жиілігі және амплитудасымен сәйкестендіру
	Акустикалық резонанс	10.2.5.17 резонанстың пайда болу шарттарын атау және оның қолданылуына мысалдар келтіру
	Жаңғырық	10.2.5.18 жаңғырықтың пайда болу табиғатын және оны қолдану әдістерін сипаттау
	Ультрадыбыс	10.2.5.19 табиғатта және техникада ультрадыбыс пен инфрадыбысты қолдануға мысалдар келтіру
	Электромагниттік толқындар	10.4.4.3 механикалық толқындар мен электромагниттік толқындардың қасиеттерін салыстыру
	Электромагниттік толқындардың модуляциясы мен толқындарды анықтау	10.1.3.2 эксперименттің нәтижесіне әсер ететін факторларды талдау және көріп - сипап сезу арқылы зерделеу дағдыларын қолдану арқылы экспериментті жүргізуді жақсарту жолдарын ұсыну
	Радио байланыс	10.4.4.4 электромагниттік толқындар диапазонын қолдануды сипаттау мен мысалдар келтіру
	Жарықтың дисперсиясы	10.4.4.5 әйнек призма арқылы жарық шағылу кезіндегі жарық дисперсиясын сипаттау
		10.1.3.1 алынған теоретикалық ж ә н е

	Электромагнитті толқындардың шкаласы	экспериментальды нәтижелерді түсіндіру мен қорытынды жасау
3-тоқсан		
Атом құрылысы, атомдық құбылыстар	Жылулық сәуле шығару	10.6.1.1 сәулелік энергияның температураға тәуелділігін сипаттау
	Абсолютті қара дене	10.6.1.2 аспан денелерін зерделеуде бақылау әдісінің маңыздылығын білу, жұлдыздардың жарқырауы барысында кеңістіктік –образдық ойлауды қолдана алуы
	Жарық кванттары туралы Планк гипотезасы	10.6.1.3 Планк формуласын есептер шығаруда қолдану
	Фотоны	10.6.1.2 аспан денелерін зерделеуде бақылау әдісінің маңыздылығын білу, жұлдыздардың жарқырауы барысында кеңістіктік –образдық ойлауды қолдана алуы
	Фотоэффект құбылысы	10.6.1.4 фотоэффект құбылысын сипаттау және фотоэффект құбылысының техникада пайдаланылуына мысалдар келтіру
	Фотоэффектінің теңдігі	10.6.1.5 фотоэффект үшін Эйнштейн формуласын есептер шығаруда қолдану
	Фотоэффектінің қолдану	10.6.1.4 фотоэффект құбылысын сипаттау және фотоэффект құбылысының техникада пайдаланылуына мысалдар келтіру
	Рентген сәулелері	10.6.1.6 рентген сәулесін электромагниттік сәулелердің басқа түрлерімен салыстыру; 10.6.1.7 рентген сәулесін қолдануға мысалдар келтіру
	Радиоактивтіліктің ашылуы	10.6.1.13 Брайль жүйесі бойынша химиялық элементтердің формуласы мен ядролық реакциялардың жазба ережелерін білу; 10.1.2.1 Менделеев кестесіне сәйкес масса көлемі мен зарядты өлшеу бірліктерін қолдану
	Радиоактивті сәулеленудің табиғаты	10.6.2.1a, b және g - сәулеленудің табиғаты мен қасиеттерін түсіндіру

	Резерфорд тәжірибесі, атомның құрамы	10.6.1.8а-бөлшегінің шашырауыбойынша Резерфорд тәжірибесін сипаттау
	Радиоактивтілік айналу	10.6.1.13 Брайль жүйесі бойынша х и м и я л ы қ элементтердің формуласы мен ядролық реакциялардың жазба ережелерін білу
	Ядролық күштер Ядролық өзара әрекеттесу	10.6.1.9 ядролық күштердің қасиеттерін сипаттау
4-тоқсан		
Атом ядросы	Массалар ақауы, атом ядросының байланыс энергиясы	10.6.1.10 атом ядросының масса ақауын анықтау 10.6.1.11 атом ядросының байланыс энергиясы формуласын есептер шығаруда қолдану
	Ядролық реакциялар	10.6.1.12 ядролық реакцияның теңдеуін шешуде зарядтық және массалық сандардың сақталу заңын қолдану; 10.6.1.13 Брайль жүйесі бойынша х и м и я л ы қ элементтердің формуласы мен ядролық реакциялардың жазба ережелерін білу; 10.6.2.2 радиоактивті ыдыраудың ықтималдық сипатын түсіндіру
	Радиоактивті ыдырау заңы	10.6.2.3 радиоактивті ыдырау заңын есептер шығаруда қолдану;
	Ауыр ядролардың бөлінуі, тізбекті ядролық реакция.	10.6.2.4 тізбекті ядролық реакциялардың өту шарттарын сипаттау
	Ядролық реактор	10.6.2.5 ядролық реактордың жұмыс істеу принципін сипаттау
	Термоядролық реакциялар Радиоизотоптар	10.6.2.6 ядролық ыдырау мен ядролық синтезді салыстыру; 10.6.2.7 радиоактивті изотоптарды қолданудың мысалдарын келтіру
	Радиациядан қорғану	10.6.2.8 радиациядан қорғану әдістерін сипаттау
	Элементар бөлшектер	10.6.3.1 элементар бөлшектерді жіктеу
	Физика және астрономияның дүниетанымдық маңызы	10.8.1.1 адамның дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына ф и з и к а ж әне астрономияның дамуының әсерін түсіндіру
Әлемнің қазіргі физикалық бейнесі	Экологиялық мәдениет	10.8.1.2 жаңа технологиялардың қоршаған ортаға әсерінің

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 123 бұйрығына  
25-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына  
662-қосымша

## **Көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Химия" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10-сыныптары үшін "Химия" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (әрі қарай – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарламаның мақсаты – заттар мен олардың айналымы, заттар қасиеттерінің, олардың құрамы мен құрылысына тәуелділігін түсіндіретін заңдар мен теориялар туралы, негізгі ұғымдар мен химиялық символика туралы білімжүйесін қалыптастыру.

3. Бағдарламаның міндеттері:

1) Химия ғылымының негіздері, маңызды фактілері, ұғымдары, заңдары мен теориялары, химия ғылымының тілі, түсінерліктей дүниетанымдық жинақтаубойынша білім қалыптастыру;

2) химиялық құбылыстарды бақылау және түсіндіру, химиялық зертханада және күнделікті өмірде заттармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтаудағыларын дамыту;

3) болашақ практикалық қызметінің ықтимал саласы ретінде пәнге деген қызығушылықты дамыту;

4) химияның гуманистік бағыттылығын, оның адамзат алдында тұрған басты мәселелерді шешудегі артып келе жатқан рөлін және әлемнің ғылыми бейнесіне қосқан үлесін ашу.

4. Түзете-дамыту міндеттері:

1) химияны оқу процесінде танымдық қызметті жандандыру және түзету; білім алушылардың абстрактілі ойлауын, жалпы ғылыми әдістерді игеруін дамыту (бақылау, өлшеу, эксперимент, модельдеу));

2) химиялық заттардың құрылысын зерделеу кезінде заттық және кеңістіктік дұрыс түсініктерді қалыптастыру; заттық-кеңістіктік түсініктерді және көрнекі-бейнелі

ойлауды дамытуға ықпал ететін бедерлі суреттерді, схемаларды оқу дағдыларын қалыптастыру;

3) заттардың құрамы мен құрылысы негізінде олардың химиялық қасиеттері туралы эксперименттік гипотезаларды ұсыну және тексеру дағдыларын дамыту;

4) көру, есту және сипап сезу арқылы қабылдауды, зейін қоюды, есте сақтауды, ойлау мен қиялды дамыту, көз мөлшері дағдыларын дамыту;

5) заттардың қасиеттерін, алу және тану тәсілдерін зерделеу бойынша жобаларды және оқу-зерттеу міндеттерін орындау кезінде зерттеу дағдыларын дамыту;

6) қалдықтық көру қабілетін қорғау және жұмысқа қажетті офтальмологиялық-гигиеналық нормаларды құру;

7) жаратылыстану-ғылыми дүниетанымын, оқуға саналы көзқарасын қалыптастыру; басқа пәндермен пәнаралық байланыстарға негізделген ғылыми білімді практикалық қолдану дағдыларын қалыптастыру.

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

5. Көру қабілеті бұзылған балаларды оқыту тұлғаға бағытталған, іс-әрекеттік, дифференциалды, коммуникативті педагогикалық тәсілдер негізінде жүзеге асырылады.

6. Тұлғаға бағытталған тәсілді жүзеге асыру бір сынып ұжымында "орташа" оқушыға бағдарлана отырып емес, оқушылардың даралық, көру, танымдық мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, әрқайсысымен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық жағдай жасауға ықпал етеді.

7. Іс-әрекеттік тәсіл кезінде нәтижелі әрекет үдерісінде жаңа білімді жасампаздықпен өз бетімен құру жүзеге асырылады, онда білім алушылар "химиялық реакция теңдеуі", "химиялық формула", "индекс", "коэффициент", "химиялық теңдеу" ұғымдарына сүйене отырып, бұрын алған білімдерін жүйелеп, жаңа ақпаратты тіректік білімімен байланыстыра алады, бұл танымдық мүмкіндіктерін дамытуға ықпал етеді.

8. Дифференциаланған тәсілде ақыл-ой қабілеттері мен орталық көру өткірлігін ескере отырып, әртүрлі деңгейлі тапсырмалар қолданылады, бұл білім алушыларға өз жетістіктерін көруге және мүмкіндіктерін шынайы бағалауға жағдай туғызады, пәнге деген қызығушылықты арттыруға, сабақта білім алушылардың психологиялық күйзелісін төмендетуге көмектеседі.

9. Коммуникативті тәсіл ықпал етеді:

1) мұғаліммен және құрдастарымен оқудағы ынтымақтастықты және бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыру іскерлігін қалыптастыруға; ұстанымдарды қиыстыру және мүдделерді ескеру негізінде ортақ шешім табуға және конфликттерді шешуге, өз пікірін тұжырымдап, дәлелдеуге және қорғауға;

2) эксперименттік есептерді шешу кезінде химиялық құбылыстар мен үдерістерді түсіндіре білуді қалыптастыру; себеп-салдарлық байланыстарды өздігінен анықтауға.

10. Химия сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану білім беру үдерісін қарқындатуға және презентациялар, жобалар өткізу кезінде сабақта жеке дара жағдай жасауға ықпал етеді, сондай-ақ бейне сабақтарда химиялық экспериментті бақылау, түсіндіру қабілетін дамытуға ықпал етеді.

11. Химияны оқыту процесінде келесі оқу және түзету пәндерімен байланыс жүзеге асырылады: "Орыс тілі", "Физика", "География", "Биология", "Алгебра", "Технология", "Қалдық көру және көру арқылы қабылдауын қорғау және дамыту", "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау", "Кеңістіктік бағдарлау".

12. Арнайы көрнекі құралдар, дидактикалық материалдар және оқытудың арнайы техникалық құралдары зор түзету маңызына ие болады, соның ішінде:

- 1) "Зағиптарға арналған химия бойынша конструктор" оқу құралы;
- 2) химия кабинеті үшін арнайы жабдықтар (арнайы оқушы үстелдері, зертханалық ыдыстар, аспаптар мен реактивтер);
- 3) Брайль жүйесі бойынша Д.И.Менделеевтің периодтық жүйесі; Брайль бойынша ерігіштік кестесі;
- 4) рельефті-нүктелі шрифтпен жасалған мәтіндік дидактикалық құралдар; жазықтықта рельефпен орындалған, бірақ түрлі-түсті әрленген, сипапсеу және көру арқылы қабылдауға арналған иллюстрациялық-графикалық құралдар (жарықты сезу және қалдықтық көру қабілеті бар зағип балалар үшін); көрмейтін балалардың ерекше білім берудегі жеке қажеттіліктеріне сай келетін жеке дидактикалық материалдар мен көрнекі құралдар;
- 5) интерактивті тақта;
- 6) аудио-құралдар мен бейне-құралдар.

13. Көру қабілеті бұзылған білім алушылар үшін химиялық нысандарға тән белгілермен тікелей танысу өте маңызды, әсіресе егер олар бұрын олармен кездеспеген болса немесе көру депривациясына байланысты оларды өте үстірт және фрагментті түрде қабылдаса.

14. Нашар көретін білім алушылардың көру арқылы қабылдауының ерекшеліктеріне байланысты үлестірме материалды бейорганикалық және органикалық химия курсының сипаттамалық бөлімінің барлық бөліктері бойынша тақырыптық коллекциялар түрінде дайындау қажет. Бұл коллекциялардағы үлгілер саны шамадан тыс болмауы керек.

### **3-тарау. "Химия" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

15. "Химия" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 7-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;
- 2) 8-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 3) 9-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 4) 10-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

16. Бағдарламаның мазмұны 5 бөлімді қамтиды:

- 1) "Заттардың бөлшектері" бөлімі;
- 2) "Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары" бөлімі;
- 3) "Химиядағы энергетика" бөлімі;
- 4) "Химия және қоршаған орта" бөлімі;
- 5) "Химия және өмір" бөлімі.

17. "Заттардың бөлшектері" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) атомдар, иондар және молекулар;
- 2) атомның құрамы мен құрылысы;
- 3) атомда электрондардың қозғалысы мен таралуы. Атомдардан иондардың құрылуы ;
- 4) химиялық байланыстардың түрлері.

18. "Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) периодтық заң мен химиялық элементтердің периодтық жүйесі;
- 2) химиялық реакциялардың жіктелуі;
- 3) зат массасының сақталу заңы;
- 4) металдардың электрохимиялық кернеу қатары.

19. "Химиядағы энергетика" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар;
- 2) химиялық реакциялардың жылдамдығы;
- 3) химиялық тепе-теңдік;
- 4) қышқылдар мен негіздер теориясы.

20. "Химия және қоршаған орта" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) заттардың жіктелуі;
- 2) Жер химиясы;
- 3) көміртек және оның қосылыстары химиясы.

21. "Химия және өмір" бөлімі келесідей бөлімшені қамтиды:

- 1) биохимия.

22. 7-сыныпқа арналған "Химия" пәнінің базалық мазмұны:

1) "Химия пәні". Таза заттар және қоспалар. Химия – заттар туралы жаратылыстану ғылымдарының бір саласы, химияның дамуы мен маңызы, химия кабинетіндегі және зертханасындағы қауіпсіздік техникасының ережелері; таза заттар және олардың физикалық қасиеттері, біртекті және әртекті қоспалар, заттарды тазарту және бөлу тәсілдері; жәй және күрделі заттар; элемент және химиялық қосылыстар. Практикалық жұмыс №1 "Техника қауіпсіздігі ережелері және зертханалық құрал-жабдықтармен танысу". Зертханалық тәжірибе №1 "Заттарды және олардың қосылыстарын салыстыру". Зертханалық тәжірибе №2 "Ластанған ас тұзын тазарту";



2) "Заттар күйінің өзгеруі". Физикалық және химиялық құбылыстар, химиялық реакция, заттың агрегаттық күйлері, қатты, сұйық, бөлшектердің кинетикалық теориясына сәйкес газтәріздес заттардың құрылымы, заттардың салқындау, қыздыру және булану үдерістері. Зертханалық тәжірибе №3 "Химиялық реакциялардың белгілерін зерттеу". Зертханалық тәжірибе №4 "Аспирин немесе салолдың салқындау үдерісін зерттеу". Зертханалық тәжірибе №5 "Судың қайнау үдерісін зерттеу". бақылау жұмысы №1.

3) "Атомдар. Молекулалар. Заттар". Атомдар мен молекулалар, атомдар мен молекулалардың айырмашылығы, химиялық элементтер, химиялық элементтердің символдары, элементтерді металдар мен бейметалдарға жіктеу, жай және күрделі заттар, атомның құрамы мен құрылысы, ядро, протон, нейтрон, электрон, изотоптар, элементті аталуы және фундаменталды бөлшектерінің саны бойынша сипаттау;

4) "Ауа. Жану реакциясы". Ауа және оның құрамы, атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың маңызы, жану үдерісі, заттың жану шарттары, тез тұтанатын, жанатын және жанбайтын заттар, отын, оттек, тұтану көзі, тұтану температурасы, металдар мен бейметалдардың жануы, жану реакциясының өнімдері. Зертханалық тәжірибе №6 "Балауыз шамның жануы". Практикалық жұмыс №2/Көрсетілім "Күкірттің, фосфордың, темірдің ауада және оттегінде жануын салыстыру". Бақылау жұмысы №2;

5) "Химиялық реакциялар". Табиғи қышқылдар мен сілтілер, "қышқылдық" және "сабынды" қасиеттер, индикаторлар, әмбебап индикатор, рН шкала метилоранж, лакмус, фенолфталеин, индикаторлардың түрлі орталардағы түстерінің өзгеруі, қышқылдар мен сілтілер, антацидті заттар, бейтараптану реакциясы, сұйылтылған қышқылдар, қышқылдардың қолданылу аймақтары, қышқылдармен жұмыс жүргізу ережелері, сұйылтылған қышқылдардың түрлі металдармен әрекеттесуі, сутекке сапалық реакция, карбонаттар, сұйылтылған қышқылдардың карбонаттармен әрекеттесуі, көмірқышқыл газына сапалық реакция. Зертханалық тәжірибе №7 "Ерітінділердің қышқылдық, негіздік ортасын анықтау". Зертханалық тәжірибе №8 "Хлорсутек қышқылының бейтараптану реакциясы". Зертханалық тәжірибе №9 "Мырыштың сұйылтылған тұз қышқылымен реакциясы". Зертханалық жұмыс №10 "Сутекке сапалық реакция". Практикалық жұмыс №3 "Сұйылтылған қышқылдар мен карбонаттардың әрекеттесуі. Көмірқышқыл газына сапалық реакция";

6) "Химиялық элементтердің периодтық кестесі". Химиялық элементтердің периодтық кестелерін құру тарихы, И. Дүберейнер, Дж. Ньюлендс, Д.И. Менделеевтің элементтерді жіктеуі, периодтық заң, периодтық кестенің құрылымы, периодтық кестенің құрылу принципі, атом нөмірі, ядро заряды, атомдағы элементер бөлшектер;

7) "Салыстырмалы атомдық масса және қарапайым формулалар". Изотоптар қоспасы, табиғи изотоптар, салыстырмалы атомдық масса, салыстырмалы молекулалық /формулалық масса, химиялық формула, химиялық элементтердің валенттілігі, бинарлы

қосылыстардың формулаларын құрастыру, қосылыстардағы атомдардың қатынастары. Есептеуге берілген есептер: салыстырмалы молекулалық массаны есептеу. Бақылау жұмысы №3;

8) "Адам ағзасындағы химиялық элементтер". Қоректік заттар, адам ағзасындағы химиялық элементтер (O, C, H, N, Ca, P, K), химиялық элементтердің тірі және өлі табиғаттағы таралуы, адам ағзасындағы микро-, макроэлементтердің биологиялық ролі, тыныс алу үдерісі, тамақтану теңгерімі. Практикалық жұмыс № 4 "Тағам құрамындағы қоректік заттарды анықтау". Зертханалық тәжірибе №11 "Тыныс алу үдерісін зерттеу";

9) "Геологиялық химиялық қосылыстар". Пайдалы геологиялық химиялық қосылыстар, табиғи ресурстар, кен орны, кен, кеннің құрамы, минералдар, табиғи ресурстарды өндіру, металдарды алу, Қазақстанның пайдалы қазбалары, минералдарды өндірудің экологиялық аспектілері. Бақылау жұмысы №4;

23. 8-сыныпқа арналған "Химия" пәнінің базалық мазмұны:

1) "Атомдардағы электрондардың қозғалысы". Атомдардағы электрондардың орналасуы, энергетикалық деңгейлер, s және p орбитальдарының пішіндері, электрондық конфигурация, электронды-графикалық формула, ион, иондардың түзілуі, "нольдік қосынды" әдісімен қосылыстардың формулаларын құрастыру. Зертханалық тәжірибе №1 "Атомдардың модельдерін жасау";

2) "Заттардың формулалары және химиялық реакция теңдеулері". Химиялық формула, химиялық реакция теңдеулері, заттардың массасының сақталу заңы, химиялық реакциялардың типтері: бірігу, ажырау, алмастыру, алмасу, табиғаттағы, химиялық реакциялар тірі организмдер мен адам тіршілігіндегі химиялық реакциялар. №1 көрсетілім "Заттардың массасының сақталу заңын дәлелдейтін тәжірибе". №2 зертханалық тәжірибе "Әрекеттесуші заттардың массасының қатынасы". Есептеуге берілген есептер: химиялық формула бойынша химиялық бірігудегі элементтің массалық үлесін есептеу, элементтердің массалық үлестері бойынша заттың қарапайым формуласын анықтау;

3) "Металдардың химиялық белсенділігі". Металдардың тотығуы, металдардың жемірілуі; металдардың сумен әрекеттесуі, металдардың қышқыл ерітінділерімен, металдардың тұз ерітінділерімен әрекеттесуі, металдардың белсенділік қатары, металдардың белсенділігін салыстыру. №2 көрсетілім "Белсенді металдардың сумен әрекеттесуі". №3 зертханалық тәжірибе "Металдардың қышқылдар ерітіндісімен әрекеттесуі". №3 көрсетілім "Тұз ерітінділерінен металдарды ығыстыру". Практикалық жұмыс №1 "Металдардың белсенділігін салыстыру";

4) "Заттың мөлшері". Заттың мөлшері, моль, Авогадро саны, заттың молярлық массасы. Есептеуге берілген есептер: жәй және күрделі заттардың салыстырмалы молярлық массасын есептеу, химиялық формула бойынша заттың молярлық массасын, массасын және заттың мөлшерін есептеу, заттың белгілі мөлшеріндегі атомдардың (молекулалардың) сандарын есептеу;

5) "Стехиометриялық есептеулер". Химиялық реакциялардың теңдеулері бойынша есептер шығару, молярлық көлем, газдардың салыстырмалы тығыздығы, көлемдік қатынастар заңы, қалыпты және стандартты жағдайлар. Есептеуге берілген есептер: химиялық формула бойынша заттың молярлық массасын, массасын және заттың мөлшерін есептеу, заттың берілген массасы немесе заттың мөлшері бойынша атомдар мен молекулалардың сандарын есептеу, химиялық реакциялардың теңдеулері бойынша реакция өнімінің массасын, көлемін (газдың) және зат мөлшерін есептеу, қалыпты жағдайлардағы газдың көлемін, газдардың салыстырмалы тығыздығын есептеу, оттегі және ауа бойынша газдардың салыстырмалы тығыздықтарын есептеу, заттың мөлшері, молярлық масса, газдың молярлық көлемі, Авогадро заңы ұғымдарын пайдаланып формулалар бойынша есептеулер жасау, химиялық реакциялар кезіндегі газдардың көлемдік қатынастары түсініктерін қолданып есептеулер жасау;

6) "Химиялық реакциялардағы энергиямен танысу". Отынның жануы және энергияның бөлінуі, көміртекті отынның жануы кезінде көмірқышқыл газы, иіс газы немесе көміртек түзілуі мүмкіндігі, жылыжайлық эффектісінің себептері және шешу жолдары, экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар, әртүрлі отындардың потенциалы, қоршаған ортаға әсері, кинетикалық бөлшектер теориясы тұрғысынан энергия өзгерісі, реакцияның жылу эффектісі, термохимиялық теңдеулер. №4 зертханалық тәжірибе "Энергияның өзгеруімен жүретін химиялық реакциялар". Есептеуге берілген есептер: реакциялардың термохимиялық теңдеулері бойынша реакцияның жылу эффектісін есептеу;

7) "Сутек. Оттегі және озон". Сутек – химиялық элемент және жәй зат, сутектің изотоптары (протий, дейтерий және тритий), сутектің қасиеттері, қолданылуы және алынуы, оттегі – химиялық элемент және жәй зат, оттегінің қасиеттері, қолданылуы және алынуы, сутектің және оттегінің бинарлы қосылыстары, табиғатта таралуы, оттегінің аллотропиялық түрөзгерісі, озон, сутек пен оттегі алу, Жер бетіндегі озон қабатының маңызы. №4 көрсетілім "Сутек пероксидінің ажырауы". Практикалық жұмыс №2 "Сутекті алу және оның қасиеттерін зерттеу". Практикалық жұмыс №3 "Сутектің пероксидінен оттегі алу және оның қасиеттерін зерттеу". Есептеуге берілген есептер: реакцияға қатысатын немесе реакция нәтижесінде түзілген өнімнің белгілі массасы, заттың мөлшері немесе көлемі бойынша заттың массасын, заттың мөлшерін, (газдың) көлемін есептеу. Бақылау жұмысы №2;

8) "Химиялық элементтердің периодтық жүйесі". Химиялық элементтердің периодтық жүйесінің құрылымы, периодтың, топтың, атом нөмірінің физикалық мәні, химиялық элементтердің атомдарының кейбір қасиеттері мен сипаттамаларының периодты түрде өзгеруі, периодтық жүйедегі орыны бойынша элементтің сипатталуы, химиялық элементтердің табиғи тектестері, сілтілік металдардың, галогендердің, инертті газдардың тектестері, металдар мен бейметалдар, периодтық кестеде орналасуына байланысты химиялық элементтің қасиеттері;

9) "Химиялық байланыс түрлері". Химиялық элементтердің электртерістілігі, атомдар арасындағы химиялық байланыстар табиғатының бірлігі, ковалентті полярлық және полярлық емес байланыс, иондық байланыс, заттың аморфты және кристалдық күйлері, кристалл торларының типтері, заттардың қасиеттерінің оның құрылысына тәуелділігі;

10) "Ерітінділер және ерігіштік". Заттардың суда еруі, заттардың судағы ерігіштігі бойынша жіктелуі, ерітінділер, еріген заттың массалық үлесі, молярлық концентрация, қатты заттардың, сұйықтардың және газдардың суда ерігіштігі, кристаллогидраттар, ерітінділердің табиғаттағы және күнделікті өмірдегі рөлі, заттарды ерігіштігіне температураның әсері; Зертханалық тәжірибе №5 "Заттардың ерігіштігін зерттеу". Практикалық жұмыс №4 "Қатты заттардың ерігіштігіне температураның әсері". Практикалық жұмыс №5 "Берілген пайыздық және молярлық концентрациялы ерітінділерді дайындау". Есептеуге берілген есептер: заттардың судағы ерігіштігін есептеу, тығыздығы мен көлемі бойынша ерітіндінің массасын анықтау, еріген заттың және еріткіштің массасын, еріген заттың массалық үлесін есептеу, ерітіндідегі заттың молярлық концентрациясын есептеу. Бақылау жұмысы №3;

11) "Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары". Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланыс, қышқылдар: құрамы, номенклатурасы, жіктелуі, қасиеттері, алынуы және қолданылуы, негіздер: құрамы, номенклатурасы, жіктелуі, қасиеттері, алынуы және қолданылуы, тұздар: құрамы, номенклатурасы, жіктелуі, қасиеттері, алынуы және қолданылуы, бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланыс. Зертханалық тәжірибе №6 "Оксидтердің химиялық қасиеттерін зерттеу". Зертханалық тәжірибе №7 "Қышқылдардың химиялық қасиеттерін зерттеу"; Зертханалық тәжірибе №8 "Негіздердің химиялық қасиеттерін зерттеу". Зертханалық тәжірибе №9 "Тұздардың қасиеттері және алынуы";

12) Есептеуге берілген есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша реакцияға қатысушы немесе реакция нәтижесінде түзілген бір заттың белгілі массасы, мөлшері немесе көлемі бойынша табиғатта жүретін процестер мен химиялық реакция нәтижесінде түзілген өнімнің немесе реагенттің массасын, заттың мөлшерін, көлемін есептеу, ерітіндінің белгілі массасы және еріген заттың массалық үлесі бойынша реакция өнімінің массасын, көлемін және заттың мөлшерін есептеу. Бақылау жұмысы №4.

24. 9-сыныпқа арналған "Химия" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) "Көміртек және оның қосылыстары". Көміртектің жалпы сипаттамасы, табиғатта көміртек және оның қосылыстарының таралуы, көміртектің аллотропиялық түр өзгерістері, көміртектің аллотропиялық түр өзгерістерінің қолдану аймағы, көміртектің қасиеттері, көміртектің оксидтері және олардың қасиеттері, тірі ағзаларға иіс газының физиологиялық әсері, көміртектің табиғаттағы айналымы. Практикалық жұмыс №6 "

Көміртектің физикалық және химиялық қасиеттері". Практикалық жұмыс №7 "Көмірқышқыл газын алу және оның қасиеттері зерттеу". Есептеуге берілген есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша реакцияға қатысушы немесе реакция нәтижесінде түзілген бір заттың белгілі массасы, мөлшері немесе көлемі бойынша табиғатта жүретін процестер мен химиялық реакция нәтижесінде түзілген өнімнің немесе реагенттің массасын, заттың мөлшерін, көлемін есептеу, ерітіндінің белгілі массасы және еріген заттың массалық үлесі бойынша реакция өнімінің массасын, көлемін және заттың мөлшерін есептеу;

2) "Су". Судың құрамы, қасиеттері және қолданылуы, табиғаттағы су, су – табиғи әмбебап еріткіш, сулы ерітінділер және жүзгіндер, судың бірегей қасиеттері және оның өмір үшін маңызы, судың табиғаттағы айналымы, судың ластану себептері, судың кермектігі және оны жою тәсілдері, судың және сулы ерітінділердің табиғаттағы, өндірістің түрлі салаларындағы және ауыл шаруашылығындағы маңызы, суды тазарту әдістері, ауыз суын тазарту, Қазақстан Республикасындағы ауыз су мәселесі, су бассейнін ластанудан қорғау, Қазақстандағы су ресурстарының экологиялық мәселелері, сусыз мыс (II) сульфатының көмегімен суды анықтау әдісі. Зертханалық тәжірибе №10 "Судың кермектігін анықтау". Есептеуге берілген есептер: еріген заттың массалық үлесін, еріткіштің, еріген заттың массасын есептеу. Бақылау жұмысы №1.

3) "Электролиттік диссоциация". Электролиттер және бейэлектролиттер, С.Аррениустың электролиттік диссоциациялану теориясының негізгі қағидалары, электролиттік диссоциациялану механизмі, ерітінділердің немесе заттың балқымаларының электр өткізгіштігінің химиялық байланыс түріне тәуелділігі, күшті және әлсіз электролиттер, диссоциациялану дәрежесі, қышқыл, сілті және тұздардың судағы ерітінділерінде электролиттік диссоциациялануы, көпнегізді қышқылдардың, қышқылдық және негіздік тұздардың диссоциациялануы, ион алмасу реакциялары және олардың жүру жағдайлары, электролиттік диссоциациялану теориясы тұрғысынан қышқыл, негіз және тұз ерітінділерінің химиялық қасиеттері, тұздар гидролизі. №1 көрсетілім "Иондық және ковалентті полярлық байланысы бар заттардың электролиттік диссоциациясы". Зертханалық тәжірибе №1 "Қышқыл, сілті ерітінділерінің рН -ын анықтау". Практикалық жұмыс №1 "Ион алмасу реакциялары". Зертханалық тәжірибе №2 "Тұздар гидролизі". Есептеуге берілген есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша заттың мөлшерін, массасын, реакция өнімінің көлемін есептеу, диссоциациялану дәрежесін есептеу;

4) "Бейорганикалық заттарға сапалық талдау". Катиондарға сапалық реакциялар; жалын түсінің боялуы бойынша  $\text{Li}^+$ ,  $\text{Na}^+$ ,  $\text{K}^+$ ,  $\text{Ca}^{2+}$ ,  $\text{Sr}^{2+}$ ,  $\text{Ba}^{2+}$ ,  $\text{Cu}^{2+}$  металл катиондарын анықтау, аниондардың сапалық реакциялары, бейорганикалық қосылыстардың құрамын сапалық талдау. Зертханалық тәжірибе №3 жалын түсінің боялуы бойынша " $\text{Li}^+$ ,  $\text{Na}^+$ ,  $\text{K}^+$ ,  $\text{Ca}^{2+}$ ,  $\text{Sr}^{2+}$ ,  $\text{Ba}^{2+}$ ,  $\text{Cu}^{2+}$  катиондарын анықтау". Зертханалық тәжірибе №4 " $\text{Fe}^{2+}$ ,  $\text{Fe}^{3+}$ ,  $\text{Cu}^{2+}$  катиондарына сапалық реакциялар".

Зертханалық тәжірибе №5 "Сулы ерітіндідегі Cl<sup>-</sup>, Br<sup>-</sup>, I<sup>-</sup>, PO<sub>4</sub><sup>3-</sup>, SO<sub>4</sub><sup>2-</sup>, CO<sub>3</sub><sup>2-</sup>, NO<sub>3</sub><sup>-</sup>, SiO<sub>3</sub><sup>2-</sup> аниондарын анықтау". Практикалық жұмыс №2 "Бейорганикалық қосылыстарды сапалық талдау". Есептеуге берілген есептер: егер әрекеттесуші заттардың біреуі артық мөлшерде берілсе химиялық теңдеулер бойынша есептеу;

5) "Химиялық реакциялардың жылдамдығы". Химиялық реакциялардың жылдамдығы, химиялық реакциялардың жылдамдығына әсер ететін факторлар, бөлшектердің кинетикалық тұрғысынан реакция жылдамдығы, катализаторлар, ингибиторлар, катализаторлар мен ингибиторлардың реакция жылдамдығына әсері. №2 көрсетілім "Түрлі химиялық реакциялардың жылдамдығы". Зертханалық тәжірибе №6 "Концентрацияның температурасы мен бөлшектер көлемінің реакция жылдамдығына әсері". Практикалық жұмыс №3 "Реакция жылдамдығына катализатордың әсері";

6) "Қайтымды реакциялар". Химиялық тепе-теңдік, тепе-теңдік динамикалық үдеріс ретінде, химиялық тепе-теңдіктің ығысуы, Ле-Шателье-Браун принципі, химиялық тепе-теңдік күйіне және химиялық реакция жылдамдығына жағдайлардың өзгерісінің әсері, бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан химиялық тепе-теңдік. №3 көрсетілім "Қайтымды химиялық реакциялар". Зертханалық тәжірибе №7 "Химиялық тепе-теңдіктің ығысуы". Бақылау жұмысы №2;

7) "Тотығу-тотықсыздану реакциялары". Химиялық элементтердің тотығу дәрежелері, қосылыстардың формулалары бойынша химиялық элементтердің тотығу дәрежелерін анықтау, тотықтырғыш және тотықсыздандырғыш туралы түсінік, тотығу-тотықсыздану реакциялары, электрондық баланс әдісі;

8) "Металдар мен қорытпалар". Металдардың жалпы сипаттамасы, металдық байланыс пен металдық кристалдық тор, темір мен мыстың физикалық және химиялық қасиеттері, металдардың тек тотықсыздандырғыш қасиеттерін көрсетуі, темір қорытпалары және олардың қолданылуы, металлургия туралы түсінік, шойын мен болат өндірісі, Қазақстанда металлургияның дамуы, металдар мен олардың қорытпаларын алу, Қазақстандағы металдар және оның қосылыстарының маңызды кен орындары, металдарды өндіру үдерістері, қоршаған ортаға әсері, металдарды алу. №4 көрсетілім "Металдардың кристалдық торы модельдері. №5 көрсетілім "Металдар және қорытпалар";

9) Есептеуге берілген есептер: егер құрамында қоспаның белгілі бір массалық үлесі бар басқа заттың массасы белгілі болған жағдайда реакция теңдеуі бойынша заттың массасын есептеу, өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен саластырғандағы заттың шығымы массасын есептеу;

10) 1 (I), 2 (II) және 13 (III) топтар элементтері және олардың қосылыстары. 1 (I)-топ элементтері және олардың қосылыстары, атомдары құрылысы негізінде сілтілік металдардың жалпы қасиеттері, сілтілік металдардың оксидтері мен гидроксидтерінің негіздік қасиеттері және олардың қолданылуы, 2 (II)-топ элементтері және олардың қосылыстары, 1 (I)-ші және 2 (II)-топ металдарының жалпы қасиеттері, кальций оксиді

мен гидроксидінің негіздік қасиеттері және олардың қолданылуы, 3 (III)-топ элементтері, алюминий және оның қосылыстары, алюминийдің қосылыстары мен қорытпаларының қолдану аймағы, алюминий, оның оксиді мен гидроксидінің екідайлы қасиеттері. №6 көрсетілім "Натрийдің, кальцийдің сумен әрекеттесуі". Зертханалық тәжірибе №8 "Кальцийдің сумен және қышқыл ерітіндісімен әрекеттесуі". №7 көрсетілім "Алюминий мен оның қорытпалары". Зертханалық тәжірибе №9 "Алюминийдің қышқыл және сілті ерітінділерімен әрекеттесуі". Практикалық жұмыс №4 "Металдар" тақырыбына эксперименттік есептер шығару;

11) Есептеуге берілген есептер: егер құрамында қоспаның белгілі массалық үлесі бар басқа заттың массасы белгілі болғанда, заттың (реагенттің немесе өнімнің) массасын реакция теңдеуі бойынша есептеу, өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен саластырғандағы заттың шығымы массасын есептеу, өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен саластырғандағы заттың шығымы массасын есептеу. №3 бақылау жұмысы;

25. 10-сыныпқа арналған "Химия" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) 17 (VII), 16 (VI), 15 (V), 14 (IV) - топтарының элементтері және олардың қосылыстары. (VII) топ элементтері, галогендер, байланыс түрі және кристалдық тор типі, топтағы галогендер қасиеттерінің өзгеру заңдылықтары, хлор, хлордың химиялық қасиеттері: металдармен, сутекпен және галогенидтермен әрекеттесуі, хлорсутек қышқылының құрамы қасиеттері мен қолданылуы, 16 (VI)-топ элементтері, күкірт, күкірттің аллотропиялық түр өзгерістерінің физикалық қасиеттері, күкірттің негізгі қосылыстары және олардың физикалық және химиялық қасиеттері, қышқылдық жаңбырдың пайда болу себебі мен экологияға тигізетін әсері, күкірт қышқылы, күкірт қышқылы және оның тұздарының жалпы және ерекше қасиеттері, қасиеттері мен қолданылуы, 15 (V)-топ элементтері: азот, азоттың қасиеттері және табиғаттағы азот айналымы, аммиак, аммиактың қасиеттері, алынуы мен қолданылуы, аммиак өндірісі, (Габер синтезі): азот қышқылы, азот қышқылының қасиеттері, азот қышқылы мен нитраттардың өзіне тән қасиеттері, фосфор және оның қосылыстары, фосфорды аллотропиялық түрлендіру, фосфор қосылыстарының Қазақстандағы кен орындары, фосфор және оның қосылыстарының жалпы химиялық қасиеттері, минералды тыңайтқыштар, олардың Қазақстанда өндірілуі және оларды тиімді қолдану, азот және фосфор тыңайтқыштарының қоршаған ортаға әсері, 14 (IV) - топ элементтері, кремний және оның қосылыстары, кремнийдің қолданылу аймағы және оның жартылай өткізгіш ретінде маңызы, сұйық кристалдар, кремний, оның диоксиді мен карбидіндегі химиялық байланыс түрін және кристалдық тор типі, кремний мен оның қосылыстарының химиялық қасиеттері, Қазақстандағы силикат өнеркәсібі. №8 көрсетілім "Күкірттің аллотропиялық түр өзгерістері". Практикалық жұмыс №5 "Сұйылтылған күкірт қышқылы ерітіндісі және оның тұздарының химиялық қасиеттерін зерттеу"; Зертханалық тәжірибе №10 "Азот молекуласының моделін дайындау".

Зертханалық тәжірибе №11 "Аммиак молекуласының моделін дайындау". Практикалық жұмыс №6 "Аммиактың алынуы және оның қасиеттерін зерттеу". Зертханалық тәжірибе №12 "Азот қышқылының басқа қышқылдармен ортақ қасиеттері". №9 көрсетілім "Минералды тыңайтқыштар". №10 көрсетілім "Алмаз, кремний, кремний диоксиді мен кремний карбидінің кристалдық торларының модельдері. Есептеуге берілген есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша есептеу, бірі зат бастапқы заттардан артық берілген есептер, егер реакция өнімінің практикалық шығымының массалық үлесі белгілі болса, химиялық реакция теңдеуі бойынша заттың (реагенттің немесе өнімнің) массасын есептеу, құрамындағы қоспаның массалық үлесі бар басқа заттың массасы бойынша реакция өнімінің массасын есептеу;

2) "Адам ағзасындағы химиялық элементтер". Адам ағзасының химиялық құрамы; макроэлементтер және микроэлементтер, олардың маңызы, адам ағзасының құрамына кіретін элементтер және олардың маңызы: (O, C, H, N, Ca, P, K, S, Cl, Mg, Fe), Қазақстан тұрғындарының теңгерімді тамақтану рационы, ағзадағы кейбір элементтерді анықтау, ауыр металдармен қоршаған ортаның ластануы көздері, ауыр металдардың ағзаларға әсері. Зертханалық тәжірибе №13 "Сүйек құрамындағы кальцийді анықтау". Зертханалық тәжірибе №14 "Тамақ өнімдерінің құрамындағы көміртекті анықтау". №1 бақылау жұмысы;

3) "Органикалық химияға кіріспе". Органикалық химия – көміртек қосылыстарының химиясы, А.М. Бутлеровтың органикалық қосылыстардың құрылыс теориясының негізгі қағидалары, органикалық заттардың ерекшеліктері, органикалық қосылыстардың жіктелуі, функционалдық топ түсінігі, органикалық қосылыстардың гомологтық қатарлары, органикалық қосылыстардың гомологтық қатарлары, органикалық қосылыстардың номенклатурасы, органикалық қосылыстардың изомериясы. №11 көрсетілім "Метан, этан, этен, этин, этанол, этаналь, этан қышқылы, глюкоза, аминокетан қышқылы модельдері". №12 көрсетілім "Алкандардың алғашқы бес өкілдерінің және сызықты құрылымды спирттердің модельдері". №13 көрсетілім "Пентан изомерлерінің модельдері". Есептеуге берілген есептер: элементтердің массалық үлесі және салыстырмалы тығыздығы бойынша газтәрізді заттардың молекулалық формулаларын табу;

4) "Көмірсутектер. Отын". Көмірсутектердің жіктелуі, номенклатурасы және изомериясы, қаныққан көмірсутектер, алкан, метан, қанықпаған көмірсутектер, алкендер, этилен, алкиндер, ацетилен, арендер, бензол, көмірсутектер арасындағы генетикалық байланыс, көмірсутектердің табиғи көздері, көмірсутекті отындар, табиғи газдың, мұнайдың, көмірдің Қазақстандағы кен орындары, оларды өндіру және өңдеу, көмірсутектерді өндіру, өңдеу және қолданудағы экологиялық мәселелер, көмірсутектерді экономиканың түрлі салаларында және тұрмыста пайдалану, альтернативті отын түрлері, мұнай, мұнай фракциялары және шикі мұнай өнімдерінің қолдану аймағы. №14 көрсетілім "Этиленнің жануы, бром суы мен калий перманганаты



ерітінділерін түссіздендіруі". №15 көрсетілім "Отын түрлері". №16 көрсетілім "Мұнай және мұнай өнімдері"; есептеуге берілген есептер: реакция өнімінің массасы немесе көлемі және белгілі заттың салыстырмалы тығыздығы бойынша органикалық заттың формуласын анықтау;

5) "Оттекті және азотты органикалық қосылыстар". Оттекті органикалық қосылыстардың жіктелуі және номенклатурасы, метанол, этанол, спирттердің улылығы және этил спиртінің адам организміне зиянды әсері, оттекті органикалық қосылыстардың өкілдері; этандиол, пропантриол, этан қышқылы, глюкоза, сахароза, крахмал, целлюлозаның қолданылуы; карбон қышқылдары, күрделі эфирлер мен майлар, сабын, синтетикалық жуғыш заттар, синтетикалық жуғыш заттардың қоршаған ортаға әсері, көмірсулар, нәруыздар, аминқышқылдары, биологиялық маңызды органикалық қосылыстар, Қазақстанның тамақ өнеркәсібі. Зертханалық тәжірибе №15 "Сірке қышқылының қасиеттерін зерттеу". Зертханалық тәжірибе №16 "Нәруыздардың денатурациясы";

6) Есептеуге берілген есептер: егер құрамында қоспаның массалық үлесі бар басқа заттың массасы белгілі болған жағдайда, реакция теңдеуі бойынша органикалық заттың (реагенттің немесе өнімнің) массасын есептеу, өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен саластырғандағы заттың шығымы массасын есептеу, метан, бутан, этанолдың жану реакция теңдеуі бойынша оттектің, ауаның көлемдерін есептеу. №2 бақылау жұмысы.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

26. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодталған. Кодта бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар – бөлім мен бөлімшенің, төртінші сан – оқыту мақсатының реттік санын білдіреді. Мысалы, 7.2.1.4. кодында "7" - сынып, "2.1" - екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, "4" - оқыту мақсатының реттік саны.

28. Бөлімдер бойынша әр сыныпқа оқытудың күтілетін нәтижелері:

1) "Заттардың бөлшектері" бөлімі:

1-кесте

Бөлімдер	Оқыту мақсаттары			
	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып
	7.1.1.1 "Химия" ғылымының негізін оқытатынын айту; 7.1.1.2 химиялық зертханада және кабинетінде жұмыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелерін орындау; ;			

<p>1.1 Атомдар және молекулалар</p>	<p>7.1.1.3 физикалық және химиялық құбылыстарды ажырата алу; 7.1.1.4 заттардың әртүрлі агрегаттық күйлерін білу және бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан қатты, сұйық, газ тәріздес заттардың құрылымын аталуы білу; 7.1.1.5 Брайль жүйесі бойынша салқындау үдерісін түсіндіру, салқындау қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясына сай, өз бақылауларын түсіндіру; 7.1.1.6 судың қайнау үдерісін түсіндіру, қыздыру қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясын пайдалана отырып, өз бақылауларын түсіндіру</p>	<p>8.1.1.1 зат мөлшерінің өлшем бірлігі ретінде – мольді білу және Авогадро санын атау; 8.1.1.2 формула бойынша заттың массасын, зат мөлшерін, құрылымдық бөлшектер санын есептей алу</p>		
	<p>7.1.2.1 атомдар мен молекулалардың айырмашылығын айту; 7.1.2.2 әрбір элемент таңбамен белгіленетінін және атомдардың белгілі бір түрі екендігін түсіндіре білу; 7.1.2.3 элементтерді металдар мен бейметалдарға жіктеу;</p>			

1.2 Атом құрамы мен құрылысы

7.1.2.4 заттарды құрамына қарай жай және күрделіге жіктеу;

7.1.2.5 протон, электрон, нейтронды және олардың атомдағы орналасу тәртібін, массасын зарядын айту;

7.1.2.6 алғашқы 20 элементтің атом құрылысы ( $p^+$ ,  $n^0$ ,  $e^-$ ) мен атом ядросының

құрамын түсіндіру;

7.1.2.7 "изотоп" түсінігін түсіндіру;

7.1.2.8 Жердегі элементтердің басым бөлігі планеталардың қалыптасу кезінде пайда болған изотоптар қоспасы түрінде кездесетіндігін түсіну;

7.1.2.9 табиғи изотоптары бар химиялық элементтердің атомдық массалары бөлшек сан болатындығын түсіну;

7.1.2.10 химиялық элементтердің салыстырмалы атомдық массасы анықтамасын айту;

7.1.2.11 элементтердің атауларын, валенттілікті және олардың қосылыстардағы атомдық қатынастарын қолдана отырып, бинарлы химиялық

	<p>косылыстардың формулаларын құру ; 7.1.2.12 химиялық қосылыстың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық/ формулалық массасын есептеу</p>			
<p>1.3 Атомда электрондардың қозғалысы мен таралуы. Атомдардан иондардың құрылуы</p>		<p>8.1.3.1 атомда электрондар ядродан арақашықтығы артқан сайын біртіндеп энергетикалық деңгейлер бойынша таралатынын түсіну ; 8.1.3.2 әрбір электрон қабатында электрон саны нақты максимал мәннен аспайтынын түсіну; 8.1.3.3 s және p орбиталдарының пішінін атау, рельефті модельдерді қолдану; 8.1.3.4 алғашқы 20 химиялық элементтің электрондық конфигурациясын ж ә н е электронды-графикалық формулаларын жазу, рельефті кестелер мен сызбаларды пайдалану; 8.1.3.5 атомдар электрондарды қабылдай немесе жоғалта алатынын және осының нәтижесінде иондар түзілетінін түсіну;</p>		

		8.1.3.6 "нольдік қосынды" әдісімен қосылыстардың формуласын құрастыру		
1.4 Химиялық байланыстардың түрлері		8.1.4.1 электртерістілік ұғымына сүйеніп ковалентті байланыстың түзілуін түсіндіру; 8.1.4.2 иондық байланыстың түзілуін сипаттау және иондық қосылыстардың қасиеттерін болжау; 8.1.4.3 заттар қасиеттерінің кристалдық тор типтеріне тәуелділігін түсіндіру	9.1.4.1 металдық байланыс пен металдық кристалдық тор жайындағы білімдерін қолданып металдардың қасиетін түсіндіре алу, кристалдық тор модельдерін қолдану; 9.1.4.2 металдарға тән физикалық және химиялық қасиеттерді сипаттау және металл атомдарының тек тотықсыздандырғыш қасиет көрсететінін түсіндіру; 9.1.4.3 құйма ұғымын білу және оның артықшылықтарын түсіндіру; 9.1.4.4 шойын мен болаттың құрамы мен қасиеттерін салыстыру	10.1.4.1 галоген молекулаларының электрондық формулаларын құрастыру және кристалдық тор түрлері мен байланыс типтерін анықтау, әртүрлі заттардың кристалдық торларының кеңістіктік модельдерін пайдалану; 10.1.4.2 аммиактың молекулалық, электрондық және құрылымдық формулаларын түсіндіру, шар-білікті модельдерді қолдану; 10.1.4.3 азот қышқылының молекулалық, формуласын білу және атомдар арасындағы химиялық байланыстардың түзілуін атау; 10.1.4.4 кремний, оның диоксиді мен карбидіндегі химиялық байланыс түрін және кристалдық тор типін сипаттау

## 2) "Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары" бөлімі:

2-кесте

Бөлімдер	Оқыту мақсаттары			
	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып
				10.2.1.1 топта галогендер қасиеттерінің өзгеру

		<p>8.2.1.1 топ, период, атом нөмірінің физикалық мәнін түсіндіру;</p> <p>8.2.1.2 бір топтағы элементтердің сыртқы электрондық деңгейінде электрондар санының бірдей болатындығын түсіну;</p>	<p>9.2.1.1 атом құрылысы негізінде сілтілік металдардың жалпы қасиеттерін түсіндіру;</p> <p>9.2.1.2 сілтілік металдардың оксидтері мен гидроксидтерінің негіздік қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру;</p> <p>9.2.1.3 1 (I) және 2 (II) - топ металдарының жалпы қасиеттерін салыстыру және химиялық реакция теңдеулерін құрастыру;</p>	<p>зандылықтарын болжау;</p> <p>10.2.1.2 хлордың физикалық қасиеттерін сипаттау және металдармен, сутекпен және галогенидтермен реакция теңдеулерін құру;</p> <p>10.2.1.3 хлорсутек қышқылы ерітіндісінің химиялық қасиеттерін зерттеу және оның қолдану аясын білу; периодтық жүйені Брайль жүйесі бойынша пайдалану, рельефті-нүктелі кестелер мен сызбаларды қолдану;</p> <p>10.2.1.4 16 (VI) топ элементтерінің жалпы қасиеттерін сипаттау;</p> <p>10.2.1.5 күкірттің аллотропиялық түр өзгерістерінің физикалық қасиеттерін салыстыру және күкірттің химиялық қасиеттерін көрсететін реакция теңдеулерін құрастыру;</p> <p>10.2.1.6 күкірттің (IV) және (VI) оксидтерінің физикалық және химиялық қасиеттерін салыстыру және күкірт диоксидінің физиологиялық әсерін түсіндіру;</p> <p>10.2.1.7 күкірт қышқылы ерітіндісі мен оның тұздарының</p>
--	--	--	--	--

<p>2.1 Периодтық заң мен химиялық элементтердің периодтық жүйесі</p>	<p>7.2.1.1 И. ДУберейнер, Дж. Ньюлендс, Д.И. Менделеевтің еңбектерінің мысалында элементтердің жіктелуін салыстыру; 7.2.1.2 периодтық кестенің құрылымын сипаттау: топтар және периодтар; периодтық жүйені Брайль жүйесі бойынша пайдалану</p>	<p>8.2.1.3 топтар мен периодтарда элементтер қасиеттерінің өзгеру заңдылығын түсіндіру; 8.2.1.4 периодтық жүйедегі орны бойынша элементті сипаттау; 8.2.1.5 химиялық қасиеттері ұқсас элементтердің біртарапты жататындығын дәлелдеу; 8.2.1.6 химиялық элементтердің табиғи ұяластарын атау және сілтілік металдар, галогендер, инертті элементтердің ұяластарына мысалдар келтіру; 8.2.1.7 химиялық элементтің периодтық кестеде орналасуына сай қасиеттерін болжау; периодтық жүйені Брайль жүйесі бойынша пайдалану</p>	<p>9.2.1.4 кальций оксиді мен гидроксидінің негізгі қасиеттерін түсіндіру және қолданылуын сипаттау; 9.2.1.5 атом құрылысы негізінде алюминийдің қасиеттерін түсіндіру, оның маңызды қосылыстары мен құймаларынның қолдану аймағын атау; 9.2.1.6 алюминийдің , оның оксиді мен гидроксидінің екідайлы қасиеттерін зерттеу; 9.2.1.7 1 (I), 2 (II), 13 (III) -топ металдарының жай және күрделі заттармен әрекеттесуіне байланысты тәжірибені жоспарлау және жүргізу; 9.2.1.8 сұйылтылған және концентрлі азот қышқылының металдармен әрекеттесуінің ерекшелігін сипаттау және электронды баланс әдісімен реакция теңдеуін құрастыру;</p>	<p>физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу; 10.2.1.8 азоттың қасиеттерін және табиғаттағы азот айналымын түсіндіру; 10.2.1.9 аммиакты алу және қасиеттері мен қолданылуын түсіндіру; 10.2.1.10 аммиакты аммоний тұзы ерітіндісі мен сілті ерітіндісін әрекеттестіру жолымен алу және газ тәрізді аммиакпен оның ерітіндісінің қасиеттерін зерттеу; 10.2.1.11 азоттан азот қышқылын алудың реакция теңдеуін құрастыру; 10.2.1.12 азот қышқылының басқа қышқылдармен жалпы ортақ қасиеттерін зерттеу; 10.2.1.13 сұйылтылған және концентрлі азот қышқылының металдармен әрекеттесуінің ерекшелігін сипаттау және электронды баланс әдісімен реакция теңдеуін құрастыру; 10.2.1.14 нитраттың термиялық айрылуының ерекшелігін түсіндіру, реакция теңдеулерін құрастыру; 10.2.1.15 фосфордың аллотропиялық түр өзгерістерін салыстыру;</p>
--	--	--	---	--

				<p>10.2.1.16 фосфор және оның қосылыстарының жалпы химиялық қасиеттерін түсіндіру;</p> <p>10.2.1.17 кремнийдің қолданылу аймағын және оның жартылай өткізгіш ретінде қолданылуын түсіндіру;</p> <p>10.2.1.18 кремний және оның қосылыстарының негізгі химиялық қасиеттерін сипаттау және реакция теңдеулерін құрастыру</p>
2.2 Химиялық реакциялардың жіктелуі	<p>7.2.2.1 сұйылтылған қышқылдардың қолдану аяларын және олармен жұмыс жасау ережелерін атау;</p> <p>7.2.2.2 сұйылтылған қышқылдардың әртүрлі металдармен реакцияларын зерттеу және сутек газының сапалық реакциясын жүзеге асыру;</p> <p>7.2.2.3 кейбір карбонаттардың сұйылтылған қышқылдармен реакцияларын зерттеу және көмірқышқыл</p>	<p>8.2.2.1 бастапқы және түзілген заттардың саны мен құрамы бойынша химиялық реакцияларды жіктеу;</p> <p>8.2.2.2 табиғаттағы және тірі ағзалар мен адам тіршілігіндегі химиялық реакцияларды сипаттау</p>	<p>9.2.2.1 реакция теңдеулерін молекулалық және иондық түрде құру;</p> <p>9.2.2.2 бейтараптану және ион алмасу реакцияларының жүру себептерін түсіндіру;</p> <p>9.2.2.3 тотығу дәрежесі ұғымының мағынасын түсіндіру және оны анықтау;</p> <p>9.2.2.4 тотығу және тотықсыздану үдерістері бір-бірімен байланысты екенін және бір мезгілде жүретіндігін түсіну;</p> <p>9.2.2.5 тотығу-тотықсыздану реакцияларын тотығу дәрежесі өзгере жүретін реакциялар ретінде түсіну;</p> <p>9.2.2.6 тотығу процесін электронды беру, ал</p>	



	газының сапалық реакциясын жүзеге асыру		тотықсыздану-электронды қосып алу деп түсіну; 9.2.2.7 электрондық баланс әдісімен тотығу-тотықсыздану реакцияларының коэффициенттерін қою	
2.3 Зат массасының сақталу заңы	8.2.3.1 заттар құрамындағы элементтердің массалық үлесін табу, элементтердің массалық үлесі бойынша заттардың формуласын шығару; 8.2.3.2 әрекеттесетін заттар қатынасын эксперименттік жолмен анықтау; 8.2.3.3 реакцияға қатысатын және түзілетін заттардың формуласын жаза отырып, химиялық реакциялар теңдеулерін құру; 8.2.3.4 заттар массасының сақталу заңын білу; 8.2.3.5 химиялық реакция теңдеулері бойынша зат массасын, зат мөлшерін есептеу; 8.2.3.6 Авогадро заңын білу және қалыпты және стандартты жағдайлардағы газдар көлемін есептеуде молярлық көлемді қолдану; 8.2.3.7 газдардың салыстырмалы тығыздығын және заттың молярлық массасын салыстырмалы тығыздық бойынша есептеу;	9.2.3.1 әрекеттесуші заттардың біреуі артық берілген реакция теңдеулері бойынша есептеулер жүргізу; 9.2.3.2 қоспаның белгілі бір массалық үлесін құрайтын басқа заттың массасы белгілі жағдайда, реакция теңдеуі бойынша зат массасын есептеу; 9.2.3.3 теориялық мүмкіндікпен салыстырғандағы реакция өнімінің шығымын есептеу; 9.2.3.4 газтекес заттардың молекулалық формуласын салыстырмалы тығыздық немесе элементтердің массалық үлестері арқылы анықтау	10.2.3.1 теориялық мүмкіндікпен салыстырғандағы	

		8.2.3.8 газдардың қатысуымен жүретін реакциялар бойынша есептер шығаруда газдардың көлемдік қатынас заңын қолдану	реакция өнімінің шығымын есептеу
2.4 Металдардың электрохимиялық кернеу қатары		8.2.4.1 кейбір металдар басқаларға қарағанда тотығуға тезірек ұшырайтындығын білу; 8.2.4.2 белсенді металдардың салқын сумен, ыстық су немесе бумен әрекеттесуін сипаттау; 8.2.4.3 металдар коррозиясын туындатуға әсер ететін жағдайларды зерттеу; 8.2.4.4 қышқыл ерітінділерімен әртүрлі металдардың реакцияларын сипаттау; 8.2.4.5 металдардың қышқылдармен әрекеттесуінің реакция теңдеулерін құрастыру; 8.2.4.6 металдардың тұз ерітінділерімен әрекеттесуінің жоспарын жасау және жүргізу; 8.2.4.7 эксперимент нәтижесі бойынша металдардың белсенділік қатарын құру және оны анықтама мәліметтерімен сәйкестендіру; 8.2.4.8 металдардың белсенділік қатарын қолданып, металдардың таныс	

		емес орынбасу реакцияларының жүру мүмкіндігін болжау		
--	--	--	--	--

### 3) "Химиядағы энергетика" бөлімі:

#### 3-кесте

Бөлімдер	Оқыту мақсаттары			
	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып
3.1 Экзотер-миялық және эндотермиялық реакциялар	<p>7.3.1.1 ауа құрамын атау;</p> <p>7.3.1.2 заттардың жану кезінде ауаның құрамына кіретін оттектің жұмсалатындығын білу;</p> <p>7.3.1.3 атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың маңызын түсіну;</p> <p>7.3.1.4 затты жағуға қажетті жағдайларды және жану реакциясының өнімдерін атау;</p> <p>7.3.1.5 тез тұтанатын, жанғыш және жанбайтын заттарға мысалдар келтіру;</p> <p>7.3.1.6 заттардың таза оттекте ауаға қарағанда жақсырақ жанатындығын түсіну;</p> <p>7.3.1.7 металдар мен бейметалдардың жануы кезінде оксидтер түзілетіндігін түсіндіру</p>	<p>8.3.1.1 заттың жану реакциясының өнімі көбінесе оксидтер екенін және құрамында көміртегі бар отын оттекте жанғанда, көмірқышқыл газы, иіс газы немесе көміртек түзілетінін түсіну;</p> <p>8.3.1.2 парниктік эффектінің себептерін түсіндіру және шешу жолдарын ұсыну;</p> <p>8.3.1.3 экзотермиялық реакциялар жылу бөле жүретінін, ал эндотермиялық реакциялар жылу сіңіре жүретінін білу;</p> <p>8.3.1.4 әртүрлі жанғыш заттардың қоршаған ортаға әсерін түсіну;</p> <p>8.3.1.5 энергия өзгерісін бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру</p>	<p>9.3.2.1 реакция жылдамдығы ұғымын түсіндіру;</p> <p>9.3.2.2 реакция жылдамдығына әсер ететін факторларды анықтау және оны бөлшектердің кинетикалық</p>	

3.2 Химиялық реакциялардың жылдамдығы			<p>теориясы тұрғысынан түсіндіру;  9.3.2.3 катализатордың реагенттен айырмашылығын және олардың реакция жылдамдығына әсерін түсіндіру;  9.3.2.4 реакция жылдамдығына ингибитордың әсерін түсіндіру</p>	
3.3 Химиялық тепе-теңдік			<p>9.3.3.1 тепе-теңдікті динамикалық үдеріс ретінде сипаттау  9.3.3.2 Ле-Шателье-Браун принципі бойынша химиялық тепе-теңдіктің ығысуын болжау;  9.3.3.3 химиялық тепе-теңдік күйіне және химиялық реакция жылдамдығына жағдайлар өзгерісінің әсерін түсіну және ажырату;  9.3.3.4 химиялық тепе-теңдікті бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру;  9.3.3.5 аммиак өндірісінің үдерісін сипаттау</p>	
		<p>8.3.4.1 заттарды олардың судағы ерігіштігі бойынша жіктеу;  8.3.4.2 заттар ерітінділерінің табиғаттағы және күнделікті өмірдегі маңызын түсіндіру;</p>	<p>9.3.4.1 қышқылдар, еритін және ерімейтін негіздер,</p>	

<p>3.4 Қышқылдар мен негіздер теориясы</p>	<p>7.3.4.1 кейбір табиғи қышқылдар мен сілтілердің "қышқылдық" және "сабындылық" қасиеттер белгілері болуы мүмкін екендігін білу;</p> <p>7.3.4.2 химиялық индикаторлар метилоранж, лакмус, фенолфталеинді және олардың әртүрлі ортада түстерінің өзгеруін атау;</p> <p>7.3.4.3 рН шкаланың негізінде әмбебап индикаторды қолданып, сілтілер мен қышқылдарды анықтау;</p> <p>7.3.4.4 "антацидтік заттарды" қолдану мысалында қышқылдардың бейтараптануын түсіну</p>	<p>8.3.4.3 заттың ерігіштігіне температура әсерін түсіндіру;</p> <p>8.3.4.4 буландыру техникасын қолдана отырып, заттың 100 г судағы ерігіштігін есептеу, алынған нәтижелерді анықтамалық деректермен салыстыру;</p> <p>8.3.4.5 еріген заттың массалық үлесі мен ерітіндінің белгілі массасы бойынша еріген заттың массасын есептеу;</p> <p>8.3.4.6 ерітіндідегі заттың молярлық концентрациясын есептеу;</p> <p>8.3.4.7 оксидтердің жіктелуін және қасиеттерін білу және түсіну, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру;</p> <p>8.3.4.8 қышқылдардың жіктелуін, қасиеттерін білу және түсіну, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру;</p> <p>8.3.4.9 негіздердің жіктелуі мен қасиеттерін атау, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру;</p> <p>8.3.4.10 тұздарды алудың әртүрлі әдістерін қолдану, сәйкес реакция</p>	<p>орта тұздардың химиялық қасиеттерін көрсететін реакция теңдеулерін молекулалық және иондық түрде құрастыру;</p> <p>9.3.4.2 қышқылдар және негіздер, орта тұздардың химиялық қасиеттерін тәжірибе жүзінде зерттеу және қорытынды жасау;</p> <p>9.3.4.3 орта тұз ерітіндісінің ортасын тәжірибе жүзінде анықтау;</p> <p>9.3.4.4 орта тұздар гидролизінің молекулярлық және иондық теңдеулерін құрастыру;</p> <p>9.3.4.5 орта тұз ерітіндісінің</p>
--	--	--	---

	теңдеулерін құрастыру; 8.3.4.11 тұздардың қасиеттерін, жіктелуін атау, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру; 8.3.4.12 бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланысты зерттеу	ортасының реакциясын болжау
--	---	-----------------------------

#### 4) "Химия және қоршаған орта" бөлімі:

##### 4-кесте

Бөлімдер	Оқыту мақсаттары			
	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып
	7.4.1.1 элементті (жай зат) бірдей атомдардың жиынтығы ретінде түсіну;		9.4.1.1 электролиттер мен бейэлектро-литтердің анықтамасын атау және мысалдар келтіру; 9.4.1.2 заттардың ерітінділері немесе балқымаларының электрөткізгіштігі химиялық байланыс түріне тәуелді екендігін түсіндіру; 9.4.1.3 иондық және коваленттік полюсті байланысы бар заттардың электролиттік диссоциациялану механизмін түсіндіру; 9.4.1.4 электролиттік диссоциация теориясының негізгі қағидаларын түсіндіру; 9.4.1.5 ерітінділердің	

<p>4.1 Заттардың жіктелуі</p>	<p>7.4.1.2 таза заттар атомдардың немесе молекулалардың бір түрінен түзілетінін білу;</p> <p>7.4.1.3 элемент (жай зат) қоспа және қосылыс түсініктерін ажырату;</p> <p>7.4.1.4 қосылыстардың және элементтердің физикалық қасиеттері туралы алған білімдерін қоспа құрамындағы таныс емес заттарды ажыратуға қолдану;</p> <p>7.4.1.5 қоспалардың түрлерін және оларды бөлу әдістерін атау;</p> <p>7.4.1.6 қоспаны бөлуге негізделген тәжірибені жоспарлай және өткізе алу</p>		<p>қышқылдылығы мен сілтілігін ажырату;</p> <p>9.4.1.6 қышқыл, негіз, орта және қышқылдық тұздардың электролиттік диссоциациялану теңдеулерін құрастыру;</p> <p>9.4.1.7 күшті және әлсіз электролиттерге мысал келтіру және оларды ажырату, диссоциациялану дәрежесін анықтай білу;</p> <p>9.4.1.8 <math>\text{Li}^+</math>, <math>\text{Na}^+</math>, <math>\text{K}^+</math>, <math>\text{Ca}^{2+}</math>, <math>\text{Sr}^{2+}</math>, <math>\text{Ba}^{2+}</math>, <math>\text{Cu}^{2+}</math> металл катиондарын анықтау үшін жалын түсінің боялу реакциясын жүргізу және сипаттау;</p> <p>9.4.1.9 <math>\text{Fe}^{2+}</math>, <math>\text{Fe}^{3+}</math>, <math>\text{Cu}^{2+}</math> катиондарына сапалық реакция жүргізу;</p> <p>9.4.1.10 хлорид-, бромид-, йодид-, сульфат, карбонат-, фосфат-, нитрат-, силикат- иондарына сапалық реакцияларды тәжірибе жүзінде жүргізу және ион алмасу реакцияларын бақылап, нәтижесін сипаттау;</p> <p>9.4.1.11 белгісіз заттардағы катион мен аниондарды анықтау тәжірибесінің жоспарын құру және оны практикада жүзеге асыру</p>	
-------------------------------	---	--	---	--

<p>4.2 Жер химиясы</p>	<p>7.4.2.1 жер қыр-тысында көптеген пайдалы химиялық қосылыстар барын түсіну; 7.4.2.2 кейбір минералдар мен пайдалы табиғи қосылыстардың кендерге жататынын түсіну; 7.4.2.3 металды алу үшін кенді өңдеу үдерісін сипаттау; 7.4.2.4 Қазақстан қандай минералды және табиғи ресурстармен бай екендігін және олардың кен орындарын атау; 7.4.2.5 табиғи ресурстарды өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру</p>	<p>8.4.2.1 сутекті алу және оның қасиеттері мен қолдануын зерттеу; 8.4.2.2 ауа құрамындағы және жер қыртысындағы оттектің пайыздық мөлшерін атау; 8.4.2.3 оттекті алу және оның қасиеттері мен қолданылуын зерттеу; 8.4.2.4 оттектің аллотропиялық түр өзгерістерінің құрамы мен қасиеттерін салыстыру; 8.4.2.5 Жер бетіндегі озон қабатының маңызын түсіндіру; 8.4.2.6 судың табиғатта кең таралғандығын, бірегей қасиеттерін және оның өмір үшін маңызын түсіндіру; 8.4.2.7 табиғаттағы су айналымын түсіндіру; 8.4.2.8 судың ластану қауіптілігін және салдарын анықтау, суды тазарту әдістерін түсіндіру; 8.4.2.9 судың "кермектігін" анықтау және оны жою тәсілдерін түсіндіру; 8.4.2.10 суды сусыз мыс (II) сульфатын қолданып анықтау тәсілін білу; 8.4.2.11 табиғаттағы және тірі ағзалар қызметі мен адамның</p>	<p>9.4.2.5 Қазақстандағы металдардың кен орындарын атау және оларды өндіру процестерін, қоршаған ортаға әсерін түсіндіру; 9.4.2.6 кеннен металды алу үдерісін сипаттау</p>	<p>10.4.2.1 қышқылдық жаңбырлардың пайда болу себебі мен экологияға тигізетін әсерін түсіндіру; 10.4.2.2 фосфор қосылыстарының Қазақстандағы кен орындарын атау; 10.4.2.3 минералды тыңайтқыштардың жіктелуін және олардың құрамына кіретін қоректік элементтерді білу; 10.4.2.4 азот және фосфор тыңайтқыштарының қоршаған ортаға</p>
------------------------	--	---	--	--



		тіршілігіндегі жүретін химиялық реакцияларды сипаттау		әсерін оқып түсіндіру
				<p>10.4.3.1 органикалық қосылыстардың көптүрлілігінің себептерін түсіндіру ;</p> <p>10.4.3.2 көмірсутектердің және олардың туындылары: спирттер, альдегидтер, карбон қышқылдары, аминқышқылдарын ың жіктелуін атау;</p> <p>10.4.3.3 функционалдық топ түсінігін берілген класс қосылысының химиялық қасиеттерін анықтайтын топ ретінде түсіндіру;</p> <p>10.4.3.4 гомолог ұғымын және гомологтық айырмашылықты түсініктерін беру;</p> <p>10.4.3.5 органикалық қосылыстардың негізгі кластары: алкандар, алкендер, алкиндер, арендер, спирттер, альдегидтер карбон қышқылдары, аминқышқылдары үшін IUPAC номенклатурасын қолдану;</p> <p>10.4.3.6 изомерия құбылысын білу және көмірсутектердің құрылымдық изомерлерінің формулаларын құрастыра алу;</p>

10.4.3.7 алкандардың химиялық қасиеттерін сипаттау және оны реакция теңдеулерімен дәлелдеу;

10.4.3.8 еріткіштерді алу үшін алкандарды хлорлаудың маңызы мен бұл еріткіштердің қауіптілік дәрежесін түсіндіру;

10.4.3.9 қанықпағандық ұғымын сипаттау;

10.4.3.10 этен мысалында алкендердің химиялық қасиеттерін (жану, гидрлеу, гидратация, галогендеу, сапалық реакциялар) түсіндіру, химиялық реакция теңдеулерімен дәлелдеу;

10.4.3.11 полиэтилен мысалында полимерлену реакциясының механизмі мен полимерлердің құрылымының ерекшеліктерін түсіндіру;

10.4.3.12 пластиктің ыдырау мерзімінің ұзақтық мәселесін түсіндіру, қоршаған ортада пластик материалдардың көбеюінің зардабын білу;

10.4.3.13 этин мысалында алкиндердің химиялық қасиеттерін (жану,

9.4.3.1 көміртек неліктен көптеген қосылыстарында төрт байланыс түзетінін түсіндіру;

9.4.3.2 табиғатта көміртек және оның қосылыстарының таралуын сипаттау;

9.4.3.3 көміртектің аллотропиялық түр өзгерістерінің құрылысын және қасиеттерін салыстыру;

9.4.3.4 көміртектің аллотропиялық түр өзгерістерінің қолданылу аймағын зерттеу;

4.3 Көміртек химиясы

9.4.3.5 көміртектің физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу;

9.4.3.6 көміртек жанған кезде көміртек диоксиді мен көмір-тек моноокси-дің түзілу жағдайларын сипаттау және тірі ағзаға иіс газының физиологиялық әсерін түсіндіру;

9.4.3.7 - көмір-қышқыл газын алу, оның бар екенін дәлелдеу және қасиеттерін зерттеу;

9.4.3.8 көміртегінің табиғаттағы айналымын құру және түсіндіру

гидрлеу, гидратация, галогендеу, сапалық реакциялар) сипаттау, химиялық реакция теңдеулерімен түсіндіру;

10.4.3.14 бензолдың алынуы, қасиеттері және қолданылуын сипаттау;

10.4.3.15 құрамында көміртек бар қосылыстардың отын ретінде пайдалану мүмкін екендігін түсіндіру және альтернативті отын түрлерін зерттеу, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін атау;

10.4.3.16 Қазақстандағы көмірдің, мұнайдың, табиғи газдың кен орындарын атау және оларды өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру;

10.4.3.17 мұнай фракцияларын және шикі мұнайды айдау өнімдерінің қолдану аймақтарын атау;

10.4.3.18 жіктелу схемасын пайдаланып, оттекті органикалық заттардың жіктелуін атау;

10.4.3.19 спирттердің жіктелуін метанол мен этанолдың, қолданылуын, этанолдың алынуын атау және қасиеттерін атау;

10.4.3.20 метанол мен этанолдың адам

ағзасына физиологиялық әсерін түсіндіру;  
10.4.3.21 этиленгликоль мен глицериннің физикалық қасиеттері мен қолданылуын білу;  
10.4.3.22 карбон қышқылдарының құрамын білу және сірке қышқылының химиялық қасиеттері мен қолданылуын сипаттау;  
10.4.3.23 күрделі эфирлер мен майлардың ерекшеліктері мен майлардың қызметін түсіндіру;  
10.4.3.24 сабынның алынуы мен оның қолданылуын білу;  
10.4.3.25 синтетикалық жуғыш заттардың қоршаған ортаға әсерін түсіндіру;  
10.4.3.26 көмірсулардың жіктелуін, биологиялық маңызы мен қызметін түсіндіру;  
10.4.3.27 нәруыздағы аминқышқылдар арасында пептидтік байланыстың түзілуін түсіндіру;  
10.4.3.28 нәруыз денатурациясының реакциясын зерттеу;  
10.4.3.29 нәруыздың биологиялық маңызы мен қызметін түсіндіру

5) "Химия және өмір" бөлімі:

5-кесте

Бөлімдер	Оқыту мақсаттары			
	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып
5.1 Биохимия	<p>7.5.1.1 тағам өнімдерін химиялық заттардың жиынтығы деп түсіну;</p> <p>7.5.1.2 тағамдық өнімдердің бір қатарын: қант, крахмал, (көмірсулар), нәруыз, майларды анықтау;</p> <p>7.5.1.3 адам ағзасына кіретін элементтерді (O, C, H, N, Ca, P, K) атау;</p> <p>7.5.1.4 тыныс алу үдерісін түсіндіру</p>			<p>10.5.1.1 элементтер көрсетілген адам ағзасының суретін пайдаланып, адам ағзасының құрамына кіретін элементтерді атау және олардың маңызын түсіндіру (O, C, H, N, Ca, P, K, S, Cl, Mg, Fe);</p> <p>10.5.1.2 Қазақстан тұрғындарының типтік тамақтану рационын зерттеу және теңгерімді тамақтану рационын құрастыру;</p> <p>10.5.1.3 кальций мен темірдің адам ағзасындағы рөлін түсіндіру;</p> <p>10.5.1.4 тамақ өнімдерінің құрамындағы көміртекті анықтау;</p> <p>10.5.1.5 қоршаған ортаның ауыр металдармен ластану көздерін атау</p>

28. Бағдарлама көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10-сыныптары үшін "Химия" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының Ұзақ мерзімді жоспарының негізінде осы Бағдарламадағы қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда әр бөлімде жүзеге асырылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

29. Бөлім мен тақырыптарды оқуға бөлінетін сағат санын мұғалімнің өзі үлестіреді.

Негізгі орта білім беру  
деңгейінің 7-10-сыныптары үшін  
"Химия" пәнінен жаңартылған  
мазмұндағы үлгілік  
оқу бағдарламасына  
қосымша

**Көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10-сыныптары үшін "Химия" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

1) 7-сынып:

1-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
7.1 Химия пәніне кіріспе. Таза заттар және қоспалар	<p>Химия пәні. №1 практикалық жұмыс "Қауіпсіздік техникасының ережелерімен және зертханалық құрал-жабдықтармен танысу"</p> <p>Элемент, қоспа және қосылыс. №1 зертханалық тәжірибе "Заттар қоспалары мен олардың қосылыстарын салыстыру"</p> <p>Қоспаларды бөлу әдістері. №2 зертханалық тәжірибе "Ластанған ас тұзын тазарту"</p>	<p>7.1.1.1 "Химия" ғылымының нені оқытатынын айту;</p> <p>7.1.1.2 химиялық зертханада және кабинетінде жұмыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелерін атау</p> <p>7.4.1.1 элементті (жай зат) бірдей атомдардың жиынтығын түсіндіру ;</p> <p>7.4.1.2 таза заттар атомдардың немесе молекулалардың бір түрінен түзілетінін түсіндіру;</p> <p>7.4.1.3 элемент (жай зат) қоспа және қосылыс түсініктерін ажырату;</p> <p>7.4.1.4 қосылыстардың және элементтердің физикалық қасиеттері туралы алған білімдерін қоспа құрамындағы таныс емес заттарды ажыратуға қолдану</p> <p>7.4.1.5 қоспалардың түрлерін және оларды бөлу әдістерін атау;</p> <p>7.4.1.6 қоспаны бөлуге негізделген тәжірибені жоспарлау</p>
7.1 Заттардың күйінің өзгеруі	<p>Физикалық және химиялық құбылыстар. №3 зертханалық тәжірибе "Химиялық реакциялардың белгілері"</p> <p>Заттардың агрегаттық күйлері</p> <p>Салқындау үдерісі № 4 зертханалық тәжірибе "Салқындау үдерісін зерттеу"</p>	<p>7.1.1.3 физикалық және химиялық құбылыстарды ажырата алу;</p> <p>7.1.1.4 заттардың әртүрлі агрегаттық күйлерін айту және бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан қатты, сұйық, газ тәріздес заттардың құрылымын түсіндіре алу;</p> <p>7.1.1.5 салқындау үдерісін түсіндіру, салқындау қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясына сай, өз бақылауларын түсіндіру;</p> <p>7.1.1.6 судың қайнау үдерісін түсіндіру, қыздыру қисығын салу</p>

	Қыздыру үдерісі №5 зертханалық тәжірибе "Судың қайнау үдерісін зерттеу"	және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясын пайдалана отырып, өз бақылауларын түсіндіру
2-тоқсан		
7.2 Атомдар Молекулалар Заттар	Атомдар мен молекулалар	7.1.2.1 атомдар мен молекулалардың айырмашылығын атау
	Химиялық элементтер. Жай және күрделі заттар	7.1.2.2 әрбір элемент таңбамен белгіленетінін және атомдардың белгілі бір түрі екендігін түсіндіру ; 7.1.2.3 элементтерді металдар мен бейметалдарға жіктей алу; 7.1.2.4 заттарды құрамына қарай жай және күрделіге жіктей алу
	Атомның құрамы мен құрылысы. Изотоптар	7.1.2.5 протон, электрон, нейтронды және олардың атомдағы орналасу тәртібін, массасын зарядын атау; 7.1.2.6 алғашқы 20 элементтің атом құрылысы (p+, n0, e-) мен атом ядросының құрамын атау; 7.1.2.7 "изотоп" түсінігін атау
7.2 Ауа. Жану реакциясы	Ауа. Ауаның құрамы №6 зертханалық тәжірибе " Балауыз шамның жануы"	7.3.1.1 ауа құрамын атау; 7.3.1.2 заттардың жану кезінде ауаның құрамына кіретін оттектің жұмсалатындығын түсіндіру; 7.3.1.3 атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың маңызын түсіну
	Жану үдерісі № 2 практикалық жұмыс/ көрсетілім "Күкірттің, фосфордың, темірдің ауада және оттекте жануын салыстыру"	7.3.1.4 затты жағуға қажетті жағдайларды және жану реакциясының өнімдерін атау; 7.3.1.5 тез тұтанатын, жанғыш және жанбайтын заттарға мысалдар келтіру; 7.3.1.6 заттардың таза оттекте ауаға қарағанда жақсырақ жанатындығын түсіну; 7.3.1.7 металдар мен бейметалдардың жануы кезінде оксидтер түзілетіндігін түсіндіру
3-тоқсан		
	Табиғи қышқылдар мен негіздер. Индикаторлар.	7.3.4.1 кейбір табиғи қышқылдар мен сілтілердің "қышқылдық" және "сабындылық" қасиеттер белгілері болуы мүмкін айту; 7.3.4.2 химиялық индикаторлар метилоранж, лакмус, фенолфталеинді және олардың

7.3 Химиялық реакциялар	<p>№7 зертханалық тәжірибе "Ерітінділердің қышқылдық, сілтілік ортасын анықтау".</p> <p>№8 зертханалық тәжірибе "Хлорсутек қышқылының бейтараптану реакциясы"</p>	<p>әртүрлі ортада түстерінің өзгеруін айту;</p> <p>7.3.4.3 рН шкаланың негізінде әмбебап индикаторды қолданып, сілтілер мен қышқылдарды анықтау;</p> <p>7.3.4.4 "антацидтік заттарды" қолдану мысалында қышқылдардың бейтараптануын түсіну</p>
	<p>Сұйылтылған қыш-қылдардың металдар-мен әрекеттесуі.</p> <p>№9 зертханалық тәжірибе "Мырыш-тың сұйылтылған тұз қышқылымен әрекеттесуі".</p> <p>№10 зертханалық тәжірибе "Сутекке сапалық реакция"</p>	<p>7.2.2.1 сұйылтылған қышқылдардың қолдану аяларын және олармен жұмыс жасау ережелерін атау;</p> <p>7.2.2.2 сұйылтылған қышқылдардың әртүрлі металдармен реакцияларын зерттеу және сутек газының сапалық реакциясын жүзеге асыру</p>
	<p>Сұйылтылған қыш-қылдардың карбонат-тармен әрекеттесуі.</p> <p>№ 3 практикалық жұмыс "Сұйылтылған қышқылдар мен карбонаттардың әрекеттесуі. Көмірқышқыл газына сапалық реакция"</p>	<p>7.2.2.3 кейбір карбонаттардың сұйылтылған қышқылдармен реакцияларын зерттеу және көмірқышқыл газының сапалық реакциясын жүзеге асыру</p>
7.3 Химиялық элементтердің периодтық кестесі	Химиялық элементтердің периодтық кестелерін құру тарихы	7.2.1.1 И. ДҰберейнер, Дж. Ньюлендс, Д.И. Менделеевтің еңбектерінің мысалында элементтердің жіктелуін салыстыру
	Периодтық кестенің құрылымы	7.2.1.2 периодтық кестенің құрылымын сипаттау: топтар және периодтар; периодтық жүйені Брайль жүйесі бойынша пайдалану
7.3 Салыстырмалы атомдық масса және қарапайым формула	Салыстырмалы атомдық масса	<p>7.1.2.8 Жердегі элементтердің басым бөлігі планеталардың қалыптасу кезінде пайда болған изотоптар қоспасы түрінде кездесетіндігін түсіну;</p> <p>7.1.2.9 табиғи изотоптары бар химиялық элементтер-дің атомдық массалары бөлшек сан болатындығын түсіну;</p> <p>7.1.2.10 химиялық элементтердің салыстырмалы атомдық массасы анықтамасын атау</p>
		7.1.2.11 элементтердің атауларын, валенттілікті және олардың қосылыстардағы атомдық



	Валенттілік. Химиялық формулалар. Қосылыстардың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық массасын есептеу	қатынастарын қолдана отырып, бинарлы химиялық қосылыстардың формулаларын құру; 7.1.2.12 химиялық қосылыстың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық/формулалық массасын есептеу
4-тоқсан		
7.4 Адам ағзасындағы химиялық элементтер	Тағам құрамындағы қоректік заттар. № 4 практикалық жұмыс "Тағам құрамындағы қоректік заттарды анықтау"	7.5.1.1 тағам өнімдерін химиялық заттардың жиынтығын сипаттау; 7.5.1.2 тағамдық өнімдердің бір қатарын: қант, крахмал, (көмірсулар), нәруыз, майларды анықтау
	Адам ағзасындағы химиялық элементтер. Тыныс алу үдерісі. №11 зертханалық тәжірибе "Тыныс алу үдерісін зерттеу"	7.5.1.3 адам ағзасына кіретін элементтерді (O, C, H, N, Ca, P, K) атау; 7.5.1.4 тыныс алу үдерісін түсіндіре алу
7.4 Геологиялық химиялық қосылыстар	Пайдалы геологиялық химиялық қосылыстар. Кен құрамы	7.4.2.1 жер қыр-тысында көптеген пайдалы химиялық қосылыстарын түсіндіру; 7.4.2.2 кейбір минералдар мен пайдалы табиғи қосылыстардың кендерге жататынын түсіндіру; 7.4.2.3 металды алу үшін кенді өңдеу үдерісін сипаттау
	Қазақстанның пайдалы қазбалары Минералдарды өндірудің экологиялық аспектілері	7.4.2.4 Қазақстан қандай минералды және табиғи ресурстармен бай екендігін және олардың кен орындарын түсіндіру ; 7.4.2.5 табиғи ресурстарды өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру

## 2) 8-сынып:

### 2-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
	Атомда электрондардың таралуы	8.1.3.1 атомда электрондар ядродан арақашықтығы артқан сайын біртіндеп энергетикалық деңгейлер бойынша таралатынын түсіну
		8.1.3.2 әрбір электрон қабатында электрон саны нақты максимал мәннен аспайтынын түсіну;

8.1 Атомдағы электрондардың қозғалысы	Энергетикалық деңгейлер. № 1 зертханалық тәжірибе "Атомдар модельдерін жасау"	8.1.3.3 s және p орбиталдарының пішінін айту, рельефті модельдерді қолдану; 8.1.3.4 алғашқы 20 химиялық элементтің электрондық конфигурациясын және электронды-графикалық формулаларын жазу, рельефті кестелер мен сызбаларды пайдалану
	Иондардың түзілуі	8.1.3.5 атомдар электрондарды қабылдай немесе жоғалта алатынын және осының нәтижесінде иондар түзілетінін түсіндіру
	Қосылыстар формуласын құрастыру	8.1.3.6 "нольдік қосынды" әдісімен қосылыстардың формуласын құрастыру
8.1 Заттардың формулалары және химиялық реакция теңдеулері	Химиялық формулалар бойынша есептеулер	8.2.3.1 заттар құрамындағы элементтердің массалық үлесін табу, элементтердің массалық үлесі бойынша заттардың формуласын шығару
	Химиялық реакция теңдеулерін құру. Зат массасының сақталу заңы. № 1 көрсетілім "Зат массасының сақталу заңын дәлелдейтін тәжірибе". № 2 зертханалық тәжірибе "Эрекеттесуші заттардың қатынасы"	8.2.3.2 әрекеттесетін заттар қатынасын эксперименттік жолмен анықтау; 8.2.3.3 реакцияға қатысатын және түзілетін заттардың формуласын жаза отырып, химиялық реакциялар теңдеулерін құру; 8.2.3.4 заттар массасының сақталу заңын айту
	Химиялық реакция типтері	8.2.2.1 бастапқы және түзілген заттардың саны мен құрамы бойынша химиялық реакцияларды жіктеу
	Табиғаттағы және тірі ағзалар мен адам тіршілігіндегі химиялық реакциялар	8.2.2.2 табиғаттағы және тірі ағзалар мен адам тіршілігіндегі химиялық реакцияларды сипаттау
	Металдардың оттекпен және сумен әрекеттесуі. № 2 көрсетілім "Белсенді металдардың салқын және ыстық сумен әрекеттесуі"	8.2.4.1 кейбір металдар басқаларға қарағанда тотығуға тезірек ұшырайтындығын түсіндіру; 8.2.4.2 белсенді металдардың салқын сумен, ыстық су немесе бумен әрекеттесуін сипаттау; 8.2.4.3 металдар коррозиясын туындатуға әсер ететін жағдайларды зерттеу
	Металдардың қышқыл ерітінділерімен әрекеттесуі.	8.2.4.4 қышқыл ерітінділерімен әртүрлі металдардың реакцияларын түсіндіру;

8.1 Металдар белсенділігін салыстыру	№ 3 зертханалық тәжірибе "Металдардың қышқылдар ерітінділерімен әрекеттесуі"	8.2.4.5 металдардың қышқылдармен әрекеттесуінің реакция теңдеулерін құрастыру
	Металдардың тұз ерітінді-лерімен реакциялары. № 3 көрсетілім "Тұз ерітінділерінен металдарды ығыстыру"	8.2.4.6 металдардың тұз ерітінділерімен әрекеттесуінің жоспарын жасау және жүргізу
	Металдардың белсенділік қатары. № 1 практикалық жұмыс "Металдардың белсенділігін салыстыру"	8.2.4.7 эксперимент нәтижесі бойынша металдардың белсенділік қатарын құру және оны анықтама мәліметтерімен сәйкестендіру; 8.2.4.8 металдардың белсенділік қатарын қолданып, металдардың таныс емес орынбасу реакцияларының жүру мүмкіндігін болжау
2-тоқсан		
8.2 Зат мөлшері	Зат мөлшері. Моль. Авогадро саны. Заттардың молярлық массасы	8.1.1.1 зат мөлшерінің өлшем бірлігі ретінде – мольді білу және Авогадро санын айту; 8.1.1.2 формула бойынша заттың массасын, зат мөлшерін, құрылымдық бөлшектер санын есептеу
	Масса, молярлық масса және зат мөлшері арасындағы байланыс	8.1.1.3 заттың массасын, мөлшерін және құрылымдық бөлшектерін есептеп шығару
8.2 Стехиометриялық есептеулер	Химиялық реакция теңдеулері бойынша есептер шығару	8.2.3.5 химиялық реакция теңдеулері бойынша зат массасын, зат мөлшерін есептеу
	Авогадро заңы. Молярлық көлем	8.2.3.6 Авогадро заңын білу және қалыпты және стандартты жағдайлардағы газдар көлемін есептеуде молярлық көлемді қолдану
	Газдардың салыстырмалы тығыздығы. Көлемдік қатынас заңы	8.2.3.7 газдардың салыстырмалы тығыздығын және заттың молярлық массасын салыстырмалы тығыздық бойынша есептеу; 8.2.3.8 газдардың қатысуымен жүретін реакциялар бойынша есептер шығаруда газдардың көлемдік қатынас заңын қолдану
		8.3.1.1 заттың жану реакциясының өнімі көбінесе оксидтер екенін және құрамында көміртегі бар отын оттекте жанғанда, көмірқышқыл газы, иіс

8.2 Химиялық реакциядағы энергиямен танысу	Отынның жануы және энергияның бөлінуі	газы немесе көміртек түзілетінін түсіндіру; 8.3.1.2 парниктік эффектiнiң себептерiн түсiндiру және шешу жолдарын ұсыну
	Экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар. № 4 зертханалық тәжірибе "Энергияның өзгеруімен жүретін химиялық реакциялар"	8.3.1.3 экзотермиялық реакциялар жылу бөле жүретінін, ал эндотермиялық реакциялар жылу сіңіре жүретінін түсіндіру; 8.3.1.4 әртүрлі жанғыш заттардың қоршаған ортаға әсерін түсіну
	Термохимиялық реакциялар	8.3.1.5 энергия өзгерісін бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру
8.2 Сутек. Оттек және озон	Сутек, алынуы, қасиеттері және қолданылуы. № 2 практикалық жұмыс "Сутекті алу және оның қасиеттерін тану"	8.4.2.1 сутекті ала білу және оның қасиеттері мен қолдану
	Оттек, алынуы, қасиеттері, қолданылуы. № 4 көрсетілім "Сутек пероксидінің ыдырауы". № 3 практикалық жұмыс "Оттекті алу және оның қасиеттерін тану"	8.4.2.2 ауа құрамындағы және жер қыртысындағы оттектің пайыздық мөлшерін атау; 8.4.2.3 оттекті ала білу және оның қасиеттері мен қолданылу
	Оттек және озон	8.4.2.4 оттектің аллотропиялық түр өзгерістерінің құрамы мен қасиеттерін салыстыру; 8.4.2.5 Жер бетіндегі озон қабатының маңызын түсіндіру
3-тоқсан		
8.3 Химиялық элементтердің периодтық жүйесі	Химиялық элементтердің периодтық жүйесінің құрылымы	8.2.1.1 топ, период, атом нөмірінің физикалық мәнін түсіндіру
	Химиялық элемент атомдарының қасиеттері мен кейбір сипаттамаларының периодты түрде өзгеруі	8.2.1.2 бір топтағы элементтердің сыртқы электрондық деңгейінде электрондар санының бірдей болатындығын түсіну; 8.2.1.3 топтар мен периодтарда элементтер қасиеттерінің өзгеру заңдылығын түсіндіру
	Периодтық жүйедегі орны бойынша элементтің сипаттамасы	8.2.1.4 периодтық жүйедегі орны бойынша элементті сипаттау
	Химиялық элементтердің табиғи ұяластары және олардың қасиеттері	8.2.1.5 химиялық қасиеттері ұқсас элементтердің бір топқа жататындығын атау; 8.2.1.6 химиялық элементтердің табиғи ұяластарын атау және сілтілік металдар, галогендер, инертті элементтердің ұяластарына мысалдар келтіру

	Металдар және бейметалдар	8.2.1.7 химиялық элементтің периодтық кестеде орналасуына сай қасиеттерін болжау; периодтық жүйені Брайль жүйесі бойынша пайдалану
8.3 Химиялық байланыс түрлері	Электртерістілік. Ковалентті байланыс	8.1.4.1 электртерістілік ұғымына сүйеніп ковалентті байланыстың түзілуін түсіндіру
	Иондық байланыс	8.1.4.2 иондық байланыстың түзілуін сипаттау және иондық қосылыстардың қасиеттерін болжау
	Кристалдық тор түрлері, байланыс типтері және заттардың қасиеттері арасындағы өзара байланыс	8.1.4.3 заттар қасиеттерінің кристалдық тор типтеріне тәуелділігін түсіндіру
4-тоқсан		
8.4 Ерітінділер және ерігіштік	Заттардың суда еруі. № 5 зертханалық тәжірибе "Заттардың ерігіштігін зерттеу"	8.3.4.1 заттарды олардың судағы ерігіштігі бойынша жіктеу; 8.3.4.2 заттар ерітінділерінің табиғаттағы және күнделікті өмірдегі маңызын түсіндіру
	Заттардың ерігіштігі. № 4 практикалық жұмыс "Қатты заттардың ерігіштігіне температураның әсері"	8.3.4.3 заттың ерігіштігіне температура әсерін түсіндіру; 8.3.4.4 буландыру техникасын қолдана отырып, заттың 100 г судағы ерігіштігін есептеу, алынған нәтижелерді анықтамалық деректермен салыстыру
	Еріген заттың массалық үлесі	8.3.4.5 еріген заттың массалық үлесі мен ерітіндінің белгілі массасы бойынша еріген заттың массасын есептеу
	Ерітіндідегі заттардың молярлық концентрациясы. № 5 практикалық жұмыс "Пайыздық және молярлық концентрациялары берілген ерітінділерді дайындау"	8.3.4.6 ерітіндідегі заттың молярлық концентрациясын есептеу
	Оксидтер. № 6 зертханалық тәжірибе "Оксидтердің қасиеттерін зерттеу"	8.3.4.7 оксидтердің жіктелуін және қасиеттерін айту, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру
	Қышқылдар. № 7 зертханалық тәжірибе "Қышқылдардың қасиеттерін зерттеу"	8.3.4.8 қышқылдардың жіктелуін, қасиеттерін атау, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру
	Негіздер.	8.3.4.9 негіздердің жіктелуі мен қасиеттерін атау, олардың

8.4 Бейоргани-калық қосылыстар-дың негізгі кластары. Генетикалық байланыс	№ 8 зертханалық тәжірибе " Негіздердің қасиеттерін зерттеу"	" химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру
	Тұздар. № 9 зертханалық тәжірибе " Тұздардың қасиеттері және алынуы"	8.3.4.10 тұздарды алудың әртүрлі әдістерін атау және қолдану, сәйкес реакция теңдеулерін құрастыру; 8.3.4.11 тұздардың қасиеттерін, жіктелуін атау, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру
	Бейорганикалық қосылыстар арасындағы генетикалық байланыс	8.3.4.12 бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланысты зерттеу

### 3) 9-сынып:

#### 3-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
9.1 Көміртек және оның қосылыстары	Көміртектің жалпы сипаттамасы	9.4.3.1 көміртек нәліктен көптеген қосылыстарында төрт байланыс түзетінін түсіндіру; 9.4.3.2 табиғатта көміртек және оның қосылыстарының таралуын сипаттау
	Көміртектің аллотропиялық түр өзгерістері	9.4.3.3 көміртектің аллотропиялық түр өзгерістерінің құрылысын және қасиеттерін салыстыру; 9.4.3.4 көміртектің аллотропиялық түр өзгерістерінің қолданылу аймағын зерттеу
	Көміртектің қасиеттері. № 6 практикалық жұмыс " Көміртектің физикалық және химиялық қасиеттері". Көміртектің оксидтері. № 7 практикалық жұмыс " Көмірқышқыл газын алу және оның қасиеттерін зерттеу"	9.4.3.5 көміртектің физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу; 9.4.3.6 көміртек жанған кезде көміртек диоксиді мен көміртек монооксидінің түзілу жағдайларын сипаттау және тірі ағзаға иіс газының физиологиялық әсерін түсіндіру; 9.4.3.7 - көмірқышқыл газын алу, оның бар екенін дәлелдеу және қасиеттерін зерттеу; 9.4.3.8 көміртегінің табиғаттағы айналымын құру және түсіндіру
	Табиғаттағы су	8.4.2.6 судың табиғатта кең таралғандығын, бірегей қасиеттерін және оның өмір үшін маңызын түсіндіру;

9.1 Су		8.4.2.7 табиғаттағы су айналымын түсіндіру 8.4.2.8 судың ластану қауіптілігін және салдарын анықтау, суды тазарту әдістерін түсіндіру; 8.4.2.9 судың "кермектігін" анықтау және оны жою тәсілдерін түсіндіру; 8.4.2.10 суды сусыз мыс (II) сульфатын қолданып анықтау тәсілін білу
2-тоқсан		
9.2 Электролиттік диссоциация	<p>Электролиттер мен бейэлектролиттер. № 1 көрсетілім "Иондық және ковалентті полюсті байланысы бар заттардың электролиттік диссоциациясы"</p> <p>Электролиттік диссоциациялану теориясы</p> <p>Қышқыл, негіз, тұздардың электролиттік диссоциациясы. № 1 зертханалық тәжірибе "Қышқыл, сілті ерітінділерінің рН-ын анықтау"</p> <p>Диссоциациялану дәрежесі. Күшті және әлсіз электролиттер</p> <p>№ 1 практикалық жұмыс "Ион алмасу реакциялары"</p> <p>Электролиттік диссоциациялану теориясы тұрғысынан қышқыл,</p>	<p>9.4.1.1 электролиттер мен бейэлектролиттердің анықтамасын айту; 9.4.1.2 заттардың ерітінділері немесе балқымаларының электрөткізгіштігі химиялық байланыс түріне тәуелді екендігін түсіндіру 9.4.1.3 иондық және ковалентті полюсті байланысы бар заттардың электролиттік диссоциациялану механизмін айту; 9.4.1.4 электролиттік диссоциация теориясының негізгі қағидаларын түсіндіру 9.4.1.5 ерітінділердің қышқылдылығы мен сілтілігін ажырату; 9.4.1.6 қышқыл, негіз, орта және қышқылдық тұздардың электролиттік диссоциациялану теңдеулерін құрастыру 9.4.1.7 күшті және әлсіз электролиттерге мысал келтіру және оларды ажырату, диссоциациялану дәрежесін анықтау 9.2.2.1 реакция теңдеулерін молекулалық және иондық түрде құру; 9.2.2.2 бейтараптану және ион алмасу реакцияларының жүру себептерін түсіндіру 9.3.4.1 қышқылдар, еритін және ерімейтін негіздер, орта тұздардың химиялық қасиеттерін көрсететін реакция теңдеулерін молекулалық және иондық түрде құрастыру;</p>

	негіз, тұздардың химиялық қасиеттері	9.3.4.2 қышқылдар және негіздер, орта тұздардың химиялық қасиеттерін тәжірибе жүзінде зерттеу және қорытынды жасау
	Тұздар гидролизі. № 2 зертханалық тәжірибе "Тұздар гидролизі"	9.3.4.3 орта тұз ерітіндісінің ортасын тәжірибе жүзінде анықтау; 9.3.4.4 орта тұздар гидролизінің молекулалық және иондық теңдеулерін құрастыру; 9.3.4.5 орта тұз ерітіндісінің ортасының реакциясын болжау
9.2 Бейорганика-лық қосылыстар-дың сапалық талдауы	Катиондарға сапалық реакциялар. № 3 зертханалық тәжірибе "Li+, Na+, K+, Ca2+, Sr2+, Ba2+, Cu2+ катиондарын жалын түсінің боялуы бойынша анықтау". № 4 зертханалық тәжірибе "Fe2+, Fe3+, Cu2+ катиондарына сапалық реакциялар"	9.4.1.8 Li+, Na+, K+, Ca2+, Sr2+, Ba2+, Cu2+ металл катиондарын анықтау үшін жалын түсінің боялуы реакциясын жүргізу және сипаттау; 9.4.1.9 Fe2+, Fe3+, Cu2+ катиондарына сапалық реакция жүргізу
	Аниондардың сапалық реакциялары.№ 5 зертханалық тәжірибе "Сулы ерітіндідегі Cl-, Br-, I-, PO43-, SO42-, CO32-, NO3-, SiO32- аниондарын анықтау"	9.4.1.10 хлорид-, бромид-, йодид-, сульфат, карбонат-, фосфат-, нитрат-, силикат- иондарына сапалық реакцияларды тәжірибе жүзінде жүргізу және ион алмасу реакцияларын бақылап, нәтижесін сипаттау
	№ 2 практикалық жұмыс "Бейорганикалық қосылыстар құрамының сапалық талдауы"	9.4.1.11 белгісіз заттардағы катион мен аниондарды анықтау тәжірибесінің жоспарын құру және оны практикада жүзеге асыру
	Есептер шығару"Әрекеттесуші заттардың біреуі артық мөлшерде берілген реакция теңдеулері бойынша есептеулер"	9.2.3.1 әрекеттесуші заттардың біреуі артық берілген реакция теңдеулері бойынша есептеулер жүргізу
3-тоқсан		
9.3 Химиялық реакция жылдамдығы	Химиялық реакциялар-дың жылдамдығы.Химиялық реакциялар жылдамдығына әсер ететін факторлар. № 2 көрсетілім "Өртүрлі реакциялар жылдамдығы". № 6 зертханалық тәжіри-бе"Реакция жылдамды-ғына температура, концентрация мен бөлшектер өлшемінің әсері"	9.3.2.1 реакция жылдамдығы ұғымын түсіндіру; 9.3.2.2 реакция жылдамдығына әсер ететін факторларды анықтау және оны бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру
	Катализаторлар. Ингибиторлар.	9.3.2.3 катализатордың реагенттен айырмашылығын және олардың



	№ 3 практикалық жұмыс "Реакция жылдамдығына катализатордың әсері"	реакция жылдамдығына әсерін түсіндіру; 9.3.2.4 реакция жылдамдығына ингибитордың әсерін түсіндіру
9.3 Қайтымды реакциялар	Қайтымды және қайтым-сыз химиялық реакция-лар. Химиялық тепе-теңдік № 3 көрсетілім "Қайтымды химиялық реакциялар". № 7 зертханалық тәжірибе "Химиялық тепе-теңдіктің ығысуы"	9.3.3.1 тепе-теңдікті динамикалық үдеріс ретінде сипаттау 9.3.3.2 Ле-Шателье-Браун принципі бойынша химиялық тепе-теңдіктің ығысуын болжау; 9.3.3.3 химиялық тепе-теңдік күйіне және химиялық реакция жылдамдығына жағдайлар өзгерісінің әсерін түсіну және ажырату; 9.3.3.4 химиялық тепе-теңдікті бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру
9.3 Тотығу-тотықсыздану реакциялары	Тотығу дәрежесі. Тотығу және тотықсыздану	9.2.2.3 тотығу дәрежесі ұғымының мағынасын қолдану; 9.2.2.4 тотығу және тотықсыздану үдерістері бір-бірімен байланысты екенін және бір мезгілде жүретіндігін түсіну
	Тотығу-тотықсыздану реакциялары	9.2.2.5 тотығу-тотықсыздану реакцияларын тотығу дәрежесі өзгере жүретін реакциялар ретінде түсіну; 9.2.2.6 тотығу процесін электронды беру, ал тотықсыздану-электронды қосып алу деп түсіну
	Электрондық баланс әдісі	9.2.2.7 электрондық баланс әдісімен тотығу-тотықсыздану реакцияларының коэффициенттерін қою
4-тоқсан		
9.4 Металдар мен құймалар	Металдардың жалпы сипаттамасы. № 4 көрсетілім "Металдардың кристалдық тор модельдері"	9.1.4.1 металдық байланыс пен металдық кристалдық тор жайындағы білімдерін қолданып металдардың қасиетін түсіндіре алу, кристалдық тор модельдерін қолдану; 9.1.4.2 металдарға тән физикалық және химиялық қасиеттерді сипаттау және металл атомдарының тек тотықсыздандырғыш қасиет көрсететінін түсіндіру
		9.1.4.3 құйма ұғымын және оның артықшылықтарын айту;

	Металдар құймалары. № 5 көрсетілім "Металдар және құймалар"	9.1.4.4 шойын мен болаттың құрамы мен қасиеттерін салыстыру; 9.4.2.5 Қазақстандағы металдардың кен орындарын атау және оларды өндіру процестерін, қоршаған ортаға әсерін түсіндіру
	Металдарды алу	9.4.2.6 кеннен металды алу үдерісін сипаттау
	Есептер шығару "Реакция теңдеуі бойынша қоспаның белгілі бір массалық үлесін құрайтын, басқа заттың массасы белгілі жағдайда зат массасын есептеу"	9.2.3.2 қоспаның белгілі бір массалық үлесін құрайтын басқа заттың массасы белгілі жағдайда, реакция теңдеуі бойынша зат массасын есептеу
9.4 1 (I), 2 (II) және 13 (III) топ элементтері және олардың қосылыстары	1 (I)-топ элементтері және олардың қосылыстары. № 6 көрсетілім "Натрийдің сумен әрекеттесуі"	9.2.1.1 атом құрылысы негізінде сілтілік металдардың жалпы қасиеттерін түсіндіру; 9.2.1.2 сілтілік металдардың оксидтері мен гидроксидтерінің негіздік қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру
	2 (II)-топ металдары және олардың қосылыс-тары.№ 8 зертханалық тәжірибе "Кальцийдің сумен және қышқыл ерітіндісімен әрекеттесуі"	9.2.1.3 1 (I) және 2 (II) -топ металдарының жалпы қасиеттерін салыстыру және химиялық реакция теңдеулерін құрастыру; 9.2.1.4 кальций оксиді мен гидроксидінің негізгі қасиеттерін түсіндіру және қолданылуын сипаттау
	13 (III)-топ металдары. Алюминий және оның қосылыстары.№ 7 көрсетілім "Алюминий мен оның құймалары". № 9 зертханалық тәжірибе "Алюминийдің қышқыл және сілті ерітінділерімен әрекеттесуі"	9.2.1.5 атом құрылысы негізінде алюминийдің қасиеттерін түсіндіру, оның маңызды қосылыстары мен құймаларының қолдану аймағын атау; 9.2.1.6 алюминийдің, оның оксиді мен гидроксидінің екідайлы қасиеттерін зерттеу
	№ 4 практикалық жұмыс "Металдар" тақырыбына эксперименттік есептер шығару	9.2.1.7 1 (I), 2 (II), 13 (III) -топ металдарының жай және күрделі заттармен әрекеттесуіне байланысты тәжірибені жоспарлау және жүргізу

#### 4) 10-сынып:

##### 4-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
		10.1.4.1 галоген молекулаларының электрондық формулаларын құрастыру және кристалдық тор

10.1 17 (VII), 16 (VI) -топ элементтері және олардың қосылыстары	Галогендер	түрлері мен байланыс типтерін анықтау; 10.2.1.1 топта галогендер қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын болжау
	Хлор	10.2.1.2 хлордың физикалық қасиеттерін сипаттау және металдармен, сутекпен және галогенидтермен реакция теңдеулерін құру
	Хлорсутек қышқылы. № 10 зертханалық тәжірибе "Хлорсутек ерітіндісінің химиялық қасиеттерін зерттеу"	10.2.1.3 хлорсутек қышқылы ерітіндісінің химиялық қасиеттерін зерттеу және оның қолдану аясын білу; периодтық жүйені Брайль жүйесі бойынша пайдалану, рельефті-нүктелі кестелер мен сызбаларды қолдану
	16 (VI)-топ элементтері. Күкірт. № 7 көрсетілім "Күкірттің аллотропиялық түр өзгерістері"	10.2.1.4 16 (VI) топ элементтерінің жалпы қасиеттерін сипаттау; 10.2.1.5 күкірттің аллотропиялық түр өзгерістерінің физикалық қасиеттерін салыстыру және күкірттің химиялық қасиеттерін көрсететін реакция теңдеулерін құрастыру
	Күкірттің қосылыстары	10.2.1.6 күкірттің (IV) және (VI) оксидтерінің физикалық және химиялық қасиеттерін салыстыру және күкірт диоксидінің физиологиялық әсерін түсіндіру; 10.4.2.1 қышқылдық жаңбырлардың пайда болу себебі мен экологияға тигізетін әсерін түсіндіру
	Күкірт қышқылы және оның тұздары. № 5 практикалық жұмыс "Сұйылтылған күкірт қышқылы ерітіндісі және оның тұздарының химиялық қасиеттерін зерттеу"	10.2.1.7 күкірт қышқылы ерітіндісі мен оның тұздарының физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу
	Есеп шығару. Теориялық мүмкіндікпен салыстырғандағы реакция өнімі шығымының массалық/көлемдік үлестеріне есептеулер"	10.2.3.1 теориялық мүмкіндікпен салыстырғандағы реакция өнімінің шығымын есептеу
2-тоқсан		
	Азот.№ 11 зертханалық тәжірибе "Азот молекуласының моделі"	10.2.1.8 азоттың қасиеттерін және табиғаттағы азот айналымын түсіндіру
		10.1.4.2 аммиактың молекулалық, электрондық және құрылымдық

10.2  
15 (V)-топ элементтері және олардың қосылыстары

<p>Аммиак. № 12 зертхана-лық тәжірибе "Аммиак молекуласының моделі"</p>	<p>формулаларын түсіндіру, шар-білікті модельдерді қолдану</p>
<p>Аммиактың қасиеттері, алынуы мен қолданылуы. № 6 практикалық жұмыс "Аммиактың алынуы және оның қасиеттерін зерттеу". Аммиак өндірісі</p>	<p>10.2.1.9 аммиакты алу және қасиеттері мен қолданылуын түсіндіру; 10.2.1.10 аммиакты аммоний тұзы ерітіндісі мен сілті ерітіндісін әрекеттестіру жолымен алу және газ тәрізді аммиак пен оның ерітіндісінің қасиеттерін зерттеу; 10.3.3.5 аммиак өндірісінің үдерісін сипаттау</p>
<p>Азот қышқылы. № 13 зертханалық тәжірибе "Азот қышқылының басқа қышқылдармен ортақ қасиеттері"</p>	<p>10.1.4.3 азот қышқылының молекулалық, формуласын айту және атомдар арасындағы химиялық байланыстардың түзілуін түсіндіру; 10.2.1.11 азоттан азот қышқылын алудың реакция теңдеуін құрастыру; 10.2.1.12 азот қышқылының басқа қышқылдармен жалпы ортақ қасиеттерін зерттеу</p>
<p>Азот қышқылы мен нитраттардың өзіне тән қасиеттері</p>	<p>10.2.1.13 сұйылтылған және концентрлі азот қышқылының металдармен әрекеттесуінің ерекшелігін сипаттау және электронды баланс әдісімен реакция теңдеуін құрастыру; 10.2.1.14 нитраттың термиялық айрылуының ерекшелігін түсіндіру, реакция теңдеулерін құрастыру</p>
<p>Фосфор және оның қосылыстары</p>	<p>10.4.2.2 фосфор қосылыстарының Қазақстандағы кен орындарын атау; 10.2.1.15 фосфордың аллотропиялық түр өзгерістерін салыстыру; 10.2.1.16 фосфор және оның қосылыстарының жалпы химиялық қасиеттерін түсіндіру</p>
<p>Минералды тыңайтқыштар. № 8 көрсетілім "Минералды тыңайтқыштар"</p>	<p>10.4.2.3 минералды тыңайтқыштардың жіктелуін және олардың құрамына кіретін қоректік элементтерді білу; 10.4.2.4 азот және фосфор тыңайтқыштарының қоршаған ортаға әсерін оқып түсіндіру</p>
	<p>10.2.1.17 кремнийдің қолданылу аймағын және оның жартылай</p>

<p>10.2 14 (IV)-топ элементтері және олардың қосылыстары</p>	<p>Кремний және оның қосылыстары . № 9 көрсетілім "Алмаз, кремний, кремний диоксиді мен кремний карбидінің кристалдық торының модельдері"</p>	<p>өткізгіш ретінде қолданылуын түсіндіру; 10.1.4.4 кремний, оның диоксиді мен карбидіндегі химиялық байланыс түрін және кристалдық тор типін сипаттау 10.2.1.18 кремний және оның қосылыстарының негізгі химиялық қасиеттерін сипаттау және реакция теңдеулерін құрастыру</p>
<p>3-тоқсан</p>		
<p>10.3 Адам ағзасындағы химиялық элементтер</p>	<p>Адам ағзасының химиялық құрамы. Макроэлементтер, микроэлементтер және олардың маңызы</p> <p>Ағзадағы кейбір элементтерді анықтау. № 14 зертханалық тәжірибе "Сүйек құрамындағы кальцийді анықтау". № 15 зертханалық тәжірибе "Тамақ өнімдерінің құрамындағы көміртекті анықтау"</p> <p>Ауыр металдармен қоршаған ортаның ластануы</p>	<p>10.5.1.1 элементтер көрсетілген адам ағзасының суретін пайдаланып, адам ағзасының құрамына кіретін элементтерді атау және олардың маңызын түсіндіру (O, C, H, N, Ca, P, K, S, Cl, Mg, Fe); 10.5.1.2 Қазақстан тұрғындарының типтік тамақтану рационын зерттеу және теңгерімді тамақтану рационын құрастыру</p> <p>10.5.1.3 кальций мен темірдің адам ағзасындағы рөлін түсіндіру; 10.5.1.4 тамақ өнімдерінің құрамындағы көміртекті анықтау</p> <p>10.5.1.5 қоршаған ортаның ауыр металдармен ластану көздерін атау</p>
	<p>Органикалық заттардың ерекшеліктері</p> <p>Органикалық қосылыстардың жіктелуі. № 10 көрсетілім "Метан, этан, этен, этин, этанол, этаналь, этан қышқылы, глюкоза, аминокетан қышқылы модельдері"</p> <p>Органикалық қосылыстардың гомологтық қатарлары. № 11 көрсетілім Алкандардың</p>	<p>10.4.3.1 органикалық қосылыстардың көптүрлілігінің себептерін түсіндіру</p> <p>10.4.3.2 көмірсутектердің және олардың туындылары: спирттер, альдегидтер, карбон қышқылдары, аминқышқылдарының жіктелуін атау; 10.4.3.3 функционалдық топ түсінігін берілген класс қосылысының химиялық қасиеттерін анықтайтын топ ретінде түсіндіру</p>

10.3 Органикалық химияға кіріспе	алғаш-қы бес өкілінің және сызықты құрылымды спирттердің модельдері"	10.4.3.4 гомолог ұғымын және гомологтық айырмашылықты түсініктерін айту
	Органикалық қосылыстардың номенклатурасы	10.4.3.5 органикалық қосылыстардың негізгі кластары: алкандар, алкендер, алкиндер, арендер, спирттер, альдегидтер карбон қышқылдары, аминқышқылдары үшін IUPAC номенклатурасын қолдану
	Органикалық қосылыстардың изомериясы. № 12 көрсетілім "Пентан изомерлерінің модельдері"	10.4.3.6 изомерия құбылысын айту және көмірсутектердің құрылымдық изомерлерінің формулаларын құрастыру
	Есеп шығару "Элементтердің массалық үлестері мен салыстырмалы тығыздық бойынша газтекес заттардың молекулалық формуласын табу"	10.2.3.4 газтекес заттардың молекулалық формуласын салыстырмалы тығыздық немесе элементтердің массалық үлестері арқылы анықтау
10.3 Көмірсутектер	Алкандар	10.4.3.7 алкандардың химиялық қасиеттерін сипаттау және оны реакция теңдеулерімен дәлелдеу; 10.4.3.8 еріткіштерді алу үшін алкандарды хлорлаудың маңызы мен бұл еріткіштердің қауіптілік дәрежесін түсіндіру
	Алкендер. № 13 көрсетілім "Этиленнің жануы, бром суы мен калий перманганаты ерітінділерін түссіздендіруі"	10.4.3.9 қанықпағандық ұғымын сипаттау; 10.4.3.10 этен мысалында алкендердің химиялық қасиеттерін (жану, гидрлеу, гидратация, галогендеу, сапалық реакциялар) түсіндіру, химиялық реакция теңдеулерімен дәлелдеу; 10.4.3.11 полиэтилен мысалында полимерлену реакциясының механизмі мен полимерлердің құрылымының ерекшеліктерін түсіндіру; 10.4.3.12 пластиктің ыдырау мерзімінің ұзақтық мәселесін оқып білу және түсіндіру, қоршаған ортада пластик материалдардың көбеюінің зардабын білу
	Алкиндер	10.4.3.13 этин мысалында алкиндердің химиялық қасиеттерін (жану, гидрлеу, гидратация, галогендеу, сапалық реакциялар) сипаттау, химиялық реакция теңдеулерімен зерттеу

	Ароматты көмірсутектер. Бензол	10.4.3.14 бензолдың алынуы, қасиеттері және қолданылуын сипаттау
4-тоқсан		
10.4 Отын	Көмірсутекті отындар. № 14 көрсетілім "Отын түрлері"	10.4.3.15 құрамында көміртек бар қосылыстардың отын ретінде пайдалану мүмкін екендігін түсіндіру және альтернативті отын түрлерін зерттеу, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін атау; 10.4.3.16 Қазақстандағы көмірдің, мұнайдың, табиғи газдың кен орындарын атау және оларды өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру
	Мұнай. № 15 көрсетілім "Мұнай және мұнай өнімдері"	10.4.3.17 мұнай фракцияларын және шикі мұнайды айдау өнімдерінің қолдану аймақтарын атау
10.4 Оттекті және азотты органикалық қосылыстар	Оттекті органикалық заттар. Спирттер	10.4.3.18 жіктелу схемасын пайдаланып, оттекті органикалық заттардың жіктелуін айту; 10.4.3.19 спирттердің жіктелуін метанол мен этанолдың, қолданылуын, этанолдың алынуын атау және қасиеттерін айту; 10.4.3.20 метанол мен этанолдың адам ағзасына физиологиялық әсерін түсіндіру; 10.4.3.21 этиленгликоль мен глицериннің физикалық қасиеттері мен қолданылуын атау
	Карбон қышқылдары. № 16 зертханалық тәжі-рибе "Сірке қышқылы-ның қасиеттерін зерттеу"	10.4.3.22 карбон қышқылдарының құрамын атау және сірке қышқылының химиялық қасиеттері мен қолданылуын сипаттау
	Күрделі эфирлер мен майлар	10.4.3.23 күрделі эфирлер мен майлардың ерекшеліктері мен майлардың қызметін түсіндіру
	Сабын мен синтетикалық жуғыш заттар	10.4.3.24 сабынның алынуы мен оның қолданылуын түсіндіру; 10.4.3.25 синтетикалық жуғыш заттардың қоршаған ортаға әсерін түсіндіру
	Көмірсулар	10.4.3.26 көмірсулардың жіктелуін, биологиялық маңызы мен қызметін түсіндіру

	<p>Амин қышқылдары. Нәруыздар. № 17 зертханалық тәжірибе "Нәруыздардың денатурациясы"</p>	<p>10.4.3.27 нәруыздағы а-аминқышқылдар арасында пептидтік байланыстың түзілуін түсіндіру; 10.4.3.28 нәруыз денатурациясының реакциясын зерттеу; 10.4.3.29 нәруыздың биологиялық маңызы мен қызметін түсіндіру</p>
--	---	--

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 123 бұйрығына  
26-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына  
663-қосымша

## **Көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Қазақстан тарихы" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілі оқу бағдарламасы**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Қазақстан тарихы" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты -білім алушылардың бойында тарихи сана, қазақстандық патриотизм, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарыту, зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды дамыту.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) Қазақстан аумағындағы ежелгі заманнан бастап бүгінгі күнге дейінгі қоғамның әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық дамуының негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері туралы білімін қалыптастыру;

2) Қазақстанның тарихи дамуы барысында жинақталған ұлттық құндылықтар жүйесі туралы түсініктерін қалыптастыру;

3) Қазақстанның тарихи дамуының негізгі оқиғалары, құбылыстары мен процестердің мәні туралы түсінік қалыптастыру;

4) тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді және тарихи тұлғалардың қызметін Отандық тарих контекстінде сын тұрғысынан талдау және баға беру дағдыларын қалыптастыру;

5) тарихи деректердің негізінде дәлелді пайымдау дағдыларын дамыту;



6) тарихи зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыру(болжамдарды ұсыну, зерттеу сұрақтарын құрастыру, деректерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, нәтижелер мен қорытындыларды шығару, өзінің ұстанымын анықтау);

7) қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерде бағдарлану үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;

8) коммуникативті дағдыларды қалыптастыру, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, командада жұмыс істей алу, түрлі деректерден алынған ақпараттарды қоса алғанда, жарияланым мен электронды құралдарды қолдану.

#### 4. Түзете-дамыту міндеттері:

1) есту және көру қалдығы негізінде түрлі деректердегі тарихи оқиғалар туралы ақпараты адекватты түрде қабылдауын қалыптастыру: (оқулықтар, хрестоматиялар, энциклопедиялар, көркем әдебиет, интернет ресурстары);

2) оқулық пен оқу құралында бағдарлай білу дағдыларын қалыптастыру;

3) пән материалын меңгеру сапасын арттыру үшін когнитивті үдерістерін дамыту және түзету: көрнекі-бейнелі, көрнекі-әрекетті, сыни, шығармашылық ойлауын, көру, есту және сипап сезу арқылы қабылдауын, зейінін және есте сақтауын;

4) қоршаған әлемді танып білудің арнайы әдістерін меңгеру: қорытындылау, салыстыру, сипаттау, тексеру, заттар мен құбылыстар туралы түсініктерін нақтылау үшін алгоритм құру;

5) оқу, жазу және көрнекі материалмен жұмыс істеу кезінде көру қалдығын оңтайлы қолдану біліктілігін дамыту;

6) сөйлеу тілінің вербализімін түзету (дамудың басқа психикалық жақтарынан сөздік аясының басымдығы); шынайы немесе нақты деректерге сүйенбей талқылау;

7) қоршаған әлемдегі заттар мен құбылыстар туралы түсініктерінің бұзылуынан туындайтын білім алудағы формализмді жою.

## **2-тарау. Оқу үдерісін ұйымдастырудың педагогикалық тұғырлары**

5. Көру кемістігі бар оқушыларды оқыту құндылыққа бағытталған, жеке тұлғаға бағытталған, іс-әрекеттік, дифференциалді, қарым-қатынастық тұғырлар және ақпараттық-коммуникативті технологиялар арқылы жүзеге асады.

6. Құндылыққа бағытталған тұғыр "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеяны жүзеге асыруға септігін тигізетін мәтіндерді, практикалық тапсырмаларды, шығармашылық жаттығуларды мақсатты түрде іріктеу арқылы орындалады. Бұл ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды, адамдардың құқығы мен бостандығын сыйлайтын әрі мойындайтын, Отанының дамуына өз үлесін қосуды қалайтын жеке тұлғаны тәрбиелеуде көрініс табады.

7. Тұлғаға бағытталған тұғыр оқытудың жаңа инновациялық технологияларын, дидактикалық және рөлдік ойындарын, тест тапсырмаларын күнделікті және дәстүрлі

емес сабақтарда қолдану арқылы оқушылардың жеке қабілеттерін, танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық және интеллектуалды әлеуетін ашуды көздейді.

8. Іс-әрекеттік тұғыр оқушыларды сабақ үстінде заттық-практикалық іс-әрекеттің барлық түрлеріне қатыстыруға септігін тигізеді, балалар алған түсініктері мен білімін, біліктілігін бекітеді, олардың есту, сезу және көру арқылы қабылдау дағдыларын жетілдіреді.

9. Дифференциалді тұғыр оқушының көру қалпына байланысты, олардың жеке қабілеттері мен ерекшеліктерін ескере отырып түзету тәсілдері мен деңгейлі тапсырмаларды өңдеп жасауды қарастырады.

10. Қарым-қатынастық тұғыр оқушылар мен педагог арасындағы вербальді және вербальді емес өзара әрекеттесу кезінде біліммен, біліктілікпен және дағдымен алмасуды білдіреді; сөйлеу тілінің дамуына ықпал етеді, тыңдай білуге және сұрақтар мен жауаптарды дұрыс құрастыруға бағытталған.

11. Пән бойынша ақпаратты іздеу, өңдеу және алмасу үшін интернет-ресурстарын, онлайн-сөздіктерді, анықтамаларды, форумдарды, электронды оқулықтарды және энциклопедияларды қолдану қажет; оқу үдерісінің үздіксіздік қағидасын ұстану үшін қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану керек.

12. Қазақстан тарихы сабақтары арнайы жабдықталған кабинеттерде өтіледі:

1) қауіпсіздік техникасының талаптарына сәйкес келетін мектеп жиһаздарымен;

2) оқытудың арнайы құралдарымен: иллюстрациялар, рельефті суреттермен тарихи карталар, жалпақ басылған және рельефті-нүктелі кестелер, анықтамалық және көркем әдебиет, көру және сипап-сезу арқылы қабылдауға қолжетімді, ірі әрі рельефті-нүктелі шрифтпен жазылған оқулықтар;

3) оқытудың техникалық құралдарымен: компьютерлік тифлоқешенімен, нашар көретіндер үшін сканерлеу және оқу үшін "Книголюб" кешенімен, интерактивті тақтамен, "Книга" электронды үлкейткіш құралымен, стационарлы және портативті үлкейткіш құралымен, тифлоплеермен, диктофонмен.

13. Оқыту барысында жалпы білім беру және түзету пәндерімен пәнаралық байланыс жүзеге асады: қоршаған әлем, жағрафия, әдебиет, сөйлеу тілін түзету мимиканы және пантомимиканы дамыту, көру қалдығы мен көру арқылы қабылдауын қорғау және дамыту, кеңістікте бағдарлау.

### **3-тарау. Оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру "Қазақстан тарихы"**

14. "Қазақстан тарихы" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;

2) 6-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;

3) 7-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;

4) 8-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;

5) 9-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;

б) 10-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

15. Бағдарлама мазмұны 4 бөлімді қамтиды:

1) "Әлеуметтік қатынастардың дамуы" бөлімі;

2) "Мәдениеттің дамуы" бөлімі;

3) "Мемлекеттің дамуы" бөлімі;

4) "Қазақстанның экономикалық дамуы" бөлімі.

16. Әлеуметтік қатынастардың дамуы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) этникалық қатынастар;

2) әлеуметтік қатынастар.

17. "Мәдениеттің дамуы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) дүниетаным мен дін;

2) өнер мен әдебиет;

3) білім және ғылым.

18. "Мемлекеттің дамуы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) мемлекеттің ішкі саясаты;

2) мемлекеттің сыртқы саясаты.

19. "Қазақстанның экономикалық дамуы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) шаруашылық;

2) өндірістік қатынастар және сауда.

20. 5-сыныпқа арналған "Қазақстан тарихы" пәнінің базалық мазмұны:

1) Қазақстандағы ежелгі адамдардың өмірі. Тас дәуіріндегі Қазақстан: Қазақстанда алғашқы адамның пайда болуы, әлеуметтік ұйымдасудың алғашқы формалары. Ежелгі адамдардың кәсібі (аң аулау мен терімшілік). Қазақстан аумағындағы тас дәуірінің тұрақтары. Екіншілік пен мал шаруашылығының қалыптасуы. Ботай мәдениеті. Қола дәуіріндегі Қазақстан: Қазақстан аумағындағы мыс пен қалайы металдарының кен орындары. Андрон мәдениеті. Қола дәуірі кезіндегі шаруашылық пен қоғамдық құрылыс. Беғазы-Дәндібай мәдениеті. Ә.Марғұлан және басқа да Қазақстанның ежелгі дәуірін зерттеушілер;

2) ежелгі көшпелілердің өмірі. Темір дәуірінің ерекшеліктері. Қазақстанның ежелгі металлургиясы. Көшпелі мал шаруашылығының қалыптасуы. Алғашқы көшпелілердің өмір сүруді қамтамасыз ету жүйесі. Көшпелілердің жылжымалы баспанасы. Алғашқы көшпелілердің дүниетанымы;

3) сақтар. Қазақстан аумағындағы сақ тайпалары. Сақтар тарихы жайлы деректер. Сақтардың саяси тарихы. Қоғамдық құрылысы. Шаруашылығы мен тұрмысы. Материалдық және рухани мәдениеті. "Аңдық стиль". Есік олжасы –"Алтын адам". Шілікті алқабының патша қорғандары. Берел қорымы. Бесшатыр қорғандары. Тасмола мәдениеті;

4) үйсіндер мен қаңлылар. Үйсіндер. Үйсіндер туралы жазба деректер. Үйсіндердің қоныстануы, шаруашылығы мен тұрмысы. Үйсіндердің қоғамдық құрылысы. Қаңлылар

. Қаңлылар тарихына қатысты қытай және парсы деректері. Қаңлылардың қоныстануы, шаруашылығы мен тұрмысы. Қаңлылардың қоғамдық құрылысы. Үйсіндердің, қаңлылардың археологиялық ескерткіштері;

5) ғұндар (хунну). Қытай деректеріндегі ғұндардың ерте тарихы. Мөде шаньюй-ғұн мемлекетінің негізін салушы. Ғұндардың саяси тарихы мен мемлекеттік құрылысы. Халықтардың ұлы қоныс аударуы (ғұндардың Батысқа жылжуы). Аттила және оның жорықтары. Ғұндардың шаруашылығы мен қоғамдық құрылысы. Ғұндар дәуіріндегі мәдениеттің дамуы;

6) сарматтар. Сарматтардың ежелгі замандағы саяси оқиғаларға қатысуы. Сарматтардың қоныстануы, шаруашылығы мен тұрмысы. Сарматтардың қоғамдық құрылысы. Сарматтардың археологиялық ескерткіштері. Мәдениеті;

7) ежелгі Қазақстан тарихына шолу. Қазақстан аумағындағы ежелгі адамдардың антропологиялық бет-әлпеті. Ежелгі Қазақстан тарихының негізгі оқиғалары, құбылыстары мен үдерістері. Ежелгі Қазақстанның мәдени мұрасы.

21. 6-сыныпқа арналған "Қазақстан тарихы" пәнінің базалық мазмұны:

1) VI - IX ғасырдағы Қазақстан. Ортағасырлық Қазақстан тарихының кезеңделуі. Ұлы Түрік қағанатының құрылуы. Қазақстан аумағындағы ерте ортағасырлық мемлекеттер: Батыс Түрік қағанаты, Түргеш қағанаты, Қарлұқ қағанаты, Оғыз мемлекеті, Қимақ қағанаты. Атлах шайқасының тарихи маңызы. Түркі мемлекеттерінің қоғамдық-саяси құрылысы. Түркілердің әскери өнері. Шаруашылығы. Сауда және қала мәдениетінің дамуы;

2) X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы Қазақстан. Қарахан мемлекеті. Қазақстан аумағына исламның тарала басталуы. Наймандар, керейіттер, жалайырлар. Қыпшақ хандығы. "Дешті Қыпшақ" түсінігі. Шаруашылығы: көшпелі, отырықшы. Сауда. Қала мәдениеті. Ұлы Жібек жолының тарихи маңызы. Түркі мәдениетінің әлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесі. Түркі әлемінің көрнекті ойшылдары;

3) XIII - XV ғасырлардың бірінші жартысындағы Қазақстан. Шыңғыс ханның жаулаушылық соғыстары. Отырар қорғанысы. Моңғол империясының құрылуы. Алтын Орда. Ақ Орда. Моғолстан мемлекеті. Әмір Темір жорықтары. Ноғай Ордасы. Әбілқайыр хандығы. XIII - XV ғасырлардың бірінші жартысындағы мемлекеттердің қоғамдық-саяси құрылысы. Ортағасырлық саяхатшылар Қазақстан туралы. Шаруашылық. Сауданың дамуы. Мәдениет;

4) қазақ халқының қалыптасуы. Қазақтар – Ұлы Дала мұрагері: тарихи және этникалық сабақтастық. "Қазақ" этнонимі. Қазақ халқының біртұтас халық болып қалыптасу үдерісінің аяқталуы;

5) біртұтас қазақ мемлекетінің құрылуы. Қазақ ұлттық мемлекетінің құрылу алғышарттары. Қазақ хандығының құрылуы (аумағы, халықтың этникалық құрамы). Мемлекеттің негізін салушылар – Жәнібек пен Керей. М.Х. Дулатидің "Тарихи Рашиди" еңбегі – Қазақ хандығының алғашқы тарихы жөніндегі құнды дерек. Қазақ хандығы

қалыптасуының алғашқы жылдарындағы ішкі және сыртқы саясаты. Біртұтас қазақ мемлекеті қалыптасуының тарихи маңызы;

6) қазақ хандығының XVI - XVII ғасырлардағы дамуы. Қасым хан билігі тұсындағы Қазақ хандығының нығаюы. Хақназар хан билігі тұсындағы Қазақ хандығының одан әрі нығаюы және саяси өркендеуі. Тәуекел ханның ішкі және сыртқы саясаты. Есім ханның ішкі және сыртқы саясаты. Жәңгір хан. Орбұлақ шайқасы. Тауке ханның билігі. "Жеті жарғы". Қазақтың ұлы билері. Қазақ хандығының мемлекеттік-әкімшілік құрылымы. Қазақ қоғамының әлеуметтік стратификациясы;

7) XVI - XVII ғасырлардағы экономика мен мәдениет. Қазақ халқының мәдениеті: материалдық, рухани мәдениет. Әдебиет пен өнер: ақын-жыраулар, халық әншілері мен композиторлардың шығармашылығы, музыкалық өнер. Қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы: мал шаруашылығы, егіншілік.

22. 7-сыныпқа арналған "Қазақстан тарихы" пәнінің базалық білім мазмұны:

1) XVIII ғасырдың басындағы Қазақстан: сыртқы және ішкі саяси жағдай. Жоңғар мемлекеті. Қазақ-жоңғар соғыстары. "Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама" заманы. Қаракұм мен Ордабасыдағы құрылтайлар – қазақ жасағының құрылуы. Анырақай шайқасы. Отан;

2) XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ хандығы. XVIII ғасырдың басына дейінгі қазақ-орыс қатынастары. XVIII ғасырдың басындағы Ресей империясы назарындағы Қазақстан (саяси және экономикалық мақсаттар, әскери-барлау экспедициялары, алғашқы әскери бекіністердің салынуы). Кіші жүз ханы Әбілқайырдың Ресей бодандығын қабылдауы: себептері мен мақсаттары. XVIII ғасырдың 30-50-жылдарындағы Қазақстандағы Ресей империясының саясаты. XVIII ғасырдың 40-жылдарындағы Қазақстандағы ішкі саяси жағдайдың асқынуы. Абылай хан тұсындағы Қазақ хандығы: ішкі және сыртқы саясаты;

3) XVIII ғасырдағы Қазақстан мәдениеті. XVIII ғасыр ақын-жырауларының шығармашылығы. XVIII ғасыр тарихы бойынша қазақ деректері. Қазақтардың қолданбалы өнері;

4) отарлау және ұлт-азаттық күрес. Ресей империясының отаршылдық саясаты: мақсаттары мен әдістері. Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс (себептері, қозғалыстың қозғаушы күші, кезеңдері мен барысы, нәтижелері). 1822-1824 жылдардағы патша реформалары (Кіші және Орта жүздегі хандық биліктің жойылуы). 1836-1838 жылдардағы Бөкей ордасындағы қазақтардың көтерілісі (себептері, негізгі кезеңдері мен шайқастары). XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстары (Жоламан Тіленшіұлы, Саржан Қасымов бастаған көтеріліс). Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс (себептері, мақсаттары мен қозғаушы күштері, негізгі кезеңдері). Кенесары Қасымұлы: тұлға және саясаткер. Жанхожа Нұрмұхамедұлы және Есет Көтібарұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс (себептері, көтеріліс барысы). Ресей империясының Қазақстанның оңтүстік аймақтарын

қосып алуы. XVIII ғасырдың соңы – XIX ғасырдағы Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихи маңызы;

5) Қазақстан Ресей империясының құрамында. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы патшалық реформалар. 1867-1868 жылдардағы реформалар. Қазақстандағы патшалық Ресейдің аграрлық және қоныстандыру саясаты. 1860-1870 жылдардағы ұлт-азаттық күрес (себептері мен көтеріліс барысы). XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы. Капиталистік қатынастардың ене бастауы. XIX ғасырдың 80-90 - жылдарындағы әкімшілік-аумақтық реформалар: мазмұны мен салдары. Сауда қатынастарының дамуы. Жетісу аумағына ұйғырлар мен дүнгендердің қоныс аударуы. Дәстүрлі қазақ қоғамының трансформациясы. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қоғамдық-саяси ойлардың дамуы;

23. 8-сыныпқа арналған "Қазақстан тарихы" пәнінің базалық білім мазмұны:

1) XIX ғасыр-XX ғасырдың басындағы Қазақстанның мәдениеті. XIX ғасырдағы Қазақстандағы ағарту ісі мен ғылымның дамуы. Бөкей ордасының ханы Жәңгірдің ағартушылық қызметі. Қазақстанның ғылыми зерттелуі (П.Семенов-Тянь-Шанский, Г.Н.Потанин, В.В.Радлов, М. Шорманов, М. Бабаджанов, А. Диваев). Зайырлы және діни білім беру мекемелері. Жадиттік және білім берудегі жаңашылдық. Шоқан Уәлиханов – ұлы қазақ ғалымы. Ыбырай Алтынсарин –ағартушы, жаңашыл-педагог, қоғам қайраткері. Абай Құнанбайұлы – ұлы ойшыл, қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы. Қазақ музыкалық мәдениетінің дамуы (Құрманғазы Сағырбайұлы, Тәттімбет Қазанғапұлы, Дәулеткерей Шығайұлы). Әйгілі суретшілер шығармашылығындағы ұлттық контекст. Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпеев және К. Халидтің тарихи еңбектері;

2) XX ғасырдың басындағы Қазақстан. XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси үдерістер. XX ғасырдың басындағы Қазақстанның экономикалық дамуы. Столыпіннің аграрлық реформасы және шаруалардың Қазақстанға жаппай қоныс аударуы. XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы өнеркәсіптің дамуы. Сауданың дамуы. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс. Қазақ ұлттық зиялылар қауымы және оның XX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси үдерістерге әсері. Ұлттық баспаның дамуы ("Қазақ" газеті, "Айқап" журналы). 1917 жылғы революциялар. "Алаш" партиясының құрылуы. "Алаш-Орда" үкіметі. Қазақ халқының саяси көшбасшылары (Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Б. Қаратаев, М. Тынышпаев, М. Шоқаев). XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының ғылыми еңбектері;

3) Қазақстандағы Кеңес үкіметінің орнығуы. "Үш Жүз" қазақ социалистік партиясы. Азамат соғысы жылдарындағы (1918-1920 жылдар) Қазақстандағы соғыс қимылдары. Кеңес билігі органдарының "Алаш-Орда" үкіметі, Қоқан автономиясымен қарым-қатынасы. "Әскери коммунизм саясаты". 1921 жылғы жұт және аштық. Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының құрылуы. Қазақ АКСР-ы

аумағының қалыптасуы. Қазақ жерлерінің біртұтастығын қалпына келтірудегі қазақ зиялыларының рөлі. Қазақстандағы Жаңа экономикалық саясат (1921-1925 жылдар). XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясаты. Кеңес үкіметінің діни саясаты;

4) Қазақстан тоталитарлық жүйенің нығаюы кезеңінде. Қазақстандағы социалистік индустрияландыру (мәні мен ерекшеліктері). "Кіші Қазан" (мазмұны және жүзеге асырылуы). Бай шаруашылықтарының тәркіленуі. Ауыл шаруашылығындағы күштеп ұжымдастыру саясаты. Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру саясатының экономикалық салдары. 1931-1933 жылдардағы аштық - XX ғасырдағы қазақстандық қасірет. Қазақстандағы ұжымдастырудың демографиялық салдарлары. Ұжымдастыруды жүзеге асырудың әдістеріне қатысты ұлттық зиялылардың ("Бесеудің хаты") қоғамдық-саяси көзқарасы мен қатынасы. 1920-1930 жылдардағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси үдерістер. Сталиндік репрессиялар. Қазақстан аумағындағы кеңестік "түзету-еңбек" концентрациялық лагерлері (Степлаг, Карлаг, Алжир және тағы басқалар).

24. 9-сыныпқа арналған "Қазақстан тарихы" пәнінің базалық білім мазмұны:

1) Кеңестік Қазақстанның мәдениеті: білім мен ғылым. Халыққа білім беру (жалпыға бірдей міндетті сауат ашу, орта білім, қазақ жазуының араб тілінен латын тіліне көшуі, орыс графикасына негізделген жаңа әліпбиге көшу). А. Байтұрсынов – "ұлт ұстазы". Жоғары оқу орындарының ашылуы. КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы. Қ.Сәтбаевтың Қазақстан ғылымын дамытудағы рөлі. Қазақстандық ғалымдар мен олардың ғылыми жетістіктері. Әдебиеттің дамуы (Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, Б. Майлин, І. Жансүгіров, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин шығармашылығы). Театр, кино, бейнелеу өнері және оның қайраткерлері. Мәдениет саласындағы кеңестік идеология. Социалистік реализм;

2) Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында. Ұлы Отан соғысының басталуы. Қазақстандағы мобилизация және қазақстандық әскери бөлімдердің құрылуы. Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлігі мен тағдыры. Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы шайқастарына қатысуы. Қазақстандықтар – Кеңес Одағының батырлары. Б. Момышұлы – аңызға айналған тұлға. Қазақстан – майдан арсеналы. КСРО халықтарының Қазақстанға депортациялануы. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы мәдениет. Ғылымның дамуы. Әдебиеттегі жетістіктер (М. Әуезов, Ж. Жабаев, Д. Снегин, И. Шухов және тағы басқалар). Өнердің дамуы (театр, кино);

3) Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946-1953 жылдар). Соғыстан кейінгі жылдардағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер. Пайдалы қазбаларды өңдеу және өнеркәсіптің дамуы. Ауыл шаруашылығының дамуы. Қазақстанның әскери-өнеркәсіптік кешенінің қалыптасуы (Қазақстандағы ядролық полигон). Соғыстан кейінгі жылдардағы қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктері. "Бекмаханов ісі";

4) Қазақстан "Жылымық" кезеңінде (1954-1964 жылдар). Қазақстанда "Хрущевтік кезеңдегі" өнеркәсіптің дамуы. Тың және тыңайған жерлерді игеру (тың игерудің экономикалық, экологиялық және демографиялық салдары). Қазақстандағы әскери-өнеркәсіптік кешен ("Байқоңыр" ғарыш айлағы). "Жылымық кезеңі". 1954-1965 жылдардағы республикадағы қоғамдық-саяси өмір;

5) Қазақстан "Тоқырау" кезеңінде (1965-1985 жылдар). 1965-1985-жылдардағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы. Экономиканың шикізаттық бағыты. Урбанизация. 1970-1980 жылдардағы ауыл шаруашылығындағы дағдарыс. 1965-1985 жылдардағы қоғамдық-саяси өмір. 1979 жылғы Целиноградтағы оқиғалар. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы басшыларының қызметі (Ж.Шаяхметов, Д.Қонаев, Ж.Тәшенов).

25. 10-сыныпқа арналған "Қазақстан тарихы" пәнінің базалық білім мазмұны:

1) кеңестік Қазақстанның мәдениеті (1946-1985-жылдар.). Білім беру саласындағы мемлекеттік саясат. Жалпыға бірдей міндетті орта білім. Қазақ тілінің жағдайы. Ғылымның дамуы. Әдебиеттің дамуы (Ә.Нұрпейісов, Б. Момышұлы, І. Есенберлин, О. Сүлейменов, М. Шаханов). Өнер (театр, кино);

2) Қазақстан Қайта құру кезеңінде (1986-1991 - жылдар). "Қайта құру" жылдарындағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер: мақсаттары, проблемалары мен карама-қайшылықтары. Қазақстандағы 1986жылғы желтоқсан оқиғалары (себептері, барысы мен салдары). 1986 жылғы желтоқсан оқиғаларының қатысушыларына қатысты жазалау шаралары. "Қазақ КСР-ның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация" (1990 жылғы қазан). Кеңестік саяси жүйенің дағдарысы (1991 жылғы "Тамыз бүлігі"). КСРО-ның ыдырауы. Қазақстандағы қоғамдық-саяси қозғалыстар. Семей ядролық полигонының жабылуы. "Қазақ КСР-ның тілдер туралы Заңының" қабылдануы;

3) Қазақстан мемлекеттілігінің қайта жаңғыруы (1991 - 1997 жылдар). "Мемлекеттік тәуелсіздік туралы" Конституциялық заңының қабылдануының тарихи маңызы. Н.Ә. Назарбаев – Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті. Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси институттарының қалыптасуы. Нарықтық экономикаға көшудегі қиыншылықтар. Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа кірігуі. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы әлеуметтік-демографиялық үдерістер. 1995 жылғы Конституцияның қабылдануы;

4) Қазақстан Республикасының нығаюы (1997 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін). Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді басым мақсаттары мен стратегиялары. "Қазақстан – 2030" стратегиясының қабылдануы. Қазақстан Республикасының халықаралық сахнадағы беделінің өсуі. Қазақстанның аймақтық және халықаралық ұйымдармен қарым-қатынасы. Қазақстанның ЕҚЫҰ және ИЫҰ-на төрағалық етуі. Әлемдік экономикалық байланыстар жүйесіндегі Қазақстан. Мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік жағдайы. Астана – Қазақстан Республикасының жаңа астанасы. "Қазақстан-2050" стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты



. "5 институционалды реформаларды жүзеге асырудағы 100 нақты қадам" ұлттық жоспары – қазіргі заманның сын-тегеуріндеріне жауап. Ұлт көшбасшысы – Н.Ә. Назарбаевтың тәуелсіз мемлекетті құрудағы және дамытудағы рөлі;

5) қазіргі заманғы Қазақстан мәдениеті(1991 жылдан бүгінгі күнге дейін). Білім және ғылым саласындағы мемлекеттік саясат. "Болашақ" мемлекеттік бағдарламасы. Инновациялық ғылыми-білім беру мекемелерінің құрылуы. Этносаралық және дінаралық келісімнің қазақстандық моделі. Қазақстан халқы Ассамблеясы. Жаһандану дәуіріндегі ұлттық мәдениетті жаңғырту және сақтап қалу мәселелері. Қазіргі кездегі өнер мен әдебиеттің даму тенденциялары. "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы. " Мәңгілік Ел" жалпыұлттық біріктіруші идеясы."Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру" бағдарламасы.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

26. Бағдарламада, оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім мен бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 5.1.2.4 кодында "5" – сынып, "1.2" – бөлім мен бөлімше, "4" – оқыту мақсатының реттік саны.

27. Бөлімдер бойынша әр сыныпқа оқыту бойынша күтілетін нәтижелер:

1) "Әеуметтік қатынастардың дамуы"бөлімі:

1-кесте

	Оқыту мақсаттары					
	5 сынып	6 сынып	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып
Бөлімше	шамамен 1 миллион жыл бұрын – V ғасыр	VI – XVII ғасырлар	XVIII – XIX ғасырдың 80-90 жылдары	XIX ғ соңы мен XX ғ 30-жылдары	XX ғасырдың 30 - 80жылдары	XX ғасырдың екінші жартысынан бүгінгі күнге дейін
	5.1.1.1алғашқы адамдардың антропологиялық белгілерін сипаттау; 5.1.1.2 Ежелгі Қазақстан адамдарының антропология	6.1.1.1түркі тілдес тайпаларды атап, олардың аумақтық орналасуын картада көрсету; 6.1.1.2XIII-XV ғасырлардағы Қазақстан аумағында құрылған мемлекеттердің	7.1.1.1 жонғар шапқыншылығы кезіндегі демографиялық өзгерістерді және миграциялық	8.1.1.1демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын анықтау;	9.1.1.1демографиялық өзгерістер туралы дәйекті	10.1.1.1демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасау; 10.1.1.2 қазіргі

1.1 Этникалық қатынастар	лық тұрпатын анықтау; 5.1.1.3ғұндардың қоныс аудару бағыттарын тарихи картадан (жалпақ және рельефті) көрсету	этноәлеуметтік құрылымын анықтау; 6.1.1.3 қазақ халқының қалыптасуындағы негізгі кезеңдерді анықтау, тарихи оқиғалар арасында байланыс орнату; 6.1.1.4 "қазақ" этнонимінің мағынасын түсіндіру	процестерді түсіндіру 7.1.1.2Ресей империясының қоныстандыру саясатының себептері мен салдарын талдау	8.1.1.2 Ресей империясының қоныстандыру саясатының себептері мен салдарын бағалау	қорытынды жасау; 9.1.1.2 өткен тарихи кезеңдермен сабақтастықты орнату	кезеңдегі демографиялық процестерге баға беру; 10.1.1.3 Қазақстанның даму стратегиясындағы демографиялық саясаттың бағыттарын талдау
1.2 Әлеуметтік қатынастар	5.1.2.1алғашқы адамдардың тұрмыс-тіршілігін шығармашылық түрде көрсету; 5.1.2.2әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру	6.1.2.1қазақ хандығындағы әлеуметтік топтардың орнын анықтау; 6.1.2.2 өлкедегі әртүрлі ұлттардың тарихын, салт-дәстүрін сипаттау	7.1.2.1дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау; 7.1.2.2қазақ зиялыларының қалыптасуының маңыздылығын түсіндіру	8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау	9.1.2.1"тоқырау" жылдары Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайын талдау; 9.1.2.2соғыс жылдарындағы халықтың әлеуметтік жағдайын анықтау	10.1.2.1қазіргі кездегі Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайын статистикалық мәліметтер негізінде талдау

## 2) "Мәдениеттің дамуы" бөлімі:

### 2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары					
	5 сынып	6 сынып	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып
	шамамен 1 миллион жыл бұрын – V ғасыр	VI – XVII ғасырлар	XVIII – XIX ғасырдың 80-90 жылдары	XIX ғ соңы мен XX ғ 30-жылдары	XX ғасырдың 30 - 80жылдары	XX ғасырдың екінші жартысынан бүгінгі күнге дейін
		6.2.1.1түркілердің дүниетаным-д	7.2.1.1 салт - дәстүрлер мен			10.2.1.1дәстүрлі және деструктивті діни ағымдар мен ұйымдардың іс-әрекетін талдау;

<p>2.1 Дүниетаным мен дін</p>	<p>5.2.1.1 алғашқы адамдардың наным-сенімдерін сипаттау; 5.2.1.2 желгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау</p>	<p>ық ерекшеліктері н түсіндіру; 6.2.1.2 ислам дінінің қоғамдық өмірге ықпалын анықтау; 6.2.1.3 тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттауда "Ұлы Дала Елі" ұғымын қолдану</p>	<p>әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын анықтау; 7.2.1.2 отаршылдық саясаттың ұлттық құндылықтарға кері әсерін талдау</p>	<p>8.2.1.1 мемлекеттің діни саясатының мақсатын анықтау</p>	<p>9.2.1.1 мемлекеттің діни саясатының салдарын анықтау</p>	<p>10.2.1.2 Қазақтан халқы Ассамблеясының дінаралық, этносаралық келісім мен ішкі тұрақтылықты нығайтудағы ықпалын бағалау; 10.2.1.3 "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының маңыздылығын бағалау</p>
<p>2.2 Өнер мен әдебиет</p>	<p>5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау; 5.2.2.2 археологиялық деректерге сүйене отырып Андронов мәдениетінің белгілерін анықтау, 5.2.2.3 желгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау; 5.2.2.4 Есік обасынан табылған "Алтын адам" археологиялық олжасының ерекшеліктерін анықтау; 5.2.2.5 Ө. Марғұланды ғалым-археолог ретінде айқындау;</p>	<p>6.2.2.1 күй, аңыз, шежіре, эпостық жырлардың тарихи дереккөзі ретіндегі маңыздылығын айқындау; 6.2.2.2 ортағасырлық сәулет өнері ескерткіштерінің ерекшеліктерін түсіндіру; 6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнер жетістіктерін сипаттау; 6.2.2.4 кезеңіндегі қоғамды бейнелеуде Махмұд Қашғари, Жүсіп Баласағұн және Ахмет Яссауи еңбектерінің тарихи құндылығын түсіндіру;</p>	<p>7.2.2.1 халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау; 7.2.2.2 қолданбалы өнердің жетістіктерін бағалау; 7.2.2.3 өлкенің тарихи оқиғалар</p>	<p>8.2.2.1 қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау және қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға беру; 8.2.2.2 Абай Құнанбаевтың ақын, ойшыл, қоғам қайраткері ретіндегі</p>	<p>9.2.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға беру; 9.2.2.2 Ахмет Байтұрсынұвтың іс-әрекетін қазақ тіл білімінің негізін салушы, қоғам қайраткері ретінде бағалау; 9.2.2.3 ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы өнер мен әдебиеттегі өзгерістерді анықтау; 9.2.2.4 Ө. Қашаубаев пен Қажымұқан</p>	<p>10.2.2.1 кеңестік әдебиет пен өнер туындыларын да қоғамдық өмірдің бейнеленуін талдау; 10.2.2.2 Мұхтар Әуезов шығармаларының әлем әдебиетіндегі орнын бағалау; 10.2.2.3 қазіргі кездегі өнер мен әдебиеттің даму тенденцияларын айқындау; 10.2.2.4 ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарламала</p>

	<p>5.2.2.6көшпел ілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін түсіну; 5.2.2.7тарихи мұраны жеткізудегі жәдігердің рөлін сипаттау 5.2.2.8 өлкедегі тарихи ескерткіштердің құндылығын түсіну 5.2.2.9 тұған өлке туралы аңыз әңгімелерді түсіндіру</p>	<p>6.2.2.5көшпел ілердің қолданбалы өнер жетістіктерін сипаттау; 6.2.2.6 жергілікті жер, қала, өзен, көл, тау атауларының шығу тарихын түсіндіру; 6.2.2.7 өлкенің дәстүрлі көркем мәдениетін жандандыруға үлесін қосқан шеберлерді айқындау</p>	<p>хроникасын құру; 7.2.2.4 түрлі деректер негізінде өз мектебінің тарихын анықтау</p>	<p>қызметіне баға беру; 8.2.2.3ұлттық музыкалық аспаптардың ерекшеліктерін сипаттау</p>	<p>Мұңайтпасұлының қазақ халқын әлемге танытудағы рөліне баға беру; 9.2.2.5 жылдарындағы өнер мен әдебиеттің халық рухын көтерудегі маңызын бағалау 5.2.2.6көшпел ілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін түсіну;</p>	<p>рдың қажеттілігін негіздеу ("Мәдени мұра", "Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру" бағдарламалары) 5.2.2.5Ә. Марғұланды ғалым-археолог ретінде айқындау; 6.2.2.6 жергілікті жер, қала, өзен, көл, тау атауларының шығу тарихын түсіндіру;</p>
<p>2.3 Білім және ғылым</p>	<p>5.2.3.1 қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарының білу</p>	<p>6.2.3.1 көне түркі жазуының тарихи маңызын түсіндіру; 6.2.3.2Әл-Фарабидің және басқа да ғалымдардың ортағасырлық ғылымның дамуына қосқан үлесін анықтау; 6.2.3.3" Кодекс Куманикус" сөздігінің халықаралық байланыстардағы рөлін анықтау; 6.2.3.4Мұхаммед Хайдар</p>	<p>7.2.3.1 Қазақстанның Ресей империясына қосылу нәтижесінде ғылым мен білім саласындағы өзгерістерді бағалау</p>	<p>8.2.3.1Ш. Уәлихановтың ғылыми зерттеулерінің тарихи құндылығын анықтау; 8.2.3.2XIX ғ. екінші жарты-сындағы білім беру мен ағарту ісінің даму ерекшеліктерін түсіндіру; 8.2.3.3Ы. Алтынсариннің ағарту саласына қосқан үлесін бағалау; 8.2.3.4 Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Қ. Халид еңбектерінің</p>	<p>9.2.3.1 Е.Бекмахановтың Қазақстан тарихы ғылымына қосқан үлесін бағалау; 9.2.3.2кеңес дәуіріндегі қазақ тілінің ахуалын анықтау; 9.2.3.3XX ғ. бірінші жартысындағы білім мен ғылым саласындағы өзгерістерді талдау; 9.2.3.4Қаныш Сәтбаевтың Қазақстан</p>	<p>10.2.3.1 ұлттық баспасөздің қоғамдық-саясисананы оятудағы рөліне баға беру я; 10.2.3.2 білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік</p>

	Дулатидің "Тарихи-Рашиди" еңбегінің тарихи маңызын түсіндіру	тарихи дерек ретіндегі маңызын айқындау; 8.2.3.5 туристік маршруттарды құру жолдарын ұсыну	өнеркәсібі мен ғылымын дамытудағы рөліне баға беру	саясатқа баға беру и науки
--	--	--	--	----------------------------

### 3) "Мемлекеттің дамуы" бөлімі:

#### 3-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары					
	5 сынып	6 сынып	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып
	шамамен 1 миллион жыл бұрын – V ғасыр	VI – XVII ғасырлар	XVIII – XIX ғасырдың 80-90 жылдары	XIX ғ. соңы мен XX ғ. 30-жылдары	XX ғасырдың 30 - 80жылдары	XX ғасырдың екінші жартысынан бүгінгі күнге дейін
		6.3.1.1 оқиғалардың өзара байланысын табу арқылы Түрік қағанатының құрылуының тарихи маңызын анықтау; 6.3.1.2 VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 6.3.1.3 Xғ. – XIII ғ. басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен		8.3.1.1 казак зиялыларының Ресей империясының Мемлекеттік Думасындағы қызметіне баға беру;		10.3.1.4 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының тарихи маңыздылығына баға беру; 10.3.1.5 Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамдарын анықтап, қорытындылау; 10.3.1.6 өткен оқиғалармен сабақтастықты орнатып, тәуелсіз Қазақстанның жариялануының тарихи

<p>3 . 1 Мемлекеттің ішкі саясаты</p>	<p>5.3.1.1 картадан тайпалық одақтардың орналасуын көрсету, рельефті карталарды оқу дағдыларын қалыптастыру ; 5.3.1.2ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру; 5.3.1.3 тарихи тұлғалардың туған өлке тарихындағы ролін түсіндіру</p>	<p>айырмашылықтарын анықтау; 6.3.1.4тарихи ұғымдарды қолданып, Қарахан мемлекетіндегі жер иелену ерекшеліктерін түсіндіру; 6.3.1.5Отырардағы қорғаудағы қала халқының ерлігін сипаттау; 6.3.1.6қартанғы қолданып XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси үдерістерді түсіндіру; 6.3.1.7ортағасырлық мемлекеттердің ыдырауының негізгі және жанама себептерін анықтау; 6.3.1.8 Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің басқару жүйесінің ерекшеліктерін анықтау; 6.3.1.9Қазақ хандығы құрылуының тарихи маңызын анықтау; 6.3.1.10казак хандарының мемлекетті нығайтудағы ролін анықтау</p>	<p>7.3.1.1Қарақұм және Ордабасы құрылтайларының халықты жоңғар басқыншылығына қарсы жұмылдырудағы рөліне баға беру; 7.3.1.2Қазақ хандығының ішкі саясижағдайын талдау; 7.3.1.3Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау;</p>	<p>8.3.1.2XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру; 8.3.1.31916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің тарихи маңызын анықтау және тұлғалардың рөліне баға беру; 8.3.1.4"Алаш" партиясының ұлттық мемлекеттілік тұлғалардың рөліне баға беру; 8.3.1.5Әлихан Бөкейханның саяси көшбасшылық қызметіне баға беру; 8.3.1.6Қазақстанда құрылған ұлттық автономиялардың маңыздылығына баға беру; 8.3.1.7XX ғасырдың20-30 жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын талдау</p>	<p>9.3.1.1қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау; 9.3.1.2саяси қайраткерлердің ұлттық мүддені қорғаудағы рөліне баға беру; 9.3.1.3 Кеңес өкіметінің тарихи маңызын анықтау және тұлғалардың рөліне баға беру; 9.3.1.4Әміршіл-әкімшіл саясатқа қарсы халық наразылықтарының салыстырып, талдау</p>	<p>маңызын түсіндіру прошлого; 10.3.1.7Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуын талдау; 10.3.1.8 ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегияларды талдау; 10.3.1.9 Тәуелсіз мемлекеттің қалыпта-суындағы Елбасы Н.Назарбаевтың рөліне баға беру; 10.3.1.10 Астананы жаңа Қазақстанның өркендеуінің нышаны</p>
---	---	---	---	--	---	--

		6.3.1.11 қоғамдық-саяси өмірдегі сұлтан, би, батыр, жыраулардың қызметтерін сипаттау; 6.3.1.12 туған өлке тарихының қазіргі кездегі куәгерлерінің ерлік істері мен еңбегін сипаттау				ретінде айқындау
3.2 Мемлекеттің сыртқы саясаты	5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау; 5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші	6.3.2.1 тарихи оқиғалардың өзара байланысын табу арқылы түркі тілдес тайпалардың миграциялық үдерісін түсіндіру; 6.3.2.2 ерте түрік қағанаттарының сыртқы саясатының негізгі бағыттарын анықтау; 6.3.2.3 Атлашайқасының тарихи маңызын талдау; 6.3.2.4 кыпшақтардың Еуразия тарихындағы орнын анықтау; 6.3.2.5 тарихи оқиғалардың өзара байланысын анықтап, Қазақстан аумағында XIII - XV ғасырларда	7.3.2.1 Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте танылған хандар мен батырлардың рөлін түсіндіру; 7.3.2.2 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау; 7.3.2.3 Абылай ханның дипломатиялық шеберлігі	8.3.2.1 Патша үкіметін құлату және Кеңес үкіметін орнатудағы қазақстандықтардың үлесін бағалау	9.3.2.1 қазақстандықтардың Екінші дүниежүзілік соғысының жеңісіне қосқан үлесін бағалау; 9.3.2.2 Б. Момышұлының батырлық қасиетін айқындау	10.3.2.1 XX ғасырдың екінші жартысындағы әскери-өнеркәсіп кешендерінің Қазақстанға тигізген зардаптарын талдау; 10.3.2.2 Қазақстан Республикасының халықаралық сахнадағы танылуына баға беру арене; 10.3.2.3 Қазақстанның аймақтық және халықаралық ұйымдарымен

елдермен қарым-қатынасын анықтау	құрылған мемлекеттердің сыртқы саясатын түсіндіру; 6.3.2.6Қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау; 6.3.2.7Орбұлақ шайқасындағы қазақ жасағының әскери өнердегі шеберлігі мен ерлігін бағалау	мен саясатын бағалау			байланыстарын талдау; 10.3.2.4 қазақ диаспораларының тарихи Отанымен байланысының маңыздылығын айқындау
----------------------------------	--	----------------------	--	--	--

#### 4). "Қазақстанның экономикалық дамуы" бөлімі:

##### 4-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары					
	5 сынып	6 сынып	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып
Бөлімше	шамамен 1 миллион жыл бұрын – V ғасыр	VI – XVII ғасырлар	XVIII – XIX ғасырдың 80-90 жылдары	XIX ғ соңы мен XX ғ 30-жылдары	XX ғасырдың 30 - 80жылдары	XX ғасырдың екінші жартысынан бүгінгі күнге дейін
4.1 Шаруашылық	5.4.1.1 ежелгі адамдардың кәсібін сипаттау; 5.4.1.2 көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің қалыптасуын түсіндіру	6.4.1.1 көшпелілер мен отырықшылар арасындағы өзара экономикалық байланыстарын анықтау; 6.4.1.2 көшпелілердің шаруашылық өмірінің	7.4.1.1 жоңғар шапқыншылығының қазақ халқының шаруашылығын тигізген зардаптарына анықтау; 7.4.1.2 отарлау саясатының қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына тигізген әсерін талдау; 7.4.1.3 өз өлкесін дамытуға қолдау көрсеткен	8.4.1.1 деректер мен дәйектерді салыстыру арқылы жаңа экономикалық саясаттың нәтижесінде орын алған өзгерістерді талдау; 8.4.1.2 күштеп ұжымдастыру саясатының ауыл шаруашылығы	9.4.1.1 Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында орын алған өзгерістерге баға беру; 9.4.1.2 Кеңес үкіметі кезіндегі орын алған әлеуметтік-экономикалық	10.4.1.1 Қазақстан Республикасындағы жекешелендіру процесінің экономикаға ықпалын талдау; 10.4.1.2 Қайта құру кезіндегі орын алған әлеуметтік-экономикалық мәселелерді талдау; 10.4.1.3 Қазақстан Республикасындағы жекешелендіру процесінің экономикаға



		ерекшеліктері н анықтау	тұлғалардың қызметіне баға беру; 7.4.1.4 туған ө л к е дамуының маңызды кезеңдерін анықтау	ына тигізген зардаптарын талдау	номикалық мәселелеріне баға беру	ықпалын талдау; 10.4.1.4 аграрлық секторды модернизация л а у бағыттарын талдау
4.2 Өндіріс тік қатынастар және сауда	5.4.2.1 рельефті суреттерді қолдана отырып, еңбек құралдары мен қару түрлерін сипаттау; 5.4.2.2 металл өндірісі жетілуінің шаруашылық салаларына тигізген ықпалын түсіндіру; 5.4.2.3 Ұлы Жібек жолының пайда болуын түсіндіру	6.4.2.1 Ұлы Жібек жолының қала мәдениетінің дамуына әсерін анықтау; 6.4.2.2 Ұлы Жібек жолының халықаралық қатынастарды н дамуындағы орнын анықтау	7.4.2.1 капиталистік қатынастарды н азақстан экономиксын а ықпалын анықтау; 7.4.2.2 сауда қатынастарын а жәрмеңкелерд ің әкелген өзгерістерін анықтау	8.4.2.1 Қазақст андағы индустриялан дырудың жетістіктері м е н кемшіліктерін талдау	9.4.2.1 Қазақстандағ ы индустриялан дырудың жетістіктері м е н кемшіліктерін талдау; 9.4.2.2 Қазақстан экономикасы ның соғыс жағдайына бейімделгенді гін дәлелдеу	10.4.2.1 Қазіргі өнеркәсіп тің ахуалын анықтау; 10.4.2.2 нарықтық экономиканы н өндірістік қатынастарға әсерін талдау; 10.4.2.3 Қазақстанның әлемдік экономикаға кірігуін талдау; 10.4.2.4 сыртқы сауданың экономикаға әсерін зерттеу

28. Бағдарлама көрмейтін және нашар көретін бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10-сыныптары үшін "Қазақстан тарихы" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда әр бөлімде жүзеге асатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

29. Бөлімдер және ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

30. Ұзақ мерзімді жоспарда тақырыптар мәселе сұрақтары түрінде берілген. Бұл оқушылардың ойлау іс-әрекетін сабақ басында белсендіруге мүмкіндік береді және сыни ойлауды дамытуға, өзіндік талдау жүргізуге септігін тигізеді.

Негізгі орта білім беру  
деңгейінің 5-10-сыныптары үшін  
"Қазақстан тарихы" пәнінен  
жаңартылған мазмұндағы  
үлгілік оқу бағдарламасына  
қосымша

**Көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Қазақстан тарихы" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

1) 5-сынып:

1-кесте

Бөлім	Тақырыптар, мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
Қазақстандағы ежелгі адамдардың өмірі	Кіріспе сабақ. Зерттеу сұрағы: Қазақстанның ежелгі тарихында не оқытылады?	Ежелгі Қазақстан тарихына жалпы шолу
	Алғашқы адамдардың өмірі. Зерттеу сұрағы: Алғашқы адамдар қалай өмір сүрді?	5.1.1.1 алғашқы адамдардың антропологиялық белгілерін сипаттау; 5.1.2.1 алғашқы адамдардың тұрмыс-тіршілігін шығармашылық түрде көрсету
	Қазақстан аумағындағы тас дәуірінің тұрақтары. Зерттеу сұрағы: Археологтар Қазақстан жерінен тас дәуіріне жататын қандай олжаларды тапты?	5.2.3.1 қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарын білу; 5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау; 5.4.2.1 еңбек құралдары мен қару түрлерін сипаттау
	Адамдардың шаруашылық өміріндегі өзгерістер және еңбек құралдарының жетілдірілуі. Зерттеу сұрағы: Мезолит пен неолит дәуірлерінде алғашқы адамдардың өмірі қалай өзгерді?	5.4.1.1 ежелгі адамдардың кәсібін сипаттау; 5.4.2.1 еңбек құралдары мен қару түрлерін сипаттау
	Ботай мәдениеті. Зерттеу сұрағы: Не себепті ботайлықтарды жылқыны алғашқы қолға үйретушілер деп атайды?	5.4.1.1 ежелгі адамдардың кәсібін сипаттау
	Қазақстан аумағында металлургияның пайда болуы. Зерттеу сұрағы: Қазақстан жерінде металды өндіру ежелгі адамдардың өмірін қалай өзгертті?	5.4.2.2 металл өндірісі жетілуінің шаруашылық салаларына тигізген ықпалын түсіндіру
	Андронов және Беғазы-Дәндібай мәдениеттері. Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы қола дәуірі ескерткіштерінің қандай ерекшеліктері бар?	5.2.2.2 археологиялық деректерге сүйене отырып, андронов және беғазы-дәндібай мәдениеттерінің белгілерін анықтау; 5.2.2.5 Ә.Марғұланның Қазақстан археологиясының дамуына қосқан үлесін айқындау
	Қазақстандағы жартастарға салынған ежелгі суреттер.	● 5.2.1.1 алғашқы адамдардың наным-сенімдерін сипаттау;

	Зерттеу сұрағы: Тасқа салынған суреттер ежелгі адамдардың дүниетанымын қалай бейнелейді?	<ul style="list-style-type: none"> <li>5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау</li> </ul>
	Ежелгі адамдардың өміріне саяхат	5.1.2.1 алғашқы адамдардың тұрмыс-тіршілігін шығармашылық түрде көрсету
Өлкетану	Өлкетану мұражайы және тарихи жәдігерлер	5.2.2.7 тарихи мұраны жеткізудегі жәдігерлердің рөлін сипаттау
2-тоқсан		
Ежелгі көшпелілер өмірі	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қазақстан аумағында темірдің игерілуі.</li> <li>Зерттеу сұрағы: Темір өндіру адамдар өмірін қалай өзгертті?</li> </ul>	5.4.2.2 металл өндірісі жетілуінің шаруашылық салаларына тигізген ықпалын түсіндіру
	<ul style="list-style-type: none"> <li>Көшпелі мал шаруашылығының қалыптасуы.</li> <li>Зерттеу сұрағы: Көшпелі мал шаруашылығы неліктен Қазақстанның ежелгі тұрғындары шаруашылығының негізгі түріне айналды?</li> </ul>	5.4.1.2 көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің қалыптасуын түсіндіру; 5.2.2.6 көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін білу
	Ежелгі көшпелілердің материалдық мәдениеті. Зерттеу сұрағы: Көшпелілер баспанасының ерекшелігі неде?	5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау; 5.2.2.6 көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін түсіну
	Ежелгі көшпелілердің дүниетанымы. Зерттеу сұрағы: Көшпелілердің қандай салт-дәстүрлері бүгінгі күнге дейін сақталды?	5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау
Сақтар	Сақтар туралы тарихи мәліметтер. Зерттеу сұрағы: Қандай тарихи дереккөздер сақтар туралы мәлімет береді?	5.3.1.1 картадан тайпалық одақтардың орналасуын көрсету; 5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру
	"Алтын адам" археологиялық олжасы. Зерттеу сұрағы: Есік обасынан табылған "Алтынадам" кім болды?	5.2.3.1 қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарын білу; 5.2.2.4 Есік обасынан табылған "Алтын адам" археологиялық олжасының ерекшеліктерін анықтау; 5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау
Өлкетану	Өлкенің тарихи ескерткіштері	5.2.2.8 өлкедегі тарихи ескерткіштердің құндылығын түсіну
3-тоқсан		
		5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау;

Сақтар	Шілікті және Бесшатыр патша қорғандары. Зерттеу сұрағы: Неліктен Шілікті мен Бесшатыр "патша қорғандары" деп аталады?	5.1.2.2 әлеуметтік топтардың ерекшелік терін түсіндіру; 5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау
	Берел қорғандары. Зерттеу сұрағы: Берел қорымынан табылған олжалар сақтардың мәдениетін қалай сипаттайды?	<ul style="list-style-type: none"> <li>● 5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау;</li> <li>● 5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау;</li> <li>5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау</li> </ul>
	Тасмола археологиялық мәдениеті. Зерттеу сұрағы: "Мұртты обалардың" ерекшелігі неде?	<ul style="list-style-type: none"> <li>● 5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау;</li> <li>● 5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау</li> </ul>
	Сақ патшайымы Томирис. Зерттеу сұрағы: Тарихи деректерде Томирисің бейнесі қалай сипатталған?	5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау
	Шырақтың ерлігі. Зерттеу сұрағы: Сақтар тәуелсіздік үшін қалай күресті?	5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау
	Сақтардың Александр Македонский әскеріне қарсы күресі. Зерттеу сұрағы: Неліктен Александр Македонский дің сақтарға жасаған жорығы сәтсіз аяқталды?	5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау
Үйсіндер мен қаңлылар	Үйсіндер туралы жазба деректер. Зерттеу сұрағы: Қытай авторлары үйсіндердің өмірін қалай сипаттады?	5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру; 5.1.2.2 әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру; 5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау
	Қаңлылардың қалалық мәдениетінің дамуы. Зерттеу сұрағы: Қаңлыларда қала мәдениетінің дамуы немен байланысты?	5.4.2.3 Ұлы Жібек жолының пайда болуын түсіндіру; 5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау
	Қаңлылардың қоғамдық құрылысы. Зерттеу сұрағы: Сыма Цянь қаңлы қоғамын қалай сипаттады?	5.1.2.2 әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру; 5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру

	<p>Үйсіндер мен қаңлылардың материалдық және рухани мәдениеті.</p> <p>Зерттеу сұрағы: Үйсіндер мен қаңлылар мәдениетінің ерекшеліктері қандай?</p>	<p>5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау;</p> <p>5.2.2.6 көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін түсіну</p>
Өлкетану	<p>Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар және ақындар</p>	<p>5.3.1.3 тарихи тұлғалардың туған өлке тарихындағы ролін түсіндіру</p>
4-тоқсан		
Ғұндар	<p>Ғұн тайпаларының бірігуі.</p> <p>Зерттеу сұрағы: Неге Мөде шаньюй "Жер - мемлекеттің негізі" деді?</p>	<p>5.3.1.1 картада тайпалық одақтардың орналасуын көрсету;</p> <p>5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру</p>
	<p>Ғұндардың көрші мемлекеттермен қарым-қатынастары.</p> <p>Зерттеу сұрағы: Ғұндармен Ұлы Қытай қорғанының салынуы арасында қандай байланыс бар?</p>	<p>5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау</p>
	<p>Ғұндардың Батысқа қоныс аударуы.</p> <p>Зерттеу сұрағы: Ғұндардың Батысқа қоныстануы қандай өзгерістерге әкелді?</p>	<p>5.1.1.3 ғұндардың қоныс аудару бағыттарын тарихи алпақ және рельефті картадан көрсету</p>
	<p>Аттила және оның жаулаушылық жорықтары.</p> <p>Зерттеу сұрағы: Ежелгі авторлар Аттилаға қандай баға береді?</p>	<p>5.1.1.3 ғұндардың қоныс аудару бағыттарын тарихи жалпақ және рельефті картадан көрсету;</p> <p>5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау</p>
Сарматтар	<p>Сарматтардың қоғамдық құрылысы мен шаруашылық өмірі.</p> <p>Зерттеу сұрақтары: Сармат қоғамы несімен ерекшеленеді?</p>	<p>5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау;</p> <p>5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау;</p> <p>5.3.1.1 жалпақ және рельефті картада тайпалық одақтардың орналасуын көрсету;</p> <p>5.1.2.2 әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру</p>
	<p>Сарматтардың саяси тарихы.</p> <p>Зерттеу сұрағы: Сарматтар қандай мемлекеттермен өзара қарым-қатынаста болды?</p>	<p>5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау</p>
	<p>Ежелгі Қазақстан адамдарының антропологиялық тұрпаты.</p> <p>Зерттеу сұрағы: Ежелгі Қазақстан адамдарының антропологиялық тұрпаты қалай өзгерді?</p>	<p>5.1.1.2 Ежелгі Қазақстан адамдарының антропологиялық тұрпатын анықтау</p>

Ежелгі Қазақстан тарихына шолу	Ежелгі Қазақстанға саяхат	5.4.1.1 ежелгі адамдардың алғашқы кәсібін сипаттау; 5.4.1.2 көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің қалыптасуын түсіндіру; 5.4.2.1 еңбек құралдары мен қару түрлерін сипаттау; 5.4.2.3 Ұлы Жібек жолының пайда болуын түсіндіру
Өлкетану	Туған өлкенің аңыз-ертегілері	5.2.2.9 өлкенің аңыз-ертегілерінің мән-мағынасын түсіндіру

## 2) 6 сынып:

### 2-кесте

Бөлім	Тақырып мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
VI - IX ғасырлардағы Қазақстан	Кіріспе сабақ. Зерттеу сұрағы: Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы нені оқытады?	Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихына жалпы шолу
	Қазақстан аумағындағы ерте ортағасырлық мемлекеттер. Зерттеу сұрағы: VI-IX ғасырларда билік құрған қай қағандардың есімдері тарихта сақталды?	6.3.1.1 оқиғалардың өзара байланысын табу арқылы Түрік қағанаты құрылуының тарихи маңызын анықтау; 6.3.1.2 VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 6.3.2.2 ерте түрік қағанаттарының сыртқы саясатының негізгі бағыттарын анықтау; 6.2.1.3 тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттау үшін "Ұлы Дала" ұғымын қолдану
	Көне түркі жазуы. Зерттеу сұрағы: Білге қаған мен Күлтегіннің мемлекетті нығайтудағы саясаты бізге қандай деректерден белгілі?	6.3.1.2 VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 6.2.3.1 көне түркі жазуының маңызын түсіндіру
	Атлах шайқасы. Зерттеу сұрағы: Неліктен Атлах шайқасын "халықтар шайқасы" деп атайды?	6.3.2.3 Атлах шайқасының тарихи маңызын талдау; 6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктерін сипаттау
	Оғыз мемлекеті. Зерттеу сұрағы: Қазақстанның орта ғасырлар тарихында Оғыз	6.3.1.2 VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму

	<p>мемлекетінің алатын орны қандай ?</p>	<p>ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау</p>
	<p>Қимақ қағанаты. Зерттеу сұрағы: Қимақтарда қалалық мәдениетінің дамуын қандай деректер дәлелдейді?</p>	<p>6.4.2.1 Ұлы Жібек жолының қала мәдениетінің дамуына әсерін анықтау; 6.4.1.1 көшпелілер мен отырықшылар арасындағы өзара экономикалық байланыстарды анықтау</p>
	<p>Түріктер туралы тарихи деректер. Зерттеу сұрағы: Қытай және араб деректері түркілер туралы қандай ақпарат береді?</p>	<p>6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктерін сипаттау; 6.4.1.2 көшпелілердің шаруашылық өмірінің ерекшеліктерін анықтау; 6.2.1.1 түркілердің дүниетанымдық ерекшеліктерін түсіндіру</p>
	<p>Түркі әлемі қалыптасуының басталуы. Зерттеу сұрағы: Түрік тілдес халықтардың миграциясы Еуразия тарихына қаншалықты әсерін тигізді?</p>	<p>6.3.2.1 тарихи оқиғалардың өзара байланысын табу арқылы түркі тілдес тайпалардың миграциясын түсіндіру; 6.1.1.1 түркі тілдес тайпаларды атап, жалпақ және рельефті картадан олардың аумақтық орналасуын көрсету</p>
Өлкетану	<p>Топонимдер – өткен заманның куәгерлері (жер-су атауларының тарихы).</p>	<p>6.2.2.6 жергілікті жер, қала, өзен, көл, тау атауларының шығу тарихын түсіндіру</p>
2-тоқсан		
	<p>X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы Қазақстан аумағындағы саяси процестер. Зерттеу сұрағы: X ғасыр - XIII ғасырдың басында саяси карта қаншалықты өзгерді?</p>	<p>6.3.1.3 X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 6.3.1.7 ортағасырлық мемлекеттердің ыдырауының негізгі және жанама себептерін анықтау</p>
	<p>Қарахан мемлекеті. Зерттеу сұрағы: Неліктен Қарахан мемлекеті ислам дінін мемлекеттік дін деп жариялады?</p>	<p>6.3.1.3 X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 6.2.1.2 ислам дінінің қоғамдық өмірге ықпалын анықтау; 6.3.1.4 тарихи ұғымдарды қолданып, Қарахан мемлекетіндегі жер иелену ерекшеліктерін түсіндіру</p>

Х ғасыр - XIII ғасырдың басындағы Қазақстан	<p>Наймандар, керейіттер және жалайырлар.</p> <p>Зерттеу сұрағы: Наймандар, керейіттер мен жалайырлардың ортағасырларлық саяси сахнадағы рөлі қандай болды?</p>	6.3.1.3 X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау
	<p>Қыпшақ хандығы.</p> <p>Зерттеу сұрағы: Не себепті Еуразия даласы "Дешті Қыпшақ" деп аталды?</p>	6.3.1.3 X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 6.3.2.4 қыпшақтардың Еуразия тарихындағы орнын анықтау; 6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктерін сипаттау;
	<p>Халықаралық байланыстардың дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі.</p> <p>Зерттеу сұрағы: Ұлы Жібек жолы халықаралық байланыстардың дамуына ықпал етті ме?</p>	6.4.2.2 Ұлы Жібек жолының халықаралық қатынастардың дамуындағы орнын анықтау
	<p>Ортағасырлық Қазақстанның экономикалық және мәдени дамуына Ұлы Жібек жолының ықпалы.</p> <p>Зерттеу сұрағы: Ұлы Жібек жолы ортағасырлық Қазақстанның экономикалық және мәдени дамуына қалай әсер етті?</p>	6.4.2.1 Ұлы Жібек жолының қала мәдениетінің дамуына әсерін анықтау; 6.4.1.1 көшпелілер мен отырықшылар арасындағы өзара экономикалық байланыстарын анықтау; 6.2.2.2 ортағасырлық сәулет өнері ескерткіштерінің ерекшеліктерін түсіндіру
	<p>Түріктердің материалдық және рухани мәдениеті.</p> <p>Зерттеу сұрағы: Әлем өркениетінің дамуына түрік мәдениеті қандай үлес қосты?</p>	6.2.2.5 көшпелілердің қолданбалы өнер жетістіктерін сипаттау; 6.2.2.2 ортағасырлық сәулет өнері ескерткіштерінің ерекшеліктерін түсіндіру; 6.2.3.2 Әл-Фарабидің және басқа да ғалымдардың ортағасырлық ғылымның дамуына қосқан үлесін анықтау; 6.2.2.4 түркі кезеңіндегі қоғамды бейнелеуде М. Қашғари, Ж. Баласағұн және А. Яссауи еңбектерінің тарихи құндылығын түсіндіру; 6.2.3.3 "Кодекс Куманикус" сөздігінің халықаралық байланыстардағы рөлін анықтау
Өлкетану	<p>Мәдени-тарихи дәстүрді сақтаушылар: өлкенің ұлттық қолөнері</p>	6.2.2.7 өлкенің дәстүрлі көркем мәдениетін жандандыруға үлесін қосқан шеберлерді айқындау



XIII - XV ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан	Моңғол империясының құрылуы. Зерттеу сұрағы: Моңғолдар мемлекеттілік деңгейге қалай жетті?	6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктерін сипаттау; 6.3.1.6 жалпақ және рельефті картаны қолдану арқылы XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси процестерді түсіндіру
	Қазақстандағы моңғол шапқыншылығы. Зерттеу сұрағы: Неліктен Шыңғыс хан әскерлері Отырарды алты ай бойы ала алмады?	6.3.1.6 жалпақ және рельефті картаны қолданып XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси процестерді түсіндіру; 6.3.1.5 Отырарды қорғаудағы қала халқының ерлігін сипаттау
	Моңғол шапқыншылықтарының салдары. Зерттеу сұрағы: Орталық Азияға ең үлкен өзгерісті әкелген кімдер: қыпшақтар ма, әлде моңғолдар ма ?	6.1.1.2 XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау; 6.3.1.8 Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің басқару жүйесінің ерекшеліктерін анықтау
	Қазақстан аумағында ұлыстардың құрылуы. Зерттеу сұрағы: Моңғол ұлыстарының құрылуы нәтижесінде саяси картада қандай өзгерістер болды?	6.3.1.6 жалпақ және рельефті картаны қолдану арқылы XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси процестерді түсіндіру; 6.1.1.2 XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау; 6.3.1.7 ортағасырлық мемлекеттердің ыдырауының негізгі және жанама себептерін анықтау
	Ақ Орда. Зерттеу сұрағы: Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуындағы Ақ Орданың рөлі қандай болды?	6.3.1.6 жалпақ және рельефті картаны қолданып XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси үдерістерді түсіндіру; 6.1.1.2 XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау; 6.3.2.5 тарихи оқиғалардың өзара байланысын анықтап, Қазақстан аумағында XIII XV ғасырларда құрылған мемлекеттердің сыртқы саясатын түсіндіру
	Моғолстан. Әбілқайыр хандығы. Зерттеу сұрағы: Моғолстан мен Әбілқайыр мемлекеттеріндегі оқиғалар қандай саяси өзгерістерге әкелді?	6.3.1.6 жалпақ және рельефті картаны қолданып XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси үдерістерді түсіндіру; 6.1.1.2 XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау; 6.3.2.5 тарихи оқиғалардың өзарабайланысын анықтап,

		Қазақстан аумағында XIII - XV ғасырларда құрылған мемлекеттердің сыртқы саясатын түсіндіру
	XIII - XV ғасырлардағы Қазақстанның мәдениеті. Зерттеу сұрағы: XIII - XV ғасырлардағы өнер мен әдебиет ортағасырлық қоғамды қалай бейнелейді?	6.2.2.1 күй, аңыз, шежіре, эпостық жырлардың тарихи дереккөзі ретіндегі маңыздылығын айқындау
	Ортағасырлық саяхатшылардың Қазақстан туралы мәліметтері. Зерттеу сұрағы: Ортағасырлық саяхатшылар Қазақстанды қалай сипаттады?	6.4.1.2 көшпелілердің шаруашылық өмірінің ерекшеліктерін анықтау; 6.2.2.5 көшпелілердің қолданбалы өнер жетістіктерін сипаттау
Қазақ халқының қалыптасуы	Қазақ халқының қалыптасу процесінің аяқталуы. Зерттеу сұрағы: Ұлы Дала мұрагері – қазақ халқы қалай қалыптасты?	6.1.1.3 ежелгі және ортағасырлар тарихының оқиғалары арасында байланыс орнату арқылы қазақ халқы қалыптасуының негізгі кезеңдерді анықтау; 6.1.1.4 "қазақ" этнонимінің мағынасын түсіндіру
Біртұтас қазақ мемлекетінің құрылуы	Қазақ хандығының құрылуы. Зерттеу сұрағы: Неліктен Қазақ хандығы Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет деп саналады?	6.3.1.9 Қазақ хандығы құрылуының тарихи маңызын анықтау; 6.2.3.4 М.Х.Дулатидің "Тарихи-Рашиди" еңбегінің маңыздылығын түсіндіру; 6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; 6.2.1.3 тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттауда "Ұлы Дала" ұғымын қолдану
Өлкетану	Бір ел – бір тағдыр (менің өлкемнің халықтары)	6.1.2.2 өлкедегі әр түрлі ұлттардың тарихын, салт-дәстүрін сипаттау
4-тоқсан		
	Қасым хан тұсындағы Қазақ хандығының күшеюі. Зерттеу сұрағы: Не себепті Қадырғали Жалайыр: "Жәнібек ханның ұлдарының арасында аса белгілі болғаны Қасым хан еді..." деп жазды?	6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; 6.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау
	Хақназар хан кезіндегі Қазақ хандығының сыртқы саясаты. Зерттеу сұрағы: Неліктен Хақназар хан билеген кезеңді	6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау;

6.4 Қазақ хандығының XVI - XVII ғасырлардағы дамуы	Қазақ хандығының "қайта жаңғыруы" деп атайды?	6.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау
	Тәуекел хан тұсындағы Қазақ хандығының оңтүстік шекараларының нығаюы. Зерттеу сұрағы: Тәуекел хан қазақ жерлерін біріктіру мақсатында қандай саясат ұстанды?	6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; 6.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау
	Есім хан билігі кезіндегі Қазақ хандығы бірлігінің нығаюы. Зерттеу сұрағы: Есім хан Қазақ хандығының біртұтастығын қалай сақтап қалды?	6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; 6.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау
	Жәңгір хан тұсындағы қазақ-жонғар қарсылығы. Зерттеу сұрағы: Орбұлақ шайқасының әлемдік әскери өнер тарихындағы алатын орны қандай ?	6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнері жетістіктерін сипаттау; 6.3.2.7 Орбұлақ шайқасындағы қазақ жасағының әскери өнердегі шеберлігі мен ерлігін бағалау
	Тәуке хан тұсындағы қазақтардың қоғамдық-құқықтық жүйесі. Зерттеу сұрағы: Неліктен А. Левшин Тәуке ханды "Дала Ликургі" деп атады?	6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; 6.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау
	Қазақ хандығының әлеуметтік құрылымы. Зерттеу сұрағы: Әлеуметтік топтар қазақ қоғамында қандай рөл атқарды?	6.1.2.1 Қазақ хандығындағы әлеуметтік топтардың орнын анықтау; 6.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдегі сұлтан, би, батыр, жыраулардың қызметтерін сипаттау
6.4 XVI - XVII ғасырлардағы экономика мен мәдениет	XVI-XVII ғасырлардағы қазақтардың рухани мәдениеті. Зерттеу сұрағы: XVI - XVII ғасырлардағы қазақтардың рухани мәдениетінде халық өмірі қалай көрініс табады?	6.2.2.1 күй, аңыз, шежіре, эпостық жырлардың тарихи дереккөзі ретіндегі маңыздылығын айқындау
	XVI - XVII ғасырлардағы қазақтардың материалдық мәдениеті. Зерттеу сұрағы: Неліктен киіз үй көшпелілердің материалдық мәдениетінің ең жоғарғы үлгісі деп саналады?	6.2.2.5 көшпелілердің қолданбалы өнердегі жетістіктерін сипаттау
	Қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы. Зерттеу сұрағы: Көшпелілердің дәстүрлі шаруашылығының ерекшелігі неде?	6.4.1.2 көшпелілердің шаруашылық өмірінің ерекшеліктерін анықтау
Өлкетану	Туған өлке тарихының қазіргі кездегі куәгерлері	6.3.1.12 туған өлке тарихының қазіргі кездегі куәгерлерінің ерлік істері мен еңбегін сипаттау

## 3) 7 сынып:

## 3-кесте

Бөлім	Тақырып, мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
Қазақ-жоңғар соғыстары	Жоңғар басқыншылығына қарсы Отан соғысының басталуы. Зерттеу сұрағы: Не себепті "Елім-ай" бүкілхалықтық әнге айналды?	7.1.1.1 жоңғар шапқыншылығы кезіндегі демографиялық өзгерістерді және миграциялық процестерді түсіндіру; 7.2.2.1 халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау; 7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; 7.4.1.1 жоңғар шапқыншылығының қазақ халқының шаруашылығына тигізген зардаптарын анықтау
	Біртұтас халық жасағының ұйымдастырылуы. Зерттеу сұрағы: Неліктен Ордабасы ел бірлігінің нышаны болды?	7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; 7.3.1.1 Қарақұм және Ордабасы құрылтайларының халықты жоңғар басқыншылығына қарсы жұмылдырудағы рөліне баға беру
	Қазақ-жоңғар шайқастары. Зерттеу сұрағы: Неліктен Аңырақай шайқасы қазақ-жоңғар соғысындағы түбегейлі бетбұрыс деп саналады?	7.3.2.1 Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте танылған хандар мен батырлардың рөлін түсіндіру
XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы	XVIII ғасырдың басына дейінгі қазақ - орыс қарым-қатынастарының тарихы. Зерттеу сұрағы: Неліктен Ресей Қазақстанды Азияға шығудың "кілті мен қақпасы" деп санады?	7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; 7.3.2.2 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау
	Қазақ хандығының Ресей империясына қосылуының басталуы. Зерттеу сұрағы: Әбілқайыр ханның Анна Иоанновна патшайымға жазған хатының себептері мен салдары қандай болды?	7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; 7.3.2.2 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау
Өлкетану	Өлкенің туристік маршруттары	7.2.3.5 туристік маршруттарды құру жолдарын ұсыну
2-тоқсан		
XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы	Абылай ханның ішкі және сыртқы саясаты.	7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау;

	Зерттеу сұрағы: Дербес Қазақ мемлекетін сақтап қалудағы Абылай ханның рөлі қандай?	7.3.2.3 Абылай ханның ішкі және сыртқы саясатын бағалау
XVIII ғасырдағы Қазақстанның мәдениеті	XVIII ғасырдағы халық ауыз әдебиеті. Зерттеу сұрағы: XVIII ғасырда ақын-жыраулар шығармаларында тарихи оқиғалар қалай көрініс тапты?	7.2.2.1 халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау; 7.2.1.1 салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын анықтау
	XVIII ғасырдағы қазақтардың материалдық мәдениеті. Зерттеу сұрағы: Қазақтың ұлттық қолданбалы өнерінің бірегейлігі неде?	7.2.2.2 қолданбалы өнердің жетістіктерін бағалау
Отарлау және ұлт-азаттық күрес	XVIII ғасырдағы Қазақстандағы казак-әскери отаршылдығы. Зерттеу сұрағы: Қазақстанды отарлауды Ресей империясы қалай жүзеге асырды?	7.3.1.3 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау
	Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс. Зерттеу сұрағы: Сырым Датұлы Кіші жүз қазақтарының қандай құқықтарын қорғауды көздеді?	7.3.1.5 халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау; 7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру
Өлкетану	Туған жердің "Атымтай жомарттары".	7.4.1.3 өлкені дамытуға қолдау көрсеткен тұлғалардың қызметіне баға беру
3-тоқсан		
Отарлау және ұлт-азаттық күрес	1822-1824 жылдардағы патша реформалары. Зерттеу сұрағы: Неліктен XX ғасырдың 20-шы жылдарында Қазақстанда әкімшілік реформалар жүргізілді?	7.3.1.4 Патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық өзгерістерді түсіндіру; 7.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау
	1836-1838 жылдардағы Бөкей Ордасындағы қазақтардың көтерілісі. Зерттеу сұрағы: Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлын қандай ортақ идея біріктірді?	7.3.1.5 қазақ халқының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау; 7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру
	Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс. Зерттеу сұрағы: Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық күрес неліктен жалпы ұлттық сипатқа ие болды?	7.3.1.5 халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау; 7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру

Отарлау және ұлт-азаттық күрес	<p>XIX ғасырдың 40-60 жылдарындағы қазақтардың ортаазиялық хандықтармен қарым-қатынастары.</p> <p>Зерттеу сұрағы: Неліктен Орта Азия хандықтарының Қазақстанның оңтүстік аймақтарына экспансиясы күшейді?</p>	<p>7.3.1.5 халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау;</p> <p>7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру</p>
Өлкетану	Туған өлкенің шежіресі	<p>7.4.1.4 өлке дамуының маңызды кезеңдерін анықтау;</p> <p>7.2.2.5 өлкенің тарихи оқиғалар хроникасын құру</p>
4-тоқсан		
Қазақстан Ресей империясының құрамында	<p>XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы әкімшілік-аумақтық реформалар.</p> <p>Зерттеу сұрағы: Патша өкіметі тарапынан "бөліп ал да, билей бер" ұстанымы қалай жүзеге асты?</p>	<p>7.3.1.3 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау;</p> <p>7.3.1.4 патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық өзгерістерді түсіндіру;</p> <p>7.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау</p>
	<p>Қазақтардың 1860-1870 жылдардағы азаттық күресі.</p> <p>Зерттеу сұрағы: XIX ғасырдың 60-70 жылдарындағы ұлт-азаттық көтерілістердегі халық талаптарының сабақтастығы неден көрінді?</p>	<p>7.3.1.5 қазақ халқының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау</p>
	<p>Қазақстандағы жаппай отаршылдық қоныс аудару саясаты.</p> <p>Зерттеу сұрағы: Патша өкіметінің қоныстандыру саясаты қазақ қоғамының өмірін қалай өзгертті?</p>	<p>7.4.1.2 отарлау саясатының қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына тигізген әсерін талдау;</p> <p>7.1.1.2 Ресей империясының қоныстандыру саясатының себептері мен салдарын талдау;</p> <p>7.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау</p>
	Қазақстанда капиталистік қатынастардың дамуы.	

Қазақстан Ресей империясының құрамында	Зерттеу сұрағы: Қазақстанның өнеркәсіптік дамуы қалай басталды?	7.4.2.1 капиталистік қатынастар дамуының Қазақстанның экономикасына ықпалын анықтау
	Жәрменке саудасының дамуы. Зерттеу сұрағы: Қазақстанда неліктен жәрменке саудасы дамыды?	7.4.2.2 сауда қатынастарына жәрменкелердің әкелген өзгерістерін анықтау
	XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамы. Зерттеу сұрағы: “Зар заман” өкілдерінің қоғамдық-саяси көзқарастары қандай факторлардың әсерінен қалыптасты?	7.2.1.2 ұлттық құндылықтарға отаршылдық саясаттың кері әсерін талдау; 7.1.2.2 қазақ зиялыларының қалыптасуының маңыздылығын түсіндіру; 7.2.3.1 Қазақстанның Ресей империясына кірігу нәтижесіндегі білім беру және ғылым саласындағы өзгерістерді сипаттау
Өлкетану	Менің мектебімнің тарихы	7.2.2.4 түрлі деректер негізінде өз мектебінің тарихын анықтау

#### 4) 8-сынып:

#### 4-кесте

Бөлім	Тақырып, мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
XIX ғасыр -XX ғасырдың басындағы Қазақстанның мәдениеті	XIX ғасырдағы мәдениеттің дамуы. Зерттеу сұрағы: Неге XIX ғасыр қазақ халқының дәстүрлі музыка өнерінің гүлденген дәуірі деп саналады?	8.2.1.1 салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын анықтау; 8.2.2.1 қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау; 8.2.2.3 ұлттық музыкалық аспаптардың ерекшеліктерін сипаттау
	XIX ғасырдағы білім беру мен ағарту ісі. Зерттеу сұрағы: XIX ғасырда Қазақстанда оқу-ағартушылық мекемелер қандай түрде дамыды?	8.2.3.2 XIX ғасырдың екінші жартысындағы білім беру мен ағарту ісінің даму ерекшеліктерін түсіндіру
	Шоқан Уәлиханов – алғашқы қазақ ғалымы. Зерттеу сұрағы: Неге С. Мұқанов Шоқан Уәлихановқа арналған шығармасын "Аққан жұлдыз" деп атады?	8.2.3.1 Шоқан Уәлихановтың ғылыми зерттеулерінің тарихи құндылығын анықтау
	Ы. Алтынсарин – жаңашыл - педагог. Зерттеу сұрағы: Ыбырай Алтынсариннің халық ағарту саласындағы жаңашылдығы неден байқалады?	8.2.3.3 Ыбырай Алтынсариннің ағарту саласына қосқан үлесін бағалау
	Абай Құнанбаев – ұлы ойшыл.	

	<p>Зерттеу сұрағы: Неліктен Абай Құнанбайұлын "Хәкім Абай" деп атады?</p>	8.2.2.2 Абай Құнанбаевтың ақын, ойшыл, қоғам қайраткері ретіндегі қызметіне баға беру
	<p>XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы Қазақтардың ауызша тарихи дәстүрлерінің дамуы. Зерттеу сұрағы: Ш. Құдайбердіұлы, М. Көпейұлы, Қ. Халид еңбектерінің тарихи құндылығы неде?</p>	8.2.3.4 Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Қ.Халид еңбектерін тарихи дерек ретіндегі маңызын айқындау
2-тоқсан		
XX ғасырдың басындағы Қазақстан	<p>Қазақстанның XX ғасырдың басындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы. Зерттеу сұрағы: Не себепті А. Байтұрсынов: "Қазақ ұлтының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды", - деп санады?</p>	<p>8.1.1.2 Ресей империясының қоныс аудару саясатының салдарын бағалау; 8.3.1.1 қазақ зиялыларының Ресей империясының Мемлекеттік Думасындағы қызметіне баға беру ; 8.3.1.2 XX ғасыр басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру</p>
	<p>Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс. Зерттеу сұрағы: 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс неліктен бүкілхалықтық сипат алды?</p>	<p>8.3.1.2 XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру; 8.3.1.3 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің тарихи маңызын анықтау және тұлғалардың рөліне баға беру</p>
	<p>1917 жылғы ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы және оның Қазақстанға әсері. Зерттеу сұрағы: 1917 жылы саяси белсенділіктің артуы қандай оқиғалардан көрініс тапты?</p>	8.3.1.2 XX ғасыр басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру
3-тоқсан		
XX ғасырдың басындағы Қазақстан	<p>"Алаш" қозғалысы және қазақ ұлттық идеясы. Зерттеу сұрағы: Неліктен "Алаш" партиясы халық қолдауына ие болды?</p>	<p>8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау; 8.3.1.4 "Алаш" партиясының ұлттық мемлекеттілікті жаңғыртудағы саясатын талдау;</p>
	<p>XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының көрнекті өкілдері. Зерттеу сұрағы: Қазақ зиялылары ұлттық мүдделерді қалайша қорғады?</p>	<p>8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау; 8.2.2.1 қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау және қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға беру;</p>



		8.3.1.5 Әлихан Бөкейханның саяси көшбасшылық қызметіне баға беру
Қазақстанда кеңестік биліктің орнығуы	Қазақстан азаматтық қарсыластық жылдарында (1917-1920 жылдар). Зерттеу сұрағы: Қазан революциясының ұрандары халық арасында қандай үміт тудырды?	8.3.1.2 XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру 8.3.2.1 қазақстандықтардың Патшаны құлатуға және Кеңес үкіметін орнатуға қосқан үлесін бағалау
	Қазақстандағы ұлттық автономиялар. Зерттеу сұрағы: Алаш Орда үкіметі мен Түркістан (Қокан) автономиясының идеялары неліктен жүзеге аспады?	8.3.1.6 Қазақстанда құрылған ұлттық автономиялардың маңыздылығына баға беру; 8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау
	Қырғыз (Қазақ) АКСР-нің құрылуы. Зерттеу сұрағы: Қазақ Автономиялық Кеңестік Республикасы құрылуының тарихи маңызы неде?	8.3.1.6 Қазақстанда құрылған ұлттық автономиялардың маңыздылығына баға беру; 8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау
4-тоқсан		
Қазақстан тоталитарлық жүйе кезеңінде	Әскери коммунизм саясатынан Жаңа экономикалық саясатқа көшу. Зерттеу сұрағы: Қазақстан үшін жаңа экономикалық саясаттың артықшылықтары қандай болды?	8.3.1.7 XX ғасырдың 20-30 жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын талдау; 8.4.1.1 деректер мен дәйектерді салыстыру арқылы жаңа экономикалық саясаттың нәтижесінде орын алған өзгерістерді талдау
	Қазақстандағы 1920-1930 жылдардағы индустрияландыру. Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы индустрияландыру саясатының қарама-қайшылығы неде?	8.4.2.1 Қазақстандағы индустрияландырудың жетістіктері мен кемшіліктерін талдау
	1920-1930 жылдардағы саяси репрессиялар. Зерттеу сұрағы: Сталиндік режим не себепті зиялыларға "халық жауы" деген айып тақты?	8.3.1.7 XX ғасырдың 20-30 жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын талдау; 8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау
	1920-1930 жылдардағы саяси репрессиялар.	8.3.1.7 XX ғасырдың 20-30 жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын талдау;

	Зерттеу сұрағы: сталиндік режим не себепті зиялыларға "халық жауы" деген айып тақты?	8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау
--	--	---

## 5) 9-сынып:

### 5-кесте

Бөлімше	Тақырып, мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
Кеңестік Қазақстанның мәдениеті: білім мен ғылым	Ахмет Байтұрсынов – "ұлт ұстазы". Зерттеу сұрағы: Ахмет Байтұрсыновтың ғылыми мұрасы қандай?	9.2.2.2 Ахмет Байтұрсыновты қазақ тіл білімінің негізін салушы, қоғам қайраткері ретінде бағалау; 9.3.1.3 Кеңес үкіметінің құрылу кезіндегі тарихи тұлғалардың рөлін бағалау
	XX ғ. 20-30 жылдарындағы білім беру жүйесі мен ғылым. Зерттеу сұрағы: Білім мен ғылым саласының қандай жетістіктері мен кемшіліктері болды?	9.2.3.2 кеңес дәуіріндегі қазақ тілінің ахуалын анықтау; 9.2.3.3 XX ғасырдың бірінші жартысындағы білім мен ғылым саласындағы өзгерістерді талдау
	Қ.Сатбаев – жан-жақты ғалым. Зерттеу сұрағы: Қаныш Сәтбаевтың феномені неде?	9.2.3.4 Қаныш Сәтбаевтың Қазақстан өнеркәсібі мен ғылымын дамытудағы рөліне баға беру
Кеңестік Қазақстанның мәдениеті: әдебиет пен өнер	XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ әдебиетінің дамуы. Зерттеу сұрағы: Қазақ әдебиетінде социалистік реализм қалай көрініс тапты?	9.2.2.1 қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау және қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға беру
	XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ өнерінің дамуы. Зерттеу сұрағы: Қазақ өнерінің жаңа белеске көтерілуі неден байқалды?	9.2.2.4 Әміре Қашаубаев пен Қажымұқан Мұңайтпасұлының қазақ халқын әлемге танытудағы рөліне баға беру; 9.2.2.1 қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау және қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға беру; 9.2.2.3 өнер мен әдебиеттегі өзгерістерді анықтау
2-тоқсан		
	Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы шайқастарына қатысуы. Зерттеу сұрағы: Қандай қазақстандық Ұлы Отан соғысының батырлары халық есінде сақталды?	9.3.2.1 қазақстандықтардың Екінші дүниежүзілік соғысының жеңісіне қосқан үлесін бағалау; 9.3.2.2 Бауыржан Момышұлының батырлық, тұлғалық қасиетін айқындау
	Қазақстан – майдан арсеналы.	9.4.2.2 Қазақстан экономикасының соғыс жағдайларына бейімделгендігін дәлелдеу;

Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында	Зерттеу сұрағы: "Бәрі майдан үшін , бәрі Жеңіс үшін!" ұраны қалай жүзеге асты?	9.1.2.2 соғыс жылдарындағы халықтың әлеуметтік жағдайын анықтау
	Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақ КСР мәдениеті. Зерттеу сұрағы: Соғыс жылдарындағы Қазақстанның мәдени жетістіктері қандай болды ?	9.2.2.5 соғыс жылдарындағы өнер мен әдебиеттің халық рухын көтерудегі маңызын бағалау
	Қазақстанға КСРО халықтарының депортациясы. Зерттеу сұрағы: Қазақстан қалайша депортацияланған халықтардың өлкесіне айналды?	9.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын анықтау
3-тоқсан		
Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946-1953 жылдар)	Соғыстан кейінгі Қазақ КСР-нің әлеуметтік-экономикалық дамуы. Зерттеу сұрағы: Соғыстан кейінқазақстандықтардың өмірі қалай өзгерді?	9.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасау; 9.4.1.1 Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында орын алған өзгерістерге баға беру; 9.4.2.1 өнеркәсіптің ахуалын анықтап, қорытынды жасау
	Қазақстандағы әскери-өнеркәсіп кешені. Зерттеу сұрағы: Неліктен Қазақстан ядролық сынақтар алаңына айналды?	9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау; 9.3.2.1 XX ғасырдың екінші жартысындағы әскери-өнеркәсіп кешендерінің Қазақстанға тигізген зардаптарын талдау
	сталиндік идеологияның Қазақстандағы қоғамдық-саяси өмірге әсері. Зерттеу сұрағы: Неліктен тарихшы ЕрмұханБекмаханов 25 жылға бас бостандығынан айырылды?	● 9.2.3.1 Ермұхан Бекмахановтың Қазақстан тарихы ғылымына қосқан үлесін бағалау; 9.2.1.1 ● Мемлекеттің діни саясат салдарын анықтау; 9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау
Қазақстан "Хрущев жылымығы" кезеңінде (1954-1964 жылдар)	"Хрущев жылымық" кезеңіндегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуы. Зерттеу сұрағы: "Жылымық кезеңі " қоғамға қандай өзгеріс әкелді?	9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау
4-тоқсан		
	Тың игеру жылдарындағы Қазақстан.	9.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасау;

Қазақстан "Хрущев жылымығы" кезеңінде (1954-1964 жылдар)	Зерттеу сұрағы: Тың және тыңайған жерлерді игеру саясаты Қазақстанға қалай әсер етті?	9.4.1.1 Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында орын алған өзгерістерге баға беру
	Қазақ КСР экономикасы- ның шикізатқа бағытталуы. Зерттеу сұрағы: Қазақстанның табиғи ресурстарын игеруде ұлттық мүдде қаншалықты ескерілді?	9.3.2.1 ХХ ғасырдың екінші жартысындағы әскери-өнеркәсіп кешендерінің Қазақстанға тигізген зардаптарын талдау; 9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндікинтерпретация жасау
Қазақстан "тоқырау" кезеңінде (1965-1985 жылдар	1965-1985 жылдардағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы. Зерттеу сұрағы: Не себепті 1965-1985 жылдар "тоқырау" кезеңі деп аталды?	9.4.2.1 өнеркәсіптің ахуалын анықтап, қорытынды жасау; 9.4.1.1 Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында орын алған өзгерістерге баға беру 9.4.1.2 кеңестік кезеңнің әлеуметтік-экономикалық мәселелеріне баға беру; 9.1.2.1 "тоқырау" жылдарындағы Қазақстан тұрғындарының әлеуметтік жағдайын талдау
	ХХ ғ. 60-80 жылдарындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуындағы қарама-қайшылықтар . Зерттеу сұрағы: ХХ ғасырдың екінші жартысында ұлттық мүдделерді қорғау қалай жүзеге асырылды?	9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндікинтерпретация жасау; 9.3.1.4 әміршіл-әкімшіл саясатқа қарсы халық наразылықтарын салыстырып, талдау; 9.3.1.2 қоғамдық-саяси қайраткерлердің ұлттық мүддені қорғаудағы рөліне баға беру
	"Тоқырау" жылдарындағы демографиялық процестер. Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы урбандалу процесіне қандай факторлар әсер етті?	9.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасау; 9.1.1.2 өткен тарихи кезеңдермен сабақтастықты орнату арқылы қазіргі кезеңдегі демографиялық процестерге баға беру

6) 10 -сынып:  
6-кесте

Бөлім	Тақырып, мазмұны	Оқыту мақсаты
1-тоқсан		
	ХХ ғасырдың екінші жартысындағы білім беру жүйесінің дамуы. Зерттеу сұрағы: Кеңестік білім беру саласындағы реформалар қандай мақсат көздеді?	10.2.3.2 білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатқа баға беру
	ХХ ғасырдың 40-80 жылдарындағы қазақстандық	

Кеңестік Қазақстанның мәдениеті (1946-1985 жылдар)	ғалымдардың ғылымды дамытудағы жетістіктері. Зерттеу сұрағы: ХХ ғасырдың екінші жартысында ғылымның қай салалары көбірек дамыды?	10.2.3.2 білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатқа баға беру
	ХХ ғасырдың 40-80 жылдарындағы әдебиет пен өнердің дамуы. Зерттеу сұрағы: Кеңестік идеология қазақ мәдениетінің дамуына қалай әсер етті?	10.2.2.1 кеңестік әдебиет пен өнер туындыларында қоғамдық өмірдің бейнеленуін талдау; 10.2.2.2 Мұхтар Әуезов шығармаларының әлем әдебиетіндегі орнын бағалау
Қазақстан қайта құру кезеңінде (1986-1991 жылдар)	Қазақстан "Қайта құрудың" бастапқы кезеңінде. Зерттеу сұрағы: КСРО-ның ыдырауы: заңдылық па әлде кездейсоқтық па?	10.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау; 10.4.1.2 Кеңес үкіметі кезіндегі орын алған әлеуметтік-экономикалық проблемаларды талдау
	Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғалары. Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғаларының сипаты қандай болды?	10.3.1.5 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының тарихи маңыздылығына баға беру; 10.3.1.4 әміршіл-әкімшіл саясатқа қарсы халық наразылықтарын салыстырып, талдау
	"Қайта құру" жылдарындағы Қазақстандағы демократиялық процестер. Зерттеу сұрағы: Демократиялық процестер қоғамдық сананы қалай өзгертті?	10.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау
2-тоқсан		
	Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің жариялануы. Зерттеу сұрағы: "Қазақстан Республикасының тәуелсіздік туралы" Конституциялық Заңының тарихи маңызы қандай?	10.3.1.5 Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамдарын анықтап, қорытындылау;; 10.3.1.6 өткен оқиғалармен сабақтастықты орнатып, Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануының тарихи маңызын түсіндіру
	Н.Ә. Назарбаев - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті. Зерттеу сұрағы: Саяси көшбасшының мемлекет тарихының бетбұрысты кезеңдеріндегі рөлі қандай болды?	10.3.1.10 Тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуындағы Елбасы Н. Назарбаевтың рөліне баға беру
		10.3.1.7 Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық – саяси дамуын талдау;

Қазақстан мемлекеттілігінің қайта жаңғыруы(1991 – 1996 жылдар)	Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы мемлекеттілікті қалыптастырудағы іс-шаралар. Зерттеу сұрағы: 1995 жылғы жаңа Конституцияны қабылдаудың	10.3.1.5Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамдарын анықтап, қорытындылау; 10.3.1.2Қазақстан Республикасы Конституциясын мемлекеттің тұрақты дамуның кепілі ретінде бағалау
	Қазақстан – халықаралық құқық субъектісі. Зерттеу сұрағы: Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа кірігуі қалай жүзеге асты?	10.3.2.1 XX ғасырдың 2 жартысында Қазақстанда құрылған әскери-өндірістік кешенді құрудың салдарын сараптау; 10.3.2.2 Қазақстан Республикасының халықаралық аренада танылуына баға беру; 10.3.2.3 Қазақстанның аймақтық және халықаралық ұйымдарымен байланыстарын талдау
3-тоқсан		
Қазақстан мемлекеттілігінің қайта жаңғыруы (1991 – 1996 жылдар)	Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы Қазақстанның экономикалық дамуы. Зерттеу сұрағы: Неліктен нарықтық экономикаға көшу барысында қиыншылықтар орын алды?	10.4.1.3 Қазақстан Республикасындағы жекешелендіру процесінің экономикаға ықпалын талдау; 10.4.2.1қазіргі өнеркәсіп жағдайын талдау; 10.4.2.2 нарықтық экономиканың өндірістік қатынастарға әсерін талдау; 10.4.2.3 Қазақстанның әлемдік экономикаға кірігуін талдау
	Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы әлеуметтік-демографиялық процестер. Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы әлеуметтік-демографиялық процестердіңерекшеліктері неде?	10.1.1.3Қазақстанның даму стратегиясындағы демографиялық саясаттың бағыттарын талдау; 10.1.1.2өткен тарихи кезендермен сабақтастықты орнату арқылы қазіргі кезеңдегі демографиялық процестерге баға беру; 10.1.1.1 себеп-салдар байланыстарын талдау негізінде демографиялық өзгерістер туралы дәйекті қорытындылар жасау; 10.1.2.1қазіргі кездегі Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайын статистикалық мәліметтер негізінде талдау; 10.3.2.4қазақ диаспораларының тарихи Отанымен байланысының маңыздылығын айқындау
	Қазақстан - 2030" Стратегиясы – мемлекет дамуындағы жаңа кезең.	10.3.1.8ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегияларды талдау;

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының дамуы (1997 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін)	Зерттеу сұрағы: "Қазақстан - 2030" Стратегиясын қабылдау қажеттілігі неден туындады?	10.1.1.3 Қазақстанның даму стратегиясындағы демографиялық саясаттың бағыттарын талдау
	Қазақстанның 1997 жылдан бастап экономикалық дамуы. Зерттеу сұрағы: Қазақстан Республикасының ХХІ ғасырдағы экономикалық дамуының негізгі бағыттары қандай?	10.4.1.1 Тәуелсіз Қазақстанның шаруашылығында орын алған өзгерістерді талдау; 10.4.2.2 нарықтық экономиканың өндірістік қатынастарға әсерін талдау; 10.4.1.4 аграрлық секторды модернизациялау бағыттарын талдау; 10.4.2.4 сыртқы сауданың экономикаға әсерін зерттеу
	Қазақстанның 1997 жылдан бастап әлеуметтік дамуы. Зерттеу сұрағы: Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайы қалай өзгерді?	10.1.2.1 қазіргі кездегі Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайын статистикалық мәліметтер негізінде талдау
Тәуелсіз Қазақстан Республикасының дамуы (1997 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін)	Халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қазақстан. Зерттеу сұрағы: Қазақстанның жаңа әлемдегі орны қандай?	10.3.2.3 Қазақстанның аймақтық және халықаралық ұйымдарымен байланыстарын талдау; 10.3.2.2 Қазақстан Республикасының халықаралық аренада танылуына баға беру
	Астана – Тәуелсіз Қазақстанның астанасы. Зерттеу сұрағы: Астананы көшіру нәтижесінен ұтымды стратегиялық шешім болып табылды?	10.3.1.10 Астананы жаңа Қазақстанның өркендеуінің нышаны ретінде айқындау
4 -тоқсан		
Тәуелсіз Қазақстан Республикасының дамуы (1997 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін)	"Қазақстан – 2050" стратегиялары. Зерттеу сұрағы: "Қазақстан – 2050" Стратегиясы қандай жаңа саяси бағытты белгіледі?	10.3.1.8 ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегияларды талдау
	Қазіргі кездегі Қазақстанның дамуындағы басым бағыттары. Зерттеу сұрағы: "5 институционалды реформаларды жүзеге асырудағы 100 нақты кадам" ұлт жоспары нәтижесінен қабылданды?	10.3.1.8 ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегияларды талдау
	Тәуелсіздік жылдарындағы білім мен ғылымның дамуы. Зерттеу сұрағы: Жаһандану жағдайындағы қазақстандық білім мен ғылымның даму тенденциялары қандай?	10.2.3.1 қоғамдық-саяси санасын оятудағы ұлттық баспаның ролі; 10.2.3.2 білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатқа баға беру
	Тәуелсіз Қазақстан мәдениетінің дамуы.	10.2.2.3 қазіргі кездегі өнер мен әдебиеттің даму тенденцияларын айқындау;

Қазіргі заманғы Қазақстан мәдениеті (1991 жылдан бүгінгі күнге дейін)	Зерттеу сұрағы: Жаһандану дәуіріндегі ұлттық мәдениетті дамыту мен сақтау жолдары қандай?	10.2.2.4 ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың қажеттілігін негіздеу ("Мәдени мұра", "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" бағдарламасы)
	Діннің қазіргі Қазақстан қоғамындағы рөлі. Зерттеу сұрағы: Қазақстан қоғамында зайырлы мемлекет және діни сенім бостандығы ұстанымдары қалай үйлесім табуда?	10.2.1.1 дәстүрлі және деструктивті діни ағымдар мен ұйымдардың іс-әрекетін талдау; 10.2.1.2 Қазақстан халқы Ассамблеясының дінаралық, этносаралық келісім және ішкі тұрақтылықты нығайтудағы ықпалын бағалау
	"Мәңгілік Ел" ұлттық идеясы. Зерттеу сұрағы: "Мәңгілік Ел": идеясының біріктірушілік рөлі неде?	10.2.1.3 "Мәңгілік Ел" Жалпыұлттық идеясының маңыздылығын бағалау; 10.2.1.2 Қазақстан халқы Ассамблеясының дінаралық, этносаралық келісім және ішкі тұрақтылықты нығайтудағы ықпалын бағалау

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 123 бұйрығына  
27-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына  
664-қосымша

## **Көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Дүниежүзі тарихы" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Дүниежүзі тарихы" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты - білім алушылардың бойында тарихи сана, толеранттылық, өз елі және басқа елдердің тарихы мен мәдениетіне құрмет қалыптастыру, ғасырлар бойы қалыптасқан жалпы адамзаттық құндылықтарды дарыту және зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды дамыту.

3. Бағдарлама міндеттері:



1) адамзат өркениетінің ежелгі заманнан бастап бүгінгі күнге дейінгі әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық дамуының негізгі кезеңдері және түрлі халықтардың тарихи даму жолының ерекшеліктері туралы білімін қалыптастыру;

2) әлемнің тарихи дамуы барысында қалыптасқан жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесі туралы білім беру;

3) тарихи дамудағы негізгі оқиғалардың, құбылыстардың және үдерістердің мәнін саналы түсінуін қалыптастыру;

4) тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді және тарихи тұлғалардың қызметін дүниежүзі тарихы контекстінде сын тұрғысынан талдау және баға беру дағдыларын қалыптастыру мен дамыту;

5) тарихи деректерді талдау негізінде дәлелді пайымдау дағдыларын дамыту;

6) тарихи зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыру мен дамыту (болжамдарды ұсыну, зерттеу сұрақтарын құрастыру, деректерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, нәтижелер мен қорытындыларды шығару, өзінің ұстанымын анықтау);

7) қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерде бағдарлану үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;

8) коммуникативті дағдыларды қалыптастыру, соның ішінде, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, командада жұмыс істей алу, түрлі деректерден алынған ақпараттарды қоса алғанда, басылымдар мен электронды құралдарды қолдану.

4. Түзете-дамыту міндеттері:

1) есту және көру қалдығы негізінде түрлі деректердегі тарихи оқиғалар туралы ақпараты адекватты түрде қабылдауын қалыптастыру: (оқулықтар, хрестоматиялар, энциклопедиялар, көркем әдебиет, интернет ресурстары);

2) оқулық пен оқу құралында бағдарлай білу дағдыларын қалыптастыру;

3) пән материалын меңгеру сапасын арттыру үшін когнитивті үдерістерін дамыту және түзету: көрнекі-бейнелі, көрнекі-әрекетті, сыни, шығармашылық ойлауын, көру, есту және сипап сезу арқылы қабылдауын, зейінін және есте сақтауын;

4) қоршаған әлемді танып білудің арнайы әдістерін меңгеру: қорытындылау, салыстыру, сипаттау, тексеру, заттар мен құбылыстар туралы түсініктерін нақтылау үшін алгоритм құру;

5) оқу, жазу және көрнекі материалмен жұмыс істеу кезінде көру қалдығын оңтайлы қолдану біліктілігін дамыту;

6) сөйлеу тілінің вербализімін түзету (дамудың басқа психикалық жақтарынан сөздік аясының басымдығы); шынайы немесе нақты деректерге сүйенбей талқылау;

7) қоршаған әлемдегі заттар мен құбылыстар туралы түсініктерінің бұзылуынан туындайтын білім алудағы формализмді жою.

**2-тарау. Оқу үдерісін ұйымдастырудың педагогикалық тұғырлары**

5. Көру кемістігі бар оқушыларды оқыту құндылыққа бағытталған, жеке тұлғаға бағытталған, іс-әрекеттік, дифференциалді, қарым-қатынастық тұғырлар және ақпараттық-коммуникативті технологиялар арқылы жүзеге асады.

6. Құндылыққа бағытталған тұғыр "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеяны жүзеге асыруға септігін тигізетін мәтіндерді, практикалық тапсырмаларды, шығармашылық жаттығуларды мақсатты түрде іріктеу арқылы орындалады. Бұл ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды, адамдардың құқығы мен бостандығын сыйлайтын әрі мойындайтын, Отанының дамуына өз үлесін қосуды қалайтын жеке тұлғаны тәрбиелеуде көрініс табады.

7. Тұлғаға бағытталған тұғыр оқытудың жаңа инновациялық технологияларын, дидактикалық және рөлдік ойындарын, тест тапсырмаларын күнделікті және дәстүрлі емес сабақтарда қолдану арқылы оқушылардың жеке қабілеттерін, танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық және интеллектуалды әлеуетін ашуды көздейді..

8. Іс-әрекеттік тұғыр оқушыларды сабақ үстінде заттық-практикалық іс-әрекеттің барлық түрлеріне қатыстыруға септігін тигізеді, балалар алған түсініктері мен білімін, біліктілігін бекітеді, олардың есту, сезу және көру арқылы қабылдау дағдыларын жетілдіреді.

9. Дифференциалді тұғыр оқушының көру қалпына байланысты, олардың жеке қабілеттері мен ерекшеліктерін ескере отырып түзету тәсілдері мен деңгейлі тапсырмаларды өңдеп жасауды қарастырады.

10. Қарым-қатынастық тұғыр оқушылар мен педагог арасындағы вербальді және вербальді емес өзара әрекеттесу кезінде біліммен, біліктілікпен және дағдымен алмасуды білдіреді; сөйлеу тілінің дамуына ықпал етеді, тыңдай білуге және сұрақтар мен жауаптарды дұрыс құрастыруға бағытталған.

11. Пән бойынша ақпаратты іздеу, өңдеу және алмасу үшін интернет-ресурстарын, онлайн-сөздіктерді, анықтамаларды, форумдарды, электронды оқулықтарды және энциклопедияларды қолдану қажет; оқу үдерісінің үздіксіздік қағидасын ұстану үшін қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану керек.

12. Қазақстан тарихы сабақтары арнайы жабдықталған кабинеттерде өтіледі:

1) қауіпсіздік техникасының талаптарына сәйкес келетін мектеп жиһаздарымен;

2) оқытудың арнайы құралдарымен: иллюстрациялар, рельефті суреттер мен тарихи карталар, жалпақ басылған және рельефті-нүктелі кестелер, анықтамалық және көркем әдебиет, көру және сипап-сезу арқылы қабылдауға қолжетімді, ірі әрі рельефті-нүктелі шрифтпен жазылған оқулықтар;

3) оқытудың техникалық құралдарымен: компьютерлік тифлоқешенімен, нашар көретіндер үшін сканерлеу және оқу үшін "Книголюб" кешенімен, интерактивті тақтамен, "Книга" электронды үлкейткіш құралымен, стационарлы және портативті үлкейткіш құралымен, тифлоплеермен, диктофонмен.

13. Оқыту барысында жалпы білім беру және түзету пәндерімен пәнаралық байланыс жүзеге асады: қоршаған әлем, жағрафия, әдебиет, сөйлеу тілін түзету мимиканы және пантомимиканы дамыту, көру қалдығы мен көру арқылы қабылдауын қорғау және дамыту, кеңістікте бағдарлау

### **3-тарау. Оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру "Дүниежүзі тарихы"**

14. "Дүниежүзі тарихы" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;
- 2) 6-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;
- 3) 7-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;
- 4) 8-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;
- 5) 9-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;
- 6) 10-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

15. Бағдарлама мазмұны 4 бөлімдерді қамтиды:

- 1) "Әлеуметтік қатынастардың дамуы" бөлімі;
- 2) "Мәдениеттің дамуы мен өзара әрекеттесуі" бөлімі;
- 3) "Саяси жүйелердің дамуы мен өзара әрекеттесуі" бөлімі";
- 4) "Экономикалық қатынастардың дамуы" бөлімі.

	9.7.3.2 сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыс субъектілері туралы айту	10.7.3.2 сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық актілерді талдау
7.4 Жазалау және гуманизм мәселесі	9.7.4.1 қылмыстық құқықтағы гуманизм қағидасын түсіндіру	10.7.4.1 қылмыстық құқықтағы гуманизм қағидасын бағалау, құқықтық жағдайларды талдай отырып, дәлелдей білу

28. Бағдарлама көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 9-10 сыныптары үшін "Құқық негіздері" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары

негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

29. Ұзақ мерзімді жоспардағы тақырыптар мәселелерге негізделген сұрақтар түрінде ұйымдастырылған, бұл сабақтың басында білім алушылардың ойлау қызметін белсендіруге мүмкіндік береді және білім алушылардың сыни ойлауын, мәселелік сұрақтар қою және өз бетінше талдау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Негізгі орта білім беру  
деңгейінің  
9-10 сыныптары үшін "Құқық  
негіздері" пәнінен жаңартылған  
мазмұндағы үлгілік оқу  
бағдарламасына  
қосымша

**Көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 9-10 сыныптары үшін "Құқық негіздері" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

1) 9 сынып:  
1-кесте

Бөлім	Тақырып, мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
Құқық ұғымы	Құқық дегеніміз не және ол қоғамдық қатынастарға қалай әсер етеді?	9.1.1.1 қоғамдағы құқық ұғымы мен рөлін, құқық функциясын түсіндіру
Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары	Қазақстан Республикасы азаматының және адамның құқықтары мен міндеттері қандай?	9.2.1.2 Қазақстан Республикасы Конституциясының тарауларын және тармақтарын айту;
	Неге Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет деп жариялайды?	9.2.1.1 мемлекеттің конституциялық сипаттамаларын айту;
Азаматтық құқық ұғымы	Азаматтық құқық қоғамдық қатынастарды қалай реттейді?	9.3.1.1 азаматтық құқық түсінігі мен қағидаларын айту, құқықтық жағдайларда бағдарлай алу
Еңбек құқығы ұғымы	ҚР Конституциясының 24 бабы нені қарастырады?	9.4.1.1 "Еңбек құқығы", "еңбек шарты" ұғымдарын түсіндіру
Неке және отбасы құқығы ұғымы	Заңнамамен отбасы қалай қорғалады?	9.5.1.1 "Неке", "Отбасы", "Қазақстан Республикасының Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодексі" түсіндіру
Әкімшілік құқық ұғымы	Әкімшілік құқықты қандай қоғамдық қатынастар реттейді?	9.6.1.1 әкімшілік құқық ұғымын айту
Қылмыстық құқық ұғымы		9.7.1.1 "Қылмыстық құқық", "Қазақстан Республикасының

	Қылмыстық құқықтың басқа құқық салаларынан айырмашылығы неде?	Қылмыстық Кодексі" ұғымдарын түсіндіру
2-тоқстан		
Мемлекеттік органдардың конституциялық құрылымы	Мемлекеттік органдардың жұмысы неде?	9.2.2.1 Қазақстан Республикасының Конституциясын негізге ала отырып, мемлекеттік органдардың функцияларын айту;
	Мемлекеттік органдарды қалыптастырудағы сайлаудың рөлі мен маңызы қандай?	9.2.2.2 ҚР сайлау жүйесін түсіндіру, Қазақстан Республикасындағы сайлау жүйесі туралы өз пікірін білдіре білу
Меншік құқығы	Қалай меншік иесі болу керек?	9.3.2.1 меншік түрлерін ажырату; 9.3.2.2 меншік құқығын алу және тоқтату жолдарын айту
Еңбек жағдайлары	Еңбек жағдайлары қалай реттеледі ?	9.4.2.1 Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің тармақтарын бағдарлай алу; 9.4.2.2 жұмыс беруші мен қызметкердің құқықтары мен міндеттерін айту; қызметкердің еңбек құқықтарын қорғау туралы айту
Некеге тұру және тоқтату жолдары	Неке қандай жағдайларда жасалады және тоқтатылады?	9.5.2.1 отбасылық құқық нормалары туралы айту
Қылмыс ұғымы	Қандай әрекет қылмыс деп танылады?	9.7.2.1 қылмыс түрлерін жіктеу
3-тоқстан		
Азаматтық құқықтағы міндеттеме және жауапкершілік	Азаматтық-құқықтық міндеттемелер қандай жауапкершілік тудырады?	9.3.3.1 "міндеттемелер" және " жауапкершілік" ұғымдарын түсіндіру, мысалдар мен фактілерді келтіре білу, дәлелдеу
Еңбекті қорғау	Еңбек даулары қалай шешіледі?	9.4.3.2 нормативтік құқықтық актілер туралын айту
	Кәмелетке толмағандардың еңбегі заңнамамен қалай қорғалады?	9.4.3.1 кәмелетке толмағандардың еңбегіне қатысты құқықтық нормаларды айту;
Отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері	Отбасы мүшелерінің құқықтық мәртебесі қандай?	9.5.3.1 отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін айту, Қазақстан Республикасының Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы кодексінің бөлімдері мен тармақтарында бағдарлана алу;
	Баланың құқықтары қалай қорғалады?	9.5.3.2 қоғамда және отбасында бала құқықтары туралы айту, Қазақстан Республикасының Кодексі неке (ерлі-зайыптылық)

		және отбасы туралы бөлімдерінде және тармақтарында бағдарлана алу
Әкімшілік жауапкершілік	Қандай жағдайларда әкімшілік жауапкершілік туындайды?	9.6.2.1 әкімшілік құқық бұзушылық белгілерін сипаттау; 9.6.2.2 әкімшілік жауаптылықтың түрлері және оларды қолдану тәртібін айту
Қылмыстық жауапкершілік	Қылмыстық жауапкершіліктің мәні неде?	9.7.3.1 "қылмыстық жауапкершілік" ұғымын түсіндіру;
	Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектісі кім болып табылады?	9.7.3.2 сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыс субъектілері туралы айту
4-тоқсан		
Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам	Құқықтық мемлекеттің негізгі идеялары неде?	9.1.2.1 құқықтық мемлекеттің ерекшеліктерін айту;
	Азаматтық қоғамды қалыптастырудың маңызы қандай ?	9.1.2.2 азаматтық қоғам институттарының рөлін түсіндіру
Тұтынушылардың құқықтарын қорғау	Біз өз құқығымызды тұтынушылар ретінде білеміз бе?	9.3.4.1 тұтынушылардың құқықтарын айту
Еңбек шарты	Еңбек шарты бойынша қандай құқықтар мен міндеттер туындайды?	9.4.4.1 еңбек шартының тармақтарында бағдарлай алу
Отбасының қоғамдағы маңыздылығы	Отбасының әлеуметтік рөлі неде?	9.5.4.1 қоғамдағы отбасының рөлі мен маңыздылығын анықтай алу
Әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу	Әкімшілік-құқықтық нормалардың қажеттілігі неде? норм?	9.6.3.1 әкімшілік-құқықтық нормалардың мәнін түсіну, әкімшілік құқық көздерін таңдауда бағдарлана алу
Жаза және гуманизм мәселелері	Қылмыстық құқықтағы гуманизм принципі қажет пе?	9.7.4.1 қылмыстық құқықтағы гуманизм қағидасын түсіндіру

## 2) 10сынып:

### 2-кесте

Бөлім	Тақырып, мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
Құқық ұғымы	Құқық дегеніміз не және ол қоғамдық қатынастарға қалай әсер етеді?	10.1.1.1 әлеуметтік нормалар жүйесіндегі құқықтүсінігі мен рөлін түсіндіру
Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары	Қазақстан Республикасы азаматының және адамның құқықтары мен міндеттері қандай?	10.2.1.2 Қазақстан Республикасының Конституциясын талдау негізінде адамның және азаматтың конституциялық құқықтарын, бостандықтары мен міндеттерін айқындай алу;
	Неге Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы,	10.2.1.1 Қазақстан Республикасының



	құқықтық және әлеуметтік мемлекет деп жариялайды?	конституциялық құрылымының негіздерін түсіндіру, олардың қағидаларын білу
Азаматтық құқық ұғымы	Азаматтық құқық қоғамдық қатынастарды қалай реттейді?	10.3.1.1 азаматтық құқықтың түсінігі мен принциптерін түсіндіру, құқықтық жағдайларда бағдарлай алу
Еңбек құқығы ұғымы	ҚР Конституциясының 24 бабы нені жариялайды?	10.4.1. Еңбек құқығының түсінігі, пәні, әдісі мен жүйесін түсіндіру, Қазақстан Республикасындағы еңбек құқығының негізгі қағидаларын білу
Неке және отбасы құқығы ұғымы	Отбасы заңнамамен қалай қорғалады?	10.5.1.1 Қазақстан Республикасының Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодексінің бөлімдері мен тармақтарына сүйене отырып, "неке" және "отбасы" ұғымдарын түсіндіру
Әкімшілік құқық ұғымы	Әкімшілік құқық қандай қоғамдық қатынастар реттейді?	10.6.1.1 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік басқару ерекшеліктеріне тән әкімшілік құқықтың түсінігі мен нысанын түсіндіру
Қылмыстық құқық ұғымы	Қылмыстық құқықтың басқа құқық салаларынан айырмашылығы неде?	10.7.1.1 Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығының түсінігін, мәнін, әдісін және міндеттерін түсіндіру
2-тоқсан		
Мемлекеттік органдардың конституциялық құрылымы	Мемлекеттік органдардың функциясы неде?	10.2.2.1 Қазақстан Республикасының Конституциясын негізге ала отырып, мемлекеттік органдардың функцияларын анықтау және салыстыру;
	Мемлекеттік органдарды қалыптастырудағы сайлаудың рөлі мен маңызы қандай?	10.2.2.2 мемлекеттік органдарды қалыптастырудағы сайлаудың маңыздылығы мен рөлін айқындау
Меншік құқығы	Қалай меншік иесі болу керек?	10.3.2.1 меншік түрлерін анықтау; 10.3.2.2 құқықтық жағдайларды талдай отырып, меншік құқығын алу және тоқтату жолдарын анықтау
Еңбек жағдайлары	Еңбек жағдайлары қалай реттеледі?	10.4.2.1 Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне негізіне сүйене отырып, еңбек жағдайларын айқындау; 10.4.2.2 құқықтық жағдайларды талдай отырып, жұмыс беруші мен қызметкердің құқықтары мен міндеттерін түсіндіру

Некеге тұру және тоқтату жолдары	Неке қандай жағдайларда жасалады және тоқтатылады?	10.5.2.1 некеге тұру және тоқтату шарттарын анықтау
Қылмыс ұғымы	Қандай әрекет қылмыс деп танылады?	10.7.2.1 қылмыстың белгілері мен түрлерін ажырату, жаза түрлерін жіктеу алу
3-тоқсан		
Азаматтық құқықтағы міндеттеме және жауапкершілік	Азаматтық-құқықтық міндеттемелер қандай жауапкершілік тудырады?	10.3.3.1 міндеттемелерді талдау және азаматтық құқықтағы жауапкершілікті анықтау
Еңбекті қорғау	Еңбекке қатысты даулары қалай шешіледі?	10.4.3.2 нормативтік құқықтық актілерге сүйене отырып, еңбек дауларын шешу жолдарын ұсыну
	Кәмелетке толмағандардың еңбегі заңнамамен қалай қорғалады?	10.4.3.1 кәмелетке толмағандардың еңбегіне қатысты құқықтық нормаларды талдау;
Отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері	Отбасы мүшелерінің құқықтық мәртебесі қандай?	10.5.3.1 Қазақстан Республикасының Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодексінің бөлімдері мен тармақтары негізінде отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін айқындай алу;
	Баланың құқықтары қалай қорғалады?	10.5.3.2 құқықтық актілерге сілтеме жасай отырып, қоғамдағы және отбасындағы балалардың құқықтарын талдай алу
Әкімшілік жауапкершілік	Қандай жағдайларда әкімшілік жауапкершілік туындайды?	10.6.2.1 әкімшілік құқық бұзушылықтың түрлері мен белгілерін айқындай алу;
		10.6.2.2 құқықтық жағдайларды талдай отырып, әкімшілік жауапкершілік түрлерін және оларды қолдану тәртібін түсіндіре алу
Қылмыстық жауапкершілік	Қылмыстық жауапкершіліктің мәні неде?	10.7.3.1 құқықтық жағдайларды талдай отырып, қылмыстық жауапкершілік пен жазалау түрлерін айқындау;
	Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектісі кім болып табылады?	10.7.3.2 сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық актілерді талдау
4-тоқсан		
Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам	Құқықтық мемлекеттің негізгі ойы неде?	10.1.2.1 құқықтық мемлекеттің ерекшелігі мен маңыздылығын анықтау;
	Азаматтық қоғамды қалыптастырудың маңызы қандай ?	10.1.2.2 азаматтық қоғам институттарының рөлі мен маңыздылығын анықтау; азаматтық қоғам институттарын жіктеу

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау	Біз өз құқығымызды тұтынушылар ретінде білеміз бе?	10.3.4.1 тұтынушылардың құқықтарын қорғау жолдарын анықтау
Еңбек шарты	Еңбек шарты бойынша қандай құқықтар мен міндеттер туындайды?	10.4.4.1 құқықтық жағдайларды ұсына және талдай отырып, еңбек шартының мазмұнын ашу
Отбасының қоғамдағы маңыздылығы	Отбасының әлеуметтік рөлі неде?	10.5.4.1 қоғамда отбасының маңыздылығын бағалай алу
Әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу	Әкімшілік-құқықтық нормалардың қажеттілігі неде?	10.6.3.1 әкімшілік-құқықтық нормалардың мәнін бағалау; әкімшілік құқық жүйесі, әдістері, көздері мен субъекттері туралы білу
Жаза және гуманизм мәселелері	Қылмыстық құқықтағы гуманизм принципі қажет пе?	10.7.4.1 қылмыстық құқықтағы гуманизм қағидасын бағалау, құқықтық жағдайларды талдай отырып, дәлелдей білу

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 123 бұйрығына  
29-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 666-қосымша

## **Көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін "Көркем еңбек" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін "Көркем еңбек" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарламаның мақсаты-өнер және еңбек технологиясы саласында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру; көру қабілеті бұзылған білім алушылардың шығармашылық ойлауын қалыптастыру, жеке тұлғаның қалыптасу және өзін-өзі көрсету негізі ретінде рухани-адамгершілік мәдениетті дамыту.

3. Бағдарламаның міндеттері:

- 1) Қазақстан және әлем халықтарының көркем-мәдени мұрасын зерделеу;
- 2) зерттеу, талдау жасау, объектілерді көркем трансформациялау процесінде білім алушылардың шығармашылық және сыни ойлауын дамыту;

3) оқу қызметінің барлық түрлерінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану тәжірибесін алу (зерттеу, идеяларды шығармашылық іске асыру, жұмыстарды таныстыру);

4) жұмыс нәтижелері үшін олардың мәнін түсіне отырып, әртүрлі ресурстар мен ақпарат көздерін зерттеу және қолдану;

5) эстетикалық, еңбек, экономикалық, экологиялық, патриоттық тәрбие беру және адамгершілік-рухани құндылықтарды қалыптастыру;

6) уақытты, материалдардың қасиетін және басқа да факторларды анықтай және ескере отырып, өз қызметін өз бетінше жоспарлай білуді дамыту;

7) жеке, жұптық және топтық қызметте оқу міндеттеріне қол жеткізу үшін бірлескен жұмысты ұйымдастыру тәжірибесін алу.

4. Түзете-дамыту міндеттері:

1) табиғи заттарды, үлгілерді, макеттерді және рельефтік бейнелерді байланыстыра зерттеу тәсілімен қоршаған әлем пәндері туралы барабар түсініктерді қалыптастыру; заттарды модельдермен, макеттермен, рельефтік бейнелермен сәйкестендіре білу;

2) сенсорлық функцияларды, түсті ажыратуды, ұсақ моториканы дамыту;

3) сақталған анализаторларды пайдалана отырып, заттар мен объектілерді мақсатты зерттеу және бақылау дағдыларын жетілдіру;

4) заттарды формасы, көлемі және кеңістікте орналасуы бойынша салыстыра білуді дамыту;

5) пәнді оқыту барысында бисенсорлық және полисенсорлық қабылдауды қалыптастыру;

6) қауіпсіз түрде жұмыс жасау ережелерін қалыптастыру, қалдық көру қабілетін қорғауды қамтамасыз ететін офтальмологиялық-гигиеналық талаптарды сақтау.

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

5. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту құндылыққа бағдарланған, тұлғаға бағытталған, іс әрекеттік, саралап оқыту, коммуникативтік көзқарас және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде жүзеге асырылады.

6. Құндылыққа бағытталған тәсіл сәулет және мүсіннің көрнекті туындыларымен танысу арқылы жүзеге асырылады; өз Отанының архитектурасында, бейнелеу өнерінде, пәндік-материалдық және кеңістіктік ортаның ұлттық бейнелерінде және адамның сұлулығын түсінуде көрсетілген мәдениет тарихын құрметтеуге тәрбиелеу; көркем мәдениетті рухани құндылықтардың кеңістіктік формаларында материалдық көрініс нысаны ретінде игеру.

7. Тұлғаға бағытталған тәсіл көру қабілеті бұзылған балалардың жеке мүмкіндіктерін анықтайды және тәжірибелік іс-әрекет негізінде пәнге белсенді, мүдделі қарым-қатынасты қалыптастыруды жүзеге асырады.

8. Іс-әрекеттік тәсіл оқушылардың танымдық іс-әрекетін дамыту және түзету үшін ойын технологияларын пайдалана отырып, зерттеу, ақпараттық-рецептивтік, ізденістік-шығармашылық әдістерді қолдану арқылы практикалық іскерліктер мен дағдыларды түзету мен дамытуда жүзеге асырылады.

9. Саралап оқыту тәсілі көру қабілеті бұзылған білім алушыларды топтарға бөлуді көздейді:

1) көру мүмкіндіктері бойынша: көрмейтіндер, қалдық көру қабілеті сақталғандар және нашар көретіндер;

2) физиологиялық ерекшеліктері: ұлдар мен қыздар.

10. Коммуникативтік тәсіл білім алушылардың өзіндік бағалау, өз жұмыстары мен басқа білім алушылардың жеке, жұптық және топтық іс-әрекеттеріндегі жұмыстарын талдау бойынша тапсырмалар негізінде қарым-қатынас жасау қабілетіне бағытталған.

11. Білім беру бағдарламасын оқыту үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану презентациялар жасау, шығармашылық жұмыстарды көрсету дағдыларын дамытуды көздейді және бос уақыт пен коммуникация жұмысы үшін технологияларды дұрыс және шығармашылық қолдануды қамтиды.

12. Көркем еңбек бойынша сабақтар тифлотехникалық құралдармен жабдықталған арнайы жабдықталған кабинетте өткізіледі:

1) рельефті сурет салуға арналған аспаптар: лавсан қабығы бар "Школьник" аспабы, "Н.А. Семевскийдің" аспабы, "Графика", "Ориентир" аспабы, грифельдер, Брайль бойынша жазуға арналған қағаз, Брайль сызғышы, трафареттер, көрмейтін және нашар көретіндерге арналған жіптер мен инелер, лекало-сызғыш, сурет салуға арналған клеенка;

2) "PIAF" (плайф) – сипап сезу суреттерін салуға және тактильді графикаға арналған құрал;

3) иллюстрациялық, графикалық және символдық көрнекіліктерді қамтитын рельефтік-нүктелік, пәндік барельефтік және сюжеттік бейнелерді қамтитын бедерлі-графикалық көрнекі құралдар;

4) әртүрлі деңгейлі демонстрациялық материал: макеттер, модельдер, жануарлар, құстар тұлыптары, муляждар, жазық және көлемді геометриялық фигуралар жиынтығы

13. "Көркем еңбек" пәнін оқыту барысында келесі жалпы білім беретін және түзету пәндерімен байланыс жүзеге асырылады: "Математика", "Әдебиет", "Жаратылыстану", "Қалдық көру және көріп қабылдау қабілетін қорғау және дамыту", "Кеңістікте бағдарлау", "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау", "Мимика мен пантомимиканы дамыту", "Сөйлеу тілібұзылыстарын түзету".

### **3-тарау. "Көркем еңбек" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

14. "Көркем еңбек" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5 – сыныпта-аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
- 2) 6-сыныпта-аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

15. Бағдарлама мазмұны 5 бөлімді қамтиды:

- 1) "Көрнекі өнер" бөлімі;
- 2) "Сәндік-қолданбалы өнер" бөлімі;
- 3) "Дизайн және технология" бөлімі ";
- 4) "Тамақтану мәдениеті" бөлімі ";
- 5) "Үй ішіндегі мәдениет" бөлімі.

16. "Көрнекі өнер" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) классикалық және заманауи өнер;
- 2) қазақстандық суретшілердің шығармашылығы;
- 3) бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары;
- 4) сандық өнер (фотосуреттер, анимация, медиа құралдары);
- 5) бейнелеу (көрнекі) өнерінің айрықша құралдары;
- 6) көркем материалдармен және техникалармен тәжірибе жүргізу.

17. "Сәндік-қолданбалы өнер" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) Қазақстандық және басқа да халықтардың сәндік-қолданбалы өнерінің негізгі нысандары мен ерекшеліктері;

- 2) сәндік-қолданбалы өнер материалдары, құралдары және технологиялары;
- 3) қауіпсіздік техникасы мен еңбек гигиенасы ережелерін сақтау.

18. "Дизайн және технология" (ұлдар/қыздар) бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) негізгі табиғи, жасанды және дәстүрлі емес материалдар;
- 2) материалдарды әр түрлі тәсілдермен өңдеуге арналған құралдар мен жабдықтар;
- 3) әр түрлі материалдардан жасалған бұйымдардың дизайны;
- 4) дайындау технологиясы;
- 5) құрастыру және модельдеу.

19. "Тамақтану мәдениеті" (ұлдар/қыздар) бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) дұрыс тамақтану негіздері, мәзір құру;
- 2) үстел үстінде өзін-өзі ұстау ережелері, үстелді жабдықтау;
- 3) тамақ дайындау технологиясы.

20. "Үй ішіндегі мәдениет" (ұлдар/қыздар) бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) жеке гигиена, тұрғын үйдің экологиясы;
- 2) өсімдік шаруашылығы, сәндік гүл шаруашылығы, ландшафтық дизайн негіздері.

21. 5-сыныпқа арналған "Көркем еңбек" пәнінің базалық мазмұны: (ұлдар):

- 1) "Көрнекі өнер".

Нашар көретін білім алушылар үшін, бейнелеу өнеріндегі ерекше құралдар. Классикалық өнердің жауһарлары. Қазақстандық суретшілердің шығармашылығы. Бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары. Натюрморт өнері. Сәндік ұлттық

натюрморт.Пейзаж.Табиғатпен гармония. Ауа перспективасы.Индустриялық пейзаж. Қалалық пейзаж.Сызықтық перспектива. Пластикалық қалыптардың өнері. Мүсін. Шығармашылық жұмыс жасау. Көрмені ұйымдастыру;

2) "Сәндік-қолданбалы өнер".Нашар көретін білім алушылар үшін: сәндік-қолданбалы өнердің пайда болу тарихы.Сәндік-қолданбалы өнер, негізгі формалары мен ерекшеліктері. Қазақстанның қолданбалы өнері. Сәндік-қолданбалы өнерге арналған материалдар мен құралдармен танысу. Түрлі материалдардан жасалған сәндік бұйым. Түрлі материалдардан сәндік бұйымдар жасау. Тоқу өнері.Тоқу түрлері. Көркем тоқуға арналған материалдар мен құралдармен танысу. Материалдарды таңдау. Тоқыма бұйымдары. Көрмені ұйымдастыру.Көрмейтін білім алушылар үшін: сәндік-қолданбалы өнердің пайда болу тарихы. Сәндік-қолданбалы өнер, негізгі формалары мен ерекшеліктері. Қазақстанның қолданбалы өнері. Сәндік-қолданбалы өнерге арналған материалдар мен құралдармен танысу. Түрлі материалдардан жасалған сәндік бұйым. Түрлі материалдардан сәндік бұйымдар жасау. Тоқу өнері.Тоқу түрлері. Көркем тоқуға арналған материалдар мен құралдармен танысу. Материалдарды таңдау. Тоқыма бұйымдары. Көрмені ұйымдастыру;

3) "Дизайн және технология".Нашар көретін білім алушылар үшін:дизайн және технология негіздері. Конструкциялық материалдар. Материалдардың түрлері мен қасиеттерін зерттеу. Конструкциялық материалдарды өңдеуге арналған жабдықтар, қол құралдары және құрылғылар. Көркем ою.Идеяларды әзірлеу. Материалды таңдау және дайындау.Саздан жасалған бұйымдарды дайындау. Мүсіндеу. Түрлі материалдардан жасалған бұйымдарды модельдеу. Эскиздерді әзірлеу (тізбектер,жануарлардың мүсіндері). Материалды таңдау. Құралдар мен құрылғылар.Бұйым жасау (тізбек, жануарлар мүсіндері). Түрлі материалдарды қолдана отырып, музыкалық (ұрмалы-шулы) аспаптарды жобалау. Музыкалық аспап жасау. Жұмыстың тұсаукесері.Көрмейтін білім алушылар үшін:дизайн және технология негіздері.Конструкциялық материалдар. Материалдардың түрлері мен қасиеттерін зерттеу. Конструкциялық материалдарды өңдеуге арналған жабдықтар, қол құралдары және құрылғылар.Көркем ою. Идеяларды өңдеу. Материалды таңдау және дайындау. Саздан бұйымдар жасау. Мүсіндеу. Түрлі материалдардан жасалған бұйымдарды модельдеу.Эскиздерді әзірлеу (тізбектер,жануарлардың мүсіндері). Материалды таңдау . Құралдар мен құрылғылар.Бұйым жасау (тізбек, жануарлар мүсіндері).Түрлі материалдарды қолдана отырып, музыкалық (ұрмалы-шулы) аспаптарды жобалау. Музыкалық аспап жасау.Жұмыстың тұсаукесері;

4) "Тамақтану мәдениеті".Нашар көретін білім алушылар үшін.Дұрыс тамақтану негіздері. Мәзір құру.Ыдыс жуу ережелері. Практикалық жұмыс.Ас үй жабдықтарымен , шаншып және кесетін құралдармен, ыстық сұйықтықтармен жұмыс істеудің қауіпсіз

тәсілдері.Көрмейтін білім алушылар үшін: дұрыс тамақтану негіздері: мәзір құру. Ыдыс жуу ережелері. Практикалық жұмыс. Ас үй жабдықтарымен, шаншып және кесетін құралдармен, ыстық сұйықтықтармен жұмыс істеудің қауіпсіз тәсілдері;

5) "Үй ішіндегі мәдениет".Нашар көретін білім алушылар үшін: электр энергиясының көздері туралы жалпы мәліметтер. Электротехникалық арматурамен танысу. Ток көздері мен электр энергиясын тұтынушылардың түрлері.Электр қауіпсіздігі және тұрмыстық электр аспаптарын пайдалану ережелері.Өсімдік шаруашылығының негізгі бағыттары.Өсімдік шаруашылығындағы көктемгі жұмыстар.Практикалық жұмыстар.Көрмейтін білім алушылар үшін:электр энергиясының көздері туралы жалпы мәліметтер.Ток көздері мен электр энергиясын тұтынушылардың түрлері.Электр қауіпсіздігі және тұрмыстық электр аспаптарын пайдалану ережелері.Өсімдік шаруашылығының негізгі бағыттары. Өсімдік шаруашылығындағы көктемгі жұмыстар. Практикалық жұмыстар.

22. 5-сыныптың "Көркем еңбек" пәнінің базалық мазмұны (қыздар) :

1) "Көрнекі өнер".Нашар көретін білім алушылар үшін.Бейнелеу өнеріндегі мәнерлілік құралдары.Классикалық өнердің жауһарлары. Қазақстандық суретшілердің шығармашылығы. Бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары.Натюрморт өнері. Сәндік Ұлттық натюрморт. Пейзаж.Табиғатпен гармония. Ауа перспективасы. Индустриялық пейзаж.Қалалық пейзаж.Сызықтық перспектива.Пластикалық қалыптардың өнері. Мүсін. Шығармашылық жұмыс жасау. Көрмені ұйымдастыру.Көрмейтін білім алушылар үшін. Бейнелеу өнеріндегі мәнерлілік құралдары. Классикалық өнердің жауһарлары. Қазақстандық суретшілердің шығармашылығы. Бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары.Бедерлі бейнелер негізіндегі натюрморт өнері. Сәндік Ұлттық натюрморт.Пейзаж (рельеф,барельеф). Табиғатпен гармония.Индустриялық пейзаж. Қалалық пейзаж.(рельеф).Ауылдық пейзаж. Сызықтық перспектива (рельеф). Пластикалық қалыптардың өнері. Мүсін (барельефтер, модельдер, макеттер). " Школьник" аспабында шығармашылық жұмыс жасау. Көрмені ұйымдастыру;

2) "Сәндік-қолданбалы өнер".Нашар көретін білім алушылар үшін. Ою-өрнек түрлері. Қазақ ұлттық ою-өрнектері (түрлері, стилизациясы және мотивтері). Көркем кесте. Кесте түрлері. Материалдар және құралдармен танысу. Эскиз әзірлеу. Көркем кестелі бұйымдарды безендіру. Тоқу өнері. Тоқу түрлері. Материалдар және құралдармен танысу. Тоқыма бұйымдары. Жұмыс көрмесі.Көрмейтін білім алушылар үшін. Бедерлі, көлемді бейнелер негізіндегі ою-өрнек түрлері. Қазақ ұлттық ою-өрнектері(түрлері, стилизациясы және мотивтері).Көркем кесте.Кесте түрлері. Материалдар және құралдармен танысу. Эскиз әзірлеу. Көркем кестелі бұйымдарды безендіру. Тоқу өнері. Тоқу түрлері. Материалдар және құралдармен танысу.Бұйым тоқу. Жұмыс көрмесі;

3) "Дизайн және технология".Нашар көретін білім алушылар үшін. Тоқыма материалдарының жіктелуі және сипаттамасы.Материалдардың түрлері мен



қасиеттерін зерттеу. Тоқыма материалдарын өңдеуге арналған жабдықтар, құралдар және құрылғылар. Тігін бұйымдарының жіктелуі. Идеядан өнімге дейін (тігін және қол бұйымдары). Киім дизайны, макеттеу (қағаз, тоқыма). Костюм жасау (шағын манекен немесе қуыршаққа). Тоқыма мозаика техникасындағы бұйымдардың дизайны (пэчворк, квиллинг, құрақ). Идеяларды әзірлеу. Эскиз. Материалды таңдау және дайындау. Жұмыстың орындалу реті. Бұйым жасау. Бұйымды безендіру. Жұмыс көрмесі. Көрмейтін білім алушылар үшін. Тоқыма материалдарының жіктелуі және сипаттамасы. Материалдардың түрлері мен қасиеттерін зерттеу. Тоқыма материалдарын өңдеуге арналған жабдықтар, құралдар және құрылғылар. Тігін бұйымдарының жіктелуі. Идеядан өнімге дейін (қол өнімдері). Киім дизайны, макеттеу (қағаз, тоқыма). Костюм жасау (шағын манекен немесе қуыршаққа). Тоқыма Мозаика техникасындағы бұйымдардың дизайны (пэчворк, квиллинг, құрақ). Идеяларды әзірлеу. Эскиз. Материалды таңдау және дайындау. Жұмыстың орындалу реті. Бұйым жасау. Бұйымды безендіру. Жұмыс көрмесі;

4) "Тамақтану мәдениеті". Нашар көретін білім алушылар үшін. Дұрыс тамақтану негіздері. Мәзір құру. Асүй жабдықтары. Тамақ дайындауға арналған ыдыс-аяқ, құрал-саймандар мен құралдар. Тамақ дайындауға арналған құралдар мен айлабұйымдардың мүмкіндіктерін зерттеу. Бутербродтарды дайындау технологиясы. Сусындарды дайындау технологиясы. Көрмейтін білім алушылар үшін. Дұрыс тамақтану негіздері. Мәзір құру. Асүй жабдықтары. Тамақ дайындауға арналған ыдыс-аяқ, құрал-саймандар мен құралдар. Тамақ дайындауға арналған құралдар мен айлабұйымдардың мүмкіндіктерін зерттеу. Бутербродтарды дайындау технологиясы. Сусындарды дайындау технологиясы;

5) "Үй мәдениеті". Нашар көретін білім алушылар үшін. Жеке гигиена, өзіне күтім жасау. Өсімдік шаруашылығының негізгі бағыттары. Өсімдік шаруашылығындағы көктемгі жұмыстар. Көрмейтін білім алушылар үшін. Жеке гигиена, өзіне күтім жасау. Өсімдік шаруашылығының негізгі бағыттары. Өсімдік шаруашылығындағы көктемгі жұмыстар.

23. 6-сыныпқа арналған "Көркем еңбек" пәнінің базалық мазмұны (ұлдар):

1) "Көрнекі өнер". Нашар көретін білім алушылар үшін. Портреттік жанр. Портрет түрлері. Қазақстан суретшілерінің шығармашылығындағы портрет. Сызықтық портрет. Графика. Орындау техникасы. Портреттерді жасаудың дәстүрлі емес әдістері. Портреттегі түс. Портретті орындау техникасы. Заманауи портрет. Сурет өнері. Фотокамерамен эксперимент. Анимация. Қозғалатын элементтер (пластикалық анимация, көлеңке театры, саусақ қуыршақтары, қамыс). Сценарийді әзірлеу. Кейіпкерлер мен декорацияларды жасау. Көркем идеяларды жүзеге асыру. Дыбыстандыру. Жұмыстың тұсаукесері. Көрмейтін білім алушылар үшін. Бедерлі, көлемді бейнелер негізіндегі портреттік жанр. Портрет түрлері. Қазақстан суретшілерінің шығармашылығындағы портрет. Сызықтық портрет. Графика. Орындау

техникасы. Портреттерді жасаудың дәстүрлі емес әдістері. Мүсіндік портрет. Портретті орындау техникасы. Заманауи портрет. Сурет өнері. Анимация. Қозғалатын элементтер (пластикалық анимация, көлеңке театры, саусақ қуыршақтары, қамыс). Сценарийді әзірлеу. Кейіпкерлерді құру. Құру декорациялар. Көркем идеяларды жүзеге асыру. Дыбыстандыру. Жұмыстың тұсаукесері;

2) "Сәндік-қолданбалы өнер". Нашар көретін білім алушылар үшін. Қазақ халқының зергерлік өнерімен танысу. Зергерлік бұйымдардың эскизін әзірлеу. Материалдар мен құралдарды таңдау. Бұйым жасау. Бұйымды безендіру. Табиғи материалдардың түрлері мен сипаттамалары. Табиғи материалдардан жасалған бұйымдардың нобайын әзірлеу. Бұйым жасау. Бұйымды безендіру. Жұмыстың тұсаукесері. Көрмені ұйымдастыру. Көрмейтін білім алушылар үшін. Қазақ халқының зергерлік өнерімен танысу. Зергерлік бұйымдардың эскизін әзірлеу. Материалдар мен құралдарды таңдау. Бұйым жасау. Бұйымды безендіру. Табиғи материалдардың түрлері мен сипаттамалары. Табиғи материалдардан жасалған бұйымдардың нобайын әзірлеу. Бұйым жасау. Бұйымды безендіру. Жұмыстың тұсаукесері. Көрмені ұйымдастыру;

3) "Дизайн және технология". Нашар көретін білім алушылар үшін. Қол электр аспаптары мен жабдықтары. Практикалық жұмыстар. Құрама бөлшектерден роботтарды әзірлеу. Роботтардың пайда болу тарихы және түрлері (өзіндік зерттеу). Роботты құру үшін нобай жасау. Роботты жасау үшін материалдарды дайындау. Роботты құру. Роботтың жылжымалы бөліктерін құру бойынша эксперимент жасау. Көлік құралдарының түрлері туралы жалпы мәліметтер (өз бетінше зерттеу). Көлік құралының моделін әзірлеу. Эскиз. Материалдарды таңдау. Көлік құралының моделін жасау. Модельдің жекелеген бөліктерін жасау. Модельді құрастыру және өңдеу. Жұмыстың тұсаукесері. Көрмейтін білім алушылар үшін. Қол электр аспаптары мен жабдықтары. Практикалық жұмыстар. Құрама бөлшектерден роботтарды әзірлеу. Роботтардың пайда болу тарихы және түрлері. Роботты құру үшін нобай жасау. Роботты жасау үшін материалдарды дайындау. Роботты құру. Роботтың жылжымалы бөліктерін құру бойынша эксперимент жасау. Көлік құралдарының түрлері туралы жалпы мәліметтер. Көлік құралының моделін әзірлеу. Эскиз. Материалдарды таңдау. Көлік құралының моделін жасау. Модельдің жекелеген бөліктерін жасау. Модельді құрастыру және өңдеу. Жұмыстың тұсаукесері. Көрмені ұйымдастыру;

4) "Тамақтану мәдениеті". Нашар көретін білім алушылар үшін. Асхана этикетінің ережелері. Дайын тағамдарды безендіру және оларды үстелге беру ережесі. Қазақ мәдениетінде, түрлі халықтардың мәдениетінде және қоғамдық тамақтану орындарында үстел үстіндегі жүріс-тұрыс ережелері. Көрмейтін білім алушылар үшін. Асхана этикетінің ережелері. Дайын тағамдарды рәсімдеу. Дайын тағамдарды беру ережелері. Қазақ мәдениетінде, түрлі халықтардың мәдениетінде және қоғамдық тамақтану орындарында үстел үстіндегі жүріс-тұрыс ережелері;

5) "Үй мәдениеті". Нашар көретін білім алушылар үшін. Электр жүйелерінің шартты белгілерімен танысу. Электр тізбектері. Электр қол құралдарын қолдана отырып, тұрмыстағы жөндеу жұмыстары. Сәндік-гүл мәдениеті. Гүл өсірудегі көктемгі жұмыстар. Көрмейтін білім алушылар үшін. Электр жүйелерінің шартты белгілерімен танысу. Электр тізбектері. Электр шамдарының техникалық сипаттамалары, олардың артықшылықтары, кемшіліктері және пайдалану ерекшеліктері. Сәндік-гүл мәдениеті. Гүл өсірудегі көктемгі жұмыстар.

24. 6-сыныпқа арналған "Көркем еңбек" пәнінің базалық мазмұны: (қыздар).

1) "Көрнекі өнер". Нашар көретін білім алушылар үшін, портреттік жанр. Портрет түрлері. Қазақстан суретшілерінің шығармашылығындағы портрет. Сызықтық портрет. Графика. Орындау техникасы. Портреттерді жасаудың дәстүрлі емес әдістері (сымнан портрет). Портреттегі түс. Портретті орындау техникасы. Сурет өнері. Фотокамерамен эксперимент. Анимация. Қозғалмалы элементтер (пластилин анимациясы, көлеңке театры, саусақ қуыршақтары, қамыс). Сценарийді әзірлеу. Кейіпкерлер мен декорацияларды жасау. Көркем идеяларды жүзеге асыру. Дыбыстандыру. Жұмыстың тұсаукесері. Көрмейтін білім алушылар үшін, портреттік жанр. Портрет түрлері. Қазақстан суретшілерінің шығармашылығындағы портрет. Сызықтық портрет. Графика. Орындау техникасы. Портреттерді жасаудың дәстүрлі емес әдістері (сымнан портрет) мүсіндік портрет. Портретті орындау техникасы. Сурет өнері. Анимация. Қозғалмалы элементтер (пластилин анимациясы, көлеңке театры, саусақ қуыршақтары, қамыс). Сценарийді әзірлеу. Кейіпкерлерді құру. Декорациялар құру. Көркем идеяларды жүзеге асыру. Дыбыстандыру. Жұмыстың тұсаукесері;

2) "Сәндік-қолданбалы өнер". Нашар көретін білім алушылар үшін. Тоқу өнері. Ілмекпен тоқу. Тоқу әдістері мен техникасы. Бұйымның эскизін әзірлеу. Материалдар мен құралдарды таңдау. Түрлі өнімдерді ілгекпен тоқу (майлық, сөмке, ұялы телефон үшін қап). Тоқу. Сым, олардың түрлері. Тоқу әдістері мен техникасы. Бұйымның эскизін әзірлеу. Түрлі өнімдерді тоқу (шарф, орамал, тіреуіш). Жұмыстың тұсаукесері. Көрмені ұйымдастыру. Көрмейтін білім алушылар үшін. Тоқу өнері. Ілмекпен тоқу. Тоқу әдістері мен техникасы. Көріністер негізінде бұйымның эскизін әзірлеу. Материалдар мен құралдарды таңдау. Түрлі өнімдерді ілгекпен тоқу (майлық, сөмке, ұялы телефон үшін қап). Тоқу. Сым, олардың түрлері. Тоқу әдістері мен техникасы. Көріністер негізінде бұйымның эскизін әзірлеу. Түрлі өнімдерді тоқу (шарф, орамал, тіреуіш). Жұмыстың тұсаукесері. Көрмені ұйымдастыру;

3) "Дизайн және технология". Нашар көретін білім алушылар үшін. Тоқыма материалдардан жасалған бұйымдарды әзірлеу (авторлық қуыршақ, дамытушы ойыншық). Идеяларды әзірлеу. Эскиз. Текстильді әртүрлі текстуралар мен түстерді зерттеу. Материалдарды, құралдар мен жабдықтарды таңдау және дайындау. Бұйым жасау. Бөлшектерді пішу. Бөлшектерді құрастыру және бұйымды өңдеу. Үйге арналған

тоқыма бұйымдарының дизайны(алжапқыш,ас үй керек-жарақтары).Идеяларды әзірлеу.Эскиз.Материалды таңдау және дайындау. Жұмыстың орындалу реті. Бұйым жасау. Бөлшектерді пішу. Жекелеген бөлшектерді өңдеу. Бөлшектерді құрастыру және бұйымды өңдеу. Үйге арналған тоқыма бұйымдарының дизайны(алжапқыш,ас үй керек-жарақтары). Идеяларды әзірлеу. Эскиз. Материалды таңдау және дайындау. Жұмыстың орындалу реті. Бұйым жасау. Бөлшектерді пішу. Жекелеген бөлшектерді өңдеу. Бөлшектерді құрастыру және бұйымды өңдеу. Бұйымды безендіру. Жұмыстың тұсаукесері.Көрмені ұйымдастыру.Көрмейтін білім алушылар үшін. Тоқыма материалдардан жасалған бұйымдарды әзірлеу (авторлық қуыршақ,дамытушы ойыншық). Идеяларды әзірлеу. Көріністер негізіндегі Эскиз. Текстильді әртүрлі текстуралар мен түстерді зерттеу. Материалдарды, құралдар мен жабдықтарды таңдау және дайындау. Бұйым жасау. Бөлшектерді дайын пішу бойынша пішу. Жекелеген бөлшектерді өңдеу. Бөлшектерді құрастыру және бұйымды өңдеу. Үйге арналған тоқыма бұйымдарының дизайны(алжапқыш,ас үй керек-жарақтары). Идеяларды әзірлеу. Көріністер негізіндегі эскиз. Материалды таңдау және дайындау. Жұмыстың орындалу реті. Бұйым жасау. Бөлшектерді дайын пішу бойынша пішу. Жекелеген бөлшектерді өңдеу. Бөлшектерді құрастыру және Бұйымды өңдеу. Бұйымды безендіру. Жұмыстың тұсаукесері.Көрмені ұйымдастыру;

4) "Тамақтану мәдениеті".Нашар көретін білім алушылар үшін. Қазақ мәдениетінде, түрлі халықтардың мәдениетінде және қоғамдық тамақтану орындарында үстел үстіндегі жүріс-тұрыс ережелері. Жартылай фабрикаттардан тағам дайындау технологиясы. Тағамдарды экспресс дайындау технологиясы. Десерт дайындау технологиясы.Көрмейтін білім алушылар үшін. Қазақ мәдениетінде, түрлі халықтардың мәдениетінде және қоғамдық тамақтану орындарында үстел үстіндегі жүріс-тұрыс ережелері. Жартылай фабрикаттардан тағам дайындау технологиясы. Тағамдарды экспресс дайындау технологиясы. Десерт дайындау технологиясы;

5) "Үй ішіндегі мәдениет".Нашар көретін білім алушылар үшін. Гигиена ережелері. Үй-жайларды ылғалды және құрғақ жинау.Киім мен аяқ киімге күтім жасау,оларды сақтау. Сәндік-гүл мәдениеті.Гүл өсірудегі көктемгі жұмыстар.Көрмейтін білім алушылар үшін. Гигиена ережелері. Үй-жайларды ылғалдау,жинау. Киім мен аяқ киімге күтім жасау,оларды сақтау. Сәндік-гүл мәдениеті. Гүл өсірудегі көктемгі жұмыстар.

#### **4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі**

25. Бағдарламада оқыту мақсаттары әр сыныпқа кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім мен бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 5.1.2.4 кодында: "5" – сынып, "1.2" – бөлімше, "4" – оқыту мақсатының реттік саны.

26. Күтілетін нәтижелер бойынша оқыту мақсаттарының жүйесі:

# 1) "Көрнекі өнер" бөлімі:

## 1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5 сынып	6 сынып
1.1 Заманауи және классикалық өнер	5.1.1.1 ұлдар/қыздар: қоршаған ортаның ассоциативті мәні мен визуалды сипаттамаларын анықтау	6.1.1.1 ұлдар/қыздар: қоршаған орта объектілерінің көрнекі сипаттамаларын білу, түсіну және көрсете алу
1.2 Қазақстандық суретшілердің шығармашылығы	5.1.2.1 ұлдар/қыздар: қазақ ұлттық және әлемдік мәдениеттің, қолөнер және дизайн ерекшеліктерін анықтау; 5.1.2.2 ұлдар/қыздар: пәндік терминологияны қолдана отырып, өз жұмысында және өзге жұмыстарда (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) көрсетілген идеялар мен тақырыптарды сипаттау	6.1.2.1 ұлдар/қыздар: қазақ ұлттық және әлемдік мәдениеттің, қолөнер және дизайн ерекшеліктерін зерттеу және анықтау; 6.1.2.2 ұлдар/қыздар: пәндік терминологияны қолдана отырып, өз жұмысында және өзге жұмыстарда (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) көрсетілген идеялар мен тақырыптарды сипаттау
1.3 Бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары	5.1.3.1 ұлдар/қыздар: шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту үшін ақпарат көздерімен жұмыс істеу; 5.1.3.2 ұлдар/қыздар: пәндік терминологияны қолдана отырып, өз жұмысын және өзге (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмыстарды жасау үшін пайдаланылған әдістер мен тәсілдерді (техниканы) сипаттау	6.1.3.1 ұлдар/қыздар: шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту үшін ақпарат көздерімен жұмыс істеу; 6.1.3.2 ұлдар/қыздар: пәндік терминологияны қолдана отырып, өз жұмысын және өзге (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмыстарды жасау үшін пайдаланылған әдістер мен тәсілдерді (техниканы) сипаттау
1.4 Сандық өнер (фотосуреттер, анимация, медиақұралдар)	5.1.4.1 ұлдар/қыздар: шығармашылық жұмысты орындау кезеңдерін анықтай отырып, жоспар әзірлеу	6.1.4.1 ұлдар/қыздар: уақыт тапшылығын және басқа да факторларды ескере отырып, іс-қимылдар реттілігін жоспарлау және анықтау; 6.1.4.2 ұлдар/қыздар: өнер түрлерінің арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды салыстыру және түсіндіру (фотосурет және кескіндеме); 6.1.4.3 ұлдар/қыздар: материалдық шығындарды анықтау (сандық көрсеткіштер)
1.5 Бейнелеу (визуалды) өнерінің айрықша құралдары	5.1.5.1 ұлдар/қыздар: өз идеялары мен сезімдерін жеткізу үшін қоршаған әлемнің көрнекі	6.1.5.1 ұлдар/қыздар: өз идеялары мен сезімдерін жеткізу үшін қоршаған әлемнің көрнекі

	элементтерін және өнердің ерекшеқұралдарын пайдалану	элементтерін және өнердің мәнді құралдарын таңдау және пайдалану
1.6Көркем құралдар және техникалармен эксперимент жасау	5.1.6.1 ұлдар/қыздар: - таңдап алынған құралдардың қасиеттерін ескере отырып, техниканы,көркем материалдарды пайдалана отырыпэксперимент жасау	6.1.6.1 ұлдар/қыздар: - материалдардың қасиеттері мен жұмыстың практикалық дағдыларын көрсете отырып, техниканы, көркем материалдармен эксперимент жасау және пайдалану

## 2) "Сәндік-қолданбалы өнер" бөлімі

### 2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5 сынып	6 сынып
2.1Қазақстандық және басқа да халықтардың сәндік-қолданбалы өнерінің негізгі нысандары мен ерекшеліктері	5.2.1.1 ұлдар/қыздар: шығармашылық жұмыстарда, бұйымдарды жасау үрдісінде қазақ ұлттық мәдениетінің элементтерін қолдану	6.2.1.1 ұлдар/қыздар: шығармашылық жұмыстарда, бұйымдарды жасау үрдісінде қазақ ұлттық мәдениетінің элементтерін таңдау және пайдалану
2.2Сәндік-қолданбалы өнер, материалдары, құралдары мен технологиялары	5.2.2.1 ұлдар: материалдардың жалпы қасиеттері мен құрылымын, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын сипаттау; қыздар: тоқыма құралдары мен бұйымдардың жіктелуін білу және сипаттау	6.2.2.1ұлдар: материалдардың физикалық, механикалық және технологиялық қасиеттерін және оларды қолдану аясын анықтау және сипаттау; қыздар: тоқыма құралдары мен бұйымдардың қасиеттері мен өңделуін зерттеу және анықтау
2.3Қауіпсіздік техникасы мен еңбек гигиенасы ережелерін сақтау	5.2.3.1 ұлдар/қыздар: қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, материалдар мен құралдарды пайдалану; 5.2.3.2 ұлдар/қыздар: - құралдарымен қауіпсіз жұмыс істеу тәсілдерін және еңбек гигиенасының ережелерін сақтау	6.2.3.1 ұлдар/қыздар: қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, оның маңыздылығын түсініп және көрсете отырып, материалдар мен құралдарды пайдалану; 6.2.3.2 ұлдар/қыздар: электр құралдарымен, жабдықтармен қауіпсіз жұмыс істеу тәсілдерін және еңбек гигиенасының ережелерін түсіндіру;

## 3) "Дизайн және технология"бөлімі

### 3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5 сынып	6 сынып
3.1Негізгі табиғи, жасанды және дәстүрлі емес материалдар	5.3.3.1 ұлдар/қыздар: қазіргі дәстүрлі емес материалдарды тану, олардың қасиеттері мен мақсатын анықтау	6.3.3.1 ұлдар/қыздар: заманауи дәстүрлі емес материалдарды тану және олардың қалай тиімді өңделуі мен пайдалану жолдарын, мүмкіндіктерін анықтау
	5.3.2.1ұлдар: құрастырмалы, табиғи және жасанды	

3.2Материалдарды өңдеуге арналған құралдар мен жабдықтар	<p>материалдарды өңдеуге арналған құралдар мен жабдықтарды анықтау, сипаттау және қолдану;</p> <p>5.3.2.2ұлдар: ұсталық/темір шеберлігінің мақсаты мен құрылымын түсіндіру;қыздар: тігін машинасының құрылымын, жіптерді салу тәсілдерін білу және сипаттау, тігістерді орындау;</p> <p>5.3.2.3 қыздар: тігін бұйымдарын ылғалдау және қыздыру, өңдеуге арналған жабдықтарды сипаттау және қолдану</p>	<p>6.3.2.1ұлдар: қозғалыс механизмдерін жәнеэлектр құралдарының құрылысын анықтау, сипаттау оларды конструкциялық, табиғи және жасанды материалдарды өңдеу үшін қолдану;қыздар: тігін машиналарын реттеуді білу және орындау;</p> <p>6.3.2.2 қыздар: тігін бұйымдарын ылғалдау - қыздыру өңдеу режимін сипаттау, оларды практикада қолдану</p>
3.3Түрлі материалдардан жасалған бұйымдардың дизайны	5.3.3.1ұлдар /қыздар: композицияның негізгі заңдарын сақтай отырып, қарапайым нысандардың дизайнын жасау тапсырмаларын орындау	6.3.3.1 ұлдар/қыздар: композицияның негізгі заңдарын сақтай отырып, әр түрлі нысандардың дизайнын жасау бойынша тапсырмаларды таңдау және орындау
3.4Өзірлеу технологиясы	<p>5.3.4.1ұлдар: орындалған белгілер мен өлшеулер негізінде бұйымдарды дайындау үшін түрлі құралдармен материалдарды өңдеу;</p> <p>5.3.4.2ұлдар: түрлі материалдардан жасалған күрделі емес бұйымдарды жасау;</p> <p>5.3.4.3қыздар: тоқыма жіптерді қолдана отырып, материалдарды қолмен және тігін машинасында пішу және өңдеу;</p> <p>5.3.4.4қыздар: түрлі (тоқыма, табиғи және жасанды) материалдардан жасалған қарапайым бұйымдарды орындау</p>	<p>6.3.4.1ұлдар: орындалған белгілер мен өлшеулер негізінде бұйымдарды дайындау үшін түрлі құралдармен материалдарды өңдеу;</p> <p>6.3.4.2ұлдар: бірнеше бөлшектерден жасалған бұйымдарды жасау;</p> <p>6.3.4.3қыздар: тоқыма материалдарын қолмен және тігін машинасында пішу және өңдеу, тігістер мен тігістерді түрлендіре алу;</p> <p>6.3.4.4қыздар: әртүрлі (тоқыма, табиғи және жасанды) құрастырмаларды қолдана отырып , бір бұйымды жасау</p>
3.5Құрастыру және модельдеу	<p>5.3.5.1ұлдар/қыздар: шығармашылық идеяларды іске асыру үшін нобайлар мен нобайларды орындау;</p> <p>5.3.5.2ұлдар/қыздар: барлық сыныпқа дайын жұмысты таныстыру;</p> <p>5.3.5.3ұлдар/қыздар: конструктивті түсініктемелер қабылдау және өз жұмысын және басқалардың жұмысын жетілдіру бойынша ұсыныстар жасау</p>	<p>6.3.5.1ұлдар/қыздар: шығармашылық идеяларды іске асыру үшін эскиздер, техникалық суреттер мен сызбаларды орындау ;</p> <p>6.3.5.2ұлдар/қыздар: мектеп аудиториясына дайын жұмысты таныстыру;</p> <p>6.3.5.3ұлдар/қыздар: өзінің және басқаның жұмысына конструктивті түсініктемелер қабылдау және бейімделу бойынша негізделген ұсыныстар жасау.</p>

#### 4) "Тамақтану мәдениеті" бөлімі

4 - кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5 сынып	6 сынып
4.1 Дұрыс тамақтану негіздері, мәзір құру	<p>5.4.1.1 ұлдар/қыздар: дұрыс және тиімді тамақтану ережелерін сипаттау;</p> <p>5.4.1.2 ұлдар/қыздар: дұрыс және тиімді тамақтану мәзірін құру;</p> <p>5.4.1.3 қыздар: тамақ дайындауға арналған құрал- жабдықтардың және құрылғылардың мүмкіндіктерін анықтау;</p> <p>5.4.1.4 қыздар: тағамдар мен сусындарды дайындау технологиясын қолдану</p>	<p>6.4.1.1 ұлдар/қыздар: дұрыс және тиімді тамақтану ережелері туралы білімдерін көрсету ;</p> <p>6.4.1.2 ұлдар/қыздар: дұрыс және тиімді тамақтану мәзірін өз бетінше құру;</p> <p>6.4.1.3 қыздар: тағамдарды және тәттілерді жедел дайындау технологиясын қолдану;</p> <p>6.4.1.4 қыздар: түрлі тағамдарды дайындау үшін өнімдер мен құралдарды анықтау және таңдау</p>
4.2 Дастархан үстіндегі тәртіп ережелері, үстелді жабдықтау	<p>5.4.2.1 ұлдар/қыздар: қазақ және басқа халықтардың мәдениетінде, қоғамдық тамақтану орындарында дастархан үстіндегі өзін-өзі ұстау ережелерін сипаттау;</p> <p>5.4.2.2 ұлдар/қыздар: үстелді рәсімдеу және қызмет етудің негізгі ережелерін орыдау</p>	<p>6.4.2.1 ұлдар/қыздар: қазақ және басқа халықтардың мәдениетінде, қоғамдық тамақтану орындарында дастархан үстіндегі өзін-өзі ұстау ережелерін білу және сипаттау;</p> <p>6.4.2.2 ұлдар/қыздар: әр түрлі іс-шаралар үшін үстелді рәсімдеу және дайындау дағдылары мен білімін көрсету</p>
4.3 Тамақ дайындау технологиясы	<p>5.4.3.1 қыздар: тамақ пісіру үшін құралдар, жабдықтар мен аспаптардың мүмкіндіктерін анықтау;</p> <p>5.4.3.2 қыздар: салқын тағамдар мен сусындар дайындау технологиясын қолдану</p>	<p>6.4.3.1 қыздар: тағамдар мен десерттерді жедел дайындау технологиясын қолдану;</p> <p>6.4.3.2 қыздар: әр түрлі тағамдарды дайындауға арналған бұйымдар мен керек-жарақтарды анықтау және таңдау</p>

## 5) "Үй ішіндегі мәдениет" бөлімі

### 5 -кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5 сынып	6 сынып
5.1 Жеке гигиена, тұрғын үй экологиясы	<p>5.5.1.1 қыздар: жеке гигиена ережелерін сақтау, түрлерін ажырату;</p> <p>5.5.1.2 қыздар: өзіне күтім жасау құралдары мен әрекеттерін таңдау және қолдану;</p> <p>5.5.1.3 ұлдар: электр энергиясының көздері туралы ақпарат беру;</p> <p>5.5.1.4 ұлдар: қарапайым электротехникалық құралдардың мақсатын атау, түсіндіру;</p> <p>5.5.1.5 ұлдар: түрлі материалдардан қарапайым бұйымдарды жасау;</p>	<p>6.5.1.1 қыздар: тұрғын үйге қойылатын гигиеналық талаптарды, тазалық сақтау құралдарын сипаттау;</p> <p>6.5.1.2 қыздар: жеке гигиена құралдарының түрлерін анықтау және пайдалану;</p> <p>6.5.1.3 қыздар: маусымдық киім мен аяқ киімді күту және оларды сақтау ережелерін білу;</p> <p>6.5.1.4 ұлдар: электр схемалары элементтерінің шартты графикалық белгілерін зерттеу, анықтау және орындау;</p> <p>6.5.1.5 ұлдар: күрделі емес электр тізбектерін ажырату және есептеу;</p>



	5.5.1.6ұлдар: құралдарды пайдалана отырып, интерьерді жинақтау, ұйымдастыру бойынша практикалық жұмыстарды және ақаулар кезінде қарапайым жөндеу операцияларын орындау	6.5.1.6ұлдар: құралдарды пайдалана отырып, интерьерді жинақтау, ұйымдастыру бойынша практикалық жұмыстарды және ақаулар кезінде қарапайым жөндеу операцияларын орындау
5.2Өсімдік шаруашылығы,гүл өсіру, ландшафтық дизайн негіздері	5.5.2.1ұлдар/қыздар: өсімдік шаруашылығы мен жеміс-көкөніс дақылдарын отырғызу және өсірудің негізгі бағыттарын сипаттау; 5.5.1.2ұлдар/қыздар: өсімдік шаруашылығында көктем мезгіліндегі жұмыстарды орындау	6.5.2.1ұлдар/қыздар: сәндік гүл дақылдарын өсіру технологиясын сипаттау; 6.5.2.2ұлдар/қыздар: сәндік бау-бақша және гүл өсіруде көктемгі жұмыстарды орындау

27. Осы Бағдарлама көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін "Көркем еңбек" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

28. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін "Көркем еңбек" оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымша

**Көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін "Көркем еңбек" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

1) 5 сынып (ұлдар):

1-кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімдері	Тақырыптар/Мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан	Бейнелеу өнеріндегі ерекше құралдар. Классикалық өнердің жауһарлары. Қазақстандық	5.1.2.1 Қазақ ұлттық және әлемдік мәдениеттің, қолөнер және дизайн ерекшеліктерін анықтау; 5.1.3.1 шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту үшін ақпарат көздерімен жұмыс істеу; 5.1.2.2 пәндік терминологияны қолдана отырып, өз жұмысында және өзге жұмыстарда (

1. Көрнекі өнер

<p>суретшілердің шығармашылығы. Бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары.</p>	<p>суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) көрсетілген идеялар мен тақырыптарды сипаттау; 5.1.3.2пәндік терминологияны қолдана отырып, өз жұмысын және өзге (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмыстарды жасау үшін пайдаланылған әдістер мен тәсілдерді (техниканы) сипаттау</p>
<p>Натюрморт өнері. Сәндік ұлттық натюрморт.</p>	<p>5.3.5.1шығармашылық идеяларды жүзеге асыру үшін үлгілер мен эскиздер жасау; 5.1.6.1таңдап алынған құралдардың қасиеттерін ескере отырып, техниканы, көркем материалдарды пайдалана отырыпэксперимент жасау; 5.1.5.1 өз идеялары мен сезімдерін жеткізу үшін қоршаған әлемнің көрнекі элементтерін және өнердің ерекшеқұралдарын пайдалану; 5.2.1.1 шығармашылық жұмыстарда, бұйымдарды жасау үрдісінде қазақ ұлттық мәдениетінің элементтерін қолдану</p>
2.6 Материктер мен мұхиттар	5.2.6.1 материктер мен дүние бөліктерін игеру және зерттеу тарихын сипаттау; 5.2.6.2 мұхиттардың зерттеу тарихын сипаттау	6.2.6.1 материктер мен олардың физикалық-географиялық аймақтарының табиғат ерекшеліктерін атау; 6.2.6.2 жоспар бойынша мұхиттар табиғатының ерекшеліктерін атау
2.7 Халық географиясы	5.2.7.1 дүниежүзі халқының нәсілдік құрамын және негізгі нәсілдер мен нәсілдерлік топтардың таралу аймақтарын атау; 5.2.7.2 нәсілдік белгілердің қалыптасу факторларын атау; 5.2.7.3 нәсілдер теңдігін сипаттау	6.2.7.1 халықтың қоныстану заңдылықтарын атау; 6.2.7.2 халық тығыздығының көрсеткіштерін сипаттау; 6.2.7.3 дүниежүзіндегі халық тығыздығының жоғары және төмен аймақтарын анықтап, себептерін түсіндіру

### 3) "Заттар және материалдар" бөлімі:

#### 3- кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5-сынып	6-сынып

3.1 Заттардың құрылысы мен қасиеттері	<p>5.3.1.1 бөлшектердің сұйық және газтекес заттарда таралуын сипаттау;</p> <p>5.3.1.2 заттардың қатты, сұйық және газ күйіндегі құрылымын бөлшектер теориясына сәйкес атау ;</p> <p>5.3.1.3 заттардың қасиеттерін: тығыздығын, аққыштығын, жылу және электр-өткізгіштігін, созылмалығын, иілімділігін сипаттау;</p> <p>5.3.1.4 физикалық және химиялық құбылыстарды ажырату</p>	<p>6.3.1.1 атомдар мен молекулаларды, жай және күрделі заттарды ажырату;</p> <p>6.3.1.2 атомның негізгі бөлшектерін және олардың орналасуын сипаттау;</p> <p>6.3.1.3 заттардың қасиеттерін ( балқу және қайнау температураларын) сипаттау</p>
3.2 Заттардың жіктелуі	<p>5.3.2.1 қоспалардан таза заттарды ажырату;</p> <p>5.3.2.2 қоспалардың түрлерін сипаттау және бөлу әдістерін ұсыну;</p> <p>5.3.2.3 құрамы белгілі ерітінді дайындау</p>	<p>6.3.2.1 заттарды органикалық және бейорганикалық заттарға жіктеу;</p> <p>6.3.2.2 тірі және өлі табиғаттағы қышқылдық, сілтілік және бейтарап орталарды ажырату және эмбебап индикатор көмегімен ортаны анықтау;</p> <p>6.3.2.3 бейтараптану үдерісін сипаттау</p>
3.3 Заттардың түзілуі және алынуы	<p>5.3.3.1 табиғатта түзілген және жасанды жолмен алынған заттарды атау;</p> <p>5.3.3.2 табиғатта түзілген және жасанды заттардың айырмашылығын атау</p>	<p>6.3.3.1 табиғи және жасанды материалдардың артықшылықтары мен кемшіліктерін сипаттау;</p> <p>6.3.3.2 тұрмыстық химия өнімдерін қолдану саласын және оларды қауіпсіз қолдану ережелерін атау;</p> <p>6.3.3.3 Қазақстандағы пайдалы қазбалардың кен орындарын және қолдану салаларын анықтау;</p> <p>6.3.3.4 Қазақстандағы пайдалы қазбаларды өндеудің ірі орталықтарын атау және көрсету;</p> <p>6.3.3.5 пайдалы қазбалардың өндірілуі мен өңделінуінің қоршаған ортаға әсерін сипаттау</p>

#### 4) "Тірі және өлі табиғаттағы үдерістер" бөлімі:

##### 4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5-сынып	6-сынып
4.1 Өлі табиғаттағы үдерістер	<p>5.4.1.1 өлі табиғатта болатын үдерістерді атау (табиғатта заттардың айналымы, тау түзілу, үгілу, климаттық үдерістер);</p>	<p>6.4.1.1 өлі табиғаттағы болып жатқан үдерістерді сипаттау(тау түзілу, үгілу, заттардың табиғаттағы айналымы);</p>

	5.4.1.2 өлі табиғаттағы болып жатқан үдерістердің себеп-салдарын сипаттау	6.4.1.2 табиғаттағы заттардың химиялық айналымын сипаттау
4.2 Тірі табиғаттағы үдерістер	5.4.2.1 тірі ағзалардың ортақ қасиеттерін сипаттау; 5.4.2.2 тірі ағзалардың құрылымдық деңгейлерін сипаттау; 5.4.2.3 микроскоппен жұмыс істеу ережелерін қолдану; 5.4.2.4 фотосинтез үдерісін сипаттау; 5.4.2.5 өсімдіктерде пигменттердің болуын зерттеу; 5.4.2.6 - фотосинтездің жүруі үшін қажетті жағдайларды атау	6.4.2.1 жасуша компоненттерін атау; 6.4.2.2 тірі ағзаларға тән үдерістерді сипаттау; 6.4.2.3 ағзалардың қоректену типтерін атау 6.4.2.4 толыққанды тамақтану рационын құру; 6.4.2.5 ағзалардағы қоректік заттардың тасымалдануын сипаттау; 6.4.2.6 тыныс алғанда және тыныс шығарғандағы ауа құрамындағы айырмашылықты сипаттау; 6.4.2.7 ағзадағы бөлініп шығатын өнімдерді атау

### 5) "Энергия және қозғалыс" бөлімі:

#### 5-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5-сынып	6-сынып
5.1 Энергия түрлері мен көздері	5.5.1.1 энергия түрлерін атау; 5.5.1.2 температура мен жылу энергиясын сипаттау; 5.5.1.3 термометрді пайдалана отырып температураны өлшеу; 5.5.1.4 энергияның өзара айналымына мысалдар келтіру	6.5.1.1 энергия көздерін атау; 6.5.1.2 энергияны шығарумен және оның жұтылуымен байланысты үдерістерді атау және мысалдар келтіру; 6.5.1.3 электр энергиясының бірлігін атау; 6.5.1.4 электр энергиясының құнын есептеу; 6.5.1.5 энергияны алудың балама көздерін атау
5.2 Қозғалыс	5.5.2.1 тірі және өлі табиғатта қозғалыстың маңыздылығын сипаттау; 5.5.2.2 әртүрлі жануарлардың қаңқа түрлерінің ерекшеліктерін зерттеу; 5.5.2.3 денелер қозғалысының себепін атау	6.5.2.1 қозғалыстың салыстырмалылығына мысалдар келтіру және сипаттау; 6.5.2.2 қатты денелер, сұйықтар мен газдардың қысымдарын айыра білу; 6.5.2.3 адам қаңқасының құрылысын сипаттау; 6.5.2.4 бұлшық еттің құрылысын сипаттау; 6.5.2.5 тірі ағзалар үшін қысымның мәніне мысалдар келтіру;

### 6) "Экология және тұрақты даму" бөлімі:

#### 6-кесте

	Оқыту мақсаттары
--	------------------

Бөлімшелер	5-сынып	6-сынып
6.1 Экожүйелер	5.6.1.1 экожүйенің құрамдас бөліктерін атау; 5.6.1.2 экожүйе түрлерін атау; 5.6.1.3 экожүйеге экологиялық факторлардың ықпал етуін сипаттау; 5.6.1.4 табиғи және жасанды экожүйелерді салыстыру	6.6.1.1 экожүйе құрамдас бөліктерінің өзара байланысын сипаттау; 6.6.1.2 экожүйелердің ауысу себептерін атау; 6.6.1.3 экологиялық пирамидада энергия мен заттардың ауысуын сипаттау
6.2 Тірі ағзалардың сан алуандығы	5.6.2.1 ағзаларды тірі табиғат дүниелеріне жіктеу; 5.6.2.2 біржасушалы және көпжасушалы ағзаларды сипаттау	6.6.2.1 өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін анықтау үшін ағзалардың өзіндік ерекшеліктерін қолдану; 6.6.2.2 экожүйелердегі тірі ағзалардың алуан түрлілігін сипаттау
6.3 Табиғатты қорғау	5.6.3.1 ҚР экологиялық мәселелерін атау; 5.6.3.2 өз аймағының экологиялық мәселелерін сипаттау; 5.6.3.3 Қазақстан Республикасы Қызыл кітабының маңыздылығын сипаттау	6.6.3.1 өз аймағындағы кейбір экологиялық мәселелердің себептерін атау; 6.6.3.2 экологиялық мәселелердің шешу жолдарын атау

## 7) "Ғылыми жаңалықтардың ашылуы" бөлімі:

### 7-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаты	
	5-сынып	6-сынып
7.1 Әлемді өзгертетін жаңалықтар	5.7.1.1 әлемді өзгерткен ғылыми жаңалықтарға мысалдар келтіру	6.7.1.1 әлемді өзгерткен жаңалықтардың маңызын талқылау; 6.7.1.2 қазақстандық ғалымдардың жаратылыстану ғылымдарын дамытуда қосқан үлестерін талқылау
7.2 Болашақ жаңалықтары	5.7.1.2 болашақ ғылыми зерттеулер үшін идеялар ұсыну	6.7.1.3 ғылыми зерттеулер бағыттарының болашақтағы дамуына болжам жасау

28. Бағдарлама тірек - қимыл аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін "Жаратылыстану" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

29. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады

Тірек - қимыл аппараты  
бұзылған білім алушыларға

арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін "Жаратылыстану" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымша

**Тірек –қимыл аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін "Жаратылыстану" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

1) 5-сынып:

1-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
5.1 Ғылым әлемі	Ғылымның рөлі	5.1.1.1 "Ғылым" ұғымының мағынасын және жаратылыстану ғылымдарын атау
	Зерттеу сұрағы	5.1.2.1 әр түрлі өлшеулерге арналған құралдарды атау және табиғаттағы бақылау ережелерін түсіндіру
	Зерттеуді жоспарлау	5.1.3.1 зерттеу жоспарын құрастыру; 5.1.3.2 зерттеу жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелерін тұжырымдау
	Деректерді жинау және жазу	5.1.4.1 нысандар параметрлерін өлшем бірліктермен атау; 5.1.4.2 бақылаулар мен өлшеу деректерін тіркеу
	Деректерді талдау	5.1.5.1 қайталанған өлшеулер кезіндегі арифметикалық орташа шаманы есептеу
	Қорытынды және талқылау	5.1.6.1 бақылау деректерді сипаттау
	Макро- және микроәлем	Макро- және микроәлем
Жер туралы жалпы мағлұматтар		5.2.2.1 жер ғаламшарының пайда болуын түсіндіру; 5.2.2.2 жердің құрылысы мен құрамын атау
Жер қабықтары және олардың құрамдас бөліктері		5.2.3.1 жер қабықтарын және олардың құрамдас бөліктерін атау
Жердегі тіршілік		5.2.4.1 жерде тіршіліктің пайда болуын сипаттау;



5.1 Адам. Жер. Ғалам		5.2.4.2 тіршілік ету үшін қажетті жағдайларды анықтау
	Жер бетін бейнелеу тәсілдері	5.2.5.1 "жоспар" және "шартты белгілер" ұғымдарын атау; 5.2.5.2 шартты белгілерді қолданып, жергілікті жердің планын оқу; 5.2.5.3 бір тәсіл бойынша жергілікті жердің түсірілімін жасау; 5.2.5.4 рәсімдеу талаптарына сай жергілікті жердің қарапайым жоспарларын сызу
	Материктер мен мұхиттар	5.2.6.1 материктер мен дүние бөліктерін игеру және зерттеу тарихын сипаттау; 5.2.6.2 мұхиттардың зерттеу тарихын сипаттау
	Халық географиясы	5.2.7.1 дүниежүзі халқының нәсілдік құрамын, негізгі нәсілдер мен нәсіларалық топтардың таралу аймақтарын атау; 5.2.7.2 нәсілдік белгілердің қалыптасу факторларын атау; 5.2.7.3 нәсілдер теңдігін сипаттау
2-тоқсан		
5.2 Заттар және материалдар	Заттардың құрылысы мен қасиеттері	5.3.1.1 бөлшектердің сұйық және газтекес заттарда таралуын сипаттау; 5.3.1.2 заттардың қатты, сұйық және газ күйіндегі құрылымын бөлшектер теориясына сәйкес атау ; 5.3.1.3 заттардың қасиеттерін: тығыздығын, аққыштығын, жылу және электрөткізгіштігін, созылғыштығын, иілімділігін сипаттау; 5.3.1.4 физикалық және химиялық құбылыстарды ажырату
	Заттардың жіктелуі	5.3.2.1 қоспалар мен таза заттарды ажырату; 5.3.2.2 қоспалардың түрлерін сипаттау және бөлу әдістерін ұсыну; 5.3.2.3 құрамы белгілі ерітінді дайындау
	Заттардың түзілуі және алынуы	5.3.3.1 табиғатта түзілген және жасанды жолмен алынған заттарды атау;

		5.3.3.2 табиғатта түзілген және жасанды заттардың айырмашылығын атау
3-тоқсан		
5.3 Тірі және өлі табиғаттағы үдерістер	Өлі табиғаттағы үдерістер	5.4.1.1 өлі табиғатта болатын үдерістерді атау (табиғатта заттардың айналымы, тау түзілу, үгілу, климаттық үдерістер); 5.4.1.2 өлі табиғаттағы болып жатқан үдерістердің себеп-салдарларын сипаттау
	Тірі табиғаттағы үдерістер	5.4.2.1 тірі ағзалардың ортақ қасиеттерін сипаттау; 5.4.2.2 тірі ағзалардың құрылымдық деңгейлерін сипаттау; 5.4.2.3 микроскоппен жұмыс істеу ережелерін қолдану; 5.4.2.4 фотосинтез үдерісін сипаттау; 5.4.2.5 өсімдіктерде пигменттердің болуын зерттеу; 5.4.2.6 фотосинтездің жүруі үшін қажетті жағдайларды атау
5.3 Энергия және қозғалыс	Энергия түрлері мен көздері	5.5.1.1 энергия түрлерін атау; 5.5.1.2 температура мен жылу энергиясын сипаттау; 5.5.1.3 термометрді пайдалана отырып температураны өлшеу; 5.5.1.4 энергияның өзара айналымына мысалдар келтіру
	Қозғалыс	5.5.2.1 тірі және өлі табиғатта қозғалыстың маңыздылығын сипаттау; 5.5.2.2 әртүрлі жануарлардың қаңқа түрлерінің ерекшеліктерін зерттеу; 5.5.2.3 денелер қозғалысының себепін атау
4-тоқсан		
5.4	Экожүйелер	5.6.1.1 экожүйенің құрамдас бөліктерін атау; 5.6.1.2 экожүйе түрлерін атау; 5.6.1.3 экологиялық факторлардың экожүйе қызметіне ықпал етуін сипаттау; 5.6.1.4 табиғи және жасанды экожүйелерді салыстыру
		5.6.2.1 ағзаларды тірі табиғат дүниелеріне жіктеу;

Экология және тұрақты даму	Тірі ағзалардың сан алуандығы	5.6.2.2 біржасушалы және көпжасушалы ағзаларды сипаттау
	Табиғатты қорғау	5.6.3.1 Қазақстан Республикасының экологиялық мәселелерін атау; 5.6.3.2 өз аймағының экологиялық мәселелерін сипаттау; 5.6.3.3 Қазақстан Республикасының Қызыл кітабының маңыздылығын сипаттау
5.4 Әлемді өзгертетін жаңалықтар	Әлемді өзгертетін жаңалықтар	5.7.1.1 әлемді өзгерткен ғылыми жаңалықтарға мысалдар келтіру
	Болашақ жаңылықтары	5.7.2.1 болашақ ғылыми зерттеулер үшін зерттеу идеяларын ұсыну

## 2) 6-сынып:

### 2-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
6.1 Ғылым әлемі	Ғылым рөлі	6.1.1.1 жаратылыстану ғылымдарының зерттеу нысандарын атау
	Зерттеу сұрағы	6.1.2.1 тәуелді, тәуелсіз және бақыланатын айнымалыларды анықтау
	Зерттеуді жоспарлау	6.1.3.1 жоспар бойынша зерттеу жұмысын жүргізу; 6.1.3.2 қауіпсіз жұмыс жүргізудің жағдайларын анықтау
	Деректерді жинау және тіркеу	6.1.4.1 халықаралық бірліктер жүйесінің өлшем бірліктерін пайдалану
	Мәліметтерді талдау	6.1.5.1 алынған деректерді кесте, сызба нұсқа түрінде көрсету
	Қорытынды және талқылау	6.1.6.1 алынған қорытындыларды түрлі формада көрсету
	Макро- және микроәлем	6.2.1.1 макро- және микроәлем нысандарының параметрлерін атау
	Жер туралы жалпы мағлұматтар	6.2.2.1 жер бетіндегі бақыланатын үдерістер мен құбылыстарды сипаттау; 6.2.2.2 жердің қасиеттерін атау: пішіні мен өлшемдерін, қозғалуын
	Жер өрістері және олардың құрамдас бөліктері	6.2.3.1 жердің сыртқы қабықтарының өзара байланысын сипаттау

6.1 Адам. Жер. Ғалам	Жердегі тіршілік	6.2.4.1 жердегі тіршіліктің пайда болуы туралы ғылыми болжамдарды салыстыру; 6.2.4.2 адамның жердегі тіршілік етуінің қазіргі жағдайларын бағалау
	Жер бетін бейнелеу тәсілдері	6.2.5.1 географиялық карталар мен шартты белгілерді жіктеу; 6.2.5.2 шартты белгілерді пайдаланып, географиялық карталарды оқу; 6.2.5.3 географиялық координаттарды анықтау; 6.2.5.4 сағаттық белдеулер картасын пайдаланып, уақытты анықтау
	Материктер мен мұхиттар	6.2.6.1 материктер мен олардың физикалық-географиялық аймақтарының табиғат ерекшеліктерін атау; 6.2.6.2 жоспар бойынша мұхиттар табиғатының ерекшеліктерін атау;
	Халық географиясы	6.2.7.1 халықтың қоныстану заңдылықтарын атау; 6.2.7.2 халық тығыздығының көрсеткіштерін сипаттау; 6.2.7.3 дүниежүзіндегі халық тығыздығының жоғары және төмен аймақтарын анықтап, себептерін түсіндіру
2-тоқсан		
6.2 Заттар және материалдар	Заттардың құрылысы мен қасиеттері	6.3.1.1 атом мен молекулаларды, қарапайым және күрделі заттарды ажырату; 6.3.1.2 атомның негізгі бөлшектерін және олардың орналасуын сипаттау; 6.3.1.3 заттардың қасиеттерін (балқу және қайнау температураларын) сипаттау
	Заттардың жіктелуі	6.3.2.1 заттарды органикалық және бейорганикалық заттарға жіктеу; 6.3.2.2 тірі және өлі табиғатта қышқыл, сілтілі және бейтарап ортаны айыра біледі және эмбебап индикатор көмегімен ортаны анықтау; 6.3.2.3 бейтараптандыру үдерісін сипаттау

	Заттардың пайда болуы мен оларға қол жеткізу	<p>6.3.3.1 табиғи және жасанды материалдардың артықшылықтары мен кемшіліктерін сипаттау;</p> <p>6.3.3.2 тұрмыстық химия өнімдерін қолдану саласын және оларды қауіпсіз қолдану ережелерін атау;</p> <p>6.3.3.3 Қазақстандағы пайдалы қазбалардың орындарын және қолдану салаларын анықтау;</p> <p>6.3.3.4 Қазақстандағы пайдалы қазбаларды өндеудің ірі орталықтарын атау және көрсету;</p> <p>6.3.3.5 пайдалы қазбалардың өндірілуі мен өңделінуінің қоршаған ортаға әсерін сипаттау</p>
3-тоқсан		
6.3 Тірі және өлі табиғаттағы үдерістер	Өлі табиғаттағы үдерістер	<p>6.4.1.1 өлі табиғаттағы болып жатқан үдерістерді сипаттау (таудың жасалу, мүжілу үдерістері, табиғатта заттардың айналымы);</p> <p>6.4.1.2 табиғаттағы заттардың химиялық айналымын сипаттау</p>
	Тірі табиғаттағы үдерістер	<p>6.4.2.1 жасуша компоненттерін атау;</p> <p>6.4.2.2 тірі ағзаларға тән үдерістерді сипаттау;</p> <p>6.4.2.3 ағзалардың қоректену типтерін атау;</p> <p>6.4.2.4 толыққанды тамақтану рационын құру;</p> <p>6.4.2.5 ағзалардағы қоректік заттардың тасымалдануын сипаттау;</p> <p>6.4.2.6 тыныс алғанда және тыныс шығарғандағы ауа құрамындағы айырмашылықты сипаттау;</p> <p>6.4.2.7 ағзадан бөлініп шығатын өнімдерді атау</p>
	Энергия түрлері мен көздері	<p>6.5.1.1 энергия көздерін атау;</p> <p>6.5.1.2 энергияны шығарумен және оның жұтылуымен байланысты үдерістерді атау және мысалдар келтіру;</p> <p>6.5.1.3 электр энергиясының бірлігін атау;</p> <p>6.5.1.4 электр энергиясының құнын есептеу;</p> <p>6.5.1.5 энергияны алудың баламалы көздерін атау</p>

<p>6.3 Энергия және қозғалыс</p>	<p>Қозғалыс</p>	<p>6.5.2.1 қозғалыстың салыстырмалылығына мысалдар келтіру және сипаттау; 6.5.2.2 қатты денелер, сұйықтар мен газдардың қысымдарын айыра білу; 6.5.2.3 адам қаңқасының құрылысын сипаттау; 6.5.2.4 бұлшық еттің құрылысын сипаттау; 6.5.2.5 тірі ағзалар үшін қысымның мәніне мысалдар келтіру;</p>
<p>4-тоқсан</p>		
<p>6.4 Экология және тұрақты даму</p>	<p>Экожүйелер</p>	<p>6.6.1.1 экожүйе құрамдас бөліктерінің өзара байланысын сипаттау; 6.6.1.2 экожүйелердің ауысу себептерін атау; 6.6.1.3 экологиялық пирамидада энергия мен заттардың ауысуын сипаттау</p>
	<p>Тірі ағзалардың сан алуандығы</p>	<p>6.6.2.1 өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін анықтау үшін ағзалардың өзіндік ерекшеліктерін қолдану; 6.6.2.2 экожүйелердегі тірі ағзалардың алуан түрлілігін сипаттау</p>
	<p>Табиғатты қорғау</p>	<p>6.6.3.1 өз аймағындағы кейбір экологиялық мәселелердің себептерін атау; 6.6.3.2 экологиялық мәселелерді шешу жолдарын атау</p>
<p>7.1 Әлемді өзгертетін жаңалықтар</p>	<p>Әлемді өзгерткен жаңалықтар</p>	<p>6.7.1.1 әлемді өзгерткен жаңалықтардың маңызын талқылау; 6.7.1.2 жаратылыстану ғылымдарын дамытуда қазақстандық ғалымдардың үлесін талқылау</p>
	<p>Болашақ жаңалықтары</p>	<p>6.7.1.3 ғылыми зерттеулердің бағыттарының болашақтағы дамуына болжам жасау</p>

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 123 бұйрығына  
34-қосымша  
Қазақстан Республикасы білім  
және ғылым Министрінің

## **Тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "География" пәнінен жаңартылған мазмұнды үлгілік оқу бағдарламасы**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Тірек-қимыл аппараты бұзылған (бұдан әрі - ТҚАБ) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "География" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты – дүниенің географиялық бейнесін тұтас қабылдайтын, географиялық ойлау қабілеті дамыған, географияның әдістері мен тілін білетін және қолданатын, географиялық мәдениеті бар тұлға тәрбиелеу.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) дүниенің географиялық бейнесі – аумақтық табиғи-қоғамдық, антропогендік жүйелердің қасиеттері мен заңдылықтары, адам өміріндегі маңызы туралы көзқарастар жиынтығын қалыптастыру;

2) оқушылардың бойында табиғат пен қоғам арасындағы өзара байланыстарға, осы байланыстардың кеңістіктік ерекшеліктеріне ғылыми көзқарастарды қалыптастыру;

3) оқушылардың география ғылымының түсініктері мен терминдерін меңгеруіне ықпал жасау, кеңістіктік ойлау мен картографиялық дағдыларды қалыптастыру;

4) қоғамдық өндірістің, табиғатты қорғау мен табиғатты тиімді пайдаланудың ғылыми-жаратылыстану, әлеуметтік-экономикалық негіздерін ашу;

5) географиялық білімді күнделікті өмірде, өз іс-тәжірибесінде пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

4. Түзету – дамыту міндеттері:

1) еске сақтау, танымдық ақыл-ой әрекетін, логикалық ойлау мен зейінді дамыту;

2) сөз байлығын дамыту, жаңа сөздер, терминдерді орынды қолдану дағдысын қалыптастыру, психологиялық қарым-қатынас жасау қызметін дамыту;

3) ойлау әрекетін түзету, жалпы интеллектуалды дағдыларын дамыту: білу, түсіну, қолдану, салыстыру және қорытындылау;

4) коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру, өзбетінше теориялық білімге сүйене отырып, күнделікті тұрмыс-тіршілігінде алған білімдерін практикалық тұрғыда қолдану.

### **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері**

5. Тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушыларға "География" пәнін оқытуда: сараланған, құзыреттілікке, жеке тұлғаға бағытталған, түзете-дамыту тәсілдері пайдаланады.

6. Сараланған тәсіл – оқыту барысында әр оқушының жеке мүмкіндігі мен ерекшеліктерін ескеруді қажет етеді, негізделген мақсаты: жеке тұлғаны және оның мүдделерін құрметтеу идеясы. Саралау түрлері:

1) оқу материалының көлемі бойынша - оқу деңгейі төмен оқушыларға тапсырманы орындауға ұзақ уақыт беріледі. Оқу деңгейі орта және жоғары топтарға 3 немесе 4-5 деңгейлі тапсырмалар беріледі;

2) оқушыларға көмек көрсету сипаты бойынша - жеке және топтық тапсырмалар орындау барысында, үлгерімі төмен оқушыларға мұғалім тарапынан көмек көрсетіледі;

3) оқушылардың дербестік дәрежесіне қарай саралау – оқу деңгейі төмен оқушыларға негізгі білім деңгейін қалыптастыру қажет, мысалы "Білу және түсіну", "Қолдану", курсты одан әрі ілгерілету және жоғары деңгейдегі білім қалыптастыру үшін жағдай жасау, деңгейі жоғары оқушыларға: "Сараптау", "Синтез", "Бағалау" тапсырмалары бойынша білім-білік дағдысын қалыптастыру.

7. Құзыреттілікке негізделген тәсіл – практикалық бағытты едәуір арттыруға, теориялық білімді практикалық мақсаттарда қолдану қабілетін дамытуға, зерттеуді, эксперимент жасауды, АКТ-мен және басқа да білім көздерімен жұмыс істеуді талап ететін сабақта проблемалық жағдайларды жасауға мүмкіндік береді.

8. Жеке тұлғаға бағытталған тәсіл – физиологиялық, зияткерлік білім беру қажеттіліктеріне негізделген, оқытуды бағдарламалық материалдың күрделілігі әртүрлі деңгейлерге бағдарлануды, білім беру процесіне барлық қатысушылардың ынтымақтастығы үшін, әртүрлі үйлесімдерде авторитаризмге жол бермей, білім мен қабілетке оқушылар тобын таңдауды көздейді.

9. Даму-түзету тәсілі – балалардың жалпы дамуына және білім беру қызметін қалыптастыруға, қазіргі заманда тез және табысты бейімделе алатын адамды дайындауға ықпал етеді, оқушылардың оң мотивациясын дамыту үшін психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасау, сенім мен ынтымақтастық атмосферасын құру.

10. Географиядағы пәндік көрнекілік: көрсетілім, үлестірмелі оқу материалдарын көрсету, ақпараттық технологияларды қолдану, оқушылар оқу барысында іздестіру, ақпарат жинақтау, талдау, сипаттау дағдыларын қалыптастыру арқылы АКТ дағдыларын дамыту.

11. Ойынның әр түрлі белсенді тәсілдерін қолдану ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға интеллектуалдық мүмкіндіктерді табысты дамытуға, сөйлеудің бұзылуын түзетуге, сондай-ақ білім алушылардың өз идеялары мен пікірлерін білдіру үшін және қабілетін дамытуға ынталандыратын жағдайлар жасауға мүмкіндік береді.

12. Оқыту технологиялары:



- 1) денсаулық сақтау технологиялары;
- 2) тұлғалық-бағдарлы оқыту;
- 3) АКТ технологиялары;
- 4) ойын технологиялары;
- 5) түсіндірме-көрнекілік технологиялары;
- 6) топтық өзара іс-қимыл.

13. Оқушылардың денсаулыққа қатысты мүмкіндіктерінің шектеулі екенін ескере, шамадан тыс жұмыстың алдын алу мақсатында сабақ барысында минуттық денежаттығуларын өткізу қажет.

14. "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтау нормаларын бекіту туралы" ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес "География" пәніне қажетті техникалық құралдар: компьютер, проектор, интерактивті тақта, электрондық оқулықтар, географиялық карталар, оқу-бағдарламалық кешендер, тарату дидактикалық материалдар, тақырыптық кестелер, теллурий, глобустар, атластар.

### **3-тарау. "География" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

15. "География" оқу пәні бойынша оқу жүктемесі:

- 1) 7-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 2) 8-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 3) 9-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 4) 10-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

16. Негізгі мектепте оқыту ұзақтығы 1 жылға артуына байланысты, негізгі пәндер бойынша оқу материалы бөлінеді. Сондықтан 7-9 сыныптардың география курсы төрт оқу жылына созылады: 7-10 сыныптарға.

17. "География" пәні оқу бағдарламасының мазмұны оқытудың бөлімдері арқылы ұйымдастырылған. Бөлімдер сыныптар бойынша күтілетін нәтиже түрінде берілген оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

Әр бөлімшеде көрсетілген оқу мақсаттары, мұғалімге оқушыларды дамыту бойынша жұмысты жүйелі жоспарлауға, сонымен қатар олардың жетістіктерін бағалауға, оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді.

18. 7-сыныпта оқу пәнінің мазмұны 4 бөлімді қамтиды:

- 1) географиялық зерттеу әдістері;
- 2) картография және географиялық деректер базасы;
- 3) физикалық география;
- 4) әлеуметтік география

19. 8-сыныпта оқу пәнінің мазмұны 5 бөлімді қамтиды:

- 1) экономикалық география;
- 2) елтану және саяси география;

- 3) географиялық зерттеу әдістері;
- 4) картография және географиялық деректер базасы;
- 5) физикалық география

20. 9-сыныпта оқу пәнінің мазмұны 6 бөлімді қамтиды:

- 1) әлеуметтік география;
- 2) экономикалық география;
- 3) елтану және география негіздері;
- 4) географиялық зерттеу әдістері;
- 5) картография және географиялық деректер базасы;
- 6) физикалық география: литосфера, атмосфера, гидросфера, биосфера

21. 10-сыныпта оқу пәнінің мазмұны 4 бөлімді қамтиды:

- 1) физикалық география: табиғи-аумақтық кешендер;
- 2) әлеуметтік география;
- 3) экономикалық география;
- 4) елтану және география негіздері

22. "Географиялық зерттеу әдістері" бөлімі келесідей бөлімшені қамтиды:

- 1) зерттеу және зерттеушілер.

23. "Картография және географиялық деректер базасы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) географиялық карталар;
- 2) географиялық деректер базасы.

24. "Физикалық география" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) литосфера;
- 2) атмосфера;
- 3) гидросфера;
- 4) биосфера;
- 5) табиғи-аумақтық кешендер

25. "Әлеуметтік география" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) халықтар географиясы.

26. "Экономикалық география" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) табиғи ресурстар;
- 2) әлеуметтік-экономикалық ресурстар;
- 3) дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы;
- 4) дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістері мен көрсеткіштері.

27. "Елтану және саяси география негіздері" бөлімі "Дүниежүзі елдері" бөлімшесін қамтиды.

28. 7-сыныпқа арналған "География" пәннің базалық білім мазмұны:

1) географиялық зерттеу әдістері. Зерттеу және зерттеушілер. Географияны зерттеу нысандары. География ғылымының дамуы. Географиялық дерек көздері. Географиялық

тәжірибелер. Далалық зерттеу әдістері. Географияда графикалық әдістердің қолданылуы;

2) картография және географиялық деректер базасы. Географиялық карталар. Географиялық картосхемаларды қолдану. Географиялық номенклатура. Географиялық деректер базасы. Географиялық деректерді ұйымдастыру;

3) физикалық география. Литосфера. Литосфераның құрылысы мен заттық құрамы. Жердің тектоникалық құрылысы. Литосфераның тектоникалық қозғалыстары. Литосфералық катаклизмдер. Атмосфера. Атмосфера және оның құрамдас бөліктері. Ауа райы және метеорологиялық элементтер. Атмосфералық қолайсыз құбылыстар. Гидросфера. Гидросфера және оның құрамдас бөліктері. Су ресурстарының маңыздылығы. Дүниежүзілік мұхиттың географиялық жағдайы. Дүниежүзілік мұхит суларының қасиеттері. Мұхит суларының қозғалыстары. Мұхиттармен байланысты апаттар. Дүниежүзілік мұхиттың проблемалары. Биосфера. Биосфера және оның құрамдас бөліктері. Топырақ, оның құрамы мен құрылымы. Қазақстанның топырақ түрлері. Топырақтың экологиялық проблемалары. Табиғи-аумақтық кешендер. Табиғи-аумақтық кешендердің қалыптасуы. Табиғи-аумақтық кешендердің түрлері;

4) әлеуметтік география. Халық географиясы. Дүниежүзі халқының тілдік әулеттері мен топтары. Дүниежүзі халқының діни құрамы. Дүниежүзінің тарихи-мәдени аймақтары. Ұлтаралық және дінаралық келісім

29. 8-сыныпқа арналған "География" пәнінің базалық білім мазмұны:

1) экономикалық география. Табиғи ресурстар. Табиғи ресурстардың жіктелуі. Табиғи ресурстарды игерумен байланысты проблемалар. Әлеуметтік-экономикалық ресурстар. Көлік инфрақұрылымы. Әлеуметтік инфрақұрылым. Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы. Дүниежүзілік шаруашылықтың салалары: ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп;

2) елтану және саяси география негіздері. Дүниежүзі елдері. Дүниежүзі елдерінің географиялық жағдайы. Дүниежүзі елдерінің географиялық және экономикалық-географиялық жағдайы.

3) географиялық зерттеу әдістері. Зерттеу және зерттеушілер. География ғылымының салалары. Географиялық зерттеу әдістерінің түрлері. Географиялық деректерді өңдеу және талдау. Географиялық модельдер. Зерттеу нәтижелерінің ұсыну формалары;

4) картография және географиялық деректер базасы. Географиялық карталар. Тақырыптық карталар және оларды қосымша сипаттау элементтері. Тақырыптық карталарды оқу. Тақырыптық географиялық номенклатура. Географиялық деректер базасы. Географиялық деректер базасын құрастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі;

5) физикалық география. Литосфера. Жер бедерінің қалыптасу және таралу заңдылықтары. Жер бедерінің жіктелуі. Материктер мен мұхиттардың ірі

орографиялық объектілері. Тау жыныстары мен минералдардың жіктелуі. Пайдалы қазбалардың Тау жыныстары мен минералдардың қалыптасу заңдылықтарына байланысты таралуы. Тау жыныстары мен минералдардың қасиеттері. Тау жыныстарының жасын анықтау. Геологиялық жыл санау мен геохронологиялық кесте. Жер бедерінің адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсері. Атмосфера. Климат қалыптастырушы факторлар. Атмосфераның ғаламдық циркуляциясы. Климаттық белдеулер. Материктердің климаттық ерекшеліктері. Климаттың адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсері. Адам әрекетінің атмосфераға тигізетін кері әсері. Гидросфера. Құрлық суларының түрлері мен қалыптасуы. Құрлық суларының шаруашылық маңызы. Өзен аңғарының құрылысы. Өзендердің гидрологиялық режимі. Көлдер мен мұздықтар. Құрлық суларының экологиялық проблемалары. Су апаттары. Биосфера. Табиғат зоналары мен биіктік белдеулер. Материктердің табиғи зоналары. Мұхиттардың тіршілік дүниесі. Өсімдік әлемі мен жануарлар дүниесін қорғау. Табиғи-аумақтық кешендер. Географиялық қабықтың құрамы мен құрылысы. Географиялық қабықтың заңдылықтары

30. 9-сыныпқа арналған "География" пәнінің базалық білім мазмұны:

1) әлеуметтік география. Халық географиясы. Халық санағы. Ұдайы өсудің түрлері. Демографиялық көрсеткіштер мен демографиялық жағдай. Демографиялық проблемалар. Демографиялық саясат;

2) экономикалық география. Табиғи ресурстар. Табиғи ресурстарды экономикалық және экологиялық тұрғыдан бағалау. Дүниежүзі аймақтарының табиғи-ресурстық әлеуеті. Табиғи ресурстарды өңдеу технологиясы, орталықтары және дайын өнім түрлері. Әлеуметтік-экономикалық ресурстар. Экономикалық инфрақұрылымның элементтері мен функциялары. Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы. Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық құрамы: өндіруші, өңдеуші және қызмет салалары. Ауылшаруашылық, өнеркәсіп және қызмет салаларын ұйымдастыру түрлері. Ауылшаруашылық, өнеркәсіп және қызмет салаларын орналастыру факторлары. Дүниежүзілік шаруашылық салаларын сипаттау;

3) елтану және саяси география негіздері. Дүние жүзі елдері. Дүниежүзінің саяси картасы. Елдердің саяси типологиясы. Саяси картадағы сандық және сапалық өзгерістер. Дүние жүзі елдерінің саяси-географиялық жағдайы. Саяси интеграция. Қазақстанның саяси-интеграциялық үдерістердегі мүдделері, бағыттары және бастамалары;

4) географиялық зерттеу әдістері. Зерттеу және зерттеушілер. Қазақстандық географтардың зерттеулері. География ғылымы зерттеулерінің қазіргі заманғы өзекті проблемалары. Географиялық нысандар мен құбылыстарды номинациялау ерекшеліктері. Қазақтың халықтық географиялық терминдері. Зерттеу нәтижелерін ұсынудың академиялық формалары;

5) картография және географиялық деректер базасы. Географиялық карталар. Географиялық нысандарды, үдерістер мен құбылыстарды картадан көрсету тәсілдері. Географиялық номенклатура нысандарын көрсету тәсілдері. Географиялық деректер базасы. Жерді қашықтықтан зерделеу әдістері. Геоакпараттық жүйе технологияларын қолдану аясы;

6) физикалық география. Литосфера. Қазақстан аумағының геологиялық тарихы және тектоникалық құрылымы. Қазақстанның басты орографиялық нысандары. Қазақ оронимдері. Қазақстанда минералды ресурстардың таралу заңдылықтары. Минералды ресурстарды өндіру және өңдеу орталықтары. Қазақстанның минералды ресурстарына баға беру. Минералды ресурстарды игерумен байланысты проблемалар. Атмосфера. Қазақстанның климатын түзуші факторлар. Қазақстанның климаттық жағдайы. Қазақстанның климаттық ресурстары. Қазақстанда қолайсыз және қауіпті атмосфералық құбылыстар. Қазақ халқының атмосфералық және климаттық құбылыстарды номинациялау ерекшеліктері. Гидросфера. Қазақстанның ішкі суларының түрлері. Қазақ гидронимдері. Қазақстанның су ресурстарына экономикалық баға беру. Су ресурстарының экологиялық проблемалары. Қазақстанның ішкі суларының геосаяси проблемалары. Биосфера. Қазақстанның табиғат зоналары мен биіктік белдеулері. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың түрлері. Қазақстанның табиғи мұрасы. Табиғи хоронимдердің (ерекше қорғауға алынған аумақтар) мағынасы. Ноосфераның қалыптасуы. Қазақстанның ноосфераның дамуына қосқан үлесі

### 31. 10-сыныпқа арналған "География" пәннің базалық білім мазмұны:

1) физикалық география: Табиғи-аумақтық кешендер. Қазақстанның ірі физикалық-географиялық аудандары. Қазақтың табиғи хоронимдері (физикалық-географиялық аудандардың атауы). Табиғат кешендеріне әсер ететін антропогендік факторлар. Антропогендік ландшафттарды жақсарту жолдары;

2) әлеуметтік география. Халық географиясы. Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамы. Дүниежүзі халқының көші-қоны. Қазақстандағы халықтың көші-қоны. Көші-қон саясаты. Еңбек ресурстарының сандық және сапалық құрамы. Қазақстанның демографиялық жағдайы мен демографиялық саясаты. Елді мекендердің жіктелуі. Елді мекендердің функционалды зоналары. Қазақстандағы ойконимдер. Қазақстандағы елді мекендердің проблемалары. Урбандалу үдерісі. Қазақстандағы урбандалу үдерісіне баға беру;

3) экономикалық география. Табиғи ресурстар. Қазақстанның табиғи-ресурстық әлеуеті. Қазақстанда жекелеген ресурс түрлерін өңдеу технологиялары, орталықтары және дайын өнім түрлері. Табиғатты пайдалану үлгілері мен түрлері. Тұрақты даму. Қазақстанда табиғатты пайдаланумен байланысты проблемалар. Әлеуметтік-экономикалық ресурстар. Ғылыми-техникалық революция үдерісі, бағыттары. Адам әлеуеті даму индексінің көрсеткіштері. Қазақстанда адамдық капиталды дамыту. Қазақстанның индустриялы-инновациялық даму бағыттары.

Қазақстанның инновациялық инфрақұрылымы. Қазақстан аймақтары инфрақұрылымының даму деңгейі. Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы. Қазақстан шаруашылығының салалары. Қазақстанның экономикалық аудандарының шаруашылық салалары мен мамандануы. Дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістері мен көрсеткіштері. Дүниежүзілік шаруашылықтың субъектілері. Халықаралық географиялық еңбек бөлінісі. Халықаралық экономикалық қатынас түрлері. Дүниежүзілік шаруашылықтың даму көрсеткіштері. Дүниежүзілік шаруашылықтың даму модельдері мен аумақтық құрылымы. Дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістері. Қазақстанның дүниежүзілік шаруашылықта алатын орны. Қазақстанның халықаралық экономикалық интеграциядағы мүдделері мен мақсаттары, орны;

4) елтану және саяси география негіздері. Дүниежүзі елдері. Елдердің экономикалық даму деңгейі бойынша топтастырылуы. Халықаралық ұйымдардың деңгейлері мен мақсаттары. Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық, саяси-географиялық жағдайы. Қазақстандағы саяси-әкімшілік хоронимдер. Қазақстан Республикасы туралы кешенді географиялық ақпаратты ұсыну формалары

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

32. Бағдарламада оқыту мақсаттарын пайдалану ыңғайлылығы үшін кодтау енгізілді . Кодта бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар – бөлім мен бөлімшенің, төртінші сан – оқыту мақсатының реттік санын білдіреді. Мысалы, 7.2.1.4. кодында "7" - сынып, "2.1" - екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, "4" - оқыту мақсатының реттік саны

#### 33. Оқыту мақсаттары:

##### 1) "Географиялық зерттеу әдістері" бөлімі:

##### 1-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
	7.1.1.1 географияның зерттеу нысандарын анықтау; 7.1.1.2 саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымының дамуына қосқан үлесін сипаттап, баға беру; 7.1.1.3 географиялық дерек көздермен жұмыс	8.1.1.1 география ғылымының салаларға бөлінуін графикалық түрде көрсетіп түсіндіру; 8.1.1.2 география ғылымы	9.1.1.1 география ғылымының дамуына үлес қосқан қазақстандықтардың зерттеулері туралы баяндау; 9.1.1.2 география ғылымының қазіргі	

1.1 Зерттеулер және зерттеушілер	істеу: карта, сурет, мәтін, фотосуреттер, графикалық материалдар; 7.1.1.4 географиялық нысандардың қасиеттерін тәжірибелік жолмен анықтау; 7.1.1.5 географиялық далалық зерттеу әдістерін қолдану, көрсеткіштерді тіркеу жинақтау, өңдеу, талдау; 7.1.1.6 географиялық нысандардың, құбылыстардың және үдерістердің ерекшеліктерін графикалық түрде көрсете алу: сызба, диаграмма, профиль, график	салаларындағы маңызды зерттеулерді анықтау; 8.1.1.3 далалық, картографиялық, теориялық географиялық зерттеу әдістерінің мәнін түсіндіріп, қолдану; 8.1.1.4 сандық және сапалық деректер географиялық деректерді өңдеп, талдау; 8.1.1.5 зерттеу нәтижелерін түрлі формада ұсыну	заманғы өзекті зерттеу проблемаларын анықтау; 9.1.1.3 географиялық нысандар мен құбылыстарды номинациялау ерекшеліктерін анықтау; 9.1.1.4 қазақ халқының халықтық географиялық терминдерінің мағынасын түсіндіру; 9.1.1.5 зерттеу нәтижелерін түрлі академиялық формада ұсыну
----------------------------------	---	---	--

2) "Картография және географиялық деректер базасы" бөлімі:  
2-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
2.1 Географиялық карталар	7.2.1.1 тақырып бойынша картосхемалар жасау; 7.2.1.2 географиялық номенклатура нысандарын картадан көрсету	8.2.1.1 тақырыптық карталарды сипаттайтын қосымша элементтерді құрастыру: профиль, диаграмма, график, кесте; 8.2.1.2 географиялық шартты белгілер мен карталарды сипаттайтын қосымша элементтерді қолданумен тақырыптық карталарды оқу; 8.2.1.3 географиялық номенклатура	9.2.1.1 маңызды географиялық нысандарды, үдерістер мен құбылыстарды карталардан көрсету барысында сипаттау; 9.2.1.2 географиялық номенклатура	

		нысандарын кескін картадан көрсету	нысандарын картадан көрсету	
2.2 Географиялық деректер базасы	7.2.2.1 географиялық нысандарды топтастырып кесте түрінде көрсету	8.2.2.1 ақпараттық коммуникативтік технологияларды қолдана отырып, географиялық деректер базасын құрастыру	9.2.2.1 жерді қашықтықтан зерделеудің әдістерін сипаттап, маңыздылығы мен ерекшеліктерін түсіндіру; 9.2.2.2 шаруашылық пен ғылым салаларында геоақпараттық технологияларын қолданудың маңыздылығын сипаттау	

### 3) "Физикалық география" бөлімі:

#### 3-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
3.1 Литосфера	7.3.1.1 литосфераның құрылысы мен заттық құрамын анықтау; 7.3.1.2 жердің тектоникалық құрылымы мен литосфералық плиталардың орналасуын картадан көрсетеді және сипаттау; 7.3.1.3 жер қыртысының тектоникалық қозғалыстарын талдау: дрейф,	8.3.1.1 жер бедерінің қалыптасу және таралу заңдылықтарын зерттеу; 8.3.1.2 жер бедері түрлерін жіктеу 8.3.1.3 жер бедері түрлерін жоспар бойынша сипаттау; 8.3.1.4 материктер мен мұхиттарда орналасқан ұқсас орографиялық бірліктерді салыстыру; 8.3.1.5 тау жыныстары мен минералдарды түрлі белгілері бойынша жіктеу; 8.3.1.6 тау жыныстары мен минералдардың қалыптасу заңдылықтарына байланысты пайдалы қазбалардың таралуына талдау жасау;	9.3.1.1 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде Қазақстанның жер бедерінің геологиялық тарихын және тектоникалық құрылымын анықтау; 9.3.1.2 басты орографиялық нысандарды сипаттау; 9.3.1.3 қазақ оронимдерін жіктеп, мағынасын түсіндіреді және транслитерациясын үш тілде ұсыну; 9.3.1.4 Қазақстанның минералды ресурстарының	



	<p>коллизия, субдукция, спрединг; 7.3.1.4 литосфералық катаклизмдердің себеп-салдарын, таралуын түсіндіру; 7.3.1.5 литосфералық катаклизмдер барысында өзін өзі ұстау ережелерін жергілікті компонент негізінде түсіндіру</p>	<p>8.3.1.7 тау жыныстары мен минералдардың қасиеттерін анықтау; ; 8.3.1.8 геологиялық жылсанау мен геохронологиялық кестені талдап, жер қыртысының және тіршіліктің дамуындағы ірі кезеңдері мен геологиялық оқиғаларды ажырата алу; 8.3.1.9 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде жер бедерінің адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсеріне баға беру</p>	<p>таралу заңдылықтарын анықтау; 9.3.1.5 Қазақстанның минералды ресурстарын өндіру және өңдеудің басты орталықтарын картадан көрсетіп, сипаттау; 9.3.1.6 Қазақстанның минералды ресурстарына баға беру; 9.3.1.7 минералды ресурстарды игерумен байланысты проблемаларды топтастырып, шешу жолдарын ұсыну</p>	
<p>3.2 Атмосфера</p>	<p>7.3.2.1 атмосфераның құрамын сипаттау; 7.3.2.2 атмосфераның құрылысы мен қабаттарының ерекшеліктерін графикалық түрде бейнелеп, түсіндіру; 7.3.2.3 "ауа райы" ұғымын түсіндіру; 7.3.2.4 метеорологиялық элементтер мен құбылыстарды сипаттап, зерттеу маңыздылығын анықтау; 7.3.2.5 метеорологиялық элементтердің көрсеткіштерін өлшеп, метеорологиялық құрал-жабдықтарды қолданумен тіркеу;</p>	<p>8.3.2.1 климат қалыптастырушы факторларды талдау; ; 8.3.2.2 атмосфераның ғаламдық циркуляциясын талдау, түсіндіреді; 8.3.2.3 климаттық белдеулерді талдау; 8.3.2.4 әр материкте орналасқан ұқсас климаттық белдеулерді салыстыру; 8.3.2.5 жергілікті компонентті</p>	<p>9.3.2.1 Қазақстан климатын қалыптастырушы факторларды талдау; ; 9.3.2.2 Қазақстанның климаттық жағдайын талдау; 9.3.2.3 Қазақстанның</p>	

	<p>7.3.2.6 жергілікті жер мүмкіндігі бойынша температура, қысым, жел, бұлттылық, жауыншашын, ылғалдылық метеорологиялық элементтерінің көрсеткіштері бойынша синоптикалық графикалық материалдарды жасау;</p> <p>7.3.2.7 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде қолайсыз атмосфералық құбылыстарды талдай отырып, сақтану шараларын ұсыну</p>	<p>қосымша қамту негізінде климаттың адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсеріне баға беру;</p> <p>8.3.2.6 адамзат әрекетінің атмосфера мен климатқа тигізетін кері әсерін топтастырып, шешу жолдарын ұсыну</p>	<p>климаттық ресурстарын бағалау;</p> <p>9.3.2.4 Қазақстанда атмосфералық қолайсыз және қауіпті құбылыстардың қалыптасуын, таралу аумақтарын картада көрсетіп, сақтану шараларын ұсыну</p>	
<p>3.3 Гидросфера</p>	<p>7.3.3.1 гидросфера және оның құрамдас бөліктерін сипаттау;</p> <p>7.3.3.2 су ресурстарының маңыздылығын түсіндіру;</p> <p>7.3.3.3 дүниежүзілік мұхиттың құрамын, географиялық жағдайын сипаттау;</p> <p>7.3.3.4 мұхит және оның құрамдас бөліктерін жоспар бойынша сипаттау;</p> <p>7.3.3.5 мұхит суының қасиеттеріне әсер ететін факторларды анықтау;</p> <p>7.3.3.6 мұхит суының қозғалыстарын жіктеп, түсіндіру;</p> <p>7.3.3.7 мұхиттар және теңіздермен</p>	<p>8.3.3.1 құрлық суларының қалыптасу жолдарын анықтау;</p> <p>8.3.3.2 құрлық суларының негізгі түрлерінің шаруашылық маңызын түсіндіреді;</p> <p>8.3.3.3 өзен аңғарының құрылысын түсіндіру;</p> <p>8.3.3.4 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде өзендердің гидрологиялық режимін түсіндіру;</p> <p>8.3.3.5 көлдер мен мұздықтарды жоспар бойынша сипаттау;</p> <p>8.3.3.6 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде</p>	<p>9.3.3.1 Қазақстанның ішкі суларын топтастырады, көрсеткіштерін талдайды және сипаттау: өзендер мен көлдер, мұздықтар мен мәңгі тоң, жерасты сулары;</p> <p>9.3.3.2 қазақ гидронимдерін жіктеп, мағынасын түсіндіреді және транслитерациясын үш тілде ұсыну;</p> <p>9.3.3.3 Қазақстанның су ресурстарына экономикалық баға беру;</p> <p>9.3.3.4 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде су ресурстарының экологиялық</p>	

	байланысты апаттарды топтастырып, сақтану шараларын ұсыну; 7.3.3.8 Дүниежүзілік мұхит проблемаларын топтастырып, шешу жолдарын ұсыну	құрлық суларының экологиялық проблемаларын жіктеп, шешу жолдарын ұсыну; 8.3.3.7 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде су апаттарының алдын алу шараларын ұсыну	проблемаларын талдап, шешу жолдарын ұсыну; 9.3.3.5 Қазақстандағы су ресурстарының геосаяси проблемаларын жіктеп шешу жолдарын ұсыну: трансшекаралық өзендер, Каспий теңізінің мәртебесі	
3.4 Биосфера	7.3.4.1 биосфераның құрамын, құрылымын, шекаралары мен қасиеттерін анықтау; 7.3.4.2 топырақ құрамын, түрлерін анықтап, құрылымын графикалық түрде көрсету; 7.3.4.3 Қазақстанда топырақ түрлерінің таралуын анықтау; 7.3.4.4 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде топырақ ресурстарына баға беру; 7.3.4.5 топырақтардың экологиялық проблемаларын жіктеп, шешу жолдарын ұсыну	8.3.4.1 табиғат зоналары мен биіктік белдеулерінің қалыптасуын түсіндіреді; 8.3.4.2 жоспар бойынша табиғат зоналарын сипаттайды; 8.3.4.3 әр материкте орналасқан ұқсас табиғат зоналар мен биіктік белдеулерді салыстырады; 8.3.4.4 мұхиттағы тіршілік дүниесінің таралуын анықтайды; 8.3.4.5 өсімдік әлемі мен жануарлар дүниесін қорғау қажеттілігін дәлелдейді, қорғау жолдарын ұсыну	9.3.4.1 Қазақстанның табиғат зоналары мен биіктік белдеулеріне салыстырмалы талдау жасау; 9.3.4.2 қорықтар, қорықшалар, ұлттық саябақтар ерекше қорғалатын аумақтарының құрылу мақсатын түсіндіру; 9.3.4.3 Қазақстанның табиғи мұрасына баға беру; 9.3.4.4 тақырыпқа қатысты қазақтың табиғи хоронимдерін жіктеп, мағынасын түсіндіреді және транслитерациясын үш тілде ұсынады; 9.3.4.5 ноосфераның қалыптасу шарттарын зерттеу; 9.3.4.6 Қазақстанның ноосфера дамуына қосқан өзіндік үлесін бағалау	
	7.3.5.1 географиялық			10.3.5.1 Қазақстанның ірі табиғи кешендерін жоспар бойынша сипаттау; 10.3.5.2 қазақтың табиғи

3.5 Табиғи аумақтық кешендер	қабық, материктер мен мұхиттар, зоналар және белдеулер, ландшафт табиғи-аумақтық кешендерінің қалыптасуын түсіндіру; 7.3.5.2 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде түрлі деңгейдегі табиғи кешендерді жоспар бойынша сипаттау	8.3.5.1 географиялық қабықтың құрамы мен құрылысын графикалық түрде көрсетіп, түсіндіру; 8.3.5.2 географиялық қабықтың заңдылықтарының маңыздылығын түсіндіру	хоронимдерін жіктеп, мағынасын түсіндіріп, транслитерациясын үш тілде ұсыну; 10.3.5.3 жергілікті компонент негізінде антропогендік факторлардың табиғат кешендеріне әсерін зерттеу; 10.3.5.4 антропогендік ландшафттарды жақсарту жолдарын ұсыну: рекультивация, мелиорация, ландшафттық дизайн
------------------------------	---	--	--

#### 4) "Әлеуметтік география" бөлімі:

##### 4-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
	7.4.1.1 дүниежүзі халықтарының этнолингвистикалық жіктелінуін түсіндіру; 7.4.1.2 дүние жүзі халқының діни құрамы мен діндердің таралу		9.4.1.1 халық санын анықтау әдістерін түсіндіру; 9.4.1.2 дүниежүзі елдерін халықтың ұдайы өсу түрі бойынша жіктеу; 9.4.1.3 елдердің демографиялық жағдайын талдап, басты демографиялық көрсеткіштерін есептеу: халық саны, туу және өлім	10.4.1.1 Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамын анықтау; 10.4.1.2 дүниежүзі халқы миграцияларының басты бағыттарын, себепсалдарын түсіндіру; 10.4.1.3 Қазақстандағы көші-қон үдерістерді талдап, басты бағыттарын анықтау; 10.4.1.4 көші-қон саясатының өзіндік үлгісін ұсыну; 10.4.1.5 қазақстандық көрсеткіштерді басқа елдердің көрсеткіштерімен салыстыру негізінде еңбек ресурстарының

4.1 Халық географиясы	аймақтарын анықтау; 7.4.1.3 халықтың этникалық және діни құрамына байланысты дүниежүзінің тарихи-мәдени/ өркениеттік аймақтарының қалыптасуын түсіндіруі; 7.4.1.4 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде ұлтаралық және дінаралық келісімнің қажеттілігін дәлелдеу және қалыптастыру жолдарын ұсыну		коэффициенттері, табиғи және механикалық өсім, жалпы өсім, жасжыныстық көрсеткіштер, ұлттық және діни құрам; 9.4.1.4 елдердің демографиялық көрсеткіштерін графикалық түрде ұсынып, түсіндіру; 9.4.1.5 дүниежүзі елдерін демографиялық проблемалары бойынша жіктеу; 9.4.1.6 " демографиялық саясат" ұғымын түсіндіре отырып дүниежүзінің жекелеген елдеріне қатысты демографиялық саясаттың өзіндік моделін ұсыну	сандық, сапалық құрамына баға беру; 10.4.1.6 Қазақстанның демографиялық жағдайын талдап, демографиялық саясаттың өзіндік моделін ұсыну; 10.4.1.7 Қазақстандағы елді мекендерді жіктеу; 10.4.1.8 елді мекендердің түрлері мен функционалды зоналарын сипаттау ; 10.4.1.9 Қазақстандағы ойконимдерді жіктеп, мағынасын түсіндіреді және транслитерациясын үш тілде ұсыну; 10.4.1.10 Қазақстанның елді мекендері проблемаларын жіктеп, шешу жолдарын ұсыну; 10.4.1.11 урбандалу үдерісінің себеп салдарын түсіндіру арқылы байланысты проблемалардың шешу жолдарын ұсыну; 10.4.1.12 Қазақстандағы урбандалу үдерісіне баға беру.
-----------------------	---	--	--	--

5) "Экономикалық география" бөлімі:

5-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
		8.5.1.1 табиғи ресурстарды жіктеу;	9.5.1.1 табиғи ресурстарды	10.5.1.1 Қазақстанның табиғи- ресурстық әлеуетін бағалау; 10.5.1.2 Қазақстанда жекелеген табиғи ресурстарды өңдеу

<p>5.1 Табиғи ресурстар</p>		<p>8.5.1.2 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде табиғи ресурстардың таралу заңдылықтарын талдау; 8.5.1.3 табиғи ресурстардың шоғырлануын картада көрсету; 8.5.1.4 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде табиғи ресурстарды игерумен байланысты проблемаларды талдап, шешу жолдарын ұсыну</p>	<p>экономикалық және экологиялық тұрғыдан бағалау; 9.5.1.2 дүниежүзінің жекелеген аймақтарының табиғи ресурстық әлеуетін бағалау; 9.5.1.3 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде жекелеген табиғи ресурстарды өңдеу технологиясын сипаттай отырып, орталықтары мен дайын өнім түрлерін атау</p>	<p>технологиясын сипаттап, орталықтары мен дайын өнім түрлерін атау; 10.5.1.3 табиғатты пайдалану үлгілері мен түрлерін топтастыру; 10.5.1.4 тұрақты дамудың белгілері мен бағыттарын сипаттау; 10.5.1.5 Қазақстанда табиғатты пайдалану проблемаларын анықтап, шешу жолдарын ұсыну; 10.5.1.6 жергілікті компонент негізінде табиғатты пайдалануға байланысты зерттеу жүргізу</p>
<p>5.2 Өлеуметтік-экономикалық ресурстар</p>		<p>8.5.2.1 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде көлік инфрақұрылым элементтерін сипаттап, маңыздылығына баға беру; 8.5.2.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде өлеуметтік инфрақұрылымының элементтерін</p>	<p>9.5.2.1 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде экономикалық инфрақұрылымның элементтерін сипаттап, маңыздылығына баға беру</p>	<p>10.5.2.1 ғылыми-техникалық революция үдерісін, даму бағыттарын талдау; 10.5.2.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде адам әлеуетінің даму индексі көрсеткіштерін анықтап, елдерді салыстыру; 10.5.2.3 Қазақстанда адам капиталының әлеуетін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу; 10.5.2.4 Қазақстанның индустриялық-инновациялық даму бағыттарын анықтап, болжам жасау;</p>

		сипаттап, маңыздылығына баға беру		10.5.2.5 Қазақстанның инновациялық инфрақұрылымының жағдайын талдап, дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу; 10.5.2.6 Қазақстан аймақтарының инфрақұрылымын талдап, проблемаларды шешу жолдарын ұсыну
5.3 Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы		8.5.3.1 ауыл шаруашылық, өнеркәсіп шаруашылық салаларын жіктеу арқылы маңыздылығын түсіндіру	9.5.3.1 өндіруші және өңдеуші, қызмет саласы шаруашылық түрлерін жіктеу; 9.5.3.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде ауылшаруашылық және өнеркәсіп өндірісін, қызмет саласын ұйымдастыру түрлерін сипаттау; 9.5.3.3 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде ауыл шаруашылық және өнеркәсіп өндірісін, қызмет саласын орналастыру факторларын талдау ; 9.5.3.4 дүниежүзі шаруашылығы салаларын жоспар бойынша сипаттау	10.5.3.1 Қазақстан шаруашылығы салаларын жоспар бойынша сипаттау; 10.5.3.2 Қазақстанның экономикалық аудандарының шаруашылық салаларын анықтап, мамандануын түсіндіру
				10.5.4.1 дүниежүзілік шаруашылықтың субъектілерін сипаттау; 10.5.4.2 халықаралық географиялық еңбек бөлінісінің мәнін анықтау;

<p>5.4 Дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістері мен көрсеткіштері</p>			<p>10.5.4.3 халықаралық экономикалық қатынас түрлерін жіктеп, сипаттау; 10.5.4.4 дүниежүзілік шаруашылықтың даму көрсеткіштерін сипаттау: жалпы ішкі өнім, жалпы ұлттық өні оның ішінде жан басына шаққанда; 10.5.4.5 дүниежүзілік шаруашылықтың модельдері мен аумақтық құрылымын талдау; 10.5.4.6 дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістерін талдау; 10.5.4.7 Қазақстанның дүниежүзілік шаруашылықтағы орнын анықтау; 10.5.4.8 Қазақстанның халықаралық экономикалық интеграциядағы мүдделері мен мақсаттарын, орнын анықтау</p>
--	--	--	--

6) "Елтану және саяси география негіздері" бөлімі:

6-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
		<p>8.6.1.1 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдерді географиялық орнына байланысты топтастыру; 8.6.1.2 қазақстандық компонентті</p>		<p>10.6.1.1 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдерді</p>



6.1 Дүние жүзі елдері	қосымша қамту негізінде елдердің географиялық орнын жоспар бойынша сипаттау; 8.6.1.3 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдерді экономикалық-географиялық орнына байланысты топтастыру; 8.6.1.4 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің экономикалық географиялық жағдайын жоспар бойынша сипаттау; 8.6.1.5 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің экономикалық-географиялық жағдайына баға беру; 8.6.1.6 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің экономикалық географиялық жағдайын жақсарту жөнінде ұсыныс жасау	9.6.1.1 саяси картаның басты нысандарын сипаттау; 9.6.1.2 елдерді басқару формасы және мемлекеттік құрылымы бойынша топтастыру; 9.6.1.3 саяси картаның сандық және сапалық өзгерістерін талдау; 9.6.1.4 елдердің саяси-географиялық жағдайына баға беру; 9.6.1.5 саяси интеграцияның қажеттілігі мен мақсаттарын түсіндіру; 9.6.1.6 Қазақстанның саяси интеграциядағы мүдделері мен мақсаттарын талдау	экономикалық даму деңгейі бойынша топтастыру; 10.6.1.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде халықаралық ұйымдарды деңгейі және мақсаты бойынша топтастыру; 10.6.1.3 Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық, саяси-географиялық жағдайына кешенді баға беру; 10.6.1.4 Қазақстандағы саяси-әкімшілік хоронимдерді жіктеп, мағынасын түсіндіреді және транслитерациясын үш тілде ұсыну; 10.6.1.5 Қазақстан Республикасы туралы кешенді географиялық ақпаратты түрлі мақсатты аудиториялар үшін дайындау
-----------------------	---	--	--

34. Бағдарлама тірек – қимыл аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "География" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

35. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін

"География" пәнінен  
жаңартылған мазмұндағы  
Үлгілік оқу бағдарламасына  
қосымша

**Тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10-сыныптары үшін "География" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспары**

1) 7-сынып

1-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1. Бөлім - Географияны зерттеу тәсілдері		
1.1 Зерттеу және зерттеушілер	Географияны зерттеу нысандары	7.1.1.1 географияның зерттеу нысандарын анықтау
	География ғылымының дамуы	7.1.1.2 саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымының дамуына қосқан үлесін сипаттап, баға беру
	Географиялық дерек көздері	7.1.1.3 географиялық дереккөздермен жұмыс істеу: карта, сурет, мәтін, фотосуреттер, графикалық материалдар
	Географиялық тәжірибелер.	7.1.1.4 географиялық нысандардың қасиеттерін тәжірибелік жолмен анықтау
	Далалық зерттеулер әдістері	7.1.1.5 географиялық далалық зерттеу әдістерін колданады, көрсеткіштерді тіркеу, жинақтау, өңдеу, талдау
	Географияда графикалық әдістердің қолданылуы	7.1.1.6 географиялық нысандардың, құбылыстардың және үдерістердің ерекшеліктерін графикалық түрде көрсете алу: диаграмма, профиль, график
2. Бөлім - Картография және географиялық деректер базасы		
2.1 География-лық карталар	Географиялық картосхемаларды қолдану	7.2.1.1 тақырып бойынша картосхемаларды жасау
	Географиялық номенклатура	7.2.1.2 географиялық номенклатура нысандарын картадан көрсету
2.2. География-лық деректер базасы	Географиялық деректерді ұйымдастыру	7.2.2.1 географиялық нысандарды топтастырып кесте түрінде көрсету
2 тоқсан		
3. Бөлім - Физикалық география		

3.1 Литосфера	Литосфераның құрылысы мен заттық құрамы	7.3.1.1 литосфераның құрылысы мен заттық құрамын анықтау
	Жердің тектоникалық құрылысы	7.3.1.2 Жердің тектоникалық құрылымы мен литосфералық плиталардың орналасуын картадан көрсетеді және сипаттау
	Литосфераның тектоникалық қозғалыстары	7.3.1.3 Жер қыртысының тектоникалық қозғалыстарын талдау: дрейф, коллизия, субдукция, спрединг
	Литосфералық катаклизмдер	7.3.1.4 литосфералық катаклизмдердің себеп-салдарын, таралуын түсіндіру; 7.3.1.5 жергілікті компонент негізінде литосфералық катаклизмдер барысында өзін өзі ұстау ережелерін түсіндіру
3. Бөлім - Физикалық география		
3.2 Атмосфера	Атмосфера және оның құрамдас бөліктері	7.3.2.1 атмосфераның құрамын сипаттау; 7.3.2.2 атмосфераның құрылысы мен қабаттарының ерекшеліктерін графикалық түрде бейнелеп, түсіндіру
	Ауа райы және метеорологиялық элементтер	7.3.2.3 "ауа райы" ұғымын түсіндіру; 7.3.2.4 метеорологиялық элементтер мен құбылыстарды сипаттап, зерттеу маңыздылығын анықтау; 7.3.2.5 метеорологиялық элементтердің көрсеткіштерін өлшеп, метеорологиялық құрал-жабдықтарды қолданумен тіркеу; 7.3.2.6 жергілікті жер мүмкіндігі бойынша температура, қысым, жел, бұлттылық, жауын-шашын, ылғалдылық метеорологиялық элементтерінің көрсеткіштері бойынша синоптикалық графикалық материалдарды жасау
	Қолайсыз атмосфералық құбылыстар	7.3.2.7 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде қолайсыз атмосфералық құбылыстарды талдай отырып, сақтану шараларын ұсыну
3 тоқсан		
3. Бөлім - Физикалық география		
	Гидросфера және оның құрамдас бөлігі	7.3.3.1 гидросфера және оның құрамдас бөліктерін сипаттау

3.3 Гидросфера	Су ресурстарының маңыздылығы	7.3.3.2 су ресурстарының маңыздылығын түсіндіру
	Дүниежүзілік мұхиттың географиялық жағдайы	7.3.3.3 Дүниежүзілік мұхиттың құрамын, географиялық жағдайын сипаттау; 7.3.3.4 мұхит және оның құрамдас бөліктерін жоспар бойынша сипаттау
	Дүниежүзілік мұхит суларының қасиеттері	7.3.3.5 мұхит суының қасиеттеріне әсер ететін факторларды анықтау
	Мұхит суларының қозғалыстары	7.3.3.6 мұхит суының қозғалыстарын жіктеп, түсіндіру
	Мұхиттармен байланысты апаттар	7.3.3.7 мұхитар мен теңіздермен байланысты апаттарды топтастырып, сақтану шараларын ұсыну
	Дүниежүзілік мұхиттың проблемалары	7.3.3.8 Дүниежүзілік мұхит проблемаларын топтастырып, шешу жолдарын ұсыну
3. Бөлім - Физикалық география		
3.4 Биосфера	Биосфера және оның құрамдас бөліктері	7.3.4.1 биосфераның құрамын, құрылымын, шекаралары мен қасиеттерін анықтау
	Топырақ және оның құрамы мен құрылымы	7.3.4.2 топырақ құрамын, түрлерін анықтап, құрылымын графикалық түрде көрсету
	Қазақстанның топырақ түрлері	7.3.4.3 Қазақстанда топырақ түрлерінің таралуын анықтау; 7.3.4.4 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде топырақ ресурстарына баға беру
	Топырақтың экологиялық проблемалары	7.3.4.5 топырақтардың экологиялық проблемаларын жіктеп, шешу жолдарын ұсыну
3. Бөлім - Физикалық география		
3.5 Табиғи-аумақтық кешендер	Табиғи-аумақтық кешендердің қалыптасуы	7.3.5.1 географиялық қабық, мұхиттар және материктер, зоналар және белдеулер, ландшафтар табиғи-аумақтық кешендерінің қалыптасуын түсіндіру
	Табиғи-аумақтық кешендердің түрлері	7.3.5.2 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде түрлі деңгейдегі табиғи кешендерді жоспар бойынша сипаттау
4 тоқсан		
4. Бөлім - Әлеуметтік география		

4.1 Халық географиясы	Дүниежүзі халқының тілдік әулеттері мен топтары	7.4.1.1 дүниежүзі халқытарының этнолингвистикалық жіктелінуін түсіндіру
	Дүниежүзі халқының діни құрамы	7.4.1.2 дүние жүзі халқының діни құрамы мен діндердің таралу аймақтарын анықтау
	Дүниежүзінің тарихи-мәдени аймақтары	7.4.1.3 халықтың этникалық және діни құрамына байланысты дүниежүзінің тарихи-мәдени/ өркениеттік аймақтарының қалыптасуын түсіндіру
	Ұлтаралық және дінаралық келісім	7.4.1.4 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде ұлтаралық және дінаралық келісімнің қажеттілігін дәлелдейді және қалыптастыру жолдарын ұсыну

## 2) 8-сынып

### 2 кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	О қыту мақсаттары
1-тоқсан		
5. Бөлім - Экономикалық география		
5.1 Табиғи ресурстар	Табиғи ресурстардың жіктелуі	8.5.1.1 табиғи ресурстарды жіктеу; 8.5.1.2 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде табиғи ресурстардың таралу заңдылықтарын талдау; 8.5.1.3 табиғи ресурстардың шоғырлануын картада көрсету
	Табиғи ресурстарды игерумен байланысты проблемалар	8.5.1.4 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде табиғи ресурстарды игерумен байланысты проблемаларды талдап, шешу жолдарын ұсыну

5.2 Әлеуметтік-экономика-лық ресурстар	Көлік инфрақұрылымы	8.5.2.1 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде көлік инфрақұрылым ы н ы ң элементтерін сипаттап, маңыздылығына баға беру
	Әлеуметтік инфрақұрылым	8.5.2.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде әлеуметтік инфрақұрылым элементтерін сипаттап, маңыздылығына баға беру
5.3 Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы	Дүниежүзілік шаруашылықтың салалары: ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп	8.5.3.1 ауыл шаруашылық, өнеркәсіп шаруашылық салаларын жіктеу арқылы маңыздылығын түсіндіру
6. Бөлім - Елтану және саяси география негіздері		
	Дүниежүзі елдерінің географиялық жағдайы	8.6.1.1 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдерді географиялық орнына байланысты топтастыру;
		8.6.1.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің географиялық орнын жоспар бойынша сипаттау
		8.6.1.3 қазақстандық компонентті

6.1 Дүние жүзі елдері	Елдердің экономикалық географиялық жағдайы	<p>қосымша қамту негізінде елдерді экономикалық-географиялық орнына байланысты топтастыру;</p> <p>8.6.1.4 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің экономикалық-географиялық жағдайын жоспар бойынша сипаттау;</p> <p>8.6.1.5 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің экономикалық-географиялық жағдайына баға беру;</p> <p>8.6.1.6 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің географиялық, экономикалық-географиялық жағдайын жақсарту жөнінде ұсыныс жасау</p>
-----------------------	--	---

2-тоқсан

1. Бөлім - Географиялық зерттеу әдістері

	География ғылымының салалары	<p>8.1.1.1 география ғылымының салаларға бөлінуін графикалық түрде көрсетіп түсіндіру;</p> <p>8.1.1.2 география ғылымы салаларындағы маңызды зерттеулерді анықтау</p>
	Географиялық зерттеу әдістерінің түрлері	8.1.1.3 далалық, картографиялық, теориялық географиялық зерттеу

1.1 Зерттеу және зерттеушілер		әдістерінің мәнін түсіндіріп, қолдану
	Географиялық деректерді өңдеу және талдау	8.1.1.4 сандық және сапалық географиялық деректерді өңдеп, талдау
	Географиялық модельдер	8.1.1.5 географиялық нысандардың, құбылыстардың және үдерістердің модельдерін түрлі материалдардан немесе түрлі техникаларда жасау арқылы ерекшеліктері мен қасиеттерін түсіндіру
	Зерттеу нәтижелерінің ұсыну формалары	8.1.1.6 зерттеу нәтижелерін түрлі формада ұсыну
2. Бөлім - Картография және географиялық деректер базасы		
2 . 1 Географиялық карталар	Тақырыптық карталар және оларды қосымша сипаттайтын элементтер	8.2.1.1 тақырыптық карталарды сипаттайтын қосымша элементтерді құрастыру: профиль, диаграмма, график, кесте
	Тақырыптық карталарды оқу	8.2.1.2 географиялық шартты белгілер мен карталарды сипаттайтын қосымша элементтерді қолдана отырып, тақырыптық карталарды оқу
		8.2.1.3 географиялық номенклатура нысандарын кескін картадан көрсету
2 . 2 Географиялық деректер базасы	Географиялық деректер базасын құрастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі	8 . 2 . 2 . 1 ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдана отырып, географиялық деректер базасын құрастыру
3-тоқсан		
3.Бөлім - Физикалық география		
	Жер бедерінің қалыптасу және таралу заңдылықтары	8.3.1.1 жер бедерінің қалыптасу және таралу заңдылықтарын зерттеу
	Жер бедерінің жіктелуі	8.3.1.2 жер бедері түрлерін жіктеу; 8.3.1.3 жер бедері түрлерін жоспар бойынша сипаттау
	Материктер мен мұхиттардың ірі орографиялық объектілері	8.3.1.4 материктер мен мұхиттарда орналасқан ұқсас орографиялық бірліктерді салыстыру
	Тау жыныстары мен минералдардың жіктелуі.	8.3.1.5 тау жыныстары мен минералдарды түрлі белгілері бойынша жіктеу
		8.3.1.6 тау жыныстары мен минералдардың қалыптасу



3.1 Литосфера	Тау жыныстары мен минералдардың қалыптасу заңдылықтарына байланысты пайдалы қазбалардың таралуы	заңдылықтарына байланысты пайдалы қазбалардың таралуына талдау жасау
	Тау жыныстары мен минералдардың қасиеттері	8.3.1.7 тау жыныстары мен минералдардың қасиеттерін анықтау
	Тау жыныстарының жасын анықтау	8.3.1.8 тау жыныстарының жасын анықтау әдістерін түсіндіру
	Геологиялық жыл санау мен геохронологиялық кесте	8.3.1.9 - геологиялық жыл санау мен геохронологиялық кестені талдап, жер қыртысының және тіршіліктің дамуындағы ірі кезеңдері мен геологиялық оқиғаларды ажырата алу
	Жер бедерінің адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсері	8.3.1.10 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде жер бедерінің адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсеріне баға беру
3.Бөлім - Физикалық география		
3.2 Атмосфера	Климат түзуші факторлар	8.3.2.1 климат түзуші факторларды талдау
	Атмосфераның ғаламдық циркуляциясы	8.3.2.2 атмосфераның ғаламдық циркуляциясын талдап, түсіндіру
	Климаттық белдеулер	8.3.2.3 климаттық белдеулерді талдау
	Материктердің климаттық ерекшеліктері	8.3.2.4 әр материкте орналасқан ұқсас климаттық белдеулерді салыстыру
	Климаттың адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсері.	8.3.2.5 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде климаттың адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсеріне баға беру
	Адамзат әрекетінің атмосфераға тигізетін кері әсері	8.3.2.6 адамзат әрекетінің атмосфера мен климатқа тигізетін кері әсерін топтастырып, шешу жолдарын ұсыну
3. Бөлім - Физикалық география		
	Құрлық суларының түрлері мен қалыптасуы	8.3.3.1 құрлық суларының қалыптасу жолдарын анықтау
	Құрлық суларының шаруашылық маңыздылығы	8.3.3.2 құрлық суларының негізгі түрлерінің шаруашылық маңызын түсіндіру
	Өзен аңғарының құрылысы	8.3.3.3 өзен аңғарының құрылысын түсіндіру
		8.3.3.4 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде

3.3 Гидросфера	Өзендердің гидрологиялық режимі	өзендердің гидрологиялық режимін түсіндіру
	Көлдер мен мұздықтар	8.3.3.5 көлдер мен мұздықтарды жоспар бойынша сипаттау
	Құрлық суларының экологиялық проблемалары.	8.3.3.6 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде құрлық суларының экологиялық проблемаларын жіктеп, шешу жолдарын ұсыну
	Су апаттары	8.3.3.7 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде су апаттарының алдын алу шараларын ұсыну

4 тоқсан

### 3. Бөлім - Физикалық география

3.4 Биосфера	Табиғат зоналары мен биіктік белдеулер	8.3.4.1 табиғат зоналары мен биіктік белдеулерінің қалыптасуын түсіндіру
	Материктердің табиғи зоналары	8.3.4.2 табиғат зоналарын жоспар бойынша сипаттау; 8.3.4.3 әр материкте орналасқан ұқсас табиғат зоналар мен биіктік белдеулерді салыстыру
	Мұхиттарда тіршілік дүниесі	8.3.4.4 мұхиттағы тіршілік дүниесінің таралуын анықтау
	Өсімдік әлемі мен жануарлар дүниесін қорғау	8.3.4.5 өсімдік әлемі мен жануарлар дүниесін қорғау қажеттілігін дәлелдейді, қорғау жолдарын ұсыну

### 3. Бөлім - Физикалық география

3 . 5 Табиғи-аумақтық кешендер	Географиялық қабықтың құрамы мен құрылысы.	8.3.5.1 географиялық қабықтың құрамы мен құрылысын графикалық түрде көрсетіп, түсіндіру
	Географиялық қабықтың заңдылықтары	8.3.5.2 географиялық қабық заңдылықтарының маңыздылығын түсіндіру

## 3) 9-сынып

### 3 кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
4. Бөлім - Әлеуметтік география		
	Халық санағы	9.4.1.1 халық санының анықтау әдістерін түсіндіру
	Ұдайы өсудің түрлері	9.4.1.2 дүниежүзі елдерін халықтың ұдайы өсу түрі бойынша жіктеу

4.1 Халық географиясы	Демографиялық көрсеткіштер мен демографиялық жағдай	9.4.1.3 елдердің демографиялық жағдайын талдап, демографиялық көрсеткіштерін есептеу: халық саны, туу және өлім коэффициенттері, табиғи және механикалық өсім, жалпы өсім, жас-жыныстық көрсеткіштер, ұлттық және діни құрам; 9.4.1.4 елдердің демографиялық көрсеткіштерін графикалық түрде ұсынып, түсіндіреді
	Демографиялық проблемалар	9.4.1.5 дүниежүзі елдерін демографиялық проблемалары бойынша жіктеу
	Демографиялық саясат	9.4.1.6 "демографиялық саясат" ұғымын түсіндіре отырып жекелеген дүниежүзі елдеріне қатысты демографиялық саясаттың өзіндік моделін ұсыну
5. Бөлім - Экономикалық география		
5.1 Табиғи ресурстар	Табиғи ресурстарды экономикалық және экологиялық тұрғыдан бағалау	9.5.1.1 табиғи ресурстарды экономикалық және экологиялық тұрғыдан бағалау
	Дүниежүзі аймақтарының табиғи-ресурстық потенциалы	9.5.1.2 жекелеген дүниежүзі аймақтарының табиғи-ресурстық әлеуетін бағалау
	Табиғи ресурстарды өңдеу технологиясы, орталықтары және дайын өнім түрлері	9.5.1.3 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде жекелеген табиғи ресурстарды өңдеу технологиясын сипаттай отырып, орталықтары мен дайын өнім түрлерін атау
5. Бөлім - Экономикалық география		
5.2 Әлеуметтік-экономикалық ресурстар	Экономикалық инфрақұрылымның элементтері мен функциялары	9.5.2.1 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде экономикалық инфрақұрылымның элементтерін сипаттап, маңыздылығына баға беру
5.3 Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы	Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық құрамы: өндіруші және өңдеуші және қызмет салалары	9.5.3.1 өндіруші және өңдеуші, қызмет саласы шаруашылық түрлерін жіктеу
	Ауылшаруашылық, өнеркәсіп және қызмет салаларын ұйымдастыру түрлері	9.5.3.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде ауылшаруашылық және өнеркәсіп өндірісін, қызмет саласын ұйымдастыру түрлерін сипаттау
	Ауылшаруашылық, өнеркәсіп және қызмет салаларын орналастыру факторлары	9.5.3.3 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде ауыл шаруашылық және өнеркәсіп өндірісін, қызмет саласын орналастыру факторларын талдау

	Дүниежүзілік шаруашылық салаларын сипаттау	9.5.3.4 дүниежүзі шаруашылығы салаларын жоспар бойынша сипаттау
2 тоқсан		
6. Бөлім - Елтану және саяси география негіздері		
6.1 Дүние жүзі елдері	Дүниежүзінің саяси картасы	9.6.1.1 саяси картаның басты нысандарын сипаттау
	Елдердің саяси типологиясы	9.6.1.2 елдерді басқару формасы және мемлекеттік құрылымы бойынша топтастыру
	Саяси картадағы сандық және сапалық өзгерістер	9.6.1.3 саяси картаның сандық және сапалық өзгерістерін талдау
	Елдердің саяси-географиялық жағдайы	9.6.1.4 елдердің саяси-географиялық жағдайына баға беру
	Саяси интеграция. Қазақстанның саяси-интеграциялық үдерістердегі мүдделері, бағыттары және бастамалары	9.6.1.5 саяси интеграцияның қажеттілігі мен мақсаттарын түсіндіру; 9.6.1.6 Қазақстанның саяси интеграциядағы мүдделері мен мақсаттарын талдау
1. Бөлім - Географиялық зерттеу әдістері		
1.1 Зерттеу және зерттеушілер	Қазақстандық географтардың зерттеулері	9.1.1.1 география ғылымының дамуына үлес қосқан қазақстандықтардың зерттеулері туралы баяндау
	География ғылымының қазіргі заманғы өзекті зерттеу проблемалары	9.1.1.2 география ғылымының қазіргі заманғы өзекті проблемаларын анықтау
	Географиялық нысандар мен құбылыстарды номинациялау ерекшеліктері	9.1.1.3 географиялық нысандар мен құбылыстарды номинациялау ерекшеліктерін анықтау
	Қазақтың халықтық географиялық терминдері	9.1.1.4 қазақ халқының халықтық географиялық терминдерінің мағынасын түсіндіру
	Зерттеу нәтижелерін ұсынудың академиялық формалары	9.1.1.5 зерттеу нәтижелерін түрлі академиялық формада ұсыну
2. Картография және географиялық деректер базасы		
2.1 Географиялық карталар	Географиялық нысандарды, үдерістер мен құбылыстарды картадан көрсету тәсілдері	9.2.1.1 маңызды географиялық нысандарды, үдерістер мен құбылыстарды карталардан көрсету барысында сипаттау
	Географиялық номенклатура нысандарын көрсету тәсілдері	9.2.1.2 географиялық номенклатура нысандарын картадан көрсету
2.2	Жерді қашықтықтан зерделеу әдістері	9.2.2.1 Жерді қашықтықтан зерделудің әдістерін сипаттап, маңыздылығы мен ерекшеліктерін түсіндіру

Географиялық деректер базасы	Геоақпараттық жүйелер технологияларын қолдану аясы	9.2.2.2 шаруашылық пен ғылым салаларында геоақпарат технологияларын қолдану маңыздылығын сипаттау
3-тоқсан		
3. Бөлім - Физикалық география		
3.1 Литосфера	Қазақстан аумағының геологиялық тарихы және тектоникалық құрылымы	9.3.1.1 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде Қазақстанның жер бедерінің геологиялық тарихын және тектоникалық құрылымын анықтау
	Қазақстанның басты орографиялық нысандары	9.3.1.2 басты орографиялық нысандарды сипаттау
	Қазақ оронимдері	9.3.1.3 қазақ оронимдерін жіктеп, мағынасын түсіндіреді және транслитерациясын үш тілде ұсыну
	Қазақстанда минералды ресурстардың таралу заңдылықтары	9.3.1.4 Қазақстанның минералды ресурстарының таралу заңдылықтарын анықтау
	Минералды ресурстарды өндіру және өңдеу орталықтары	9.3.1.5 Қазақстанның минералды ресурстарын өндіру және өңдеудің басты орталықтарын картадан көрсетіп, сипаттау
	Қазақстанның минералды ресурстарына баға беру	9.3.1.6 Қазақстанның минералды ресурстарына баға беру
	Минералды ресурстарды игерумен байланысты проблемалар	9.3.1.7 минералды ресурстарды игерумен байланысты проблемаларды топтастырып, шешу жолдарын ұсыну
3. Бөлім - Физикалық география		
3.2	Қазақстанның климатын түзуші факторлар	9.3.2.1 Қазақстан климатын түзуші факторларды талдау
	Қазақстанның климаттық жағдайы	9.3.2.2 Қазақстанның климаттық жағдайын талдау
	Қазақстанның климаттық ресурстары	9.3.2.3 Қазақстанның климаттық ресурстарын бағалау
	Қазақстанда қолайсыз және қауіпті атмосфералық құбылыстар	9.3.2.4 Қазақстанда атмосфералық қолайсыз және қауіпті құбылыстардың қалыптасуын, таралу аумақтарын картада көрсетіп, сақтану шараларын ұсыну
	Қазақ халқының атмосфералық және климаттық құбылыстарды номинациялау ерекшеліктері	9.3.2.5 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде қазақ халқының атмосфералық және климаттық құбылыстарды

Атмосфера		номинациялау ерекшеліктерін анықтау
4-тоқсан		
3. Бөлім - Физикалық география		
3.3 Гидросфера	Қазақстанның ішкі суларының түрлері	9.3.3.1 Қазақстанның ішкі суларын топтастыру, көрсеткіштерін талдау және сипаттау: өзендер мен көлдер, мұздықтар мен мәңгі тоң, жерасты сулары
	Қазақ гидронимдері	9.3.3.2 қазақ гидронимдерін жіктеп, мағынасын түсіндіреді және транслитерациясын үш тілде ұсыну
	Қазақстанның су ресурстарына экономикалық баға беру	9.3.3.3 Қазақстанның су ресурстарына экономикалық баға беру
	Су ресурстарының экологиялық проблемалары	9.3.3.4 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде су ресурстарының экологиялық проблемаларын талдап, шешу жолдарын ұсыну
	Қазақстанның ішкі суларының геосаяси проблемалары	9.3.3.5 Қазақстандағы су ресурстарының геосаяси проблемаларын жіктеп шешу жолдарын ұсыну: трансшекаралық өзендер, Каспий теңізінің мәртебесі
3. Бөлім - Физикалық география		
3.4 Биосфера	Қазақстанның табиғат зоналары мен биіктік белдеулері	9.3.4.1 Қазақстанның табиғат зоналары мен биіктік белдеулеріне салыстырмалы талдау жасау
	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың түрлері	9.3.4.2 қорықтар, қорықшалар, ұлттық саябақтар ерекше қорғалатын аумақтарының құрылу мақсатын түсіндіру
	Қазақстанның табиғи мұрасы	9.3.4.3 Қазақстанның табиғи мұрасына баға беру
	Табиғи хоронимдердің (ерекше қорғауға алынған аумақтар) мағынасы	9.3.4.4 тақырыпқа қатысты қазақтың табиғи хоронимдерін жіктеп, мағынасын түсіндіреді және транслитерациясын үш тілде ұсыну
	Ноосфераның қалыптасуы	9.3.4.5 ноосфераның қалыптасу шарттарын зерттеу
	Қазақстанның ноосфераның дамуына қосқан үлесі.	9.3.4.6 Қазақстанның ноосфера дамуына қосқан өзіндік үлесін бағалау

#### 4-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
3. Бөлім – Физикалық география		
3.5 Табиғи-аумақтық кешендер	Қазақстанның ірі физикалық-географиялық аудандары	10.3.5.1 Қазақстанның ірі табиғи кешендерін анықтау; 10.3.5.2 Қазақстанның ірі жазықтық аймақтарын жоспар бойынша сипаттау; 10.3.5.3 Қазақстанның аласа таулы аймақтарын жоспар бойынша сипаттау; 10.3.5.4 Қазақстанның биік таулы аймақтарын жоспар бойынша сипаттау
	Қазақтың табиғи хоронимдері ( физикалық-географиялық аудандардың атауы)	10.3.5.5 қазақтың табиғи хоронимдерін жіктеп, мағынасын түсіндіріп, транслитерациясын үш тілде ұсыну
	Табиғат кешендеріне әсер ететін антропогендік факторлар	10.3.5.6 жергілікті компонент негізінде антропогендік факторлардың табиғат кешендеріне әсерін зерттейді;
	Антропогендік ландшафттарды жақсарту жолдары	10.3.5.7 антропогендік ландшафттарды жақсарту жолдарын ұсыну: рекультивация, мелиорация ландшафттық дизайн;
2-тоқсан		
4. Бөлім - Әлеуметтік география		
	Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамы.	10.4.1.1 Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамын анықтау
	Дүниежүзі халқының миграциясы.	10.4.1.2 дүниежүзі халқы көші-қонының басты бағыттарын, себеп-салдарын түсіндіру
	Қазақстандағы халықтың миграциясы.	10.4.1.3 Қазақстандағы көші-қон үдерістерін талдап, басты бағыттарын анықтау
	Миграциялық саясат	10.4.1.4 көші-қон саясатының өзіндік үлгісін ұсыну
	Еңбек ресурстарының сандық және сапалық құрамы	10.4.1.5 қазақстандық көрсеткіштерді басқа елдердің көрсеткіштерімен салыстыру негізінде еңбек ресурстарының сандық, сапалық құрамына баға беру
		10.4.1.6 Қазақстанның демографиялық жағдайын талдап,

4.1 Халық географиясы	Қазақстанның демографиялық жағдайы мен демографиялық саясаты	демографиялық саясаттың өзіндік моделін ұсыну
	Елді мекендердің жіктелуі	10.4.1.7 Қазақстандағы елді мекендерді жіктеу
	Елді мекендердің функционалды зоналары	10.4.1.8 елді мекендердің түрлері мен функционалды зоналарын сипаттау
	Қазақстандағы ойконимдер	10.4.1.9 Қазақстандағы ойконимдерді жіктеп, мағынасын түсіндіреді және транскрипциясын үш тілде ұсынады;
	Қазақстанда елді мекендердің проблемалары	10.4.1.10 Қазақстанның елді мекендерінің проблемаларын жіктеп, шешу жолдарын ұсыну
	Урбандалу үдерісі	10.4.1.11 урбандалу үдерісінің себеп-салдарын түсіндіру арқылы байланысты проблемалардың шешу жолдарын ұсыну
	Қазақстанда урбандалу үдерісіне баға беру	10.4.1.12 Қазақстандағы урбандалу үдерісіне баға беру
3-тоқсан		
5. Бөлім - Экономикалық география		
5.1 Табиғи ресурстар	Қазақстанның табиғи-ресурстық потенциалы	10.5.1.1 Қазақстанның табиғи-ресурстық әлеуетін бағалау
	Қазақстанда жекелеген ресурс түрлерін өңдеу технологиялары, орталықтары мен дайын өнім түрлері	10.5.1.2 Қазақстанда жекелеген табиғи ресурстарды өңдеу технологиясын сипаттап, орталықтары мен дайын өнім түрлерін атау
	Табиғатты пайдалану үлгілері мен түрлері	10.5.1.3 табиғатты пайдалану үлгілері мен түрлерін топтастыру
	Тұрақты даму	10.5.1.4 тұрақты дамудың белгілері мен бағыттарын сипаттау
	Қазақстанда табиғатты пайдаланумен байланысты проблемалар	10.5.1.5 Қазақстанда табиғатты пайдалану проблемаларын анықтап, шешу жолдарын ұсыну; 10.5.1.6 жергілікті компонент негізінде табиғатты пайдалануға байланысты зерттеу жүргізу
5.Бөлім - Экономикалық география		
	Ғылыми-техникалық революция үдерісі, бағыттары	10.5.2.1 ғылыми-техникалық революция үдерісін, даму бағыттарын талдау
		10.5.2.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде адам



5.2 Әлеуметтік-экономикалық ресурстар	Адам әлеуеті даму индексінің көрсеткіштері	әлеуетінің даму индексі көрсеткіштерін анықтап, елдерді салыстыру
	Қазақстанда адамдық капиталды дамыту	10.5.2.3 Қазақстанда адам капиталының сапасын арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу
	Қазақстанның индустриялы-инновациялық даму бағыттары	10.5.2.4 Қазақстанның индустриялық-инновациялық даму бағыттарын анықтап, болжам жасау
	Қазақстанның инновациялық инфрақұрылымы	10.5.2.5 Қазақстанның инновациялық инфрақұрылымының жағдайын талдап, дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу
	Қазақстан аймақтары инфрақұрылымының даму деңгейі	10.5.2.6 Қазақстан аймақтарының инфрақұрылымын талдап, проблемаларды шешу жолдарын ұсыну
5. Экономикалық география		
5.3 Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы	Қазақстан шаруашылығының салалары	10.5.3.1 Қазақстан шаруашылығы салаларын жоспар бойынша сипаттау
	Қазақстанның экономикалық аудандарының шаруашылық салалары мен мамандануы	10.5.3.2 Қазақстанның экономикалық аудандарының шаруашылық салаларын анықтап, мамандануын түсіндіру
4-тоқсан		
5. Бөлім - Экономикалық география		
5.4 Дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістері мен көрсеткіштері	Дүниежүзілік шаруашылықтың субъектілері	10.5.4.1 дүниежүзілік шаруашылықтың субъектілерін сипаттау
	Халықаралық географиялық еңбек бөлінісі	10.5.4.2 халықаралық географиялық еңбек бөлінісінің мәнін анықтау
	Халықаралық экономикалық қатынастар түрлері	10.5.4.3 халықаралық экономикалық қатынас түрлерін жіктеп, сипаттау
	Дүниежүзілік шаруашылықтың даму көрсеткіштері	10.5.4.4 дүниежүзілік шаруашылықтың даму көрсеткіштерін сипаттау: жалпы ішкі өнім, жалпы ұлттық өні оның ішінде жан басына шаққанда
	Дүниежүзілік шаруашылықтың даму модельдері мен аумақтық құрылымы	10.5.4.5 дүниежүзілік шаруашылықтың модельдері мен аумақтық құрылымын талдау
	Дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістері	10.5.4.6 дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістерін талдау

	Қазақстанның дүниежүзілік шаруашылықта алатын орны	10.5.4.7 Қазақстанның дүниежүзілік шаруашылықтағы орнын анықтау
	Қазақстанның халықаралық экономикалық интеграциядағы мүдделері мен мақсаттары, орны	10.5.4.8 Қазақстанның халықаралық экономикалық интеграциядағы мүдделері мен мақсаттарын, орнын анықтау
6. Бөлім - Елтану және саяси география негіздері		
6.1 Дүние жүзі елдері	Елдердің экономикалық даму деңгейі бойынша топтастырылуы	10.6.1.1 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдерді экономикалық даму деңгейі бойынша топтастыру
	Халықаралық ұйымдардың деңгейлері мен мақсаттары	10.6.1.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде халықаралық ұйымдарды деңгейі және мақсаты бойынша топтастыру
	Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық, саяси-географиялық жағдайы	10.6.1.3 Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық, саяси-географиялық жағдайына кешенді баға беру
	Қазақстандағы саяси-әкімшілік хоронимдер	10.6.1.4 Қазақстандағы саяси-әкімшілік хоронимдерді жіктеп, мағынасын түсіндіреді және транслитерациясын үш тілде ұсыну
	Қазақстан Республикасы туралы кешенді географиялық ақпаратты ұсыну формалары	10.6.1.5 Қазақстан Республикасы туралы кешенді географиялық ақпаратты түрлі мақсатты аудиториялар үшін дайындау

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 123 бұйрығына  
35-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым Министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№115 бұйрығына 672- қосымша

**Тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10-сыныптары үшін "Биология" пәнінен жаңартылған мазмұнды Үлгілік оқу бағдарламасы**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10-сыныптары үшін "Биология" пәнінен жаңартылған мазмұнды

Үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5 бабының 6-тармағына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты - оқушыларға органикалық дүниенің көптүрлілігі, ондағы болып жатқан құбылыстар мен үдерістердің заңдары мен заңдылықтары, сонымен қатар адам оның ажырамас бөлігі туралы білім мен түсінік жүйелерін беру және оқыту барысында коррекциялық-дамытушылық түзету жұмыстарын жүргізу.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) жер бетіндегі барлық тірі ағзалардың құндылығын түсіну үшін өмірдің құрылымды-функционалды және генетикалық негіздері туралы, тірі табиғаттың негізгі патшалықтары ағзаларының көбеюі мен дамуы, экожүйе, биоалуантүрлілік, эволюция туралы білім жүйесін асыру;

2) экологиялық этика нормалары мен ережелерін, табиғатқа жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру;

3) қосымша ғылыми, әдеби және ғаламтор желісінің оқу ақпараттарын қолдану білім-білік дағдыларын қалыптастыру;

4) бақылау, эксперимент, зерттеу жүргізу барысында айналадағы биологиялық құбылыстарды түсінуге білім-білік дағдыларын қалыптастыру, оқушылардың тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып қасиеттерін дамыту, биологиялық білімдерін практикада қолдануға үйрету.

4. Түзету-дамыту міндеттері:

1) еске сақтау, танымдық ақыл-ой әрекетін, логикалық ойлау мен зейінді дамыту;

2) сөз байлығын дамыту, жаңа сөздер, терминдерді орынды қолдану дағдысын қалыптастыру, психологиялық қарым-қатынас жасау қызметін дамыту;

3) ойлау әрекетін түзету, жалпы интеллектуалды дағдыларын дамыту: білу, түсіну, қолдану, салыстыру және қорытындылау;

4) коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру, өзбетінше теориялық білімге сүйене отырып, күнделікті тұрмыс-тіршілігінде алған білімдерін практикалық тұрғыда қолдану.

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері**

5. Белсендіру-бұл оқушының белгілі мақсатқа ұмтылған әрекеті, білімді меңгерудегі өзіндік үйренуі және биология саласындағы білім мен шығармашылықты арттыратын, дағды мен танымдылықты, шеберлікті қалыптастыратын тәсіл.

6. Сараланған тәсіл-оқыту барысында әр оқушының жеке мүмкіндігі мен ерекшеліктерін ескеруді қажет етеді, негізделген мақсаты: жеке тұлғаны және оның мүдделерін құрметтеу идеясы. Саралау түрлері:

1) оқу материалының көлемі бойынша-оқу деңгейі төмен оқушыларға тапсырманы орындауға ұзақ уақыт беріледі. Оқу деңгейі орта және жоғары топтарға 3 және 4-5 деңгейлі тапсырмалар беріледі (Б. Блум таксономиясы);

2) оқушыларға көмек көрсету сипаты бойынша-жеке және топтық тапсырмалар орындау барысында, үлгерімі төмен оқушыларға мұғалім тарапынан көмек көрсетіледі;

3) оқушылардың дербестік дәрежесіне қарай саралау-оқу деңгейі төмен оқушыларға негізгі білім деңгейін қалыптастыру қажет, мысалы "Білу және түсіну", "Қолдану", курсты одан әрі ілгерілету және жоғарғы деңгейдегі білім қалыптастыру үшін жағдай жасау, деңгейі жоғары оқушыларға: "Сараптау", "Синтез", "Бағалау" тапсырмалары бойынша білім-білік дағдысын қалыптастыру.

7. Құзыреттілікке негізделген тәсіл-практикалық бағытты едәуір арттыруға, теориялық білімді практикалық мақсаттарда қолдану қабілетін дамытуға, зерттеуді, эксперимент жасауды, АКТ-мен және басқа да білім көздерімен жұмыс істеуді талап ететін сабақта проблемалық жағдайларды жасауға мүмкіндік береді.

8. Жеке тұлғаға бағытталған тәсіл-физиологиялық, зияткерлік, білім беру қажеттіліктеріне негізделген, оқытуды бағдарламалық материалдың күрделілігі әртүрлі деңгейлерге бағдарлануды, білім беру процесіне барлық қатысушылардың ынтымақтастығы үшін, әртүрлі үйлесімдерде авторитаризмге жол бермей, білім мен қабілетке оқушылар тобын таңдауды көздейді.

9. Даму тәсілі-балалардың жалпы дамуына және білім беру қызметін қалыптастыруға, қазіргі заманда тез және табысты бейімделе алатын адамды дайындауға ықпал етеді.

10. Түзету тәсілдері - оқушылардың оң мотивациясын дамыту үшін психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасау, сенім мен ынтымақтастық атмосферасын құру.

11. Жүйелі тәсілдерді қолдану, оқу материалы қол жетімді, жүйелі болуы, біртіндеп күрделену тиіс.

12. Пәндік көрнекілік: көрсету, тарату материалдарының демонстрациясы, презентация, фильмдерді көрсету, түзету сипатына ие иллюстрациялар білім-білік дағдыларын қалыптастыру мақсатында тәжірибені байытуға мүмкіндік береді және зейінді шоғырландырады.

13. Ақпараттық технологияларды қолдану, оқушылар оқу барысында іздестіру, ақпарат жинақтау, талдау, сипаттау дағдыларын қалыптастыру арқылы АКТ дағдыларын дамытады.

14. Ойынның әр түрлі белсенді тәсілдерін қолдану ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға интеллектуалдық мүмкіндіктерді табысты дамытуға, сөйлеудің бұзылуын түзетуге, сондай-ақ білім алушылардың өз идеялары мен пікірлерін білдіру үшін және қабілетін дамытуға ынталандыратын жағдайлар жасауға мүмкіндік береді.

15. Оқыту технологиялары:

- 1) денсаулық сақтау технологиялары;
- 2) тұлғалық-бағдарлы оқыту;
- 3) АКТ технологиялары;

- 4) ойын технологиялары;
- 5) түсіндірме-көрнекілік технологиялары;
- 6) топтық өзара іс-қимыл.

16. Мүмкіндіктері шектеулі екендігінің ескере отырып, сабақ барысында сергіту жаттығуларын орындау қажет.

17. "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтау нормаларын бекіту туралы" ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес "Биология" пәніне қажетті техникалық құралдар: компьютер, проектор, интерактивті тақта, электрондық оқулықтар, бейнеколлекция, эксперименттер, зертханалық жұмыстар үшін оқу-бағдарламалық кешендер, тақырыптық кестелер, тарату дидактикалық материалы, микроскоп.

### **3-тарау. "Биология" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

18. "Биология" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі

- 1) 7-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 2) 8-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 3) 9-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 4) 10-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

19. Негізгі мектепте оқыту ұзақтығы 1 жылға артуына байланысты, негізгі пәндер бойынша оқу материалы бөлінеді. Сондықтан 8-9 сыныптардың биология курсы үш оқу жылына созылады: 8-10 сыныптарға.

20. "Биология" оқу пәнінің оқу бағдарламасының мазмұны оқытудың бөлімдері арқылы ұйымдастырылған. Бөлімдер сыныптар бойынша күтілетін нәтиже түрінде берілген оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады. Әр бөлімшеде көрсетілген оқу мақсаттары, мұғалімге оқушыларды дамыту бойынша жұмысты жүйелі жоспарлауға, сонымен қатар олардың жетістіктерін бағалауға, оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді.

21. Бағдарлама 4 бөлімді қамтиды:

- 1) тірі ағзалардың көптүрлілігі, құрылымы мен қызметтері;
- 2) көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік. Эволюциялық даму;
- 3) ағза мен қоршаған орта;
- 4) қолданбалы кіріктірілген ғылымдар.

22. "Тірі ағзалардың көптүрлілігі, құрылымы мен қызметтері" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) тірі ағзалардың көптүрлілігі;
- 2) қоректену;
- 3) заттардың тасымалдануы;
- 4) тыныс алу;
- 5) бөліп шығару;

- 6) қозғалыс;
- 7) координация және реттелу.

23. "Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік. Эволюциялық даму" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) көбею;
- 2) жасушалық айналым;
- 3) өсу және даму;
- 4) тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары;
- 5) эволюциялық даму мен селекция негіздері.

24. "Ағза мен қоршаған орта" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) биосфера, экожүйе, популяция;
- 2) адам қызметінің қоршаған ортаға әсері.

25. "Қолданбалы кіріктірілген ғылымдар" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) молекулалық биология мен биохимия;
- 2) жасушалық биология;
- 3) микробиология және биотехнология;
- 4) биофизика.

26. 7-сыныпқа арналған "Биология" пәнінің базалық білім мазмұны:

1) "Экожүйелер". Ортаның экологиялық факторлары: абиотикалық (температура, жарық, рН, ылғалдылық) биотикалық (микроағзалар, жануарлар, өсімдіктер). Зертханалық жұмыс: "Жергілікті жердің экожүйелерін зерттеу (мектеп ауласы мысалында)". Қоректік тізбектер және қоректік торлар. Модельдеу "Қоректік тізбек пен торды құру". Экологиялық сукцессиялар: Бірінші және екінші реттік сукцессиялар. Экожүйелердің алмасуы. Адам экожүйенің бір бөлігі. Антропогендік фактор. Адам әрекеттерінің экожүйеге жағымсыз әсері. Қазақстанда ерекше қорғалатын аймақтар. Жергілікті жердің ерекше қорғалатын аймақтары. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы. Жергілікті өңірдің ҚР Қызыл кітабына енгізілген жануарлары мен өсімдіктері.

2) "Тірі ағзаларды жүйелеу". Тірі ағзалардың бес патшалығына жалпы сипаттама: прокариоттар, протисталар, саңырауқұлақтар, өсімдіктер, жануарлар. Өсімдіктер мен жануарлардың негізгі жүйелік топтары: Патшалықтар. Типтер. Бөлімдер. Кластар. Өсімдіктер мен жануарларды жүйелеудің маңызы. Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың сыртқы құрылысындағы ерекшеліктер. Дихотомиялық әдіс. Дихотомиялық кілттерді қолдану.

3) "Жасушалық биология". Жасуша, ұлпа, мүше, мүшелер жүйесі түсініктері. Өсімдіктер және жануарлар жасушаларын салыстыру. Жарық микроскобынан көрінетін жасуша құрылымдары: пластидтер, вакуоль, ядро, цитоплазма, жасушалық мембрана, жасушалық қабырға.

"Су және органикалық заттар". Судың қасиеттері: беттік керілу, судың қозғалысы, еріткіштігі, қайнау және балқу температурасы, жылу сыйымдылығы. Судың

биологиялық маңызы және оның еріткіш ретіндегі, температураны сақтау мен реттеудегі рөлі. Зертханалық жұмыс "Судың тірі ағзалар үшін маңызы мен қасиеттерін зерттеу". Микро- (мырыш, темір, селен, фтор) және макроэлементтердің (магний, кальций, калий, фосфор) тірі ағзалардың тіршілік әрекеті үшін маңызы. Азық-түліктердегі органикалық заттар: нәруыздар, майлар, көмірсулар. Зертханалық жұмыс: "Азық-түліктерде көмірсулар, нәруыздар және майлардың бар болуын зерттеу". Өсімдіктерде макроэлементтердің тапшылығы (азот, калий, фосфор,). Тыңайтқыштар: органикалық және минералдық (азотты, калийлі және фосфорлы).

4) "Заттардың тасымалдануы". Заттар тасымалдануының тірі ағзалардың тіршілік әрекеті үшін маңызы. Заттардың тасымалдануына қатысатын тірі ағзалардың мүшелері мен мүшелер жүйесі. Сабақ және тамыр. Сабақтың ішкі құрылысы: қабық, камбий, сүрек, өзек. Тамыр аймақтары: бөліну, өсу, сору және өткізу аймақтары. Тамырдың ішкі құрылысы: флоэма, ксилема, камбий. Зертханалық жұмыс: "Сабақтың ішкі құрылысын зерттеу". Зертханалық жұмыс: "Тамыр аймақтарын зерттеу". Ксилема, флоэма және олардың құрылымдық элементтері. Жануарлардағы қанайналым мүшелері: буылтық құрттар, ұлулар, буынаяқтылар және омыртқалылар.

5) "Тірі ағзалардың қоректенуі". Жапырақтың құрылысы мен қызметі. Жапырақтың ішкі құрылысы. Лептесік. Жапырақ фотосинтездеуші негізгі арнайы мүше. Судың булануы мен газдардың алмасуы. Фотосинтезге қажетті жағдайлар. Зертханалық жұмыс: "Фотосинтез үдерісіне қажетті жағдайларды зерттеу".

6) "Тыныс алу". Өсімдіктер мен жануарлар үшін тыныс алудың маңызы. Тынысалу - энергия көзі. Тыныс алу типтері: анаэробты және аэробты. Анаэробты және аэробты тыныс алуды салыстыру: оттегінің қатысында/қатысынсыз, статикалық/динамикалық жұмыс, жылықанды/суыққанды жануарлар. Өсімдіктердің тыныс алуы. Тұқымның немесе өскіндердің тыныс алуы мысалында. Зертханалық жұмыс: "Өсімдіктердің тыныс алуын зерттеу". Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүшелері (бунақденелілердің демтүтіктері, балықтарының желбезектері, құстардың және сүтқоректілердің өкпесі). Модельдеу: "Омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың тыныс алу жүйесі мүшелерін салыстыру". Тыныс алу мүшелері. Адамның тыныс алу жолдарының құрылысы мен газ алмасу мүшелері. Тыныс алу мүшелерінің аурулары. Тыныс алу мүшелерінің ауруларының себептері мен алдын алу жолдары (өкпе обыры, астма, бронхит, туберкулез, тұмау).

7) "Бөліп шығару". Бөліп шығарудың тірі ағзалар үшін маңызы. Жануарлардағы бөліп шығару өнімдері. Зат алмасудың соңғы өнімдері. Өсімдіктердегі бөліп шығару өнімдері: тыныс алу мен фотосинтездің бастапқы және соңғы өнімдері. Зертханалық жұмыс: "Өсімдіктердің тыныс алу ерекшеліктерін өскіндер мысалында зерттеу". Жануарлардың бөліп шығару жүйелері. Жануарлардың бөліп шығару жүйелерінің құрылысын салыстыру.

8) "Қозғалыс". Өсімдіктердің қозғалысы. Қозғалыстың өсімдіктер тіршілігіндегі маңызы. Өсімдіктердің қозғалу тәсілдері (тропизмдер, таксистер, өсу қозғалыстары). Өсімдіктердің өсуі мен дамуына жарықтың әсері. Жарықтың түсу деңгейіне қарай өсімдіктердің бейімделуі. Фотопериодизм күннің жарық түсу ұзақтығына ағзалардың бейімделуі. Жануарлардың қозғалыс мүшелері. Тірі ағзалардағы қозғалыстың рөлі. Жануарлардың қозғалу тәсілдеріне мысалдар. Жануарлардың мекен ортасы мен қозғалыс тәсілдеріарасындағы байланыстарды анықтау.

9) "Координация және реттелу". Жүйке жүйесінің типтерін салыстыру: диффузиялы , сатылы, түйнекті, түтіктәрізді. Жүйке жүйесінің құрам бөліктері. Жүйке жүйесінің қызметі. Нейронның құрылысы: денесі, дендриттер, аксон. Нейронның қызметтері. Жүйке жүйесінің орталық және шеткі бөлімдері. Жұлын. Ми. Ми бөлімдерінің құрылысы мен қызметтері: сопақша ми, артқы (ми көпірі, мишық), орталық және аралық ми. Үлкен ми сыңарлары. Рефлекстік доға: рецептор, сезгіш, аралық, қозғалыс нейрондары, жұмыс мүшесі. Зертханалық жұмыс: "Тізе рефлексі". Мінез-құлықтың рефлекторлық табиғаты: шартсыз және шартты рефлекстер. Шартты рефлекстердің сөнуі. Ішкі мүшелер жұмысының жүйкелік реттелуі. Адам ағзасы үшін ұйқының маңызы. Биологиялық ритмдер. Ұйқының кезеңдері: баяу және жылдам ұйқы. Жұмысқа қабілеттілік. Күн тәртібі. Оқу еңбегі мен дене еңбегінің гигиенасы. Күйзеліс. Күйзеліс жағдайларымен күрес және олардың алдын алу әдістері. Жүйке жүйесінің қызметіне алкаголь, темекі, және наркотикалық заттардың әсері.

10) "Тұқымқуалау мен өзгергіштік". Адамда белгілердің тұқым қуалауында гендер мен дезоксирибонуклеин қышқылы (ДНК) рөлі. Жүре пайда болған және тұқым қуалайтын белгілер. Хромосоманың құрылымы. Генетикалық материалды сақтаушы және тасымалдаушы дезоксирибонуклеин қышқылы (ДНК) жайлы түсінік. Модельдеу " Адам ағзасындағы тұқым қуалайтын және тұқым қуаламайтын белгілерді зерттеу". Өртүрлі ағза түрлерінің хромосомалар саны. Соматикалық және жыныс жасушалар. Гаплоидты және диплоидты хромосомалар жиыны.

11) "Көбею. Өсу және даму". Өсімдіктердің жынысты және жыныссыз көбеюі. Өсімдіктердің жынысты және жыныссыз көбеюінің биологиялық маңызы. Өсімдіктердің өсімді жолмен көбеюі, оның түрлері және табиғаттағы биологиялық маңызы. Өсімдік өсіруде өсімді жолмен көбею тәсілдерін қолдану. Қалемшелеу, сұлатпа өркен, телу (қалемшелермен, көзшелермен), көбею ұлпаларымен. Зертханалық жұмыс: "Өсімдіктердегі вегетативті көбею тәсілдері". Гүл құрылысы. Тозаңдану түрлері. Гүлдеу және тозаңдану. Тозаңдану түрлері (өздігінен, айқас, жасанды). Өсімдіктердегі ұрықтану туралы түсінік және зиготаның түзілуі. Қосарлы ұрықтану. Қосарлы ұрықтанудың биологиялық маңызы. Ағзалардың жеке дамуы түсінігі. Өсімдіктер мен жануарлардағы онтогенез кезеңдері. Бөліну, өсу, көбею, қартаю. Өсімдіктердің өсуі. Сабактың ұзарып және жуандап өсуі. Камбийдің рөлі. Жылдық сақиналар. Зертханалық жұмыс: "Жылдық сақинаны санау". Жануарлардағы тура және



түрленіп даму онтогенез типтері. Бунақденелілердің шала және толық түрленіп дамуына мысалдар. Модельдеу "Жануарлардағы онтогенез типтерін салыстыру".

12) "Микробиология және биотехнология". Бактериялардың формаларының әртүрлілігі. Бактериялардың таралуы. Зертханалық жұмыс: "Пішен таяқшасының сыртқы пішінін қарастыру". Бұршақ тұқымдастардың тамырындағы түйнек бактериялары. Бактерияларды пайдалану. Табиғаттағы және адам өміріндегі бактериялардың маңызы. Зертханалық жұмыс: "Өндірісте йогурт және ірімшік жасауды зерттеу". Патогендермен күрес тәсілдері. Бактериялардың антибиотиктерге тұрақтылығы. Зертханалық жұмыс: "Антибиотиктер, антисептиктер және залалсыздандыру өнімдерін қолдануды зерттеу". Вирустар. Жасушасыз құрылым иелері вирустардың құрылыс ерекшеліктері.

27. 8-сыныпқа арналған "Биология" пәнінің базалық білім мазмұны:

1) "Жасушалық биология". Жасуша – тірі ағзалардың құрылымдық негізгі өлшем бірлігі. Прокариот және эукариот жасушалардың құрылысы: ядроның болуы және орналасуы, жасуша қабырғасы, жасуша мембранасы, пластидтер, митохондрия, рибосомалар, Гольджи аппараты, вакуоль. Өсімдік ұлпаларының әртүрлілігі: түзуші, жабын, негізгі, өткізгіш, механикалық, бөліп шығарушы ұлпа. Жануар ұлпаларының әртүрлілігі: эпителий, дәнекер, бұлшық ет, жүйке. Зертханалық жұмыс: "Өсімдіктер ұлпаларын жіктеу". Зертханалық жұмыс: "Жануарлар ұлпаларын жіктеу".

2) "Молекулалық биология". Жасушаның құрамындағы органикалық заттар. Мономерлер мен полимерлер арасындағы айырмашылық. Көмірсулар – энергия көзі. Глюкоза, сахароза, гликоген, крахмал, жасунық пен хитиннің маңызы және қызметтері. Липидтердің қасиеттері мен қызметі. Липидтердің әртүрлілігі: майлар, фосфолипидтер, балауыз. Нәруыздар, қасиеттері мен қызметтері.

3) "Тірі ағзалардың көп түрлілігі". Зертханалық жұмыс: "Өсімдіктер бөлімдеріндегі ерекшелік белгілерді анықтау. Балдырлар, мүктәрізділер, қырықжапырақтәрізділер, ашық тұқымдылар және жабық тұқымдылар. Саңырауқұлақтар патшалығы. Зең саңырауқұлағы: мукор, пеницилл. Біржасушалы саңырауқұлақтар – ашытқы. Көпжасушалы саңырауқұлақтар. Қалпақшалы саңырауқұлақтар. Жеуге жарамды және улы саңырауқұлақтар. Зертханалық жұмыс: "Дара жарнақты және қосжарнақтылар өсімдіктер кластарының белгілерін зерттеу". Буынаяқтылар типі. Хордалылар типі. Сыртқы белгілеріне қарай салыстырмалы сипаттама. Демонстрация "Хордалы жануарлар мен буынаяқтылардың ерекшелік белгілерін анықтау".

4) "Қоректену". Жауын құртының, сиырдың және адамның ас қорыту жүйесінің құрылысы. Модельдеу "Адамның, сиырдың және жауынқұртының" асқорыту жүйесінің құрылысын салыстыру. Тістің құрылысы мен қызметі, сүт тістердің тұрақты тістерге ауысуы. Тіс гигиенасы. Адамның ас қорыту жолдарының құрылысы. Ас қорыту бездері. Ас қорыту мүшелерінің қызметі. Тамақтану гигиенасы. Асқорыту мүшелерінің жұқпалы аурулары және олардың алдын алу. Тағамнан уланудың алдын алу. Алғашқы

жәрдем шаралары. Ішек құрт ауруларының алдын алу. Дәрумендер және олардың маңызы. Суда еритін және майда еритін дәрумендер. Дәрумендердің тәуліктік мөлшері. Авитаминоз, гиповитаминоз және гипervитаминоз. А авитаминоздағы ақшам соқыр, В1 авитаминоздағы бери-бери ауруы, С авитаминоздағы қыркұлақ, Д авитаминоздағы мешел аурулары. Зертханалық жұмыс: "Тағамдық заттар құрамынан С дәруменді анықтау.

5) "Заттардың тасымалдануы". Ағзаның ішкі ортасы және оның маңызы. Лимфа. Лимфа айналымы мен оның маңызы. Гомеостаз. Ағзаның ішкі ортасы: қан, лимфа, ұлпа сұйықтығы. Қанның құрамы мен қызметі. Қан түйіршіктері: эритроциттер, лейкоциттер, тромбоциттер. Плазма. Қанның қызметі: транспорттық, гомеостаздық, қорғаныштық. "Өртүрлі ағзалардың қан жасушаларын зерттеу" зертханалық жұмысы Қан жасушаларын формасына, мөлшеріне, санына және ядросының болуына қарай салыстыру. Иммуниетет. Гуморальдық және жасушалық иммуниетет. Лейкоциттердің түрлі типтері және олардың қызметтері. Т – және В- лимфоциттердің әрекет етуі. Жұқпалы аурулар және олардың алдын алу: амebaлық қантышқақ, фитофтороз, оба, күл, лейшмания, герпес (ұшық). Иммуниетет. Иммуниететтің түрлері: туа пайда болған және жүре пайда болған иммуниетет. Екпенің (вакцин) түрлері және оның жасанды иммуниететті қалыптастырудағы маңызы. Жұқпалы аурулардың алдын алу. Қан топтары. Қан құю. Резус-фактор. Агглютинация. Резус-конфликт. Буылтық құрттардың (жауын құрт), ұлулардың, буынаяқтылардың және омыртқалылардың жүрегі және қан тамырларының құрылысы мен қызметі. Қан тамырлар жүйесінің түрлері. Ашық және тұйық қанайналым жүйелері. Үлкен және кіші қанайналым шеңберлері. Адамның қанайналым жүйесі. Зертханалық жұмыс: "Дене жаттығуларының жүрек жұмысына әсерін зерттеу". Жүрек - қантамырлар жүйесі аурулары (гипертония, инфаркт, тахикардия, ишемиялық ауру, атеросклероз, инсульт). Аурудың себептері: тұқым қуалайтын ауруларға бейімділік, салауатты өмір салтын дұрыс ұстанбау.

6) "Тыныс алу". Альвеола мен қан арасындағы газ алмасу. Өкпедегі қанның оттекке қанығуы. Ұлпа мен қан арасындағы газ алмасу. Қанның көмірқышқыл газына қанығуы, жасушаның оттекке қанығуы. Тыныс алу және тыныс шығару механизмі. Кеуде қуысының құрылысы. Тыныс алуға және тыныс шығаруға қатысатын бұлшықеттер. Тыныс алу және тыныс шығарудағы көкеттің маңызы. Ауа жүретін жолдардағы қысымның өзгеруі. Тыныс алудың минуттық көлемі. Өртүрлі жастағы, физикалық дамыған, ер және әйел адамдардың өкпесінің тіршілік сыйымдылығы. Тыныс алу қозғалыстарының жиілігі. Шылым шегудің өкпенің тіршілік сыйымдылығына әсері. Зертханалық жұмыс: "Өкпенің тіршілік сыйымдылығын зерттеу".

7) "Бөліп шығару". Зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы (бүйрек, несеппағар, қуық, несеп жолы) мен қызметі. Бөліп шығару және сүзу мүшелері. Бүйректің құрылысы (қыртысты және миль кабат, нефрон, пирамида, астауша, бүйрек өзекшелері). Терінің маңызы, құрылысы мен қызметі. Тер бөлінудің реттелуі. Тері ауруларының

пайда болу себептері мен салдары (қышыма, теміреткі, безеу бөртпелері). Белгілері мен алдын алу шаралары.

8) "Қозғалыс". Адам қаңқасының құрылысы. Тірек – қимыл жүйесінің маңызы мен қызметі. Сүйектің макро - және микроскопиялық құрылысы. Сүйектің химиялық құрамы. Зертханалық жұмыс: "Сүйектің макро және микроскопиялық құрылысы". Демонстрация "Сүйектің химиялық құрамы". Сүйектің байланыс түрлері: қозғалмайтын, жартылай қозғалмалы, қозғалмалы. Буынның құрылысы және қызметтері. Сүйек буындарының атқаратын қызметіне сәйкес бейімделуі. Бұлшықет ұлпаларының құрылысы мен қызметі (бірыңғай салалы, көлденең жолақты қаңқа, көлденең жолақты жүрек). Зертханалық жұмыс: "Бұлшық ет ұлпаларының құрылысын зерттеу" Адам денесінің бұлшық еттерін жіктеу. Гиподинамия. Сымбаттың бұзылуы және жалпақтабандылықтың пайда болу себептері. Сымбаттың бұзылуы мен жалпақтабандылықтың алдын алу шаралары.

9) "Биофизика". Тік жүруге байланысты адам қозғалуының биомеханикалық ерекшеліктері. Тік жүруге байланысты адамның қаңқа құрылысының ерекшеліктері. Тік жүруге байланысты бұлшық еттің маңызы. Тік жүру кезіндегі дененің ауырлық орталығы. Адам денесіндегі иіндер.

10) "Координация және реттелу". Көру мүшелерінің құрылысы. Көрудің маңызы. Көру қызметінің бұзылуы. Көру гигиенасы. Зертханалық жұмыс: "Көру жітілігі мен көру аймағының шегін зерттеу". Есту мүшесінің құрылысы. Естудің маңызы. Естудің бұзылу себептері. Есту мүшесінің гигиенасы. Зертханалық жұмыс "Дыбысты қабылдау ерекшеліктерін зерттеу" (құлақтың есту қабілетін анықтау). Таяқшаның, құтышаның және түкті жасушалардың құрылымы мен қызметі. Зертханалық жұмыс: "Соқыр дақты анықтау, түстердің аралсуына тәжірибе, дыбыстың ауа және сүйек арқылы өтуі". "Гормондар", "Гуморальдық реттелу" ұғымдары. Эндокринді, экзокринді және аралас бездердің орналасуы және қызметі. Бездерден бөлінетін гормондар. Эндокринді бездер қызметінің бұзылуынан туындаған аурулар (гипо- және гиперфункция). Адам денесінде орналасқан тері рецепторлары (терморекцепторлар, механорецепторлар, ноцицепторлар) Зертханалық жұмыс: "Тері сезімталдығын зерттеу". Жылықанды жануарлардың тұрақты температураны сақтауындағы терінің ролі. Температураға сезімталдық. Терморекцепторлардың температураның өзгеруіне бейімделуі.

28. 9-сыныпқа арналған "Биология" пәнінің базалық білім мазмұны:

1) "Көбею". Митоз. Мейоз. Митоз бен мейоздың биологиялық маңызы. Жануарлардың көбею формалары. Жыныссыз көбею типтері. Жынысты көбею. Мүктер мен қырықжапырақтардың тіршілік циклі. Гаметофит. Спорофит. Ашық тұқымды және жабық тұқымды өсімдіктердің тіршілік циклі.

2) "Өсу және даму". Эмбрионалдық даму кезеңдері: бластула, гастрюла, нейрула. Ұлпалар мен мүшелердің дифференциациялануы. Органогенез.

3) "Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары". Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің эволюциядағы маңызы. Өзгергіштік пен қоршаған орта жағдайларына бейімделгіштік арасындағы өзара байланыс. Қолдан сұрыптау және оның селекция үшін маңызы. Қолдан сұрыптау түрлері. Мәдени өсімдіктер мен үй жануарларының шығу орталықтары. Қазақстан аумағында кездесетін егістік дақылдар мен үй жануарларының қолтұқымдары. Маңызды белгілер.

4) "Биосфера, экожүйе, популяция". Экожүйелердің компоненттері. Су және құрлық экожүйелері. Модельдеу "Су және құрлық экожүйелерін салыстыру". Популяцияның құрылымының негізгі сипаттамалары және ерекшеліктері. Ағзалардың тіршілікке қабілеттілігінің әртүрлі тәсілдері. (Тіршілікті сақтаудың К және r стратегиялары). "Жыртқыш-жемтік" қарым-қатынас түрі. Популяция санының өзгеруі. Тірі ағзалардың өзара қарым-қатынас түрлері. Ағзалардың тікелей және жанама қарым-қатынас түрлері. Қоршаған орта жағдайларының өзгерістеріне ағзалардың бейімделуі.

5) "Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері". Адамның табиғаттағы рөлі. Табиғатты тиімді пайдалану. Табиғатты қорғау. Биологиялық алуан түрлілікті сақтау. Дүниежүзілік Тұқым қоры. Қазақстан Республикасының экологиялық проблемалары. Себептері мен салдарлары. Оларды шешу жолдары.

6) "Жасушалық биология". Жасушаның негізгі компоненттерінің қызметтері. Жасуша құрылымдары: плазмалық мембрана, цитоплазма, ядро, эндоплазмалық тор, жасуша орталығы, рибосомалар, Гольджи аппараты мен лизосомалар, митохондрия, пластидтер, қозғалыс органоидтары, жасушаның қосындылары. Құрылыстары және атқаратын қызметтері. Жасушалардың сызықтық ұлғаюын есептеу. Ұлғаю, актуальды өлшемі және суреттің нақты өлшемі. Өлшем бірліктерін СИ жүйесіне аудару (сантиметр-миллиметр-микромметр-наномметр). Модельдеу "Микрофотографияларды пайдаланып жасушаның сызықтық ұлғаюын есептеу".

7) "Тірі ағзалардың көп түрлілігі. Биосфера және экожүйе". Әртүрлі түрлерді сипаттауда бинарлық номенклатураны қолдану. Зертханалық жұмыс: "Анықтағыш көмегімен өсімдіктер мен жануарлар түрлерін (жергілікті жердің) анықтау". Популяцияның өсуінің экспоненциалды және сигмоидты қисығы. Экожүйедегі энергия тасымаланың тиімділігі. Энергия ағыны және қоректік тізбектер. Экологиялық пирамида түрлері. Табиғаттағы көміртек пен азот айналымы. Биосферадағы биохимиялық үрдістер. Топырақ пен шөгінді жыныстар түзудегі тірі ағзалардың рөлі.

8) "Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері". Пайдалы қазбаларды өндірудің қоршаған орта мен адам денсаулығына әсері. Пестицидтердің қоршаған орта мен адам денсаулығына әсері. Жылыжай эффектісі (булану) және озон қабатының жұқаруы. Дүниежүзілік мұхит деңгейінің, су мен атмосфера температурасының көтерілуінің тірі ағзаларға әсері.

9) "Қоректену". Ыдырау үдерісі. Асқорыту ферменттерінің әсері. Асқорытудағы ферменттердің маңызы. Сіңіру және бөліп шығару. Ферменттердің әсер ету механизмі.

Ферменттің белсенді орталығы. Зертханалық жұмыс: "Ферменттердің белсенділігіне әртүрлі жағдайлардың (температура, рН) әсерін зерттеу". Өттің әсерінен майлардың эмульгациясы. Зертханалық жұмыс "Өттің әсерінен майлардың эмульгациялануын зерттеу".

10) "Заттар тасымалы". Активті және пассивті тасымалдардың ұқсастығы мен айырмашылығы. Жасуша мембранасы арқылы тасымалдану. Белсенді тасымалдану кезіндегі энергияның жұмсалуы. Сыртқы және ішкі факторлардың транспирацияға әсері. Зертханалық жұмыс: "Транспирацияүдерісі кезіндегі сыртқы факторларды ( температура, ылғалдылық пен су буының қысымы, ауа қозғалысын) зерттеу. Зертханалық жұмыс: "Ішкі факторларды: Буландыратын беттің ауданы және бұл беттік ауданның өсімдік көлеміне қатынасының (сірқабық (кутикула) мен лептесіктер) транспирация үдерісіне әсері". Сыртқы факторлардың флоэмада зат тасымалына әсері: температура, ылғалдылық, жарық.

11) "Тыныс алу". Анаэробты және аэробты тыныс алу. Анаэробты және аэробты тыныс алу үдерістерін химиялық реакция теңдеулерін қолданып қарастыру. Анаэробты және аэробты тыныс арудың тиімділіктері. Аэробты, анаэробты тыныс алу үдерістерімен байланысты бұлшық еттердің қажуы. Аэробты және анаэробты тыныс алуға физикалық жүктемелердің әсері.

12) "Бөліп шығару". Нефронның құрылысы және қызметі. Ультрафилтрация. Абсорбция және таңдамалы реабсорбция. Несептің құрамы. Филтрация мен кері филтрацияның себептері. Бүйрек жұмысына әсер ететін факторлар: тамақтану рационы, дене температурасының күрт түсуі, дәрілік препараттар, созылмалы және инфекциялық аурулар (кариес, іріңді ангина. Зәр шығару жүйесінің гигиенасы. Бүйрек және зәр шығару жүйесінің аурулары: пиелонефрит, цистит, бүйрекке тастың жиналуы. Себептері және алдын алу шаралары. Құрлықта, шөлде, тұщы және тұзды суларда тіршілік ететін тірі ағзалардың зат алмасуының соңғы өнімдері. Құрамында азоты бар органикалық заттардың ыдырау өнімдері: аммиак, несепнәр, несеп қышқылы.

29. 10-сыныпқа арналған "Биология" пәнінің базалық білім мазмұны:

1) "Координация және реттелу". Нейрондардың түрлері мен қызметтері. Жүйке ұлпасының қызметі (глиальды жасушалар). Аксондардың миеленді және миеленсіз қабықтары. Синапстар және медиаторлар. Модельдеу "Жүйке ұлпаларын зерттеу". Миеленді, миеленсіз аксондарда жүйке импульстарының туындауы және өткізілуі. Өткізу жылдамдығы. Мембраналық потенциал, тыныштық потенциалы және әрекет потенциалы. Модельдеу "Жүйке импульстарының туындауы мен таралу жылдамдығын зерттеу". Тірі ағзалардағы электрлік үдерістер. Электрорецепторлар және электрлі мүшелер. Тыныс алу мен тыныс шығарудың реттелуі мысалында нейрогуморальдық реттелу механизмі. Жүйкелік және гуморальдық реттелуді салыстыру. Ағзаның күйзеліске бейімделуі. Нейрокомпьютерлік интерфейс. Компьютер мен ми арасындағы ақпарат алмасу жүйесі. Гомеостазды тұрақты ұстаудың механизмдері. Өсімдіктердің

өсуі мен дамуын реттеуші. Зертханалық жұмыс: "Ауксиннің өсімдіктерге әсерін зерттеу".

2) "Қозғалыс". Бұлшық еттің жұмысы. Демонстрация "Негізгі бұлшық еттердің жұмысын өзіндік бақылау, иық белдеуінің қол қозғалысындағы рөлі. Бұлшық ет қозғалысын реттеу". Зертханалық жұмыс: "Статикалық және динамикалық жұмыс кезіндегі бұлшық еттің қажуын зерттеу".

3) "Молекулалық биология". Дезоксирибонуклеин қышқылы (ДНҚ) молекулалық құрылысының принциптері: нуклеотидтердің комплементарлығы. Модельдеу "Дезоксирибонуклеин қышқы (ДНҚ) молекуласын құру".

4) "Жасушалық цикл". Интерфаза. Интерфаза кезеңдері: G1, S және G2. Митоз. Митоз фазалары. Зертханалық жұмыс: "Пияз тамыр ұшындағы жасушалардан митозды зерттеу". Митоз. Митоз фазалары. Мейоз бен митозды салыстыру. Модельдеу "Митоз кезеңдерін зерттеу".

5) "Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары". Г. Мендель анықтаған белгілердің тұқым қуалаушылық заңдылықтары. Тұқым қуалаушылықты зерттеудің гибридологиялық әдісі. Тұқым қуалаушылықтың генетикалық заңдылықтарының цитологиялық негіздері. Гамета тазалығы заңы және оның цитологиялық негіздемесі. Моногибридті және дигибридті будандастыру. Басымдылық заңы. Ажырау заңы. Басымдылық заңы. Ажырау заңы. Аллельді гендердің әрекеттесуі: толық және толымсыз. Доминанттылық белгілердің пайда болуы. Талдаушы шағылыстыру ұғымы мен оның практикалық маңызы. Жыныс генетикасы. Жынысты анықтаудың генетикалық механизмі. Жыныспен тіркесіп тұқымқуалау. Гемофилия және дальтонизм. Адам қан топтарының тұқымқуалау заңдылықтары. Резус-фактор. Адам генетикасы. Адамның тұқымқуалау белгілерін зерттеу әдістері. Адамның генетикалық ауруларының алдын алу. Адамның генеалогиялық шежіре ағашын құру. Модельдеу "Адамның генеалогиялық шежіре ағашын құру". Өнімділікті арттыратын заманауи ауыл шаруашылық технологиялары. Өнімділігі жоғары ауылшаруашылықты жүргізудің жаңа баламалы жолдары.

6) "Микробиология және биотехнология". Биотехнологиялық үдерістің жалпы сызбасы және биотехнологияда алынатын өнімдері (медицинада, өнеркәсіпте және ауыл шаруашылығында). Инсулин өндірісі.

7) "Көбею". Адамның жыныс жүйесінің құрылымы мен қызметі. Зертханалық жұмыс "Аталық және аналық гаметалардың құрылысын зерттеу". Екінші реттік жыныстық белгілер. Ұлдар мен қыздардың жыныстық жетілуі. Биологиялық және әлеуметтік жетілу. Менструалдық цикл. Менструалдық циклдағы эстроген мен прогестерон гормондарының маңызы. Контрацепция түрлері, олардың қолданылуы мен маңызы. Жыныстық жолмен берілетін аурулар: Жүре пайда болған иммундық дефицитінің синдромы (ЖИТС), сифилис, гонорея, гепатит В,С. Алдын алу шаралары.

8) "Өсу және даму". Кұрсақта даму. Ұрықтық дамудың алғашқы кезеңдері. Ұрықтың қалыптасуы мен дамуы. Шылым шегу, есірткі мен ішімдіктің адам ұрығының дамуына тигізетін әсері.

9) "Эволюциялық даму". Эволюциялық ұғымдардың қалыптасуы және дамуы. Ч.Дарвиннің эволюциялық ілімінің негізгі қағидалары. Эволюцияның қазіргі заман теориясының пайда болуы. Эволюцияның қозғаушы күштері. Табиғи сұрыпталу нәтижесіндегі бейімделушілік. Эволюциялық үдерістегі өзгергіштіктің (мутациялық, комбинтивтік) рөлі. Табиғи сұрыпталу, оның түрлері (қозғаушы және тұрақтандырушы). Тіршілік үшін күрес (түршілік, тұраралық). Модельдеу "Бейімделгіштікті табиғи сұрыпталу нәтижесі ретінде зерттеу (көбелек)". "Түр" ұғымының анықтамасы. Түрдің құрылымы. Түр критерийлері. "Түр түзілу" ұғымы. Түр түзілудің тәсілдері мен механизмдері.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

30. Бағдарламада оқыту мақсаттарын пайдалану ыңғайлылығы үшін кодтау енгізілді. Кодта бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар – бөлім мен бөлімшенің, төртінші сан – оқыту мақсатының реттік санын білдіреді. Мысалы, 7.2.1.4. кодында "7" - сынып, "2.1" - екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, "4" - оқыту мақсатының реттік саны.

31. Күтілетін нәтижелер бойынша оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) "Тірі организмдердің көп түрлілігі, құрылымы мен қызметтері" бөлімі:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
1. Тірі ағзалардың көптүрлілігі	7.1.1.1 жүйелеудің маңызын түсіндіру; 7.1.1.2 жүйеленуде тірі ағзалардың орынын анықтау; 7.1.1.3 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың құрылысының айырмашылық белгілерін сипаттау; 7.1.1.4	8.1.1.1 балдырлар мүктәрізділер, қырықжапырақ тәріздестер, ашықтұқымдылар ж ә н е жабықтұқымдылар мысалында өсімдік-тердің ерекшеліктерін сипаттау; 8.1.1.2 саңырауқұлақтардың ерекшелік белгілерін сипаттау; 8.1.1.3 даражарнақты және қосжарнақты өсімдіктер	9.1.1.1 әртүрлі түрлерді сипаттауда бинарлы номенклатураны қолдану; 9.1.1.2 өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін ерекшелік белгілері бойынша	

	<p>жекелеген ағзаларға қарапайым дихотомиялық кілттерді қолдану</p>	<p>кластарын негізгі белгілеріне қарай ажырату; 8.1.1.4 буынаяқтылар мен хордалы жануарлар кластарын ерекше белгілері бойынша тану</p>	<p>танып білу (анықтағыш бойынша)</p>
2. Қоректену	<p>7.1.2.1 жапырақтың ішкі құрылысын сипаттау және құрылысы мен оның қызметі арасындағы өзара байланысты түсіндіру 7.1.2.2 фотосинтез үдерісі үшін қажетті жағдайларды зерттеу</p>	<p>8.1.2.1 омыртқасыздар, күйіс қайыратын жануарлар мен адамның ас қорыту жүйесінің құрылысын салыстыру; 8.1.2.2 әртүрлі типті тістердің құрылысы мен қызметтері арасындағы байланысын және тісті күту ережелерін сипаттау; 8.1.2.3 адамның ас қорыту жүйесінің құрылысы мен қызметтері арасындағы өзара байланысты түсіндіру; 8.1.2.4 ас қорыту жолы ауруларының себептерін және астан улану белгілерін анықтау; 8.1.2.5 адам ағзасындағы дәрумендердің маңыздылығын сипаттау; 8.1.2.6 құрамында дәрумендердің маңызды мөлшері бар азық-түліктер тізімін жасау; 8.1.2.7</p>	<p>9.1.2.1 адамның асқорыту жолдарындағы үдерістерді сипаттау; 9.1.2.2 ас қорыту үдерісіндегі органикалық заттар мен сәйкес ферменттердің арасындағы байланысты орнату; 9.1.2.3 ферменттердің белсенділігіне әсер ететін әр түрлі жағдайларды (температура, рН) зерттеу; 9.1.2.4 өттің әсерінен майлардың</p>



		азық-түлік құрамындағы С дәруменінің анықтау	эмульгациялануы үдерісін зерттеу	
3. Заттардың тасымалдануы	7.1.3.1 тірі ағзалардағы қоректік заттардың тасымалының маңызын түсіндіру; 7.1.3.2 өсімдіктерде заттардың тасымалына қатысатын мүшелерді танып білу; 7.1.3.3 сабақ пен тамырдың ішкі құрылысын зерттеу; 7.1.3.4 сабақ және тамырдың құрылысы мен қызметтерінің өзара байланысын сипаттау; 7.1.3.5 ксилема мен флоэма элементтерінің құрылысын салыстыру; 7.1.3.6 жануарларда заттар тасымалына қатысатын	8.1.3.1 құрамы мен қызметін сипаттау; 8.1.3.2 дайын микропрепараттар арқылы әртүрлі ағзалардың қан жасушаларының құрылыс ерекшеліктерін зерттеу; 8.1.3.3 лейкоциттердің түрлі типтерінің қызметтерін сипаттау; 8.1.3.4 гуморальдық және жасушалық иммунитетті салыстыру; 8.1.3.5 лимфа жүйелерін және қан, ұлпалық сұйықтық пен лимфа арасындағы өзара байланысты сипаттау; 8.1.3.6 аурулардың алдын алуындағы вакцинацияның ролін бағалау; 8.1.3.7 агглютинация және резус-конфликт механизмдерін түсіндіру; 8.1.3.8 жануарлардың жүрегінің құрылысы мен қантамыр жүйелерінің маңызын сипаттау; 8.1.3.9 қантамыр қабырғасының құрылысы мен	9.1.3.1 активті және пассивті тасымалдарды салыстыру; 9.1.3.2 өсімдіктердегі транспирация үдерісінің мәнін түсіндіру; 9.1.3.3 ішкі және сыртқы факторлардың транспирацияға әсерін зерттеу; 9.1.3.4 сыртқы факторлардың флоэма арқылы заттардың	

	<p>мүшелерді танып білу</p>	<p>олардың қызметі арасындағы байланысты орнату; 8.1.3.10 жануарлардың қантамырлар жүйесінің түрлерін сипаттау; 8.1.3.11 д е н е жаттығуларының жүрек жұмысына әсерін зерттеу; 8.1.3.12 жүйесі мүшелерінің ауруларының себептері мен ауру белгілерін сипаттау</p>	<p>тасымалдануына әсерінзерттеу</p>	
<p>4. Тыныс алу</p>	<p>7.1.4.1 тірі ағзалар үшін тыныс алудың маңызын сипаттау; 7.1.4.2 анаэробты және аэробты тыныс алу типтерін ажырату; 7.1.4.3 өсімдіктердің тыныс алу үдерісін зерттеу; 7.1.4.4 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүшелерін салыстыру; 7.1.4.5 адамның тыныс алу мүшелері құрылысының ерекшеліктерін танып білу; 7.1.4.6 тыныс алу мүшелерінің ауыруларының себептері мен олардың алдын алу жолдарын түсіндіру</p>	<p>8.1.4.1 өкпе менұлпадағы газ алмасу механизмдерін сипаттау; 8.1.4.2 тыныс алу және тыныс шығару механизмін түсіндіру; 8.1.4.3 өкпенің тіршілік сыйымдылығын анықтау және қалыпты жағдайдағы және дененің физикалық жүктемесі кезіндегі тыныс алудың минуттық көлемін анықтау</p>	<p>9.1.4.1 тыныс алу реакциясының химиялық тендеуін пайдалана отырып, анаэробты және аэробты тыныс алуды салыстыру, 9.1.4.2 бұлшықет қажуы және аэробты, анаэробты тыныс алу үдерістері арасындағы байланысты қарастыру</p>	
			<p>9.1.5.1</p>	

<p>5. Бөліп шығару</p>	<p>7.1.5.1 ағзалардың тіршілік әрекетіндегі бөліп шығарудың маңызын сипаттау; 7.1.5.2 өсімдіктердегі бөліп шығару ерекшеліктерін зерттеу; 7.1.5.3 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың бөліп шығару жүйелерінің құрылысын салыстыру</p>	<p>8.1.5.1 адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы мен қызметтерін сипаттау; 8.1.5.2 бүйректің құрылымдық бөліктерін танып білу; 8.1.5.3 терінің құрылысы мен оның бөліп шығарудағы маңызын сипаттау; 8.1.5.4 тері ауруларын және оның алдын алу шараларын түсіндіру</p>	<p>нефронның құрылысы мен қызметін сипаттау; 9.1.5.2 филтрация және несептің түзілуі үдерістерін сипаттау; 9.1.5.3 үйректің жұмысына әсер ететін факторларды сипаттау; 9.1.5.4 зәр шығару жүйесі, бүйрек ауруларының алдын алу шараларын түсіндіру; 9.1.5.5 әртүрлі ағзалардың мекен ету ортасы мен зат алмасуларының соңғы өнімдері арасындағы байланысты орнату</p>	
<p>6. Қозғалыс</p>	<p>7.1.6.1 өсімдіктердің қозғалу себептерін түсіндіріп, қозғалыстың маңызын сипаттау (тропизмдер, таксистер); 7.1.6.2 жарықтың өсімдіктердің өсуі мен дамуына әсерін түсіндіру; 7.1.6.3</p>	<p>8.1.6.1 тірек-кимыл жүйесінің қызметтерін сипаттау; 8.1.6.2 сүйектің химиялық құрамын, макро және микроскопиялық құрылысын зерттеу; 8.1.6.3 сүйектердің байланыс түрлерін салыстыру; 8.1.6.4 буынның әр түрлі типтерінің құрылысы мен олардың қызметтері арасындағы байланысты орнату; 8.1.6.5 бұлшық ет ұлпасының қызметтері</p>		<p>10.1.6.1 кол бұлшық еттерінің максимальдыжұмыс күшін және күшке төзімділігін зерттеу; 10.1.6.2 бұлшық еттің жиырылу жиілігіне</p>

	<p>өсімдіктердегі фотопериодизм ролін сипаттау; 7.1.6.4 омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың қозғалыс мүшелерін салыстыру</p>	<p>түрлері мен олардың қызметтерін сипаттау; 8.1.6.6 адам бұлшық еттерінің құрылысы мен бұлшықет топтарын оқып тану ; 8.1.6.7 гиподинамия салдарын атау; 8.1.6.8 сымбаттың бұзылуы және жалпақ жалпақтабандылықтың пайда болу себептерін анықтау</p>	<p>бұлшықет жұмысының тәуелділігін зерттеу</p>
<p>7. Координация және реттелу</p>	<p>7.1.7.1 жануарлардың жүйке жүйесінің типтерін салыстыру ; 7.1.7.2 жүйке жүйесінің қызметі мен құрылымдық компонентерін атау; 7.1.7.3 жүйке жасушасының құрылымдық бөліктерін анықтау 7.1.7.4 орталық жүйке жүйесі бөлімдерінің құрылысы мен қызметін салыстыру ; 7.1.7.5 рефлекстік доғаны зерттеу; 7.1.7.6 мінез-құлықтың рефлекторлық табиғатын түсіндіру ; 7.1.7.7 вегетативті жүйке жүйесінің қызметін сипаттау;</p>	<p>8.1.7.1 көруді қабылдау ерекшеліктерін зерттеу және көру гигиенасы ережелерін сипаттау ; 8.1.7.2 дыбысты қабылдау ерекшеліктерін зерттеу және есту мүшелерінің гигиенасы ережелерін сипаттау ; 8.1.7.3 көру және есту рецепторларының құрылымы мен қызметін сәйкестендіру; 8.1.7.4 эндокринді, экзокринді және аралас бездердің орналасқан жерлерін анықтау; 8.1.7.5 бездердің негізгі қызметтерін түсіндіру;</p>	<p>10.1.7.1 жүйке жасушасының құрылысы мен қызметі арасында байланыс орнату; 10.1.7.2 жүйке ұлпалары мен оның құрылымдық бөліктерінің қызметтерін талдау; 10.1.7.3 жүйке импульстарының туындауы мен өтуін сипаттау; 10.1.7.4 нейрогуморальді реттелу механизмін түсіндіру; 10.1.7.5 ағзаның ішкі ортасының тұрақтылығын</p>

7.1.7.8 ағзаның тіршілік әрекетін қалпына келтіру және тынығуы үшін ұйқының маңызын түсіндіру;	8.1.7.6 эндокриндік бездер қызметінің бұзылуынан туындаған ауруларды атау;		ұстаудағы гомеостазды сақтаудың механизмін түсіндіру;
7.1.7.9 жақсы психикалық денсаулықты сақтаудың принциптерін түсіндіру;	8.1.7.7 терінің сезімталдығын зерттеу;		10.1.7.6 өсімдіктердің өсуі мен дамуына әсер ететін заттардың әрекетін талдау
7.1.7.10 жүйке жүйесінің қызметіне алкоголь, шылым және есірткілік заттардың әсерін түсіндіру	8.1.7.8 жылықанды жануарлардың дене температураны сақтаудағы терінің ролін сипаттау		

2) "Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық даму" бөлімі:  
2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
1. Көбею	7.2.1.1 өсімдіктердің жыныссыз және жынысты көбеюін сипаттау; 7.2.1.2 өсімдіктердің өсімді көбею тәсілдерін салыстыру; 7.2.1.3 айқас тозаңдану мен өздігінен тозаңданудың салыстырмалы артықшылықтарын сипаттау; 7.2.1.4 гүлді өсімдіктердегі қосарлы ұрықтанудың маңызын сипаттау		9.2.1.1 жануарлардың көбею тәсілдерін салыстыру; 9.2.1.2 мүктер мен қырықжапырақтардың мысалында жынысты және жыныссыз ұрпақтарының ерекшеліктерін түсіндіру; 9.2.1.3 ашық тұқымды және жабық тұқымды өсімдіктердің тіршілік циклінің ерекшеліктерін түсіндіру	10.2.1.1 адамның жыныс жүйесінің құрылысын сипаттау; 10.2.1.2 аталық және аналық жыныс жасушаларының құрылыс ерекшеліктерін зерттеу; 10.2.1.3 жыныстық жетілу кезеңіндегі екінші реттік жыныстық белгілердің дамуын сипаттау; 10.2.1.4 менструалдық цикл мен экстроген және прогестеронның маңызын сипаттау; 10.2.1.5 контрацепция-ның маңызы мен түрлерін түсіндіру; 10.2.1.6

				жыныстық жолмен таралатын аурулардың салдары мен алдын алу шараларын түсіндіру
2. Жасушалық айналым	7.2.2.1 әртүрлі ағзалар түрлеріндегі хромосомалардың санын салыстыру; 7.2.2.2 сомалық және жыныс жасушаларындағы хромосомалар сандарын атау		9.2.2.1 тірі ағзалардың өсуі мен дамуы үшін митоз бен мейоздың маңызын түсіндіру	10.2.2.1 жасушалық айналымның интерфаза кезеңіндегі жүретін үдерістерді түсіндіру; 10.2.2.2 митоздың кезеңдерін сипаттау; 10.2.2.3 мейоз кезеңдерін сипаттау; 10.2.2.4 митоз бен мейоз үдерісін салыстыру
3. Өсу және даму	7.2.3.1 ағзадардың өсу мен даму үдерістерін сипаттау; 7.2.3.2 өсімдіктердің ұзарып және жуандап өсу үдерісін зерттеу; 7.2.3.3 өсімдіктер мен жануарлардың онтогенез кезеңдерін ажырату; 7.2.3.4 жануарлардың онтогенезіндегі тура және түрленіп даму типтерін салыстыру		9.2.3.1 эмбрионалдық даму кезеңдерін сипаттау; 9.2.3.2 әр түрлі ұрық жапырақшаларынан қалыптасқан мүшелер мен ұлпалар дифференциасын сипаттау	10.2.3.1 ұрықтың дамуындағы плацентаның маңызын түсіндіру; 10.2.3.2 ұрық пен эмбрионның дамуын салыстыру; 10.2.3.3 адам ұрығының дамуына шылым шегу, алкоголь мен басқа есірткілер әсерінің салдарын түсіндіру
				10.2.4.1 генетиканың дамуымен қалыптасуындағы Мендель зерттеулерінің рөлін бағалау; 10.2.4.2 моногибридті будандастырудың

4.  
Т ұ қ ы м  
қуалаушылық пен  
өзгергіштік  
зандылықтары

7.2.4.1  
адам ағзасындағы  
тұқым қуалайтын  
және тұқым  
қуаламайтын  
белгілерді зерттеу;  
7.2.4.2  
үздік және үздіксіз  
өзгергіштікті атау;  
7.2.4.3  
белгілерді  
анықтаудағы  
гендердің рөлін  
түсіндіру;  
7.2.4.4  
хромосомадағы  
генетикалық  
ақпарат ДНК-ның  
маңызын түсіндіру

9.2.4.1  
т ұ қ ы м  
қуалаушылық пен  
өзгергіштіктің  
эволюциядағы ролін  
дәйектеу;  
9.2.4.2  
ағзалар селекциясы  
үшін қолдан  
сұрыптаудың  
маңызын сипаттау;  
9.2.4.3  
мәдени өсімдіктер  
мен үй  
жануарларының  
шығу тегінің  
орталықтарын оқып  
білу;  
9.2.4.4  
маңызды мәдени  
өсімдіктер  
іріктемелері мен үй  
жануарлары  
қолтұқымын  
сипаттау

цитологиялық  
негіздерін  
тұжырымдау және  
моногибридті  
будандастыруға  
есептер шығару;  
10.2.4.3  
дигибридті  
будандастырудың  
цитологиялық  
негіздерін  
негіздерін дәлелдеу  
және есептер  
шығару;  
10.2.4.4  
толық және  
толымсыз  
доминаттылықты  
салыстыру;  
10.2.4.5  
талдаушы  
шағылыстырудың  
маңыздылығын  
бағалау;  
10.2.4.6  
жынысты анықтау  
теориясын сипаттау  
;  
10.2.4.7  
жынысты анықтау  
кезінде  
хромосомалардың  
рөлін түсіндіретін  
сызба жасау;  
10.2.4.8  
адамның қан  
тобының  
тұқымқуала-уын  
және қан топтарын  
анықтау механизмін  
түсіндіру;  
10.2.4.9  
адам генетикасын  
зерттеудің негізгі  
әдістерін сипаттау;  
10.2.4.10  
шежіре сызбасын  
құру;  
10.2.4.11  
мәдени  
өсімдіктердің  
өнімділігін арттыру  
үшін заманауи

			ауылшаруашылық технологиялардың қолданылуын зерттеу
5. Эволюциялық даму мен селекция негіздері			<p>10.2.5.1 К. Линней мен Ж.Б. Ламарк еңбектерінің негізгі қағидаларын оқып зерттеу;</p> <p>10.2.5.2 эволюциялық ілімнің қалыптасуындағы Ч. Дарвин еңбектерінің рөлін түсіндіру;</p> <p>10.2.5.3 эволюцияның қозғаушы күштерін сипаттау;</p> <p>10.2.5.4 ағзалардың бейімделушілігіндегі табиғи сұрыпталудың рөлін сипаттау;</p> <p>10.2.5.5 түрдің құрылымы мен критерийлерін сипаттау;</p> <p>10.2.5.6 түр түзілу үдерісін түсіндіру;</p> <p>10.2.5.7 Жердегі тіршіліктің дамуының негізгі кезеңдерін оқып білу</p>

### 3) " Ағза мен қоршаған орта" бөлімі:

#### 3-кесте

Бөлімшелер	Оқу мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
			<p>9.3.1.1 экожүйелердің жалпы құрылымының сызбасын жасау;</p> <p>9.3.1.2</p>	



<p>1. Биосфера, экожүйе, популяция</p>	<p>7.3.1.1 жергілікті жер экожүйесі қоршаған орта факторларының тірі ағзаларының тіршілік әрекеті мен таралуына әсерін зерттеу; 7.3.1.2 табиғи қоректік тізбектерді салыстыру; 7.3.1.3 қоректік тізбекті және қоректік торларды құру; 7.3.1.4 экологиялық сукцессия үдерісін сипаттау</p>		<p>су және құрлық экожүйелерін салыстыру; 9.3.1.3 популяцияның негізгі қасиеттерін және құрылымдық ерекшеліктерін сипаттау; 9.3.1.4 ағзалардың түрлі тірі қалу тәсілдерін зерттеу; 9.3.1.5 жыртқыш құрбан қарым-қатынасы мысалында популяция санының өзгеру себептерін орнату; 9.3.1.6 тірі ағзалардың өз ара қарым-қатынас түрлерін сипаттау; 9.3.1.7 тірі ағзалардың қоршаған ортаның өзгермелі жағдайларына бейімделу механизмдерін түсіндіру</p>	<p>10.3.1.1 популяция өсімінің экспоненциалдық және сигмоидтік үлгілерінің қисық сызықтарының графиктерін талдау; 10.3.1.2 энергия ағымының тиімділігін есептеу; 10.3.1.3 энергия, биомасса және сандар пирамидаларын салыстыру; 10.3.1.4 азот пен көміртек айналымының табиғаттағы сызбасын құру</p>
<p>2. Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері</p>	<p>7.3.2.1 адам мен экожүйе арасындағы қарым-қатынастарды сипаттау; 7.3.2.2 экожүйеге жағымсыз әсер ететін адам тіршілігінің шаруашылық салаларынан мысалдар келтіру; 7.3.2.3 Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың</p>		<p>9.3.2.1 биологиялық әртүрлілікті сақтаудың және қолдауды қажеттіктің себептерін негіздеу; 9.3.2.2 Дүниежүзілік Тұқым қорының маңызын бағалау; 9.3.2.3 Қазақстан аумағындағы</p>	<p>10.3.2.1 пайдалы қазбалар өндірудің және қайта өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру; 10.3.2.2 пестицидтерді пайдаланудың, қоршаған ортаға мен адам денсаулығы әсерін түсіндіру; 10.3.2.3 жылыжай эффектісінің тірі</p>

өсімдіктері мен жануарларын сипаттау; 7.3.2.4 Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жергілікті өңірдің жануарлары мен өсімдіктеріне мысал келтіру		экологиялық проблемалардың туындау себептері мен оларды шешу жолдарын түсіндіру	ағзаларға әсерін түсіндіру; 10.3.2.4 озон қабатының бұзылуының себептері мен салдарын түсіндіру
---	--	---	---

#### 4) "Қолданбалы кіріктірілген ғылымдар" бөлімі:

##### 4-кесте

Бөлімше	Оқу мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
1. Молекулалық биология мен биохимия	<p>7.4.1.1 судың қасиеті мен тірі ағзалар тіршілігі үшін маңызын сипаттау;</p> <p>7.4.1.2 тірі ағзалар тіршілік әрекеті үшін микро-және макроэлементтердің ролін сипаттау;</p> <p>7.4.1.3 азық-түліктер құрамындағы нәруыз, май, көмірсулардың бар болуын дәлелдеу;</p> <p>7.4.1.4 өсімдіктер үшін минералдық тыңайтқыштар құрамындағы азот, калий және фосфордың маңызын оқып білу</p>		<p>9.4.1.1 биологиялық мысалдарды пайдаланып полимерлер мен мономерлер арасындағы айырмашылықты сипаттау;</p> <p>9.4.1.2 көмірсулар мен липидтердің биологиялық қызметтерін сипаттау;</p> <p>9.4.1.3 нәруыздардың қасиеттері мен биологиялық қызметтерін сипаттау</p>	<p>10.4.1.1 ферменттің әрекет ету механизмін оқып тану;</p> <p>10.4.1.2 дезоксирибонуклеин қышқылы молекуласының қосиыршықты құрылымын сипаттау;</p> <p>10.4.1.3 дезоксирибонуклеин қышқылының құрылымдық қағидалары негізінде үлгілеу</p>
2. Жасушалық биология	<p>7.4.2.1 жасуша, ұлпа, мүше, мүшелер жүйесі ұғымын түсіндіру;</p> <p>7.4.2.2 жануарлар және өсімдіктер жасушаларын ажырату</p>		<p>9.4.2.1 өсімдік және жануар ұлпаларын жіктеу;</p> <p>9.4.2.2 прокариот және эукариот</p>	<p>10.4.2.1 өсімдік және жануар жасушаларының негізгі бөліктерінің құрылысы мен қызметін түсіндіру;</p> <p>10.4.2.2 микрофотографияны қолданып жасушаның</p>

			жасушаларының құрылысын салыстыру	сызықтық ұлғаюын есептеу
3. Микробиология және биотехнология	7.4.3.1 бактериялар формаларының әртүрлілігін сипаттау; 7.4.3.2 ірімшік және йогурт өндірісін зерттеу; 7.4.3.3 антибиотиктер, антисептиктер мен залалсыздандыру өнімдерінің қолданылуын сипаттау; 7.4.3.4 вирустардың тіршіліктің жасушасыз формасы екендігін түсіндіру		9.4.3.1 қарапайымдылар, бактериялар, саңырауқұлақтар, вирустармен туындайтын аурулардың ерекшеліктері мен алдын алу шараларын сипаттау	10.4.3.1 инсулин өндіру мысалында биотехнологиялық үдерістің жалпы сызбасын сипаттау; 10.4.3.2 биотехнологияда өндірілетін өнімдерге мысал келтіру
4.4 Биофизика			9.4.4.1 тік жүруге байланысты адам қозғалуының биомеханикалық ерекшеліктерін зерттеу	10.4.4.1 тірі ағзалардағы электрлі үдерістерді зерттеу; 10.4.4.2 "компьютер-ми" интерфейс технологиясының ерекшеліктерін зерттеу

32. ТҚАБ білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10-сыныптары үшін "Биология" оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Биология" пәнінен жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасына қосымша

**Тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Биология" пәнінен жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасы жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспары**

1) 7-сынып:

1-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімшелері	Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
3.1 Экожүйелер	Ортаның экологиялық факторлары : абиотикалық (температура, жарық, рН, ылғалдылық) биотикалық (микроағзалар, жануарлар, өсімдіктер). Зертханалық жұмыс "Жергілікті жердің экожүйелерін зерттеу ( мектеп ауласы мысалында)"	7.3.1.1 жергілікті жер экожүйесі қоршаған орта факторларының тірі ағзалардың тіршілік әрекеті мен таралуына әсерін зерттеу
	Қоректік тізбектер және қоректік торлар. Модельдеу "Қоректік тізбек пен торды құру"	7.3.1.2 табиғи қоректік тізбектерді салыстыру; 7.3.1.3 қоректік тізбектер және қоректік торларды құрастыру
	Экологиялық сукцессиялар: Бірінші және екінші реттік сукцессиялар. Экожүйелердің алмасуы	7.3.1.4 экологиялық сукцессия үдерісін сипаттау
	Адам экожүйенің бір бөлігі. Антропогендік фактор	7.3.2.1 адам мен экожүйе арасындағы қарым-қатынастарды сипаттау
	Адам әрекеттерінің экожүйеге жағымсыз әсері	7.3.2.2 экожүйеге жағымсыз әсер ететін адам тіршілігінің салаларына мысалдар келтіру
	Қазақстанда ерекше қорғалатын аймақтар. Жергілікті жердің ерекше қорғалатын аймақтары	7.3.2.3 Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аймақтарының өсімдіктері мен жануарларын сипаттау
	Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы. Жергілікті өңірдің ҚР Қызыл кітабына енгізілген жануарлары мен өсімдіктері	7.3.2.4 жергілікті өңірдің Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлары мен өсімдіктеріне мысал келтіру
1.1 Тірі ағзаларды жүйелеу	Тірі ағзалардың бес патшалығына жалпы сипаттама: прокариоттар, протисталар, саңырауқұлақтар, өсімдіктер, жануарлар. Өсімдіктер мен жануарлардың негізгі жүйелік топтары: Патшалықтар. Типтер. Бөлімдер. Кластар. Өсімдіктер мен жануарларды жүйелеудің маңызы	7.1.1.1 жүйелеудің маңызын түсіндіру; 7.1.1.2 жүйелеуде тірі ағзалардың орынын анықтау
	Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың сыртқы құрылысындағы ерекшеліктер	7.1.1.3 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың құрылысының ерекшеліктерін сипаттау
	Дихотомиялық әдіс. Дихотомиялық кілттерді қолдану	7.1.1.4 жекелеген ағзаларға қарапайым дихотомиялық кілттерді қолдану

4.2 Жасушалық биология Су және органикалық заттар	Жасуша, ұлпа, мүше, мүшелер жүйесі түсініктері. Өсімдіктер және жануарлар жасушаларын салыстыру. Жарық микроскобынан көрінетін жасуша құрылымдары: пластидтер, вакуоль, ядро, цитоплазма, жасушалық мембрана, жасушалық қабырға	7.4.2.1 "жасуша", "ұлпа", "мүше", "мүшелер жүйесі" туралы түсініктер; 7.4.2.2 өсімдіктер және жануарлар жасушаларын ажырату
	Судың қасиеттері: беттік керілу, судың қозғалысы, еріткіштігі, қайнау және балқу температурасы, жылусыйымдылығы. Судың биологиялық маңызы және оның еріткіш ретіндегі, температураны сақтау мен реттеудегі ролі. Зертханалық жұмыс "Судың тірі ағзалар үшін маңызы мен қасиеттерін зерттеу". Микро- (мырыш, темір, селен, фтор) және макроэлементтердің (магний, кальций, калий, фосфор, ) тірі ағзалардың тіршілік әрекеті үшін маңызы	7.4.1.1 судың қасиеті мен тірі ағзалар үшін маңызын сипаттау; 7.4.1.2 тірі ағзалар тіршілік әрекеттері үшін микро- және макроэлементтердің ролін сипаттау
	Азық-түліктердегі органикалық заттар: нәруыздар, майлар, көмірсулар. Зертханалық жұмыс "Азық-түліктерде көмірсулар, нәруыздар және майлардың бар болуын зерттеу"	7.4.1.3 азық – түліктерде көмірсулар, нәруыздар және майлардың бар екендігін дәлелдеу
	Өсімдіктерде макроэлементтердің тапшылығы (азот, калий, фосфор.) . Тыңайтқыштар: органикалық және минералдық (азотты, калийлі және фосфорлы)	7.1.1.4 минералды тыңайтқыштардағы азот, калий және фосфордың өсімдіктер үшін маңызын танып білу
	2-тоқсан	
1.3 Заттардың тасымалдануы	Заттар тасымалдануының тірі ағзалардың тіршілік әрекеті үшін маңызы. Заттардың тасымалдануына қатысатын тірі ағзалардың мүшелері мен мүшелер жүйесі	7.1.3.1 тірі ағзалардағы қоректік заттардың тасымалының маңызын түсіндіру; 7.1.3.2 өсімдіктерде заттардың тасымалын қамтамасыз ететін мүшелерді танып білу
	Сабақ және тамыр. Сабақтың ішкі құрылысы: қабық, камбий, сүрек, өзек. Тамыр аймақтары: бөліну, өсу, сору және өткізу аймақтары. Тамырдың ішкі құрылысы: флоэма, ксилема, камбий. Зертханалық жұмыс "Сабақтың ішкі құрылысын зерттеу". Зертханалық жұмыс "Тамыр аймақтарын зерттеу"	7.1.3.3 тамыр және сабақтың ішкі құрылысын зерттеу; 7.1.3.4 тамыр және сабақтың құрылысы мен қызметі арасындағы байланысты сипаттау

	Ксилема, флоэма және олардың құрылымдық элементтері	7.1.3.5 флоэма мен ксилеманың элементтерін құрылысын салыстыру
	Жануарлардағы қанайналым мүшелері: буылтық құрттар, ұлулар, буынаяқтылар және омыртқалылар	7.1.3.6 жануарларда заттар тасымалына қатысатын мүшелерді танып білу
1.2 Тірі ағзалардың қоректенуі	Жапырақтың құрылысы мен қызметі. Жапырақтың ішкі құрылысы. Лептесік. Жапырақ фотосинтездеуші негізгі арнайы мүше. Судың булануы мен газдардың алмасуы	7.1.2.1 жапырақтың ішкі құрылысын сипаттау, құрылысы мен қызметі арасындағы өзара байланысты түсіндіру
	Фотосинтезге қажетті жағдайлар. Зертханалық жұмыс "Фотосинтез үдерісіне қажетті жағдайларды зерттеу"	7.1.2.2 фотосинтезге қажетті жағдайларды зерттеу
1.4 Тыныс алу	Өсімдіктер мен жануарлар үшін тыныс алудың маңызы. Тыныс алу - энергия көзі. Тыныс алу типтері: анаэробты және аэробты. Анаэробты және аэробты тыныс алуды салыстыру: оттегінің қатысында/қатысынсыз, статикалық/динамикалық жұмыс, жылықанды/суыққанды жануарлар	7.1.4.1 тірі ағзалардағы тыныс алу маңызын сипаттау; 7.1.4.2 анаэробты және аэробты тыныс алу типтерін ажырату
	Өсімдіктердің тыныс алуы. Тұқымның немесе өскіндердің тыныс алуы мысалында Зертханалық жұмыс "Өсімдіктердің тыныс алуын зерттеу"	7.1.4.3 өсімдіктердегі тыныс алуды зерттеу
	Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүшелері (бунақденелілердің демтүтіктері, балықтарының желбезектері, құстардың және сүтқоректілердің өкпесі). Модельдеу "Омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың тыныс алу жүйесі мүшелерін салыстыру"	7.1.4.4 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүшелерін салыстыру
	Тыныс алу мүшелері. Адамның тыныс алу жолдарының құрылысы мен газалмасу мүшелері.	7.1.4.5 адамның тыныс алу мүшелерінің құрылыс ерекшеліктерін танып білу
	Тыныс алу мүшелерінің аурулары. Тыныс алу мүшелерінің ауруларының себептері мен алдын алу жолдары (өкпе обыры, астма, бронхит, туберкулез, тұмау)	7.1.4.6 тыныс алу мүшелерінің ауруларының себептері мен алдын алу жолдарын түсіндіру

3-тоқсан		
1.5 Бөліп шығару	Бөліп шығарудың тірі ағзалар үшін маңызы. Жануарлардағы бөліп шығару өнімдері. Зат алмасудың соңғы өнімдері	7.1.5.1 ағзалардың тіршілік әрекетінде бөліп шығарудың маңыздылығын түсіндіру
	Өсімдіктердегі бөліп шығару өнімдері: тыныс алу мен фотосинтездің бастапқы және соңғы өнімдері. Зертханалық жұмыс "Өсімдіктердің тынысалу ерекшеліктерін өскіндер мысалында зерттеу"	7.1.5.2 өсімдіктердегі бөліп шығару ерекшеліктерін зерттеу
	Жануарлардың бөліп шығару жүйелері. Жануарлардың бөліп шығару жүйелерінің құрылысын салыстыру	7.1.5.3 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың бөліп шығару жүйелерінің құрылысын салыстыру
1.6 Қозғалыс	Өсімдіктердің қозғалысы. Қозға-лыстың өсімдіктер тіршілігіндегі маңызы. Өсімдіктердің қозғалу тәсілдері (тропизмдер, таксистер, өсу қозғалыстары). Өсімдіктердің өсуі мен дамуына жарықтың әсері. Жарықтың түсу деңгейіне қарай өсімдіктердің бейімделуі. Фотопериодизм күннің жарық түсу ұзақтығына ағзалардың бейімделуі	7.1.6.1 өсімдіктердің қозғалысы себептерін түсіндіріп, қозғалыстың маңызын сипаттау; 7.1.6.2 жарықтың өсімдіктердің дамуына әсерін түсіндіру; 7.1.6.3 өсімдіктердегі фотопериодизм ролін сипаттау
	Жануарлардың қозғалыс мүшелері . Тірі ағзалардағы қозғалыстың рөлі. Жануарлардың қозғалу тәсілдеріне мысалдар. Жануарлардың мекен ортасы мен қозғалыстәсілдері арасындағы байланыстарды анықтау	7.1.6.4 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың қозғалыс мүшелерін салыстыру
	Жүйке жүйесінің типтерін салыстыру: диффузиялы, сатылы, түйнекті, түтіктәрізді	7.1.7.1 жануарлардың жүйке жүйесінің типтерін салыстыру
	Жүйке жүйесінің құрам бөліктері. Жүйке жүйесінің қызметі. Нейронның құрылысы: денесі, дендриттер, аксон. Нейронның қызметтері	7.1.7.2 жүйке жүйесінің қызметін және құрылымдық компоненттерін атау; 7.1.7.3 жүйке жасушасының компоненттерін анықтау
	Жүйке жүйесінің орталық және шеткі бөлімдері. Жұлын. Ми. Ми бөлімдерінің құрылысы мен қызметтері: сопақша ми, артқы (ми көпірі, мишық), орталық және аралық ми. Үлкен ми сыңарлары	7.1.7.4 орталық жүйке жүйесі бөлімдерінің құрылысы мен қызметтерін салыстыру

1.7 Координация және реттелу	Рефлекстік доға: рецептор, сезгіш, аралық, қозғалыс нейрондары, жұмыс мүшесі. Зертханалық жұмыс "Тізе рефлексі"	7.1.7.5 рефлекстік доғаны зерттеу
	Мінез-құлықтың рефлекторлық табиғыты: шартсыз және шартты рефлекстер. Шартты рефлекстердің сөнуі	7.1.7.6 мінез-құлықтың рефлекторлық табиғатын түсіндіру
	Ішкі мүшелер жұмысының жүйкелік реттелуі	7.1.7.7 вегетативті жүйке жүйесінің қызметін сипаттау
	Адам ағзасы үшін ұйқының маңызы. Биологиялық ритмдер. Ұйқының кезеңдері: баяу және жылдам ұйқы. Жұмысқа қабілеттілік Күн тәртібі. Оқу еңбегі мен дене еңбегінің гигиенасы. Күйзеліс. Күйзеліс жағдайларымен күрес және олардың алдын алу әдістері	7.1.7.8 ағзаның тіршілік әрекеттерінің қалпына келуіне және тынығуына ұйқының маңызын түсіндіру; 7.1.7.9 жақсы психикалық денсаулықты сақтаудың принциптерін түсіндіру
	Жүйке жүйесінің қызметіне алкоголь, темекі, және наркотикалық заттардың әсері	7.1.7.10 жүйке жүйесінің қызметіне алкоголь, темекі, және наркотикалық заттардың әсерін түсіндіру
4-тоқсан		
2.4 Тұқымқуалау мен өзгергіштік	Адамда белгілердің тұқым қуалауында гендер мен ДНҚ рөлі. Жүре пайда болған және тұқымқуалайтын белгілер.. Хромосоманың құрылымы. Генетикалық материалды сақтаушы және тасымалдаушы ДНҚ жайлы түсінік. Модельдеу "Адам ағзасындағы тұқым қуалайтын және тұқым қуаламайтын белгілерді зерттеу"	7.2.4.1 адам ағзасындағы тұқымқуалайтын және тұқым қуаламайтын белгілерді зерттеу; 7.2.4.2 үздік және үздіксіз өзгергіштікті атау 7.2.4.3 белгілерді анықтаудығы гендердің рөлін түсіндіру; 7.2.4.4 хромосомадағы генетикалық ақпарат дезоксирибонуклеин қышқылы рөлін түсіндіру
	Өртүрлі ағзалар түрлерінің хромосомалар саны. Соматикалық және жыныс жасушалар. Гаплоидты және диплоидты хромосомалар жиыны.	7.2.2.1 әртүрлі ағзалардағы хромосомалардың санын салыстыру; 7.2.2.2 соматикалық және жыныс хромосомаларындағы хромосомалар санының әртүрлілігін түсіндіру
	Өсімдіктердің жынысты және жыныссыз көбеюі. Өсімдіктердің жынысты және жыныссыз көбеюінің биологиялық маңызы	7.2.1.1 өсімдіктердің жынысты және жыныссыз көбеюін сипаттау
	Өсімдіктердің өсімді жолмен көбеюі, оның түрлері және табиғаттағы биологиялық маңызы. Өсімдік өсіруде өсімді жолмен	



<p>2.1 Көбею</p> <p>2.3 Өсу және даму</p>	<p>көбею тәсілдерін қолдану. Қалемшелеу, сұлатпа өркен, телу (қалемшелермен, көзшелермен), көбею ұлпаларымен.</p> <p>Зертханалық жұмыс " Өсімдіктердегі вегетативті көбею тәсілдері".</p>	<p>7.2.1.2 өсімдіктердің өсімді көбею тәсілдерін салыстыру</p>
	<p>Гүл құрылысы. Тозандану түрлері. Гүлдеу және тозандану. Тозандану түрлері (өздігінен, айқас, жасанды). Өсімдіктердегі ұрықтану туралы түсінік және зиготаның түзілуі. Қосарлы ұрықтану. Қосарлы ұрықтанудың биологиялық маңызы.</p>	<p>7.2.1.3 өздігінен және айқас тозанданудың шамалы артықшылықтарын сипаттау;</p> <p>7.2.1.4 гүлді өсімдіктердегі қосарлы ұрықтанудың маңызын сипаттау</p>
	<p>Ағзалардың жеке дамуы түсінігі. Өсімдіктер мен жануарлардағы онтогенез кезеңдері. Бөліну, өсу, көбею, қартаю. Өсімдіктердің өсуі. Сабақтың ұзарып және жуандап өсуі. Камбийдің рөлі. Жылдық сақиналар.</p> <p>Зертханалық жұмыс "Жылдық сақинаны санау"</p>	<p>7.2.3.1 ағзалардың өсу және даму үдерістерін сипаттау;</p> <p>7.2.3.2 өсімдіктердің ұзарып және жуандап өсу үдерістерін зерттеу</p>
	<p>Жануарлардағы тура және түрленіп даму онтогенез типтері. Бунақденелілердің шала және толық түрленіп дамуына мысалдар.</p> <p>Модельдеу "Жануарлардағы онтогенез типтерін салыстыру".</p>	<p>7.2.3.3 өсімдіктер мен жануарлардағы онтогенез кезеңдерін ажырату;</p> <p>7.2.3.4 жануарлардағы тура және тура емес онтогенез типтерін салыстыру</p>
<p>4.3 Микробиология және биотехнология</p>	<p>Бактериялардың формаларының әртүрлілігі. Бактериялардың таралуы.</p> <p>Зертханалық жұмыс "Пішен таяқшасының сыртқы пішінін қарастыру"</p> <p>Бұршақ тұқымдастардың тамырындағы түйнек бактериялары</p>	<p>7.4.3.1 бактериялар формаларының әртүрлілігін сипаттау</p>
	<p>Бактерияларды пайдалану. Табиғаттағы және адам өміріндегі бактериялардың маңызы.</p> <p>Зертханалық жұмыс "Өндірісте йогурт және ірімшік жасауды зерттеу".</p>	<p>7.4.3.2 ірімшік және йогурт өндірісін зерттеу</p>
	<p>Патогендермен күрес тәсілдері. Бактериялардың антибиотиктерге тұрақтылығы. Зертханалық жұмыс "Антибиотиктер, антисептиктер және залалсыздандыру өнімдерін қолдануды зерттеу".</p>	<p>7.4.3.3 антибиотиктер, антисептиктер және залалсыздандыру өнімдерінің қолданылуын сипаттау</p>

	Вирустар. Жасушасыз құрылым иелері вирустардың құрылыс ерекшеліктері.	7.4.3.4 вирустардың тіршіліктің жасушасыз формасы екендігін түсіндіру
--	---	---

## 2) 8-сынып:

### 2-кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімшелері	Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімшелері	Оқыту мақсаты
1-тоқсан		
4.2 Жасушалық биология	Жасуша – тірі ағзалардың құрылымдық негізгі өлшем бірлігі . Прокариот және эукариот жасушалардың құрылысы: ядроның болуы және орналасуы, жасуша қабырғасы, жасуша мембранасы, пластидтер, митохондрия, рибосомалар, Гольджи аппараты, вакуоль	8.4.2.2 прокариот және эукариот жасушалардың құрылысын салыстыру
	Өсімдік ұлпаларының әртүрлілігі: түзуші, жабын, негізгі, өткізгіш, механикалық, бөліп шығарушы ұлпа. Жануар ұлпаларының әртүрлілігі: эпителий, дәнекер, бұлшықет, жүйке. Зертханалық жұмыс "Өсімдіктер ұлпаларын жіктеу". Зертханалық жұмыс "Жануарлар ұлпаларын жіктеу"	8.4.2.1 өсімдіктер мен жануарлардың ұлпаларын классификациялау
4.1 Молекулалық биология	Жасушаның құрамындағы органикалық заттар. Мономерлер мен полимерлер арасындағы айырмашылық	8.4.1.1 биологиялық мысалдарды пайдаланып полимерлер мен мономерлер арасындағы айырмашылықты сипаттау
	Көмірсулар – энергия көзі. Глюкоза, сахароза, гликоген, крахмал, жасұнық пен хитиннің маңызы және қызметтері. Липидтердің қасиеттері мен қызметі. Липидтердің әртүрлілігі: майлар, фосфолипидтер, балауыз	8.4.1.2 көмірсулар мен липидтің құрылымы мен биологиялық қызметтерін сипаттау
	Нәруыздар, қасиеттері мен қызметтері	8.4.1.3 нәруыздардың биологиялық құрылымы мен қызметі
	Зертханалық жұмыс "Өсімдіктер бөлімдеріндегі ерекшелік белгілерді анықтау. Балдырлар, мүктәрізділер, қырықжапырактәрізділер, ашықтұқымдылар және жабықтұқымдылар	8.1.1.1 балдырлар, мүктер, қырықжапырақ тәріздестер, ашық және жабықтұқымдылар мысалында өсімдіктердің ерекшеліктерін сипаттау

<p>1.1 Тірі ағзалардың көп түрлілігі</p>	<p>Саңырауқұлақтар патшалығы. Зең саңырауқұлағы: мукор, пеницилл. Біржасушалы саңырауқұлақтар – ашытқы. Көпжасушалы саңырауқұлақтар. Қалпақшалы саңырауқұлақтар. Жеуге жарамды және улы саңырауқұлақтар</p>	<p>8.1.1.2 саңырауқұлақтардың негізгі белгілерін сипаттау</p>
	<p>Зертханалық жұмыс "Дара жарнақты және қосжарнақтылар өсімдіктер кластарының белгілерін зерттеу"</p>	<p>8.1.1.3 даражарнақты және қосжарнақты өсімдіктерді негізгі белгілеріне қарай ажырату</p>
	<p>Буынаяқтылар типі. Хордалылар типі. Сыртқы белгілеріне қарай салыстырмалы сипаттама Демонстрация "Хордалы жануарлар мен буынаяқтылардың ерекшелік белгілерін анықтау"</p>	<p>8.1.1.4 буынаяқтылар мен хордалы жануарлар кластарын ерекше белгілері бойынша тану</p>
<p>1.2 Қоректену</p>	<p>Жауын құртының, сиырдың және адамның асқорыту жүйесінің құрылысы. Модельдеу "Адамның, сиырдың және жауынқұртының" асқорыту жүйесінің құрылысын салыстыру</p>	<p>8.1.2.1 омыртқасыз (жауынқұрт), күйіс қайыратын (сиыр) жануарлар мен адамның ас қорыту жүйесінің құрылысын салыстыру</p>
	<p>Тістің құрылысы мен қызметі, сүт тістердің тұрақты тістерге ауысуы . Тіс гигиенасы. Адамның асқорыту жолдарының құрылысы. Асқорыту бездері. Асқорыту мүшелерінің қызметі</p>	<p>8.1.2.2 тістердің құрылысы, әртүрлі типтері мен қызметтері арасындағы байланысты және тісті күту ережелерін сипаттау; 8.1.2.3 адамның ас қорыту жүйесінің құрылысы мен қызметтері арасындағы өзара байланысты анықтау</p>
	<p>Тамақтану гигиенасы. Асқорыту мүшелерінің жұқпалы аурулары және олардың алдын алу. Тағамнан уланудың алдын алу. Алғашқы жәрдем шаралары. Ішек құрт ауруларының алдын алу</p>	<p>8.1.2.4 асқорыту жолы ауруларының себептерін және астан улану себебін ашу</p>
	<p>Дәрумендер және олардың маңызы. Суда еритін және майда еритін дәрумендер. Дәрумендердің тәуліктік мөлшері. Авитаминоз, гиповитаминоз және гипервитаминоз. А авитаминоздағы ақшам соқыр, В1 авитаминоздағы бери – бери ауруы, С авитаминоздағы қыркұлақ , Д авитаминоздағы мешел аурулары. Зертханалық жұмыс "Тағамдық заттар құрамынан С дәруменді анықтау"</p>	<p>8.1.2.5 адам ағзасындағы дәрумендердің маңыздылығын сипаттау; 8.1.2.6 құрамында дәрумендердің маңызды мөлшері бар азық-түлік тізімін жасау; 8.1.2.7 азық – түлік құрамындағы С дәруменін анықтау</p>
<p>2-тоқсан</p>		

1.3  
Заттардың тасымалдануы

<p>Ағзаның ішкі ортасы және оның маңызы. Лимфа. Лимфа айналымы мен оның маңызы. Гомеостаз. Ағзаның ішкі ортасы: қан, лимфа, ұлпа сұйықтығы</p>	<p>8.1.3.5 лимфа жүйесін және қан, ұлпа сұйықтығы мен лимфа арасындағы өзара байланысты сипаттау</p>
<p>Қанның құрамы мен қызметі. Қан түйіршіктері: эритроциттер, лейкоциттер, тромбоциттер. Плазма. Қанның қызметі: транспорттық, гомеостаздық, қорғаныштық</p>	<p>8.1.3.1 қан құрамы мен қызметін сипаттау</p>
<p>Зертханалық жұмыс "Әр түрлі ағзалардың қан жасушаларын зерттеу". Қан жасушаларын формасына, мөлшеріне, санына және ядросының болуына қарай салыстыру</p>	<p>8.1.3.2 дайын микропрепараттар арқылы әр түрлі ағзалардың қан жасушаларының құрылыс ерекшеліктерін зерттеу</p>
<p>Иммунитет. Гуморальдық және жасушалық иммунитет. Лейкоциттердің түрлі типтері және олардың қызметтері. Т – және В- лимфоциттердің әрекет етуі</p>	<p>8.1.3.3 лейкоциттердің түрлі типтерінің қызметтерін сипаттау 8.1.3.4 гуморальдық және жасушалық иммунитетті салыстыру</p>
<p>Жұқпалы аурулар және олардың алдын алу: амёбалық қантышқак, фитофтороз, оба, күл, лейшмания, герпес</p>	<p>8.4.3.5 қарапайымдылар, саңырауқұлақтар, бактериялар мен вирустар қоздыратынмен туындайтын аурулардың ерекшеліктерін сипаттау және алдын алу шараларын сипаттау</p>
<p>Иммунитет. Иммунитеттің түрлері : туа пайда болған және жүре пайда болған иммунитет. Екпенің (вакцин) түрлері және оның жасанды иммунитетті қалыптастырудағы маңызы. Жұқпалы аурулардың алдын алу</p>	<p>8.1.3.6 аурудың алдын алудағы вакцинацияның рөлін бағалау</p>
<p>Қан топтары. Қан құю. Резус – фактор. Агглютинация. Резус – конфликт</p>	<p>8.1.3.7 агглютинация және резус-конфликт механизмдерін түсіндіру</p>
<p>Буылтық құрттардың (жауын құрт), ұлулардың, буынаяқтылардың және омыртқалылардың жүрегі және қантамырларының құрылысы мен қызметі</p>	<p>8.1.3.8 жануарлар жүрегінің құрылысы мен қантамырлар жүйелерінің маңызын сипаттау 8.1.3.9 қантамыр қабырғасының құрылысы мен олардың қызметі арасындағы байланысты орнату</p>
<p>Қантамырлар жүйесінің түрлері. Ашық және тұйық қанайналым жүйелері. Үлкен және кіші қанайналым шеңберлері. Адамның қанайналым жүйесі</p>	<p>8.1.3.10 жануарлардың қантамырлар жүйесі түрлерін сипаттау</p>

	Зертханалық жұмыс "Дене жаттығуларының жүрек жұмысына әсерін зерттеу"	8.1.3.11 дене жаттығуларының жүрек жұмысына әсерін зерттеу
	Жүрек-қантамырлар жүйесі аурулары (гипертония, инфаркт, тахикардия, ишемиялық ауру, атеросклероз, инсульт). Аурудың себептері: тұқым қуалайтын ауруларға бейімділік, салауатты өмір салтын дұрыс ұстанбау, т.б.	8.1.3.12 қантамыр жүйесі ауруларының себептері мен ауру белгілерін сипаттау; 8.1.3.13 жүрек қан-тамырлар ауруларын сипаттау
1.4 Тыныс алу	Альвеола мен қан арасындағы газ алмасу. Өкпедегі қанның оттекке қанығуы. Ұлпа мен қан арасындағы газ алмасу. Қанның көмірқышқыл газына қанығуы, жасушаның оттекке қанығуы	8.1.4.1 өкпе мен ұлпадағыгазалмасу механизмдерін сипаттау
	Тыныс алу және тыныс шығару механизмі. Кеуде қуысының құрылысы. Тыныс алуға және тыныс шығаруға қатысатын бұлшықеттер. Тыныс алу және тыныс шығарудағы көкеттің маңызы. Ауа жүретін жолдардағы қысымның өзгеруі	8.1.4.2 тыныс алу және тыныс шығару механизмін түсіндіру
	Тыныс алудың минуттық көлемі. Әр түрлі жастағы, физикалық дамыған, ер және әйел адамдардың өкпесінің тіршілік сыйымдылығы. Тынысалу қозғалыстарының жиілігі. Шылым шегудің өкпенің тіршілік сыйымдылығына әсері. Зертханалық жұмыс "Өкпенің тіршілік сыйымдылығын зерттеу"	8.1.4.3 өкпенің тіршілік сыйымдылығын анықтау және қалыпты жағдайдағы және дененің физикалық жүктемесі кезіндегі тыныс алудың минуттық көлемін анықтау.
3-тоқсан		
1.5 Бөліп шығару	Зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы (бүйрек, несеппағар, қуық, несеп жолы) мен қызметі. Бөліпшығару және сүзу мүшелері. Бүйректің құрылысы (қыртысты және мұлақ қабат, нефрон, пирамида, астауша, бүйрек өзекшелері)	8.1.5.1 дамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы мен қызметін сипаттау; 8.1.5.2 бүйректің құрылымдық бөліктерін танып білу
	Терінің маңызы, құрылысы мен қызметі. Тер бөлінудің реттелуі	8.1.5.3 терінің құрылысы мен оның бөліп шығарудағы маңызын сипаттау
	Тері ауруларының пайда болу себептері мен салдары (қышыма, теміреткі, безеу бөртпелері). Белгілері мен алдын алу шаралары	8.1.5.4 тері ауруларының себептерін сипаттау; 8.1.5.5 тері ауруларының алдын алу шараларын түсіндіру

1.6 Қозғалыс. 4.4 Биофизика	Адам қаңқасының құрылысы. Тірек-қимыл жүйесінің маңызы мен қызметі	8.1.6.1 тірек-қимыл жүйесінің қызметтерін сипаттау
	Сүйектің макро - және микроскопиялық құрылысы. Сүйектің химиялық құрамы. Зертханалық жұмыс "Сүйектің макро және микроскопиялық құрылысы". Демонстрация "Сүйектің химиялық құрамы"	8.1.6.2 сүйектің химиялық құрамын, макро және микроскопиялық құрылысын зерттеу
	Сүйектің байланыс түрлері: қозғалмайтын, жартылай қозғалмалы, қозғалмалы	8.1.6.3 сүйектердің байланыс түрлерін салыстыру
	Буынның құрылысы және қызметтері. Сүйек буындарының атқаратын қызметіне сәйкес бейімделуі	8.1.6.4 буынның әр түрлі типтерінің құрылысы және олардың қызметтерінің арасында байланыс орнату
	Бұлшықет ұлпаларының құрылысы мен қызметі (бірыңғай салалы, көлденең жолақты қаңқа, көлденең жолақты жүрек). Зертханалық жұмыс "Бұлшықет ұлпаларының құрылысын зерттеу" Адам денесінің бұлшықеттерін жіктеу	8.1.6.5 бұлшық ет ұлпасының түрлері мен олардың қызметтерін сипаттау 8.1.6.6 адам бұлшық еттерінің құрылысы мен бұлшықет топтарын оқып тану
	Гиподинамия. Сымбаттың бұзылуы және жалпақ жалпақтабандылықтың пайда болу себептері. Сымбаттың бұзылуы мен жалпақтабандылықтың алдын алу шаралары	8.1.6.7 гиподинамия салдарын атау; 8.1.6.8 сымбаттың бұзылуы және жалпақ жалпақтабандылықтың пайда болу себептерін анықтау
	Тік жүруге байланысты адам қозғалуының биомеханикалық ерекшеліктері. Тік жүруге байланысты адамның қаңқа құрылысының ерекшеліктері. Тік жүруге байланысты бұлшықеттің маңызы. Тік жүру кезіндегі дененің ауырлық орталығы. Адам денесіндегі иіндер	8.4.4.1 тік жүруге байланысты адам қозғалуының биомеханикалық ерекшеліктерін зерттеу; 8.4.4.2 тік жүрудегі бұлшық еттің маңызын атау
4-тоқсан		
	Көру мүшелерінің құрылысы. Көрудің маңызы. Көру қызметінің бұзылуы. Көру гигиенасы. Зертханалық жұмыс "Көру жітілігі мен көру аймағының шегін зерттеу"	8.1.7.1 көру мүшесінің құрылысын сипаттау; 8.1.7.2 көруді қабылдаудың ерекшеліктерін зерттеу және көру гигиенасы ережесін сипаттау; 8.1.7.3 көру мүшелерінің бұзылуын сипаттау
	Есту мүшесінің құрылысы. Естудің маңызы. Естудің бұзылуы	8.1.7.4 есту мүшесінің құрылысы мен маңызын сипаттау;

1.7 Координация және реттелу	себептері. Есту мүшесінің гигиенасы Зертханалық жұмыс "Дыбысты қабылдау ерекшеліктерін зерттеу". (құлақтың есту қабілетін анықтау)	8.1.7.5 естудің бұзылу себептерін сипаттау; 8.1.7.6 дыбысты қабылдау ерекшеліктерін зерттеу және есту гигиенасының ережелерін сипаттау
	Таяқшаның, құтышаның және түкті жасушалардың құрылымы мен қызметі. Зертханалық жұмыс "Соқыр дақты анықтау, түстердің аралсуына тәжірибе, дыбыстың ауа және сүйек арқылы өтуі"	8.1.7.7 көру және есту рецепторларының құрылымы мен қызметтерін сәйкестендіру
	"Гормондар", "Гуморальдық реттелу" ұғымдары. Эндокринді, экзокринді және аралас бездердің орналасуы және қызметі. Бездерден бөлінетін гормондар	8.1.7.8 эндокринді, экзокринді және аралас бездердің орналасқан жерлерін анықтау; 8.1.7.9 бездердің негізгі қызметтерін түсіндіру; 8.1.7.10 гормондардың маңызын сипаттау
	Эндокринді бездер қызметінің бұзылуынан туындаған аурулар (гипо- және гиперфункция)	8.1.7.11 эндокриндік бездер қызметінің бұзылуынан туындаған ауруларды атау
	Адам денесінде орналасқан тері рецепторлары (терморцепторлар, механорецепторлар, ноцицептор-лар). Зертханалық жұмыс "Тері сезімталдығын зерттеу"	8.1.7.12 адам денесіндегі рецепторлардың қызметін сипаттау; 8.1.7.13 терінің сезімталдығын зерттеу
	Жылықанды жануарлардың тұрақты температураны сақтауындағы терінің ролі. Температураға сезімталдық. Терморцепторлардың температураның өзгеруіне бейімделуі	8.1.7.14 жылықанды жануарлардың дене температураны сақтаудағы терінің ролін сипаттау

### 3) 9 сынып:

#### 3-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімшелері	Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
2.1 Көбею	Митоз. Мейоз. Митоз бен мейоздың биологиялық маңызы	9.2.2.1 тірі ағзалардың тіршілік әрекетіндегі митоз бен мейоздың маңызын түсіндіру
	Жануарлардың көбею формалары. Жыныссыз көбею типтері. Жынысты көбею	9.2.1.2 жануарлардың көбею тәсілдерін салыстыру
		9.2.1.3 мүктер мен қырықжапырақтардың

	Мүктер мен қырықжапырақтардың тіршілік циклі. Гаметофит. Спорофит	мысалдарында жынысты және жыныссыз ұрпақтарының ерекшеліктерін түсіндіру
	Ашықтұқымды және жабықтұқымды өсімдіктердің тіршілік циклі	9.2.1.4 ашықтұқымды өсімдіктердің тіршілік циклінің ерекшеліктерін түсіндіру; 9.2.1.5 жабықтұқымды өсімдіктердің тіршілік циклінің ерекшеліктерін түсіндіру
2.3 Өсу және даму	Эмбрионалдық даму кезеңдері: бластула, гастрюла, нейрула. Ұлпалар мен мүшелердің дифференциялануы. Органогенез	9.2.3.1 эмбрионалдық даму кезеңдерін сипаттау; 9.2.3.2 әр түрлі ұрық жапырақшаларынан қалыптасатын ұлпалар мен мүшелердің дифференциялануын сипаттау
2.4 Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары	Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің эволюциядағы маңызы.Өзгергіштік пен қоршаған орта жағдайларына бейімделгіштік арасындағы өзара байланыс	9.2.4.1 тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің эволюциядағы ролін дәйектеу
	Қолдан сұрыптау және оның селекция үшін маңызы. Қолдан сұрыптау түрлері	9.2.4.2 ағзалар селекциясы үшін қолдан сұрыптаудың маңызын сипаттау
	Мәдени өсімдіктер мен үй жануарларының шығу орталықтары	9.2.4.3 мәдени өсімдіктер мен үй жануарларының шығу тегінің орталықтарын оқып білу
	Қазақстан территориясында кездесетін егістік дақылдар мен үй жануарларының қолтұқымдары. Маңызды белгілер	9.2.4.4 маңызды мәдени өсімдіктер іріктемелері мен үй жануарлары қолтұқымын сипаттау ; 9.2.4.5 мәдени өсімдіктердің және үй жануарларының маңызды белгілерін сипаттау
2-тоқсан		
3.1 Биосфера, экожүйе, популяция	Экожүйелердіңкомпоненттері. Су және құрлық экожүйелері. Модельдеу "Су және құрлық экожүйелерін салыстыру"	9.3.1.1 экожүйелердің жалпы құрылымының сызбасын жасау; 9.3.1.2 су және құрлық экожүйелерін салыстыру
	Популяцияның құрылымының негізгі сипаттамалары және ерекшеліктері. Ағзалардың тіршілікке қабілеттілігінің әртүрлі тәсілдері. (Тіршілікті сақтаудың К және r стратегиялары). "Жыртқыш-жемтік" қарымқатынас түрі. Популяция санының өзгеруі	9.3.1.3 популяцияның негізгі қасиеттерін және құрылымдық ерекшеліктерін сипаттау; 9.3.1.4 ағзалардың тіршілікке қабілеттілігінің әртүрлі тәсілдерін зерттеу; 9.3.1.5 жыртқыш-құрбан қарым-қатынасы мысалында популяция санының өзгеру себептерін анықтау
	Тірі ағзалардың өзара қарым-қатынас түрлері.	9.3.1.6 тірі ағзалардың өзара қарым-қатынас түрлерін сипаттау;



	Ағзалардың тікелей және жанама қарымқатынас түрлері. Қоршаған орта жағдайларының өзгерістеріне ағзалардың бейімделуі	9.3.1.7 тірі ағзалардың қоршаған ортаның өзгермелі жағдайларына бейімделу механизмдерін түсіндіру
3.2 Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері	Адамның табиғаттағы ролі. Табиғатты тиімді пайдалану. Табиғатты қорғау. Биологиялық алуан түрлілікті сақтау. Дүниежүзілік Тұқым қоры	9.3.2.1 адамның айналадағы қоршаған ортаға тигізетін әсері неге күшее түскенін сипаттау; 9.3.2.2 биологиялық әртүрлілікті сақтаудың және қолдауды қажеттіктің себептерін негіздеу; 9.3.2.3 Дүниежүзілік Тұқым қорының маңызын бағалау
	Қазақстан Республикасының экологиялық проблемалары. Себептері мен салдарлары. Оларды шешу жолдары	9.3.2.4 Қазақстан аумағындағы экологиялық проблемалардың туындау себептерін түсіндіру; 9.3.2.5 Қазақстан аумағындағы экологиялық проблемалардың шешу жолдарын түсіндіру
3-тоқсан		
4.2 Жасушалық биология	Жасушаның негізгі компонент-терінің қызметтері. Жасуша құрылымдары: плазмалық мембрана, цитоплазма, ядро, эндоплазмалық тор, жасуша орталығы, рибосомалар, Гольджи аппараты мен лизосомалар, митохондрия, пластидтер, қозғалыс органоидтары, жасушаның қосындылары. Құрылыстары және атқаратын қызметтері	9.4.2.1 өсімдік және жануар жасушаларының негізгі бөліктерінің құрылысы мен қызметін түсіндіру
	Жасушалардың сызықтық ұлғаюын есептеу. Ұлғаю, актуальды өлшемі және суреттің нақты өлшемі. Өлшем бірліктерін СИ жүйесіне аудару (сантиметр-миллиметр-микромметр-нанометр). Модельдеу "Микрофотографияларды пайдаланып жасушаның сызықтық ұлғаюын есептеу"	9.4.2.2 микрофотографияны қолданып, жасушалардың сызықтық ұлғаюын есептеу
1.1	Әртүрлі түрлерді сипаттауда бинарлық номенклатураны қолдану. Зертханалық жұмыс "Анықтағыш көмегімен өсімдіктер мен жануарлар түрлерін (жергілікті регионның) анықтау"	9.1.1.1 әр түрлі түрлерді сипаттауда бинарлық номенклатураны қолдану; 9.1.1.2 өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін ерекшелік белгілері бойынша танып білу (анықтағыш бойынша)
		9.3.1.1 популяция өсімінің экспоненциалдық және

Тірі ағзалардың көп түрлілігі. 3.1 Биосфера және экожүйе	Популяцияның өсуінің экспоненциалды және сигмоидты қисығы	сигмоидтік үлгілерінің қисық сызықтарының графиктерін талдау
	Экожүйедегі энергия тасымаланың тиімділігі. Энергия ағыны және қоректік тізбектер. Экологиялық пирамида түрлері	9.3.1.2 энергия ағымының тиімділігін есептеу; 9.3.1.3 энергия, биомасса және сандар пирамидаларын салыстыру
	Табиғаттағы көміртек пен азот айналымы. Биосферадағы биохимиялық үрдістер. Топырақ пен шөгінді жыныстар түзудегі тірі ағзалардың рөлі	9.3.1.4 азот пен көміртектің табиғаттағы айналымының сызбасын құру
3.2 Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері	Пайдалы қазбаларды өндірудің қоршаған орта мен адам денсаулығына әсері	9.3.2.1 пайдалы қазбалар өндірудің және қайта өңдеудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру
	Пестицидтердің қоршаған орта мен адам денсаулығына әсері	9.3.2.2 пестицидтерді пайдаланудың қоршаған орта мен адам денсаулығына әсерін түсіндіру
	Жылыжай эффектісі (булану) және озон қабатының жұқаруы. Дүниежүзілік мұхит деңгейінің, су мен атмосфера температурасының көтерілуінің тірі ағзаларға әсері	9.3.2.3 парниктік эффектінің тірі ағзаларға әсерін түсіндіру; 9.3.2.4 озон қабатының бұзылуының себептері мен салдарын түсіндіру
1.2 Қоректену	Ыдырау үдерісі. Асқорыту ферменттерінің әсері. Асқорытудағы ферменттердің маңызы. Сіңіру және бөліп шығару	9.1.2.1 адамның асқорыту жолдарындағы үдерістерді сипаттау; 9.1.2.2 ас қорыту үдерісіндегі органикалық заттар мен сәйкесі ферменттердің арасындағы байланысты орнату
	Ферменттердің әсер ету механизмі . Ферменттің белсенді орталығы. Зертханалық жұмыс " Ферменттердің белсенділігіне әр түрлі жағдайлардың (температура, рН) әсерін зерттеу"	9.1.2.3 ферменттер механизмін оқып тану; 9.1.2.4 ферменттердің белсенділігіне әр түрлі жағдайлардың (температура, рН) әсерін зерттеу
	Өттің әсерінен майлардың эмульгациясы. Зертханалық жұмыс "Өттің әсерінен майлардың эмульгациялануын зерттеу"	9.1.2.5 өттің әсерінен майлардың эмульгациялануы үдерісін зерттеу
	Активті және пассивті тасымалдардың ұқсастығы мен айырмашылығы. Жасуша мембранасы арқылы тасымалдану. Белсенді тасымалдану кезіндегі энергияның жұмсалуды	9.1.3.1 активті және пассивті тасымалдарды салыстыру
	Сыртқы және ішкі факторлардың транспирацияға әсері. Зертханалық жұмыс "	

<p>1.3 Заттар тасымалы</p>	<p>Транспирация үдерісі кезіндегі сыртқы факторларды ( температура, ылғалдылық пен су буының қысымы, ауа қозғалысын) зерттеу. Зертханалық жұмыс "Ішкі факторларды: Буландыратын беттің ауданы және бұл беттік ауданның өсімдік көлеміне қатынасының (кутикула мен лептесіктер) транспирация үдерісіне әсері"</p>	<p>9.1.3.2 өсімдіктердегі транспирация үдерісінің мәнін түсіндіру; 9.1.3.3 ішкі және сыртқы факторлардың транспирацияға әсерін зерттеу</p>
	<p>Сыртқы факторлардың флоэмада зат тасымалына әсері: температура , ылғалдылық, жарық</p>	<p>9.1.3.4 сыртқы факторлардың флоэма арқылы заттардың тасымалдануына әсерін зерттеу</p>
<p>4-тоқсан</p>		
<p>1.4 Тыныс алу</p>	<p>Анаэробты және аэробты тыныс алу. Анаэробты және аэробты тыныс салу үдерістерін химиялық реакция теңдеулерін қолданып қарастыру. Анаэробты және аэробты тыныс алудың тиімділіктері</p>	<p>9.1.4.1 тыныс алу реакциясының химиялық теңдеуін пайдалана отырып, анаэробты және аэробты тыныс алуды салыстыру; 9.1.4.2 анаэробты және аэробты тыныс алудың тиімділігін сипаттау</p>
	<p>Аэробты, анаэробты тынысалу үдерістерімен байланысты бұлшық еттердің қажуы. Аэробты және анаэробты тынысалуға физикалық жүктемелердің әсері</p>	<p>9.1.4.3 бұлшық еттердің қажу себептерін сипаттау; 9.1.4.4 бұлшықет қажуы және аэробты, анаэробты тыныс алу үдерістері арасындағы байланысты қарастыру</p>
<p>1.5 Бөліп шығару</p>	<p>Нефронның құрылысы және қызметі. Ультрафилтрация. Абсорбция және таңдамалы реабсорбция. Несептің құрамы. Филтрация мен кері филтрацияның себептері</p>	<p>9.1.5.1 нефронның құрылысы мен қызметін сипаттау; 9.1.5.2 филтрация және несептің түзілу үрдістерін сипаттау</p>
	<p>Бүйрек жұмысына әсер ететін факторлар: тамақтану рационы, дене температурасының күрт түсуі , дәрілік препараттар, созылмалы және инфекциялық аурулар ( кариес, ірінді ангина т.б.)</p>	<p>9.1.5.3 бүйректің жұмысына әсер ететін факторларды сипаттау</p>
	<p>Зәр шығару жүйесінің гигиенасы. Бүйрек және зәр шығару жүйесінің аурулары: пиелонефрит, цистит, бүйрекке тастың жиналуы. Себептері және алдын алу шаралары</p>	<p>9.1.5.4 бүйрек және зәр шығару жүйесі ауруларының алдын алу жолдарын түсіндіру</p>
	<p>Құрлықта, шөлде, тұщы және тұзды суларда тіршілік ететін тірі ағзалардың зат алмасуының соңғы өнімдері. Құрамында азоты бар</p>	<p>9.1.5.5 құрамында азоты бар органикалық заттардың ыдырауын сипаттау; 9.1.5.6 әртүрлі ағзалардың мекен ету ортасы мен зат алмасудың</p>

	органикалық заттардың ыдырау өнімдері: аммиак, несепнәр, несеп қышқылы	соңғы өнімдері арасындағы байланысты орнату
--	--	---

#### 4) 10 сынып:

#### 4-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімшелері	Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1.7 Координация және реттелу	Нейрондардың түрлері мен қызметтері. Жүйке ұлпасының қызметі (глиальды жасушалар). Аксондардың миеленді және миеленсіз қабықтары. Синапстар және медиаторлар. Модельдеу "Жүйке ұлпаларын зерттеу"	10.1.7.1 нейрондардың түрі және қызметін сипаттау; 10.1.7.2 жүйке жасушасының құрылысы мен қызметі арасындағы өзара байланысты орнату; 10.1.7.3 жүйке ұлпаларымен оның құрылымдық бөліктерінің қызметтерін талдау
	Миеленді, миеленсіз аксондарда жүйке импульстарының туындауы және өткізілуі. Өткізу жылдамдығы. Мембраналық потенциал, тыныштық потенциалы және әрекет потенциалы. Модельдеу "Жүйке импульстарының туындауы мен таралу жылдамдығын зерттеу"	10.1.7.4 мембраналық, тыныштық және әрекет потенциалдарын сипаттау; 10.1.7.5 жүйке импульсінің туындауы мен өтуін сипаттау
	Тірі ағзалардағы электрлік үдерістер. Электрорецепторлар және электрлі мүшелер	10.1.7.6 тірі ағзалардағы электрлік үдерістерді зерттеу; 10.1.7.7 электрлі мүшелерді сипаттау
	Тынысалу мен тыныс шығарудың реттелуі мысалында нейрогумо-ральдық реттелу механизмі. Жүйкелік және гуморальдық реттелуді салыстыру . Ағзаның күйзеліске бейімделуі	10.1.7.8 нейрогуморалды реттелудің механизмін түсіндіру; 10.1.7.9 тынысалу мен тыныс шығарудың реттелу мысалында нейрогуморальдық реттелу механизмін сипаттау
	Нейрокомпьютерлік интерфейс. Компьютер мен ми арасындағы ақпарат алмасу жүйесі	10.1.7.10 "компьютер-ми" интерфейс технологиясының ерекшеліктерін оқып білу
	Гомеостазды тұрақты ұстаудың механизмдері	10.1.7.11 ағзаның ішкі ортасының тұрақтылығын ұстаудағы гомеостазды сақтаудың механизмін түсіндіру
	Өсімдіктердің өсуі мен дамуын реттеуші. Зертханалық жұмыс " Ауксиннің өсімдіктерге әсерін зерттеу"	10.1.7.12 фитогормондардың түрлерін сипаттау; 10.1.7.13 өсімдіктердің өсуі мен дамуына әсер ететін заттардың әрекетін талдау
	2-тоқсан	
	Бұлшық еттің жұмысы.	

1.6 Қозғалыс	Демонстрация " Негізгі бұлшық еттердің жұмысын өзіндік бақылау, иық белдеуінің қол қозғалысындағы рөлі.Бұлшықет қозғалысын реттеу" Зертханалық жұмыс "Статикалық және динамикалық жұмыс кезіндегі бұлшық еттің қажуын зерттеу"	10.1.6.1 қол бұлшық еттерінің максималды жұмыс күшін және күшке төзімділігін зерттеу; 10.1.6.2 иық белдеуінің қол қозғалысындағы рөлін сипаттау; 10.1.6.3 бұлшық еттің жиырылу жиілігіне бұлшықет жұмысының тәуелділігін зерттеу
4.1 Молекулалық биология	Дезоксирибонуклеин қышқылының молекулалық құрылысының принциптері:нуклеотидтердің комплементарлығы. Модельдеу "Дезоксирибонуклеин қышқылы" молекуласын құру"	10.4.1.2 дезоксирибонуклеин қышқылының молекуласының қос шиыршықты құрылымын сипаттау ; 10.4.1.3 дезоксирибонуклеин қышқылының құрылымдық қағидалары негізінде үлгілеу
2.2 Жасушалық цикл	Интерфаза. Интерфаза кезеңдері: G1, S және G2	10.2.2.1 жасуша айналымының интерфаза кезіндегі жүретін үдерістерді түсіндіру; 10.2.2.2 интерфаза кезеңдерін сипаттау
	Митоз. Митоз фазалары. Зертханалық жұмыс "Пияз тамыр ұшындағы жасушалардан митозды зерттеу"	10.2.2.3 митоздың кезеңдерін сипаттау
	Митоз. Митоз фазалары. Мейоз бен митозды салыстыру. Модельдеу "Митоз кезеңдерінің зерттеу"	10.2.2.4 мейоз кезеңдерін сипаттау ; 10.2.2.5 митоз және мейоз үдерістерін салыстыру
3-тоқсан		
2.4	Мендель ашқан белгілердің тұқымқуалау заңдылықтары. Тұқымқуалаушылықты зерттеудің гибридологиялық әдісі	10.2.4.1 генетиканың дамуы мен қалыптасуындағы Мендель зерттеулерінің рөлін бағалау
	Тұқымқуалаушылық заңдылықтарының цитологиялық негіздері. Гаметалар тазалығы және оның цитологиялық негіздемесі. Моногибридті және дигибридті будандастыру. Басымдылық заңы. Ажырау заңы	10.2.4.2 моногибридті будандастырудың цитологиялық негіздерін дәлелдеу және есептер шығару; 10.2.4.3 дигибридті будандастырудың цитологиялық негіздерін дәлелдеу және есептер шығару
	Аллельді гендердің әрекеттесуі: толықжәне толымсыз. Доминантты-лық белгілердің пайда болуы. Талдаушы шағылыстыру ұғымы мен оның практикалық маңызы	10.2.4.4 толық және толымсыз доминанттылықты салыстыру; 10.2.4.5 талдаушы будандастыру-дың маңыздылығын бағалау
	Жыныс генетикасы. Жынысты анықтаудың генетикалық механизмі. Жыныспен тіркесіп	10.2.4.6 жынысты анықтау теориясын сипаттау;

Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары	тұқымқуалау. Гемофилия және дальтонизм	10.2.4.7 жынысты анықтау кезінде хромосомалардың рөлін түсіндіретін сызба жасау
	Адам қан топтарының тұқымқуалау заңдылықтары. Резус-фактор	10.2.4.8 адамның қан тобының тұқымқуалауын және қан топтарын анықтау механизмін түсіндіру
	Адам генетикасы. Адамның тұқым-қуалау белгілерін зерттеу әдістері. Адамның генетикалық аурулары-ның алдын алу. Модельдеу "Адамның генеалогиялық шежіре ағашын құру"	10.2.4.9 адам генетикасын зерттеудің негізгі әдістерін сипаттау; 10.2.4.10 шежіре сызбасын құру
	Өнімділікті арттыратын заманауи ауыл шаруашылық технологиялары. Өнімділігі жоғары ауыл шаруашылықты жүргізудің жаңа баламалы жолдары	10.2.4.11 мәдени өсімдіктердің өнімділігін арттыру үшін заманауи ауылшаруашылық технологияларды қолданылуын зерттеу
4.3 Микробиология және биотехнология	Биотехнологиялық үдерістің жалпы сызбасы және биотехнологияда алынатын өнімдері (медицинада, өнеркәсіпте және ауылшаруашылықта). Инсулин өндірісі	10.4.3.1 инсулин өндіру мысалында биотехнологиялық үдерістің жалпы сызбасын сипаттау; 10.4.3.2 биотехнологияда өндірілетін өнімдерге мысал келтіру
2.1 Көбею	Адамның жыныс жүйесінің құрылымы мен қызметі	10.2.1.1 адамның жыныс жүйесінің құрылысын сипаттау
	Зертханалық жұмыс "Аталық және аналық гаметалардың құрылысын зерттеу"	10.2.1.2 аталық және аналық жыныс жасушаларының құрылысын зерттеу
	Екінші реттік жыныстық белгілер. Ұлдар мен қыздардың жыныстық жетілуі. Биологиялық және әлеуметтік жетілу	10.2.1.3 жыныстық жетілу кезеңіндегі екінші реттік жыныстық белгілердің дамуын сипаттау
	Менструалдық цикл: менструалдық циклындағы эстроген мен прогестерон гормондарының маңызы	10.2.1.4 менструалдық цикл мен эстроген және прогестеронның маңызын сипаттау
	Контрацепция түрлері және олардың қолданылуы мен маңызы	10.2.1.5 контрацепцияның маңызы мен түрлерін түсіндіру
	Жыныстық жолмен берілетін аурулар: жүре пайда болған иммундық дефицитінің синдромы (ЖИТС), сифилис, гонорея, гепатит В,С. Алдын алу шаралары	10.2.1.6 жыныстық жолмен таралатын аурулардың салдары мен алдын алу шараларын түсіндіру
4-тоқсан		10.2.3.1 ұрықтың дамуындағы плацентаның маңызын түсіндіру;

<p>2.3 Өсу және даму</p>	<p>Құрсақта даму. Ұрықтық дамудың алғашқы кезеңдері. Ұрықтың қалыптасуы мен дамуы</p>	<p>10.2.3.2 эмбрион мен ұрықтың дамуын салыстыру</p>
<p>2.5 Эволюциялық даму</p>	<p>Шылым шегу, есірткі мен ішімдіктің адам ұрығының дамуына тигізетін әсері</p>	<p>10.2.3.3 адам ұрығының дамуына шылым шегу, алкоголь мен басқа есірткілер әсерінің салдарын түсіндіру</p>
	<p>Жердегі тіршіліктің пайда болуы кезеңдері</p>	<p>10.2.5.1 Жердегі тіршіліктің дамуының негізгі кезеңдерін оқып білу; 10.2.5.2 Жердегі тіршіліктің даму кезеңдерін салыстыру; 10.2.5.3 Жердегі тіршіліктің даму кезеңдерін сипаттау</p>
	<p>Эволюциялық ұғымдардың қалыптасуы және дамуы. Ч.Дарвиннің эволюциялық ілімінің негізгі қағидалары. Эволюцияның қазіргі заман теориясының пайда болуы</p>	<p>10.2.5.4 К. Линней мен Ж.Б. Ламарк еңбектерінің негізгі қағидаларын оқып зерттеу; 10.2.5.5 эволюция ілімінің қалыптасуындағы. Ч.Дарвин еңбектерінің рөлін түсіндіру; 10.2.5.6 эволюцияның қазіргі заман теориясының пайда болуын сипаттау</p>
	<p>Эволюцияның қозғаушы күштері. Табиғи сұрыпталу нәтижесіндегі бейімделушілік. Эволюциялық үдерістегі өзгергіштіктің (мутация-лық, комбинативтік) рөлі. Табиғи сұрыпталу, оның түрлері (қозғаушы және тұрақтандырушы). Тіршілік үшін күрес (түршілік, тұраралық). Модельдеу "Бейімделгіштікті табиғи сұрыпталу нәтижесі ретінде зерттеу (көбелек)"</p>	<p>10.2.5.7 эволюцияның қозғаушы күштерін сипаттау; 10.2.5.8 табиғи сұрыпталуды сипаттау; 10.2.5.9 ағзалардың бейімделудегі табиғи сұрыпталудың рөлін сипаттау</p>
<p>"Түр" ұғымының анықтамасы. Түр-дің құрылымы. Түр критерийлері. "Түр түзілу" ұғымы. Түр түзілудің тәсілдері мен механизмдері</p>	<p>10.2.5.10 түрдің құрылымы мен критерийлерін сипаттау; 10.2.5.11 түр түзілу үдерісін түсіндіру</p>	

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 123 бұйрығына  
36-қосымша  
Қазақстан Республикасы Білім  
және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына  
673-қосымша

**Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Физика" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Физика" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты: білім алушылардың ғылыми дүниетанымдық негіздерін, әлемнің жаратылыстанымдық-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауын, өмірде маңызды практикалық мәселелерді шешуде табиғат құбылыстарын бақылау, жазу, талдау қабілеттерін қалыптастыру.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) білім алушылардың әлемнің заманауи физикалық бейнесінің негізінде жатқан заңдылықтар мен принциптер туралы іргелі білімді, табиғатты танудың ғылыми әдістерді меңгеруіне ықпал ету;

2) білім алушылардың интеллектуалдық, ақпараттық, коммуникативтік және рефлексивтік мәдениетін дамытуға, физикалық экспериментті және зерттеу жұмыстарын орындау дағдыларын қалыптастыру;

3) оқу және зерттеу қызметіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;

4) меңгерген дағдыларды табиғат ресурстарын пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауда, қоғам мен адам өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде қолдану.

4. Түзете-дамыту міндеттері:

1) білім алушының тұлғалық танымдық саласын дамыту: сезіну, қабылдау, есте сақтау, ойлау, қиял;

2) зертханалық жұмыстар мен тәжірибелік тапсырмаларды орындау барысында визуалды-кеңістіктік танып білуді қалыптастыру;

3) білімді игеруді қамтамасыз ету үшін, теориялық ойлау элементтерін қалыптастыру: ұғымдар, пайымдаулар, тұжырымдар;

4) ойлау әрекетін дамыту: талдау және синтез операциялары, негізгі ойды анықтау, логикалық және себеп-салдарлық байланыстарды құру, ойлаудың жоспарлау функциясы, дәлелді ойлау қабілеті, ойын дәйекті, дәл және нақты білдіру;

5) бақылау, кеңістіктік қиялды дамыту;

6) бұлшықет тырысуы мен эмоционалды қысылудың төмендеуі;

7) көріп қабылдауды дамыту (кестеде, диаграммада бейнеленгенді қабылдау және түсіну);



8) сөйлеудегі оқшаулауды, күмәнді жеңу үшін жағдай жасау (көзқарасты білдіру, гипотезаны қорғау және дәлелдеу, басқа адамдардың пікірін құрметтеу, көшбасшылық қасиеттердің көрінісі);

9) білім алушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін, эмоционалды ерік- жігер өрісін дамыту: өзін-өзі бақылау дағдысы, табандылық және шыдамдылық, өз сезімдерін білдіру қабілеті.

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

5. Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушылар үшін "Физика" пәні бойынша оқу процесін ұйымдастыруда қолданылатын педагогикалық тәсілдер: әрекеттік тәсіл, сараланған тәсіл, коммуникативтік тәсіл, тұлғаға бағытталған тәсіл, түзету-дамытушылық, жеке-дара әсер ету тәсілі.

6. Әрекеттік тәсілі - білім алушы білімді дайын түрде емес, оны өзі ізденіп табады, оқу іс-әрекетінің мазмұны мен формаларын түсінеді, оның нормалар жүйесін түсініп, қабылдайды және оларды жетілдіруге белсенді қатысады, бұл оның білімін, оқу дағдылары мен біліктерін белсенді, әрі сәтті қалыптастыруға ықпал етеді. "Физика" пәнін оқу барысында білім алушы ғалым физиктердің өмірбаянын, ашқан жаңалықтары мен жетістіктерін өз бетінше зерделейді.

7. Сараланған тәсіл-бұл тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға әртүрлі оқу жағдайларын жасау, бастысы ол үш негізгі қағидаға негізделген: еркіндік, дербестік, ынтымақтастық.

8. Коммуникативті тәсіл білім алушыларды ақпаратпен сауатты жұмыс істеуге, ақпараттың әртүрлі түрлерін білуге, коммуникативті болуға, әртүрлі мәселелерді шешуде бірлесіп жұмыс істеуге, әртүрлі мәселелер бойынша пікірталастар жүргізуге, өз ұстанымдарын білдіруге үйретеді.

9. Тұлғаға бағытталған тәсіл - білім алушыларды оқытуда келесі ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылады:

- 1) жас, зияткерлік, психологиялық, физиологиялық;
- 2) бағдарламалық материалдың күрделілігінің түрлі деңгейіне бағытталған білім беру қажеттіліктері;
- 3) білімі мен қабілеті бойынша.

10. Түзету-дамыту бағытын іске асыру барысында ескерілетін: ойлау процестерінің пассивтілігі, танымдық белсенділіктің төмендігі, ойлаудың жалпылама және дерексіз функциясының әлсіздігі, сөйлеу тіл дамуындағы артта қалушылық. Оқу пәнінің түзету бағыты "Физика" сабақтарында сөйлеу тілін және қозғалыс саласын дамыту, зейін, есте сақтау, ойлау тәрізді психикалық процестерді түзету бойынша жұмыстардың үйлесуінде.

11. Дамытушылық оқыту балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушының жеке қасиеттерінің жиынтығын

бірлікте дамытуға бағытталған, шаршау мен шамадан тыс жұмыстың алдын алу үшін, іс-әрекеттің кезектесіп алмасуы, білім алушылардың қозғалыс әдістерін игеруіне ықпал етіп, өзінің оқу іс-әрекетін жоспарлауға және оны басқаруға үйретеді.

12. Жеке-дара әсер ету қағидаты оқу материалын игеру барысында тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушыларда сөйлеу тілінің психикалық даму ерекшеліктерінің болуы, меңгерілетін білім сапасына әсер ететіндіктен: әрбір білім алушыға мұғалім оның мүмкіндіктеріне сәйкес келетін оқу материалын іріктеумен негізделеді. Бұл ретте оқу жұмысының қарқыны, дербестік дәрежесі, оқытудың әдістері мен тәсілдері өзгеріп, түрленіп отырады. Жеке оқыту дербес танымдық іс-әрекет дағдылармен бірге, өзін-өзі тәрбиелеуге деген қажеттілік пен дайындықты қалыптастыруға ықпал етеді.

13. Оқыту барысында оқу процесін ұтымды ұйымдастыруға, нәтижелілікті және оқуға деген ынтаны арттыруға мүмкіндік беретін заманауи білім беру технологиялары қолданылады:

1) проблемалық оқыту технологиясы оқушылардың шығармашылық ойлау белсенділігін арттырады, танымдық қызығушылықты қалыптастырады. Жаңа материалды түсіндіру барысында сәйкессіздік пен тосыннан күтпеген жағдаяттар жиі қолданылады;

2) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар. Физика сабақтарындағы қолданылатын компьютерлік технологиялар: оқу материалын зерттеуде мультимедиялық технологияларды қолдану; компьютерлерді қарқынды пайдалану; физиканың басқа оқу пәндерімен пәнаралық байланыстарын іске асыру; өзіндік іздестіру және зерттеу жұмысының әдістерін әзірлеу; Интернетті пайдалана отырып, зерттелетін материал шеңберінде ақпаратты іздеу және өңдеу; есептерді шешу үшін электрондық кестелерді пайдалану; виртуалды зертханалық жұмыстарды жүргізуді көздейді;

3) ғылыми-зерттеу және жобалау әрекеті. Білім алушылардың жобалау әрекеті, есте сақтау процесі ретіндегі оқудан, дербес танымдық іс-әрекетке көшуге мүмкіндік береді. Жоба – алғашқы идеядан бастап, материалдық іске асыруға дейінгі оқушының өзіндік шығармашылық жұмысы.

4) интерактивті оқыту - бұл диалогтық оқыту, оның барысында мұғалім мен білім алушының өзара әрекеті жүзеге асырылады. Интерактивті оқытудың маңыздылығы барлық білім алушылардың таным процесіне тартылатындығында, олардың өздері білетін, ойлайтын жағдайларды түсініп және рефлексия жасауға мүмкіндігі бар. Әрбір білім алушы өзінің ерекше жеке үлесін қосады, білімі мен идеяларымен алмасады;

5) шығармашылық міндеттерді орындау: бұл ақпараттық білім беруді ұйымдастыру түрі, онда берілген шарт пен белгісіз мәліметтермен қатар, білім алушыларға жеке әлеуетін жүзеге асыруға және қажетті білім беру материалын меңгеруге бағытталған өзіндік шығармашылық әрекеті туралы нұсқау беріледі.

14. Оқыту әдісі ретінде ойын формаларын қолдану оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыруға ықпал етеді. Ұжымдық қызмет түрлерін ұйымдастыруға бағытталған ойын тәсілдері, білім алушылардың топтың басқа мүшелерінің пікірін құрметтеуге үйретеді, түпкілікті нәтижелерді болжауға, іс-әрекеттерді өз бетінше жоспарлауға, мақсатқа жету әдістерін анықтауға әсер етеді.

15. "Физика" пәні бойынша бағдарлама жүйелілік және бірізділік қағидаты бойынша құрылған:

1) пәннің барлық тақырыптары мен бөлімдері бір-бірімен байланысты, материалды жүйелі оқу барысында білім мен дағды жаңа мазмұнмен байытылып, 7-сыныпта оқушылардың алған білімдері негізінде дамиды;

2) оқу процесінде практикалық дағдылар мен біліктер қалыптасады, 7-ден 10-сыныпқа дейінгі физика курсы оқып-үйрену барысында практикалық сабақтар қарастырылған, онда білім алушылар зертханалық жұмыстарды жүргізеді және практикалық маңызы бар сұрақтары шешеді;

3) жалпы білім беретін мектептің бағдарламасымен салыстырғанда пән бойынша оқу мерзімі бір жылға ұзарырақ, осыған байланысты 7 және 8-сыныптарда бағдарламалық материалдың мазмұны қайта бөлінеді. 7-сыныптың "Сақталу заңдары", "Механика" бөлімінің "Статика" және "Астрономия негіздері" бөлімінің "Жер және ғарыш" кіші бөлімдері 8-сыныптың бағдарламалық материалына көшірілді. "Электр және магнетизм" бөлімінің және "Геометриялық оптика" бөлімінің "Электростатика негіздері", "Электр тогы", "Магнит өрісі", "Электромагниттік тербелістер мен толқындар" 8 бөлімдері кейінгі кезеңдерге ауыстырылды. Бұл бөлімдер 9-сыныптың бағдарламалық материалының мазмұнында көрсетілген және олар өз кезегінде нақты материалды егжей-тегжейлі көрсетуді қажет етеді.

16. Жалпы оқу процесі жаңа материалды оқып-үйренуде, өткенді бекіту кезінде де ауызша және жазбаша жұмыс түрлерін ұтымды үйлестіруге бағытталған. Бекіту жұмысы сабақ барысында, сонымен қатар үй тапсырмасын орындау кезінде де жүзеге асырылады. Үй тапсырмасын оқушыларға түсіндірумен қоса, жеңілдетілген нұсқасын беру қажет. Білім алушылардың дайындық деңгейіне байланысты үй тапсырмаларын саралау талап етіледі.

### **3-тарау. "Физика" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

17. "Физика" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 7-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағатты;
- 2) 8-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағатты;
- 3) 9-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағатты;
- 4) 10-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағатты құрайды.

18. Бағдарламаның мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

- 1) "Физикалық шамалар мен өлшеулер";

- 2) "Механика";
- 3) "Жылу физикасы";
- 4) "Электр және магнетизм";
- 5) "Геометриялық оптика";
- 6) "Кванттық физика элементтері";
- 7) "Астрономия негіздері";
- 8) "Әлемнің қазіргі физикалық бейнесі".

19. "Физикалық шамалар мен өлшеулер" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) физика – табиғат туралы ғылым;
- 2) физикалық шамалар;
- 3) физикалық өлшеулер.

20. "Механика" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) кинематика негіздері;
- 2) динамика негіздері;
- 3) сақталу заңдары;
- 4) статика;
- 5) тербелістер мен толқындар.

21. "Жылу физикасы" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) молекулалы-кинетикалық теория негіздері;
- 2) термодинамика негіздері.

22. "Электр және магнетизм" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) электростатика негіздері;
- 2) электр тогы;
- 3) магнит өрісі;
- 4) электромагниттік толқындар және тербеліс.

23. "Геометриялық оптика" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) геометриялық оптика заңдары.

24. "Кванттық физика элементтері" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) атом мен атом ядросының құрылысы;
- 2) радиоактивтілік;
- 3) элементар бөлшектер.

25. "Астрономия негіздері" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) Жер және Ғарыш;
- 2) астрофизика элементтері.

26. "Әлемнің қазіргі физикалық бейнесі" бөлімі:

- 1) "физиканың дүниетанымдық мәні" бөлімшесінен тұрады

27. 7 сыныпқа арналған "Физика" пәнінің базалық мазмұны:

- 1) "Физика – табиғат туралы ғылым". Физика – табиғат туралы ғылым; табиғатты зерттеудің ғылыми әдістері. "Физикалық шамалар мен өлшеулер". Халықаралық

бірліктер жүйесі; скаляр және векторлық физикалық шамалар; өлшеулер мен есептеулердің дәлдігі; үлкен және кіші сандарды ықшамдап жазу. Зертханалық жұмыс: № 1 зертханалық жұмыс: кішкентай денелердің өлшемін анықтау; № 2-зертханалық жұмыс: физикалық шамаларды өлшеу; Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; аспап шкаласындағы бөліктің құнын анықтау.

2) "Механикалық қозғалыс". Механикалық қозғалыс және оның сипаттамалары; санақ жүйесі; механикалық қозғалыстың салыстырмалылығы; түзусызықты бірқалыпты және бірқалыпсыз қозғалыстар; жылдамдық және орташа жылдамдықты есептеу; әртүрлі механикалық қозғалыстардың графиктік көрінісі. Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; координатаның уақытқа тәуелділік графигін зерттеу;

3) "Тығыздық". Масса және денелердің массасын өлшеу; дұрыс және дұрыс емес пішінді денелердің көлемін өлшеу; заттың тығыздығы және тығыздықтың өлшем бірлігі; тығыздықты есептеу; № 3 зертханалық жұмыс: сұйықтар мен қатты денелердің тығыздығын анықтау. Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; электрондық және иіндік таразыларды қолданып, әр түрлі денелердің массасын анықтау; мензуркадағы сұйықтық көлемін анықтау;

4) "Денелердің өзара әрекеттесуі". Инерция құбылысы; күш; тартылыс құбылысы және ауырлық күші; салмақ; деформация; серпімділік күші, Гук заңы; үйкеліс күші; үйкеліс әрекетін техникада ескеру; бір түзу бойымен денеге әсер еткен күштерді қосу. № 4 зертханалық жұмыс: серпімді деформацияларды зерделеу; № 5 зертханалық жұмыс : сырғанау үйкеліс күшін зерттеу; Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; динамометр көмегімен өлшеу; ауырлық күшін зерттеу; түрлі денелердің созылуын зерттеу;

5) "Қатты денелер, сұйықтар және газдардағы қысым". Газдардың, сұйықтардың және қатты денелердің молекулалық құрылымы; қатты денелердегі қысым; сұйықтар мен газдардағы қысым, Паскаль заңы; қатынас ыдыстар; гидравликалық машиналар; атмосфералық қысым, атмосфералық қысымды өлшеу; манометрлер, сорғылар; кері итеруші күш. № 6 зертханалық жұмыс: Архимед заңын зерделеу; № 7 зертханалық жұмыс: дененің сұйықта жүзу шарттарын анықтау; Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; кез-келген пішінді қатынас ыдыстардағы бірдей және әртүрлі сұйықтардың беттерінің орналасуын зерттеу; атмосфералық қысымның бар екендігін зерттеу;

28. 8 сыныпқа арналған "Физика" пәнінің базалық мазмұны:

1) "Жұмыс және қуат". Механикалық жұмыс; қуат. Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; жұмыстың мәнін график бойынша анықтау; ауырлық күші мен үйкеліс күшінің жұмысын салыстыру; транспорт түрлерінің қуатын бағалау;

2) "Энергия". Кинетикалық энергия; потенциалдық энергия; энергияның сақталуы және басқа түрге айналуы. Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; үстел теннисіне арналған шариктің тебілу биіктігін анықтау;

3) "Жай механизмдер". Жай механизмдер; дененің массалық центрі; иіндіктің тепе-теңдік шарты; пайдалы әрекет коэффициенті. № 8 зертханалық жұмыс: Жазық фигураның массалар центрін анықтау; № 9 зертханалық жұмыс: иіндіктің тепе-теңдік шарттарын анықтау; № 10 зертханалық жұмыс: көлбеу жазықтықтың пайдалы әрекет коэффициентін анықтау. Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; түсірілген күштің айналу осіне дейінгі қашықтыққа тәуелділігін зерттеу;

4) "Жер және Ғарыш". Аспан денелері туралы ғылым; Күн жүйесі; Күнтізбе негіздері (тәулік, ай, жыл).

5) "Жылулық құбылыстар". Жылулық қозғалыс, броундық қозғалыс, диффузия; температура, оны өлшеу тәсілдері, температураның шкалалары; ішкі энергия, ішкі энергияны өзгерту тәсілдері; жылуөткізгіштік, конвекция, сәуле шығару; табиғаттағы және техникадағы жылу берілу; жылу құбылыстарының тірі ағзалардың өмірлеріндегі ролі; жылу мөлшері, заттың меншікті жылу сыйымдылығы; отынның энергиясы; отынның меншікті жану жылуы; жылу үдерістеріндегі энергияның сақталу және басқа түрге айналу заңы. №1 зертханалық жұмыс: әртүрлі температурадағы суларды араластырғандағы жылу мөлшерлерін салыстыру; Практикалық жұмыстар: денені қыздыру үшін қажетті немесе оны суытқанда бөлінетін жылу мөлшерін есептеу; заттың меншікті жылу сыйымдылығын анықтау; заттың агрегаттық күйлері өзгерген кездегі жылу мөлшерін есептеу; заттың меншікті жылу сыйымдылығын анықтау; жылу мөлшерінің дене массасына тәуелділігін зерттеу; жылу мөлшерінің қыздыру температурасына тәуелділігін зерттеу; әртүрлі отынның жану тиімділігін бағалау;

6) "Заттың агрегаттық күйлері". Қатты денелердің балқуы және қатаюы, балқу температурасы, меншікті балқу жылуы; булану және конденсация; қаныққан және қанықпаған булар; қайнау, меншікті булану жылуы; қайнау температурасының атмосфералық қысымға байланыстылығын анықтау. №2 зертханалық жұмыс: мұздың меншікті балқу жылуын анықтау; Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; заттың фазалық ауысу графигін зерттеу; мұздың балқу температурасын зерттеу; булану жылдамдығының әртүрлі факторларға тәуелділігін зерттеу;

7) "Термодинамика негіздері". Термодинамиканың бірінші заңы, газдың және будың жұмысы; жылу үдерістерінің қайтымсыздығы, термодинамиканың екінші заңы; жылу қозғалтқыштары; жылу қозғалтқыштарының пайдалы әрекет коэффициенті; жылу машиналарын пайдаланудағы экологиялық мәселелер. Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; ішкі энергияның механикалық энергияға айналуын зерттеу; жылулық тепе-теңдік орныққандағы энергияның сақталу заңын зерттеу;

26. 9 сыныпқа арналған "Физика" пәнінің базалық мазмұны:

1) "Кинематика негіздері". Механикалық қозғалыс; векторлар және оларға амалдар қолдану, вектордың координаталар осьтеріне түсірілген проекциялары; түзусызықты теңайнымалы қозғалыс, үдеу; түзусызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі жылдамдық және орын ауыстыру; дененің еркін түсуі, еркін түсу үдеуі; қисықсызықты қозғалыс; материялық нүктенің шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалысы; сызықтық және бұрыштық жылдамдықтар; центрге тартқыш үдеу. №1 зертханалық жұмыс: теңүдемелі қозғалыс кезіндегі дененің үдеуін анықтау; №2 зертханалық жұмыс: горизонталь лақтырылған дененің қозғалысын зерделеу; Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; денелердің қозғалысын сипаттау тәсілдері; қозғалыстың салыстырмалылығы;

2) "Астрономия негіздері". Жұлдызды аспан; аспан сферасы, аспан координаталарының жүйесі; әртүрлі географиялық ендіктегі аспан шырақтарының көрінерлік қозғалысы, жергілікті, белдеулік және бүкіләлемдік уақыт; Күн жүйесіндегі ғаламшарлардың қозғалыс заңдары; Күн жүйесі денесіне дейінгі ара қашықтықты параллакс әдісімен анықтау;

3) "Электростатика негіздері". Денелердің электрленуі, электр заряды; өткізгіштер мен диэлектриктер; электр зарядының сақталу заңы; қозғалмайтын зарядтардың өзара әрекеттесуі; Кулон заңы, элементар электр заряды; электр өрісі, электр өрісінің кернеулігі; электр өрісінің потенциалы және потенциалдар айырымы, конденсатор. Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; бір-бірінен қандайда бір арақашықтықта орналасқан және жіңішке жіпке ілінген екі бірдей ауа шарының әрекеттесуін зерттеу; электроскопты жасау;

4) "Тұрақты электр тогы. Электр тогы, электр тогы көздері; электр тізбегі және оның құрамды бөліктері, ток күші, кернеу; тізбек бөлігі үшін Ом заңы; өткізгіштің электр кедергісі; өткізгіштің меншікті кедергісі, реостат; өткізгіштерді тізбектей және параллель қосу; электр тогының жұмысы мен қуаты; электр тогының жылулық әсері, Джоуль-Ленц заңы; металдардағы электр кедергісінің температураға тәуелділігі, асқын өткізгіштік; электрқызырғыш құралдар, қыздыру шамдары, қысқа тұйықталу, балқымалы сақтандырғыштар; электр тогының химиялық әсері (Фарадейдің заңы). №3 зертханалық жұмыс: электр тізбегін құрастыру және оның әртүрлі бөліктеріндегі ток күшін өлшеу; №4 зертханалық жұмыс: тізбек бөлігі үшін ток күшінің кернеуге тәуелділігін зерттеу; №5 зертханалық жұмыс: өткізгіштерді тізбектей қосуды зерделеу; №6 зертханалық жұмыс: өткізгіштерді параллель қосуды зерделеу; №7 зертханалық жұмыс: электр тогының жұмысы мен қуатын анықтау; Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; тізбектегі ток күшін өлшеу; тізбек бөліндегі кернеуді өлшеу; өткізгіш кедергісінің материал тегіне тәуелділігі; қыздыру шамының қуаты мен жұмысын өлшеу; тізбектей қосылған шамдардың ток қуатын зерттеу; параллель қосылған шамдардың ток қуатын зерттеу.

5) "Электромагниттік құбылыстар". Тұрақты магниттер, магнит өрісі; тогы бар түзу өткізгіштің магнит өрісі; тогы бар шарғының магнит өрісі; электромагниттер және оларды қолдану; магнит өрісінің тогы бар өткізгішке әрекеті, электроқозғалтқыш; электр өлшеуіш құралдар; электромагниттік индукция, генераторлар. №8 зертханалық жұмыс: тұрақты магниттің қасиеттерін оқып-үйрену және магнит өрісінің бейнесін алу; №9 зертханалық жұмыс: электрмагнитті құрастыру және оның әсерін сынау; Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; су компасын (құбылнамасын) жасау; магнит өрісінің түрлі материалдар арқылы өтуін зерттеу; түрлі тиындардың магниттік қасиеттерін зерттеу; үйкеліс арқылы магниттеу; магниттің қасиетіне температураның әсері;

4) "Жарық құбылыстары". Жарықтың түзу сызықты таралу заңы; жарықтың шағылуы, шағылу заңдары, жазық айналар; сфералық айналар, сфералық айна көмегімен кескін алу; жарықтың сынуы, жарықтың сыну заңы, толық ішкі шағылу; линзалар, линзаның оптикалық күші, жұқа линзаның формуласы; линзаның көмегімен кескін алу; көз - оптикалық жүйе, көздің көру кемшіліктері және оларды түзету әдістері; оптикалық аспаптар. №10 зертханалық жұмыс: шынының сыну көрсеткішін анықтау; №11 зертханалық жұмыс: жұқа линзаның фокустық қашықтығын анықтау; Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; қарапайым перископты жасау; калейдоскопты жасау; жазық айнадағы кескінді зерттеу; ойыс айнаға түскен және шағылған стандартты сәулелердің жүрісі; жинағыш және шашыратқыш линзадағы негізгі сәулелердің жүрісі; көз бен фотоаппараттың оптикалық жүйелерін салыстыру;

5) "Кинематика негіздері". Механикалық қозғалыс; векторлар және оларға амалдар қолдану, вектордың координаталар осьтеріне түсірілген проекциялары; түзусызықты теңайнымалы қозғалыс, үдеу; түзусызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі жылдамдық және орын ауыстыру; дененің еркін түсуі, еркін түсу үдеуі; қисықсызықты қозғалыс; материялық нүктенің шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалысы; сызықтық және бұрыштық жылдамдықтар; центрге тартқыш үдеу. №1 зертханалық жұмыс: теңүдемелі қозғалыс кезіндегі дененің үдеуін анықтау; №2 зертханалық жұмыс: горизонталь лақтырылған дененің қозғалысын зерделеу; Практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; денелердің қозғалысын сипаттау тәсілдері; қозғалыстың салыстырмалылығы;

30. 10 сыныпқа арналған "Физика" пәнінің базалық мазмұны:

1) "Астрономия негіздері". Жұлдызды аспан; аспан сферасы, аспан координаталарының жүйесі; әртүрлі географиялық ендіктегі аспан шырақтарының көрінерлік қозғалысы, жергілікті, белдеулік және бүкіләлемдік уақыт; Күн жүйесіндегі ғаламшарлардың қозғалыс заңдары; Күн жүйесі денесіне дейінгі ара қашықтықты параллакс әдісімен анықтау.



	№4 зертханалық жұмыс. "Беттік толқындардың таралу жылдамдығын анықтау"	10.2.5.14 су бетіндегі толқындардың таралу жылдамдығын эксперимент түрінде анықтау
	Дыбыс, дыбыстың сипаттамалары, акустикалық резонанс, жаңғырық	10.2.5.15 дыбыстың пайда болу және таралу шарттарын атау; 10.2.5.16 дыбыс сипаттамаларын дыбыс толқындарының жиілігі және амплитудасымен сәйкестендіру; 10.2.5.17 резонанстың пайда болу шарттарын атау және оның қолданылуына мысалдар келтіру; 10.2.5.18 жаңғырықтың пайда болу табиғатын және оны қолдану әдістерін сипаттау; 10.2.5.19 табиғатта және техникада ультрадыбыс пен инфрадыбыстықолдануға мысалдар келтіру
	Электромагниттік толқындар Электромагниттік толқындар шкаласы	10.4.4.2 механикалық толқындар мен электромагниттік толқындардың ұқсастығы мен айырмашылығын салыстыру; 10.4.4.3 электромагниттік толқындар шкаласын сипаттау және әртүрлі диапазондағы толқындардың қолданылуына мысалдар келтіру; 10.4.4.4 шыны призма арқылы өткен жарықтың дисперсиясына сапалы сипаттама беру
Жылулық сәуле шығару	10.6.1.1 жылулық сәуле шығару энергиясының температураға тәуелділігін сипаттау	

Атом құрылысы. Атомдық құбылыстар	Жарық кванттары туралы Планк гипотезасы	10.6.1.2 Планк формуласын есептер шығаруда қолдану
	Фотоэффект құбылысы	10.6.1.3 фотоэффект құбылысын сипаттау және фотоэффект құбылысының техникада пайдаланылуына мысалдар келтіру; 10.6.1.4 фотоэффект үшін Эйнштейн формуласын есептер шығаруда қолдану;
	Рентген сәулелері	10.6.1.5 рентген сәулесін электромагниттік сәулелердің басқа түрлерімен салыстыру; 10.6.1.6 рентген сәулесін қолдануға мысалдар келтіру
	Радиоактивтілік. Радиоактивті сәулеленудің табиғаты	10.6.2.1 сәулеленудің табиғаты мен қасиеттерін түсіндіру
	Резерфорд тәжірибесі, атомның құрамы	10.6.1.7 а-бөлшегінің шашырауы бойынша Резерфорд тәжірибесін сипаттау
4-тоқсан		
Атом ядросы	Ядролық өзара әрекеттесу, ядролық күштер. Массалар ақауы, атом ядросының байланыс энергиясы	10.6.1.8 ядролық күштердің қасиеттерін сипаттау; 10.6.1.9 атом ядросының масса ақауын анықтау; 10.6.1.10 атом ядросының байланыс энергиясы формуласын есептер шығаруда қолдану
	Ядролық реакциялар. Радиоактивті ыдырау заңы	10.6.1.11 ядролық реакцияның теңдеуін шешуде зарядтық және массалық сандардың сақталу заңын қолдану; 10.6.2.2 радиоактивті ыдыраудың ықтималдық сипатын түсіндіру; 10.6.2.3 радиоактивті ыдырау заңын есеп шығаруда қолдану
	Ауыр ядролардың бөлінуі, тізбекті ядролық реакция. Ядролық реакторлар	10.6.2.4 тізбекті ядролық реакциялардың өту шарттарын сипаттау; 10.6.2.5 ядролық реактордың жұмыс істеу принципін сипаттау
	Термоядролық реакциялар. Радиоизотоптар, радиациядан қорғану	10.6.2.6 ядролық ыдырау мен ядролық синтезді салыстыру; 10.6.2.7 радиоактивті изотоптарды қолданудың мысалдарын келтіру; 10.6.2.8 радиациядан қорғану әдістерін сипаттау
	Элементар бөлшектер	10.6.3.1 элементар бөлшектерді жіктеу

Әлемнің қазіргі физикалық бейнесі	Физика және астрономияның дүниетанымдық маңызы	10.8.1.1 адамның дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына физика және астрономияның дамуының ықпалын түсіндіру;
	Экологиялық мәдениет	10.8.1.3 жаңа технологиялардың қоршаған ортаға ықпалының артықшылығы мен қауіптілігін бағалау;

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 123 бұйрығына  
37-қосымша

Қазақстан Республикасы білім  
және ғылым Министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына  
674-қосымша



## **Тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Химия" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Химия" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты – заттар мен олардың айналымы, заттар қасиеттерінің, олардың құрамы мен құрылысына тәуелділігін түсіндіретін заңдар мен теориялар туралы білім жүйесін қалыптастыру.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) химиялық процестер, заңдар мен олардың заңдылықтары туралы білімдерін өмірде қауіпсіз пайдалану біліктерін дамыту;

2) білімалушының жалпы дамуына қажет маңызды дәлелдер, бастапқы химиялық ұғымдар, заңдар және теорияларды оқыту;

3) химияның көптеген маңызды идеялары және жетістіктерімен таныстыру, алған білімдерін түпкі ғылыми дүниетанымын дамытуға жұмсау;

4) химиялық заттар, қарапайым аспаптар, құрылғылармен жұмыс істей алу дағдыларын қалыптастыру, химиялық тәжірибелер жасау кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау, тәжірибе нәтижесін тіркеу, сәйкес қорытынды жасау;



5) химияның оқу материалында салыстыру, себеп - салдар байланысын табу, қорытынды жасауды, оқу материалын байланысты және дәлелді түрде жеткізуді қалыптастыру;

6) практикада көп қолданылатын заттармен (қышқылдар, сілітілер, оксидтер, тұздар және т.б) жұмыс істеудің іс - жүзіндегі дағдысын сіңіру және бекіту;

4. Түзету – дамыту міндеттері:

1) білім алушылардың танымдық белсенділігі мен зейінін химиялық тілді (белгілер, формулалар, химиялық терминдер) пайдалану үрдісінде және заңдарды тұжырымдауда дамыту: құрам тұрақтылық заңын, Авогадро заңын, зат массасының сақталу заңын, газдардың көлемдік қатынас заңын;

2) химиялық заттар, қарапайым аспаптар, құрылғылармен жұмыс істеу кезінде визуальды - кеңістіктік көріністерді қалыптастыру;

3) химиялық үрдістер, олардың заңдылықтарын түсіну және болжауды айшықтау үшін, химияның маңызды заңдылығын бағалау мен қолдануда жалпыинтеллектуалдық дағдыларды дамыту;

4) бұлшықет қалжырауын және эмоционалдық қысылуды төмендету; білімалушының психикалық - тілдік дамуындағы бар кемістікті түзету;

5) коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларды, топпен және жұппен жұмыс істеу дағдысын, өз көзқарасын білдіру, өзге адамдардың пікірін сыйлау, көшбасшылық қасиеттерінің көрінісін, өз жұмысын жазбаша және ауызша таныстыра алу дамыту.

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері**

5. Оқыту құндылыққа бағытталған тұлғаға бағытталған белсендірілген сараланған, және коммуникативтік тәсілдері негізінде жүзеге асырылады.

6. Құндылыққа бағытталған тәсіл мақсатты түрде білімалушының әлеуметтік маңызды жеке тұлға құндылығының жүйесін, олардың дұрыс тәртібі мен іс – әрекетін, мотивацияны, қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілікті, бір - біріне деген сыйластықты, ынтымақтастыққа тырысуды қалыптастырады.

7. Тұлғаға бағытталған тәсіл оқу, тәрбие және барлық білімалушылардың жеке ерекшелігін ескере отырып дамыту дегенді білдіреді:

1) жасерекшеліктік, физиологиялық, психологиялық, интеллектуалдық ;

2) білім беру қажеттілігі, бағдарламалық материалдың әртүрлі күрделілік деңгейіне бағытталған;

3) білімалушыларды біліміне, қабілетіне қарай топқа бөлу;

4) білімалушыларды біртекті топтарға бөлу (қабілетіне, кәсіптік бағдарына қарай);

5) әр балаға бірегей жеке тұлға ретінде қарау.

8. Белсенділікке негізделген іс - әрекет тәсілі жаңа білімдердің дайын түрде берілмейтініне, оны өзі практика арқылы, мұғалімнің біртіндеп ұйымдастырған

қолжетімді іс әрекетін (бақылау, зерттеу), жалпыоқу және пәндік терминологиялық ауызекі сөздікті түсіндіру, пысықтау мен нақтылау арқылы табуға негізделген.

9. Сараланған тәсіл білімалушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың әртүрлі жағдайларын жасау керектігін білдіреді.

10. Коммуникативтік тәсіл тілтабысу дағдысын қалыптастыруға итермелейтін тапсырмаларды енгізуді, түрлі ақпараттарды алуды, әртүрлі мәселелер бойынша пікірталас жүргізу қабілетін дамытуды, өз ұстанымын айтуды білдіреді.

11. Қоғам үшін өзекті мәселелерді көрсететін және қоғамдық дамудың біртұтас көрінісін алуға болатын ортақ тақырыптары бойынша оқыту нәтижелі, олар білім алушылардың өздерінің алған білімдерін өмірдің әртүрлі жағдайларында қолдану қабілеттерін қалыптастыруға ықпал етеді.

12. Оқытуда ойындарды қолдану жағымды эмоцияларды тұғызады, қалыпты көңіл күйге кедергі келтіретін, өз қатарластарымен араласуға жайсыздық туғызатын, уайымнан арылуға көмектеседі.

13. Оқыту сапасын көтеретін және оқуға мотивация беретін тиімді технологияларға жататындар:

1) көп деңгейлі оқыту технологиясы - бұл оқу процесін ұйымдастырушы, оның шеңберінде әрбір білімалушының қабілеті мен жеке тұлға ерекшеліктеріне байланысты оқу материалын қабылдаудың басқа деңгейі күтілуі мүмкін, ол одан әрі дамытуға мүмкіндік береді;

2) бірлесіп оқыту педагог пен оқушының бірлескен іс әрекеті ретінде қарастырылады, оқу білімалушының мүмкіндігі бойынша іске асады;

3) проблемалық оқыту технологиясы – бұл мотивация туғызу үрдісі, ерекше шығармашылық тәсілді, жобалау қабілетін, жұмысты алдын - ала жоспарлауды қажет етеді;

4) оқытудың ақпараттық - коммуникациялық технологияларын қолдану базалық АКТ - дағдыларына негізделеді және химиялық эксперименттермен жұмыс жасау технологиясын дұрыс және креативті қолдануды, материалды терең және кең түрде баяндау мен игеруді қамтиды. Білім алушылар сандық және ғаламтор көздерінен ақпараттарды іздейді, таңдайды, өңдейді, бірлесіп жұмыс жасайды және жұмысын бағалайды; басқа оқушылармен шығармашылық жұмыс жасау үшін слайд-презентация құру, ақпарат алмасу дағдыларын дамытады; оқытудың белсенді тәсілдеріне техникалық қолдау көрсету үшін интерактивті тақтаны қолданады.

5) өтемдік оқыту технологиясы - бұл оқытуда кеңістік бейімделеді, кемшіліктердің орны толады, жұмыс қабілеттілігінің бұзылуы жойылады, дене дамуының және жүйке - психикалық денсаулық қорғалады, нығайтылады;

6) практикалық шеберлік пен дағдыны қалыптастыру; оқытудың барлық деңгейлерінде білім алушылар тәжірибе жасап, бақылау жүргізе алатын практикалық жұмыстар беріледі.

14. Сабақта оқу дәстүрлі химиялық оқу құралдарын, оқудың техникалық құралдарын, Ғаламторға қосылған компьютерлерді пайдалануды көздейді. Оқыту кезінде аудиовизуальды құралдар, оқудың көмекші құралдары, көрнекі құралдар пайдаланылады.

15. Бұл бағдарлама:

1) қорғау режимі мен денсаулық сақтаушы технологияларды сақтауға: дене қалпын өзгерту, бұлшықетті босаңсыту, күштеу қозғалыстарын азайту, жұмыс істеу кезінде ыңғайлы қарқын туғызуға бағытталған;

2) сабақта биология, география, физика сияқты оқу пәндерімен ауқымды түрде пәнаралық байланысты кеңейту, әр – түрлі оқу материалдарының көмегімен алған білімдерін, шеберлік пен дағдыны бекітеді. Материалды бірнеше рет қайталау белгіленген рефлексстер мен ерікті моториканың дамуына ықпал етеді.

### **3-тарау. "Химия" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

16. "Химия" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 7-сынып – аптасына 1 сағатты, оқу жылында –34сағатты;

2) 8-сынып – аптасына 2 сағатты, оқу жылында –68сағатты;

3) 9-сынып - аптасына 2 сағатты, оқу жылында – 68 сағатты;

4) 10-сынып – аптасына 2 сағатты, оқу жылында – 68 сағатты құрайды.

17. Бағдарлама 5 бөлімді қамтиды:

1) заттардың бөлшектері;

2) химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары;

3) химиядағы энергетика;

4) химия және қоршаған орта;

5) химия және өмір.

18. "Заттардың бөлшектері" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) атомдар иондар және молекулалар;

2) атомның құрамы мен құрылысы;

Затомда электрондардың қозғалысы мен таралуы, атомдардан иондардың құрылуы;

4) химиялық байланыстардың түрлері.

19. "Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) периодтық заң және химиялық элементтердің периодтық жүйесі;

2) химиялық реакциялардың жіктелуі;

3) зат массасының сақталу заңы;

4) металдардың электрохимиялық кернеу қатары.

20. "Химиядағы энергетика" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар;

2) химиялық реакциялардың жылдамдығы;

- 3) химиялық тепе - теңдік;
- 4) қышқылдар мен негіздер теориясы.

21. "Химия және қоршаған орта" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) заттардың жіктелуі;
- 2) жер химиясы;
- 3) көміртек және оның қосылыстары химиясы.

22. "Химия және өмір" бөлімі "Биохимия" бөлімшесінен тұрады.

23. 7-сыныпқа арналған "Химия" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) заттардың бөлшектері: химия пәні, таза заттар мен қоспалар. Химия – заттар туралы жаратылыстану ғылымдарының бір саласы, химияның дамуы мен маңызы, химия кабинетіндегі және зертханасындағы қауіпсіздік техникасының ережелері, таза заттар және олардың физикалық қасиеттері, біртекті және әртекті қоспалар, заттарды тазарту және бөлу тәсілдері, жәй және күрделі заттар, элемент, химиялық қосылыстар; № 1 практикалық жұмыс "Техника қауіпсіздігі ережелері және зертханалық құрал-жабдықтармен танысу"; № 1 зертханалық тәжірибе "Заттарды және олардың қосылыстарын салыстыру"; № 2 зертханалық тәжірибе "Ластанған ас тұзын тазарту"; "Заттар күйінің өзгеруі". Физикалық және химиялық құбылыстар, химиялық реакция, заттың агрегаттық күйлері, қатты, сұйық, бөлшектердің кинетикалық теориясына сәйкес газ тәріздес заттардың құрылымы, заттардың салқындау, қыздыру және булану үдерістері; № 3 зертханалық тәжірибе "Химиялық реакциялардың белгілерін зерттеу"; № 4 зертханалық тәжірибе "Аспирин немесе салолдың салқындау үдерісін зерттеу"; № 5 зертханалық тәжірибе "Судың қайнау үдерісін зерттеу"; № 1 бақылау жұмысы; "Атомдар. Молекулалар. Заттар". Атомдар мен молекулалар, атомдар мен молекулалардың айырмашылығы, химиялық элементтер, химиялық элементтердің символдары, элементтерді металдар мен бейметалдарға жіктеу, жай және күрделі заттар, атомның құрамы мен құрылысы, ядро, протон, нейтрон, электрон, изотоптар, элементті аталуы және фундаменталды бөлшектерінің саны бойынша сипаттау;

2) химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары: ауа, жану реакциясы. Ауа және оның құрамы, атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың маңызы, жану үдерісі, заттың жану шарттары, тез тұтанатын, жанатын және жанбайтын заттар, отын, оттек, тұтану көзі, тұтану температурасы, металдар мен бейметалдардың жануы, жану реакциясының өнімдері; № 6 зертханалық тәжірибе "Балауыз шамның жануы"; № 2 практикалық жұмыс/көрсетілім "Күкірттің, фосфордың, темірдің ауада және оттегінде жануын салыстыру"; № 2 бақылау жұмысы;

3) химиядағы энергетика: табиғи қышқылдар мен сілтілер; "қышқылдық" және "сабынды" қасиеттері, индикаторлар, әмбебап индикатор, рН шкала метилоранж, лакмус, фенолфталеин, индикаторлардың түрлі орталардағы түстерінің өзгеруі, қышқылдар мен сілтілер, антацидті заттар, бейтараптану реакциясы, сұйылтылған қышқылдар, қышқылдардың қолданылу аймақтар, қышқылдармен жұмыс жүргізу ережелері,

сұйылтылған қышқылдардың түрлі металдармен әрекеттесуі, сутекке сапалық реакция, карбонаттар, сұйылтылған қышқылдардың карбонаттармен әрекеттесуі, көмірқышқыл газына сапалық реакция; № 7 зертханалық тәжірибе "Ерітінділердің қышқылдық, негіздік ортасын анықтау"; № 8 зертханалық тәжірибе "Хлорсутек қышқылының бейтараптану реакциясы"; № 9 зертханалық тәжірибе "Мырыштың сұйылтылған тұз қышқылымен реакциясы"; № 10 зертханалық жұмыс "Сутекке сапалық реакция"; № 3 практикалық жұмыс "Сұйылтылған қышқылдар мен карбонаттардың әрекеттесуі. Көмірқышқыл газына сапалық реакция";

4) химия және қоршаған орта: химиялық элементтердің периодтық кестелерін құру тарихы, И. Дүберейнер, Дж. Ньюлендс, Д.И. Менделеевтің элементтерді жіктеуі, периодтық заң, периодтық кестенің құрылымы, периодтық кестенің құрылу принципі, атом нөмірі ядро заряды, атомдағы элементтер бөлшектері. "Салыстырмалы атомдық масса және қарапайым формулалар". Изотоптар қоспасы, табиғи изотоптар, салыстырмалы атомдық масса, салыстырмалы молекулалық/формулалық масса, химиялық формула, химиялық элементтердің валенттілігі, бинарлы қосылыстардың формулаларын құрастыру, қосылыстардағы атомдардың қатынастары; сандық есептер: салыстырмалы молекулалық массаны есептеу; № 3 бақылау жұмысы;

5) химия және өмір: адам ағзасындағы химиялық элементтер. Қоректік заттар, адам ағзасындағы химиялық элементтер (O, C, H, N, Ca, P, K), химиялық элементтердің тірі және өлі табиғаттағы таралуы, адам ағзасындағы микро- макроэлементтердің биологиялық рөлі, тыныс алу үдерісі, тамақтану теңгерімі; № 4 практикалық жұмыс "Тағам құрамындағы қоректік заттарды анықтау"; № 11 зертханалық тәжірибе "Тыныс алу үдерісін зерттеу". "Геологиялық химиялық қосылыстар". Пайдалы геологиялық химиялық қосылыстар, табиғи ресурстар, кен орны, кен, кеннің құрамы, минералдар, табиғи ресурстарды өндіру, металдарды алу, Қазақстанның пайдалы қазбалары, минералдарды өндірудің экологиялық аспектілері; № 4 бақылау жұмысы.

24. 8-сыныпқа арналған "Химия" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) заттардың бөлшектері: атомдардағы электрондардың қозғалысы, атомдардағы электрондардың орналасуы, энергетикалық деңгейлер, s және р-орбитальдарының пішіндері, электрондық конфигурация, электронды-графикалық формула, ион, иондардың түзілуі, "нольдік қосынды" әдісімен қосылыстардың формулаларын құрастыру; № 1 зертханалық тәжірибе "Атомдардың модельдерін жасау";

2) химиялық реакциялардың заңдылықтары: заттардың формулалары және химиялық реакция теңдеулері. Заттардың массасының сақталу заңы, химиялық реакциялардың типтері: қосылу, айырылу, орынбасу, алмасу; табиғаттағы химиялық реакциялар, тірі организмдер мен адам тіршілігіндегі химиялық реакциялар; № 1 көрсетілім "Заттардың массасының сақталу заңын дәлелдейтін тәжірибе"; № 2 зертханалық тәжірибе "Әрекеттесуші заттардың массасының қатынасы"; сандық есептер: химиялық формула бойынша химиялық қосылыстардағы элементтің массалық

үлесін есептеу, элементтердің массалық үлестері бойынша заттың қарапайым формуласын анықтау; №1 бақылау жұмысы. "Металдардың химиялық белсенділігі".  
Металдардың тотығуы, металдардың жемірілуі, металдардың сумен әрекеттесуі, металдардың қышқыл ерітінділерімен, металдардың тұз ерітінділерімен әрекеттесуі, металдардың белсенділік қатары, металдардың белсенділігін салыстыру; № 2 көрсетілім "Белсенді металдардың сумен әрекеттесуі"; № 3 зертханалық тәжірибе "Металдардың қышқылдар ерітіндісімен әрекеттесуі"; № 3 көрсетілім "Тұз ерітінділерінен металдарды ығыстыру"; № 1 практикалық жұмыс "Металдардың белсенділігін салыстыру";

3) химиядағы энергетика: заттың мөлшері, моль, Авогадро саны, заттың молярлық массасы; сандық есептер есептер: жәй және күрделі заттардың салыстырмалы молярлық массасын есептеу, химиялық формула бойынша заттың молярлық массасын, массасын және заттың мөлшерін есептеу, заттың белгілі мөлшеріндегі атомдардың (молекулалардың) сандарын есептеу. "Стехиометриялық есептеулер". Химиялық реакциялардың теңдеулері бойынша есептер шығару, молярлық көлем, газдардың салыстырмалы тығыздығы, көлемдік қатынастар заңы, қалыпты және стандартты жағдайлар;

сандық есептер: химиялық формула бойынша заттың молярлық массасын және заттың мөлшерін есептеу, заттың берілген массасы немесе заттың мөлшері бойынша атомдар мен молекулалардың сандарын есептеу, химиялық реакциялардың теңдеулері бойынша реакция өнімінің массасын, көлемін (газдың) және зат мөлшерін есептеу, қалыпты жағдайлардағы газдың көлемін, газдардың салыстырмалы тығыздығын есептеу, оттегі және ауа бойынша газдардың салыстырмалы тығыздықтарын есептеу, заттың мөлшері, молярлық масса, газдың молярлық көлемі, Авогадро заңы ұғымдарын пайдаланып формулалар бойынша есептеулер жасау, химиялық реакциялар кезіндегі газдардың көлемдік қатынастары түсініктерін қолданып есептеулер жасау; №2 бақылау жұмысы. Отынның жануы және энергияның бөлінуі, көміртекті отынның жануы кезінде көмірқышқыл газы, иіс газы немесе көміртек түзілуі мүмкіндігі, жылыжайлық эффектісінің себептері және шешу жолдары, экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар, әртүрлі отындардың потенциалы, қоршаған ортаға әсері, кинетикалық бөлшектер теориясы тұрғысынан энергия өзгерісі, реакцияның жылу эффектісі, термохимиялық теңдеулер; № 4 зертханалық тәжірибе "Энергияның өзгеруімен жүретін химиялық реакциялар"; сандық есептер: реакциялардың термохимиялық теңдеулері бойынша реакцияның жылу эффектісін есептеу;

4) химия және қоршаған орта: сутек, оттегі және озон. Сутек – химиялық элемент және жәй зат, сутектің изотоптары (протий, дейтерий және тритий), сутектің қасиеттері, қолданылуы және алынуы, оттегі – химиялық элемент және жәй зат, оттектің қасиеттері, қолданылуы және алынуы, сутектің және оттектің бинарлы қосылыстары, табиғатта таралуы, оттектің аллотропиялық түрөзгерісі, озон, сутек пен оттекті алу,

Жер бетіндегі озон қабатының маңызы; № 4 көрсетілім "Сутек пероксидінің ажырауы"; № 2 практикалық жұмыс "Сутекті алу және оның қасиеттерін зерттеу"; № 3 практикалық жұмыс "Сутектің перексидінен оттекті алу және оның қасиеттерін зерттеу"; сандық есептер: реакцияға қатысатын немесе реакция нәтижесінде түзілген өнімнің белгілі массасы, заттың мөлшері немесе көлемі бойынша заттың массасын, заттың мөлшерін, (газдың) көлемін есептеу. Химиялық элементтердің периодтық жүйесінің құрылымы, периодтың, топтың, атом нөмірінің физикалық мәні, химиялық элементтердің атомдарының кейбір қасиеттері мен сипаттамаларының периодты түрде өзгеруі, периодтық жүйедегі орыны бойынша элементтің сипатталуы, химиялық элементтердің табиғи тектестері, сілтілік металдардың, галогендердің, инертті газдардың тектестері, металдар мен бейметалдар, периодтық кестеде орналасуына байланысты химиялық элементтің қасиеттері; №3 бақылау жұмысы. "Химиялық байланыс түрлері". Химиялық элементтердің электртерістілігі, атомдар арасындағы химиялық байланыстар табиғатының бірлігі, ковалентті полярлық және полярлық емес байланыс, иондық байланыс, заттың аморфты және кристалдық күйлері, кристалл торларының типтері, заттардың қасиеттерінің оның құрылысына тәуелділігі;

5) химия және өмір: ерітінділер және ерігіштік, заттардың суда еруі, заттардың судағы ерігіштігі бойынша жіктелуі, ерітінділер, еріген заттың массалық үлесі, молярлық концентрация, қатты заттардың, сұйықтардың және газдардың суда ерігіштігі, кристаллогидраттар, ерітінділердің табиғаттағы және күнделікті өмірдегі рөлі, заттарды ерігіштігіне температураның әсері; № 5 зертханалық тәжірибе "Заттардың ерігіштігін зерттеу"; № 4 практикалық жұмыс "Қатты заттардың ерігіштігіне температураның әсері"; №5 практикалық жұмыс "Берілген пайыздық және молярлық концентрациялы ерітінділерді дайындау"; сандық есептер: заттардың судағы ерігіштігін есептеу, тығыздығы мен көлемі бойынша ерітіндінің массасын анықтау, еріген заттың және еріткіштің массасын, еріген заттың массалық үлесін есептеу, ерітіндідегі заттың молярлық концентрациясын есептеу; № 4 бақылау жұмысы.

## 25. 9-сынып оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) заттардың бөлшектері: бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары, оксидтер: құрамы, номенклатурасы, жіктелуі, қасиеттері, алынуы және қолданылуы, қышқылдар: құрамы, номенклатурасы, жіктелуі, қасиеттері, алынуы және қолданылуы, негіздер: құрамы, номенклатурасы, жіктелуі, қасиеттері, алынуы және қолданылуы, тұздар: құрамы, номенклатурасы, жіктелуі, қасиеттері, алынуы және қолданылуы, бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланыс; № 1 зертханалық тәжірибе "Оксидтердің химиялық қасиеттерін зерттеу"; № 2 зертханалық тәжірибе "Қышқылдардың химиялық қасиеттерін зерттеу"; № 3 зертханалық тәжірибе "Негіздердің химиялық қасиеттерін зерттеу"; № 4 зертханалық тәжірибе "Тұздардың қасиеттері және алынуы"; сандық есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша реакцияға қатысушы немесе реакция нәтижесінде түзілген бір заттың

белгілі массасы, мөлшері немесе көлемі бойынша табиғатта жүретін процестер мен химиялық реакция нәтижесінде түзілген өнімнің немесе реагенттің массасын, заттың мөлшерін, көлемін есептеу, ерітіндінің белгілі массасы және еріген заттың массалық үлесі бойынша реакция өнімінің массасын, көлемін және заттың мөлшерін есептеу. Көміртек және оның қосылыстары. Көміртектің жалпы сипаттамасы; табиғатта көміртек және оның қосылыстарының таралуы, көміртектің аллотропиялық түр өзгерістері, көміртектің аллотропиялық түр өзгерістерінің қолдану аймағы, көміртектің қасиеттері, көміртектің оксидтері және олардың қасиеттері, тірі ағзаларға иіс газының физиологиялық әсері, көміртектің табиғаттағы айналымы; № 1 практикалық жұмыс "Көміртектің физикалық және химиялық қасиеттері"; № 2 практикалық жұмыс "Көмірқышқыл газын алу және оның қасиеттері зерттеу"; сандық есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша реакцияға қатысушы немесе реакция нәтижесінде түзілген бір заттың белгілі массасы, мөлшері немесе көлемі бойынша табиғатта жүретін процестер мен химиялық реакция нәтижесінде түзілген өнімнің немесе реагенттің массасын, заттың мөлшерін, көлемін есептеу, ерітіндінің белгілі массасы және еріген заттың массалық үлесі бойынша реакция өнімінің массасын, көлемін және заттың мөлшерін есептеу; №1 бақылау жұмысы. Судың құрамы, қасиеттері және қолданылуы, табиғаттағы су, су – табиғи әмбебап еріткіш, сулы ерітінділер және жүзгіндер, судың бірегей қасиеттері және оның өмір үшін маңызы, судың табиғаттағы айналымы, судың ластану себептері, судың кермектігі және оны жою тәсілдері, судың және сулы ерітінділердің табиғаттағы, өндірістің түрлі салаларындағы және ауыл шаруашылығындағы маңызы, суды тазарту әдістері, ауыз суын тазарту, Қазақстан Республикасындағы ауыз су мәселесі, су бассейнін ластанудан қорғау, Қазақстандағы су ресурстарының экологиялық мәселелері, сусыз мыс (II) сульфатының көмегімен суды анықтау әдісі; № 5 зертханалық тәжірибе "Судың кермектігін анықтау"; сандық есептер : еріген заттың массалық үлесін, еріткіштің, еріген заттың массасын есептеу;

2) химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары: электролиттік диссоциация. Электролиттер және бейэлектролиттер, С. Аррениустың электролиттік диссоциациялану теориясының негізгі қағидалары, электролиттік диссоциациялану механизмі, ерітінділердің немесе заттың балқымаларының электр өткізгіштігінің химиялық байланыс түріне тәуелділігі, күшті және әлсіз электролиттер, диссоциациялану дәрежесі, қышқыл, сілті және тұздардың судағы ерітінділерінде электролиттік диссоциациялануы, көпнегізді қышқылдардың, қышқылдық және негіздік тұздардың диссоциациялануы, ион алмасу реакциялары және олардың жүру жағдайлары, электролиттік диссоциациялану теориясы тұрғысынан қышқыл, негіз және тұз ерітінділерінің химиялық қасиеттері, тұздар гидролизі; № 1 көрсетілім "Иондық және ковалентті полярлық байланысы бар заттардың электролиттік диссоциациясы"; № 6 зертханалық тәжірибе "Қышқыл, сілті ерітінділерінің рН анықтау"; № 3 практикалық жұмыс "Ион алмасу реакциялары"; № 7 зертханалық тәжірибе "Тұздар гидролизі";



сандық есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша заттың мөлшерін, массасын, реакция өнімінің көлемін есептеу, диссоциациялану дәрежесін есептеу. Катиондарға сапалық реакциялар, жалын түсінің боялуы бойынша  $\text{Li}^+$ ,  $\text{Na}^+$ ,  $\text{K}^+$ ,  $\text{Ca}^{2+}$ ,  $\text{Sr}^{2+}$ ,  $\text{Ba}^{2+}$ ,  $\text{Cu}^{2+}$  металл катиондарын анықтау, аниондардың сапалық реакциялары, бейорганикалық қосылыстардың құрамын сапалық талдау; № 8 зертханалық тәжірибе жалын түсінің боялуы бойынша " $\text{Li}^+$ ,  $\text{Na}^+$ ,  $\text{K}^+$ ,  $\text{Ca}^{2+}$ ,  $\text{Sr}^{2+}$ ,  $\text{Ba}^{2+}$ ,  $\text{Cu}^{2+}$  катиондарын анықтау"; № 9 зертханалық тәжірибе " $\text{Fe}^{2+}$ ,  $\text{Fe}^{3+}$ ,  $\text{Cu}^{2+}$  катиондарына сапалық реакциялар"; № 10 зертханалық тәжірибе "Сулы ерітіндідегі  $\text{Cl}^-$ ,  $\text{Br}^-$ ,  $\text{I}^-$ ,  $\text{PO}_4^{3-}$ ,  $\text{SO}_4^{2-}$ ,  $\text{CO}_3^{2-}$ ,  $\text{NO}_3^-$ ,  $\text{SiO}_3^{2-}$  аниондарын анықтау"; № 4 практикалық жұмыс "Бейорганикалық қосылыстарды сапалық талдау"; сандық есептер: егер әрекеттесуші заттардың біреуі артық мөлшерде берілсе химиялық теңдеулер бойынша есептеу; №2 бақылау жұмысы;

3) химиядағы энергетика: химиялық реакциялардың жылдамдығы, химиялық реакциялардың жылдамдығына әсер ететін факторлар, бөлшектердің кинетикалық тұрғысынан реакция жылдамдығы, катализаторлар, ингибиторлар, катализаторлар мен ингибиторлардың реакция жылдамдығына әсері; № 2 көрсетілім "Түрлі химиялық реакциялардың жылдамдығы"; № 11 зертханалық тәжірибе "Концентрацияның температурасы мен бөлшектер көлемінің реакция жылдамдығына әсері"; № 5 практикалық жұмыс "Реакция жылдамдығына катализатордың әсері". "Қайтымды реакциялар". Химиялық тепе-теңдік, тепе-теңдік динамикалық үдеріс ретінде, химиялық тепе-теңдіктің ығысуы, Ле-Шателье-Браун принципі, химиялық тепе-теңдік күйіне және химиялық реакция жылдамдығына жағдайлардың өзгерісінің әсері, бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан химиялық тепе-теңдік; № 3 көрсетілім "Қайтымды химиялық реакциялар"; № 12 зертханалық тәжірибе "Химиялық тепе-теңдіктің ығысуы". "Тотығу-тотықсыздану реакциялары". Химиялық элементтердің тотығу дәрежелері, қосылыстардың формулалары бойынша химиялық элементтердің тотығу дәрежелерін анықтау, тотықтырғыш және тотықсыздандырғыш туралы түсінік, тотығу-тотықсыздану реакциялары, электрондық баланс әдісі;

4) химия және қоршаған орта: металдардың жалпы сипаттамасы, металдық байланыс пен металдық кристалдық тор, темір мен мыстың физикалық және химиялық қасиеттері, металдардың тек тотықсыздандырғыш қасиеттерін көрсетуі, темір қорытпалары және олардың қолданылуы, металлургия туралы түсінік, шойын мен болат өндірісі, Қазақстанда металлургияның дамуы, металдар мен олардың қорытпаларын алу, Қазақстандағы металдар және оның қосылыстарының маңызды кен орындары, металдарды өндіру үдерістері, қоршаған ортаға әсері, металдарды алу; № 4 көрсетілім "Металдардың кристалдық торы модельдері"; № 5 көрсетілім "Металдар және қорытпалар"; сандық есептер: егер құрамында қоспаның белгілі бір массалық үлесі бар басқа заттың массасы белгілі болған жағдайда реакция теңдеуі бойынша заттың массасын есептеу, өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен салыстырғандағы заттың шығымы массасын есептеу; №3 бақылау жұмысы. 1 (I

), 2 (II) және 13 (III) топтар элементтері және олардың қосылыстары. (I)-топ элементтері және олардың қосылыстары, атомдары құрылысы негізінде сілтілік металдардың жалпы қасиеттері, сілтілік металдардың оксидтері мен гидроксидтерінің негіздік қасиеттері және олардың қолданылуы, 2 (II)-топ элементтері және олардың қосылыстары, 1 (I)-ші және (II)-топ металдарының жалпы қасиеттері, кальций оксиді мен гидроксидінің негіздік қасиеттері және олардың қолданылуы, 3 (III)-топ элементтері, алюминий және оның қосылыстары, алюминийдің қосылыстары мен қорытпаларының қолдану аймағы, алюминий, оның оксиді мен гидроксидінің екі дайлы қасиеттері; № 6 көрсетілім "Натрийдің, кальцийдің сумен әрекеттесуі"; № 13 зертханалық тәжірибе "Кальцийдің сумен және қышқыл ерітіндісімен әрекеттесуі"; № 7 көрсетілім "Алюминий мен оның қорытпалары"; № 14 зертханалық тәжірибе "Алюминийдің қышқыл және сілті ерітінділерімен әрекеттесуі"; № 5 практикалық жұмыс "Металдар" тақырыбына эксперименттік есептер шығару; сандық есептер: егер құрамында қоспаның белгілі массалық үлесі бар басқа заттың массасы белгілі болғанда, заттың (реагенттің немесе өнімнің) массасын реакция теңдеуі бойынша есептеу, өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен саластырғандағы заттың шығымы массасын есептеу, өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен саластырғандағы заттың шығымы массасын есептеу;

5) химия және өмір: 17 (VII), 16 (VI), 15 (V), 14 (IV) - топтарының элементтері және олардың қосылыстары. (VII) топ элементтері, галогендер, байланыс түрі және кристалдық тор типі, топтағы галогендер қасиеттерінің өзгеру заңдылықтары, хлор, хлордың химиялық қасиеттері: металдармен, сутекпен және галогенидтермен әрекеттесуі, хлорсутек қышқылының құрамы қасиеттері мен қолданылуы; №15 зертханалық тәжірибе "Хлорсутек қышқыл ерітіндісінің қасиетін зерттеу"; №4 бақылау жұмысы.

26. 10-сынып оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) заттардың бөлшектері: 16 (VI)-топ элементтері, күкірт, күкірттің аллотропиялық түр өзгерістерінің физикалық қасиеттері, күкірттің негізгі қосылыстары және олардың физикалық және химиялық қасиеттері, қышқылдық жаңбырдың пайда болу себебі мен экологияға тигізетін әсері, күкірт қышқылы, күкірт қышқылы және оның тұздарының жалпы және ерекше қасиеттері, қасиеттері мен қолданылуы, 15 (V)-топ элементтері: азот, азоттың қасиеттері және табиғаттағы азот айналымы, аммиак, аммиактың қасиеттері, алынуы мен қолданылуы, аммиак өндірісі, (Габер синтезі): азот қышқылы, азот қышқылының қасиеттері, азот қышқылы мен нитраттардың өзіне тән қасиеттері, фосфор және оның қосылыстары, фосфорды аллотропиялық түрлендіру, фосфор қосылыстарының Қазақстандағы кен орындары, фосфор және оның қосылыстарының жалпы химиялық қасиеттері, минералды тыңайтқыштар, олардың Қазақстанда өндірілуі және оларды тиімді қолдану, азот және фосфор тыңайтқыштарының қоршаған ортаға әсері; № 1 көрсетілім "Күкірттің аллотропиялық түр өзгерістері"; № 1

практикалық жұмыс "Сұйылтылған күкірт қышқылы ерітіндісі және оның тұздарының химиялық қасиеттерін зерттеу"; № 1 зертханалық тәжірибе "Азот молекуласының моделін дайындау"; № 2 зертханалық тәжірибе "Аммиак молекуласының моделін дайындау"; № 2 практикалық жұмыс "Аммиактың алынуы және оның қасиеттерін зерттеу"; № 3 зертханалық тәжірибе "Азот қышқылының басқа қышқылдармен ортақ қасиеттері"; № 2 көрсетілім "Минералды тыңайтқыштар"; 14 (IV) - топ элементтері, кремний және оның қосылыстары, кремнийдің қолданылу аймағы және оның жартылай өткізгіш ретінде маңызы, сұйық кристалдар, кремний, оның диоксиді мен карбидіндегі химиялық байланыс түрін және кристалдық тор типі, кремний мен оның қосылыстарының химиялық қасиеттері, Қазақстандағы силикат өнеркәсібі:

№ 3 көрсетілім "Алмаз, кремний, кремний диоксиді мен кремний карбидінің кристалдық торларының модельдері"; сандық есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша есептеу, бірі зат бастапқы заттардан артық берілген есептер, егер реакция өнімінің практикалық шығымының массалық үлесі белгілі болса, химиялық реакция теңдеуі бойынша заттың (реагенттің немесе өнімнің) массасын есептеу, құрамындағы қоспаның массалық үлесі бар басқа заттың массасы бойынша реакция өнімінің массасын есептеу; №1 бақылау жұмысы;

2) химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары: адам ағзасының химиялық құрамы, макроэлементтер және микроэлементтер, олардың маңызы, адам ағзасының құрамына кіретін элементтер және олардың маңызы: (O, C, H, N, Ca, P, K, S, Cl, Mg, Fe) , Қазақстан тұрғындарының теңгерімді тамақтану рационы, ағзадағы кейбір элементтерді анықтау, ауыр металдармен қоршаған ортаның ластануы көздері, ауыр металдардың ағзаларға әсері: № 4 зертханалық тәжірибе "Сүйек құрамындағы кальцийді анықтау"; № 5 зертханалық тәжірибе "Тамақ өнімдерінің құрамындағы көміртекті анықтау";

3) химиядағы энергетика: органикалық химияға кіріспе. Органикалық химия – көміртек қосылыстарының химиясы, А.М. Бутлеровтың органикалық қосылыстардың құрылыс теориясының негізгі қағидалары, органикалық заттардың ерекшеліктері, органикалық қосылыстардың жіктелуі, функционалдық топ түсінігі, органикалық қосылыстардың гомологтық қатарлары, органикалық қосылыстардың номенклатурасы, органикалық қосылыстардың изомериясы;

№ 4 көрсетілім "Метан, этан, этен, этин, этанол, этаналь, этан қышқылы, глюкоза, аминоэтан қышқылы модельдері"; № 5 көрсетілім "Алкандардың алғашқы бес өкілдерінің және сызықты құрылымды спирттердің модельдері"; № 6 көрсетілім "Пентан изомерлерінің модельдері"; сандық есептер: элементтердің массалық үлесі және салыстырмалы тығыздығы бойынша газтәрізді заттардың молекулалық формулаларын табу; №2 бақылау жұмысы;

4) химия және қоршаған орта: көмірсутектер, отын. Көмірсутектердің жіктелуі, номенклатурасы және изомериясы, қаныққан көмірсутектер, алкан, метан, қанықпаған

көмірсутектер, алкендер, этилен, алкиндер, ацетилен, арендер, бензол, көмірсутектер арасындағы генетикалық байланыс, көмірсутектердің табиғи көздері, көмірсутекті отындар, табиғи газдың, мұнайдың, көмірдің Қазақстандағы кен орындары, оларды өндіру және өңдеу, көмірсутектерді өндіру, өңдеу және қолданудағы экологиялық мәселелер, көмірсутектерді экономиканың түрлі салаларында және тұрмыста пайдалану, альтернативті отын түрлері, мұнай, мұнай фракциялары және шикі мұнай өнімдерінің қолдану аймағы; № 7 көрсетілім "Этиленнің жануы, бром суы мен калий перманганаты ерітінділерін түссіздендіруі"; № 8 көрсетілім "Отын түрлері"; № 9 көрсетілім "Мұнай және мұнай өнімдері"; сандық есептер: реакция өнімінің массасы немесе көлемі және белгілі заттың салыстырмалы тығыздығы бойынша органикалық заттың формуласын анықтау; №3 бақылау жұмысы;

5) химия және өмір: оттекті және азотты органикалық қосылыстар. Оттекті органикалық қосылыстардың жіктелуі және номенклатурасы, метанол, этанол, спирттердің улылығы және этил спиртінің адам организміне зиянды әсері, оттекті органикалық қосылыстардың өкілдері, этандиол, пропантриол, этан қышқылы, глюкоза, сахароза, крахмал, целлюлозаның қолданылуы, карбон қышқылдары, күрделі эфирлер мен майлар, сабын, синтетикалық жуғыш заттар, синтетикалық жуғыш заттардың қоршаған ортаға әсері, көмірсулар, нәруыздар, аминқышқылдары, биологиялық маңызды органикалық қосылыстар, Қазақстанның тамақ өнеркәсібі; № 6 зертханалық тәжірибе "Сірке қышқылының қасиеттерін зерттеу"; № 7 зертханалық тәжірибе "Нәруыздардың денатурациясы"; сандық есептер: егер құрамында қоспаның массалық үлесі бар басқа заттың массасы белгілі болған жағдайда, реакция теңдеуі бойынша органикалық заттың (реагенттің немесе өнімнің) массасын есептеу, өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен саластырғандағы заттың шығымы массасын есептеу, метан, бутан, этанолдың жану реакция теңдеуі бойынша оттектің, ауаның көлемдерін есептеу; № 4 бақылау жұмысы.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

27. Бағдарламада, оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 9.2.1.2. кодында "9" - сынып, "2.1" - бөлімше, "2" - оқыту мақсатының реттік саны.

28. Күтілетін нәтижелер бойынша оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) "Заттар бөлшектері" бөлімі:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып

<p>1.1 Атомдар, иондар және молекулалар</p>	<p>7.1.1.1 "Химия" ғылымының нені оқытатынын білу; 7.1.1.2 химиялық зертханада және кабинетінде жұмыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелерін білу және түсіну; 7.1.1.3 физикалық және химиялық құбылыстарды ажырата алу; 7.1.1.4 заттардың әртүрлі агрегаттық күйлерін білу және бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан қатты, сұйық, газ тәріздес заттардың құрылымын түсіндіре алу; 7.1.1.5 салқындау үдерісін зерделеу, салқындау қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясына сай, өз бақылауларын түсіндіру; 7.1.1.6 судың қайнау үдерісін зерделеу, қыздыру қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясын пайдалана отырып, өз бақылауларын түсіндіру</p>	<p>8.1.1.1 зат мөлшерінің өлшем бірлігі ретінде мольді және Авогадро санын білу; 8.1.1.2 формула бойынша заттың массасын, зат мөлшерін, құрылымдық бөлшектер санын есептей алу</p>		
	<p>7.1.2.1 атомдар мен молекулалардың айырмашылығын білу; 7.1.2.2 әрбір элементтің</p>			

1.2 Атомның құрамы мен құрылысы

химиялық таңбамен белгіленетіндігін және белгілі атом түрі екенін білу;

7.1.2.3 элементтерді металдар мен бейметалдарға жіктей алу;

7.1.2.4 заттарды құрамына қарай жай және күрделіге жіктеу;

7.1.2.5 протон, электрон, нейтронды және олардың атомдағы орналасу тәртібін, массасын зарядын білу;

7.1.2.6 алғашқы 20 элементтің атом құрылысы ( $p^+$ ,  $n^0$ ,  $e^-$ ) мен атом ядросының құрамын білу;

7.1.2.7 "изотоп" түсінігін білу;

7.1.2.8 Жердегі элементтердің басым бөлігі планеталардың қалыптасу кезінде пайда болған изотоптар қоспасы түрінде кездесетіндігін түсіну;

7.1.2.9 табиғи изотоптары бар химиялық элементтердің атомдық массалары бөлшек сан болатындығын түсіну;

7.1.2.10 салыстырмалы атомдық массаның анықтамасын білу;

7.1.2.11 элементтердің атауларын, валенттілікті және олардың

	<p>косылыстардағы атомдық қатынастарын колдана отырып, бинарлы химиялық косылыстардың формулаларын дұрыс құра білу; 7.1.2.12 химиялық косылыстың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық/ формулалық массасын есептеу</p>			
<p>1.3 Атомда электрондардың қозғалысы мен таралуы. Атомдардан иондардың құрылуы</p>		<p>8.1.3.1 атомда электрондар ядродан арақашықтығы артқан сайын біртіндеп энергетикалық деңгейлер бойынша таралатынын түсіну ; 8.1.3.2 әрбір электрон қабатында электрон саны нақты максимал мәннен аспайтынын түсіну; 8.1.3.3 s және рорбиталдарының пішінін білу; 8.1.3.4 алғашқы 20 химиялық элементтің электрондық конфигурациясын және электронды – графикалық формулаларын жаза білу; 8.1.3.5 атомдар электрондарды қабылдай немесе жоғалта алатынын және осының нәтижесінде иондар түзілетінін түсіну; 8.1.3.6 "нольдік қосынды" әдісімен</p>		

		қосылыстардың формуласын құрастыру		
1.4 Химиялық байланыстардың түрлері		8.1.4.1 электртерістілік ұғымына сүйеніп ковалентті байланыстың түзілуін түсіндіру; 8.1.4.2 иондық байланыстың түзілуін сипаттау және иондық қосылыстардың қасиеттерін болжау; 8.1.4.3 заттар қасиеттерінің кристалдық тор типтеріне тәуелділігін түсіндіру	9.1.4.1 металдық байланыс пен металдық кристалдық тор жайындағы білімдерін қолданып металдардың қасиетін түсіндіре алу; 9.1.4.2 металдарға тән физикалық және химиялық қасиеттерді сипаттау және металл атомдарының тек тотықсыздандырғыш қасиет көрсететінін түсіндіру; 9.1.4.3 құйма оның артықшылықтарын түсіндіру; 9.1.4.4 шойын мен болаттың құрамы мен қасиеттерін салыстыру; 9.1.4.5 галоген молекулаларының электрондық формулаларын құрастыру және кристалдық тор түрлері мен байланыс типтерін анықтау;	10.1.4.1 аммиактың молекулалық, электрондық және құрылымдық формулаларын түсіндіру; 10.1.4.2 азот қышқылының молекулалық, формуласын білу және атомдар арасындағы химиялық байланыстардың түзілуін түсіндіру; 10.1.4.3 кремний, оның диоксиді мен карбидіндегі химиялық байланыс түрін және кристалдық тор типін сипаттау

## 2) "Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары" бөлімі:

### 2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
				10.2.1.1 16 (VI) топ элементтерінің жалпы қасиеттерін сипаттау; 10.2.1.2 күкірттің аллотропиялық түр



<p>2.1 Периодтық заң мен химиялық элементтердің периодтық жүйесі</p>	<p>7.2.1.1 И. ДҰберейнер Дж. Ньюлендс, Д.И. Менделеевтің еңбектерінің мысалында элементтердің жіктелуін білу және салыстыру; 7.2.1.2 периодтық кестенің кестенің құрылымын білу және сипаттау: топтар және периодтар</p>	<p>8.2.1.1 топ, период, атом нөмірінің физикалық мәнін түсіндіру; 8.2.1.2 бір топтағы элементтердің сыртқы электрондық деңгейінде электрондар санының бірдей болатындығын түсіну; 8.2.1.3 топтар мен периодтарда элементтер қасиеттерінің өзгеру заңдылығын түсіндіру; 8.2.1.4 периодтық жүйедегі орны бойынша элементті сипаттау; 8.2.1.5 химиялық қасиеттері ұқсас элемент-тердің бірі топқа жататындығын дәлелдеу;</p>	<p>9.2.1.1 атом құрылысы негізінде сілтілік металдардың жалпы қасиеттерін түсіндіру; 9.2.1.2 сілтілік металдардың оксидтері мен гидроксидтерінің негіздік қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру; 9.2.1.3 1 (I) және 2 (II) - топ металдарының жалпы қасиеттерін салыстыру және химиялық реакция теңдеулерін құрастыру; 9.2.1.4 кальций оксиді мен гидроксидінің негізгі қасиеттерін түсіндіру және қолданылуын сипаттау; 9.2.1.5 атом құрылысы негізінде алюминийдің қасиеттерін түсіндіру, оның маңызды қосылыстары мен құймаларынның қолдану аймағын атау; 9.2.1.6 алюминийдің , оксиді мен гидроксидінің екідайлы қасиеттерін зерттеу; 9.2.1.7 1 (I), 2 (II), 13 (III) -топ</p>	<p>өзгерістерінің физикалық қасиеттерін салыстыру және күкірттің химиялық қасиеттерін көрсететін реакция теңдеулерін құрастыру; 10.2.1.3 күкірттің (IV) және (VI) оксидтерінің физикалық және химиялық қасиеттерін салыстыру және күкірт диоксидінің физиологиялық әсерін түсіндіру; 10.2.1.4 күкірт қышқылы ерітіндісі мен оның тұздарының физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу; 10.2.1.5 азоттың қасиеттерін және табиғаттағы азот айналымын түсіндіру; 10.2.1.6 аммиакты алу және қасиеттері мен қолданылуын түсіндіру; 10.2.1.7 аммиакты аммоний тұзы ерітіндісі мен сілті ерітіндісін әрекеттестіру жолымен алуды білу және газ тәрізді аммиак пен оның ерітіндісінің қасиеттерін зерттеу; 10.2.1.8 азоттан азот қышқылын алудың реакция теңдеуін құрастыру; 10.2.1.9 азот қышқылының басқа қышқылдармен жалпы ортақ қасиеттерін зерттеу;</p>
--	--	---	--	---

	<p>8.2.1.6 химиялық элементтердің табиғи ұяластарын білу және сілтілік металдар, галогендер, инертті элементтердің ұяластарына мысалдар келтіру;</p> <p>8.2.1.7 химиялық элементтің периодтық кестеде орналасуына сай қасиеттерін болжау</p>	<p>металдарының жай және күрделі заттармен әрекеттесуіне байланысты тәжірибені жоспарлау және жүргізу;</p> <p>9.2.1.8 топта галогендер қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын болжау;</p> <p>9.2.1.9 хлордың физикалық қасиеттерін сипаттау және металдармен, сутекпен және галогенидтермен реакция теңдеулерін құру;</p> <p>9.2.1.10 хлорсутек қышқылы ерітіндісінің химиялық қасиеттерін зерттеу және оның қолдану аясын білу</p>	<p>10.2.1.10 сұйылтылған және концентрлі азот қышқылының металдармен әрекеттесуінің ерекшелігін сипаттау және электронды баланс әдісімен реакция теңдеуін құрастыру;</p> <p>10.2.1.11 нитраттың термиялық айрылуының ерекшелігін түсіндіру, реакция теңдеулерін құрастыру;</p> <p>10.2.1.12 фосфордың аллотропиялық түр өзгерістерін салыстыру;</p> <p>10.2.1.13 фосфор және оның қосылыстарының жалпы химиялық қасиеттерін түсіндіру;</p> <p>10.2.1.14 кремнийдің қолданылу аймағын және оның жартылай өткізгіш ретінде қолданылуын түсіндіру;</p> <p>10.2.1.15 кремний және оның қосылыстарының негізгі химиялық қасиеттерін сипаттау және реакция теңдеулерін құрастыру</p>
		<p>9.2.2.1 реакция теңдеулерін молекулалық және иондық түрде құру;</p> <p>9.2.2.2 бейтараптану және ион алмасу</p>	

<p>2.2 Химиялық реакциялардың жіктелуі</p>	<p>7.2.2.1 сұйылтылған қышқылдардың қолдану аяларын және олармен жұмыс жасау ережелерін атау; 7.2.2.2 сұйылтылған қышқылдардың әртүрлі металдармен реакцияларын зерттеу және сутек газының сапалық реакциясын жүзеге асыру; 7.2.2.3 кейбір карбонаттардың сұйылтылған қышқылдармен реакцияларын зерттеу және көмірқышқыл газының сапалық реакциясын жүзеге асыру</p>	<p>8.2.2.1 бастапқы және түзілген заттардың саны мен құрамы бойынша химиялық реакцияларды жіктеу; 8.2.2.2 табиғаттағы және тірі ағзалар мен адам тіршілігіндегі химиялық реакцияларды сипаттау</p>	<p>реакцияларының жүру себептерін түсіндіру; 9.2.2.3 тотығу дәрежесі ұғымының мәнін түсіндіру және оны заттың формуласы бойынша анықтау; 9.2.2.4 тотығу және тотықсыздану үдерістері бір-бірімен байланысты екенін және бір мезгілде жүретіндігін түсіну; 9.2.2.5 тотығу-тотықсыздану реакцияларын тотығу дәрежесі өзгере жүретін реакциялар ретінде түсіну; 9.2.2.6 тотығу процесін электронды беру, ал тотықсыздану-электронды қосып алу деп түсіну; 9.2.2.7 электрондық баланс әдісімен тотығу-тотықсыздану реакцияларының коэффициенттерін қою</p>	
		<p>8.2.3.1 заттар құрамындағы элементтердің массалық үлесін табу, элементтердің массалық үлесі бойынша заттардың формуласын шығару; 8.2.3.2 әрекеттесетін заттар қатынасын эксперименттік жолмен анықтау; 8.2.3.3 реакцияға қатысатын және түзілетін заттардың формуласын жаза отырып, химиялық</p>		

<p>2.3 Зат массасының сақталу заңы</p>		<p>реакциялар теңдеулерін құру;        8.2.3.4 аттар массасының сақталу заңын білу;        8.2.3.5 химиялық реакция теңдеулері бойынша зат массасын, зат мөлшерін есептеу;        8.2.3.6 Авогадро заңын білу және қалыпты және стандартты жағдайлардағы газдар көлемін есептеуде молярлық көлемді қолдану;        8.2.3.7 газдардың салыстырмалы тығыздығын және заттың молярлық массасын салыстырмалы тығыздық бойынша есептеу;        8.2.3.8 газдардың қатысуымен жүретін реакциялар бойынша есептер шығаруда газдардың көлемдік қатынас заңын қолдану</p>	<p>9.2.3.1 әрекеттесуші заттардың біреуі артық берілген реакция теңдеулері бойынша есептеулер жүргізу;        9.2.3.2 қоспаның белгілі бір массалық үлесін құрайтын, басқа заттың массасы белгілі жағдайда реакция теңдеуі бойынша зат массасын есептеу</p>	<p>10.2.3.1 теориялық мүмкіндікпен салыстырғандағы реакция өнімінің шығымын есептеу;        10.2.3.2 газтекес заттардың молекулалық формуласын салыстырмалы тығыздық немесе элементтердің массалық үлестері арқылы анықтау</p>
		<p>8.2.4.1 кейбір металдар басқаларға қарағанда тотығуға тезірек ұшырайтындығын білу;        8.2.4.2 белсенді металдардың салқын сумен, ыстық су немесе бумен әрекеттесуін сипаттау;        8.2.4.3 металдар коррозиясын туындатуға әсер ететін жағдайларды зерттеу;        8.2.4.4 қышқыл ерітінділерімен</p>		

2.4 Металдардың электрохимиялық кернеу қатары	<p>әртүрлі металдардың реакцияларын зерттеу;</p> <p>8.2.4.5 металдардың қышқылдармен әрекеттесуінің реакция теңдеулерін құрастыру;</p> <p>8.2.4.6 металдардың тұз ерітінділерімен әрекеттесуінің жоспарын жасау және жүргізу;</p> <p>8.2.4.7 эксперимент нәтижесі бойынша металдардың белсенділік қатарын құру және оны анықтама мәліметтерімен сәйкестендіру;</p> <p>8.2.4.8 металдардың белсенділік қатарын қолданып металдардың таныс емес орынбасу реакцияларының жүру мүмкіндігін болжау</p>		
---	---	--	--

### 3) "Химиядағы энергетика" бөлімі:

#### 3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
3.1 Экзотермиялық және	<p>7.3.1.1 ауа құрамын білу;</p> <p>7.3.1.2 заттардың жану кезінде ауаның құрамына кіретін оттектің жұмсалатындығын білу;</p> <p>7.3.1.3 атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың маңызын түсіну;</p> <p>7.3.1.4 затты жағуға қажетті</p>	<p>8.3.1.1 заттың жану реакциясының өнімі көбінесе оксидтер екенін және құрамында көміртегі бар отын оттекте жанғанда, көмірқышқыл газы, иіс газы немесе көміртек түзілетінін түсіну;</p> <p>8.3.1.2 парниктік эффектінің себептерін түсіндіру және шешу жолдарын ұсыну;</p> <p>8.3.1.3 экзотермиялық</p>		

эндотермиялық реакциялар	жағдайларды және жану реакциясының өнімдерін білу; 7.3.1.5 тез тұтанатын, жанғыш және жанбайтын заттарға мысалдар келтіру; 7.3.1.6 заттардың таза оттекте ауаға қарағанда жақсырақ жанатындығын түсіну; 7.3.1.7 металдар мен бейметалдардың жануы кезінде оксидтер түзілетіндігін білу	реакциялар жылу бөле жүретінін, ал эндотермиялық реакциялар жылу сіңіре жүретінін білу; 8.3.1.4 әртүрлі жанғыш заттардың қоршаған ортаға әсерін түсіну; 8.3.1.5 энергия өзгерісін бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру		
5. Оқыту құндылыққа негізделген, жеке тұлғаға бағытталған, белсенділік, сараланған және коммуникативті тәсілдер арқылы жүзеге асырылады.

6. Құндылыққа негізделген тәсіл мақсатты түрде білім алушының тұлғалық әлеуметтік маңызды құндылықтар жүйесін қалыптастырады. Олардың дұрыс мінез-құлқы мен іс-әрекеттері, уәждемесі, қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілікке, бір-бірін құрметтеуге, ынтымақтастыққа ұмтылуға тәрбиелейді.

7. Тұлғаға бағытталған тәсіл ТҚАБ оқушының жеке басының үйлесімді қалыптасуы мен жан-жақты дамуын, оның психикалық және физикалық дамуының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оның шығармашылық күштерін толық ашуды болжайды.

8. Іс-әрекеттік тәсіл оқу процесін жоспарлау мен ұйымдастыруды қамтиды, онда басты орын белсенді және жан-жақты, оқушылардың өзіндік, танымдық іс-әрекетінің максималды деңгейіне беріледі.

9. Қызметтік тәсіл: оқу және анықтамалық әдебиеттермен жұмыс (әртүрлі көздерден қажетті ақпаратты іздеу); ұғымдар ағашын құру (тарихи терминологиямен жұмыс); тарихи тұлғалардың өмірбаяндық анықтама-сипаттамаларын құру, жеке тұлғаның іс-әрекетін бағалау; тарихи картамен жұмыс жасау арқылы жүзеге асырылады.

10. Сараланған тәсіл білім алушының психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып, әртүрлі әдістер мен тәсілдерді пайдалана отырып оқыту принципін қолданады.

11. Коммуникативті тәсіл сөйлеудің өзара әрекеттесу процесінде ақпаратты беру мен хабарлауды, білім, дағдылар мен икемдермен алмасуды қамтиды; сөйлеудің грамматикалық құрылымын қалыптастырады және белсенді, пассивті сөздікті байытады.

12. Оқыту сапасын және оқуға деген ынтаны арттыратын неғұрлым тиімді технологиялар:

1) көп деңгейлі оқыту технологиясы - оқу процесін ұйымдастыру, оның шеңберінде оқу материалын қабілеттеріне және оқу үрдісіне байланысты меңгерудің әртүрлі деңгейі көзделеді.

2) ынтымақтастықта оқыту - педагог пен оқушының бірлескен қызметі, мұнда оқыту білім алушы меңгеріп отырған мүмкіндіктерден басталады;

3) проблемалық оқыту технологиясы-ерекше шығармашылық тәсілді талап ететін уәждеме құру процесі;

4) ақпараттық - коммуникациялық технологиялар-кеңістік бейімделетін, кемшіліктер өтелетін, жұмыс тәсілінің бұзылуы жойылатын, дене және жүйке-психикалық денсаулығы қорғалатын және нығайтылатын оқыту.

13. Бағдарлама аналитикалық оқу-зерттеу дағдыларын қалыптастыруға, тарихи білімді өз бетінше алуға және Отанға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеуге бағытталған.

### **3-тарау. "Қазақстан тарихы" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

14. "Қазақстан тарихы" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сыныпта – аптасына 2 сағат, жылына 68 сағат;

2) 6-сыныпта - аптасына 2 сағат, жылына 68 сағат;

3) 7-сыныпта - аптасына 2 сағат, жылына 68 сағат;

4) 8-сыныпта - аптасына 2 сағат, жылына 68 сағат;

5) 9-сыныпта - аптасына 2 сағат, жылына 68 сағат;

6) 10-сыныпта - аптасына 2 сағат, жылына 68 сағат;

15. "Қазақстан тарихы" оқу пәні жалпы білім беретін мектепте 5-тен 9-шы сыныптарға дейін, арнайы мектептерде ТҚАБ (сыныптарда) 5-тен 10-шы сыныптарға дейін оқытылады, материал 1 жылға ұзартылады. 6-сынып бағдарламасы 7-сыныпта жалғасады, 9 - сыныпта "Қазіргі заман тарихы" - XX ғасырдың I жартысы - Ұлы Отан соғысы (бұдан әрі - ҰОС) аяқталғанға дейін, 10-сыныпта – "Қазіргі заман тарихы" Ұ.О.С. аяқталғаннан бүгінгі күнге дейін оқытылады.

16. Материалдың бөлінуі тақырыптың оқиғаның келесі кезеңдерін түсіну үшін қажетті терминдердің көптеген оқиғаларымен қаныққандығына байланысты, бұл балалардың ерекшеліктерін ескере отырып, оқиғаларды, құбылыстарды, процестерді зерттеуге көбірек уақыт бөлуді талап етеді.

17. "Қазақстан тарихы" оқу пәнінің мазмұны оқу бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Бөлімдер одан әрі күтілетін нәтижелер түрінде сыныптар бойынша оқыту мақсаттарын қамтитын бөлімшелерге бөлінген.

18. Бағдарлама 4 бөлімді қамтиды:

- 1) әлеуметтік қатынастарды дамуы;
- 2) мәдениеттің дамуы;
- 3) мемлекеттің дамуы;
- 4) Қазақстанның экономикалық дамуы.

19. "Әлеуметтік қатынастардың дамуы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) этникалық қатынастар;
- 2) әлеуметтік қатынастар.

20. "Мәдениеттің дамуы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) дүниетаным және дін;
- 2) өнер және әдебиет;
- 3) білім және ғылым.

21. "Мемлекеттің дамуы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) мемлекеттің ішкі саясаты;
- 2) мемлекеттің сыртқы саясаты.

22. "Қазақстанның экономикалық дамуы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) шаруашылық;
- 2) өндірістік қатынастар және сауда.

23. Әрбір бөлімше ішінде жүйелі және дәйекті ұйымдастырылған оқу мақсаттары мұғалімдерге өз жұмысын жоспарлауға, білім алушылардың жетістіктерін бағалауға және оларды оқытудың келесі кезеңдері туралы хабардар етуге мүмкіндік береді.

24. Тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ "Қазақстан тарихы" оқу пәні бойынша оқыту мақсаттарын тиімді іске асыру тарихи тұжырымдамалар (ұғымдар) негізінде жүзеге асырылады:

- 1) өзгеріс және сабақтастық;
- 2) себеп және салдар;
- 3) дәлелдеу;
- 4) ұқсастық және айырмашылық;
- 5) маңыздылығы;
- 6) түсіндіру.

25. 5-сыныпқа арналған "Қазақстан тарихы" пәнінің базалық мазмұны:

1) әлеуметтік қатынастардың дамуы: 2.5 млн жыл бұрынғы тарих, Адамның пайда болуынан бастап алғашқы қауымдық құрылысқа көшу кезеңі, Қазақстанның ежелгі адамдарының өмірі. Тас дәуіріндегі Қазақстан: әлеуметтік ұйымның алғашқы формалары. Ежелгі адамдардың кәсібі (аң аулау мен терімшілік). Қазақстан аумағындағы тас дәуірінің тұрақтары. Адамдарды біріктірудің бастапқы формалары

тобыр, ру, қауым, тайпалық одақтар; қоғамның сипаттамасы; әскери, азаматтық шенеуніктер діни қызметкерлер; шаруалар. Екіншілік пен мал шаруашылығының пайда болуы. Көшпелі мал шаруашылығының пайда болуы. Ерте көшпенділердің тіршілігін қамтамасыз ету жүйесі:

2) мәдениеттің дамуы: ежелгі әлемдегі дін негіздері; діни сенімдер; анимизм, тотемизм, фетишизм, сиқыр, ақырет әлемі; пұт, Құдай, діни қызметкер, ғибадатхана; діни сенімдер, политеизмнің дамуы, монотеизм. Алғашқы қауымдық қоғамдағы бейнелеу өнерінің негіздері, Тамғалы шатқалындағы петроглифтер, Алтын адам, Үстірт пен Қаратаудағы олжалар, Ботай, Андронов, Беғазы-Дәндібай қорғандарындағы заттар. Сәулет, жазудың адамзаттың дамуы үшін маңызы. Ғылымның дамуы. Ежелгі Қазақстанның мәдени мұрасы;

3) мемлекеттің дамуы: ежелгі әлемдегі саяси жүйелер, тайпалық одақтар, үстемдік үшін күрес. Сақтардың саяси тарихы. Үйсін мен қаңлылардың қоғамдық құрылымы. Ғұндардың, сарматтардың ерте тарихы. Қазақстанның ежелгі тарихының негізгі оқиғалары, құбылыстары, процестері;

4) Қазақстанның экономикалық дамуы: шаруашылықтың түрін беретін (жинау, аң аулау, балық аулау), шаруашылықтың түрін өндіретін (егіншілік, мал шаруашылығы, металдарды игеру, айырбас саудасы). "Неолиттік революция" ұғымы өндіргіш күштердің дамуына және алғашқы қауым құрылымдардың ыдырауына серпін ретінде. Металды қолдану, қолөнер мен сауданы тәуелсіз қызмет түрлеріне бөлу. Жеке меншіктің пайда болуы, таптардың пайда болуы және экономикалық қатынастардың өзгеруі.

26. 6-сыныптың "Қазақстан тарихы" пәнінің базалық мазмұны:

1) әлеуметтік қатынастарды дамыту: VI-IX ғасырлардағы Қазақстанның сипаттамасы. Қазақстанның ортағасырлық тарихын кезеңдестіру. Ұлы Түрік қағанатының құрылуы. Қазақстан аумағындағы ерте ортағасырлық мемлекеттер: Батыс Түрік қағанаты, Түргеш қағанаты, Қарлұқ қағанаты, Оғыз мемлекеті, Қимақ қағанаты. Атлах шайқасының тарихи маңызы. Шыңғысханның жаулап алу жорықтары;

2) мәдениетті дамыту: исламның Қазақстан аумағында таралуы, сауда және қалалық мәдениетті дамыту. Түркі мәдениетінің әлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесі. Түркі әлемінің көрнекті ойшылдары. М.Х. Дулатидің "Тарихи Рашиди" еңбегі Қазақ хандығының ерте тарихы, материалдық, рухани мәдениеті бойынша құнды дерек көзі болып табылады. Әдебиет және өнер: ежелгі түрік халқының жазуы, ақын жыраулардың, халық әншілері мен композиторларының шығармашылығы, музыкалық өнер. Дәстүрлі шаруашылық. Қазақтардың қолданбалы өнері;

3) мемлекеттің дамуы: түркі мемлекеттерінің қоғамдық-саяси құрылымы. Қазақстан X – XIII ғасырдың басында. Қарахандар мемлекеті. Найман, керейт және жалайырлар. Қыпшақ хандығы. "Дешті Қыпшақ" түсінігі. Қазақстан XIII ғасыр - XV ғасырдың бірінші жартысында. Қазақстан аумағындағы моңғол шапқыншылығы. Отырарды

қорғау. Моңғол империясы, Алтын Орда, Ақ Орданың құрылуы. Бату ханның билігі. Берке ханның билігі. Алтын Ордадағы қиындықтар мен сарай төңкерістері. Шығыс Дешті Қыпшақтың саяси оқшаулануы;

4) Қазақстанның экономикалық дамуы: Қазақстан X – XIII ғасырдың басында сауда, қалалардың және ауылдық елді мекендердің дамуы. Дәстүрлі шаруашылық, мал шаруашылығы және егіншілік. Тары мен бидай өсіру, бау-бақша шаруашылығын, жүзім шаруашылығын дамыту. Ұлы Жібек жолы және тарихи маңызы. Сауда мен қолөнерді дамытудағы металлургия, қарулы армия құру. Түріктердің негізгі кәсібі көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы.

27. 7-сыныптың "Қазақстан тарихы" пәнінің базалық мазмұны:

1) әлеуметтік қатынастарды дамыту: Моғолстан мемлекеті, Темірді әскери жорықтары, Ноғай Ордасы, Әбілхайыр хандығы. XIII - XV ғасырдың бірінші жартысындағы мемлекеттердің қоғамдық-саяси құрылымы. Ортағасырлық саяхатшылар Қазақстан туралы. Қазақ халқының қалыптасуы, тарихи және этникалық сабақтастық. "Қазақ" этнонимі, қазақ халқының түпкілікті қалыптасуы. Қазақ ұлттық мемлекетінің қалыптасуының алғышарттары, Қазақ хандығының құрылуы (аумағы, халықтың этникалық құрамы). Ұлы билер. Қазақ хандығының мемлекеттік-әкімшілік құрылымы. Қазақ қоғамының әлеуметтік стратификациясы;

2) мәдениеттің дамуы: XVII ғасырдағы ақындар мен жыраулар шығармашылығы. XVII ғасыр тарихы бойынша қазақ дереккөздері. Қазақтардың қолданбалы өнері. Рухани және материалдық мәдениетті дамыту, тіл және жазу. Ғылым мен әдебиеттің дамуы, қазақтардың дәстүрі мен тұрмысы. Халық ауыз әдебиеті;

3) мемлекеттің дамуы: Қазақ хандығының қалыптасуы, біртұтас Қазақ мемлекетінің құрылуы. Қазақ хандығының қалыптасуының алғашқы жылдарындағы ішкі және сыртқы саясаты, мемлекет негізін қалаушылар Жәнібек пен Керей. Қасым хан басқарған кезеңде мемлекеттің нығаюы. Хакназар хан кезінде одан әрі нығаюы және саяси өрлеуі. Тәуекел хан, Есім хан, Жәңгір ханның ішкі және сыртқы саясаты. Тәуке ханның "Жеті жарғысы". Қазақ хандығының мемлекеттік-әкімшілік құрылымы; Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саяси жағдайы;

4) Қазақстанның экономикалық дамуы: моңғол шапқыншылығынан кейін шаруашылық өмірді қалпына келтіру, салықтарды белгілеу, ақша реформасы. Қалалық және ауылдық өмірдің өрлеуі. Қолөнер өндірісінің дамуы. Жаңа қалалардың қалпына келуі және пайда болуы. Сығанақ монеталары, Азиядан Еуропаға керуен жолдарын дамыту, қауіпсіз және тиімді сауда;

28. 8-сыныптың "Қазақстан тарихы" пәнінің базалық мазмұны:

1) әлеуметтік қатынастардың дамуы: Жоңғар мемлекеті, қазақ-жоңғар соғыстары. "Ұлы апат" жылдары – "Ақтабан шұбырынды". Қарақұм мен Ордабасындағы құрылтай-қазақ жасақтарының ұйымы. Аңырақай шайқасы. XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ хандығы, XVIII ғасырдың басына дейінгі қазақ-орыс

қарым-қатынастары. Қазақстан XVIII ғасырдың басындағы Ресей империясының мүдделері орбитасында (саяси және экономикалық мақсаттар, әскери-барлау экспедициялары, алғашқы әскери бекіністердің құрылысы). Кіші жүз ханы Әбілхайырдың Ресей бодандығын қабылдауы: себептері мен мақсаттары. XVIII ғасырдың 30-50 жылдарындағы Қазақстандағы Ресей империясының саясаты;

2) мәдениеттің дамуы: XVIII ғасырдағы Қазақстан. XVIII ғасырдағы ақындар мен жыраулар шығармашылығы. XVIII ғасыр тарихы бойынша қазақ дереккөздері. Қазақтардың қолданбалы өнері, XIX ғасырдағы Қазақстандағы ағарту және ғылымның дамуы. Бөкей Ордасының ханы Жәңгір ханның ағартушылық қызметі. Қазақстанды ғылыми зерттеу (П. Семенов-Тянь-Шаньский, Г.Н. Потанин, В. В. Радлов, М. Шорманов, М. Бабаджанов, А. Диваев). Зайырлы және діни оқу орындары. Жадидизм және жаңа әдісті мектептер. Шоқан Уәлиханов - қазақтың ұлы ғалымы, Ы. Алтынсарин-ағартушы, жаңашыл педагог, қоғам қайраткері, Абай Құнанбаев-ұлы ойшыл, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы. Қазақтардың музыкалық мәдениетін дамыту (Құрманғазы Сағырбайұлы, Тәттімбет Қазанғапұлы, Дәулеткерей Шығайұлы);

3) мемлекеттің дамуы: Ресей империясының отарлық саясаты: мақсаттары, әдістері. Абылай хан жанындағы Қазақ хандығы; ішкі және сыртқы саясат. Сырым Датұлының ұлт-азаттық қозғалысы (себептері, қозғалыстың әлеуметтік базасы, кезеңдері мен барысы, нәтижелері). 1822-1824 жылдардағы патша реформалары (орта және кіші жүздердегі хан билігін жою). Бөкей Ордасындағы қазақтардың 1836-1838 жылдардағы көтерілісі (себептері, негізгі кезеңдері мен шайқастары). XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы (Жоламан Тіленшиев, Саржан Қасымов). Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық қозғалыс (ұлт-азаттық қозғалыстың себептері, мақсаттары мен қозғаушы күштері, негізгі кезеңдері). Кенесары Қасымов: тұлға және саясаткер. Жанқожа Нұрмұхамедов пен Есет Көтібаров бастаған қазақтардың көтерілісі (көтерілістің себептері, барысы). Қазақстанның оңтүстік аймақтарын Ресей империясының қосып алуы. ХҮІІІ ғасырдың аяғы- XX ғасырдағы Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысының тарихи маңызы.

4) экономикалық дамуы: Ресей империясының құрамында. XIX ғасырдың екінші жартысындағы патша үкіметінің жүргізген реформалары. 1967-1968 жылдардағы реформалар. Қазақстандағы патша үкіметінің аграрлық және қоныс аудару саясаты. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық дамуы. Капиталистік қатынастардың ене бастауы. XIX ғасырдың 80-90 - жылдарындағы әкімшілік-аумақтық реформалар: мазмұны мен салдары. Сауда қатынастарының дамуы. Дәстүрлі қазақ қоғамының трансформациясы; Қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына отарлық саясаттың әсері;

29. 9-сыныптың "Қазақстан тарихы" пәнінің базалық мазмұны:

1) әлеуметтік қатынастардың дамуы: XX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси процестер; Қазақстандағы панисламизм және пантюркизм. 1916 жылғы ұлт-азаттық



қозғалыс қазақ зиялылары және оның қоғамдық-саяси үдерістерге ықпалы. Қазақ халқының саяси көшбасшылары А.Байтұрсынов, М. Дулатов, Б. Қаратаев, М. Тынышпаев, М. Шоқаев. Ұлттық саяси баспасөзді дамыту ("Қазақ" газеті, "Айқап" журналы). "Алаш" қозғалысы және Қазақ ұлттық идеясы. Саяси репрессиялар. Қазақстан аумағындағы Кеңестік еңбекпен түзеу лагерлері;

2) мәдениетті дамыту: А. Байтұрсынов Ұлт мұғалімі. 20-30 жылдардағы ғылым және білім беру жүйесі. Жоғары оқу орындарының пайда болуы, КСРО ҒА Қазақ филиалының құрылуы және Қазақстан ғылымының дамуындағы Қ.Сәтбаевтың рөлі. Қазақстан ғалымдары және олардың жетістіктері. 20 ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ әдебиетінің дамуы. 20-30 жылдары Қазақ өнерінің дамуы;

3) мемлекеттің дамуы: 1917 жылғы Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы және оның Қазақстанға ықпалы. Қазақстан азаматтық текетірес жылдары (1917-1920ж). Қазақстанда кеңес өкіметінің орнауы. Қазақстандағы ұлттық автономиялар. Қазақ КСР-інің дербес құрылуы. Қазақ АКСР аумағын қалыптастыру. Қазақстандағы ұжымдастыру. 1931-1933 жж ашаршылық- 20 ғасырдағы қазақ халқының қасіреті;

4) экономикалық даму: 20 ғасырдың басындағы Қазақстанның экономикалық дамуы . Столыпин аграрлық реформасы және шаруалардың Қазақстанға жаппай қоныс аударуы. Әскери коммунизмнен жаңа экономикалық саясатқа өту. Қазақстандағы индустрияландыру 20-30 жылдары ауыл шаруашылығындағы күштеп ұжымдастыру саясаты және оның экономикалық салдары.

30. 10-сыныптың "Қазақстан тарихы" пәнінің базалық мазмұны:

1) әлеуметтік қатынастардың дамуы: соғыстан кейінгі жылдардағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер; өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын дамыту. Қазақстан соғыстан кейінгі жылдары (1946-1953 жылдары). Пайдалы қазбаларды өңдеу және өнеркәсіпті дамыту. Ауыл шаруашылығын дамыту. Қазақстанның әскери-өнеркәсіптік кешенін құру (Қазақстандағы ядролық полигон). Соғыстан кейінгі жылдардағы қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктері. "Е. Бекмаханов ісі". Қазақстан "жылымық" жылдары (1954-1964 жылдары). Қазақстандағы әскери-өнеркәсіптік кешен ("Байқоңыр" ғарыш айлағы). "Хрущевтің жылымығы". Республикадағы 1954-1965 жылдардағы қоғамдық-саяси өмір. Қазақстан "тоқырау" жылдарында (1965-1985 жылдары). 1965-1985 жылдардағы қоғамдық-саяси өмір. Урбанизация. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы әлеуметтік-демографиялық процестер;

2) мәдениеттің дамуы: 1946-1985 жылдардағы Кеңестік Қазақстан мәдениеті. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясат. Міндетті жалпы орта білім беру. Қазақ тілінің жағдайы. Ғылымның дамуы. Әдебиеттің дамуы (А.Нұрпейісов, Б. Момышұлы, І. Есенберлин, О. Сүлейменов, М. Шаханов). Өнер (театр, кино); қазіргі Қазақстан мәдениеті (1991 жылдан қазіргі уақытқа дейін). Білім және ғылым саласындағы мемлекеттік саясат. "Болашақ" мемлекеттік бағдарламасы. Инновациялық

ғылыми-білім беру ұйымдарын құру. Этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделі. Қазақстан халқы Ассамблеясы. Жаһандану дәуірінде ұлттық мәдениетті жаңғырту және сақтау, қазіргі заманғы өнер мен әдебиеттің даму үрдісі. "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы. "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық біріктіруші идеясы. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру "бағдарламасы";

3) мемлекеттілікті дамыту: ҰОС кезіндегі Қазақстан, Қазақстандағы жұмылдыру және қазақстандық әскери құрылымдар, ҰОС жылдарындағы қазақстандықтардың ерлігі мен тағдыры. ҰОС шайқастарына қазақстандықтардың қатысуы. Қазақстандықтар-Кеңес Одағының батырлары. Б. Момышұлы-аты аңызға айналған тұлға. Қазақстан-майдан арсеналы. КСРО халықтарының Қазақстанға депортациясы. Ғылымды дамыту. Қазақстан соғыстан кейінгі жылдары (1946-1953 жылдары). Әлеуметтік-экономикалық өзгерістер. Пайдалы қазбаларды өңдеу және өнеркәсіпті дамыту, ауыл шаруашылығын дамыту. Қазақстанның әскери-өнеркәсіптік кешенін құру (Қазақстандағы ядролық полигон). Соғыстан кейінгі жылдардағы қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктері. "Бекмаханов ісі"; Қазақста "жылымық" жылдары (1954-1964 жылдар). "Хрущев кезеңінде" Қазақстандағы өнеркәсіптің дамуы. Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру (тың игерудің экономикалық, экологиялық және демографиялық салдары). Қазақстандағы әскери-өнеркәсіптік кешен ("Байқоңыр" ғарыш айлағы). Қазақстан "тоқыра" жылдарында (1965-1985 жылдары). Қазақстанның 1965-1985 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық дамуы. 1970-1980-шы жылдары. 1965-1985 жылдардағы қоғамдық-саяси өмір. 1979 жылғы Целиноград оқиғалары. Қазақ КСР басшыларының қызметі (Ж. Шаяхметов, Д. Қонаев, Ж. Тәшенов);

4) экономикалық даму: "Хрущев кезеңінде" Қазақстандағы өнеркәсіптің дамуы. Қазақстанның 1965-1985 жылдардағы әлеуметтік - экономикалық дамуы. Экономиканың шикізаттық бағыты. 1970-1980 жылдардағы ауыл шаруашылығындағы дағдарыстық көріністер. "Қайта құру" жылдарындағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер: мақсаттар, проблемалар және қайшылықтар. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғалары "Қазақ КСР Мемлекеттік Егемендігі туралы Декларация" (1990 жылғы қазан). КСРО-ның ыдырауы. Семей ядролық полигонының жабылуы. Қазақстан мемлекеттілігінің жандануы (1991-1997жж.). "Мемлекеттік тәуелсіздік туралы" Конституциялық заң қабылдаудың тарихи маңызы. Н. Ә. Назарбаев-Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті. 1995 жылғы Конституцияны қабылдау. 1997 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін тәуелсіз Қазақстанды нығайту. Қазақстан Республикасының халықаралық аренадағы беделінің артуы. Қазақстанның өңірлік және халықаралық ұйымдармен өзара қарым-қатынасы. Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымына (ЕҚЫҰ) және Ислам Ынтымақтастығы Ұйымына (ИЫҰ) төрағалық етуі. Қазақстан әлемдік экономикалық байланыстар жүйесінде. Елдің экономикалық және әлеуметтік жағдайы. Астана-Қазақстан

Республикасының жаңа елордасы. "Қазақстан 2050" Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

31. Оқу мақсаттарының жүйесінде кодтау бар. Бірінші санның коды сыныпты, екінші және үшінші санды-бөлім мен бөлімшені, төртінші сан оқу мақсатының нөмірленуін көрсетеді. Мысалы, 7.2.1.2 "7" кодында - сынып, "2"- бөлім, "1"- бөлімше, "2"- оқу мақсатының нөмірленуі.

32. Күтілетін нәтижелер бойынша оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) "Әлеуметтік қатынастарды дамыту" бөлімі:

1-кесте

	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
Бөлімше	Шамамен 1 млн жыл бұрын – V ғасыр	VI ғ.- XIII ғ.	XIV ғ. -XVI ғ.	XVII ғ.-XIX ғ.	XX ғасырдың I жартысы	XX ғасырдың I I жартысынан қазіргі уақытқа дейін
1.1 Этникалық қатынастар	5.1.1.1 алғашқы адамдардың антропологиялық белгілерін сипаттау; 5.1.1.2 ежелгі Қазақстан халқының антропологиялық бейнесін анықтау; 5.1.1.3 тарихи картада ғұндардың қоныс аудару бағыттарын көрсету	6.1.1.1 түркі тайпаларын атау және картада аумақтық қоныстануды көрсету; 6.1.1.2 этно-әлеуметтік құрылымды анықтау; 6.1.1.3 ежелгі және орта ғасырлардағы тарихи оқиғалар арасындағы байланысты орната отырып, қазақ халқының негізгі қалыптасуын анықтау 6.1.1.4 "қазақ" сөзінің	7.1.1.1 XIII-XV ғасырларда мемлекеттердің этно-әлеуметтік құрылымын анықтау; 7.1.1.2 XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттің этноәлеуметтік құрылымын анықтау	8.1.1.1 жоңғар шапқыншылығы кезеңіндегі демографиялық өзгерістер мен көші-қон процестерін түсіндіру; 8.1.1.2 Ресей империясының қоныс аудару саясатының себептері мен салдарын талдау;	9.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын анықтаңыз;	10.1.1.1 себеп-салдарлық байланыстарды талдау негізінде демографиялық өзгерістер туралы себептер мен салдарларды анықтау; 10.1.1.2 алдыңғы тарихи кезеңдермен сабақтастықты орнату арқылы қазіргі демографиялық процестерді бағалау; 10.1.1.3 Қазақстанның даму стратегиясындағы демографиял

		мағынасын түсіндіру				ық саясаттың бағыттарын талдау
1 . 2 Әлеуметтік қатынастар	5.1.2.1 алғашқы адамдардың өмірі мен тұрмысын шығармашылық түрде көрсету; 5.1.2.2 әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру	6.1.2.1 Қазақстан аумағындағы әлеуметтік қоғамдағы рөлін анықтау	7.3.1.8 Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің басқару жүйесінің ерекшеліктерін анықтау	8.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді алдыңғы кезеңдермен салыстыру негізінде анықтау	9.1.2.1 қазақ зиялыларының рөлі мен қызметін талдау; 9.1.2.2 соғыс жылдарындағы халықтың әлеуметтік жағдайын анықтау	10.1.2.1 статистикалық деректер негізінде қазіргі Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайын талдау

## 2) "Мәдениет дамуы" бөлімі:

### 2-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
Бөлімше	Шамамен 1 млн жыл бұрын – V ғасыр	VI ғ.- XIII ғ.	XIV ғ. -XVI ғ.	XVII ғ.-XIX ғ.	XX ғасырдың I жартысы	XX ғасырдың I жартысынан қазіргі уақытқа дейін
2 . 1 Дүниетаным және дін	5.2.1.1 алғашқы адамдардың сенімдерін сипаттау; 5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау	6.2.1.1 түркілердің дүниетанымның ерекшелігін түсіндіру; 6.2.1.2 исламның қоғамдық өмірге әсерін анықтау; 6.2.1.3 тарихи оқиғалар мен үдерістердің сабақтастығын сипаттау үшін "Ұлы Дала Елі" ұғымын пайдалану	7.1.2.1 Қазақ хандығындағы әлеуметтік топтардың рөлін анықтау; 7.3.1.11 мемлекеттің қоғамдық-саяси өміріндегі сұлтандардың, билердің, батырлардың, жыраулардың қызметін сипаттау	8.2.1.1 салт-дәстүрлердің құндылығы мен маңыздылығын анықтау; 8.2.1.2 отаршылдық саясаттың ұлттық құндылықтарға теріс әсерін талдау	9.2.1.1	10.2.1.1 деструктивті дін ұйымдардың қызметін талдау; 10.2.1.2 конфессияаралық келісім мен ішкі тұрақтылықты нығайтуға Қазақстан халқы Ассамблеясының ықпалын бағалау; 10.2.1.3 "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының маңыздылығын бағалау
	5.2.2.1 археологиялық					10.2.2.1 әлеуметтік өмірдің

2.2 Өнер және әдебиет	<p>ескерткіштерді сипаттау</p> <p>5.2.2.2 археологиялық дереккөздерге сүйене отырып, андронов мәдениетінің белгілерін анықтау;</p> <p>5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнерінің ерекшеліктерін сипаттау;</p> <p>5.2.2.4 Есік қорғанынан табылған "Алтын адам" археологиялық олжасының ерекшеліктерін анықтау;</p> <p>5.2.2.5 Ө. Марғұланды археолог-ғалым ретінде анықтау;</p> <p>5.2.2.6 көшпенділердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін түсіну;</p> <p>5.2.2.7 тарихи мұраға қол жеткізудегі экспонаттардың рөлін сипаттау;</p> <p>5.2.2.8 туған өлкенің тарихи ескерткіштерінің құндылығын түсіну;</p> <p>5.2.2.9 туған жер туралы аңыздар мен ертегілердің</p>	<p>6.2.2.1 тарихи деректер ретінде күйлер, аңыздар, шежірелер мен эпостардың маңыздылығын анықтау</p> <p>6.2.2.2 ортағасырлық сәулет ескерткіштерінің ерекшеліктерін түсіндіру;</p> <p>6.2.2.3 көшпенділердің әскери өнерінің жетістіктерін сипаттау;</p> <p>6.2.2.4 М. Қашқари, Ж Баласағұни және А. Яссауи еңбектерінің түркі кезеңіндегі қоғам сипаттамасындағы тарихи құндылығын түсіндіру;</p> <p>6.2.2.5 көшпенділердің қолданбалы өнерінің жетістіктерін сипаттау</p>	<p>7.2.2.1 халық фольклоры мен музыкалық шығармалардың құндылығын тарихи деректер ретінде бағалау</p> <p>7.2.2.5 көшпенділердің қолданбалы өнердегі жетістіктерін сипаттау;</p> <p>7.2.2.3 ұлттық музыкалық аспаптардың ерекшеліктерін мақсаты бойынша сипаттау;</p> <p>7.2.2.4 қолданбалы өнердің жетістіктерін бағалау;</p> <p>7.2.2.1 Тарихи деректер ретінде күйлердің, аңыздардың, шежірелер мен эпостардың маңыздылығын анықтау;</p> <p>7.2.3.4 М. Х. Дулати "Тарихи Рашиди" еңбегінің маңызын анықтау</p>	<p>8.2.2.2 А. Қуатбаевтың ақын, ойшыл, қоғам қайраткері ретіндегі рөлін бағалау;</p> <p>8.2.2.4 қолданбалы өнердің жетістіктерін бағалау</p>	<p>9.2.2.3 казак зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау, оның қоғамдық санаға әсерін бағалау;</p> <p>9.2.2.2 А. Байтұрсыновтың Қазақ тілі білімінің негізін қалаушы және қоғам қайраткері ретіндегі қызметін бағалау;</p> <p>9.2.2.3 өнердегі және әдебиеттегі өзгерістерді анықтау;</p> <p>9.2.2.4 казак халқын әлемдік деңгейде даңқтаған Ө. Қашаубаев пен Қ. Мұңайтпасовтың рөлін бағалау;</p> <p>9.2.2.5 соғыс уақытында халықтың рухын көтеруде өнер мен әдебиеттің маңыздылығын бағалау</p>	<p>кеңестік әдебиетте және өнер туындыларын да қалай көрініс тапқанын талдау;</p> <p>10.2.2.2 М. Әуезов шығармаларының әлем әдебиетіндегі маңыздылығын бағалау;</p> <p>10.2.2.3 қазіргі заманғы өнер мен әдебиеттің даму тенденцияларын анықтау;</p> <p>10.2.2.4 ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың ("Мәдени мұра", "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" бағдарламалары)</p>
-----------------------	---	--	--	--	---	--

	мағынасын түсіндіру					қажеттілігін негіздеу
2.3 Білім және ғылым	5.2.3.1 казахстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарының білу	6.2.3.1 көне түркі жазуының тарихи маңызын түсіндіру; 6.2.3.2 Әл Фараби мен басқа да ғалымдардың ортағасырлық ғылымның дамуына қосқан үлесін анықтау; 6.2.3.3 "Кодекс куманикус" сөздігінің халықаралық қатынастардағы рөлін анықтау	7.3.1.11 сұлтандардың, билердің, батырлардың, жыраулардың қоғамдық саяси өмірдегі қызметін сипаттау	8.2.3.1 Ш. Уәлиханов ғылыми мұрасының тарихи маңызын анықтау; 8.2.3.2 XIX ғасырдағы білім беруден ағартудың даму ерекшеліктерін түсіндіру; 8.2.3.3 Ы. Алтынсариннің ағартушылықты дамытуға қосқан үлесін бағалау; 8.2.3.4 Ш. Құдайбердіұлы, М. Көпеев және К. Халид еңбектерінің тарихи деректер ретіндегі маңызын анықтау	9.2.3.1. қоғамдық-саяси сананы оятудағы ұлттық баспасөздің рөлін бағалау; 9.2.3.2 кеңестік кезеңдегі қазақ тілінің жағдайын анықтау; 9.2.3.3 XX ғасырдың I жартысындағы білім және ғылым саласындағы өзгерістерді талдау; 9.2.3.4 қазақстандық өнеркәсіп пен ғылымды дамытудағы Қ. Сәтбаевтың рөлін бағалау	10.2.3.1 Е. Бекмахановтың Қазақстанның тарих ғылымының дамуына қосқан үлесін бағалау; 10.2.3.2 мемлекеттің білім және ғылым саласындағы саясатын бағалау

### 3) "Мемлекеттің дамуы" бөлімі:

#### 3-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
Шамамен 1 млн жыл бұрын – V ғасыр	VI ғ.- XIII ғ	XIV ғ. -XVI ғ.	XVII ғ.-XIX ғ.	XX ғасырдың I жартысы	XX ғасырдың I I жартысынан қазіргі уақытқа дейін	10.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру, өзіндік түсінік беру;

<p>3.1 Мемлекеттің ішкі саясаты</p>	<p>5.3.1.1 картада тайпалық одақтардың қоныстануын көрсету; 5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің қалыптасуын түсіндіру; 5.3.1.3 туған өлке тарихындағы тарихи тұлғалардың рөлін түсіндіру</p>	<p>6.3.1.1 Түркі қағанатының қалыптасуының тарихи маңыздылығын анықтау, оқиғалар арасындағы өзара байланысты анықтау; 6.3.1.2 VI-IX ғасырлардағы түркі мемлекеттерінің даму ерекшеліктерін түсіндіру, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау 6.3.1.4 тарихи ұғымдарды қолдана отырып, Қарахан мемлекетінде жер иеленудің ерекшеліктерін түсіндіру; 6.3.1.5 Отырар қаласы тұрғындарының ерлігін сипаттау; 6.3.1.7 ортағасырлық мемлекеттердің ыдырауының негізгі және қайталама себептерін анықтау; 6.3.1.8 Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің басқару жүйесінің</p>	<p>7.3.1.3 X-XIII ғасырдың басындағы түркі мемлекеттерінің даму ерекшеліктерін түсіндіру, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 7.3.1.10 мемлекеттердің нығайтудағы Қазақ хандарының рөлін анықтау 7.3.1.9 Қазақ хандығының құрылуының тарихи маңыздылығын анықтау 7.3.1.11 сұлтандардың, билердің, батырлардың, жыраулардың қызметін мемлекеттің қоғамдық-саяси өмірінде сипаттау 7.3.1.10 мемлекетті нығайтудағы</p>	<p>8.3.1.1 Жоңғар экспансиясына қарсы халықты біріктірудегі Қарақұм мен Ордабасындағы құрылтайлардың рөлін бағалау; 8.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; 8.3.1.3 Ресей империясының отаршылдық саясатының себептері мен салдарын анықтау; 8.3.1.4 патша өкіметін реформалау нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық өзгерістерді түсіндіру; 8.3.1.5 казак халқының отаршылдық саясатқа қарсы ұлт-азаттық күресінің себептері мен салдарын анықтау;</p>	<p>9.3.1.1 Ресей империясының Мемлекеттік Думасындағы казак зиялылары өкілдерінің қызметін бағалау; 9.3.1.3 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің тарихи маңыздылығын анықтау және тұлғалардың рөлін бағалау; 9.3.1.4 Ұлттық мемлекеттілік ті жаңғыртудағы "Алаш" партиясының саясатын талдау; 9.3.1.5 Ә. Бөкейхановтың саяси көшбасшы ретіндегі қызметін бағалау; 9.3.1.6 Қазақстанда құрылған Ұлттық автономиялардың маңыздылығын бағалау;</p>	<p>10.3.1.3 Қазақстан Республикасының Конституциясын мемлекеттің тұрақты дамуының кепілі ретінде бағалау; 10.3.1.4 командалық-әкімшілік саясатқа қарсы халықтық наразылықтың көріністерін салыстыру және талдау; 10.3.1.5 1986 жылғы Желтоқсан оқиғаларының тарихи маңыздылығын бағалау; 10.3.1.6 Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамдарды анықтап, қорытынды жасау; 10.3.1.7 өткен оқиғалармен сабақтастықты орната отырып, Қазақстан тәуелсіздігін жариялаудың тарихи маңыздылығын түсіндіру; 10.3.1.8 Тәуелсіз Қазақстанның</p>
-------------------------------------	---	--	---	---	--	---

		<p>ерекшеліктері анықтау;</p> <p>6.3.1.11 сұлтандарды, билердің, батырлардың, жыраулардың қызметін мемлекеттің қоғамдық-саяси өмірінде сипаттау;</p> <p>6.3.1.12 туған өлке тарихындағы қазіргі куәгерлердің ерліктері мен еңбектерін сипаттау</p>	Қазақ хандарының рөлін анықтау	8.3.1.6 ұлт-азаттық көтерілістер басшыларының рөлін бағалау	9.3.1.7 XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы командалық-әкімшілік жүйе саясатының салдарын талдау	<p>қоғамдық-саяси дамуына талдау жасау;</p> <p>10.3.1.9 ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегияларды талдау;</p> <p>10.3.1.10 Ұлт Көшбасшысы Н. Назарбаевтың тәуелсіз мемлекетті қалыптастырудағы рөлін бағалау;</p> <p>10.3.1.11 Астананы жаңа Қазақстанның өркендеуінің символы ретінде анықтау</p>
3.2 Мемлекеттің сыртқы саясаты	<p>5.3.2.1 Қазақстанның ерте көшпелілерінің халықаралық аренадағы орнын анықтау;</p> <p>5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктерді</p>	<p>6.3.2.1 тарихи оқиғалар арасындағы өзара байланысты анықтай отырып, түркітілдес тайпалардың көші-қон процестерін түсіндіру;</p> <p>6.3.2.2 ерте түрік мемлекеттерінің сыртқы саясатының бағыттарын анықтау;</p> <p>6.3.2.3 Атлах шайқасының тарихи маңыздылығын талдау;</p> <p>6.3.2.4 қыпшақтардың Еуразия тарихындағы</p>	<p>7.3.1.6 XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси процестерді картаны колдана отырып түсіндіру;</p> <p>7.3.2.7 Орбұлақ шайқасында қазақ әскерінің</p>	<p>8.3.2.1 Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте даңқты хандар мен батырлардың рөлін түсіндіру;</p> <p>8.3.2.2 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау;</p>	<p>9.3.2.1 Қазақстандықтардың екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңіске қосқан үлесін бағалау;</p> <p>9.3.2.2 Б. Момышұлының батырлық және жеке</p>	<p>10.3.2.1 XX ғасырдың II жартысындағы Қазақстанның әскери-өнеркәсіптік кешенін құрудың салдарларын талдау;</p> <p>10.3.2.2 Қазақстан Республикасының халықаралық аренадағы танылуын бағалау;</p> <p>10.3.2.3 Қазақстанның өңірлік</p>



ң көрші елдермен өз ара қарым-қатынасын айқындау	орнын анықтау; 6.3.2.5 тарихи оқиғалар арасындағы өз ара байланысты анықтай отырып, Қазақстан аумағында XIII-XV ғасырларда құрылған мемлекеттердің сыртқы саясатын түсіндіру	әскери өнері мен ерлігін бағалау; 7.3.2.6 казак хандарының сыртқы саясатын талдау	8.3.2.3 Абылай ханның дипломатиялық шеберлігі мен саясатын бағалау	қасиеттерін анықтау	ұйымдармен өз ара қарым-қатынасын талдау; 10.3.2.4 казак диаспорасының тарихи Отанымен байланысының маңыздылығын анықтау
--	---	--	--	---------------------	---

4) "Қазақстанның экономикалық дамуы" бөлімі:  
4-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
	Шамамен 1 млн жыл бұрын – V ғасыр	VI ғ.- XIII ғ	XIV ғ. -XVI ғ.	XVII ғ.-XIX ғ.	XX ғасырдың I жартысы	XX ғасырдың I I жартысынан қазіргі уақытқа дейін
4 . 1 Шаруашылық	5.4.1.1 ежелгі адамның іс-әрекеттерін сипаттау; 5.4.1.2 көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің қалыптасуын түсіндіру	6.4.1.1 көшпенділер мен отырықшы халықтың арасындағы экономикалық өз ара байланысты айқындау; 6.4.1.2 көшпенділердің шаруашылық өмірінің ерекшеліктерін анықтау	7.4.1.2 көшпенділердің шаруашылық өмірінің ерекшеліктерін анықтау	8.4.1.1 казактардың шаруашылығына Жоңғар шапқыншылығының салдарын анықтау; 8.4.1.2 отарлық саясаттың казактардың дәстүрлі шаруашылығына әсерін талдау	9.4.1.1 жаңа экономикалық саясат нәтижесінде болған өзгерістерді талдау, дереккөздер мен дәлелдерді салыстыру; 9.4.1.2 күштеп ұжымдастырудың ауыл шаруашылығына салдарын талдау	10.4.1.1 кеңес заманында ауыл шаруашылығында орын алған өзгерістерді бағалау; 10.4.1.2 кеңестік кезеңнің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін талдау; 10.4.1.3 жекешелендіру процесінің Қазақстан Республикасының экономикасына әсерін талдау;

						10.4.1.4 аграрлық сектордағы жаңғырту бағыттарын талдау
4.2 Өндірістік қатынастар және сауда	5.4.2.1 еңбек құралдары мен қару түрлерін сипаттау; 5.4.2.2 металлургия дамуының шаруашылық салаларына әсерін түсіндіру; 5.4.2.3 Ұлы Жібек жолының пайда болуын түсіндіру	6.4.2.1 Ұлы Жібек жолының қала мәдениетінің дамуына әсерін анықтау; 6.4.2.2 Ұлы Жібек Жолының Халықаралық қатынастарды дамытудағы рөлін анықтау		8.4.2.1 капиталистік қатынастардың Қазақстан экономикасына әсері; 8.4.2.2 жәрмеңкелердің дамуына байланысты сауда қатынастарындағы өзгерістерді анықтау	9.4.2.1 Қазақстандағы индустрияландырудың жетістіктері мен кемшіліктерін талдау; 9.4.2.2 Қазақстан экономикасы әскери жолға қайта құрылғанын дәлелдеу	10.4.2.1 өнеркәсіптің жай-күйін анықтау және қорытынды жасау; 10.4.2.2 нарықтық экономиканың өндірістік қатынастарға әсерін талдау; 10.4.2.3 Қазақстанның әлемдік экономикаға интеграциясын талдау; 10.4.2.4 сыртқы сауданың экономикаға әсерін зерттеу

33. Бағдарлама тірек – қимыл аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Қазақстан тарихы" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

34. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады

Тірек- қимыл аппараты  
бұзылған білім алушыларға  
арналған негізгі орта білім беру  
деңгейінің 5-10 сыныптары үшін  
"Қазақстан тарихы" пәнінен  
жаңартылған мазмұндағы  
үлгілік оқу бағдарламасына  
қосымша

**Тірек- қимыл аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Қазақстан тарихы" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

# 1) 5-сынып

## 1-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1 бөлім Қазақстан аумағындағы ежелгі адамдардың өмірі	Кіріспе сабақ Зерттеу сұрағы: ежелгі Қазақстан тарихы нені зерттейді?	Қазақстанның ежелгі тарихына жалпы шолу
	Ежелгі адамдардың өмірі Зерттеу сұрағы: ежелгі адамдар қалай өмір сүрді?	5.1.1.1 алғашқы адамдардың антропологиялық белгілерін сипаттау; 5.1.2.1 алғашқы қауымдық адамдардың өмірі мен тұрмысын шығармашылық түрде көрсету
	Қазақстан аумағындағы тас дәуірінің тұрақтары Зерттеу сұрағы: Қазақстан аумағында археологтар дәуірдің қандай олжаларын тапты?	5.2.3.1 қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарын білу; 5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау; 5.4.2.1 еңбек құралдары мен қару түрлерін сипаттау
	Шаруашылықтағы өзгерістер және еңбек құралдарын жетілдіру Зерттеу сұрағы: мезолит және неолит дәуірінде алғашқы адамдардың өмірі қалай өзгерді?	5.4.1.1 ежелгі адамдардың кәсібін сипаттау 5.4.2.1 еңбек құралдары мен қару түрлерін сипаттау
	Ботай мәдениеті Зерттеу сұрағы: Не себепті ботайлықтарды жылқыны алғашқы қолға үйретушілер деп атайды?	5.4.1.1 ежелгі адамдардың кәсібін сипаттау
	Қазақстан аумағында металлургияның пайда болуы. Зерттеу сұрағы: Қазақстан жерінде металды өндіру ежелгі адамдардың өмірін қалай өзгертті?	5.4.2.2 металл өндірісі жетілуінің шаруашылық салаларына тигізген ықпалын түсіндіру
	Андронов және Беғазы-Дәндібай мәдениеттері. Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы қола дәуірі ескерткіштерінің қандай ерекшеліктері бар?	5.2.2.2 археологиялық деректерге сүйене отырып, андронов және беғазы-дәндібай мәдениеттерінің белгілерін анықтау; 5.2.2.5 Ә.Марғұланның Қазақстан археологиясының дамуына қосқан үлесін айқында
	Қазақстандағы жартастарға салынған ежелгі суреттер. Зерттеу сұрағы: Тасқа салынған суреттер ежелгі адамдардың дүниетанымын қалай бейнелейді?	5.2.1.1 алғашқы адамдардың наным-сенімдерін сипаттау; 5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау

	Ежелгі адамдардың өміріне саяхат	5.1.2.1 алғашқы адамдардың тұрмыс-тіршілігін шығармашылық түрде көрсету
Өлкетану	Өлкетану мұражайы және тарихи жәдігерлер	5.2.2.7 тарихи мұраны жеткізудегі жәдігерлердің ролін сипаттау
2-тоқсан		
2 бөлім Ежелгі көшпелілер өмірі	Қазақстан аумағында темірдің игерілуі. Зерттеу сұрағы: Темір өндіру адамдар өмірін қалай өзгертті?	5.4.2.2 металл өндірісі жетілуінің шаруашылық салаларына тигізген ықпалын түсіндіру
	Көшпелі мал шаруашылығының қалыптасуы. Зерттеу сұрағы: Көшпелі мал шаруашылығы неліктен Қазақстанның ежелгі тұрғындары шаруашылығының негізгі түріне айналды?	5.4.1.2 көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің қалыптасуын түсіндіру; 5.2.2.6 көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін білу
	Ежелгі көшпелілердің материалдық мәдениеті. Зерттеу сұрағы: Көшпелілер баспанасының ерекшелігі неде?	5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау; 5.2.2.6 көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін түсіну
	Ежелгі көшпелілердің дүниетанымы. Зерттеу сұрағы: Көшпелілердің қандай салт-дәстүрлері бүгінгі күнге дейін сақталды?	5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау
2 бөлім Сақтар	Сақтар туралы тарихи мәліметтер. Зерттеу сұрағы: Қандай тарихи дереккөздер сақтар туралы мәлімет береді?	5.3.1.1 картадан тайпалық одақтардың орналасуын көрсету; 5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру
	"Алтын адам" археологиялық олжасы. Зерттеу сұрағы: Есік обасынан табылған "Алтын адам" кім болды ?	5.2.3.1 қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарын білу; 5.2.2.4 Есік обасынан табылған "Алтын адам" археологиялық олжасының ерекшеліктерін анықтау; 5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау
Өлкетану	Біздің айналамыздағы тарихи ескерткіштер	5.2.2.8 туған өлкедегі тарихи ескерткіштердің ерекшеігін түсіну
3- тоқсан		
	Шілікті және Бесшатыр патша қорғандары.	5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау; 5.1.2.2 әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру;

3 бөлім Сақтар	Зерттеу сұрағы: Неліктен Шілікті мен Бесшатыр "патша қорғандары" деп аталады?	5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау
	Берел қорғандары. Зерттеу сұрағы: Берел қорымынан табылған олжалар сақтардың мәдениетін қалай сипаттайды?	5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау; 5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау; 5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау
	Тасмола археологиялық мәдениеті. Зерттеу сұрағы: "Мұртты обалардың" ерекшелігі неде?	5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау; 5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау
	Сақ патшайымы Томирис. Зерттеу сұрағы: Тарихи деректерде Томирисің бейнесі қалай сипатталған?	5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау
	Шырақтың ерлігі. Зерттеу сұрағы: Сақтар тәуелсіздік үшін қалай күресті?	5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау
	Сақтардың Александр Македонский әскеріне қарсы күресі. Зерттеу сұрағы: Неліктен Александр Македонский дің сақтарға жасаған жорығы сәтсіз аяқталды?	5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау
3 бөлім Үйсіндер мен қаңлылар	Үйсіндер туралы жазба деректер. Зерттеу сұрағы: Қытай авторлары үйсіндердің өмірін қалай сипаттады?	5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру; 5.1.2.2 әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру; 5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау
	Қаңлылардың қалалық мәдениетінің дамуы. Зерттеу сұрағы: Қаңлыларда қала мәдениетінің дамуы немен байланысты?	5.4.2.3 Ұлы Жібек жолының пайда болуын түсіндіру; 5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау
	Қаңлылардың қоғамдық құрылысы. Зерттеу сұрағы: Сыма Цянь қаңлы қоғамын қалай сипаттады?	5.1.2.2 әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру; 5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру
	Үйсіндер мен қаңлылардың материалдық және рухани мәдениеті.	

	Зерттеу сұрағы: Үйсіндер мен қаңлылар мәдениетінің ерекшеліктері қандай?	5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау; 5.2.2.6 көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін білу
Өлкетану	Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар және ақындар	5.3.1.3 тарихи тұлғалардың туған өлке тарихындағы ролін түсіндіру
4-тоқсан		
4 бөлім Ғұндар	Ғұн тайпаларының бірігуі. Зерттеу сұрағы: Неге Мөде шаньюй "Жер - мемлекеттің негізі" деді?	5.3.1.1 картада тайпалық одақтардың орналасуын көрсету; 5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру
	Ғұндардың көрші мемлекеттермен қарым-қатынастары. Зерттеу сұрағы: Ғұндармен Ұлы Қытай қорғанының салынуы арасында қандай байланыс бар?	5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау
	Ғұндардың Батысқа қоныс аударуы. Зерттеу сұрағы: Ғұндардың Батысқа қоныстануы қандай өзгерістерге әкелді?	5.1.1.3 ғұндардың қоныс аудару бағыттарын тарихи картадан көрсету
	Аттила және оның жаулаушылық жорықтары. Зерттеу сұрағы: Ежелгі авторлар Аттилаға қандай баға береді?	5.1.1.3 ғұндардың қоныс аудару бағыттарын тарихи картадан көрсету; 5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау
4 бөлім Сарматтар	Сарматтардың қоғамдық құрылысы мен шаруашылық өмірі. Зерттеу сұрақтары: Сармат қоғамы несімен ерекшеленеді?	5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау; 5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау; 5.3.1.1 картада тайпалық одақтардың орналасуын көрсету; 5.1.2.2 әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру
	Сарматтардың саяси тарихы. Зерттеу сұрағы: Сарматтар қандай мемлекеттермен өзара қарым-қатынаста болды?	5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау
4 бөлім	Ежелгі Қазақстан адамдарының антропологиялық тұрпаты. Зерттеу сұрағы: Ежелгі Қазақстан адамдарының антропологиялық тұрпаты қалай өзгерді?	5.1.1.2 Ежелгі Қазақстан адамдарының антропологиялық тұрпатын анықтау
		5.4.1.1 ежелгі адамдардың алғашқы кәсібін сипаттау;

Ежелгі Қазақстан тарихына шолу	Ежелгі Қытайға саяхат	5.4.1.2 көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің қалыптасуын түсіндіру; 5.4.2.1 еңбек құралдары мен қару түрлерін сипаттау; 5.4.2.3 Ұлы Жібек жолының пайда болуын түсіндіру
Өлкетану	Өлкетану мұражайы және тарихи экспонаттар	5.2.2.7 тарихи мұраны жеткізудегі экспонаттардың рөлін сипаттау

## 2) 6-сынып

### 2- кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1 бөлім VI - IX ғасырлардағы Қазақстан	Кіріспе сабақ. Зерттеу сұрағы: Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы нені оқытады?	Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихына жалпы шолу
	Қазақстан аумағындағы ерте ортағасырлық мемлекеттер. Зерттеу сұрағы: VI-IX ғасырларда билік құрған қай қағандардың есімдері тарихта сақталды?	6.3.1.1 оқиғалардың өзара байланысын табу арқылы Түрік қағанаты құрылуының тарихи маңызын анықтау; 6.3.1.2 VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 6.3.2.2 ерте түрік қағанаттарының сыртқы саясатының негізгі бағыттарын анықтау; 6.2.1.3 тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттау үшін "Ұлы Дала" ұғымын қолдану
	Көне түркі жазуы. Зерттеу сұрағы: Білге қаған мен Күлтегіннің мемлекетті нығайтудағы саясаты бізге қандай деректерден белгілі?	6.3.1.2 VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 6.2.3.1 көне түркі жазуының маңызын түсіндіру
	Атлах шайқасы. Зерттеу сұрағы: Неліктен Атлах шайқасын "халықтар шайқасы" деп атайды?	6.3.2.3 Атлах шайқасының тарихи маңызын талдау; 6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктерін сипаттау
	Оғыз мемлекеті. Зерттеу сұрағы: Қазақстанның орта ғасырлар тарихында Оғыз мемлекетінің алатын орны қандай ?	6.3.1.2 VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау

2-тоқсан		
2 бөлім Қазақстан VI-IX ғғ.	<p>Қимақ қағанаты. Зерттеу сұрағы: Қимақтарда қалалық мәдениетінің дамуын қандай деректер дәлелдейді?</p>	<p>6.4.2.1 Ұлы Жібек жолының қала мәдениетінің дамуына әсерін анықтау; 6.4.1.1 көшпелілер мен отырықшылар арасындағы өзара экономикалық байланыстарды анықтау</p>
	<p>Түріктер туралы тарихи деректер. Зерттеу сұрағы: Қытай және араб деректері түркілер туралы қандай ақпарат береді?</p>	<p>6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктерін сипаттау; 6.4.1.2 көшпелілердің шаруашылық өмірінің ерекшеліктерін анықтау; 6.2.1.1 түркілердің дүниетанымдық ерекшеліктерін түсіндіру</p>
	<p>Түркі әлемі қалыптасуының басталуы. Зерттеу сұрағы: Түрік тілдес халықтардың миграциясы Еуразия тарихына қаншалықты әсерін тигізді?</p>	<p>6.3.2.1 тарихи оқиғалардың өзара байланысын табу арқылы түркі тілдес тайпалардың миграциясын түсіндіру; 6.1.1.1 түркі тілдес тайпаларды атап, картадан олардың аумақтық орналасуын көрсету</p>
Өлкетану	Топонимдер – өткен заманның куәгерлері (жер-су атауларының тарихы).	6.2.2.6 жергілікті жер, қала, өзен, көл, тау атауларының шығу тарихын түсіндіру
3- тоқсан		
3 бөлім X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы Қазақстан	<p>X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы Қазақстан аумағындағы саяси процестер. Зерттеу сұрағы: X ғасыр - XIII ғасырдың басында саяси карта қаншалықты өзгерді?</p>	<p>6.3.1.3 X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 6.3.1.7 ортағасырлық мемлекеттердің ыдырауының негізгі және жанама себептерін анықтау</p>
	<p>Қарахан мемлекеті. Зерттеу сұрағы: Неліктен Қарахан мемлекеті ислам дінін мемлекеттік дін деп жариялады?</p>	<p>6.3.1.3 X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 6.2.1.2 ислам дінінің қоғамдық өмірге ықпалын анықтау; 6.3.1.4 тарихи ұғымдарды қолданып, Қарахан мемлекетіндегі жер иелену ерекшеліктерін түсіндіру</p>
	<p>Наймандар, керейіттер және жалайырлар. Зерттеу сұрағы: Наймандар, керейіттер мен жалайырлардың</p>	<p>6.3.1.3 X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы мемлекеттердің даму</p>



	<p>ортағасырларлық саяси сахнадағы рөлі қандай болды?</p> <p>Қыпшақ хандығы. Зерттеу сұрағы: Не себепті Еуразия даласы "Дешті Қыпшақ" деп аталды?</p>	<p>ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау</p> <p>6.3.1.3 X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау;</p> <p>6.3.2.4 қыпшақтардың Еуразия тарихындағы орнын анықтау;</p> <p>6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктерін сипаттау;</p> <p>6.2.1.3 тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттауда "Ұлы Дала" ұғымын қолдану</p>
4-тоқсан		
<p>4 бөлім Қазақстан X-XIII ғасырлар ортасында</p>	<p>Ұлы Жібек Жолының Халықаралық қатынастарды дамытудағы рөлі Зерттеу сұрағы: Ұлы Жібек жолы халықаралық қатынастардың дамуына әсер етті ме?</p> <p>Ортағасырлық Қазақстанның экономикалық және мәдени дамуына Ұлы Жібек жолының ықпалы. Зерттеу сұрағы: Ұлы Жібек жолы ортағасырлық Қазақстанның экономикалық және мәдени дамуына қалай әсер етті?</p> <p>Түріктердің материалдық және рухани мәдениеті. Зерттеу сұрағы: Әлем өркениетінің дамуына түрік мәдениеті қандай үлес қосты??</p>	<p>6.4.2.2 Ұлы Жібек жолының халықаралық қатынастардың дамуындағы орнын анықтау</p> <p>6.4.2.1 Ұлы Жібек жолының қала мәдениетінің дамуына әсерін анықтау;</p> <p>6.4.1.1 көшпелілер мен отырықшылар арасындағы өзара экономикалық байланыстарын анықтау;</p> <p>6.2.2.2 ортағасырлық сәулет өнері ескерткіштерінің ерекшеліктерін түсіндіру</p> <p>6.2.2.5 көшпелілердің қолданбалы өнер жетістіктерін сипаттау;</p> <p>6.2.2.2 ортағасырлық сәулет өнері ескерткіштерінің ерекшеліктерін түсіндіру;</p> <p>6.2.3.2 Әл-Фарабидің және басқа да ғалымдардың ортағасырлық ғылымның дамуына қосқан үлесін анықтау;</p> <p>6.2.2.4 түркі кезеңіндегі қоғамды бейнелеуде М. Қашғари, Ж. Баласағұн және А. Яссауи еңбектерінің тарихи құндылығын түсіндіру;</p> <p>6.2.3.3 "Кодекс Куманикус" сөздігінің халықаралық байланыстардағы рөлін анықтау</p>

Өлкетану	Мәдени-тарихи дәстүрді сақтаушылар: өлкенің ұлттық колөнері	6.2.2.7 өлкенің дәстүрлі көркем мәдениетін жандандыруға үлесін қосқан шеберлерді айқындау
----------	---	---

3) 7-сынып  
3-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1- тоқсан		
Бөлім 1 XIII - XV ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан	Моңғол империясының құрылуы. Зерттеу сұрағы: Моңғолдар мемлекеттілік деңгейге қалай жетті?	7.2.2.3 көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктерін сипаттау;; 7.3.1.6. картаны қолдану арқылы XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси процестерді түсіндіру
	Қазақстандағы моңғол шапқыншылығы. Зерттеу сұрағы: Неліктен Шыңғыс хан әскерлері Отырарды алты ай бойы ала алмады?	7.3.1.6. картаны қолданып XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси процестерді түсіндіру; 7.3.1.5 Отырарды қорғаудағы қала халқының ерлігін сипаттау
	Моңғол шапқыншылықтарының салдары. Зерттеу сұрағы: Орталық Азияға ең үлкен өзгерісті әкелген кімдер: қыпшақтар ма, әлде моңғолдар ма ?	7.1.1.2 XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау; 7.3.1.8 Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің басқару жүйесінің ерекшеліктерін анықтау
1 бөлім XVIII ғасырдағы қазақ хандығы	Қазақстан аумағында ұлыстардың құрылуы. Зерттеу сұрағы: Моңғол ұлыстарының құрылуы нәтижесінде саяси картада қандай өзгерістер болды?	7.3.1.6. картаны қолдану арқылы XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси процестерді түсіндіру; 7.1.1.2 XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау; 7.3.1.7 ортағасырлық мемлекеттердің ыдырауының негізгі және жанама себептерін анықтау
	Ақ Орда. Зерттеу сұрағы: Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуындағы Ақ Орданың рөлі қандай болды?	7.3.1.6 картаны қолданып XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси үдерістерді түсіндіру; 7.1.1.2 XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымын анықтау; 7.3.2.5 тарихи оқиғалардың өзара байланысын анықтап, Қазақстан аумағында XIII XV ғасырларда құрылған мемлекеттердің сыртқы саясатын түсіндіру
2-тоқсан		
	XIII - XV ғасырлардағы Қазақстанның мәдениеті.	

2 бөлім Қазақстан мәдениеті XIII-XV ғасырларда	Зерттеу сұрағы: XIII - XV ғасырлардағы өнер мен әдебиет ортағасырлық қоғамды қалай бейнелейді?  Ортағасырлық саяхатшылардың Қазақстан туралы мәліметтері. Зерттеу сұрағы: Ортағасырлық саяхатшылар Қазақстанды қалай сипаттады?	7.2.2.1 күй, аңыз, шежіре, эпостық жырлардың тарихи дереккөзі ретіндегі маңыздылығын айқындау  7.4.1.2 көшпелілердің шаруашылық өмірінің ерекшеліктерін анықтау; 7.2.2.5 көшпелілердің қолданбалы өнер жетістіктерін сипаттау
2 бөлім Қазақ халқының қалыптасуы	Қазақ халқының қалыптасу процесінің аяқталуы. Зерттеу сұрағы: Ұлы Дала мұрагері – қазақ халқы қалай қалыптасты?	7.1.1.3 ежелгі және ортағасырлар тарихының оқиғалары арасында байланыс орнату арқылы қазақ халқы қалыптасуының негізгі кезеңдерді анықтау; 7.1.1.4 "қазақ" этнонимінің мағынасын түсіндіру
2 бөлім Біртұтас қазақ мемлекетінің құрылуы	Қазақ хандығының құрылуы. Зерттеу сұрағы: Неліктен Қазақ хандығы Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет деп саналады?	7.3.1.9 Қазақ хандығы құрылуының тарихи маңызын анықтау; 7.2.3.4 М.Х.Дулатидің "Тарихи-Рашиди" еңбегінің маңыздылығын түсіндіру; 7.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау;
Өлкетану	Бір ел – бір тағдыр (менің өлкемнің халықтары)	7.1.2.2 өлкедегі әр түрлі ұлттардың тарихын,салт-дәстүрін сипаттау
3-тоқсан		
3 бөлім XVIII ғасырдағы Қазақстан мәдениеті	Қасым хан тұсындағы Қазақ хандығының күшеюі. Зерттеу сұрағы: Не себепті Қадырғали Жалайыр: "Жәнібек ханның ұлдарының арасында аса белгілі болғаны Қасым хан еді..." деп жазды?  Хақназар хан кезіндегі Қазақ хандығының сыртқы саясаты. Зерттеу сұрағы: Неліктен Хақназар хан билеген кезеңді Қазақ хандығының "қайта жаңғыруы" деп атайды?	7.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; 7.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау  7.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; 7.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау
	Тәуекел хан тұсындағы Қазақ хандығының оңтүстік шекараларының нығаюы. Зерттеу сұрағы: Тәуекел хан қазақ жерлерін біріктіру мақсатында қандай саясат ұстанды?  Есім хан билігі кезіндегі Қазақ хандығы бірлігінің нығаюы.	7.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; 7.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау

3 бөлім Қазақ хандығының XVI - XVII ғасырлардағы дамуы	Зерттеу сұрағы: Есім хан Қазақ хандығының біртұтастығын қалай сақтап қалды?	7.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; 7.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау
	Жәңгір хан тұсындағы қазақ-жоңғар қарсылығы. Зерттеу сұрағы: Орбұлақ шайқасының әлемдік әскери өнер тарихындағы алатын орны қандай ?	7.2.2.3 көшпелілердің әскери өнері жетістіктерін сипаттау; 7.3.2.7 Орбұлақ шайқасындағы қазақ жасағының әскери өнердегі шеберлігі мен ерлігін бағалау
	Тәуке хан тұсындағы қазақтардың қоғамдық-құқықтық жүйесі. Зерттеу сұрағы: Неліктен А. Левшин Тәуке ханды "Дала Ликургі" деп атады?	7.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; 7.3.2.6 қазақ хандарының сыртқы саясатын талдау
	Қазақ хандығының әлеуметтік құрылымы. Зерттеу сұрағы: Әлеуметтік топтар қазақ қоғамында қандай рөл атқарды?	7.1.2.1 Қазақ хандығындағы әлеуметтік топтардың орнын анықтау; 7.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдегі сұлтан, би, батыр, жыраулардың қызметтерін сипаттау
4-тоқсан		
4 бөлім XVI - XVII ғасырлардағы экономика мен мәдениет	XVI-XVII ғасырлардағы қазақтардың рухани мәдениеті. Зерттеу сұрағы: XVI - XVII ғасырлардағы қазақтардың рухани мәдениетінде халық өмірі қалай көрініс табады?	7.2.2.1 2.2.1 күй, аңыз, шежіре, эпостық жырлардың тарихи дереккөзі ретіндегі маңыздылығын айқындау
	XVI - XVII ғасырлардағы қазақтардың материалдық мәдениеті. Зерттеу сұрағы: Неліктен киіз үй көшпелілердің материалдық мәдениетінің ең жоғарғы үлгісі деп саналады?	7.2.2.5 көшпелілердің қолданбалы өнердегі жетістіктерін сипаттау;
Өлкетану	Қазақтың дәстүрлі шаруашылығы Зерттеу сұрағы: көшпенділердің дәстүрлі шаруашылығының ерекшеліктері қандай?	7.4.1.2 көшпенділердің шаруашылық өмірінің ерекшеліктерін анықтау
	Туған өлке тарихының қазіргі кездегі куәгерлері	7.3.1.12 3.1.12 туған өлке тарихының қазіргі кездегі куәгерлерінің ерлік істері мен еңбегін сипаттау

#### 4) 8 сынып

#### 4-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		

<p>1 бөлім Қазақ-жоңғар соғыстары</p>	<p>Жоңғар басқыншылығына қарсы Отан соғысының басталуы. Зерттеу сұрағы: Не себепті "Елім-ай" бүкілхалықтық әнге айналды?</p>	<p>8.1.1.1 жоңғар шапқыншылығы кезіндегі демографиялық өзгерістерді және миграциялық процестерді түсіндіру; 8.2.2.1 халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау; 8.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; 8.4.1.1 жоңғар шапқыншылығының қазақ халқының шаруашылығына тигізген зардаптарын анықтау</p>
	<p>Біртұтас халық жасағының ұйымдастырылуы. Зерттеу сұрағы: Неліктен Ордабасы ел бірлігінің нышаны болды?</p>	<p>8.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; 8.3.1.1 Қарақұм және Ордабасы құрылтайларының халықты жоңғар басқыншылығына қарсы жұмылдырудағы рөліне баға беру</p>
	<p>Қазақ-жоңғар шайқастары. Зерттеу сұрағы: Неліктен Аңырақай шайқасы қазақ-жоңғар соғысындағы түбегейлі бетбұрыс деп саналады?</p>	<p>8.3.2.1 Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте танылған хандар мен батырлардың рөлін түсіндіру</p>
<p>1 бөлім XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы</p>	<p>XVIII ғасырдың басына дейінгі қазақ - орыс қарым-қатынастарының тарихы. Зерттеу сұрағы: Неліктен Ресей Қазақстанды Азияға шығудың "кілті мен қақпасы" деп санады?</p>	<p>8.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; 8.3.2.2 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау</p>
	<p>Қазақ хандығының Ресей империясына қосылуының басталуы. Зерттеу сұрағы: Әбілқайыр ханның Анна Иоанновна патшайымға жазған хатының себептері мен салдары қандай болды?</p>	<p>8.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; 8.3.2.2 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау</p>
<p>Өлкетану</p>	<p>Өлкенің туристік маршруттары</p>	<p>8.2.3.5 туристік маршруттарды құру жолдарын ұсыну</p>
<p>II-тоқсан</p>		
	<p>XVIII ғасырдағы халық ауыз әдебиеті. Зерттеу сұрағы: XVIII ғасырда ақын-жыраулар шығармаларында</p>	<p>8.2.2.1 халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау;</p>

<p>2 бөлім XVIII ғасырдағы Қазақстанның мәдениеті</p>	<p>тарихи оқиғалар қалай көрініс тапты?</p>	<p>8.2.1.1 салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын анықтау</p>
<p>2 бөлім Отарлау және ұлт-азаттық күрес</p>	<p>XVIII ғасырдағы қазақтардың материалдық мәдениеті. Зерттеу сұрағы: Қазақтың ұлттық қолданбалы өнерінің бірегейлігі неде?</p>	<p>8.2.2.4 қолданбалы өнердің жетістіктерін бағалау</p>
	<p>XVIII ғасырдағы Қазақстандағы казак-әскери отаршылдығы. Зерттеу сұрағы: Қазақстанды отарлауды Ресей империясы қалай жүзеге асырды?</p>	<p>8.3.1.3 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау</p>
	<p>Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс. Зерттеу сұрағы: Сырым Датұлы Кіші жүз казактарының қандай құқықтарын қорғауды көздеді?</p>	<p>8.3.1.5 халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау; 8.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру</p>
	<p>1822-1824 жылдардағы патша реформалары. Зерттеу сұрағы: Неліктен XX ғасырдың 20-шы жылдарында Қазақстанда әкімшілік реформалар жүргізілді?</p>	<p>8.3.1.4 Патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық өзгерістерді түсіндіру; 8.1.2.1 дәстүрлі казак қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау</p>
	<p>1836-1838 жылдардағы Бөкей Ордасындағы қазақтардың көтерілісі. Зерттеу сұрағы: Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлын қандай ортақ идея біріктірді?</p>	<p>8.3.1.5 қазақ халқының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау ; 8.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру</p>
	<p>Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс. Зерттеу сұрағы: Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық күрес неліктен жалпы ұлттық сипатқа ие болды?</p>	<p>8.3.1.5 халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау; 8.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру</p>
<p>Өлкетану</p>	<p>"Атымтай жомарттары"</p>	<p>8.4.1.3 өлкені дамытуға қолдау көрсеткен тұлғалардың қызметіне баға беру</p>
<p>3-тоқсан</p>	<p>XIX ғасырдың 40-60 жылдарындағы қазақтардың ортаазиялық хандықтармен қарым-қатынастары. Зерттеу сұрағы: Неліктен Орта Азия хандықтарының</p>	<p>8.3.1.5 халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау;</p>

<p>3 бөлім Отарлау және ұлт-азаттық күрес</p>	<p>Қазақстанның оңтүстік аймақтарына экспансиясы күшейді?</p>	<p>8.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру</p>
<p>3 бөлім Қазақстан Ресей империясының құрамында</p>	<p>Қазақстанның Ресей империясына қосылуының аяқталуы. Қазақстанның оңтүстік аймақтарының Ресей империясына қосылуының ерекшеліктері қандай?</p>	<p>8.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау; 8.3.2.2 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау</p>
<p>3 бөлім Қазақстан Ресей империясының құрамында</p>	<p>XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы әкімшілік-аумақтық реформалар. Зерттеу сұрағы: Патша өкіметі тарапынан "бөліп ал да, билей бер" ұстанымы қалай жүзеге асты?</p>	<p>8.3.1.3 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау; 8.3.1.4 Патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық өзгерістерді түсіндіру; 8.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау</p>
<p>3 бөлім Қазақстан Ресей империясының құрамында</p>	<p>Қазақтардың 1860-1870 жылдардағы азаттық күресі. Зерттеу сұрағы: XIX ғасырдың 60-70 жылдарындағы ұлт-азаттық көтерілістердегі халық талаптарының сабақтастығы неден көрінді?</p>	<p>8.3.1.5 қазақ халықының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау</p>
<p>3 бөлім Қазақстан Ресей империясының құрамында</p>	<p>Қазақстанда жаппай отаршылдық қоныс аудару саясаты. Зерттеу сұрағы: Патша өкіметінің қоныстандыру саясаты қазақ қоғамының өмірін қалай өзгертті?</p>	<p>8.4.1.2 отарлау саясатының қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына тигізген әсерін талдау; 8.1.1.2 Ресей империясының қоныстандыру саясатының себептері мен салдарын талдау; 8.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау</p>
<p>3 бөлім Қазақстан Ресей империясының құрамында</p>	<p>Қазақстанда капиталистік қатынастардың дамуы. Зерттеу сұрағы: Қазақстанның өнеркәсіптік дамуы қалай басталды?</p>	<p>8.4.2.1 капиталистік қатынастар дамуының Қазақстанның экономикасына ықпалын анықтау</p>
<p>3 бөлім Қазақстан Ресей империясының құрамында</p>	<p>Қазақстанда капиталистік қатынастардың дамуы. Зерттеу сұрағы: Қазақстанның өнеркәсіптік дамуы қалай басталды?</p>	<p>8.4.2.1 капиталистік қатынастар дамуының Қазақстанның экономикасына ықпалын анықтау</p>
<p>3 бөлім Қазақстан Ресей империясының құрамында</p>	<p>XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамы.</p>	

	Зерттеу сұрағы: “Зар заман” өкілдерінің қоғамдық-саяси көзқарастары қандай факторлардың әсерінен қалыптасты?	8.2.1.2 ұлттық құндылықтарға отаршылдық саясаттың кері әсерін талдау; 8.1.2.2 қазақ зиялыларының қалыптасуының маңыздылығын түсіндіру
Өлкетану	Туған өлкенің шежіресі	8.4.1.4 өлке дамуының маңызды кезеңдерін анықтау; 8.2.2.5 өлкенің тарихи оқиғалар хроникасын құру
4- тоқсан		
4 бөлім XIX ғасыр -XX ғасырдың басындағы Қазақстанның мәдениеті	XIX ғасырдағы мәдениеттің дамуы. Зерттеу сұрағы: Неге XIX ғасыр қазақ халқының дәстүрлі музыка өнерінің гүлденген дәуірі деп саналады?	8.2.1.1 салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын анықтау; 8.2.2.1 халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау; 8.2.2.3 ұлттық музыкалық аспаптардың қолдану ерекшеліктерін сипаттау
	XIX ғасырдағы білім беру мен ағарту ісі. Зерттеу сұрағы: XIX ғасырда Қазақстанда оқу-ағартушылық мекемелер қандай түрде дамыды?	8.2.3.2 XIX ғасырдың екінші жартысындағы білім беру мен ағарту ісінің даму ерекшеліктерін түсіндіру
	Шоқан Уәлиханов – алғашқы қазақ ғалымы. Зерттеу сұрағы: Неге С. Мұқанов Шоқан Уәлихановқа арналған шығармасын "Аққан жұлдыз" деп атады?	8.2.3.1 Шоқан Уәлихановтың ғылыми зерттеулерінің тарихи құндылығын анықтау
	Ы. Алтынсарин – жаңашыл - педагог. Зерттеу сұрағы: Ыбырай Алтынсариннің халық ағарту саласындағы жаңашылдығы неден байқалады?	8.2.3.3 Ыбырай Алтынсариннің ағарту саласына қосқан үлесін бағалау
	Абай Құнанбаев – ұлы ойшыл. Зерттеу сұрағы: Неліктен Абай Құнанбайұлын "Хәкім Абай" деп атады?	8.2.2.2 Абай Құнанбаевтың ақын, ойшыл, қоғам қайраткері ретіндегі қызметіне баға беру
	XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы Қазақтардың ауызша тарихи дәстүрлерінің дамуы. Зерттеу сұрағы: Ш. Құдайбердіұлы, М. Көпейұлы, Қ. Халид еңбектерінің тарихи құндылығы неде?	8.2.3.4 Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Қ.Халид еңбектерін тарихи дерек ретіндегі маңызын айқындау



Өлкетану	Мектебiмнiң тарихы	8.2.2.6 түрлi дереккөздер негiзiнде өз мектебiнiң тарихын анықтау
----------	--------------------	---

## 5) 9 сынып

### 5-кесте

Ұзақ мерзiмдi жоспардың бөлiмi	Ұзақ мерзiмдi жоспар бөлiмiнiң мазмұны	Оқыту мақсаттары
1- тоқсан		
1 бөлiм XX ғасырдың басындағы Қазақстан	Қазақстанның XX ғасырдың басындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы. Зерттеу сұрағы: Не себептi А. Байтұрсынов: "Қазақ ұлтының өмiр сүруiнiң өзi проблемаға айналды", - деп санады?	9.3.1.2 XX ғасыр басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру 9.3.1.1 қазақ зиялыларының Ресей империясының Мемлекеттік Думасындағы қызметiне баға беру ;
	Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс. Зерттеу сұрағы: 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерiлiс нелiктен бүкiлхалықтық сипат алды?	9.3.1.2 XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру; 9.3.1.3 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерiлiстiң тарихи маңызын анықтау және тұлғалардың рөлiне баға беру
	1917 жылғы ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы және оның Қазақстанға әсерi. Зерттеу сұрағы: Қазақстанда 1917 жылы саяси белсендiлiктiң артуы қандай оқиғалардан көрiнiс тапты ?	9.3.1.2 XX ғасыр басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру
	"Алаш" қозғалысы және қазақ ұлттық идеясы. Зерттеу сұрағы: Нелiктен "Алаш" партиясы халық қолдауына ие болды?	9.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлi мен қызметiн талдау; 9.3.1.4 "Алаш" партиясының ұлттық мемлекеттiлiктi жаңғыртудағы саясатын талдау; 9.2.3.1 ұлттық баспасөздiң қоғамдық-саяси сананы оятудағы рөлiне баға беру
	XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының көрнектi өкiлдерi. Зерттеу сұрағы: Қазақ зиялылары ұлттық мүдделердi қалайша қорғады?	9.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлi мен қызметiн талдау; 9.2.2.1 қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау және қоғамдық санаға тигiзген әсерiне баға беру; 9.3.1.5 Әлихан Бөкейханның саяси көшбасшылық қызметiне баға беру
2- тоқсан		

2 бөлім Қазақстанда кеңестік биліктің орнығуы	Қазақстан азаматтық қарсыластық жылдарында (1917-1920 жылдар). Зерттеу сұрағы: Қазан революциясының ұрандары халық арасында қандай үміт тудырды?	9.3.1.2 XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру
	Қазақстандағы ұлттық автономиялар. Зерттеу сұрағы: Алаш Орда үкіметі мен Түркістан (Қоқан) автономиясының идеялары неліктен жүзеге аспады?	9.3.1.6 Қазақстанда құрылған ұлттық автономиялардың маңыздылығына баға беру; 9.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау
	Қырғыз (Қазақ) АКСР-нің құрылуы. Зерттеу сұрағы: Қазақ Автономиялық Кеңестік Республикасы құрылуының тарихи маңызы неде?	9.3.1.6 Қазақстанда құрылған ұлттық автономиялардың маңыздылығына баға беру; 9.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау
	Әскери коммунизм саясатынан Жаңа экономикалық саясатқа көшу. Зерттеу сұрағы: Қазақстан үшін жаңа экономикалық саясаттың артықшылықтары қандай болды?	9.3.1.7 XX ғасырдың 20-30 жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын талдау; 9.4.1.1 деректер мен дәйектерді салыстыру арқылы жаңа экономикалық саясаттың нәтижесінде орын алған өзгерістерді талдау
3-тоқсан		
3 бөлім Қазақстан тоталитарлық жүйе кезеңінде	Қазақстандағы 1920-1930 жылдардағы индустрияландыру. Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы индустрияландыру саясатының қарама-қайшылығы неде?	9.4.2.1 Қазақстандағы индустриялан дырудың жетістіктері мен кемшіліктерін талдау
	Қазақстандағы ұжымдастыру. Зерттеу сұрағы: Неліктен ұжымдастыру саясаты "ұлы нәубетке" әкеліп соқтырды?	9.4.1.2 күштеп ұжымдастыру саясатының ауыл шаруашылығына тигізген зардаптарын талдау; 9.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын анықтау; 9.3.1.7 XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын талдау
	1920-1930 жылдардағы саяси репрессиялар. Зерттеу сұрағы: Сталиндік режим не себепті зиялыларға "халық жауы" деген айып тақты?	9.3.1.7 XX ғасырдың 20-30 жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын талдау; 9.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау

<p>3 бөлім Кеңестік Қазақстанның мәдениеті: білім мен ғылым</p>	<p>Ахмет Байтұрсынов – "ұлт ұстазы". Зерттеу сұрағы: Ахмет Байтұрсыновтың ғылыми мұрасы қандай?</p>	<p>9.2.2.2 Ахмет Байтұрсыновты қазақ тіл білімінің негізін салушы, қоғам қайраткері ретінде бағалау</p>
<p>XX ғ. 20-30 жылдарындағы білім беру жүйесі мен ғылым. Зерттеу сұрағы: Білім мен ғылым саласының қандай жетістіктері мен кемшіліктері болды?</p>		<p>9.2.3.2 кеңес дәуіріндегі қазақ тілінің ахуалын анықтау; 9.2.3.3 XX ғасырдың бірінші жартысындағы білім мен ғылым саласындағы өзгерістерді талдау</p>
	<p>Қ.Сатбаев – жан-жақты ғалым. Зерттеу сұрағы: Қаныш Сәтбаевтың феномені неде?</p>	<p>9.2.3.4 Қаныш Сәтбаевтың Қазақстан өнеркәсібі мен ғылымын дамытудағы рөліне баға беру</p>
<p>4- тоқсан</p>		
<p>4 бөлім Кеңестік Қазақстанның мәдениеті: әдебиет пен өнер</p>	<p>XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ әдебиетінің дамуы. Зерттеу сұрағы: Қазақ әдебиетінде социалистік реализм қалай көрініс тапты?</p>	<p>9.2.2.1 қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау және қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға беру</p>
	<p>XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ өнерінің дамуы. Зерттеу сұрағы: Қазақ өнерінің жаңа белеске көтерілуі неден байқалды?</p>	<p>9.2.2.4 Әміре Қашаубаев пен Қажымұқан Мұңайтпасұлының қазақ халқын әлемге танытудағы рөліне баға беру; 9.2.2.1 қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау және қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға беру; 9.2.2.3 өнер мен әдебиеттегі өзгерістерді анықтау</p>
<p>4 бөлім Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында</p>	<p>Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы шайқастарына қатысуы. Зерттеу сұрағы: Қандай қазақстандық Ұлы Отан соғысының батырлары халық есінде сақталды?</p>	<p>9.3.2.1 қазақстандықтардың екінші дүниежүзілік соғысының жеңісіне қосқан үлесін бағалау; 9.3.2.2 Бауыржан Момышұлының батырлық, тұлғалық қасиетін айқындау</p>
	<p>Қазақстан – майдан арсеналы. Зерттеу сұрағы: "Бәрі майдан үшін, бәрі Жеңіс үшін!" ұраны қалай жүзеге асты?</p>	<p>9.4.2.2 Қазақстан экономикасының соғыс жағдайларына бейімделгендігін дәлелдеу; 9.1.2.2 соғыс жылдарындағы халықтың әлеуметтік жағдайын анықтау</p>
	<p>Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақ КСР мәдениеті. Зерттеу сұрағы: Соғыс жылдарындағы Қазақстанның мәдени жетістіктері қандай болды?</p>	<p>9.2.2.5 соғыс жылдарындағы өнер мен әдебиеттің халық рухын көтерудегі маңызын бағалау</p>
	<p>Қазақстанға КСРО халықтарының депортациясы.</p>	

	Зерттеу сұрағы: Қазақстан қалайша депортацияланған халықтардың өлкесіне айналды?	9.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын анықтау
--	--	--

6) 10-сынып  
6-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1 бөлім Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946-1953 жылдар)	Соғыстан кейінгі Қазақ КСР-нің әлеуметтік-экономикалық дамуы. Зерттеу сұрағы: Соғыстан кейін қазақстандықтардың өмірі қалай өзгерді?	10.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасау; 10.4.1.1 Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында орын алған өзгерістерге баға беру; 10.4.2.1 өнеркәсіптің ахуалын анықтап, қорытынды жасау
	Қазақстандағы әскери-өнеркәсіп кешені. Зерттеу сұрағы: Неліктен Қазақстан ядролық сынақтар алаңына айналды?	10.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау; 10.3.2.1 XX ғасырдың екінші жартысындағы әскери-өнеркәсіп кешендерінің Қазақстанға тигізген зардаптарын талдау
	Сталиндік идеологияның Қазақстандағы қоғамдық-саяси өмірге әсері. Зерттеу сұрағы: Неліктен тарихшы Ермұхан Бекмаханов 25 жылға бас бостандығынан айырылды?	10.2.3.1 Ермұхан Бекмахановтың Қазақстан тарихы ғылымына қосқан үлесін бағалау; 10.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау
1 бөлім Қазақстан "Хрущев жылымық" кезеңінде (1954-1964 жылдар)	"Хрущев жылымығы" кезеңіндегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуы. Зерттеу сұрағы: "Хрущев жылымық кезеңі" қоғамға қандай өзгеріс әкелді?	10.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау
	Тың игеру жылдарындағы Қазақстан. Зерттеу сұрағы: Тың және тыңайған жерлерді игеру саясаты Қазақстанға қалай әсер етті?	10.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасау; 10.4.1.1 Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында орын алған өзгерістерге баға беру
	Қазақ КСР экономикасының шикізатқа бағытталуы. Зерттеу сұрағы: Қазақстанның табиғи ресурстарын игеруде	10.3.2.1 XX ғасырдың екінші жартысындағы әскери-өнеркәсіп кешендерінің Қазақстанға тигізген зардаптарын талдау;

	ұлттық мүдде қаншалықты ескерілді?	10.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау
	2-тоқсан	
2 бөлім Қазақстан "тоқырау" кезеңінде (1965-1985 жылдар)	1965-1985 жылдардағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы. Зерттеу сұрағы: Не себепті 1965-1985 жылдар "тоқырау" кезеңі деп аталды?	10.4.2.1 өнеркәсіптің ахуалын анықтап, қорытынды жасау; 10.4.1.1 Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында орын алған өзгерістерге баға беру
	XX ғ. 60-80 жылдарындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуындағы қарама-қайшылықтар. Зерттеу сұрағы: XX ғасырдың екінші жартысында ұлттық мүдделерді қорғау қалай жүзеге асырылды?	10.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау; 10.3.1.4 әміршіл-әкімшіл саясатқа қарсы халық наразылықтарын салыстырып, талдау; 10.3.1.2 қоғамдық-саяси қайраткерлердің ұлттық мүддені қорғаудағы рөліне баға беру
	"Тоқырау" жылдарындағы демографиялық процестер. Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы урбандалу процесіне қандай факторлар әсер етті?	10.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасау; 10.1.1.2 өткен тарихи кезеңдермен сабақтастықты орнату арқылы қазіргі кезеңдегі демографиялық процестерге баға беру
2 бөлім Кеңестік Қазақстанның мәдениеті (1946-1985 жылдар)	XX ғасырдың екінші жартысындағы білім беру жүйесінің дамуы. Зерттеу сұрағы: Кеңестік білім беру саласындағы реформалар қандай мақсат көздеді?	10.2.3.2 білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатқа баға беру
	XX ғасырдың 40-80 жылдарындағы қазақстандық ғалымдардың ғылымды дамытудағы жетістіктері. Зерттеу сұрағы: XX ғасырдың екінші жартысында ғылымның қай салалары көбірек дамыды?	10.2.3.2 білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатқа баға беру
	XX ғасырдың 40-80 жылдарындағы әдебиет пен өнердің дамуы. Зерттеу сұрағы: Кеңестік идеология қазақ мәдениетінің дамуына қалай әсер етті?	10.2.2.1 кеңестік әдебиет пен өнер туындыларында қоғамдық өмірдің бейнеленуін талдау; 10.2.2.2 Мұхтар Әуезов шығармаларының әлем әдебиетіндегі орнын бағалау
	3-тоқсан	
	Қазақстан "Қайта құрудың" бастапқы кезеңінде.	10.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау;

3 бөлім Қазақстан қайта құру кезеңінде (1986-1991 жылдар)	Зерттеу сұрағы: КСРО-ның ыдырауы: заңдылық па әлде кездейсоқтық па?	10.4.1.2 Кеңес үкіметі кезіндегі орын алған әлеуметтік-экономикалық проблемаларды талдау
	Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғалары. Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғаларының сипаты қандай болды?	10.3.1.5 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының тарихи маңыздылығына баға беру; 10.3.1.4 әміршіл-әкімшіл саясатқа қарсы халық наразылықтарын салыстырып, талдау
	"Қайта құру" жылдарындағы Қазақстандағы демократиялық процестер. Зерттеу сұрағы: Демократиялық процестер қоғамдық сананы қалай өзгертті?	10.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау
3 бөлім Қазақстан мемлекеттілігінің қайта жаңғыруы (1991 – 1996 жылдар)	Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің жариялануы. Зерттеу сұрағы: "Қазақстан Республикасының тәуелсіздік туралы" Конституциялық Заңының тарихи маңызы қандай?	10.3.1.6 Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамдарын анықтап, қорытындылау; 10.3.1.7 өткен оқиғалармен сабақтастықты орнатып, Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануының тарихи маңызын түсіндіру
	Н.Ә. Назарбаев - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті. Зерттеу сұрағы: Саяси көшбасшының мемлекет тарихының бетбұрысты кезеңдеріндегі рөлі қандай болды?	10.3.1.10 Тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуындағы Елбасы Н. Назарбаевтың рөліне баға беру
	Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы мемлекеттілікті қалыптастырудағы іс-шаралар. Зерттеу сұрағы: 1995 жылғы жаңа Конституцияны қабылдаудың тарихи маңызы неде?	10.3.1.8 Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық – саяси дамуын талдау; 10.3.1.6 Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамдарын анықтап, қорытындылау; 10.3.1.3 Қазақстан Республикасы Конституциясын мемлекеттің тұрақты дамуының кепілі ретінде бағалау
	Қазақстан – халықаралық құқық субъектісі. Зерттеу сұрағы: Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа кірігуі қалай жүзеге асты?	10.3.2.2 Қазақстан Республикасының халықаралық аренада танылуына баға беру; 10.3.2.3 Қазақстанның аймақтық және халықаралық ұйымдарымен байланыстарын талдау
	Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы Қазақстанның экономикалық дамуы.	10.4.1.3 Қазақстан Республикасындағы жекешелендіру процесінің экономикаға ықпалын талдау;

	<p>Зерттеу сұрағы: Неліктен нарықтық экономикаға көшу барысында қиыншылықтар орын алды?</p>	<p>10.4.2.2 нарықтық экономиканың өндірістік қатынастарға әсерін талдау; 10.4.2.3 Қазақстанның әлемдік экономикаға кірігуін талдау</p>
	<p>Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы әлеуметтік-демографиялық процестер. Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы әлеуметтік-демографиялық процестердің ерекшеліктері неде?</p>	<p>10.1.1.3 Қазақстанның даму стратегиясындағы демографиялық саясаттың бағыттарын талдау; 10.1.1.2 өткен тарихи кезеңдермен сабақтастықты орнату арқылы қазіргі кезеңдегі демографиялық процестерге баға беру; 10.1.2.1 қазіргі кездегі Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайын статистикалық мәліметтер негізінде талдау; 10.3.2.4 қазақ диаспораларының тарихи Отанымен байланысының маңыздылығын айқындау</p>
4-тоқсан		
<p>4 бөлім Қазақстан Республикасының дамуы (1997 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін)</p>	<p>Қазақстан - 2030" Стратегиясы – мемлекет дамуындағы жаңа кезең. Зерттеу сұрағы: "Қазақстан - 2030" Стратегиясын қабылдау қажеттілігі неден туындады?</p>	<p>10.3.1.9 ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегияларды талдау; 10.1.1.3 Қазақстанның даму стратегиясындағы демографиялық саясаттың бағыттарын талдау</p>
	<p>Қазақстанның 1997 жылдан бастап экономикалық дамуы. Зерттеу сұрағы: Қазақстан Республикасының XXI ғасырдағы экономикалық дамуының негізгі бағыттары қандай?</p>	<p>10.4.2.2 нарықтық экономиканың өндірістік қатынастарға әсерін талдау; 10.4.1.4 аграрлық секторды модернизациялау бағыттарын талдау; 10.4.2.4 сыртқы сауданың экономикаға әсерін зерттеу</p>
	<p>Қазақстанның 1997 жылдан бастап әлеуметтік дамуы. Зерттеу сұрағы: Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайы қалай өзгерді?</p>	<p>10.3.2.3 Қазақстанның аймақтық және халықаралық ұйымдарымен байланыстарын талдау; 10.3.2.2 Қазақстан Республикасының халықаралық аренада танылуына баға беру</p>
	<p>Астана – Тәуелсіз Қазақстанның астанасы. Зерттеу сұрағы: Астананы көшіру неліктен ұтымды стратегиялық шешім болып табылды?</p>	<p>10.3.1.11 Астананы жаңа Қазақстанның өркендеуінің нышаны ретінде айқындау</p>
	<p>"Қазақстан – 2050" стратегиялары. Зерттеу сұрағы: "Қазақстан – 2050" Стратегиясы қандай жаңа саяси бағытты белгіледі?</p>	<p>10.3.1.9 ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегияларды талдау</p>
	<p>Қазіргі кездегі Қазақстанның дамуындағы басым бағыттары.</p>	

	Зерттеу сұрағы: "5 институционалды реформаларды жүзеге асырудағы 100 нақты қадам" ұлт жоспары неліктен қабылданды?	10.3.1.9 ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегияларды талдау
4 бөлім Қазіргі заманғы Қазақстан мәдениеті (1991 жылдан бүгінгі күнге дейін)	Тәуелсіздік жылдарындағы білім мен ғылымның дамуы. Зерттеу сұрағы: Жаһандану жағдайындағы қазақстандық білім мен ғылымның даму тенденциялары қандай?	10.2.3.2 білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатқа баға беру
	Тәуелсіз Қазақстан мәдениетінің дамуы. Зерттеу сұрағы: Жаһандану дәуіріндегі ұлттық мәдениетті дамыту мен сақтау жолдары қандай?	9.2.2.3 қазіргі кездегі өнер мен әдебиеттің даму тенденцияларын айқындау; 9.2.2.4 ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың қажеттілігін негіздеу ("Мәдени мұра", "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" бағдарламасы)
	Діннің қазіргі Қазақстан қоғамындағы рөлі. Зерттеу сұрағы: Қазақстан қоғамында зайырлы мемлекет және діни сенім бостандығы ұстанымдары қалай үйлесім табуда?	10.2.1.1 дәстүрлі және деструктивті діни ағымдар мен ұйымдардың іс-әрекетін талдау; 10.2.1.2 Қазақстан халқы Ассамблеясының дінаралық, этносаралық келісім және ішкі тұрақтылықты нығайтудағы ықпалын бағалау
	"Мәңгілік Ел" ұлттық идеясы. Зерттеу сұрағы: "Мәңгілік Ел": идеясының біріктірушілік рөлі неде?	10.2.1.3 "Мәңгілік Ел" Жалпыұлттық идеясының маңыздылығын бағалау; 10.2.1.2 Қазақстан халқы Ассамблеясының дінаралық, этносаралық келісім және ішкі тұрақтылықты нығайтудағы ықпалын бағалау

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 123 бұйрығына  
39-қосымша  
Қазақстан Республикасы білім  
және ғылым Министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына  
676-қосымша

**Тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптарының "Дүниежүзі тарихы" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**



## **1-тарау. Жалпы ереже**

1. Тірек- қимыл аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Дүниежүзі тарихы" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына сәйкес әзірленген.

2. Дүниежүзі тарихын оқытудың мақсаты - оқушылардың бойында ежелгі заманнан қазіргі заманға дейінгі тарихи білімнің, кеңістік - бейнелі және шығармашылық ойлаудың, себеп-салдар құбылыстарының негіздерін қалыптастыру, рухани-адамгершілік мәдениетті дамыту.

3. Бағдарламаның міндеттері:

1) ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі дүниежүзі тарихының негізгі кезеңдері мен мазмұны туралы түсінік қалыптастыру;

2) қоғамның экономикалық, әлеуметтік-саяси дамуы және басқару түрлері мен құрылысы, діндердің ерекшеліктері туралы түсінікті қалыптастыру;

3) саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерді бағалау үшін тарихи білімді пайдалану дағдыларын дамыту;

4) Уақыт пен кеңістікте бағдарлай алу, карта мен хронология мен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;

5) патриотизмді, азаматтық ұстанымды қалыптастыру, өз пікірін талқылау және қорғай білу;

4. Түзету-дамыту міндеттері:

1) білім алушылардың танымдық қызметін дамыту;

2) ойлау процестерін дамыту: талдау, синтездеу, салыстыру, қорыту;

3) қойылған мақсатқа қол жеткізе білу, ең бастысы, ұқсастық пен айырмашылықты табу, жалпылау, белгілерге сәйкес топтастыру, бір қызмет түрінен екіншісіне ауысу ;

4) тарихи тұлғалар үлгісінде өзін-өзі бағалауды қалыптастыру;

5) оқушыларға әлеуметтік бейімделу бойынша жұмыс жасату

6) қарым-қатынас құралы ретінде сөйлеуді қалыптастыру: ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын меңгеру, грамматикалық құрылысты, тұжырымдардың, ұғымдардың дұрыстығы мен түсінігін жетілдіру, белсенді сөздікті кеңейту;

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері**

5. Бағдарламада әлеуметтік бейімделу, түзету-өтеу, коммуникативті, белсенділік, сараланған және жеке, пәндік-практикалық, жеке, құндылыққа бағытталған тәсілдер қолданылды.

6. Құндылыққа бағдарланған тәсіл оқушылардың өмір салтын, мінез-құлық стилін, әдеттерін қалыптастыратын құндылықтарды бағдарлау қабілетін дамытуға ықпал етеді. Дүниежүзі тарихын оқыту жалпы адамзаттық құндылықтарға, мәдениет пен табиғатқа

құрметпен қарауға тәрбиелеуге құрал ретінде қызмет етіп, толеранттықты, патриотизмді азаматтық ұстанымды қалыптастырады.

7. Коммуникативті тәсіл тіл арқылы, бір-бірімен қарым-қатынас, фразалар мен ұғымдарды қолдану және тұжырымдау арқылы, қол жетімділік қағидаты, нұсқауларды түсіну, диалог жүргізу, "жуан және жіңішке" сұрақтарға жауап беру арқылы жүзеге асырылады. Өз позициясын сақтап қалуға, топта жұмыс істеуді, рөлдерді бөлуді, құрдастарымен және ересектермен ынтымақтастық құруды қалыптастырады.

8. Сараланған және жеке тәсілдер әр баланың есте сақтау, назар аудару және басқа да ақыл-ой функцияларын көрсететін ерекшеліктерін ескере отырып, сыныпты білім, даму қабілеттері, қарым-қатынас, тіл бойынша топтарға бөлу арқылы жүзеге асырылады, мұғалім "жақын және өзекті даму аймақтарын" қолданады. Сараланған тапсырмалар қолданылады, олар күрделілігі, танымдық қызығушылықтары және мұғалімнің көмегінің сипаты бойынша ерекшеленеді.

9. Әрекет тәсілімен тәуелсіз білім алу және өзін-өзі жүзеге асыру үшін жағдай жасау жүреді, мұғалімнің басты міндеті – "оқуға үйрету". Материал оқушылардың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес бөліктерге бөлінеді, мұғалім мен оқушылардың бірлескен іс-қимыл алгоритмі жасалады:

- 1) материалмен танысу;
- 2) сұрақтарға жауаптар, бастысын бөлу;
- 3) ұғымдар мен терминдер бойынша жұмыс;
- 4) рефлексия;

5) практикалық қолдану (мәтін қажет болған жағдайда қайта өңделеді), зерттелетін материалдың өмірлік жағдайларды шешуге арналған практикалық қызметімен байланысы.

10. Әлеуметтік бейімделу тәсілі мінез-құлық нормаларын қалыптастырады, өз бетінше жұмыс істеу мен тәуелсіздікті дамытады, әр түрлі топтар үшін оқу материалының күрделілігін өзгертеді. Осы мақсатта бірлесіп оқыту қолданылады, бұл мұғалімнің және оқушының жеке мүмкіндіктеріне негізделген бірлескен іс-әрекетін білдіреді.

11. Жеке тұлғаға бағытталған тәсілдің мақсаты-оқушылардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін дараландыру, үйлесімді және жан-жақты шығармашылық дамыту, өз пікірін қорғауға үйрету, сонымен бірге естуді және тыңдауды үйрену, толеранттылық, мейірімділік, құрмет сияқты қасиеттерді дамыту.

12. Бұл тәсілдерді іске асыру жолдастың пікірін құрметтеу, оқуға ынталандыру, жеке және топтық жұмысты ұйымдастыру, тарих мысалдары арқылы мәселелерді шешу, оқытуды саралау, пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру, оқушылардың өзін-өзі бағалауы мен өзара бағалауын дамыту арқылы жүзеге асырылады.

13. "Дүниежүзі тарихы" сабақтарында білім алушылар топтарының түзету-дамыту жұмыстарын құруының негізгі принциптері:

- 1) педагогикалық оптимизм принципі;
- 2) танымдық іс-әрекетті дәйекті түрде дамыту;
- 3) сараланған тәсілді пайдалану, нәтижеге бағытталған ;

4) қол жетімділік педагогика қағидаттарының бірі ретінде оқыту әдісін қарапайымнан күрделіге, белгісізге, оқу материалының оқушылардың даму деңгейімен тығыз байланысын қарастырады;

5) Дүниежүзі тарихын оқытуда жүйелілік пен бірізділік тарихи дамудың кезеңдерінің тұтастығын түсінуге ал бірізділік адамның қоғамдағы дамуының барлық кезеңдерін бақылауға мүмкіндік береді;

6) білім алушылардың пәнге қызығушылығын қолдауға мүмкіндік беретін оқытудағы сана;

7) Әдебиет, Қазақстан тарихы, география пәндерімен пәнаралық байланысты сабақтарда оқу материалын түрлендірудің, оны түсіндірудің көмегімен алынған білімді, іскерлікті және дағдыларды бекіту үшін барынша кеңейту;

8) өтемдік оқыту оқушылардың жұмыс қарқынының баяулауы, жұмыстың басқа түрлеріне нашар ауысуы, тез шаршағыштық, есте сақтау қиын, сөздік қоры нашар болуы сияқты кемшіліктерінің орнын толтыруды көздейді.

14. Оқыту процесінде оқытудың жалпы педагогикалық әдістері мен тәсілдері де, өзіндік ерекшеліктері де қолданылады:

1) Оқулық мәтінімен, хрестоматиялардан, анықтамалықтардан және интернет көздерінен алынған қосымша материалдармен жұмыс істеу;

2) көрнекі көрсету материалын, тірек сөздерді пайдалана отырып, ауызша түсіндіру элементтері бар көрнекі-практикалық әдістер;

3) "Кім жылдам", "дұрыс-бұрыс", "саяхат", "портрет", "ұқсастық табу", " айырмашылықтарды табу", "логикалық тізбек және басқалар", "позицияны табу" дидактикалық әдістері";

4) картамен, схемалармен жұмыс;

5) тарихи жағдайларды модельдеу; рөлдік ойындар;

6) пікірталастар, диспуттар

7) диалогтық рефлексивті технологияларды, оқушылардың жобалау және зерттеу қызметін ұйымдастыру әдістерін пайдалану.

15. Дүниежүзі тарихы пәнін оқыту нәтижелерін бағалау критериалды бағалауды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Ол қалыптастырушы және жиынтық бағалауды қамтиды. Тапсырмаларды орындау формасы оқушының ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі болуы мүмкін - бұл ауызша жауап ( мұғалімнің оқушының сөзінен жазуы), компьютердегі жауап, парақшадағы қарапайым жауап.

16. Техникалық құралдар мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ( бұдан әрі – АКТ) пайдалану материалдарды іздеуді, өңдеуді, презентациялар жасауды қамтиды .

### 3-тарау. "Дүниежүзі тарихы" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

17. "Дүниежүзілік тарих" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сыныпта - аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
- 2) 6-сыныпта - аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
- 3) 7-сыныпта - аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
- 4) 8-сыныпта - аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
- 5) 9-сыныпта - аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
- 6) 10-сыныпта - аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

18. "Дүниежүзі тарихы" пәні жалпы білім беретін мектепте 5-9 сыныптарда, арнайы мектептерде (сыныптарда) 5-10 сыныптарда оқытылады, материал 1 жылға ұзартылады. 7-сыныпта "Жаңа заман" тарихы, XVII ғасырдың ортасынан XIX ғасырдың ортасына дейінгі кезең; 8-сыныпта "Жаңа заман" тарихы, XIX ғасырдың ортасынан XX ғасырға дейінгі кезең жалғастырылып оқытылады; 9-сыныпта "Қазіргі заман тарихы", XX ғасырдан бастап екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуына дейінгі кезең, 10 сыныпта "Қазіргі заман тарихы", екінші дүниежүзілік соғыстан қазіргі күнге дейінгі кезең оқытылады.

19. Материалдың бөлінуі "Жаңа заман" тарихы көптеген оқиғаларға және тарихтың маңызды кезеңдерін түсіну үшін қажет көптеген терминдерге толы екендігіне байланысты, бұл балалардың ерекшеліктерін ескере отырып, осы уақытта болған оқиғаларды, құбылыстарды, процестерді зерттеуге көбірек уақыт бөлуді талап етеді.

20. "Дүниежүзі тарихы" оқу пәнінің мазмұны оқу бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Бөлімдер күтілетін нәтижелер түрінде сыныптар бойынша оқыту мақсаттарын қамтитын бөлімшелерге бөлінген.

21. Бағдарламаның мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

- 1) әлеуметтік қатынастардың дамуы;
- 2) мәдениеттің дамуы және өзара әрекеті;
- 3) саяси жүйелердің дамуы және олардың өзара әрекеті;
- 4) экономикалық қатынастардың дамуы;

22. "Әлеуметтік қатынастардың дамуы" бөлімі мынадай бөлімшелерді қамтиды:

- 1) әлеуметтік құрылымдар;
- 2) әлеуметтік іс-әрекет.

23. "Мәдениеттің дамуы және өзара әрекеті" бөлімі мынадай бөлімшелерді қамтиды

:

- 1) дін;
- 2) өнер;
- 3) философиялық жүйелер;
- 4) ғылым;

24. "Саяси жүйелердің дамуы және олардың өзара әрекеті" бөлімі мынадай бөлімшелерді қамтиды:

- 1) мемлекет;
- 2) империялар, соғыстар, көтерілістер және революциялар.

25. "Экономикалық қатынастардың дамуы" бөлімі мынадай бөлімшелерді қамтиды:

- 1) шаруашылық жүйелері;
- 2) экономикалық жүйелердің тарихи модельдері;

26. 5-сыныпқа арналған "Дүниежүзі тарихы" пәнінің базалық мазмұны:

1) әлеуметтік қатынастардың дамуы: ежелгі әлемнің тарихын білу және түсіну, адамның пайда болуынан бастап алғашқы қауымдық жүйеге көшу, алғашқы өркениеттер мен мемлекеттердің пайда болуы, 476 жылы Рим империясының құлауына дейін; адамдарды біріктірудің бастапқы формалары (тобыр, ру, қауым, тайпа); рулық жүйенің ыдырауы, белгілі бір аймақтарда мемлекеттердің құрылуы- Месопотамия, Египет, Үндістан, Қытай, Грекия және Рим; бұл қоғамдардың негізін құрайтынын түсіндіру; құл иелері, құлдар және еркін өндірушілер; Парсы патшалығындағы, Үндістан мен Қытайдағы әлеуметтік қатынастардың күрделі жүйелері; қоғамның сипаттамасы: әскери, азаматтық шенеуніктердің, діни қызметкерлердің артықшылықтары мен мәртебесі. Шаруалар, қолөнершілер, саудагерлер, құлдар;

2) мәдениеттің дамуы және өзара әрекеті: ежелгі әлемдегі дін негіздерін білу және түсіну; діни нанымдардың айырмашылығы: тотемизм, фетишизм, сиқырға, ақырет әлеміне сену. Идол, құдай, діни қызметкер, ғибадатхана туралы ұғымдар. Политеизмнің дамуы (көп құдайшылыққа сену); монотеизмге, индуизмге, буддизмге және христиандыққа көшу. Қарапайым қоғамда қалыптасқан бейнелеу өнерінің негіздерімен танысу; ежелгі Египеттегі храмдар мен пирамидалар; ежелгі Египеттегі, ежелгі Грекиядағы, Ежелгі Үндістан мен Қытайдағы, ежелгі Римдегі сәулет, театр, музыка, әдебиетті талдау. Ежелгі философтардың көзқарастары олардың ежелгі әлемде пайда болуы; олардың ойлары мен көзқарастарын талдау, жалпы және айырмашылық; ежелгі қытай мен Үндістан философтарының ғаламға көзқарастары, олардың қоғамға әсері. Адамзаттың дамуы үшін жазудың маңызы; тәжірибе мен білім жинақтаудың нәтижесінде ғылымдар дами бастағанын сипаттау: математика арифметика, геометрия, алгебра, астрономия, медицина, география, тарих;

3) саяси жүйелердің дамуы мен өзара әрекеттесуі: ежелгі әлемде мемлекеттердің пайда болуы; ұғымдар: мемлекет, монархия; ежелгі уақытта мемлекеттердің ерекшеліктерін көрсету; Египетте, Вавилонда монархиялардың құрылуы; Грекияда олигархиялық (спартандық) және демократиялық (спартандық) жүйелер түрінде республикалық жүйенің болуы; республикалық жүйенің монархиядан айырмашылығы; Римде автократияның құрылуы; классикалық талдау Римдегі құлдық;

4) экономикалық қатынастардың дамуы: шаруашылықтың меншіктік түрін дамыту ( жинау, аң аулау, балық аулау), оны өндірушіге ауыстыру (егіншілік, мал

шаруашылығы, металдарды игеру, айырбас саудасы); "неолиттік революция" өндіргіш күштердің дамуына серпін ретінде және алғашқы құрылымдардың ыдырауына әкелді. Металлды игеру, қолөнер мен сауданы тәуелсіз қызмет түрлеріне бөлу. Ежелгі Шығыс мемлекеттеріндегі жеке меншіктің пайда болуы, таптардың пайда болуы және биліктің экономикалық қатынастарының өзгеруі.

27. 6-сыныпқа арналған "Дүниежүзі тарихы" пәнінің базалық мазмұны:

1) әлеуметтік қатынастардың дамуы: үстем және тәуелді таптардың өзара әрекеттесуінің сипаттамасы; Батыс Рим империясының аумағында феодалдық қатынастардың пайда болуы. Латифундия. Колондар (еркін шаруалар); феодалдық қоғамның әлеуметтік құрылымы (феодалдар-жер иелері, шаруалар, қолөнершілер); феодалдық иерархиялық баспалдақтың сипаттамасы (сеньорлар-карольдер, князьдер, герцогтар); Франциядағы, Германиядағы, Италияда, Испаниядағы феодалдық қатынастар. Шығыста: Үндістанда, Қытайда; Еуропада XV-XVII ғасырларда әлеуметтік топтардың құрылуы: буржуазия (көпестер, ірі банкирлер, сатып алушылар); дворяндар; жеке еркін шаруалар мен қолөнершілер; жалдамалы жұмысшылар;

2) "мәдениеттің дамуы және өзара әрекеті"; шіркеудің ортағасырлық қоғам өміріндегі рөлі; мәдениет және әлеуметтік процестердегі католик шіркеуі - орталығының күші; инквизиция, аутодафе, "қараңғы түнек" ұғымдары; исламның пайда болуын талдау; крест жорықтары, олардың қоғам үшін маңызы; реформация, лютеранизм, протестантизм және иезуит ордені ұғымдары; әлемдік мәдениеттегі қайта өрлеу дәуірі; дін мен өнердің өзара байланысы және олардың қоғамға әсері; архитектураның, кескіндеменің даму ерекшеліктері; қайта өрлеу дәуіріндегі бейнелеу; шығыс қайта өрлеу дәуірінің дамуы және оның қоғамға әсері. Гуманизмнің анықтамасы; қазіргі демократияның дамуы, Англия парламенті, қалалық кеңестер. Алхимияның, астрологияның дамуы; орта ғасырлардағы әлемдік мәдениет үшін ашылулардың маңызы; географиялық ашылулардың қоршаған әлем идеяларына әсері; орта ғасырдағы экономиканың дамуы; адамзат үшін Ұлы географиялық ашылулардың маңызы; Юстиниан кодексінің қазіргі заңнама үшін маңызы;

3) саяси жүйелердің дамуы және олардың өзара әрекеті: Рим империясының ыдырауының негізгі себептері; ерте, орта, кейінгі орта ғасырлардағы саяси жүйелерді талдау; феодалдық, феодалдық бытыраңқылық, сеньор, вассал ұғымдары; ерте орта ғасырларда әлсіз монархиялық мемлекеттердің құрылуы; орта орта ғасырларда мүліктік-өкілді монархияның құрылуы (10-11 ғасыр); сайланған өкілетті институттардың пайда болуы, Англиядағы парламент, Польшадағы сейм, Франциядағы Бас штаттар, Испаниядағы кортес; кейінгі орта ғасырларда абсолютті монархияның құрылуы; орталықтандырылған мемлекеттердің пайда болу себептері; әлеуметтік-өкілетті монархия, абсолютті монархия, орталықтандырылған мемлекеттер ұғымдары; саяси биліктің билеушіге тәуелділігін талдау; Еуропа мен Шығыс мемлекеттерінің дамуын, олардың айырмашылықтары, ұқсастықтарын талдау; биліктің

заң шығарушы, атқарушы, сот болып бөлінуінің сипаттамасы; Англия, Голландия, Швецияның саяси жүйелері, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары. Шаруалар көтерілістерінің себептері, олардың барысы мен салдары; Византияның ұзақ өмір сүру себептері және оның ішкі саясаты; орта ғасырлардағы халықаралық қатынастардың сипаттамасы; "отарлық саясат" ұғымы; Испания мен Португалия мысалында "отар" сөзінің мағынасының өзгеру себептері;

4) экономикалық қатынастардың дамуы: орта ғасырлардағы аграрлық шаруашылық; рентаның үш түрі: барщина, заттай оброк және ақшалай оброк, үштанапты, екітанапты жүйесін қолдану, қол өндірісі. Сауда мен қалалардың қолөнер және сауда орталықтары ретіндегі рөлі, Еуропаның біртіндеп әлемнің экономикалық және мәдени жағынан ең дамыған аймақтарының біріне айналуы, орта ғасырлардағы технологиялық ел-Қытай (айна, керамика, фарфор, қағаз өндірісі, қағаз ақшаның пайда болуы).

28. 7-сыныпқа арналған "Дүниежүзі тарихы" пәнінің базалық мазмұны:

1) әлеуметтік қатынастардың дамуы: буржуазияның қоғамның экономикалық және саяси жүйесіне ықпалы; "жаңа дәуірдегі" қоғамның әлеуметтік құрылымы, буржуазия табы (капитал иелері) және жалдамалы жұмысшылар; ірі буржуазия, капитал иелері, банкирлер, қаржыгерлер, рантье, жер мен ресурстардың иелері; Англиядағы, Франциядағы, Еуропаның қалған бөліктеріндегі буржуазиялық төңкерістерге байланысты қоғамдағы әлеуметтік қатынастардағы өзгерістердің сипаттамасы; өнеркәсіптік жұмысшылар, жұмысшы ақсүйектер, кәсіпкерлер, қызметкерлер; капиталистік қоғамға тұрақтылық беретін орта таптың пайда болуы;

2) мәдениеттердің дамуы мен өзара әрекеті: жаңа уақыттағы діннің рөлінің өзгеруі; шіркеудің қоғам мен мемлекетке ықпалының әлсіреуі; секуляризация, ар-ождан бостандығы, "зайырлы мемлекет", мемлекеттік дін ұғымдары; тарихи дәуір арқылы өнер туындыларын қабылдау; өнердегі негізгі стильдер мен ағымдар: романтизм, импрессионизм, неоклассицизм, реализм, классицизм; ағарту дәуірі. Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам идеясын қалыптастыру; ағартушылар теориясы-қоғамды қайта құру идеялары; ғылымдағы жетістіктер; қоғамның әлемдік дамуы үшін жаңалық ашу мен өнертабысты талдау; техниканы дамыту үшін өнеркәсіптік төңкеріс;

	Неге Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы	9.2.1.2 Қазақстан Республикасының Конституциясын талдау негізінде адамның және азаматтың конституциялық құқықтарын,

9.2 Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары Мұғалімдер мен оқушылардың құқықтары мен міндеттері	құқықтық және әлеуметтік мемлекет деп жариялады? Оқушылар мен мұғалімдердің құқықтары мен міндеттері қандай	бостандықтары мен міндеттерін айқындаймыз, әртүрлі жағдайларды модельдейміз 9.2.1.3 Әртүрлі өмірлік жағдайларды модельдеу арқылы оқушыларды өздерінің және мұғалімдердің құқықтарымен міндеттерімен таныстыру
9.2 Мемлекеттік органдардың конституциялық жүйесі	Мемлекеттік органдардың қызметі қандай? Президенттің орнын, Үкімет, Паламент, Соттың өкілеттілігін анықтау	9.2.2.1 мемлекеттік билік органдарын атау, 9.2.2.1 мемлекеттік органдардың функцияларына сипаттама беру., Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі ережелерін басшылыққа ала отырып, құқықтық жағдайларды талдау
3-тоқсан (10-сағат)		
9.3 Қазақстан Республикасының сайлау жүйесі	Мемлекеттік органдарды қалыптастырудағы сайлаудың рөлі мен маңызы қандай?	9.3 2.2. мемлекеттік органдарды құрудағы сайлаудың маңыздылығы мен рөлін көрсету
9.3 Меншік құқығы	Қалай жеке меншік иесі болады?	9.3.2.1 меншік түрлерін көрсету 9.3.2.1 құқықтық жағдайларды талдай отырып, меншік құқығын алу және тоқтату жолдарын анықтау
9.3 Азаматтық құқықтағы міндеттемелер мен жауапкершілік	Азаматтық міндеттемелер қандай жауапкершілікті тудырады?	9.3.3.1 міндеттемелерді талдау және адамның азамат ретіндегі жауапкершілігін анықтау.
	Міндеттемелерді қамтамасыз етудің қандай жолдары бар?	9.3.3.1 өмірден мысалдар келтіре отырып, міндеттемелерді орындау қажеттілігі туралы түсінік қалыптастыру
9.3 тұтынушылардың құқықтарын қорғау	Тұтынушы ретінде өз құқығыңызды қалай қорғауға болады?	9.3.4 тұтынушының құқықтарын қорғау жолдарын анықтау 9.3.4 құжаттарды атау.. жағдайларды модельдеу арқылы тұтынушылардың құқықтарын қорғау
4-тоқсан (7 – сағат)		
9.4 Еңбек құқығы ұғымы	Еңбек құқығы дегеніміз не?	9.4.1.1 оқушыларды еңбек құқығының негіздерімен таныстыру 9.4.1.1 еңбек құқығының принциптерін зерделеу
9.4 Еңбек жағдайлары	Еңбек жағдайлары заңмен қалай реттеледі?	9.4.2.1 Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің ережелерін басшылыққа ала отырып, еңбек жағдайларын анықтау; 9.4.2.2 жұмыс беруші мен қызметкердің құқықтары мен

		міндеттерін атау, өмірдегі құқықтық жағдайларға талдау жүргізу;
9.4 Еңбекті қорғау	Еңбек даулары қалай шешіледі? Кәмелетке толмағандардың еңбегі заңмен қалай қорғалады?	9.4.3.1 кәмелетке толмағандардың еңбегіне қатысты құқықтық нормаларды талдау; 9.4.3.2 нормативтік актілерге сүйене отырып, еңбек дауларын шешу жолдарын ұсыну
9.4 Еңбек келісімі	Азаматтық міндеттемелер қандай жауапкершілікті тудырады?	9.4.4.1 еңбек шартының мазмұнын ашу, құқықтық жағдайларды модельдеу;

## 2) 10 – сынып

### Кесте 2

Бөлім	Тақырыбы, мазмұны	Оқыту мақсаттары. Білім алушылар...
1 - тоқсан (9 – сағат)		
10.1 Кіріспе	Мазмұны мен міндеттері. зерттелетін материалдың	10..1.1.1 – "құқық негіздері" тарауларымен таныстыру 10.1.1.1 пәннің осы бөлімдерінің мақсаттары мен міндеттері туралы түсінік беру
10.1 Отбасылық құқық ұғымы	Отбасы туралы түсінік беріңіз? Отбасының мақсаты не?	10.5.1.1-Неке және отбасы туралы түсінік жасау 10.5.1.1 отбасының некеден айырмашылықтарын көрсету
10.1 Некеге тұру және оны тоқтату шарттары	Неке шарттарын атаңыз? Некені тоқтатудың шарттары қандай?	10.5.2.1 некеге тұру және тоқтату шарттарын тізбелеу, өмірлік жағдайларды модельдеу
10.5.3 Отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері	Отбасы мүшелерінің құқықтық мәртебесі қандай?	10.5.3.1 отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін анықтау; 10.5.3.2 қоғамдағы балалардың құқықтарын талдау .құқықтық актілерге сілтеме жасай отырып 10.5.3.3 отбасындағы балалардың құқықтарын талдау.өмірлік жағдайларды модельдеу
2 - тоқсан (8 - сағат)		
10.5.3 Пікірталастарды өткізу: ( ұсынылған тақырыптар бойынша: "неліктен бүгін ата-аналардың бала тәрбиесіне төмен жауапкершілігі байқалады")	Балаларды қорғауды қалай жүзеге асыру керек? Оқушылар мен жастарды тәрбиелеу жүйесіндегі проблемалар қандай?	10.5.3.3 Бала құқықтары Конвенциясының негізінде балаларды қорғау шараларын айқындау 10.5.3.3 отбасындағы балалар мен ата-аналардың проблемаларын көрсету
	Отбасының әлеуметтік рөлі қандай?	10.5.4.1 отбасының қоғам үшін маңыздылығын көрсету, түрлі өмірлік жағдайлар модельденеді

10.5.4. Отбасы мен қоғамның маңыздылығы	Отбасылық қатынастарды мемлекеттік қолдау және қорғау	10.5.4.1 отбасылық қатынастарды қорғау кезінде мемлекеттік қолдау түрлерін көрсету;
10.5.5 қазақ қоғамының отбасылық дәстүрлері	Дәстүрлі қазақ қоғамында отбасы қандай рөл атқарды? Қазақтың ұлы ойшылдары Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов отбасына қалай қарады	10.5.4.2 дәстүрлі қазақ қоғамындағы барлық отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін анықтау; 10.5.4.2 қазақ ойшылдарының отбасының маңызы туралы ойларымен таныстыру.
10.6.1 Әкімшілік құқық ұғымы	Әкімшілік құқық дегеніміз не?	10.6.1.1 әкімшілік құқық туралы түсінік қалыптастыру; 10.6.1.1 әкімшілік-құқықтық нормалардың мақсатын көрсету
3 – тоқсан (10 - сағат)		
10.6.2 Әкімшілік құқық бұзушылық	Әкімшілік құқық бұзушылық дегеніміз не? Әкімшілік құқық бұзушылықтардың түрлері мен көріністерін атаңыз	10.6.1. - әкімшілік құқық бұзушылық белгілерін көрсету; 10.6.1- әкімшілік құқық бұзушылық түрлерін көрсету;
10.6.3 Әкімшілік жауапкершілік ұғымы	Әкімшілік жауапкершілік дегеніміз не?	10.6.3 әкімшілік жауапкершілік түрлерін көрсету; 10.6.3-кәмелетке толмағандардың әкімшілік жауапкершілігімен таныстыру;
10.6.3 Әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу	Әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу неден көрінеді?	10.6.3 әкімшілік-құқықтық нормалардың мәнін бағалау; 10.6.3 баланы қорғау механизмін көрсету;
10.7.1 Қылмыстық құқық ұғымы	Қылмыстық құқық дегеніміз не?	10.7.1.1-қылмыстық құқық туралы түсінік қалыптастыру;
	Қылмыстық құқықты қандай қатынастар реттейді?	10.7.1.1. ҚР Қылмыстық кодексінде бекітілген қылмыстық құқық нормаларымен таныстыру
10.7 Қылмыстық қылмыс ұғымы	Қылмыс дегеніміз не ? Қылмыс пен қылмыстық теріс қылықтың айырмашылығы неде?	10.7.2.1-қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін көрсету: 10.7.2.1 қылмыстың белгілері мен түрлерін ажырату, жағдайларды модельдеу
4 – тоқсан (7 – сағат)		
10.7 Қылмыстық жауапкершілік ұғымы	Қылмыстық жауапкершілік дегеніміз не? Жазаның қандай түрлері бар?	10.7.3.1 құқықтық жағдайларды талдай отырып, қылмыстық жауапкершілік пен жаза түрлерін анықтау; 10.7.3.1 жаза түрлерін атау
10.7 Сыбайластық жемқорлық құқық бұзушылықтар	Сыбайлас жемқорлық дегеніміз не ? Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың субъектісі кім?	10.7.3.2 сыбайлас жемқорлық туралы түсініктің болуы 10.7.3.2 сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық актілерді талдау

10.7 Жазалау және гуманизм мәселелері	Гуманизм принципі дегеніміз не? Қылмыстық құқықта гуманизм принципі қажет пе?	10.7.3.2. гуманизмнің не екенін түсіндіріңіз; 10.7.3.2 қылмыстық құқықтағы гуманизм қағидатының маңыздылығын көрсету;
---------------------------------------	---	--

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 123 бұйрығына  
41-қосымша  
Қазақстан Республикасы білім  
және ғылым Министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына  
678-қосымша

## **Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін "Музыка" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін "Музыка" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты – қазақтың дәстүрлі музыкасы, әлем халықтары шығармашылығы, әлемдік классика және заманауи музыканың үздік үлгілері негізінде тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушылардың эмоциональдық, ақыл-ой, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) өзге өнер түрлері мен оқу пәніне музыка өнерін кіріктіре отырып әлем тұтастығының бейнесі жөнінде түсінігін қалыптастыру;

2) музыка өнерінің жалпы адамзаттық қажеттілікті құбылыс ретінде, оның адам өміріндегі ролі мен маңыздылығы туралы түсінігін қалыптастыру;

3) музыкалық шығармалар мен тапсырмаларды талдау, зерттеу барысында сыни ойлау қабілеттерін дамыту, музыкаға деген білім, білік, дағдысын жетілдіру;

4) ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын қолдану барысында музыкалық-орындаушылық және техникалық білімі мен біліктілігін қалыптастыру, дамыту;

5) музыкалық қабілеттілігін, белсенді шығармашылығын, орындаушылығы мен зерттеушілік дағдысын дамыту;

6) музыкалық қызмет барысында, музыка өнеріне қызығушылықты дамыту мақсатында музыкалық мәдениет негіздерін қалыптастыру;

4. Түзету – дамыту міндеттері:

- 1) музыкалық мәдениеттілікті дамыту;
- 2) музыкалық - шығармашылық әрекет барысында сөздік қорын түзете-дамыта отырып тәжірибелік дағдыларын іске асыру;
- 3) ән айту барысында дұрыс тыныс алу, дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын дамыту;
- 4) музыкалық-шығармашылық қызмет барысында сөздік қорын дамыту;
- 5) музыкалық аспаптарда ойнау, мәнерлі қимылдар жасау барысында ұсақ моторикасын түзете-дамыта отырып қалыптастыру;
- 6) ырғақты музыка тыңдау барысында, музыка екпінімен қимыл-қозғалыстарды уақытылы қолдана білу дағдысын дамыту;
- 7) түрлі логоритмикалық және ырғақтық-артикуляциялық жаттығулар орындау арқылы сөйлеу, тыныс алу, жалпы және ұсақ-қол моторикасы функцияларын қалыптастыру, дамыту;

## **2-тарау Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдер**

5. Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушылар арнайы шартты түрде ұйымдастырылған оқыту формаларын қажет етеді. "Музыка" пәні бойынша білім беру процесін ұйымдастыруда келесі педагогикалық тәсілдер қолданылады: белсенділік тәсілі, сараланған тәсіл, коммуникативті тәсіл, тұлғалық бағдарлы тәсіл, түзете-дамыту, жеке тәсіл және көркемдік-музыкалық тәсіл.

6. Белсенділік тәсілі білім алушылардың белсенді және табысты болуына ықпал етеді, сабақ барысында музыкалық білімді дайын түрінде емес, білім алушылар өзі ізденіп, өзінің музыкалық қабілетін жүзеге асырады, оның нормаларын түсінеді және қабылдайды, білім дағдыларын жән шығармашылық қабілеттерін қалыптастырады. "Музыка" пәнін оқып үйрену білім алушылардың музыкалық қызығушылығы мен сүйіспеншілігін оятып, белсенді, саналы қабылдауын дамытып, көркемдік талғамын дамытудың тиімді әдісі болып табылады.

7. Дифференциалды тәсіл - тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арнайы әр түрлі оқу ортасын құру үшін, шартты үш негізгі принципке негізделген: еркіндік, тәуелсіздік, ынтымақтастық.

8. Коммуникативті тәсілі музыка сабақтарында нақты қарым-қатынас жағдайларын қолдануды, белсенді шығармашылық қызметті ұйымдастыруды, жұмыстың ұжымдық түрлерін пайдалануды және балаларды тиімді қарым-қатынас процесіне тартатын шығармашылық іс-әрекеттерді қарастырады.

9. Тұлғалық-бағдарлы тәсіл - оқыту барысында, білім алушылардың келесі ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылады: шығармашылық қабілеттерін іске

асыру, өнерге деген көзқарасын білдіруге дайын болу, құндылық-ойлау қабілеттерін қалыптастыру, өзін-өзі бағалауы, өмірлік оптимизм және психикалық, физикалық дамудың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, шығармашылық қабілеттерін толық ашу.

10. Мұғалім "музыка" пәнін оқыту барысында түзете – дамыта білім берудің түрлі әдістерін қолдана отырып, білім алушылардың бойында түрлі қасиеттерді бағытты жүзеге асыруды ұстанады:

1) сөйлеу қабілеті бұзылған балалардың дыбыс ырғағын қалыптастыруға, дұрыс тыныс алуға, ән айту барысында дыбыстарды дұрыс айтуға арналған ритмикалық-артикуляциялық жаттығуларды орындау;

2) әннің сөздерін жаттау барысында қимылдарды қайталау арқылы есте сақтау және қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру;

3) дұрыс тыныс алуды қалыптастыру, музыканың ырғағын, екпінін сезіну және қолдың ұсақ моторикасын қалыптастыру мақсатында музыкалық аспаптарды қолдана отырып музыкалық ойындар ұйымдастыру;

4) балалардың өзін-өзі тәрбиелеуге деген ынтасын қалыптастыру;

5) музыкалық есту қабілетін дамыту, музыкалық дыбыстың биіктігін, ұзақтығын тембр бойынша ажыратуға үйрету;

6) музыкалық және пластикалық жаттығулар, ырғақты қимылдар (қимылмен ән айтуға қосылу), музыкалық ойындар арқылы қимыл-қозғалыс аппаратын қалпына келтіру;

7) Музыкалық жаттығулар арқылы есту қабілеттерін дамыту;

8) музыка терапия әдістерін қолдана отырып, психологиялық жағдайларын қалыпқа келтіру.

11. Жеке тәсіл қағидасы тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушылар арасында психологиялық сөйлеу қабілетінің даму ерекшеліктерінің болуымен байланысты, оқу материалын игеру кезінде алынған білімнің сапасына әсер етеді: мұғалім әр оқушының мүмкіндіктеріне сәйкес келетін оқу материалын қолданады. Жеке оқыту өзіндік танымдық іс-әрекеттің, қажеттіліктер мен өзін-өзі тәрбиелеуге дайындық тәжірибесінің қалыптасуына ықпал етеді.

12. Көркемдік-музыкалық тәсіл музыкалық сауаттылық негіздері мен түрлі музыкалық білім беру процесінде: орындаушылық, композиторлық, коммуникативті және сөйлеу барысында қолдануда нәтижеге жетуге бағытталған оқу-танымдық қызметті қамтамасыз етеді.

13. Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушылармен жұмыс жасау барысында олардың музыкалық-шығармашылық іс-әрекеттермен айналысуына көп көңіл бөлу қажет: музыка тыңдау, ән айту, аспапта ойнау, музыкалық шығармаларды сахналау, ойдан әуен ойлап табу, музыканың сүйемелдеуімен музыкалық-пластикалық



қозғалыстар жасау. Мұндай музыкалық және шығармашылық жұмыстар балалардың психомоторлық функцияларын дамытуға, түзетуге және қалыпқа келтіруге ықпал етеді. Осы әдістерді меңгеру білім жүйесінің принципін жүзеге асыруға ықпал етеді.

14. тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушылар арнайы шартты түрде ұйымдастырылған оқыту формаларын қажет етеді. Білім алушылардың негізгі қимыл-қозғалысында кездесетін бұзылыстар: саусақтарының дифференциялық қимыл-қозғалысы тежелуі, сенсорлы тежегіштер: көру, есту қабілеттерінің бұзылуы, Кейбір балаларда фонематикалық есту қабілетінің төмендігі байқалады: олар дыбысты, дыбыс қатарын ажырата алмайды. Барлық балаларда тіл мүкестігі болады. Табиғи физиологиялық қызметтерді атқара алмайды: жұтыну, ауаны жұту, ауаны кері шығару, сөйлеу темпі төмен, дауысы жай болады.

15. "Музыка" пәнін оқытуда мұғалім мамандардың көмегі мен қолдауын пайдаланады: психолог, ритмика маманы және логопед. Музыка пәні мұғалімінің логопедпен өзара байланысы білім алушылардың бағдарламаны тиімді меңгерудің басты шарты болып табылады.

16. Музыка сабақтарында арнайы білім алушыларға қолданылатын негізгі әдіс - бұл логопедиялық ырғақ, ол сөздің, музыканың және қимылдың келесі формаларында тығыз байланысын жүзеге асырады:

- 1) музыкалық ырғақты қозғалыстар;
- 2) ән айту;
- 3) музыкалық аспаптарда ойнау;
- 4) музыкалық ойын әрекеттері;
- 5) аспапта ойнау, ән салу, түрлі қимылдар жасау арқылы музыкалық жаттығулар орындау;
- 6) сөйлеу, тыныс алу, жалпы және ұсақ-қол моторикасы функцияларын қалыптастыру мақсатында түрлі логоритмикалық және ырғақтық-артикуляциялық жаттығулар орындау;

17. білім алушыларға музыканы оқытудың дәстүрлі емес (балама) әдістері мен тәсілдеріне мыналар жатады:

- 1) симфониялық оркестрдің орындауындағы классикалық шығармаларды тыңдау;
- 2) акустикалық діріл мен жүйке орталықтарының өзара байланысына негізделген диафрагмалық тыныс алу кезінде дауысты дыбыстарды және төменгі нота дыбыстарын орындау (ұзақтығы – толық дем шығарғанға дейін).
- 3) тыныс алу функциясын жақсартуға, шаршағыштықты жеңілдетуге мүмкіндік беретін музыкалық дыбыстық ойындар;
- 4) ритмикалық-қозғалыс жаттығулары;

18. "Музыка" пәнін оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану:

1) тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларды алдымен АКТ қолдануда қауіпсіздік ережелерімен таныстырып меңгерту;

2) тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушылардың тілдік мүмкіндігі мен сөздік қорын түзете дамытуға және буынға бөліп әндетуіне арналған логоритмика элементтерін пайдалану;

3) АКТ қолдана отырып оқушылардың тыныс алу жолдарына және артикуляция аппаратына пайдалы музыкалық элементтер мен жаттығуларды тиімді пайдалану;

4) электронды оқулықтарды пайдалану;

### **3-тарау. "Музыка" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

19. "Музыка" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;

2) 6-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 құрайды.

20. Бағдарлама мазмұны келесі бөлімдерден тұрады:

1) музыка тыңдау, орындау және талдау,

2) музыкалық-шығармашылық жұмыстар жасау,

3) музыкалық-шығармашылық жұмысты таныстыру және бағалау.

4) музыкатерапия элементтері

5) логоритмика элементтері

21. "Музыка тыңдау, орындау және талдау" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) музыка тыңдау және талдау;

2) музыкалық сауаттылық;

3) музыкалық-орындаушылық іс-әрекет.

22. "Музыкалық-шығармашылық жұмыстар жасау" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) идеялар және материалдарды жинақтау;

2) музыка шығару және импровизация.

23. "Музыкалық-шығармашылық жұмысты таныстыру және бағалау" бөлімі келесі бөлімшені қамтиды:

1) музыкалық-шығармашылық жұмысты таныстыру және бағалау.

24. "Музыкатерапия элементтері" бөлімі келесі бөлімшені қамтиды:

1) эмоцияны тұрақтандыруға арналған музыкалық терапияның элементтері.

25. "Логоритмика элементтері" бөлімі келесі бөлімшені қамтиды:

1) ән айту қабілеттерін дамытуға арналған логоритмика элементтері

26. 5-сыныпқа арналған "Музыка" пәнінің базалық мазмұны: қазақ халқының музыкалық мұрасы: Қазақ халық әнінің әуенділігі. Айтыс өнері. Күй құдіреті. Жобаны жоспарлау және құрастыру. Жобаның нәтижесін таныстыру. Қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-салт әндері және заманауи музыка: Қазақ халқының тұрмыс-салт әндері. Жаңғырған салт-дәстүр әндері. Халық музыкасының интерпретациясы. Халық

музыкасын өңдеу (интерпретация). Жобаны жоспарлау және құрастыру. Жобаның нәтижесін таныстыру. Әлем халықтарының музыкалық дәстүрі: Түркі халықтарының музыкалық дәстүрі. Шығыс халықтарының музыкалық дәстүрі. Еуропа халықтарының музыкалық дәстүрі. Жобаны жоспарлау және құрастыру. Жобаның нәтижесін таныстыру. Музыка тілі – достық тілі: Қазақстан халықтарының музыкасы. Бір шаңырақ астында. Менің – Отаным! Жобаны жоспарлау және құрастыру. Жобаның нәтижесін таныстыру.

27. 6-сыныпқа арналған "Музыка" пәнінің базалық мазмұны: классикалық музыканың үздік туындылары: Орган музыкасы. Симфониялық музыка. Опера өнері. Балет өнері. Қазақстанның кәсіби музыкасы. Жобаны жоспарлау және құрастыру. Жобаның нәтижесін таныстыру. Заманауи музыкалық мәдениет: Эстрадалық музыка. Заманауи музыкалық жанрлар. Джаз музыкасы. Жобаны жоспарлау және құрастыру. Жобаның нәтижесін таныстыру. Музыка және өнер түрлері: Музыка және поэзия. Музыка және бейнелеу өнері. Музыка және театр. Музыка және кино. Жобаны жоспарлау және құрастыру. Жобаның нәтижесін таныстыру. Музыка – өмір тынысы: Интеллектуалды музыка. Жан жадыратар әуен. Музыка және технология. Дыбыстау және музыкамен көркемдеу. Жобаны жоспарлау және құрастыру. Жобаның нәтижесін таныстыру.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

28. Оқу мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген. Бағдарламада "оқу мақсаттары" төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім және бөлімше ретін, төртінші сан бөлімшедегі оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 5.2.1.4. кодында "5" - сынып, "2.1" - екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, "4" - оқу мақсатының реттік саны.

29. Күтілетін нәтижелер бойынша оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) "Музыка тыңдау, орындау және талдау" бөлімі:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5 сынып	6 сынып
1.1 Музыка тыңдау және талдау	5.1.1.1 музыкалық жанрын, стилін, түрін және көркемдеуші құралдарды анықтау, тыңдалған шығарманы талдау	6.1.1.1 тыңдаған музыкалық шығарманы талдау және өнердің түрлері, стилі және жанрларын, сонымен қатар, өнердің өзге түрлері мен байланысын анықтау
	5.1.1.2 әлем халықтары музыкалық аспаптарын жасалуы мен дыбысталуына қарай топтастыру, түрлі контекстерде салыстыру	6.1.1.2 оркестрлер түрлеріндегі музыкалық аспаптардың дыбысталуын ажытару, оларды топтар бойынша жіктеу
	5.1.2.1 дәстүрлі халық әндері мен аспаптық музыканың жанры мен	

1.2 Музыкалық сауаттылық	стилін, айтыстың түрлерін анықтау	6.1.2.1 классикалық музыка жанрлары мен түрлерін анықтау
	5.1.2.2 дәстүрлі әншілік мектептердің және халық композиторларының шығармаларын салыстыру	6.1.2.2 эстрада музыкасының жанрлары мен бағытын анықтау
	5.1.2.3 қазақ халқының және әлем халықтары музыкалық дәстүрлерінің ерекшеліктерін анықтау	6.1.2.3 көркем бейнені құруда музыка және өнердің басқа түрлерінің көркемдеуші құралдарын салыстыру
	5.1.2.4 ауызша және жазбаша жұмыстар орындау барысында музыкалық терминологияны пайдалану	6.1.2.4 ауызша және жазбаша жұмыстар орындау барысында музыкалық терминологияны пайдалану
1.3 Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет	5.1.3.1 әнді орындау барысында музыканың көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізу	6.1.3.1 әуеннің көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізе отырып, екі дауыспен, немесе канон элементтерін қолдана отырып, әртүрлі стильдегі және жанрдағы әндерді орындау
	5.1.3.2 қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-салт әндерінің орындау тәсілдерін заманауи интерпретациясымен салыстыру	6.1.3.2 әртүрлі стильдегі және жанрдағы әндердің орындау түрлерін салыстыру
	5.1.3.3 музыкалық шығармалардың қарапайым үзінділерін музыкалық аспаптарда бірлесіп орындау	6.1.3.3 музыкалық шығармалардың қарапайым үзінділерінің сипатын жеткізу, партия бойынша және (немесе) ансамбльмен аспаптарда орындау

## 2) "Музыкалық- шығармашылық жұмыстарды жасау" бөлімі:

### 2-кесте

Бөлімшелер	5 сынып	6 сынып
2.1 Идеялар және материалдарды жинақтау	5.2.1.1 музыкалық шығармашық жұмыстарды жасау үшін идеялар ұсыну, жоспарлау және материал жинақтау	6.2.1.1 музыкалық-шығармашылық жұмыс жасау үшін идеялар ұсыну, жоспарлау және музыкалық материалға интерпретация жасау
2.2 Музыка шығару және импровизация	5.2.2.1 музыкалық көркем құралдарын, музыкалық аспаптар мен дауысты қолдана отырып, қарапайым композициялар шығару және импровизация жасау	6.2.2.1 музыкалық көркем құралдарын, музыкалық аспаптар мен дауысты қолдана отырып, музыкалық композициялар шығару және импровизация жасау

## 3) "Музыкалық шығармашылық жұмыстарды таныстыру және бағалау":

### 3-кесте

Бөлімшелер	5 сынып	6 сынып
3.1	5.3.1.1 өз жұмысын шығармашылықпен көрсету,	6.3.1.1 шығармашылық көрсетілімнің бағдарламасын құрастыру, оларды критерияларға сәйкес бағалау, өзінің және

Шығармашылық жұмыстарды таныстыру және бағалау	критерияларға сәйкес бағалау және өзінің жұмысын жақсарту үшін ұсыныстар енгізу	өзгелердің жұмысын жақсарту үшін түрлі ұсыныстар енгізу
--	---	---

#### 4) "Музыкатерапия элементтері":

4 кесте

Бөлімшелер	5 сынып	6 сынып
4.1 Эмоцияны тұрақтандыруға арналған музыкалық терапияның элементтері.	5.4.1.1 музыкалық шығарманы орындау кезінде суреттегі бейнеленген мимикаға сәйкес қуаныш, қайғы және таңданыс сезімдерін анықтау	6.4.1.1 музыкалық шығарманы орындау кезінде реттілікпен қуаныш, қайғы, таң қалу, қорқыныш сияқты мимикаларды көрсету

#### 5) "Логоритмика элементтері":

5 кесте

Бөлімшелер	5 сынып	6 сынып
5.1 Ән айту қабілеттерін дамытуға арналған логоритмика элементтері	5.5.1.1 сөйлеу, тыныс алу, жалпы және ұсақ моториканың қызметін жетілдіру мақсатында логоритмикалық, музыкалық және ритмикалық-артикуляциялық жаттығулар орындау	6.5.1.1 сөйлеу, тыныс алу, жалпы және ұсақ моториканың қызметін жетілдіру мақсатында логоритмикалық, музыкалық және ритмикалық-артикуляциялық жаттығулар орындау

30. Бағдарлама психикалық дамуы тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін "Музыка" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

31. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін "Музыка" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымша

**Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін "Музыка" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

5-сынып:

1-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
		5.1.1.1 музыкалық жанрын, стилін, түрін және көркемдеуші

1. Қазақ халқының музыкалық мұрасы

1.1 Музыка тыңдау және талдау	құралдарды анықтау, тыңдалған шығарманы талдау 5.1.1.2 әлем халықтары музыкалық аспаптарын жасалуы мен дыбысталуына қарай топтастыру, түрлі контекстерде салыстыру
1.2 Музыкалық сауаттылық	5.1.2.1 дәстүрлі халық әндері мен аспаптық музыканың жанры мен стилін, айтыстың түрлерін анықтау 5.1.2.2 дәстүрлі әншілік мектептердің және халық композиторларының шығармаларын салыстыру 5.1.2.3 қазақ халқының және әлем халықтары музыкалық дәстүрлерінің ерекшеліктерін анықтау 5.1.2.4 ауызша және жазбаша жұмыстар орындау барысында музыкалық терминологияны пайдалану
1.3 Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет	5.1.3.1 әнді орындау барысында музыканың көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізу 5.1.3.2 қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-салт әндерінің орындау тәсілдерін заманауи интерпретациясымен салыстыру 5.1.3.3 музыкалық шығармалардың қарапайым үзінділерін музыкалық аспаптарда бірлесіп орындау
2.1 Идеялар және материалдарды жинақтау	5.2.1.1 музыкалық шығармашық жұмыстарды жасау үшін идеялар ұсыну, жоспарлау және материал жинақтау
2.2 Музыка шығару және импровизация	5.2.2.1 музыкалық көркем құралдарын, музыкалық аспаптар мен дауысты қолдана отырып, қарапайым композициялар шығару және импровизация жасау
3.1 Шығармашылық жұмыстарды таныстыру және бағалау	5.3.1.1 өз жұмысын шығармашылықпен көрсету, критерияларға сәйкес бағалау және өзінің жұмысын жақсарту үшін ұсыныстар енгізу
	5.4.1.1 музыкалық шығарманы орындау кезінде суреттегі

	4.1 Эмоцияны тұрақтандыруға арналған музыкалық терапияның элементтері	бейнеленген мимикаға сәйкес қуаныш, қайғы және таңданыс сезімдерін анықтау
	5.1 Ән айту қабілеттерін дамытуға арналған логоритмика элементтері	5.5.1.1 сөйлеу, тыныс алу, жалпы және ұсақ моториканың қызметін жетілдіру мақсатында логоритмикалық, музыкалық және ритмикалық-артикуляциялық жаттығулар орындау
2-тоқсан		
2. Қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-салт әндері және заманауи музыкасы	1.1 Музыка тындау және талдау	5.1.1.1 музыкалық жанрын, стилін, түрін және көркемдеуші құралдарды анықтау, тыңдалған шығарманы талдау 5.1.1.2 әлем халықтары музыкалық аспаптарын жасалуы мен дыбысталуына қарай топтастыру, түрлі контекстерде салыстыру
	1.2 Музыкалық сауаттылық	5.1.2.1 дәстүрлі халық әндері мен аспаптық музыканың жанры мен стилін, айтыстың түрлерін анықтау 5.1.2.2 дәстүрлі әншілік мектептердің және халық композиторларының шығармаларын салыстыру 5.1.2.3 қазақ халқының және әлем халықтары музыкалық дәстүрлерінің ерекшеліктерін анықтау 5.1.2.4 ауызша және жазбаша жұмыстар орындау барысында музыкалық терминологияны пайдалану
	1.3 Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет	5.1.3.1 әнді орындау барысында музыканың көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізу 5.1.3.2 қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-салт әндерінің орындау тәсілдерін заманауи интерпретациясымен салыстыру 5.1.3.3 музыкалық шығармалардың қарапайым үзінділерін музыкалық аспаптарда бірлесіп орындау
	2.1 Идеялар және материалдарды жинақтау	5.2.1.1 музыкалық шығармашық жұмыстарды жасау үшін идеялар ұсыну, жоспарлау және материал жинақтау
		5.2.2.1 музыкалық көркем құралдарын, музыкалық аспаптар

	2.2 Музыка шығару және импровизация	мен дауысты қолдана отырып, қарапайым композициялар шығару және импровизация жасау
	3.1 Шығармашылық жұмыстарды таныстыру және бағалау	5.3.1.1 өз жұмысын шығармашылықпен көрсету, критерияларға сәйкес бағалау және өзінің жұмысын жақсарту үшін ұсыныстар енгізу
	4.1 Эмоцияны тұрақтандыруға арналған музыкалық терапияның элементтері	5.4.1.1 музыкалық шығарманы орындау кезінде суреттегі бейнеленген мимикаға сәйкес қуаныш, қайғы және таңданыс сезімдерін анықтау
	5.1 Өн айту қабілеттерін дамытуға арналған логоритмика элементтері	5.5.1.1 сөйлеу, тыныс алу, жалпы және ұсақ моториканың қызметін жетілдіру мақсатында логоритмикалық, музыкалық және ритмикалық-артикуляциялық жаттығулар орындау
3-тоқсан		
	1.1 Музыка тыңдау және талдау	5.1.1.1 музыкалық жанрын, стилін, түрін және көркемдеуші құралдарды анықтау, тыңдалған шығарманы талдау 5.1.1.2 әлем халықтары музыкалық аспаптарын жасалуы мен дыбысталуына қарай топтастыру, түрлі контекстерде салыстыру
	1.2 Музыкалық сауаттылық	5.1.2.1 дәстүрлі халық әндері мен аспаптық музыканың жанры мен стилін, айтыстың түрлерін анықтау 5.1.2.2 дәстүрлі әншілік мектептердің және халық композиторларының шығармаларын салыстыру 5.1.2.3 қазақ халқының және әлем халықтары музыкалық дәстүрлерінің ерекшеліктерін анықтау 5.1.2.4 ауызша және жазбаша жұмыстар орындау барысында музыкалық терминологияны пайдалану
	1.3 Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет	5.1.3.1 әнді орындау барысында музыканың көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізу 5.1.3.2 қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-салт әндерінің орындау тәсілдерін заманауи интерпретациясымен салыстыру



3.Әлем халықтарының музыкалық дәстүрі		5.1.3.3 музыкалық шығармалардың қарапайым үзінділерін музыкалық аспаптарда бірлесіп орындау
	2.1 Идеялар және материалдарды жинақтау	5.2.1.1 музыкалық шығармашық жұмыстарды жасау үшін идеялар ұсыну, жоспарлау және материал жинақтау
	2.2 Музыка шығару және импровизация	5.2.2.1 музыкалық көркем құралдарын, музыкалық аспаптар мен дауысты қолдана отырып, қарапайым композициялар шығару және импровизация жасау
	3.1 Шығармашылық жұмыстарды таныстыру және бағалау	6.3.1.1 шығармашылық көрсетілімнің бағдарламасын құрастыру, оларды критерияларға сәйкес бағалау, өзінің және өзгелердің жұмысын жақсарту үшін түрлі ұсыныстар енгізу
	4.1 Эмоцияны тұрақтандыруға арналған музыкалық терапияның элементтері	5.4.1.1 музыкалық шығарманы орындау кезінде суреттегі бейнеленген мимикаға сәйкес қуаныш, қайғы және таңданыс сезімдерін анықтау
	5.1 Ән айту қабілеттерін дамытуға арналған логоритмика элементтері	5.5.1.1 сөйлеу, тыныс алу, жалпы және ұсақ моториканың қызметін жетілдіру мақсатында логоритмикалық, музыкалық және ритмикалық-артикуляциялық жаттығулар орындау

4-тоқсан

	1.1 Музыка тыңдау және талдау	5.1.1.1 музыкалық жанрын, стилін, түрін және көркемдеуші құралдарды анықтау, тыңдалған шығарманы талдау 5.1.1.2 әлем халықтары музыкалық аспаптарын жасалуы мен дыбысталуына қарай топтастыру, түрлі контекстерде салыстыру
	1.2 Музыкалық сауаттылық	5.1.2.1 дәстүрлі халық әндері мен аспаптық музыканың жанры мен стилін, айтыстың түрлерін анықтау 5.1.2.2 дәстүрлі әншілік мектептердің және халық композиторларының шығармаларын салыстыру 5.1.2.3 қазақ халқының және әлем халықтары музыкалық дәстүрлерінің ерекшеліктерін анықтау

3. Музыка тілі – достық тілі		5.1.2.4 ауызша және жазбаша жұмыстар орындау барысында музыкалық терминологияны пайдалану
	1.3 Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет	5.1.3.1 әнді орындау барысында музыканың көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізу 5.1.3.2 қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-салт әндерінің орындау тәсілдерін заманауи интерпретациясымен салыстыру 5.1.3.3 музыкалық шығармалардың қарапайым үзінділерін музыкалық аспаптарда бірлесіп орындау
	2.1 Идеялар және материалдарды жинақтау	5.2.1.1 музыкалық шығармашық жұмыстарды жасау үшін идеялар ұсыну, жоспарлау және материал жинақтау
	2.2 Музыка шығару және импровизация	5.2.2.1 музыкалық көркем құралдарын, музыкалық аспаптар мен дауысты қолдана отырып, қарапайым композициялар шығару және импровизация жасау
	3.1 Шығармашылық жұмыстарды таныстыру және бағалау	5.3.1.1 өз жұмысын шығармашылықпен көрсету, критерияларға сәйкес бағалау және өзінің жұмысын жақсарту үшін ұсыныстар енгізу
	4.1 Эмоцияны тұрақтандыруға арналған музыкалық терапияның элементтері	5.4.1.1 музыкалық шығарманы орындау кезінде суреттегі бейнеленген мимикаға сәйкес қуаныш, қайғы және таңданыс сезімдерін анықтау
	5.1 Ән айту қабілеттерін дамытуға арналған логоритмика элементтері	5.5.1.1 сөйлеу, тыныс алу, жалпы және ұсақ моториканың қызметін жетілдіру мақсатында логоритмикалық, музыкалық және ритмикалық-артикуляциялық жаттығулар орындау

6-сынып:

2-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
	1.1 Музыка тыңдау және талдау	6.1.1.1 тыңдаған музыкалық шығарманы талдау және өнердің түрлері, стилі және жанрларын, сонымен қатар, өнердің өзге түрлері мен байланысын анықтау

1.Классикалық музыканың үздік туындылары

	6.1.1.2 оркестрлер түрлеріндегі музыкалық аспаптардың дыбысталуын ажытару, оларды топтар бойынша жіктеу
1.2 Музыкалық сауаттылық	6.1.2.1 классикалық музыка жанрлары мен түрлерін анықтау 6.1.2.2 эстрада музыкасының жанрлары мен бағытын анықтау 6.1.2.3 көркем бейнені құруда музыка және өнердің басқа түрлерінің көркемдеуші құралдарын салыстыру 6.1.2.4 ауызша және жазбаша жұмыстар орындау барысында музыкалық терминологияны пайдалану
1.3 Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет	6.1.3.1 әуеннің көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізе отырып, екі дауыспен,немесе канон элементтерін қолдана отырып, әртүрлі стильдегі және жанрдағы әндерді орындау 6.1.3.2 әртүрлі стильдегі және жанрдағы әндердің орындау түрлерін салыстыру 6.1.3.1 әуеннің көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізе отырып, екі дауыспен,немесе канон элементтерін қолдана отырып, әртүрлі стильдегі және жанрдағы әндерді орындау
2.1 Идеялар және материалдарды жинақтау	6 . 2 . 1 . 1 музыкалық-шығармашылық жұмыс жасау үшін идеялар ұсыну, жоспарлау және музыкалық материалға интерпретация жасау
2.2 Музыка шығару және импровизация	6.2.2.1 музыкалық көркем құралдарын, музыкалық аспаптар мен дауысты қолдана отырып, музыкалық композициялар шығару және импровизация жасау
3.1 Шығармашылық жұмыстарды таныстыру және бағалау	5.3.1.1 өз жұмысын шығармашылықпен көрсету, критерияларға сәйкес бағалау және өзінің жұмысын жақсарту үшін ұсыныстар енгізу
4.1Эмоцияны тұрақтандыруға арналған музыкалық терапияның элементтері	6.4.1.1 музыкалық шығарманы орындау кезінде реттілікпен қуаныш, қайғы, таң қалу, қорқыныш сияқты мимикаларды көрсету

	5.1 Өн айту қабілеттерін дамытуға арналған логоритмика элементтері	6.5.1.1 сөйлеу, тыныс алу, жалпы және ұсақ моториканың қызметін жетілдіру мақсатында логоритмикалық, музыкалық және ритмикалық-артикуляциялық жаттығулар орындау
2-тоқсан		
2. Заманауи музыка мәдениеті	1.1 Музыка тыңдау және талдау	6.1.1.1 тыңдаған музыкалық шығарманы талдау және өнердің түрлері, стилі және жанрларын, сонымен қатар, өнердің өзге түрлері мен байланысын анықтау 6.1.1.2 оркестрлер түрлеріндегі музыкалық аспаптардың дыбысталуын ажытару, оларды топтар бойынша жіктеу
	1.2 Музыкалық сауаттылық	6.1.2.1 классикалық музыка жанрлары мен түрлерін анықтау 6.1.2.2 эстрада музыкасының жанрлары мен бағытын анықтау 6.1.2.3 көркем бейнені құруда музыка және өнердің басқа түрлерінің көркемдеуші құралдарын салыстыру 6.1.2.4 ауызша және жазбаша жұмыстар орындау барысында музыкалық терминологияны пайдалану
	1.3 Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет	6.1.3.1 әуеннің көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізе отырып, екі дауыспен, немесе канон элементтерін қолдана отырып, әртүрлі стильдегі және жанрдағы әндерді орындау 6.1.3.2 әртүрлі стильдегі және жанрдағы әндердің орындау түрлерін салыстыру 6.1.3.1 әуеннің көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізе отырып, екі дауыспен, немесе канон элементтерін қолдана отырып, әртүрлі стильдегі және жанрдағы әндерді орындау
	2.1 Идеялар және материалдарды жинақтау	6.2.1.1 музыкалық-шығармашылық жұмыс жасау үшін идеялар ұсыну, жоспарлау және музыкалық материалға интерпретация жасау
	2.2 Музыка шығару және импровизация	6.2.2.1 музыкалық көркем құралдарын, музыкалық аспаптар мен дауысты қолдана отырып,

		музыкалық композициялар шығару және импровизация жасау
	3.1 Шығармашылық жұмыстарды таныстыру және бағалау	5.3.1.1 өз жұмысын шығармашылықпен көрсету, критерияларға сәйкес бағалау және өзінің жұмысын жақсарту үшін ұсыныстар енгізу
	4.1 Эмоцияны тұрақтандыруға арналған музыкалық терапияның элементтері	6.4.1.1 музыкалық шығарманы орындау кезінде реттілікпен қуаныш, қайғы, таң қалу, қорқыныш сияқты мимикаларды көрсету
	5.1 Ән айту қабілеттерін дамытуға арналған логоритмика элементтері	6.5.1.1 сөйлеу, тыныс алу, жалпы және ұсақ моториканың қызметін жетілдіру мақсатында логоритмикалық, музыкалық және ритмикалық-артикуляциялық жаттығулар орындау
3-тоқсан		
3. Музыка және өнер түрлері	1.1 Музыка тыңдау және талдау	6.1.1.1 тыңдаған музыкалық шығарманы талдау және өнердің түрлері, стилі және жанрларын, сонымен қатар, өнердің өзге түрлері мен байланысын анықтау 6.1.1.2 оркестрлер түрлеріндегі музыкалық аспаптардың дыбысталуын ажытару, оларды топтар бойынша жіктеу
	1.2 Музыкалық сауаттылық	6.1.2.1 классикалық музыка жанрлары мен түрлерін анықтау 6.1.2.2 эстрада музыкасының жанрлары мен бағытын анықтау 6.1.2.3 көркем бейнені құруда музыка және өнердің басқа түрлерінің көркемдеуші құралдарын салыстыру 6.1.2.4 ауызша және жазбаша жұмыстар орындау барысында музыкалық терминологияны пайдалану
	1.3 Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет	6.1.3.1 әуеннің көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізе отырып, екі дауыспен, немесе канон элементтерін қолдана отырып, әртүрлі стильдегі және жанрдағы әндерді орындау 6.1.3.2 әртүрлі стильдегі және жанрдағы әндердің орындау түрлерін салыстыру 6.1.3.1 әуеннің көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізе отырып, екі дауыспен, немесе канон

		элементтерін қолдана отырып, әртүрлі стильдегі және жанрдағы әндерді орындау
	2.1 Идеялар және материалдарды жинақтау	6.2.1.1 музыкалық-шығармашылық жұмыс жасау үшін идеялар ұсыну, жоспарлау және музыкалық материалға интерпретация жасау
	2.2 Музыка шығару және импровизация	6.2.2.1 музыкалық көркем құралдарын, музыкалық аспаптар мен дауысты қолдана отырып, музыкалық композициялар шығару және импровизация жасау
	3.1 Шығармашылық жұмыстарды таныстыру және бағалау	5.3.1.1 өз жұмысын шығармашылықпен көрсету, критерияларға сәйкес бағалау және өзінің жұмысын жақсарту үшін ұсыныстар енгізу
	4.1 Эмоцияны тұрақтандыруға арналған музыкалық терапияның элементтері	6.4.1.1 музыкалық шығарманы орындау кезінде реттілікпен қуаныш, қайғы, таң қалу, қорқыныш сияқты мимикаларды көрсету
	5.1 Ән айту қабілеттерін дамытуға арналған логоритмика элементтері	6.5.1.1 сөйлеу, тыныс алу, жалпы және ұсақ моториканың қызметін жетілдіру мақсатында логоритмикалық, музыкалық және ритмикалық-артикуляциялық жаттығулар орындау
4- тоқсан		
	1.1 Музыка тыңдау және талдау	6.1.1.1 тыңдаған музыкалық шығарманы талдау және өнердің түрлері, стилі және жанрларын, сонымен қатар, өнердің өзге түрлері мен байланысын анықтау 6.1.1.2 оркестрлер түрлеріндегі музыкалық аспаптардың дыбысталуын ажытару, оларды топтар бойынша жіктеу
	1.2 Музыкалық сауаттылық	6.1.2.1 классикалық музыка жанрлары мен түрлерін анықтау 6.1.2.2 эстрада музыкасының жанрлары мен бағытын анықтау 6.1.2.3 көркем бейнені құруда музыка және өнердің басқа түрлерінің көркемдеуші құралдарын салыстыру 6.1.2.4 ауызша және жазбаша жұмыстар орындау барысында музыкалық терминологияны пайдалану

3. Музыка - өмір тынысы	1.3 Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет	6.1.3.1 әуеннің көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізе отырып, екі дауыспен, немесе канон элементтерін қолдана отырып, әртүрлі стильдегі және жанрдағы әндерді орындау 6.1.3.2 әртүрлі стильдегі және жанрдағы әндердің орындау түрлерін салыстыру 6.1.3.1 әуеннің көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізе отырып, екі дауыспен, немесе канон элементтерін қолдана отырып, әртүрлі стильдегі және жанрдағы әндерді орындау
	2.1 Идеялар және материалдарды жинақтау	6.2.1.1 музыкалық-шығармашылық жұмыс жасау үшін идеялар ұсыну, жоспарлау және музыкалық материалға интерпретация жасау
	2.2 Музыка шығару және импровизация	6.2.2.1 музыкалық көркем құралдарын, музыкалық аспаптар мен дауысты қолдана отырып, музыкалық композициялар шығару және импровизация жасау
	3.1 Шығармашылық жұмыстарды таныстыру және бағалау	5.3.1.1 өз жұмысын шығармашылықпен көрсету, критерияларға сәйкес бағалау және өзінің жұмысын жақсарту үшін ұсыныстар енгізу
	4.1 Эмоцияны тұрақтандыруға арналған музыкалық терапияның элементтері.	6.4.1.1 музыкалық шығарманы орындау кезінде реттілікпен қуаныш, қайғы, таң қалу, қорқыныш сияқты мимикаларды көрсету
	5.1 Өн айту қабілеттерін дамытуға арналған логоритмика элементтері	6.5.1.1 сөйлеу, тыныс алу, жалпы және ұсақ моториканың қызметін жетілдіру мақсатында логоритмикалық, музыкалық және ритмикалық-артикуляциялық жаттығулар орындау

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 123 бұйрығына  
42-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 679-қосымша

## Тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін "Көркем еңбек" пәнінен жаңартылған мазмұнды үлгілік оқу бағдарламасы

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін "Көркем еңбек" пәнінен жаңартылған мазмұнды үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарламаның мақсаты - тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушылардың көркемдік-технологиялық білімінің, кеңістікте ойлауының, шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерінің негіздерін қалыптастыру.

3. Бағдарламаның міндеттері:

1) жалпы еңбек және көркемдік біліктер мен дағдыларды қалыптастыру және дамыту;

2) ұлттық және әлемдік мәдениетті тануда құндылық бағдарлары мен эстетикалық қабылдауды қалыптастыру және дамыту;

3) шығармашылық және креативті қабілеттерді қалыптастыру және дамыту;

4) сенсорлық және мотор функцияларын дамыту;

5) оқу қызметінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану тәжірибесін меңгеру (зерттеу, идеяларды шығармашылық іске асыру, жұмыстарды таныстыру);

6) әртүрлі ресурстар мен ақпарат көздерін зерттеу және қолдану;

7) адамгершілік-рухани құндылықтарды қалыптастыру, эстетикалық, еңбек, экономикалық, экологиялық, патриоттық тәрбие беру.

8) жеке, жұптық және топтық қызметтегі оқу міндеттеріне қол жеткізу үшін бірлескен жұмысты ұйымдастыру тәжірибесін меңгеру.

4. Түзету-дамыту міндеттері:

1) білім алушылардың танымдық қызметін дамыту және оның бұзылуын түзету;

2) ойлау процестерін дамыту: талдау, синтездеу, салыстыру, қорыту;

3) балаларды оқыту және тәрбиелеу бағдарламасында көзделген білім, білік, дағды (құзыреттілік) жүйесін дамыту және кеңейту;

4) жоғары психикалық функциялардың бұзылуын түзету (қабылдау, қиял, есте сақтау, ойлау және сөйлеу);

5) қозғалыс саласындағы кемшіліктерді, жалпы және ұсақ моториканы дамыту және түзету, мотор дағдыларын, қол шеберлігін жетілдіру;



6) шынайы сурет негіздері туралы қарапайым білімді қалыптастыру; өмірден, есте сақтау, бейнелеу, сәндік сурет салу дағдылары және оларды оқу, еңбек және әлеуметтік пайдалы іс-әрекетте қолдана білу;

7) жұмыста көркемдік талғамды, ұқыптылықты, табандылық пен дербестікті дамыту; адамгершілік және еңбек тәрбиесіне жәрдемдесу.

## **2 тарау. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері**

5. Тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушыларда әртүрлі қозғалыс патологияларымен бірге, көбінесе танымдық, сөйлеу, эмоционалды және жеке дамуда бұзылулары қатар жүреді.

Бұл жағдайда бұзылулардың сипаты гетерогенді: бұл психикалық дамуы тежелген, дизартриялық бұзылулары бар, сөйлеу, есту қабілеті дамымаған, мотор патологиясымен бірге айқын сенсорлық ақаулары бар білім алушылар, бұл олардың жалпы білім беретін мектеп бағдарламаларының оқу материалын игеруде кейбір қиындықтар туғызады.

6. ТҚАБ бар білім алушылар үшін бұқаралық мектеп бағдарламаларын түзету қажет, өйткені олар оқу жүктемелерін анықтау, жетістіктер деңгейін бағалау, моториканы дамыту бойынша түзету сабақтары, кеңістікті бағдарлау, арнайы жабдықта психофизиологиялық ерекшеліктерді ескеруді қажет етеді. Затты ұстау мен ұстап тұруды саралау функциясының қалыптаспауы, күш қозғалыстары және бұлшықет күштерін мотор тапсырмасымен өлшеу мүмкін еместігі еңбек операцияларын уақтылы орындауға кедергі келтіреді және білім алушыларға оқу процесіне белсенді қатысуға мүмкіндік бермейді. Егер бұзушылықтар тек моторикаға ғана емес, сонымен бірге интеллектуалды, визуалды және сөйлеу саласына да әсер етсе, оқушылардың дағдылары мен білімдерін бекітуге қосымша уақыт қажет болуына байланысты оқу процесінің қарқындылығы төмендейді.

7. ТҚАБ бар балаларға арналған "Көркем еңбек" оқу бағдарламасы білім алушылардың мүмкіндіктері мен ерекше білім беру қажеттіліктеріне сәйкес келеді. Қол моторикасының бұзылуына және бұлшықет тонусының әлсіреуіне байланысты "Көркем еңбек" пәні бойынша кейбір жобаларды іске асыру уақыты бірдей тақырыптарды азайту және жалпылау, мақсаттар мен міндеттерді жеңілдету арқылы артады. "Көркем еңбек" бағдарламасындағы Материал білім алушылардың жеке мүмкіндіктеріне бейімделген, Денсаулық сақтау технологияларын сақтай отырып беріледі.

8. "Көркем еңбек" пәні бойынша бағдарламаны игеру үшін ТАҚБ бар балаларға материалдарды өңдеу бойынша практикалық сабақтарда көп уақыт пен күш қажет, осыған байланысты бағдарламалық материалдың көлемі кейбір бөлімдер мен тақырыптарды қысқарту және жалпылау жағына қайта қаралды (кұрастыру, модельдеу, әртүрлі материалдарды өңдеу).

9. Бағдарламада сараланған, құндылыққа бағытталған, жеке тұлғаға бағытталған, коммуникативті, белсенділік және көркемдік-технологиялық тәсілдер қолданылды.

10. Сараланған тәсіл білім алушылардың психофизикалық даму сипатын ескере отырып, күрделілігі, танымдық қызығушылығы, мұғалім тарапынан көмек сипаты бойынша ерекшеленетін сараланған тапсырмалар түрінде қызметті саралаудың арнайы әзірленген құралдары мен әдістерінің көмегімен білім алушылардың әртүрлі топтарының оқу қызметін ұйымдастыруды қамтиды.

11. Құндылыққа бағытталған тәсілмен оқу іс-әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру, оның нәтижелерін алу және пайдалану белгілі бір құндылықтар тұрғысынан жүзеге асырылады. Патриотизм, жауапкершілік, құрмет, шығармашылық және еңбексүйгіштік қазақстандық құндылықтар болып табылады..

12. Коммуникативті тәсіл екі немесе одан да көп адамның сөйлеу әрекеті процесінде ақпаратты дұрыс беру мен хабарлауды, біліммен, дағдылармен және дағдылармен алмасуды қамтиды. Коммуникативті тәсілдің нәтижесі-қарым-қатынастың басқа қатысушыларымен өзара әрекеттесу процесінде ойларды жеткізу және идеялармен алмасу арқылы тіл арқылы қарым-қатынас жасау мүмкіндігі

13. Белсенді көзқараспен білім алушылар белсенді танымдық іс-әрекет процесінде білімді өздері алады. Бұл ақпарат көздері мен оқу ресурстарын тәуелсіз іздеу, талдау және түсіндіру. "Көркем еңбек" пәнін оқу кезінде білім алушы сәндік-қолданбалы шығармашылық пен бейнелеу өнерінің заманауи материалдарын, техникасы мен технологияларын өз бетінше зерделейді.

14. Көркемдік-технологиялық тәсілде оқу-танымдық іс-әрекет материалдар мен құралдардың қасиеттерін, композиция заңдылықтарын, тұстану негіздерін, конструкцияны, бастапқы материалдарды шығармашылық өнімге айналдыру үшін көркем еңбек объектілерін дайындаудың технологиялық реттілігін білуге бағытталған.

15. Оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологиялары (бұдан әрі-акт):

1) АКТ пайдаланудағы құзыреттілік негізгі акт-дағдыларға негізделген және жұмыс, бос уақыт және коммуникация үшін технологияларды дұрыс және шығармашылық қолдануды қамтиды;

2) білім алушылар бағдарлама бойынша оқу процесінде АКТ құралдарын қолдану бойынша дағдыларды дамытады, әртүрлі қосымшалар мен жабдықтарды пайдалану кезінде ақпаратты табады, іріктейді, өңдейді, өз жұмысын бағалайды.

16. "Көркем еңбек" оқу пәнін оқыту кезіндегі техникалық құралдар, жабдықтар мен құрылғылар:

1) әртүрлі көмекші айлабұйымдарды - қолға арналған бекіткіштерді, құрал-саймандарға арналған бекіткіштерді, құрал-саймандар мен материалдарға

арналған тіреулерді қолдану (ұсақ, тайғанак заттарды тегіс емес құрылымдағы матамен қапталған картонға салу, олардың сырғуын және тайып кетуін болдырмау үшін; бейтарап сұр түсті реңктердің тығыздалған матасын таңдау көруге кедергі болмайды);

2) ұлдар / қыздар: интерактивті мультимедиалық және дәстүрлі дидактикалық жабдық (интерактивті тақта, жинақтауыштары бар компьютер( монитор, жүйелік блок, сабвуфер, колонкалар, микрофон, тінтуір, пернетақта, желілік сүзгі); топтарда жұмыс істеуге арналған ноутбуктер; бейнекамера; фотоаппарат, еңбек және шығармашылық үдерістердің фрагменттері жазылған бейнефильмдер, тапсырмалары бар үлестірмелі дидактикалық материал, қолдан бұйымдар дайындауға арналған құралдар мен материалдар, демонстрациялық плакаттар;

3) ұлдар / қыздар: көркем еңбек сабақтарында манипуляциялық әрекеттерді жақсарту үшін түзеткіш қолдар мен құралдарды бекітетін әртүрлі көмекші құралдар қолданылады;

4) ұлдар: ыңғайлылық, функционалдылық және белгілі бір міндеттерге бейімделу үшін ағаш ұстасы, слесарлық жұмыс орындарында, қол доңғалағымен және планермен жұмыс істеу кезінде әртүрлі әмбебап қысқыштар түрлері қолданылады, олар үлкен қысым күшін қамтамасыз етеді және дайындаманы бекітеді, манипуляциялық қызметті жақсарту үшін әртүрлі бекітпелер мен қол тіректері ұсынылады;

5) қыздар: тігін машиналарында жұмыс жасауда ыңғайлылық, функционалдылық және белгілі бір міндеттерге бейімделу үшін манипуляциялық белсенділікті жақсарту үшін қолдарға арналған түрлі бекіткіштер мен тіректер (калыптар) ұсынылады, жіп ұстағыштар иненің көзіне жіп тарту үшін қолданылады.

	3. Сәндік-гүлді дақылдар. Гүл өсірудегі көктемгі жұмыстар	6.2.5.1 сәндік-гүлді дақылдарды өсіру технологиясын зерттеу және сипаттау; 6.2.5.2 қол жетімді тәсілдермен және құрылғылармен сәндік бағбандықта және гүл өсіруде (топырақты өңдеу, зиянкестерден қорғау, егу және отырғызу) көктемгі жұмыстарды орындау; 6.2.6.1 материалдар мен құралдарды пайдалана отырып, қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, оның маңыздылығын ұғына отырып және қолжетімді

тәсілдермен және құрылғылармен қолдану;  
6.2.6.2 бекітуге арналған қосалқы құралдарды пайдалана отырып, қол электр аспаптарымен, жабдықтармен және еңбек гигиенасы ережелерімен қауіпсіз жұмыстың қолжетімді тәсілдерін білу және түсіндіру

### 3) 5 сынып (қыздар)

#### 3 кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар / Мазмұн	Оқыту мақсаттары
1 тоқсан		
	1. Бейнелеу өнеріндегі мәнерлілік нысандары. Классикалық өнердің жауһарлары. Қазақстандық суретшілердің шығармашылығы.	<p>5.1.2.1 Қазақ ұлттық және әлемдік мәдениет өнерінің, қолөнерінің және дизайнының ерекшеліктерін зерттеу және анықтау;</p> <p>5.1.3.1 шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту үшін ақпарат көздерімен жұмыс істеу (оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды) қолдану;</p> <p>5.3.2.1 пәндік терминологияны пайдалана отырып, өз жұмысында және басқалардың (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмыстарында көрініс тапқан идеялар мен тақырыптарды сипаттау;</p> <p>5.3.3.1 пәндік терминологияны қолдана отырып, өз жұмысын және басқалардың (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмыстарын жасау үшін пайдаланылған әдістер мен тәсілдерді (техникаларды) сипаттау;</p>
	2. Натюрморт өнері. Ұлттық сәндік натюрморт	<p>5.1.5.2 шығармашылық идеяларды іске асыру үшін эскиздер мен нобайларды орындау;</p> <p>5.1.6.4 таңдалған құралдардың қасиеттерін ескере отырып, қолжетімді тәсілдермен және құрылғылармен техниканы, көркем материалдарды эксперимент жасау және пайдалану;</p> <p>5.2.1.1 өз идеялары мен сезімдерін жеткізу үшін қоршаған әлемнің көрнекі элементтерін және</p>

1. Көрнекілік өнер		өнердің мәнерлі құралдарын пайдалану; 5.2.3.3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдарды жасау процесінде Қазақ ұлттық мәдениетінің элементтерін пайдалану;
	3. Пейзаж. Табиғатпен үйлесімділік. Өуе перспективасы	5.1.1.1 қоршаған әлемнің ассоциативті мәндері мен визуалды сипаттамаларын зерттеу және анықтау (композиция, түс, пішін, фактура, пропорция); 5.2.1.1 өз идеялары мен сезімдерін жеткізу үшін қоршаған әлемнің көрнекі элементтерін және өнердің мәнерлі құралдарын пайдалану;
	4. Өнеркәсіптік ландшафт. Қала пейзажы. Сызықтық перспектива	5.1.1.1 қоршаған әлемнің ассоциативті мәндері мен визуалды сипаттамаларын зерттеу және анықтау (композиция, түс, пішін, фактура, пропорция); 5.2.1.1 өз идеялары мен сезімдерін жеткізу үшін қоршаған әлемнің көрнекі элементтерін және өнердің мәнерлі құралдарын пайдалану;
	5. Пластикалық формалар өнері. Мүсін	5.1.1.1 қоршаған әлемнің ассоциативті мәндері мен визуалды сипаттамаларын зерттеу және анықтау (композиция, түс, пішін, фактура, пропорция); 5.2.1.1 өз идеялары мен сезімдерін жеткізу үшін қоршаған әлемнің көрнекі элементтерін және өнердің мәнерлі құралдарын пайдалану; 5.3.3.1 пәндік терминологияны қолдана отырып, өз жұмысын және басқалардың (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмыстарын жасау үшін пайдаланылған әдістер мен тәсілдерді (техникаларды) сипаттау;
		5.1.5.2 шығармашылық идеяларды іске асыру үшін эскиздер мен нобайларды орындау; 5.1.6.4 таңдалған құралдардың қасиеттерін ескере отырып, қолжетімді тәсілдермен және құрылғылармен техниканы, көркем материалдарды

	6. Шығармашылық жұмыс.	эксперимент жасау және пайдалану; 5.2.1.1 өз идеялары мен сезімдерін жеткізу үшін қоршаған әлемнің көрнекі элементтерін және өнердің мәнерлі құралдарын пайдалану;
	7. Жұмыстың тұсаукесері. Көрмені ұйымдастыру	5.3.1.1 дайын жұмысты мектеп аудиториясына таныстыру (көрме) ;
2 тоқсан		
2. Сәндік-қолданбалы өнер	1. Ою-өрнектің қысқаша тарихы мен түрлері. Қазақтың ұлттық ою-өрнектері ( түрлері, стилизациясы және мотивтері)	5.1.2.1 Қазақ ұлттық және әлемдік мәдениет өнерінің, колөнерінің және дизайнының ерекшеліктерін түсіну
	2. Көркем кесте. Кесте түрлері. Материалдармен және құралдармен танысу. Эскизді әзірлеу.	5.1.2.1 Қазақ ұлттық және әлемдік мәдениет өнерінің, колөнерінің және дизайнының ерекшеліктерін түсіну 5.1.5.2 қолжетімді тәсілдермен шығармашылық идеяларды іске асыру үшін эскиздер мен нобайларды орындау;
	3. Тоқу өнері. Тоқу түрлері. Материалдар мен және құралдармен танысу	5.1.6.2 олардың қасиеттері мен мақсаттарын анықтай отырып, бірқатар заманауи және дәстүрлі емес материалдарды тану; 5.1.6.3 тоқыма материалдары мен бұйымдарының жіктелуін білу және сипаттау; 5.1.6.4 таңдалған құралдардың қасиеттерін ескере отырып, қолжетімді тәсілдермен және құрылғылармен техниканы, көркем материалдарды эксперимент жасау және пайдалану; 5.1.5.2 шығармашылық идеяларды іске асыру үшін эскиздер мен нобайларды орындау; 5.1.4.1 шығармашылық жұмыстың орындалу кезеңдерін анықтай отырып, жоспар әзірлеу; 5.1.4.2 пәндік-графикалық сызбаға сүйене отырып, тапсырманың орындалу барысын жоспарлау;
		5.2.3.2 әртүрлі (тоқыма, табиғи және жасанды) материалдардан жасалған қарапайым бұйымдарды қол жетімді тәсілдермен және құрылғылармен орындау;

	<p>4. Тоқылған бұйымдар</p>	<p>5.2.3.3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдарды жасау процесінде қазақ ұлттық мәдениетінің элементтерін пайдалану;</p> <p>5.2.6.1 материалдар мен құралдарды қолдана отырып, қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, оның маңыздылығын түсініп, қол жетімді тәсілдермен және құрылғылармен қолданану;</p> <p>5.2.6.2 қол аспаптарымен қауіпсіз жұмыс істеу тәсілдерін және бекітуге арналған қосалқы құралдарды пайдалана отырып, еңбек гигиенасы ережелерін білу (жұмыс орны мен құрал-саймандарды ұйымдастыру</p>
	<p>5. Жұмыстың тұсаукесері. Көрмені ұйымдастыру</p>	<p>5.3.1.1 дайын жұмысты бүкіл сыныпқа таныстыру (көрме);</p>
<p>3 тоқсан</p>		
	<p>1. Тоқыма материалдарының жіктелуі және сипаттамасы. Зерттеу материалдардың түрлері мен қасиеттері</p>	<p>5.1.6.3 тоқыма материалдары мен бұйымдарының жіктелуін білу және сипаттау;</p> <p>5.1.6.4 таңдалған құралдардың қасиеттерін ескере отырып, қолжетімді тәсілдермен және құрылғылармен техниканы, көркем материалдарды эксперимент жасау және пайдалану;</p>
	<p>2. Тоқыма материалдарын өңдеуге арналған жабдық, құрал-саймандар мен құрылғылар</p>	<p>5.2.2.1 тігін машинасының құрылысын, жіптерді салу тәсілдерін білу және сипаттау, қол жетімді тәсілдермен және құрылғылармен тігістерді орындау;</p> <p>5.2.2.2 тігін бұйымдарын ылғалды - жылумен өңдеуге арналған жабдықты білу, сипаттау және қолдану;</p> <p>5.2.6.1 материалдар мен құралдарды қолдана отырып, қауіпсіздік техникасын сақтау, оның маңыздылығын түсініп, қол жетімді тәсілдермен және құрылғылармен қолдана отырып;</p> <p>5.2.6.2 қол аспаптарымен қауіпсіз жұмыс істеу тәсілдерін және бекітуге арналған қосалқы құралдарды пайдалана отырып, еңбек гигиенасы ережелерін білу (жұмыс орны мен</p>

3. Дизайн және технология

	<p>құрал-саймандарды ұйымдастыру және жинау, арнайы киімде жұмыс істеу)</p>
<p>3. Тігін бұйымдарының жіктелуі. Идеядан өнімге дейін (тігін бұйымдары)</p>	<p>5.1.6.3 тоқыма материалдары мен бұйымдарының жіктелуін білу және сипаттау;</p> <p>5.1.6.4 таңдалған құралдардың қасиеттерін ескере отырып, қолжетімді тәсілдермен және құрылғылармен техниканы, көркем материалдарды эксперимент жасау және пайдалану;</p>
<p>4. Киімнің дизайны, макеті (қағаз, тоқыма және басқа материалдар). Костюм жасау (мини-манекенге немесе қуыршаққа)</p>	<p>5.1.5.1 композицияның негізгі заңдарын сақтай отырып және басқалардың (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) тәжірибесіне сүйене отырып, қарапайым объектілердің дизайнын әзірлеу бойынша тапсырмаларды орындау);</p> <p>5.2.3.1 тоқыма материалдарын пішуді және өңдеуді қол құралдарымен және тігін машинасында стач тігістерін қолдана отырып орындау;</p> <p>5.2.3.2 әртүрлі (тоқыма, табиғи және жасанды) материалдардан жасалған қарапайым бұйымдарды орындау;</p> <p>5.2.6.1 қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, оның маңыздылығын сезіне және көрсете отырып, материалдар мен құралдарды пайдалану;</p> <p>5.3.4.1 өз жұмысын және басқа да қол жетімді тәсілдер мен айлабұйымдарды бейімдеу, жетілдіру бойынша сындарлы пікірлер қабылдау және ұсыныстар жасау;</p> <p>5.3.4.2 коммуникация барысында шығармашылық және іздеу сипатындағы мәселелерді қол жетімді тәсілдермен және құрылғылармен бірлесіп шешу</p>
	<p>5.1.5.1 композицияның негізгі заңдарын сақтай отырып және басқалардың (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) тәжірибесіне сүйене отырып,</p>



	<p>5. Тоқыма Мозаика техникасындағы тігін бұйымдарының дизайны (пэчворк, квиллинг, курак). Идеяларды әзірлеу. Эскиз.</p>	<p>қарапайым объектілердің дизайнын әзірлеу бойынша тапсырмаларды орындау); 5.1.5.2 қолжетімді тәсілдермен шығармашылық идеяларды іске асыру үшін эскиздер мен нобайларды орындау; 5.1.4.1 эскизді орындау кезеңдерін анықтай отырып, жоспар әзірлеу; 5.1.4.2 пәндік-графикалық сызбаға сүйене отырып, тапсырманың орындалу барысын жоспарлау;</p>
	<p>6. Жұмыстың тұсаукесері. Көрмені ұйымдастыру</p>	<p>5.3.1.1 дайын жұмысты бүкіл сыныпқа таныстыру (көрме);</p>
<p>4 тоқсан</p>		
<p>4. Тамақтану мәдениеті</p>	<p>1. Дұрыс тамақтану негіздері. Мәзір жасау</p>	<p>5.2.4.1 дұрыс және тиімді тамақтану ережелерін зерттеу және сипаттау; 5.2.4.2 дұрыс және тиімді тамақтану мәзірін құру; 5.1.3.1 шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту үшін ақпарат көздерімен жұмыс істеу (оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану)</p>
	<p>2. Ас үй жабдықтары. Ыдыс-аяқ, тамақ дайындауға арналған құралдар мен құрылғылар. Тамақ дайындауға арналған құралдар мен құрылғылардың мүмкіндіктерін зерттеу</p>	<p>5.2.4.3 тамақ дайындауға арналған құрал-саймандардың, жабдықтар мен айлабұйымдар мүмкіндіктерін қол жетімді тәсілдермен және құрылғылармен зерделеу және анықтау; 5.2.6.1 материалдар мен құралдарды қолдана отырып, қауіпсіздік техникасын сақтау, оның маңыздылығын түсініп, қол жетімді тәсілдермен және құрылғыларды пайдалану; 5.2.6.2 қол аспаптарымен қауіпсіз жұмыс істеу тәсілдерін және бекітуге арналған қосалқы құралдарды пайдалана отырып, еңбек гигиенасы ережелерін білу (жұмыс орны мен құрал-саймандарды ұйымдастыру және жинау, арнайы киімде жұмыс істеу)</p>
		<p>5.1.3.1 шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту үшін ақпарат көздерімен жұмыс істеу;</p>

	<p>3. Бутербродтар мен сусындарды дайындау технологиясы</p>	<p>5.2.4.4 суық тағамдар мен сусындарды дайындау технологиясын білу және қолдану; 5.3.4.1 өз жұмысын және басқа да қол жетімді тәсілдер мен құрылғыларды бейімдеу, жетілдіру бойынша сындарлы пікірлер қабылдау және ұсыныстар жасау; 5.3.4.2 коммуникация барысында шығармашылық және іздеу сипатындағы мәселелерді қол жетімді тәсілдермен және құрылғылармен бірлесіп шешу; 5.3.1.1 дайын жұмысты бүкіл сыныпқа таныстыру;</p>
	<p>4. Көкөністер мен жемістерден салаттар дайындау технологиясы</p>	<p>5.2.4.5 көкөністер мен жемістерден салаттар дайындау технологиясын білу және қолдану; 5.3.4.1 өз жұмысын және басқа да қол жетімді тәсілдер мен құрылғыларды бейімдеу, жетілдіру бойынша сындарлы пікірлер қабылдау және ұсыныстар жасау; 5.3.4.2 коммуникация барысында шығармашылық және іздеу сипатындағы мәселелерді қол жетімді тәсілдермен және құрылғылармен бірлесіп шешу; 5.3.1.1 дайын жұмысты бүкіл сыныпқа таныстыру;</p>
<p>5. Үй мәдениеті</p>	<p>1. Жеке гигиена, өзін-өзі күту</p>	<p>5.2.5.3 жеке гигиена ережелерін зерттеу, сипаттау және тері мен шаштың әртүрлі түрлерін анықтау ; 5.2.5.4 шектеулі қолдау кезінде өзін-өзі күту бойынша құралдар мен әрекеттерді таңдау және қолдану;</p>
	<p>2. Өсімдік шаруашылығының негізгі бағыттары.</p>	<p>5.2.5.1 өсімдік шаруашылығы мен жеміс-көкөніс дақылдарының негізгі бағыттарын зерделеу және сипаттау; 5.2.5.2 өсімдік шаруашылығындағы көктемгі жұмыстарды қол жетімді тәсілдермен және құралдармен орындау; 5.2.6.1 материалдар мен құралдарды қолдана отырып, қауіпсіздік техникасын сақтау, оның маңыздылығын түсініп, қол</p>

	Өсімдік шаруашылығындағы көктемгі жұмыстар	жетімді тәсілдермен және құрылғылармен пайдалану; 5.2.6.2 қол аспаптарымен қауіпсіз жұмыс істеу тәсілдерін және бекітуге арналған қосалқы құралдарды пайдалана отырып, еңбек гигиенасы ережелерін білу ( жұмыс орны мен құрал-саймандарды ұйымдастыру және жинау, арнайы киімде жұмыс істеу)
--	--	---

#### 4) 6 сынып (қыздар)

#### 4 кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар / Мазмұн	Оқыту мақсаттары
1 тоқсан		
	1. Портреттік жанр. Портрет түрлері. Қазақстандық суретшілердің шығармашылығындағы Портрет	6.1.3.1 шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту үшін ақпарат көздерін өз бетінше таңдау және қолдану (оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану) 6.1.2.1 Қазақ ұлттық және әлемдік мәдениет өнерінің, қолөнерінің және дизайнының ерекшеліктерін білу және түсіну
	2. Сызықтық портрет. Графика. Орындау техникасы. Портреттерді жасаудың дәстүрлі емес әдістері ( сымнан жасалған портрет)	6.2.1.1 өз идеялары мен сезімдерін жеткізу үшін қоршаған әлемнің көрнекі элементтерін және өнердің мәнерлі құралдарын анықтау, таңдау және пайдалану; 6.1.6.2 бірқатар заманауи және дәстүрлі емес материалдарды танып, олардың қалай тиімді өңделетінін және пайдаланылатынын анықтау; 6.1.6.4 қолжетімді тәсілдер мен айлабұйымдармен материалдардың қасиеттері мен практикалық жұмыс дағдыларын көрсете отырып, техниканы, көркем материалдарды эксперимент жасау және пайдалану;
	3. Портреттегі түс. Орындау техникасы	6.1.1.1 өз тәжірибесі мен басқалардың тәжірибесі негізінде қоршаған әлем объектілерінің визуалды сипаттамаларын ( композиция, түс, пішін, фактура, пропорция) білу және түсіну;

1. Көрнекілік өнер		6.2.1.1 өз идеялары мен сезімдерін жеткізу үшін қоршаған әлемнің көрнекі элементтерін және өнердің мәнерлі құралдарын анықтау, таңдау және пайдалану;
	4. Заманауи портрет. Фотоөнер. Фотокамерамен сараптау	6.3.2.1 пәндік терминологияны пайдалана отырып, өз жұмысында және басқалардың (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмысында көрініс тапқан идеялар мен тақырыптарды салыстыру; 6.2.1.1 өз идеялары мен сезімдерін жеткізу үшін қоршаған әлемнің көрнекі элементтерін және өнердің мәнерлі құралдарын анықтау, таңдау және пайдалану;
	5. Анимация. Қозғалмалы элементтер (пластилин анимациясы, көлеңкелер театры, саусак қуыршақтары, қамыс)	6.1.2.1 Қазақ ұлттық дизайны мен әлемдік мәдениет өнерінің, қолөнерінің ерекшеліктерін білу және көрсету
	6. Сценарий әзірлеу. Батырлар мен декорацияны құру. Көркемдік идеяларды жүзеге асыру. Дауыпен әрекет ету.	6.1.4.1 уақыт шығындарын және басқа факторларды ескере отырып, іс-әрекеттердің реттілігін жоспарлау және анықтау; 6.1.4.2 материалдық шығындарды анықтау (сандық көрсеткіштер); 6.2.1.1 өз идеялары мен сезімдерін жеткізу үшін қоршаған әлемнің көрнекі элементтерін және өнердің мәнерлі құралдарын анықтау, таңдау және пайдалану; 6.3.4.1 өз жұмысын және басқа да қол жетімді тәсілдер мен құрылғыларды бейімдеу, жетілдіру бойынша сындарлы пікірлер қабылдау және негізделген ұсыныстар жасау; 6.3.4.2 алға қойылған міндетке сәйкес оқу іс-қимылдарын жоспарлау, бақылау және бағалау
	7. Жұмыстарды таныстыру	6.3.1.1 дайын жұмысты мектеп аудиториясына таныстыру (көрме)
2 тоқсан		
	1. Тоқу өнері. Біздермен тоқу, біздер, олардың түрлері. Тоқу әдістері мен тәсілдері. Ілмек бізбен тоқу. Тоқу әдістері мен тәсілдері. Бұйымның эскизін әзірлеу.	6.1.2.1 Қазақ ұлттық және әлемдік мәдениет өнерінің, қолөнерінің және дизайнының ерекшеліктерін білу және түсіну; 6.1.5.2 шығармашылық идеяларды іске асыру үшін қол жетімді тәсілдермен эскиздер, техникалық суреттер және сызбалар орындау;

	<p>Материалдар мен құралдарды таңдау</p>	<p>6.1.4.2 материалдық шығындарды анықтау (сандық көрсеткіштер);</p>
<p>2. Сәндік-қолданбалы өнер</p>	<p>2 Әр түрлі өнімдерді (майлықтар, сөмкелер) ілмекбізбен тоқу</p>	<p>6.1.6.4 қолжетімді тәсілдер мен құрылғылармен материалдардың қасиеттерін, практикалық жұмыс дағдыларын көрсете отырып, техниканы, көркем материалдарды эксперимент жасау және пайдалану;</p> <p>6.2.3.3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдарды жасау процесінде Қазақ ұлттық мәдениетінің элементтерін пайдалану;</p> <p>6.2.6.1 қолжетімді тәсілдермен және құрылғылармен қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, оның маңыздылығын ұғына отырып материалдар мен құралдарды пайдалану</p> <p>6.3.4.1 өз жұмысын және басқа да қол жетімді тәсілдер мен құрылғыларды бейімдеу, жетілдіру бойынша сындарлы пікірлер қабылдау және негізделген ұсыныстар жасау;</p> <p>6.3.4.2 алға қойылған міндетке сәйкес оқу іс-қимылдарын жоспарлау, бақылау және бағалау</p>
	<p>3. Жұмыстың тұсаукесері. Көрмені ұйымдастыру</p>	<p>6.3.1.1 дайын жұмысты мектеп аудиториясына таныстыру (көрме) ;</p>
<p>3 тоқсан</p>		
	<p>1. Үйге арналған тоқыма бұйымдарының дизайны ( алжапқыш, ас үй керек-жарақтары ). Түрлі текстуралар мен түстердің тоқыма материалдарын зерттеу. Идеяларды әзірлеу. Эскиз. Материалды таңдау және дайындау. Жұмыстың реттілігі</p>	<p>6.1.5.1 өз тәжірибесі мен біліміне сүйене отырып, композицияның негізгі заңдарын сақтау және әртүрлі объектілердің дизайнын әзірлеу бойынша тапсырмаларды орындау;</p> <p>6.1.5.2 шығармашылық идеяларды іске асыру үшін қол жетімді тәсілдермен эскиздер, техникалық суреттер және сызбалар орындау;</p> <p>6.1.4.1 уақыт шығындарын және басқа факторларды ескере отырып , іс-әрекеттердің реттілігін жоспарлау және анықтау;</p> <p>6.1.4.2 материалдық шығындарды анықтау (сандық көрсеткіштер);</p>
		<p>6.2.2.1 тігін машиналарын қол жетімді тәсілдермен және</p>

<p>3. Дизайн және технология</p>	<p>2. Бұйымдар жасау. Бөлшектерді пішу. Жеке бөлшектерді өңдеу. Бөлшектерді құрастыру және Бұйымды өңдеу. Бұйымдарды безендіру</p>	<p>құрылғылармен реттеуді білу және орындау; 6.2.2.2 тігін бұйымдарын ылғалды-жылумен өңдеу режимдерін білу және сипаттау және оларды қол жетімді тәсілдермен және құрылғылармен практикада қолдану; 6.2.3.1 тоқыма материалдарын қол аспаптарымен және тігін машинасында пішуді және өңдеуді, қол жетімді тәсілдер мен құрылғылармен тігісті және бүгіп тігуді қолдана отырып орындау; 6.2.3.2 әртүрлі (тоқыма, табиғи және жасанды) материалдар мен конструкцияларды қолдана отырып, қол жетімді тәсілдермен және құрылғылармен жеке бұйымдарды орындау; 6.2.3.3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдарды жасау процесінде қазақ ұлттық мәдениетінің элементтерін пайдалану; 6.2.6.1 материалдар мен құралдарды пайдалана отырып, қауіпсіздік техникасын сақтау, оның маңыздылығын ұғына отырып және қолжетімді тәсілдер мен құрылғыларды қолдану; 6.2.6.2 бекітуге арналған қосалқы құралдарды пайдалана отырып, қол электр аспаптарымен, жабдықтармен және еңбек гигиенасы ережелерімен, қауіпсіз жұмыстың қолжетімді тәсілдерін білу және түсіндіру</p>
<p>4 тоқсан</p>	<p>3. Жұмыстың тұсаукесері. Көрмені ұйымдастыру</p>	<p>6.3.1.1 дайын жұмысты мектеп аудиториясына таныстыру (көрме);</p>
	<p>1. Қазақ мәдениетінде, әртүрлі халықтардың мәдениеттерінде және қоғамдық тамақтану орындарында үстел басында жүріс-тұрыс ережелері</p>	<p>6.2.4.1 қазақ мәдениетінде, әртүрлі халықтардың мәдениеттерінде және қоғамдық тамақтану орындарында үстел басында жүріс-тұрыс ережелерін сипаттау және салыстыру; 6.2.4.2 әр түрлі іс-шараларға арналған үстелді безендіру және сәндеу білімдері мен практикалық дағдыларын көрсету</p>

4. Тамақтану мәдениеті	2. Жартылай фабрикаттардан тағамдарды дайындау технологиясы	6.2.4.3 қолжетімді тәсілдермен және құрылғылармен жартылай фабрикаттардан тағамдарды дайындау технологиясын білу және қолдану; 6.2.4.4 қолжетімді тәсілдермен және құрылғылармен әр түрлі тағамдарды дайындауға арналған құралдар мен айлабұйымдарды анықтау және таңдау; 6.3.1.1 дайын жұмысты мектеп аудиториясына таныстыру;
	3. Тағамдар мен десерттерді жедел дайындау технологиясы	6.2.4.4 әр түрлі тағамдарды дайындауға арналған құралдар мен айлабұйымдарды қолжетімді тәсілдермен және құрылғылармен анықтау және таңдау; 6.2.4.5 қол жетімді тәсілдермен және құралдармен тағамдар мен десертті экспресс дайындау технологиясын білу және қолдану; 6.3.1.1 дайын жұмысты мектеп аудиториясына таныстыру;
5. Үй мәдениеті	1. Гигиена ережелері. Үй-жайларды ылғалды және құрғақ жинау	6.2.5.3 тұрғын үйге қойылатын гигиеналық талаптарды, жинау құралдары мен құралдарын зерттеу және сипаттау; 6.2.5.4 шектеулі қолдау кезінде тазалауға арналған құралдар мен құралдарды таңдау және қолдану
	2. Киім мен аяқ киімді күту, оларды сақтау	6.2.5.5 шектеулі қолдау кезінде маусымдық киім мен аяқ киімді күту және сақтау ережелерін білу;
	3. Сәндік-гүлді дақылдар. Гүл өсірудегі көктемгі жұмыстар	6.2.5.1 сәндік-гүлді дақылдарды өсіру технологиясын зерттеу және сипаттау; 6.2.5.2 қол жетімді тәсілдермен және құралдармен сәндік бағбандықта және гүл өсіруде (топырақты өңдеу, зиянкестерден қорғау, егу және отырғызу) көктемгі жұмыстарды орындау; 6.2.6.1 материалдар мен құралдарды пайдалана отырып, қауіпсіздік техникасын сақтап, оның маңыздылығын ұғына отырып және қолжетімді тәсілдермен және құрылғыларды қолдану; 6.2.6.2 бекітуге арналған қосалқы құралдарды пайдалана отырып, қол электр аспаптарымен,

	жабдықтармен және еңбек гигиенасы ережелерімен Қауіпсіз жұмыстың қолжетімді тәсілдерін білу және түсіндіру
--	--

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі

2022 жылғы 1 сәуірдегі

№ 123 бұйрығына

43-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің

2013 жылғы 3 сәуірдегі

№ 115 бұйрығына

680-қосымша

## **Тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Технология" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

### **1 тарау. Жалпы ережелер**

1. Тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Технология" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы 6-шы тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты - тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушылардың көркемдік-технологиялық білімінің, кеңістіктік ойлауының, шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерінің негіздерін қалыптастыру.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) жалпы еңбек және көркемдік іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру және дамыту;

2) Қазақстан және әлем халықтарының көркем-мәдени мұрасын эстетикалық қабылдауды дамыту;

3) шығармашылық идеяларды өнер мен дизайнның суреттеу құралдарымен берудің технологиялық ойлауы мен дағдыларын дамыту;

4) сенсорлық және моторлық қызметтерді дамыту;

5) оқу қызметінің барлық түрлерінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану тәжірибесін алу (зерттеу, идеяларды шығармашылық іске асыру, жұмыстарды таныстыру);

6) жұмыс нәтижелері үшін әртүрлі ресурстар мен ақпарат көздерін олардың маңыздылығын сезіне отырып қолдану;

7) адамгершілік-рухани құндылықтарды қалыптастыру, эстетикалық, еңбек, экономикалық, экологиялық, патриоттық тәрбие беру.



8) уақытты, материалдардың қасиеттерін және басқа факторларды анықтай және ескере отырып, жеке іс-әрекетін, жеке жоспарлау қабілетін дамыту;

9) оқу міндеттерін жеке және топтық жұмыста қол жеткізу үшін бірлескен қызметті ұйымдастыру тәжірибесін алу.

4. Түзету-дамыту міндеттері:

1) білім алушылардың танымдық қызметін дамыту және оның бұзылуын түзету;

2) талдау, синтездеу, салыстыру, қорыту секілді ойлау үдерістерін дамыту;

3) балаларды оқыту және тәрбиелеу бағдарламасында көзделген білім, білік, дағды (құзыреттілік) жүйесін дамыту және кеңейту;

4) жоғарғы психикалық қызметтердің (қабылдау, қиялдау, есте сақтау, ойлау және сөйлеу) бұзылуын түзету;

5) қозғалыс саласындағы кемшіліктерді, жалпы және ұсақ моториканы дамыту және түзету, моторлық дағдыларды, қол шеберлігін жетілдіру;

6) сөйлеуді дамыту кемшіліктерін түзету және коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру, позитивті әлеуметтену;

7) мүмкіндіктерге сәйкес сараланған оқытумен даму проблемаларын түзету;

8) білім алушыны кейінгі әлеуметтік бейімдеу, кәсіптік білім беру және еңбек қызметі үшін қажетті даярлау, оларды қоғамдық пайдалы қызметке қосу;

9) барынша әлеуметтік бейімделу мақсатымен жеке тұлғаның, эмоциялық-ерік саласының дамуының бұзылуын түзету.

## **2-тарау. Оқу үдерісін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері**

5. Тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушылардың қозғалыс бұзылыстары - қозғалыс жылдамдығы, үйлестіру, бұлшықет тонусының күші, қимылдардың дәлдігі сенсорлық функциялардың дамуындағы ауытқулармен үйлеседі - есту, көру, тактикалық сезімталдық, бұл психикалық дамуды едәуір баяулатады, пәндік-тәжірибелік жұмысты орындау үдерісінде қиындықтар туғызады. Қозғалтқыш қызметтердің бұзылуы когнитивті белсенділіктің қалыптасуымен және қоршаған әлемді тану мүмкіндігінің шектелуімен үйлеседі. Көбінесе сөйлеудің бұзылуы байқалады және қиындықтар білім беру материалын игеру кезінде туындайды, бұл қарым-қатынастың жеткіліксіздігімен ауырлатады. ТҚАБ- мен білім алушылар үшін шаршаудың жоғарылауы, қолдарымен және саусақтарымен нақты кішігірім қимылдарды жасауға бағытталған үйлестірілген әрекеттер жиынтығы, жұмыстың басқа түрлеріне ауысудағы қиындықтар тән. Қабылдаудың баяулығы ақпаратты игеру көлемін шектейді, механикалық жады көлемінің азаюы, зейіннің жеткіліксіз концентрациясы байқалады.

6. ТҚАБ-мен білім алушыларда анықталған бұзушылықтарға байланысты жаппай білім беретін мектептің бағдарламаларын түзету және реттеу жұмыстары қажеттілігі туындайды. Оқу жүктемесін анықтауда және орындалған тапсырмаларды бағалауда

сараланған тәсіл қажет. Сабақта моториканы дамыту, кеңістіктік және уақытша көріністерді дамыту бойынша түзету жаттығулары қарастырылуы керек, өмірде күнделікті және тәжірибелік қолдануға арналған тапсырмалар нақты бағдарлануы қажет. Тапсырмаларды орындау әдістері сынақтар мен қателіктер арқылы анықталады, арнайы құрылғылар қажет. Қозғалыс белсенділігінің бұзылуының интеллектуалды дамумен, сенсорлық және сөйлеу функцияларын дамытудағы ауытқумен күрделі үйлесімімен оқу процесі баяулайды және еңбек дағдылары мен технологиялық білімді игеруге және шоғырландыруға қосымша уақыт қажет болады.

7. ТҚАБ бар балаларға арналған "Технология" оқу бағдарламасы білім алушылардың мүмкіндіктеріне және ерекше білім беру қажеттіліктеріне сәйкес келеді. Қол моторикасының бұзылуына және бұлшықет тонусының әлсіреуіне байланысты "Технология" пәні бойынша жобаларды іске асыру уақыты артуда, денсаулық сақтау технологияларын сақтай отырып, оқу материалы мөлшерленіп және қысқартылып ұсынылады.

8. "Технология" пәні бойынша бағдарламаны игеру үшін ТҚАБ ауыратын балаларға арналған материалдарды өңдеуге арналған тәжірибелік сабақтарда көп уақыт пен күш қажет, сондықтан материалдың көлемі бірдей бөлімдерді қысқарту және жалпылау мақсатында қайта қаралды, және олардың мақсаттары мен міндеттері жеңілдетілді. Материалды ұсыну білім алушылардың жеке мүмкіндіктері үшін бейімделген және сараланған. Тәжірибелік дағдылар мен қабілеттерді үйренуге көбірек уақыт бөлінеді.

9. Білім алушыларды кейіннен әлеуметтік бейімдеуге, кәсіптік білім беруге және еңбек қызметіне дайындау үшін, "Технология" 10 сынып оқу бағдарламасында "Сәндік-қолданбалы өнер", "Дизайн және технология" бөлімдерінің мазмұнына оқу материалы мен оқу жүктемесін ұлғайту бойынша өзгерістер енгізілді, білім алушыларда мамандық туралы түсінік қалыптастыру және кәсіби анықтаманы таңдауға орнату үшін кәсіптік бағдарлау және Қазақстанның халық қолөнерін зерделеу бойынша тақырыптар қосылды.

10. Бағдарламада сараланған, құндылыққа бағытталған, жеке тұлғаға бағытталған, коммуникативті, белсенділік және технологиялық тәсілдер қолданылды.

11. Оқу іс – әрекетін саралап ұйымдастырудың негізгі міндеті-даралықты ашу, оның дамуына, қоныстануына, өзін көрсетуге, әлеуметтік әсерлерге қарсы тұруға көмектесу. Бұдан басқа, білім берудегі заманауи үрдістерді ескере отырып, білім алушы одан әрі оқуда және жалпы өмірде өз мүмкіндіктерін табысты іске асыру үшін қажетті бірқатар құзыреттерді меңгеруі тиіс. Сараланған тәсіл білім алушылардың жеке ерекшеліктерін есепке алу және білім алушылардың психофизикалық дамуы мен диагностикасының сипатын ескере отырып, күрделілігі бойынша, білім алушыларға мөлшерленген көмек көрсету бойынша ерекшеленетін арнайы тапсырмаларды әзірлеу мақсатында оқытудың әртүрлі жағдайларын жасау кезінде оқу қызметін ұйымдастыруды қамтиды.

12. Құндылыққа бағытталған тәсіл-бұл белгілі бір құндылықтар тұрғысынан ұйымдастыру, қызметті жүзеге асыру, оның нәтижелерін алу және пайдалану тәсілі. Білім беру мен тәрбиелеудің мақсаты Қазақстанның бүгінгі мен болашағы үшін жауапкершілікті сезінетін, өз халқының рухани және мәдени дәстүрлерінде тәрбиеленген, шығармашылық пен еңбексүйгіштікті қолдайтын, өмір бойы білім алатын, адамгершілігі жоғары, құзыретті азаматы болып табылады.

13. Коммуникативтік тәсіл бір-бірімен және педагогпен қарым-қатынас жасау арқылы коммуникативтік (грамматикалық) құзыреттерді қалыптастыруды көздейді. Технологиядағы коммуникативті құзіреттілік дегеніміз-нақты терминдер мен ұғымдарды қолдану, нұсқауларды түсіну, диалог жүргізу, ашық және жабық сұрақтарға жауап беру. Қарым-қатынас жасау, топтарда жұмыс жасау, құрдастарымен және ересектермен ынтымақтастық құру қабілеттерін қалыптастыруға ықпал ететін тапсырмалар кіреді.

14. Іс-әрекеттік тәсіл - бұл баланы өз алдына өз бетінше мақсат қоюға және іске асыру жолдарын, оның ішінде мақсатқа қол жеткізу құралдарын табуға оқытуға бағытталған оқу қызметін ұйымдастыру процесі. Қызметтік тәсіл білім алушыларға бақылау және өзін-өзі бақылау, бағалау және өзін-өзі бағалау іскерліктерін қалыптастыруға көмектеседі. Мұғалім бұл қызметті жолдайды және қорытындылайды, іс-әрекет алгоритмін тұжырымдайды. Бұл ретте қызметтің мынадай түрлері іске асырылады - танымдық, ақпараттық-дербес іздеу, ақпаратты талдау және түсіндіру, зерттеу және жобалау.

15. Технологиялық тәсіл кезінде оқу-танымдық қызмет бастапқы шикізатты дайын өнімге айналдыру кезеңдерін түсінуге бағытталған, бұл процесс материалдар мен құралдардың қасиеттерін білуді пайдалана отырып, белгілі бір шарттарды сақтай отырып, тиісті жабдықты пайдалана отырып, қатаң дәйектілікпен (конструкциялауды және модельдеуді орындау алгоритмі) орындалатын алдын ала әзірленген (жобаланған) және сипатталған (нұсқаулық-технологиялық карталар) операциялардың жиынтығынан тұрады.

16. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі – АКТ) пайдалану құзыреттілік пен базалық дағдыларды дамытуға негізделген, жұмыс, бос уақыт және коммуникация үшін дұрыс және шығармашылық қолдануды қамтиды.

17. Егер моторлық қызметтері бұзылса, жазуды игеру қиын, тәуелсіз жазу қозғалмалы қозғалыстармен бірге жүреді, кескіндер біркелкі емес болады. Стандартты бағдарламалық жасақтаманы, арнайы бағдарламалар мен қосымшаларды пайдалану жобалау, модельдеу және дизайн процесін едәуір жеңілдетеді (CorelDraw, 3D-max, Paint Net, Microsoft office, 3D LT компасы және басқалары). Білім алушылар оқу үдерісінде ақпаратты табу, өңдеу, көшіру және беру дағдыларын дамытады.

18. Жобалау жұмыстарын ресімдеу кезінде: цифрлық компьютерлік технологиялар пайдаланылады; Интернетте және деректер базасында ақпарат іздеу жүзеге асырылады

(цифрлық және интернет көздерден деректерді табу, таңдау және өңдеу); слайдтық презентациялар жасау дағдылары дамиды, олар белгілі бір мақсат пен аудитория үшін әртүрлі көздерден материал жинауды қамтиды; дайын өнімді аудитория алдында таныстыру үшін интерактивті тақтаны пайдалану.

19. "Технология" оқу пәнін оқыту кезіндегі жабдықтар, құралдар мен құрылғылар":

1) әртүрлі қосалқы құрылғыларды қолдану - ортездер, тьюторлар, лангеттер-ДЦП-ның әртүрлі формаларында буындардың, аяқ-қолдардың және дененің жағдайын түзету үшін, қозғалыстың дұрыс стереотиптерін әзірлеу үшін қолданылады, терапевт-ортопед, невропатолог тағайындайды;

2) қолдарға арналған әртүрлі бекіткіштерді, құрал-саймандарға арналған бекіткіштерді, құрал-саймандар мен материалдарға арналған тіреулерді қолдану;

3) интерактивті мультимедиалық және дәстүрлі дидактикалық жабдық (интерактивті тақта, жиынтықтаушы компьютер - сабвуфер, модем); топтарда жұмыс істеуге арналған ноутбуктер; бейнекамера; фотоаппарат; технологиялық операциялардың, жұмыс сәттері мен шығармашылық үдерістердің фрагменттері жазылған бейнефильмдер; тапсырмалары бар үлестірімелі дидактикалық материал; қолдан бұйымдар дайындауға арналған құралдар мен материалдар; демонстрациялық плакаттар;

4) ұлдар: ыңғайлы болу үшін, функционалдылықты арттыру және ағаш ұстасы, Слесарлық жұмыс орындарында жұмыс істеу жағдайларына бейімделу үшін, қолмен және планермен жұмыс істеу кезінде дайындамаларды бекіту үшін үлкен қысым күшін қамтамасыз ететін әмбебап қысқыштар мен қысқыштардың әртүрлі түрлерін қолданыңыз, манипуляциялық қызметті жақсарту үшін әртүрлі қысқыштар мен қол тіректері қолданылады;

5) қыздар: тігін машиналарында жұмыс істеудің ерекше жағдайларына бейімделу үшін және қолайлы болу үшін, манипулятивтік қызметті жақсарту үшін түрлі бекіткіштер мен қол тұғырларын пайдаланады, жіпті ине құлақшасына үрлеу үшін жіпшелер пайдаланылады.

20. Оқу үдерісі кезінде білім алушылар:

1) ұлттық және әлемдік мәдениеттің сәндік-қолданбалы өнер туындыларын, оларға берілетін идеяларды зерделейді және талдайды;

2) сән үлгісінің қазіргі заманғы стильдік бағыттарын, сәнді киім дизайнын, техникалық және дизайнерлік жаңартпаларды зерделейді және талдайды;

4) шығармашылық жұмыстарды орындау үшін қосалқы құралдарды пайдалана отырып, әртүрлі қолжетімді материалдар мен құралдарды жеке пайдаланады, материалдардың қасиеттері мен жұмыс нәтижесі арасындағы байланысты түсінеді;

5) шығармашылық жобалау жұмыстарын жеке жоспарлайды және рәсімдейді, бұйымды таныстыру үшін инновациялық технологияларды (смартфондар, Internet, әлеуметтік желілер) пайдаланады;

6) жеке идеяларын түсіндіреді және дәлелдейді, бұйымды жақсарту үшін шешім ұсынады;

7) жалпақ және көлемді шығармашылық жұмыстарды жасау, электр тізбегін құрастыру, сызбалармен жұмыс жасау, модельдерді масштабтау секілді түрлі қызмет түрлерінде алынған білім мен дағдыларды қолданады;

8) танымдық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық және адамгершілік сипаттағы міндеттерге жеке шешім қабылдайды;

9) жеке қызметті ұйымдастырады, қажетті қолжетімді құралдар мен материалдарды анықтайды және табады;

10) жеке жұмысының және басқалардың жұмысының нәтижелерін салыстырады және бағалайды;

11) әртүрлі материалдар мен құралдарды пайдалану кезінде қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтаудың маңыздылығын ұғынады және түсінеді.

21. Технология сабақтарында түзету-дамыту жұмысын құрудың негізгі қағидаттары :

1) түзету-дамыту жұмысы білім алушылардың бұзылған және сақталған функциялары туралы ПМПК қорытындысын мұқият зерделеу негізінде құрылады;

2) сараланған тәсіл күрделілігі бойынша ерекшеленетін арнайы тапсырмалар мен жаттығулар жүйесін әзірлеу кезінде білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескереді;

3) қол қозғалысын дамыту мен түзетуде тактиль-кинестетикалық ынталандыруды, саусақ гимнастикасын және өздігінен массажды пайдалану;

4) қабылдау, қиялдау, есте сақтау, ойлау секілді жоғары психикалық қызметтердің бұзылуын түзету және дамыту;

5) барынша әлеуметтік бейімделу мақсатында жеке тұлғаның, эмоциялық-ерік саласының дамуының бұзылуын түзету.

6) сөйлеу мен фонематикалық естудің жалпы бұзылуын түзету және дамыту;

7) негізгі дидактикалық қағидаттарды шығармашылық пайдалану: жеке тәсіл, материалды баяндау реттілігі, жүйелілік, сабақтастық, белсенділік, қолжетімділік, көрнекілік. Теорияның нақты бұйымдарды дайындау кезіндегі практикамен байланысы, жұмыс кезеңдерін орындаудың қадамдық нұсқаулықтары жаңа іскерліктер мен дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді, ойлау операцияларын дамытуға және орындалатын жұмыстың маңыздылығын сезінуге ықпал етеді;

8) күзет режимін және денсаулықты сақтайтын технологияларды сақтау: қалыпты ауыстыру, бұлшық еттердің босаңсуы, күш қолдану қозғалыстарын азайту; жұмысты орындауда қолайлы қарқын; динамикалық үзілістер мен босаңсу жеке таңдалады;

9) әртүрлі қосалқы құрылғыларды - қолға арналған бекіткіштерді, аспаптарға арналған бекіткіштерді, аспаптар мен материалдарға арналған тұғырларды қолдану;

10) сабақ кезінде оқу материалын түрлендіру арқылы алған білімдерін, біліктері мен дағдыларын бекіту үшін тілдер, математика, физика, биология, география,

информатика (пәнаралық байланыстар) секілді оқу пәндерімен байланысты басты назарда ұстау. Материалдың бірнеше рет қайталануы қондырғылық рефлексдер мен еркін моториканың қалыптасуына ықпал етеді.

22. Технология сабағында қолдың ұақ моторикасын дамыту мыналарды қамтиды:

1) қол саусақтарының өздігінен массажы, саусақ гимнастикасы, түрлі заттар мен материалдарды пайдалана отырып жаттығулар, басып алуды, үйлестіруді, тепе-теңдік сезімін, қолдың келісілген қозғалысын, тұрақтылықты, білектің айналмалы қозғалысын , басып алуды қиындатумен қатар; орнату рефлексдері мен еркін моториканың қалыптасуына ықпал ететін бірнеше реттік қайталанулар, "қарапайымнан күрделіге" қағидаты бойынша тапсырмалардың күрделенуі;

2) пәндік-дамыту ортасын қалыптастыру: топтарға бөлу, білім алушылар бір-бірін белсенді қызметке ынталандырады; қызмет орталығы үстелдің ортасында орналасады, айналасына бір топ бала отырғызылады; ортада тақырыпқа байланысты ауыстырылып және толықтырылып отыратын жұмысқа керекті әртүрлі заттар орналастырылады.

3) жұмыстарды аралас, талдау және жеке талдау, көрмені ұйымдастыру; дәстүрлі және дәстүрлі емес материалдардан әртүрлібұйымдар жасауға қолжетімді техникалар: қолдану.

4) технология сабақтарында манипулятивтік қызметті жақсарту үшін қозғалыстың дұрыс стереотиптерін, қолдар мен құрал-саймандарды әзірлеу үшін әртүрлі көмекші құралдар пайдаланылады.

### **3-тарау. "Технология" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

23. "Технология" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 7-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;
- 2) 8-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;
- 3) 9-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;
- 4) 10-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат.

24. Білім алушыларды кейін әлеуметтік бейімдеуге, кәсіптік білім беруге және еңбек қызметіне дайындау үшін, "Технология" 10 сынып оқу бағдарламасында " Сәндік-қолданбалы өнер", "Дизайн және технология" бөлімдерінің мазмұнына оқу материалы мен оқу жүктемесін ұлғайту бойынша өзгерістер енгізілді, білім алушыларда мамандық туралы түсінік қалыптастыру және кәсіп анықтауда кәсіптік бағдарлау және Қазақстанның халық қолөнерін зерделеу бойынша тақырыптар қосылды.

25. Оқу бағдарламасының мазмұны материалды бес білім беру бағыты бойынша зерттеуді қамтиды:

- 1) визуалды өнер;
- 2) сәндік-қолданбалы шығармашылық;
- 3) дизайн және технология;

- 4) үй мәдениеті;
- 5) тамақтану мәдениеті.

26. "Визуалды өнер" білім беру желісінің мазмұны мыналарды қамтиды:

1) өнердегі ғылымның заманауи техникалары мен жетістіктері; табиғаттың микросуреттері;

- 2) Қазақстанның заманауи суретшілері;
- 3) бейнелеу өнеріндегі заманауи бағыттар (поп-арт, орнатым);
- 4) сандық өнер (фотосурет, анимация, медиа құралдар);
- 5) өнердегі заманауи стильдік бағыттар;
- 6) көркем материалдар және техникалармен тәжірибе жүргізу.

27. "Сәндік-қолданбалы өнер" білім беру желісінің мазмұны келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) сәндік-қолданбалы өнердің негізгі формалары мен ерекшеліктері, Қазақстан мен басқа халықтардың қолданбалы өнері;

2) сәндік-қолданбалы өнер материалдары, құралдары, техникасы мен технологиялары;

- 3) ұлттық ою-өрнек;
- 4) интерьерді сәндік безендіру, мамандықтармен танысу;

5) Қазақстанның ұлттық қолөнері, қолөнершілердің шығармаларын заманауи стильдеу;

28. "Дизайн және технология" (ұлдар) білім беру желісінің мазмұны келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) негізгі құрылымдық, табиғи, жасанды және дәстүрлі емес материалдар;

2) материалдарды өңдеуге арналған құралдар мен жабдықтар, техника мен технологиялар;

4) әр түрлі материалдардан жасалған бұйымдардың дизайны, мамандықтармен танысу;

- 5) ұлттық тұрмыстық заттарды, ойын элементтерін дайындау технологиясы;
- 6) әлемдік және қазақстандық сәулет ескерткіштері;
- 7) жиһаз бен интерьер заттарын макеттеу, құрастыру, модельдеу;
- 8) интерьер дизайны;

9) қолөнершілер мен халық шеберлерінің жауһарлары, шығармалардың заманауи стильденуі.

29. "Дизайн және технология" (Қыздар) білім беру желісінің мазмұны келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) негізгі тоқыма, табиғи, жасанды және дәстүрлі емес материалдар;
- 2) тоқыма материалдарын өңдеуге арналған құралдар мен жабдықтар;
- 3) тоқыма материалдарын әртүрлі тәсілдермен өңдеу;

4) тоқыма материалдарынан жасалған бұйымдардың дизайны: этностиль, ою-өрнек, заманауи стильдеу;

5) сән индустриясы, стиль және бейне, ұлттық киім элементтерін жасау технологиясы.

30. "Үй мәдениеті" (ұлдар) білім беру желісінің мазмұны келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) тұрғын үй экологиясы;

2) өсімдік шаруашылығы, сәндік гүл өсіру, ландшафтық дизайн негіздері;

3) электр энергиясының көздері туралы жалпы мәліметтер, электр аспаптары мен тұрмыстық техниканы пайдалану және жөндеу;

4) тұрмыстық-жөндеу жұмыстары, интерьерді ұйымдастыру және жоспарлау.

31. "Үй мәдениеті" (қыздар) білім беру желісінің мазмұны келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) жеке гигиена, тұрғын үй экологиясы;

2) өсімдік шаруашылығы, сәндік гүл өсіру, ландшафтық дизайн негіздері;

3) киімді күту және сақтау.

32. "Тамақтану мәдениеті" білім беру желісінің мазмұны келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) дұрыс тамақтану негіздері;

2) үстелге отырғандағы тәртіп ережелері, үстелді жабдықтау;

3) тағам дайындау технологиясы;

4) әлем халықтарының тағамдары.

33. 7 сыныпқа арналған "Технология" оқу пәнінің базалық мазмұны (ұлдар):

1) визуалды өнер: өнердегі ғылымның заманауи техникалары мен жетістіктері, табиғаттың микросуреттері, бейнелеу өнеріндегі заманауи бағыттар (поп-арт, орнатым және т.б.), Қазақстанның заманауи суретшілері, өнердегі заманауи стильдік бағыттарды зерттеу негізіндегі практикалық (шығармашылық) жұмыс (2D немесе 3D форматында), көрмені таныстыру және ұйымдастыру;

2) сәндік-қолданбалы өнер: пирография өнерімен танысу, көркемдік күйдіру тәсілдері мен техникасы, эскизді орындау, материалды таңдау және дайындау, бұйымды көркемдік күйдіру, көрмені безендіру, таныстыру және ұйымдастыру;

3) дизайн және технология: сүректі механикалық өңдеу жабдығы, сүректі механикалық өңдеу кезіндегі жұмысты ұйымдастыру, сүректен жасалған бұйымды әзірлеу, бұйымның дизайны, материалды таңдау және дайындау, бұйымды дайындау, материалдар мен бөлшектерді механикалық өңдеу, бұйымды безендіру, көрмені ұйымдастыру;

4) үй мәдениеті: ауылшаруашылық өндірісіндегі заманауи техникалар мен жабдықтар, электр арматурасы мен тұрмыстық техниканы жөндеу, тұрғын үй экологиясы, үйдегі микроклимат.



34. 8 сыныпқа арналған "Технология" оқу пәнінің базалық мазмұны (ұлдар):

1) сәндік-қолданбалы өнер: мозаика өнері, мозаиканы орындаудың түрлері мен техникасы, материалдың эскизі мен таңдау, мозаикалық панноның негізін дайындау, мозаикалық панноны орындау, жұмыстарды көркем безендіру және таныстыру;

2) дизайн және технология: қазақ халқының ұлттық тұрмыстық заттарымен танысу, ұлттық тұрмыстық заттарды жасау материалдары мен техникаларын зерделеу, идеяны талқылау және эскизді әзірлеу, жұмыс үдерісін жоспарлау, материалдарды өңдеу, бұйымдарды дайындау, жұмыстарды таныстыру және көрмені ұйымдастыру;

3) дизайн және технология: үстел ойындары, пайда болу тарихы, үстел ойынының тұжырымдамасы, үстел ойынын әзірлеу, графикалық құжаттама, үстел ойынының бөлшектерін жасау, безендіру, ойынды тестілеу, сауалнама және ақпарат жинау, жұмысты таныстыру;

4) үй мәдениеті: агротехнологияны дамытудағы ғылымның рөлі (жеке зерттеу), электр аспаптары мен тұрмыстық техниканы таңдау және бағалау, бөлмені жөндеуге арналған жабдықтардың заманауи материалдары мен құралдары (практикалық жұмыс).

35. 9 сыныпқа арналған "Технология" оқу пәнінің базалық мазмұны (ұлдар):

1) сәндік-қолданбалы өнер: қазіргі заманғы интерьердегі сәндік бұйымдар, интерьердің сәндік заттарын дайындау тәсілдері мен техникаларын зерделеу, интерьер дизайнері мамандығы;

2) дизайн және технология: сәулет жауһарлары, қазіргі заманғы сәулет, Қазақстанның сәулеті (тарих және қазіргі заман), сәулетші мамандығы;

3) дизайн және технология: жиһаз және интерьер заттарын өндіру: заманауи стильдер мен материалдар; Қазақстанның халық қолөнері (тарих және қазіргі заман), қолөнершілер мен халық шеберлерінің жауһарлары, Қазақстан қолөнершілері туындыларының заманауи стильденуі;

4) үй мәдениеті: интерьердегі, экстерьердегі заманауи ландшафтық дизайнның негізгі стильдері мен элементтері; интерьердегі жарықтандыру, табиғи және жасанды жарықтандыру, интерьерді аймақтарға бөлу және жоспарлау;

36. 10 сыныпқа арналған "Технология" оқу пәнінің базалық мазмұны (ұлдар):

1) сәндік-қолданбалы өнер: қазіргі заманғы интерьердегі сәндік бұйым: идеяны талқылау және дамыту және эскизді әзірлеу, жұмысты жоспарлау, интерьердің сәндік заттарын жасау, жұмыстарды таныстыру; интерьер дизайнер мамандығы, жиһазды жобалаушы, сәндеуші;

2) дизайн және технология: сәулет қызметінің қазіргі заманғы нысандары: сәулет ғимараттары мен құрылыстарының эскиздері, кескіндемесі (еліктемелік немесе жеке идеялар), сәулет объектісінің макетін дайындауға арналған материалдарды таңдау және анықтау, сәулет объектісінің макетін дайындау;

3) дизайн және технология: жекелеген интерьерге арналған затты әзірлеу, идеяны талқылау және дамыту, материалдарды дайындау, графикалық құжаттама, техникалық

ерекшелік, бұйымды жасау, әрлеу, жұмыстарды таныстыру; Қазақстанның халық қолөнері (тарих және қазіргі заман), қолөнершілер мен халық шеберлерінің жауһарлары, Қазақстан қолөнершілері туындыларының заманауи стильденуі;

4) үй мәдениеті: интерьердегі ландшафттың заманауи элементтері: шығармашылық идеяларды визуалдау, интерьерді жарықтандыру, табиғи және жасанды жарықтандыру, интерьерді жарықтандыру жобасын жасау (тұрғылықты, қоғамдық, өндірістік), интерьерді аймақтарға бөлу және жоспарлау (тұрғылықты, қоғамдық, өндірістік).

37. 7 сыныпқа арналған "Технология" оқу пәнінің базалық мазмұны (қыздар):

1) визуалды өнер: өнердегі ғылымның заманауи техникалары мен жетістіктері, табиғаттың микросуреттері, бейнелеу өнеріндегі заманауи бағыттар (поп-арт, орнатым), Қазақстанның заманауи суретшілері, өнердегі заманауи стильдік бағыттағы зерттеулер негізінде практикалық (шығармашылық) жұмыс (2D немесе 3D форматында). Көрмені таныстыру және ұйымдастыру;

2) сәндік-қолданбалы өнер: көркем кескіндеме (батик, гжель, хохлома), кескіндеме түрлері, кескіндеме тәсілдері мен техникасы, көркем сурет кескіндемесінің материалдары мен жабдықтары, көркем сурет кескіндемесін салуға арналған эскизді әзірлеу, көркем сурет кескіндемесін салуға арналған материалдар мен құралдарды дайындау, көркем сурет кескіндемесін орындау, жұмыстарды сәндеу, безендіру, таныстыру және көрмені ұйымдастыру;

3) дизайн және технология: тігін бұйымдарын түрлендіру (өзгерту) және безендіру (киім, аксессуарлар, бижутерия), трансформация үшін идеялар әзірлеу, эскиз, материалдар мен жабдықтарды дайындау, жиынтық жасау, бөлшектерді пішу, жекелеген бөлшектерді өңдеу, бөлшектерді құрастыру және бұйымдарды әрлеу, бұйымдарды безендіру, жұмысты таныстыру (сән үлгісін көрсету);

4) тамақтану мәдениеті: қазақтың ұлттық тағамдары, әлем халықтарының тағамдары (жеке зерттеу), әлем халықтарының тағамдары, практикалық жұмыс (суши, пицца, көже);

5) үй мәдениеті: тұрмыстық техниканы таңдау, тұрмыстық техниканы пайдалану ережелері, өсімдік әшекей, интерьер элементі ретінде.

38. 8 сыныпқа арналған "Технология" оқу пәнінің базалық мазмұны (қыздар):

1) сәндік-қолданбалы өнер: қазақ қолданбалы өнері (ши тоқу, киіз басу), халық шығармашылығының түрлері, материалдар мен жабдықтар, бұйымның эскизін әзірлеу, материалдар мен құралдарды дайындау, шығармашылық жұмысты орындау, сәндеу, безендіру, жұмыстарды таныстыру, көрмені ұйымдастыру;

2) дизайн және технология: қазақтың ұлттық киімі, этностиль, ою – өрнек және оның стильденуі, этностильдегі бұйымның дизайны (бас киім, желетке), этностильдегі бұйымды жасау (бас киім, желетке), безендіру, жұмыстардың таныстырылымы;

3) дизайн және технология: халық пішімінің негізіндегі киім үлгісінің дизайны (модельдеу және құрастыру) (тұтас пішілген жең), идеяларды әзірлеу, эскиз,

материалдарды, құралдар мен жабдықтарды дайындау, халық пішімінің негізіндегі бұйым жасау, бөлшектерді пішу, жекелеген бөлшектерді өңдеу, бөлшектерді құрастыру және бұйымды әрлеу, бұйымды безендіру;

4) үй мәдениеті: интерьерге арналған сәндік бұйымдар (2D, 3D форматта), бұйымның эскизін әзірлеу, материалдар мен жабдықтарды дайындау, интерьерге арналған декоративтік 2D, 3D бұйымдарды жасау, өсімдік шаруашылығындағы ғылымның рөлі, медицинадағы, фитотерапиядағы және косметологиядағы өсімдіктер.

39. 9 сыныпқа арналған "Технология" оқу пәнінің базалық мазмұны (қыздар):

1) сәндік-қолданбалы өнер: Қазақстанның дәстүрлі тоқымасы, қазақтың кілемдері, алаша, кілем тоқу, гобелен, қазіргі заманғы кілемдер, кілем тоқуға арналған материалдар мен жабдықтар; Қазақстанның халық қолөнері (тарих және қазіргі заман), қолөнершілер мен халық шеберлерінің жауһарлары, Қазақстан қолөнершілері туындыларының заманауи стильденуі;

2) дизайн және технология: сәннің заманауи стильдік бағыттары (жеке зерттеу), " Жеке тұлға мен сән үйлесімі" тәжірибесі;

3) дизайн және технология: қарапайым геометриялық пішіндердегі "fast cloth" сәнді киім дизайны (пончо, кейп, туника), киім мен аксессуарлардың заманауи өндірісі: функционал, стиль және материалдар. Техникалық және дизайнерлік жаңашылдық;

4) үй мәдениеті: интерьердегі, экстерьердегі ландшафт элементтері. Танымал стильдер. Жоспарлаудың негізгі ережелері мен әдістері, түс шешімі.

40. 10 сыныпқа арналған "Технология" оқу пәнінің базалық мазмұны (қыздар):

1) сәндік-қолданбалы өнер: қолмен жасалатын кілем: бұйымның эскизін әзірлеу, материалдарды (киіз немесе мата) және құралдарды дайындау, шығармашылық жұмысты орындау, сәндеу, безендіру, жұмыстарды таныстыру, көрмені ұйымдастыру; киіз үйдің жабдықтары, халық қолөнері, қолөнершілер мен халық шеберлерінің жауһарлары, әйелдер әшекейлері, Қазақстан қолөнершілері шығармаларының заманауи стильденуі, кәдесый өнімдерін өндіру, бұйымдарды этникалық стильде танымал ету;

2) дизайн және технология: жеке имиджін жасау технологиясы, идеяларды өңдеу, визаж, шаш үлгісі, аксессуарлар арқылы жеке бейне жасау, жеке имиджіне арналған киім, аксессуарлар топтамасын жасау бойынша тәжірибе, жұмысты таныстыру (сән үлгісін көрсету);

3) дизайн және технология: сәнді киімдерді құрастыру және жобалау, идеяларды өңдеу, эскиз, материалдар мен жабдықтарды дайындау, бұйымды жасау, бөлшектерді пішу, жекелеген бөлшектерді өңдеу, бөлшектерді құрастыру және бұйымды өңдеу, жұмыстарды талқылау және бағалау, жұмысты таныстыру (сән үлгісінің көрсетілімі);

4) үй мәдениеті: интерьердегі ландшафт элементтері, шығармашылық идеяларды визуалдау (эскиз), материалдар мен жабдықтарды (құралдарды) дайындау, мерекелерге

арналған интерьерді безендіру, шығармашылық идеяларды визуалдау (эскиз), материалдар мен жабдықтарды (құралдарды) дайындау, шығармашылық идеяларды іске асыру.

41. 7-10 сыныптардағы "Технология" оқу пәні бойынша оқу бағдарламасының мазмұны шығармашылық қызмет үдерісіндегі негізгі білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған оқыту мақсаттары жүйесінің үш бөліміне бағынады.

42. "Шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) Қоршаған әлемді білу және түсіну;
- 2) тарих, мәдениет және дәстүрді білу және түсіну;
- 3) ақпарат көздерімен жұмыс;
- 4) шығармашылық қызмет үдерісін жоспарлау;
- 5) дизайн әзірлеу бойынша тапсырмалармен жұмыс;
- 6) материалдар, олардың қасиеттері және жұмыс техникасы.

41. "Шығармашылық жұмыстарды құру және дайындау" бөлімі мынадай кіші бөлімшелерді қамтиды:

- 1) шығармашылық идеялардың көркемдік көрінісі;
- 2) құралдар мен жабдықтар;
- 3) құру технологиясы;
- 4) тамақтану мәдениеті;
- 5) үй мәдениеті;
- 6) қауіпсіздік техникасы мен еңбек гигиенасы қағидаларын сақтау.

42. "Шығармашылық жұмыстарды таныстыру, талдау және бағалау" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) шығармашылық жұмыстарды таныстыру;
- 2) идеяларды талдау және бағалау;
- 3) әдістер мен тәсілдерді талдау және бағалау
- 4) жұмысты бейімдеу және жетілдіру.

#### **4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі**

43. Оқыту мақсаттары әр сынып үшін бөлімдер бойынша берілген.

44. Оқу бағдарламасындағы оқыту мақсаттары кодтармен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бағдарламаның бөлімі мен бөлімшелерін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.1.1.2 кодында: "7" - сынып, "1.1" - бөлім, бөлімше, " 2 " - оқу мақсатының реттік саны

45. Оқу мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

- 1) "Шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту" бөлімі":

1 кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып
1.1 Қоршаған әлемді білу және түсіну	<p>7.1.1.1 ұлдар/қыздар : материалдық шындықтың әр түрлі көріністеріндегі қоршаған әлемнің көрінетін элементтерінің ( пропорциялар, пішін, композиция, түс, фактура) ерекшеліктерін түсіндіру;</p> <p>7.1.1.2 ұлдар/қыздар : қоршаған орта объектілерін сипаттауда сөздер мен терминдерді дұрыс пайдалану</p>	<p>8.1.1.1 ұлдар / қыздар: әр түрлі стильдік шешімдерде қоршаған әлемнің көрінетін элементтерін ( түсіну мен білімді көрсету (композиция, түс, пішін, құрылым, пропорция) ;</p> <p>8.1.1.2 ұлдар/қыздар : қоршаған орта объектілерін сипаттауда сөздер мен терминдерді дұрыс пайдалану</p>	<p>9.1.1.1 ұлдар / қыздар: әр түрлі стильдік шешімдерде материалдық әлемнің визуалды элементтерін ( композиция, түс, пішін, құрылым, пропорция) салыстыру және талдау;</p> <p>9.1.1.2 ұлдар/қыздар : қоршаған орта объектілерін сипаттауда сөздер мен терминдерді дұрыс пайдалану</p>	<p>10.1.1.1 ұлдар / қыздар: әр түрлі стильдік шешімдерде материалдық әлемнің визуалды элементтерін ( композиция, түс, пішін, құрылым, пропорция) салыстыру және талдау;</p> <p>10.1.1.2 ұлдар/ қыздар: қоршаған орта объектілерін сипаттауда сөздер мен терминдерді дұрыс пайдалану</p>
1.2 Тарихты, мәдениет пен дәстүрді білу мен түсіну	<p>7.1.2.1 ұлдар / қыздар: тарих және мәдениеттен туындаған өнер, қолөнер және дизайн шығармаларының ерекшеліктерін жеке зерделеу және сипаттау</p> <p>7.1.2.2 ұлдар/қыздар : тыңдалған ақпарат бойынша жабық сұрақтарға жауап беру, мұғалімнің көмегімен тірек сөздерді анықтау, оларды белгілеу</p>	<p>8.1.2.1 ұлдар / қыздар: әртүрлі тарих және мәдениеттен туындаған өнер, қолөнер және дизайн шығармаларының ерекшеліктерін түсінуді көрсету;</p> <p>8.1.2.2 ұлдар/қыздар : тыңдалған ақпарат бойынша ашық және жабық сұрақтарға жауап беру,</p>	<p>9.1.2.1 ұлдар / қыздар: әртүрлі тарих және мәдениеттен туындаған өнер, қолөнер және дизайн шығармалардағы түрлі стильдерді, материалдар мен тәсілдерді білу және санамалау</p> <p>9.1.2.2 ұлдар/қыздар : тыңдалған ақпарат бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беру, шешуші сәтті бөліп көрсету</p>	<p>10.1.2.1 ұлдар / қыздар: әртүрлі тарих және мәдениеттен туындаған өнер, қолөнер және дизайн шығармалардағы түрлі стильдерді, материалдар мен тәсілдерді салыстыру, талдау;</p> <p>10.1.2.2 ұлдар/ қыздар : жинақталған материалдар негізінде тыңдалған ақпараттар бойынша әңгіме құру</p>
	<p>7.1.3.1 ұлдар/қыздар : шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту үшін олардың ішінен ең қолайлы ақпарат көздерін таңдай отырып, әртүрлі</p>	<p>8.1.3.1 ұлдар/қыздар : шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту үшін жеке таңдалған әртүрлі ақпарат көздерін пайдалану,</p>	<p>9.1.3.1 ұлдар/қыздар : шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту үшін бастапқы және қайталама ақпарат көздерін мақсатты және нәтижелі пайдалану;</p>	<p>10.1.3.1 ұлдар/ қыздар: теориялық зерттеулер мен шығармашылық идеяларды дамыту үшін ақпарат көздерін мақсатты және нәтижелі пайдалану, ақпаратты</p>

1.3 Зерттеу дереккөздері	ақпарат көздерін пайдалануға; 7.1.3.2 ұлдар/қыздар : монологтық сөйлеуді дамыту, хабарлама дайындау , ақпаратты пайдалану ережелерін сақтау	ақпаратты пайдалану ережелерін сақтау; 8.1.3.2 ұлдар/қыздар : монологтық сөйлеуді дамыту, жиналған материалдар бойынша хабарлама дайындау, өзінің сөйлеу сапасын бақылау	9.1.3.2 ұлдар/қыздар : хабарлама үшін жеке таңдалған әртүрлі ақпарат көздерін пайдалану, тақырып бойынша ашық және жабық сұрақтар құрастыру, ақпаратты пайдалану ережелерін сақтау	пайдалану ережелерін сақтау; 10.1.3.2 ұлдар/қыздар: тақырып бойынша ашық сұрақтар қою және құрастыру үшін әртүрлі ақпарат көздерін пайдалану, сөйлеу сапасын бақылау
1.4 Шығармашылық қызмет үдерісін жоспарлау	7.1.4.1 ұлдар / қыздар: алған білімі мен тәжірибесін қолдана отырып, болашақ іс-әрекеттерін анықтау арқылы шығармашылық қызметті жоспарлау ; 7.1.4.2 ұлдар/қыздар : өнімнің материалдық шығыны мен өзіндік құнын анықтау; 7.1.4.3 ұлдар/қыздар : командада жұмыс істей білу, диалогқа қатысу, жеке пікірін білдіру және басқалардың пікірлерін тыңдау	8.1.4.1 ұлдар / қыздар: алған білімі мен тәжірибесін қолдана отырып, болашақ әрекеттерін егжей-тегжейлі сипаттау арқылы, шығармашылық қызметті жоспарлау ; 8.1.4.2 ұлдар/қыздар : зерттеу негізі арқылы халықтың өнім түрлеріне қажеттілігін айқындау; 8.1.4.3 ұлдар/қыздар : жеке пікірін білдіру және басқалардың пікірлерін тыңдау арқылы ұжымда жұмыс істей білу, диалогқа қатысу	9.1.4.1 ұлдар / қыздар: жұмыстың реттілігін анықтау арқылы шығармашылық қызметті жоспарлау ; 9.1.4.2 ұлдар/қыздар : пайданы айқындау үшін әртүрлі тауарларды өткізу нарықтарын болжау ; 9.1.4.3 ұлдар/қыздар : командада жұмыс істей білу, диалог жүргізу нормалары мен ережелерін сақтай отырып, тақырыпты талқылауға қатысу	10.1.4.1 ұлдар / қыздар: жұмысты орындаудың ең ұтымды тәсілін анықтай отырып, шығармашылық қызметті жоспарлау ; 10.1.4.2 ұлдар/ қыздар: пайданы айқындау үшін әртүрлі тауарларды өткізу нарықтарын болжау; 10.1.4.3 ұлдар/ қыздар: командада жұмыс істей білу, тақырыпты талқылауға қатысу, монологтық сөзді, пікір алмасу этикасын дамыту
	7.1.5.1 ұлдар/қыздар : функционалдық және эстетикалық талаптарға сәйкес келетін объектінің дизайнын әзірлеу бойынша тапсырмаларды орындау; 7.1.5.2 ұлдар/қыздар : графиканың әртүрлі құралдарын пайдалана отырып бұйымды жасау	8.1.5.1 ұлдар/қыздар : функционалдық және эстетикалық талаптарға сәйкес келетін объектінің дизайнын әзірлеу бойынша тапсырмаларды орындау; 8.1.5.2 ұлдар/қыздар: бұйымды жасаудың дәйектілігі мен ұтымды тәсілдерін	9.1.5.1 ұлдар/қыздар : күрделі объектілердің, бейнелер мен формалардың дизайнын әзірлеу үшін түрлі салалардан білімді жинақтау; 9.1.5.2 ұлдар/қыздар: графиканың әртүрлі құралдарын (оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды)	10.1.5.1 ұлдар/ қыздар: күрделі объектілердің, бейнелер мен формалардың дизайнын әзірлеу үшін түрлі салалардан білімді жинақтау; 10.1.5.2 ұлдар/қыздар: графиканың әртүрлі құралдарын пайдалана отырып, графикалық және

<p>1.5 Дизайн (эскиз) әзірлеу бойынша тапсырмалармен жұмыс</p>	<p>үшін эскиздерді орындау және графикалық және технологиялық құжаттарды әзірлеу; 7.1.5.3 ұлдар/қыздар : графикалық және технологиялық құжаттаманы ресімдеу үшін білім алушылардың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес техникалық құралдар мен құрылғыларды пайдалану;</p>	<p>анықтай отырып, графикалық және технологиялық құжаттаманы әзірлеу; 8.1.5.3 ұлдар/қыздар : графикалық және технологиялық құжаттаманы ресімдеу үшін білім алушылардың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес техникалық құралдар мен құрылғыларды пайдалану;</p>	<p>пайдалана отырып, графикалық және технологиялық құжаттаманы дайындау; 9.1.5.3 ұлдар/қыздар: графикалық және технологиялық құжаттаманы ресімдеу үшін білім алушылардың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес стандартты бағдарламалық жасақтаманы, техникалық құралдар мен құрылғыларды пайдалану</p>	<p>технологиялық құжаттаманы жеке дайындау; 10.1.5.3 ұлдар/қыздар: графикалық және технологиялық құжаттаманы ресімдеу үшін білім алушылардың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес стандартты бағдарламалық жасақтаманы, техникалық құралдар мен құрылғыларды пайдалану</p>
<p>1.6 Материалдар, олардың қасиеттері және жұмыс техникасы</p>	<p>7.1.6.1 ұлдар: жобаланатын объектілерді дайындау кезінде материалдардың физикалық, механикалық және технологиялық қасиеттерін анықтау және салыстыру; 7.1.6.2 ұлдар/қыздар : бірқатар материалдарды тану және жұмысты жасау үшін құрамдастырудың, өңдеудің және пайдаланудың тиімділігін анықтау; 7.1.6.3 қыздар: фурнитура мен әрлеу материалдарының жіктелуі мен сипаттамасын анықтау, сипаттау және салыстыру; 7.1.6.4 ұлдар/қыздар</p>	<p>8.1.6.1 ұлдар: жобаланатын объектінің қасиеттері мен тағайындауларын ескере отырып, материалдарды, оларды өңдеу мен әрлеу тәсілдері айқындау және таңдау; 8.1.6.2 ұлдар/қыздар : бұйымды дайындау және өңдеу үшін заманауи және дәстүрлі емес материалдарды жеке таңдау; 8.1.6.3 қыздар: табиғи және жасанды былғары мен үлбірдің түрлері мен қасиеттерін зерттеу, анықтау және салыстыру; 8.1.6.4 ұлдар/қыздар: шығармашылық жұмыстар кезінде</p>	<p>9.1.6.1 ұлдар: техникалық, экологиялық және тұтынымдық сипаттамаларын ескере отырып, материалдарды және оларды өңдеу тәсілдерін таңдау; 9.1.6.2 ұлдар/қыздар : бұйымды дайындау және өңдеу үшін қазіргі заманғы және дәстүрлі емес материалдарды жеке таңдау (қажет болған жағдайда масштабтауды қолдану); 9.1.6.3 қыздар: тоқылған, тоқыма емес маталарды жеке анықтау және салыстыру ; 9.1.6.4 ұлдар / қыздар : шығармашылық жұмыстарды талдауда бірқатар техникалар мен көркем</p>	<p>10.1.6.1 ұлдар: техникалық, экологиялық және тұтынымдық сипаттамаларын ескере отырып материалдарды, оларды өңдеу мен әрлеу тәсілдерін жеке таңдау; 10.1.6.2 ұлдар/қыздар: бұйымды дайындау және өңдеу үдерісінде материалдарды пайдалану кезінде жеке шешімдері мен тәсілдерін ұсыну ( қажет болған жағдайда масштабтауды қолдану); 10.1.6.3 қыздар: тоқылған, тоқылмаған жаймаларды және басқа да заманауи, дәстүрлі материалдарды жеке зерттеу, анықтау және бағалау; 10.1.6. 4 ұлдар / қыздар : шығармашылық</p>

	: шығармашылық жұмыстар кезінде түрлі техникалар мен көркем материалдарды анықтау, таңдау және біріктіру; 7.1.6.5 ұлдар / қыздар: материалды өңдеу техникасын қол жетімді тәсілдермен және құрылғылармен жүзеге асыру;	түрлі техникалар мен көркем материалдарды анықтау, таңдау және біріктіру; 8.1.6.5 ұлдар / қыздар: материалды өңдеу техникасын ж е к е мүмкіндіктерге сәйкес таңдау, қол жетімді тәсілдер ж ә н е құрылғылармен жүзеге асыру;	материалдарды қолдану бойынша дайын шешімдерді салыстыру және бағалау; 9.1.6.5 ұлдар / қыздар: Материалды өңдеу техникасын қол жетімді тәсілдермен ж ә н е құрылғылармен жүзеге асыру; 9.1.6.6 ұлдар / қыздар: тақырып бойынша ашық және жабық сұрақтарға жауап беру	жұмыстарды жасау кезінде бірқатар техника мен көркем материалдарды қолдану бойынша өз шешімдерін ұсыну; 10.1.6.5 ұлдар / қыздар: Материалды өңдеу техникасын жеке мүмкіндіктерге, қол жетімді әдістер мен құрылғыларға сәйкес таңдау; 10.1.6.6 ұлдар / қыздар: тақырып бойынша ашық және жабық сұрақтарға жауап беру
--	--	--	--	--

## 2) "Шығармашылық жұмыстарды жасау және дайындау"

2 кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып
2.1 Шығармашылық идеялардың көркемдік көрінісі	7.2.1.1 ұлдар/қыздар : анағұрлым күрделі шығармашылық идеяларды ұсыну үшін қоршаған ортаның көрнекі элементтерін және өнердің суреттеу құралдарын негізді түрде анықтау, таңдау және пайдалану; 7.2.1.2 ұлдар/қыздар : эскиздің орналасуын паракка белгілеу, оның негізгі композициялық ережелерін атау;	8.2.1.1 ұлдар/қыздар : күрделі шығармашылық идеяларды ұсыну үшін экспрессивті өнер құралдарын өз бетінше анықтау, таңдау және пайдалану; 8.2.1.2 ұлдар/қыздар : эскиз бейнесін кезең-кезеңмен айту , суретті орындау техникасын таңдау	9.2.1.1 ұлдар/қыздар : мазмұнды және біртума (бірегей) туындылар жасау үшін өнердің суреттеу құралдарын өз бетінше, сенімді пайдалану; 9.2.1.2 ұлдар/қыздар : эскизді орындау техникасын таңдауды негіздеу ( геометриялық фигуралардың үлгілері, ою-өрнек)	10.2.1.1 ұлдар/ қыздар: мазмұнды және бірегей туындылар жасау үшін өнердің суреттеу құралдарын дербес пайдалану; 10.2.1.2 ұлдар/ қыздар: елес, қиял, ойлауды дамыту, эскизді тақырыптық сюжеттік сурет түрінде орындау
	7.2.2.1 ұлдар: құрылмалық, табиғи және жасанды материалдарды	8.2.2.1 ұлдар: қазіргі заманғы технологиялық машиналарда құрылмалық материалдарды	9.2.2.1 ұлдар: материалдарды өңдеу үшін	10.2.2.1 ұлдар: материалдарды өңдеу үшін құрал-саймандар мен қазіргі заманғы технологиялық



2 . 2

Құрал-саймандар мен жабдықтар

<p>өңдеу бойынша қазіргі заманғы технологиялық машиналардың құрылысы мен жұмыс істеу принципін сипаттау ; 7.2.2.1 қыздар: тігін машинасының жұмысындағы ақауларды анықтау және жою; 7.2.2.2 қыздар: тігін бұйымдарын ылғалды-жылумен өңдейтін құрылғыларды анықтау, таңдау және қолдану; 7.2.2.3 ұлдар/қыздар : негізгі сәттерді анықтау үшін ашық сұрақтарға мазмұны бойынша жауап беру; 7.2.2.3 ұлдар/қыздар : құралдар мен материалдар білім алушының жеке мүмкіндіктеріне сәйкес таңдалады</p>	<p>өңдеу бойынша күрделі емес операцияларды орындау; 8.2.2.1 қыздар: тігін машиналарына арналған құрылғыларды таңдау және қолдану (саңылаулы ілмектерді өңдеу, сыдырма ілгегін жалғау үшін); 8.2.2.2 ұлдар/қыздар : кәсіпорындардағы өндірістік және технологиялық үдерістің кезектілігін білу; 8.2.2.3 ұлдар/қыздар : негізгі сәттерді айқындау үшін мазмұны бойынша жоғары тәртіптегі сұрақтарға жауап беру; 8.2.2.3 ұлдар/қыздар : құралдар мен материалдар білім алушының жеке мүмкіндіктеріне сәйкес таңдалады</p>	<p>құралдар мен қазіргі заманғы технологиялық машиналарды анықтау, таңдау; 9.2.2.1 қыздар: заманауи тігін құралдарын, жиектейтін тігін машинасының құрылысын білу; 9.2.2.2 ұлдар/қыздар : кәсіпорындардағы өндірістік және технологиялық үдерістің реттілігін сипаттау; 9.2.2.3 қыздар: тігін машиналарында стандартты операцияларды орындау; 9.2.2.4 ұлдар/қыздар : материалдарды өңдеу және бұйымдарды әрлеуді қолжетімді тәсілдермен және құрылғылармен жүргізу</p>	<p>машиналарды таңдау және қолдану; 10.2.2.1 қыздар: Заманауи тігін құралдарын пайдалану, жиектейтін тігін машинасын қолдану ; 10.2.2.2 ұлдар/қыздар : кәсіпорындардағы өндірістік және технологиялық процестің заңдылықтарын білуді және түсінуді көрсету; 10.2.2.3 қыздар: тігін машиналарында күрделі операцияларды жүргізу (кесте, аппликация); 10.2.2.4 ұлдар/қыздар : Материалдарды өңдеу және өнімді әрлеу қол жетімді әдістермен және құрылғылармен жүзеге асыру</p>
<p>7.2.3.1 ұлдар: қол жетімді тәсілдер және құрылғылармен функционалды және эстетикалық қасиеттерді жақсарту үшін материалдарды өңдеу мен өнімді әрлеуді жүзеге асыру; 7.2.3.1 ұлдар: қол жетімді әдістер мен құрылғылар арқылы бірізділік пен дәлдікті сақтай отырып, күрделі</p>	<p>8.2.3.1 ұлдар: қол жетімді әдістер мен құрылғыларды қолдана отырып, материалдарды өңдеу және әрлеу әдістерін анықтау және қолдану; 8.2.3.2 ұлдар: дербес әзірленген технологиялық құжаттама бойынша , қолжетімді тәсілдер мен құралдар арқылы күрделі бұйымдар жасау; 8.2.3.1 қыздар: жеке мүмкіндіктер</p>	<p>9.2.3.1 ұлдар: бұйымды дайындау үдерісінде материалдарды өңдеу мен әрлеудің қолжетімді тәсілдерін айқындау , таңдау және қолдану; 9.2.3.2 ұлдар: түрлі техниканы, құрастырылымдарды және заманауи материалдарды пайдалана отырып, қол жетімді әдістер</p>	<p>10.2.3.1 ұлдар: бұйымды дайындау үдерісінде материалдарды өңдеу мен әрлеудің қолжетімді тәсілдерін айқындау , таңдау және қолдану; 10.2.3.2 ұлдар: заманауи материалдарды пайдалана отырып, қол жетімді әдістер мен құрылғылар арқылы күрделі бұйымдар жасау; 10.2.3.1 қыздар :</p>

2.3 Құру технологиясы

<p>бұйымдарды технологиялық құжаттама бойынша дайындау ; 7.2.3.1 қыздар: заманауи тоқыма және әрлеу материалдары мен әртүрлі құрастырымды олдана отырып, технологиялық құжаттамаға сәйкес тігін машинасында бұйымдар жасау, қол жетімді әдістер мен құрылғыларды таңдау; 7.2.3.4 ұлдар/қыздар : шығармашылық жұмыстар мен бұйымдарды жасау үдерісінде қазақтың ұлттық мәдениетінің элементтерін қолдану; 7.2.3.5 ұлдар / қыздар: қадамдық нұсқаулық картасымен жұмыс жасау, орындалған операциялардың сапасын бақылау, түсініктемелерде технологиялық терминдерді қолдану</p>	<p>бойынша қол құралдары мен тігін жабдықтары мен оларға арналған құрылғыларды пайдалана отырып, тоқыма материалдарын әрлеу және өңдеу әдістерін анықтау және қолдану; 8.2.3.2 қыздар: жеке әзірленген технологиялық құжаттама бойынша , қолжетімді тәсілдер және құрылғылармен бұйымдар жасау; 8.2.3.3 ұлдар/қыздар : шығармашылық жұмыстар мен бұйымдарды жасау үдерісінде қазақтың ұлттық мәдениетінің элементтерін қолдану; 8.2.3.4 ұлдар / қыздар: қадамдық нұсқаулық картасымен жұмыс жасау, орындалған операциялардың сапасын бақылау, түсініктемелерде технологиялық терминдерді қолдану</p>	<p>мен құрылғылар арқылы күрделі бұйымдар жасау; 9.2.3.1 қыздар: өнімді дайындау үдерісінде материалдарды өңдеу әдістерін анықтау, таңдау және қолдану; 9.2.3.2 қыздар: дербестік пен сенімділік көрсете отырып, әртүрлі техниканы, құрастырылымдар ы және заманауи материалдарды пайдалану арқылы, бірегей бұйымдар жасау; 9.2.3.3 ұлдар/қыздар : шығармашылық жұмыстар мен бұйымдарды жасау үдерісінде қазақтың ұлттық мәдениетінің элементтерін қолдану; 9.2.3.4 ұлдар / қыздар: қадамдық нұсқаулық картасымен жұмыс жасау, орындалған операциялардың сапасын бақылау, жұмыстың кезеңдерін айту</p>	<p>өнімді дайындау үдерісінде материалдарды өңдеу әдістерін анықтау, таңдау және қолдану; 10.2.3.2 қыздар: дербестік пен сенімділік көрсете отырып, әртүрлі техниканы, құрастырылымдар ы және заманауи материалдарды пайдалану арқылы, бірегей бұйымдар жасау; 10.2.3.3 ұлдар/ қыздар : шығармашылық жұмыстар мен бұйымдарды жасау үдерісінде қазақтың ұлттық мәдениетінің элементтерін қолдану; 10.2.3.4 ұлдар/ қыздар: қадамдық нұсқаулық картасымен жұмыс жасау, операциялардың орындалу сапасын бақылау, жұмысты түсіндіре отырып технологиялық терминдерді пайдалану</p>
<p>7.2.4.1 қыздар: әртүрлі халықтар мен әлемнің белгілі аспазшыларының ас үй ерекшеліктерін сипаттау және салыстыру; 7.2.4.2 қыздар: әлемнің басқа халықтарының тағамдары мен ұлттық тағамдарды дайындау</p>			

<p>2.4 Тамақтану мәдениеті</p>	<p>технологиясын зерделеу және қолдану; 7.2.4.3 қыздар: әр түрлі тағамдарды дайындау үшін азық-түлікті, құралдарды, жабдықтарды таңдауға қатысты дербес және негізді шешім қабылдау; 7.2.4.4 қыздар: тағам дайындау технологиясына түсініктеме беру</p>			
	<p>7.2.5.1 ұлдар: ауыл шаруашылығы өндірісіндегі заманауи техника мен жабдықтарды сипаттау, жіктеу және бағалау; 7.2.5.1 қыздар: интерьерді безендіру мен декорациялау үшін өсімдіктердің әртүрлі түрлерінің эстетикалық қасиеттерін қолдану, сипаттау, және бағалау; 7.2.5.2 ұлдар: электр техникалық арматура мен тұрмыстық аспаптарды қолжетімді тәсілдермен және құрылғылармен қарапайым жөндеуді орындау; 7.2.5.3 ұлдар: электр тізбектерінен ақауларды табу; 7.2.5.4 ұлдар: есептеулерді орындау үшін бақылау-өлшеу аспаптарын таңдау және қолдану;</p>	<p>8.2.5.1 ұлдар/қыздар : ауыл шаруашылығы өндірісін дамытудағы ғылыми тәсілдерді талқылау және бағалау; 8.2.5.1 қыздар: өсімдіктердің медицинадағы, фитотерапиядағы және косметологиядағы рөлін зерттеу, талқылау және бағалау; 8.2.5.2 ұлдар: электрқұралдары мен тұрмыстық техниканың тұтынымдық, эргономикалық және эстетикалық сапасын салыстыру және бағалау; 8.2.5.3 ұлдар: тұрмыстағы жөндеу жұмыстары кезінде</p>	<p>9.2.5.1 ұлдар/қыздар : ландшафттық дизайнның заманауи бағыттары мен элементтерін, стильдерді, анықтау және сипаттау; 9.2.5.2 ұлдар: жарықтың әртүрлі түрлері мен типтерінің сипаттамаларын айқындау және сипаттау; 9.2.5.3 ұлдар: функционалдық, эргономикалық және эстетикалық талаптарды ескере отырып, интерьерде жарықтандыруды</p>	<p>10.2.5.1 ұлдар/қыздар : ландшафттық дизайнның заманауи бағыттары мен элементтерін, стильдерді, анықтау және сипаттау; 10.2.5.2 ұлдар: жарықтың әртүрлі түрлерінің сипаттамаларын айқындау және сипаттау; 10.2.5.3 ұлдар: функционалдық, эргономикалық және эстетикалық талаптарды ескере отырып, интерьерде жарықтандыруды</p>

2.5 Үй мәдениеті	<p>7.2.5.5 ұлдар: интерьерді ұйымдастыру бойынша практикалық жұмыстарды орындау барысында жарықтандыру, желдету және жылу жүйесіне қойылатын нормалар мен талаптарды зерделеу және сақтау;</p> <p>7.2.5.2 қыздар: мақсаттық тағайындама мен іс-әрекет үдерісі бойынша тұтынымдық, эстетикалық және экологиялық сапасын бағалай отырып тұрмыстық техниканы топтастыру;</p> <p>7.2.5.3 қыздар: тұрмыстық техниканы пайдалану және күтім жасау ережелерін зерделеу және сипаттау;</p> <p>7.2.5.4 ұлдар/қыздар : суреттемеге сүйене отырып, жиналған материал бойынша пікір құру үшін заманауи ақпарат іздеу құралдарын пайдалану</p>	<p>ақауларды жоюдың ұтымды тәсілдерін табу;</p> <p>8.2.5.4 ұлдар: тұрмыстағы жөндеу жұмыстары кезінде материалдарды, жабдықтар мен құралдарды зерделеу, таңдау және қолдану;</p> <p>8.2.5.2 қыздар: материалдар мен техниканы өз бетінше анықтай және таңдай отырып, эстетикалық және техникалық талаптарға сәйкес келетін интерьерге арналған сәндік бұйымдар жасау;</p> <p>8.2.5.5 ұлдар/қыздар : суреттемеге сүйене отырып, жиналған материал бойынша пікір құру үшін заманауи ақпарат іздеу құралдарын пайдалану</p>	<p>ұйымдастыру жөнінде шығармашылық шешімдер әзірлеу;</p> <p>9.2.5.3 ұлдар/қыздар : интерьерді ұйымдастыру, жоспарлау және безендіру бойынша практикалық жұмыстарды орындау үшін түрлі салалардан білімді жинақтау;</p> <p>9.2.5.4 ұлдар/қыздар : суреттемеге сүйене отырып, жиналған материалға мәлімдеме жасау үшін ақпаратты іздеудің заманауи құралдарын қолдану ;</p>	<p>ұйымдастыру жөнінде шығармашылық шешімдер әзірлеу;</p> <p>10.2.5.3 ұлдар/қыздар: интерьерді ұйымдастыру, жоспарлау және безендіру бойынша практикалық жұмыстарды орындау үшін түрлі салалардан білімді жинақтау;</p> <p>10.2.5.4 ұлдар/қыздар: суреттемеге сүйене отырып, жиналған материалға мәлімдеме жасау үшін ақпаратты іздеудің заманауи құралдарын қолдану</p>
2.6 Қауіпсіздік техникасы мен еңбек гигиенасы ережелерін сақтау	<p>7.2.6.1 ұлдар/қыздар : қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, материалдар мен құралдарды пайдалану;</p> <p>7.2.6.2 ұлдар/қыздар : қазіргі заманғы технологиялық машиналарда</p>	<p>8.2.6.1 ұлдар/қыздар : қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, материалдар мен құралдарды пайдалану;</p> <p>8.2.6.2 ұлдар/қыздар : құрал-саймандармен, жабдықтармен</p>	<p>9.2.6.1 ұлдар/қыздар : қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, материалдар мен құралдарды пайдалану;</p> <p>9.2.6.2 ұлдар/қыздар : - бұйымдарды дайындау бойынша жұмыстардың жекелеген түрлеріне</p>	<p>10.2.6.1 ұлдар/қыздар: қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, материалдар мен құралдарды пайдалану;</p> <p>10.2.6.2 ұлдар/қыздар : бұйымдарды дайындау бойынша жұмыстардың жекелеген түрлеріне</p>

қауіпсіз жұмыс істеу тәсілдерін білу және түсіндіру	қауіпсіз жұмыс бойынша жадынама жасау	қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтар жасау	қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтар жасау
---	---------------------------------------	--	--

### 3) "Шығармашылық жұмыстарды таныстыру, талдау және бағалау" бөлімі:

3 кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары			
	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып
3.1 Шығармашылық жұмыстарды таныстыру	7.3.1.1 ұлдар/қыздар : кең аудиторияға дайын жұмысты таныстыру (көрме, сән көрсету); 7.3.1.2 ұлдар/қыздар : әңгіме құрастыру кезінде сөз таптарын сауатты пайдалану 7.3.2.2 ұжымда жұмыс істей білу, диалогқа қатысу, өз пікірін білдіру және басқалардың пікірін тыңдау	8.3.1.1 ұлдар/қыздар : онлайн платформаларда анағұрлым кең аудиторияға дайын жұмысты таныстыруды ұйымдастыру; 8.3.1.2 ұлдар/қыздар : әңгіме құрастыру кезінде сөз таптарын сауатты пайдалану	9.3.1.1 ұлдар/қыздар : медиа құралдар мен онлайн платформаларды қолдана отырып, жекелеген аудитория үшін дайын жұмысты таныстыруды ұйымдастыруға; 9.3.1.2 ұлдар/қыздар : конспектіге сүйеніп монологтық сөйлеуді дамыту	10.3.1.1 ұлдар/қыздар: медиа құралдар мен онлайн платформаларды қолдана отырып, жекелеген аудитория үшін дайын жұмысты таныстыруды ұйымдастыруға; 10.3.1.2 ұлдар/қыздар: әңгімені конспектіге сүйенбей құрастыру , сөйлеу сапасын бақылау
3.2 Идеяларды талдау және бағалау	7.3.2.1 ұлдар/қыздар : пәндік терминологияны пайдалана отырып, өзінің және басқалардың жұмысында көрсетілген идеялар мен тақырыптарды талқылау және бағалау; 7.3.2.2 ұлдар/қыздар : жұмыстың кезеңдерін айта отырып, айрықша техникалық терминдерді сауатты пайдаланып диалог құру;	8.3.2.1 ұлдар/қыздар : пәндік терминологияны пайдалана отырып, өзінің және басқалардың жұмысында көрсетілген идеялар мен тақырыптарға талдау және бағалау жүргізу үшін критерилер қолдану ; 8.3.2.2 ұлдар/қыздар : жұмыстың кезеңдерін айта отырып, айрықша техникалық терминдерді сауатты пайдаланып диалог құру;	9.3.2.1 ұлдар/қыздар : өзінің және басқалардың жұмыстарындағы тарихи, әлеуметтік және мәдени мәнмәтіндерді талдау және бағалау ; 9.3.2.2 ұлдар/қыздар : жұмысты талдау және бағалау, қайталаудан аулақ болу, талқылауда тілектестік білдіру	10.3.2.1 ұлдар/қыздар: өзінің және басқалардың жұмыстарындағы тарихи, әлеуметтік және мәдени мәнмәтіндерді талдау және бағалау ; 10.3.2.2 ұлдар/қыздар: жұмысты талдау және бағалау , қайталаудан аулақ болу, талқылауда тілектестік білдіру
	7.3.3.1 ұлдар/қыздар : пәндік терминологияны қолдана отырып, жеке жұмысын	8.3.3.1 ұлдар/қыздар : даярланған өнімге пайдаланылған сапа , әдістер мен тәсілдерге талдау	9.3.3.1 ұлдар/қыздар : өнімнің сыртқы келбетін анықтайтын негізгі факторлар мен	10.3.3.1 ұлдар/қыздар: өнімнің сыртқы келбетін анықтайтын негізгі факторлар мен

3.3 Әдістер мен тәсілдерді талдау және бағалау	және басқалардың жұмысын жасау үшін қолданылатын әдістер мен тәсілдерді талқылау және бағалау; 7.3.3.2 ұлдар / қыздар: жеке тәжірибе мен бақылауға сүйене отырып, әңгіме құру	және бағалау жүргізу үшін критериді қолдану; 8.3.3.2 ұлдар/қыздар : жеке жиналған материалға сүйене отырып әңгіме құру, сөйлеу сапасын бақылау	бұйымның сапасын талқылау және бағалау; 9.3.3.2 ұлдар/қыздар : бұйымның нұсқаулық-технологиялық картасына сүйене отырып, өнімнің сапасын талдау және бағалау , жұмыс кезеңдері туралы әңгіме құрастыру	бұйымның сапасын талқылау және бағалау; 10.3.3.2 ұлдар/қыздар: бұйымның нұсқаулық-технологиялық картасына сүйене отырып, өнімнің сапасын талдау және бағалау , жұмыс кезеңдері туралы әңгіме құрастыру
3.4 Жұмысқа бейімделу және жетілдіру	7.3.4.1 ұлдар/қыздар : қолданылған идеяларды салыстыруға негізделе отырып, өзінің және басқалардың жұмыстарын бейімдеу, жетілдіру жөнінде сыни ұсыныстар жасау; 7.3.4.2 ұлдар/қыздар : қойылған мақсаттар мен міндеттерді шеше отырып, ұжымда жұмыс жасау	8.3.4.1 ұлдар/қыздар : пайдаланылған идеялар мен тәсілдерді талдау мен бағалауды негізге ала отырып, өзінің және басқалардың жұмыстарын бейімдеу, жетілдіру жөнінде сыни ұсыныстар жасау; 8.3.4.2 ұлдар/қыздар : қойылған мақсаттар мен міндеттерді шеше отырып, ұжымда жұмыс жасау, сыныптастардың сөйлеу сапасын бақылау	9.3.4.1 ұлдар/қыздар : өзінің және басқалардың жұмыстарының мақсаттары мен маңыздылығына негізделген баға беріп, жеке көзқарасын айту; 9.3.4.2 ұлдар/қыздар : топта жұмыс істеу, айналадағылардың сынына оң көзқарас білдіру, сындарлы ұсыныстар қабылдау, сөйлеу сапасын бақылау	10.3.4.1 ұлдар/қыздар: өзінің және басқалардың жұмыстарының мақсаттары мен маңыздылығына негізделген баға беріп, жеке көзқарасын айту; 10.3.4.2 ұлдар/қыздар: топта жұмыс істеу, айналадағылардың сынына оң көзқарас білдіру, сындарлы ұсыныстар қабылдау, сөйлеу сапасын бақылау

46. Осы Бағдарлама тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Технология" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

47. Бөлім мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Технология" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымша

**Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Технология" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

1) 7 сынып (ұлдар)

1 кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Тақырыптар/ мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-ші тоқсан		
1. Визуалды өнер	Заманауи техника және өнердегі ғылымның жетістіктері. Табиғат микросуреттері	<p>7.1.1.1 түрлі мәнмәтіндерде, стильдерде және бағыттарда қоршаған әлемнің көрнекі элементтерін (композиция, түс, форма, фактура, пропорция) білу мен түсінуді көрсету;</p> <p>7.2.1.1 шығармашылық идеялар мен сезімдерді жеткізу үшін әлемнің визуалды элементтерін және экспрессивті өнер құралдарын өз бетінше таңдау және пайдалану</p>
	Бейнелеу өнеріндегі заманауи бағыттар (попарт, орнатим)	<p>7.3.2.1 пәндік терминологияны қолдана отырып, өз жұмысында және басқалардың (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмысында көрініс тапқан идеялар мен тақырыптарды түсіну ;</p> <p>7.3.3.1 өз жұмысын және басқалардың (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмысын жасау үшін пайдаланылған техниканы түсіндіру</p>
	Қазақстанның заманауи суретшілері	<p>7.1.2.1 тарихи және мәдени шығу тегі әртүрлі өнер, қолөнер және дизайн туындыларының ерекшеліктерін жеке зерделеу және айқындау</p> <p>7.1.3.1 шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту үшін ең қолайлы ақпарат көздерін пайдалану (оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану)</p>
		7.1.6.4 шығармашылық жұмыстарды жасау кезінде әртүрлі (қазіргі заманғы) техника

	<p>Өнердегі қазіргі заманғы стильдік бағыттарды зерттеу негізіндегі практикалық жұмыс (2D немесе 3D форматында)</p>	<p>мен көркем материалдарды айқындау, таңдау және құрамдастыру; 7.1.6.2 бірқатар заманауи және дәстүрлі емес материалдарды тану және олардың шығармашылық жұмыстарды жасау үшін қалай тиімді құралатынын, өңделетінін және пайдаланылатынын анықтау; 7.2.1.1 шығармашылық идеялар мен сезімдерді жеткізу үшін қоршаған әлемнің визуалды элементтері мен өнердің мәнерлі құралдарын өз бетінше таңдау және пайдалану</p>
	<p>Жұмыстарды таныстыру және көрмені ұйымдастыру</p>	<p>7.3.1.1 кең аудитория үшін дайын жұмысты таныстыру (көрме, сән үлгісін көрсету); қойылған мақсат пен міндеттерді шеше отырып ұжымда жұмыс жасау</p>
<p>2-ші тоқсан</p>		
<p>2. Сәндік-қолданбалы өнер</p>	<p>Пирография өнерімен танысу. Көркем күйдіру тәсілдері мен техникасы</p> <p>Эскизді орындау. Материалды таңдау және дайындау</p>	<p>7.1.2.1 тарихи және мәдени шығу тегі әртүрлі өнер, қолөнер және дизайн туындыларының ерекшеліктерін өз бетінше зерттеу және анықтау</p> <p>7.1.5.2 әр түрлі графикалық құралдарды қолдана отырып, эскиздерді орындау және үлгіні жасау үшін графикалық және технологиялық құжаттаманы рәсімдеу, жұмыстың кезеңдерін (кезең-кезеңмен орындау) анықтау; 7.1.6.4 шығармашылық жұмыстарды жасау кезінде әртүрлі (қазіргі заманғы) техникалар мен көркем материалдарды анықтау, таңдау және біріктіру;</p>
	<p>Бұйымды көркем күйдіру. Рәсімдеу</p>	<p>7.2.3.1 функционалдық және эстетикалық қасиеттерін жақсарту үшін материалдарды механикалық өңдеп, өнімді әрлеуді жүзеге асыру; 7.2.3.4 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдарды жасауда қазақтың ұлттық мәдениетінің элементтерін пайдалану; 7.2.6.1 қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, оның</p>



		маңыздылығын түсініп әрі көрсете отырып, материалдар мен құралдарды пайдалану
	Жұмыстарды таныстыру және көрмені ұйымдастыру	7.3.1.1 дайын жұмысты кең аудиторияға таныстыру (көрме, сән үлгісін көрсету); қойылған мақсаттар мен міндеттерді шеше отырып, командада жұмыс жасау
3-ші тоқсан		
Дизайн және технология	Сүректі механикалық өңдеуге арналған құрал- жабдықтар	7.2.2.1 заманауи технологиялық машиналардың жұмыс принциптерін ажырату, қол жетімді тәсілдермен және құрылғылармен құрылымдық, табиғи және жасанды материалдарды өңдеу бойынша операцияларды орындау
	Сүректі механикалық өңдеу жұмысын ұйымдастыру	7.2.6.2 заманауи технологиялық машиналарда қауіпсіз жұмыс істеу тәсілдерін түсіндіру; 7.1.6.1 жобаланатын объектілерді дайындау кезінде құрылымдық, табиғи және жасанды материалдардың физикалық, механикалық және технологиялық қасиеттерін анықтау және салыстыру; 7.2.3.1 қол жетімді әдістер мен құрылғылардың функционалды және эстетикалық қасиеттерін жақсарту үшін материалдарды механикалық өңдеу мен өнімді әрлеуді жүзеге асыру
	Сүректен жасалған бұйымдарды әзірлеу. Бұйымның дизайны. Материалды таңдау және дайындау	7.1.5.1 функционалды ( техникалық) және эстетикалық талаптарға сәйкес келетін объектінің дизайнын әзірлеу бойынша тапсырмаларды орындау ; 7.1.5.2 графиканың әртүрлі құралдарын пайдалана отырып, бұйымды дайындау үшін эскиз жасау және графикалық және технологиялық құжаттамаларды әзірлеу; 7.1.4.1 алған білімі мен тәжірибесін пайдалану арқылы, өзінің болашақ іс-әрекеттерін айқындап және шешімнің өзіндік нұсқаларын ұсына отырып, шығармашылық қызметті жоспарлау;

		7.1.4.2 бұйымның материалдық шығындарын және өзіндік құнын анықтау
	Бұйымды дайындау. Материалдар мен бөлшектерді механикалық өңдеу. Бұйымды декорациялау	7.2.3.1 функционалдық және эстетикалық қасиеттерді жақсарту үшін материалдарды механикалық өңдеу мен бұйымдарды әрлеуді жүзеге асыру 7.2.3.2 технологиялық құжаттама бойынша бірізділік пен дәлдікті сақтай отырып, күрделі бұйымдарды дайындау 7.3.4.1 қолданылған идеяларды салыстыруға негізделе отырып, жеке жұмысын және басқалардың жұмыстарын бейімдеу, жетілдіру бойынша сын тұрғысынан ұсыныстар жасау;
	Көрмені ұйымдастыру	7.3.1.1 дайын жұмысты кең аудиторияға таныстыру (көрме, сән үлгісін көрсету); қойылған мақсаттар мен міндеттерді шеше отырып, командада жұмыс жасау
4-ші тоқсан		
Үй мәдениеті	Ауыл шаруашылығы өндірісіндегі қазіргі заманғы техника мен құрал-жабдықтар	7.2.5.1 ауылшаруашылық өндірісіндегі заманауи техника мен жабдықтардың жіктелуіндегі айырмашылықтарды түсіну; 7.1.3.1 шығармашылық идеялар үшін әртүрлі ақпарат көздерін, ең қолайлысын тандап пайдалану
	Электр арматурасы мен тұрмыстық аспаптарды жөндеу	7.2.5.2 электрлі техникалық арматура мен тұрмыстық аспаптарды жөндеудің қарапайым әдістерін ажырата білу; 7.2.5.3 электр тізбектерінде ақаудың болу тәсілдерін білу 7.2.5.4 есеп шығару үшін бақылау-өлшеу аспаптарымен танысу;
	Тұрғын үйдің экологиясы. Үйдегі микроклимат	7.1.3.1 шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту үшін әртүрлі ақпарат көздерін пайдалану, олардың ішінен ең қолайлысын таңдау 7.2.5.5 интерьерді ұйымдастыру бойынша практикалық жұмыстарды орындау кезінде жарықтандыруға (табиғи және жасанды), желдетуге және

жылыту жүйесіне қойылатын нормалар мен талаптарды зерделеу және сақтау;  
7.3.1.1 кең аудиторияға дайын жұмысты таныстыру (көрме, сән үлгісін көрсету); қойылған мақсаттар мен міндеттерді шеше отырып ұжымда жұмыс жасау;

## 2) 8 сынып (ұлдар)

### 2 кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/ Мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-ші тоқсан		
Сәндік-қолданбалы өнер	Мозаика өнері. Мозаиканы орындау түрлері мен техникасы	8.3.2.1 пәндік терминологияны пайдалана отырып, өзінің және басқалардың (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмысында көрсетілген идеялар мен тақырыптарға талдау және бағалау жүргізу үшін критерии қолдану; 8.3.3.1 жасалған өнімге (шығармашылық жұмысқа) пайдаланылған әдістер, тәсілдер мен сапаға талдау және бағалау жүргізу үшін критерилерді қолдану;
	Эскиз және материалды таңдау. Мозаикалық панно үшін негіз дайындау	8.1.5.2 үлгі бойынша графикалық және технологиялық құжаттаманы орындау, өнімді өндірудің дәйектілігі мен ұтымды әдістерін анықтау және графиканың әртүрлі құралдарын қолдану;
	Мозайкалық панноны дайындау	8.1.6.4 шығармашылық жұмыстарды жасау кезінде әртүрлі әдістер мен көркем материалдарды өз бетінше анықтау, таңдау және біріктіру; 8.2.1.1 күрделі шығармашылық идеялар мен сезімдерді жеткізу үшін өнердің суреттеу құралдарын өз бетінше анықтау, таңдау және пайдалану;
	Көркемдеп безендіру және жұмыстарды таныстыру	8.3.1.1 онлайн платформада неғұрлым кең аудитория үшін дайын жұмысты таныстыруды ұйымдастыру; қойылған мақсаттар мен міндеттерді орындай отырып, командада жұмыс жасау;
2-ші тоқсан		

Дизайн және технология

Қазақ халқының ұлттық тұрмыстық заттарымен танысу	8.1.2.1 тарихи және мәдени шығу тегі әртүрлі өнер, қолөнер және дизайн туындыларының ерекшеліктерін түсінгендігін көрсету;
Ұлттық тұрмыстық заттарды жасау материалдары мен техникаларын зерттеу	8.1.6.1 құрылымдық, табиғи және жасанды материалдарды, олардың қасиеттері мен жобаланатын объектінің мақсатын ескере отырып, өңдеу және әрлеу тәсілдерін өз бетінше таңдау;
Идеяны талқылау және эскизді әзірлеу. Жұмысты жоспарлау	8.1.5.1 функционалдық ( техникалық), эстетикалық, эргономикалық және экологиялық талаптарға сәйкес келетін объектінің дизайнын әзірлеу жөніндегі қадамдық нұсқаулықты орындау; 8.1.4.1 алған білімі мен тәжірибесін пайдалана отырып, өзінің болашақ іс-әрекетін егжей-тегжейлі анықтай отырып, шығармашылық жұмысты кезең-кезеңімен орындауды жоспарлау
Материалдарды өңдеу. Бұйым жасау.	8.2.2.1 қазіргі заманғы технологиялық машиналарда құрастырымдық материалдарды өңдеу бойынша күрделі операцияларды атау; 8.2.3.1 қол, механикалық құралдар мен жабдықтарды пайдалана отырып, бұйымның функционалдық және эстетикалық сапасын жақсарту үшін материалдарды өңдеу және әрлеу әдістерін анықтау және қолдану; 8.2.3.2 дербес әзірленген технологиялық құжаттама бойынша күрделі (кешенді, фасонды) бұйымдар жасауды салыстыру; 8.2.3.3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдарды жасау үдерісінде қазақтың ұлттық мәдениетінің элементтерін пайдалану; 8.2.6.1 қауіпсіздік техникасын сақтау маңыздылығын сезіне және көрсете отырып, материалдар мен құралдарды пайдалану;
Жұмыстарды таныстыру	8.3.1.1 онлайн платформаларда ( онлайн форумдар, әлеуметтік желілер) неғұрлым кең аудитория

	және көрмені ұйымдастыру	үшін дайын жұмысты таныстыруды ұйымдастыру;
3-ші тоқсан		
Дизайн және технология	Үстел ойындары. Пайда болу тарихы	8.1.2.1 тарихи және мәдени шығу тегі әртүрлі өнер, қолөнер және дизайн туындыларының ерекшеліктерін түсінгендігін көрсету; 8.1.3.2 шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту үшін дербес таңдалған түрлі ақпарат көздерін пайдалану, ақпаратты пайдалану ережелерін сақтау (қазақтың ұлттық ойындары, Қазақстан халықтарының ойындары)
	Үстел ойынының тұжырымдамасы	8.1.4.2 әр түрлі ақпаратты пайдалану негізінде халықтың өнім түрлеріне қажеттілігін бағалау; 8.1.5.1 функционалдық (техникалық), эстетикалық, эргономикалық және экологиялық талаптарға сәйкес келетін объектінің дизайнын әзірлеу жөніндегі қадамдық нұсқаулықты орындау
	Үстел ойындарын әзірлеу. Графикалық құжаттама	8.1.5.2 әр түрлі графикалық құралдарды қолдану арқылы, өнімді жасаудың дәйектілігі мен ұтымды әдістерін анықтай отырып, графикалық және технологиялық құжаттамамен жұмыс жасау;
	Үстел ойынының бөлшектерін жасау. Көркем безендіру	8.1.6.2 өнімді дайындау және әрлеу үшін заманауи және дәстүрлі емес материалдарды өз бетінше таңдау, оларды қалай тиімді пайдалануға болатындығын түсіну, қол жетімді әдістер мен құрылғылармен орындау; 8.2.3.1 қол, механикалық құралдар мен жабдықтарды пайдалана отырып, бұйымның функционалдық және эстетикалық сапасын жақсарту үшін материалдарды өңдеу және әрлеу әдістерін анықтау ;
	Ойынды тестілеу. Сауалнама жүргізу және ақпарат жинау	8.3.4.1 пайдаланылған идеялар мен тәсілдерді талдау, бағалау негізінде өз жұмысын және басқалардың жұмысын бейімдеу, жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;

	Жұмыстарды таныстыру	8.3.1.1 дайын жұмыстың таныстырылымын онлайн платформаларда (онлайн форумдар, әлеуметтік желілер) неғұрлым кең аудитория үшін ұйымдастыру;
4-ші тоқсан		
Үй мәдениеті	Агротехнологияның дамуындағы ғылымның рөлі (жеке зерттеу)	8.2.5.1 ауыл шаруашылығы өндірісін дамытудағы ғылыми тәсілдерді талқылау және бағалау 8.1.3.1 шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту үшін (оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып) дербес таңдалған түрлі ақпарат көздерін пайдалану
	Электр аспаптары мен тұрмыстық техниканы таңдау және бағалау	8.2.5.2 электр жабдықтары мен тұрмыстық техниканың эргономикалық және эстетикалық қасиеттерін салыстыру және бағалау 8.1.3.1 шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту үшін дербес таңдалған әртүрлі ақпарат көздерін пайдалану;
	Үй-жайларды жөндеуге арналған заманауи материалдар, жабдықтар мен құралдар (практикалық жұмыс)	8.2.5.3 тұрмыстағы жөндеу жұмыстары кезінде ақауларды жоюдың ұтымды тәсілдері туралы түсінікке ие болу; 8.2.5.4 тұрмыстағы жөндеу жұмыстары кезінде заманауи материалдарды, жабдықтар мен құралдарды (қол және электр) зерттеу; 8.2.6.1 қауіпсіздік техникасының маңыздылығын сезіне және көрсете отырып, материалдар мен құралдарды пайдалану; 8.2.6.2-құрал-саймандар және жабдықтармен қауіпсіз жұмыс бойынша жадынама құрастыру (ауызша);

### 3) 9 сынып (ұлдар)

#### 3 кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/ мазмұн	Оқыту мақсаттары.
1-ші тоқсан		
		9.1.2.1 әр түрлі тарихи және мәдени шығу тегі өнер туындыларындағы стильдерді,

1. Сәндік-қолданбалы өнер	Заманауи интерьердегі сәндік өнім	материалдар мен тәсілдерді олардың қоғамға әсерін ескере отырып ажырата білу
	Сәндік интерьер заттарын жасау әдістері мен техникаларын зерттеу	9.1.3.1 шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту үшін бастапқы және қайталама ақпарат көздерін мақсатты және нәтижелі пайдалану (оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану)
	Идеяны талқылау, дамыту және эскизді әзірлеу. Жұмысты жоспарлау	9.1.4.1 жұмысты орындаудың дәйектілігі мен ұтымды (оңтайлы) әдісін анықтай отырып, шығармашылық қызметті жоспарлау
		9.1.5.1 нысандардың, бейнелер мен пішіндердің дизайнын жасау үшін әртүрлі салалардағы білімді қолдану
	Интерьердің сәндік заттарын жасау	9.2.1.1 мазмұнды және бірегей туындыларды жасау үшін өнердің мәнерлі құралдарын дербес, сенімді пайдалану, материалдарды өңдеу және бұйымды әрлеуді қол жетімді тәсілдер және құрылғылармен орындау; 9.1.6.2 бұйымды дайындау және өңдеу процесінде қазіргі заманғы және дәстүрлі емес материалдарды пайдалануда өзіндік (бірегей) шешімдер мен тәсілдерді ұсыну; 9.2.3.3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдарды жасау кезінде қазақтың ұлттық мәдениетінің элементтерін пайдалану
	Таныстырылым	9.3.1.1 медиа құралдар мен онлайн платформаларды (бейнеролик, онлайн форумдар, әлеуметтік желілер) қолдана отырып, жекелеген аудитория үшін дайын жұмыстың таныстырылымын дербес ұйымдастыру 9.3.4.1 өзінің және басқалардың жұмысының мақсаты мен маңыздылығын дербес бағалау және жеке көзқарасын ұсыну
	2-ші тоқсан	
	9.1.2.1 тарихи және мәдени шығу тегі әртүрлі өнер, колөнер және	

2. Дизайн және технология

<p>Сәулет өнерінің жауһарлары. Қазіргі заманғы сәулет. Қазақстанның сәулеті (тарих және қазіргі заман)</p>	<p>дизайн туындыларындағы әртүрлі стильдерді, материалдар мен тәсілдерді салыстыру, талдау; 9.3.3.1 өнімнің сыртқы түрін анықтайтын негізгі факторларды, өнімнің сапасын (эстетика, функция, экономика) талқылау және бағалау</p>
<p>Сәулет ғимараттары мен құрылыстарының эскиздері, сызбалары (еліктемелік немесе жеке идеялары)</p>	<p>9.1.6.2 бұйымды дайындау және өңдеу кезінде заманауи және дәстүрлі емес материалдарды пайдаланудың өзіндік (бірегей) шешімдері мен тәсілдерін ұсыну; 9.1.6.4 шығармашылық жұмыстарды жасау кезінде бірқатар техникалар мен көркем материалдарды қолдану бойынша өзіндік (бірегей) шешімдерді ұсыну</p>
<p>Сәулет объектісінің пішінін дайындауға арналған материалдарды таңдау және анықтау</p>	<p>9.1.6.2 бұйымды дайындау және өңдеу үдерісінде заманауи және дәстүрлі емес материалдарды пайдаланудың өзіндік (бірегей) шешімдері мен тәсілдерін ұсыну; 9.1.6.4 шығармашылық жұмыстарды жасау кезінде бірқатар техникалар мен көркем материалдарды қолдану бойынша өзіндік (бірегей) шешімдерді ұсыну</p>
<p>Шығармашылық жұмыс. Сәулет нысанының пішіні (үй, киіз үй)</p>	<p>9.2.3.1 өнімді дайындау үдерісінде материалдарды өңдеу мен әрлеудің ұтымды әдістерін анықтау, таңдау және қолдану; 9.2.3.2 дербестік пен сенімділік көрсете отырып, әртүрлі техниканы, құрылым түрлері мен заманауи материалдарды пайдалана отырып, күрделі, бірегей бұйымдар жасау</p>
<p>Жұмыстарды таныстыру</p>	<p>9.3.1.1 медиа құралдар мен онлайн платформаларды (бейнеролик, онлайн форумдар, әлеуметтік желілер) қолдана отырып, жекелеген аудитория үшін дайын жұмыстың таныстырылымын дербес ұйымдастыру 9.3.2.1 өзінің және басқалардың жұмыстарындағы тарихи, әлеуметтік және мәдени мәнмәтіндерді талдау және бағалау;</p>



Дизайн және технология	Жиһаз және интерьер заттарын өндіру	9.2.2.2 әр түрлі кәсіпорындардағы өндірістік және технологиялық үдерістер туралы білімі мен түсініктерін көрсету; 9.1.4.2 пайданы анықтау үшін әртүрлі тауарлардың өткізу нарықтарын талдау
	Нақты интерьерге арналған затты (көрме залына арналған модульдік креслолар, өзгертілетін балалар жиһазы, сәндік шамдар) әзірлеу (масштабта модельдеу). Идеяны талқылау және дамыту. Материалдарды таңдау	9.1.5.1 күрделі объектілердің, бейнелер мен пішіндердің дизайнын жасау үшін әртүрлі салалардағы білімді жинақтау; 9.1.6.1 жобаланатын объектінің техникалық, экологиялық және тұтынымдық сипаттамаларын ескере отырып, құрылымдық, табиғи және жасанды материалдарды өңдеу және әрлеу тәсілдерін дербес айқындау және негізді таңдау
	Графикалық құжаттама, техникалық сипаттама	9.1.5.2 графиканың әртүрлі құралдарын (оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды) пайдалана отырып, графикалық және технологиялық құжаттаманы өз бетінше жасау;
	Бұйымдар жасау. Өңдеу	9.2.2.1 құралдар мен заманауи технологиялық машиналарды анықтау, таңдау және қолдану, материалды өңдеу техникасын қол жетімді әдістер және құрылғылармен жүзеге асыру; 9.2.3.1 өнімді дайындау үдерісінде материалдарды өңдеу мен әрлеудің оңтайлы тәсілдерін анықтау, таңдау және қолдану; 9.2.3.2 дербестік пен сенімділікті көрсете отырып, әртүрлі техниканы, құрастырылым түрлері мен заманауи материалдарды пайдалану арқылы күрделі, бірегей бұйымдар жасау
	Жұмысты таныстыру	9.3.1.1 медиа құралдар мен онлайн платформаларды (бейнеролик, онлайн форумдар, әлеуметтік желілер) қолдана отырып, жекелеген аудитория үшін дайын жұмыстың таныстырылымын дербес ұйымдастыру

3. Үй мәдениеті

<p>Интерьердегі/ экстерьердегі ландшафт элементтері</p>	<p>9.1.5.1 күрделі объектілердің, бейнелер мен пішіндердің дизайнын әзірлеу үшін әртүрлі салалардан алынған білімді жинақтау;            9.2.5.1 ландшафтық дизайнның стильдерін, заманауи бағыттары мен элементтерін анықтау және сипаттау;            9.1.3.1 шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту үшін бастапқы және қайталама ақпарат көздерін мақсатты және нәтижелі пайдалану;</p>
<p>Шығармашылық идеяларды визуалдау</p>	<p>9.1.5.2 графиканың әртүрлі құралдарын (оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды) пайдалана отырып, графикалық және технологиялық құжаттаманы өз бетінше құру;            9.3.4.1 өзінің және басқалардың жұмысының мақсаты мен маңыздылығын дербес бағалау және жеке көзқарасын ұсыну</p>
<p>Интерьердегі жарықтандыру. Табиғи және жасанды жарықтандыру. Интерьердегі жарықтандыру жобасын әзірлеу (тұрғылықты, қоғамдық, өндірістік )</p>	<p>9.2.5.2 жарықтандырудың әртүрлі типтері мен түрлерінің сипаттамаларын анықтау және сипаттау;            9.2.6.2 функционалды, эргономикалық және эстетикалық талаптарды ескере отырып, интерьерде жарықтандыруды ұйымдастырудың шығармашылық шешімдерін әзірлеу;            9.1.5.2 графиканың түрлі тәсілдерін пайдалана отырып, графикалық және технологиялық құжаттаманы дербес құрастыру</p>
<p>Интерьерді аймақтарға бөлу және жоспарлау (тұрғылықты, қоғамдық, өндірістік)</p>	<p>9.1.4.1 жұмысты орындаудың жүйелілігі мен ұтымды (оңтайлы) тәсілін анықтай отырып, шығармашылық қызметті жоспарлау;            9.1.5.2 графиканың түрлі тәсілдерін пайдалана отырып, графикалық және технологиялық құжаттаманы өз бетінше дайындау ;            9.2.5.3 интерьерді (тұрғылықты, қоғамдық) ұйымдастыру, жоспарлау және безендіру бойынша практикалық</p>

жұмыстарды орындау үшін әртүрлі салалардан алған білімдерін жинақтау;

#### 4) 10 сынып (ұлдар)

#### 4 кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/ мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-ші тоқсан		
1. Сәндік-қолданбалы өнер	Заманауи интерьердегі сәндік өнім	10.1.2.1 тарихи және мәдени шығу тегі әртүрлі өнер туындыларындағы стильдерді, материалдар мен тәсілдерді, олардың көпшілікке әсерін қарастыра отырып ажырату
	Интерьер дизайнері мамандығы. Жиһаз жобалаушысы. Сәндеуші. Түсті рендеу	10.1.3.1 шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту үшін бастапқы және қайталама ақпарат көздерін мақсатты және нәтижелі пайдалану (оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану); 10.1.4.2 пайданы анықтау үшін әртүрлі тауарлардың өткізу нарықтарын талдау;
2) "Сұрақтары бар кубик" - "Не? Қандай? Қалай? Неге? Неліктен? Қайда? деген кубиктегі сұрақтарға жауап ретінде тақырып бойынша сөйлем құрастыру бойынша білім алушылардың білімдерін белсендендіру;

3) "Жуан және жіңішке сұрақтар" - алынған ақпаратты ой елегінен өткізу ("жіңішке" сұрақтары "ия", "жоқ", "білмеймін" деген жауаптарды, ал "жуан" сұрақ толық жауапты талап етеді);

4) "Дұрыс және қате пайымдар" ("плюс, минус") – белгі карталарының көмегімен оқушылар өз пайымдарының дұрыстығын (қызыл белгі картасын көтереміз) және қате екендігін (қара белгі картасын көтереміз) көрсетеді;

5) "Ішкі хат" мнемокестесі – ақпаратты нәтижелі есте сақтау, орындауды қамтамасыз ететін есте сақталылатын ақпараттың маңызды элементтерімен белгіленген, көру үлгілері арасындағы миға тікелей жазбаға негізделген әдістер мен тәсілдер жүйесі;

6) моделдеу – объектінің маңызды қасиеттерін есепке ала отырып, жалпыланған үлгідегі модель құрастыру;

20. "Рефлексия" кезеңінде: сыни тұрғысынан ойлаудың келесі әдістері мен тәсілдері қолданылады:

1) "Венн диаграммасы" ("Салыстыру шеңбері") -салыстыру негізінде нақтылау, топтастыру;

2) "Кластерлер" ("Шегелер") – сызбанұсқа түріндегі кілттік түсініктер енгізілген және себеп салдарлық байланыстар орнатылған материалды жүйелендірудің графикалық тәсілі;

3) "Ойлаудың алты қалпағы": ақ қалпақ – фактілер; қызыл – сезім мен эмоциялар; қара қалпақ жеіспеушіліктерді іздейді, сынайды, сары қалпақ жетістіктерін, жағымды тұстарын табады; жасыл – шығармашылық; көк– үрдісті басқару;

4) интеллектуалды карталар – ақпаратты есте сақтау әдістері, онда қағаз етінің ортасына басты идеяның (үлгінің) жазбасы орналастырылып; әр кілттік сәт үшін орталық негізден кілттік сөздері немесе фразасы бар түрлі түсті сәулелер шашырайп жазылыпиллюстрациялар, белгілер мен детальдарқосу үшін мүмкіндіктер қалдырылып, маңызды идеялар үлкен шрифтпен жазылып; элементтер немесе идеялардың белгілі топтары үшін белгілі түс немесе форма сызықтары қолданылып; есте сақтау картасын құрастыруда оқушылар өздерінің сызбанұсқасын туындату үрдісіне қосылады.

21. Оқытудың көрнекі әдістерін жүзеге асыруда педагог:

1) объектіні демонстрациялайды;

2) үрдіс немес объектіні бақылауды ұйымдастырады;

3) аталмыш объектіні тексеру тәсілдер мен әдістерін, объектіні жан -жақты зерттеу техникасына үйретеді;

4) білім алушыларды сөздегіөзінің практикалық тәжірибесін жалпылау мен бекітуге ынталандырады.

22. География сабағының тақырыптары бойынша ақпараттарды меңгерудің сапасын қамтамасыз ету үшін мұғалім үнемі білім алушылардың назарын карточкалар мен плакаттарда ұсынылған алгоритмдерге, сызбанұсқаларға, еске түсіргіш құралдарға аударып, талдап, білім алушылардың толыққанды түсінуіне қол жеткізеді.

23. Оқытудың практикалық әдісінің түрлілігі болып сабақ барысында дидактикалық ойындар мен қызықты жаттығуларды қолдану болып табылады.

24. Оқу жобасы – жалпы мақсаты, келісілген әдістері, практикалық немесе шығармашылық, ғылыми – зерттеу мәселелерін шешуге бағытталған әрекет түрлері, білім алушылардың біріккеноқу-танымдық әрекеті.

25. Сөйлеу тілінің ауыр бұзылыстар бар балалармен жобалық іс - әрекетті ұйымдастыру барысында мұғалімге қажет:

1) белгілі уақыт шеңберіне білім алушылар үшін өзекті және қол жетімді міндеттерді таңдауға көмектесу;

2) жобаны жүзеге асыру үшін идеяларды таңдауға ынталандыру;

3) әдебиетпен жұмыста және есеп беруді құрастыруда көмектесу;

4) жобаның сәйкес бөлімдерін жүзеге асыруға кімді жұмылдыруға болатынын анықтау;

5) түрлі қызығушылықтар қағидасы негізінде зерттеу тобына "үнемі қосылып": уақытында сұрақ қойып, қандай пәндерді және заттарды қолдану керектігін анықтауға көмектесу;

6) жобалық жұмыстардың сапасы мен жүру барысын бақылау;

7) белгілі күндері және уақытта әр білім алушының кеңесшісімен жеке контактісін жүзеге асыру;

8) қатысушылармен пайдалы нәтиже мен қоғамдық мойындауды алуды қамтамасыз ету.

26. Жаңа бөлімнің мазмұнымен таныстыру барысында білім алушылардың ұжымдық, топтық жобаларын даярлау бойынша білім алушылардың іс әрекетін ұйымдастыру талап етіледі, ол өз кезегінде сабақ барысындағы жұмысты ғана емес, сонымен қатар сабақтан тыс әрекетте аталмыш бөлімді зерттеу кезеңін қамтиды.

27. бағдарлама арнайы педагогикалық жағдайларды жүзеге асыруды талап етеді:

1) сабақ барысында мұғалімнің сөйлеу тілінақты, қатты емес, бір қалыпты болуы керек;

2) жаңа материалды ұсыну эмоциональдылық пен мәнерлікті талап етеді;

3) әңгімелесу барысында сқрақтарды дұрыс құрылымдап, олар әр білім алушыға түсінікті болатындай болуы керек;

4) мұғалім барлық анализаторларды (көру, қимыл - қозғалыс, сөйлеу тілдік - қозғалыс, есту, кинестетикалық) белсендірудің арнайы тәсілдерін және сөйлеу тілін, есте сақтауын, ойлауын, кеңістікке бейімделуін түзетуге бағытталған оқыту құралдарын қолданады;

5) географиялық терминологияны ендіру мен қолданудың ерекше кезектілігі орнатылады;

6) ақпаратты талдау мен жалпылауда көмек көрсетіліп, жазбаша жұмыстарға, контурлық карталармен жұмыстарға, ауызша жауаптарға жеңілдетілген талаптар үлескен тілдік материалды таңдауға арнайы ықпал ету сақталады;

7) церебрастения фоны негізінде білім алушылардың төмен жұмысқа қабілеттілігімен байланысты ұй тапсырмаларының көлемі азайтылған;

8) күнделікті өмірде байқалатын табиғат құбылыстары мен үрдістерін түсіндіру, сипаттау, болжау үрдісінде алынған білімдерін қолдану қабілетін дамыту үшін(үйде, мектепте, табиғат әлемінде) –"Биология", "Химия", "Физика" пәндерімен үнемі пән аралық байланыстар жүйелі орнатылады.

28. "География" кабинеті мобильді жиһазбен, білім алушылар мен мұғалімнің жұмыс орнын ұйымдастыру үшін - жұмыстың ұйымдастырушылық формасына байланысты өзгерту үшін (фронталды, топтық, ұжымдық) бөлме болуы керек.

29. География кабинетін тәжірибелік және зертханалық құралдармен жабдықтау қажет:

- 1) Карталар мен картографиялық жабдықтар;
- 2) аймақты өлшеу мен бақылауды жүргізу үшін қажет құрылғылар;
- 3) оқушылар компасы;
- 4) Жер глобусы;
- 5) макеттер;
- 6) пайдалы қазбалар мен тау жыныстарының жинақтары;
- 7) минералдар мен тау жыныстарының үлгілік таратпа жинақтары;
- 8) Қазақстан зоналарының табиғи өсімдіктерінің гербарийі;
- 9) Отандық өндірісте шығарылған өнімдердің үлгілері, мысалы, болат, шойын, мата үлгілері, тыңайтқыштар.

30. Оқытудың нәтижелілігін көтеру үшін арнайы көмекші техникалық құралдарды қолдану қажет: мультимедиялық құралдар мен дидактикалық құралдар, электронды панель, үш өлшемді аксессуарды қамтитын "Мультимедиялық, интерактивті, оқыту, бағдарламалық –әдістемелік кешені" электронды ресурсы.

31. Дауыс жаттығулары мен арнайы тыныс алу жаттығуларын жүргізу барысында, әсіресе тұтықпасы, дизартриясы бар балалармен жұмыста сөйлеу тілін өзіндік басқарудың нәтижелі құралы дыбыстық белгінің визуализациясы бар "Логопедиялық тренажер" қолданылады.

32. Фразалық сөйлеу тілін меңгермеген, сонымен қатар тұтықпасы бар білім алушылар сөйлеу тілінің шектелуі кезінде "Сөйлеу тілдік коммуникацияны меңгеру мен дамыту үшін сөйлеу тілдік тренажер" ассистивті құралын қолданады.

### **3-тарау. "География" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

33. "География" оқу пәні бойынша оқу жүктемесі:

- 1) 7-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 2) 8-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 3) 9-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 4) 10-сыныпта - аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

34. Бағдарлама мазмұны 6 бөлімді қамтиды:

- 1) "Географиялық зерттеу әдістері" бөлімі;
- 2) "Картография және географиялық деректер базасы" бөлімі;
- 3) "Физикалық география" бөлімі;
- 4) "Әлеуметтік география" бөлімі;
- 5) "Экономикалық география" бөлімі;
- 6) "Елтану және саяси география негіздері" бөлімі.

35. "Географиялық зерттеу әдістері" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) зерттеу және зерттеушілер;
- 2) зерттеу әдістерінің түрлері.

36. "Картография және географиялық деректер базасы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) географиялық карталар;
- 2) географиялық деректер базасы.

37. "Физикалық география" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) литосфера;
- 2) атмосфера;
- 3) гидросфера;
- 4) биосфера;
- 5) табиғи-аумақтық кешендер.

38. "Әлеуметтік география" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) халықтар географиясы;
- 2) дүниенің қазіргі тарихи-географиялық аймақтары.

39. "Экономикалық география" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) табиғи ресурстар;
- 2) әлеуметтік-экономикалық ресурстар;
- 3) дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы;
- 4) дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістері мен көрсеткіштері.

40. "Елтану және саяси география негіздері" бөлімі келесі бөлімдерден тұрады:

- 1) дүниежүзі елдері;
- 2) дүниежүзі елдерінің экономикалық-географиялық орналасуы.

41. 7-сыныпқа арналған "География" пәнінің базалық мазмұны:

1) географиялық зерттеу әдістері. Зерттеу және зерттеушілер. Географияны зерттеу нысандары. География ғылымының дамуы. Географиялық дерек көздері. Географиялық

тәжірибелер. Далалық зерттеу әдістері. Географияда графикалық әдістердің қолданылуы;

2) картография және географиялық деректер базасы. Географиялық карталар. Географиялық картосхемаларды қолдану. Географиялық номенклатура. Географиялық деректер базасы. Географиялық деректерді ұйымдастыру;

3) физикалық география. Литосфера. Литосфераның құрылысы мен заттық құрамы. Жердің тектоникалық құрылысы. Литосфераның тектоникалық қозғалыстары. Литосфералық катаклизмдер. Атмосфера. Атмосфера және оның құрамдас бөліктері. Ауа райы және метеорологиялық элементтер. Атмосфералық қолайсыз құбылыстар. Гидросфера. Гидросфера және оның құрамдас бөліктері. Су ресурстарының маңыздылығы. Дүниежүзілік мұхиттың географиялық жағдайы. Дүниежүзілік мұхит суларының қасиеттері. Мұхит суларының қозғалыстары. Мұхиттармен байланысты апаттар. Дүниежүзілік мұхиттың проблемалары. Биосфера. Биосфера және оның құрамдас бөліктері. Топырақ, оның құрамы мен құрылымы. Қазақстанның топырақ түрлері. Топырақтың экологиялық проблемалары. Табиғи-аумақтық кешендер. Табиғи-аумақтық кешендердің қалыптасуы. Табиғи-аумақтық кешендердің түрлері;

4) әлеуметтік география. Халық географиясы. Дүниежүзі халқының тілдік әулеттері мен топтары. Дүниежүзі халқының діни құрамы. Дүниежүзінің тарихи-мәдени аймақтары. Ұлтаралық және дінаралық келісім;

5) экономикалық география. Табиғи ресурстар. Табиғи ресурстардың жіктелуі. Табиғи ресурстарды игерумен байланысты проблемалар. Әлеуметтік-экономикалық ресурстар. Көлік инфрақұрылымы. Әлеуметтік инфрақұрылым. Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы. Дүниежүзілік шаруашылықтың салалары: ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп;

6) елтану және саяси география негіздері. Дүниежүзі елдері. Дүниежүзі елдерінің географиялық жағдайы. Дүниежүзі елдерінің географиялық және экономикалық-географиялық жағдайы.

42. 8-сыныпқа арналған "География" пәнінің базалық мазмұны:

1) географиялық зерттеу әдістері. Зерттеу және зерттеушілер. География ғылымының салалары. Географиялық зерттеу әдістерінің түрлері. Географиялық деректерді өңдеу және талдау. Географиялық модельдер. Зерттеу нәтижелерінің ұсыну формалары;

2) картография және географиялық деректер базасы. Географиялық карталар. Тақырыптық карталар және оларды қосымша сипаттау элементтері. Тақырыптық карталарды оқу. Тақырыптық географиялық номенклатура. Географиялық деректер базасы. Географиялық деректер базасын құрастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі;

3) физикалық география. Литосфера. Жер бедерінің қалыптасу және таралу заңдылықтары. Жер бедерінің жіктелуі. Материктер мен мұхиттардың ірі

орографиялық объектілері. Тау жыныстары мен минералдардың жіктелуі. Пайдалы қазбалардың тау жыныстары мен минералдардың қалыптасу заңдылықтарына байланысты таралуы. Тау жыныстары мен минералдардың қасиеттері. Тау жыныстарының жасын анықтау. Геологиялық жыл санау мен геохронологиялық кесте. Жер бедерінің адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсері. Атмосфера. Климат қалыптастырушы факторлар. Атмосфераның ғаламдық циркуляциясы. Климаттық белдеулер. Материктердің климаттық ерекшеліктері. Климаттың адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсері. Адам әрекетінің атмосфераға тигізетін кері әсері. Гидросфера. Құрлық суларының түрлері мен қалыптасуы. Құрлық суларының шаруашылық маңызы. Өзен аңғарының құрылысы. Өзендердің гидрологиялық режимі. Көлдер мен мұздықтар. Құрлық суларының экологиялық проблемалары. Су апаттары. Биосфера. Табиғат зоналары мен биіктік белдеулер. Материктердің табиғи зоналары. Мұхиттардың тіршілік дүниесі. Өсімдік әлемі мен жануарлар дүниесін қорғау. Табиғи-аумақтық кешендер. Географиялық қабықтың құрамы мен құрылысы. Географиялық қабықтың заңдылықтары;

4) әлеуметтік география. Халық географиясы. Халық санағы. халықтың өсудің түрлері. Демографиялық көрсеткіштер мен демографиялық жағдай. Демографиялық проблемалар. Демографиялық саясат;

5) экономикалық география. Табиғи ресурстар. Экономикалық және экологиялық тұрғыдан бағалау. Дүниежүзі аймақтарының табиғи-ресурстық әлеуеті. Табиғи ресурстарды өңдеу технологиясы орталықтары және дайын өнім түрлері. Әлеуметтік-экономикалық ресурстар. Экономикалық инфрақұрылымның элементтері мен функциялары. Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы. Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық құрамы: өндіруші, өңдеуші және қызмет салалары. Ауылшаруашылық, өнеркәсіп және қызмет салаларын ұйымдастыру түрлері, ауылшаруашылық, өнеркәсіп және қызмет салаларын орналастыру факторлары. Дүниежүзілік шаруашылық салаларын сипаттау;

6) елтану және саяси география негіздері. Дүние жүзі елдері. Дүниежүзінің саяси картасы. Елдердің саяси типологиясы. Саяси картадағы сандық және сапалық өзгерістер. Дүние жүзі елдерінің саяси-географиялық жағдайы. Саяси интеграция. Қазақстанның саяси-интеграциялық үдерістердегі мүдделері, бағыттары және бастамалары.

43. 9-сыныпқа арналған "География" пәнінің базалық мазмұны:

1) географиялық зерттеу әдістері. Зерттеу және зерттеушілер. Қазақстандық географтардың зерттеулері. География ғылымы зерттеулерінің қазіргі заманғы өзекті проблемалары. Географиялық нысандар мен құбылыстарды номинациялау ерекшеліктері. Қазақтың халықтық географиялық терминдері. Зерттеу нәтижелерін ұсынудың академиялық формалары;

2) картография және географиялық деректер базасы. Географиялық карталар. Географиялық нысандарды, үдерістер мен құбылыстарды картадан көрсету тәсілдері. Географиялық номенклатура нысандарын көрсету тәсілдері. Географиялық деректер базасы. Жерді қашықтықтан зерделеу әдістері. Геоакпараттық жүйе технологияларын қолдану аясы;

3) физикалық география. Литосфера. Қазақстан аумағының геологиялық тарихы және тектоникалық құрылымы. Қазақстанның басты орографиялық нысандары. Қазақ оронимдері. Қазақстанда минералды ресурстардың таралу заңдылықтары. Минералды ресурстарды өндіру және өңдеу орталықтары. Қазақстанның минералды ресурстарына баға беру. Минералды ресурстарды игерумен байланысты проблемалар. Атмосфера. Қазақстанның климатын түзуші факторлар. Қазақстанның климаттық жағдайы. Қазақстанның климаттық ресурстары. Қазақстанда қолайсыз және қауіпті атмосфералық құбылыстар. Қазақ халқының атмосфералық және климаттық құбылыстарды номинациялау ерекшеліктері. Гидросфера. Қазақстанның ішкі суларының түрлері. Қазақ гидронимдері. Қазақстанның су ресурстарына экономикалық баға беру. Су ресурстарының экологиялық проблемалары. Қазақстанның ішкі суларының геосаяси проблемалары. Биосфера, Қазақстанның табиғат зоналары мен биіктік белдеулері. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың түрлері. Қазақстанның табиғи мұрасы. Табиғи хоронимдердің (ерекше қорғауға алынған аумақтар) мағынасы. Ноосфераның қалыптасуы. Қазақстанның ноосфераның дамуына қосқан үлесі. Табиғи-аумақтық кешендер. Қазақстанның ірі физикалық-географиялық аудандары. Қазақтың табиғи хоронимдері (физикалық-географиялық аудандардың атауы). Табиғат кешендеріне әсер ететін антропогендік факторлар. Антропогендік ландшафтарды жақсарту жолдары.

44. 10-сыныпқа арналған "География" пәнінің базалық мазмұны:

1) әлеуметтік география. Халық географиясы. Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамы. Дүниежүзі халқының көші-қоны. Қазақстандағы халықтың көші-қоны. Көші-қон саясаты. Еңбек ресурстарының сандық және сапалық құрамы. Қазақстанның демографиялық жағдайы мен демографиялық саясаты. Елді мекендердің жіктелуі. Елді мекендердің функционалды зоналары. Қазақстандағы ойконимдер. Қазақстандағы елді мекендердің проблемалары. Урбандалу үдерісі. Қазақстандағы урбандалу үдерісіне баға беру;

2) экономикалық география. Табиғи ресурстар. Қазақстанның табиғи-ресурстық әлеуеті. Қазақстанда жекелеген ресурс түрлерін өңдеу технологиялары. Орталықтары және дайын өнім түрлері. Табиғатты пайдалану үлгілері мен түрлері. Тұрақты даму. Қазақстанда табиғатты пайдаланумен байланысты проблемалар. Әлеуметтік-экономикалық ресурстар. Ғылыми-техникалық революция үдерісі, бағыттары, адам әлеуеті даму индексінің көрсеткіштері. Қазақстанда адамдық капиталды дамыту. Қазақстанның индустриялы-инновациялық даму бағыттары.

Қазақстанның инновациялық инфрақұрылымы. Қазақстан аймақтары инфрақұрылымының даму деңгейі. Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы. Қазақстан шаруашылығының салалары. Қазақстанның экономикалық аудандарының шаруашылық салалары мен мамандануы. Дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістері мен көрсеткіштері. Дүниежүзілік шаруашылықтың субъектілері. Халықаралық географиялық еңбек бөлінісі. Халықаралық экономикалық қатынас түрлері. Дүниежүзілік шаруашылықтың даму көрсеткіштері. Дүниежүзілік шаруашылықтың даму модельдері мен аумақтық құрылымы. Дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістері. Қазақстанның дүниежүзілік шаруашылықта алатын орны. Қазақстанның халықаралық экономикалық интеграциядағы мүдделері мен мақсаттары, орны;

3) елтану және саяси география негіздері. Дүниежүзі елдері. Елдердің экономикалық даму деңгейі бойынша топтастырылуы. Халықаралық ұйымдардың деңгейлері мен мақсаттары. Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық, саяси-географиялық жағдайы. Қазақстандағы саяси-әкімшілік хоронимдер. Қазақстан Республикасы туралы кешенді географиялық ақпаратты ұсыну формалары.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

45. Бағдарламада оқыту мақсаттарын пайдалану ыңғайлылығы үшін кодтау енгізілді: кодтық белгіде бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар – бөлім мен бөлімшенің, төртінші сан – оқыту мақсатының реттік санын білдіреді. Мысалы, 7.2.1.4. кодында "7" - сынып, "2.1" - екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, "4" - оқыту мақсатының реттік саны.

46. Күтілетін нәтижелер бойынша оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) "Географиялық зерттеу әдістері" бөлімі:

1 кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары			
	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып
1.1 Зерттеулер және зерттеушілер	7.1.1.1 географияның зерттеу нысандарын анықтайды; 7.1.1.2 саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымының дамуына қосқан үлесін сипаттап, баға береді	8.1.1.1 география ғылымының салаларға бөлінуін графикалық түрде көрсетіп түсіндіреді; 8.1.1.2 география ғылымы салаларындағы маңызды зерттеулерді анықтайды	9.1.1.1 география ғылымының дамуына үлес қосқан қазақстандықтардың зерттеулері туралы баяндайды; 9.1.1.2 география ғылымының қазіргі заманғы өзекті зерттеу проблемаларын анықтайды	



1.2 Зерттеу әдістерінің түрлері	<p>7.1.2.3 географиялық дерек көздермен жұмыс істейді: карта, сурет, мәтін, фотосуреттер, графикалық материалдар;</p> <p>7.1.2.4 географиялық нысандардың қасиеттерін тәжірибелік жолмен анықтайды;</p> <p>7.1.2.5 географиялық далалық зерттеу әдістерін қолданады, көрсеткіштерді тіркейді, жинақтайды, өңдейді, талдайды;</p> <p>7.1.2.6 географиялық нысандардың, құбылыстардың және үдерістердің ерекшеліктерін графикалық түрде көрсете алады: сызба, диаграмма, профиль, график</p>	<p>8.1.2.3 далалық, картографиялық, теориялық географиялық зерттеу әдістерінің мәнін түсіндіріп, қолданады;</p> <p>8.1.2.4 географиялық деректерді сандық және сапалық өңдеп, талдайды;</p> <p>8.1.2.5 географиялық нысандардың, құбылыстардың және үдерістердің модельдерін түрлі материалдардан немесе түрлі техникаларда жасау арқылы ерекшеліктері мен қасиеттерін түсіндіреді;</p> <p>8.1.2.6 зерттеу нәтижелерін түрлі формада ұсынады</p>	<p>9.1.2.3 географиялық нысандар мен құбылыстарды номинациялау ерекшеліктерін анықтайды;</p> <p>9.1.2.4 қазақ халқының халықтық географиялық терминдерінің мағынасын түсіндіреді;</p> <p>9.1.2.5 зерттеу нәтижелерін түрлі академиялық формада ұсынады;</p> <p>9.1.2.6 сөйлеу мәдениетін меңгеруге ұмтылуды көрсетеді</p>	
---------------------------------	--	--	---	--

## 2) "Картография және географиялық деректер базасы" бөлімі:

2 кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары			
	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып
2.1 Географиялық карталар	<p>7.2.1.1 тақырып бойынша картосхемалар жасай алады;</p> <p>7.2.1.2 географиялық номенклатура нысандарын картадан көрсетеді;</p> <p>7.2.1.3</p>	<p>8.2.1.1 тақырыптық карталарды сипаттайтын қосымша элементтерді құрастырады: профиль, диаграмма, график, кесте;</p> <p>8.2.1.2 географиялық шартты белгілер мен карталарды сипаттайтын қосымша элементтерді</p>	<p>9.2.1.1 маңызды географиялық нысандарды, үдерістер мен құбылыстарды карталардан көрсету барысында сипаттайды;</p> <p>9.2.1.2 географиялық номенклатура нысандарын картадан көрсетеді;</p> <p>9.2.1.3</p>	

	қойылған дыбыстарды айтуда өзін-өзі бақылайды; 7.2.1.4 абстрактілі ұғымы бар жалпылауыш зат есімдерді сөйлеу тілінде қолданады	қолданумен тақырыптық карталарды оқиды; 8.2.1.3 географиялық номенклатура нысандарын кескін картадан көрсетеді; 8.2.1.4 оқылып ж а т қ а н нысандармен элементтерінің жіктелу белгілерін анықтайды	картамен жұмыс жасаудың түрлі алгоритмдерін қолданады 9.2.1.4 түрлі мазмұндағы карталарды қолданады, табиғаттың жеке құрам бөліктерін салыстыру тәсілдерін қолданады
2.2 Географиялық деректер базасы	7.2.2.1 географиялық нысандарды топтастырып кесте түрінде көрсетеді; 7.2.2.2 сөздік, картиналық, картина-графикалық жоспар құрастырады; 7.2.2.3 арсеналды дұрыс қолдана отырып (түсінік айтуда 20 бірліктен кем емес) мәтіннен кіл сөздерді бөліп алады; 7.2.2.4 өзі және сыныптастары оқығанда дыбыстарды дұрыс айту және орфоэпия нормаларын сақтайды	8.2.2.1 ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдана отырып, географиялық деректер базасын құрастырады; 8.2.2.2 өзінің сөйлеу әрекетін белгіленген критерийлер бойынша бағалайды; 8.2.2.3 оқу мәтінінің фрагментіне тікелей, жанама және балама сұрақтар қояды; 8.2.2.4 мағыналық эквиваленттер қолдана отырып, айтылуларды түрлендіреді	9.2.2.1 жерді қашықтықтан зерделеудің әдістерін сипаттап, маңыздылығы мен ерекшеліктерін түсіндіреді; 9.2.2.2 жерді қашықтықтан зерделеудің әдістерін және олардың негізгі нысандарының даму тарихын сипаттайды; 9.2.2.3 географиялық ақпараттық жүйенің жіктелуін анықтайды; 9.2.2.4 шаруашылық пен ғылым салаларында геоақпараттық технологияларын қолданудың маңыздылығын сипаттайды

### 3) "Физикалық география" бөлімі:

#### 3 кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары			
	7 сынып	8 сынып	7 сынып	10 сынып
	7.3.1.1 литосфераның құрылысы мен	8.3.1.1 жер бедерінің қалыптасу және таралу	9.3.1.1 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде Қазақстанның жер бедерінің	

3.1 Литосфера	заттық құрамын анықтайды	заңдылықта рын зерттейді	геологиялық тарихын және тектоникалық құрылымын анықтайды	
	<p>7.3.1.2 жердің тектоникалық құрылымы мен литосфералық плиталардың орналасуын картадан көрсетеді және сипаттайды;</p> <p>7.3.1.3 жер қыртысының тектоникалық қозғалыстарын талдайды: дрейф, коллизия, субдукция, спрединг;</p> <p>7.3.1.4 литосфералық катаклизмдердің себеп-салдарын, таралуын түсіндіреді;</p> <p>7.3.1.5 литосфералық катаклизмдер барысында өзін өзі ұстау ережелерін жергілікті компонент негізінде түсіндіреді;</p> <p>7.3.1.6 тапсырмаларды орындау үшін оқулықтың анықтамалық аппаратты өз бетімен қолданады;</p> <p>7.3.1.7 қойылған міндетке және оны жүзеге асыруға сәйкес әрекеттерді таңдайды;</p> <p>7.3.1.8 шешу жолдарын жоспарлауда</p>	<p>8.3.1.2 жер бедері түрлерін жіктейді;</p> <p>8.3.1.3 жер бедері түрлерін жоспар бойынша сипаттайды;</p> <p>8.3.1.4 материктер мен мұхиттарда орналасқан ұқсас орографиялық бірліктерді салыстырады;</p> <p>8.3.1.5 тау жыныстары мен минералдарды түрлі белгілері бойынша жіктейді;</p> <p>8.3.1.6 тау жыныстары мен минералдардың қалыптасу заңдылықтарына байланысты пайдалы қазбалардың таралуына талдау жасайды;</p> <p>8.3.1.7 тау жыныстары мен минералдардың қасиеттерін анықтайды;</p> <p>8.3.1.8 тау жыныстарының жасын анықтау әдістерін түсіндіреді;</p> <p>8.3.1.9 геологиялық жылсанау мен геохронологиялық кестені талдап, жер қыртысының және тіршіліктің</p>	<p>9.3.1.2 геологиялық картаның мәні мен мазмұнын түсіндіреді;</p> <p>9.3.1.3 орографиялық нысандарын сипаттайды;</p> <p>9.3.1.4 қазақ оронимдерін жіктеп, мағынасын түсіндіреді және транслитерациясын үш тілде ұсынады;</p> <p>9.3.1.5 Қазақстанның минералды ресурстарының таралу заңдылықтарын анықтайды;</p> <p>9.3.1.6 Қазақстанның минералды ресурстарын өндіру және өңдеудің басты орталықтарын картадан көрсетіп, сипаттайды;</p> <p>9.3.1.7 Қазақстанның минералды ресурстарына баға береді;</p> <p>9.3.1.8 минералды ресурстарды меңгеру проблемаларын жіктейді, олардың шешу жолдарын ұсынады;</p>	

	<p>бекітілген ережелерді қолданады; 7.3.1.9 оқу іс-әрекетінің жетістік криетрийлері негізінде орындалған тапсырмаларды өзара және өздері талдау жасайды; 7.3.1.10 оқу мәтіндерін қарапайым сөйлемнен күрделіге немесе керісінше ауыстыра алады</p>	<p>дамуындағы ірі кезеңдері мен геологиялық оқиғаларды ажырата алады; 8.3.1.10 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде жер бедерінің адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсеріне баға береді</p>	<p>9.3.1.9 Қазақстан территориясында геосинклиналдің пайда болудың негізгі кезеңдерін сипаттайды; 9.3.1.10 сөйлемдерді тарату және қысқарту есебінен мәтіндерді кеңейтеді және компрессия жасайды</p>	
<p>3.2 Атмосфера</p>	<p>7.3.2.1 атмосфераның құрамын сипаттайды; 7.3.2.2 атмосфераның құрылысы мен қабаттарының ерекшеліктерін графикалық түрде бейнелеп, түсіндіреді; 7.3.2.3 "ауа райы" ұғымын түсіндіреді; 7.3.2.4 температура, қысым, жел, бұлттылық, жауын-шашын, ылғалдылық метеорологиялық элементтер мен құбылыстарды сипаттап, зерттеу маңыздылығынанықтайды; 7.3.2.5 температура, қысым, жел, бұлттылық, жауын-шашын, ылғалдылық метеорологиялық элементтердің көрсеткіштерін өлшеп,</p>	<p>8.3.2.1 климат қалыптастырушы факторларды талдайды; 8.3.2.2 атмосфераның ғаламдық циркуляциясын талдап, түсіндіреді; 8.3.2.3 климаттық белдеулерді талдайды; 8.3.2.4 әр материкте орналасқан ұқсас климаттық белдеулерді салыстырады; 8.3.2.5 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде климаттың адамзат тіршілігі мен</p>	<p>9.3.2.1 Қазақстан климатын қалыптастырушы факторларды талдайды; 9.3.2.2 Қазақстанның климаттық жағдайын талдайды; 9.3.2.3 Қазақстанның климаттық ресурстарын бағалайды; 9.3.2.4 Қазақстанда атмосфералық қолайсыз және қауіпті құбылыстардың қалыптасуын, таралу аумақтарын картада көрсетіп, сақтану шараларын ұсынады; 9.3.2.5 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде қазақ</p>	

	<p>метеорологиялық құрал-жабдықтарды қолданумен тіркейді ;</p> <p>7.3.2.6 жергілікті жер мүмкіндігі бойынша температура, қысым, жел, бұлттылық, жауын-шашын, ылғалдылық метеорологиялық элементтерінің көрсеткіштері бойынша синоптикалық графикалық материалдарды жасайды;</p> <p>7.3.2.7 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде қолайсыз атмосфералық құбылыстарды талдай отырып, сақтану шараларын ұсынады</p>	<p>шаруашылығына тигізетін әсеріне баға береді;</p> <p>8.3.2.6 адамзат әрекетінің атмосфера мен климатқа тигізетін кері әсерін топтастырады, шешу жолдарын ұсынады;</p> <p>8.3.2.7 оқу міндеттерін шешу үшін жұп болып жұмыс жасауы жоспарлайды және іске асырады</p>	<p>халқының атмосфералық және климаттық құбылыстарды номинациялау ерекшеліктерін анықтайды;</p> <p>9.3.2.6 климаттың адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсерін талдайды;</p> <p>9.3.2.7 топтық іс-әрекет барысында өз әрекетін реттеу үшін сөйлеу тілін адекватты қолданады</p>	
	<p>7.3.3.1 гидросфера және оның құрамдас бөліктерін сипаттайды;</p> <p>7.3.3.2 су ресурстарының маңыздылығын түсіндіреді;</p> <p>7.3.3.3 дүниежүзілік мұхиттың құрамын, географиялық жағдайын сипаттайды;</p> <p>7.3.3.4 мұхит және оның құрамдас</p>	<p>8.3.3.1 құрлық суларының қалыптасу жолдарын анықтайды;</p> <p>8.3.3.2 құрлық суларының негізгі түрлерінің шаруашылық маңызын түсіндіреді;</p> <p>8.3.3.3 өзен аңғарының құрылысын түсіндіреді;</p> <p>8.3.3.4 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде өзендердің гидрологиялық</p>	<p>9.3.3.1 Қазақстанның ішкі суларын топтастырады, көрсеткіштерін талдайды және сипаттайды: өзендер мен көлдер, мұздық тар мен мәңгі тоң, жерасты сулары;</p> <p>9.3.3.2 қазақ гидронимдерін жіктеп, мағынасын түсіндіреді және транслитерациясын үш тілде ұсынады;</p> <p>9.3.3.3 Қазақстанның су ресурстарына экономикалық баға береді;</p> <p>9.3.3.4 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде су ресурстарының</p>	

3.3 Гидросфера	<p>бөліктерін жоспар бойынша сипаттайды;</p> <p>7.3.3.5 мұхит суының қасиеттеріне әсер ететін факторларды анықтайды;</p> <p>7.3.3.6 мұхит суының қозғалыстарын жіктеп, түсіндіреді;</p> <p>7.3.3.7 мұхиттар және теңіздермен байланысты апаттарды топтастырып, сақтану шараларын ұсынады;</p> <p>7.3.3.8 дүниежүзілік мұхит проблемаларын топтастырып, шешу жолдарын ұсынады</p>	<p>режимін түсіндіреді ;</p> <p>8.3.3.5 көлдер мен мұздықтарды жоспар бойынша сипаттайды;</p> <p>8.3.3.6 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде құрлық суларының экологиялық проблемаларын жіктеп, шешу жолдарын ұсынады;</p> <p>8.3.3.7 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде су апаттарының алдын алу шараларын ұсынады</p> <p>8.3.3.8 ақпарат алу барысында оқу міндеттерін орындайды</p>	<p>экологиялық проблемаларын талдап, шешу жолдарын ұсынады;</p> <p>9.3.3.5 Қазақстандағы су ресурстарының геосаяси проблемаларын жіктеп шешу жолдарын ұсынады: трансшекаралық өзендер, Каспий теңізінің мәртебесі;</p> <p>9.3.3.6 Қазақстан территориясындағы су қорларын сақтау мақсатын түсіндіреді;</p> <p>9.3.3.7 энциклопедиялық әдебиеттермен жұмыс кезінде көз жүгіртіп оқу тәсілдерін меңгереді ;</p> <p>9.3.3.8 ақпаратпен жұмыс жасау барысында міндеттерді шешу жолдарын іздердің жалпы тәсілдерін қолданады</p>	
3.4 Биосфера	<p>7.3.4.1 биосфераның құрамын, құрылымын, шекаралары мен қасиеттерін анықтайды;</p> <p>7.3.4.2 топырақтың құрамы мен графикалық формасын анықтайды және ұсынады;</p> <p>7.3.4.3 Қазақстанда топырақ түрлерінің таралуын анықтайды;</p>	<p>8.3.4.1 табиғат зоналары мен биіктік белдеулерінің қалыптасуын түсіндіреді;</p> <p>8.3.4.2 табиғат белдеулерін жоспар бойынша сипаттайды;</p> <p>8.3.4.3 әр материкте орналасқан ұқсас табиғат зоналар мен биіктік белдеулерді салыстырады;</p>	<p>9.3.4.1 Қазақстанның табиғат зоналары мен биіктік белдеулеріне салыстырмалы талдау жасайды;</p> <p>9.3.4.2 қорықтар, қорықшалар, ұлттық саябақтаререкше қорғалатын аумақтардың құрылу мақсатын түсіндіреді;</p> <p>9.3.4.3 Қазақстанның табиғи мұрасына баға береді;</p>	

	<p>7.3.4.4 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде топырақ ресурстарына баға береді;</p> <p>7.3.4.5 топырақтардың экологиялық проблемаларын жіктеп, шешу жолдарын ұсынады</p>	<p>8.3.4.4 мұхиттағы тіршілік дүниесінің таралуын анықтайды;</p> <p>8.3.4.5 өсімдік әлемі мен жануарлар дүниесін қорғау қажеттілігін дәлелдейді, қорғау жолдарын ұсынады</p>	<p>9.3.4.4 тақырыпқа қатысты қазақтың табиғи хоронимдерін жіктеп, мағынасын түсіндіреді және транслитерациясын үш тілде ұсынады;</p> <p>9.3.4.5 ноосфераның қалыптасу шарттарын зерттейді және Қазақстанның ноосфера дамуына қосқан өзіндік үлесін бағалайды</p>
<p>3.5 Табиғи-аумақтық кешендер</p>	<p>7.3.5.1 географиялық қабық, материктер мен мұхиттар, зоналар және белдеулер, ландшафт табиғи-аумақтық кешендерінің қалыптасуын түсіндіреді;</p> <p>7.3.5.2 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде табиғи-аумақтық кешендерін жоспар бойынша сипаттайды;</p> <p>7.3.5.3 ақпарат алу барысында ұжымдық жұмысты ұйымдастыруда өз мүмкіндіктерін дұрыс бағалайды;</p> <p>7.3.5.4 оқулықтармен тиімді жұмыс жасайды және орындалған тапсырманың нәтижесін бағалайды</p>	<p>8.3.5.1 географиялық қабықтың құрамы мен құрылысын графикалық түрде көрсетіп, түсіндіреді;</p> <p>8.3.5.2 географиялық қабық заңдылықтарының маңыздылығын түсіндіреді;</p> <p>8.3.5.3 пән бойынша базалық терминдердің атауларын сауатты жаза алады және дұрыс айтады;</p> <p>8.3.5.4 өзінің сөйлеу тілін берілген критерийлер бойынша дұрыс бағалайды</p>	<p>9.3.5.1 Қазақстанның ірі табиғи кешендерін жоспар бойынша сипаттайды;</p> <p>9.3.5.2 қазақтың табиғи хоронимдерін жіктеп, мағынасын түсіндіріп, транслитерациясын үш тілде ұсынады;</p> <p>9.3.5.3 жергілікті компонент негізінде антропогендік факторлардың табиғат кешендеріне әсерін зерттейді;</p> <p>9.3.5.4 антропогендік ландшафттарды жақсарту жолдарын ұсынады: рекультивация, мелиорация, ландшафттық дизайн</p>

#### 4) "Әлеуметтік география" бөлімі:

4 кесте

	Оқыту мақсаттары		
--	------------------	--	--

Бөлімше	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып
4.1 Халық географиясы	<p>7.4.1.1 дүниежүзі халықтарының этнолингвистикалық жіктелінуін түсіндіреді;</p> <p>7.4.1.2 дүниежүзі халқының діни құрамы мен діндердің таралу аймақтарын анықтайды;</p> <p>7.4.1.3 ақпаратты іздеу, оны сақтау және қолдану барысында өз іс-әрекетіне жеке жауапкершілігін сезінеді;</p> <p>7.4.1.4 ауызша және жазбаша формада тиімді және саналы түрде хабарламалар, соның ішінде, шығармашылық және ізденушілік сипаттағы хабарламалар құрайды;</p> <p>7.4.1.5 ақпарат іздеу үшін жоспар құрады және бірізділік ұстанады</p>	<p>8.4.1.1 халық санын анықтау әдістерін түсіндіреді;</p> <p>8.4.1.2 дүниежүзі елдерін халықтың ұдайы өсу түрі бойынша жіктейді;</p> <p>8.4.1.3 елдердің демографиялық жағдайын талдап, басты демографиялық көрсеткіштерін есептейді: халық саны, туу және өлім коэффициенттері, табиғи және механикалық өсім, жалпы өсім, жас-жыныстық көрсеткіштер, ұлттық және діни құрам;</p> <p>8.4.1.4 ақпарат іздеу, өзінің қиындықтарын жеткізу барысында жолдасынан көмек сұрайды;</p> <p>8.4.1.5 керек ақпаратты іздеу кезінде жолдасының мақсатқа бағытталған көмек көрсетеді</p>		<p>10.4.1.1 Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамын анықтайды;</p> <p>10.4.1.2 дүниежүзі халқы миграцияларының басты бағыттарын, себеп-салдарын түсіндіреді;</p> <p>10.4.1.3 Қазақстандағы көші-қон үдерістерді талдап, басты бағыттарын анықтайды;</p> <p>10.4.1.4 көші-қон саясатының өзіндік үлгісін ұсынады;</p> <p>10.4.1.5 қазақстандық көрсеткіштерді басқа елдердің көрсеткіштері мен салыстыру негізінде өңбек ресурстарының сандық, сапалық құрамына баға береді</p>
	<p>7.4.2.1 халықтың этникалық және діни құрамына байланысты дүниежүзінің тарихи-мәдени өркениеттік аймақтарының қалыптасуын түсіндіреді;</p> <p>7.4.2.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту</p>	<p>8.4.2.1 елдердің демографиялық көрсеткіштерін графикалық түрде ұсынып, түсіндіреді;</p> <p>8.4.2.2 дүниежүзі елдерін демографиялық проблемалары бойынша жіктейді;</p> <p>8.4.2.3 "демографиялық саясат" ұғымын түсіндіре отырып</p>		<p>10.4.2.1 Қазақстанның демографиялық жағдайын талдап, демографиялық саясаттың өзіндік моделін ұсынады;</p> <p>10.4.2.2 Қазақстандағы елді мекендерді жіктейді;</p> <p>10.4.2.3 елді мекендердің түрлері мен функционалды</p>



<p>4.2 Дүниенің қазіргі тарихи-географиялық аймақтары</p>	<p>негізінде ұлтаралық және дінаралық келісімнің қажеттілігін дәлелдейді және қалыптастыру жолдарын ұсынады; 7.4.2.3 қойылған дыбыстарды өздері қадағалайды; 7.4.2.4 көргендеріне (естігендеріне) қызығушылық таныту, қуану, таң қалу ды мимкалық позамен көрсетеді; 7.4.2.5 сөйлеу кезіндегі тыныс алуды біледі (сөйлеу кезінде 8-10 сек. дейін дем шығарады); 7.4.2.6 сөйлеу кезінде дұрыс тыныс алуды біледі; 7.4.2.7 дұрыс дауыс шығарады, сөйлеу кезінде дұрыс тыныс алуды біледі</p>	<p>дүниежүзінің жекелеген елдеріне қатысты демографиялық саясаттың өзіндік моделін ұсынады; 8.4.2.4 белсенді сөйлеу тілінде күрделі предикативті бірлігін дұрыс қолданады; 8.4.2.5 сөйлеу тілін ерікті баяулату және жылдамдату тәсілдерін меңгереді; 8.4.2.6 фразаның мәнері, паузасы, мағынасына қарап есту арқылы сөздердің логикалық екпінін біледі; 8.4.2.7 дұрыс тыныс алу арқылы ақырын, қатты, жоғары, төмен дауысты қолдана отырып, баяу және тез сөйлеу нұсқауларын үлгі бойынша модельдейді</p>	<p>зоналарын сипаттайды; 10.4.2.4 Қазақстандағы ойконимдерді жіктеп, мағынасын түсіндіреді және транслитерациясын үш тілде ұсынады; 10.4.2.5 Қазақстанның елді мекендері проблемаларын жіктеп, шешу жолдарын ұсынады; 10.4.2.6 урбандалу үдерісінің себеп-салдарын түсіндіру арқылы байланысты проблемалардың шешу жолдарын ұсынады; 10.4.2.7 Қазақстандағы урбандалу үдерісіне баға береді; 10.4.2.8 тақырып бойынша монолог-пайымдау құрады</p>
---	--	--	---

### 5) "Экономикалық география" бөлімі:

5 кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары			
	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып
	<p>7.5.1.1 табиғи ресурстарды жіктейді; 7.5.1.2 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде табиғи ресурстардың таралу заңдылықтарын талдайды; 7.5.1.3 табиғи ресурстардың</p>	<p>8.5.1.1 табиғи ресурстарды экономикалық және экологиялық тұрғыдан бағалайды; 8.5.1.2 дүниежүзінің жекелеген аймақтарының табиғи ресурстық әлеуетін бағалайды; 8.5.1.3 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде жекелеген</p>		<p>10.5.1.1 Қазақстанның табиғи-ресурстық әлеуетін бағалайды; 10.5.1.2 Қазақстанда жекелеген табиғи ресурс-тарды өңдеу технологиясын сипаттап, орталықтары мен дайын өнім түрлерін атайды; 10.5.1.3 табиғатты пайдалану үлгілері</p>

5.1 Табиғи ресурстар	шоғырлануын картада көрсетеді; 7.5.1.4 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде табиғи ресурстарды игерумен байланысты проблемаларды талдап, шешу жолдарын ұсынады; 7.5.1.5 бір нысан, құбылыс туралы әртүрлі стилистиканы, пунктуацияны қолдана отырып жазбаша мәтіндер құрастырады	табиғат ресурстарын өңдеу технологиясын сипаттай отырып, орталықтары мен дайын өнім түрлерін атайды; 8.5.1.4 зерттелетін нысандардың қатынасымен белгілерін сипаттайтын графикалық сызбаларды құрастырад; 8.5.1.5 әлемдік іздеу желісі арқылы ақпарат іздеуді өзі ұйымдастырады	мен түрлерін топтастырады; 10.5.1.4 тұрақты дамудың белгілері мен бағыттарын сипаттайды; 10.5.1.5 Қазақстанда табиғатты пайдалану проблемаларын анықтап, шешу жолдарын ұсынады, жергілікті компонент негізінде табиғатты пайдалануға байланысты зерттеу жүргізеді
5.2 Әлеуметтік-экономикалық ресурстар	7.5.2. қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде көлік инфрақұрылым элементтерін сипаттап, маңыздылығына баға береді; 7.5.2.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде әлеуметтік инфрақұрылымының элементтерін сипаттап, маңыздылығына баға береді 7.5.2.3 мағынасына қарай шылауларды қолдана отырып, сөйоем құрап жауап береді; 7.5.2.4 авторлық мәтіннің аннотациясына сүйене отырып шағын монологтық айтылу құрайды; 7.5.2.5 мұғалімнің тапсырысымен	8.5.2.1 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде экономикалық инфрақұрылымның элементтерін сипаттап, маңыздылығына баға береді; 8.5.2.2 ауызша жауап беруде және белсенді сөйлеу тілінде сапасын сипаттайтын салыстырмалы сын есімнің толық және қысқа формасын қолданады; 8.5.2.3 сол үшін, осыған орай, сол себепті, салдарынан, осыған байланысты т.с.с. себеп-салдарды шылауларды ажыратады, қолдануды біледі; 8.5.2.4 егер..., онда..., т.с.с. шылауларды қолданып, құрмасал	10.5.2.1 ғылыми-техникалық революция үдерісін, даму бағыттарын талдайды; 10.5.2.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде адам әлеуетінің даму индексі көрсеткіштерін анықтап, елдерді салыстырады; 10.5.2.3 Қазақстанда адам капиталының әлеуетін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлейді; 10.5.2.4 Қазақстанның индустриялық-инновациялық даму бағыттарын анықтап, болжам жасайды; 10.5.2.5 Қазақстанның инновациялық инфрақұрылымының

	ақпаратты (мәтіндік, графикалық, бейнелеу) оқулықтан табады және мазмұнын талдайды	сөйлемдерді құрастырады және белсенді қолданады; 8.5.2.5 оқу мәтіні және жеке тәжірибесі бойынша диалог және монолог құрайды	ң жағдайын талдап, дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлейді
5.3 Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы	7.5.3.1 ауыл шаруашылық, өнеркәсіп шаруашылық салаларын жіктеу арқылы маңыздылығын түсіндіреді; 7.5.3.2 белсенді тыңдаудағдысын меңгереді, ауызша және жазбаша жауап беруде белсенді тыңдаудағдысын қолданады; 7.5.3.3 керек ақпаратты іздеуде өзара әрекет жасайды; 7.5.3.4 ұйымдасқан көмек арқылы алфавиттік нұсқауды қолданады	8.5.3.1 өндіруші және өңдеуші, қызмет саласы шаруашылық түрлерін жіктейді; 8.5.3.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде ауылшаруашылық және өнеркәсіп өндірісін, қызмет саласын ұйымдастыру түрлерін сипаттайды; 8.5.3.3 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде ауыл шаруашылық және өнеркәсіп өндірісін, қызмет саласын орналастыру факторларын талдайды; 8.5.3.4 дүниежүзі шаруашылығы салаларын жоспар бойынша сипаттайды	10.5.3.1 Қазақстан шаруашылығы салаларын жоспар бойынша сипаттайды; 10.5.3.2 Қазақстанның экономикалық аудандарының шаруашылық салаларын анықтап, мамандануын түсіндіреді; 10.5.3.3 өз оқу әрекетін сөз арқылы реттейді; 10.5.3.4 эсседа өзінің ойын, позициясын дәлелдейді, негізгі идеясын түсінеді
			10.5.4.1 дүниежүзілік шаруашылықтың субъектілерін сипаттайды; 10.5.4.2 халықаралық географиялық еңбек бөлінісінің мәнін анықтайды; 10.5.4.3 халықаралық

<p>5.4 Дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістері мен көрсеткіштері</p>			<p>экономикалық қатынас түрлерін жіктеп, сипаттайды;  10.5.4.4 дүниежүзілік шаруашылықтың даму көрсеткіштерін сипаттайды: жалпы ішкі өнім, жалпы ұлттық өнім оның ішінде жан басына шаққанда;  10.5.4.5 дүниежүзілік шаруашылықтың модельдері мен аумақтық құрылымын талдайды;  10.5.4.6 дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістерін талдайды;  10.5.4.7 Қазақстанның дүниежүзілік шаруашылықтағы орнын анықтайды;  10.5.4.8 Қазақстанның халықаралық экономикалық интеграциядағы мүдделері мен мақсаттарын, орнын анықтайды;  10.5.4.9 өзінің сөйлеу әрекетін белгіленген критерийлер бойынша дұрыс бағалайды</p>
--	--	--	---

6) "Елтану және саяси география негіздері" бөлімі:

6 кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары			
	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып
	<p>7.6.1.1 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдерді</p>			<p>10.6.1.1 қазақстандық компонентті қосымша қамту</p>

<p>6.1 Дүние жүзі елдері</p>	<p>географиялық орнына байланысты топтастырады; 7.6.1.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің географиялық орнын жоспар бойынша сипаттайды; 7.6.1.3 себеп салдарлы, уақыт, анықтаушы шылауларды қолдануды себеп салдарлы, уақыттық, кеңістіктік қатынасын түсінеді, қателерді түзейді</p>	<p>8.6.1.1 саяси картаның басты нысандарын сипаттайды; 8.6.1.2 елдерді басқару формасы және мемлекеттік құрылымы бойынша топтастырады; 8.6.1.3 саяси картаның сандық және сапалық өзгерістерін талдайды</p>	<p>негізінде елдерді экономикалық даму деңгейі бойынша топтастырады; 10.6.1.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде халықаралық ұйымдарды деңгейі және мақсаты бойынша топтастырады; 10.6.1.3 сөз жалғаушы шылауларды қолдана вербальды алгоритмнің көмегімен мәтін нұсқауларды үлгі бойынша құрайды</p>
<p>6.2 Экономико-географиялық положение стран мира</p>	<p>7.6.2.1 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдерді экономикалық-географиялық орнына байланысты топтастырады; 7.6.2.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің экономикалық-географиялық жағдайын жоспар бойынша сипаттайды; 7.6.2.3 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің экономикалық-географиялық жағдайына баға береді; 7.6.2.4 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің экономикалық-географиялық жағдайын жақсарту жөнінде ұсыныс жасайды;</p>	<p>8.6.2.1 елдердің саяси-географиялық жағдайына баға береді; 8.6.2.2 саяси интеграцияның қажеттілігі мен мақсаттарын құрмалас сөйлемдерді қолдана отырып түсіндіреді; 8.6.2.3 Қазақстанның саяси интеграциядағы мүдделері мен мақсаттарын талдайды; 8.6.2.4 оқылып жатқан тақырып аясында берілген үлгі бойынша монолог-пайымдау құрады; 8.6.2.5 фраза аралық құралдарды:</p>	<p>10.6.2.1 Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық, саяси-географиялық жағдайына кешенді баға береді; 10.6.2.2 Қазақстандағы саяси-әкімшілік хоронимдерді жіктеп, мағынасын түсіндіреді және транслитерациясын үш тілде ұсынады; 10.6.2.3 Қазақстан Республикасы туралы кешенді географиялық ақпаратты түрлі мақсатты аудиториялар үшін ғылыми-энциклопедиялық мәтінді қолдана отырып дайындайды; 10.6.2.4 оқылған мәтінде ұқсатып балама тапсырамалар құрастырады;</p>

7.6.2.5 тіке және балама сұрақтарды құрастырады, виртуальды экскурсияның және саяхат бойынша диалог құруда өз қиындықтарын анықтайды, көмек сұрайды	есімдіктерді, синонимдерді, біртүбірлі сөздерді белсенді қолданады	10.6.2.5 өзінің мәдени дамуын көрсететін өзінің және қоршаған ортаның сөйлеу іс-әрекетін дұрыс бағалайды
---	--	--

47. Бағдарлама сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "География" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда әр бөлімде жүзеге асатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

48. Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10-сыныптарына арналған "География" оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымша

**Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "География" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

1) 7сынып  
1 кесте

Бөлімше	Тақырыптар	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
1. Географияны зерттеу тәсілдері		
1.1 Зерттеу және зерттеушілер	Географияны зерттеу нысандары	7.1.1.1 географияның зерттеу нысандарын анықтайды
	География ғылымының дамуы	7.1.1.2 саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымының дамуына қосқан үлесін сипаттап, баға береді
	Географиялық дерек көздері	7.1.2.3 географиялық дереккөздермен жұмыс істейді: карта, сурет, мәтін, фотосуреттер, графикалық материалдар
	Географиялық тәжірибелер	7.1.2.4 географиялық нысандардың қасиеттерін тәжірибелік жолмен анықтайды

1.2Зерттеу әдістерінің түрлері	Далалық зерттеулер әдістері	7.1.2.5 географиялық далалық зерттеу әдістерін қолданады, көрсеткіштерді тіркейді, жинақтайды, өңдейді, талдайды
	Географияда графикалық әдістердің қолданылуы	7.1.2.6 географиялық нысандардың, құбылыстардың және үдерістердің ерекшеліктерін графикалық түрде көрсете алады: диаграмма, профиль, график
2. Картография және географиялық деректер базасы		
2.1Географиялық карталар	Географиялық картосхемаларды қолдану	7.2.1.1тақырып бойынша картосхемаларды жасай алады
	Географиялық номенклатура	7.2.1.2географиялық номенклатура нысандарын картадан көрсетеді; 7.2.1.3 қойылған дыбыстарды айтуда өзін-өзі бақылайды; 7.2.1.4 абстрактілі ұғымы бар жалпылауыш зат есімдерді сөйлеу тілінде қолданады
2.2Географиялық деректер базасы	Географиялық деректерді ұйымдастыру	7.2.2.1 географиялық нысандарды топтастырып кесте түрінде көрсетеді; 7.2.2.2сөздік, картиналық, картина-графикалық жоспар құрастырады; 7.2.2.3 арсеналды дұрыс қолдана отырып (түсінік айтуда 20 бірліктен кем емес) мәтіннен кіл сөздерді бөліп алады; 7.2.2.4өзі және сыныптастары оқығандадыбыстарды дұрыс айту және орфоэпия нормаларын сақтайды
3. Физикалық география		
	Литосфераның құрылысы мен заттық құрамы	7.3.1.1литосфераның құрылысы мен заттық құрамын анықтайды
	Жердің тектоникалық құрылымы	7.3.1.2жердің тектоникалық құрылымы мен литосфералық плиталардың орналасуын картадан көрсетеді және сипаттайды
	Литосфераның тектоникалық қозғалыстары	7.3.1.3жер қыртысының тектоникалық қозғалыстарын талдайды: дрейф, коллизия, субдукция, спрединг
		7.3.1.4 литосфералық катаклизмдердің себеп-салдарын, таралуын түсіндіреді; 7.3.1.5 литосфералық катаклизмдер барысында өзін өзі

3.1 Литосфера	Литосфералық катаклизмдер	<p>ұстау ережелерін жергілікті компонент негізінде түсіндіреді;</p> <p>7.3.1.6 тапсырмаларды орындау үшін оқулықтың анықтамалық аппаратты өз бетімен қолданады;</p> <p>7.3.1.7 қойылған міндетке және оны жүзеге асыруға сәйкес әрекеттерді таңдайды;</p> <p>7.3.1.8 шешу жолдарын жоспарлауда бекітілген ережелерді қолданады;</p> <p>7.3.1.9 оқу іс-әрекетінің жетістік критерийлері негізінде орындалған тапсырмаларды өзара және өздері талдау жасайды;</p> <p>7.3.1.10 оқу мәтіндерін қарапайым сөйлемнен күрделіге немесе керісінше ауыстыра алады</p>
---------------	---------------------------	--

2-тоқсан

3. Физикалық география

3.2 Атмосфера	Атмосфера және оның құрам бөліктері	<p>7.3.2.1 атмосфераның құрамын сипаттайды;</p> <p>7.3.2.2 атмосфераның құрылысы мен қабаттарының ерекшеліктерін графикалық түрде бейнелеп, түсіндіреді</p>
	Ауа райы және метеорологиялық элементтер	<p>7.3.2.3 "ауа райы" ұғымын түсіндіреді;</p> <p>7.3.2.4 температура, қысым, жел, бұлттылық, жауын-шашын, ылғалдылық метеорологиялық элементтер мен құбылыстарды сипаттап, зерттеу маңыздылығын анықтайды;</p> <p>7.3.2.5 температура, қысым, жел, бұлттылық, жауын-шашын, ылғалдылық метеорологиялық элементтердің көрсеткіштерін өлшеп, метеорологиялық құрал-жабдықтарды қолданумен тіркейді;</p> <p>7.3.2.6 жергілікті жер мүмкіндігі бойынша температура, қысым, жел, бұлттылық, жауын-шашын, ылғалдылық метеорологиялық элементтерінің көрсеткіштері бойынша синоптиканық графикалық материалдарды жасайды</p>
		7.3.2.7 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде қолайсыз атмосфералық құбылыстарды



	Қолайсыз атмосфералық құбылыстар	талдай отырып, сақтану шараларын ұсынады
3.3 Гидросфера	Гидросфера және оның құрамдас бөліктері	7.3.3.1 гидросфера және оның құрамдас бөліктерін сипаттайды
	Су ресурстарының маңыздылығы	7.3.3.2 су ресурстарының маңыздылығын түсіндіреді
	Дүние жүзілік мұхиттың географиялық жағдайы	7.3.3.3 дүние жүзілік мұхиттың құрамын, географиялық жағдайын сипаттайды
		7.3.3.4 мұхит және оның құрамдас бөліктерін жоспар бойынша сипаттайды
	Дүние жүзілік мұхит суының қасиеттері	7.3.3.5 мұхит суының қасиеттеріне әсер ететін факторларды анықтайды
	Движения вод в океане	7.3.3.6 мұхит суының қозғалыстарын жіктеп, түсіндіреді
	Мұхиттармен байланысты апаттар	7.3.3.7 мұхиттар және теңіздермен байланысты апаттарды топтастырып, сақтану шараларын ұсынады
	Дүние жүзілік мұхит проблемалары	7.3.3.8 дүние жүзілік мұхит проблемаларын топтастырып, шешу жолдарын ұсынады
3-тоқсан		
3. Физикалық география		
3.4 Биосфера	Биосфера және оның құрам бөліктері	7.3.4.1 биосфераның құрамын, құрылымын, шекаралары мен қасиеттерін анықтайды
	Топырақ, оның құрамы және құрылысы	7.3.4.2 топырақтың құрамы мен графикалық формасын анықтайды және ұсынады
	Қазақстанда топырақ түрлері	7.3.4.3 Қазақстанда топырақ түрлерінің таралуын анықтайды
		7.3.4.4 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде топырақ ресурстарына баға береді
	Топырақтардың экологиялық проблемалары	7.3.4.5 топырақтардың экологиялық проблемаларын жіктеп, шешу жолдарын ұсынады
	Табиғи-аумақтық кешендерінің қалыптасуы	7.3.5.1 географиялық қабық, материктер мен мұхиттар, зоналар және белдеулер, ландшафт табиғи-аумақтық кешендерінің қалыптасуын түсіндіреді
		7.3.5.2 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде

3.5 Табиғи-аумақтық кешендер	Табиғи-аумақтық кешендердің түрлері	табиғи-аумақтық кешендерін жоспар бойынша сипаттайды; 7.3.5.3 ақпарат алу барысында ұжымдық жұмысты ұйымдастыруда өз мүмкіндіктерін дұрыс бағалайды; 7.3.5.4 оқулықтармен тиімді жұмыс жасайды және орындалған тапсырманың нәтижесін бағалайды
4. Әлеуметтік география		
4.1 Халық географиясы	Дүниежүзі халықтарының тілдері және топтары	7.4.1.1 дүниежүзі халықтарының этнолингвистикалық жіктелінуін түсіндіреді
4.2 Дүниенің қазіргі тарихи-географиялық аймақтары	Дүние жүзі халқының діни құрамы	7.4.1.2 дүние жүзі халқының діни құрамы мен діндердің таралу аймақтарын анықтайды; 7.4.1.3 ақпаратты іздеу, оны сақтау және қолдану барысында өз іс-әрекетіне жеке жауапкершілігін сезінеді; 7.4.1.4 ауызша және жазбаша формада тиімді және саналы түрде хабарламалар, соның ішінде, шығармашылық және ізденушілік сипаттағы хабарламалар құрайды; 7.4.1.5 ақпарат іздеу үшін жоспар құрады және бірізділік ұстанады
	Дүниежүзінің тарихи-мәдени аймақтары	7.4.2.1 халықтың этникалық және діни құрамына байланысты дүниежүзінің тарихи-мәдени өркениеттік аймақтарының қалыптасуын түсіндіреді; 7.4.2.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде ұлтаралық және дінаралық келісімнің қажеттілігін дәлелдейді және қалыптастыру жолдарын ұсынады; 7.4.2.3 қойылған дыбыстарды өздері қадағалайды
	Ұлтаралық және дінаралық келісім	7.4.2.4 көргендеріне (естігендеріне) қызығушылық таныту, қуану, таң қалу ды мимикалық позамен көрсетеді; 7.4.2.5 сөйлеу кезіндегі тыныс алуды біледі (сөйлеу кезінде 8-10 сек. дейін дем шығарады); 7.4.2.6 сөйлеу кезінде дұрыс тыныс алуды біледі;

		7.4.2.7 дұрыс дауыс шығарады, сөйлеу кезінде дұрыс тыныс алуды біледі
4-тоқсан		
5. Экономикалық география		
5.1 Табиғи ресурстар	Табиғи ресурстарды жіктелуі	7.5.1.1 табиғи ресурстарды жіктейді; 7.5.1.2 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде табиғи ресурстардың таралу заңдылықтарын талдайды; 7.5.1.3 табиғи ресурстардың шоғырлануын картада көрсетеді
	Табиғи ресурстарды игерумен байланысты проблемалар	7.5.1.4 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде табиғи ресурстарды игерумен байланысты проблемаларды талдап, шешу жолдарын ұсынады; 7.5.1.5 бір нысан, құбылыс туралы әртүрлі стилистиканы, пунктуацияны қолдана отырып жазбаша мәтіндер құрастырады
5.2 Әлеуметтік-экономикалық ресурстар	Көлік инфрақұрылымы	7.5.2.1 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде көлік инфрақұрылым элементтерін сипаттап, маңыздылығына баға береді
	Әлеуметтік инфрақұрылым	7.5.2.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде әлеуметтік инфрақұрылымның элементтерін сипаттап; 7.5.2.3 мағынасына қарай шылауларды қолдана отырып, сөйлем құрап жауап береді; 7.5.2.4 мағынасына қарай шылауларды қолдана отырып, сөйлем құрап жауап береді; 7.5.2.5 мұғалімнің тапсырмасы бойынша ақпарат (мәтіндік, сызба, бейне) тауып, оның мазмұнын сараптау
5.3 Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы	Дүниежүзілік шаруашылықтың салалары: ауыл шаруашылық және өнеркәсіп	7.5.3.1 ауыл шаруашылық, өнеркәсіп шаруашылық салаларын жіктеу арқылы маңыздылығын түсіндіреді; 7.5.3.2 белсенді тыңдаудағысын меңгереді, ауызша және жазбаша жауап беруде белсенді тыңдаудағысын қолданады;

		7.5.3.3 керек акпаратты іздеуде өзара әрекет жасайды; 7.5.3.4 ұйымдасқан көмек арқылы алфавиттік нұсқауды қолданады
6. Елтану және саяси география негіздері		
6.1 Дүние жүзі елдері	Дүние жүзі елдердің географиялық орны	7.6.1.1 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдерді географиялық орнына байланысты топтастырады; 7.6.1.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің географиялық орнын жоспар бойынша сипаттайды; 7.6.1.3 себеп салдарлы, уақыт, анықтауыш шылауларды қолдануды себеп салдарлы, уақыттық, кеңістіктік қатынасын түсінеді, қателерді түзейді
6.2 Дүние жүзі елдерінің экономикалық-географиялық орны	Дүние жүзі елдерінің экономикалық-географиялық орны	7.6.2.1 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдерді экономикалық-географиялық орнына байланысты топтастырады ; 7.6.2.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің экономикалық-географиялық жағдайын жоспар бойынша сипаттайды; 7.6.2.3 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің экономикалық-географиялық жағдайына баға береді; 7.6.2.4 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдердің экономикалық-географиялық жағдайын жақсарту жөнінде ұсыныс жасайды 7.6.2.5 тіке және балама сұрақтарды құрастырады, виртуальды экскурсияның және саяхат бойынша диалог құруда өз қиындықтарын анықтайды, көмек сұрайды

2) 8сынып:

2кесте

Бөлімше	Тақырыптар	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
1.Географиялық зерттеу әдістері		
		8.1.1.География ғылымының салаларға бөлінуін графикалық түрде көрсетіп түсіндіреді;

1.1Зерттеулер және зерттеушілер	География ғылымының салалары	8.1.1.2география ғылымы салаларындағы маңызды зерттеулерді анықтайды
1.2Зерттеу әдістерінің түрлері	Географиялық зерттеу әдістерінің түрлері	8.1.2.3далалық, картографиялық, теориялық географиялық зерттеу әдістерінің мәнін түсіндіріп, қолданады
	Географиялық деректерді өңдеу және талдау	8.1.2.4географиялық деректерді сандық және сапалық өңдеп, талдайды
	Географиялық модельдер	8.1.2.5географиялық нысандардың , құбылыстардың және үдерістердің модельдерін түрлі материалдардан немесе түрлі техникаларда жасау арқылы ерекшеліктері мен қасиеттерін түсіндіреді
	Зерттеу нәтижелерін ұсыну формалары	8.1.2.6зерттеу нәтижелерін түрлі формада ұсынады
2.Картография және географиялық деректер базасы		
2.1Географиялық карталар	Тақырыптық карталар және олардың қосымша сипаттайтынэлементтері	8.2.1.1тақырыптық карталарды сипаттайтын қосымша элементтерді құрастырады: профиль, диаграмма, график, кесте
	Тақырыптық карталарды оқу	8.2.1.2географиялық шартты белгілер мен карталарды сипаттайтын қосымша элементтерді қолданумен тақырыптық карталарды оқиды
	Тақырыптық географиялық номенклатура	8.2.1.3географиялық номенклатура нысандарын кескін картадан көрсетеді; 8.2.1.4оқылып жатқан нысандармен элементтерінің жіктелу белгілерін анықтайды
2.2Географиялық деректер базасы	Географиялық деректер базасын құрудаақпараттық-коммуникативтік технологиялардың рөлі	8.2.2.1ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдана отырып, географиялық деректер базасын құрастырады; 8.2.2.2өзінің сөйлеу әрекетін белгіленген критерийлер бойынша бағалайды; 8.2.2.3оқу мәтінінің фрагментіне тікелей, жанама және балама сұрақтар қояды; 8.2.2.4мағыналық эквиваленттер қолдана отырып, айтылуларды түрлендіреді
3. Физикалық география		

3.1 Литосфера	Жер бедерінің қалыптасу және таралу заңдылықтары	8.3.1.1 жер бедерінің қалыптасу және таралу заңдылықтарын зерттейді
	Жер бедері түрлерін жіктелуі	8.3.1.2 жер бедері түрлерін жіктейді; 8.3.1.3 жер бедері түрлерін жоспар бойынша сипаттайды
	Материктер мен мұхиттарда орналасқан ірі орографиялық нысандар	8.3.1.4 материктер мен мұхиттарда орналасқан ұқсас орографиялық бірліктерді салыстырады
	Тау жыныстары мен минералдардың жіктелуі	8.3.1.5 тау жыныстары мен минералдарды түрлі белгілері бойынша жіктейді
	Тау жыныстары мен минералдардың қалыптасу заңдылықтарына байланысты пайдалы қазбалардың таралуы	8.3.1.6 тау жыныстары мен минералдардың қалыптасу заңдылықтарына байланысты пайдалы қазбалардың таралуына талдау жасайды
	Тау жыныстары мен минералдардың қасиеттері	8.3.1.7 тау жыныстары мен минералдардың қасиеттерін анықтайды
	Тау жыныстарының жасын анықтау	8.3.1.8 тау жыныстарының жасын анықтау әдістерін түсіндіреді
	Геологиялық жылсанау мен геохронологиялық кесте	8.3.1.9 геологиялық жылсанау мен геохронологиялық кестені талдап, жер қыртысының және тіршіліктің дамуындағы ірі кезеңдері мен геологиялық оқиғаларды ажырата алады
	Жер бедерінің адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсері	8.3.1.10 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде жер бедерінің адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсеріне баға береді
3.2 Атмосфера	Климат қалыптастырушы факторлар	8.3.2.1 климат қалыптастырушы факторларды талдайды
	Атмосфераның ғаламдық циркуляциясы	8.3.2.2 атмосфераның ғаламдық циркуляциясын талдап, түсіндіреді
	Климаттық белдеулер	8.3.2.3 климаттық белдеулерді талдайды
	Матеріктің климат ерекшеліктері	8.3.2.4 әр материкте орналасқан ұқсас климаттық белдеулерді салыстырады
	Климаттың адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсері	8.3.2.5 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде климаттың адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсеріне баға береді

	Адамзат әрекетінің атмосфераға тигізетін кері әсері	8.3.2.бадамзат әрекетінің атмосфера мен климатқа тигізетін кері әсерін топтастырады, шешу жолдарын ұсынады; 8.3.2.7оқу міндеттерін шешу үшін жұп болып жұмыс жасаужы жоспарлайды және іске асырады
2-тоқсан		
3. Физикалық география		
3.3 Гидросфера	Құрлық суларының түрлері және қалыптасу жолдары	8.3.3.1құрлық суларының қалыптасу жолдарын анықтайды
	Құрлық суларының шаруашылық маңызы	8.3.3.2құрлық суларының негізгі түрлерінің шаруашылық маңызын түсіндіреді
	Өзен аңғарының құрылысы	8.3.3.3өзен аңғарының құрылысын түсіндіреді
	Өзендердің гидрологиялық режимі	8.3.3.4қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде өзендердің гидрологиялық режимін түсіндіреді
	Көлдер мен мұздықтар	8.3.3.5көлдер мен мұздықтарды жоспар бойынша сипаттайды
	Құрлық суларының экологиялық проблемалары	8.3.3.6жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде құрлық суларының экологиялық проблемаларын жіктеп, шешу жолдарын ұсынады
	Су апаттары	8.3.3.7жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде су апаттарының алдын алу шараларын ұсынады; 8.3.3.8ақпарат алу барысында оқу міндеттерін орындайды
3. Физикалық география		
3.4 Биосфера	Табиғат зоналары мен биіктік белдеулері	8.3.4.1табиғат зоналары мен биіктік белдеулерінің қалыптасуын түсіндіреді 8.3.4.2табиғат белдеулерін жоспар бойынша сипаттайды
	Материктердегі табиғат зоналары	8.3.4.3әр материкте орналасқан ұқсас табиғат зоналар мен биіктік белдеулерді салыстырады
	Мұхиттағы тіршілік дүниесі	8.3.4.4мұхиттағы тіршілік дүниесінің таралуын анықтайды
	Өсімдік әлемі мен жануарлар дүниесін қорғау	8.3.4.5өсімдік әлемі мен жануарлар дүниесін қорғау қажеттілігін дәлелдейді, қорғау жолдарын ұсынады
3-тоқсан		

3. Физикалық география		
3.5 Табиғи-аумақтық кешендер	Географиялық қабықтың құрамы мен құрылысы	8.3.5.1 географиялық қабықтың құрамы мен құрылысын графикалық түрде көрсетіп, түсіндіреді
	Географиялық қабық заңдылықтары	8.3.5.2 географиялық қабық заңдылықтарының маңыздылығын түсіндіреді; 8.3.5.3 пән бойынша базалық терминдердің атауларын сауатты жаза алады және дұрыс айтады; 8.3.5.4 өзінің сөйлеу тілін берілген критерийлер бойынша дұрыс бағалайды
4. Әлеуметтік география		
4.1 Халық географиясы	Халық санағы	8.4.1.1 халық санын анықтау әдістерін түсіндіреді
	Халықтың ұдайы өсу түрлері	8.4.1.2 дүниежүзі елдерін халықтың ұдайы өсу түрі бойынша жіктейді; 8.4.1.3 елдердің демографиялық жағдайын талдап, басты демографиялық көрсеткіштерін есептейді: халық саны, туу және өлім коэффициенттері, табиғи және механикалық өсім, жалпы өсім, жас-жыныстық көрсеткіштер, ұлттық және діни құрам; 8.4.1.4 ақпарат іздеу, өзінің қиындықтарын жеткізу барысында жолдасынан көмек сұрайды; 8.4.1.5 керек ақпаратты іздеу кезінде жолдасының мақсатқа бағытталған көмек көрсетеді
4.2 Дүниенің қазіргі тарихи-географиялық аймақтары	Демографиялық көрсеткіштерімен демографиялық жағдайлары	8.4.2.1 елдердің демографиялық көрсеткіштерін графикалық түрде ұсынып, түсіндіреді
	Демографиялық проблемалар	8.4.2.2 дүниежүзі елдерін демографиялық проблемалары бойынша жіктейді; 8.4.2.3 "демографиялық саясат" ұғымын түсіндіре отырып дүниежүзінің жекелеген елдеріне қатысты демографиялық саясаттың өзіндік моделін ұсынады; 8.4.2.4 белсенді сөйлеу тілінде күрделі предикативті бірлігін дұрыс қолданады;



		<p>8.4.2.5 сөйлеу тілін ерікті баяулату және жылдамдату тәсілдерін меңгереді;</p> <p>8.4.2.6 фразаның мәнері, паузасы, мағынасына қарап есту арқылы сөздердің логикалық екпінін біледі;</p> <p>8.4.2.7 дұрыс тыныс алу арқылы ақырын, қатты, жоғары, төмен дауысты қолдана отырып, баяу және тез сөйлеу нұсқауларын үлгі бойынша модельдейді</p>
5. Экономикалық география		
5.1 Табиғи ресурстар	Табиғи ресурстарды экономикалық және экологиялық тұрғыдан бағалау	8.5.1.1 табиғи ресурстарды экономикалық және экологиялық тұрғыдан бағалайды
	Дүниежүзінің жекелеген аймақтарының табиғи ресурстық әлеуеті	8.5.1.2 дүниежүзінің жекелеген аймақтарының табиғи ресурстық әлеуетін бағалайды
	Табиғат ресурстары, дайын өнім түрлерін өңдеу технологиясы және орталықтары	<p>8.5.1.3 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде жекелеген табиғат ресурстарын өңдеу технологиясын сипаттай отырып, орталықтары мен дайын өнім түрлерін атайды;</p> <p>8.5.1.4 зерттелетін нысандардың қатынасымен белгілерін сипаттайтын графикалық сызбаларды құрастырады;</p> <p>8.5.1.5 әлемдік іздеу желісі арқылы ақпарат іздеуді өзі ұйымдастырады</p>
4-тоқсан		
5. Экономикалық география		
5.2 Әлеуметтік-экономикалық ресурстар	Экономикалық инфрақұрылымның элементтері және функциясы	<p>8.5.2.1 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде экономикалық инфрақұрылымның элементтерін сипаттап, маңыздылығына баға береді;</p> <p>8.5.2.2 ауызша жауап беруде және белсенді сөйлеу тілінде сапасын сипаттайтын салыстырмалы сын есімнің толық және қысқа формасын қолданады;</p> <p>8.5.2.3 сол үшін, осыған орай, сол себепті, салдарынан, осыған байланысты т.с.с. себеп-салдарды шылауларды ажыратады, қолдануды біледі;</p> <p>8.5.2.4 егер..., онда..., де, т.с.с. шылауларды қолданып, құрмасал</p>

		сөйлемдерді құрастырады және белсенді қолданады; 8.5.2.5оқу мәтіні және жеке тәжірибесі бойынша диалог және монолог құрайды
5.3Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы	Дүниежүзілік шаруашылықтың салалары: өндіруші және өңдеуші, қызмет саласы шаруашылық түрлері	8.5.3.1өндіруші және өңдеуші, қызмет саласы шаруашылық түрлерін жіктейді
	Ауылшаруашылық және өнеркәсіп өндірісін, қызмет саласын ұйымдастыру түрлері	8.5.3.2қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде ауылшаруашылық және өнеркәсіп өндірісін, қызмет саласын ұйымдастыру түрлерін сипаттайды
	Ауыл шаруашылық және өнеркәсіп өндірісін, қызмет саласын орналастыру факторлары	8.5.3.3қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде ауыл шаруашылық және өнеркәсіп өндірісін, қызмет саласын орналастыру факторларын талдайды
	Дүниежүзі шаруашылығы салаларының сипаттамасы	8.5.3.4дүниежүзі шаруашылығы салаларын жоспар бойынша сипаттайды
6.Елтану және саяси география негіздері		
6.1Дүние жүзі елдері	Дүние жүзінің саяси картасы	8.6.1.1саяси картаның басты нысандарын сипаттайды
	Елдердің саяси типологиясы	8.6.1.2елдерді басқару формасы және мемлекеттік құрылымы бойынша топтастырады
	Дүние жүзінің саяси картасының сандық және сапалық өзгерістері	8.6.1.3саяси картаның сандық және сапалық өзгерістерін талдайды
6.2Дүние жүзі елдерінің экономикалық-географиялық орны	Дүние жүзі елдерінің географиялық-саяси орны	8.6.2.1елдердің саяси-географиялық жағдайына баға береді
	Саяси интеграция	8.6.2.2саяси интеграцияның қажеттілігі мен мақсаттарын құрмалас сөйлемдерді қолдана отырып түсіндіреді
	Қазақстанның саяси интеграциядағы мүдделері мен мақсаттары, бағыттары	8.6.2.3Қазақстанның саяси интеграциядағы мүдделері мен мақсаттарын талдайды; 8.6.2.4оқылып жатқан тақырып аясында берілген үлгі бойынша монолог-пайымдау құрады; 8.6.2.5фраза аралық құралдарды: есімдіктерді, синонимдерді, біртүбірлі сөздерді белсенді қолданады

### 3) 9сынып:

#### 3 кесте

Бөлімше	Тақырыптар	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
1. Географиялық зерттеу әдістері		
1.1 Зерттеулер және зерттеушілер	Қазақстандық географтардың зерттеулері	9.1.1.1 география ғылымының дамуына үлес қосқан қазақстандықтардың зерттеулері туралы баяндайды
	География ғылымының қазіргі заманғы өзекті зерттеу проблемалары	9.1.1.2 география ғылымының қазіргі заманғы өзекті зерттеу проблемаларын анықтайды
1.2 Зерттеу әдістерінің түрлері	Географиялық нысандар мен құбылыстарды номинациялау ерекшеліктері	9.1.2.3 географиялық нысандар мен құбылыстарды номинациялау ерекшеліктерін анықтайды
	Қазақ халқының халықтық географиялық терминдері	9.1.2.4 қазақ халқының халықтық географиялық терминдерінің мағынасын түсіндіреді
	Зерттеу нәтижелерін ұсынудың академиялық формалары	9.1.2.5 зерттеу нәтижелерін түрлі академиялық формада ұсынады; 9.1.2.6 сөйлеу мәдениетін меңгеруге ұмтылуды көрсетеді
2. Картография және географиялық деректер базасы		
2.1 Географиялық карталар	Географиялық нысандарды, үдерістер мен құбылыстарды карталардан көрсету тәсілдері	9.2.1.1 маңызды географиялық нысандарды, үдерістер мен құбылыстарды карталардан көрсету барысында сипаттайды
	Географиялық номенклатура нысандарын көрсету тәсілдері	9.2.1.2 географиялық номенклатура нысандарын картадан көрсетеді; 9.2.1.3 картамен жұмыс жасаудың түрлі алгоритмдерін қолданады; 9.2.1.4 түрлі мазмұндағы карталарды қолданады, табиғаттың жеке құрам бөліктерін салыстыру тәсілдерін қолданады
2.2 Географиялық деректер базасы	Жерді қашықтықтан зерделеудің әдістері	9.2.2.1 жерді қашықтықтан зерделеудің әдістерін сипаттап, маңыздылығы мен ерекшеліктерін түсіндіреді; 9.2.2.2 жерді қашықтықтан зерделеудің әдістерін және олардың негізгі нысандарының даму тарихын сипаттайды
	Геоақпараттық технологияларын қолдану салалары	9.2.2.3 географиялық ақпараттық жүйенің жіктелуін анықтайды; 9.2.2.4 шаруашылық пен ғылым салаларында геоақпараттық

		технологияларын қолданудың маңыздылығын сипаттайды
2 –тоқсан		
3. Физикалық география		
3.1Литосфера	Қазақстанның территориясының геологиялық тарихын және тектоникалық құрылымы	9.3.1.1жергілікті компонентті қосымша қамту негізіндеҚазақстанның жер бедерінің геологиялық тарихын және тектоникалық құрылымын анықтайды; 9.3.1.2геологиялық картаның мәні мен мазмұнын түсіндіреді
	Қазақстанның негізгі орографиялық нысандары	9.3.1.3орографиялық нысандарын сипаттайды
	Қазақ оронимдері	9.3.1.4қазақ оронимдерін жіктеп, мағынасын түсіндіреді және транслитерациясын үш тілде ұсынады
	Қазақстанның минералды ресурстарының таралу заңдылықтары	9.3.1.5Қазақстанның минералды ресурстарының таралу заңдылықтарын анықтайды
	Минералды ресурстарын өндіру және өндеудің басты орталықтары	9.3.1.6Қазақстанның минералды ресурстарын өндіру және өндеудің басты орталықтарын картадан көрсетіп, сипаттайды;
	Қазақстанның минералды ресурстарынбағалау	9.3.1.7Қазақстанның минералды ресурстарына баға береді
	Минералды ресурстарды меңгеру проблемалары	9.3.1.8минералды ресурстарды меңгеру проблемаларын жіктейді, олардың шешу жолдарын ұсынады; 9.3.1.9Қазақстан территориясында геосинклиналдің пайда болудың негізгі кезеңдерін сипаттайды; 9.3.1.10сөйлемдерді тарату және қысқарту есебінен мәтіндерді кеңейтеді және компрессия жасайды
3-тоқсан		
3. Физикалық география		
	Қазақстан климатын қалыптастырушы факторлары	9.3.2.1Қазақстан климатын қалыптастырушы факторларды талдайды
	Қазақстанның климаттық жағдайы	9.3.2.2Қазақстанның климаттық жағдайын талдайды
	Қазақстанның климаттық ресурстары	9.3.2.3Қазақстанның климаттық ресурстарын бағалайды
		9.3.2.4Қазақстанда атмосфералық қолайсыз және қауіпті

3.2 Атмосфера	Қазақстанда атмосфералық қолайсыз және қауіпті құбылыстар	құбылыстардың қалыптасуын, таралу аумақтарын картада көрсетіп, сақтану шараларын ұсынады
	Қазақ халқының атмосфералық және климаттық құбылыстарды номинациялау ерекшеліктері	9.3.2.5 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде қазақ халқының атмосфералық және климаттық құбылыстарды номинациялау ерекшеліктерін анықтайды; 9.3.2.6 климаттың адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсерін талдайды; 9.3.2.7 топтық іс-әрекет барысында өз әрекетін реттеу үшін сөйлеу тілін адекватты қолданады
3.3 Гидросфера	Қазақстанның ішкі суларының түрлері	9.3.3.1 Қазақстанның ішкі суларын топтастырады, көрсеткіштерін талдайды және сипаттайды: өзендер мен көлдер, мұздық тар мен мәңгі тоң, жерасты сулары
	Қазақ гидронимдері	9.3.3.2 қазақ гидронимдерін жіктеп, мағынасын түсіндіреді және транслитерациясын үш тілде ұсынады
	Қазақстанның су ресурстарын экономикалық бағалау	9.3.3.3 Қазақстанның су ресурстарына экономикалық баға береді
	Су ресурстарының экологиялық проблемалары	9.3.3.4 жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде су ресурстарының экологиялық проблемаларын талдап, шешу жолдарын ұсынады
	Қазақстандағы ішкі сулардың геосаяси проблемалары	9.3.3.5 Қазақстандағы су ресурстарының геосаяси проблемаларын жіктеп шешу жолдарын ұсынады: трансшекаралық өзендер, Каспий теңізінің мәртебесі; 9.3.3.6 Қазақстан территориясындағы су қорларын сақтау мақсатын түсіндіреді; 9.3.3.7 энциклопедиялық әдебиеттермен жұмыс кезінде көз жүгіртіп оқу тәсілдерін меңгереді; 9.3.3.8 ақпаратпен жұмыс жасау барысында міндеттерді шешу жолдарын іздердің жалпы тәсілдерін қолданады
		9.3.4.1 Қазақстанның табиғат зоналары мен биіктік

3.4 Биосфера	Қазақстанның табиғат зоналары мен биіктік белдеулері	белдеулеріне салыстырмалы талдау жасайды
	Ерекше қорғалатын аумақтардың түрлері	9.3.4.2 қорықтар, қорықшалар, ұлттық саябақтар ерекше қорғалатын аумақтардың құрылу мақсатын түсіндіреді
	Қазақстанның табиғи мұрасы	9.3.4.3 Қазақстанның табиғи мұрасына баға береді
	Табиғи хоронимдердің маңызы (ерекше қорғалатын аумақтар)	9.3.4.4 тақырыпқа қатысты қазақтың табиғи хоронимдерін жіктеп, мағынасын түсіндіреді және транслитерация сын үш тілде ұсынады
	Ноосфераның қалыптасуы	9.3.4.5 ноосфераның қалыптасу шарттарын зерттейді және Қазақстанның ноосфера дамуына қосқан өзіндік үлесін бағалайды
	Қазақстанның ноосфера дамуына қосқан үлесі	9.3.4.6 Қазақстанның ноосфера дамуына қосқан өзіндік үлесін бағалайды

4-тоқсан

### 3. Физикалық география

3.5 Табиғи-аумақтық кешендер	Қазақстанның ірі физикалық-географиялық аумақтары	9.3.5.1 Қазақстанның ірі табиғи кешендерін жоспар бойынша сипаттайды
	Қазақтың табиғи хоронимдері (физикалық-географиялық аумақтардың атаулары)	9.3.5.2 қазақтың табиғи хоронимдерін жіктеп, мағынасын түсіндіріп, транслитерациясын үш тілде ұсынады
	Антропогендік факторлардың табиғат кешендеріне әсері	9.3.5.3 жергілікті компонент негізінде антропогендік факторлардың табиғат кешендеріне әсерін зерттейді
	Антропогендік ландшафттарды жақсарту жолдары	9.3.5.4 антропогендік ландшафттарды жақсарту жолдарын ұсынады: рекультивация, мелиорация, ландшафттық дизайн

4) 10 сынып:

4 кесте

Бөлімше	Тақырыптар	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
Әлеуметтік география		
	Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамы	10.4.1.1 Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамын анықтайды
		10.4.1.2 дүниежүзі халқы миграцияларының басты

4.1 Халық географиясы	Дүниежүзі халқы миграциясы	бағыттарын, себеп-салдарын түсіндіреді
	Қазақстан халқы миграциясы	10.4.1.3 Қазақстандағы көші-қон үдерістерді талдап, басты бағыттарын анықтайды
	Көші-қон саясаты	10.4.1.4 көші-қон саясатының өзіндік үлгісін ұсынады
	Еңбек ресурстарының сандық, сапалық құрамы	10.4.1.5 қазақстандық көрсеткіштерді басқа елдердің көрсеткіштері мен салыстыру негізінде еңбек ресурстарының сандық, сапалық құрамына баға береді
	Қазақстанның демографиялық жағдайы және демографиялық саясаты	10.4.2.1 Қазақстанның демографиялық жағдайын талдап, демографиялық саясаттың өзіндік моделін ұсынады
	Елді мекендерді жіктелуі	10.4.2.2 Қазақстандағы елді мекендерді жіктейді
	Елді мекендердің функционалды зоналары	10.4.2.3 елді мекендердің түрлері мен функционалды зоналарын сипаттайды
	Қазақстандағы ойконимдер	10.4.2.4 Қазақстандағы ойконимдерді жіктеп, мағынасын түсіндіреді және транслитерациясын үш тілде ұсынады
	Қазақстанның елді мекендері проблемалары	10.4.2.5 Қазақстанның елді мекендері проблемаларын жіктеп, шешу жолдарын ұсынады
	Урбандалу үдерісі	10.4.2.6 урбандалу үдерісінің себеп-салдарын түсіндіру арқылы байланысты проблемалардың шешу жолдарын ұсынады
	Қазақстандағы урбандалу үдерісіне бағалау	10.4.2.7 Қазақстандағы урбандалу үдерісіне баға береді; 10.4.2.8 тақырып бойынша монолог-пайымдау құрады
2-тоқсан		
5. Экономикалық география		
	Қазақстанның табиғи-ресурстық әлеуеті	10.5.1.1 Қазақстанның табиғи-ресурстық әлеуетін бағалайды
	Қазақстанда жекелеген табиғи ресурстарды өңдеу технологиясы мен орталықтары және дайын өнім түрлері	10.5.1.2 Қазақстанда жекелеген табиғи ресурс-тарды өңдеу технологиясын сипаттап, орталықтары мен дайын өнім түрлерін атайды

5.1 Табиғи ресурстар	Табиғатты пайдалану үлгілері мен түрлері	10.5.1.3 табиғатты пайдалану үлгілері мен түрлерін топтастырады
	Тұрақты даму	10.5.1.4 тұрақты дамудың белгілері мен бағыттарын сипаттайды
	Қазақстанда табиғатты пайдалану проблемалары	10.5.1.5 Қазақстанда табиғатты пайдалану проблемаларын анықтап, шешу жолдарын ұсынады, жергілікті компонент негізінде табиғатты пайдалануға байланысты зерттеу жүргізеді
5.2 Әлеуметтік-экономикалық ресурстар	Ғылыми-техникалық революция үдерісі мен даму бағыттары	10.5.2.1 ғылыми-техникалық революция үдерісін, даму бағыттарын талдайды
	Адам әлеуетінің даму индексі көрсеткіштері	10.5.2.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде адам әлеуетінің даму индексі көрсеткіштерін анықтап, елдерді салыстырады
	Қазақстанда адам капиталының әлеуетін арттыру	10.5.2.3 Қазақстанда адам капиталының әлеуетін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлейді
	Қазақстанның индустриялық-инновациялық даму бағыттары	10.5.2.4 Қазақстанның индустриялық-инновациялық даму бағыттарын анықтап, болжам жасайды
	Қазақстанның инновациялық инфрақұрылымы	10.5.2.5 Қазақстанның инновациялық инфрақұрылымының жағдайын талдап, дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлейді
3-тоқсан		
5. Экономикалық география		
5.3 Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы	Қазақстан шаруашылығы салалары	10.5.3.1 Қазақстан шаруашылығы салаларын жоспар бойынша сипаттайды
	Қазақстанның экономикалық аудандарының шаруашылық салалары	10.5.3.2 Қазақстанның экономикалық аудандарының шаруашылық салаларын анықтап, мамандануын түсіндіреді 10.5.3.3 өз оқу әрекетін сөз арқылы реттейді 10.5.3.4 эсседа өзінің ойын, позициясын дәлелдейді, негізгі идеясын түсінеді
	Дүниежүзілік шаруашылықтың субъектілері	10.5.4.1 дүниежүзілік шаруашылықтың субъектілерін сипаттайды



5.4 Дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістері мен көрсеткіштері	Халықаралық географиялық еңбек бөлінісі	10.5.4.2 халықаралық географиялық еңбек бөлінісінің мәнін анықтайды
	Халықаралық экономикалық қатынас түрлері	10.5.4.3 халықаралық экономикалық қатынас түрлерін жіктеп, сипаттайды
	Дүниежүзілік шаруашылықтың даму көрсеткіштері	10.5.4.4 дүниежүзілік шаруашылықтың даму көрсеткіштерін сипаттайды: жалпы ішкі өнім, жалпы ұлттық өнім оның ішінде жан басына шаққанда
	дүниежүзілік шаруашылықтың даму модельдері мен аумақтық құрылымы	10.5.4.5 дүниежүзілік шаруашылықтың модельдері мен аумақтық құрылымын талдайды
	Дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістері	10.5.4.6 дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістерін талдайды
	Қазақстанның дүниежүзілік шаруашылықтағы орны	10.5.4.7 Қазақстанның дүниежүзілік шаруашылықтағы орнын анықтайды
	Қазақстанның халықаралық экономикалық интеграциядағы мүдделері мен мақсаттары, орны	10.5.4.8 Қазақстанның халықаралық экономикалық интеграциядағы мүдделері мен мақсаттарын, орнын анықтайды; 10.5.4.9 өзінің сөйлеу әрекетін белгіленген критерийлер бойынша дұрыс бағалайды

4-тоқсан

#### 6. Елтану және саяси география негіздері

6.1 Дүние жүзі елдері	Дүние жүзі елдердің экономикалық даму деңгейі бойынша топтастыру	10.6.1.1 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде елдерді экономикалық даму деңгейі бойынша топтастырады
	Халықаралық ұйымдарды деңгейі және мақсаты	10.6.1.2 қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде халықаралық ұйымдарды деңгейі және мақсаты бойынша топтастырады
	Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық, саяси-географиялық жағдайы	10.6.1.3 сөз жалғаушы шылауларды қолдана вербальды алгоритмнің көмегімен мәтін нұсқауларды үлгі бойынша құрайды
	Қазақстандағы саяси-әкімшілік хоронимдер	10.6.2.1 Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық, саяси-географиялық жағдайына кешенді баға береді; 10.6.2.2 Қазақстандағы саяси-әкімшілік хоронимдерді

6.2 Дүние жүзі елдерінің экономикалық-географиялық орны	Қазақстан Республикасы туралы кешенді географиялық ақпаратты ұсыну формалары	жіктеп, мағынасын түсіндіреді және транслитерация сын үш тілде ұсынады 10.6.2.3 Қазақстан Республикасы туралы кешенді географиялық ақпаратты түрлі мақсатты аудиториялар үшін ғылыми-энциклопедиялық мәтінді қолдана отырып дайындайды; 10.6.2.4 оқылған мәтінде ұқсатып балама тапсырамалар құрастырады; 10.6.2.5 өзінің мәдени дамуын көрсететін өзінің және қоршаған ортаның сөйлеу іс-әрекетін дұрыс бағалайды
---	--	---

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 123 бұйрығына  
46-қосымша  
Қазақстан Республикасы Білім  
және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына  
683-қосымша

## **Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10-сыныптары үшін "Биология" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10-сыныптары үшін "Биология" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты – сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар оқушыларда органикалық дүниенің көптүрлілігі, ондағы болып жатқан заңдылықтар мен үдерістер туралы білім жүйесін қалыптастыру.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) жер бетіндегі барлық тірі ағзалардың құндылығын түсіну үшін өмірдің құрылымды-функционалды және генетикалық негіздері туралы, тірі табиғаттың негізгі патшалықтары ағзаларының көбеюі мен дамуы, экожүйелер, биоалуантүрлілік, эволюция туралы білім жүйесін қалыптастыру;

2) экологиялық этика нормалары мен ережелерін, табиғатқа жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру;

3) генетикалық сауаттылықты қалыптастыру – салауатты өмір салты негіздері, психикалық, тән және моральдық денсаулық сақтау;

4) білім алушының тұлғалық қасиеттерін дамыту, биологиялық білімдерін практикада қолдануға, медицина, ауыл шаруашылығы, биотехнологиялар, табиғатты рационалды пайдалану және қорау салаларындағы тәжірибелік іс-әрекетке қатысуға деген талпынысын тәрбиелеу.

4. Түзете-дамыту міндеттері:

1) пәннің базалық ұғымдық аппаратын меңгеруі және қолданылатын грамматикалық құралдар шеңберін кеңейту;

2) сөйлеу тілінің коммуникативтік қасиеттерін және коммуникативтік дағдыларын жетілдіру;

3) зерттеу және мультимедиялық технологияларды қолдану арқылы барлық сенсорлық жүйелерін дамыту және түзету;

4) оқытудың белсенді әдістерін енгізу, ақпараттық-коммуникативтік орта құру, функционалдық сауаттылықты дамыту арқылы мақсатқа бағытталған түрде әлеуметтендіру.

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

5. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың "Биология" оқу пәнін толыққанды меңгерудегі қиындықтары танымдық іс-әрекеттің екінші реттік бұзылуымен, зият алғышарттарының даму ерекшеліктерімен байланысты.

6. Білім алушыларға зейіннің жеткіліксіз тұрақтылығы тән, оны үлестіре бөлу мүмкіндігі шектеулі, нақтылаушы сипаттағы сөйлеу реакциялары басым, ақпаратты есту арқылы қабылдау қиындықтары байқалады.

7. Сөйлеу тілі бұзылған білім алушылар вербалды түрде ұсынылған тапсырмаларды орындауда зейінін қиындықпен жинақтайды, өз іс-әрекетін жоспарлауда қиындықтарға тап болады, нұсқауды қайталауды, үлгі көрсетуді қажет етеді.

8. Вербальды жадысы төмендеген және есте сақтау өнімділігі бұзылған: күрделі нұсқауларды қабылдамайды, тапсырма элементтерін тастап кетеді және олардың ретін ауыстырады.

9. Сөйлеу тілінің дамымауының типтік және тұрақты белгілері оқу-терминологиялық лексиканы нашар меңгеруі, терминдерді жеткіліксіз дифференциациялауы, арнайы лексиканы қамтитын сөз тіркестерін, мәтіндерді түсінудің бұзылуы болып табылады.

10. Сөйлеу тілінің грамматикалық өңделуіндегі қателер, ойын сөзбен жеткізуді жүзеге асыру үдерісіндегі қиындықтар, оның құрылымын қарапайымдату және бұрмалау байқалады.

11. Сөйлеу тілі бұзылыстары мен психикалық дамудың басқа да жақтары арасындағы байланыс сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың

ойлауының спецификалық ерекшеліктерін тудырады: логикалық операциялардың мардымсыздығы, ұғымдық ойлаудың дамымауы, семантикалық бұзылыстар, абстракция мен жалпылау деңгейінің төмендеуі.

12. Көрсетілген ауытқулар "Биология" оқу пәнін үйренуі кезінде елеулі кедергілер тудырады және келесі ұстанымдарды пайдалана отырып, оқу үдерісін ерекше ұйымдастыруды талап етеді:

1) пәннің оқу материалында сөйлеу іс-әрекетінің дағдыларын дамытуға, психикалық үдерістерді түзетуге бағытталған мұқият таңдалған тапсырмалар мен қызмет түрлерінің көмегімен ынталандырушы және дамытушы оқыту;

2) бүкіл сабақ барысында сөйлеу тәртібін сақтау: сөздердің айтылуын бақылау, жеке жұмыс барысында әрбір білім алушының ауызша және жазбаша сөйлеу аграмматизмдерін жою, тұтығуы бар балалардың сөйлеу темпін, ырғағы мен бірсарындылығын қалыпқа келтіру;

3) оқу материалдарын полисенсорлық негізде беру;

4) көру негізінде байланыстырып монологиялық сөйлеу тілі дағдыларын қалыптастыру;

5) дене сымбатының, көрудің бұзылыстарының алдын алу, психоэмоционалдық кернелудің алдын алу, ұсақ және жалпы моториканы, сөйлеу тынысын түзету үшін денсаулық сақтау технологияларын пайдалану.

13. Оқыту негізінде қазіргі заманғы тәсілдерді қолданады:

1) зерттеу тәсілі – танымдық қызығушылықты тәрбиелеуге, берік және пәрменді білімді, белсенді танымдық іс-әрекет пен дербестік әдістерін қалыптастыруға ықпал етеді;

2) тұлғаға-бағдарланған тәсіл – білім алушының жеке ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу үдерісін дараландыруға, шығармашылық жігерін толық ашуға бағытталған;

3) іс-әрекеттік тәсіл – білім алушылардың танымдық дербестігін, оқу материалын сапалы және берік меңгеруін қалыптастыруға ықпал етеді, оқытушы мен оқушы арасындағы кері байланысқа мүмкіндік жасайды;

5) дифференцияланған тәсіл – білім алушылардың ерекшеліктерін есепке алуды көздейді, әртүрлі нозологиялық топтар үшін тапсырмаларды саралауда көрініс табады;

6) интегративті тәсіл "Биология" пәнін басқа оқу пәндерімен тығыз байланыстырады: география, жаратылыстану, химия.

7) коммуникативтік тәсіл коммуникативтік қарым-қатынастың басқа қатысушыларымен өзара іс-әрекет үдерісінде мінез-құлықты, қарым-қатынастың сәйкес жағдайларын таңдай отырып, тіл арқылы қарым-қатынас жасау қабілетін дамытуға бағытталған.

14. Оқытуда келесі технологиялар мен әдістер ең тиімді болып табылады:

1) модельдеу әдісі – күрделі табиғи құбылыстарды салыстырмалы қарапайым модельдермен сипаттауға мүмкіндік береді, оны биология сабақтарында пайдалану метапәндік нәтижелерге қол жеткізу құралы болып табылады;

2) жоба әдісі – мұғалім мен білім алушының ынтымақтастығына, шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған;

3) эксперимент әдісі берілген жағдайларда табиғат құбылыстарын зерттеуге мүмкіндік береді;

4) проблемалық оқыту – білім алушылардың сыни, шығармашылық, диалектикалық ойлауын қалыптастырудың тиімді негізі.

15. Оқу пәнінің ғылыми мазмұны білім алушылардың танымдық мүмкіндіктеріне бейімделеді және бірқатар әдістемелік шарттарды сақтауды талап етеді:

1) танымдық үрдісті когнитивті қолдау бойынша әдістемелік тәсілдер кешенін қолдану;

2) материалдың біртіндеп күрделендірілуі, оны нақтылау, кванттау, ұтымды мөлшерлеу, білімді жаңа жағдайда қолдануға арналған жаттығулар көлемін арттыру, бейімделген оқу мәтіндерін пайдалану;

3) материалды беру қарқынының сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушылардың қабылдау мүмкіндіктеріне сәйкестігі;

4) сөйлеу тілімен жеткізуді визуалды қолдау: пән бойынша басып шығарылған бағдарламалық сөздерді, пән үшін шаблондық сөздер мен фразалар жиынтығын, сөйлеу тілі конструкцияларын пайдалану, сөйлеу тілі арқылы өз ойын толығынан білдіруге көмектесетін жаднамаларды, схемаларды, жоспарларды, кестелерді, алгоритмдерді кеңінен қолдану.

16. Оқу барысында техникалық мультимедиялық дидактикалық құралдар қолданылады: комплектациядағы компьютер, көпфункционалды құрылғы, проектор, интерактивті тақта, құжат-камера, электрондық плакаттар, электрондық оқулықтар, биология бойынша эксперименттерге арналған оқу-бағдарламалық кешен.

17. Биология кабинетінде бақылау әдісін іске асыру үшін қолданылады: гербарийлер, өсімдіктер, жәндіктер коллекциялары, тұқымдар, бүрлер мен жемістер, анатомия бойынша, ботаника бойынша микропрепараттардың жиынтығы, зоология бойынша, жалпы биология бойынша микропрепараттардың жиынтығы.

18. Көлемді модельдер, демонстрациялық аспаптар мен реактивтер білім алушыларда оқылатын нысандардың статикалық және динамикалық бейнелерін түзуге арналған.

19. Іс-әрекеттік тәсіл аясында оқытудың заттық құралдары пайдаланылады: лупа, микроскоптар, биология кабинетіне арналған реактивтер жиынтығы, зертханалық керек-жарақтар, электронды таразылар, құрамдастырылған зертханалық штатив, чемодандағы биологиялық зертхана, биологтардың портреттері.

20. Академиялық ғылыми-терминологиялық сөздікті жүйелі қалыптастыру, базалық ұғымдарды меңгеру мақсатында пәндік сөздік минимумы ұсынылған (2-қосымша).

### 3-тарау. "Биология" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

21. "Биология" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 7-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 2) 8-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 3) 9-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 4) 10-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

22. Бағдарламаның мазмұны 4 бөлімді қамтиды:

- 1) "Тірі ағзалардың көптүрлілігі, құрылымы мен қызметтері" бөлімі;
- 2) "Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық даму" бөлімі;
- 3) "Ағза мен қоршаған орта" бөлімі;
- 4) "Қолданбалы кіріктірілген ғылымдар" бөлімі.

23. "Тірі ағзалардың көптүрлілігі, құрылымы мен қызметтері" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) тірі ағзалардың көптүрлілігі;
- 2) қоректену;
- 3) заттардың тасымалдануы;
- 4) тыныс алу;
- 5) бөліп шығару;
- 6) қозғалыс;
- 7) координация және реттелу.

24. "Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық даму" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) көбею;
- 2) жасушалық айналым;
- 3) өсу және даму;
- 4) тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары;
- 5) эволюциялық даму мен селекция негіздері.

25. "Ағза мен қоршаған орта" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) биосфера, экожүйе, популяция;
- 2) адам қызметінің қоршаған ортаға әсері.

26. "Қолданбалы кіріктірілген ғылымдар" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) молекулалық биология мен биохимия;
- 2) жасушалық биология;
- 3) микробиология және биотехнология;
- 4) биофизика.

27. 7-сыныпқа арналған "Биология" пәнінің базалық мазмұны:

1) экожүйелер: ортаның экологиялық факторлары: абиотикалық (температура, жарық, рН, ылғалдылық), биотикалық (микроағзалар, жануарлар, өсімдіктер). Зертханалық жұмыс: "Жергілікті жердің экожүйелерін зерттеу (мектеп ауласы мысалында)". Қоректік тізбектер және қоректік торлар. Модельдеу "Қоректік тізбек пен торды құру". Экологиялық сукцессиялар: бірінші және екінші реттік сукцессиялар. Экожүйелердің алмасуы. Адам экожүйенің бір бөлігі. Антропогендік фактор. Адам әрекеттерінің экожүйеге жағымсыз әсері. Қазақстанда ерекше қорғалатын аймақтар. Жергілікті жердің ерекше қорғалатын аймақтары. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы. Жергілікті өңірдің ҚР Қызыл кітабына енгізілген жануарлары мен өсімдіктері;

2) тірі ағзаларды жүйелеу: тірі ағзалардың бес патшалығына жалпы сипаттама: прокариоттар, протисталар, саңырауқұлақтар, өсімдіктер, жануарлар. Өсімдіктер мен жануарлардың негізгі жүйелік топтары: патшалықтар, типтер, бөлімдер, кластар. Өсімдіктер мен жануарларды жүйелеудің маңызы. Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың сыртқы құрылысындағы ерекшеліктер. Дихотомиялық әдіс. Дихотомиялық кілттерді қолдану;

3) жасушалық биология: жасуша, ұлпа, мүше, мүшелер жүйесі түсініктері. Өсімдіктер және жануарлар жасушаларын салыстыру. Жарық микроскобынан көрінетін жасуша құрылымдары: пластидтер, вакуоль, ядро, цитоплазма, жасушалық мембрана, жасушалық қабырға;

4) су және органикалық заттар: судың қасиеттері: беттік керілу, судың қозғалысы, еріткіштігі, қайнау және балқу температурасы, жылу сыйымдылығы. Судың биологиялық маңызы және оның еріткіш ретіндегі, температураны сақтау мен реттеудегі рөлі. Зертханалық жұмыс "Судың тірі ағзалар үшін маңызы мен қасиеттерін зерттеу". Азық-түліктердегі органикалық заттар: нәруыздар, майлар, көмірсулар. Зертханалық жұмыс: "Азық-түліктерде көмірсулар, нәруыздар және майлардың бар болуын зерттеу". Өсімдіктерде макроэлементтердің тапшылығы (азот, калий, фосфор,). Тыңайтқыштар: органикалық және минералдық (азотты, калийлі және фосфорлы);

5) заттардың тасымалдануы: заттар тасымалдануының тірі ағзалардың тіршілік әрекеті үшін маңызы. Заттардың тасымалдануына қатысатын тірі ағзалардың мүшелері мен мүшелер жүйесі. Сабақ және тамыр. Сабақтың ішкі құрылысы: қабық, камбий, сүрек, өзек. Тамыр аймақтары: бөліну, өсу, сору және өткізу аймақтары. Тамырдың ішкі құрылысы: флоэма, ксилема, камбий. Зертханалық жұмыс: "Сабақтың ішкі құрылысын зерттеу". Зертханалық жұмыс: "Тамыр аймақтарын зерттеу". Ксилема, флоэма және олардың құрылымдық элементтері. Жануарлардағы қанайналым мүшелері : буылтық құрттар, ұлулар, буынаяқтылар және омыртқалылар;

6) тірі ағзалардың қоректенуі: жапырақтың құрылысы мен қызметі. Жапырақтың ішкі құрылысы. Лептесік. Жапырақ фотосинтездеуші негізгі арнайы мүше. Судың булануы мен газдардың алмасуы. Фотосинтезге қажетті жағдайлар. Зертханалық жұмыс: "Фотосинтез үдерісіне қажетті жағдайларды зерттеу";

7) тыныс алу: өсімдіктер мен жануарлар үшін тыныс алудың маңызы. Тынысалу – энергия көзі. Тыныс алу типтері: анаэробты және аэробты. Анаэробты және аэробты тыныс алуды салыстыру: оттегінің қатысында/қатысынсыз, статикалық/динамикалық жұмыс, жылықанды/суыққанды жануарлар. Өсімдіктердің тыныс алуы. Тұқымның немесе өскіндердің тыныс алуы мысалында. Зертханалық жұмыс: "Өсімдіктердің тыныс алуын зерттеу". Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүшелері (бунақденелілердің демтүтіктері, балықтарының желбезектері, құстардың және сүтқоректілердің өкпесі). Модельдеу: "Омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың тыныс алу жүйесі мүшелерін салыстыру". Тыныс алу мүшелері. Адамның тыныс алу жолдарының құрылысы мен газ алмасу мүшелері. Тыныс алу мүшелерінің аурулары. Тыныс алу мүшелерінің ауруларының себептері мен алдын алу жолдары: өкпе обыры, астма, бронхит, туберкулез, тұмау;

8) бөліп шығару: бөліп шығарудың тірі ағзалар үшін маңызы. Жануарлардағы бөліп шығару өнімдері. Зат алмасудың соңғы өнімдері. Өсімдіктердегі бөліп шығару өнімдері : тыныс алу мен фотосинтездің бастапқы және соңғы өнімдері. Зертханалық жұмыс: " Өсімдіктердің тыныс алу ерекшеліктерін өскіндер мысалында зерттеу". Жануарлардың бөліп шығару жүйелері. Жануарлардың бөліп шығару жүйелерінің құрылысын салыстыру;

9) қозғалыс: өсімдіктердің қозғалысы. Қозғалыстың өсімдіктер тіршілігіндегі маңызы. Өсімдіктердің қозғалу тәсілдері (тропизмдер, таксистер, өсу қозғалыстары). Өсімдіктердің өсуі мен дамуына жарықтың әсері. Жарықтың түсу деңгейіне қарай өсімдіктердің бейімделуі. Фотопериодизм күннің жарық түсу ұзақтығына ағзалардың бейімделуі. Жануарлардың қозғалыс мүшелері. Тірі ағзалардағы қозғалыстың рөлі. Жануарлардың қозғалу тәсілдеріне мысалдар. Жануарлардың мекен ортасы мен қозғалыс тәсілдері арасындағы байланыстарды анықтау;

10) координация және реттелу: жүйке жүйесінің типтерін салыстыру: диффузиялы, сатылы, түйнекті, түтіктерізді. Жүйке жүйесінің құрам бөліктері. Жүйке жүйесінің қызметі. Нейронның құрылысы: денесі, дендриттер, аксон. Нейронның қызметтері. Жүйке жүйесінің орталық және шеткі бөлімдері. Жұлын. Ми. Ми бөлімдерінің құрылысы мен қызметтері: сопақша ми, артқы (ми көпірі, мишық), орталық және аралық ми. Үлкен ми сыңарлары. Рефлекстік доға: рецептор, сезгіш, аралық, қозғалыс нейрондары, жұмыс мүшесі. Зертханалық жұмыс: "Тізе рефлексі". Мінез-құлықтың рефлекторлық табиғаты: шартсыз және шартты рефлексдер. Шартты рефлексдердің сөнуі. Ішкі мүшелер жұмысының жүйкелік реттелуі. Адам ағзасы үшін ұйқының маңызы. Биологиялық ритмдер. Ұйқының кезеңдері: баяу және жылдам ұйқы. Жұмысқа қабілеттілік. Күн тәртібі. Оқу еңбегі мен дене еңбегінің гигиенасы. Күйзеліс. Күйзеліс жағдайларымен күрес және олардың алдын алу әдістері. Жүйке жүйесінің қызметіне алкаголь, темекі, және наркотикалық заттардың әсері;



11) тұқымқуалау мен өзгергіштік заңдылықтары: адамда белгілердің тұқым қуалауында гендер мен дезоксирибонуклеин қышқылы (ДНҚ) рөлі. Жүре пайда болған және тұқым қуалайтын белгілер. Хромосоманың құрылымы. Генетикалық материалды сақтаушы және тасымалдаушы дезоксирибонуклеин қышқылы (ДНҚ) жайлы түсінік. Модельдеу "Адам ағзасындағы тұқым қуалайтын және тұқым қуаламайтын белгілерді зерттеу". Өртүрлі ағза түрлерінің хромосомалар саны. Соматикалық және жыныс жасушалар. Гаплоидты және диплоидты хромосомалар жиыны;

12) көбею: өсімдіктердің жынысты және жыныссыз көбеюі. Өсімдіктердің жынысты және жыныссыз көбеюінің биологиялық маңызы. Өсімдіктердің өсімді жолмен көбеюі, оның түрлері және табиғаттағы биологиялық маңызы. Өсімдік өсіруде өсімді жолмен көбею тәсілдерін қолдану. Қалемшелеу, сұлатпа өркен, телу (қалемшелермен, көзшелермен), көбею ұлпаларымен. Зертханалық жұмыс: "Өсімдіктердегі вегетативті көбею тәсілдері". Гүл құрылысы. Тозаңдану түрлері. Гүлдеу және тозаңдану. Тозаңдану түрлері (өздігінен, айқас, жасанды). Өсімдіктердегі ұрықтану туралы түсінік және зиготаның түзілуі. Қосарлы ұрықтану. Қосарлы ұрықтанудың биологиялық маңызы;

13) өсу және даму: ағзалардың жеке дамуы түсінігі. Өсімдіктер мен жануарлардағы онтогенез кезеңдері. Бөліну, өсу, көбею, қартаю. Өсімдіктердің өсуі. Сабактың ұзарып және жуандап өсуі. Камбийдің рөлі. Жылдық сақиналар. Зертханалық жұмыс: "Жылдық сақинаны санау". Жануарлардағы тура және түрленіп даму онтогенез типтері. Бунақденелілердің шала және толық түрленіп дамуына мысалдар. Жануарлардағы онтогенез типтерін салыстыру;

14) микробиология және биотехнология: бактериялардың формаларының өртүрлілігі. Бактериялардың таралуы. Зертханалық жұмыс: "Пішен таяқшасының сыртқы пішінін қарастыру". Бұршақ тұқымдастардың тамырындағы түйнек бактериялары. Бактерияларды пайдалану. Табиғаттағы және адам өміріндегі бактериялардың маңызы. Зертханалық жұмыс: "Өндірісте йогурт және ірімшік жасауды зерттеу". Патогендермен күрес тәсілдері. Бактериялардың антибиотиктерге тұрақтылығы. Зертханалық жұмыс: "Антибиотиктер, антисептиктер және залалсыздандыру өнімдерін қолдануды зерттеу". Вирустар. Жасушасыз құрылым иелері вирустардың құрылыс ерекшеліктері.

28. 8-сыныпқа арналған "Биология" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) жасушалық биология: жасуша – тірі ағзалардың құрылымдық негізгі өлшем бірлігі. Прокариот және эукариот жасушалардың құрылысы: ядроның болуы және орналасуы, жасуша қабырғасы, жасуша мембранасы, пластидтер, митохондрия, рибосомалар, Гольджи аппараты, вакуоль. Өсімдік ұлпаларының өртүрлілігі: түзуші, жабын, негізгі, өткізгіш, механикалық, бөліп шығарушы ұлпа. Жануар ұлпаларының өртүрлілігі: эпителий, дәнекер, бұлшық ет, жүйке. Зертханалық жұмыс: "Өсімдіктер ұлпаларын жіктеу". Зертханалық жұмыс: "Жануарлар ұлпаларын жіктеу";

2) молекулалық биология: жасушаның құрамындағы органикалық заттар. Мономерлер мен полимерлер арасындағы айырмашылық. Көмірсулар – энергия көзі. Глюкоза, сахароза, гликоген, крахмал, жасунық пен хитиннің маңызы және қызметтері. Липидтердің қасиеттері мен қызметі. Липидтердің әртүрлілігі: майлар, фосфолипидтер, балауыз. Нәруыздар, қасиеттері мен қызметтері;

3) тірі ағзалардың көп түрлілігі: зертханалық жұмыс: "Өсімдіктер бөлімдеріндегі ерекшелік белгілерді анықтау. Балдырлар, мүктәрізділер, қырықжапырақтәрізділер, ашық тұқымдылар және жабық тұқымдылар. Саңырауқұлақтар патшалығы. Зең саңырауқұлағы: мукор, пеницилл. Біржасушалы саңырауқұлақтар – ашытқы. Көпжасушалы саңырауқұлақтар. Қалпақшалы саңырауқұлақтар. Жеуге жарамды және улы саңырауқұлақтар. Зертханалық жұмыс: "Дара жарнақты және қосжарнақтылар өсімдіктер кластарының белгілерін зерттеу". Буынаяқтылар типі. Хордалылар типі. Сыртқы белгілеріне қарай салыстырмалы сипаттама. Демонстрация "Хордалы жануарлар мен буынаяқтылардың ерекшелік белгілерін анықтау";

4) қоректену: жауын құртының, сиырдың және адамның ас қорыту жүйесінің құрылысы. Модельдеу "Адамның, сиырдың және жауынқұртының" асқорыту жүйесінің құрылысын салыстыру. Тістің құрылысы мен қызметі, сүт тістердің тұрақты тістерге ауысуы. Тіс гигиенасы. Адамның ас қорыту жолдарының құрылысы. Ас қорыту бездері. Ас қорыту мүшелерінің қызметі. Тамақтану гигиенасы. Асқорыту мүшелерінің жұқпалы аурулары және олардың алдын алу. Тағамнан уланудың алдын алу. Алғашқы жәрдем шаралары. Ішек құрт ауруларының алдын алу. Дәрумендер және олардың маңызы. Суда еритін және майда еритін дәрумендер. Дәрумендердің тәуліктік мөлшері. Авитаминоз, гиповитаминоз және гипервитаминоз. А авитаминоздағы ақшам соқыр, В1 авитаминоздағы бери-бери ауруы, С авитаминоздағы қыркұлақ, Д авитаминоздағы мешел аурулары. Зертханалық жұмыс: "Тағамдық заттар құрамынан С дәруменді анықтау";

5) заттардың тасымалдануы: ағзаның ішкі ортасы және оның маңызы. Лимфа. Лимфа айналымы мен оның маңызы. Гомеостаз. Ағзаның ішкі ортасы: қан, лимфа, ұлпа сұйықтығы. Қанның құрамы мен қызметі. Қан түйіршіктері: эритроциттер, лейкоциттер, тромбоциттер. Плазма. Қанның қызметі: транспорттық, гомеостаздық, қорғаныштық;

6) зертханалық жұмыс: "Әртүрлі ағзалардың қан жасушаларын зерттеу". Қан жасушаларын формасына, мөлшеріне, санына және ядросының болуына қарай салыстыру. Иммуниетет. Гуморальдық және жасушалық иммуниетет. Лейкоциттердің түрлі типтері және олардың қызметтері. Т – және В- лимфоциттердің әрекет етуі. Жұқпалы аурулар және олардың алдын алу: амебалық қантышқақ, фитофтороз, оба, күл, лейшмания, герпес (ұшық). Иммуниетет. Иммуниететтің түрлері: туа пайда болған және жүре пайда болған иммуниетет. Екпенің (вакцин) түрлері және оның жасанды иммуниететті қалыптастырудағы маңызы. Жұқпалы аурулардың алдын алу. Қан топтары. Қан құю. Резус-фактор. Агглютинация. Резус-конфликт. Буылтық құрттардың

(жауын құрт), ұлулардың, буынаяқтылардың және омыртқалылардың жүрегі және қан тамырларының құрылысы мен қызметі. Қан тамырлар жүйесінің түрлері. Ашық және тұйық қанайналым жүйелері. Үлкен және кіші қанайналым шеңберлері. Адамның қанайналым жүйесі. Зертханалық жұмыс: "Дене жаттығуларының жүрек жұмысына әсерін зерттеу". Жүрек – қантамырлар жүйесі аурулары (гипертония, инфаркт, тахикардия, ишемиялық ауру, атеросклероз, инсульт). Аурудың себептері: тұқым қуалайтын ауруларға бейімділік, салауатты өмір салтын дұрыс ұстанбау;

7) тыныс алу: альвеола мен қан арасындағы газ алмасу. Өкпедегі қанның оттекке қанығуы. Ұлпа мен қан арасындағы газ алмасу. Қанның көмірқышқыл газына қанығуы, жасушаның оттекке қанығуы. Тыныс алу және тыныс шығару механизмі. Кеуде қуысының құрылысы. Тыныс алуға және тыныс шығаруға қатысатын бұлшықеттер. Тыныс алу және тыныс шығарудағы көкеттің маңызы. Ауа жүретін жолдардағы қысымның өзгеруі. Тыныс алудың минуттық көлемі. Әртүрлі жастағы, физикалық дамыған, ер және әйел адамдардың өкпесінің тіршілік сыйымдылығы. Тыныс алу қозғалыстарының жиілігі. Шылым шегудің өкпенің тіршілік сыйымдылығына әсері. Зертханалық жұмыс: "Өкпенің тіршілік сыйымдылығын зерттеу";

8) бөліп шығару: зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы (бүйрек, несепар, қуық, несеп жолы) мен қызметі. Бөліп шығару және сүзу мүшелері. Бүйректің құрылысы (қыртысты және милы қабат, нефрон, пирамида, астауша, бүйрек өзекшелері). Терінің маңызы, құрылысы мен қызметі. Тер бөлінудің реттелуі. Тері ауруларының пайда болу себептері мен салдары (қышыма, теміреткі, безеу бөртпелері). Белгілері мен алдын алу шаралары;

9) қозғалыс: адам қаңқасының құрылысы. Тірек – қимыл жүйесінің маңызы мен қызметі. Сүйектің макро- және микроскопиялық құрылысы. Сүйектің химиялық құрамы. Зертханалық жұмыс: "Сүйектің макро және микроскопиялық құрылысы". Демонстрация "Сүйектің химиялық құрамы". Сүйектің байланыс түрлері: қозғалмайтын, жартылай қозғалмалы, қозғалмалы. Буынның құрылысы және қызметтері. Сүйек буындарының атқаратын қызметіне сәйкес бейімделуі. Бұлшықет ұлпаларының құрылысы мен қызметі (бірыңғай салалы, көлденең жолақты қаңқа, көлденең жолақты жүрек). Зертханалық жұмыс: "Бұлшық ет ұлпаларының құрылысын зерттеу" Адам денесінің бұлшық еттерін жіктеу. Гиподинамия. Сымбаттың бұзылуы және жалпақтабандылықтың пайда болу себептері. Сымбаттың бұзылуы мен жалпақтабандылықтың алдын алу шаралары;

10) биофизика: тік жүруге байланысты адам қозғалуының биомеханикалық ерекшеліктері. Тік жүруге байланысты адамның қаңқа құрылысының ерекшеліктері. Тік жүруге байланысты бұлшық еттің маңызы. Тік жүру кезіндегі дененің ауырлық орталығы. Адам денесіндегі иіндер;

11) координация және реттелу: көру мүшелерінің құрылысы. Көрудің маңызы. Көру қызметінің бұзылуы. Көру гигиенасы. Зертханалық жұмыс: "Көру жітілігі мен көру

аймағының шегін зерттеу". Есту мүшесінің құрылысы. Естудің маңызы. Естудің бұзылу себептері. Есту мүшесінің гигиенасы. Зертханалық жұмыс "Дыбысты қабылдау ерекшеліктерін зерттеу" (құлақтың есту қабілетін анықтау). Таяқшаның, құтышаның және түкті жасушалардың құрылымы мен қызметі. Зертханалық жұмыс: "Соқыр дақты анықтау, түстердің аралсуына тәжірибе, дыбыстың ауа және сүйек арқылы өтуі". "Гормондар", "Гуморальдық реттелу" ұғымдары. Эндокринді, экзокринді және аралас бездердің орналасуы және қызметі. Бездерден бөлінетін гормондар. Эндокринді бездер қызметінің бұзылуынан туындаған аурулар (гипо- және гиперфункция). Адам денесінде орналасқан тері рецепторлары (терморекцепторлар, механорецепторлар, ноцицепторлар) Зертханалық жұмыс: "Тері сезімталдығын зерттеу". Жылықанды жануарлардың тұрақты температураны сақтауындағы терінің рөлі. Температураға сезімталдық. Терморекцепторлардың температураның өзгеруіне бейімделуі;

12) көбею: митоз. Мейоз. Митоз бен мейоздың биологиялық маңызы. Жануарлардың көбею формалары. Жыныссыз көбею типтері. Жынысты көбею. Мүктер мен қырықжапырақтардың тіршілік циклі. Гаметофит. Спорофит. Ашық тұқымды және жабық тұқымды өсімдіктердің тіршілік циклі;

13) өсу және даму: эмбрионалдық даму кезеңдері: бластула, гастрұла, нейрула. Ұлпалар мен мүшелердің дифференциялануы. Органогенез;

14) тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары: тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің эволюциядағы маңызы. Өзгергіштік пен қоршаған орта жағдайларына бейімделгіштік арасындағы өзара байланыс. Қолдан сұрыптау және оның селекция үшін маңызы. Қолдан сұрыптау түрлері. Мәдени өсімдіктер мен үй жануарларының шығу орталықтары. Қазақстан аумағында кездесетін егістік дақылдар мен үй жануарларының қолтұқымдары. Маңызды белгілер;

15) биосфера, экожүйе, популяция: экожүйелердің компоненттері. Су және құрлық экожүйелері. Модельдеу "Су және құрлық экожүйелерін салыстыру". Популяцияның құрылымының негізгі сипаттамалары және ерекшеліктері. Ағзалардың тіршілікке қабілеттілігінің әртүрлі тәсілдері. (Тіршілікті сақтаудың К және r стратегиялары). "Жыртқыш-жемтік" қарым-қатынас түрі. Популяция санының өзгеруі. Тірі ағзалардың өзара қарым-қатынас түрлері. Ағзалардың тікелей және жанама қарым-қатынас түрлері. Қоршаған орта жағдайларының өзгерістеріне ағзалардың бейімделуі;

16) адам қызметінің қоршаған ортаға әсері: адамның табиғаттағы рөлі. Табиғатты тиімді пайдалану. Табиғатты қорғау. Биологиялық алуан түрлілікті сақтау. Дүниежүзілік Тұқым қоры. Қазақстан Республикасының экологиялық проблемалары. Себептері мен салдарлары. Оларды шешу жолдары.

29. 9-сыныпқа арналған "Биология" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) жасушалық биология: жасушаның негізгі компоненттерінің қызметтері. Жасуша құрылымдары: плазмалық мембрана, цитоплазма, ядро, эндоплазмалық тор, жасуша орталығы, рибосомалар, Гольджи аппараты мен лизосомалар, митохондрия, пластидтер

, қозғалыс органоидтары, жасушаның қосындылары. Құрылыстары және атқаратын қызметтері. Жасушалардың сызықтық ұлғаюын есептеу. Ұлғаю, актуальды өлшемі және суреттің нақты өлшемі. Өлшем бірліктерін СИ жүйесіне аудару (сантиметр-миллиметр-микромметр-наномметр). Модельдеу "Микрофотографияларды пайдаланып жасушаның сызықтық ұлғаюын есептеу";

2) тірі ағзалардың көп түрлілігі: биосфера және экожүйе. Өртүрлі түрлерді сипаттауда бинарлық номенклатураны қолдану. Зертханалық жұмыс: "Анықтағыш көмегімен өсімдіктер мен жануарлар түрлерін (жергілікті жердің) анықтау". Популяцияның өсуінің экспоненциалды және сигмоидты қисығы. Экожүйедегі энергия тасымаланың тиімділігі. Энергия ағыны және қоректік тізбектер. Экологиялық пирамида түрлері. Табиғаттағы көміртек пен азот айналымы. Биосферадағы биохимиялық үрдістер. Топырақ пен шөгінді жыныстар түзудегі тірі ағзалардың рөлі;

3) адам қызметінің қоршаған ортаға әсері: пайдалы қазбаларды өндірудің қоршаған орта мен адам денсаулығына әсері. Пестицидтердің қоршаған орта мен адам денсаулығына әсері. Жылыжай эффектісі (булану) және озон қабатының жұқаруы. Дүниежүзілік мұхит деңгейінің, су мен атмосфера температурасының көтерілуінің тірі ағзаларға әсері;

4) қоректену: ыдырау үдерісі. Асқорыту ферменттерінің әсері. Асқорытудағы ферменттердің маңызы. Сіңіру және бөліп шығару. Ферменттердің әсер ету механизмі. Ферменттің белсенді орталығы. Зертханалық жұмыс: "Ферменттердің белсенділігіне әртүрлі жағдайлардың (температура, рН) әсерін зерттеу". Өттің әсерінен майлардың эмульгациясы. Зертханалық жұмыс "Өттің әсерінен майлардың эмульгациялануын зерттеу";

5) заттар тасымалы: активті және пассивті тасымалдардың ұқсастығы мен айырмашылығы. Жасуша мембранасы арқылы тасымалдану. Белсенді тасымалдану кезіндегі энергияның жұмсалуы. Сыртқы және ішкі факторлардың транспирацияға әсері. Зертханалық жұмыс: "Транспирация үдерісі кезіндегі сыртқы факторларды (температура, ылғалдылық пен су буының қысымы, ауа қозғалысын) зерттеу. Зертханалық жұмыс: "Ішкі факторларды: Буландыратын беттің ауданы және бұл беттік ауданның өсімдік көлеміне қатынасының (сірқабық (кутикула) мен лептесіктер) транспирация үдерісіне әсері". Сыртқы факторлардың флоэмада зат тасымалына әсері: температура, ылғалдылық, жарық;

6) тыныс алу: анаэробты және аэробты тыныс алу. Анаэробты және аэробты тыныс салу үдерістерін химиялық реакция теңдеулерін қолданып қарастыру. Анаэробты және аэробты тыныс алудың тиімділіктері. Аэробты, анаэробты тынысалу үдерістерімен байланысты бұлшық еттердің қажуы. Аэробты және анаэробты тынысалуға физикалық жүктемелердің әсері;

7) бөліп шығару: нефронның құрылысы және қызметі. Ультрафилтрация. Абсорбция және таңдамалы реабсорбция. Несептің құрамы. Филтрация мен кері

фльтрацияның себептері. Бүйрек жұмысына әсер ететін факторлар: тамақтану рационы, дене температурасының күрт түсуі, дәрілік препараттар, созылмалы және инфекциялық аурулар (кариес, іріңді ангина. Зәр шығару жүйесінің гигиенасы. Бүйрек және зәр шығару жүйесінің аурулары: пиелонефрит, цистит, бүйрекке тастың жиналуы. Себептері және алдын алу шаралары. Құрлықта, шөлде, тұщы және тұзды суларда тіршілік ететін тірі ағзалардың зат алмасуының соңғы өнімдері. Құрамында азоты бар органикалық заттардың ыдырау өнімдері: аммиак, несепнәр, несеп қышқылы;

8) қозғалыс: бұлшық еттің жұмысы. Демонстрация "Негізгі бұлшық еттердің жұмысын өзіндік бақылау, иық белдеуінің қол қозғалысындағы рөлі. Бұлшық ет қозғалысын реттеу". Зертханалық жұмыс: "Статикалық және динамикалық жұмыс кезіндегі бұлшық еттің қажуын зерттеу";

9) өсу және даму: құрсақта даму. Ұрықтық дамудың алғашқы кезеңдері. Ұрықтың қалыптасуы мен дамуы. Шылым шегу, есірткі мен ішімдіктің адам ұрығының дамуына тигізетін әсері;

10) көбею: адамның жыныс жүйесінің құрылымы мен қызметі. Зертханалық жұмыс "Аталық және аналық гаметалардың құрылысын зерттеу". Екінші реттік жыныстық белгілер. Ұлдар мен қыздардың жыныстық жетілуі. Биологиялық және әлеуметтік жетілу. Менструалдық цикл. Менструалдық циклдағы эстроген мен прогестерон гормондарының маңызы. Контрацепция түрлері, олардың қолданылуы мен маңызы. Жыныстық жолмен берілетін аурулар: Жүре пайда болған иммундық дефицитінің синдромы (ЖИТС), сифилис, гонорея, гепатит В,С. Алдын алу шаралары;

30. 10-сыныпқа арналған "Биология" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) координация және реттелу, биофизика: нейрондардың түрлері мен қызметтері. Жүйке ұлпасының қызметі (глиальды жасушалар). Аксондардың миеленді және миеленсіз қабықтары. Синапстар және медиаторлар. Модельдеу "Жүйке ұлпаларын зерттеу". Миеленді, миеленсіз аксондарда жүйке импульстарының туындауы және өткізілуі. Өткізу жылдамдығы. Мембраналық потенциал, тыныштық потенциалы және әрекет потенциалы. Модельдеу "Жүйке импульстарының туындауы мен таралу жылдамдығын зерттеу". Тірі ағзалардағы электрлік үдерістер. Электрорецепторлар және электрлі мүшелер. Тыныс алу мен тыныс шығарудың реттелуі мысалында нейрогуморальдық реттелу механизмі. Жүйкелік және гуморальдық реттелуді салыстыру. Ағзаның күйзеліске бейімделуі. Нейрокомпьютерлік интерфейс. Компьютер мен ми арасындағы ақпарат алмасу жүйесі. Гомеостазды тұрақты ұстаудың механизмдері. Өсімдіктердің өсуі мен дамуын реттеуші. Зертханалық жұмыс: "Ауксиннің өсімдіктерге әсерін зерттеу";

2) молекулалық биология: дезоксирибонуклеин қышқылы (ДНК) молекулалық құрылысының принциптері: нуклеотидтердің комплементарлығы. Модельдеу " Дезоксирибонуклеин қышқы (ДНК) молекуласын құру";

3) жасушалық цикл: интерфаза. Интерфаза кезеңдері: G1, S және G2. Митоз. Митоз фазалары. Зертханалық жұмыс: "Пияз тамыр ұшындағы жасушалардан митозды зерттеу". Митоз. Митоз фазалары. Мейоз бен митозды салыстыру. Модельдеу "Митоз кезеңдерін зерттеу";

4) тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары: Г. Мендель анықтаған белгілердің тұқым қуалаушылық заңдылықтары. Тұқым қуалаушылықты зерттеудің гибридологиялық әдісі. Тұқым қуалаушылықтың генетикалық заңдылықтарының цитологиялық негіздері. Гамета тазалығы заңы және оның цитологиялық негіздемесі. Моногибридті және дигибридті будандастыру. Басымдылық заңы. Ажырау заңы. Басымдылық заңы. Ажырау заңы. Аллельді гендердің әрекеттесуі: толық және толымсыз. Доминанттылық белгілердің пайда болуы. Талдаушы шағылыстыру ұғымы мен оның практикалық маңызы. Жыныс генетикасы. Жынысты анықтаудың генетикалық механизмі. Жыныспен тіркесіп тұқымқуалау. Гемофилия және дальтонизм. Адам қан топтарының тұқымқуалау заңдылықтары. Резус-фактор. Адам генетикасы. Адамның тұқымқуалау белгілерін зерттеу әдістері. Адамның генетикалық ауруларының алдын алу. Адамның генеалогиялық шежіре ағашын құру. Модельдеу "Адамның генеалогиялық шежіре ағашын құру". Өнімділікті арттыратын заманауи ауыл шаруашылық технологиялары. Өнімділігі жоғары ауылшаруашылықты жүргізудің жаңа баламалы жолдары;

5) микробиология және биотехнология: биотехнологиялық үдерістің жалпы сызбасы және биотехнологияда алынатын өнімдері (медицинада, өнеркәсіпте және ауыл шаруашылығында). Инсулин өндірісі;

6) эволюциялық даму: эволюциялық ұғымдардың қалыптасуы және дамуы. Ч. Дарвиннің эволюциялық ілімінің негізгі қағидалары. Эволюцияның қазіргі заман теориясының пайда болуы. Эволюцияның қозғаушы күштері. Табиғи сұрыпталу нәтижесіндегі бейімделушілік. Эволюциялық үдерістегі өзгергіштіктің (мутациялық, комбинативтік) рөлі. Табиғи сұрыпталу, оның түрлері (қозғаушы және тұрақтандырушы). Тіршілік үшін күрес (түршілік, тұраралық). Модельдеу "Бейімделгіштікті табиғи сұрыпталу нәтижесі ретінде зерттеу (көбелек)". "Түр" ұғымының анықтамасы. Түрдің құрылымы. Түр критерийлері. "Түр түзілу" ұғымы. Түр түзілудің тәсілдері мен механизмдері;

7) Жердегі тіршіліктің пайда болуы кезеңдері.

#### **4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі**

31. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодталған. Кодта бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар – бөлім мен бөлімшенің, төртінші сан – оқыту мақсатының реттік санын білдіреді. Мысалы, 7.2.1.4. кодында "7" - сынып, "2.1" - екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, "4" - оқыту мақсатының реттік саны.

32. Күтілетін нәтижелер бойынша оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) "Тірі организмдердің көп түрлілігі, құрылымы мен қызметтері" бөлімі:

1-кесте

Бөлімдер	Оқыту мақсаттары			
	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып
1.1 Тірі ағзалардың көптүрлілігі	<p>7.1.1.1 жүйелеудің маңызын түсіндіру;</p> <p>7.1.1.2 жүйеленуде тірі ағзалардың орнын анықтау;</p> <p>7.1.1.3 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың құрылысының айырмашылық белгілерін сипаттау;</p> <p>7.1.1.4 жекелеген ағзаларға қарапайым дихотомиялық кілттерді қолдану;</p> <p>7.1.1.5 базалық пәндік терминдерді айту және жазу, оларды белсенді сөздігінде пайдалану</p>	<p>8.1.1.1 балдырлар, мұктәрізділер, қырықжапырақ тәріздестер, ашықтұқымдылар және жабықтұқымдылар мысалында өсімдіктердің ерекшеліктерін сипаттау;</p> <p>8.1.1.2 саңырауқұлақтардың ерекшелік белгілерін сипаттау</p> <p>8.1.1.3 даражарнақты және қосжарнақты өсімдіктер кластарын негізгі белгілеріне қарай ажырату;</p> <p>8.1.1.4 буынаяқтылар мен хордалы жануарлар кластарын ерекше белгілері бойынша тану;</p> <p>8.1.1.5 дыбысталған сөйлеу тілін стилистикасы, құрылымы, материалды мазмұндау логикасы тұрғысынан бағалау</p>	<p>9.1.1.1 әртүрлі түрлерді сипаттауда бинарлы номенклатураны қолдану</p> <p>9.1.1.2 өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін ерекшелік белгілері бойынша жіктеу</p> <p>9.1.1.3 термин-сөздерді өздігінен сөйлеу тілі арқылы ойын толығынан білдіруде пайдалану;</p> <p>9.1.1.4 терминдерді ауызша және жазбаша сөйлеу тілінде, суреттерді сипаттағанда және диалогта пайдалану;</p> <p>9.1.1.5 заттық-графикалық схемаға сүйене отырып тапсырманы орындау барысын жоспарлау</p>	
	<p>7.1.2.1 жапырақтың ішкі құрылысын сипаттау және құрылысы мен оның қызметі арасындағы өзара байланысты түсіндіру;</p> <p>7.1.2.2 фотосинтез үдерісі үшін қажетті жағдайларды сипаттау</p>	<p>8.1.2.1 суреттерге негізделіп омыртқасыздар (жауын құрты), күйіс қайыратын жануарлар (сиыр) мен</p>	<p>9.1.2.1 ас қорыту, ассимиляция, сіңіру және бөлу үдерістерін егжей-тегжейлі талдау;</p> <p>9.1.2.2 ас қорыту үдерісіндегі органикалық</p>	



<p>1.2 Қоректену</p>	<p>7.1.2.3 сөйлеу мәдениетін меңгеруге, сөйлеу сапасын бақылауға талпынысын көрсету; 7.1.2.4 ауызша хабарламадағы негізгі ойды құрылым, контекст негізінде анықтау; 7.1.2.5 өзінің және айналасындағылардың сөйлеу мінез-құлқын критерийлер бойынша сәйкес бағалау; 7.1.2.6 оқу мәселесіне өз көзқарасын пікірталаста, диалогта білдіру; 7.1.2.7 мұғалімнің немесе логопедтің ұйымдастырушы көмегін пайдалана отырып, тапсырманың мазмұны мен мақсатына сәйкес ақпараттық іздестіруді жоспарлау; 7.1.3.1 тірі организмдерде қоректік заттардың тасымалының маңызын түсіндіру; 7.1.3.2 өсімдіктерде заттарды тасымалдауға қатысатын мүшелерді тану</p>	<p>адамның ас қорыту жүйесінің құрылысын салыстыру 8.1.2.2 әртүрлі типті тістердің құрылысы мен қызметтері арасындағы байланысын және тісті күту ережелерін сипаттау ; 8.1.2.3 адамның ас қорыту жүйесінің құрылысы мен қызметтері арасындағы өзара байланысты түсіндіру; 8.1.2.4 ас қорыту жолы ауруларының себептерін және астан улану белгілерін анықтау; 8.1.2.5 адам ағзасындағы дәрумендердің маңыздылығын сипаттау; 8.1.2.6 құрамында дәрумендердің маңызды мөлшері бар азық-түліктер тізімін жасау; 8.1.2.7 азық- түлік құрамындағы С дәруменін анықтау</p>	<p>заттар мен сәйкес ферменттердің арасындағы байланысты орнату; 9.1.2.3 ферменттердің белсенділігіне әсер ететін әр түрлі жағдайларды ( температура, рН) зерттеу; 9.1.2.4 өттің әсерінен майлардың эмульгациялануы үдерісін зерттеу; 9.1.2.5 ақпаратты графикалық түрде ұсыну және көру негізінде байланыстырып сөйлеуді құрастыру; 9.1.2.6 жаңа ғылыми ақпаратты санаттар бойынша саралау: нені білгенмін, нені білдім, нені нақтылағым (білгім) келетін еді; 9.1.2.7 жазу ережелерін сақтау және "Биология" пәні аясындағы терминдердің жазылуын түсіндіру</p>
	<p>7.1.3.3 сабақ пен тамырдың ішкі құрылысын зерттеу;</p>	<p>8.1.3.1 қан құрамы мен қызметін сипаттау; 8.1.3.2 дайын микропрепараттар арқылы әртүрлі ағзалардың қан жасушаларының құрылыс ерекшеліктерін зерттеу, 8.1.3.3 лейкоциттердің түрлі типтерінің қызметтерін сипаттау; 8.1.3.4 гуморальдық және жасушалық иммунитетті салыстыру; 8.1.3.5 лимфа жүйелерін және қан, ұлпалық сұйықтық пен лимфа арасындағы өзара байланысты сипаттау;</p>	<p>9.1.3.1 активті және пассивті тасымалдарды салыстыру; 9.1.3.2 өсімдіктердегі транспирация үдерісінің мәнін түсіндіру; 9.1.3.3 ішкі және сыртқы факторлардың транспирацияға әсерін зерттеу; 9.1.3.4 сыртқы факторлардың флоэма арқылы заттардың тасымалдануына әсерін түсіндіре алу 9.1.3.5 ауызша жауап схемасын графикалық түрде көрсету;</p>

1.3  
Заттардың  
тасымалдануы

7.1.3.4 сабақ және тамырдың құрылысы мен қызметтерінің өзара байланысын сипаттау;  
7.1.3.5 ксилема мен флоэма элементтерінің құрылысын салыстыру;  
7.1.3.6 жануарларда заттар тасымалына қатысатын мүшелерді танып білу  
7.1.3.7 диалогқа қатысу, диалогтың мағыналық және грамматикалық бірлігін қамтамасыз ету, диалогта белгілі ақпаратты пайдалану;  
7.1.3.8 сөздердің анық емес мағыналарына, терминдерге өзінің ой-пікірін дәлелдей тырып, түсініктеме беру;  
7.1.3.9 сөйлеу барысында орфоэпия және айтылу нормаларының сақталуын бақылау;  
7.1.3.10 тұтас және тұтас емес мәтіндердің тақырыбын анықтай отырып, негізгі ақпаратын түсіну;  
7.1.3.11 мәтіннің негізгі ойы тұжырымдалған сөйлемді табу;  
7.1.3.12 ұсынылған тақырып атауларына мағынасы бойынша сәйкес иллюстрацияларды таңдау және сөйлем құрастыру

8.1.3.6 аурулардың алдын алуындағы вакцинацияның ролін бағалау;  
8.1.3.7 агглютинация және резус-конфликт механизмдерін түсіндіру;  
8.1.3.8 жануарлардың жүрегінің құрылысы мен қантамыр жүйелерінің маңызын сипаттау;  
8.1.3.9 қантамыр қабырғасының құрылысы мен олардың қызметі арасындағы байланысты орнату;  
8.1.3.10 жануарлардың қантамырлар жүйесінің түрлерін сипаттау;  
8.1.3.11 дене жаттығуларының жүрек жұмысына әсерін зерттеу;  
8.1.3.12 қантамыр жүйесі мүшелерінің ауруларының себептері мен ауру белгілерін сипаттау  
8.1.4.1 өкпе мен ұлпадағы газ алмасу механизмдерін сипаттау;  
8.1.4.2 тыныс алу және тыныс шығару механизмін түсіндіру;  
8.1.4.3 өкпенің тіршілік сыйымдылығын анықтау және қалыпты жағдайдағы және дененің физикалық жүктемесі кезіндегі тыныс алудың минуттық көлемін анықтау  
8.1.4.4 жауап беру кезінде лексикалық бірліктерді пайдалануда біркелкілікті жеңу;  
8.1.4.5 предикативтік сөздікті қолдана отырып, оқу әрекеттерін сөзбен айтып отыру;  
8.1.4.6 мәтінге тікелей, жанама немесе балама сұрақтар қою;

9.1.3.6 коммуникативтік міндетке байланысты әр түрлі оқуды пайдалану;  
9.1.3.7 коммуникативтік және танымдық міндеттерді шешу үшін сөйлеу құралдарын белсенді пайдалану;  
9.1.3.8 көрген бейнероликтегі негізгі ойды, мақсатты аудиторияны, негізгі мақсатты анықтау, оның мазмұнын түсіндіру;  
9.1.3.9 айтылатын сөздің мақсаты мен мағынасына сәйкес мимиканы, дене қалпын, фразаның интонациясы мен мелодикасын еркін ауыстыру;  
9.1.3.10 заттардың сапа дәрежесі, қатыстылығы, тиістілік дәрежесі бойынша сөздер мен ұғымдарды топтастыру  
9.1.3.11 омонимдік қатарда сөз тіркесін бір сөзбен алмастыру және керісінше: көп мағыналы сөзді – сөз тіркесімен алмастыру;  
9.1.3.12 пәндік тақырыптағы болашақ әңгіме идеясын анықтау, мына сұрақтарға жауап бере алу: "Сен не айтқын

		8.1.4.7 ақпаратты графикалық түрде беру және графикалық жоспар мен схема негізінде байланыстырып сөйлеуді құрастыру	келеді? Сен бізді неге сендіргің келеді?"	
1.4 Тыныс алу	<p>7.1.4.1 тірі ағзалар үшін тыныс алудың маңызын сипаттау;</p> <p>7.1.4.2 анаэробты және аэробты тыныс алу типтерін ажырату;</p> <p>7.1.4.3 өсімдіктердің тыныс алу үдерісін зерттеу;</p> <p>7.1.4.4 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүшелерін салыстыру;</p> <p>7.1.4.5 адамның тыныс алу мүшелері құрылысының ерекшеліктерін танып білу;</p> <p>7.1.4.6 пәндік лексиканы пайдаланып, "Темекінің зияны" тақырыбындағы диалогқа қатысу;</p> <p>7.1.4.7 тыныс алу мүшелерінің ауыруларының себептері мен олардың алдын алу жолдарын түсіндіру</p>		<p>9.1.4.1 тыныс алу реакциясының химиялық теңдеуін пайдалана отырып, анаэробты және аэробты тыныс алуды салыстыру;</p> <p>9.1.4.2 анаэробты және аэробты тыныс алудың маңызын түсіну және бағалау;</p> <p>9.1.4.3 бұлшықет қажуы және аэробты, анаэробты тыныс алу үдерістері арасындағы байланысты қарастыру;</p> <p>9.1.4.4 жауап беру кезінде синтаксистік құрылымдарды пайдаланудағы бірыңғайлықты жену;</p> <p>9.1.4.5 толық жазбаша жауаптарда әр түрлі фраза аралық байланыс құралдарын пайдалану;</p> <p>9.1.4.6 толық жазбаша жауаптарда мәнерлілік құралдарын, соның ішінде салыстыру мен аллегорияны пайдалану</p>	
1.5 Бөліп шығару	<p>7.1.5.1 ағзалардың тіршілік әрекетіндегі бөліп шығарудың маңызын сипаттау;</p> <p>7.1.5.2 өсімдіктердегі бөліп шығару ерекшеліктерін зерттеу;</p> <p>7.1.5.3 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың бөліп шығару жүйелерінің құрылысын салыстыру;</p> <p>7.1.5.4 оқылған ақпараттың негізгі ойын анықтау;</p> <p>7.1.5.5 мәтінге тақырып беру, фраза аралық байланыс құралдарын</p>	<p>8.1.5.1 адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы мен қызметтерін сипаттау;</p> <p>8.1.5.2 бүйректің құрылымдық бөліктерін танып білу;</p> <p>8.1.5.3 терінің құрылысы мен оның бөліп шығарудағы маңызын сипаттау;</p> <p>8.1.5.4 тері ауруларын және оның алдын алу шараларын түсіндіру</p> <p>8.1.5.5 мәтін идеясын анықтау, "мәтінде</p>	<p>9.1.5.1 нефронның құрылысы мен қызметін сипаттау;</p> <p>9.1.5.2 фильтрация және несептің түзілуі үдерістерін сипаттау;</p> <p>9.1.5.3 бүйректің жұмысына әсер ететін факторларды сипаттау</p> <p>9.1.5.4 зәр шығару жүйесі, бүйрек ауруларының алдын алу шараларын түсіндіру;</p> <p>9.1.5.5 әртүрлі ағзалардың мекен ету ортасы мен зат</p>	

	пайдалана отырып 2-3 сөйлемді тізбекке біріктіру	ұсынылған ақпарат қашан және қайда пайдалы болуы мүмкін?"	алмасуларының соңғы өнімдері арасындағы байланысты орнату	
1 . 6 Қозғалыс	<p>7.1.6.1 өсімдіктердің қозғалу себептерін түсіндіріп, қозғалыстың маңызын сипаттау (тропизмдер, таксистер);</p> <p>7.1.6.2 жарықтың өсімдіктердің өсуі мен дамуына әсерін түсіндіру ;</p> <p>7.1.6.3 өсімдіктердегі фотопериодизм ролін сипаттау;</p> <p>7.1.6.4 омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың қозғалыс мүшелерін салыстыру;</p> <p>7.1.6.5 жасалатын іс-әрекеттердің мәнін толық айтып жеткізу;</p> <p>7.1.6.6 жазбаша нұсқаулық бойынша жұмыс істеу;</p> <p>7.1.6.7 тақырып бойынша сұрақтарға ауызша және жазбаша, қысқа және толық жауап беру</p>	<p>8.1.6.1 тірек-қимыл жүйесінің қызметтерін сипаттау;</p> <p>8.1.6.2 сүйектің химиялық құрамын, макро және микроскопиялық құрылысын зерттеу;</p> <p>8.1.6.3 сүйектердің байланыс түрлерін салыстыру;</p> <p>8.1.6.4 буынның әр түрлі типтерінің құрылысы мен олардың қызметтері арасындағы байланысты орнату;</p> <p>8.1.6.5 бұлшық ет ұлпасының түрлері мен олардың қызметтерін сипаттау;</p> <p>8.1.6.6 адам бұлшық ет талшықтарының құрылысы мен бұлшықет топтарын оқып тану;</p> <p>8.1.6.7 гиподинамия салдарын атау және сымбаттың бұзылуының, жалпақтабандылықтың пайда болу себептерін анықтау</p>	<p>9.1.6.1 қол бұлшық еттерінің максимальды жұмыс күшін және күшке төзімділігін зерттеу;</p> <p>9.1.6.2 бұлшық еттің жиырылу жиілігіне бұлшықет жұмысының тәуелділігін зерттеу;</p> <p>9.1.6.3 тапсырманы орындау ба р ы с ы н заттық-графикалық сызбаға сүйеніп жоспарлау;</p> <p>9.1.6.4 өзінің және айналасындағылардың сөйлеу мінез-құлқын критерийлер бойынша сәйкес бағалау;</p> <p>9.1.6.5 тақырып бойынша қосымша ақпарат алу - кез келген көздерден, соның ішінде әлеуметтік желілер мен YouTube ресурсынан;</p> <p>9.1.6.6 дұрыс, әдеби тіл нормаларына сәйкес, эсседе өз ойын жазбаша түрде білдіру, сонымен қатар ізінше өзін-өзі бақылауды жүзеге асыру</p>	<p>10.1.7.1 жүйке жасушасының құрылысы мен қызметі арасында байланыс орнату;</p> <p>10.1.7.2 жүйке ұлпалары мен оның құрылымдық бөліктерінің</p>

1.7  
Координация және реттелу

7.1.7.1 жануарлардың жүйке жүйесінің типтерін салыстыру;  
7.1.7.2 жүйке жүйесінің қызметі мен құрылымдық компоненттерін атау;  
7.1.7.3 жүйке жасушасының құрылымдық бөліктерін анықтау;  
7.1.7.4 орталық жүйке жүйесі бөлімдерінің құрылымы мен қызметін салыстыру;  
7.1.7.5 рефлекстік доғаны зерттеу;  
7.1.7.6 мінез-құлықтың рефлекторлық табиғатын түсіндіру;  
7.1.7.7 вегетативті жүйке жүйесінің қызметін сипаттау;  
7.1.7.8 ағзаның тіршілік әрекетін қалпына келтіру және тынығуы үшін ұйқының маңызын түсіндіру;  
7.1.7.9 жақсы психикалық денсаулықты сақтаудың принциптерін сипаттау;  
7.1.7.10 жүйке жүйесінің қызметіне алкоголь, шылым және есірткілік заттардың әсерін түсіндіру;  
7.1.7.11 тұтас емес мәтіннен маңызды аспектілердің басым бөлігін бөліп шығару

8.1.7.1 көруді қабылдау ерекшеліктерін зерттеу және көру гигиенасы ережелерін сипаттау;  
8.1.7.2 дыбысты қабылдау ерекшеліктерін зерттеу және есту мүшелерінің гигиенасы ережелерін сипаттау;  
8.1.7.3 көру және есту рецепторларының құрылымы мен қызметін сәйкестендіру;  
8.1.7.4 эндокикринді, экзокринді және аралас бездердің орналасқан жерлерін анықтау;  
8.1.7.5 бездердің негізгі қызметтерін түсіндіру;  
8.1.7.6 эндокриндік бездер қызметінің бұзылуынан туындаған ауруларды атау;  
8.1.7.7 терінің сезімталдығын зерттеу;  
8.1.7.8 жылықанды жануарлардың дене температураны сақтаудағы терінің ролін сипаттау;  
8.1.7.9 жоғары санаттағы сұрақтарды тұжырымдау;  
8.1.7.10 тұтас емес мәтінде жазылған ақпарат негізінде байланысты пікір құру;  
8.1.7.11 ақпаратпен жұмыс істеу барысында көмекке жүгіну, өзі тап болған қиындықтарын тұжырымдау

қызметтерін талдау;  
10.1.7.3 жүйке импульстарының туындауы мен өтуін сипаттау;  
10.1.7.4 нейро-гуморальді реттелу механизмін түсіндіру;  
10.1.7.5 ағзаның ішкі ортасының тұрақтылығын ұстаудағы гомеостазды сақтаудың механизмін түсіндіру;  
10.1.7.6 өсімдіктердің өсуі мен дамуына әсер ететін заттардың әрекетін талдау;  
10.1.7.7 әртүрлі тәсілдермен ұсынылған ақпаратпен жұмыс істеудің дағдысын меңгеру;  
10.1.7.8 көрген бейнероликті негізгі ойды, мақсатты аудиторияны, негізгі мақсатын анықтау, оның

2) "Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық даму" бөлімі:  
2-кесте

Бөлімдер	Оқу мақсаттары			
	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып
2.1 Көбею	<p>7.2.1.1 өсімдіктердің жыныссыз және жынысты көбеюін сипаттау;</p> <p>7.2.1.2 өсімдіктердің өсімді көбею тәсілдерін салыстыру;</p> <p>7.2.1.3 айқас тозаңдану мен өздігінен тозаңданудың салыстырмалы артықшылықтарын сипаттау</p> <p>7.2.1.4 гүлді өсімдіктердегі қосарлы ұрықтанудың маңызын сипаттау;</p> <p>7.2.1.5 мәтіннен етістік лексикасын ерекшелеу және мәтінді предикаттарға сүйеніп қалпына келтіру;</p> <p>7.2.1.6 сабақ тақырыбына сәйкес әңгімелесушіге төменгі санатты сұрақтар қою</p>	<p>8.2.1.1 жануарлар-дың көбею тәсілдерін салыстыру;</p> <p>8.2.1.2 мүктер мен қырықжапырақтардың мысалында жынысты және жыныссыз ұрпақтарының ерекшеліктерін түсіндіру;</p> <p>8.2.1.3 ашық тұқымды және жабық тұқымды өсімдіктер-дің тіршілік циклінің ерекшеліктерін түсіндіру;</p> <p>8.2.1.4 тақырыпқа сәйкес әңгімелесушіге жоғары санаттағы сұрақтар қою;</p> <p>8.2.1.5 сабақтастырушы жалғаулықтарды пайдалана отырып сөйлем құрастыру;</p> <p>8.2.1.6 пәндік лексиканы қолдана отырып, оқу диалогына белсенді қатысу</p>	<p>9.2.1.1 адамның жыныс жүйесінің құрылысын сипаттау;</p> <p>9.2.1.2 аталық және аналық жыныс жасушаларының құрылыс ерекшеліктерін зерттеу;</p> <p>9.2.1.3 жыныстық жетілу кезеңіндегі екінші реттік жыныстық белгілердің дамуын сипаттау;</p> <p>9.2.1.4 менструалдық цикл мен экстроген және прогестеронның маңызын сипаттау;</p> <p>9.2.1.5 контрацепция-ның маңызы мен түрлерін түсіндіру;</p> <p>9.2.1.6 жыныстық жолмен таралатын аурулардың салдары мен алдын алу шараларын түсіндіру</p>	
2.2 Жасушалық айналым	<p>7.2.2.1 әртүрлі ағзалар түрлеріндегі хромосомалардың санын салыстыру;</p> <p>7.2.2.2 сомалық және жыныс жасушаларындағы хромосомалар сандарын атау</p>	<p>8.2.2.1 тірі ағзалардың өсуі мен дамуы үшін митоз бен мейоздың маңызын түсіндіру</p> <p>8.2.2.2 сөйлемдерді тарату және қысу арқылы мәтінді компрессиялау және кеңейту</p>	<p>9.2.2.1 құрама бағыныңқы жалғаулықтарды пайдалана отырып, сөйлем құрастыру;</p> <p>9.2.1.8 тірек сөздер бойынша ғылыми мәтінді қалпына келтіру</p>	<p>10.2.2.1 жасушалық айналымның интерфаза кезеңіндегі жүретін үдерістерді түсіндіру;</p> <p>10.2.2.2 мейоз бен митоз кезеңдерін сипаттай отырып, екі үдерісті салыстыру</p>

<p>2.3 Өсу және даму</p>	<p>7.2.3.1 ағздардың өсу мен даму үдерістерін сипаттау; 7.2.3.2 өсімдіктердің ұзарып және жуандап өсу үдерісін зерттеу; 7.2.3.3 өсімдіктер мен жануарлардың онтогенез кезеңдерін ажырату; 7.2.3.4 жануарлардың онтогенезіндегі тура және түрленіп даму типтерін салыстыру</p>	<p>8.2.3.1 эмбрионал-дық даму кезеңдерін сипаттау; 8.2.3.2 әр түрлі ұ р ы қ жапырақшаларынан қалыптасқан мүшелер мен ұ л п а л а р дифференциасын сипаттау; 8.2.3.3 тақырыпты, негізгі ойды, тірек сөздерді бөліп шығара отырып, ғылыми мәтіндерді тиімді оқу; 8.2.3.4 бағыныңқы жалғаулықтарды пайдалана отырып сөйлем құрастыру</p>	<p>9.2.3.1 ұрықтың дамуындағы плацентаның маңызын түсіндіру; 9.2.3.2 ұрық пен эмбрионның дамуын салыстыру; 9.2.3.3 адам ұрығының дамуына шылым шегу, алкоголь мен басқа есірткілер әсерінің салдарын түсіндіру 9.2.3.4 рефератты өңдеу кезінде стилистикалық, орфографиялық, пунктуациялық режимдерді сақтау</p>	
	<p>7.2.4.1 адам ағзасындағы тұқым қуалайтын және тұқым қуаламайтын белгілерді зерттеу; 7.2.4.2 үздік және үздіксіз өзгергіштікке мысал келтіру; 7.2.4.3 белгілерді анықтаудағы</p>	<p>8.2.4.1 тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің эволюциядағы ролін дәйектеу; 8.2.4.2 ағзалар селекциясы үшін қ о л д а н сұрыптаудың маңызын сипаттау; 8.2.4.3 мәдени өсімдіктер мен үй</p>		<p>10.2.4.1 генетиканың дамуы мен қалыптасуындағы Мендель зерттеулерінің ролін бағалау; 10.2.4.2 моногибридті будандастырудың цитологиялық негіздерін тұжырымдау және моногибридті будандастыруға есептер шығару; 10.2.4.3 дигибридті будандастырудың цитологиялық негіздерін негіздерін дәлелдеу және есептер шығару; 10.2.4.4 толық және толымсыз доминатты-лықты салыстыру; 10.2.4.5 талдаушы шағылыстырудың маңыздылығын бағалау;</p>

<p>2.4 Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары</p>	<p>гендердің рөлін түсіндіру; 7.2.4.4 хромосомадағы генетикалық ақпарат ДНК-ның маңызын түсіндіру 7.2.4.5 топтағы нәтижелі байланыс үшін вербалды және бейвербалды құралдарды дұрыс таңдау</p>	<p>жануарларының шығу тегінің орталықтарын оқып білу; 8.2.4.4 маңызды мәдени өсімдіктер іріктемелері мен үй жануарлары қолтұқымын сипаттау 8.2.4.5 өзінің және өзгелердің сөйлеу тілінің қызметін критерийлер бойынша бағалау</p>	<p>10.2.4.6 жынысты анықтау теориясын сипаттау; 10.2.4.7 жынысты анықтау кезінде хромосомалардың рөлін түсіндіретін сызба жасау; 10.2.4.8 адамның қан тобының тұқымқуала-уын және қан топтарын анықтау механизмін түсіндіру; 10.2.4.9 адам генетика-сын зерттеудің негізгі әдістерін сипаттау; 10.2.4.10 шежіре сызбасын құру; 10.2.4.11 мәдени өсімдіктердің өнімділігін арттыру үшін заманауи ауылшаруашылық технологиялардың қолданылуын зерттеу; 10.2.4.12 шаблон және тірек сөздер бойынша монолог-пайымдау құрастыру</p>
<p>2.5 Эволюция-лық даму мен селекция негіздері</p>			<p>10.2.5.1 К.Линней мен Ж.Б.Ламарк еңбектері-нің негізгі қағидаларын оқып зерттеу; 10.2.5.2 эволюциялық ілімнің қалыптасуында-ғы Ч.Дарвин еңбектері-нің рөлін түсіндіру; 10.2.5.3 эволюцияның қозғаушы күштерін сипаттау; 10.2.5.4 ағзалардың бейімделушілігіндег</p>



				і табиғи сұрыпталудың рөлін сипаттау; 10.2.5.5 түрдің құрылымы мен критерийлерін сипаттау; 10.2.5.6 түр түзілу үдерісін түсіндіру; 10.2.5.7 Жердегі тіршіліктің дамуының негізгі кезеңдерін оқып білу; 10.2.5.8 жадынамалар мен алгоритмдер жасау
--	--	--	--	---

### 3) "Ағза мен қоршаған орта" бөлімі:

#### 3-кесте

Бөлімдер	Оқу мақсаттары			
	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып
3.1 Биосфера, экожүйе, популяция	7.3.1.1 жергілікті жер экожүйесі қоршаған орта факторларының тірі ағзаларының тіршілік әрекеті мен таралуына әсерін зерттеу; 7.3.1.2 табиғи қоректік тізбектерді салыстыру; 7.3.1.3 қоректік тізбекті және қоректік торларды құру; 7.3.1.4 экологиялық сукцессия үдерісін сипаттау; 7.3.1.5 жасалынған жұмыстың сапасын бағалау туралы пікірін құрастыру; 7.3.1.6 бастапқы мәтіннің құрылымы мен стилін, оның лексикасын, грамматикалық	8.3.1.1 экожүйелердің жалпы құрылымының сызбасын жасау; 8.3.1.2 су және құрлық экожүйелерін салыстыру; 8.3.1.3 популяцияның негізгі қасиеттерін және құрылымдық ерекшеліктерін сипаттау; 8.3.1.4 ағзалардың түрлі тірі қалу тәсілдерін зерттеу; 8.3.1.5 жыртқыш-құрбан қарым-қатынасы мысалында популяция санының өзгеру себептерін орнату; 8.3.1.6 тірі ағзалардың өзара қарым-қатынас түрлерін сипаттау; 8.3.1.7 тірі ағзалардың	9.3.1.1 популяция өсімінің экспоненциал-дық және сигмоидтік үлгілерінің қисық сызықтарының графиктерін талдау; 9.3.1.2 энергия ағымының тиімділігін есептеу; 9.3.1.3 энергия, биомасса және сандар пирамидаларын салыстыру; 9.3.1.4 азот пен көміртегі айналымының табиғаттағы сызбасын құру 9.3.1.5 оқу міндеттерін орындау кезінде сыныптастарымен нәтижелі түрде ынтымақтасу; 9.3.1.6	

	құрылымын сақтай отырып, мазмұндау	қоршаған орта-ның өзгермелі жағдай-ларына бейімделу механизмдерін түсіндіру	оқу диалогын бастау, өрбіту және аяқтау	
3.2 Адам іс-әрекетінің қоршаған ортаға әсері	7.3.2.1 адам мен экожүйе арасындағы қарым-қатынастарды сипаттау; 7.3.2.2 экожүйеге жағымсыз әсер ететін адам тіршілігінің шаруашылық салаларынан мысалдар келтіру; 7.3.2.3 Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың өсімдіктері мен жануарларын сипаттау; 7.3.2.4 Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жергілікті өңірдің жануарлары мен өсімдіктеріне мысал келтіру; 7.3.2.5 заттық-графикалық сызбаға сүйене отырып, тапсырманы орындаудың барысын ауызша ұсыну	8.3.2.1 биологиялық әртүрлілікті сақтаудың және қолдауды қажеттіктің себептерін негіздеу; 8.3.2.2 Дүниежүзілік Тұқым қорының маңызын бағалау; 8.3.2.3 Қазақстан аумағындағы экологиялық проблемалардың туындау себептері мен оларды шешу жолдарын түсіндіру; 8.3.2.4 ақпаратты графикалық түрде беру және графикалық жоспар бойынша мәтін құру	9.3.2.1 пайдалы қазбалар өндірудің және қайта өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру; 9.3.2.2 пестицидтерді пайдаланудың, қоршаған ортаға мен адам денсаулығы әсерін түсіндіру; 9.3.2.3 жылыжай эффектісінің тірі ағзаларға әсерін түсіндіру; 9.3.2.4 озон қабатының бұзылуының себептері мен салдарын түсіндіру; 9.3.2.5 экология мәселелері туралы мәтіндердің мазмұны бойынша менталды карта құрастыру және ұсыну	

#### 4) "Қолданбалы кіріктірілген ғылымдар" бөлімі:

##### 4-кесте

Бөлімдер	Оқу мақсаттары			
	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып
	7.4.1.1 судың қасиеті мен тірі ағзалар тіршілігі үшін маңызын сипаттау; 7.4.1.2 тірі ағзалар тіршілік әрекеті үшін микро-және	8.4.1.1 биологиялық мысалдарды пайдаланып полимерлер мен мономерлер		10.4.1.1 ферменттің әрекет ету механизмін оқып тану;

<p>4.1 Молекулалық биология мен биохимия</p>	<p>макроэлементтердің ролін сипаттау; 7.4.1.3 азық-түліктер құрамындағы нәруыз, май, көмірсулардың бар болуын дәлелдеу; 7.4.1.4 минералды тыңайтқыштардағы азот, калий және фосфордың өсімдіктер үшін маңызын зерделеу; 7.4.1.5 іс-әрекеттің мақсаттары мен міндеттерін күтілетін нәтиже түрінде өздігінен тұжырымдау</p>	<p>арасындағы айырмашылықты сипаттау; 8.4.1.2 көмірсулар мен липидтердің биологиялық қызметтерін сипаттау; 8.4.1.3 нәруыздардың қасиеттері мен биологиялық қызметтерін сипаттау; 8.4.1.4 өзіне және сыныптастарына деген жағымды көзқарасын вербалды және бейвербальды түрде көрсету</p>		<p>10.4.1.2 дезоксирибонуклеин қышқылы молекуласының қос шииршықты құрылымын сипаттау; 10.4.1.3 дезоксирибонуклеин қышқылының құрылымдық қағидалары негізінде үлгілеу 10.4.1.4 оқу әрекеттерін қойылған міндеттерге сәйкес жоспарлау, бақылау және бағалау</p>
<p>4.2 Жасушалық биология</p>	<p>7.4.2.1 "жасуша", " ұлпа", "мүше", " мүшелер жүйесі" ұғымдарын түсіндіру; 7.4.2.2 жануарлар және өсімдіктер жасушаларын ажырату; 7.4.2.3 бірлескен іс-әрекетте уағдаласу және ортақ шешімге келу</p>	<p>8.4.2.1 өсімдік және жануар ұлпаларын жіктеу; 8.4.2.2 прокариот және эукариот жасушаларының құрылысын салыстыру; 8.4.2.3 оқу нәтижесіне қол жеткізудің ең тиімді тәсілдерін анықтау және көрсету</p>	<p>9.4.2.1 өсімдік және жануар жасушаларының негізгі бөліктерінің құрылысы мен қызметін түсіндіру; 9.4.2.2 микрофото-графияны қолданып жасушаның сызықтық ұлғаюын есептеу; 9.4.2.3 бірлескен іс-әрекетте құрдастарымен белсенді және жағымды қарым-қатынас жасау және өзара әрекеттесу</p>	
	<p>7.4.3.1 бактериялар формаларының әртүрлілігін сипаттау; 7.4.3.2 ірімшік және йогурт өндірісін зерттеу; 7.4.3.3 антибиотиктер, антисептиктер мен залалсыздандыру өнімдерінің</p>	<p>8.4.3.1 қарапайым-дылар, бактериялар, саңырауқұлақтар, вирустармен туындай-тын аурулардың ерекшеліктері мен</p>		<p>10.4.3.1 инсулин өндіру мысалында биотехнологиялық үдерістің жалпы сызбасын сипаттау; 10.4.3.2 биотехнологияда өндірілетін</p>

4.3 Микробиология және биотехнология	қолданылуын сипаттау; 7.4.3.4 вирустардың тіршіліктің жасушасыз формасы екендігін түсіндіру; 7.4.3.5 шаблон және тірек сөздер бойынша монолог-пайымдау құрастыру	алдын алу шараларын сипаттау; 8.4.3.2 презентация түрінде көпшілік алдында сөз сөйлеуін көрсету	өнімдерге мысал келтіру; 10.4.3.3 презентация түрінде көпшілік алдында сөз сөйлеуді дайындау және көрсету
4.4 Биофизика		8.4.4.1 тік жүруге байланысты адам қозғалуының биомеханикалық ерекшеліктерін зерттеу; 8.4.4.2 пәндік лексиканы қолдана отырып конструктивті диалог құру	10.4.4.1 тірі ағзалардағы электрлі үдерістерді зерттеу; 10.4.4.2 "компьютер-ми" интерфейс технологиясының ерекшеліктерін зерттеу; 10.4.4.3 нәтижелі іскерлік коммуникацияның базалық дағдыларын көрсету

32. Бағдарлама сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10-сыныптары үшін "Биология" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда әр бөлімде жүзеге асырылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

33. Бөлімдер және ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10-сыныптарына арналған "Биология" оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына 1-қосымша

**Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10-сыныптары үшін "Биология" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

1) 7-сынып:

1-кесте

--	--	--

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
Экожүйелер	<p>Ортанын экологиялық факторлары : абиотикалық (температура, жарық, рН, ылғалдылық), биотикалық (микроағзалар, жануарлар, өсімдіктер). Зертханалық жұмыс: "Жергілікті жердің экожүйелерін зерттеу ( мектеп ауласы мысалында)".</p>	7.3.1.1 жергілікті жер экожүйесі қоршаған орта факторларының тірі ағзаларының тіршілік әрекеті мен таралуына әсерін зерттеу
	<p>Қоректік тізбектер және қоректік торлар. Модельдеу "Қоректік тізбек пен торды құру".</p>	7.3.1.2 табиғи қоректік тізбектерді салыстыру; 7.3.1.3 қоректік тізбекті және қоректік торларды құру
	<p>Экологиялық сукцессиялар: бірінші және екінші реттік сукцессиялар. Экожүйелердің алмасуы.</p>	7.3.1.4 экологиялық сукцессия үдерісін сипаттау; 7.3.1.5 жасалынған жұмыстың сапасын бағалау туралы пікірін құрастыру; 7.3.1.6 бастапқы мәтіннің құрылымы мен стилін, оның лексикасын, грамматикалық құрылымын сақтай отырып, мазмұндау
Адам іс-әрекетінің қоршаған ортаға әсері	<p>Адам экожүйенің бір бөлігі. Антропогендік фактор.</p>	7.3.2.1 адам мен экожүйе арасындағы қарым-қатынастарды сипаттау
	<p>Адам әрекеттерінің экожүйеге жағымсыз әсері.</p>	7.3.2.2 экожүйеге жағымсыз әсер ететін адам тіршілігінің шаруашылық салаларынан мысалдар келтіру
	<p>Қазақстанда ерекше қорғалатын аймақтар. Жергілікті жердің ерекше қорғалатын аймақтары.</p>	7.3.2.3 Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың өсімдіктері мен жануарларын сипаттау
	<p>Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы. Жергілікті өңірдің ҚР Қызыл кітабына енгізілген жануарлары мен өсімдіктері</p>	7.3.2.4 Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жергілікті өңірдің жануарлары мен өсімдіктеріне мысал келтіру; 7.3.2.5 заттық-графикалық сызбаға сүйене отырып, тапсырманы орындаудың барысын ауызша ұсыну
	<p>Тірі ағзалардың бес патшалығына жалпы сипаттама: прокариоттар, протисталар, саңырауқұлақтар, өсімдіктер, жануарлар. Өсімдіктер мен жануарлардың негізгі жүйелік</p>	7.1.1.1 жүйелеудің маңызын түсіндіру; 7.1.1.2 жүйеленуде тірі ағзалардың орнын анықтау;

Тірі ағзаларды жүйелеу:	топтары: патшалықтар, типтер, бөлімдер, кластар. Өсімдіктер мен жануарларды жүйелеудің маңызы.	7.1.1.5 базалық пәндік терминдерді айту және жазу, оларды белсенді сөздігінде пайдалану
	Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың сыртқы құрылысындағы ерекшеліктер.	7.1.1.3 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың құрылысының айырмашылық белгілерін сипаттау
	Дихотомиялық әдіс. Дихотомиялық кілттерді қолдану;	7.1.1.4 жекелеген ағзаларға қарапайым дихотомиялық кілттерді қолдану; 7.1.1.6 базалық пәндік терминдерді дұрыс айту және жазу, оларды белсенді сөздігінде пайдалану
Жасушалық биология	Жасуша, ұлпа, мүше, мүшелер жүйесі түсініктері. Өсімдіктер және жануарлар жасушаларын салыстыру. Жарық микроскобынан көрінетін жасуша құрылымдары: пластидтер, вакуоль, ядро, цитоплазма, жасушалық мембрана, жасушалық қабырға	7.4.2.1 "жасуша", "ұлпа", "мүше", "мүшелер жүйесі" ұғымдарын түсіндіру; 7.4.2.2 жануарлар және өсімдіктер жасушаларын ажырату; 7.4.2.3 бірлескен іс-әрекетте уағдаласу және ортақ шешімге келу
Су және органикалық заттар:	Судың қасиеттері: беттік керілу, судың қозғалысы, еріткіштігі, қайнау және балқу температурасы, жылу сыйымдылығы. Судың биологиялық маңызы және оның еріткіш ретіндегі, температураны сақтау мен реттеудегі рөлі. Зертханалық жұмыс "Судың тірі ағзалар үшін маңызы мен қасиеттерін зерттеу".	7.4.1.1 судың қасиеті мен тірі ағзалар тіршілігі үшін маңызын сипаттау; 7.4.1.2 тірі ағзалар тіршілік әрекеті үшін микро-және макроэлементтердің ролін сипаттау
	Азық-түліктердегі органикалық заттар: нәруыздар, майлар, көмірсулар. Зертханалық жұмыс: "Азық-түліктерде көмірсулар, нәруыздар және майлардың бар болуын зерттеу".	7.4.1.3 азық-түліктер құрамындағы нәруыз, май, көмірсулардың бар болуын дәлелдеу
	Өсімдіктерде макроэлементтердің тапшылығы (азот, калий, фосфор,) . Тыңайтқыштар: органикалық және минералдық (азотты, калийлі және фосфорлы)	7.4.1.4 минералды тыңайтқыштардағы азот, калий және фосфордың өсімдіктер үшін маңызын зерделеу; 7.4.1.5 іс-әрекеттің мақсаттары мен міндеттерін күтілетін нәтиже түрінде өздігінен тұжырымдау
2-тоқсан		
		7.1.2.1 жапырақтың ішкі құрылысын сипаттау және

Тірі ағзалардың қоректенуі	Жапырақтың құрылысы мен қызметі. Жапырақтың ішкі құрылысы. Лептесік. Жапырақ фотосинтездеуші негізгі арнайы мүше. Судың булануы мен газдардың алмасуы.	құрылысы мен оның қызметі арасындағы өзара байланысты түсіндіру; 7.1.2.3 сөйлеу мәдениетін меңгеруге, сөйлеу сапасын бақылауға талпынысын көрсету; 7.1.2.4 ауызша хабарламадағы негізгі ойды құрылым, контекст негізінде анықтау
Заттардың тасымалдануы	<p data-bbox="522 422 915 747">Фотосинтезге қажетті жағдайлар. Зертханалық жұмыс "Фотосинтез үдерісіне қажетті жағдайларды зерттеу".</p> <p data-bbox="522 957 915 1360">Заттар тасымалдануының тірі ағзалардың тіршілік әрекеті үшін маңызы. Заттардың тасымалдануына қатысатын тірі ағзалардың мүшелері мен мүшелер жүйесі.</p> <p data-bbox="522 1367 915 1724">Сабақ және тамыр. Сабақтың ішкі құрылысы: қабық, камбий, сүрек, өзек. Тамыр аймақтары: бөліну, өсу, сору және өткізу аймақтары. Тамырдың ішкі құрылысы: флоэма, ксилема, камбий. Зертханалық жұмыс "Сабақтың ішкі құрылысын зерттеу". Зертханалық жұмыс "Тамыр аймақтарын зерттеу".</p> <p data-bbox="522 1730 915 1829">Ксилема, флоэма және олардың құрылымдық элементтері.</p>	<p data-bbox="928 422 1318 747">7.1.2.2 фотосинтез үдерісі үшін қажетті жағдайларды сипаттау; 7.1.2.5 өзінің және айналасындағылардың сөйлеу мінез-құлқын критерийлер бойынша сәйкес бағалау; 7.1.2.6 оқу мәселесіне өз көзқарасын пікірталаста, диалогта білдіру</p> <p data-bbox="928 753 1318 1360">7.1.3.1 тірі организмдерде қоректік заттардың тасымалының маңызын түсіндіру; 7.1.3.2 өсімдіктерде заттарды тасымалдауға қатысатын мүшелерді тану; 7.1.2.7 мұғалімнің немесе логопедтің ұйымдастырушы көмегін пайдалана отырып, тапсырманың мазмұны мен мақсатына сәйкес ақпараттық іздестіруді жоспарлау; 7.1.3.7 диалогқа қатысу, диалогтың мағыналық және грамматикалық бірлігін қамтамасыз ету, диалогта белгілі ақпаратты пайдалану</p> <p data-bbox="928 1367 1318 1724">7.1.3.3 сабақ пен тамырдың ішкі құрылысын зерттеу; 7.1.3.4 сабақ және тамырдың құрылысы мен қызметтерінің өзара байланысын сипаттау; 7.1.3.8 сөздердің анық емес мағыналарына, терминдерге өзінің ой-пікірін дәлелдей тырып, түсініктеме беру</p> <p data-bbox="928 1730 1318 1829">7.1.3.5 ксилема мен флоэма элементтерінің құрылысын салыстыру</p> <p data-bbox="928 1835 1318 1990">7.1.3.6 жануарларда заттар тасымалына қатысатын мүшелерді танып білу</p>

	Жануарлардағы қанайналым мүшелері: буылтық құрттар, ұлулар, буынаяқтылар және омыртқалылар.	7.1.3.9 сөйлеу барысында орфоэпия және айтылу нормаларының сақталуын бақылау; 7.1.3.10 тұтас және тұтас емес мәтіндердің тақырыбын анықтай отырып, негізгі ақпаратын түсіну; 7.1.3.11 мәтіннің негізгі ойы тұжырымдалған сөйлемді табу; 7.1.3.12 ұсынылған тақырып атауларына мағынасы бойынша сәйкес иллюстрацияларды таңдау және сөйлем құрастыру
Тыныс алу	Өсімдіктер мен жануарлар үшін тыныс алудың маңызы. Тыныс алу - энергия көзі. Тыныс алу типтері: анаэробты және аэробты. Анаэробты және аэробты тыныс алуды салыстыру: оттегінің қатысында/қатысынсыз, статикалық/динамикалық жұмыс, жылықанды/суыққанды жануарлар.	7.1.4.1 тірі ағзалар үшін тыныс алудың маңызын сипаттау; 7.1.4.2 анаэробты және аэробты тыныс алу типтерін ажырату
	Өсімдіктердің тыныс алуы. Тұқымның немесе өскіндердің тынысалуы мысалында. Зертханалық жұмыс "Өсімдіктердің тынысалуын зерттеу".	7.1.4.3 өсімдіктердің тыныс алу үдерісін зерттеу; 7.1.4.7 тыныс алу мүшелерінің ауруларының себептері мен олардың алдын алу жолдарын түсіндіру
	Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүше-лері (бунақденелілердің демтүтік-тері, балықтарының желбезектері, құстардың және сүтқоректілердің өкпесі). Модельдеу "Омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың тынысалу жүйесі мүшелерін салыстыру".	7.1.4.4 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүшелерін салыстыру; 7.1.4.8 тақырыпқа сай топпен дайындалған суреттер бойынша ұғынғанын сөзбен айтып жеткізу, суреттерге ат қою, суретте бейнеленгенді түсіндіру
	Тынысалу мүшелері. Адамның тынысалу жолдарының құрылысы мен газалмасу мүшелері.	7.1.4.5 адамның тыныс алу мүшелері құрылысының ерекшеліктерін танып білу;
	Тыныс алу мүшелерінің аурулары. Тыныс алу мүшелерінің ауруларының себептері мен алдын алу жолдары (өкпе обыры, астма, бронхит, туберкулез, тұмау).	7.1.4.6 пәндік лексиканы пайдаланып, "Темекінің зияны" тақырыбындағы диалогқа қатысу; 7.1.4.9 мәтінге тікелей, жанама немесе балама сұрақтар қою
3-тоқсан		
	Бөліп шығарудың тірі ағзалар үшін маңызы. Жануарлардағы	7.1.5.1 ағзалардың тіршілік әрекетіндегі бөліп шығарудың маңызын сипаттау;



Бөліп шығару	бөліп шығару өнімдері. Зат алмасудың соңғы өнімдері.	отырып 2-3 сөйлемді тізбекке біріктіру
	Өсімдіктердегі бөліп шығару өнімдері: тыныс алу мен фотосинтездің бастапқы және соңғы өнімдері. Зертханалық жұмыс "Өсімдіктердің тынысалу ерекшеліктерін өскіндер мысалында зерттеу"	7.1.5.2 өсімдіктердегі бөліп шығару ерекшеліктерін зерттеу; 7.1.5.4 оқылған ақпараттың негізгі ойын анықтау
	Жануарлардың бөліп шығару жүйелері. Жануарлардың бөліп шығару жүйелерінің құрылысын салыстыру.	7.1.5.3 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың бөліп шығару жүйелерінің құрылысын салыстыру; 7.1.5.5 мәтінге тақырып беру, фраза аралық байланыс құралдарын пайдалана
Қозғалыс	Өсімдіктердің қозғалысы. Қозға-лыстың өсімдіктер тіршілігіндегі маңызы. Өсімдіктердің қозғалу тәсілдері (тропизмдер, таксистер, өсу қозғалыстары). Өсімдіктердің өсуі мен дамуына жарықтың әсері. Жарықтың түсу деңгейіне қарай өсімдіктердің бейімделуі. Фотопериодизм күннің жарық түсу ұзақтығына ағзалардың бейімделуі.	7.1.6.1 өсімдіктердің қозғалу себептерін түсіндіріп, қозғалыстың маңызын сипаттау (тропизмдер, таксистер); 7.1.6.2 жарықтың өсімдіктердің өсуі мен дамуына әсерін түсіндіру; 7.1.6.3 өсімдіктердегі фотопериодизм ролін сипаттау
	Жануарлардың қозғалыс мүшелері . Тірі ағзалардағы қозғалыстың рөлі. Жануарлардың қозғалу тәсілдеріне мысалдар. Жануарлардың мекен ортасы мен қозғалыстәсілдері арасындағы байланыстарды анықтау.	7.1.6.4 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың қозғалыс мүшелерін салыстыру; 7.1.6.5 жасалатын іс-әрекеттердің мәнін толық айтып жеткізу; 7.1.6.6 жазбаша нұсқаулық бойынша жұмыс істеу; 7.1.6.7 тақырып бойынша сұрақтарға ауызша және жазбаша, қысқа және толық жауап беру
	Жүйке жүйесінің типтерін салыстыру: диффузиялы, сатылы, түйнекті, түтіктәрізді.	7.1.7.1 жануарлардың жүйке жүйесінің типтерін салыстыру
	Жүйке жүйесінің құрам бөліктері. Жүйке жүйесінің қызметі. Нейронның құрылысы: денесі, дендриттер, аксон. Нейронның қызметтері.	7.1.7.2 жүйке жүйесінің қызметі мен құрылымдық компоненттерін атау; 7.1.7.3 жүйке жасушасының құрылымдық бөліктерін анықтау
	Жүйке жүйесінің орталық және шеткі бөлімдері. Жұлын. Ми. Ми бөлімдерінің құрылысы мен қызметтері: сопақша ми, артқы (ми көпірі, мишық), орталық және аралық ми. Үлкен ми сыңарлары.	7.1.7.4 орталық жүйке жүйесі бөлімдерінің құрылысы мен қызметін салыстыру

Координация және реттелу	Рефлекстік доға: рецептор, сезгіш, аралық, қозғалыс нейрондары, жұмыс мүшесі. Зертханалық жұмыс "Тізе рефлексі".	7.1.7.5 рефлекстік доғаны зерттеу; 7.1.7.11 тұтас емес мәтіннен маңызды аспектілердің басым бөлігін бөліп шығару
	Мінез-құлықтың рефлекторлық табиғыты: шартсыз және шартты рефлекстер. Шартты рефлекстердің сөнуі.	7.1.7.6 мінез-құлықтың рефлекторлық табиғатын түсіндіру
	Ішкі мүшелер жұмысының жүйкелік реттелуі.	7.1.7.7 вегетативті жүйке жүйесінің қызметін сипаттау; 7.1.7.12 тақырып бойынша әңгімелесушінің сұрақтарына жауап беру
	Адам ағзасы үшін ұйқының маңызы. Биологиялық ритмдер. Ұйқының кезеңдері: баяу және жылдам ұйқы. Жұмысқа қабілеттілік Күн тәртібі. Оқу еңбегі мен дене еңбегінің гигиенасы. Күйзеліс. Күйзеліс жағдайларымен күрес және олардың алдын алу әдістері.	7.1.7.8 ағзаның тіршілік әрекетін қалпына келтіру және тынығуы үшін ұйқының маңызын түсіндіру; 7.1.7.9 жақсы психикалық денсаулықты сақтаудың принциптерін сипаттау
	Жүйке жүйесінің қызметіне алкоголь, темекі, және наркотикалық заттардың әсері.	7.1.7.10 жүйке жүйесінің қызметіне алкоголь, шылым және есірткілік заттардың әсерін түсіндіру; 7.1.7.13 ақпаратпен жұмыс істеу барысында көмекке жүгіну, өзі тап болған қиындықтарын тұжырымдау
4-тоқсан		
Тұқымқуалау мен өзгергіштік заңдылықтары	Адамда белгілердің тұқым қуалауында гендер мен ДНҚ рөлі. Жүре пайда болған және тұқымқуалайтын белгілер.. Хромосоманың құрылымы. Генетикалық материалды сақтаушы және тасымалдаушы ДНҚ жайлы түсінік. Модельдеу " Адам ағзасындағы тұқым қуалайтын және тұқым қуаламайтын белгілерді зерттеу"	7.2.4.1 адам ағзасындағы тұқым қуалайтын және тұқым қуаламайтын белгілерді зерттеу; 7.2.4.2 үздік және үздіксіз өзгергіштікке мысал келтіру; 7.2.4.3 белгілерді анықтаудағы гендердің рөлін түсіндіру; 7.2.4.4 хромосомадағы генетикалық ақпарат ДНК-ның маңызын түсіндіру 7.2.4.5 топтағы нәтижелі байланыс үшін вербалды және бейвербалды құралдарды дұрыс таңдау
	Әртүрлі ағзалар түрлерінің хромосомалар саны. Соматикалық және жыныс жасушалар. Гаплоидты және диплоидты хромосомалар жиыны.	7.2.2.1 әртүрлі ағзалар түрлеріндегі хромосомалардың санын салыстыру; 7.2.2.2 сомалық және жыныс жасушаларындағы хромосомалар сандарын атау

		7.2.2.3 тірек сөздер бойынша ғылыми мәтінді қалпына келтіру
Көбею	Өсімдіктердің жынысты және жыныссыз көбеюі. Өсімдіктердің жынысты және жыныссыз көбеюінің биологиялық маңызы	7.2.1.1 өсімдіктердің жыныссыз және жынысты көбеюін сипаттау
	Өсімдіктердің өсімді жолмен көбеюі, оның түрлері және табиғаттағы биологиялық маңызы. Өсімдік өсіруде өсімді жолмен көбею тәсілдерін қолдану. Қалемшелеу, сұлатпа өркен, телу (қалемшелермен, көзшелермен), көбею ұлпаларымен. Зертханалық жұмыс "Өсімдіктердегі вегетативті көбею тәсілдері".	7.2.1.2 өсімдіктердің өсімді көбею тәсілдерін салыстыру; 7.2.1.5 мәтіннен етістік лексикасын ерекшелеу және мәтінді предикаттарға сүйеніп қалпына келтіру
	Гүл құрылысы. Тозаңдану түрлері. Гүлдеу және тозаңдану. Тозаңдану түрлері (өздігінен, айқас, жасанды). Өсімдіктердегі ұрықтану туралы түсінік және зиготаның түзілуі. Қосарлы ұрықтану. Қосарлы ұрықтанудың биологиялық маңызы.	7.2.1.3 айқас тозаңдану мен өздігінен тозаңданудың салыстырмалы артықшылықтарын сипаттау; 7.2.1.4 гүлді өсімдіктердегі қосарлы ұрықтанудың маңызын сипаттау; 7.2.1.5 мәтіннен етістік лексикасын ерекшелеу және мәтінді предикаттарға сүйеніп қалпына келтіру; 7.2.1.6 сабақ тақырыбына сәйкес әңгімелесушіге төменгі санатты сұрақтар қою
Өсу және даму	Ағзалардың жеке дамуы түсінігі. Өсімдіктер мен жануарлардағы онтогенез кезеңдері. Бөліну, өсу, көбею, картаю. Өсімдіктердің өсуі. Сабақтың ұзарып және жуандап өсуі. Камбийдің рөлі. Жылдық сақиналар. Зертханалық жұмыс "Жылдық сақинаны санау"	7.2.3.1 ағзалардың өсу мен даму үдерістерін сипаттау; 7.2.3.2 өсімдіктердің ұзарып және жуандап өсу үдерісін зерттеу; 7.2.3.5 монолог кезінде "Тек бір минут" стратегиясын ұстану
	Жануарлардағы тура және түрленіп даму онтогенез типтері. Бунақденелілердің шала және толық түрленіп дамуына мысалдар. Модельдеу "Жануарлардағы онтогенез типтерін салыстыру".	7.2.3.3 өсімдіктер мен жануарлардың онтогенез кезеңдерін ажырату; 7.2.3.4 жануарлардың онтогенезіндегі тура және түрленіп даму типтерін салыстыру; 7.2.3.6 таныс емес сөздерді белгілей отырып, ғылыми мәтінді нәтижелі оқу
	Бактериялардың формаларының әртүрлілігі. Бактериялардың таралуы. Зертханалық жұмыс "Пішен таяқшасының сыртқы	

Микробиология және биотехнология	пішінін қарастыру". Бұршақ тұқымдастардың тамырындағы түйнек бактериялары.	7.4.3.1 бактериялар формаларының әртүрлілігін сипаттау
	Бактерияларды пайдалану. Табиғаттағы және адам өміріндегі бактериялардың маңызы. Зертханалық жұмыс "Өндірісте йогурт және ірімшік жасауды зерттеу".	7.4.3.2 ірімшік және йогурт өндірісін зерттеу
	Патогендермен күрес тәсілдері. Бактериялардың антибиотиктерге тұрақтылығы. Зертханалық жұмыс "Антибиотиктер, антисептиктер және залалсыздандыру өнімдерін қолдануды зерттеу".	7.4.3.3 антибиотиктер, антисептиктер мен залалсыздандыру өнімдерінің қолданылуын сипаттау
	Вирустар. Жасушасыз құрылым иелері вирустардың құрылыс ерекшеліктері.	7.4.3.4 вирустардың тіршіліктің жасушасыз формасы екендігін түсіндіру; 7.4.3.5 шаблон және тірек сөздер бойынша монолог-пайымдау құрастыру

## 2) 8-сынып:

### 2-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
Жасушалық биология	Жасуша – тірі ағзалардың құрылымдық негізгі өлшем бірлігі . Прокариот және эукариот жасушалардың құрылысы: ядроның болуы және орналасуы, жасуша қабырғасы, жасуша мембранасы, пластидтер, митохондрия, рибосомалар, Гольджи аппараты, вакуоль.	8.4.2.1 өсімдік және жануар ұлпаларын жіктеу
	Өсімдік ұлпаларының әртүрлілігі: түзуші, жабын, негізгі, өткізгіш, механикалық, бөліп шығарушы ұлпа. Жануар ұлпаларының әртүрлілігі: эпителий, дәнекер, бұлшықет, жүйке. Зертханалық жұмыс "Өсімдіктер ұлпаларын жіктеу". Зертханалық жұмыс "Жануарлар ұлпаларын жіктеу".	8.4.2.2 прокариот және эукариот жасушаларының құрылысын салыстыру; 8.4.2.3 оқу нәтижесіне қол жеткізудің ең тиімді тәсілдерін анықтау және көрсету
	Жасушаның құрамындағы органикалық заттар. Мономерлер мен полимерлер арасындағы айырмашылық.	8.4.1.1 биологиялық мысалдарды пайдаланып полимерлер мен мономерлер арасындағы айырмашылықты сипаттау
	Көмірсулар – энергия көзі. Глюкоза, сахароза, гликоген, крахмал, жасұның пен хитиннің	

Молекулалық биология	маңызы және қызметтері. Липидтердің қасиеттері мен қызметі. Липидтердің әртүрлілігі: майлар, фосфолипидтер, балауыз.	8.4.1.2 көмірсулар мен липидтердің биологиялық қызметтерін сипаттау
	Нәруыздар, қасиеттері мен қызметтері.	8.4.1.3 нәруыздардың қасиеттері мен биологиялық қызметтерін сипаттау; 8.4.1.4 өзіне және сыныптастарына деген жағымды көзқарасын вербалды және бейвербальды түрде көрсету
Тірі ағзалардың көп түрлілігі	Зертханалық жұмыс "Өсімдіктер бөлімдеріндегі ерекшелік белгілерді анықтау. Балдырлар, мүктәрізділер, қырықжапырактәрізділер, ашықтұқымдылар және жабықтұқымдылар.	8.1.1.1 балдырлар, мүктәрізділер, қырықжапырақ тәріздестер, ашықтұқымдылар және жабықтұқымдылар мысалында өсімдіктердің ерекшеліктерін сипаттау
	Саңырауқұлақтар патшалығы. Зең саңырауқұлағы: мукор, пеницилл. Біржасушалы саңырауқұлақтар – ашытқы. Көпжасушалы саңырауқұлақтар. Қалпақшалы саңырауқұлақтар. Жеуге жарамды және улы саңырауқұлақтар.	8.1.1.2 саңырауқұлақтардың ерекшелік белгілерін сипаттау; 8.1.1.5 дыбысталған сөйлеу тілін стилистикасы, құрылымы, материалды мазмұндау логикасы тұрғысынан бағалау
	Зертханалық жұмыс "Дара жарнақты және қосжарнақтылар өсімдіктер кластарының белгілерін зерттеу".	8.1.1.3 даражарнақты және қосжарнақты өсімдіктер кластарын негізгі белгілеріне қарай ажырату
	Буынаяқтылар типі. Хордалылар типі. Сыртқы белгілеріне қарай салыстырмалы сипаттама. Демонстрация "Хордалы жануарлар мен буынаяқтылардың ерекшелік белгілерін анықтау".	8.1.1.4 буынаяқтылар мен хордалы жануарлар кластарын ерекше белгілері бойынша тану; 8.1.1.6 заттық-графикалық схемаға сүйене отырып тапсырманы орындау барысын жоспарлай алу
Жауын құртының, сиырдың және адамның асқорыту жүйесінің құрылысы. Модельдеу "Адамның, сиырдың және жауынқұртының" асқорыту жүйесінің құрылысын салыстыру.	8.1.2.1 суреттерге негізделіп омыртқасыздар (жауын құрты), күйіс қайыратын жануарлар (сиыр) мен адамның ас қорыту жүйесінің құрылысын салыстыру	
Тістің құрылысы мен қызметі, сүт тістердің тұрақты тістерге ауысуы. Тіс гигиенасы. Адамның асқорыту жолдарының құрылысы. Асқорыту бездері. Асқорыту мүшелерінің қызметі.	8.1.2.2 әртүрлі типті тістердің құрылысы мен қызметтері арасындағы байланысын және тісті күту ережелерін сипаттау	
Тамақтану гигиенасы. Асқорыту мүшелерінің жұқпалы аурулары және олардың алдын алу.	8.1.2.3 адамның ас қорыту жүйесінің құрылысы мен	

Коректену	<p>Тағамнан уланудың алдын алу. Алғашқы жәрдем шаралары. Ішек құрт ауруларының алдын алу.</p> <p>Дәрумендер және олардың маңызы. Суда еритін және майда еритін дәрумендер. Дәрумендердің тәуліктік мөлшері. Авитаминоз, гиповитаминоз және гипервитаминоз. А авитаминоздағы ақшам соқыр, В1 авитаминоздағы бери-бери ауруы, С авитаминоздағы қыркұлақ, Д авитаминоздағы мешел аурулары. Зертханалық жұмыс "Тағамдық заттар құрамынан С дәруменді анықтау".</p>	<p>қызметтері арасындағы өзара байланысты түсіндіру</p> <p>8.1.2.4 ас қорыту жолы ауруларының себептерін және астан улану белгілерін анықтау;</p> <p>8.1.2.5 адам ағзасындағы дәрумендердің маңыздылығын сипаттау;</p> <p>8.1.2.6 құрамында дәрумендердің маңызды мөлшері бар азық-түліктер тізімін жасау;</p> <p>8.1.2.7 азық-түлік құрамындағы С дәруменін анықтау</p> <p>8.1.2.8 өзінің және айналасындағылардың сөйлеу мінез-құлқын критерийлер бойынша сәйкес бағалау;</p> <p>8.1.2.9 ауызша хабарламадағы негізгі ойды құрылым/композициялық ерекшеліктер негізінде анықтап, өз көзқарасын білдіру</p>
Өсу және даму	<p>Эмбрионалдық даму кезеңдері: бластула, гастрұла, нейрула.</p> <p>Ұлпалар мен мүшелердің дифференциялануы. Органогенез.</p>	<p>8.2.3.1 эмбрионал-дық даму кезеңдерін сипаттау</p> <p>8.2.3.2 әр түрлі ұрық жапырақшаларынан қалыптасқан мүшелер мен ұлпалар дифференциасын сипаттау;</p> <p>8.2.3.3 тақырыпты, негізгі ойды, тірек сөздерді бөліп шығара отырып, ғылыми мәтіндерді тиімді оқу;</p> <p>8.2.3.4 бағыныңқы жалғаулықтарды пайдалана отырып сөйлем құрастыру</p>
2-тоқсан		
	<p>Қанның құрамы мен қызметі. Қан түйіршіктері: эритроциттер, лейкоциттер, тромбоциттер. Плазма. Қанның қызметі: транспорттық, гомеостаздық, қорғаныштық.</p> <p>Зертханалық жұмыс "Әр түрлі ағзалардың қан жасушаларын зерттеу". Қан жасушаларын формасына, мөлшеріне, санына және ядросының болуына қарай салыстыру.</p> <p>Иммунитет. Гуморальдық және жасушалық иммунитет. Лейкоциттердің түрлі типтері</p>	<p>8.1.3.1 қан құрамы мен қызметін сипаттау</p> <p>8.1.3.2 дайын микропрепараттар арқылы әртүрлі ағзалардың қан жасушаларының құрылыс ерекшеліктерін зерттеу</p> <p>8.1.3.3 лейкоциттердің түрлі типтерінің қызметтерін сипаттау;</p>

Заттардың тасымалдануы

және олардың қызметтері. Т – және В- лимфоциттердің әрекет етуі.	8.1.3.4 гуморальдық және жасушалық иммунитетті салыстыру
Ағзаның ішкі ортасы және оның маңызы. Лимфа. Лимфа айналымы мен оның маңызы. Гомеостаз. Ағзаның ішкі ортасы: қан, лимфа, ұлпа сұйықтығы.	8.1.3.5 лимфа жүйелерін және қан, ұлпалық сұйықтық пен лимфа арасындағы өзара байланысты сипаттау; 8.1.3.13 көрген бейнероликтегі негізгі ойды, мақсатты аудиторияны, негізгі мақсатты анықтау, оның мазмұнын түсіндіру
Иммунитет. Иммунитеттің түрлері : туа пайда болған және жүре пайда болған иммунитет. Екпенің (вакцин) түрлері және оның жасанды иммунитетті қалыптастырудағы маңызы. Жұқпалы аурулардың алдын алу.	8.1.3.6 аурулардың алдын алуындағы вакцинацияның ролін бағалау
Жұқпалы аурулар және олардың алдын алу: амөбалық қантышқақ, фитофтороз, оба, күл, лейшмания, герпес	8.4.3.1 қарапайымдылар, бактериялар, саңырауқұлақтар, вирустармен туындай-тын аурулардың ерекшеліктері мен алдын алу шараларын сипаттау
Қан топтары. Қан құю. Резус – фактор. Агглютинация. Резус – конфликт.	8.1.3.7 агглютинация және резус-конфликт механизмдерін түсіндіру
Буылтық құрттардың (жауын құрт), ұлулардың, буынаяқтылардың және омыртқалылардың жүрегі және қантамырларының құрылысы мен қызметі.	8.1.3.8 жануарлардың жүрегінің құрылысы мен қантамыр жүйелерінің маңызын сипаттау; 8.1.3.9 қантамыр қабырғасының құрылысы мен олардың қызметі арасындағы байланысты орнату
Қантамырлар жүйесінің түрлері. Ашық және тұйық қанайналым жүйелері. Үлкен және кіші қанайналым шеңберлері. Адамның қанайналым жүйесі.	8.1.3.10 жануарлардың қантамырлар жүйесінің түрлерін сипаттау; 8.1.3.14 сөздердің анық емес мағыналарына, терминдерге өзінің ой-пікірін дәлелдей тырып, түсініктеме беру
Зертханалық жұмыс "Дене жаттығуларының жүрек жұмысына әсерін зерттеу"	8.1.3.11 дене жаттығуларының жүрек жұмысына әсерін зерттеу
Жүрек-қантамырлар жүйесі аурулары (гипертония, инфаркт, тахикардия, ишемиялық ауру, атеросклероз, инсульт). Аурудың себептері: тұқым қуалайтын ауруларға бейімділік, салауатты өмір салтын дұрыс ұстанбау, т.б.	8.1.3.12 қантамыр жүйесі мүшелерінің ауруларының себептері мен ауру белгілерін сипаттау; 7.1.3.9 сөйлеу барысында орфоэпия және айтылу нормаларының сақталуын бақылау

Тыныс алу	Альвеола мен қан арасындағы газ алмасу. Өкпедегі қанның оттекке қанығуы. Ұлпа мен қан арасындағы газ алмасу. Қанның көмірқышқыл газына қанығуы, жасушаның оттекке қанығуы.	8.1.4.1 өкпе мен ұлпадағы газ алмасу механизмдерін сипаттау
	Тыныс алу және тыныс шығару механизмі. Кеуде қуысының құрылысы. Тыныс алуға және тыныс шығаруға қатысатын бұлшықеттер. Тыныс алу және тыныс шығарудағы көкеттің маңызы. Ауа жүретін жолдардағы қысымның өзгеруі.	8.1.4.2 тыныс алу және тыныс шығару механизмін түсіндіру; 8.1.4.4 жауап беру кезінде лексикалық бірліктерді пайдалануда біркелкілікті жеңу
	Тыныс алудың минуттық көлемі. Әр түрлі жастағы, физикалық дамыған, ер және әйел адамдардың өкпесінің тіршілік сыйымдылығы. Тынысалу қозғалыстарының жиілігі. Шылым шегудің өкпенің тіршілік сыйымдылығына әсері. Зертханалық жұмыс "Өкпенің тіршілік сыйымдылығын зерттеу".	8.1.4.3 өкпенің тіршілік сыйымдылығын анықтау және қалыпты жағдайдағы және дененің физикалық жүктемесі кезіндегі тыныс алудың минуттық көлемін анықтау; 8.1.4.5 предикативтік сөздікті қолдана отырып, оқу әрекеттерін сөзбен айтып отыру; 8.1.4.6 мәтінге тікелей, жанама немесе балама сұрақтар қою
3-тоқсан		
Бөліп шығару	Зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы (бүйрек, несеппағар, қуық, несеп жолы) мен қызметі. Бөліпшығару және сүзу мүшелері. Бүйректің құрылысы (қыртысты және милы қабат, нефрон, пирамида, астауша, бүйрек өзекшелері).	8.1.5.1 адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы мен қызметін сипаттау 8.1.5.2 бүйректің құрылымдық бөліктерін танып білу
	Терінің маңызы, құрылысы мен қызметі. Тер бөлінудің реттелуі	8.1.5.3 терінің құрылысы мен оның бөліп шығарудағы маңызын сипаттау
	Тері ауруларының пайда болу себептері мен салдары (қышыма, теміреткі, безеу бөртпелері.). Белгілері мен алдын алу шаралары	8.1.5.4 тері ауруларының алдын алу шараларын түсіндіру 8.1.5.5 мәтін идеясын анықтау, "мәтінде ұсынылған ақпарат қашан және қайда пайдалы болуы мүмкін?"
	Адам қаңқасының құрылысы. Тірек-қимыл жүйесінің маңызы мен қызметі	8.1.6.1 тірек-қимыл жүйесінің қызметтерін сипаттау
	Сүйектің макро - және микроскопиялық құрылысы. Сүйектің химиялық құрамы. Зертханалық жұмыс "Сүйектің макро және микроскопиялық	8.1.6.2 сүйектің химиялық құрамын, макро және



Қозғалыс.	құрылысы". Демонстрация " Сүйектің химиялық құрамы".	микроскопиялық құрылысын зерттеу
	Сүйектің байланыс түрлері: қозғалмайтын, жартылай қозғалмалы, қозғалмалы.	8.1.6.3 сүйектердің байланыс түрлерін салыстыру
	Буынның құрылысы және қызметтері. Сүйек буындарының атқаратын қызметіне сәйкес бейімделуі.	8.1.6.4 буынның әр түрлі типтерінің құрылысы және олардың қызметтерінің арасында байланыс орнату
	Бұлшықет ұлпаларының құрылысы мен қызметі (бірыңғай салалы, көлденең жолақты қаңқа, көлденең жолақты жүрек). Зертханалық жұмыс "Бұлшықет ұлпаларының құрылысын зерттеу" Адам денесінің бұлшықеттерін жіктеу.	8.1.6.5 бұлшық ет ұлпасының түрлері мен олардың қызметтерін сипаттау 8.1.6.6 адам бұлшық еттерінің құрылысы мен бұлшықет топтарын оқып тану
Гиподинамия. Сымбаттың бұзылуы және жалпақ жалпақтабандылықтың пайда болу себептері. Сымбаттың бұзылуы мен жалпақтабандылықтың алдын алу шаралары.	8.1.6.7 гиподинамия салдарын атау; 8.1.6.8 сымбаттың бұзылуы және жалпақ жалпақтабандылықтың пайда болу себептерін анықтау; 8.1.6.10 кез-келген әдебиет көздерінен қосымша ақпарат алу: оқулықтан, сөздіктерден, анықтамалықтардан, интернет - ресурстардан, БАҚ-нан, оқу-анықтамалық әдебиеттен	
Биофизика	Тік жүруге байланысты адам қозғалуының биомеханикалық ерекшеліктері. Тік жүруге байланысты адамның қаңқа құрылысының ерекшеліктері. Тік жүруге байланысты бұлшықеттің маңызы. Тік жүру кезіндегі дененің ауырлық орталығы. Адам денесіндегі иіндер.	8.4.4.1 тік жүруге байланысты адам қозғалуының биомеханикалық ерекшеліктерін зерттеу; 8.4.4.2 пәндік лексиканы қолдана отырып конструктивті диалог құру
	Көру мүшелерінің құрылысы. Көрудің маңызы. Көру қызметінің бұзылуы. Көру гигиенасы. Зертханалық жұмыс "Көру жітілігі мен көру аймағының шегін зерттеу"	8.1.7.1 көруді қабылдаудың ерекшеліктерін зерттеу және көру гигиенасы ережесін сипаттау
	Есту мүшесінің құрылысы. Естудің маңызы. Естудің бұзылу себептері. Есту мүшесінің гигиенасы. Зертханалық жұмыс "Дыбысты қабылдау ерекшеліктерін зерттеу". (құлақтың есту қабілетін анықтау)	8.1.7.2 дыбысты қабылдау ерекшеліктерін зерттеу және есту гигиенасының ережелерін сипаттау

Координация және реттелу	Таяқшаның, құтышаның және түкті жасушалардың құрылымы мен қызметі. Зертханалық жұмыс "Соқыр дақты анықтау, түстердің аралсуына тәжірибе, дыбыстың ауа және сүйек арқылы өтуі".	8.1.7.3 көру және есту рецепторларының құрылымы мен қызметтерін сәйкестендіру; 8.1.7.9 жоғары санаттағы сұрақтарды тұжырымдау
	"Гормондар", "Гуморальдық реттелу" ұғымдары. Эндокринді, экзокринді және аралас бездердің орналасуы және қызметі. Бездерден бөлінетін гормондар.	8.1.7.4 эндокринді, экзокринді және аралас бездердің орналасқан жерлерін анықтау; 8.1.7.5 бездердің негізгі қызметтерін түсіндіру; 8.1.7.10 тұтас емес мәтінде жазылған ақпарат негізінде байланысты пікір құру
	Эндокринді бездер қызметінің бұзылуынан туындаған аурулар (гипо- және гиперфункция)	8.1.7.6 эндокриндік бездер қызметінің бұзылуынан туындаған ауруларды атау
	Адам денесінде орналасқан тері рецепторлары (терморцепторлар, механорецепторлар, ноцицептор-лар). Зертханалық жұмыс "Тері сезімталдығын зерттеу"	8.1.7.7 терінің сезімталдығын зерттеу
	Жылықанды жануарлардың тұрақты температураны сақтауындағы терінің ролі. Температураға сезімталдық. Терморцепторлардың температураның өзгеруіне бейімделуі.	8.1.7.8 жылықанды жануарлардың дене температураны сақтаудағы терінің ролін сипаттау; 8.1.7.11 ақпаратпен жұмыс істеу барысында көмекке жүгіну, өзі тап болған қиындықтарын тұжырымдау
4-тоқсан		
Көбею	Митоз. Мейоз. Митоз бен мейоздың биологиялық маңызы.	8.2.2.1 тірі ағзалардың тіршілік әрекетіндегі митоз бен мейоздың маңызын түсіндіру; 8.2.2.2 сөйлемдерді тарату және қысу арқылы мәтінді компрессиялау және кеңейту
	Жануарлардың көбею формалары. Жыныссыз көбею типтері. Жынысты көбею.	8.2.1.1 жануарлардың көбею тәсілдерін салыстыру; 8.2.1.4 тақырыпқа сәйкес әңгімелесушіге жоғары санаттағы сұрақтар қою; 8.2.1.5 сабақтастырушы жалғаулықтарды пайдалана отырып сөйлем құрастыру; 8.2.1.6 пәндік лексиканы қолдана отырып, оқу диалогына белсенді қатысу
		8.2.1.2 мүктер мен қырықжапырақтардың

	<p>М ү к т е р м е н қырықжапырақтардың тіршілік циклі. Гаметофит. Спорофит.</p>	<p>мысалдарында жынысты және жыныссыз ұрпақтарының ерекшеліктерін түсіндіру</p>
	<p>Ашықтұқымды және жабықтұқымды өсімдіктердің тіршілік циклі.</p>	<p>8.2.1.3 ашықтұқымды және жабықтұқымды өсімдіктердің тіршілік циклінің ерекшеліктерін түсіндіру; 8.2.1.5 сабақтастырушы жалғаулықтарды пайдалана отырып сөйлем құрастыру</p>
<p>Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары</p>	<p>Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің эволюциядағы маңызы. Өзгергіштік пен қоршаған орта жағдайларына бейімделгіштік арасындағы өзара байланыс.</p>	<p>8.2.4.1 тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің эволюциядағы ролін дәйектеу</p>
	<p>Қолдан сұрыптау және оның селекция үшін маңызы. Қолдан сұрыптау түрлері.</p>	<p>8.2.4.2 ағзалар селекциясы үшін қолдан сұрыптаудың маңызын сипаттау</p>
	<p>Мәдени өсімдіктер мен үй жануарларының шығу орталықтары.</p>	<p>8.2.4.3 мәдени өсімдіктер мен үй жануарларының шығу тегінің орталықтарын оқып білу; 8.4.3.2 презентация түрінде көпшілік алдында сөз сөйлеуін көрсету</p>
	<p>Қазақстан территориясында кездесетін егістік дақылдар мен үй жануарларының колтұқымдары. Маңызды белгілер.</p>	<p>8.2.4.4 маңызды мәдени өсімдіктер іріктемелері мен үй жануарлары колтұқымын сипаттау ; 8.2.4.5 өзінің және өзгелердің сөйлеу тілінің қызметін критерийлер бойынша бағалау</p>
<p>Биосфера, экожүйе, популяция</p>	<p>Экожүйелердің компоненттері. Су және құрлық экожүйелері. Модельдеу "Су және құрлық экожүйелерін салыстыру"</p>	<p>8.3.1.1 экожүйелердің жалпы құрылымының сызбасын жасау; 8.3.1.2 су және құрлық экожүйелерін салыстыру</p>
	<p>Популяцияның құрылымының негізгі сипаттамалары және ерекшеліктері. Ағзалардың тіршілікке қабілеттілігінің әртүрлі тәсілдері. (Тіршілікті сақтаудың К және Г стратегиялары). "Жыртқыш-жемтік" қарымқатынас түрі. Популяция санының өзгеруі.</p>	<p>8.3.1.3 популяцияның негізгі қасиеттерін және құрылымдық ерекшеліктерін сипаттау; 8.3.1.4 ағзалардың тіршілікке қабілеттілігінің әртүрлі тәсілдерін зерттеу 8.3.1.5 жыртқыш-құрбан қарым-қатынасы мысалында популяция санының өзгеру себептерін анықтау; 8.3.1.8 оқу диалогын бастау, өрбіту және аяқтау</p>
		<p>8.3.1.6 тірі ағзалардың өзара қарым-қатынас түрлерін сипаттау</p>

	Тірі ағзалардың өзара қарым-қатынас түрлері. Ағзалардың тікелей және жанама қарымқатынас түрлері. Қоршаған орта жағдайларының өзгерістеріне ағзалардың бейімделуі.	8.3.1.7 тірі ағзалардың қоршаған ортаның өзгермелі жағдайларына бейімделу механизмдерін түсіндіру; 8.3.1.9 бастапқы мәтіннің құрылымы мен стилін, оның лексикасын, грамматикалық құрылымын сақтай отырып, мазмұндау
Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері	Адамның табиғаттағы ролі. Табиғатты тиімді пайдалану. Табиғатты қорғау. Биологиялық алуан түрлілікті сақтау. Дүниежүзілік Тұқым қоры.	8.3.2.1 биологиялық әртүрлілікті сақтаудың және қолдауды қажеттіктің себептерін негіздеу 8.3.2.2 Дүниежүзілік Тұқым қорының маңызын бағалау
	Қазақстан Республикасының экологиялық проблемалары. Себептері мен салдарлары. Оларды шешу жолдары.	8.3.2.3 Қазақстан аумағындағы экологиялық проблемалардың туындау себептері мен оларды шешу жолдарын түсіндіру; 8.3.2.4 ақпаратты графикалық түрде беру және графикалық жоспар бойынша мәтін құру

### 3) 9-сынып:

#### 3-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
Жасушалық биология	Жасушаның негізгі компонент-терінің қызметтері. Жасуша құрылымдары: плазмалық мембрана, цитоплазма, ядро, эндоплазмалық тор, жасуша орталығы, рибосомалар, Гольджи аппараты мен лизосомалар, митохондрия, пластидтер, қозғалыс органоидтары, жасушаның қосындылары. Құрылыстары және атқаратын қызметтері.	9.4.2.1 өсімдік және жануар жасушаларының негізгі бөліктерінің құрылысы мен қызметін түсіндіру
	Жасушалардың сызықтық ұлғаюын есептеу. Ұлғаю, актуальды өлшемі және суреттің нақты өлшемі. Өлшем бірліктерін СИ жүйесіне аудару (сантиметр-миллиметр-микромметр-нанометр). Модельдеу "Микрофотографияларды пайдаланып жасушаның сызықтық ұлғаюын есептеу".	9.4.2.2 микрофотографияны қолданып, жасушалардың сызықтық ұлғаюын есептеу; 9.4.2.3 бірлескен іс-әрекетте құрдастарымен белсенді және жағымды қарым-қатынас жасау және өзара әрекеттесу
		9.1.1.1 әр түрлі түрлерді сипаттауда бинарлы номенклатураны қолдану

Тірі ағзалардың көп түрлілігі	Өртүрлі түрлерді сипаттауда бинарлық номенклатураны қолдану. Зертханалық жұмыс " Анықтағыш көмегімен өсімдіктер мен жануарлар түрлерін ( жергілікті регионның) анықтау".	9.1.1.2 өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін ерекшелік белгілері бойынша танып білу ( анықтағыш бойынша); 9.1.1.3 термин-сөздерді өздігінен сөйлеу тілі арқылы ойын толығынан білдіруде пайдалану; 9.1.1.4 терминдерді ауызша және жазбаша сөйлеу тілінде, суреттерді сипаттағанда және диалогта пайдалану; 9.1.1.5 заттық-графикалық схемаға сүйене отырып тапсырманы орындау барысын жоспарлау
Биосфера және экожүйе	<p>Популяцияның өсуінің экспоненциалды және сигмоидты қисығы.</p> <p>Экожүйедегі энергия тасымаланың тиімділігі. Энергия ағыны және қоректік тізбектер. Экологиялық пирамида түрлері. Экожүйелердің өнімділігі</p> <p>Табиғаттағы көміртек пен азот айналымы. Биосферадағы биохимиялық үрдістер. Топырақ пен шөгінді жыныстар түзудегі тірі ағзалардың рөлі.</p>	<p>9.3.1.1 популяция өсімінің экспоненциалдық және сигмоидтік үлгілерінің қисық сызықтарының графиктерін талдау</p> <p>9.3.1.2 энергия ағымының тиімділігін есептеу;</p> <p>9.3.1.3 энергия, биомасса және сандар пирамидаларын салыстыру</p> <p>9.1.1.2 өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін ерекшелік белгілері бойынша танып білу ( анықтағыш бойынша); 9.1.1.3 термин-сөздерді өздігінен сөйлеу тілі арқылы ойын толығынан білдіруде пайдалану; 9.1.1.4 терминдерді ауызша және жазбаша сөйлеу тілінде, суреттерді сипаттағанда және диалогта пайдалану; 9.1.1.5 заттық-графикалық схемаға сүйене отырып тапсырманы орындау барысын жоспарлау; 9.3.1.6 оқу диалогын бастау, өрбіту және аяқтау</p>
Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері	<p>Пайдалы қазбаларды өндірудің қоршаған орта мен адам денсаулығына әсері.</p> <p>Пестицидтердің қоршаған орта мен адам денсаулығына әсері.</p> <p>Жылыжай эффектісі (булану) және озон қабатының жұқаруы. Дүниежүзілік мұхит деңгейінің, су</p>	<p>9.3.2.1 пайдалы қазбалар өндірудің және қайта өңдеудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру</p> <p>9.3.2.2 пестицидтерді пайдаланудың қоршаған орта мен адам денсаулығына әсерін түсіндіру</p> <p>9.3.2.3 парниктік эффектінің тірі ағзаларға әсерін түсіндіру;</p> <p>9.3.2.4 озон қабатының бұзылуының себептері мен салдарын түсіндіру;</p>

	мен атмосфера температурасының көтерілуінің тірі ағзаларға әсері.	9.3.2.5 экология мәселелері туралы мәтіндердің мазмұны бойынша менталды карта құрастыру және ұсыну
2-тоқсан		
Қоректену	Ас қорыту, абсорбция, ассимиляция және бөлу процесі. Ауыз қуысындағы ас қорыту. Асқазандағы ас қорыту. Ас қорыту сөлі ферменттерінің нәруыздарға әсері. Ұйқы безі сөлінің әсерінен он екі елі ішектегі ас қорыту. Ішек сөлінің қорекке әсері. Нәруыздардың аминқышқылдарына дейін; майлардың глицеринге және май қышқылдарына дейін; көмірсулардың глюкоза молекулаларына дейін қорытылуы. Қоректік заттардың аш ішекте сіңірілуі. Ас қорытудағы тоқ ішектің рөлі.	9.1.2.1 адамның асқорыту жолдарындағы үдерістерді сипаттау
	Ферменттің белсенділігі. Зертханалық жұмыс "Ферменттердің белсенділігіне әр түрлі жағдайлардың (температура, рН) әсерін зерттеу".	9.1.2.2 ас қорыту үдерісіндегі органикалық заттар мен сәйкесі ферменттердің арасындағы байланысты орнату; 9.4.1.1 ферменттер механизмін оқып тану
	Асқорытудағы ферменттердің рөлі. Ферменттердің әсерінен органикалық заттардың ыдырауы	9.1.2.3 ферменттердің белсенділігіне әр түрлі жағдайлардың (температура, рН) әсерін зерттеу; 9.1.2.7 жазу ережелерін сақтау және "Биология" пәні аясындағы терминдердің жазылуын түсіндіру
	Өттің әсерінен майлардың эмульгациясы. Зертханалық жұмыс "Өттің әсерінен майлардың эмульгациялануын зерттеу".	9.1.2.4 өттің әсерінен майлардың эмульгациялануы үдерісін зерттеу; 9.1.2.5 ақпаратты графикалық түрде ұсыну және көру негізінде байланыстырып сөйлеуді құрастыру; 9.1.2.6 жаңа ғылыми ақпаратты санаттар бойынша саралау: нені білгенмін, нені білдім, нені нақтылағым (білгім) келетін еді
	Активті және пассивті тасымалдардың ұқсастығы мен айырмашылығы. Жасуша мембранасы арқылы тасымалдану.	9.1.3.1 активті және пассивті тасымалдарды салыстыру; 9.1.3.6 коммуникативтік міндетке байланысты әр түрлі оқуды пайдалану;

	Белсенді тасымалдану кезіндегі энергияның жұмсалуды.	9.1.3.7 коммуникативтік және танымдық міндеттерді шешу үшін сөйлеу құралдарын белсенді пайдалану
Заттар тасымалы	Сыртқы және ішкі факторлардың транспирацияға әсері. Зертханалық жұмыс "Транспирация үдерісі кезіндегі сыртқы факторларды ( температура, ылғалдылық пен су буының қысымы, ауа қозғалысын) зерттеу. Зертханалық жұмыс "Ішкі факторларды: Буландыратын беттің ауданы және бұл беттік ауданның өсімдік көлеміне қатынасының (кутикула мен лептесіктер) транспирация үдерісіне әсері".	9.1.3.2 өсімдіктердегі транспирация үдерісінің мәнін түсіндіру; 9.1.3.3 ішкі және сыртқы факторлардың транспирацияға әсерін зерттеу; 9.1.3.8 көрген бейнероликтегі негізгі ойды, мақсатты аудиторияны, негізгі мақсатты анықтау, оның мазмұнын түсіндіру; 9.1.3.12 пәндік тақырыптағы болашақ әңгіме идеясын анықтау, мына сұрақтарға жауап бере алу: " Сен не айтқың келеді? Сен бізді неге сендіргің келеді?"
	Сыртқы факторлардың флоэмада зат тасымалына әсері: температура , ылғалдылық, жарық	9.1.3.4 сыртқы факторлардың флоэма арқылы заттардың тасымалдануына әсерін зерттеу; 9.1.3.5 ауызша жауап схемасын графикалық түрде көрсету; 9.1.3.9 айтылатын сөздің мақсаты мен мағынасына сәйкес мимиканы , дене қалпын, фразаның интонациясы мен мелодикасын еркін ауыстыру; 9.1.3.10 заттардың сапа дәрежесі, қатыстылығы, тиістілік дәрежесі бойынша сөздер мен ұғымдарды топтастыру 9.1.3.11 омонимдік қатарда сөз тіркесін бір сөзбен алмастыру және керісінше: көп мағыналы сөзді – сөз тіркесімен алмастыру
3-тоқсан		
	Анаэробты және аэробты тыныс алу. Анаэробты және аэробты тыныс алу үдерістерін химиялық реакция теңдеулерін қолданып қарастыру. Анаэробты және аэробты тыныс алудың тиімділіктері.	9.1.4.1 тыныс алу реакциясының химиялық теңдеуін пайдалана отырып, анаэробты және аэробты тыныс алу салыстыру
	Аэробты, анаэробты тыныс алу үдерістерімен байланысты	9.1.4.2 бұлшықет қажуы және аэробты, анаэробты тыныс алу үдерістері арасындағы байланысты қарастыру; 9.1.4.3 бұлшықет қажуы және аэробты, анаэробты тыныс алу

Тыныс алу	<p>бұлшық еттердің қажуы. Зертханалық жұмыс "Анаэробтық тыныс алу қарқынды дене жүктемесі кезінде ағзаның тіршілік қызметін қамтамасыз ететін резервтік механизм ретінде. Әртүрлі дене жүктемелері кезінде жүзеге асырылатын аэробты тыныс алу"</p>	<p>үдерістері арасындағы байланысты қарастыру; 9.1.4.4 жауап беру кезінде синтаксистік құрылымдарды пайдаланудағы бірыңғайлықты жену; 9.1.4.5 толық жазбаша жауаптарда әр түрлі фраза аралық байланыс құралдарын пайдалану; 9.1.4.6 толық жазбаша жауаптарда мәнерлілік құралдарын, соның ішінде салыстыру мен аллегорияны пайдалану</p>
Бөліп шығару	<p>Нефронның құрылысы және қызметі. Жинақтаушы түтік. Ультрафилтрация. Абсорбция және таңдамалы реабсорбция. Несептің құрамы. Филтрация мен кері филтрацияның себептері.</p>	<p>9.1.5.1 нефронның құрылысы мен қызметін сипаттау; 9.1.5.2 филтрация және несептің түзілу үрдістерін сипаттау</p>
	<p>Бүйрек жұмысына әсер ететін факторлар: тамақтану рационы, дене температурасының күрт түсуі , дәрілік препараттар, созылмалы және инфекциялық аурулар( кариес, іріңді ангина т.б.)</p>	<p>9.1.5.3 бүйректің жұмысына әсер ететін факторларды сипаттау</p>
	<p>Зәр шығару жүйесінің гигиенасы. Бүйрек және зәр шығару жүйесінің аурулары: пиелонефрит, цистит, бүйрекке тастың жиналуы. Себептері және алдын алу шаралары.</p>	<p>9.1.5.4 бүйрек және зәр шығару жүйесі ауруларының алдын алу жолдарын түсіндіру</p>
	<p>Құрлықта, шөлде, тұщы және тұзды суларда тіршілік ететін тірі ағзалардың зат алмасуының соңғы өнімдері. Құрамында азоты бар органикалық заттардың ыдырау өнімдері: аммиак, несепнәр, несеп қышқылы.</p>	<p>9.1.5.5 әртүрлі ағзалардың мекен ету ортасы мен зат алмасудың соңғы өнімдері арасындағы байланысты орнату; 9.1.5.6 көрсету және сөйлеу арқылы берілетін нұсқау бойынша жұмыс істеу</p>
Қозғалыс	<p>Бұлшық еттің жұмысы. Демонстрация " Негізгі бұлшық еттердің жұмысын өзіндік бақылау, иық белдеуінің қол қозғалысындағы рөлі.Бұлшықет қозғалысын реттеу". Зертханалық</p>	<p>9.1.6.1 қол бұлшық еттерінің максималды жұмыс күшін және күшке төзімділігін зерттеу; 9.1.6.2 бұлшық еттің жиырылу жиілігіне бұлшықет жұмысының тәуелділігін зерттеу; 9.1.6.3 тапсырманы орындау барысын заттық-графикалық сызбаға сүйеніп жоспарлау; 9.1.6.4 өзінің және айналасындағылардың сөйлеу мінез-құлқын критерийлер бойынша сәйкес бағалау;</p>



	жұмыс "Статикалық және динамикалық жұмыс кезіндегі бұлшық еттің қажуын зерттеу".	9.1.6.5 тақырып бойынша қосымша ақпарат алу - кез келген көздерден, соның ішінде әлеуметтік желілер мен YouTube ресурсынан; 9.1.6.6 дұрыс, әдеби тіл нормаларына сәйкес, эсседе өз ойын жазбаша түрде білдіру, сонымен қатар ізінше өзін-өзі бақылауды жүзеге асыру
--	--	--

4-тоқсан

Өсу және даму	Құрсақта даму. Ұрықтық дамудың алғашқы кезеңдері. Ұрықтың қалыптасуы мен дамуы.	9.2.3.1 ұрықтың дамуындағы плацентаның маңызын түсіндіру; 9.2.3.2 эмбрион мен ұрықтың дамуын салыстыру
	Шылым шегу, есірткі мен ішімдіктің адам ұрығының дамуына тигізетін әсері	9.2.3.3 адам ұрығының дамуына шылым шегу, алкоголь мен басқа есірткілер әсерінің салдарын түсіндіру; 9.2.3.4 рефератты өңдеу кезінде стилистикалық, орфографиялық, пунктуациялық режимдерді сақтау

Көбею	Адамның жыныс жүйесінің құрылымы мен қызметі.	9.2.1.1 адамның жыныс жүйесінің құрылысын сипаттау
	Зертханалық жұмыс "Аталық және аналық гаметалардың құрылысын зерттеу".	9.2.1.2 аталық және аналық жыныс жасушаларының құрылысын зерттеу; 9.2.1.7 бағыныңқы жалғаулықтарды пайдалана отырып сөйлем құрастыру
	Екінші реттік жыныстық белгілер. Ұлдар мен қыздардың жыныстық жетілуі. Биологиялық және әлеуметтік жетілу.	9.2.1.3 жыныстық жетілу кезеңіндегі екінші реттік жыныстық белгілердің дамуын сипаттау
	Менструалдық цикл: овуляция, менструация. Эстроген мен прогестерон гормондарының маңызы.	9.2.1.4 менструалдық цикл мен эстроген және прогестеронның маңызын сипаттау
	Контрацепция түрлері және олардың қолданылуы мен маңызы.	9.2.1.5 контрацепцияның маңызы мен түрлерін түсіндіру
	Жыныстық жолмен берілетін аурулар: жүре пайда болған иммундық дефицитінің синдромы (ЖИТС), сифилис, гонорея, гепатит В,С. Алдын алу шаралары	9.2.1.6 жыныстық жолмен таралатын аурулардың салдары мен алдын алу шараларын түсіндіру; 9.2.1.8 тірек сөздер бойынша ғылыми мәтінді қалпына келтіру

4) 10-сынып:

4-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
-----------------------------------	--	------------------

1-тоқсан		
Координация және реттелу	Нейрондардың түрлері мен қызметтері. Жүйке ұлпасының қызметі (глиальды жасушалар). Аксондардың миеленді және миеленсіз қабықтары. Синапстар және медиаторлар. Модельдеу "Жүйке ұлпаларын зерттеу".	10.1.7.1 жүйке жасушасының суретін пайдаланып жүйке жасушасының құрылысы мен қызметі арасында байланыс орнату; 10.1.7.2 жүйке ұлпасы мен оның құрылымдық бөліктерінің қызметтерін талдау
	Миеленді, миеленсіз аксондарда жүйке импульстарының туындауы және өткізілуі. Өткізу жылдамдығы. Мембраналық потенциал, тыныштық потенциалы және әрекет потенциалы. Модельдеу "Жүйке импульстарының туындауы мен таралу жылдамдығын зерттеу".	10.1.7.3 жүйке импульстарының туындауы мен өтуін сипаттау; 10.1.7.7 әртүрлі тәсілдермен ұсынылған ақпаратпен жұмыс істеу дағдысын меңгеру
	Тыныс алу мен тыныс шығарудың реттелуі мысалында нейрогуморальдық реттелу механизмі. Жүйкелік және гуморальдық реттелуді салыстыру. Ағзаның күйзеліске бейімделуі.	10.1.7.4 нейро-гуморальді реттелу механизмін түсіндіру
	Гомеостазды тұрақты ұстаудың механизмдері. Гомеостаз мысалдары (терморегуляция, қандағы глюкоза мөлшерінің реттелуі)	10.1.7.5 ағзаның ішкі ортасының тұрақтылығын ұстаудағы гомеостазды сақтаудың механизмін түсіндіру
	Өсімдіктердің өсуі мен дамуын реттеуші. Зертханалық жұмыс: "Ауксиннің өсімдіктерге әсерін зерттеу"	10.1.7.6 өсімдіктердің өсуі мен дамуына әсер ететін заттардың әрекетін сипаттау; 10.1.7.8 көрген бейнероликтегі негізгі ойды, мақсатты аудиторияны, негізгі мақсатын анықтау, оның мазмұнын түсіндіру
2-тоқсан		
Молекулалық биология	Ферменттердің әсер ету механизмі. "Кілт – құлып" гипотезасы. Ферменттің белсенді орталығы.	10.4.1.1 ферменттің әрекет ету механизмін оқып тану
	ДНҚ молекулалық құрылысының принциптері: нуклеотидтердің комплементарлығы.	10.4.1.2 дезоксирибонуклеин қышқылы молекуласының қос шиыршықты құрылымын сипаттау; 10.4.1.3 дезоксирибонуклеин қышқылының молекуласын құрылымдық қағидалары негізінде үлгілеу;

		10.4.1.4 оқу әрекеттерін қойылған міндеттерге сәйкес жоспарлау, бақылау және бағалау
Жасушалық цикл	Интерфаза. Интерфаза кезеңдері: G1, S және G2.	10.2.2.1 жасушалық айналымның интерфаза кезеңіндегі жүретін үдерістерді түсіндіру
	Митоз. Митоз фазалары. Зертханалық жұмыс: "Пияз тамыр ұшындағы жасушалардан митозды зерттеу".	10.2.2.2 митоздың кезеңдерін сипаттау
	Мейоз. Мейоз фазалары. Мейоз бен митозды салыстыру. Модельдеу "Мейоз кезеңдерін зерттеу"	10.2.2.3 мейоз кезеңдерін сипаттау ; 10.2.2.4 митоз бен мейоз үдерісін салыстыру; 10.2.2.5 пәндік лексиканы қолдана отырып, оқу диалогына белсенді қатысу
Тұқым қуалаушылық пен өзгеріштік заңдылықтары	Г.Мендель анықтаған белгілердің тұқым қуалаушылық заңдылықтары. Тұқым қуалаушылықты зерттеудің гибридологиялық әдісі.	10.2.4.1 генетиканың дамуымен қалыптасуындағы Г.Мендель зерттеулерінің рөлін бағалау
	Тұқым қуалаушылықтың генетикалық заңдылықтарының цитологиялық негіздері. Гамета тазалығы заңы және оның цитологиялық негіздемесі. Моногибридті және дигибридті будандастыру. Басымдылық заңы. Ажырау заңы.	10.2.4.2 моногибридті будандастырудың цитологиялық негіздерін сипаттау және моногибридті будандастыруға есептер шығару; 10.2.4.3 дигибридті будандастырудың цитологиялық негіздерін негіздерін сипаттау және есептер шығару
	3-тоқсан	
	Аллельді гендердің әрекеттесуі: толық және толымсыз. Доминанттылық белгілердің пайда болуы. Талдаушы шағылыстыру ұғымы мен оның практикалық маңызы. Шағылыстыруды генотипті анықтау үшін қолдану	10.2.4.4 толық және толымсыз доминанттылықты салыстыру: 10.2.4.5 талдаушы шағылыстырудың маңыздылығын бағалау
	Жыныс генетикасы. Жынысты анықтаудың генетикалық механизмі. Жыныспен тіркесіп тұқымқуалау. Гемофилия және дальтонизм. Қоршаған орта жағдайларының гендердің өзгеруіне әсері. Гендердің өзара әрекеттесуі. Сыртқы ортаның генотипке әсері	10.2.4.6 жынысты анықтау теориясын сипаттау; 10.2.4.7 жынысты анықтау кезінде хромосомалардың рөлін түсіндіретін сызба жасау
		10.2.4.8 адамның қан тобының тұқымқуалау-уын және қан

	Адам қан топтарының тұқымқуалау заңдылықтары. АВО жүйесі. Резус-фактор.	топтарын анықтау механизмін түсіндіру
	Адам генетикасы. Адамның тұқымқуалау белгілерін зерттеу әдістері. Медициналық генетика. Адамның генетикалық ауруларының алдын алу. Адамның генеалогиялық шежіре ағашын құру. Модельдеу "Адамның генеалогиялық шежіре ағашын құру".	10.2.4.9 адам генетика-сын зерттеудің негізгі әдістерін сипаттау; 10.2.4.10 шежіре сызбасын құру
	Өнімділікті арттыратын заманауи ауыл шаруашылық технологиялары. Өнімділігі жоғары ауылшаруашылықты жүргізудің жаңа баламалы жолдары.	10.2.4.11 мәдени өсімдіктердің өнімділігін арттыру үшін заманауи ауылшаруашылық технологиялардың қолданылуын атау; 10.2.4.12 шаблон және тірек сөздер бойынша монолог-пайымдау құрастыру
4-тоқсан		
Эволюциялық даму	Эволюциялық ұғымдардың қалыптасуы және дамуы. Ғалымдардың қосқан үлесі. Эволюционизм алғышарттары. Ч.Дарвиннің эволюциялық ілімінің негізгі қағидалары. Эволюцияның синтетикалық теориясының пайда болуы. Эволюция теориясын дәлелдейтін қазіргі заманғы мәліметтер.	10.2.5.1 К. Линней мен Ж.Б. Ламарк еңбектері-нің негізгі қағидаларын атау; 10.2.5.2 эволюциялық ілімнің қалыптасуында-ғы Ч. Дарвин еңбектері-нің рөлін түсіндіру
	Эволюцияның қозғаушы күштері. Табиғи сұрыпталу нәтижесіндегі бейімделушілік. Эволюциялық үдерістегі өзгергіштіктің ( мутациялық, комбинативтік) рөлі. Табиғи сұрыпталу, оның түрлері ( қозғаушы және тұрақтандырушы). Тіршілік үшін күрес (түршілік, тұраралық). Бейімделушілік. Модельдеу "Бейімделгіштікті табиғи сұрыпталу нәтижесі ретінде зерттеу (көбелек)".	10.2.5.3 эволюцияның қозғаушы күштерін сипаттау; 10.2.5.4 ағзалардың бейімделушілігіндегі табиғи сұрыпталудың рөлін сипаттау
	"Түр" ұғымының анықтамасы. Түрдің құрылымы. Түр критерийлері. "Түр түзілу" ұғымы. Түр түзілудің тәсілдері мен механизмдері	10.2.5.5 түрдің құрылымы мен критерийлерін сипаттама беру; 10.2.5.6 түр түзілу үдерісін түсіндіру
	Жердегі тіршіліктің пайда болуы кезеңдері.	10.2.5.7 даму кезеңдерінің схемасын пайдаланып Жердегі тіршіліктің дамуының негізгі кезеңдерін атау;

10.2.5.8 жадынамалар мен алгоритмдер жасау

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Биология" оқу пәнінен жаңартылған мазмұнды үлгілік оқу бағдарламасына 2 қосымша

**Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Биология" оқу пәнінен ұсынылатын терминологиялық минимум**

Сынып	Пәндік лексика мен терминология	Диалогқа/хатқа арналған фразалар
7 сынып	<p>Экологиялық факторлар, теріс әсер, жіктелу, инстинкт, жүйе, жүйелік топтар, беттік керілу, судың биологиялық маңызы, организмдердің тіршілік қызметі, құрылымы мен функциялары, алдын-алу, бөлу өнімдері, тіршілік әрекеті, жабық жүйе, популяция, организмнің бейімделуі, мінез-құлықтың рефлекторлық табиғаты: ксилема, нейрон, шартты және шартсыз рефлексдер, жұмыс қабілеттілігі, жүре пайда болған және тұқым қуалайтын белгілер, хромосома, генетикалық материал, вегетативті көбею, тропизмдер, өсімдіктердің тозандануы ұрықтану, организмдердің жеке дамуы, онтогенез, микробиология және биотехнология, алуан түрлілік, патогендер, таксистер, антибиотиктер, дезинфекциялаушы заттар, вирустар, тіршіліктің ұйымдастырылу формалары.</p>	<p>... болдырмау үшін алдымен ... , содан кейін ... керек.  ... жақсарту үшін сендер біріншіден ..., екіншіден ... көз жеткізіңіз, содан кейін ... .  Қауіпсіздікті сақтау ... байланысты.  ... кезеңде менде қиындықтар туындады.  Маған ... ұнады, өйткені ... .  Бұл ... тән.</p>
	<p>Жасуша биологиясы, құрылымдық бірлік, эндоплазмалық ретикулум, тіндердің әртүрлілігі, органикалық заттар, энергия көздері, липидтер, тірі организмдердің әртүрлілігі, салыстырмалы сипаттамасы, ерекше белгілері, ас қорыту жүйесінің құрылымы, ас қорыту мүшелері, тамақтану гигиенасы, жұқпалы аурулар, аурудың алдын-алу, ремиссия, реанимация, мутация, алдын-алу шаралары, интоксикация, авитаминоз,</p>	

8 сынып

ағзаның ішкі ортасы, иммунитет, туа біткен және жүре пайда болған , вакциналар, эпидемия, эволюция, эндемия, резус-сәйкессіздік, рецепторлар, тұқым қуалауға бейімділік, салауатты емес өмір салты, тыныс алу және дем шығару механизмі, тыныс алу көлемі, эмбрион, ферменттер, токсиндер, симбиоз, тірек-қимыл жүйесінің функциялары, химиялық құрамы, дене белсенділігі, қозғалыстың биомеханикалық ерекшеліктері, тік жүру, үйлестіру және реттеу, көру гигиенасы, көру қабілеті, гормондар, вакцина, тіршілік циклы, эмбрионалды даму, тіндер мен мүшелердің дифференциациясы, органогенез, тұқым қуалаушылық және өзгергіштік, өзгермелі қоршаған орта жағдайларына бейімделу, жасанды сұрыптау, мәдени өсімдіктер, биосфера, экожүйе, популяция, тірі қалу стратегиясы, қарым-қатынас түрлері, тікелей және жанама, тірі организмдердің өзгермелі қоршаған орта жағдайларына бейімделуі, табиғатты ұтымды пайдалану, биологиялық алуан түрлілік, экологиялық мәселелер.

Ақпаратты беру және алу. Бұл ... алгоритм бойынша әрекет етеді. ... міндетті шарты ... болып табылады.  
... кезінде ... пайдалану ... көмектеседі.  
Дәйекті түрде қатаң орындау.  
... ұсынылмайды.  
Бұл ... жасауға мүмкіндік береді.  
Бұл ... деп айтады.  
Кейбіреулер бұл туралы ... айтады.

9 сынып

Құрылымы мен атқаратын функциялары, актуалды мөлшері мен нақты мөлшері, энергияны тасымалдау тиімділігі, энергия ағымы, қоректену тізбегі, экологиялық пирамидалардың түрлері, пестицидтердің қоршаған ортаға және адам денсаулығына әсері, жылыжай эффектісі, озон қабатының сарқылуы, белсенді және пассивті тасымалдану, энергия шығыны, сыртқы және ішкі факторлар, анаэробты және аэробты тыныс алудың тиімділігі, бұлшықеттің шаршауы, фильтрация, дәрі-дәрмектер, созылмалы және жұқпалы аурулар , алдын-алу шаралары, секреция өнімдері, мембраналық потенциал және тыныштық потенциалы, нервтік және гуморалды реттелу,

Менің пікірімше ... Менің көзқарасым бойынша ... Менің пайымдауымша ... Менің ... көзім жетті. Мен ... деп ойлаймын. ... мені таң қалдырады. деп ойлаймын... .  
Басты артықшылығы ... болып табылады.  
Ең үлкен кемшілігі ... болып табылады.  
Біріншіден, ... . Екіншіден, ... .  
Бірінші кезекте ... . Ең алдымен ... .  
Қорытындылай келе ..., ... бастайық.  
Қорытындылай келе ... .  
Нәтижесінде ... . Сонымен ... .

	ағзаның стресске бейімделуі, ақпарат алмасу жүйесі, адамның шежіре ағашын құру, жаңа балама жолдар, жыныстық жетілу, биологиялық және әлеуметтік жетілу, алдын-алу шаралары, құрсақшілік даму, адам ұрығының дамуы.	Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып ... . Жоғарыда берілгендерге сүйене отырып, мен ... деп ойлаймын.
10 сынып	Тұқым қуалаушылық және өзгергіштік заңдылықтары, зерттеу әдісі, тұқым қуалаушылықтың генетикалық заңдары, доминанттылық, генетикалық механизм, тұқым қуалаушылық заңдылықтары, адамның тұқым қуалайтын ауруларының алдын-алу, резус-фактор, тұқым қуалайтын аурулардың алдын-алу, шежіре ағашы, заманауи технологиялар, балама жолдар, жоғары өнімді шаруашылық, эволюциялық түсініктер, эволюцияның қозғаушы күштері, табиғи сұрыптау, тіршілік үшін күрес, түр түзілу механизмдері.	Сонымен қатар... . Одан өзге ... . Бұған қосымша, ... екенін атап өткім келеді. Сонымен бірге, ... . Шын мәнінде ... . ... екені заңдылық. Сөзсіз, бұл ... . ... екендігі анық. Әрине ... . Көптеген адамдар ... деп санайды. Бұл ... екендігіне дәлелдер келтіреді.

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 123 бұйрығына  
47-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына  
684-қосымша

**Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Физика" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Физика" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Оқу пәнінің мақсаты - білім алушылардың ғылыми дүниетанымдық негіздерін, әлемнің жаратылыстанымдық-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауын, өмірде маңызды

практикалық мәселелерді шешуде табиғат құбылыстарын бақылау, талдау, жазу қабілеттерін қалыптастыру.

• 3. Оқытудың міндеттері:

• 1) білім алушылардың әлемнің заманауи физикалық бейнесінің негізінде жатқан фундаменталдық физикалық заңдар мен қағидалар туралы білімдерді, табиғатты танудың ғылыми әдістерін меңгеруі;

• 2) білім алушылардың интеллектуалдық, ақпараттық, коммуникативтік және рефлексивтік мәдениетін, физикалық экспериментті және зерттеу жұмыстарын орындау дағдыларын дамыту;

3) меңгерген дағдыларды табиғат ресурстарын пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауда, күнделікті өмірде, қоғам мен адам өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде қолданудың дағдыларын қалыптастыру;

• 4) оқу және зерттеу іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;

4. Түзету-дамытушылық міндеттер:

1) сөйлеу іс-әрекетінің негізгі түрлерін (оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым) дамыту;

2) физикалық өзекті лексика мен фразеологиямен сөздік қорын ұлғайту;

3) қазақ тілінің ережесіне сай грамматикалық ұғымдары мен синтаксистік құрылымды қолдана білуін қалыптастыру;

4) тұлғалық қасиет ретінде қарым қатынас жасау қабілетін дамыту: сөйлеу арқылы қарым-қатынас жасау қажеттілігі, өз ойын, пайымын жеткізуге ұмтылу;

5) сөйлеу қарқындылығын және диалог өрбіту біліктілігін қалыптастыру, әртүрлі көзқарас болатынын мойындау;

6) монологта тілдік құралдарды қолдану біліктілігін қалыптастыру;

7) ауызша сөйлеу тілінің анықтылығын, мәнерін, түсінікті болуын жетілдіру;

8) жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстарының алдын алу және болдырмау;

• 9) қоршаған ортада қауіпсіз, экологиялық және әлеуметтік жүріс-тұрысын қамтамасыз ететін бағалау, коммуникативті біліктерін қалыптастыру.

- 
- 

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

5. Физика пәнін оқытуда қарастырылып отырған санаттағы оқушылардың сөйлеу тілінің келесі бұзылыстарын ескеру қажет:

1) фонематикалық типтегі дыбыстық қателердің басымдылығымен сипатталатын сөйлеу тілінің дыбыстық - буындық құрылымының бұзылысы;

2) сөздік қордың кедейлігі;

3) басым сөздік алмастырулар;

4) сөйлеу тілінің жеткіліксіз және стереотипті синтаксистік безендендірілуі;



- 5) басым жағдайда жай сөйлемдерді қолдануы;
- 6) байланыстырып сөйлеу тілінің дамуындағы айтарлықтай артта қалушылықтар;
- 7) жазбаша сөйлеу тіліндегі көп түрлі және педагогикалық ықпалға төзімді, тұрақты кателер.

6. Физиканы оқытуда білім алушылардың келесі танымдық әрекеттерінің ерекшеліктері анықталады:

1) мағына ажырату мен түсінудің қатысты түрде сақталуы кезіндегі есте сақтау өнімділігі мен вербальды есте сақтаудың төмендеуі;

2) сөздік –логикалық ойлаудың дамуындағы артта қалушылықтар (талдау, жинақтау , салыстыру, топтастыру мен жалпылау);

3) төмен жұмысқа қабілеттілік;

4) эмоциональды – ерік-жігер сферасының артта қалушылығы, - қызығушылығының тұрақсыздығы, бақылаудың төмендігі, төмен мотивация, негативизм, өзіне сенімсіздік;

5) өзін басқару мен өзін реттеуді қалыптастырудағы қиындықтар;

6) жоғарғы жүйке әрекетінің тез шаршағыштығы мен кез - келген әрекет түрінен тез шаршауымен, жоғары қозушылықпен, тітіркенгіштікпен, қимыл -қозғалыстың тежелуімен, немесе тежелудің басымдығымен, әлсіздікпен, енжарлықпен сипатталады.

7. Оқыту құндылық-бейімдеушілік, тұлғалық -бейімдеушілік, іс - әрекеттік, коммуникативті , концентрлік, дифференциальды ықпал ету негізінде жүзеге асырылады.

8. Құндылық-бейімдеушілік тәсілі – ол оқу іс әрекетін орындау мен ұйымдастыру тәсілі, оны белгілі құндылықтар тұрғысынан қолдану, білім алушылардың тұлғалық құндылықтар жүйесін қалыптастыру: әдеттерін, өмір сүру қалпын, қоғамда өмір сүру үшін қажет әрекет стилін; орта білім беру құндылықтары "Мәңгілік ел" ұлттық идеясына негізделген.

9. Тұлғалық - бейімдеушілік тәсілдің мақсаты білім алушылардың сөйлеу тілдік, психикалық, физикалық даму ерекшеліктерін есепке ала отырып, шығармашылық қабілеттерін толыққанды ашу мен оқу үрдісінде тұлғаны жан-жақты дамыту мен үйлесімді қалыптастыру, сонымен қатар жеке қажеттіліктері мен бейімділіктерін және әрекет мотивтерін есепке алу.

10. Іс-әрекеттік тәсілі білім алушылардың дербестігі мен максимальды белсенділігін , білімді дайын түрінде алуын емес, практикалық тұрғыда, мұғалім тарапынан кезеңімен ұйымдастырылған, спецификалық сәттерді есепке ала отырып, қолжетімді әрекет негізінде (бақылау, эксперимент) меңгеруін қарастырады:

1) білім алушыларға жеке оқу және экспериментальды әрекеттерді түсіндіру;

2) әр сабақта шынайы әрекет үрдісінде – жалпы оқу және заттық – терминологиялық, сөйлеу тілдік лексиканы пысықтау мен нақтылау;

3) мұғалімнің сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар балалар тарапынан өзге адамның сөйлеу тілін қабылдау деңгейі мен спецификасын есепке алуы;

4) сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар балалар үшін барынша ыңғайлы және түсінікті болатын, білім алушылардың жеке тәжірибесімен байланысты, жаңа материалдарды қолдану;

5) тілдік және нұсқаулық күрделілігінің логикалық деңгейі өзгертілген тапсырмаларды немесе тірек материалдарын, жалпы түрдегі практикалық тапсырмаларды қолдану;

6) мұғалім тарапынан көрсетілетін көмектің сапасы мен көлемін біртіндеп саралау: ұйымдастырушылықтан (бірікке әрекет деңгейі) бағыттаушылыққа, кейін эмоциональдылыққа;

7) сөйлеу тілдік қателерді жіберуден қорқынышсыз ауызша жауаптар мен пайымдарда өз ойын еркін жеткізуге білім алушыларды ынталандыру;

8) оқу мәселесін шешу мен құруға қалауларын қолдау;

9) барлық жауаптарға, тіпті әлсіз жауаптарға шыдамдылық танытып, бірінші кезекте ұялшақ, ұяң балаларды тыңдау;

10) сөйлеу тілдік бұзылыстың клиникалық бейнесі кенет көрініс тапқан жағдайда мамандандырылған және нәтижелі көмек көрсету: сөйлеу тілдік тырыспа, жазу спазмасы, сөйлеу тілдік үрдісте ауа құрылымының бағытының өзгеруі, персеверация, тахи - және брадикардия, эмоциональды қозу, алаңдаушылық пен қорқыныш, сөйлеу тілдік негативизм;

11) жауаптарды бағалаудың стандартты емес, формальды емес құрылымдарына жүгіну: "бұл қызық екен", "өте қызықты", "қызықты және ойландыратындай екен";

12) әр балаға сабақ барысында мадақтау үшін кез - келген мүмкіндікті жүзеге асыру (нәтиже үшін ғана емес, талабы мен әреке етуге қалау білдіргені үшін де), бұл өзін - өзі бағалауын көтеруге ықпал етеді.

11. Коммуникативтік тәсілі бұл сабақ барысында шынайы қатынас жағдайын қолдануды, белсенді шығармашылық әрекетті ұйымдастыруды, жұмыстың ұжымдық формаларын қолдануды, көрсеткіші қабілет болып табылатын нәтижелі коммуникация үрдісіндегі сабақтың шығармашылық түрлеріне және мәселелік жағдаяттарға назар аударту:

1) тыңдау және диалогқа түсу;

2) берілген тақырып бойынша ұжымдық талқылауға қатыстыру;

3) барлық сабақ бойы педагогтармен және өзге балалармен бірлескен нәтижелі өзара әрекетті құру;

4) жеке және топтық тапсырмаларды орындау барысында, тәжірибе немес эксперимент жүргізу барысында педагогпен және сыныптас оқушылармен бірлескен іс - әрекетін жоспарлау, әр топ мүшесінің мақсатын, қызметін, топтағы әрекет ету тәсілін анықтай алу;

5) жанжалды этикалық түрде, нәтижелі шешу, одан шыға білу;

7) сабақта коммуникация жағдайлары мен міндеттеріне орай өз ойын жеткілікті толық және нақты жеткізу білу.

12. Концентрлік тәсіл материалды жүйелі үздіксіз қайталау мен оның барлық деталізациясымен қайта өңдеу: барлық сабақ бойы, кейін – осы блокта оқылатын барлық тақырыптар барысында көрнекіліктің (кесте, сызбанұсқа, суреттер, видео т.с.с) түрлі құралдарын қолдана отырып жүргізу;

13. Дифференциальды ықпал ету ол оқу үрдісін сөйлеу тілі бұзылысының клиникалық формасын есепке ала отырып жүргізуді болжайды: тұтықпа, ринолалия, дизартрия, алалия және т.б.

14. Сөйлеу тілінің бұзылыстары бар білім алушыларды жаңартылған мазмұны бойынша оқыту оқу үрдерісін дәстүрлі ұйымдастырудан шығып, 6 оқу мақсаттарының деңгейі бойынша анықталып, "біледі", "түсінеді", "қолданады", "талдайды", "жинақтайды", "бағалайды" деген әрекеттік аспектіні сипаттап, күтілетін нәтижелерге негізделеді.

15. Әр сабақ оқытудың мақсатын, қол жеткізу критерийлерін айту/көрсетуден басталады, бұнда білім алушылар оқытудың алға қойылған мақсатын түсініп, ой елегінен өткізіп, оған қалай қол жеткізу керек екендігін білуі керек.

16. Мұғалім қарапайым зерттеулерді жүргізу барысында білім алушылардың сыни тұрғысынан ойлауын, ғылыми ақпаратты қабылдап, түсіндіру қабілетін дамытуды арнайы жоспарлайды.

17. Сабақта сыни тұрғысынан ойлауын дамытудың негізінде үш кезеңнен тұратын базалық дидактикалық цикл жатады:

1) "Шақыру" - берілген тақырып бойынша балаларда бар түсініктерді жалпылау мен өзектендіру арқылы тақырыпқа деген қызығушылығын туғызу;

2) "Ой елегінен өткізу" - оқушыларды жаңа ақпаратты алып, оның барысына еніп, оны қолда бар біліммен сәйкестендіру мақсатында мағыналы және тікелей бағытталған жұмыс жүргізіледі;

3) "Рефлексия" кезеңі – ой елегінен өткізу, алынған ақпаратты жалпылау, білім алушылардың жүргізілген зерттеуге деген тұлғалық қатынасын дамыту, соның нәтижесінде зерттелініп отырған материалға тұлғалық қатынасын айту арқылы жаңа меңгерілген білімдерін есепке ала отырып, жеке түсініктерін белсенді қайта қарау жүреді.

18 Сыни тұрғысынан ойлаудың келесі әдістері мен тәсілдері қолданылады:

1) "болжау" - сұрақ арқылы жаңа тақырып бойынша түсініктерін белсендендіру;

2) "идея себеті" - балаларға не белгілі екендігін анықтау мақсатында бөлімнің барлық тақырыптарын өту барысында білімдерді жинау, кейін тірек сызбанұсқалар, суреттер арқылы себетті жаңа түсініктерме толтыру, жалпыланған әңгімелесу барысында себетті "қайта қарап" және қорытынды жасалынады.

3) "дұрыс – қате тұжырымдар" , бұнда балаларға әлі өтпеген тақырып бойынша бірнеше тұжырымдар ұсынылып, олар қайсысы "дұрыс", қайсысы "қате" екендігін жеке тәжірибелеріне сүйеніп, немесе болжам арқылы айтады;

4) "Білемін - білдім – білгім келеді", білім алушылар "Мен бұны білемін!", "Мен бұны танып, бірден түсіндім!", "Мен бұны жеткіліксіз түсіндім, және білгім келеді!" деген категориялар бойынша саралайды.

5) "Логикалық шынжырлар" - ортақ белгісін орнату қабілетін дамыту;

6) "Сұрақтары бар кубик" - "Не? Қандай? Қалай? Неге? Неліктен? Қайда? деген кубиктегі сұрақтарға жауап ретінде тақырып бойынша сөйлем құрастыру бойынша білім алушылардың білімдерін белсендендіру;

7) "Жуан және жіңішке сұрақтар" - алынған ақпаратты ой елегінен өткізу ("жіңішке" сұрақтары "ия", "жоқ", "білмеймін" деген жауаптарды, ал "жуан" сұрақ толық жауапты талап етеді);

8) "Дұрыс және қате пайымдар" ("плюс, минус") – белгі карталарының көмегімен оқушылар өз пайымдарының дұрыстығын (қызыл белгі картасын көтереміз) және қате екендігін (қара белгі картасын көтереміз) көрсетеді;

9) "Ішкі хат" мнемокестесі – ақпаратты нәтижелі есте сақтау, орындауды қамтамасыз ететін есте сақталынатын ақпараттың маңызды элементтерімен белгіленген , көру үлгілері арасындағы миға тікелей жазбаға негізделген әдістер мен тәсілдер жүйесі;

10) моделдеу – объектінің маңызды қасиеттерін есепке ала отырып, жалпыланған үлгідегі модель құрастыру;

11) "Венн диаграммасы" ("Салыстыру шеңбері") - салыстыру негізінде нақтылау, топтастыру;

12) "Кластерлер" ("Шегелер") – сызбанұсқа түріндегі кілттік түсініктер енгізілген және себеп салдарлық байланыстар орнатылған материалды жүйелендірудің графикалық тәсілі;

13) "Ойлаудың алты қалпағы": ақ қалпақ – фактілер; қызыл – сезім мен эмоциялар; қара қалпақ жеіспеушіліктерді іздейді, сынайды, сары қалпақ жетістіктерін, жағымды тұстарын табады; жасыл – шығармашылық; көк– үрдісті басқару;

14) интеллектуальды карталар – ақпаратты есте сақтау әдістері, онда қағаз етінің ортасына басты идеяның (үлгінің) жазбасы орналастырылып; әр кілттік сәт үшін орталық негізден кілттік сөздері немесе фразасы бар түрлі түсті сәулелер шашырайп жазылыпиллюстрациялар, белгілер мен детальдар қосу үшін мүмкіндіктер қалдырылып , маңызды идеялар үлкен шрифтпен жазылып; элементтер немесе идеялардың белгілі топтары үшін белгілі түс немесе форма сызықтары қолданылып; есте сақтау картасын құрастыруда оқушылар өздерінің сызбанұсқасын туындату үрдісіне қосылады.

19. Оқытудың көрнекі әдістерін жүзеге асыруда педагог:

1) объектіні демонстрациялайды;

2) үрдіс немес объектіні бақылауды ұйымдастырады;

3) аталмыш объектіні тексеру тәсілдер мен әдістерін , объектіні жан -жақты зерттеу техникасына үйретеді;

4) білім алушыларды сөздегі өзінің практикалық тәжірибесін жалпылау мен бекітуге ынталандырады.

5) үнемі білім алушылардың назарын карточкалар мен плакаттарда ұсынылған алгоритмдерге, сызбанұсқаларға, еске түсіргіш құралдарға аударып, талдап, білім алушылардың толыққанды түсінуіне қол жеткізеді.

20. Оқытудың практикалық әдісінің түрлілігі болып сабақ барысында дидактикалық ойындар мен қызықты жаттығуларды қолдану болып табылады.

21. Физиканы оқыту барысында оқу жобасы қолданылады, ол – жалпы мақсаты, келісілген әдістері, пратикалық немесе шығармашылық, ғылыми – зерттеу мәселелерін шешуге бағытталған әрекет түрлері, білім алушылардың біріккен оқу-танымдық әрекеті болып табылады

22. Сөйлеу тілінің ауыр бұзылыстар бар балалармен жобалық іс - әрекетті ұйымдастыру барысыеда мұғалімге қажет:

1) белгілі уақыт шеңберіне білім алушылар үшін өзекті және қол жетімді міндеттерді таңдауға көмектесу;

2) жобаны жүзеге асыру үшін идеяларды таңдауға ынталандыру;

3) әдебиетпен жұмыста және есеп беруді құрастыруда көмектесу;

4) жобаның сәйкес бөлімдерін жүзеге асыруға кімді жұмылдыруға болатынын анықтау;

5) түрлі қызығушылықтар қағидасы нгізінде зерттеу тобына "үнемі қосылып": уақытында сұрақ қойып, қандай пәндерді және заттарды қолдану керектігін анықтауға көмектесу;

6) жобалық жұмыстардың сапасы мен жүру барысын бақылау;

7) белгілі күндері және уақытта әр білім алушының кеңесшісімен жеке контактісін жүзеге асыру;

8) қатысушылармен пайдалы нәтиже мен қоғамдық мойындауды алуды қамтамасыз ету.

23. Жаңа бөлімнің мазмұнымен таныстыру барысында білім алушылардың ұжымдық, топтық жобаларын даярлау бойынша іс әрекеті ұйымдастырылады, ол өз кезегінде сабақ барысындағы жұмысты ғана емес, сонымен қатар сабақтан тыс әрекетте аталмыш бөлімді зерттеу кезеңін қамтиды.

24. Бағдарлама арнайы педагогикалық жағдайларды жүзеге асыруды талап етеді:

1) сабақ барысында мұғалімнің сөйлеу тілі нақты, қатты емес , бір қалыпты болуы керек;

2) жаңа материалды ұсыну эмоциональдылық пен мәнерлікті талап етеді;

3) әңгімелесу барысында сурақтарды дұрыс құрастыру, олар әр білім алушыға түсінікті болатындай болуы керек;

4) мұғалім барлық анализаторларды (көру, қимыл - қозғалыс, сөйлеу тілдік - қозғалыс, есту, кинестетикалық) белсендірудің арнайы тәсілдерін және сөйлеу тілін, есте сақтауын, ойлауын, кеңістікке бейімделуін түзетуге бағытталған оқыту құралдарын қолданады;

5) терминологияны ендіру мен қолданудың ерекше кезектілігі орнатылады;

6) ақпаратты талдау мен жалпылауда көмек көрсетіліп, жазбаша жұмыстарға, контурлық карталармен жұмыстарға, ауызша жауаптарға жеңілдетілген талаптар үлескен тілдік материалды таңдауға арнайы ықпал ету сақталады;

7) церебрастения фоны негізінде білім алушылардың төмен жұмысқа қабілеттілігімен байланысты үй тапсырмаларының көлемі азайтылған;

8) күнделікті өмірде байқалатын табиғат құбылыстары мен үрдістерін түсіндіру, сипаттау, болжау үрдісінде алынған білімдерін қолдану қабілетін дамыту үшін (үйде, мектепте, табиғат әлемінде) – "Биология", "Химия", "Физика" пәндерімен үнемі пән аралық байланыстар жүйелі орнатылады.

25. "Физика" пәнінің кабинеті - мобильді жиһазбен жабдықталған, білім алушылар мен мұғалімнің жұмыс орнын ұйымдастыру үшін және жұмыстың ұйымдастырушылық формасына (фронтальды, топтық, ұжымдық) байланысты оны өзгерту үшін түрлі құрылғылары бар бөлме.

26. Кабинетті тәжірибелік және зертханалық құралдармен жабдықталады:

1) деректерді жазуға, көрсетуге және талдауға арналған оқу бағдарламалық қамтамасыз ету, гальванометрлік датчик, схемаларды құрастыруға арналған электронды панель, айнымалы кернеу датчигі, қос диапазонды күш датчигі, цифрлік тұрақты ток қуат көзі, жарық датчигі, датчиктерді орайтын қамтама;

2) Физика пәні бойынша тәжірибе жүргізу үшін 7-9 сыныптарға арналған экрандық-дыбыстық құралдар, электрондық плакаттар, электрондық оқулықтар, оқу-бағдарламалық кешен;

3) физикалық эксперименттерді модельдеудің 3D бағдарламасы, зертханалық керек-жарақтар;

4) көрсету амперметрі, барометр-анероид, көрсету ваттметрі, электрондық таразы, көрсету вольтметрі, бір полюсті ажыратқыш, U-тәрізді көрсету магниті, жолақты көрсету магниті;

5) электр схемаларын жасауға арналған жиынтық, 5 шардан тұратын штативі бар маятниктердің жиынтығы, практикумға арналған конденсаторлар жиынтығы, жартылай өткізгіштер жиынтығы (диодтар), жартылай өткізгіштер жиынтығы (транзисторлар мен тиристорлар), сым резисторларының жиынтығы, механика бойынша жүктер жиынтығы, калориметриялық денелер жиынтығы, тең көлемдегі денелер жиынтығы, чемодандағы зертхана "Жылу құбылыстары" демонстрациялық жиынтығы;

6) магнит өрісінде раманың айналуын көрсетуге арналған аспап, өткізгіштің кедергісінің оның ұзындығына, қимасына және материалына тәуелділігін көрсетуге арналған аспап;

7) кестелер: "Электромагниттік толқындар шкаласы" кестесі; "Бірліктердің Халықаралық жүйесі" кестесі, "Қауіпсіздік техникасы ережелері" кестесі;

8) компьютерлік түзету-дамыту ойындары мен бағдарламалар жиынтығы.

27. Оқытуға қажетті техникалық құралдар: компьютер, мультимедиапроекторлар, интерактивті тақта, микрокалькуляторлар, дыбыстық бағаналар.

28. Аталмыш оқу пәнінің оқыту нәтижелерін бағалау критериалды бағалауды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

29. Формативті және суммативті бағалау үшін мұғалім тапсырмаларды білім алушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, құрастырады. Рұқсат етіледі:

1) тұжырымдамаларды грамматикалық және сематикалық рәсімдеу бойынша жеңілдету;

2) көптізбекті нұсқауды, тапсырманы қадамдап орындауға мүмкіндік беретін, қысқамағыналы бірліктерге бөлу;

3) қажет болған жағдайда сараланған көмекті ұсынуға: ынталандырушылық (мақұлдау, эмоционалды қолдау), ұйымдастырушылық (назарын аудару, тапсырманы орындауға жұмылдыру, өзін-өзі тексеру қажеттілігін ескерту), бағыттаушы (тапсырма нұсқаулықтарын қайталау және түсіндіру);

4) тапсырманы орындауға берілген уақытты ұлғайтуға.

### **Тарау 3. "Физика" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

14. "Физика" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 7-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;

2) 8-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;

3) 9-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;

4) 10-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

15. Бағдарламының мазмұны оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Бөлімдер одан әрі бөлімшелерге бөлінеді, олар күтілетін нәтижелер түрінде сыныптар бойынша оқытудың мақсаттарын қамтиды.

16. Бағдарламының мазмұны 8 бөлімді қамтиды:

1) "Физикалық шамалар және өлшеулер" бөлімі;

2) "Механика" бөлімі;

3) "Жылу физикасы" бөлімі;

4) "Электр және магнетизм" бөлімі;

5) "Геометриялық оптика" бөлімі;

6) "Кванттық физика элементтері" бөлімі;

7) "Астрономия негіздері" бөлімі;

8) "Әлемнің заманауи физикалық бейнесі" бөлімі.

17. "Физикалық шамалар мен өлшеулер" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) физика – табиғат туралы ғылым;

2) физикалық шамалар;

3) физикалық өлшеулер;

18. "Механика" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) кинематика негіздері;

2) динамика негіздері;

3) сақталу заңдары;

4) статика;

5) тербелістер және толқындар.

19. "Жылу физикасы" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) молекулярлы-кинетикалық теория негіздері;

2) термодинамика негіздері.

20. "Электр және магнетизм" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) электростатика негіздері;

2) электр тогы;

3) магнит өрісі;

4) электромагниттік тербелістер және толқындар.

21. "Геометриялық оптика" бөлімі келесі бөлімшелені қамтиды:

1) геометриялық оптика заңдары.

22. "Кванттық физика элементтері" бөлімі келесі бөлімдерден тұрады:

1) атом мен атом ядросының құрылысы;

2) радиоактивтілік;

3) элементарлық бөлшектер.

23. "Астрономия негіздері" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) Жер және Ғарыш;

2) астрофизика элементтері.

24. "Әлемнің қазіргі физикалық бейнесі" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) физиканың дүниетанымдық мәні.

25. 7- сыныпқа арналған "Физика" пәнінің базалық мазмұны:

1) "Физика – табиғат туралы ғылым". Физика – табиғат туралы ғылым; табиғатты зерттеудің ғылыми әдістері;

• 2) "Физикалық шамалар мен өлшеулер". Халықаралық бірліктер жүйесі, скалярлық және векторлық физикалық шамалар; өлшеулер мен есептеулердің дәлдігі; үлкен және кіші сандарды жазу; №1 зертханалық жұмыс: кіші денелердің өлшемін анықтау; № 2 зертханалық жұмыс: физикалық шамаларды өлшеу; практикалық жұмыс: сапалық және сандық есептер шығару, аспаптар шкаласының бөліктер бағасын анықтау

;



• 3) "Механикалық қозғалыс". Механикалық қозғалыс және оның сипаттамалары, есептеу жүйесі; механикалық қозғалыстың салыстырмалылығы; тұзусызықты бірқалыпты және бірқалыпсыз қозғалыстар; жылдамдық пен орташа жылдамдықты есептеу; әртүрлі механикалық қозғалыстарды графикалық көрсету; практикалық жұмыс : сапалық және сандық есептер шығару; координатаның уақытқа байланыс графигін зерттеу;

• 4) "Тығыздық". Масса, денелердің массасын өлшеу; дұрыс және дұрыс емес пішінді денелердің көлемін өлшеу; заттың тығыздығы және тығыздықтың өлшем бірлігі; тығыздықты есептеу; № 3 зертханалық жұмыс: сұйықтықтар мен қатты денелердің тығыздығын анықтау; практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; электрондық және иіндік таразыларды қолданып, әр түрлі денелердің массасын анықтау.

• 5) "Денелердің өзара әрекеттесуі". Инерция құбылысы; күш; тартылыс құбылысы және ауырлық күші; салмақ; деформация; серпімділік күші, Гук заңы; үйкеліс күші; үйкеліс әрекетін техникада ескеру; бір түзу бойымен денеге әсер еткен күштерді қосу; № 4 зертханалық жұмыс: серпімді деформацияларды зерделеу; № 5 зертханалық жұмыс : сырғанау үйкеліс күшін зерттеу; практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; динамометр көмегімен өлшеу; ауырлық күшін зерттеу; түрлі денелердің созылуын зерттеу;

• 6) "Қатты денелердің, сұйықтықтар мен газдардың қысымы". Газдардың, сұйықтықтардың және қатты денелердің молекулярлық құрылымы (қатты дене, сұйықтық, газ); қатты денелердің қысымы; сұйықтықтар мен газдардың қысымы, Паскаль заңы; қатынас ыдыстар; гидравликалық машиналар; атмосфералық қысым, атмосфералық қысымды өлшеу; манометрлер, сорғылар; кері итеруші күш; № 6 зертханалық жұмыс: Архимед заңын зерделеу; № 7 зертханалық жұмыс: жүзу жағдайын анықтау; практикалық жұмыс: сапалық және сандық есептер шығару; кез-келген формадағы қатынас ыдыстардағы бірдей және әртүрлі сұйықтықтар беттерінің орналасуын зерттеу; атмосфералық қысымның бар екендігін зерттеу;

• 7) "Жер және Ғарыш". Аспан денелері туралы ғылым; Күн жүйесі; Күнтізбе негіздері (тәулік, ай, жыл).

• 8) 7 сыныптың физика курсы қайталау.

26. 8-сыныпқа арналған "Физика" пәнінің базалық мазмұны:

• 1) 7 сыныптың физика курсы қайталау;

• 2) "Жұмыс және қуат". Механикалық жұмыс; қуат, практикалық жұмыс: сапалық және сандық есептер шығару; жұмыстың мәнін график бойынша анықтау; ауырлық күші мен үйкеліс күшінің жұмысын салыстыру; транспорт түрлерінің қуатын бағалау.

2) "Энергия". Кинетикалық энергия; потенциалдық энергия; энергияның сақталуы және басқа түрге айналуы; практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; үстел теннисіне арналған шариктің тебілу биіктігін анықтау.

3) "Қарапайым механизмдер". Қарапайым механизмдер; дененің массалық центрі; иіндіктің тепе-теңдік шарты; пайдалы әрекет коэффициенті; № 1 зертханалық жұмыс: жазық фигураның массалық центрін анықтау; № 2 зертханалық жұмыс: иіндіктің тепе-теңдік шарттарын анықтау; № 3 зертханалық жұмыс: көлбеу жазықтықтың пайдалы әрекет коэффициентін анықтау; практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; түсірілген күштің айналу осіне дейінгі қашықтыққа тәуелділігін зерттеу.

• 5) "Жылулық құбылыстар". Жылулық қозғалыс, броундық қозғалыс, диффузия; температура, оны өлшеу тәсілдері, температураның шкалалары; ішкі энергия, ішкі энергияны өзгерту тәсілдері; жылуөткізгіштік, конвекция, сәуле шығару; табиғаттағы және техникадағы жылудың берілуі; жылу құбылыстарының тірі ағзалар өміріндегі ролі; жылу мөлшері, заттың меншікті жылу сыйымдылығы; отынның энергиясы; отынның меншікті жану жылуы; жылу процестеріндегі энергияның сақталу және басқа түрге айналу заңы; №4 зертханалық жұмыс: әртүрлі температурадағы суларды араластырғандағы жылу мөлшерлерін салыстыру; практикалық жұмыстар: денені қыздыруға қажетті немесе оны суытқанда бөлінетін жылу мөлшерін есептеу; заттың меншікті жылу сыйымдылығын анықтау; заттың агрегаттық күйлері өзгерген кездегі жылу мөлшерін есептеу; жылу мөлшерінің дене массасына тәуелділігін зерттеу; жылу мөлшерінің қыздыру температурасына тәуелділігін зерттеу; әртүрлі отынның жану тиімділігін бағалау.

• 6) "Заттың агрегаттық күйлері". Қатты денелердің балқуы және қатаюы, балқу температурасы, меншікті балқу жылуы; булану және конденсация; қаныққан және қанықпаған булар; қайнау, меншікті булану жылуы; қайнау температурасының атмосфералық қысымға байланыстылығын анықтау; №5 зертханалық жұмыс: мұздың меншікті балқу жылуын анықтау; практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; заттың фазалық ауысу графигін зерттеу; мұздың балқу температурасын зерттеу; булану жылдамдығының әртүрлі факторларға тәуелділігін зерттеу.

• 7) "Термодинамика негіздері". Термодинамиканың бірінші заңы, газдың және будың жұмысы; жылу үдерістерінің қайтымсыздығы, термодинамиканың екінші заңы; жылу қозғалтқыштары; жылу қозғалтқыштарының пайдалы әрекет коэффициенті; жылу машиналарын пайдаланудағы экологиялық мәселелер; практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; ішкі энергияның механикалық энергияға айналуын зерттеу; жылулық тепе-теңдік орныққандағы энергияның сақталу заңын зерттеу.

• 8) "Электростатика негіздері". Денелердің электрленуі, электр заряды; өткізгіштер мен диэлектриктер; электр зарядының сақталу заңы; қозғалмайтын зарядтардың өзара әрекеттесуі; Кулон заңы, элементарлық электр заряды; электр өрісі, электр өрісінің кернеулігі; электр өрісінің потенциалы және потенциалдар айырмасы, конденсатор;

практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; бір-бірінен қандай-да бір арақашықтықта орналасқан және жіңішке жіпке ілінген екі бірдей ауа шарының әрекеттесуін зерттеу; электроскоп жасау;

• 9) "Тұрақты электр тогы. Электр тогы, электр тогының көздері; электр тізбегі және оның құрамды бөліктері, ток күші, кернеу; тізбек бөлігі үшін Ом заңы; өткізгіштің электр кедергісі; өткізгіштің меншікті кедергісі, реостат; өткізгіштерді тізбектей және параллель жалғау; электр тогының жұмысы мен қуаты; электр тогының жылулық әсері, Джоуль-Ленц заңы; металдардағы электр кедергісінің температураға тәуелділігі; асқын өткізгіштік; электрқызырғыш құралдар, қыздыру шамдары, қысқа тұйықталу, балқымалы сақтандырғыштар; электр тогының химиялық әсері (Фарадейдің заңы); №6 зертханалық жұмыс: электр тізбегін құрастыру және оның әртүрлі бөліктеріндегі ток күшін өлшеу; №7 зертханалық жұмыс: тізбек бөлігі үшін ток күшінің кернеуге тәуелділігін зерттеу; №8 зертханалық жұмыс: өткізгіштерді тізбектей жалғауды зерделеу; №9 зертханалық жұмыс: өткізгіштерді параллель жалғауды зерделеу; №10 зертханалық жұмыс: электр тогының жұмысы мен қуатын анықтау; практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; тізбектегі ток күшін өлшеу; электр тізбегіндегі кернеуді өлшеу; өткізгіш кедергісінің материал тегіне тәуелділігі; қыздыру шамының қуаты мен жұмысын өлшеу; тізбектей қосылған шамдардың ток қуатын зерттеу; параллель қосылған шамдардың ток қуатын зерттеу.

10) 8 сыныптың физика курсы қайталау.

27. 9- сыныпқа арналған "Физика" пәнінің базалық мазмұны:

1) 8 сыныптың физика курсы қайталау.

•2) "Электромагниттік құбылыстар". Тұрақты магниттер, магнит өрісі; тогы бар түзу өткізгіштің магнит өрісі; тогы бар шарғының магнит өрісі; электромагниттер және оларды қолдану; магнит өрісінің тогы бар өткізгішке әсері, электроқозғалтқыш; электр өлшеуіш құралдары; электромагниттік индукция, генераторлар; №1 зертханалық жұмыс: тұрақты магниттің қасиеттерін оқып-үйрену және магнит өрісінің бейнесін салу; №2 зертханалық жұмыс: электромагнитті құрастыру және оның әсерін зерделеу; практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; су компасын (құбылнамасын) жасау; магнит өрісінің түрлі материалдар арқылы өтуін зерттеу; түрлі тиындардың магниттік қасиеттерін зерттеу; үйкеліс арқылы магниттеу; магниттің қасиетіне температураның әсері.

•3) "Жарық құбылыстары". Жарықтың түзу сызықтық таралу заңы; жарықтың шағылуы, шағылу заңдары, жазық айналар; сфералық айналар, сфералық айна көмегімен кескін алу; жарықтың сынуы, жарықтың сыну заңы, толық ішкі шағылу; линзалар, линзаның оптикалық күші, жұқа линзаның формуласы; линзаның көмегімен кескін алу; көз - оптикалық жүйе, көздің көру кемшіліктері және оларды түзету әдістері; оптикалық аспаптар; №3 зертханалық жұмыс: шынының сыну көрсеткішін анықтау; №4 зертханалық жұмыс: жұқа линзаның фокустық қашықтығын анықтау; практикалық

жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; қарапайым перископты жасау; калейдоскопты жасау; жазық айнадағы кескінді зерттеу; ойыс сфералық айнаға түскен және шағылған стандартты сәулелердің жүрісі; жинағыш және шашыратқыш линзадағы негізгі сәулелердің жүрісі; көз бен фотоаппараттың оптикалық жүйелерін салыстыру.

•4) "Кинематика негіздері". Механикалық қозғалыс; векторлар және оларға амалдар қолдану, вектордың координаталар осьтеріне түсірілген проекциялары; тұзусызықты теңайнымалы қозғалыс, үдеу; тұзусызықты теңайнымалы қозғалыс кезіндегі жылдамдық және орын ауыстыру; дененің еркін құлауы, еркін құлаудың үдеуі; қисықсызықты қозғалыс; материялық нүктенің шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалысы; сызықтық және бұрыштық жылдамдықтар; центрге тартқыш үдеу; №5 зертханалық жұмыс: теңүдемелі қозғалыс кезіндегі дененің үдеуін анықтау; №6 зертханалық жұмыс: горизонталды лақтырған дененің қозғалысын зерделеу; практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; қозғалыстың салыстырмалылығы; денелердің қозғалысын сипаттау тәсілдері.

•5) "Астрономия негіздері". Жұлдызды аспан; аспан сферасы, аспан координаталарының жүйесі; әртүрлі географиялық ендіктегі аспан шырақтарының көрінетін қозғалысы, жергілікті, белдеулік және бүкіләлемдік уақыт; Күн жүйесіндегі ғаламшарлардың қозғалыс заңдары; астрономиядағы ара қашықтықты параллакс әдісімен анықтау.

•6) "Динамика негіздері". Ньютонның бірінші заңы, инерциялық санақ жүйелері; механикадағы күштер; Ньютонның екінші заңы, масса; Ньютонның үшінші заңы; Бүкіләлемдік тартылыс заңы; дененің салмағы, салмақсыздық; денелердің ауырлық күші әсерінен қозғалуы; Жердің жасанды серіктерінің қозғалысы; практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; күштерді өлшеудің практикалық тәсілдері; жердің тарту өрісіндегі дене қозғалысының параметрлерін есептеу; дененің еркін құлау үдеуін өлшеу.

•7) "Сақталу заңдары". Дене импульсі және күш импульсі; импульстің сақталу заңы; реактивті қозғалыс; механикалық жұмыс және энергия; энергияның сақталу және түрлену заңы; практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; дененің кинетикалық энергиясының өзгеруіне қатысты күштің жұмысын салыстыру; денелердің соқтығысуы кезіндегі импульстің сақталу заңын зерттеу.

8) 9 сыныптың физика курсы қайталау.

28. 10- сыныпқа арналған "Физика" пәнінің базалық мазмұны

1) 9 сыныптың физика курсы қайталау.

•2) "Тербелістер және толқындар". Тербелмелі қозғалыс; тербелістер кезіндегі энергияның түрленуі; тербелмелі қозғалыстың теңдеуі; математикалық және серіппелі маятниктердің тербелістері; еркін және еріксіз тербелістер, резонанс; еркін электромагниттік тербелістер; толқындық қозғалыс; дыбыс, дыбыстың сипаттамалары,

акустикалық резонанс, жаңғырық; электромагниттік толқындар; электромагниттік толқындар шкаласы; №1 зертханалық жұмыс: математикалық маятниктің көмегімен еркін құлау үдеуін анықтау; №2 зертханалық жұмыс: беттік толқындардың таралу жылдамдығын анықтау; практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; әр түрлі маятниктер тербелісінің периодын есептеу; еркін және еріксіз тербелістерді зерттеу; толқындардың сипаттамасын зерттеу; ұялы телефонның жұмыс істеу принципі; аналогті сигналдың берілуі; Морзе әліппесі.

•3) "Атом құрылысы. Атомдық құбылыстар". Жылулық сәулелешіну; жарық кванттары туралы Планк гипотезасы; фотоэффект құбылысы; рентген сәулелері; радиоактивтілік; радиоактивті сәулеленудің табиғаты; Резерфорд тәжірибесі, атомның құрамы; практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару.

•4) "Атом ядросы. Ядролық өзара әрекеттесу, ядролық күштер; массалар ақауы, атом ядросының байланыс энергиясы; ядролық реакциялар, радиоактивті ыдырау заңы; ауыр ядролардың бөлінуі, тізбекті ядролық реакция; ядролық реактор; термоядролық реакциялар; радиоизотоптар, радиациядан қорғану; қарапайым бөлшектер; практикалық жұмыстар: сапалық және сандық есептер шығару; радиоактивті элементтердің жартылай ыдырау периодын есептеу.

•5) "Әлемнің заманауи физикалық бейнесі". Физика және астрономияның дүниетанымдық маңызы; экологиялық мәдениет.

б) 7-10 сыныптардың физика курстарын қайталау.

#### Тарау 4. Оқыту мақсаттарының жүйесі

29. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар –бөлім және бөлімше ретін, төртінші сан бөлімшедегі оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.2.1.4. "7" – сынып, "2.1" –бөлімше, "4" – оқыту мақсатының реттік саны.

30. Күтілетін нәтижелер бойынша оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) "Физикалық шамалар мен өлшеулер" бөлімі:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
1.1 Физика –табиғат туралы ғылым	7.1.1.1 физикалық құбылыстарға мысалдар келтіру; 7.1.1.2 физикалық құбылыстарды бір-бірімен салыстыру; 7.1.1.3 физикалық құбылыстарды сипаттау;			

	7.1.1.4 ғылыми әдістер түсінігін түсіндіру; 7.1.1.5 табиғатты зерттеудің ғылыми әдістерін ажырату			
1.2 Физикалық шамалар	7.1.2.1 физикалық шамаларды олардың Халықаралық бірліктер жүйесіндегі өлшем бірліктерімен сәйкестендіру; 7.1.2.2 скалярлық және векторлық шамаларды ажырату және мысалдар келтіру; 7.1.2.3 үлкен және кіші сандарды жазған кезде еселік және үлестік қосымшаларды білу және қолдану, санды стандартты түрде жазу; 7.1.2.4 өлшем бірліктерін СИ жүйесіне түрлендіру			
1.3 Физикалық өлшемдер	7.1.3.1 дене ұзындығының, көлемінің, температурасының және уақытының, физикалық өлшемдерін білу; 7.1.3.2 мұғалімнің көмегімен абсолюттік және салыстырмалық қатені анықтау; 7.1.3.3 дененің ұзындығын, көлемін, температурасын және уақытты өлшеу, өлшеу нәтижелерін қателерді ескере отырып жазу; 7.1.3.4 кішкентай денелердің өлшемін	8.1.3.1 мұғалімнің көмегімен эксперимент жүргізіп, нәтижесін жазу; 8.1.3.2 есептің көмегімен абсолютті және қатыстық қатені анықтау; 8.1.3.3 эксперименттік деректерді жинақтау, талдау және қателерін ескеріп жазу; 8.1.3.4 экспериментті жүргізуге әсер	9.1.3.1 өз бетінше эксперимент жасап, нәтижесін мұғалімнің көмегімен жазу; 9.1.3.2 алынған нәтижелерді түсіндіру және қорытынды жасау; 9.1.3.3 эксперименттің нәтижесіне әсер ететін факторларды талдау және	10.1.3.1 өз бетінше эксперимент жасап, нәтижесін жазу; 10.1.3.2 алған нәтижелерді түсіндіру және қорытынды жасау; 10.1.3.3 эксперименттің нәтижесіне әсер ететін факторларды анықтау және

қатарлар әдісі арқылы анықтау және түсіндіру; 7.1.3.5 нұсқаулықтарды қолдана отырып, физика кабинетіндегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру және сақтау	ететін факторларды анықтау; 8.1.3.5 физика кабинетіндегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру және сақтау	экспериментті жүргізуді жақсарту жолдарын ұсыну; 9.1.3.4 физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау	экспериментті жүргізуді жақсарту жолдарын ұсыну; 10.1.3.4 физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау
---	--	--	---

## 2) "Механика" бөлімі:

### 2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
7.2.1.1 материялық нүкте, санақ жүйесі, қозғалыстың салыстырмалылығы			9.2.1.1 материялық нүкте, санақ жүйесі, механикалық қозғалыстың салыстырмалылығы ұғымдарының мағынасын түсіндіру, жылдамдықтарды қосу және орын ауыстыру теоремаларын қолдану; 9.2.1.2 вектор ұғымын түсіну; 9.2.1.3 векторларды қосу, азайту, векторды скалярға көбейту; 9.2.1.4 вектордың координаталар өсіндегі проекцияларын анықтау және түсіндіру, векторларды құрамдастарына бөлшектеу; 9.2.1.5 орын ауыстыру, жылдамдық және үдеу ұғымдарын білу; 9.2.1.6 орын ауыстырудың, жылдамдықтың	

2.1  
Кинематика  
негіздері

, траектория, жол, орын ауыстыру ұғымдарының мағынасын түсіндіру;

7.2.1.2 механикалық қозғалыстың салыстырмалылығына мысалдар келтіру;

7.2.1.3 түзу сызықты бірқалыпты және бірқалыпсыз қозғалыс ұғымдарын түсіндіру, мысалдар келтіру;

7.2.1.4 түзу сызықты бірқалыпты және бірқалыпсыз қозғалысты ажырата білу;

7.2.1.5 мысалдың көмегімен дене қозғалысының жылдамдығы мен орташа жылдамдығын есептеу және түсіндіру;

7.2.1.6 координата өстерінде және кестелерде өлшем бірліктерінің белгілерін қолдана отырып,  $s$  -тің  $t$ -ға тәуелділік графигін құру және түсіндіру;

7.2.1.7 график бойынша дененің орын ауыстыруының уақытқа тәуелділігін анықтау: (1) дене тыныштық қалпында болғанда, (2) тұрақты жылдамдықпен қозғалғанда;

және үдеудің уақытқа тәуелділігін графиктерден табу;

9.2.1.7 теңайнымалы және түзу сызықты қозғалыс бойынша есептерді шешу үшін жылдамдық және үдеудің формулаларын білу және қолдану;

9.2.1.8 теңайнымалы және бірқалыпты қозғалысқа есеп шығару барысында орын ауыстыру мен координаттар теңдеуін түсіну және қолдану;

9.2.1.9 тең үдемелі қозғалыс ұғымын білу;

9.2.1.10 тең үдемелі қозғалыс кезіндегі дене жылдамдығын эксперименталды анықтау;

9.2.1.11 тең үдемелі қозғалыс кезіндегі орын ауыстыру мен жылдамдықтың уақытқа тәуелділігі графиктерін құру және түсіндіру;

9.2.1.12 еркін құлауды сипаттау үшін теңайнымалы қозғалыстың кинематикалық теңдеулерін түсіну және қолдану;

9.2.1.13 теңайнымалы және бірқалыпты қозғалыстың кинематикалық теңдеулерін қолдана отырып, көлденең лақтырылған дененің қозғалысын сипаттау;



7.2.1.8 орын ауыстырудың уақытқа тәуелділігі графигі бойынша бірқалыпты қозғалыс кезіндегі дененің жылдамдығын есеп арқылы табу

9.2.1.14 көлденең лақтырылған дененің қозғалыс жылдамдығын анықтау;  
9.2.1.15 мысалдың көмегімен көлденең лақтырылған дененің қозғалыс траекториясын құру ;  
9.2.1.16 сызықтық және бұрыштық шамалардың ұғымын түсіндіру;  
9.2.1.17 сызықтық және бұрыштық шамалар ұғымын қолданып дененің шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалысын сипаттау; 9.2.1.18 есептер шығару барысында сызықтық және бұрыштық жылдамдықтың өзара байланыстыры формуласын түсіндіру және қолдану; 9.2.1.19 центрге тартқыш үдеу формуласын есептер шығаруда түсіну және қолдану

7.2.2.1 инерция құбылысын түсіну мен түсіндіру және мысалдар келтіру;  
7.2.2.2 күнделікті өмірден күштердің әсеріне мысалдар келтіру;  
7.2.2.3 иілімділік және серпімділік деформациялар ұғымдарын түсіндіру;

2.2  
Динамика негіздері

7.2.2.4 илімділік және серпімділік деформацияларды ажырату және мысалдар келтіру;  
7.2.2.5 қаттылық коэффициенті ұғымын түсіну;  
7.2.2.6 серпімділік күшінің ұзаруға тәуелділігі графигінен қатаңдық коэффициентін анықтау;  
7.2.2.7 Гук заңының формуласы бойынша серпімділік күшін есептеу мен түсіндіру;  
7.2.2.8 қимылсыздық, сырғанау және теңселу кезіндегі үйкелісті сипаттау;  
7.2.2.9 қимылсыздық, сырғанау және теңселу кезіндегі үйкелісті түсіну және сипаттау;  
7.2.2.10 қимылсыздық, сырғанау және теңселу кезіндегі үйкелісті ажырату;  
7.2.2.11 үйкеліс күші түсінігінің физикалық мағынасын түсіну мен түсіндіру;  
7.2.2.12 қосымша әдебиеттердің көмегімен үйкелу күшінің пайдалы және зиян көріністеріне мысал келтіру;  
7.2.2.13 мысал бойынша берілген масштабта

9.2.2.1 инерция, инерттілік және инерциялық санақ жүйесі ұғымдарының мағынасын түсіну және түсіндіру, мысалдар келтіру;  
9.2.2.2 Ньютонның бірінші заңын тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану;  
9.2.2.3 ауырлық күші, серпімділік күші, және үйкеліс күші табиғатын түсіндіру;  
9.2.2.4 Ньютонның екінші заңын тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану;  
9.2.2.5 Ньютонның үшінші заңын тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану;  
9.2.2.6 Бүкіләлемдік тартылыс заңын тұжырымдау және оны есептер шығаруда қолдану;  
9.2.2.7 ғарыш аппараттары орбиталарының ерекшеліктерін білу ;  
9.2.2.8 ғарыш аппараттары орбиталарының ерекшеліктерін салыстыру;  
9.2.2.9 тартылу өрісіндегі дене қозғалысының

күшті графикалық бейнелеу;

7.2.2.14

тең әрекетті күштің анықтамасын білу, бір түзу бойымен бағытталған және денеге әсер ететін күштердің тең әрекеттілігін графикалық табу;

7.2.2.15 салмақ және ауырлық күші ұғымдарының анықтамасын білу, салмақ пен ауырлық күшін ажырату;

7.2.2.16 электронды, серіппелі, иінді таразылардың жұмыс принципін түсіну;

7.2.2.17 электронды, серіппелі, иінді таразылардың көмегімен дененің массасын өлшеу;

7.2.2.18 мұғалімнің көмегімен әртүрлі пішіндегі қатты дененің немесе сұйықтың көлемін өлшеу үшін өлшеуіш цилиндрді (мензурка) қолдану;

7.2.2.19

тығыздықтың физикалық мағынасын түсіну және түсіндіру;

7.2.2.20 мұғалімнің көмегімен сұйықтықтар мен қатты денелердің тығыздығын эксперименталды анықтау;

7.2.2.21

тығыздықтың формуласын есептер шығаруда қолдану

параметрлерін есептеу;

9.2.2.10 алғашқы ғарыштық жылдамдық формуласын білу;

9.2.2.11 мұғалімнің көмегімен есептер шығаруда алғашқы ғарыштық жылдамдық формуласын қолдану;

9.2.2.12 үдемелі қозғалып келе жатқан дене салмағының физикалық мағынасын түсіндіру;

9.2.2.13 үдемелі қозғалыстағы дене салмағын анықтау;

9.2.2.14

салмақсыздық жағдайын түсіндіру, мысалдар келтіру

2.3  
Сақталу заңдары

8.2.3.1 механикалық жұмыстың физикалық мағынасын түсіну және түсіндіру;	9.2.3.1 "дене импульсі" мен "күш импульсі" ұғымдарын түсіну және ажырату;
8.2.3.2 механикалық энергияның екі түрін ажырату;	9.2.3.2 импульстің сақталу заңын тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану;
8.2.3.3 денеде бар энергия түрін анықтау;	9.2.3.3 табиғаттағы және техникадағы реактивтік қозғалыс ұғымын түсіндіру;
8.2.3.4 кинетикалық энергия мен потенциалдық энергия формуласын түсіндіру;	9.2.3.4 табиғаттағы және техникадағы реактивті қозғалысқа мысалдар келтіру;
8.2.3.5 кинетикалық энергия формуласын есептер шығаруда қолдану;	9.2.3.5 Байқоңыр ғарыш айлағының аймақтық және халықаралық маңыздылығын білу ;
248.2.3.6 жерден жоғары көтерілген дененің потенциалдық энергиясының және серпімді деформацияланған дененің формуласын қолдану;	259.2.3.6 механикалық жұмысты сараптамалық және графикалық танықтау;
8.2.3.7 энергияның бір түрден екіншісіне ауысуына мысалдар келтіру;	9.2.3.7 жұмыс пен энергияның өзара байланысын түсіндіру;
8.2.3.8 энергияның бір түрден екіншісіне ауысу мысалдарын суреттеу;	9.2.3.8 энергияның сақталу заңын тұжырымдау;
8.2.3.9 механикалық энергияның сақталу заңын есептер шығаруда қолдану;	9.2.3.9 энергияның сақталу заңын
8.2.3.10 қуат ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру;	

		8.2.3.11 механикалық жұмыс пен қуаттың формулаларын есептер шығаруда қолдану	есептер шығаруда қолдану	
2.4 Статика		8.2.4.1 қарапайым механизмдердің қолданылуына мысалдар келтіру және "Механиканың алтын ережесін" тұжырымдау; 8.2.4.2 "күш моменті" ұғымының физикалық мағынасын түсіндіру; 8.2.4.3 жалпақ фигураның массалық центрін эксперименталды анықтау; 8.2.4.4 тепе-теңдікте тұрған денелер үшін күш моменттері ережесін тұжырымдау және есептер шығаруда қолдану; 268.2.4.5 иіндіктің тепе-теңдік шарттарын эксперименталды анықтау; 8.2.4.6 көлбеу жазықтықтың пайдалы әсер коэффициентін эксперименталды анықтау		
				10.2.5.1 еркін және еріксіз тербелістер ұғымын түсіндіру; 10.2.5.2 еркін және еріксіз тербелістер ұғымын ажырату; 10.2.5.3 еркін және еріксіз тербелістер ұғымына мысал келтіру;

2.5  
Тербелістер және  
толқындар

10.2.5.4 амплитуда,  
период, жиілік  
ұғымын түсіну мен  
түсіндіру;  
10.2.5.5 мұғалімнің  
көмегімен  
эксперименттік  
әдіспен амплитуда,  
период, жиілікті  
анықтау;  
10.2.5.6  
формуларды  
қолданып, период,  
жиілік, циклдік  
жиілікті есептеу  
және анықтау;  
10.2.5.7 тербелмелі  
процесте  
энергияның  
сақталуын сипаттау;  
10.2.5.8  
гармоникалық  
тербелістердің  
графиктері  
бойынша  
координатаның,  
жылдамдықтың  
және үдеудің  
тендеулерін жазу;  
10.2.5.9 әртүрлі  
тербелмелі жүйедегі  
тербелістің пайда  
болу себептерін  
түсіндіру;  
10.2.5.10  
маятниктер  
тербелісі  
периодының  
әртүрлі  
параметрлерге  
тәуелділігін табу;  
10.2.5.11  
математикалық  
маятник  
периодының  
формуласынан  
еркін түсу үдеуін  
анықтау және  
түсіндіру;  
10.2.5.12 период  
квадратының  
маятник  
ұзындығына  
тәуелділік графигін

тұрғызу және талдау;

10.2.5.13 еріксіз тербеліс амплитудасының мәжбүрлеуші күштің жиілігіне тәуелділігін график бойынша сипаттау;

10.2.5.14 резонанс құбылысын түсіну мен сипаттау;

10.2.5.15 толқын жылдамдығы, жиілігі және толқын ұзындығы формулаларын есеп шығаруда қолдану және түсіндіру;

10.2.5.16 көлденең және беттік толқындарды ажырату;

10.2.5.17 беттік толқындардың таралу жылдамдығын эксперименталлды анықтау;

10.2.5.18 дыбыстың пайда болуы мен таралу жағдайын атау;

10.2.5.19 дыбыс сипаттамаларын дыбыс толқындарының жиілігі және амплитудасымен сәйкестендіру;

10.2.5.20 резонанстың пайда болу жағдайын атау мен оның қолдануына мысал келтіру;

9.2.5.21 жаңғырықтың пайда болу табиғатын және оны қолдану әдістерін сипаттау;

10.2.5.22 ультрадыбыс пен инфрадыбыстың

3) "Жылу физикасы" бөлімі:

3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	277-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
3.1 Молекулярлы-кинетика	<p>7.3.1.1 заттардың молекулярлық құрылысы негізінде, газдардың, сұйықтықтар мен қатты денелердің құрылымын сипаттау;</p> <p>7.3.1.2 қысымның физикалық мағынасын түсіндіру және өзгерту әдістерін сипаттау;</p> <p>7.3.1.3 есептер шығаруда қатты дене қысымының формуласын түсіну және қолдану;</p> <p>7.3.1.4 молекулярлы-кинетикалық теория негізінде қатты күйден сұйыққа және кері айналуды түсіндіру;</p> <p>7.3.1.5 сұйықтықтағы гидростатикалық қысымның формуласын шығару және оны есептер шығаруда қолдану;</p> <p>7.3.1.6 қатынас ыдыстардың қолданылуына мысалдар келтіру;</p> <p>7.3.1.7 гидравликалық машиналардың</p>	<p>8.3.1.1 молекулярлы - кинетикалық теорияның негізгі қағидаларын дәлелдейтін мысалдар келтіру және тәжірибені сипаттау;</p> <p>8.3.1.2 температураның мәндерін әр түрлі шкала (Цельсий, Кельвин) бойынша өрнектеу;</p> <p>8.3.1.3 температураны өлшеуді жылудың ұлғаю негізінде сипаттау;</p> <p>8.3.1.4</p>		



<p>лық теория негіздері</p>	<p>жұмыс істеу принципін сипаттау ;  7.3.1.8 гидравликалық машиналарды қолдану барысында күш ұтысын есептеу ;  7.3.1.9 атмосфералық қысымның табиғатын түсіндіру және оны өлшеудің әдістерін ұсыну;  7.3.1.10 манометр мен сорғылардың жұмыс істеу принципін сипаттау ;  7.3.1.11 кері итеруші күшті анықтау және оның сұйыққа батырылған дененің көлеміне тәуелділігін анықтау;  7.3.1.12 сұйықтықтар мен газдардағы кері итеруші күштің табиғатын түсіндіру ;  7.3.1.13 есептер шығару кезінде Архимед заңын қолдану;  7.3.1.14 денелердің жүзу жағдайын зерттеу;  7.3.1.15 дененің сұйықта жүзу шарттарын анықтау</p>	<p>қатты күйден сұйыққа және кері айналуына мысал келтіру;  8.3.1.5 молекулярлы-кинетикалық теория негізінде заттың сұйық күйден газ күйіне және кері айналуын сипаттау;  8.3.1.6 заттың сұйық күйден газ күйіне және кері айналуына мысал келтіру;  8.3.1.7 молекулярлы-кинетикалық теория негізінде заттың сұйық күйден газ күйіне және кері айналуын сипаттау</p>		
		<p>8.3.2.1 дененің ішкі энергиясын өзгерту тәсілдерін түсіну мен сипаттау;  8.3.2.2 ішкі энергияның өзгеру тәсілдерін сипаттау;</p>		

8.3.2.3 жылу берілудің түрлерін салыстыру;

8.3.2.4 техникада және тұрмыста жылу берілу түрлерінің қолданылуына мысалдар келтіру;

8.3.2.5 әртүрлі температураға тірі ағзалардың бейімделуі (мысалдар келтіру);

8.3.2.6 жылу алмасу процесі кезінде алынған немесе берілген жылу мөлшерін анықтау;

8.3.2.7 заттың меншікті жылу сыйымдылығының мағынасын түсіндіру;

8.3.2.8 есептерді шығаруда отынның жануы кезінде бөлінетін жылу мөлшерінің формуласын қолдану;

8.3.2.9 жылу процестерінде энергияның сақталу және айналу заңын зерттеу;

8.3.2.10 есептер шығаруда жылулық тепе-теңдігі теңдеуін түсіну және қолдану;

8.3.2.11 балқу/кристалдану кезіндегі жұтылатын/бөлінетін жылу мөлшерінің формуласын түсіну және есептер шығаруда қолдану;

8.3.2.12 заттың балқу және қатаю процесі кезіндегі

Термодина  
мика негіздері

температураның  
уақытқа тәуелділік  
графигін талдау;  
8.3.2.13 мұз еруінің  
меншікті жылуын  
эксперименталды  
анықтау;  
8.3.2.14 булану  
ж ә н е  
конденсациялану  
кезіндегі  
температураның  
уақытқа тәуелділік  
графигін талдау;  
8.3.2.15 су буының  
мысалында қанығу  
күйін сипаттау;  
8.3.2.16 булану  
кезіндегі жылу  
мөлшерін анықтау;  
8.3.2.17 қайнау  
температурасының  
сыртқы қысымға  
тәуелділігін  
түсіндіру;  
8.3.2.18  
термодинамиканың  
бірінші заңының  
мағынасын  
түсіндіру;  
8.3.2.19  
термодинамиканың  
екінші заңының  
мағынасын  
түсіндіру;  
8.3.2.20 жылу  
қозғалтқышының  
пайдалы әсер  
коэффициентін  
анықтау;  
8.3.2.21 іштен жану  
қозғалтқышының,  
бу турбинасының  
жұмыс істеу  
принципін сипаттау  
;  
8.3.2.22 интернет  
ресурстардың  
көмегімен жылу  
қозғалтқыштарын  
жетілдіру жолдарын  
ұсыну;

	8.3.2.23 энергияның жылу машиналарына айналуын сипаттау; 8.3.2.24 жылу машиналарының қоршаған ортаның экологиясына әсерін бағалау	
--	--	--

#### 4) "Электр және магнетизм" бөлімі

##### 4 - кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
4.1 Электростатика негіздері		8.4.1.1 электрлік заряд ұғымын білу және сипаттау; 8.4.1.2 үйкеліс арқылы денені электрлендіру және индукция құбылысын түсіндіру; 8.4.1.3 электрленудің оң және теріс әсерлеріне мысалдар келтіру; 8.4.1.4 электрлік зарядты сақтау заңын түсіндіру; 8.4.1.5 Кулон заңын түсіндіру; 8.4.1.6 Кулон заңын есептер шығаруда қолдану; 8.4.1.7 электр өрісі және оның күштік сипаттамасы ұғымдарының физикалық мағынасын түсіндіру; 8.4.1.8 біртекті электростатикалық өрістегі электрлік зарядқа әсер етуші күшті есептеу; 8.4.1.9 күш сызықтары арқылы электр өрісін графикалық бейнелеу;		

	<p>8.4.1.10 потенциалдың физикалық мағынасын түсіндіру;</p> <p>8.4.1.11 конденсаторлардың құрылысын және қолданылуын сипаттау</p>		
	<p>8.4.2.1 электр тоғы ұғымын және электр тоғының пайда болу жағдайларын түсіндіру;</p> <p>8.4.2.2 электр схемаларын графикалық бейнелеу барысында электр тізбегі элементтерінің шартты белгілерін қолдану;</p> <p>8.4.2.3 кернеудің физикалық мағынасын, оның өлшем бірлігін түсіндіру;</p> <p>8.4.2.4 электр тізбегіндегі ток күші мен кернеуді өлшеу;</p> <p>8.4.2.5 тұрақты температурада металл өткізгіштің вольт-амперлік сипаттамасын графикалық түрде құру және түсіндіру ;</p> <p>8.4.2.6 Ом заңын тізбек бөлігі үшін тұжырымдамалау;</p> <p>8.4.2.7 Ом заңын тізбек бөлігі үшін есептер шығаруда қолдану;</p> <p>8.4.2.8 кедергінің физикалық</p>		

4.2  
Электр тогы

мағынасын, оның өлшем бірлігін түсіндіру;  
8.4.2.9 өткізгіштің меншікті кедергісі формуласын есеп шығаруғанда қолдану;  
8.4.2.10 өткізгіштерді тізбекті жалғау заңдылықтарын эксперименталды алу;  
8.4.2.11 өткізгіштерді параллель жалғау заңдылықтарын эксперименталды алу;  
8.4.2.12 өткізгіштерді тізбекті және параллель жалғау барысында тізбек бөлігі үшін Ом заңын қолдана отырып, электр тізбектеріне есептеулер жүргізу;  
8.4.2.13 тоқ қуаты мен жұмысы формуласының физикалық мағынасын түсіндіру;  
8.4.2.13 тоқ қуаты мен жұмысы формуласын есептер шығаруда қолдану;  
8.4.2.14 Джоуль-Ленц заңын есептер шығаруда қолдану және түсіндіру;  
8.4.2.15 тоқ қуаты мен жұмысын эксперименталды анықтау;  
8.4.2.16 кВт сағ өлшем бірлігін қолданып электр энергиясының

2) бүкіл сабақ барысында сөйлеу тәртібін сақтау: сөздердің айтылуын бақылау, жеке жұмыс барысында әрбір білім алушының ауызша және жазбаша сөйлеу аграмматизмдерін жою, тұтығуы бар балалардың сөйлеу темпін, ырғағы мен бірсарындылығын қалыпқа келтіру;

3) оқу материалдарын полисенсорлық негізде беру;

4) көру негізінде байланыстырып монологиялық сөйлеу тілі дағдыларын қалыптастыру;

5) дене сымбатының, көрудің бұзылыстарының алдын алу, психоэмоционалдық кернелудің алдын алу, ұсақ және жалпы моториканы, сөйлеу тынысын түзету үшін денсаулық сақтау технологияларын пайдалану.

13. Оқыту негізінде қазіргі заманғы тәсілдерді қолданады:

1) зерттеу тәсілі – танымдық қызығушылықты тәрбиелеуге, берік және пәрменді білімді, белсенді танымдық іс-әрекет пен дербестік әдістерін қалыптастыруға ықпал етеді;

2) тұлғаға-бағдарланған тәсіл – білім алушының жеке ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу үдерісін дараландыруға, шығармашылық жігерін толық ашуға бағытталған;

3) іс-әрекеттік тәсіл – білім алушылардың танымдық дербестігін, оқу материалын сапалы және берік меңгеруін қалыптастыруға ықпал етеді, оқытушы мен оқушы арасындағы кері байланысқа мүмкіндік жасайды;

5) дифференцияланған тәсіл – білім алушылардың ерекшеліктерін есепке алуды көздейді, әртүрлі нозологиялық топтар үшін тапсырмаларды саралауда көрініс табады;

6) интегративті тәсіл "Химия" пәнін басқа оқу пәндерімен тығыз байланыстырады: география, жаратылыстану, биология.

7) коммуникативтік тәсіл коммуникативтік қарым-қатынастың басқа қатысушыларымен өзара іс-әрекет үдерісінде мінез-құлықты, қарым-қатынастың сәйкес жағдайларын таңдай отырып, тіл арқылы қарым-қатынас жасау қабілетін дамытуға бағытталған.

14. Оқытуда келесі технологиялар мен әдістерен тиімді болып табылады:

1) модельдеу әдісі – күрделі табиғи құбылыстарды салыстырмалы қарапайым модельдермен сипаттауға мүмкіндік береді, оны биология сабақтарында пайдалану метапәндік нәтижелерге қол жеткізу құралы болып табылады;

2) жоба әдісі – мұғалім мен білім алушының ынтымақтастығына, шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған;

3) эксперимент әдісі берілген жағдайларда табиғат құбылыстарын зерттеуге мүмкіндік береді;

4) проблемалық оқыту – білім алушылардың сыни, шығармашылық, диалектикалық ойлауын қалыптастырудың тиімді негізі.

15. Оқу пәнінің ғылыми мазмұны білім алушылардың танымдық мүмкіндіктеріне бейімделеді және бірқатар әдістемелік шарттарды сақтауды талап етеді:

1) танымдық үрдісті когнитивті қолдау бойынша әдістемелік тәсілдер кешенін қолдану;

2) материалдың біртіндеп күрделендірілуі, оны нақтылау, кванттау, ұтымды мөлшерлеу, білімді жаңа жағдайда қолдануға арналған жаттығулар көлемін арттыру, бейімделген оқу мәтіндерін пайдалану;

3) материалды беру қарқынының сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушылардың қабылдау мүмкіндіктеріне сәйкестігі;

4) сөйлеу тілімен жеткізуді визуалды қолдау: пән бойынша басып шығарылған бағдарламалық сөздерді, пән үшін шаблондық сөздер мен фразалар жиынтығын, сөйлеу тілі конструкцияларын пайдалану, сөйлеу тілі арқылы өз ойын толығынан білдіруге көмектесетін жаднамаларды, схемаларды, жоспарларды, кестелерді, алгоритмдерді кеңінен қолдану.

16. Оқыту процесінде қамтамасыз етіледі: өткенді үнемі қайталау, әрекет түрлерін ауыстыру, практикалық және зертханалық жұмыстарды орындау, есептерді және реакция теңдеулерін шығару барысында алгоритмдік нұсқауларды пайдалану.

17. Химия кабинеті реактивтер мен зертханалық жабдықтар сақталатын зертханамен біріктіріледі, сонымен қатар кабинетте компьютер және проекторға арналған пульті бар интерактивті тақта болады. Кабинетке химиялық эксперимент жүргізу үшін ауаны сорып шығаратын шкаф қойылады. Зертханалық жабдықтар: ыдыстар, реактивтер, аспаптар мен материалдар.

18. Химиядан көрнекі құралдарға қойылатын талаптар:

1) демонстрациялық модельдер: химиялық байланыстардың пайда болудың модельдері; молекулалардың шарикті-таяқша модельдерін жасауға арналған жиынтық; электронды бұлттар мен химиялық байланыстардың модельдері; студенттер мен оқытушыларға арналған органикалық және бейорганикалық молекулалық модельдер; бұлттар мен химиялық байланыстардың р және d модельдері; кристалды торлардың үлгілері: алмас, графит, темір, су, мыс, магний, көмірқышқыл газы, натрий хлориді.

2) коллекциялар: алюминий, көмір және оны қайта өңдеу өнімдері, металдар, минералдар мен тау жыныстары, мұнай және оны қайта өңдеу өнімдері, шыны және шыныдан жасалған бұйымдар, шойын мен болат, отын;

3) ұсынылатын жабдық: химия бойынша тәжірибе жасауға арналған сандық интерактивті зертхана, зертханалық, практикалық жұмыстар мен демонстрацияларға арналған химиялық шыны ыдыстар жиынтығы, зертханалық, практикалық жұмыстар мен демонстрацияларға арналған химиялық реактивтер жиынтығы, зертханалық штативтер;

4) баспа құралдар: химик ғалымдар - портреттер, бейорганикалық химия бойынша кестелер мен баннерлер - 7 - 9 сыныптар (және үлестірме материалдары), органикалық

химия бойынша үстемелер мен үстеме ақылар - 10 сынып (және үлестірме материалдары), кестелер "Қышқылдардың ерігіштігі, судағы негіздер мен тұздар "және " Д.И.Менделеевтің химиялық элементтерінің периодтық жүйесі", "Анықтамалық материалдар 1-4 бөлім "(үлестірме материал), варианттар бойынша өзіндік және бақылау жұмыстарына арналған материалдар - 7-10 сыныптар;

5) сыныптар бойынша химиялық терминдер жиынтығы (сөздік жұмысы)7-10 сыныптар;

6) 7-10 сынып тақырыптары бойынша "Көрнекі тәжірибелер" DVD дискілері;

7) "Қышқылдардың, негіздердің және тұздардың суда ерігіштік кестесі" және "Д.И. Менделеевтің химиялық элементтерінің периодтық жүйесі" стендтері.

19. Суммативті және формативті бағалауға арналған тапсырмаларды мұғалім білім алушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып өз-бетінше құрастырады.

20. Формативті және суммативті бағалауға арналған тапсырмаларды мұғалім білім алушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, құрастырады. Рұқсат етіледі:

1) грамматикалық және семантикалық ресімдеу бойынша тұжырымдарды қысқартуға;

2) көптізбекті нұсқауды, тапсырманы кезеңмен (қадаммен) орындауға мүмкіндік беретін, қысқа мағыналық бірліктерге бөлу арқылы жеңілдетуге;

3) тапсырмаға берілген жазбаша нұсқаулықты, қажет болған жағдайда, мұғалім баяу дауыстап, анық мағыналыекпінмен оқуына;

4) мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың жекелік мүмкіндіктерін ескере отырып тапсырма мәтінін бейімдеуге (ірірек қаріп, бір тапсырманың басқасынан айқын түрде шектелуі);

5) қажет болған жағдайда сараланған көмекті ұсынуға: ынталандырушы (мақұлдау, эмоционалдық қолдау), ұйымдастырушылық (жұмысты орындауға назарын аударту, жұмылдыру, өзін-өзі тексеру қажеттілігін есіне салу), бағыттаушы (қайталау және тапсырма нұсқауын түсіндіру);

6) тапсырманы орындауға берілген уақытты ұлғайтуға.

21. Формативті бағалау нәтижелерін талдау, мұғалімге белгілі бір тапсырмалар (тақырыптар, бөлімдер) қиынға түсетін білім алушыларды анықтауға, сонымен қатар жекелік және топтық түзету сабақтарында біліміндегі олқылықтарды жою жұмысының мазмұнын айқындауға мүмкіндік береді.

### **3-тарау. "Химия" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

22. "Химия" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 7-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;

2) 8-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;

3) 9-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;

4) 10-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.



23. Бағдарламаның мазмұны 5 бөлімді қамтиды:

- 1) "Заттардың бөлшектері" бөлімі;
- 2) "Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары" бөлімі;
- 3) "Химиядағы энергетика" бөлімі;
- 4) "Химия айналамызда" бөлімі;
- 5) "Химия және өмір" бөлімі.

24. Бөлімдер білім, түсінік және дағдыларды қамтитын күтілетін нәтижелер түріндегі оқу мақсаттарынан тұратын бөлімшелерден тұрады.

25. "Заттардың бөлшектері" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) атомдар, иондар және молекулар;
- 2) атомның құрамы мен құрылысы;
- 3) атомда электрондардың қозғалысы мен таралуы, атомдардан иондардың құрылуы;
- 4) химиялық байланыстар түрлері.

26. "Химиялық реакциялардың заңдылықтары" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды

:

- 1) периодтық заң мен химиялық элементтердің периодтық жүйесі;
- 2) химиялық реакциялардың жіктемесі;
- 3) массаның сақталу заңы;
- 4) металдардың электрохимиялық кернеу қатары.

27. "Химиядағы энергетика" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар;
- 2) химиялық реакциялар жылдамдығы;
- 3) химиялық тепе-теңдік;
- 4) қышқылдар мен негіздер теориясы.

28. "Химия айналамызда" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) заттардың жіктемесі;
- 2) Жер химиясы;
- 3) көміртек және оның қосындылары химиясы.

29. "Химия және өмір" бөлімі келесі бөлімшені қамтиды:

- 1) "Биохимия".

30. 7-сыныпқа арналған "Химия" пәнінің базалық мазмұны:

1) "Химия пәні. Таза заттар және қоспалар". Химия – жаратылыстанудың саласы, заттар туралы ғылым, химияның дамуы мен маңызы, химия кабинетіндегі және зертханасындағы қауіпсіздік техникасының ережелері; таза заттар және олардың физикалық қасиеттері, біртекті және әртекті қоспалар, заттарды тазарту және бөлу тәсілдері; жәй және күрделі заттар; элемент, химиялық қосындылар; №1 практикалық жұмыс "Техника қауіпсіздігі ережелері және зертханалық құрал-жабдықтармен танысу"; №1 зертханалық тәжірибе "Заттар мен олардың қосындыларын салыстыру"; №2 зертханалық тәжірибе "Ластанған ас тұзын тазарту";

2) "Заттар күйінің өзгеруі". Физикалық және химиялық құбылыстар, химиялық реакция, заттың агрегаттық күйлері, қатты, сұйық, бөлшектердің кинетикалық теориясына сәйкес газтәріздес заттардың құрылымы, заттардың салқындау, қыздыру және булану процестері; №3 зертханалық тәжірибе "Химиялық реакциялардың белгілерін зерттеу"; №4 зертханалық тәжірибе "Аспирин немесе салолдың салқындау процесін зерттеу"; №5 зертханалық тәжірибе "Судың қайнау процесін зерттеу"; №1 бақылау жұмысы;

3) "Атомдар. Молекулалар. Заттар". Атомдар және молекулалар, атомдар мен молекулалардың айырмашылығы, химиялық элементтер, химиялық элементтердің символдары, элементтерді металдар мен бейметалдарға жіктеу, жай және күрделі заттар, атомның құрамы мен құрылысы, ядро, протон, нейтрон, электрон, изотоптар, элементті аталуы және фундаменталды бөлшектерінің саны бойынша сипаттау;

4) "Ауа. Жану реакциясы". Ауа және оның құрамы, атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың маңызы, жану процесі, заттың жану шарттары, тез тұтанатын, жанатын және жанбайтын заттар, отын, оттек, тұтану көзі, тұтану температурасы, металдар мен бейметалдардың жануы, жану реакциясының өнімдері; №6 зертханалық тәжірибе "Майшамның жануы"; №2 практикалық жұмыс/Көрсетілім "Күкірттің, фосфордың, темірдің ауада және оттегінде жануын салыстыру"; №2 бақылау жұмысы;

5) "Химиялық реакциялар". Табиғи қышқылдар мен сілтілер, "қышқылдық" және "сабынды" қасиеттер, индикаторлар, әмбебап индикатор, рН шкала, метилоранж, лакмус, фенолфталеин, индикаторлардың түрлі орталарда түстерінің өзгеруі, қышқылдар мен сілтілер, антацидті заттар, бейтараптану реакциясы, сұйылтылған қышқылдар, қышқылдардың қолданылу аймақтары, қышқылдармен жұмыс жүргізу ережелері, сұйылтылған қышқылдардың түрлі металдармен әрекеттесуі, сутекке сапалық реакция, карбонаттар, сұйылтылған қышқылдардың карбонаттармен әрекеттесуі, көмірқышқыл газына сапалық реакция; №7 зертханалық тәжірибе "Ерітінділердің қышқылдық, негіздік ортасын анықтау"; №8 зертханалық тәжірибе "Хлорсутек қышқылының бейтараптану реакциясы"; №9 зертханалық тәжірибе "Мырыштың сұйылтылған тұз қышқылымен реакциясы"; №10 зертханалық жұмыс "Сутекке сапалық реакция"; №3 практикалық жұмыс "Сұйылтылған қышқылдар мен карбонаттардың әрекеттесуі. Көмірқышқыл газына сапалық реакция";

6) "Химиялық элементтердің периодтық кестесі". Химиялық элементтердің периодтық кестелерін құру тарихы, И. Дүберейнер, Дж. Ньюлендс, Д.И. Менделеевтің элементтерді жіктеуі, периодтық заң, периодтық кестенің құрылымы, периодтық кестенің құрылу принципі, атом нөмірі, ядро заряды, атомдағы қарапайым бөлшектер;

7) "Салыстырмалы атомдық масса. Қарапайым формулалар". Изотоптар қоспасы, табиғи изотоптар, салыстырмалы атомдық масса, салыстырмалы молекулярлық/формулалық масса, химиялық формула, химиялық элементтердің валенттілігі, бинарлы қосындылардың формулаларын құрастыру, қосындылардағы атомдардың қатынастары;

есептеуге берілген есептер: салыстырмалы молекулярлық массаны есептеу; №3 бақылау жұмысы;

8) "Адам ағзасындағы химиялық элементтер және қосындылар". Қоректік заттар, адам ағзасындағы химиялық элементтер (O, C, H, N, Ca, P, K), химиялық элементтердің тірі және өлі табиғаттағы таралуы, адам ағзасындағы микро-, макроэлементтердің биологиялық рөлі, тыныс алу процесі, тамақтану теңгерімі; № 4 практикалық жұмыс "Тағам құрамындағы қоректік заттарды анықтау"; №11 зертханалық тәжірибе "Тыныс алу процесін зерттеу";

9) "Геологиялық химиялық қосындылар". Пайдалы геологиялық химиялық қосындылар, табиғи ресурстар, кен орны, кен, кеннің құрамы, минералдар, табиғи ресурстарды өндіру, металдарды алу, Қазақстанның пайдалы қазбалары, минералдарды өндірудің экологиялық аспектілері; №4 бақылау жұмысы.

31. 8-сыныпқа арналған "Химия" пәнінің базалық мазмұны:

1) "Атомдардағы электрондардың қозғалысы". Атомдардағы электрондардың орналасуы, энергетикалық деңгейлер, s және p орбитальдарының формалары, электрондық конфигурация, электронды-графикалық формула, ион, иондардың түзілуі, "нольдік қосынды" әдісімен қосындылардың формулаларын құрастыру; №1 зертханалық тәжірибе "Атомдардың модельдерін жасау";

2) "Заттардың формулалары және химиялық реакция теңдеулері". Химиялық формула, химиялық реакция теңдеулері, заттардың массасының сақталу заңы, химиялық реакциялардың типтері: бірігу, ажырау, алмастыру, алмасу, табиғаттағы және тірі организмдер мен адам тіршілігіндегі химиялық реакциялар; №1 көрсетілім "Заттардың массасының сақталу заңын дәлелдейтін тәжірибе"; №2 зертханалық тәжірибе "Әрекеттесуші заттардың массасының қатынасы"; есептер: химиялық формула бойынша химиялық бірігудегі элементтің массалық үлесін есептеу, элементтердің массалық үлестері бойынша заттың қарапайым формуласын анықтау; № 1 бақылау жұмысы;

3) "Заттың мөлшері". Заттың мөлшері, моль, Авогадро саны, заттың молярлық массасы, есептеуге берілген есептер: жәй және күрделі заттардың салыстырмалы молярлық массасын есептеу, химиялық формула бойынша заттың молярлық массасын, массасын және заттың мөлшерін есептеу, заттың белгілі мөлшеріндегі атомдардың (молекулалардың) сандарын есептеу;

4) "Стехиометриялық есептеулер". Химиялық реакциялардың теңдеулері бойынша есептер шығару, молярлық көлем, газдардың салыстырмалы тығыздығы, көлемдік қатынастар заңы, қалыпты және стандартты жағдайлар. Есептеуге берілген есептер: химиялық формула бойынша заттың молярлық массасын, массасын және заттың мөлшерін есептеу, заттың берілген массасы немесе заттың мөлшері бойынша атомдар мен молекулалардың сандарын есептеу, химиялық реакциялардың теңдеулері бойынша реакция өнімінің массасын, көлемін (газдың) және зат мөлшерін есептеу, қалыпты

жағдайлардағы газдың көлемін, газдардың салыстырмалы тығыздығын есептеу, оттегі және ауа бойынша газдардың салыстырмалы тығыздықтарын есептеу, заттың мөлшері, молярлық масса, газдың молярлық көлемі, Авогадро заңы ұғымдарын пайдаланып формулалар бойынша есептеулер жасау, химиялық реакциялар кезіндегі газдардың көлемдік қатынастары түсініктерін қолданып, есептеулер жасау; №2 бақылау жұмысы;

5) "Химиялық реакциялардағы энергиямен танысу". Отынның жануы және энергияның бөлінуі, көміртекті отынның жануы кезінде көмірқышқыл газы, иіс газы немесе көміртек түзілуі мүмкіндігі, жылыжайлық әсердің себептері және шешу жолдары, экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар, әртүрлі отындардың потенциалы, қоршаған ортаға әсері, кинетикалық бөлшектер теориясы тұрғысынан энергия өзгерісі, реакцияның жылу әсері, термохимиялық теңдеулер; №4 зертханалық тәжірибе "Энергияның өзгеруімен жүретін химиялық реакциялар"; есептеуге берілген есептер: реакциялардың термохимиялық теңдеулері бойынша реакцияның жылу әсерін есептеу;

6) "Сутек. Оттегі және озон". Сутек – химиялық элемент және жәй зат, сутектің изотоптары (протий, дейтерий және тритий), сутектің қасиеттері, қолданылуы және алынуы, оттегі – химиялық элемент және жәй зат, оттегінің қасиеттері, қолданылуы және алынуы, сутектің және оттегінің бинарлы қосындылары, табиғатта таралуы, оттегінің аллотропиялық түрөзгерісі, озон, сутек пен оттегі алу, Жер бетіндегі озон қабатының маңызы; №4 көрсетілім "Сутек пероксидінің ажырауы"; №2 практикалық жұмыс "Сутекті алу және оның қасиеттерін зерттеу"; №3 практикалық жұмыс "Сутектің пероксидінен оттегі алу және оның қасиеттерін зерттеу"; есептеуге берілген есептер: реакцияға қатысатын немесе реакция нәтижесінде түзілген өнімнің белгілі массасы, заттың мөлшері немесе көлемі бойынша заттың массасын, заттың мөлшерін, ( газдың) көлемін есептеу; №3 бақылау жұмысы;

7) "Химиялық элементтердің периодтық жүйесі". Химиялық элементтердің периодтық жүйесінің құрылымы, периодтың, топтың, атом нөмірінің физикалық мәні, химиялық элементтердің атомдарының кейбір қасиеттері мен сипаттамаларының периодты түрде өзгеруі, периодтық жүйедегі орны бойынша элементтің сипатталуы, химиялық элементтердің табиғи топтары, сілтілік металдардың, галогендердің, инертті газдардың топтары, металдар мен бейметалдар, периодтық кестеде орналасуына байланысты химиялық элементтің қасиеттері;

8) "Химиялық байланыс түрлері". Химиялық элементтердің электртерістілігі, атомдар арасындағы химиялық байланыстар табиғатының бірлігі, ковалентті полярлық және полярлық емес байланыс, иондық байланыс, заттың аморфты және кристалдық күйлері, кристалл торларының типтері, заттардың қасиеттерінің оның құрылысына тәуелділігі; №4 бақылау жұмысы.

32. 9-сыныпқа арналған "Химия" пәнінің базалық мазмұны:

1) "Су". Судың құрамы, қасиеттері және қолданылуы, табиғаттағы су, су —әмбебап табиғи еріткіш, сулы ерітінділер және жүзінділер, судың бірегей қасиеттері және оның өмір үшін маңызы, судың табиғаттағы айналымы, судың ластану себептері, судың кермектігі және оны жою тәсілдері, судың және сулы ерітінділердің табиғаттағы, өндірістің түрлі салаларындағы және ауыл шаруашылығындағы маңызы, суды тазарту әдістері, ауыз суын тазарту, Қазақстан Республикасындағы ауыз су мәселесі, су бассейнін ластанудан қорғау, Қазақстандағы су ресурстарының экологиялық мәселелері, сусыз мыс (II) сульфатының көмегімен суды анықтау әдісі; №10 зертханалық тәжірибе "Судың кермектігін анықтау"; есептеуге берілген есептер: еріген заттың массалық үлесін, еріткіштің, еріген заттың массасын есептеу;

2) "Ерітінділер және ергіштік". Заттардың суда еруі, заттардың судағы ергіштігі бойынша жіктелуі, ерітінділер, еріген заттың массалық үлесі, молярлық концентрация, қатты заттардың, сұйықтардың және газдардың суда ергіштігі, кристаллогидраттар, ерітінділердің табиғаттағы және күнделікті өмірдегі рөлі, заттардың ергіштігіне температураның әсері; № 5 зертханалық тәжірибе "Заттардың ерігіштігін зерттеу"; №4 практикалық жұмыс "Қатты заттардың ерігіштігіне температураның әсері"; № 5 практикалық жұмыс "Берілген пайыздық және молярлық концентрациялы ерітінділерді дайындау"; есептеуге берілген есептер: заттардың судағы ерігіштігін есептеу, тығыздығы мен көлемі бойынша ерітіндінің массасын анықтау, еріген заттың және еріткіштің массасын, еріген заттың массалық үлесін есептеу, ерітіндідегі заттың молярлық концентрациясын есептеу; №1 бақылау жұмысы;

3) "Бейорганикалық қосындылардың негізгі кластары". Қышқылдар: құрамы, номенклатурасы, жіктелуі, қасиеттері, алынуы және қолданылуы, негіздер: құрамы, номенклатурасы, жіктелуі, қасиеттері, алынуы және қолданылуы, тұздар: құрамы, номенклатурасы, жіктелуі, қасиеттері, алынуы және қолданылуы, бейорганикалық қосындылардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланыс; №6 зертханалық тәжірибе "Оксидтердің химиялық қасиеттерін зерттеу"; №7 зертханалық тәжірибе "Қышқылдардың химиялық қасиеттерін зерттеу"; №8 зертханалық тәжірибе "Негіздердің химиялық қасиеттерін зерттеу"; №9 зертханалық тәжірибе "Тұздардың қасиеттері және алынуы"; есептеуге берілген есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша реакцияға қатысушы немесе реакция нәтижесінде түзілген бір заттың белгілі массасы, мөлшері немесе көлемі бойынша табиғатта жүретін процестер мен химиялық реакция нәтижесінде түзілген өнімнің немесе реагенттің массасын, заттың мөлшерін, көлемін есептеу, ерітіндінің белгілі массасы және еріген заттың массалық үлесі бойынша реакция өнімінің массасын, көлемін және заттың мөлшерін есептеу;

4) "Адам ағзасындағы химиялық элементтер". Адам ағзасының химиялық құрамы; макроэлементтер және микроэлементтер, олардың маңызы, адам ағзасының құрамына кіретін элементтер және олардың маңызы: (O, C, H, N, Ca, P, K, S, Cl, Mg, Fe), Қазақстан тұрғындарының теңгерімді тамақтану рационы, ағзадағы кейбір

элементтерді анықтау, ауыр металдармен қоршаған ортаның ластануы көздері, ауыр металдардың ағзаларға әсері; №13 зертханалық тәжірибе "Сүйек құрамындағы кальцийді анықтау"; №14 зертханалық тәжірибе "Тамақ өнімдерінің құрамындағы көміртекті анықтау"; №2 бақылау жұмысы;

5) "Электролиттік диссоциация". Электролиттер және бейэлектролиттер, С.Аррениустың электролиттік диссоциациялану теориясының негізгі қағидалары, электролиттік диссоциациялану механизмі, ерітінділердің немесе заттың балқымаларының электр өткізгіштігінің химиялық байланыс түріне тәуелділігі, күшті және әлсіз электролиттер, диссоциациялану дәрежесі, қышқыл, сілті және тұздардың судағы ерітінділерінде электролиттік диссоциациялануы, көпнегізді қышқылдардың, қышқылдық және негіздік тұздардың диссоциациялануы, ион алмасу реакциялары және олардың жүру жағдайлары, электролиттік диссоциациялану теориясы тұрғысынан қышқыл, негіз және тұз ерітінділерінің химиялық қасиеттері, тұздар гидролизі; №1 көрсетілім "Иондық және ковалентті полярлық байланысы бар заттардың электролиттік диссоциациясы"; №1 зертханалық тәжірибе "Қышқыл, сілті ерітінділерінің рН -ын анықтау"; №1 практикалық жұмыс "Ион алмасу реакциялары"; №2 зертханалық тәжірибе "Тұздар гидролизі"; есептеуге берілген есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша заттың мөлшерін, массасын, реакция өнімінің көлемін есептеу, диссоциациялану дәрежесін есептеу;

6) "Бейорганикалық заттарға сапалық талдау". Катиондарға сапалық реакциялар; жалын түсінің боялуы бойынша  $\text{Li}^+$ ,  $\text{Na}^+$ ,  $\text{K}^+$ ,  $\text{Ca}^{2+}$ ,  $\text{Sr}^{2+}$ ,  $\text{Ba}^{2+}$ ,  $\text{Cu}^{2+}$  металл катиондарын анықтау, аниондардың сапалық реакциялары, бейорганикалық қосындылардың құрамын сапалық талдау; №3 зертханалық тәжірибе жалын түсінің боялуы бойынша " $\text{Li}^+$ ,  $\text{Na}^+$ ,  $\text{K}^+$ ,  $\text{Ca}^{2+}$ ,  $\text{Sr}^{2+}$ ,  $\text{Ba}^{2+}$ ,  $\text{Cu}^{2+}$  катиондарын анықтау"; №4 зертханалық тәжірибе " $\text{Fe}^{2+}$ ,  $\text{Fe}^{3+}$ ,  $\text{Cu}^{2+}$  катиондарына сапалық реакциялар"; №5 зертханалық тәжірибе "Сулы ерітіндідегі  $\text{Cl}^-$ ,  $\text{Br}^-$ ,  $\text{I}^-$ ,  $\text{PO}_4^{3-}$ ,  $\text{SO}_4^{2-}$ ,  $\text{CO}_3^{2-}$ ,  $\text{NO}_3^-$ ,  $\text{SiO}_3^{2-}$  аниондарын анықтау"; №2 практикалық жұмыс "Бейорганикалық қосындыларды сапалық талдау"; есептеуге берілген есептер: егер әрекеттесуші заттардың біреуі артық мөлшерде берілсе химиялық теңдеулер бойынша есептеу; №3 бақылау жұмысы;

7) "Металдардың химиялық белсенділігі". Металдардың тотығуы, металдардың жемірілуі; металдардың сумен әрекеттесуі, металдардың қышқыл ерітінділерімен, металдардың тұз ерітінділерімен әрекеттесуі, металдардың белсенділік қатары, металдардың белсенділігін салыстыру; №2 көрсетілім "Белсенді металдардың сумен әрекеттесуі"; №3 зертханалық тәжірибе "Металдардың қышқылдар ерітіндісімен әрекеттесуі"; №3 көрсетілім "Тұз ерітінділерінен металдарды ығыстыру"; №1 практикалық жұмыс "Металдардың белсенділігін салыстыру";

8) "Металдар мен қорытпалар". Металдардың жалпы сипаттамасы, металдық байланыс пен металдық кристалдық тор, темір мен мыстың физикалық және химиялық қасиеттері, металдардың тек тотықсыздандырғыш қасиеттерін көрсетуі, темір

қорытпалары және олардың қолданылуы, металлургия туралы түсінік, шойын мен болат өндірісі, Қазақстанда металлургияның дамуы, металдар мен олардың қорытпаларын алу, Қазақстандағы металдар және оның қосындыларының маңызды кен орындары, металдарды өндіру процестері, қоршаған ортаға әсері, металдарды алу; №4 көрсетілім "Металдардың кристалдық торының модельдері"; №5 көрсетілім "Металдар және қорытпалар"; есептеуге берілген есептер: егер құрамында қоспаның белгілі бір массалық үлесі бар басқа заттың массасы белгілі болған жағдайда реакция теңдеуі бойынша заттың массасын есептеу, өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен саластырғандағы заттың шығымы массасын есептеу;

9) "Көміртек және оның қосындылары". Көміртектің жалпы сипаттамасы, табиғатта көміртек және оның қосындыларының таралуы, көміртектің аллотропиялық түр өзгерістері, көміртектің аллотропиялық түр өзгерістерінің қолдану аймағы, көміртектің қасиеттері, көміртектің оксидтері және олардың қасиеттері, тірі ағзаларға иіс газының физиологиялық әсері, көміртектің табиғаттағы айналымы; №6 практикалық жұмыс "Көміртектің физикалық және химиялық қасиеттері"; №7 практикалық жұмыс "Көмірқышқыл газын алу және оның қасиеттері зерттеу"; есептеуге берілген есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша реакцияға қатысушы немесе реакция нәтижесінде түзілген бір заттың белгілі массасы, мөлшері немесе көлемі бойынша табиғатта жүретін процестер мен химиялық реакция нәтижесінде түзілген өнімнің немесе реагенттің массасын, заттың мөлшерін, көлемін есептеу, ерітіндінің белгілі массасы және еріген заттың массалық үлесі бойынша реакция өнімінің массасын, көлемін және заттың мөлшерін есептеу; №4 бақылау жұмысы;

33. 10-сыныпқа арналған "Химия" пәнінің базалық мазмұны:

1) "Химиялық реакциялардың жылдамдығы". Химиялық реакциялардың жылдамдығы, химиялық реакциялардың жылдамдығына әсер ететін факторлар, бөлшектердің кинетикалық тұрғысынан реакция жылдамдығы, катализаторлар, ингибиторлар, катализаторлар мен ингибиторлардың реакция жылдамдығына әсері; №2 көрсетілім "Түрлі химиялық реакциялардың жылдамдығы"; №6 зертханалық тәжірибе "Концентрацияның температурасы мен бөлшектер көлемінің реакция жылдамдығына әсері"; №3 практикалық жұмыс "Реакция жылдамдығына катализатордың әсері";

2) "Қайтымды реакциялар". Химиялық тепе-теңдік, тепе-теңдік динамикалық процес ретінде, химиялық тепе-теңдіктің ығысуы, Ле-Шателье-Браун принципі, химиялық тепе-теңдік күйіне және химиялық реакция жылдамдығына жағдайлардың өзгерісінің әсері, бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан химиялық тепе-теңдік; №3 көрсетілім "Қайтымды химиялық реакциялар"; №7 зертханалық тәжірибе "Химиялық тепе-теңдіктің ығысуы";

3) "Тотығу-тотықсыздану реакциялары". Химиялық элементтердің тотығу дәрежелері, қосындылардың формулалары бойынша химиялық элементтердің тотығу

дәрежелерін анықтау, тотықтырғыш және тотықсыздандырғыш туралы түсінік, тотығу-тотықсыздану реакциялары, электрондық баланс әдісі; №1 бақылау жұмысы;

4) 1 (I), 2 (II) және 13 (III) топтар элементтері және олардың қосындылары. 1 (I)-топ элементтері және олардың қосындылары, атомдары құрылысы негізінде сілтілік металдардың жалпы қасиеттері, сілтілік металдардың оксидтері мен гидроксидтерінің негіздік қасиеттері және олардың қолданылуы, 2 (II)-топ элементтері және олардың қосындылары, 1 (I)-ші және 2 (II)-топ металдарының жалпы қасиеттері, кальций оксиді мен гидроксидінің негіздік қасиеттері және олардың қолданылуы, 3 (III)-топ элементтері, алюминий және оның қосындылары, алюминийдің қосындылары мен қорытпаларының қолдану аймағы, алюминий, оның оксиді мен гидроксидінің амфотерлік қасиеттері; №6 көрсетілім "Натрийдің, кальцийдің сумен әрекеттесуі"; №8 зертханалық тәжірибе "Кальцийдің сумен және қышқыл ерітіндісімен әрекеттесуі"; №7 көрсетілім "Алюминий мен оның қорытпалары"; №9 зертханалық тәжірибе "Алюминийдің қышқыл және сілті ерітінділерімен әрекеттесуі"; №4 практикалық жұмыс "Металдар" тақырыбына эксперименттік есептер шығару; есептеуге берілген есептер: егер құрамында қоспаның белгілі массалық үлесі бар басқа заттың массасы белгілі болғанда, заттың (реагенттің немесе өнімнің) массасын реакция теңдеуі бойынша есептеу, өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен саластырғанда, заттың шығымдық массасын есептеу, өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен саластырғандағы заттың шығымдық массасын есептеу;

5) 17 (VII), 16 (VI), 15 (V), 14 (IV) - топтарының элементтері және олардың қосындылары. (VII) топ элементтері, галогендер, байланыс түрі және кристалдық тор типі, топтағы галогендер қасиеттерінің өзгеру заңдылықтары, хлор, хлордың химиялық қасиеттері: металдармен, сутекпен және галогенидтермен әрекеттесуі, хлорсутек қышқылының құрамы қасиеттері мен қолданылуы, 16 (VI)-топ элементтері, күкірт, күкірттің аллотропиялық түр өзгерістерінің физикалық қасиеттері, күкірттің негізгі қосындылары және олардың физикалық және химиялық қасиеттері, қышқылдық жаңбырдың пайда болу себебі мен экологияға тигізетін әсері, күкірт қышқылы, күкірт қышқылы және оның тұздарының жалпы және ерекше қасиеттері, қасиеттері мен қолданылуы, 15 (V)-топ элементтері: азот, азоттың қасиеттері және табиғаттағы азот айналымы, аммиак, аммиактың қасиеттері, алынуы мен қолданылуы, аммиак өндірісі, (Габер синтезі): азот қышқылы, азот қышқылының қасиеттері, азот қышқылы мен нитраттардың өзіне тән қасиеттері, фосфор және оның қосындылары, фосфорды аллотропиялық түрлендіру, фосфор қосындыларының Қазақстандағы кен орындары, фосфор және оның қосындыларының жалпы химиялық қасиеттері, минералды тыңайтқыштар, олардың Қазақстанда өндірілуі және оларды тиімді қолдану, азот және фосфор тыңайтқыштарының қоршаған ортаға әсері, 14 (IV) - топ элементтері, кремний және оның қосындылары, кремнийдің қолданылу аймағы және оның жартылай өткізгіш



ретінде маңызы, сұйық кристалдар, кремний, оның диоксиді мен карбидіндегі химиялық байланыс түрін және кристалдық тор типі, кремний мен оның қосындыларының химиялық қасиеттері, Қазақстандағы силикат өнеркәсібі; №8 көрсетілім "Күкірттің аллотропиялық түр өзгерістері"; №5 практикалық жұмыс "Сұйылтылған күкірт қышқылы ерітіндісі және оның тұздарының химиялық қасиеттерін зерттеу"; №10 зертханалық тәжірибе "Азот молекуласының моделін дайындау"; №11 зертханалық тәжірибе "Аммиак молекуласының моделін дайындау"; №6 практикалық жұмыс "Аммиактың алынуы және оның қасиеттерін зерттеу"; №12 зертханалық тәжірибе "Азот қышқылының басқа қышқылдармен ортақ қасиеттері"; №9 көрсетілім "Минералды тыңайтқыштар"; №10 көрсетілім "Алмаз, кремний, кремний диоксиді мен кремний карбидінің кристалдық торларының модельдері"; есептеуге берілген есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша есептеу, бірі зат бастапқы заттардан артық берілген есептер, егер реакция өнімінің практикалық шығымының массалық үлесі белгілі болса, химиялық реакция теңдеуі бойынша заттың (реагенттің немесе өнімнің) массасын есептеу, құрамындағы қоспаның массалық үлесі бар басқа заттың массасы бойынша реакция өнімінің массасын есептеу; №2 бақылау жұмысы;

6) "Органикалық химияға кіріспе". Органикалық химия – көміртек қосындыларының химиясы, А.М. Бутлеровтың органикалық қосындылардың құрылыс теориясының негізгі қағидалары, органикалық заттардың ерекшеліктері, органикалық қосындылардың жіктелуі, функционалдық топ түсінігі, органикалық қосындылардың гомологтық қатарлары, органикалық қосындылардың гомологтық қатарлары, органикалық қосындылардың номенклатурасы, органикалық қосындылардың изомериясы; №11 көрсетілім "Метан, этан, этен, этин, этанол, этаналь, этан қышқылы, глюкоза, аминокетан қышқылы модельдері"; №12 көрсетілім "Алкандардың алғашқы бес өкілдерінің және сызықты құрылымды спирттердің модельдері"; №13 көрсетілім "Пентан изомерлерінің модельдері"; есептеуге берілген есептер: элементтердің массалық үлесі және салыстырмалы тығыздығы бойынша газтәрізді заттардың молекулярлық формулаларын табу;

7) "Көмірсутектер. Отын". Көмірсутектердің жіктелуі, номенклатурасы және изомериясы, қаныққан көмірсутектер, алкан, метан, қанықпаған көмірсутектер, алкендер, этилен, алкиндер, ацетилен, арендер, бензол, көмірсутектер арасындағы генетикалық байланыс, көмірсутектердің табиғи көздері, көмірсутекті отындар, табиғи газдың, мұнайдың, көмірдің Қазақстандағы кен орындары, оларды өндіру және өңдеу, көмірсутектерді өндіру, өңдеу және қолданудағы экологиялық мәселелер, көмірсутектерді экономиканың түрлі салаларында және тұрмыста пайдалану, альтернативті отын түрлері, мұнай, мұнай фракциялары және шикі мұнай өнімдерінің қолдану аймағы; №14 көрсетілім "Этиленнің жануы, бром суы мен калий перманганаты ерітінділерін түссіздендіруі"; №15 көрсетілім "Отын түрлері"; №16 көрсетілім "Мұнай және мұнай өнімдері"; есептеуге берілген есептер: реакция өнімінің массасы немесе

көлемі және белгілі заттың салыстырмалы тығыздығы бойынша органикалық заттың формуласын анықтау; №3 бақылау жұмысы;

8) "Оттекті және азотты органикалық қосындылар". Оттекті органикалық қосындылардың жіктелуі және номенклатурасы, метанол, этанол, спирттердің улылығы және этил спиртінің адам организміне зиянды әсері, оттекті органикалық қосындылардың өкілдері; этандиол, пропантриол, этан қышқылы, глюкоза, сахароза, крахмал, целлюлозаның қолданылуы; карбон қышқылдары, күрделі эфирлер мен майлар, сабын, синтетикалық жуғыш заттар, синтетикалық жуғыш заттардың қоршаған ортаға әсері, көмірсулар, уыздар, аминқышқылдары, биологиялық маңызды органикалық қосындылар, Қазақстанның тамақ өнеркәсібі; №15 зертханалық тәжірибе "Сірке қышқылының қасиеттерін зерттеу"; №16 зертханалық тәжірибе "Уыздардың денатурациясы"; есептеуге берілген есептер: егер құрамында қоспаның массалық үлесі бар басқа заттың массасы белгілі болған жағдайда, реакция теңдеуі бойынша органикалық заттың (реагенттің немесе өнімнің) массасын есептеу, өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен саластырғандағы заттың шығымы массасын есептеу, метан, бутан, этанолдың жану реакция теңдеуі бойынша оттектің, ауаның көлемдерін есептеу; №4 бақылау жұмысы.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

34. Бағдарламада, оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 6.2.1.4. кодында "6" - сынып, "2.1" - бөлімше, "4" - оқыту мақсатының реттік саны.

35. Күтілетін нәтижелер бойынша оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) "Заттардың бөлшектері" бөлімі:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
	7.1.1.1 "Химия" ғылымының негізін оқытатынын айту; 7.1.1.2 химиялық зертханада және кабинетінде жұмыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелерін атау және түсіндіру; 7.1.1.3 физикалық және химиялық құбылыстарды ажырата алу;			

<p>1.1 Атомдар, иондар және молекулалар</p>	<p>7.1.1.4 заттардың әртүрлі агрегаттық күйлерін білу, атау және бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан қатты, сұйық, газ тәріздес заттардың құрылымын түсіндіре алу; 7.1.1.5 салқындау қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясына сай, өз бақылауларын түсіндіру; 7.1.1.6 судықыздыру қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясын пайдалана отырып, өз бақылауларын түсіндіру</p>	<p>8.1.1.1 зат мөлшерінің өлшем бірлігі ретінде – мольді және Авогадро санын айту; 8.1.1.2 формула бойынша заттың массасын, зат мөлшерін, құрылымдық бөлшектер санын есептей алу</p>		
	<p>7.1.2.1 атомдар мен молекулалардың айырмашылығын атау; 7.1.2.2 әрбір элементтің химиялық элементтің таңбасын тану және атау; 7.1.2.3 элементтерді металдар мен бейметалдарға жіктеу; 7.1.2.4 заттарды құрамына қарай жай және күрделіге жіктеу; 7.1.2.5 протон, электрон, нейтронды және олардың атомдағы</p>			

1.2 Атом құрамы мен құрылысы

орналасу тәртібін, массасын зарядын атау;

7.1.2.6 алғашқы 20 элементтің атом құрылысы ( $p^+$ ,  $n^0$ ,  $e^-$ ) мен атом ядросының құрамын түсіндіру;

7.1.2.7 "изотоп" түсінігін түсіндіру;

7.1.2.8 Жердегі элементтердің басым бөлігі планеталардың қалыптасу кезінде пайда болған изотоптар қоспасы түрінде кездесетіндігін түсіну;

7.1.2.9 табиғи изотоптары бар химиялық элементтердің атомдық массалары бөлшек сан болатындығын түсіндіру;

7.1.2.10 салыстырмалы атомдық массаға анықтама беру;

7.1.2.11 элементтердің атауларын, валенттілікті және олардың қосындылардағы атомдық қатынастарын қолдана отырып, бинарлы химиялық қосындылардың формулаларын құру;

7.1.2.12 химиялық қосылыстың формуласы бойынша салыстырмалы молекулярлық/ формулалық массасын есептеу

<p>1.3 Атомда электрондардың қозғалысы мен таралуы. Атомдардан иондардың құрылуы</p>		<p>8.1.3.1 атомда электрондар ядродан арақашықтығы артқан сайын біртіндеп энергетикалық деңгейлер бойынша таралатынын түсіндіру;</p> <p>8.1.3.2 әрбір электрон қабатында электрон саны нақты максимал мәннен аспайтынын түсіндіру;</p> <p>8.1.3.3 s және p орбиталдарының пішінін атау;</p> <p>8.1.3.4 алғашқы 20 химиялық элементтің электрондық конфигурациясын және электронды-графикалық формулаларын жазу;</p> <p>8.1.3.5 атомдар электрондарды қабылдай немесе жоғалта алатынын және осының нәтижесінде иондар түзілетінін түсіндіру;</p> <p>8.1.3.6 "нольдік қосынды" әдісімен қосындылардың формуласын құрастыру</p>		
		<p>8.1.4.1 электртерістілік ұғымына сүйеніп</p>	<p>9.1.4.1 металдық байланыс пен металдық кристалдық тор жайындағы білімдерін қолданып металдардың қасиетін түсіндіре алу;</p>	<p>10.1.4.1 галоген молекулаларының электрондық формулаларын құрастыру және кристалдық тор түрлері мен байланыс типтерін анықтау;</p>

1.4 Химиялық байланыстардың түрлері		ковалентті байланыстың түзілуін түсіндіру; 8.1.4.2 иондық байланыстың түзілуін сипаттау және иондық қосындылардың қасиеттерін болжау; 8.1.4.3 заттар қасиеттерінің кристалдық тор типтеріне тәуелділігін түсіндіру	9.1.4.2 металдарға тән физикалық және химиялық қасиеттерді сипаттау және металл атомдарының тек тотықсыздандырғыш қасиет көрсететінін түсіндіру; 9.1.4.3 құйма ұғымын түсіндіру және оның артықшылықтарын түсіндіру; 9.1.4.4 салыстырмалы кестені пайдаланып шойын мен болаттың құрамы мен қасиеттерін салыстыру	10.1.4.2 аммиактың молекулярлық, электрондық және құрылымдық формулаларын түсіндіру; 10.1.4.3 азот қышқылының молекулярлық, формуласын атау және атомдар арасындағы химиялық байланыстардың түзілуін түсіндіру; 10.1.4.4 кремний, оның диоксиді мен карбидіндегі химиялық байланыс түрін және кристалдық тор типін сипаттау
-------------------------------------	--	--	--	---

## 2) "Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары" бөлімі:

### 2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
				10.2.1.1 атом құрылысы негізінде сілтілік металдардың жалпы қасиеттерін түсіндіру; 10.2.1.2 реакция өнімдерінің түзілу алгоритмін мысалға алып, сілтілік металдардың оксидтері мен гидроксидтерінің негіздік қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру; 10.2.1.3 1 (I) және 2 (II) - топ металдарының жалпы қасиеттерін салыстыру және химиялық реакция теңдеулерін құрастыру;

8.2.1.1 топ, период,  
атом нөмірінің  
физикалық мәнін  
түсіндіру;  
8.2.1.2 бір топтағы  
элементтердің  
сыртқы  
электрондық

10.2.1.4 кальций  
оксиді мен  
гидроксидінің  
негізгі қасиеттерін  
түсіндіру және  
қолданылуын  
сипаттау;

10.2.1.5 атом  
құрылысы негізінде  
алюминийдің  
қасиеттерін  
түсіндіру, оның  
маңызды  
қосындылары мен  
құймаларынның  
қолдану аймағын  
атау;

10.2.1.6  
алюминийдің, оның  
оксиді мен  
гидроксидінің  
екідайлы  
қасиеттерін зерттеу;  
10.2.1.7 1 (I), 2 (II),  
13 (III) -топ  
металдарының жай  
және күрделі  
заттармен  
әрекеттесуіне  
байланысты  
тәжірибені  
жоспарлау және  
жүргізу;

10.2.1.8 топта  
галогендер  
қасиеттерінің өзгеру  
заңдылықтарын  
болжау;

10.2.1.9 хлордың  
физикалық  
қасиеттерін  
сипаттау және  
металдармен,  
сутекпен және  
галогенидтермен  
реакция теңдеулерін  
құру;

10.2.1.10 хлорсутек  
қышқылы  
ерітіндісінің  
химиялық  
қасиеттерін зерттеу  
және оның қолдану  
аясын білу;

<p>2.1 Периодтық заң мен химиялық элементтердің периодтық жүйесі</p>	<p>7.2.1.1 И. ДУберейнер, Дж. Ньюлендс, Д.И. Менделеевтің еңбектерінің мысалында элементтердің жіктелуін салыстыру; 7.2.1.2 периодтық кестенің құрылымын сипаттау: топтар және периодтар</p>	<p>деңгейінде электрондар санының бірдей болатындығын түсіндіру; 8.2.1.3 топтар мен периодтарда элементтер қасиеттерінің өзгеру заңдылығын түсіндіру; 8.2.1.4 периодтық жүйедегі орны бойынша элементті сипаттау; 8.2.1.5 химиялық қасиеттері ұқсас элементтердің біріктірілуін дәлелдеу; 8.2.1.6 химиялық элементтердің табиғи ұяластарын атау және сілтілік металдар, галогендер, инертті элементтердің ұяластарына мысалдар келтіру; 8.2.1.7 химиялық элементтің периодтық кестеде орналасуына сай қасиеттерін болжау</p>	<p>10.2.1.11 16 (VI) топ элементтерінің жалпы қасиеттерін сипаттау; 10.2.1.12 күкірттің аллотропиялық түр өзгерістерінің физикалық қасиеттерін салыстыру және күкірттің химиялық қасиеттерін көрсететін реакция теңдеулерін құрастыру; 10.2.1.13 күкірттің (IV) және (VI) оксидтерінің физикалық және химиялық қасиеттерін салыстыру және күкірт диоксидінің физиологиялық әсерін түсіндіру; 10.2.1.14 күкірт қышқылы ерітіндісі мен оның тұздарының физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу; 10.2.1.15 азоттың қасиеттерін және табиғаттағы азот айналымын түсіндіру; 10.2.1.16 аммиакты алу және қасиеттері мен қолданылуын түсіндіру; 10.2.1.17 аммиакты аммоний тұзы ерітіндісі мен сілті ерітіндісін әрекеттестіру жолымен алу және газ тәрізді аммиак пен оның ерітіндісінің қасиеттерін зерттеу; 10.2.1.18 азоттан азот қышқылын</p>
--	--	--	---



				<p>алудың реакция теңдеуін құрастыру; 10.2.1.19 азот қышқылының басқа қышқылдармен жалпы ортақ қасиеттерін зерттеу; 10.2.1.20 сұйылтылған және концентрлі азот қышқылының металдармен әрекеттесуінің ерекшелігін сипаттау және электронды баланс әдісімен реакция теңдеуін құрастыру; 10.2.1.21 нитраттың термиялық айрылуының ерекшелігін түсіндіру, реакция теңдеулерін құрастыру; 10.2.1.22 фосфордың аллотропиялық түр өзгерістерін салыстыру; 10.2.1.23 фосфор және оның қосындыларының жалпы химиялық қасиеттерін түсіндіру; 10.2.1.24 кремнийдің қолданылу аймағын және оның жартылай өткізгіш ретінде қолданылуын түсіндіру; 10.2.1.25 кремний және оның қосындыларының негізгі химиялық қасиеттерін сипаттау және реакция теңдеулерін құрастыру</p>

<p>2.2 Химиялық реакциялардың жіктелуі</p>	<p>7.2.2.1 сұйылтылған қышқылдардың қолдану аяларын және олармен жұмыс жасау ережелерін атау; 7.2.2.2 сұйылтылған қышқылдардың әртүрлі металдармен реакцияларын зерттеу және сутек газының сапалық реакциясын жүзеге асыру; 7.2.2.3 кейбір карбонаттардың сұйылтылған қышқылдармен реакцияларын зерттеу және көмірқышқыл газының сапалық реакциясын жүзеге асыру</p>	<p>8.2.2.1 бастапқы және түзілген заттардың саны мен құрамы бойынша химиялық реакцияларды жіктеу; 8.2.2.2 табиғаттағы және тірі ағзалар мен адам тіршілігіндегі химиялық реакцияларды сипаттау</p>	<p>9.2.2.1 реакция теңдеулерін құрастыру алгоритмін пайдаланып, реакция теңдеулерін молекулярлық және иондық түрде құру; 9.2.2.2 бейтараптану және ион алмасу реакцияларының жүру себептерін түсіндіру</p>	<p>10.2.2.1 тотығу дәрежесін табу ережелерін қолдану; 10.2.2.2 тотығу және тотықсыздану процестері бір-бірімен байланысты екенін және бір мезгілде жүретіндігін түсіндіру; 10.2.2.3 тотығу-тотықсыздану реакцияларын тотығу дәрежесі өзгере жүретін реакциялар ретінде түсіндіру; 10.2.2.4 тотығу процесін электронды беру, ал тотықсыздану-электронды қосып алу деп түсіндіру; 10.2.2.5 коэффициенттерді қою ережелерін пайдалана отырып, электрондық баланс әдісімен тотығу-тотықсыздану реакцияларының коэффициенттерін қою</p>
		<p>8.2.3.1 заттар құрамындағы элементтердің массалық үлесін табу, элементтердің массалық үлесі бойынша заттардың формуласын шығару; 8.2.3.2 әрекеттесетін заттар қатынасын эксперименттік жолмен анықтау; 8.2.3.3 реакцияға қатысатын және түзілетін заттардың формуласын жаза</p>	<p>9.2.3.1 есептерді шығару алгоритмін пайдалана отырып,</p>	<p>10.2.3.1 есептерді шығару алгоритмін пайдалана отырып,</p>

<p>2.3 Массасының сақталу заңы</p>		<p>отырып, химиялық реакциялар теңдеулерін құру; 8.2.3.4 заттар массасының сақталу заңын айту; 8.2.3.5 химиялық реакция теңдеулері бойынша зат массасын, зат мөлшерін есептеу; 8.2.3.6 Авогадро заңын айту және қалыпты және стандартты жағдайлардағы газдар көлемін есептеуде молярлық көлемді қолдану; 8.2.3.7 газдардың салыстырмалы тығыздығын және заттың молярлық массасын салыстырмалы тығыздық бойынша есептеу; 8.2.3.8 газдардың қатысуымен жүретін реакциялар бойынша есептер шығаруда газдардың көлемдік қатынас заңын қолдану</p>	<p>әрекеттесуші заттардың біреуі артық берілген реакция теңдеулері бойынша есептеулер жүргізу; 9.2.3.2 қоспаларға есеп шығару алгоритмін пайдалана отырып, қоспаның белгілі бір массалық үлесін құрайтын басқа заттың массасы белгілі жағдайда, реакция теңдеуі бойынша зат массасын есептеу</p>	<p>теориялық мүмкіндікпен салыстырғандағы реакция өнімінің шығымын есептеу; 10.2.3.2 заттардың формуласын анықтау есептерін шығару алгоритмін пайдалана отырып, газтекес заттардың молекулалық формуласын салыстырмалы тығыздық немесе элементтердің массалық үлестері арқылы анықтау</p>
			<p>9.2.4.1 кейбір металдар басқаларға карағанда тотығуға тезірек ұшырайтындығын түсіну; 9.2.4.2 белсенді металдардың салқын сумен, ыстық су немесе бумен әрекеттесуін сипаттау; 9.2.4.3 металдар коррозиясын туындатуға әсер ететін жағдайларды сипаттау;</p>	

2.4 Металдардың электрохимиялық кернеу қатары		<p>9.2.4.4 қышқыл ерітінділерімен әртүрлі металдардың реакцияларын зерттеу;</p> <p>9.2.4.5 металдардың қышқылдармен әрекеттесу схемасын пайдалана отырып, металдардың қышқылдармен әрекеттесуінің реакция теңдеулерін құрастыру;</p> <p>9.2.4.6 металдардың қышқылдармен әрекеттесу схемасын пайдалана отырып, металдардың тұз ерітінділерімен әрекеттесуінің жоспарын жасау және жүргізу;</p> <p>9.2.4.7 эксперимент нәтижесі бойынша металдардың белсенділік қатарын құру және оны анықтама мәліметтерімен сәйкестендіру;</p> <p>9.2.4.8 металдардың белсенділік қатарын қолданып, металдардың таныс емес орынбасу реакцияларының жүру мүмкіндігін болжау</p>	
---	--	---	--

### 3) "Химиядағы энергетика" бөлімі:

#### 3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
	<p>7.3.1.1 ауа құрамын атау;</p> <p>7.3.1.2 заттардың жану кезінде ауаның құрамына</p>	<p>8.3.1.1 заттың жану реакциясының өнімі көбінесе оксидтер екенін және құрамында көміртегі бар отын</p>		

<p>3.1 Экзотер-миялық және эндотермиялық реакциялар</p>	<p>кіретін оттектің жұмсалатындығын түсіндіру; 7.3.1.3 атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың маңызын түсіндіру; 7.3.1.4 затты жағуға қажетті жағдайларды және жану реакциясының өнімдерін атау; 7.3.1.5 тез тұтанатын, жанғыш және жанбайтын заттарға мысалдар келтіру; 7.3.1.6 заттардың таза оттеkte ауаға қарағанда жақсырақ жанатындығын түсіндіру; 7.3.1.7 металдар мен бейметалдардың жануы кезінде оксидтер түзілетіндігін атау</p>	<p>оттеkte жанғанда, көмірқышқыл газы, иіс газы немесе көміртект түзілетінін түсіндіру; 8.3.1.2 парниктік эффекттің себептерін түсіндіру және шешу жолдарын ұсыну; 8.3.1.3 экзотермиялық реакциялар жылу бөле жүретінін, ал эндотермиялық реакциялар жылу сіңіре жүретінін түсіндіру; 8.3.1.4 әртүрлі жанғыш заттардың қоршаған ортаға әсерін түсіндіру; 8.3.1.5 энергия өзгерісін бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру</p>		
<p>3.2 Химиялық реакциялардың жылдамдығы</p>				<p>10.3.2.1 реакция жылдамдығы ұғымын түсіндіру; 10.3.2.2 реакция жылдамдығына әсер ететін факторларды анықтау және оны бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру; 10.3.2.3 катализатордың реагенттен айырмашылығын және олардың реакция жылдамдығына әсерін түсіндіру; 10.3.2.4 реакция жылдамдығына ингибитордың әсерін түсіндіру</p>

<p>3.3 Химиялық тепе-теңдік</p>				<p>10.3.3.1 қайтымды және қайтымсыз реакцияларды атау;  10.3.3.2 тепе-теңдікті динамикалық процес ретінде сипаттау және ЛеШателье-Браун принципі бойынша химиялық тепе-теңдіктің ығысуын болжау;  10.3.3.3 химиялық тепе-теңдіктің ығысу ережелері мен схемасын пайдалана отырып, химиялық тепе-теңдік күйіне және химиялық реакция жылдамдығына жағдайлар өзгерісінің әсерін түсіндіру;  10.3.3.4 химиялық тепе-теңдікті бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру;  10.3.3.5 аммиак өндірісінің процесін сипаттау</p>
			<p>9.3.4.1 заттардың ерігіштігінің схемасын пайдалана отырып, заттарды олардың судағы ерігіштігі бойынша жіктеу;  9.3.4.2 заттар ерітінділерінің табиғаттағы және күнделікті өмірдегі маңызын түсіндіру;  9.3.4.3 заттың ерігіштігіне температура әсерін түсіндіру;  индикаторларды</p>	

3.4 Қышқылдар мен негіздер теориясы

7.3.4.1 кейбір табиғи қышқылдар мен сілтілердің "қышқылдық" және "сабындылық" қасиеттер белгілері болуы мүмкін екендігін түсіндіру;  
7.3.4.2 химиялық индикаторлар метилоранж, лакмус, фенолфталеинді және олардың әртүрлі ортада түстерінің өзгеруін атау;  
7.3.4.3 рН шкаланың негізінде әмбебап индикаторды қолданып, сілтілер

пайдаланып, орта тұз ерітіндісінің ортасын тәжірибе жүзінде анықтау;  
9.3.4.4 буландыру техникасын қолдана отырып, заттың 100 г судағы ерігіштігін есептеу;  
9.3.4.5 шешу алгоритмдерін қолданып, еріген заттың массалық үлесі мен ерітіндінің белгілі массасы бойынша еріген заттың массасын есептеу;  
9.3.4.6 шешу алгоритмдерін қолданып, ерітіндідегі заттың молярлық концентрациясын есептеу;  
9.3.4.7 жіктелу схемасын пайдалана отырып, оксидтердің жіктелуін және қасиеттерін атау, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру;  
9.3.4.8 қышқылдардың жіктелу схемасын пайдалана отырып, қышқылдардың жіктелуін, қасиеттерін атау, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру;  
9.3.4.9 негіздердің жіктелу схемасын пайдалана отырып, негіздердің жіктелуі мен қасиеттерін атау, олардың

мен қышқылдарды анықтау;  
7.3.4.4 "антацидтік заттарды" қолдану мысалында қышқылдардың бейтараптануын түсіндіру

химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру;  
9.3.4.10 тұздарды алудың әртүрлі әдістерін атау, сәйкес реакция теңдеулерін құрастыру;  
9.3.4.11 жіктелуді пайдаланып, тұздардың қасиеттерін, жіктелуін атау, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру;  
9.3.4.12 бейорганикалық қосындылардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланысы бойынша реакция теңдеулерін құрастыру;  
9.3.4.13 қышқылдар, еритін және ерімейтін негіздер, орта тұздардың химиялық қасиеттерін көрсететін реакция теңдеулерін молекулярлық және иондық түрде құрастыру;  
9.3.4.14 қышқылдар және негіздер, орта тұздардың химиялық қасиеттерін тәжірибе жүзінде зерттеу және қорытынды жасау;  
9.3.4.15 орта тұз ерітіндісінің ортасын тәжірибе жүзінде анықтау;



		9.3.4.16 алынған нәтижелерді анықтамалық мәндермен құрастыру және салыстыру	
--	--	---	--

#### 4) "Айналамыздағы химия" бөлімі:

##### 4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
	<p>7.4.1.1 элементті (жай зат) бірдей атомдардың жиынтығы ретінде атау;</p> <p>7.4.1.2 таза заттар атомдардың немесе молекулалардың бір түрінен түзілетінін түсіндіру;</p> <p>7.4.1.3 элемент (жай зат) қоспа және</p>		<p>9.4.1.1 электролиттер мен бейэлектро-литтердің анықтамасын білу және мысалдар келтіру;</p> <p>9.4.1.2 заттардың ерітінділері немесе балқымаларының электрөткізгіштігі химиялық байланыс түріне тәуелді екендігін түсіндіру;</p> <p>9.4.1.3 иондық және коваленттік полюсті байланысы бар заттардың электролиттік диссоциациялану механизмін түсіндіру;</p> <p>9.4.1.4 электролиттік диссоциация теориясының негізгі қағидаларын түсіндіру;</p> <p>9.4.1.5 индикаторлардың көмегімен ерітінділердің қышқылдылығы мен сілтілігін ажырату;</p> <p>9.4.1.6 қышқыл, негіз, орта және қышқылдық тұздардың электролиттік диссоциациялану теңдеулерін құрастыру;</p>	

<p>4.1 Заттардың жіктелуі</p>	<p>қосылыс түсініктерін ажырату;  7.4.1.4 қосындылардың және элементтердің физикалық қасиеттері туралы алған білімдерін қоспа құрамындағы таныс емес заттарды ажыратуға қолдану;  7.4.1.5 қоспалардың түрлерін және оларды бөлу әдістерін атау;  7.4.1.6 қоспаны бөлуге негізделген тәжірибені жоспарлау және өткізу</p>	<p>9.4.1.7 электролиттер мен бейэлектролиттер кестесін пайдалана отырып, күшті және әлсіз электролиттерге мысал келтіру және оларды ажырату, диссоциациялану дәрежесін анықтай білу;  9.4.1.8 <math>\text{Li}^+</math>, <math>\text{Na}^+</math>, <math>\text{K}^+</math>, <math>\text{Ca}^{2+}</math>, <math>\text{Sr}^{2+}</math>, <math>\text{Ba}^{2+}</math>, <math>\text{Cu}^{2+}</math> металл катиондарын анықтау үшін жалын түсінің боялу реакциясын жүргізу және сипаттау;  9.4.1.9 оқулықтағы катиондар кестесін пайдалана отырып, <math>\text{Fe}^{2+}</math>, <math>\text{Fe}^{3+}</math>, <math>\text{Cu}^{2+}</math> катиондарына сапалық реакция жүргізу;  9.4.1.10 хлорид-, бромид-, йодид-, сульфат, карбонат-, фосфат-, нитрат-, силикат- иондарына сапалық реакцияларды тәжірибе жүзінде жүргізу және ион алмасу реакцияларын бақылап, нәтижесін сипаттау;  9.4.1.11 оқулықтағы кестені пайдалана отырып, белгісіз заттардағы катион мен аниондарды анықтау тәжірибесінің жоспарын құру және оны практикада жүзеге асыру</p>	<p>9.4.2.1 қышқылдық жаңбырлардың</p>
-------------------------------	--	---	---------------------------------------

4.2  
Жер химиясы

7.4.2.1 жер қыр-тысында көптеген пайдалы химиялық қосындылар барын түсіндіру;  
7.4.2.2 кейбір минералдар мен пайдалы табиғи қосындылардың кендерге жататынын түсіндіру;  
7.4.2.3 металды алу үшін кенді өңдеу процесін сипаттау;  
7.4.2.4 Қазақстан қандай минералды және табиғи ресурстармен бай екендігін және олардың кен орындарын атау;  
7.4.2.5 табиғи ресурстарды өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру

8.4.2.1 сутекті алу және оның қасиеттері мен қолдануын зерттеу;  
8.4.2.2 ауа құрамындағы және жер қыртысындағы оттектің пайыздық мөлшерін атау;  
8.4.2.3 оттекті алу және оның қасиеттері мен қолданылуын зерттеу;  
8.4.2.4 оттектің аллотропиялық түр өзгерістерінің құрамы мен қасиеттерін салыстыру;  
8.4.2.5 Жер бетіндегі озон қабатының маңызын түсіндіру;

пайда болу себебі мен экологияға тигізетін әсерін түсіндіру;  
9.4.2.2 ф о с ф о р қосындыларының Қазақстандағы кен орындарын атау;  
9.4.2.3 минералды тыңайтқыштардың жіктелуін және олардың құрамына кіретін қоректік элементтерді атау;  
9.4.2.4 азот және фосфор тыңайтқыш-тарының қоршаған ортаға әсерін оқып түсіндіру;  
9.4.2.5 Қазақстандағы металдардың кен орындарын атау және оларды өндіру процестерін, қоршаған ортаға әсерін түсіндіру;  
9.4.2.6 схеманы пайдаланып, кеннен металды алу процесін сипаттау  
9.4.2.6 судың табиғатта кең таралғандығын, бірегей қасиеттерін және оның өмір үшін маңызын түсіндіру;  
9.4.2.7 су айналымының схемасын пайдаланып, табиғаттағы су айналымын түсіндіру;  
9.4.2.8 нақты мысалдар мен суреттерді пайдаланып, судың ластану қауіптілігін және салдарын анықтау,

		<p>суды тазарту әдістерін түсіндіру; 9.4.2.9 судың "кермектігін" анықтау және оны жою тәсілдерін түсіндіру; 9.4.2.10 суды сусыз мыс (II) сульфатын қолданып анықтау тәсілін түсіндіру</p>	
			<p>10.4.3.1 органикалық қосындылардың көптүрлілігінің себептерін түсіндіру; ; 10.4.3.2 көмірсутектердің және олардың туындылары: спирттер, альдегидтер, карбон қышқылдары, аминқышқылдарының жіктелуін атау; 10.4.3.3 функционалдық топ түсінігін берілген класс қосылысының химиялық қасиеттерін анықтайтын топ ретінде түсіндіру; 10.4.3.4 гомолог ұғымын және гомологтық айырмашылықты түсініктерін беру; 10.4.3.5 органикалық қосындылардың негізгі кластары: алкандар, алкендер, алкиндер, арендер, спирттер, альдегидтер карбон қышқылдары, аминқышқылдары үшін IUPAC номенклатурасын қолдану;</p>

10.4.3.6  
көмірсутектердің  
құрылымдық  
изомерлерінің  
формулаларын  
құрастыру және  
изомерия  
құбылысын  
түсіндіру;  
10.4.3.7  
алкандардың  
химиялық  
қасиеттерін  
сипаттау және оны  
реакция  
теңдеулерімен  
дәлелдеу;  
10.4.3.8  
еріткіштерді алу  
үшін алкандарды  
хлорлаудың маңызы  
мен бұл  
еріткіштердің  
қауіптілік дәрежесін  
түсіндіру;  
10.4.3.9  
қанықпағандық  
ұғымын сипаттау;  
10.4.3.10 этен  
мысалында  
алкендердің  
химиялық  
қасиеттерін (жану,  
гидрлеу, гидратация  
, галогендеу,  
сапалық реакциялар  
) сипаттау,  
химиялық реакция  
теңдеулерімен  
дәлелдеу;  
10.4.3.11 тіректік  
схеманы  
пайдаланып,  
полиэтилен  
мысалында  
полимерлену  
реакциясының  
механизмі мен  
полимерлердің  
құрылымының  
ерекшеліктерін  
түсіндіру;  
10.4.3.12 пластиктің  
ыдырау мерзімінің

9.4.3.1 көміртек  
атомының  
құрылысын  
пайдаланып,  
көміртек неліктен  
көптеген  
қосындыларында  
төрт байланыс  
түзетінін түсіндіру;  
9.4.3.2 көміртектің  
қолданылу  
схемасын  
пайдаланып,  
табиғатта көміртек

4.3  
Көміртек және оның  
қосындылары  
химиясы

және оның қосындыларының таралуын сипаттау;  
9.4.3.3 көміртектің аллотропиялық түр өзгерістерінің құрылысын және қасиеттерін салыстыру;  
9.4.3.4 көміртектің аллотропиялық түр өзгерістерінің қолданылу аймағын зерттеу;  
9.4.3.5 көміртектің физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу;  
9.4.3.6 көміртек жанған кезде көміртек диоксиді мен көмір-тек моноокси-дінің түзілу жағдайларын сипаттау және тірі ағзаға иіс газының физиологиялық әсерін түсіндіру;  
9.4.3.7 көмірқышқыл газын алу, оның бар екенін дәлелдеу және қасиеттерін зерттеу;  
9.4.3.8 көміртегі айналымының схемасын пайдаланып, көміртегінің табиғаттағы айналымын құру және түсіндіру

ұзақтық мәселесін оқып білу және түсіндіру, қоршаған ортада пластик материалдардың көбеюінің зардабын білу;  
10.4.3.13 этин мысалында алкиндердің химиялық қасиеттерін (жану, гидрлеу, гидратация, галогендеу, сапалық реакциялар) сипаттау, химиялық реакция теңдеулерімен дәлелдеу;  
10.4.3.14 бензолдың алынуы, қасиеттері және қолданылуын сипаттау;  
10.4.3.15 құрамында көміртек бар қосындылардың отын ретінде пайдалану мүмкін екендігін түсіндіру және альтернативті отын түрлерін зерттеу, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін атау;  
10.4.3.16 Қазақстандағы көмірдің, мұнайдың, табиғи газдың кен орындарын атау және оларды өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру;  
10.4.3.17 фракциялық бағананың схемасын пайдаланып, мұнай фракцияларын және шикі мұнайды айдау өнімдерінің қолдану аймақтарын атау;

10.4.3.18 жіктелу схемасын пайдаланып, оттекті органикалық заттардың жіктелуін атау;

10.4.3.19 спирттердің жіктелуін метанол мен этанолдың, қолданылуын, этанолдың алынуын атау және қасиеттерін түсіндіру;

10.4.3.20 метанол мен этанолдың адам ағзасына физиологиялық әсерін түсіндіру;

10.4.3.21 этиленгликоль мен глицериннің физикалық қасиеттері мен қолданылуын атау;

10.4.3.22 карбон қышқылдарының құрамын атау және сірке қышқылының химиялық қасиеттері мен қолданылуын сипаттау;

10.4.3.23 күрделі эфирлер мен майлардың ерекшеліктері мен майлардың қызметін түсіндіру;

10.4.3.24 сабынның алынуы мен оның қолданылуын білу;

10.4.3.25 тіректік схеманы пайдаланып, синтетикалық жуғыш заттардың қоршаған ортаға әсерін түсіндіру;

10.4.3.26 көмірсулардың жіктелуін, биологиялық

			маңызы мен қызметін түсіндіру; 10.4.3.27 уыздағы а-аминқышкылдар арасында пептидтік байланыстың түзілуін түсіндіру; 10.4.3.28 уыз денатурациясының реакциясын зерттеу; 10.4.3.29 уыздың биологиялық маңызы мен қызметін түсіндіру
--	--	--	--

## 5) "Химия және өмір" бөлімі:

### 5-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
5.1 Биохимия	<p>7.5.1.1 тағам өнімдерін химиялық заттардың жиынтығы деп түсіну;</p> <p>7.5.1.2 тағамдық өнімдердің бір қатарын: қант, крахмал, (көмірсулар), нәруыз, майларды анықтау;</p> <p>7.5.1.3 адам ағзасына кіретін элементтерді (О, С, Н, N, Са, Р, К) атау;</p> <p>7.5.1.4 тыныс алу процесін түсіндіру</p>		<p>9.5.1.1 элементтері көрсетілген адам ағзасының суретін пайдаланып, адам ағзасының құрамына кіретін элементтерді атау және олардың маңызын түсіндіру (О, С, Н, N, Са, Р, К, S, Cl, Mg, Fe);</p> <p>9.5.1.2 Қазақстан тұрғындарының типтік тамақтану рационын зерттеу және теңгерімді тамақтану рационын құрастыру;</p> <p>9.5.1.3 кальций мен темірдің адам ағзасындағы рөлін түсіндіру;</p> <p>9.5.1.4 тамақ өнімдерінің құрамындағы көміртекті анықтау;</p> <p>9.5.1.5 қоршаған ортаның ауыр металдармен ластану көздерін атау және олардың ағзаларға әсерін түсіндіру</p>	



36. Бағдарлама сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10-сыныптары үшін "Химия" пәнінен жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасының Ұзақ мерзімді жоспарының негізінде осы Бағдарламадағы қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

37. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Негізгі орта білім беру  
деңгейінің  
7-10 сыныптарына арналған  
"Химия" пәнінен жаңартылған  
мазмұндағы үлгілік оқу  
бағдарламасына  
қосымша

**Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Химия" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

1) 7-сынып:

1-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
Химия пәніне кіріспе. Таза заттар және қоспалар	Химия пәні. №1 практикалық жұмыс "Қауіпсіздік техникасының ережелерімен және зертханалық құрал-жабдықтармен танысу"	7.1.1.1 "Химия" ғылымының нені оқытатынын айту; 7.1.1.2 химиялық зертханада және кабинетінде жұмыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелерін атау және түсіндіру
	Элемент, қоспа және қосылыс. №1 зертханалық тәжірибе "Заттар қоспалары мен олардың қосындыларын салыстыру"	7.4.1.1 элементті (жай зат) бірдей атомдардың жиынтығы ретінде атау;
		7.4.1.2 таза заттар атомдардың немесе молекулалардың бір түрінен түзілетінін түсіндіру;
		7.4.1.3 элемент (жай зат) қоспа және қосылыс түсініктерін ажырату;
		7.4.1.4 қосындылардың және элементтердің физикалық қасиеттері туралы алған білімдерін қоспа құрамындағы таныс емес заттарды ажыратуға қолдану

	Қоспаларды бөлу әдістері. №2 зертханалық тәжірибе "Ластанған ас тұзын тазарту"	7.4.1.5 қоспалардың түрлерін және оларды бөлу әдістерін атау; 7.4.1.6 қоспаны бөлуге негізделген тәжірибені жоспарлау және өткізу
Заттар күйінің өзгеруі	Физикалық және химиялық құбылыстар. №3 зертханалық тәжірибе "Химиялық реакциялардың белгілерін зерделеу"	7.1.1.3 физикалық және химиялық құбылыстарды ажырата алу
	Заттардың агрегаттық күйлері	7.1.1.4 заттардың әртүрлі агрегаттық күйлерін білу, атау және бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан қатты, сұйық, газ тәріздес заттардың құрылымын түсіндіре алу
	Салқындау процесі № 4 зертханалық тәжірибе "Салқындау процесін зерттеу"	7.1.1.5 салқындау қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясына сай, өз бақылауларын түсіндіру
	Қыздыру процесі №5 зертханалық тәжірибе "Судың қайнау процесін зерттеу"	7.1.1.6 суды қыздыру қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясын пайдалана отырып, өз бақылауларын түсіндіру
2-тоқсан		
Атомдар. Молекулалар. Заттар	Атомдар мен молекулалар	7.1.2.1 атомдар мен молекулалардың айырмашылығын атау
	Химиялық элементтер. Жай және күрделі заттар	7.1.2.2 әрбір элементтің химиялық элементтің таңбасын тану және атау; 7.1.2.3 элементтерді металдар мен бейметалдарға жіктеу; 7.1.2.4 заттарды құрамына қарай жай және күрделіге жіктеу
	Атомның құрамы мен құрылысы. Изотоптар	7.1.2.5 протон, электрон, нейтронды және олардың атомдағы орналасу тәртібін, массасын зарядын атау; 7.1.2.6 алғашқы 20 элементтің атом құрылысы (p+, n0, e-) мен атом ядросының құрамын түсіндіру; 7.1.2.7 "изотоп" түсінігін түсіндіру
		7.3.1.1 ауа құрамын атау; 7.3.1.2 заттардың жану кезінде ауаның құрамына кіретін оттектің жұмсалатындығын түсіндіру;

Ауа. Ауаның құрамы  
№6 зертханалық тәжірибе "  
Майшамның жануы"

Ауа. Жану реакциясы

		ластанудан қорғаудың маңызын түсіндіру
	Жану процесі № 2 практикалық жұмыс/ көрсетілім "Күкірттің, фосфордың, темірдің ауада және оттеkte жануын салыстыру"	7.3.1.4 затты жағуға қажетті жағдайларды және жану реакциясының өнімдерін атау; 7.3.1.5 тез тұтанатын, жанғыш және жанбайтын заттарға мысалдар келтіру; 7.3.1.6 заттардың таза оттеkte ауаға қарағанда жақсырақ жанатындығын түсіндіру; 7.3.1.7 металдар мен бейметалдардың жануы кезінде оксидтер түзілетіндігін атау
3-тоқсан		
Химиялық реакциялар	Табиғи қышқылдар мен негіздер. Индикаторлар. №7 зертханалық тәжірибе "Ерітінділердің қышқылдық, сілтілік ортасын анықтау". №8 зертханалық тәжірибе "Хлорсутек қышқылының бейтараптану реакциясы"	7.3.4.1 кейбір табиғи қышқылдар мен сілтілердің "қышқылдық" және "сабындылық" қасиеттер белгілері болуы мүмкін екендігін түсіндіру; 7.3.4.2 химиялық индикаторлар метилоранж, лакмус, фенолфталеинді және олардың әртүрлі ортада түстерінің өзгеруін атау; 7.3.4.3 рН шкаланың негізінде әмбебап индикаторды қолданып, сілтілер мен қышқылдарды анықтау; 7.3.4.4 "антацидтік заттарды" қолдану мысалында қышқылдардың бейтараптануын түсіндіру
	Сұйылтылған қыш-қылдардың металдармен әрекеттесуі. №9 зертханалық тәжірибе "Мырыш-тың сұйылтылған тұз қышқылымен әрекеттесуі". №10 зертханалық тәжірибе "Сутекке сапалық реакция"	7.2.2.1 сұйылтылған қышқылдардың қолдану аяларын және олармен жұмыс жасау ережелерін атау; 7.2.2.2 сұйылтылған қышқылдардың әртүрлі металдармен реакцияларын зерттеу жәнесутек газының сапалық реакциясын жүзеге асыру
	Сұйылтылған қыш-қылдардың карбонат-тармен әрекеттесуі. № 3 практикалық жұмыс "Сұйылтылған қышқылдар мен карбонаттардың әрекеттесуі. Көмірқышқыл газына сапалық реакция"	7.2.2.3 кейбір карбонаттардың сұйылтылған қышқылдармен реакцияларын зерттеу және көмірқышқыл газының сапалық реакциясын жүзеге асыру
		7.2.1.1 И. ДҰберейнер, Дж. Ньюлендс, Д.И. Менделеевтің еңбектерінің мысалында

Химиялық элементтердің периодтық кестесі	Химиялық элементтердің периодтық кестелерін құру тарихы	элементтердің жіктелуін салыстыру;
	Периодтық кестенің құрылымы	7.2.1.2 периодтық кестенің құрылымын сипаттау: топтар және периодтар
Салыстырмалы атомдық масса және қарапайым формула	Салыстырмалы атомдық масса	7.1.2.8 Жердегі элементтердің басым бөлігі планеталардың қалыптасу кезінде пайда болған изотоптар қоспасы түрінде кездесетіндігін түсіну; 7.1.2.9 табиғи изотоптары бар химиялық элементтердің атомдық массалары бөлшек сан болатындығын түсіндіру; 7.1.2.10 салыстырмалы атомдық массаға анықтама беру
	Валенттілік. Химиялық формулалар. Қосындылардың формуласы бойынша салыстырмалы молекулярлық массасын есептеу	7.1.2.11 элементтердің атауларын, валенттілікті және олардың қосындылардағы атомдық қатынастарын қолдана отырып, бинарлы химиялық қосындылардың формулаларын құру; 7.1.2.12 химиялық қосылыстың формуласы бойынша салыстырмалы молекулярлық/ формулалық массасын есептеу
4-тоқсан		
Адам ағзасындағы химиялық элементтер мен қосындылар	Тағам құрамындағы қоректік заттар. № 4 практикалық жұмыс "Тағам құрамындағы қоректік заттарды анықтау"	7.5.1.1 тағам өнімдерін химиялық заттардың жиынтығы деп түсіну; 7.5.1.2 тағамдық өнімдердің бір қатарын: қант, крахмал, (көмірсулар), нәруыз, майларды анықтау
	Адам ағзасындағы химиялық элементтер. Тыныс алу процесі. №11 зертханалық тәжірибе "Тыныс алу процесін зерттеу"	7.5.1.3 адам ағзасына кіретін элементтерді (O, C, H, N, Ca, P, K) атау; 7.5.1.4 тыныс алу процесін түсіндіру
Геологиялық химиялық қосындылар	Пайдалы геологиялық химиялық қосындылар. Кен құрамы	7.4.2.1 жер қыр-тысында көптеген пайдалы химиялық қосындылар барын түсіндіру; 7.4.2.2 кейбір минералдар мен пайдалы табиғи қосындылардың кендерге жататынын түсіндіру; 7.4.2.3 металды алу үшін кенді өңдеу процесін сипаттау
	Қазақстанның пайдалы қазбалары	7.4.2.4 Қазақстан қандай минералды және табиғи ресурстармен бай екендігін және олардың кен орындарын атау;

	Минералдарды өндірудің экологиялық аспектілері	7.4.2.5 табиғи ресурстарды өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру
--	--	---

## 2) 8-сынып:

### 2-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
Атомдағы электрондардың қозғалысы	Атомда электрондардың таралуы	8.1.3.1 атомда электрондар ядродан арақашықтығы артқан сайын біртіндеп энергетикалық деңгейлер бойынша таралатынын түсіндіру
	Энергетикалық деңгейлер. № 1 зертханалық тәжірибе "Атомдар модельдерін жасау"	8.1.3.2 әрбір электрон қабатында электрон саны нақты максимал мәннен аспайтынын түсіндіру; 8.1.3.3 s және p орбиталдарының пішінін атау; 8.1.3.4 алғашқы 20 химиялық элементтің электрондық конфигурациясын және электронды-графикалық формулаларын жазу
	Иондардың түзілуі	8.1.3.5 атомдар электрондарды қабылдай немесе жоғалта алатынын және осының нәтижесінде иондар түзілетінін түсіндіру
	Қосындылар формуласын құрастыру	8.1.3.6 "нольдік қосынды" әдісімен қосындылардың формуласын құрастыру
Заттардың формулалары және химиялық реакция теңдеулері	Химиялық формулалар бойынша есептеулер	8.2.3.1 заттар құрамындағы элементтердің массалық үлесін табу, элементтердің массалық үлесі бойынша заттардың формуласын шығару
	Химиялық реакция теңдеулерін құру. Зат массасының сақталу заңы. № 1 көрсетілім "Зат массасының сақталу заңын дәлелдейтін тәжірибе". № 2 зертханалық тәжірибе "Эрекеттесуші заттардың қатынасы"	8.2.3.2 әрекеттесетін заттар қатынасын эксперименттік жолмен анықтау; 8.2.3.3 реакцияға қатысатын және түзілетін заттардың формуласын жаза отырып, химиялық реакциялар теңдеулерін құру; 8.2.3.4 заттар массасының сақталу заңын айту
	Химиялық реакция типтері	8.2.2.1 бастапқы және түзілген заттардың саны мен құрамы бойынша химиялық реакцияларды жіктеу

	Табиғаттағы және тірі ағзалар мен адам тіршілігіндегі химиялық реакциялар	8.2.2.2 табиғаттағы және тірі ағзалар мен адам тіршілігіндегі химиялық реакцияларды сипаттау
2-тоқсан		
Зат мөлшері	Зат мөлшері. Моль. Авогадро саны. Заттардың молярлық массасы	8.1.1.1 зат мөлшерінің өлшем бірлігі ретінде – мольді және Авогадро санын айту; 8.1.1.2 формула бойынша заттың массасын, зат мөлшерін, құрылымдық бөлшектер санын есептей алу
	Масса, молярлық масса және зат мөлшері арасындағы байланыс	8.1.1.3 заттың массасын, мөлшерін және құрылымдық бөлшектерін есептеп шығару
Стехиометриялық есептеулер	Химиялық реакция теңдеулері бойынша есептер шығару	8.2.3.5 химиялық реакция теңдеулері бойынша зат массасын, зат мөлшерін есептеу
	Авогадро заңы. Молярлық көлем	8.2.3.6 Авогадро заңын айту және қалыпты және стандартты жағдайлардағы газдар көлемін есептеуде молярлық көлемді қолдану
	Газдардың салыстырмалы тығыздығы. Көлемдік қатынас заңы	8.2.3.7 газдардың салыстырмалы тығыздығын және заттың молярлық массасын салыстырмалы тығыздық бойынша есептеу; 8.2.3.8 газдардың қатысуымен жүретін реакциялар бойынша есептер шығаруда газдардың көлемдік қатынас заңын қолдану
3-тоқсан		
Химиялық реакциядағы энергиямен танысу	Отынның жануы және энергияның бөлінуі	8.3.1.1 заттың жану реакциясының өнімі көбінесе оксидтер екенін және құрамында көміртегі бар отын оттекте жанғанда, көмірқышқыл газы, иіс газы немесе көміртек түзілетінін түсіндіру; 8.3.1.2 парниктік эффектiнiң себептерiн түсiндiру және шешу жолдарын ұсыну
	Экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар. № 4 зертханалық тәжірибе "Энергияның өзгеруімен жүретін химиялық реакциялар"	8.3.1.3 экзотермиялық реакциялар жылу бөле жүретінін, ал эндотермиялық реакциялар жылу сіңіре жүретінін түсіндіру; 8.3.1.4 әртүрлі жанғыш заттардың қоршаған ортаға әсерін түсіндіру
	Термохимиялық реакциялар	8.3.1.5 энергия өзгерісін бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру

Сутек. Оттежәне озон	Сутек, алынуы, қасиеттері және қолданылуы. № 2 практикалық жұмыс "Сутекті алу және оның қасиеттерін тану"	8.4.2.1 сутекті алу және оның қасиеттері мен қолдануын зерттеу
	Оттек, алынуы, қасиеттері, қолданылуы. № 4 көрсетілім "Сутек пероксидінің ыдырауы". № 3 практикалық жұмыс "Оттекті алу және оның қасиеттерін тану"	8.4.2.2 ауа құрамындағы және жер қыртысындағы оттектің пайыздық мөлшерін атау; 8.4.2.3 оттекті алу және оның қасиеттері мен қолданылуын зерттеу
	Оттек және озон	8.4.2.4 оттектің аллотропиялық түр өзгерістерінің құрамы мен қасиеттерін салыстыру; 8.4.2.5 Жер бетіндегі озон қабатының маңызын түсіндіру
4-тоқсан		
Химиялық элементтердің периодтық жүйесі	Химиялық элементтердің периодтық жүйесінің құрылымы	8.2.1.1 топ, период, атом нөмірінің физикалық мәнін түсіндіру
	Химиялық элемент атомдарының қасиеттері мен кейбір сипаттамаларының периодты түрде өзгеруі	8.2.1.2 бір топтағы элементтердің сыртқы электрондық деңгейінде электрондар санының бірдей болатындығын түсіндіру; 8.2.1.3 топтар мен периодтарда элементтер қасиеттерінің өзгеру заңдылығын түсіндіру
	Периодтық жүйедегі орны бойынша элементтің сипаттамасы	8.2.1.4 периодтық жүйедегі орны бойынша элементті сипаттау
	Химиялық элементтердің табиғи ұяластары және олардың қасиеттері	8.2.1.5 химиялық қасиеттері ұқсас элементтердің бір топқа жататындығын дәлелдеу; 8.2.1.6 химиялық элементтердің табиғи ұяластарын атау және сілтілік металдар, галогендер, инертті элементтердің ұяластарына мысалдар келтіру
	Металдар және бейметалдар	8.2.1.7 химиялық элементтің периодтық кестеде орналасуына сәйкес қасиеттерін болжау
Химиялық байланыс түрлері	Электртерістілік. Ковалентті байланыс	8.1.4.1 электртерістілік ұғымына сүйеніп ковалентті байланыстың түзілуін түсіндіру
	Иондық байланыс	8.1.4.2 иондық байланыстың түзілуін сипаттау және иондық қосындылардың қасиеттерін болжау
	Кристалдық тор түрлері, байланыс типтері және заттардың қасиеттері арасындағы өзара байланыс	8.1.4.3 заттар қасиеттерінің кристалдық тор типтеріне тәуелділігін түсіндіру

3) 9-сынып:



### 3-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
Су	Табиғаттағы су	9.4.2.6 судың табиғатта кең таралғандығын, бірегей қасиеттерін және оның өмір үшін маңызын түсіндіру; 9.4.2.7 су айналымының схемасын пайдаланып, табиғаттағы су айналымын түсіндіру
	Судың ластану себептері. Судың кермектігі. № 10 зертханалық тәжірибе " Судың кермектігін анықтау"	9.4.2.8 нақты мысалдар мен суреттерді пайдаланып, судың ластану қауіптілігін және салдарын анықтау, суды тазарту әдістерін түсіндіру; 9.4.2.9 судың "кермектігін" анықтау және оны жою тәсілдерін түсіндіру; 9.4.2.10 суды сусыз мыс (II) сульфатын қолданып анықтау тәсілін түсіндіру
Ерітінділер және ерігіштік	Заттардың суда еруі. № 5 зертханалық тәжірибе " Заттардың ерігіштігін зерттеу"	9.3.4.1 заттардың ерігіштігінің схемасын пайдалана отырып, заттарды олардың судағы ерігіштігі бойынша жіктеу; 9.3.4.2 заттар ерітінділерінің табиғаттағы және күнделікті өмірдегі маңызын түсіндіру
	Заттардың ерігіштігі. № 4 практикалық жұмыс "Қатты заттардың ерігіштігіне температураның әсері"	9.3.4.3 заттың ерігіштігіне температура әсерін түсіндіру; индикаторларды пайдаланып, орта тұз ерітіндісінің ортасын тәжірибе жүзінде анықтау; 9.3.4.4 буландыру техникасын қолдана отырып, заттың 100 г судағы ерігіштігін есептеу
	Еріген заттың массалық үлесі	9.3.4.5 шешу алгоритмдерін қолданып, еріген заттың массалық үлесі мен ерітіндінің белгілі массасы бойынша еріген заттың массасын есептеу
	Ерітіндідегі заттардың молярлық концентрациясы. № 5 практикалық жұмыс " Пайыздық және молярлық концентрациялары берілген ерітінділерді дайындау"	9.3.4.6 шешу алгоритмдерін қолданып, ерітіндідегі заттың молярлық концентрациясын есептеу
2-тоқсан		

Бейоргани-калық қосындылардың негізгі кластары. Генетикалық байланыс	Оксидтер.№ 6 зертханалық тәжірибе "Оксидтердің қасиеттерін зерттеу"	9.3.4.7 жіктелу схемасын пайдалана отырып, оксидтердің жіктелуін және қасиеттерін атау, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру
	Қышқылдар. № 7 зертханалық тәжірибе "Қышқылдардың қасиеттерін зерттеу"	9.3.4.8 қышқылдардың жіктелу схемасын пайдалана отырып, қышқылдардың жіктелуін, қасиеттерін атау, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру
	Негіздер. № 8 зертханалық тәжірибе "Негіздердің қасиеттерін зерттеу"	9.3.4.9 негіздердің жіктелу схемасын пайдалана отырып, негіздердің жіктелуі мен қасиеттерін атау, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру
	Тұздар. № 9 зертханалық тәжірибе "Тұздардың қасиеттері және алынуы"	9.3.4.10 тұздарды алудың әртүрлі әдістерін атау, сәйкес реакция теңдеулерін құрастыру; 9.3.4.11 жіктелуді пайдаланып, тұздардың қасиеттерін, жіктелуін атау, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру
	Бейорганикалық қосындылар арасындағы генетикалық байланыс	9.3.4.12 бейорганикалық қосындылардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланысы бойынша реакция теңдеулерін құрастыру
Адам ағзасындағы химиялық элементтер	Адам ағзасының химиялық құрамы. Макроэлементтер, микроэлементтер және олардың маңызы	9.5.1.1 элементтер көрсетілген адам ағзасының суретін пайдаланып, адам ағзасының құрамына кіретін элементтерді атау және олардың маңызын түсіндіру (O, C, H, N, Ca, P, K, S, Cl, Mg, Fe); 9.5.1.2 Қазақстан тұрғындарының типтік тамақтану рационын зерттеу және теңгерімді тамақтану рационын құрастыру
	Ағзадағы кейбір элементтерді анықтау. № 14 зертханалық тәжірибе "Сүйек құрамындағы кальцийді анықтау".№ 15 зертханалық тәжірибе "Тамақ өнімдерінің құрамындағы көміртекті анықтау"	9.5.1.3 кальций мен темірдің адам ағзасындағы рөлін түсіндіру; 9.5.1.4 тамақ өнімдерінің құрамындағы көміртекті анықтау

	Ауыр металдармен қоршаған ортаның ластануы	9.5.1.5 қоршаған ортаның ауыр металдармен ластану көздерін атау және олардың ағзаларға әсерін түсіндіру
3-тоқсан		
Электролиттік диссоциация	Электролиттер мен бейэлектролиттер. № 1 көрсетілім "Иондық және ковалентті полюсті байланысы бар заттардың электролиттік диссоциациясы"	9.4.1.1 электролиттер мен бейэлектролиттердің анықтамасын білу және мысалдар келтіру; 9.4.1.2 заттардың ерітінділері немесе балқымаларының электрөткізгіштігі химиялық байланыс түріне тәуелді екендігін түсіндіру
	Электролиттік диссоциациялану теориясы	9.4.1.3 иондық және коваленттік полюсті байланысы бар заттардың электролиттік диссоциациялану механизмін түсіндіру; 9.4.1.4 электролиттік диссоциация теориясының негізгі қағидаларын түсіндіру
	Қышқыл, негіз, тұздардың электролиттік диссоциациясы. № 1 зертханалық тәжірибе "Қышқыл, сілті ерітінділерінің рН-ын анықтау"	9.4.1.5 индикаторлардың көмегімен ерітінділердің қышқылдылығы мен сілтілігін ажырату; 9.4.1.6 қышқыл, негіз, орта және қышқылдық тұздардың электролиттік диссоциациялану теңдеулерін құрастыру
	Диссоциациялану дәрежесі. Күшті және әлсіз электролиттер	9.4.1.7 электролиттер мен бейэлектролиттер кестесін пайдалана отырып, күшті және әлсіз электролиттерге мысал келтіру және оларды ажырату, диссоциациялану дәрежесін анықтай білу
	№ 1 практикалық жұмыс "Ион алмасу реакциялары"	9.2.2.1 реакция теңдеулерін құрастыру алгоритмін пайдаланып, реакция теңдеулерін молекулярлық және иондық түрде құру; 9.2.2.2 бейтараптану және ион алмасу реакцияларының жүру себептерін түсіндіру
	Электролиттік диссоциациялану теориясы тұрғысынан қышқыл,	9.3.4.13 қышқылдардың, сілтілердің және тұздардың на основе схемы химических свойств кислот, щелочей и солей қышқылдар, еритін және ерімейтін негіздер, орта тұздардың химиялық қасиеттерін

	негіз, тұздардың химиялық қасиеттері	көрсететін реакция теңдеулерін молекулярлық және иондық түрде құрастыру; 9.3.4.14 қышқылдар және негіздер, орта тұздардың химиялық қасиеттерін тәжірибе жүзінде зерттеу және қорытынды жасау
	Тұздар гидролизі. № 2 зертханалық тәжірибе "Тұздар гидролизі"	9.3.4.15 орта тұз ерітіндісінің ортасын тәжірибе жүзінде анықтау; 9.3.4.4 алгоритм бойынша орта тұздар гидролизінің молекулярлық және иондық теңдеулерін құрастыру; 9.3.4.5 гидролиз схемасының негізінде орта тұз ерітіндісінің ортасының реакциясын болжау
Бейорганика-лық қосындылар-дың сапалық талдауы	Катиондарға сапалық реакциялар. № 3 зертханалық тәжірибе "Li+, Na+, K+, Ca2+, Sr2+, Ba2+, Cu2+ катиондарын жалын түсінің боялуы бойынша анықтау". № 4 зертханалық тәжірибе "Fe2+, Fe3+, Cu2+ катиондарына сапалық реакциялар"	9.4.1.8 Li+, Na+, K+, Ca2+, Sr2+, Ba2+, Cu2+ металл катиондарын анықтау үшін жалын түсінің боялуы реакциясын жүргізу және сипаттау; 9.4.1.9 оқулықтағы катиондар кестесін пайдалана отырып, Fe2+, Fe3+, Cu2+ катиондарына сапалық реакция жүргізу
	Аниондардың сапалық реакциялары.№ 5 зертханалық тәжірибе "Сулы ерітіндідегі Cl-, Br-, I-, PO43-, SO42-, CO32-, NO3-, SiO32- аниондарын анықтау"	9.4.1.10 хлорид-, бромид-, йодид-, сульфат-, карбонат-, фосфат-, нитрат-, силикат- иондарына сапалық реакцияларды тәжірибе жүзінде жүргізу және ион алмасу реакцияларын бақылап, нәтижесін сипаттау
	№ 2 практикалық жұмыс "Бейорганикалық қосы-лыстар құрамының сапалық талдауы"	9.4.1.11 оқулықтағы кестені пайдалана отырып, белгісіз заттардағы катион мен аниондарды анықтау тәжірибесінің жоспарын құру және оны практикада жүзеге асыру
	Есептер шығару"Әрекеттесуші заттардың біреуі артық мөлшерде берілген реакция теңдеулері бойынша есептеулер"	9.2.3.1 есептерді шығару алгоритмін пайдалана отырып, әрекеттесуші заттардың біреуі артық берілген реакция теңдеулері бойынша есептеулер жүргізу
4-тоқсан		
	Металдардың оттектен және сумен әрекеттесуі.	9.2.4.1 кейбір металдар басқаларға қарағанда тотығуға тезірек ұшырайтындығын түсіну; 9.2.4.2 белсенді металдардың салқын сумен, ыстық су немесе бумен әрекеттесуін сипаттау;

Металдар белсенділігін салыстыру	№ 2 көрсетілім "Белсенді металдардың сумен әрекеттесуі"	9.2.4.3 металдар коррозиясын туындатуға әсер ететін жағдайларды сипаттау
	Металдардың қышқыл ерітінділерімен әрекеттесуі. № 3 зертханалық тәжірибе "Металдардың қышқылдар ерітінділерімен әрекеттесуі"	9.2.4.4 қышқыл ерітінділерімен әртүрлі металдардың реакцияларын зерттеу; 9.2.4.5 металдардың қышқылдармен әрекеттесу схемасын пайдалана отырып, металдардың қышқылдармен әрекеттесуінің реакция теңдеулерін құрастыру
	Металдардың тұз ерітінділерімен реакциялары. № 3 көрсетілім "Тұз ерітінділерінен металдарды ығыстыру"	9.2.4.6 металдардың қышқылдармен әрекеттесу схемасын пайдалана отырып, металдардың тұз ерітінділерімен әрекеттесуінің жоспарын жасау және жүргізу
	Металдардың белсенділік қатары. № 1 практикалық жұмыс "Металдардың белсенділігін салыстыру"	9.2.4.7 эксперимент нәтижесі бойынша металдардың белсенділік қатарын құру және оны анықтама мәліметтерімен сәйкестендіру; 9.2.4.8 металдардың белсенділік қатарын қолданып, металдардың таныс емес орынбасу реакцияларының жүру мүмкіндігін болжау
Металдар мен құймалар	Металдардың жалпы сипаттамасы. № 4 көрсетілім "Металдардың кристалдық тор модельдері"	9.1.4.1 металдық байланыс пен металдық кристалдық тор жайындағы білімдерін қолданып металдардың қасиетін түсіндіре алу; 9.1.4.2 металдарға тән физикалық және химиялық қасиеттерді сипаттау және металл атомдарының тек тотықсыздандырғыш қасиет көрсететінін түсіндіру
	Металдар құймалары. № 5 көрсетілім "Металдар және құймалар"	9.1.4.3 құйма ұғымын түсіндіру және оның артықшылықтарын түсіндіру; 9.1.4.4 салыстырмалы кестені пайдаланып шойын мен болаттың құрамы мен қасиеттерін салыстыру; 9.4.2.5 Қазақстандағы металдардың кен орындарын атау және оларды өндіру процестерін, қоршаған ортаға әсерін түсіндіру

	Металдарды алу	9.4.2.бсхеманы пайдаланып, кеннен металды алу процесін сипаттау
	Есептер шығару "Реакция теңдеуі бойынша қоспаның белгілі бір массалық үлесін құрайтын, басқа заттың массасы белгілі жағдайда, зат массасын есептеу"	9.2.3.2 қоспаларға есеп шығару алгоритмін пайдалана отырып, қоспаның белгілі бір массалық үлесін құрайтын басқа заттың массасы белгілі жағдайда, реакция теңдеуі бойынша зат массасын есептеу
Көміртек және оның қосындылары	Көміртектің жалпы сипаттамасы	9.4.3.1 көміртек атомының құрылысын пайдаланып, көміртек неліктен көптеген қосындыларында төрт байланыс түзетінін түсіндіру; 9.4.3.2 көміртектің қолданылу схемасын пайдаланып, табиғатта көміртек және оның қосындыларының таралуын сипаттау
	Көміртектің аллотропиялық түр өзгерістері	9.4.3.3 көміртектің аллотропиялық түр өзгерістерінің құрылысын және қасиеттерін салыстыру; 9.4.3.4 көміртектің аллотропиялық түр өзгерістерінің қолданылу аймағын зерттеу
	Көміртектің қасиеттері. № 6 практикалық жұмыс "Көміртектің физикалық және химиялық қасиеттері". Көміртектің оксидтері. № 7 практикалық жұмыс "Көмірқышқыл газын алу және оның қасиеттерін зерттеу"	9.4.3.5 көміртектің физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу; 9.4.3.6 көміртек жанған кезде көміртек диоксиді мен көмір-тек монооксидінің түзілу жағдайларын сипаттау және тірі ағзаға иіс газының физиологиялық әсерін түсіндіру; 9.4.3.7 көмір-қышқыл газын алу, оның бар екенін дәлелдеу және қасиеттерін зерттеу; 9.4.3.8 көміртегі айналымының схемасын пайдаланып, көміртегінің табиғаттағы айналымын құру және түсіндіру

#### 4) 10-сынып:

#### 4-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
	Химиялық реакциялар-дың жылдамдығы. Химиялық реакциялар жылдамдығына әсер ететін факторлар. № 2 көрсетілім "	10.3.2.1 реакция жылдамдығы ұғымын түсіндіру;

Химиялық реакция жылдамдығы	<p>Әртүрлі реакциялар жылдамдығы" № 6 зертханалық тәжірибе"Реакция жылдамдығына температура, концентрация мен бөлшектер өлшемінің әсері"</p>	<p>10.3.2.2 реакция жылдамдығына әсер ететін факторларды анықтау және оны бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру</p>
Қайтымды реакциялар	<p>Катализаторлар. Ингибиторлар.№ 3 практикалық жұмыс "Реакция жылдамдығына катализатордың әсері"</p> <p>Қайтымды және қайтым-сыз химиялық реакция-лар. Химиялық тепе-теңдік№ 3 көрсетілім "Қайтымды химиялық реакциялар ". № 7 зертханалық тәжірибе "Химиялық тепе-теңдіктің ығысуы "</p>	<p>10.3.2.3 катализатордың реагенттен айырмашылығын және олардың реакция жылдамдығына әсерін түсіндіру; 10.3.2.4 реакция жылдамдығына ингибитордың әсерін түсіндіру</p> <p>10.3.3.1 қайтымды және қайтымсыз реакцияларды атау; 10.3.3.2 тепе-теңдікті динамикалық процес ретінде сипаттау және ЛеШателье-Браун принципі бойынша химиялық тепе-теңдіктің ығысуын болжау; 10.3.3.3 химиялық тепе-теңдіктің ығысу ережелері мен схемасын пайдалана отырып, химиялық тепе-теңдік күйіне және химиялық реакция жылдамдығына жағдайлар өзгерісінің әсерін түсіндіру; 10.3.3.4 химиялық тепе-теңдікті бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру</p>
Тотығу-тотықсыздану реакциялары	<p>Тотығу дәрежесі. Тотығу және тотықсыздану</p> <p>Тотығу-тотықсыздану реакциялары</p> <p>Электрондық баланс әдісі</p>	<p>10.2.2.1 тотығу дәрежесін табу ережелерін қолдану; 10.2.2.2 тотығу және тотықсыздану процестері бір-бірімен байланысты екенін және бір мезгілде жүретіндігін түсіндіру</p> <p>10.2.2.3 тотығу-тотықсыздану реакцияларын тотығу дәрежесі өзгере жүретін реакциялар ретінде түсіндіру; 10.2.2.4 тотығу процесін электронды беру, ал тотықсыздану-электронды қосып алу деп түсіндіру</p> <p>10.2.2.5 коэффициенттерді қою ережелерін пайдалана отырып, электрондық баланс әдісімен тотығу-тотықсыздану реакцияларының коэффициенттерін қою</p>
2-тоқсан		

1 (I), 2 (II) және 13 (III) топ элементтері және олардың қосындылары	1 (I)-топ элементтері және олардың қосындылары.№ 6 көрсетілім "Натрийдің сумен әрекеттесуі"	10.2.1.1 атом құрылысы негізінде сілтілік металдардың жалпы қасиеттерін түсіндіру; 10.2.1.2 реакция өнімдерінің түзілу алгоритмін мысалға алып, сілтілік металдардың оксидтері мен гидроксидтерінің негіздік қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру
	2 (II)-топ металдары және олардың қосылыстары.№ 8 зертханалық тәжірибе "Кальцийдің сумен және қышқыл ерітіндісімен әрекеттесуі"	10.2.1.3 1 (I) және 2 (II) -топ металдарының жалпы қасиеттерін салыстыру және химиялық реакция теңдеулерін құрастыру; 10.2.1.4 кальций оксиді мен гидроксидінің негізгі қасиеттерін түсіндіру және қолданылуын сипаттау
	13 (III)-топ металдары. Алюминий және оның қосындылары.№ 7 көрсетілім "Алюминий мен оның құймалары". № 9 зертханалықтәжірибе "Алюминийдің қышқыл және сілті ерітінділерімен әрекеттесуі"	10.2.1.5 атом құрылысы негізінде алюминийдің қасиеттерін түсіндіру, оның маңызды қосындылары мен құймаларының қолдану аймағын атау; 10.2.1.6 алюминийдің, оның оксиді мен гидроксидінің екідайлы қасиеттерін зерттеу
	№ 4 практикалық жұмыс "Металдар" тақырыбына эксперименттік есептер шығару	10.2.1.7 1 (I), 2 (II), 13 (III) -топ металдарының жай және күрделі заттармен әрекеттесуіне байланысты тәжірибені жоспарлау және жүргізу
Галогендер	Хлор	10.1.4.1 галоген молекулаларының электрондық формулаларын құрастыру және кристалдық тор түрлері мен байланыс типтерін анықтау; 10.2.1.8 топта галогендер қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын болжау
		10.2.1.9 хлордың физикалық қасиеттерін сипаттау және металдармен, сутекпен және галогенидтермен реакция теңдеулерін құру
	Хлорсутек қышқылы. № 10 зертханалық тәжірибе "Хлорсутек ерітіндісінің химиялық қасиеттерін зерттеу"	10.2.1.10 хлорсутек қышқылы ерітіндісінің химиялық қасиеттерін зерттеу және оның қолдану аясын білу
		10.2.1.11 16 (VI) топ элементтерінің жалпы қасиеттерін сипаттау;



16 (VI)-топ элементтері. Күкірт. № 7 көрсетілім "Күкірттің аллотропиялық түр өзгерістері"	10.2.1.12 күкірттің аллотропиялық түр өзгерістерінің физикалық қасиеттерін салыстыру және күкірттің химиялық қасиеттерін көрсететін реакция теңдеулерін құрастыру
Күкірттің қосындылары	10.2.1.13 күкірттің (IV) және (VI) оксидтерінің физикалық және химиялық қасиеттерін салыстыру және күкірт диоксидінің физиологиялық әсерін түсіндіру; 10.4.2.1 қышқылдық жаңбырлардың пайда болу себебі мен экологияға тигізетін әсерін түсіндіру
Күкірт қышқылы және оның тұздары. № 5 практикалық жұмыс "Сұйылтылған күкірт қышқылы ерітіндісі және оның тұздарының химиялық қасиеттерін зерттеу"	10.2.1.14 күкірт қышқылы ерітіндісі мен оның тұздарының физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу
Есеп шығару. Теориялық мүмкіндікпен салыстырғандағы реакция өнімі шығымының массалық/көлемдік үлестеріне есептеулер"	10.2.3.1 есептерді шығару алгоритмін пайдалана отырып, теориялық мүмкіндікпен салыстырғандағы реакция өнімінің шығымын есептеу
Азот. № 11 зертханалық тәжірибе " Азот молекуласының моделі"	10.2.1.15 азоттың қасиеттерін және табиғаттағы азот айналымын түсіндіру
Аммиак. № 12 зертхана-лық тәжірибе "Аммиак молекуласының моделі"	10.1.4.2 аммиактың молекулярлық , электрондық және құрылымдық формулаларын түсіндіру
Аммиактың қасиеттері, алынуы мен қолданылуы. № 6 практикалық жұмыс "Аммиактың алынуы және оның қасиеттерін зерттеу". Аммиак өндірісі	10.2.1.16 аммиакты алу және қасиеттері мен қолданылуын түсіндіру; 10.2.1.17 аммиакты аммоний тұзы ерітіндісі мен сілті ерітіндісін әрекеттестіру жолымен алу және газ тәрізді аммиак пен оның ерітіндісінің қасиеттерін зерттеу; 10.3.3.5 аммиак өндірісінің процесін сипаттау
	10.1.4.3 азот қышқылының молекулярлық, формуласын атау және атомдар арасындағы химиялық байланыстардың түзілуін түсіндіру; 10.2.1.18 азоттан азот қышқылын алудың реакция теңдеуін құрастыру;

17 (VII), 16 (VI), 15 (VI), 14 (IV) -  
топ элементтері және олардың  
қосындылары

Азот қышқылы.  
№ 13 зертханалықтәжірибе "Азот  
қышқылының басқа  
қышқылдармен ортақ қасиеттері"

		қышқылдармен жалпы ортақ қасиеттерін зерттеу
	Азот қышқылы мен нитраттардың өзіне тән қасиеттері	10.2.1.20 сұйылтылған және концентрлі азот қышқылының металдармен әрекеттесуінің ерекшелігін сипаттау және электронды баланс әдісімен реакция теңдеуін құрастыру; 10.2.1.21 нитраттың термиялық айрылуының ерекшелігін түсіндіру, реакция теңдеулерін құрастыру
	Фосфор және оның қосындылары	10.2.1.22 фосфордың аллотропиялық түр өзгерістерін салыстыру; 9.4.2.2 фосфор қосындыларының Қазақстандағы кен орындарын атау; 10.2.1.23 фосфор және оның қосындыларының жалпы химиялық қасиеттерін түсіндіру
	Минералды тыңайтқыштар. № 8 көрсетілім "Минералды тыңайтқыштар"	9.4.2.3 минералды тыңайтқыштардың жіктелуін және олардың құрамына кіретін қоректік элементтерді атау; 9.4.2.4 азот және фосфор тыңайтқыш-тарының қоршаған ортаға әсерін оқып түсіндіру
	Кремний және оның қосындылары .№ 9 көрсетілім "Алмаз, кремний, кремний диоксиді мен кремний карбидінің кристалдық торының модельдері"	10.2.1.24 кремнийдің қолданылу аймағын және оның жартылай өткізгіш ретінде қолданылуын түсіндіру; 10.1.4.4 кремний, оның диоксиді мен карбидіндегі химиялық байланыс түрін және кристалдық тор типін сипаттау; 10.2.1.25 кремний және оның қосындыларының негізгі химиялық қасиеттерін сипаттау және реакция теңдеулерін құрастыру
3-тоқсан		
	Органикалық заттардың ерекшеліктері	10.4.3.1 органикалық қосындылардың көптүрлілігінің себептерін түсіндіру
	Органикалық қосылыс-тардың жіктелуі. № 10 көрсетілім "Метан, этан, этен, этин, этанол, этаналь,этан	10.4.3.2 көмірсутектердің және олардың туындылары: спирттер, альдегидтер, карбон қышқылдары, аминқышқылдарының жіктелуін атау; 10.4.3.3 функционалдық топ түсінігін берілген класс

Органикалық химияға кіріспе	қышқылы, глюкоза, аминокөмір қышқылы модельдері"	қосылысының химиялық қасиеттерін анықтайтын топ ретінде түсіндіру
	Органикалық қосылыс-тардың гомологтық қатарлары. № 11 көрсетілім "Алкандардың алғашқы бес өкілінің және сызықты құрылымды спирттердің модельдері"	10.4.3.4 гомолог ұғымын және гомологтық айырмашылықты түсініктерін беру
	Органикалық қосындылардың номенклатурасы	10.4.3.5 органикалық қосындылардың негізгі кластары: алкандар, алкендер, алкиндер, арендер, спирттер, альдегидтер карбон қышқылдары, аминқышқылдары үшін IUPAC номенклатурасын қолдану
	Органикалық қосылыс-тардың изомериясы. № 12 көрсетілім "Пентан изомерлерінің модельдері"	10.4.3.6 көмірсутектердің құрылымдық изомерлерінің формулаларын құрастыру және изомерия құбылысын түсіндіру
	Есеп шығару "Элементтердің массалық үлестері мен салыстырмалы тығыздық бойынша газтекес заттардың молекулярлық формуласын табу"	10.2.3.2 заттардың формуласын анықтау есептерін шығару алгоритмін пайдалана отырып, газтекес заттардың молекулярлық формуласын салыстырмалы тығыздық немесе элементтердің массалық үлестері арқылы анықтау
	Алкандар	10.4.3.7 алкандардың химиялық қасиеттерін сипаттау және оны реакция теңдеулерімен дәлелдеу; 10.4.3.8 еріткіштерді алу үшін алкандарды хлорлаудың маңызы мен бұл еріткіштердің қауіптілік дәрежесін түсіндіру
	Алкендер. № 13 көрсетілім "Этиленнің жануы, бром суы мен калий перманганаты ерітінділерін түссіздендіруі"	10.4.3.9 қанықпағандық ұғымын сипаттау; 10.4.3.10 этен мысалында алкендердің химиялық қасиеттерін (жану, гидрлеу, гидратация, галогендеу, сапалық реакциялар) сипаттау, химиялық реакция теңдеулерімен дәлелдеу; 10.4.3.11 тіректік схеманы пайдаланып, полиэтилен мысалында полимерлену реакциясының механизмі мен полимерлердің құрылымының ерекшеліктерін түсіндіру; 10.4.3.12 пластиктің ыдырау мерзімінің ұзақтық мәселесін оқып білу және түсіндіру,

Көмірсутектер. Отын		қоршаған ортада пластик материалдардың көбеюінің зардабын білу
	Алкиндер	10.4.3.13 этин мысалында алкиндердің химиялық қасиеттерін (жану, гидрлеу, гидратация, галогендеу, сапалық реакциялар) сипаттау, химиялық реакция теңдеулерімен дәлелдеу
	Хош иісті көмірсутектер. Бензол	10.4.3.14 бензолдың алынуы, қасиеттері және қолданылуын сипаттау
	Көмірсутекті отындар. № 14 көрсетілім "Отын түрлері"	10.4.3.15 құрамында көміртек бар қосындылардың отын ретінде пайдалану мүмкін екендігін түсіндіру жәнеальтернативті отын түрлерін зерттеу, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін атау; 10.4.3.16 Қазақстандағы көмірдің , мұнайдың, табиғи газдың кен орындарын атау және оларды өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру
	Мұнай. № 15 көрсетілім "Мұнай және мұнай өнімдері"	10.4.3.17 фракциялық бағананың схемасын пайдаланып, мұнай фракцияларын және шикі мұнайды айдау өнімдерінің қолдану аймақтарын атау
4-тоқсан		
	Оттекті органикалық заттар. Спирттер	10.4.3.18 жіктелу схемасын пайдаланып, оттекті органикалық заттардың жіктелуін атау; 10.4.3.19 спирттердің жіктелуін метанол мен этанолдың, қолданылуын, этанолдың алынуын атау және қасиеттерін түсіндіру; 10.4.3.20 метанол мен этанолдың адам ағзасына физиологиялық әсерін түсіндіру; 10.4.3.21 этиленгликоль мен глицериннің физикалық қасиеттері мен қолданылуын атау
	Карбон қышқылдары. № 16 зертханалық тәжі-рибе " Сірке қышқылы-ның қасиеттерін зерттеу"	10.4.3.22 карбон қышқылдарының құрамын атау және сірке қышқылының химиялық қасиеттері мен қолданылуын сипаттау

Оттекті және азотты органикалық қосындылар	Күрделі эфирлер мен майлар	10.4.3.23 күрделі эфирлер мен майлардың ерекшеліктері мен майлардың қызметін түсіндіру
	Сабын мен синтетикалық жуғыш заттар	10.4.3.24 сабынның алынуы мен оның қолданылуын білу; 10.4.3.25 тіректік схеманы пайдаланып, синтетикалық жуғыш заттардың қоршаған ортаға әсерін түсіндіру
	Көмірсулар	10.4.3.26 көмірсулардың жіктелуін, биологиялық маңызы мен қызметін түсіндіру
	Амин қышқылдары. уыздар. № 17 зертханалық тәжірибе " Уыздардың денатурациясы"	10.4.3.27 уыздағы а-аминқышқылдар арасында пептидтік байланыстың түзілуін түсіндіру; 10.4.3.28 уыз денатурациясының реакциясын зерттеу; 10.4.3.29 уыздың биологиялық маңызы мен қызметін түсіндіру

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 123 бұйрығына  
49-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№115 бұйрығына 686-қосымша

## **Сөйлеу тілінің күрделі бұзылысы бар білім алушыларға арналған 5-10 сыныптары үшін " Қазақстан тарихы" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылысы бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің 5-10 сыныптары үшін "Қазақстан тарихы" пәнінен жаңартылған мазмұндағы типтік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты - зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды дамыту арқылы сөйлеу тілінің күрделі бұзылысы бар білім алушылардың бойында өз елінің тарихын дәріптеу, ата-бабаларының жетістіктерімен мақтану, қазақстандық патриотизм, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыру.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) Қазақстан аумағындағы ежелгі заманнан бастап бүгінгі күнге дейінгі қоғам дамуының негізгі кезеңдері мен Қазақстанның тарихи даму жолындағы ұлттық құндылықтар жүйесі туралы білімін қалыптастыру;

2) әр білім алушының Қазақстанның тарихи дамуының негізгі оқиғалары, құбылыстары мен процестердің мәні туралы түсініктерді саналы түрде қабылдауын қамтамасыз ету;

3) тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді және тарихи тұлғалардың қызметін Отандық тарих контекстінде сын тұрғысынан талдау және баға беру дағдыларын қалыптастыру;

4) тарихи зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыру (болжамдарды ұсыну, зерттеу сұрақтарын құрастыру, деректерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, нәтижелер мен қорытындыларды шығару, өзінің ұстанымын анықтау);

5) қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерде бағдарлану үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;

6) коммуникативті дағдыларды қалыптастыру: өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, командада жұмыс істей алу, түрлі деректерден алынған ақпараттарды қоса алғанда, жарияланым мен электронды құралдарды қолдану.

#### 4. Түзете-дамыту міндеттері:

1) сөздердің дыбыстық-буындық құрылымының бұзылуын жеңуге негізделген айқын, ырғақты сөйлеуді қалыптастыру;

2) сөйлеу тілінің дамымағандығын және онымен байланысты ауызша-логикалық ойлау, эмоционалды қабылдау және ақпарат беру ерекшеліктерін жеңуге ықпал ету;

3) арнайы құрылған дидактикалық жағдайларда сөйлеу тілінде күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың нақты ақыл-ой әрекеттерін орындау амалдарын меңгеруге ықпал ету;

4) коррекциялық дайындықтың тиімділігін, өзін-өзі және өзара бақылау әдістерін, позитивті ынталандыру құралдарын қолдана отырып, сөйлеу тіліндегі бұзылыстарды жеңу бойынша жұмыстың тиімділігін қамтамасыз ету, білімге деген ынтасын және пәнге қызығушылығын қалыптастыру.

## **2-тарау. Оқу үдерісін ұйымдастырудың педагогикалық тұғырлары**

5. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылысы бар білім алушылар сөйлеу жүйесінің компоненттерін қалыптастырудағы тұрақты ерекше ауытқуларымен сипатталады, олар ақыл-ойы, есту сақтау қабілеті сақталған балаларда байқалады.

6. Сөйлеу тілінің зақымдалу құрылымына қарай жиі кездесетін екі түрінің бірі сөйлеу тілінің бұзылысы білім алушылардың барлығында кездеседі:

1) сыртқы сөйлеу құралдарының салыстырмалы сақталуымен ішкі сөйлеу жоспарын құру және сөйлеу бағдарламасын құру қабілеті толыққанды дамымаған;

2) ішкі сөйлеуі толық сақталған кезде де өз ойын реттілік пен өзара байланыстырп жеткізу біліктілігі толық дамымаған.

	Біртұтас халық жасағының ұйымдастырылуы. Зерттеу сұрағы: Неліктен Ордабасы ел бірлігінің нышаны болды?	7.3.1.1 Қарақұм және Ордабасы құрылтайларының халықты жоңғар басқыншылығына қарсы жұмылдырудағы рөліне баға беру; 7.3.1.2 құрдасының сұрағын нақтылау үшін альтернативті сұрақтар қою;
	Қазақ-жоңғар шайқастары. Зерттеу сұрағы: Неліктен Аңырақай шайқасы қазақ-жоңғар соғысындағы түбегейлі бетбұрыс деп саналады?	7.3.2.1 Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте танылған хандар мен батырлардың рөлін түсіндіру; 7.3.2.2 оқу мәтіндерімен жұмыс істеу (ақпаратты талдау, бөліп алу);
XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы	XVIII ғасырдың басына дейінгі қазақ-орыс қарым-қатынастарының тарихы. Зерттеу сұрағы: Неліктен Ресей Қазақстанды Азияға шығудың "кілті мен қақпасы" деп санады?	7.3.1.3 Қазақ хандығының ішкі саясижағдайын талдау; 7.3.2.3 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау 7.3.2.4 түзетулерге сәйкес орындау
	Қазақ хандығының Ресей империясына қосылуының басталуы. Зерттеу сұрағы: Әбілқайыр ханның Анна Иоанновна патшайымға жазған хатының себептері мен салдары қандай болды?	7.3.2.3 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау; 7.3.2.4 қойылған барлық дыбыстарды нақты және айқын айту, басқару; 7.3.1.3 Қазақ хандығының ішкі саясижағдайын талдау;

	<p>Абылай ханның ішкі және сыртқы саясаты.</p> <p>Зерттеу сұрағы: Дербес Қазақ мемлекетін сақтап қалудағы Абылай ханның рөлі қандай?</p>	<p>7.3.1.4 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау;</p> <p>7.3.1.5 кездесок диалог пен монологтарда заттық терминдерді адекватты қолдану</p> <p>7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру</p>
2-тоқсан		
XVIII ғасырдағы Қазақстанның мәдениеті	<p>XVIII ғасырдағы халық ауыз әдебиеті.</p> <p>Зерттеу сұрағы: XVIII ғасырда ақын-жыраулар шығармаларында тарихи оқиғалар қалай көрініс тапты?</p>	<p>7.2.2.1 әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау;</p> <p>7.2.1.1 салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын анықтау</p> <p>7.2.1.2 толық жауап алу үшін дұрыс сұрақ қоя білу</p>
	<p>XVIII ғасырдағы қазақтардың материалдық мәдениеті.</p> <p>Зерттеу сұрағы: Қазақтың ұлттық қолданбалы өнерінің бірегейлігі неде?</p>	<p>7.2.2.5 музыкалық мәдени және қолданбалы өнердің жетістіктерін бағалау;</p> <p>7.2.2.6 музыкалық мәдениетке тұрақты қызығушылық таныту</p>
Отарлау және ұлт-азаттық күрес	<p>XVIII ғасырдағы Қазақстандағы казак-әскери отаршылдығы.</p> <p>Зерттеу сұрағы: Қазақстанды отарлауды Ресей империясы қалай жүзеге асырды?</p>	<p>7.3.1.4 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау</p> <p>7.3.1.5 кездесок диалог пен монологтарда заттық терминдерді адекватты қолдану</p>
	<p>1822-1824 жылдардағы патша реформалары.</p> <p>Зерттеу сұрағы: Неліктен XX ғасырдың 20-шы жылдарында Қазақстанда әкімшілік реформалар жүргізілді?</p>	<p>7.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді анықтау ;</p> <p>7.1.2.2 өз әрекетіне бақылау жасау және бағалау, түзетулер енгізу</p>
	<p>1836-1838 жылдардағы Бөкей Ордасындағы қазақтардың көтерілісі.</p> <p>Зерттеу сұрағы: Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлын қандай ортақ идея біріктірді?</p>	<p>7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру</p> <p>7.4.2.3 сөйлеу нормаларын сақтай отырып, мұғалім берген жағдай бойынша диалог құру</p>
	<p>Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс.</p> <p>Зерттеу сұрағы: Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық күрес неліктен жалпы ұлттық сипатқа ие болды?</p>	<p>7.3.1.4 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау</p> <p>7.3.1.5 кездесок диалог пен монологтарда заттық терминдерді адекватты қолдану</p>
Қайталау		
3-тоқсан		

Отарлау және ұлт-азаттық күрес	<p>Қазақстанның Ресей империясына қосылуының аяқталуы.</p> <p>Зерттеу сұрағы: Қазақстанның оңтүстік аймақтарының Ресей империясына қосылуының ерекшеліктері қандай?</p>	<p>7.3.1.3 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау;</p> <p>7.3.2.3 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау</p> <p>7.3.2.4 қойылған барлық дыбыстарды нақты және айқын айту, басқару</p>
Қазақстан Ресей империясының құрамында	<p>XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы әкімшілік-аумақтық реформалар.</p> <p>Зерттеу сұрағы: Патша өкіметі тарапынан "бөліп ал да, билей бер" ұстанымы қалай жүзеге асты?</p> <p>Қазақтардың 1860-1870 жылдардағы азаттық күресі.</p> <p>Зерттеу сұрағы: XIX ғасырдың 60-70 жылдарындағы ұлт-азаттық көтерілістердегі халық талаптарының сабақтастығы неден көрінді?</p>	<p>7.1.2.1 дәстүрлі казак қоғамындағы өзгерістерді анықтау ;</p> <p>7.1.2.2 өз әрекетіне бақылау жасау және бағалау, түзетулер енгізу;</p> <p>7.3.1.4 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау;</p> <p>7.3.1.5 кездесок диалог пен монологтарда заттық терминдерді адекватты қолдану</p> <p>7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру;</p> <p>7.3.1.4 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау;</p> <p>7.3.1.5 кездесок диалог пен монологтарда заттық терминдерді адекватты қолдану</p>
Қазақстан Ресей империясының құрамында	<p>Қазақстанда капиталистік қатынастардың дамуы.</p> <p>Зерттеу сұрағы: Қазақстанның өнеркәсіптік дамуы қалай басталды?</p> <p>Жәрмеңке саудасының дамуы.</p> <p>Зерттеу сұрағы: Қазақстанда неліктен жәрмеңке саудасы дамыды??</p> <p>XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамы.</p> <p>Зерттеу сұрағы: “Зар заман” өкілдерінің қоғамдық-саяси көзқарастары қандай факторлардың әсерінен қалыптасты?</p>	<p>7.4.2.1 капиталистік қатынастар дамуының Қазақстанның экономикасына ықпалын анықтау;</p> <p>7.4.2.2 мұғалім белгілеген белгілі бір тарихи кезеңге қатысты диалог құрастыру;</p> <p>7.4.2.3 сауда қатынастарына жәрмеңкелердің әкелген өзгерістерін анықтау;</p> <p>7.4.2.4 берілген бастама бойынша сериялар немесе жеке сюжеттік суреттер бойынша баяндау әңгімелерін құрастыру</p> <p>7.4.1.3 ұлттық құндылықтарға отаршылдық саясаттың кері әсерін талдау;</p> <p>7.4.1.4 мәдени сөйлеу қатынас ережелерін білу және сақтау, әңгімелесушіге назар аудара отырып, қарым-қатынас стилін сақтау;</p> <p>7.3.1.4 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау;</p>

		7.3.1.5 кездесөк диалог пен монологтарда заттық терминдерді адекватты қолдану
4-тоқсан		
XIX ғасыр -XX ғасырдың басындағы Қазақстанның мәдениеті	XIX ғасырдағы мәдениеттің дамуы. Зерттеу сұрағы: Неге XIX ғасыр қазақ халқының дәстүрлі музыка өнерінің гүлденген дәуірі деп саналады?	7.2.1.1 салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын анықтау; 7.2.1.2 толық жауап алу үшін дұрыс сұрақ қоя білу; 7.2.2.1 әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау;
	XIX ғасырдағы білім беру мен ағарту ісі. Зерттеу сұрағы: XIX ғасырда Қазақстанда оқу-ағартушылық мекемелер қандай түрде дамыды?	7.2.3.3 XIX ғасырдың екінші жартысындағы білім беру мен ағарту ісінің даму ерекшеліктерін түсіндіру; 7.2.3.4 фраза мен мәтінді модельдеумен қатар таңбалық символдық құралдарды қолдану
	Шоқан Уәлиханов – алғашқы қазақ ғалымы. Зерттеу сұрағы: Неге С. Мұқанов Шоқан Уәлихановқа арналған шығармасын "Аққан жұлдыз" деп атады?	7.2.3.1 Шоқан Уәлихановтың ғылыми зерттеулерінің тарихи құндылығын анықтау 7.2.3.2 негізгі сәттерге сүйене отырып, сұрақтарды тұжырымдау, толық жауаптар беру; 7.2.3.3 ағартудың даму ерекшеліктерін түсіндіру; 7.2.3.4 фраза мен мәтінді модельдеумен қатар таңбалық символдық құралдарды қолдану
	Абай Құнанбаев – ұлы ойшыл. Зерттеу сұрағы: Неліктен Абай Құнанбайұлын "Хәкім Абай" деп атады?	7.2.2.2 Абай Құнанбаевтың ақын, ойшыл, қоғам қайраткері ретіндегі қызметіне баға беру 7.2.2.3 жұп вербалды құралдарды қолдану арқылы түсіну үшін сұрақтар қою;
Қайталау		

#### 4) 8 –сынып

#### 4-кесте

Бөлім	Тақырыптар, мазмұны	Оқыту мақсаттары, білім алушы міндетті:
1-тоқсан		
	Қазақстанның XX ғасырдың басындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы. Зерттеу сұрағы: Не себепті А. Байтұрсынов: "Қазақ ұлтының	8.3.1.1 қазақ зиялыларының Ресей империясының Мемлекеттік Думасындағы қызметіне баға беру ; 8.3.1.2 тапсырма бойынша жазбаша жұмыс барысында барлық бақылау түрлерін орындау ;



XX ғасырдың басындағы Қазақстан	өмір сүруінің өзі проблемаға айналды", - деп санады?	8.3.1.3 XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру
	Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс. Зерттеу сұрағы: 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс неліктен бүкілхалықтық сипат алды?	8.3.1.3 XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру; 8.3.1.4 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің тарихи маңызын анықтау; 8.3.1.5 графикалық түрде ақпаратты ұсыну;
	1917 жылғы ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы және оның Қазақстанға әсері. Зерттеу сұрағы: 1917 жылы саяси белсенділіктің артуы қандай оқиғалардан көрініс тапты?	8.3.1.6 XX ғасыр басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру; 8.3.1.1 қазақ зиялыларының қызметіне баға беру; 8.3.1.2 тапсырма бойынша жазбаша жұмыс барысында барлық бақылау түрлерін орындау ;
	"Алаш" қозғалысы және қазақ ұлттық идеясы. Зерттеу сұрағы: Неліктен "Алаш" партиясы халық қолдауына ие болды?	8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау; 8.1.2.2 көру және сөздік нұсқаулық бойынша жұмыс жасау
	XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының көрнекті өкілдері. Зерттеу сұрағы: Қазақ зиялылары ұлттық мүдделерді қалайша қорғады?	8.2.2.1 қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау және қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға беру; 8.3.1.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметіне баға беру; 8.3.1.2 тапсырма бойынша жазбаша жұмыс барысында барлық бақылау түрлерін орындау ;
2-тоқсан		
Қазақстанда кеңестік биліктің орнығуы	Қазақстан азаматтық қарсыластық жылдарында (1917-1920 жылдар). Зерттеу сұрағы: Қазан революциясының ұрандары халық арасында қандай үміт тудырды?	8.3.1.3 XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру; 8.2.3.1 білім беруді дамытудағы мемлекеттік мөрдін рөлін бағалау; 8.2.3.2 топта немесе жұпта жұмыс жасай отырып, нәтижелі қарым-қатынас дағдыларын игеру;
	Қырғыз (Қазақ) АКСР-нің құрылуы. Зерттеу сұрағы: Қазақ Автономиялық Кеңестік	8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау; 8.1.2.2 көру және сөздік нұсқаулық бойынша жұмыс жасау ;

	Республикасы құрылуының тарихи маңызы неде?	8.3.1.6 Қазақстанда құрылған ұлттық автономиялардың маңыздылығына баға беру;
	Әскери коммунизм саясатынан Жаңа экономикалық саясатқа көшу. Зерттеу сұрағы: Қазақстан үшін жаңа экономикалық саясаттың артықшылықтары қандай болды?	8.4.1.1 әр түрлі көздер мен дәлелдерді салыстыру негізінде жаңа экономикалық саясат нәтижесінде болған өзгерістерді талдау; 8.4.1.2 қосымша сөйлем, тірек сөздердің модульды сызбасы бойынша сөйлем құрастыру;
Қайталау		
3-тоқсан		
Қазақстан тоталитарлық жүйе кезеңінде	Қазақстандағы 1920-1930 жылдардағы индустрияландыру. Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы индустрияландыру саясатының қарама-қайшылығы неде?	8.4.2.1 Қазақстандағы индустрияландырудың жетістіктері мен кемшіліктерін талдау; 8.4.2.2 мнемотехниканы қолдану арқылы қабылдаған ақпаратты есте сақтау;
	Қазақстандағы ұжымдастыру. Зерттеу мәселесі: Неліктен ұжымдастыру саясаты "үлкен апатқа" әкелді?	8.4.1.3 күштеп ұжымдастыру саясатының ауыл шаруашылығына тигізген зардаптарын талдау; 8.4.1.4 сөйлеуді тыңдау және түсіну және оған паравербалды құралдарды қолдану арқылы жауап беру; 8.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын анықтау;
	1920-1930 жылдардағы саяси репрессиялар. Зерттеу сұрағы: Сталиндік режим не себепті зиялыларға "халық жауы" деген айып тақты?	8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау; 8.1.2.2 көру және сөздік нұсқаулық бойынша жұмыс жасау; 8.3.1.3 XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру
Кеңестік Қазақстанның мәдениеті: білім мен ғылым	XX ғ. 20-30 жылдарындағы білім беру жүйесі мен ғылым. Зерттеу сұрағы: Білім мен ғылым саласының қандай жетістіктері мен кемшіліктері болды?	8.2.3.3 кеңес дәуіріндегі қазақ тілінің ахуалын анықтау; 8.2.3.4 сөйлеу этикетін сақтай отырып, құрдастарымен әңгімелесу
4-тоқсан		
Кеңестік Қазақстанның мәдениеті: әдебиет пен өнер	XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ әдебиетінің дамуы.	8.2.2.1 қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау және қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға беру;

	Зерттеу сұрағы: Қазақ әдебиетінде социалистік реализм қалай көрініс тапты?	8.2.3.3 кеңес дәуіріндегі қазақ тілінің ахуалын анықтау;
Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында	Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы шайқастарына қатысуы. Зерттеу сұрағы: Қандай қазақстандық Ұлы Отан соғысының батырлары халық есінде сақталды?	8.3.2.1 қазақстандықтардың Екінші дүниежүзілік соғысының жеңісіне қосқан үлесін бағалау; 8.3.2.2 әңгімелесушінің сөз бөлмей мұқият тыңдау; 8.3.2.3 Бауыржан Момышұлының батырлық, тұлғалық қасиетін айқындау; 8.3.2.4 аудиовизуалды материалдарды "өз сөзімен" ұсыну арқылы ауызша сөйлеуді тыңдау және түсіну
	Қазақстан-майдан арсеналы Зерттеу сұрағы: "Бәрі майдан үшін, бәрі жеңіс үшін" ұраны қалай жүзеге асырылды?	8.4.2.3 Қазақстан экономикасының соғыс жағдайына бейімделгендігін дәлелдеу; 8.4.2.4 сұрақтар қою, оның ішіндегі терминдер; еліктеу, мәні ашу және оқудиалогын аяқтау
	КСРО халықтарының Қазақстанға жер аударылуы Зерттеу мәселесі: Қазақстан жер аударылған халықтардың шетіне	8.1.1.2 қазіргі кезеңдегі демографиялық жағдайды білу; 8.1.1.3 құрдасының жауабын нақтылау үшін сұрақ қоя білу
Қайталау		

## 5) 9-сынып

### 5-кесте

Бөлім	Тақырыптар, мазмұны	Оқыту мақсаттары, білім алушы міндетті:
1-тоқсан		
Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946-1953 жылдар)	Соғыстан кейінгі Қазақ КСР-нің әлеуметтік-экономикалық дамуы. Зерттеу сұрағы: Соғыстан кейін қазақстандықтардың өмірі қалай өзгерді?	9.3.2.1 XX ғасырдың екінші жартысындағы әскери-өнеркәсіп кешендерінің Қазақстанға тигізген зардаптарын талдау; 9.3.2.2 4-5 әрекет нұқсаулық арқылы менталды карта бойынша әрекет жасау; 9.4.1.1 Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында орын алған өзгерістерге баға беру
	Қазақстандағы әскери-өнеркәсіп кешені. Зерттеу сұрағы: Неліктен Қазақстан ядролық сынақтар алаңына айналды?	9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау; 9.3.1.2 белгілі бір тапсырмалардың қажеттілігі туралы дәйекті бағалау мәлімдемесін құру

	<p>сталиндік идеологияның Қазақстандағы қоғамдық-саяси өмірге әсері.</p> <p>Зерттеу сұрағы: Неліктен тарихшы ЕрмұханБекмаханов 25 жылға бас бостандығынан айырылды?</p>	<p>9.2.3.1 Ермұхан Бекмахановтың Қазақстан тарихы ғылымына қосқан үлесін бағалау;</p> <p>9.2.3.2 алынған ақпараттың негізгі идеясын анықтау;</p> <p>9.1.2.1 мемлекеттің әлеуметтік бейнесін талдау</p> <p>9.1.2.2 тірек сөздерге сүйене отырып сұрақтар құрастыру</p>
Қазақстан "Хрущев жылымығы" кезеңінде (1954-1964 жылдар)	<p>"Хрущев жылымық" кезеңіндегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуы.</p> <p>Зерттеу сұрағы: "Жылымық кезеңі" қоғамға қандай өзгеріс әкелді?</p>	<p>9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндікинтерпретация жасау;</p> <p>9.3.1.2 белгілі бір тапсырмалардың қажеттілігі туралы дәйекті бағалау мәлімдемесін құру;</p> <p>9.1.1.1 демографиялық өзгерістер туралы дәйекті қорытынды жасау</p>
	<p>Тың игеру дәуіріндегі Қазақстан</p> <p>Зерттеу сұрағы: тың және тыңайған жерлерді игеру саясаты Қазақстанға қандай әсер етті?</p>	<p>9.4.1.1 Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында орын алған өзгерістерге баға беру;</p> <p>9.4.1.2 күтілетін нәтижеге жетудің түрі ретінде әрекеттің мақсаты мен міндетін қалыптастыру;</p>
2-тоқсан		
Қазақстан "тоқырау" кезеңінде (1965-1985 жылдар	<p>1965-1985 жылдардағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы.</p> <p>Зерттеу сұрағы: Не себепті 1965-1985 жылдар "тоқырау" кезеңі деп аталды?</p>	<p>9.4.2.1 өнеркәсіптің ахуалын анықтап, қорытынды жасау;</p> <p>9.4.2.2 топта жұмыс жасау кезінде тиімді қарым-қатынас мәселелерін өнімді шешу;</p> <p>9.1.2.1 мемлекеттің әлеуметтік бейнесін талдау;</p> <p>9.1.2.2 тірек сөздерге сүйене отырып сұрақтар құрастыру</p>
	<p>XX ғ. 60-80 жылдарындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуындағы қарама-қайшылықтар</p> <p>Зерттеу сұрағы: XX ғасырдың екінші жартысында ұлттық мүдделерді қорғау қалай жүзеге асырылды?</p>	<p>9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндікинтерпретация жасау;</p> <p>9.3.1.2 белгілі бір тапсырмалардың қажеттілігі туралы дәйекті бағалау мәлімдемесін құру;</p> <p>9.2.2.1 әдебиет пен өнердегі бейнеленген қоғамдық өмірді талдау;</p>
	<p>"Тоқырау" жылдарындағы демографиялық процестер.</p> <p>Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы урбандалу процесіне қандай факторлар әсер етті?</p>	<p>9.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасау;</p> <p>9.1.1.2 демографиялық саясаттың бағытын талдау;</p>

		9.1.1.3 өз сөйлеу әрекетін жазбаша түрде жоспарлау
Кеңестік Қазақстанның мәдениеті (1946-1985 жылдар)	XX ғасырдың екінші жартысындағы білім беру жүйесінің дамуы. Зерттеу сұрағы: Кеңестік білім беру саласындағы реформалар қандай мақсат көздеді?	9.2.3.3 білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатқа баға беру; 9.2.3.4 ауызша сөйлеудесөйлеу этикетін сақтау; 9.2.3.1 Е.Бекмахановтың Қазақстан тарихы ғылымына қосқан үлесін бағалау; 9.2.3.2 алынған ақпараттың негізгі идеясын анықтау
	XX ғасырдың 40-80 жылдарындағы қазақстандық ғалымдардың ғылымды дамытудағы жетістіктері. Зерттеу сұрағы: XX ғасырдың екінші жартысында ғылымның қай салалары көбірек дамыды?	9.4.1.3 Кеңес үкіметі кезіндегі орын алған әлеуметтік экономикалық мәселелерін талдау ; 9.4.1.4 топтастырылған элементтер белгісімен ерекшелу: тарихи кейіпкерлер, оқиғалар, нысандар 9.2.3.3 білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатқа баға беру; 9.2.3.4 ауызша сөйлеуде сөйлеу этикетін сақтау
3-тоқсан		
	XX ғасырдың 40-80 жылдарындағы әдебиет пен өнердің дамуы. Зерттеу сұрағы: Кеңестік идеология қазақ мәдениетінің дамуына қалай әсер етті?	9.2.2.1 кеңестік әдебиет пен өнер туындыларында қоғамдық өмірдің бейнеленуін талдау; 9.2.2.2 Мұхтар Әуезов шығармаларының әлем әдебиетіндегі орнын бағалау; 9.2.2.3 орындалатын іс-әрекеттерді сөзбен иллюстрациялау техникасын меңгеру;
Қазақстан қайта құру кезеңінде (1986-1991 жылдар)	Қазақстан "Қайта құрудың" бастапқы кезеңінде. Зерттеу сұрағы: КСРО-ның ыдырауы: заңдылық па әлде кездейсоқтық па?	9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау; 9.3.1.2 белгілі бір тапсырмалардың қажеттілігі туралы дәйекті бағалау мәлімдемесін құру
	"Қайта құру" жылдарындағы Қазақстандағы демократиялық процестер.	9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау; 9.3.1.2 белгілі бір тапсырмалардың қажеттілігі туралы дәйекті бағалау мәлімдемесін құру;

	Зерттеу сұрағы: Демократиялық процестер қоғамдық сананы қалай өзгертті?	9.3.1.3 саяси қайраткерлердің ұлттық мүддені қорғаудағы рөліне баға беру;
Қазақстан мемлекеттілігінің қайта жаңғыруы(1991 – 1996 жылдар)	Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің жариялануы. Зерттеу сұрағы: "Қазақстан Республикасының тәуелсіздік туралы" Конституциялық Заңының тарихи маңызы қандай?	9.3.1.4 Қазақстан Республикасы Конституциясын мемлекеттің тұрақты даму кепілі ретінде бағалау; 9.3.1.5 релаксация үшін тениканың әртүрлі элементтерін қолдана білу; 9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру; 9.3.1.2 белгілі бір тапсырмалардың қажеттілігі туралы дәйекті бағалау мәлімдемесін құру
4 – тоқсан		
	Н.Ә. Назарбаев - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті. Зерттеу сұрағы: Саяси көшбасшының мемлекет тарихының бетбұрысты кезеңдеріндегі рөлі қандай болды?	9.3.1.3 саяси қайраткерлердің ұлттық мүддені қорғаудағы рөліне баға беру; 9.3.1.4 Қазақстан Республикасы Конституциясын мемлекеттің тұрақты даму кепілі ретінде бағалау; 9.3.1.5 релаксация үшін тениканың әртүрлі элементтерін қолдана білу;
	Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы мемлекеттілікті қалыптастырудағы іс-шаралар. Зерттеу сұрағы: 1995 жылғы жаңа Конституцияны қабылдаудың	9.3.1.4 Қазақстан Республикасы Конституциясын мемлекеттің тұрақты даму кепілі ретінде бағалау; 9.3.1.5 релаксация үшін тениканың әртүрлі элементтерін қолдана білу; 9.3.1.6 Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамдарын анықтау;
	Қазақстан – халықаралық құқық субъектісі. Зерттеу сұрағы: Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа кірігуі қалай жүзеге асты?	9.3.2.3 Қазақстан Республикасының халықаралық сахнадағы танылуына баға беру; 9.3.2.4 құрдасының сапалы айтылған ой-пікірі туралы оңды көзқарасын білдіру (мазмұны, формасы); 9.4.1.3 Кеңес үкіметі кезіндегі орын алған әлеуметтік экономикалық мәселелерін талдау ; 9.4.1.4 топтастырылған элементтер белгісімен ерекшелу: тарихи кейіпкерлер, оқиғалар, нысандар

	<p>Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы Қазақстанның экономикалық дамуы. Зерттеу сұрағы: Неліктен нарықтық экономикаға көшу барысында қиыншылықтар орын алды?</p>	<p>9.4.2.3 нарықтық экономиканың өндірістік қатынастарға әсерін талдау; 9.4.2.4 тақырыптық лексиканы қолдана отырып, іс-қимыл жоспарын анықтау 9.4.2.3 нарықтық экономиканың өндірістік қатынастарға әсерін талдау;</p>
	<p>Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы әлеуметтік-демографиялық процестер. Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы әлеуметтік-демографиялық процестердің ерекшеліктері неде?</p>	<p>9.1.1.2 демографиялық саясаттың бағытын талдау; 9.1.1.3 өз сөйлеу әрекетін жазбаша түрде жоспарлау 9.1.2.1 мемлекеттің әлеуметтік бейнесін талдау; 9.1.2.2 тірек сөздерге сүйене отырып сұрақтар құрастыру</p>

6) 10-сынып  
6-кесте

Бөлім	Тақырыптар, мазмұны	Оқыту мақсаттары, білім алушы міндетті:
1 – тоқсан		
<p>Тәуелсіз Қазақстан Республикасының дамуы (1997</p>	<p>Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді басым мақсаттары мен стратегиялары Зерттеу мәселесі: Неліктен "Қазақстан 2030" стратегиясының эмблемасында қар барысы бейнеленген?</p>	<p>10.2.2.2 Н.Назарбаевтың қазақ халқына жолдауының мәнін бағалау; 10.2.2.3 салыстыру,талдау, синтездеу логикалық операцияларды орындау; 10.2.2.5 мемлекеттік бағдарламалардың қажеттілігін бағалау; 10.2.2.6 презентация түрінде ақпарат дайындау, ұсыну</p>
	<p>Қазақстан - 2030" Стратегиясы – мемлекет дамуындағы жаңа кезең. Зерттеу сұрағы: "Қазақстан - 2030" Стратегиясын қабылдау қажеттілігі неден туындады?</p>	<p>10.2.2.2 Н.Назарбаевтың қазақ халқына жолдауының мәнін бағалау; 10.2.2.3 салыстыру,талдау, синтездеу логикалық операцияларды орындау; 10.2.2.5 Н. Назарбаевтың Қазақстанның тарих ғылымының дамуына қосқан үлесін бағалау; 10.2.3.2 өз ұстанымын сенімді түрде дәлелдеу және қорғау;</p>
	<p>Қазақстан Республикасының халықаралық аренадағы беделінің артуы Зерттеу мәселесі: ШЫҰ-ның Орталық Азия өңіріндегі қатынастарды</p>	<p>10.2.3.1 Н.Назарбаевтың Қазақстанның тарих ғылымының дамуына қосқан үлесін бағалау; 10.2.3.2 өз ұстанымын сенімді түрде дәлелдеу және қорғау; 10.3.2.1 XX ғасырдың екінші жартысындағы әскери-өнеркәсіп</p>

жылдан бастап бүгінгі күнге дейін )	реттеудегі рөлі мен маңызы қандай?	кешендерінің Қазақстанға тигізген зардаптарын сипаттау;
	Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға және БҰМ-ға төрағалық етуі Зерттеу мәселесі: Қазіргі әлемде Қазақстан қандай рөл атқарады?	10.3.2.3 Қазақстан Республикасының халықаралық сахнадағы танылуын сипаттау; 10.3.2.4 фразаның мағынасына, кідірісіне және интонациясына назар аудара отырып, негізгі, логикалық сөзді есту арқылы үйрену
	1997 жылдан бастап Қазақстанның экономикалық дамуы Зерттеу мәселесі: XXI ғасырдағы Қазақстан экономикасы дамуының негізгі бағыттары қандай?	10.4.2.3 нарықтық экономиканың өндірістік қатынастарға әсерін бағалау; 10.4.2.4 оқу тапсырмасын орындау кезінде сыныптастарымен нәтижелі ынтымақтастықта болу; 10.4.1.1 ауыл шаруашылығының жағдайын сараптау; 10.4.1.2 мағыналы эквивалентті қолданып пайымдарды өзгерту; 10.4.1.3 осы кезеңдегі әлеуметтік экономикалық жағдайды сипаттау; 10.4.1.4 тізбектің, сериялардың, кластерлердің ассоциативті жолдарын құру
2 – тоқсан		
	Қазақстанның 1997 жылдан бастап әлеуметтік дамуы. Зерттеу сұрағы: Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайы қалай өзгерді?	10.1.2.1 қазіргі кездегі Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайын статистикалық мәліметтер негізінде талдау; 10.1.2.2 жұппен жұмыс жасауға дайындығын көрсету
	Халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қазақстан. Зерттеу сұрағы: Қазақстанның жаңа әлемдегі орны қандай?	10.3.2.3 Қазақстан Республикасының халықаралық сахнадағы танылуын сипаттау; 10.3.2.4 сөйлемнің мағынасына, кідірісіне және интонациясына назар аудара отырып, негізгі, логикалық сөзді есту арқылы үйрену
	Астана – Тәуелсіз Қазақстанның астанасы. Зерттеу сұрағы: Астананы көшіру нәліктен ұтымды стратегиялық шешім болып табылды?	10.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін талдау; 10.3.1.2 көмек бағытын алу үшін құрдасына немесе мұғалімге бару; 10.3.1.6 үкіметтің іс-әрекетінің басым бағыттарын бағалау
	"Қазақстан – 2050" стратегиялары.	10.3.1.4 Қазақстан Республикасы Конституциясын мемлекеттің тұрақты даму кепілі ретінде сипаттау;



	Зерттеу сұрағы: "Қазақстан – 2050" Стратегиясы қандай жаңа саяси бағытты белгіледі?	10.3.1.5 құрдасының өтінішіне қарай қол ұшын беру;
3 – тоқсан		
	Қазіргі кездегі Қазақстанның дамуындағы басым бағыттары. Зерттеу сұрағы: "5 институционалды реформаларды жүзеге асырудағы 100 нақты кадам" ұлт жоспары неліктен қабылданды?	10.3.2.3 Қазақстан Республикасының халықаралық сахнадағы танылуын сипаттау; 10.3.2.4 сөйлемнің мағынасына, кідірісіне және интонациясына назар аудара отырып, негізгі, логикалық сөзді есту арқылы үйрену 10.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін талдау; 10.3.1.2 көмек бағытын алу үшін құрдасына немесе мұғалімге бару;
	Елбасы Н.Назарбаевтың тәуелсіз мемлекетті құру мен дамытудағы рөлі Зерттеу мәселесі: Елбасы қазіргі Қазақстанның дамуы үшін қандай басым бағыттарды белгіледі?	10.2.3.1 Н. Назарбаевтың Қазақстанның тарих ғылымының дамуына қосқан үлесін бағалау; 10.2.3.2 өз ұстанымын сенімді түрде дәлелдеу және қорғау; 10.4.2.1 қазіргі өнеркәсіптің ахуалын талдау және қорытынды жасау; 10.4.2.2 мақсатқа сәйкес өз ой пікірлерін айтуды жоспарлау, түзету
Қазіргі заманғы Қазақстан мәдениеті (1991 жылдан бүгінгі күнге дейін)	Тәуелсіздік жылдарындағы білім мен ғылымның дамуы. Зерттеу сұрағы: Жаһандану жағдайындағы қазақстандық білім мен ғылымның даму тенденциялары қандай?	10.2.3.3 білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатқа талдау; 10.2.3.4 мазмұны бойынша қарапайым сұрақ қою және жауап беру; 10.2.2.4 әдебиет және өнер тенденциясын сипаттау;
	Болашақ " МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ" Зерттеу мәселесі: Кеңестік білім беру жүйесін реформалаудың мақсаттары қандай?	10.2.3.3 білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатқа талдау; 10.2.3.4 мазмұны бойынша қарапайым сұрақ қою және жауап беру; 10.2.2.5 мемлекеттік бағдарламалардың қажеттілігін бағалау; 10.2.2.5 тақырыпқа сай презентация дайындау
	Конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделі Зерттеу мәселесі:	10.2.1.1 діни ағымдар қызметтерін сипаттау; 10.2.1.2 өзінің ауызша сөйлеуін жоспарлау, оны бақылау;

	Қазақстан қоғамында зайырлы мемлекет қағидаттары мен діни сенім бостандығын қамтамасыз ету арасындағы тепе-теңдік қалай сақталады?	10.3.2.3 Қазақстан Республикасының халықаралық сахнадағы танылуын сипаттау; 10.3.2.4 сөйлемнің мағынасына, кідірісіне және интонациясына назар аудара отырып, негізгі, логикалық сөзді есту арқылы үйрену
4 – тоқсан		
	Тәуелсіз Қазақстан мәдениетінің дамуы. Зерттеу сұрағы: Жаһандану дәуіріндегі ұлттық мәдениетті дамыту мен сақтау жолдары қандай?	10.2.2.4 қазіргі кездегі өнер мен әдебиеттің даму тенденцияларын айқындау; 10.2.2.5 мемлекеттік бағдарламалардың қажеттілігін бағалау; 10.2.2.6 презентация түрінде ақпарат дайындау, ұсыну
	Қазіргі заманғы өнер мен әдебиеттің даму үрдісі Зерттеу мәселесі: "Бұрынғы мәдени және адамгершілік бағдарлардың девальвациясы"нені білдіреді?	10.2.2.1 Қоғамдық өмірдегі әдебиет пен өнердің рөліне баға беру; 10.2.2.4 әдебиет және өнер тенденциясын сипаттау; 10.2.1.1 діни ағымдар қызметтерін сипаттау; 10.2.1.2 өзінің ауызша сөйлеуін жоспарлау, оны бақылау;
	Мәдени мұра " мемлекеттік бағдарламасы" Зерттеу мәселесі: "Мәдени мұра" төрт бағытының әрқайсысы бойынша не істелді?	10.2.3.1 Н. Назарбаевтың Қазақстанның тарих ғылымының дамуына қосқан үлесін бағалау; 10.2.3.2 өз ұстанымын сенімді түрде дәлелдеу және қорғау; 10.2.2.1 Қоғамдық өмірдегі әдебиет пен өнердің рөліне баға беру;
	"Мәңгілік Ел" ұлттық идеясы. Зерттеу сұрағы: "Мәңгілік Ел": идеясының біріктірушілік рөлі неде?	10.2.2.2 Н.Назарбаевтың қазақ халқына жолдауының мәнін бағалау; 10.2.2.3 салыстыру,талдау, синтездеу логикалық операцияларды орындау; 10.2.2.5 мемлекеттік бағдарламалардың қажеттілігін бағалау; 10.2.2.6 презентация түрінде ақпарат дайындау, ұсыну
Қайталау		

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 123 бұйрығына  
50-қосымша

**Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Дүниежүзі тарихы" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Дүниежүзі тарихы" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасы "Білім туралы" Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты - білім алушылардың бойында тарихи сана, толеранттылық, өз елі және басқа елдердің тарихы мен мәдениетіне құрмет қалыптастыру, ғасырлар бойы қалыптасқан жалпы адамзаттық құндылықтарды дарыту және зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды дамыту.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) адамзат өркениетінің ежелгі заманнан бастап бүгінгі күнге дейінгі әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық дамуының негізгі кезеңдері және түрлі халықтардың тарихи даму жолының ерекшеліктері туралы білімін қалыптастыру;

2) әлемнің тарихи дамуы барысында қалыптасқан жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесі туралы білім беру;

3) тарихи дамудағы негізгі оқиғалардың, құбылыстардың және үдерістердің мәнін саналы түсінуін қалыптастыру;

4) тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді және тарихи тұлғалардың қызметін дүниежүзі тарихы контекстінде сын тұрғысынан талдау және баға беру дағдыларын қалыптастыру мен дамыту;

5) тарихи деректерді талдау негізінде дәлелді пайымдау дағдыларын дамыту;

6) тарихи зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыру мен дамыту (болжамдарды ұсыну, зерттеу сұрақтарын құрастыру, деректерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, нәтижелер мен қорытындыларды шығару, өзінің ұстанымын анықтау);

7) қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерде бағдарлану үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;

8) коммуникативті дағдыларды қалыптастыру, соның ішінде, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, командада жұмыс істей алу, түрлі деректерден алынған ақпараттарды қоса алғанда, басылымдар мен электронды құралдарды қолдану.

4. Түзете-дамыту міндеттері:

1) сөздердің дыбыстық-буындық құрылымының бұзылуын жеңуге негізделген айқын, ырғақты сөйлеуді қалыптастыру;

2) сөйлеу тілінің дамымағандығын және онымен байланысты ауызша-логикалық ойлау, эмоционалды қабылдау және ақпарат беру ерекшеліктерін жеңуге ықпал ету;

3) арнайы құрылған дидактикалық жағдайларда білім алушылардың нақты ақыл-ой әрекеттерін орындау амалдарын меңгеруге ықпал ету;

4) коррекциялық дайындықтың тиімділігін, өзін-өзі және өзара бақылау әдістерін, позитивті ынталандыру құралдарын қолдана отырып, сөйлеу тіліндегі бұзылыстарды жеңу бойынша жұмыстың тиімділігін қамтамасыз ету, білімге деген ынтасын және пәнге қызығушылығын қалыптастыру.

## **2-тарау. Оқу үдерісін ұйымдастырудың педагогикалық тұғырлары**

5. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылысы бар білімалушылар сөйлеу жүйесінің компоненттерін қалыптастырудағы тұрақты ерекше ауытқуларымен сипатталады, олар ақыл-ойы кем, есту қабілеті сақталған балаларда байқалады.

6. Сөйлеу тілінің құрылымына қарай жиі кездесетін екі түрінің бірі білім алушылардың барлығында кездеседі:

1) сыртқы сөйлеу құралдарының салыстырмалы сақталуымен ішкі сөйлеу жоспарын құру және сөйлеу бағдарламасын құру қабілеті толыққанды дамымаған;

2) ішкі сөйлеуі толық сақталған кезде де өз ойын реттілік пен өзара байланыстырп жеткізу біліктілігі толық дамымаған.

7. Білім алушылардың бойында сөйлеу тілі ауытқушылықтарынан туындайтын екіншілік бұзылыстар - танымдық үрдістерінің: ойлаудың, есте сақтаудың, зейіннің шығармашылық қиялдың дамымауы байқалады, оларды бірінші бұзылыс болып табылатын жалпы сөйлеу тілінің дамымауын жою барысында дамытуға болады.

8. Мұғалімнің оқу үдерісін дұрыс ұйымдастыру үшін жиі кездесетін сөйлеу тілінің зақымдалудың клиникалық формаларын білу қажет: тұтықпа;ринолалия;дизартрия; алалия немесе алалиялық компонент; мутизм.

9. Сабақ барысындағы сөйлеу тілін түзету жұмыстары төмендегі ескертулерді сақтау арқылы жүргізіледі:

1) сөйлеу тілінің бұзылу құрылымының нұсқасы;

2) сөйлеу тілінің бұзылудың клиникалық формасы;

3) білім алушылардың көпшілігіне тән церебрастения түрі бойынша жұмысқа қабілеттілігінің төмендігі.

10. Пәнді оқыту құндылыққа бағытталған, жеке тұлғаға бағытталған, іс-әрекеттік, қарым-қатынастық тұғырлар арқылы жүзеге асады.

11. Құндылыққа бағытталған тұғыр төмендегідей стратегияны анықтайды:

1) оқу әрекетін жоспарлы түрде қалыптастыру;

2) нақтыланған құндылықтар ұстанымымен нәтижеге жету және қолдану.

12. Жеке тұлғаға бағытталған төмендегідей мақсаттарға жетуде қолданылады:

- 1) сөйлеу тілінің күрделі бұзылысы бар әр білім алушыға қарасты оқу үдерісіні жекешелендіру, олардың шығармашылық ұстанымын жүзеге асыру;
- 2) өз пікірін білдіруге дайындығын жетілдіру;
- 3) мағыналы бағдарларды қалыптастыру;
- 4) жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін, психикалық, физикалық, сөйлеу тілінің дамуын есепке ала отырып шығармашылық қабілеттерінің толық ашылуына, өмірлік оптимизмін, жағымды өзін-өзі бағалау, өзін-өзі сыйлау, сана сезімнің қалыптасуы;
- 5) әр білім алушының қызығушылығы мен бейімділігін есепке ала отырып мінез-құлық себептері мен қажеттіліктерін түзету және қайта құру.

13. Білім алушыларға іскерлік тұғырды қолданудың тиімділігі:

- 1) дүниежүзі тарих бойынша білімді дайын түрде емес, өз ізденушілігімен білім алады;
- 2) өз оқу әрекетінің түрі мен мазмұнын саналы түрде түсінеді;
- 3) жүйе және оның ережелерін қабылдайды және түсінеді;
- 4) шынайы өмірде қажетті ақпаратты хабарлау және өңдеу, жинақтау, алу үшін өз білім және біліктерін белсенді және жемісті қолдану.

14. Оқытудағы қарым-қатынас тұғыры болжайды:

- 1) сабағықта нақты қарым-қатынас жағдайларын қолдану;
- 2) белсенді сөйлеу қызметін ұйымдастыру;
- 3) тиімді қарым-қатынас үрдісіне білім алушыларды қатыстыру мақсатында жұмыстың ұжымдық формасын қолдану.

15. Дүниежүзі тарих сабағындағы тиімді қарым-қатынастың көрсеткіші төмендегідей:

- 1) тыңдау және диалогқа түсу;
- 2) зерттелетін тақырыппен туындаған мәселелерді ұжымдық талқылауға қатысу;
- 3) бүкіл сабақ барысында сыныптастарымен тиімді өзара әрекеттестік құру;
- 4) жеке және топтық тапсырмаларды орындау кезінде сыныптағы мұғаліммен және сыныптастарымен ынтымақтастықты жоспарлау;
- 5) топтың әрбір мүшесінің мақсаттарын, функцияларын, топтағы өзара әрекеттесу әдістерін анықтау;
- 6) сабақтағы қарым-қатынастың міндеттері мен шарттарына сәйкес өз ойларын барынша толық білдіру.

16. Сабақ барысында сөйлеу жұмыстарын жоспарлау мен ұйымдастыруға бағытталған қағидалар:

- 1) онтогенетикалық қағида - ол онтогенездегі сөйлеудің әртүрлі формалары мен функцияларының қалыптасу заңдылықтары мен дәйектілігін ескере отырып, мұғалім

білім алушының белсенді ауызша сөйлеуінде қарапайым сөйлемнен бағынқы сөйлеймен күрделі басынқы сөйлемге дейінгі жоспарлы және кезектілікпен әртүрлі формадағы сөйлемдерді қолдана алуды болжайды;

2) күрделілік - мұғалімнің әртүрлі профильдегі мамандардың көмегі мен қолдауын қолдануды қамтиды: дәрігер – невропатолог-тұтықпа және дизартриясы бар білім алушылармен, отоларинголог-дәрігерімен, пластикалық хирургпен, фолиатрмен және хирург - стоматологпен – ринолалиясы бар білім алушылармен, сурдологпен - кохлеарлық имплант және сенсорлық алалиясы бар білім алушылармен, психологпен – мутизмі бар білім алушылармен, логопедпен-сөйлеу патологиясының барлық түрлерінде жұмыс істеуде.

17. Оқу процесінің тиімділігін арттыру және білім алушыларды әлеуметтендіру үшін оқытудың дәстүрлі және инновациялық әдістері, формалары мен құралдары қолданылады:

- 1) әңгіме - оқиғалардың сипаттамасы;
- 2) тарихи оқиғаны ашу және талдау;
- 3) сұрақ-жауап әңгімесі;
- 4) тарихи оқиғалардың негізгі қатысушылары қызметінің сипатын, себептерін ашу және талдау;
- 5) тарихи құжаттармен жұмыс;
- 6) интернет-ресурстармен жұмыс: тақырып бойынша презентациялар дайындау;
- 7) тыңдалған немесе оқылған мәтін мазмұнының қысқаша мазмұны;
- 8) ақпаратты диаграммалар, графиктер, таңбаланған суреттер түрінде ұсыну.

18. Қазақстан тарихы сабақтарында сөйлеу тілі кемістігі бар білім алушылар үшін жалпы жұмыс формалары мен әдістерімен қатар арнайы, түзету жұмыстары қолданылады:

- 1) артикуляциялық аппаратты дамытуға арналған статикалық және динамикалық жаттығулар;
- 2) дауыстың жұмсақ (дизартрия және тұтықпа кезінде) және қатты (ринолалия кезінде) шабуылына арналған тыныс алу-дауыс жаттығулары;
- 3) кинезиология элементтері, баяу айналу, екі қолдың тербелісі, психо-эмоциялық тұрақсыздық жағдайында рефлекс – тыйым салу позициясын қабылдау;
- 4) ырғақты қыздыру, түсіру және демалу минуттары – шамадан тыс жұмыс кезінде;
- 5) сөздермен ойындар: анаграммалар, бұрылыстар, сөзде сөз табу, ребустар, шарадтар, кроссвордтар;
- 6) деформацияланған сөйлемді, мәтінді олардың негізгі белгілерін, мағыналық тұтастығы мен байланыстылығын меңгеру мақсатында қалпына келтіру;

19. Білім алушылардың жетістіктерін бағдарламада көрсетілген пәндік мақсаттарға сәйкестік дәрежесін анықтау құралы ретінде критериалды бағалау болып табылады.

### 3-тарау. Оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру "Дүниежүзі тарихы"

20. "Дүниежүзі тарихы" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;
- 2) 6-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;
- 3) 7-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;
- 4) 8-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;
- 5) 9-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;
- 6) 10-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

21. Бағдарлама мазмұны 4 бөлімдерді қамтиды:

- 1) "Әлеуметтік қатынастардың дамуы" бөлімі;
- 2) "Мәдениеттің дамуы мен өзара әрекеттесуі" бөлімі;
- 3) "Саяси жүйелердің дамуы мен өзара әрекеттесуі" бөлімі";
- 4) "Экономикалық қатынастардың дамуы" бөлімі.

22. "Әлеуметтік қатынастардың дамуы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) әлеуметтік құрылымдар;
- 2) әлеуметтік әрекеттесу.

23. "Мәдениеттің дамуы мен өзара әрекеттесуі" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) дін;
- 2) өнер;
- 3) философиялық жүйелер;
- 4) ғылым.

24. "Саяси жүйелердің дамуы мен өзара әрекеттестігі" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) мемлекет: белгілері, құрылымы және басқару тәртібі;
- 2) империи, соғыстар, көтерілістер мен революциялар.

25. "Экономикалық қатынастардың дамуы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) шаруашылық жүйелер: эволюция және өзара әрекеттестік;
- 2) экономикалық жүйелердің тарихи үлгілері.

26. 5-сыныпқа арналған "Дүниежүзі тарихы" пәнінің базалық мазмұны:

1) терімшілер-аңшылардан бастап егіншілер мен малшыларға дейін. Адамның пайда болуы туралы теориялар. Адамдардың алғашқы бірлестік формалары: адамдар тобыры, ру, қауым, тайпа және олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары. Ежелгі адамдардың өмір салты. Иемденуші және өндіруші шаруашылық түрлері (терімшілік, аңшылық, балық аулау, мал шаруашылығы, егіншілік, металл өңдеу, айырбас сауда). "Неолиттік төңкеріс" ұғымы. Ежелгі діни наным-сенімдер. Алғашқы қауымдық өнердің түсінігі және түрлері;

2) өзен алқаптарының өркениеттері. Алдыңғы Азия мен солтүстік-шығыс Африканың табиғи жағдайлары. Месопотамия тарихының ежелгі кезеңі: Шумер және Аккад мемлекеттері. Ежелгі өркениеттердің шаруашылық жүйесі мен өнері;

3) Ежелгі Египет тарихы. Табиғи жағдайлары. Египеттегі мемлекеттің пайда болуы. Пирамидалар құрылысының дәуірі. Ежелгі Египеттің әлеуметтік құрылымы, экономика, діни наным-сенімдер мен ғылыми білімдері;

4) қос дөңгелекті арбалар мен империялар. "Империя" түсінігі. Ежелгі замандағы әскери өнер: соғыс арбалары мен атты әскердің пайда болуы. Жаулаушылық соғыстар мен империялар шекараларының өзгеруі. Таяу және Орта Шығыс империялары. Орталық Азияның ежелгі мемлекеттері. Әлеуметтік ұйымдасу, шаруашылығы мен мәдениеті;

5) Ежелгі Үндістан: буддизмнің гүлденуі мен индуизмнің салтанат құруы. Табиғи жағдайлары. Үндістанда мемлекеттің қалыптасуы. Ежелгі Үндістандағы индуизм мен буддизм. Ежелгі Үндістанның әлеуметтік құрылымы (касталық жүйе). Шаруашылығы. Мәдениеті мен ғылыми білімдердің дамуы;

6) Ежелгі Қытай. Табиғи жағдайлары. Ежелгі Қытай мемлекетінің қалыптасуы. Конфуций және Лао Цзы ілімдері. Ежелгі Қытайдың саяси, шаруашылық және қоғамдық құрылысы. Ежелгі Қытайдың мәдениеті;

7) Ежелгі Грекия. Ежелгі Грекияның географиялық жағдайы. Грекияның ежелгі өркениеттері. Грекиялық қала-мемлекеттер. Афина мемлекеті. Ежелгі Спарта. Ежелгі Грекияның саяси, шаруашылық және қоғамдық құрылысы. Грек-парсы соғыстары. Александр Македонский империясы;

8) Ежелгі Грекия мәдениеті. Ежелгі Грекияның тарихшылары мен философтары. Ежелгі Грекиядағы білім мен ғылым. Ежелгі Грекияның мәдениеті (күнделікті өмірі мен мерекелері, Олимпиада ойындары, діни наным-сенімдер, аңыздар мен мифтер, театр, сәулет және мүсін өнері);

9) Рим империясының гүлденуі. Апеннин түбегінің табиғи-географиялық ерекшеліктері. Ежелгі Римнің саяси және қоғамдық құрылысы (патшалық басқару және республика кезеңі тұсында). Римнің жаулаушылық соғыстары. Рим империясы. Рим империясындағы басқару жүйесі мен әлеуметтік ұйымдасу. Спартак бастаған құлдар көтерілісі. Шаруашылығы мен тұрмысы. Мәдениет. Империя дағдарысы;

10) дәуірлер тоғысындағы Рим. Христиандықтың пайда болуы. Рим империясындағы алғашқы христиандар. Мемлекеттік басқару жүйесі. Ұлы Константиннің діни реформасы. Ежелгі дүниенің мәдени мұрасы: жазу, әлемнің ғылыми бейнесі, ежелгі Римдегі техниканың дамуы.

27. 6-сыныпқа арналған "Дүниежүзі тарихы" пәнінің базалық мазмұны:

1) Рим империясының құлауы. Тарихтағы "орта ғасыр" түсінігі. Орта ғасырлар тарихының хронологиялық шеңбері мен кезеңдері. Халықтардың ұлы қоныс аудару және Батыс Рим империясының құлауы. Византия империясы. Византия мен Түрік



қағанатының дипломатиялық қарым-қатынастары. Киев Русінің құрылуы. Киев Русінде христиандықтың қабылдануы;

2) феодализм. "Феодализм" түсінігі. Феодалдық шаруашылық түрінің ерекшеліктері. Феодалдық қоғамның әлеуметтік құрылымы. Ортағасырлық қалалар мен өнердің даму ерекшеліктері;

3) ислам тарихы. Ислам дінінің пайда болуы. 610 және 1258 жылдар аралығындағы ислам тарихындағы басты оқиғалар. Араб халифаты. Мұсылман әлемі мәдениетінің дамуы;

4) крест жорықтары. Крест жорықтарының (1-4 крест жорықтары) себептері, барысы мен салдарлары. Крест жорықтарынан кейінгі христиандық Еуропа мен мұсылман әлемі;

5) моңғолдар. Шыңғыс хан. Моңғол империясының құрылуы. Моңғолдардың әскери өнері. Еуразия этносаяси картасының қалыптасуына моңғол шапқыншылықтарының әсері;

6) XIV ғасырдағы - XVI ғасырдың бірінші жартысындағы ортағасырлық еуропалық қоғам. "Қара індет". Франция мен Англиядағы шаруалар көтерілісі. Феодалдық соғыстар (Жүз жылдық соғыс, Ал қызыл және Ақ раушандар соғысы) және Еуропадағы бір орталықтанған мемлекеттердің қалыптасуы. Жанна д'Арк;

7) Батыс пен Шығыстағы абсолютизм. Феодалдық мемлекеттің даму кезеңдері. Батыс пен Шығыс мемлекеттеріндегі абсолютизмнің ерекшеліктері (Франция, Ресей, Англия, Қытай, Жапония, Осман империясы). "Парламент", "Бас штаттар", "сейм", "кортес", "Бояр Думасы" ұғымдары;

8) сауда, қолөнер және әлемді игеру. Ұлы Жібек жолы. Халықаралық сауда мен саяхаттар. Қытайдағы Мин әулетіндегі теңіз саяхаттары (Чжен Хе басшылығымен). XV ғасырдың соңы - XVI ғасырдың басындағы Ұлы географиялық ашулар мен олардың салдарлары. XV ғасырдағы Америка халықтары. Алғашқы отарлық империялар (Португалия, Испания);

9) қайта өрлеу дәуірі. Батыс Еуропадағы қайта өрлеу дәуірінің мәдениеті. Гуманистер идеялары. Шығыстың ортағасырлық мәдениеті;

10) реформация. Реформация себептері мен оның Еуропа елдеріндегі таралуы. Мартин Лютер наразылығының тарихи маңызы;

11) ғылыми революция. Әлемнің қазіргі ғылыми бейнесінің негізін қалаушылар және олардың ізбасарлары (Николай Коперник, Галилео Галилей, Джордано Бруно).

28. 7-сыныпқа арналған "Дүниежүзі тарихы" пәнінің базалық мазмұны:

1) тарихтағы "Жаңа заман" түсінігі. Жаңа заман кезеңдері. XVII ғасырдағы ағылшын буржуазиялық революциясы. Дәстүрлі өркениет дағдарысы және Англияда XVII ғасырда жаңа қоғамның пайда болуы. Өнеркәсіп төңкерісі және оның әлемді өзгертудегі ықпалы. Мануфактура, фабрикалардың пайда болуы және жалдамалы жұмысшы табының қалыптасуы. Өнеркәсіп төңкерісі: мәні, маңызы. Феодалдық

құрылыстан капиталистік шаруашылыққа өту. Индустриалды қоғам әлеуметтік құрылымының ерекшеліктері. XVII ғасырдағы Англиялық буржуазиялық революция;

2) Үндістан, XVIII ғасырдағы Парсы мемлекеттері және Британия. Образование британской колониальной империи. Ұлы Моғолдар империясының дағдарысы мен күйреуі. Еуропалық мемлекеттердің Ост-Үнді компаниясы. XVII ғасырдағы Индияның әлеуметтік-экономикалық жағдайы. Ұлыбритания мен Францияның Индияға ықпал ету аймағы үшін бәсекелестігі;

3) Ағартушылық идеяларының таралуы. Ағартушылық кезеңінің қайраткерлері. Солтүстік Америкадағы революциялық идеялардың таралуындағы ағартушылық идеялардың рөлі;

4) француз революциясының көрінісі. Француз абсолютизмнің дағдарысы. Француз буржуазиялық революциясы. Ағартушылық идеялардың қоғамдық санаға әсері. Ағартушылық пен революция кезеңіндегі Франция мәдениеті. Республикалық құрылыстың құрылуы мен ерекшеліктері. Наполеон Бонапарттың ішкі және сыртқы саясаты. Францияның жаулаушылық соғыстары. Құрлықтық блокада. Наполеонның Ресейге басып кіруі. Антифранцуздық коалициялар. Наполеон империясының күйреуі;

5) Ресей мен Осман империясы бейбіт және соғыс жылдары. Осман империясының саяси және әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері. Танзимат реформасы: мақсаттары мен нәтижелері. XVIII ғасырдың II - жартысындағы Осман империясының әлсіреуі: ішкі және сыртқы саясат;

6) XIX ғасырдағы Ресейдегі қоғамдық-саяси ойдың дамуы. Әлеуметтік-экономикалық даму. Ресей самодержавиясының ерекшеліктері. Ресейдегі азаттық қозғалыстың үш кезеңі. Декабристер көтерілісі. II Александр императордың реформалары. Халықшылдардың қозғалысы. Ресейдегі марксизмнің таралуы мен В.И. Лениннің революциялық қызметінің басталуы;

7) XIX ғасырдағы Қытай мен Еуропа елдері. Цин династиясының оқшаулану саясаты мен еуропалықтардың сауда, дипломатиялық миссиялары. Апиын соғыстары: себептері мен салдары. Ихэтуандар көтерілісі ("боксерлер" көтерілісі). Еуропалық мемлекеттердің Қытайды "ықпал ету аймақтарына" бөлуі;

8) революциялық идеялардың XIX ғасырда Еуропаға таралуы. Мемлекеттердің саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайы (Германия, Италия). Либералдық және демократиялық қозғалыс. Марксизмнің қалыптасуы мен таралуы. Еуропадағы 1848 жылғы буржуазиялық революциялар. Франко-Пруссия соғысы және Германияның бірігуі. Италияның бірігуі.

29. 8-сыныпқа арналған "Дүниежүзі тарихы" пәнінің базалық білім мазмұны:

1) XIX ғасырдағы еуропалықтардың отарлау үстемдігі. 1857-1859 жылдардағы Үндістандағы ұлт-азаттық көтеріліс (сипайлар көтерілісі). Үндістанды басқарудағы өзгерістер Үндістан ұлттық конгресі және мұсылман Лигасы азаттық күресуде;

2) Америка Құрама Штаттарының күшеюі. "Айқын болашақ" идеясы және АҚШ территориясының өсуі. Трансатлантикалық құл саудасы. Өнеркәсіптік және әлеуметтік-экономикалық дамуы. "Монро доктринасы". Қиыр шығыстық саясат. "Жапонияның ашылуы". 1861-1865 жылдардағы азамат соғысы. АҚШ-та құлдықтың жойылуы;

3) суретшілер мен жазушылардың көзқарастарымен ХІХ ғасырдағы өзгерістерге шолу. ХІХ ғасырдағы өнер және оның бағыттары. Әдебиет пен өнер. Өнердегі әлеуметтік әділетсіздіктің суреттелуі (Э. Золя, А.Н.Радищев, А.Құнанбаев, Ч. Диккенс, Ф. М. Достоевский);

4) ғылыми ойдың дамуы. ХІХ ғасырдағы ғылыми жаңалықтар (Ч.Дарвин, Г.Мендель);

5) ХХ ғасырдың басындағы әлем. ХХ ғасырдың басына қарай әлемнің аумақтық бөлінуі және мемлекеттердің саяси құрылымы. Индустриалды қоғамнан ақпараттық қоғамға дейін. Ғылыми-техникалық прогресс. Өнер стильдерінің әлеуметтік себептілігі (модерн, символизм, реализм, авангардизм);

6) Бірінші дүниежүзілік соғыс. ХХ ғасырдың басына қарай жетекші капиталистік мемлекеттер арасындағы қарама-қайшылықтар. Бірінші дүниежүзілік соғыстың қысқа мерзімді себептері. 1914-1918 жылдардағы негізгі соғыс қимылдары. Соғыс жылдарындағы әскери стратегиялардың, ғылым мен техниканың дамуы. Германия мен оның одақтастарының жеңілуі. Компьен бітімі. Соғыстың салдары;

7) Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі әлем. Париж бітім конференциясы. Әлемнің саяси картасының өзгеруі. Империялардың ыдырауы. Ұлттар Лигасының құрылуы. Мандаттық жүйе. Вашингтон конференциясы. Версаль-Вашингтон жүйесінің қарама-қайшылығы мен әлсіздігі. Осман империясында сұлтан билігінің жойылуы және шетел интервенттеріне қарсы күресі. Мұстафа Кемалдың (Ататүрік ) тарихи рөлі. Түркия – зайырлы мемлекет;

8) 1917 жылғы Ресейдегі революциялар. Ресей империясындағы 1917 жылғы революциялық оқиғалар. Саяси күштердің күресі. Большевиктердің билік басына келуі. Кеңес үкіметінің алғашқы декреттері. Еңбекшілер құқығы туралы Декларация. Азамат соғысы және шетел интервенциясы. "Әскери коммунизм" саясатынан жаңа экономикалық саясатқа көшу. Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының құрылуы. Әміршіл-әкімшіл жүйенің қалыптаса бастауы;

9) Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Азия елдері. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Қытай. Гомиьнданның қызметі. Азамат соғысы. Сунь Ятсен – Қытайдың уақытша президенті. Чан Кайши үкіметінің саясаты. Жапонияның қытайдағы басқыншылығы мен біртұтас майдан мәселесі;

10) Ұлы депрессия себептері мен салдары. әлемдік экономикалық дағдарыстың себептері мен салдарлары. АҚШ-тың "просперити" кезеңіндегі экономикалық және саяси дамуы;

11) Франклин Делано Рузвельттің "Жаңа бағыты". Соғысаралық кезеңдегі Америка Құрама Штатының сыртқы саясаты.

30. 9-сыныпқа арналған "Дүниежүзі тарихы" пәнінің базалық мазмұны:

	<p>Әртүрлі материалдарды қолданып, музыкалық аспаптарды (ұрмалы және соқпалы) жобалау</p>	<p>5.1.5.1 өзінің және басқалардың (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) тәжірибесіне сүйене отырып және композицияның негізгі заңдылықтарын ескеріп, қарапайым нысандардың дизайнын құрастыру бойынша тапсырмаларды орындау; 5.1.5.2 шығармашылық идеяларды іске асыру үшін нобайлар орындау</p>
	<p>Музыкалық аспапты дайындау</p>	<p>5.2.3.1өлшем мен белгілер негізінде орындалған бұйым дайындау үшін материалдарды қол құралдарымен өңдеу; 5.2.3.2 әртүрлі конструкциялық, табиғи және жасанды материалдардан қарапайым бұйым дайындау; 5.2.6.1 қауіпсіздік техникасын сақтап, оның маңыздылығын түсініп және көрсете отырып, материалдар мен құралдарды қолдану.</p>
	<p>Жұмыстардың көрмесі</p>	<p>5.3.1.1 сыныпқа дайын жұмысты презентациялау (көрме); 5.3.2.2 стилистикалық қанық сөздерді, профессионализмді, аббревиатураны қолдану.</p>
4 тоқсан		
Тамақтану мәдениеті	<p>Дұрыс тамақтану негіздері. Ас мәзірін құрастыру</p>	<p>5.2.4.1 дұрыс және тиімді тамақтанудың ережелерін сипаттау және зерттеу; 5.2.4.2 дұрыс және тиімді тамақтанудың мәзірін құрастыру; 5.1.3.1 шығармашылық идеяларды зерттеу мен дамыту үшін ақпарат</p>

		көздерімен жұмыс істеу (оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану арқылы)
Үй мәдениеті	<p>Электр қуатының негізгі көздері туралы жалпы мәліметтер.  Электротехникалық арматура. Электр энергиясының әртүрлі көздерімен тәжірибе жасау (батарея, гальваникалық элементтер)</p>	<p>5.2.5.3 электр энергиясының көздері туралы әңгімелеп беру;  5.2.5.5 өзектілік, сапалылық және құндылық тұрғысында мәтінді бағалайтын сұрақтарды құрастыру ;  5.1.3.1 шығармашылық идеяларды зерттеу мен дамыту үшін ақпарат көздерімен жұмыс істеу (оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану арқылы)  5.2.5.4 қарапайым электротехникалық арматура мен электромонтажды құралдардың атын атау және олардың қызметін түсіндіру;  5.2.5.5 тұрақты ток көздерін пайдалану арқылы қарапайым бұйым құрастыру;  5.2.5.6 нақты тапсырманы орындау үшін ақпаратты іздеу;  5.2.5.7 мәтін-тұжырымның құрылымына сүйеніп, өзіндік позициясын дәйекті түрде дәлелдеу.</p>
	Тұрмыстағы жөндеу жұмыстары	5.2.5.6 қол құралдарын пайдаланып, ақауларды жою бойынша қарапайым жөндеу жұмыстарын және интерьерді ұйымдастыру бойынша практикалық жұмыстарды орындау.
	Өсімдік шаруашылығының негізгі бағыттары. Өсімдік шаруашылығындағы көктемгі жұмыстар.	<p>5.2.5.1 өсімдік шаруашылығы мен жеміс-көкөніс түрлерінің негізгі бағыттарын зерттеу және сипаттау ;  5.2.5.2 өсімдік шаруашылығында көктемгі жұмыстар жүргізу;  5.2.6.1 қауіпсіздік техникасын сақтап, оның маңыздылығын түсініп және көрсете отырып, материалдар мен құралдарды қолдану.</p>

2) 6 сынып (ұлдар):

2-кесте

		Оқыту мақсаттары.
--	--	-------------------

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Білім алушылар білуі тиіс:
1 тоқсан		
Визуалды өнер	<p>Портрет жанры. Қазақстандық суретшілердің шығармашылығындағы портрет</p>	<p>6.1.3.1 шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту үшін ақпарат көздерін өз бетімен таңдау және қолдану; 6.1.2.1 әлемдік және қазақ ұлттық мәдениетіндегі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктері туралы білімі мен түсінігін көрсету.</p>
	<p>Сызықты портрет. Графика. Орындалу техникасы. Дәстүрлі емес материалдардан портрет жасау (сымнан орындалған портрет)</p>	<p>6.2.1.1 өз идеялары мен сезімдерін жеткізу үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің мәнерлі құралдарын анықтау, таңдау және қолдану; 6.1.6.4 материалдардың қасиеттері жайлы білімін және тәжірибелік жұмыс істеу дағдыларын көрсете отырып техникалар, көркемдік материалдарды қолдану және эксперимент жасау; 6.1.6.2 бірқатар заманауи және дәстүрлі емес материалдарды танып-білу, оларды өңдеу мен пайдаланудың тиімді жолдарын (немесе әдістерін) анықтау</p>
	<p>Портреттегі түс. Орындалу техникасы</p>	<p>6.1.1.1 өзінің және басқалардың тәжірибесі негізінде қоршаған ортаның нысандарының визуалды сипаттамаларын (композиция, түс, пішін, фактура, тепе-теңдік) түсіну және білімін көрсету; 6.1.1.2 өзіндік кеңейтілген ой тұжырымында термин-сөздерді еркін қолдану; 6.2.1.1 өз идеялары мен сезімдерін жеткізу үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің мәнерлі құралдарын анықтау, таңдау және қолдану</p>
	<p>Заманауи портрет. Фотоөнер. Фотокамерамен эксперимент</p>	<p>6.3.2.1 пәндік терминологияны қолдана отырып, өзінің және басқалардың (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмыстарындағы идеялары мен тақырыптарды салыстыру; 6.3.3.2 ұсынылған тақырып бойынша мәтін-талқылауды құрастыру;</p>



		6.2.1.1 өз идеялары мен сезімдерін жеткізу үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің мәнерлі құралдарын анықтау, таңдау және қолдану.
	Анимация. Қозғалатын элементтер (ермексазды анимация, көлеңкелі театр, саусақты және таяқшалы қуыршақтар)	6.1.2.1 әлемдік және қазақ ұлттық мәдениетіндегі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктері туралы білімі мен түсінігін көрсету; 6.1.2.2 өлшемдер бойынша өзіндік тілдік мінез-құлқын бағалау; 6.1.4.1 уақыттың жұмсалуды мен басқа факторларды ескеріп, іс-әрекеттің бірізділігін жоспарлау және анықтау.
	Сценарий дайындау. Кейіпкерлер мен декорациялар құру. Көркемдік идеяларды іске асыру. Дыбыстау.	6.2.1.1 өз идеялары мен сезімдерін жеткізу үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің мәнерлі құралдарын анықтау, таңдау және қолдану; 6.3.4.1 өзінің және басқалардың жұмыстарын жетілдіру және бейімдеу бойынша конструктивті түсініктемелерді қабылдау және негізделген ұсыныстарды жасау; 6.3.4.2 қойылған міндетке сәйкес оқу әрекеттерін жоспарлау, бақылау және бағалау.
	Жұмысты презентациялау	6.3.1.1 мектеп аудиториясына дайын жұмысты презентациялау.
2 тоқсан		
	Қазақ халқының зергерлік өнерімен танысу	6.1.2.1 әлемдік және қазақтың ұлттық мәдениетіндегі дизайн, қолөнер мен өнер туындыларының ерекшеліктерін түсіну мен білімін көрсету
	Зергерлік бұйымның нобайын құрастыру. Материалдар мен құрал-жабдықтарды таңдау	6.1.5.2 шығармашылық идеяларды іске асыру үшін нобайлар, техникалық суреттер мен сызбалар орындау; 6.1.5.3 әртүрлі тәсілдер арқылы ұсынылған ақпаратпен жұмыс істеу дағдысын меңгеру; 6.1.6.4 материалдардың қасиеттері жайлы білімін және практикалық жұмыс істеу дағдыларын көрсетіп, техникаларды және көркемдік материалдарды қолдану және эксперимент жүргізу;

Сәндік-қолданбалы өнер

	6.1.6.5 оқу тапсырмасын орындауда сыныптастармен өнімді ынтымақтасу.
Бұйым дайындау. Бұйымды көркемдеп безендіру	6.2.3.2 ажырайтын және ажырамайтын біріктіру әдістерін қолданып, бірнеше бөлшектерден тұратын бұйым жасау; 6.2.3.3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау барысында қазақ ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану; 6.2.6.1 қауіпсіздік техникасын сақтап, оның маңыздылығын түсініп және көрсете отырып, материалдар мен құралдарды қолдану.
Табиғи материалдардың түрлері мен сипаттамалары	6.1.1.1 өзінің және басқалардың тәжірибесіне сүйеніп, қоршаған орта нысандарының визуалды сипаттамаларын (композиция, түс, пішін, фактура, тепе-теңдік) түсіну және білімін көрсету; 6.1.6.1 конструкциялық, табиғи, және жасанды материалдардың физикалық, технологиялық пен механикалық қасиеттерін және олардың қолдану аясын анықтау және сипаттау.
Табиғи материалдардан дайындалатын бұйым нобайын құрастыру	6.1.5.2 шығармашылық идеяларды іске асыру үшін нобайлар, техникалық суреттер мен сызбалар орындау
Бұйым дайындау. Бұйымды көркемдеп безендіру	6.1.6.4 материалдардың қасиеттері жайлы білімін және практикалық жұмыс істеу дағдыларын көрсетіп, техникаларды және көркемдік материалдарды қолдану және эксперимент жүргізу; 6.2.1.1 өз идеялары мен сезімдерін жеткізу үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің мәнерлі құралдарын анықтау, таңдау және қолдану; 6.2.1.2 ақпаратты шығармашылық тұрғыда интерпретациялап, мәтін-сипаттамалардың және мәтін-тұжырымдардың мазмұнын толық, қысқа, таңдамалы түрде қайта әңгімелеу.
	6.3.2.2 стилистикалық қанық сөздерді, профессионализмді,

	Жұмыстарды презентациялау Көрме ұйымдас тыру	аббревиатураны қолдану, қайталау мен штамптарға жол бермеу; 6.3.1.1 мектеп аудиториясына дайын жұмысты презентациялау.
3 тоқсан		
	Электр және қол еңбегі құралдары мен жабдықтары. Практикалық жұмыстар	6.2.2.1 қозғалысты іске қосу механизмдері мен электрлі қол құралдарының құрылысын және механизмдерін анықтау және сипаттау, оларды конструкциялық, табиғи және жасанды материалдарды өңдеу үшін қолдану; 6.2.2.2 ұсынылған тақырып бойынша пікір алмасып, диалогқа қатысу; 6.2.2.3 жоспарға, сызбаға, иллюстрацияға сүйеніп, талқылау элементтері бар сипаттаушы немесе баяндаушы сипаттағы монологты құру; 6.2.6.2 электр қол құралдары мен жабдықтарымен қауіпсіз жұмыс жасау тәсілдерін, еңбек гигиенасы ережелерін (жұмыс орнын, құралдарды ұйымдастыру мен тазалау, арнайы киімде жұмыс істеу) білу және түсіндіру
	Құрамалы бөлшектерден робот құрастыру. Роботтың шығу тарихы мен оның түрлері.	6.1.3.1 шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту үшін ақпарат көздерін өз бетімен таңдау және қолдану; 6.3.3.1 пәндік терминологияны қолдана отырып, өзінің және басқалардың (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмыстарындағы қолданылған әдістер мен тәсілдерді (техникалар) салыстыру
	Роботты құрастыру. Нобай. Материалдарды іріктеу.	6.1.5.1 өзіндік тәжірибесі мен біліміне сүйеніп, композицияның негізгі заңдарын сақтап, әртүрлі нысандардың дизайнын құрастыру бойынша тапсырмалар орындау; 6.1.6.1 конструкциялық, табиғи, және жасанды материалдардың физикалық, технологиялық пен механикалық қасиеттерін және олардың қолданылу аясын анықтау және сипаттау; 6.1.4.1 уақыттың жұмсалуды және басқа факторларды ескеріп,

<p>Дизайн және технология</p>	<p>Робот құру. Робот бөлшектерінің қозғалмалы механизмін құру бойынша эксперимент жүргізу</p> <p>Көлік құралдарының түрлері туралы жалпы мәліметтер</p> <p>Көлік құралы моделін құрастыру. Нобай. Материалдарды іріктеу</p> <p>Көлік құралын құрастыру. Модельдің жеке бөліктерін дайындау. Үлгіні құрастыру және өңдеу.</p> <p>Жұмыстарды презентациялау. Көрме ұйымдастыру</p>	<p>іс-әрекеттің бірізділігін анықтау және жоспарлау</p> <p>6.2.3.1 орындалған өлшем мен белгілер негізінде бұйым дайындау үшін материалдарды электрлі қол құралдарымен өңдеу;</p> <p>6.2.3.2 ажырайтын және ажырамайтын біріктіру әдістерін қолданып, бірнеше бөлшектерден құралған бұйым жасау;</p> <p>6.2.3.4 белгілі және белгісіз ақпаратты қолдана отырып, біртұтас және тұтас емес мәтіндегі негізгі ақпаратты түсіну;</p> <p>6.2.6.1 қауіпсіздік техникасын сақтап, оның маңыздылығын түсініп және көрсете отырып, материалдар мен құралдарды қолдану.</p> <p>6.1.3.1 шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту үшін ақпарат көздерін өз бетімен таңдау және қолдану</p> <p>6.1.5.1 өзінің тәжірибесі мен біліміне сүйеніп, композицияның негізгі заңдарын сақтап, әртүрлі нысандардың дизайнын құрастыру бойынша тапсырмалар орындау;</p> <p>6.1.4.2 материалдық шығындарды анықтау (сандық көрсеткіштер);</p> <p>6.1.4.3 ақпаратты графикалық түрде ұсыну және көру негізінде байланыстырылған тұжырымды құрастыру</p> <p>6.2.3.1 орындалған өлшем мен белгілер негізінде бұйым дайындау үшін материалдарды электр қол құралдарымен өңдеу;</p> <p>6.2.3.2 ажырайтын және ажырамайтын біріктіру әдістерін қолданып, бірнеше бөлшектерден тұратын бұйым жасау</p> <p>6.3.1.1 мектеп аудиториясына дайын жұмысты презентациялау;</p> <p>6.3.1.2 сан есімдердің, сын есімдердің, есімдіктердің дұрыс септік формаларын қолдану</p>
<p>4 тоқсан</p>		
		<p>6.2.4.1 қоғамдық тамақтану орындарында, қазақ халқы мен әлем халықтарының мәдениетіндегі дастарқан басында</p>

Тамақтану мәдениеті	Қазақ халқы мен әртүрлі халықтардың мәдениетінде және қоғамдық тамақтану орындарын дағы дастарқан басындағы дұрыс мінез-құлық ережелері	өзін-өзі ұстау ережелерін салыстыру және сипаттау; 6.2.4.2 әртүрлі шараларға арналған дастарқанды безендірудегі білімдерін және практикалық дағдыларын көрсету; 6.2.4.5 лексикалық үйлесімділікті ескере отырып, жеке сөздердің, сөз тіркестерінің және сөйлемдердің, эмоционалды боялған және кәсіби сөздердің, неологизмдердің мағынасын түсіну, қолдану және түсіндіру
Үй мәдениеті	Электросызбалардың шартты белгілерімен танысу. Электр тізбектері	6.2.5.3 электросызбалар элементтерінің шартты графикалық белгілерін зерттеу, түсіну, бейнелеу және оларды практикада қолдану; 6.2.5.4 қарапайым электр тізбектерінің есебін жүргізу және ажырата білу
	Батарейкалы шырағдан дайындау	6.2.5.5 электр тізбектерін қарапайым сызба бойынша құрастыру және орындау; 6.2.5.6 әртүрлі ақпарат көздерін зерттеу, алынған мәліметтер мен әртүрлі көзқарастарды салыстыру нәтижесінде іс-әрекеттің оңтайлы тәсілін анықтау
	Электр қол еңбегі құралдарын қолдану арқылы тұрмыстағы жөндеу жұмыстары	6.2.5.6 электр қол құралдарын пайдаланып, ақауларды жою бойынша жөндеу операцияларын және интерьерді ұйымдастыру бойынша практикалық жұмыстарды орындау; 6.2.6.1 қауіпсіздік техникасын сақтап, оның маңыздылығын түсініп және көрсете отырып, материалдар мен құралдарды қолдану; 6.2.6.3 ақпаратты әртүрлі сызбалар, кестелер, диаграммалар түрінде ұсыну.
	Сәндік гүлдер түрлері. Гүл өсіру шаруашылығындағы көктемгі жұмыстар	6.2.5.1 сәндік гүлдердің түрлерін өсіру технологиясын зерттеу және сипаттау; 6.2.5.2 сәндік бақша өсіру мен гүл өсіру шаруашылығында көктемгі жұмыстарды (топырақты өңдеу, зиянкес жәндіктерден қорғау, егу мен отырғызу) жүргізу;

6.2.6.1 қауіпсіздік техникасын сақтап, оның маңыздылығын түсініп және көрсете отырып, материалдар мен құралдарды қолдану

### 3) 5 сынып (қыздар):

#### 3-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Мазмұны	Оқыту мақсаттары. Білім алушылар білуі тиіс:
1 тоқсан	<p>Бейнелеу өнеріндегі мәнерлі құралдар. Классикалық өнердің үздік туындылары. Қазақстандық суретшілердің шығармашылығы. Бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары</p>	<p>5.1.2.1 әлемдік және қазақ ұлттық мәдениетіндегі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктерін анықтау және зерттеу;</p> <p>5.1.3.1 шығармашылық идеяларды зерттеу мен дамыту үшін ақпарат көздерімен жұмыс істеу. ( ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы );</p> <p>5.3.2.1 пәндік терминологияны қолданып, өзінің және басқалардың (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмыстарында берілген идеялар мен тақырыптарды сипаттау;</p> <p>5.3.2.2 стилистикалық қанық сөздерді, профессионализмді, аббреиатураны қолдану.</p> <p>5.3.3.1 пәндік терминологияны қолданып, өзінің және басқалардың (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмыстарындағы қолданылған әдістер мен тәсілдерді (техникалар ) сипаттау</p>
	<p>Натюрморт өнері. Ұлттық сәндік натюрморт</p>	<p>5.1.5.2 шығармашылық идеяларды іске асыру үшін нобайлар орындау ;</p> <p>5.1.5.3 көру және сөздік нұсқаулар бойынша жұмыс істеу;</p> <p>5.1.6.4 таңдалған тәсілдердің қасиеттерін ескеріп, көркемдік материалдарды және техникаларды қолдану және эксперимент жүргізу;</p> <p>5.2.1.1 өз идеялары мен сезімдерін жеткізу үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің мәнерлі құралдарын қолдану;</p>

Визуалды өнер

	5.2.3.4 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдарды құрастыру барысында қазақтың ұлттық мәдениетінің элементтерін қолдану
Пейзаж. Табиғатпен үйлесім. Әуе перспективасы	5.1.1.1 қоршаған ортаның ассоциативті мағынасы мен визуалды сипаттамасын зерттеу және анықтау (композиция, түс, пішін, фактура, тепе-теңдік); 5.1.1.2 базалық терминдерді дұрыс дыбыстау және жазу, оларды белсенді сөздікте қолдану; 5.2.1.1 өз идеялары мен сезімдерін жеткізу үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің мәнерлі құралдарын қолдану
Индустиралды пейзаж. Қала пейзажы. Сызықтық перспектива	5.1.1.1 қоршаған ортаның ассоциативті мағынасы мен визуалды сипаттамасын зерттеу және анықтау (композиция, түс, пішін, фактура, тепе-теңдік); 5.2.1.1 өз идеялары мен сезімдерін жеткізу үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің мәнерлі құралдарын қолдану
Пластикалық пішіндер өнері. Мүсін өнері	5.1.1.1 қоршаған ортаның ассоциативті мағынасы мен визуалды сипаттамасын зерттеу және анықтау (композиция, түс, пішін, фактура, тепе-теңдік); 5.1.1.2 базалық терминдерді дұрыс дыбыстау және жазу, оларды белсенді сөздікте қолдану; 5.2.1.1 өз идеялары мен сезімдерін жеткізу үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің мәнерлі құралдарын қолдану; 5.3.3.1 пәндік терминологияны қолданып, өзінің және басқалардың (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмыстарындағы қолданылған әдістер мен тәсілдерді (техникалар) сипаттау; 5.3.3.2 технологиялық жоспарға сүйеніп, тапсырманы орындау барысын жандандыру
	5.1.5.2 шығармашылық идеяларды іске асыру үшін нобайлар орындау ;

	Шығармашылық жұмыс. Көрме ұйымдастыру	<p>5.1.6.4 таңдалған тәсілдердің қасиеттерін есепке алып, көркемдік материалдарды және техникаларды пайдалану және эксперимент жүргізу;</p> <p>5.1.6.5 түсіну және нақтылау үшін тікелей, жанама және баламалы сұрақтарды қою;</p> <p>5.2.1.1 өз идеялары мен сезімдерін жеткізу үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің мәнерлі құралдарын қолдану;</p> <p>5.3.1.1 дайын жұмысты сыныпқа презентациялау.</p>
2 тоқсан		
Сәндік-қолданбалы өнер	<p>Ою-өрнектің қысқаша тарихы және түрлері. Қазақтың ұлттық ою-өрнектері (түрлері, стилизация мен мотивтері)</p> <p>Көркем кестелеу. Кесте түрлері. Материалдармен және құралдармен танысу. Нобай құрастыру.</p>	<p>5.1.2.1 әлемдік және қазақ ұлттық мәдениетіндегі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктерін анықтау және зерттеу</p> <p>5.1.2.1 әлемдік және қазақ ұлттық мәдениетіндегі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктерін анықтау және зерттеу;</p> <p>5.1.2.2 өлшемдер бойынша қоршаған адамдардың тілдік мінез-құлқын бағалау;</p> <p>5.1.5.2 шығармашылық идеяларды іске асыру үшін нобайлармен үлгілерді орындау;</p> <p>5.2.1.1 өз идеялары мен сезімдерін жеткізу үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің мәнерлі құралдарын қолдану</p>
	Көркемдік кестемен бұйымды безендіру	<p>5.2.1.2 мәтін-сипаттамалардың мазмұнын толық, қысқа, таңдамалы түрде қайта әңгімелеу;</p> <p>5.2.3.3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар дайындау үдерісінде қазақтың ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану;</p> <p>5.2.6.1 қауіпсіздік техникасын сақтап, оның маңыздылығын түсініп және көрсете отырып, материалдар мен құралдарды қолдану</p>
		<p>5.1.6.2 бірқатар заманауи және дәстүрлі емес материалдарды танып-білу, олардың қасиеттері мен қызметін анықтау;</p>



	<p>Өру өнері. Өру түрлері. Материалдармен және құралдармен танысу</p>	<p>5.1.5.2 шығармашылық идеяларды іске асыру үшін нобайлармен үлгілерді орындау; 5.1.4.1 шығармашылық жұмысты орындау кезеңдерін анықтап, жоспар құрастыру; 5.1.4.2 сөйлеу мәдениетін меңгеруге, сөйлеудің сапасын бақылауға ұмтылысты көрсету; 5.1.4.3 заттық-графикалық сызбаға сүйеніп, тасырманың орындалуы барысын жоспарлай білу</p>
	<p>Бұйымды өру</p>	<p>5.2.3.2 әртүрлі материалдардан (тоқыма, табиғи және жасанды) қарапайым бұйымдарды орындау; 5.2.3.4 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар дайындау үдерісінде қазақтың ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану; 5.2.6.1 қауіпсіздік техникасын сақтап, оның маңыздылығын түсініп және көрсете отырып, материалдар мен құралдарды қолдану; 5.3.1.2 санда және септікте сөздерді үйлестіре отырып, сөйлеудің атаулы бөліктерін қолдану</p>
	<p>Жұмыстардың көрмесі</p>	<p>5.3.1.1 дайын жұмысты сыныпқа презентациялау (көрме)</p>
<p>3 тоқсан</p>		
	<p>Тоқыма материалдарының классификациясы мен сипаттамалары. Материалдардың түрлері мен қасиеттерін зерттеу</p>	<p>5.1.6.3 тоқыма материалдары мен бұйымдарының классификациясын білу және сипаттау; 5.2.2.3 көрнекі материалдарға сүйеніп, нақты құрылымы бар белгілі типтегі ой тұжырымын бірізді құрастыру; 5.2.6.3 ақпаратты суреттер түрінде ұсыну</p>
	<p>Тоқыма материалдарын өңдеуге арналған құралдар, жабдықтар және құрылғылар</p>	<p>5.2.2.1 тігін машинасының құрылысын, жіп өткізу тәсілдерін және машина тігістерін орындау тәсілдерін сипаттау және білу; 5.2.2.2 тігін бұйымдарын ылғалды-жылулық (үтік) өңдеуге арналған жабдықтарды білу, сипаттау және қолдану; 5.2.6.2 қол еңбегі құралдарымен жұмыс істеудің қауіпсіз тәсілдерін, еңбек гигиенасының ережелерін</p>

Дизайн және технология

	білу (жұмыс орнын, құралдарды ұйымдастыру және тазалау, арнайы киімде жұмыс істеу)
Тігін бұйымдарының классификациясы. Идеядан өнімге (тігін бұйымдары) дейін	5.1.6.3 тоқыма материалдары мен бұйымдарының классификациясын білу және сипаттау
Дизайн, киімді макеттеу (қағаз, тоқыма және басқа материалдар). Костюм құрастыру (мини-манекенде немесе қуыршақта)	5.1.5.1 өзінің және басқалардың (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) тәжірибесіне сүйеніп және композицияның негізгі заңдарын ескеріп, қарапайым нысандардың дизайнын құрастыру бойынша тапсырмаларды орындау; 5.2.3.1 сыру тігістерін қолданып, қол еңбегі құралдарымен және тігін машинасында тоқыма материалдарын пішуді және өндеуді орындау; 5.2.3.2 әртүрлі материалдардан (тоқыма, табиғи және жасанды) қарапайым бұйымдарды орындау; 5.2.6.1 қауіпсіздік техникасын сақтап, оның маңыздылығын түсініп және көрсете отырып, материалдар мен құралдарды қолдану
Тоқыма мозаикасы техникасында тігін бұйымдарының дизайны (кұрақ, пэчворк, квилт) Идеяларды құрастыру. Нобай. Материалды таңдау және дайындау. Жұмыстың орындалу бірізділігі	5.1.5.1 өзінің және басқалардың (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) тәжірибесіне сүйене отырып және композицияның негізгі заңдарын ескеріп, қарапайым нысандардың дизайнын құрастыру бойынша тапсырмаларды орындау; 5.1.4.1 шығармашылық жұмысты орындау кезеңдерін анықтап, жоспар құрастыру; 5.2.3.3 шығармашылық жұмыстарды және бұйымдарды құру барысында қазақтың ұлттық мәдениетінің элементтерін қолдану
	5.2.3.1 сыру тігістерін қолданып, қол еңбегі құралдарымен және тігін машинасында тоқыма материалдарын пішуді және өндеуді орындау; 5.2.3.2 әртүрлі материалдардан (тоқыма, табиғи және жасанды) қарапайым бұйымдарды орындау;

	Бұйымды құрастыру. Бұйымды көркемдеп безендіру	5.2.3.4 тақырыпты анықтап, біртұтас және тұтас емес мәтіндегі негізгі ақпаратты түсіну; 5.2.6.1 қауіпсіздік техникасын сақтап, оның маңыздылығын түсініп және көрсете отырып, материалдар мен құралдарды қолдану
	Жұмысты презентациялау	5.3.4.1 өзінің және басқалардың жұмыстарын жетілдіру және бейімдеу бойынша конструктивті түсініктемелерді қабылдау және ұсыныстар жасау; 5.3.1.1 дайын жұмысты сыныпқа презентациялау
4 тоқсан		
Тамақтану мәдениеті	Дұрыс тамақтану негіздері. Ас мәзірін құрастыру	5.2.4.1 дұрыс және тиімді тамақтанудың ережелерін сипаттау және зерттеу; 5.2.4.2 дұрыс және тиімді тамақтанудың мәзірін құрастыру; 5.1.3.1 шығармашылық идеяларды зерттеу мен дамыту үшін ақпарат көздерімен жұмыс істеу
	Асхананың жабдықтары. Тағам әзірлеуге арналған құралдар мен жабдықтар, ыдыстар. Тағам әзірлеуге арналған құрал-жабдықтардың және құрылғылардың мүмкіндіктерін зерттеу	5.2.4.3 тағам әзірлеуге арналған құралдар мен жабдықтарды, құрылғыларды зерттеу және олардың мүмкіндіктерін анықтау; 5.2.6.1 қауіпсіздік техникасын сақтап, оның маңыздылығын түсініп және көрсете отырып, материалдар мен құралдарды қолдану; 5.2.6.2 қол еңбегі құралдарымен жұмыс істеудің қауіпсіз тәсілдерін, еңбек гигиенасының ережелерін білу (жұмыс орнын, құралдарды ұйымдастыру және тазалау, арнайы киімде жұмыс істеу); 5.1.3.1 шығармашылық идеяларды зерттеу мен дамыту үшін ақпарат көздерімен жұмыс істеу
	Тіскебасарлар мен сусындарды әзірлеу технологиясы	5.2.4.4 салқын тағамдар мен сусындар дайындау технологиясын білу және қолдану; 5.2.4.5 лексикалық үйлесімділікті ескеріп, жеке сөздердің, сөз тіркестерінің және сөйлемдердің, эмоционалды қанық және кәсіби сөздердің, неологизмдердің мағынасын түсіну;

		5.3.1.1 дайын жұмысты сыныпқа презентациялау
	Жемістер мен көкөністерден салаттар әзірлеу технологиясы	5.2.4.4 салқын тағамдар мен сусындар дайындау технологиясын білу және қолдану; 5.3.4.1 өзінің және басқалардың жұмыстарын жетілдіру және бейімдеу бойынша конструктивті түсініктемелерді қабылдау және ұсыныстар жасау; 5.3.4.2 коммуникация барысында шығармашылық және ізденістік сипаттағы мәселелерді бірлесіп шешу; 5.3.1.1 дайын жұмысты сыныпқа презентациялау
Үй мәдениеті	Жеке гигиена. Өзіне күтім жасау	5.2.5.3 жеке гигиена ережелерін зерттеу және сипаттау, шаш пен терінің алуан түрлерін анықтау; 5.2.5.5 өзектілік, сапалылық және құндылық тұрғысында мәтінді бағалайтын сұрақтарды құрастыру ; 5.2.5.6 нақты міндетті орындау үшін ақпаратты қолдану; 5.2.5.4 шектелген қолдау жағдайында өзіне күтім жасау бойынша құралдар мен әрекеттерді таңдау және қолдану
	Өсімдік шаруашылығының негізгі бағыттары. Өсімдік шаруашылығындағы көктемгі жұмыстар	5.2.5.1 өсімдік шаруашылығы мен жеміс-көкөніс түрлерінің негізгі бағыттарын зерттеу және сипаттау ; 5.2.5.2 өсімдік шаруашылығында көктемгі жұмыстар жүргізу; 5.2.6.1 қауіпсіздік техникасын сақтап, оның маңыздылығын түсініп және көрсете отырып, материалдар мен құралдарды қолдану

#### 4) 6 сынып (қыздар):

#### 4-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Мазмұны	Оқыту мақсаттары. Білім алушылар білуі тиіс:
1 тоқсан		
	Портрет жанры. Портрет түрлері. Қазақстандық суретшілердің шығармашылығындағы портрет	6.1.3.1 шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту үшін ақпарат көздерін өз бетімен таңдау және қолдану; 6.1.2.1 әлемдік және қазақ ұлттық мәдениетіндегі өнер, колөнер мен

Визуалды өнер		дизайн туындыларының ерекшеліктері туралы білімі мен түсініктерін көрсету
	Сызықты портрет. Графика. Орындалу техникасы. Портреттер құрудың дәстүрлі емес әдістері (сымнан орындалған портрет) .	6.2.1.1 өз идеялары мен сезімдерін жеткізу үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің мәнерлі құралдарын анықтау, таңдау және қолдану; 6.1.6.4 материалдардың қасиеттерін білу және жұмыстың практикалық дағдыларын көрсетіп, техникаларды және көркемдік материалдарды қолдану және эксперимент жүргізу; 6.1.6.2 бірқатар заманауи және дәстүрлі емес материалдарды танып-білу, оларды өңдеу мен пайдаланудың тиімді жолдарын анықтау
	Портреттегі түс. Орындалу техникасы	6.1.1.1 өзінің және басқалардың тәжірибесіне сүйеніп, қоршаған орта нысандарының визуалды сипаттамаларын (композиция, түс, пішін, фактура, тепе-теңдік) түсіну және білімін көрсету; 6.1.1.2 өзіндік кеңейтілген ой тұжырымында термин-сөздерді еркін қолдану; 6.2.1.1 өз идеялары мен сезімдерін жеткізу үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің мәнерлі құралдарын анықтау, таңдау және қолдану; 6.2.2.2 ұсынылған тақырып бойынша пікірлермен алмасып, диалогқа қатысу
	Заманауи портрет. Фотоөнер. Фотокамерамен эксперимент	6.3.2.1 пәндік терминологияны қолданып, өзінің және басқалардың (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмысындағы идеялар мен тақырыптарды салыстыру; 6.3.2.2 стилистикалық қанық сөздерді, профессионализмдерді, аббревиатураны қолдану, қайталау мен штамптарға жол бермеу; 6.2.1.1 өз идеялары мен сезімдерін жеткізу үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің мәнерлі құралдарын анықтау, таңдау және қолдану; 6.2.1.2 ақпаратты шығармашылық тұрғыда интерпретациялап,

		мәтін-сипаттаулар мен мәтін-талқылауды толық, қысқа, таңдамалы түрде қайта әңгімелеу
	Анимация. Қозғалмалы элементтер (ермексазды анимация, көлеңкелі театр, саусақты және таяқшалы қуыршақтар)	6.1.2.1 әлемдік және қазақтың ұлттық мәдениетіндегі дизайн, қолөнер мен өнер туындыларының ерекшеліктерін түсіну және білімін көрсету; 6.1.4.1 уақыттың жұмсалуды және басқа факторларды ескеріп, әрекеттің бірізділігін жоспарлау және анықтау
	Сценарий құрастыру. Кейіпкерлер мен декорациялар құру. Көркем өнер идеяларын іске асыру. Дыбыстау.	6.1.4.3 ақпаратты графикалық түрде ұсына білу және көру негізінде байланыстырып сөйлеуді құрастыру; 6.2.1.1 өз идеялары мен сезімдерін жеткізу үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің мәнерлі құралдарын анықтау, таңдау және қолдану; 6.3.4.1 өзінің және басқалардың жұмыстарын жетілдіру және бейімдеу бойынша конструктивті түсініктемелерді қабылдау және негізделген ұсыныстар жасау
	Жұмыстарды презентациялау	6.3.1.1 мектеп аудиториясына дайын жұмысты презентациялау (көрме)
2 тоқсан		
	Тоқу өнері. Илмекпен тоқу. Тоқу тәсілдері мен техникалары. Бұйымның нобайын құрастыру. Материалдар мен құралдарды таңдау	6.1.2.1 әлемдік және қазақ ұлттық мәдениетіндегі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктері туралы білімі мен түсінігін көрсету; 6.1.2.2 өлшемдер бойынша өзіндік тілдік мінез-құлқын бағалау; 6.1.5.2 шығармашылық идеяларды іске асыру үшін нобайларды, техникалық суреттерді және сызбаларды орындау; 6.1.5.3 әртүрлі тәсілдер арқылы ұсынылған ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын меңгеру; 6.1.4.2 материалдық шығындарды анықтау (сандық көрсеткіштер)
		6.1.6.4 материалдардың қасиеттерін білуді және практикалық жұмыс істеу дағдыларын көрсетіп,

Сәндік-қолданбалы өнер	<p>Өртүрлі бұйымдарды ілмекпен тоқу (сулықтар, сөмкелер, ұялы телефондардың қаптары)</p>	<p>техникаларды және көркемдік материалдарды қолдану және эксперимент жүргізу;          6.1.6.5 оқу тапсырмасын орындауда сыныптастармен өнімді ынтымақтасу;          6.2.3.3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау барысында қазақтың ұлттық мәдениеті элементтерін пайдалану;          6.2.6.1 қауіпсіздік техникасын сақтап, оның маңыздылығын түсініп және көрсете отырып, материалдар мен құралдарды қолдану</p>
	<p>Шалма бізбен тоқу. Шалма біздер, олардың түрлері. Тоқу тәсілдері мен техникалары. Бұйымның нобайын құрастыру</p>	<p>6.1.5.2 шығармашылық идеяларды іске асыру үшін нобайларды, техникалық суреттерді және сызбаларды орындау          6.1.4.2 материалдық шығындарды анықтау (сандық көрсеткіштер)</p>
	<p>Өртүрлі бұйымдарды шалма бізбен тоқу (мойынорағыш, үшкіл орамал, тіреуіш, ұялы телефондардың қаптары)</p>	<p>6.1.6.4 материалдардың қасиеттерін білуді практикалық жұмыс істеу дағдыларын көрсетіп, техникаларды және көркемдік материалдарды қолдану және эксперимент жүргізу;          6.2.3.3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау барысында қазақтың ұлттық мәдениеті элементтерін пайдалану;          6.2.6.1 қауіпсіздік техникасын сақтап, оның маңыздылығын түсініп және көрсете отырып, материалдар мен құралдарды қолдану</p>
	<p>Жұмыстарды презентациялау. Көрме ұйымдастыру</p>	<p>6.3.1.1 мектеп аудиториясына дайын жұмыстарды таныстыру (көрме);          6.3.4.1 өзінің және басқалардың жұмыстарын жетілдіру және бейімдеу бойынша конструктивті түсініктемелерді қабылдау және негізделген ұсыныстар жасау          6.3.4.2 қойылған міндетке сәйкес оқу әрекеттерін жоспарлау, бақылау және бағалау</p>
3 тоқсан		
		<p>6.1.5.1 өзіндік тәжірибесіне және біліміне сүйеніп, композицияның</p>

<p>Тоқыма материалдарынан бұйым дайындау (авторлық қуыршақ, дамытушы ойыншық). Идеяларды құру. Нобай.</p>	<p>негізгі заңдарын сақтап, әртүрлі нысандардың дизайнын құрастыру бойынша тапсырмалар орындау; 6.1.5.2 шығармашылық идеяларды іске асыру үшін нобайларды, техникалық суреттерді және сызбаларды орындау</p>
<p>Түрлі-түсті және түрлі фактуралы тоқыма материалдарын зерттеу. Материалдарды, құралдар мен жабдықтарды таңдау және дайындау</p>	<p>6.1.6.3 тоқыма материалдары мен бұйымдарының қасиеттерін және фактурасын анықтау және зерттеу; 6.1.6.2 бірқатар заманауи және дәстүрлі емес материалдарды танып-білу, оларды өңдеу мен пайдаланудың тиімді жолдарын анықтау; 6.2.2.1 тігін машинасын қалыпты күйге келтіруді білу және орындау</p>
<p>Бұйымды құру. Бөлшектерді пішу. Жеке бөлшектерді өңдеу. Бөлшектерді біріктіру және бұйымды безендіру</p>	<p>6.2.2.2 тігін бұйымдарын ылғалды - жылулық өңдеу режимдерін білу, сипаттау және оларды тәжірибеде қолдану; 6.2.2.3 жоспарға, сызбаға, иллюстрацияларға сүйеніп, талқылау элементтері бар сипаттаушы немесе баяндаушы сипаттағы монолог құрастыру; 6.2.3.1 қайып тігістерді және сырылған тігістерді қолданып, қол еңбегі құралдарында және тігін машинасында тоқыма материалдарын пішуді және өңдеуді орындау; 6.2.3.2 әртүрлі конструкциялар мен материалдарды (тоқыма, табиғи және жасанды) қолданып, бірегей бұйымдарды орындау; 6.2.6.2 электр қол еңбегі құралдарымен және жабдықтарымен қауіпсіз жұмыс жасау тәсілдерін, еңбек гигиенасы ережелерін (жұмыс орнын, құралдарды ұйымдастыру мен тазалау, арнайы киімде жұмыс істеу) білу және түсіндіру</p>
	<p>6.2.2.2 тігін бұйымдарын ылғалды - жылулық өңдеу режимдерін білу, сипаттау және оларды тәжірибеде қолдану; 6.2.3.1 қайып тігістерді және сырылған тігістерді қолданып, қол еңбегі құралдарында және тігін</p>



<p>Бұйымды құру. Бөлшектерді пішу. Жеке бөлшектерді өңдеу. Бөлшектерді біріктіру мен бұйымды безендіру</p>		<p>машинасында тоқыма материалдарын пішуді және өңдеуді орындау;</p> <p>6.2.3.2 әртүрлі конструкциялар мен материалдарды (тоқыма, табиғи және жасанды) қолданып, бірегей бұйымдарды орындау;</p> <p>6.2.3.4 белгілі және белгісіз ақпаратты қолданып, біртұтас және тұтас емес мәтіндегі негізгі ақпаратты түсіну;</p> <p>6.2.6.2 электр қол еңбегі құралдарымен және жабдықтарымен қауіпсіз жұмыс жасау тәсілдерін, еңбек гигиенасы ережелерін (жұмыс орнын, құралдарды ұйымдастыру мен тазалау, арнайы киімде жұмыс істеу) білу және түсіндіру;</p> <p>6.2.6.3 ақпаратты әртүрлі сыбалар, кестелер, диаграммалар түрінде ұсыну</p>
<p>Жұмыстарды презентациялау. Көрме ұйымдастыру</p>		<p>6.3.1.1 мектеп аудиториясына дайын жұмысты презентациялау (көрме);</p> <p>6.3.1.2 сан есімдердің, сын есімдердің, есімдіктердің дұрыс септік формаларын қолдану;</p> <p>6.3.3.2 ұсынылған тақырыпқа мәтін-талқылауды құрастыру;</p> <p>6.3.3.1 пәндік терминологияны қолданып, өзінің және басқалардың (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмысындағы қолданылған әдістерді және тәсілдерді (техникалар) салыстыру</p>
<p>4 тоқсан</p>		
	<p>Қазақ халқы мен түрлі халықтардың және қоғамдық тамақтану орындарындағы дастарқан басында өзін-өзі ұстау ережелері</p>	<p>6.2.4.1 қоғамдық тамақтану орындарында, қазақ халқы мен әлем халықтарының мәдениетіндегі дастарқан басында өзін-өзі ұстау ережелерін салыстыру және сипаттау;</p> <p>6.2.4.2 әртүрлі шараларға арналған дастарханды безендірудегі білімдері мен практикалық дағдыларын көрсету</p> <p>6.2.4.3 жылдам орындалатын тағамдар мен десерт даярлау технологияларын білу және қолдану;</p>

Тамақтану мәдениеті	Жартылай дайын өнімдерден тағамдар даярлау технологиясы	6.2.4.4 әртүрлі тағамдарды даярлау үшін азық-түліктер, құрал-жабдықтар мен құрылғыларды анықтау және таңдау
	Тағамдарды жылдам даярлау технологиясы	6.2.4.3 жылдам орындалатын тағамдар мен десерт даярлау технологияларын білу және қолдану; 6.2.4.4 әртүрлі тағамдарды даярлау үшін азық-түліктер, құрал-жабдықтар мен құрылғыларды анықтау және таңдау; 6.2.4.5 лексикалық үйлесімділікті ескеріп, жеке сөздердің, сөз тіркестерінің және сөйлемдердің, эмоционалды қанық және кәсіби сөздердің, неологизмдердің жасырын мағынасын түсіну және түсіндіру
	Десерт даярлау технологиясы	6.2.4.3 жылдам орындалатын тағамдар мен десерт даярлау технологияларын білу және қолдану; 6.2.4.4 әртүрлі тағамдарды даярлау үшін азық-түліктер, құрал-жабдықтар мен құрылғыларды анықтау және таңдау; 6.3.1.1 мектеп аудиториясына дайын жұмысты презентациялау (көрме)
	Гигиена ережелері. Бөлмені ылғалды және құрғақ тазалау жұмысы	6.2.5.3 тұрғын үйге қойылатын гигиеналық талаптарды, тазалау құралдары мен жабдықтарын зерттеу және сипаттау; 6.2.5.4 шектелген қолдау жағдайында тазалау құралдары мен жабдықтарын таңдау және қолдану; 6.2.5.7 топтағы өнімді коммуникация үшін вербальды және вербальды емес құралдарды адекватты түрде таңдау
	Киімнің және аяқ киімнің күтімі мен оларды сақтау	6.2.5.5 шектелген қолдау жағдайында маусымдық киім мен аяқ-киімдерге күтім жасау және сақтау ережелерін білу және ұстану; 6.2.5.6 әртүрлі көздерден ақпарат алу, алынған мәліметтер мен

Үй мәдениеті		әртүрлі көзқарастарды салыстыру нәтижесінде іс-әрекеттің оңтайлы тәсілін анықтау
	Сәндік гүлдер түрлері. Гүл өсіру шаруашылығындағы көктемгі жұмыстар	6.2.5.1 сәндік гүлдер түрлерін өсіру технологиясын зерттеу және сипаттау; 6.2.5.2 сәндік бақша өсіру мен гүл өсіру шаруашылығында көктемгі жұмыстар (топырақты өңдеу, зиянкес жәндіктерден қорғау, егу мен отырғызу) жүргізу; 6.2.6.1 қауіпсіздік техникасын сақтап, оның маңыздылығын түсініп және көрсете отырып, материалдар мен құралдарды қолдану; 6.2.6.3 ақпаратты әртүрлі сызбалар, кестелер, диаграммалар түрінде ұсыну

Негізгі орта білім беру деңгейінің  
5-6-сыныптардың білім алушыларына арналған "Көркем еңбек" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымша 2

**Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6-сыныптың білім алушыларына арналған "Көркем еңбек" оқу пәні бойынша терминологиялық минимум**

Сынып	Пәндік лексика және терминология	Диалог/жазуға арналған фразалар
5 сынып	Жанр, коллекция, композиция, репродукция, өнер, контраст, үзінді, нобай, үздік туынды, сәндік, анималистік, индустриалды, сыртқы контур, аралау, модельдеу, декор, алгоритм, ассортимент, пішім, маусымдық, классификация, макет, лекало, манекен, күнгірт, модуль, мозаика, оригами, бірегей, силуэт, пропорция, фактура, фиксация, шаблон, гигиена, дегустация, инвентарь, интерьер, ұтымды, рацион, профилактика, эстетика, зерттеу, топырақты азықтандыру, көлденең, тік, фактура, жұмысқа қабілеттілік, қайнар көз, құрал, жөндеу, деңгей, электр өткізгіш, энергия, қызмет ету, компонент, тіркеу, қасиеттер, жобалау,	Жол бермеу үшін, алдымен қажет. ..., ал содан кейін... Көз жеткізу үшін, алдымен біріншіден, ....., екіншіден ....., ал содан кейін Ережелерді сақтау....., яғни Қауіпсіздікті сақтау ..... байланысты болады Сол кезеңде ..... менде қиындықтар туындады Маған осы ұнады..., себебі ...

	ассортимент, конструкция, конструкциялық материалдар, зергерлік өнер, зергер, қолөнер шебері.	
6 сынып	Тұрмыстық химия, анимация, графика, автопортрет, колорит, колориттік, дәстүрлі емес әдістер, реңк, репродукция, фактура, көркемдеп безендіру, зергер, асыл тастар, жартылай асыл тастар, табиғи материалдар, филигрань, зергер, бұрама, безендіру, этикет, сәндік гүл өсіру, шартты белгілер, эколог, портретист, пропорция, дизайнер, декоратор, аниматор, дыбыс режиссері, бірізділік, бұйымның сызбасы, тегістеп үтіктеу, қайта үтіктеу, тігіс жүргізу, кестелеу, перфорация, экспресс.	Ақпаратты алу және жеткізу. .....алгоритм бойынша әрекет етеді. Міндетті шарт ретінде..... алынады . Алгоритмдерді ..... жағдайда қолдану Қатаң бірізді орындау Ұсыныс берілмейді. Бұл ..... жасауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 123 бұйрығына  
53-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына  
690-қосымша

**Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10-сыныптары үшін "Технология" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10-сыныптары үшін "Технология" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты – еңбек технологиясы аясында қызметтік сауаттылығын қалыптастыру, шынайылыққа деген шығармашылық қарым–қатынасын және технологиялық ойлау қабілетін дамыту.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) нақты заттық іс–әрекетті меңгеру арқылы политехникалық білімдерін қалыптастыру, материалдарды қолмен өңдеу технологияларымен, кеңістікті,

материяны, энергияны, ақпаратты жетілдірудің жаңа заманауи технологияларымен таныстыру;

2) өз өмірін дұрыс ұйымдастыру тәжірибесі және тәжірибелік біліктілік ресурсы ретінде технологиялық ойлауын қалыптастыру;

3) технологиялық міндеттерді шешу, нысандарды трансформациялау, талдау, құрастыру, зерттеу үрдісінде оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту;

4) шешім қабылдау және тәжірибелік міндеттерді орындау үрдісінде дербестікті және шығармашылық қабілеттерін дамыту;

5) шаруашылықты үнемді басқару және өзіне қызмет етеу дағдылары мен біліктіліктерін жетілдіру;

6) эстетикалық, еңбек, экономикалық, экологиялық, патриоттық тәрбиелеу және рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру;

7) заманауи өндірістік технологиялар негізінде білім алушылардың өзін-өзі кәсіби тұрғыда анықтауы, прагматикалық дүниетанымды қалыптастыру;

8) оқу міндеттеріне қол жеткізу мақсатында бірлескен қызметті ұйымдастыру

4. Түзете-дамыту міндеттері:

1) сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар оқушылардың негізгі танымдық аппаратты меңгеруі;

2) оқу пәні мен сөйлеу тілі заңдылықтарына сәйкес келетін дұрыс тілдік құрылымдарды құру біліктіліктерін қалыптастыру;

3) реттеуші оқу іс-әрекеттерін автоматтандыру: нұсқаулық бойынша жұмыс істеу, жағдайды талдау, мақсаттар мен міндеттер қою, іс-шаралар мен ресурстарды жоспарлау, уақытты, материалдардың қасиеттерін және басқа факторларды анықтау және ескере отырып, ағымдық және қорытынды бақылауды жүзеге асыру, қызмет нәтижесі мен өнімді бағалау;

4) бірлескен іс-әрекет үрдісінде коммуникативті мәселелерді сәтті шеше білу;

5) сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар оқушылардың барлық тілдік емес функцияларын қалыпқа келтіру: сенсорлық және моторлық жүйелер, танымдық процестер, оқу пәні құралдары.

## **2-тарау. Оқу үрдісін ұйымдастырудағы педагогикалық ықпал ету**

5. "Технология" оқу пәнін толық меңгерудегі қиындықтар тіл жүйесінің негізгі компоненттерінің бұзылуымен және сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар оқушылардың танымдық іс-әрекетінің алғышарттарының дамымауына байланысты.

6. Сөйлеу қорының дамуына қарамастан, сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар жоғары сынып оқушыларында абстрактілі сөздерді, терминдерді дұрыс білмеуі және қолдана алмауы, бірқатар грамматикалық түсініктері мен тіл категорияларының жеткіліксіз қалыптасуы байқалады.

7. Білім алушылар ойды білдірудің грамматикалық құралдарын таңдауда және біріктіруде қиындыққа ұшырайды; сөйлеу тілінде сөздердің қарапайым құрылымдары мен бұрмаланған грамматикалық формаларды қолданылады.

8. Сөйлеу тілі бұзылыстары бар оқушылардың көбіне фонемалық, визуалды, оптикалық-кеңістіктік қабылдаудың тұрақты бұзылыстары тән.

9. Балалардың назарының өзіндік ерекшелігі ол оның инерттілігі мен тұрақсыздығының үйлесімі болып табылады, зейіннің еріксіз және таяз болуымен сипатталады.

10. Білім алушылардың сөйлеу тілі бұзылыстары әсер етеді:

1) көріп және естіп қабылдау арқылы есте сақтауына (еріксіз және сөздік емес қарым-қатынас формасының басымдылығы);

2) заттық біліктіліктері мен білімді меңгеру қарқынына (төмендейді),

3) ақпаратты сақтау және мәлімдеу сапасы (білімі нақты емес).

11. Сөйлеу тілі бұзылыстары мен психикалық дамудың басқа тұстары арасындағы байланысы ойлаудың өзіндік ерекшеліктерін айқындайды: көрнекі-бейнелік ойлау дамуының артта қалуы, талдау, синтез, салыстыру, топтастыру, үлгі бойынша ой түйу.

12. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар оқушылардың бір бөлігінде қимыл-қозғалыс қызметінің дамуының артта қалуы көрініс алады: қимыл қозғалыс координациясының бұзылуы, кіші бөлшектелген қозғалыстарды орындаудағы сенімсіздік, қозғалыстарды орындау кезінде икемсіз және баяу.

13. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар оқушылардың аталған бұзылыстары "Технология" пәнін оқытуда кетедергіліер туындатады және арнайы мектепте ерекше білім беруді ұйымдастыруды, жұмыс тәжірибесінде жалпы дидактикалық және арнайы тәсілдерді қолдануды талап етеді:

1) білім берудегі зерттеушілік тәсіл –ол ауыр сөйлеу тілі бұзылыстары бар оқушыларда ғылыми дүниетанымдылықты, ойлауын дамытуды және өзіндік танымдылығын қалыптастырудың маңызды құралдарының бірі;

2) тұлғаға бағытталған тәсіл - баланың өзін-өзі қалыптастыру және өзін-өзі тану процестерін, оның ерекше даралығын дамытуды қамтамасыз етеді және қолдайды;

3) іс–әрекет арқылы ықпал ету - білім беру, тұлғалық даму, әлемді тану және қабылдау нәтижелеріне бағытталады;

5) білім беруде саралау арқылы ықпал ету - оқушылардың әр қайсысын олардың шығармашылық қабілеттерін максималды дамыту жағдайын және оның танымдық қызығушылықтарын қамтамасыз етуді көздейді. Білім беру балаға қолжетімді деңгейде және қолайлы қарқында болуы қажет;

6) интегративті ықпал ету -"Технология" пәнін басқа оқыту пәндерімен тығыз байланыстыруға мүмкіндік береді;

7) жүйелік ықпал ету - сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар оқушыларда оқу іс-әрекетінің әмбебап жүйесін, оқу үдерісін баланың өзін өзі ұйымдастыру және өзін өзі оқыту тәртібінде ұйымдастыруға мүмкіндік береді;

8) коммуникативтік ықпал ету - білім берудің іс-әрекеттік сипатын айқындайды, яғни сабақ барысындағы шынайы қарым-қатынас сөйлеу тілі іс-әрекеті арқылы шынайы немесе жасанды міндеттерді орындау арқылы жүзеге асады;

9) жоба әдісі мақсат қою дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді және білім алушыларға мұғалім тарапынан тиісті басшылық жасау кезінде, оның ішінде ата-аналармен, жергілікті қоғамдастық өкілдерімен әріптестікте ұлттық-өңірлік бөліктерді ескере отырып, тұжырымдалған мақсаттарға қол жеткізудің оңтайлы жолдарын табуға мүмкіндік береді;

10) проблемалық оқыту оқушылардың жүйелік өз бетінше ізденушілік іс-әрекетін болжайды;

11) білім берудегі саналылық оқушылардың білім мен дағдыларды тәжірибеде саналы түрде игеруі мен қолдануын, жеке тәжірибе мен бақылауларды қолдануды, оқу материалын ұсынудың көрнекі құралдарының басым болуын, әсіресе бастапқы идеяларды қалыптастыруда қамтамасыз етеді;

12) ынталандырушы және дамытушылық оқыту сөйлеу дағдыларын дамытуға, пәннің оқу материалындағы психикалық үрдістерді түзетуге бағытталған мұқият таңдалған тапсырмалар мен іс-шаралар жүйесі арқылы жүзеге асырылады;

13) тыныс алу, ұсақ және жалпы моторикасын түзету, психоэмоционалдық қысымды шешу, көру, дене сымбатылығын сақтауға бағытталған денсаулық сақтау технологияларды пайдалану.

14. Оқу пәнінің ғылыми мазмұны сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар оқушылардың танымдық мүмкіндіктеріне бейімделеді, ол үшін келесі әдістемелік шарттарды сақтайды:

1) материалды нақтылау, оны кванттау, ұтымды мөлшерлеу, білімді жаңа жағдайда қолдануға арналған жаттығулардың жетілдіру;

2) сөйлеуді визуалды қолдау: тақырып бойынша басылған бағдарламалық сөздерді, өрнектер мен сөз тіркестерінің тақырыбына арналған үлгілер жиынтығын, сөйлеу құрылымдарын қолдану, толық әрінақты мәлімдеме жасауға көмектесетін жадынамаларды, диаграммаларды, жоспарларды, кестелерді, алгоритмдерді кеңінен қолдану, бейімделген оқу мәтіндерін қолдану.

3) сабақ барысында сөйлеу режимін сақтау: айтылуын бақылау, жеке жұмыс барысында әр оқушының ауызша және жазбаша сөйлеуіндегі аграматизмдерді жою, кекештігі бар балалардағы сөйлеу қарқынын, ырғағын қалыпқа келтіру;

4) білім беру материалын полисенсорлы негізде ұсыну;

5) көріп қабылдау негізінде монологтық байланыстырып сөйлеу тілі дағдыларын қалыптастыру.

15. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 "мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жабдықтау нормаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес 29.12.2017 ж. өзгерістер енгізілді, оқу кабинетін жабдықтау нормалары белгіленді.

16. Сабақ жүргізу барысында материалдарды сақтау үшін қолданылады: сынып тақтасы, киім шкафтары, компьютерге арналған үстелдер, құрал жабдықтарды сақтауға арналған сөрелер.

17. Оқыту барысында техникалық мультимедиялық дидактикалық құралдар пайдаланылуы тиіс: компьютер жиынтығында: жүйелік блок, монитор, акустикалық жүйе, Web-камера, желілік сүзгі, көп қызметтік құрылғы, проектор, интерактивті тақта немесе экран, "қауіпсіздік техникасы ережелері" плакаттар жиынтығы, электрондық оқулықтар, арнайы киім, қабырғалық дәрі қобдишасы

18. Материалдар мен нысандарды көркемдеп өңдеу, түрлендіру, сондай-ақ үй шаруашылығын жүргізу, техника мен технологияларды пайдалану дағдыларының әмбебап және арнайы білімін, іскерлігін және дағдыларын қалыптастыру мақсатында ағаш, металл және мата өңдеуге арналған жабдықпен, тамақ дайындауға арналған материалдармен және құралдармен кабинеттер жарақтандырылуы тиіс.

19. Арнайы білім беру ұйымындағы мұғалімінің кәсіби іс-әрекеті сынып логопедімен нәтижелі өзара әрекеттесуді де қамтыйды, кекештену, ринолалия, алаликалық немесе дизартриялық компоненттері, аутизмі бар оқушыларға сабақта жеке түзете көмек көрсетуге мүмкіндік беретін арнайы әдістерді меңгеруді қамтиды.

20. Академиялық ғылыми – терминологиялық сөздікті жүйелі қалыптастыру, базалық ұғымдарды меңгеру мақсатында пәндік сөздік минимумы ұсынылған (Қосымша 2).

### **3 тарау. Пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

21. "Технология" " оқу пәні бойынша оқу жүктемесі:

- 1) 7-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылына 34 сағатты;
- 2) 8-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылына 34 сағатты;
- 3) 9-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылына 34 сағатты;
- 4) 10-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылына 102 сағатты құрайды.

22. Бағдарлама мазмұны екі түрде ұсынылған: "Үй шаруашылығын жүргізудің технологиялық негіздері" және "Көркем еңбек", мұғалім таңдауы аудандық қажеттілікке, мамандарға және мектептің басқа мүмкіндіктеріне байланысты.

23. Бағдарлама мазмұны "Үй шаруашылығын жүргізудің технологиялық негіздері" нұсқасы бойынша 4 бөлімді қамтиды:

- 1) "Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау";
- 2) "Тағам даярлау технологиясы";



3) "Матаны өңдеу, матадан, ағаштан және метеалдан бұйым жасау";

4) "Мақсатты бағытталған үй шараушылық стратегиясы".

24. "Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) жұмыс алдындағы еңбекті қорғау талаптары ;

2) жұмыс барысында еңбекті қорғау талаптары ;

3) жұмыс сонында еңбекті қорғау талаптары .

25. "Тағам даярлау технологиясы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) дұрыс тамақтану негіздері;

2) өнімдерді механикалық және жылумен өңдеуге арналған жабдықтар;

3) өнімдерді турау;

4) өнімдерді аспаздық өңдеу әдістері;

5) үстелді әзірлеу ;

6) өнімдерді ұзақ мерзімге сақтау және дайындау.

26. "Материалдарды өңдеу, матадан, ағаштан және металдан бұйымдар жасау" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) матаны, ағашты және металды өңдеуге арналған құрал жабдықтар;

2) түрлі тәсілдермен матаны, ағашты және металды өңдеу;

3) жеке қажеттіліктерге арналған бұйымдарды дайындау технологиясы;

27. "Мақсатты бағытталған үй шараушылық стратегиясы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) тұрғын үй гигиенасы;

2) тұрғын үй коммуникациясының жүйесі: жылыту, сумен жабдықтау, канализация және электр тоғымен жабдықтау;

3) электр құралдарым мен тұрмыстық техниканы пайдалану және жөндеу;

	Танымал стильдер. Жоспарлаудың негізгі ережелері мен әдістері, түс схемасы.	9.1.5.1 күрделі объектілердің, бейнелер мен пішіндердің дизайнын әзірлеу кезектілігі туралы білімін көрсету; 9.2.5.3 қолданыстағы бірегей бұйымдарды, техниканы, конструкцияларды және қазіргі заманғы материалдарды талдау; 9.3.3.2 кәсіби сөздерді, терминдерді, неологизмдерді дұрыс таңдау және қолдану; 9.3.3.1 өнімнің сапасын бағалау критерийлерін және өнімнің сыртқы түрін анықтайтын факторларды тұжырымдау

## 8) 10-сынып (қыздар):

### 12-кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
		10.1.2.1 әр түрлі тарихи және мәдени тектегі өнер, қолөнер және дизайн туындыларындағы әртүрлі стильдерді, материалдар мен тәсілдерді білу және атау; 10.1.3.1 шығармашылық идеялар үшін ақпарат көздерін мақсатты және нәтижелі пайдалану;

Сәндік - қолданбалы шығармашылық

Қолмен кілем жасау: бұйымның эскизін жасау,	10.1.2.2 тыңдалған ақпарат бойынша оның мағынасын жеткізе отырып, өз жазбалары негізінде мәлімдеме жасау; 10.2.2.2 кәсіпорындардағы өндірістік және технологиялық үдерістің заңдылықтарын білу және түсіну
Бұйымның эскизін әзірлеу. Материалдарды (киіз, мата) және құралдарды дайындау	10.1.6.4 шығармашылық жұмыстарды жасау кезінде бірқатар әдістер мен көркем материалдарды қолдану бойынша жеке шешімдерді ұсыну; 10.1.5.1 күрделі нысандардың, бейнелер мен пішіндердің дизайнын әзірлеу үшін білімді жетілдіру; 10.1.6.5 өзінің және сыныптастарының дыбыс айтуын қадағалау; 10.1.4.1 жұмысты орындаудың ең ұтымды әдісін анықтай отырып, шығармашылық әрекетті жоспарлау
Шығармашылық жұмысты орындау. Декор. Безендіру	10.2.1.1 мазмұнды және түпнұсқа туындыларды жасау үшін экспрессивті өнер құралдарын дербес қолдану; 10.2.3.3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдарды жасау процесінде Қазақ ұлттық мәдениетінің элементтерін пайдалану; 10.2.3.4 диаграммалар/графиктер/кестелер/фотосуреттер көмегімен сипаттама мәтіндерін құру; 10.2.6.1 қауіпсіздік ережелерін сақтап, оның маңыздылығын сезіне және көрсете отырып, материалдар мен құралдарды пайдалану
Жұмыстарды презентациялау. Көрмені ұйымдастыру	10.3.1.1 медиа құралдар мен онлайн платформаларды қолдана отырып, белгілі бір аудиторияға дайын жұмыстың презентациясын ұйымдастыру; 10.3.1.2 мәтін мазмұнын түсіндіру арқылы сұрақтар мен идеяларды құрастыру; 10.3.2.1 өз шығармаларындағы және басқалардың

		шығармаларындағы тарихи, әлеуметтік және мәдени мәнмәтіндегі талдау және бағалау
2-тоқсан		
Дизайн и технология	Жеке имиджді құру технологиясы, идеяларды дамыту	10.1.2.1 әр түрлі тарихи және мәдени тектегі өнер, қолөнер және дизайн туындыларындағы әртүрлі стильдерді, материалдар мен тәсілдерді білу және атау; 10.1.3.1 шығармашылық идеялар үшін ақпарат көздерін мақсатты және нәтижелі пайдалану; 10.1.5.3 өздігінен жасалған жоспар мен көрнекі материалдарды қолдана отырып, бағалау монологын құрыңыз
	Макияж, шаш, әшекей арқылы жеке бейне жасау	10.1.6.2 өнімді дайындау және әрлеу үрдісінде материалдарды пайдаланудың өзіндік шешімдері мен тәсілдерін ұсыну; 10.1.5.3 өздігінен жасалған жоспар мен көрнекі материалдарды қолдана отырып, бағалау монологын құрыңыз
	Өзіңіздің жеке бейнесін жасау үшін киім/әшекей жиынтығын жасау эксперименті	10.1.5.1 күрделі нысандардың, бейнелер мен пішіндердің дизайнын әзірлеу үшін білімді жетілдіру; 10.1.6.3 тоқыма, тоқыма емес маталар мен басқа да заманауи, дәстүрлі материалдарды өз бетінше бағалау; 10.2.3.1 бұйымды дайындау үрдісінде материалдарды өңдеу тәсілдерін қолдану; 10.3.4.1 өз жұмысының және басқалардың жұмысының мақсаты мен маңыздылығын өз бетінше бағалау және өз көзқарасын ұсыну; 10.3.4.2 мәтінді семантикалық, нақты, логикалық, стилистикалық кемшіліктерді түзету арқылы реттеу
	Жұмыстарды презентациялау ы	10.3.1.2 мәтін мазмұнын түсіндіру арқылы сұрақтар мен идеяларды құрастыру; 10.3.1.1 медиа құралдар мен онлайн платформаларды қолдана отырып, белгілі бір аудиторияға дайын жұмыстың презентациясын ұйымдастыру



	Сәнді киімдерді жобалау	<p>10.1.2.1 әр түрлі тарихи және мәдени тектегі өнер, колөнер және дизайн туындыларындағы әртүрлі стильдерді, материалдар мен тәсілдерді білу және атау;</p> <p>10.1.3.1 шығармашылық идеялар үшін ақпарат көздерін мақсатты және нәтижелі пайдалану;</p> <p>10.1.4.3 сөйлеу нормаларын сақтай отырып, талқыланатын тақырып бойынша диалогқа / пікірталасқа қатысу, диалог жүргізудің әртүрлі тәсілдерін түсіну;</p> <p>10.2.2.2 кәсіпорындардағы өндірістік және технологиялық үдерістің заңдылықтарын білу және түсіну</p>
	Идеяларды әзірлеу. Эскиз. Материалдар мен жабдықтарды дайындау	<p>10.1.5.1 күрделі нысандардың, бейнелер мен пішіндердің дизайнын әзірлеу үшін білімді жетілдіру;</p> <p>10.1.5.2 өз бетінше түрлі графикалық құралдарды пайдалана отырып, графикалық және технологиялық құжаттаманы жасау;</p> <p>10.1.5.3 өздігінен жасалған жоспар мен көрнекі материалдарды қолдана отырып, бағалау монологын құрыңыз</p>
Дизайн және технология	Бұйымдар жасау. Бөлшектерді пішу. Жеке бөлшектерді өңдеу. Бөлшектерді құрастыру және бұйымды өңдеу	<p>10.2.2.1 заманауи тігін жабдықтарын қолдану және тігін машинасын қолдану;</p> <p>10.2.2.3 тігін машиналарында күрделі қызметтерді орындау (кесте, аппликация));</p> <p>10.2.2.4 себеп-салдар байланысын, құбылыстарды анықтау үшін сұрақтар қою;</p> <p>10.2.3.1 бұйымды дайындау үрдісінде материалдарды өңдеу тәсілдерін қолдану;</p> <p>10.2.6.1 материалдар мен құралдарды қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып қолдану;</p> <p>10.2.6.3 тақырып бойынша түсіндіру, бағалау сұрақтарын тұжырымдау және ұқсас сұрақтарға шығармашылық тұрғысынан жауап беру;</p>

	<p>Жұмыстарды талқылау және бағалау. Жұмысты презентациялау</p>	<p>10.2.6.2 белгілі бір жұмыс түрлері мен жасалған бұйымдарға қауіпсіздік техникасы бойынша ақпаратандырушы жасау</p> <p>10.1.4.2 пайданы анықтау үшін әртүрлі тауарлардың нарықтарын талдау;</p> <p>10.3.4.1 өз жұмысының және басқалардың жұмысының мақсаты мен маңыздылығын өз бетінше бағалау және өз көзқарасын ұсыну ;</p> <p>10.1.4.3 сөйлеу нормаларын сақтай отырып, талқыланатын тақырып бойынша диалогқа/ пікірталасқа қатысу, диалог жүргізудің әртүрлі тәсілдерін түсіну;</p> <p>10.3.1.1 медиа құралдар мен онлайн платформаларды қолдана отырып, жобаның тұсаукесерін ұйымдастыру, өнімнің сапасы мен өнімнің сыртқы түрін анықтайтын негізгі факторларды бағалау</p>
4-тоқсан		
	<p>Интерьердегі/ экстерьердегі ландшафт элементтері</p> <p>Шығармашылық идеяларды елестету. Материалдар мен жабдықтарды (құрал-саймандарды ) дайындау</p>	<p>10.1.5.1 күрделі нысандардың, бейнелер мен пішіндердің дизайнын әзірлеу үшін білімді жетілдіру;</p> <p>10.2.5.1 өз жұмыстарында ландшафтық дизайнның стильдерін, заманауи бағыттары мен элементтерін анықтау және қолдану;</p> <p>10.1.4.3 сөйлеу нормаларын сақтай отырып, талқыланатын тақырып бойынша диалогқа / пікірталасқа қатысу, диалог жүргізудің әртүрлі тәсілдерін түсіну;</p> <p>10.1.3.1 шығармашылық идеялар үшін ақпарат көздерін мақсатты және нәтижелі пайдалану</p> <p>10.1.5.2 өз бетінше түрлі графикалық құралдарды пайдалана отырып, графикалық және технологиялық құжаттаманы жасау;</p> <p>10.1.5.3 өздігінен жасалған жоспар мен көрнекі материалдарды қолдана отырып, бағалау монологын құрыңыз;</p>

Үй мәдениеті		10.3.4.1 өз жұмысының және басқалардың жұмысының мақсаты мен маңыздылығын өз бетінше бағалау және өз көзқарасын ұсыну
	Мерекелерге арналған интерьер дизайны. шығармашылық идеяларды елестету( эскиз), материалдар мен жабдықтарды ( құралдарды) дайындау, жүзеге асыру.	<p>10.1.5.2 өз бетінше түрлі графикалық құралдарды пайдалана отырып, графикалық және технологиялық құжаттаманы жасау</p> <p>10.1.5.1 күрделі нысандардың, бейнелер мен пішіндердің дизайнын әзірлеу үшін білімді жетілдіру</p> <p>10.1.5.3 өздігінен жасалған жоспар мен көрнекі материалдарды қолдана отырып, бағалау монологын құрыңыз</p> <p>10.2.5.3 дербестік пен сенімділікті көрсете отырып, әртүрлі техниканы, конструкцияларды және заманауи материалдарды пайдалана отырып, бірегей бұйымдар жасау</p> <p>10.3.3.1 өнімнің сапасын және өнімнің сыртқы түрін анықтайтын негізгі факторларды дәлелдеу және бағалау</p> <p>10.3.3.2 кәсіби сөздерді, терминдерді, неологизмдерді қолдану, қайталанулар мен штамптарды пайдаланбау</p>

Негізгі орта білім беру деңгейінің ауыр тіл кемістігі бар 7-10 –сыныптарына арналған "Технология" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының "Көркем еңбек" нұсқасы бойынша 3-қосымша

**Негізгі орта білім беру деңгейінің ауыр тіл кемістігі бар 7-10 -сыныптарына арналған "Технология" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы бойынша терминологиялық минимум**

Сынып	Пәндік лексика және терминология	Диалог/жазуға арналған сөз тіркестері
7-сынып	Абстракционизм, аллегория, өнімді талдау, галерея, граффити, орнату, контур, кубизм, жәрдемақы, қазіргі заманғы өнер, кескіш, тегістеу, экспозиция, жарықтандыру, тұрмыстық	Бұған жол бермеу үшін, алдымен.. .... қажет, содан кейін ... Көз жеткізу үшін, біріншіден .... екіншіден..., содан кейін ... Ережелерді сақтау дегеніміз ... Қауіпсіздікті сақтау байланысты

	техника, мамандар, микроклимат, үй экологиясы, ұтымды, интерьер, қызмет көрсету, десерт, қонақжайлылық	Маған бұл ұнады, өйткені ... назар аударайық... айтарлықтай бұл ..., атап өту керек (ескеру) ... әдетте, көп жағдайда, көбінесе
8-сынып	Фурнитура, декор, циновка, модельер, ою-өрнек, стилизация, тұтас пішілген, этникалық, стильді , косметолог, отбасы бюджеті, дайындау технологиясы, термиялық өңдеу, қарқынды технология, консервілеу	Ақпаратты беру және алу. Алгоритм бойынша әрекет етеді. ... міндетті шарт болып табылады... Автор атап өткендей; біріншіден; екіншіден; бір жағынан; екінші жағынан; мысалы; керісінше; осылайша
9-сынып	Безендіру, сәндік, сәндік косметика, селекционер, оңтайлы, жұмыс, агроном, сценарист, тұжырымдама, менеджер, модератор, шаблон, дизайнер, рәміздер, ең жақсы нұсқа	Алдымен.. жасап көреміз.; бұл, әрине, ... білдірмейді; біз қазірдің өзінде білеміз...; қажет деп санау, бақылауды күшейту. қалай атап өтілді..., алғашқы кезеңде ... менде қиындықтар болды, алдымен, алдымен, ең алдымен, ....бастайық , ....бастау керек
10-сынып	Ұлттық нышан, өзіндік күн, жинақ , трансформаторлар, винтаж, типтік, экспрессивті құралдар, оптикалық, миниатюралар, нақты, шығармашылық шешім, нақты, максималды, ақпарат көзі, нақты жағдайлар, түгендеу	...алгоритмдерді қолдану ... қатаң дәйекті орындау, ....ұсынылмайды, ...бұл сізге мүмкіндік береді, одан туатын қорытынды..., .... екенін атап өткен жөн бақылау келесі нәтижеге әкеледі ...

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 123 бұйрығына  
54-қосымша  
Қазақстан Республикасы білім  
және ғылым Министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына  
691-қосымша

## Психикалық дамуы тежелген білім алушыларына арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Қазақ тілі" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы ( оқыту қазақ тілінде)

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Қазақ тілі" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарламаның мақсаты - адам қызметінің түрлі салаларында өмірлік тапсырмаларды шешу үшін алынған білімді, дағдыларды және қабілеттерді пайдалана алатын шығармашыл, белсенді тұлғаның дамуы.

3. Бағдарлама міндеттері:

- 1) қазақ тілінің ұлттық – мәдени ерекшелігі туралы идеяларды қалыптастыру;
- 2) әртүрлі елдердің тілдері мен мәдениеттеріне төзімділікпен қарауды қалыптастыру;
- 3) тілдік фактілерді анықтау, бағалау, іріктеу, талдау және топтастыру дағдыларын қалыптастыру;
- 4) оқуға арналған ақпаратты іздеуге, зерттеуге арналған оқылымды, оқылған ақпаратты өңдеуді білу;
- 5) орфоэпиялық, емле, пунктуация және стилистикалық сауаттылықты жақсарту, қазақ тілінің нормалары мен ережелеріне сәйкес синтаксистік құрылымдарды құру дағдылары мен қабілеттерін қалыптастыру;
- 6) табысты диалогтық қарым-қатынастың дағдыларын жетілдіру, әртүрлі салаларда талқылау және коммуникативтік жағдайларды білуді қалыптастыру;
- 7) түрлі сөйлеу жанрларында ауызша және жазбаша монолог құру дағдыларын дамыту және жетілдіру;
- 8) азаматтыққа және патриотизмге тәрбиелеу, қоғамдағы табысты әлеуметтендіруге ықпал ететін мәдени құбылыс ретінде тілге деген саналы көзқарасын қалыптастыру.

4. Түзете-дамыту міндеттері:

- 1) лексиканы байыту және сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту;
- 2) тіл арқылы өзара әрекеттесу мен өзара түсінушілік қабілеттерін дамыту;
- 3) мәтіндерді дұрыс және мазмұнды оқу дағдыларын дамыту, негізгі және екінші, анық және жасырын ақпаратты таба отырып, қорытындыларды тұжырымдауға үйрету;
- 4) байланыстырып сөйлеуді дамыту (ортофизикалық түрде дұрыс айтылу, диалогтық және монологтық сөйлеу);
- 5) тілдің дыбыстық құрамын меңгеру негізінде сауаттылық дағдыларын дамыту, грамматика туралы негізгі ақпараттарды қалыптастыру;
- 6) оқу іс-әрекетіндегі дағдыларды дамыту, орындалатын жұмысқа қызығушылығын қалыптастыру, өз жұмысына жауапты қарауға үйрету;
- 7) эмоционалдық-еріктік саласын дамыту, өзін-өзі басқару дағдыларын қалыптастыру, шыдамдылық пен төзімділік, өз сезімдерін қоғамдық жағымды қабілеттер арқылы жеткізу мүмкіндіктерін ашу.

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері**

5. Оқу процесін ұйымдастыру білім алушының оқытудың төменгі уәждемесі, сөйлеудің жалпы дамымауы, когнитивтік және эмоционалдық-еріктік саласының, ұсақ моторикасының жетілмегендігі тәрізді психикалық сипаттамаларын ескереді.

6. "Қазақ тілі" пәнін меңгеру барысында білім алушылар келесідей тапсырмаларды орындағанда қиындықтарға тап болады:

1) терең шоғырлануды талап ететін бір бағытта жалғастырылған жұмыстарды ( композициялар, шығармашылық жұмыстар, емтихандар, эсселер, диктанттар);

2) өзара байланысты тапсырмаларды қамтитын жаттығуларды;

3) топтық жұмыста;

4) арнайы терминологияны қолдануда (эпитет, метафора, кейіптеу);

5) тәрбие жұмысында өз ойларын қалыптастыру;

6) жеке сөздердің мағынасын, жаттығуларға арналған тапсырмаларды түсінуде;

7. Қазақ тілін табысты меңгерту тәсілдері:

1) қазақ тілін оқытудағы коммуникативтік тәсіл - білім алушылардың ауызша және танымдық белсенділігін арттырады;

2) жеке тәсіл - ұжымдық, фронталдық және топтық қызмет түрлері арқылы білім алушының даму сипаттамаларына, мүмкіндіктеріне және даму деңгейіне сәйкес оқыту іс-шараларын ұйымдастыруды көздейді;

3) ойындық тәсіл - зияткерлік дидактикалық ойындарға қызығушылық тудыратын табиғи қызығушылыққа негізделіп, зерттелетін пәнге оңтайлы оқыту уәждемесін дамытады;

4) тұлғалы-бағыттық тәсіл - білім алушылардың жеке тұлғалық жан-жақты дамуын қалыптастыруға, оның жеке қажеттіліктері мен мүдделерін ескере отырып, шығармашылық күштерін толық ашуға бағытталады.

8. Оқытудың тиімді әдістері:

1) көрнекілік әдістер - теориялық материалды неғұрлым табысты түсінуге ықпал жасап, есте сақтауға үлес қосатын әр түрлі анализаторлардың жұмысын жандандырады (көрсетілім, демонстрация, байқау);

2) әңгімелесу әдісі - логикалық бірізді дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді, дәйекті ойларға жетелейді, есте сақтау мен сөйлеуді дамытады, бағдарламалық материалдарды меңгерудегі қиындықтарды анықтаудың жақсы диагностикалық құралы болады;

3) ойын әдістері - оқу іс-әрекеттерін ынталандыруға және тұрақтандыруға, белсенді іс-шараларды ұйымдастыруға, бір іс-әрекеттен екіншісіне көшуге мүмкіндік береді;

4) көшіріп жазу әдісі - механикалық есте сақтау негізінде материалды түсініп, сауатты жазуды меңгерудің қажетті шарты ретінде қарастырылады;

5) түсіндірме жұмысы - ұйымдастыру қабілетінің дамуына, өзін-өзі бақылауға, оқушылардың назарын аударуға ықпал етеді;

6) үлкен және қиын ақпараттарды қабылдау үшін білім беру материалын мөлшерлеп, бөліктерге бөліп беру мұғалімге ақпараттың оқылуын қадағалауға, білімдегі кемшіліктерді уақытылы түзетуге мүмкіндік береді;

9. "Қазақ тілі" пәні бойынша бағдарлама материалын табысты меңгеру шарттары:

- 1) білім алушының жеке психологиялық ерекшеліктерін ескеру;
- 2) сабақта сабырлы және іскерлік ортаны, мейірімділік және өзара түсіністік ахуалын қалыптастыру;
- 3) әр оқушыға оқуы үшін қолайлы жағдай жасау;
- 4) танымдық процесті белсендету: назарын, есте сақтауын, ойлауын, қиялын, қабылдауын;
- 5) көру тіректерін пайдалану (диаграммалар, суреттер, кестелер, кластерлер, иллюстрациялар);
- 6) сабаққа екі жаңа ұғымды кіргізуден аспау;
- 7) өз бетінше өзінің және басқалардың қателерін табу арқылы білім алушылардың өзін-өзі бақылауын дамыту;
- 8) жаңа материалды зерделеу үшін оңтайлы жылдамдықты пайдалану, негізгі білім мен білік дағдыларын дамыту үшін жеткілікті уақыт бөлу.

10. Заманауи педагогикалық технологиялары оқушыларды табысты оқытуға көмектеседі:

1) сараланымдық технология - оқушылардың әртүрлі топтарына бірдей көзқарасты болдырмайды, ынталандыру деңгейін жоғарылатады, оқуда қиындықтары бар білім алушыларға аз жүктемелі жағдайлар жасайды, әр оқушының ерекше қажеттіліктерін ескереді;

2) "Сыни ойлауды дамыту" технологиясы - мәтінмен жұмыс жасауға бағытталып, оқу дағдыларын дамытады: ақпаратты бекіту және қорытындылау; мазмұнын бағалау және тұжырымдау; ақпаратты түсіндіру және синтездеу; мәтіннің мазмұнын, тіл ерекшеліктерін және құрылымын талдау;

3) компенсаторлық технология - білім алушыларға деген сүйіспеншілікке (қамқорлық, адамгершілік қарым-қатынас, жылулық және тазалық); қиындықтары және проблемаларын түсінуге; барлық кемшіліктеріне қажетті көмек көрсету, өзін-өзі реттеу элементтерін үйретуге бағытталады;

4) ақпараттық-коммуникативтік технологиясы - ақпаратты іздестіруді, жинауды және онымен жұмыс істеуді; ақпаратпен алмасуды; жұмысты жетілдіруді, интернет ресурстарды, жабдықтар мен қосымшаларды кеңінен пайдалануды; сапаны арттыруды қарастырады.

11. Пәнді оқытудың техникалық құралдары: дербес компьютер, электрондық оқулықтар, электронды проектор, электронды көшірме тақтасы; адам дауысының аудио жазбасы, әндер, музыка, табиғат дыбыстары, телевизиялық фильмдер, фильмдер, аудио және бейне жазбалар.

12. Формативті және суммативті бағалауға арналған тапсырмаларды мұғалім білім алушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, құрастырады. Рұқсат етіледі:

1) грамматикалық және семантикалық ресімдеу бойынша тұжырымдарды қысқартуға;

2) көптізбекті нұсқауды, тапсырманы кезеңмен (қадаммен) орындауға мүмкіндік беретін, қысқа мағыналық бірліктерге бөлу арқылы жеңілдетуге;

3) қажет болған жағдайда сараланған көмекті ұсынуға: ынталандырушы (мақұлдау, эмоционалдық қолдау), ұйымдастырушылық (жұмысты орындауға назарын аударту, жұмылдыру, өзін-өзі тексеру қажеттілігін есіне салу), бағыттаушы (қайталау және тапсырма нұсқауын түсіндіру);

4) тапсырманы орындауға берілген уақытты ұлғайтуға.

### **3-тарау. "Қазақ тілі" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

13. "Қазақ тілі" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағатты;

2) 6-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағатты;

3) 7-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағатты;

4) 8-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 78 сағатты құрайды;

5) 9-сынып – аптасына 2 сағатты, оқу жылында – 78 сағатты;

6) 10-сынып – аптасына 1 сағатты, оқу жылында – 34 сағатты құрайды.

14. Бағдарламаның мазмұны бөлімдерге бөлінген. Бөлімдер бөлімшелерден тұрады, бөлімшелер күтілетін нәтижелер түрінде ұсынылған әр сыныптың оқу мақсаттарын қамтиды.

15. Оқыту мақсаттары арқылы мұғалімдер сөйлеу қызметінің төрт дағдысын ( тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) қалыптастырады, оқушылардың жетістігін бағалайды және оқытудың келесі кезеңі туралы ақпарат береді.

16. Бағдарлама мазмұны 4 бөлімді қамтиды:

1) "Тыңдалым мен айтылым";

2) "Оқылым";

3) "Жазылым";

4) "Әдеби тіл нормаларын сақтау".

17. "Тыңдалым мен айтылым" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) болжау;

2) мәтіндерді талдау; сөзді түсіну және қабылдау;

3) тыңдалым материалы бойынша жауап беру және бағалау;

4) сөйлеу мәдениетін дамыту;

5) қайталау;

18. "Оқылым" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) ақпаратты түсіну;

2) мәтіннің стильдік ерекшелігін тану;

3) әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу;

4) оқылым стратегияларын қолдану;

5) мәтін бойынша сұрақтар құрастыра білу.



19. "Жазылым" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) жоспар құру;
- 2) әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру;
- 3) жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну;
- 4) шығармашылық жұмыс жазу;
- 5) оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу;
- 6) мәтіндерді түзету және редакциялау;

20. "Әдеби тіл нормаларын сақтау" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) орфографиялық норма;
- 2) орфоэпиялық норма;
- 3) лексикалық норма;
- 4) грамматикалық норма;
- 5) пунктуациялық норма.

21. 5-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" оқу пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым мен айтылым: мұғалімнің көмегімен тірек сөздер арқылы тақырыпты болжау; негізгі ой мен ақпаратты анықтау; тыңдалған мәтін негізінде сұрақтарға жауап беру; әлеуметтік-тұрмыстық және мәдени тақырыптарға байланысты диалогтағы көтерілген мәселені түсіндіру; қыстырма және қаратпа сөздер арқылы өз ойын білдіру;

2) оқылым: мұғалімнің көмегімен мәтіндегі негізгі ақпаратты түсіну; лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтін арқылы тану; хат-хабарламаның құрылымы арқылы жанрлық ерекшеліктерін білу; ауызекі сөйлеу стиліндегі мәтіндерді қолдану; мәтіннің мазмұнын түсінуге бағытталған сұрақтар қою; оқылым стратегияларын қолдану;

3) жазылым: мұғалімнің көмегімен қарапайым жоспар құру; жанрлық ерекшеліктеріне сай көлемі кіші хат жазу; жай сөйлемдер құрастыру; шығармашылық жұмысын жүргізу; шағын мәтін жазу; мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып түзету, шағын мәтіндерге түзету енгізу және редакциялау;

4) әдеби тіл нормалары: мұғалімнің көмегімен орфографиялық норма: дыбыс үндестігі; буын үндестігі; орфоэпия нормалары: ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал; лексикалық норма: тура және ауыспалы мағыналы сөздер; көп мағыналы сөздер; омоним, антоним, синоним; грамматикалық норма: туынды сөздер; күрделі сөздер; зат есімнің мағыналық түрлері; сын есімнің шырайлары; сан есімнің мағыналық түрлері; пунктуациялық норма: хабарлы, лепті, сұраулы сөйлемдер, қаратпа сөз тыныс белгілері

22. 6-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" оқу пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: мұғалімнің көмегімен тақырыпты болжау; әлеуметтік-тұрмыстық және әлеуметтік-мәдени тақырыптарға байланысты диалогтар мен монологтардағы мәселені түсіндіру; тірек сөздер мен жетекші сұрақ арқылы негізгі ойды анықтау; мәтін мазмұнын түсіну; негізгі ақпаратты анықтау; мәтін мазмұны

негізінде сұрақтарға жауап беру; эмоционалды сөздер мен дауыс ырғағы арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді қолдану, диалогке қатысу;

2) оқылым: мұғалімнің көмегімен мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну; лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтін арқылы тану; хат, хабарлама, жарнама, нұсқаулық, хабарландырудың құрылымы, олардың жанрлық ерекшеліктері; мәтін мазмұнын түсіну, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру, ауызекі сөйлеу стиліндегі мәтіндер мазмұны мен тақырыбын салыстыру, оқылым стратегияларын қолдану, қажетті ақпаратты ала білу;

3) жазылым: мұғалімнің көмегімен берілген мәтінге сәйкес қарапайым жоспар құру; жанрлық ерекшеліктеріне сай кішірек хат, хабарландыру, жарнама құрастыру; шағын әңгіме құрастыру; шығармашылық жұмыс жазу, негізгі ақпараттарды сақтай отырып, шағын жинақы мәтін жазу, мәтіндегі орфографиялық қателерді түзету және редакциялау;

4) әдеби тіл нормалары: мұғалімнің көмегімен орфографиялық норма: қазақ тілінің дыбыстар жүйесі; үндестік заңы; орфоэпиялық норма: ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал; лексикалық норма: көнерген сөз, эвфемизм, дисфемизм, неологизм, термин, диалект сөз, кәсіби сөз, табу; грамматикалық норма: есімдіктің сөйлемдегі қызметі; етістің етіс түрлері, салт-сабақты етістік; үстеудің мағыналық түрлері; пунктуациялық норма: қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің түрлері мен қызметін (даралаушы) түсіну, дұрыс қолдану.

23. 7-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" оқу пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: мұғалімнің көмегімен көтерілген мәселені болжау; ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтардағы көтерілген мәселені түсіндіру; мәтін мазмұнын түсіну; негізгі және қосымша ақпаратты анықтау; жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау; мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру; көтерілген мәселе бойынша өз ойын тұжырымдау; эмоционалды сөздер мен дауыс ырғағы арқылы қыстырма, қаратпа сөздерді қолдану, диалогке қатысу, өз ойын білдіру;

2) оқылым: мұғалімнің көмегімен мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты анықтау; ауызекі сөйлеу мен көркем сөйлеудің стильдік ерекшеліктерін тану; ауызекі сөйлеу мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату; ауызекі сөйлеу стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, мазмұны мен тілдік құралын салыстыру; мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру; оқылым стратегияларын қолдану; энциклопедия, сөздік, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпараттар алу;

3) жазылым: мұғалімнің көмегімен қарапайым жоспар құру; жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай өмірбаян мен құттықтау хат жазу; шағын мәтін құрастыру; шығармашылық жұмысты жасау; шағын жинақы мәтін жазу; мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктер мен емле ережелеріне сүйеніп түзету, редакциялау;

4) әдеби тіл нормалары: мұғалімнің көмегімен орфографиялық норма: жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазу; орфоэпиялық норма: сөз екпіні, тіркес екпіні, логикалық екпін; лексикалық норма: фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәні мен көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану; грамматикалық норма: етістіктің есімше, көсемше, тұйық етістік, шақ, рай түрлері; еліктеуіш сөздер; шылау түрлері; одағай түрлері; пунктуациялық норма: сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қолдану.

24. 8-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" оқу пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: мұғалімнің көмегімен мәтін үзінділері негізінде оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау; әлеуметтік-қоғамдық және оқу-еңбек тақырыптарына байланысты диалог, монологтарда көтерілген мәселені талдау; мәтін мазмұнын түсіну; детальды ақпаратты анықтау; жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау; мәтін мазмұны бойынша жалпылама және нақты сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру; дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогқа қатысу;

2) оқылым: мұғалімнің көмегімен мәтіннен негізгі және қосымша детальды ақпаратты анықтау; публицистикалық және ресми стиль ерекшеліктерін тану; хроника, хабар, очерктердің және кеңсе құжаттары және кеңсе жазбаларының құрылымы арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; ауызекі сөйлеу және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбы, мазмұны мен тілдік ерекшеліктерін салыстыру; мәтін бойынша көтерілген мәселені анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру; оқылым стратегияларын қолдану; ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді қолдану;

3) жазылым: мұғалімнің көмегімен берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі бөлімдерді қамтитын жоспар құру; шағын әңгіме жазу; шағын мәтін жазу; шығармашылық жұмыс жасау; оқылым және тыңдалым материалдары бойынша шағын жинақы мәтін құрастыру; мәтін негізінде лексикалық түзетулер енгізу және редакциялау;

4) әдеби тіл нормалары: мұғалімнің көмегімен орфографиялық норма: тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу; орфоэпиялық норма: сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс пен логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану; сөзді анық және дұрыс айта білу; сөз бен сөзді дұрыс байланыстырып сөйлеу; лексикалық норма: сөздік қор және сөздік құрам ерекшеліктерін түсініп қолдану; грамматикалық норма: сөз тіркесінің байланысу тәсілдері, түрлері, есімді, етістікті сөз тіркесі; тұрлаулы, тұрлаусыз сөйлем мүшелері; оқшау сөздер; пунктуациялық норма: сөйлем соңында қабаттасып қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қолдану.

25. 9-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" оқу пәнінің базалық білім:

1) тыңдалым және айтылым: мұғалімнің көмегімен дәйексөз, үзінді негізінде көтерілетін мәселені болжау; әлеуметтік-қоғамдық және мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монологтардағы экспресивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау; факті мен көзқарасты ажырата білу; дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау; проблемалық сұрақтарға деректер келтіру; көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспресивті сөздер мен тұрақты тіркестерді қолдану, диалогқа қатысу;

2) оқылым: мұғалімнің көмегімен мәтін және графиктік нұсқа (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) арқылы ақпаратты интерпретациялау; публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерін тілдік құралдар арқылы тану; мақала мен аннотация құрылымы арқылы олардың жанрлық ерекшеліктерін ажырату; мәтіндердің тақырыбы, құрылымы мен тілдік ерекшеліктерін салыстыру; мәтін бойынша сұрақтар құрастыру; оқылым стратегияларын қолдану; ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар мен оқулықтардан алынған деректерді қолдану;

3) жазылым: мұғалімнің көмегімен әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін жоспар құру; көркемдегіш құралдарды орынды қолдану; шағын әңгіме құрастыру; мәтіннің баяндау желісін сақтау, алған ақпараттардан шағын мәтін жазу; орынсыз қолданылған сөз оралымдарына стильдік түзетулер жасау, редакциялау;

4) әдеби тіл нормалары: мұғалімнің көмегімен орфографиялық норма: тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазу; орфоэпиялық норма: сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктерін сөйлеу мәнеріне сай қолдану, сөзді анық, дұрыс айта білу, сөз бен сөзді дұрыс байланыстырып сөйлеу; лексикалық норма: лексикалық стилистика заңдылықтарын дұрыс қолдану; грамматикалық норма: сөйлемнің бірыңғай мүшелері мен айқындауыш мүшелері; жай сөйлем, жай сөйлемнің айтылу мақсатына қарай бөлінуі; төл сөз бен төлеу сөз, автор сөзінің жасалу жолдары мен қызметі; пунктуациялық норма: төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің тыныс белгілерін дұрыс қолдану.

26. 10-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" оқу пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: мұғалімнің көмегімен мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға болжаммен жауап беру, түпнұсқамен салыстыру; қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және ғылыми тақырыптарға байланысты әртүрлі жанрдағы шағын көлемді мәтіндердегі көркемдегіш құралдардың рөлін талдау; мәтіннің мазмұнын түсіну; ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау; мәтінде көтерілген мәселені талдау; негізгі ойды анықтау; перифраза түрінде берілген сұрақтар арқылы қажетті ақпаратты таба білу; ресми сөздер мен терминдерді қолдану, диалогке қатысу;

2) оқылым: мұғалімнің көмегімен тұтас және аралас мәтіндердегі ақпараттарды салыстыру; қазақ тілі стильдері мен шешендік сөздің түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану; мақала, аннотация және презентация құрылымы мен жанрлық ерекшеліктерін ажырату; оқылым стратегияларын қолдану; мәтінде көтерілген мәселеге қатысты көзқарасты анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру; әртүрлі

стильдегі мәтіндердің тақырыбы, қызметі, құрылымы мен тілдік ерекшелігін салыстыру; ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді қолдану;

3) жазылым: мұғалімнің көмегімен әртүрлі жанрдағы мәтіндерге күрделірек жоспар құру; жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолдану; шағын мақала құрастыру; графиктік мәтін құрастыру; перифраза тәсілдері арқылы шағын жинақы мәтін жазу; жазба жұмыстарын абзацтар мен бөліктерге бөлу, түзетулер енгізу, редакциялау;

4) әдеби тіл нормалары: мұғалімнің көмегімен орфографиялық норма: мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу; орфоэпиялық норма: сөйлеу ағымында интонацияның құрамдас бөліктерін сөйлеу мәнеріне сай қолдану; сөзді анық, дұрыс айту, сөзбен сөзді дұрыс байланыстырып сөйлеу; лексикалық норма: лексикалық стилистика заңдылықтарын дұрыс қолдану; грамматикалық норма: құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары мен түрлері; салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлері; сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлері; аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдары; пунктуациялық норма: құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін ережеге сай қолдану.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

27. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім мен бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.2.1.2 кодында: "7" – сынып, "2.1." – бөлім мен бөлімше, "2" – оқыту мақсатының реттік саны.

28. Күтілетін нәтижелер бойынша оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) "Тыңдалым және айтылым" бөлімі:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
1. Болжау	5.1.1.1 тірек сөздер арқылы және иллюстрацияның көмегімен тақырыпты болжау	6.1.1.1 тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау	7.1.1.1 мәтіннің атауын талқылау және алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілетін мәселені болжау	8.1.1.1 мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын мұғалімнің көмегімен болжау	9.1.1.1 мәтіннен алынған дәйексөздерге, үзінділерге сүйене отырып, көтерілетін мәселені мұғалімнің көмегімен болжау	10.1.1.1 мәтін мазмұны бойынша дайындалған сұрақтарға болжаммен жауап беру, түпнұсқамен салыстыру
					9.1.2.1	10.1.2.1

2. Мәтіндерді талдау; сөзді түсіну және қабылдау	5.1.2.1 әлеуметтік-тұрмыстық, мәдени тақырыптарға байланысты диалогтағы көтерілген мәселені түсіну	6.1.2.1 әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени тақырыптарға байланысты диалог, монологтардағы мәселені талдау	7.1.2.1 әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтардағы көтерілген мәселені білу	8.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты диалог, монологтағы көтерілген мәселені мұғалімнің көмегімен қабылдау	әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монологта экспрессивті-эмоционалды сөздердің рөлін мұғалімнің көмегімен табу	қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық әртүрлі жанрдағы шағын көлемді мәтіндердегі көркемдегіш құралдардың рөлін мұғалімнің көмегімен талдау
3. Тыңдалым материалы бойынша жауап беру және бағалау	5.1.3.1 тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру және өзара бағалау	6.1.3.1 көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру және өзара бағалау	7.1.3.1 тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру және өзара бағалау	8.1.3.1 проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау және өзара бағалау	9.1.3.1 перифраза түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдау; 9.1.3.2 аудио және видео таспаға жазылған материалдар бойынша сұрақтарға жауап беру және бағалау	10.1.3.1 мәтіндегі айтылған ойға өз көзқарасын білдіреді, сыни тұрғыдан баға беріп айту; 10.1.3.2 аудио және видео таспаға жазылған әртүрлі жанрдағы материалдар бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру, кейіпкерлердің әрекетін бағалау
	5.1.4.1 коммуникативтік жағдаятқа сай эмоционалды сөздерді,	6.1.4.1 коммуникативтік жағдаятқа сай эмоционалды сөздерді, дауыс	7.1.4.1 коммуникативтік жағдаятқа сай ресми сөздер мен тіркестер, дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып,	8.1.4.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолдану	9.1.4.1 коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық	10.1.4.1 қоғамдық-саяси, ғылыми, коммуникативтік

4. Сөйлеу мәдениетін дамыту	дауыс ырғақтары арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді еркін қолданып, диалогқа қатысу	ырғақтары арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді еркін қолданып, диалогқа даярлықсыз қатысу, өз пікірін білдіру	диалогке қатысу; 7.1.4.2 оқыған мәтін бойынша пікір айтуға машықтандыру, ойын анық жеткізу, дәлелдеу, қорытынды жасай білу өз ойын нақты дәлелдермен қорыту.	, диалогқа қатысу, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу; 8.1.4.2 білген, көрген, байқаған мағлұматтарды пайдалана отырып ойын жеткіз, жаңа ақпараттарды қолдана отырып, өз ойын ашық білдіру	терминдер мен деректерді орынды қолданып, диалог, монологқа өз ойын дәлелді әрі жүйелі түрде жеткізу	втік жағдаятқа сай тиісті сөздер мен фразаларды тандау, орта көлемді монолог дайындау және қорғау
-----------------------------	---	--	--	---	--	---

## 2) "Оқылым" бөлімі:

### 2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
1. Ақпаратты түсіну	5.2.1.1 мәтіндегі негізгі ақпаратты табу және түсіну	6.2.1.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты ажырата білу	7.2.1.1 мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты табу, түсіну анықтау	8.2.1.1 мәтіннен негізгі және қосымша, детальды ақпараттарды анықтау және салыстыру	9.2.1.1 мәтін және графиктік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялау	10.2.1.1 тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, сурет) ақпараттарды салыстыру
2. Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану	5.2.2.1 лексиканың ауызекі сөйлеу мен жазба стильдік айырмашылықтарын мәтіндер арқылы тану	6.2.2.1 ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтіндер арқылы ажырата алу	7.2.2.1 ауызекі сөйлеу және көркем сөйлеудің стильдік ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану	8.2.2.1 публицистикалық және ресми стиль ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану	9.2.2.1 публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану	10.2.2.1 қазақ тілі стильдері мен шешендік сөздің түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану
3. Өртүрлі ресурс	5.2.3.1 оқулықтың анықтамалық	6.2.3.1 мектептегі энциклопедиялық, фразеология	7.2.3.1 энциклопедиялар, балаларға арналған газет-журналд	8.2.3.1 ғаламтор, энциклопедия, сөздік, балаларға арналған газет-журналд	9.2.3.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналд	10.2.3.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтар, ғылыми

көздерінен қажетті ақпарат алу	деректерін өз бетінше қолдану	ық, орфографиялық сөздіктен ақпараттарды іздеу	ардан қажетті ақпаратты ала білу	ардан қажетті ақпараттарды алу, дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау	ар, оқулықтардан алынған деректерді алу, қолдану	еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау
4. Оқылым стратегияларын қолдану	5.2.4.1 жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу; 5.2.4.2 мәтінді бөліктерге бөлу және негізгі ойын анықтау	6.2.4.1 комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқу	7.2.4.1 комментарий жасау, білу, іріктеп оқу, зерттеп оқу	8.2.4.1 комментарий жасау, іріктеп оқу, талдап оқу; 8.2.4.2 мәнерлеп шапшаң оқу: мәтіннің мазмұны мен мағынасына сәйкес интонация мен сөз қарқынын (кідіріс, логикалық ойлау дауыс сарыны) сақтау	9.2.4.1 комментарий жасау, іріктеп оқу, талдап оқу; 9.2.4.2 әдеби сөздің нормаларын сақтай отырып саналы түрде дауыстап дұрыс оқу	10.2.4.1 қазақ классиктерінің әдеби шығармаларынан қысқа үзінділерді интонацияларын сақтап, мәнерлеп саналы түрде оқу; 10.2.4.2 өз бетімен әдеби шығармалардағы кейіпкерлердің сөздерін рөлге бөліп оқу
5. Мәтін бойынша сұрақтар құрастыра білу	5.2.5.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің мазмұнын түсінуге бағытталған сұрақтар құрай білу	6.2.5.1 мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру	7.2.5.1 мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру	8.2.5.1 мәтін бойынша көтерілген мәселені анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру	9.2.5.1 мұғалімнің көмегімен перифразаның тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша сұрақтар құрастыру	10.2.5.1 мәтінде көтерілген мәселеге көзқарасты анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру

### 3) "Жазылым" бөлімі:

#### 3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
1. Жос пар құру	5.3.1.1 берілген мәтінге сәйкес қарапайым, жеңіл жоспар құруды үйрену	6.3.1.1 берілген мәтінге сәйкес қарапайым, жай жоспар құру	7.3.1.1 берілген мәтінге сәйкес негізгі бөлімді қамтитын жоспар құру	8.3.1.1 берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі бөлімдерді қамтитын күрделі жоспар құру	9.3.1.1 әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, жоспар құру	10.3.1.1 әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құру



2. Өртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру	5.3.2.1 жанрлық ерекшеліктері не сай (тірек сөздер, үлгі бойынша) көлемі кіші хат жазу	6.3.2.1 жанрлық ерекшеліктері не сай (үлгі бойынша) көлемі кішірек хат, хабарландыру, жарнама құрастырып жазу	7.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктері не сай (тірек сөздер мен үлгі бойынша) құттықтау, өмірбаян құрастырып жазу	8.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктері не сай көлемі шағын әңгіме (иллюстрация бойынша) құрастырып жазу	9.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктері не сай көркемдегіш құралдарды орынды қолданып, шағын әңгіме құрастырып жазу	10.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктері не сай тілдік құралдарды орынды қолданып, шағын мақала құрастырып жазу
3. Жазба жұмыстарын өртүрлі формада ұсыну	5.3.3.1 сюжетті суреттер бойынша жай сөйлемдер құрастыру	6.3.3.1 сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша шағын әңгіме құрастыру	7.3.3.1 ұсынылған тақырыпқа байланысты дайын деректер бойынша графиктік шағын жинақы мәтін құрастыру	8.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік шағын мәтін жазу	9.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтін жазу	10.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтін құрастыру
4. Шығармашылық жұмыс	5.3.4.1 өзін кейіпкердің орнына қою арқылы шығармашылық жұмыс жазу, көлемі 60 сөз	6.3.4.1 өзін кейіпкердің орнына қою арқылы шығармашылық жұмыс жазу, көлемі 80 сөз	7.3.4.1 белгілі бір рөлді таңдай отырып шығармашылық жұмыс жазу, көлемі 100 сөз	8.3.4.1 белгілі бір элементі таңдай отырып шығармашылық жұмыс жазу, көлемі 120 сөз	9.3.4.1 белгілі композиция элементі болатын мәтіннің үзгі (әңгіменің жалғасы), шығармашылық жұмыс жазу, көлемі 140 сөз	10.3.4.1 белгілі композиция элементі болатын үзік, мәтіннің үзгі (әңгіменің басы, әңгіменің жалғасы), шығармашылық жұмыс жазу, көлемі 160 сөз
5. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін (компрессия) жазу	5.3.5.1 оқылым мен тыңдалым материалдары бойынша шағын мәтін жазу	6.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, шағын жинақы мәтін жазу	7.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, шағын жинақы мәтін жазу	8.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, шағын жинақы мәтін жазу	9.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, алған ақпараттардан шағын жинақы мәтін жазу	10.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша перифраза тәсілдері арқылы шағын жинақы мәтін жазу
				8.3.6.1		

6 Мәтіндерді түзету және редакциялау	5.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып түзету	6.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып, түзету және редакциялау	7.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету, редакциялау	мәтіндегі сөздердің тақырыпқа сай орынды қолданылуын тексеру, синонимдік қатармен ауыстыра отырып, лексикалық түзетулер енгізу, редакциялау	9.3.6.1 стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын а стильдік түзетулер жасау, редакциялау	10.3.6.1 жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, түзетулер енгізу, редакциялау
---	---	---	--	---	--	---

#### 4) "Әдеби тіл нормаларын сақтау" бөлімі:

##### 4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
1 Орфографиялық норма	5.4.1.1 дыбыс үндестігі мен буын үндестігі заңын ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу	6.4.1.1 қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу	7.4.1.1 жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазу	8.4.1.1 тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу	9.4.1.1 тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазу	10.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу
2 Орфоэпиялық норма	5.4.2.1 сөз ішіндегі ілгерінді, кейінді ықпал заңдылықтарына сәйкес айта білу, сөзді анық, дұрыс айта білу	6.4.2.1 сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтарына сәйкес айта білу, сөзді анық, дұрыс айта білу, сөз бен сөзді дұрыс байланыстырып сөйлеу	7.4.2.1 - екпіннің түрлерін (сөз екпіні, тіркес екпіні, логикалық екпін) сөз және сөйлем ішінде орынды қолдану, сөзді анық, дұрыс айта білу, сөз бен сөзді дұрыс байланыстырып сөйлеу	8.4.2.1 сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану, сөзді анық, дұрыс айта білу, сөз бен сөзді дұрыс байланыстырып сөйлеу	9.4.2.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктерін сөйлеу мәнеріне сай қолдану, сөзді анық, дұрыс айта білу, сөз бен сөзді дұрыс байланыстырып сөйлеу	10.4.2.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктерін сөйлеу мәнеріне сай қолдану, сөзді анық, дұрыс айта білу, сөз бен сөзді дұрыс байланыстырып сөйлеу
	5.4.3.1 тура және ауыспалы	6.4.3.1 көнерген сөз, эвфемизм, дисфемизм,	7.4.3.1		9.4.3.1	10.4.3.1

3. Лексикалық норма	мағыналы сөздерді, көп мағыналы сөздер, омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшеліктері не сай білу	неологизм, термин, диалект сөз, кәсіби сөз, табу сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу	фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктері н түсініп қолдана алу	8.4.3.1 сөздік қор және сөздік құрам ерекшеліктері н түсініп ажырата алу	лексикалық стилистика заңдылықтарын сақтай отырып ажырату, дұрыс қолдану	лексикалық стилистика заңдылықтарын сақтау, нақты дәлелдермен дұрыс қолдану
4. Грамматикалық норма	5.4.4.1 жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді және күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану; 5.4.4.2 есім сөздер (зат есім, сын есім, сан есім) дердің мағыналық түрлерін мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолдану	6.4.4.1 сөйлемдегі есімдіктің қызметін түсіну, есімдікті зат есім, сын есімнің орнына қолдану; 6.4.4.2 етістіктің етіс түрлері мен салт-сабақты етістіктердің, үстеудің тіркесімдік мүмкіндігін ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану	7.4.4.1 етістіктің есімше, көсемше, тұйық етістік, шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолдану; 7.4.4.2 – еліктеуіш сөздердің мәнмәтіндегі қолданысын түсіну; 7.4.4.3 шылау түрлерін ажырата білу, орынды қолдану; 7.4.4.4 одағай түрлерін ажырата білу, қолдану	8.4.4.1 сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлері, есімді, етістікті сөз тіркестерін ажырату, қолдану; 8.4.4.2 тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің сөйлем жасаудағы өзіндік орнын, қызметін түсініп қолдану; 8.4.4.3 оқшау сөздердің қызметін түсіну, ажырата білу	9.4.4.1 сөйлем ішінде бірыңғай мүшелер мен айқындауыш мүшелерді қолдана білу; 9.4.4.2 жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолдану; 9.4.4.3 төл сөз бен төлеу сөз, автор сөзінің жасалу жолдарын, қызметін білу, төл сөзді төлеу сөзге айналдыр	10.4.4.1 құрмалас сөйлем жасалу жолдарын, түрлерін білу; 10.4.4.2 салалас және сабақтас, аралас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану
5. Пунктуациялық норма	5.4.5.1 хабарлы, лепті, сұраулы сөйлемдер мен қаратпа сөздің тыныс белгісін ережеге сай білу	6.4.5.1 қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің түрлері мен қызметін түсіну, білу, есте сақтау	7.4.5.1 сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелешуші) ажырата білу	8.4.5.1 сөйлем соңында қабаттасып қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қолдана білу	9.4.5.1 төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің тыныс белгілерін ережеге сай ажырата білу, қолдана алу	10.4.5.1 құрмалас сөйлемдердің тыныс белгілерін ережеге сай нақты қолдана алу

29. Бағдарлама психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10-сыныптарына арналған "Қазақ тілі" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы

Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

30. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптарына арналған "Қазақ тілі" пәнінен жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасына қосымша

**Психикалық даму тежелген білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10-сыныптары үшін "Қазақ тілі" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

1) 5-сынып:

1-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары.
1-тоқсан		
Мәдениет: тіл және қарым-қатынас	Тыңдалым және айтылым	5.1.1.1 тірек сөздер арқылы және иллюстрацияның көмегімен тақырыпты болжау; 5.1.2.1 әлеуметтік-тұрмыстық, мәдени тақырыптарға байланысты диалогтағы көтерілген мәселені түсіну
	Оқылым	5.2.1.1 мәтіндегі негізгі ақпаратты білу, түсіну; 5.2.2.2 оқулықтың анықтамалық деректерін өз бетінше қолдану; 5.2.5.3 мәтін бойынша сұрақтар құрастыра білу
	Жазылым	5.3.1.1 берілген мәтінге сәйкес қарапайым жоспар құру; 5.3.2.2 сюжетті суреттер бойынша шағын мәтін құрау;
	Әдеби тіл нормасы	5.4.1.1 дыбыс үндестігі мен буын үндестігі заңын ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу
	Тыңдалым және айтылым	5.1. 1.1 коммуникативтік жағдаятқа сай эмоционалды сөздерді, дауыс ырғақтары арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді еркін қолданып, диалогке қатысу

Киіну. Сән. Талғам	Оқылым	5.2.1.1 лексиканың ауызекі сөйлеу мен жазба стильдік айырмашылықтарын мәтіндер арқылы тану
			<p>10.2.1.1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды мұғалімнің көмегімен талдау;</p>



Мәңгілік ел - мәңгілік мұрат	Н.Айтұлы "Бәйтерек" поэмасы, Р.Мұқанова "Мәңгілік бала бейне",	Сараптама және интерпретация	10.2.2.1 мұғалімнің көмегімен автор бейнесінің идеялық-стистикалық тұтастырушы ретінде рөлін анықтау; 10.2.3.1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін, автор стилін анықтау; 10.2.4.1 шығармашылық жұмыс жазу, өз оқығаны бойынша түсінгенін жеткізу
		Бағалау және салыстыру	10.3.1.1 шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, мұғалімнің көмегімен тарихи және көркемдік құндылығын бағалау; 10.3.4.1 әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілері мен салыстыра талдап, шағын сын мақала жазу

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 123 бұйрығына  
57-қосымша

Қазақстан Республикасы білім  
және ғылым Министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына  
694-қосымша

## **Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10-сыныптары үшін "Орыс әдебиеті" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде)**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Орыс әдебиеті" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарламаның мақсаты – көркем әдеби шығармаларды оқыту арқылы білім алушылардың рухани құндылықтарын және оқырмандық мәдениетін қалыптастыру, өзін-өзі тануда меңгерген білімін өмірде қолдана білетін жеке тұлға тәрбиелеу.

3. Бағдарламаның міндеттері:

1) орыс әдебиеті, қазақ әдебиеті және әлем әдебиеті мен мәдениеті негізінде әлеуметтік қоғамға бейімделген білім, білік, дағдыларын қалыптастыру;

2) көркем шығармалардағы автор ойын терең тануға мүмкіндік беретін әдеби-танымдық түсініктерін ояту;

3) шығарманы талдау негізінде талдау, салыстыру, жалпылау дағдылары арқылы қорытындылау дағдыларын қалыптастыру; логикалық және сыни пайымдауы нәтижесінде оқиғаның себеп-салдарын анықтау, шығармадағы түйінді ойды анықтау дағдыларын қалыптастыру;

4) әртүрлі жанрдағы көркем шығармалардың мазмұнын терең түсіну әрі талдау негізінде коммуникативтік құзіреттіліктерін арттыру;

5) жазушының шығармашылық тұлғасының эстетикалық және рухани көрінісін ашу, авторлық өнер ретінде көркем әдебиет туралы түсініктерін қалыптастыру;

6) шығармашылық немесе зерттеу қызметімен байланысты қажетті ақпаратты іздеу және өңдеу кезінде ақпараттық технологияларды пайдалану;

4. Түзету-дамытушылық міндеттер:

1) сөйлеу тілі дамуындағы кемшіліктерді түзету;

2) нұсқау бойынша ауызша және жазбаша жұмыс жасау дағдысын дамыту;

3) тілдік құбылыстарды салыстыру және талдау дағдысын дамыту;

4) сөздік-логикалық ойлауды дамыту.

## **2-тарау. Оқу үдерісін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері**

5. Оқыту процесі барысында тапсырмалардың көлемі мен күрделілігін анықтау, жетістіктер деңгейін бағалау кезінде педагог психикалық дамуы тежелген білім алушының психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы тәсілдерді қолданады.

6. Оқытудың тиімді әдістері мен стратегиялары:

1) әрбір білім алушының пікірін тыңдау және оларды дамыту мақсатында бар білімді пайдаланудың маңыздылығын түсіну;

2) мұқият таңдалған тапсырмалар мен қызмет түрлерінің көмегі арқылы ынталандыра және дамыта оқыту;

3) білім алушыларға түсінікті мысалдармен проблемаларды шешу стратегияларын модельдеу;

4) зерттеу қызметін және белсенді оқу әрекетін көтермелеу;

5) білім алушылардың сыни ойлау дағдыларын дамыту;

6) оқытуда сараланған тәсілді жүзеге асыру;

7) білім алушылардың жеке, топтық қызметін және ұжымдық сынып жұмысын ұйымдастыру;

8) оқыған тапсырманың немесе мәтіннің мазмұнын түсінуін қадағалауға көмектесетін "Инсерт" немесе "Белгі қою" әдісін қолдану;

9) оқылатын мәтіннің ұқсастығы мен айырмашылықтарын анықтауға мүмкіндік беретін салыстыру әдісін қолдану;

10) "Аяқталмаған сөйлем" әдісін қолдану, бұл әдіс бойынша оқушылар көру бейнелер арқылы абстрактты ұғымдарды түсінеді және бейненің ішкі жан дүниесіне үңіле алады.

7. Ақпараттық-коммуникативтік технологиядағы құзыреттілік - білім алушыларды дайын, қатаң іріктелген, тиісті түрде ұйымдастырылған тапсырмалармен көп мөлшерде қамтамасыз етуге, олардың зияткерлік шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өз бетінше жаңа білім ала білуге, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

8. Оқу материалын түсіну, сұрақтарға дұрыс жауап беру дағдыларының дамуын ынталандыратын тапсырмалар:

- 1) ұсынылған мәтін бойынша сұрақтар құрастыру;
- 2) мәтін бойынша жоспар құру;
- 3) мәтінді (мәтіннің бөлігін) ауызша жеткізу;
- 4) баламалы пікірді немесе идеяны қалыптастыру;
- 5) тақырып бойынша интервью алу;
- 6) тақырып бойынша жұпта, топта диалог құру, бірлесіп оқуды жүзеге асыру;
- 7) тақырып бойынша пікірталас ұйымдастыру;
- 8) табысты әрекет ету ортасын құру;
- 9) шығарманы оқу және талқылау.

9. Сөйлеу тілінің дамуын ынталандыратын тапсырмалар:

- 1) шығармашылық бағыттағы тапсырмалар;
- 2) интернет ресурстарымен жұмыс (тақырып бойынша көрсетілім, жобалар дайындау);
- 3) сөйлеу байланысын құру (туған-туысқандары мен досына хат, іскерлік қағаздар);
- 4) стильдік және жанрлық ерекшеліктеріне сай әртүрлі мәтіндер жазу, (репортаж, хабарландыру, хат, өтініш, өмірбаян, комплимент, құттықтау, сұхбат, еркін тақырыпқа эссе жазу, аннотация);
- 5) публицистикалық тақырыпта шығарма жазу;
- 6) берілетін ақпарат көлемінің өзгеруіне сәйкес мәтінді өзгерту, қайта құру;

10. Пәнді оқытудың техникалық құралдары: сенсорлық (немесе электромагниттік) әрекет принципі бар интерактивті тақта, интеграцияланған бейнепроектор және дыбыс колонкалары; дербес компьютер (жүйелі блок, орыс және қазақ әліпбиіндегі пернетақта, монитор, "тышқан" манипуляторы, принтер, UPS үздіксіз қоректендіру блогы).

11. Критериалды бағалау тапсырмаларын мұғалім оқушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып дайындайды және келесі тәсілдерді қолданады:

- 1) грамматикалық және семантикалық рәсімдеу жөніндегі нұсқаулықтың тұжырымдарын жеңілдету;
- 2) көпқұрылымды нұсқаулықтарды қысқа мағыналық бірліктерге бөлу;
- 3) қажет болған жағдайда сараланған көмек беру: ынталандырушы (мақұлдау, эмоционалдық қолдау); ұйымдастырушы (қолдау, зейіндерін шоғырландыру, өзін-өзі тексеру қажеттілігін ескеру); бағыттаушы (тапсырманы қайталау және түсіндіру);
- 4) тапсырмаларды орындаудың уақыт мөлшерін арттыру.

### **3-тарау. "Орыс әдебиеті" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

12. "Орыс әдебиеті" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сынып – аптасына 2 сағатты, оқу жылында – 68 сағатты;
- 2) 6-сынып – аптасына 2 сағатты, оқу жылында – 68 сағатты;
- 3) 7-сынып – аптасына 2 сағатты, оқу жылында – 68 сағатты;
- 4) 8-сынып – аптасына 3 сағатты, оқу жылында – 102 сағатты;
- 5) 9-сынып – аптасына 3 сағатты, оқу жылында – 102 сағатты;
- 6) 10-сынып – аптасына 2 сағатты, оқу жылында – 68 сағатты құрайды.

13. "Орыс әдебиеті" оқу пәнінің мазмұны бөлімдерге бөлінген. Бөлімдер бөлімшелерден тұрады, бөлімшелер күтілетін нәтижелер түрінде ұсынылған әр сыныптың оқу мақсаттарын қамтиды.

14. Бағдарлама мазмұны 3 бөлімді қамтиды:

- 1) "Түсіну және жауап беру" бөлімі;
- 2) "Сараптама және интерпретация" бөлімі;
- 3) "Бағалау және салыстыру" бөлімі.

15. "Түсіну және жауап беру" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) терминдерді түсіну
- 2) көркем шығарма мазмұнын түсіну;
- 3) жатқа оқу және дәйексөз алу;
- 4) жоспар құру;
- 5) мазмұндама;
- 6) сұрақтарға жауап беру.

16. "Сараптама және интерпретация" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) жанр;
- 2) тақырып және идея;
- 3) композиция;
- 4) эпизодтарды талдау;
- 5) кейіпкерді сипаттау;
- 6) әр түрлі көркем шығарма әлемі;

- 7) автордың көзқарасы;
- 8) көркем-бейнелеу құралдары;
- 9) шығармашылық жазба.

17. "Бағалау және салыстыру" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) көркем шығарманы бағалау;
- 2) көркем шығарманы басқа өнер түрлерімен салыстыру;
- 3) әдебиет туындыларын салыстыру;
- 4) пікірлерді бағалау.

18. 5-сыныпқа арналаған "Орыс әдебиеті" пәнінің базалық мазмұны:

1) түсіну және жауап беру: көркем әдебиет, фольклор, батырлық эпос, эпос, ертегі, әдеби ертегі, сюжет, композиция, көркемдік уақыт пен кеңістік, жанжал, кейіпкер, баяндаушы, әңгімелеуші, гипербола, эпитет, салыстыру, көркем шығарманың жалпы көрінісі, тақырыпты түсіну, шағын көлемдегі (поэтикалық, прозалық) мәтіндердің үзінділерін мәнерлеп оқу, қарапайым жоспар, шығарманың немесе үзіндінің мазмұнын қысқаша қайталау, сұраққа қысқаша және толық жауап;

2) сараптама және интерпретация: мұғалімнің қолдауымен жанрды (эпос, ертегі, әдеби ертегі) және оның белгілерін анықтау, мұғалімнің қолдауымен шығарманың негізгі идеясын анықтау, мұғалімнің қолдауымен шығарманың мәтінде композиция элементтерін бөліп көрсету, басты кейіпкерлерді сипаттау үшін маңызды эпизодтарды талдау, мұғалімнің қолдауымен кейіпкерлерді сипаттау, көркемдік кеңістікті талдау және оның көрсетілімін суреттерде, схемаларда, кластерлерде безендіру, мұғалімнің қолдауымен автордың басты кейіпкерлерге қатынасын анықтау, көркем мәтіндегі бейнелеу құралдарын талдау (гиперболалар, эпитеттер, салыстырулар) мұғалімнің қолдауымен шығармашылық жұмыстар (ертегілер, әңгімелер, тірек сөздер, иллюстрациялар бойынша әдеби тақырыптарға шағын шығармалар жазу);

3) бағалау және салыстыру: мұғалімнің қолдауымен шығарманы талқылауға қатысу, өз ойлары мен сезімдерін білдіру, көркем шығарманы басқа өнер түрлерімен салыстыру, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды түсіндіру, тақырыпқа жақын орыс, қазақ және әлем әдебиетінің туындыларын (немесе фрагменттерін) салыстыру, ауызша және жазбаша мәлімдемелерді (өзінің, сыныптастары) мұғалімнің қолдауымен тақырыпқа сәйкестігі тұрғысынан бағалау.

19. Оқылатын көркем шығармалар тізімі:

- 1) Қиссалар. Цикл об Илье Муромце;
- 2) А.С. Пушкин. "Песнь о вещем Олеге";
- 3) М.Ю. Лермонтов. "Бородино";

4) М.Шаханов. "Отрарская поэма о побеждҰнном победителе, немесе "ПросчҰт Чингисхана";

- 5) В.А. Жуковский. "Сказка о царе Берендее";
- 6) А.С. Пушкин. "Сказка о мертвой царевне и семи богатырях";

- 7) К. Д. Бальмонт. "Фейные сказки";
- 8) Г.Х. Андерсен. "Снежная королева";
- 9) О. Уайльд. "Соловей и роза";
- 10) К.Г. Паустовский. "Теплый хлеб";
- 11) Г.В. Черноголова. "Сказка об одном зҰрнышке";
- 12) А.С. Пушкин. "Руслан и Людмила";
- 13) М.М. Пришвин. "Кладовая солнца".

20. 6-сыныпқа арналаған "Орыс әдебиеті" пәнінің базалық мазмұны:

1) түсіну және жауап беру: көркем әлем, аңыз, аңыз кейіпкері, мифологиялық образ, әңгіме, повесть, пьеса-ертегі, афиша, портрет, пейзаж, метафора, персонализация, антитеза, эпос, лирика, драма әдебиеттің ұрпағы ретінде, көркем шығарманың жалпы көрінісі, негізгі және қайталама ақпарат, мәтіндердің фрагменттерін мәнерлеп оқу (поэтикалық, прозалық, драмалық), қарапайым цитаталық жоспар, шағын эпикалық немесе драмалық формадағы шығармалардың мазмұнын қысқаша, толық қайталау, кейіпкерлер мен оқиғалар туралы өз пікірлерін тірек кестелер мен блок-сызбаларды қолдана отырып схемалар, толық жауап;

2) сараптама және интерпретация: жанрды (әңгіме, повесть, пьеса-ертегі) және оның белгілерін анықтау, оның құрылымдық элементтеріне сүйене отырып, шығарманың негізгі идеясын анықтау, шығарма мәтінінде композиция элементтерін бөліп көрсету, олардың шығарманың сюжетіндегі рөлін түсіндіру, басты кейіпкерлерді сипаттау үшін маңызды драмалық және прозалық шығармалардың эпизодтарын талдау, мәтіннің жоспары мен дәйексөздерін қолдана отырып кейіпкерлерді сипаттау, көркемдік кеңістік пен уақытты талдау және олардың көрсетілімін суреттерде, схемаларда, кластерлерде безендіру, автордың бас және екінші кейіпкерлерге қатынасын анықтау, бейнелеу құралдарын (метафоралар, бейнелеулер) және поэтикалық синтаксис фигураларын (риторикалық сұрақтар, үндеулер, леп белгілері, антитезалар), шығармашылық жұмыстарды (аңыздар, әдеби тақырыптарға арналған шағын шығармалар) талдау, оқығанды түсінгенін білдіру;

3) бағалау және салыстыру: шығарманы талқылауға қатысу, бас кейіпкерлердің іс-әрекеттерін бағалау, көркем шығармаларды басқа өнер түрлерімен салыстыру, мұғалімнің қолдауымен ұқсастықтар мен айырмашылықтарды түсіндіру (салыстырмалы сипаттама жоспар), мұғалімнің қолдауымен тақырып пен мәселеге жақын орыс, қазақ және әлем әдебиетінің туындыларын (немесе фрагменттерін) салыстыру, ауызша және жазбаша мәлімдемелерді (өзінің, сыныптастарын) тақырыпты ашудың толықтығы, дәйексөздің орындылығы тұрғысынан бағалау.

21. Оқылатын көркем шығармалар тізімі:

- 1) Ежелгі Грек аңыздары (Прометей, Геракл, Икар, Актеон туралы);
- 2) Е.В. Курдаков. "Псы Актеона";

3) Славян мифологиясы (Күн туралы миф, төменгі мифология өкілдері туралы мифтер);

4) Түркі мифологиясы (әлемнің пайда болуы туралы миф);

5) Библия мифологиясы (Вавилон мұнарасы, Соломон патша);

6) Б.Л. Пастернак. "Рождественская звезда";

7) Н.В. Гоголь. "Ночь перед Рождеством";

8) А.Гофман "Щелкунчик и Мышиный король";

9) И.С. Тургенев. "Муму";

10) Л.Н. Толстой. "Кавказский пленник";

11) В.С. Высоцкий. "Песня о друге";

12) В.П. Астафьев "Конь с розовой гривой";

13) А.Н. Островский. "Снегурочка";

14) И.С. Тургенев "Бежин луг";

15) М.Ю. Лермонтов. "Русалка".

22. 7-сыныпқа арналаған "Орыс әдебиеті" пәнінің базалық мазмұны:

1) түсіну және жауап беру: астарлы әңгіме, аңыз, баллада, ертегі, әдеби бағыт, классицизм, фантастикалық әңгіме, комедия, қиял, сатира, әзіл, гротеск, сарказм, ирония, көркем бөлшек, лирикалық кейіпкер, ырғақ пен рифма, аллегория, көркем шығарманы егжей-тегжейлі түсіну, белгілі және белгісіз ақпарат, мәтінде тәуелсіз болу және лирикалық кейіпкердің және/немесе кейіпкер бейнесінің сипаттамасымен байланысты шығармалардың үзінділерін мәнерлеп оқу, күрделі жоспар, шығарманың мазмұнын қысқаша, толық, таңдамалы қайталау немесе үзінді, кейіпкерлер мен оқиғалар туралы өз пікірін білдіру, проблемалық сұраққа дәлелді жауап;

2) сараптама және интерпретация: жанрды (астарлы әңгіме, баллада, ертегі, аңыз, комедия, лирикалық өлең, фэнтези, фантастикалық әңгіме) және оның белгілерін анықтау, шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау, кейіпкерлердің әрекеттері туралы өз пікірін білдіру, шығарма мәтінінде композиция элементтерін бөліп көрсету, эпиграфтың рөлін және оның мағынасын түсіндіру, прозалық, драмалық және лирикалық шығармалардағы басты және қосалқы кейіпкерлерді сипаттау үшін маңызды эпизодтарды талдау, мәтіннің бөлшектері мен дәйексөздері негізінде шығарма кейіпкерлерін сипаттау, сюжет пен композицияны, көркем образдарды және кестелерде өз көрінісін безендіру, автордың басты және екінші кейіпкерлерге қатынасын анықтау, өз ұстанымын дәлелдеу, көркем мәтіндегі поэтикалық синтаксистің бейнелеу құралдары мен фигураларын талдау (аллегория), комедияның негізгі әдістері (сатира, әзіл, гротеск, ирония, сарказм), шығармашылық жұмыстар (шығармалар, шолу), оқылғанға деген көзқарасын білдіру;

3) бағалау және салыстыру: туындыны талқылауға қатысу, кейіпкерлер мен оқиғалар туралы пікір білдіру, көркем шығарманы өнердің басқа түрлерінің шығармаларымен салыстыру, бейнелерді жасау құралдарындағы ұқсастықтар мен

айырмашылықтарды сипаттау, тақырыпқа/ проблематикаға/ жанрға жақын орыс, қазақ және әлемдік әдебиет туындыларын (немесе фрагменттерін) салыстыру, ауызша және жазбаша мәлімдемелерді (өзінің, сыныптастарының) тақырыпты ашудың толықтығы мен тереңдігі, дәйексөздің орындылығы, композициялық бірлік тұрғысынан бағалау.

23. Оқылатын көркем шығармалар тізімі:

1) Притча о блудном сыне, легенда об Арионе;

2) А.С. Пушкин "Арион", "Анчар";

3) А.С. Пушкин. "Станционный смотритель";

4) К.Г. Паустовский "Телеграмма";

5) Стихотворения А.С. Пушкина, С.А. Есенина, А.А. Фета;

6) У. Блейк. "Тигр";

7) О.О. Сулейменов. "Волчата";

8) Р. Бредбери. "Зеленое утро";

9) А. Новоселов. "Санькин марал";

10) И.А. Крылов. Мысалдар;

11) Д.И. Фонвизин. "Недоросль";

12) М.Е. Салтыков-Щедрин. "Сказка о том, как один мужик двух генералов прокормил";

13) М.М. Зощенко. Сатиралық шығармалар (мұғалімнің таңдауы бойынша);

14) В.А. Жуковский. Балладалар;

15) В. Набоков. "Рождество";

16) В. Тендряков. "Хлеб для собаки";

17) Д. Толкиен. "Хоббит, или Туда и Обратно".

24. 8-сыныпқа арналаған "Орыс әдебиеті" пәнінің базалық мазмұны:

1) түсіну және жауап беру: романтизм мен реализм әдеби бағыт, тарихи образ (кейіпкер), трагедия, комедия, поэма, символ, афоризм, эпиграф, прототип, өмірбаян, көркем шығарманы түсіну, ақпаратты сыни тұрғыдан түсіну, ашық және жасырын (сөздің астары) ақпаратты ажырату, мәтінде өз бетінше табу және шығарманың тақырыбын көрсететін дәйексөздерді, фрагменттерді мәнерлеп оқу, күрделі цитаталық жоспар, шығарманың немесе үзіндінің мазмұнын қайталау, дәйексөздердің әртүрлі әдістерін қолдану, проблемалық сұраққа дәлелді жауап, дәйексөздерді қолдану, дәйексөздерді қолдану;

2) сараптама және интерпретация: жанрды (трагедия, комедия, поэма) және оның белгілерін анықтау, шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау, проблемалар туралы өз пікірін білдіру, шығарма мәтінде композиция элементтерін бөліп көрсету, жалған эпизодтардың мағынасын түсіндіру, шығарма эпизодтарын талдау, олардың проблемалармен байланысын және сюжетті дамытудағы рөлін түсіндіру, шығарма кейіпкерлерін, олардың іс-әрекеттерін, мінез-құлық мотивтерін, есімдер мен фамилиялардың мағынасын сипаттау, суреттер жүйесін, жұмыстың құрылымын талдау



және ақпаратты бүктеудің әртүрлі әдістерін (диаграммалар, кестелер), кейіпкерлерге авторлық қатынасты білдіру тәсілдері, кейіпкерлерді авторлық сипаттау тәсілдері, бейнелеу құралдары, оның ішінде поэтикалық синтаксис фигуралары (антитезалар), әдеби тәсілдер (символ, өмірбаян), шығармашылық жұмыстар жазу (әдеби кейіпкерге хат), кейіпкерге, оның іс-әрекеттеріне көзқарасты білдіру, бейнелеу құралдарын пайдалану;

3) бағалау және салыстыру: туындыны талқылауға қатысу, өз көзқарасын қорғау, кейіпкерлердің мінез-құлқын, іс-әрекетін, автордың ұстанымын бағалау, көркем шығарманы өнердің басқа түрлерінің шығармаларымен салыстыру, өнердің әртүрлі түрлерінде бейнелер жасаудың ерекше құралдарына сипаттама беру, ұлттық мәдениеттің ерекшеліктерін ескере отырып, тақырып/проблема/ жанр бойынша жақын орыс, қазақ және әлем әдебиетіндегі туындыларды (немесе фрагменттерді) салыстыру, ауызша және жазбаша мәлімдемелерді (өз, сыныптастарын) тақырыпты ашудың толықтығы мен тереңдігі тұрғысынан бағалау, композициялық бірлік және фактологиялық дәлдік.

25. Оқылатын көркем шығармалар тізімі:

1) Жунусов (мұғалімнің таңдауы бойынша) "Первый вагон" - әңгімелер жинағы, А.Алексин "Фотография, на которой меня нет", "А тем временем где-то" (таңдауы бойынша);

2) В. Распутин "Уроки французского";

3) Ч. Айтматов "Первый учитель", "Красное яблоко";

4) У. Шекспир "Ромео и Джульетта";

5) А.С. Пушкин "Капитанская дочка";

6) 19 ғасырлар ақындардың лирикасы;

7) О.О. Сулейменов "Последнее слово акына Смета";

8) Н.В. Гоголь "Ревизор";

9) А.П. Чехов. Әңгімелер (мұғалімнің таңдауы бойынша);

10) В. М. Шукшин. Әңгімелер (мұғалімнің таңдауы бойынша);

26. 9-сыныпқа арналаған "Орыс әдебиеті" пәнінің базалық мазмұны:

1) түсіну және жауап беру: жанр, сонет, роман, қасиетті әңгіме, лирикалық шегініс, психологизм, ішкі монолог, афоризм, көркем шығарманы түсіну, ақпаратты сыни тұрғыдан түсіну, естігенге немесе оқуға деген көзқарасты білдіру, мәтінде өз бетінше болу және шығарманың проблемаларына байланысты дәйексөздерді, үзінділерді мәнерлеп оқу, тезистік жоспар, шығарманың мазмұнын қайталау, қайталанудың әртүрлі әдістерін қолдану, сюжеттің дамуын шығармашылық тұрғыдан қайта қарастыру, проблемалық сұраққа толық негізделген жауап;

2) сараптама және интерпретация: жанрды және оның белгілерін анықтау (сонет, роман, хаттардағы роман, қасиетті әңгіме), шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау, олардың өзектілігі туралы пікір білдіру және олардың ұстанымын дәлелдеу,

шығарма мәтініндегі композиция элементтерін бөліп көрсету, композиция түрлерін ажырату, лирикалық шегіністердің мағынасын түсіндіру, шығармадағы жанжалды анықтау үшін маңызды эпизодтарды талдау, басқа эпизодтармен байланысты түсіндіру, шығарма кейіпкерлерін олардың әлеуметтік және тұлғааралық қатынастарына сүйене отырып сипаттау, шығарманың көркемдік әлемін талдау, ақпаратты жинақтаудың әртүрлі тәсілдері (схемалар, кестелер), кейіпкерлерге және бейнеленген оқиғаларға авторлық қатынасты білдіру тәсілдері, поэтикалық синтаксистің бейнелерін, бейнелеу құралдары мен фигураларын (эпитеттер, салыстырулар, метафоралар, персонализация, антитезалар, аллитерациялар, аллегориялар) құрудың құралдары мен әдістерін талдау, әдеби және еркін тақырыптарға шығармалар жазу, пікірлер (спектакльдерге және/немесе туындының экранизациясына);

3) бағалау және салыстыру: туындыны талқылауға қатысу, әр түрлі пікірлерді ескере отырып, өз ұстанымын түсіндіру, шығарма проблематикасының өзектілігін бағалау, көркем шығарманы басқа өнер түрлерінің шығармаларымен салыстыру, бейнелерді жасау құралдарындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды сипаттау, жеке авторлық тәсілдерді бөліп көрсету, ұлттық мәдениеттің ерекшеліктерін ескере отырып, тақырып/проблема/жанр бойынша жақын қазақ және әлем әдебиеті шығармаларымен орыс әдебиеті туындыларын (немесе фрагменттерін) салыстыру, авторлардың позициясын түсіндіру, ауызша және жазбаша мәлімдемелерді (өзінің, сыныптастарының) тақырыпты ашудың толықтығы мен тереңдігі, композициялық және стильдік бірлік, фактологиялық дәлдік тұрғысынан бағалау.

27. Оқылатын көркем шығармалар тізімі:

- 1) М.Ю. Лермонтов "Мцыри";
- 2) А. Грин "Алые паруса";
- 3) Антуан де Сент-Экзюпери "Маленький принц";
- 4) М. Цветаева. Лирика;
- 5) А. Ахматова "У самого моря";
- 6) У. Шекспир. Сонеты;
- 7) П.Н. Васильев. "И имя твоё..." және басқа өлеңдер;
- 8) А.С. Пушкин. Лирика, "Цыганы";
- 9) И.С. Тургенев "Ася";
- 10) А.И. Куприн "Олеся";
- 11) Н.В. Гоголь "Шинель";
- 12) Ф.М. Достоевский "Бедные люди";
- 13) Л.Н. Толстой "После бала";
- 14) А.И. Куприн "Гранатовый браслет".

28. 10-сыныпқа арналаған "Орыс әдебиеті" пәнінің базалық мазмұны:

1) түсіну және жауап беру: жанр, сонет, роман, қасиетті әңгіме, лирикалық шегініс, психологизм, ішкі монолог, оксиморон, афоризм, көркем шығарманы түсіну, ақпаратты

сыни тұрғыдан түсіну, естігенге немесе оқуға деген көзқарасты білдіру, мәтінде тәуелсіз болу және шығарманың проблемаларына байланысты дәйексөздерді, үзінділерді мәнерлеп оқу, тезистік жоспар, шығарманың мазмұнын қайталау, қайталанудың әртүрлі әдістерін қолдану, сюжеттің дамуын шығармашылық тұрғыдан қайта қарастыру, проблемалық сұраққа толық негізделген жауап;

2) сараптама және интерпретация: жанрды және оның белгілерін анықтау (сонет, роман, хаттардағы роман, қасиетті әңгіме), шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау, олардың өзектілігі туралы пікір білдіру және олардың ұстанымын дәлелдеу, шығарма мәтініндегі композиция элементтерін бөліп көрсету, композиция түрлерін ажырату, лирикалық шегіністердің мағынасын түсіндіру, шығармадағы жанжалды анықтау үшін маңызды эпизодтарды талдау, басқа эпизодтармен байланысты түсіндіру, шығарма кейіпкерлерін олардың әлеуметтік және тұлғааралық қатынастарына сүйене отырып сипаттау, шығарманың көркемдік әлемін талдау, ақпаратты жинақтаудың әртүрлі тәсілдері (схемалар, кестелер, диаграммалар), кейіпкерлерге және бейнеленген оқиғаларға авторлық қатынасты білдіру тәсілдері, ақындық синтаксистің бейнелерін, бейнелеу құралдары мен фигураларын (эпитеттер, салыстырулар, метафоралар, персонализация, антитезалар, аллитерациялар) жасау құралдары мен тәсілдерін талдау, әдеби және еркін тақырыптарға шығармалар жазу, пікірлер (спектакльдерге және / немесе туындыны экрандау);

3) бағалау және салыстыру: туындыны талқылауға қатысу, әр түрлі пікірлерді ескере отырып, өз ұстанымын түсіндіру, шығарма проблематикасының өзектілігін бағалау, көркем шығарманы басқа өнер түрлерінің шығармаларымен салыстыру, бейнелерді жасау құралдарындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды сипаттау, жеке авторлық тәсілдерді бөліп көрсету, ұлттық мәдениеттің ерекшеліктерін ескере отырып, тақырып/ проблема/ жанр бойынша жақын қазақ және әлем әдебиеті шығармаларымен орыс әдебиеті туындыларын (немесе фрагменттерін) салыстыру, авторлардың позициясын түсіндіру, ауызша және жазбаша мәлімдемелерді (өзінің, сыныптастарының) тақырыпты ашудың толықтығы мен тереңдігі, композициялық және стильдік бірлік, фактологиялық дәлдік тұрғысынан бағалау.

29. Оқылатын көркем шығармалар тізімі:

- 1) А.С. Грибоедов "Горе от ума";
- 2) Н.В. Гоголь "Мертвые души";
- 3) А.С. Пушкин "Пиковая дама";
- 4) А.П. Чехов "Ионыч", "Человек в футляре" (мұғалімнің таңдауы бойынша);
- 5) Н.С. Лесков "Жемчужное ожерелье".

#### **4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі**

30. Бағдарламада, оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлімше ретін, төртінші сан оқыту

мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.2.1.4. кодында "7" - сынып, "2.1" - бөлімше, "4" - оқыту мақсатының реттік саны.

31. Күтілетін нәтижелер бойынша оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) "Мәтін бойынша түсіну және жауап беру" бөлімі:

1-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары					
	5 –сынып	6 - сынып	7 - сынып	8 - сынып	9 - сынып	10 - сынып
1.1 Терминдерді түсіну	5.1.1.1 терминдердің мағынасын түсіндіру: көркем әдебиет, фольклор, батырлық эпос, эпос, ертегі, әдеби ертегі, сюжет, композиция, көркемдік уақыт пен кеңістік, жанжал, кейіпкер, баяндаушы, әңгімеші, гипербола, эпитет, салыстыру	6.1.1.1 терминдердің мағынасын түсіндіру: көркем әлем, аңыз, аңыз кейіпкері, мифологиялы қ образ, әңгіме, повесть, пьеса-ертегі, афиша, ремарка, портрет, пейзаж, метафора, персонализация, антитеза, эпос, лирика, драма	7.1.1.1 терминдердің мағынасын түсіндіру: астарлы әңгіме, аңыз, баллада, ертегі, әдеби бағыт, - сыныпицизм, фантастикалы қ әңгіме, комедия, қиял, сатира, әзіл, гротеск, сарказм, ирония, көркем деталь, лирикалық кейіпкер, ырғақ пен рифма, аллегория	8.1.1.1 терминдердің мағынасын түсіндіру: романтизм мен реализм әдеби бағыт, тарихи образ (кейіпкер), трагедия, комедия, поэма, символ, афоризм	9.1.1.1 терминдердің мағынасын түсіндіру: романтизм мен реализм әдеби бағыт, жанр, сонет, роман, қасиетті әңгіме, лирика, афоризм, эпиграф, прототип, өмірбаян ретінде	10.1.1.1 терминдердің мағынасын түсіндіру: жанр, сонет, роман, қасиетті әңгіме, лирикалық шегініс, психологизм, ішкі монолог, оксиморон, афоризм.
1.2 Көркем шығармалар мазмұнын түсіну	5.1.2.1 ұғымдарды ажырату: шығарманың тақырыбы мен идеясы; 5.1.2.2 көркем шығарма туралы жалпы түсініктің болуы; осы ұғымдардың көмегімен	6.1.2.1 негізгі және екіншілік ақпаратты ажырату; 6.1.2.2 көркем шығарма туралы жалпы түсініктің болуы; 6.1.2.3 мәтінді негізгі және екіншілікке бөлу, таңдауын түсіндіру	7.1.2.1 әр түрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасау; 7.1.2.2 белгілі және белгісіз ақпаратты қоса алғанда, көркем шығарманы толық түсіну.	8.1.2.1 көркем шығарманы с ы н и тұрғыдан түсіну; 8.1.2.2. ашық және жасырын ( сөздің астары ) ақпаратты табу және ажырату	9.1.2.1 шығарманың бастысын, себептерін, оқиғаның барысын анықтау; 9.1.2.2 көркем шығарманы с ы н и тұрғыдан түсіну; 9.1.2.3 естігеніне немесе оқиғанына өз көзқарасын білдіру	10.1.2.1 естігеніне немесе оқиғанына өз көзқарасын айту
			7.1.3.1			

1.3 Жатқа оқу және дәйексөз алу	5.1.3.1 прозалық шығарманы лирикалық шығармадан ажырату; 5.1.3.2 шағын көлемді (поэтикалық, прозалық) мәтіндердің үзінділерін жатқа мәнерлеп оқу	6.1.3.1 драмалық шығарманы прозалық және лирикалық шығармадан ажырату; 6.1.3.2 мәтін үзінділерін жатқа мәнерлеп оқу (поэтикалық, прозалық, драмалық)	"дәйексөз" терминінің мағынасын түсіндіру; 7.1.3.2 лирикалық кейіпкердің сипаттамасымен және/немесе кейіпкер бейнесімен байланысты үзінділер мен дәйексөздерді мәтіннен өз бетінше тауып, мәнерлеп оқып шығу	8.1.3.1 шығарманың тақырыбын анықтау; 8.1.3.2 мәтіннен өз бетінше тауып, шығарманың тақырыбын бейнелейтін дәйексөздерді, үзінділерді мәнерлеп оқып шығу	9.1.3.1 шығарманың мәселелерін атау;	10.1.3.1 мәтіннен өз бетінше тауып, шығарманың проблемаларына байланысты дәйексөздерді, үзінділерді мәнерлеп оқып шығу
1.4 Жоспар құру	5.1.4.1 алгоритм немесе блок-схема көмегімен қарапайым жоспар құру	6.1.4.1 шығармадан дәйексөздерді табу; 6.1.4.2 қарапайым дәйексөз жоспарын құру	7.1.4.1 жұмыстың дәйексөздеріне сүйене отырып, күрделі жоспар құру	8.1.4.1 күрделі дәйеккөз жоспар құрау	9.1.4.1 тезистерді тұжырымдау 9.1.4.2 қарапайым тезистік жоспар құрау	10.1.4.1 күрделі тезистік жоспар құрау
1.5 Мазмұндама	5.1.5.1 шығарманың сұрақтарына дәйекті және қисынды жауап беру; 5.1.5.2 шығарманың мазмұнын немесе үзіндісін қысқаша қайталап айтып беру	6.1.5.1 шағын эпикалық немесе драмалық шығарманың мазмұнын (қысқа, толық) айтып беру; 6.1.5.2 тірек кестелер және блок-схема пайдалана отырып, батырлар мен оқиғалар туралы өз пікірін білдіру	7.1.5.1 шығарманың немесе үзіндінің мазмұнын айтып беру (қысқаша, толық, іріктеп); 7.1.5.2 батырлар мен оқиғалар туралы өз пікірін білдіру	8.1.5.1 дәйексөз түрлерін ажырату; 8.1.5.2 шығарманың немесе үзіндінің мазмұнын айтып беру; 8.1.5.3 дәйексөздің әртүрлі тәсілдерін қолдану	9.1.5.1 шығарманың мазмұнын айтып беру, 9.1.5.2 сюжеттің дамуын қысқаша сипаттай білу; 9.1.5.3 сюжеттің дамуын шығармашылық қайта ойлау, айтып берудің түрлі тәсілдерін қолдану	10.1.5.1 шығарманың мазмұнын айтып беру; 10.1.5.2 шығарма мәтінін қолдана отырып, мазмұндаудың әртүрлі әдістерін қолдану; 10.1.5.2 сюжеттің дамуын шығармашылық тұрғыдан қайта қарастыру
	5.1.6.1 ұғымдарды ажырату:		7.1.6.1	8.1.6.1	9.1.6.1 қосымша ақпарат	

1.6 Сұрақтарға жауап беру	толық және қысқа жауап; 5.1.6.2 сұрақтарға дәйекті және қисынды жауап беру; 5.1.6.3 сұраққа қысқа және толық жауап беру	6.1.6.1 сыныпта шығарманы талқылағаннан кейін сұраққа толық жауап беру	сұрақтарға жауап беру кезінде дәлелдердің мағынасын түсіну; 7.1.6.2 проблемалық сұраққа дәлелді жауап беру	мәтіннен дәйексөз табу; 8.1.6.2 дәйек сөздерді қолдана отырып проблемалық сұрақтарға дәлелді жауап беру	көздерін өз бетінше табу және пайдалану; 9.1.6.2 дерек көздерді пайдалана отырып проблемалық сұрақтарға дәлелді жауап беру	10.1.6.1 дереккөздерге сілтеме жасай отырып, проблемалық сұраққа толық негізделген жауап беру
------------------------------	---	--	---	--	---	---

## 2) "Сараптама және интерпретация" бөлімі:

### 2-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары					
	5 – сынып	6 - сынып	7 - сынып	8 - сынып	9 - сынып	10 - сынып
2.1 Жанр	5.2.1.1 жанрды және оның белгілерін (эпос, ертегі, әдеби ертегі) анықтау	6.2.1.1 жанрды және оның белгілерін (әңгіме, повесть, пьеса-ертегі) анықтау	7.2.1.1 жанрды және оның белгілерін анықтау (аңгіме, баллада, ертегі, аңыз, комедия, лирикалық өлең, фэнтези, фантастикалық әңгіме)	8.2.1.1 жанрды және оның белгілерін анықтау (трагедия, комедия)	9.2.1.1 жанрды және оның белгілерін анықтау (сонет поэмасы, роман, хаттардағы роман, қасиетті әңгіме)	10.2.1.1 жанрды және оның белгілерін анықтау (сонет, роман, хаттардағы роман, қасиетті әңгіме)
2.2 Тақырып және идея	5.2.2.1 жұмыстың негізгі идеясын анықтау	6.2.2.1 ақпаратты өз сөзімен жеткізу; 6.2.2.2 шығарманың құрылымдық элементтеріне сүйене отырып, негізгі идеясын анықтау	7.2.2.1 шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау; 7.2.2.2 жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді анықтау; 7.2.2.3 өз мысалдарын немесе сыныптастарының мысалдарын қолдана отырып, кейіпкерлерді	8.2.2.1 шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау; 8.2.2.2 жеке тәжірибеден мысалдар келтіру 8.2.2.3 мәселелер туралы өз пікірін білдіру	9.2.2.1 шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау; 9.2.2.2 шығарманың өзектілігі неде екенін түсіндіру 9.2.2.3 шығарманың өзектілігі туралы пікір білдіру; 9.2.2.4	10.2.2.1 шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау; 10.2.2.2 шығарманың өзектілігі туралы пікір білдіру; 10.2.2.3 шығармадағы дәйексөзді қолданып, өз ұстанымын дәлелдеу

			ң әрекеттері туралы өз пікірін білдіру		өз ұстанымын дәлелдеу	
2.3 Композиция	5.2.3.1 композиция элементтерін анықтау; 5.2.3.2 шығарма мәтінде композиция элементтерін бөлу	6.2.3.1 шығарма мәтінде композиция элементтерін бөліп көрсету, олардың шығарманың сюжетіндегі рөлін түсіндіру	7.2.3.1 шығарма мәтіндегі композиция элементтерін бөліп көрсету, эпиграфтың рөлін және оның мағынасын түсіндіру	8.2.3.1 шығарма мәтінде композиция элементтерін бөлектеу, кірістіру эпизодтарының мағынасын түсіндіру	9.2.3.1 шығарма мәтінде композиция элементтерін бөліп көрсету, композиция түрлерін ажырату	10.2.3.1 шығарма мәтіндегі композиция элементтерін бөліп көрсету, композиция түрлерін ажырату, лирикалық шегіністің мағынасын түсіндіру
2.4 Эпизодтарды талдау	5.2.4.1 шығармадағы негізгі эпизодтарды бөлу; 5.2.4.2 басты кейіпкерлерді сипаттау үшін маңызды эпизодтарды табу	6.2.4.1 басты кейіпкерлерді сипаттау үшін маңызды драмалық және прозалық шығармалардың эпизодтарын табу	7.2.4.1 басты және екіншілік кейіпкерлерді сипаттау үшін эпизодтардың рөлін түсіндіру; 7.2.4.2 прозалық шығармада басты және екінші кейіпкерлерді сипаттау үшін маңызды эпизодтарды табу	8.2.4.1 прозалық, драмалық және лирикалық шығармаларда басты және екінші кейіпкерлерді сипаттау үшін маңызды эпизодтарды табу	9.2.4.1 шығармалардың эпизодтарын бөлектеу және сипаттау; 9.2.4.2 эпизодтардың проблемалармен байланысын және олардың сюжетті дамытудағы рөлін түсіндіру	10.2.4.1 жанжалдың дамуымен эпизодтарды бөліп көрсету және сипаттау; 10.2.4.2 жанжалды анықтау үшін маңызды эпизодтарды табу, басқа эпизодтармен байланысты түсіндіру
2.5 Кейіпкерлерді сипаттау	5.2.5.1 шығарманың басты кейіпкерлерін анықтау; 5.2.5.2 шығарманың басты кейіпкерлерін сипаттау	6.2.5.1 шығарманың басты және екінші кейіпкерлерін ажырата білу; 6.2.5.2 мәтіннен жоспар мен дәйексөздерді қолдана отырып, кейіпкерлерді сипаттау	7.2.5.1 шығармадан кейіпкерлерді сипаттайтын бөлшектерді табу; 7.2.5.2 шығарманың кейіпкерлерін мәтіннен алынған мәліметтермен	8.2.5.1 шығарманың кейіпкерлерін, олардың іс-әрекеттерін, мінез-құлық себептерін сипаттау; 8.2.5.2 кейіпкерлердің мотивтері мен әрекеттерін түсіндіру; 8.2.5.3 есімдер мен фамилиялардың	9.2.5.1 тұлғааралық және әлеуметтік қатынастардың маңыздылығын түсіну	10.2.5.1 шығарманың кейіпкерлерін олардың әлеуметтік және тұлғааралық қатынастары

			дәйексөздер негізінде сипаттау	мағынасын түсіну және түсіндіру		негізінде сипаттау
2.6 Әр түрлі көркем шығарма әлемі	5.2.6.1 көркемдік кеңістікті қысқаша сипаттау; 5.2.6.2 өз елестетулерін суреттерде, схемаларда, кластерлерде және т. б. рәсімдеу	6.2.6.1 көркем кеңістік пен уақытты сипаттау; 6.2.6.1 өз елестетулерін суреттерде, схемаларда, кластерлерде және т. б. рәсімдеу	7.2.6.1 сюжет пен композицияны, көркем бейнелерді анықтау 7.2.6.2 өз елестетулерін кестелерде, схемаларда, кластерлерде, презентацияларда ресімдеу	8.2.6.1 образдар жүйесін, шығарма құрылымын түсіндіру; 8.2.6.2 ақпаратты (схемалар, кестелер) бүктеудің әртүрлі тәсілдері арқылы өз елестетулерін ресімдеу	9.2.6.1 шығарманың көркемдік әлемін сипаттау; 9.2.6.2 ақпаратты (схемалар, кестелер, интеллект-карталар) бүктеудің әртүрлі тәсілдері арқылы өз елестетулерін ресімдеу	10.2.6.1 ақпаратты жинақтаудың әртүрлі әдістерін (схемалар, кестелер, диаграммалар) қолдана отырып, өз елестетуін жасау
2.7 Автордың көзқарасы	5.2.7.1 мәтіндегі шығарманың басты кейіпкерлеріне авторлық қатынасты табу; 5.2.7.2 автордың басты кейіпкерлерге қатынасын анықтау	6.2.7.1 мәтінде автордың басты және екінші кейіпкерлерге қатынасын сипаттайтын тірек сөздерді, негізгі тіркестерді табу; 6.2.7.2 негізгі сөз тіркестерін қолдана отырып, автордың басты және екінші кейіпкерлерге қатынасын анықтау	7.2.7.1 кейіпкерлердің мотивтері мен іс-әрекеттерін есүйене отырып, шығарманың кейіпкерлеріне авторлық қатынасты түсіндіру; 7.2.7.2 өз ұстанымын дәлелдей отырып, автордың негізгі және екінші кейіпкерлерге қатынасын анықтау	8.2.7.1 кейіпкерлерге авторлық қатынасты білдіру тәсілдерін ажырату; 8.2.7.2 кейіпкерлерге авторлық қатынасты білдіру тәсілдерін анықтау	9.2.7.1 салыстырмалы кестелерді немесе схемаларды қолдана отырып, кейіпкерлер мен бейнеленген оқиғаларға автордың көзқарасын білдіру тәсілдерін анықтау	10.2.7.1 кейіпкерлерге және бейнеленген оқиғаларға автордың көзқарасын білдіру тәсілдерін өз бетінше табу және анықтау
	5.2.8.1 көркем мәтіндегі	6.2.8.1 бейнелеу құралдарын (метафоралар, бейнелеулер)	7.2.8.1 көркем мәтіндегі поэтикалық синтаксистің бейнелеу құралдары	8.2.8.1 кейіпкерлердің авторлық сипаттамасының тәсілдерін, бейнелеу	9.2.8.1 бейнелеу құралдары мен поэтикалық синтаксистің фигураларын (эпитеттер, метафоралард	10.2.8.1 поэтикалық синтаксистің образдарын, бейнелеу құралдары мен фигураларын (эпитеттер, метафоралард



2.8 Әдеби тәсілдер және бейнелеу құралдары	бейнелеу құралдарын түсіндіру ( гиперболалар, эпитеттер, салыстырулар )	ж ә н е поэтикалық ( синтаксис фигураларын (риторикалық сұрақтар, үндеулер, леп белгілері, антитезалар) түсіндіру	м е н фигураларын (аллегориялар ), комикстің негізгі тәсілдерін ( сатира, әзіл, гротеск, ирония, сарказм) түсіндіру	құралдарын, оның ішінде поэтикалық синтаксис ( антитезалар) фигураларын, әдеби тәсілдерді ( символ, өмірбаян) түсіндіру	ы салыстыру, персонализация , антитезалар, аллитерациялар , образдар жасаудың құралдары м е н тәсілдерін түсіндіру	ы салыстыру, персонализация , антитезалар, перифразалар, аллитерациялар , аллегориялар) жасаудың ерекшеліктерін, құралдары м е н тәсілдерін түсіндіру
2.9 Шығармашылық жұмыс	5.2.9.1 шығармашылық жұмыстар жазу ( ертегілер, әңгімелер, тірек сөздер, иллюстрациялар бойынша әдеби тақырыптарға шағын шығармалар)	6.2.9.1 оқығандары туралы өз түсінігін білдіре отырып, шығармашылық жұмыстар (аңыздар, әдеби тақырыптарға шағын шығармалар) жазу	7.2.9.1 тілдің бейнелеу құралдарын қолданып, оқуға деген көзқарасын білдіре отырып, шығармашылық жұмыстар (шығармалар) жазу	8.2.9.1 бейнелеу құралдарын қолдана отырып, кейіпкерге, оның іс-әрекетіне деген көзқарасын білдіретін шығармашылық жұмыстар жазу (әдеби кейіпкерге хат)	9.2.9.1 әдеби және еркін тақырыптарға шығарма жазу	10.2.9.1 әдеби және еркін тақырыптарға шығарма жазу , шолулар ( спектакльдерге және/немесе туындының бейімделуіне)

### 3) "Бағалау және салыстыру" бөлімі:

#### 3-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары					
	5 – сынып	6 - сынып	7 - сынып	8 - сынып	9 - сынып	10 - сынып
3.1 Көркем шығарманы бағалау	5.3.1.1 жұмысты талқылауға қатысу, өз ойлары мен сезімдеріні	6.3.1.1 шығармадағы кілт сөздерді, салыстырмалы кестелер мен схемаларды қолдана отырып, басты кейіпкерлердің іс-әрекеттерін	7.3.1.1 кейіпкерлер мен оқиғалар туралы пікір білдіре отырып,	8.3.1.1 жұмысты талқылауға қатысу, өз көзқарасын қорғау, кейіпкерлердің мінез-құлқы мен	9.3.1.1 шығарманы талқылауға қатысу, өз көзқарасын қорғау, мінез-құлқы , кейіпкерлердің әрекеттерін,	10.3.1.1 өз көзқарасын түсіндіріп, жұмысты талқылауға қатысу; 10.3.1.2 әр түрлі пікірлерді ескере отырып, оқуға деген көзқарасын түсіндіру; 10.3.1.3 өз көзқарасыңызды растау

	білдіру, өз мысалдарын келтіру	бағалай отырып, жұмысты талқылауға қатысу	жұмысты талқылауға қатысу	іс-әрекеттерін түсіндіру	автордың ұстанымын түсіндіру	ү ш і н қосымша ақпарат көздерін қолдана отырып, жұмыс проблемасын ың өзектілігін түсіндіру
3.2 Көркем шығарманы басқа өнер түрлерімен салыстыру	5.3.2.1 ұқсастықтар мен айырмашылықтарды түсіндіре отырып, көркем шығарманы басқа өнер түрлерімен салыстыру	6.3.2.1 ұқсастықтар мен айырмашылықтарды түсіндіре отырып, көркем шығарманы басқа өнер түрлерімен салыстыру (сипаттама жоспары)	7.3.2.1 образдар жасау құралдарындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды сипаттай отырып, көркем шығарманы басқа өнер түрлерімен салыстыру	8.3.2.1 өнердің басқа шығармалары мен ұқсастықтары мен айырмашылықтарын сипаттай отырып, көркем шығарманы басқа өнер түрлерімен салыстыру	9.3.2.1 әр түрлі өнер түрлерінде образдар жасаудың нақты құралдарын сипаттайтын көркем шығарманы басқа өнер түрлерімен салыстыру	10.3.2.1 көркем шығарманы басқа өнер түрлерімен салыстыру, жеке авторлық техниканы бөліп көрсете отырып, образдар жасау құралдарындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды сипаттау
3.3 Әдебиет туындыларын салыстыру	5.3.3.1 тақырыпқа жақын орыс, қазақ және әлем әдебиетінің туындыларын (немесе үзінділерін) салыстыру	6.3.3.1 тақырып пен мәселеге жақын орыс, қазақ және әлем әдебиетінің туындыларын (немесе үзінділерін) салыстыру	7.3.3.1 тақырыпқа/ проблематикаға/ жанрға жақын орыс, қазақ және әлем әдебиетінің туындыларын (немесе фрагменттері) салыстыру	8.3.3.1 ұлттық мәдениеттің ерекшеліктерін ескере отырып, тақырыпқа жақын орыс, қазақ және әлем әдебиетінің туындыларын (немесе фрагменттері) салыстыру	9.3.3.1 тақырыпқа/ проблематикаға/ жанрға жақын орыс, қазақ және әлем әдебиетінің туындыларын (немесе фрагменттері) салыстыру, ұлттық мәдениеттің ерекшеліктерін ескере отырып, өз ұстанымын түсіндіру	10.3.3.1 тақырыпқа/ проблематикаға/ жанрға жақын орыс, қазақ және әлем әдебиетінің туындыларын (немесе фрагменттері) салыстыру, ұлттық мәдениеттің ерекшеліктерін ескере отырып, өз мысалдарын келтіру және авторлардың позициясын түсіндіру
					9.3.4.1	10.3.4.1

3.4 Пікірлерді бағалау	5.3.4.1 ауызша және жазбаша мәлімдемелерді тақырыпқа сәйкестік тұрғысынан бағалау	6.3.4.1 бағалау алгоритмін қолдана отырып, тақырыпты толық ашу тұрғысынан ауызша және жазбаша мәлімдемелер жасау	7.3.4.1 ауызша және жазбаша мәлімдемелерді тақырыпты ашудың толықтығы мен тереңдігі, дәйексөздің орындылығы тұрғысынан бағалау	8.3.4.1 тақырыптың толық және терең ашылуы, композициялық бірлік тұрғысынан ауызша және жазбаша мәлімдемелерді бағалау	тақырыпты ашудың толықтығы мен тереңдігі, композициялық және бірлік, фактологиялық дәлдік тұрғысынан ауызша және жазбаша мәлімдемелерді бағалау	тақырыпты ашудың толықтығы мен тереңдігі, композициялық идеялық және стильдік бірлік, фактологиялық дәлдік тұрғысынан ауызша және жазбаша мәлімдемелерді бағалау
---------------------------	--	---	---	---	---	--

32. Бағдарлама психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптарына арналған "Орыс әдебиеті" оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарының негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

33. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптарына арналған "Орыс әдебиеті" оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы Үлгілік бағдарламасына қосымша

**Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Орыс әдебиеті" пәнінен жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар (оқыту орыс тілінде)**

1) 5 - сынып:

1-кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Оқытылатын шығармалар	Дағдылар	Оқыту мақсаттары
1 - тоқсан			5.1.1.1 терминдердің мағынасын түсіндіру: көркем әдебиет, фольклор, батырлық эпос, эпос, ертегі, әдеби ертегі, сюжет, композиция, көркемдік уақыт пен кеңістік, жанжал, кейіпкер,

Батырлық эпос	<p>1. Қиссалар. Цикл об Илье Муромце.</p> <p>2. А.С. Пушкин. "Песнь о вешем Олеге".</p> <p>3. М.Ю.Лермонтов. "Бородино".</p> <p>4. М.Шаханов. "Отрарская поэма о побеждҰнном победителе, или ПросчҰт Чингисхана"</p>	Түсіну және жауап беру	<p>баяндаушы, әңгімеші, гипербола, эпитет, салыстыру;</p> <p>5.1.2.1 ұғымдарды ажырату: шығарманың тақырыбы мен идеясы;</p> <p>5.1.2.2 көркем шығарма туралы жалпы түсініктің болуы; осы ұғымдардың көмегімен;</p> <p>5.1.3. 1 прозалық шығарманы лирикалық шығармадан ажырату;</p> <p>5.1.3. 2 шағын көлемді (поэтикалық, прозалық) мәтіндердің үзінділерін жатқа мәнерлеп оқу;</p> <p>5.1.4.1 алгоритм немесе блок-схема көмегімен қарапайым жоспар құру;</p> <p>5.1.6.1 ұғымдарды ажырату: толық және қысқа жауап;</p> <p>5.1.6.2 сұрақтарға дәйекті және қисынды жауап беру;</p> <p>5.1.6.3 сұраққа қысқа және толық жауап беру</p>
		Сараптама және интерпретация	<p>5.2.1.1 мұғалімнің қолдауымен жанрды және оның белгілерін (эпос, ертегі, әдеби ертегі) анықтау;</p> <p>5.2.2.1 мұғалімнің қолдауымен жұмыстың негізгі идеясын анықтау;</p> <p>5. 2.5.1 шығарманың басты кейіпкерлерін анықтау;</p> <p>5. 2.5.2 мұғалімнің қолдауымен шығарманың басты кейіпкерлерін сипаттау;</p> <p>5.2.8.1 мұғалімнің қолдауымен көркем мәтіндегі бейнелеу құралдарын түсіндіру (гиперболалар, эпитеттер, салыстырулар)</p>
			5.3.1.1 жұмысты талқылауға қатысу, өз

		Бағалау және салыстырмалы талдау	ойлары мен сезімдеріні білдіру, өз мысалдарын келтіру
2 - тоқсан			
Әдеби поэтикалық ертегі		Түсіну және жауап беру	<p>5.1.2.1 ұғымдарды ажырату: шығарманың тақырыбы мен идеясы</p> <p>5.1.2.2 көркем шығарма туралы жалпы түсініктің болуы; осы ұғымдардың көмегімен;</p> <p>5.1.3.1 прозалық шығарманы лирикалық шығармадан ажырату;</p> <p>5.1.3.2 шағын көлемді (поэтикалық, прозалық) мәтіндердің үзінділерін жатқа мәнерлеп оқу;</p> <p>5.1.5.1 шығарманың сұрақтарына дәйекті және қисынды жауап беру;</p> <p>5.1.5.2 шығарманың мазмұнын немесе үзіндісін қысқаша қайталап айтып беру</p>
	<p>1. В.А. Жуковский. "Сказка о царе Берендее".</p> <p>2. А.С. Пушкин. "Сказка о мертвой царевне и семи богатырях".</p> <p>3. К.Д. Бальмонт. "Фейные сказки"</p>	Сараптама және интерпретация	<p>5.2.1.1 жанрды және оның белгілерін (эпос, ертегі, әдеби ертегі) анықтау;</p> <p>5.2.2.1 жұмыстың негізгі идеясын анықтау;</p> <p>5.2.3.1 композиция элементтерін анықтау;</p> <p>5.2.3.2 шығарма мәтінінде мұғалімнің қолдауымен композиция элементтерін бөлу;</p> <p>5.2.4.1 шығармадағы негізгі эпизодтарды бөлу;</p> <p>5.2.4.2 мұғалімнің қолдауымен басты кейіпкерлерді сипаттау үшін маңызды эпизодтарды табу;</p> <p>5.2.5.1 шығарманың басты кейіпкерлерін анықтау;</p> <p>5.2.5.2 мұғалімнің қолдауымен шығарманың басты кейіпкерлерін сипаттау;</p>

			5.2.9.1 шығармашылық жұмыстар жазу (ертегілер, әңгімелер, тірек сөздер, иллюстрациялар бойынша әдеби тақырыптарға шағын шығармалар)
		Бағалау және салыстырмалы талдау	5.3.3.1 мұғалімнің қолдауымен тақырыпқа жақын орыс, қазақ және әлем әдебиетінің туындыларын (немесе үзінділерін) салыстыру
3 – тоқсан			
Әдеби прозалық ертегі	1. Г.Х. Андерсен. "Снежная королева". 2. О. Уайльд. "Соловей и роза". 3. К.Г.Паустовский. "Теплый хлеб".	Түсіну және жауап беру	5.1.1.1 терминдердің мағынасын түсіндіру: көркем әдебиет, фольклор, батырлық эпос, эпос, ертегі, әдеби ертегі, сюжет, композиция, көркемдік уақыт пен кеңістік, жанжал, кейіпкер, баяндаушы, әңгімеші, гипербола, эпитет, салыстыру; 5.1.3.1 прозалық шығарманы лирикалық шығармадан ажырату; 5.1.3.2 шағын көлемді (поэтикалық, прозалық) мәтіндердің үзінділерін жатқа мәнерлеп оқу; 5.1.6.1 ұғымдарды ажырату: толық және қысқа жауап; 5.1.6.2 сұрақтарға дәйекті және қисынды жауап беру; 5.1.6.3 сұраққа қысқа және толық жауап беру
			5.2.2.1 жұмыстың негізгі идеясын анықтау; 5.2.4.1 шығармадағы негізгі эпизодтарды бөлу; 5.2.4.2 басты кейіпкерлерді сипаттау үшін маңызды эпизодтарды табу;

<p>4. Г.В.Черноголова. "Сказка об одном зҰрнышке"</p>		<p>Сараптама және интерпретация</p>	<p>5.2.5.1 шығарманың басты кейіпкерлерін анықтау; 5.2.5.2 шығарманың басты кейіпкерлерін сипаттау; 5.2.6.1 көркемдік кеңістікті қысқаша сипаттау; 5.2.6.2 өз елестетулерін сызбаларда, схемаларда, кластерлерде ресімдеу; 5.2.7.1 мәтіндегі шығарманың басты кейіпкерлеріне авторлық қатынасты табу; 5.2.7.2 автордың басты кейіпкерлерге қатынасын анықтау; 5.2.8.1 көркем мәтіндегі бейнелеу құралдарын түсіндіру (гиперболалар, эпитеттер, салыстырулар)</p>
		<p>Бағалау және салыстырмалы талдау</p>	<p>5.3.2.1 мұғалімнің қолдауымен ұқсастықтар мен айырмашылықтарды түсіндіре отырып, көркем шығарманы басқа өнер түрлерімен салыстыру</p>
<p>4 – тоқсан</p>			
		<p>Түсіну және жауап беру</p>	<p>5.1.2.1 ұғымдарды ажырату: шығарманың тақырыбы мен идеясы; 5.1.2.2 көркем шығарма туралы жалпы түсініктің болуы; осы ұғымдардың көмегімен; 5.1.3.1 прозалық шығарманы лирикалық шығармадан ажырату; 5.1.3.2 шағын көлемді (поэтикалық, прозалық) мәтіндердің үзінділерін жатқа мәнерлеп оқу; 5.1.4.1 алгоритм немесе блок-схема көмегімен қарапайым жоспар құру</p>
			<p>5.2.3.1 композиция элементтерін анықтау; 5.2.3.2 шығарма мәтінде композиция элементтерін бөлу;</p>

<p>Әдеби шығармалардағы фольклорлық элементтер</p>	<p>1. А.С. Пушкин. "Руслан и Людмила". 2. М.М. Пришвин. "Кладовая солнца"</p>	<p>Сараптама және интерпретация</p>	<p>5.2.4.1 шығармадағы негізгі эпизодтарды бөлу; 5.2.4.2 басты кейіпкерлерді сипаттау үшін маңызды эпизодтарды табу; 5.2.5.1 шығарманың басты кейіпкерлерін анықтау; 5.2.5.2 шығарманың басты кейіпкерлерін сипаттау; 5.2.6.1 көркемдік кеңістікті қысқаша сипаттау; 5.2.6.2 өз елестетулерін сызбаларда, схемаларда, кластерлерде ресімдеу. 5.2.7.1 мәтіндегі шығарманың басты кейіпкерлеріне авторлық қатынасты табу; 5.2.7.2 автордың басты кейіпкерлерге қатынасын анықтау; 5.2.8.1 көркем мәтіндегі бейнелеу құралдарын түсіну және түсіндіру (гиперболалар, эпитеттер, салыстырулар); 5.2.9.1 шығармашылық жұмыстар жазу (ертегілер, әңгімелер, тірек сөздер, иллюстрациялар бойынша әдеби тақырыптарға шағын шығармалар)</p>
		<p>Бағалау және салыстырмалы талдау</p>	<p>5.3.4.1 ауызша және жазбаша мәлімдемелерді тақырыпқа сәйкестік тұрғысынан бағалау</p>

2) 6 - сынып:

2-кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Оқытылатын шығармалар	Дағдылар	Оқыту мақсаттары
1 – тоқсан			
			<p>6.1.1.1 терминдердің мағынасын түсіндіру: көркем әлем, аңыз, аңыз кейіпкері, мифологиялық</p>



Әлем халықтарының мәдениеті	Ч.Айтматов. "И дольше века длится день" (" Мәңгүрт туралы аңыз" үзіндісі), А.Кунанбаев. "Қара сөз", Ю. Герт. "Грустная история со счастливым концом", М. Шаханов. "Четыре матери"	Тыңдалым және айтылым	9.1.1.1 сөйлеуде жай және күрделі сөйлемдерді қолдану; 9.1.2.1 әлеуметтік-мәдени тақырыптағы сөздерінің мағынасын түсіну
		Оқылым	9.2.1.2 публицистикалық стиль (мақала, сұхбат, очерк, жолдау) ресми-іскерлік стиль ( мінездеме, өмірбаян, түйіндеме) мәтіндерінің стилистикалық ерекшеліктерін анықтау; сипаттамалық белгілер негізінде мәтіндердің аралас типке жататынын анықтау
		Жазылым	9.3.1.1 грамматикалық тапсырмалары бар жазбаша жұмыстарды ( көшіріп жазу, диктант, мазмұндама) орындау
		Тілдік бірліктерді пайдалану	9.4.2.2 күрделі зат есімдерді, сын есімдерді дұрыс жазу; 9.4.2.3 сандарды, белгісіз есімдіктерді дұрыс жазу
2 тоқсан			
		Тыңдалым және айтылым	9.1.1.1 сөйлеуде жай және күрделі сөйлемдерді қолдану; 9.1.3.1 мұғалімнің көмегімен анықтай отырып, поэтикалық шығармалардың/ фрагменттердің мазмұнын түсіну
			9.2.2.1 мәтін бойынша проблемалық сұрақтарды тұжырымдау, бұл

Тарих және тұлға	В.Г. Короленко. "Парадокс", А.С. Пушкин. "Капитанская дочка"	Оқылым	идеяларды ұсынуға және әртүрлі сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік береді; 9.2.3.1 өздігімен мәтінді бөліктерге бөлу, оларға тақырып қою
		Жазылым	9.3.1.1 грамматикалық тапсырмалары бар жазбаша жұмыстарды (көшіріп жазу, диктант, мазмұндама) орындау; 9.3.1.3 өз жұмысын және жолдасының жұмысын өз бетінше тексеру
		Тілдік бірліктерді пайдалану	9.4.2.1 түрлі сөздерде НЕ бірге немесе бөлек жазылатындығын дұрыс таңдау; 9.4.2.2 күрделі зат есімдерді, сын есімдерді дұрыс жазу; 9.4.2.3 сандарды, белгісіз есімдіктерді дұрыс жазу; 9.4.2.4 сөздің әртүрлі бөліктерінде жалғаулар мен жұрнақтарды дұрыс жазу; 9.3.2.5 нн-,не-дұрыс жазуды білу
3 тоқсан			
Әкелер мен балалар: диалог және ұрпақ қақтығысы	У. Шекспир. "Ромео и Джульетта", К.Г. Паустовский. "Телеграмма" Э. Асадов "Отцы и дети"	Тыңдалым және айтылым	9.1.3.1 мұғалімнің көмегімен анықтай отырып, поэтикалық шығармалардың/фрагменттердің мазмұнын түсіну; 9.1.4.1 берілген тақырып бойынша тиімді қарым-қатынас жасау үшін жеткілікті сөздік қорын меңгеру
		Оқылым	9.2.2.1 мәтін бойынша проблемалық сұрақтарды тұжырымдау, бұл идеяларды ұсынуға және әртүрлі сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік береді; 9.2.3.2 оқығанның жоспарын құру; 9.2.3.3 түсіндірме сөздікпен жұмыс істеу

		Жазылым	9.3.1.4 сипаттамалық шығарма жазу
		Тілдік бірліктерді пайдалану	9.3.2.5 нн-, не-дұрыс жазуды білу; 9.4.4.6 есімдіктердің емлесін білу (есімдіктердің соңындағы О-А әріптері, есімдіктердің соңындағы жіңішкелік белгі)
4 тоқсан			
Атақты адамдар. Олар несімен қызықты?	М.Ю. Лермонтов. "Смерть поэта"; Е.А. Евтушенко. "Людей неинтересных в мире нет"	Тыңдалым және айтылым	9.1.4.1 берілген тақырып бойынша тиімді қарым-қатынас жасау үшін жеткілікті сөздік қорын меңгеру; 9.1.5.1 жыл мезгілдері, мектеп, отбасылық өмір тақырыптарында диалогқа қатысу
		Оқылым	9.2.1.1 мәтіндердің негізгі, қосалқы және толыққпараттын түсіну; 9.2.3.1 өздігімен мәтінді бөліктерге бөлу, оларға тақырып қою; 9.2.3.2 оқығанның жоспарын құру; 9.2.3.3 түсіндірме сөздікпен жұмыс істеу
		Жазылым	9.3.1.3 өз жұмысын және жолдасының жұмысын өз бетінше тексеру; 9.3.1.4 сипаттамалық шығарма жазу
		Тілдік бірліктерді пайдалану	9.3.3.1 сөйлеудің қызметтік бөліктерін дұрыс қолдану (жалғаулар, предлог, шылаулар); 9.4.4.1 сөйлемнің жеке мүшелерімен сөйлемдерде тыныс белгілерін қолдану

6) 10 сынып:

6- кесте

Тақырып	Көркем шығармалар (таңдау бойынша)	Сөйлеу әрекетінің түрлері	Оқыту мақсаттары
1 тоқсан			

Жер планетасының табиғи ресурстары	К. Паустовский. "Мещерская сторона" (үзінділер), Ч. Айтматов. "Плаха" (үзінді), В. Распутин. "Прощание с Матерой" (үзінді)	Тыңдалым және айтылым	10.1.1.1 мәтінде жай және күрделі сөйлемдерді қолдану; 10.1.2.1 қоғамдық-саяси тақырыптағы сөздердің мағынасын түсіну
		Оқылым	10.2.1.1 мәтіндердің негізгі, қосалқы және толықақпаратын түсіну; 10.2.1.2 публицистикалық стиль (мақала, сұхбат, очерк, жолдау), ресми-іскерлік стиль (мінездеме, өмірбаян, түйіндеме) мәтіндерінің стилистикалық ерекшеліктерін анықтау; сипаттамалық белгілер негізінде мәтіндердің аралас типке жататынын анықтау
		Жазылым	10.3.1.2 өмір туралы жазба жазу (сынып, мектеп, отбасы және т. б.)
		Тілдік бірліктерді пайдалану	10.4.2.1 жалғаулар, предлоги, шылаулар дұрыс жазу; 10.4.2.2 орфографиялық нормаларды сақтау дағдыларын қалыптастыру
2 тоқсан			
Шындық және қиял	Ч.Т. Айтматов. "Легенда о рогатой матери-оленихе" ("Белый пароход"), Р.Брэдбери. "Всё лето в один день"	Тыңдалым және айтылым	10.1.4.1 көптеген тақырыптар бойынша тиімді қарым-қатынас жасау үшін жеткілікті сөздік қорын меңгеру; 10.1.1.1 мәтінде жай және күрделі сөйлемдерді қолдану
		Оқылым	10.2.2.1 мәтін туралы ақпаратты тұжырымдау және оларға жауап беру арқылы сұрақтар құрастыру; 10.2.3.1 мәнерліліктің негізгі құралдарын қолдана отырып, дайындықпен және дайындықсыз оқу

		Жазылым	10.3.1.3 түрлі іскерлік қағаздарды жазу
		Тілдік бірліктерді пайдалану	10.3.3.1 сөйлеудің қызметтік бөліктерін дұрыс қолдану (жалғаулар, предлог, шылаулар, одағай); 10.3.3.2 күрделі басыңқы және күрделі бағыныңқы сөйлемді дұрыс құрастыру
3 тоқсан			
Жастар және бұқаралық ақпарат құралдары	С. Чұрный. "Диета", "Зеркало"	Тыңдалым және айтылым	10.1.4. 1 көптеген тақырыптар бойынша тиімді қарым-қатынас жасау үшін жеткілікті сөздік қорын меңгеру; 10.1.5.1 еңбек, кәсіби қызмет, спорт және демалыс тақырыптарында диалогқа қатысу
		Оқылым	10.2.3.2 мәтінді қысқаша және іріктеп айтып беру ; 10.2.3.5 өлеңдер мен прозаны, ертегі-мысал, танымал ғылыми мақалалар мен іскери құжаттарды ажырата білу
		Жазылым	10.3.1.3 түрлі іскерлік қағаздарды жазу
		Тілдік бірліктерді пайдалану	10.4.2.2 орфографиялық нормаларды сақтау дағдыларын қалыптастыру; 10.3.3.1 сөйлеудің қызметтік бөліктерін дұрыс қолдану (жалғаулар, предлог, шылаулар, одағай)
		Тыңдалым және айтылым	10.1.5.1 еңбек, кәсіби қызмет, спорт және демалыс тақырыптарында диалогқа қатысу; 10.1.2.1 қоғамдық-саяси тақырыптағы сөздердің мағынасын түсіну
			10.2.3.2 мәтінді қысқаша және іріктеп айтып беру ;



Жаһандану	С.А. Есенин. "Поэтам Грузии"	Оқылым	10.2.3.3 әрекет етуші тұлға туралы әңгіме үшін материалды таңдау; 10.2.3.4 мәтіннің негізгі ойын бөлу; 10.2.3.5 өлеңдер мен прозаны, ертегі-мысал, танымал ғылыми мақалалар мен іскери құжаттарды ажырата білу
		Жазылым	10.3.1.2 өмір туралы жазба жазу (сынып, мектеп, отбасы және т. б.)
		Тілдік бірліктерді пайдалану	10.3.3.1 сөйлеудің қызметтік бөліктерін дұрыс қолдану (жалғаулар, предлог, шылаулар, одағай); 10.3.3.2 күрделі басыңқы және күрделі бағыныңқы сөйлемді дұрыс құрастыру
4 тоқсан			
Заң және қылмыс	Уильям Голдинг. "Повелитель мух" (үзінділер)	Тыңдалым және айтылым	10.1.3.1 шығарманың негізгі идеясын анықтай отырып, прозалық, поэтикалық шығармалардың/фрагменттердің мазмұнын түсіну; 10.1.4.1 көптеген тақырыптар бойынша тиімді қарым-қатынас жасау үшін жеткілікті сөздік қорын меңгеру; 10.1.5.1 еңбек, кәсіби қызмет, спорт және демалыс тақырыптарында диалогқа қатысу
		Оқылым	10.2.3.2 мәтінді қысқаша және іріктеп айтып беру ; 10.2.3.3 әрекет етуші тұлға туралы әңгіме үшін материалды таңдау; 10.2.3.4 мәтіннің негізгі ойын бөлу
		Жазылым	10.3.1.1 алдын-ала сөздік және орфографиялық дайындықтан кейін ұжымдық жоспар

		бойынша сипаттамалық шығарма жазу
	Тілдік бірліктерді пайдалану	10.3.3.2 күрделі басыңқы және күрделі бағыныңқы сөйлемді дұрыс құрастыру; 10.4.4.1 күрделі сөйлемде тыныс белгілерін дұрыс қою

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі

№ 123 бұйрығына  
59-қосымша

Қазақстан Республикасы білім  
және ғылым Министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына  
696-қосымша

**Психикалық дамуы тежелген білім алушыларына арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес)**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәнінің маңыздылығы қазақ тілінің Мемлекеттік тіл мәртебесімен дәйектеледі. Пәнді оқыту коммуникативтік әдістеменің негізінде жүзеге асады.

3. Бағдарламаның мақсаты – қазақ тілінің нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға қабілетті, шығармашыл, белсенді тұлғаны дамыту, білім алушылардың тілдік дағдыларын дамыту.

4. Бағдарлама міндеттері:

1) өмірдің кәсіби-оқу, ғылыми-техникалық, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-тұрмыстық салаларында қарым-қатынас құру үшін қажетті ауызша айту, тыңдалым, оқу және жазу дағдыларын дамыту;

2) қозғалыс және сенсомоторлық дамуды жетілдіру, ұсақ және сөйлеу моторикасын дамыту, каллиграфиялық дағдыларын және дикциялық мүмкіндіктерін арттыру;

3) ойлау және ой операцияларының түрлерін дамыту: көрнекі-бейнелік ойлауды, сөздік-логикалық ойлауды (заттар, құбылыстар және оқиғалар арасында логикалық байланыстарды тану және орнату; ұғымдардың ұқсастығы мен айырмашылықты талдау

және салыстыру; ауызша және жазбаша нұсқау, алгоритм бойынша тапсырма орындау; өз әрекетін жоспарлау).

4. Түзету–дамытушылық міндеттер:

1) эмоциялық-еріктік, жеке-тұлғалық аясындағы бұзылымдарды түзету: бастамашылдық пен ынталылықты, өз ісін аяқтауға ұмтылуды дамыту; қиыншылықтарды жеңе білуді қалыптастыру; шешім қабылдауда белсенділік танытуды дамыту; сезімдерді дамыту, өзін-өзі бағалауды, өз әрекетін дұрыс талдауды, сын пікірді дұрыс қабылдауды дамыту;

2) сөйлеу тілін түзету және дамыту, фонематикалық есту қабылдауды, сөйлеудің монолог пен диалог түрлерін дамыту, тілдің лексикалық-грамматикалық құралдарын дамыту, сөздік қорын байыту, қоршаған орта туралы түсініктерді кеңейту, білімдегі жеке олқылықтарды жою;

3) зейінді аудару, бөлу, шоғырландыру, тұрақтандыру, зейін көлемін ұлғайту қабілеттерін, байқампаздықты дамыту ;

4) қысқамерзімді, ұзақмерзімді, логикалық, механикалық жадын, көріу-есту арқылы есте сақтауын дамыту;

5) ақпараттық-коммуникациялық және компьютерлік технологияларды қолдану дағдыларын қалыптастыру және дамыту;

6) қазақ тіліне, қазақ әдебиетіне деген қызығушылықты қалыптастыру және дамыту, оқу дағдыларын дамыту;

7) көріп қабылдауын, естіп қабылдауын түзете дамыту; кеңістікті бағдарлауын қалыптастыру;

8) қазақ тілінің алғашқы курсы менгеру үшін қажетті ойлау әрекеттің тәсілдерін үйрету (тіл құбылыстарын бақылау, салыстыру, жалпылау.

5. Грамматикалық материалдар лексикалық тақырыптар аясында оқытылады.

6. "Қазақ тілі мен әдебиеті" оқу пәні негізгі мектептің бес жыл оқу мерзіміне жоспарланған.

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері**

7. Оқыту процесін ұйымдастыруда білім алушылардың психикалық ерекшеліктері ескеріледі:

1) белсенді қабылдаудың және зейіннің бұзылымдары: зейіннің тұрақсыздығы, зейіннің ауысу жылдамдылығының бұзылымдары, көлемінің аздығы;

2) есте сақтаудың бұзылымдары: есте сақтау көлемінің шектелуі, есте сақтаудың қысқамерзімді түрінің ұзақмерзімді түріне қарағанда басым болуы, механикалық түрінің логикалық түріне қарағанда басым болуы, есте сақтау дұрыстығы мен тұрақтылығының әлсіздігі;

3) танымдық белсенділік деңгейінің төменділігі және ақпаратты өндеудің баяулығы;

4) сөйлеу тілінің кемшіліктері мен бұзылымдары;

5) ойлаудың даму кемшіліктері: көрнекі-әрекеттік ойлаудың көрнекі-бейнелеу және сөздік-логикалық ойлауға қарағанда басым дамуы;

6) қозғалыстардың баяулығы, ауысудың, координацияның және машықтанудың қиыншылықтары;

7) іс-әрекетінің біржақты болуы;

8) қабылданған ақпараттың шектеулі көлемі, жалпылау қабілетінің әлсіздігі;

9) оқуға деген қызығушылықтан тез айырылып қалуы.

8. Қазақ тілі мен әдебиетін нәтижелі меңгерудің негізгі тәсілдері:

1) коммуникативтік тәсіл - сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін, ауызша және жазбаша сөйлеу тілінің мәдени негіздерін, тілді қарым-қатынастық түрлі жағдайында, тіршіліктің түрлі саласында қолданудың базалық дағдыларын белсендетеді;

2) жеке тәсіл - оқу процесін білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне, мүмкіндіктеріне және даму деңгейлеріне сәйкес ұйымдастырылуын көздейді және жеке жұмысты топтық, ұжымдық, фронталды жұмыс түрлерімен үйлесімді қолдануды талап етеді;

3) уәждемелік-ойын тәсілі – білімге қарасты табиғи қызығушылыққа негізделген, ол зияткерлік дидактикалық ойындарға қызығушылығын, жағымды оқу уәждемесін қалыптастырады;

4) жеке және тұлғалы-бағыттық тәсіл - білім алушы тұлғасының жан-жақты дамуын көздейді, оның жеке ерекшеліктеріне, қажеттіліктеріне сай шығармашылық қабілеттерінің толық ашылуына, өзін-өзі бағалаудың, өзін-өзі түзеудің қалыптасуына бағытталған.

9. Оқытудың нәтижелі жұмыс әдістері:

1) көрнекілік әдіс - (суреттерді, кестелерді, сызбаларды, аудио-видео таспаларды көрсету, үйлестіру) балалардың қоршаған орта туралы толық түсініктерінің қалыптасуына, қабылдау, есте сақтау, ойлау, қиял сияқты психикалық процестерінің дамуына ықпал жасайды, түрлі талдағыштардың жұмысын белсендетеді және теориялық материалды толық түсінуі мен есте сақтауына септігін тигізеді;

2) әңгіме әдісі - білім алушылардың өз ойын бірізділікпен, байланысты және логикалық түрде жеткізіп үйренуге көмектесетін және есте сақтау және сөйлеу тілін дамыта түсетін, тәрбиелік әсері мол әдіс, сондай-ақ оның диагностикалық құрал ретінде (жалпылау, жүйелеу, нақтылау) бағдарламалық материалды ұғынудың қиындықтарын ашып табуда маңызы зор;

3) ойын әдістері - оқу іс-әрекетіне деген қызығушылықты оятып, дұрыс уәждеменің қалыптасуына ықпал етеді; сергіту сәттерін пайдалану белсенділігін ұйымдастыруға, тәрбиелеуге және дамытуға, бір әрекеттен басқасына аусуына мүмкіндік береді, мұғалімге күрделі жұмыс салмағын мөлшерлеуге көмектеседі;

4) көшіріп жазу - бұл механикалық есте сақтаудың, саналы ұғынудың негізінде орфорграфияны меңгерудің қажетті шарттардың бірі деп қарастырылады;

5) айтылғанды жазу әдісі білім алушылардың жинақы болуын, өзін-өзі бақылауының, зейіннің дамуына ықпал етеді;

6) оқу материалын мөлшерлеу әдісі, бірден қабылдауға көлемді және күрделі ақпаратты ұсақ бөлшектер түрінде беру, мұндай тәсілді қолдану білім алушылардың материалды қаншалықты меңгергендерін бақылауға, ұғынудың кемшілігін дер кезінде түзеуге, олқылықтарын толтыруға мүмкіндік береді;

10. Бағдарламалық материалдың нәтижелі меңгерілуі келесілерге байланысты:

1) жаңа материалды мүмкіндігінше толық түсіндіріп беру; оқушылардың практикалық әрекеттерін сызбалар, кестелер бойынша, үйлестірмелі материалдарын қолдану арқылы жұмыс жасаумен үйлестіру;

2) жаңа білімді толыққанды ұғыну үшін және алдында оқытылған тақырыптарды бекіту мақсатымен оқу материалын жүйелі түрде қайталап отыру;

3) жазбаша тапсырмаларды орындаудан бұрын, қателердің алдын алу үшін талдау жұмыстарын жүргізу;

4) зейінді қалыпқа келтіру үшін іс-әрекет түрлерін алмастырып отыру;

5) ұй тапсырмасын құрастыруда көлемін азайту жағын ескеру;

6) психикалық процестерін дамытуға бағытталған жұмысты жүйелеу;

7) материалдарды аздаған мөлшерде, біртіндеп күрделендіріп беру;

8) тапсырмаларды өзіндік жұмысына арналған алгоритм бойынша орындау жаттығулардың санын көбейту.

11. Психикалық дамуы тежелген білім алушылардың оқу нәтижелігін арттыру үшін келесі заманауи педагогикалық технологияларды қолданады:

1) саралап оқыту технологиясы - түрлі топтарға жататын оқушыларға біркелкі тәсілдер қолданбай, оқытудың уәждемелік деңгейін көтереді, оқуда қиындықтары бар оқушыларға жағдай жасауға, әр оқушының оқудағы ерекше қажеттіліктерін толыққанды қанағаттандыруға мүмкіндік береді;

2) "Сыни ойлау" технологиясы - мәтінмен жұмыс жасауға бағытталып, мәтінді оқу, ақпаратты табу, қорытынды шығару, жалпылау мен тұжырымдама жасау, талдау жүргізу, мәтіннің мазмұнын, тілдік ерекшелерін және құрылымын бағалау дағдыларын дамытады;

3) компенсациялық оқыту технологиясы - оңалту ортасының компенсациялық құралдарын пайдалануды көздейді: оқушыға мейіріммен қарау (қамқорлық көрсету, гуманистік көзқарас, қайырымдық білдірту); баланың қиындықтары мен проблемаларын түсіну, оны кемшіліктеріне қарамастан қабылдау, қабілеттіліктерін дамыту, қажетті көмек беру, өзін-өзі реттеу элементтеріне үйрету;

4) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар - ақпаратпен жұмыс жасауға, ақпаратты іздеуге, жинақтауға үйретеді; мәліметтер мен идеяларымен алмасуды, жұмысты жетілдіруді, интернет ресурстарын, қосымшаларды, компьютерлік жабдықтарды кеңінен қолдануды, оқытудың сапасын көтеруді қамтамасыз етеді.

12. Оқытудың тиімді әдістері мен стратегиялары:

- 1) әр оқушының пікірін тыңдау және өз білімдерінің қолданудың маңыздылығын түсіндіру, білімдерді ары қарай дамытуға талпындыру;
- 2) ізденіске, ізденіп белсенді оқуға ынталандыру;
- 3) білім алушылардың жеке, топтық және ұжымдық жұмысын ұйымдастыру;
- 4) "Инсерт" немесе "Белгі қою" әдісін қолдану білім алушыларға мәтінді немесе тапсырманы түсініп, қадағалауға мүмкіндік береді;
- 5) салыстыру әдісі нысандардың айырмашылықтары мен ұқсастығын табуға үйретеді;
- 6) "Аяқталмаған сөйлем" әдісі көмегімен оқушылар абстракты ұғымдарды өз ішкі дүниетанымын көру бейнелері арқылы жеткізуге үйренеді.

13. Ақпараттық-коммуникативтік технологияларындағы құзыреттілік - оқушыларды алдын-ала іріктелген, арнайы құрастырылған дайын тапсырмалардың көп мөлшерімен камтамасыз етуге мүмкіндік береді, білім алушылардың зияткерлік шығармашылық қабілеттерін дамытады, жаңа білімді өз бетінше меңгеруге, ақпараттың түрлі көздерімен жұмыс жасауға үйретеді.

14. "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәнін оқытудың техникалық құралдары: компьютер, электронды оқулықтар, электронды проектор, электронды тақта, адам дауысының, әндердің, музыканың, табиғи дыбыстардың аудио жазбалары, телефильмдер, кинофильмдер, аудио және видео жазбалар.

15. Оқыту нәтижелерін бағалау критериалды бағалау жүйесі бойынша жүргізіледі. Формативті және суммативті бағалау үшін тапсырмаларды мұғалім білім алушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, құрастырады. Келесі тәсілдерді пайдалануға болды:

- 1) тапсырмалардың көлемі мен күрделілігін, олардың білім алушыларға қол жетімді болуын анықтау;
- 2) нұсқаулықтың тұжырымдамаларын грамматикалық және семантикалық жағынан өзгерту, жеңілдету;
- 3) тапсырманың бірізді орындалуын камтамасыз ету үшін көпкұрылымды нұсқауды қысқа мағыналық бірліктерге бөлу;
- 4) қажет болған жағдайда сараланған көмек беру: ынталандырушы (мадақтау, эмоционалдық қолдау), ұйымдастырушылық (зейінді шоғырландыру, өзін-өзі тесерудің қажеттілігін ескерту), бағыттаушы (тапсырманы қайталау, түсіндіру);
- 5) тапсырманы орындауға қосымша уақыт беру.

### **3-тарау. "Қазақ тілі мен әдебиеті" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

16. "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сынып – аптасына 5 сағатты, оқу жылында – 170 сағатты;
- 2) 6-сынып – аптасына 5 сағатты, оқу жылында – 170 сағатты;
- 3) 7-сынып – аптасына 5 сағатты, оқу жылында – 170 сағатты;

- 4) 8-сынып – аптасына 5 сағатты, оқу жылында – 170 сағатты;
- 5) 9-сынып – аптасына 5 сағатты, оқу жылында – 170 сағатты;
- 6) 10-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағатты құрайды.

17. "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәнінің оқу мазмұны 5 бөлімге бөлінеді. Бөлімдерді бөлімшелер құрайды, бөлімшелер күтілетін нәтижелер түрінде ұсынылған әр сыныптың оқу мақсаттарын қамтиды.

18. Оқыту мақсаттары арқылы мұғалім сөйлеу қызметінің төрт дағдысын ( тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) қалыптастырады, сонымен қатар, оқушылардың жетістігін бағалайды және оқытудың келесі кезеңі туралы ақпарат береді

19. Бағдарлама мазмұны 5 бөлімді қамтиды:

- 1) "Тыңдалым";
- 2) "Айтылым";
- 3) "Оқылым";
- 4) "Жазылым";
- 5) "Тілдік бағдар".

20. "Тыңдалым" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) болжау;
- 2) назарын шоғырландырып тыңдау;
- 3) сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну;
- 4) көркем шығармаларды тыңдау;
- 5) негізгі ойды анықтау;
- 6) тыңдалым материалдары бойынша жауап беру.

21. "Оқылым" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) мәтіндегі ақпаратты анықтау;
- 2) стильдік ерекшеліктерді анықтау;
- 3) көркем шығармаларды оқу;
- 4) мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау;
- 5) қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді оқу;
- 6) өзіндік көзқарасын білдіру және бағалау.

22. "Жазылым" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) әртүрлі стильде мәтіндер құрастыру;
- 2) эссе жазу;
- 3) көркемдегіш құралдарды қолданып жазу;
- 4) мәліметтерді жинақтау;
- 5) орфография және пунктуация.

23. "Айтылым" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) сөздік қорының алуандығы;
- 2) сөз мәнері мен сөйлеу этикеті;

- 3) орфоэпиялық нормаларды сақтау;
- 4) мәтіннің негізгі аспектілерін анықтау және талқылау;
- 5) сенімді және еркін жауап беру;
- 6) визуалды материалдар арқылы тілді дамыту.

24. "Тілдік бағдар" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) сөз таптары;
- 2) сөйлем.

25. 5-сыныпқа арналған "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым: мұғалімнің көмегімен тірек сөздер арқылы болжау, негізгі мазмұнын түсіну, нақты ақпаратты анықтау, күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты сөздердің мағынасын түсіну, көркем әдеби мәтіндердің мазмұнын түсіну, негізгі тақырыпты анықтау, сұрақтарға жауап беру;

2) айтылым: мұғалімнің көмегімен жаңа сөздерді олардың синоним, антоним, омонимдерімен қатар қолдану; ойын жеткізе білу, амандасу мәнері мен ұлттық этикет формалары; қазақ тілінің төл дыбыстары мен үндестік заңы; мәтіндердің мазмұнына жай жоспар құру, берілген сұраққа лайықты жауап беру, шағын диалогқа қатысу, иллюстрацияларды сипаттау;

3) оқылым: мұғалімнің көмегімен негізгі ақпаратты анықтау; хат, хабарлама, жарнама мазмұнын түсіну, стильдік ерекшелігін анықтау; көркем әдеби шығармаларды түсіну, тақырыбын анықтау; мәтіндердің тақырыбын, мазмұндық құрылымын салыстыру; қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу; тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіру;

4) жазылым: мұғалімнің көмегімен ресми тілдің стильдік ерекшеліктері мен талаптарына сай хабарлама, хабарландыру, хат жазу; эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу, жазба жұмыстарында сипаттау, бейнелеу құралдарын қолданып жазу; мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау; үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу, сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді дұрыс қолдану;

5) тілдік бағдар: мұғалімнің көмегімен сөз таптарын анықтау: жалпы және жалқы есімдерді ажырата білу, жалғау түрлерін дұрыс жалғау, заттың түрін, түсін, сапасын білдіретін сын есімдерді ажырата білу, сан есім (бірліктер, ондықтар, жүз, мың) атауларын білу, жіктеу, сілтеу, сұрау есімдіктерін орынды қолдану, болымды және болымсыз етістіктердің, қалау райдың қызметін білу, мекен және мезгіл үстеулер, ыңғайластық қатынасты білдіретін және қарсылықтық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу. Сөйлем: хабарлы, сұраулы сөйлемдерді құру жолдарын білу, мұғалімнің көмегімен құрастыру.

24. 6-сыныпқа арналған "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәнінің базалық мазмұны:



1) тыңдалым: мұғалімнің көмегімен мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжау, мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау, тұрмыстық-әлеуметтік тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну; әңгіме, хикаялардың және шағын поэзиялық шығармалардың мазмұнын талдай отырып, кейіпкерлерге сипаттама беру; мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтау, тыңдалым материалдары бойынша шынайы өмірмен байланыстырып жауап беру; мұғалімнің көмегімен туған өлкенің табиғаты және тарихы сипатталатын поэтикалық және прозалық шығармаларды білу;

2) айтылым: мұғалімнің көмегімен тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолдану; ойын әсерлі, мазмұнды жеткізу; тақырып бойынша диалогты бастау, жалғастыру, аяқтау; ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын тірек кесте арқылы білу; сұраулы, хабарлы, лепті және бұйрықты сөйлемдердің интонациялық ерекшелігін ескеріп айту; шағын көлемді мәтіндегі жеке эпизодтарды сипаттау және тілдік ерекшелігіне салыстыру жасау; диалогқа қатысушылар өзара түсінісіп, ойларын толықтырып отыру; сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыру; мұғалімнің көмегімен туған өлкенің ақындары мен жазушыларының шығармашылығын білу; мәтіннің ақпараттылық сипаттамаларын талдау;

3) оқылым: мұғалімнің көмегімен мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтау; ресми тілдік мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтау (күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян, түйіндеме); орта көлемді шығармаларды түсіну, тақырыбы мен негізгі ойды анықтау; мәтіндердің тақырыбына, мазмұндық құрылымына сүйене отырып, түрлерін салыстыру; қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді мәтін мазмұнымен салыстыру, қарама-қайшы ақпараттарды анықтау, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстыру; туған өлкеге арналған бір өлеңді жатқа мәнерлеп оқу;

4) жазылым: мұғалімнің көмегімен мәтіндердің стильдік ерекшелігін сақтай отырып, күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян жазу, эссе тақырыбының желісінен шықпай, әрбір абзацты жүйелі құрастыру; жазба жұмыстарында теңеу, эпитет сөздерін қолданып жазу; мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер, сызба-кестелер жасау; үндестік заңын ескеріп, орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу, сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану; жергілікті ақын-жазушылардың шығармашылығы туралы деректер жинау және көрсетілім дайындау; өлкетану аясында мұғалімнің көмегімен прозалық үзінділер жазудың алғашқы дағдыларын меңгеру;

5) тілдік бағдар: мұғалімнің көмегімен сөз таптары: деректі және дерексіз затты, көптік мәнді есімдерді ажырата білу; заттың сипатын, көлемін, салмағын, аумағын білдіретін сын есімдерді ажырата білу; реттік, жинақтық сан есімдерді қолдана білу; өздік, болымсыздық, белгісіздік, жалпылау есімдіктерін орынды қолдану; етістіктің

шақтарының (нақ осы шақ, ауыспалы осы шақ, жедел өткен шақ, ауыспалы келер шақ) қызметін білу; болымды, болымсыз етістіктерді, сын-қимыл (бейне) және мөлшер үстеулерді орынды қолдану; сөйлем: лепті, бұйрықты сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, мұғалімнің көмегімен құрастыру; мәтіннің ақпараттылық, көркемдік, тілдік ерекшеліктері негізінде мұғалімнің көмегімен өлкетану сипаттамаларын талдау.

25. 7-сыныпқа арналған "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым: мұғалімнің көмегімен мәтін үзінділері арқылы оқиғаның дамуын болжау; мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтау; әлеуметтік-мәдени тақырыптарға байланысты қажетті сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну; повестердің және лирикалық поэзиялық шығармалардың тақырыбы мен идеясын талдау; сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау; өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстыра отырып жауап беру; мұғалімнің көмегімен өңірде шығатын газет-журналдарды білу; мұғалімнің көмегімен энциклопедия ұғымын түсіну, өлкетанудың бағыттарын анықтау;

2) айтылым: мұғалімнің көмегімен мақал-мәтелдер, терминдер мен неологизмдерді орынды қолдану, мәтін мазмұнын дамыту; кеңес беру, ұсыныс жасау, өтініш, талап, ету, бұйрық берудің түрлі формалары мен жағдаяттарына сай ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын тірек кесте арқылы қолдана білу; екпін түрлерін сөз және сөйлем ішінде орынды қолданып айту; шығармадағы кейіпкерлерге автор берген мінездеменің тілдік құралдарын талда; коммуникативтік жағдаяттың талаптарына сай "сөйлеуші → тыңдаушы" позицияларын еркін ауыстыру; кесте, диаграмма, шартты белгілер, суреттер мен сызбаларда берілген ақпаратты сипаттау; мұғалімнің көмегімен туған өлке туралы, шындық көзқарас тұрғысынан адамдар туралы мақалалар мен очерктерді ақпараттылығы, мазмұнының тереңдігі, эмоционалдық әсері тұрғысынан талдау; мұғалімнің көмегімен өлкетанудың бағыттары бойынша электрондық энциклопедия құрастырудың ұжымдық жұмысына қатысу;

3) оқылым: мұғалімнің көмегімен кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде берілген ақпаратты түсіну; ресми-іскерлік (өтініш, нұсқаулық, ресми құттықтаулар, ұсыныстар) салаға қатысты мәтіндердің тілдік ерекшелігін талдау; прозалық және поэзиялық шығармалардағы кейіпкердің іс-әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің бейнесін талдау; мәтіндердің идеясын, мақсатты аудиториясын салыстырып талдау; қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде ұсыну; мәтінде көтерілген мәселеге өз ойын дәлелдеп жеткізу; туған өлке туралы, адамдар туралы мақалалар мен очерктерді оқу; мұғалімнің көмегімен энциклопедияға қажетті материалдарды іріктей білу;

4) жазылым: мұғалімнің көмегімен мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, өтініш, түйіндеме, ресми құттықтаулар жазу; эссе құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу, жазба жұмыстарында теңеу мен метафораны қолданып жазу, тақырып бойынша

мәліметтерді жинақтап, көрсетілім түрінде ұсыну; тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (күрделі сөздер), оқшау сөздерге қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;

5) тілдік бағдар: мұғалімнің көмегімен сөз таптарын анықтау: мәтіндерден көмекші есімдерді ажырата білу; салыстырмалы, күшейтпелі, асырмалы шырайлардың қызметін білу; топтау сан есімдерін , одағай түрлерін тірек кесте арқылы орынды қолдану; етістіктің шақтарының (бұрынғы және ауыспалы өткен шақ, мақсатты және болжалды келер шақ) қызметін білу; талғаулықты немесе кезектестік мәнді білдіретін және себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу; сөйлем: жазба жұмыстарында сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтай отырып, мұғалімнің көмегімен жай сөйлем құрастыру.

26. 8-сыныпқа арналған "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым: мұғалімнің көмегімен мәтін тақырыбы, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжау, мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, толық ақпараттарды анықтау; оқу-еңбек тақырыптарына байланысты күрделі сөздер мен тұрақты тіркестердің мағынасын түсіну; орта көлемді прозалық, драмалық және поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау, тірек сөздер, автор көзқарасы мен көңіл күйі арқылы негізгі ойды анықтау, деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру;

2) айтылым: мұғалімнің көмегімен тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолданып, ауызша мәтіндер құрау; көңіл-күйді білдіруде сөйлеу этикеті формаларын тірек кесте арқылы қолдана білу; сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінгі және тоғыспалы ықпал заңдылықтарын ескеріп айту; мәтіндердегі оқиғалар желісіне бақылау жасай отырып, мазмұнның дамуын салыстыру; тақырып бойынша қойылған сұрақтарға еркін жауап беру; кесте, диаграмма, нұсқаулық шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпаратты талдау;

3) оқылым: мұғалімнің көмегімен берілген сұрақ арқылы қажетті ақпаратты анықтау; публицистикалық стильдің (мақала, интервью, қысқа очерк, жолдаулар) тілдік ерекшеліктері арқылы мәтіндердің жанрын анықтау; прозалық және поэзиялық шығармалардың композициялық құрылымын анықтау; мәтіндердің түрлерін салыстырып талдау; қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді қолданып, мәтінге өзгеріс енгізу; тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстыру;

4) жазылым: мұғалімнің көмегімен мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, үлгі бойынша шағын мақала, пікір, интервью жазу; эссе құрылымы мен дамуын сақтап, берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын ұсыну; жазба жұмыстарында символ түрлерін қолданып жазу, тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, эссе

жазуда тиімді қолдану; тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздер), сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;

5) тілдік бағдар: сөз таптары: болжалдық және бөлшектік сан есімдерді, еліктеу сөздерді тірек кесте арқылы орынды қолдану; етістіктің қалау, шартты рай қызметін білу; мақсаттық және себеп-салдарлық үстеулерді орынды қолдану; септеулік шылаулардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарында орынды қолдану; сөйлем: жазба жұмыстарында ыңғайлас, қарсылықты, түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдерді мұғалімнің көмегімен құрастыру.

27. 9-сыныпқа арналған "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым: мұғалімнің көмегімен тыңдалатын мәтіндегі фразаларды талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені болжау; мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың шынайылығын анықтау, әлеуметтік-қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздердің мағынасын түсіну; орта көлемді прозалық, поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, көтерілген мәселені анықтау, мәтіннің мақсатты аудиториясын, негізгі ойын анықтау, көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіру;

2) айтылым: мұғалімнің көмегімен ауызша мәтіндер құрау; көңіл-күйді білдіруде ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын тірек кесте арқылы қолдана білу; коммуникативтік жағдаяттарға сай сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсіну; идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісіне бақылау жасай отырып, мазмұнның дамуын талдау; тақырып бойынша өз пікірлерін сенімді дәлелдеу; диалогта, полилогта сенімді сөйлеу; кестеде, диаграммада, шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпараттарды салыстыру;

3) оқылым: мұғалімнің көмегімен мәтіндегі ақпараттың өзектілігін анықтау; ғылыми стильде (мақала, баяндама, презентация) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтау; прозалық және поэзиялық шығармалардағы кейіпкердің іс-әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің бейнесіне баға беру; мәтіндердің түрлерін салыстырып, талдау жасау; қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерден қорытынды жасау, мәтінде көтерілген мәселені салыстырып, баға беру;

4) жазылым: мұғалімнің көмегімен мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, нұсқаулық жазу; эссе құрылымы мен дамуын сақтап, ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыру; жазба жұмыстарында бейнелеу түрлерін қолданып жазу, түрлі стильдегі мәтіндер құруда мәліметтерді жинақтау; тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі, құрама атауларды дұрыс жазу;

5) тілдік бағдар: мұғалімнің көмегімен сөз таптарын анықтау: бұйрық, рай қызметін білу, күшейткіш үстеулерді орынды қолдану; демеулік шылаулардың қызметін білу;

өздік, өзгелік, ортақ етістіктің қызметін білу, ауызша және жазбаша жұмыстарда орынды қолдану. Сөйлем: жазба жұмыстарында себеп-салдар, талғаулы, кезектес, салалас құрмалас сөйлемдерді мұғалімнің көмегімен құрастыру.

28. 10-сыныпқа арналған "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым: мұғалімнің көмегімен тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені болжау; мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың нақтылығын анықтау, әлеуметтік-қоғамдық тақырыптар аясында айтылған термин сөздердің мағынасын түсіну; орта көлемді прозалық, поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, көтерілген (тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, өз пікірін білдіру, мәтіннің мақсатты аудиториясын, автордың негізгі ойы мен көзқарасын анықтау, көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіру;

2) айтылым: мұғалімнің көмегімен мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрау; коммуникативтік жағдаяттарға байланысты сөйлеу этикеті формаларын дұрыс таңдай білу; сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойын жеткізу; шығарманың идеясы мен мазмұнына байланысты "автордың ойын" бағалау, тақырып бойынша қажетті аргументтерді орынды қолдану; адиалогте, полилогта сенімді сөйлеу; кесте, диаграмма, шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпараттарды өзара салыстырып бағалау;

3) оқылым: мұғалімнің көмегімен мәтіндегі ақпараттың өзектілігін анықтау, қорытынды жасау; ғылыми стильде (аннотация, пікір, тезис) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтау; прозалық және поэзиялық шығармалардағы автордың ойы мен көтерілген мәселені анықтап, оқырманға әсерін бағалау; мәтіндердің стилін, жанрлық ерекшеліктерін талдау; қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерден қорытынды жасау, өз көзқарасын білдіру, мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстыра отырып, сыни тұрғыда баға беру;

4) жазылым: мұғалімнің көмегімен мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, аннотация, шолу жазу; эссе құрылымы мен дамуын сақтап, өз ойын дәлелдеп жаз; жазба жұмыстарында афоризмдерді тиімді қолданып жазу; түрлі стильдегі мәтіндер құруда мәліметтерді жинақтап, дереккөздеріне сілтеме көрсетіп жазу, тақырып бойынша сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;

5) тілдік бағдар: мұғалімнің көмегімен сөз таптарын анықтау: ырықсыз етістіктің қызметін білу; мекен және мезгіл үстеулерді орынды қолдану; ыңғайластық қатынасты білдіретін және қарсылықтық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу, ауызша және жазбаша жұмыстарда орынды қолдану. Сөйлем: жазба жұмыстарында (шартты, қарсылықты, мезгіл, себеп, қимыл-сын, мақсат бағыныңқы) сабақтас құрмалас сөйлемдерді мұғалімнің көмегімен құрастыру.

#### **4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі**

29. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім мен бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.2.1.2 кодында: "7" – сынып, "2.1." – бөлім мен бөлімше, "2" – оқыту мақсатының реттік саны.

30. Күтілетін нәтижелер бойынша оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) "Тыңдалым" бөлімі:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
1. Болжау	5.1.1.1 мұғалімнің көмегімен тақырыпты тірек сөздер арқылы болжау	6.1.1.1 тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы мұғалімнің көмегімен тақырыпты және көтерілетін мәселені болжау	7.1.1.1 мәтін үзінділері арқылы мұғалімнің көмегімен оқиғаның дамуын болжау	8.1.1.1 мәтін тақырыбы, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы мұғалімнің көмегімен көтерілетін мәселені болжау	9.1.1.1 тыңдалатын мәтіндегі фразаларды талқылай отырып, мұғалімнің көмегімен тақырыпты көтерілетін мәселені болжау	10.1.1.1 тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, мұғалімнің көмегімен тақырыпта көтерілетін мәселені болжау
2. Назарын шоғырландырып тыңдау	5.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну және мұғалімнің көмегімен нақты ақпаратты анықтау	6.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, мұғалімнің көмегімен негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау	7.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, мұғалімнің көмегімен ақпараттың өзектілігін анықтау	8.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, мұғалімнің көмегімен детальді ақпараттарды анықтау	9.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, мұғалімнің көмегімен ақпараттың шынайылығын анықтау	10.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, мұғалімнің көмегімен ақпараттың шынайылығын анықтау
3. Сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну	5.1.3.1 күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын мұғалімнің көмегімен түсіну	6.1.3.1 тұрмыстық - әлеуметтік тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын мұғалімнің көмегімен түсіну	7.1.3.1 әлеуметтік - мәдени тақырыптарға байланысты қажетті сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын мұғалімнің көмегімен түсіну	8.1.3.1 оқу-еңбек тақырыптарына байланысты күрделі сөздер мен тұрақты тіркестердің мағынасын мұғалімнің көмегімен түсіну	9.1.3.1 әлеуметтік - қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздердің мағынасын мұғалімнің көмегімен түсіну	10.1.3.1 әлеуметтік - қоғамдық тақырыптар аясында айтылған термин сөздердің мағынасын мұғалімнің көмегімен түсіну

4. Көркем шығармаларды тыңдау	5.1.4.1 фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби мәтіндердің мазмұнын мұғалімнің көмегімен түсіну	6.1.4.1 әңгіме, хикаялардың және шағын поэзиялық шығармалардың мазмұнын талдай отырып, мұғалімнің көмегімен кейіпкерлерге сипаттама беру	7.1.4.1 повестердің және лирикалық поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, мұғалімнің көмегімен тақырыбы мен идеясын талдау	8.1.4.1 орта көлемді прозалық, драмалық және поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, мұғалімнің көмегімен тақырыбы мен идеясын талдау	9.1.4.1 орта көлемді прозалық, поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, мұғалімнің көмегімен көтерілген мәселені анықтау	10.1.4.1 орта көлемді прозалық, поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, көтерілген (тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, мұғалімнің көмегімен өз пікірін білдіру
5. Негізгі ойды анықтау	5.1.5.1 тірек сөздер, жетекші сұрақтар арқылы мұғалімнің көмегімен негізгі тақырыпты анықтау	6.1.5.1 тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтау	7.1.5.1 тірек сөздер, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтау	8.1.5.1 тірек сөздер, автор көзқарасы мен көңіл күйі арқылы мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтау	9.1.5.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің мақсатты аудиториясын, негізгі ойын анықтау	10.1.5.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің мақсатты аудиториясын, автордың негізгі ойын мен көзқарасын анықтау
6. Тыңдалым материалдары бойынша жауап беру	5.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұнын негізінде мұғалімнің көмегімен сұрақтарға жауап беру	6.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұнын негізінде мұғалімнің көмегімен шынайы өмірмен байланыстырып жауап беру	7.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұнын негізінде мұғалімнің көмегімен өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстыра отырып, жауап беру	8.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұнын негізінде мұғалімнің көмегімен деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап беру	9.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұнын негізінде көтерілген мәселеге мұғалімнің көмегімен көз қарасын білдіру	10.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұнын негізінде көтерілген мәселеге мұғалімнің көмегімен сәйкес көзқарасын білдіру

## 2) "Айтылым" бөлімі:

### 2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
	5.2.1.1 тақырып бойынша меңгерген жаңа сөздерді олардың синонимдерім	6.2.1.1 тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді	7.2.1.1 мақал-мәтелдер, терминдер мен неологизмдерді орынды	8.2.1.1 тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды	9.2.1.1 берілген тақырыпқа сай сөздерді орынды	10.2.1.1 берілген тақырыпқа сай сөздерді орынды қолдана отырып,

1. Сөздік қорының алуандылығы	ен, антоним, омонимдерімен қатар қолдану, мұғалімнің көмегімен ойын әсерлі, мазмұнды жеткізе білу	қолдану, мұғалімнің көмегімен ойын әсерлі, мазмұнды жеткізу	қолдана отырып, мұғалімнің көмегімен мәтін мазмұнын дамыту	қолданып, мұғалімнің көмегімен ауызша мәтіндер құру	қолдана отырып, мұғалімнің көмегімен ауызша мәтіндер құру	мұғалімнің көмегімен мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құру
2. Сөз мәнері мен сөйлеу этикеті	5.2.2.1 казакша амандасу мәнері мен ұлттық этикет формаларын тірек кесте арқылы пайдалану	6.2.2.1 тақырып бойынша диалогты бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын тірек кесте арқылы білу	7.2.2.1 кеңес беру, ұсыныс жасау, өтініш, талап, ету, бұйрық берудің түрлі формалары мен жағдаяттарын а сай ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын тірек кесте арқылы қолдана білу	8.2.2.1 түрлі жанрдағы көркем мәтіндерге сүйене отырып, көңіл-күйді білдіруде сөйлеу этикеті формаларын тірек кесте арқылы қолдана білу	9.2.2.1 түрлі жанрдағы көркем мәтіндерге сүйене отырып, көңіл-күйді білдіруде ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу	10.2.2.1 мұғалімнің көмегімен коммуникативтік жағдаяттарға байланысты сөйлеу этикеті формаларын дұрыс таңдай білу
3. Орфоэпиялық нормаларды сақтау	5.2.3.1 ауызша мәтіндер құруда қазақ тіліндегі төл дыбыстардың дыбысталуын, мұғалімнің көмегімен үндестік заңын ескеріп айту	6.2.3.1 мұғалімнің көмегімен ауызша мәтіндер құруда сұраулы, хабарлы, лепті және бұйрықты сөйлемдердің интонациялық ерекшелігін ескеріп айту	7.2.3.1 мұғалімнің көмегімен ауызша мәтіндер құруда екпін түрлерін сөз және сөйлем ішінде орынды қолданып айту	8.2.3.1 мұғалімнің көмегімен ауызша мәтіндер құруда сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалылық заңдылықтарын ескеріп айту	9.2.3.1 коммуникативтік жағдаятқа сай сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін мұғалімнің көмегімен түсіну	10.2.3.1 коммуникативтік жағдаятқа сай сөйлеу тіліндегі кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, мұғалімнің көмегімен өз ойын жеткізу
4. Мәтіннің негізгі аспектілерін анықтау және талқылау	5.2.4.1 шағын көлемді мәтіндердің мазмұнын на мұғалімнің көмегімен жай жоспар құру, соған сүйеніп баяндау	6.2.4.1 шағын көлемді мәтіндегі жеке эпизодтарды сипаттау және мұғалімнің көмегімен тілдік	7.2.4.1 шығармадағы кейіпкерлерге автор берген мінездеменің тілдік құралдарын мұғалімнің көмегімен талдау	8.2.4.1 мәтіндердегі оқиғалар желісіне бақылау жасай отырып, мұғалімнің көмегімен	9.2.4.1 идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісіне бақылау жасай отырып, мұғалімнің көмегімен	10.2.4.1 шығарманың идеясы мен мазмұнына байланысты "автордың ойын" мұғалімнің



		ерекшелігіне салыстыру жасау		мазмұнның дамуын салыстыру	мұнның дамуын талдау	көмегімен бағалау
5. Сенімді және еркін жауап беру	5.2.5.1 берілген сұрақты мұғалімнің көмегімен дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогқа қатысу	6.2.5.1 коммуникативтік жағдаят бойынша диалогқа қатысушы ретінде өзара түсінісіп, мұғалімнің көмегімен ойларын толықтырып отыру	7.2.5.1 диалогқа қатысушы ретінде коммуникативтік жағдаяттың талаптарына сай "сөйлеуші → тыңдаушы" позицияларын мұғалімнің көмегімен еркін ауыстыру	8.2.5.1 пікірталасқа қатысушы ретінде берілген тақырып бойынша қойылған сұрақтарға мұғалімнің көмегімен еркін жауап беру	9.2.5.1 сөйлеу барысында берілген тақырып бойынша өз пікірлерін мұғалімнің көмегімен сенімді дәлелдеу	10.2.5.1 сөйлеу барысында түрлі стильде берілген тақырып бойынша қажетті аргументтерді орынды қолданып, диалогта, полилогта мұғалімнің көмегімен сенімді сөйлеу
6. Визуалды материалдар арқылы тілді дамыту	5.2.6.1 тірек сөздерді дұрыс қолданып, мұғалімнің көмегімен иллюстрацияларды сипаттау	6.2.6.1 тірек сөздерге сүйеніп, сюжетті суреттердің желісі бойынша мұғалімнің көмегімен шағын әңгіме құрастыру	7.2.6.1 кесте, диаграмма, шартты белгілер, суреттер мен сызбаларда берілген ақпаратты мұғалімнің көмегімен сипаттау	8.2.6.1 кесте, диаграмма, нұсқаулық шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпаратты мұғалімнің көмегімен талдау	9.2.6.1 кесте, диаграмма, шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпараттарды мұғалімнің көмегімен салыстыру	10.2.6.1 кесте, диаграмма, шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпараттарды мұғалімнің көмегімен өзара салыстырып, бағалау

### 3) "Оқылым" бөлімі:

#### 3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
1. Мәтіндегі ақпаратты анықтау	5.3.1.1 мұғалімнің көмегімен мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау	6.3.1.1 мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтау, мұғалімнің көмегімен өмірдегі кейбір жағдаяттар мен байланыстыру	7.3.1.1 кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде берілген ақпаратты түсіну, мұғалімнің көмегімен қолдана білу	8.3.1.1 берілген сұрақ арқылы мұғалімнің көмегімен қажетті ақпаратты анықтау	9.3.1.1 мұғалімнің көмегімен мәтіндегі ақпараттың өзектілігін анықтау	10.3.1.1 мәтіндегі ақпараттың өзектілігін анықтап, мұғалімнің көмегімен қорытынды жасау
			7.3.2.1 ресми - іскерлік (			10.3.2.1 ғылыми

2. Стильдік ерекшеліктерді анықтау	5.3.2.1 хат, хабарлама, жарнама мазмұнын түсіну, мұғалімнің көмегімен стильдік ерекшелігін анықтау	6.3.2.1 ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшелігін мұғалімнің көмегімен анықтау (күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян, түйіндеме)	өтініш, нұсқаулық, ресми құттықтаулар, ұсыныстар) салаға қатысты мәтіндердің тілдік ерекшелігін мұғалімнің көмегімен анықтап, үлгі бойынша талдау жасау	8.3.2.1 публицистикалық стильдің ( интервью, қысқа очерк, жолдаулар) тілдік ерекшеліктері арқылы мәтіндердің жанрын тірек кесте арқылы анықтау	9.3.2.1 ғылыми стильде (мақала, баяндама, презентация) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анытап, мұғалімнің көмегімен талдау жасау	стильде (аннотация, пікір, тезис, мақала, баяндама, презентация) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтап, мұғалімнің көмегімен талдау жасау
3. Көркем шығармаларды оқу	5.3.3.1 фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби шығармаларды түсіну, мұғалімнің көмегімен тақырыбын анықтау	6.3.3.1 орта көлемді шығармаларды түсіну, мұғалімнің көмегімен тақырыбы мен негізгі ойды анықтау	7.3.3.1 прозалық және поэзиялық шығармалардағы кейіпкердің іс-әрекетін немесе лирикалық кейіпкердің образын мұғалімнің көмегімен талдау	8.3.3.1 прозалық және поэзиялық шығармалардың композициялық құрылымын мұғалімнің көмегімен анықтау,	9.3.3.1 мұғалімнің көмегімен прозалық және поэзиялық шығармалардағы кейіпкердің іс-әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образына баға беру	10.3.3.1 прозалық және поэзиялық шығармалардағы автордың ойы мен көтерілген мәселені мұғалімнің көмегімен анықтап, оқырманға әсерін бағалау
4. Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау	5.3.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіндердің тақырыбын, мазмұндық құрылымын салыстыру	6.3.4.1 мәтіндердің тақырыбына, мазмұндық құрылымына сүйене отырып, тірек кесте арқылы түрлерін салыстыру	7.3.4.1 мәтіндердің идеясын, мақсатты аудиториясын салыстырып, мұғалімнің көмегімен талдау жасау	8.3.4.1 мәтіндердің түрлерін салыстырып, мұғалімнің көмегімен талдау жасау	9.3.4.1 мәтіндердің тілдік ерекшеліктерін салыстырып, мұғалімнің көмегімен талдау жасау	10.3.4.1 мәтіндердің стилін, жанрлық ерекшеліктерін салыстырып, мұғалімнің көмегімен талдау жасау
5.1.2.31 ондық бөлшектерді қосу және азайтуды орындау;	
5.1.2.32 ондық бөлшекті натурал санға және ондық бөлшекке көбейтуді орындау;	

	<p>5.1.2.33 ондық бөлшектерді 10, 100, 1000 және 0,1; 0,01; 0,001 көбейту ережелерін қолдану;</p> <p>5.1.2.34 ондық бөлшекті натурал санға және ондық бөлшекке бөлуді орындау;</p> <p>5.1.2.35 ондық бөлшектерді 10, 100, 1000 және 0,1; 0,01; 0,001 – бөлу ережелерін қолдану;</p> <p>5.1.2.36 ондық бөлшектерді берілген разрядқа дейін дөңгелектеу</p>	
--	---	--

## 2) "Алгебра" бөлімі:

### 2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5-сынып	6-сынып
2.1 Алгебралық өрнектер және түрлендірулер	<p>5.2.1.1 әріпті өрнектердің анықтамасын білу;</p> <p>5.2.1.2 қосу және көбейту амалдарының қасиеттерін қолданып, әріпті өрнектерді түрлендіру;</p> <p>5.2.1.3 әріптердің берілген мәндері бойынша әріпті өрнектердің мәндерін табу</p>	<p>6.2.1.1 алгебралық өрнек ұғымын меңгеру;</p> <p>6.2.1.2 айнымалының анықтамасын білу;</p> <p>6.2.1.3 айнымалылардың берілген рационал мәндері үшін алгебралық өрнектердің мәндерін есептеу;</p> <p>6.2.1.4 алгебралық өрнектегі айнымалының мүмкін мәндерін табу;</p> <p>6.2.1.5 айнымалылардың қандай мәндерінде алгебралық өрнектің практикалық есептер мәнмәтіндіде мағынасы бар болатынын түсіну;</p> <p>6.2.1.6 жақшаны ашу ережелерін білу;</p> <p>6.2.1.7 коэффициент, ұқсас мүшелер ұғымдарының анықтамаларын білу;</p> <p>6.2.1.8 алгебралық өрнектерде ұқсас мүшелерді біріктіруді орындау;</p> <p>6.2.1.9 тепе-теңдік және тепе-тең түрлендіру анықтамаларын білу;</p> <p>6.2.1.10 алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендіруді орындау;</p> <p>6.2.1.11 теңдіктерден бір айнымалыны екінші айнымалы арқылы өрнектеу;</p> <p>6.2.1.12 <math> a-b </math> өрнегінің геометриялық мағынасын түсіну</p>
		6.2.2.1 тура санды теңдіктердің қасиеттерін білу және қолдану;

2.2 Теңдеулер және теңсіздік-тер, олардың жүйелері және жиынтықтары

5.2.2.1 теңдеу, теңдеу түбірі ұғымдарын білу;  
5.2.2.2 арифметикалық амалдардың белгісіз компоненттерін табу ережелері негізінде теңдеулер шешу;  
5.2.2.3 теңдеудің шығары-луының дұрыстығын тексеру тәсілдерін қолдану

6.2.2.2 бір айнымалысы бар сызықтық теңдеудің, мәндес теңдеулердің анықтамаларын білу;  
6.2.2.3 бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулерді шешу;  
6.2.2.4 түріндегі теңдеулерді шешу, мұндағы  $a$  және  $b$  – рационал сандар;  
6.2.2.5 сандық теңсіздіктер анықтамасын білу;  
6.2.2.6 тура санды теңсіздіктердің қасиеттерін қолдану;  
6.2.2.7 теңсіздіктерді қосу, азайту, көбейту және бөлуді қолдану;  
6.2.2.8 сан аралықтарын жазу үшін белгілеулерді пайдалану;  
6.2.2.9 сан аралықтарды кескіндеу;  
6.2.2.10 сан аралықтарының бірігу және қиылысу ұғымдарының анықтамасын білу;  
6.2.2.11 сан аралықтарының бірігуін және қиылысуын табу;  
6.2.2.12 сызықтық теңсіздіктер анықтамасын білу;  
6.2.2.13  $kx > b$ ,  $kx \geq b$ ,  $kx < b$ ,  $kx \leq b$  түріндегі сызықтық теңсіздіктерді шешу;  
6.2.2.14 алгебралық түрлендірулердің көмегімен теңсіздіктерді  $kx > b$ ,  $kx \geq b$ ,  $kx < b$ ,  $kx \leq b$  түріндегі теңсіздіктерге келтіру ;  
6.2.2.15 теңсіздіктердің шешімдерін координаталық түзуде кескіндеу;  
6.2.2.16 теңсіздіктердің шешімдерін сан аралығы арқылы және берілген сан аралығын теңсіздік түрінде жазу;  
6.2.2.17 бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесі ұғымын меңгеру;  
6.2.2.18 бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесін шешу;  
6.2.2.19  $|x| > a$ ,  $|x| \geq a$ ,  $|x| < a$ ,  $|x| \leq a$  теңсіздіктер түрінде берілген нүктелер жиынын координаталық түзуде кескіндеу

5.2.3.1 натурал сандар тізбегінің заңдылықтарын анықтау;



2.3 Тізбектер және қосындылау	<p>5.2.3.2 натурал сандар тізбегінің жеткіліксіз элементтерін табу;</p> <p>5.2.3.3 натурал сандар тізбегінің заңдылықтарын құрастыру және тізбектерді жазу;</p> <p>5.2.3.4 бөлшектерден тұратын тізбектердің заңдылықтарын анықтау;</p> <p>5.2.3.5 бөлшектерден тұратын тізбектердің заңдылықтарын құрастыру және тізбектерді жазу</p>	
-------------------------------	--	--

### 3) "Геометрия" бөлімі:

#### 3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5-сынып	6-сынып
3.1 Геометриялық фигуралар туралы түсінік	<p>5.3.1.1 өлшеудің түрлі ұзындық бірліктерін білу және координаталық сәуледегі бірлік кесінді дегенді түсіну;</p> <p>5.3.1.2 бұрыш және оның градустық өлшемі ұғымдарын меңгеру, бұрыштарды белгілеу және салыстыру;</p> <p>5.3.1.3 бұрыштардың түрлерін ажырату (сүйір, тік, доғал, жазыңқы, толық);</p> <p>5.3.1.4 көпбұрыш ұғымын меңгеру ;</p> <p>5.3.1.5 тік бұрышты параллелепипед (текше) және оның жазбасы туралы түсінігі болу</p>	<p>6.3.1.1 шеңбер, дөңгелек және олардың элементтері (центр, радиус, диаметр) ұғымдарын меңгеру;</p> <p>6.3.1.2 циркульдің көмегімен шеңберді салу;</p> <p>6.3.1.3 дөңгелек сектор ұғымын меңгеру;</p> <p>6.3.1.4 координаталық жазықтық ұғымын меңгеру;</p> <p>6.3.1.5 тік бұрышты координаталар жүйесін салу;</p> <p>6.3.1.6 (x; y) реттелген сандар жұбы тікбұрышты координаталар жүйесінде нүктені беретінін және әрбір нүктеге нүктенің координаталары деп аталатын бір ғана реттелген сандар жұбының сәйкес болатынын түсіну;</p> <p>6.3.1.7 координаталар жүйесінде нүктені оның координаталары бойынша салу және координаталық жазықтықта берілген нүктенің координаталарын табу;</p> <p>6.3.1.8 осьтік және центрлік симметрия ұғымдарын меңгеру;</p> <p>6.3.1.9 осьтік немесе центрлік симметриясы болатын фигуралар туралы түсінігі болуы; симметриялық және центрлік-симметриялы фигураларды ажырату;</p> <p>6.3.1.10 шар мен сфера туралы түсінігінің болуы</p>

3.2 Геометриялық фигуралардың өзара орналасуы	5.3.2.1 фигураларды қию және құрастыру арқылы есептер шығару	6.3.2.1 параллель, қиылысатын, перпендикуляр түзулердің анықтамаларын білу; 6.3.2.2 параллель, перпендикуляр түзулер мен кесінділерді ажырату; 6.3.2.3 перпендикуляр, параллель түзулер мен кесінділерді салу; 6.3.2.4 кесінділердің, сәулелер немесе түзулердің бір-бірімен, координаталық осьтермен қиылысу нүктелерінің координаталарын графиктік тәсілмен табу; 6.3.2.5 жазықтық және кеңістіктік фигуралардың анықтамасын білу; 6.3.2.6 кескіні бойынша фигураны ажырату, жазық және кеңістік фигураларын кескіндеу; 6.3.2.7 симметрия ұғымын меңгеру; 6.3.2.8 тік бұрышты координаталар жүйесінде координаталар басы және координаталық осьтерге қатысты симметриялы нүктелер мен фигураларды салу
3.3 Метрикалық қатыстар	5.3.3.1 бұрышты транспортир көмегімен өлшеу; 5.3.3.2 градусық өлшемі берілген бұрышты транспортир көмегімен салу; 5.3.3.3 бұрыштың градусық өлшемін табуға, бұрыштарды салыстыруға берілген есептерді шығару	6.3.3.1 координаталық түзде нүктелердің арақашықтығын табу; 6.3.3.2 шеңбер ұзындығының оның диаметріне қатынасы тұрақты сан екенін білу; 6.3.3.3 шеңбер ұзындығының формуласын білу және қолдану; 6.3.3.4 дөңгелек ауданының формуласын білу және қолдану
4. Векторлар және түрлендірулер		6.3.4.1 вектор анықтамасын білу және оны кескіндеу

#### 4) "Статистика және ықтималдықтар теориясы":

##### 4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5-сынып	6-сынып
4.1 Жиындар теориясы және логика элементтері	5.4.1.1 жиын, оның элементтері, бос жиын ұғымдарын меңгеру; 5.4.1.2 жиындардың қиылысуы және бірігуі анықтамаларын білу; 5.4.1.3 берілген жиындардың қиылысуы мен бірігуін табу, нәтижесін $\cap$ символдарын қолданып жазу; 5.4.1.4 ішкі жиын ұғымын меңгеру ;	

	5.4.1.5 жиындар арасындағы қатынастардың сипаттамасын анықтау (қиылысатын және қиылыспайтын жиындар)	
4.2 Комбинаторика негіздері		6.4.2.1 іріктеу тәсілмен комбинаторикалық есептерді шығару
4.3 Статистика және деректерді талдау		6.4.3.1 дөңгелек, сызықтық және бағанды диаграммалар туралы түсініктері болу; 6.4.3.2 дөңгелек, сызықтық және бағанды диаграммалар салу; 6.4.3.3 кесте немесе диаграмма түрінде берілген статистикалық ақпаратты алу; 6.4.3.4 бірнеше сандардың арифметикалық ортасы, санды деректердің құлашы, медианасы, модасының анықтамаларын білу; 6.4.3.5 статистикалық санды сипаттамаларды есептеу

### 5) "Математикалық модельдеу және талдау":

#### 5-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5-сынып	6-сынып
5.1 Математикалық модельдеудің көмегімен есептер шығару	<p>5.5.1.1 натурал сандарға арифметикалық амалдар қолдана отырып, мәтінді есептерді шығару ;</p> <p>5.5.1.2 мәтінді есептерді шығаруда ең үлкен ортақ бөлгішті, ең кіші ортақ еселікті қолдану;</p> <p>5.5.1.3 жай бөлшектерге арифметикалық амалдар қолданып мәтінді есептер шығару;</p> <p>5.5.1.4 санның немесе шаманың бөлігін табу және бөлігі бойынша санды немесе шаманы табуға арналған есептерді құрастыру және шығару;</p> <p>5.5.1.5 бөлшектерге арифметикалық амалдар қолданып мәтінді есептер шығару;</p> <p>5.5.1.6 Эйлер-Венн диаграммасын қолданып, есептер шығару;</p> <p>5.5.1.7 әріпті өрнектерді құру және оларды есептер шығаруда қолдану ;</p> <p>5.5.1.8 мәтінді есептерді шығару үшін формулаларды қолдану</p>	<p>6.5.1.1 пайызға байланысты мәтінді есептерді шығару;</p> <p>6.5.1.2 шамалары тура және кері пропорционалдыкпен байланысты есептерді ажырату және шығару;</p> <p>6.5.1.3 пайызға берілген есептерді пропорция арқылы шешу;</p> <p>6.5.1.4 картамен, сызбамен, жоспармен жұмыс барысында масштабты қолдану;</p> <p>6.5.1.5 рационал сандарды қолданып мәтінді есептерді шығару;</p> <p>6.5.1.6 қозғалыстың орташа жылдамдығын табуға есептер шығару;</p> <p>6.5.1.7 мәтінді есептерді сызықтық теңдеулерді құру арқылы шығару</p>

<p>5.2 Математикалық тіл және математикалық модель</p>	<p>5.5.2.1 жай бөлшектерді оқу және жазу;  5.5.2.2 натурал сандарды координаталық сәуледе кескіндеу;  5.5.2.3 жай бөлшектерді координаталық сәуледе кескіндеу;  5.5.2.4 ондық бөлшектерді координаталық сәуледе кескіндеу;  5.5.2.5 ондық бөлшектерді оқу және жазу;  5.5.2.6 сандарды салыстырудың нәтижесін <math>&gt;</math>, <math>&lt;</math>, <math>=</math> белгілері арқылы жазу;  5.5.2.7 натурал сандарды салыстыру мен реттеуді талап ететін жағдайды зерттеу;  5.5.2.8 жиындармен жұмыс істеуде  <math>\cup</math>, <math>\cap</math>, <math>\in</math>, <math>\notin</math>, <math>\subset</math>, <math>\emptyset</math>  символдарын қолдану;  5.5.2.9 жазық фигуралардың және кеңістіктегі геометриялық фигуралардың жазбаларын салу ( текше және тік бұрышты параллелепипед)</p>	<p>6.5.2.1 екі санның қатынасын оқу және жазу;  6.5.2.2 пропорцияны оқу және жазу;  6.5.2.3 шамаларды сипаттау үшін бүтін сандарды қолдану;  6.5.2.4 мәтінді есептер шығаруда айнымалысы бар өрнектер мен формулалар құрастыру</p>
--	---	--

21. Осы Бағдарлама психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін "Математика" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

22. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

- Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін "Математика" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымша

**Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін "Математика" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

1) 5-сынып:

1-кесте

--	--	--

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1 – тоқсан		
Натурал сандар және нөл	Натурал сандар және нөл	5.1.1.1 натурал сандар жиыны ұғымын меңгеру; 5.1.1.2 тақ және жұп сандар ұғымдарын меңгеру; 5.1.1.3 натурал сан дәрежесінің анықтамасын білу
	Координаттық сәуле. Натурал сандарды салыстыру. Қос теңсіздік	5.3.1.1 өлшеудің түрлі ұзындық бірліктерін білу және координаталық сәуледегі бірлік кесінді дегенді түсіну; 5.1.2.1 координаттық сәуле ұғымын меңгеру; 5.5.2.2 натурал сандарды координаталық сәуледе кескіндеу; 5.1.2.2 сандық сәуледе координаттық нүктелерді анықтау; 5.1.2.3 натурал сандарды салыстыру, сонымен қатар координаталық сәуленің көмегімен салыстыру; 5.5.2.6 сандарды салыстырудың нәтижесін $>$ , $<$ , $=$ белгілері арқылы жазу; 5.5.2.7 натурал сандарды салыстыру мен реттеуді талап ететін жағдайды зерттеу;
	Арифметикалық амалдардың қасиеттері. Натурал сандарға арифметикалық амалдар қолдану	5.1.1.4 натурал санды ондық жазылу түрінде көрсету; 5.1.1.5 натурал санның бөлгіші мен еселігі анықтамаларын білу; 5.1.1.6 жай және құрама сандардың анықтамаларын білу; 5.1.1.7 ортақ бөлгіш, ортақ еселік, ең үлкен ортақ бөлгіш, ең кіші ортақ еселік ұғымдарының анықтамаларын білу
	Санды және әріпті өрнектер, олардың мәндері. Өрнектерді ықшамдау	5.2.1.1 әріпті өрнектердің анықтамасын білу; 5.2.1.2 қосу және көбейту амалдарының қасиеттерін қолданып, әріпті өрнектерді түрлендіру; 5.2.1.3 әріптердің берілген мәндері бойынша әріпті өрнектердің мәндерін табу
		5.2.2.1 теңдеу, теңдеу түбірі ұғымдарын білу;

	<p>Теңдеу. Теңдеудің түбірі. Теңдеуді шешу.</p>	<p>5.2.2.2 арифметикалық амалдардың белгісіз компоненттерін табу ережелері негізінде теңдеулер шешу; 5.2.2.3 теңдеудің шығары-луының дұрыстығын тексеру тәсілдерін қолдану</p>
	<p>Формула. Формула арқылы есептеу. Мәтінді есептерді шығару . Натурал сандардан тұратын сандар тізбегі</p>	<p>5.5.1.1 натурал сандарға арифметикалық амалдар қолдана отырып, мәтінді есептерді шығару ; 5.5.1.7 әріпті өрнектерді құру және оларды есептер шығаруда қолдану ; 5.5.1.8 мәтінді есептерді шығару үшін формулаларды қолдану; 5.2.3.1 натурал сандар тізбегінің заңдылықтарын анықтау; 5.2.3.2 натурал сандар тізбегінің жеткіліксіз элементтерін табу; 5.2.3.3 натурал сандар тізбегінің заңдылықтарын құрастыру және тізбектерді жазу</p>
Натурал сандардың бөлінгіштігі	Натурал сандардың бөлінгіштері мен еселіктері	<p>5.1.1.5 натурал санның бөлгіші мен еселігі анықтамаларын білу; 5.1.2.12 аралас санның анықтамасын білу; 5.1.2.13 өзара кері сандардың анықтамасын білу</p>
	Жай және құрама сандар	5.1.1.6 жай және құрама сандардың анықтамаларын білу
	Бөлінгіштіктің негізгі қасиеттері	<p>5.1.2.14 көбейтіндінің берілген натурал санға бөлінгіштігін талдау ; 5.1.2.15 қосындының және айырымның берілген натурал санға бөлінгіштігін талдау</p>
	2, 3, 5, 9, 10 сандарына бөлінгіштік белгілері	<p>5.1.2.9 натурал сандардың 2-ге, 5-ке, 10-ға бөлінгіштік белгілерін қолдану; 5.1.2.10 натурал сандардың 3-ке және 9-ға бөлінгіштік белгілерін қолдану</p>
	Дәреже	5.1.2.8 бірдей сандардың көбейтіндісін дәреже түрінде жазу
	Натурал сандарды жай көбейткіштерге жіктеу	5.1.2.11 құрама сандарды жай көбейткіштерге жіктеу
		5.1.1.7 ортақ бөлгіш, ортақ еселік, ең үлкен ортақ бөлгіш, ең кіші ортақ еселік ұғымдарының анықтамаларын білу;

	Ең үлкен ортақ бөлгіш. Өзара жай сандар. Ең кіші ортақ еселік	5.1.1.8 ортақ бөлгіш, ортақ еселікті, ең үлкен ортақ бөлгішті, ортақ еселікті, ең кіші ортақ еселікті табу; 5.1.1.9 өзара жай сандардың анықтамасын білу; 5.1.2.16 екі не одан да көп сандардың ең үлкен ортақ бөлгіштерін, ең кіші ортақ еселіктерін табу; 5.5.1.2 мәтінді есептерді шығаруда ең үлкен ортақ бөлгішті, ең кіші ортақ еселікті қолдану
2 - тоқсан		
Жай бөлшектер	Жай бөлшек. Жай бөлшектерді оқу және жазу	5.1.1.10 жай бөлшектің анықтамасын білу, алым және бөлім ұғымдарын меңгеру; 5.5.2.1 жай бөлшектерді оқу және жазу
	Жай бөлшектің негізгі қасиеті	5.1.2.18 жай бөлшектерді қысқартуда бөлшектің негізгі қасиетін қолдану; 5.1.2.19 жай бөлшекті жаңа бөлімге келтіру
	Дұрыс және бұрыс жай бөлшектер	5.1.1.11 дұрыс және бұрыс бөлшектерді ажырату
	Аралас сандар	5.1.1.12 аралас санның анықтамасын білу; 5.1.2.17 бұрыс бөлшекті аралас санға және аралас санды бұрыс бөлшекке айналдыру
	Жай бөлшектер мен аралас сандарды координаталық сәуледе кескіндеу	5.5.2.3 жай бөлшектерді координаталық сәуледе кескіндеу
Жай бөлшектерге амалдар қолдану	Жай бөлшектерді ортақ бөлімге келтіру. Жай бөлшектерді және аралас сандарды салыстыру	5.1.2.20 жай бөлшектерді ортақ бөлімге келтіру; жай бөлшектерді, аралас сандарды салыстыру
	Жай бөлшектерді қосу және азайту	5.1.2.21 бөлімдері бірдей бөлшектерді қосу және азайтуды орындау; 5.1.2.22 бөлімдері әртүрлі бөлшектерді қосу және азайтуды орындау
	Аралас сандарды қосу. Аралас сандарды азайту	5.1.2.23 натурал саннан жай бөлшекті азайтуды орындау; 5.1.2.24 аралас сандарды қосу және азайтуды орындау
		5.1.2.25 жай бөлшектерді, аралас сандарды көбейтуді орындау;

	Жай бөлшектерді және аралас сандарды көбейту. Өзара кері сандар	5.1.1.13 өзара кері сандардың анықтамасын білу; 5.1.2.26 берілген санға кері санды табу
	Жай бөлшектерді және аралас сандарды бөлу	5.1.2.27 жай бөлшектерді және аралас сандарды бөлуді орындау
3 - тоқсан		
Мәтінді есептер	Санның бөлігін және бөлігі бойынша санды табуға берілген есептер	5.1.2.28 санның бөлігін табу және бөлігі бойынша санды табу; 5.5.1.4 картамен, сызбамен, жоспармен жұмыс барысында масштабты қолдану
	Бірлесіп орындалатын жұмыстарға қатысты есептер	5.5.1.3 жай бөлшектерге арифметикалық амалдар қолданып мәтінді есептер шығару
Ондық бөлшектер және оларға амалдар қолдану	Ондық бөлшек. Ондық бөлшектерді оқу және жазу. Ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру	5.1.1.4 натурал санды ондық жазылу түрінде көрсету; 5.1.1.14 ондық бөлшек ұғымын меңгеру; 5.1.1.15 ондық бөлшек түрінде жазылған сандардың теңдігін түсіну, мысалы, 1,3 және 1,30; 5.5.2.5 ондық бөлшектерді оқу және жазу; 5.1.2.29 бөлшектерді бір жазылу түрінен басқа жазылу түріне ауыстыру
	Ондық бөлшектерді координаталық сәуледе кескіндеу. Ондық бөлшектерді салыстыру	5.5.2.4 ондық бөлшектерді координаталық сәуледе кескіндеу; 5.1.2.30 ондық бөлшектерді салыстыру
	Ондық бөлшектерді қосу және азайту	5.1.2.31 ондық бөлшектерді қосу және азайтуды орындау
	Ондық бөлшекті натурал санға көбейту. Ондық бөлшектерді көбейту	5.1.2.32 ондық бөлшекті натурал санға және ондық бөлшекке көбейтуді орындау
	Ондық бөлшекті натурал санға бөлу. Ондық бөлшекті ондық бөлшекке бөлу	5.1.2.34 ондық бөлшекті натурал санға және ондық бөлшекке бөлуді орындау
	Ондық бөлшектерді 10; 100; 1000; ... және 0,1; 0,01; 0,001;... сандарына көбейту және бөлу	5.1.2.33 ондық бөлшектерді 10, 100, 1000 және 0,1; 0,01; 0,001 көбейту ережелерін қолдану; 5.1.2.35 ондық бөлшектерді 10, 100, 1000 және 0,1; 0,01; 0,001 – бөлу ережелерін қолдану;
	Ондық бөлшектерді дөңгелектеу	5.1.1.16 санның жуық мәні ұғымын меңгеру; 5.1.2.36 ондық бөлшектерді берілген разрядқа дейін дөңгелектеу



	Мәтінді есептерді шығару. Бөлшектерден тұратын сандар тізбектері	5.5.1.5 бөлшектерге арифметикалық амалдар қолданып мәтінді есептер шығару; 5.2.3.4 бөлшектерден тұратын тізбектердің заңдылықтарын анықтау; 5.2.3.5 бөлшектерден тұратын тізбектердің заңдылықтарын құрастыру және тізбектерді жазу
4 - тоқсан		
Жиындар	Жиын. Жиынның элементтері. Жиындарды кескіндеу	5.4.1.1 жиын, оның элементтері, бос жиын ұғымдарын меңгеру; 5.5.2.8 жиындармен жұмыс істеуде $\in$ , $\notin$ , $\cup$ , $\cap$ , символдарын қолдану
	Жиындар арасындағы қатынастар. Ішкі жиын	5.4.1.4 ішкі жиын ұғымын меңгеру; 5.4.1.5 жиындар арасындағы қатынастардың сипаттамасын анықтау (қиылысатын және қиылыспайтын жиындар)
	Жиындардың бірігуі мен қиылысуы	5.4.1.2 жиындардың қиылысуы және бірігуі анықтамаларын білу; 5.4.1.3 берілген жиындардың қиылысуы мен бірігуін табу, нәтижесін $\cup$ символдарын қолданып жазу
	Мәтінді есептерді шығару	5.5.1.6 Эйлер-Венн диаграммасын қолданып, есептер шығару
Бұрыш. Көпбұрыш	Бұрыш	5.3.1.2 бұрыш және оның градустық өлшемі ұғымдарын меңгеру, бұрыштарды белгілеу және салыстыру; 5.3.1.3 бұрыштардың түрлерін ажырату (сүйір, тік, доғал, жазыңқы, толық); 5.3.3.1 бұрышты транспортир көмегімен өлшеу; 5.3.3.2 градустық өлшемі берілген бұрышты транспортир көмегімен салу; 5.3.3.3 бұрыштың градустық өлшемін табуға, бұрыштарды салыстыруға берілген есептерді шығару
	Көпбұрыш	5.3.1.4 көпбұрыш ұғымын меңгеру
		5.3.1.5 тік бұрышты параллелепипед (текше) және оның жазбасы туралы түсінігі болу;

Кеңістік фигураларының жазбалары	Тік бұрышты параллелепипед (текше) және оның жазбасы	5.5.2.9 жазық фигуралардың және кеңістіктегі геометриялық фигуралардың жазбаларын салу (текше және тік бұрышты параллелепипед)
	Фигураларды қиюға берілген есептер. Фигураларды құрастыруға берілген есептер	5.3.2.1 фигураларды қию және құрастыру арқылы есептер шығару

5-сыныптағы математика курсын қайталау

## 2) 6 - сынып:

### 2 - кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1 - тоқсан		
5-сыныптағы математика курсын қайталау		
Пайыз	Пайыз	6.1.1.1 пайыз ұғымын меңгеру; 6.1.2.1 бөлшекті пайызға және пайызды бөлшекке айналдыру
	Санның пайызын және пайызы бойынша санды табу	6.1.2.2 берілген санның пайызын табу; 6.1.2.3 бір санның екінші санға пайыздық қатынасын және керісінше табу; 6.1.2.4 берілген пайызы бойынша санды табу
	Мәтінді есептерді шығару	6.5.1.1 пайызға байланысты мәтінді есептерді шығару
Диаграммалар	Шеңбер. Дөңгелек. Дөңгелек сектор	6.3.1.1 шеңбер, дөңгелек және олардың элементтері (центр, радиус, диаметр) ұғымдарын меңгеру; 6.3.1.2 циркульдің көмегімен шеңберді салу; 6.3.1.3 дөңгелек сектор ұғымын меңгеру
	Диаграмма	6.4.3.1 дөңгелек, сызықтық және бағанды диаграммалар туралы түсініктері болу; 6.4.3.2 дөңгелек, сызықтық және бағанды диаграммалар салу
	Статистикалық деректерді көрсету тәсілдері	6.4.3.3 кесте немесе диаграмма түрінде берілген статистикалық ақпаратты алу
	Екі санның қатынасы. Екі санның пайыздық қатынасы	6.1.2.5 сандардың қатынасы ұғымын меңгеру; 6.1.2.6 берілген қатынасқа кері қатынасты табу; 6.1.1.2 екі санның қатынасы нені көрсететінін түсіну;

Қатынастар және пропорциялар		6.5.2.1 екі санның қатынасын оқу және жазу
	Пропорция. Пропорцияның негізгі қасиеті	6.1.2.7 пропорция анықтамасын білу; 6.1.2.8 пропорцияларды ажырату және құрастыру; 6.5.2.2 пропорцияны оқу және жазу; 6.1.2.9 пропорцияның негізгі қасиетін білу және қолдану
	Тура пропорционалдық тәуелділік . Кері пропорционалдық тәуелділік	6.1.1.3 қандай шамалар тура пропорционалды болатынын түсіну және оларға мысалдар келтіру, есептер шығару; 6.1.1.4 қандай шамалар кері пропорционалды болатынын түсіну және оларға мысалдар келтіру, есептер шығару; 6.5.1.2 шамалары тура және кері пропорционалдықпен байланысты есептерді ажырату және шығару
	Мәтінді есептерді пропорцияның көмегімен шығару	6.5.1.3 пайызға берілген есептерді пропорция арқылы шешу; 6.1.2.10 шамаларды берілген қатынаста бөлу; 6.1.2.11 шамаларды берілген сандарға кері болатын пропорционал бөліктерге бөлу
	Масштаб	6.1.1.6 масштаб ұғымын меңгеру; 6.5.1.4 картамен, сызбамен, жоспармен жұмыс барысында масштабты қолдану
	Шеңбердің ұзындығы. Дөңгелектің ауданы. Шар. Сфера	6.3.3.2 шеңбер ұзындығының оның диаметріне қатынасы тұрақты сан екенін білу; 6.3.3.3 шеңбер ұзындығының формуласын білу және қолдану; 6.3.3.4 дөңгелек ауданының формуласын білу және қолдану; 6.3.1.10 шар мен сфера туралы түсінігінің болуы
2 - тоқсан		
	Оң сандар. Теріс сандар. Координаталық түзу. Қарама-қарсы сандар	6.1.1.5 координаталық түзудің анықтамасын білу және координаталық түзуді салу; 6.1.1.8 қарама-қарсы сандар ұғымын меңгеру, оларды координаталық түзуде белгілеу
		6.1.1.7 бүтін сан ұғымын меңгеру; 6.5.2.3 шамаларды сипаттау үшін бүтін сандарды қолдану;

Рационал сандар және оларға амалдар қолдану	Бүтін сандар. Рационал сандар	6.1.1.9 рационал сан ұғымын меңгеру; 6.1.2.22 рационал сандарды қосу мен көбейтудің қасиеттерін қолдану; 6.1.2.16 рационал сандардың ішкі жиындарын Эйлер-Венн дөңгелектері арқылы кескіндеу
	Санның модулі	6.1.1.10 санның модулі анықтамасын білу және оның мәнін табу; 6.2.1.12 $ a-b $ өрнегінің геометриялық мағынасын түсіну; 6.3.3.1 координаталық түзуде нүктелердің арақашықтығын табу
	Рационал сандарды салыстыру	6.1.2.12 бүтін сандарды салыстыру; 6.1.2.17 рационал сандарды салыстыру
	Рационал сандарды координаталық түзудің көмегімен қосу	6.1.2.13 координаттық түзу салу; 6.1.2.15 бүтін сандарды координаталық түзу көмегімен қосу және азайтуды орындау
	Теріс рационал сандарды қосу. Таңбалары әртүрлі рационал сандарды қосу.	6.1.2.18 таңбалары бірдей, таңбалары әртүрлі рационал сандарды қосуды орындау
	Рационал сандарды азайту. Координаталық түзуде нүктелердің арақашықтығы	6.1.2.19 рационал сандарды азайтуды орындау; 6.1.2.28 координаттық түзуде нүктелер арақашықтығын табу ережесін қолдану
Рационал сандарға амалдар қолдану	Рационал сандарды көбейту	6.1.2.20 рационал сандарды көбейтуді орындау
	Рационал сандарды қосу мен көбейтудің ауыстырымдылық және терімділік қасиеттері	6.1.2.22 рационал сандарды қосу мен көбейтудің қасиеттерін қолдану
	Рационал сандарды бөлу	6.1.2.21 рационал сандарды бөлуді орындау
	Рационал санды шексіз периодты ондық бөлшек түрінде беру. Шексіз периодты ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру.	6.1.2.23 шектеулі ондық бөлшектер түрінде жазуға болатын жай бөлшектерді танып білу; 6.1.2.24 рационал санды шектеусіз периодты ондық бөлшек түрінде көрсету; 6.1.2.25 шектеусіз периодты ондық бөлшектің периодын табу; 6.1.2.26 шектеусіз периодты ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру

	Рационал сандарға арифметикалық амалдар қолдану	6.1.2.27 рационал сандармен арифметикалық амалдарды орындау
	Мәтінді есептерді шығару	6.5.1.5 рационал сандарды қолданып мәтінді есептерді шығару
3 - тоқсан		
Алгебрлық өрнектер	Айнымалы. Айнымалысыбар өрнек	6.2.1.1 алгебралық өрнек ұғымын меңгеру; 6.2.1.2 айнымалының анықтамасын білу; 6.2.1.3 айнымалылардың берілген рационал мәндері үшін алгебралық өрнектердің мәндерін есептеу; 6.2.1.4 алгебралық өрнектегі айнымалының мүмкін мәндерін табу; 6.2.1.5 айнымалылардың қандай мәндерінде алгебралық өрнектің практикалық есептер мәнмәтіндіде мағынасы бар болатынын түсіну
	Жақшаларды ашу. Коэффициент. Ұқсас қосылғыштар. Ұқсас қосылғыштарды біріктіру	6.2.1.6 жақшаны ашу ережелерін білу; 6.2.1.7 коэффициент, ұқсас мүшелер ұғымдарының анықтамаларын білу; 6.2.1.8 алгебралық өрнектерде ұқсас мүшелерді біріктіруді орындау
	Өрнектерді тепе-тең түрлендіру. Тепе-теңдік	6.2.1.9 тепе-теңдік және тепе-тең түрлендіру анықтамаларын білу
	Алгебралық өрнектерді түрлендіру	6.2.1.10 алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендіруді орындау
	Мәтінді есептерді шығару	6.5.2.4 мәтінді есептер шығаруда айнымалысы бар өрнектер мен формулалар құрастыру; 6.2.1.11 теңдіктерден бір айнымалыны екінші айнымалы арқылы өрнектеу
Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу	Санды теңдіктер және олардың қасиеттері	6.2.2.1 тура санды теңдіктердің қасиеттерін білу және қолдану
	Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу. Мәндес теңдеулер. Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулерді шешу	6.2.2.2 бір айнымалысы бар сызықтық теңдеудің, мәндес теңдеулердің анықтамаларын білу; 6.2.2.3 бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулерді шешу
	Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу	6.2.2.4 түріндегі теңдеулерді шешу, мұндағы $a$ және $b$ – рационал сандар

	Теңдеулер көмегімен мәтінді есептерді шығару	6.5.1.7 мәтінді есептерді сызықтық теңдеулерді құру арқылы шығару
4 - тоқсан		
Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер	Санды теңсіздіктер және олардың қасиеттері	6.2.2.5 сандық теңсіздіктер анықтамасын білу; 6.2.2.6 тура санды теңсіздіктердің қасиеттерін қолдану; 6.2.2.7 теңсіздіктерді қосу, азайту, көбейту және бөлуді қолдану
	Сан аралықтар. Сан аралықтардың бірігуі мен қиылысуы	6.2.2.8 сан аралықтарын жазу үшін белгілеулерді пайдалану; 6.2.2.9 сан аралықтарды кескіндеу; 6.2.2.10 сан аралықтарының бірігуі және қиылысу ұғымдарының анықтамасын білу; 6.2.2.11 сан аралықтарының бірігуін және қиылысуын табу
	Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздік. Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктерді шешу	6.2.2.12 сызықтық теңсіздіктер анықтамасын білу; 6.2.2.13 $kx > b$ , $kx \geq b$ , $kx < b$ , $kx \leq b$ түріндегі сызықтық теңсіздіктерді шешу; 6.2.2.14 алгебралық түрлендірулердің көмегімен теңсіздіктерді $kx > b$ , $kx \geq b$ , $kx < b$ , $kx \leq b$ түріндегі теңсіздіктерге келтіру; 6.2.2.15 теңсіздіктердің шешімдерін координаталық түзуде кескіндеу; 6.2.2.16 теңсіздіктердің шешімдерін сан аралығы арқылы және берілген сан аралығын теңсіздік түрінде жазу
	Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесі. Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесін шешу	6.2.2.17 бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесі ұғымын меңгеру; 6.2.2.18 бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесін шешу;
	Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздік. Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктерді шешу	6.2.2.19 $ x  > a$ , $ x  \geq a$ , $ x  < a$ , $ x  \leq a$ теңсіздіктер түрінде берілген нүктелер жиынын координаталық түзуде кескіндеу
	Перпендикуляр түзулер және кесінділер. Параллель түзулер және кесінділер	6.3.2.1 параллель, қиылысатын, перпендикуляр түзулердің анықтамаларын білу; 6.3.2.2 параллель, перпендикуляр түзулер мен кесінділерді ажырату;

Координаталық жазықтық	<p>Координаталық жазықтық. Тікбұрышты координаталар жүйесі</p>	<p>6.3.2.3 перпендикуляр, параллель түзулер мен кесінділерді салу</p> <p>6.3.1.4 координаталық жазықтық ұғымын меңгеру;</p> <p>6.3.1.5 тік бұрышты координаталар жүйесін салу;</p> <p>6.3.1.6 <math>(x; y)</math> реттелген сандар жұбы тікбұрышты координаталар жүйесінде нүктені беретінін және әрбір нүктеге нүктенің координаталары деп аталатын бір ғана реттелген сандар жұбының сәйкес болатынын түсіну;</p> <p>6.3.1.7 координаталар жүйесінде нүктені оның координаталары бойынша салу және координаталық жазықтықта берілген нүктенің координаталарын табу;</p> <p>6.3.2.4 кесінділердің, сәулелер немесе түзулердің бір-бірімен, координаталық осьтермен қиылысу нүктелерінің координаталарын графиктік тәсілмен табу</p>
	<p>Центрлік симметрия. Осьтік симметрия</p>	<p>6.3.2.7 симметрия ұғымын меңгеру;</p> <p>6.3.1.8 осьтік және центрлік симметрия ұғымдарын меңгеру;</p> <p>6.3.1.9 осьтік немесе центрлік симметриясы болатын фигуралар туралы түсінігі болуы; симметриялық және центрлік-симметриялы фигураларды ажырату;</p> <p>6.3.2.8 тік бұрышты координаталар жүйесінде координаталар басы және координаталық осьтерге қатысты симметриялы нүктелер мен фигураларды салу</p>
Кеңістіктегі фигуралар	<p>Фигуралардың кеңістікте орналасуы. Кеңістік фигураларын кескіндеу, "көрінбейтін" сызықтар . Вектор ұғымы.</p>	<p>6.3.2.5 жазықтық және кеңістіктік фигуралардың анықтамасын білу;</p> <p>6.3.2.6 кескіні бойынша фигураны ажырату, жазық және кеңістік фигураларын кескіндеу;</p> <p>6.3.4.1 вектор анықтамасын білу және оны кескіндеу</p>
	<p>Статистикалық деректер және олардың сипаттамалары:</p>	<p>6.4.3.4 бірнеше сандардың арифметикалық ортасы, санды деректердің құлашы, медианасы, модасының анықтамаларын білу;</p>

Статистика. Комбинаторика	арифметикалық орта, мода, медиана, құлаш	6.4.3.5 статистикалық санды сипаттамаларды есептеу
	Қозғалыстың орташа жылдамдығын табуға есептер шығару. Іріктеу тәсілі арқылы комбинаторикалық есептер шығару.	6.5.1.6 қозғалыстың орташа жылдамдығын табуға есептер шығару; 6.4.2.1 іріктеу тәсілмен комбинаторикалық есептерді шығару
5-6-сыныптардағы математика курсын қайталау		

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№123 бұйрығына  
62-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім  
және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына  
699-қосымша

## **Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Алгебра" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Алгебра" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты – оқу және практикалық тапсырмаларды шешуге қажетті максималды қолжетімді көлемде негізгі білімдерді меңгерту, күнделікті өмірде және болашақ мамандығына қажетті білік пен дағдыларды қалыптастыру; білім алушылардың ілгерілемелі зияткерлік дамуын ынталандыру.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) адам практикасындағы сан және есептеу туралы түсініктерді кеңейту; ауызша, жазбаша, инструменталдық есептеуді орындаудың практикалық дағдыларын қалыптастыру, есептеу мәдениетін дамыту;

2) алгебраның символикалық тілін игеру дағдыларын қалыптастыру, выработать ресми-оперативті алгебралық біліктерін қалыптастыру, оларды математикалық және математикалық емес есептерді шешу үшін қолдану;

3) алгоритмикалық және графикалық дағдыларын қалыптастыру;

4) сөйлеу тілін, мысалдар мен қарсы мысалдар келтіріп, қарапайым түрде жүйелей отырып, өз пікірін логикалық негіздеу білігін дамыту;



5) коммуникативтік дағдыларын, оның ішінде, ақпаратты дұрыс және сауатты түрде беру, сонымен қатар әртүрлі ақпарат көздерінен алынған ақпаратты қолдану қабілетін дамыту;

6) физика, химия, биология, болашақ мамандығы бойынша есептерді шешу үшін математикалық әдістерді қолданудың қарапайым дағдыларын қалыптастыру.

4. Түзете-дамыту міндеттері:

1) жалпы зияткерлік біліктерін дамыту: талдау, салыстыру, жалпылау тәсілдерін, топтастыру және классификациялау дағдыларын;

2) абстрактылы және логикалық ойлауын, дәлелді пайымдарға қабілетін дамыту;

3) оқу дағдыларын: тапсырмада бағдарлана алуын, әрекетін жоспарлауын, оқу жұмысының рационалды тәсілдерін қолдануын, өзін өзі бақылау мен бағалауын қалыптастыру;

4) математикалық сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын арнайы терминдермен және сөйлемдермен байыту; ойын дәйекті, нақты айтуға үйрету;

5) анықтама және оқу мәтіндерімен жұмыс дағдыларын қалыптастыру;

6) танымдық белсенділігін, мақсатқа бағыттылығын, дербестігін, жауапкершілігін, еңбекқорлығын, сыни ойлауын қалыптастыру;

7) білімдеріндегі, біліктеріндегі, дағдыларындағы жеке олқылықтардың орнын толтыру.

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

5. Алгебраны оқыту кезінде келесідей педагогикалық тәсілдер тиімді болып табылады:

1) жеке тәсіл – білім алушылармен берілген тақырып үшін базалық білім деңгейі, зияткерлік операцияларын меңгеру, еңбекке қабілеттілік, көмек қабылдау қажеттілігі сияқты көрсеткіштер бойынша мұғалім анықтайтын дамудың жақын аймағындағы жұмысты қарастырады;

2) іс-әрекет тәсілі – сыртқы практикалық және ішкі ойлау процестерін кешенді іске қосу арқылы саналылықтың жоғары дәрежесіне жетуге мүмкіндік береді;

3) уәждемелі-ойын тәсілі білім алушыларды оқу әрекетіне ниеттендіру және ынталандыру тәсілі ретінде;

4) қарым-қатынас тәсілі: білімдер мен дағдыларды алудың, оларды практикада қолданудың негізгі құралы ретінде толық сөйлеу әрекетін қалыптастыру;

5) оқуында қиындық тудыратын себептерді жою, жеке, уақытылы көмек көрсету мақсатында білім алушылармен жеке және сараланған жұмысты үйлестіруші ұйымдастырушылық-педагогикалық технологияларды қолдану.

6. Алгебра сабақтарын әдістемелік қамтамасыз ету келесідей тәсілдерді қолдануды қарастырады:

1) пәнді меңгерудің бастапқы кезеңінде алгебралық ұғымдар арифметикалық материалмен тығыз байланыс негізінде енгізіледі, сандық және әріптік айтылымдар арасындағы аналогия қолданылады, алгебралық тәсілдер білім алушыларға белгілі арифметикалық тәсілдерді жалпылау көмегімен қалыптастырылады;

2) білім алушылардың пайымдай алуына, жалпы пайымдаманы жекеге ауыстыруына, зерделенетін материалды ұғынуын жеделдетуіне, жаттықтырушы жаттығулар санын арттыруына, дербес жұмысына көбірек уақыт бөлуіне, өзін бақылауды жүзеге асыруына мүмкіндік беруші оқу әрекетін қалыптандыратын тиімді тәсіл ретінде алгоритмдеу қолданылады;

3) жаңа абстрактылы ұғымдарды енгізу мұғалімнің пікірін адекватты қабылдауға қажетті білім алушылардың тілдік, сезімдік, логикалық тәжірибесін белсендірумен ескертіледі;

4) түсіндіру барысында білім алушылардың енжарлығына жол берілмейді, барынша сыртқы іс-әрекет ұйымдастыру арқылы ойлауын және есте сақтауын ынталандырады;

5) жаңа материал барынша талдап тексерумен беріледі, пайымдаудың, түрлендірудің, құрудың толық, кезең кезеңмен жазылуы қолданылады, негізгі кезеңдері белгіленеді;

6) педагог ішкі ойлау және сыртқы практикалық әрекеттерін біріктіру арқылы білім алушылардың қабылдауын және назарының бағыттылығын басқарады, амалдарды меңгеру барысына объективті бақылауды жүзеге асырады, оқу материалын ұғынуына уақытылы көмек көрсетеді;

7) педагог шаршаудың алдын алуға ықпал етеді, оқу процесінде көрнекі құралдарды, қимаульгілерді, трафареттерді үздіксіз қолдана отырып, ойлау процесі икемінің жеткіліксіздігінің орнын толтырады;

8) білім алушылардың сызбалармен, ұйғарымдармен, кестелермен, ескертпелермен жұмысы мадақталады;

9) білім алушылардың жаңа түрлендіру тәсілдерін меңгеру кезінде "жазуларды қысқартуы" рұқсат етілмейді;

10) мағыналық есте сақтаудан механикалық есте сақтаудың басымдығы ескеріледі және бірсарынды тапсырмаларды ұзақ уақыт орындауға жол берілмейді.

7. Оқытуға арналған техникалық және дидактикалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, микрокалькуляторлар, электрондық оқулықтар мен құралдар, сонымен бірге арнайы жиһаз: бормен жазуға арналған, қозғалмалы тақта, магниттік тақта, координаттық тақта.

8. Формативті және жиынтық бағалауға арналған тапсырмаларды мұғалім білім алушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, құрастырады. Рұқсат етіледі:

1) грамматикалық және семантикалық ресімдеу бойынша тұжырымдарды қысқартуға;

2) көптоптық нұсқауды тапсырманы орындауға қадамдықпен берілетін қысқа мағыналық бірлікке бөлуге;

3) қажет болған жағдайда сараланған көмекті ұсынуға: ынталандырушы (мақұлдау, эмоционалдық қолдау), ұйымдастырушылық (жұмысты орындауға назарын аударту, жұмылдыру, өзін тексеру қажеттілігін еске салу), бағыттаушы (қайталау және тапсырма нұсқауын түсіндіру);

4) тапсырманы орындауға уақытты арттыруға.

### **3-тарау. "Алгебра" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

9. "Алгебра" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 7-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағатты;

2) 8-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағатты;

3) 9-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағатты;

4) 10-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағатты құрайды.

10. Бағдарлама мазмұны оқу бөлімдеріне бөлінген. Бөлімдер сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер түріндегі оқыту мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

11. Бағдарлама мазмұны 4 бөлімді қамтиды:

1) "Сандар" бөлімі;

2) "Алгебра" бөлімі;

3) "Статистика және ықтималдықтар теориясы" бөлімі;

4) "Математикалық модельдеу және анализ" бөлімі.

12. "Сандар" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) сандар және шамалар туралы түсініктер;

2) сандарға амалдар қолдану.

13. "Алгебра" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) алгебралық өрнектер және оларды түрлендіру;

2) теңдеулер және теңсіздіктер, олардың жүйелері және жиынтықтары;

3) тізбектер және олардың қосындысы;

4) тригонометрия.

14. "Статистика және ықтималдықтар теориясы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) жиындар теориясы және логика элементтері;

2) комбинаторика негіздері;

3) ықтималдықтар теориясының негіздері;

4) статистика және деректерді талдау.

15. "Математикалық модельдеу және анализ" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) математикалық анализ бастамалары;

2) математикалық модельдеудің көмегімен есептер шығару;

3) математикалық тіл және математикалық модель.

16. 7-сыныпқа арналған "Алгебра" пәнінің базалық мазмұны:

1) 5-6 сыныптардағы математика курсы қайталау;

2) "Бүтін көрсеткішті дәреже". Натурал көрсеткішті дәреже және оның қасиеттері. Бүтін көрсеткішті дәреже және оның қасиеттері. Құрамында дәрежесі бар өрнектерді түрлендіру. Санның стандарт түрі. Өте кіші және өте үлкен сандармен байланысты практикалық есептер шығару. Абсолюттік және салыстырмалы қателік. Құрамында дәрежесі бар сандар тізбектері;

3) "Көпмүшелер". Бірмүшелер және оларға амалдар қолдану. Көпмүшелер және оларға амалдар қолдану. Бірмүше мен көпмүшені стандарт түрі. Көпмүшені көбейткіштерге жіктеу. Өрнектерді тепе-тең түрлендіру;

4) "Шамалар арасындағы тәуелділіктер". Шамалар арасындағы тәуелділіктерді беру тәсілдері: аналитикалық (формула арқылы), кестелік, графиктік тәсіл. Нақты процестердің графиктерін қолданып шамалар арасындағы тәуелділіктерді зерттеу. Тура пропорционалдық және оның графигі;

5) "Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер мен олардың жүйелері". Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеу және оның графигі. Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйелері. Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін қосу тәсілімен және алмастыру тәсілімен шешу. Мәтінді есептерді екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйелері арқылы шығару;

6) "Функция. Функцияның графигі". Функция ұғымы. Функцияның графигі. Сызықтық функция және оның графигі. Сызықтық функциялардың графиктерінің өзара орналасуы. Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін графиктік тәсілмен шешу.  $y=ax^2$ ,  $y=ax^3$  және

$$y = \frac{k}{x}$$

( $k \neq 0$ ) түріндегі функциялар, олардың графиктері және қасиеттері;

7) "Статистика элементтері". Бас жиынтық, кездейсоқ таңдама, вариациялық қатар, нұсқалық ұғымдары. Абсолютті жиілік және салыстырмалы жиілік. Жиілік кестесі. Жиілік алқабы;

8) 7-сыныптағы алгебра курсы қайталау.

17. 8-сыныпқа арналған "Алгебра" пәнінің базалық мазмұны:

1) 7-сыныптағы алгебра курсы қайталау;

2) "Қысқаша көбейту формулалары". Екі өрнектің квадраттарының айырымының формуласы. Екі өрнектің қосындысының квадраты және айырымының квадратының формулалары. Екі өрнектің қосындысының кубы және айырымының кубының формулалары. Екі өрнектің кубтарының қосындысы және кубтарының айырымының формулалары. Өрнектерді тепе-тең түрлендіру. Теңдеу және теңсіздік құру арқылы берілген мәтінді есептерді шығару;

3) "Алгебралық бөлшектер". Алгебралық бөлшектер және оның негізгі қасиеті. Алгебралық бөлшектерді қосу, азайту, көбейту, бөлу және дәрежеге шығару. Алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендіру;

4) "Квадрат түбір және иррационал өрнектер". Иррационал сандар. Нақты сандар. Квадрат түбір. Квадрат түбірдің жуық мәні. Арифметикалық квадрат түбір. Арифметикалық квадрат түбірдің қасиеттері. Көбейткішті түбір таңбасының алдына шығару. Көбейткішті түбір таңбасының ішіне енгізу. Бөлшектің бөлімін иррационалдықтан босату. Құрамында квадрат түбірлері бар өрнектерді түрлендіру. Нақты сандарды салыстыру. функциясы, оның қасиеттері және графигі;

5) "Квадрат теңдеулер". Квадрат теңдеу. Толымсыз квадрат теңдеулер. Келтірілген квадрат теңдеу. Екімүшенің толық квадратын айыру. Квадрат теңдеу түбірлерінің формулалары. Дискриминант. Виет теоремасы. Виет теоремасына кері теорема;

6) "Статистика элементтері". Жиілік. Жиіліктер кестесі. Интервалдық кесте. Гистограмма. Жинақталған жиілік. Орта мән. Дисперсия. Стандартты ауытқу;

7) 8-сыныптағы алгебра курсы қайталау.

18. 9-сыныпқа арналған "Алгебра" пәнінің базалық мазмұны:

1) 8-сыныптағы алгебра курсы қайталау;

2) "Квадрат теңдеулер". Квадрат үшмүше. Квадрат үшмүшенің түбірі. Квадрат үшмүшені көбейткіштерге жіктеу. Квадрат теңдеуге келтірілетін теңдеулер. Биквадрат теңдеу. Жаңа айнымалы енгізу әдісі. Бүтін рационал теңдеу. Бөлшек-рационал теңдеу. Квадрат теңдеулердің көмегімен мәтінді есептерді шығару. Бөлшек-рационал теңдеулердің көмегімен мәтінді есептерді шығару;

3) "Квадраттық функция". Квадраттық функция.  $y=a(x-m)^2$ ,  $y=ax^2+n$  және  $y=a(x-m)^2+n$  ( $a \neq 0$ ) түріндегі функциялар, олардың қасиеттері және графиктері.  $y=ax^2+bx+c$  ( $a \neq 0$ ) түріндегі квадраттық функция, оның қасиеттері және графигі;

4) "Теңсіздіктер". Квадрат теңсіздік. Квадрат теңсіздіктерді квадраттық функцияның графигі арқылы шығару. Рационал теңсіздік. Интервалдар әдісі. Бір айнымалысы бар сызықтық емес теңсіздіктер жүйесі. Квадрат теңсіздіктер жүйесі;

5) "Екі айнымалысы бар теңдеулер, теңсіздіктер және олардың жүйелері". Екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер. Екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер жүйесі. Екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер жүйесін шешу. Екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер жүйесі көмегімен мәтінді есептер шығару. Екі айнымалысы бар теңсіздіктер. Екі айнымалысы бар теңсіздіктер жүйесі;

6) "Комбинаторика элементтері". Комбинаториканың негізгі ұғымдары мен ережелері (қосу және көбейту ережелері). Санның факториалы. Қайталанбайтын " орналастыру", "алмастыру" және "теру" ұғымдары. Комбинаториканың негізгі формулалары. Комбинаторика формулаларын қолдану арқылы есептер шығару;

7) 9-сыныптағы алгебра курсы қайталау.

19. 10-сыныпқа арналған "Алгебра" пәнінің базалық мазмұны:

1) 9-сыныптағы алгебра курсың қайталау;

2) "Тізбектер". Сандар тізбегі, оның берілу тәсілдері және қасиеттері. Арифметикалық прогрессия. Арифметикалық прогрессияның  $n$ -ші мүшесінің формуласы. Арифметикалық прогрессияның алғашқы  $n$  мүшесінің қосындысының мәнін есептеу формуласы. Геометриялық прогрессия. Геометриялық прогрессияның  $n$ -ші мүшесінің формуласы. Геометриялық прогрессияның алғашқы  $n$  мүшесінің қосындысының мәнін есептеу формуласы. Шексіз кемімелі геометриялық прогрессия. Шексіз кемімелі геометриялық прогрессия мүшелерінің қосындысы;

3) "Тригонометрия". Бұрыш пен доғаның градустық және радиандық өлшемдері. Кез келген бұрыштың синусы, косинусы, тангенсі және котангенсі. Бұрыштың синусы, косинусы, тангенсі және котангенсінің мәндері. Тригонометриялық функциялар және олардың қасиеттері. Негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктер. Келтіру формулалары. Екі бұрыштың қосындысы мен айырымының синусы, косинусы, тангенсі және котангенсінің формулалары. Тригонометриялық функциялардың қосбұрышы және жартыбұрышының формулалары. Тригонометриялық функциялардың қосындысы мен айырымын көбейтіндіге түрлендіру формулалары. Тригонометриялық функциялардың көбейтіндісін қосынды немесе айырымға түрлендіру формулалары. Тригонометриялық өрнектерді тепе-тең түрлендіру;

4) "Ықтималдықтар теориясының элементтері". Оқиға, кездейсоқ оқиға, ақиқат оқиға, мүмкін емес оқиға. Элементар оқиғалар. Қолайлы нәтижелер. Тең мүмкіндікті және қарама-қарсы оқиғалар. Ықтималдықтың классикалық анықтамасы. Статистикалық ықтималдық. Геометриялық ықтималдық;

5) 7-10 сыныптардағы алгебра курсың қайталау.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

20. Бағдарламада, оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.2.1.4. кодында "7" - сынып, "2.1" - бөлімше, "4" - оқыту мақсатының реттік саны.

21. Күтілетін нәтижелер бойынша оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) "Сандар" бөлімі:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
	7.1.1.1 разрядтық бірліктерді атау;	8.1.1.1 иррационал және нақты сандарды ажырату; 8.1.1.2 квадрат түбір мен арифметикалық		10.1.1.1 бұрыштың радиандық өлшемі ұғымын меңгеру; 10.1.1.2 бірлік шеңберде

1.1 Сандар және шамалар туралы түсініктер	7.1.1.2 сандарды стандарттық түрде жазу	квадрат түбірдің анықтамасын білу; 8.1.1.3 квадрат түбірлерді табу үшін сандар квадратының кестесін қолдану		$0; \frac{\pi}{2}; \pi; \frac{3\pi}{2}; 2\pi$ сандарын белгілеу
1.2 Сандарға амалдар қолдану	7.1.2.1 натурал көрсеткішті дәреженің анықтамасын және оның қасиеттерін білу; 7.1.2.2 санның дәрежесі қандай цифрға аяқталатынын анықтау; 7.1.2.3 нөл және бүтін теріс көрсеткішті дәреженің анықтамасын және оның қасиеттерін білу; 7.1.2.4 бүтін көрсеткішті дәреженің санды мәнін анықтау және берілген сандарды дәреже түрінде көрсету; 7.1.2.5 алгебралық өрнектерді ықшамдауда дәрежелердің қасиеттерін қолдану; 7.1.2.6 көрсеткіші нөлге тең дәреженің негізіндегі айнымалының мүмкін мәндерін табу; 7.1.2.7 стандарт түрде жазылған сандарға арифметикалық амалдар қолдану; 7.1.2.8 стандарт түрде жазылған	8.1.2.1 тиімді есептеу үшін қысқаша көбейту формулаларын қолдану; 8.1.2.2 арифметикалық квадрат түбірдің қасиеттерін қолдану; 8.1.2.3 натурал сандар квадратының кестесін қолданып, квадрат түбірдің мәнін бағалау; 8.1.2.4 көбейткішті квадрат түбір белгісінің алдына шығару және		10.1.2.1 градусты радианға және

	<p>санның мәнді бөлігін және ретін табу;</p> <p>7.1.2.9 стандарт түрде жазылған сандарды салыстыру;</p> <p>7.1.2.10 шамаларды бір өлшем бірліктен екінші өлшем бірлікке айналдыру және оны стандарт түрде жазу;</p> <p>7.1.2.11 шамалардың жуық мәндерін табу және оларды стандарт түрде жазу;</p> <p>7.1.2.12 жуық шамалардың абсолюттік және салыстырмалы қателіктерін ажырату және практикалық маңызын түсіну;</p> <p>7.1.2.13 жуық шамалардың абсолюттік және салыстырмалы қателіктерін есептеу;</p> <p>7.1.2.14 калькулятордың көмегімен жуықтап есептеулерді орындау;</p> <p>7.1.2.15 натурал көрсеткішті дәреженің қасиеттерін қолдану</p>	<p>көбейткішті квадрат түбір белгісінің астына алу;</p> <p>8.1.2.5 қарапайым жағдайларда бөлшек бөлімін иррационалдықтан арылту;</p> <p>8.1.2.6 құрамында түбір танбасы бар өрнектерді түрлендіруді орындау;</p> <p>8.1.2.7 нақты сандарды салыстыру</p>		<p>радианды градусқа айналдыру</p>
--	---	--	--	------------------------------------

## 2) "Алгебра" бөлімі:

### 2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
		<p>8.2.1.1 жазылған алгебралық өрнекке сөздік тұжырымдама жасай білу және оның сөздік тұжырымдамасы</p>		



<p>2.1 Алгебралық өрнектер және оларды түрлендіру</p>	<p>7.2.1.1 санды өрнектердің мәндерін табуда бүтін көрсеткішті дәреже қасиеттерін қолдану; 7.2.1.2 бірмүше анықтамасын білу, оның коэффициенті мен дәрежесін табу; 7.2.1.3 бірмүшені стандарт түрде жазу; 7.2.1.4 бірмүшелерді көбейтуді орындау және бірмүшені көбейткіштердің көбейтіндісі түрінде көрсету; 7.2.1.5 көпмүше анықтамасын беру және оның дәрежесін табу; 7.2.1.6 көпмүшені стандарт түрге келтіру; 7.2.1.7 көпмүшелерді қосу және азайтуды орындау; 7.2.1.8 көпмүшені</p>	<p>бойынша алгебралық өрнекті жазу; 8.2.1.2 <math display="block">a^2 - b^2 = (a - b)(a + b);</math><math display="block">(a \pm b)^2 = a^2 \pm 2ab + b^2</math> қысқаша көбейту формулаларын қолдану; 8.2.1.3 <math display="block">a^3 \pm b^3 = (a \pm b)(a^2 \mp ab + b^2);</math><math display="block">(a \pm b)^3 = a^3 \pm 3a^2b + 3ab^2 \pm b^3</math> қысқаша көбейту формулаларын қолдану; 8.2.1.4 алгебралық өрнектерді ортақ көбейткішті жақша сыртына шығару және топтау тәсілдері арқылы көбейткіштерге жіктеу; 8.2.1.5 көпмүшелерге амалдар қолдану, көпмүшелерді көбейткіштерге жіктеу арқылы алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендірулерді орындау; 8.2.1.6 алгебралық өрнектерді қысқаша көбейту формулалары</p>	<p>9.2.1.1 квадрат үшмүшенің түбірі ұғымын меңгеру; 9.2.1.2 квадрат үшмүшені</p>
---	---	---	--

12. Интерактивті тақтаға қосылған, әртүрлі биологиялық мәліметтерді анықтауға арналған қадағалаушы тетіктер оқушыларға оларды сабақта көрнекі түрде көріп, зерттеу жұмыстарында пайдалануға мүмкіндік береді.

13. Практикалық және зертханалық жұмыс жүргізгенде қолданылады: микроскоптар, микропрепараттар, гербарийлер, әртүрлі жануарлар мен өсімдіктердің, жануар қаңқаларының, әртүрлі мүшелер мен жүйелердің муляждарының топтамалары, өсімдіктер мен жануарлардың жіктелуі бойынша әртүрлі кестелер, органикалық дүниенің даму кестелері.

14. Эксперимент жүргізу үшін зертханалық жабдықтар қолданылады: ыдыстар, реактивтер, аспаптар, микроскоптар мен материалдар, үлестірмелі материалдарға арналған астаулар. Су тартылған шұңғылша болуы қажет.

15. Суммативті және формативті бағалауға арналған тапсырмаларды мұғалім өздігінше, білім алушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, құрастырады. Рұқсат етіледі:

1) тұжырымдамаларды грамматикалық және семантикалық рәсімдеу бойынша жеңілдету;

2) тапсырманы кезеңімен (қадаммен) орындап, көптізбекті нұсқауды қысқа мағыналық бірліктерге бөлу арқылы жеңілдету;

3) тапсырмаға берілген жазбаша нұсқаулықты, қажет болған жағдайда, мұғалім баяу дауыстап, анық мағыналық екпінмен оқуына болады;

4) қажет болғанда сараланымдық көмек көрсету: ынталандырушы (құптау, эмоционалдық қолдау), ұйымдастырушы (назарын аудару, жұмысты орындауға

жұмылдыру, өзін-өзі тексеру қажеттігін есіне салу), бағыттаушы (тапсырмаға берілген нұсқауды қайталау және түсіндіру);

5) тапсырманы орындауға берілген уақытты ұлғайту.

### **3-тарау. "Биология" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

16. "Биология" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 7-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 2) 8-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 3) 9-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 4) 10-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

17. Бағдарламаның мазмұны оқу бөлімдеріне бөлінген. Бөлімдер сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер түріндегі оқыту мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

18. Бағдарламаның мазмұны 4 бөлімді қамтиды:

- 1) "Тірі ағзалардың көптүрлілігі, құрылымы мен қызметтері" бөлімі;
- 2) "Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық даму" бөлімі;
- 3) "Ағза мен қоршаған орта" бөлімі;
- 4) "Қолданбалы кіріктірілген ғылымдар" бөлімі.

19. "Тірі ағзалардың көптүрлілігі, құрылымы мен қызметтері" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) тірі ағзалардың көптүрлілігі;
- 2) қоректену;
- 3) заттардың тасымалдануы;
- 4) тыныс алу;
- 5) бөліп шығару;
- 6) қозғалыс;
- 7) үйлестіру және реттеу.

20. "Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық даму" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) көбею;
- 2) жасушалық айналым;
- 3) өсу және даму;
- 4) тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары;
- 5) эволюциялық даму мен селекция негіздері.

21. "Ағза мен қоршаған орта" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) биосфера, экожүйе, популяция;
- 2) адам қызметінің қоршаған ортаға әсері.

22. "Қолданбалы кіріктірілген ғылымдар" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) молекулалық биология мен биохимия;



- 2) жасушалық биология;
- 3) микробиология және биотехнология;
- 4) биофизика.

23. 7-сыныпқа арналған "Биология" пәнінің базалық мазмұны:

1) "Экожүйелер". Ортаның экологиялық факторлары: абиотикалық (температура, жарық, рН, ылғалдылық) биотикалық (микроағзалар, жануарлар, өсімдіктер). Зертханалық жұмыс: "Жергілікті жердің экожүйелерін зерттеу (мектеп ауласы мысалында)". Қоректік тізбектер және қоректік торлар. Модельдеу "Қоректік тізбек пен торды құру". Экологиялық сукцессиялар: бірінші және екінші реттік сукцессиялар. Экожүйелердің алмасуы. Қазақстанда ерекше қорғалатын аймақтар. Жергілікті жердің ерекше қорғалатын аймақтары. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы. Жергілікті өңірдің ҚР Қызыл кітабына енгізілген жануарлары мен өсімдіктері;

2) "Тірі ағзалардың жіктемесі". Тірі ағзалардың бес патшалығының жалпы сипаттамасы: прокариоттар, протисталар, саңырауқұлақтар, өсімдіктер, жануарлар. Өсімдіктер мен жануарлардың негізгі жүйелік топтары: патшалықтар, типтер, бөлімдер, кластар. Өсімдіктер мен жануарларды жіктеудің маңызы. Дихотомиялық әдіс. Дихотомиялық кілттерді қолдану. Зертханалық жұмыс "Өсімдіктер бөлімдеріндегі ерекшелік белгілерді анықтау: балдырлар, мұктәрізділер, қырыққұлақ тәрізділер, ашық тұқымдылар және жабық тұқымдылар". Зертханалық жұмыс "Дара жарнақты және қосжарнақты өсімдіктер кластарының белгілерін зерттеу". Саңырауқұлақтар патшалығы. Зең саңырауқұлақтары: мукор, пеницилл. Біржасушалы саңырауқұлақтар – ашытқы саңырауқұлағы. Көпжасушалы саңырауқұлақтар. Қалпақты саңырауқұлақтар. Жеуге жарамды және улы саңырауқұлақтар;

3) "Жасушалық биология". Жасуша, ұлпа, мүше, мүшелер жүйесі түсініктері;

4) "Су және органикалық заттар". Судың қасиеттері: беттік керілу, судың қозғалысы, еріткіштігі, қайнау және балқу температурасы, жылу сыйымдылығы. Судың биологиялық маңызы және оның еріткіш ретіндегі, температураны сақтау мен реттеудегі рөлі. Зертханалық жұмыс "Судың тірі ағзалар үшін маңызы мен қасиеттерін зерттеу". Органикалық заттар: азық-түліктердегі уыздар, майлар, көмірсулар. Зертханалық жұмыс: "Азық-түліктерде көмірсулардың, уыздардың және майлардың бар болуын зерттеу";

5) "Заттардың тасымалдануы". Заттар тасымалдануының тірі ағзалардың тіршілік әрекеті үшін маңызы. Заттардың тасымалдануына қатысатын тірі ағзалардың мүшелері мен мүшелер жүйесі. Сабақ және тамыр. Сабақтың ішкі құрылысы: қабық, камбий, сүрек, өзек. Тамыр аймақтары: бөліну, өсу, сору және өткізу аймақтары. Тамырдың ішкі құрылысы: флоэма, ксилема, камбий. Зертханалық жұмыс: "Сабақтың ішкі құрылысын зерттеу". Зертханалық жұмыс: "Тамыр аймақтарын зерттеу". Ксилема, флоэма және олардың құрылымдық элементтері;

6) "Тірі ағзалардың қоректенуі". Жапырақтың құрылысы мен қызметі. Жапырақтың ішкі құрылысы. Лептесік. Жапырақ фотосинтездің арнайы мүшесі ретінде. Судың булануы мен газдардың алмасуы. Фотосинтезге қажетті жағдайлар: жарық, көмірқышқыл газы, температура. Зертханалық жұмыс: "Фотосинтез үдерісіне әсер ететін факторларды зерттеу";

7) "Тыныс алу". Өсімдіктер мен жануарлар үшін тыныс алудың маңызы. Тыныс алу энергия көзі ретінде. Тыныс алу типтері: анаэробты және аэробты. Анаэробты және аэробты тыныс алуды салыстыру: оттегінің қатысуымен/қатысуынсыз, статикалық/динамикалық жұмыс, жылы қанды/суық қанды жануарлар. Өсімдіктердің тыныс алуы. Тұқымның немесе өскіндердің тыныс алуы. Зертханалық жұмыс: "Өсімдіктердің тыныс алуын зерттеу";

8) "Бөліп шығару". Тірі ағзалар үшін бөліп шығарудың маңызы. Жануарлардың бөліп шығару өнімдері. Зат алмасудың соңғы өнімдері. Өсімдіктердің бөліп шығару өнімдері: тыныс алу мен фотосинтездің бастапқы және соңғы өнімдері. Зертханалық жұмыс: "Өсімдіктердің тыныс алу ерекшеліктерін өскіндер мысалында зерттеу";

9) "Қозғалыс". Өсімдіктердің қозғалысы. Қозғалыстың өсімдіктер тіршілігіндегі маңызы. Өсімдіктердің қозғалу тәсілдері (тропизмдер, таксистер, өсу қозғалыстары). Өсімдіктердің өсуі мен дамуына жарықтың әсері. Жарықтың түсу жағдайына қарай өсімдіктердің бейімделуі. Фотопериодизм күннің жарық түсу ұзақтығына ағзалардың бейімделуі ретінде;

10) "Үйлестіру және реттеу". Жүйке жүйесінің компоненттері. Жүйке жүйесінің қызметі. Нейронның құрылысы: денесі, дендриттер, аксон. Нейронның қызметтері. Рефлекстік доға: рецептор, сезгіш, аралық, қозғалыс нейрондары, жұмыс мүшесі. Зертханалық жұмыс: "Тізе рефлексі". Адам ағзасы үшін ұйқының маңызы. Биологиялық ритмдер. Ұйқының кезеңдері: баяу және жылдам ұйқы. Жұмысқа қабілеттілік. Күн тәртібі. Оқу еңбегі мен дене еңбегінің гигиенасы. Күйзеліс. Күйзеліс жағдайларымен күрес және олардың алдын алу әдістері. Жүйке жүйесінің қызметіне алкоголь, темекі, және наркотикалық заттардың әсері;

11) "Тұқымқуалау және өзгергіштік". Адам белгілерінің тұқым қуалауындағы гендердің рөлі. Жүре пайда болған және тұқым қуалайтын белгілер. Хромосоманың құрылымы. Генетикалық материалды сақтаушы және тасымалдаушы ретіндегі дезоксирибонуклеин қышқылы (ДНК) жайлы түсінік. Модельдеу: "Адам ағзасындағы тұқым қуалайтын және тұқым қуаламайтын белгілерді зерттеу". Әртүрлі ағза түрлерінің хромосомалар саны. Соматикалық және жыныс жасушалары. Гаплоидты және диплоидты хромосомалар жиынтығы;

12) "Көбею". Өсімдіктердің жынысты және жыныссыз көбеюі. Өсімдіктердің жынысты және жыныссыз көбеюінің биологиялық маңызы. Өсімдіктердің вегетативтік көбеюі, оның түрлері және табиғаттағы биологиялық маңызы. Өсімдік өсіруде вегетативтік көбею тәсілдерін қолдану. Қаламшалау, сұлатпа өркен, телу (

қаламшалармен, көзшелермен), көбею ұлпаларымен. Зертханалық жұмыс: " Өсімдіктердегі вегетативті көбею тәсілдері". Гүлдің құрылымы. Тозаңдану түрлері. Гүлдеу және тозаңдану. Тозаңдану түрлері (өздігінен, айқас, жасанды). Өсімдіктердегі ұрықтану туралы түсінік және зиготаның түзілуі. Қосарлы ұрықтану. Қосарлы ұрықтанудың биологиялық маңызы;

13) "Өсу және даму". Ағзалардың жеке дамуы түсінігі. Өсімдіктер мен жануарлардағы онтогенез кезеңдері. Бөліну, өсу, көбею, қартаю. Өсімдіктердің өсуі. Сабақтың ұзарып және жуандап өсуі. Камбийдің рөлі. Жылдық сақиналар. Зертханалық жұмыс: "Жылдық сақинаны санау";

14) "Микробиология және биотехнология". Бактериялардың формалары бойынша әртүрлілігі. Бактериялардың таралуы. Зертханалық жұмыс: "Пішен таяқшасының сыртқы пішінін қарастыру". Зертханалық жұмыс: "Бұршақ тұқымдастардың тамырындағы түйнек бактерияларды зерттеу". Бактерияларды пайдалану. Табиғаттағы және адам өміріндегі бактериялардың маңызы. Зертханалық жұмыс: "Йогурт және ірімшік өндірісін зерттеу". Патогендермен күрес тәсілдері. Бактериялардың антибиотиктерге төзімділігі. Зертханалық жұмыс: "Антибиотиктерді, антисептиктерді және залалсыздандыру құралдарын қолдануды зерттеу". Вирустар. Жасушасыз құрылым иелері ретіндегі вирустардың құрылымдық ерекшеліктері.

24. 8-сыныпқа арналған "Биология" пәнінің базалық мазмұны:

1) "Жасушалық биология". Жасуша –ағзаның негізгі құрылымдық бірлігі. Өсімдік және жануар жасушасын салыстыру. Жарық микроскопымен көруге болатын мүшеоидтар: пластидтер, вакуоль, ядро, цитоплазма, жасуша мембранасы, жасуша қабырғасы. Өсімдік ұлпаларының әртүрлілігі: түзуші, жабын, негізгі, өткізгіш, механикалық, бөліп шығарушы ұлпа. Жануар ұлпаларының әртүрлілігі: эпителиалық, біріктірушілік, бұлшық еттік, жүйкелік. Зертханалық жұмыс: "Өсімдік ұлпаларының жіктемесі". Зертханалық жұмыс: "Жануарлар ұлпаларының жіктемесі".

2) "Молекулярлық биология". Микро- (мырыш, темір, селен, фтор) және макроэлементтердің (магний, кальций, калий, фосфор) ағзалардың тіршілік әрекеті үшін маңызы. Өсімдіктерде макроэлементтердің тапшылығы (азот, калий, фосфор,). Тыңайтқыштар: органикалық және минералдық (азотты, калийлі және фосфорлы);

3) "Тірі ағзалардың көп түрлілігі". Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың сыртқы құрылысындағы ерекшеліктер. Зертханалық жұмыс: "Дара жарнақты және қосжарнақты өсімдіктер кластарының белгілерін зерттеу". Буынаяқтылар типі. Хордалылар типі. Сыртқы белгілеріне қарай салыстырмалы сипаттама. "Хордалы жануарлар мен буынаяқтылардың ерекшелік белгілерін анықтау" көрсетілімі;

4) "Қоректену". Жауын құртының, сиырдың және адамның ас қорыту жүйесінің құрылысы. Модельдеу "Адамның, сиырдың және жауынкұртының" асқорыту жүйесінің құрылысын салыстыру;

5) "Заттардың тасымалдануы". Жануарлардағы қанайналым мүшелері: буылтық құрттарда, ұлуларда, буынаяқтыларда және омыртқалыларда. Қанның құрамы мен қызметі. Қан түйіршіктері: эритроциттер, лейкоциттер, тромбоциттер. Плазма. Қанның қызметі: транспорттық, гомеостаздық, қорғаныштық. Буылтық құрттардың (жауын құрт), ұлулардың, буынаяқтылардың және омыртқалылардың жүрегі және қантамырларының құрылысы мен қызметі. Қан тамырлар жүйесінің түрлері. Ашық және тұйық қанайналым жүйелері. Үлкен және кіші қанайналым шеңберлері. Адамның қанайналым жүйесі;

6) "Тыныс алу". Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүшелері (бунақденелілердің трахеялары, балықтарының желбезектері, құстардың және сүтқоректілердің өкпесі). Модельдеу "Омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың тынысалу мүшесін салыстыру";

7) "Бөліп шығару". Жануарлардың бөліп шығару жүйесі. Жануарлардың бөліп шығару жүйелерінің құрылысын салыстыру;

8) "Қозғалыс". Жануарлардың қозғалыс мүшелері. Тірі ағзалардың өміріндегі қозғалыстың рөлі. Жануарлардың қозғалу тәсілдері, мысалдар. Жануарлардың мекен ортасы мен қозғалыс тәсілдері арасындағы өзарабайланыс;

9) "Үйлестіру және реттеу". Жүйке жүйесі типтерін салыстыру: диффузиялы, сатылы, түйнекті, түтіктәрізді. Жүйке жүйесінің орталық және шеткі бөлімдері. Жұлын. Ми. Ми бөлімдері, олардың құрылымы мен қызметтері: сопақша ми, артқы (ми көпірі, мишық), орталық және аралық ми. Бас миының үлкен жартышарлары. Ішкі мүшелер жұмысының жүйкелік реттелуі. Мінез-құлықтың рефлекторлық табиғаты: шартсыз және шартты рефлекстер. Шартты рефлекстердің сөнуі;

10) "Көбею". Митоз. Мейоз. Митоз бен мейоздың биологиялық маңызы. Жануарлардың көбею формалары. Жыныссыз көбею типтері. Жынысты көбею. Мүктер мен қырыққұлақтардың тіршілік циклі. Гаметофит. Спорофит. Ашық тұқымды және жабық тұқымды өсімдіктердің тіршілік циклі;

11) "Өсу және даму". Жануарлардағы тура және түрленіп даму онтогенезінің типтері. Бунақденелілердің шала және толық түрленіп дамуына мысалдар. Модельдеу "Жануарлардағы онтогенез типтерін салыстыру". Эмбрионалдық даму кезеңдері: бластула, гастрюла, нейрула. Ұлпалар мен мүшелердің сарлануы. Органогенез;

12) "Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары". Генетикалық материалды сақтаушы және тасымалдаушы ретіндегі ДНК жайлы түсінік;

13) "Биосфера, экожүйе, популяция". Экожүйелердің компоненттері. Су және құрлық экожүйелері. Модельдеу "Су және құрлық экожүйелерін салыстыру". Популяция құрылымының негізгі сипаттамалары және ерекшеліктері. Ағзалардың тіршілікке қабілеттілігінің түрлі стратегиялары (тіршілікті сақтаудың К және r стратегиялары);

14) "Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері". Адам экожүйенің бір бөлігі ретінде . Антропогендік фактор. Адам әрекеттерінің экожүйеге жағымсыз әсері.

25. 9-сыныпқа арналған "Биология" пәнінің базалық мазмұны:

1) "Жасушалық биология". Прокариот және эукариот жасушалардың құрылысы: ядроның болуы және орналасуы, жасуша қабырғасы, жасуша мембранасы, пластидтер, митохондрия, рибосомалар, Гольджи аппараты, эндоплазмалық тор, лизосомалар, вакуоль;

2) "Тірі ағзалардың көп түрлілігі. Биосфера және экожүйе". "Жыртқыш-жемтік" қарым-қатынас түрі. Популяция санының өзгеруі. Тірі ағзалардың өзара қарым-қатынас түрлері. Ағзалардың тікелей және жанама қарым-қатынас түрлері. Қоршаған орта жағдайларының өзгерістеріне ағзалардың бейімделуі;

3) "Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері". Адамның табиғаттағы рөлі. Табиғатты тиімді пайдалану. Табиғатты қорғау. Биологиялық алуан түрлілікті сақтау. Дүниежүзілік тұқым қоры. Қазақстан Республикасының экологиялық проблемалары. Себептері, салдары және оларды шешу жолдары;

4) "Қоректену". Ыдырау үдерісі. Ас қорыту ферменттерінің әсері. Тістің құрылысы мен қызметі, сүт тістердің тұрақты тістерге ауысуы. Тіс гигиенасы. Адамның ас қорыту жолдарының құрылысы. Ас қорыту бездері. Ас қорыту мүшелерінің қызметі. Тамақтану гигиенасы. Ас қорыту мүшелерінің жұқпалы аурулары және олардың алдын алу. Тағамнан уланудың алдын алу. Алғашқы жәрдем шаралары. Ішек құрт ауруларының алдын алу. Дәрумендер және олардың маңызы. Суда еритін және майда еритін дәрумендер. Дәрумендердің тәуліктік мөлшері. Авитаминоз, гиповитаминоз және гипервитаминоз. Ақшам соқыр (А авитаминозында), бери-бери ауруы ( В 1 авитаминозында), цинга (С авитаминозында), мешел (Д авитаминозында). Зертханалық жұмыс: "Тағамдық заттар құрамынан С дәруменді анықтау.

5) "Заттар тасымалы". Ағзаның ішкі ортасы және оның маңызы. Лимфа. Лимфа айналымы мен оның маңызы. Гомеостаз. Ағзаның ішкі ортасы: қан, лимфа, ұлпа сұйықтығы. "Әртүрлі ағзалардың қан жасушаларын зерттеу. Қан жасушаларын формасына, мөлшеріне, санына және ядросының болуына қарай салыстыру" зертханалық жұмысы. Иммунитет. Гуморальдық және жасушалық иммунитет. Лейкоциттердің түрлі типтері және олардың қызметтері. Т- және В- лимфоциттердің әрекет етуі. Иммунитет. Иммунитеттің түрлері: туа пайда болған және жүре пайда болған иммунитет. Екпенің (вакцина) түрлері және оның жасанды иммунитетті қалыптастырудағы маңызы. Жұқпалы аурулардың алдын алу. Қан топтары. Қан құю. Резус-фактор. Агглютинация. Резус-конфликт. Зертханалық жұмыс: "Дене жаттығуларының жүрек жұмысына әсерін зерттеу". Жүрек - қантамырлар жүйесі аурулары (гипертония, инфаркт, тахикардия, ишемиялық ауру, атеросклероз, инсульт). Аурудың себептері: тұқым қуалайтын ауруларға бейімділік, салауатты өмір салтын дұрыс ұстанбау;

6) "Тыныс алу". Тынысалу мүшелері. Адамның тынысалу жолдарының құрылысы мен газалмасу мүшелері. Альвеола мен қан арасындағы газ алмасу. Өкпедегі қанның оттекке қанығуы. Ұлпа мен қан арасындағы газ алмасу. Қанның көмірқышқыл газына қанығуы, жасушаның оттекке қанығуы. Тыныс алу және тыныс шығару механизмі. Кеуде қуысының құрылысы. Тыныс алуға және тыныс шығаруға қатысатын бұлшықеттер. Тыныс алу және тыныс шығарудағы көкеттің маңызы. Ауа жүретін жолдардағы қысымның өзгеруі. Тыныс алудың минуттық көлемі. Өртүрлі жастағы, физикалық дамыған, ер және әйел адамдардың өкпесінің тіршілік сыйымдылығы. Тыныс алу қозғалыстарының жиілігі. Шылым шегудің өкпенің тіршілік сыйымдылығына әсері. Зертханалық жұмыс: "Өкпенің тіршілік сыйымдылығын зерттеу". Тыныс алу мүшелерінің аурулары. Тыныс алу мүшелерінің ауруларының себептері мен алдын алу жолдары: өкпе обыры, астма, бронхит, туберкулез, тұмау;

7) "Бөліп шығару". Терінің маңызы, құрылысы мен қызметі. Тер бөлінудің реттелуі. Тері ауруларының пайда болу себептері мен салдары (қышыма, теміреткі, безеу бөртпелері). Белгілері мен алдын алу шаралары. Зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы (бүйрек, несеппағар, қуық, несеп жолы) мен қызметі. Бөліп шығару және фильтрация мүшедары. Бүйректің құрылысы (қыртысты және мильы қабат, нефрон, пирамида, астауша, бүйрек өзекшелері). Нефронның құрылысы және қызметі. Ультрафильтрация. Абсорбция және таңдамалы реабсорбция. Несептің құрамы. Фильтрация мен кері фильтрацияның себептері. Бүйрек жұмысына әсер ететін факторлар: тамақтану рационы, дене температурасының күрт түсуі, дәрілік препараттар, созылмалы және инфекциялық аурулар (кариес, іріңді ангина). Зәр шығару жүйесінің гигиенасы. Бүйрек және зәр шығару жүйесінің аурулары: пиелонефрит, цистит, бүйрекке тастың жиналуы. Себептері және алдын алу шаралары;

8) "Үйлестіру және реттеу". Көру мүшелерінің құрылысы. Көрудің маңызы. Көру қызметінің бұзылуы. Көру гигиенасы. Зертханалық жұмыс: "Көру арқылы қабылдауын зерттеу (көру жітілігі мен көру аймағының шегін зерттеу)". Есту мүшесінің құрылысы. Естудің маңызы. Естудің бұзылу себептері. Есту мүшесінің гигиенасы. Зертханалық жұмыс "Дыбысты қабылдау ерекшеліктерін зерттеу (құлақтың есту қабілетін анықтау)". Таяқшаның, құтышаның және түкті жасушалардың құрылымы мен қызметі. Зертханалық жұмыс: "Соқыр дақты анықтау, түстердің аралсуына тәжірибе, дыбыстың ауа және сүйек арқылы өтуі". "Гормондар", "Гуморальдық реттелу" ұғымдары. Эндокриндік, экзокриндік және аралас бездердің орналасуы және қызметі. Бездерден бөлінетін гормондар. Эндокринді бездер қызметінің бұзылуынан туындайтын аурулар (гипо- және гиперфункция). Адам денесінде орналасқан тері рецепторлары (терморепторлар, механорецепторлар, ноцицепторлар) Зертханалық жұмыс: "Тері сезімталдығын зерттеу". Жылықанды жануарлардың тұрақты температураны сақтауындағы терінің рөлі. Температураға сезімталдық. Терморепторлардың температураның өзгеруіне бейімделуі;

9) "Қозғалыс. Биофизика". Адам қаңқасының құрылысы. Тірек-қимыл жүйесінің маңызы мен қызметі. Сүйектің макро- және микроскопиялық құрылысы. Сүйектің химиялық құрамы. Зертханалық жұмыс: "Сүйектің макро және микроскопиялық құрылысы". "Сүйектің химиялық құрамы" көрсетілімі. Сүйек байланыстарының түрлері: қозғалмайтын, жартылай қозғалмалы, қозғалмалы. Буынның құрылысы және қызметтері. Сүйек буындарының атқаратын қызметіне сәйкес бейімделуі. Бұлшықет ұлпаларының құрылысы мен қызметі (бірыңғай салалы, көлденең жолақты қаңқа, көлденең жолақты жүрек). Зертханалық жұмыс: "Бұлшық ет ұлпаларының құрылысын зерттеу". Адам денесі бұлшық еттерінің жіктемесі. Гиподинамия. Сымбаттың бұзылуы және жалпақтабанның пайда болу себептері. Сымбаттың бұзылуы мен жалпақтабандылықтың алдын алу шаралары. Тік жүріске байланысты адам қозғалуының биомеханикалық ерекшеліктері. Тік жүріске байланысты адамның қаңқа құрылысының ерекшеліктері. Тік жүруге байланысты бұлшық еттің маңызы. Тік жүру кезіндегі дененің ауырлық орталығы. Адам денесіндегі иіндер;

10) "Молекулярлық биология". Жасушаның құрамындағы органикалық заттар. Мономерлер мен полимерлер арасындағы айырмашылық. Көмірсулар – энергия көзі. Глюкоза, сахароза, гликоген, крахмал, жасунық пен хитиннің маңызы және қызметтері. Липидтердің қасиеттері мен қызметі. Липидтердің әртүрлілігі: майлар, фосфолипидтер, балауыз. Уыздар, қасиеттері мен қызметтері;

11) "Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары". Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің эволюциядағы маңызы. Өзгергіштік пен қоршаған орта жағдайларына бейімделгіштік арасындағы өзара байланыс. Қолдан сұрыптау және оның селекция үшін маңызы. Қолдан сұрыптау түрлері. Мәдени өсімдіктер мен үй жануарларының шығу орталықтары. Қазақстан территориясында кездесетін егістік дақылдар мен үй жануарларының тұқымдары. Маңызды белгілері;

12) "Микробиология және биотехнология". Жұқпалы аурулар және олардың алдын алу: амебалық қантышқақ, фитофтороз, оба, күл, лейшмания, герпес;

13) "Көбею". Адамның жыныс жүйесінің құрылымы мен қызметі. Зертханалық жұмыс "Аталық және аналық гаметалардың құрылысын зерттеу". Екінші реттік жыныстық белгілер. Ұлдар мен қыздардың жыныстық жетілуі. Биологиялық және әлеуметтік жетілу. Менструалдық цикл. Менструалдық циклдағы эстроген мен прогестерон гормондарының маңызы. Контрацепция түрлері, олардың қолданылуы мен маңызы. Жыныстық жолмен берілетін аурулар: жүре пайда болған иммундық дефицитінің синдромы (ЖИТС), сифилис, гонорея, гепатит В,С. Алдын алу шаралары;

14) "Өсу және даму". Құрсақта даму. Ұрықтық дамудың алғашқы кезеңдері. Ұрықтың қалыптасуы мен дамуы. Шылым шегу, есірткі мен ішімдіктің адам ұрығының дамуына тигізетін әсері;

26. 10-сыныпқа арналған "Биология" пәнінің базалық мазмұны :

1) "Жасушалық биология". Жасушаның негізгі компоненттерінің қызметтері. Жасуша құрылымдары: плазмалық мембрана, цитоплазма, ядро, эндоплазмалық тор, жасуша орталығы, рибосомалар, Гольджи аппараты мен лизосомалар, митохондрия, пластидтер, қозғалыс мүшеоидтары, жасушаның қосындылары. Құрылыстары және атқаратын қызметтері. Жасушалардың сызықтық ұлғаюын есептеу. Ұлғаю, бейненің өзекті өлшемі және нақты өлшемі. Өлшем бірліктерін СИ жүйесіне аудару (сантиметр-миллиметр-микрометр-нанометр). Модельдеу "Микрофотографияларды пайдаланып жасушаның сызықтық ұлғаюын есептеу";

2) "Тірі ағзалардың көп түрлілігі. Биосфера және экожүйе". Әртүрлі түрлерді сипаттауда бинарлық номенклатураны қолдану. Зертханалық жұмыс: "Анықтағыш көмегімен өсімдіктер мен жануарлар түрлерін (жергілікті жердің) анықтау". Популяцияның өсуінің экспоненциалды және сигмоидты қисығы. Экожүйедегі энергия тасымаланың тиімділігі. Энергия ағыны және қоректік тізбектер. Экологиялық пирамида түрлері. Табиғаттағы көміртек пен азот айналымы. Биосферадағы биохимиялық үдерістер. Топырақ пен шөгінді жыныстар түзудегі тірі ағзалардың рөлі;

3) "Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері". Пайдалы қазбаларды өндірудің қоршаған орта мен адам денсаулығына әсері. Пестицидтердің қоршаған орта мен адам денсаулығына әсері. Жылыжай әсері (булану) және озон қабатының жұқаруы. Дүниежүзілік мұхит деңгейінің, су мен атмосфера температурасының көтерілуінің тірі ағзаларға әсері;

4) "Қоректену". Ыдырау үдерісі. Асқорыту ферменттерінің әсері. Асқорытудағы ферменттердің маңызы. Сіңіру және бөліп шығару. Ферменттердің әсер ету механизмі. Ферменттің белсенді орталығы. Зертханалық жұмыс: "Ферменттердің белсенділігіне әр түрлі жағдайлардың (температура, рН) әсерін зерттеу". Өттің әсерінен майлардың эмульгациясы. Зертханалық жұмыс "Өттің әсерінен майлардың эмульгациялануын зерттеу";

5) "Заттар тасымалы". Активті және пассивті тасымалдардың ұқсастығы мен айырмашылығы. Жасуша мембранасы арқылы тасымалдану. Белсенді тасымалдану кезіндегі энергияның жұмсалыуы. Сыртқы және ішкі факторлардың транспирацияға әсері. Зертханалық жұмыс: "Транспирация үдерісі кезіндегі сыртқы факторларды – температура, ылғалдылық пен су буының қысымы, ауа қозғалысын – зерттеу". Зертханалық жұмыс: "Ішкі факторлардың – буландыратын беттің ауданы және бұл беттік ауданның өсімдік көлеміне қатынасының (сірқабық (кутикула) мен лептесіктер) транспирация үдерісіне әсері". Сыртқы факторлардың флоэмадағы зат тасымалына әсері: температура, ылғалдылық, жарық;

6) "Тыныс алу". Анаэробты және аэробты тыныс алу. Анаэробты және аэробты тыныс алу үдерістерін химиялық реакция теңдеулерін қолданып қарастыру. Анаэробты



және аэробты тыныс алудың тиімділіктері. Аэробты, анаэробты тынысалу үдерістерімен байланысты бұлшық еттердің қажуы. Аэробты және анаэробты тынысалуға физикалық жүктемелердің әсері;

7) "Бөліп шығару". Себептері және алдын алу шаралары. Құрлықта, шөлде, тұщы және тұзды суларда тіршілік ететін тірі ағзалардан бөлініп шыққан өнімдері. Құрамында азоты бар органикалық заттардың ыдырауының соңғы өнімдері: аммиак, несеп, несеп қышқылы;

8) "Үйлестіру және реттеу, биофизика". Нейрондардың түрлері мен қызметтері. Жүйке ұлпасының қызметі (глиальды жасушалар). Аксондардың миеленді және миеленсіз қабықтары. Синапстар және медиаторлар. Модельдеу "Жүйке ұлпаларын зерттеу". Миеленді, миеленсіз аксондарда жүйке импульстарының туындауы және өткізілуі. Өткізу жылдамдығы. Мембраналық потенциал, тыныштық потенциалы және әрекет потенциалы. Модельдеу "Жүйке импульстарының туындауы мен таралу жылдамдығын зерттеу". Тірі ағзалардағы электрлік үдерістер. Электрорецепторлар және электрлік мүшедар. Тыныс алу мен тыныс шығарудың реттелуі мысалында нейрогуморальдық реттелу механизмі. Жүйкелік және гуморальдық реттелуді салыстыру. Ағзаның күйзеліске бейімделуі. Нейрокомпьютерлік интерфейс. Компьютер мен ми арасындағы ақпарат алмасу жүйесі. Гомеостазды тұрақты ұстаудың механизмдері. Өсімдіктердің өсуі мен дамуын реттеуші. Зертханалық жұмыс: "Ауксиннің өсімдіктерге әсерін зерттеу";

9) "Қозғалыс". Бұлшық еттің жұмысы. "Негізгі бұлшық еттердің жұмысын өзіндік бақылау, иық белдеуінің қол қозғалысындағы рөлі. Бұлшық ет қозғалысын реттеу" көрсетілімі. Зертханалық жұмыс: "Статикалық және динамикалық жұмыс кезіндегі бұлшық еттің қажуын зерттеу";

10) "Молекулярлық биология және биохимия". ДНҚ молекуласы құрылысының қағидалары: нуклеотидтердің комплементарлығы. Модельдеу "ДНҚ молекуласын құру";

11) "Жасушалық цикл". Интерфаза. Интерфаза кезеңдері: G1, S және G2. Митоз. Митоз фазалары. Зертханалық жұмыс: "Пияздың тамыры жасушаларының митозын зерттеу". Митоз. Митоз фазалары. Мейоз бен митозды салыстыру. Модельдеу "Мейоз кезеңдерін зерттеу";

12) "Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары". Белгілер тұқым қуалаушылығының Г. Мендель анықтаған заңдылықтары. Тұқым қуалаушылықты зерттеудің гибридологиялық әдісі. Тұқым қуалаушылықтың генетикалық заңдылықтарының цитологиялық негіздері. Гамета тазалығы заңы және оның цитологиялық негіздемесі. Моногибридті және дигибридті будандастыру. Басымдылық заңы. Ажырау заңы. Аллельді гендердің әрекеттесуі: толық және толымсыз. Белгілердің доминанттық құбылысы. Сараптамалық шағылыстыру ұғымы мен оның практикалық маңызы. Жыныс генетикасы. Жынысты анықтаудың генетикалық

механизмі. Жыныспен тіркескен тұқымқуалау. Гемофилия және дальтонизм. Адам қан топтарының тұқымқуалау заңдылықтары. Резус-фактор. Адам генетикасы. Адамның тұқымқуалау белгілерін зерттеу әдістері. Адамның генетикалық ауруларының алдын алу. Адамның генеалогиялық шежіре ағашын құру. Модельдеу "Адамның тектік шежіре ағашын құру". Өнімділікті арттыратын заманауи ауыл шаруашылық технологиялары. Өнімділігі жоғары ауылшаруашылықты жүргізудің жаңа баламалы жолдары;

13) "Микробиология және биотехнология". Биотехнологиялық үдерістің жалпы схемасы және биотехнологияда алынатын өнімдер (медицинада, өнеркәсіпте және ауыл шаруашылығында). Инсулиннің өндірісі;

14) "Өсу және даму". Құрсақта даму. Ұрықтық дамудың алғашқы кезеңдері. Ұрықтың қалыптасуы мен дамуы. Шылым шегу, есірткі мен ішімдіктің адам ұрығының дамуына тигізетін әсері;

15) "Эволюциялық даму". Эволюциялық ұғымдардың қалыптасуы және дамуы. Ч.Дарвиннің эволюциялық ілімінің негізгі қағидалары. Эволюцияның заманауи теориясының пайда болуы. Эволюцияның қозғаушы күштері. Табиғи сұрыпталу нәтижесіндегі бейімделушілік. Эволюциялық үдерістегі өзгергіштіктің (мутациялық, комбинативтік) рөлі. Табиғи сұрыпталу, оның түрлері (қозғаушы және тұрақтандырушы). Тіршілік үшін күрес (түрішілік, тұраралық). Модельдеу "Бейімделгіштікті табиғи сұрыпталу нәтижесі ретінде зерттеу (көбелек)". "Түр" ұғымының анықтамасы. Түрдің құрылымы. Түр критерийлері. "Түр түзілу" ұғымы. Түр түзілудің тәсілдері мен механизмдері;

16) Жердегі тіршіліктің пайда болуы кезеңдері.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

27. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен белгіленген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім мен бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмерін көрсетеді. Мысалы, 7.2.1.4. кодында "7" - сынып, "2.1" - бөлімше, "4" - оқыту мақсатының реттік саны.

28. Күтілетін нәтижелер бойынша оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) "Тірі организмдердің көп түрлілігі, құрылымы және қызметтері" бөлімі:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
	7.1.1.1 схемалардың көмегімен жүйелеудің маңызын түсіндіру; 7.1.1.2			

<p>1.1 Тірі ағзалардың көптүрлілігі</p>	<p>тіректік схеманы пайдалана отырып жүйеленуде тірі ағзалардың орнын анықтау; 7.1.1.3 жекелеген ағзаларға қарапайым дихотомиялық кілттерді қолдану; 7.1.1.4 салыстырмалы кестені қолдана отырып балдырлар, мүктәрізділер, қырыққұлақтар, ашықтұқымдылар және жабықтұқымдылар мысалында өсімдіктердің ерекшеліктерін сипаттау; 7.1.1.5 айырмашылықтар кестесін пайдаланып, даражарнақты және қосжарнақты өсімдіктер кластарын негізгі белгілеріне қарай ажырату; 7.1.1.6 саңырауқұлақтар кестесіне негізделіп саңырауқұлақтардың ерекшелік белгілерін сипаттау</p>	<p>8.1.1.1 белгілер кестесін қолданып омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың айырмашылық белгілерін сипаттау; 8.1.1.2 жануарлар құрылысының кестесі негізінде буынаяқтылар мен хордалы жануарлар кластарын ерекше белгілері бойынша тану</p>	<p>9.1.1.1 әртүрлі түрлерді сипаттауда бинарлы номенклатураны қолдану</p>	<p>10.1.1.1 өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін ерекшелік белгілері бойынша танып білу (анықтағыш бойынша)</p>
			<p>9.1.2.1 асқорыту жолдары құрылысының схемасын пайдалана отырып, адамның асқорыту үдерістерін мұқият сипаттау; 9.1.2.2 тістер құрылысының схемасын қолданып әртүрлі типті тістердің құрылысы</p>	

1.2 Қоректену	<p>7.1.2.1 өсімдік мүшелерінің құрылысы мен қызметі кестесін қолданып жапырақтың ішкі құрылысын сипаттау және құрылысы мен оның қызметі арасындағы өзара байланысты түсіндіру;</p> <p>7.1.2.2 фотосинтез схемасына сүйеніп фотосинтез үдерісі үшін қажетті жағдайларды зерттеу</p>	<p>8.1.2.1 суреттерге негізделіп омыртқасыз-дар, күйіс қайыратын жануарлар мен адамның ас қорыту жүйесінің құрылысын салыстыру</p>	<p>мен қызметтері арасындағы байланысын және тісті күту ережелерін сипаттау ;</p> <p>9.1.2.3 адамның ас қорыту жүйесінің құрылысы мен қызметтері арасындағы өзара байланысты түсіндіру</p> <p>9.1.2.4 асқорыту жолдарының схемасын пайдалана отырып, ас қорыту жолы ауруларының себептерін және астан улану белгілерін анықтау;</p> <p>9.1.2.5 дәрумендер кестесін қолданып, адам ағзасындағы дәрумендердің маңыздылығын сипаттау;</p> <p>9.1.2.6 тағамдық өнімдердегі дәрумендер мөлшерінің кестесін қолданып, құрамында дәрумендердің маңызды мөлшері бар азық-түліктер тізімін жасау;</p> <p>9.1.2.7 азық-түлік құрамындағы С дәруменін анықтау</p>	<p>10.1.2.1 ас қорыту үдерісіндегі органикалық заттар мен сәйкес ферменттердің арасындағы байланысты орнату;</p> <p>10.1.2.2 түрлі жағдайлардың (температура, рН) ферменттердің белсенділігіне әсерін түсіндіру;</p> <p>10.1.2.3 өттің әсерінен майлардың эмульгациялануы үдерісін зерттеу</p>
	<p>7.1.3.1 тірі ағзалардағы қоректік заттардың</p>	<p>8.1.3.1 жануарлардағы заттар тасымалының схемасын пайдаланып жануарларда заттар</p>	<p>9.1.3.1 қан жүйесінің құрылысы мен қызметінің өзара байланысы схемасын қолданып лимфа жүйелерін және қан, ұлпалық сұйықтық пен лимфа арасындағы өзара байланысты сипаттау;</p>	

<p>1.3 Заттардың тасымалдануы</p>	<p>тасымалының маңызын түсіндіру; 7.1.3.2 өсімдіктерде заттардың тасымалына қатысатын мүшелерді танып білу; 7.1.3.3 қолданбалы материалды пайдаланып сабақ пен тамырдың ішкі құрылысын зерттеу; 7.1.3.4 өсімдік мүшелерінің құрылысы мен қызметі бойынша кестені қолданып сабақ және тамырдың құрылысы мен қызметтерінің өзара байланысын сипаттау; 7.1.3.5 суреттерді пайдаланып ксилема мен флоэма элементтерінің құрылысын салыстыру</p>	<p>тасымалына қатысатын мүшелерді танып білу; 8.1.3.2 қан құрамының кестесін пайдаланып қан құрамы мен қызметін сипаттау; 8.1.3.3 суреттерді пайдаланып жануарлардың жүрегі мен қантамырлардың құрылысын сипаттау; 8.1.3.4 қантамыр қабырғасының құрылысы мен олардың қызметі арасындағы байланысты орнату; 8.1.3.5 жануарлардың мүшелер жүйесін салыстыру кестесін пайдаланып жануарлардың қантамырлар жүйесінің түрлерін сипаттау</p>	<p>9.1.3.2 оқулықтағы суреттерді қолданып дайын микропрепараттар арқылы әртүрлі ағзалардың қан жасушаларының құрылыс ерекшеліктерін зерттеу; 9.1.3.3 лейкоциттердің түрлі типтерінің қызметтерін түсіну; 9.1.3.4 гуморальдық және жасушалық иммунитетті салыстыру; 9.1.3.5 аурулардың алдын алуындағы вакцинацияның ролін бағалау; 9.1.3.6 агглютинация және резус-конфликт механизмдерін түсіндіру; 9.1.3.7 дене жаттығуларының жүрек жұмысына әсерін зерттеу; 9.1.3.8 қантамыр жүйесі мүшелерінің ауруларының себептері мен ауру белгілерін мысалдармен сипаттау</p>	<p>10.1.3.1 активті және пассивті тасымалдарды ажырату; 10.1.3.2 өсімдіктердегі транспирация үдерісінің мәнін түсіндіру; 10.1.3.3 ішкі және сыртқы факторлардың транспирацияға әсерін зерттеу; 10.1.3.4 сыртқы факторлардың флоэма арқылы заттардың тасымалдануына әсерін түсіндіру</p>
		<p>8.1.4.1 жануарлардың ішкі</p>	<p>9.1.4.1 адамның ішкі мүшелерінің құрылыс кестесін мысалға ала отырып , адамның тыныс алу мүшелерінің құрылыс ерекшеліктерін танып білу; 9.1.4.2 өкпе мен ұлпадағы газ алмасу механизмдерін сипаттау; 9.1.4.3</p>	<p>10.1.4.1 тыныс алу реакциясының химиялық теңдеуін пайдалана отырып,</p>

4. Тыныс алу	7.1.4.1 тірі ағзалар үшін тыныс алудың маңызын сипаттау; 7.1.4.2 анаэробты және аэробты тыныс алу типтерін ажырату; 7.1.4.3 өсімдіктердің тыныс алу үдерісін зерттеу;	құрылысының кестесіне негізделіп омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүшелерін салыстыру;	тыныс алу және тыныс шығару механизмін түсіндіру; 9.1.4.4 өкпенің тіршілік сыйымдылығын анықтау және қалыпты жағдайдағы және дененің физикалық жүктемесі кезіндегі тыныс алудың минуттық көлемін анықтау; 9.1.4.5 тыныс алу мүшелерінің ауыруларының себептері мен олардың алдын алу жолдарын түсіндіру	анаэробты және аэробты тыныс алуды салыстыру, 10.1.4.2 бұлшықет қажуы және аэробты, анаэробты тыныс алу үдерістері арасындағы байланысты түсіндіру
1.5 Бөліп шығару	7.1.5.1 ағзалардың тіршілік әрекетіндегі бөліп шығарудың маңызын түсіндіру; 7.1.5.2 өсімдіктердегі бөліп шығару ерекшеліктерін сипаттау;	8.1.5.1 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың бөліп шығару жүйелерінің құрылысын салыстыру	9.1.5.1 терінің құрылысы мен қызметінің кестесін пайдаланып терінің құрылысы мен оның бөліп шығарудағы маңызын сипаттау; 9.1.5.2 тері ауруларының алдын алу шараларын түсіну 9.1.5.3 ішкі мүшелердің құрылыс кестесін қолданып адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы мен қызметтерін сипаттау; 9.1.5.4 бүйрек құрылысының суретін пайдаланып бүйректің құрылымдық бөліктерін танып білу; 9.1.5.5 нефронның құрылысы мен қызметін сипаттау;	10.1.5.1 әртүрлі ағзалардың мекен ету ортасы мен зат алмасуларының соңғы өнімдері

			<p>9.1.5.6 фильтрация және несептің түзілуі үдерістерін сипаттау;</p> <p>9.1.5.7 бүйректің жұмысына әсер ететін факторларды сипаттау;</p> <p>9.1.5.8 зәр шығару жүйесі, бүйрек ауруларының алдын алу шараларын түсіндіру</p>	<p>арасындағы байланысты орнату</p>
1.6 Қозғалыс	<p>7.1.6.1 тірі организмдердің қозғалу себептерін түсіндіріп, қозғалыстың маңызын сипаттау (тропизмдер, таксистер);</p> <p>7.1.6.2 өсімдіктердің өсу бағытының суреттерін қолданып жарықтың өсімдіктердің өсуі мен дамуына әсерін түсіндіру;</p> <p>7.1.6.3 өсімдіктердегі фотопериодизм ролін сипаттау</p>	8.1.6.1 омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың қозғалыс мүшелерін салыстыру	<p>9.1.6.1 тірек-қимыл жүйесі қызметтерінің кестесін пайдаланып тірек-қимыл жүйесінің қызметтерін сипаттау;</p> <p>9.1.6.2 сүйектің химиялық құрамын, макро және микроскопиялық құрылысын зерттеу;</p> <p>9.1.6.3 суреттерді пайдаланып сүйектердің байланыс түрлерін салыстыру;</p> <p>9.1.6.4 буынның әр түрлі типтерінің құрылысы мен олардың қызметтері арасындағы байланысты орнату;</p> <p>9.1.6.5 ұлпа түрлерінің кестесін қолданып бұлшық ет ұлпасының түрлері мен олардың қызметтерін сипаттау;</p> <p>9.1.6.6 адамның бұлшықет топтарын және бұлшық ет талшығының құрылысын атау;</p>	<p>10.1.6.1 қол бұлшық еттерінің максималды жұмыс күшін және күшке төзімділігін сипаттау;</p> <p>10.1.6.2 бұлшық еттің жиырылу жиілігіне бұлшықет жұмысының тәуелділігін зерттеу</p>

			<p>9.1.6.7 гиподинамия салдарын атау;</p> <p>9.1.6.8 сымбаттың бұзылуы және жалпақтабандылық суреттерін пайдаланып сымбаттың бұзылуы ж ә н е жалпақтабандылықтың пайда болу себептерін анықтау</p>	
<p>1.7 Үйлестіру және реттеу</p>	<p>7.1.7.1 жүйке жүйесі құрылысының кестесін пайдаланып жүйке жүйесінің қызметі мен құрылымдық компонентерін атау;</p> <p>7.1.7.2 ж ү й к е жасушасының суретін пайдаланып ж ү й к е жасушасының құрылымдық бөліктерін анықтау;</p> <p>7.1.7.3 рефлекстік доғаның схемасын мысалға алып, рефлекстік доғаны зерттеу;</p> <p>7.1.7.4 ағзаның тіршілік әрекетін қалпына келтіру және тынығуы үшін ұйқының маңызын түсіндіру;</p> <p>7.1.7.5 схемаларды немесе постерлерді пайдаланып жақсы психикалық денсаулықты сақтаудың</p>	<p>8.1.7.1 жануарлар жүйке жүйесінің құрылысының схемасын пайдаланып жануарлардың жүйке жүйесінің типтерін салыстыру ;</p> <p>8.1.7.2 жануарлар жүйке жүйесінің құрылысының схемасын пайдаланып орталық жүйке жүйесі бөлімдерінің құрылысы мен қызметін салыстыру ;</p> <p>8.1.7.3 жануарлар жүйке жүйесінің қызметінің кестесін пайдаланып вегетативті жүйке жүйесінің қызметін сипаттау;</p>	<p>9.1.7.1 көру арқылы қабылдау құрылысының схемасын пайдаланып көру арқылы қабылдау ерекшеліктерін зерттеу және көру гигиенасы ережелерін сипаттау ;</p> <p>9.1.7.2 дыбысты қабылдау құрылысының схемасын пайдаланып дыбысты қабылдау ерекшеліктерін зерттеу және есту мүшелерінің гигиенасы ережелерін сипаттау ;</p> <p>9.1.7.3 көру және есту рецепторлары-ның схемасына негізделіп көру және есту рецепторлары-ның құрылымы мен қызметін сәйкестендіру;</p> <p>9.1.7.4 адамның суретін пайдаланып эндокринді, экзокринді және аралас бездердің орналасқан жерлерін анықтау;</p>	<p>10.1.7.1 ж ү й к е жасушасының суретін пайдаланып ж ү й к е жасушасының құрылысы мен қызметі арасында байланыс орнату;</p> <p>10.1.7.2 жүйке ұлпасы мен оның құрылымдық бөліктерінің қызметтерін талдау;</p> <p>10.1.7.3 ж ү й к е импульстарының туындауы мен өтуін сипаттау;</p> <p>10.1.7.4 нейро-гуморальді реттелу механизмін түсіндіру;</p> <p>10.1.7.5 ағзаның ішкі ортасының тұрақтылығын ұстаудағы гомеостазды</p>



принциптерін сипаттау; 7.1.7.6 мүшелер мен жүйелерге зиянды әдеттердің тигізетін зардаптарының кестесін қолданып жүйке жүйесінің қызметіне алкоголь, шылым және есірткілік заттардың әсерін түсіндіру	8.1.7.4 рефлекторлық доға құрылысының негізінде мінез-құлықтың рефлекторлық табиғатын түсіндіру	9.1.7.5 ішкі секреция бездері қызметінің кестесін қолданып бездердің негізгі қызметтерін түсіндіру; 9.1.7.6 эндокриндік бездер қызметінің бұзылуынан туындаған ауруларды атау; 9.1.7.7 терінің сезімталдығын зерттеу; 9.1.7.8 жылықанды жануарлардың дене температураны сақтаудағы терінің ролін сипаттау	сақтаудың механизмін түсіндіру; 10.1.7.6 өсімдіктердің өсуі мен дамуына әсер ететін заттардың әрекетін сипаттау
--	---	--	--

2) "Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық даму" бөлімі:  
2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
2.1 Көбею	7.2.1.1 өсімдіктердің жыныссыз және жынысты көбеюін сипаттау; 7.2.1.2 суреттерді пайдаланып өсімдіктердің өсімді көбею тәсілдерін салыстыру; 7.2.1.3 айқас тозандану мен өздігінен тозанданудың салыстырмалы артықшылықтарын сипаттау; 7.2.1.4 гүлді өсімдіктердегі қосарлы	8.2.1.1 жануарлар-дың көбею тәсілдерін салыстыру; 8.2.1.2 суреттерді пайдаланып мүктер мен қырыққұлақтардың мысалында жынысты (гаметофит) және жыныссыз (спорофит) ұрпақтарының ерекшеліктерін түсіндіру; 8.2.1.3 тіршілік циклінің схемасын пайдаланып ашық тұқымды және жабық тұқымды өсімдіктер-дің тіршілік циклінің	9.2.1.1 адамның жыныс жүйесінің құрылысын сипаттау; 9.2.1.2 аталық және аналық жыныс жасушаларының құрылыс ерекшеліктерін зерттеу; 9.2.1.3 жыныстық жетілу кезеңіндегі (екінші реттік жыныстық белгілердің дамуын сипаттау; 9.2.1.4 менструалдық цикл мен экстроген және прогестеронның маңызын сипаттау; 9.2.1.5 контрацепция-ның маңызы мен түрлерін түсіну;	

	ұрықтанудың маңызын сипаттау	ерекшеліктерін түсіндіру	9.2.1.6 жыныстық жолмен таралатын аурулардың салдары мен алдын алу шараларын түсіндіру	
2.2 Жасушалық цикл	7.2.2.1 әртүрлі ағзалар түрлеріндегі хромосомалар кестесін пайдаланып әртүрлі ағзалар түрлеріндегі хромосомалардың санын салыстыру; 7.2.2.2 соматикалық және жыныстық жасушаларындағы хромосомалар сандарын атау	8.2.2.1 тірі ағзалардың өсуі мен дамуы үшін митоз бен мейоздың маңызын түсіндіру		10.2.2.1 жасушалық циклдың интерфаза кезеңіндегі жүретін үдерістерді түсіндіру; 10.2.2.2 митоздың кезеңдерін сипаттау ; 10.2.2.3 мейоз кезеңдерін сипаттау 10.2.2.4 митоз бен мейоз үдерісін салыстыру
2.3 Өсу және даму	7.2.3.1 ағзадардың даму кестелерін қолданып ағзадардың өсу мен даму үдерістерін сипаттау; 7.2.3.2 өсімдіктердің ұзарып және жуандап өсу үдерісін зерттеу	8.2.3.1 онтогенез кестелерін пайдаланып өсімдіктер мен жануарлардың онтогенез кезеңдерін ажырату; 8.2.3.2 жануарлардың онтогенезіндегі тура және түрленіп даму типтерін салыстыру ; 8.2.3.3 суреттерді пайдаланып эмбрионалдық даму кезеңдерін сипаттау ; 8.2.3.4 әр түрлі ұрық жапырақшаларынан қалыптасқан мүшелер мен ұлпалар саралануын сипаттау	9.2.3.1 ұрықтың дамуындағы плацентаның маңызын түсіну 9.2.3.2 ұрық пен эмбрионның дамуын салыстыру; 9.2.3.3 зиянды әдеттер кестесін пайдаланып адам ұрығының дамуына шылым шегу, алкоголь мен басқа есірткілер әсерінің салдарын түсіндіру	
				10.2.4.1 генетиканың дамуы мен қалыптасуындағы Г. Мендель зерттеулерінің рөлін бағалау;

<p>2.4 Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары</p>	<p>7.2.4.1 белгілер кестесін колданып, адам ағзасындағы тұқым қуалайтын және тұқым қуаламайтын белгілерді зерттеу; 7.2.4.2 дискретті және үздіксіз өзгергіштікке мысал келтіру; 7.2.4.3 белгілерді анықтаудағы гендердің рөлін түсіндіре алу</p>	<p>8.2.4.1 хромосомадағы генетикалық акпарат ДНҚ-ның маңызын түсіндіре алу</p>	<p>9.2.4.1 тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің эволюциядағы рөлін сипаттау; 9.2.4.2 ағзалар селекциясы үшін қолдан сұрыптаудың маңызын сипаттау; 9.2.4.3 мәдени өсімдіктер мен үй жануарларының шығу тегінің орталықтарын атау; 9.2.4.4 маңызды мәдени өсімдіктер іріктемелері мен үй жануарлары қолтұқымын сипаттау</p>	<p>10.2.4.2 моногибридті будандастырудың цитологиялық негіздерін сипаттау және моногибридті будандастыруға есептер шығару; 10.2.4.3 дигибридті будандастырудың цитологиялық негіздерін сипаттау және есептер шығару; 10.2.4.4 толық және толымсыз доминаттылықты салыстыру; 10.2.4.5 талдаушы шағылыстырудың маңыздылығын бағалау; 10.2.4.6 жынысты анықтау теориясын сипаттау; 10.2.4.7 жынысты анықтау кезінде хромосомалардың рөлін түсіндіретін схема жасау; 10.2.4.8 адамның қан тобының тұқымқуалау-уын және қан топтарын анықтау механизмін түсіндіре алу; 10.2.4.9 адам генетика-сын зерттеудің негізгі әдістерін сипаттау; 10.2.4.10 шежіре схемасын құру; 10.2.4.11 мәдени өсімдіктердің өнімділігін арттыру үшін заманауи ауылшаруашылық технологиялардың қолданылуын атау</p>
				<p>10.2.5.1 К. Линней мен Ж.Б. Ламарк</p>

2.5 Эволюция-лық даму мен селекция негіздері			<p>еңбектері-нің негізгі қағидаларын атау;  10.2.5.2 эволюциялық ілімнің қалыптасуында-ғы Ч. Дарвин еңбектерінің рөлін түсіндіру;  10.2.5.3 эволюцияның қозғаушы күштерін сипаттау;  10.2.5.4 ағзалардың бейімделушілігіндегі табиғи сұрыпталудың рөлін сипаттау;  10.2.5.5 түрдің құрылымы мен критерийлеріне сипаттама беру;  10.2.5.6 түр түзілу үдерісін түсіндіру;  10.2.5.7 даму кезеңдерінің схемасын пайдаланып Жердегі тіршіліктің дамуының негізгі кезеңдерін атау</p>
--	--	--	--

### 3) "Ағза мен қоршаған орта" бөлімі:

#### 3-кесте

Бөлімшелер	Оқытудың мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
3.1 Биосфера, экожүйе, популяция	<p>7.3.1.1 қоршаған орта факторларының кестесін пайдаланып, жергілікті жер экожүйесіндегі қоршаған орта факторларының тірі ағзаларының тіршілік әрекеті мен таралуына әсерін зерттеу;  7.3.1.2 табиғи қоректік тізбектерді салыстыру;</p>	<p>8.3.1.1 мысалдарды қолданып экожүйелердің жалпы құрылымының схемасын жасау;  8.3.1.2 су және құрлық экожүйелерін салыстыру;  8.3.1.3 популяция құрылымының схемасын пайдаланып популяцияның</p>	<p>9.3.1.1 жыртқыш-жемтік қарым-қатынасы мысалында популяция санының өзгеру себептерін орнату;  9.3.1.2 тірі ағзалардың өзара қарым-қатынас түрлерін сипаттау;  9.3.1.3 жергілікті материал мысалында тірі</p>	<p>10.3.1.1 популяция өсімінің экспоненциалдық және сигмоидтік үлгілерінің қисық сызықтарының графиктерін түсіндіру;  10.3.1.2 мысалдарды пайдаланып энергия ағымының тиімділігін есептеу;  10.3.1.3 энергия, биомасса және с а н д а р</p>

	7.3.1.3 суреттерге негізделіп қоректік тізбекті және қоректік торларды құру; 7.3.1.4 экологиялық сукцессия үдерісін сипаттау	негізгі қасиеттерін және құрылымдық ерекшеліктерін сипаттау; 8.3.1.4 ағзалардың түрлі тірі қалу тәсілдерін зерттеу	ағзалардың қоршаған ортаның өзгермелі жағдайларына бейімделу механизмдерін түсіндіру	пирамидаларын салыстыру; 10.3.1.4 айналым схемасын қолданып азот пен көміртек айналымының табиғаттағы схемасын құру
3.2 Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері	7.3.2.1 Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтарының өсімдіктері мен жануарларын сипаттау; 7.3.2.2 Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жергілікті өңірдің жануарлары мен өсімдіктеріне мысал келтіру	8.3.2.1 видеофильмдерді пайдаланып адам мен экожүйе арасындағы қарым-қатынастарды сипаттау; 8.3.2.2 экожүйеге жағымсыз әсер ететін адам тіршілігінің шаруашылық салаларынан мысалдар келтіру	9.3.2.1 биологиялық әртүрлілікті сақтаудың және қолдауды қажеттіктің себептерін негіздеу; 9.3.2.2 Дүниежүзілік Тұқым қорының маңызын бағалау; 9.3.2.3 Қазақстан аумағындағы экологиялық проблемалардың туындау себептері мен оларды шешу жолдарын түсіндіру	10.3.2.1 пайдалы қазбалар өндірудің және қайта өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру; 10.3.2.2 пестицидтерді пайдаланудың, қоршаған орта мен адам денсаулығына әсер ету салдарын түсіндіру; 10.3.2.3 жылыжай әсерінің тірі ағзаларға әсерін түсіндіру; 10.3.2.4 озон қабатының бұзылуының себептері мен салдарын түсіндіру

#### 4) "Қолданбалы кіріктірілген ғылымдар" бөлімі:

#### 4-кесте

Бөлімшелер	Оқытудың мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
4.1 Молекулярлық биология мен биохимия	7.4.1.1 судың қасиеті мен тірі ағзалар тіршілігі үшін маңызын сипаттау; 7.4.1.2 тағамдық өнімдердегі нәрлі заттардың сәйкестігінің кестесін пайдаланып азық-түліктер құрамындағы уыз,	8.4.1.1 тірі ағзалар тіршілік әрекеті үшін микро-және макроэлементтердің ролін түсіндіру; 8.4.1.2 минералды тыңайтқыштардағы азот, калий және	9.4.1.1 биологиялық мысалдарды пайдаланып полимерлер мен мономерлер арасындағы айырмашылықты сипаттау; 9.4.1.2 заттар құрылысының кестесін қолданып көмірсулар мен липидтердің биологиялық қызметтерін сипаттау; 9.4.1.3	10.4.1.1 ферменттің әрекет ету механизмін түсіндіру; 10.4.1.2 дезоксирибонуклеин қышқылы молекуласының қос шийршықты құрылымын сипаттау; 10.4.1.3 дезоксирибонуклеин қышқылының молекуласын

	май, көмірсулардың бар болуын дәлелдеу	фосфордың өсімдіктер үшін маңызын түсіндіру	з а т т а р құрылысының кестесін қолданып уыздардың қасиеттері мен биологиялық қызметтерін сипаттау	құрылымдық қағидалары негізінде үлгілеу
4.2 Жасушалық биология	7.4.2.1 "жасуша", "ұлпа", "мүше", " мүшелер жүйесі" ұғымдарына анықтама беру	8.4.2.1 жануарлар және өсімдіктер жасушаларының суреттерін пайдаланып жануарлар және өсімдіктер жасушаларын ажырату; 8.4.2.2 өсімдік және ж а н у а р ұлпаларының кестесін қолданып өсімдік және жануар ұлпаларын жіктеу	9.4.2.1 суреттерді пайдаланып прокариот және эукариот жасушаларының құрылысын салыстыру	10.4.2.1 жануарлар және өсімдіктер жасушаларының суреттерін пайдаланып өсімдік және жануар жасушалары-ның негізгі бөліктерінің құрылысы мен қызметін түсіндіру; 10.4.2.2 микрофотографияны қолданып жасушаның сызықтық ұлғаюын есептеу
4.3 Микробиология және биотехнология	7.4.3.1 суреттерді пайдаланып бактериялар формаларының әртүрлілігін сипаттау; 7.4.3.2 дайын сипаттама бойынша ірімшік және йогурт өндірісін зерттеу; 7.4.3.3 антибиотиктер, антисептиктер мен залалсыздандыру құралдарының қолданылуын сипаттау; 7.4.3.4 вирустар мен бактериялардың суреттерін пайдаланып вирустар тіршіліктің жасушасыз формасы екендігін түсіндіру		9.4.3.1 қарапайымдылар, бактериялар, саңырауқұлақтар, вирустармен туындайтын аурулардың ерекшеліктері мен алдын алу шараларын сипаттау	10.4.3.1 видеожазбаларды пайдаланып инсулин өндіру мысалында биотехнологиялық үдерістің жалпы схемасын сипаттау; 10.4.3.2 кестелерді қолданып, биотехнологияда өндірілетін өнімдерге мысал келтіру
				10.4.4.1

4.4 Биофизика			9.4.4.1 тік жүріске байланысты адам қозғалуының биомеханикалық ерекшеліктерін зерттеу	тірі ағзалардағы электрлі үдерістерді түсіндіру; 10.4.4.2 " " компьютер-ми" интерфейс технологиясының ерекшеліктерін түсіндіру
---------------	--	--	---	--

29. Бағдарлама психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Биология" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

30. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Негізгі орта білім беру  
деңгейінің  
7-10 сыныптары үшін  
"Биология" пәнінен  
жаңартылған мазмұндағы  
үлгілік оқу бағдарламасына  
қосымша

**Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Биология" пәнінен жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша Ұзақ мерзімді жоспар**

1) 7-сынып:

1-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан	<p>Ортаның экологиялық факторлары : абиотикалық (температура, жарық, рН, ылғалдылық) биотикалық (микроағзалар, жануарлар, өсімдіктер). Зертханалық жұмыс "Жергілікті жердің экожүйелерін зерттеу ( мектеп ауласы мысалында)"</p> <p>Қоректік тізбектер және қоректік торлар</p> <p>Модельдеу "Қоректік тізбек пен торды құру"</p>	<p>7.3.1.1 қоршаған орта факторларының кестесін пайдаланып жергілікті жер экожүйесіндегі қоршаған орта факторларының тірі ағзаларының тіршілік әрекеті мен таралуына әсерін зерттеу</p> <p>7.3.1.2 табиғи қоректік тізбектерді салыстыру</p> <p>7.3.1.3 суреттерге негізделіп қоректік тізбекті және қоректік торларды құру</p>

Экожүйелер	Экологиялық сукцессиялар: бірінші және екінші реттік сукцессиялар. Экожүйелердің алмасуы	7.3.1.4 экологиялық сукцессия үдерісін сипаттау
	Қазақстанда ерекше қорғалатын аймақтар. Жергілікті жердің ерекше қорғалатын аймақтары	7.3.2.1 Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың өсімдіктері мен жануарларын сипаттау
	Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы. Жергілікті өңірдің ҚР Қызыл кітабына енгізілген жануарлары мен өсімдіктері	7.3.2.2 Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жергілікті өңірдің жануарлары мен өсімдіктеріне мысал келтіру
Тірі ағзаларды жүйелеу	Тірі ағзалардың бес патшалығына жалпы сипаттама: прокариоттар, протисталар, саңырауқұлақтар, өсімдіктер, жануарлар. Өсімдіктер мен жануарлардың негізгі жүйелік топтары: Патшалықтар, Типтер, Бөлімдер, Кластар. Өсімдіктер мен жануарларды жүйелеудің маңызы	7.1.1.1 схемалардың көмегімен жүйелеудің маңызын түсіндіру; 7.1.1.2 тіректік схемаларды пайдалана отырып жүйеленуде тірі ағзалардың орнын анықтау
	Дихотомиялық әдіс. Дихотомиялық кілттерді қолдану	7.1.1.3 жекелеген ағзаларға қарапайым дихотомиялық кілттерді қолдану
	Зертханалық жұмыс "Өсімдіктер бөлімдеріндегі ерекшелік белгілерді анықтау: балдырлар, мүктәрізділер, қырықжапырақ тәрізділер, ашық тұқымдылар және жабық тұқымдылар"	7.1.1.4 салыстырмалы кестені қолдана отырып балдырлар, мүктәрізділер, қырықжапырақ тәріздестер, ашықтұқымдылар және жабықтұқымдылар мысалында өсімдіктердің ерекшеліктерін сипаттау
	Зертханалық жұмыс "Дара жарнақты және қосжарнақтылар өсімдіктер кластарының белгілерін зерттеу"	7.1.1.5 айырмашылықтар кестесін пайдаланып, даражарнақты және қосжарнақты өсімдіктер кластарын негізгі белгілеріне қарай ажырату
	Саңырауқұлақтар патшалығы. Зең саңырауқұлақтары: мукор, пеницилл. Біржасушалы саңырауқұлақтар – ашытқы саңырауқұлағы. Көпжасушалы саңырауқұлақтар. Қалпақты саңырауқұлақтар. Жеуге жарамды және улы саңырауқұлақтар	7.1.1.6 саңырауқұлақтар кестесіне негізделіп саңырауқұлақтардың ерекшелік белгілерін сипаттау
2-тоқсан		
	Жасуша, ұлпа, мүше, мүшелер жүйесі түсініктері	7.4.2.1 "жасуша", "ұлпа", "мүше", "мүшелер жүйесі" ұғымдарына анықтама беру



Жасушалық биология Су және органикалық заттар	Судың қасиеттері: беттік керілу, судың қозғалысы, еріткіштігі, қайнау және балқу температурасы, жылусыйымдылығы. Судың биологиялық маңызы және оның еріткіш ретіндегі, температураны сақтау мен реттеудегі ролі. Зертханалық жұмыс "Судың тірі ағзалар үшін маңызы мен қасиеттерін зерттеу"	7.4.1.1 судың қасиеті мен тірі ағзалар үшін маңызын сипаттау
	Азық-түліктердегі органикалық заттар: уыздар, майлар, көмірсулар. Зертханалық жұмыс "Азық-түліктерде көмірсулар, нәруыздар және майлардың бар болуын зерттеу"	7.4.1.2 тағамдық өнімдердегі нәрлі заттардың сәйкестігінің кестесін пайдаланып азық-түліктер құрамындағы уыз, май, көмірсулардың бар болуын дәлелдеу
Заттардың тасымалдануы	Заттар тасымалдануының тірі ағзалардың тіршілік әрекеті үшін маңызы. Заттардың тасымалдануына қатысатын тірі ағзалардың мүшелері мен мүшелер жүйесі	7.1.3.1 тірі ағзалардағы қоректік заттардың тасымалының маңызын түсіндіру; 7.1.3.2 өсімдіктерде заттардың тасымалын қамтамасыз ететін мүшелерді танып білу
	Сабақ және тамыр. Сабақтың ішкі құрылысы: қабық, камбий, сүрек, өзек. Тамыр аймақтары: бөліну, өсу, сору және өткізу аймақтары. Тамырдың ішкі құрылысы: флоэма, ксилема, камбий. Зертханалық жұмыс "Сабақтың ішкі құрылысын зерттеу". Зертханалық жұмыс "Тамыр аймақтарын зерттеу"	7.1.3.3 қолданбалы материалды пайдаланып сабақ пен тамырдың ішкі құрылысын зерттеу; 7.1.3.4 өсімдік мүшелерінің құрылысы мен қызметі бойынша кестені қолданып сабақ және тамырдың құрылысы мен қызметтерінің өзара байланысын сипаттау
	Ксилема, флоэма және олардың құрылымдық элементтері	7.1.3.5 суреттерді пайдаланып флоэма мен ксилеманың элементтерін құрылысын салыстыру
Тірі ағзалардың қоректенуі	Жапырақтың құрылысы мен қызметі. Жапырақтың ішкі құрылысы. Лептесік. Жапырақ фотосинтездеуші негізгі арнайы мүше. Судың булануы мен газдардың алмасуы	7.1.2.1 өсімдік мүшелерінің құрылысы мен қызметі кестесін қолданып жапырақтың ішкі құрылысын сипаттау және құрылысы мен оның қызметі арасындағы өзара байланысты түсіндіру
	Фотосинтезге қажетті жағдайлар. Зертханалық жұмыс "Фотосинтез үдерісіне қажетті жағдайларды зерттеу"	7.1.2.2 фотосинтез схемасына сүйеніп фотосинтез үдерісі үшін қажетті жағдайларды зерттеу
	Өсімдіктер мен жануарлар үшін тыныс алудың маңызы. Тыныс алу - энергия көзі	7.1.4.1 тірі ағзалардағы тыныс алу маңызын сипаттау
	Тыныс алу типтері: анаэробты және аэробты. Анаэробты және	

Тыныс алу	аэробты тынысалуды салыстыру: оттегінің қатысында/қатысынсыз, статикалық/динамикалық жұмыс, жылықанды/суыққанды жануарлар	7.1.4.2 анаэробты және аэробты тыныс алу типтерін ажырату
	Өсімдіктердің тыныс алуы. Тұқымның немесе өскіндердің тынысалуы. Зертханалық жұмыс "Өсімдіктердің тынысалуын зерттеу"	7.1.4.3 өсімдіктердегі тыныс аруды зерттеу
Бөліп шығару	Бөліп шығарудың тірі ағзалар үшін маңызы. Жануарлардағы бөліп шығару өнімдері. Зат алмасудың соңғы өнімдері.	7.1.5.1 ағзалардың тіршілік әрекетінде бөліп шығарудың маңыздылығын түсіндіру
	Өсімдіктердегі бөліп шығару өнімдері: тыныс алу мен фотосинтездің бастапқы және соңғы өнімдері. Зертханалық жұмыс "Өсімдіктердің тынысалу ерекшеліктерін өскіндер мысалында зерттеу"	7.1.5.2 өсімдіктердегі бөліп шығару ерекшеліктерін сипаттау
3-тоқсан		
Қозғалыс	Өсімдіктердің қозғалысы. Қозға-лыстың өсімдіктер тіршілігіндегі маңызы. Өсімдіктердің қозғалу тәсілдері (тропизмдер, таксистер, өсу қозғалыстары). Өсімдіктердің өсуі мен дамуына жарықтың әсері	7.1.6.1 өсімдіктердің қозғалысы себептерін түсіндіріп, қозғалыстың маңызын сипаттау (тропизмдер, таксистер)
	Жарықтың түсу деңгейіне қарай өсімдіктердің бейімделуі. Фотопериодизм күннің жарық түсу ұзақтығына ағзалардың бейімделуі	7.1.6.2 өсімдіктердің өсу бағытының суреттерін қолданып жарықтың өсімдіктердің өсуі мен дамуына әсерін түсіндіру; 7.1.6.3 өсімдіктердегі фотопериодизм ролін сипаттау
Үйлестіру және реттеу	Жүйке жүйесінің құрам бөліктері. Жүйке жүйесінің қызметі. Нейронның құрылысы: денесі, дендриттер, аксон. Нейронның қызметтері	7.1.7.1 жүйке жүйесі құрылысының кестесін пайдаланып жүйке жүйесінің қызметі мен құрылымдық компоненттерін атау; 7.1.7.2 жүйке жасушасының суретін пайдаланып жүйке жасушасының құрылымдық бөліктерін анықтау
	Рефлекстік доға: рецептор, сезгіш, аралық, қозғалыс нейрондары, жұмыс мүшесі. Зертханалық жұмыс "Тізе рефлексі"	7.1.7.3 рефлекстік доғаның схемасын мысалға алып, рефлекстік доғаны зерттеу
	Адам ағзасы үшін ұйқының маңызы. Биологиялық ритмдер.	

	<p>Ұйқының кезеңдері: баяу және жылдам ұйқы</p>	7.1.7.4 ағзаның тіршілік әрекетін қалпына келтіру және тынығуы үшін ұйқының маңызын түсіндіру
	<p>Жұмысқа қабілеттілік. Күн тәртібі . Оқу еңбегі мен дене еңбегінің гигиенасы. Күйзеліс. Күйзеліс жағдайларымен күрес және олардың алдын алу әдістері</p>	7.1.7.5 схемаларды немесе постерлерді пайдаланып жақсы психикалық денсаулықты сақтаудың принциптерін сипаттау
	<p>Жүйке жүйесінің қызметіне алкоголь, темекі, және наркотикалық заттардың әсері</p>	7.1.7.6 мүшелер мен жүйелерге зиянды әдеттердің тигізетін зардаптарының кестесін қолданып жүйке жүйесінің қызметіне алкоголь, шылым және есірткілік заттардың әсерін түсіндіру
Тұқымқуалау мен өзгергіштік	<p>Адамда белгілердің тұқым қуалауында гендер мен ДНҚ рөлі. Жүре пайда болған және тұқымқуалайтын белгілер. Хромосоманың құрылымы. Модельдеу "Адам ағзасындағы тұқым қуалайтын және тұқым қуаламайтын белгілерді зерттеу"</p>	7.2.4.1 белгілер кестесін қолданып адам ағзасындағы тұқым қуалайтын және тұқым қуаламайтын белгілерді зерттеу; 7.2.4.2 үздік және үздіксіз өзгергіштікке мысал келтіру; 7.2.4.3 белгілерді анықтаудағы гендердің рөлін түсіндіру
	<p>Әртүрлі ағзалар түрлерінің хромосомалар саны. Соматикалық және жыныс жасушалар. Гаплоидты және диплоидты хромосомалар жиыны</p>	7.2.2.1 әртүрлі ағзалар түрлеріндегі хромосомалар кестесін пайдаланып әртүрлі ағзалар түрлеріндегі хромосомалардың санын салыстыру; 7.2.2.2 сомалық және жыныс жасушаларындағы хромосомалар сандарын атау
4-тоқсан		
Көбею. Өсу және даму	<p>Өсімдіктердің жынысты және жыныссыз көбеюі. Өсімдіктердің жынысты және жыныссыз көбеюінің биологиялық маңызы</p>	7.2.1.1 өсімдіктердің жынысты және жыныссыз көбеюін сипаттау
	<p>Өсімдіктердің өсімді жолмен көбеюі, оның түрлері және табиғаттағы биологиялық маңызы. Өсімдік өсіруде өсімді жолмен көбею тәсілдерін қолдану. Қалемшелеу, сұлатпа өркен, телу ( қалемшелермен, көзшелермен), көбею ұлпаларымен. Зертханалық жұмыс "Өсімдіктердегі вегетативті көбею тәсілдері"</p>	7.2.1.2 суреттерді пайдаланып өсімдіктердің өсімді көбею тәсілдерін салыстыру
	<p>Гүл құрылысы. Тозаңдану түрлері. Гүлдеу және тозаңдану. Тозаңдану түрлері (өздігінен, айқас, жасанды ). Өсімдіктердегі ұрықтану туралы түсінік және зиготаның түзілуі.</p>	7.2.1.3 өздігінен және айқас тозаңданудың салыстырмалы артықшылықтарын сипаттау;

	Қосарлы ұрықтану. Қосарлы ұрықтанудың биологиялық маңызы	7.2.1.4 гүлді өсімдіктердегі қосарлы ұрықтанудың маңызын сипаттау
	Ағзалардың жеке дамуы түсінігі. Өсімдіктер мен жануарлардағы онтогенез кезеңдері. Бөліну, өсу, көбею, қартаю. Өсімдіктердің өсуі . Сабақтың ұзарып және жуандап өсуі. Камбийдің рөлі. Жылдық сақиналар. Зертханалық жұмыс " Жылдық сақинаны санау"	7.2.3.1 ағзадардың даму кестелерін қолданып ағзадардың өсу мен даму үдерістерін сипаттау; 7.2.3.2 өсімдіктердің ұзарып және жуандап өсу үдерісін зерттеу
Микробиология және биотехнология	Бактериялардың формаларының әртүрлілігі. Бактериялардың таралуы. Зертханалық жұмыс " Пішен таяқшасының сыртқы пішінін қарастыру". Бұршақ тұқымдастардың тамырындағы түйнек бактериялары	7.4.3.1 суреттерді пайдаланып, бактериялар формаларының әртүрлілігін сипаттау
	Бактерияларды пайдалану. Табиғаттағы және адам өміріндегі бактериялардың маңызы. Зертханалық жұмыс "Өндірісте йогурт және ірімшік жасауды зерттеу"	7.4.3.2 дайын сипаттама бойынша ірімшік және йогурт өндірісін зерттеу
	Патогендермен күрес тәсілдері. Бактериялардың антибиотиктерге тұрақтылығы. Зертханалық жұмыс "Антибиотиктер, антисептиктер және залалсыздандыру өнімдерін қолдануды зерттеу"	7.4.3.3 антибиотиктер, антисептиктер мен залалсыздандыру өнімдерінің қолданылуын сипаттау
	Вирустар. Жасушасыз құрылым иелері вирустардың құрылыс ерекшеліктері	7.4.3.4 вирустар мен бактериялардың суреттерін пайдаланып вирустар тіршіліктің жасушасыз формасы екендігін түсіндіру

## 2) 8-сынып:

### 2-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаты
1-тоқсан		
Жасушалық биология	Жасуша – тірі ағзалардың құрылымдық негізгі өлшем бірлігі . Өсімдік және жануар жасушасын салыстыру. Жарық микроскопымен көруге болатын мүшеоидтар: пластидтер, вакуоль, ядро, цитоплазма, жасуша мембранасы, жасуша қабырғасы	8.4.2.1 жануарлар және өсімдіктер жасушаларының суреттерін пайдаланып жануарлар және өсімдіктер жасушаларын ажырату
	Өсімдік ұлпаларының әртүрлілігі: түзуші, жабын, негізгі, өткізгіш, механикалық, бөліп шығарушы	

	ұлпа. Жануар ұлпаларының әртүрлілігі: эпителий, дәнекер, бұлшық ет, жүйке. Зертханалық жұмыс: "Өсімдіктер ұлпаларын жіктеу". Зертханалық жұмыс: "Жануарлар ұлпаларын жіктеу"	8.4.2.2 өсімдік және жануар ұлпаларының кестесін қолданып өсімдік және жануар ұлпаларын жіктеу
Молекулалық биология	Микро- (мырыш, темір, селен, фтор) және макроэлементтердің (магний, кальций, калий, фосфор) тірі ағзалардың тіршілік әрекеті үшін маңызы.	8.4.1.1 тірі ағзалар тіршілік әрекеті үшін микро-және макроэлементтердің ролін түсіндіру;
	Өсімдіктерде макроэлементтердің тапшылығы (азот, калий, фосфор,) . Тыңайтқыштар: органикалық және минералдық (азотты, калийлі және фосфорлы)	8.4.1.2 минералды тыңайтқыштардағы азот, калий және фосфордың өсімдіктер үшін маңызын түсіндіру
Тірі ағзалардың көп түрлілігі	Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың сыртқы құрылысындағы ерекшеліктер	8.1.1.1 белгілер кестесін қолданып омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың құрылысының айырмашылық белгілерін сипаттау;
	Буынаяқтылар типі. Хордалылар типі. Сыртқы белгілеріне қарай салыстырмалы сипаттама. Демонстрация "Хордалы жануарлар мен буынаяқтылардың ерекшелік белгілерін анықтау"	8.1.1.2 жануарлар құрылысының кестесіне негізделіп буынаяқтылар мен хордалы жануарлар кластарын ерекше белгілері бойынша тану
Қоректену	Жауын құртының, сиырдың және адамның асқорыту жүйесінің құрылысы. Модельдеу "Адамның, сиырдың және жауынқұртының" асқорыту жүйесінің құрылысын салыстыру	8.1.2.1 суреттерге негізделіп омыртқасыз-дар, күйіс қайыратын жануарлар мен адамның ас қорыту жүйесінің құрылысын салыстыру
2-тоқсан		
Заттардың тасымалдануы	Жануарлардағы қанайналым мүшелері: буылтық құрттарда, ұлуларда, буынаяқтыларда және омыртқалыларда	8.1.3.1 жануарлардағы заттар тасымалының схемасын пайдаланып жануарларда заттар тасымалына қатысатын мүшелерді танып білу
	Қанның құрамы мен қызметі. Қан түйіршіктері: эритроциттер, лейкоциттер, тромбоциттер. Плазма. Қанның қызметі: транспорттық, гомеостаздық, қорғаныштық	8.1.3.2 қан құрамының кестесін пайдаланып қан құрамы мен қызметін сипаттау
	Буылтық құрттардың (жауын құрт), ұлулардың, буынаяқтылардың	8.1.3.3 суреттерді пайдаланып жануарлардың жүрегі мен қантамырлардың құрылысын сипаттау;

	және омыртқалылардың жүрегі және қантамырларының құрылысы мен қызметі	8.1.3.4 қантамыр қабырғасының құрылысы мен олардың қызметі арасындағы байланысты орнату;
	Қан тамырлар жүйесінің түрлері. Ашық және тұйық қанайналым жүйелері. Үлкен және кіші қанайналым шеңберлері. Адамның қанайналым жүйесі	8.1.3.5 жануарлардың мүшелер жүйесін салыстыру кестесін пайдаланып жануарлардың қантамырлар жүйесінің түрлерін сипаттау
3-тоқсан		
Тыныс алу	Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүше-лері (бунақденелілердің демтүтіктері, балықтарының желбезектері, құстардың және сүтқоректілердің өкпесі). Модельдеу "Омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың тынысалу жүйесі мүшелерін салыстыру"	8.1.4.1 жануарлардың ішкі құрылысының кестесіне негізделіп омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүшелерін салыстыру
Бөліп шығару	Жануарлардың бөліп шығару жүйелері. Жануарлардың бөліп шығару жүйелерінің құрылысын салыстыру	8.1.5.1 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың бөліп шығару жүйелерінің құрылысын салыстыру
Қозғалыс	Жануарлардың қозғалыс мүшелері . Тірі ағзалардағы қозғалыстың рөлі. Жануарлардың қозғалу тәсілдеріне мысалдар. Жануарлардың мекен ортасы мен қозғалыс тәсілдері арасындағы байланыстарды анықтау	8.1.6.1 омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың қозғалыс мүшелерін салыстыру
Үйлестіру және реттеу	Жүйке жүйесінің типтерін салыстыру: диффузиялы, сатылы, түйнекті, түтіктәрізді	8.1.7.1 жануарлар жүйке жүйесінің құрылысының схемасын пайдаланып жануарлардың жүйке жүйесінің типтерін салыстыру
	Жүйке жүйесінің орталық және шеткі бөлімдері. Жұлын. Ми. Ми бөлімдері, олардың құрылысы мен қызметтері: сопақша ми, артқы (ми көпірі, мишық), орталық және аралық ми. Үлкен ми сыңарлары	8.1.7.2 жануарлар жүйке жүйесінің құрылысының схемасын пайдаланып орталық жүйке жүйесі бөлімдерінің құрылысы мен қызметін салыстыру
	Ішкі мүшелер жұмысының жүйкелік реттелуі	8.1.7.3 жануарлар жүйке жүйесінің қызметінің кестесін пайдаланып вегетативті жүйке жүйесінің қызметін сипаттау
	Мінез-құлықтың рефлекторлық табиғаты: шартсыз және шартты рефлекстер. Шартты рефлекстердің сөнуді	8.1.7.4 рефлекстік доға құрылысының негізінде мінез-құлықтың рефлекторлық табиғатын түсіндіру
4-тоқсан		

Көбею	Митоз. Мейоз. Митоз бен мейоздың биологиялық маңызы	8.2.2.1 тірі ағзалардың өсуі мен дамуы үшін митоз бен мейоздың маңызын түсіндіру
	Жануарлардың көбею формалары. Жыныссыз көбею типтері. Жынысты көбею	8.2.1.1 жануарлардың көбею тәсілдерін салыстыру
	Мүктер мен қырықжапырақтардың тіршілік циклі. Гаметофит. Спорофит	8.2.1.2 суреттерді пайдаланып мүктер мен қырықжапырақтардың мысалында жынысты (гаметофит) және жыныссыз (спорофит) ұрпақтарының ерекшеліктерін түсіндіру
	Ашық тұқымды және жабық тұқымды өсімдіктердің тіршілік циклі	8.2.1.3 тіршілік циклінің схемасын пайдаланып ашық тұқымды және жабық тұқымды өсімдіктердің тіршілік циклінің ерекшеліктерін түсіндіру
Өсу және даму	Жануарлардағы тура және түрленіп даму онтогенез типтері. Бунақденелілердің шала және толық түрленіп дамуына мысалдар. Модельдеу "Жануарлардағы онтогенез типтерін салыстыру"	8.2.3.1 онтогенез кестелерін пайдаланып өсімдіктер мен жануарлардың онтогенез кезеңдерін ажырату; 8.2.3.2 жануарлардың онтогенезіндегі тура және түрленіп даму типтерін салыстыру
	Эмбрионалдық даму кезеңдері: бластула, гастрюла, нейрула. Ұлпалар мен мүшелердің дифференциялануы. Мүшеогенез	8.2.3.3 суреттерді пайдаланып эмбрионалдық даму кезеңдерін сипаттау; 8.2.3.4 әр түрлі ұрық жапырақшаларынан қалыптасқан мүшелер мен ұлпалар дифференциасын сипаттау
Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары	Генетикалық материалды сақтаушы және тасымалдаушы ДНҚ жайлы түсінік	8.2.4.1 хромосомадағы генетикалық ақпарат ДНҚ-ның маңызын түсіндіру
Биосфера, экожүйе, популяция	Экожүйелердің компоненттері. Су және құрлық экожүйелері. Модельдеу "Су және құрлық экожүйелерін салыстыру".	8.3.1.1 мысалдарды қолданып экожүйелердің жалпы құрылымының схемасын жасау; 8.3.1.2 су және құрлық экожүйелерін салыстыру
	Популяцияның құрылымының негізгі сипаттамалары және ерекшеліктері.	8.3.1.3 популяция құрылымының схемасын пайдаланып популяцияның негізгі қасиеттерін және құрылымдық ерекшеліктерін сипаттау
	Ағзалардың тіршілікке қабілеттілігінің әртүрлі тәсілдері (тіршілікті сақтаудың К және Г стратегиялары)	8.3.1.4 ағзалардың түрлі тірі қалу тәсілдерін зерттеу
		8.3.2.1 видеофильмдерді пайдаланып адам мен экожүйе

Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері	Адам экожүйенің бір бөлігі. Антропогендік фактор	арасындағы қарым-қатынастарды сипаттау
	Адам әрекеттерінің экожүйеге жағымсыз әсері	8.3.2.2 экожүйеге жағымсыз әсер ететін адам тіршілігінің шаруашылық салаларынан мысалдар келтіру

### 3) 9-сынып:

#### 3-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаты
1-тоқсан		
Жасушалық биология	Прокариот және эукариот жасушалардың құрылысы: ядроның болуы және орналасуы, жасуша қабырғасы, жасуша мембранасы, пластидтер, митохондрия, рибосомалар, Гольджи аппараты, эндоплазмалық тор, лизосомалар, вакуоль	9.4.2.1 суреттерді пайдаланып прокариот және эукариот жасушаларының құрылысын салыстыру
Тірі ағзалардың көп түрлілігі. Биосфера және экожүйе	"Жыртқыш-жемтік" қарым-қатынас түрі. Популяция санының өзгеруі	9.3.1.1 жыртқыш-құрбан қарым-қатынасы мысалында популяция санының өзгеру себептерін орнату
	Тірі ағзалардың өзара қарым-қатынас түрлері. Ағзалардың тікелей және жанама қарым-қатынас түрлері	9.3.1.2 тірі ағзалардың өзара қарым-қатынас түрлерін сипаттау
	Қоршаған орта жағдайларының өзгерістеріне ағзалардың бейімделуі	9.3.1.3 жергілікті материал мысалында тірі ағзалардың қоршаған ортаның өзгермелі жағдайларына бейімделу механизмдерін түсіндіру
Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері	Адамның табиғаттағы рөлі. Табиғатты тиімді пайдалану. Табиғатты қорғау	9.3.2.1 биологиялық әртүрлілікті сақтаудың және қолдауды қажеттіктің себептерін негіздеу;
	Биологиялық алуан түрлілікті сақтау. Дүниежүзілік тұқым қоры	9.3.2.2 Дүниежүзілік тұқым қорының маңызын бағалау
	Қазақстан Республикасының экологиялық проблемалары. Себептері, салдары және оларды шешу жолдары	9.3.2.3 Қазақстан аумағындағы экологиялық проблемалардың туындау себептері мен оларды шешу жолдарын түсіндіру
	Ыдырау үдерісі. Асқорыту ферменттерінің әсері	9.1.2.1 асқорыту жолдары құрылысының схемасын пайдалана отырып, адамның асқорыту үдерістерін мұқият сипаттау
		9.1.2.2 тістер құрылысының схемасын қолданып әртүрлі типті тістердің құрылысы мен



Қоректену	Тістің құрылысы мен қызметі, сүт тістердің тұрақты тістерге ауысуы . Тіс гигиенасы. Адамның ас қорыту жолдарының құрылысы. Ас қорыту бездері. Ас қорыту мүшелерінің қызметі	қызметтері арасындағы байланыс және тісті күту ережелерін сипаттау; 9.1.2.3 адамның ас қорыту жүйесінің құрылысы мен қызметтері арасындағы өзара байланысты түсіндіру
	Тамақтану гигиенасы. Асқорыту мүшелерінің жұқпалы аурулары және олардың алдын алу. Тағамнан уланудың алдын алу. Алғашқы жәрдем шаралары. Ішек құрт ауруларының алдын алу	9.1.2.4 асқорыту жолдарының схемасын пайдалана отырып, ас қорыту жолы ауруларының себептерін және астан улану белгілерін анықтау
	Дәрумендер және олардың маңызы. Суда еритін және майда еритін дәрумендер. Дәрумендердің тәуліктік мөлшері. Авитаминоз, гиповитаминоз және гипервитаминоз. А авитаминоздағы ақшам соқыр, В1 авитаминоздағы бери-бери ауруы, С авитаминоздағы цинга, Д авитаминоздағы мешел аурулары. Зертханалық жұмыс: "Тағамдық заттар құрамынан С дәруменді анықтау	9.1.2.5 дәрумендер кестесін қолданып, адам ағзасындағы дәрумендердің маңыздылығын сипаттау; 9.1.2.6 тағамдық өнімдердегі дәрумендер мөлшерінің кестесін қолданып, құрамында дәрумендердің маңызды мөлшері бар азық-түліктер тізімін жасау; 9.1.2.7 азық-түлік құрамындағы С дәруменін анықтау
Заттар тасымалы	Ағзаның ішкі ортасы және оның маңызы. Лимфа. Лимфа айналымы мен оның маңызы. Гомеостаз. Ағзаның ішкі ортасы: қан, лимфа, ұлпа сұйықтығы	9.1.3.1 қан жүйесінің құрылысы мен қызметінің өзара байланысы схемасын қолданып лимфа жүйелерін және қан, ұлпалық сұйықтық пен лимфа арасындағы өзара байланысты сипаттау
	"Әртүрлі ағзалардың қан жасушаларын зерттеу. Қан жасушаларын формасына, мөлшеріне, санына және ядросының болуына қарай салыстыру" зертханалық жұмысы	9.1.3.2 оқулықтағы суреттерді қолданып дайын микропрепараттар арқылы әртүрлі ағзалардың қан жасушаларының құрылыс ерекшеліктерін зерттеу
	Иммунитет. Гуморальдық және жасушалық иммунитет. Лейкоциттердің түрлі типтері және олардың қызметтері. Т- және В- лимфоциттердің әрекет етуі	9.1.3.3 лейкоциттердің түрлі типтерінің қызметтерін түсіну; 9.1.3.4 гуморальдық және жасушалық иммунитетті салыстыру
	Иммунитет. Иммунитеттің түрлері : туа пайда болған және жүре пайда болған иммунитет. Екпенің (вакцин) түрлері және оның жасанды иммунитетті қалыптастырудағы маңызы. Жұқпалы аурулардың алдын алу	9.1.3.5 аурулардың алдын алуындағы вакцинацияның ролін бағалау

	Қан топтары. Қан құю. Резус-фактор. Агглютинация. Резус-конфликт	9.1.3.6 агглютинация және резус-конфликт механизмдерін түсіндіру
	Зертханалық жұмыс: "Дене жаттығуларының жүрек жұмысына әсерін зерттеу"	9.1.3.7 дене жаттығуларының жүрек жұмысына әсерін зерттеу
	Жүрек - қантамырлар жүйесі аурулары (гипертония, инфаркт, тахикардия, ишемиялық ауру, атеросклероз, инсульт). Аурудың себептері: тұқым қуалайтын ауруларға бейімділік, салауатты өмір салтын дұрыс ұстанбау	9.1.3.8 қантамыр жүйесі мүшелерінің ауруларының себептері мен ауру белгілерін мысалдармен сипаттау
2-тоқсан		
Тыныс алу	Тынысалу мүшелері. Адамның тынысалу жолдарының құрылысы мен газалмасу мүшелері	9.1.4.1 адамның ішкі мүшелерінің құрылыс кестесін мысалға ала отырып, адамның тыныс алу мүшелерінің құрылыс ерекшеліктерін танып білу
	Альвеола мен қан арасындағы газ алмасу. Өкпедегі қанның оттекке қанығуы. Ұлпа мен қан арасындағы газ алмасу. Қанның көмірқышқыл газына қанығуы, жасушаның оттекке қанығуы	9.1.4.2 өкпе мен ұлпадағы газ алмасу механизмдерін сипаттау
	Тыныс алу және тыныс шығару механизмі. Кеуде қуысының құрылысы. Тыныс алуға және тыныс шығаруға қатысатын бұлшықеттер. Тыныс алу және тыныс шығарудағы көкеттің маңызы. Ауа жүретін жолдардағы қысымның өзгеруі	9.1.4.3 тыныс алу және тыныс шығару механизмін түсіндіру
	Тыныс алудың минуттық көлемі. Өртүрлі жастағы, физикалық дамыған, ер және әйел адамдардың өкпесінің тіршілік сыйымдылығы. Тыныс алу қозғалыстарының жиілігі. Шылым шегудің өкпенің тіршілік сыйымдылығына әсері. Зертханалық жұмыс: "Өкпенің тіршілік сыйымдылығын зерттеу"	9.1.4.4 өкпенің тіршілік сыйымдылығын анықтау және қалыпты жағдайдағы және дененің физикалық жүктемесі кезіндегі тыныс алудың минуттық көлемін анықтау
	Тыныс алу мүшелерінің аурулары. Тыныс алу мүшелерінің ауруларының себептері мен алдын алу жолдары: өкпе обыры, астма, бронхит, туберкулез, тұмау	9.1.4.5 тыныс алу мүшелерінің ауруларының себептері мен олардың алдын алу жолдарын түсіндіру
		9.1.5.1 терінің құрылысы мен қызметінің кестесін пайдаланып

Бөліп шығару	Терінің маңызы, құрылысы мен қызметі. Тер бөлінудің реттелуі	терінің құрылысы мен оның бөліп шығарудағы маңызын сипаттау
	Тері ауруларының пайда болу себептері мен салдары. Белгілері мен алдын алу шаралары	9.1.5.2 тері ауруларының алдын алу шараларын түсіну
	Зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы (бүйрек, несепағар, қуық, несеп жолы) мен қызметі. Бөліп шығару және сүзу мүшелері	9.1.5.3 ішкі мүшелердің құрылыс кестесін қолданып адамның зәр шығару жүйесі мүшелерінің құрылысы мен қызметтерін сипаттау
	Бүйректің құрылысы (қыртысты және миы қабат, нефрон, пирамида, астауша, бүйрек өзекшелері)	9.1.5.4 бүйрек құрылысының суретін пайдаланып бүйректің құрылымдық бөліктерін танып білу
	Нефронның құрылысы және қызметі	9.1.5.5 нефронның құрылысы мен қызметін сипаттау
	Ультрафилтрация. Абсорбция және таңдамалы реабсорбция. Несептің құрамы. Филтрация мен кері филтрацияның себептері	9.1.5.6 филтрация және несептің түзілуі үдерістерін сипаттау
	Бүйрек жұмысына әсер ететін факторлар: тамақтану рационы, дене температурасының күрт түсуі, дәрілік препараттар, созылмалы және инфекциялық аурулар (кариес, іріңді ангина)	9.1.5.7 бүйректің жұмысына әсер ететін факторларды сипаттау
	Зәр шығару жүйесінің гигиенасы. Бүйрек және зәр шығару жүйесінің аурулары: пиелонефрит, цистит, бүйрекке тастың жиналуы. Себептері және алдын алу шаралары	9.1.5.8 зәр шығару жүйесі, бүйрек ауруларының алдын алу шараларын түсіндіру
3-тоқсан		
	Көру мүшелерінің құрылысы. Көрудің маңызы. Көру қызметінің бұзылуы. Көру гигиенасы. Зертханалық жұмыс: "Көру арқылы қабылдауын зерттеу (көру жітілігі мен көру аймағының шегін зерттеу)"	9.1.7.1 Көру арқылы қабылдау құрылысының схемасын пайдаланып көру арқылы қабылдау ерекшеліктерін зерттеу және көру гигиенасы ережелерін сипаттау
	Есту мүшесінің құрылысы. Естудің маңызы. Естудің бұзылу себептері. Есту мүшесінің гигиенасы. Зертханалық жұмыс "Дыбысты қабылдау ерекшеліктерін зерттеу (құлақтың есту қабілетін анықтау)"	9.1.7.2 дыбысты қабылдау құрылысының схемасын пайдаланып дыбысты қабылдау ерекшеліктерін зерттеу және есту мүшелерінің гигиенасы ережелерін сипаттау
	Таяқшаның, құтышаның және түкті жасушалардың құрылымы мен қызметі. Зертханалық жұмыс:	9.1.7.3 көру және есту рецепторларының схемасына

Үйлестіру және реттеу	"Соқыр дақты анықтау, түстердің араласуына тәжірибе, дыбыстың ауа және сүйек арқылы өтуі"	негізделіп көру және есту рецепторларының құрылымы мен қызметін сәйкестендіру
	"Гормондар", "Гуморальдық реттелу" ұғымдары. Эндокринді, экзокринді және аралас бездердің орналасуы және қызметі	9.1.7.4 адамның суретін пайдаланып эндокикринді, экзокринді және аралас бездердің орналасқан жерлерін анықтау
	Бездерден бөлінетін гормондар	9.1.7.5 ішкі секреция бездері қызметінің кестесін қолданып бездердің негізгі қызметтерін түсіндіру
	Эндокринді бездер қызметінің бұзылуынан туындаған аурулар (гипо- және гиперфункция)	9.1.7.6 эндокриндік бездер қызметінің бұзылуынан туындаған ауруларды атау
	Адам денесінде орналасқан тері рецепторлары (терморцепторлар, механорецепторлар, ноцицепторлар) Зертханалық жұмыс: "Тері сезімталдығын зерттеу"	9.1.7.7 терінің сезімталдығын зерттеу
	Жылықанды жануарлардың тұрақты температураны сақтауындағы терінің рөлі. Температураға сезімталдық. Терморцепторлардың температураның өзгеруіне бейімделуі	9.1.7.8 жылықанды жануарлардың дене температураны сақтаудағы терінің ролін сипаттау
Қозғалыс. Биофизика	Адам қаңқасының құрылысы. Тірек-қимыл жүйесінің маңызы мен қызметі	9.1.6.1 тірек-қимыл жүйесі қызметтерінің кестесін пайдаланып тірек-қимыл жүйесінің қызметтерін сипаттау
	Сүйектің макро- және микроскопиялық құрылысы. Сүйектің химиялық құрамы. Зертханалық жұмыс: "Сүйектің макро және микроскопиялық құрылысы". Демонстрация "Сүйектің химиялық құрамы"	9.1.6.2 сүйектің химиялық құрамын, макро және микроскопиялық құрылысын зерттеу
	Сүйектің байланыс түрлері: қозғалмайтын, жартылай қозғалмалы, қозғалмалы	9.1.6.3 суреттерді пайдаланып сүйектердің байланыс түрлерін салыстыру
	Буынның құрылысы және қызметтері. Сүйек буындарының атқаратын қызметіне сәйкес бейімделуі	9.1.6.4 буынның әр түрлі типтерінің құрылысы мен олардың қызметтері арасындағы байланысты орнату
	Бұлшықет ұлпаларының құрылысы мен қызметі (бірыңғай салалы, көлденең жолақты қаңқа, көлденең жолақты жүрек)	9.1.6.5 ұлпа түрлерінің кестесін қолданып бұлшық ет ұлпасының түрлері мен олардың қызметтерін сипаттау

	Зертханалық жұмыс: "Бұлшық ет ұлпаларының құрылысын зерттеу" . Адам денесінің бұлшық еттерін жіктеу	9.1.6.6 адамның бұлшықет топтарын және бұлшық ет талшығының құрылысын атау
	Гиподинамия. Сымбаттың бұзылуы және жалпақтабандылықтың пайда болу себептері	9.1.6.7 гиподинамия салдарын атау
	Сымбаттың бұзылуы мен жалпақтабандылықтың алдын алу шаралары	9.1.6.8 сымбаттың бұзылуы және жалпақтабандылық суреттерін пайдаланып сымбаттың бұзылуы және жалпақтабандылықтың пайда болу себептерін анықтау
	Тік жүріске байланысты адам қозғалуының биомеханикалық ерекшеліктері. Тік жүріске байланысты адамның қаңқа құрылысының ерекшеліктері. Тік жүріске байланысты бұлшық еттің маңызы. Тік жүру кезіндегі дененің ауырлық орталығы. Адам денесіндегі иіндер	9.4.4.1 тік жүруге байланысты адам қозғалуының биомеханикалық ерекшеліктерін зерттеу
4-тоқсан		
Молекулалық биология	Жасушаның құрамындағы органикалық заттар. Мономерлер мен полимерлер арасындағы айырмашылық	9.4.1.1 биологиялық мысалдарды пайдаланып полимерлер мен мономерлер арасындағы айырмашылықты сипаттау
	Көмірсулар – энергия көзі. Глюкоза, сахароза, гликоген, крахмал, жасұнық пен хитиннің маңызы және қызметтері. Липидтердің қасиеттері мен қызметі. Липидтердің әртүрлілігі: майлар, фосфолипидтер, балауыз	9.4.1.2 заттар құрылысының кестесін қолданып көмірсулар мен липидтердің биологиялық қызметтерін сипаттау
	Уыздар, қасиеттері мен қызметтері	9.4.1.3 заттар құрылысының кестесін қолданып уыздар-дың қасиеттері мен биологиялық қызметтерін сипаттау
Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары	Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің эволюциядағы маңызы. Өзгергіштік пен қоршаған орта жағдайларына бейімделгіштік арасындағы өзара байланыс	9.2.4.1 тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің эволюциядағы ролін сипаттау
	Қолдан сұрыптау және оның селекция үшін маңызы. Қолдан сұрыптау түрлері	9.2.4.2 ағзалар селекциясы үшін қолдан сұрыптаудың маңызын сипаттау
	Мәдени өсімдіктер мен үй жануарларының шығу орталықтары	9.2.4.3 мәдени өсімдіктер мен үй жануарларының шығу тегінің орталықтарын атау

	Қазақстан территориясында кездесетін егістік дақылдар мен үй жануарларының қолтұқымдары. Маңызды белгілер	9.2.4.4 маңызды мәдени өсімдіктер іріктемелері мен үй жануарлары қолтұқымын сипаттау
Микробиология және биотехнология	Жұқпалы аурулар және олардың алдын алу: амебалық қантышқақ, фитофтороз, оба, күл, лейшмания, герпес	9.4.3.1 қарапайымдылар, бактериялар, саңырауқұлақтар, вирустармен туындайтын аурулардың ерекшеліктері мен алдын алу шараларын сипаттау
Көбею	Адамның жыныс жүйесінің құрылымы мен қызметі	9.2.1.1 адамның жыныс жүйесінің құрылысын сипаттау
	Зертханалық жұмыс "Аталық және аналық гаметалардың құрылысын зерттеу"	9.2.1.2 аталық және аналық жыныс жасушаларының құрылыс ерекшеліктерін зерттеу
	Екінші реттік жыныстық белгілер. Ұлдар мен қыздардың жыныстық жетілуі. Биологиялық және әлеуметтік жетілу	9.2.1.3 жыныстық жетілу кезеңіндегі екінші реттік жыныстық белгілердің дамуын сипаттау
	Менструалдық цикл. Менструалдық циклдағы эстроген мен прогестерон гормондарының маңызы	9.2.1.4 менструалдық цикл мен эстроген және прогестеронның маңызын сипаттау
	Контрацепция түрлері, олардың қолданылуы мен маңызы	9.2.1.5 контрацепция-ның маңызы мен түрлерін түсіну
	Жыныстық жолмен берілетін аурулар: жүре пайда болған иммундық дефицитінің синдромы (ЖИТС), сифилис, гонорея, гепатит В,С. Алдын алу шаралары	9.2.1.6 жыныстық жолмен таралатын аурулардың салдары мен алдын алу шараларын түсіндіру
Өсу және даму	Құрсақта даму. Ұрықтық дамудың алғашқы кезеңдері. Ұрықтың қалыптасуы мен дамуы	9.2.3.1 ұрықтың дамуындағы плацентаның маңызын түсіну; 9.2.3.2 ұрық пен эмбрионның дамуын салыстыру
	Шылым шегу, есірткі мен ішімдіктің адам ұрығының дамуына тигізетін әсері	9.2.3.3 зиянды әдеттер кестесін пайдаланып адам ұрығының дамуына шылым шегу, алкоголь мен басқа есірткілер әсерінің салдарын түсіндіру

#### 4) 10-сынып:

##### 4-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаты
1-тоқсан		
	Жасушаның негізгі компоненттерінің қызметтері. Жасуша құрылымдары: плазмалық мембрана, цитоплазма, ядро, эндоплазмалық тор, жасуша орталығы, рибосомалар, Гольджи аппараты мен лизосомалар,	10.4.2.1 жануарлар және өсімдіктер жасушаларының суреттерін пайдаланып өсімдік және жануар жасушаларының

Жасушалық биология	митохондрия, пластидтер, қозғалыс мүшеоидтары, жасушаның қосындылары. Құрылыстары және атқаратын қызметтері	негізгі бөлікте-рінің құрылысы мен қызметін түсіндіру
Тірі ағзалардың көп түрлілігі. Биосфера және экожүйе	Жасушалардың сызықтық ұлғаюын есептеу. Ұлғаю, актуальды өлшемі және суреттің нақты өлшемі. Өлшем бірліктерін СИ жүйесіне аудару (сантиметр-миллиметр-микромметр-нанометр). Модельдеу "Микрофотографияларды пайдаланып жасушаның сызықтық ұлғаюын есептеу"	10.4.2.2 микрофотографияны қолданып жасушаның сызықтық ұлғаюын есептеу
	Өртүрлі түрлерді сипаттауда бинарлық номенклатураны қолдану. Зертханалық жұмыс: "Анықтағыш көмегімен өсімдіктер мен жануарлар түрлерін (жергілікті жердің) анықтау"	10.1.1.1 өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін ерекшелік белгілері бойынша танып білу (анықтағыш бойынша)
	Популяцияның өсуінің экспоненциалды және сигмоидты қисығы	10.3.1.1 популяция өсімінің экспоненциалдық және сигмоидтік үлгілерінің қисық сызықтарының графиктерін түсіндіру
	Экожүйедегі энергия тасымаланың тиімділігі. Энергия ағыны және коректік тізбектер	10.3.1.2 мысалдарды пайдаланып энергия ағымының тиімділігін есептеу
	Экологиялық пирамида түрлері	10.3.1.3 энергия, биомасса және сандар пирамидаларын салыстыру
	Табиғаттағы көміртек пен азот айналымы. Биосферадағы биохимиялық үрдістер. Топырақ пен шөгінді жыныстар түзудегі тірі ағзалардың рөлі	10.3.1.4 айналым схемасын қолданып азот пен көміртек айналымының табиғаттағы схемасын құру
Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері	Пайдалы қазбаларды өндірудің қоршаған орта мен адам денсаулығына әсері	10.3.2.1 пайдалы қазбалар өндірудің және қайта өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру
	Пестицидтердің қоршаған орта мен адам денсаулығына әсері	10.3.2.2 пестицидтерді пайдаланудың, қоршаған орта мен адам денсаулығына әсер ету салдарын түсіндіру
	Жылыжай эффектісі (булану) және озон қабатының жұқаруы	10.3.2.3 жылыжай эффектісінің тірі ағзаларға әсерін түсіндіру
	Дүниежүзілік мұхит деңгейінің, су мен атмосфера температурасының көтерілуінің тірі ағзаларға әсері	10.3.2.4 озон қабатының бұзылуының себептері мен салдарын түсіндіру
	Ыдырау үдерісі. Аскорыту ферменттерінің әсері. Аскорытудағы ферменттердің	10.1.2.1 ас қорыту үдерісіндегі органикалық заттар мен сәйкес

Қоректену	маңызы. Сіңіру және бөліп шығару	ферменттердің арасындағы байланысты орнату
	Ферменттердің әсер ету механизмі . Ферменттің белсенді орталығы. Зертханалық жұмыс: " Ферменттердің белсенділігіне әр түрлі жағдайлардың (температура, рН) әсерін зерттеу"	10.4.1.1 ферменттің әрекет ету механизмін түсіндіру; 10.1.2.2 ферменттердің белсенділігіне әсер ететін әр түрлі жағдайларды (температура, рН) зерттеу
	Өттің әсерінен майлардың эмульгациясы. Зертханалық жұмыс "Өттің әсерінен майлардың эмульгациялануын зерттеу"	10.1.2.3 өттің әсерінен майлардың эмульгациялануы үдерісін зерттеу
Заттар тасымалы	Активті және пассивті тасымалдардың ұқсастығы мен айырмашылығы. Жасуша мембранасы арқылы тасымалдану. Белсенді тасымалдану кезіндегі энергияның жұмсалуды	10.1.3.1 активті және пассивті тасымалдарды ажырату
	Сыртқы және ішкі факторлардың транспирацияға әсері. Зертханалық жұмыс: " Транспирация үдерісі кезіндегі сыртқы факторларды – температура, ылғалдылық пен су буының қысымы, ауа қозғалысын – зерттеу". Зертханалық жұмыс: " Ішкі факторлардың – буландыратын беттің ауданы және бұл беттік ауданның өсімдік көлеміне қатынасының (сірқабық ( кутикула) мен лептесіктер) транспирация үдерісіне әсері"	10.1.3.2 өсімдіктердегі транспирация үдерісінің мәнін түсіндіру; 10.1.3.3 ішкі және сыртқы факторлардың транспирацияға әсерін зерттеу
	Сыртқы факторлардың флоэмада зат тасымалына әсері: температура , ылғалдылық, жарық	10.1.3.4 сыртқы факторлардың флоэма арқылы заттардың тасымалдануына әсерін түсіндіру
2-тоқсан		
Тыныс алу	Анаэробты және аэробты тыныс алу. Анаэробты және аэробты тыны салу үдерістерін химиялық реакция теңдеулерін қолданып қарастыру. Анаэробты және аэробты тыныс алудың тиімділіктері	10.1.4.1 тыныс алу реакциясының химиялық теңдеуін пайдалана отырып, анаэробты және аэробты тыныс алуды салыстыру
	Аэробты, анаэробты тынысалу үдерістерімен байланысты бұлшық еттердің қажуы. Аэробты және анаэробты тынысалуға физикалық жүктемелердің әсері	10.1.4.2 бұлшықет қажуы және аэробты, анаэробты тыныс алу үдерістері арасындағы байланысты түсіндіру
	Себептері және алдын алу шаралары. Құрлықта, шөлде, тұщы және тұзды суларда тіршілік	



Бөліп шығару	ететін тірі ағзалардың зат алмасуының соңғы өнімдері. Құрамында азоты бар органикалық заттардың ыдырау өнімдері: аммиак, несепнәр, несеп қышқылы	10.1.5.1 әртүрлі ағзалардың мекен ету ортасы мен зат алмасуларының соңғы өнімдері арасындағы байланысты орнату
Үйлестіру және реттеу, биофизика	Нейрондардың түрлері мен қызметтері. Жүйке ұлпасының қызметі (глиальды жасушалар). Аксондардың миеленді және миеленсіз қабықтары. Синапстар және медиаторлар. Модельдеу "Жүйке ұлпаларын зерттеу"	10.1.7.1 жүйке жасушасының суретін пайдаланып жүйке жасушасының құрылысы мен қызметі арасында байланыс орнату; 10.1.7.2 жүйке ұлпасы мен оның құрылымдық бөліктерінің қызметтерін талдау
	Миеленді, миеленсіз аксондарда жүйке импульстарының туындауы және өткізілуі. Өткізу жылдамдығы. Мембраналық потенциал, тыныштық потенциалы және әрекет потенциалы. Модельдеу "Жүйке импульстарының туындауы мен таралу жылдамдығын зерттеу"	10.1.7.3 жүйке импульстарының туындауы мен өтуін сипаттау
	Тірі ағзалардағы электрлік үдерістер. Электрорецепторлар және электрлі мүшелер	10.4.4.1 тірі ағзалардағы электрлі үдерістерді түсіндіру
	Тыныс алу мен тыныс шығарудың реттелуі мысалында нейрогуморальдық реттелу механизмі. Жүйкелік және гуморальдық реттелуді салыстыру. Ағзаның күйзеліске бейімделуі	10.1.7.4 нейро-гуморальді реттелу механизмін түсіндіру
	Нейрокомпьютерлік интерфейс. Компьютер мен ми арасындағы ақпарат алмасу жүйесі	10.4.4.2 "компьютер-ми" интерфейс технологиясының ерекшеліктерін түсіндіру
	Гомеостазды тұрақты ұстаудың механизмдері.	10.1.7.5 ағзаның ішкі ортасының тұрақтылығын ұстаудағы гомеостазды сақтаудың механизмін түсіндіру
	Өсімдіктердің өсуі мен дамуын реттеуші. Зертханалық жұмыс: "Ауксиннің өсімдіктерге әсерін зерттеу"	10.1.7.6 өсімдіктердің өсуі мен дамуына әсер ететін заттардың әрекетін сипаттау
3-тоқсан		
Қозғалыс	Бұлшық еттің жұмысы. Демонстрация "Негізгі бұлшық еттердің жұмысын өзіндік бақылау, иық белдеуінің қол қозғалысындағы рөлі. Бұлшық ет қозғалысын реттеу". Зертханалық жұмыс: "Статикалық және	10.1.6.1 қол бұлшық еттерінің максимальды жұмыс күшін және күшке төзімділігін сипаттау;

	динамикалық жұмыс кезіндегі бұлшық еттің қажуын зерттеу"	10.1.6.2 бұлшық еттің жиырылу жиілігіне бұлшықет жұмысының тәуелділігін зерттеу
Молекулалық биология және биохимия	ДНҚ молекулалық құрылысының принциптері: нуклеотидтердің комплементарлығы. Модельдеу "ДНҚ молекуласын құру"	10.4.1.2 дезоксирибонуклеин қышқылы молекуласының қос шиыршықты құрылымын сипаттау ; 10.4.1.3 дезоксирибонуклеин қышқылының молекуласын құрылымдық қағидалары негізінде үлгілеу
Жасушалық цикл	Интерфаза. Интерфаза кезеңдері: G1, S және G2	10.2.2.1 жасушалық айналымның интерфаза кезеңіндегі жүретін үдерістерді түсіндіру
	Митоз. Митоз фазалары. Зертханалық жұмыс: "Пияз тамыр ұшындағы жасушалардан митозды зерттеу"	10.2.2.2 митоздың кезеңдерін сипаттау
	Митоз. Митоз фазалары. Мейоз бен митозды салыстыру. Модельдеу "Митоз кезеңдерін зерттеу"	10.2.2.3 мейоз кезеңдерін сипаттау ; 10.2.2.4 митоз бен мейоз үдерісін салыстыру
Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары	Г.Мендель анықтаған белгілердің тұқым қуалаушылық заңдылықтары. Тұқым қуалаушылықты зерттеудің гибридологиялық әдісі	10.2.4.1 генетиканың дамуымен қалыптасуындағы Г.Мендель зерттеулерінің рөлін бағалау
	Тұқым қуалаушылықтың генетикалық заңдылықтарының цитологиялық негіздері. Гамета тазалығы заңы және оның цитологиялық негіздемесі. Моногибридті және дигибридті будандастыру. Басымдылық заңы. Ажырау заңы	10.2.4.2 моногибридті будандастырудың цитологиялық негіздерін сипаттау және моногибридті будандастыруға есептер шығару; 10.2.4.3 дигибридті будандастырудың цитологиялық негіздерін негіздерін сипаттау және есептер шығару
	Аллельді гендердің әрекеттесуі: толық және толымсыз. Доминанттылық белгілердің пайда болуы. Талдаушы шағылыстыру ұғымы мен оның практикалық маңызы	10.2.4.4 толық және толымсыз доминанттылықты салыстыру: 10.2.4.5 талдаушы шағылыстырудың маңыздылығын бағалау
	Жыныс генетикасы. Жынысты анықтаудың генетикалық механизмі. Жыныспен тіркесіп тұқымқуалау. Гемофилия және дальтонизм	10.2.4.6 жынысты анықтау теориясын сипаттау; 10.2.4.7 жынысты анықтау кезінде хромосомалардың рөлін түсіндіретін схема жасау
	Адам қан топтарының тұқымқуалау заңдылықтары. Резусфактор	10.2.4.8 адамның қан тобының тұқымқуалауын және қан топтарын анықтау механизмін түсіндіру

	Адам генетикасы. Адамның тұқымқуалау белгілерін зерттеу әдістері. Адамның генетикалық ауруларының алдын алу. Адамның генеалогиялық шежіре ағашын құру. Модельдеу "Адамның генеалогиялық шежіре ағашын құру"	10.2.4.9 адам генетикасын зерттеудің негізгі әдістерін сипаттау; 10.2.4.10 шежіре схемасын құру
	Өнімділікті арттыратын заманауи ауыл шаруашылық технологиялары. Өнімділігі жоғары ауылшаруашылықты жүргізудің жаңа баламалы жолдары	10.2.4.11 мәдени өсімдіктердің өнімділігін арттыру үшін заманауи ауылшаруашылық технологиялардың қолданылуын атау
Микробиология және биотехнология	Биотехнологиялық үдерістің жалпы схемасы және биотехнологияда алынатын өнімдері (медицинада, өнеркәсіпте және ауыл шаруашылығында). Инсулин өндірісі	10.4.3.1 видеожазбаларды пайдаланып инсулин өндіру мысалында биотехнологиялық үдерістің жалпы схемасын сипаттау; 10.4.3.2 кестелерді қолданып, биотехнологияда өндірілетін өнімдерге мысал келтіру
4-тоқсан		
Эволюциялық даму	Жердегі тіршіліктің пайда болуы кезеңдері.	10.2.5.7 даму кезеңдерінің схемасын пайдаланып Жердегі тіршіліктің дамуының негізгі кезеңдерін атау
	Эволюциялық ұғымдардың қалыптасуы және дамуы. Ч.Дарвиннің эволюциялық ілімінің негізгі қағидалары. Эволюцияның қазіргі заман теориясының пайда болуы	10.2.5.1 К. Линней мен Ж.Б. Ламарк еңбектерінің негізгі қағидаларын атау; 10.2.5.2 эволюциялық ілімнің қалыптасуындағы Ч. Дарвин еңбектерінің рөлін түсіндіру
	Эволюцияның қозғаушы күштері. Табиғи сұрыпталу нәтижесіндегі бейімделушілік. Эволюциялық үдерістегі өзгергіштіктің (мутациялық, комбинативтік) рөлі. Табиғи сұрыпталу, оның түрлері (қозғаушы және тұрақтандырушы). Тіршілік үшін күрес (түршілік, тұраралық). Модельдеу "Бейімделгіштікті табиғи сұрыпталу нәтижесі ретінде зерттеу (көбелек)"	10.2.5.3 эволюцияның қозғаушы күштерін сипаттау; 10.2.5.4 ағзалардың бейімделушілігіндегі табиғи сұрыпталудың рөлін сипаттау
	"Түр" ұғымының анықтамасы. Түрдің құрылымы. Түр критерийлері. "Түр түзілу" ұғымы. Түр түзілудің тәсілдері мен механизмдері	10.2.5.5 түрдің құрылымы мен критерийлеріне сипаттама беру; 10.2.5.6 түр түзілу үдерісін түсіндіру

## **Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Физика" пәнінен жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасы**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Физика" пәнінен жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

• 2. Оқу пәнінің мақсаты - білім алушылардың ғылыми дүниетанымдық негіздерін, әлемнің жаратылыстанымдық-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауын, өмірде маңызды практикалық мәселелерді шешуде табиғат құбылыстарын бақылау, талдау, жазу қабілеттерін қалыптастыру.

• 3. Оқытудың міндеттері:

1) білім алушылардың әлемнің заманауи физикалық бейнесінің негізінде жатқан фундаменталдық физикалық заңдар мен қағидалар туралы білімдерді, табиғатты танудың ғылыми әдістерін меңгеруі;

2) меңгерген дағдыларды табиғат ресурстарын пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауда, қоғам мен адам өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде қолдануы;

• 3) оқу және зерттеу іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;

4) белсенді өмір ұстанымына, адалдыққа, адами парасаттылыққа тәрбиелеу;

4. Түзету-дамытушылық міндеттер:

• 1) білім алушылардың зияткерлік, ақпараттық, коммуникативтік және рефлексивтік мәдениетін дамыту;

2) оқу-танымдық іс-әрекетін жетілдіру;

3) негізгі ойлау операцияларын (талдау, жинақтау, салыстыру, жалпылау) дамыту;

4) білім алушылардың сөйлеу тілін дамыту.

### **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

5. Оқу үрдісін ұйымдастыруда психикалық дамуы тежелген балалардың келесідей ерекшеліктері ескеріледі:

1) сөздік қорының және сөйлеу тілінің синтаксистік құрылымының кедейлігі;

2) қоршаған әлем туралы түсініктері мен мәліметтерінің жеткіліксіздігі;

- 3) сөздік логикалық ойлау деңгейінің төмендігі;
  - 4) талдау және талдамалық бақылау мен жіктеудің төмен деңгейі;
  - 5) іс-әрекетті өз еркімен ұйымдастырудың жеткіліксіздігі;
  - 6) көру–кеңістіктік және есту–тілдік ақпаратты өңдеу қиындықтары.
6. Білім алушылар физика пәнін оқу барысында келісідей қиындықтарға кездеседі:
- 1) кері сандармен, бөлшек сандармен есептеу операцияларын орындауда;
  - 2) мәтінді көшіру, кесте құру, схемаларды мен сызбаларды жасау барысында;
  - 3) заттық-сандық қатынастарды түсінуде;
  - 4) нақты мәліметтерді, формулаларды, терминдерді, түсініктемелерді есте сақтауда;
  - 5) міндеттерді шешудің жағдайларын түсіну мен оңтайлы тәсілдерін табуда;
  - 6) көрген және оқыған мәліметтің мағынасын саналы түсінуде;
  - 7) жалпылауда, болжам жасау мен болжай алу қабілетінде.

7. Физика пәнін оқыту тұлғалы-бағдарлық, іс-әрекеттік, құзіреттілік және жүйелік тәсілдер негізінде жүзеге асырылады:

1) тұлғалы-бағдарлық тәсіл – әр білім алушылардың дамуына жағымды мүмкіндіктерді туғызу, білім алушылардың жеке-психологиялық ерекшеліктерін есепке алып қана қоймай, сонымен қатар олардың тұлғалық қасиеттері мен оқу-танымдық іс-әрекетін әрі қарай қалыптастыруды көздейді.

2) іс-әрекеттік тәсіл - физика пәні бойынша есептер шешу процесінде білім алушылардың жеке ерекшеліктері максималды түрде ескерілетінін болжайды: білім, қабілет, дағды деңгейлері; реакция жылдамдығы; ұзақ уақыттық есте сақтауды қалыптастыру тәсілдері. Практикалық сабақтардың мазмұны мен формасы, оқу тапсырмалары ауысып тұрады;

3) құзіреттілік тәсіл - білім алушылардың әмбебап оқу әрекеттерін, білімдерін, біліктерін, дағдыларын қалыптастыруды болжайды;

4) жүйелік тәсіл - білім алушылардың өзіндік оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыру негізінде құрылып, өзін-өзі оқыту, өзін-өзі дамыту, өзін –өзі ұйымдастыру режимінде оқу үрдісін ұйымдастыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

8. Педагогикалық міндеттерді нәтижелі шешу үшін мұғалім:

1) бақылау қабілетін қалыптастыру арқылы қабылдауын дамытуды жүзеге асырады. Бақылау әдісін нәтижелі меңгерудің жағдайлары: мақсат қою, нақты бақылау жоспарын жасау және жүргізу;

2) түрлі оқу іс-әрекетін қолдана отырып, білім алушылардың назарын оқу материалына аударады: тыңдалым, оқылым, жазылым, бақылау. Мнемотехника элементтерін қолданады, мысалы, формулаларды есте сақтау барысында мнемотехнологиялық үшбұрыштарды қолданады;

3) қайталаудың барлық түрлерін қолданады (кіріспе, ағымдық, кезеңдік, қорытынды );

4) ерекше көрнекі құралдарды қолданады;

5) әңгімелесу формасы бойынша ауызша түсіндірме жүргізеді;

6) жаңа материалдарды "аз мөлшермен" ұсынады;

7) күш жетерлік ойлау әрекеті қажет болған жағдайда көлемі мен күрделілігі оңтайлы үй тапсырмаларын ұсынады: заңның, анықтаманың тұжырымдамасын жаттау; оқулықтан тапсырмаларды шешудің үлгісін көшіріп жазу; түсіндірмесі бар құралдардың схемасын салу; кестелерді толтыру;

2) "Ерітінділер және ергіштік". Заттардың суда еруі, заттардың судағы ергіштігі бойынша жіктелуі, ерітінділер, еріген заттың массалық үлесі, молярлық концентрация, қатты заттардың, сұйықтардың және газдардың суда ергіштігі, кристаллогидраттар, ерітінділердің табиғаттағы және күнделікті өмірдегі рөлі, заттардың ергіштігіне температураның әсері; № 5 зертханалық тәжірибе "Заттардың ерігіштігін зерттеу"; №4 практикалық жұмыс "Қатты заттардың ерігіштігіне температураның әсері"; № 5 практикалық жұмыс "Берілген пайыздық және молярлық концентрациялы ерітінділерді дайындау"; есептеуге берілген есептер: заттардың судағы ерігіштігін есептеу, тығыздығы мен көлемі бойынша ерітіндінің массасын анықтау, еріген заттың және еріткіштің массасын, еріген заттың массалық үлесін есептеу, ерітіндідегі заттың молярлық концентрациясын есептеу; №1 бақылау жұмысы;

3) "Бейорганикалық қосындылардың негізгі кластары". Қышқылдар: құрамы, номенклатурасы, жіктелуі, қасиеттері, алынуы және қолданылуы, негіздер: құрамы, номенклатурасы, жіктелуі, қасиеттері, алынуы және қолданылуы, тұздар: құрамы, номенклатурасы, жіктелуі, қасиеттері, алынуы және қолданылуы, бейорганикалық қосындылардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланыс; №6 зертханалық тәжірибе "Оксидтердің химиялық қасиеттерін зерттеу"; №7 зертханалық тәжірибе "Қышқылдардың химиялық қасиеттерін зерттеу"; №8 зертханалық тәжірибе "Негіздердің химиялық қасиеттерін зерттеу"; №9 зертханалық тәжірибе "Тұздардың қасиеттері және алынуы"; есептеуге берілген есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша реакцияға қатысушы немесе реакция нәтижесінде түзілген бір заттың белгілі массасы, мөлшері немесе көлемі бойынша табиғатта жүретін процестер мен химиялық реакция нәтижесінде түзілген өнімнің немесе реагенттің массасын, заттың мөлшерін, көлемін есептеу, ерітіндінің белгілі массасы және еріген заттың массалық үлесі бойынша реакция өнімінің массасын, көлемін және заттың мөлшерін есептеу;

4) "Адам ағзасындағы химиялық элементтер". Адам ағзасының химиялық құрамы; макроэлементтер және микроэлементтер, олардың маңызы, адам ағзасының құрамына кіретін элементтер және олардың маңызы: (O, C, H, N, Ca, P, K, S, Cl, Mg, Fe), Қазақстан тұрғындарының теңгерімді тамақтану рационы, ағзадағы кейбір элементтерді анықтау, ауыр металдармен қоршаған ортаның ластануы көздері, ауыр

металдардың ағзаларға әсері; №13 зертханалық тәжірибе "Сүйек құрамындағы кальцийді анықтау"; №14 зертханалық тәжірибе "Тамақ өнімдерінің құрамындағы көміртекті анықтау"; №2 бақылау жұмысы;

5) "Электролиттік диссоциация". Электролиттер және бейэлектролиттер, С.Аррениустың электролиттік диссоциациялану теориясының негізгі қағидалары, электролиттік диссоциациялану механизмі, ерітінділердің немесе заттың балқымаларының электр өткізгіштігінің химиялық байланыс түріне тәуелділігі, күшті және әлсіз электролиттер, диссоциациялану дәрежесі, қышқыл, сілті және тұздардың судағы ерітінділерінде электролиттік диссоциациялануы, көпнегізді қышқылдардың, қышқылдық және негіздік тұздардың диссоциациялануы, ион алмасу реакциялары және олардың жүру жағдайлары, электролиттік диссоциациялану теориясы тұрғысынан қышқыл, негіз және тұз ерітінділерінің химиялық қасиеттері, тұздар гидролизі; №1 көрсетілім "Иондық және ковалентті полярлық байланысы бар заттардың электролиттік диссоциациясы"; №1 зертханалық тәжірибе "Қышқыл, сілті ерітінділерінің рН -ын анықтау"; №1 практикалық жұмыс "Ион алмасу реакциялары"; №2 зертханалық тәжірибе "Тұздар гидролизі"; есептеуге берілген есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша заттың мөлшерін, массасын, реакция өнімінің көлемін есептеу, диссоциациялану дәрежесін есептеу;

6) "Бейорганикалық заттарға сапалық талдау". Катиондарға сапалық реакциялар; жалын түсінің боялуы бойынша  $\text{Li}^+$ ,  $\text{Na}^+$ ,  $\text{K}^+$ ,  $\text{Ca}^{2+}$ ,  $\text{Sr}^{2+}$ ,  $\text{Ba}^{2+}$ ,  $\text{Cu}^{2+}$  металл катиондарын анықтау, аниондардың сапалық реакциялары, бейорганикалық қосындылардың құрамын сапалық талдау; №3 зертханалық тәжірибе жалын түсінің боялуы бойынша " $\text{Li}^+$ ,  $\text{Na}^+$ ,  $\text{K}^+$ ,  $\text{Ca}^{2+}$ ,  $\text{Sr}^{2+}$ ,  $\text{Ba}^{2+}$ ,  $\text{Cu}^{2+}$  катиондарын анықтау"; №4 зертханалық тәжірибе " $\text{Fe}^{2+}$ ,  $\text{Fe}^{3+}$ ,  $\text{Cu}^{2+}$  катиондарына сапалық реакциялар"; №5 зертханалық тәжірибе "Сулы ерітіндідегі  $\text{Cl}^-$ ,  $\text{Br}^-$ ,  $\text{I}^-$ ,  $\text{PO}_4^{3-}$ ,  $\text{SO}_4^{2-}$ ,  $\text{CO}_3^{2-}$ ,  $\text{NO}_3^-$ ,  $\text{SiO}_3^{2-}$  аниондарын анықтау"; №2 практикалық жұмыс "Бейорганикалық қосындыларды сапалық талдау"; есептеуге берілген есептер: егер әрекеттесуші заттардың біреуі артық мөлшерде берілсе химиялық теңдеулер бойынша есептеу; №3 бақылау жұмысы;

7) "Металдардың химиялық белсенділігі". Металдардың тотығуы, металдардың жемірілуі; металдардың сумен әрекеттесуі, металдардың қышқыл ерітінділерімен, металдардың тұз ерітінділерімен әрекеттесуі, металдардың белсенділік қатары, металдардың белсенділігін салыстыру; №2 көрсетілім "Белсенді металдардың сумен әрекеттесуі"; №3 зертханалық тәжірибе "Металдардың қышқылдар ерітіндісімен әрекеттесуі"; №3 көрсетілім "Тұз ерітінділерінен металдарды ығыстыру"; №1 практикалық жұмыс "Металдардың белсенділігін салыстыру";

8) "Металдар мен қорытпалар". Металдардың жалпы сипаттамасы, металдық байланыс пен металдық кристалдық тор, темір мен мыстың физикалық және химиялық қасиеттері, металдардың тек тотықсыздандырғыш қасиеттерін көрсетуі, темір қорытпалары және олардың қолданылуы, металлургия туралы түсінік, шойын мен

болат өндірісі, Қазақстанда металлургияның дамуы, металдар мен олардың қорытпаларын алу, Қазақстандағы металдар және оның қосындыларының маңызды кен орындары, металдарды өндіру процестері, қоршаған ортаға әсері, металдарды алу; №4 көрсетілім "Металдардың кристалдық торының модельдері"; №5 көрсетілім "Металдар және қорытпалар"; есептеуге берілген есептер: егер құрамында қоспаның белгілі бір массалық үлесі бар басқа заттың массасы белгілі болған жағдайда реакция теңдеуі бойынша заттың массасын есептеу, өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен саластырғандағы заттың шығымы массасын есептеу;

9) "Көміртек және оның қосындылары". Көміртектің жалпы сипаттамасы, табиғатта көміртек және оның қосындыларының таралуы, көміртектің аллотропиялық түр өзгерістері, көміртектің аллотропиялық түр өзгерістерінің қолдану аймағы, көміртектің қасиеттері, көміртектің оксидтері және олардың қасиеттері, тірі ағзаларға иіс газының физиологиялық әсері, көміртектің табиғаттағы айналымы; №6 практикалық жұмыс "Көміртектің физикалық және химиялық қасиеттері"; №7 практикалық жұмыс "Көмірқышқыл газын алу және оның қасиеттері зерттеу"; есептеуге берілген есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша реакцияға қатысушы немесе реакция нәтижесінде түзілген бір заттың белгілі массасы, мөлшері немесе көлемі бойынша табиғатта жүретін процестер мен химиялық реакция нәтижесінде түзілген өнімнің немесе реагенттің массасын, заттың мөлшерін, көлемін есептеу, ерітіндінің белгілі массасы және еріген заттың массалық үлесі бойынша реакция өнімінің массасын, көлемін және заттың мөлшерін есептеу; №4 бақылау жұмысы;

24. 10-сыныпқа арналған "Химия" пәнінің базалық мазмұны:

1) "Химиялық реакциялардың жылдамдығы". Химиялық реакциялардың жылдамдығы, химиялық реакциялардың жылдамдығына әсер ететін факторлар, бөлшектердің кинетикалық тұрғысынан реакция жылдамдығы, катализаторлар, ингибиторлар, катализаторлар мен ингибиторлардың реакция жылдамдығына әсері; №2 көрсетілім "Түрлі химиялық реакциялардың жылдамдығы"; №6 зертханалық тәжірибе "Концентрацияның температурасы мен бөлшектер көлемінің реакция жылдамдығына әсері"; №3 практикалық жұмыс "Реакция жылдамдығына катализатордың әсері";

2) "Қайтымды реакциялар". Химиялық тепе-теңдік, тепе-теңдік динамикалық процес ретінде, химиялық тепе-теңдіктің ығысуы, Ле-Шателье-Браун принципі, химиялық тепе-теңдік күйіне және химиялық реакция жылдамдығына жағдайлардың өзгерісінің әсері, бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан химиялық тепе-теңдік; №3 көрсетілім "Қайтымды химиялық реакциялар"; №7 зертханалық тәжірибе "Химиялық тепе-теңдіктің ығысуы";

3) "Тотығу-тотықсыздану реакциялары". Химиялық элементтердің тотығу дәрежелері, қосындылардың формулалары бойынша химиялық элементтердің тотығу дәрежелерін анықтау, тотықтырғыш және тотықсыздандырғыш туралы түсінік, тотығу-тотықсыздану реакциялары, электрондық баланс әдісі; №1 бақылау жұмысы;

4) 1 (I), 2 (II) және 13 (III) топтар элементтері және олардың қосындылары. 1 (I)-топ элементтері және олардың қосындылары, атомдары құрылысы негізінде сілтілік металдардың жалпы қасиеттері, сілтілік металдардың оксидтері мен гидроксидтерінің негіздік қасиеттері және олардың қолданылуы, 2 (II)-топ элементтері және олардың қосындылары, 1 (I)-ші және 2 (II)-топ металдарының жалпы қасиеттері, кальций оксиді мен гидроксидінің негіздік қасиеттері және олардың қолданылуы, 3 (III)-топ элементтері, алюминий және оның қосындылары, алюминийдің қосындылары мен қорытпаларының қолдану аймағы, алюминий, оның оксиді мен гидроксидінің амфотерлік қасиеттері; №6 көрсетілім "Натрийдің, кальцийдің сумен әрекеттесуі"; №8 зертханалық тәжірибе "Кальцийдің сумен және қышқыл ерітіндісімен әрекеттесуі"; №7 көрсетілім "Алюминий мен оның қорытпалары"; №9 зертханалық тәжірибе "Алюминийдің қышқыл және сілті ерітінділерімен әрекеттесуі"; №4 практикалық жұмыс "Металдар" тақырыбына эксперименттік есептер шығару; есептеуге берілген есептер: егер құрамында қоспаның белгілі массалық үлесі бар басқа заттың массасы белгілі болғанда, заттың (реагенттің немесе өнімнің) массасын реакция теңдеуі бойынша есептеу, өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен саластырғанда, заттың шығымдық массасын есептеу, өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен саластырғандағы заттың шығымдық массасын есептеу;

5) 17 (VII), 16 (VI), 15 (V), 14 (IV) - топтарының элементтері және олардың қосындылары. (VII) топ элементтері, галогендер, байланыс түрі және кристалдық тор типі, топтағы галогендер қасиеттерінің өзгеру заңдылықтары, хлор, хлордың химиялық қасиеттері: металдармен, сутекпен және галогенидтермен әрекеттесуі, хлорсутек қышқылының құрамы қасиеттері мен қолданылуы, 16 (VI)-топ элементтері, күкірт, күкірттің аллотропиялық түр өзгерістерінің физикалық қасиеттері, күкірттің негізгі қосындылары және олардың физикалық және химиялық қасиеттері, қышқылдық жаңбырдың пайда болу себебі мен экологияға тигізетін әсері, күкірт қышқылы, күкірт қышқылы және оның тұздарының жалпы және ерекше қасиеттері, қасиеттері мен қолданылуы, 15 (V)-топ элементтері: азот, азоттың қасиеттері және табиғаттағы азот айналымы, аммиак, аммиактың қасиеттері, алынуы мен қолданылуы, аммиак өндірісі, (Габер синтезі): азот қышқылы, азот қышқылының қасиеттері, азот қышқылы мен нитраттардың өзіне тән қасиеттері, фосфор және оның қосындылары, фосфорды аллотропиялық түрлендіру, фосфор қосындыларының Қазақстандағы кен орындары, фосфор және оның қосындыларының жалпы химиялық қасиеттері, минералды тыңайтқыштар, олардың Қазақстанда өндірілуі және оларды тиімді қолдану, азот және фосфор тыңайтқыштарының қоршаған ортаға әсері, 14 (IV) - топ элементтері, кремний және оның қосындылары, кремнийдің қолданылу аймағы және оның жартылай өткізгіш ретінде маңызы, сұйық кристалдар, кремний, оның диоксиді мен карбидіндегі химиялық байланыс түрін және кристалдық тор типі, кремний мен оның

қосындыларының химиялық қасиеттері, Қазақстандағы силикат өнеркәсібі; №8 көрсетілім "Күкірттің аллотропиялық түр өзгерістері"; №5 практикалық жұмыс "Сұйылтылған күкірт қышқылы ерітіндісі және оның тұздарының химиялық қасиеттерін зерттеу"; №10 зертханалық тәжірибе "Азот молекуласының моделін дайындау"; №11 зертханалық тәжірибе "Аммиак молекуласының моделін дайындау"; №6 практикалық жұмыс "Аммиактың алынуы және оның қасиеттерін зерттеу"; №12 зертханалық тәжірибе "Азот қышқылының басқа қышқылдармен ортақ қасиеттері"; №9 көрсетілім "Минералды тыңайтқыштар"; №10 көрсетілім "Алмаз, кремний, кремний диоксиді мен кремний карбидінің кристалдық торларының модельдері"; есептеуге берілген есептер: химиялық реакция теңдеуі бойынша есептеу, бірі зат бастапқы заттардан артық берілген есептер, егер реакция өнімінің практикалық шығымының массалық үлесі белгілі болса, химиялық реакция теңдеуі бойынша заттың (реагенттің немесе өнімнің) массасын есептеу, құрамындағы қоспаның массалық үлесі бар басқа заттың массасы бойынша реакция өнімінің массасын есептеу; №2 бақылау жұмысы;

6) "Органикалық химияға кіріспе". Органикалық химия – көміртек қосындыларының химиясы, А.М. Бутлеровтың органикалық қосындылардың құрылыс теориясының негізгі қағидалары, органикалық заттардың ерекшеліктері, органикалық қосындылардың жіктелуі, функционалдық топ түсінігі, органикалық қосындылардың гомологтық қатарлары, органикалық қосындылардың гомологтық қатарлары, органикалық қосындылардың номенклатурасы, органикалық қосындылардың изомериясы; №11 көрсетілім "Метан, этан, этен, этин, этанол, этаналь, этан қышқылы, глюкоза, аминокетан қышқылы модельдері"; №12 көрсетілім "Алкандардың алғашқы бес өкілдерінің және сызықты құрылымды спирттердің модельдері"; №13 көрсетілім "Пентан изомерлерінің модельдері"; есептеуге берілген есептер: элементтердің массалық үлесі және салыстырмалы тығыздығы бойынша газтәрізді заттардың молекулярлық формулаларын табу;

7) "Көмірсутектер. Отын". Көмірсутектердің жіктелуі, номенклатурасы және изомериясы, қаныққан көмірсутектер, алкан, метан, қанықпаған көмірсутектер, алкендер, этилен, алкиндер, ацетилен, арендер, бензол, көмірсутектер арасындағы генетикалық байланыс, көмірсутектердің табиғи көздері, көмірсутекті отындар, табиғи газдың, мұнайдың, көмірдің Қазақстандағы кен орындары, оларды өндіру және өңдеу, көмірсутектерді өндіру, өңдеу және қолданудағы экологиялық мәселелер, көмірсутектерді экономиканың түрлі салаларында және тұрмыста пайдалану, альтернативті отын түрлері, мұнай, мұнай фракциялары және шикі мұнай өнімдерінің қолдану аймағы; №14 көрсетілім "Этиленнің жануы, бром суы мен калий перманганаты ерітінділерін түссіздендіруі"; №15 көрсетілім "Отын түрлері"; №16 көрсетілім "Мұнай және мұнай өнімдері"; есептеуге берілген есептер: реакция өнімінің массасы немесе көлемі және белгілі заттың салыстырмалы тығыздығы бойынша органикалық заттың формуласын анықтау; №3 бақылау жұмысы;



8) "Оттекті және азотты органикалық қосындылар". Оттекті органикалық қосындылардың жіктелуі және номенклатурасы, метанол, этанол, спирттердің улылығы және этил спиртінің адам организміне зиянды әсері, оттекті органикалық қосындылардың өкілдері; этандиол, пропантриол, этан қышқылы, глюкоза, сахароза, крахмал, целлюлозаның қолданылуы; карбон қышқылдары, күрделі эфирлер мен майлар, сабын, синтетикалық жуғыш заттар, синтетикалық жуғыш заттардың қоршаған ортаға әсері, көмірсулар, уыздар, аминқышқылдары, биологиялық маңызды органикалық қосындылар, Қазақстанның тамақ өнеркәсібі; №15 зертханалық тәжірибе "Сірке қышқылының қасиеттерін зерттеу"; №16 зертханалық тәжірибе "Уыздардың денатурациясы"; есептеуге берілген есептер: егер құрамында қоспаның массалық үлесі бар басқа заттың массасы белгілі болған жағдайда, реакция теңдеуі бойынша органикалық заттың (реагенттің немесе өнімнің) массасын есептеу, өндірістік және экологиялық мазмұндағы теориялық мүмкін мәнімен саластырғандағы заттың шығымы массасын есептеу, метан, бутан, этанолдың жану реакция теңдеуі бойынша оттектің, ауаның көлемдерін есептеу; №4 бақылау жұмысы.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

25. Бағдарламада, оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 6.2.1.4. кодында "6" - сынып, "2.1" - бөлімше, "4" - оқыту мақсатының реттік саны.

26. Күтілетін нәтижелер бойынша оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) "Заттардың бөлшектері" бөлімі:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
	7.1.1.1 "Химия" ғылымының негізін оқытатынын айту; 7.1.1.2 химиялық зертханада және кабинетінде жұмыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелерін атау және түсіндіру; 7.1.1.3 физикалық және химиялық құбылыстарды ажырата алу; 7.1.1.4 заттардың әртүрлі агрегаттық	8.1.1.1 зат мөлшерінің өлшем бірлігі ретінде – мольді және Авогадро санын айту;		

<p>1.1 Атомдар, иондар және молекулалар</p>	<p>күйлерін білу, атау және бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан қатты, сұйық, газ тәріздес заттардың құрылымын түсіндіре алу; 7.1.1.5 салқындау қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясына сай, өз бақылауларын түсіндіру; 7.1.1.6 судықыздыру қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясын пайдалана отырып, өз бақылауларын түсіндіру</p>	<p>8.1.1.2 формула бойынша заттың массасын, зат мөлшерін, құрылымдық бөлшектер санын есептей алу 8.1.1.3 заттың массасын, зат мөлшерін, құрылымдық бөлшектер санын есептей алу</p>		
	<p>7.1.2.1 атомдар мен молекулалардың айырмашылығын атау; 7.1.2.2 әрбір элементтің химиялық элементтің таңбасын тану және атау; 7.1.2.3 элементтерді металдар мен бейметалдарға жіктеу; 7.1.2.4 заттарды құрамына қарай жай және күрделіге жіктеу; 7.1.2.5 протон, электрон, нейтронды және олардың атомдағы орналасу тәртібін, массасын зарядын атау;</p>			

<p>1.2 Атом құрамы мен құрылысы</p>	<p>7.1.2.6 алғашқы 20 элементтің атом құрылысы (<math>p^+</math>, <math>n^0</math>, <math>e^-</math>) мен атом ядросының құрамын түсіндіру;</p> <p>7.1.2.7 "изотоп" түсінігін түсіндіру;</p> <p>7.1.2.8 Жердегі элементтердің басым бөлігі планеталардың қалыптасу кезінде пайда болған изотоптар қоспасы түрінде кездесетіндігін түсіну;</p> <p>7.1.2.9 табиғи изотоптары бар химиялық элементтердің атомдық массалары бөлшек сан болатындығын түсіндіру;</p> <p>7.1.2.10 салыстырмалы атомдық массаға анықтама беру;</p> <p>7.1.2.11 элементтердің атауларын, валенттілікті және олардың қосындылардағы атомдық қатынастарын қолдана отырып, бинарлы химиялық қосындылардың формулаларын құру;</p> <p>7.1.2.12 химиялық қосылыстың формуласы бойынша салыстырмалы молекулярлық/ формулалық массасын есептеу</p>			
-------------------------------------	---	--	--	--

<p>1.3 Атомда электрондардың қозғалысы мен таралуы. Атомдардан иондардың құрылуы</p>	<p>8.1.3.1 атомда электрондар ядродан арақашықтығы артқан сайын біртіндеп энергетикалық деңгейлер бойынша таралатынын түсіндіру;</p> <p>8.1.3.2 әрбір электрон қабатында электрон саны нақты максимал мәннен аспайтынын түсіндіру;</p> <p>8.1.3.3 s және p орбиталдарының пішінін атау;</p> <p>8.1.3.4 алғашқы 20 химиялық элементтің электрондық конфигурациясын және электронды-графикалық формулаларын жазу;</p> <p>8.1.3.5 атомдар электрондарды қабылдай немесе жоғалта алатынын және осының нәтижесінде иондар түзілетінін түсіндіру;</p> <p>8.1.3.6 "нольдік қосынды" әдісімен қосындылардың формуласын құрастыру</p>		
	<p>8.1.4.1 электртерістілік ұғымына сүйеніп</p>	<p>9.1.4.1 металдық байланыс пен металдық кристалдық тор жайындағы білімдерін қолданып металдардың қасиетін түсіндіре алу;</p>	<p>10.1.4.1 галоген молекулаларының электрондық формулаларын құрастыру және кристалдық тор түрлері мен байланыс типтерін анықтау;</p>

1.4 Химиялық байланыстардың түрлері		ковалентті байланыстың түзілуін түсіндіру; 8.1.4.2 иондық байланыстың түзілуін сипаттау және иондық қосындылардың қасиеттерін болжау; 8.1.4.3 заттар қасиеттерінің кристалдық тор типтеріне тәуелділігін түсіндіру	9.1.4.2 металдарға тән физикалық және химиялық қасиеттерді сипаттау және металл атомдарының тек тотықсыздандырғыш қасиет көрсететінін түсіндіру; 9.1.4.3 құйма ұғымын түсіндіру және оның артықшылықтарын түсіндіру; 9.1.4.4 салыстырмалы кестені пайдаланып шойын мен болаттың құрамы мен қасиеттерін салыстыру	10.1.4.2 аммиактың молекулярлық, электрондық және құрылымдық формулаларын түсіндіру; 10.1.4.3 азот қышқылының молекулярлық, формуласын атау және атомдар арасындағы химиялық байланыстардың түзілуін түсіндіру; 10.1.4.4 кремний, оның диоксиді мен карбидіндегі химиялық байланыс түрін және кристалдық тор типін сипаттау
-------------------------------------	--	--	--	---

## 2) "Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары" бөлімі:

2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
				10.2.1.1 атом құрылысы негізінде сілтілік металдардың жалпы қасиеттерін түсіндіру; 10.2.1.2 реакция өнімдерінің түзілу алгоритмін мысалға алып, сілтілік металдардың оксидтері мен гидроксидтерінің негіздік қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру; 10.2.1.3 1 (I) және 2 (II) -топ металдарының жалпы қасиеттерін салыстыру және химиялық реакция теңдеулерін құрастыру;

10.2.1.4 кальций оксиді мен гидроксидінің негізгі қасиеттерін түсіндіру және қолданылуын сипаттау;

10.2.1.5 атом құрылысы негізінде алюминийдің қасиеттерін түсіндіру, оның маңызды қосындылары мен құймаларынның қолдану аймағын атау;

10.2.1.6 алюминийдің, оның оксиді мен гидроксидінің екідайлы қасиеттерін зерттеу; 10.2.1.7 1 (I), 2 (II), 13 (III) -топ металдарының жай және күрделі заттармен әрекеттесуіне байланысты тәжірибені жоспарлау және жүргізу;

10.2.1.8 топта галогендер қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын болжау;

10.2.1.9 хлордың физикалық қасиеттерін сипаттау және металдармен, сутекпен және галогенидтермен реакция теңдеулерін құру;

10.2.1.10 хлорсутек қышқылы ерітіндісінің химиялық қасиеттерін зерттеу және оның қолдану аясын білу;

8.2.1.1 топ, период, атом нөмірінің физикалық мәнін түсіндіру;  
8.2.1.2 бір топтағы элементтердің сыртқы электрондық

<p>2.1 Периодтық заң мен химиялық элементтердің периодтық жүйесі</p>	<p>7.2.1.1 И. ДҰберейнер, Дж. Ньюлендс, Д.И. Менделеевтің еңбектерінің мысалында элементтердің жіктелуін салыстыру; 7.2.1.2 периодтық кестенің құрылымын сипаттау: топтар және периодтар</p>	<p>деңгейінде электрондар санының бірдей болатындығын түсіндіру; 8.2.1.3 топтар мен периодтарда элементтер қасиеттерінің өзгеру заңдылығын түсіндіру; 8.2.1.4 периодтық жүйедегі орны бойынша элементті сипаттау; 8.2.1.5 химиялық қасиеттері ұқсас элементтердің бірі о п қ а жататындығын дәлелдеу; 8.2.1.6 химиялық элементтердің табиғи ұяластарын атау және сілтілік металдар, галогендер, инертті элементтердің ұяластарына мысалдар келтіру; 8.2.1.7 химиялық элементтің периодтық кестеде орналасуына сай қасиеттерін болжау</p>	<p>10.2.1.11 16 (VI) топ элементтерінің жалпы қасиеттерін сипаттау; 10.2.1.12 күкірттің аллотропиялық түр өзгерістерінің физикалық қасиеттерін салыстыру және күкірттің химиялық қасиеттерін көрсететін реакция теңдеулерін құрастыру; 10.2.1.13 күкірттің (IV) және (VI) оксидтерінің физикалық және химиялық қасиеттерін салыстыру және күкірт диоксидінің физиологиялық әсерін түсіндіру; 10.2.1.14 күкірт қышқылы ерітіндісі мен оның тұздарының физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу; 10.2.1.15 азоттың қасиеттерін және табиғаттағы азот айналымын түсіндіру; 10.2.1.16 аммиакты алу және қасиеттері мен қолданылуын түсіндіру; 10.2.1.17 аммиакты аммоний тұзы ерітіндісі мен сілті ерітіндісін әрекеттестіру жолымен алу және газ тәрізді аммиак пен оның ерітіндісінің қасиеттерін зерттеу; 10.2.1.18 азоттан азот қышқылын</p>
--	--	--	---

				<p>алудың реакция теңдеуін құрастыру; 10.2.1.19 азот қышқылының басқа қышқылдармен жалпы ортақ қасиеттерін зерттеу; 10.2.1.20 сұйылтылған және концентрлі азот қышқылының металдармен әрекеттесуінің ерекшелігін сипаттау және электронды баланс әдісімен реакция теңдеуін құрастыру; 10.2.1.21 нитраттың термиялық айрылуының ерекшелігін түсіндіру, реакция теңдеулерін құрастыру; 10.2.1.22 фосфордың аллотропиялық түр өзгерістерін салыстыру; 10.2.1.23 фосфор және оның қосындыларының жалпы химиялық қасиеттерін түсіндіру; 10.2.1.24 кремнийдің қолданылу аймағын және оның жартылай өткізгіш ретінде қолданылуын түсіндіру; 10.2.1.25 кремний және оның қосындыларының негізгі химиялық қасиеттерін сипаттау және реакция теңдеулерін құрастыру</p>



<p>2.2 Химиялық реакциялардың жіктелуі</p>	<p>7.2.2.1 сұйылтылған қышқылдардың қолдану аяларын және олармен жұмыс жасау ережелерін атау; 7.2.2.2 сұйылтылған қышқылдардың әртүрлі металдармен реакцияларын зерттеу және сутек газының сапалық реакциясын жүзеге асыру; 7.2.2.3 кейбір карбонаттардың сұйылтылған қышқылдармен реакцияларын зерттеу және көмірқышқыл газының сапалық реакциясын жүзеге асыру</p>	<p>8.2.2.1 бастапқы және түзілген заттардың саны мен құрамы бойынша химиялық реакцияларды жіктеу; 8.2.2.2 табиғаттағы және тірі ағзалар мен адам тіршілігіндегі химиялық реакцияларды сипаттау</p>	<p>9.2.2.1 реакция теңдеулерін құрастыру алгоритмін пайдаланып, реакция теңдеулерін молекулярлық және иондық түрде құру; 9.2.2.2 бейтараптану және ион алмасу реакцияларының жүру себептерін түсіндіру</p>	<p>10.2.2.1 тотығу дәрежесін табу ережелерін қолдану; 10.2.2.2 тотығу және тотықсыздану процестері бір-бірімен байланысты екенін және бір мезгілде жүретіндігін түсіндіру; 10.2.2.3 тотығу-тотықсыздану реакцияларын тотығу дәрежесі өзгере жүретін реакциялар ретінде түсіндіру; 10.2.2.4 тотығу процесін электронды беру, ал тотықсыздану-электронды қосып алу деп түсіндіру; 10.2.2.5 коэффициенттерді қою ережелерін пайдалана отырып, электрондық баланс әдісімен тотығу-тотықсыздану реакцияларының коэффициенттерін қою</p>
		<p>8.2.3.1 заттар құрамындағы элементтердің массалық үлесін табу, элементтердің массалық үлесі бойынша заттардың формуласын шығару; 8.2.3.2 әрекеттесетін заттар қатынасын эксперименттік жолмен анықтау; 8.2.3.3 реакцияға қатысатын және түзілетін заттардың формуласын жаза</p>	<p>9.2.3.1 есептерді шығару алгоритмін пайдалана отырып,</p>	<p>10.2.3.3 есептерді шығару алгоритмін пайдалана отырып,</p>

<p>2.3 Массасының сақталу заңы</p>		<p>отырып, химиялық реакциялар теңдеулерін құру; 8.2.3.4 заттар массасының сақталу заңын айту; 8.2.3.5 химиялық реакция теңдеулері бойынша зат массасын, зат мөлшерін есептеу; 8.2.3.6 Авогадро заңын айту және қалыпты және стандартты жағдайлардағы газдар көлемін есептеуде молярлық көлемді қолдану; 8.2.3.7 газдардың салыстырмалы тығыздығын және заттың молярлық массасын салыстырмалы тығыздық бойынша есептеу; 8.2.3.8 газдардың қатысуымен жүретін реакциялар бойынша есептер шығаруда газдардың көлемдік қатынас заңын қолдану</p>	<p>әрекеттесуші заттардың біреуі артық берілген реакция теңдеулері бойынша есептеулер жүргізу; 9.2.3.2 қоспаларға есеп шығару алгоритмін пайдалана отырып, қоспаның белгілі бір массалық үлесін құрайтын басқа заттың массасы белгілі жағдайда, реакция теңдеуі бойынша зат массасын есептеу</p>	<p>теориялық мүмкіндікпен салыстырғандағы реакция өнімінің шығымын есептеу; 10.2.3.4 заттардың формуласын анықтау есептерін шығару алгоритмін пайдалана отырып, газтекес заттардың молекулалық формуласын салыстырмалы тығыздық немесе элементтердің массалық үлестері арқылы анықтау</p>
			<p>9.2.4.1 кейбір металдар басқаларға қарағанда тотығуға тезірек ұшырайтындығын түсіну; 9.2.4.2 белсенді металдардың салқын сумен, ыстық су немесе бумен әрекеттесуін сипаттау; 9.2.4.3 металдар коррозиясын туындатуға әсер ететін жағдайларды сипаттау;</p>	

2.4 Металдардың электрохимиялық кернеу қатары		<p>9.2.4.4 қышқыл ерітінділерімен әртүрлі металдардың реакцияларын зерттеу;</p> <p>9.2.4.5 металдардың қышқылдармен әрекеттесу схемасын пайдалана отырып, металдардың қышқылдармен әрекеттесуінің реакция теңдеулерін құрастыру;</p> <p>9.2.4.6 металдардың қышқылдармен әрекеттесу схемасын пайдалана отырып, металдардың тұз ерітінділерімен әрекеттесуінің жоспарын жасау және жүргізу;</p> <p>9.2.4.7 эксперимент нәтижесі бойынша металдардың белсенділік қатарын құру және оны анықтама мәліметтерімен сәйкестендіру;</p> <p>9.2.4.8 металдардың белсенділік қатарын қолданып, металдардың таныс емес орынбасу реакцияларының жүру мүмкіндігін болжау</p>	
---	--	---	--

### 3) "Химиядағы энергетика" бөлімі:

#### 3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
<p>7.3.1.1 ауа құрамын атау;</p> <p>7.3.1.2 заттардың жану кезінде ауаның құрамына</p>	<p>8.3.1.1 заттың жану реакциясының өнімі көбінесе оксидтер екенін және құрамында</p>			

<p>3.1 Экзотер-миялық және эндотермиялық реакциялар</p>	<p>кіретін оттектің жұмсалатындығын түсіндіру; 7.3.1.3 атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың маңызын түсіндіру; 7.3.1.4 затты жағуға қажетті жағдайларды және жану реакциясының өнімдерін атау; 7.3.1.5 тез тұтанатын, жанғыш және жанбайтын заттарға мысалдар келтіру; 7.3.1.6 заттардың таза оттеkte ауаға қарағанда жақсырақ жанатындығын түсіндіру; 7.3.1.7 металдар мен бейметалдардың жануы кезінде оксидтер түзілетіндігін атау</p>	<p>көміртегі бар отын оттеkte жанғанда, көмірқышқыл газы, иіс газы немесе көміртек түзілетінін түсіндіру; 8.3.1.2 парниктік эффекттің себептерін түсіндіру және шешу жолдарын ұсыну; 8.3.1.3 экзотермиялық реакциялар жылу бөле жүретінін, ал эндотермиялық реакциялар жылу сіңіре жүретінін түсіндіру; 8.3.1.4 әртүрлі жанғыш заттардың қоршаған ортаға әсерін түсіндіру; 8.3.1.5 энергия өзгерісін бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру</p>		
<p>3.2 Химиялық реакциялардың жылдамдығы</p>				<p>10.3.2.1 реакция жылдамдығы ұғымын түсіндіру; 10.3.2.2 реакция жылдамдығына әсер ететін факторларды анықтау және оны бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру; 10.3.2.3 катализатордың реагенттен айырмашылығын және олардың реакция жылдамдығына әсерін түсіндіру; 10.3.2.4 реакция жылдамдығына</p>

				ингибитордың әсерін түсіндіру
3.3 Химиялық тепе-теңдік				<p>10.3.3.1 қайтымды және қайтымсыз реакцияларды атау;</p> <p>10.3.3.2 тепе-теңдікті динамикалық процес ретінде сипаттау және ЛеШателье-Браун принципі бойынша химиялық тепе-теңдіктің ығысуын болжау;</p> <p>10.3.3.3 химиялық тепе-теңдіктің ығысу ережелері мен схемасын пайдалана отырып, химиялық тепе-теңдік күйіне және химиялық реакция жылдамдығына жағдайлар өзгерісінің әсерін түсіндіру;</p> <p>10.3.3.4 химиялық тепе-теңдікті бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру;</p> <p>10.3.3.5 аммиак өндірісінің процесін сипаттау</p>
			<p>9.3.4.1 заттардың ерігіштігінің схемасын пайдалана отырып, заттарды олардың судағы ерігіштігі бойынша жіктеу;</p> <p>9.3.4.2 заттар ерітінділерінің табиғаттағы және күнделікті өмірдегі маңызын түсіндіру;</p> <p>9.3.4.3 заттың ерігіштігіне температура әсерін</p>	

3.4 Қышқылдар мен негіздер теориясы

7.3.4.1 кейбір табиғи қышқылдар мен сілтілердің "қышқылдық" және "сабындылық" қасиеттер белгілері болуы мүмкін екендігін түсіндіру;  
7.3.4.2 химиялық индикаторлар метилоранж, лакмус, фенолфталеинді және олардың әртүрлі ортада түстерінің өзгеруін атау;  
7.3.4.3

түсіндіру;  
индикаторларды пайдаланып, орта тұз ерітіндісінің ортасын тәжірибе жүзінде анықтау;  
9.3.4.4 буландыру техникасын қолдана отырып, заттың 100 г судағы ерігіштігін есептеу;  
9.3.4.5 шешу алгоритмдерін қолданып, еріген заттың массалық үлесі мен ерітіндінің белгілі массасы бойынша еріген заттың массасын есептеу;  
9.3.4.6 шешу алгоритмдерін қолданып, ерітіндідегі заттың молярлық концентрациясын есептеу;  
9.3.4.7 жіктелу схемасын пайдалана отырып, оксидтердің жіктелуін және қасиеттерін атау, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру;  
9.3.4.8 қышқылдардың жіктелу схемасын пайдалана отырып, қышқылдардың жіктелуін, қасиеттерін атау, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру;  
9.3.4.9 негіздердің жіктелу схемасын пайдалана отырып, негіздердің жіктелуі

pH шкаланың негізінде әмбебап индикаторды қолданып, сілтілер мен қышқылдарды анықтау;  
7.3.4.4 "антацидтік заттарды" қолдану мысалында қышқылдардың бейтараптануын түсіндіру

мен қасиеттерін атау, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру;  
9.3.4.10 тұздарды алудың әртүрлі әдістерін атау, сәйкес реакция теңдеулерін құрастыру;  
9.3.4.11 жіктелуді пайдаланып, тұздардың қасиеттерін, жіктелуін атау, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру;  
9.3.4.12 бейорганикалық қосындылардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланысы бойынша реакция теңдеулерін құрастыру;  
9.3.4.13 қышқылдар, еритін және ерімейтін негіздер, орта тұздардың химиялық қасиеттерін көрсететін реакция теңдеулерін молекулярлық және иондық түрде құрастыру;  
9.3.4.14 қышқылдар және негіздер, орта тұздардың химиялық қасиеттерін тәжірибе жүзінде зерттеу және қорытынды жасау;  
9.3.4.15 орта тұз ерітіндісінің

		ортасын тәжірибе жүзінде анықтау; 9.3.4.16 алынған нәтижелерді анықтамалық мәндермен құрастыру және салыстыру
--	--	--

4) "Айналамыздағы химия" бөлімі:

4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
	7.4.1.1 элементті (жай зат) бірдей атомдардың жиынтығы ретінде атау; 7.4.1.2 таза заттар атомдардың немесе		9.4.1.1 электролиттер мен бейэлектролиттердің анықтамасын білу және мысалдар келтіру; 9.4.1.2 заттардың ерітінділері немесе балқымаларының электрөткізгіштігі химиялық байланыс түріне тәуелді екендігін түсіндіру; 9.4.1.3 иондық және коваленттік полюсті байланысы бар заттардың электролиттік диссоциациялану механизмін түсіндіру; 9.4.1.4 электролиттік диссоциация теориясының негізгі қағидаларын түсіндіру; 9.4.1.5 индикаторлардың көмегімен ерітінділердің қышқылдылығы мен сілтілігін ажырату; 9.4.1.6 қышқыл, негіз, орта және қышқылдық тұздардың электролиттік	



4.1 Заттардың  
жіктелуі

молекулалардың бір түрінен түзілетінін түсіндіру;  
7.4.1.3 элемент (жай зат) қоспа және қосылыс түсініктерін ажырату;  
7.4.1.4 қосындылардың және элементтердің физикалық қасиеттері туралы алған білімдерін қоспа құрамындағы таныс емес заттарды ажыратуға қолдану;  
7.4.1.5 қоспалардың түрлерін және оларды бөлу әдістерін атау;  
7.4.1.6 қоспаны бөлуге негізделген тәжірибені жоспарлау және өткізу

диссоциациялану теңдеулерін құрастыру;  
9.4.1.7 электролиттер мен бейэлектродиттер кестесін пайдалана отырып, күшті және әлсіз электролиттерге мысал келтіру және оларды ажырату, диссоциациялану дәрежесін анықтай білу;  
9.4.1.8  $Li^+$ ,  $Na^+$ ,  $K^+$ ,  $Ca^{2+}$ ,  $Sr^{2+}$ ,  $Ba^{2+}$ ,  $Cu^{2+}$  металл катиондарын анықтау үшін жалын түсінің боялу реакциясын жүргізу және сипаттау;  
9.4.1.9 оқулықтағы катиондар кестесін пайдалана отырып,  $Fe^{2+}$ ,  $Fe^{3+}$ ,  $Cu^{2+}$  катиондарына сапалық реакция жүргізу;  
9.4.1.10 хлорид-, бромид-, йодид-, сульфат, карбонат-, фосфат-, нитрат-, силикат- иондарына сапалық реакцияларды тәжірибе жүзінде жүргізу және ион алмасу реакцияларын бақылап, нәтижесін сипаттау;  
9.4.1.11 оқулықтағы кестені пайдалана отырып, белгісіз заттардағы катион мен аниондарды анықтау тәжірибесінің жоспарын құру

			және оны практикада жүзеге асыру	
4.2 Жер химиясы	<p>7.4.2.1 жер қыр-тысында көптеген пайдалы химиялық қосындылар барын түсіндіру;</p> <p>7.4.2.2 кейбір минералдар мен пайдалы табиғи қосындылардың кендерге жататынын түсіндіру;</p> <p>7.4.2.3 металды алу үшін кенді өңдеу процесін сипаттау;</p> <p>7.4.2.4 Қазақстан қандай минералды және табиғи ресурстармен бай екендігін және олардың кен орындарын атау;</p> <p>7.4.2.5 табиғи ресурстарды өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру</p>	<p>8.4.2.1 сутекті алу және оның қасиеттері мен қолдануын зерттеу;</p> <p>8.4.2.2 ауа құрамындағы және жер қыртысындағы оттектің пайыздық мөлшерін атау;</p> <p>8.4.2.3 оттекті алу және оның қасиеттері мен қолданылуын зерттеу;</p> <p>8.4.2.4 оттектің аллотропиялық түр өзгерістерінің құрамы мен қасиеттерін салыстыру;</p> <p>8.4.2.5 Жер бетіндегі озон қабатының маңызын түсіндіру;</p> <p>8.4.2.11 - табиғаттағы және тірі ағзалар қызметі мен адамның тіршілігіндегі</p>	<p>9.4.2.1 қышқылдық жаңбырлардың пайда болу себебі мен экологияға тигізетін әсерін түсіндіру;</p> <p>9.4.2.2 ф о с ф о р қосындыларының Қазақстандағы кен орындарын атау;</p> <p>9.4.2.3 минералды тыңайтқыштардың жіктелуін және олардың құрамына кіретін қоректік элементтерді атау;</p> <p>9.4.2.4 азот және фосфор тыңайтқыш-тарының қоршаған ортаға әсерін оқып түсіндіру;</p> <p>9.4.2.5 Қазақстандағы металдардың кен орындарын атау және оларды өндіру процестерін, қоршаған ортаға әсерін түсіндіру;</p> <p>9.4.2.6 схеманы пайдаланып, кеннен металды алу процесін сипаттау</p> <p>9.4.2.6 судың табиғатта кең таралғандығын, бірегей қасиеттерін және оның өмір үшін маңызын түсіндіру;</p> <p>9.4.2.7 су айналымының схемасын пайдаланып, табиғаттағы су айналымын түсіндіру;</p>	<p>10.4.2.1 қышқылдық жаңбырлардың пайда болу себебі мен экологияға тигізетін әсерін түсіндіру;</p> <p>10.4.2.2 фосфор қосындыларының Қазақстандағы кен орындарын атау;</p> <p>10.4.2.3 минералды тыңайтқыштардың жіктелуін және олардың құрамына кіретін қоректік элементтерді атау;</p> <p>10.4.2.4 азот және ф о с ф о р тыңайтқыш-тарының қоршаған ортаға</p>

		<p>жүретін химиялық реакцияларды сипаттау</p>	<p>9.4.2.8 нақты мысалдар мен суреттерді пайдаланып, судың ластану қауіптілігін және салдарын анықтау, суды тазарту әдістерін түсіндіру; 9.4.2.9 судың "кермектігін" анықтау және оны жою тәсілдерін түсіндіру; 9.4.2.10 суды сусыз мыс (II) сульфатын қолданып анықтау тәсілін түсіндіру</p>	<p>әсерін оқып түсіндіру;</p>
				<p>10.4.3.1 органикалық қосындылардың көптүрлілігінің себептерін түсіндіру; 10.4.3.2 көмірсутектердің және олардың туындылары: спирттер, альдегидтер, карбон қышқылдары, аминқышқылдарының жіктелуін атау; 10.4.3.3 функционалдық топ түсінігін берілген класс қосылысының химиялық қасиеттерін анықтайтын топ ретінде түсіндіру; 10.4.3.4 гомолог ұғымын және гомологтық айырмашылықты түсініктерін беру; 10.4.3.5 органикалық қосындылардың негізгі кластары: алкандар, алкендер, алкиндер, арендер, спирттер,</p>

альдегидтер карбон қышқылдары, аминқышқылдары үшін IUPAC номенклатурасын колдану;  
10.4.3.6 көмірсутектердің құрылымдық изомерлерінің формулаларын құрастыру және изомерия құбылысын түсіндіру;  
10.4.3.7 алкандардың химиялық қасиеттерін сипаттау және оны реакция теңдеулерімен дәлелдеу;  
10.4.3.8 еріткіштерді алу үшін алкандарды хлорлаудың маңызы мен бұл еріткіштердің қауіптілік дәрежесін түсіндіру;  
10.4.3.9 қанықпағандық ұғымын сипаттау;  
10.4.3.10 этен мысалында алкендердің химиялық қасиеттерін (жану, гидрлеу, гидратация, галогендеу, сапалық реакциялар) сипаттау, химиялық реакция теңдеулерімен дәлелдеу;  
10.4.3.11 тіректік схеманы пайдаланып, полиэтилен мысалында полимерлену реакциясының механизмі мен

9.4.3.1 көміртек атомының құрылысын пайдаланып, көміртек неліктен көптеген қосындыларында төрт байланыс түзетінін түсіндіру;

4.3  
Көміртек және оның  
қосындылары  
химиясы

9.4.3.2 көміртектің қолданылу схемасын пайдаланып, табиғатта көміртек және оның қосындыларының таралуын сипаттау;	полимерлердің құрылымының ерекшеліктерін түсіндіру;
9.4.3.3 көміртектің аллотропиялық түр өзгерістерінің құрылысын және қасиеттерін салыстыру;	10.4.3.12 пластиктің ыдырау мерзімінің ұзақтық мәселесін оқып білу және түсіндіру, қоршаған ортада пластик материалдардың көбеюінің зардабын білу;
9.4.3.4 көміртектің аллотропиялық түр өзгерістерінің қолданылу аймағын зерттеу;	10.4.3.13 этин мысалында алкиндердің химиялық қасиеттерін (жану, гидрлеу, гидратация , галогендеу, сапалық реакциялар ) сипаттау, химиялық реакция теңдеулерімен дәлелдеу;
9.4.3.5 көміртектің физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу;	10.4.3.14бензолдың алынуы, қасиеттері және қолданылуын сипаттау;
9.4.3.6 көміртек жанған кезде көміртек диоксиді мен көмір-тек моноокси-дінің түзілу жағдайларын сипаттау және тірі ағзаға иіс газының физиологиялық әсерін түсіндіру;	10.4.3.15 құрамында көміртек бар қосындылардың отын ретінде пайдалану мүмкін екендігін түсіндіру және альтернативті отын түрлерін зерттеу, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін атау;
9.4.3.7 көмірқышқыл газын алу, оның бар екенін дәлелдеу және қасиеттерін зерттеу;	10.4.3.16 Қазақстандағы көмірдің, мұнайдың , табиғи газдың кен орындарын атау және оларды өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру;
9.4.3.8 көміртегі айналымының схемасын пайдаланып, көміртегінің табиғаттағы айналымын құру және түсіндіру	10.4.3.17 фракциялық бағананың схемасын

пайдаланып, мұнай фракцияларын және шикі мұнайды айдау өнімдерінің қолдану аймақтарын атау;

10.4.3.18 жіктелу схемасын пайдаланып, оттекті органикалық заттардың жіктелуін атау;

10.4.3.19 спирттердің жіктелуін метанол мен этанолдың, қолданылуын, этанолдың алынуын атау және қасиеттерін түсіндіру;

10.4.3.20 метанол мен этанолдың адам ағзасына физиологиялық әсерін түсіндіру;

10.4.3.21 этиленгликоль мен глицериннің физикалық қасиеттері мен қолданылуын атау;

10.4.3.22 карбон қышқылдарының құрамын атау және сірке қышқылының химиялық қасиеттері мен қолданылуын сипаттау;

10.4.3.23 күрделі эфирлер мен майлардың ерекшеліктері мен майлардың қызметін түсіндіру;

10.4.3.24 сабынның алынуы мен оның қолданылуын білу;

10.4.3.25 тіректік схеманы пайдаланып, синтетикалық жуғыш заттардың

			<p>коршаған ортаға әсерін түсіндіру;  10.4.3.26 көмірсулардың жіктелуін, биологиялық маңызы мен қызметін түсіндіру;  10.4.3.27 уыздағы а-аминқышқылдар арасында пептидтік байланыстың түзілуін түсіндіру;  10.4.3.28 уыз денатурациясының реакциясын зерттеу;  10.4.3.29 уыздың биологиялық маңызы мен қызметін түсіндіру</p>
--	--	--	---

5) "Химия және өмір" бөлімі:

5-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
5.1 Биохимия	<p>7.5.1.1 тағам өнімдерін химиялық заттардың жиынтығы деп түсіну;  7.5.1.2 тағамдық өнімдердің бір қатарын: кант, крахмал, (көмірсулар), нәруыз, майларды анықтау;  7.5.1.3 адам ағзасына кіретін элементтерді (O, C, H, N, Ca, P, K) атау;  7.5.1.4 тыныс алу процесін түсіндіру</p>		<p>9.5.1.1 элементтері көрсетілген адам ағзасының суретін пайдаланып, адам ағзасының құрамына кіретін элементтерді атау және олардың маңызын түсіндіру (O, C, H, N, Ca, P, K, S, Cl, Mg, Fe);  9.5.1.2 Қазақстан тұрғындарының типтік тамақтану рационын зерттеу және теңгерімді тамақтану рационын құрастыру;  9.5.1.3 кальций мен темірдің адам ағзасындағы рөлін түсіндіру;  9.5.1.4 тамақ өнімдерінің құрамындағы көміртекті анықтау;</p>	

		9.5.1.5 қоршаған ортаның ауыр металдармен ластану көздерін атау және олардың ағзаларға әсерін түсіндіру	
--	--	---	--

27. Бағдарлама психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10-сыныптары үшін "Химия" пәнінен жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасының Ұзақ мерзімді жоспарының негізінде осы Бағдарламадағы қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

28. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Негізгі орта білім беру  
деңгейінің  
7-10 сыныптарына арналған  
"Химия" пәнінен жаңартылған  
мазмұндағы Үлгілік оқу  
бағдарламасына  
қосымша

**Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Химия" пәнінен жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

1) 7-сынып:

1-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
Химия пәніне кіріспе. Таза заттар және қоспалар	Химия пәні. №1 практикалық жұмыс "Қауіпсіздік техникасының ережелерімен және зертханалық құрал-жабдықтармен танысу"	7.1.1.1 "Химия" ғылымының неі оқытатынын айту; 7.1.1.2 химиялық зертханада және кабинетінде жұмыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелерін атау және түсіндіру
	Элемент, қоспа және қосылыс.	7.4.1.1 элементті (жай зат) бірдей атомдардың жиынтығы ретінде атау;
		7.4.1.2 таза заттар атомдардың немесе молекулалардың бір түрінен түзілетінін түсіндіру;



	№1 зертханалық тәжірибе "Заттар қоспалары мен олардың қосындыларын салыстыру"	7.4.1.3 элемент (жай зат) қоспа және қосылыс түсініктерін ажырату; 7.4.1.4 қосындылардың және элементтердің физикалық қасиеттері туралы алған білімдерін қоспа құрамындағы таныс емес заттарды ажыратуға қолдану
	Қоспаларды бөлу әдістері. №2 зертханалық тәжірибе "Ластанған ас тұзын тазарту"	7.4.1.5 қоспалардың түрлерін және оларды бөлу әдістерін атау; 7.4.1.6 қоспаны бөлуге негізделген тәжірибені жоспарлау және өткізу
Заттар күйінің өзгеруі	Физикалық және химиялық құбылыстар. №3 зертханалық тәжірибе "Химиялық реакциялардың белгілерін зерделеу"	7.1.1.3 физикалық және химиялық құбылыстарды ажырата алу
	Заттардың агрегаттық күйлері	7.1.1.4 заттардың әртүрлі агрегаттық күйлерін білу, атау және бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан қатты, сұйық, газ тәріздес заттардың құрылымын түсіндіре алу
	Салқындау процесі № 4 зертханалық тәжірибе "Салқындау процесін зерттеу"	7.1.1.5 салқындау қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясына сай, өз бақылауларын түсіндіру
	Қыздыру процесі №5 зертханалық тәжірибе "Судың қайнау процесін зерттеу"	7.1.1.6 суды қыздыру қисығын салу және оны талдау, бөлшектердің кинетикалық теориясын пайдалана отырып, өз бақылауларын түсіндіру
2-тоқсан		
Атомдар. Молекулалар. Заттар	Атомдар мен молекулалар	7.1.2.1 атомдар мен молекулалардың айырмашылығын атау
	Химиялық элементтер. Жай және күрделі заттар	7.1.2.2 әрбір элементтің химиялық элементтің таңбасын тану және атау; 7.1.2.3 элементтерді металдар мен бейметалдарға жіктеу; 7.1.2.4 заттарды құрамына қарай жай және күрделіге жіктеу
	Атомның құрамы мен құрылысы. Изотоптар	7.1.2.5 протон, электрон, нейтронды және олардың атомдағы орналасу тәртібін, массасын зарядын атау; 7.1.2.6 алғашқы 20 элементтің атом құрылысы (p+, n0, e-) мен

		<p>атом ядросының құрамын түсіндіру;</p> <p>7.1.2.7 "изотоп" түсінігін түсіндіру</p>
Ауа. Жану реакциясы	<p>Ауа. Ауаның құрамы</p> <p>№6 зертханалық тәжірибе "Майшамның жануы"</p>	<p>7.3.1.1 ауа құрамын атау;</p> <p>7.3.1.2 заттардың жану кезінде ауаның құрамына кіретін оттектің жұмсалатындығын түсіндіру;</p> <p>7.3.1.3 атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың маңызын түсіндіру</p>
	<p>Жану процесі</p> <p>№ 2 практикалық жұмыс/көрсетілім</p> <p>"Күкірттің, фосфордың, темірдің ауада және оттеkte жануын салыстыру"</p>	<p>7.3.1.4 затты жағуға қажетті жағдайларды және жану реакциясының өнімдерін атау;</p> <p>7.3.1.5 тез тұтанатын, жанғыш және жанбайтын заттарға мысалдар келтіру;</p> <p>7.3.1.6 заттардың таза оттеkte ауаға қарағанда жақсырақ жанатындығын түсіндіру;</p> <p>7.3.1.7 металдар мен бейметалдардың жануы кезінде оксидтер түзілетіндігін атау</p>
3-тоқсан		
Химиялық реакциялар	<p>Табиғи қышқылдар мен негіздер. Индикаторлар.</p> <p>№7 зертханалық тәжірибе "Ерітінділердің қышқылдық, сілтілік ортасын анықтау".</p> <p>№8 зертханалық тәжірибе "Хлорсутек қышқылының бейтараптану реакциясы"</p>	<p>7.3.4.1 кейбір табиғи қышқылдар мен сілтілердің "қышқылдық" және "сабындылық" қасиеттер белгілері болуы мүмкін екендігін түсіндіру;</p> <p>7.3.4.2 химиялық индикаторлар метилоранж, лакмус, фенолфталеинді және олардың әртүрлі ортада түстерінің өзгеруін атау;</p> <p>7.3.4.3 рН шкаланың негізінде әмбебап индикаторды қолданып, сілтілер мен қышқылдарды анықтау;</p> <p>7.3.4.4 "антацидтік заттарды" қолдану мысалында қышқылдардың бейтараптануын түсіндіру</p>
	<p>Сұйылтылған қыш-қылдардың металдармен әрекеттесуі.</p> <p>№9 зертханалық тәжірибе "Мырыш-тың сұйылтылған тұз қышқылымен әрекеттесуі".</p> <p>№10 зертханалық тәжірибе "Сутекке сапалық реакция"</p>	<p>7.2.2.1 сұйылтылған қышқылдардың қолдану аяларын және олармен жұмыс жасау ережелерін атау;</p> <p>7.2.2.2 сұйылтылған қышқылдардың әртүрлі металдармен реакцияларын зерттеу жәнесутек газының сапалық реакциясын жүзеге асыру</p>
	<p>Сұйылтылған қыш-қылдардың карбонат-тармен әрекеттесуі.</p>	

	№ 3 практикалық жұмыс " Сұйылтылған қышқылдар мен карбонаттардың әрекеттесуі. Көмірқышқыл газына сапалық реакция"	7.2.2.3 кейбір карбонаттардың сұйылтылған қышқылдармен реакцияларын зерттеу және көмірқышқыл газының сапалық реакциясын жүзеге асыру
Химиялық элементтердің периодтық кестесі	Химиялық элементтердің периодтық кестелерін құру тарихы	7.2.1.1 И. Дүберейнер, Дж. Ньюлендс, Д.И. Менделеевтің еңбектерінің мысалында элементтердің жіктелуін салыстыру;
	Периодтық кестенің құрылымы	7.2.1.2 периодтық кестенің құрылымын сипаттау: топтар және периодтар
Салыстырмалы атомдық масса және қарапайым формула	Салыстырмалы атомдық масса	7.1.2.8 Жердегі элементтердің басым бөлігі планеталардың қалыптасу кезінде пайда болған изотоптар қоспасы түрінде кездесетіндігін түсіну; 7.1.2.9 табиғи изотоптары бар химиялық элементтердің атомдық массалары бөлшек сан болатындығын түсіндіру; 7.1.2.10 салыстырмалы атомдық массаға анықтама беру
	Валенттілік. Химиялық формулалар. Қосындылардың формуласы бойынша салыстырмалы молекулярлық массасын есептеу	7.1.2.11 элементтердің атауларын, валенттілікті және олардың қосындылардағы атомдық қатынастарын қолдана отырып, бинарлы химиялық қосындылардың формулаларын құру; 7.1.2.12 химиялық қосылыстың формуласы бойынша салыстырмалы молекулярлық/ формулалық массасын есептеу
4-тоқсан		
Адам ағзасындағы химиялық элементтер мен қосындылар	Тағам құрамындағы қоректік заттар. № 4 практикалық жұмыс "Тағам құрамындағы қоректік заттарды анықтау"	7.5.1.1 тағам өнімдерін химиялық заттардың жиынтығы деп түсіну; 7.5.1.2 тағамдық өнімдердің бір қатарын: қант, крахмал, (көмірсулар), нәруыз, майларды анықтау
	Адам ағзасындағы химиялық элементтер. Тыныс алу процесі. №11 зертханалық тәжірибе "Тыныс алу процесін зерттеу"	7.5.1.3 адам ағзасына кіретін элементтерді (O, C, H, N, Ca, P, K) атау; 7.5.1.4 тыныс алу процесін түсіндіру
		7.4.2.1 жер қыр-тысында көптеген пайдалы химиялық қосындылар барын түсіндіру;

Геологиялық химиялық қосындылар	Пайдалы геологиялық химиялық қосындылар. Кен құрамы	7.4.2.2 кейбір минералдар мен пайдалы табиғи қосындылардың кендерге жататынын түсіндіру; 7.4.2.3 металды алу үшін кенді өңдеу процесін сипаттау
	Қазақстанның пайдалы қазбалары Минералдарды өндірудің экологиялық аспектілері	7.4.2.4 Қазақстан қандай минералды және табиғи ресурстармен бай екендігін және олардың кен орындарын атау; 7.4.2.5 табиғи ресурстарды өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру

## 2) 8-сынып:

### 2-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
Атомдағы электрондардың қозғалысы	Атомда электрондардың таралуы	8.1.3.1 атомда электрондар ядродан арақашықтығы артқан сайын біртіндеп энергетикалық деңгейлер бойынша таралатынын түсіндіру
	Энергетикалық деңгейлер. № 1 зертханалық тәжірибе "Атомдар модельдерін жасау"	8.1.3.2 әрбір электрон қабатында электрон саны нақты максимал мәннен аспайтынын түсіндіру; 8.1.3.3 s және p орбиталдарының пішінін атау; 8.1.3.4 алғашқы 20 химиялық элементтің электрондық конфигурациясын және электронды-графикалық формулаларын жазу
	Иондардың түзілуі	8.1.3.5 атомдар электрондарды қабылдай немесе жоғалта алатынын және осының нәтижесінде иондар түзілетінін түсіндіру
	Қосындылар формуласын құрастыру	8.1.3.6 "нольдік қосынды" әдісімен қосындылардың формуласын құрастыру
	Химиялық формулалар бойынша есептеулер	8.2.3.1 заттар құрамындағы элементтердің массалық үлесін табу, элементтердің массалық үлесі бойынша заттардың формуласын шығару
	Химиялық реакция теңдеулерін құру. Зат массасының сақталу заңы. № 1 көрсетілім "Зат массасының сақталу заңын дәлелдейтін тәжірибе".	8.2.3.2 әрекеттесетін заттар қатынасын эксперименттік жолмен анықтау; 8.2.3.3 реакцияға қатысатын және түзілетін заттардың формуласын

Заттардың формулалары және химиялық реакция теңдеулері	№ 2 зертханалық тәжірибе "Өрекеттесуші заттардың қатынасы"	жаза отырып, химиялық реакциялар теңдеулерін құру; 8.2.3.4 заттар массасының сақталу заңын айту
	Химиялық реакция типтері	8.2.2.1 бастапқы және түзілген заттардың саны мен құрамы бойынша химиялық реакцияларды жіктеу
	Табиғаттағы және тірі ағзалар мен адам тіршілігіндегі химиялық реакциялар	8.2.2.2 табиғаттағы және тірі ағзалар мен адам тіршілігіндегі химиялық реакцияларды сипаттау
2-тоқсан		
Зат мөлшері	Зат мөлшері. Моль. Авогадро саны. Заттардың молярлық массасы	8.1.1.1 зат мөлшерінің өлшем бірлігі ретінде – мольді және Авогадро санын айту; 8.1.1.2 формула бойынша заттың массасын, зат мөлшерін, құрылымдық бөлшектер санын есептей алу
	Масса, молярлық масса және зат мөлшері арасындағы байланыс	8.1.1.3 заттың массасын, мөлшерін және құрылымдық бөлшектерін есептеп шығару
Стехиометриялық есептеулер	Химиялық реакция теңдеулері бойынша есептер шығару	8.2.3.5 химиялық реакция теңдеулері бойынша зат массасын, зат мөлшерін есептеу
	Авогадро заңы. Молярлық көлем	8.2.3.6 Авогадро заңын айту және қалыпты және стандартты жағдайлардағы газдар көлемін есептеуде молярлық көлемді қолдану
	Газдардың салыстырмалы тығыздығы. Көлемдік қатынас заңы	8.2.3.7 газдардың салыстырмалы тығыздығын және заттың молярлық массасын салыстырмалы тығыздық бойынша есептеу; 8.2.3.8 газдардың қатысуымен жүретін реакциялар бойынша есептер шығаруда газдардың көлемдік қатынас заңын қолдану
3-тоқсан		
	Отынның жануы және энергияның бөлінуі	8.3.1.1 заттың жану реакциясының өнімі көбінесе оксидтер екенін және құрамында көміртегі бар отын оттекте жанғанда, көмірқышқыл газы, иіс газы немесе көміртек түзілетінін түсіндіру; 8.3.1.2 парниктік эффектінің себептерін түсіндіру және шешу жолдарын ұсыну

Химиялық реакциядағы энергиямен танысу	Экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар. № 4 зертханалық тәжірибе "Энергияның өзгеруімен жүретін химиялық реакциялар"	8.3.1.3 экзотермиялық реакциялар жылу бөле жүретінін, ал эндотермиялық реакциялар жылу сіңіре жүретінін түсіндіру; 8.3.1.4 әртүрлі жанғыш заттардың қоршаған ортаға әсерін түсіндіру
	Термохимиялық реакциялар	8.3.1.5 энергия өзгерісін бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру
Сутек. Оттектен және озон	Сутек, алынуы, қасиеттері және қолданылуы. № 2 практикалық жұмыс "Сутекті алу және оның қасиеттерін тану"	8.4.2.1 сутекті алу және оның қасиеттері мен қолдануын зерттеу
	Оттек, алынуы, қасиеттері, қолданылуы. № 4 көрсетілім "Сутек пероксидінің ыдырауы". № 3 практикалық жұмыс "Оттекті алу және оның қасиеттерін тану"	8.4.2.2 ауа құрамындағы және жер қыртысындағы оттектің пайыздық мөлшерін атау; 8.4.2.3 оттекті алу және оның қасиеттері мен қолданылуын зерттеу
	Оттек және озон	8.4.2.4 оттектің аллотропиялық түр өзгерістерінің құрамы мен қасиеттерін салыстыру; 8.4.2.5 Жер бетіндегі озон қабатының маңызын түсіндіру
4-тоқсан		
Химиялық элементтердің периодтық жүйесі	Химиялық элементтердің периодтық жүйесінің құрылымы	8.2.1.1 топ, период, атом нөмірінің физикалық мәнін түсіндіру
	Химиялық элемент атомдарының қасиеттері мен кейбір сипаттамаларының периодты түрде өзгеруі	8.2.1.2 бір топтағы элементтердің сыртқы электрондық деңгейінде электрондар санының бірдей болатындығын түсіндіру; 8.2.1.3 топтар мен периодтарда элементтер қасиеттерінің өзгеру заңдылығын түсіндіру
	Периодтық жүйедегі орны бойынша элементтің сипаттамасы	8.2.1.4 периодтық жүйедегі орны бойынша элементті сипаттау
	Химиялық элементтердің табиғи ұяластары және олардың қасиеттері	8.2.1.5 химиялық қасиеттері ұқсас элементтердің бір топқа жататындығын дәлелдеу; 8.2.1.6 химиялық элементтердің табиғи ұяластарын атау және сілтілік металдар, галогендер, инертті элементтердің ұяластарына мысалдар келтіру
	Металдар және бейметалдар	8.2.1.7 химиялық элементтің периодтық кестеде орналасуына сәйкес қасиеттерін болжау
	Электртерістілік. Ковалентті байланыс	8.1.4.1 электртерістілік ұғымына сүйеніп ковалентті байланыстың түзілуін түсіндіру

Химиялық байланыс түрлері	Иондық байланыс	8.1.4.2 иондық байланыстың түзілуін сипаттау және иондық қосындылардың қасиеттерін болжау
	Кристалдық тор түрлері, байланыс типтері және заттардың қасиеттері арасындағы өзара байланыс	8.1.4.3 заттар қасиеттерінің кристалдық тор типтеріне тәуелділігін түсіндіру

### 3) 9-сынып:

#### 3-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
Су	Табиғаттағы су	9.4.2.6 судың табиғатта кең таралғандығын, бірегей қасиеттерін және оның өмір үшін маңызын түсіндіру; 9.4.2.7 су айналымының схемасын пайдаланып, табиғаттағы су айналымын түсіндіру
	Судың ластану себептері. Судың кермектігі. № 10 зертханалық тәжірибе " Судың кермектігін анықтау"	9.4.2.8 нақты мысалдар мен суреттерді пайдаланып, судың ластану қауіптілігін және салдарын анықтау, суды тазарту әдістерін түсіндіру; 9.4.2.9 судың "кермектігін" анықтау және оны жою тәсілдерін түсіндіру; 9.4.2.10 суды сусыз мыс (II) сульфатын қолданып анықтау тәсілін түсіндіру
Ерітінділер және ерігіштік	Заттардың суда еруі. № 5 зертханалық тәжірибе " Заттардың ерігіштігін зерттеу"	9.3.4.1 заттардың ерігіштігінің схемасын пайдалана отырып, заттарды олардың судағы ерігіштігі бойынша жіктеу; 9.3.4.2 заттар ерітінділерінің табиғаттағы және күнделікті өмірдегі маңызын түсіндіру
	Заттардың ерігіштігі. № 4 практикалық жұмыс "Қатты заттардың ерігіштігіне температураның әсері"	9.3.4.3 заттың ерігіштігіне температура әсерін түсіндіру; индикаторларды пайдаланып, орта тұз ерітіндісінің ортасын тәжірибе жүзінде анықтау; 9.3.4.4 буландыру техникасын қолдана отырып, заттың 100 г судағы ерігіштігін есептеу
	Еріген заттың массалық үлесі	9.3.4.5 шешу алгоритмдерін қолданып, еріген заттың массалық үлесі мен ерітіндінің белгілі

		массасы бойынша еріген заттың массасын есептеу
	Ерітіндідегі заттардың молярлық концентрациясы. № 5 практикалық жұмыс "Пайыздық және молярлық концентрациялары берілген ерітінділерді дайындау"	9.3.4.6 шешу алгоритмдерін қолданып, ерітіндідегі заттың молярлық концентрациясын есептеу
2-токсан		
Бейорганикалық қосындылардың негізгі кластары. Генетикалық байланыс	Оксидтер.№ 6 зертханалық тәжірибе "Оксидтердің қасиеттерін зерттеу"	9.3.4.7 жіктелу схемасын пайдалана отырып, оксидтердің жіктелуін және қасиеттерін атау, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру
	Қышқылдар. № 7 зертханалық тәжірибе "Қышқылдардың қасиеттерін зерттеу"	9.3.4.8 қышқылдардың жіктелу схемасын пайдалана отырып, қышқылдардың жіктелуін, қасиеттерін атау, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру
	Негіздер. № 8 зертханалық тәжірибе "Негіздердің қасиеттерін зерттеу"	9.3.4.9 негіздердің жіктелу схемасын пайдалана отырып, негіздердің жіктелуі мен қасиеттерін атау, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру
	Тұздар. № 9 зертханалық тәжірибе "Тұздардың қасиеттері және алынуы"	9.3.4.10 тұздарды алудың әртүрлі әдістерін атау, сәйкес реакция теңдеулерін құрастыру; 9.3.4.11 жіктелуді пайдаланып, тұздардың қасиеттерін, жіктелуін атау, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру
	Бейорганикалық қосындылар арасындағы генетикалық байланыс	9.3.4.12 бейорганикалық қосындылардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланысы бойынша реакция теңдеулерін құрастыру
	Адам ағзасының химиялық құрамы. Макроэлементтер, микроэлементтер және олардың маңызы	9.5.1.1 элементтер көрсетілген адам ағзасының суретін пайдаланып, адам ағзасының құрамына кіретін элементтерді атау және олардың маңызын түсіндіру (O, C, H, N, Ca, P, K, S, Cl, Mg, Fe); 9.5.1.2 Қазақстан тұрғындарының типтік тамақтану рационасын



Адам ағзасындағы химиялық элементтер		зерттеу және теңгерімді тамақтану рационын құрастыру
	Ағзадағы кейбір элементтерді анықтау. № 14 зертханалық тәжірибе "Сүйек құрамындағы кальцийді анықтау".№ 15 зертханалық тәжірибе "Тамақ өнімдерінің құрамындағы көміртекті анықтау"	9.5.1.3 кальций мен темірдің адам ағзасындағы рөлін түсіндіру; 9.5.1.4 тамақ өнімдерінің құрамындағы көміртекті анықтау
	Ауыр металдармен қоршаған ортаның ластануы	9.5.1.5 қоршаған ортаның ауыр металдармен ластану көздерін атау және олардың ағзаларға әсерін түсіндіру
3-тоқсан		
	Электролиттер мен бейэлектролиттер. № 1 көрсетілім "Иондық және ковалентті полюсті байланысы бар заттардың электролиттік диссоциациясы"	9.4.1.1 электролиттер мен бейэлектролиттердің анықтамасын білу және мысалдар келтіру; 9.4.1.2 заттардың ерітінділері немесе балқымаларының электрөткізгіштігі химиялық байланыс түріне тәуелді екендігін түсіндіру
	Электролиттік диссоциациялану теориясы	9.4.1.3 иондық және коваленттік полюсті байланысы бар заттардың электролиттік диссоциациялану механизмін түсіндіру; 9.4.1.4 электролиттік диссоциация теориясының негізгі қағидаларын түсіндіру
	Қышқыл, негіз, тұздардың электролиттік диссоциациясы. № 1 зертханалық тәжірибе "Қышқыл, сілті ерітінділерінің рН-ын анықтау"	9.4.1.5 индикаторлардың көмегімен ерітінділердің қышқылдылығы мен сілтілігін ажырату; 9.4.1.6 қышқыл, негіз, орта және қышқылдық тұздардың электролиттік диссоциациялану теңдеулерін құрастыру
	Диссоциациялану дәрежесі. Күшті және әлсіз электролиттер	9.4.1.7 электролиттер мен бейэлектролиттер кестесін пайдалана отырып, күшті және әлсіз электролиттерге мысал келтіру және оларды ажырату, диссоциациялану дәрежесін анықтай білу
Электролиттік диссоциация	№ 1 практикалық жұмыс "Ион алмасу реакциялары"	9.2.2.1 реакция теңдеулерін құрастыру алгоритмін пайдаланып, реакция теңдеулерін молекулярлық және иондық түрде құру;

		9.2.2.2 бейтараптану және ион алмасу реакциялары-ның жүру себептерін түсіндіру
	Электролиттік диссоциациялану теориясы тұрғысынан қышқыл, негіз, тұздардың химиялық қасиеттері	9.3.4.13 қышқылдардың, сілтілердің және тұздардың на основе схемы химических свойств кислот, щелочей и солей қышқылдар, еритін және ерімейтін негіздер, орта тұздардың химиялық қасиеттерін көрсететін реакция теңдеулерін молекулярлық және иондық түрде құрастыру; 9.3.4.14 қышқылдар және негіздер, орта тұздардың химиялық қасиеттерін тәжірибе жүзінде зерттеу және қорытынды жасау
	Тұздар гидролизі. № 2 зертханалық тәжірибе "Тұздар гидролизі"	9.3.4.15 орта тұз ерітіндісінің ортасын тәжірибе жүзінде анықтау; 9.3.4.4 алгоритм бойынша орта тұздар гидролизінің молекулярлық және иондық теңдеулерін құрастыру; 9.3.4.5 гидролиз схемасының негізінде орта тұз ерітіндісінің ортасының реакциясын болжау
Бейорганика-лық қосындылар-дың сапалық талдауы	Катиондарға сапалық реакциялар. № 3 зертханалық тәжірибе "Li+, Na+, K+, Ca2+, Sr2+, Ba2+, Cu2+ катиондарын жалын түсінің боялуы бойынша анықтау". № 4 зертханалық тәжірибе "Fe2+, Fe3+, Cu2+ катиондарына сапалық реакциялар"	9.4.1.8 Li+, Na+, K+, Ca2+, Sr2+, Ba2+, Cu2+ металл катиондарын анықтау үшін жалын түсінің боялуы реакциясын жүргізу және сипаттау; 9.4.1.9 оқулықтағы катиондар кестесін пайдалана отырып, Fe2+, Fe3+, Cu2+ катиондарына сапалық реакция жүргізу
	Аниондардың сапалық реакциялары. № 5 зертханалық тәжірибе "Сулы ерітіндідегі Cl-, Br-, I-, PO43-, SO42-, CO32-, NO3-, SiO32- аниондарын анықтау"	9.4.1.10 хлорид-, бромид-, йодид-, сульфат-, карбонат-, фосфат-, нитрат-, силикат- иондарына сапалық реакцияларды тәжірибе жүзінде жүргізу және ион алмасу реакцияларын бақылап, нәтижесін сипаттау
	№ 2 практикалық жұмыс "Бейорганикалық қосы-лыстар құрамының сапалық талдауы"	9.4.1.11 оқулықтағы кестені пайдалана отырып, белгісіз заттардағы катион мен аниондарды анықтау тәжірибесінің жоспарын құру және оны практикада жүзеге асыру
		9.2.3.1 есептерді шығару алгоритмін пайдалана отырып,

	Есептер шығару"Әрекеттесуші заттардың біреуі артық мөлшерде берілген реакция теңдеулері бойынша есептеулер"	әрекеттесуші заттардың біреуі артық берілген реакция теңдеулері бойынша есептеулер жүргізу
4-тоқсан		
Металдар белсенділігін салыстыру	Металдардың оттегімен және сумен әрекеттесуі. № 2 көрсетілім "Белсенді металдардың сумен әрекеттесуі"	9.2.4.1 кейбір металдар басқаларға қарағанда тотығуға тезірек ұшырайтындығын түсіну; 9.2.4.2 белсенді металдардың салқын сумен, ыстық су немесе бумен әрекеттесуін сипаттау; 9.2.4.3 металдар коррозиясын туындатуға әсер ететін жағдайларды сипаттау
	Металдардың қышқыл ерітінділерімен әрекеттесуі.№ 3 зертханалық тәжірибе "Металдардың қышқылдар ерітінділерімен әрекеттесуі"	9.2.4.4 қышқыл ерітінділерімен әртүрлі металдардың реакцияларын зерттеу; 9.2.4.5 металдардың қышқылдармен әрекеттесу схемасын пайдалана отырып, металдардың қышқылдармен әрекеттесуінің реакция теңдеулерін құрастыру
	Металдардың тұз ерітінділерімен реакциялары.№ 3 көрсетілім "Тұз ерітінділерінен металдарды ығыстыру"	9.2.4.6 металдардың қышқылдармен әрекеттесу схемасын пайдалана отырып, металдардың тұз ерітінділерімен әрекеттесуінің жоспарын жасау және жүргізу
	Металдардың белсенділік қатары. № 1 практикалық жұмыс "Металдардың белсенділігін салыстыру"	9.2.4.7 эксперимент нәтижесі бойынша металдардың белсенділік қатарын құру және оны анықтама мәліметтерімен сәйкестендіру; 9.2.4.8 металдардың белсенділік қатарын қолданып, металдардың таныс емес орынбасу реакцияларының жүру мүмкіндігін болжау
	Металдардың жалпы сипаттамасы. № 4 көрсетілім "Металдардың кристалдық тор модельдері"	9.1.4.1 металдық байланыс пен металдық кристалдық тор жайындағы білімдерін қолданып металдардың қасиетін түсіндіре алу; 9.1.4.2 металдарға тән физикалық және химиялық қасиеттерді сипаттау және металл атомдарының тек тотықсыздандырғыш қасиет көрсететінін түсіндіру

Металдар мен құймалар	Металдар құймалары. № 5 көрсетілім "Металдар және құймалар"	9.1.4.3 құйма ұғымын түсіндіру және оның артықшылықтарын түсіндіру; 9.1.4.4 салыстырмалы кестені пайдаланып шойын мен болаттың құрамы мен қасиеттерін салыстыру; 9.4.2.5 Қазақстандағы металдардың кен орындарын атау және оларды өндіру процестерін, қоршаған ортаға әсерін түсіндіру
	Металдарды алу	9.4.2.6 схеманы пайдаланып, кеннен металды алу процесін сипаттау
	Есептер шығару "Реакция теңдеуі бойынша қоспаның белгілі бір массалық үлесін құрайтын, басқа заттың массасы белгілі жағдайда, зат массасын есептеу"	9.2.3.2 қоспаларға есеп шығару алгоритмін пайдалана отырып, қоспаның белгілі бір массалық үлесін құрайтын басқа заттың массасы белгілі жағдайда, реакция теңдеуі бойынша зат массасын есептеу
Көміртек және оның қосындылары	Көміртектің жалпы сипаттамасы	9.4.3.1 көміртек атомының құрылысын пайдаланып, көміртек неліктен көптеген қосындыларында төрт байланыс түзетінін түсіндіру; 9.4.3.2 көміртектің қолданылу схемасын пайдаланып, табиғатта көміртек және оның қосындыларының таралуын сипаттау
	Көміртектің аллотропиялық түр өзгерістері	9.4.3.3 көміртектің аллотропиялық түр өзгерістерінің құрылысын және қасиеттерін салыстыру; 9.4.3.4 көміртектің аллотропиялық түр өзгерістерінің қолданылу аймағын зерттеу
	Көміртектің қасиеттері. № 6 практикалық жұмыс "Көміртектің физикалық және химиялық қасиеттері". Көміртектің оксидтері. № 7 практикалық жұмыс "Көмірқышқыл газын алу және оның қасиеттерін зерттеу"	9.4.3.5 көміртектің физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу; 9.4.3.6 көміртек жанған кезде көміртек диоксиді мен көмір-тек моноокси-дінің түзілу жағдайларын сипаттау және тірі ағзаға иіс газының физиологиялық әсерін түсіндіру; 9.4.3.7 көмір-қышқыл газын алу, оның бар екенін дәлелдеу және қасиеттерін зерттеу; 9.4.3.8 көміртегі айналымының схемасын пайдаланып,

көміртегінің табиғаттағы айналымын құру және түсіндіру

#### 4) 10-сынып:

#### 4-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
Химиялық реакция жылдамдығы	Химиялық реакциялар-дың жылдамдығы.Химиялық реакциялар жылдамдығына әсер ететін факторлар. № 2 көрсетілім " Өртүрлі реакциялар жылдамдығы" .№ 6 зертханалық тәжірибе"Реакция жылдамдығына температура, концентрация мен бөлшектер өлшемінің әсері"	10.3.2.1 реакция жылдамдығы ұғымын түсіндіру; 10.3.2.2 реакция жылдамдығына әсер ететін факторларды анықтау және оны бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру
	Катализаторлар. Ингибиторлар.№ 3 практикалық жұмыс "Реакция жылдамдығына катализатордың әсері"	10.3.2.3 катализатордың реагенттен айырмашылығын және олардың реакция жылдамдығына әсерін түсіндіру; 10.3.2.4 реакция жылдамдығына ингибитордың әсерін түсіндіру
Қайтымды реакциялар	Қайтымды және қайтым-сыз химиялық реакция-лар. Химиялық тепе-теңдік.№ 3 көрсетілім "Қайтымды химиялық реакциялар ". № 7 зертханалық тәжірибе "Химиялық тепе-теңдіктің ығысуы "	10.3.3.1 қайтымды және қайтымсыз реакцияларды атау; 10.3.3.2 тепе-теңдікті динамикалық процес ретінде сипаттау және ЛеШателье-Браун принципі бойынша химиялық тепе-теңдіктің ығысуын болжау; 10.3.3.3 химиялық тепе-теңдіктің ығысу ережелері мен схемасын пайдалана отырып, химиялық тепе-теңдік күйіне және химиялық реакция жылдамдығына жағдайлар өзгерісінің әсерін түсіндіру; 10.3.3.4 химиялық тепе-теңдікті бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіру
Тотығу-тотықсыздану реакциялары	Тотығу дәрежесі. Тотығу және тотықсыздану	10.2.2.1 тотығу дәрежесін табу ережелерін қолдану; 10.2.2.2 тотығу және тотықсыздану процестері бір-бірімен байланысты екенін және бір мезгілде жүретіндігін түсіндіру
		10.2.2.3 тотығу-тотықсыздану реакцияларын тотығу дәрежесі өзгере жүретін реакциялар ретінде түсіндіру;

	Тотығу-тотықсыздану реакциялары	10.2.2.4 тотығу процесін электронды беру, ал тотықсыздану-электронды қосып алу деп түсіндіру
	Электрондық баланс әдісі	10.2.2.5 коэффициенттерді қою ережелерін пайдалана отырып, электрондық баланс әдісімен тотығу-тотықсыздану реакцияларының коэффициенттерін қою
2-тоқсан		
1 (I), 2 (II) және 13 (III) топ элементтері және олардың қосындылары	1 (I)-топ элементтері және олардың қосындылары. № 6 көрсетілім "Натрийдің сумен әрекеттесуі"	10.2.1.1 атом құрылысы негізінде сілтілік металдардың жалпы қасиеттерін түсіндіру; 10.2.1.2 реакция өнімдерінің түзілу алгоритмін мысалға алып, сілтілік металдардың оксидтері мен гидроксидтерінің негіздік қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру
	2 (II)-топ металдары және олардың қосылыстары. № 8 зертханалық тәжірибе "Кальцийдің сумен және қышқыл ерітіндісімен әрекеттесуі"	10.2.1.3 1 (I) және 2 (II) -топ металдарының жалпы қасиеттерін салыстыру және химиялық реакция теңдеулерін құрастыру; 10.2.1.4 кальций оксиді мен гидроксидінің негізгі қасиеттерін түсіндіру және қолданылуын сипаттау
	13 (III)-топ металдары. Алюминий және оның қосындылары. № 7 көрсетілім "Алюминий мен оның құймалары". № 9 зертханалық тәжірибе "Алюминийдің қышқыл және сілті ерітінділерімен әрекеттесуі"	10.2.1.5 атом құрылысы негізінде алюминийдің қасиеттерін түсіндіру, оның маңызды қосындылары мен құймаларының қолдану аймағын атау; 10.2.1.6 алюминийдің, оның оксиді мен гидроксидінің екідайлы қасиеттерін зерттеу
	№ 4 практикалық жұмыс "Металдар" тақырыбына эксперименттік есептер шығару	10.2.1.7 1 (I), 2 (II), 13 (III) -топ металдарының жай және күрделі заттармен әрекеттесуіне байланысты тәжірибені жоспарлау және жүргізу
	Галогендер	10.1.4.1 галоген молекулаларының электрондық формулаларын құрастыру және кристалдық тор түрлері мен байланыс типтерін анықтау; 10.2.1.8 топта галогендер қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын болжау

17 (VII), 16 (VI), 15 (VI), 14 (IV) - топ элементтері және олардың қосындылары

Хлор	10.2.1.9 хлордың физикалық қасиеттерін сипаттау және металдармен, сутекпен және галогенидтермен реакция теңдеулерін құру
Хлорсутек қышқылы. № 10 зертханалық тәжірибе "Хлорсутек ерітіндісінің химиялық қасиеттерін зерттеу"	10.2.1.10 хлорсутек қышқылы ерітіндісінің химиялық қасиеттерін зерттеу және оның қолдану аясын білу
16 (VI)-топ элементтері. Күкірт. № 7 көрсетілім "Күкірттің аллотропиялық түр өзгерістері"	10.2.1.11 16 (VI) топ элементтерінің жалпы қасиеттерін сипаттау; 10.2.1.12 күкірттің аллотропиялық түр өзгерістерінің физикалық қасиеттерін салыстыру және күкірттің химиялық қасиеттерін көрсететін реакция теңдеулерін құрастыру
Күкірттің қосындылары	10.2.1.13 күкірттің (IV) және (VI) оксидтерінің физикалық және химиялық қасиеттерін салыстыру және күкірт диоксидінің физиологиялық әсерін түсіндіру; 10.4.2.1 қышқылдық жаңбырлардың пайда болу себебі мен экологияға тигізетін әсерін түсіндіру
Күкірт қышқылы және оның тұздары. № 5 практикалық жұмыс "Сұйылтылған күкірт қышқылы ерітіндісі және оның тұздарының химиялық қасиеттерін зерттеу"	10.2.1.14 күкірт қышқылы ерітіндісі мен оның тұздарының физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу
Есеп шығару. Теориялық мүмкіндікпен салыстырғандағы реакция өнімі шығымының массалық/көлемдік үлестеріне есептеулер"	10.2.3.1 есептерді шығару алгоритмін пайдалана отырып, теориялық мүмкіндікпен салыстырғандағы реакция өнімінің шығымын есептеу
Азот. № 11 зертханалық тәжірибе "Азот молекуласының моделі"	10.2.1.15 азоттың қасиеттерін және табиғаттағы азот айналымын түсіндіру
Аммиак. № 12 зертханалық тәжірибе "Аммиак молекуласының моделі"	10.1.4.2 аммиактың молекулалық, электрондық және құрылымдық формулаларын түсіндіру
Аммиактың қасиеттері, алынуы мен қолданылуы. № 6 практикалық жұмыс "Аммиактың алынуы және оның қасиеттерін зерттеу". Аммиак өндірісі	10.2.1.16 аммиакты алу және қасиеттері мен қолданылуын түсіндіру; 10.2.1.17 аммиакты аммоний тұзы ерітіндісі мен сілті ерітіндісін әрекеттестіру жолымен алу және газ тәрізді аммиак пен оның ерітіндісінің қасиеттерін зерттеу;

	10.3.3.5 аммиак өндірісінің процесін сипаттау
Азот қышқылы. № 13 зертханалық тәжірибе "Азот қышқылының басқа қышқылдармен ортақ қасиеттері"	10.1.4.3 азот қышқылының молекулярлық формуласын атау және атомдар арасындағы химиялық байланыстардың түзілуін түсіндіру; 10.2.1.18 азоттан азот қышқылын алудың реакция теңдеуін құрастыру; 10.2.1.19 азот қышқылының басқа қышқылдармен жалпы ортақ қасиеттерін зерттеу
Азот қышқылы мен нитраттардың өзіне тән қасиеттері	10.2.1.20 сұйылтылған және концентрлі азот қышқылының металдармен әрекеттесуінің ерекшелігін сипаттау және электронды баланс әдісімен реакция теңдеуін құрастыру; 10.2.1.21 нитраттың термиялық айрылуының ерекшелігін түсіндіру, реакция теңдеулерін құрастыру
Фосфор және оның қосындылары	10.2.1.22 фосфордың аллотропиялық түр өзгерістерін салыстыру; 9.4.2.2 фосфор қосындыларының Қазақстандағы кен орындарын атау; 10.2.1.23 фосфор және оның қосындыларының жалпы химиялық қасиеттерін түсіндіру
Минералды тыңайтқыштар. № 8 көрсетілім "Минералды тыңайтқыштар"	9.4.2.3 минералды тыңайтқыштардың жіктелуін және олардың құрамына кіретін қоректік элементтерді атау; 9.4.2.4 азот және фосфор тыңайтқыш-тарының қоршаған ортаға әсерін оқып түсіндіру
Кремний және оның қосындылары № 9 көрсетілім "Алмаз, кремний, кремний диоксиді мен кремний карбидінің кристалдық торының модельдері"	10.2.1.24 кремнийдің қолданылу аймағын және оның жартылай өткізгіш ретінде қолданылуын түсіндіру; 10.1.4.4 кремний, оның диоксиді мен карбидіндегі химиялық байланыс түрін және кристалдық тор типін сипаттау; 10.2.1.25 кремний және оның қосындыларының негізгі химиялық қасиеттерін сипаттау және реакция теңдеулерін құрастыру



Органикалық химияға кіріспе	Органикалық заттардың ерекшеліктері	10.4.3.1 органикалық қосындылардың көптүрлілігінің себептерін түсіндіру
	Органикалық қосылыс-тардың жіктелуі. № 10 көрсетілім "Метан, этан, этен, этин, этанол, этаналь,этан қышқылы, глюкоза, аминоэтан қышқылы модельдері"	10.4.3.2 көмірсутектердің және олардың туындылары: спирттер, альдегидтер, карбон қышқылдары, аминқышқылдарының жіктелуін атау; 10.4.3.3 функционалдық топ түсінігін берілген класс қосылысының химиялық қасиеттерін анықтайтын топ ретінде түсіндіру
	Органикалық қосылыс-тардың гомологтық қатарлары.№ 11 көрсетілім "Алкандардың алғашқы бес өкілінің және сызықты құрылымды спирттердің модельдері"	10.4.3.4 гомолог ұғымын және гомологтық айырмашылықты түсініктерін беру
	Органикалық қосындылардың номенклатурасы	10.4.3.5 органикалық қосындылардың негізгі кластары: алкандар, алкендер, алкиндер, арендер, спирттер, альдегидтер карбон қышқылдары, аминқышқылдары үшін IUPAC номенклатурасын қолдану
	Органикалық қосылыс-тардың изомериясы. № 12 көрсетілім "Пентан изомерлерінің модельдері"	10.4.3.6 көмірсутектердің құрылымдық изомерлерінің формулаларын құрастыру және изомерия құбылысын түсіндіру
	Есеп шығару "Элементтердің массалық үлестері мен салыстырмалы тығыздық бойыншагазтекес заттардың молекулярлық формуласын табу"	10.2.3.2 заттардың формуласын анықтау есептерін шығару алгоритмін пайдалана отырып, газтекес заттардың молекулярлық формуласын салыстырмалы тығыздық немесе элементтердің массалық үлестері арқылы анықтау
	Алкандар	10.4.3.7 алкандардың химиялық қасиеттерін сипаттау және оны реакция теңдеулерімен дәлелдеу; 10.4.3.8 еріткіштерді алу үшін алкандарды хлорлаудың маңызы мен бұл еріткіштердің қауіптілік дәрежесін түсіндіру
	10.4.3.9 қанықпағандық ұғымын сипаттау; 10.4.3.10 этен мысалында алкендердің химиялық қасиеттерін (жану, гидрлеу,	

Көмірсутектер. Отын	Алкендер. № 13 көрсетілім "Этиленнің жануы, бром суы мен калий перманганаты ерітінділерін түссіздендіруі"	гидратация, галогендеу, сапалық реакциялар) сипаттау, химиялық реакция теңдеулерімен дәлелдеу; 10.4.3.11 тіректік схеманы пайдаланып, полиэтилен мысалында полимерлену реакциясының механизмі мен полимерлердің құрылымының ерекшеліктерін түсіндіру; 10.4.3.12 пластиктің ыдырау мерзімінің ұзақтық мәселесін оқып білу және түсіндіру, қоршаған ортада пластик материалдардың көбеюінің зардабын білу
	Алкиндер	10.4.3.13 этин мысалында алкиндердің химиялық қасиеттерін (жану, гидрлеу, гидратация, галогендеу, сапалық реакциялар) сипаттау, химиялық реакция теңдеулерімен дәлелдеу
	Хош иісті көмірсутектер. Бензол	10.4.3.14 бензолдың алынуы, қасиеттері және қолданылуын сипаттау
	Көмірсутекті отындар. № 14 көрсетілім "Отын түрлері"	10.4.3.15 құрамында көміртек бар қосындылардың отын ретінде пайдалану мүмкін екендігін түсіндіру жәнеальтернативті отын түрлерін зерттеу, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін атау; 10.4.3.16 Қазақстандағы көмірдің , мұнайдың, табиғи газдың кен орындарын атау және оларды өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру
	Мұнай. № 15 көрсетілім "Мұнай және мұнай өнімдері"	10.4.3.17 фракциялық бағананың схемасын пайдаланып, мұнай фракцияларын және шикі мұнайды айдау өнімдерінің қолдану аймақтарын атау
4-тоқсан		
	Оттекті органикалық заттар. Спирттер	10.4.3.18 жіктелу схемасын пайдаланып, оттекті органикалық заттардың жіктелуін атау; 10.4.3.19 спирттердің жіктелуін метанол мен этанолдың, қолданылуын, этанолдың алынуын атау және қасиеттерін түсіндіру;

Оттекті және азотты органикалық қосындылар		10.4.3.20 метанол мен этанолдың адам ағзасына физиологиялық әсерін түсіндіру; 10.4.3.21 этиленгликоль мен глицериннің физикалық қасиеттері мен қолданылуын атау
	Карбон қышқылдары. № 16 зертханалық тәжі-рибе "Сірке қышқылы-ның қасиеттерін зерттеу"	10.4.3.22 карбон қышқылдарының құрамын атау және сірке қышқылының химиялық қасиеттері мен қолданылуын сипаттау
	Күрделі эфирлер мен майлар	10.4.3.23 күрделі эфирлер мен майлардың ерекшеліктері мен майлардың қызметін түсіндіру
	Сабын мен синтетикалық жуғыш заттар	10.4.3.24 сабынның алынуы мен оның қолданылуын білу; 10.4.3.25 тіректік схеманы пайдаланып, синтетикалық жуғыш заттардың қоршаған ортаға әсерін түсіндіру
	Көмірсулар	10.4.3.26 көмірсулардың жіктелуін, биологиялық маңызы мен қызметін түсіндіру
	Амин қышқылдары. уыздар. № 17 зертханалық тәжірибе "Уыздардың денатурациясы"	10.4.3.27 уыздағы а-аминқышқылдар арасында пептидтік байланыстың түзілуін түсіндіру; 10.4.3.28 уыз денатурациясының реакциясын зерттеу; 10.4.3.29 уыздың биологиялық маңызы мен қызметін түсіндіру

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№123 бұйрығына  
70-қосымша  
Қазақстан Республикасы білім  
және ғылым Министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына  
707-қосымша

## Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Қазақстан тарихы" пәнінен жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасы

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Қазақстан тарихы" пәнінен жаңартылған мазмұндағы

Үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты – білім алушылардың бойында тарихи сана, қазақстандық патриотизм, өз елінің тарихы мен мәдениетіне құрмет, өз ата-бабаларының жетістіктеріне деген мақтаныш сезімін қалыптастыру, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарыту, зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды дамыту.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) Қазақстан аумағындағы ежелгі заманнан бастап бүгінгі күнге дейінгі қоғамның әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени дамуының негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері туралы білімін қалыптастыру;

2) Қазақстанның тарихи дамуы барысында қалыптасқан ұлттық құндылықтар жүйесі туралы білім қалыптастыру;

•3) тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді және тарихи тұлғалардың қызметін Отандық тарих контекстінде сыни талдау және баға беру дағдыларын қалыптастыру;

•4) тарихи зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыру мен дамыту (болжамдарды ұсыну, зерттеу сұрақтарын құрастыру, деректерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, нәтижелер мен қорытындыларды шығару, өзінің ұстанымын анықтау);

•5) заманауи саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерде бағдарлай алу үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;

•6) коммуникативті дағдыларды қалыптастыру, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық жеткізу, командада жұмыс істей алу, жарияланым мен электронды құралдарды қосқанда, түрлі деректерден алынған ақпараттарды қолдану;

•7) өз күшіне сенімділігін тәрбиелеу;

•8) азаматтық пен патриотизмді тәрбиелеу.

4. Түзету-дамытушылық міндеттер:

1) танымдық процестерді түзету және дамыту;

2) сөйлеу тілінің бұзылымдарын түзету: тарихи сөздік қорын, грамматикалық құрылымын, байланыстырылған ауызша және жазбаша сөйлеу тілін;

3) процестер мен құбылыстардың арасындағы себеп-салдарлық байланыс орнату, хронологиялық бірізділікті қолдану біліктерін қалыптастыру;

4) жоспар құру, тапсырманы орындау кезінде өзінің әрекетін бақылау қабілетін дамыту;

5) білімдегі жеке олқылықтарды жою.

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері**

5. Оқу процесін ұйымдастыру барысында психикалық дамуы тежелген білім алушылардың ерекшеліктері ескеріледі: ойлау икемділігінің жеткіліксіздігі, есте сақтау

әлсіздігі, зейін тұрақсыздығы, есту-тілдік және көру-кеңістік ақпаратты қабылдау және өңдеу қиындығы, жұмыс қабілетінің төмендігі.

6. "Қазақстан тарихы" пәнін меңгеруде білім алушыларда келесідей қиындықтар кезеседі:

1) өз пікірін айту, мысалдар келтіру, тарихи құбылыстардың негізгі мәнін түсіндіру кезінде, картамен, кестемен, схемамен, диаграммамен жұмыс істеуде;

2) оқиғалардың логикалық реттілігін жеткізуде;

3) тарихи оқиғаларды салыстыру, себеп-салдарлық байланыс орнатуда;

4) өз пікірін білдіруді қажет ететін сұрақтарға жауап беру, өмірден мысалдар келтіру және проблемаларды шешу жолдарын ұсынуда;

5) тарихи терминдерді есте сақтау, жауап беру және фактілерді баяндауда.

7. Оқу процесін ұйымдастыру барысында келесідей тәсілдер қолданылады:

1) жүйелі тәсіл - жеке компоненттерді өзара байланыс және өзара әрекеттесу жағдайында қарастыруға мүмкіндік береді;

2) құндылықты- бағдарлық тәсіл, оқу іс-әрекетін ұйымдастыруды және жүзеге асыруды, оның нәтижелерінің алынуы мен пайдалануын белгілі құндылықтар тұрғысынан қолдануды қарастырады. Құндылыққа бағдарланған оқу процесі оқушыларда құндылықтар жүйесін мақсатты түрде қалыптастырады;

3) іс-әрекеттік тәсіл - тұлғаны дамытуға, әмбебап оқу әрекетін қалыптастыру негізінде жалпымәдени және тұлғалық даму үшін жағдай жасауға арналған. Бұл білім, біліктілік пен дағдыны үздік меңгеруді қамтамасыз етіп қана қоймай, тарихи ақпарат саласындағы әлем бейнесі мен құзыреттілігін де қалыптастырады.

8. Білімді саналы меңгеруге, ойлау операцияларын дамытуға ықпал ететін тапсырмалар:

1) материалды бір формадан басқаға түрлендіру (сөздік формадан схемаға, кестеге, контурлық картаны толтыруға);

2) материалды қысқаша жеткізу, негізгі ойды айқындау;

3) ақпаратты топтар бойынша бөлу;

4) қорытындыны түрлі формада ұсыну;

5) кестедегі, схемадағы тарихи мәліметтерді салыстыру;

6) фактілер мен салдар арасын жіктеу;

7) тұтасты бөліктерге ажырату және керісінше, элементтерді тұтас етіп жинақтау;

8) нысандардың өзара байланысын анықтау;

9) іс-әрекет жоспарын құру.

9. Жағдайларды немесе нақты бір жәйтті талқылау, іскерлік ойын оқытуда маңызды рөл атқарады.

10. Топ бойынша сұрақ жүргізіп кейс-стадияны қолданғанда оқушылар кейс-мәтін проблемасын айқындайды, жағдаятты бағалайды, оқиғаға немесе процеске талдау жүргізеді, өз шешімдерін ұсынады. Кейс-стадияны қолдану кезінде оқыту акценті

дайын білімді меңгеруге емес, теориялық білімді практикалық мәселені шешу үшін қолдану, мұғаліммен бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамытуға аударылады.

11. Формативті және суммативті бағалауға арналған тапсырмаларды мұғалім білім алушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, құрастырады. Рұқсат етіледі:

1) грамматикалық және семантикалық ресімдеу бойынша тұжырымдарды қысқартуға;

2) көптізбекті нұсқауды, тапсырманы кезеңмен (қадаммен) орындауға мүмкіндік беретін, қысқа мағыналық бірліктерге бөлу арқылы жеңілдетуге;

3) қажет болған жағдайда тапсырманың жазбаша нұсқаулығын мұғалім нақты мағыналық акцентпен дауыстап, баяу оқуына;

4) мүмкіндіктері шектеулі білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырма мәтінін бейімдеуге (ірілеу қаріп, бір тапсырманы екіншісінен айқын шектеу);

5) қажет болған жағдайда сараланған көмекті ұсынуға: ынталандырушы (мақұлдау, эмоционалдық қолдау), ұйымдастырушылық (жұмысты орындауға назарын аударту, жұмылдыру, өзін-өзі тексеру қажеттілігін есіне салу), бағыттаушы (қайталау және тапсырма нұсқауын түсіндіру);

б) ) тапсырманы орындауға берілген уақытты ұлғайтуға.

### **3-тарау. "Қазақстан тарихы" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

12. "Қазақстан тарихы" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сынып – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;

2) 6-сынып – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;

3) 7-сынып – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;

4) 8-сынып – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;

5) 9-сынып – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;

6) 10-сынып – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

13. Бағдарлама мазмұны оқу бөлімдеріне бөлінген. Бөлімдер сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер түріндегі оқыту мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

14. Оқу пәнінің мазмұны 4 бөлімді қамтиды:

1) "Әлеуметтік қатынастардың дамуы" бөлімі;

2) "Мәдениеттің дамуы" бөлімі;

3) "Мемлекеттің дамуы" бөлімі;

4) "Қазақстанның экономикалық дамуы" бөлімі.

15. "Әлеуметтік қатынастардың дамуы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) этникалық қатынастар;

2) әлеуметтік қатынастар.

16. "Мәдениеттің дамуы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) дүниетаным және дін;

2) өнер және әдебиет;

3) білім және ғылым.

17. "Мемлекеттің дамуы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) мемлекеттің ішкі саясаты;

2) мемлекеттің сыртқы саясаты.

18. "Қазақстанның экономикалық дамуы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) шаруашылық;

2) өндірістік қатынастар және сауда.

19. 5-сыныпқа арналған "Қазақстан тарихы" пәнінің базалық білім мазмұны:

1) Қазақстандағы ежелгі адамдардың өмірі. Тас дәуіріндегі Қазақстан: Қазақстанда ежелгі адамның пайда болуы, әлеуметтік ұымдасудың алғашқы формалары. Ежелгі адамдардың кәсібі (аң аулау мен жинаушылық). Қазақстан аумағындағы тас дәуірінің тұрақтары. Егіншілік пен мал шаруашылығының қалыптасуы. Ботай мәдениеті. Қола дәуіріндегі Қазақстан: Қазақстан аумағындағы мыс пен қалайы металдардың кен орындары. Андрон мәдениеті. Қола дәуірі кезіндегі шаруашылық пен қоғамдық құрылыс. Беғазы-Дәндібай мәдениеті. Ә.Марғұлан және басқа да Қазақстанның ежелгі дәуірін зерттеушілері;

2) ежелгі көшпенділердің өмірі. Темір дәуірінің ерекшеліктері. Қазақстанның ежелгі металлургиясы. Көшпелі мал шаруашылығының қалыптасуы. Алғашқы көшпенділердің өмір сүруді қамтамасыз ету жүйесі. Көшпенділердің жылжымалы баспанасы. Алғашқы көшпенділердің дүниетанымы;

3) сақтар. Қазақстан аумағындағы сақ тайпалары. Сақтар тарихы жайлы деректер. Сақтардың саяси тарихы. Қоғамдық құрылысы. Шаруашылығы мен тұрмысы. Материалдық және рухани мәдениеті. "Аңдық стиль". Есік олжасы – "Алтын адам". Шілікті алқабының патша қорғандары. Берел қорымы. Бесшатыр қорғандары. Тасмола мәдениеті;

4) үйсіндер мен қаңлылар. Үйсіндер. Үйсіндер туралы жазба деректер. Қоныстануы, шаруашылығы мен тұрмысы. Үйсіндердің қоғамдық құрылысы. Қаңлылар. Қаңлылар тарихына қатысты қытай және парсы деректері. Қаңлылардың қоныстануы, шаруашылығы мен тұрмысы. Қаңлылардың қоғамдық құрылысы. Үйсіндердің, қаңлылардың археологиялық ескерткіштері;

5) өлкетану. Өлкетану мұражайлары және тарихи экспонаттар. Біздің айналамыздағы тарихи ескерткіштер. Өлкенің тарихи тұлғалары: билер, ақындар және батырлар.

20. 6-сыныпқа арналған "Қазақстан тарихы" пәнінің базалық мазмұны:

1) ғұндар (хунны). Қытай деректеріндегі ғұндардың ерте тарихы. Мөде шаньюй-ғұн мемлекетінің негізін салушы. Ғұндардың саяси тарихы мен мемлекеттік құрылымы. Халықтардың ұлы қоныс аударуы (ғұндардың Батысқа жылжуы). Аттила және оның жорықтары. Ғұндардың шаруашылығы мен қоғамдық құрылысы. Ғұндар дәуіріндегі мәдениеттің дамуы;

2) сарматтар. Сарматтардың ежелгі замандағы саяси оқиғаларға қатысуы. Сарматтардың қоныстануы, шаруашылығы мен тұрмысы. Сарматтардың қоғамдық құрылымы. Сарматтардың археологиялық ескерткіштері. Мәдениеті;

3) ежелгі Қазақстан тарихына шолу. Қазақстан аумағындағы ежелгі адамдардың антропологиялық бет-әлпеті. Ежелгі Қазақстан тарихының негізгі оқиғалары, құбылыстары мен процестері. Ежелгі Қазақстанның мәдени мұрасы;

4) өлкетану. Туған өлкенің аңыздары мен жырлары. Мопонимдер- өткен шақтың куәгерлері (елді мекеннің, өзендер мен көлдердің атауындағы өлке тарихы). Мәдени-тарихи дәстүрдің сақтаушылары: өлкенің халық қолөнері;

5) VI - IX ғасырдағы Қазақстан. Ортағасырлық Қазақстан тарихының кезеңделуі. Ұлы Түркі қағанатының құрылуы. Қазақстан аумағындағы ерте ортағасырлық мемлекеттер: Батыс Түркі қағанаты, Түргеш қағанаты, Қарлұқ қағанаты, Оғыз мемлекеті, Қимақ қағанаты. Атлах шайқасының тарихи маңызы. Түркі мемлекеттерінің қоғамдық-саяси құрылысы. Түркілердің әскери өнері. Шаруашылығы. Сауда және қала мәдениетінің дамуы;

6) X -XIII ғасырлар басындағы Қазақстан. Қарахан мемлекеті. Қазақстан аумағына исламның тарала басталуы. Найман, керейіт, жалайырлар. Қыпшақ хандығы. "Дешті Қыпшақ" түсінігі. Шаруашылығы: көшпелі, отырықшы. Сауда. Қала мәдениеті. Ұлы Жібек жолының тарихи маңызы. Түркі мәдениетінің әлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесі. Түркі әлемінің көрнекті ойшылдары;

7) XIII-XV ғасырлардың бірінші жартысындағы Қазақстан. Шыңғыс ханның жаулаушылық соғыстары. Отырар қорғанысы. Моңғол империясының құрылуы. Алтын Орда. Ақ Орда. Моғолстан мемлекеті. Әмір Темір жорықтары. Ноғай Ордасы. Әбілқайыр хандығы. XIII-XV ғасырлардың бірінші жартысындағы мемлекеттердің қоғамдық-саяси құрылымы. Ортағасырлық саяхатшылар Қазақстан туралы. Шаруашылық. Сауданың дамуы. Мәдениет.

21. 7-сыныпқа арналған "Қазақстан тарихы" пәнінің базалық мазмұны:

1) қазақ халқының қалыптасуы. Қазақстан – Ұлы Дала мұрагері: тарихи және этникалық сабақтастық. "Қазақ" этнонимі. Қазақ халқының біртұтас халық болып қалыптасу процесінің аяқталуы;

2) біртұтас қазақ мемлекетінің құрылуы. Қазақ ұлттық мемлекетінің құрылу алғышарттары. Қазақ хандығының құрылуы (аумағы, халықтың этникалық құрамы). Мемлекеттің негізін салушылар – Жәнібек пен Керей. М.Х. Дулатидің "Тарихи Рашиди" еңбегі – Қазақ хандығының алғашқы тарихы жөніндегі құнды дерек. Қазақ хандығы қалыптасуының алғашқы жылдарындағы ішкі және сыртқы саясаты. Біртұтас қазақ мемлекеті қалыптасуының тарихи маңызы;

3) өлкетану. Бір мемлекет - бір тағдыр (менің өлкемнің халықтары). Туған өлке тарихының тірі куәгерлері. Өлкенің саяхат маршруттары. Немқұрайлы емес жүректер;



4) қазақ хандығының XVI - XVII ғасырлардағы дамуы. Қасым хан билігі тұсындағы Қазақ хандығының нығаюы. Хақназар хан билігі тұсындағы Қазақ хандығының одан әрі нығаюы және саяси өркендеуі. Тәуекел ханның ішкі және сыртқы саясаты. Есім ханның ішкі және сыртқы саясаты. Жәңгір хан. Орбұлақ шайқасы. Тауке ханның билігі. "Жеті жарғы". Қазақтың ұлы билері. Қазақ хандығының мемлекеттік-әкімшілік құрылымы. Қазақ қоғамының әлеуметтік стратификациясы;

5) XVI - XVII ғасырлардағы экономика мен мәдениет. Қазақ халқының мәдениеті: материалдық, рухани мәдениет. Әдебиет пен өнер: ақын-жыраулар, халық әншілері мен композиторлардың шығармашылығы, музыкалық өнер. Қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы: мал шаруашылығы, егіншілік;

6) қазақ-жоңғар соғыстары. XVIII ғасырдың басындағы Қазақстан: сыртқы және ішкі саяси жағдай. Жоңғар мемлекеті. "Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама" заманы. Қаракұм мен Ордабасыдағы құрылтайлар – қазақ жасағының құрылуы. Аңырақай шайқасы. Отан қорғаушы батырлар. XVIII ғасырдың 30-40 жылдарындағы қазақ-жоңғар соғыстары;

7) XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ хандығы. XVIII ғасырдың басына дейінгі қазақ-орыс қатынастары. XVIII ғасырдың басындағы Ресей империясы назарындағы Қазақстан (саяси және экономикалық мақсаттар, әскери-барлау экспедициялары, алғашқы әскери бекіністердің салынуы). Кіші жүз ханы Әбілқайырдың Ресей бодандығын қабылдауы: себептері мен мақсаттары. XVIII ғасырдың 30-50-жылдарындағы Қазақстандағы Ресей империясының саясаты. XVIII ғасырдың 40-жылдарындағы Қазақстандағы ішкі саяси жағдайдың асқынуы. Абылай хан тұсындағы Қазақ хандығы: ішкі және сыртқы саясаты;

8) XVIII ғасырдағы Қазақстан мәдениеті. XVIII ғасыр ақын-жырауларының шығармашылығы. XVIII ғасыр тарихы бойынша қазақ деректері. Қазақтардың қолданбалы өнері;

9) отарлау және ұлт-азаттық күрес. Ресей империясының отаршылдық саясаты: мақсаттары мен әдістері. Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс (себептері, қозғалыстың қозғаушы күші, кезеңдері мен барысы, нәтижелері). 1822-1824 жылдардағы патша реформалары (Кіші және Орта жүздегі хандық биліктің жойылуы). 1836-1838 жылдардағы Бөкей ордасындағы қазақтардың көтерілісі (себептері, негізгі кезеңдері мен шайқастары). XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстары (Жоламан Тіленшіұлы, Саржан Қасымов бастаған көтеріліс). Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс (себептері, мақсаттары мен қозғаушы күштері, негізгі кезеңдері). Кенесары Қасымұлы: тұлға және саясаткер. Жанхожа Нұрмұхамедұлы және Есет Көтібарұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс (себептері, көтеріліс барысы). Ресей империясының Қазақстанның оңтүстік аймақтарын қосып алуы. XVIII ғасырдың соңы – XIX ғасырдағы Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихи маңызы;

10) Қазақстан Ресей империясының құрамында. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы патшалық реформалар. 1867-1868 жылдардағы реформалар. Қазақстандағы патшалық Ресейдің аграрлық және қоныстандыру саясаты. 1860-1870 жылдардағы ұлт-азаттық күрес (себептері мен көтеріліс барысы). XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы. Капиталистік қатынастардың ене бастауы. XIX ғасырдың 80-90-жылдарындағы әкімшілік-аумақтық реформалар: мазмұны мен салдары. Сауда қатынастарының дамуы. Жетісу аумағына ұйғырлар мен дүнгендердің қоныс аударуы. Дәстүрлі қазақ қоғамының трансформациясы. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қоғамдық-саяси ойлардың дамуы.

22. 8-сыныпқа арналған "Қазақстан тарихы" пәнінің базалық мазмұны:

1) XIX-XX ғасырлар басындағы Қазақстанның мәдениеті. XIX ғасырдағы Қазақстандағы ағарту ісі мен ғылымның дамуы. Бөкей ордасының ханы Жәңгірдің ағартушылық қызметі. Қазақстанның ғылыми зерттелуі (П. Семенов-Тянь-Шанский, Г.Н.Потанин, В.В. Радлов, М. Шорманов, М. Бабаджанов, А.Диваев). Зайырлы және діни білім беру мекемелері. Жадиттік және білім берудегі жаңашылдық. Шоқан Уәлиханов – ұлы қазақ ғалымы. Ыбырай Алтынсарин – ағартушы, жаңашыл-педагог, қоғам қайраткері. Абай Құнанбайұлы – ұлы ойшыл, қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы. Қазақ музыкалық мәдениетінің дамуы (Құрманғазы Сағырбайұлы, Тәттімбет Қазанғапұлы, Дәулеткерей Шығайұлы). Әйгілі суретшілер шығармашылығындағы ұлттық контекст. Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпеев және Халидтің тарихи еңбектері;

2) өлкетану. Менің мектебімнің тарихы;

3) XX ғасырдың басындағы Қазақстан. XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестер. XX ғасырдың басындағы Қазақстанның экономикалық дамуы. Столыпиннің аграрлық реформасы және шаруалардың Қазақстанға жаппай қоныс аударуы. XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы өнеркәсіптің дамуы. Сауданың дамуы. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс. Қазақ ұлттық зиялылар қауымы және оның XX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси процестерге әсері. Ұлттық баспаның дамуы ("Қазақ" газеті, "Айқап" журналы). 1917 жылғы революциялар. "Алаш" партиясының құрылуы. "Алаш-Орда" үкіметі. Қазақ халқының саяси көшбасшылары (Ә. Бөкейхан, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Б.Қаратаев, М.Тынышпаев, М.Шоқаев). XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының ғылыми еңбектері;

4) XX ғасырдың басындағы Қазақстан. XX ғасыр басындағы Қазақстанда әлеуметтік-экономикалық жағдайы. Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс. Ресейдегі 1917 жылғы ақпандағы буржуалық-демократиялық революция және оның Қазақстанға ықпалы. "Алаш" қозғалысы және қазақ ұлттық идеясы. XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының көрнекті өкілдері;

5) Қазақстандағы Кеңес үкіметінің орнығуы. "Үш Жүз" қазақ социалистік партиясы. Азамат соғысы жылдарындағы (1918-1920 жылдар) Қазақстандағы соғыс қимылдары. Кеңес билігі органдарының "Алаш-Орда" үкіметі, Қоқан автономиясымен қарым-қатынасы. "Әскери коммунизм саясаты". 1921 жылғы жұт және аштық. Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының құрылуы. Қазақ АКСР-ы аумағының қалыптасуы. Қазақ жерлерінің біртұтастығын қалпына келтірудегі қазақ зиялыларының рөлі. Қазақстандағы ЖЭС (1921-1925 жылдар). XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясаты. Кеңес үкіметінің діни саясаты;

6) Қазақстан тоталитарлық жүйе кезінде. Қазақстандағы социалистік индустрияландыру (мәні мен ерекшеліктері). "Кіші Қазан" (мазмұны және жүзеге асырылуы). Бай шаруашылықтарының тәркіленуі. Ауыл шаруашылығындағы күштеп ұжымдастыру саясаты. Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру саясатының экономикалық салдары. 1931-1933 жылдардағы аштық - XX ғасырдағы қазақстандық қасірет. Қазақстандағы ұжымдастырудың демографиялық салдары. Ұжымдастыруды жүзеге асырудың әдістеріне қатысты ұлттық зиялылардың қоғамдық-саяси көзқарасы мен қатынасы ("Бесеудің хаты"). 1920-1930 жылдардағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестер. Сталиндік репрессиялар. Қазақстан аумағындағы кеңестік " еңбек түзеу" концентрациялық лагерлері (Степлаг, Карлаг, Алжир және тағы басқалар);

7) кеңестік Қазақстанның мәдениеті: білім мен ғылым. Халыққа білім беру ( жалпыға бірдей міндетті сауат ашу, орта білім, қазақ жазуының араб тілінен латын тіліне көшуі, орыс графикасына негізделген жаңа әліпбиге көшу). А.Байтұрсынов – " ұлт ұстазы". Жоғары оқу орындарының ашылуы. КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы. Қ.Сәтбаевтың Қазақстан ғылымын дамытудағы рөлі. Қазақстандық ғалымдар мен олардың ғылыми жетістіктері. Әдебиеттің дамуы (Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Б.Майлин, І. Жансүгіров, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин шығармашылығы). Театр, кино, бейнелеу өнері және оның қайраткерлері. Мәдениет саласындағы кеңестік идеология. Социалистік реализм;

8) кеңестік Қазақстанның мәдениеті: әдебиет пен өнер. XX ғасырдың 20-30 жылдары қазақ әдебиетінің дамуы. XX ғасырдың 20-30 жылдары қазақ өнерінің дамуы. (Ә.Қашаубаев, Қ.Мұңайтпасов шығармашылығы).

23. 9-сыныпқа арналған "Қазақстан тарихы" пәнінің базалық мазмұны:

1) Қазақстан Ұлы Отан соғыс жылдарында. Ұлы Отан соғысының басталуы. Қазақстандағы мобилизация және қазақстандық әскери бөлімдердің құрылуы. Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлігі мен тағдыры. Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы шайқастарына қатысуы. Қазақстандықтар – Кеңес Одағының батырлары. Б.Момышұлы – аңызға айналған тұлға. Қазақстан – майдан арсеналы. КСРО халықтарының Қазақстанға депортациялануы. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы мәдениет. Ғылымның дамуы. Әдебиеттегі жетістіктер ( М.Әуезов, Ж.Жабаев, Д.Снегин, И. Шухов және т.б.). Өнердің дамуы (театр, кино);

2) Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946-1953 жылдар). Соғыстан кейінгі жылдардағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер. Пайдалы қазбаларды өңдеу және өнеркәсіптің дамуы. Ауыл шаруашылығының дамуы. Қазақстанның әскери-өнеркәсіптік кешенінің қалыптасуы (Қазақстандағы ядролық полигон). Соғыстан кейінгі жылдардағы қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктері. "Бекмаханов ісі";

3) Қазақстан "Жылымық" кезеңінде (1954-1964 жылдар). Қазақстанда "Хрущевтік кезеңдегі" өнеркәсіптің дамуы. Тың және тыңайған жерлерді игеру (тың игерудің экономикалық, экологиялық және демографиялық салдарлары). Қазақстандағы әскери-өнеркәсіптік кешен ("Байқоңыр" ғарыш айлағы). "Хрущевтік жылымық". 1954-1965 жылдардағы республикадағы қоғамдық-саяси өмір;

	Біртұтас халық жасағының ұйымдастырылуы. Зерттеу сұрағы: Неліктен Ордабасы ел бірлігінің нышаны болды?	7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саясат жандайын түсіндіру; 7.3.1.1 оқиғалардың өзара байланысын табу арқылы Түркі қағанатының құрылуының тарихи маңызын анықтау

	Қазақ-жоңғар шайқастары. Зерттеу сұрағы: Неліктен Аңырақай шайқасы қазақ-жоңғар соғысындағы түбегейлі бетбұрыс деп саналады?	7.3.2.1 жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте танылған хандар мен батырлардың ролін түсіндіру
XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы	XVIII ғасырдың басына дейінгі қазақ - орыс қарым-қатынастарының тарихы. Зерттеу сұрағы: Неліктен Ресей Қазақстанды Азияға шығудың "кілті мен қақпасы" деп санады?	7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саясат жаңдайын түсіндіру; 7.3.2.2 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау
	Қазақ хандығының Ресей империясына қосылуының басталауы. Зерттеу сұрағы: Әбілқайыр ханның Анна Иоанновна патшайымға жазған хатының себептері мен салдарлары қандай болды?	7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саясат жаңдайын түсіндіру; 7.3.2.2 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау
	Абылай ханның ішкі және сыртқы саясаты. Зерттеу сұрағы: Дербес Қазақ мемлекетін сақтап қалудағы Абылай ханның ролі қандай?	7.3.1.2 қазақ хандығының ішкі саясат жаңдайын түсіндіру; 7.3.2.3 Абылай ханның дипломатиялық шеберлігі мен саясатын, хандықты нығайтудағы даналығын, көрегендігін суреттеп айту
XVIII ғасырдағы Қазақстанның мәдениеті	XVIII ғасырдағы халық ауыз әдебиеті. Зерттеу сұрағы: XVIII ғасырда ақын-жыраулар шығармаларында тарихи оқиғалар қалай көрініс тапты?	7.2.2.1 халық фольклоры мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын түсіну; 7.2.1.1 салт - дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын анықтау
	XVIII ғасырдағы қазақтардың материалдық мәдениеті. Зерттеу сұрағы: Қазақтың ұлттық қолданбалы өнерінің бірегейлігі неде?	7.2.2.4 қолданбалы өнердің жетістіктерін, зергерлік ісінің даму ерекшелігін бағалау
Өлкетану	Туған өлке тарихының тірі куәгерлері. Саяхат маршруттары	7.4.1.3 туған өлкесінің дамуына үлес қосқан тұлғалардың іс-әрекетіне баға беру; 7.2.3.2 саяхат маршруттарын құру жолдарын ұсыну
3-тоқсан		
	XVIII ғасырдағы Қазақстандағы казак-әскери отаршылдығы. Зерттеу сұрағы: Қазақстанды отарлауды Ресей империясы қалай жүзеге асырды?	7.3.1.3 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау, оң және теріс әсерін айқындау; 7.2.3.2 саяхат маршруттарын құру жолдарын ұсыну

Отарлау және ұлт-азаттық күрес	<p>Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс. Зерттеу сұрағы: Сырым Датұлы Кіші жүз казактарының қандай құқықтарын қорғауды көздеді?</p>	<p>7.3.1.5 қазақ халқының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау ; 7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру</p>
	<p>1822-1824 жылдардағы патша реформалары. Зерттеу сұрағы: Неліктен ХХ ғасырдың 20-шы жылдарында Қазақстанда әкімшілік реформалар жүргізілді?</p>	<p>7.3.1.4 патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық өзгерістерді түсіндіру; 7.1.2.2 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау</p>
	<p>1836-1838 жылдардағы Бөкей Ордасындағы казактардың көтерілісі. Зерттеу сұрағы: Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлын қандай ортақ идея біріктірді?</p>	<p>7.3.1.5 қазақ халқының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау ; 7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру</p>
	<p>Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс. Зерттеу сұрағы: Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық күрес неліктен жалпы ұлттық сипатқа ие болды?</p>	<p>7.3.1.5 қазақ халқының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау ; 7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру</p>
Отарлау және ұлт-азаттық күрес	<p>XIX ғасырдың 40-60 жылдарындағы казактардың ортаазиялық хандықтармен қарым-қатынастары Зерттеу сұрағы: Неліктен Орта Азия хандықтарының Қазақстанның оңтүстік аймақтарына экспансиясы күшейді?</p>	<p>7.3.1.5 қазақ халқының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау ; 7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру</p>
	<p>Қазақстанның Ресей империясына қосылуының аяқталуы. Зерттеу сұрағы: Қазақстанның оңтүстік аймақтарының Ресей империясына қосылуының ерекшеліктері қандай?</p>	<p>7.3.1.2 қазақ хандығының ішкі саясат жандайын түсіндіру; 7.3.2.2 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау</p>
	<p>XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы әкімшілік-аумақтық реформалар. Зерттеу сұрағы: Патша өкіметі тарапынан "бөліп ал да, билей бер" ұстанымы қалай жүзеге асты?</p>	<p>7.3.1.3 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау, оң және теріс әсерін айқындау; 7.3.1.4 патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық өзгерістерді түсіндіру; 7.1.2.2 қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи</p>

		кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау
Қазақстан Ресей империясының құрамында	Қазақтардың 1860-1870 жылдардағы азаттық күресі. Зерттеу сұрағы: XIX ғасырдың 60-70 жылдарындағы ұлт-азаттық көтерілістердегі халық талаптарының сабақтастығы неден көрінді?	7.3.1.5 қазақ халқының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау
	Қазақстандағы жаппай отаршылдық қоныс аудару саясаты. Зерттеу сұрағы: Патша өкіметінің қоныстандыру саясаты қазақ қоғамының өмірін қалай өзгертті?	7.4.1.2 отарлау саясатының қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына тигізген әсерін, жаңа шаруашылық түрлерінің пайда болуын түсіндіру; 7.1.1.3 Ресей империясының қоныстандыру саясатының себептері мен салдарын айту; 7.1.1.2 "демография", "көші-қон", ұғымдарын түсіндіру, демографиялық өзгерістердің себептерін түсіну, көші-қон процесінің тәуелділігін түсіну; 7.1.2.2 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау
Өлкетану	Немқұрайлы емес жүректер	7.4.1.3 туған өлкесінің дамуына үлес қосқан тұлғалардың іс-әрекетіне баға беру
4-тоқсан		
Қазақстан Ресей империясының құрамында	Қазақстанда капиталистік қатынастардың дамуы. Зерттеу сұрағы: Қазақстанның өнеркәсіптік дамуы қалай басталды?	7.4.2.1 капиталистік қатынастардың Қазақстан экономикасына ықпалын анықтау
	Жәрмеңке саудасының дамуы. Зерттеу сұрағы: Қазақстанда неліктен жәрмеңке саудасы дамыды?	7.4.2.2 сауда қатынастарына жәрмеңкелердің, тауар-ақшалай алмасудың әкелген өзгерістерін анықтау
	XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамы. Зерттеу сұрағы: “Зар заман” өкілдерінің қоғамдық-саяси көзқарастары қандай факторлардың әсерінен қалыптасты?	7.2.1.2 отаршылдық саясаттың ұлттық құндылықтарға кері әсерін түсіндіру; 7.1.2.2 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау
Өлкетану	Туған өлке шежіресі	7.4.1.4 туған өлкенің маңызды даму кезеңдерін анықтау; 7.2.2.5 мұражай материалдарының негізінде өлкенің тарихи оқиғалар хроникасын суреттеп беру

## 4) 8-сынып:

## 4-кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
XIX ғасыр -XX ғасырдың басындағы Қазақстанның мәдениеті	<p>XIX ғасырдағы мәдениеттің дамуы.</p> <p>Зерттеу сұрағы: Неге XIX ғасыр қазақ халқының дәстүрлі музыка өнерінің гүлденген дәуірі деп саналады</p>	<p>8.2.1.1 салт - дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын анықтау, түрлі діни сенімдер арасындағы өзара сыйластықтың қалыптаса бастауын түсіндіру;</p> <p>8.2.1.2 мемлекеттің діни саясатының мақсаты мен салдарын анықтау;</p> <p>8.2.2.1 халық фольклоры мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау;</p> <p>8.2.2.5 ұлттық музыкалық аспаптардың қолдану ерекшеліктерін сипаттау</p>
	<p>XIX ғасырдағы білім беру мен ағарту ісі.</p> <p>Зерттеу сұрағы: XIX ғасырда Қазақстанда оқу-ағартушылық мекемелер қандай түрде дамыды?</p>	<p>8.2.3.3 XIX ғ. екінші жартысындағы білім беру мен ағарту ісінің даму ерекшеліктерін түсіндіру</p>
	<p>Шоқан Уәлиханов – алғашқы қазақ ғалымы.</p> <p>Зерттеу сұрағы: Неге С.Мұқанов Шоқан Уәлихановқа арналған шығармасын "Аққан жұлдыз" деп атады?</p>	<p>8.2.3.1 Ш.Уәлихановтың ғылыми зерттеулерінің тарихи құндылығын анықтау</p>
	<p>Ы. Алтынсарин – жаңашыл - педагог.</p> <p>Зерттеу сұрағы: Ыбырай Алтынсариннің халық ағарту саласындағы жаңашылдығы неден байқалады?</p>	<p>8.2.3.5 Ы.Алтынсариннің ағарту саласына, қыздарға арналған мектеп-интернатын құруға қосқан үлесін айту</p>
	<p>Абай Құнанбаев – ұлы ойшыл.</p> <p>Зерттеу сұрағы: Неліктен Абай Құнанбайұлын "Хәкім Абай" деп атады?</p>	<p>8.2.2.3 А.Құнанбаевтың ақын, ойшыл, қоғам қайраткері, жазбаша қазақ әдебиетінің негізін қалаушы ретіндегі рөлін айқындау</p>
	<p>XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы Қазақтардың ауызша тарихи дәстүрлерінің дамуы.</p> <p>Зерттеу сұрағы: Ш.Құдайбердіұлы, М.Көпейұлы, Қ.Халид</p>	<p>8.2.3.7 Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Қ.Халид еңбектерінің тарихи дерек ретіндегі маңызын айқындау;</p> <p>8.3.2.1 соғыс қимылдарының қаһармандарын атау және</p>



	еңбектерінің тарихи құндылығы неде?	олардың елді қорғау ісіндегі рөлін , патриоттық санаға ықпалын анықтау
Өлкетану	Менің мектебімнің тарихы	8.2.2.8 түрлі деректер негізінде өз мектебінің тарихын суреттеп беру
2-тоқсан		
XX ғасырдың басындағы Қазақстан	Қазақстанның XX ғасырдың басындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы. Зерттеу сұрағы: Не себепті А.Байтұрсынов: "Қазақ ұлтының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды", - деп санады?	8.3.1.1 қазақ зиялыларының Ресей империясының мемлекеттік Думасындағы қызметін түсіндіру; 8.3.1.2 XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процесті түсіндіру, ұлттық сананың өсуі
	Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс. Зерттеу сұрағы: 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс неліктен бүкілхалықтық сипат алды?	8.3.1.2 XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процесті түсіндіру, ұлттық сананың өсуі; 8.3.1.3 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің тарихи маңызын анықтау және тұлғалардың рөліне баға беру; 8.3.1.4 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдарын анықтау
	1917 жылғы ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы және оның Қазақстанға әсері. Зерттеу сұрағы: Қазақстанда 1917 жылы саяси белсенділіктің артуы қандай оқиғалардан көрініс тапты?	8.3.1.2 XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процесті түсіндіру, ұлттық сананың өсуі
	"Алаш" қозғалысы және қазақ ұлттық идеясы. Зерттеу сұрағы: Неліктен "Алаш" партиясы халық қолдауына ие болды?	8.1.2.1 көрнекті қайраткерлердің өмірі мен қызметінің мысалында қазақ зиялыларының рөлі мен қызметін түсіндіру; 8.3.1.5 "Алаш" партиясының ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту саясатын талдау; 8.2.3.2 ұлттық баспасөздің қоғамдық-саяси сананы оятудағы рөлін түсіндіру
	XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының көрнекті өкілдері. Зерттеу сұрағы: Қазақ зиялылары ұлттық мүдделерді қалайша қорғады?	8.1.2.1 көрнекті қайраткерлердің өмірі мен қызметінің мысалында қазақ зиялыларының рөлі мен қызметін түсіндіру; 8.2.2.2 қазақ зиялыларының туындылар мұрасын түсіндіру, оның қоғамдық санаға ықпалын бағалау;

		8.3.1.6 Ә.Бөкейханның саяси көшбасшылық қызметіне баға беру
3-тоқсан		
Қазақстанда кеңестік биліктің орнығуы	Қазақстан азаматтық қарсыластық жылдарында (1917-1920 жылдар). Зерттеу сұрағы: Қазан революциясының ұрандары халық арасында қандай үміт тудырды?	8.3.1.2 XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процесті түсіндіру, ұлттық сананың өсуі
	Қазақстандағы ұлттық автономиялар. Зерттеу сұрағы: Алаш Орда үкіметі мен Түркістан (Қоқан) автономиясының идеялары неліктен жүзеге аспады?	8.3.1.6 Ә.Бөкейханның саяси көшбасшылық қызметіне баға беру; 8.1.2.1 көрнекті қайраткерлердің өмірі мен қызметінің мысалында қазақ зиялыларының рөлі мен қызметін түсіндіру
	Қырғыз (Қазақ) АКСР-нің құрылуы. Зерттеу сұрағы: Қазақ Автономиялық Кеңестік Республикасы құрылуының тарихи маңызы неде?	8.3.1.6 Ә.Бөкейханның саяси көшбасшылық қызметіне баға беру; 8.1.2.1 көрнекті қайраткерлердің өмірі мен қызметінің мысалында қазақ зиялыларының рөлі мен қызметін түсіндіру
	Әскери коммунизм саясатынан ЖЭС-қа көшу. Зерттеу сұрағы: Қазақстан үшін жаңа экономикалық саясаттың артықшылықтары қандай болды?	8.3.1.8 XX ғасырдың 20–30 - жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының салдарын түсіндіру; 8.4.1.1 деректер мен дәйектерді салыстыру арқылы жаңа экономикалық саясаттың нәтижесінде орын алған өзгерістерді түсіндіру
Қазақстан тоталитарлық жүйе кезеңінде	Қазақстандағы 1920-1930 жылдардағы индустрияландыру. Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы индустрияландырудың карама-қайшылығы неде?	8.4.2.1 Қазақстандағы индустрияландырудың жетістіктері мен кемшіліктерін анықтау
	Қазақстандағы ұжымдастыру. Зерттеу сұрағы: Неліктен ұжымдастыру саясаты "ұлы нәубетке" әкеліп соқтырды?	8.4.1.2 күштеп ұжымдастыру саясатының ауыл шаруашылығына тигізген зардаптарын түсіндіру; 8.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын анықтау;
	1920-1930 жылдардағы саяси репрессиялар.	8.3.1.8 XX ғасырдың 20-30 - жылдардағы әміршіл-әкімшіл

	Зерттеу сұрағы: Сталиндік режим не себепті зиялыларға "халық жауы" деген айып такты?	жүйе саясатының салдарын түсіндіру; 8.1.2.1 көрнекті қайраткерлердің өмірі мен қызметінің мысалында қазақ зиялыларының рөлі мен қызметін түсіндіру
4 -тоқсан		
Кеңестік Қазақстанның мәдениеті: білім мен ғылым	Ахмет Байтұрсынов – "ұлт ұстазы". Зерттеу сұрағы: Ахмет Байтұрсыновтың ғылыми мұрасы қандай?	8.2.2.4 А.Байтұрсыновты қазақ тіл білімінің негізін салушы, қоғам қайраткері ретінде бағалау
	XX ғ. 20-30 жылдарындағы білім беру жүйесі мен ғылым. Зерттеу сұрағы: Білім мен ғылым саласының қандай жетістіктері мен кемшіліктері болды?	8.2.3.4 кеңес дәуіріндегі қазақ тілінің ахуалын анықтау; 8.2.3.6 XX ғ. бірінші жартысындағы білім мен ғылым саласындағы өзгерістерді түсіндіру
	Қ.Сәтбаев – жан-жақты ғалым. Зерттеу сұрағы: Қаныш Сәтбаевтың феномені неде?	8.2.3.8 Қ.Сәтбаевтың Қазақстан өнеркәсібі мен ғылымын дамытудағы рөліне баға беру
Кеңестік Қазақстанның мәдениеті: әдебиет пен өнер	XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ әдебиетінің дамуы. Зерттеу сұрағы: Қазақ әдебиетінде социалистік реализм қалай көрініс тапты?	8.2.2.2 қазақ зиялыларының туындылар мұрасын түсіндіру, оның қоғамдық санаға ықпалын бағалау
	XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ өнерінің дамуы. Зерттеу сұрағы: Қазақ өнерінің жаңа белеске көтерілуі неден байқалды?	8.2.2.7 Ә. Қашаубаев пен Қажымұқан Мұңайтпас ұлының қазақ халқын әлемге танытудағы рөліне баға беру; 8.2.2.2 қазақ зиялыларының туындылар мұрасын түсіндіру, оның қоғамдық санаға ықпалын бағалау; 8.2.2.6 өнердегі және әдебиеттегі өзгерістерді анықтау; 8.2.3.9 туған өлкенің тарихын меңгеруде өлкетанудың мәнін айқындау
Қайталау		

## 5) 9-сынып:

### 5-кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
	Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы шайқастарына қатысуы.	9.3.2.1 қазақстандықтардың Екінші дүниежүзілік соғысының жеңісіне қосқан үлесін бағалау;

Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында	Зерттеу сұрағы: Қандай қазақстандық Ұлы Отан соғысының батырлары халық есінде сақталды?	9.3.2.3 Б.Момышұлының батырлық, тұлғалық қасиетін айқындау
	Қазақстан – майдан арсеналы. Зерттеу сұрағы: "Бәрі майдан үшін, бәрі Жеңіс үшін!" ұраны қалай жүзеге асты?	9.4.2.2 Қазақстан экономикасының соғыс жағдайына бейімделгендігін, майдан мен тылдың бірлігі болуын дәлелдеу; 9.1.2.1 соғыс жылдарындағы халықтың әлеуметтік жағдайын, Ұлы Отан соғыс кезінде Қазақстанға қоңыс аударған халықтар арасындағы достықтың нығаюын анықтау
	Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақ КСР мәдениеті. Зерттеу сұрағы: Соғыс жылдарындағы Қазақстанның мәдени жетістіктері қандай болды?	9.2.2.7 соғыс жылдарындағы өнер мен әдебиеттің халық рухын көтерудегі мәнін түсіндіру
	Қазақстанға КСРО халықтарының депортациясы. Зерттеу сұрағы: Қазақстан қалайша депортацияланған халықтардың өлкесіне айналды?	9.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себептері мен салдарын анықтау; 9.1.1.3 мәтіндегі себеп-салдар байланысын белгілеу, демографиялық өзгерістер туралы қорытындыны дәлелдеу
2-тоқсан		
Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946-1953 жылдар)	Соғыстан кейінгі Қазақ КСР-нің әлеуметтік-экономикалық дамуы. Зерттеу сұрағы: Соғыстан кейін қазақстандықтардың өмірі қалай өзгерді?	9.1.1.2 себеп-салдар байланысын талдау негізінде демографиялық өзгерістер туралы дәлелді қорытынды жасау; 9.1.1.4 демография" ұғымын түсіндіру; 9.4.1.1 Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында орын алған өзгерістерді түсіну; 9.4.2.1 Қазақстандағы индустрияландырудың жетістіктері мен кемшіліктерін түсіндіру
	Қазақстандағы әскери-өнеркәсіп кешені. Зерттеу сұрағы: Неліктен Қазақстан ядролық сынақтар алаңына айналды?	9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және оқиғаларға өзіндік; 9.3.2.2 XX ғасырдың екінші жартысындағы әскери-өнеркәсіп кешендері-нің Қазақстанға тигізген зардаптарын түсіндіру
	Сталиндік идеологияның Қазақстандағы қоғамдық-саяси өмірге әсері.	9.2.3.1 Е.Бекмахановтың Қазақстан тарихы ғылымына қосқан үлесін түсіндіру;

	Зерттеу сұрағы: Неліктен тарихшы Е. Бекмаханов 25 жылға бас бостандығынан айырылды?	9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және оқиғаларға өзіндік баға беру
Қазақстан "жылымық" кезеңінде (1954-1964 жылдар)	"Жылымық" кезеңіндегі Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуы. Зерттеу сұрағы: "Жылымық кезеңі" қоғамға қандай өзгеріс әкелді?	9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және оқиғаларға өзіндік баға беру
	Тың игеру жылдарындағы Қазақстан. Зерттеу сұрағы: Тың және тыңайған жерлерді игеру саясаты Қазақстанға қалай әсер етті?	9.1.1.2 себеп-салдар байланысын талдау негізінде демографиялық өзгерістер туралы дәлелді қорытынды жасау; 9.4.1.1 Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында орын алған өзгерістерді түсіну; 9.1.2.2 мемлекеттің әлеуметтік дамуындағы тың жерлерді игеру кезеңінде халықтың қоңыс аударуының рөлін түсіндіру
	Қазақ КСР экономикасының шикізатқа бағытталуы. Зерттеу сұрағы: Қазақстанның табиғи ресурстарын игеруде ұлттық мүдде қаншалықты ескерілді?	9.3.2.2 XX ғасырдың екінші жартысындағы әскери-өнеркәсіп кешендерінің Қазақстанға тигізген зардаптарын түсіндіру; 9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және оқиғаларға өзіндік баға беру
3-тоқсан		
Қазақстан "тоқырау" кезеңінде (1965-1985 жылдар)	1965-1985 жылдардағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы. Зерттеу сұрағы: Не себепті 1965-1985 жылдар "тоқырау" кезеңі деп аталды?	9.4.2.1 Қазақстандағы индустрияландырудың жетістіктері мен кемшіліктері; 9.2.3.3 елдің ғылыми әлеуетін дамытудағы ғалымдардың үлесін бағалау; 9.4.1.1 Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығында орын алған өзгерістерді түсіну
	XX ғ. 60-80 жылдарындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуындағы қарама-қайшылықтар. Зерттеу сұрағы: XX ғасырдың екінші жартысында ұлттық мүдделерді қорғау қалай жүзеге асырылды?	9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және оқиғаларға өзіндік баға беру; 9.3.1.3 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің тарихи маңызын анықтау және тұлғалардың рөліне баға беру; 9.3.1.2 қоғамдық-саяси қайраткерлердің ұлттық мүддені қорғаудағы рөліне баға беру
	"Тоқырау" жылдарындағы демографиялық процестер.	9.1.1.2 себеп-салдар байланысын талдау негізінде демографиялық өзгерістер туралы дәлелді қорытынды жасау;

	Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы урбандалу процесіне қандай факторлар әсер етті?	9.2.3.5 қазақстандық патриотизмді қалыптастыру үшін туризмінің рөлі мен мәнін анықтау
Кеңестік Қазақстанның мәдениеті (1946-1985 жылдар)	XX ғасырдың екінші жартысындағы білім беру жүйесінің дамуы. Зерттеу сұрағы: Кеңестік білім беру саласындағы реформалар қандай мақсат көздеді?	9.2.3.2 елде болған өзгерістерді ескере отырып, білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты түсіндіру; 9.2.2.3 жас қазақ ақындар мен жазушылардың жастардың ұлттық санасын қалыптастыруға ықпалын суреттеп беру
	XX ғасырдың 40-80 жылдарындағы қазақстандық ғалымдардың ғылымды дамытудағы жетістіктері. Зерттеу сұрағы: XX ғасырдың екінші жартысында ғылымның қай салалары көбірек дамыды?	9.2.3.2 елде болған өзгерістерді ескере отырып, білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты түсіндіру; 9.2.3.4 мемлекеттің дамуы үшін ғылым мен білім беру деңгейін көтеру қажеттілігін түсіну; 9.2.1.1 заманауи дүниетанымды қалыптастыру және дінді дамыту бойынша мемлекеттің саясатын анықтау
	XX ғасырдың 40-80 жылдарындағы әдебиет пен өнердің дамуы. Зерттеу сұрағы: Кеңестік идеология қазақ мәдениетінің дамуына қалай әсер етті?	9.2.2.1 кеңестік әдебиет пен өнер туындыларында қоғамдық өмірдің бейнеленуін анықтау; 9.2.2.2 М.Әуезов шығармаларының отандық және әлем әдебиетіндегі мәнін бағалау; 9.2.2.6 қайта құру кезеңіндегі өнер мен әдебиеттің өскелең ұрпақтың дүниетанымын қалыптастыруға ықпалын түсіндіру
4-тоқсан		
Қазақстан қайта құру кезеңінде (1986-1991 жылдар)	Қазақстан "Қайта құрудың" бастапқы кезеңінде. Зерттеу сұрағы: КСРО-ның ыдырауы: заңдылық па әлде кездейсоқтық па?	9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және оқиғаларға өзіндік баға беру; 9.4.1.2 Кеңес үкіметі кезінде орын алған әлеуметтік-экономикалық мәселелерді түсіндіру
	Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғалары. Зерттеу сұрағы: 1986 жылғы Желтоқсан оқиғаларының сипаты қандай болды?	9.3.1.4 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының тарихи маңыздылығын түсіндіру; 9.3.1.3 әміршіл-әкімшіл саясатқа қарсы халық наразылықтарын салыстырып
	"Қайта құру" жылдарындағы Қазақстандағы демократиялық процестер.	9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және оқиғаларға өзіндік баға беру; 9.3.2.4 диаспора өкілдерінің әлем қоғамдастығының Қазақстанға

	Зерттеу сұрағы: Демократиялық процестер қоғамдық сананы қалай өзгертті?	жағымды қатынасын қалыптастырудағы рөлін түсіндіру
Қайталау		

6) 10- сынып:  
6-кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
Қазақстан мемлекеттілігінің қайта жаңғыруы (1991 – 1996 жылдар)	Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің жариялануы. Зерттеу сұрағы: "Қазақстан Республикасының тәуелсіздік туралы" Конституциялық Заңының тарихи маңызы қандай?	10.3.1.2 Қазақстанның тәуелсіздік жолын дағы алғашқы қадамдарын анық тап, қорытындылау; 10.3.1.3 өткен оқиғалармен сабақтастықты орнатып, тәуелсіз Қазақстанның жариялануының тарихи маңызын түсіндіру
	Н.Ә.Назарбаев - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті. Зерттеу сұрағы: Саяси көшбасшының мемлекет тарихының бетбұрысты кезеңдеріндегі рөлі қандай болды?	10.3.1.6 тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуындағы Елбасы Н. Назарбаевтың рөлін білу және түсіну
	Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы мемлекеттілікті қалыптастырудағы іс-шаралар. Зерттеу сұрағы: 1995 жылғы жаңа Конституцияны қабылдаудың тарихи маңызы неде?	10.3.1.4 Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуын талдау; 10.3.1. Қазақстанның тәуелсіздік жолын дағы алғашқы қадамдарын анық тап, қорытындылау; 10.3.1.1 Қазақстан Республикасы Конституциясын мемлекеттің тұрақты даму кепілі ретінде бағалау
	Қазақстан – халықаралық құқық субъектісі. Зерттеу сұрағы: Қазақстанның халықаралық қауымдастыққа кірігуі қалай жүзеге асты?	10.3.2.1 Қазақстан Республикасының халықаралық сахнадағы танылуына баға беру; 10.3.2.2 Қазақстанның аймақтық және халықаралық ұйымдарымен байланыстарын түсіну
2-тоқсан		
	Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы экономикалық даму. Зерттеу сұрағы: Неліктен нарықтық экономикаға көшу барысында қиыншылықтар орын алды?	10.4.1.3 Қазақстан Республикасындағы жекешелендіру процесінің экономикаға ықпалын білу және түсіну; 10.4.2.1 нарықтық экономиканың өндірістік қатынастарға әсерін түсіндіру; 10.4.2.2 Қазақстанның әлемдік экономикаға кірігуін талдау

<p>Қазақстан мемлекеттілігінің қайта жаңғыруы (1991 – 1996 жылдар)</p>	<p>Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы әлеуметтік-демографиялық процестер. Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы әлеуметтік-демографиялық процестердің ерекшеліктері неде?</p>	<p>10.1.1.3 Қазақстанның даму стратегиясын дағы демографиялық саясаттың бағыттарын түсіндіру; 10.1.1.2 өткен тарихи кезеңдермен сабақтастықты орнату арқылы қазіргі кезеңдегі демографиялық процестерге баға беру; 10.1.2.1 қазіргі кездегі Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайын статистикалық мәліметтер: кесте, диаграмма негізінде түсіндіру; 10.3.2.3 қазақ диаспораларының тарихи Отанымен байланы-сының маңыздылығын</p>
<p>3-тоқсан</p>		
<p>Тәуелсіз Қазақстанның дамуы (1997 жылдан бастап қазіргі заманға дейін)</p>	<p>Қазақстан - 2030" Стратегиясы – мемлекет дамуындағы жаңа кезең. Зерттеу сұрағы: "Қазақстан - 2030" Стратегиясын қабылдау қажеттілігі неден туындады?</p>	<p>10.3.1.5 ұзақмерзімді мемлекеттік стратегияларды білу; 10.1.1.1 Қазақстанның даму стратегиясындағы демографиялық саясаттың негізгі бағыттарын белгілеу</p>
<p>Қазақстанның 1997 жылдан бастап экономикалық дамуы. Зерттеу сұрағы: Қазақстан Республикасының XXI ғасырдағы экономикалық дамуының негізгі бағыттары қандай?</p>	<p>10.4.2.1 нарықтық экономиканың өндірістік қатынастарға әсерін түсіндіру; 10.4.1.4 аграрлық секторды модернизациялау бағыттарын түсіну; 10.4.2.3 сыртқы сауданың экономикаға әсерін түсіндіру</p>	
<p>Қазақстанның 1997 жылдан бастап әлеуметтік дамуы. Зерттеу сұрағы: Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайы қалай өзгерді?</p>	<p>10.1.2.1 қазіргі кездегі Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайын статистикалық мәліметтер: кесте, диаграмма негізінде түсіндіру</p>	
<p>Халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қазақстан. Зерттеу сұрағы: Қазақстанның жаңа әлемдегі орны қандай?</p>	<p>10.3.2.2 Қазақстанның аймақтық және халықаралық ұйым дарымен байланыстарын түсіну; 10.3.2.1 Қазақстан Республика-сының халықаралық сахнадағы танылуына баға беру</p>	
<p>Астана – Тәуелсіз Қазақстанның астанасы. Зерттеу сұрағы: Астананы көшіру неліктен ұтымды стратегиялық шешім болып табылды?</p>	<p>10.3.1.7 Астананы жаңа Қазақстанның өркендеуінің нышаны ретінде айқындау</p>	
<p>"Қазақстан – 2050" стратегиялары. Зерттеу сұрағы: "Қазақстан – 2050" Стратегиясы қандай жаңа саяси бағытты белгіледі?</p>	<p>10.3.1.8 ұзақмерзімді мемлекеттік стратегияларды білу</p>	



	<p>Қазіргі кездегі Қазақстанның дамуындағы басым бағыттары. Зерттеу сұрағы: "5 институционалды реформаларды жүзеге асырудағы 100 нақты кадам" ұлт жоспары неліктен қабылданды?</p>	<p>10.3.1.8 ұзақмерзімді мемлекеттік стратегияларды білу</p>
4-тоқсан		
<p>Қазіргі заманғы Қазақстан мәдениеті (1991 жылдан бүгінгі күнге дейін)</p>	<p>Тәуелсіздік жылдарындағы білім мен ғылымның дамуы. Зерттеу сұрағы: Жаһандану жағдайындағы қазақстандық білім мен ғылымның даму тенденциялары қандай?</p>	<p>10.2.3.1 білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатқа баға беру</p>
	<p>Тәуелсіз Қазақстан мәдениеттің дамуы. Зерттеу сұрағы: Жаһандану дәуіріндегі ұлттық мәдениетті дамыту мен сақтау жолдары қандай?</p>	<p>10.2.2.1 қазіргі кездегі өнер мен әдебиеттің даму тенденцияларын анықтау; 10.2.2.2 ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың қажеттілігін негіздеу ("Мәдени мұра", "Мәңгілік ел: қоғамдық сананы модернизациялау" бағдарламалары)</p>
	<p>Діннің қазіргі Қазақстан қоғамындағы рөлі. Зерттеу сұрағы: Қазақстан қоғамында зайырлы мемлекет және діни сенім бостандығы ұстанымдары қалай үйлесім табууда?</p>	<p>10.2.1.1 дәстүрлі және деструктивті діни ағымдар мен ұйымдардың іс-әрекетін түсіндіру; 10.2.1.2 Қазақстан халқы Ассамблеясының дінаралық, этносаралық келісім мен ішкі тұрақтылықты нығайтудағы ықпалын түсіндіру</p>
	<p>"Мәңгілік Ел" ұлттық идеясы. Зерттеу сұрағы: "Мәңгілік Ел": идеясының біріктірушілік рөлі неде?</p>	<p>10.2.1.3 "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының маңыздылығын түсіндіру; 10.2.1.2 Қазақстан халқы Ассамблеясының дінаралық, этносаралық келісім мен ішкі тұрақтылықты нығайтудағы ықпалын түсіндіру</p>
Қайталау		

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№123 бұйрығына  
71-қосымша  
Қазақстан Республикасы білім  
және ғылым Министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына  
708-қосымша

# Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Дүниежүзі тарихы" пәнінен жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасы

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Негізгі орта білім беру деңгейінің психикалық дамуы тежелген 5-10 сынып оқушыларына арналған "Қазақстан тарихы" пәнінен жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бап б)-тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты - білім алушылардың бойында тарихи сана, толеранттылық, өз елі және басқа елдердің тарихы мен мәдениетіне құрмет қалыптастыру, ғасырлар бойы қалыптасқан жалпы адамзаттық құндылықтарды дарыту және зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды дамыту.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) адамзат өркениетінің ежелгі заманнан бастап бүгінгі күнге дейінгі әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық дамуының негізгі кезеңдері және түрлі халықтардың тарихи даму жолының ерекшеліктері туралы білімдерді қалыптастыру;

2) әлемнің тарихи дамуы барысында қалыптасқан жалпы адами құндылықтар жүйесі туралы білімдерді қалыптастыру;

3) тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді және тарихи тұлғалардың қызметін дүниежүзі тарихына әсер ету контекстінде сыни талдау және баға беру дағдыларын қалыптастыру және дамыту;

4) тарихи деректерді талдау негізінде дәлелді пайымдау дағдыларын дамыту;

5) заманауи саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерде бағдарлану үшін тарихи білімдерді қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;

6) коммуникативті дағдыларды қалыптастыру, соның ішінде, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, командада жұмыс жасай білу, басылымдар мен электронды құралдармен бірге, түрлі деректерден алынған ақпараттарды қолдану;

7) өзін өзі адекватты бағалауға, жауапкершілікке, адалдыққа тәрбиелеу;

8) оптимистік дүниені сезінуге тәрбиелеу;

4. Түзету-дамытушылық міндеттер:

1) таным үдерістерін дамыту;

2) индуктивті және дидуктивті ойлау қабілеттерін дамыту;

3) оқушыларда айтылған пікірді қабылдауға, оның мазмұнын айтып жеткізуге және өзіндік пікір жасауға мүмкіндік беретін сөйлеу біліктілігінің жиынтығын қалыптастыру ;

4) оқушылардың тарихи сөздік қорын кеңейту;

5) коммуникация мен әлеуметтік мінез құлық дағдыларын дамыту;

6) бұдан бұрынғы дамудағы, білімді меңгерудегі олқылықтарды жою.

## 2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. Оқу үдерісін ұйымдастыру кезінде психикалық дамуы тежелген оқушылардың ерекшелігі ескеріледі: ойлау икемділігінің жеткіліксіздігі, есте сақтау әлсіздігі, зейін тұрақсыздығы, есту арқылы және ауызша нұсқауды және көру-кеңістік ақпаратты қабылдау мен өңдеу қиындығы, жұмыс қабілетінің төмендігі.

6. "Дүниежүзі тарихы" пәнін меңгеруде оқушыларда келесі қиындықтар кездеседі:

1) өз пікірін айту, мысалдар келтіру, тарихи құбылыстардың негізгі мәнін түсіндіру барысында, картамен, кестемен, сызбамен, диаграммамен жұмыс істеу кезінде;

2) оқиғалардың логикалық реттілігін жеткізу кезінде;

3) тарихи оқиғаларды салыстыру, себеп-салдар байланысын орнату кезінде;

4) өз пікірін білдіруді қажет ететін сұрақтарға жауап беру кезінде, өмірден мысалдар келтіру және мәселені шешу жолдарын ұсыну кезінде;

5) тарихи терминдерді есте сақтау, оларды өз жауабында қолдану кезінде.

7. Оқу процесерін ұйымдастыру кезінде келесі тәсілдер қолданылады:

1) жүйелі тәсіл - жеке компоненттерді өзара байланыс және өзара әрекеттесу ыңғайында қарастыруға мүмкіндік береді;

2) құндылықты - бағдарлау тәсілі - оқу іс-әрекетін ұйымдастыруды және жүзеге асыруды, оның нәтижелерін алу мен қолдануды белгілі құндылықтар тұрғысынан қарастырады. Құндылыққа бағдарланған оқу үдерісі оқушыларда құндылықтар жүйесін мақсатты түрде қалыптастырады;

3) іс-әрекеттік тәсіл - тұлғаны дамытуға, әмбебап оқу әрекетін қалыптастыру негізінде жалпымәдени және тұлғалық даму үшін жағдай жасауға арналған. Бұл білім, біліктілік пен дағдыны үздік меңгеруді қамтамасыз етіп қана қоймай, тарихи ақпарат саласындағы құзыреттілігін де қалыптастырады.

8. Білімді саналы меңгеруге, ойлау операцияларын дамытуға ықпал ететін тапсырмалар:

1) материалды бір формадан басқаға ауыстырып жасау (сөздік формадан сызбаға, кестеге, контурлық картаны толтыру);

2) материалды қысқаша жеткізу, негізгі ойды айқындау;

3) ақпаратты топтарға бөлу;

4) қорытындыны түрлі формада ұсыну;

5) кестедегі, сызбадағы тарихи мәліметтерді салыстыру;

6) деректер мен салдар арасын жіктеу;

7) тұтасты бөліктерге ажырату және керісінше, элементтерді тұтас етіп жинақтау;

8) нысаналардың өзара байланысын анықтау;

9) іс-әрекеттерге жоспар құру.

9. Тарих сабағында ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану барысында оқу үдерісінің қарқыны, психологиялық механизмнің даму деңгейі (қиял, есте сақтау, зейін) жоғарылайды, ойлау үдерістері белсенді болады.

10. Оқу пәнін меңгеру нәтижелерін бағалау критериалды бағалау арқылы жүзеге асады.

11. Формативті және суммативті бағалауға арналған тапсырмаларды мұғалім білім алушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, құрастырады. Рұқсат етіледі:

1) грамматикалық және семантикалық ресімдеу бойынша тұжырымдарды қысқартуға;

2) көптізбекті нұсқауды, тапсырманы кезеңмен (қадаммен) орындауға мүмкіндік беретін, қысқа мағыналық бірліктерге бөлу арқылы жеңілдетуге;

3) қажет болғанда тапсырманың жазбаша нұсқаулығын мұғалім нақты мағыналық акцентпен дауыстап, баяу оқуына;

4) білім алуда ерекше қажеттілігі бар оқушылардың жеке ерекшелігін ескере отырып, тапсырма мәтінін бейімдеуге (ірі шрифт, бір тапсырманы басқасынан айқын шектеу);

5) қажет болған жағдайда сараланған көмекті ұсынуға: ынталандырушы (мақұлдау, эмоционалдық қолдау), ұйымдастырушылық (жұмысты орындауға назарын аударту, жұмылдыру, өзін-өзі тексеру қажеттілігін есіне салу), бағыттаушы (қайталау және тапсырма нұсқауын түсіндіру);

б) тапсырманы орындауға берілген уақытты ұлғайтуға.

### **3-тарау. "Дүниежүзі тарихы" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

12. "Дүниежүзі тарихы" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;

2) 6-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;

3) 7-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;

4) 8-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;

5) 9-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;

6) 10-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

13. Бағдарлама мазмұны бөлімдер арқылы берілген. Бөлімдер сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер түрінде оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

14. Бағдарламаның мазмұны 4 бөлімді қамтиды:

1) "Әлеуметтік қатынастардың дамуы" бөлімі;

2) "Мәдениеттің дамуы мен өзара әрекеттестігі" бөлімі;

3) "Саяси жүйелердің дамуы мен өзара әрекеттестігі" бөлімі;

4) "Экономикалық қатынастардың дамуы" бөлімі.

15. "Әлеуметтік қатынастардың дамуы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) әлеуметтік құрылымдар;

2) әлеуметтік өзара әрекеттестік.

16. "Мәдениеттің дамуы мен өзара әрекеттестігі" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) дін;
- 2) өнер;
- 3) философиялық жүйелер;
- 4) ғылым.

17. "Саяси жүйелердің дамуы мен өзара әрекеттестігі" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) мемлекет: белгілері, құрылымы және басқару тәртібі;
- 2) империялар, соғыстар, көтерілістер және революциялар.

18. "Экономикалық қатынастардың дамуы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) шаруашылық жүйелер: эволюция және өзара әрекеттестік;
- 2) экономикалық жүйелердің тарихи үлгілері.

19. 5-сыныпқа арналған "Дүниежүзі тарихы" пәнінің базалық мазмұны:

1) жинаушы-аңшылардан бастап егіншілер мен малшыларға дейін. Адамның пайда болуы туралы теориялар. Адамдардың алғашқы бірлестік формалары: адамдар тобыры, ру, қауым, тайпа және олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары. Ежелгі адамдардың өмір салты. Иемденуші және өндіруші шаруашылық түрлері (жинаушылық, аңшылық, балық аулау, мал шаруашылығы, егіншілік, металл өңдеу, айырбас сауда). "Неолиттік төңкеріс" ұғымы. Ежелгі діни наным-сенімдер. Алғашқы қауымдық өнердің түсінігі және түрлері;

2) өзен алқаптарының өркениеттері. Алдыңғы Азия мен солтүстік-шығыс Африканың табиғи жағдайлары. Месопотамия тарихының ежелгі кезеңі: Шумер және Аккад мемлекеттері. Ежелгі өркениеттердің шаруашылық жүйесі мен өнері;

3) Ежелгі Египет тарихы. Табиғи жағдайлары. Египеттегі мемлекеттің пайда болуы. Пирамидалар құрылысының дәуірі. Ежелгі Египеттің әлеуметтік құрылымы, экономика, діни наным-сенімдері мен ғылыми білімдері;

4) қос дөңгелекті арбалар мен империялар. "Империя" түсінігі. Ежелгі замандағы әскери өнер: соғыс арбалары мен атты әскердің пайда болуы. Жаулаушылық соғыстар мен империялар шекараларының өзгеруі. Таяу және Орта Шығыс ежелгі империялары. Орта Азияның ежелгі мемлекеттері. Әлеуметтік ұйымдастырылуы, шаруашылығы және мәдениеті;

5) Ежелгі Үндістан: буддизмнің гүлденуі мен индуизмнің салтанат құруы. Табиғи жағдайлары. Үндістанда мемлекеттің қалыптасуы. Ежелгі Үндістандағы индуизм мен буддизм. Ежелгі Үндістанның әлеуметтік құрылымы (касталық жүйе). Шаруашылығы. Мәдениеті мен ғылыми білімдердің дамуы;

6) Ежелгі Қытай. Табиғи жағдайлары. Ежелгі Қытай мемлекетінің қалыптасуы. Конфуций және Лао Цзы ілімдері. Ежелгі Қытайдың саяси, шаруашылық және қоғамдық құрылысы. Ежелгі Қытайдың мәдениеті.

7) Ежелгі Грекия. Ежелгі Грекияның географиялық жағдайы. Грекияның ежелгі өркениеттері. Грекиялық қала-мемлекеттер. Афина мемлекеті. Ежелгі Спарта. Ежелгі Грекияның саяси, шаруашылық және қоғамдық құрылысы. Грек-парсы соғыстары. Александр Македонский империясы.

8) Ежелгі Грекия мәдениеті. Ежелгі Грекияның тарихшылары мен философтары. Ежелгі Грекиядағы білім мен ғылым. Ежелгі Грекияның мәдениеті (күнделікті өмірі мен мерекелері, Олимпиада ойындары, діни наным-сенімдері, аңыздар мен мифтер, театр, сәулет және мүсін өнері).

20. 6-сыныпқа арналған "Дүниежүзі тарихы" пәнінің базалық мазмұны:

1) Рим империясының гүлденуі. Апеннин түбегінің табиғи-географиялық ерекшеліктері. Ежелгі Римнің саяси және қоғамдық құрылысы (патшалық басқару және республика кезеңі тұсында). Римнің жаулаушылық соғыстары. Рим империясы. Рим империясындағы басқару жүйесі мен әлеуметтік ұйымдасу. Спартак бастаған құлдар көтерілісі. Шаруашылығы мен тұрмысы. Мәдениет. Империя дағдарысы.

2) дәуірлер тоғысындағы Рим. Христиандықтың пайда болуы. Рим империясындағы алғашқы христиандар. Мемлекеттік басқару жүйесі. Ұлы Константиннің діни реформасы. Ежелгі дүниенің мәдени мұрасы: жазуы, әлемнің ғылыми бейнесі, ежелгі Римдегі техниканың дамуы..

3) Рим империясының құлауы. Тарихтағы "орта ғасыр" түсінігі. Орта ғасырлар тарихының хронологиялық шеңбері мен кезеңдері. Халықтардың ұлы қоныс аударуы және Батыс Рим империясының құлауы. Византия империясы. Византия мен Түрік қағанатының дипломатиялық қарым-қатынастары. Киев Русінің құрылуы. Киев Русінде христиандықтың қабылдануы.

4) феодализм. "Феодализм" түсінігі. Феодалдық шаруашылық түрінің ерекшеліктері . Феодалдық қоғамның әлеуметтік құрылымы. Ортағасырлық қалалар мен өнердің даму ерекшеліктері.

5) ислам тарихы. Ислам дінінің пайда болуы. 610 және 1258 жылдар аралығындағы ислам тарихындағы басты оқиғалар. Араб халифаты. Мұсылман әлемінің мәдениетінің дамуы.

6) крест жорықтары. Крест жорықтарының (1-4 крест жорықтары) себептері, барысы мен салдарлары. Крест жорықтарынан кейінгі христиандық Еуропа мен мұсылман әлемі.

7) моңғолдар. Шыңғыс хан. Моңғол империясының құрылуы. Моңғолдардың әскери өнері. Еуразия этносаяси картасының қалыптасуына моңғол шапқыншылықтарының әсері.

8) XIV ғасырдағы - XVI ғасырдың бірінші жартысындағы ортағасырлық еуропалық қоғам. "Қара індет". Франция мен Англиядағы шаруалар көтерілісі. Феодалдық соғыстар (Жүз жылдық соғыс, Алқызыл және Ақ раушандар соғысы) және Еуропадағы орталықтанған мемлекеттердің қалыптасуы. Жанна д'Арк.

9) Батыс пен Шығыстағы абсолютизм. Феодалдық мемлекеттің даму кезеңдері. Батыс пен Шығыс мемлекеттеріндегі абсолютизмнің ерекшеліктері (Франция, Ресей, Англия, Қытай, Жапония, Осман империясы). "Парламент", "Бас штаттар", "сейм", "кортес", "Бояр Думасы" ұғымдары.

10) сауда, қолөнер және әлемді игеру. Ұлы Жібек жолы. Халықаралық сауда мен саяхаттар. Қытайдағы Мин әулетіндегі теңіз саяхаттары (Чжен Хе басшылығымен). XV ғасырдың соңы - XVI ғасырдың басындағы Ұлы географиялық ашылулар және олардың салдары. XV ғасырдағы Америка халықтары. Алғашқы отарлық империялар (Португалия, Испания).

21. 7-сыныпқа арналған "Дүниежүзі тарихы" пәнінің білім мазмұны:

1) қайта өрлеу дәуірі. Батыс Еуропадағы қайта өрлеу дәуірінің мәдениеті. Гуманистер идеялары. Шығыстың ортағасырлық мәдениеті.

2) реформация. Реформация себептері мен оның Еуропа елдеріндегі таралуы. Мартин Лютер наразылығының тарихи маңызы.

3) ғылыми революция. Әлемнің қазіргі ғылыми бейнесінің негізін қалаушылар және олардың ізбасарлары (Николай Коперник, Галилео Галилей, Джордано Бруно, Иоганн Кеплер);

4) тарихтағы "Жаңа заман" түсінігі. Жаңа заман кезеңдері. XVII ғасырдағы ағылшын буржуазиялық революциясы. Дәстүрлі өркениет дағдарысы және Англияда XVII ғасырда жаңа қоғамның пайда болуы. Өнеркәсіп төңкерісі және оның әлемді өзгертудегі ықпалы. Мануфактура, фабрикалардың пайда болуы және жалдамалы жұмысшы табының қалыптасуы. Өнеркәсіп төңкерісі: мәні, маңызы. Феодалдық құрылыстан капиталистік шаруашылыққа өту. Индустриалды қоғам әлеуметтік құрылымының ерекшеліктері;

5) XVIII ғасырдағы Үндістан және Ұлыбритания. Британ отарлық империясының құрылуы. Ұлы Моғолдар империясының дағдарысы мен күйреуі. Еуропалық мемлекеттердің Ост-Үнді компаниясы. Ұлыбритания мен Францияның Индияға ықпал ету аймағы үшін бәсекелестігі. XVII ғасырдағы Индияның әлеуметтік-экономикалық жағдайы;

6) ағартушылық идеяларының таралуы. Ағартушылық кезеңінің қайраткерлері. Еуропа мен Солтүстік Америкадағы революциялық идеялардың таралуындағы ағартушылық идеялардың рөлі. Солтүстік Америкадағы Англия колониялары. Колониялардың әлеуметтік-экономикалық дамуы. Америка құрама штаттарындағы тәуелсіздік пен білім беру үшін соғыс. "Тәуелсіздік декларациясы";

7) француз революциясының көрінісі. Француз абсолютизмнің дағдарысы. Француз буржуазиялық революциясы. Ағартушылық идеялардың қоғамдық санаға әсері. Ағартушылық пен революция кезеңіндегі Франция мәдениеті. Республикалық құрылыстың құрылуы мен ерекшеліктері. Наполеон Бонапарттың ішкі және сыртқы саясаты. Францияның жаулаушылық соғыстары. Құрлықтық блокада. Наполеонның Ресейге басып кіруі. Антифранцуздық коалициялар. Наполеон империясының күйреуі;

8) XIX ғ. империялар және бәсекелестік. Иранға ықпал ету үшін Ұлыбритания мен Ресейдің бәсекелестігі. Осман империясының саяси және әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері. Танзимат реформасы: мақсаттары мен нәтижелері. XVIII ғасырдың II - жартысындағы Осман империясының әлсіреуі: ішкі және сыртқы саясат. XIX ғасырдың I-жартысындағы халықаралық қатынастар жүйесіндегі Ресей. Крым соғысының себептері мен салдары;

9) XIX ғасырдағы Қытай мен Еуропа елдері. Цин династиясының оқшаулану саясаты мен еуропалықтардың сауда, дипломатиялық миссиялары. Апиын соғыстары: себептері мен салдарлары. Ихэтуандар көтерілісі ("боксерлер" көтерілісі). Еуропалық мемлекеттердің Қытайды "ықпал ету аймақтарына" бөлуі. Жартылай отар Қытайдың әлеуметтік-экономикалық жағдайы. "Миссионерлік", "экспансия", "фактория", "отарлау" ұғымдары;

10) Революциялық идеялардың XIX ғасырда Еуропаға таралуы. Мемлекеттердің саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайы (Германия, Италия). Либералдық және демократиялық қозғалыс. Марксизмнің қалыптасуы мен таралуы. Еуропадағы 1848 жылғы буржуазиялық революциялар. Франко-Пруссия соғысы және Германияның бірігуі. Италияның бірігуі;

11) XIX ғасырдағы Ресейдегі қоғамдық-саяси ойдың дамуы. Әлеуметтік-экономикалық даму. Ресей самодержавиясының ерекшеліктері. Ресейдегі азаттық қозғалыстың үш кезеңі. Декабристер көтерілісі. II Александр императордың реформалары. Халықшылдардың қозғалысы. Ресейдегі марксизмнің таралуы мен В.И. Лениннің революциялық қызметінің басталуы;

12) XIX ғасырдағы еуропалықтардың отарлау үстемдігі. 1857-1859 жылдардағы Үндістандағы ұлт-азаттық көтеріліс (сипайлар көтерілісі). Үндістанды басқарудағы өзгерістер. XIX ғасырдың соңында әлемдік отарлау жүйесінің қалыптасуы.

22. 8-сыныпқа арналған "Дүниежүзі тарихы" пәнінің білім мазмұны:

1) Америка Құрама Штаттарының күшеюі. "Айқын болашақ" идеясы және АҚШ территориясының өсуі. Қиыр шығыстық саясат. "Жапонияның ашылуы". Трансатлантикалық құл саудасы. 1861-1865 жылдардағы азамат соғысы. АҚШ-та құлдықтың жойылуы. Өнеркәсіптік және әлеуметтік-экономикалық дамуы;

2) суретшілер мен жазушылардың көзқарастарымен XIX ғасырдағы өзгерістерге шолу. XIX ғасырдағы өнер және оның бағыттары. Әдебиет пен өнер. Өнердегі



әлеуметтік әділетсіздіктің суреттелуі (Э. Золя, А.Н.Радищев, А. Құнанбаев, Ч. Диккенс, Ф. М. Достоевский);

3) ғылыми ойлардың дамуы. ХІХ ғасырда ғылыми жаңалықтардың ашылуы (Ч.Дарвин, Г.Мендель);

4) ХХ ғасырдың басындағы әлем. ХХ ғасырдың басына қарай әлемнің аумақтық бөлінуі және мемлекеттердің саяси құрылымы. Индустриалды қоғамнан ақпараттық қоғамға дейін. Ғылыми-техникалық прогресс. Өнер үлгілерінің әлеуметтік себептілігі (модерн, символизм, реализм, авангардизм);

5) Бірінші дүниежүзілік соғыс. ХХ ғасырдың басына қарай жетекші капиталистік мемлекеттер арасындағы қарама-қайшылықтар. Бірінші дүниежүзілік соғыстың қысқа мерзімді себептері. 1914-1918 жылдардағы негізгі соғыс қимылдары. Соғыс жылдарындағы әскери стратегиялардың, ғылым мен техниканың дамуы. Германия мен оның одақтастарының жеңілуі. Компьен бітімі. Соғыстың салдары;

6) Париж бітім конференциясы. Әлемнің саяси картасының өзгеруі. Империялардың ыдырауы. Ұлттар Лигасының құрылуы. Мандаттық жүйе. Вашингтон конференциясы. Версаль-Вашингтон жүйесінің қарама-қайшылығы мен әлсіздігі;

7) 1917 жылғы Ресейдегі революциялар. Ресей империясындағы 1917 жылғы революциялық оқиғалар. Саяси күштердің күресі. Большевиктердің билік басына келуі. Кеңес үкіметінің алғашқы декреттері. Еңбекшілер құқығы туралы Декларация. Азамат соғысы және шетел интервенциясы. "Әскери коммунизм" саясатынан жаңа экономикалық саясатқа көшу. Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының құрылуы. Әміршіл-әкімшіл жүйенің қалыптаса бастауы;

8) Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Азия елдері. Осман империясында сұлтан билігінің жойылуы және шетел интервенттеріне қарсы күресі. Мұстафа Кемалдың (Ататүрік) тарихи рөлі. Түркия – зайырлы мемлекет;

9) Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Қытай. Гомиьданның қызметі. Азамат соғысы. Сунь Ятсен – Қытайдың уақытша президенті. Чан Кайши үкіметінің саясаты. Біртұтас майдан мәселесі.;

10) Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Жапония. "Танака меморандумы" және басқыншылық саясат. "Антикоминтерндік пакт" пен "Үштік пакт". Жапонияның Қытайдағы және оңтүстік-шығыс Азия елдеріндегі басқыншылық саясаты;

11) Үндістанның тәуелсіздікке жету тәсілдеріне М.Ганди мен М.Джинна көзқарастары;

12) әлемдік экономикалық дағдарыстың себептері мен салдарлары. АҚШ-тың "просперити" кезеңіндегі экономикалық және саяси дамуы;

13) Франклин Делано Рузвельттің "Жаңа бағыты". Соғысаралық кезеңдегі Америка Құрама Штатының сыртқы саясаты. Пути выхода из мирового экономического кризиса Германии, Франции және Жапонияның әлемдік экономикалық дағдарыстан шығу жолдары.

23. 9-сыныпқа арналған "Дүниежүзі тарихы" пәнінің білім мазмұны:

1) Еуропадағы тоталитарлық режимдер. И.В.Сталин және КСРО-дағы тоталитаризм . Индустрияландыру. Ұжымдастыру. Кеңестік қоғамның әлеуметтік құрылымы. 1937-1938 жылдардағы жаппай саяси репрессиялар. ГУЛАГ жүйесі. XX ғасырдың 30-жылының соңындағы Кеңес үкіметінің сыртқы саясаты. Социалистік реализм;

2) соғыстан кейінгі Италия. Фашистік ұйымның пайда болуы. Фашистердің билікке келуі. Фашизмге қарсы демократиялық күштердің күресі. "Маттеотти дағдарысы". Б.Муссолини үкіметінің ішкі және сыртқы саясаты;

3) Германия. 1918-1919 жылдардағы революциялық үдерістер. Веймар республикасы. Соғыс салдарлары, экономикалық және саяси дағдарыстар. Фашистік партия мен ұлтшылдардың билікке келуі. Тоталитарлық режимнің орнығуы. Ұлтшылдар партиясының әлеуметтік-экономикалық саясаты. Үшінші Рейхтің жүргізген сыртқы басқыншылық саясаты;

4) соғыстан кейінгі Франция. Әлемдік экономикалық дағдарыс және оның Франциядағы салдарлары. Франциядағы фашизмнің жеңілу себептері. Халықтық майданның үкіметі;

5) соғысаралық кезеңдегі Испания. Буржуазиялық-демократиялық революция. Халықтық майданның жеңісі. Азамат соғысы және 1936-1939 жылдардағы фашистік интервенция. Ф.Франко диктатурасының орнауы;

6) Екінші дүниежүзілік соғыс: себептері мен салдары. Екінші дүниежүзілік соғыстың себептері. Мюнхен келісімі, Пакт Молотов-Риббентроп, Антифашистік коалиция, Ленд-лиз заңы, "Үлкен үштік";

7) Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы. Германияның Батыс Еуропа елдерін басып алуы. Балқан түбегі, Солтүстік Африкадағы соғыс қимылдары. Басып алынған аумақтарда орнатылған "Жаңа тәртіп". Жапонияның Перл-Харборға шабуылы және Америка Құрама Штатының соғысқа кірісуі. Соғыс барысындағы түбегейлі бетбұрыс. "Екінші майдан" ашу мәселесі;

8) кеңестік елдің фашистік Германияға қарсы Ұлы Отан соғысы. Екінші дүниежүзілік соғыстың қорытындылары мен салдары;

9) XX ғасырдың бірінші жартысындағы ғылым және мәдениет. Мәдениеттің даму ерекшеліктері. Жаппай мәдениет. Қоғамдағы дін рөлінің өзгеруі. XX ғасырдың бірінші жартысындағы жаратылыстану, қоғамдық ғылымдар, техника мен өндірістегі маңызды жаңалықтар мен жетістіктер;

10) XX ғасырдың екінші жартысындағы әлемнің саяси картасы. Деколонизация үдерісінің күшеюі. Әлемдік отарлау жүйесінің дағдарысы мен құлдырауы. Британдық Үндістанды бөліп алу және екі доминионның пайда болуы. Үндістан тәуелсіздігін жариялауы. Африка жылы. Франциядағы отарлық мәселенің шиеленісуі;

11) Маршалл жоспары. "Қырғи қабақ соғыстың" басталуы. Фултонская речь У.Черчилдің Фултондағы сөзі. Трумэн доктринасы. Қос кеңістікті әлем. Әскери-саяси

одақтар НАТО және ВШҰ қарсылығы. Әлемдік "социалистік лагерьдің" қалыптасуы. Қарулану жолындағы жарыс. "Қырғи қабақ соғыстың" негізгі оқиғалары 1948-1962 ж.;

12) халықаралық ұйымдардың қалыптасуы. Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылуы мен қызметі. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. XX ғасырдың екінші жартысындағы халықаралық мәселелерді реттеудің жолдары. Еуропалық интеграция (Еуроодақ, Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы);

13) XX ғасырдың екінші жартысындағы әлемдік экономиканың дамуы. Екінші дүниежүзілік соғыстың экономикалық салдарлары. 50-60 жылдардағы "экономикалық ғажайып". Батыс Еуропа мен Америка Құрама Штатындағы "мемлекеттік әл-ауқаттылық" негізінің қалыптасуы;

	Неліктен екінші Апиын соғысы осы күнге дейін қытай халқының есінде?	7.1.1.4 еуропалық державалардың отаршылдық экспансиясы кезеңіндегі Азия мемлекеттерінің әлеуметтік құрылымындағы ерекшеліктерді анықтау (Қытай, Үндістан, Жапония); 7.2.1.2 миссионерліктің міндеттерін анықтау; 7.3.2.5 еуропалық отаршылдық экспансияның Шығыстың дәстүрлі қоғамдарына ықпалын сипаттау; 7.4.1.3 "экспорт", "импорт", "экспансия", "отарлау", "фактория" ұғымдарын қолдану арқылы, тауар-ақша қатынастарының дамуын түсіндіру
4-тоқсан		
1. Революциялық идеялардың XIX ғасырдағы Еуропаға әсері	1848 ж. революциялар Еуропада қандай саяси идеяларды қалыптастырды?	7.3.2.1 Батыс Еуропадағы буржуазиялық революциялардың себептерін сипаттау; 7.1.2.1 саяси және экономикалық жүйесіндегі буржуазияның рөлін анықтау; 7.2.3.2 ағартушылық дәуір идеяларының қоғамдық дамуға ықпалын анықтау; 7.2.3.4 К. Маркстың көзқарастарын және марксизмнің қоғамдық өмірге ықпалын түсіндіру; 7.3.2.6 тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін "либерализм", "консерватизм", "социализм", "марксизм", "ұлтшылдық" ұғымдарын қолдану
	Италия және Германияның бірігу жолдары қаншалықты ұқсас болмады?	7.3.1.3 әртүрлі елдердің бір уақыт кезеңіндегі тарихи оқиғаларын салыстыру арқылы ұлттық мемлекеттердің (Италия, Германия) қалыптасу маңызын анықтау; 7.3.2.6 тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін "либерализм", "консерватизм", "социализм", "

		марксизм", "ұлтшылдық" ұғымдарын қолдану
2.XIX ғасырдағы Ресейдегі қоғамдық-саяси ойдың дамуы	Неліктен II Александр патша "Халық еркі" ұйымының құрбаны болды?	7.2.3.1 Ресейде жаңа қоғамдық-саяси ағымдардың (халықшылдық, либерализм) пайда болу себептерін анықтау; 7.3.1.2 тарихи оқиғаны түсіндіру үшін "басыбайлы құқық", "декабристер", "халықшылдар", "жеке террор", пролетариат диктатурасы" ұғымдарын қолдану
3.XIX ғасырдағы еуропалық отарлау үстемдігі	1857-1859 жылдардағы Үндістандағы оқиғаларды XIX ғасырдағы британдықтар мен қазіргі кездегі үндістер қалай баяндайды?	7.1.1.4 7.1.1.3 еуропалық державалардың отаршылдық экспансиясы кезеңіндегі Азия мемлекеттерінің әлеуметтік құрылымындағы ерекшеліктерді анықтау (Қытай, Үндістан, Жапония); 7.3.2.5 еуропалық отаршылдық экспансияның Шығыстың дәстүрлі қоғамдарына ықпалын сипаттау
	Әлемдік отарлау жүйесі қалай қалыптасты?	7.3.2.5 еуропалық отаршылдық экспансияның Шығыстың дәстүрлі қоғамдарына ықпалын сипаттау; 7.3.2.3 отаршылдық экспансияның салдарларын талдау арқылы XIX ғасырдағы әлемнің саяси картасындағы негізгі өзгерістерді анықтау
Қайталау		

#### 4) 8 сынып:

#### 4-кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
	АҚШ-тың батыс бағыттағы аумағы қалай кеңейді?	8.3.1.1 XIX ғасырда АҚШ территориясының кеңейу үдерісін сипаттау
	АҚШ-тағы құлдық қалай жойылды?	8.1.2.1 трансатлантикалық құлдықтың ерекшеліктерін анықтау; 8.4.2.1 әлеуметтік-экономикалық дамуына қарай түрлі мемлекеттердің өнеркәсіптік даму сатысына өту үдерісінің ерекшеліктерін анықтау

1. Америка Құрама Штаттарының күшеюі	Неліктен АҚШ өз әскери кемелерін Жапонияға жіберді?	8.4.1.6 АҚШ-дағы капиталистік монополиялардың даму ерекшеліктерін анықтау; 8.3.2.6 еуропалық отаршылдық экспансияның Шығыстың дәстүрлі қоғамдарына ықпалын сипаттау; 8.4.2.2 қоғамның индустрияға дейінгі және индустриялық даму кезеңдерінің айырмашылығын анықтау; 8.2.1.3 миссионерліктің міндеттерін анықтау
2. Суретшілер мен жазушылардың көзқарасы: XIX ғасырдағы өзгерістерге шолу	XIX ғасырдағы өнер мен әдебиет әлеуметтік әділетсіздікті қалай суреттейді?	8.2.2.2 өнердегі негізгі стильдер мен ағымдардың белгілерін (неоклассицизм, романтизм, импрессионизм, реализм) сипаттау; 8.2.2.3 XVII ғасыр соңындағы- XIX ғасыр басындағы өнердің дамуындағы негізгі бағыттарды атау, өнер туындыларында көрініс тапқан оқиғалардың мәнін түсіну; 8.2.2.1 тарихи оқиғаларды түсіну үшін өнер туындыларын пайдалану
	Эмиль Золяның "Мен айыптаймын!" атты мақаласы сөз құдіретін қалай көрсетеді?	8.2.2.1 тарихи оқиғаларды түсіну үшін өнер туындыларын пайдалану; 8.3.2.4 тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін "либерализм", "консерватизм", "социализм", "марксизм", "ұлтшылдық" ұғымдарын қолдану
3. Ғылыми ойдың дамуы	XIX ғасырдағы қай ғылыми жаңалықтың адамдар өміріне ықпалы зор болды?	8.2.4.1 өзгерістер мен сабақтастықты көрсету арқылы, адам мен қоғам өміріндегі ғылыми жаңалықтардың маңызын талдау; 8.2.4.2 әлем мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы түрлі теориялардың рөлін сипаттау; 8.2.1.1 қоғамда дін рөлінің шектелуіне байланысты адамдар өмірінде орын алған өзгерістерді анықтау, олардың әлем діндерінің таралуына, тұрғындар арасында білімнің таралуына ықпалын анықтау
2-тоқсан		
		8.3.2.5 XX ғасырдың басына қарай әлемнің аумақтық бөлінуін және



1.XX ғасырдың басындағы әлем	<p>XX ғасырдың басында әлем бейнесі қандай болды?</p> <p>Жаңа технологиялар мен ғылыми ашулардың нәтижесінде XX ғасырдың басында қандай өзгерістер орын алды?</p>	<p>мемлекеттердің саяси құрылымын сипаттау</p> <p>8.2.4.3 тарихи оқиғалардың себептерін, нәтижелерін, маңызын тұжырымдау арқылы, ғылымның әлем мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы рөлін анықтау;</p> <p>8.2.4.4 тарихи оқиғаларының барысы мен нәтижелеріне түсіндірме бере отырып, әскери ғылым мен техниканың және соғыс стратегияларының рөлін тсіндіру;</p> <p>8.4.1.1 XX ғасырдың басындағы техникалық революция жетістіктерінің (конвейер өндірісі, стандарттау) мемлекеттердің шаруашылық жүйесінің дамуына ықпалын бағалау;</p> <p>8.4.1.3 индустриялық қоғамның даму үдерісін түсіндіру үшін " модернизация" ұғымын пайдалану ;</p> <p>8.4.1.2 "мануфактура", "фабрика" ұғымдарын түсіндіру;</p> <p>8.4.1.4 "өндірістік төңкеріс" ұғымдарын түсіндіру</p>
2.Бірінші дүниежүзілік соғыс	<p>Бірінші дүниежүзілік соғыстың себептері қандай?</p> <p>Бірінші дүниежүзілік соғыстың негізгі шайқастары қандай?</p> <p>Бірінші дүниежүзілік соғыс әлем картасын қалай өзгертті?</p>	<p>8.2.2.1 тарихи оқиғаларды түсіну үшін өнер туындыла рын пайдалану;</p> <p>8.2.2.5 XX ғасырдың бірінші жартысында бұқаралық мәдениеттің (кинематограф, радио ) қоғамның рухани дамуына ықпалын талдау</p> <p>8.3.2.1 Бірінші дүниежүзілік соғыстың алғышарттары мен себептерін айқындау, Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысушылардың мақсаты</p> <p>8.2.4.4 тарихи оқиғаларының барысы мен нәтижелеріне түсіндірме бере отырып, әскери ғылым мен техниканың және соғыс стратегияларының рөлін тсіндіру</p> <p>8.3.2.2 әлемнің саяси картасындағы өзгерістерді сипаттау арқылы империялардың</p>

		(Австро – Венгрия, Ресей, Осман империясы) ыдырау себептерін тұжырымдау
	Неліктен Ұлттар Лигасы Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлемде бейбітшілікті сақтай алмады?	8.3.2.4 тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін "либерализм, " консерватизм", "социализм", " марксизм", "ұлтшылдық" ұғымдарын қолдану
3-тоқсан		
1.1917 жылғы Ресейдегі революциялар	Ресейдегі самодержавие не себепті құлады?	8.3.1.2 қоғамдық-саяси ағымдардың (әлеуметтік либерализм, әлеуметтік консерватизм, марксизм, социал-демократия) қоғамның өміріне ықпалын түсіндіру
	Большевиктер Уақытша үкіметтің билігін қалай жойды?	8.1.1.1 тарихи оқиғаның нәтижелерін талдау арқылы әлеуметтік құрылымның өзгеруіне Қазан социалистік революциясының әсерін сипаттау
	Неліктен қоғам "қызылдар" мен " ақтарға" қақ жарылды?	8.1.1.1 тарихи оқиғаның нәтижелерін талдау арқылы әлеуметтік құрылымның өзгеруіне Қазан социалистік революциясының әсерін сипаттау
	1917-1924 жылдарда Ресей қаншалықты өзгерді?	8.1.1.1 тарихи оқиғаның нәтижелерін талдау арқылы әлеуметтік құрылымның өзгеруіне Қазан социалистік революциясының әсерін сипаттау; 8.2.1.2 тарихи кезеңдердің ерекшеліктерін салыстыра отырып , мемлекет пен діннің өзара қатынасын сипаттау; 8.3.1.4 Ұлы Октябрь социалистік революциядан кейін жаңа мемлекеттердің пайда болу себепін анықтау;
	Неліктен Мұстафа Кемалді " Ататүрік" деп атады?	8.2.1.2 тарихи кезеңдердің ерекшеліктерін салыстыра отырып , мемлекет пен діннің өзара қатынасын сипаттау
	Сунь Ятсеннің үш қағидаты Қытайды қалайша өзгертті?	8.3.1.2 қоғамдық-саяси ағымдардың (әлеуметтік либерализм, әлеуметтік консерватизм, марксизм, социал-демократия) қоғамның өміріне ықпалын түсіндіру
		8.1.2.3 қоғамның әлеуметтік өміріндегі өзгерістерге реакцияшыл идеологиялардың (

<p>2.Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Азия елдері</p>	<p>"Танаки меморандумы" қаншалықты қауіпті болды?</p>	<p>фашизм, тоталитаризм, нәсілшілдік, шовинизм, ұлтшылдық) таралу ықпалын талдау; 8.1.2.4 отаршыл елдерінің жағдай ерекшеліктерін сипаттау; 8.3.1.5 тоталитаризмнің (әміршіл-әкімшіл жүйе сияқты саяси режимдердің) қалып тасу алғы шарттарын түсіндіру; 8.4.1.8 1930 жылдардағы құрылымдық экономикалық дағдарыстың нәтижесінде экономикада орын алған өзгерістердің себептерін анықтау</p>
	<p>Неге М.Джинна мен М.Ганди Үндістанның тәуелсіздікке жетуге әртүрлі көзқараста болды?</p>	<p>8.2.1.2 тарихи кезеңдердің ерекшеліктерін салыстыра отырып, мемлекет пен діннің өзара қатынасын сипаттау</p>
<p>4-тоқсан</p>		
<p>1.Әлемдік экономикалық дағдарыс</p>	<p>Неліктен АҚШ-та 1920-шы жылдарды "просперити дәуірі" деп атайды?</p>	<p>8.4.1.3 индустриялық қоғамның даму процесін түсіндіру үшін " модернизация" ұғымын пайдалану ; 8.4.1.1 ХХ ғасырдың басындағы техникалық революция жетістіктерінің (конвейер өндірісі, стандарттау) мемлекеттердің шаруашылық жүйесінің дамуына ықпалын бағалау</p>
	<p>Уолл-стриттің күйреу себептері мен салдары?</p>	<p>8.4.1.5 тарихи оқиғаларды талдау үшін "бағалы қағаздар нарығы", " акция", "алыпсатарлық", "қор биржасы", "несие", "банкроттық", " инфляция" ұғымдарын пайдалану; 8.4.1.7 фактілерді, процестерді, оқиғаларды салыстыра отырып, индустриялық қоғам қайшылықтарының (өндіру мен тұтыну теңгерімі) шиеленісу себептерін анықтау</p>
	<p>Әлем елдері Ұлы дағдарыстан қалай шықты?</p>	<p>8.2.4.2 әлем мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы түрлі теориялардың рөлін сипаттау; 8.4.1.9 себеп-салдарын талдай отырып, социалистік шаруашылық жүйенің дамуындағы қайшылықтарды анықтау; 8.3.1.3 фактілерді, процестер мен оқиғаларды салыстыру арқылы дүниежүзілік экономикалық</p>

дағдарырыстан шығудың түрлі жолдарын түсіндіру (АҚШ, Франция, Германия)

5) 9 сынып:  
5-кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1.Еуропа елдеріндегі тоталитарлық тәртіп	Сталин кезінде КСРО қалай дамыды?	9.1.1.2 социалистік қоғамның дамуына байланысты әлеуметтік топтардың (жұмысшы табы, шаруалар, зиялылар) мәртебесіндегі өзгерісті талдау; 9.4.2.1 "жоспарлы экономика", "нарықтық экономика" ұғымдарын қолдана отырып, XX ғасырдың бірінші жартысын дағы капитализм мен социализмнің экономикалық жүйелерін салыстыру
	"Адамның жандүниесінің инженерлері": Сталин өнерді халыққа ықпал ету үшін қалай пайдаланды?	9.2.2.1 XX ғасырдың бірінші жартысында бұқаралық мәдениеттің (кинематограф, радио) қоғамның рухани дамуына ықпалын талдау
	Неліктен фашизм Италия мен Германияда өрбіді?	9.1.2.1 қоғамның әлеуметтік өміріндегі өзгерістерге реакцияшыл идеологиялардың (фашизм, тоталитаризм, нәсілшілдік, шовинизм, ұлтшылдық) таралу ықпалын талдау; 9.3.1.2 тоталитаризм, әміршіл-әкімшіл жүйе сияқты саяси режимдердің қалып тасу алғы шарттарын түсіндіру
	Нацистердің саясаты Германия тұрғындарына қандай әсерін тигізді?	9.1.2.1 қоғамның әлеуметтік өміріндегі өзгерістерге реакцияшыл идеологиялардың (фашизм, тоталитаризм, нәсілшілдік, шовинизм, ұлтшылдық) таралу ықпалын талдау; 9.3.1.2 тоталитаризм, әміршіл-әкімшіл жүйе сияқты саяси режимдердің қалып тасу алғы шарттарын түсіндіру
		9.1.2.1 қоғамның әлеуметтік өміріндегі өзгерістерге реакцияшыл идеологиялардың (фашизм, тоталитаризм, нәсілшілдік, шовинизм,

	"Халық майданы" Франция мен Испанияда қаншалықты орнықты болды?	ұлтшылдық) таралу ықпалын талдау; 9.3.1.1 саяси ағымдардың (әлеуметтік либерализм, әлеуметтік консерватизм, марксизм, социал-демократия) қоғамның өміріне ықпалын түсіндіру
2-тоқсан		
1.Екінші дүниежүзілік соғыстың себептері мен салдары	Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында және барысында елдер арасында қандай шарттық қатынастар қалыптасты?	9.3.2.8 Екінші дүниежүзілік соғыстың себептерін, сипаты мен салдарларын талдау
	Екінші дүниежүзілік соғыстың негізгі оқиғалары қандай?	9.2.4.3 тарихи оқиғалардың себептерін, нәтижелерін, маңызын тұжырымдау арқылы, әскери ғылым мен техниканың әлем мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы рөлін бағалау
	Неге Кеңес Одағының соғысы Ұлы Отан деп аталады?	9.3.2.8 Екінші дүниежүзілік соғыстың себептерін, сипаты мен салдарларын талдау; 9.2.4.3 3 тарихи оқиғалардың себептерін, нәтижелерін, маңызын тұжырымдау арқылы, әскери ғылым мен техниканың әлем мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы рөлін бағалау
	Екінші дүниежүзілік соғыстың нәтижелері мен сабақтары қандай?	9.3.1.1 саяси ағымдардың (әлеуметтік либерализм, әлеуметтік консерватизм, марксизм, социал-демократия) қоғамның өміріне ықпалын түсіндіру; 9.3.2.8 Екінші дүниежүзілік соғыстың себептерін, сипаты мен салдарларын талдау
2. XX ғасырдың бірінші жартысындағы ғылым және мәдениет	XX ғасырдың бірінші жартысында мәдениет дамуының ерекшеліктері қандай?	9.2.1.1 тарихи кезеңдердің ерекшеліктерін салыстыра отырып, мемлекет пен діннің өзара қатынасын сипаттау; 9.2.2.1 XX ғасырдың бірінші жартысында бұқаралық мәдениеттің (кинематограф, радио) қоғамның рухани дамуына ықпалын талдау; 9.2.3.2 "позитивизм", "прагматизм", "экзистенциализм" ұғымдарын тарихи кезеңді сипаттау үшін қолдану
		9.2.4.1 адамзат өркениетінің дамуы мүмкін сценарийін үлгілей

	XX ғасырдың бірінші жартысында ғылым қалай дамыды?	отырып заманауи кезеңнің жаһанды мәселелерін шешу үшін ғылым мен білімнің маңыздылығы туралы тұжырымдау; 9.2.4.2 ғылыми жаңалықтардың (генетика, микробиология, ақпараттық технологиялар, нанотехнологиялар, ядролық физика) қоғам дамуына ықпалын түсіндіру
3-тоқсан		
1.XX ғасырдың екінші жартысындағы әлемнің саяси картасы	Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлемнің саяси картасы қалай өзгерді?	9.3.2.1 отаршылдық жүйенің құлдырау себептері мен салдарын, Африка мен Азияда тәуелсіз мемлекеттердің құрылуын талдау; 9.3.2.7 XX ғасырдың екінші жартысында әлемнің саяси картасындағы өзгерістерді тұжырымдау және бағалау; 9.3.2.4 "қырғи қабақ соғыстан" кейін әлемдегі интеграциялық және дезинтеграциялық үдерістерді айқындау
	XX ғасырдың екінші жартысындағы отарсыздандыру үдерісі неліктен күшейді?	9.1.1.1 социалистік даму жолынан бас тартуға байланысты әлеуметтік құрылымдағы өзгерістерді анықтау; 9.3.1.3 мемлекеттердің тарихи даму заңдылықтарын анықтау; 9.3.2.1 отаршылдық жүйенің құлдырау себептері мен салдарын, Африка мен Азияда тәуелсіз мемлекеттердің құрылуын талдау
	Биполярлық әлемдік жүйе қалай қалыптасты?	9.3.2.2 "қырғи қабақ соғыс" ұғымын түсіндіру үшін тарихи оқиғаларды талдау; 9.3.2.3 тарихи фактілер мен картаға сүйене отырып, әскери-саяси одақтар НАТО және ВШҰ-ның қарсылығын сипаттау; 9.3.2.7 XX ғасырдың екінші жартысында әлемнің саяси картасындағы өзгерістерді тұжырымдау және бағалау
	1946-1963 ж "Қырғи-қабақ соғысының" ерекшеліктері қандай ?	9.3.2.2 "қырғи қабақ соғыс" ұғымын түсіндіру үшін тарихи оқиғаларды талдау; 9.3.2.3 тарихи фактілер мен картаға сүйене отырып, әскери-саяси одақтар НАТО және ВШҰ-ның қарсылығын сипаттау;

		9.3.1.4 тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау
2. Халықаралық ұйымдардың қалыптасуы	Неліктен Біріккен Ұлттар Ұйымы Жалпыға бірдей адам құқығы Декларациясын жариялады?	9.2.3.1 адам құқықтарын қорғау идеяларының қазіргі халықаралық құқық қорғау ұйымдарының қызметіне ықпалын түсіндіру; 9.2.3.2 "позитивизм", "прагматизм", "экзистенциализм" ұғымдарын тарихи кезеңді сипаттау үшін қолдану; 9.3.1.5 Еуропа мен Азияның жетекші мемлекеттеріндегі конституциялық-құқықтық идеологияның қалыптасу жолдарын талдау (Жалпыға бірдей адам құқығы Декларациясы, Еуропаның Қауіпсіздік пен Ынтымақтастық Ұйымы, Еурокеңес, Гаагадағы Халықаралық сот)
	Соғыстан кейінгі кезеңдегі еуропалық кірігудің себептері қандай?	9.2.3.1 адам құқықтарын қорғау идеяларының қазіргі халықаралық құқық қорғау ұйымдарының қызметіне ықпалын түсіндіру; 9.2.3.2 "позитивизм", "прагматизм", "экзистенциализм" ұғымдарын тарихи кезеңді сипаттау үшін қолдану; 9.3.2.4 "қырғи қабақ соғыстан" кейін әлемдегі интеграциялық және дезинтеграциялық үдерістерді айқындау
3. XX ғасырдың екінші жартысындағы әлемдік экономиканың дамуы	Неліктен XX ғасырдың екінші жартысында "әл-ауқатты мемлекеттер" дағдарысқа ұшырады?	9.3.1.6 "Мемлекеттік әл-ауқаттылық" ұғымын 1970 – 1980 жылдардағы әлеуметтік саладағы өзгерістерді сипаттау үшін қолдану; 9.4.1.1 XX ғасырдың 70-жылдарындағы жұмыссыздықтың себеп-салдарын талдау; 9.4.1.2 "инфляция", "дағдарыс", "стагнация" ұғымдарын пайдалана отырып, XX ғасырдың екінші жартысындағы мемлекеттердің экономикалық дамуын түсіндіру
		9.4.1.2 "инфляция", "дағдарыс", "стагнация" ұғымдарын пайдалана отырып, XX ғасырдың екінші жартысындағы мемлекеттердің экономикалық дамуын түсіндіру; 9.4.1.4 себеп-салдарын талдай отырып, социалистік шаруашылық

	XX ғасырдың 60-70- жылдарында КСРО қандай экономикалық қиыншылықтарға тап болды?	жүйенің дамуындағы қайшылықтарды анықтау; 9.4.1.3 "модернизация" ұғымын түсіндіру; 9.4.2.2 әлемдік экономикалық жүйелердің тиімділігін негіздеу
4-тоқсан		
1.Қос кеңістікті әлемненкөпжолды әлемге қарай	1979-1985 жылдар аралығындағы "қырғи-қабак соғысының" ерешеліктері қандай?	9.3.2.3 тарихи фактілер мен картаға сүйене отырып, әскери-саяси одақтар НАТО және ВШҰ-ның қарсылығын сипаттау; 9.3.2.5 аймақтық шиеленістердің себептері мен салдарларын тұжырымдау; 9.3.1.4 тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау
	Саманта Смиттің КСРО-ға сапары неге мүмкін болды?	9.3.2.4 "қырғи қабак соғыстан" кейін әлемдегі интеграциялық және дезинтеграциялық үдерістерді айқындау; 9.3.1.4 тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау
	Қырғи-қабак соғыстың аяқталуының себептері қандай болды?	9.3.1.3 мемлекеттердің тарихи даму заңдылықтарын анықтау
	Қырғи-қабак соғыстың аяқталуымен әлемдегі қауіпсіздік артты ма?	9.3.2.7 XX ғасырдың екінші жартысында әлемнің саяси картасындағы өзгерістерді тұжырымдау және бағалау; 9.3.2.5 аймақтық шиеленістердің себептері мен салдарларын тұжырымдау
2.Аумақтық мәселелерді шешудегі халықаралық ұйымдарының рөлі	БҰҰ Таяу Шығыстағы дағдарысты шешудің қандай бейбіт жолдарын ұсынады?	9.3.2.5 аймақтық шиеленістердің себептері мен салдарларын тұжырымдау; 9.3.2.6 халықаралық шиеленістерді реттеудегі БҰҰ-ның қызметін бағалау
	"Араб көктемінің" себептері мен салдары қандай?	9.3.2.5 аймақтық шиеленістердің себептері мен салдарларын тұжырымдау; 9.3.2.6 халықаралық шиеленістерді реттеудегі БҰҰ-ның қызметін бағалау; 9.1.2.2 қоғамдық сананы қалыптастыруда бұқаралық ақпарат құралдарының рөлін анықтау
Қайталау		

6) 10 сынып:



6-кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
XX ғасырдың екінші жартысында батыс елдерінің даму ерекшеліктері	Неге Францияда консерватизм неоконсерватизмге ауысты?	<p>10.3.1.2 мемлекеттердің тарихи даму заңдылықтарын анықтау;</p> <p>10.1.2.2 әлемнің жетекші және дамушы мемлекеттеріндегі халықтың өмір сүру деңгейіне әсер ететін факторлар;</p> <p>10.3.1.3 10.3.1.2 мемлекеттердің тарихи даму заңдылықтарын анықтау;</p> <p>10.3.1.4 10.3.1.3 тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау</p>
	"Швед моделдегі" социализмнің белгілері қандай?	<p>10.1.2.1 батыс және шығыс мемлекеттеріндегі әлеуметтік құрылымның ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтап, әлеуметтік тігінен және көлденеңінен мобильділікке мысал келтіру;</p> <p>10.1.2.2 әлемнің жетекші және дамушы мемлекеттеріндегі халықтың өмір сүру деңгейіне әсер ететін факторлар;</p> <p>10.3.1.1 "Мемлекеттік әл-ауқаттылық" ұғымын 1970 – 1980 жылдардағы әлеуметтік саладағы өзгерістерді сипаттау үшін қолдану</p>
	Германиялық әлеуметтік-нарықтық шаруашылығының" ерекшелігі қандай?	<p>10.3.1.3 10.3.1.2 мемлекеттердің тарихи даму заңдылықтарын анықтау;</p> <p>10.1.2.2 әлемнің жетекші және дамушы мемлекеттеріндегі халықтың өмір сүру деңгейіне әсер ететін факторлар;</p> <p>10.3.1.1 "Мемлекеттік әл-ауқаттылық" ұғымын 1970 – 1980 жылдардағы әлеуметтік саладағы өзгерістерді сипаттау үшін қолдану</p>
2-тоқсан		
	1949 жылы коммунистік партияның билікке келу нәтижесінде Қытайда әлеуметтік құрылыс қалай өзгерді?	<p>10.4.1.2 себеп-салдарын талдай отырып, социалистік шаруашылық жүйенің дамуындағы қайшылықтарды анықтау;</p> <p>10.3.1.1 мемлекеттердің тарихи даму заңдылықтарын анықтау;</p>

XX ғасырдың екінші жартысында Азия елдерінің даму ерекшелігі.		10.3.1.3 тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау
	"Азия прорывы"? неге мүмкін болды	10.4.2.1 экономикалық жүйелердің тиімділігін интерпритациялау және негіздеу; 10.4.1.3 Оңтүстік -Шығыс Азия мемлекеттерінің қарқынды экономикалық дамуына ықпал ететін негізгі факторларды талдау; 10.3.1.3 тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау
	Тәуелсіз Үндістанның бұрынғы отарлауымен байланысты мәселелері қандай?	10.2.1.2 қазіргі қоғамдық-саяси мәселелерді түсіну және интерпритациялау үшін дін туралы білімдерін пайдалану; 10.3.1.2 мемлекеттердің тарихи даму заңдылықтарын анықтау; 10.3.1.4 тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау
	XX ғасырдың екінші жартысында кемализм эволюциясы неден көрініс тапты?	10.3.1.2 мемлекеттердің тарихи даму заңдылықтарын анықтау; 10.2.1.3 тарихи үдерістің сабақтастығын орнату арқылы адамзаттың өркениетті даму жолда рын қалыптас тырудағы әлемдік дін дердің рөлін анықтау; 10.3.1.4 тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау
3-тоқсан		
	Жаһандандудың негізгі ерекшеліктері қандай?	10.1.2.3 қоғамның тарихи даму бағытын үлгілей (модельдей) отырып, жаһандану үдерісіне байланысты қазіргі әлемдегі әлеуметтік өзгерістерді бақылау (енбек миграциясы, әлеуметтік интеграция); 10.1.2.4 қоғамдық сананы қалыптастыруда бұқаралық ақпарат құралдарының рөлін анықтау
	Жаһандану әлемдік саясат пен экономиканың дамуына қаншалықты ықпал етеді?	10.1.2.3 қоғамның тарихи даму бағытын үлгілей (модельдей) отырып, жаһандану үдерісіне байланысты қазіргі әлемдегі әлеуметтік өзгерістерді бақылау (енбек миграциясы, әлеуметтік интеграция); 10.4.1.1 жаһандану жағдайындағы экономикалық кірігудің маңызын бағалау; 10.4.2.2 постиндустриалды қоғамның басты экономикалық

1.Қазіргі әлемнің жаһандануы		ресурсы ретінде ақпараттың рөлін бағалау 10.3.2.1 қазіргі кездегі халықаралық лаңкестік пен экстремизм мәселесін талдау; 10.2.1.1 қоғам өміріндегі дәстүрлі және деструктивті діни ұйымдардың іс-әрекетіне баға беру; 10.2.1.2 қазіргі қоғамдық-саяси мәселелерді түсіну және интерпретациялау үшін дін туралы білімдерін пайдалану
	Адамзат үшін лаңкестік несімен қауіпті?	10.2.3.2 жаһандану жағдайында ұлттық мәдени құндылықтарды сақтаудың маңыздылығын дәлелдеу; 10.2.2.2 XX ғасырдың екінші жартысы - XXI ғасырдың басындағы бұқаралық мәдениеттің қоғамның рухани дамуына ықпалын бағалау
4-тоқсан		
1.XX ғасырдың екінші жартысындағы- XXI ғасырдың басындағы ғылым, білім, технология	Қазіргі кездегі елдердің дамуына АҚШ-тың ғылыми-техникалық революциясы қаншалықты ықпал етті?  Әлемдік ғылымның дамуында Байқоңыр ғарыш айлағының маңызы қандай?  Қазіргі кезде білімнің маңызы қандай?	10.2.4.1 ғылыми-техникалық революцияның әлеуметтік және экологиялық салдарын бағалау және интерпретациялау; 10.2.4.3 ғылыми жаңалықтардың (генетика, микробиология, ақпараттық технологиялар, нанотехнологиялар, ядролық физика) қоғам дамуына ықпалын түсіндіру; 10.2.4.2 адамзат өркениетінің дамуын үлгілеу арқылы жаһандық мәселелерді шешуде ғылым мен білімнің маңызы туралы қорытынды  10.2.4.1 ғылыми-техникалық революцияның әлеуметтік және экологиялық салдарын бағалау және интерпретациялау; 10.2.4.2 адамзат өркениетінің дамуын үлгілеу арқылы жаһандық мәселелерді шешуде ғылым мен білімнің маңызы туралы қорытынды  10.2.4.2 адамзат өркениетінің дамуын үлгілеу арқылы жаһандық мәселелерді шешуде ғылым мен білімнің маңызы туралы қорытынды

<p>2. XX ғасырдың екінші жартысындағы- XXI ғасырдың басындағы мәдениет</p>	<p>XX ғасырдағы мәдени қайраткерлерінің адамзаттың рухани дамуына қандай әсері болды?</p>	<p>10.2.2.1 танымал өнер қайраткерлерінің қоғамның дамуына ықпалын талдау және олардың қызметіне дүниежүзілік тарих контекстінде өзіндік баға беру; 10.2.2.3 ақпараттық қоғам жағдайындағы көркем шығармашылықтың жаңа түрлерінің қалыптасуын талдау; 10.2.3.1 түрлі философиялық көзқарастардың қазіргі қоғамдық өмірге ықпалын бағалау</p>
	<p>Қоғамның рухани дамуына бұқаралық мәдениеттің ықпалы қандай?</p>	<p>10.2.2.2 XX ғасырдың екінші жартысы - XXI ғасырдың басындағы бұқаралық мәдениеттің қоғамның рухани дамуына ықпалын бағалау; 10.1.2.4 қоғамдық сананы қалыптастыруда бұқаралық ақпарат құралдарының рөлін анықтау</p>
<p>Қайталау</p>		

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 123 бұйрығына  
72-қосымша  
Қазақстан Республикасы білім  
және ғылым Министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына  
709-қосымша

## **Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 9-10 сыныптары үшін "Құқық негіздері" пәнінен жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасы**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 9-10 сыныптары үшін "Құқық негіздері" пәнінен жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы 6) -тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Оқу пәнінің мақсаты – құқық жөнінде негізгі білімдерді игеру, құқықтық тұрғыдан сауатты азаматты тәрбиелеу, білім алушылардың бойына құқық мәдениетін,

мемлекет заңдары мен қоғамдық нормаларды құрметтеу дағдыларын сіңіру, өз азаматтық құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға қажетті білімдер мен дағдыларды қалыптастыру.

### 3. Оқыту міндеттері:

1) қазақстандық құқық салаларының негізгі түсініктері мен мазмұны туралы білімдерді қалыптастыру;

2) фундаменталды құқықтық және әлеуметтік құндылықтар жүйесі туралы білімдерін қалыптастыру: адам құқықтары, демократия, азаматтық қоғам, заңдылық және құқықтық тәртіп;

3) құқықтық мемлекеттің белгілері мен ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыру;

4) оқу және практикалық іс-әрекетте құқықтық ақпаратты табу, талдау және қолдану дағдыларын қалыптастыру;

5) құқықпен реттелетін әдеттегі өмірлік жағдайларда заңға сәйкес тәртіп пен әрекеттерді таңдау барысында құқықтық білімдері мен дағдыларын қолдану білігін қалыптастыру;

6) қоғамдық және құқықтық өзекті мәселелерге қатысты пікірталасқа қатысу дағдыларын дамыту;

7) қоғамдағы құқықтық қатынастарға байланысты практикалық жағдайларды сыни талдау және бағалау дағдыларын қалыптастыру;

8) өз күшіне сенімді болуға, өз іс-әрекетінің нәтижесіне қызығушылық танытуға, оқу пәнін меңгеруді қалауға тәрбиелеу;

9) саналы орындаушылық және құқықтық тәртіпке тәрбиелеу, шиеленіссіз қарым-қатынас дағдыларын және диалогқа қатысу қабілетін қалыптастыру.

### 4. Түзету-дамытушылық міндеттер:

1) процестер мен құбылыстардың арасындағы себеп-салдарлық байланысын орнату, сыни ойлау дағдыларын дамыту;

2) мағыналық, ұзақмерзімдік, қысқамерзімдік және оперативтік есте сақтауын дамыту;

3) қабылдауы мен қиялын дамыту;

4) айтылу мақсатына, түріне және стиліне сәйкес тілдік құралдарды адекватты қолдануын қалыптастыру;

5) қолданыстағы грамматикалық құрылымдарды жетілдіру;

6) пән бойынша терминологиялық сөздігін кеңейту;

7) жоспарға, схемаға, тірек конспектiне сүйене отырып, оқу ақпаратын көрсете білу қабілетін дамыту;

8) нақты материалға сүйене отырып қорытындылау және ой тұжырымын жасау дербестігін дамыту;

9) оқу тапсырмаларының құрылымында, оның бөліктері мен компоненттерінің байланысында, оқу тапсырмасын орындау жолдарында бағдарлай білу дағдыларын дамыту;

10) оқу тапсырмасын орындау барысында жаңа әрекеттерді қолдануға, оқу мақсатын қабылдауға уәждемелік дайындығын дамыту (ікемділігі, операциялық компоненттердің динамикалығы).

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері**

5. Бағдарламаны меңгеру ерекшеліктері психикалық дамуы тежелген балалардың даму ерекшеліктеріне байланысты: танымдық процестерімен (зейіні, есте сақтауы, қабылдауы, ойлауы, қиялы) және эмоционалдық-еріктік саласының қалыптаспауымен.

6. Оқыту процесі барысында педагог психикалық дамуы тежелген балалардың зияттық және дене жүктемесін анықтау үшін, жетістік деңгейін бағалау үшін, оқытудың арнайы тәсілдерін қолдану үшін олардың психикалық ерекшелігін ескереді.

7. Оқыту кезінде келесі әдістер мен тәсілдер тиімді болады:

1) проблемалық оқыту - сыни, шығармашылықтық, диалектикалық ойлауын дамытуға; логикалық тәсілдер жүйесін немесе шығармашылық іс-әрекеттің кейбір тәсілдерін қолдану біліктерін қалыптастыруға, білімдерін шығармашылық тұрғыда және жаңа жағдайда қолдану біліктерін қалыптастыруға; оқу уәждемесі мен қажеттілігін қалыптастыруға ықпал етеді;

2) репродуктивті әдіс - білім алушылардың іс-әрекет тәсілдерін меңгеруін қамтамасыз етеді, ол іс-әрекеттерін жаңғыртуға (репродукциялауға) арналған тапсырмаларды құрылымдау, нормативтік-құқықтық актінің үзіндісін оқыған соң мазмұнын баяндап беру арқылы жүзеге асырылады;

3) зерттеу әдісі - танымдық және практикалық міндеттерді қоюы арқылы іске асыратын, білім алушылардың өз-бетінше шығармашылықтық шешім қабылдауын талап ететін, ізденістік және танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруды болжайды.

4) құндылықты-бағдарлық тәсіл - оқу іс-әрекетін ұйымдастыруды және жүзеге асыруды, оның нәтижелерін алу мен қолдануды белгілі құндылықтар тұрғысынан қарастырады. Құндылыққа бағдарланған оқу процесі білім алушыларда құндылықтар жүйесін және оларға күнделікті өмірде бағынуын мақсатты-бағытты түрде қалыптастырады;

5) іс-әрекеттік тәсіл – білім алушылар білімді дайын күйде емес, өзі ізденіп алуын, өз оқу-іс әрекетінің мазмұны мен формасын түсінуін, оның нормалар жүйесін түсініп қабылдауын қарастырады, бұл оның білімдерінің, кең спектрдегі оқу біліктері мен дағдыларының белсенді және табысты түрде қалыптасуына ықпал етеді;

•6) құзыреттілік тәсіл - білім алушыларға өз мақсаттарын анықтауға, қалыпты және стандартты емес жағдайларда шешім қабылдап, әрекет етуге мүмкіндік беретін біліктерді меңгертуді болжайды;

7) коммуникативтік тәсіл - тілдік өзара әрекеттесу процесінде ақпаратты беруге және хабарлауға, білімдерімен, біліктерімен және дағдыларымен алмасуға бағытталады. Коммуникативтік тәсілге сәйкес, оқыту процесінде шынайы коммуникация жағдайына барабар (жұптық және топтық жұмыс) қарым-қатынас дағдыларын, жұмыс тәртібін қалыптастыруға септігін тигізетін тапсырмалар қолданылады;

8) эвристикалық (жартылай-ізденушілік) оқыту әдісінің мәні – өз-бетінше шешім қабылдау үшін қиын келетін проблеманы қою, оны өзара байланысты кіші сұрақтарға бөлу және білім алушылардың шешім шығаруына бағыт беру. Мұндай әдіс білім алушыға ізденудің кейбір кезеңдерінде ғана өз-бетінше әрекет етуге мүмкіндік береді.

8. Ақпараттық-коммуникативтік технологияларындағы құзыреттілік - білім алушыларды көптеген дайын, қатаң іріктелген, тиісті үлгіде ұйымдастырылған тапсырмалармен қамтамасыз етуге, олардың зияттық шығармашылық қабілеттерін дамытуға, жаңа білімді өздігінен меңгеруге, түрлі ақпарат дереккөздерімен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

9. Оқу бағдарламасы құқықтық ойлаудың негізгі дағдыларын қалыптастыруға бағытталады: дереккөздерді интерпретациялау, уақыт пен кеңістікте бағдарлау, талдау мен түсіндіру дағдылары.

10. Пән бойынша құқықтық ойлаудың дағдыларын қалыптастыру, оқытудың міндеттерін тиімді орындау келесі концепттер (ұғымдар) негізінде жүзеге асады:

- 1) өзгеріс және сабақтастық;
- 2) себеп және салдар;
- 3) дәлел;
- 4) ұқсастық және айырмашылық;
- 5) маңыздылық;
- 6) интерпретация.

11. "Құқық негіздері" пәнін оқытуға арналған техникалық құралдар: экранды-дыбыстық құралдар: аудиожазылым, компьютерлік компакт-дискілер, кинофильмдер.

12. Сабақта техникалық оқыту құралдарын пайдаланудың негізгі ережелері:

- 1) алдымен мұғалім фильмді өзі қарап шығады (видеоматериалды), фильм соңында білім алушыларға ұсынылатын тапсырмаларды (сұрақтарды) құрастырады;
- 2) видеосюжетті көруге 10 минуттан артық уақыт бөмеген абзал;

13. Формативті және суммативті бағалауға арналған тапсырмаларды мұғалім білім алушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, құрастырады. Рұқсат етіледі:

1) грамматикалық және семантикалық ресімдеу бойынша тұжырымдарды қысқартуға;

2) көптізбекті нұсқауды, тапсырманы кезеңмен (қадаммен) орындауға мүмкіндік беретін, қысқа мағыналық бірліктерге бөлу арқылы жеңілдетуге;

3) қажет болған жағдайда сараланған көмекті ұсынуға: ынталандырушы (мақұлдау, эмоционалдық қолдау), ұйымдастырушылық (жұмысты орындауға назарын аударту, жұмылдыру, өзін-өзі тексеру қажеттілігін есіне салу), бағыттаушы (қайталау және тапсырма нұсқауын түсіндіру);

4) тапсырманы орындауға берілген уақытты ұлғайтуға.

### **3-тарау. "Құқық негіздері" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

14. "Құқық негіздері" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 9-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында – 34 сағатты;

2) 10-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында – 34 сағатты құрайды.

15. Бағдарлама мазмұны оқу бөлімдеріне бөлінген. Бөлімдер сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер түріндегі оқыту мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

16. Бағдарлама мазмұны 7 бөлімді қамтиды:

1) "Құқық және мемлекет" бөлімі;

2) "Конституциялық құқық" бөлімі;

3) "Азаматтық құқық" бөлімі;

4) "Еңбек құқығы" бөлімі;

5) "Отбасы құқығы" бөлімі;

6) "Әкімшілік құқық" бөлімі;

7) "Қылмыстық құқық" бөлімі.

17. "Құқық және мемлекет" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) құқық түсінігі;

2) құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам.

18. "Конституциялық құқық" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) адам және азаматтың құқықтары мен бостандығы;

2) мемлекеттік органдардың конституциялық жүйесі.

19. "Азаматтық құқық" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) азаматтық құқық түсінігі;

2) меншік құқығы;

3) азаматтық құқықтағы міндеттеме және жауапкершілік;

4) тұтынушылар құқығын қорғау.

20. "Еңбек құқығы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) еңбек құқығы түсінігі;

2) еңбек жағдайлары;

3) еңбекті қорғау;

4) еңбек келісім-шарты.

21. "Отбасы құқығы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) отбасы құқығының түсінігі;

2) некені қию және тоқтату жолдары;



3) отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері;

4) отбасының қоғамдағы маңыздылығы.

22. "Әкімшілік құқық" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) әкімшілік құқық түсінігі;

2) әкімшілік жауапкершілік;

3) әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу.

23. "Қылмыстық құқық" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) қылмыстық құқық түсінігі;

2) қылмыс ұғымы;

3) қылмыстық жауапкершілік;

4) жазалау және гуманизм мәселелері.

24. 9-сыныпқа арналған "Құқық негіздері" пәнінің базалық мазмұны:

1) құқық түсінігі. Құқық түсінігі және оның белгілері. Құқықтың басқа әлеуметтік нормалардан айырмашылығы: мораль нормалары, діни нормалар, дәстүрлік, корпоротивтік нормалар;

2) адам және азаматтың құқықтары мен бостандығы. Конституциялық құрылыс негіздері. Адам мен азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттері;

3) азаматтық құқық түсінігі. Тараптардың теңдігі негізіндегі мүліктік қатынас. Жеке мүліктік емес қатынастар: өмір, денсаулық, ар, абырой;

4) еңбек құқығы түсінігі. Еңбек бостандығының конституциялық кепілдігі;

5) неке және отбасы құқығы түсінігі. Отбасы және неке (ерлі-зайыптылық) түсінігі;

6) әкімшілік құқық түсінігі. Басқару құқығы. Әкімшілік құқық бұзушылық;

7) қылмыстық құқық түсінігі. Қылмыстық тәртіп және жазаланушылық;

8) мемлекеттік басқару органдардың конституциялық жүйесі. Жоғарғы билік органдарының негізгі қызмет бағыттары. Мемлекеттік биліктің өкілетті органдары;

9) меншік құқығы. Қазақстан Республикасындағы меншік түрлері. Меншік құқығына ие болу және тоқтатылуының негізгі жолдары;

10) еңбек жағдайлары. Жұмыс беруші мен жұмыскердің құқықтары мен міндеттері;

11) некені қию және тоқтату жолдары. Некеге тұрудың (жұбайлықтың) шарттары мен кедергілері. Некені тоқтату мен бұзу;

12) қылмыс ұғымы. Қылмыстың түрлері мен белгілері. Қылмыстың объектісі, субъектісі. Қылмыстың объективті және субъективті жақтары;

13) азаматтық құқықтағы міндеттеме және жауапкершілік. Міндеттемелерді орындамағаны үшін мүліктік жауапкершілік. Міндеттемелерді қамтамасыз ету амалдары;

14) еңбекті қорғау. Еңбек дауларын шешу жолдары. Жасөспірімдер еңбегінің құқықтық реттелуі.

25. 10-сыныпқа арналған "Құқық негіздері" пәнінің базалық мазмұны:

- 1) отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері. Бала құқығы;;
- 2) әкімшілік жауапкершілік. Әкімшілік құқық бұзушылық белгілері мен түрлері. Әкімшілік өндіріп алу түрлері мен оларды қолдану тәртібі;
- 3) қылмыстық жауапкершілік. Құқыққа қарсы әрекет үшін қылмыстық жауапкершілік және жаза түрлері. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың субъектілері;
- 4) құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам. Құқықтық мемлекеттің түсінігі мен белгілері. Құқықтық мемлекеттің қызметіндегі азаматтық қоғам институттарының маңызы мен рөлі;
- 5) құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам. Құқықтық мемлекеттің түсінігі мен белгілері. Құқықтық мемлекеттің жұмыс істеуіндегі азаматтық қоғам институттарының маңызы мен рөлі;
- 6) еңбек келісім-шарты. Еңбек келісім-шартының мазмұны;
- 7) отбасының қоғамдағы маңыздылығы. Отбасы қатынастарын мемлекеттік қолдау және қорғау;
- 8) әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу. Қоғамдық қатынастарды реттеудегі әкімшілік құқық бұзушылық нормаларының рөлі мен маңызы;
- 9) жазалау мен гуманизм мәселелері. Қылмыстық құқықтағы гуманизм қағидасы.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

26 Бағдарламада, оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 6.2.1.4. кодында "6" - сынып, "2.1" - бөлімше, "4" - оқыту мақсатының реттік саны.

27. Күтілетін нәтижелер бойынша оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) "Құқық және мемлекет" бөлімі:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	9-сынып	10-сынып
1.1 Құқық түсінігі	9.1.1.1 әлеуметтік нормалар жүйесінде құқықтың ұғымы мен рөлін түсіндіру; 9.1.1.2 құқықтың белгілері мен дереккөздерін атау; 9.1.1.3 құқықты басқа әлеуметтік нормалардан айыру: мораль нормалары, діни, дәстүр нормалары, корпоративтік нормалар; 9.1.1.4 құқықтық терминологияны түсіну	

1.2 Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам	<p>10.1.2.1 құқықтық мемлекеттің ерекшелігі мен маңызын анықтау;</p> <p>10.1.2.2 азаматтық қоғам институттарының рөлі мен маңызын анықтау;</p> <p>10.1.2.3 құқықтық мемлекеттің белгілері мен түсінігін білу;</p> <p>10.1.2.4 құқықтық қатынас субъектілерін білу;</p> <p>10.1.2.5 құқықтық қабілеттілік және іс-әрекеттік қабілеттілікті ажырата білу</p>
--	--

## 2) "Конституциялық құқық" бөлімі:

### 2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	9-сынып	
2.1 Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары	9.2.1.1 конституциялық құрылыс негіздерін түсіндіру;	9.2.1.2 Қазақстан Республикасы Конституциясын талдау арқылы адамның және азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттерін анықтау;
2.2 Мемлекеттік органдардың конституциялық жүйесі	9.2.1.3 субъективті құқық пен субъективті міндеттерді жіктеу	<p>9.2.2.1 Конституция негізінде мемлекеттік органдардың қызметтерін анықтап, салыстыру;</p> <p>9.2.2.2 мемлекеттік органдардың құрылуында сайлаудың маңызы мен рөлін анықтау;</p> <p>9.2.2.3 үкіметтің жоғарғы мемлекеттік органдарының негізгі іс-әрекет бағыттарын анықтау ;</p> <p>9.2.2.4 мемлекеттік биліктің өкілдік органдарын атау</p> <p>9.2.2.5 азаматтардың конституциялық құқық пен міндеттерін бағдарлау;</p> <p>9.2.2.6 Конституцияның негізгі бөлімдерін атау;</p> <p>9.2.2.7 құқықтық терминологияны қолдану</p>

## 3) "Азаматтық құқық" бөлімі:

### 3-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары	
	9-сынып	10-сынып
3.1 Азаматтық құқық ұғымы	<p>9.3.1.1 - азаматтық құқық ұғымы мен қағидаларын түсіндіру;</p> <p>9.3.1.2 азаматтық құқық ерекшеліктерін түсіну;</p> <p>9.3.1.3 азаматтық құқық субъектілерін атау;</p>	

	<p>9.3.1.4 заңды тұлға мен жеке тұлғаның кәсіпкерлік түсінігінде бағдарлай білу;</p> <p>9.3.1.5 келісім шарт түсінігін білу;</p> <p>9.3.1.6 кәмелетке толмағандармен азаматтық-құқықтық қатынастың ерекшелігін түсіну</p>	
3.2 Меншік құқығы	<p>9.3.2.1 меншік түрлерін атау;</p> <p>9.3.2.2 меншік құқығына ие болудың және тоқтатылудың жолдарын, құқықтық жағдайларды талдау арқылы атау;</p> <p>9.3.2.3 жоспарға сүйене отырып акпаратты жаңғырту</p>	
3.3 Азаматтық құқықтағы міндеттеме мен жауапкершілік	<p>9.3.3.1 азаматтық құқықтағы міндеттемелерді талдап, жауапкершіліктерін атау;</p> <p>9.3.3.2 міндеттемені орындамағаны үшін мүліктік жауапкершілікті түсіну;</p> <p>9.3.3.3 міндеттемелерді қамтамасыз ету тәсілдерін атау;</p> <p>9.3.3.4 заттар, процестер мен құбылыстардың арасындағы маңызды байланыстарын атау</p>	
3.4 Тұтынушылар құқығын қорғау		<p>10.3.4.1 тұтынушылардың құқықтарын қорғау жолдарын ұсыну;</p> <p>10.3.4.2 өз құқықтарын қорғаудағы тұтынушылардың құқығын атау</p>

#### 4) "Еңбек құқығы" бөлімі:

##### 4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	9-сынып	10-сынып
4.1 Еңбек құқығы түсінігі	<p>9.4.1.1 еңбек құқығы ұғымын түсіндіру</p> <p>9.4.1.2 еңбек еркіндігінің Конституциялық кепілдігін атау</p>	
4.2 Еңбек жағдайлары	<p>9.4.2.1 Қазақстан Республикасының еңбек кодексі негізінде еңбек жағдайларын атау;</p> <p>9.4.2.2 құқықтық жағдайларды талдау арқылы жұмыс беруші мен жұмысшының құқықтары мен міндеттерін түсіндіру</p>	
4.3 Еңбекті қорғау	<p>9.4.3.1 кәмелетке толмағандардың еңбегіне қатысты құқықтық нормаларды талдау;</p>	

	9.4.3.2 құқықтық нормативтік актілерге сүйеніп еңбек дауларын шешу жолдарын ұсыну	
4.4 Еңбек келісімі		10.4.4.1 құқықтық жағдайларды саралай отырып еңбек келісім-шарттарын айқындау; 10.4.4.2 еңбек келісім-шарты, жұмыс уақыты мен демалыс уақыты, еңбек ақысы, тәртіптік теріс қылық ұғымындарын анықтау

### 5) "Отбасы құқығы":

#### 5-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	9-сынып	10-сынып
5.1 Неке және отбасы құқығы түсінігі	9.5.1.1 "неке" және "отбасы" ұғымдарын түсіндіру; 9.5.1.2 тірек конспектіге сүйене отырып, ақпаратты жаңғырту	
5.2 Некені қию және тоқтатылу шарттары	9.5.2.1 некені қию және тоқтатылу шарттарын атау; 9.5.2.2 некеге отыру кедергілерін атау	
5.3 Отбасы мүшелерінің құқығы мен міндеттері		10.5.3.1 отбасы мүшелерінің құқығы мен міндеттерін атау; 10.5.3.2 құқықтық актілерге сүйене отырып, қоғам мен отбасындағы балалар құқығын атау; 10.5.3.3 отбасы мүшелерінің құқығы мен міндеттері туралы ақпаратты талдау
5.4 Отбасының қоғамдағы маңыздылығы		10.5.4.1 отбасының қоғамдағы маңызын түсіндіру; 10.5.4.2 отбасылық қатынасты мемлекет тарапынан қолдаудың және қорғаудың рөлін түсіндіру

### 6) "Әкімшілік құқық" бөлімі:

#### 6-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	9-сынып	10-сынып
6.1 Әкімшілік құқық түсінігі	9.6.1.1 әкімшілік құқық ұғымын түсіндіру; 9.6.1.2 нақты материалдарға сүйене отырып, қорытынды мен ой тұжырымдарын жасау; 9.6.1.3 әкімшілік құқықтың ерекшеліктерін түсіндіру;	

	9.6.1.4 "басқару құқығы" ұғымын түсіндіру	
6.2 Әкімшілік жауапкершілік		10.6.2.1 әкімшілік құқық бұзушылықтың түрлері мен сипаттарын атау; 10.6.2.2 құқықтық жағдайларды талдау арқылы әкімшілік жауапкершілік түрлерін және оларды қолдану тәртібін түсіндіру; 10.6.2.3 кәмелетке толмағандардың әкімшілік жауапкершілігі ерекшеліктерін түсіндіру; 10.6.2.4 әкімшілік құқық бұзушылық ұғымын түсіндіру
6.3 Әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу		10.6.3.1 қоғамдық қатынастарды реттеудегі әкімшілік-құқықтық нормалардың маңызын атау 10.6.3.2 кәмелетке толмағандардың әкімшілік құқық бұзушылық фактілерін атау 10.6.3.3 алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білу

## 7) "Қылмыстық құқық" бөлімі:

### 7-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	9-сынып	10-сынып
7.1 Қылмыстық құқық түсінігі	9.7.1.1 қылмыстық құқық ұғымын түсіндіру 9.7.1.2 қылмыстық тәртіп ұғымын түсіндіру 9.7.1.3 қылмыстық тәртіп жазалауға әкеп соғатынын түсіну	
7.2 Қылмыс ұғымы	9.7.2.1 қылмыстың сипаттары мен түрлерін ажырата білу; 9.7.2.2 "қылмыс" ұғымын түсіндіру; 9.7.2.3 қылмыстың объектісі мен субъектісін ажырату; 9.7.2.4 қылмыстың объективті және субъективті жақтарын анықтау	
7.3 Қылмыстық жауапкершілік		10.7.3.1 құқықтық жағдайларды талдау арқылы қылмыстық жауапкершілікті және жаза түрлерін анықтау; 10.7.3.2 сыбайлас жемқорлықпен күреске бағытталған құқықтық актілерді атау;

		10.7.3.3 сыбайлас жемқорлық құқық бұзу субектілерін атау
7.4 Жазалау және гуманизм мәселелері		10.7.4.1 қылмыстық құқықтағы гуманизм қағидасына баға беру

28. Бағдарлама психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 9-10 сыныптары үшін "Құқық негіздері" пәнінен жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

29. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Негізгі орта білім беру  
деңгейінің  
9-10-сыныптарына арналған  
"Құқық негіздері" пәнінен  
жаңартылған мазмұндағы  
Үлгілік оқу бағдарламасына  
қосымша

**Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 9-10 сыныптары үшін "Құқық негіздері" пәнінен жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

1) 9-сынып:

1-кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары.
1-тоқсан		
Құқық түсінігі	Құқық дегеніміз не және ол қоғамдық қатынастарға қалай әсер етеді?	9.1.1.1 әлеуметтік нормалар жүйесінде құқықтың ұғымы мен рөлін түсіндіру; 9.1.1.2 құқықтың белгілері мен дереккөздерін атау; 9.1.1.3 құқықты басқа әлеуметтік нормалардан айыру: мораль нормалары, діни, дәстүр нормалары, корпоративтік нормалар; 9.1.1.4 құқықтық терминологияны түсіну
Адам және азаматтың құқықтары мен бостандығы	Қазақстан Республикасында адам мен азаматтың құқықтары мен міндеттері қандай?	9.2.1.2 Қазақстан Республикасы Конституциясын талдау арқылы адамның және азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттерін анықтау

	Неліктен Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде жариялайды?	9.2.1.1 конституциялық құрылыс негіздерін түсіндіру; 9.2.1.3 субъективті құқық пен субъективті міндеттерді жіктеу
2-тоқсан		
Азаматтық құқық түсінігі	Азаматтық құқық қоғамдық қатынастарды қалай реттейді?	9.3.1.1 азаматтық құқық ұғымы мен қағидаларын түсіндіру; 9.3.1.2 азаматтық құқық ерекшеліктерін білу; 9.3.1.3 азаматтық құқық субъектілерін атау; 9.3.1.4 кәсіпкерлік, заңды тұлға және жеке тұлға түсініктеріне бағдарлай білу; 9.3.1.5 келісім-шарттар түсінігін білу; 9.3.1.6 кәмелетке толмағандармен азаматтық-құқықтық қатынастың ерекшелігін түсіну.
Еңбек құқығы түсінігі	Қазақстан Республикасы Конституциясының 24-ші бабы нені көздейді?	9.4.1.1 еңбек құқығы ұғымын түсіндіру; 9.4.1.2 еңбек еркіндігінің Конституциялық кепілдігін атау
Неке және отбасы құқығы түсінігі	Заңнамада отбасы қалай қорғалған ?	9.5.1.1 "неке" және "отбасы" ұғымдарын түсіндіру; 9.5.1.2 тірек конспектіге сүйене отырып, ақпаратты жаңғырту
Әкімшілік құқық түсінігі	Әкімшілік құқық қандай қоғамдық қатынастарды реттейді?	9.6.1.1 әкімшілік құқық ұғымын түсіндіру; 9.6.1.2 нақты материалдарға сүйене отырып, қорытынды мен ой тұжырымдарын жасау; 9.6.1.3 әкімшілік құқықтың ерекшеліктерін түсіндіру; 9.6.1.4 "басқару құқығы" ұғымын түсіндіру
3-тоқсан		
Қылмыстық құқық түсінігі	Қылмыстық құқықтың басқа құқық салаларынан айырмашылығы неде?	9.7.1.1 қылмыстық құқық ұғымын түсіндіру; 9.7.1.2 қылмыстық тәртіп ұғымын түсіндіру; 9.7.1.3 қылмыстық тәртіп жазалауға әкеп соғатынын түсіну
	Мемлекеттік органдардың қызметі қандай?	9.2.2.1 Конституция негізінде мемлекеттік органдардың қызметтерін анықтап, салыстыру
		9.2.2.2 мемлекеттік органдардың құрылуындағы сайлаудың маңызы мен ролін анықтау;



Мемлекеттік органдардың конституциялық құрылысы	Мемлекеттік органдардың құрылуында сайлаудың маңызы мен рөлі қандай?	9.2.2.3 мемлекеттік биліктің жоғарғы органдары қызметінің негізгі бағыттарын атау; 9.2.2.4 мемлекеттік биліктің өкілдік органдарын атау; 9.2.2.5 азаматтардың конституциялық құқықтары мен міндеттерін білу; 9.2.2.6 Конституцияның негізгі бөлімдерін атау; 9.2.2.7 құқықтық терминологияны қолдану
Меншік құқығы	Қалай меншік иесі болу керек?	9.3.2.1 меншік түрлерін атау; 9.3.2.2 меншік құқығына ие болудың және тоқтатылудың жолдарын, құқықтық жағдайларды талдау арқылы атау; 9.3.2.3 жоспарға сүйене отырып, ақпаратты жаңғырту
4-тоқсан		
Еңбек жағдайлары	Еңбек жағдайлары заңнамамен қалай реттеледі?	9.4.2.1 Қазақстан Республикасының еңбек кодексі негізінде еңбек жағдайларын анықтау; 9.4.2.2 құқықтық жағдайларды талдау арқылы жұмыс беруші мен жұмысшының құқықтары мен міндеттерін түсіндіру
Некені қию және тоқтату жолдары	Неке қандай жағдайда қиылады және тоқтатылады?	9.5.2.1 некені қию және тоқтату жағдайларын анықтау; 9.5.2.2 некеге отыру кедергілерін атау
Қылмыс ұғымы	Қандай әрекет қылмыс деп танылады?	9.7.2.1 қылмыстың белгілері мен түрлерін ажырата білу; 9.7.2.2 "қылмыс" ұғымын түсіндіру; 9.7.2.3 қылмыстың объектісі мен субъектісін ажырату; 9.7.2.4 қылмыстың объективті және субъективті жақтарын анықтау
Азаматтық құқықтағы міндеттеме мен жауапкершілік	Азаматтық-құқықтық міндеттемелер қандай жауапкершілікті туындатады?	9.3.3.1 азаматтық құқықтағы міндеттемелерді талдап, жауапкершілігін атау; 9.3.3.2 міндеттемені орындамағаны үшін мүлдіктік жауапкершілікті түсіну; 9.3.3.3 міндеттемелерді қамтамасыз ету тәсілдерін атау;

		9.3.3.4 заттар, процестер мен құбылыстардың арасындағы маңызды байланысын атау
Еңбекті қорғау	Еңбек даулары қалай шешіледі?	9.4.3.2 құқықтық нормативтік актілерге сүйеніп еңбек дауларын шешу жолдарын ұсыну;
	Кәмелетке толмағандардың еңбегі заңнамамен қалай қорғалады?	9.4.3.1 кәмелетке толмағандардың еңбегіне қатысты құқықтық нормаларды талдау

2) 10-сынып:  
2-кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
Отбасы мүшелерінің құқығы мен міндеттері	Кәмелетке толмағандардың еңбегі заңнамамен қалай қорғалады?	10.5.3.2 құқықтық актілерге сүйене отырып, қоғам мен отбасындағы балалардың құқығын талдау
	Отбасы мүшелерінің құқықтық мәртебесі қандай?	10.5.3.1 отбасы мүшелерінің құқығы мен міндеттерін атау; 10.5.3.3 отбасы мүшелерінің құқығы мен міндеттері туралы ақпаратты өңдеу
	Бала құқығы қалай қорғалады?	10.5.3.2 құқықтық актілерге сүйене отырып, қоғам мен отбасындағы балалар құқығын атау
Үй мәдениеті	Тұрмыстық техниканы таңдау. Тұрмыстық техниканы пайдалану ережелері	7.2.5.3 тұрмыстық техниканы пайдалану және күту ережелерін зерттеу және сипаттау; 7.2.5.5 түсінуді тереңдету және жауапты нақтылау үшін мәтін мазмұнына деген көзқарасты көрсететін сұрақтар мен жауаптарды тұжырымдау; 7.2.6.2 заманауи технологиялық машиналарда қауіпсіз жұмыс істеу тәсілдерін білу және түсіндіру; 7.2.6.3 ақпаратты қабылдау кезінде алынған идеяларды, сезімдерді, ойларды түсіндіру үшін тірек сөздерді қолдана отырып, мәлімдеме жасаңыз
	Растение как украшение, как элемент интерьера	7.2.5.1 әр түрлі өсімдіктердің эстетикалық қасиеттерін сипаттау, бағалау және интерьерді безендіру үшін қолдану; 7.2.5.5 түсінуді тереңдету және жауапты нақтылау үшін мәтін мазмұнына деген көзқарасты көрсететін сұрақтар мен жауаптарды тұжырымдау; 7.3.3.1 пәндік терминологияны пайдалана отырып, өз жұмысын және басқалардың (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмыстарын жасау үшін пайдаланылған әдістер мен тәсілдерді (техникаларды) талқылау және бағалау; 7.3.3.2 қайталау және көшіруді пайдаланбай кәсіби сөздерді, терминдерді, неологизмдерді қолдану

## б) 8-сынып (қыздар):

### 10-кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
	Қазақ қолданбалы өнері (ши току, киіз басу). Халық шығармашылығының түрлері. Материалдар мен құрал-жабдықтар	8.1.2.1 әр түрлі тарихи және мәдени тектегі өнер, қолөнер және дизайн туындыларының ерекшеліктерін түсіну; 8.1.2.2 тыңдалған ақпарат бойынша ашық және жабық сұрақтарға жауап беру; 8.1.3.1 шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту үшін өз

Сәндік-қолданбалы өнер

	бетінше таңдалған әртүрлі ақпарат көздерін пайдалану
Бұйымның эскизін әзірлеу. Материалдар мен құралдарды дайындау	8.1.5.2 бұйымды жасаудың кезектілігі мен ұтымды тәсілдерін анықтай отырып, графикалық және технологиялық құжаттаманы әзірлеу, используя различные средства графики 8.1.5.3 көмекші жоспар мен кілт сөздер негізінде монологиялық мәлімдеме жасаңыз 8.1.4.1 алған білімі мен тәжірибесін пайдалана отырып, өзінің болашақ іс-әрекетін толық сипаттай отырып, шығармашылық іс-әрекетті жоспарлау
Шығармашылық жұмысты орындау. Декор. Безендіру	8.2.1.1 күрделі шығармашылық идеялар мен сезімдерді жеткізу үшін экспрессивті өнер құралдарын өз бетінше анықтау, таңдау және пайдалану; 8.2.1.2 синонимдерді, антонимдерді, омонимдерді ажырату, мәнмәтін сөздердің тікелей және бейнелі мағынасын түсіну; 8.1.6.4 шығармашылық жұмыстарды жасау кезінде әртүрлі әдістер мен көркем материалдарды өз бетінше анықтау, таңдау және біріктіру; 8.1.6.5 қиын дыбыс тіркестері және шет тіліндегі сөздердің айтылу ережелерін сақтау; 8.2.3.3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдарды жасау процесінде Қазақ ұлттық мәдениетінің элементтерін пайдалану; 8.2.3.4 диаграммалар/графиктер/кестелер/фотосуреттер нұсқаулықтары көмегімен мәтіндерін жасау; 8.3.2.1 пәндік терминологияны пайдалана отырып, өз жұмысында және басқалардың (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмыстарында көрініс тапқан идеялар мен тақырыптарға талдау жүргізу және бағалау үшін критерийлерді қолдану; 8.2.6.1 қауіпсіздік ережелерін сақтап, оның маңыздылығын

		сезіне және көрсете отырып, материалдар мен құралдарды пайдалану
	Жұмыстарды презентациялау. Көрмені ұйымдастыру	8.3.1.1 онлайн платформаларда кең аудиторияға дайын жұмыстың презентациясын ұйымдастыру (онлайн форумы, социальные сети) ; 8.3.1.2 қорытындылар мен талдаулар негізінде әртүрлі сұрақтарды тұжырымдау
2-тоқсан		
Дизайн және технология	Қазақтың ұлттық киімдері. Этностиль. Ою-өрнек және оның стилизациясы	8.1.2.1 әр түрлі тарихи және мәдени тектегі өнер, колөнер және дизайн туындыларының ерекшеліктерін түсіну; 8.1.2.2 таңдалған ақпарат бойынша ашық және жабық сұрақтарға жауап беру; 8.1.3.1 шығармашылық идеяларды зерттеу және оны дамыту үшін өздігінен таңдалған әртүрлі ақпарат көздерін пайдалану
	Этностильдегі бұйымның дизайны (бас киім, кеудеше)	8.1.5.1 қызметтік (техникалық), эстетикалық, эргономикалық және экологиялық талаптарға сәйкес келетін объектінің дизайнын әзірлеу жөніндегі тапсырмаларды орындау; 8.1.5.2 бұйымды жасаудың кезектілігі мен ұтымды тәсілдерін анықтай отырып, графикалық және технологиялық құжаттаманы әзірлеу, используя различные средства графики 8.1.5.3 көмекші жоспар мен кілт сөздер негізінде монологиялық мәлімдеме жасаңыз;
		8.2.3.3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдарды жасау процесінде Қазақ ұлттық мәдениетінің элементтерін пайдалану; 8.2.3.1 қол құралдары мен тігін жабдықтары және оларға арналған құрылғыларды пайдалана отырып, тоқыма материалдарын өңдеудің ұтымды әдістерін анықтау және қолдану; 8.2.3.2 әртүрлі (тоқыма, табиғи және жасанды) материалдар мен конструкцияларды қолдана



	<p>Этностильде бұйым жасау (бас киім, кеудеше). Безендіру</p>	<p>отырып, өздігінен әзірленген технологиялық құжаттама бойынша күрделі бұйымдар жасау ;</p> <p>8.2.3.4 диаграммалар/графиктер/ кестелер/ фотосуреттер нұсқаулықтары көмегімен мәтіндерін жасау;</p> <p>8.3.4.1 пайдаланылған идеялар мен тәсілдерді талдау және бағалау негізінде өз жұмысын және басқалардың жұмысын бейімдеу, жетілдіру бойынша сыни ұсыныстар жасау;</p> <p>8.3.4.2 сөздік көмегімен емле мен тыныс белгілерінің қателерін түзету арқылы мәтінді түзету;</p> <p>8.2.6.1 қауіпсіздік ережелерін сақтап, оның маңыздылығын сезіне және көрсете отырып, материалдар мен құралдарды пайдалану</p>
	<p>Жұмыстарды презентациялау</p>	<p>8.3.1.1 онлайн платформаларда кең аудиторияға дайын жұмыстың презентациясын ұйымдастыру ( онлайн форумы, социальные сети) ;</p> <p>8.3.1.2 қорытындылар мен талдаулар негізінде әртүрлі сұрақтарды тұжырымдау</p>
<p>3-тоқсан</p>		
	<p>Халық пішімінің негізінде киім үлгісінің дизайны (бүтін пішілген жең)</p>	<p>8.1.4.2 зерттеулер негізінде халықтың өнім түрлеріне қажеттілігін анықтау;</p> <p>8.1.4.3 диалогқа қатысу, өз пікірін білдіру және басқалардың пікірлерін тыңдау;</p> <p>8.1.3.1 шығармашылық идеяларды зерттеу және оны дамыту үшін өздігінен таңдалған әртүрлі ақпарат көздерін пайдалану</p>
	<p>Идеяларды әзірлеу. Эскиз</p>	<p>8.1.5.1 қызметтік (техникалық), эстетикалық, эргономикалық және экологиялық талаптарға сәйкес келетін объектінің дизайнын әзірлеу жөніндегі тапсырмаларды орындау;</p> <p>8.1.5.2 графикалық және технологиялық құжаттарды әзірлеу. Графиканың әртүрлі</p>

Дизайн және технология

	<p>құралдарын қолдана отырып, өнімді жасаудың дәйектілігі мен ұтымды әдістерін анықтау;</p> <p>8.1.5.3 көмекші жоспар мен кілт сөздер негізінде монологиялық мәлімдеме жасаңыз</p>
<p>Материалдарды, құрал-саймандар мен жабдықтарды дайындау</p>	<p>8.2.2.1 тігін машиналарына арналған құрылғыларды таңдау және қолдану (ойылған ілмектерді өңдеу, сыдырма ілгегін жалғау);</p> <p>8.1.6.3 изучать, табиғи және жасанды былғары мен жүннің түрлері мен қасиеттерін анықтау және салыстыру;</p> <p>8.2.6.2 құралдармен қауіпсіз жұмыс бойынша жадынама құрастыру;</p> <p>8.2.6.3 көркем және экспрессивті құралдарды қолдана отырып, өз идеяларын, сезімдерін, ойларын түсіндіру үшін мәлімдеме жасау</p>
<p>Халықтық пішу негізінде өнімді жасау. Бөлшектерді пішу. Жеке бөлшектерді өңдеу. Бөлшектерді құрастыру және бұйымды өңдеу. Ою-өрнек элементтерімен безендіру</p>	<p>8.2.3.1 қол құралдары мен тігін жабдықтарын оларға арналған құрылғыларды пайдалана отырып, тоқыма материалдарын өңдеудің ұтымды әдістерін анықтау және қолдану;</p> <p>8.2.3.4 диаграммалар/графиктер/ кестелер/ фотосуреттер нұсқаулықтары көмегімен мәтіндерін жасау;</p> <p>8.2.3.2 әртүрлі (тоқыма, табиғи және жасанды) материалдар мен конструкцияларды қолдана отырып, өзінің әзірленген технологиялық құжаттамасы бойынша күрделі бұйымдар жасау ;</p> <p>8.3.3.1 жасалған өнімнің ( шығармашылық жұмыстың) пайдаланылған әдістерін, тәсілдерін және сапасын талдау және бағалау үшін критерийлерді қолдану);</p> <p>8.3.3.2 өз сөйлеу тілінде кәсіби сөздерді, терминдерді, неологизмдерді қолдану</p>
<p>Жұмыстарды презентациялауы</p>	<p>8.3.1.1 онлайн платформаларда кең аудиторияға дайын жұмыстың презентациясын ұйымдастыру ( онлайн форумы, социальные сети) ;</p>

		8.3.1.2 қорытындылар мен талдаулар негізінде әртүрлі сұрақтарды тұжырымдау
4-тоқсан		
Үй мәдениеті	Интерьерге арналған сәндік бұйымдар (2D /3D форматында). Эскиз. Материалдар мен жабдықтарды дайындау	8.1.6.2 өнімді дайындау және әрлеу үшін заманауи және дәстүрлі емес материалдарды өз бетінше таңдау, понимая, как они могут быть эффективно использованы; 8.1.6.4 шығармашылық жұмыстарды жасау кезінде әртүрлі әдістер мен көркем материалдарды өз бетінше анықтау, таңдау және біріктіру; 8.1.6.5 қиын дыбыс тіркестері және шет тіліндегі сөздердің айтылу ережелерін сақтау
	Интерьерге арналған сәндік 2D/3D өнімдерін жасау	8.2.5.3 материалдар мен техниканы өз бетінше анықтай және таңдай отырып, эстетикалық және техникалық талаптарға сәйкес келетін интерьерге арналған сәндік бұйымдар жасау; 8.3.4.1 пайдаланылған идеялар мен тәсілдерді талдау, бағалау негізінде өз жұмысын және басқалардың жұмысын бейімдеу, жетілдіру бойынша сыни ұсыныстар жасау; 8.2.6.1 қауіпсіздік ережелерін сақтап, оның маңыздылығын сезіне және көрсете отырып, материалдар мен құралдарды пайдалану; 8.2.6.3 көркем және экспрессивті құралдарды қолдана отырып, өз идеяларын, сезімдерін, ойларын түсіндіру үшін мәлімдеме жасау
	Өсімдік шаруашылығындағы ғылымның рөлі	8.1.3.1 шығармашылық идеяларды зерттеу және оны дамыту үшін өздігінен таңдалған әртүрлі ақпарат көздерін пайдалану; 8.2.5.1 ауыл шаруашылығы өндірісін дамытудағы ғылыми тәсілдерді талқылау және бағалау; 8.1.4.3 диалогқа қатысу, өз пікірін білдіру және басқалардың пікірлерін тыңдау
		8.1.3.1 шығармашылық идеяларды зерттеу және оны дамыту үшін

	Медицинадағы, фитотерапиядағы және косметологиядағы өсімдіктер	өздігінен таңдалған әртүрлі ақпарат көздерін пайдалану; 8.2.5.2 медицинада, шөп арқылы емдеу және косметологияда өсімдіктердің рөлін зерттеу, талқылау және бағалау; 8.2.5.5 өз көзқарасын дәлелдей отырып, ұсынылған мәселе бойынша диалогқа қатысу
--	--	--

7) 9-сынып (қыздар):

11-кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
Сәндік - қолданбалы шығармашылық	Қазақстанның дәстүрлі тоқымасы. Қазақ кілемдері. Алаша. Кілем тоқу. Гобелен. Қазіргі кілемдер	9.1.2.1 әр түрлі тарихи және мәдени тектегі өнер, қолөнер және дизайн туындыларындағы әртүрлі стильдерді, материалдар мен тәсілдерді білу және атау; 9.1.2.2 тыңдалған ақпарат бойынша ашық және жабық сұрақтарға жауап беру, негізгі ойларды анықтау, оларды бекіту; 9.1.3.1 теориялық зерттеулер үшін ақпарат көздерін мақсатты және нәтижелі пайдалану; 9.2.2.2 кәсіпорындардағы өндірістік және технологиялық үдерістердің бірізділігін сипаттау; 9.2.2.4 мазмұны бойынша бағалау сұрақтарын құрастыру
	Кілем тоқуға арналған материалдар мен құрал-жабдықтар	9.1.6.4 шығармашылық жұмыстарды талдау кезінде бірқатар техникалар мен көркем материалдарды қолдану бойынша дайын шешімдерді бағалау; 9.1.6.5 өз дыбыс айтуын бақылау; 9.1.5.1 күрделі объектілердің, бейнелер мен пішіндердің дизайнын әзірлеу кезектілігі туралы білімін көрсету; 9.1.5.3 жоспар мен көрнекі материалдарды қолдана отырып, монологиялық мәлімдеме жасау 9.1.4.1 жұмыстың реттілігін анықтай отырып, шығармашылық қызметті жоспарлау
2-тоқсан		
		9.1.2.1 әр түрлі тарихи және мәдени тектегі өнер, қолөнер және

Дизайн және технология	Сәннің заманауи стильдері (өз бетінше зерттеу)	дизайн туындыларындағы әртүрлі стильдерді, материалдар мен тәсілдерді білу және атау; 9.1.2.2 тыңдалған ақпарат бойынша ашық және жабық сұрақтарға жауап беру, негізгі ойларды анықтау, оларды бекіту; 9.1.3.1 теориялық зерттеулер үшін ақпарат көздерін мақсатты және нәтижелі пайдалану
	Дайын бейнені талдау: макияж, шаш, әшекей бұйымдар	9.1.6.2 бұйымды талдау үрдісінде материалдарды пайдаланудағы стильдік шешімдерді салыстыру және бағалау; 9.1.6.5 өз дыбыс айтуын бақылау
	Зерттеу жобасының презентациясы	9.3.1.1 медиа құралдар мен онлайн платформаларды қолдана отырып, зерттеу жобасының презентациясын ұйымдастыру
3-тоқсан		
Дизайн және технология	Қарапайым геометриялық пішіндердің "Fast cloth" сәнді киімінің дизайны (пончо, кейп, туника). Киім мен бұйымдардың заманауи өндірісі: функционалдылық, стиль және материалдар	9.1.2.1 әр түрлі тарихи және мәдени тектегі өнер, қолөнер және дизайн туындыларындағы әртүрлі стильдерді, материалдар мен тәсілдерді білу және атау; 9.1.3.1 теориялық зерттеулер үшін ақпарат көздерін мақсатты және нәтижелі пайдалану; 9.2.2.2 кәсіпорындардағы өндірістік және технологиялық үдерістердің бірізділігін сипаттау; 9.2.2.4 мазмұны бойынша бағалау сұрақтарын құрастыру
	Техникалық және дизайнерлік инновациялар	9.1.5.1 күрделі объектілердің, бейнелер мен пішіндердің дизайнын әзірлеу кезектілігі туралы білімін көрсету; 9.1.5.2 түрлі графикалық құралдарды пайдалана отырып, графикалық және технологиялық құжаттаманы жасау
4-тоқсан		
	Интерьердегі/ экстерьердегі ландшафт элементтері	9.1.5.1 күрделі объектілердің, бейнелер мен пішіндердің дизайнын әзірлеу кезектілігі туралы білімін көрсету; 9.2.5.1 ландшафтық дизайнның стильдерін, заманауи бағыттары мен элементтерін атау және сипаттау;

Үй мәдениеті		9.2.5.5 ұсынылған мәселе бойынша пікірталасқа қатысып, өз пікірлеріңізді дәлелдей алу; 9.1.3.1 теориялық зерттеулер үшін ақпарат көздерін мақсатты және нәтижелі пайдалану
	Танымал стильдер. Жоспарлаудың негізгі ережелері мен әдістері, түс схемасы.	9.1.5.1 күрделі объектілердің, бейнелер мен пішіндердің дизайнын әзірлеу кезектілігі туралы білімін көрсету; 9.2.5.3 қолданыстағы бірегей бұйымдарды, техниканы, конструкцияларды және қазіргі заманғы материалдарды талдау; 9.3.3.2 кәсіби сөздерді, терминдерді, неологизмдерді дұрыс таңдау және қолдану; 9.3.3.1 өнімнің сапасын бағалау критерийлерін және өнімнің сыртқы түрін анықтайтын факторларды тұжырымдау

8) 10-сынып (қыздар):  
12-кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
	Қолмен кілем жасау: бұйымның эскизін жасау,	10.1.2.1 әр түрлі тарихи және мәдени тектегі өнер, қолөнер және дизайн туындыларындағы әртүрлі стильдерді, материалдар мен тәсілдерді білу және атау; 10.1.3.1 шығармашылық идеялар үшін ақпарат көздерін мақсатты және нәтижелі пайдалану; 10.1.2.2 тыңдалған ақпарат бойынша оның мағынасын жеткізе отырып, өз жазбалары негізінде мәлімдеме жасау; 10.2.2.2 кәсіпорындардағы өндірістік және технологиялық үдерістің заңдылықтарын білу және түсіну
	Бұйымның эскизін әзірлеу. Материалдарды (киіз, мата) және құралдарды дайындау	10.1.6.4 шығармашылық жұмыстарды жасау кезінде бірқатар әдістер мен көркем материалдарды қолдану бойынша жеке шешімдерді ұсыну; 10.1.5.1 күрделі нысандардың, бейнелер мен пішіндердің дизайнын әзірлеу үшін білімді жетілдіру;

Сәндік - қолданбалы шығармашылық		<p>10.1.6.5 өзің және сыныптастарының дыбыс айтуын қадағалау;</p> <p>10.1.4.1 жұмысты орындаудың ең ұтымды әдісін анықтай отырып, шығармашылық әрекетті жоспарлау</p>
	Шығармашылық жұмысты орындау. Декор. Безендіру	<p>10.2.1.1 мазмұнды және түпнұсқа туындыларды жасау үшін экспрессивті өнер құралдарын дербес қолдану;</p> <p>10.2.3.3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдарды жасау процесінде Қазақ ұлттық мәдениетінің элементтерін пайдалану;</p> <p>10.2.3.4 диаграммалар/графиктер/кестелер/фотосуреттер көмегімен сипаттама мәтіндерін құру;</p> <p>10.2.6.1 қауіпсіздік ережелерін сақтап, оның маңыздылығын сезіне және көрсете отырып, материалдар мен құралдарды пайдалану</p>
	Жұмыстарды презентациялау. Көрмені ұйымдастыру	<p>10.3.1.1 медиа құралдар мен онлайн платформаларды қолдана отырып, белгілі бір аудиторияға дайын жұмыстың презентациясын ұйымдастыру;</p> <p>10.3.1.2 мәтін мазмұнын түсіндіру арқылы сұрақтар мен идеяларды құрастыру;</p> <p>10.3.2.1 өз шығармаларындағы және басқалардың шығармаларындағы тарихи, әлеуметтік және мәдени мәнмәтіндегі талдау және бағалау</p>
2-тоқсан		
	Жеке имиджді құру технологиясы, идеяларды дамыту	<p>10.1.2.1 әр түрлі тарихи және мәдени тектегі өнер, қолөнер және дизайн туындыларындағы әртүрлі стильдерді, материалдар мен тәсілдерді білу және атау;</p> <p>10.1.3.1 шығармашылық идеялар үшін ақпарат көздерін мақсатты және нәтижелі пайдалану;</p> <p>10.1.5.3 өздігінен жасалған жоспар мен көрнекі материалдарды қолдана отырып, бағалау монологын құрыңыз</p>
		10.1.6.2 өнімді дайындау және әрлеу үрдісінде материалдарды

Дизайн и технология	Макияж, шаш, әшекей арқылы жеке бейне жасау	пайдаланудың өзіндік шешімдері мен тәсілдерін ұсыну; 10.1.5.3 өздігінен жасалған жоспар мен көрнекі материалдарды қолдана отырып, бағалау монологын құрыңыз
	Өзіңіздің жеке бейнесін жасау үшін киім/әшекей жиынтығын жасау эксперименті	10.1.5.1 күрделі нысандардың, бейнелер мен пішіндердің дизайнын әзірлеу үшін білімді жетілдіру; 10.1.6.3 тоқыма, тоқыма емес маталар мен басқа да заманауи, дәстүрлі материалдарды өз бетінше бағалау; 10.2.3.1 бұйымды дайындау үрдісінде материалдарды өңдеу тәсілдерін қолдану; 10.3.4.1 өз жұмысының және басқалардың жұмысының мақсаты мен маңыздылығын өз бетінше бағалау және өз көзқарасын ұсыну ; 10.3.4.2 мәтінді семантикалық, нақты, логикалық, стилистикалық кемшіліктерді түзету арқылы реттеу
	Жұмыстарды презентациялау ы	10.3.1.2 мәтін мазмұнын түсіндіру арқылы сұрақтар мен идеяларды құрастыру; 10.3.1.1 медиа құралдар мен онлайн платформаларды қолдана отырып, белгілі бір аудиторияға дайын жұмыстың презентациясын ұйымдастыру
3-тоқсан		
	Сәнді киімдерді жобалау	10.1.2.1 әр түрлі тарихи және мәдени тектегі өнер, колөнер және дизайн туындыларындағы әртүрлі стильдерді, материалдар мен тәсілдерді білу және атау; 10.1.3.1 шығармашылық идеялар үшін ақпарат көздерін мақсатты және нәтижелі пайдалану; 10.1.4.3 сөйлеу нормаларын сақтай отырып, талқыланатын тақырып бойынша диалогқа / пікірталасқа қатысу, диалог жүргізудің әртүрлі тәсілдерін түсіну; 10.2.2.2 кәсіпорындардағы өндірістік және технологиялық



Дизайн және технология

	<p>үдерістің заңдылықтарын білу және түсіну</p>
<p>Идеяларды әзірлеу. Эскиз. Материалдар мен жабдықтарды дайындау</p>	<p>10.1.5.1 күрделі нысандардың, бейнелер мен пішіндердің дизайнын әзірлеу үшін білімді жетілдіру;</p> <p>10.1.5.2 өз бетінше түрлі графикалық құралдарды пайдалана отырып, графикалық және технологиялық құжаттаманы жасау;</p> <p>10.1.5.3 өздігінен жасалған жоспар мен көрнекі материалдарды қолдана отырып, бағалау монологын құрыңыз</p>
<p>Бұйымдар жасау. Бөлшектерді пішу. Жеке бөлшектерді өңдеу. Бөлшектерді құрастыру және бұйымды өңдеу</p>	<p>10.2.2.1 заманауи тігін жабдықтарын қолдану және тігін машинасын қолдану;</p> <p>10.2.2.3 тігін машиналарында күрделі қызметтерді орындау (кесте, аппликация));</p> <p>10.2.2.4 себеп-салдар байланысын, құбылыстарды анықтау үшін сұрақтар қою;</p> <p>10.2.3.1 бұйымды дайындау үрдісінде материалдарды өңдеу тәсілдерін қолдану;</p> <p>10.2.6.1 материалдар мен құралдарды қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып қолдану;</p> <p>10.2.6.3 тақырып бойынша түсіндіру, бағалау сұрақтарын тұжырымдау және ұқсас сұрақтарға шығармашылық тұрғысынан жауап беру;</p> <p>10.2.6.2 белгілі бір жұмыс түрлері мен жасалған бұйымдарға қауіпсіздік техникасы бойынша ақпаратандырушы жасау</p>
<p>Жұмыстарды талқылау және бағалау. Жұмысты презентациялау</p>	<p>10.1.4.2 пайданы анықтау үшін әртүрлі тауарлардың нарықтарын талдау;</p> <p>10.3.4.1 өз жұмысының және басқалардың жұмысының мақсаты мен маңыздылығын өз бетінше бағалау және өз көзқарасын ұсыну ;</p> <p>10.1.4.3 сөйлеу нормаларын сақтай отырып, талқыланатын тақырып бойынша диалогқа/</p>

		<p>пікірталасқа қатысу, диалог жүргізудің әртүрлі тәсілдерін түсіну;</p> <p>10.3.1.1 медиа құралдар мен онлайн платформаларды қолдана отырып, жобаның тұсаукесерін ұйымдастыру, өнімнің сапасы мен өнімнің сыртқы түрін анықтайтын негізгі факторларды бағалау</p>
4-тоқсан		
Үй мәдениеті	<p>Интерьердегі/ экстерьердегі ландшафт элементтері</p>	<p>10.1.5.1 күрделі нысандардың, бейнелер мен пішіндердің дизайнын әзірлеу үшін білімді жетілдіру;</p> <p>10.2.5.1 өз жұмыстарында ландшафтық дизайнның стильдерін, заманауи бағыттары мен элементтерін анықтау және қолдану;</p> <p>10.1.4.3 сөйлеу нормаларын сақтай отырып, талқыланатын тақырып бойынша диалогқа / пікірталасқа қатысу, диалог жүргізудің әртүрлі тәсілдерін түсіну;</p> <p>10.1.3.1 шығармашылық идеялар үшін ақпарат көздерін мақсатты және нәтижелі пайдалану</p>
	<p>Шығармашылық идеяларды елестету. Материалдар мен жабдықтарды (құрал-саймандарды) дайындау</p>	<p>10.1.5.2 өз бетінше түрлі графикалық құралдарды пайдалана отырып, графикалық және технологиялық құжаттаманы жасау;</p> <p>10.1.5.3 өздігінен жасалған жоспар мен көрнекі материалдарды қолдана отырып, бағалау монологын құрыңыз;</p> <p>10.3.4.1 өз жұмысының және басқалардың жұмысының мақсаты мен маңыздылығын өз бетінше бағалау және өз көзқарасын ұсыну</p>
		<p>10.1.5.2 өз бетінше түрлі графикалық құралдарды пайдалана отырып, графикалық және технологиялық құжаттаманы жасау</p> <p>10.1.5.1 күрделі нысандардың, бейнелер мен пішіндердің дизайнын әзірлеу үшін білімді жетілдіру</p> <p>10.1.5.3 өздігінен жасалған жоспар мен көрнекі материалдарды</p>

	<p>Мерекелерге арналған интерьер дизайны. шығармашылық идеяларды елестету( эскиз), материалдар мен жабдықтарды ( құралдарды) дайындау, жүзеге асыру.</p>	<p>қолдана отырып, бағалау монологын құрыңыз  10.2.5.3 дербестік пен сенімділікті көрсете отырып, әртүрлі техниканы, конструкцияларды және заманауи материалдарды пайдалана отырып, бірегей бұйымдар жасау  10.3.3.1 өнімнің сапасын және өнімнің сыртқы түрін анықтайтын негізгі факторларды дәлелдеу және бағалау  10.3.3.2 кәсіби сөздерді, терминдерді, неологизмдерді қолдану, қайталанулар мен штамптарды пайдаланбау</p>
--	--	---

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№123 бұйрығына  
74-қосымша  
Қазақстан Республикасы білім  
және ғылым Министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына  
711-қосымша

## **Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10-сыныптары үшін "Дене шынықтыру" пәнінен жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасы**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10-сыныптары үшін "Дене шынықтыру" пәнінен жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасы (әрі қарай – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабының б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Оқу пәнінің мақсаты – өз денсаулығына қамқорлықпен қарауға, дене және психикалық қасиеттерін біртұтас дамытуға, салауатты өмір салтын ұйымдастыруда дене шынықтыру құралдарын шығармашылық тұрғыда пайдалануға тұрақты уәждемелер мен қажеттіліктерін қалыптастыру.

3. Оқыту міндеттері:

1) денсаулық мәдениетін қалыптастыру, тұлғаның үйлесімді дамуына септігін тигізу, организмнің функционалдық және бейімдеушілік мүмкіндіктерін арттыру, негізгі дене қасиеттерін дамыту;

2) заманауи сауықтыру жүйелерінің технологияларын, дене бітімі мен сымбатын жеке дара түзету әдістерін меңгеру;

3) дене шынықтыру, оның заманауи адамның тіршілік қызметіндегі рөлі, салауатты өмір салтын қалыптастыру жайлы білім жүйесін меңгеру;

4) дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-сауықтыру әрекеттерімен шұғылданудың бірігіп өтетін сабақтарында тұлғаның оң қасиеттеріне, ұжымдық өзара іс-әрекеттесу мен шығармашылық серіктестікке, өзара жәрдемдесуге және сыйластыққа тәрбиелеу.

4. Түзету-дамытушылық міндеттер:

1) жеке бас гигиенасы, күн тәртібі, дене жаттығуларының денсаулық жағдайына, жұмыс қабілеттілігімен қозғалыс мүмкіндіктерінің дамуына тиігізетін әсері туралы білімдерін қалыптастыру;

2) тұлғалық қасиеттерін, ерік-жігер аясын түзету және дамыту (өзін-өзі және өзара бақылау, шыдамдылық және ұстамдылық, өз сезімдерін білдіру дағдыларын);

3) кеңістіктік және уақыт түсініктерін, қолдың ұсақ моторикасын, дұрыс дене сымбатын дамыту, жалпақтабанның алдын алу;

4) соматикалық бұзылымдардың алдын алу;

5) вербалды, паравербалы және бейвербалы құралдардың көмегімен коммуникацияны орнату мен сақтау білігін қалыптастыру;

6) зейінді және қимылдар мен әрекеттерді ерікті түрде реттей алуын дамыту.

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері**

5. Оқу процесін ұйымдастыруда психикалық дамуы тежелген білім алушылардың ерекшеліктері ескеріледі: соматикалық әлсіздігі, қимыл үйлесімділігінің бұзылуы, тез шаршағыштық, танымдық әрекеттері мен тәртібінерікті түрде реттеудің жетілмегендігі.

6. Дене шынықтыру сабақтары тұлғалы-бағыттық, сараланымдық тәсілдер негізінде жүзеге асырылады:

1) тұлғалы-бағыттық тәсіл - әрбір білім алушының дене дайындығын, денсаулық жағдайын, тұлғалық қасиеттерін ескеретін, дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-сауықтыру әрекеттеріне деген саналы қажеттілікті қалыптастырудың жеке дара тәсілдемесін қамтиды;

2) сараланымдық тәсіл - дене шынықтыру сабақтарында білім алушылардың іс-әрекетін қимыл-қозғалыс дамуы мен соматикалық денсаулығының деңгейіне қарай ұйымдастыруды қамтиды. Білім алушылардың топтарға бөлінуі қарастырылады.

7. Оқу жылының басында және соңында арнайы ұйымдастырылған педагогикалық бақылау түрінде білім алушылардың қозғалыс біліктері мен дағдыларының, психикалық қабілеттерінің диагностикасы жүргізіледі. Оқу жылының басындағы бақылау мәліметтері білім алушылардың сараланған топтары үшін білім беру міндеттерін қоюға негіз болады, оқу жылының соңындағы бақылау мәліметтері – оқыту міндеттеріне қол жеткізу дәрежесін анықтауға негіз болады.

8. Дене шынықтыру сабақтарының барысында қимыл-қозғалыс және тұлғалық қасиеттерін дамыту, көру арқылы қабылдау, кеңістікте бағдарлау, өзін-өзі реттеу және коммуникация дағдыларын дамыту бойынша мақсатты-бағытты жұмыс жүргізіледі.

9. Психикалық дамуы тежелген білім алушыларды кез-келген қимыл әрекетіне үйреткенде мыналар ескеріледі:

1) уәждемелік компонент: қимылға үйрете отырып, жағымды көңіл-күй жағдайын орнату, қозғалысты орындауға қызықтырып, оны сапалы орындауға ынтасын тудыру;

2) білім алушының денсаулық жағдайына, дене жүктемесіне, сақтандыру тәртібін сақтау қажеттілігіне әсер ететін негізгі физиологиялық факторлар;

3) қимыл үйлесімділігін, дәлдігін, статикалық және динамикалық тепе-теңдігін, меңгерген қозғалыс әрекеттерінің тұтастығын дамытудың маңыздылығы;

4) білім алушының дене дайындығы, жеке дара психикалық жағдайы, оның организмінің дене жүктемесіне деген реакциясы;

5) әр білім алушыға дұрыс орындалған жаттығуларды нұсқай отырып және жеткілікті дәрежеде жақсы орындай алмаған жаттығуларды жасауға көмектесе отырып, жекелік ұсынымдар жасау қажеттілігі.

10. Дене шынықтыру сабақтарының тиімділігін арттыру үшін келесі әдіснамалық ұсынымдар ескеріледі:

1) сабаққа дене қасиеттерін дамытуға қажет, әртүрлі дене бөліктеріне арналған жаттығуларды енгізу;

2) дұрыс дене қалпын ұстану, табан күмбезін нығайту, тыныс алу дағдыларын қалыптастыру;

3) әрбір алдыңғы жаттығу кейінгісінің орындалуын жеңілдетеді, әртүрлі бұлшық ет топтарына арналған жаттығулар алмастырылып отырады, өйтпегенде тез арада жергілікті сипаттағы зорығу пайда болады;

4) жүктемені біртіндеп ұлғайту, біртектес жаттығулардың ішінде бірі қарапайым, ал екіншісі бұлшық еттеріне күш түсіретіндей күрделі болуы;

5) үйлестірілуі күрделі, зейін қоюды талап ететін жаттығулар қарапайым құрылымды және айтарлықтай бұлшық ет күшімен орындалатын жаттығулардың алдына қойылады;

6) дене және психикалық дамуының кемістіктерінің орнын толтыруға, дене және көңіл-күй жағдайын қалпына келтіруге бағытталған арнайы жаттығулар мен ойындарды пайдалану;

11. Ақпараттық-коммуникативті технологияларындағы (әрі қарай – АКТ) күзiреттiлiк теориялық және практикалық сабақтарда АКТ (видео, презентациялар, графиктер, кестелер, өсу динамикасы) пайдалану кезінде қалыптасады.

12. Спорт залы жеңіл атлетика, спорттық ойындар, гимнастика, шаңғы, коньки дайындығы сабақтары білім беру және түзету міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіледі.

### 3-тарау. "Дене шынықтыру" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

13. "Дене шынықтыру" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сыныпта – аптасына 3 сағатты, оқу жылында 102 сағатты;
- 2) 6-сыныпта – аптасына 3 сағатты, оқу жылында 102 сағатты;
- 3) 7-сыныпта – аптасына 3 сағатты, оқу жылында 102 сағатты;
- 4) 8-сыныпта – аптасына 3 сағатты, оқу жылында 102 сағатты;
- 5) 9-сыныпта – аптасына 3 сағатты, оқу жылында 102 сағатты;
- 6) 10-сыныпта – аптасына 3 сағатты, оқу жылында 102 сағатты құрайды.

14. Бағдарламаның мазмұны оқытудың бөлімдері арқылы ұйымдастырылған. Бөлімдер сыныптар бойынша күтілетін нәтиже түрінде берілген оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

15. Бағдарламаның мазмұны 3 бөлімді қамтиды:

- 1) "Қимыл-қозғалыс іс-әрекеттері" бөлімі;
- 2) "Қимыл-қозғалыс дағдылары арқылы ойлауды дамыту" бөлімі;
- 3) "Денсаулық және салауатты өмір салты" бөлімі.

16. "Қимыл-қозғалыс іс-әрекеттері" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) негізгі қозғалыс дағдыларын дамыту, негізгі циклдық қимыл дағдыларын батыл меңгеру;

2) негізгі қозғалыс дағдыларын дамыту: тірек-қимыл аппараты, денені және нысанды басқару;

3) әралуан жүктеме түрлерін реттеу; қимыл-қозғалыс қабілетін жақсарту үшін қиындықтар мен қауіп-қатерлерді түсіну;

4) қимыл-қозғалыс комбинациялары және оларды әртүрлі дене жаттығуларында қолдану реттілігі, дене және психологиялық кедергілерді жеңу;

5) қоғамда әрі қарай толыққанды қызмет атқару үшін қажетті дене жүктемелеріне төтеп беру қабілеті;

6) өз мүмкіндіктерін түсіне отырып, арнайы спорттық техникаларды орындау кезінде қимыл-қозғалыстардың ретін түрлендіру;

7) қимыл-қозғалыс дағдыларын жақсарту үшін бірқатар дене жаттығуларының тактикаларын, стратегияларын мен құрылымдық идеяларын қолдану және бағалау;

8) білім алушылардың жеке дара білім беру қажеттіліктеріне байланысты қиындықты жеңе білу және қимыл-қозғалыс белсенділігімен байланысты қауіп-қатерлерге жауап қайтара білу дағдыларын дамыту.

17. "Қимыл-қозғалыс дағдылары арқылы ойлауды дамыту" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) жеке дара білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, өзгермелі жағдайға жауап қайтаруға арналған қимыл-қозғалысқа байланысты алған білімдерін бейімдеу;

2) кеңістікті-уақыттық бағдарлауын дамыту;

3) қолайлы оқу-үйрену ортасын қалыптастыруға қажетті бірігіп және тиімді жұмыс жасау бірқатар дағдыларын дамыту;

4) ағзаның бейімделу қасиеттерінің дамуын, денсаулықтың нығаюын және дене дайындығының жоғарылауын бақылаудың жеке дара әдістері;

5) дене жаттығулары аясындағы іс-әрекеттерді оңтайландыру және балама түрлерін құруға қажет ережелер мен құрылымдық тәсілдері, және өз дене қызметтерін бақылаудың қолжетімді әдістерін меңгеру;

6) жарыс іс-әрекеттері және төрелік ету ережелері;

7) қимыл-қозғалыстардың әртүрлі мән-мағынасымен шарттастырылған рөлдер және олардың айырмашылықтары.

18. "Денсаулық және салауатты өмір салты" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) жеке денсаулық және салауатты өмір салты туралы білімі;

2) дене жаттығулары барысында жарақаттанудың алдын алу және дәрігерге дейінгі көмек көрсету;

3) ағзадағы дене өзгерістерін бақылау, ағзаны емдеу және сауықтыру үшін қолайлы түзету-дамыту жағдайын жасау;

4) денсаулығы жағдайында тұрақты ауткуы бар білім алушының тіршілікке қабілеттілігі;

5) дене және психомоторлық аутқуларын ескере отырып, жаттығуларды іс-әрекет түрлеріне мен қалпына келтіру техникасына сәйкес құрастыру;

6) дене мүмкіндіктері мен шектеулерін, ағзаға тигізетін әсерін ескере отырып, әртүрлі дене жүктемесі бар жаттығулар құрастыру.

19. 5-сыныпқа арналған "Дене шынықтыру" пәнінің базалық мазмұны:

1) қимыл-қозғалыс іс-әрекеттері: жеңіл атлетика – бір кедергіден аттап жүру (орындықтар, нығыздалған доп, гимнастикалық таяқша және басқа заттар). 2-3 кедергіден аттап жүру. Кедергілерден аттап берілген қарқынмен жүру (санақпен, шапалақ соғумен); гимнастика – гимнастикалық сапқа тұру және құрылымын өзгертіп қайта тұру, бір қатардан екі қатарға қайта тұру: бір саптық қатардан екі, үш, төрт саптық қатар құру. Қатарда бірінші, екінші және үшіншіге саналу. Бір саптық қатарға жылдамдықпен тұру; жалпы дамытушы (түзету) жаттығулары – затсыз орындалатын жаттығулар; жүрелеп тірену қалпынан жатып тіренуге ауысу және қайтадан жүрелеп тіренуге ауысу; қолдың әртүрлі қалпында (алға созып, белге қойып, желкеге қойып) жартылай жүрелеп отыру; бір аяқпен тепе-теңдік ұстау қалпында қолдарымен қимыл жасау; бір аяқпен тепе-теңдік ұстау; аяқты алмастырып алға адымдау; бір орында 90, 180 градусқа бұрылу, бірнеше баладан қол ұстасып жүру; аяқты аяққа қосып қырындап адымдау; жүкті (250-500 грамм) көтеру және түсіру; дене сымбатына арналған жаттығулар; гантельмен орындалатын жалпы нығайтушы жаттығулар; басына жеңіл жүк (200-250 грамм) қойып кедергіден аттап жүру; қарапайым және түрлі қалыпта асылу мен тірену; аралас асылу: жатып асылу, үстінен асылу, қайқая асылу,

бір және екі тақыммен асылу; қарапайым тіренулер: тіреніп жылжу, ұстауды алмастыру (бұрылмай), асылып санап тартылу; акробатика: төсеніште алға, артқа аунау; жатқан қалыптан көпір жасау (көмекпен); нығыздалған доппен жасалатын жаттығулар (салмағы 1-2 кг), допты бір-біріне екі қолмен кеудеден, екі қолмен бастан асыра, екі қолмен астыдан лақтыру, допты жоғары лақтырып, шапалақтан кейін тосып алу; қолындағы доппен әртүрлі қалыпта әртүрлі қимылдар жасай отырып, денені еңкейту және бұру; нығыздалған допты отырған қалыпта, етпетінен жатқан қалыпта бір-біріне аяғымен итеріп домалату; доппен шеңберде, қатарда жаттығулар жасау – допты алдыға, артқа, жанына беру; негізгі бұлшық ет топтарына арналған доппен, гимнастикалық таяқшамен жатып орындалатын жаттығулар; таяқша қозғалыстарын дене мен аяқ қимылдарымен біріктіру; гимнастикалық қабырғадағы жаттығулар; фитбол-доптармен, білім алушылардың зияттық мүмкіндіктеріне қарай әртүрлі заттармен орындалатын жаттығулар кешені; ұлттық және зияткерлік ойындар – "Тоғыз құмалақ", "Асық ату", ұсақ моторикаға арналған жаттығулар, аутотренинг формулаларынан босаңсу, аз қимылды ойындарда өз денесін басқару, даму кемістіктерін түзету тәсілдері; негізгі дене қасиеттерін дамыту мен кемістіктерді түзетуге арналған жаттығулар кешені; шаңғы/кросс/коньки дайындығы – ауа райына және мектептің материалдық базасына байланысты шаңғы/кросс/коньки дайындығы бағдарламалық материалдың басқа түрлеріне бөлінген уақытты қысқарту немесе арттыру есебінен ұлғаюы немесе азаюы мүмкін; шаңғы дайындығы – жылжу әдістері; алма-кезек екі адымды жүріс, бір мезгілдегі екі адымды жүріс, бір мезгілдегі адымсыз жүріс; қиғашынан "жартылай шырша" әдісімен көтерілу; "соқа" тәсілімен тежелу; адымдап бұрылу; жылжудың үйренген әдістерін білім алушылардың мүмкіндіктеріне қарай қашықтықта қолдану; коньки дайындығы – қимыл тепе-теңдігі, конькиді сынап көру; қозғалыста тепе-теңдік сақтау жаттығулары (бір және екі конькиде, қолдың әртүрлі қалпында); топтық жаттығулар – қатармен, үшеулеп, жұптасып, топтасып сырғанау; жылжудың үйренген әдістерін білім алушылардың мүмкіндіктеріне қарай қашықтықта қолдану; кросс дайындығы – кросс дистанциясымен жылжу техникасын меңгеру; кедергілерден өту техникасы; төзімділікті дамыту; ойлы-қырлы жермен жүгіруді жетілдіру, білім алушылардың мүмкіндіктеріне қарай кедергілерден өту; жүгіру жаттығуларын орындау техникасы, өз бетімен меңгеру, дене қасиеттерін дамытуға арналған жүгіру жаттығулары, дене жүктемесінің жеке дара тәртібі; дене қабілеттерін түзетуге және шыдамдылық пен жылдамдық қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулар; қозғалмалы және спорттық ойындар – мектептің материалдық базасына және спорттық базасына байланысты спорттық ойындар (таңдауына қарай) бағдарламалық материалдың басқа түрлеріне бөлінген уақытты қысқарту немесе арттыру есебінен ұлғаюы немесе азаюы мүмкін; спорттық ойындар элементтері бар эстафеталар; "Допты шеңбермен қуалау", "Допты жүргізушіге берме", "Доп капитанға", "Қамалды қорғау" қозғалмалы ойындары; спорттық ойындар – үйренген спорттық ойындардағы жылжу техникаларының



меңгерілген элементтерінен құралған комбинациялар; жеңілдетілген ереже бойынша ойнау; ойыншылардың саны шектеулі (2:2, 2:3, 3:3) ойындар мен ойын тапсырмалары, үйренген тәсілдерді жетілдіру, жаттықтыру ойыны;

2) қимыл-қозғалыс дағдылары арқылы ойлауды дамыту: жарыс ережелері, жарыс кезіндегі серіктестік; үйренетін спорт түріндегі техникалық және тактикалық тәсілдерді зерделеу; спорттық қасиеттерді дамытатын жаттығулар, өз дене қасиеттерінің деңгейін бағалау; сабақ кезінде орынға ауысу ережелері; техникалық тәсілдер және үйрену барысында жіберілетін спорт түріне тән қателерді жою; ұжымдық жұмыс барысындағы серіктестермен қарым-қатынас; дене шынықтыру туралы білім негіздері, біліктер және дағдылар;

3) денсаулық және салауатты өмір салты: күн тәртібі мен жеке бас гигиенасын сақтау, дене шынықтыру сабақтарындағы қауіпсіздік техникасы, үйренетін спорт түрлері жайлы теориялық білім, салауатты өмір салты (әрі қарай – СӨС) бойынша базалық білім; дене жаттығулары, ұйқы және тамақтанудың, дене жаттығуларының гигиенасы; дене шынықтыру бойынша күн тәртібін сақтау мен тапсырмаларды орындаудың қажеттілігі жайлы мәлімет; үйренетін спорт түрлерімен айналысу үшін құрал-жабдықтарды дайындау; шынықтыру тәсілдері, өзін-өзі реттеу мен өзін-өзі бақылау әдістері.

20. 6-сыныпқа арналған "Дене шынықтыру" пәнінің базалық мазмұны:

1) қимыл-қозғалыс іс-әрекеттері: жеңіл атлетика – бір кедергіден аттап жүру (орындықтар, нығыздалған доп, гимнастикалық таяқша) 2-3 кедергіден аттап жүру, кедергілерден аттап берілген қарқынмен жүру (санақпен, шапалақ соғумен); кіші допты отырып, тұрып алысқа арқадан иық арқылы лақтыру, 1,5-2 кг нығыздалған допты орнынан лақтыру, гранатаны алысқа нысанаға лақтыру, кіші допты нысанаға лақтыру; гимнастика – саппен жүру жаттығулары, команда бойынша жылдамдықты өзгерту, команда бойынша бұрылу және қозғалу, қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп жүру, қолды қозғалтып жүру – белге, иыққа, артқа, желкеге, екі жаққа, жоғары, кедергіден аттап жүру (гимнастикалық орындықтар, нығыздалған доптар), қолға зат ұстап жүру (гимнастикалық таяқша, доп, күрзі және басқа заттар), қырындап (аяқты аяққа қосып адымдап) жүру және арқасын алдыға беріп дыбыс сигналына қарай түзу 15-25 м жүру; бастың, қолдың, дененің, аяқтың негізгі қалыптары мен қимылдары (заттармен және затсыз); сермеу: жаттығулар гимнастикалық қабырғаның немесе басқа тіректің жанында орындалады; дұрыс дене сымбатын қалыптастыруға, нық тұрысын сақтап қалуға, шайқалып тұрған алаңқайдақолын қимылдата отырып әртүрлі бастапқы қалыпты сақтауға арналған жаттығулар; басын алдыға, артқа, оңға, солға еңкейту; басын оңға және солға бұру; басын айналдыра қимылдату; бір және екі қолын алдыға, жанына, жоғары, артқа көтеру; қолдарын бет және бүйір жазықтықтарында айналдыра қозғалту; қолдарын бұғу және жазу (көрсетілген жаттығулар затсыз және заттармен орындалуы мүмкін – таяқшалар, доптар, жалаушалар); таяқшалармен орындалатын

жаттығулар (таяқша желкеде, жауырында, арқа жағында қолдың шынтақ буынының астында, төменде-артта түзу қолдарында), салмағы 1,5-2 кг нығыздалған допты тұрған, отырған қалыпта, еркін тәсілмен және тапсырмаға сәйкес лақтыру және тосып алу, нығыздалған допты бір-біріне иықтан, арқаның артынан беру, лақтыру; гимнастикалық қабырғадағы жаттығулар, гимнастикалық қабырғамен тек қана қолдарының көмегімен өремелеу (жоғары, төмен), асылып тұрып аяқтарын кезекпен және бір мезгілде бұғу және көтеру, гимнастикалық қабырғадан ұстап тұрып, оған арқасын беріп тұрғанда алдыға сол аяқпен, оң аяқпен алдыға қадам жасау; гимнастикалық орындықтағы жаттығулар, орындыққа отырып, аяқтарын бір мезгілде және кезекпен бұғу және жазу, орындыққа атқа мінгендей отырып, оң және сол аяғына қарай кезекпен еңкею, орындыққа отырғанда артқа шалқаю (аяқтарын серіктесі ұстап тұрады), қолдары белінде, желкесінде; ұлттық және зияткерлік ойындар – Қазақстанның ұлттық қозғалмалы ойындарымен танысу, қозғалмалы халық ойындарының негізінде дене қасиеттерін, буындардың қозғалмалылығын дамыту; "Тоғыз құмалақ", "Асық ату" ұлттық ойындары, спорттық базаның мүмкіндіктеріне қарай ұлттық ойындар, ұсақ моторикаға арналған жаттығулар, аутотренинг формулаларынан босаңсу, аз қимылды ойындарда өз денесін басқару, даму кемістіктерін түзету тәсілдері, үйлесімділік қабілеттерін дамытуға арналған қозғалмалы ойындар; шаңғы/кросс/коньки дайындығы; ауа райына және мектептің материалдық базасына байланысты шаңғы/кросс/коньки дайындығы бағдарламалық материалдың басқа түрлеріне бөлінген уақытты қысқарту немесе арттыру есебінен ұлғаюы немесе азаюы мүмкін; шаңғы дайындығы – бір мезгілдегі бір адымды жүрістегі қозғалыс үлгісін меңгеру, білім алушылардың мүмкіндігіне қарай қашықтыққа жылжудың үйренген әдістерін қолдану; коньки дайындығы – конькимен сырғанаудың техникалық тәсілдері, жылжудың үйренген әдістерін білім алушылардың мүмкіндіктеріне қарай қашықтықта қолдану; кросс дайындығы – жүгіру жаттығуларын орындау техникасы, дене қасиеттерін дамытуға арналған жүгіру жаттығулары, дене жүктемесінің жеке дара тәртібі; дене қабілеттерін түзетуге және шыдамдылық пен жылдамдық қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулар; қозғалмалы және спорттық ойындар – шығармашылық рөлдік сюжетті ойындар, затпен қимылдайтын жұптық ойындар; сюжеттік ойындар; қозғалмалы ойындар мен эстафеталар: "Дәл нысанаға", "Допқа таласу", "Елті және мерген", "Допқа тигіз", "Бекіністі қорғау", "Ұршықты қорғау"; таңдау бойынша спорттық ойындар – спорттық ойындар бойынша техникалық тәсілдер, үйренген тәсілдерді жеңілдетілген ереже бойынша жаттығу ойынында қолдану, тәсілдерді қиюластыру, ойын орнын таңдау;

2) қимыл-қозғалыс дағдылары арқылы ойлауды дамыту: Олимпиадалық және паралимпиадалық қозғалыстарының, дене мәдениеті мен спорттың (соның ішінде адаптивті) пайда болуы және даму тарихының негіздері; дене қасиеттерін дамытуға арналған жаттығулар мен қозғалмалы ойындар; өз дене қасиеттерінің деңгейін бағалау;

ұжымдық жұмыс барысындағы серіктестермен қарым-қатынас; сыни ойлау дағдыларын дамытатын топтық жаттығулар, рөлдік коммуникативті ойындар; жеке тапсырмаларды орындау жаттығуларындағы дәлдік, бақылау және икемділік; мазмұны мен статусы жағынан әралуан психогимнастикалық ойындар; жарыс ережелері, жарыс кезіндегі серіктестік; организмнің жас ерекшеліктері мен қозғалыс қызметінің дене дамуы мен дене дайындығына тигізетін әсері, организмнің қорғаныс қасиеттері және дене шынықтыруарқылы алдын-алу шаралары;

3) денсаулық және салауатты өмір салты: күн тәртібі мен жеке бас гигиенасын сақтау, дене шынықтыру сабақтарындағы қауіпсіздік техникасы, тыныс алу түрлері, үйренетін спорт түрлері жайлы бастапқы теориялық білім, негізгі дене қасиеттерін дамыту мен кемістіктерді түзетуге арналған жаттығулар кешені, СӨС бойынша базалық білім; өмірлік маңызы бар қозғалыс біліктері мен дағдыларын, жеке дара қозғалыс қабілеттерін дамытуға арналған дене жаттығулары; ауа ванналары (жылы, бейтарап, салқын, суық, өте суық), күн бұлау (ережесі, мөлшерлемесі).

21. 7-сыныпқа арналған "Дене шынықтыру" пәнінің базалық мазмұны:

1) қимыл-қозғалыс іс-әрекеттері: жүгіру, секіру және лақтыру, бір орында жоғары секірудегі, 7-9 қадам екпінмен секірудегі қол мен аяқ қимылының техникасы, жерге қону; кіші допты (теннис, хоккей) және әртүрлі жеңіл заттарды бір орыннан, бір қадамнан, үш қадамнан "арқадан иық арқылы" әдісімен қашықтыққа, қабырғадан кері ыршып түсу қашықтығыналақтыру; гимнастика – гимнастикалық сапқа тұру, сапқа құрылымын өзгертіп қайта тұру, заттармен және затсыз орындалатын жалпы дамытушы, психофизикалық және түзету жаттығулары, жүрелеп тірену қалпынан жатып тіренуге ауысу және қайтадан жүрелеп тіренуге ауысу; қолдың әртүрлі қалпында (алға созып, белге қойып, желкеге қойып) жартылай жүрелеп отыру, тепе-теңдік қалпында, аяқты алмастырып алға адымдау, бір орында 90, 180 градусқа бұрылу, аяқты аяққа қосып қырындап адымдау, гимнастикалық қабырғаның жанында өзі және жұптасып отырып тұру, дене сымбаты үшін, заттармен және затсыз орындалатын жалпы күшейтетін жаттығулар, аралас және қарапайым асылулар мен тіренулер; акробатика – төсеніште алға, артқа аунау, жатқан қалыптан көпір жасау (көмекпен), мұғалімнің айтуы бойынша заттармен ерікті жаттығуларды орындаудағы қабілеттері мен дағдылары, нығыздалған доппен жаттығулар, қолындағы доппен әртүрлі қалыпта әртүрлі қимылдар жасай отырып, денені еңкейту және бұру, нығыздалған допты домалату, гимнастикалық таяқпен, гимнастикалық қабырғадағы жаттығулар, фитбол-доптармен, ауру ерекшеліктеріне қарай айқын, әрлі заттармен жаттығулар; ұлттық және зияткерлік ойындар – "Тоғыз құмалақ", "Асық ату" ұлттық ойындары, ұсақ моторикаға арналған жаттығулар, аутотренинг формулаларынан босаңсу, аз қимылды ойындарда өз денесін басқару, қозғалыс бұзылыстарын және психологиялық аспектілерді түзету әдістері, үйлесімділік қабілеттерін дамытуға арналған қозғалмалы ойындар, негізгі дене қасиеттерін дамытуға және дамуындағы жеке дара кемістіктерді

жоюға арналған жаттығулар кешені; шаңғы/кросс/коньки дайындығы ауа райына және мектептің материалдық базасына байланысты бағдарламалық материалдың басқа түрлеріне бөлінген уақытты қысқарту немесе арттыру есебінен осы аспекті бойынша ұлғаюы немесе азаюы мүмкін; құрал-жабдықтарды сабаққа дайындау, таңдалған іс-әрекет түрі бойынша техникалық тәсілдер, қимыл үйлесімділігін, қолдың әртүрлі қалпында тепе-теңдікті дамыту, қашықтықпен жылжу техникасын меңгеру, қозғалыс мүмкіндіктеріне қарай кедергілерден өту; шыдамдылық пен жылдамдық қабілеттерін дамыту; қозғалмалы және спорттық ойындар мектептің материалдық базасына және спорттық базасына байланысты спорттық ойындар (таңдауына қарай) бағдарламалық материалдың басқа түрлеріне бөлінген уақытты қысқарту немесе арттыру есебінен ұлғаюы немесе азаюы мүмкін, кеңістіктік түсініктерді тәрбиелейтін жаттығулар, ойындағы алдау қимылдары (баскетбол, волейбол, гандбол, футбол, флорбол), таңдалған спорт түрінің негізгі ойын амалдарының техникасы, үйренген спорттық ойындардағы меңгерілген жылжу техникалары элементтерінен құралған комбинациялар, жеңілдетілген ереже бойынша ойнау, үйренген тәсілдерді жетілдіру, жаттықтыру ойыны;

2) қимыл-қозғалыс дағдылары арқылы ойлауды дамыту: дене қасиеттерін дамытуға арналған жаттығулар мен қозғалмалы ойындар; үйренетін спорт түрлері бойынша теориялық білім, арнайы тесттер көмегімен өз дене қасиеттерінің деңгейін бағалау; ұжымдық жұмыс барысындағы серіктестермен қарым-қатынас; дене шынықтыру туралы білім негіздері, біліктер және дағдылар; сыни ойлау дағдыларын дамытатын топтық жаттығулар, рөлдік коммуникативті ойындар; жеке тапсырмаларды орындау жаттығуларындағы дәлдік, бақылау және икемділік; мазмұны мен статусы жағынан әралуан психогимнастикалық ойындар; жарыс өткізу ережелері, жарыс кезіндегі серіктестік, жарысқа қатысушылардың спортшы ретіндегі тәртібі мен жүріс-тұрысы;

3) денсаулық және салауатты өмір салты: күн тәртібі мен жеке бас гигиенасын сақтау, дене шынықтыру сабақтарындағы қауіпсіздік техникасы, дене жаттығуларының гигиенасы, оқу күн тәртібіндегі шаралар, ортопедиялық тәртіпті сақтау қажеттігі туралы мәліметтер, жалпы білім беру сабақтарындағы қауіпсіздік техникасының ережелері, тыныс алу типтері, негізгі дене қасиеттерін дамыту мен кемістіктерді түзетуге арналған жаттығулар кешені, СӨС бойынша базалық білім; өмірлік маңызы бар қозғалыс біліктері мен дағдыларын, жеке дара қозғалыс қабілеттерін дамытуға арналған дене жаттығулары.

22. 8-сыныпқа арналған "Дене шынықтыру" пәнінің базалық мазмұны:

1) қимыл-қозғалыс іс-әрекеттері: жеңіл атлетика – жүгіру жаттығулары: ұзақ, орташа және қысқа қашықтыққа жүгіру (жеке дара мүмкіндіктеріне қарай); биік сөре, төменгі сөре, екпін, спринтерлік жүгіріс; қашықтыққа бірқалыпты жүгіру (қашықтық ұзақтығы мұғаліммен реттеледі); эстафеталық жүгіріс; кедергілерден өтіп жүгіру; кросс жүгірісі; секіру жаттығулары: "аяғын бүгіп" әдісімен екпінмен ұзындыққа секіру; "

	<p>Тепе-теңдік және бұралу</p>	<p>5.1.3.1 қарапайым дене жаттығуларын орындау кезінде пайда болуы мүмкін қиындықтарды мұғалімнің көмегімен жеңу;  5.3.4.1 денсаулық жағдайында тұрақты ауткуы бар білім алушының тіршілікке қабілеттілігін анықтау және бар мүмкіндігінше дамыту;  5.3.2.2 жарақаттар мен жазатайым оқиғалар кезінде алғашқы көмек көрсету туралы түсінікке ие болу;  5.1.3.3 бұлшық еттерді босаңсытуға арналған жаттығуларды еліктеп орындау</p>
	<p>Топтық композициялық тапсырманың көмегімен жасалатын жанасулы және жанасусыз жұмыс</p>	<p>5.1.3.2 мұғалімнің көмегімен жеке дара қимыл-қозғалыс тәртібі үшін дене жаттығуларын іріктеу және жоспарлау;  5.2.2.2 затпен және затсыз орындалатын негізгі дене жаттығуларын жасау кезінде кеңістіктік түсініктерін қалыптастыру</p>
		<p>5.2.6.1 жарыс іс-әрекеттерін және төрелік ету ережелерін білу;</p>

<p>Ұлттық және зияткерлік ойындар</p>	<p>"Тоғыз құмалақ", "Асық ату" ұлттық ойындары</p>	<p>5.3.2.1 дене жаттығуларымен айналысу кезіндегі қауіпсіз тәртіп туралы түсінікке ие болу</p>
	<p>Ұлттық ойындар аясында бірқатар стратегиялар мен тактикаларды үйрену</p>	<p>5.1.7.1 қимыл-қозғалыс дағдыларын жақсарту және түзету үшін шағын диапазондағы дене жаттығуларының тактикаларын, стратегиялары мен құрылымдық идеяларын білу және сипаттау; 5.2.7.1 қимыл-қозғалыстардың әртүрлі мән-мағынасымен шарттастырылған рөлдерді анықтау</p>
<p>3-тоқсан</p>		
<p>Шаңғы/кросс/коньки дайындығы</p>	<p>Шаңғы дайындығы</p>	<p>5.3.2.1 дене жаттығуларымен айналысу кезіндегі қауіпсіз тәртіп туралы түсінікке ие болу; 5.1.8.1 білім алушылардың жеке дара білім беру қажеттіліктеріне байланысты қиындықты жеңе білу және қимыл-қозғалыс белсенділігімен байланысты қауіп-қатерлерге жауап қайтара білудің қарапайым дағдыларын білу және анықтауға үйрену; 5.1.1.1 негізгі қозғалыс әрекеттері туралы түсінігі болу</p>
	<p>Кросс дайындығы</p>	<p>5.2.2.1 техника негіздерін, жетекші қимылдарды білу, оларды орындауды тиянақты ету; 5.1.3.3 бұлшық еттерді босаңсытуға арналған жаттығуларды еліктеп орындау; 5.2.1.1 жеке дара білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, өзгермелі жағдайға жауап қайтару үшін қимыл-қозғалысқа байланысты алған білімін білу және түсіну</p>
	<p>Коньки дайындығы</p>	<p>5.1.5.1 қоғамда әрі қарай толыққанды қызмет атқару үшін қажетті дене жүктемелеріне төтеп беруді білу және үйрену; 5.2.2.1 техника негіздерін, жетекші қимылдарды білу, оларды орындауды тиянақты ету</p>
		<p>5.2.6.1 жарыс іс-әрекеттерін және төрелік ету ережелерін білу; 5.3.2.1 дене жаттығуларымен айналысу кезіндегі қауіпсіз тәртіп туралы түсінікке ие болу;</p>

	<p>Пас беру дағдыларын дамыту және шабуыл-ойындар көмегімен кеңістікті бөлу</p>	<p>5.2.2.1 техника негіздерін, жетекші қимылдарды білу, оларды орындауды тиянақты ету;  5.1.6.1 өз мүмкіндіктерін түсіне отырып, қарапайым арнайы спорттық техникаларды орындау кезінде қимыл-қозғалыстардың реті мен дағдыларын білу және анықтау;  5.2.2.3 қозғалыс жаттығуларының ерекшеліктерін ұғыну және саналы түрде біліктерді жақсартуға, жетілдіруге бағытталу ;  5.1.4.1 қимыл-қозғалыс комбинацияларын және оларды кейбір жаттығуларда қолдану реттілігін білу және орындай алу, дене және психологиялық кедергілерді жеңу қабілетін қалыптастыру</p>
<p>Спорттық ойындар арқылы оқыту</p>	<p>Белгілеу және қағып алу</p>	<p>5.2.5.1 дене жаттығулары аясындағы іс-әрекеттерді оңтайландыру және балама түрлерін құруға қажет ережелер мен құрылымдық тәсілдерді білу мен түсіну және өз дене қызметтерін бақылаудың қол жетімді әдістерін меңгеру;  5.1.8.1 білім алушылардың жеке дара білім беру қажеттіліктеріне байланысты қиындықты жеңе білу және қимыл-қозғалыс белсенділігімен байланысты қауіп-қатерлерге жауап қайтара білудің қарапайым дағдыларын білу және анықтауға үйрену;  5.2.7.1 қимыл-қозғалыстардың әртүрлі мән-мағынасымен шарттастырылған рөлдерді анықтау</p>
	<p>Ойын тұжырымдамасы мен дағдыларына көңіл бөле отырып,</p>	<p>5.1.2.1 негізгі қозғалыс дағдыларын білу және түзете алу: тірек-қимыл аппараты, денені және нысанды басқару;  5.2.2.3 қозғалыс жаттығуларының ерекшеліктерін ұғыну және саналы түрде біліктерді жақсартуға, жетілдіруге бағытталу ;  5.3.5.1 дене және психомоторлық ауткуларды ескере отырып, дене жаттығуларына дайындық</p>



	өзі мен өзгелер үшін ойындар құрастыру	аясындағы ширатудың өзекті құрамдас бөліктерін және қалпына келтіру техникасын білу және түсіну; 5.2.1.1 жеке дара білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, өзгермелі жағдайға жауап қайтару үшін қимыл-қозғалысқа байланысты алған білімін білу және түсіну
4-тоқсан		
Қозғалмалы және спорттық ойындар	Жақсы дене жағдайы мен дене қабілеттерінің элементтерін түсінуге ынталандыру және үйрету	5.3.1.1 денсаулық сақтаудың маңыздылығын білу және түсіну; 5.2.2.3 қозғалыс жаттығуларының ерекшеліктерін ұғыну және саналы түрде біліктерді жақсартуға, жетілдіруге бағытталу ; 5.1.3.2 мұғалімнің көмегімен жеке дара қимыл-қозғалыс тәртібі үшін дене жаттығуларын іріктеу және жоспарлау; 5.1.6.1 өз мүмкіндіктерін түсіне отырып, қарапайым арнайы спорттық техникаларды орындау кезінде қимыл-қозғалыстардың реті мен дағдыларын білу және анықтау; 5.2.3.1 қолайлы оқу-үйрену ортасын қалыптастыруға қажетті бірқатар бірігіп және тиімді жұмыс жасау дағдыларын түсіну және анықтау
	Қимыл-қозғалысқа негізделген әртүрлі ойындардың көмегімен белсенді болу және салауатты таңдау жасау	5.2.4.1 ағзаның әртүрлі мүшелері мен жүйелерінің жойылған немесе бұзылған қызметтерінің орнына басқаларын пайдалану мүмкіндігін түсіну және анықтауды үйрену; 5.2.1.1 жеке дара білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, өзгермелі жағдайға жауап қайтару үшін қимыл-қозғалысқа байланысты алған білімін білу және түсіну
		5.3.2.1 дене жаттығуларымен айналысу кезіндегі қауіпсіз тәртіп туралы түсінікке ие болу; 5.1.4.1 қимыл-қозғалыс комбинацияларын және оларды кейбір жаттығуларда қолдану реттілігін білу және орындай алу,

Жүгіру, секіру және лақтыру дағдыларын дамыту	Жүгіру мен секіру дағдыларын жақсарту	дене және психологиялық кедергілерді жеңу қабілетін қалыптастыру; 5.2.5.1 дене жаттығулары аясындағы іс-әрекеттерді оңтайландыру және балама түрлерін құруға қажет ережелер мен құрылымдық тәсілдерді білу мен түсіну және өз дене қызметтерін бақылаудың қол жетімді әдістерін меңгеру; 5.3.6.1 әртүрлі дене жүктемесі бар жаттығулардың арасындағы айырмашылықтарды және олардың ағзаның энергетикалық жүйесіне тигізетін әсерін сыртқы белгілер бойынша анықтау және өз дене мүмкіндіктері мен шектеулерін ұғыну
	Жүгіру мен лақтыру дағдыларын жақсарту және ширығу мен қалпына келу техникасы	5.1.2.1 негізгі қозғалыс дағдыларын білу және түзете алу: тірек-қимыл аппараты, денені және нысанды басқару; 5.3.6.1 әртүрлі дене жүктемесі бар жаттығулардың арасындағы айырмашылықтарды және олардың ағзаның энергетикалық жүйесіне тигізетін әсерін сыртқы белгілер бойынша анықтау және өз дене мүмкіндіктері мен шектеулерін ұғыну; 5.1.8.1 білім алушылардың жеке дара білім беру қажеттіліктеріне байланысты қиындықты және білу және қимыл-қозғалыс белсенділігімен байланысты қауіп-қатерлерге жауап қайтара білудің қарапайым дағдыларын білу және анықтауға үйрену

## 2) 6- сынып:

### 2-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
		6.1.6.1 өз мүмкіндіктерін түсіне отырып, арнайы спорттық техникаларды орындау кезінде қимыл-қозғалыстардың реті мен дағдыларын таңдай алу; 6.3.2.1 дене жаттығуларымен айналысу кезіндегі қауіпсіз тәртіптің және жарақаттануға жол

	<p>Жалпы және спорттық ширьғулар арқылы ағза туралы білеміз</p>	<p>бермеудің қарапайым дағдыларына ие болу;          6.2.4.1 ағзаның әртүрлі мүшелері мен жүйелерінің жойылған немесе бұзылған қызметтерінің орнына басқаларын пайдалануды үйрену және анықтау;          6.1.3.3 бұлшық еттерді босаңсытуға арналған жаттығуларды мұғалімнің көмегімен орындай алу          6.3.5.1 ширатудың өзекті құрамдас бөліктері мен қалпына келтіру техникасының организмге тигізетін әсерін түсіндіру және оларды дене және психомоторлық ауткуларды ескере отырып іске асыру;          6.1.1.3 мұғалімнің жетекшілігімен негізгі дене қабілеттерін дамыту, дене бітімі мен сымбатын түзету сабақтарын өткізе алу</p>
<p>Дене шынықтыру-сауықтыру түсініктерін қарастыру және кеңейту</p>	<p>Фитнес компоненттерін дамыту: жылдамдық және төзімділік</p>	<p>6.1.2.1 негізгі қозғалыс дағдыларын құрастыра алу және түзетуді орындай алу: тірек-қимыл аппараты, денені және нысанды басқару;          6.3.3.1 өз түйсінуі бойынша ағзадағы дене өзгерістерін бақылай алу, организмді емдеу және сауықтыру үшін қолайлы түзету-дамыту жағдайын жасай алу;          6.1.8.1 білім алушылардың жеке дара білім беру қажеттіліктеріне байланысты қиындықты жеңе білу және қимыл-қозғалыс белсенділігімен байланысты қауіп-қатерлерге жауап қайтара білудің қарапайым дағдыларын білу және анықтау</p>
	<p>Білім алушының ауруын ескере отырып ағзаның жағдайына жағымды әсер ететін жаттығу кешендерін меңгеру</p>	<p>6.3.2.2 жарақаттар мен жазатайым оқиғалар кезінде алғашқы көмек көрсетудің қарапайым дағдыларына ие болу;          6.2.1.1 жеке дара білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, өзгермелі жағдайға жауап қайтару үшін қимыл-қозғалысқа байланысты алған білімін анықтау және қолдануға үйрену;          6.1.3.3 бұлшық еттерді босаңсытуға арналған</p>

		<p>жаттығуларды мұғалімнің көмегімен орындай алу;</p> <p>6.2.2.3 қимыл дағдылары бойынша өз біліктері мен кемшіліктерін көмекпен сипаттап бере алу</p>
<p>Сыни ойлау мен қарым-қатынас дағдыларын шытырман тапсырмалар арқылы дамыту</p>	<p>Сыни ойлау мен әлеуметтік дағдыларды дамытуға септігін тигізетін топтық жаттығуларға қатысу</p>	<p>6.1.1.1 негізгі қозғалыс біліктері мен дағдыларын орындау;</p> <p>6.1.5.1 қоғамда әрі қарай толыққанды қызмет атқару үшін қажетті дене жүктемелерін құрастыра алу және орындай алу;</p> <p>6.3.6.1 әртүрлі дене жүктемесі бар жаттығуларды ұсыну мен көрсету және олардың ағзаның энергетикалық жүйесіне тигізетін әсерін сыртқы белгілер бойынша анықтау және өз дене мүмкіндіктері мен шектеулерін ұғыну;</p> <p>6.1.7.1 қимыл-қозғалыс дағдыларын жақсарту және түзету үшін бірқатар дене жаттығуларының тактикаларын, стратегиялары мен композициялық идеяларын түсіну және қолдану</p>
	<p>Сыни ойлауды пайдаланып үлкен топтарда және бүкіл сыныпта бірігіп жасайтын іс-әрекет</p>	<p>6.1.6.1 өз мүмкіндіктерін түсіне отырып, арнайы спорттық техникаларды орындау кезінде қимыл-қозғалыстардың реті мен дағдыларын таңдай алу;</p> <p>6.1.3.1 қарапайым дене жаттығуларын орындау кезінде пайда болуы мүмкін қиындықтарды көмекпен жеңе алу</p>
<p>2-тоқсан</p>		
	<p>Гимнастикалық төсеніштер мен шағын құрылғыларда дене кернелуімен және динамикасымен тәжірибелер жасау</p>	<p>6.1.5.1 қоғамда әрі қарай толыққанды қызмет атқару үшін қажетті дене жүктемелерін құрастыра алу және орындай алу;</p> <p>6.3.2.1 дене жаттығуларымен айналысу кезіндегі қауіпсіз тәртіптің және жаракаттануға жол бермеудің қарапайым дағдыларына ие болу;</p> <p>6.1.2.1 негізгі қозғалыс дағдыларын құрастыра алу және түзетуді орындай алу: тірек-қимыл аппараты, денені және нысанды басқару;</p> <p>6.1.3.3 бұлшық еттерді босаңсытуға арналған</p>

<p>Гимнастика бойынша күрделі дағдыларды кеңейту үшін нысандар мен құрал-жабдықтарды пайдалану</p>	<p>Нысандардың және гимнастикалық жабдықтардың көмегімен композициялық және кеңістіктік түсінікті дамыту</p>	<p>жаттығуларды мұғалімнің көмегімен орындай алу</p> <p>6.1.8.1 білім алушылардың жеке дара білім беру қажеттіліктеріне байланысты қиындықты жеңе білу және қимыл-қозғалыс белсенділігімен байланысты қауіп-қатерлерге жауап қайтара білудің қарапайым дағдыларын білу және анықтау;</p> <p>6.1.1.2 таңдалған спорттық мамандану түрінің қозғалыс әрекеттерін техникалық тұрғыда дұрыс жүзеге асыру дағдысын бекіту</p>
<p>Қазақстанда айналысатын спорт түрлерін зерделеу (Ұлттық және зияткерлік ойындар)</p>	<p>Гимнастикалық таспамен және құрылғылармен топтық ретті қатарды жинақтау, орындау және бағалау</p>	<p>6.2.7.1 қимыл-қозғалыстардың әртүрлі мән-мағынасымен шарттастырылған рөлдерді және олардың айырмашылықтарын ұғыну және түсіндіре алу;</p> <p>6.2.1.1 жеке дара білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, өзгермелі жағдайға жауап қайтару үшін қимыл-қозғалысқа байланысты алған білімін анықтау және қолдануға үйрену;</p> <p>6.1.1.3 мұғалімнің жетекшілігімен негізгі дене қабілеттерін дамыту, дене бітімі мен сымбатын түзету сабақтарын өткізе алу</p>
<p>Қазақстанда айналысатын спорт түрлерін зерделеу (Ұлттық және зияткерлік ойындар)</p>	<p>Шығармашылық, қарым-қатынас және бағалау дағдыларын дамыту</p> <p>Фрагментпен жұмыс істеу арқылы динамикалық контраст пен негізгі мақсатты құрастыру</p>	<p>6.1.3.2 жеке дара қимыл-қозғалыс тәртібі үшін мұғалімнің көмегімен дене жаттығуларын іріктеу және жоспарлау;</p> <p>6.3.2.1 дене жаттығуларымен айналысу кезіндегі қауіпсіз тәртіптің және жарақаттануға жол бермеудің қарапайым дағдыларына ие болу;</p> <p>6.2.6.1 жарыс іс-әрекеттерін және төрелік ету ережелерін түсіну</p> <p>6.1.4.1 қимыл-қозғалыс комбинацияларын және оларды кейбір жаттығуларда қолдану реттілігін құрастыра алу және орындай алу, дене және психологиялық кедергілерді жеңу қабілетін қалыптастыру;</p> <p>6.1.7.1 қимыл-қозғалыс дағдыларын жақсарту және түзету үшін бірқатар дене жаттығуларының тактикаларын, стратегиялары мен</p>

		композициялық идеяларын түсіну және қолдану
	Ойынның негізгі элементтерін аяқтау және бағалау үдерісіне қатысу	6.2.7.1 қимыл-қозғалыстардың әртүрлі мән-мағынасымен шарттастырылған рөлдерді және олардың айырмашылықтарын ұғыну және түсіндіре алу; 6.1.8.1 білім алушылардың жеке дара білім беру қажеттіліктеріне байланысты қиындықты жеңе білу және қимыл-қозғалыс белсенділігімен байланысты қауіп-қатерлерге жауап қайтара білудің карапайым дағдыларын білу және анықтау
3- тоқсан		
	Денені басқару дағдыларын шолу және кеңейту	6.1.3.2 жеке дара қимыл-қозғалыс тәртібі үшін мұғалімнің көмегімен дене жаттығуларын іріктеу және жоспарлау; 6.2.4.1 ағзаның әртүрлі мүшелері мен жүйелерінің жойылған немесе бұзылған қызметтерінің орнына басқаларын пайдалануды үйрену және анықтау; 6.1.2.1 негізгі қозғалыс дағдыларын құрастыра алу және түзетуді орындай алу: тірек-қимыл аппараты, денені және нысанды басқару; 6.2.5.1 дене жаттығулары аясындағы іс-әрекеттерді оңтайландыру және балама түрлерін құруға қажет ережелер мен құрылымдық тәсілдерді түсіну мен қолдану және өз дене қызметтерін бақылаудың қол жетімді әдістерін меңгеру; 6.3.4.1 денсаулық жағдайында тұрақты ауткуы бар білім алушының тіршілікке қабілеттілігін түсіну және бар мүмкіндігінше дамыта алу; 6.1.3.3 бұлшық еттерді босаңсытуға арналған жаттығуларды мұғалімнің көмегімен орындай алу
Фундаменталды қимыл-қозғалыс дағдыларын қайталау және өңдеу		6.1.1.3 мұғалімнің жетекшілігімен негізгі дене қабілеттерін дамыту, дене бітімі мен сымбатын түзету сабақтарын өткізе алу;

<p>Қозғалыс дағдыларын топтық/ командалық әрекет түрлерінде пайдалану және дамыту</p>		<p>6.1.1.2 таңдалған спорттық мамандану түрінің қозғалыс әрекеттерін техникалық тұрғыда дұрыс жүзеге асыру дағдысын бекіту;</p> <p>6.2.3.1 қолайлы оқу-үйрену ортасын қалыптастыруға қажетті бірқатар бірігіп және тиімді жұмыс жасау дағдыларын анықтауды және пайдалануды үйрену</p>
<p>Нысанды бақылау дағдыларын топтық/командалық әрекетте қайталау және дамыту</p>		<p>6.2.2.2 әртүрлі дене жаттығуларындағы қимылдарды орындау аясында уақыт, кеңістік, салмақ және бірқалыптылық түсініктері бойынша жүру;</p> <p>6.1.1.1 негізгі қозғалыс біліктері мен дағдыларын орындау;</p> <p>6.2.1.1 жеке дара білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, өзгермелі жағдайға жауап қайтару үшін қимыл-қозғалысқа байланысты алған білімін анықтау және қолдануға үйрену;</p> <p>6.2.2.1 негізгі дене қимылдарын және олардың қарапайым дене жаттығуларымен өзара қалай байланысты болатындығын білу;</p> <p>6.3.1.1 өз денсаулығына қатысты қауіп-қатерді анықтай алу</p>
<p>Допты тартып алумен өтетін ойындарда қауіп-қатерлерді басқаруды назарға ала отырып дағдылар мен тұжырымдамаларды (тактикаларды/стратегияларды) дамыту</p>		<p>6.1.3.1 қарапайым дене жаттығуларын орындау кезінде пайда болуы мүмкін қиындықтарды көмекпен жеңе алу ;</p> <p>6.3.2.1 дене жаттығуларымен айналысу кезіндегі қауіпсіз тәртіптің және жаракаттануға жол бермеудің қарапайым дағдыларына ие болу;</p> <p>6.2.6.1 жарыс іс-әрекеттерін және төрелік ету ережелерін түсіну;</p> <p>6.2.5.1 дене жаттығулары аясындағы іс-әрекеттерді оңтайландыру және балама түрлерін құруға қажет ережелер мен құрылымдық тәсілдерді түсіну мен қолдану және өз дене қызметтерін бақылаудың қол жетімді әдістерін меңгеру;</p> <p>6.1.6.1 өз мүмкіндіктерін түсіне отырып, арнайы спорттық техникаларды орындау кезінде</p>

<p>Бірқатар категориядағы ойындар арқылы дағдылар мен түсініктерді кеңейту</p>	<p>Дағдылар мен тұжырымдамаларды шабуылды ойындарда дамыту</p>	<p>қимыл-қозғалыстардың реті мен дағдыларын таңдай алу</p>
		<p>6.3.2.2 жарақаттар мен жазатайым оқиғалар кезінде алғашқы көмек көрсетудің қарапайым дағдыларына ие болу; 6.3.5.1 ширатудың өзекті құрамдас бөліктері мен қалпына келтіру техникасының организмге тигізетін әсерін түсіндіру және оларды дене және психомоторлық аутқуларды ескере отырып іске асыру; 6.1.5.1 қоғамда әрі қарай толыққанды қызмет атқару үшін қажетті дене жүктемелерін құрастыра алу және орындай алу</p>
	<p>Дене дамуының көрсеткіштерін ойын әдісімен жақсарту</p>	<p>6.1.3.3 бұлшық еттерді босаңсытуға арналған жаттығуларды мұғалімнің көмегімен орындай алу; 6.2.2.2 әртүрлі дене жаттығуларындағы қимылдарды орындау аясында уақыт, кеңістік, салмақ және бірқалыптылық түсініктері бойынша жүру; 6.1.4.1 қимыл-қозғалыс комбинацияларын және оларды кейбір жаттығуларда қолдану реттілігін құрастыра алу және орындай алу, дене және психологиялық кедергілерді жену қабілетін қалыптастыру</p>
	<p>Тор қолданылатын ойындарды ойнау және құрастыру</p>	<p>6.1.7.1 қимыл-қозғалыс дағдыларын жақсарту және түзету үшін бірқатар дене жаттығуларының тактикаларын, стратегиялары мен композициялық идеяларын түсіну және қолдану; 6.3.4.1 денсаулық жағдайында тұрақты аутқуы бар білім алушының тіршілікке қабілеттілігін түсіну және бар мүмкіндігінше дамыта алу</p>
<p>4-тоқсан</p>		
		<p>6.1.6.1 өз мүмкіндіктерін түсіне отырып, арнайы спорттық техникаларды орындау кезінде қимыл-қозғалыстардың реті мен дағдыларын таңдай алу;</p>



Өз денсаулығына күтім жасау	Дене белсенділігін сақтаудың маңыздылығын түсіну	<p>6.3.1.1 өз денсаулығына қатысты қауіп-қатерді анықтай алу;</p> <p>6.3.6.1 әртүрлі дене жүктемесі бар жаттығуларды ұсыну мен көрсету және олардың ағзаның энергетикалық жүйесіне тигізетін әсерін сыртқы белгілер бойынша анықтау және өз дене мүмкіндіктері мен шектеулерін ұғыну;</p> <p>6.2.2.1 негізгі дене қимылдарын және олардың қарапайым дене жаттығуларымен өзара қалай байланысты болатындығын білу;</p> <p>6.1.2.1 негізгі қозғалыс дағдыларын құрастыра алу және түзетуді орындай алу: тірек-қимыл аппараты, денені және нысанды басқару</p>
	Өз денсаулығына қалай күтім жасауды және серіктесімен белсенді болуды үйрету	<p>6.1.3.2 жеке дара қимыл-қозғалыс тәртібі үшін мұғалімнің көмегімен дене жаттығуларын іріктеу және жоспарлау;</p> <p>6.2.5.1 дене жаттығулары аясындағы іс-әрекеттерді оңтайландыру және балама түрлерін құруға қажет ережелер мен құрылымдық тәсілдерді түсіну мен қолдану және өз дене қызметтерін бақылаудың қол жетімді әдістерін меңгеру;</p> <p>6.2.2.3 қимыл дағдылары бойынша өз біліктері мен кемшіліктерін көмекпен сипаттап бере алу;</p> <p>6.3.3.1 өз түйсінуді бойынша ағзадағы дене өзгерістерін бақылай алу, организмді емдеу және сауықтыру үшін қолайлы түзету-дамыту жағдайын жасай алу;</p> <p>6.1.2.1 негізгі қозғалыс дағдыларын құрастыра алу және түзетуді орындай алу: тірек-қимыл аппараты, денені және нысанды басқару</p>
		<p>6.1.5.1 қоғамда әрі қарай толыққанды қызмет атқару үшін қажетті дене жүктемелерін құрастыра алу және орындай алу;</p> <p>6.3.2.2 жарақаттар мен жазатайым оқиғалар кезінде алғашқы көмек көрсетудің қарапайым дағдыларына ие болу;</p>

Жүгіру, секіру және лактыру дағдыларын атлетикада жақсарту	Ширатуды қайта қарау, жүгіру дағдыларын қарастыру және кеңейту	6.2.2.2 әртүрлі дене жаттығуларындағы қимылдарды орындау аясында уақыт, кеңістік, салмақ және бірқалыптылық түсініктері бойынша жүру; 6.1.4.1 қимыл-қозғалыс комбинацияларын және оларды кейбір жаттығуларда қолдану реттілігін құрастыра алу және орындай алу, дене және психологиялық кедергілерді жену қабілетін қалыптастыру
	Секіру және лактыру дағдыларын креативті, бірлескен және сайыстық жаттығулардың көмегімен қайталау және тереңдету	6.2.3.1 қолайлы оқу-үйрену ортасын қалыптастыруға қажетті бірқатар бірігіп және тиімді жұмыс жасау дағдыларын анықтауды және пайдалануды үйрену; 6.1.3.1 қарапайым дене жаттығуларын орындау кезінде пайда болуы мүмкін қиындықтарды көмекпен жеңе ал; 6.2.1.1 жеке дара білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, өзгермелі жағдайға жауап қайтару үшін қимыл-қозғалысқа байланысты алған білімін анықтау және қолдануға үйрену

### 3)7-сынып:

#### 3-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан	Ойындарда тактикалық білімді жақсарту	7.1.7.1 қимыл-қозғалыс дағдыларын жақсарту және түзету үшін бірқатар дене жаттығуларының қарапайым тактикаларын, стратегиялары мен композициялық идеяларын жасай алу және бағалай алу; 7.3.2.1 дене жаттығуларымен айналысу кезіндегі қауіпсіз тәртіптің және жарақаттануға жол бермеудің дағдыларына ие болу; 7.1.1.1 әртүрлі дене жаттығуларын орындау кезіндегі негізгі қозғалыс дағдыларының сапасын жақсарту; 7.1.6.1 өз мүмкіндіктерін түсіне отырып, арнайы спорттық техникаларды орындау кезінде

		<p>қимыл-қозғалыстардың реті мен дағдыларын жетілдіру және жинақтау</p>
Ойын арқылы оқыту	Ойындарда шешім қабылдау мәселесімен жұмыс істеу	<p>7.3.3.1 ағзадағы дене өзгерістерін бақылаудың, организмді емдеу және сауықтыру үшін қолайлы түзету-дамыту жағдайын жасаудың әсерін түсіну және түсіндіру;</p> <p>7.1.1.2 таңдалған спорттық мамандану түрінің қозғалыс әрекеттерін техникалық тұрғыда дұрыс жүзеге асыра алу;</p> <p>7.2.2.2 қарапайым дене жаттығуларындағы қимылдарды орындау кезінде; ерікті қозғалыс актісін ұйымдастыру, ұстап тұру кезінде уақытты, кеңістікті және бірқалыптылықты түсінуін көрсету;</p> <p>7.2.6.1 жарыс іс-әрекеттерін және төрелік ету ережелерін қолдану</p>
	Проблемаларды шешу дағдыларын тор қолданылатын ойындар арқылы жетілдіру	<p>7.1.2.1 негізгі қозғалыс дағдыларын түзетуді жетілдіру және жинақтау: тірек-қимыл аппараты, денені және нысанды басқару;</p> <p>7.3.2.2 жарақаттар мен жазатайым оқиғалар кезінде алғашқы көмек көрсете алу;</p> <p>7.2.5.1 дене жаттығулары аясындағы іс-әрекеттерді оңтайландыру және балама түрлерін құруға қажет ережелер мен құрылымдық тәсілдерді көрсетуді үйрену және өз дене қызметтерін бақылаудың қол жетімді әдістерін меңгеру;</p> <p>7.3.4.1 денсаулық жағдайында тұрақты аутқуы бар білім алушының тіршілікке қабілеттілігін ұғыну және түсіндіру</p>
		<p>7.3.2.1 дене жаттығуларымен айналысу кезіндегі қауіпсіз тәртіптің және жарақаттануға жол бермеудің дағдыларына ие болу;</p> <p>7.1.1.3 өздігінен негізгі дене қабілеттерін дамыту, дене бітімі мен сымбатын түзету сабақтарын өткізе алу;</p> <p>7.1.4.1 қимыл-қозғалыс комбинацияларын және оларды</p>

<p>Когнитивті дағдылар мен денені басқару дағдыларын гимнастика арқылы дамыту</p>	<p>Бұрылу мен бұралуларды үйрену</p>	<p>әртүрлі дене жаттығуларын орындауда қолдану реттілігін жетілдіру және жинақтауды үйрену, дене және психологиялық кедергілерді жеңу қабілетін қалыптастыру; 7.2.1.1 жеке дара білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, өзгермелі жағдайға жауап қайтару үшін қимыл-қозғалысқа байланысты алған білімін анықтау және қолдану</p>
	<p>Теңгеру және бұралу кезінде өз денемізді бақылау</p>	<p>7.2.4.1 ағзаның әртүрлі мүшелері мен жүйелерінің жойылған немесе бұзылған қызметтерінің орнына басқаларын пайдалану және анықтау; 7.1.8.1 білім алушылардың жеке дара білім беру қажеттіліктеріне байланысты қиындықты жеңе білу және қимыл-қозғалыс белсенділігімен байланысты қауіп-қатерлерге жауап қайтара білу дағдыларын түсіну және қолдана алу; 7.2.2.3 қимыл дағдылары бойынша өз біліктері мен кемшіліктерін өздігінен сипаттап бере алу; 7.1.2.1 негізгі қозғалыс дағдыларын түзетуді жетілдіру және жинақтау: тірек-қимыл аппараты, денені және нысанды басқару; 7.1.1.1 әртүрлі дене жаттығуларын орындау кезіндегі негізгі қозғалыс дағдыларының сапасын жақсарту</p>
<p>2-тоқсан</p>		
	<p>Ұзын секірістерді үйрену және жақсарту</p>	<p>7.2.2.1 негізгі дене қимылдарының қарапайым дене жаттығуларымен өзара қалай байланысты болатындығын біліп, оларды жасау кезінде артық тырысуды жоя отырып орындау; 7.3.2.1 дене жаттығуларымен айналысу кезіндегі қауіпсіз тәртіптің және жаракаттануға жол бермеудің дағдыларына ие болу; 7.1.1.3 өздігінен негізгі дене қабілеттерін дамыту, дене бітімі мен сымбатын түзету сабақтарын өткізе алу; 7.2.2.2 қарапайым дене жаттығуларындағы қимылдарды</p>

<p>Денсаулықты, қозғалыс және түсіну дағдыларын атлетика көмегімен жақсарту</p>		<p>орындау кезінде; ерікті қозғалыс актісін ұйымдастыру, ұстап тұру кезінде уақытты, кеңістікті және бірқалыптылықты түсінуін көрсету</p>
	<p>Спринтерлік жүгірісті жақсарту</p>	<p>7.3.6.1 әртүрлі дене жүктемесі бар жаттығуларды орындау кезінде ағзаның дене дайындығына қойылатын талаптарды және олардың ағзаның энергетикалық жүйесіне тигізетін әсерін сыртқы және ішкі белгілер бойынша түсіну және өз дене мүмкіндіктері мен шектеулерін ұғыну;</p> <p>7.2.7.1 қимыл-қозғалыстардың әртүрлі мән-мағынасымен шарттастырылған рөлдерді және олардың айырмашылықтарын ұғыну және түсіндіру;</p> <p>7.1.3.1 қарапайым дене жаттығуларын орындау кезінде пайда болуы мүмкін қиындықтарды көмекпен және өздігінен жеңу;</p> <p>7.1.8.1 білім алушылардың жеке дара білім беру қажеттіліктеріне байланысты қиындықты жеңе білу және қимыл-қозғалыс белсенділігімен байланысты қауіп-қатерлерге жауап қайтара білу дағдыларын түсіну және қолдана алу</p>
	<p>Лақтырулар: үйрену және құрастыру</p>	<p>7.1.3.2 жеке дара қимыл-қозғалыс тәртібі үшін дене жаттығуларын өздігінен орындау;</p> <p>7.3.4.1 денсаулық жағдайында тұрақты аутқуы бар білім алушының тіршілікке қабілеттілігін ұғыну және түсіндіру;</p> <p>7.2.1.1 жеке дара білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, өзгермелі жағдайға жауап қайтару үшін қимыл-қозғалысқа байланысты алған білімін анықтау және қолдану</p>
		<p>7.1.5.1 қоғамда әрі қарай толыққанды қызмет атқару үшін қажетті дене жүктемелерін құрастыруды жетілдіру және жинақтауға үйрену;</p> <p>7.2.3.1 қолайлы оқу-үйрену ортасын қалыптастыруға қажетті</p>

Бірлесе оқыту және шытырман-оқыту	Мәселелерді шешу жаттығуларында өзара әрекеттесу	<p>бірқатар бірігіп және тиімді жұмыс жасау дағдыларын анықтау және пайдалану;</p> <p>7.1.3.3 бұлшық еттерді босаңсытуға арналған жаттығуларды нұсқау бойынша орындау;</p> <p>7.2.6.1 жарыс іс-әрекеттерін және төрелік ету ережелерін қолдану</p>
	Доппен ойналатын ойындар	<p>7.2.1.1 жеке дара білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, өзгермелі жағдайға жауап қайтару үшін қимыл-қозғалысқа байланысты алған білімін анықтау және қолдану;</p> <p>7.1.1.1 әртүрлі дене жаттығуларын орындау кезіндегі негізгі қозғалыс дағдыларының сапасын жақсарту;</p> <p>7.3.2.1 дене жаттығуларымен айналысу кезіндегі қауіпсіз тәртіптің және жарақаттануға жол бермеудің дағдыларына ие болу;</p> <p>7.3.5.1 дене және психомоторлық ауткуларды ескере отырып, дене жаттығуларының алдында жалпы ширату өткізу және ағзаны қалпына келтіру техникасының құрамдас бөліктерін көрсету</p>
3-тоқсан		
	Бимен айналысуды ынталандыру ретінде сүңгілерді зерделеу	<p>7.2.2.3 қимыл дағдылары бойынша өз біліктері мен кемшіліктерін өздігінен сипаттап бере алу;</p> <p>7.3.2.1 дене жаттығуларымен айналысу кезіндегі қауіпсіз тәртіптің және жарақаттануға жол бермеудің дағдыларына ие болу;</p> <p>7.1.1.1 әртүрлі дене жаттығуларын орындау кезіндегі негізгі қозғалыс дағдыларының сапасын жақсарту;</p> <p>7.2.2.1 негізгі дене қимылдарының қарапайым дене жаттығуларымен өзара қалай байланысты болатындығын біліп, оларды жасау кезінде артық тырысуды жоя отырып орындау</p>
		<p>7.1.2.1 негізгі қозғалыс дағдыларын түзетуді жетілдіру және жинақтау: тірек-қимыл аппараты, денені және нысанды басқару;</p>

<p>Би дағдыларын дамыту және тақырыптық жұмыс арқылы биді түсіну</p>	<p>Сыртта суық болғанда жылуды сақтау: аэробты жаттығулар</p>	<p>7.3.1.1 салауатты өмір салтының әсерін өз денсаулығына қатысты түсіну және түсіндіру; 7.1.4.1 қимыл-қозғалыс комбинацияларын және оларды әртүрлі дене жаттығуларын орындауда қолдану реттілігін жетілдіру және жинақтауды үйрену, дене және психологиялық кедергілерді жеңу қабілетін қалыптастыру</p>
<p>Топтарда құру, көрсетілім жасау және бағалау үдерісі</p>	<p>Топтарда құру, көрсетілім жасау және бағалау үдерісі</p>	<p>7.3.6.1 әртүрлі дене жүктемесі бар жаттығуларды орындау кезінде ағзаның дене дайындығына қойылатын талаптарды және олардың ағзаның энергетикалық жүйесіне тигізетін әсерін сыртқы және ішкі белгілер бойынша түсіну және өз дене мүмкіндіктері мен шектеулерін ұғыну; 7.2.4.1 ағзаның әртүрлі мүшелері мен жүйелерінің жойылған немесе бұзылған қызметтерінің орнына басқаларын пайдалану және анықтау; 7.1.1.2 таңдалған спорттық мамандану түрінің қозғалыс әрекеттерін техникалық тұрғыда дұрыс жүзеге асыра алу; 7.3.3.1 ағзадағы дене өзгерістерін бақылаудың, организмді емдеу және сауықтыру үшін қолайлы түзету-дамыту жағдайын жасаудың әсерін түсіну және түсіндіру</p>
<p>Командалардың кеңістікте бағдарлауын және допты беруін дамыту</p>	<p>Командалардың кеңістікте бағдарлауын және допты беруін дамыту</p>	<p>7.1.1.3 өздігінен негізгі дене қабілеттерін дамыту, дене бітімі мен сымбатын түзету сабақтарын өткізе алу; 7.2.7.1 қимыл-қозғалыстардың әртүрлі мән-мағынасымен шарттастырылған рөлдерді және олардың айырмашылықтарын ұғыну және түсіндіру; 7.3.4.1 денсаулық жағдайында тұрақты ауткуы бар білім алушының тіршілікке қабілеттілігін ұғыну және түсіндіру</p>
		<p>7.1.3.1 қарапайым дене жаттығуларын орындау кезінде</p>

<p>Басып кіру ойындарындағы түсінік пен дағдыларды жетілдіру</p>	<p>Ойындар және сәйкес тактикаларды қолдану</p>	<p>пайда болуы мүмкін қиындықтарды көмекпен және өздігінен жеңу;  7.1.7.1 қимыл-қозғалыс дағдыларын жақсарту және түзету үшін бірқатар дене жаттығуларының қарапайым тактикаларын, стратегиялары мен композициялық идеяларын жасай алу және бағалай алу;  7.1.5.1 қоғамда әрі қарай толыққанды қызмет атқару үшін қажетті дене жүктемелерін құрастыруды жетілдіру және жинақтауға үйрену;  7.3.1.1 салауатты өмір салтының әсерін өз денсаулығына қатысты түсіну және түсіндіру</p>
<p>4-тоқсан</p>		
<p>Дені сау және белсенді</p>	<p>Денсаулық пен төзімділікті арттыру</p> <p>Ширату және ойындарға дайындық жаттығулары</p>	<p>7.1.3.2 жеке дара қимыл-қозғалыс тәртібі үшін дене жаттығуларын өздігінен орындау;  7.3.2.2 жарақаттар мен жазатайым оқиғалар кезінде алғашқы көмек көрсете алу;  7.1.8.1 білім алушылардың жеке дара білім беру қажеттіліктеріне байланысты қиындықты жеңе білу және қимыл-қозғалыс белсенділігімен байланысты қауіп-қатерлерге жауап қайтара білу дағдыларын түсіну және қолдана алу;  7.2.5.1 дене жаттығулары аясындағы іс-әрекеттерді оңтайландыру және балама түрлерін құруға қажет ережелер мен құрылымдық тәсілдерді көрсетуді үйрену және өз дене қызметтерін бақылаудың қол жетімді әдістерін меңгеру</p> <p>7.1.6.1 өз мүмкіндіктерін түсіне отырып, арнайы спорттық техникаларды орындау кезінде қимыл-қозғалыстардың реті мен дағдыларын жетілдіру және жинақтау;  7.3.5.1 дене және психомоторлық ауткуларды ескере отырып, дене жаттығуларының алдында жалпы ширату өткізу және ағзаны қалпына келтіру техникасының құрамдас бөліктерін көрсету;</p>



		7.2.3.1 қолайлы оқу-үйрену ортасын қалыптастыруға қажетті бірқатар бірігіп және тиімді жұмыс жасау дағдыларын анықтау және пайдалану
	Күш пен бұлшық ет төзімділігіне арналған жаттығулар	7.2.2.2 қарапайым дене жаттығуларындағы қимылдарды орындау кезінде; ерікті қозғалыс актісін ұйымдастыру, ұстап тұру кезінде уақытты, кеңістікті және бірқалыптылықты түсінуін көрсету; 7.3.1.1 салауатты өмір салтының әсерін өз денсаулығына қатысты түсіну және түсіндіру; 7.2.4.1 ағзаның әртүрлі мүшелері мен жүйелерінің жойылған немесе бұзылған қызметтерінің орнына басқаларын пайдалану және анықтау
Гимнастикадағы көптүрлілік пен қарама-қарсылықтар	Еденде орындалатын жаттығулардың әрекеттегі және кеңістіктегі айырмашылықтарын зерделеу	7.3.3.1 ағзадағы дене өзгерістерін бақылаудың, организмді емдеу және сауықтыру үшін қолайлы түзету-дамыту жағдайын жасаудың әсерін түсіну және түсіндіру; 7.1.1.1 әртүрлі дене жаттығуларын орындау кезіндегі негізгі қозғалыс дағдыларының сапасын жақсарту; 7.3.2.1 дене жаттығуларымен айналысу кезіндегі қауіпсіз тәртіптің және жарақаттануға жол бермеудің дағдыларына ие болу; 7.1.3.3 бұлшық еттерді босаңсытуға арналған жаттығуларды нұсқау бойынша орындау
	Динамикадағы қарама-қарсылықтар және құрылғылардағы жанасулар	7.2.2.3 қимыл дағдылары бойынша өз біліктері мен кемшіліктерін өздігінен сипаттап бере алу; 7.3.2.2 жарақаттар мен жазатайым оқиғалар кезінде алғашқы көмек көрсете алу; 7.2.1.1 жеке дара білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, өзгермелі жағдайға жауап қайтару үшін қимыл-қозғалысқа байланысты алған білімін анықтау және қолдану; 7.1.1.2 таңдалған спорттық мамандану түрінің қозғалыс әрекеттерін техникалық тұрғыда дұрыс жүзеге асыра алу

	Топтық композициялар	<p>7.1.2.1 негізгі қозғалыс дағдыларын түзетуді жетілдіру және жинақтау: тірек-қимыл аппараты, денені және нысанды басқару;</p> <p>7.2.2.1 негізгі дене қимылдарының қарапайым дене жаттығуларымен өзара қалай байланысты болатындығын біліп, оларды жасау кезінде артық тырысуды жоя отырып орындау</p>
--	----------------------	--

#### 4) 8-сынып:

#### 4-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
Жеңіл атлетикалық іс-әрекет арқылы денсаулық және фитнес	Бірғақты таңдау дағдыларын қалыптастыру	<p>8.1.2.1 негізгі қозғалыс дағдыларын түзетуді түсіндіре алу : тірек-қимыл аппараты, денені және нысанды басқару;</p> <p>8.2.7.1 қимыл-қозғалыстардың әртүрлі мән-мағынасымен шарттастырылған рөлдерді қолдану және олардың айырмашылықтарын ұғыну;</p> <p>8.3.6.1 әртүрлі дене жүктемесі бар жаттығуларды орындау кезіндегі энергетикалық жүйенің қызметін түсіндіру және оның ағзаға тигізетін әсерін білу және өз дене мүмкіндіктері мен шектеулерін ұғыну;</p> <p>8.3.4.1 денсаулық жағдайында тұрақты ауткуы бар білім алушының тіршілікке қабілеттілігінің бар мүмкіндігін дамытуды талқылау</p>
	Жеңіл атлетикадағы шығармашылық тәсілдеме	<p>8.1.5.1 қоғамда әрі қарай толыққанды қызмет атқару үшін қажетті дене жүктемелерін құрастыруды жетілдіру және жинақтау;</p> <p>8.2.3.1 қолайлы оқу-үйрену ортасын қалыптастыруға қажетті бірқатар бірігіп және тиімді жұмыс жасау дағдыларын талқылай алу және көрсете алу;</p> <p>8.2.2.3 қимыл дағдылары бойынша біліктері мен кемшіліктерін түсіну және түсіндіру</p>

	<p>жеңіл атлетикалық жарыстар арқылы фитнес</p>	<p>8.1.3.1. қозғалыс белсенділігіне үйретудің әртүрлі кезеңдеріндегі қиындықтарды жеңу білігі мен дағдыларын бекіту;</p> <p>8.2.1.1 жеке дара білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, өзгермелі жағдайға жауап қайтару үшін қимыл-қозғалысқа байланысты алған білімін жетілдіру;</p> <p>8.2.6.1. жарыс іс-әрекеттерін және төрелік ету ережелерін көрсету және салыстыра алу</p>
<p>Топ қолданылатын ойындар арқылы оқыту</p>	<p>Оқушылардың жеке дара және кіші топтарда спорт алаңындағы білімі мен әрекеттерін кеңейтетін іс-әрекет түрлері</p>	<p>8.1.1.1 әртүрлі дене жаттығуларын орындау кезіндегі негізгі қозғалыс дағдыларының сапасын жақсартуды жалғастыру;</p> <p>8.1.6.1 өз мүмкіндіктерін түсіне отырып, арнайы спорттық техникаларды орындау кезінде қимыл-қозғалыстардың реті мен дағдыларын түсіндіру және көрсетуге үйрену;</p> <p>8.2.2.1 қажетсіз қимылдардың алдын алып немесе барынша жою отырып, негізгі қимыл дағдыларын өздігінен байланыстыруды үйреніп, оларды түсіну және жақсарту;</p> <p>8.3.1.1 салауатты өмір салтының денсаулыққа әсерін өзінің үлгісімен көрсету;</p> <p>8.3.2.1 дене жаттығуларымен айналысу кезіндегі қауіпсіз тәртіпті ұғыну және жарақаттануға жол бермеуге қабілетті болу</p>
	<p>Ойындағы түсініктер мен дағдыларды меңгеру</p>	<p>8.2.1.1 жеке дара білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, өзгермелі жағдайға жауап қайтару үшін қимыл-қозғалысқа байланысты алған білімін жетілдіру;</p> <p>8.1.1.2 таңдалған спорттық мамандану түрінің қозғалыс әрекеттерін техникалық тұрғыда дұрыс жүзеге асыра алу;</p> <p>8.3.5.1 дене және психомоторлық ауткуларды ескере отырып, ширату мен қалпына келтіруге арналған жаттығу кешендерінің маңызын ұғынып, оларды құрастыру және көрсету;</p>

		<p>8.2.4.1 ағзаның әртүрлі мүшелері мен жүйелерінің жойылған немесе бұзылған қызметтерінің орнына басқаларын дамытуды талқылай алу және көрсету;</p> <p>8.2.6.1. жарыс іс-әрекеттерін және төрелік ету ережелерін көрсету және салыстыра алу</p>
2-тоқсан		
Қазақстанның ұлттық ойындары	<p>Киіз үй тұрғызу кезіндегі жұмыс әрекеттеріне назар аудару және үйрену</p>	<p>8.3.6.1 әртүрлі дене жүктемесі бар жаттығуларды орындау кезіндегі энергетикалық жүйенің қызметін түсіндіру және оның ағзаға тигізетін әсерін білу және өз дене мүмкіндіктері мен шектеулерін ұғыну;</p> <p>8.2.2.2 қимылды орындау уақытын , кеңістігін және бірқалыптылығын түсінуді көрсететін дағдылар мен бірізділікті дамыту және жетілдіру ;</p> <p>8.1.7.1 қимыл-қозғалыс дағдыларын жақсарту және түзету үшін кең диапазондағы дене жаттығуларының тактикаларын, стратегиялары мен композициялық идеяларын анықтау және бағалау</p>
	<p>Мейрамдар мен фестивальдар</p>	<p>8.1.1.1 әртүрлі дене жаттығуларын орындау кезіндегі негізгі қозғалыс дағдыларының сапасын жақсартуды жалғастыру;</p> <p>8.2.6.1. жарыс іс-әрекеттерін және төрелік ету ережелерін көрсету және салыстыра алу;</p> <p>8.2.4.1 ағзаның әртүрлі мүшелері мен жүйелерінің жойылған немесе бұзылған қызметтерінің орнына басқаларын дамытуды талқылай алу және көрсету;</p> <p>8.3.4.1 денсаулық жағдайында тұрақты ауткуы бар білім алушының тіршілікке қабілеттілігінің бар мүмкіндігін дамытуды талқылау;</p> <p>8.1.8.1 білім алушылардың жеке дара білім беру қажеттіліктерін және әртүрлі қимыл-қозғалыс белсенділігін орындау кезінде тәжірибе жасау барысындағы қауіп-қатерлерді білу және алдын алу;</p>

		8.3.2.2 жарақаттар мен жазатайым оқиғалар кезінде өзіне алғашқы көмек көрсете алу және ұғыну
Гимнастиканың негізгі тақырыптарын қайта қарастыру және кеңейту	Тепе-теңдік сақтау және жылжу дағдыларын композициялық элементтерді өзгерту арқылы үйрену және кеңейту	8.2.3.1 қолайлы оқу-үйрену ортасын қалыптастыруға қажетті бірқатар бірігіп және тиімді жұмыс жасау дағдыларын талқылай алу және көрсете алу; 8.1.3.2 мұғалімнің көмегімен жеке дара қимыл-қозғалыс тәртібін құрастыру; 8.1.1.3 өздігінен негізгі дене қабілеттерін дамыту, дене бітімі мен сымбатын түзету сабақтарын өткізе алу; 8.3.1.1 салауатты өмір салтының денсаулыққа әсерін өзінің үлгісімен көрсету
	Гимнастикалық құрылғыда айналу мен ұшуды үйрену	8.3.4.1 денсаулық жағдайында тұрақты ауткуы бар білім алушының тіршілікке қабілеттілігінің бар мүмкіндігін дамытуды талқылау; 8.1.8.1 білім алушылардың жеке дара білім беру қажеттіліктерін және әртүрлі қимыл-қозғалыс белсенділігін орындау кезінде тәжірибе жасау барысындағы қауіп-қатерлерді білу және алдын алу; 8.1.3.1. қозғалыс белсенділігіне үйретудің әртүрлі кезеңдеріндегі қиындықтарды жеңу білігі мен дағдыларын бекіту
	Гимнастикалық жабдықтардағы топтық композициялар	8.3.6.1 әртүрлі дене жүктемесі бар жаттығуларды орындау кезіндегі энергетикалық жүйенің қызметін түсіндіру және оның ағзаға тигізетін әсерін білу және өз дене мүмкіндіктері мен шектеулерін ұғыну; 8.2.5.1 дене жаттығулары аясындағы іс-әрекеттерді оңтайландыру және балама түрлерін құруға қажет ережелер мен құрылымдық тәсілдерді көрсету және өз дене қызметтерін бақылаудың қол жетімді әдістерін меңгеру; 8.2.2.1 қажетсіз қимылдардың алдын алып немесе барынша жоя отырып, негізгі қимыл дағдыларын өздігінен

		<p>байланыстыруды үйреніп, оларды түсіну және жақсарту;</p> <p>8.1.3.3 бұлшық еттерді босаңсытуға арналған жаттығуларды нұсқау бойынша және өздігінен орындау;</p> <p>8.1.2.1 негізгі қозғалыс дағдыларын түзетуді түсіндіре алу : тірек-қимыл аппараты, денені және нысанды басқару</p>
3-тоқсан		
Шаңғы/кросс/коньки дайындығы	Шаңғы дайындығы	<p>8.3.6.1 әртүрлі дене жүктемесі бар жаттығуларды орындау кезіндегі энергетикалық жүйенің қызметін түсіндіру және оның ағзаға тигізетін әсерін білу және өз дене мүмкіндіктері мен шектеулерін ұғыну;</p> <p>8.1.8.1 білім алушылардың жеке дара білім беру қажеттіліктерін және әртүрлі қимыл-қозғалыс белсенділігін орындау кезінде тәжірибе жасау барысындағы қауіп-қатерлерді білу және алдын алу;</p> <p>8.2.6.1. жарыс іс-әрекеттерін және төрелік ету ережелерін көрсету және салыстыра алу;</p> <p>8.2.1.1 жеке дара білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, өзгермелі жағдайға жауап қайтару үшін қимыл-қозғалысқа байланысты алған білімін жетілдіру</p>
	Кросс дайындығы	<p>8.3.5.1 дене және психомоторлық аутқуларды ескере отырып, ширату мен қалпына келтіруге арналған жаттығу кешендерінің маңызын ұғынып, оларды құрастыру және көрсету;</p> <p>8.2.6.1. жарыс іс-әрекеттерін және төрелік ету ережелерін көрсету және салыстыра алу;</p> <p>8.2.1.1 жеке дара білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, өзгермелі жағдайға жауап қайтару үшін қимыл-қозғалысқа байланысты алған білімін жетілдіру</p>
		<p>8.3.1.1 салауатты өмір салтының денсаулыққа әсерін өзінің үлгісімен көрсету;</p>

	Коньки дайындығы	<p>8.1.8.1 білім алушылардың жеке дара білім беру қажеттіліктерін және әртүрлі қимыл-қозғалыс белсенділігін орындау кезінде тәжірибе жасау барысындағы қауіп-қатерлерді білу және алдын алу;</p> <p>8.2.2.1 қажетсіз қимылдардың алдын алып немесе барынша жоя отырып, негізгі қимыл дағдыларын өздігінен байланыстыруды үйреніп, оларды түсіну және жақсарту;</p> <p>8.2.6.1. жарыс іс-әрекеттерін және төрелік ету ережелерін көрсету және салыстыра алу</p>
Топтық шабуыл ойындарында негізгі дағдыларды жетілдіру	Тірек-қозғалыс аппаратын және төтеп беру дағдыларын жетілдіру	<p>8.2.5.1 дене жаттығулары аясындағы іс-әрекеттерді оңтайландыру және балама түрлерін құруға қажет ережелер мен құрылымдық тәсілдерді көрсету және өз дене қызметтерін бақылаудың қол жетімді әдістерін меңгеру;</p> <p>8.1.4.1 қимыл-қозғалыс комбинацияларын және оларды әртүрлі дене жаттығуларын орындауда қолдану реттілігін жетілдіру және жинақтау, дене және психологиялық кедергілерді жеңу қабілетін қалыптастыру;</p> <p>8.1.1.2 таңдалған спорттық мамандану түрінің қозғалыс әрекеттерін техникалық тұрғыда дұрыс жүзеге асыра алу;</p> <p>8.3.1.1 салауатты өмір салтының денсаулыққа әсерін өзінің үлгісімен көрсету;</p> <p>8.2.3.1 қолайлы оқу-үйрену ортасын қалыптастыруға қажетті бірқатар бірігіп және тиімді жұмыс жасау дағдыларын талқылай алу және көрсете алу;</p> <p>8.3.3.1 ағзадағы дене өзгерістерін бақылау, организмді емдеу және сауықтыру үшін қолайлы түзету-дамыту жағдайын жасау білігін өз үлгісімен көрсету;</p> <p>8.3.2.2 жарақаттар мен жазатайым оқиғалар кезінде өзіне алғашқы көмек көрсете алу және ұғыну</p> <p>8.3.4.1 денсаулық жағдайында тұрақты ауткуы бар білім</p>

	<p>Допты қағып әкету және ойын құрастыру</p>	<p>алушының тіршілікке қабілеттілігінің бар мүмкіндігін дамытуды талқылау;        8.1.7.1 қимыл-қозғалыс дағдыларын жақсарту және түзету үшін кең диапазондағы дене жаттығуларының тактикаларын, стратегиялары мен композициялық идеяларын анықтау және бағалау;        8.1.6.1 өз мүмкіндіктерін түсіне отырып, арнайы спорттық техникаларды орындау кезінде қимыл-қозғалыстардың реті мен дағдыларын түсіндіру және көрсетуге үйрену;        8.3.5.1 дене және психомоторлық аутқуларды ескере отырып, ширату мен қалпына келтіруге арналған жаттығу кешендерінің маңызын ұғынып, оларды құрастыру және көрсету;        8.2.4.1 ағзаның әртүрлі мүшелері мен жүйелерінің жойылған немесе бұзылған қызметтерінің орнына басқаларын дамытуды талқылай алу және көрсету</p>
4-тоқсан		
	<p>Салауатты жүректер: төзімділікті арттыруға бағытталған іс-әрекет</p>	<p>8.1.3.2 мұғалімнің көмегімен жеке дара қимыл-қозғалыс тәртібін құрастыру;        8.1.1.3 өздігінен негізгі дене қабілеттерін дамыту, дене бітімі мен сымбатын түзету сабақтарын өткізе алу;        8.3.3.1 ағзадағы дене өзгерістерін бақылау, организмді емдеу және сауықтыру үшін қолайлы түзету-дамыту жағдайын жасау білігін өз үлгісімен көрсету;        8.3.6.1 әртүрлі дене жүктемесі бар жаттығуларды орындау кезіндегі энергетикалық жүйенің қызметін түсіндіру және оның ағзаға тигізетін әсерін білу және өз дене мүмкіндіктері мен шектеулерін ұғыну;        8.2.2.3 қимыл дағдылары бойынша біліктері мен кемшіліктерін түсіну және түсіндіру</p>
		<p>8.1.2.1 негізгі қозғалыс дағдыларын түзетуді түсіндіре алу</p>



<p>Фитнес компоненттері және белсенді өмір салты</p>	<p>Иілгіштікке баса назар аудару</p>	<p>: тірек-қимыл аппараты, денені және нысанды басқару;        8.1.5.1 қоғамда әрі қарай толыққанды қызмет атқару үшін қажетті дене жүктемелерін құрастыруды жетілдіру және жинақтау;        8.2.7.1 қимыл-қозғалыстардың әртүрлі мән-мағынасымен шарттастырылған рөлдерді қолдану және олардың айырмашылықтарын ұғыну</p>
	<p>Күш пен бұлшық ет төзімділігін ұлғайтуға арналған жаттығулар</p>	<p>8.2.1.1 жеке дара білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, өзгермелі жағдайға жауап қайтару үшін қимыл-қозғалысқа байланысты алған білімін жетілдіру;        8.1.3.1. қозғалыс белсенділігіне үйретудің әртүрлі кезеңдеріндегі қиындықтарды жеңу білігі мен дағдыларын бекіту;        8.1.3.3 бұлшық еттерді босаңсытуға арналған жаттығуларды нұсқау бойынша және өздігінен орындау;        8.2.7.1 қимыл-қозғалыстардың әртүрлі мән-мағынасымен шарттастырылған рөлдерді қолдану және олардың айырмашылықтарын ұғыну</p>
	<p>Жұптасып жұмыс істеу</p>	<p>8.3.5.1 дене және психомоторлық ауткуларды ескере отырып, ширату мен қалпына келтіруге арналған жаттығу кешендерінің маңызын ұғынып, оларды құрастыру және көрсету;        8.2.2.2 қимылды орындау уақытын, кеңістігін және бірқалыптылығын түсінуді көрсететін дағдылар мен бірізділікті дамыту және жетілдіру;        8.1.8.1 білім алушылардың жеке дара білім беру қажеттіліктерін және әртүрлі қимыл-қозғалыс белсенділігін орындау кезінде тәжірибе жасау барысындағы қауіп-қатерлерді білу және алдын алу;        8.3.1.1 салауатты өмір салтының денсаулыққа әсерін өзінің үлгісімен көрсету;</p>

Шытырман ойындар контекстіндегі серіктестік және проблемаларды шешу		8.3.4.1 денсаулық жағдайында тұрақты ауткуы бар білім алушының тіршілікке қабілеттілігінің бар мүмкіндігін дамытуды талқылау
	Проблемаларды үлкен топтарда шешу	8.1.4.1 қимыл-қозғалыс комбинацияларын және оларды әртүрлі дене жаттығуларын орындауда қолдану реттілігін жетілдіру және жинақтау, дене және психологиялық кедергілерді жеңу қабілетін қалыптастыру; 8.3.3.1 ағзадағы дене өзгерістерін бақылау, организмді емдеу және сауықтыру үшін қолайлы түзету-дамыту жағдайын жасау білігін өз үлгісімен көрсету; 8.1.7.1 қимыл-қозғалыс дағдыларын жақсарту және түзету үшін кең диапазондағы дене жаттығуларының тактикаларын, стратегиялары мен композициялық идеяларын анықтау және бағалау; 8.3.2.1 дене жаттығуларымен айналысу кезіндегі қауіпсіз тәртіпті ұғыну және жарақаттануға жол бермеуге қабілетті болу

5) 9-сынып:

5-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
	Жеңіл атлетика арқылы жаттығуларды жүйелеу	9.3.2.1 дене жаттығуларымен айналысу кезіндегі қауіпсіз тәртіпті және жарақаттануға жол бермеуді өз үлгісімен түсіндіру; 9.1.1.2 таңдалған спорттық мамандану түрінің қозғалыс әрекеттерін техникалық тұрғыда дұрыс жүзеге асыра алу, оларды өзінің бос уақытын ұйымдастыруда пайдалану; 9.3.4.1 денсаулық жағдайында тұрақты ауткуы бар білім алушының тіршілікке қабілеттілігін бақылау білігін өз үлгісімен көрсету
		9.1.6.1 өз мүмкіндіктерін түсіне отырып, арнайы спорттық

<p>Жеңіл атлетика және салауатты өмір салты</p>	<p>Жалпы және арнайы дайындық бағыттары</p>	<p>техникаларды орындау кезінде қимыл-қозғалыстардың реті мен дағдыларын түсіндіру және көрсету;  9.2.2.2 дене дамуының жеке дара ерекшеліктерін ескере отырып, қимылды орындаудың уақыты, кеңістігі және бірқалыптылығы туралы түсінігін көрсететін бірқатар дәл және тиімді дағдылар мен бірізділіктерді түсіну және қолдана алу;  9.1.7.1 қимыл-қозғалыс дағдыларын жақсарту және түзету үшін кең диапазондағы дене жаттығуларының әралуан тактикаларын, стратегиялары мен композициялық идеяларын жасау, талдау</p>
	<p>Жеңіл атлетика арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру</p>	<p>9.2.5.1 дене жаттығулары аясындағы іс-әрекеттерді оңтайландыру және балама түрлерін құруға қажет ережелер мен құрылымдық тәсілдерді пайдалану мен талқылай алу және өз дене қызметтерін бақылаудың қол жетімді әдістерін меңгеру;  9.3.5.1 дене және психомоторлық аутқуларды ескере отырып, нақты дене жаттығуларына арналған ширатуларды құрастыру, түсіндіру және өткізу, ағзаның қалпына келу тиімділігін бағалау;  9.1.3.3 бұлшық еттерді босаңсытуға арналған жаттығуларды өздігінен орындау және оларды өзінің қозғалыс тәртібіне енгізу;  9.3.2.1 дене жаттығуларымен айналысу кезіндегі қауіпсіз тәртіпті және жарақаттануға жол бермеуді өз үлгісімен түсіндіру</p>
		<p>9.1.1.1 әртүрлі дене жаттығуларын орындау кезіндегі негізгі қозғалыс біліктері мен дағдыларын түсіну және көрсету;  9.2.3.1 қолайлы оқу-үйрену ортасын қалыптастыруға қажетті бірқатар бірігіп және тиімді жұмыс жасау дағдыларын қолдану және көрсету;  9.1.3.2 жеке дара қимыл-қозғалыс тәртібін құрастыру, дене</p>

<p>Жарыс, ойын және жеке дара қозғалыс әрекетін ұйымдастыру ерекшеліктері</p>	<p>Кіші топтарда және жекеше қимыл әрекетінің алуан түрлілігі</p>	<p>жаттығуларын іріктеу және жоспарлау, жеке дара жұмысқа қабілеттілікті оңтайлы деңгейінде сақтау;  9.2.2.1 дене дамуы үшін көзделген әртүрлі дене жаттығуларын орындау кезіндегі қимылдарды қалай орындау мен байланыстыруды түсініп және біліп, жалпы қозғалыс әрекетін меңгеруге қол жеткізу;  9.3.1.1 салауатты өмір салтының денсаулыққа әсерін өзінің үлгісімен түсіндіру және көрсету;  9.3.3.1 ағзадағы дене өзгерістерін бақылауды, организмді емдеу және сауықтыру үшін қолайлы түзету-дамыту жағдайын жасауды бағалау</p>
	5.2.3.2 жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді және күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану
	5.2.4.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау
	5.3.1.1 сөздегі дыбыстардың, әріптердің санын анықтау

3--бөлім Оқылым	<p>5.3.1.2 оқу кезінде акустикалық және артикуляциялық ұқсас дыбыстарды ажырату</p> <p>5.3.1.3 оқу кезінде пароним сөздегі дыбыстардың мағыналық ерекшеліктерін бөліп көрсету</p> <p>5.3.2.1 аралас әріптердің кеңістігін және үлгісін тану</p> <p>5.3.5.1 белгілі бір нақты міндетті орындау үшін әртүрлі көздерден ақпарат алу</p>
4-бөлім Жазылым	<p>5.4.1.1 сөздің дыбыстық әріптік құрамын талдау</p> <p>5.4.1.2 дыбыстарды артикуляциялық-акустикалық белгілері бойынша ажырату, оларды әріптермен белгілеу</p> <p>5.4.2.1 ұқсас әріптердің графикалық суреттерінің ұқсастығы мен айырмашылығын анықтау</p> <p>5.4.4.1 сөздің дыбыстық-буындық құрылымын жазбаша түрде анықтау</p> <p>5.4.5.2 сөз ішінде дауысты дыбыстардың өзара үндесуін сақтап айту (бүгін-бүгүн, түтін – түтүн, сенбі-сембі)</p> <p>5.4.5.4 түбір сөздегі -ы, -і-нің дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанған кездегі өзгерісін сақтап жазу</p> <p>5.4.6.1 жазба жұмысын жазу</p>
2 тоқсан	
1-бөлім Сөйлеудің психологиялық негізін қалыптастыру	<p>5.1.1.2 вербальді (тілдік) қарым-қатынастарды кеңістіктікте белгілеу</p> <p>5.1.2.1 дыбыстарды, әріптерді, заттарды топтастырған белгіні анықтау, талдау</p> <p>5.1.3.1 заттардың, оқиғалардың реттілігін есте сақтау және жаңғырту</p> <p>5.1.4.1 жалпы қозғалыстарды үйлестіруге арналған жаттығуларды орындау</p>
2-бөлім Тыңдалым және айтылым	<p>5.2.1.1 мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру</p> <p>5.2.2.1 Қойылған (жеке) дыбыстарды сөз тіркестерінде дұрыс қолдана білу</p> <p>5.2.3.1 ауызекі сөйлеу тілінде сөз таптарын қолдану</p> <p>5.2.3.2 жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді және күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану</p> <p>5.2.4.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау</p>
3-бөлім	<p>5.3.3.1 сөздің мағынасына және грамматикалық белгілеріне назар аудара отырып, сөйлемдегі қателерді табу</p>

Оқылым	<p>5.3.3.2 деформацияланған мәтіндегі сөздердің, сөйлемдердің ретін қалпына келтіру; деформацияланған мәтіндегі қайта құру</p> <p>5.3.5.1 белгілі бір нақты міндетті орындау үшін әртүрлі көздерден ақпарат алу</p>
4-бөлім Жазылым	<p>5.4.1.1 сөздің дыбыстық әріптік құрамын талдау</p> <p>5.4.3.1 сөзжасамның әртүрлі тәсілдерін қолдану</p> <p>5.4.3.2 көптік, тәуелдік, септік, жіктік жалғауларды жазбаша сөйлеу тілде еркін қолдану</p> <p>5.4.3.4 сөйлемнің синтаксистік құрылымы</p> <p>5.4.4.1 сөздің дыбыстық-буындық құрылымын жазбаша түрде анықтау</p> <p>5.4.5.1 Бас әріппен жазылатын сөздерді ажырату сөйлемі бас әріппен жазу.</p> <p>5.4.5.3 дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстауды және дұрыс жазуды түсіну</p> <p>5.4.6.1 жазба жұмысын жазу</p>
3 тоқсан	
1-бөлім Сөйлеудің психологиялық негізін қалыптастыру	<p>5.1.1.2 вербальді (тілдік) қарым-қатынастарды кеңістіктікте белгілеу</p> <p>5.1.2.1 дыбыстарды, әріптерді, заттарды топтастырған белгіні анықтау, талдау</p> <p>5.1.3.1 заттардың, оқиғалардың реттілігін есте сақтау және жаңғырту</p> <p>5.1.4.1 жалпы қозғалыстарды үйлестіруге арналған жаттығуларды орындау</p>
2-бөлім Тыңдалым және айтылым	<p>5.2.1.1 мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру</p> <p>5.2.2.1 қойылған (жеке) дыбыстарды сөз тіркестерінде дұрыс қолдана білу</p> <p>5.2.3.1 ауызекі сөйлеу тілінде сөз таптарын қолдану</p> <p>5.2.3.3 мекен мен уақыт туралы ойды жеткізу үшін үстеулерді қолдану</p> <p>5.2.3.4 ауызекі сөйлеу тілінде антоним, синоним, омоним сөздерді қолдану</p> <p>5.2.4.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау</p>
3-бөлім Оқылым	<p>5.3.3.1 сөздің мағынасына және грамматикалық белгілеріне назар аудара отырып, сөйлемдегі қателерді табу</p> <p>5.3.3.2 деформацияланған мәтіндегі сөздердің, сөйлемдердің ретін қалпына келтіру; деформацияланған мәтіндегі қайта құру</p> <p>5.3.3.3 оқиғалар тізбегі мен логикалық байланыстарды орнату; мәтін мазмұнын жеткізу</p>

	1.5.3.5.1 белгілі бір нақты міндетті орындау үшін әртүрлі көздерден ақпарат алу
4-бөлім Жазылым	5.4.3.2 көптік, тәуелдік, септік, жіктік жалғауларды жазбаша сөйлеу тілде еркін қолдану
	5.4.3.3 етістіктің шақтарын (осы шақ, келер шақ, өткен шақ) қолдану;
	5.4.3.4 сөйлемнің синтаксистік құрылымы
	5.4.5.1 бас әріппен жазылатын сөздерді ажырату сөйлемі бас әріппен жазу.
	5.4.6.1. жазба жұмысын жазу
4 тоқсан	
1-бөлім Сөйлеудің психологиялық негізін қалыптастыру	5.1.3.1 заттардың, оқиғалардың реттілігін есте сақтау және жаңғырту
	5.1.4.1 жалпы қозғалыстарды үйлестіруге арналған жаттығуларды орындау
2-бөлім Тыңдалым және айтылым	5.2.1.1 мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру
	5.2.2.1 қойылған (жеке) дыбыстарды сөз тіркестерінде дұрыс қолдана білу
	5.2.4.2 мәтінді әңгімелеу
	5.2.4.3 әңгімелеу, сипаттау, пайымдау мәтінін құрастыру
3-бөлім Оқылым	5.3.3.3 оқиғалар тізбегі мен логикалық байланыстарды орнату; мәтін мазмұнын жеткізу
	5.3.4.1 мәтіннің түрін анықтау, мәтіндегі бейнелі сөздер мен сөз тіркестерін табу, кейіпкерлерге мінездеме беру, сипатталған оқиғаларға талдау жасау
	5.3.4.2 мәтіннің түрін, мәтіннің негізгі идеясын анықтау
	5.3.5.1 белгілі бір нақты міндетті орындау үшін әртүрлі көздерден ақпарат алу
4-бөлім Жазылым	5.4.4.1 сөздің дыбыстық-буындық құрылымын жазбаша түрде анықтау
	5.4.5.1 бас әріппен жазылатын сөздерді ажырату сөйлемі бас әріппен жазу.
	5.4.6.1. жазба жұмысын жазу
	5.4.6.2 жоспар бойынша мәтін құрастыру
	5.4.6.3 сюжеттік суреттер желісі бойынша қысқаша әңгіме құрастыру; жоспар бойынша әңгімелеу
	5.4.6.4 мәтіннің мазмұнын жазбаша баяндау

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№123 бұйрығына  
77-қосымша

## Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған "Көркем еңбек" пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы "Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.

2. Жалпы орта білім беру жүйесіндегі "Көркем еңбек" пәнінің ерекшелігі әртүрлі өнер түрлерін зерделеу, идеяларын өнер тәсілдері арқылы көрсету, әмбебап (тұрмыстық) және арнайы (пәндік) білімдер мен икемділікті, материалдар мен нысандарды түрлендіру және көркем өңдеу дағдыларын, үй шаруашылығын жүргізу, технологиялар мен техниканы қолдану машықтарын иелену болып табылады.

3. "Көркем еңбек" оқу пәнінің оқу бағдарламасының мақсаты – өнер және еңбек технологиясы саласында функционалды сауаттылықты қалыптастыру, шындыққа шығармашылықпен қарайтын тұлға дамыту.

### 4. Оқыту мақсаты:

1) қоршаған ортада өнер, дизайн мен технология туралы түсінік пен білімді дамытуға;

2) Қазақстан және әлем халықтарының көркем-мәдениет мұрасын оқып үйренуге;

3) өнер мен дизайнның көркем тәсілдері арқылы шығармашылық идеяларды, технологиялық дағдыларды дамытуға;

4) зерттеу, жасау, талдау, нысандарды көркем түрлендіру үдерісінде

оқушылардың шығармашылық және сыни тұрғыда ойлау дағдыларын дамытуға;

5) оқу қызметінің барлық түрлерінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану арқылы тәжірибе алуға (зерттеу, идеялардың шығармашылықпен іске асыру, жұмыстардың таныстырылымы);

6) жұмыс нәтижесі үшін түрлі ақпарат көздері мен ресурстарының маңыздылығын түсіне отырып, зерттеу мен пайдалануға;

7) эстетикалық, еңбекке баулу, экономикалық, экологиялық, патриоттық тәрбиелеу мен рухани-өнегелік құндылықтарын қалыптастыруға;

8) уақыт, материалдың қасиеті мен басқа да факторлардың әсерін анықтап және оны ескере отырып жұмысын өз бетінше жоспарлай алуға;

9) оқу мақсаттарына жетуде бірігіп жұмыс істеуді ұйымдастыру (жеке, жұптық және топтық жұмыс) бойынша тәжірибе жинауға бағытталған.

2-тарау. "Көркем еңбек" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

5. "Көркем еңбек" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;

2) 6-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;

3) 7-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;

4) 8-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;

5) 9-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты құрайды

6. Оқу бағдарламасының мазмұны материалдарды бес ортақ білім беру бағыттары арқылы оқып-үйренуді қарастырады:

1) визуалды өнер;

2) сәндік-қолданбалы шығармашылық;

3) дизайн және технология;

4) үй мәдениеті;

5) тамақтану мәдениеті.

Ескерту: "Дизайн және технология" бөлімінің мазмұны екі бағытты көздейді: Конструкциялық материалдарды өңдеу; тоқыма материалдарын өңдеу. "Дизайн және технология" бөлімі аясында оқыту оқушылардың таңдауымен бір бағыт бойынша жүргізіледі.

7. "Көркем еңбек" пәнінің базалық мазмұны. 5-сынып

1) "Визуалды өнер". Бейнелеу өнеріндегі көркем құралдар, классикалық бейнелеу өнерінің үздік туындылары, қазақстандық суретшілердің шығармашылығы, бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары, натюрморт өнері, ұлттық сәндік натюрморт, пейзаж, табиғатпен үйлесім, әуе перспективасы, индустриалды пейзаж, қала пейзажы, сызықтық перспектива, пластикалық пішіндер өнері, мүсін, шығармашылық жұмыс, көрме ұйымдастыру;

2) "Сәндік-қолданбалы өнер". Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнері, көркем кестелеу, кестелеу түрлері, материалдармен және құрал-жабдықтармен танысу, эскиз әзірлеу, бұйымды көркем кестемен сәндеу, өру өнері, өру түрлері, материалдар және құралдармен танысу, оқушылардың таңдауына қарай тәжірибе жұмысы (көркем кесте/өру), бұйым эскизін әзірлеу, бұйымды дайындау, бұйымды сәндеу, жұмыстардың көрмесі;

3) "Дизайн және технология" (бағыты: конструкциялық материалдарды өңдеу). Конструкциялық материалдар, материалдардың түрлері мен қасиеттерін зерттеу, конструкциялық материалдарды өңдеуге арналған жабдықтар, қол құралдары, құрылғылар, көркем аралау, идеялар ойластыру, көркем аралауға арналған материалды таңдау және дайындау, қисық сызықты пішінді бұйымдарды сыртқы және ішкі контур арқылы көркем аралау, сымнан бұйымдардың модельдерін жасау, нобайлар дайындау (

шынжыр, басқатырғыш, жануарлардың пішіндері), материалдар дайындау, бұйым дайындау (шынжыр, басқатырғыш, жануарлардың пішіндері), түрлі материалдарды қолданып, музыкалық аспаптарды (ұрмалы және соқпалы) жобалау, музыкалық аспапты (ұрмалы және соқпалы) жасау, жұмыстарды таныстыру;

4) "Дизайн және технология" (бағыты: тоқыма материалдарын өңдеу). Тоқыма материалдарының классификациясы мен сипаттамалары, материалдардың түрлері мен қасиеттерін зерттеу, тоқыма материалдарын өңдеуге арналған құрал-жабдықтар мен құрылғылар, тігін бұйымдарының жіктемесі, идеядан өнімге (тігін бұйымдары), дизайн, киімді макеттеу (қағаз, тоқыма материалдар), костюм құрастыру (шағын сәнмүсінге немесе қуыршаққа), тоқыма мозаика техникасымен жасалған тігін бұйымдарының дизайны (кұрақ, пэчворк, квилт), идеяларды ойластыру, нобай, материалды таңдау және дайындау, жұмысты орындау реттілігі, бұйым дайындау, бұйымды сәндеу;

5) "Тамақтану мәдениеті". Дұрыс тамақтану негіздері, ас мәзірін әзірлеу, асүйдің жабдыкталуы, тағам әзірлеуге арналған құрал-жабдықтар, аспаптар мен ыдыс-аяқтар, тағам дайындауға арналған құрал-жабдықтардың мүмкіндіктерін зерттеу, бутерброд пен сусын әзірлеу технологиясы, жемістер мен көкөністерден салат әзірлеу технологиясы;

6) "Үй мәдениеті". Электртехникалық арматура, электр энергиясының көздері бойынша тәжірибе жасау (батарея, гальваникалық элемент), тұрмыстағы жөндеу жұмыстары, өсімдік шаруашылығының негізгі бағыттары, өсімдік шаруашылығындағы көктемгі жұмыстар.

8. "Көркем еңбек" пәнінің базалық мазмұны. 6-сынып:

1) "Визуалды өнер". Портрет жанры, портрет түрлері, қазақстандық суретшілердің шығармашылығындағы портрет, сызықты портрет, графика, орындалу техникасы, дәстүрлі емес материалдардан портрет жасау (сымнан орындалған портрет), портреттегі түс, портрет салу техникасы, заманауи портрет, фотоөнер, фотокамерамен тәжірибе, анимация, қозғалатын элементтер (ермексазды анимация, көлеңкелі театр, саусақты және таяқшалы қуыршақтар), сценарий дайындау, кейіпкерлер мен декорациялар жасау, көркем идеяларын жүзеге асыру, дыбыс қосу, жұмысты таныстыру;

2) "Сәндік-қолданбалы өнер". Қазақ халқының зергерлік өнерімен танысу, зергерлік бұйым дайындауға арналған материалдар мен құрал-жабдықтар, тоқу өнері. Ілмекпен тоқу. Тоқыма бізбен тоқу. Тоқу тәсілдері мен техникалары. Тәжірибе жұмысы оқушылардың таңдауы бойынша (зергерлік өнер/ тоқу өнері), бұйым нобайын дайындау, материалдарды таңдау және дайындау, бұйым дайындау, бұйымды сәндеу, көрме ұйымдастыру;

3) "Дизайн және технология". (бағыты: конструкциялық материалдарды өңдеу). Электрлі қол құралдары мен жабдықтары, тәжірибе жұмысы, құрамалы бөлшектерден робот құрастыру, роботтың түрлері және пайда болу тарихы, (өздігінен ізденіс

зерттеулері), робот жасауға арналған нобай дайындау, робот жасауға арналған материалдарды дайындау, робот құрастыру, робот бөлшектерінің жылжымалы механизмін құру бойынша эксперимент жасау, көлік құралдарының түрлері туралы жалпы мәлімет (өздігінен ізденіс зерттеулері), көлік құралы моделін дайындау, нобай, материалдарды іріктеу, көлік құралы моделін жасау, модельдің жеке бөліктерін дайындау, модельді құрастыру, безендіру, жұмысты таныстыру;

4) "Дизайн және технология". (бағыты: тоқыма материалдарын өңдеу). Тоқыма материалдарынан бұйым дайындау (авторлық қуыршақ, дамытатын ойыншықтар), идеялар ойластыру, нобай, түстері мен фактурасы әртүрлі тоқыма материалдарын зерттеу, материалдарды, құралдар мен жабдықтарды таңдау және дайындау, бұйым дайындау, бөлшектерді пішу, жеке бөліктерін өңдеу, бөлшектерді біріктіру және бұйымды сәндеу, үйге арналған тоқыма бұйымдарының дизайны (алжапқыш, асханалық бұйымдар), идеялар ойластыру, нобай, материалды таңдау және дайындау, жұмысты орындау реттілігі, бұйым дайындау, бөлшектерді пішу, жеке бөлшектерін өңдеу, бөлшектерді біріктіру және бұйымды сәндеу, жұмысты таныстыру;

5) "Тамақтану мәдениеті". Қазақ халқы мен түрлі халықтардың мәдениетінде және де қоғамдық тамақтану орындарындағы дастарқан басында өзін-өзі дұрыс ұстау ережелері; жартылай дайын өнімдерден тағам әзірлеу технологиясы, тағамды жылдам әзірлеу технологиясы, десерт әзірлеу технологиясы;

6) "Үй мәдениеті". Электрлік қол құралдарын қолданып тұрмыстағы жөндеу жұмыстарын жүргізу, сәндік гүлдер түрлері, гүл өсіру шаруашылығындағы көктемгі жұмыстар.

9. "Көркем еңбек" пәнінің базалық мазмұны. 7-сынып:

1) "Визуалды өнер". Өнердегі заманауи техника мен ғылыми жетістіктер, табиғаттағы микро суреттер, бейнелеу өнеріндегі заманауи бағыттар (поп-арт, инсталляция және т.б.), өздігінен ізденіс зерттеулері, Қазақстанның заманауи суретшілері, өнердегі заманауи стильдік бағыттарды зерттеу негізіндегі тәжірибе жұмысы (2D немесе 3D форматта), жұмысты таныстыру және көрме ұйымдастыру;

2) "Сәндік-қолданбалы өнер". Пирография өнерімен танысу, көркем күйдіру техникасы мен тәсілдері, көркем өрнек салу (батик, гжель, хохлома), өрнек салу тәсілдері мен техникасы, материалдар мен құралдар, тәжірибе жұмысы оқушылардың таңдауы бойынша (көркем өрнек салу /пирография) нобай орындау, материалдарды таңдау және дайындау, көркем өрнек салу/пирография техникасымен жасалған сәндік бұйымдар, жұмысты таныстыру және көрме ұйымдастыру;

3) "Дизайн және технология". (бағыты: конструкциялық материалдарды өңдеу) Ағашты механикалық өңдеуге арналған құрал-жабдықтар, ағашты механикалық өңдеу барысындағы жұмысты ұйымдастыру, ағаштан жасалған бұйымды өңдеу, бұйымның дизайны, материалды таңдау және дайындау, бұйымды жасау, материалдар мен бөлшектерді механикалық өңдеу, бұйымды безендіру, көрме ұйымдастыру;



4) "Дизайн және технология". (бағыты: тоқыма материалдарын өңдеу). Киімді түрлендіру (трансформация) және тігін бұйымдарын сәндеу (киім, аксессуарлар, бижутериялар), түрлендіру үшін идеялар ойластыру, нобай, материалдар мен құралдарды дайындау, бұйым дайындау, киім бөлшектерін пішу, жеке бөлшектерді өңдеу, бұйым бөлшектерін біріктіру және өңдеу, бұйымды сәндеу, жұмысты таныстыру (сән көрсетілімі);

5) "Тамақтану мәдениеті". Қазақтың ұлттық тағамдары, әлем халықтарының асханасы (өздігінен ізденіс зерттеулері), әлем халықтарының тағамдары, тәжірибе жұмысы (суши, пицца, көже);

6) "Үй мәдениеті". Өсімдік сән және интерьер элементі ретінде, тұрмыстық құрал-жабдықтар мен электрарматураны жөндеу, тұрғын үй экологиясы, үйдегі микроклимат.

10. "Көркем еңбек" пәнінің базалық мазмұны. 8-сынып:

1) "Сәндік-қолданбалы өнер". Қазақтың ұлттық сәндік қолданбалы бұйымдары (ши тоқу, киіз басу), материалдар мен құрал-жабдықтар, мозаика өнері, мозаика жасау техникалары мен түрлері (өздігінен ізденіс зерттеулері), тәжірибе жұмысы оқушылардың таңдауы бойынша (ши тоқу, киіз басу, мозаика панносы), нобай дайындау, материалтаңдау және дайындау, шығармашылық жұмысты орындау, сәндеу, көркем безендіру және жұмыстарын таныстыру;

2) "Дизайн және технология". (бағыты: конструкциялық материалдарды өңдеу) Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен танысу, тұрмыстық ұлттық заттарды дайындау техникасы мен материалдарын зерделеу, идеяларды талқылау және нобай дайындау, жұмысты жоспарлау, материалдарды өңдеу, бұйым дайындау, көрме ұйымдастыру және жұмысты таныстыру;

3) "Дизайн және технология". (бағыты: конструкциялық материалдарды өңдеу). Үстел ойыны, пайда болу тарихы, үстел ойынының тұжырымдамасы, үстел ойынын дайындау, графикалық құжаттамасы, үстел ойының бөлшектерін дайындау, көркем безендіру, ойынды тестілеу, сауалнама жүргізу және ақпараттар жинау, жұмысты таныстыру;

4) "Дизайн және технология". (бағыты: тоқыма материалдарын өңдеу). Қазақтың ұлттық киімі, этностиль, ою-өрнек және оның стилизациясы, этностильдегі бұйымның дизайны (бас киім немесе қамзол), этностильде бұйым дайындау (бас киім немесе жилет), сәндеу, жұмысты таныстыру;

5) "Дизайн және технология". (бағыты: тоқыма материалдарын өңдеу). Халықтық пішім негізіндегі киім дизайны (тұтаспішімді жең), идея ойластыру. нобай, құрал-жабдықтар мен материалдар дайындау, халықтық пішім негізінде бұйым дайындау, бөлшектерді пішу, жеке бөлшектерді өңдеу, бөлшектерді біріктіру және бұйымды өңдеу, бұйымды сәндеу;

б) "Үй мәдениеті". Агротехнологияның және өсімдік шаруашылығының дамуындағы ғылымның рөлі (өздігінен ізденіс зерттеулері), өсімдіктердің медицинада, фитотерапия және косметологияда қолданылуы, электрқұрылғылар мен тұрмыстық техникаларды таңдау және бағалау, бөлменің жөндеу жұмыстарына арналған заманауи материалдар мен құрал-жабдықтар (тәжірибелік жұмыс).

11. "Көркем еңбек" пәнінің базалық мазмұны. 9-сынып:

1) "Сәндік-қолданбалы өнер". Қазақстанның дәстүрлі тоқыма өнері, қазақ кілемдері, алаша, кілем тоқу, гобелен, кілем тоқу материалдары мен құрал-жабдықтары, интерьердегі сәндік бұйымдар, интерьердің сәндік заттарын (шамшырақ, сәндік сағаттар) дайындау техникалары мен тәсілдерін зерделеу, тәжірибе жұмысы оқушылардың таңдауы бойынша (алаша/гобелен/ интерьерге арналған сәндік бұйым), бұйым нобайын дайындау, материалдар мен құралдарды дайындау, шығармашылық жұмысты орындау, сәндеу, рәсімдеу, жұмысты таныстыру;

2) "Дизайн және технология". (бағыты: конструкциялық материалдарды өңдеу) Сәулет өнерінің үздік туындылары, заманауи сәулет өнері, Қазақстан сәулет өнері (заманауи және тарихи), сәулеттік ғимараттар мен нысандардың (имитация немесе өз идеялары) нобайы, сызбасы, сәулеттік нысанның макетін орындауға қажетті материалдарды анықтау және таңдау, сәулеттік нысан макетін дайындау;

3) "Дизайн және технология". (бағыты: конструкциялық материалдарды өңдеу) Интерьер заттары және жиһаздардың өндірілуі, белгілі бір интерьерге арналған заттарды дайындау (көрме залына арналған модульді жиһаз, трансформацияланатын балаларға арналған жиһаз, сәнді шамшырақ), идеяны дамыту және талқылау, материалдарды дайындау, графикалық құжаттама, техникалық спецификация, бұйым әзірлеу, әрлеу, жұмысты таныстыру;

4) "Дизайн және технология". (бағыты: тоқыма материалдарын өңдеу). Заманауи сән әлеміндегі стильді бағыттар (өздігінен ізденіс зерттеулері), "Сән және жеке тұлға үйлесімділігі" эксперименті, жеке даралық имиджін жасау, идеялар ойластыру, аксессуарлар, шаш үлгісі, визаж құралдары негізінде жеке даралық образды жасау, өзіндік имидж қалыптастыру үшін киім/аксессуарлар топтамасын жасау эксперименті, жұмысты таныстыру (сән көрсетілімі);

5) "Дизайн және технология". (бағыты: тоқыма материалдарын өңдеу). Қарапайым геометриялық пішіндерден құралған "Fast cloth" сәнді киімінің (пончо, кейп, туника) дизайны, киім және аксессуарлардың заманауи өндірісі, идея ойластыру, нобай, материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындау, бұйым дайындау, бөлшектерді пішу, жеке бөлшектерді өңдеу, бөлшектерді біріктіру және бұйымды сәндеу, жұмысты талдау және бағалау, жұмысты таныстыру (сән көрсетілімі);

6) "Үй мәдениеті". Интерьер/экстерьердегі ландшафт элементтері, шығармашылық идеяларды визуалдау (нобай), интерьердегі жарықтандыру, интерьерді аудандарға бөлу

және жоспарлау (тұрғын үй бөлмелері, өндірістік, қоғамдық орындар), интерьерді мерекеге орай безендіру, шығармашылық идеяны жүзеге асыру;

12. "Көркем еңбек" оқу пәнінің 5-9-сыныптарға арналған оқу бағдарламасының мазмұны оқыту мақсаттары жүйесінің шығармашылық әрекет үдерісі барысында тәжірибелік және негізгі білім қалыптастыруға бағытталған үш бөлім бойынша ұйымдастырылған.

13. "Шығармашылық идеяларды дамыту және зерттеу" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) қоршаған орта туралы білім мен түсінік;
- 2) тарих, мәдениет және дәстүр туралы білім мен түсінік;
- 3) ақпарат көздерімен жұмыс істеу;
- 4) шығармашылық іс-әрекет үдерісін жоспарлау;
- 5) дизайн дайындау бойынша тапсырмалармен жұмыс жасау;
- 6) материалдар, олардың қасиеттері мен жұмыс істеу техникалары.

14. "Шығармашылық жұмыстарды жасау және дайындау" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) шығармашылық идеялардың көркем көрінісі;
- 2) құралдар мен жабдықтар;
- 3) жасау технологиясы;
- 4) тамақтану мәдениеті;
- 5) үй мәдениеті;
- 6) техника қауіпсіздігі және еңбек гигиенасы ережелерін сақтау.

15. "Таныстырылым, талдау және шығармашылық жұмыстарды бағалау" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) шығармашылық жұмыстардың таныстырылымы;
- 2) идеяларды талдау және бағалау;
- 3) әдіс-тәсілдерді талдау және бағалау;
- 4) жұмысты жетілдіру және бейімдеу.

3-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

16. Оқыту мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа бөлінген.

17. Бағдарламада оқыту мақсаттарын қолдануға және мониторинг жасауға тиімді болу үшін кодтық белгі енгізілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім және бөлімше ретін, төртінші сан оқу мақсатының реттік номерін көрсетеді. Мысалы, 5.2.1.4. кодында "5" - сынып, "2.1" - бөлім мен бөлімше, "4" - оқыту мақсатының реттік саны.

18. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) "Шығармашылық идеяларды дамыту және зерттеу" бөлімі:

Білім алушылар білуі тиіс:					
Бөлімше	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып

1.1 Қоршаған орта туралы білім мен түсінік	5.1.1.1 қоршаған ортаның (түс, пішін, фактура, пропорция және т.б.) визуалды сипаттамасын зерделеу және анықтау	6.1.1.1 қоршаған орта нысандарының визуалды сипаттамаларын түсіну және білімін көрсету	7.1.1.1 қоршаған орта элементтерінің визуалды сипаттамасын өзінше түсіндіру		
1.2 Тарих, мәдениет және дәстүр туралы білім мен түсінік	5.1.2.1 қазақ халқының ұлттық және әлем мәдениетіндегі өнер, қол өнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктерін анықтау және зерделеу	6.1.2.1 қазақ халқының ұлттық және әлем мәдениетіндегі өнер, қол өнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктері туралы білімін түсініп және көрсету	7.1.2.1 тарихи және мәдени шығу тегі әртүрлі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктерін өз бетінше зерделеу және сипаттау	8.1.2.1 тарихи және мәдени шығу тегі әртүрлі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктері туралы түсінігін көрсету	9.1.2.1 тарихи және мәдени шығу тегі әртүрлі өнер, қолөнер және дизайн туындыларының түрлі материалдарын, бағытын, салыстыру, талдау
1.3 Ақпарат көздері	5.1.3.1 шығармашылық идеяларды зерттеу мен дамыту үшін ақпарат көздерімен жұмыс істеу	6.1.3.1 шығармашылық идеяларды іске асыру мақсатында ақпарат көздерін өз бетінше таңдап, қолдану	7.1.3.1 шығармашылық жұмыста идеяларын іске асыру мақсатында түрлі ақпарат көздерінің ең тиімдісін таңдау және қолдану	8.1.3.1 шығармашылық идеяларды дамыту мен іске асыруда өз бетінше таңдаған ақпарат көздерін қолдану	9.1.3.1 шығармашылық идеяларды дамыту мен іске асыруда ақпарат көздерін толыққанды және нәтижелі қолдану
1.4 Шығармашылық іс-әрекет үдерісін жоспарлау	5.1.4.1 шығармашылық жұмысты орындау кезеңдерін анықтай отырып, жоспар дайындау	6.1.4.1 уақыт және басқа да факторларды ескере отырып, іс-әрекеттің реттілігін анықтау және жоспарлау; 6.1.4.2 материалдық шығынды анықтау (сандық көрсеткіштер)	7.1.4.1 алған білімдері мен тәжірибелерін қолдана болашақ іс-әрекеттерін анықтау және шығармашылық қызметін жоспарлау; 7.1.4.2 бұйымның өзіндік құнын материалдық шығындарын анықтау	8.1.4.1 алған білімі мен тәжірибелерін қолданып, болашақ іс-әрекетін толық сипаттап, шығармашылық қызметін жоспарлау; 8.1.4.2 зерттеу нәтижелері негізінде тұтынушылардың өнімнің түрлеріне қажеттілігін анықтау	9.1.4.1 жұмысты орындаудың тиімді әдістері мен реттілігін анықтай отырып, шығармашылық қызметін жоспарлау; 9.1.4.2 пайданы анықтау мақсатында түрлі тауарларды өткізу нарығын талдау
	5.1.5.1 композицияның негізгі заңдылықтарын ескеріп, қарапайым	6.1.5.1 композицияның негізгі заңдылықтарын сақтай отырып,	7.1.5.1 функционалды және эстетикалық талаптарға сай,	8.1.5.1 функционалды талаптарға сай нысан дизайнын	9.1.5.1 күрделі нысандар, пішіндер мен образдардың

1.5 Дизайн (эскиз) дайындау бойынша тапсырмалармен жұмыс істеу	нысандардың дизайнын дайындау бойынша тапсырмаларды орындау	эртүрлі нысандардың дизайны бойынша тапсырмалар орындау	нысанның дизайн дайындау бойынша тапсырмаларды орындау	дайындау бойынша тапсырмаларды орындау	дизайнын дайындау үшін білімді қорытындылау
	5.1.5.2 шығармашылық идеяларды іске асыру үшін нобайлар орындау	6.1.5.2 шығармашылық идеяларды іске асыру үшін нобайлар, техникалық суреттер мен сызбалар орындау	7.1.5.2 түрлі графикалық құралдардың көмегімен бұйым дайындау үшін эскиздер орындау және графикалық пен технологиялық құжаттар әзірлеу	8.1.5.2 бұйым дайындаудың реттілігі мен тиімді тәсілін анықтай отырып, графикалық және технологиялық құжаттар дайындау	9.1.5.2 графиканың эртүрлі тәсілдерін қолдану арқылы өз бетінше графикалық және технологиялық құжат құру
1.6 Материалдар, олардың қасиеттері мен жұмыс істеу техникалары	5.1.6.1 материалдардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау арқылы, жалпы қасиеттері мен құрылысын зерделеу	6.1.6.1 материалдардың физикалық, механикалық және технологиялық қасиеттерін, олардың қолданылу аясын анықтау және сипаттау	7.1.6.1 жобаланатын нысанды дайындау барысында материалдардың физикалық, технологиялық және механикалық қасиеттерін анықтау және салыстыру	8.1.6.1 жобаланатын нысанның тағайындалуы мен қасиеттерін ескеріп, материалдарды өңдеумен безендіру тәсілдерін анықтау және таңдау	9.1.6.1 техникалық, эксплуатациялық және экологиялық ескере отырып, материалдарды өңдеудің өзіндік тәсілдерін негіздеп анықтау және таңдау
	5.1.6.2 заманауи және дәстүрлі емес материалдарды білу, олардың қасиеттері мен қолданылуын анықтау	6.1.6.2 заманауи және дәстүрлі емес материалдарды білу, оларды өңдеу мен пайдаланудың тиімді жолдарын анықтау	7.1.6.2 бірқатар заманауи және дәстүрлі емес материалдарды білу, оларды өңдеу, пайдалану және үйлестірудің тиімді жолдарын анықтау	8.1.6.2 бұйымды дайындау мен безендіру үшін заманауи және дәстүрлі емес материалдардың тиімді қолданылуын түсіне отырып өздігінен таңдау	9.1.6.2 бұйымды дайындау мен безендіру барысында заманауи және дәстүрлі емес материалдарды қолданудың өзіндік шешімдері мен жолдарын ұсыну
	5.1.6.3 тоқыма материалдар мен бұйымдардың жіктелуін білу және сипаттау	6.1.6.3 тоқыма материалдар мен бұйымдардың қасиеттері мен фактурасын зерделеу және анықтау	7.1.6.3 өңдеу тігін материалдары мен сәндік әшекей бұйымдарының жіктелуін анықтау, сипаттау және салыстыру	8.1.6.3 табиғи және жасанды тері мен былғарының түрлері мен қасиеттерін анықтау, сипаттау және салыстыру	9.1.6.3 трикотаж, тоқусыз матаны өз бетінше зерделеу, анықтау және бағалау
		6.1.6.4 материалдардың қасиеттері			

5.1.6.4 таңдаған құралдардың қасиеттерін ескере отырып, көркемдік материалдарды, орындау техникаларын қолдану және эксперимент жүргізу	жайлы білімін және тәжірибелік жұмыс істеу дағдыларын көрсете отырып техникалар, көркемдік материалдарды қолдану және эксперимент жасау	7.1.6.4 шығармашылық жұмыстар барысында орындау техникасы мен көркемдік материалдарды анықтау, таңдау және біріктіру	8.1.6.4 шығармашылық жұмыстар барысында орындау техникасы мен көркемдік материалдарды анықтау, таңдау және біріктіру	9.1.6.4 шығармашылық жұмыс жасау үшін әр түрлі орындау техникасын және көркемдік материалдарын қолдану бойынша өзіндік шешімдер ұсыну
--	---	--	--	---

## 2) "Шығармашылық жұмыстарды жасау және дайындау" бөлімі:

Бөлімше	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
2.1 Шығармашылық идеялардың көркем көрінісі	5.2.1.1 өз идеялары мен сезімдерін жеткізу үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің суреттеу құралдарын қолдану	6.2.1.1 өз идеялары мен сезімдерін беру үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің суреттеу құралдарын анықтау, таңдау және қолдану	7.2.1.1 күрделі шығармашылық идеяларды білдіру үшін қоршаған ортаның визуалды элементтерін және өнердің суреттеу құралдарын негіздеп анықтау, таңдау және қолдану	8.2.1.1 күрделі шығармашылық идеяларды білдіру үшін өнердің суреттеу құралдарын өз бетінше анықтау, таңдау және қолдану	9.2.1.1 мазмұнды және ерекше туындылар орындау үшін өнердің суреттеу құралдарын өз бетінше қолдану
2.2 Құралдар мен жабдықтар	5.2.2.1 құрастырымды, табиғи және жасанды материалдарды өңдеу үшін қол құралдары мен жабдықтарын анықтау, сипаттау және қолдану; 5.2.2.2 ағаш және темір өңдеу білдегінің қолданылуы мен құрылысын түсіндіру	6.2.2.1 құрастырымды, табиғи және жасанды материалдарды өңдеу үшін пайдаланатын қол электрлік құралдарының қозғалысты беру механизмдері мен құрылысын анықтау және сипаттау	7.2.2.1 заманауи технологиялық машиналардың құрылысын және жұмыс істеу принципін сипаттау және олармен құрастырымды, табиғи, жасанды заттарды өңдеу бойынша жұмыстар орындау	8.2.2.1 заманауи технологиялық машиналарда құрастырымды өңдеу бойынша күрделі операцияларды орындау	9.2.2.1 материалдарды өңдеу үшін құралдарды және заманауи технологиялық машиналарды анықтау, таңдау және қолдану; 9.2.2.2 өнеркәсіптегі технологиялық және өндірістік процестер туралы білімі мен түсінігін көрсету
	5.2.2.3 тігін машинасының құрылысын, жіп өткізуді сипаттау және білу, машина	6.2.2.2 тігін машинасын қалыпты күйге келтіруді білу және орындау;	7.2.2.2 тігін машинасы жұмысындағы	8.2.2.2 тігін машинасына	9.2.2.3 заманауи тігін құрал-жабдықтарын білу және

	тігістерін орындау; 5.2.2.4 тігін бұйымдарын ылғалды-жылумен өңдеуге арналған жабдықтарды білу, сипаттау және қолдану	6.2.2.3 тігін бұйымдарын ылғалды жылумен өңдеу режим дерін білу, сипаттау және оларды тәжірибеде қолдану	ақауларды анықтау және жөндеу; 7.2.2.3 тігін бұйымдарын ылғалды-жылумен өңдеу барысында қолданылатын құралдарды анықтау, таңдау, қолдану	қажетті құрылғыларды (түймелікті өңдеу, сыдырманы қондырып тігу) таңдау және қолдану	торлау тігін машинасын қолдану; 9.2.2.4 тігін машиналарында күрделі операцияларды (апликация, кестелеу) орындау және зерделеу
2.3 Жасау технологиясы	5.2.3.1 өлшем мен белгілеу негізінде орындалған бұйым дайындау үшін материалдарды қол құралдарымен өңдеу; 5.2.3.2 түрлі материал-дардан (тоқыма, конструкциялық, табиғи және жасанды) қарапайым бұйым дайындау	6.2.3.1 орындалған өлшем мен белгілеу негізінде бұйым дайынау үшін материалдары электрлік қол құралдарымен өңдеу; 6.2.3.2 ажырайтын және ажырамайтын біріктіру әдістерін қолданып, бірнеше бөлшектерден тұратын бұйым жасау	7.2.3.1 бұйымдардың функционалдық және эстетикалық сапасын арттыру үшін материалдарды механикалық өңдеу және безендіру; 7.2.3.2 технологиялық құжаттар бойынша реттілікті және дәлдікті сақтай отырып, күрделі бұйымдар жасау	8.2.3.1 түрлі құрал-жабдықтарды қолдана отырып, материалдарды өңдеу мен безендіру әдістерін анықтау, пайдалану; 8.2.3.2 өз бетінше дайындаған құжатпен күрделі бұйым жасау	9.2.3.1 бұйым дайындау барысында материалдарды өңдеу мен безендірудің ұтымды тәсілдерін анықтау, таңдау және қолдану; 9.2.3.2 өздігімен және сенімділікпен әртүрлі техникаларды, конструкция түрлері мен заманауи материалдарды қолдана отырып бірегей бұйым жасау
	5.2.3.3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар дайындау үдерісінде қазақтың ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану	6.2.3.3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау барысында қазақтың ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану	7.2.3.3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау барысында қазақтың ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану	8.2.3.3 шығармашылық жұмыс тар мен бұйымдар жасау барысында қазақтың ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану	9.2.3.3 шығармашылық жұмыс тар мен бұйымдар жасау барысында қазақтың ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану
	5.2.3.4 тоқыма бұйымдарын пішу және сыру тігісін қолдану	6.2.3.4 тігін машинасы және қол құралдарымен бүктемелі тігіс, сырып тігу тігісі түрлерін қолдана отырып, тоқыма материалдарын	7.2.3.4 әртүрлі конструкциялық, заманауи тоқыма және сән деу материалдарын	8.2.3.4 қол мен тігін құрал-жабдықтары және олардың құрылғыларын қолдана отырып,	

	арқылы қол құралдары мен тiгiн машинасында өңдеу;	пiшу және өңдеу ; 6.2.3.5 әр түрлi конструкциялар мен материалдарды (тоқыма, табиғи және жасанды) қолдана отырып, бiр өнiм орындау	қолдана отырып, тiгiн машинасында технологиялық талапқа сәйкес бұйым жасау	тоқыма материалдарын өңдеу мен сәндеудiң тиiмдi әдiстерiн анықтау және қолдану;	
2.4 Тамақтану мәдениетi	5.2.4.1 дұрыс және тиiмдi тамақтану ережелерiн зерделеу және сипаттау; 5.2.4.2 дұрыс және тиiмдi тамақтану ас мәзiрiн құрастыру; 5.2.4.3 тағам әзiрлеуге арналған құралдар мен жабдықтарды зерделеу және олардың мүмкiншiлiгiн анықтау; 5.2.4.4 салқын тағамдар мен сусындарды әзiрлеу технологиясын бiлу және қолдану	6.2.4.1 қоғамдық тамақтану орындарында, қазақ халқы мен әлем халықтарының мәдениетiндегi дастарқан басында өзiн-өзi ұстау ережелерiн салыстыру және сипаттау; 6.2.4.2 әртүрлi iс-шараға арналған дастарқанды безендiрудегi бiлiмдерi мен тәжiрбиелiк дағдыларын көрсету; 6.2.4.3 жылдам орындалатын тағамдар мен десерт дайындау технологиялары н бiлу және қолдану; 6.2.4.4 әртүрлi тағамдарды дайындау үшiн азық-түлiктер, құрал-саймандар мен керек-жарақтарын анықтау және таңдау	7.2.4.1 әлем халықтарының тағамдары мен әлемге әйгiлi аспазшылардың тағамдарындағы ерекшелiктердi сипаттап, салыстыру; 7.2.4.2 әлем халықтарының және ұлттық тағамдардың жасалу технологияларын зерделеу және қолдану; 7.2.4.3 әртүрлi тағамдар дайындауда қолданатын қажеттi құрал-жабдықтарды, өнiмдердi таңдауда өз бетiнше нақты шешiм қабылдай алу		
	5.2.5.1 өсiмдiк шаруашылығы	6.2.5.1 сәндiк гүл түрлерiн		8.2.5.1 ауыл шаруашылық өндiрiсiнiң	



2.5 Үй мәдениеті	мен жеміс-көкөніс түрлерінің негізгі бағыттарын зерделеу және сипаттау; 5.2.5.2 өсімдік шаруашылығында көктемгі жұмыстар жүргізу	өсіру технологиясын зерттеу және сипаттау; 6.2.5.2 сәндік бақша мен гүл өсіру шаруашылығында көктемгі жұмыстар орындау	7.2.5.1 интерьер безендіру үшін әртүрлі өсімдіктердің эстетикалық қасиеттерін сипаттау, қолдану және бағалау	дамуындағы әдіс-тәсілдерді талқылау және бағалау; 8.2.5.2 медицинадағы, фитотерапия мен косметикадағы өсімдіктердің рөлін зерделеу, талқылау және бағалау	9.2.5.1 ландшафты дизайнның элементтерін, заманауи бағыттары мен стильдерін анықтау және сипаттау
	5.2.5.3 қол құралдарын пайдаланып, ақауларды жою бойынша интерьерді ұйымдастырудың тәжірибелік жұмыстары мен қарапайым жөндеу операцияларын орындау	6.2.5.3 қол құрал-саймандарды пайдаланып, ақауларды жою бойынша жөндеу операциялары мен интерьерді ұйымдастырудың тәжірибелік жұмыстарын орындау	7.2.5.2 интерьерді ұйымдастыру бойынша тәжірибелік жұмыстар орындау барысында жарықтандыруға, желдеткіш және жылу жүйесіне қойылатын нормаларды сақтау және қарастыру	8.2.5.3 тұрмыста жөндеу жұмыстарын жүргізу барысында ақауларды жоюдың тиімді тәсілдерін табу; 8.2.5.4 тұрмыста жөндеу жұмыстарын жүргізу барысында заманауи материалдар мен құрал-жабдықты зерделеу, таңдау және қолдану	9.2.5.2 интерьерді безендіру, жоспарлау және ұйымдастыру бойынша тәжірибелік жұмысты орындау үшін түрлі салалардағы білімдерін жалпылау
	5.2.5.4 қарапайым электротехникалық арматура мен электро монтажды құралдарды атау мен олардың қолданылуын түсіндіру	6.2.5.4 қарапайым электр тізбектерінің есебін жүргізу және ажырата білу, орындау	7.2.5.3 электротехникалық арматура ралар мен тұрмыстық құралдардың қарапайым жөндеу жұмыстарын жүргізу	8.2.5.5 тұрмыстық техника мен электр жабдықтарының эстетикалық, эргономикалық және эксплуатациялық сапаларын салыстру және бағалау	9.2.5.3 функционалдық, эргономикалық және эстетикалық талаптарды ескеріп, интерьердегі жарықтандыруды ұйымдастыру бойынша шығармашылық шешімдер дайындау
	5.2.5.5 тұрақты тоқ көздерін пайдалану арқылы	6.2.5.5 қарапайым сызба бойынша электр	7.2.5.4 есептеулер орындау үшін бақылау-өлшегі		

	қарапайым бұйым құрастыру	тізбектерін орындау және жинау	ш аспаптарын таңдау және қолдану		
2.6 Техника қауіпсіздігі мен еңбек гигиенасының ережелерін сақтау	5.2.6.1 техника қауіпсіздігін сақтай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану; 5.2.6.2 қол құралдарымен жұмыс істеудің қауіпсіз тәсілдерін, еңбек гигиенасының ережелерін білу (жұмыс орнын, құралдарды ұйымдастыру және тазалау, арнайы киімде жұмыс істеу)	6.2.6.1 техника қауіпсіздігін сақтай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану; 6.2.6.2 қол электрлі құралдары және жабдықтарымен қауіпсіз жұмыс жасау тәсілдерін, еңбек гигиенасы ережелерін білу және түсіндіру	7.2.6.1 техника қауіпсіздігін сақтай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану; 7.2.6.2 заманауи технологиялық машиналармен қауіпсіз жұмыс жасау жолдарын білу және түсіндіру	8.2.6.1 техника қауіпсіздігін сақтай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану; 8.2.6.2 құрал-жабдықта рмен қауіпсіз жұмыс істеу туралы ескертпе парағын құру	9.2.6.1 техника қауіпсіздігін сақтай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану; 9.2.6.2 белгілі бір бұйым мен жұмыс түріне арналған техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық құру

### 3) "Презентациялау, талдау және шығармашылық жұмыстарды бағалау" бөлімі:

Бөлімше	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
3.1 Шығармашылық жұмыстардың таныстырылым ы	5.3.1.1 сыныпқа дайын жұмысты таныстыру	6.3.1.1 мектеп аудиториясы алдында өзінің дайын жұмыстарын таныстыру (көрме)	7.3.1.1 ауқымды аудитория алдында дайын болған өз жұмыстарын таныстыру (көрме, сән көрсетілімі)	8.3.1.1 онлайн платформадағы ауқымды аудитория алдында дайын жұмыстарды қорғау және оны ұсыну	9.3.1.1 медиа құралдары мен онлайн платформаларды қолдана отырып, белгілі бір аудиторияға дайын жұмыстарын қорғауды өз бетінше ұйымдастыру
3.2 Идеяларды талдау және бағалау	5.3.2.1 пәндік терминологияны қолданып өзінің және өзгелердің жұмыстарын да берілген идеялар мен тақырыптарды сипаттау	6.3.2.1 пәндік терминологияны қолдана отырып, өзінің және өзгелердің жұмыстарындағы идеялары мен тақырыптарды салыстыру	7.3.2.1 пәндік терминологияны қолдана отырып, өзінің және өзгелердің жұмыстарындағы идеялар мен тақырыптарды талқылау және бағалау	8.3.2.1 пәндік терминологияны қолдана отырып, өзінің және өзгелердің жұмыстарындағы идеялары мен тақырыптарды талдау мен бағалау жүргізу үшін критерийлерді қолдану	9.3.2.1 өзінің және өзгелердің жұмыстарындағы тарихи, әлеуметтік және мәдениеттік мәнмәтіндерді талдау мен бағалау
			7.3.3.1 пәндік терминологияны		

3.3 Әдіс-тәсілдерді талдау және бағалау	5.3.3.1 пәндік терминологияны қолдана отырып, өзінің және өзгелердің жұмыстарындағы қолданылған әдіс-тәсілдерді сипаттау	6.3.3.1 пәндік терминологияны қолдана отырып, өзінің және өзгелердің жұмыстарындағы қолданылған әдіс-тәсілдерді салыстыру	пайдалана отырып, басқалардың және өз жұмыстарындағы әдіс-тәсілдері мен техникаларды талқылау және бағалау	8.3.3.1 жасалған өнімнің сапасын қолданылған әдіс-тәсілдерін бағалау және талдау үшін критерийлерді қолдану	9.3.3.1 бұйымның сапасын және өнімнің сыртқы көрінісін анықтайтын негізгі факторларды талдау және бағалау
3.4 Жұмысты жетілдіру және бейімдеу	5.3.4.1 өзінің және өзгелердің жұмыстарын жетілдіру және бейімдеу бойынша конструктивті пікірлер, ұсыныстар білдіру	6.3.4.1 өзінің және өзгелердің жұмыстарын жетілдіру және адаптациялау бойынша сындарлы пікір мен негізделген ұсыныстарды қабылдау	7.3.4.1 өзінің және өзгелердің жұмыстарын жетілдіру және адаптациялауда қолданылған идеяларды салыстыруда негізделген сыни ұсыныстар жасау	8.3.4.1 өзінің және өзгелердің жұмыстарын жетілдіру мен бейімдеуде қолданылған идеяларды талдауда және бағалауда негізделген сыни ұсыныстар жасау	9.3.4.1 өзінің және өзгелердің жұмыстарындағы мақсаттың өзіндік анық көруін және негізделген бағаны өзіндік білдіру

19. Осы оқу бағдарламасы негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған "Көркем еңбек" оқу пәнінен үлгілік оқу бағдарламасының Ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

20. Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Негізгі орта білім беру  
деңгейінің  
5-9-сыныптарына арналған  
"Көркем еңбек" оқу пәнінен  
үлгілік оқу бағдарламасына  
қосымша

**Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған "Көркем еңбек" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

### 5-сынып

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары. Білім алушылар білуге тиісті
1-тоқсан		5.1.2.1 әлем және қазақ ұлттық мәдениетіндегі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктерін анықтау және зерделеу
		5.1.3.1 шығармашылық идеяларды зерттеу мен дамыту үшін ақпарат

Визуалды өнер

Бейнелеу өнерінің көркем құралдары. Классикалық өнердің үздік туындылары. Қазақстан суретшілерінің шығармашылығы. Бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары	көздерімен жұмыс істеу (ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолдану арқылы)
	5.3.2.1 пәндік терминологияны қолдана отырып, өзінің және өзгелердің (суретшілер, қолөнершілер, дизайнерлер) жұмыстарында берілген идеялар мен тақырыптарды сипаттау
	5.3.3.1 пәндік терминологияны қолдана отырып, өзінің және өзгелердің жұмыстарындағы қолданылған әдіс-тәсілдерді (техникасы) сипаттау
Натюрморт өнері. Ұлттық сәндік натюрморт	5.1.5.2 шығармашылық идеяларды іске асыру үшін нобайлар орындау
	5.1.6.4 таңдаған тәсілдерінің қасиеттерін ескере отырып, көркемөнер материалдарын, техникаларын пайдалану және эксперимент жүргізу
	5.2.1.1 өз идеялары мен сезімдерін беру үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің көркем тәсілдерін қолдану
Пейзаж. Табиғатпен үйлесім. Әуе перспективасы	5.2.3.4 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар дайындау үдерісінде қазақтың ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану
	5.1.1.1 қоршаған ортаның визуалды сипаттамасын зерделеу және анықтау (композиция, түс, пішін, фактура, тепе-теңдік)
	5.2.1.1 өз идеялары мен сезімдерін беру үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің көркем тәсілдерін қолдану
Индустириалды пейзаж. Қала пейзажы. Сызықтық перспектива	5.1.1.1 қоршаған ортаның визуалды сипаттамасын зерделеу және анықтау (композиция, түс, пішін, фактура, тепе-теңдік)
	5.2.1.1 өз идеялары мен сезімдерін беру үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің көркем тәсілдерін қолдану
	5.1.1.1 қоршаған ортаның визуалды сипаттамасын зерделеу және анықтау (композиция, түс, пішін, фактура, тепе-теңдік)
	5.2.1.1 өз идеялары мен сезімдерін беру үшін қоршаған ортаның

	<p>Пластикалық пішіндер өнері. Мүсін</p>	<p>визуалды элементтері мен өнердің көркем тәсілдерін қолдану</p> <p>5.3.3.1 пәндік терминологияны қолдана отырып, өзінің және өзгелердің жұмыстарындағы қолданылған әдіс-тәсілдерді (техникасы) сипаттау</p>
	<p>Шығармашылық жұмыс. Көрме ұйымдастыру</p>	<p>5.1.5.2 шығармашылық идеяларды іске асыру үшін нобайлар орындау</p> <p>5.1.6.4 таңдаған тәсілдерінің қасиеттерін ескере отырып, көркемөнер материалдарын, техникаларын пайдалану және эксперимент жүргізу</p> <p>5.2.1.1 өз идеялары мен сезімдерін беру үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің көркем тәсілдерін қолдану.</p> <p>5.3.1.1 бүкіл сыныпқа дайын жұмысты таныстыру</p>
2-тоқсан		
Сәндік-қолданбалы өнер	<p>Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнері</p>	<p>5.1.2.1 әлем және қазақ ұлттық мәдениетіндегі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктерін анықтау және зерделеу;</p> <p>5.1.3.1 шығармашылық идеяларды зерттеу мен дамыту үшін ақпарат көздерімен жұмыс істеу</p>
	<p>Көркем кестелеу. Кесте түрлері. Материалдар және құрал-жабдықтармен танысу.</p>	<p>5.1.2.1 әлем және қазақ ұлттық мәдениетіндегі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктерін анықтау және зерделеу;</p> <p>5.1.6.3 тоқыма материалдар мен бұйымдардың жіктелуін білу және сипаттау</p>
	<p>Өру өнері. Өру түрлері. Материалдар және құрал-жабдықтармен танысу</p>	<p>5.1.2.1 әлем және қазақ ұлттық мәдениетіндегі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктерін анықтау және зерделеу;</p> <p>5.1.6.2 заманауи және дәстүрлі емес материалдарды білу, олардың қасиеттері мен қолданылуын анықтау</p>
	<p>Тәжірибе жұмысы оқушының таңдауы бойынша (Көркем кестелеу/өру).</p>	<p>5.1.5.2 шығармашылық идеяларды жүзеге асыру үшін нобайлар орындау;</p>

	Идеяны талқылау және дамыту. Нобай дайындау	5.1.4.1 шығармашылық жұмысты орындау кезеңдерін анықтай отырып, жоспар дайындау;
	Көркем кестелеу/Бұйымды өруді орындау.	5.2.3.2 әртүрлі (тоқыма, конструкциялық, табиғи және жасанды) материалдардан қарапайым бұйым дайындау 5.2.3.3 шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар дайындау үдерісінде қазақтың ұлттық мәдениет элементтерін қолдану; 5.2.6.1 техника қауіпсіздігін сақтай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану
	Көрме ұйымдастыру	5.3.1.1 бүкіл сыныпқа дайын жұмысты таныстыру. 5.3.3.1 пәндік терминологияны қолдана отырып, өзінің және өзгелердің жұмыстарындағы қолданылған әдіс-тәсілдерді сипаттау
3-тоқсан		
	Конструкциялық материалдар. Материалдардың түрлері мен қасиеттерін зерттеу	5.1.6.1 конструкциялық, табиғи және жасанды материалдардың жалпы қасиеттері мен құрылысын, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтай отырып зерделеу
	Конструкциялық материалдарды өңдеуге арналған қол аспаптары мен құрал-жабдықтар	5.2.2.2 ағаш/темір өңдеу шеберүстелінің қолданылуы мен құрылғысын түсіндіру; 5.2.2.1 конструкциялық, табиғи және жасанды материалдарды өңдеуге арналған қол аспаптары мен құралдар-жабдықтарын анықтау, сипаттау және қолдану; 5.2.6.2 қол аспаптарымен жұмыс істеудің қауіпсіз тәсілдерін, еңбек гигиенасының ережелерін білу (жұмыс орнын, құралдарды ұйымдастыру және тазалау, арнайы киімде жұмыс істеу)
	Көркемдеп аралау. Идеялар ойластыру. Материалды таңдау және дайындау	5.1.5.1 өзгенің тәжірибесіне сүйене және композицияның негізгі заңдылықтарын ескере отырып, қарапайым нысандардың дизайнын дайындау бойынша тапсырмаларды орындау; 5.1.5.2 шығармашылық идеяларды жүзеге асыру үшін нобайлар орындау

Дизайн және технология  
(Конструкциялық материалдарды өңдеу)

	5.1.4.1 шығамашылық жұмысты орындау кезеңдерін анықтай отырып, жоспар дайындау;
Бұйымды көркемдеп аралау	5.2.3.1 өлшем мен белгілеу негізінде орындалған бұйым дайындау үшін материалдарды қол құралдарымен өңдеу; 5.2.3.2 түрлі конструкциялық, табиғи және жасанды материалдардан қарапайым бұйым дайындау
	5.2.6.1 техника қауіпсіздігін сақтай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану
Сымнан және жұқа жалпақ металдан бұйымдарды модельдеу. Нобайлар дайындау (шынжыр, бас қатырғыш, жануарлардың пішіндері). Материал таңдау. Құралдар-жабдықтар	5.1.5.2 шығармашылық идеяларды іске асыру үшін нобайлар орындау
Сымнан және жұқа жалпақ металдан бұйым дайындау.	5.2.3.1 өлшем мен белгілеу негізінде бұйым дайындау үшін материалдарды қол құралдарымен өңдеу; 5.2.3.2 түрлі конструкциялық, табиғи және жасанды материалдардан қарапайым бұйым дайындау
	5.2.6.1 қауіпсіздік техникасын сақтап, оның маңыздылығын сезіне және демонстрациялай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану
Түрлі материалдарды қолданып, қарапайым бұйымдарды (ұрмалы және соқпалы аспаптар) жобалау	5.1.5.1 өзгенің тәжірибесіне сүйене отырып және композицияның негізгі заңдылықтарын ескеріп, қарапайым нысандардың дизайнын дайындау бойынша тапсырмаларды орындау; 5.1.5.2 шығармашылық идеяларды іске асыру үшін нобайлар орындау
	5.2.3.1 өлшем мен белгілеу негізінде бұйым дайындау үшін материалдарды қол құралдарымен өңдеу; 5.2.3.2 түрлі конструкциялық, табиғи және жасанды материалдардан қарапайым бұйым дайындау

	Қарапайым бұйым дайындау (ұрмалы және соқпалы аспаптар және т.б.)	5.2.6.1 қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану 5.3.4.1 өзінің және өзгелердің жұмыстарын жетілдіру және бейімдеу бойынша конструктивті пікірлер қабылдау және ұсыныс жасау.
	Жұмыстардың көрмесі	5.3.1.1 бүкіл сыныпқа дайын жұмысты таныстыру
Дизайн және технология (Тоқыма материалдарды өңдеу)	Тоқыма материалдардың жіктелімі мен сипаттамалары. Материалдардың түрлері мен ерекшелігін зерттеу	5.1.6.3 тоқыма материалдары мен бұйымдарының классификациясын сипаттау және білу
	Тоқыма материалдарды өңдеуге арналған құрал-жабдықтар мен құрылғылар	5.2.2.3 тігін машинасының құрылысын, жіп сабақтауды білу және сипаттау, машина тігістерін орындау; 5.2.2.4 тігін бұйымдарын ылғалды-жылумен (үтік) өңдеуге арналған жабдықтарды білу, сипаттай алу және қолдану; 5.2.6.2 қол құралдарымен жұмыс істеудің қауіпсіз тәсілдерін, еңбек гигиенасының ережелерін білу (жұмыс орнын, құралдарды ұйымдастыру және тазалау, арнайы киімде жұмыс істеу)
	Тігін бұйымдарының жіктелімі. Идеядан өнімге (тігін бұйымдары)	5.1.6.3 тоқыма материалдары мен бұйымдардың жіктелімін білу және сипаттау
	Табиғатты тану әдістері	0.1.2.1 таным әдістері туралы түсінік беру; 0.1.2.2 "эксперимент" ұғымын білу
0.2 Тірі табиғат	Өсімдіктер	0.2.1.1. тірі организмдер туралы түсінік беру
2 – тоқсан		
0.2 Тірі табиғат	Жануарлар	0.2.2.1.жануарлардың негізгі сипаттамаларын атау; 0.2.2.2 жабайы және үй жануарларын ажырату
	Адам	0.2.3.1 адам денесінің негізгі бөліктерін және олардың функцияларын мұғалімнің көмегімен атау
0.3 Заттар және олардың қасиеттері	Заттардың түрлері	0.3.1.1 зат ұғымын білу;
3 –тоқсан		
0.3 Заттар және олардың қасиеттері	Ауа	0.3.2.1 ауа ұғымын білу
	Су	0.3.3.1 су ұғымын білу; 0.3.3.2 стационарлық және дыбыс күшейткіш аппаратураның көмегімен оқу қызметіне қатысты есту-көру сөздік материалын қабылдау
	Табиғи ресурстар	0.3.4.1 мұғалімнің көмегімен "Табиғи ресурстар" ұғымын білу
0.4 Жер және ғарыш	Жер	0.4.1.1 жер туралы түсініктің болуы
	Ғарыш	0.4.2.1 "ғарыш" ұғымын түсіндіру
	Кеңістік және уақыт	1.4.3.1 мұғалімнің көмегімен "уақыт", "сағат", "күңтізбе" ұғымдарын түсіну
4- тоқсан		
0.5 Табиғат физикасы	Күштер мен қозғалыс	0.5.1.1 "қозғалыс" ұғымын білу
	Жарық	0.5.2.1 "Жарық", "қараңғылық" ұғымдарын беру; 0.5.2.2. оқылған материал негізінде сөздік қорын байыту
	Дыбыс	0.5.3.1 "дыбыс" түсінігін қалыптастыру"

	Жылу	0.5.4.1 "жылу" ұғымы туралы түсініктің болуы
	Электр	0.5.4.1 "электр" ұғымын түсіну
	Магнетизм	0.5.4.1 "магнетизм" ұғымын түсіндіру

## 2) 1 - сынып

### 2-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1.1 Мен зерттеушімін	Зерттеудегі ғылымның ролі	1.1.1.1 қоршаған әлемнің құбылыстарын, процестерін және объектілерін зерттеу қажеттілігін түсіндіру
	Табиғатты тану әдістері	1.1.2.1 "бақылау" ұғымын білу; 1.1.2.2 мұғалімнің көмегімен қоршаған орта құбылыстарына бақылау жүргізу; 1.1.2.3 қарапайым эксперименттер жүргізу
1.2 Тірі табиғат	Өсімдіктер	1.2.1.1 өсімдіктердің негізгі сипаттамаларын атау; 1.2.1.2 өсімдіктердің негізгі бөліктерін және олардың функцияларын атау; 1.2.1.3 өсімдіктердің өмір сүру жағдайларын зерттеу; 1.2.1.4 өсімдіктердің өсуімен болатын сыртқы өзгерістерді сипаттау; 1.2.1.5 жабайы және мәдени өсімдіктерді ажырату; 1.2.1.6 мұғалімнің көмегімен бөлме және мәдени өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін білу; 1.2.1.7 оқылған материал негізінде сөздік қорын байыту
2 – тоқсан		
1.2 Тірі табиғат	Жануарлар	1.2.2.1 жануарлар мен өсімдіктерді салыстыру, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын мұғалімнің көмегімен анықтау; 1.2.2.2 мұғалімнің көмегімен жыл мезгілдерінің өзгеруіне жануарлардың дайындауын түсіндіру;
		1.2.3.1 адам өмірінің кезеңдерін білу;

	Адам	1.2.3.2 адамның өсуі мен дамуы үшін қажетті қажеттіліктерді анықтау
1.3 Заттар және олардың қасиеттері	Заттардың түрлері	1.3.1.1 зат ұғымын түсіну, мұғалімнің көмегімен түсіндіру
3 –тоқсан		
1.3 Заттар және олардың қасиеттері	Ауа	1.3.2.1 мұғалімнің көмегімен ауаның қасиеттерін білу
	Су	1.3.3.1. мұғалімнің көмегімен судың қасиеттерін білу; 1.3.3.1. оқылған материал негізінде сөздік қорын байыту
	Табиғи ресурстар	1.3.4.1 табиғи ресурстарды анықтай білу
1.4 Жер және ғарыш	Жер	1.4.1.1 жердің пішінін білу; 1.4.1.2 жер моделі ретінде глобус туралы түсініктің болуы; 1.4.1.3 оқылған материал негізінде сөздік қорын байыту
	Ғарыш	1.4.2.1 астрономияны ғарыш ғылымы ретінде сипаттау; 1.4.2.2 ғарышты зерттеуге арналған құрылғылар, құралдар мен ұшу аппараттарын атау; 1.4.2.3 жеке ғарыштық денелерді атау және сипаттау
	Кеңістік және уақыт	1.4.3.1 уақыттың маңыздылығын түсіндіру; 1.4.3.2 уақытты анықтайтын құралдар мен құрылғыларды атау
4-тоқсан		
1.5 Табиғат физикасы	Күштер мен қозғалыс	1.5.1.1 әр түрлі денелердің қозғалысына мұғалімнің көмегімен мысалдар келтіру; 1.5.1.2 табиғаттағы және адам өміріндегі қозғалыстың маңыздылығын анықтау; 1.5.1.3 мұғалімнің көмегімен "траектория" ұғымын түсіндіру; 1.5.1.4 әр түрлі қозғалыс траекторияларын зерттеу, оларды сурет түрінде көрсету
		Жарық

	Дыбыс	1.5.3.1 дыбыстың таралу ерекшеліктерін түсіндіру; 1.5.3.2 дыбыстың табиғи және жасанды көздерін ажырату
	Жылу	1.5.4.1 жылыту құрылғылары мен жабдықтарын атау
	Электр	1.5.5.1 электр энергиясының адамдардың күнделікті өміріндегі маңыздылығын түсіндіру
	Магнетизм	1.5.6.1 магниттік қасиеттері бар жеке денелерді білу; 1.5.6.2 магниттің қасиеттерін зерттеу

### 3) 2 - сынып

#### 3-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
2.1 Мен зерттеушімін	Зерттеудегі ғылымның ролі	2.1.1.1 қоршаған әлемнің құбылыстарын, процестері мен объектілерін зерттеу үшін қажетті жағдайлар мен жеке қасиеттерді анықтау
	Табиғатты тану әдістері	2.1.2.1 "ақпарат көзі" ұғымын түсіндіру; 2.1.2.2 бақылаудың жетекші белгілерін анықтау; 2.1.2.3 мұғалімнің көмегімен шартты белгілердің көмегімен бақылау нәтижелерін белгілей білу
2.2 Тірі табиғат	Өсімдіктер	2.2.1.1 өсімдіктер топтарын салыстыру және олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын мұғалімнің көмегімен көрсету; 2.2.1.2 ағзалардың құрылысы мен орналасу ерекшеліктерін көрсете отырып, өсімдіктерді сипаттау; 2.2.1.3 сабақ, жапырақ, гүл, тамырдың қызметтерін анықтау; 2.2.1.4 мұғалімнің көмегімен топыраққа күтім жасау ережелерін білу; 2.2.1.5 әр түрлі жағдайларда өсу ерекшеліктерін зерттеу; 2.2.1.6 өсімдіктердегі өзгерістерді маусымның өзгеруімен сипаттау;



		<p>2.2.1.7 өз аймағыңыздағы өсімдіктерді атау;</p> <p>2.2.1.8 өсімдіктерге ұқыпты қарау</p>
2 – тоқсан		
2.2 Тірі табиғат	Жануарлар	<p>2.2.2.1 жануарларды омыртқалы және омыртқасыздарға жіктеу;</p> <p>2.2.2.2 жануарлар топтарының өкілдерін атаңыз: жәндіктер, балықтар, қосмекенділер, бауырымен жорғалаушылар, құстар мен сүтқоректілер;</p> <p>2.2.2.3 жануарлардың белгілі бір өмір сүру жағдайларына бейімделуін сипаттау;</p> <p>2.2.2.4 жануарлардың қалай дамып, көбейетінін білу;</p> <p>2.2.2.5 қоршаған ортада тіршілік етудегі жануарлардың түсі мен мінез-құлқының рөлін түсіну;</p> <p>2.2.2.6 жануарлардың ұйықтау, құстардың маусымдық ұшуы, қыста жем қорын дайындау себептерін түсіндіру;</p> <p>2.2.2.7 жануарлардың алуан түрлілігін сақтаудың маңыздылығын түсіну</p>
	Адам	<p>2.2.3.1 тірек-қимыл жүйесін (бас сүйек, омыртқа, қабырғалар, иық, бұғана, жамбас және аяқ-қолдар) атау және сипаттау, қаңқа қызметін білу;</p> <p>2.2.3.2 дұрыс қалыпта болудың маңыздылығы;</p> <p>2.2.3.3 қозғалыс кезінде бұлшықет жиырылуының рөлін түсіну;</p> <p>2.2.3.4 жеке гигиена;</p> <p>2.2.3.5 тістердің қызметі мен оларды күту ережелерін білу</p>
2.3 Заттар және олардың қасиеттері	Заттардың түрлері	<p>2.3.3.1 заттардың кейбір агрегаттық күйлерін жіктеу;</p> <p>2.3.3.2 кейбір заттарды сипаттау</p>
3 –тоқсан		
2.3 Заттар және олардың қасиеттері	Ауа	<p>2.3.2.1 біздің планетамыз үшін ауаның және ауаның тазалығын сақтаудың маңыздылығын түсіну;</p> <p>2.3.2.2 кеңістікті, жылу өткізгіштікті толтыру үшін ауаның қасиеттерін зерттеу</p>
	Су	2.3.3.1 өз бетімен судың физикалық қасиеттерін анықтау;

		2.3.3.2 судың агрегаттық күйінің өзгеру процестерін білу
	Табиғи ресурстар	2.3.4.1 табиғи ресурстарды әртүрлі сипаттамаларға сәйкес жіктеу
2.4 Жер және ғарыш	Жер	2.4.1.1 жер мен күн арасындағы байланысты түсіндіру; 2.4.1.2 жердің табиғи серігін атау
	Ғарыш	2.4.2.1 күн жүйесінің планеталарының орналасу ретін атау; 2.4.2.2 Күн жүйесінің планеталарын сипаттау
	Кеңістік және уақыт	2.4.3.1 уақытты өлшеу бірліктерін білу; 2.4.3.2 ғарыштағы қашықтық пен уақыттың ерекшеліктерін түсіндіру
4-тоқсан		
2.5 Табиғат физикасы	Күштер мен қозғалыс	2.5.1.1 "жылдамдық" ұғымын түсіндіру; 2.5.1.2 әр түрлі жылдамдықпен әртүрлі денелердің қозғалысына мысалдар келтіру; 2.5.1.3 түсіндіру кезінде жылдамдықтың сапалық сипаттамаларын қолдану; 2.5.1.4 қозғалыс тудыратын күштерді мұғалімнің көмегімен зерттеу; 2.5.1.5 "күш" ұғымын түсіндіру; 2.5.1.6 массаны анықтау үшін құрылғыларды таңдау және пайдалану
	Жарық	2.5.2.1 кейбір денелердің жарық өткізу қабілетін зерттеу және өз бетінше қорытынды жасау
	Дыбыс	2.5.3.1 дыбыс көздерін дыбыс деңгейі бойынша өздігінен және мұғалімнің көмегімен жіктеу
	Жылу	2.5.4.1 белгілі бір денелердің температурасын өлшеуге арналған құралдарды мұғалімнің көмегімен қолдана білу
	Электр	2.5.5.1 электр қуатын пайдалану туралы білу
	Магнетизм	2.5.6.1 магнитті қолдану туралы білу

4) 3 - сынып

4- кесте

--	--	--

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
3.1 Мен зерттеушімін	Зерттеудегі ғылымның ролі	3.1.1.1 ең маңызды ғылыми жаңалықтар және олардың адамның күнделікті өміріне әсері туралы айту
	Табиғатты тану әдістері	3.1.2.1 ақпарат көздерінің түрлерін білу; 3.1.2.2 ақпарат көздерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау; 3.1.2.3 эксперимент жүргізу жоспарын құру
3.2 Тірі табиғат	Өсімдіктер	3.2.1.1 өсімдіктерді белгілері бойынша жіктеу; 3.2.1.2 өсімдік жапырақтарынан оттегінің шығарылу процесін білу және түсіндіру; 3.2.1.3 фотосинтез процесін білу және түсіну; 3.2.1.4 әр түрлі тіршілік ету ортасының ұқсас және ерекше белгілерін анықтау; 3.2.1.5 өсімдіктердің тірі организмдерге шығаратын оттегінің ролін түсіну; 3.2.1.6 өсімдіктердің қауымдастық құру қабілетін түсіндіру; 3.2.1.7 адам қызметінің кейбір түрлерінің өсімдіктердің саны мен алуан түрлілігіне теріс әсерін түсіндіру
2 – тоқсан		
	Жануарлар	3.2.2.1 жануарлар тобының ұқсастықтары мен ерекшеліктерін анықтай отырып сипаттау; 3.2.2.2 паразиттер мен улы жануарлар туралы түсінік беру; 3.2.2.3 өз аймағындағы құстарды бақылау негізінде олардың мінез-құлқының ерекшеліктерін көрсету; 3.2.2.4 өсімдіктер мен жануарлар арасындағы байланысты зерттеу; 3.2.2.5 жануарлардың мінез-құлқының тіршілік ету ортасының сипаттамасымен шарттылығын түсіндіру;

3.2 Тірі табиғат		3.2.2.6 мекендеу ортасы жағдайларының өзгеруінен санның өзгеруін түсіндіру; 3.2.2.7 жануарлар санының азаюына әкелетін адамның әрекет түрлерін анықтау
	Адам	3.2.3.1 адамның ішкі ағзаларының орналасуын өз бетінше анықтау; 3.2.3.2 тіршілік үшін энергия алуға ас қорыту жүйесінің рөлін сипаттау; 3.2.3.3 ас қорыту, қан айналымы, тыныс алу жүйелерін құрайтын мүшелерді атау және сипаттау; 3.2.3.4 қанайналым жүйесінің рөлін анықтау; 3.2.3.5 тыныс алу жүйесінің рөлі; 3.2.3.6 адам ағзасы аурулар мен инфекциялардан қалай қорғалатынын түсіну
3.3 Заттар және олардың қасиеттері	Заттардың түрлері	3.3.1.1 заттарды шығу тегі мен агрегаттық күйі бойынша жіктеу; 3.3.1.2 заттың агрегаттық күйіне сәйкес сипаттама беру
3 –тоқсан		
3.3 Заттар және олардың қасиеттері	Ауа	3.2.2.1 ауа құрамын білу; 3.3.2.2 ауаның жану қасиетін білу
	Су	3.3.3.1 тірі ағзаларда және өлі табиғатта судың болуы туралы білу; 3.3.3.2 ауыз суды ұқыпты пайдалануға үйрету; 3.3.3.3 суды тазартудың әртүрлі тәсілдерін атау; 3.3.3.4 суды тазартуға арналған сүзгінің өзіндік моделін ойлап табу; 3.3.3.5 судың маңыздылығын білу
	Табиғи ресурстар	3.3.4.1 топырақтың организмдер тіршілігіндегі рөлін түсіндіру; 3.3.4.2 топырақтың негізгі құрамын зерттеу (құм, саз, өсімдіктер мен жануарлардың қалдықтары, су, ауа); 3.3.4.3 топырақтың негізгі қасиеттерін атау; 3.3.4.4 құрамына байланысты топырақ құнарлылығын мұғалімнің көмегімен зерттеу
	Жер	3.4.1.1 жер сфераларын түсіндіру және графикалық түрде бейнелеу

3.4 Жер және ғарыш	Ғарыш	3.4.2.1 ғарышты игерудегі маңызды оқиғалар туралы айту; 3.4.2.2 адамзаттың дамуындағы ғарыштың маңыздылығын түсіндіру
	Кеңістік және уақыт	3.4.3.1 жердің айналуы туралы түсініктің болуы
4- тоқсан		
3.5 Табиғат физикасы	Күштер мен қозғалыс	3.5.1.1 серпімділік күші, ауырлық күші, үйкеліс күші, Архимед күшін ажырату; 3.5.1.2 табиғаттағы серпімділік күші, ауырлық күші, үйкеліс күші, Архимед күшінің көріністеріне мысалдар келтіру; 3.5.1.3 табиғаттағы және адам өміріндегі әрбір күштің маңыздылығын анықтау; 3.5.1.4 динамометр құралының көмегімен күшті өлшеу және оның әрекет ету бағытын анықтау; 3.5.1.5 серпімділік күшінің дене пішініне әсерін зерттеу; 3.5.1.6 ауырлық күшінің денеге әсерін зерттеу
	Жарық	3.5.2.1 көлеңкенің пайда болу себептерін түсіндіру; 3.5.2.2 заттардың жарықты шағылыстыру қабілетін түсіндіру
	Дыбыс	3.5.3.1 дыбыс көлемінің дыбыс көзі мен дыбыс қабылдағышы арасындағы қашықтыққа тәуелділігін түсіндіру
	Жылу	3.5.4.1 аспаптарды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы
	Электр	3.5.5.1 электр энергиясының көздерін атау; 3.5.5.2 қарапайым электр тізбегінің құрылымдық сызбасын білу; 3.5.5.3 қарапайым электр тізбектерін олардың элементтерін схемалар түрінде көрсете білу
	Магнетизм	3.5.6.1 магнит көмегімен әртүрлі металдардың магниттелуін зерттеу және түсіндіру; 3.5.6.2 оқылған материал негізінде сөздік қорын қолдану

4) 4 - сынып

5- кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
4.1 Мен зерттеушімін	Зерттеудегі ғылымның ролі	4.1.1.1 өз қалауы мен ойлары негізінде зерттеудің өзекті бағыттарын анықтау
	Табиғатты тану әдістері	4.1.2.1 зерттеудің зерттелген әдістерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау; ; 4.1.2.2 зерттеу жоспарын құру, өзінің зерттеу әдісін таңдауды дәлелді түрде түсіндіру, алынған нәтижелерді тиісті түрде ұсыну
4.2 Тірі табиғат	Өсімдіктер	4.2.1.1 балдырлар, саңырауқұлақтар, қыналар, папоротниктер мен гүлді өсімдіктерді ажырату және сипаттау; 4.2.1.2 өсімдіктердің өмірлік циклын сипаттау; 4.2.1.3 тозаңдану нәтижесінде тұқымның түзілуін сипаттау; 4.2.1.4 тұқымның таралу тәсілдерін зерттеу; 4.2.1.5 азық-түлік тізбегіндегі тірі организмдердің өзара әрекеттесуін түсіндіру; 4.2.1.6 өсімдіктердің өсуіне әсер ететін факторларды зерттеу; 4.2.1.7 өсімдіктерді қорғау тәсілдерін білу
2 – тоқсан		
4.2 Тірі табиғат	Жануарлар	4.2.2.1 өз жеріндегі жануарларды анықтай білу; 4.2.2.2 шөптесін және жыртқыш аңдарды ажырату; 4.2.2.3 жәндіктердің тіршілік циклын зерттеу; 4.2.2.4 жануарлардың табиғи мекендеу ортасын анықтау; 4.2.2.5 симбиотикалық қатынастарға мысалдар келтіру; 3.2.2.6 белгілі бір мекендеу ортасындағы азық-түлік тізбектерінің модельдерін түсіну; 4.2.2.7 жойылу қаупінде тұрған жануарларға мысалдар келтіру; 4.2.2.8 ұлттық парктер мен қорықтарды құру мақсаттарын түсіндіру

	Адам	<p>4.2.3.1 шығару және жүйке жүйесінің құрамына кіретін органдарды анықтау;</p> <p>4.2.3.2 жүйке жүйесінің рөлін анықтау;</p> <p>4.2.3.3 жүйке жүйесінің рөлін түсіну;</p> <p>4.2.3.4 ағзаны тазартудағы шығару жүйесінің рөлін түсіну</p>
4.3 Заттар және олардың қасиеттері	Заттардың түрлері	<p>4.3.1.1 заттардың қолдану аясын олардың қасиеттеріне сәйкес анықтау;</p> <p>4.3.1.2 жасалған эксперимент жоспарына сәйкес жаңа зат алу</p>
3 –тоқсан		
4.3 Заттар және олардың қасиеттері	Ауа	<p>4.3.2.1 адам өмірінің әртүрлі салаларында ауаны қолдану туралы білу;</p> <p>4.3.2.2 ауаның ластану көздерін білу;</p> <p>4.3.2.3 ауаның тазалығын сақтау тәсілдерін (көгалдандыру ) және оны тазарту шараларын білу;</p> <p>4.3.2.4 табиғатта ауаның қозғалу процесін түсіну;</p> <p>4.3.2.5 желдің пайдасы мен зиянын түсіну</p>
	Су	<p>4.3.3.1 табиғаттағы су айналымымен танысу;</p> <p>4.3.3.2 атмосфералық жауын-шашынның (жаңбыр, қар, бұршақ, шық, аяз) түзілу процесін түсіну);</p> <p>4.3.3.3 су буы мен бұлттардың пайда болу процесін түсіндіру;</p> <p>4.3.3.4 табиғаттағы судың ластануын қабылдағыштар келтіру , әртүрлі ағзаларға қауіпті қалдықтардың таралуын түсіндіру, табиғаттағы әртүрлі заттардың ерігіштігін зерттеу</p>
	Табиғи ресурстар	<p>4.3.4.1 пайдалы қазбаларды қолдану саласын анықтау;</p> <p>4.3.4.2 Қазақстанның негізгі пайдалы қазбаларының кен орындарын білу;</p> <p>4.3.4.3 пайдалы қазбалар қорларының таусылатынын түсіну және пайдалы қазбаларды сақтау және ұқыпты пайдалану жолдарын ұсыну</p>

4.4 Жер және ғарыш	Жер	4.4.1.1 жер бетінің элементтерін атау және сипаттау
	Ғарыш	4.4.2.1 жер бетіндегі тіршілікке әсер ететін ғарыштық күштер мен құбылыстар туралы түсініктердің болуы
	Кеңістік және уақыт	4.4.3.1 жердің айналуы туралы білу; 4.4.3.2 жыл мезгілдерін сипаттау
4- тоқсан		
4.5 Табиғат физикасы	Күштер мен қозғалыс	4.5.1.1 "үйкеліс" ұғымын білу; 4.5.1.2 табиғатта және адамдардың өмірінде үйкеліс көріністеріне мысалдар келтіру; 4.5.1.3 үйкеліс процесін бақылауға мысалдар келтіру; 4.5.1.4 дене қозғалысына қатысты үйкеліс күшінің бағытын түсіндіру; 4.5.1.5 үйкеліс күшінің қозғалыс жылдамдығына әсерін анықтау; 4.5.1.6 Архимедтің судағы әртүрлі заттарға әсер ететін итергіш Күшін бақылау және болжау
	Жарық	4.5.2.1 көлеңке кедергінің көлеміне және көзден кедергіге дейінгі қашықтыққа тәуелділігін зерттеу және түсіндіру; 4.5.2.2 жарықтың түзу сызықты таралуы, жұтылуы сияқты қасиеттерін зерттеу және түсіндіру
	Дыбыс	4.5.3.1 белгілі бір кедергілердің дыбыс деңгейі мен таралуына әсерін зерттеу
	Жылу	4.5.4.1 әр түрлі материалдардың жылуды қалай әр түрлі өткізетінін және сақтайтынын зерттеу және түсіндіру
	Электр	4.5.5.1 әр түрлі материалдардың электр өткізгіштігін зерттеу және түсіндіру
	Магнетизм	4.5.6.1 экскурсияларда компастың қолданылуын бақылау және түсіндіру

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 123 бұйрығына  
80-қосымша  
Қазақстан Республикасы



**Есту қабілеті бұзылған (естімейтін) білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін "Музыка және ырғақ" оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Есту қабілеті бұзылған (естімейтін) білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4-сыныптары үшін "Музыка және ырғақ" оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының " Білім туралы" Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарламаның мақсаты – естімейтін білім алушылардың жан-жақты дамыған жеке тұлғасын қалыптастыру, оларға эстетикалық және адамгершілік тәрбие беру, әлеуметтік бейімдеу, жалпы және тілдік моторикасын дамыту.

3. Бағдарламаның міндеттері:

1) естімейтін білім алушыларды музыканы қабылдауға, оның сипаты мен музыкалық мәнерліліктің негізгі құралдарын; дыбысталудың қарқынын, реңкін, динамикасын, ырғақтық ерекшеліктерін түсінуге үйрету;

2) музыканың ырғағымен жалпы дамытушы және би қимылдарын, заттармен жаттығуларды орындауға, командаларды орындауға ықпал ету;

3) музыканың алмасуымен қимылдарды өзгертуге және музыкалық бейнеге сәйкес болуға үйрету;

4) дауыстың күші мен биіктігін өзгерте отырып, сипаты мен мазмұны бойынша әртүрлі әндерді орындауға, ән айтуда тыныс алу, дыбысты созу дағдыларын меңгеруге, әндерді сахналауға, хормен ән айтуға үйрету;

5) музыкалық сауаттылықтың қарапайым теориясы бойынша ұғымдарды меңгеруді қамтамасыз ету, музыка жанрларын білу және ажырату, есту арқылы музыкалық аспаптарды ажырата білу.

4. Түзете-дамыту міндеттер:

1) сөйлеу мәдениетін, білімді функционалды қолдануды, коммуникацияның алуан түрлі тәсілдерін дамыту;

2) түсінікті, мәнерлі сөйлеуді және оның интонациялық құрылымын, сөйлеу тыныс алуды қалыптастыру.

3) естімейтін білім алушыларды арнайы оқытуды сапалы дараландыру мүмкіндіктерін кеңейту.

4) тұлғалық сапаларды дамыту (өзіндік жұмыс және топта жұмыс істеу үшін қажетті жауапкершілік, табандылық, бастамашылдық, төзімділік және толеранттылық);

5) координация және тепе-теңдік механизмдерін дамыту бойынша жұмыс жүргізу.

## 2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. Естімейтін білім алушыларды оқыту процесінде бірқатар ерекшеліктерді есепке алу қажет:

- 1) білім алушылардың әрқайсысында есту арқылы қабылдаудың болмауы немесе оның қалдығы әртүрлі;
- 2) ең қарапайым ойлау операцияларының басымдылығы;
- 3) механикалық естің басым болуы;
- 4) сөздік қордың шектелуі, дыбыстаудағы ақаулар, белсенді сөздіктен пассивті сөздіктің басым болуы;
- 5) қозғалыс дағдыларының координациясының бұзылуы.

6. "Музыка және ырғақ" пәні бойынша естімейтін білім алушыларды оқытудың негізгі принциптері: қолжетімділік, тұлғалық тәсіл, көрнекілік және коммуникативтілік.

7. Оқытудағы қолжетімділік материалдың қолжетімділігін және оны білім алушылардың түсінуін, негізгі ұғымдарды оңтайлы жеткізумен ұсынуды, мәтіндерді қажетті иллюстрациялармен және дидактикалық материалдармен қамтамасыз етуді қамтиды.

8. Тұлғалық тәсіл естімейтін оқушылардың оқу үдерісін дараландыруды, тұлғаның үйлесімді қалыптасуы мен жан-жақты дамуын, олардың шығармашылық қабілеттерін толыққанды ашуды және музыка мен ритмика сабақтарында тұлғаның әлеуметтік-маңызды сапаларын тәрбиелеуді, эмоционалды-ерікті сферасын және психикалық процестерді түзетуді қамтиды.

9. Көрнекілік принципі оқушылардың танымдық тәжірибесін байыту, абстрактілі ұғымдарды меңгеру үшін қажет шынайы өмірдегі заттарды немесе құбылыстарды сезімдік қабылдау негізінде білім, білік және дағдыларды қалыптастыру қажеттілігінде көрініс табады: суреттер, символдар, сызбалар, схемалар арқылы заттар мен әрекеттерді ұсыну және көрсету.

10. "Музыка және ырғақ" пәнін оқытудағы коммуникативті тәсіл қарым-қатынас құралы ретінде тілді меңгеруді қамтиды және білім алушыларды әртүрлі тілдік жағдайларда еркін бағдарлауды үйретуге бағытталған.

11. Аталған принциптерді жүзеге асыру үшін қажет:

- 1) музыка және қимыл-қозғалыстарды орындау арқылы естімейтін білім алушылардың ауызша, диалогты және жазбаша сөйлеуін дамыту;
- 2) сабақтарда барлық психикалық процестерді дамытуға ықпал ететін тәсілдер мен әдістерді қолдану;
- 3) дидактикалық принциптерді сақтау: материалды оқытудағы қайталанушылық, материалдың қолжетімді көлемі;
- 4) педагогикалық тәсілдерді сақтау: көркемдік-музыкалық, ойын, дифференциалды, жеке-дара.

5) жаңа материалды және терминологияны түсіндіруде тактильді және ым-ишара арқылы сөйлеуі қосалқы құрал ретінде қолданылады.

12. Бағдарламаны жүзеге асыру үдерісінде мектептің жасақталуын қамтитын оқытудың қосалқы құралдары мен арнайы жабдықтар, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қолданылады:

- 1) интерактивті және проекциялық жабдықтар (проектор, интерактивті тақта);
- 2) оқытудың арнайы техникалық және компенсаторлық құралдары (фронтальды оқу іс-әрекетін қамтамасыз етуге арналған стационарлық дыбыс күшейткіш жабдық, дыбыстау экраны, жеке есту аппараттары, мультимедиялық компьютерлік сынып);
- 3) музыкалық аспаптар;
- 4) Ғаламтор желісінің ақпараттық-білім беру ресурстарына шектеусіз қолжетімділік

13. Бағдарламаны жүзеге асыру үшін сыныптар арнайы жабдықтармен жасақталады:

- 1) фронтальды іс-әрекетке арналған стационарлық дыбыс күшейткіш жабдық;
- 2) заманауи жасақталған компьютерлік класс;
- 3) жеке есту аппараттары;
- 4) дыбыстау экраны.

### **3-тарау. "Музыка және ырғақ" пәнінің мазмұны және ұйымдастыру**

14. "Музыка және ырғақ" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 0-сыныпта - аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 2) 1-сыныпта - аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;
- 3) 2-сыныпта - аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;
- 4) 3-сыныпта - аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;
- 5) 4-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

15. Оқу пәнінің мазмұны 4 бөлімді қамтиды:

- 1) "Қимыл-қозғалыстарды дамыту" бөлімі;
- 2) "Музыка тыңдау" бөлімі;
- 3) "Фонетикалық және сөйлеу ырғағы" бөлімі;
- 4) "Әндерді қабылдау мен орындау" бөлімі.

16. "Қозғалыстарды дамыту" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) сапқа тұру және сапқа құрылымын өзгертіп қайта тұру;
- 2) ырғақтық гимнастиканың элементтері;
- 3) би қимылдары;
- 4) музыкалық тапсырмасы бар қозғалыс ойындары.

17. "Музыка тыңдау" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) есту арқылы музыканы тану;
- 2) есту арқылы музыканы ажырату;
- 3) сипаты бойынша музыкалық шығармаларды анықтау;

4) балалар музыкалық және шулы аспаптарының көмегімен музыкалық ырғақты қайта жаңғырту.

18. "Фонетикалық және сөйлеу ырғағы" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) сөйлеу тыныс алуды дұрыс қолдану;

2) сөйлеу материалды түсіну және қайта жаңғырту;

3) сөйлеудің ырғақтық-интонациялық құрылымын есту арқылы қабылдау және қайта жаңғырту;

4) фразаны синтагматикалық тұрғыда бөлу

19. "Әндерді қабылдау және орындау" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) музыканың ырғағымен эмоционалды ұжымдық декаламация;

2) ән салу;

3) өзіндік музыкалық шығармашылық іс-әрекет.

20. 0 сыныптың "Музыка және ырғақ" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) қозғалыстарды дамыту: жүрудің қарапайым түрлерін орындау; саусақтармен және жартылай саусақтарымен сапта жеңіл ырғақты жүгіруді орындау; сапқа, қатарға, шеңберге тұруды орындау; өзінің жұбын табу және қимылдарды жұптарымен орындау; ырғақ бойынша қимылды өзгерте білу; мұғалімнің нұсқауы бойынша тоқтау; музыка ырғағымен алға қарай, жан-жаққа қарай еңкеюді орындау; бастың, дененің бұрылыстарын орындау; қолдың түрлі қимылдарын орындау: алға қарай, жан-жаққа, заттармен және заттарсыз жоғары қарай, қолды жазу, жалаушалармен қолды дөңгелете айналдыру; аяқты алға, жан-жаққа қойып жаттығуларды орындау, аяқтың ұшына тұру; отырып-тұру және дененің еңкеюін орындау; жеке және жұптасып, дөңгеленіп билеуде аяқпен тарсылдатуды, айналуды орындау; бүйірлі секірісті орындау; қарапайым халық билерін орындау: "Қаражорға", орыс биі және полька; "Сақина тастау", "Қаздар-аққулар", "Мысық-тышқандар"; "Бір орында қатып қал", "Кім артық";

2) музыка тыңдау: музыканың басталуының және соңының дыбысталуына жауап қайтару; есту арқылы қатты-жай, жылдам-баяу музыканы ажырату; музыкалық үзінділерді қабылдау және музыканың сипатын анықтау (көңілді-мұңды әуен); есту арқылы музыкалық ырғақты қабылдау;

3) фонетикалық және сөйлеу ырғағы: дауысты және дауыссыз дыбыстарды қайта жаңғырту; тыныс алуға арналған жаттығуларды сөз тіркестерінің ырғағын шапалақтау арқылы орындау (тұрақты немесе өзгертін дауысты дыбыспен 5-7 буынды біріктіріп қайта жаңғырту (папопу, папопупе));

4) әндерді қабылдау және орындау: сөйлеу материалды эмоционалды тұрғыда, қалыпты биіктігі, күші және бояуы бар дауыспен дыбыстау.

21.1-сыныпқа арналған "Музыка және ырғақ" пәнінің базалық мазмұны:

1) қозғалыстарды дамыту: музыканың ырғағымен жүрудің алуан түрлерін орындау (жылан сияқты, аяқтың ұшымен, арақашықтықты сақтап, өкшемен, кең қадаммен жүру); сапта аяқтың ұшымен ырғақты жүгіруді орындау, музыканың басталуына және

аяқталуына бағдарланып, берілген тапсырмаларды өзгерте білу; сапқа тұруды орындау: бір, екі, үш сызықтың бойына, қатарға, шеңберге тұру; өзінің жұбын табу және қимылдарды жұптасып орындай білу, залдың кеңістігін дұрыс қолдана білу; қимылдың қарқынын өзгерту немесе мұғалімнің нұсқауы бойынша тоқтау; гимнастикалық қимылдарды орындау: басты бұру, жартылай отырып-тұру, жартылай саусақтарымен тұру; қолдың алуан түрлі қалыптарын орындау, бірге және кезектесіп иықтардың айналмалы қимылдарын, саусақтарды жұдырық етіп түюді, саусақтарды жазуды орындау; аяқтың бұлшық етіне арналған жаттығуларды орындау: жартылай саусақтарымен отырып-тұру, аяқтың ұшында және өкшемен тұру; бір қолымен тірекке сүйеніп, отырып-тұруды орындау, аяқтарын сермеу, жартылай отыру; дөңгелете қадамды орындау; жеңіл секіріс қадамын, ауыспалы қадамды орындау; аяқпен тарсылдатуды, оң иық арқылы айналу, қолдың бірқалыпты қимылдарын орындау; көрсету бойынша "Полька", "Медвежата", "Покружись-поклонись"; "Ақ серек-Көк серек (қазақтың халық музыкасы), "Стукалка" (украин халық музыкасы), "Поезд" (Қазақстан халықтарының әуені), "Рыбаки и рыбки" (орыстың халық музыкасы) билерін орындау.

2) музыка тыңдау: әннің қарапайым марш ырғағын есту арқылы қабылдау және қайта жаңғырту, есту арқылы музыканы ажырату; музыкалық пьесалардың сипатын қабылдау және анықтау (көңілді-мұңды пьеса); ырғағы бойынша пьесалардың жанрларын қабылдау және қайта жаңғырту: марш, ән, би; шулы аспаптарда ойнаудың көмегімен, қарапайым марш ырғағын қимылдармен есту арқылы қабылдау және қайта жаңғырту;

3) Фонетикалық және сөйлеу ырғағы: дауысты және дауыссыз дыбыстарды дыбыстау; қатты және дауысты дыбыстардың тіркестерін дыбыстауда тілдік тыныс шығаруды ұтымды пайдалану (7-8 буын); сөйлеу материалды үлгі бойынша және өз бетімен түсіну және қолдану; қалыпты биіктіктігі, күші және бояуы бар дауысты ажырата білу; күші бойынша дауысты өзгерте білу: қалыпты, қатты, жай; еліктеу және үлгі бойынша буындар қатарында екпінді дауысты дыбысты бөліп көрсету (4-6 күрделі сөздердегі екпін);

4) әндерді қабылдау және орындау: ырғақтық суреті бойынша күрделі емес музыкалық пьесаларды дирижерлеу; қолдың қимылымен бірінші октаваның ішіндегі екі және одан да көп дыбыстардың биіктік қалпын анықтау; музыканың ырғағымен әндерді эмоционалды түрде декламациялау (ұжымдық түрде); қазақ және орыс әндерін, әртүрлі музыкалық тондағы, белгілі музыкалық тондағы 6-дан кем емес дыбыстарды бір тыныс шығаруда созып орындау; "Баспалдақ" дыбыс қатарын – қолмен көрсетіп жоғары және төмен қарай орындау; төрттік, сегіздік және жартылық ұзақтығы бар дыбыстардан тұратын ырғақты суретті бірқалыпты және баяу қарқында қайта жаңғырту.

22. 2-сыныпқа арналған "Музыка және ырғақ" пәнінің базалық мазмұны:

1) қозғалыстарды дамыту: музыканың ырғағымен жүрудің алуан түрлерін орындау (үлкен және ұсақ, сырғымалы және серіппелі қадаммен, қолдың айқын екпінімен, тізені жоғары көтерумен байланысты қадам); топтың қимылдарымен қозғалыстарды бір мезгілде орындау; музыкалық сүйемелдеумен бірге қимылды жалғастырып және тоқтап, негізгі қимылдардың жүгіруін орындау; нұсқау бойынша сапқа тұруды орындау: сапқа тұрулар және қайта сапқа тұрулар; жалаулармен, гүлдермен марш екпінінде жүру, қолдың алуан түрлі қалпымен жетекші жұптардың артынан жүру; бағдарламалық гимнастикалық және би қимылдарын орындау; мойынның, бастың, иық белдеуінің бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды орындау, бұрылулар, баспен бірқалыпты айналу, алға, солға, оңға қарай еңкеюлер, отыру қалпында еңкею; қолға және қолдың білезіктеріне арналған жаттығуларды орындау: қолдарды тербелту, айқастыру, айналдыру, сілкі, білезікті сілкі, саусақтарды қысу және жазу; аяқтың бұлшық етіне арналған жаттығуларды орындау: аяқтың ұшын алға және жан-жаққа қарай созу, аяқтың ұшымен жартылай отыру; тепкілеген қадам орындау, айналмалы үш тепкілеу қадам орындау, секірумен аяқты өкшеге қою; жолақтармен айналу орындау; "Қамажай" қазақ биінің қимылын орындау: ауыспалы қадам, толқын, "Айгөлек" кесесі, "Орамалдармен айналма би", "Мишка с куклой" полькасы;

2) музыка тыңдау: 4-6 музыкалық шығарманың арасынан таңдауда музыкалық үзінділерді есту арқылы ажырату; есту арқылы ажырату: музыкадағы екі үлесті, үш үлесті, төрт үлесті метр; қимылдағы өзгерістерді бөлімдердің алмасуымен байланысты ажырату; графикалық жазбаларға сүйеніп, әндердің әуенін есту арқылы ажырату (2-4 әнді таңдауда); музыкалық пьесалардың сипатын қабылдау және анықтау (көңілді, көңілсіз, бірқалыпты); ырғағы бойынша музыкалық пьесаларды қабылдау және анықтау: марш, ән, бесік жыры; жеке және хормен ән орындауды қабылдау және ажырату; металлофонда, румбада, бубенде қарапайым әуендерді орындау: "Курочка и цыплята" (Е. Тиличеваның музыкасы), "Полька" (М.Глинканың музыкасы), "Марш" (Е.Брусиловскийдің музыкасы).

3) фонетикалық және сөйлеу ырғағы: дыбыстарды айта білу; сөздерді және 8-10 буыннан тұратын қысқа сөйлемдерді үйлесімді қайта жаңғырту; сабақта білім алушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастырумен байланысты сөйлеу материалды есту арқылы қабылдау және түсіну; дауысты бірте-бірте күшейте білу: жай-қатты-қаттырақ; қимылдармен және қимылсыз дауысты өзгерте білу; әртүрлі сөйлеу материалда екпіндерді есту арқылы қайта жаңғырта білу; ұзақ фразаларды үзілістер арқылы синтагмаларға бөле білу; әуендік контурды мүмкіндігіне қарай сақтап, логикалық екпінді ажырату.

4) әндерді қабылдау және орындау: ырғақтық суреті бойынша күрделі емес музыкалық пьесаларды дирижерлеу; бірінші-екінші октаваның ішіндегі екі және одан да көп дыбыстардың биіктік қалпын қолдың қимылымен анықтау; әндерді "бірінші октаваның ДО-екінші октаваның ЛЯ" диапазонында бірқалыпты қаттылықта табиғи

созылмалы дауыспен орындау; әртүрлі дауыспен бірінші октаваның диапазонында әндерді орындау (бірқалыпты, жай); "Колобок" музыкалық ертегісінің қысқаша мазмұнын білу, образдарды, олардың қозғалысының сипатын анықтау.

23. 3 сыныптың "Музыка және ырғақ" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) қозғалыстарды дамыту: топтарды қайта құруды, мәнерлі (фигуралық) маршпен жүруді орындау; жылан сияқты ирелеңдеп жүруді, жиналуды және шашырауды үйлесімді орындау; музыкалық сүйемелдеумен бірге қозғалысты жалғастыра және сақтай отырып, жүрудің негізгі қимылдарын орындау; нұсқау бойынша сапқа тұруды орындау: сапқа, қатарға тұру; баспен дөңгеленген айналма қимылдарды орындау, иық белдеуін айналдыру; "қолды жан-жаққа" қалпымен алға қарай еңкеюді орындау; жұдырық болып түйілген қолдарды ырғақтық түрде лақтыру; дене мүсінін қалыптастыруға арналған жаттығуларды орындау: тізерлеп тұру қалпынан еденге жіліншіктің сол жағына қарай отыру, бастапқы қалыпқа оралу; созылған аяқтармен отыру қалпында денемен алға төмен қарай еңкеюлерді орындау; әртүрлі топтық қайта құрулармен еркін және қысымсыз жүру, жүгіру, қозғалу; күрделі емес би қимылдарын орындау: вальс биі, билегендей аяқты тапырлату, жартылай башпайда сырғымалы жүру, аяқты ақсатумен бүйірлік жүру, "арқан", "отыру"; би қимылдарын орындау: па-де-баск, плие, балансе, үлкен және ұсақ батман, тарсылдатумен шұқылау, вальс кадамы; "Қазақ биін" орындау (Ш.Қалдаяқовтың музыкасы), "Матрос биі" ("Яблочко" халық әуені); күрделі емес би композицияларының қимылдарын үйрену (орыс биі "Дробушечка", "Ковырялочка"; "Зайцы и охотники" (Н. Раухвергердің музыкасы);

2) музыка тыңдау: әуеннің ырғақтық суретін (шапалақтаумен) қолмен орындау (бір мезгілде аккомпанементпен); есту арқылы ажырату: әртүрлі музыкалық формалар; есту арқылы музыканың қарқынын, регистрін ажырату; есту арқылы алуан түрлі аспаптардың дыбысталуын қабылдау және табу: фортепиано, баян, сыбызғы, челеста, маракас, румба; әуендердің бірінен үзінділерді қабылдау және анықтау (шумақ, қайырма);

3) Фонетикалық және сөйлеу ырғағы: дауыссыз және саңылаулы дауыссыз дыбыстарды ұтымды дауыс берумен саралау және дыбыстап айту; сөйлеу материалды ұтымды қарқынмен және дауыс берумен бірге үйлесімді біріктіріп дыбыстап айту; буын тіркестерін біртіндеп 10-12 буынға дейін көбейте отырып, үйлесімді қайта жаңғырту; сабақта өзін-өзі ұйымдастыру формуласын түсінікті, үйлесімді дыбыстап айту; тонды жоғары деңгейден орташа деңгейге дейін біртіндеп көтере және төмендете білу; әртүрлі типтегі және түрдегі фразаларда логикалық және синтагматикалық екпінді сақтау; әуендік контурды сақтай отырып, мүмкіндігіне қарай логикалық және синтагматикалық екпінді ажырату;

4) әндерді қабылдау және орындау: ырғақтық суреті бойынша күрделі емес музыкалық пьесаларды дирижерлеу; қолдың қимылымен тактінің күшті үлесін айқындап белгілеу; әндерді аккомпанементтің және мұғалімнің басқаруымен ұжымдық

эмоционалды түрде декламациялау; әннің әрбір шумағына сәйкес эмоционалды реңктерімен орындау; әндердің, әуендердің үзінділерін контрастілі динамикада орындау; бір тыныс шығаруда 12-16 буыннан кем емес үшдыбыстық бойынша бірінші-екінші октаваның диапазонында әндерді орындау; әндердің сипатын анықтау; "Теремок" музыкалық-драмалық қойылымы.

24. 4 сыныптың "Музыка және ырғақ" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) қозғалыстарды дамыту: топтарды қайта құруды, мәнерлі (фигуралық) маршпен жүруді орындау; топтарда алуан түрлі қалыптарды орындау: шеңберді тарылту және кеңейту; нұсқау бойынша сап түзуді орындау: сап құру, қатар және шеңбер құру; екі шоғырланған шеңберді құруды орындау, шеңберді тарылту және кеңейту; музыка ырғағымен буындардың, мойынның, иық белдеуінің, омыртқаның икемділігін, серпімділігін және қозғалмалылығын дамытуға арналған жаттығуларды орындау; дене мүсінін түзетуге және тепе-теңдікті қалыптастыруға арналған жаттығуларды орындау: "Мысық", "Қайың", "Әткеншек" жаттығуларын келесі элементтерді енгізу арқылы орындау: көпір, қарлығаш, жартылай шпагат; заманауи музыканың ырғағымен ырғақтық-гимнастикалық жаттығулар кешенін орындау; босаңсытушы жаттығуларды орындау: шеңберде тұрып, қол ұстасып шайқалу; дене мүсінін қалыптастыруға арналған жаттығуларды орындау: отыру қалпында тізелерді кеудеге қарай жинап, жату қалпына өту; тізерлеп отыру қалпында арқаны түзету және бұғу; композициядағы би қимылдарын ырғақты, эмоционалды түрде, бидің суретін және бағытын сақтап орындау; өз бетімен қазақ, орыс билерінің және әлем халықтарының билерінің негізгі элементтерін білу және орындай алу (бес биден кем емес); "Кімнің үйірмесі?" ("Ақсақ құлан" қазақ халық күйінің музыкасы).

2) музыка тыңдау: есту арқылы симфониялық музыканы халық музыкасынан ажырата білу; есту арқылы халық аспаптарының дыбысталуын ажырату; есту арқылы музыканың қарқынын, регистрін ажырату; есту арқылы вокальды, аспаптық және вокальды-аспаптық орындауларды қазақ және орыс халық әндері материалында ажырату; есту арқылы музыкалық пьесалардың және әндердің әртүрлі бөлімдерін ажырату (шумақ, қайырма, қысқа әуен, жеке және ұжымдықтың кезектесуі); шығарманың сипатын қабылдау және анықтау; есту арқылы симфониялық оркестрдің аспаптарының дыбысталуын қабылдау және ажырату; өз бетімен аспапты мотивировкамен таңдай білу.

3) Фонетикалық және сөйлеу ырғағы: сөйлеу материалды қалыпты биіктіктігі, күші бар дауыспен дыбыстай білу; ұзын фразаларды (10-12 буынға дейін) дыбыстауда тыныс алу паузаларын өз бетімен бөле отырып, фразаларды үйлесімді, біріккен түрде дыбыстап айту; буын тіркестерін 12-14 ке дейін біртіндеп көбейтумен бірге, үйлесімді, біріккен түрде қайта жаңғырту; қабылданатын және қайта жаңғыртылатын сөйлеу материалды түсіну; фразаның әуендік құрылымын сақтай білу; фразаның әуендік құрылымын сақтай отырып, фразаларды есту арқылы қабылдау және қайта жаңғырту;



екпіннің барлық түрлерін сөйлеуде жеткізу білу (фразалардың әуендік құрылымы); фразадағы логикалық және синтагматикалық екпінді ажыратып көрсету; фразадағы, синтагмадағы өтпелі акцентті ажырата білу.

4) әндерді қабылдау және орындау: есту арқылы қабылданған музыкалық үзіндінің ырғақтық суретін қолдың қимылымен қайта жаңғырту; аккомпанементтің және мұғалімнің басқаруымен әндерді ұжымдық эмоционалды түрде декламациялау; әндердің әуендерінің ырғақтық суретін бірқалыпты және бірқалыпты-жылдам қарқында қайта жаңғырту; білім алушылардың дирижерлеуімен шулы және музыкалық аспаптардың сүйемелдеумен әндердің өз бетімен орындай білу; әуендердің, динамикалық реңктердің дыбыстық-биіктік және ырғақтық құрылымын талдай білу; "Мысықтың үйі" музыкалық-драмалық қойылымы.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

25. Бағдарламадағы оқыту мақсаттарын қолдануға қолайлы болу үшін кодтық белгі енгізілген. Кодтағы бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар – бағдарламаның бөлімдері мен бөлімшелерін, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді.

26. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1) "Қозғалыстарды дамыту" бөлімі:

кесте 1

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0 сынып	1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып
1.1 Сапқа тұру және сапқа құрылымын	0.1.1.1 жүрудің қарапайым түрлерін музыка ырғағымен орындау; 0.1.1.2 саусақтармен және жартылай саусақтарымен сапта жеңіл ырғақты жүгіруді орындау; 0.1.1.3 сапқа, қатарға,	1.1.1.1 жүрудің алуан түрлерін музыка ырғағымен орындау (жылан тәрізді, аяқтың ұшымен, арақашықтықты сақтап, өкшемен, кең кадам жасау); 1.1.1.2 сапта аяқтың ұшымен ырғақты жүгіруді орындау, музыканың басталуына және аяқталуына бағдарланып, берілген тапсырмаларды өзгерте білу;	2.1.1.1 жүрудің алуан түрлерін музыка ырғағымен орындау (үлкен және ұсақ, сырғымалы және серпімді кадаммен, қолды айқын сілкумен, тізені жоғары көтерумен) 2.1.1.2 топтың қимылдары мен қозғалыстарды бір мезгілде үйлесімді орындау; 2.1.1.3 музыкалық сүйемелдеумен бірге қимылды	3.1.1.1 топтардың қайта құруын, фигуралық марштық жүруді орындау; 3.1.1.2 жылан сияқты ирелеңдеп жүруді, жиналуды және шашырауды үйлесімді орындау; 3.1.1.3 музыкалық сүйемелдеумен бірге	4.1.1.1 топтардың қайта құруын, фигуралық марштық жүруді орындау; 4.1.1.2 топтарда алуан түрлі қалыптарды орындау: шеңберді тарылту және кеңейту; 4.1.1.3 музыкалық сүйемелдеумен аяқастырылған кадаммен, өкшеден аяқтың ұшына кадам

өзгертіп қайта тұру	шеңберге тұруды орындау ; 0.1.1.4 өзінің жұбын табу және қимылдарды жұптарымен орындау; 0.1.1.5 ырғақ бойынша қимылды өзгерте білу, мұғалімнің нұсқауы бойынша тоқтау.	1.1.1.3 сапқа тұруды орындау : бір, екі, үш сызықтың бойына, қатарға, шеңберге тұру; 1.1.1.4 өзінің жұбын табу және қимылдарды жұптасып орындай білу, залдың кеңістігін дұрыс колдана білу; 1.1.1.5 қимылдың қарқынын өзгерту немесе мұғалімнің нұсқауы бойынша тоқтау.	жалғастырып және тоқтап, негізгі қимылдардың жүгіруін орындау; 2.1.1.4 нұсқау бойынша сапқа тұруды орындау : сапқа тұрулар және қайта сапқа тұрулар; 2.1.1.5 жалаулармен, гүлдермен марш екпінде жүру, қолдың алуан түрлі қалпымен жетекші жұптардың артынан жүру	қозғалысты жалғастыра және сақтай отырып, жүрудің негізгі қимылдарын орындау; 3.1.1.4 нұсқау бойынша сапқа тұруды орындау : сапқа, қатарға тұру; 3.1.1.5 музыкадағы акцентке қимылмен жауап қайтару.	жасаумен тізбектелген саптарды құруды орындау ; 4.1.1.4 нұсқау бойынша сап түзуді орындау: сап құру, қатар және шеңбер құру; 4.1.1.5 екі шоғырланған шеңберді құруды орындау , шеңберді тарылту және кеңейту.
	0.1.2.1 музыка ырғағымен алға қарай, жан-жаққа қарай еңкеюді орындау; бастың, дененің бұрылуы; 0.1.2.2 қолдың әртүрлі қалыптарын орындау: алға қарай, жан-жаққа, заттармен және заттарсыз жоғары қарай, қолдарды бүгу,	1.1.2.1 гимнастикалық қимылдарды орындау: басты бұру, жартылай отырып-тұру, жартылай саусақтарымен тұру; 1.1.2.2 қолдың алуан түрлі қалыптарын орындау, бірге және кезектесіп иықтардың айналмалы қимылдарын, саусақтарды жұдырық етіп түюді, саусақтарды	2.1.2.1 бағдарламалық гимнастикалық және би қимылдарын орындау; 2.1.2.2 мойынның, бастың, иық белдеуінің бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды орындау, бұрылулар, баспен бірқалыпты айналу, алға, солға, оңға қарай еңкеюлер, отыру қалпында еңкею; 2.1.2.3 аяқтың бұлшық етіне	3.1.2.1 баспен дөңгеленген айналма қимылдарды орындау, иық белдеуін айналдыру; 3.1.2.2 "қолды жан-жаққа" қалпымен алға қарай еңкеюді орындау; жұдырық болып түйілген қолдарды ырғақтық түрде лақтыру; 3.1.2.3 дене мүсінін қалыптастыруға арналған	4.1.2.1 музыка ырғағымен буындардың, мойынның, иық белдеуінің, омыртқаның икемділігін, серпімділігін және қозғалмалылығын дамытуға арналған жаттығуларды орындау; 4.1.2.2 дене мүсінін түзетуге және тепе-теңдікті қалыптастыруға арналған жаттығуларды орындау: "Мысық", "Қайың", "Әткеншек" жаттығуларын келесі элементтерді енгізу арқылы орындау: көпір,

<p>1.2 Ырғақтық гимнастика элементтері</p>	<p>жалаушалармен қолдың дөңгелете айналдыру; 0.1.2.3 аяқты алға, жан-жаққа қойып жаттығуларды орындау, аяқтың ұшымен тұру; 0.1.2.4 отырып-тұру және дененің еңкеюін орындау.</p>	<p>жазуды орындау; 1.1.2.3 аяқтың бұлшық етіне арналған жаттығуларды орындау: жартылай саусақтарымен отырып-тұру, аяқтың ұшында және өкшемен тұру; 1.1.2.4 бір қолымен тірекке сүйеніп, отырып-тұруды орындау, аяқтарын сермеу, жартылай отыру.</p>	<p>арналған жаттығуларды орындау: аяқтың ұшын алға және жан-жаққа қарай созу, аяқтың ұшымен жартылай отыру; 2.1.2.4 қолға және қолдың білезіктеріне арналған жаттығуларды орындау: қолдарды тербелту, айқастыру, айналдыру, сілкіу, білезікті сілкіу, саусақтарды қысу және жазу.</p>	<p>жаттығуларды орындау: тізерлеп тұру қалпынан еденге жіліншіктің сол жағына қарай отыру, бастапқы қалыпқа оралу; 3.1.2.4 созылған аяқтармен отыру қалпында денемен алға төмен қарай еңкеюлерді орындау; 3.1.2.5 әртүрлі топтық қайта құрулармен еркін және қысымсыз жүру, жүгіру, қозғалу.</p>	<p>қарлығаш, жартылай шпагат; 4.1.2.3 заманауи музыканың ырғағымен ырғақтық-гимнастикалық жаттығулар кешенін орындау; 4.1.2.4 босансытушы жаттығуларды орындау: шеңберде тұрып, қол ұстасып шайқалу; 4.1.2.5 дене мүсінін қалыптастыруға арналған жаттығуларды орындау: отыру қалпында тізелерді кеудеге қарай жинап, жату қалпына өту; тізерлеп отыру қалпында арқаны түзету және бұғу;</p>
<p>1.3 Би қимылдары</p>	<p>0.1.3.1 жеке және жұптасып, дөңгеленіп билеуде аяқпен тарсылдатуды, айналууды орындау; 0.1.3.2 шеңберлі биде жүруді орындау;</p>	<p>1.1.3.1 қазақ және орыс билерінде қабылданған қимылдарды орындау; 1.1.3.2 шеңберде айналу қадамын орындау; 1.1.3.3 жеңіл секіріс қадамын, ауыспалы қадамды орындау; 1.1.3.4 аяқпен тарсылдатуды, оң иық арқылы</p>	<p>2.1.3.1 тепкілеген қадам орындау, айналмалы үш тепкілеумен қадам орындау, секірумен аяқты өкшеге қою; 2.1.3.2 жолақтармен айналууды орындау; 2.1.3.3 польканың</p>	<p>3.1.3.1 күрделі емес би қимылдарын орындау: вальс биі, билегендей аяқты тапырлату, жартылай башпайда сырғымалы жүру, аяқты ақсатумен бүйірлік жүру, "арқан", "отыру"; 3.1.3.2 би қимылдарын орындау: па-де-баск, плие, баланс, үлкен және ұсақ батман, тарсылдатумен шұқылау, вальс</p>	<p>4.1.3.1 композициядағы би қимылдарын ырғақты, эмоционалды түрде, бидің суретін және бағытын сақтап орындау; 4.1.3.2 өз бетімен қазақ билерінің негізгі элементтерін білу және орындай алу (бес биден кем емес);</p>

	0.1.3.3 бүйірлі секірісті орындау; 0.1.3.4 күрделі емес халық билерін орындау: "Қаражорға", орыс биі және полька	айналуды, қолдың бірқалыпты қимылдарын орындау; көрсету бойынша "Полька", "Медвежата", "Покружись-поклонись" билерін орындау	қадамын орындау; 2.1.3.4 "Қамажай" қазақ биінің қимылын орындау: "ауыспалы қадам, толқын, "Айгөлек" кесесі, "Орамалдармен айналма би", "Мишка с куклой" полькасы	қадамы; 3.1.3.3 "Қазақ биін" орындау (Ш.Қалдаяқовтың музыкасы), "Матрос би" ("Яблочко" халық әуені); "Яблочко"); 3.1.3.4 күрделі емес би композицияларының қимылдарын үйрену (орыс биі "Дробушечка", "Ковырялочка")	4.1.3.3 өз бетімен орыс билерінің негізгі элементтерін білу және орындай алу (бес биден кем емес); 4.1.3.4 өз бетімен әлем халықтарының билерінің негізгі элементтерін білу және орындай алу (бес биден кем емес)
1.4 Музыкалық тапсырмасы бар қозғалыс ойындары	0.1.4.1 "Сақина тастау", "Гуси лебеди", "Кошки-мышки", "Замри", "Один лишний" ойындарға қатысу	1.1.4.1 "Ақ серек-Көк серек" (қазақ халық музыкасы), "Стукалка" (украин халық музыкасы), "Поезд" (Қазақстан халықтарының әуендері), "Рыбаки и рыбки" (орыс халық музыкасы) ойындарға қатысу	2.1.4.1 "Передай мяч" (М. Глинканың музыкасы), "Кот и мыши" (Т.Ломованың музыкасы) ойындарын ойнау	3.1.4.1 "Зайцы и охотники" (Н. Раухвергердің музыкасы) ойындарын ойнау	4.1.4.1 "Кімнің үйірмесі?" ("Ақсақ құлан" қазақтың халық күйі) ойындарын ойнау

## 2) "Музыка тыңдау" бөлімі:

### кесте 2

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0 сынып	1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып
2.1 Есту арқылы музыканы тану	0.2.1.1 музыканың дыбысталуының басына және соңына жауап қайтару;	1.2.1.1 әннің қарапайым марш ырғағын есту арқылы қабылдау және қайта жаңғырту;	2.2.1.1 есту арқылы 4-6 шығармадан таңдауда музыкалық үзінділерді ажырату; 2.2.1.2 есту арқылы ажырату: музыкадағы екіүлесті, үшүлесті, төрт үлесті метр.	3.2.1.1 әуеннің ырғақтық суретін қолмен (шапалақтау) орындау (аккомпанементпен бір уақытта); 3.2.1.2 есту арқылы ажырату: әртүрлі музыкалық формалар.	4.2.1.1 есту арқылы симфониялық музыканы халық музыкасынан ажырату; 4.2.1.2 есту арқылы халық аспаптарының дыбысталуын ажырату.

2.2 Есту арқылы музыканы ажырату	0.2.2.1 есту арқылы қатты-жай, жылдам-баяу музыканы ажырату;	1.2.2.1 есту арқылы музыканы ажырату (қатты, жай, қатты емес);	2.2.2.1 бөлімнің ауысуымен байланысты қимылдардың өзгерістерін ажырату; 2.2.2.2 есту арқылы графикалық жазбаға сүйеніп әндердің әуендерін ажырату (2-4 әнді таңдауда);	3.2.2.1 есту арқылы музыканың қарқынын, регистрді ажырату; 3.2.2.2 есту арқылы алуан түрлі аспаптардың дыбысталуын қабылдау және табу: фортепиано, баян, сыбызғы, челеста, маракас, румба;	4.2.2.1 есту арқылы музыканың қарқынын, регистрді ажырату; 4.2.2.2 есту арқылы вокальды, аспаптық және вокальды-аспаптық орындауларды қазақ және орыс халық әндері материалында ажырату;
2.3 Сипаты бойынша музыкалық пьесаларды анықтау	0.2.3.1 музыкалық үзінділерді қабылдау және музыканың сипатын анықтау (көңілді-мұңды әуен);	1.2.3.1 музыкалық пьесалардың сипатын қабылдау және анықтау (көңілді-мұңды пьеса); 1.2.3.2 ырғағы бойынша пьесалардың жанрларын қабылдау және қайта жаңғырту: марш, ән, би;	2.2.3.1 музыкалық пьесалардың сипатын қабылдау және анықтау (көңілді, көңілсіз, бірқалыпты); 2.2.3.2 ырғағы бойынша музыкалық пьесаларды қабылдау және анықтау: марш, ән, бесік жыры; 2.2.2.3 жеке және хормен ән орындауды қабылдау және ажырату;	3.2.3.1 әуеннің бірінен үзінділерді қабылдау және анықтау (шумақ, қайырма); 3.2.3.2 шығарманың сипатын қабылдау және анықтау; 3.2.3.3 жеке ән салатын дауысты және хормен дауыстып айтуда вокальды-аспаптық музыканы тыңдауда қабылдау және ажырата білу;	4.2.3.1 есту арқылы музыкалық пьесалардың әртүрлі бөліктерін ажырату (шумақ, қайырма, музыкалық үзік, жеке және ұжымдық ән салудың кезектестігі); 4.2.3.2 шығарманың сипатын қабылдау және анықтау; 4.2.3.3 есту арқылы симфониялық оркестрдің аспаптарының дыбысталуын қабылдау және ажырату.
2.4 Балалардың шулы музыкалық аспаптарының көмегімен	0.2.4.1 есту арқылы музыкалық ырғақты қабылдау; Музыкалық	1.2.4.1 шулы аспаптарды ойнаудың көмегімен, қимылдармен қарапайым	2.2.4.1 металлофонда румбада, бубенде қарапайым әуендерді орындау: "Курочка и цыплята" (Е. Тиличеваның	3.2.4.1 мұғалімнің сүйемелдеуімен әртүрлі ырғақтағы күрделі емес пьесаларды орындау: "Балдырған әні" (	4.2.4.1 мотивировкасы

музыкалық ырғақты қайта жаңғырту	аспаптарда қабылданған ырғақты орындай білу.	марш ырғағын есту арқылы қабылдау және қайта жаңғырту;	музыкасы), "Полька" М.Глинканың музыкасы), "Марш" Е.Брусиловскийдің музыкасы)	" Н.Жанаев, Б. ( Дәлден-баев); " Как под горкой" (сөзі мен әні – халықтыкі)	бар аспаптарды өз бетімен таңдай білу
----------------------------------	--	--	---	---	---------------------------------------

### 3) "Фонетикалық және сөйлеу ырғағы" бөлімі: кесте 3

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0 сынып	1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып
	1. Шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту	1.1. Қоршаған ортаны түсіну және білу	4.1.1.1 табиғи пішіндерді, декоративті өрнектерді (ою-өрнек) тану және анықтау, өз жұмыстарында оларды қолдану
		1.3 Шығармашылық идеяларды дамыту	4.1.3.1 қолжетімді тәсілдермен жұмыстың түрлі техникасын үйлестіріп, сезімін (эмоциялық күйін, сипатын) және шығармашылық идеяны ұсыну; 4.1.3.2 шығармашылық идеяларды дамыту үшін

Менің Отаным - Қазақстан		түрлі көздерден ақпаратты іріктеу ( АКТ-ны қоса)
	1.4 Жоспарлау	4.1.4.1 жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыру және жұмыс процесін жоспарлау
	2. Шығармашылық жұмыстарды дайындау және жасау	2.3 Дайындау технологиясы
3. Талдау және бағалау, презентация	3.3 Шығармашылық жұмыстарды талқылау және бағалау	4.3.3.1 критерийлерге сәйкес шығармашылық жұмыстарды бағалау, оны жетілдіру бойынша бастамаларды енгізу
1. Шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту	1.1 Қоршаған ортаны түсіну және білу	4.1.1.1 табиғи пішіндерді, декоративті өрнектерді ( ою-өрнек) тану және анықтау, өз жұмыстарында оларды қолдану
	1.2 Мәдениет пен дәстүрді, тарихты түсіну және білу	4.1.2.1 ұлттық және әлемдік мәдениет өнерінің әр түрлі шығармаларын білу және олардың ерекшеліктерін түсіндіру (жанры, жасау техникасы, көңіл-күйі); 4.1.2.2 қазақ халқының және әлем халықтарының қолданбалы өнерінің ұлттық ерекшеліктерін анықтау және сипаттау
		4.1.3.1 қолжетімді тәсілдермен жұмыстың түрлі техникасын

Адами құндылықтар		1.3 Шығармашылық идеяларды дамыту	үйлестіріп, сезімін (эмоциялық күйін, сипатын) және шығармашылық идеяны ұсыну; 4.1.3.2 шығармашылық идеяларды дамыту үшін түрлі көздерден ақпаратты іріктеу (АКТ-ны қоса)
	2. Шығармашылық жұмыстарды дайындау және жасау	2.2 Шығармашылық жұмыстарды орындаудың материалдары мен техникалары	4.2.2.1 күрделі және қолжетімді тәсілдер мен техникаларды пайдаланып, көмекші құралдардың көмегімен (табиғи, жасанды және көркемдік) құрал-саймандар мен материалдармен эксперимент жасау және қолдану
		2.4 Қауіпсіздік техникасын сақтау	4.2.4.1 қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, көмекші құралдардың көмегімен материалдар мен құрал-саймандарды қолдану
	3. Талдау және бағалау, презентация	3.2 Өнердегі тәсілдемелерді талдау	4.3.2.1 әртүрлі өнер туындыларын орындаудың негізгі айқын құралдары мен материалдарын арнайы терминдерді қолданып салыстыру және сәйкестендіру
2-тоқсан			
	1. Шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту	1.3 Шығармашылық идеяларды дамыту	4.1.3.1 қолжетімді тәсілдермен жұмыстың түрлі техникасын үйлестіріп, сезімін (эмоциялық күйін, сипатын) және шығармашылық идеяны ұсыну; 4.1.3.2 шығармашылық идеяларды дамыту үшін түрлі көздерден ақпаратты іріктеу (АКТ-ны қоса)
			4.2.3.1 қолжетімді тәсілдермен өлшеу,

Мәдени мұра	2. Шығармашылық жұмыстарды дайындау және жасау	2.3 Дайындау технологиясы	<p>белгілеу, кесу, пішіндеу, жинау, белгілі бір қатардағы материалдар мен компоненттерді жалғау, біріктіру;</p> <p>4.2.3.2. қолжетімді тәсілдермен түрлі материалдарды (ермексаз, қалдық, қағаз) және техникаларды үйлестіру арқылы түрлі көлемді формаларды жасау;</p> <p>4.2.3.3 шығармашылық жұмыстарды жасау кезінде қазақ ұлттық мәдениетінің элементтерін қолдану</p>
	3. Талдау және бағалау, презентация	3.3 Шығармашылық жұмыстарды талқылау және бағалау	4.3.3.1 критерилерге сәйкес шығармашылық жұмыстарды бағалау, оны жетілдіру бойынша бастамаларды енгізу
Мамандықтар әлемі	1. Шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту	1.1 Қоршаған ортаны түсіну және білу	4.1.1.1 табиғи пішіндерді, декоративті өрнектерді (ою-өрнек) тану және анықтау, өз жұмыстарында оларды қолдану
		1.3 Шығармашылық идеяларды дамыту	<p>4.1.3.1 қолжетімді тәсілдермен жұмыстың түрлі техникасын үйлестіріп, сезімін (эмоциялық күйін, сипатын) және шығармашылық идеяны ұсыну;</p> <p>4.1.3.2 шығармашылық идеяларды дамыту үшін түрлі көздерден ақпаратты іріктеу (АКТ-ны қоса)</p>
		2.2 Шығармашылық жұмыстарды орындаудың материалдары мен техникалары	4.2.2.1 күрделі және қолжетімді тәсілдер мен техникаларды пайдаланып, көмекші құралдардың көмегімен (табиғи, жасанды және көркемдік) құрал-саймандар мен материалдармен эксперимент жасау және қолдану



	<p>2. Шығармашылық жұмыстарды дайындау және жасау</p>	<p>2.3 Дайындау технологиясы</p>	<p>4.2.3.1 қолжетімді тәсілдермен өлшеу, белгілеу, кесу, пішіндеу, жинау, белгілі бір қатардағы материалдар мен компоненттерді жалғау, біріктіру; 4.2.3.2 қолжетімді тәсілдермен түрлі материалдарды (ермексаз, қалдық, қағаз) және техникаларды үйлестіру арқылы түрлі көлемді формаларды жасау; 4.2.3.3 шығармашылық жұмыстарды жасау кезінде қазақ ұлттық мәдениетінің элементтерін қолдану</p>
	<p>3. Талдау және бағалау, презентация</p>	<p>3.1 Презентация</p>	<p>4.3.1.1 қолжетімді тәсілдермен арнайы терминдерді қолданып, негізгі идея мен процесті айта отырып шығармашылық тәсілмен өзінің жұмысын (эскиз, бұйым) таныстыру</p>
<p>3-тоқсан</p>			
	<p>1. Шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту</p>	<p>1.1 Қоршаған ортаны түсіну және білу</p>	<p>4.1.1.1 табиғи пішіндерді, декоративті өрнектерді (ою-өрнек) тану және анықтау, өз жұмыстарында оларды қолдану</p>
		<p>1.2 Мәдениет пен дәстүрді, тарихты түсіну және білу</p>	<p>4.1.2.1 ұлттық және әлемдік мәдениет өнерінің әр түрлі шығармаларын білу және олардың ерекшеліктерін түсіндіру (жанры, жасау техникасы, көңіл-күйі); 4.1.2.2 қазақ халқының және әлем халықтарының қолданбалы өнерінің ұлттық ерекшеліктерін анықтау және сипаттау</p>
		<p>2.1 Қоршаған әлемнің бейнесі</p>	<p>4.2.1.1 қолжетімді түрлі құралдар мен техникаларды үйлестіріп қоршаған ортаның визуальды элементтерін бейнелеу</p>

Табиғи құбылыстар	2. Шығармашылық жұмыстарды дайындау және жасау	2.3 Дайындау технологиясы	4.2.3.1 қолжетімді тәсілдермен өлшеу, белгілеу, кесу, пішіндеу, жинау, белгілі бір қатардағы материалдар мен компоненттерді жалғау, біріктіру; 4.2.3.2 қолжетімді тәсілдермен түрлі материалдарды (ермексаз, қалдық, қағаз) және техникаларды үйлестіру арқылы түрлі көлемді формаларды жасау; 4.2.3.3 шығармашылық жұмыстарды жасау кезінде қазақ ұлттық мәдениетінің элементтерін қолдану
	3. Талдау және бағалау, презентация	3.1 Презентация	4.3.1.1 қолжетімді тәсілдермен арнайы терминдерді қолданып, негізгі идея мен процесті айта отырып шығармашылық тәсілмен өзінің жұмысын (эскиз, бұйым) таныстыру
		3.2 Өнердегі тәсілдемелерді талдау	4.3.2.1 әртүрлі өнер туындыларын орындаудың негізгі айқын құралдары мен материалдарын арнайы терминдерді қолданып салыстыру және сәйкестендіру
1. Шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту		1.2 Мәдениет пен дәстүрді, тарихты түсіну және білу	4.1.2.1 ұлттық және әлемдік мәдениет өнерінің әр түрлі шығармаларын білу және олардың ерекшеліктерін түсіндіру (жанры, жасау техникасы, көңіл-күйі); 4.1.2.2 қазақ халқының және әлем халықтарының қолданбалы өнерінің ұлттық ерекшеліктерін анықтау және сипаттау
			4.1.3.1 қолжетімді тәсілдермен жұмыстың түрлі техникасын үйлестіріп, сезімін (эмоциялық күйін, сипатын) және

Қоршаған ортаны қорғау	1.3 Шығармашылық идеяларды дамыту	шығармашылық идеяны ұсыну; 4.1.3.2 шығармашылық идеяларды дамыту үшін түрлі көздерден ақпаратты іріктеу ( АКТ-ны қоса)
	2.1 Қоршаған әлемнің бейнесі	4.2.1.1 қолжетімді түрлі құралдар мен техникаларды үйлестіріп қоршаған ортаның визуальды элементтерін бейнелеу
	2.2 Шығармашылық жұмыстарды орындаудың материалдары мен техникалары	4.2.2.1 күрделі және қолжетімді тәсілдер мен техникаларды пайдаланып, көмекші құралдардың көмегімен ( табиғи, жасанды және көркемдік) құрал-саймандар мен материалдармен эксперимент жасау және қолдану
	2. Шығармашылық жұмыстарды дайындау және жасау	2.3 Дайындау технологиясы
3. Талдау және бағалау, презентация	3.1 Презентация	4.3.1.1 қолжетімді тәсілдермен арнайы терминдерді қолданып, негізгі идея мен процесті айта отырып шығармашылық тәсілмен өзінің жұмысын (эскиз, бұйым) таныстыру
4-тоқсан		

Ғарышқа саяхат

1. Шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту	1.1 Қоршаған ортаны түсіну және білу	4.1.1.1 табиғи пішіндерді, декоративті өрнектерді (ою-өрнек) тану және анықтау, өз жұмыстарында оларды қолдану
	1.3 Шығармашылық идеяларды дамыту	4.1.3.1 қолжетімді тәсілдермен жұмыстың түрлі техникасын үйлестіріп, сезімін (эмоциялық күйін, сипатын) және шығармашылық идеяны ұсыну; 4.1.3.2 шығармашылық идеяларды дамыту үшін түрлі көздерден ақпаратты іріктеу (АКТ-ны қоса)
2. Шығармашылық жұмыстарды дайындау және жасау	2.2 Шығармашылық жұмыстарды орындаудың материалдары мен техникалары	4.2.2.1 күрделі және қолжетімді тәсілдер мен техникаларды пайдаланып, көмекші құралдардың көмегімен (табиғи, жасанды және көркемдік) құрал-саймандар мен материалдармен эксперимент жасау және қолдану
	2.3 Дайындау технологиясы	4.2.3.1 қолжетімді тәсілдермен өлшеу, белгілеу, кесу, пішіндеу, жинау, белгілі бір қатардағы материалдар мен компоненттерді жалғау, біріктіру; 4.2.3.2 қолжетімді тәсілдермен түрлі материалдарды (ермексаз, қалдық, қағаз) және техникаларды үйлестіру арқылы түрлі көлемді формаларды жасау; 4.2.3.3 шығармашылық жұмыстарды жасау кезінде қазақ ұлттық мәдениетінің элементтерін қолдану
		4.2.4.1 қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, көмекші құралдардың көмегімен

		2.4 Қауіпсіздік техникасын сақтау	материалдар мен құрал-саймандарды қолдану
	3. Талдау және бағалау, презентация	3.3 Шығармашылық жұмыстарды талқылау және бағалау	4.3.3.1 критерилерге сәйкес шығармашылық жұмыстарды бағалау, оны жетілдіру бойынша бастамаларды енгізу
Болашаққа саяхат	1. Шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту	1.3 Шығармашылық идеяларды дамыту	4.1.3.1 қолжетімді тәсілдермен жұмыстың түрлі техникасын үйлестіріп, сезімін (эмоциялық күйін, сипатын) және шығармашылық идеяны ұсыну; 4.1.3.2 шығармашылық идеяларды дамыту үшін түрлі көздерден ақпаратты іріктеу (АКТ-ны қоса)
		2.2 Шығармашылық жұмыстарды орындаудың материалдары мен техникалары	4.2.2.1 күрделі және қолжетімді тәсілдер мен техникаларды пайдаланып, көмекші құралдардың көмегімен (табиғи, жасанды және көркемдік) құрал-саймандар мен материалдармен эксперимент жасау және қолдану
	2. Шығармашылық жұмыстарды дайындау және жасау	2.3 Дайындау технологиясы	4.2.3.1 қолжетімді тәсілдермен өлшеу, белгілеу, кесу, пішіндеу, жинау, белгілі бір қатардағы материалдар мен компоненттерді жалғау, біріктіру; 4.2.3.2 қолжетімді тәсілдермен түрлі материалдарды (ермексаз, қалдық, қағаз) және техникаларды үйлестіру арқылы түрлі көлемді формаларды жасау; 4.2.3.3 шығармашылық жұмыстарды жасау кезінде қазақ ұлттық мәдениетінің элементтерін қолдану

	3. Талдау және бағалау, презентация	3.1 Презентация	4.3.1.1 қолжетімді тәсілдермен арнайы терминдерді қолданып, негізгі идея мен процесті айта отырып шығармашылық тәсілмен өзінің жұмысын (эскиз, бұйым) таныстыру
--	-------------------------------------	-----------------	---

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 123 бұйрығына  
82-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына  
719-қосымша

**Есту қабілеті бұзылған (естімейтін) білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 – сыныптары үшін "Бейімделген дене шынықтыру" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Есту қабілеті бұзылған (естімейтін) білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 – сыныптары үшін "Бейімделген дене шынықтыру" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-бабы 6 - тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарламаның мақсаты – есту қабілеті бұзылған білім алушыларда дене шынықтыру негіздерін қалыптастыру, қозғалыс дағдылары мен дене қабілеттерін дамыту, білім алушылар денсаулығының оңтайлы деңгейін қолдау, дене шынықтыру саласындағы білімді меңгеру және игерілген тәсілдер мен дағдыларды пайдалану арқылы сауықтыру қызметін жүзеге асыру.

3. Бағдарламаның міндеттері:

1) білім алушылардың дене және психологиялық денсаулығын нығайту;

2) дене тәрбиесі және спорт саласында теориялық білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыру;

3) қозғалыс дағдыларын, төзімділікті, жылдамдықты, күшті, ептілік пен икемділікті дамыту;

4) білім алушыларды салауатты өмір салтына ынталандыру;

4. Түзете-дамыту міндеттері:

1) сөйлеу мәдениетін дамыту, білімді функционалдық қолдану, коммуникацияның әртүрлі тәсілдері, проблемаларды шешу және шешімдер қабылдау;

2) есту қабілеті бұзылған білім алушыларды арнайы оқытудың сапалы дараландыру мүмкіндіктерін кеңейту;

3) жеке тұлғалық қасиеттерді дамыту (жауапкершілік, табандылық, бастамашылдық, шыдамдылық және өз бетінше жұмыс істеу және командада жұмыс істеу үшін қажетті төзімділік).

## **2 тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

5. Есту қабілеті бұзылған білім алушыларды оқыту процесінде бірқатар ерекшеліктерді ескеру қажет:

- 1) әрбір білім алушының қалдық есту қабілеті әртүрлі;
- 2) кейбір білім алушылардың есту қабілеті жоқ;
- 3) қозғалыстарды үйлестірудің жеткіліксіздігі және қозғалыстардың белгісіздігі;
- 4) қозғалыс дағдыларын меңгерудің баяулауы;

5) кеңістікті бағдарлаудың төмен деңгейі, статикалық және динамикалық тепе-теңдікті сақтаудың қиындығы;

6) баяу ден қою қабілеті, жекелеген қозғалыстардың орындалу жылдамдығы және қозғалыс белсенділігінің қарқыны.

7) сөздік қорын шектеу, дыбыс айту бұзылысы, пассивті сөздіктің белсендіден басым болуы.

6. "Бейімделген дене шынықтыру" пәнінде есту қабілеті зақымдалған білім алушыларды оқытудың негізгі қағидаттары: қолжетімділік, жеке көзқарас, көрнекілік және коммуникативтілік.

7. Оқытудағы қол жетімділік-бұл материалдың білім алушыларға қол жетімді және түсінікті болуымен, тұжырымдамаларды оңтайлы жеткізумен, мәтіндерді қажетті иллюстрациялармен және дидактикалық материалдармен қамтамасыз етумен бекітіледі.

8. Оқыту процесінде есту қабілеті бұзылған оқушымен жеке жұмыс жасау "Бейімделген дене шынықтыру" сабағында тұлғаның жан-жақты дамуы мен үйлесімді қалыптасуы, тұлғаның шығармашылық қабілеттерін толық ашу және әлеуметтік маңызды қасиеттерін тәрбиелеумен, эмоциялық ерік аясын, психикалық процестерін түзетумен бекітіледі.

9. Көрнекілік принципі оқушылардың танымдық тәжірибесін байыту үшін қажет нақты өмірде объектіні немесе құбылысты сенсорлық қабылдау негізінде білім, білік және дағдыларды қалыптастыру қажеттілігінен көрінеді: суреттер, символдар, сызбалар арқылы заттар мен әрекеттерді көрсету.

10. "Бейімделген дене шынықтыру" пәнін оқытудағы коммуникативтік тәсіл қарым-қатынас құралы ретінде тілді меңгеруден тұрады және білім алушыларды әртүрлі тілдік жағдайларда еркін бағдар жасауға үйретуге арналған.

11. Осы қағидаттарды іске асыру үшін:

1) негізгі қозғалыс дағдыларымен танысу арқылы есту қабілеті бұзылған білім алушылардың ауызша, диалогтық сөйлеуін дамыту;

2) сабақтарда барлық психикалық процестердің дамуына ықпал ететін тәсілдер мен әдістерді қолдану;

3) дидактикалық принциптерді сақтау: материалды зерттеудегі қайталану, материалдың рұқсат етілген көлемі;

4) жаңа материалды, терминологияны және жаттығуларды түсіндіруде көмекші құрал ретінде дактильді және ыммен сөйлеу тілі қолданылады.

12. Бағдарламаны іске асыру процесінде мектепті жарактандыруды, ақпараттық – коммуникациялық технологияларды көздейтін арнайы жабдық пен оқытудың қосалқы құралдары пайдаланылады:

1) интерактивті және проекциялық жабдықтар (проектор, интерактивті тақта);

2) оқытудың арнайы техникалық және компенсаторлық құралдары (фронтальды оқу қызметін қамтамасыз етуге арналған стационарлық дыбыс күшейткіш жабдық, айтылу экраны, жеке есту аппараттары);

3) Интернет желісінің ақпараттық-білім беру ресурстарына шектеусіз қолжетімділігі.

13. Бағдарламаны іске асыру үшін спорт залы арнайы жабдықтармен қамтамасыз етіледі:

1) фронтальды қызметке арналған стационарлық дыбыс күшейткіш жабдық;

2) индукциялық ілмектер;

3) жеке есту аппараттары;

4) айтылу экраны.

### **3-тарау. "Бейімделген дене шынықтыру" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

14. "Бейімделген дене шынықтыру" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 0 – сыныпта – аптасына 3 сағатты, оқу жылында 96 сағатты;

2) 1 – сыныпта – аптасына 3 сағатты, оқу жылында 99 сағатты;

3) 2 – сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 102 сағатты;

4) 3 – сыныпта – аптасына 3 сағатты, оқу жылында 102 сағатты;

5) 4 – сыныпта – аптасына 3 сағатты, оқу жылында 102 сағатты құрайды.

15. Бағдарламаның мазмұны келесідей бөлімдерді қамтиды:

1) "Теориялық мәліметтер" бөлімі;

2) "Гимнастика" бөлімі;

3) "Ұлттық және зияткерлік ойындар";

4) "Қозғалмалы ойындар" бөлімі;

5) "Жеңіл атлетика" бөлімі.

16. "Теориялық мәліметтер" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) бейімделген дене шынықтыру сабақтарындағы тәртіп ережелері және қауіпсіздік техникасы;

2) жеке гигиена және күн тәртібі;



3) паралимпиада ойындары.

17. "Гимнастика" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) сапқа тұру және сапқа құрылымын өзгертіп қайта тұру;

2) жалпы дамыту жаттығулары;

3) дене сымбатын қалыптастыру жаттығулары;

4) заттармен жасалатын жаттығулар;

5) ырғақтық жаттығулар;

6) өрмелеу және асып өту;

7) тепе-теңдік жаттығулары.

18. "Ұлттық және зияткерлік ойындар" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) тоғыз құмалақ;

2) асық;

3) дойбы;

4) шахмат.

19. "Қозғалмалы ойындар" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) кеңістікті бағдарлауды дамыту ойындары;

2) тепе-теңдікті және қимылдардың үйлесімділігін дамытуға арналған ойындар;

3) бағдарлау қабілетін дамытатын ойындары;

4) кедергілерді жеңуге арналған ойындар;

5) тактильді сезімталдықты дамытуға арналған ойындар.

20. "Жеңіл атлетика" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) жүру;

2) жүгіру;

3) лақтыру;

4) секіру.

21. 0-сыныпқа арналған "Бейімделген дене шынықтыру" пәнінің базалық мазмұны:

1) теориялық мәліметтер: спорт залындағы тәртіп ережесі мен қауіпсіздік техникасы; жеке гигиена және күн тәртібі; паралимпиадалық ойындар: паралимпиадалық ойындардың даму тарихы;

2) гимнастика: спорт залы, бағанға, жұптарға сапқа тұру; дене бөліктерін (оң, сол қол және аяқ, алақан, бел, өкше, аяқтың ұшы) бағдарлауды үйрету; қолды жанына, жоғары, алға, артқа қарай қозғалту; денені жанына, алға және артқа қарай еңкейту; гимнастикалық қабырғаның білте тақтайшасынан ұстаған күйде отырып-тұру; қолын тізеге, гимнастикалық орындыққа тіреп, денені алдыға еңкейту; дене сымбатын дұрыс ұстаған қалыпта түзу сызықтың бойымен жүру; басына жүк қойып жүру; басына жүк қойып, қолдарын беліне, жанына, қайтадан беліне қойып жүру; басына жүк қойып жартылай жүрелеп жүру; дыбыс сигналы бойынша допты шеңберде, бір-біріне домалату; секіретін доп; допты себетке лақтыру; лақтырған допты табу; санақ бойынша түрлі қарқынмен жүру; 1 санағына, 2,3 санақтарына екпін жасап жүру; музыкаға, әр 1-

ші санақ бойынша қарапайым қозғалыстар жасау; гимнастикалық қабырғаға еркін өрмелеу (5-6 білте тақтайшасына); еденде және гимнастикалық орындықта еңбектеп өрмелеп жүру; биіктігі 25-30 см кедергілерден өту; биіктігі 40 см-ден төмен емес кедергілердің астынан еркін тәсілмен еңбектеп шығу; еденде жатқан заттардан (таяқша, секіртпе) аттап өту; 10-15 см биіктікте тартылған арқаннан аттап өту; бір аяқпен тұру; жүру және жүгіру кезінде кенеттен тоқтау;

3) ұлттық және зияткерлік ойындар: "Тоғыз құмалақ" ойынының пайда болу тарихы; "Асық" ойынының пайда болу тарихы; "Дойбы" ойынының пайда болу тарихы; "Шахмат" ойынының пайда болу тарихы;

4) қозғалмалы ойындар: тепе-теңдікті үйлестіру; есту қабілеті арқылы бағдарлау; қозғалмалы ойындар кезіндегі кедергілер, оларды жеңу жолдары;

5) жеңіл атлетика: барлығымен бірге, жалпы қарқынды сақтай отырып, еркін жүру; жылдам жүру; аяқтың ұшымен жүру; бір-бірінің артынан паровоз болып жүру; аяқтың ұшымен жеңіл жүгіру; жүгіру кезінде қол қимылдарын жасау; мұғалім сигналы бойынша бағытты өзгертіп жүгіру; бір орында жүгіру; екі қолмен үлкен допты еденге, қабырғаға, жоғары лақтыру, содан соң секірген допты тез табу; кішкентай доптарды сигнал бағытында лақтыру; құм салынған қапшықтарды лақтыру; шеңбершелерді сырықтарға лақтыру; екі аяқпен еркін секіру; бұлақтан аттап секіру (ені 15-20 см); 10-15 см биіктіктен тереңдікке секіру; еденнен матқа секіру (0-15 см); 10-15 см биіктікте керілген секіртпеден секіру.

22. 1-сыныпқа арналған "Бейімделген дене шынықтыру" пәнінің базалық мазмұны:

1) теориялық мәліметтер: бейімделген дене шынықтыру сабақтарында спорт залындағы қауіпсіздік техникасы бойынша мұғалімнің нұсқаулықтары, гигиена және күн тәртібі туралы алған білімдерін қолдану. Адамның денсаулығын (дене, әлеуметтік және психологиялық) нығайту үшін дене шынықтырудың маңызы туралы, оның адамның дамуына (дене, зияткерлік, эмоциялық, әлеуметтік) тигізетін оң әсері туралы, табысты оқу мен әлеуметтену факторлары ретіндегі дене шынықтыру және денсаулық туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру; адам қозғалысының негізгі тәсілдеріндегі айырмашылықтарды анықтау; паралимпиадалық ойындар: паралимпиадалық ойын түрлері;

2) гимнастика: бір-бірінің артына сапқа тұру; шеңбер жасап тұру; орнында бұрылу; иықты көтеру және түсіру, иықты алға және артқа қозғалту; қолдың негізгі қалыптары: қолдарын белге, арқаға, басына қою, алға, жоғары, жанына, артқа көтеру; басын алға және артқа еңкейту, басты оңға және солға бұру; қол мен аяқтың әр түрлі бастапқы қалпында денені бұру; дене сымбатын дұрыс ұстаған қалыпта гимнастикалық қабырғаға арқасымен тұрып, бүгілген аяғын көтеріп, оны қолдарымен денесіне қысу; дене сымбатын дұрыс ұстаған қалыпта гимнастикалық қабырғаның жанында тұрып, отыру; дене сымбатын дұрыс ұстаған қалыпта гимнастикалық қабырғаның жанында тұрып одан бір қадамға алыстау және қайтадан бастапқы қалыпқа оралу; дене

сымбатын дұрыс ұстаған қалыпта басына жүк қойып жүру; допты еденге соғу; допты жоғары лақтыру сосын оны тосып алу; допты қабырғаға лақтыру және оны екі қолмен ұстап алу; допты жоғары лақтыру және алақанын соққан соң допты тосып алу; әртүрлі сипатта және әртүрлі қарқынмен санақ бойынша жүру және жүгіру; музыка ырғағы мен сипатына қарай жүру; ырғақтық қозғалыстар, тақ санға қозғалу, ал жұп санға – үзіліс; көлбеу жазықтықпен еңбектеп жүру; гимнастикалық қабырғамен әр түрлі тәсілдермен жоғары және төмен өрмелеу; гимнастикалық қабырғамен жанына өрмелеу; биіктігі 50-60 см артық емес кедергілерден еркін тәсілмен асып өту; сызылған сызықпен алға және бүйірімен жүру; қолдарын жанына көтеріп, белге қойып, қолына доп, таяқ ұстап гимнастикалық орындықта тік және бүйірімен жүру; қолдарын еркін ұстап, бүйіріне, белге қойып, бөрене боймен және көлденең тұру; тақтайдан бөренеге және кері қарай өту;

3) ұлттық және зияткерлік ойындар: Тоғыз құмалақ: ұяшықтарға 9 құмалақтан орналастыру; асық: асықтарды лақтыру; дойбы мен шахмат: шахмат фигураларын түстері бойынша ажырату, барлық фигураларының атаулары;

4) қозғалмалы ойындар: қозғалмалы ойындар кезінде кеңістікті бағдарлау дағдыларын дамыту; қозғалмалы ойындар кезінде тепе-теңдік және үйлестіру дағдыларын дамыту; қозғалмалы ойындар кезінде есту қабілетін дамыту; қозғалмалы ойындар кезінде кедергілерді жеңу дағдыларын дамыту; қозғалмалы ойындар кезінде тактильді сезімталдықты дамыту;

5) жеңіл атлетика: қолдарын еркін қимылдатып шашыраңқы жүру; бір-бірден қол ұстасып баған жасап жүру және шеңбермен жүру; сигнал бойынша жүру; қабырғадан жарты қадам қашықтықты сақтай отырып залды айналып жүру; қолды дұрыс қимылдатып жүгіру; жүрумен кезектесіп 50 м дейін жүгіру; қапталмен аяқты аяққа қосып адымдап жүгіру; тізені жоғары көтеріп жүгіру; шағын допты нысанаға лақтыру; үлкен допты нысанаға лақтыру; шағын допты дәлдікке лақтыру; үлкен допты дәлдікке лақтыру; гимнастикалық қабырғаның бірте тақтайшасынан ұстап тұрып, екі аяқпен секіру; бір аяқпен секіру және екі аяқпен кезек-кезек секіру; аяқтарын бірге қойып және алшақ қойып секіру; секіртпені басынан асырып алға және артқа лақтыру.

23. 2-сыныпқа арналған "Бейімделген дене шынықтыру" пәнінің базалық мазмұны:

1) теориялық мәліметтер: бейімделген дене шынықтыру сабақтарында спорт залындағы тәртіп ережелері мен қауіпсіздік техникасын сақтау; жеке гигиена және күн тәртібін сақтау. Паралимпиадалық ойындар: паралимпиадалық спорт түрлерінің спортшылары;

2) гимнастика: бір орындағы саптық пәрмендер; бір қатарға және бағанға бір-бірден сапқа тұру, қатарда "бірінші" және "екінші" болып саналу, тік және бүгілген қолдарын бір мезгілде және кезекпен негізгі бағыттарда қозғалту; қолдарын алға, артқа және жанына сермеу, топтасуды орындау; аяқты кезекпен және бір мезгілде әр түрлі бастапқы қалыптарда бұғу және жазу; тік аяқты алға, артқа, жанына көтеру; дене

сымбатын дұрыс ұстаған қалыпта гимнастикалық қабырғаның жанында тұрып, қабырғамен жанасуын жоғалтпай, денесін оңға және солға еңкейту; басына жүк қойып басты оңға және солға бұру, отырып тік тұру; дене сымбатын дұрыс ұстаған қалыпта бір аяқпен тұрып, аяқтарының ұшымен тұрып қолдарын әртүрлі қалыпта ұстау; сызылған сызық бойымен қолдарын артына ұстап дене сымбатын дұрыс ұстаған қалыпта жүру; допты шеңберде, қатарда, бағанда бір-біріне беру; допты бір және екі қолмен бір-біріне, қабырғадан серпілу күшіне, сигнал бағытында домалату; допты жоғары, еденге, қабырғаға лақтыру және оны екі қолмен тосып алу; допты әр түрлі тәсілмен жүргізу; 1,2 санағына ырғақты қозғалыс жасап, 3,4 санағында үзіліс жасау; әр шапалақ соққан сайын 180 градусқа бұрыла отырып ырғақты қозғалу; аяқты аяққа қосып алдыға, артқа, жанына адым жасау; еңіс тақтаймен еңбектеп жоғары өрмелеу, гимнастикалық қабырғаға өрмелеп шығу және онымен төмен түсу; гимнастикалық қабырғамен аттас тәсілмен, қиғаш бағытта, бір мезгілде ұстаған қолдарының немесе қойған аяқтарының орнын ауыстырып (секіру арқылы) өрмелеу; арқаннан ұстап ілініп тұру; биіктігі 70 см кедергілерден өту; сызылған сызықпен жүру – қолдарын желкеге қойып, басына доп қойып, кенеттен тоқтап-тоқтап алға қарай жүру; қолдарымен қозғалыс жасап, аялдап, 90 және 180 градусқа бұрылып жүру; гимнастикалық орындықта арқасымен алға қаратып жүру; бөренеде тұрып, отырып, қолдың түрлі қозғалыстарын жасап жүру;

3) ұлттық және зияткерлік ойындар: Тоғыз құмалақ: құмалақтарды бір ұяшықтан екінші ұяшыққа салу. Асықтар: қатарлап қойылған асықтарға тигізу. Дойбы: дойбыларды тақтаға реттеп қою; Шахмат: тақтаға фигураларды реттеп қою;

4) қозғалмалы ойындар: қозғалмалы ойындар кезінде кеңістікті бағдарлау дағдыларын жетілдіру; қозғалмалы ойындар кезінде үйлестіру және тепе-теңдік дағдыларын жетілдіру; қозғалмалы ойындар кезінде есту қабілетін жетілдіру; қозғалмалы ойындар кезінде кедергілерді жеңу дағдыларын жетілдіру; қозғалмалы ойындар кезінде тактильді сезімталдықты дамыту дағдыларын жетілдіру. ;

5) жеңіл атлетика: қол мен аяқты дұрыс жұмыс істете отырып бір орында және алға жылжып жүру; қол қимылдарымен жүру; жылдамдатып және жүгіруге көшумен жүру; өкшеден аяқ ұшына ауысып жүру; жеңіл секірумен алма-кезек жүгіру; 2-3 қарапайым кедергілерден өтіп жүгіру; сирақты артқа лақтырып жүгіру; дыбыстық сигналға қарай жеңіл жүгіру; шағын допты нысанаға лақтыру; үлкен допты нысанаға лақтыру; шағын допты дәлдікке лақтыру; үлкен допты дәлдікке лақтыру; орнынан ұзындыққа секіру; 90 градусқа бұрылыспен орнында секіру; 50 см дейінгі биіктіктен тереңдікке секіру; екпінмен биіктікке секіру; бір аяғынан екінші аяққа секіру.

24. 3-сыныпқа арналған "Бейімделген дене шынықтыру" пәнінің базалық мазмұны:

1) теориялық мәліметтер: бейімделген дене шынықтыру сабақтарында спорт залындағы қауіпсіздік техникасы мен тәртіп ережелері туралы білімді қалыптастыру;

күн тәртібінің жеке жоспарын құру. Паралимпиадалық ойындар: паралимпиадалық ойындар ережелері;

2) гимнастика: қатарда ретімен саналу; аяқты аяққа қосып адымдап қатардағы аралықты ашу және жақындату; денені әртүрлі бағытта, әр түрлі бастапқы қалпымен және қол қимылдарымен тұрып, отырып, тізерлеп, гимнастикалық орындықта жатып және гимнастикалық қабырға жанында тұрып еңкейту және бұру; аяқтарын алшақ қойған тұрыстан бір аяқтағы, ал екінші аяғы артында аяқ ұшымен қойылатын тұрысқа 90 градусқа бұрылу; аяқтарын әртүрлі бағытта сермеу; аяқтарын алшақ қойған тұрыстан бір аяқтағы, ал екінші аяғы артында (алдында) аяқ ұшымен қойылатын тұрысқа 90 градусқа бұрылу; дене сымбатын дұрыс ұстаған қалыпта гимнастикалық қабырғадан ары тұрғаннан кейін, денесімен және қол-аяқтарымен бірқатар қозғалыстарды орындау; айналып бұрылу, жүрелеп және тізерлеп отыру, бұрылу мен отыруды біріктіру; дене сымбатын дұрыс ұстаған қалыпта гимнастикалық қабырға бойымен жоғары және төмен өрмелеу; башпайларына кішкене шарды немесе жіпті қапсыра қысып, өкшемен, табанның сыртқы қырымен жүру; допты жоғары, қабырғаға лақтыру және оны тосып алу; үлкен теннис доптарын алысқа лақтыру; допты бір-біріне лақтыру және оны еденге ұрғаннан кейін ұстап алу; допты баскетбол сақинасына лақтыру; музыка ырғағы мен сипатына қарай жылжу: баяу, жылдам, адымдап, жүгіріп, секіріп; әртүрлі ұзақтықпен жүру: бүтін, жартылай, ширек; алға және артқа шоқырақ қадамдар; көлбеу орындықпен әртүрлі тәсілдермен өрмелеп, гимнастикалық қабырғаға өту; әртүрлі тәсілдермен өрмелеудің әралуан үйлестірілуі: тоқтаумен, бұрылумен, қол-аяқтың, дененің қозғалыстарымен өрмелеу; арқанға тік қолдарымен ілініп тұру; биіктігі 80 см кедергілерден асып өту; қолмен түрлі қозғалыстар жасап бір аяқтың ұшына көтерілу; бөренеге бір аяқпен тұру, екінші аяқты артқа қарай көтеру ("қарлығаш"); бөренеде тұрып мұғалім лақтырған допты ұстап алу; бөгеттерден аттап өтіп бөренемен жүру;

3) ұлттық және зияткерлік ойындар: тоғыз құмалақ ойыны ережесі; асық ойындары ережесі; дойбы ойыны ережесі; шахмат ойыны ережесі;

4) қозғалмалы ойындар: қозғалмалы ойындар кезінде кеңістікті бағдарлау дағдыларын қолдану; қозғалмалы ойындар кезінде үйлестіру және тепе-теңдік дағдыларын қолдану; қозғалмалы ойындар кезінде есту қабілетін қолдану; қозғалмалы ойындар кезінде кедергілерді еңсеру дағдыларын қолдану; қозғалмалы ойындар кезінде тактильді сезімталдықты дамыту бойынша дағдыларды қолдану;

5) жеңіл атлетика: тізені жоғары көтеріп жүру; қайшы адыммен жүру; кенеттен тоқтап жүру; 100 м-ге дейін жүру және жүгіру; үдемелі және баяулатып жүгіру; баспалдақпен жоғары жүгіру; 40 м-ге дейін жарысып жүгіру; 4-5 қарапайым кедергілерді еңсере отырып жүгіру; шағын допты нысанаға лақтыру білігін жетілдіру; үлкен допты нысанаға лақтыру білігін жетілдіру; шағын допты дәлдікке лақтыру білігін жетілдіру; үлкен допты дәлдікке лақтыру білігін жетілдіру; екпінмен бір аяқпен

итеріліп ұзындыққа секіру; екі және бір аяқпен аяқ-қолдың әртүрлі қалпында, аяқ-қол қимылдарымен, 90 градусқа бұрылумен секіру; екі аяқпен алға, артқа, жанына жылжып секіру; жүрелеп тіренген және отырған қалпынан секіру, гимнастикалық таяқпен секіру

25. 4-сыныпқа арналған "Бейімделген дене шынықтыру" пәнінің базалық мазмұны:

1) теориялық мәліметтер: бейімделген дене шынықтыру сабақтарындағы спорт залындағы қауіпсіздік техникасы мен тәртіп ережелері туралы білім; өзін-өзі қадағалау және өзін-өзі бақылау. Паралимпиада ойындары: паралимпиада ойындарының тәсілдері;

2) гимнастика: қатарда үш, төртке саналу; айналып бұрылу және жартылай айналып солға және оңға бұрылу; оң және сол жағындағы көршісімен саптағы орнын ауыстырып қайта тұру; аяқтарын алшақ қойып, айқастырып тұрған, отырған қалыпта қолдарымен әртүрлі бағыттағы қимылдарды орындай отырып денені бұру және еңкейту; арқасымен жатқанда аяқтарын барлық бағытта көтеру, бұғу және жазу; ішімен жатып тіренуде – қолдарын жазып және бүгілген аяқтарының ұштарын желкесіне жеткізіп, денені қайыстыру; арқасымен еденге отырып және жатып, аяқтарын тік ұстап, еденге тигізбей олармен әртүрлі қимылдар жасау; басына қойылған жүкті түсірмей 360 градусқа бұрылу; басына жүк қойып гимнастикалық қабырғаның білте тақтайшаларымен жоғары, төмен, жанына қарай қозғалу; басына жүк қойып гимнастикалық орындықпен әртүрлі тәсілдермен жүру; басына жүк қойып өкшемен және аяқтың ұшымен әртүрлі бағытта жүру; қатарда және шеңберде допты солға және оңға беру, бағанада – сол жақтан, оң жақтан, бастың үстінен және аяқтарының арасынан беру; аяқтарын алшақ қойып тұрып, допты екі қолымен тізеден алға – жоғарыға қарай, бастың артынан алға қарай, бастан асыра артқа қарай, аяқтарының арасынан артқа – жоғары қарай лақтыру; допты еденмен 10-12 метр қашықтыққа жылдамдыққа домалату; допты аяқпен алға - жоғарыға тебу; музыканың әртүрлі екпініне аяқты аяққа қосып адымдайтын би қадамдары; 1,2 санағана – қозғалыс, 3,4 – санағына үзіліс жасалатын қарапайым би қадамдары; сырғымалы қадам және поляк биінің алға қарай қадамы; 1,5-2 м биіктікке еркін тәсілмен арқанның бойымен өрмелеу; көлбеу орындықтың бойымен аяқ табандарымен және бір қолмен қапсырып екінші қолына зат ұстап өрмелеу; арқанның бойымен 2 м-ге дейін биіктікке үш тәсілмен өрмелеу (тек қана көтерілу, ал түсу еркін); биіктігі 90 см-ге дейінгі әртүрлі кедергілерден өту; бір аяқпен тұрып, екінші бүгілген аяқтың тізесімен допты ұстап тұру; бір аяқпен тұрып 90 градусқа бұрылу; аяқ ұштарымен тоқтап, 90 және 180 градусқа бұрылумен орнында секіру; қол қозғалысымен бірге бөренемен аяқты аяққа қосып адымдап және ауыспалы адымдармен алға, бүйірімен және артқа жүру;

3) ұлттық және зияткерлік ойындар: тоғыз құмалақ ойынының әр түрлі тәсілдері; асық ойынының әр түрлі тәсілдері; дойбы ойынының әр түрлі тәсілдері; шахмат ойынының әр түрлі тәсілдері;

4) қозғалмалы ойындар: қозғалмалы ойындар кезінде кеңістікті бағдарлау дағдыларын бекіту; қозғалмалы ойындар кезінде үйлестіру және тепе-теңдік дағдыларын бекіту; қозғалмалы ойындар кезінде есту қабілетін бекіту; қозғалмалы ойындар кезінде кедергілерді жеңу дағдыларын бекіту; қозғалмалы ойындар кезінде тактильді сезімталдықты дамыту дағдыларын бекіту;

5) жеңіл атлетика: жүру кезінде аяқты ауыстырып жүру; тізе бүгпей, аяқтың ұшымен жүру; аялдамалармен және қосымша тапсырмалармен жүру; жүру мен жеңіл секіруді кезектестіру; алдыға қарай арқамен жүгіру; 50 м-ге дейін жылдамдыққа жүгіру; қолындағы затпен жүгіру; 2-3 күрделі кедергілерді еңсере отырып жүгіру; шағын допты нысанаға лақтыру; үлкен допты нысанаға лақтыру; шағын допты дәлдікке лақтыру; үлкен допты дәлдікке лақтыру; биіктікке секіру үшін екпін алып, содан кейін арқаннан аттап өту; қиын емес кедергіден қарғып алға жылжи отырып секіру; бір аяқпен кедергіні басып секіру; айналып жатқан ұзын секіртпеге жүгіріп кіру және жүгіріп шығу; секіртпеден секіру.

26. Бейімделген дене шынықтыру сабақтары көру қабілетінің жағдайына, дене дайындығының деңгейіне және шұғылданушылардың жасына байланысты өзгеріп отырады. 0-2-сыныптарда дайындық және қорытынды бөліктердің ұзақтығы 3-4-сыныптардағыдан артық болады, содан кейін қозғалу және сенсорлық тәжірибе жинауына және ағзаның дене жүктемесіне бейімделуіне қарай сабақтың негізгі бөлігінің ұзақтығы артады, бұл сабақтың негізгі міндеттеріне көбірек уақыт бөлуге мүмкіндік береді.

27. Көру қабілеті бұзылған білім алушылардың дене тәрбиесі процесінің тиімділігінің қажетті шарты:

1) жүйелі медициналық бақылауды қамтамасыз ету және дене шынықтыру сабақтарында және үзіліс кезінде жарақаттанудың алдын алу шараларын жүйелі түрде сақтау;

2) көру қабілеті бұзылған білім алушылар кеңістікті бағдарлауда қиындыққа тап болатындығын ескере отырып, дене шынықтыру сабақтарына қойылатын барлық талаптарды және қозғалыстағы ерекше сақтық талаптарын қатаң сақтау;

3) дұрыс дене қалпы мен дене сымбатын қалыптастыруға арналған жаттығуларға ерекше мән беру болып табылады

#### **4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі**

28. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім мен бөлімше ретін, төртінші сан оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 4.3.1.2 кодында "4" - сынып, "3.1" - бөлімше, "2" - оқыту мақсатының реттік саны.

29. Оқыту мақсаттарының жүйесі бойынша күтілетін нәтижелер:

1) "Теориялық мәліметтер" бөлімі:

# 1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1.1 Бейімделген дене шынықтыру сабақтарындағы тәртіп ережелері және қауіпсіздік техникасы	0.1.1.1 бейімделген дене шынықтыру сабақтарында спорт залындағы тәртіп ережелерін және қауіпсіздік техникасын білу	1.1.1.1 бейімделген дене шынықтыру сабақтарында спорт залындағы қауіпсіздік техникасы бойынша мұғалімнің нұсқаулықтарын орындау	2.1.1.1 бейімделген дене шынықтыру сабақтарында спорт залындағы тәртіп ережелерін және қауіпсіздік техникасын сақтау	3.1.1.1 қозғалыс жылдамдығы мен үйлестірілуіне арналған жаттығуларды орындау кезіндегі тәртіп ережелерін және қауіпсіздік техникасын білу	4.1.1.1 қозғалыс жылдамдығы мен үйлестірілуіне арналған жаттығуларды орындау кезіндегі тәртіп ережелерін және қауіпсіздік техникасы туралы білімін қолдану
1.2 Жеке гигиена және күн тәртібі	0.1.2.1 жеке гигиена және күн тәртібі туралы білу	1.1.2.1 жеке гигиена және күн тәртібі туралы алған білімін қолдану	2.1.2.1 жеке гигиенаны және күн тәртібін сақтау	3.1.2.1 күн тәртібінің жеке жоспарын құру	4.1.2.1 өзін-өзі қадағалау және өзін-өзі бақылауды жүргізе алу
1.3 Паралимпиада ойындары	0.1.3.1 паралимпиада ойындарының даму тарихын білу	1.1.3.1 паралимпиада ойындарының түрлерін білу	2.1.3.1 паралимпиада спорт түрлерінің спортшыларын білу	3.1.3.1 паралимпиада ойындарының ережелерін білу	4.1.3.1 паралимпиада ойындарының әдістерін білу

## 2) "Гимнастика" бөлімі:

### 2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
2.1 Сапқа тұру және құрылымын өзгертіп сапқа қайта тұру	0.2.1.1 спорт залының шекарасын және залдағы жабдықтардың орналасуын зерделеу; 0.2.1.2 спорт залының әртүрлі жерлерінде бір-бірден бағанға тұру; 0.2.1.3 жұптасып сапқа тұру	1.2.1.1 бір-бірінің артына сапқа тұра алу 1.2.1.2 шеңбер жасап тұра алу; 1.2.1.3 орнында бұрылуды орындау	2.2.1.1 бір орындағы саптық пәрмендерді дұрыс орындау; 2.2.1.2 бір қатарға және бағанға бір-бірден сапқа тұруды жылдам орындау; 2.2.1.3 қатарда "бірінші" және "екінші" болып саналуды білу	3.2.1.1 қатарда ретімен саналуды орындау; 3.2.1.2 аяқты аяққа қосып адымдап қатардағы аралықты ашу және жақындатуды білу; 3.2.1.3 баянат тапсыра алу	4.2.1.1 қатарда үш, төртке саналуды білу; 4.2.1.2 айналып бұрылуды және жартылай айналып солға және оңға бұрылуды орындау; 4.2.1.3 оң және сол жағындағы көршісімен саптағы орнын ауыстырып қайта тұру
				3.2.2.1 денені әртүрлі бағытта, әр түрлі бастапқы	4.2.2.1 аяқтарын алшақ қойып,



<p>2.2 Жалпы дамыту жаттығулары</p>	<p>0.2.2.1 дене бөліктерін (оң, сол қол және аяқ, алақан, бел, өкше, аяқтың ұшы) бағдарлау; 0.2.2.2 қолды жанына, жоғары, алға, артқа қарай қозғалтуды орындау; 0.2.2.3 денені жанына, алға және артқа қарай еңкейтуді орындай алу; 0.2.2.4 гимнастикалық қабырғаның білге тақтайшасынан ұстаған күйде отырып-тұруды орындау; 0.2.2.5 қолын тізеге, гимнастикалық орындыққа тіреп, денені алдыға еңкейтуді орындау</p>	<p>1.2.2.1 иықты көтеру және түсіруді, иықты алға және артқа қозғалтуды орындау; 1.2.2.2 қолдың негізгі қалыптарын орындау: қолдарын белге, арқаға, басына қою, алға, жоғары, жанына, артқа көтеру; 1.2.2.3 басын алға және артқа еңкейтуді, басты оңға және солға бұруды орындау; 1.2.2.4 қол мен аяқтың әр түрлі бастапқы қалпында денені бұруды орындау</p>	<p>2.2.2.1 тік және бүгілген қолдарын бір мезгілде және кезекпен негізгі бағыттарда қозғалтуды орындау 2.2.2.2 қолдарын алға, артқа және жанына сермеуді орындау 2.2.2.3 топтасуды орындай алу; 2.2.2.4 аяқты кезекпен және бір мезгілде әр түрлі бастапқы қалыптарда бұғу және жазуды орындау; 2.2.2.5 тік аяқты алға, артқа, жанына көтеруді орындау</p>	<p>қалпымен және қол қимылдарымен тұрып, отырып, тізерлеп, гимнастикалық орындықта жатып және гимнастикалық қабырға жанында тұрып еңкейтуді және бұруды орындау; 3.2.2.2 аяқтарын алшақ қойған тұрыстан бір аяқтағы, ал екінші аяғы артында аяқ ұшымен қойылатын тұрысқа 90 градусқа бұрылуды орындау; 3.2.2.3 аяқтарын әртүрлі бағытта сермеуді орындау; 3.2.2.4 аяқтарын алшақ қойған тұрыстан бір аяқтағы, ал екінші аяғы артында (алдында) аяқ ұшымен қойылатын тұрысқа 90 градусқа бұрылуды орындау</p>	<p>айқастырып тұрған, отырған қалыпта қолдарымен әртүрлі бағыттағы қимылдарды орындай отырып денені бұру және еңкейтуді орындау; 4.2.2.2 арқасымен жатқанда аяқтарын барлық бағытта көтеру, бұғу және жазуды орындау; 4.2.2.3 ішімен жатып тіренуде – қолдарын жазып және бүгілген аяқтарының ұштарын желкесіне жеткізіп, денені қайыстыруды орындау; 4.2.2.4 арқасымен еденге отырып және жатып, аяқтарын тік ұстап, еденге тигізбей олармен әртүрлі қимылдар жасауды орындау</p>
		<p>1.2.3.1 дене сымбатын дұрыс ұстаған қалыпта гимнастикалық қабырғаға арқасымен тұрып, бүгілген аяғын көтеріп,</p>	<p>2.2.3.1 дене сымбатын дұрыс ұстаған қалыпта гимнастикалық қабырғаның жанында тұрып, қабырғамен жанасуын</p>	<p>3.2.3.1 дене сымбатын дұрыс ұстаған қалыпта гимнастикалық қабырғадан ары тұрғаннан кейін, денесімен және қол-аяқтарымен бірқатар қозғалыстарды орындау;</p>	<p>4.2.3.1 басына қойылған жүкті түсірмей 360</p>

<p>2.3 Дене сымбатын қалыптастыру жаттығулары</p>	<p>0.2.3.1 дене сымбатын дұрыс ұстаған қалыпта түзу сызықтың бойымен жүруді орындау; 0.2.3.2 басына жүк қойып жүруді орындау; 0.2.3.3 басына жүк қойып, қолдарын беліне, жанына, қайтадан беліне қойып жүруді орындау; 0.2.3.4 басына жүк қойып жартылай жүрелеп жүруді орындау</p>	<p>оны қолдарымен денесіне қысуды орындау; 1.2.3.2 дене сымбатын дұрыс ұстаған қалыпта гимнастикалық қабырғаның жанында тұрып, отыруды орындау; 1.2.3.3 дене сымбатын дұрыс ұстаған қалыпта гимнастикалық қабырғаның жанында тұрып одан бір қадамға алыстау және қайтадан бастапқы қалыпқа оралуды орындау; 1.2.3.4 дене сымбатын дұрыс ұстаған қалыпта басына жүк қойып жүруді орындау</p>	<p>жоғалтпай, денесін оңға және солға еңкейтуді орындау; 2.2.3.2 басына жүк қойып басты оңға және солға бұруды, отырып тік тұруды орындау; 2.2.3.3 дене сымбатын дұрыс ұстаған қалыпта бір аяқпен тұрып, аяқтарының ұшымен тұрып қолдарын әртүрлі қалыпта ұстауды орындау; 2.2.3.4 сызылған сызық бойымен қолдарын артына ұстап дене сымбатын дұрыс ұстаған қалыпта жүру</p>	<p>3.2.3.2 дене сымбатын дұрыс ұстаған қалыпта басына жүк қойып жасалатын жаттығуларды, айналып бұрылу, жүрелеп және тізерлеп отыру, бұрылу мен отыруды біріктіруді орындау; 3.2.3.3 дене сымбатын дұрыс ұстаған қалыпта гимнастикалық қабырға бойымен жоғары және төмен өрмелеуді орындау; 3.2.3.4 башпайларына кішкене шарды немесе жіпті қапсыра қысып, өкшемен, табанның сыртқы қырымен жүруді орындау</p>	<p>градусқа бұрылуды орындау; 4.2.3.2 басына жүк қойып гимнастикалық қабырғаның білте тақтайшаларымен жоғары, төмен, жанына қарай қозғалуды орындау; 4.2.3.3 басына жүк қойып гимнастикалық орындықта әртүрлі тәсілдермен жүре алу; 4.2.3.4 басына жүк қойып өкшемен және аяқтың ұшымен әртүрлі бағытта жүруді орындау</p>
<p>2.4 Заттармен жасалатын жаттығулар</p>	<p>0.2.4.1 дыбыс сигналы бойынша допты шеңберде, бір-біріне домалатуды орындау 0.2.4.2 секіретін допты табу және ұстау;</p>	<p>1.2.4.1 допты еденге соғуды орындау; 1.2.4.2 допты жоғары лақтыру сосын оны тосып алуды орындау; 1.2.4.3 допты қабырғаға лақтыру және оны екі қолмен</p>	<p>2.2.4.1 допты шеңберде, қатарда, бағанда бір-біріне беруді орындау 2.2.4.2 допты бір және екі қолмен бір-біріне, қабырғадан серпілу күшіне, сигнал бағытында домалатуды орындау;</p>	<p>3.2.4.1 допты жоғары, қабырғаға лақтыру және оны тосып алуды орындау 3.2.4.2 үлкен теннис доптарын алысқа лақтыруды орындау; 3.2.4.3 допты бір-біріне</p>	<p>4.2.4.1 қатарда және шеңберде допты солға және оңға беру, бағанада – сол жақтан, оң жақтан, бастың үстінен және аяқтарының арасынан беруді орындау 4.2.4.2 аяқтарын алшақ қойып тұрып, допты екі қолымен тізеден алға – жоғарыға қарай, бастың артынан алға қарай, бастан асыра артқа қарай,</p>

	0.2.4.3 допты себетке лақтыруды орындай алу; 0.2.4.4 лақтырған допты табу	ұстап алуды орындай алу; 1.2.4.4 допты жоғары лақтыру және алақанын соққан соң допты тосып алуды орындау	2.2.4.3 допты жоғары, еденге, қабырғаға лақтыру және оны екі қолмен тосып алуды орындау; 2.2.4.4 допты әртүрлі тәсілмен жүргізуді орындау	лақтыру және оны еденге ұрғаннан кейін ұстап алуды орындау; 3.2.4.4 допты баскетбол сақинасына лақтыруды орындау	аяқтарының арасынан артқа – жоғары қарай лақтыруды орындау; 4.2.4.3 допты еденмен 10-12 метр қашықтыққа жылдамдыққа домалатуды орындау 4.2.4.4 допты аяқпен алға - жоғарыға тебуді орындау
2.5 Бірғақтық жаттығулар	0.2.5.1 санақ бойынша түрлі қарқынмен жүруді орындау; 0.2.5.2 1 санағына, 2,3 санақтарына екпін жасап жүруді орындай алу; 0.2.5.3 музыкаға, әр 1-ші санақ бойынша қарапайым қозғалыстар жасау	1.2.5.1 әртүрлі сипатта және әртүрлі қарқынмен санақ бойынша жүру және жүгіруді орындау; 1.2.5.2 музыка ырғағы мен сипатына қарай жүруді орындау; 1.2.5.3 ырғақтық қозғалыстар, тақ санға қозғалу, ал жұп санға – үзіліс жасауды орындау	2.2.5.1 1,2 санағына ырғақты қозғалыс жасап, 3,4 санағында үзіліс жасауды орындау; 2.2.5.2 әр шапалақ соққан сайын 180 градусқа бұрыла отырып ырғақты қозғалуды орындау; 2.2.5.3 аяқты аяққа қосып алдыға, артқа, жанына адым жасауды орындау	3.2.5.1 музыка ырғағы мен сипатына қарай: баяу, жылдам, адымдап, жүгіріп, секіріп жылжуды орындау; 3.2.5.2 әртүрлі ұзақтықпен: бүтін, жартылай, ширек жүруді орындау; 3.2.5.3 алға және артқа шоқырақ қадамдар орындау	4.2.5.1 музыканың әртүрлі екпініне аяқты аяққа қосып адымдайтын би қадамдарын орындау; 4.2.5.2 1,2 санағана – қозғалыс, 3,4 – санағына үзіліс жасалатын қарапайым би қадамдарын орындау; 4.2.5.3 сырғымалы қадам және поляк биінің алға қарай қадамын орындау
	0.2.6.1 гимнастикалық қабырғаға еркін өрмелеуді (5-6 білте тақтайшасына) орындау; 0.2.6.2 еденде және гимнастикалық орындықта	1.2.6.1 көлбеу жазықтықпен еңбектеп жүруді орындау; 1.2.6.2 гимнастикалық қабырғамен әртүрлі тәсілдермен жоғары және	2.2.6.1 еңіс тақтаймен еңбектеп жоғары өрмелеу, гимнастикалық қабырғаға өрмелеп шығу және онымен төмен түсуді орындау; 2.2.6.2 гимнастикалық қабырғамен аттас тәсілмен,	3.2.6.1 көлбеу орындықпен әртүрлі тәсілдермен өрмелеп, гимнастикалық қабырғаға өтуді орындау; 3.2.6.2 әртүрлі тәсілдермен өрмелеудің аралуан	4.2.6.1 1,5-2 м биіктікке еркін тәсілмен арқанның бойымен өрмелеуді орындау; 4.2.6.2 көлбеу орындықтың бойымен аяқ табандарымен және бір қолмен

<p>2.6 Өрмелеу және асып өту</p>	<p>еңбектеп өрмелеп жүруді орындау; 0.2.6.3 биіктігі 25-30 см кедергілерден өтуді орындау; 0.2.6.4 биіктігі 40 см-ден төмен емес кедергілердің астынан еркін тәсілмен еңбектеп шығуды орындау</p>	<p>төмен өрмелеуді орындау; 1.2.6.3 гимнастикалық қабырғамен жанына өрмелеуді орындау; 1.2.6.4 биіктігі 50-60 см артық емес кедергілерден еркін тәсілмен асып өтуді орындау</p>	<p>қиғаш бағытта, бір мезгілде ұстаған қолдарының немесе қойған аяқтарының орнын ауыстырып (секіру арқылы) өрмелеуді орындау; 2.2.6.3 арқаннан ұстап ілініп тұруды орындау; 2.2.6.4 биіктігі 70 см кедергілерден өтуді орындай алу</p>	<p>үйлестірілуін орындау: тоқтаумен, бұрылумен, қол-аяқтың, дененің қозғалыстарымен өрмелеу; 3.2.6.3 арқанға тік қолдарымен ілініп тұруды орындау; 3.2.6.4 биіктігі 80 см кедергілерден асып өтуді орындау</p>	<p>қапсырып екінші қолына зат ұстап өрмелеуді орындау; 4.2.6.3 арқанның бойымен 2 м-ге дейін биіктікке үш тәсілмен (тек қана көтерілу, еркін түсу) өрмелеуді орындау; 4.2.6.4 биіктігі 90 см-ге дейінгі әртүрлі кедергілерден өтуді орындау</p>
<p>2.7 Тепе-теңдік жаттығулары</p>	<p>0.2.7.1 еденде жатқан заттардан (таяқша, секіртпе) аттап өтуді орындау; 0.2.7.2 10-15 см биіктікте тартылған арқаннан аттап өтуді орындау; 0.2.7.3 бір аяқпен тұруды орындау; 0.2.7.4 жүру және жүгіру кезінде кенеттен тоқтауды орындау</p>	<p>1.2.7.1 сызылған сызықпен алға және бүйірімен жүруді орындау; 1.2.7.2 қолдарын жанына көтеріп, беліге қойып, қолына доп, таяқ ұстап гимнастикалық орындықта тік және бүйірімен жүруді орындау; 1.2.7.3 қолдарын еркін ұстап, бүйіріне, белге қойып, бөрене боймен және көлденең тұруды орындау; 1.2.7.4 тақтайдан бөренеге және кері қарай өтуді орындау</p>	<p>2.2.7.1 сызылған сызықпен жүру – қолдарын желкеге қойып, басына доп қойып, кенеттен тоқтап-тоқтап алға қарай жүруді орындау; 2.2.7.2 қолдарымен қозғалыс жасап, аялдап, 90 және 180 градусқа бұрылып жүруді орындау; 2.2.7.3 гимнастикалық орындықта арқасымен алға қаратып жүру; 2.2.7.4 бөренеді тұрып, отырып, қолдың түрлі қозғалыстарын жасап жүруді орындау</p>	<p>3.2.7.1 қолмен түрлі қозғалыстар жасап бір аяқтың ұшына көтерілуді орындау; 3.2.7.2 бөренеге бір аяқпен тұру, екінші аяқты артқа қарай көтеруді ("қарлығаш") орындау; 3.2.7.3 бөренеді тұрып мұғалім лақтырған допты ұстап алуды орындау; 3.2.7.4 бөгеттерден аттап өтіп бөренемен жүруді орындау</p>	<p>4.2.7.1 бір аяқпен тұрып, екінші бүгілген аяқтың тізесімен допты ұстап тұруды орындау; 4.2.7.2 бір аяқпен тұрып 90 градусқа бұрылуды орындау; 4.2.7.3 аяқ ұштарымен тоқтап, 90 және 180 градусқа бұрылумен орындау; 4.2.7.4 қол қозғалысымен бірге бөренемен аяқты аяққа қосып адымдап және ауыспалы адымдармен алға, бүйірімен және артқа жүруді орындау</p>

3) "Ұлттық және зияткерлік ойындар" бөлімі:

3-кесте

--	--

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
3.1 Тоғыз құмалақ	0.3.1.1 тоғыз құмалақ ойынының пайда болу тарихын білу	1.3.1.1 көрмейтін және нашар көретін білім алушылардың ұяшықтарға 9 құмалақтан орналастыруы	2.3.1.1 көру-сипап сезу тәсілімен құмалақтарды бір ұяшықтан екінші ұяшыққа сала алу	3.3.1.1 тоғыз құмалақ ойынының ережесін білу және мұғалімнің көмегімен қолдану	4.3.1.1 тоғыз құмалақ ойынының әр түрлі тәсілдерін білу және өздігінен қолдану
3.2 Асық	0.3.2.1 асық ойынының пайда болу тарихын білу	1.3.2.1 асықтарды лақтыра алу	2.3.2.1 көрмейтін және нашар көретін білім алушылардың қатарлап қойылған асықтарға тигізе алуы және асықтардың нысанаға тигенін есту арқылы анықтай алуы	3.3.2.1 асық ойынының ережелерін білу және қолдана алу	4.3.2.1 көру-сипап сезу тәсілімен асық ойынының әр түрлі әдістерін өздігінен қолдану
3.3 Дойбы	0.3.3.1 дойбы ойынының пайда болу тарихын білу	1.3.3.1 көрмейтін және нашар көретін білім алушылардың дойбыларды түстері бойынша ажырата алуы	2.3.3.1 көру-сипап сезу тәсілімен дойбыларды тақтаға реттеп қоя алу	3.3.3.1 дойбы ойынының ережелері мен тәсілдерін білу және қолдана алу	4.3.3.1 дойбы ойынының жарыстарына қатысу
3.4 Шахмат	0.3.4.1 шахмат ойынының пайда болу тарихын білу	1.3.4.1 шахмат ойынының барлық фигураларының атауларын білу	2.3.4.1 фигураларды тақтаға дұрыс реттеп қоя алу	3.3.4.1 шахмат ойынының ережелерін білу және мұғалімнің көмегімен қолдана алу	4.3.4.1 шахмат ойынының жарыстарына қатысу

#### 4) "Қозғалмалы ойындар" бөлімі:

##### 4-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	<p>3.1.2.1 зерттеу (бақылау және эксперимент) жүргізу кезінде ақпарат көздерінің түрлерін, мұғалімнің көмегімен ақпарат көздерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін ажырату;</p> <p>3.1.2.2 экспериментті жоспарлау және жүргізу, мұғалімнің көмегімен және кестеге сүйене отырып, жасалған</p>

			жоспарға сәйкес эксперимент нәтижелерін жазу
2-тоқсан			
3. Уақыт	2 Тірі табиғат	2.3 Адам	<p>3.2.3.1 адамның ішкі мүшелерін атау және олардың орналасуын анықтаңыз;</p> <p>3.2.3.2 қол жетімді деңгейде адамның өмір сүру үшін энергия алудағы ас қорыту жүйесінің рөлін сипаттау;</p> <p>3.2.3.3 тыныс алу жүйесін және оның адам ағзасындағы рөлін қол жетімді деңгейде сипаттау;</p> <p>3.2.3.4 қол жетімді деңгейде қанайналым жүйесін және оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау;</p> <p>3.2.3.5 кестеге сүйене отырып, адам ағзасын аурулар мен инфекциялардан қорғау әдістерін қол жетімді деңгейде тізімдеу;</p> <p>3.2.3.6 зерттелген сөздікке немесе планшеттерге сүйене отырып, зерттелген тақырып бойынша сұрақтарға жауап беру</p>
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	<p>3.1.2.1 зерттеу (бақылау және эксперимент) жүргізу кезінде ақпарат көздерінің түрлерін, мұғалімнің көмегімен ақпарат көздерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін ажырату;</p> <p>3.1.2.2 экспериментті жоспарлау және жүргізу, мұғалімнің көмегімен және кестеге сүйене отырып, жасалған жоспарға сәйкес эксперимент нәтижелерін жазу</p>
			3.3.1.1 заттардың пайда болуы туралы сұрақтарға

4. Сәулет

<p>3 Заттар және олардың қасиеттері</p>	<p>3.1 Заттардың түрлері</p>	<p>сүйене отырып айту (табиғи, жасанды); 3.3.1.2 заттарды шығу тегі мен агрегаттық күйі бойынша ажырату; 3.3.1.3 жеке бақылаулар, әсерлер негізінде, сондай-ақ көрнекі және ауызша тіректер негізінде тақырып бойынша заттардың түрлері туралы әңгіме құру</p>
	<p>3.2 Ауа</p>	<p>3.3.2.1 қол жетімді деңгейде ауа құрамын сипаттау; 3.3.2.2 қол жетімді деңгейде ауаның жануға әсерін сипаттау; 3.3.2.3 "ауа" тақырыбы бойынша дерекеті және дерексіз мағынадағы сөздерді өз сөйлеуінде белсенді қолдану</p>
	<p>3.3 Су</p>	<p>3.3.3.1 тірі ағзаларда және жансыз өлі табиғатта судың болуын және судың Өмір үшін маңыздылығын қол жетімді деңгейде түсіндіру; 3.3.3.2 негізгі табиғи су көздерін салыстыр; 3.3.3.3 ауыз суды ұқыпты пайдалану қажеттілігін қолжетімді деңгейде түсіндіру; 3.3.3.4 судың Өмір үшін маңызы туралы сұрақтарға толық жауап беру</p>
<p>1 Мен зерттеушімін</p>	<p>1.2 Табиғатты тану әдістері</p>	<p>3.1.2.1 зерттеу (бақылау және эксперимент) жүргізу кезінде ақпарат көздерінің түрлерін, мұғалімнің көмегімен ақпарат көздерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін ажырату; 3.1.2.2 экспериментті жоспарлау және жүргізу, мұғалімнің көмегімен және кестеге сүйене отырып, жасалған</p>

			жоспарға сәйкес эксперимент нәтижелерін жазу
3-тоқсан			
5. Өнер	3 Заттар және олардың қасиеттері	3.4 Табиғат ресурстары	<p>3.3.4.1 кейбір организмдердің тіршілігіндегі топырақтың рөлін қол жетімді деңгейде түсіндіру;</p> <p>3.3.4.2 мұғалімнің ұйымдастырушылық көмегімен топырақтың негізгі құрамын (құм, саз, өсімдіктер мен жануарлардың қалдықтары, су, ауа) зерттеу нәтижесін сурет түрінде ұсыну;</p> <p>3.3.4.3 топырақтың негізгі қасиеттерін атау және құрамы бойынша топырақ құнарлылығын зерттеу;</p> <p>3.3.4.4 топырақтың құнарлылығы туралы құрамға байланысты көрнекілік пен сұрақтарға сүйене отырып айту (толықтыру)</p>
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	<p>3.1.2.1 зерттеу (бақылау және эксперимент) жүргізу кезінде ақпарат көздерінің түрлерін, мұғалімнің көмегімен ақпарат көздерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін ажырату;</p> <p>3.1.2.2 экспериментті жоспарлау және жүргізу, мұғалімнің көмегімен және кестеге сүйене отырып, жасалған жоспарға сәйкес эксперимент нәтижелерін жазу</p>

6. Атақты тұлғалар	4. Жер және ғарыш	4.1 Жер	дерексіз мағынадағы сөздерді қолдану; 3.4.1.3 зерттелген сөздікке сүйене отырып, 3-4 сөйлеммен толық жауап беру
		4.2 Ғарыш	3.4.2.1 ғарышты игерудегі кейбір маңызды оқиғалар туралы қол жетімді деңгейде айту; 3.4.2.2 адамзаттың дамуындағы ғарыштың маңыздылығын қол жетімді деңгейде түсіндіру; 3.4.2.3 сұрақтар мен сөздікке сүйене отырып, дайын жоспар бойынша " Ғарыш және адамзаттың дамуы" тақырыбында қысқаша әңгіме құрастыру
		4.3 Кеңістік және уақыт	3.4.3.1 схемаға сүйене отырып, жердің осьтік айналуының салдарын қол жетімді деңгейде түсіндіру; 3.4.3.2 кеңістік пен уақытты сипаттау кезінде сөйлеуде қарапайым сөйлемдерді қолдану; 3.4.3.3 "жер және уақыт" тақырыбы бойынша нақты және дерексіз мағынадағы меңгерілген сөздерді белсенді пайдалану
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	3.1.2.1 зерттеу (бақылау және эксперимент) жүргізу кезінде ақпарат көздерінің түрлерін, мұғалімнің көмегімен ақпарат көздерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін ажырату; 3.1.2.2 экспериментті жоспарлау және жүргізу, мұғалімнің көмегімен және кестеге сүйене отырып, жасалған



		жоспарға сәйкес эксперимент нәтижелерін жазу
5 Табиғат физикасы	5.1 Күш және қозғалыс	<p>3.5.1.1 "серпімділік күші" ұғымын білу және серпімділік күшін тексеру, сурет түрінде нәтиже бере отырып, оның көріністеріне мысалдар келтіру;</p> <p>3.5.1.2 "ауырлық күші" ұғымын білу және ауырлық күшін тексеру, сурет түрінде нәтиже бере отырып, оның көріністеріне мысалдар келтіру;</p> <p>3.5.1.3 "үйкеліс күші" ұғымын білу және үйкеліс күшін тексеру, сурет түрінде нәтиже бере отырып, оның көріністеріне мысалдар келтіру;</p> <p>3.5.1.4 мұғалімнің ұйымдастырушылық көмегімен немесе алгоритмнің көмегімен күш әрекетінің бағытты анықтау;</p> <p>3.5.1.5 алынған сөздерді белсенді қолдана отырып, 3-4 сөйлемнен толық жауап беру</p>
1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	<p>3.1.2.1 зерттеу (бақылау және эксперимент) жүргізу кезінде ақпарат көздерінің түрлерін, мұғалімнің көмегімен ақпарат көздерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін ажырату;</p> <p>3.1.2.2 экспериментті жоспарлау және жүргізу, мұғалімнің көмегімен және кестеге сүйене отырып, жасалған жоспарға сәйкес эксперимент нәтижелерін жазу</p>
4-тоқсан		
		3.5.2.1 қол жетімді деңгейде көлеңке

7. Су -тіршілік көзі		5.2 Жарық	себептері мен ерекшеліктерін атау; 3.5.2.2 "жарықтың шағылысуы" ұғымын білу, қол жетімді деңгейде заттардың жарықты шағылыстыру қабілетін түсіндіру; 3.5.2.3 "Жарық" тақырыбы бойынша меңгерілген сөздерді қолдану
	5 Табиғат физикасы	5.3 Дыбыс	3.5.3.1 дыбыс деңгейі ұғымын білу, дыбыс көлемінің дыбыс көзі мен дыбыс өзегін арасындағы қашықтыққа байланысты тірек сөздер арқылы түсіну; 3.5.3.2 "дыбыс" тақырыбы бойынша сұрақтарға толық жауап беру
8. Демалыс мәдениеті. Мерекелер		5.4 Жарық	3.5.4.1 кестеге сүйене отырып, қоршаған ортадағы табиғи және жасанды жылу көздерін түсіну және атау; 3.5.4.2 қол жетімді деңгейде заттардың қыздыру қабілетін түсіндіру
		5.5 Электр қуаты	3.5.5.1 кестеге сүйене отырып, электр энергиясының көздерін атау; 3.5.5.2 үлгі бойынша қарапайым электр тізбегінің тізбегін жинау мұғалімнің бағыттаушы көмегімен элементтерін көрсете отырып, қарапайым электр тізбектерін схемалар түрінде орындау
		5.6 Магнетизм	3.5.6.1 магнит көмегімен әр түрлі металдардың магниттелуін зерттеу және нәтижелерді кесте түрінде беру
			3.1.2.1 зерттеу (бақылау және эксперимент)

	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	жүргізу кезінде ақпарат көздерінің түрлерін, мұғалімнің көмегімен ақпарат көздерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін ажырату; 3.1.2.2 экспериментті жоспарлау және жүргізу, мұғалімнің көмегімен және кестеге сүйене отырып, жасалған жоспарға сәйкес эксперимент нәтижелерін жазу
--	--------------------	-----------------------------	--

5) 4-сынып:

5-кесте

Өтпелі тақырыптар	Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
1. Менің Отаным – Қазақстан!	1 Мен зерттеушімін	1.1 Ғылым мен зерттеушілердің рөлі	4.1.1.1 мұғалімнің көмегімен зерттеулердің өзекті бағыттарын анықтау
		1.2 Табиғатты тану әдістері	4.1.2.1 оқу әдісін таңдауды (бақылау және эксперимент) олардың артықшылықтары мен кемшіліктеріне сүйене отырып, тақтайшаға сүйене отырып және мұғалімнің көмегімен түсіндіре білу; 4.1.2.2 кестеге сүйене отырып, зерттеу(бақылау және эксперимент) барысының оң және теріс жақтарын атау
		2.1 Өсімдіктер	4.2.1.1 кестеге сүйене отырып анықтаманы түсіну азық-түлік тізбегі; 4.2.1.2 жоспар бойынша өсімдіктердің өмірлік циклін қол жетімді деңгейде сипаттау; 4.2.1.3 кестеге сүйене отырып, төменгі және жоғары өсімдіктерді ажырату; 4.2.1.4 тұқымдарды тарату тәсілдерін

			<p>қолжетімді деңгейде түсіндіру;</p> <p>4.2.1.5 өсімдіктерді қорғау тәсілдерін білу;</p> <p>4.2.1.4 берілген тақырып бойынша өсімдіктер туралы жоспар бойынша әңгіме құру, үйренген сөздерді белсенді қолдану және сұрақтарға сүйену</p>
<p>2. Адами құндылықтар</p>	<p>2 Тірі табиғат</p>	<p>2.2 Жануарлар</p>	<p>4.2.2.1 мұғалімнің көмегімен өз аймағындағы жануарларды жіктеу;</p> <p>4.2.2.2 кестеге сүйене отырып, шөпті және жыртқыш жануарларды ажырату;</p> <p>4.2.2.3 зерттелген сөздікті қолдана отырып, жәндіктердің өмірлік циклін қол жетімді деңгейде түсіндіру;</p> <p>4.2.2.4 мұғалімнің көмегімен симбиотикалық қатынастарға мысалдар келтіру;</p> <p>4.2.2.5 зерттелген сөздікті қолдана отырып, азық-түлік тізбегінің құрылымын қол жетімді деңгейде айту және белгілі бір тіршілік ету ортасында тамақ тізбегінің модельдерін құру;</p> <p>4.2.2.6 мұғалімнің көмегімен және тақтайшаға сүйене отырып жойылу қаупінде тұрған жануарларды атау және ұлттық парктер мен қорықтарды құру мақсаттарын қол жетімді деңгейде түсіндіру;</p> <p>4.2.2.7 мұғалімнің көмегімен немесе сұрақтарға сүйене отырып, зерттелген тақырып бойынша жеке</p>

			тәжірибеден жануарлар туралы әңгіме құру
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	4.1.2.1 оқу әдісін таңдауды (бақылау және эксперимент) олардың артықшылықтары мен кемшіліктеріне сүйене отырып, тақтайшаға сүйене отырып және мұғалімнің көмегімен түсіндіре білу; 4.1.2.2 кестеге сүйене отырып, зерттеу(бақылау және эксперимент) барысының оң және теріс жақтарын атау
2-тоқсан			
3. Мәдени мұра	2 Тірі табиғат	2.3 Адам	4.2.3.1 шығару жүйесін және оның адам ағзасындағы рөлін мұғалімнің көмегімен қол жетімді деңгейде сипаттау; 4.2.3.2 қол жетімді деңгейде жүйке жүйесін және оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау; 4.2.3.3 адамның өмірі мен қызметі туралы сұрақтарға жауап беру; 4.2.3.4 суреттер мен сұрақтарға сүйене отырып, сонымен қатар мұғалімнің ұйымдастырушылық көмегімен зерттелген тақырып бойынша адам туралы жеке тәжірибеден әңгіме құру; 4.2.3.5 оқытылған сөздікті белсенді қолдана отырып, мұғалімнің аяқталмаған мәлімдемелерін толықтыру; 4.2.3.6 өз сөйлеуінде " адам денесінің мүшелері" тақырыбында сөздерді белсенді қолданыңыз"
			4.1.2.1 оқу әдісін таңдауды (бақылау және эксперимент) олардың

	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	артықшылықтары мен кемшіліктеріне сүйене отырып, тақтайшаға сүйене отырып және мұғалімнің көмегімен түсіндіре білу; 4.1.2.2 кестеге сүйене отырып, зерттеу(бақылау және эксперимент) барысының оң және теріс жақтарын атау
4. Мамандықтар әлемі	3 Заттар және олардың қасиеттері	3.1 Заттардың түрлері	4.3.1.1 заттардың қолдану аясын олардың қасиеттеріне сәйкес мұғалімнің ұйымдастырушылық көмегімен кестеге енгізу арқылы атау; 4.3.1.2 эксперимент жоспарына сәйкес зат алу ; 4.3.1.3 жасалған жұмыстың нәтижелерін көрнекі және сөз тіректері бойынша түсіндіру
		3.2 Ауа	4.3.2.1 адам өмірінің әртүрлі салаларында қолдану әдістерін атау және желдің пайдасы мен зияны туралы мысалдар келтіру; 4.3.2.2 ауаның ластану көздерін атау; 4.3.2.3 табиғатта ауаның қозғалу процесін қол жетімді деңгейде түсіндіру
		3.3 Су	4.3.3.1 табиғаттағы су айналымын қол жетімді деңгейде айту; 4.3.3.2 қол жетімді деңгейде атмосфералық жауын-шашынның пайда болу процесін сипаттау; 4.3.3.3 судың ластану көздерін және судың әртүрлі ағзалар үшін ластану салдарын сөздік тіректермен атау; 4.3.3.4 сұрақтарға сүйене отырып, зерттелген

			тақырып бойынша су туралы әңгіме құру
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	4.1.2.1 оқу әдісін таңдауды (бақылау және эксперимент) олардың артықшылықтары мен кемшіліктеріне сүйене отырып, тақтайшаға сүйене отырып және мұғалімнің көмегімен түсіндіре білу; 4.1.2.2 кестеге сүйене отырып, зерттеу(бақылау және эксперимент) барысының оң және теріс жақтарын атау
3-тоқсан			
5. Табиғат құбылыстары	5 Табиғат физикасы	5.2 Жарық	4.5.2.1 көлеңкенің кедергі мөлшеріне және көзден кедергіге дейінгі қашықтыққа тәуелділігін қол жетімді деңгейде зерттеу және айту; 4.5.2.2 жарықтың негізгі қасиеттерін қол жетімді деңгейде зерттеу және атау: шағылысу, сіңіру; 4.5.2.3 өз сөзінде жарықтың қасиеттері туралы сөздерді қолдану
		5.3 Дыбыс	4.5.3.1 кестеге сүйене отырып, белгілі бір кедергілердің дыбыс деңгейіне және дыбыстың таралуына әсерін зерттеу және айту; 4.5.3.2 "дыбыс" тақырыбы бойынша 3-5 сөйлемнен тұратын сұрақтарға толық жауап беру
		5.4 Жылу	4.5.4.1 мұғалімнің ұйымдастырушылық көмегімен әртүрлі материалдардың жылу өткізгіштігін тексеріп, нәтижелерін кесте түрінде беру; 4.5.4.2 әртүрлі материалдардың жылу

6. Қоршаған ортаны сақтау			өткізгіштігі туралы сұрақтарға толық жауаптар беру
		5.5 Электр қуаты	4.5.5.2 зерттелген тақырып бойынша әртүрлі материалдардың электр өткізгіштігі туралы 4-5 сөйлемнен әңгіме құрастыру
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	4.1.2.1 оқу әдісін таңдауды (бақылау және эксперимент) олардың артықшылықтары мен кемшіліктеріне сүйене отырып, тақтайшаға сүйене отырып және мұғалімнің көмегімен түсіндіре білу; 4.1.2.2 кестеге сүйене отырып, зерттеу(бақылау және эксперимент) барысының оң және теріс жақтарын атау
	3 Заттар және олардың қасиеттері	3.4 Табиғат ресурстары	4.3.4.1 кейбір пайдалы қазбаларды (бор, тұз, әк, саз, мұнай, гранит, көмір, табиғи газ) қолдану салаларын тізбелеу; 4.3.4.2 картада Қазақстанның негізгі пайдалы қазбаларының кен орындарын көрсету. "Кен орны" ұғымын білу; 4.3.4.3 пайдалы қазбаларды сақтау және ұқыпты пайдалану жолдарын атау; 4.3.4.4 мұғалімнің ұйымдастырушылық көмегімен зерттеу жұмыстарын жүргізгеннен кейін сипаттай отырып, 2-3 ұсыныстан қорытындылар тұжырымдау
			4.1.2.1 оқу әдісін таңдауды (бақылау және эксперимент) олардың артықшылықтары мен кемшіліктеріне сүйене отырып, тақтайшаға сүйене отырып және



	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	мұғалімнің көмегімен түсіндіре білу; 4.1.2.2 кестеге сүйене отырып, зерттеу(бақылау және эксперимент) барысының оң және теріс жақтарын атау
4-тоқсан			
7. Болашаққа саяхат	4 Жер және ғарыш	4.1 Жер	4.4.1.1 жер бетінің ірі элементтерін тірек сөздер бойынша атау және сипаттау; 4.4.1.2 зерттелген сөздікке сүйене отырып, жер планетасы туралы әңгіме жүргізу; 4.4.1.3 мұғалімнің ұйымдастырушылық көмегімен мәлімдемелерді ойлау элементтерімен толықтыру
		4.2 Ғарыш	4.4.2.1 жеке ғарыштық денелерді қол жетімді деңгейде сипаттау; 4.4.2.2 мұғалімнің бағыттаушы көмегімен ғарыштың жердегі өмірге әсері туралы айту; 4.4.2.3 сұрақтарға сүйене отырып, ғарыштың жердегі өмірге әсері туралы әңгіме құрастыру
		4.3 Кеңістік және уақыт	4.4.3.1 схемаға сүйене отырып, жердің орбиталық айналуының әсерін қол жетімді деңгейде түсіндіру; 4.4.3.2 жыл мезгілдерін сипаттаңыз және мұғалімнің ұйымдастырушылық көмегімен талдау негізінде маусымдық өзгерістер туралы мәлімдемелерді толықтыру; 4.4.3.3 өз сөзінде Жер туралы және уақыт, маусымдық өзгерістер туралы сөздерді белсенді қолдану

	1 Мен зерттеушімін	1.2 Табиғатты тану әдістері	<p>4.1.2.1 оқу әдісін таңдауды (бақылау және эксперимент) олардың артықшылықтары мен кемшіліктеріне сүйене отырып, тақтайшаға сүйене отырып және мұғалімнің көмегімен түсіндіре білу;</p> <p>4.1.2.2 кестеге сүйене отырып, зерттеу(бақылау және эксперимент) барысының оң және теріс жақтарын атау</p>
8. Болашаққа саяхаттау	5 Табиғат физикасы	5.1 Күш және қозғалыс	<p>4.5.1.1 "күш" ұғымын түсіну оны сипаттау және "Архимед күші" ұғымын білу;</p> <p>4.5.1.2 сурет, схема, кесте түрінде нәтиже бере отырып, судағы әртүрлі заттарға әсер ететін Архимедтің Күшін бақылау және анықтау;</p> <p>4.5.1.3 сурет, схема, кесте түрінде нәтиже бере отырып, судағы әртүрлі заттарға әсер ететін Архимедтің Күшін бақылау және анықтау;</p> <p>4.5.1.4 қол жетімді деңгейде судағы әртүрлі заттарға әсер ететін ауырлық күші мен Архимед күшінің өзара тәуелділігі туралы түсіну;</p> <p>4.5.1.5 өз сөзіңізде күшті, жұмыс пен қозғалысты белсенді қолдану</p>
	1 Мен зерттеушімін	1.2 Методы познания природы	<p>4.1.2.1 оқу әдісін таңдауды (бақылау және эксперимент) олардың артықшылықтары мен кемшіліктеріне сүйене отырып, тақтайшаға сүйене отырып және мұғалімнің көмегімен түсіндіре білу;</p> <p>4.1.2.2 кестеге сүйене отырып, зерттеу(бақылау және эксперимент) барысының оң және теріс жақтарын атау</p>

Ескертпе: "Тірі табиғат", "заттар және олардың қасиеттері", "жер және Ғарыш", "Табиғат физикасы" бөлімдерінің әрқайсысында білім алушылардың зерттеушілік біліктері мен дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға бағытталған "Мен – зерттеушімін" бөлімінің мақсаттары біріктіріледі.

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2022 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 123 бұйрығына  
86-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына  
723-қосымша

**Есту қабілеті зақымдалған (нашар еститін, кейін естімей қалған) білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін "Бейімделген дене шынықтыру" пәнінен жаңартылған мазмұнды үлгілік оқу бағдарламасы**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Есту қабілеті зақымдалған (нашар еститін, кейін естімей қалған) білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін "Бейімделген дене шынықтыру" пәнінен жаңартылған мазмұнды үлгілік оқу бағдарламасы (әрі қарай – Бағдарлама) Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 5-бабының б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарламаның мақсаты – дене шынықтыру саласындағы білім мен біліктерді игеру, дене дамуы мен моториканың кемшіліктерін түзету, қозғалыс біліктері мен дағдыларына үйрету болып табылады.

3. Бағдарламаның міндеттері:

1) қозғалыс техникасының негіздерін үйрету, өмірлік қажетті біліктер мен дағдыларды қалыптастыру;

2) дене қасиеттерін дамыту (ептілік, икемділік, тепе-теңдік, төзімділік);

3) білім алушыларда өз бетінше дене жаттығуларымен айналысу дағдылары мен әдетін дамыту;

4) жеке гигиена, күн тәртібі туралы білімді қалыптастыру;

5) білім алушылардың дұрыс дене бітімін, шымырлығын, ұқыптылығын және кинестетикалық бақылауын қалыптастыруға ықпал ету;

6) жүру кезінде қозғалыстарды дәл үйлестіруді қалыптастыру;

7) қол саусақтарының ұсақ моторикасын, жекелеген дене бөліктерінің уақыт пен кеңістіктегі қозғалыстарының үйлесімділігін, қозғалыстардың ауысуын, қозғалыстардың дифференциациясы мен ырғағын дамыту.

4. Түзету-дамыту міндеттері:

- 1) дене дамуындағы моториканың және қозғалыстардың кеңістіктік ұйымдастырылуының бұзылыстарын жеңу;
- 2) қозғалыс реттілігін, қозғалыс операциялары мен нұсқауларды орындауды есте сақтауын дамыту;
- 3) ауызша нұсқаулар бойынша қимылдарды орындау білігін дамыту;
- 4) жүрек-қантамыр және тыныс алу жүйелерін, тірек-қимыл аппаратын нығайту және дамыту.

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

5. "Бейімделген дене шынықтыру" пәнін оқыту құндылыққа бағытталған, тұлғаға бағытталған, іс-әрекеттік, дифференцияланған және коммуникативтік тұғырлар негізінде жүзеге асырылады.

6. Білім берудегі құндылыққа бағытталған тұғырды іске асыру арқылы мақсатты түрде білім алушылар тұлғасының әлеуметтік-маңызды құндылықтар жүйесі, олардың дұрыс мінез-құлқы мен әрекеттері қалыптастырылады, ол оқушылардың ұлттық және спорттық ойындарға қатысуы арқылы жүзеге асырылады да, қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілікке, бір-біріне құрмет көрсетуге, ынтымақтастыққа ұмтылуға, абыроймен жеңіле білуге және жеңіске абыроймен жете білуге тәрбиелейді.

7. Тұлғаға бағытталған тұғыр дайындық, жалпы дамыту жаттығулары арқылы білім алушылардың өз дене қабілеттерін сезінуін, жас, дене, психикалық және тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, денсаулықты сақтау мен нығайтуға ықпал ететін қозғалыс белсенділігін дамыту арқылы оқу үдерісін дараландыруға мүмкіндік береді.

8. Іс-әрекеттік тұғыр қағидасы – бұл өзара түсіністік пен ынтымақтастық бастамасына негізделген мұғалім мен білім алушылардың бірлескен қызметі.

9. Бейімделген дене тәрбиесіндегі дифференцияланған тәсіл балаларды салыстырмалы біртекті топтарға біріктіруді білдіреді және әртүрлі танымдық мүмкіндіктері бар білім алушыларды өз қабілеттеріне деген сенімділікті сезінуге, оқу үдерісіне қызығушылықтарын арттыруға және оқушылар ұжымында өзін-өзі танытуға мүмкіндік береді.

10. Коммуникативті тәсіл топта жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға, бір-біріне достық қарым-қатынасты сақтауға, бір-бірін тыңдауға және естуге, сұрақ қою арқылы жетіспеген ақпаратты алуға, бірлескен қызметті ұйымдастыруға және жүзеге асыруға, коммуникацияның міндеттері мен шарттарына сәйкес өз ойларын жеткілікті толық және дәл жеткізуге мүмкіндік береді.

11. Есту қабілеті нашар білім алушылар кеңістіктік бағдарлауда қиындықтарға тап болады және дәлдіктің айтарлықтай бұзылыстары байқалады, сондықтан бағдарламаға осы қабілеттерді түзетуге және дамытуға бағытталған жаттығулар енгізілген.

12. Төзімділікті дамыту бағдарламасында жаяу жүру жаттығуларымен алма-кезек орындалатын жүгіру, баяу қарқынмен жүгіру, шаңғымен сырғанау, үздіксіз қозғалыс белсенділігімен өтетін ойындар қолданылады.

13. Бағдарламаның әр бөліміне оқу материалын игеруге ықпал ететін, қозғалыс және адамгершілік қасиеттердің дамуына ықпал ететін және әртүрлі моторлық бұзылыстарды түзету құралы ретінде пайдаланылатын ойындар кіргізілген.

14. Нашар еститін, кейін естімей қалған білім алушылармен өткізілетін бейімделген дене шынықтыру сабақтары сөйлеу нұсқауларымен жүргізіледі, бірақ сөздерді есте сақтау бойынша сөздік жұмыс өткізілмейді, өйткені сабақтарда жиі кездесетін және игерілген күнделікті сөздік қолданылады.

15. Пәнді оқу үдерісінде мына оқу пәндерімен пәнаралық байланыстар жүзеге асырылады: "Математика және информатика", "Жаратылыстану", "Дыбыстардың айтылуын қалыптастыру және есту қабілетін дамыту".

16. Техникалық оқыту құралдарына қойылатын талаптар:

1) жалпы дене дайындығы сабақтарына арналған жиынтық: гимнастикалық қабырғалар, аралығы 0,8м, гимнастикалық төсеніштер, гимнастикалық орындықтар, өрмелеуге арналған сырықтар 1-5,5м, гимнастикалық таяқ;

2) дене іс-қимылдарын бақылауға және бағалауға арналған жабдық: рулеткалар (25 және 10м), төрешілер ысқырығы, секундомерлер, туды көтеруге арналған құрылғы;

3) гимнастикамен айналысуға арналған жиынтық. Мектептік гимнастикалық білеулердің тіректері: әртүрлі биіктіктегі, параллельді, мектептік гимнастикалық ағаш ат корпустары, мектептік гимнастикалық кіші ағаш ат корпустары, мектептік гимнастикалық бөрене корпустары (әмбебап), гимнастикалық көпірлер, диаметрі 90-95см гимнастикалық шеңберлер, гимнастикалық секіртпелер;

4) жеңіл атлетикамен айналысуға арналған жиынтық: 30, 60, 100, 200 (м) арналған жүгіру жолдары, эстафеталық таяқшалар, түрлі жалаушалар;

5) шаңғы дайындығы бойынша сабақтарға арналған жиынтық: бекіткіші бар шаңғылар, шаңғы бәтеңкелері, шаңғы таяқтары;

6) спорттық ойындарға арналған жиынтық: футбол доптары, баскетбол доптары, кіші теннис доптары.

17. Бейімделген дене шынықтыру сабақтары дыбыс күшейткіш аппаратурасы бар арнайы жабдықталған залда өткізіледі.

### **3-тарау. "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

18. "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 0-сыныпта – аптасына 3 сағатты, оқу жылында 96 сағатты;

2) 1-сыныпта – аптасына 3 сағатты, оқу жылында 99 сағатты;

3) 2-сыныпта – аптасына 3 сағатты, оқу жылында 102 сағатты;

4) 3-сыныпта – аптасына 3 сағатты, оқу жылында 102 сағатты;

5) 4-сыныпта – аптасына 3 сағатты, оқу жылында 102 сағатты құрайды.

19. Бағдарламаның мазмұны келесідей бөлімдерді қамтиды:

- 1) "Теориялық мәліметтер" бөлімі;
- 2) "Гимнастика" бөлімі;
- 3) "Ұлттық және зияткерлік ойындар" бөлімі;
- 4) "Қозғалмалы ойындар" бөлімі;
- 5) "Жеңіл атлетика" бөлімі;
- 6) "Шаңғы дайындығы".

20. "Теориялық мәліметтер" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) бейімделген дене шынықтыру сабақтарындағы тәртіп ережелері және қауіпсіздік техникасы;

- 2) жеке гигиена және күн тәртібі;
- 3) паралимпиада ойындары.

21. "Гимнастика" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) сапқа тұру және сапқа құрылымын өзгертіп қайта тұру;
- 2) жалпы дамыту жаттығулары;
- 3) дене сымбатын қалыптастыру және жалпақтабанның алдын алу жаттығулары;
- 4) заттармен жасалатын жаттығулар;
- 5) тыныс жаттығулары;
- 6) өрмелеу және асып өту;
- 7) кеңістікте бағдарлауды және қозғалыс дәлдігін дамытатын жаттығулар.

22. "Ұлттық және зияткерлік ойындар" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) тоғыз құмалақ;
- 2) асық;
- 3) дойбы;
- 4) шахмат.

23. "Қозғалмалы ойындар" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) тепе-теңдікті және қимылдардың үйлесімділігін дамытуға арналған ойындар ;
- 2) кедергілерді жеңуге арналған ойындар ;
- 3) кеңістікті бағдарлауды дамыту ойындары.

24. "Жеңіл атлетика" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) жүру;
- 2) жүгіру;
- 3) лақтыру;
- 4) секіру.

25. "Шаңғы дайындығы" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) шаңғы жүрістерін бекітуге арналған жаттығулар;
- 2) жылдамдық пен төзімділікті дамытатын жаттығулар.

26. "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәнінің 0 сыныптағы базалық мазмұны:

1) теориялық мәліметтер: спорт залындағы тәртіп ережесі және қауіпсіздік техникасы; жеке гигиена және күн тәртібі; паралимпиадалық ойындар: паралимпиадалық ойындардың даму тарихы;

2) гимнастика: бағанға және қатарға бір-бірден сапқа тұру (бойының ұлғаю тәртібімен); бағанда желкеге теңелу, қатарда сызық бойынша (аяқ ұшымен) сап түзеу; жалпы дамытушы жаттығулар: қолдың, аяқтың, дененің, бастың негізгі қалыптары мен қимылдары; негізгі тұрыс: "Шеруде": тұрыс – аяқтар иық енімен "штангашы": қолдың қалпы – төмен, алға, екі жаққа, жоғары, арқадан асыра; тік қолдарын алға, артқа, жанына, жоғары қозғалту ("Құстар ұшты", "Алма теру"); иықтарын көтеру және түсіру; әр түрлі бастапқы қалыпта шынтақтары мен саусақтарын қимылдату ("Жіпті шарғыға орау"); тік аяғын башпайларының ұшын алға, жанына, артқа созып қою. Заттармен жаттығу: доппен негізгі қалыптар (қолындағы допты төмен, алдыға, жоғары көтеру), допты (үлкен, кішкентай) лақтыру және тосып алу; допты себетке лақтыру. Тыныс жаттығулары: бейнелі түрде орындалатын жаттығулар, мысалы: х-х-хо – "қолды жылыту" – дем шығару; фу-фу – "суды суыту" – дем шығару; "гүлді иіскеу" – дем алу. Жүру кезінде еліктеп дұрыс тыныс алу, мысалы: чу-ух-чу-ух-чу – паровоз – дем шығару; -у-у-у – ұшақ – дем шығару. Ауыз арқылы тыныс алу; мұрын арқылы дем алу және дем шығару. Дене сымбатын қалыптастыруға және жалпақ табанның алдын алуға арналған жаттығулар: арқасымен қабырғаға сүйеніп тұрып, оған шүйдесін, арқасын, бөксесін және өкшесін тигізу, қолдарын жанына, жоғары көтеру; қабырғаға шүйдесін және арқасын тигізіп отыру; арқасымен қабырғаға сүйеніп тұрып, оған шүйдесін, арқасын, бөксесін және өкшесін тигізген қалпынан қабырғадан алшақтап кету және дененің бастапқы қалпын сақтай отырып қайтадан оралу; ені 20 см "дәлізбен" жүру, бір сызық бойымен немесе бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан екі параллель сызықтың арасымен жүру; екі орындықтың арасымен жүру, еденде жатқан тақтайдың үстімен жүру, қарапайым, жылдам, табанын толық басып, аяқтың ұшымен, қапталмен аяқты аяққа қосып адымдап жүру, ауыспалы, алшақ қадамдап жүру, алдыға, артқа, тізені жоғары көтеріп жүру, қолындағы затпен (басына зат қойып) жүру, ені 20-30 см көлденең жолақтардан аттап жүру. Қатарға сызық бойымен белгіленген орынға сапқа тұру (шеңберде, квадратта); алға, артқа, жанына қадам жасау және оны көзін жұмып қайталау; ұзындық кесінділерін қайталап жүріп өту (5, 10, 15 м); еденде сызылған бағдарлар бойынша жүру; сызылған бағдарға екі аяғымен итеріліп орнынан ұзындыққа секіру;

3) ұлттық және зияткерлік ойындар: "Тоғыз құмалақ" ойынының пайда болу тарихы ; "Асық" ойынының пайда болу тарихы; "Дойбы" ойынының пайда болу тарихы; "Шахмат" ойынының пайда болу тарихы;

4) қозғалмалы ойындар: қозғалмалы ойындар кезіндегі кеңістікті бағдарлау дағдыларын дамыту; қозғалмалы ойындар кезіндегі тепе-теңдік және үйлестіру дағдыларын дамыту; қозғалмалы ойындар кезіндегі кедергілерден өту дағдыларын

дамыту ("Көршіге доп беру", "Мысық пен тышқандар", "Өз жалаушаларыңа ұмтыл", "Секіртпеден аттап секіру");

5) жеңіл атлетика: имитациялық жүру; қолдарымен ұстасып жүру (түзу сызық бойымен қозғалыс жағына қарай жартылай бұрылып жүру); дұрыс дене қалпын, тыныс алуды сақтай отырып, әдеттегі және кең адыммен жүру; қозғалыс бағытын сақтай отырып жүру: дене қалпын, қол және аяқ қозғалысын; еркін жүгіру; дұрыс дене қалпын, тыныс алуды сақтай отырып жүгіру, сигнал бойынша тоқтап жүгіру; аласа, биік секіру; аласа және биік секіруді кезектестіру; белгілі бір секіру санымен жүгіру; орнында жүрелеп, жартылай жүрелеп секіру жұптасып (кезекпен), бір-біріне қарап, қолдарымен ұстап отырып, ұзын секіртпені дұрыс ұстау; ұзын секіртпені дұрыс айналдыру; баяу айналып жатқан секіртпенің астымен жүгірушіге қарай жүгіру; қолдың әртүрлі қалпында қозғалмай тұрған ұзын секіртпеден секіру (биіктігі – 10-20 см); секіргішті дұрыс тербету; бір, екі аяқпен, бір аяқтан екіншісіне ауысып тербеліп және айналып жатқан секіртпеден бүйірімен тұрып орнында секіру; қолды алдын ала артқа қозғалта отырып, алдығы жылжумен оңға, солға секіріп, жерге жұмсақ қону. 20-30 см биіктіктен жерге жұмсақ қонумен секіру; орнынан биіктігі 30 см-ге дейінгі жұмсақ кедергіге секіру; итерілу орнынан төсенішке дейінгі жарты қадам, бір қадам қашықтықтан сол аяғымен тұрған, оң аяғы – артында, ұшымен қойылған, қолдары – төменде – артында болатын бастапқы қалыптан секіру. Қолдарын алға-жоғары қарай сермей отырып, бір мезгілде оң аяғының санын жоғары қозғалта отырып, кедергіге оң аяғымен секіру, содан кейін оның жанына сол аяқты қосып қою; кезекпен оң және сол аяқпен итеріліп, үш-төрт қадамнан екпінмен шағын биіктіктен (10-20 см) аттап еркін секіру; орнынан ұзындыққа еркін секіріп екі аяғына қону; итерілу орындарын белгілемей екпінмен (төрт-бес қадамнан) ұзындыққа еркін секіріп, екі аяғына қону; еліктеп секіру: "Құс қалай секіреді?", "Доп қалай секіреді?", "Кім тыныш секіреді?". Алдындағы нысанаға 3-4-5 м қашықтыққа еденге, шұңқырға, себетке шағын допты (сигнал бойынша) лақтыру;

6) шаңғы дайындығы: киіммен, аяқ киіммен, шаңғымен, шаңғы таяқтарымен және шаңғы құрал-саймандарына жасалатын қарапайым күтіммен тәжірибе жүзінде танысу; қолдағы шаңғыларымен бір-бірден бағанға тұру; шаңғыларын қолмен тасу; шаңғыны қарға қою; шаңғыны кию; орнында аттап бұрылу – қапталмен аяқты аяққа қосып оңға, солға таяқтарға сүйеніп және сүйенбей.

27. "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәнінің 1 сыныптағы базалық мазмұны:

1) теориялық мәліметтер: бейімделген дене шынықтыру сабақтарында спорт залындағы қауіпсіздік техникасы бойынша мұғалімнің нұсқаулықтары, гигиена және күн тәртібі туралы алған білімдерін қолдану. Адамның денсаулығын (дене, әлеуметтік және психологиялық) нығайту үшін дене шынықтырудың маңызы туралы, оның адамның дамуына (дене, зияткерлік, эмоциялық, әлеуметтік) тигізетін оң әсері туралы, табысты оқу мен әлеуметтену факторлары ретіндегі дене шынықтыру және денсаулық туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру; адам қозғалысының негізгі тәсілдеріндегі



айырмашылықтарды анықтау; жаттығулар (дене шынықтыру киімдерін әдеттегі киімге ауыстыру, су рәсімдері); паралимпиадалық ойындар: паралимпиадалық ойын түрлері;

2) гимнастика: бір-бірден тұрған бағанда қозғалу; қолдарынан ұстап, қатардан шеңберге құрылымын өзгертіп қайта тұру; бір-бірден тұрған бағаннан ортасынан қолдарынан ұстасып екі-екіден бағанға құрылымын өзгертіп қайта тұру; қолдарын алға созып арасын ашу; бағдар бойынша бұрылу; пәрмен бойынша қимылдарды орындау: "Тұр!", "Отыр!", "Жүр!", "Жүгір!", "Тоқта!", "Бұрыл!". Жалпы дамытушы жаттығулар: аяқтарын тік ұстап алдыға, жанына, артқа көтеру; аяқ ұшымен көтерілу ("Кім биік"); жүрелеп отыру ("Қоян"); денені оңға, солға еңкейту ("Ағаштар тербеледі", "Сағат"); денені оңға, солға бұру ("Ұшақ"); басын бұру ("Күшік"); үйренген қозғалыстардың қарапайым біріктіру; үйренген жаттығуларды таңертеңгі гимнастика кешендеріне біріктіру. Заттармен жаттығу: қатарда допты оңға, солға беру; шеңберде допты солға, оңға домалату; бір-бірден тұрған бағанда допты оңға, солға беру; допты жоғары лақтыру және оны тосып алу; допты еденге соғу және оны тосып алу; допты бір-біріне 1-3 м қашықтықта лақтыру. Доппен қолдың негізгі қалыптары: допты оң (сол) қолға ұстап алға, жоғары, төмен, жанына созу; допты жоғары лақтыру және оны екі қолмен тосып алу; допты еденге соғу және оны екі қолмен тосып алу; допты қабырғаға соғу және оны екі қолмен тосып алу. Тыныс жаттығулары: кеуделік және құрсақтық тыныс түрлері (тұрған, қолын бүйіріне қойған қалыпта), тұрған және жатқан қалпындағы аралас тыныс алу түрі (кеуде-құрсақ немесе толық), қолдың әртүрлі қимылдары кезіндегі тыныс: жанына, жоғары. Дене сымбатын қалыптастыруға және жалпақ табанның алдын алуға арналған жаттығулар: оң (сол) қолымен гимнастикалық қабырға білте тақтайшаларына (иық биіктігінде) сүйену, екінші қолын беліне қою, сол (оң) аяқты алға, жанына, артқа көтеру; табан бұлшықеттері үшін: аяқтың ұшымен жүру, аяғын тік ұстау; табанның сыртқы және ішкі қырымен жүру; өкшемен жүру. Осы тұрыстағы қолдың, аяқтың және дененің әртүрлі қалыптары мен қозғалыстары: орнында тұрып, аяқ ұштарын қосу; табандарын қосып, аяқ ұшымен, өкшесімен тұру, бір табанын екіншісінің алдына қойып тұру; қолдың әртүрлі бастапқы қалпында, қолдарын, екінші аяғын, денесін қозғалтып бір аяғымен тұру; тақтада жүру, биіктігі 20 см - ге дейінгі заттардан аттап өтіп, биіктігі 70 см арқанның (резеңкенің) астынан еңкейіп өтіп, алақанмен шапалақтап, допты жоғары лақтырып, еденге (жерге) соғып және тосып алып, заттардан аттап өтіп, бір аяқпен тоқтап тұру (ұзынынан және көлденең), екінші аяғын алға, жанына, артқа жіберу, қолдың әртүрлі қалпында: бос аяғы алға тік немесе тізесін бүгіп созылған, қолдары әр түрлі бағытта – бірі алға, екіншісі жанына; аяқ артқа, қолдары жоғары (жаттығу денесін тік ұстап, еңкеймей орындалады); және қолдың және екінші аяқтың қалпын өзгертіп: аяғы алға, қолдары – әр түрлі бағытта: біреуі алға, екіншісі жанына, аяғы жанына, қолдары жанына, аяғы артқа, қолдары жоғары, тоқтап және бір тізесімен отырған қалыпқа ауысумен және қолдарының көмегімен және көмегінсіз тұру, тоқтап және жүрелеп отырған қалыпқа

ауысу, төртаяқтап тұру (аяқтары бірге, бір аяқпен) және ұмтыла түрегелу, отырып-тұру, бұрылу (қапталмен аяқты аяққа қосу арқылы, аяқтың ұшымен, бағдарлар бойынша жерге жұмсақ қонып тоқтаумен, теңгерумен және теңгерусіз, көмекпен және көмексіз, аяқ ұшынан, аяқ ұшымен), орнынан ұзындыққа секіруді орындау (әр түрлі кесінділер), әр түрлі қашықтыққа тапсырма бойынша допты лақтыру;

3) ұлттық және зияткерлік ойындар: Тоғыз құмалақ: ұяшықтарға 9 құмалақтан орналастыру; Асық: асықтарды лақтыру; дойбы мен шахмат: шахмат фигураларын түстері бойынша ажырату, барлық фигураларының атаулары;

4) қозғалмалы ойындар: қозғалмалы ойындар кезінде кеңістікті бағдарлау дағдыларын дамыту; қозғалмалы ойындар кезінде тепе-теңдік және үйлестіру дағдыларын дамыту; қозғалмалы ойындар кезінде кедергілерді жеңу дағдыларын дамыту ("Допты ал", "Төмпешіктермен секіру", "Допты сызықтан асыру", "Өз орныңды еске сақта", "Сигналды бақыла", "Бәрі батырдың артынан", "Зырылдауық");

5) жеңіл атлетика: әдеттегідей жүру, аяқтың ұшымен жүру, табанның сыртқы және ішкі қырымен (орнында және қозғалыста) жүру, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүру (белге, иыққа, басына, желкеге, арқаға, алдыға, жанына, жоғары, шынтактарын бүгіп кеудесінің алдына); сигнал бойынша тоқтап жүру (қолды сермеу және т. б.), мұғалімнің санауымен ырғақты жүру; әдеттегідей жүруді аяқтың ұшымен жүрумен ауыстыру (мысалы, алғашқы төрт санаққа – әдеттегі қадамдар, келесі төрт санаққа – аяқ ұшымен жүру), тура солай қолдың қалпын өзгертіп жүру (мысалы, алғашқы төрт санаққа – әдеттегі қадамдар, келесі төрт санаққа – аяқ ұшымен жүру, қолдарын беліне қою); 40 м дейінгі қашықтықта жүгіру мен жүруді алмастыру (10 м – жүгіру, 10 м – біртіндеп баяулап жүру, солай екі рет қайталайды); жұппен, топпен 15 м дейінгі қашықтыққа жүгіру (бағдармен және бір бағдардан басқасына қарай); 15 м дейін сызықтармен немесе арқандармен белгіленген ені 1 м, содан кейін – 40-30 см "дәлізбен" топпен жүгіру; баяу қарқынмен 20 сек дейін жүгіру; әртүрлі бастапқы қалыптардан жүгіру (тұрған, отырған, жатқан); жеңімпазды анықтамай 20 м-ге дейін жарысып жүгіру; орнында екі аяқпен секіріп (бөренеден немесе гимнастикалық қабырғаның білте тақтайшасынан ұстап тұрып) жартылай бүгілген аяқтарына қону, бір аяқпен, сосын екіншісімен секіру; бастан асыра екі қолмен қашықтыққа резеңке доптарды лақтыру; бетін лақтыру бағытына қаратып тұрып, кіші допты оң (сол) қолмен бастан асыра орнынан лақтыру;

б) шаңғы даярлығы: таяз қарда шаңғымен таяқсыз адымдап жүру; жаттығатын шаңғы жолымен таяқсыз шаңғымен адымдап жүру; тегіс жерлері бар жаттығатын шаңғы жолымен таяқпен жүрген сияқты қолын сермеп сырғымалы қадаммен жүру; 100-200 м баяу қарқынмен таяқпен шаңғымен жүру.

28. "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәнінің 2 сыныптағы базалық мазмұны:

1) теориялық мәліметтер: бейімделген дене шынықтыру сабақтарында спорт залындағы тәртіп ережелері мен қауіпсіздік техникасын сақтау; жеке гигиена және күн

тәртібін сақтау. Паралимпиадалық ойындар: паралимпиадалық спорт түрлерінің спортшылары;

2) гимнастика: жұппен сапқа тұру; теңелуді сақтай отырып жұппен қозғалу; мұғалімнің артынан қозғалып бір-бірден тұрған бағаннан шеңберге ауысу; бағдарлар бойынша бағытты өзгертіп бағанмен жүру; мұғалімнің бағытты нұсқауымен орнында аттап оңға (солға) бұрылу; қолды екі жаққа созып арасын ашу; пәрменді орындау: "Сапқа тұр!", "Тарал!", "Орында қадам бас!", "Қадам бас!", "Сынып, тоқта!"; орнында жүру, айналып жүру. Қолдың, аяқтың, дененің, бастың негізгі қалыптары мен қозғалыстары. Қолды желкеге, басына қою қалпы; қолды белге қою қалпы; бүгілген оң (сол) аяқты алға қозғалту; аяқтың ұшына көтерілу, өкшеге ауысу; жүрелеп отырған тірек; денені алға еңкейту ("Ағаш жарушы"); басты алға, артқа еңкейту; басты оңға, солға еңкейту; басты айналдырып қозғалту; үйренген қозғалыстардың қарапайым біріктіру; таңертеңгі гимнастика жаттығуларының кешендері. Допты шеңбермен оңға, солға беру; допты бағанда бір-бірден бастың үстінен және "еңкейген" қалыпта аяқтың ортасынан беру; допты бір-бірінен 2-3-4 м қашықтықта орналасқан қатардан қатарға домалату; допты 1-1, 5 м биіктікте 1-1,5-2 м қашықтықта керілген тор арқылы лақтыру; үлкен доппен таңертеңгі гимнастика кешендері. Допты жоғары лақтыру және қосымша қозғалыстардан кейін (кеуденің алдында алақан соғу, тізенің алдында алақан соғу, арқа жақтан алақан соғу, жүрелеп отыру және тік тұру) оны екі қолмен тосып алу; допты еденге соғу және қосымша қозғалыстардан кейін оны тосып алу; допты бір-біріне 2-4 м қашықтықтан лақтыру; доппен таңертеңгілік гимнастика кешендері. Кеуде және құрсақ тыныс алу түрлері (тұрған, қолын белге қойған қалпында); тыныс алудың аралас түрі (кеуде-құрсақ немесе толық) тұрған және жатқан қалпында; қолдың әртүрлі қозғалыстары кезіндегі тыныс алу: жанына, жоғары; жүрелеп отыру және жартылай жүрелеп отыру кезінде тыныс алу; денені алға еңкейту кезінде тыныс алу; жүру кезінде тыныс алу, қолдарын белге қойып, әр түрлі нұсқаларда: 3 қадамда – тыныс алу және 3 қадамда – дем шығару, 4 қадамда – тыныс алу және 4 қадамда – дем шығару, 2 қадамда – тыныс алу және 2 қадамда – дем шығару, тура солай, бірақ тыныс алу қысқарақ, дем шығару ұзағырақ, қолдарын артқа, жанына, жоғары қозғалту кезіндегі тыныс жаттығулары; жылдам жүру кезіндегі тыныс алу жаттығулары және т.с.с.; жүгіру кезіндегі тыныс алу; қозғалыс сипатына сәйкес тыныс алу тереңдігі мен қарқынын ерікті түрде өзгерту; тыныс алу мен дем шығару ұзақтығын өзгерту: дем алу дем шығарудан қысқа: 1-2-3 - тыныс алу, 1-2-3-4 - дем шығару; дем алу дем шығарудан ұзағырақ (бұл кезде дем шығару жігерлі): 1-2-3-4 - тыныс алу, 1-2-3 - дем шығару; ырғақты тыныс алу. Тыныс алуға назар аударатын еліктеу жаттығулары: "Керней тарт", "Шөп шапқыш", "Сорғы", "Масаны ұстау", "Әтеш сияқты қанаттарыңды қақ", "Тенселу", "Қаздар ысылдайды", "Адасып кетті", "Коньки тебушілер", "Диірмен", "Ағаш жарғыш", "Қоңырау қалай сыңғырлайды?", "Сағат". Басына жүк қойып (150-200 г) аяқтың ұшына көтерілу және жүрелеп отыру; басындағы жүкпен адымдап жүру;

басындағы жүкпен гимнастикалық орындыққа тұру, гимнастикалық орындықпен жүру; табан бұлшықеттері үшін: табанның ортасымен гимнастикалық таяқшада, арқанда, шеңберде тұрып өкшеден аяқ ұшына және кері қарай ауысу. 20°-қа дейінгі бұрышқа көлбеу қойылған гимнастикалық орындықпен бір аттас және әр аттас төртаяқтап жоғары өрмелеу; гимнастикалық қабырғаға аттас жоғары және төмен өрмелеу; гимнастикалық қабырғамен жанымен оңға және солға (тіркес адыммен) өрмелеу; 20°-қа дейінгі бұрышқа көлбеу қойылған гимнастикалық орындықпен төмен қарай өрмелеу; көлбеу қойылған гимнастикалық орындықтан еркін тәсілмен, бірақ орындыққа бүйірімен (бойлап) және бетін қаратып (көлденең) тұрып аттап өту. Көзін жұмып аяқтың ұшына көтерілу; берілген бағытпен көзін жұмып жүру; орнында жоғары секіріп, ілініп тұрған заттарды қолымен ұстау, соғу немесе тигізу; 40 см қашықтықта салынған диаметрі 30-40 см шеңберге 40 см-ге дейінгі биіктіктен секіру; гимнастикалық қабырғаға жоғары қарай өрмелеу, бір білте тақтайшасын бір аяғымен басу, ал екіншісіне – басқа аяғымен басу, төмен қарамау; гимнастикалық қабырғаға жоғары қарай өрмелеу, әр білте тақтайшасын кезекпен екі аяғымен басу: гимнастикалық қабырғаға жоғары және төмен өрмелеу, аяқтарын бір-біріне жақын қою; гимнастикалық орындықтың тақтайымен қолдың әртүрлі қалпымен, қолдың қимылымен, доппен, алақан соғумен жүру;

3) ұлттық және зияткерлік ойындар: тоғыз құмалақ: құмалақтарды бір ұяшықтан екінші ұяшыққа салу; асықтар: қатарлап қойылған асықтарға тигізу; дойбы: дойбыларды тақтаға реттеп қою; шахмат: тақтаға фигураларды реттеп қою;

4) қозғалмалы ойындар: қозғалмалы ойындар кезінде кеңістікті бағдарлау дағдыларын жетілдіру; қозғалмалы ойындар кезінде үйлестіру және тепе-теңдік дағдыларын жетілдіру; қозғалмалы ойындар кезінде кедергілерді жеңу дағдыларын жетілдіру ("Допты ортадағыға", "Пойыз", "Жолақтармен секіру", "Түлкі мен тауықтар", "Қояндар", "Ордағы қасқыр", "Кім алысқа лақтырады", "Дәл нысанаға", "Тез орындарыңа!", "Бәрі орнында ма", "Шеңберге", "Бұлақтан аттау", "Жол бер");

5) жеңіл атлетика: әдеттегі және кең адыммен, қолдың әртүрлі бір қалыпты еркін қозғалысымен жүру (мысалы, "бір-екі" – қолын белге қою, "үш-төрт" – желкесіне қою және т.б.); бағытты мұғалімнің бағдары мен пәрмендері бойынша өзгерте отырып жүру; аяқтарын топылдатып ырғақпен жүру; қолдың қалпын өзгерте отырып, әдеттегі жүріспен аяқтың ұшымен жүруді кезекпен алмастыру: төрт қадам – қолдары белінде, төрт қадам аяқтың ұшымен – қолдары желкесінде; белгі бойынша тоқтап жүру мен жүгіруді кезекпен алмастыру; 50 м дейін жүру мен жүгіруді кезекпен алмастыру (15 м – жүру, 20 м – жүгіру, 15 м – жүру); әр түрлі бастапқы қалыптан жүгіру (артымен, бүйірімен – тіркес адыммен); "төмпешіктермен" жүгіру, нығыздалған доптардан немесе жолдың белгіленген бөліктерінен асып жүгіру (сызықтардың ені 60-80 см); 30 м дейін жарысып жүгіру; баяу қарқынмен 30 сек дейін жүгіру. Екі аяғымен сәл алға, артқа, оңға, солға және бір аяқпен секіру; қолдың әртүрлі қалпында баяу және жылдам айналып жатқан

секіртпенің астымен көлбеу жүгіру; айналып жатқан секіртпенің астына жүгіріп кіріп, жүгіріп шығып секіру (белгі бойынша, санап); қысқа секіртпені айналу ережелерімен танысу; секіртпені екіге бүктеп оң, сол қолмен бүйір жағынан айналдыра отырып, екі аяқпен секіру; аралық секірумен, орнында, екі аяқпен қысқа секіртпемен секіру; бір аяқпен қысқа секіртпемен секіру; бір аяқтан екінші аяққа ауысып қысқа секіртпемен секіру; 40 см дейінгі биіктіктен секіру мен 2-8 қадамнан 30 см дейінгі кедергілерге екпінмен "итерілу аймағында" (ұлдар үшін төсеніштен шамамен 80-100 см, ал қыздар үшін 60-80 см қашықтықтағы) бір аяғымен итеріліп секіруді алмастыру; екпінмен тік жүгіріп, бір аяғымен итеріліп, биіктікке секіріп, екі аяққа жұмсақ қону (белгі тақтайшасының немесе арқанның биіктігі 40 см дейін); орнынан ұзындыққа секіру, екпінмен ұзындыққа секіру. Кіші допты бастан асыра 2 м биіктікте орналасқан (өлшемі 1x1 м) қалқанға (қалқанның ортасына) 3 м қашықтықтан лақтыру, көлденең нысанаға 6 м қашықтықтан лақтыру, нысананың ені 2 м.

б) шаңғы дайындығы: қолындағы шаңғымен қатарға сапқа тұру; орнында шаңғылардың өкшесін айнала аттап басып бұрылу; қолдарын таяқпен жүргендегідей қимылдатып, баспалы қадаммен үйрену шаңғы жолымен және тың жермен жүру; қолдарын таяқпен жүргендегідей қимылдатып, тегіс жерлері бар аздап еңіс үйрену шаңғы жолымен сырғымалы қадаммен жүру; таяқпен сырғымалы қадаммен жүру; 150 дейінгі еңістен шаңғымен түсу; шаңғымен таяқсыз және таяқтың көмегімен баспалы қадаммен еңіспен көтерілу; шаңғымен сырғымалы қадаммен жатық еңіспен көтерілу; таяқпен баяу қарқынмен 200-300 м шаңғы тебу.

29. "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәнінің 3 сыныптағы базалық мазмұны:

1) теориялық мәліметтер: бейімделген дене шынықтыру сабақтарында спорт залындағы қауіпсіздік техникасы мен тәртіп ережелері туралы білімді қалыптастыру; күн тәртібінің жеке жоспарын құру. Паралимпиадалық ойындар: паралимпиадалық ойындар ережелері;

2) гимнастика: бір-бірден сапқа тұрған бағаннан шеңбер құрып тұру; оңға және солға секіріп бұрылу; алдын ала орналастырылған бағыттауыштар бойынша бір-бірден тұрған бағаннан үштен (төрттен) тұрған бағанға қайта құрылып сапқа тұру; үштен (төрттен) тұрған бағанда жанына қарай созылған қолдарға арасын ашып тұру, залдың (алаңның) ортасы арқылы жүру. Қолдың, аяқтың, дененің негізгі қалыптары мен қозғалыстары. Қолдың иықтағы қалпы; қолдың кеуде алдындағы қалпы; қолдарын жанына, алға, жоғары созған қалпынан бүгу және жазу; қолдарын алға, артқа, жанына сермеу; аяқтарын алға, жанына, артқа сермеу; орнынан алға, жанына қарай денені еңкейтіп және серіппе тәрізді отырып жылжу; денені оңға және солға еңкейту, қолды дене бойымен сырғыту; дененің айналмалы қозғалыстары; қолды сермеп жүрелеп отыру; қолдың, аяқтың, дененің үйренген қозғалыстарын қарапайым біріктіру; таңертеңгі гимнастика жаттығуларының кешендеріне біріктіру. Допты жоғары лақтыру (1-2 сыныптағыдан жоғары) және оны жерге тиіп серпілген кезінде тосып алу; қатарда

тұрып допты бір-біріне 2-4 м дейінгі қашықтықтан оңға, солға лақтыру; допты төменнен лақтыру; допты орнында жүргізу. Допты лақтыру және оны бір қолмен тосып алу; допты еденге соғу және оны бір қолмен тосып алу; допты екі қолмен жоғары қарай ұру; допты қабырғаға соғу және оны екі қолмен тосып алу. Қабырғаға тұрып, бүгілген аяғын алға көтеру және оны алға, жанына созу; тура сол жаттығу аяқтың ұшына көтерілумен; гимнастикалық қабырғада тұрып (жауырын, желке, бөксе қабырғаға тиіп тұр), дененің қалпын өзгертпей, қолды алға, жанына, жоғары және төмен қозғалту; сол қалыптан қол саусақтарын аяқ ұштарына тигізгенше денесін алға еңкейту; қабырғаға жанасудан ажырамай, оңға, солға еңкею; гимнастикалық қабырғаға бетін қаратып үлкен қадам қашықтығына тұрып, кеуде биіктігіндегі гимнастикалық қабырғаның білте тақтайшасынан ұстап, алға еңкейіп, сәл бүгіліп, түзелу және негізгі қалыпқа тік тұру; табан бұлшықеттері үшін: еденде жатқан арқанның үстімен оны табан күмбезімен қапсыра жүру. 30° бұрышпен еңкіш орнатылған гимнастикалық орындықпен аттас және әр аттас тәсілмен төртаяқтап өрмелеу; гимнастикалық қабырғамен оңға және солға қарай аяқ-қолымен тіркес адым жасай отырып өрмелеу (оң аяқ пен оң қол және керісінше); гимнастикалық қабырғаға әр аттас тәсілмен жоғары және төмен өрмелеу (оң аяқ пен сол қол және керісінше); биіктігі 40-60 см кедергілерден аттап өту тәсілімен кедергілерді еңсеру: снарядқа оң (сол) бүйірімен тұрып, оған сүйеніп арғы жағына алдымен оң (сол) аяғын, содан кейін сол (оң) аяғын аудару. Гимнастикалық қабырға білте тақтайшаларында тура 1-2 сыныптағыдай жаттығулар; гимнастикалық қабырға білте тақтайшаларына шығу (бетін және бүйірін қаратып тұру). Берілген бағдар бойынша сапқа тұру орнын (сызық, шаршы) өзгерте отырып, қатарға сапқа тұру; бағдар бойынша бағытын өзгерте отырып, бағанмен жылжу; тарқап, пәрмен бойынша өз орнына шеңберге қайта тұру (бағдарларға сәйкес); бұрылу сәтінде көзбен қарау арқылы бақыламастан бағдарларға бұрылу; гимнастикалық орындықта сызылған бағдарлар бойынша жүру; белгіленген бағдарға орнынан ұзындыққа секіру және оны көзбен қарау арқылы бақыламастан орындау; алға, артқа, оңға, солға белгіленген орынға көзін ашып қадам жасау; белгілі бір бағдарлар бойынша өрмелеу бағытын өзгерту; допты белгілі бір бағдарға дейін лақтыру; қолдың бастапқы қалпын мұғалімнің көрсетуі және ауызша нұсқауы бойынша орындау; қолдарын тік ұстап алға, жанына белгілі бір биіктікке дейін көтеру және жаттығуларды көзбен қарау арқылы бақыламастан орындау;

3) ұлттық және зияткерлік ойындар: тоғыз құмалақ ойыны ережесі; асық ойындары ережесі; дойбы ойыны ережесі; шахмат ойыны ережесі;

4) қозғалмалы ойындар: қозғалмалы ойындар кезінде кеңістікті бағдарлау дағдыларын қолдану; қозғалмалы ойындар кезінде үйлестіру және тепе-теңдік дағдыларын қолдану; қозғалмалы ойындар кезінде кедергілерді еңсеру дағдыларын қолдану ("Допты жермен домалату", "Фигуралар", "Тез орнына жет", "Көзге көрінбеймін", "Сызылған жолақпен жүру" эстафетасы, "Щеңбердің артынан жүгіру", "Ақ аюлар", "

Бақшадағы қояндар", "Тоқта", "Допты ауада тосып ал", "Мерген бол", "Тыйым салынған қимыл", "Арғымақтар", "Лабиринтте");

5) жеңіл атлетика: жүру түрлері (аяқ ұшымен, өкшемен, табанның ішкі және сыртқы қырымен саусақтарын бүгіп), еңкейіп (денесі алға еңкейген, аяқтары жартылай бүгілген, қолдары еркін), жартылай жүрелеп жасырынып, жүрелеп, отыра адымдап, тіркес адыммен және ауыспалы адыммен жүру, алға және бүйірге айкасқан кадаммен, кібіртіктей жүру, секірмелі жүріс; өкшеден аяқ ұшына қарай ауысып жүру, табандарын бір-біріне параллель қойып жүру, санын көтеріп жүру, орнында және алға жылжи отырып жүру (тірек аяғы түзу, аяқты ұшынан қою, тізелерін алшақтатпау, қолды белге қою); тапсырма бойынша, сигнал бойынша тоқтап жүру (жүрелеп отыру, отыру, бұрылу, қол қимылдарын орындау және т. б.); алақанын соғып ырғақты жүру; қойған заттардың арасымен оларға тимей жүру және жүгіру; 60 м дейінгі қашықтыққа жүгіру мен жүруді кезектестіру (20м - жүгіру, 10 м - жүру және т.с.с.); 40 м дейін жарыса жүгіру; 45 сек дейін тыныс алу жаттығуларымен баяу қарқынмен жүгіру; кең адыммен жүгіру; аяқтың ұшымен жүгіру; ені 40-30 см "дәлізбен" жүгіру; сызықтармен белгіленген аумақпен жүгіру, сызықтар арасындағы қашықтық 70-100 см; қолдың әртүрлі қалпында жүгіру (белде, иықта, жанына); қозғалыс бағытын өзгертіп жүгіру (кедергілерден өтіп, шеңбер бойымен, "сегіздікпен", мұғалімнің артынан). Оңға және солға бұрыла отырып, екі аяқпен және бір аяқпен секіру; айналып жатқан ұзын секіртпенің астымен жүгіріп өту: еденге сызылған ені 20-30 см жолмен, тақтайдың үстімен әртүрлі бағытта (бүйірімен, тіркес адыммен, қайшы адыммен, арқасын алға беріп); астынан-алға – жүгірушіге қарай айналып жатқан секіртпенің астына жүгіріп кіру; айналып жатқан ұзын секіртпеге жүгіріп кіріп және жүгіріп шығып 90° бұрылыспен секіру; айналып жатқан ұзын секіртпеден оңға және солға бұрылып бір аяғымен секіру; еркін түрде, бір аяғынан екінші аяғына ауысып, бір және екі аяқпен алға жылжи отырып қысқа секіртпемен секіру; 50 см биіктіктен, отыру тірегіне дейін секіріп (тізелерін жанына сәл бұрып, алақандарымен еденге тіреліп) жүрелеп және жартылай жүрелеп отырып жұмсақ қону; биіктігі 40 см-ге дейінгі кедергілерге 6-10 кадамнан екпінмен секіріп шығу; жартылай жүрелеп отырған қалыптан қолдарын артқа жіберіп орнынан секіріп, екі аяққа қону; дұрыс қону, аяқ-қолын дұрыс ұстау тапсырмасымен орнынан ұзындыққа секіру; екпінмен ұзындыққа секіру; бір-бірінен 30-50 см қашықтықтағы шеңберден шеңберге екі аяқпен, бір аяқтан екіншісіне секіру; ені 80-100 см жолақтан секіріп, екі аяққа қону, (итерілу аймағының ені 60 см); қосымша тапсырмаларды орындай отырып, биіктікке секіру: қону дәлдігіне, ұшу кезінде шапалақ соғу (5-7 кадамнан екпін алып, белгі тақтайшасының, жіптің биіктігі 50 см дейін); кіші допты, әртүрлі майда заттарды ені 10 м дәлізбен алдын-ала белгіленген қашықтыққа бастан асыра лақтыру; салмағы 1 кг дейінгі нығыздалған допты, волейбол, резенке доптарды екі қолмен бастан асыра қашықтыққа лақтыру;

б) шаңғы даярлығы: шаңғы дайындығының сауықтырушы маңызы; шаңғымен жүру кезіндегі тыныс алу ережелерін сақтау (әңгімелесу); шаңғыны қолына алып жүру; шаңғымен бір қатарға сапқа тұру, шаңғы жолымен бір-бірінің артынан шаңғымен жүру; шаңғымен таяққа тіреліп және тірелмей орнында адымдап айналу; таяқтарды ортасына ұстап сырғымалы кадаммен жылжу; таяқтармен итерілу; шағын еңістері мен өрлері бар шаңғы жолымен таяқтардың көмегінсіз шаңғымен баспалы және сырғымалы кадаммен жүру; аласа тұрыста еңіспен түсу; өрге қиғашынан көтерілу; шаңғымен баяу қарқынмен 300-400 м жүру; 20-30 м шаңғымен жылдамдыққа жүру: "Қуаласпақ", "Кім жылдам" ойындары.

30. "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәнінің 4 сыныптағы базалық мазмұны:

1) теориялық мәліметтер: бейімделген дене шынықтыру сабақтарындағы спорт залындағы қауіпсіздік техникасы мен тәртіп ережелері туралы білім; өзін-өзі қадағалау және өзін-өзі бақылау. Паралимпиада ойындары: паралимпиада ойындарының тәсілдері;

2) гимнастика: бөліну бойынша оңға және солға бұрылу; бірінші және екінші болып саналу; үш, төртке саналу; бір қатардан екіге (саптық пәрменсіз) сапқа тұру; тіркес адыммен жазылу және жиналу; сол аяқпен жүруді бастау; карама-қарсы жүріспен жүру. Қолдың, аяқтың, дененің негізгі қалыптары мен қозғалыстары. Бір қолдың бүйір және бет жазықтықтарындағы айналмалы қозғалыстары; екі қолдың бүйір және бет жазықтықтарындағы айналмалы қозғалыстары; қозғалысты орындаудың дұрыстығын және қажетті түзетуді енгізуді ескере отырып, қолмен кезек-кезек орындалатын қозғалыстар; қол алақандарымен жасалатын айналмалы қозғалыстар; толық табанымен және аяқтың ұшымен отыру; оң (сол) қолмен гимнастикалық қабырғаның білте тақтайшасына (иық биіктігінде) сүйеніп, сол (оң) аяқты алға, жанына (бұра отырып), артқа бұғу; тура сол сияқты, бірақ сүйенбей; отырған қалыпта тік аяқтарын көтеру, оларды бұғу және жазу; серіппелі жүрелеп отыру; жүрелеп отыру қалпынан тізерлеп тұру қалпына ауысу; малдас құрып отыру, қолымен тіреліп және тіреусіз тұру; қолды әртүрлі қалыпта ұстап тұрып денені алға еңкейту; қолды еденге тигізгенге дейін денені алға қарай еңкейту; сырықтармен (арқандармен) жаттығуларды ұжыммен орындау – қолды көтеру, денені еңкейту, аяқты көтеру, отыру; 4-8 санақтық үйренген қозғалыстарды біріктіру; 4-8 санақтық жалаушалармен жасалатын үйренген қозғалыстарды қарапайым түрде біріктіру; таңертеңгі гимнастика кешені. Допты шеңберде оңға, солға лақтыру; бағандарда допты артқа оң, сол жақтан лақтыру; допты бастан асыра лақтыру; допты жүргенде алып жүру. Қосымша қозғалыстардан кейін допты бір қолмен лақтыру; допты бір қолмен жоғары ұру; допты қабырғаға ұрып, оны бір қолмен тосып алу; допты орнында жүргізу; допты бір-біріне 5-7 м қашықтықтан лақтыру және оны қосымша қозғалыстардан кейін (кеуде, тізе алдында және арқасының артында алақан соғу) тосып алу. Басына жүк қойып – қол саусақтарын өкшесіне тигізу; басына жүк қойып – гимнастикалық қабырғаның бірнеше білте



тақтайшасына өрмелеу, оңға және солға жылжу; басына жүк қойып гимнастикалық орындықта оңға және солға қарай жүру; басына жүк қойып бір аяқпен тұрып, екінші аяқты алға, жанына, артқа көтеру; қабырғада тұрып, онымен жанасудан ажырамай, бүгілген аяғын алға көтеру, оны екі қолымен кеудесіне тарту, орындықта отырған калыпта табан күмбезімен заттарды (кішкентай доптар, текшелер, булава, секіртпе және т.б.) ұстау. 30° бұрышпен орнатылған көлбеу гимнастикалық орындықпен аттас және әр аттас тәсілмен ылдиға өрмелеу; гимнастикалық қабырғамен жоғары және төмен аттас, әр аттас тәсілмен өрмелеу, бірақ аяқтарын білте тақтайшалардың әрқайсысына немесе бір-екеуінен аттап қою; 30° бұрышпен орнатылған көлбеу гимнастикалық орындықпен төртаяқтап өрмелеп, гимнастикалық қабырғаға өту; орындықтан орындыққа еркін тәсілмен өту (орындықтардың арасындағы қашықтық 20-40 см); түрлі кедергілерге (ат, кіші ат, бөрене) өрмелеу. Бір-бірінен шынтақ қашықтығын сақтап (қолын беліне қойып) қатарға сапқа тұру; бағдарлар бойынша шеңберден шаршыға қайта құрылып тұру; әртүрлі бағдарларға дейін жүру; нұсқаулық бойынша оңға, солға бұрылу; еденде сызылған бағдарлар бойынша жүру; белгі бойынша тоқтап және дұрыс дене сымбаты мен тыныс алуды тексере отырып, бастың, қолдың, дененің әртүрлі қозғалыстарын орындау; көзбен көру арқылы бақылаумен бағдарлар бойынша (тұрып және жатып) денені белгілі бір биіктікке дейін бұгу мен жазу және жаттығуларды көзін жұмып орындау; мұғалімнің түзетуімен экран аясында қолмен қозғалыстар орындау; алға жүру, бір аяғымен гимнастикалық орындықта, екіншісімен еденде жүреді; белгілі бір бағдарға дейін биіктікке секіру; белгіленген орынға тереңдікке секіру; көзін жұмып гимнастикалық орындықпен төртаяқтап өрмелеу; допты еденге соғу күшін ол берілген биіктікке: тізеге дейін, белге дейін, иыққа дейін ытқитындай мөлшерлеу;

3) ұлттық және зияткерлік ойындар: тоғыз құмалақ ойынының әр түрлі тәсілдері; асық ойынының әр түрлі тәсілдері; дойбы ойынының әр түрлі тәсілдері; шахмат ойынының әр түрлі тәсілдері;

4) қозғалмалы ойындар: қозғалмалы ойындар кезінде кеңістікті бағдарлау дағдыларын бекіту; қозғалмалы ойындар кезінде үйлестіру және тепе-теңдік дағдыларын бекіту; қозғалмалы ойындар кезінде кедергілерді жеңу дағдыларын бекіту ("Суреттер көрмесі", "Бағандағы доп жарысы", "Желаяқтар командасы", "Парашютшілер", "Құтқаратын қуаласпақ", "Аңшылар", "Допты қабырғаға соқ", "Қалаларды құлату", "Ергежейлер мен алыптар", "Аралар", "Арқан шеңбері", "Затты тап", "Қырықаяқ", "Іліп кетпе!", гимнастикалық таяқшамен эстафета);

5) жеңіл атлетика: санды биікке жоғары көтеріп жүру; ені 20 см "дәлізде" жүру, заттардан аттап жүру: (доптар, таяқтар, секіртпелер, текшелер) түзу сызықпен және шахмат тәртібімен, екі қатармен жүру, сонда заттардың оң жақ қатары оң аяқтың астына, ал сол жақ қатары - сол аяқтың астына кіретіндей болу керек, ені 20-30 см жолақтар арқылы, шеңбермен және аяқтың ұшымен жүру; баяу, орташа және жылдам

қарқынмен жүру; баяулап және үдеп жүру (санамақпен, қол шапалақтаумен, барабан, сылдырмақ соғуымен, гимнастикалық таяқты еденге соғумен, метроном соғысымен); берілген аралықты (қашықтықты) сақтай отырып жүру; шынтақта бүгілген қолдың жігерлі қимылымен жүру; бір орында және қозғалыста аяқты және қолды дұрыс қозғалтуды жеке-жеке үйрену; қозғалысты сол аяқтан бастауды игеру, бағанда бір-бірден жүру: "бір" санағында – аяқты еденге екпінмен түсіру, "екі-үш-төрт" - әдеттегі қадам; 100 м дейінгі қашықтықта жүгіру мен жүруді кезектестіру (30м - жүгіру және 20 м - жүру); 50 м дейін жарыса жүгіру; 1 мин дейін баяу қарқынмен жүгіру; орнында және алға қарай жылжып жүгіру; кең қадаммен жүгіру; кең қадаммен аяқтың ұшымен 40 м қашықтыққа жүгіру; "дәлізде" сызықтар арқылы жүгіру; доға тәрізді "дәлізбен" жүгіру; топпен қарама-қарсы жүгіріп өту; әр түрлі бастапқы қалыптардан жүгіру (тізеге тірелген қалыптан, отыру тірегінен, арқада жатқан, ішімен жатқан, жүгіру бағытына арқасымен отырған қалыптан). Бір, екі аяғымен орнында 180°, 270°, 360°-қа бұрылып секіру (кезекпен); айналып жатқан ұзын секіртпенің астымен екіден-үштен жүгіріп өту; айналып жатқан ұзын секіртпенің астына екіден-үштен жүгіріп кіру, оның астында секіру және жүгіріп шығу; қысқа секіртпемен артқа, жанына жылжып бір-екі аяқпен секіру; қысқа секіртпені артқа айналдырып секіру; 60 см дейінгі биіктіктен секіруді және екпінмен бір аяқпен биіктігі 40 см дейінгі кедергіге секіріп мінуді (итерілу орны кедергіден 30-50 см) кезектестіру; қашықтыққа орнынан ұзындыққа секіру; қашықтыққа екпінмен ұзындыққа секіру; "аяқты бүгу"тәсілімен екпінмен биіктікке секіру. Ұлдар үшін 6 м дейін және қыздар үшін 4 м дейін қашықтықтан 3 м биіктікте орналасқан қалқанға (1x1 м) шағын допты бастан асыра лақтыру; 10 м дейінгі қашықтықтан кіші допты көлденең нысанаға (нысананың ені 2 м дейін) лақтыру;

б) шаңғы дайындығы: оқушылардың сабақтағы жүріс-тұрыс ережелері, қолдағы шаңғымен қатарға сапқа тұру; қатардан бағанға ауысып қайта құрылып сапқа тұру; иықтағы шаңғымен жүру; шаңғы ұшымен айналып бір орында бұрылу; шағын еңістері мен өрлері бар шаңғы жолымен таяқтармен баспалы және сырғымалы қадаммен жүру; негізгі тіректе еңіспен түсу; "саты" жүрісімен көтерілу; шаңғымен баяу қарқынмен 400-500 метр жүру; шаңғымен 30-40 м жылдамдыққа жүру; дәл солай, бірақ кесіндінің ортасында кері айнала бұрылу; ойындар: "Жылдам шаңғышы", шаңғы таяқтарын апарып қою эстафетасы.

#### **4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі**

31. Бағдарламада оқыту мақсаттарын қолдану ыңғайлы болуы үшін кодтау енгізілген. Кодта бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар – бөлім мен бөлімшенің, төртінші сан – оқыту мақсатының реттік санын білдіреді. Мысалы, 1.2.1.4. кодында "1" - сынып, "2.1" - екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, "4" - оқыту мақсатының реттік саны.

## 32. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

### 1) "Теориялық мәліметтер" бөлімі:

#### 1-кесте

Бөлімше	Оқу мақсаттары				
	0 сынып	1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып
1.1 Бейімделген дене шынықтыру сабақтарындағы тәртіп ережелері және қауіпсіздік техникасы	0.1.1.1 бейімделген дене шынықтыру сабақтарында спорт залындағы тәртіп ережелерін және қауіпсіздік техникасын білу	1.1.1.1 бейімделген дене шынықтыру сабақтарында спорт залындағы қауіпсіздік техникасы бойынша мұғалімнің нұсқаулықтарын орындау	2.1.1.1 бейімделген дене шынықтыру сабақтарында спорт залындағы тәртіп ережелерін және қауіпсіздік техникасын сақтау	3.1.1.1 қозғалыс жылдамдығы мен үйлестірілуіне арналған жаттығуларды орындау кезіндегі тәртіп ережелерін және қауіпсіздік техникасын білу	4.1.1.1 қозғалыс жылдамдығы мен үйлестірілуіне арналған жаттығуларды орындау кезіндегі тәртіп ережелерін және қауіпсіздік техникасы туралы білімін қолдану
1.2 Жеке гигиена және күн тәртібі	0.1.2.1 жеке гигиена және күн тәртібі туралы білу	1.1.2.1 жеке гигиена және күн тәртібі туралы алған білімін қолдану	2.1.2.1 жеке гигиенаны және күн тәртібін сақтау	3.1.2.1 күн тәртібінің жеке жоспарын құру	4.1.2.1 өзін-өзі қадағалау және өзін-өзі бақылауды жүргізе алу
1.3 Паралимпиада ойындары	0.1.3.1 паралимпиада ойындарының даму тарихын білу	1.1.3.1 паралимпиада ойындарының түрлерін білу	2.1.3.1 паралимпиада спорт түрлерінің спортшыларын білу	3.1.3.1 паралимпиада ойындарының ережелерін білу	4.1.3.1 паралимпиада ойындарының әдістерін білу

### 2) "Гимнастика" бөлімі:

#### 2-кесте

Бөлімдер	Оқу мақсаттары				
	0 сынып	1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып
2.1 Сапқа тұру және сапқа құрылымын өзгертіп қайта тұру	0.2.1.1 бағанға және қатарға бір-бірден сапқа тұра алу; 0.2.1.2 бағанда желкеге теңелуді орындау; 0.2.1.3 қатарда сызық бойынша (аяқ ұшымен) сап түзей алу	1.2.1.1 бір-бірден тұрған қатармен жүре алу; 1.2.1.2 қолдарынан ұстап, қатардан шеңберге құрылымын өзгертіп тұра алу; 1.2.1.3 бір-бірден тұрған бағаннан ортасынан қолдарынан ұстасып екі-екіден	2.2.1.1 бір орындағы саптық пәрмендерді дұрыс орындау; 2.2.1.2 жұппен сапқа тұруды жылдам орындау; 2.2.1.3 бір-бірден тұрған бағаннан шеңберге ауысуды білу; 2.2.1.4 бағдарлар бойынша	3.2.1.1 бір-бірден тұрған бағаннан шеңберге ауысуды орындау; 3.2.1.2 оңға және солға секіріп бұрылуды білу; 3.2.1.3 алдынан орналастырылған бағыттауыштар бойынша бір-бірден тұрған бағаннан	4.2.1.1 қатарда үш, төртке саналуды білу; 4.2.1.2 бөліну бойынша оңға және солға бұрылу; 4.2.1.3 оң және сол жағындағы көршісімен саптағы орнын ауыстырып қайта тұру; 4.2.1.3 бір қатардан екіге

		бағанға құрылымын өзгертіп қайта тұруды орындай алу	бағытты өзгертіп бағанмен жүруді білу	үштен (төрттен) тұрған бағанға қайта құрылып сапқа тұра алу	қайта құрылып сапқа тұру
2.2 Жалпы дамыту жаттығулары	0.2.2.1 дене бөліктерін (оң, сол қол және аяқ , алақан, бел, өкше, мұрын) бағдарлау; 0.2.2.2 аяқтарының енімен тұрысын орындау: қолдың қалпы – төмен, алға, екі жаққа, жоғары, арқадан асыра; 0.2.2.3 тік қолдарын алға, артқа, жанына, жоғары қозғалта алу; иықтарын көтеру және түсіруді орындау	1.2.2.1 тік аяқты алға, артқа, жанына көтеруді орындау; 1.2.2.2 денені оңға, солға еңкейтуді орындау; 1.2.2.3 денені оңға, солға бұруды орындау	2.2.2.1 қолды желкеге, басына қою қимылдарын орындау; 2.2.2.2 қолды белге қою қимылын орындау; 2.2.2.3 бүгілген оң (сол) аяқты алға қозғалтуды орындай алу; 2.2.2.4 аяқтың ұшына көтеріліп , өкшеге ауысуды орындау; 2.2.2.5 денені алға еңкейтуді орындау	3.2.2.1 қолдарын жанына, алға, жоғары созып қалпынан бұғу және жазуды орындау; 3.2.2.2 қолдарын алға, артқа, жанына сермеуді орындау; 3.2.2.3 аяқтарын әртүрлі бағытта сермеуді орындау; 3.2.2.4 денені оңға және солға еңкейту, қолды дене бойымен сырғытуды орындау	4.2.2.1 бір қолдың бүйір және бет жазықтықтарын дағы айналмалы қозғалыстарын орындау; 4.2.2.2 екі қолдың бүйір және бет жазықтықтарын дағы айналмалы қозғалыстарын орындау; 4.2.2.3 оң (сол) қолмен гимнастикалық қабырғаның білте тақтайшасына ( иық биіктігінде) сүйеніп, сол (оң) аяқты алға, жанына (бұра отырып), артқа бұғуді орындау; 4.2.2.4 отырған қалыпта тік аяқтарын көтеру , оларды бұғу және жазу
	0.2.3.1 арқасымен қабырғаға сүйеніп тұрып, оған шүйдесін, арқасын, бөксесін және өкшесін тигізген қалпынан алшақтап кету және дененің бастапқы	1.2.3.1 қабырғаға шүйдесін және арқасын тигізіп отыру; арқасымен қабырғаға сүйеніп тұрып, оған шүйдесін, арқасын, бөксесін және өкшесін тигізген қалпынан алшақтап кету және дененің бастапқы	2.2.3.1 басына жүк қойып (150-200 г) аяқтың ұшына көтерілу және жүрелеп отыруды орындау;	3.2.3.1 қабырғаға тұрып , бүгілген аяғын алға көтеру және оны алға, жанына созу; 3.2.3.2 гимнастикалық қабырғада тұрып (жауырын	4.2.3.1 басына жүк қойып жүрелеп отырып қол саусақтарын өкшесіне тигізуді орындау ; 4.2.3.2 басына жүк қойып гимнастикалық қабырғаның

<p>2.3 Дене сымбатын қалыптастыру және жалпақтабанның алдын алу жаттығулары</p>	<p>қолдарын жанына, жоғары көтеруді орындау; 0.2.3.2 қабырғаға шүйдесін және арқасын тигізіп отыру; 0.2.3.3 аяқтарын түзу ұста, аяқтың ұшымен жүруді орындау; 0.2.3.4 табандарын қосып, аяқ ұшымен, өкшесімен тұру, бір табанын екіншісінің алдына қойып тұруды орындау</p>	<p>қалпын сақтай отырып қайтадан оралуды орындау; 1.2.3.2 оң (сол) қолымен гимнастикалық қабырға білте тақтайшаларына (иық биіктігінде) сүйену, екінші қолын беліне қою, сол (оң) аяқты алға, жанына, артқа көтеруді орындау; 1.2.3.3 табанның сыртқы және ішкі қырымен жүруді орындау; 1.2.3.4 бір сызық бойымен немесе бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан екі параллель сызықтың арасымен жүруді орындау</p>	<p>2.2.3.2 басындағы жүкпен адымдап жүруді орындау; 2.2.3.3 басындағы жүкпен гимнастикалық орындыққа тұру, гимнастикалық орындықпен жүруді орындау; 2.2.3.4 табанның ортасымен гимнастикалық таяқшада, арқанда, шеңберде тұрып өкшеден аяқ ұшына және кері қарай ауысуды орындау</p>	<p>, желке, бөксе қабырғаға тиіп тұр), дененің қалпын өзгертпей, қолды алға, жанына, жоғары және төмен қозғалтуды орындау; 3.2.3.3 қабырғаға жанасудан ажырамай, оңға, солға еңкеюді орындау; 3.2.3.4 еденде жатқан арқанның үстімен оны табан күмбезімен қапсыра жүруді орындау</p>	<p>бірнеше білте тақтайшасына өрмелеу, оңға және солға жылжуды орындау; 4.2.3.3 басына жүк қойып гимнастикалық орындықта оңға және солға қарай жүруді орындау; 4.2.3.4 қабырғада тұрып, онымен жанасудан ажырамай, бүгілген аяғын алға көтеру, оны екі қолымен кеудесіне тартуды орындау</p>
<p>2.4 Заттармен жасалатын жаттығулар</p>	<p>0.2.4.1 допты (үлкен, кіші) лақтыра алу және тосып алу; 0.2.4.2 допты себетке лақтыруды орындай алу</p>	<p>1.2.4.1 допты қатарда оңға, солға беруді орындау; 1.2.4.2 допты шеңберде оңға, солға домалата алу; 1.2.4.3 допты бір-бірден тұрған бағанда оңға, солға беруді орындау</p>	<p>2.2.4.1 допты шеңберде оңға, солға беруді орындау; 2.2.4.2 допты бағанда бір-бірден бастың үстінен және "еңкейген" қалыпта аяқтың ортасынан беруді орындау; 2.2.4.3 допты жоғары лақтыру және қосымша қозғалыстардан кейін оны екі қолмен тосып алуды орындау; 2.2.4.4 допты</p>	<p>3.2.4.1 допты жоғары лақтыру және оны жерге тиіп серпілген кезінде тосып алуды орындау; 3.2.4.2 қатарда тұрып допты бір-біріне 2-4 м дейінгі қашықтықтан оңға, солға лақтыруды орындау; 3.2.4.3 допты төменнен лақтыру; допты орнында жүргізуді орындау; 3.2.4.4 допты лақтыру және</p>	<p>4.2.4.1 қосымша қозғалыстардан кейін допты бір қолмен лақтыруды орындау; 4.2.4.2 допты бір қолмен жоғары ұруды орындау; 4.2.4.3 допты қабырғаға ұрып, оны бір қолмен тосып алуды орындау; 4.2.4.4 допты бір-біріне 5-7 м қашықтықтан лақтыру және оны қосымша қозғалыстардан кейін (кеуде,</p>

			еденге соғу және қосымша қозғалыстардан кейін оны тосып алуды орындау	оны бір қолмен тосып алуды орындау; 3.2.4.5 допты екі қолмен жоғары қарай ұруды орындау	тізе алдында және арқасының артында алақан соғу) тосып алуды орындау
2.5 Тыныс жаттығулары	0.2.5.1 бейнелі түрдегі жаттығуларды орындау ("х-х-хо – "қолды жылыту" – дем шығару; "гүлді иіскеу" – дем алу. 0.2.5.2 фу-фу – "суды суыту" – дем шығаруды орындай алу; 0.2.5.3 жүру кезінде еліктеп дұрыс тыныс алуды орындай алу (чу-ух-чу-ух-чу – паровоз – дем шығару; -у-у-у – ұшақ – дем шығару)	1.2.5.1 кеуделік және құрсақтық тыныс түрлерін орындау (тұрған, қолын бүйіріне қойған қалыпта); 1.2.5.2 тұрған және жатқан қалпындағы аралас тыныс алу түрін орындау (кеуде-құрсақ немесе толық); 1.2.5.3 қолдың әртүрлі қимылдары кезіндегі тыныс алуды орындау: жанына, жоғары	2.2.5.1 жүрелеп отыру және жартылай жүрелеп отыру кезінде тыныс алуды орындау; 2.2.5.2 денені алға еңкейту кезінде тыныс алуды орындау; 2.2.5.3 жүру кезінде тыныс алуды орындау, қолдарын белге қойып, әр түрлі нұсқаларда: 3 қадамда – тыныс алу және 3 қадамда – дем шығару, 4 қадамда – тыныс алу және 4 қадамда – дем шығару, 2 қадамда – тыныс алу және 2 қадамда – дем шығару	3.2.5.1 жылдам жүру кезіндегі тыныс алу жаттығуларын орындау; 3.2.5.2 жүгіру кезіндегі тыныс алуды орындау; 3.2.5.3 қозғалыс сипатына сәйкес тыныс алу тереңдігі мен қарқынын ерікті түрде өзгертуді орындау	4.2.5.1 тыныс алу мен дем шығару ұзақтығын өзгертуді орындау: дем алу дем шығарудан қысқа: 1-2-3 - тыныс алу, 1-2-3 -4 - дем шығару; 4.2.5.2 дем алу дем шығарудан ұзағырақ болуын орындау : 1-2-3-4 - тыныс алу, 1-2-3 - дем шығару; 4.2.5.3 ырғақты тыныс алуды орындау
	0.2.6.1 гимнастикалық қабырғаға еркін өрмелеуді (5-6 білге тақтайшасына) орындау; 0.2.6.2 еденде және	1.2.6.1 көлбеу жазықтықпен еңбектеп жүруді орындау; 1.2.6.2 гимнастикалық қабырғамен әртүрлі	2.2.6.1 20°-қа дейінгі бұрышқа көлбеу қойылған гимнастикалық орындықпен бір аттас және әр аттас төртаяқтап жоғары өрмелеуді орындау; 2.2.6.2 гимнастикалық	3.2.6.1 30° бұрышпен еңкіш орнатылған гимнастикалық орындықпен аттас және әр аттас тәсілмен төртаяқтап өрмелеуді орындау; 3.2.6.2 гимнастикалық қабырғамен оңға және солға қарай аяқ-қолымен тіркес адым	4.2.6.1 30° бұрышпен еңкіш орнатылған гимнастикалық орындықпен аттас және әр аттас тәсілмен төртаяқтап ылдиға өрмелеуді орындау; 4.2.6.2 гимнастикалық қабырғамен жоғары және төмен аттас, әр аттас тәсілмен өрмелеуді

<p>2.6 Өрмелеу және асып өту</p>	<p>гимнастикалық орындықта еңбектеп өрмелеп жүруді орындау; 0.2.6.3 биіктігі 25-30 см кедергілерден өтуді орындау; 0.2.6.4 биіктігі 40 см-ден төмен е м е с кедергілердің астынан еркін тәсілмен еңбектеп шығуды орындау</p>	<p>тәсілдермен жоғары және төмен өрмелеуді орындау; 1.2.6.3 гимнастикалық қабырғамен жанына өрмелеуді орындау; 1.2.6.4 биіктігі 50-60 см артық е м е с кедергілерден еркін тәсілмен асып өтуді орындау</p>	<p>қабырғаға аттас жоғары және төмен өрмелеуді орындау; 2.2.6.3 гимнастикалық қабырғамен жанымен оңға және солға (тіркес адыммен) өрмелеуді орындау; 2.2.6.4 20°-қа дейінгі бұрышқа көлбеу қойылған гимнастикалық орындықпен төмен қарай өрмелеуді орындау</p>	<p>жасай отырып өрмелеуді орындау; 3.2.6.3 гимнастикалық қабырғаға әр аттас тәсілмен жоғары және төмен өрмелеуді орындау; 3.2.6.4 биіктігі 40-60 см кедергілерден аттап өту тәсілімен кедергілерді еңсере алу: снарядқа оң (сол) бүйірімен тұрып, оған сүйеніп арғы жағына алдымен оң аяғын, содан кейін сол аяғын аудару</p>	<p>орындау, бірақ аяқтарын білте тактайшалардың әрқайсысына немесе бір-екеуінен аттап қою; 4.2.6.3 30° бұрышпен орнатылған көлбеу гимнастикалық орындықпен төртаяқтап өрмелеп, гимнастикалық қабырғаға өтуді орындау; 4.2.6.4 орындықтан еркін тәсілмен өтуді орындау (орындықтардың арасындағы қашықтық 20-40 см);</p>
<p>2.7 Кеңістікте бағдарлауды және қозғалыс дәлдігін дамытатын жаттығулар</p>	<p>0.2.7.1 қатарға сызық бойымен белгіленген орынға сапқа тұруды орындау (шеңберде, квадратта); 0.2.7.2 алға, артқа, жанына кадам жасау және оны көзін жұмып қайталауды орындау</p>	<p>1.2.7.1 еденде сызылған бағдарлар бойынша жүруді орындау; 1.2.7.2 сызылған бағдарға екі аяғымен итеріліп орнынан ұзындыққа секіруді орындау; 1.2.7.3 орнынан ұзындыққа секіруді орындау (әр түрлі кесінділер)</p>	<p>2.2.7.1 берілген бағытпен көзін жұмып жүруді орындау; 2.2.7.2 орнында жоғары секіріп, ілініп тұрған заттарды қолымен ұстау, соғу немесе тигізуді орындау; 2.2.7.3 40 см қашықтықта салынған диаметрі 30-40 см шеңберге 40 см-ге дейінгі биіктіктен секіруді орындау; 2.2.7.4 гимнастикалық қабырғаға жоғары қарай өрмелеу, бір білте</p>	<p>3.2.7.1 берілген бағдар бойынша сапқа тұру орнын (сызық, шаршы) өзгерте отырып, қатарға сапқа тұруды орындау; 3.2.7.2 бағдар бойынша бағытын өзгерте отырып, бағанмен жылжуды орындау; 3.2.7.3 гимнастикалық орындықта сызылған бағдарлар бойынша жүруді орындау; 3.2.7.4 қолдарын тік ұстап алға, жанына белгілі бір биіктікке</p>	<p>4.2.7.1 бағдарлар бойынша шеңберден шаршыға қайта құрылып тұруды орындау; 4.2.7.2 әртүрлі бағдарларға дейін жүру; нұсқаулық бойынша оңға, солға бұрылуды орындау; 4.2.7.3 көзбен көру арқылы бақылаумен бағдарлар бойынша (тұрып және жатып) денені белгілі бір биіктікке дейін бұғу мен жазу және жаттығуларды көзін жұмып орындау;</p>

		тақтайшасын бір аяғымен басу, ал екіншісіне – басқа аяғымен басу, төмен қарамауды орындау	дейін көтеру ж ә н е жаттығуларды көзбен қарау арқылы бақыламастан орындау	4.2.7.4 алға жүруді орындау, бір аяғымен гимнастикалық орындықта, екіншісімен еденде жүреді
--	--	---	--	---

### 3) "Ұлттық және зияткерлік ойындар" бөлімі:

#### 3-кесте

Бөлімдер	Оқу мақсаттары				
	0 сынып	1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып
3.1 Тоғыз құмалақ	0.3.1.1 тоғыз құмалақ ойынының пайда болу тарихын білу	1.3.1.1 ұяшықтарға 9 құмалақтан орналастыру	2.3.1.1 құмалақтарды бір ұяшықтан екінші ұяшыққа сала алу	3.3.1.1 тоғыз құмалақ ойынының ережесін білу және мұғалімнің көмегімен қолдану	4.3.1.1 тоғыз құмалақ ойынының әр түрлі тәсілдерін білу және өздігінен қолдану
3.2 Асық	0.3.2.1 асық ойынының пайда болу тарихын білу	1.3.2.1 асықтарды лақтыра алу	2.3.2.1 қатарлап қойылған асықтарға тигізе алуы	3.3.2.1 асық ойынының ережелерін білуі және қолдана алуы	4.3.2.1 асық ойынының әр түрлі әдістерін өздігінен қолдану
3.3 Дойбы	0.3.3.1 дойбы ойынының пайда болу тарихын білу	1.3.3.1 дойбыларды түстері бойынша ажырата алу	2.3.3.1 көру-сипап сезу тәсілімен дойбыларды тақтаға реттеп қоя алу	3.3.3.1 дойбы ойынының ережелері мен тәсілдерін білу және қолдана алу	4.3.3.1 дойбы ойынының жарыстарына қатысу
3.4 Шахмат	0.3.4.1 шахмат ойынының пайда болу тарихын білу	1.3.4.1 шахмат ойынының барлық фигураларының атауларын білу	2.3.4.1 фигураларды тақтаға дұрыс реттеп қоя алу	3.3.4.1 шахмат ойынының ережелерін білуі және мұғалімнің көмегімен қолдана алуы	4.3.4.1 шахмат ойынының жарыстарына қатысу

### 4) "Қозғалмалы ойындар" бөлімі:

#### 4-кесте

Бөлімдер	Оқу мақсаттары				
	0 сынып	1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып
4.1 Кеңістікті бағдарлауды дамыту ойындары	0.4.1.1 қозғалмалы ойындар кезінде кеңістікті бағдарлау ережелерін білу	1.4.1.1 қозғалмалы ойындар кезінде мұғалімнің көмегімен кеңістікті бағдарлау	2.4.1.1 қозғалмалы ойында бағдарлау дағдыларын қолдану	3.4.1.1 қозғалмалы ойындар кезінде өздігінен кеңістікті бағдарлау	4.4.1.1 сабақтағы спорттық ойындар кезінде е р к і н бағдарлану
			2.4.2.1 спорт залындағы және	3.4.2.1 қозғалмалы ойындар кезінде	4.4.2.1 қозғалмалы ойындар кезінде



4.2 Тепе-теңдікті және кимылдардың үйлесімділігін дамытуға арналған ойындар	0.4.2.1 қозғалмалы ойындар кезінде тепе-теңдікті үйлестіре алу	1.4.2.1 қозғалмалы ойындар кезінде тепе-теңдікті және үйлестіруді ұстап тұра алу	стадиондағы қозғалмалы ойындар кезінде тепе-теңдікті және үйлестіруді ұстап тұра алу	кеңістікті бағдарлауды дамытуға арналған жаттығуларды мұғалімнің көмегімен орындау	кеңістікті бағдарлауды дамытуға арналған жаттығуларды өздігінен орындау
4.3 Кедергілерді жеңуге арналған ойындар	0.4.3.1 кедергінің не екенін білу	1.4.3.1 мұғалімнің көмегімен кедергілерді жеңе алу	2.4.3.1 ойын кезінде кедергілерді жеңу дағдыларын пайдалану	3.4.3.1 қозғалмалы ойын кезінде кедергілерді жеңу дағдыларын пайдалану	4.4.3.1 спорттық эстафеталарда кедергілерді өздігінен жеңу

### 5) "Жеңіл атлетика" бөлімі:

#### 5-кесте

Бөлімдер	Оқу мақсаттары				
	0 сынып	1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып
5.1 Жүру	0.5.1.1 қолдарымен ұстасып жүруді орындау (түзу сызық бойымен қозғалыс жағына қарай жартылай бұрылып жүру); 0.5.1.2 дұрыс дене қалпын, тыныс алуды сақтай отырып, әдеттегі және кең адыммен жүруді орындау	1.5.1.1 әдеттегідей жүру, аяқтың ұшымен жүру, табанның сыртқы және ішкі қырымен жүру, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүруді орындау; 1.5.1.2 сигнал бойынша тоқтап жүру, мұғалімнің санауымен ырғақты жүруді орындау	2.5.1.1 әдеттегі және кең адыммен, аяқтың ұшымен қолдың әртүрлі бір қалыпты еркін қозғалысымен жүруді орындау; 2.5.1.2 бағытты мұғалімнің бағдары мен пәрмендері бойынша өзгерте отырып жүруді орындау; 2.5.1.3 аяқтарын топылдатып ырғақпен жүруді орындау	3.5.1.1 тіркес адыммен және ауыспалы адыммен жүру, алға және бүйірге айқасқан қадаммен, кібіртіктей жүруді орындау; 3.5.1.2 өкшеден аяқ ұшына қарай ауысып жүру, табандарын бір-біріне параллель қойып жүруді орындау; 3.5.1.3 орнында және алға жылжи отырып жүруді орындау; 3.5.1.4 алақанын соғып ырғақты жүру	4.5.1.1 санды биікке жоғары көтеріп жүруді орындау; 4.5.1.2 баяу, орташа және жылдам қарқынмен жүруді орындау; 4.5.1.3 баяулап және үдеп жүруді орындау (санамақпен, қол шапалақтаумен, гимнастикалық таяқты еденге соғумен); 4.5.1.4 шынтақта бүгілген қолдың жігерлі кимылымен жүруді орындау
		1.5.2.1 40 м дейінгі қашықтықта жүгіру мен жүруді алмастыруды орындау;	2.5.2.1 50 м дейін жүру мен жүгіруді кезекпен алмастыруды орындау (15 м – жүру, 20 м –	3.5.2.1 45 сек дейін тыныс алу жаттығуларымен баяу қарқынмен жүгіруді орындау; 3.5.2.2 кең адыммен	4.5.2.1 50 м дейін жарыса жүгіруді орындау; 4.5.2.2 орнында және алға қарай

5.2 Жүгіру	0.5.2.1 еркін жүгіруді орындау; 0.5.2.2 дұрыс дене қалпын, тыныс алуды сақтай отырып жүгіру, сигнал бойынша тоқтап жүгіруді орындау	1.5.2.2 жұппен, топпен 15 м дейінгі қашықтыққа жүгіруді орындау; 1.5.2.3 баяу қарқынмен 20 сек дейін жүгіруді орындау; 1.5.2.4 әртүрлі бастапқы қалыптардан жүгіруді орындау (тұрған, отырған, жатқан)	жүгіру, 15 м – жүру); 2.5.2.2 әр түрлі бастапқы қалыптан жүгіруді орындау (артымен, бүйірімен – тіркес адыммен); 2.5.2.3 30 м дейін жарысып жүгіруді орындау	жүгіруді орындау; 3.5.2.3 сызықтармен белгіленген аумақпен жүгіруді орындау, сызықтар арасындағы қашықтық 70-100 см; 3.5.2.4 қолдың әртүрлі қалпында жүгіруді орындау	жылжып жүгіруді орындау; 4.5.2.3 кең кадаммен аяқтың ұшымен 4 0 м қашықтыққа жүгіре алу; 4.5.2.4 әр түрлі бастапқы қалыптардан жүгіруді орындау
5.3 Лактыру	0.5.3.1 алдындағы нысанаға 3-4-5 м қашықтыққа еденге, шұңқырға, себетке шағын допты (сигнал бойынша) лақтыруды орындау	1.5.3.1 бастан асыра екі қолмен қашықтыққа резеңке доптарды лақтыруды орындау; 1.5.3.2 бетін лақтыру бағытына қаратып тұрып, кіші допты оң (сол) қолмен бастан асыра орнынан лақтыруды орындау	2.5.3.1 кіші допты бастан асыра қалқанға лақтыруды орындау; 2.5.3.2 шағын допты нысанаға лақтыруды орындау	3.5.3.1 кіші допты ені 10 м дәлізбен бастан асыра қашықтыққа лақтыруды орындау; 3.5.3.2 кіші допты, әртүрлі майда заттарды алдын-ала белгіленген қашықтыққа лақтыруды орындау; 3.5.3.3 салмағы 1 кг дейінгі нығыздалған допты, волейбол, резеңке доптарды екі қолмен бастан асыра қашықтыққа лақтыруды орындау	4.5.3.1 кіші допты бастан асыра қалқанға лақтыруды орындау; 4.5.3.2 10 м дейінгі қашықтықтан кіші допты көлденең нысанаға лақтыруды орындау; 4.5.3.3 допты нысанаға бастан асыра лақтыра алу
	0.5.4.1 орнында екі аяқпен секіріп бөренеден немесе гимнастикалық	1.5.4.1 қолдың әртүрлі қалпында қозғалмай (тұрған ұзын секіртпеден секіруді орындау (	2.5.4.1 екі аяғымен сәл алға, артқа, оңға, солға және бір аяқпен секіруді орындау; 2.5.4.2 айналып жатқан секіртпенің	3.5.4.1 оңға және солға бұрыла отырып, екі	4.5.4.1 бір, екі аяғымен орнында 180°, 270°, 360°-қа бұрылып

5.4 Секіру	қабырғаның білге тақтайшасынан ұстап тұрып) жартылай бүгілген аяқтарына қону, бір аяқпен, сосын екіншісімен секіруді орындау; 0.5.4.2 аласа, биік секіре алу; 0.5.4.3 аласа және биік секіруді кезектестіріп орындау; 0.5.4.4 орнында жүрелеп, жартылай жүрелеп секіру жұптасып (кезекпен), бір-біріне қарап, қолдарымен ұстап отырып орындау	биіктігі – 10-20 см); 1.5.4.2 бір, екі аяқпен, бір аяқтан екіншісіне ауысып тербеліп және айналып жатқан секіртпеден бүйірімен тұрып орнында секіруді орындау; 1.5.4.3 қолды алдын ала артқа қозғалта отырып, алдығы жылжумен оңға, солға секіріп, жерге жұмсақ қонуды орындау; 1.5.4.4 орнынан биіктігі 30 см-ге дейінгі жұмсақ кедергіге секіруді орындау	астына жүгіріп кіріп, жүгіріп шығып секіре алу; 2.5.4.3 бір аяқтан екінші аяққа ауысып қысқа секіртпемен секіруді орындау; 2.5.4.4 40 см дейінгі биіктіктен секіру мен 2-8 қадамнан 30 см дейінгі кедергілерге екпінмен "итерілу аймағында" бір аяғымен итеріліп секіруді алмастыруды орындау; 2.5.4.5 екпінмен тік жүгіріп, бір аяғымен итеріліп, биіктікке секіріп, екі аяққа жұмсақ қонуды орындау	аяқпен және бір аяқпен секіруді орындау; 3.5.4.2 айналып жатқан ұзын секіртпеге жүгіріп кіріп және жүгіріп шығып 90° бұрылыспен секіруді орындау; 3.5.4.3 айналып жатқан ұзын секіртпеден оңға және солға бұрылып бір аяғымен секіруді орындау; 3.5.4.4 ені 80-100 см жолақтан секіріп, екі аяққа қонуды орындай алу (итерілу аймағының ені 60 см)	секіруді орындау (кезекпен); 4.5.4.2 қысқа секіртпемен артқа, жанына жылжып бір-екі аяқпен секіруді орындау; 4.5.4.3 қысқа секіртпені артқа айналдырып секіруді орындау; 4.5.4.4 60 см дейінгі биіктіктен секіруді және екпінмен бір аяқпен биіктігі 40 см дейінгі кедергіге секіріп мінуді (итерілу орны кедергіден 30-50 см) кезектестіре алу; 4.5.4.5 қашықтыққа орнынан ұзындыққа секіруді орындай алу
------------	--	--	--	---	--

б) "Шаңғы дайындығы" бөлімі:  
6-кесте

Бөлімдер	Оқу мақсаттары				
	0 сынып	1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып
6.1 Шаңғы жүрістерін бекітуге арналған жаттығулар	0.6.1.1 өздігінен шаңғыны киіп және шеше алу, шаңғы таяқтарын ұстай алу	1.6.1.1 таяқсыз шаңғымен адымдап және сырғымалы қадаммен жүре алу	2.6.1.1 таяқпен шаңғымен адымдап және сырғымалы қадаммен жүре алу	3.6.1.1 шаңғымен саптық элементтерді орындай алу	4.6.1.1 шаңғымен саптық элементтерді орындау
6.2 Жылдамдықпен төзімділікті дамытатын жаттығулар	0.6.2.1 жаттығатын шаңғы жолымен таяқсыз шаңғымен адымдап жүруді білу және орындай алу	1.6.2.1 100-200 м баяу қарқынмен таяқпен шаңғымен жүре алу	2.6.2.1 аздап еніс жерлерге шығып, түсуді орындау	3.6.2.1 еңістері мен өрлері бар шаңғы жолымен таяқтардың көмегінсіз шаңғымен жүре алу	4.6.2.1 еңістері мен өрлері бар шаңғы жолымен таяқтармен шаңғымен жүруді орындау

33. Осы Бағдарлама есту қабілеті зақымдалған (нашар еститін, кейін естімей қалған) білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4-сыныптары үшін "Бейімделген дене шынықтыру" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының Ұзақ мерзімді жоспарының негізінде осы Бағдарламадағы қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда әр бөлімде жүзеге асырылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

34. Бөлім мен тақырыптарды оқуға бөлінетін сағат санын мұғалімнің өзі үлестіреді.

Есту қабілеті зақымдалған (нашар еститін, кейін естімей қалған) білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымша

**Есту қабілеті зақымдалған (нашар еститін, кейін естімей қалған) білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптарына арналған "Бейімделген дене шынықтыру" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

1) 0 сынып:

1-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
1 тоқсан		
1. Теориялық мәліметтер	1.1 Бейімделген дене шынықтыру сабақтарындағы тәртіп ережелері және қауіпсіздік техникасы	0.1.1.1 бейімделген дене шынықтыру сабақтарында спорт залындағы тәртіп ережелерін және қауіпсіздік техникасын білу
	1.2 Жеке гигиена және күн тәртібі	0.1.2.1 жеке гигиена және күн тәртібі туралы білу
	1.3 Паралимпиада ойындары	0.1.3.1 паралимпиада ойындарының даму тарихын білу
	5.1 Жүру	0.5.1.1 қолдарымен ұстасып жүруді орындау (түзу сызық бойымен қозғалыс жағына қарай жартылай бұрылып жүру); 0.5.1.2 дұрыс дене қалпын, тыныс алуды сақтай отырып, әдеттегі және кең адыммен жүруді орындау
	5.2 Жүгіру	0.5.2.1 еркін жүгіруді орындау; 0.5.2.2 дұрыс дене қалпын, тыныс алуды сақтай отырып жүгіру,

5. Жеңіл атлетика		сигнал бойынша тоқтап жүгіруді орындау
	5.3 Лақтыру	0.5.3.1 алдындағы нысанаға 3-4-5 м қашықтыққа еденге, шұңқырға, себетке шағын допты (сигнал бойынша) лақтыруды орындау
	5.4 Секіру	0.5.4.1 орнында екі аяқпен секіріп (бөренеден немесе гимнастикалық қабырғаның білте тақтайшасынан ұстап тұрып) жартылай бүгілген аяқтарына қону, бір аяқпен, сосын екіншісімен секіруді орындау; 0.5.4.2 аласа, биік секіре алу; 0.5.4.3 аласа және биік секіруді кезектестіріп орындау; 0.5.4.4 орнында жүрелеп, жартылай жүрелеп секіру жұптасып (кезекпен), бір-біріне қарап, қолдарымен ұстап отырып орындау
4. Қозғалмалы ойындар	4.1 Кеңістікті бағдарлауды дамыту ойындары	0.4.1.1 қозғалмалы ойындар кезінде кеңістікті бағдарлау ережелерін білу
	4.2 Тепе-теңдікті және қимылдардың үйлесімділігін дамытуға арналған ойындар	0.4.2.1 қозғалмалы ойындар кезінде тепе-теңдікті үйлестіре алу
	4.3 Кедергілерді жеңуге арналған ойындар	0.4.3.1 кедергінің не екенін білу
2 тоқсан		
	2.1 Сапқа тұру және сапқа құрылымын өзгертіп қайта тұру	0.2.1.1 бағанға және қатарға бір-бірден сапқа тұра алу; 0.2.1.2 бағанда желкеге теңелуді орындау ; 0.2.1.3 қатарда сызық бойынша ( аяқ ұшымен) сап түзей алу
	2.2 Жалпы дамыту жаттығулары	0.2.2.1 дене бөліктерін (оң, сол қол және аяқ, алақан, бел, өкше, мұрын) бағдарлау; 0.2.2.2 аяқтар иық енімен тұрысын орындау: қолдың қалпы – төмен, алға, екі жаққа, жоғары, арқадан асыра; 0.2.2.3 тік қолдарын алға, артқа, жанына, жоғары қозғалта алу; иықтарын көтеру және түсіруді орындау
		0.2.3.1 арқасымен қабырғаға сүйеніп тұрып, оған шүйдесін, арқасын, бөксесін және өкшесін тигізу, қолдарын жанына, жоғары көтеруді орындау;

2. Гимнастика	2.3 Дене сымбатын қалыптастыру және жалпақтабанның алдын алу жаттығулары	0.2.3.2 қабырғаға шүйдесін және арқасын тигізіп отыру; 0.2.3.3 аяқтарын түзу ұста, аяқтың ұшымен жүруді орындау; 0.2.3.4 табандарын қосып, аяқ ұшымен, өкшесімен тұру, бір табанын екіншісінің алдына қойып тұруды орындау
	2.4 Заттармен жасалатын жаттығулар	0.2.4.1 допты (үлкен, кіші) лақтыра алу және тосып алу; 0.2.4.2 допты себетке лақтыруды орындай алу
	2.5 Тыныс жаттығулары	0.2.5.1 бейнелі түрдегі жаттығуларды орындау ("х-х-хо – "қолды жылыту" – дем шығару; " гүлді иіскеу" – дем алу. 0.2.5.2 фу-фу – "суды суыту" – дем шығаруды орындай алу; 0.2.5.3 жүру кезінде еліктеп дұрыс тыныс алуды орындай алу ( чу-ух-чу-ух-чу – паровоз – дем шығару; -у-у-у – ұшақ – дем шығару)
	2.6 Өрмелеу және асып өту	0.2.6.1 гимнастикалық қабырғаға еркін өрмелеуді (5-6 білте тақтайшасына) орындау; 0.2.6.2 еденде және гимнастикалық орындықта еңбектеп өрмелеп жүруді орындау ; 0.2.6.3 биіктігі 25-30 см кедергілерден өтуді орындау; 0.2.6.4 биіктігі 40 см-ден төмен емес кедергілердің астынан еркін тәсілмен еңбектеп шығуды орындау
	2.7 Кеңістікте бағдарлауды және қозғалыс дәлдігін дамытатын жаттығулар	0.2.7.1 қатарға сызық бойымен белгіленген орынға сапқа тұруды орындау (шеңберде, квадратта); 0.2.7.2 алға, артқа, жанына қадам жасау және оны көзін жұмып қайталауды орындау
3. Ұлттық және зияткерлік ойындар	3.1 Тоғыз құмалақ	0.3.1.1 тоғыз құмалақ ойынының пайда болу тарихын білу
	3.2 Асық	0.3.2.1 асық ойынының пайда болу тарихын білу
	3.3 Дойбы	0.3.3.1 дойбы ойынының пайда болу тарихын білу
	3.4 Шахмат	0.3.4.1 шахмат ойынының пайда болу тарихын білу
3 тоқсан		

6. Шаңғы дайындығы	6.1 Шаңғы жүрістерін бекітуге арналған жаттығулар	0.6.1.1 өздігінен шаңғыны киіп және шеше алу, шаңғы таяқтарын ұстай алу
	6.2 Жылдамдық пен төзімділікті дамытатын жаттығулар	0.6.2.1 жаттығатын шаңғы жолымен таяқсыз шаңғымен адымдап жүруді білу және орындай алу
3. Ұлттық және зияткерлік ойындар	3.1 Тоғыз құмалақ	0.3.1.1 тоғыз құмалақ ойынының пайда болу тарихын білу
	3.2 Асық	0.3.2.1 асық ойынының пайда болу тарихын білу
	3.3 Дойбы	0.3.3.1 дойбы ойынының пайда болу тарихын білу
	3.4 Шахмат	0.3.4.1 шахмат ойынының пайда болу тарихын білу
4. Қозғалмалы ойындар	4.1 Кеңістікті бағдарлауды дамыту ойындары	0.4.1.1 қозғалмалы ойындар кезінде кеңістікті бағдарлау ережелерін білу
	4.2 Тепе-теңдікті және қимылдардың үйлесімділігін дамытуға арналған ойындар	0.4.2.1 қозғалмалы ойындар кезінде тепе-теңдікті үйлестіре алу
	4.3 Кедергілерді жеңуге арналған ойындар	0.4.3.1 кедергінің не екенін білу
4 тоқсан		
5. Жеңіл атлетика	5.1 Жүру	0.5.1.1 қолдарымен ұстасып жүруді орындау (түзу сызық бойымен қозғалыс жағына қарай жартылай бұрылып жүру);
		0.5.1.2 дұрыс дене қалпын, тыныс алуды сақтай отырып, әдеттегі және кең адыммен жүруді орындау
	5.2 Жүгіру	0.5.2.1 еркін жүгіруді орындау;
		0.5.2.2 дұрыс дене қалпын, тыныс алуды сақтай отырып жүгіру, сигнал бойынша тоқтап жүгіруді орындау
5.3 Лақтыру	0.5.3.1 алдындағы нысанаға 3-4-5 м қашықтыққа еденге, шұңқырға, себетке шағын допты (сигнал бойынша) лақтыруды орындау	
5.4 Секіру	0.5.4.1 орнында екі аяқпен секіріп (бөренеден немесе гимнастикалық қабырғаның білте тақтайшасынан ұстап тұрып) жартылай бүгілген аяқтарына қону, бір аяқпен, сосын екіншісімен секіруді орындау;	
		0.5.4.2 аласа, биік секіре алу;
		0.5.4.3 аласа және биік секіруді кезектестіріп орындау;

		0.5.4.4 орнында жүрелеп, жартылай жүрелеп секіру жұптасып (кезекпен), бір-біріне қарап, қолдарымен ұстап отырып орындау
4. Қозғалмалы ойындар	4.1 Кеңістікті бағдарлауды дамыту ойындары	0.4.1.1 қозғалмалы ойындар кезінде кеңістікті бағдарлау ережелерін білу
	4.2 Тепе-теңдікті және қимылдардың үйлесімділігін дамытуға арналған ойындар	0.4.2.1 қозғалмалы ойындар кезінде тепе-теңдікті үйлестіре алу
	4.3 Кедергілерді жеңуге арналған ойындар	0.4.3.1 кедергінің не екенін білу

## 2) 1 сынып:

### 2-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
1 тоқсан		
1. Теориялық мәліметтер	1.1 Бейімделген дене шынықтыру сабақтарындағы тәртіп ережелері және қауіпсіздік техникасы	1.1.1.1 бейімделген дене шынықтыру сабақтарында спорт залындағы қауіпсіздік техникасы бойынша мұғалімнің нұсқаулықтарын орындау
	1.2 Жеке гигиена және күн тәртібі	1.1.2.1 жеке гигиена және күн тәртібі туралы алған білімін қолдану
	1.3 Паралимпиада ойындары	1.1.3.1 паралимпиада ойындарының түрлерін білу
5. Жеңіл атлетика	5.1 Жүру	1.5.1.1 әдеттегідей жүру, аяқтың ұшымен жүру, табанның сыртқы және ішкі қырымен жүру, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүруді орындау; 1.5.1.2 сигнал бойынша тоқтап жүру, мұғалімнің санауымен ырғақты жүруді орындау
	5.2 Жүгіру	1.5.2.1 40 м дейінгі қашықтықта жүгіру мен жүруді алмастыруды орындау ; 1.5.2.2 жұппен, топпен 15 м дейінгі қашықтыққа жүгіруді орындау; 1.5.2.3 баяу қарқынмен 20 сек дейін жүгіруді орындау; 1.5.2.4 әртүрлі бастапқы қалыптардан жүгіруді орындау ( тұрған, отырған, жатқан)
		1.5.3.1 бастан асыра екі қолмен қашықтыққа резеңке доптарды



	5.3 Лактыру	лақтыруды орындау; 1.5.3.2 бетін лақтыру бағытына қаратып тұрып, кіші допты оң (сол) қолмен бастан асыра орнынан лақтыруды орындау
	5.4 Секіру	1.5.4.1 қолдың әртүрлі қалпында қозғалмай тұрған ұзын секіртпеден секіруді орындау ( биіктігі – 10-20 см); 1.5.4.2 бір, екі аяқпен, бір аяқтан екіншісіне ауысып тербеліп және айналып жатқан секіртпеден бүйірімен тұрып орнында секіруді орындау; 1.5.4.3 қолды алдын ала артқа қозғалта отырып, алдығы жылжумен оңға, солға секіріп, жерге жұмсақ қонуды орындау; 1.5.4.4 орнынан биіктігі 30 см-ге дейінгі жұмсақ кедергіге секіруді орындау
4. Қозғалмалы ойындар	4.1 Кеңістікті бағдарлауды дамыту ойындары	1.4.1.1 қозғалмалы ойындар кезінде мұғалімнің көмегімен кеңістікті бағдарлау
	4.2 Тепе-теңдікті және қимылдардың үйлесімділігін дамытуға арналған ойындар	1.4.2.1 қозғалмалы ойындар кезінде тепе-теңдікті және үйлестіруді ұстап тұра алу
	4.3 Кедергілерді жеңуге арналған ойындар	1.4.3.1 мұғалімнің көмегімен кедергілерді жеңе алу
2 тоқсан		
	2.1 Сапқа тұру және сапқа құрылымын өзгертіп қайта тұру	1.2.1.1 бір-бірден тұрған қатармен жүре алу; 1.2.1.2 қолдарынан ұстап, қатардан шеңберге құрылымын өзгертіп тұра алу; 1.2.1.3 бір-бірден тұрған бағаннан ортасынан қолдарынан ұстасып екі-екіден бағанға құрылымын өзгертіп қайта тұруды орындай алу
	2.2 Жалпы дамыту жаттығулары	1.2.2.1 тік аяқты алға, артқа, жанына көтеруді орындау; 1.2.2.2 денені оңға, солға еңкейтуді орындау; 1.2.2.3 денені оңға, солға бұруды орындау
		1.2.3.1 қабырғаға шүйдесін және арқасын тигізіп отыру; арқасымен қабырғаға сүйеніп тұрып, оған шүйдесін, арқасын, бөксесін және өкшесін тигізген қалпынан

2. Гимнастика

<p>2.3 Дене сымбатын қалыптастыру және жалпақтабанның алдын алу жаттығулары</p>	<p>қабырғадан алшақтап кету және дененің бастапқы қалпын сақтай отырып қайтадан оралуды орындау;          1.2.3.2 оң (сол) қолымен гимнастикалық қабырға білте тақтайшаларына (иық биіктігінде) сүйену, екінші қолын беліне қою, сол (оң) аяқты алға, жанына, артқа көтеруді орындау;          1.2.3.3 табанның сыртқы және ішкі қырымен жүруді орындау;          1.2.3.4 бір сызық бойымен немесе бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан екі параллель сызықтың арасымен жүруді орындау</p>
<p>2.4 Заттармен жасалатын жаттығулар</p>	<p>1.2.4.1 допты қатарда оңға, солға беруді орындау;          1.2.4.2 допты шенберде оңға, солға домалата алу;          1.2.4.3 допты бір-бірден тұрған бағанда оңға, солға беруді орындау</p>
<p>2.5 Тыныс жаттығулары</p>	<p>1.2.5.1 кеуделік және құрсақтық тыныс түрлерін орындау (тұрған, қолын бүйіріне қойған қалыпта);          1.2.5.2 тұрған және жатқан қалпындағы аралас тыныс алу түрін орындау (кеуде-құрсақ немесе толық);          1.2.5.3 қолдың әртүрлі қимылдары кезіндегі тыныс алуды орындау: жанына, жоғары</p>
<p>2.6 Өрмелеу және асып өту</p>	<p>1.2.6.1 көлбеу жазықтықпен енбектеп жүруді орындау;          1.2.6.2 гимнастикалық қабырғамен әр түрлі тәсілдермен жоғары және төмен өрмелеуді орындау;          1.2.6.3 гимнастикалық қабырғамен жанына өрмелеуді орындау;          1.2.6.4 биіктігі 50-60 см артық емес кедергілерден еркін тәсілмен асып өтуді орындау</p>
<p>2.7 Кеңістікте бағдарлауды және қозғалыс дәлдігін дамытатын жаттығулар</p>	<p>1.2.7.1 еденде сызылған бағдарлар бойынша жүруді орындау;          1.2.7.2 сызылған бағдарға екі аяғымен итеріліп орнынан ұзындыққа секіруді орындау;          1.2.7.3 орнынан ұзындыққа секіруді орындау (әр түрлі кесінділер)</p>

3. Ұлттық және зияткерлік ойындар	3.1 Тоғыз құмалақ	1.3.1.1 ұяшықтарға 9 құмалақтан орналастыруы
	3.2 Асық	1.3.2.1 асықтарды лақтыра алу
	3.3 Дойбы	1.3.3.1 дойбыларды түстері бойынша ажырата алуы
	3.4 Шахмат	1.3.4.1 шахмат ойынының барлық фигураларының атауларын білу
3 тоқсан		
6. Шаңғы дайындығы	6.1 Шаңғы жүрістерін бекітуге арналған жаттығулар	1.6.1.1 таяқсыз шаңғымен адымдап және сырғымалы қадаммен жүре алу
	6.2 Жылдамдық пен төзімділікті дамытатын жаттығулар	1.6.2.1 100-200 м баяу қарқынмен таякпен шаңғымен жүре алу
3. Ұлттық және зияткерлік ойындар	3.1 Тоғыз құмалақ	1.3.1.1 ұяшықтарға 9 құмалақтан орналастыруы
	3.2 Асық	1.3.2.1 асықтарды лақтыра алу
	3.3 Дойбы	1.3.3.1 дойбыларды түстері бойынша ажырата алуы
	3.4 Шахмат	1.3.4.1 шахмат ойынының барлық фигураларының атауларын білу
4. Қозғалмалы ойындар	4.1 Кеңістікті бағдарлауды дамыту ойындары	1.4.1.1 қозғалмалы ойындар кезінде мұғалімнің көмегімен кеңістікті бағдарлау
	4.2 Тепе-теңдікті және қимылдардың үйлесімділігін дамытуға арналған ойындар	1.4.2.1 қозғалмалы ойындар кезінде тепе-теңдікті және үйлестіруді ұстап тұра алу
	4.3 Кедергілерді жеңуге арналған ойындар	1.4.3.1 мұғалімнің көмегімен кедергілерді жеңе алу
4 тоқсан		
	5.1 Жүру	1.5.1.1 әдеттегідей жүру, аяқтың ұшымен жүру, табанның сыртқы және ішкі қырымен жүру, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүруді орындау; 1.5.1.2 сигнал бойынша тоқтап жүру, мұғалімнің санауымен ырғақты жүруді орындау
	5.2 Жүгіру	1.5.2.1 40 м дейінгі қашықтықта жүгіру мен жүруді алмастыруды орындау ; 1.5.2.2 жұппен, топпен 15 м дейінгі қашықтыққа жүгіруді орындау; 1.5.2.3 баяу қарқынмен 20 сек дейін жүгіруді орындау; 1.5.2.4 әртүрлі бастапқы қалыптардан жүгіруді орындау ( тұрған, отырған, жатқан)

5. Жеңіл атлетика	5.3 Лақтыру	1.5.3.1 бастан асыра екі қолмен қашықтыққа резеңке доптарды лақтыруды орындау; 1.5.3.2 бетін лақтыру бағытына қаратып тұрып, кіші допты оң (сол) қолмен бастан асыра орнынан лақтыруды орындау
	5.4 Секіру	1.5.4.1 қолдың әртүрлі қалпында қозғалмай тұрған ұзын секіртпеден секіруді орындау ( биіктігі – 10-20 см); 1.5.4.2 бір, екі аяқпен, бір аяқтан екіншісіне ауысып тербеліп және айналып жатқан секіртпеден бүйірімен тұрып орнында секіруді орындау; 1.5.4.3 қолды алдын ала артқа қозғалта отырып, алдығы жылжумен оңға, солға секіріп, жерге жұмсақ конуды орындау; 1.5.4.4 орнынан биіктігі 30 см-ге дейінгі жұмсақ кедергіге секіруді орындау
4. Қозғалмалы ойындар	4.1 Кеңістікті бағдарлауды дамыту ойындары	1.4.1.1 қозғалмалы ойындар кезінде мұғалімнің көмегімен кеңістікті бағдарлау
	4.2 Тепе-теңдікті және қимылдардың үйлесімділігін дамытуға арналған ойындар	1.4.2.1 қозғалмалы ойындар кезінде тепе-теңдікті және үйлестіруді ұстап тұра алу
	4.3 Кедергілерді жеңуге арналған ойындар	1.4.3.1 мұғалімнің көмегімен кедергілерді жеңе алу

### 3) 2 сынып:

#### 3-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар/Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
1 тоқсан		
1. Теориялық мәліметтер	1.1 Бейімделген дене шынықтыру сабақтарындағы тәртіп ережелері және қауіпсіздік техникасы	2.1.1.1 бейімделген дене шынықтыру сабақтарында спорт залындағы тәртіп ережелерін және қауіпсіздік техникасын сақтау
	1.2 Жеке гигиена және күн тәртібі	2.1.2.1 жеке гигиенаны және күн тәртібін сақтау
	1.3 Паралимпиада ойындары	2.1.3.1 паралимпиада спорт түрлерінің спортшыларын білу
	5.1 Жүру	2.5.1.1 әдеттегі және кең адыммен, аяқтың ұшымен қолдың әртүрлі бір қалыпты еркін қозғалысымен жүруді орындау;

5. Жеңіл атлетика		2.5.1.2 бағытты мұғалімнің бағдары мен пәрмендері бойынша өзгерте отырып жүруді орындау; 2.5.1.3 аяқтарын топылдатып ырғақпен жүруді орындау
	5.2 Жүгіру	2.5.2.1 50 м дейін жүру мен жүгіруді кезекпен алмастыруды орындау (15 м – жүру, 20 м – жүгіру, 15 м – жүру); 2.5.2.2 әр түрлі бастапқы қалыптан жүгіруді орындау (артымен, бүйірімен – тіркес адыммен); 2.5.2.3 30 м дейін жарысып жүгіруді орындау
	5.3 Лақтыру	2.5.3.1 кіші допты бастан асыра қалқанға лақтыруды орындау; 2.5.3.2 шағын допты нысанаға лақтыруды орындау
